«БІЛІМДІ ҰЛТ: ТЕРЕҢ БІЛІМ, ЕҢБЕККӨРЛІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ ҚАСИЕТ»

2022

ПЕДАГОГТЕРДІҢ ОБЛЫСТЫҚ ТАМЫЗ КЕҢЕСІ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

**Ж.Батырхан, Ж.Б.Скакова, Ж.А.Исатаева, Д.К.Халетова,
Қ.И.Куразова, А.М.Наренова, М.К.Жубандыкова, М.Е.Нұртазина**

«БІЛІМДІ ҰЛТ: ТЕРЕҢ БІЛІМ, ЕҢБЕККОРЛЫҚ ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ ҚАСИЕТ» ПЕДАГОГТЕРДІҢ ОБЛЫСТЫҚ ТАМЫЗ КЕҢЕСІ тақырыбында өткізілген тамыз кеңесінің материалдары

АЛҒЫ СӨЗ

XXI ғасырда қоғам мен мемлекет дамуының басты тетігі сапалы білім беру болып отыр. Рухани, мәдени саламыздың нығаюына, адами қасиеттердің жоғарылауына, жеке адамның сапалық ерекшелігінің өрлеуіне білімнің ғана құдіреті жететіні күннен-күнге айқындалып келеді. Әрбір елдің өркендеуі, тұғырының берік болуы да білімге келіп тіреледі. Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтің сөзімен айтар болсақ, «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін білім» болмақ.

Қазақстанның білім беру жүйесі санға ғана емес, сапаға негізделуі – бүгінгі күн талабы. Мұғалімдер мен оқушылардың біліктілігін көтеру жұмыстарын жандандыру және білім сапасын жақсарту жолдары бірізділікпен жүйелі жолға қойылып келеді. Бір сөзбен айтқанда, еліміздің болашағының бүгінгіден де нұрлырақ болуына ықпал етіп, алға апаратын күші білімге байланыстылығы айқын көрінуде.

Қазіргі күнде білім беру саласындағы тың өзгерістер мен жаңалықтардың болуы заман талабына да байланысты болса керек. Қоғамның өз біліммен толыққанды сусындаған тұлға тәрбиелеу керектігін көрсетіп отыр. Бүгінгі таңда әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер еліміздің білім беру жүйесін қайта құру қажет екенін көрсетеді. Білім беру саласына өзгеріс енгізу - болашақ ұрпағымыздың терең де жан-жақты білім алып, өмір көшінен қалмауы болып саналады.

Ғылым мен техникалық прогрестің дамуы, қоғамның өзгеруі, жаһандану заманының басталуы білім мазмұнын жаңартуға мол мүмкіндіктер туғызды. Білім теңіз, оның тереңін жетік білетін, сырын меңгерген адамдарды дайындайтын ұстаз. Әрбір ұстаз өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер, адамгершілігі мол, парасатты, мәдениеті жан-жақты жетілген ұрпақ дайындауға міндетті. Ол үшін мұғалім өзі оқытатын пәндердің ғылыми әдістемелік деңгейін ғылыми ұйымдастырғанда, яғни сабақта әртүрлі әдіс-тәсілді кешенді жоспармен пайдаланғанда ғана қолы жетеді.

Білім – шексіз қазына екендігі хақ. Халық даналығымен түйсінсек «Білім – гауһар, бағасы жоқ, надандық – кесел, дауасы жоқ». Білімнің салтанаты біздің қоғамда басым бағыт болып келді, болып отыр һәм бола бермек. Жаңартылған білім беру болашақтағы сапалы білім кепілі деп тануға болады. Ертеңгі келер күннің бүгіннен гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білім.

Тәуелсіздік туы желбіреген егемен еліміздің болашақ отансүйгіш ұрпағын тәрбиелеуге ұмтылу, ізеттілік, әдептілік, отансүюшілік секілді асыл қасиеттерді бойына сіңіру, Қасиетті Отанымыз –Қазақстанның жарқын болашағын еңбекке баулу бүгінгі таңдағы негізгі бағытымыз.

Жаңа Қазақстанды құру - ең алдымен еңбекке адал, қоғамға жауапты азаматтарды қалыптастыру, осы арқылы құндылықтарды жаңарту болып табылады

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Алимбаева Гульнара Демисиновна
«№16 орта мектебі» КММ, Ақтөбе қаласы

Қоғамды дамыту үшін жалпы білім беретін мектептердің негізгі міндеттерінің бірі – оқушылардың шығармашылық қабілетін ашып, қабілетті жеке тұлға қалыптастыру - заманауи сабақтарда көрініс тапқаны анық. Яғни, жаңашыл ұстаз оқытуда оқушыға оқу материалын есте сақтауға емес, оқығанды шығармашылықпен қолдану шеберлігін қалыптастыруға назарын аударады.

Функционалдық сауаттылық - адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол - ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі.

Егер оқу үдерісі, балаларға білім, білік, дағдыларды игерту осы ұстанымға негізделсе, нәтижелі болатыны анық. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуда.

Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

-белсенділік;

-шығармашылық тұрғыда ойлау;

-шешім қабылдай алу;

-өз кәсібін дұрыс таңдай алу;

-өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Мемлекеттік тіл - қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту – қазіргі заман талабы, өмірлік зор маңызы бар өзекті іс болып отыр. Орыс тілінде білім беретін мектептерде қазақ тілінің оқыту сапасын көтерудің басты шарты ретінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру алынған жағдайда олар әрекеттік бағыт ұстанымына, оқушылардың коммуникативтік құзіреттерінің қалыптасуы ұстанымына, интерактивтік оқыту ұстанымына негізделуі қажет.

Орыс тілінде білім беретін мектептегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты - оқушыларға жан-жақты тәрбие бере отырып, көркем мәтіндерді оқыту барысында қазақ тілінде ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту, қазақ әдебиеті шығармаларын өз бетінше оқып, түсіне алуын қамтамасыз ететін тілдік негізін қалыптастыру қажет. Сонда ғана функционалдық сауаттылық оқушының қазақ тілін әлеуметтік сұранымға сай қолдану мүмкіндіктерін арттырады.

Пәндік білімдеріне, ептіліктеріне және дағдыларына сүйене отырып, оқу пәндері арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту үдерісі ойлау дағдыларын қалыптастыру

негізінде жүзеге асады. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында оқушылардың сөйлеу тілдері мен түсіну және ойлау дағдыларын тек қалыптастырып қана қоймай дамыту жұмыстары да пайдаланады, соның ішінде халықаралық /TIMSS, PISA және PIRLS/ зерттеулерде өзінің септігін тигізуде.

Бағалау баға үшін емес, оқыту әдістемесі мен мектеп оқушылары сабақта және үй жұмысын орындауды жұмыс істейтін тапсырмаларға өзгерістер енгізу үшін жүргізілетінін ескертіп отырмыз. Яғни, PISA зерттеуін мектеп оқушыларының оқу қабілеттерін сырттан тәуелсіз диагностикалау ретінде қабылдау қажет.

Интерактивті оқу әрекеттері қалыптасуы мен бағалануы қай жағдайда орындалуы тиіс?

Ақпаратты сын тұрғысынан бағалау қабілеті.Мәтінді оқи және түсіне білу ғана емес, мақсатқа жетуге керекті ақпаратты сан алуан, оқу көздерінен басқа көздерден таңдай да білу керек. Мысалы, авторлардың позицияларын анықтау, сосын негізгі тезистерді және әрбір тезисті растайтын дәлелдерді бөліп алу.

Әртүрлі ақпарат көздерден алынған мәліметті түсіндіру.

Мысалы, форумдарда жарияланған мәтіндер; YouTube, TikTok видеолары, ғылыми журналдарда ұсынылады. Бұл қазіргі кездегі ең тиімді пайдаланылатын ақпарат көздері.

Интернеттегі ақпаратты пайдалану, оның ішінде, сенімді сайттарды және онлайн құжаттарды ажырата білу.

Ақпаратты талдау арқылы бір тәсілді таңдап, өз көзқарасыңды растау үшін барынша сенімді және беделді дәлелдерді ұсыну керек. Көзқарастардың қайсыбірін таңдау үшін, көздің дұрыстығы мен сенімділігін анықтау қажет, мәтінде не ұсынылып отырғанын – фактілер мен пікірлер ме – соны түсіну керек. Дегенмен, блогтың, сюжеттің авторы эмоцияларды басқара отырып, өз көзқарасын сіңіруді көздеген жоқ па деген мәселені де айқындау керек болады.

Шынайы мәселелерді көтеретін шығармаларға арналған тапсырмалармен жұмыс істеу.

Оқиғалардың өздері оқушылардың шынайы өмірінде кездесіп отырады. Тапсырма үшін балалардың күнделікті өмірінде үйреншікті болған ақпарат көздері мен мәтін форматтары таңдап алынады. Сондықтан, оқу сауаттылығының қолданыстағы анықтамасының PISA нұсқасы бойынша мәтіндерді түсінуі, алынған ақпаратты өз мақсатына жету үшін пайдаланады.

Жүргізілетін жұмыстардың нәтижелі болуы күнделікті оқыту үдерісінде әрбір пәннен берілетін теориялық білімді өмірдегі жағдайлармен байланыстырып, практикалық жағына бағыттап отыру керек. Сондықтан теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық-ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай практикалық маңызы ескерілуі тиіс.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдістерін күнделікті тәжірибемде қолданамын. Білім алушылардың оқыған мәтінін қаншалықты түсінгенін немесе түсінбегенін анықтау үшін мынадай сұрақтар қоюға болады:

1. Мәтінді өз сөзіңізбен баяндап беріңіз.
2. Мәтінді оқығаныңызды қалай немесе немен дәлелдер едіңіз?
3. Мәтін мазмұнын өз бетіңізше түсіндіріңіз.
4. Мәтінде берілген ақпараттарды жіктеп айтыңыз?
5. Қысқаша сөйлеммен негізгі ойды айтып беріңіз.
6. Мәтінде көтерілген негізгі ойдың басқа құбылыстардан, жағдаяттардан не болмаса ұғымдардан ерекшелігі неде?
7. Мәтіндегі көтерілген мәселеге қарама-қайшы қандай мәселе болуы мүмкін?
8. Мәтіндегі оқиғаның не құбылыстың әрі қарай өрбуін, оның себебі мен салдарын (нәтижесін) болжап айтыңыз.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда қатысымдық, рөлдік ойын, дара тұлғаға бағдарланған оқыту және сұрақ-жауап әдістері арқылы жүзеге асатын жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар, сұқбаттық тапсырмалар, құзыреттіліктерді қалыптастыратын тапсырмалар арқылы кешенді жүргізудің тиімділігі жоғары болады. Оқушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай, оның мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету міндетті боп саналады.

Қорыта келе, қазіргі кезде өзекті болып отырған оқушылардың функционалдық сауаттылығы мәселесі жан-жақты зерттеліп, оқытушылардың кәсіби-әдістемелік білім-білік дағдыларын арттыру жүйелі түрде жолға қойылу керек деп есептеймін. Себебі, қандай да бір өзгерістер орын алған жағдайда белгілі бір деңгейде кездесетін қиындықтар, жаңалықты қабылдаудағы қайшылықтардың болуы - заңды құбылыс. Дәстүрлі технологияның оқытушылар санасына мықтап орнығуы себебінен әлі де болса кеңестік жүйенің шырмауынан шыға алмай жататын тұстарымыз да жасырын емес. Сондықтан, әр тұлғаның бейімділігі мен қажеттілігін қанағаттандыруды, қызығушылығын, қабілетінің дамуын ескере отырып, функционалдық сауаттылығына қол жеткізуді қамтамасыз етіп, жан-жақты дамыған, мектепте алған білімін өмір бойы пайдалана алатын тұлға өсіру – білім беру мамандарына жүктелген үлкен міндет. Жан – жақты дамуы үшін оқушылардың функционалдық сауаттылығын жүзеге асыру арқасында талай асулардан абыроймен өтіп, адал салиқалы еңбек етіп, функционалдық сауаттылығы бар тұлға тәрбиелеп шығарымыз деген ойдамын. Ендеше, өз мамандығын толық меңгерген жоғары деңгейлі оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абырой, яғни үмітінің ақталғаны.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы.
2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы // ресми мәтін. Астана: Әділет, 2012. – 14б
3. Н.А.Оразахынова. Әдебиетті сатылай кешенді талдау //әдістемелік құрал, Алматы, 2012 жыл.
4. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. — Алматы: Атамұра, 1982. — 204б
5. Құрман Н., Есенова Г. Қазақ тілінен коммуникативтік жаттығуларды қолдану әдістемесінің ғылыми-әдістемелік негіздері. — Ақтөбе, 2010. — 144 б.

ТІЛ БАЙЛЫҒЫН МӘТІНДЕР АРҚЫЛЫ ЖЕТКІЗУ

Ауесова Жанат Амандосовна
«№16 орта мектебі» КММ, Ақтөбе қаласы

Орыс сыныптарында қазақ тілі оқытудың ең негізгі мақсаты – тілді үйрету, яғни оқушы белгілі дәрежеде қазақ тілінде сөйлеу керек, басқаны түсіну керек, оқыған шығарманың мазмұнын түсіну керек, өз ойын басқа адамға жеткізе білу керек. Бұл үшін сабақ барысында мәтіндер қолданылады.

Мәтіндерді қолдану мақсаты – балалардың сөздік қорын дамыту, мәтінді талдай білу, сонымен бірге ауыз және жазба тілінің дағдаларын қалыптастыру.

Баланың тілін дамытуда мәтін үлкен орын алады, мәтін балаға білім береді, тілі мен ой-өрісін дамытады және тәрбиелейді. Мысалы, ауызша да, жазбаша да біз өз ойымызды сөз арқылы емес, негізінде мәтін арқылы жеткіземіз.

Мәтін - «байланысу, бірігу» деген мағынаны білдіретін сөз. Ол сөйлегенде, жазғанда пайда болады да, қажетті бір тұтас ойды білдіреді. Мәтін сөздерден, сөйлемдерден, абзацтардан тұрады. Мәтін әртүрлі мазмұнға құрылады. Онда оқиғалар хабарланады, баяндалады, әңгімеленеді, құбылыстар сипатталады, суреттеледі. Оқушылардың сөйлеу тілін мәтіндер арқылы дамытуды жүзеге асыру нәтижесінде олардың қазақ тілінен білімдері толықтырылып, мәтінмен жұмыс істеу дағдылары жетілдіріледі.

Мәтін – тілді оқытудағы негізгі құрал. Ол оқу, жазу, тыңдау, сөйлеу арқылы жүзеге асады. Мәтінмен жұмыс тіл үйренушінің сөздік қорын байыту мен еркін сөйлеуге үйрету немесе өз ойын ашық, анық жеткізе білу дағдысын қалыптастыру мақсаттарын көздейтіндіктен, тілді оқытуда мәтінмен жұмыс жүргізуде ұтарымыз мол болмақ. Мәтін – қазақ тілін оқыту барысында үлкен орын алатын оқыту нысаны. Біріншіден, білім беретін материал оқыту мәтіндері түрінде болса, екіншіден, жаттығулардың тұтас мәтін түрінде берілуі де мәтінмен орындалатын жұмыстардың сараланып жүйеленуін қажет етеді.

Мәтін талдаған кезде келесі талаптарға назар аудару қажет:

Мәтінде тәрбиелік мақсаты болу керек;

Мәтіндерде оқушылардың дүниетанымын кеңейтетін қазақ халқының тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрлері, ұлт мейрамдары туралы мағлұмат көбірек болуы тиіс;

Жеңілден қиынға деген дидактикалық принципіне сәйкес мәтіндер сабақтан сабаққа, сыныптан сыныпқа күрделену тиіс.

Мәтінмен жұмыс 5 түрге бөлінеді:

1. Мәтінмен танысу (тұсаукесер)
2. Мәтін негізінде тапсырмалар мен жаттығуларды орындау
3. Сұхбат құрастыру
4. Монолог
5. Бақылау

1.Мәтінмен танысу - мәтінді оқу, жаңа сөздермен танысу, мәтінді аудару, мазмұнымен танысу.

2.Мәтінмен жұмыс істеген кезде мынадай грамматикалық тапсырмаларды орындауға болады: сөйлемді толықтыру, сөйлемнің мағынасын сақтай отырып сөйлемді жаңадан құрастыру, сөйлемді кеңейту және қысқарту, антоним мен синонимдерді табу, сөйлемдерге синтаксистік талдау жасау.

Мәтінмен жұмыс жасаған кезде инновациялық технологияларын қолданамын, мысалы – интенция. Интенция дегеніміз - сұхбат немесе монолог барысында ситуативтік, эммционалық сөздерді қолдану.

Оқытудың қазіргі уақыт талаптарына сай әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, мәтіндермен жүйелі жұмыс жүргізу арқылы оқушылардың сөздік қорларын байытып, сөйлеу тілдерін дамытуға болады. Мәтіндермен жұмыс барысында оқушылардың өз бетінше ақпарат алып, онымен жұмыс істеу дағдылары дамытылып, қазақ тілі бойынша білімдері толыға түсері сөзсіз.

Өзге ұлт өкілдерінің қазақ тіліне деген игі көзқарасын қалыптастыру үшін қазақ елінің сан ғасырлық мәдениетінен, салт-дәстүрінен, ұлттық құндылықтарынан танымдық ақпараттар беретін қарапайым әрі ұғынуға жеңіл тілмен жазылған шағын мәтіндер және түрлі дидактикалық материалдарды жаттықтыру жұмыстары кезінде пайдалана білу тіл үйренушіден үлкен шеберлікті талап етеді.

Сабақ өткізу, оқыту барысында өткізілетін ең күрделі жұмыс түрлерінің бірі – сабақта мәтінмен жұмысты ұтымды ұйымдастыру. Мәтінмен жұмыс–сабақта өтілетін әртүрлі

жұмыстардың жиынтығынан құралады. Олар: дыбыстармен жұмыс; сөздіктермен жұмыс; сөздік қорларын жетілдіру; тіл дамыту; ауызша сөйлей білуге дағдыландыру;

Мәтінмен жұмыс істеу мынадай кезеңдерге бөлінеді:

1. Мәтінді оқығанға дейінгі жұмыс;
2. Мәтінмен жұмыс кезеңі;
3. Мәтінді оқығаннан кейінгі кезең;

Мәтін алдындағы жаттығулар мен соған сәйкес жұмыс түрлері мынадай бағытта жүргізіледі: тілдік тұлға мен сөйлем үлгілерін мәтінде танып, айыра білу және әртүрлі құрылымдық материалдарды (сөзжасам элементтері, етістіктің жақ, шақ түрлері, т.б.) меңгерту.

Келесі мәтінмен жұмыс кезеңі. Бұл кезеңде мәтіннің тілдік материалы мен құрылымы орындалады. Мәтін ішінен қажет мәліметті бөліп алу, айыра білуге машықтандыру жаттығуларын әртүрлі тәсілмен орындау. Мәтінмен жұмысты былайша ұйымдастырамын: оқығанның мазмұнын айту, мәтін бойынша сұраққа жауап беру, жоспар жасату, бірнеше бөлімге бөліп оқыту, негізгі жанама ойды таптыру, қорытынды жасату.

Шартты түрде алып отырған үшінші кезеңде мәтінді оқып, түсініп, негізгі ойды қазақ тілінде жеткізе білу.

Мәтінді оқығаннан кейінгі жұмыстар:

1. Логикалық сұрақтар
2. Сөздік жұмыстар
3. Фонетикалық жаттығулар
4. Сөйлем құру
5. Мәтінге жоспар құру
6. Мәтінге ат қою
7. Диалог, ситуация құру
8. Мәтіннің мазмұнын жоспар бойынша айту.

Осы аталған іс-әрекеттерді жүзеге асыруда оқушылар өзара тілдік қарым-қатынасқа түседі. Мәтінді оқытудың мынадай түрлерін сабақ үстінде қолдану мұғалімнің жеке зерттеушілік жұмыстары үшін өте пайдалы:

1. Дауыстап оқыту арқылы-оқушының сөйлеу элементерін меңгергендерін байқауға болады, тағы да бір тиімділігі-оқушылар бірінің қатесін бірі естіп және түзетіп отырады.

2. Іштей оқу-бұл жұмыстың мақсаты оқушылардың шапшаң оқу дәрежесін анықтау. Мысалы: оқушыларға іштей шапшаң оқу үшін бір мәтін беріліп, қай жерге дейін оқу керектігін белгіленеді. Әркім белгілеген жерге келгенде кітаптарын жауып, бітіргенін байқатады. Осылайша оқушылардың оқу шапшандықтарының мөлшерін өзім белгілеп отырамын.

Мәтінмен жұмыс істей отырып, мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыруда «Жуан-жіңішке сұрақтар», «Ашық сұрақтар», «Сұрақ қою, қайта сұрақ қою» әдістерін қолдану оқушының өз бетінше ақпаратты меңгеріп, мәтінмен өз бетінше жұмыс жасау дағдысын дамытады, оқушы мәтінге сұрақ қою, тұжырымдау, белгілеуге үйренеді. Бұл әдіс оқудың барлық әдістерін меңгеру болып табылады. Өйткені, оқушы алдымен мәтінді қатесіз, түсініп оқуға тырысады, қойған сұрағына өзі жауап беруге дайын тұрады, басқа балалардың сұрақтарын мұқият тыңдап, сұрақ құрастырудың қиын жұмыс екенін біліп, ең үздік сұрақтарға ілтипат білдіреді.

«Ойлан. Бөліс. Бірік» әдісі арқылы оқушылар өз тобында өзіне берілген мәтінмен танысып, топ ішінде түсініктерімен бөлісіп, бір-біріне түсіндіреді, ең негізгі деген ақпаратты бөлік мазмұнына қарай постерлерге түсіріп, топтардың алдында алған ақпараттарымен таныстырады. Осы әдіспен оқушылар мәтінмен өз бетінше таныса отырып мәлімет алады, топта талқылау ұйымдастырылады. Жұмыс аяқталған кезде мәтін бойынша сұрақтарын-қойып, жауаптар алады. Осы тұста мәтіннің әсерлі тұстары бойынша диалог құрастыру

тапсырмасын да беруге болады. Мәтіннің мазмұнын игертудегі жұмыста «Біреуі – үйде, үшеуі – қонақта» әдісін қолданамын. Оқушылар белгіленген уақыт ішінде өздеріне берілген мәтінмен танысып, топ ішінде бір-біріне түсіндіріп, басқа топтарға барып түсіндіріп, мәтін мазмұнын игереді. Бұл әдісті қолдану кезінде бір тақырыпты мағынасын ескере отырып, бірнеше бөліктерге бөліп, әр топта талдату арқылы уақытты үнемдеуге болады. Оқушы оқу үдерісіне белсенді қатысқанда ғана материалды терең меңгере алады, өзіне тиісті міндетті атқара отырып жауапкершілікке үйренеді.

Қазақ тілі пәнін оқытудың түпкі мақсаты – оқушыларға қазақ тілін меңгерту, ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттыру, қазақ тілінде сөйлеп, жаза білетін дәрежеге жеткізу, қазақ халқының әдет – ғұрпын, тарихын танып білуге талаптандыру, тілін құрметтеуге тәрбиелеу. Мәтінмен жұмыс арқылы танымдылық қабілеттері, танымдық процестері дамып, сөздік қоры молаяды, оқытуда жағымды әрекет қалыптасады. Қазақ тілі сабағын оқытуда жаңа технологияның өзіне тиімдісін қолдана отырып оқушының мүмкіншіліктеріне қарай деңгейлік тапсырмалар, шығармашылық жұмыстар, тіл байлығын, сөздік қорын байытуға арналған мәтінмен жұмыс түрлерін ұйымдастыру. Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана, оқушылардың білім сапасын жоғары көтере алады. Білім сапасын көтеру дегеніміз – білім алушыны жоғары деңгейге көтеру. Осы мақсатты алға қоя отырып, тіл үйретуде мәтінмен жұмыс түрлерін тиімді пайдалансақ, оқушылардың қазақша сөйлеу дағдысы қалыптасады.Ұстаздың басты мақсаты-шәкіртінің өзінен де білімі терең, дәрежесінің биік болуы. Сол кезде ғана қоғамда алға жылжу үрдісі жүреді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Білім берудегі инновациялық технологиялар.- Молдрахметова О. А., 2010.
2.Тілдік қатынас теориясы мен әдістемесі.- Ф.Оразбаева. А., 2001, 112-6.
3.Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде журналы 2019ж
4.Мектептегі іс-әрекетті зерттеу- Кудайбергенова К.С. Алматы 2013 жыл.
5.Оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдері арқылы табысты оқытуға қол жеткізу- А.Д. Ажибекова

ПАТРИОТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ ОБУЧАЮЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Кенжина Салтанат Шынбулатовна
КГУ «Средняя школа №16» г.Актобе

Современное общество нуждается в формировании личности уверенной в себе, с яркой индивидуальностью, с активной гражданской позицией, патриотов своей большой и малой родины. В современном обществе ощущается утрата патриотизма являющегося основной духовной ценностью казахского народа. В современных условиях идёт отчуждение детей от отечественной культуры и исторического опыта народа. Воспитание патриотизма необходимо начинать с семьи, но мы учителя начальной школы, должны с первых дней нахождения ребёнка в школе развивать патриотизм, так как проблема патриотизма это классическая проблема исторического прошлого, настоящего и будущего всех стран и континентов. Воспитание патриотизма, было, есть и будет важным направлением в работе учителя начальных классов. Младший школьный возраст благоприятен для воспитания патриотизма в связи с тем, что детьми легко усваивается опыт, формы поведения старших поколений. А.В. Усова в своих работах писала: «… вместо патриотического стало пропагандироваться воспитание космополитизма; воспитание коллективизма стало вытесняться воспитанием

индивидуализма. … стал отрицаться социальный заказ на воспитание, на зависимость содержания и методов обучения и воспитания от задач, которые ставились перед страной, государством в плане социально-экономическом и политическом. … Все это ведет к забвению духовно- нравственного воспитания учащихся» [А.В. Усова 2012: 5].

В настоящее время патриотизм рассматривают как основной ориентир в воспитании подрастающего поколения. Важность проблемы формирования патриотизма у детей и подростков зафиксирована в государственных документах, таких как: Концепции формирования государственной идентичности Республики Казахстан», долгосрочной программе развития страны «Казахстан-2030», Послании Первого Президента Республики Казахстан - Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Казахстан – 2050: Новый политический курс состоявшегося государства», в Законе о государственной молодежной политике Республики Казахстан» и других нормативных актах. [Закон «О государственной молодежной политике РК» 2008; Концепция этнокультурного образования в Республике Казахстан 2008; Н.А. Назарбаев 1997; Н.А. Назарбаев 2012]. В стратегии «Казахстан-2030» первостепенной задачей является, задача воспитания патриотизма у подрастающего поколения, возрождение их национального самосознания, культуры, народных традиций и обычаев в единстве с нравственным опытом поведения и духовностью культуры. В Государственной программе по патриотическому воспитанию в Республике Казахстан казахстанский патриотизм определен как осознание ответственности каждого гражданина за судьбу, безопасность, будущее своей Родины и подчеркивается, что строить здоровое общество и сильное государство может только человек, воспитанный в духе патриотизма. К.Ж. Токаев в своём выступлении на закрытиигода Молодежи сказал «Формула отечественного патриотизма четкая и ясная: знание истории народа, вклад в государство, постоянное саморазвитие, честность, работоспособность. Праздные, лицемерный человек никогда не станет патриотом» [И.Огурцов 2019].

В рамках программы «Рухани жаңғыру» раскрываются основные аспекты формирования патриотизма, высказанные первым Президентом Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым. Формирование патриотизма подрастающего поколения, это основапрограммы «Рухани Жаңғыру». Программа «Рухани Жаңғыру». ориентирована на возрождение духовных ценностей казахстанцев с учетом всех современных рисков и вызовов глобализации.

Дадим определение терминам «патриот» и «патриотизм». В толковом словаре В.И. Даля дается следующее определение термина «патриот» Патриот - любитель Отечества, ревнитель о благе его, отчизнолюб, отечественник или отчизник. [В.И. Даль 2016: 627].

В словаре С.И. Ожегова термин «Патриотизм» – это преданность и любовь к своему отечеству, к своему народу [С.И. Ожегов 1964: 10].

Казахские батыры, защищавшие свое Отечество, свою землю внесли огромный вклад в развитие казахстанского патриотизма, это, Каракыпшак Кобланды, Алпамыс батыр, Ер Таргын, Ер Косай, Ер Кокше, Баян батыр, Кабанбай, Богенбай, Райымбек батыри другие. Абай Кунанбаев в своих произведениях отражал национальную самобытность, ихарактер народа, а так же высказана идея изучения культуры других народов [М.О. Ауэзов 1967: 45; Н.Д. Джандильдин 1971]

В работах И. Алтынсарина мы видим, что патриотическому воспитанию уделялось особое внимание, учитель на своих занятиях должен был формировать патриотизм за счет применения устного народного творчества, отражающего быт, традиции и обычаи казахского народа [Н.Д. Джандильдин 1971: 122]. Устное народное творчество, пословицы и поговорки казахского народа отражают пословицы и поговорки: «Родина - мать народу, народ - мать джигиту», «Лучше блуждать вместе с народом, чемнаходить дорогу одному», «Необъятны народа объятия», «Любовь к родине героизм рождает» [Казахские пословицы и поговорки 2010: 130].

Многие казахстанские ученые, уделяют внимание вопросам формирования патриотизма у подрастающего поколения. А. Калмырзаева, А. Бектурова, А. Бижанова, У. Касенова, С. Жусупова, С. Дьяченко, Б. Абдыгалиева, Д. Ешанова, О. Мусина, Е. Карымсакова, Р. Кадыржанова, Л.Ю. Зайниевой, Д.А. Калетаева, М.А. Биекенова, Л.А. Байдельдинова, А. Нысанбаева, Г. Шойкина, А. Нурмагамбетова, Ш. Омарова, М.С. Машан, Р.К. Турысжановой и др., Современные казахстанские ученые М.Е. Демеуова, З.Б. Кабылбекова, Н.А. Хайруллина и др. определяют казахстанский патриотизм как: отношение граждан к своей Родине, выражающееся в готовности беречь и защищать ее [Н.М. Хайруллина 2004: 321]

Мы считаем, что любовь к Родине начинается с любви к семье, своей народности, с уважения традиций и обычаев своего народа, знания родного языка. На уроках и во внеурочное время учителя начальных классов проводят информационную работу. Постепенно формируя у обучающихся систему знаний о своей Родине, о народах населяющих ее их обычаях и традициях, семейном воспитании. Проводим беседы на темы: «Мир – наш дом», «Обычаи и традиции казахского народа», «Природа родного края», «Моя семья – моё богатство». Проводим викторины, конкурсы сочинений, конкурсы чтецов, конкурсы патриотической песни, литературно-музыкальные композиции и т.д.. Знакомимся с символикой Республики Казахстан при проведении внеклассных мероприятий. Полученные знания закрепляем практически. В практической деятельности проводим уроки Памяти, митинги, встречи с ветеранами ВОВ, ветеранами труда, совместные семейные вечера с родителями, бабушками и дедушками, фестивали народов РК и другие мероприятия. Проведение акций «Помоги птицам», «Марафон добрых дел», субботники, экологические десанты и др. Участвуем совместно с родителями в различных соревнованиях, спортивных праздниках, что приводит к сплачиванию семьи, тем самым укрепляя связь учитель-семья-школа. Результатом такой деятельности является сформированные нравственные, патриотические чувства, формируются ценности семьи, развивается гордость и чувство уважения к своей Родине.

Список литературы:

1. Ауэзов, М.О. Статьи и исследования (на русском и казахском языках) / М.О. Ауэзов. – Алма-Ата: Ғылым, 1967. - С.45.
2. Даль, В.И. Толковый словарь живого великорусского языка / В. И. Даль. Т. 1 -М.: Русский язык, 2016. - 925 с.
3. Демеуова, М.Е. Проблемы патриотического, духовно-нравственного воспитаниядетей и молодежи / М.Е. Демеуова // Образование. – 2006. – №6.– С.131-133. 85.
4. Джандильдин, Н.Д. Природа национальной психологии / Н.Д. Джандильдин. - Алма-Ата, 1971. – 304 с.
5. Джумагулов, К.Т. Ибрай Алтынсарин и развитие культуры казахского народа

ИНТЕРАКТИВТІ ОҚУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Нисанова Тыныштык Танатовна
«№16 орта мектебі» КММ, Ақтөбе қаласы

Қазіргі заман талабы - жан-жақты дамыған, функционалды сауатты тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқыту әдістеріне өзгерістер енгізіліп жатыр. Алдымен, тілді үйреніп, сол тілде ойлап, сол тілде сөйлейтін азамат даярлау-басты мақсат. Тілді оқыту оңай іс емес екендігі анық. Қазіргідей үздіксіз өзгерістер мен жаңа технологиялар заманында оқушыларымыз үшін түрлі ғылым саласын жай ғана білуі жеткіліксіз. Жаһандану заманында білімді болумен бірге сол біліміңді өмірде тиімді қолдану, кездесетін қиындықтарды анықтап, оларды шешудің жолдарын таба білу - аса маңызды іс.

Тез өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық - оқушының әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор болып табылады. Жай сауаттылық- адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндерді құру және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындауы. Ал функционалдық сауаттылық - адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Оқу сауаттылығы - адамның өз мақсатына жету, білімі мен мүмкіндіктерін кеңейту, оқуға қатысу үшін жазбаша мәтіндерді түсіну және пайдалану, олар туралы ой елегінен өткізу және оқумен айналысу қабілеті.

Функционалдық сауаттылығы дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның маман-дығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

-белсенділік
-шығармашылық тұрғыда ойлау
-шешім қабылдай алу
-өз кәсібін дұрыс таңдай алу
-өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Интерактивті оқу арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту - оқушы мен мұғалімнің тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатыны, белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларға тән басты белгілер мен қағидалардың басты жүйесінен тұратын, тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілдік қарым - қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі. Ойлау - сөйлеуді керек ететін кез келген жағдайда үш компонент өзара байланысады: шешілетін мәселе, бар білімдері, зерттеу әрекеттері. Интерактивті оқыту тілдік әрекетінің барлық түрінде қалыптасады - тыңдауда да, сөйлеуде де, оқығанда да, жазғанда да, өйткені ол оның іске асуын қамтамасыз етеді.

«Қазақ тілі» мен әдебиеттік оқу пәндері оқу бағдарламасының мақсаты -сөйлеу әрекетінің түрлері: тыңдалым, айтылым, оқылым мен жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгеру және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану. Жаңартылған оқу бағдарламасы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды көздейді. Сондықтан оқу бағдарламасында сөйлеу әрекетінің түрлерін дамыту мәселесі алдымызға қойылған.

Тілдерді үйрету әдісі үнемі заман талабы, уақыт ағымына қарай өзгеріп, дамып, жетіліп отырады, бір орында тұрмайды, қоғам өзгерген сайын жаңа мазмұнды оқу жүйесін қалыптастыруды өмір талап етеді. Қазақ тілі сабақтары тиімді өту мақсатында интерактивтік оқытудың элементтерін қолданамын. Соның бірі Е. И. Пассовтың коммуникативтік технологиясы. Осы технологияның негізгі қағидалары- тілге бағыттау, тілдің қызметі, ұжымдық өзара қимыл және оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру. Технологияның мазмұны - оқу үдерісін күнделікті өмірдегі қарым-қатынасқа ұқсастыру, ал әдістемелік маңыздылығы екі фактормен түсіндіріледі. Бірінші фактор - тасымалдау жағдайы. Ол оқыту жағдайының және оқытудың нәтижесін күнделікті өмірдегі жағдайларға ұқсастығын қамтамасыз ету. Екінші фактор - оқуға ынталандыру жағдайы. Ол тіл үйренуге деген ынта және оқушының заман талабына сай өзгертіп үйренуі. Оқушылардың тіл үйренуге деген ынтасы мұғалімнің қарым-қатынасты ұйымдастыруына байланысты. Тілдік қарым-қатынас ол оқушының іскерлігі, еркі және мұғалімнің оқушыны сөзге тартудағы белсенділігі. Оқушымен мұғалім арасындағы тілдік қатынас болу үшін мақсат, тақырып және сөйлеген жағдайда күнделікті өмірдегі қарым-қатынасқа ұқсас болуы керек. Осы факторлар арқылы оқушылардың білімін, іскерлігін, дағдысын тексеру үшін әр түрлі белсенді тапсырмаларды енгізген жөн. Тапсырмаларды берген соң оқушылардың білімін, іскерлігін, дағдысын тексеру және бақылау жолдарын қарастыру. Пәннің мазмұны, дидактикалық элементтерінің жүйесі құрамында сөйлеу, оны тыңдау, сөйлем құрастыру, аудару, оқу, жазу болу керек. Сабақта техникалық оқыту құралдары, дидактикалық материалдар, слайдтар, флипчарттар, суреттер және сабақтың әртүрлі оқыту тәсілдері, сонымен қатар, оқушылардың өзіндік өзгешеліктерін ескеріп отыру. Тілдің қызметі, сөйлесу қағидасы - оқушыларды жаңа сөздерді, сөз тіркестерін, грамматикалық ережелерді дұрыс қолдануға үйрету. Технологияның элементтерін қолдана отырып, оқушы бойына тіл заңдылықтарын сіңіріп, қолдана білу, ауызекі сөйлеу, мәнерлеп оқу, логикалық ойлау қабілеттерін, сауатты жазу дағдысын тиімді меңгеруді талап етемін.

Белсенді оқу арқылы оқушылардың тілдік қателерін болдырмау, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда төмендегі әдіс-тәсілдерді пайдалануға тырысамын. «Бинго», «Дауыстап ойлау», «Суреттер сөйлейді», «Суретті мультфильм», «Болжау», «Сұрақтар ілмегі», «Фотоаппарат», «Із кесуші», «Аквариум», «Тап, оқы, түсіндір» тиімді әдістер арқылы оқушылар ой түйеді және ой бөліседі, ретімен баяндауға үйренеді, сондай-ақ тілі, ойлау қабілеттері, сөздік қорлары молаяды.

Функционалдық сауаттылығын дамыту оқушыларды бірден әлеуметтік жағдайлар арқылы сөйлеуге үйретуге мүмкіндік береді. Мұның бәрі оқушылардың тілдік белсенділігін арттырудың негізі болады, сынып алдында өздерін еркін ұстауға көмектесетіндігін дәлелдейді.

Коммуникативтік сөйлеу әрекетінің қай түрі болса да лексикалық-грамматикалық дайындық деңгейіне сүйенеді. Белсенді сөйлеу әрекетін ұйымдастыруда ауызекі сөйлесу мен мәтін бойынша жұмыс негізгі құрал болып табылады. Пән мұғалімі оқушының назарын аудару үшін сабақ кезінде әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді ұйымдастыра білуі қажет. Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы т.б. алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланып мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді.

Сонымен қатар, ақпараттық оқу құралдары (компьютер, аудио-визуалды құралдар) бойынша да оқушылар белсенді коммуникацияға түсе алады. Ауызекі сөйлеу тілін

қалыптастыруда сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуын, сөйлем құрастыруды, тұрақты сөз тіркестерін қолдануды, сұрақ қоюдың барлық түрлерін үйрену тиімді. Оқушылардың сөйлеу дағдылары ауызекі сөйлеу жүйесінен, сұраққа қысқа да толық жауап қарастыра алуынан, оқығандарын ауызша да, жазбаша да мазмұндап беретіндей дағды-машықтарынан, шығарма, хат жазу дағдыларынан құралады.

Жоғарыда айтылғандай интерактивті оқытудың сөйлеу әрекетінің барлық түрінде де қажеттілікпен қатысып тұрғаны көрінеді. Өйткені ол ауызша да, жазбаша да қарым-қатынас жасаушылардың бір-бірін тілдік қабылдауы мен түсінгін қамтамасыз етеді. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың басты мақсаттары - оқушылардың дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдыларын қалыптастырып, мемлекеттік тілді әр түрлі жаңа технологиялар арқылы игерту. Қазақ тілі мұғалімінің негізгі міндеті – қазақ тілі сабақтарын мазмұны мен форма жағынан қызықты, тиімді өткізу.

Қорыта келгенде өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуде коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру - заман талабы. Сондықтан оқушыларымыз жаңа заман талабына сай білімді, жан-жақты, қазақ тілінде өзіндік ой-толғамын жеткізе алатын, кез келген адаммен тілдік қарым- қатынасқа түсе алатын, коммуникабельді, мәдениетті, өмірге икемделген тұлға болуы үшін оның бойында коммуникативтік құзыреттілікті дамыту ұстаздың қолында.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жалпы орта білім беретін мектептерде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы /әдістемелік нұсқау хат, Астана, 2018 жыл.
2. «Педагогика мәселелері» - ғылыми -теориялық журнал, № 1-4, 2011
3. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде, №2, 2018
4. Б.А. Әлмұхамбетова, М.А.Ғалымжанова «Білім беру жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыруда ақпараттық коммуникациялық технологиялардың қолданылуы»
5.Б.А Әрінова. Озық технологияларды қолданудың коммуникативтік компетенция қалыптастырудағы орны. «Қазақ тілі Қазақстан мектебінде», 2008, № 1.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Берикова Эльмира Рауановна
Ақтөбе қаласы «№18 орта мектебі» КММ ағылшын тілі пәні мұғалімі

Ағылшын тілі сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

-белсенділік;
-шығармашылық тұрғыда ойлау;
-шешім қабылдай алу;
-өз кәсібін дұрыс таңдай алу;
-өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Ағылшын тілі сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда мұғалім оқушының назарын аудару үшін сабақ кезінде әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді ұйымдастыра білуі қажет. Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап,

талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы т.б. алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдалана білген мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді.

Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: ағылшын тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек? Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн?

Коммуникативтік сөйлеу әрекетінің қай түрі болса да лексикалық-грамматикалық дайындық деңгейіне сүйенеді. Белсенді сөйлеу әрекетін ұйымдастыруда ауызекі сөйлесу мен мәтін бойынша жұмыс негізгі құрал болып табылады. Сонымен қатар, ақпараттық оқу құралдары (компьютер, аудио-визуалды құралдар) бойынша да оқушылар белсенді коммуникацияға түсе алады. Ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыруда сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуын, сөйлем құрастыруды, тұрақты сөз тіркестерін қолдануды, сұрақ қоюдың барлық түрлерін үйрену тиімді. Оқушылардың сөйлеу дағдылары ауызекі сөйлеу жүйесінен, сұраққа қысқа да толық жауап қарастыра алуынан, оқығандарын ауызша да, жазбаша да мазмұндап беретіндей дағды-машықтарынан, шығарма, хат жазу дағдыларынан құралады.. Интерактивті тақтамен презентацияны бірге қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ерекше арттырады. Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

• лексиканы оқып үйретеді; • сөйлеу ырғағын; • диалог, монолог және рөлдік ойындарды; • хат жазуға үйретеді;

• грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі. Ағылшын тілі сабағында функционалдық сауаттылықты арттыруда өз тәжірибемде көп қолданысқа ие-*сын тұрғысынан ойлау әдісі.* Мен өз сабақтарымда алдымен топқа бөліп,ой қозғап,жаңа тақырыпқа қызықтырып бағыттаймын.Тақырыптың ең құнды мәселелерін анықтауға ұсынамын,салыстыруға,ойларын сыни тұрғыда ойлана отырып жазуды ұсынуға,қорытынды жасай алуға ,сабаққа кері байланыс ұсынуға үйретемін.Ал,мұндай сабақта оқушы топта жұмыс жасауға бейімделеді,мәтінмен өздері танысады,менің пайдаланған жаңа әдіс-тәсілдерім арқылы жаңа сабақты меңгереді,ой қорытып қағаз бетіне түсіреді,ой толғайды,диалогқа түседі,пікір алмасады,сыни ойланып сұрақтарға жауап береді.Яғни,сыни ойлау ақпарат алудан басталып,қаралатын мәселеге байланысты шешім қабылдаудан аяқталады.Сыни тұрғыда ойлауға қалыптасқан оқушының функционалды сауаттылығы да дамып,өзіне анық мақсат пен міндет артады,және өзіне деген сенімділігі пайда болады.Нәтижесінде неғұрлым дамытылған оқушының жеке тұлғасы қалыптасады.

«Маршрут» ойыны.

Бұл ойын чайнворд ұстанымы бойынша жүреді. Чайнворд (ағыл. chain – шыңжыр және word – сөз) бас қатыру есебі – ойланып табылған сөздің әріптерін, алдыңғы сөздің соңғы әрпі, кейінгі сөздің алдыңғы әрпі болып табылатындай етіп, бірінің соңына бірі тізбектеле орналасқан торкөздерге сөздер толтырады.

Мысалы, Алматы-ыдыс-сабын-нар-рахмет-тарақ,-қарбыз т.б.

«Екі әріп» ойыны.

Бірінші қатысушы бір сөз, зат есімді айтады. Келесі қатысушы сол сөздің соңғы екі әрпінен келетін сөзді ойлап табады, бірақ дауыстап айтпайды, тек өз сөзімен түсіндіреді, үшінші қатысушы мұның не туралы айтып жатқанын түсінеді де, сол сөздің соңғы екі әрпіне

сөз ойлап табады. Бір қызығы балалар сөзді жасырушының не туралы айтып жатқанын біледі, бірақ ешкім оны дауыстап айтуына болмайды.

«Еске түсіру» ойыны.

Қатар отырған оқушылар бір-біріне теріс қарап отырады да, парталасының аты кім, көзінің түсі қандай, киімі қандай, аяқ киімі қандай, егер қыз бала болса юбкасының түсі қандай, құлағында сырғасы бар ма, осы сияқты белгілерді айтып шығады. Бұл ойын балалардың бір-бірін жақсы тануға, қарым-қатынасын реттеуге көмектеседі. Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.

«Жолға шығу» ойыны. Ойын айналадағы заттарға талдау жасауға мүмкіндік береді. Жолға шыққан жолаушы қандай заттарды алады? деген сұрақ қойылады.Бір топ керекті заттар тізімін айтады, екінші топ ол заттар не үшін қажет екенін айтып беруі керек.

«Кемпірқосақ» ойыны. Бір минут ішінде түстері әртүрлі бес түсті затты ретімен тез айтып шығуға тапсырма береді. Мысалы: қарбыз (қызыл), лимон (сары), аспан (көк), жапырақ (жасыл), топырақ (қоңыр). Кімде-кім түске сәйкес заттың атын таппай қалса, ойыннан шығады

1.“ Ыстық орындық” әдісі. Берілген тапсырмаға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру керек, себебі, орындық ыстық.

2.“Автор орындығы” оқушының өзі жазған шығарма, эссесін оқытқанда отырғызып оқытуға болады. Бұл әдістер үй тапсырмасын сұрауда, өткен сабақты бекітуде тиімді.

3. «Миға шабуыл» стратегиясы

(Мұғалімдермен жұмыс) Тақырыпқа байланысты идеяларды көбірек жазыңыз.

Уақыт аяқталғанда кезектесіп өз идеяларыңызды оқисыз, идея қайталанбау керек. Қайталанған идеяларды сызып тастап отырыңыз. Мысалы: “оқушылар мектепті тастамас үшін не істеу керек?”

4.«Бинго» ойыны. (Мұғалімдермен жұмыс) Лотоға түскен сандарға байланысты сұрақтар беру. Мысалы: 16 — сұрақ. Семинарға не үшін келдіңіз? Алдымен мұғалімдерге жауап бергізіп, соңынан дайын жауапты ашу, салыстыру. «Әдіс алмасу үшін.»

5. «Он сұрақ!» әдісі. (мұғалімдермен жұмыс, гүл, семинар, сабақ, оқу сөздерін келтіру) Мұғалім бір оқушыны таңдап алады және оның маңдайына негізгі сөз жазылған стикерді жапсырады – қатысушы сыныпқа 10 сұрақ қоя алады, оған жауап не ИӘ, не ЖОҚ деп беріледі.

6. «Детектив» әдісі

Ұйымдастыру: топпен жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың сыни ойлау, көшбасшылық дағдыларын дамыту.

Сипаттамасы: Оқушылар екі топқа біріктіріледі. Екі топқа да шытырман оқиғалы мәтін шағын бөліктерге бөлініп, қима қағаздарға жазылып беріледі. Олар 15 минут ішінде осы мәтіндегі шытырман оқиғаның шешімін табуы тиіс. Әр топ өз шешімдерін айтады. Қандай тәсілмен анықтағандары талқыланып, ақпараттармен жұмыс істеу туралы ой бөліседі.

7.«Менің сөзім» әдісі

Ұйымдастыру: ұжыммен жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың сабақта алған білім, білігін бағалау.

Сипаттамасы: сыныптан бір оқушы тұрып, сабақтан бүгінгі үйренгендерін қорытындылап айтады. Айтып болған соң, басқа бір оқушының атын атайды. Сөзді сол оқушы жалғастырып, сабаққа рефлексия жасайды. Барлық оқушы сабақты қорытындылауға осы ретпен қатысады.

Қортындылай келе,ағылшын тілі сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын игерген оқушылардың білімдері мен біліктері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді; іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік

қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз ететіндігін айтқым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.«ҚР білім беруді дамытудың 2020-20205жылдарға арналған мемлекеттік бағдаламасы» 2020ж.
2. ҚР Жалпыға міндетті білім берудің Мемлекеттік стандарттары// 12 жылдық білім беру 2012 ж.
3. ҚР 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы. 2010ж.
4.Тұрғынбаева. Б. А .Ұстаздық шығармашылық. Алматы. 2017ж
5. М.Жұмабаев, Педагогика, – Алматы, 1992.
6. Оразбаева Ф.Ш., Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2000.
7. Мектеп ұстаздары әлемі» педагогикалық журналы №6 (4)2018 ж

ПРЕИМУЩЕСТВА ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ В ПРАКТИКА ПРЕПОДАВАНИЯ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ

Бисалиева Анар Базарбаевна
учитель начальных классов
КГУ «Средняя школа №18» г.Актобе

Во все времена школа была отражением общественного строя, показателем тенденции его развития. И в свою очередь какие-либо изменения в обществе прямо или косвенно отражаются на образовании. Школа, как социальный институт выполняет запросы общества, государства. Начальный возраст обучения важный этап в жизни любого школьника, это база будущих знаний. В этот период обучения происходит активизация познавательных процессов, формирование навыков учебной деятельности ребенка, способностей к самостоятельному приобретению знаний и их применения в повседневной жизни.

В начальной школе продолжают развиваться коммуникативные умения детей. Дети учатся вести диалог, высказывать свое мнение, аргументировать доводы. Идет становление личности ребенка, выявление и развитие его способностей. В связи со стремительным развитием интеллектуальных способностей в данном возрасте, возрастает и ответственность на начальный период обучения.

В основе обновленного содержания образования лежит концепция, согласно которой приоритет отдается не общему количеству знаний, а функциональной грамотности. Умению применения полученных знаний на практике.

Отличительные особенности обновления содержания образования и его положительное влияние на практику преподавания в начальных классах:

- Принцип спиральности, то есть постепенного наращивания знаний и умений по мере перехода учащихся из класса в класс. Такая «спираль» позволяет добиваться хорошего усвоения знаний и развития навыков. На этапе начальной школы это особенно важно. Многие темы ребенок, в силу своих возрастных особенностей и малого багажа жизненного опыта, охватить не может. Спиралеобразная подача материала, позволяет преподавать материал от простого к сложному постепенно, по мере взросления ребенка и овладению навыками учиться;
- Наличие «сквозных тем» в одной образовательной области и в межпредметных связях позволяет более детально изучить тему;

• Приоритетным становятся цели обучения, основанные на формировании мыслительных навыков учащихся от элементарного (знание, понимание, применение) до высокого уровня (анализ, синтез, оценка). Что позволяет уйти от «шаблонного» мышления в пользу «критического». Эта проблема решается при применении в практике технологии критического мышления.

Критическое мвышление – это система суждений, которая используется для анализа вещей и событий с формированием выводов и позволяет выносить обоснованные оценки, интерпретации, а также корректно применять полученные результаты к ситуациям и проблемам.

Развитие критического мышления позволяет ребенку самостоятельно добывать информацию, анализировать ее, преобразовывать (синтезировать) в соответствии с целями, опираясь на собственный опыт, что в конечном итоге, позволяет ученикам выработать собственное суждение.

• Особое значение в обновленной программе приобретает понятие «критериальное оценивание». При котором, оценивание происходит по определенным критериям, что позволяет учащимся самостоятельно оценить свою работу. Знать на каком этапе возникли затруднения.

Критериальное оценивание выполняет функцию обратной связи, когда ученик получает информацию о своих успехах и неудачах, а учителю они должны показать педагогическую эффективность примененного им метода обучения.

• Поэтапный переход на трехязычие (отдельные предметы естественнонаучного цикла будут преподаваться на английском языке). Это позволит школьникам изучать иностранные языки на практике, что позволит развить лингвистическую компетентность учащихся для развития эффективной коммуникации и продолжения обучения в учебных заведениях международного уровня;

• Пятидневная учебная неделя и сокращение объема домашнего задания позволяет снизить нагрузку учащихся путем рационального распределения учебного материала, а также применение здоровьесберегающих технологий. Что благоприятно скажется на здоровье детей и освобождения времени на дополнительное образование, спортивные секции;

• Вместе с изменениями в преподавании и обучении происходят изменения и во взаимоотношениях учителя и учеников. Большую значимость принимают активные формы работы.

Активные методы обучения – это система методов, обеспечивающих активность и разнообразие мыслительной и практической деятельности учащихся в процессе освоения учебного материала.

Активные методы обучения способствуют активизации познавательной деятельности учащихся, умению работать в коллективе (коммуникативные навыки), развивают самоорганизацию. При такой форме работы все учащиеся вовлечены в работу. При этом развивается критическое мышление, дети учатся решать поставленные задачи, выслушивать мнения других и принимать решения.

• Одним из ключевых моментов обновленного содержания в начальных классах является диалоговая форма обучения. Это речевое взаимодействие в условиях учебной ситуации, в результате чего происходит обмен информацией между его участниками. Диалог на уроке определен целями урока, но может меняться в зависимости от обстоятельств. Информационное взаимодействие идет между учителем и учеником, или между самими учениками. В обучении младших школьников диалог является одним из главных форм обучения. Мышление ребенка данного возраста неразрывно связано с его речью. При помощи диалога ребенок выражает свои мысли, демонстрируя знания, выслушивает мнения одноклассников, делает выводы. Диалог позволяет включить в работу даже самого тихого и

неуверенного ученика, а учителю дает возможность проследить знания учащихся. Также при помощи диалога можно проследить мыслительный процесс ребенка, а также выявить на каком этапе возникли затруднения. Благодаря диалоговому обучению идет развитие речевых и коммуникативных навыков у младших школьников, что очень важно для дальнейшего развития ребенка. Как показывает практика, коммуникативные дети быстрее продвигаются в образовании.

Диалог способствует развитию словарного запаса младших школьников, а чем больше словарный запас, тем выше степень понимания и восприятия изучаемого материала. Более успешные дети в обучении в первом классе те, которые на момент прихода в школу уже имели хорошо развитую речь. Могли составлять предложения на заданную тему или по картинке, объяснить свои действия анализировать действия одноклассников. И наоборот, дети, у которых слабо развита речь, имеются какие-либо логопедические дефекты, занимают более пассивную роль в классе. Большинство из таких детей затрудняются отвечать на поставленные вопросы, более нерешительны и менее активны при работе в группах.

- Содружество учителя и родителей. Конструктивное взаимодействие учителя и родителей осуществляется на основе обратной связи при критериальном оценивании и внедрения электронного журнала. Родитель ежедневно прослеживает успехи, и неудачи своего ребенка на каждом этапе обучения и вовремя может оказать помощь. Роль родителя в образовании детей очень велика, а совместная работа с учителем позволяет этот процесс сделать более эффективным и продуктивным.

Обновление системы образования вызвано самим временем. В мире новых технологий идет запрос на конкурентноспособных специалистов, умеющих нестандартно мыслить и принимать объективные решения. Для этого и возникла потребность изменить подходы в образовании, которые позволят научить учащихся самостоятельно добывать знания и эффективно применять их на практике. Формировать интерес к познанию и мотивировать человека на образование на протяжении всей жизни.

Список литературы

1.А. Г. Асмолов, Г. В. Бурменская, И. А. Володарская, О. А. Карабанова, Н. Г. Салмина, С. В. Молчанов. Формирование универсальных учебных действий в основной школе. От действия к мысли. Система заданий: пособие для. — Просвещение М, 2014. — 159 с.

2.ПІЧҢҒ,.НСерова Е.А. Формирование познавательных универсальных учебных действий у младших школьников на уроках русского языка. URL: https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/raznoe/2014/12/29/pedagogicheskiy-proekt-formirovanie-poznavatelnykh-universalnykh (Дата обращения: 21.03.2020)

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ – САПАЛЫ БІЛІМ КЕПІЛІ

Дарибаева Кунзира Жолдановна
Ақтөбе қаласы «№18 орта мектебі» КММ
бейнелеу өнері пәні мұғалімі

«Функционалды сауатты адам- бұл іс-әрекетінің, қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастардың әртүрлі салаларында өмірлік міндеттердің кең спектрін шешу үшін өмір бойы үнемі алған барлық білімді, дағдыларды қолдана алатын адам» - А.А. Леонтьев айтып кеткендей, қазіргі заманғы жалпы білім беру жүйесі бүкіл әлемде оқушының жеке басын дамытуға, оның әлеуметтенуі, кәсіби және жеке өзін-өзі анықтауы, білім беруді жалғастыруға дайын болуы үшін қажетті білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған. Ақпараттық кеңістіктің жаһандануы, гаджеттерді жаппай пайдалану дәуірінде білім беру жүйесі өзінің өзгеруін, жаңа әлеуметтік талаптарға бейімделуін тездетуге мәжбүр. Көптеген елдер, соның ішінде Қазақстан да, жаһандық ақпараттық қоғамның дамуы жағдайында функционалды сауатсыздық мәселесіне тап болды. Жетекші сарапшылар оқушылардың білім жетістіктерінің мазмұны мен сапасын талдай отырып, қазіргі мектеп түлегіне өмірде, кәсіби қызметте табысты болуға мүмкіндік беретін білім беру нәтижелерін қалыптастыру қажеттілігін атап өтті. Зерттеу нәтижелері бүгінде оқушының ақпарат ағынын шарлау, мәселелерге дұрыс шешім табу қабілеті маңызды, ал білім көлемі маңызды емес деп санайды.

Функционалды сауаттылық әлемнің дамыған елдері үшін халықаралық мәселе ретінде ЮНЕСКО-мен алғаш рет 1965 жылы Тегеранда ұсынылып, термин ретінде қабылданған. Функционалдық сауаттылық "Күнделікті өмірде пайдалану және күнделікті мәселелерді қанағаттандыру үшін оқу және жазу дағдыларының жиынтығы"деп түсінілді. Тұжырымдаманың ерекшеліктері: Тұрмыстық мәселелерді шешуге бағытталу; Негізі -оқу және жазу дағдыларының базалық деңгейі; Мақсаты -стандартты стереотиптік мәселелерді шешу мүмкіндігі. Ол негізінен қарапайым сауаттылықты қалыптастыруды қажет ететін ересек тұрғындарға қолданылды. Функционалды сауаттылықты қалыптастырудың негізгі бағыттары: математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы, жаратылыстану сауаттылығы, жаһандық құзыреттер, қаржылық сауаттылық, шығармашылық және сыни ойлау болып бөлінеді. Бүгінгі таңда еліміз PISA немесе PIRLS сияқты халықаралық мектеп білім беру рейтингтеріне ену үшін оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруын талап етуде. Оның жөні де бар. Әлемде жыл сайын ақпарат көбеюде және балаларды ол ақпаратты өңдеуге үйретуіміз керек. Егер бұрын бастауыш сынып оқушысының жетістігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі оның оқу жылдамдығы болса, қазір мұғалімдер оқу сапасы, оның мағынасы сияқты параметрлерді басшылыққа алады. Мұның бәрі функционалдық сауаттылыққа тікелей байланысты. Сол үшін функционалдық сауаттылық туралы көп айтылуда. Сонымен функционалды сауаттылық - бұл мектепте алған білімдерін күнделікті мәселелерді шешу үшін қолдану мүмкіндігі. Оқуда сәтті болу үшін бала ең алдымен ақпаратпен жұмыс істей білуі керек: оны табу, қажет нәрсені қажетсізден ажырату, фактілерді тексеру, талдау, жалпылау және ең бастысы – өз тәжірибесінде қолдану. Мұндай дағды тек қазақ тілі мен әдебиеттік оқу аясында ғана емес, әр пән бойынша қалыптасады. Ақпаратты ой елегінен өткізіп, болашақта не қажет екенін түсіну мектептің әр пәнінде маңызды. Бүгінгі таңда оқулықтардың көп бөлігі балаларды нақты ақпаратқа сүйене отырып, мәселелерді шешуге үйретеді. Бірақ қарапайым өмірде кез-келген мәтінде басқа, жасырын деңгей бар, Мысалы, театрға билетке қараған кезде, ең алдымен, спектакльдің уақыты, театрдың мекен – жайы көзге түседі - мұның бәрі айқын ақпарат. Бірақ осы мәліметті айқындап алған соң, уақытында болу үшін үйден қаншада шығу керектігін анықтаймыз – бұл оқырман үшін анық емес ақпарат. Тағы бір мысал – кәдімгі

шрифтті мәтін, курсив немесе қалың шрифтті мәтін, графиктер, диаграммалар, кестелері бар туристік кітапша. Сіз оны мұқият оқи аласыз немесе мақсатыңызға қарай назар аударып, нақты ақпаратты ала аласыз – мысалы, мұражайға билеттердің бағасы, олардың орналасқан жеріне байланысты мұражайларға барудың мүмкін нұсқалары және т.б. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін балалардың орындайтын тапсырмалары олардың тәжірибесі мен қоршаған ортасына жақын болуы маңызды. Яғни, жақын тақырып баланы білуге шабыттандырады, өйткені білімді нақты өмірде бірден қолдануға болады. Осылайша, оқу процесі адамды тікелей дамытпайды, тек оның белсенді ұйымдастырушылық формалары болған және тиісті мазмұны бар, белгілі бір жаста белгілі бір ісәрекеттің (мысалы,мектепке дейінгі ойын арқылы, бастауыш мектепте – оқу арқылы) қалыптасуына ықпал еткен жағдайда ғана дамытады. Демек, Л.С.Выготскийдің ұстанымына сай адамның психикалық дамуы мен оқуы арасында оның қызметі әрқашан тұрады. Сонымен неліктен мұғалім балалардағы функционалдық сауаттылықты дамытумен айналысуы қажет? Әрине, бұл балалардың болашағы, олардың еңбек нарығында қажеттілігі және өмірдегі жалпы табысы үшін маңызды. Сонымен қатар, қазіргі заманғы қазақстандық білім беру жүйесі фукнционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған, оның міндеттерінің бірі – PISA немесе PIRLS сияқты оқушылардың функционалдық сауаттылығын тексеретін әлемдік рейтингтерде жоғары орынға шығу. Мұндай рейтингтерге қатысу-білім беру жүйесінің уақыт талабына жауап бере отырып, өзгеруінің көрсеткіші.

Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты дамыған, парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

Әдебиеттер:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы // ресми мәтін. Астана: Әділет, 2012. – 14 б.

2. http://www.google.kz Жаңабілім беру технологиясы мен әдістәсілдері

3. Образовательная система «Школа 2100». Педагогика здравого смысла / А. А. Леонтьев. М.: Баласс, 2018. 35 бет.

4. https://interactiv.su/2019/09/07/функционалдық сауаттылықты қалыптастыру

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ЕБҚ ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ТӘСІЛДЕРІ

Ділмағанбет Мұрат Дүненұлы
Ақтөбе қаласы «№18 орта мектебі» КММ
дене шынықтыру пәні мұғалімі

Денсаулығы нашар оқушыларды ынталандыру саласындағы күрделі процестердің интегралдық нәтижесі дене шынықтыру мен спортқа қызығушылық болып табылады. Кез-келген сабақта дене шынықтырумен айналысуға мотивация бар, бірақ оның әсері шамалы бірнеше оқушымен ғана өздігінен дене шынықтыру мен айналысады. Дене шынықтыруды ынталандыру көпдеңгейлі сипатқа ие.Бұл физикалық жетілдірудің алыс перспективаларынан белгілі бір уақыт кезеңінде жүзеге асырылатын жақын мақсаттарға, міндеттерге, мотивтерге дейінгі шекараларды қамтитындығымен түсіндіріледі. Оқу процесін қанағаттандыру және табысқа шабыт беру ішкі мотивтерді тудырады (сабаққа қызығушылық). Егер олар болмаса, сыртқы мотивтерді оқушы таңдамайды, яғни олар қабылданбайды. Мұғалімнен келетін сыртқы мотивациямен тәрбиелеу,

содан кейін оның талаптары оқушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес келетін, яғни ол үшін оңтайлы болған кезде қызығушылық түйірлерін қалыптастыру мақсатына жетеді. Тек осы жағдайда дене шынықтыру мен спортқа деген қызығушылықты анықтайтын ішкі ынталандыру механизмі іске қосылады.

Денсаулығы нашар оқушыларға мектепте ерекше көңіл бөлінеді. Мұндай оқушылар үнемі дәрігер мен дене шынықтыру мұғалімдерінің бақылауында болады және олардан үй тапсырмаларын үнемі сұралады. Үйде барлық тапсырмаларды орындаған ынталы оқушылар жыл соңына дейін қалпына келеді, ал кейбіреулері тіпті мектеп жарыстарына қатысып, жүлделі орындарға ие болады.

Оқушылар дене тәрбиесіне қызығушылық танытады, сондықтан бұл олардың денсаулығын нығайтуға, сонымен қатар басқа оқу пәндерін оқуға деген қызығушылықты арттыруға әкеледі. Дене тәрбиесі бойынша үй тапсырмаларын орындауда ата-аналар ерекше рөл атқарады,және олар көмек көрсетуі керек, өйткені тапсырмалар оңай да, күрделі де болуы мүмкін. Тапсырмалардың бірнеше деңгейі бар:

1. Кез-келген оқушы түсінетін және жасай алатын міндетті минимум.

2. Оқу деңгейін пәнді жақсы білгісі келетін және оқу бағдарламасын, тіпті одан тыс жерлерде де үйренуге тырысатын оқушылар игереді. Әдетте мұғалімдер мұндай оқушыларды бірінші деңгейдегі тапсырмалардан босатады.

3. Шығармашылық деңгей. Оқушылардың дайындығы мен сабақтың тақырыбына байланысты мұғалім шығармашылық тапсырмаларды ерікті негізде қолдана алады және оларды жоғары баллмен және мадақтаумен ынталандырады.

Үй тапсырмаларын орындау үшін денсаулығы нашар оқушылар жұмысының сапасы мен мәдениетін дамыту үшін зерттелетін материалды игеру бойынша оқу-танымдық іс-әрекеттің психологиялық-педагогикалық заңдылықтары негізінде құрылған кейбір ережелер мен талаптарды сақтау және орындау қажет.

Физикалық жетілдіру процесінде "қару-жарақтың қажеттілігі" саналы түрде игеру механизмімен, қабілеттерді дамытумен және қажетті қанағаттандыру құралдарын (спорт ғимараттары, снарядтар, тренажерлер және басқалар) іздеумен, өзінің дене шынықтыру іс-әрекеті туралы білім мен ақпарат жинақтаумен байланысты. Демек, өзін-өзі тәрбиелеу процесі өзін-өзі жетілдіру процесімен тығыз байланысты деген қорытындыға келді.Дене тәрбиесінің жалпы схемасын келесідей ұсынуға болады: қарулану және өзін-өзі тану арқылы физикалық өзін-өзі дамытудан физикалық өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі тәрбиелеуге дейін, мұнда анықтайтын механизм қажеттіліктерді қанағаттандыру құралдарын еркін таңдау принципі болуы керек.

Дене тәрбиесі шеңберіндегі басты педагогикалық міндет-дене шынықтыру мен спортқа деген қызығушылықты ояту, қажеттіліктерді қанағаттандырудың биологиялық (төменгі сыныптар үшін) немесе әлеуметтік (жоғары сынып оқушылары үшін) маңызды құралдарын (қозғалыс белсенділігінің тәсілдері) қалыптастыру және оқушыларға таңдау еркіндігін беру.

Әрбір адамның физикалық және психикалық дамуында белгілі бір жеке ерекшеліктері бар екенін ескере отырып, физикалық белсенділіктің таңдаулы әдісі аясында физикалық өзін-өзі жетілдірудің жеке стилін қалыптастыру дене тәрбиесінің түпкі мақсаты деп санаймыз. Іс-әрекеттің жеке тәсілі мен стилін қалыптастыру баланың жеке және сипаттамалық ерекшеліктерін және оның жалпы өмір салтын анықтауы керек.

Физикалық өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру оқушылардың мотивациялық, жас, жыныстық және басқа да айырмашылықтарын ескеретін әртүрлі ойын және спорт алаңдарын құру қажеттілігіне дейін азаяды. Мысалы, бастауыш сынып оқушылары үшін мұндай ойын және спорт алаңдары әртүрлі көлік құралдарымен - велосипедтермен, мотороллерлермен, роликті конькилермен, скейтбордтармен және т. б. жабдықталуы керек.

Мұндай спорт алаңдарында дене шынықтыру сабақтарын "мен сияқты жаса"қағидаты бойынша ойын арқылы құру керек. Әдетте, мұндай сайттарда оқушыларға мұғалім, жетекші немесе әдіскер қажет емес, өйткені баланың өзі өз қызметін бағдарламалайды, өйткені оған толық еркіндік беріледі. Физикалық белсенділік оның жеке әл-ауқатымен реттеледі. Физикалық

белсенділікке бейімделу және қозғалыс әрекеттерін өзін-өзі реттеу, мұндай жағдайда негізгі мотор қабілеттерін дамыту өздігінен жүреді. Оқушылар еркін қозғалыстарды ұнатады, оларға бағалар мен жоғары балл қажет емес, сондықтан олар өзін-өзі дамыту қажеттіліктерін қанағаттандырады. Физикалық өзін-өзі дамыту процесінде қанағаттанудың жоғары деңгейі жағымды эмоциялар көзі және баланың ерте жастан оң мінез-құлық белгілерінің қалыптасуына үлкен әсер ету тәсілі болып табылады.

Мұғалім оқушының зияткерлік (іздеу-ақпараттық) қызметімен байланысты және өзін-өзі тануға және жетілдіру тәсілдерін білуге бағытталған өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етуі керек. Мұнда ең бастысы-жасөспірімге қатаң ереже немесе бұйрық беріп зиян тигізбеу керек. Сондықтанбастапқыдамына қағидаларды ескерген орынды:

•оқушыны өзінің физикалық және ақыл-ой дамуының ерекшеліктері туралы, басым мотивтер туралы, физикалық жетілу мұраттары мен әдістері туралы хабардар ету;

• олардың жетістіктері; оны әртүрлі құралдар мен қамтамасыз ету;

• олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру (қозғалыс белсенділігінің әдістері) және таңдауеркіндігі.

Жоғары сынып оқушылары өздерінің қызығушылықтарын, қызығушылықтары мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып таңдау жасауы үшін спортпен шұғылдану үшін арнайы жабдықталған орындарда қозғалыс белсенділігінің дәстүрлі емес түрлерімен, атлетикамен, гимнастикамен, аэробикамен, спорттық ойындармен, жүзумен айналысуға мүмкіндігі болуы тиіс. Бұл жағдайда мұғалімнің міндеті:

* денсаулығы нашар оқушыларға өздері туралы, мақсатқа жетудің жолдары мен тәсілдері туралы қажетті ақпаратты меңгеруге көмектесу; оларға дұрыс таңдау жасауға, өз мүмкіндіктерін бара бар бағалауға және әлеуетін ашуға көмектесу;

* оларға спорттық снарядтар, тренажерлар, жабдықтар және т.б. ұсыну, яғни олардың дене шынықтыру бойынша қарапайым білім алуына ықпал ету.

Дене шынықтыруға мотивациялық және құндылық қатынасын қалыптастыруда жалпы мәдени деңгей мен ата-аналардың спортқа деген көзқарасы үлкен мәнге ие. Оқушылардың дене шынықтыру және спорттық белсенділігі жыл сайын төмендейтіні белгілі, сәйкесінше олардың физикалық жағдайы мен денсаулығының нашарлауы байқалады. Жас ұрпақтың физикалық белсенділігі жеткіліксіз дәрежеде көрінеді, бұл оқу жылдарында қалыптаспаған мектеп оқушыларының әдеттер жүйесінің нәтижесі. "Оқушылардың дене шынықтыруға деген қызығушылығы олардың қоршаған ортасының тәрбиелік әсеріне байланысты".

Мұғалім өзінің кәсіби қызметінде оқу процесінің жүйелік көзқарасын дамыта білуі керек. Ол дене шынықтыру мен адамның рухани және физикалық күші арасындағы шекараны нақты белгілеуі керек. Өскелең ұрпақ үшін олардың физикалық қасиеттерін дамыту, білім алу, моториканы дамыту қажеттілігін қалыптастыру, дене шынықтыру құндылықтарын игеру қажеттілігін қалыптастыру қажет.

Мысалы, ассоциативтілікті дамыту:

«Жалпылау» әдісі.

Спорттық жабдықтар туралы жұмбақтар ойлап табу:

Дөңгелек, бірақ қарбыз емес,

Тордан жасалған, бірақ ракетка емес,

Секіруге болады, секіртпе емес.

Осы затпен, қимыл түрімен, спорт элементімен жаттығуды көрсету.

«Бірлестік» әдісі.

Ойын-жаттығу «Кім көп біледі?»

Мұғалім оқушыларға кезекпен әр түрлі жануарларды (спорт түрлерін) шақыруды ұсынады, ал екі қатарда тұрып, допты тізбекке лақтырады. Кім білмесе немесе айтылғанды қайталаса, допты жоғалтады-ойыннан шығады. Ойынның соңында үш "епті білгір"қалады.

«Иә - жоқ» ойын-жаттығуы («Секіру-шапалақ»)

Ойын басталмас бұрын оқушылар бірнеше кіші топтарға бөлінеді, олардың бір кіші тобы жануар туралы ойланып, басқаларын қимылдар арқылы өз кезегінде болжауға шақырады. Әр түрлі белгілерді көрсететін қимылдарды көрсетеді: мысалы, ол ұшып жүр ме? Ол төрт аяғымен жүре ме? Екіге секіре ме? Үй? Жыртқыш? және т.б. Қозғалыстар мен белгілер алдын-ала үйреніп, жетілдіріледі.

«Фантастикалық спорттық жабдықтар» ойыны.

Стандартты спорт жабдықтарының элементтерін біріктіру арқылы мұғалім шындыққа сай келмейтін «фантастикалық» спорттық құрал-жабдықтар жасауды ұсынады. Мысалы: гимнастикалық таяқшалар мен «ауа қақпалары» шеңбері, негізгі әрекетті жетілдіру: құрсау арқылы оңға, солға шығу.

«Жаңа есімдер» жаттығу ойыны.

Мұғалім оқушыларды спорт құрал-жабдықтарының жаңа атауын ойлап табуға, оларды қолданылатын спорт түрлерімен үйлестіруге шақырады. Шағын топтарда жұмыс істеу: біріншісі спорттық құралдарды атайды, екіншісі өз атын шығарады. Содан кейін керісінше. Мысалы, құрсау - «гимнасттың дөңгелегі», гантель - «мықты қолғап», доп - «баскетболшының иті». Гантельмен негізгі жаттығуларын жетілдіру, айналдыра құрсаумен айналдыру, допты оң, сол қолмен қабылдау.

Денсаулық пен салауатты өмір салты құндылықтары өсіп келе жатқан ұрпақтың басым құндылықтарының үштігіне енуі керек, сол арқылы дене шынықтыру және спорт қызметіне деген ынтаның жоғары деңгейіне әсер етуі керек. Мотивация денсаулығы нашар оқушыларға өз әлеуетін ашуға көмектеседі, ал бұл жағдайда ең жақсысы оқу процесіне басқа қатысушылардың жеке жетістіктері болады. Дене шынықтыру және спортпен айналысу дене мен рухты шыңдайды, олар көшбасшылық қасиеттерді ұйымдастырады, тәртіпке келтіреді және тәрбиелейді. Бірақ ең бастысы, спорт пен жаттығу жақсы көңіл күйдітыныштандырады, ал дене шынықтыру сабақтары қарым-қатынас, әлеуметтену және жаңа танысу орны болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Малинина С. В. дене шынықтыру іс-әрекеті дене шынықтырудың негізі ретінде: Дисс.канд. пед. ғылымдар: 13.00.04: - СПб., 2000. - 193 Б.

2. Селиванов В.И. Ерікті белсенділік психологиясы: арнайы курс бойынша дәрістер. - - Алматы: РМПУ, 2004. - 151 б.

3. Ахаев А.Оқушылардың дене тәрбиесіне мотивациялық-құндылық қатынасын қалыптастыру. Дисс. канд. пед. ғылым: 13.00.01. - Алматы, 2005.- 249 Б.

4. Менчинская Н.А. Баланы оқыту, тәрбиелеу және психикалық дамыту мәселелері / ред. Е. Д. Божович. - М.: Ин-т практ. психология; - Астана: МОДЭК, 1998. - 443 Б.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Жанай Алишер Ыбрайулы
Ақтөбе қаласы «№18 орта мектебі» КММ
дене шынықтыру пәні мұғалімі

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы. Қазақстан Республикасының

әлемдік өркениетке, демократиялық дәстүрге өту жағдайында адамзат қоғамының ғасырлар бойы жинақтаған жалпы құндылықтар мұрасына ден қоюы, рухани-адамгершілік негізінде дене тәрбиесін сабақтастықта дамытып, салауатты өмір сүру дағдылары арқылы дене мәдениетін қалыптастыру өзектілігі артуда.

Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады. Дене тәрбиесі сабағында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі. Білім – қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны әркімнің өз сабағында пайдалану арқылы оқушыларды халықтың дәстүр үрдісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу дені сау ұрпақ тәрбиелеу дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің басты міндеті. Олай болса, оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетін әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет. Өзімнің 8-сыныптарға өткізген « Волейбол» атты сабағымда алдымен оқушыларға өткен тақырыптарға байланысты сұрақтар бере отырып, бүгінгі жаңа сабақтың қандай тақырыпта өткелі тұрғанын ашып алдым. Сабақ барысында оқушыларға жеңілдетілген логикалық сұрақтар беріп, кейін күрделі сұрақтарды тапсырма ретінде бердім. Сұрақтарға байланысты жауабын тапқан оқушы, сол жерде практикалық түрде орындап көрсетеді. *Күтілетін нәтиже:*

С- жаңа сөздерді біледі, өз ойларын бір-екі сөйлеммен айта алады;

В- ойларын айта біледі, тақырып төңірегінде сұхбаттаса алады;

А- ойларын айта біледі, тақырып төңірегінде сұхбаттаса алады, берілген жағдаяттан шыға алады.

Тақырыпты қорытындылап, өз пікірін дәлелдеу.

Жеңіл атлетика –

Ауыр атлетика –

Каратэ –

Күрес –

Суреттермен сәйкестендіру

-Спикер критериалды бағалау парағын оқиды.

Спикер бағалау парақтары арқылы қорытынды шығарып, оқушыларды бағалайды.

Оқушылар сабақтың соңында өздерінің көңіл-күйлерін смайлик арқылы көрсетеді.

Сабақ кезінде оқушының ішкі позициялық көз қарасы мен бағыты айқын көрініс бере алады. Сонда ғана сабақ нәтижелі болып, білім сапасы артады. Осы бағыттарда әрбір мұғалімнің оқытуға, үйретуге өз тұғырнамасы болуы қажет. Олар мыналар:

- Әр оқушының білім деңгейін, қабілетін, мүмкіншілігін түсіну;
- Оқушының бойындағы жетістіктері мен кемшіліктерін қабылдау;
- Оқушыларға қиындықтарды жеңуге, кемшіліктерден арылуға көмектесу;

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру мақсатында сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады. Сондықтан да мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру. Барлық оқушылар өз қабілетін

ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды да, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасындағы бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады. Осылай ойын элементтерін, әдістерін деңгейлеп орындату арқылы оқушылардың тапсырмаларды орындауда жинаған ұпайларын «даму мониторингі» кестесіне белгілей отырып, оқушы біліміне талдау жасап отыру қажет. Өтілетін тақырыптарға байланысты қызықты сергіту ойындарын ойнатудың да сабақ барысының сапасын арттыруға ықпалы көп. Атап айтсам: «Кім шапшаң?», «Көңілді ойындар!», «Мен чемпион!», сонымен қатар қозғалмалы ойындар және ұлттық ойындарды сабақта түрлендіріп өткізуге машықтандыру.

Дене шынықтыру пәнінде жаңа инновациялық технологияларды қолданудың орны орасаң болары хақ. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар оқушының оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруге сыныптан тыс спорттық шаралардың да маңызы зор. Соның ішінде қазақтың ұлттық ойындары мен қозғалмалы ойындарын, әр түрлі жарыстарын, тоғызқұмалақ, арқан тартыс, аударыспақ сынды ойын түрлерін өткізіп отыру керек. Осындай жұмыстарды жүргізу нәтижесінде оқушылардың белсенділігі артып, спортқа деген бейімділігі қалыптасады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін артырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінеді. Нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артып, оқу тоқсандарында жоғары сапаға қол жеткізуге болады. Жаңаша әдістерді сабақтарда үнемі қолданысқа енгізуде теория мен практиканың ұштасуына мән бергенде ғана жұмыстың мазмұндылығы көріне алады.Осы бағыттарда сын тұрғысынан ойлау және деңгейлеп оқыту технологияларының тиімді әдістерін дене шынықтыру пәнінде қолдануды ұсынамын. Алдымен «Дене шынықтыру пәні не береді?» –деген сұраққа:» Қимыл қозғалысты береді. Машықтандыру. Дене мәдениетін қалыптастыру. Денені шынықтыру, тәрбиелеу. Жалпы дамыту жаттығуларын меңгертеді. Мемлекеттік стандарттық бағдарламаны жоспарлай білуді, нормативтік тест жаттығуларды игертуді береді. Дене тәрбиесі сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалану. Осы технологияның шығармашылық бөлігін басшылыққа ала отырып, ой толғау жасауға болады. (мыс: дене шынықтыру сабағында сабақты ойын түрінде ұйымдастыру керек) осы арқылы, оқушылардың бейімділігін арттыруға болады.Күтілетін нәтиже - дене тәрбиесі пәніне деген қызығушылықтары артады. Оқушы шығармашылығы, өзін-өзі басқаруы, құрметі, эстетикалық талғамы артады. Дене шынықтыру сабағында 5-6 сыныптарға сергіту сәтін алуға болады. Өз тәжірибемде 5-сыныптарға өткізген «Эстафеталық жарыстар» атты сабағымда, алдымен оқушыларға ой толғау жасау мақсатында қазақтың ұлттық ойын түрлеріне тоқталуды, ұлттық ойындар туралы өз түсініктерін сұрай отырып, сабақ барысы кезінде орындатуды жоспарладым. Міне, осы арқылы оқушылар сабақтың жарыс түрінде топтық ойын әдісінде болатына көз жеткіздім. Сабақты қызықты өткізу үшін интерактивті тақта арқылы қазақтың ұлттық ойындарының тарихын таныстырып өтіп, жасырылған сұрақтарды табуға машықтандыру, әр топқа белгіленген ұпай сандарына қарай бағалап отырдым. Кейін сабақ барысын: «Кім шапшаң?» бөлімі деп алып, бұл бөлімінде оқушылар белгіленген жерге дейін эстафеталық таяқшамен жүгіріп барып, белгілі жеріне жеткен кезде, тақтаға жазылып берілген есептерді шапшаң орындап шығып кейін қайтып келулері керек. Оқушылардың бұл бөлімде сабаққа деген қызығушылығының артуымен бірге, машықтанады, логикалық ойлау қабілеттері артады, қимыл-қозғалыс әрекеті дамиды. Жаңа идеяларды қолдана отырып, орындалатын жұмыс бағытым; 1. Оқушымен қарым-қатынасты қалыптастыру. 2. Оқушының логикалық ойлау қабілетін дамыту. 3. Әр оқушының әрекетін, ұлттық болмысын пайдалануға жұмыстану. 4. Оқушының ұлттық моралының орындалуын қамтамасыз ету. 5. Оқушының санасын, сенімін, көзқарасын,білімін арттыру. 6. Оқушының парасатын, ойлауын қалыптастыра отырып машықтандыру. Ең бастысы, оқу үрдісінде

міндетті пәндерде оқушылардың теориялық білімін әлеуметтік тұрғыдан қалыптастыруға мән беру керек. Жұмысымның нәтижесінде: 1) Әр оқушының білімі, қабілеті қалыптасады. 2) Оқушының бойындағы жетістіктері көрінеді. 3) Оқушылар қиындықтарды жеңеді, әлеуеті артады. 4) Жан-жақты дамуға қол жеткізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жошыбаева Гүлнар. Ұлттық мектеп-ел еңсесі. «Қазақстан мектебі», №12. 2020-13 бет.
2. Қоянбаева Сәуле. Танымдық қызығуды белсендіру. «Қазақстан мектебі», №6, 2020.
3. «Қазақстан мектебі» журналы

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Жұмалина Гүлім Болатқызы
Ақтөбе қаласы «№18 орта мектебі» КММ
математика пәні мұғалімі

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы.

Математикалық сауаттылық дегеніміз – математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің, оқушылар дүниенің ғылыми бейнесін меңгеру.

Ой -өрісі кең тұлғаны қалыптастыруда жаратылыстану пәндерінің орны ерекше. Қазіргі кезде математика пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық ойлау қабілеті мен шығармашылық тұрғыдағы жұмысын дамытуда өз бетімен жұмыс жасаулары және логикалық тапсырмаларды орындаудың маңызы зор.

Бүгінгі күнде математика пәнін сапалы оқыту ізденістері – пән мұғалімін толғандырып отырған келелі мәселелердің бірі. Сыни тұрғыдан ойлау барысында, бала өз заманының озық өнегесін санасына сіңіреді, функционалдық сауаттылығы артады, басқаның пікірін тыңдауға дағдыланады және өзі де пікір айтуға үйренеді.

Математика пәнін оқуда сыни тұрғыдан ойлау технологиясының тиімділігі. Математиканы оқытудың мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологияларды тиімді пайдалану қажет. Математика сабағында оқушылар өз бетінше білу дағдыларын дамыту баға жетпес құндылықтарының бірі. Жаттығуларды өз бетінше тексеріп, қорытынды жасай білетін тұлға қалыптастыру мақсатында жаңа технологиялар әдістерін кеңінен қолдану қажет. Математика сабағында сыни тұрғыдан ойлау технологиясының әр түрлі стратегияларын қолдана отырып, өз бетінше жұмыс істеу факторы – есептерді шығара білу.

Шапшаңдылық дағдыларын ұйымдастыра отырып, оқушылардың құзыреттілігін арттыру арқылы шығармашылықтарын дамыту. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда, оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға, тез арада шешім қабылдауға көмектесетін бірден бір тиімді технология. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын пайдаланатын әр ұстаз өз педагогикалық қызметінде оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасқа деген көзқарасының мүлдем өзгергенін байқайды. Сын

тұрғысынан ойлау дегеніміз – сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойынды еркін және зерттей талпындырып тұжырым жасау.

Ой қозғай отырып оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап естіген-білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп білмегенін өзі реттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп тұжырым жасауға шығармашылық жұмыс жасау.

Өзім сабақ беретін 5-7 сыныптарда менің жұмыс тәжірибемнің мақсаты: математика сабағында бағдарлама материалын сапалы меңгерту үшін оқыту мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы арқылы және топтық жұмыс түрлерін, деңгейлік тапсырмаларды орындату, тірек сызбаларды, ойын түрлерін қолданып, логикалық және эксперименттік мазмұнды есептер шығарта отырып, оқушыларды бір-бірімен пікірлесе білуге, ойларын нақты, ашық жеткізе білуге , тұжырымдарын жасауға үйрету. Оқушылардың өткен материалды қаншалықты меңгергендігін білу үшін бір тарауды толық өткеннен кейін қайталау сабағы есебінде 5 сыныпта өткізген жарыс сабағыма тоқталайын.

Жарыс сабағы барысында оқушылардың пәнге қызығушылығы мен ойлау қабілеті артатыны байқалды. Бұл ойын түрін сабағыма пайдаланудағы мақсатым – оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, пәнге қызығушылығын арттыру.

«Математикалық-лото» ойынында түрлі кеспе қағаздарға есептер дайындаймын. Кеспе қағаздардың артына сурет салынады. Жауаптарын дұрыс орналастыратын болса, кеспе қағаздағы сурет дұрыс шығады. Ал, суреттің дұрыс құрастырылуы балалар қызығушылығын арттыра түсері анық. 7 сынып геометрия сабағында «Математикалық-лото» ойынын сынып оқушыларын екі топқа бөліп беруге де болады. «Математикалық-лото» ойының мынандай түрде де жүргізуге болады. Мұнда геометриялық фигуралардың аттары жазылып, тақтаға ілінеді. Оқушылар осы фигуралардың аудандарының формулаларын дұрыс тауып қоюлары керек. Логикалық ойындарды сергіту сәті ретінде қолданамын.

Әрбір оқушының және бүкіл сыныптың оқу материалын меңгеру деңгейін анықтау үшін білімін жазбаша тексеру тәсілдерінің бірі семантикалық картамен жұмыс. Семантикалық картамен жұмысты жаңа сабақты бекіту мақсатында ұйымдастырылған тиімді деп ойлаймын. Семантикалық карта көмегімен анықтамаларды, ережелерді, қасиеттерді тұжырымдау, сондай-ақ есеп шығару барысында қолдану іскерліктерін қалыптастырады. Мектепте жаңа буын оқулықтары бойынша математикадан сабақ беріп келемін. Оқулықтағы тапсырмалар деңгейлік тапсырмалар болып бөлінген .

Мұндағы I деңгей тапсырмалары: меңгерілген білімді үлгі бойынша пайдалана білу, II деңгей меңгерілген білімді өзгертілген жағдайда қолдана білу, III деңгей шығармашылық, яғни математика оқулығындағы әр түрлі сұрақтар, есептер, оқушылардың логикалық ойлау, шығармашылықпен ойлауын дамытатын, әр түрлі әдіс-тәсілдермен меңгертуге көмектеседі, яғни жеңілден күрделіге қарай тапсырмалар реттілікпен сақталып берілген.

Қазіргі ғылым мен техниканың даму кезінле алдымыздағы шәкірттің жан-жақты білімді, ой-өрісі кең болып шығуына ықпал ететін мұғалім екені түсінікті. Сабақта шығарылатын есептер оқушының ойлау қабілетін математика тілін дамытып, шығармашылықпен жұмыс істеуге негізделе құрылған. Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту үшін оқушылардың сапалы есептерді өз бетінше шығаруына көп көңіл бөлемін. Деңгейлік есептер оқушының логикалық ойлау қасиетін шыңдайды және пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші мұғалімдеріміз оқушыларды жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Педагогтің шеберлігі, яғни, шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өткізуі – бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады.

Бұл ұстаз үшін абыройдың үлкені, әрбір мұғалім осыған ұмтылса алға қойған мақсаттың шын орындалғаны...

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
3. «Математика және физика » журналы №4, 2018 жыл
4. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2020 ж.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ КЛАСС БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Кабылтаева Шолпан Аяпбергенкызы
Ақтөбе қаласы «№18 орта мектебі» КММ
бастауыш класс мұғалімі

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субьектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мақсаты негізге алынып отыр.

Жай сауаттылық- адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндерді құру және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындауы. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады.

Бастауыш сынып оқушылардың фукционалдық сауаттылық мазмұны келесі мағынада сипатталады:

оқу, жазу сауаттылығынан;

- жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан;
- математикалық сауаттылығынан;
- компьютерлік сауаттылықтан;
- денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан;
- құқықтық сауаттылығынан.

Тұлға құзіреттілігін дамыту үшін, яғни бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруда жаңа инновациялық әдіс – тәсілдердің ең тиімдісін пайдалану жоғарғы нәтиже береді деген қағидамен,өзім оқып, үйреніп, тәжірибеде пайдаланып келе жатқан сын тұрғысынан ойлау технологиясының маңызы зор деген тұжырымға келдім.

Диалогтық интербелсенді оқыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру .Осы мақсатта төмендегідей әдіс – тәсілдерді қолдануға болады.

- Екі таяқша әдісі
- Төрт сөйлем әдісі
- Тұжырым кестесі
- Эйлер шеңбері

Мысал ретінде 3 сынып оқулығынан үш автордың ұқсас мәтіні алынады.Мақсаты мәтіндегі кейіпкерлерді табу, іс – әрекетін талдау, іс – әрекеттің нәтижесін шығару. Үш мәтіннің негізгі түйінді ойын табу.

Оқу процесінде қолданылған интербелсенді әдістерді қолдану кезіндегі оқушының іс-әрекеті критериалды бағаланып, рефлексия жүргізілсе онда біздің де алдымызда отырған оқушының да жұмысы, даму деңгейі бірден көрінеді және олардың функционалды сауатты болып дамитындығы сөзсіз.

Өз сабағымды Блум таксаномиясы негізінде және «Дамыта оқыту» технологиясының элементтерін пайдалана отырып құрастыру үлгісін назарларыңызға ұсынғалы отырмын. Себебі, Блум таксаномиясы

бір ізбен реттелген мақсаттар жүйесі арқылы оқушылардың білім деңгейлерін, шығармашылық деңгейге жетуді ұсынады.

Тақырыбы: «Өнер білім бар жұрттар» Ы. Алтынсарин

«Балық сүйегі»

Біліктілігі	**Оқу тапсырмасы**
Білу	Ы. Алтынсарин туралы не білетініңді балық сүйегіне жаз. Өлеңді мәнерлеп оқып шық.
Түсіну	Сарай не арба сөздеріне сипаттаманы балық сүйегіне жаз.
Қолдану	Кәзіргі уақыттағы көлік түрлерін балық сүйегіне жаз.
Талдау	Айшылық алыс жерлер, көзді ашып жұмғанша сөйлем құра
Жинақтау	Өнер, білім жайлы мақал жаз
Бағалау	Өлеңді кәзіргі өмірмен салыстыр, дәлелде.

С. Торайғыров «Туған еліме»

Біліктілігі	**Оқушы іс-әрекеті**
Білу	Зат есім дегеніміз не?
Түсіну	Жұмбақты оқып шешуін тап. Шешуіне қатысты екі сөйлем құра. Сызбаға зат есім жайлы білгенінді жаз
Қолдану	Ребусты шешіп, шешуіндегі сөзге әңгіме құра
Талдау	Мәтінді көшіріп жаз. Зат есімді тап, жалқы, жалпы зат есімдерді ажырат.
Жинақтауы	Артық сөзді тап.Кітап, дәптер,қайшы, сотка
Бағалауы	Шағын эссе жаз Сенің атын кім? Сенің сүйікті жануарын бар ма? Ол үшін не істей алатындығынды ойландың ба? Жануарларды қорғауға сенің тигізер үлесің қандай?

Осылай шығармашылық ойлау нәтижесінде жаңалық ашылады, тұлғаның дамуы жеделдейді. Олардың ой- өрісі, ізденімпаздығы, шығармашылық қабілеттері дамиды. Әсіресе, оқушылардың белсенділігі артады.

Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы т.б. *алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек*. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланып мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді.

Сондықтан әр түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеден сынап қараудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік рухани, азаматтық және басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдсін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қорыта келе, оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Нәтиже: сөздік қоры молаяды, ізденімпаздыққа үйренеді, ойлау қабілеті артады, ойын еркін айтады, белсенділігі артады, шығармашыл жұмыс істейді, қиялы ұшталады, тапқырлыққа үйренеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарлама;

2.Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, http://adilet.zan.kz/rus

3.Қазақстан Республикасы Білім Және Ғылым Министрлігі Ы. Алтынсарин Атындағы Ұлттық Білім Беру Академиясы «Назарбаев Зияткерлік Мектептері» Дербес Білім Беру Ұйымы Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы, Астана 2016ж

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТАРЫН ДАМЫТУ

Керімбаева Тоғжан Жұмажанқызы
Ақтөбе қаласы «№18 орта мектебі» КММ
информатика тілі пәні мұғалімі

XXI ғасырда адамдар жаңа технологияның тасқынының куәгері болды. Компьютер мен интернет, жаңа байланыс құралдарын, жаңа материалдар мен қызмет көрсетулер, жаңа ғылыми жаңалықтар, осының бәрі оқушылардың ой-өрісіне әсерін тигізді және таң қалдырды.Қоғамдағы жаңа өзгерістер және оның тез ақпараттандырылуы мен даму жылдамдығы білім беруге қойылатын талаптарды да түбегейлі өзгертіп, қоғам қажеттілігін қанағантандыру үшін білім беру саласына төмендегідей міндеттерді қойып отыр: білім сапасын арттыру, әлемдік білім беру кеңістігіне ену, білім беру жүйесін ақпараттандыру, интернет желісін пайдалану, электрондық оқулықтар, мультимедиалық технологияларды

пайдалану, теллекоммуникациялық технологияларды пайдалану, ықтықтан басқару және т.б. Бүгінгі байланыс қатты жетілді.Жаңа ұрпақты жаңа өмірге бейімдеуге ақпаратты жүйелерді компьютер, интерактивті тақта, интернет оқытуда информатика пәні мұғалімі еңбегі өте зор.

Компьютер адам қызметінің барлық саласында еңбек өнімділігін арттыру құралына айналды.Жеке тұлғаның ақпараттық мәдениеті негіздерін қалыптастыру оқушылардың компьютерде жұмыс істеуді игеруімен тығыз байланысты. Сондықтан, ең алдымен ақпараттық технологияны пайдаланып сабақ беруші мұғалім ақпараттық технологияны пайдаланып сабақ беруші мұғалім ақпараттық технологияны меңгеру деңгейі жоғары, оқушының жас ерекшеліктеріне сәйкес санитарлық – гигиеналық нормаларды білуі тиіс.Ешбір ақпараттық технология, компьютер, т.б. құралдар мұғалімнің рөлін арқара алмайды.

Ақпараттық құзыреттілік:

- Сыни тұрғыдан ұсынылған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдауға;
- Ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға, іріктеу жасауға, қайта құруға, сақтауға, түрлендіруге және тасымалдауға, соның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың көмегімен аталған жұмыстарды жүзеге асыруға;
- Логикалық операцияларды (талдау, жинақтау, жалпылау, құрылымдау, тікелей және жанама дәлелдеу, аналогия бойынша дәлелдеу, модельдеу, ойша эксперименттеу, материалдарды жүйелеу) қолдана отырып, ақпараттарды өңдеуге;
- Өзінің оқу қызметін жоспарлау және асыру үшін ақпараттарды қолдануға мүмкіндік береді.

Информатика пәнінен оқушылардың білімін тексеруге арналған тапсырмалар арқылы шығармашылықтарын қалай дамытып жүрміз деген сұраққа келер болсам, оқушылардың ой-өрісі мен дүние танымын кеңейтіп, білім сапасының мейлімше өсуіне оқушылардың қаблетіне қарай саралап оқытудың ықпалы зор. Мен өз тәжірбем арқылы, сынып оқушыларының білім дәрежесіне қарай оқытудың нәтижелі болатындығына, балалардың сабаққа деген ынтасы, белсенділігі арта түсетіндігіне көзім жетіп келеді.Саралап оқытудың көп пайдасы бар.Әр бала қысқа да нұсқа сөйлеуге үйренеді.Әрбір деңгейдегі бала білуге құмарта түседі,

1 – денгейден 2-деңгейге, 2–денгейден 3-деңгейге өтуге талпыныс жасайды.

Технологиясы оқушының да, мұғалімнің де белсенді шығармашылық, қызметін дамытуға бағытталған.Осыған сәйкес мен 7-сыныбында информатика пәні бойынша деңгейлік тапсырмалар беріп, оқушыларды қалыптастыра бастадым.Деңгейлік тапсырмалар: 1,2,3,4 деңгейде беріледі. 1 деңгейдегі тапсырмалар – мемлекеттік стандарт деңгей, бұны орындауға барлық оқушылар міндетті, 2-3 деңгейлер бірте – бірте күрделенеді және бұл деңгейлік тапсырманы орындауға оқушылар құқылы, ал 4-деңгейде шығармашылықпен жұмыс істей алатын, өзіндік пікірін жеткізе алатын, ойын дәлелдей алатын қабілетті оқушылар орындайды. Бағалау балдық жүйемен асырылады. 1-деңгейді орындаған оқушы – 5 балл, 2-деңгейде – 10 балл, 3- деңгейге -15 балл, 4-деңгейге -20 балл.

Аталған жаңа бағалау әдісі әр оқушының дамуын қадағалайтын педагогикалық мониторинг құруға мүмкіндік береді.Ол үшін сабақтың соңында жиналған ұпайларына сәйкес нүктені оқушы өзі «даму мониторингі» бетіне, белгілеуі тиіс. Сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін:

- - информатика сабағында оқушылардың ой еңбегі мен қабілетін арттыру және дамытудың тиімді әдістерін қалыптастыра білу;
- - берілген тапсырмалардың тәсілдерін біліп, оны ұғыну;
- алімнің және оқушының шығармашылық жұмыстарының ғылыми деңгейін қалыптастыруда, жаңа құндылықтар, ізденістер жасау.

Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі

тиіс.Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымана зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

Қолданылған әдебиеттер:

1.Құдайбергенова Г. Құзыреттілікті қалыптастыру жолдары.
2.Қазақстан мектебі №5.2018
3.Нұрғалиева Г., Таутаева Г., Тілеуова С. Ақпараттандыру – білім беруді реформаландырудың негізгі механизмі /262-263 бет/
4.Информатика пәні маманы даярлау барысында қазіргі қоғамдық концепциялар және олардың жаңа ақпараттық технологиялармен өзара байланысы.
5.Т.М.Клейман. школы будущего: Компьютеры в процесе обучения. М:Радио и связы, 2006.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДАҒЫ МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНЫҢ МОЛ МҮМКІНДІКТЕРІ

Кузембаева Жайнагул Жауынбаевна
Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы «Ақжар орта мектебі» КММ
математика пәні мұғалімі

Математика бүкіл ғылымдардың ішінде айрықша қадір-құрметке бөленген; мұның бірден бір себебі оның қағидаларының абсалют ақиқаттығы мен даусыздығында жатыр.
(А. Энштейн)

Қазіргі таңдағы еліміздегі өзгерістер, тұрақты дамудың жаңа стратегиялық бағыттары және қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы, қарқындылығы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Білім берудің жаңа үлгісін ендіру тұлғаны дамыту үдерісі ретінде тәрбиеге басты назар аударылуда. «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында» деп атап көрсетті.

Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, қызығушылығы бар адамды мектеп табалдырығынан дайындап шығарудың ең бір тиімді тәсілі ол – оқытудағы математикалық сауаттылық.

Математикалық сауаттылық дегеніміз-математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің, оқушылар дүниенің ғылыми бейнесін меңгеру. - математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну,әртүрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру, дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту,есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру, математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдану.

Математика сабағындағы негізгі сауаттылыққа мыналар жатады :

1. Математика – ғылым болмысынан балама ұғымдар. Сондықтан да математика барлық ғылымдардың логикалық негізі – күре тамыры ретінде қарастырылады.

2. Математика ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шыңдай түседі.

3. «Математикалық сауаттылық» ауызша, жазбаша қабілеттерін қалыптастыру арқылы оқушының «математикалық сауаттылықты» меңгере білу қабілетін шыңдайды.

4. Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылысты, жаңалықты дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі.

5. Математиканың болашақ тұлғаны моральдық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан қалыптастыруда да тәрбиелік мәні бар.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін:

- теорияны білу , оны логикамен ұштастыру
- есепті шығаруда тиімді жағын көруге баулу
- математикалық сайыс сабақ, пән кеші, апталықтарды математиканың даму тарихымен байланыстыру,
- Ақпараттық оқыту технологиясынан математика сабақтарында интерактивтік тақтаны қолдану.

Оқушы:

• мақсат қоюға үйренеді;
• есте сақтау қабілеттері дамиды;
• басқалармен бірігіп жұмыс жасайды;
• кітаппен жұмыс жасауға үйренеді;
• қатарынан қалмауға тырысады;
CLIL ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Тәжібаева Ләззат
Ақтөбе қаласы «№18 орта мектебі» КММ
ағылшын тілі пәні мұғалімі

Білім беру мазмұнын жаңарту оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі емес әдістері мен түрлерін, сондай-ақ түрлі пәндерді кіріктіріп оқыту сабақтарын қолдануды талап етеді. Сол себепті де білім берудің жаңа технологиялары пайда болуда, олардың бірі – CLIL пәндік-тілдік кіріктіріп оқыту технологиясы. CLIL технологиялары шет тілін басқа пәндерді оқытуда оқудың қажетті құрал ретінде қарастырады. Яғни тілді үйрену кез келген пән саласы арқылы жүргізіледі, демек CLIL шет тілі сабағы емес, шет тілінде өтетін пән сабағы. Ұсынылып отырған мақала мақсаты – CLIL технологиясы негізінде жаратылыстану-математика бағытындағы (информатика, физика, химия, биология, жаратылыстану) пәндер мен ағылшын тілін кіріктіріп оқыту әдістемесін әзірлеу. Алайда, кез-келген жағдайда, барлық кіріктірілген сабақтардың типі ортақ болады. бұл сабақтар:

– оқу бағдарламасымен қарастырылған ұғымдарды, жаңа фактілерді оқушылардың меңгеруі бойынша жұмысты ұйымдастыруға бағытталған жаңа білім қалыптастыру;

– оқу бағдарламасына сәйкес оқушылардың бойында нақты біліктер мен дағдыларының қалыптастыруға бағытталған біліктер және дағдыларға үйрету;

– білімді тәжірибеде қолдана білу;

– оқу тоқсанының, жылының аяғында немесе бағдарламаның ірі тақырыптарын зерделеу барысында білімді тереңірек меңгеруге, қорытындылаудың және жүйелеудің жоғары деңгейіне бағытталған білімді қайталау, жүйелеу және жинақтау, біліктерді бекіту;

– білім, білік және дағдыларды кешенді, ауызша және жазбаша бақылауды жүзеге асыратын білімдер және біліктерді бақылау және тексеру сабақтарын іріктеу. Алайда кіріктіріп оқытудың мәні оқытуды ұйымдастырудың түрлерін дұрыс және педагогикаға негізделген таңдауға байланысты болады, ол білімдік, дамытушылық, тәрбиелік мүмкіндіктердің әрқайсысын терең және жан-жақты талдаумен қамтамасыз етеді. Басқаша айтқанда, кіріктірілген сабақтың келесідей заңдылықтарын қатаң сақтау қажет:

– сабақтың барлық кезеңі автордың түпкі ойына бағынышты;

– сабақ негізгі оймен (сабақтың өзегі) біріктіріледі;

– сабақ біртұтастықтан тұрады, сабақтың кезеңдері

– бұл тұтастың үзінділері немесе кезеңдері;

– сабақтың кезеңдері мен компоненттері логикалық-құрылымдылық тәуелділікте болады;

– сабақ үшін іріктеліп алынған дидактикалық материал сабақтың түпкі ойына сәйкес келеді.

9-класта «The Earth. The environmental problems» сабағымды биология, информатика пәндерімен кіріктіре өттім. EDMODO платформасындағы оқушылардың үй тапсырмаларының нәтижесі бойынша оқушылар білімдерінің динамикасын қарастырдым. Интербелсенді тақтада берілген сөздер бойынша қоршаған ортаның ластануы мен оны шешу жолдарына байланысты MINDMAP жасаттым: waste, green, zone, rubbish, take measures, litter, distruction, harmful substances, purifying system, recycling, gases, electric cars, forest fires, filters, chemicals.

Ал жаңа сабақты бекіту кезеңінде оқушылар ойларын жапырақтарға жазып ағашқа апарып жапсырды. 1. We mustn’t drop the litter 2. We mustn’t throw away the rubbish 3. We mustn’t cut the trees 4. We mustn’t leave campfire 5. We must recycle paper, tins, food and glass 6. We must sort our rubbish 7. We must always turn off water 8. We should put fibers on the chimneys of factories and plants 9. We should recycle used materials 10. We should plant more trees 11. We should stop nuclear tests 12. We should save energy.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылық құзыреттілігін қалыптастыруда олардың назарын аудару үшін сабақ үдерісінде әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді ұйымдастыра білуі қажет. Сонымен қатар, қазіргі білім беру жүйесіндегі оқытудың белсенді тәсілдерін түрлендіре қолдану арқылы сапалы білімге қол жеткізе алады. Атап айтар болсақ, оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастыруда «Кезбе тілші», «Ашық микрафон», «ТВшоу» әдістерін пайдалансақ, ал олардың сыни ойлау дағдыларын жетілдіруде «Көшпелі бекет», «Ойлан, жұптас, бөліс!», «Авторға хат», «Эссе немесе еркін жазу», «Болжам кестесі», «Балық қаңқасы», «Кубизм» т.б. әдістерді қолдануға болады. Сонымен қатар «Автор орындығы», «Қарлы кесек», «Серпілген сауал», т.б. әдістерді қолдану арқылы оқушылардың өзіндік ойлау, өзіндік көзқарасы мен танымдық қабілетін қалыптастыру, өзіндік шешім қабылдап, ой-түйін жасай білуге дағдылану, сыни ойлауға үйретуді жүзеге асыруға болады. [4]. Сондай-ақ, оқытудың бұл әдіс-тәсілдері арқылы оқушылардың өз бетінше жұмыс жасау әрекеті де қалыптасады. Өзіне деген сенімі артып, өзіндік іс-әрекетін бағалай алуға үйренеді. Сонымен ойымды қорыта келе, білім беру жүйесін әлемдік деңгейге көтеру үшін жасалып жатқан әрбір бастама жарқын болашаққа бастаған игі бастама деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. — Астана: ҚР БжҒМ, — 5-б.

2.*Жұмаева Э.С.* Ағылшын тілін оқытудағы жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі. —Қызылорда: Санат, 2018. — 20–24-б.

3.*Қойшығұлова Л.* Ағылшын тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану // Ағылшын тілін оқыту әдістемелігі. —2019. — № 1. — 44, 45-б.

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Турабаева Галия Ералиевна
Ақтөбе қаласы «№18 орта мектебі» КММ
информатика тілі пәні мұғалімі

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үрдісін мазмұндық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі іс- шаралар кешенін қамтиды. Ұлттық жоспар Қазақстан Республикасындағы білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары ретінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту іс-қимылдарының мақсаттылығын, біртұтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз етуге арналған.

Функционалдық сауаттылыққа кіреді:

- Оқу және жазудағы сауаттылық;
- Жаратылыстану ғылымдарындағы сауаттылық;
- Математикалық сауаттылық;
- Компьютерлік сауаттылық;
- Отбасылық өмір мәселелеріндегі сауаттылық;
- Денсаулық мәселесіндегі сауаттылық;
- Заң сауаттылығы .

Жалпы алғанда біздің мектебіміз жаратыстану-математикалық бағытта бойынша жұмыс жасауда. Осы салада оқушылардың танымдық қабілеттері мен іс-әрекетінің қалыптасуы мен дамуы мақсатында олардың осы мектеп қабырғасындағы алынған білімдеріне негізделеді, яғни оқушылардың информатика пәнінен алған білімдері болашақта өз керектеріне жаратылатын бір қажетті таптырмас құрал ретінде пайдаланылады.

Оқушылардың танымдық қабілеттері мен пәнге деген қызығушылықтарын, білімге құмарлықтарын арттыра отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту үрдісі мектеп басшылығының ұйымдастыруымен оңды жолға қойылып отыр. Оқушыға білім беріп қана қоймай, сол білімді қабылдауын, игеруін, яғни жан-жақты дамыған, білімді де белсенді, шығармашыл, өз бетімен жұмыс жасай білетін, заман талабына сай бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дамыту міндеттеліп отыр. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдана отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту білім берудің бір бөлігі. Заман талаптарына сай мұғалімнің әрбір сабағын жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланып интербелсенді құралдарды меңгеріп, ғаламтор желісіндегі басқа әріптестерімен тәжірибе алмасу болып табылады.

Оқу үрдісінде соның ішінде информатика сабағында қазіргі пайдаланылып жүрген барлық ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту үшін қазіргі ұстаздарға ерекше талап пен міндет артылуда. Осы талаптарды орындау мақсатында қазіргі заманға лайық ұстаз оқушының алдында жаңа ақпараттық коммуникациялық технологияларды көмекші құрал ретінде пайдалану үшін көп ізденіс пен практика қажет екені байқалады. Сондықтан информатика сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту мақсатында сабақ барысында төмендегідей құралдар көмекші болады:

•Жаңа ақпараттық коммуникациялық технологияларды;

Дербес компьютерлер мен моноблоктарды;

Интербелсенді тақта мен интербелсенді қаламды; Ғаламтор желілерін;

Электронды оқулықтарды;

Жаңа ақпараттық коммуникациялық технологияларды информатика сабақтарында пайдалану–бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, өз мүмкіншіліктерін жетік пайдалануға мүмкіндік тудырады. Дербес компьютер арқылы дайындалып, интербелсенді тақта арқылы сабақ жүргізу сол сабақтың мағынасын ашып, оқыту үрдісін жандандыра түсіп қана қоймай, оқушылардың бормен емес белсенді қалам арқылы түрлі тапсырмаларды орындауы бір жағынан уақытты тиімді пайдалануға көмектессе, екінші жағынан кез келген тапсырманы қызығушылықпен орындауға мүмкіндік береді. Және де электронды журнал мәселесіне келгенде де компьютерге қосымша ыңғайлы етіп жасалған әр сыныптардағы кабинеттерде жабдықталған моноблоктардың да пайдасы зор екені байқалып отыр. Яғни, сабақ үрдісінде мұғалімнің сабақты ешқандай кедергісіз бастап, дайын күнтізбелік жоспар мен сыныптың электронды журналының ашылып, оқушылар тізімі де көрініп тұруы оқушының функционалдық сауаттылығын арттыруға жасалып отырған жағдай деп білуге болады.

Осы аталған ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып сабақ беру барысында байқалатын жетістіктерге мыналар жатады:

•Оқушының пәнге деген қызығушылығы арта түседі;

•Сабақ барысында уақыт өте тиімді пайдаланылады;

•Оқушылар өздерін еркін сезінеді;

•Шығармашылық қабілеттері дамиды;

•Сабақ үрдісінде өте жайлы атмосфера қалыптасады;

•АКТ –ны жетік меңгеруге зор үлес қосылады;

•Оқушы да мұғалім де үнемі ізденісте болады;

Информатика сабағында ғаламтор мүмкіншілігін сауатты пайдалану, on- line сабақтар мен тестілеулер үнемі жүргізу, ғаламторға өз оқыту әдістемелерін ұсынған ұстаздардың тәжірибесімен алмасу мұғалім үшін оқушының функционалдық сауаттылығын дамытуға үлкен үлесін қосып отыр. Тағы да осы жетістіктерге электронды оқулықтар енгізілгені де оқушылардың сауаттылығының артуына жасалып жатқан бір жетістік деп қарауымызға болады. Оның ішінде АКТ негізінде жасалған электронды оқулықтардың оқушыларға берер пайдасы да зор. Мұғалім үшін жаңа сабақ материалы толығымен көрнекі түрде көрсетілуі, дыбыс арқылы да, бейне арқылы да ақпараттар берілуі, қорытындылау мақсатында алынатын тестілеулері, компьютер саласына еңбегі сіңген тұлғалар туралы мәліметтері бар электронды оқулықтар АКТ жемісі болып саналып отыр. Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде мұғалімнің орнын түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туып отыр. Мұғалім тек қана білім беруші ғана емес, сонымен қатар білім алушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт-бағдар беруші болып саналады. Осыған орай сабақ беру үрдісінде қазіргі заманның, яғни инновациялық

әдістерді оқытудың интерактивті моделі болып табылады. Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі –«интербелсенді оқыту әдісі». Негізгі қағидасы-педагогикалық қарым-қатынас пен қарым-қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту.

Қазіргі кезде заман талабына сай ұстаздар үнемі ізденісте болып, кәсіби біліктіліктерін арттыру мақсатында мемлекет тапсырысы бойынша үш айлық деңгейлік курстардан өтуде. Мектепте жас ұстаздар жоспар бойынша деңгейлік курстарды меңгерген алдыңғы қауым ұстаздарының сабақтарына қатысып, көрген, білген оқыту үрдісіндегі кейбір элементтерді пайдаланып ашық сабақтар беруде. Информатика пәнінен 9 сыныпта өткізген «Сызықтық, тармақталған және циклдік алгоритмдерді Паскаль тілінде бағдарламалау» тарауын қайталау ашық сабағында АКТ –ны қолдана отырып, деңгейлік курс әдістемелерінің элементтерін пайдаланылды. Оқушылар компьютерде жұптаса отырып, бір-біріне ыстық алақандарымен сол сабақта сәттілік тілеп, мұғалімге шығармашылық табыс тілеумен сабақ басталды. Сабақ барысында үй тапсырмасын «Кубизм» әдісі арқылы қайталап сұралды, кубты интербелсенді тақтада үш түспен боялды. Сабақтың келесі кезеңінде информатикалық диктант алынды, бұл жерде де интербелсенді тақтада оқушылар блок-сызбалар мен бағдарлама құрылысын белсенді қаламмен орындады. Одан кейінгі бөлімді «Миға шабуыл» әдісімен «Ала доп» ойыны интербелсенді тақта арқылы іске асырылды. Деңгейлік тапсырмалар бойынша доптарда берілген есептерге бағдарламалар құрылды. Оқушылар есептерге бағдарламалар құрған соң доптарды шерту арқылы қақпаға интербелсенді тақтада кіргізді. Электронды оқулықта білімдерін тексеріп, компьютерде бағдарламалар орындалды. Оқушыларды сергіту мақсатында көз жаттығулары жасалып, оқушылар бағалау картасы арқылы бағаланып, компьютер бейнесіндегі рефлексияға сабақтан алған әсерлерін жазды.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту интербелсенді оқыту жүйесімен де қалыптасады, яғни оқушылар ақпараттық коммуникациялық технологияларды меңгерген оқушылар бір-бірімен еркін пікір алмаса алады. Мұғалім әрбір сабағында АКТ-ты тиімді пайдаланып, сабақты жоспарлағанда күнделікті тәжірибесінде педагогикалық құрал ретінде пайдаланса, білім алатын шәкірттер сапалы да саналы білім алып, дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы бәсекелес елдермен тең келетін болашақтары зор ұрпақ болары сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Мақсұтбаева Қ.Б. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту тәжірибе сінен//Білім берудегі менеджмент.- Алматы, 2014.-№3.- 37 б.

2. http://altynsarin.kostanai.gov.kz/kz/eduducation.node.orleuuko.kz,
http: //enk- dic.com/sociology/Funkcionalnaia-Gramotnost-9846/

3. Қуанаева Р.С. Функционалдық сауаттылықты дамыту жолдары//Білім беру мекеме сі басшыларының анықтамалығы.- Алматы, 2020. -№8.-41 б.

4. Жанибекова Ж.С. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жо лдары//Педагогика мәселелері.-Алматы, 2013.-№2.- 8 б.

«МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ХАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ КӨЗДЕРІНЕ ТАРТУ

Бримова Зинегуль Шайхановна
№36 «Балақай» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі

Ұлттық ойындар, қазақтың ұлттық ойындары — ежелгі заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауық түрлері.

Ұлттық ойындарды меңгеру барысында балалар мен жасөспірімдер әр түрлі жаттығулар жасау арқылы денесін шынықтырады, ой-өрісін дамытады.

Халық ойындары – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын — сауықтарының бір түрі. Халық ойындары негізінде әр халық түрлі – түрлі жаттығулар жасау жолымен дене шынықтыру ісінің негізін салды.

Халық ойындары балаларға тәрбиелік мәнімен, дене бітімінің әсем де сымбатты болып бітуге пайдасы зор. Бір-ақ мысал ретінде: «Қуыр-қуыр, қуырмаш» ойыны балалардың саусақ маторикасын дамытуға, тіл байлығын жетілдіруге, көңілін көтеруге қолдануға болады. Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен ойната отырып жан-жақты тәрбиелейміз.

Ойынды ойнау барысында балалардың жас ерекшілігі ескеріледі. Әр түрлі ойынның өтілу барысында, оның ережесін сақтап, яғни 3 кезеңнен тұратынын ескеруіміз керек:

ойынды өткізер алдындағы дайындық жұмыс;

ойынның басталуы мен ойналу барысы;

ойынның аяқталуы.

Ұлттық ойын ойнатудың негізгі мақсаты :

балалардың денсаулығын нығайту;

денені шынықтыру;

мәдениетін қалыптастыру;

өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру.

ойынды ойнату мен үйретудің міндеттері:

қажетті дене қозғалыс дағдыларын, танымдық-қозғалыс белсенділігін арттыру;

қалыптастыратын дене жаттығуларының негізгі түрлерімен балаларды таныстыру;

денсаулықты нығайтуға бағытталған қозғалыс әрекеттерімен дене жаттығуларының негізгі түрлерін балаларға меңгерту;

қызығушылығын қалыптастырып дамыту;

ойынға қойылатын әдістемелік талаптар:

ойынның мақсатын нақты анықтап керекті көрнекіліктер мен материалдарды алдын-ала дайындап, оңтайлы жерге қою.

ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібін балаларға әбден түсіндіру.

ойынға балалардың түгел қатысуын қамтамасыз ету.

ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеу.

ойын түрлерін бағдарламаға сай іріктеп алу.

ойынды баланың жас ерекшелігіне қарай түрлендіріп пайдалану.

қарапайым ойыннан қиын ойынға көшу.

міндетті түрде ойынның қорытындысын жариялау қажет.

Ойын түрлері:

«Асық ату» - Қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі.

Ұлттық ойындары көбінесе әр халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, шаруашылың мүмкіншіліктеріне байланысты қалыптасқан. Қазақ халқының ұлттық ойындарының көбі табиғи заттармен ойнауға негізделген. Шаруашылығы мал шаруашылығына негізделгендіктен қазақ халқының ұлт ойындары да осыған икемделеді.

Әсіресе, қойды көп өсіргендіктен, балалар ойынының көбі қой асығымен байланысты болып келеді. Сондықтан асық ойындары ұлт ойындарының ішіндегі арыдан келе жатқан көнелерінің бірі болып табылады. Асық ойыны баланың жастайынан жүйке жүйелерін шыңдап, оларды дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылыққа тәрбиелейді. Мұндай қасиеті болмаса, адамда төзімділік, шыдамдылық та болмайды. Ондай қасиеттері болмаса, адам ойында да, өмірде де көздеген мақсатынан шыға бермейді. Бұл ойынның еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін ойнайтын түрлері болған.

«Түйілген орамал»

Жүргізуші ойынды өзі бастайды.Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1,2,3» - деп дауыстайды.Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі,түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады.

«Қыз –қуу»

Балалар арасынан бір ер бала,бір қызды(ағаш атпен)қуады.Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені.Кейде қызды 2 бала да қуады қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса сол бала жеңіске жетеді.

«Арқан тарту»

Екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып келсе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттық ойындары - баланың зерек те ақылды, шымыр да ширақ боп өсуінің басты құралы. Оны оқыту процесінде қолдану - тиімді әдіс. Ойын балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылыстарын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады. Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Ойнау процесінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен рөл атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар өзара пікірлесіп, әсер алысады. Ойын баласының жан-жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл-қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым-қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз бола алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1.Ғаламтор көзінен, А.Ш. Балапанова, «Мектеп жасына дейінгі балаларды халық ойындары арқылы ұлттық мәдениет көздеріне тарту» презентациясы, 2015 жыл.

2. Ғаламтор көзінен, Бекен Қайратұлы, «Асық ату» ойыны, «Асық түрлері».

3. Құрманбаева С.К. «Ұлттық ойындардың бүгіні мен келешегі», «Алматы» 2004 жыл, 209 б.

4. Несіпбаев Б.К. «Ұлт мәдениеті мен өнері», «Білім» 2003 жыл, 198 б.

5. Атабаев А.С. «Ұлттық ойындар- халық мұрасы», «Кітап» 2006 жыл, 275 б.

6. Наурызбаев Ж. «Ұлттық мектептің ұлы мұраты», «Алматы» 1995 жыл, 98 б.

7. «Қазақтың ұлттық ойындары» кітабы авторы: Базарбек Төтенаев. Алматы «Қайнар» баспасы 1994

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ БАЛАБАҚША МЕН ОТБАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ - ҚАТЫНАСТЫ ЖЕТІЛДІРУ

Г.Б. Козбагарова
№36 «Балақай» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі

Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, өмір бойы қалыптасқан күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланады да балабақшамен тығыз байланыс арқылы одан әрі жалғасады. Педагог ғалымдарының тұжырымына сүйенсек тұлғаны қалыптасу нәтижелілігі,ең алдымен отбасындағы өнеге байланысты.

Отбасындағы ересектердің мінез-құлқына, әдебіне, іс-әректіне қарап өсіп,тәрбие көрген баланың да қандай екенін тану қиын емес.

Мектепке дейінгі ұйымдардың отбасы арасындағы өзара ықпалдастығы мына төмендегідей негізгі бағыттарға көңіл бөледі:

— педагогикалық және психологиялық сауаттылықты жетілдіру.

— іс-әрекеттің түрлі формалары (ұйымдастыру оқу іс-әрекеттерге қатысу, әр түрлі мерекелік шаралар)

— балалардың шығармашылық әрекетін дамыту,

— қалыптасу мен дамыту мәселелері бойыншатәжірибе алмасу,

— әлеуметтік дамытушы орта қалыптастыруға көмек көрсету.

Осындай негізгі бағыттырды іске асыру үшін мектепке дейінгі мекемелермен отбасының арасында тығыз байланыс қажет. Осы бағыттағы тәлім- сабақтаса, ұштаса жүргізілгенде ғана көздеоген мақсат нәтижелі болмақ.

Бала тәрбиесіне тек балабақша,мектеп,қоршаған орта ғана емес,сонымен қатар отбасы мүелерінің бәрінің тигізер әсері мол. Жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарын ата-аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата-аналар заман талабына сай өзекті мәселелерді,отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыпты өздері ұсына алады. Сондай-ақ, оларға ұсыныс, тіректермен санаса отырып, ата-аналарға арналған әңгімелер мен лекциялар, кеңестер мен сұрақ-жауап кештері, тәрбие жұмысын алмасу жөніндегі концеренциялар,ата-аналарды педагогикалық әдебиеттермен таныстыру әдіс–тәсілдері қарастырылады.

Отбасы — бұл баланың өмір сүру ортасы яғни, қамқорлықтың тұрақты көзі. Тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйретететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орта. Осы орайда бала білім нәрімен сусындайтын алтын ұясының алатын орны бөлек. Біріншіден, бала уақытынының көп бөлігін балабақшада өткізеді, тәрбиешілерінен, ұстаздарынан дәріс үйренеді. Демек, отбасы мен балабақша арасындағы қарым-қатынастың алар ролінің қаншалықты маңызды екенін осыған қарап топшылауға болады. Балабақша ұжымы ата-аналарды ұйымдастырып, балаларды балабақшадағы өмірінің тәрбиесіне белсене қатысуларына арналған іс-шаралар жиі өткізіп тұрамыз. Оған сауықтыру кештері, ертеңгіліктер тренингтар, сауалнамалар жатады. Осындай отырыстар арқылы ата-аналар бір-бірімен жақынырақ танысып, ортақ өзекті мәселелерді бірге шешуге тырысады. Бұл дегеніңіз ата-ананың қоғам алдындағы жауапкершілігі артады. Балабақша мен отбасы, ата–анамен бала арасындағы достық, бауырмалдық қарым-қатынастардың қалыптасуына игі ықпалын туғызады. Мектепке дейінгі мекемеде өткізіліп жатқан спорттық жарыстар салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу мен қатар ата мен бала арасындағы сүйіспеншілікті, ынтымақтастықтың да нығаюына септігін тигізеді. Қарап тұрсаңыз, отбасы мен балабақша бір-бірінен бөлек алып қарауға келмейтін егіз ұғым секілді.

Ол — саналы ұрпақ тәрбиелеуде зор жетістікке жеткізетін берік одақ. Осы екі одақ бірлесіп, ынтымақтасқанда ғана күрмеуі қиын талай мәселелердің түйіні шешілетіні анық. Балабақшада балалармен, ата-аналармен ынтымақтаса жұмыс істеу нәтижелігінің

диагностикалық зерттеу графигін құрып, ата-ананың балабақшаға деген көзқарасын қалыптастырдық. Ата-ананың қатысуымен «Әкем, шешем және мен», «Отбасы алтын діңгек», сонымен бірге ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерге ата-аналар қатыстырылды. Ондағы мақсат, жаңа технологияларды ата-аналарға бағыттау, әдіс-тәсілдерді түсіндіру, жақсы нәтижені көрсету барысында жетістіктеріне қол жеткізу. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» — дегендей, бала тәрбиелеуде осындай міндеттерді іске асырушылар балабақша мен отбасы. Осы екі арнада жүргізілген тәлім-тәрбие сабақтаса ұштаса жүргізілгенде ғана мектепке дейінгі жастағы балалардың отбасыларымен бірге отырып, жұмыс жасау оның ішінде отбасы бұрышын құрып, олармен жеке-жеке жұмыс жүргізу өз нәтижесін береді.

Отбасында ата-аналарға педагогикалық білім беру өте қажет, себебі, ата-ана бала тәрбиесінің мақсат-міндеттерін айқын түсінбей, бала тәрбиесінің жолдарымен амалдарын ойдағыдай іске асыра алмайды. Осы тұрғыда балабақшамыз отбасымен сабақтастықты орнату бағытында ата-аналарды оқу–тәрбие үрдісінің мазмұны мен әдістемесімен таныстыру, ата-аналармен педагогикалық-психологиялық ағарту жұмысын ұйымдастыру, ата-аналарды бірлескен әрекетке тарту сияқты негізгі жұмыс мазмұнының қызметтеріне сүйене отырып, өзара әрекет байланысының міндеттерін жүзеге асырады.....

— ата-аналарды белсенді педагогикалық ұстанымдарын қалыптастыру

— ата-аналарды педагогикалық білім мен білік дағдыларымен қаруландыру

— бала тәрбиесіне ата-аналарды белсенді қалыптастыру.

Бұл жұмыстардан мынадай нәтиже күтуге болады.

1. Ата-аналар тарапынан туындайтын белсенділік, қызығушылық.
2.Жауапкершілігі және өздік жұмыс.
3. Мақсатына жету деңгейі, тиімділігі, қанағаттылық.
4. Отбасының мектепке дейінгі мекемеге қосатын үлесі.
5. Алынған білімді қолдану, бала тәрбиесіне қатысты қолданылатынтехнологиялар.

Мектепке дейінгі тәрбие беретін мекеме халықтық білім беру жүйесінің алғашқы баспалдағы. Бұл ортада бала бұйығылықтан арылып, көпшіл, ұйымшыл болып өседі. Тәрбиеші өз қарауындағы әр баланың әрқайсысына мейірім нұрын сыйлай, ана орнына ана болуы қажет. Отбасындағы тәрбие педагогикалық тәрбиемен ұштасуы қажет. Отбасының мектепке дейінгі мекемелерімен байланыстылығы өте маңызды. Мұндай байланыссыз жас ұрпақты жақсы тәрбиелеу мүмкін емес. Бала тәрбиесі жөніндегі сұрақтың ата - анамен яғни отбасымен байланысты болуы педагогикалық ұжымның ең негізгі міндеті. Мектепке дейінгі ұйымы мен отбасы ынтымақтастығын нығайту үшін тәрбиеші мен ата - ана арасында үлкен байланыс болуы қажет. Әр баланың тани білу тәрбиешінің ерекшелігіне де байланысты. Баланың бәрін бірдей көріп, бірдей тәлім - тәрбие беру тәрбиешінің басты міндеті. Сауалнама таратып, ата - ананың пікірін бөлісуі қажет.

Еліміздің тәуелсіздік алған тұста жас ұрпақты ұлттық салт - дәстүріміз, әдет - ғұрпымыз негізінде тәрбиелеу қолға алынады. Жалпы отбасы болсын, мектепке дейінгі тәрбие беретін мекеме болсын тәрбиеленуде мынадай тәсілдерді қолданған жөн: ақыл - кеңес беру, үлгі - өнеге көрсету, үйрету, түсіндіру, жадында қалдыру, жаттықтыру, салыстыру, ынталандыру, мадақтау, талап қою, жазалау. Әр ата - ана өз баласына ұстаз екенін ұмытпауы тиіс.

Міне, біздер — тәрбиешілер ,ата-аналар, қоғамдық ұйымдар, бала тәрбиесіне ,оның келешегіне зор жауапкершілікпен қарап,тәрбие жұмысыныңтиімді әдіс-тәсілдерінің ынтымақтаса жүзеге асырсақ, жұмыр жер тағдырын,еліміздің болашағын күні ертең бүгінгі балабақша ұландарына сенімментапсыруға болады. Біздің мақсатымыз-заман талабына сай жаңашыл, шығармашыл, мәдениетті, жан-жақты сауатты жеке тұлға тәрбиелеу.

Қорыта келе, отбасында орныққан қарым-қатынас түрі мен қалыптарына сәйкес баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Бала әрқашанда ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті

қажет етеді, ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды. Бала үшін ата-ана игілік жасаушы, үлгі-өнеге көрсетуші және ақыл-кеңес айтушы болып танылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.А.К. Меңжанова. Педагогикалық пәндерді оқыту әдістемесі. — Алматы: РБК, 1996.
2.Б.Б. Баймұратова, М.С. Сәтімбекова, Ф.Н. Жұмабекова, т.б. Балбөбек бағдарламасы. — Алматы: Шартарап,2000.
3.Б.Б. Баймұратова, М.Т. Тұрыскелдина, Ф.Н. Жұмабекова. Оқыту және тәрбиелеу бағдарламасы. — Алматы: Рауан, 1992.
4.Атемова. Отбасында баланың іс-әрекетін ұйымдастыру жолдары. – Алматы, 2002.
5.Ж. Әбиев, А. Құдиярова, т.б. Педагогика. — Алматы: Дарын, 2004.
6.А.К. Меңжанова. Мектепке дейінгі педагогика. — Алматы: Рауан, 1992.
7. В.И. Ядэшко, Ф.А. Сохина. Мектепке дейінгі педагогика. — А. Мектеп, 1981.

ТӘРБИЕШІ-БАЛА БОЙЫНА БІЛІМ НӘРІН СЕБЕТІН БАСТЫ ТҰЛҒА

Кенжебаева Гулнур
№36 «Балақай» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі

Біздің басты қызметіміз баланы тәрбиелеу. Балабақшадағы бала тәрбиесі-бұл жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі. Ата-ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажет жағдай жасайды. Біз балабақшаға келген баланың тәрбиесіндегі кемшілік тұстарын жетістіріп, оны дене және ой еңбегіне үйретуге, күн тәртібін дұрыс реттеуге, салауатты өмір сүруге баулимыз, адал болуға тәрбиелеп, жақсылықты үйретуге, жамандықтан жиренуге үйрету арқылы бойында жастайынан мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға тырысамыз. Отбасы-бұл баланың өмір сүру ортасы.

Жеке адамның бойындағы ар-ұяты, ақыл-ойы, адамгершілігі, басқа адамдармен қарым-қатынаста болуы, мәдениеттілікке тәрбиелеуде отбасы алғашқы қадам. Отбасының басты қазығы. Алтын тіреу діңгегі-бала. Ата мен ана-бала тәрбиесінің қамқоршысы, өнегесі.

Ата-асқар тау,
Ана-бауырындағы бұлақ,

Бала жағасындағы құрақ,-деп ата-ана мен баланы табиғаттың тамаша құбылыстарына теңеген халық мақалы өте орынды айтылған. Өйткені отбасындағы ең басты тұлға-ана. Сол үшін ата-аналармен қатар тәрбиешінің жұмысы- балабақшада әр балаға қолайлы жағдай жасау, тәрбие мәселесінде еркіндік беру. Демек, бала нәзік, ал бала тәрбиесі одан да нәзік. Ол жан-жақты ойлауды, жанашырлықты, ізденімпаздықты қажет етеді. Бала тәрбиесі жас шыбық тәрізді, қалай исең, солай қарай иіледі. «Адамды адам ғана тәрбиелей алады»-деген қағида кімге болса да басшы болуы тиіс.

Өз қара басым бала тәрбиелеуде өзімді ұстамды, төзімді болуға тәрбиеледім. Өйткені әр балаға жеке тұлға ретінде қарау керек. Балалармен балаша ойнап, бала сияқты ойланып, психолог болу қажет. Тәрбие жұмыстарында, оқу үдерісінде баланың көңіл-күйіне, жан дүниесін түсінуге әрекет жасау керек. Тәрбиеші өзін жинақты, тіл байлығы күшті, мәдениетті тұлға ретінде көрсете білсе, бала да балабақшада жақсы тәлім-тәрбие алады. Балабақшадағы бала-ойын баласы. Сол үшін тәрбиеші балаға үйретер санамақтарды, ойындарды, тақпақтарды, ертегілерді жатқа білуі қажет. Неғұрлым балаға зейін қойып, оның мәселесін тыңдасаң, соғырлым бала саған жақын болады. Балаларды жаман, жақсы деп бөлуге

болмайды. Әр баланың көрінбейтін бір өнері болады, тек соны тәрбиеші уақытында көріп, сыртқа көрсете білуі керек. Тәрбиеші деген сөз-алдымен баланы тәрбиелейтін адам, сосын білім беретін ұстаз.

Мен тәрбиеші маман ретінде балаларға ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін ойын түрінде өткізуге талпынамын. Өйткені, ойын барысында бала өзіне қойылған рөлді үлкен жауапкершілікпен қабылдайды, өздерін бір уақыт ересектер санатына қосады.

Мектепке дейінгі педагогтар балаларды эмоционалды жайлы жағдайын қамтамасыз етуге бағытталған әдістер мен формаларды өз жұмысында қолдануы қажет.

Концепцияда көрсетілген талаптарға сай жаңа формациялы тәрбиешілерді қалыптастыру қажет.

Жаңа формациялы тәрбиешілерді қалыптастырудың негізгі мақсаты:

– жеке тұлғаның қажеттіліктерін қалыптастыру;

– жеке тұлғаны жан-жақты дамыту;

– тәрбиешінің жеке тұлғалық қабілеттерін ашуға мүмкіндік тұғызу;

– тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігін дамыту;

-тәрбиешінің біліктілігін арттыру;

Біздің басты мақсатымыз-баланы даму әлеміне енгізу болса, басты бағытымыз-баланың денсаулығын сақтау, нығайту оларды жан-жақты дамуына жағдай жасау. Бағдарламаларды тиімді қолдану арқылы балалардың ерік-жігерінің қалыптасуына өз бетінше ізденуіне, жеке тұлға ретінде дамуына, қалыптасуына басты назар аударып келеміз.

Тәрбиеші-жай ғана мамандық емес. Ол адам бағдарын жасаушы, келешек ұрпақтың сәулетшісі. Бұл сөздің астарында тәрбиеші мамандығының үлкен жауапкершілік иесі екендігін айқындап тұр. Шағын орталық жұмысы жауапты әрі қызықты. Жауаптылығы сол-Отанның лайықты тұлғаларын қалыптастыруда ең алғаш темірқазық болатын-мектепке дейінгі мекеме. Қызықтылығы сол-жас бүлдіршіндермен араласып, олардың тәтті қиялынан туындайтын әр сөзді, олардың балаң көңілімен ұштасып шығатын әр іс-қимылын күнделікті көзбен көрудің өзі ғанибет.

«Жол таңдауда жалтаңдауға болмайды» дегендей, әу баста ұлтымыздың тәуелсіз еліміздің ертеңі боларлық бүлдіршіндерді тәрбиелеу жолын таңдағаныма еш өкінбеймін. Керісінше, ауыртпалығы мен жауаптылығы мол осы кәсіпті таңдау арқылы қоғамдық дамуға өлшеусіз үлес қосып келе жатқанымызды мақтан етемін. Адам баласының өмірінде болуға тиіс бақыттың бірі не десек, ол-өз қалауыңмен таңдаған кәсіп-мамандығыңа деген ынтызарлық, әрі ыстық ықылас дер едім. Өз еңбегіне жан-тәнімен берілген, қоғамдық ортадағы жауапкершілікті тереңнен салмақтай алған, бір сөзбен айтқанда, өмірдің мәні адал, әрі мағыналы, жемісті әрі нәтижелі еңбекте жатқандығын түбегейлі түйсіне алған әр адам биікке бастар жолдың қадірін салмақтай біледі. Қалаған ісіңе ғашықтық пейілмен қарай білсең, өмірден өз орнынды тапқандығың! «Кәсібің-нәсібің»-дейді қазақ даналығы. Шын жүрекпен қалаған кәсіп арқылы ғана және жемісті еңбек арқылы өмірлік нәсібеңді, абырой-беделіңді, қоғам алдындағы құметіңді еселей аласың.

Ал, тәрбиеші болу-айтуға ғана оңай шаруа болғанымен, бұл мамандықтың қоғам үшін қаншалықты маңызы барлығын сол кәсіпті таңдағандар, осы жолда еңбек етіп жүрген жандар жақсы түсінеді.

Көрнекті тұлға Ахмет Байтұрсынұлы: «Балам дейтін ел болмаса, елім дейтін бала қайдан болсын» деген екен. Тәрбиешілер қай кезеңде болсын ертеңгі елім деп еңірейтін ұрпақты тәрбиелеуге тер төгуде. Бұл жолда үлкен ізденіс, парасат қажет. Ендеше, тәрбиешінің әр күні ізденіспен, ертеңгі азаматты қалыптастыру жауапкершілігімен ұштасып жатады.

Тәуелсіз жас ұрпағын лайықты түрде тәрбиелеу-біздерге артылған аса жоғары міндет. Осы міндетті орындау үшін әрбір тәрбиеші жанын салады. Ендеше, олардың әрқайсысының еңбегі қашанда құрметке лайық деп білемін.

Қиындығы мен қызығы, ауыртпалығы мен жауапкершілігі қатар жүретін осы еңбектің жолындағы педагогикалық ұстанымым-үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңға қатардан көріну және алдымыздағы әр тәрбиеленушілеріміздің бойынан жылт еткен жақсылықты, талап пен талантты тауып, бұлақтың көзін ашу, биікке жетелеу, сондай ізденістер арқылы биік мақсаттарды орындау. Тәрбиеші болу-әр балаға екінші ана болуға парапар еңбек. Анадай мейірім мен қамқорлық таныту, аялы сөздермен ілтипат білдіріп, ізгіліктерге бағыттау біздің күнделікті еңбегімізде өріліп жатыр. Сондықтан да бұл іс екінің бірінің қолынан келе бермейді. Өйткені, бұл-бала жанын тереңнен сезінетін, өз ісін жан-жақты білетін, бүлдіршіндерді жан-тәнімен сүйе алатын, оларды бағалай білетін нағыз маманның қолынан ғана келетін іс дер едім.

Ел ертеңі де, болашақтың базары да, келешектің кемеңгерлері де-бүлдіршіндер емес пе? Олай болса, келешегіміз келісті, болашағымыз жарқын болсын!

Пайдаланған әдебиеттер.

«Бала мен балабақша» журналы №5,2014
Отбасы және балабақша журналы №6,2014
М.Монтессори әдістемесі. Шымкент, 2015
«Бала мен балабақша» журналы №3,2015

ИНТЕРЕСНЫЙ ДЕТСКИЙ САД

Кулькушева Г.В
Ясли-сад №36 «Балақай», воспитатель

Для пробуждения интеллектуальной активности и развития творческого потенциала в работе с детьми предпочитает использовать философский подход. Обычно в детском саду дети играют, используя доступные и распространенные конструкторы, машинки, куклы, коляски. Прошло то время, когда ребенок радовался любой игрушке. Некоторые сады стараются разнообразить ассортимент, но большинство дошкольных учреждений предлагают детям хорошо знакомые им игрушки. Сегодня дети часто сами приносят свои игрушки в сад, а дома рассказывают, что принесли в садик их сверстники.

Основная функция игрушки - развлекая, обучать, а не обучать, развлекая. К сожалению, производители часто делают упор именно на обучающую сторону игрушки, забывая о том, что она должна быть интересной для ребенка. Некоторые родители чрезмерно обеспокоены развитием интеллекта ребенка, поэтому подобные игрушки находят своего покупателя. Бороться с этой тенденцией нет смысла. Родители уверены, что лучше всех знают, что именно нужно их детям. Детский сад должен быть учреждением интересным и привлекательным для ребенка. Причем ежедневно. Возможно ли это? В состоянии ли дошкольное учреждение предложить детям нечто большее, чем симпатичная игрушка? Безусловно. И речь не идет о детсадовских друзьях, с которыми можно поиграть. Тогда о чем? Об интересном времяпрепровождении. Причем мы не берем во внимание ежедневные режимные моменты, такие как завтрак, самостоятельная игра, прогулка, совместный туалет. Между этими занятиями есть масса свободного времени, которое необходимо результативно использовать. Некоторые воспитатели с опасением относятся к творчеству, ведь оно требует дополнительных усилий, времени, постоянной работы над уровнем собственного развития. Зачастую воспитателям не хватает мотивации. Случается, педагоги ошибочно полагают, что, чем сложнее идея, тем интереснее будет занятие. На реализацию сложной идеи необходимо

потратить много времени. Даже если на начальном этапе воспитатели разрабатывают идею с энтузиазмом, то в процессе ее реализации они сталкиваются с определенными сложностями, их мотивация постепенно ослабевает, а в некоторых случаях у педагогов пропадает желание работать. Но такого быть не должно. Чтобы реализовать хорошую идею, благодаря которой будут разработаны интересные занятия, не обязательно предпринимать какие-либо сверх усилия. Детям не нужны сложные занятия, множество материалов и многофункциональных игрушек. Они прекрасно играют, когда видят смысл и цель игры, когда могут применить свои способности и умения. Чтобы реализовать интересную идею, воспитатель должен творчески подойти к ее разработке. Одним из факторов, которые могут затормозить творческий процесс, может стать отсутствие средств. Зачастую идеи, которые кажутся нам феноменальными, требуют значительных финансовых вложений, которых, как правило, у детских садов нет. Каким образом можно за короткое время, используя незначительные финансовые вложения, сделать увлекательным пребывание детей в детском саду? Приведем несколько идей, которые пользуются большой популярностью у детей и их родителей.

Цветной коврик: чтобы сделать коврик, потребуется небольшой кусок материала. Его размеры зависят от количества детей, участвующих в игре. Для этой цели удобно использовать простыню, которую необходимо разделить на равное число квадратов. Квадраты должны быть такого размера, чтобы ребенок мог на них спокойно стоять. Если, к примеру, предполагается, что во время игры на одном квадрате будут стоять два или три ребенка, то квадрат, соответственно, нужно сделать больше. Нарисованные квадраты необходимо раскрасить в разные цвета, которые можно выбрать по желанию. Если дети только знакомятся с цветами, то можно использовать основные цвета, т. е. синий, красный, желтый, зеленый. Если играть на коврике будут дети старших групп, квадраты можно покрасить в более сложные цвета. К примеру, часть квадратов сделать зелеными в желтый горошек, часть - розовыми в белый горошек или каждый квадрат покрасить в два цвета, например, зеленый с черным, зеленый с желтым, оранжевый с фиолетовым и т. д. Причем квадраты одинакового цвета не должны располагаться рядом. Для раскраски материала можно использовать обычные темперные краски. Чтобы сделать это быстрее, используйте губки для мытья посуды. Когда коврик высохнет, можно приступать к игре. Дети начинают бегать вокруг коврика, и, как только воспитатель крикнет, например, «Красный!», останавливаются возле квадрата соответствующего цвета. Для детей старшей группы в игру можно включить элементы конкурса, к примеру, выигрывает тот, кто первым встанет на квадрат. Вместо того чтобы называть конкретный цвет квадрата, можно попросить: «Встаньте на тот квадрат, у которого цвет, как у солнца!» Таким образом, игра будет более увлекательной и развивающей. Когда дети встанут на квадрат какого-либо цвета, задачу можно немного усложнить, сказав: «Встаньте и топайте ногами по квадрату красного цвета, а руками стучите по квадрату желтого цвета». Комбинаций много. Все зависит от возможностей детей, участвующих в игре. Для детей старшего возраста правила игры можно усложнить. К примеру, разделить детей на группы. Все дети должны перейти через коврик и встать на квадрат соответствующего цвета. Каждому ребенку воспитатель рассказывает определенную историю: «Встанешь на квадрат, цвет которого напоминает спелое яблоко (красный), потом встанешь на цвет фиалки (фиолетовый)». Выиграет та группа, которая в нахождении нужного цвета будет меньше ошибаться. Другой вариант игры заключается в размещении различных предметов в квадратах того же цвета, что и сам предмет, к примеру, желтый медведь на желтом квадрате.

Веселые картинки: многие педагоги использует на занятиях рабочие карточки. Как правило, применяют их всего один раз. Частое использование карточек быстро надоедает ребенку, но иногда карточки могут стать хорошим способом провести время. Для подготовки карточек потребуется несколько альбомных листов бумаги и разные картинки. Какие? Это зависит от вашей фантазии. У детей от 2-3 лет большим успехом пользуются картинки с

изображением животных. В левой части карточки приклеиваем или рисуем собаку, справа - будку или кость. Соединяем рисунки между собой извилистой линией. Ее форма и длина должны быть адаптированы к способностям детей в группе. Принцип игры заключается в соединении элементов через линию, по которой необходимо вести пальцем. Карточку можно скопировать, тогда дети смогут спокойно обводить линию карандашом. Игра будет результативной, если ее сопровождать указаниями: «Собачка голодная, приведи ее к кости». Это замечательное упражнение для развития координации рук и глаз, а также концентрации внимания.

Литература:

С.Н. Николаева «методика экологического воспитания дошкольников» М.1999
Н.А. Рыжова «Развивающая среда дошкольных учреждений» М.2003

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ УЧЕБНЫХ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСОВ ПРИ ИЗУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Битимбаева Клара Мухамбетжановна
КГУ «Средняя общеобразовательная школа № 53 г.Актобе»,
учитель английского языка

На протяжении последних десятилетий процесс компьютеризации получил самое широкое применение буквально во всех сферах деятельности человека. Непосредственно ресурсы Интернета являются бесценной и необъятной базой для создания информационно предметной среды, образования и самообразования людей, удовлетворения их профессиональных и личных интересов и потребностей. Преимущество внедрения Интернет-технологий в процесс обучения иностранному языку в настоящий момент уже не вызывает сомнений и не требует дополнительных доказательств. За последнее десятилетие было написано немало работ в отечественной методике, в которых исследователи раскрывают позитивное влияние различных форм Интернет- коммуникаций – электронной почты, чата, форумов, веб- конференций и веб -семинаров, направленных на формирование иноязычной коммуникативной компетенции обучающихся.

Одним из основных достоинств Интернета является доступ к неограниченному количеству свежей информации и огромный выбор аутентичных материалов, например, новостные события, интересные факты из жизни известных людей и сверстников за рубежом, слова современных песен, письма, реклама, меню, расписание движения транспорта, вывески в магазине, аэропорту, стихи, учебные видеоролики и т.д. Ни для кого не составит труда найти в сети Интернет бесчисленное количество разнообразных сайтов, разработанных специально для людей, изучающих английский язык. Разумеется, использование интернет - ресурсов, требует определённого уровня методической и компьютерной грамотности.

В силу принадлежности к так называемому «цифровому» поколению современные школьники активно используют смартфоны, планшеты, ноутбуки и другую компьютерную технику. Они зачастую имеют уровень продвинутых пользователей, так как с самого детства привыкли работать на различных электронных устройствах. Соответственно, компьютеризация процесса обучения английскому языку воспринимается обучающимися как нечто естественное и не вызывает психологического дискомфорта. Это также свидетельствует в пользу интеграции интернет- технологий в языковое образование.

Однако для того, чтобы учащиеся не потерялись в изобилии информации разного содержания и разного качества, а наиболее продуктивно использовали её для удовлетворения образовательных и профессиональных интересов и потребностей, появилась необходимость в разработке специальных учебных интернет-ресурсов, направленных на обучение учащихся работать с ресурсами Интернета. В отличие от форм телекоммуникации учебные Интернет-ресурсы создаются исключительно для учебных целей. Они могут быть разработаны по различным предметам, включая английский язык.

Интернет-ресурсы на уроке иностранного языка позволяют обеспечить:

- быстрый доступ к информации;
- самостоятельную работу на уроке и дома;
- активизацию познавательных навыков;
- наглядность изучаемого материала;
- отработка коммуникативных навыков, доведение их до автоматизма;
- развитие межкультурной компетенции;
- развитие самообразовательной активности;
- обучению в сотрудничестве.

В преподавательской деятельности учителя могут использовать уже готовые учебные Интернет-ресурсы по изучаемым темам или создать их сами, а посещение сайтов позволяет узнать новые приемы и методы в обучении английскому языку, также можно получить ответы на интересующие вопросы. В связи с тем, что информация, данная в учебниках, устаревает (например, сведения о звездах спорта, кино, телевидения), поэтому информационные сайты помогают наполнить содержание уроков современными фактами.

Для учителей английского языка в Интернете существует огромное количество специальных программ обучения языку, а также различный аутентичный материал, который учитель может адаптировать самостоятельно в соответствии с конкретными учебными задачами.

Данные интернет-ресурсы помогают решать целый комплекс задач, среди которых, например:

- доступ к аутентичной информации (текстам, видео- и аудиоматериалам и т.д.): сайтам иноязычных газет, различным порталам (YouTube, BBC World Service, CNN World News и др.);
- онлайн-общение с носителями языка: сайты для изучения и практики ИЯ (Skype, Telegram, Instagram , Zoom meeting и др.);
- онлайн-обучение ИЯ, курсы профессиональной переподготовки в сфере иностранных языков (вебинары, дистанционное обучение, образовательные интернет-порталы);
- оперативный доступ к учебной и справочной информации: электронным словарям, энциклопедиям, учебным пособиям, справочникам (например: Википедия);
- перевод иноязычной информации для первичного ознакомления с текстом (например, онлайн-сервисы Яндекс.Переводчик и Google Переводчик).
- тестирование на знание языка в режиме онлайн (пробные тесты, пробное тестирование TOEFL, тесты на аудирование и др.).

Очевидно, что современные компьютерные технологии предоставляют широкие дидактические возможности для эффективного обучения с использованием полисенсорных технических средств. В частности, использование интернет- ресурсов стимулирует активный познавательный интерес обучающихся, отвечает требованиям организации доступной образовательной среды, позволяет выстраивать индивидуальную образовательную траекторию, способствует повышению эффективности усвоения лингвистического материала, предоставляет обучающимся расширенные возможности получения языкового материала в

различных форматах и в комфортном режиме за счёт автоматизации рутинных операций и объективизации контроля знаний.

Таким образом, использование современных учебных Интернет-ресурсов в обучении английскому языку, несомненно, несет в себе огромный педагогический потенциал, являясь одним из средств, превращающих обучение языку в живой творческий процесс. Конечно, не следует забывать, что учат учителя, а не компьютеры. Компьютер – всего лишь сложная машина на службе у человека, и она никогда не заменит учителя. Однако приведем замечание Билла Гейтса «Все компьютеры в мире ничего не изменят без наличия увлеченных учащихся, знающих и преданных своему делу преподавателей».

Список используемых источников

1. Полат Е.С. Использование ресурсов «Интернет в обучении иностранным языкам»
2. П.В. Сысоев, М.Н. Евстигнеев «Использование современных учебных интернет ресурсов в обучении иностранному языку и культуре»
3. https://urok.1sept.ru/articles/626546
4. e-uchiebnyie-intierniet-riesursy-na-u.html
5. https://www.work5.ru/gotovye-raboty/120812

ИНТЕРАКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Жалимова Ария Талгатовна
КГУ «Средняя общеобразовательная школа № 53 г.Актобе»,
учитель начальных классов

Изменения, происходящие в мире, вызвали необходимость разработки новых подходов в системе обучения и воспитания. Перед учителем поставлены новые цели: формирование универсальных учебных действий и мотивации к обучению. Содержание образования не сильно меняется, существенно изменяется роль учителя, которому необходимо будет выстраивать процесс обучения не только как систему усвоения знаний, умений и навыков, но и как процесс развития личности. Учитель должен не только понимать, чему и как учить, но и организовывать процесс таким образом, чтобы дети задавались вопросами «Чему мне нужно научиться?», «Как мне этому научиться?». Обучение должно быть построено как процесс «открытия» каждым школьником конкретного знания. Из пассивного слушателя ученик должен превратиться в самостоятельную, критически мыслящую личность. Сегодня важно обеспечить общекультурное, личностное и познавательное развитие ребенка. Содержание образования обогащается новыми процессуальными умениями, развитием способностей, оперированием информацией, творческим решением проблем науки и рыночной практики с акцентом на индивидуализацию образовательных программ.

Главная задача каждого учителя – не только дать учащимся определённую сумму знаний, но и развить у них интерес к учению, научить учиться. Без хорошо продуманных методов обучения трудно организовать усвоение программного материала. Учителю необходимо не только доступно все рассказать и показать, но и научить ученика мыслить, привить ему навыки практических действий. По моему мнению, этому могут способствовать интерактивные формы и методы обучения, которые способствуют активизации

познавательной деятельности учащихся и применение их технологий очень актуально в современной начальной школе.

3. Селевко А.И. Современные образовательные технологии: учебное пособие/Г.Селевко. – М.: Народное образование, 1998.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ РӨЛІ

Сарина Айслу Тынштыковна
Ақтөбе қаласы, «№53 орта мектеп КММ-сі»
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Пандемия 2020-2021 оқу жылында бүкіл білім саласы қашықтан оқытуына көшті.Дүние жүзі бойынша қашықтан білім беру жүйесін еркендетудің басты мақсаттарының бірі-оқушылардың кез келген мектептер, колледждер мен университеттердегі оқу бағдарламалары бойынша оқып, білім алуларына жағдай туғызу болмақ. Бүгінде білім саласы, оның ішінде мектептер оқушыларға қашықтан білім беру бойынша күрделі, маңызды да мазмұнды міндеттер атқаруға бел буды. Сандық технологиялар дәуірінде, әрі дәл қазіргі жағдайда қашықтан дәріс беру жүйесіне көшуі заман талабы болып отыр. Білім және ғылым министрлігі еліміздегі мектептерде қашықтан оқытуға, оның ішінде білімді бағалаудың барлық түрлерін қашықтан жүргізуге нақты қадамдарды ұсынды.

Қашықтықтан оқыту дегеніміз — мұғалім мен оқушы арасында қандай да қашықтықта интернет ресурстарының сүйемелдеуімен өтілетін оқытудың формасы, яғни интернет желілерінің көмегімен белгілі бір арақашықтықта оқыту.

Қашықтықтан оқыту ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық) және оффлайн (асинхрондық), және кең таралған үшінші түрі вебинар.

Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренинтер өткізу формасы.

Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін оқытушы оқытудың жаңа технологиясын оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт.

Қашықтықтан оқыту тәсілімен оқытатын оқытушыларға және осы істе мүдделі басқа да адамдарға бірнеше талаптар қойылады:

-Оқытушы компъютермен жоғары дәрежеде сауатты жұмыс істей білуі қажет.

-Қашықтықтан оқытудағы мақсаттары мен міндеттері, оның алдағы уақытта ақпараттық технология және коммуникация құралдарының негізінде дамуы туралы білуі қажет.

-Оқытушының ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге іс жүзінде дағдылануы қажет. -Оқытудың телекоммуникациялық құралдарын қолдану ісіне дағдылануын қалыптастыру, атап айтқанда: тұтынушылар арасында ақпараттар алмастыру және ақпараттық жүйелердегі ресурстарды пайдалануға дағдылануын қалыптастыруы қажет.

-Оқу үрдісін қашықтықтан оқыту шеңберінде жүргізу ісіне жан-жақты даярлау, қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша сабақ өткізу үрдісінде үйлестіруші болуы қажет.

Елде төтенше жағдай енгізілген жағдайда қашықтықтан сапалы оқытуды ұйымдастыру өте өзекті болып саналады. Еліміздің білім беру жүйесінің алдына үздіксіз білім беру үшін мүмкіндік жасау міндеті қойылған. Қазақстанның ақпараттық кеңістігінде білім алушыларға арналған түрлі білім беру платформалары бар, мысалы: Bilimland, Daryn Online, Kundelik, Platonus, Univer, Edupage, BTS education, U-study, AGS. Бүгінгі күні "Zoom" стримингтік сервисі, "Coursera"ең ірі платформасы өз қызметтерін тегін ұсынды. Мұнан басқа Google Classroom, Hangouts, Kundelik, Moodle жүйелерін қолдануға болады. Bilimland өз контентінің 40 мың бірлігін тегін ұсынды.

Қазақстанның білім беру мекемелерінде негізінен бейнеконференция өткізу үшін келесі платформалар қолданылады: Zoom, Skype, Microsoft Teams, сондай-ақ WhatsApp және басқа да әлеуметтік желілерді оқушылармен жеке сабақтарда өзара іс-қимыл жасау үшін пайдалануға рұқсат етілген. "EL ARNA", "balapan" телеарналарында қазақ және орыс тілдерінде телекоммуникациялық желілер арқылы трансляция жүзеге асырылады.

Қашықтықтан оқыту кезінде қандай әдістерді қолдануға болады?

Мысалы, оқытушының және басқа да оқушылардың ең аз қатысуымен білім алушының білім беру ресурстарымен өзара іс-қимылы арқылы оқыту әдістері (өзін-өзі оқыту). Бұл әдістерді дамыту үшін әртүрлі құралдардың көмегімен білім беру ресурстары жасалатын мультимедиа тәсілі тән:

-баспа, аудио , бейнематериалдар және компьютерлік желілер арқылы жеткізілетін оқу материалдары, ол электронды университеттер үшін өте маңызды Бұл, ең алдымен,:

- интерактивті деректер базасы;
- электрондық журналдар;

- компьютерлік оқыту бағдарламалары (электронды оқулықтар).

Қашықтан оқыту қазіргі заман талабы болса, оны ұйымдастыруда педагог-ұстаздардың біліктілігі жоғары, зияткерлік және кәсіби деңгейі жоғары деңгейде дамыған болуы өте маңызды!

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Полат Е. С. Петров А.Е. Дистанционное обучение: каким ему быть? // Педагогика. -1999. -№7. -С. 29-34.

2. Пидкасистый П.И. Тыщенко О.Б. Компьютерные технологии в системе дистанционного обучения // Педагогика. -2000. -№5. -С. 7-12.

3.Журнал «Мектеп» № 11 (6 бет)4. Сайт: www.edu.gov.kz

БІЛІМ БАСЫ - ТӘРБИЕ

Сембі Кенжегүл Бақытқызы
«№53 жалпы білім беретін орта мектебі » КММ бастауыш класс мұғалімі

Оқу мен тәрбие егіз, оларды бір – бірінен бөліп қарауға болмайды. Ұлы данамыз Әл – Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» десе, ал В. Белинский «Бала тәрбиесіне ерекше мән берілуі керек, тәрбиенің арқасында болашақ адамзат тағдырының негізгі мәселесі шешіледі» деп білгірлікпен дөп басып айтқан.Бала тәрбиесі — өте күрделі процесс. Оның күрделігі бесіктен бастау алып, үнемі уақытпен, бала көңіл – күйімен, жеке қабілетімен, икемділігімен, тізгінді үнемі қадағалау қажеттігімен ұғындырылады. Ойлап қарасақ, тәрбие баланың бал дәуренінен бастап азамат болғанға дейін тәні мен жанына төрт – бес арнамен құйылады:

«Тәртіптің ең тамаша мектебі – отбасы», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дейді халқымыз. Иә, ұрпақтың тәрбиесі-қоғамның болашағы және оған аса зор жауапкершілікпен қарау — әрбір саналы азаматтың борышы. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе»,- деп М.Әуезов көрегендікпен дәл айтты емес пе? Бала тәрбиесінің дұрыс жолға түсуі оны қоршаған ортаға, әсіресе отбасы мен ұстаздар қауымының парасаттылығына байланысты. Мемлекетімізде қазіргі таңда сапалы білім берумен қатар, болашақ жастарды рухани – адамгершілікке тәрбиелеудің де зор қажеттігі туындап отыр. Әлеуметтік жағдайлардың өзгеріске ұшырауы білім беру мекемелеріндегі тәрбие жұмыстарын тоқырауға әкелді. Қазіргі кезеңде тәрбиеге және тәрбие жұмыстарына деген жаңаша көзқарас қалыптасуда, олардың ізгілік мәні тереңірек ашылуда. Тәрбие даму ретінде қарастырылады, яғни ол педагогикалық қарым-қатынаста адамдық сапаларды сақтау және қалпына келтіру.Тәрбие жұмысы — педагогтардың нақты міндеті, яғни шәкірт тұлғасын сомдау мәселесін саналы түрде шешуге бағытталған үйлесімді іс-әрекет.Тәрбие және тәрбие жұмыстары әр баланы қайталанбас тұлға ретінде қарап, оның өзгеше қасиеттерін дамытуы қажет. Әрбір бала — тұлға, өзінше бір әлем, ал әр педагогтың міндеті әр тұлғаны көре білу, жүректеріне жол табу. В.А.Сухомлинский: «Әлемде адам тұлғасынан күрделі, одан бай ешнәрсе жоқ», — деп жазған. Бүгінгі күнде барлық ұстаздардың алдындағы мақсат — өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін тұлға тәрбиелеу болып табылады.Халықтың болашағы — ұрпағы, ұрпақтың тәрбиесі – ұстазда. Ұстаздың мұраты — жетілген, толыққанды азамат тәрбиелеу. Ал толыққанды азамат қалыптасу үшін – ақыл-ой тәрбиесі, имандылық, еңбек, эстетикалық, тілдік қатынас, дене тәрбиесі, сонымен қатар экологиялық, экономикалық, жыныстық,

патриоттық тәрбие берілуі тиіс. Тәрбиенің қалыптасуы – ұстаз, бала, ата-ана еңбегімен байланысты екендігі айқын. Демек, бұлар береке–бірлікпен жұмыс істеп, бұзылмайтын, айнымайтын темір тәртіпке бас игенде ғана іс оң нәтиже таппақ. Бұл ұлдың еркіндігіне, қыздың шіркіндігіне қойылытын жоғары талап. Сондықтан да осы үш негіз бірлесе отырып жұмыс жасаса өкінбейтініміз анық.Тәрбие мәселесін тек мектеп пен ұстаздар қауымының мойнына арта салумен іс бітпейді. Оның нәтижелі болуы ата-аналар мен қоғамдық ортаның тәрбие ісінен шет қалмай белсене араласуына, адам тәрбиелеудегі жауапкершілікті бірлесе көтеріп, жұмыла істеуге тікелей байланысты. Ол жөнінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заң жобасында «Ата-аналар балалардың өмірі мен оқуы үшін олардың денсаулықтарын, рухани әрі дене қуатының қауіпсіз дамуын, адамгершілігі жағынан дұрыс қамтамасыз етуге міндетті» делінген.

Тәрбие үрдісінде ұстаздың білім өресі мен әдіскерлік шеберлігі, жеке басының үлгісі, шешуші роль атқаратынын ұмытуға болмайды. Шәкірттер өз ұстаздарының жүріс-тұрысына, мінез–құлқына, іс-әрекетіне, дүниетану көзқарасына еліктемей тұра алмайды. Орыстың ұлы педагогы К.Ушинский: «Тәрбиенің қайнар көзі тек адамның жеке басының өнегесіне негізделген. Ешқандай жарғы да, бағдарлама да, ешқандай орынның жасанды әрекеті де оның орнын баса алмайды» деп текке айтпаған.

Оқушы жастардың жүрегін тебірентіп, ой-сезіміне әсер ету үшін біріншіден, тәрбиеші ұстаздың саяси сауатты, жан–жақты энциклопедиялық мол білімі болуы шарт, екіншіден, тәлімгер ұстаз өз бойындағы білімді оқушы жүрегіне еркін ұялата аларлықтай әдіскерлік шеберлігі қажет, үшіншіден, мұғалім оқу–тәрбие үрдісін жүргізу кезінде оқушының психологиялық ой-өрісінің өсу, даму дәрежесін бақылай, тамыршыдай тап басып білетіндей сезімтал психолог болуы керек. Яғни А.Н.Толстойша айтқанда «Мұғалім өн бойына өз ісіне, шәкіртіне деген сүйіспеншілікті жинақтаса ғана ол нағыз ұстаз».

Егеменді ел болып, етек-жеңімізді енді ғана жинап болған қазіргі шақта халқымыздың тәлім–тәрбиесін игерген, рухани бай, ел болашағын ойлайтын, парасатты да саналы азамат тәрбиелеу-біздің, ұстаздардың басты міндеті. Білім мен тәрбиені сабақ барысында ұштастырып, бірлікте оқыту — әрбір ұстаздың басты шарты болса, сынып жетекшілері тек сабақта ғана емес, сабақтан тыс уақытта да іздене жүріп, оқушылардың бойына тәрбиенің, соның ішінде ұлттық тәрбиенің, ең ізгісін, ең асылын сіңіре білуі керек.

Қазіргі таңда тәрбиенің теориясымен практикасының өзекті мәселелерінің бірі білім – тәрбие жүйесінің мақсатын белгілей білу. Мәселен, «мен оқушыларымның бойынан қандай қасиеттерді көргім келеді немесе болашақта қандай азамат болып өссе екен деп ойлаймын», осындай сауалдарға жауап іздеу барысында оқушыларға тәлім – тәрбие берудегі басты – басты мақсаттарды анықтап алуға болады. Жаңа заман адамдарын тәрбиелеуде ұстаз қауымына өмірдің өзі осыны талап етіп отыр. Ал ұстаздардың осы талап тұрғысынан табылуы, олардың адам тәрбиесіне өнер деп қарап, үнемі шығармашылықпен іздене жүргізуіне, мектеп басшыларының күнделікті бақылау басшылығына, әр ұстаздың бойындағы жақсы қасиетті, өнегелі істі танып көре білуіне, оны үлгі-өнеге етуіне байланысты демекпін. Егеменді еліміздің ертеңі өткен тарихымызбен тығыз сабақтасып келеді. «Жаста берген тәрбие – жас шыбықты игендей», — деп Ы. Алтынсарин айтқандай халқымыздың сан ғасырлық тарихынан өзек тартатын рухани мұрасын ұрпақ бойына сіңіргенде ғана еліміздің жұлдызы жанып, әлемдік мәдениетке ұмтылары айқын.Ел басшысынан бастап даладағы еңбекшіге дейін мектеп босағасынан өтіп, тәрбие алып шығатыны белгілі. Ерекше мектеп ашып, ұстаздық ұлы жолдан өткен педагог Алма Қыраубаева «Жаным садаға » атты кітабында балалармен қарым-қатынасы жайында жазған. Әр тәрбиелеуші баланың жанына, ішкі әлемінің тереңіне үңілу керек деген ой айтылады. "Тентек балаларды көбірек жақсы көру керек" дейді, бұл сөзінің мәнін ұққыңыз келсе, кітапты оқыңыз.Әрине, яғни біздер бастауыш класс мұғалімдері оқушыларды мектепке келген кезден мектеп ережелерінен бастап үйретіп, болашаққа қадам

басу жолында аянбай еңбек етуіміз қажет. Тәрбие жолы — қиын жол. Өмірді өрнектейтін адам –ұстаз шәкірт алдындағы парызын ешуақытта ұмытпайды. Мүлт етсе үлкен қателік жіберіп алатынын біледі. Ал тәрбиеде кеткен қателікті түзеу оңай іс емес. Мектептегі әр ұстаз ізденуді, білім беруді, баулуды, тәрбиелеуді, шығармашылықпен еңбек етуді абыройлы міндет, айбынды мақсаты деп біледі . Жас ұрпақты білімді, жан- жақты етіп өсіруге әрбір ата-ана, мектеп және бүкіл жұртшылық болып қатысу керек. Сондықтан да ұстаздар қауымы, сапалы білім бере отырып, еліміздің болашақ жастарын ұлағаттылыққа тәрбиелейік!

Әдебиеттер тізімі :

1.М. Жұмабаев «Педагогика » 1922 жыл. Алматы
2.Б. Момышұлы «Ұшқан ұя » 1974 жыл. Алматы
3. М. Ғабдуллин «Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес » 1966 жыл.Алматы
4. А. Қыраубаева «Жаным садаға » 2011 жыл Өнер баспасы

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ

Тлеубаева Карашаш Нуроллаевна
КГУ «Средняя общеобразовательная школа №53 г. Актобе»,
учитель биологии

Современный образовательный процесс трудно представить без качественного обеспечения учебными электронными материалами.

Использование цифровых образовательных ресурсов позволяет активизировать процесс обучения, реализовать идеи развивающего обучения, повысить темп урока, увеличить объем самостоятельной работы учащихся. В результате повышается так необходимая мотивация - залог успешного освоения учебной программы. Чрезвычайно важным является также формирование у учащихся познавательной активности, развитие умений в работе с дополнительной литературой, используя возможности компьютера, Интернета.

Весьма эффективны при изучении биологии, видеолекции, видеофильмы, flash-анимации, анимационные модели, интерактивные схемы и рисунки, компьютерные лабораторные практикумы, которые позволяют частично компенсировать недостаток натуральных объектов и наглядного материала, без которого нельзя полно показать разнообразие живого мира, особенности его строения, развития, механизмы протекания и целостность биологических, химических и других процессов.

Применение мультимедиаресурсов обеспечивает максимальный эффект обучения, так как в этом случае учебная информация представлена в различных формах и обеспечиввает комплексное воздействие на обучающегося.

Представленные в цифровом виде учебные материалы дают возможность использовать их без затруднений на различных этапах урока, и решать поставленные задачи урока:

- этап актуализации знаний – электронные тесты, электронные конструкторы;
- этап объяснения нового материала – электронные учебники, энциклопедии, справочники, мультимедийные презентации, учебные видеофильмы;
- этап закрепления и совершенствования ЗУН – электронные тесты, электронные тренажёры, обучающие среды, мультимедийные презентации;
- этап контроля и оценки ЗУН – электронные тесты, кроссворды (3).

Цифровые образовательные ресурсы помогают продемонстрировать явление динамике, передать учебную информацию определенными порциями, выполняя функции источника и меры, также стимулируют познавательные интересы учащихся, позволяют проводить оперативный контроль и самоконтроль результатов обучения.

В своей педагогической деятельности я постоянно использую цифровые образовательные ресурсы мною на различных этапах урока:

1) при объяснении нового материала (рисунки и фото, слайд-шоу, видеофрагменты, 3D–рисунки и модели, анимации, интерактивные модели) в качестве интерактивной иллюстрации, демонстрируемой с помощью мультимедийного проектора.

2) при самостоятельном изучении учебного материала учащимися на уроке в ходе выполнения компьютерного эксперимента.

3) при организации исследовательской деятельности в форме лабораторных работ в сочетании с компьютерным и реальным экспериментом. При выполнении учениками на этих этапах урока виртуальных лабораторных работ и опытов повышается мотивация учащихся — они видят, как могут пригодиться полученные знания в реальной жизни.

4) при повторении, закреплении (задания с использованием фото, видео и анимаций, интерактивные задания, вспомогательный материал) и контроле знаний (тематические наборы тестовых заданий с автоматической проверкой, контрольно-диагностические тесты) на уровнях узнавания, понимания и применения.

5) домашние эксперименты могут быть выполнены учеником по рабочему листу с соответствующей адаптацией и при наличии дома учебного диска по данному курсу.

В настоящее время, при проведении урока активно помогает интерактивная доска, что позволило не использовать бумажные таблицы, благодаря которому накопилась коллекция электронных презентаций. Интерактивное учебное пособие «Наглядная биология» сейчас незаменимо на каждом уроке – это и наглядность, при объяснении нового материала, и интерактивные упражнения.

Методический интерес представляет использование видеоресурсов- видеофрагментов, мультфильмов, видеоуроков. В единой коллекции разнообразных цифровых образовательных ресурсов можно скачать хорошие анимации практически по всем разделам биологии. Применение видеоматериалов предусматривает использование определенных приемов. Ведь успешное усвоение материала возможно только при произвольном внимании, а для этого необходим предварительный настрой, установка, продуманное задание.

Важна детальная проработка содержания урока, видеофрагмента, определение места фрагмента в структуре конкретного урока. Поминутное планирование- где остановить, на что обратить внимание, что обобщить. Для эффективного усвоения материалов видеоуроков использую следующие приемы:

- Дается предварительная установка на запоминание;
- Видео делится на фрагменты длительностью 3-5 минут, в зависимости от смысловой составляющей, с последующим обобщением, рефлексией.
- Формулируется конкретное задание - что нужно услышать, записать (например, записать функции крови, заполнить таблицу, изобразить схему и тд.).
- Учащиеся получают задания разного уровня сложности в зависимости от учебных возможностей.
- Прием - видеофрагмент -без звука, при закреплении, повторении материала, озвучка учащимися, оценивание качества озвучки другими.
- Видеофрагмент без установки. Последующее обсуждение и дискуссия – направлены на развитие произвольного внимания. Используется как вызов в начале урока.

Работоспособность класса в данный момент времени; психологический настрой; устойчивость внимания – учитываются педагогом при подготовке к любому уроку, но

особенно это важно при подготовке к работе с видеоматериалом. Чтобы предварительная подготовка не оказалась напрасной важно своевременно реагировать на рабочую атмосферу в классе, держать обратную связь, обобщать, комментировать и пояснять увиденное. Особенно это важно в классах с низкой учебной мотивацией.

Таким образом, применение цифровых образовательных технологий на уроках биологии – залог организации активной и осмысленной работы учащихся. Уроки с применением ИКТ не заменяют учителя, а, наоборот делают общение с учеником более содержательным, индивидуальным и деятельным.

Применение цифровых образовательных ресурсов позволяет активизировать деятельность обучающихся, повышает профессиональный уровень педагога, привносит разнообразные формы общения всех участников образовательного процесса. Однако, необходимо создать условия для творческой и исследовательской деятельности учащихся с различным уровнем развития.

Список использованной литературы:

1.http://biologymoscow.ucoz.ru/
2.https://disser.spbu.ru/files/disser2/disser/Gnedykh_Daria_disser.pdf
3.http://mmc74212.narod.ru/Biology/p11aa1.html/

ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ТРУД КАК СПОСОБ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ

Туребекова Гульжан Ниятовна
КГУ «Средняя общеобразовательная школа №53 г.Актобе»,
учитель художественного труда

Развитие у детей творческих способностей к творческому поиску и преобразованию действительности помогают занятия художественным трудом, которые воспринимаются детьми с удовольствием как увлекательная игра, а не учеба.

Занятия искусством, моделированием, макетированием являются важной областью развития творческих способностей детей, дают свободу творческому самовыражению, хорошо, когда элементы творчества присутствуют во всех видах деятельности детей: на занятиях, в игре, в общениях, это активизирует творческие способности. Если результаты художественного труда детей бережно хранятся и наполняют, формируют эстетическую среду жизнедеятельности, то происходит создание условий, располагающих детей к творчеству.

Педагогические исследования длительного характера подтверждают, что именно художественно-эстетическое воспитание и художественный труд способствуют введению ребенка в мир искусств, который эмоционально связан с миром личных переживаний, наблюдений, раздумий самих детей. Ребенок входит в этот мир через самостоятельную творческую деятельность. Когда ребенок вырезает, склеивает макет, складывает бумагу и т.д., он задействует обе руки, а это способствует активизации обоих полушарий головного мозга. Таким образом, происходит развитие левого полушария, с которым связана способность говорить,считать, логически мыслить, и т.д. Одновременно развивается и правое творческое полушарие, которое отвечает за воображение, развитие музыкальных и изобразительных способностей пространственное восприятие объектов и т.д. Таким образом, художественный

труд является одним из важных средств развития личности, оно способствует выработке у ребят психологической уверенности и целостного восприятия мира.

Большое значение на творческих занятиях имеет создание атмосферы духовной свободы, ситуаций успеха, условий, способствующих максимальных реализации возможностей ребенка, а также его становлению как неповторимой целостной гармоничной личности. Свобода в художественном творчестве обусловлена потребностями, интересом творческими возможностями художника. Необходимо предоставить ребятам право на свободный выбор, выполнение заданий разными средствами (аппликация, ручной труд, вышивание, оригами и т.д.), право на творческий поиск и на ошибку.

Сегодня проблема творческого развития приобрела особую актуальность. Это вызвано характерным для современного периода противоречием между потребностью общества в человеке образованном, культурном, творчески мыслящем – с одной стороны, и снижением общего уровня культуры и образованности общества в целом – с другой стороны.

Стремительность научно-технического прогресса, ускорение темпа жизни, мощный информационный поток и т.д. ведут к психологическим, физическим перегрузкам и стрессам. Человек не справляется с решением современных задач. Поэтому необходимо с детства готовить ребенка к принятию самостоятельных, творческих решений, умению ориентироваться в современном мире. Для того, чтобы он творчески развивался сам, учителю необходимо создать такие условия его жизнедеятельности, которые вызывали бы у детей потребность к творчеству, преобразованию себя и окружающей среды.

Занятия искусством, моделированием, макетированием являются важной областью развития творческих способностей детей, дают свободу творческому самовыражению.

Приобщение детей к народной культуре – необходимое условие эффективности художественного труда. Испокон веков люди проводили долгие вечера за рукоделием, взрослые и дети вместе ткали, вышивали, водили хороводы и при этом пели хором. Бережно хранили и передавали из поколения в поколение песни, былины и мифы, а также приемы, способы, методы – секреты мастерства. Народные мастера, изучая опыт поколений, создавали произведения искусства, привнося свое личное восприятие, ощущение, понимания с позиций современности, вкладывая частичку своего таланта. Народная культура – это питающая основа для творческого саморазвития человека.

При непосредственном общении с подлинными предметами народных промыслов ребята открывают для себя наиболее характерные черты народного творчества. Дети узнают особые приемы, с помощью которых умельцы добивались наибольшей художественной выразительности, высокой эстетичности.

Очень полезно детям на начальной стадии занятий изучать и даже копировать образцы, тренируя руку и глаз, но затем, уже по собственным эскизам, выполнять композиции и «в стиле». Главная цель выполнения работы «в стиле» – не точно повторить детали, а бережно сохранить дух. Чтобы традиция жила и возрождалась не во внешней форме, а в духе.

Наиболее значимым условием эффективности процесса художественного труда является психолого-педагогическая поддержка ребенка. Психологическая поддержка определяется как понимание, признание, похвала.

Одна из основных задач педагога состоит в том, чтобы помочь, поддержать и научить ребенка творчески подходить к процессу его взросления и развития. Педагогическая поддержка смягчает вхождение ребенка в мир знаний, творчества, способствует обретению им социальной активности и таких моральных качеств, как любовь, сочувствие, благодарность, умение видеть красоту. Необходимо стимулировать оригинальные, нестандартные решения детей, чтобы способствовать развитию творческого потенциала ребенка. Взрослым надо проявлять доброжелательность, терпимость и осторожность в оценке детских работ, организовывать обсуждение предложенных детьми вариантов.

На занятиях творческого художественного труда не обойтись без изучения и применения основных художественно-выразительных средств и приемов композиции. Поэтому потребуется разъяснение детям таких терминов и понятий как гармоничность, пропорциональность, динамика, контраст, нюанс, ритм и т.д.

Созидание выступает только показателем усвоения знаний, но и трамплином для их корректировки. Занятия художественным трудом дают возможность ребятам «здесь и сейчас» участвовать в полном цикле познавательного процесса от приобретения, преобразования знаний до их применения и сохранения в мыслительной и тактильной памяти.

Одной из важных проблем образования является результат созидательной деятельности. Важно, что и как они создают. Именно на творческих занятиях закладываются и практически закрепляются азы общей культуры и эстетический вкус. Художественный труд предполагает процесс создания, соизмеримый с культурными требованиями и традициями.

Педагогу, как участнику сотворчества всегда следует помнить об огромном воспитательном воздействии на человека мира бытовой культуры, потому что, именно в мире вещей происходит материализация мировоззрения, мировосприятия.

При выполнении заданий необходимо уделять должное внимание к дизайну внешнего вида изделий, относясь к этой проблеме не как простому украшательству, а как к неотъемлемой части создания единого эстетического образа модели.

Главным результатом занятий художественного труда являются не столько готовые изделия, и даже созданная с их помощью среда, сколько изменения, происходящие в самих детях. Ребята начинают активно воспринимать, и понимать предметно-пространственное окружение и самостоятельно, художественно организовывать, среду своей жизнедеятельности. Дети учатся создавать собственные проекты нестандартной формы, комбинировать детали и варианты композиции, чувствовать особенности материала, у них возникает потребность в творческом труде.

«ОЙЫН-БАЛА ТІЛІ МЕН СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМЫТУ ҚҰРАЛЫ »

Жанбурбаева Анаргуль Житкергеновна
№1 «Еркетай»Алға бөбекжай балабақшасы

Балабақшадағы тәрбиелеу-оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі- тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді.

Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің:

- балалардың сөздік қорларын дамыту;
- жаңа сөздерді меңгерту;
- үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады.

Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны

ерекше. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз.Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады.Тәрбиеші бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады.

Сонымен қатар ойын барысында бала үлкендермен, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасайды. Әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады. Сондықтан да ойын-тапсырмаларды таңдауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн.

Тәрбиеші балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын)үш түрлі етіп өткізуіне болады.

Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өті леді. Мысалы: «Дәл осындайды тауып ал», «Салыстыр да, атын ата», «Қай ағаштың жапырағы», «Бірдей ойыншықты тап», «Қайсысы көп, қайсысы аз», т.б.

Үстел үсті ойынын ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданылады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?», «Қай сурет тығылды?», «Бір сөзбен ата», «Кім байқағыш», «Қиылған суреттер», «Ұқсасын тап», «4-ші не артық?», «Есіңде сақта».

Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Мысалы: «Сөз ойла», «Сөз құра», «Жұмбақ ойла», «Жақсы-жаман», «Жалғастыр», «Үш сөз ата».

Жалпы ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады.

Балаларды ойынның мазмұнымен таныстыру ойынды өткізу болып табылады. Ойынды талдау, бұл ойынның өз мақсатына жетуі, балалардың белсенділігі және олардың іс-әрекеті болып табылады.

Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

Саусақ ойыны- бұл ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық.

Саусақ ойыны-саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын сахналау болып табылады.

Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс- қимылына қарап бала қуанады, шаттанады, сөзді айтуға тырысады және өлеңдегі үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен т.б. түсініктерді бағдарлай алуды үйренеді.

Саусақ ойынын балабақшада және үй жағдайында әсерлі, көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Алдымен балаларға саусақ ойыны түсіндіріледі, әр қимылы көрсетіледі.

Мысалы: «Саусақтар сәлемдеседі» ойынын алайық. Мұнда бас бармақ ұшы әр саусақтың ұшымен кезекпен түйіседі. «Адамдар келеді». Оң қолдың сұқ саусағы мен ортаңғы саусақтарын жүгірген тәрізді етіп қимылдатады. Сонымен бірге халық арасында кеңінен тарап жүрген «қуырмаш» ойыны да саусақтардың нәзік қимылын жетілдіруге бағытталған.

Балалар осындай саусақ ойынын ойнай отырып, өлең шумағын қызыға айтады. Мысалы, «Моншақ».

Қызыл-сары көк моншақ.

Мен жасаймын көп моншақ.

Мұнда қатар екі қолдың бас бармағымен сұқ саусақтарының ұшын түйістіре отырып, моншақ тәрізді бейнелейді, әрі оларды тізбектеп жасау балалар үшін өте қызықты әрекет, әрі қол бұлшық етін дамытуға үлкен көмегін тигізеді.

Сонымен саусақ ойындарын жүргізу арқылы балалардың саусақтарының нәзік қимылдары мен бұлшық еттерінің жетілуімен бірге, олардың сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамитын болады және кейін жазу шеберлігін ойдағыдай меңгеруіне дайындайды. Ойын арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту жолы

Балабақшадағы тәрбиелеу-оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі- тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді.

Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің:

- балалардың сөздік қорларын дамыту;
- жаңа сөздерді меңгерту;
- үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады.

Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз.Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Сонымен қатар ойын барысында бала үлкендермен, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасайды. Әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады. Сондықтан да ойын-тапсырмаларды таңдауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн.

Тәрбиеші балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын)үш түрлі етіп өткізуіне болады.

Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өті леді. Мысалы: «Дәл осындайды тауып ал», «Салыстыр да, атын ата», «Қай ағаштың жапырағы», «Бірдей ойыншықты тап», «Қайсысы көп, қайсысы аз», т.б.

Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Мысалы: «Сөз ойла», «Сөз құра», «Жұмбақ ойла», «Жақсы-жаман», «Жалғастыр», «Үш сөз ата».

Сонымен қатар балалардың сөздік қорларын дамыту жұмысына ойындарды қолданумен қатар, «Пішіндер көрмесі», «Өрнекті есіңде сақта», «Қиын жолдар», «Суретті жалғастыр», «Биші адамдар», «Көңілді таяқшалар» тәрізді жаттығу тапсырмаларды да пайдаланып отыру өз нәтижесін берді. Бұл аталған жаттығу, тапсырмалар балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамытады.

Жалпы ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады.

Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

Міне, сондықтан да оқу-тәрбие үрдісінде әр түрлі ойындар арқылы баланы жан-жақты дамыту ісіне ерекше көңіл бөлемін және бұл менің ең негізгіалдыма қойған мәселем.

БАЛА ТӘРБИЕСІ-ӘЛЕМДЕГІ ИГІ ІС

Габдуллина Гульжазира Беркінқызы.
«Айналайын» Тоқмансай бөбекжай-балабақшасы,
Алға ауданы, Қайнар ауылы

Қазіргі таңдағы әлемде болып жатқан үлкен өзгерістер ұстаз-тәрбиешілерге (педагогтарға) мынадай міндеттер жүктейді: білімді, саналы, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру. Бала бойындағы қабілеттерді ашып, заман талабына сай құзыретті тұлға ретінде қалыптастыра білсек, бұл мақсатымызға біршама жақындағанымызды көрсетеді. Жас баланың жаңаша ойлауына, дүниетанымының қалыптасуына әлемдік деңгейдегі білімді меңгеруіне, сонымен қатар жаңаша білім мазмұнын игере білуіне жағдай жасап, оны өмірде толық пайдалануына ықпал ету бұл да тәрбиеші мен ата-анаға жүктелген міндет. Үшінші мыңжылдықтың сан түрлі өзгерістері мен қызыққа толы жаңалықтары жас ұрпақты заманға сай дамытып, қалыптастыруға итермелеуде. Баланы тәрбиелей отырып, оған ықпал ететін жаңаша жаңалықтар енгізу, құзыретті ұрпақ қалыптастыру білім беру жүйесіндегі ең өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі кезде кез-келген салада «құзыреттілік» сөзі кеңінен қолданылуда. Бұл сөздің педагогика саласындағы өзіндік анықтамасы мынадай; құзыретті ұрпақ – әлемде болып жатқан әр қилы жаңалықтарға қызыға қарап, тамсанатын, өз ұлтымен қоса өзге ұлттың тілін, дінін, салт-дәстүрін меңгеруге дайын бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған тұлға.

«Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретінде мектепке дейінгі білім беруге баса назар аударған жөн және бұл сатыны олардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға арналған тиімді бағдарламалармен қамтамасыз ету қажет. Әрі балалардың білім алуға, еңбекке және қоршаған ортаға бейімі, қарым-қатынасы нақ осы кезеңде қаланатынын естен шығармауымыз қажет. Сондықтан жас ұрпақтың дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретінде мектепке дейінгі білім беруге баса назар аударған жөн. Ғалымдардың зерттеу нәтижелеріне сүйенетін болсақ, адам бойындағы бәсекелестік қабілет 3-6 жас аралығында қалыптасатынын анықтаған. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» -дейді халық даналығы.

Мектепке дейінгі тәрбие – балаға тәрбие мен білім берудің алғашқы баспалдағы іспеттес. Бұл кезеңде тәрбие мен білімнің негізі қалай қаланса, сол бағыт бойынша кішкентай бүлдіршіннің өмірге қабілеттілік немесе өмірге деген өзіндік көзқарасы жоқ тұлға ретінде қалыптасуы да осы мектепке дейінгі тәрбиеге байланысты. Себебі, үйдің негізі қалай қаланса, үйдің болашақтағы жарамдылығы мен жарамсыздығы соған байланысты болатыны анық. Ұлт болып ұйысып, ел болып еңсемізді көтергенімізде қолға алар ісіміздің өзі ұрпақ тәрбиесі. Қазіргі замандағы ең басты мәселе –бала тәрбиесі. «Әркім өз жолын тауып кететіндей бала тәрбиесі жеңіл нәрсе ме? Деген сұрақ туындайды. ЖОҚ, әрине. «Бала тәрбиесі – өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер.» – деген екен М. Жұмабаев. Тұлғаның білімді болып қалыптасуы, елдің тірегі болуы – тәрбиенің нәтижесі. «Тәрбие-адам тағдырын шешетін ұлы іс» деп, дөп басып айтқан екен Белинский В.Г. Тәрбие – құнды байлық, себебі, жас ұрпақтың тәрбиесі халықтың ең қымбат қазынасы. Балалар тәрбиесіне, келер ұрпақ тәрбиесіне қай кезеңде болмасын, қай ұлтта, мемлекетте болсын үлкен мән беріледі. Тәрбие адамдардың пайда болуымен туындаған. Ол адами қоғамның дамуымен бірге дамып және өмір сүреді. Балаға әсер етудің түрлі әдістері бар, бірақ тәрбиемен кешігуге болмайды. Баланы қалыптастыру мен дамытуда ұлттық тәрбие (халықтық жүйе) үрдісін қолдану, ұлтжанды азаматтарды өсіріп жеткізуге мүмкіндік береді. Халықтық жүйеде қайта тәрбиелеу әдісінің орталығы ата-аналар және жанұядағы басқа ересектер үлгісі. Халық баланың жас ерекшеліктерін және психологиясы туралы білімді ғасырлар бойы зерттеп жинаған. Халық балаға тәрбиені мақал-мәтел арқылы беруді қарастырған. «Бала тәрбиесі – бесіктен» демекші. Баланы халық дүниеге келгеннен бастап тәрбиелеу керек деген. Баланың болашақта қалыптасуы біріншіден үлкендермен қарым-қатынасына байланысты болады. Зерттеуші ғалым-педагогтар және психологтар жылдар бойы бақылаған баланың ойын іс-әрекетіне байланысты бірнеше қорытынды жасады. Көне заманнан келе жатқан таным-түсінік, әдеп-тағылымдарын ұғыну, білу және өмірге үйлесімдерін қажетке жарату – жас ұрпақтың туған халқына деген құрметінің артып және өнегенің рухани түлей түсуіне ықпал етеді. Былайша айтқанда, елінің тарихи өткен жолы мен бұраң бұлтарысы көп болмыс-білімін ұғыну халқына деген сүйіспеншілігі мен патриоттық сезімінің қарқынды түрде жетіле түсуіне әсерлі ықпал етумен қатар, бұл нәтижелі сапаға айналады.

Әрбір жас ұрпақ қай жағынан болсын келісті, тамаша азамат болып қалыптасуы керек. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістерді енгізуді талап етіп отыр.Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек ешқашан қателеспейміз. Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналды.Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі – өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. әрине бұл үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.Тәрбие мен білім – егіз. мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. егемен еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, қазіргі заманға сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – білімді, жан-жақты тәрбиешілердің еншісінде. заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр. Балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолдануға ізденеміз. Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану үздіксіз тәрбие беру мен білім сапасын

арттырады. Жаңа заман баласы – ертеңгі еліміздің болашағы. жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау қажет. Біздің балабақшамызда балаларға үздіксіз білім беруде барлық жағдай қарастырылған. Балабақшада балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығы өте жоғары. Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілері. осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі технологиялары енгізілуде. Мәселен, ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан-дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді.Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиешілердің ұстанымы ауысқан: ол балаларға басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы. мұндай оқыту баланың интеллектуалды қабілеттілігін айтарлықтай шамада анықтайды, балаларға мінезін қалыптастыруға, байланыс тілді, логикалық ойлауды, дүниетанымды дамытуға, сыни ойлауды қалыптастыруға және жеке мүмкіндіктерді беретін дамытушы орта құруға мүмкіндік береді.Мектепке дейінгі шақ адам өміріндегі ең маңызды кезең болып келеді. Өйткені осы кезде баланың бойындағы табиғи бар дарындылық жан-жақты дами бастайды. сондықтан осы шақта балалармен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әрекеттер жүйелі жүргізілсе, жұмыс соншалықты нәтижелі болады. Тәрбиелі, білімді ұрпақ балабақшадан мектепке дайын шәкірт болып шығады.Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы іспеттес. мұндағы тәрбие мен білім балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте жастан дамытады. Бала – болашағымыз, бала – қуанышымыз. Ендеше мектепке дейінгі үздіксіз тәрбиемен, біліммен қамту өзімнің басты мақсаттарымның бірі екенін қуана айта аламын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Баймұратова «Балабақшада оқыту және тәрбиелеу программасы»
Алматы, 1989 – 246 бет.

2. Сәтімбекова М. «Балбөбек бағдарламасы мектепке дейінгітәрбиелеу мен білім беруді жаңарту негізі» Отбасы және балабақша№3 /139/ 2004 – 13 бет.

3. Жұмабекова «Мектепке дейінгі тәрбиенің бүгіні мен болашағы»Отбасы және балабақша №5 /105/ 2004 – 2 - 6 бет.

4. Ережепова У «Баланы тәрбиелеудің басты қағидалары» Отбасы және балабақша №1, 2006 – 22 - 23 бет.

5 .Мағжан Жұмабаев « Педагогика » Алматы « Ана тілі » 1992 ж.

«МАМАНДЫҒЫМ-МАҚТАНЫШЫМ»

Касанова Светлана Турегельдовна
Алға ауданы МҚКҚ « Айналайын» Тоқмансай бөбекжай - балабақшасы

Менің өмірімдегі бақытым жүрек қалауымен балалармен жұмыс жасау, олардың қуанышымен күлкісінен нәр алу. Мен Касанова Светлана Төрегелдіқызы « Айналайын» Тоқмансай балалар бақшасында « Қарлығаш» тобында тәрбиеші болып қызмет етіп келемін. Бала тәрбиесі, оның ішінде балабақшадағы сәбилерді тәрбиелеу үлкен мәртебе.

Ақын ағамыз Мағжан Жұмабаев айтқандай « Тәрбие - адам баласының кәміл жасқа толып, өзіне – өзі қожа болғанша азық беріп өсіру» - деген екен. Сондықтан біз балаларымыздың болашағына, тәрбиесіне көркем әдеби тілділігіне жауапты жандармыз.

Мектепке дейінгі баланың ой өрісі, сөздік қоры, эстетикалық талғамы артып, адамгершілікке баулу арқасында көркем әдебиеттің орны басқаша көрінеді. Мектеп жасындағы балалардың кітап оқи алмайтынын барлығы біледі.

Тәрбиешінің көмегі арқылы, мәнерлеп оқып бергенде ғана бала өзінің миына қондыра алады. Сол себепті де, балабақшаларда балаларға кітап оқуда жеңіл өлеңдер, санамақтар, ертегі, шағын әңгіме, өлең, жұмбақтар, жаңылтпаштар, мақал- мәтелдер беріледі. Балабақшадағы балалар көркем шығармаларды тыңдауға қызығады. Қысқа ертегі, өлең оқып берсем, оны тез жаттап ұғып алады. Жаттау арқылы баланың тілі жетіледі.

Бүлдіршіндерде жақсы- жаман іс-әрекеті жөнінде түсініктер пайда болады. Осыдан сөйлеу тілі жетіле түседі. Тәрбиеші шығармаларды жатқа мәнерлеп айтып беруі керек. Мен өзім шығарманы жатқа айтып беріп, балаларға қызықты етіп жеткіземін, сол кезде бала жалығып кетпейді, себебі бала мені тыңдап отырып, әр сөзді дұрыс айтуға ұмтылады және еліктейді. Мен қай тақырыпта қандай шығарма оқысам да, әңгімелесемде, бақыласамда, әңгімелетіп айтқызсамда әр заттың іс – қимылдың сөздік атауларын бала түсініп ұғып алады.

Көркем шығарманы оқығанда көрнекілік суреттерді қолданамын. Балалар осы сурет арқылы жылдам түсінеді. Суреттерді көрсете отырып, сұрақтар қойып, жауаптар аламын. Ересектер тобындағы балаларға шығармаға байланысты суретті, шығарма оқылған соң берген жақсы, себебі баланың ынтасы сол суретке ауады да, тәрбиеші оқығанда, зейін қоймайтын болады.

Суреттерді қолдана отырып, ойын ойнатуға болады. Ойын үшін суреттер әзірленеді,тәрбиеші ойын ережесін балаларға түсіндіреді. Ойын- балалардың негізгі іс-әрекеті: ойын арқылы баланың тілі дамып, мүмкіндігі, қызығушылығы байқалады. Мысалы « Шаштараз» сюжетті ролдік ойында балалар бір- бірімен сыпайы қарым қатынас жасап, әдептілікке, әдемілікке үйренеді.

Ойында бала өзінің ойының мазмұнын түсінікті етіп жеткізуге тырысады,талпыныс білдіреді. Бала өзіне алған ролдерді дұрыс орындауға, сол кейіпкердің дауыс ырғағын келтіруге, киімін киіп, қимылын көрсетуге, сөзінің мәнерін мәнерлеп жеткізуге тырысады.

Сюжетті ойындар үйренген тілдік материалды бекіте түсуді тамаша жаттықтыру болып табылады. Ертегі болсын, әңгіменің болсын мазмұнын суреттерді қолдана отырып бір тәртіппен жинастырып, топтастыру арқылы баланың байқағыштығы, тапқырлығы, еске сақтауы, сөздерді байланыстырып айтуы, суретке қарап әңгіме құрастыруы көрінеді.

Тобымдағы балалармен аудандық математикалық жобаға « Онға дейін санай алатын Лақ» ертегісін сахналап, жобаны қорытындыладық. Балалар ойындар арқылы білімдерін толықтырды, тақпақтар айтты, логикалық ойлау қабілеттерін дамытты. Ролдерге еніп, ойлау шеберлігін дамытты.

Балалардың тілін дамытатын, ойын дамытатын, сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуін дамытатын тағы бір процесс- ол әр түрлі дидактикалық көрнекіліктер мен жүргізілетін

жұмыстар. « Сен нені қалайсың?», « Танып ал, атын ата» деген дидактикалық ойындарды ұсақ суреттермен ойнатамын. Енді бірде қысқа тақпақтар оқимын. Әрбір мерекелік ертеңгіліктерде біздер балалармен ертегі қойылымын сахналаймыз. Ертегі сахналау барысында ролдерге еніп ойнау шеберлігі шындалады.

Дидактикалық ойын барысында есте сақтау, көру, сезіну, қабылдау, ойлау, сөйлеу процестері дамып әр түрлі қимылдарды орындауға үйренеді. Көрнекіліктердің оқу іс-әрекетінде алатын орны бөлек.

Балалар жаңа білімді мен қалай айтып түсіндіргеннен алады, ал көрнекілік оларды растайды және есте сақтауына көмектеседі. Балабақшада балалардың жан – жақты дамуына жағдай жасасақ баланың өзара қарым –қатынаста қолданатын сөздік байлығы дамып, тілдік қоры дамиды. Мен өзім сөйлегеннен гөрі көбіне баланың сөйлегенін жақсы көремін. Менің көмегіммен бала өз ойын ашық жеткізе алады.

Баланың тілін, ойын дамыту үшін екі талап қажет. Осы талаптың бірі, ең алдымен ата – ана болады. Өз баласының ерекшелігін көріп, оны дұрыс бағалай біліп, біліммен, тәртіппен, еңбекпен ұштастырып отырса, баланың тілі, ойы дамиды. Қажетті жағдай жасап, үйде көп уақытын бөлсе, бала болашағына үлкен пайда болар еді. Ал екінші талап ол біздер тәрбиешілер.

Тәрбиешілер мен отбасылар арасындағы қарым- қатынас бүгінгі таңда ең маңызды міндеттердің бірі болып саналады. Осылай бірлесе еңбектеніп, әрекеттенсек тілі жетік, ой-өрісі кең, балаларды тәрбиелеп, мақсатымызға жететініміз анық.

Әр адам сүйікті мамандығы бойынша жұмыс жасағанда өз мамандығынан рухани күш алып, еңбектің рахатын көреді деп ойлаймын. Сүйікті мамандығы болса атақ-абыройға кенеледі. Әрине, барлық мамандықтар адамнан шеберлікті, қажымас қайратты, еңбектенуді керек етеді. «Ұялмаған әнші болады; Ерінбеген етікші болады»,- деген халқымыздың даналық сөзі бар. Тіпті етікші болсаң да, өз ісіңнің шебері бол.

Менің түсінігімдегі ТӘРБИЕШІ – рухы таза, ой – өрісі биік, шыдамдылық пен табандылықтың үлгісін көрсетуші, қоғамды өркендетуші, жаңашылдық бастаушысы, жүрегі – жылы, көңілі – дарқан адам.Өз бойынан осы қасиеттерді таба алмаған адамның ұстаз-тәрбиеші атануға қақысы жоқ деп ойлаймын.

«Бала жүрегі – кішкентай күйсандық. Ол күйсандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында әр кезде сол кілт жүруі керек» дейді заңғар ақын Мұхтар Шаханов. Жас ұрпақтың білімді де білікті, парасат – пайымы мол, саналы да сарабдал азамат боп жетілуі үшін тәлім мен тәрбие беріп жүргенім менің кеудемде мақтаныш сезімін оятып, өзіме артылған сенім жүгінің салмағын арттыра түседі.

БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУДА ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ РОЛІ

Құрақбаева Бақытгүл Әлиевна
Алға ауданы «Айналайын» Тоқмансай бөбекжай-балабақшасы

Бүлдіршіндердің ой-өрісін дамытуға,қиялын шарықтатып, тіл байлығын дамытуда ауыз әдебиет үлгілері- ертегілер, жұмбақтар,жаңылтпаштар,санамақтар,ұлттық ойындардың тигізетін пайдасы ұшан-теңіз.

Өз тәжірибемде күнделікті балалармен іс-әрекетте халық ауыз әдебиет түрлерін кеңінен қолданамын. Сонымен қатар бала тілін,сөздік қорын молайтуына әртүрлі көрнекі құралдарды түрлендіре пайдаланамын. Б.Момышұлы атамыздың «Ертегісіз өскен бала рухани мүгедек

адам», - деген қанатты сөзі бар. Шынында да ертегі балаларды төзімділікке, еңбекқорлыққа,шыдамдылыққа.батылдыққа тәрбиелейді.

Балалар жағымсыз кейіпкерлердің жаман әрекеттерінен бойларын аулақ ұстап, жақсылыққа құмартады. Ертегінің осындай әр жақты сырын қызықты, тартымды бала санасына лайықтап жеткізу айтушының шынайы шеберлігіне қарай бірнеше түрге бөлінеді. Солардың ішіндегі бастылары:

1. Қиял — ғажайып ертегілері
2. Хайуанаттар жайындағы ертегілері
3. Тұрмыс — салт ертегілері
4. Аңыз ертегілері

Мектеп жасына дейінгі балаларға осы аталғандардың бастапқы екі түрі оқытылады. Ертегілер балалардың жас ерекшелігіне сай жоспарланады.

Кіші топтарда (3 — 4 жас) ауызша әңгімелеп беру тәсілі қолданылады. Ересектер тобында (5 — 6 жас) оқығанды тыңдату мен әңгімелеп беру қатар жүргізіледі.

Мұндағы мақсат – ертегіні әңгімелеуге үйрете отырып, оқылған ертегіні шыдамдылықпен тыңдай білуге үйрету болып табылады.

Халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан, өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы — мақал мен мәтелдер арқылы да беріледі.

Қазақтың мақал — мәтелдері негізінен елдікке, ынтымақ — бірлікке, адамгершілікке, инабаттылыққа тәрбиелейді. Халықтық шығармалар ішінде жұмбақтар үлкен рөл атқарады.

Жұмбақтар баланы байқағыштыққа, тапқырлыққа баулып, ой — қиялын ұштастыруға көп әсер етеді. Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс та, айқын сөйлеуге үйретететін, тілін жаттықтыруға бейімдейтін жанр – жаңылтпаш. Балалар жаңылтпаш арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге, жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс айтуға үйретеді.

Бала тілін дамытуда, ой — өрісін кеңейтуде халық ауыз әдебиетін балабақшада пайдаланудың маңызы зор.

Оқу іс- әрекетінде ертегілерді қолдану арқылы негізгі педагогикалық дәстүр пәнаралық байланысты жүзеге асыруға болады.

Енді ертегілерді орынды қалай қолдануға болады.Мысалы. «Түлкі мен тырна» ертегісі көркем әдебиет оқу іс-әрекетінде осы ертегіні балаларға аудио арқылы тыңдатып өздеріне сол ертегіні саусақ театры арқылы сахналатып .Түлкінің қандай қу аң екенін және ол өзінің досы тырнаға қандай қастық жасағандығын көрсету.Тырнада өзінің есесін жібермей түлкіні қайта қонаққа шақырып , өзіне жасаған қастандығының қалай қайтарғанидығ туралы өздері көрсетті.

Түлкіні сомдау арқылы өздерінің де қызғаншақ болуға болмайтындығын жете түсінді деп ойлаймын.Ең жаман қасиет екендігін көрсетті. Түлкі мен тырна ертегісін аппликация оқу іс-әрекетінде қолданып, қағаздан түлкі мен тырнаны қиып өздері жапсырды.

«Қорегін тап» ойынын ойнату арқылы балаларға аңдар мен жануарлардың немен қоректенетінін түсіндіру.

Ертегі халық ауыз әдебиетінің негізгі бөлімдерінің бірі екенін ескерсек,олардың бала тәрбиесіндегі яғни жас бүлдіршіндерді адамгершілікке,имандылыққа тәрбиелейді.

Мақал -мәтелдер балаларға терең ой салып,көркем сөйлеуге жаттықтырып, сөздік қорын дамытады.Ойлау қабілеттерін арттырады.Тәрбиелі сөздерді есте ақтауға,күнделікті өмірде қолдана білуге қалыптастырады. Бейбіт елде береке бар. (тату болу)

Айтылған сөз атылған оқпен тең (сөзінде тұру)

Синоним сөздерді көп мағыналы сөздерді ажырата білуге бейімдейді.

Халық ауыз әдебиетінің бір түрі – жұмбақтар.

Жұмбақтар — белгілі бір заттар мен құбылыстардың ең негізгі қасиеттерін жұмбақтап айту арқылы баланы ойлауға мәжбүр ететін ой жаттығуы.Бала үшін қоршаған орта жұмбақ

дүниелерге,т үсініксіз оқиғаларға толы. Балалар қоршаған ортаның сырын ашуға,білуге құштар келеді.Баланы ойлауға,жасырған заттың шешімін табуға жаттықтырады..Баланың ұшқыр ойын,ой санасын қызмет етуіне серпін береді.

Жұмбақты шешуде бала ойланады.Әр түрлі заттардың ұқсастықтарымен айырмашылықтары мен салыстырады. Ойланып өз ойларын жеткізеді.Жұмбақ баланың білімін тиянақтау үшін оқу қызметтерінде де кеңінен қолданады. М.Ғабдуллин «Жаратылыс дүниесі,табиғат жайлы еңбек құралдары,хайуанаттар мен өсімдіктер, адам және оның өмірі,өнер,білім,техника т.б. жұмбақтардың басты тақырыбы» деп жұмбақтарды тақырыптарға бөле отырып зерттеген.

Жаңылтпаш — халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс сөйлеуге үйретететін, т ілін дамытатын жанр.

Жаңылтпаш деген аттың өзі жаңылтудан шыққан. Ш.Ахметов өз еңбегінде бұл жанр көбіне мектеп жасына дейінгі балалармен бастауыш мектеп оқушыларына лайықты екендігін атап өткен. Жаңылтпаштар мазмұнында халық өмірінің түрлі қырларын, адамдардың,жануарлар мен жәндіктердің іс-әрекеттерін таныстыратын жақтары жиі кездеседі. Тез айтудың қиындығы да сол жаңылтпаш сөздерін анық айтып, ішкі мәнін аша білуде. Халық ауыз әдебиетінің бір саласы – жаңылтпаш.Жаңылтпаш сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет оқу іс- әрекетінде тыс уақытта сөздің дыбысталуын,дұрыс,тез анық айта білу мақсатында қолданады.

Қиял дүниесінен тараған ғажайып оқиғалы ертегілер, жырлар-өмір тәжірбиесінің қысқаша қорытындысы.

Мақал-мәтелдер,жұмбақтар, жаңылтпаштар бәрі де балабақшада баланың тілінің дамуына әсер етеді. Халық ауыз әдебиеті балалардың тілін дамытуға үлкен үлес қосады деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қазақ этнопедагогикасы- тәрбие бастауы. (әдістемелік құрал Астана 2011ж
2. Ғылыми әдістемелік педагогтік журнал «Отбасы және балабақша»
3.Ш.Ахметов. Қазақ балалар әдебиеті. Алматы, «Мектеп»,

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ДАМЫТУШЫ ОЙЫНДАРДЫҢ РӨЛІ

Молдиманова Гүлнара Хамитқызы
МҚКК Тоқмансай «Айналайын» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаев:«Ойын ойнап, ән салмай өсер бала болар ма?» деп айтқандай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Ойын барысында балалар өздерін еркін сезініп, баланың ойын өсіріп, бойын сергітеді. Үнемі ой саларлық, тілге жұмсақ тақпақтар үйрете отырып, түрлі ойындар ойнау баланың ой-өрісінің дамуына әсер етеді. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған дамытушы ойын – бұл бала үшін ой иелігінен өткен құбылыс, оған бала өз еркімен ойынға қатысып, жаңа тәжірибе алмасып, одан алған білімі оның жеке байлығы болады, сондықтан оны басқа жағдайларда қолдана алады. Алған тәжірибесі балаға өз ойында қолдануға мүмкіншілік беріп, оның шығармашылық ұсынысының дамуы.

Адамның әрекеті екі түрлі болуы мүмкін: іске асыру және репродуктивтік, кіріктірілген және шығармашылық. Репродуктивтік түр біздің есте сақтау қабілетімен тығыз байланысты. Оның түпкі мағынасы бала бұрынғы білімін қайталап, еске түсіреді, сол арқылы бұрынғы

білімін қайталап еске түсіреді, сол арқылы бұрынғы мәселелерін шеше алады. Бұл түр ешқандай жаңа түр болмайды. Оның негізгі бұрынғы білгенін толық және толық емес қайталау болып табылады. Бұндай тәжірибе бала үшін маңызы бар, ол қоршаған ортаға дағдылануды жеңілдетеді, күнделікті дағдыларды пайда болдыра отыра оны біркелкі жағдайларда қайталап отырады. Органикалық жадтың негізгі, репродуктивтік қабілеті өзгереді, бұрынғы өзгерістерді сақтайды. Олардың арақатынасындағы байланысты нығайта түседі. Баланың қиялы мен кіріктірілген жадқа қарсы болмайды, сондай-ақ жаңа сәйкестіктерді іздейді. Бірақ адам жеке жағдайға бейімделе алмаса ол тек бар тәжірибесі мен өмір сүрсе, онда ол қоршаған ортаға да бейімделе алмайды. **Қиял –** бұл барлық шығармашылық жұмыстың негізі. Баланың жалпы дамуы үшін қиялдың маңызы зор. Ерте жастан бастап балалардың ойында шығармашылық үрдіс көріне бастайды. Ойын бала үшін тек қана алғашқы әсер емес, сонымен қатар оның комбинациясы. Қиялдың негізі өте күрделі болып табылады және сыртқы қабылдаулар, баланың тәжірибесінің негізін құрайды. Бұл әр түрлі қабылдау, тапсырмаларды шешу, құбылыстар және тағы басқалар жатады. Оған есту және көру қабілеті де жатады. Ең қиыны қабылдау. Сондықтан тәрбиелеуші баланың қиялын дамыту үшін оған көмек беруі керек. Дамыту ойындарында балаға әдейі қиын жағдайларды тудырады, ол одан шығар жолды таба білу керек. Сол арқылы бала ойлау қабілетін артырады. Дамыту ойындар баланың бойындағы өзін-өзі ұстау және жинақылыққа үйретеді. Бұндай ойындардың шарттары баланың басқалардың ойындағы қателігін көріп өзі жақсы ойнай бастайды. Ақырындап ол дұрыс ойнап, ұстамды болып, әдептілік нормаларын ұғынады. Дамыту ойынның екі аспектісі бар:

1.Танымдық – баланы неге үйреткеніміз келеді, ол үшін қандай тәсілдер қарстырамыз.

2. Тәрбиелік – әріптестіктің түрі, балаға үйрететін басқа адамдармен қарым-қатынас жасау формасы.

Дамыту (жетілдіруші) ойынның мақсаты: нақты білім беру емес, белгілі бір психологиялық қасиеттерді дамыту. Қорытынды: Дамыту ойынында баланың еске сақтау қабілетін арттыру, ойлау қабілетінің жұмыс істеу және т.б., сондай-ақ белгілі бір әрекеттер жасау қажеттілігі, салыстыру, жалпылау, көрген-білгеніне жауап беру және сөйлеу қабілетінің қалыптасуы. Баланың қалыптасуын ойын арқылы және жаттығу, тапсырмалар арқылы қалай анықтауға болады. Баланы мәселесі көп жағдайға әкелу. Оның іс-әрекеті жұмыс барысында өзіндік қанағаттандыруға әкелді, кейіннен ол сұрақтар тудырады, олардың өзіндік танымдық мағынасы болады. Танымдық және білімділік адамның қызықты қабілеттерінің бірі, ол қоршаған ортаға деген қатынасын білдіреді. Танымдылық ол тума біткен талант емес, ол тәрбиелеу мен оқыту барысында қалыптасады, қоғамдық тәжірибе арқылы бала қалыптасады, жалпы білім мен барлығы әсер етеді. Танымдылық пен білімділікті дамыту ол тәрбиешімен балаға байланысты. Танымдық қызығушылықтың қалыптасуына әлеуметтік өмір, басқаның өмір тәжірибесі және жеке тәжірибесі әсер етеді. Танымдық қызығушылық көбінесе өмірдің белгілі бір түріне бағытталады. Танымдық қызығушылық интелектуалды белсенділіктің эмоционалды қатынастарын өзіне қосады.

Д.Ушинский оқуға деген қызығушылықта «қызықты, толық ой» деп атаған. Ол баладан қызығушылық оятып, оның қуанышын бірге бөлісіп жатады. Қызығушылық баланың еңбекқорлығын арттырады, ол ең қызықсыз жұмыстың әрін келтіреді. Танымдық қызығушылық қоғамға деген белсенді қатынасты көрсетеді, сондай-ақ білімді қабылдау немесе жұмысты қиыншылықсыз орындау. Танымдық қызығушылық мүмкіншілігіне қарай мидың жұмыс істеуін қалыптасуының негізі бола алады. Танымдық қызығушылық қалыптасуы толық оқыту үрдісі кезінде және тәрбиелеу барысында жүзеге асады. Білімділікті және танымдық қызығушылық ойды дамыту сабақтарында, ойында, еңбекте және қоғамда қалыптасады.

Оқу барысы кезінде бала өзіне көп назар аударғанды талап етеді. К.Д. Ушинский назар аударуды «Қоршаған ортаға деген қақпа» - деді. Назар аудару оқу барысына танымдық қызығушылықты арттырады. Баланың білімділігін арттыру үшін жұмбақ жағдайды да қолданады. Бірақ балалардың танымдық қызығушылыққа деген қызығуы кей жағдайда жоғалады, сондықтан мен бір бағыттық жаттығулар. Басты шарт оның динамикалық білімді және дамытушы ойындарды жалғастыру болып табылады. Дамытушы ойындар арқылы баланың қызығушылығын арттыру, балаларды ойлануға әкеп соқтырады, ой елегінен өткізу жұмбақтарды шешу. Балалар алдына маңызды тапсырма қойып, оны шешу жолы: салыстыру, ақылға салу, еске түсіру.Тәрбиелеуде ең маңызды мағына «нәтижені тосу» болып табылады. Бұл нәтиженің жобасы баланың ойы мен қабілетінің артуына ықпал етеді. Ақырындап балаларда өз еркімен мақсат қойып, одан нәтиже алу қабілеті қалыптасады. Шығармашылық ойының дамуы, қалыптасуы басты негізінде білімнің артуы арқылы жүзеге асады. Ол тәрбиешінің тікелей қатысы арқылы жүзеге асады. Ол тәрбиешінің тікелей қатысы арқылы жүзеге асады. Танымдық қызығушылықтың негізгі тәрбиесі, ол тәрбиешінің жарқын ойлары мен оның бала тәрбиесіндегі белсенді тәсілі. Дамыту ойыны барысында баланың есте сақтау қабілетін арттыру, болып табылады және оның ойлау қабілеті жұмыс істей бастайды. Күнделікті талдау, салыстыру, жалпылау, көргеніне жауап беру және қорытынды жасау, сондай-ақ сөйлеу қабілеті қалыптасады. Дамыту ойында баланың шығармашылық қабілетін дамытады.. Тапсырма жағдай жасайды, ол қабілеттерінің дамуынан асады. Ерікті шешімді іздеуге жағдай табады, бала оңай тез дамиды. Дамыту ойындар мағынасына қарай көп түрлі, қинағанды ұнатпайды және жағымды атмосфераны құрады және де көңілді шығармашылықты жасайды. Мектепалды даярлықта балаларды ұлттық тәрбиеге баулуды дамытушы орта арқылы қалыптастыру тақырыбында біз дамытушы ортаны дұрыс қалыптастыру мақсатында мектепке дейінгі жастағы балаларды ұлттық тәрбиеге баулудың ерекшеліктерін зерттедік. Балалық шақта берілген білім бүкіл өмір бойына қалады және белгілі бір көзқарас қалыптасады. Тәрбиеші келешек Отанының патриот азаматын тәрбиелейтін болғандықтан, оған өз ұлтының салт-дәстүрлерін, ұлттық аспаптарын, халық ауыз әдебиетін, ою өрнек, нақыштарын, ұлттық кәсіпкерліктің қыр-сырлары жайлы біліммен таныстырады. Кез келген тәрбие бастауы баланың тілін дамытумен тікелей байланысты. Демек, халық ауыз әдебиетінің бұл жерде алар орны ерекше. Ол үшін балабақша топтарында дидактикалық материалдар орталығы, кітаптар бұрышы ұйымдастырылады. Бала бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін түрлі макеттерді, құралдарды, заманауи технологияларды пайдалануға болады.

Мектепке дейінгі мекемелердегі заттық ортаны ұйымдастыру әр тәрбиешінің шеберлігіне байланысты. Егер заттық ортаны қозғалмалы етіп ұйымдастырса, баланың қалауын есепке ала отырып, оның орнын ауыстырып отыруға болады. Ұлттық би элементтерін не ән, күйлерін таныстыру жұмыстарын арнайы ән-күй залында өткізер болса, онда құрал-жабдықтарды көшіру тиімді болмақ. Заттық-дамытушы ортаның тағы бір ерекшелігі — оның сан алуандығы. Кіші сәбилер тобынан бастап ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта ересек топқа дейін толықтырылып отырады. Тәрбиеші міндетті түрде сол топтағы тәрбиеленуші балалардың жас ерекшеліктерімен қатар, психологиялық ерекшеліктерін, танымдық қабілеттерін, қызығушылықтарын есепке алып отыру қажет. Себебі әр баланың мінез-құлық ерекшеліктеріне сәйкес сан түрлі шығармашылық істерге бейім болады. Балабақшада заттық- дамытушылық орта белгілі талаптарға жауап береді: бұл, бәрінен бұрын, баламен тақырыпқа, ойын желісіне, сол немесе басқа ойыншықтарға, ойынның орны мен мерзіміне еркін жету.

Әдебиеттер тізімі

1. Данашева А. Заттық-дамытушы ортаның ұйымдастырылу тәртібі // Бастауыш мектеп. — — № 10. — 14 б.
2. Петровский В.А., Кларина Л.М., Смывина Л.А., Стрелкова Л.П. Построение развивающей среды в дошкольном учреждении. — М.: Новая школа, 1993. — 346 с.
3. Нұсқабаев О. Мектеп — жас ұрпақты әлеуметтендіру институты. — Алматы: Қазақстан, 1997. — 156 б.
4. Мудрик А.В. Социализация и смутное время. — М.: Просвещение, 1995. — 250 с.
5. Крылова Н. Детский сад — дом радости. — СПб.: Библиотека для воспитания, 1992. — 144 с.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Тұрмағамбетов Талғат Үмбетұлы
«Айналайын» Тоқмансай бөбекжай-балабақшасы музыка жетекшісі

Біздің қоғамымыздың жас мүшесінің нағыз адамзаттық дәйекті көзқарасының қалыптасуы тек білімге ғана негізделмейді, оған қоса өзінің сезім түйсігінен, ар-ожданының елегінен өткен, ақыл-ой қызметі қажет. Ол жерде өнердің алатын орны ерекше. Демек, біз өнер бұлағынан сусындаған ата-бабаларымыздың, өнер әлеміндегі ірі-ірі тұлғалардың ғасырлар бойы жинаған бай тәжірибесінің арнасын одан әрі кеңейтіп дамытуымыз керек. Яғни, дүниежүзілік ғылыми қауымның ескі мәдени мұралары мен дәстүрлері жоғалмай тұрып, оны сақтап қалу және оны одан әрі дамыту мәселесін алға қою өте орынды.

Баршамызға мәлім, бала дүние есінін ашқаннан бастап, анасының әлдиіне бөленеді. Мұның өзі, бала бойындағы алғашқы музыкалық қабілеттің қалыптасуына өз әсерін тигізеді. «Туғанда дүние есігін ашады өлең», - деп данышпан Абай жазып кеткендей, бала шыр етіп жерге түскеннен бастап өмір бойы ән ырғағына бөленіп жүреді. Нәрестенің дүниеге келуімен байланысты ырымдар: «Шілдехана», «Бесікке салу», «Қырқынан шығару», - бәрі де ән, өлеңсіз өтпейді. Бесік жыры барлық халықтарда бар. Оның түп тамыры тереңнен бастау алып, алғашқы қауымдық дәуірмен ұласады. Әуел баста ыңылдаған әуен ырғағында келетін бұл әннің алдымен музыкалық сазы пайда болған да, кейінірек мәтіндер қосылып, бас-аяғы бар шығармаға айналады. Әуендік- интонациялық құрылымы, ырғақтық-өлшемдік жағынан бесіктің тербелісіне сай бірқалыпты сарында үнделеді. Құлаққа жағымды әуен мен мағыналы сөздері бар бұл әндердің балаларға берер тәрбиелік мәні зор.

Ұрпақ тәрбиесін дүниежүзілік құндылықтар негізінде жетілдіру, қазіргі педагогика ғылымының алдында тұрған ауқымды істердің бірі. Әрбір жас ұрпақтың жеке тұлғалық сапалары жан-жақты дамыту жаңа мектептің басты мақсаты болып табылады. Қазіргі мектептерімізде жеке оқушы рухани құндылықтарға,көркем шығармашылық әрекеттерге тарту басым бағыт алуда.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбиесінде, оның жан жақты ,білімді болып өсуі үшін аса маңыздылықты қажет етеін –музыкалық тәрбие.

Музыкалық тәрбие, эстетикалық тәрбие – сұлулықты, көркемдікті сезінуге баулу, сезініп қана қоймай, оны өз бойына қалыптастыра білудің әдет-дағдыларын меңгеру. Бала музыканы тыңдап, әнді, ойынды, биді көз алдына елестете отырып, өзінше қабылдайды. Мысалы, бала салтанатты адымдап келе жатқан сарбаздарға, маң-маң басқан аюға, үркек қоянға, тағы да басқаға тән бейнелі қимылды іздейді және оны өзі орындайды. Музыка баланың сезімдеріне

тікелей әсер етеді. Олардың музыкаға деген көзқарасы қалыптасып, есту қабілеті жетіле түседі (шығармашылық елестету сезімі пайда болады). Музыканың ықпалы кейде үгіттеуден, нұсқаудан анағұрлым күшті болады. Музыканы қабылдау ақыл- ой үрдісімен де тығыз байланысты, яғни музыка арқылы балалардың дыбыс үніне зейіні, байқағыштығы, тапқырлығы жетіледі.

Баланы эстетикалық және ақыл-ой тұрғысынан жетілдіре отырып, оның қабылдау және көз алдына елестету қабілетін, қиялын жандандырып, барынша демеп, қолдап отыру керек. Баланың эстетикалық тәрбиесі олардың қабылдаушылық, байқағыштығының, сөзінің, қоршаған орта туралы түсініктерінің кеңеюінің дамуымен тығыз байланысты. Егер сәби шақтан бастап оларды қоршаған орта жағдайының әдемілігіне, табиғатқа, іс- әрекетке, сүйіспеншілікке дұрыс тәрбиелеген жағдайда, өмірінің екінші жартысындағы балалар әдемілікті одан да күшті түсініп, сұлулықты сезінетін болады. Оларға өлең, күлдіргі сөз, музыка тыңдау және қайталау ұнайды. Олар жақсы көйлекке, бантикке, гүлдерге қызығады.Сәбилік шақтағы балаларға эстетикалық құралдардың бірі — музыка болып табылады. Ол 3-4 айлық кездің өзінде-ақ бала тарапынан эмоциялық қостау туғызып, өнердің басқа түрлерінен бұрын қабылданады. Қарапайым сазды музыка баланың музыкалық қабылдуын оятып, оны тамаша дүниеге жетелейді. Музыкалық тәрбиенің негізгі міндеттері — балаларға қуаныш әкелу, музыкаға деген сүйіспеншілік егу, оның қабылдау қабілетін (есту, есте сақтау, ырғақ сезімі) дамыту мен оған белсенді үн қосуға ынталандыру, музыкамен қимылды, биді және ойынды байланыстыру.

Музыка оқу қызметі — ән тыңдау, ән айту, музыкалық ырғақты қозғалыс, балалар музыкалық аспабында ойнау, әуенді ойын бөлімдерінен тұрады. Түрлі де қызықты музыкалық аспаптар балалардың музыка оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттырып, есте сақтау, зейінді болу қабілетін дамытып, балалардың ұяңдығы ашылып, ән сабағына деген қызығушылықтары арта түседі. Өмірінің бірінші жылында басталған музыка тыңдау жөніндегі жұмысты жалғастыра отырып, музыка жетекшісі 1,5 жастағы баланың көп отыра алмайтындығын ескеруі қажет. Осыған байланысты музыка ұйымдастырылған оқу қызметі ойын ретінде өткізіледі. Ұйымдастырылған оқу қызметі ән тыңдау бөлімінде балалар жаңа көңілді әнді тыңдағанда қимыл жасап, билей бастайды. Бұл көңілді әуен балалардың қуанышты сезімдерін арттырып, көтеріңкі көңіл күйге түсіреді. Одан әрі балалар өздерінің үйренген әндерін орындап, қимылмен қайталайды. Оқу қызметінің ән айту бөлімінде музыка жетекшісі баланың қосылып айтуына да, жеке айтуына да оңай тиетін әндерді іріктеп алуы керек. Әннің мазмұны мен әуені қарапайым болуымен бірге сөзінің дыбыстық құрылымы қабылдауға жеңіл болуы керек. Мысалы: әуені де, сөзі де қарапайым «Қошақаным» әніне қосылып айту балаларға оңай, әрі қызықты да қарапайым болған кезде, оны тез меңгереді.

Бала денсаулығының дамуында мерекелік ертеңгіліктерді өткізіп тұрудың маңызы зор. Ертеңгіліктер бала сезіміне әсер ету құралы ретінде өнер мен көркемдік іс-әрекеттерінің түрлерін біріктіреді. Жақсы әзірлік, ертеңгілік жоспары, дұрыс ұйымдастыру — осының бәрі мерекедегі әр баланың көңіл күйі мен мінез-құлқы, өнердің әр түрлерінің ықпал ету сапасын анықтайды. Мерекелік ертеңгіліктер — балаларға арналған қуаныш болғандықтан, көпке дейін есінде сақтайтын әсерлерінің қайнар көзі. Жақсы ән мен музыка — жан азығы. Сазды, ырғақты жан тербетер ән, музыка тыңдаған сәби ерекше қуанышты күйге бөленеді. Сөйтіп организмде қан айналу, зат алмасу процесі жақсарады. Музыка көңілді көтереді, бойды сергітеді.Тартымды да мәнді музыка дертке де шипа, ауыр ой еңбегінен кейін бірер сағат сазды музыка тыңдаңыз, сонда ғана сіз музыканың құдіретті күшін ұғасыз, өзіңіздің қалай тез тыныққаныңызды білмей де қаласыз. Атақты биолог, ұлы ғалым Чарльз Дарвин қартайған шағында: «Егер маған екінші рет өмір сүруге тура келсе, ең болмағанда аптасына бір рет поэтикалық шығармалар оқу мен музыка тыңдауды әдетке айналдырар едім, сонда миымның қазір семіп қалған бөліктері өзінің өміршеңдігін сақтаған болар еді» деп жазған екен.

Әлдилеген әнінен күмбірлеген күйіне дейін тұнып тұрған ұлттық сана-сезім бояуы сіңген өнер құдіретіне ештеңе тең келмес. Халқымыздың тыныс-тіршілігі, болмысы баяндалып, ұлтымыздың өткені мен келешегі бейнеленетін өңі тозбас өнеріміздің өрісі кеңи беретініне еш күмән жоқ.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Аймағамбетова Қ, Әлімқұлова Э. Педагогикалық үрдісте оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту // Бастауыш мектеп. – 2003. – 10. -25 – 26.
2. Алдамұратов Ә. Қызықты психология / Алматы. «Қазақ университеті». – 1992. – 215.
3. Ахметов Ж. Балаларды шығармашылыққа баулу жолдары // Қазақстан мұғалімі. – 1996. - № 5. – 15 – 16.
4. Жампиісова. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулу //Бастауыш мектеп. - № 5. – 2006. – 22-25б.
5. Мухина В.С. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы / Алматы. «Мектеп». – 1986. – 187.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДАМУ БАСЫМДЫЛЫҒЫ

Жақыпова Гүлжаухар Саятханқызы
Алға ауданы, «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасының тәрбиешісі

Сөйлеу және ойлау қабілетінің дамуы. Бала сөйлеу арқылы ойлау қабілетімен қатар өзінің психикасын да дамытады. Сөз бен ой қатар жүреді. Екеуі бір – бірімен байланысты. Дегенмен, екеуінің арасында алшақтықта болуы мүмкін.

Кейбір ұстаздарда «жөнді сөйлей алмаған баланың ақыл-ойы дұрыс дамымаған» деген қате пікір бар. Ол дұрыс емес. Жөнді сөйлей алмаған бала күндердің күнінде сөйлеп кетуіде мүмкін, немесе керісінше, жақсы сөйлеп жүрген баланың бір нәрсенің әсерінен нашар сөйлеуі немесе тілі байлануы мүмкін.

Егерде баланың тіл мен ойлау қабілеті төмен болса, ондай балалар психикалық тұрғыда нашар дамиды. Осыдан барып ақыл – ойы нашар дамиды.

Ақыл – ойы кем баланың ми құрылысы зақымданған. Мұндай балалаларды да білуге болады.Ол аздаған ақыл – ой кемдігінен бастап есуастыққа дейінгі аралық. Баланың мұндай болуы көп жағдайға байланысты. Мәселен, нәсілдік жолмен келуі, анасының құрсағынан пайда болған кемістік немесе дүниеге келгенде қиналып босанудан, болмаса түрлі жарақаттан, аурудан пайда болуы.

Бірақ туа біткен ақыл – ой кемістігінен туғаннан кейінгі кемістікті жойып, ақыл – ойды жетілдіруге болады.

Осындай балаларға арналған арнайы мектептер бар. Сол ортада мұндай балаларөзін еркін ұстай алады,дамиды.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың зейіні, еске алуы, есіне сақтауы еріксізден еріктіге,көрнектіден мазмұнды ойға,сөзге қарай дамиды. Әсіресе түрлі – түсті заттар, есте сақтауға болатын қимыл – қозғалыс немесе есте қалатындай сөздер, яғни көрген нәрсені сөйлеу арқылы бекіту.

Ұстаздардың, ата – аналардың кемшілігі – баланың ес, зейін, сөйлеу, жеке ойлау қабілеттеріне мән бермейді. Ересектер баланың сөзін қызықтай отырып әрі дамытпайды. Керісінше, кішкентай баланың сөзін қызықтай отырып, баланың сөзін қайталаумен, кекетумен

шектеледі. Ересектер кішкентай баланың сөздік қорын байытып, ойлау қабілетін тереңдетуі тиіс. Сонда ғана зейін мен ес қалыпты дамиды.

Еріктің дамуының бірнеше жолдары бар. Олар:

- ересектердің талабын орындау;
- өздерінің іс- әрекетін ересектердің іс- әрекеттерінен бөліп қарау;
- ересектердің іс- әрекетін үлгі ретінде қабылда;
- ересектерге еліктеу;
- өз іс-әрекетіне баға бере алу,жақсы мен жаманды ажырата білу;
- қоршаған әлеуметтік ортамен қарым – қатынас жасай алу.

Бала кездесетін кедергілерді жеңуге талпынса, жеңе білсе,онда баланың қалыптасуы дұрыс дамып келеді деуге болады. Ал ол кедергіні жеңуден қашқақтаса, онда жалтақ, «ауырдың үстімен» жүретін адам болып өседі. Жігерсіз немесе ерке болып өскен баланың болашағы бұлыңғыр. Ондай балаларда ерік дұрыс дамымайды. Қиқарлық ерікке жатпайды. Қиқарлық пен жігерлілік бір түсінік емес.

Бұл жастағы балаларды артық мақтаудыңда,жазалаудың да керегі жоқ. Артық мақтасаң бала дандайсып кетеді де, жеңіл мінезді болып, ал артық жазаласаң жасқаншақ , тұйық болып өседі. Бұл екі жағдайда да эгоист, өзімшіл, ортамен есептеспейтін адам болып өседі.

Мұндайдан аулақ болу үшін ересектерге мақтауды да, жазалауды да өз уақытысында, өз орнында қолданған дұрыс. Әр нәрсенің өз орны бар. Бірақ ауру бала мен сау баланы шатастырмау керек. Жүйкесі ауру баланың дөрекілігіне кешірімді болып барып, тәрбиелеу керек болса, сау балаға тікеле» тәрбиенің керекті әдістерін қолдану қажет. Осы әдістіқолдануда баланың жеке ерекшелігін ескерген жөн.

Іс – әрекет, қылықтарына өзінің баға беру кезеңдеріне сәбидің өзінің іс – әрекет, қылықтарынаберген ересектердіңбағасын түсінбеуі, жақсымен жаманды ажырата алмауы жатады. Өсе келе біртіндеп сондай іс – әрекет, қылықтарға ересктердің берген бағасын түсіне бастауы. Жаман мен жақсыны ажырата білу. Өзінің ішкі жан дүниесін бағалай білуіде жатады.Баланың өзінің жан дүниесін, іс – әрекет қылығына бірлей бағалай білмей өсуі оны жақсы жолға апармайды.Ол оны жарға соқтыпады.

Ал өзін дұрыс бағалай білмитін, өзін басқадан кем санайтын бала ынжық, әперқанның жемі, көрінгеннің жетегіндежүретін бала болып өседі. Бұлда жақсы қасиет емес.

Сонымен мектепке дейінгі жастағы балалардың іс-әрекет, қылығына қарай баға беруін екіге бөлугеболады.

Бірінші, өз іс – әрекет,қылығын артық бағалау. Бұл эгоисттікке, өзімшілдікке, еркеліікe, менмендікке соқтырады.

Екінші, өз іс- әрекет, қылығын кем бағалау. Бұл ынжық,өз ойын айта алмайтын бос кеуде етіп өсіреді.

Осының екеуіде дұрыс емес. Сондықтан ересектер баланың жас кезінен бастап, оның дамуын, қалыптасуын қадағалап, баланың өз іс әрекет,қылық оқыс мінезіне өзінше әділ баға беретіндей етіп тәрбие бере алатындай етіп тәрбиелеу қажет. Мақсат – баланың өзін жаман демей,оның істеген ісіне баға беретіндей ету.

Баланың алғашқы адамгершілігі туралы түсінігін қалыптастыру - жаман мен жақсы, әсемдікпен көріксіздік, сыпайылықпен дөрекілік сияқты қарым - қатынастылыққа түсінік беру, іс – әрекетін ол қарым – қатнасты ажырата алудан басталады.

Мұндай түсініктер:

- ересктердің баға беруі арқылы;
- нақты іс-әрекет,қылық, мінез көрсету кезінде;
- немесе баланың өз ісіне немесе жолдастарының ісіне баға беру арқылы қалыптасады.

Жас балалалардың нақты бір жақсы мен жаманды, көріктілік пен көріксіздікті ажырату көп жағдайда нақты үлгі арқылы жүргізеді. Мәселен «аяу», «біреуге көмек», «біреумен бөлісу» жақсы көріп бір затын сыйлау.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Мұсаева Сәуле Адамбекқызы «Жас ерекшелік педагогикасы»

БАЛАБАҚША ТӘРБИЕШІСІНІҢ БАЛАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУІ

Кангожина Нурсулу Танжарбаевна
Алға ауданы, «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасының әдіскер- тәрбиешісі

Балаларды зерттеуді тек ғалымдар - психологтар ғана жүргізбейді.Балабақшаның әрбір тәрбиешісі өз түлектерін зерттей білуге, олардың даму ерекшеліктерін қадағалауға тиіс. Балаларды тәрбиешілердің зерттеуіңің ғылыми – психологиялық зерттеуден айырмашылығы бар.Тәрбиешінің алдына койған мақсаты бөлек: ол баланың психикалық дамуының жалпы заңдылықтарын белгілемейді, оның орнына өзіне жеке жол табудың тиімді әдісін іздестіруге мүмкіндік беретін әрбір баланың дара психологиялық ерекшеліктерін анықтайды.

Соған қарамастан баланы зерттеудің тәрбиеші пайдалануға болатын әдістер ғылыми- психологиялық зерттеу әдістеріне ұқсас болады.

Тәрбиешінің балаларды зерттеуді ойдағыдай жүргізуінің негізі шарты – балалардың психикалық дамуының жалпы заңдылықтарын аңық білу, дамудың себептері мен шарттарының жас шағына байланысты кезеңдерін білу.Бұларды білу тәрбиешіге неге, баланың қандай қылығына алдымен қөңіл аудару керектігін көрсетеді, әр балаға қай тұрғыдан келуді үйретеді , жекелеген балалардың дамуындағы кейбір ауытқушылардың себептері туралы болжам жасауға және осы ауытқушылықтарды жоюға бағытталған тәрбиелік әсер етудің жолдарын қарастыруға мүмкіндік береді.

Тәрбиеші үнемі балалардың арасында болғандықтан, оларды табиғи жағдайда зерттей алады, өйткені оның болуы сәбилер үшін үйреншікті нәрсе болып көрінеді де, олардың әдеттегі іс- әрекетің бұзбайды. Әрине , тәрбиеші әлдебір баланы әдейі зерттейтін демесе де, оның мінез- құлқындағы көптеген нәрсені байқайды, сөйтіп ол жөнінде белгілі бір пікірге келеді. Дегенмен , арнайы зерттеулер мұндай пікірдің жартылай ғана дұрыс болатынын көрсетіп отыр. Топтағы балалардың барлығының немесе тіпті бірнешеунің мінез –құлқын бірден зерттеу мүмкін емес . Жақсы иәтижелерге қол жеткізу үшін тәрбиеші белгілі мерзімде (ең болмаса бірнеше күнге) бүкіл назарын бір балаға аударуы керек.

Баланы ойдағыдай зерттеудің міндетті шарты алдына айқын мақсат қою болып табылады. Егер тәрбиеші бала дамуын жан жақты білгісі келсе, онда бәрін бірден емес,бір-бірлеп зерттегені дұрыс. Мәселен, алдымен баланың әуестенетінің, сонан соң оның басқа балалармен қарым –қатынасының ерекшеліктерін, кейінірек оның зейінінің, ойлауының және т.б, даму дәрежесін зерттеуге болады.

Балаларды балабақша жағдайында зерттеу өзара байланысты әдістермен- бақылаулар жасаумен, іс –әрекеттердің нәтижесін зерттеумен, әңгімелесумен- бір мезгілде жүргізеді. Бұл әдістерді бөліктеу; алдымен баланы тек қана бақылау, содан соң оның психологиялық ерекшеліктерін экспериментпен аңықтау үшін арнайы жағдай жасау, осылардан кейін барып әңгімелесу дұрыс болмас еді.

Бақылау балаларды балабақшада зерттеудің негізі болып табылады.Бақылаудың барысында баланың іс –әрекетін , айтқан сөздерін мүмкіндігінше жазып отыру керек. Онда мына тәртіпті сақтау-бала мінез – құлқының шын мәніндегі белгілерін тәрбиешінің қорытындысынан ажырату – керек.Тәрбиеші бақылаудың нәтижесін өне бойы табан аузында жазып отыра алмайды, бірақ оны мүмкіндігінше тез, ең болмағанда сол күні жазуға тырысу керек.Бақылаудың әр түрлі жағдайда - оқу қызметінің үстінде, емін – еркін серуендеу кезінде, режимдік сәттерді орындау кезінде – жүргізілгені дұрыс, өйткені өзін әр түрлі жағдайда көрсетеді.

Бақылау процесіне эксперимент әдістері де енгізілуі мүмкін. Мәселен , баланың қабылдау, ойлау, есте сақтау қасиеттеріне даму дәрежесін аңықтауға ұмтылып тәрбиеші оларды заттардың формасын, түсін талдауды немесе ойлап шешуді қажет ететін дидактикалық ойындарға тартады, оны орындау үшін сөздің, іс –әрекеттердің кезектілігін есте сақтау қажет болатын және т.б. тапсырма береді.Қиялдау, жатырқамау, басқа балалармен қарым-қатынас орната білуді дамытуды зерттегенде баланы құрбыларының сюжеттік-рольдік ойындарына қосуға, оған ойынның белгілі бір ролін атқартуға болады. Тәжірибе оқу қызметі үстінде бүкіл топқа берілетін тапсырма ретінде де жүргізілуі мүмкін.

Бақылау процесінде сұрау элементтері де қолданылады. Балаға берілетін сұрақтар оның осы кезде орындап жатқан іс- әрекетіне байланысты болғаны абзал. Әңгімелесуді өзіндік «шараға» айналдыруға болмайды. Баланың жауабы ол туралы білетініміздің негізі бола алмайды – олар бақылаудың көмегімен алынған мәліметтерді нақтылай толықтыра түсуге тиіс. Егер балаға өзі жайлы оның іскерлігі немесе сапасы туралы («Сен ойнай білесің бе?», «Машинаны ұнатасың ба?», «Өзің батылсың ба?») сұрақтар берілсе,жауабын, ешқашан шынында ол сондай екен деп қарамай, баланың өзі жөнінде не ойлайтыны туралы көрсеткіш ретінде ғана ескеру керек.

Тек балабақшадағы зерттеудің мәліметтерімен шектелсек, баланың дамуы жайлы қажетті мөлшерде толық түсінік алуға болмайды.Сондай – ақ ата –аналарынан мұқият сұрау арқылы баланың жанұядағы тәрбиесімен , мінезінің ерекшеліктерімен де танысу қажет.

Баланың дамуын зерттеудіәң нәтижесі психологиялық мінездеме болып табылады.Тәрбиеші оны толтырған кезде бала психологиясынан тарайтын дамудың әр жағының жіктелуін пайдалануы тиіс.

Балаларды балабақшада зерттеуде балаларды зерттеудің көпшілік әдістері –тестер әдісі мен әлеуметтік өлшем әдісі белгілі роль атқарады.Алайда, оны пайдалану міндетті түрде маман – психологтар басшылығын талап етеді.

Әдебиеттер тізімі:

В.С. Мухина «Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы»

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ДИДИАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Нагиева Гульназ Каршыгаевна
Алға ауданы, «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасының тәрбиешісі

Ойын барысында бала физикалық дамиды, қиындықтарды жеңуге үйренеді. Ол тез тапқырлықты, бастаманы тәрбиелейді.

Әрбір ата-ана болашақта қоғам өмірінде лайықты орын алуы үшін баланың ақылды, тәуелсіз болып өскенін армандайды.Балалар Басқа іс-шаралар сияқты ойындарда тәрбиеленеді. Балалардың дидактикалық ойындарының арқасында баланың қоршаған әлем туралы идеясы кеңейеді. Олар балада байқағыштықты дамытады, осанн түс, пішін және мөлшер сияқты заттардың сипаттамалық белгілерін анықтауға және ажыратуға үйретеді. Ойын барысында балалар объектілер мен болып жатқан оқиғалар арасындағы қарапайым байланыстарды табуды үйренеді.Осы немесе басқа ойын рөлін орындай отырып, олар өздерін болашаққа, ересектердің маңызды өміріне дайындайды. Балаға арналған ойын уақыт машинасы деп айта аламыз: ол осанн бірнеше жылдан кейін өмір сүруге мүмкіндік береді.

Дидактикалық ойын балалардың дамуы мен тәрбиесіне баға жетпес үлес қосады. Оның арқасында сіз баланың жалпы дамуына әсер етіп қана қоймай, оның мінезін сәтті реттей аласыз.

Мектепке дейінгі тәрбие теориясы мен практикасында дидактикалық ойындардың келесі жіктелуі бар:

а) ойыншықтармен және заттармен;

б) соншалықты басылған;

в) ауызша.

Жаңа ойындарды біртіндеп енгізу керек. Олар балаларға қол жетімді болуы керек және сонымен бірге белгілі бір күш-жігерді талап етуі керек, олардың дамуына және өзін-өзі ұйымдастыруына ықпал етуі керек.

Дидактикалық ойындардың өзіне тән белгілері-оларды ересектер балаларды оқыту және тәрбиелеу мақсатында жасайды. Алайда, дидактикалық мақсатта құрылған олар ойын болып қала береді. Бұл ойындардағы баланы, ең алдымен, ойын жағдайы қызықтырады және ойнай отырып, ол дидактикалық мәселені тыныш шешеді.

Әр дидактикалық ойынға бірнеше элементтер кіреді, атап айтқанда: дидактикалық тапсырма, мазмұн, ережелер және ойын әрекеттері. Дидактикалық ойынның негізгі элементі-дидактикалық тапсырма. Ол сабақ бағдарламасымен тығыз байланысты. Барлық басқа элементтер осы тапсырмаға бағынады және оның орындалуын қамтамасыз етеді.

Дидактикалық тапсырмалар әртүрлі. Бұл басқалармен танысу (табиғат, жануарлар мен өсімдіктер әлемі, адамдар, олардың өмірі, жұмысы, қоғамдық өмірдегі оқиғалар), сөйлеуді дамыту (дыбысты дұрыс айтуды бекіту, сөздікті байыту, үйлесімді сөйлеу мен ойлауды дамыту) болуы мүмкін. Дидактикалық есептер қарапайым математикалық түсініктерді шоғырландырумен байланысты болуы мүмкін.

Дидактикалық ойындардың мазмұны қоршаған шындық (табиғат, адамдар, олардың қарым-қатынасы, өмірі, жұмысы, қоғамдық өмірдегі оқиғалар және т.б.).

Әдетте, ойынның жоспары оның атауымен көрінеді.

Дидактикалық ойында үлкен рөл ережелерге тиесілі. Олар әр баланың ойында не және қалай істеу керектігін анықтайды, мақсатқа жету жолын көрсетеді.

Ережелер балалардың ингибирлеу қабілеттерін дамытуға көмектеседі (әсіресе мектепке дейінгі жаста). Олар балаларда ұстамдылық, мінез-құлқын басқару қабілеттерін тәрбиелейді.

(Мектеп жасына дейінгі балаларға тәртіпті сақтау өте қиын. Әркім бірінші болғысы келеді. Бірақ бірге ойнауға және ойнауға деген ұмтылыс бірте-бірте бұл сезімді бәсеңдетуге, яғни ойын ережелеріне бағынуға мүмкіндік береді.)

Ойын әрекеттерінің арқасында сабақта қолданылатын дидактикалық ойындар оқуды қызықты, эмоционалды етеді, балалардың ерікті назарын арттыруға көмектеседі, білім, Дағдылар мен дағдыларды терең игеруге алғышарттар жасайды.

Дидактикалық ойындар балалардың психикалық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді: назар, есте сақтау, байқау, тез ойлау. Олар балаларға бар білімдерін әртүрлі ойын жағдайларында қолдануға үйретеді, әртүрлі психикалық процестерді белсендіреді және балаларға эмоционалды қуаныш сыйлайды.

Ойын балалар арасындағы дұрыс қарым-қатынасты тәрбиелеудің құралы ретінде қажет. Онда бала жолдасына сезімтал қарым-қатынас жасайды, әділ болуды үйренеді, қажет болған жағдайда жол береді, қиыншылыққа көмектеседі және т.б. сондықтан ойын ұжымшылдықты тәрбиелеудің тамаша құралы болып табылады.

Дидактикалық ойындар көркемдік тәрбиеге де ықпал етеді-қимылдарды жетілдіру, сөйлеудің экспрессивтілігі, шығармашылық қиялдың дамуы, кескіннің жарқын, жанды берілісі.

Дидактикалық ойындар-бұл балаларды ақыл-ой мен моральдық іс-әрекеттегі әртүрлі қиындықтарды жеңуге үйретудің таптырмас құралы. Бұл ойындар мектеп жасына дейінгі балаларға үлкен мүмкіндіктер мен тәрбиелік әсерді жасырады.

Дидактикалық ойындарды дұрыс жоспарлау үшін, ең алдымен, ересек адам адамгершілік пен ақыл-ой дамуы мен бала тәрбиесіндегі ойынның баға жетпес пайдасына көз жеткізуі керек. Тек осы жағдайда дидактикалық ойын бүкіл оқу процесінде одақтас бола алады.

Балалармен жұмыс жасағанда, ойындар қаншалықты қызықты болса да, 10-15 минуттан аспауы керек екенін есте ұстаған жөн. Осы кезеңде балалардың белсенділігі төмендемеуі және олардың қызығушылығы әлсіремеуі өте маңызды.

Дидактикалық ойынның толықтығын беретін нәтиже- бірге тапсырманы шешу. Бұл балаларға моральдық және психикалық қанағаттану сезімін береді. Дидактикалық ойында барлық элементтер маңызды, ал кез-келген нәрсенің болмауы оның жойылуына әкеледі.

Жұмыс тәжірибесі көрсеткендей, егер бұл процесс оларға жағымды көзқарас, Қуаныш, Ләззат сезімін тудырса, балалар жаңа дағдылар мен дағдыларды игереді. Ойында баланың өзі әлі білмейтін нәрсені үйренуге тырысады.

Балалардың дұрыс ұйымдастырылған ойынының көрсеткіші-олардың көңіл-күйі, негізгі дағдыларды әр түрлі қолдану, жағымды қарым-қатынас, баланың ересек адамға ойын туралы жиі жүгінуі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Интернет ресурсы:

https://bilimdiler.kz/ustaz/4412-mektep-zhasyna-deyingi-balalardyn-didaktikalyk-oyyndary.html

https://ped-kopilka.ru/igry-konkursy-razvlechenija/razvivayuschie-igry-dlja-doshkolnikov/didakticheskie-igry-dlja-detei-4-5-let-v-detskom-

«ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУ БАЛАБАҚШАДА»

Нугманова Акзира Амангосовна
№4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі

Инклюзивті оқыту мүмкіндігі шектеулі балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы ерте жастағы балаларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелейміз.

Еліміз алғашқы қадам жасай отырып, Мемлекеттік білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған бағдарламасына бірінші рет инклюзивті білім беруді дамытуды қосқан болатын. Бірақ біздің елімізде жұмыс істеп тұрған арнайы мектептердің жүйесі сақталады. Себебі, қаншама айтсақ та, барлық мүгедек балаларды бірден партаға отырғызып, оқытып алып кету мүмкін емес. Сондықтан, бұл жүйені мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беру кабинеттерін ашудан бастап, біртіндеп кеңейте түсу қолға алынуда. Мемлекеттік саясат мектепке дейінгі тәрбие саласында балалардың білім беру бағдарламаларын меңгеруіне және тәрбие мен білім сапасын көтеру аясын едәуір кеңейтуге мүмкіндіктер берді. Мысалы айтсақ, мектепке дейінгі білім беру жүйесінде даму мүмкіндігі шектеулі балалар үшін 380 инклюзивті білім беру және түзету (коррекциялық) кабинеттері мен эксперимент алаңдарын ашу жоспарланып, ол оң шешімін табуда. Қазіргі уақытта дамуында ақауы бар балалар саны артып отыр. Оларды оқыту кеңейіп, түзетіп қолдау технологиялары жетілдірілуде. Инклюзивті білім беру – ерекше балаға білім беру саясатының негізгі құралы. Инклюзивті білім беру – жалпы білім беру мектептерінде немесе арнайы құрастырылған топтарда, сыныптарда сау балалармен бірге дамуында мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту. Инклюзивті оқытудың басты мақсаты – мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортаға кіріктіру ғана емес, ол «барлығы үшін бір мектеп» мақсатын көздейді. Инклюзивті оқыту мүмкіндігі шектеулі баланың жалпы білім беретін ортада әлеуметтенуі мен оның дамуына және оқыту үдерісінде баланың жетістіктерге жетуіне мүмкіндік туғызады.

Бүгінгі таңда іс-тәжірибе көрсетіп отырғандай, елімізде мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудің ұлттық бағдарламасын жасау қажет. Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балалар арнайы мекемелерде оқытылатындықтан, олар өзге балалардан оқшауланған. Бұл мекемелерде көбінесе медициналық әдістемелер қолданылады. Қазақстанда қазір оларда бір жағынан, кемістік болғанымен, екінші жағынан, олардың да дені сау екендігін түсіндіріп, дені сау балалармен қатар, жалпы ортаға бейімдеу керек. Тек олардың сырқаты мен өзгешеліктерін ескере отырып, жай мектептің оқу бағдарламасына кіріктірген жөн.Ол үшін мемлекеттік деңгейде стратегиялық реформа жүргізу керек. Мемлекеттік деңгейде мектептерге және мектепке дейінгі ұйымдарға жаңа стандарттар енгізіліп, жүйе өзгертілгеннен соң ғана құрал-жабдықтар, ғимараттар бейімделеді. Қазіргі уақытта мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беруді дамытудағы нақты факторлар объективті және субъективті қиындықтар болып бөлінеді.

Субъективті қиындықтар мен объективті қиындықтар. Қазақ тілінде оқытатын педагог-дефектологтардың жетіспеушілігі, ауылдық аймақтарда арнайы мекемелер үшін тифлопедагогтар мен сурдопедагогтар, логопедтер санының жетіспеушілігі күрделі мәселе болып қалады. Болашақта балаларды мектепке дейінгі инклюзивті білім беру жағдайында тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету барысында шешімін күтіп тұрған бірқатар өзекті мәселелерді атап айтуды жөн көрдік:

-мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беру жағдайында тәрбиелеу мен білім мазмұнының тұтас педагогикалық үдерісін қамтамасыз ету үшін республикалық деңгейдегі бағдарламалар мен оның оқу-әдістемелік кешендерін жасау;

-инклюзивті білім беру бағдарламаларының мазмұны арқылы мүмкіндігі шектеулі баланың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оның жеке басының дамуына, шығармашылық қабілеттерін арттыруға, коммуникативтілікті және баланың денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге, олардың интеллектуалдық, көркемдік-эстетикалық дамуына, жалпы адамзаттық құндылықтарды баланың бойына сіңіруге баса назар аудару;

-мектепке дейінгі инклюзивті білім беру салаларының мазмұнын айқындау, негізгі және қосымша білім берудің өзара байланысын, сипатын ашып көрсету;

-инклюзивті білім беру жағдайында мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш білім беру мазмұнының сабақтастығын қамтамасыз ету;

-балабақшадағы білім беру үдерісін мүмкіндігі шектеулі балаларға қажет бағдарламалық, әдістемелік, ақпараттық-коммуникативтік, материалдық тұрғыдан қамтамасыз етуге көңіл бөлу;

-мектепке дейінгі жастағы балалары бар отбасыларына педагогикалық, психологиялық кеңес, әдістемелік, диагностикалық тұрғыдан көмек көрсету.

Инклюзивті білім беру жағдайында мектепке дейінгі тәрбие саласына психологиялық-педагогикалық қолдау жасау, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-сараптаумен қамтамасыз ету және арнаулы мамандар даярлау мәселесі дәл бүгінгідей деңгейде өзекті болған емес. Қоғамдық тәрбие орындарына арнайы кәсіби білікті мамандар даярлау: тәрбиеші, әлеуметтік педагог, психолог, өзін-өзі тану мұғалімі, логопед, дефектолог т.б.

Инклюзивтік білім беруді дамытудағы басты бағыт − дамудағы ауытқуларға ерте араласу − жеткіліксіз дамуда. Бүлдіршін жастағы балаларды түзету, педагогикалық көмекпен қамтудың төмендігі дамуында ауытқуы бар балаларды оңалтудың тиімділігіне кері әсерін тигізіп отыр. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды сүйемелдеу бойынша психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерін (ППТК) ашу қажеттілігі өте жоғары. Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің ерте және мектеп жасына дейінгі балаларды түзету көмегімен қамтуы жеткіліксіз (10-нан 40 %-ға дейін) .

Мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуының қазіргі заманға сай моделін құрудың басты бағыты − бұл білім беру қызметтерінің сапасын арттыру және қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау. Жоғарыда көрсетілген мәселелерге арнайы тоқталу арқылы мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік білім берудің қазіргі жағдайына шолу жасалынды. Қысқаша талдау негізінде мектепке дейінгі ұйымдардың инклюзивті білім беру жағдайындағы оқыту мен тәрбиелеуге дайындығының төмен екендігіне көзімізді жеткіздік. Аталған бағыттар жүзеге асырылса, мектепке дейінгі ұйымдар мен инклюзивті білім беру жағдайындағы жалпы білім беретін мектептердің арасындағы сабақтастық ертеңгі күнгі болашақ саналы азаматтарымызды тәрбиелеуге мол үлесін қосатынына кәміл сенеміз.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

Нурадинова Лаззат Кенесбаевна
№4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан 2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек,- дей келе,... Қазақстан бүкіл әлемдегі сияқты мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістеріне көшу керек,- деп атап көрсеткен. Бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуда жастарға білім берудің маңызы ерекше. Осыған орай жастардың білім жетістігін өркениетті елдердің білім деңгейіне көтеру, ол үшін білім беру, оқыту технологиясын үнемі жетілдіріп отыру – өмір талабы. Ал білім баспалдағы балабақшадан бастау алатындығын ескерсек, ол жерде балаға білім берудегі, баланың біліктілік дағдыларын, таным қабілеттерін қалыптастырудағы басты құрал - ойын технологиясы екенін естен шығармағанымыз абзал.

Ойын – бала өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің алғы шарты. Ойын дегеніміз жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді. Халқымыздың ұлы ойшыл - ақыны Абай Құнанбаев «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?»,- деп айтқандай ойын бала өмірінде айрықша орын алады. Сәбидің өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық таным – дағдылары осы ойын үстінде қалыптасады.

К. Ушинский: « Ойын - балалардың өз бетімен ерікті атқаратын іс - әрекеті, ойын арқылы адамның жан дүниесінің барлық қырлары, жүректілігі, ерік - жігері қалыптасады»,- деген ой айтады. Ойынның, әсіресе балалардың психологиясына тигізетін әсері көп, ойын кезінде балалардың ортамен қарым – қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өсіп, мінез – құлқы қалыптасады, ойынның сан алуандылығы балаларды достыққа, адамгершілікке, тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулиды

Ойын арқылы баланың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығы өзгереді, таным белсенділіктері қалыптасып, ақыл – ой процесі өсіп – жетіледі, түрлі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді. Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір – біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, достық, жолдастық, бауырмалдық, ортаны сыйлау сезімдеріне тәрбиелеуге болады. «Адам өркениетті болуы үшін балалық шақты бастан кешуі міндетті, егер ойын мен қызыққа толы балалық шақ болмаса, ол мәңгілік жабайы болып қалар еді», - деп К. Чуковский бала денесінің дамуы мен ой – дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей байланысты екенін атап көрсеткен.

Д. Эльконин бала психикасының дамуында ойынды «жетекші іс – әрекет» сөз тіркесімен сипаттайды. Д. Эльконин еңбектері балалар ойынының әлеуметтік табиғатын ерекше мәдени құрылым ретінде түсіндіреді, ол ойынды ересектердің қоғамдық өмірін бейнелеу деп анықтайды «Ойын – мінез – құлықтың ырғақты дамуының алғашқы баспалдағы - мектебі», - дейді бала психологы Д. Б. Эльконин. Егер баланы жай кезде тік тұрғызып қойсаңыз, ол 2 - 3 минут та тұрмайды, ал егер ойын үстінде айтсаңыз, тіпті ол бір кертартпа, қыңыр баланың өзі болса да тік тұрып қалады, бұл – ойынның өз мақсатына жету деңгейі. Л. С. Выготскийдің пікірінше, ойын, мектеп жасына дейінгі балалардың жеке басының дамуына ықпал етудегі жетекші құбылыс.

Ойын кезінде жан – жақты тәрбиелеудің мақсаты әр жас кезеңінде ойын әрекетінің психологиялық негізін құрастырған жағдайда ғана табысты іске асырылады. Ойынның да өзіне тән мотивтері болады. Мысалы мазмұндық, рөлдік ойындар баланың зейінін есін, ойлауын, қиялын қалыптастыруда зор маңыз атқарады. Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап көреді. Ал, ақыл - ой

ойындарында белгілі бір ережелерді сақтап ойнайды. Ол ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттыруы мен қатар, ерік сезім түрлерін де дамытады. Қызығу – танымдық іс - әрекеттің қозғаушы күші.

Ойынның дамуы бала психикасының үдемелі өзгеруіне ықпал жасайды. Ойында психикалық үрдістер (таным процестері): қабылдау, зейін, ес, сөйлеу, қиял, ойлау қалыптасады, танымдық қызығушылығы артады – бұл баланың ой - өрісін кеңейту қажеттігін туғызады. Бала бойында қалыптасқан танымдық процестерді біртіндеп дамыту мақсатында ойын түрлерін де біртіндеп күрделендіріп, балаға байқатпай көздеген мақсатқа бұрып отыру арқылы біз өзіміздің түпкі мақсатымызға жетеміз – ол – балада ойын әрекеті арқылы қалыптасып келе жатқан психикалық үрдістерді біртіндеп дамытып отыру. Ол үшін мен баланың таным процестерін қалыптастырып, дамытуға арналған әдістемелік ойындарға сәйкестендіріп топтағы әр балаға жеке – жеке Танымдық қабілеттерінің даму картасын жасадым. Жыл бойы әр психологиялық үрдіс бойынша жүргізілген ойын нәтижесін бағалап, даму деңгейі туралы қорытынды бағаны түсіріп отырамын. Мысалға, сөйлеу қабілетін қалыптастырып, сөздік қорын дамыту мақсатындағы ойындар «Бұл не? Қалай аталады?» әдістемелік ойынын өткізу үшін әр түрлі суретті 25 - 30 карточка дайындап, балаға жеке - жеке көрсетіп, суреттің атауын сұраймын. Бала ойынға белсене араласып, жарыса жауап беріп жатады – менің «жасырын көздеген мақсатым» да осы, яғни баланы сөйлету, сөздік қорын дамыту. Нәтижесі картаға түсіріледі. Келесіде жоспар бойынша одан күрделірек ойын: «Сурет бойынша әңгіме құрастырайық», «Жалғастыр» Әр ойын – тапсырманың нәтижесі балл түрінде картаға түсіріліп отырылады. Сол сияқты баланың логикалық ойлау қабілетін дамытуға қатты көңіл бөлемін. К. Ушинский: «логикалық ойдың, пікірдің дамуы баланың келешекте рухының жоғары болуына, батыл пікір, нақты шешім айтуына және оны дәлелдеп беруге жетелейді. Сондай - ақ, кімде – кім баланың тіл қабілетін дамытқысы келсе, ең алдымен оның ой қабілетін дамытуы тиіс,», - деп атап көрсеткен болатын. Осыған байланысты ойлау қабілетін арттыруға арналған «Сен білесің бе?», «Бұл қай кезде болады?», «Суреттерді аяқтайық»ойындары, Зейінді қалыптастырып, дамытуға арналған «Не өзгерді?», «Түймелер», «Жұпты суреттер» ойыны, Қабылдау қабілетін дамытуға арналған «Пирамидалар, жинағыштар, таяқшалар,» «Кубиктер», «Таңғажайып дорба,», Есте сақтау қабілетін арттыруға арналған «Суреттерді есіңде сақта,» «Түрлі - түсті доптар,» «Көлеңке», бала қиялын дамытуға арналған «Гүл», «Алып бер», «Аяз Атаның үйі» ойындары бойынша әдістемелік ойын сабақтарын ойната отырып баланың оқу жылының бастапқы, орта және қорытушы кезеңдеріндегі танымдық қабілеттерінің қалыптасу барысына диагностика жүргіземін. Жыл соңында топтағы балалардың таным қабілеттерінің дамуына жүргізілген диагностикалық жұмыс нәтижесінің қорытындысы шығарылып, ортақ балы есептеледі, мониторинг жасалынады. 2 - 3 жылғы мониторинг қорытындысын салыстыра отырып, баланың психологиялық танымдық тұрғыда даму деңгейі анықталады, және ол мониторинг көшірмесі баланың болашақ сынып жетекшісіне беріліп, ол баламен ары қарай жұмыс жүргізу деңгейі қарастырылады, яғни балабақша мен мектептің үздіксіз байланысы жүзеге асады. Міне, өздеріңіз көріп отырғандай, ойын – баланы зерттеудің басты диагностикасы. Ойын баланың интеллектуалдық мүмкіндігіне, мінездерінің ерекшеліктеріне, бір – бірімен қарым – қатынасының сапасына ықпал етеді. Кез – келген ойын барысында ойынды бас таушы, қостаушы, ойынды өздігінен қалаған арнасына бұруға әрекет етуші (лидер) айқын көрініп отырады. Ойын барысында баланың осы әрекеттерін бақылай отырып педагог – психолог бала жайлы өзіне қажетті мағлұматтарды жинақтайды. Сонымен қатар ойын кезінде баланы дамытудың жаңа биік кезеңін дайындайтын нақты психикалық өзгерістер болады. Ойын барысында баланың қиялы толығымен көрінеді.

ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Сексенбаева Камшат Елибаевна
«Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы

XXI- ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан- жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепкедейінгі тәрбие ошағындаберіледі. Отбасында ата-ананың ықыласы мен мейірімінен нәр алған бала балабақшада тәрбиешілердің шұғылалы шуағына бөленеді. Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне тәрбиешілердің маңызы зор. Балаларды тәрбиелеуде ойын әдісінің маңызы көп. Ойын дегенміз — жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын-төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігінің, көп білуді, сондай-ақ, басқа да толып жатқан сапалылық қасиеттердің қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық, тиімді әдістерінің бірі. Мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым- қатынасы, мінез- құлық көріністері олар өсіп- есейгенде де жалғасы береді. Ойын барысында бала өзін қоршаған үлкендер сияқты, өзінің сүйікті әңгімелері мен кейіпкерлері сияқты өмір сүреді, әрекет жасайды. Ойынды қолданумен бірге ойлауға, тілді дамытуға, шығармашылық әрекетін байытуға бағыт алады. Баланың ойын кезіндегі қимыл- қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, ал қарым- қатынастағы пайымдаулары өзіндік таным- түсінік, мінез-құлық әдептерін бекітуіне әсер етеді.Бала ойын арқылы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып, өзіне түрлі ақпараттар алады, дүние сырын ашады.

Ойын түсінігі.Адам іс-әрекетінің ерекше бір түрі – ойынның пайда болуын зерттеушілердің біразы өз еңбектерінде өнер және ойын көркемдік іс-әрекеттің алғашқы қадамы деп түсіндіреді. Ойында шындықтың көрінісі,оның бейнелі сәулесі қылаң береді. Жалпы ойынға тән нәрсе өмірдің әртүрлі құбылыстары мен үлкендердің түрлі іс-әрекеттеріне еліктеу екені белгілі. Ойынның шартты түрдегі мақсаттары бар, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекеттер бала үшін қызықты.

Балаларға ақыл-ой, адамгершілік, дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі ойында жатыр. Ойын барысында балалар өзін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекет байқатады. Сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау, зейін қою, ерік арқылы түрлі психикалық түйсік пен сезім әлеміне сүңгиді.Мектепке дейінгі жаста ойын әрекетінің маңызы Мемлекеттік тілге үйрету сабақтарын құру жәнеоны оқыту мағынасын іріктеу кезінде бірқатар принциптерді ескеру қажет. Басты принциптердің бірі — тәрбие мен оқуды бірыңғай үрдіске біріктіру. Бұл тіл дамыту қазақ тілі сабақтарының негізгі мақсаты ретінде ғана болады дегенді білдіреді, алайда сабақта шешілетін міндеттер бұл мақсатпен шектеліп қалмайды.

Ойын – балалардың ойлау қабілетін арттыратын іс- әрекет

Құрылыс ойынында бала сызық бойына әдемі үй құрылысын жасап, оның бояуларының бір- бірімен келісімді болуын қадағалайды. Құрылыс материалдарын пішіні, түсі бойынша симметриялы орналастырып, оларды көлемі (кең, тар), биіктігі (биік, аласа) бойынша салыстырады. Ойын барысында шығармашылық танытып, жаңа мазмұн ойластырып, белсенділік көрсетеді. Өзінің және жолдастарының тұрғызған құрылыстарының сапасына баға береді.

Ұлттық мұраның бай қазынасы – халықтық, ұлттық ойындар

Осыдан келіп ойын туралы мынандай тұжырым жасауға болады:

-ойын - тәрбие құралы, ақыл-ойды, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді тәрбиелейді.

-ерік жіне мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершіліксапаны жетілдіреді.
-ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.
-эстетикалық тәрбие беру - өнерді, көркемдікті түсіндіру құралына айналады.
-еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.
-дене күшінің жетілуіне көмектеседі - ойын баланы жан-жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады.

Ойын түрлері :

1)Ережелі ойындар
-қимыл-қозғалыс ойыны;
-ермек ойыны;
-дидактикалық ойыны;
-ұлттық ойыны;
-компьютерлік ойындар;
2)Шығармашылық ойындары
-сюжетті-рольдік;
-театр ойыны;
-құрылыс ойыны

Соның ішінде мен өз тәжірибемді пайдалана отырып кіші топтарға арналған «Қимылды ойындар» атты жинақ жасадым. Бұл жинақта 20-ғажуық қимыл-қозғалыс ойындары бар. «Бала ойынмен өседі»-демекші, қимыл -қозғалыс ойындарының бала тәрбиесіндегі рөлі ерекше. Қимыл- қозғалыс ойындарының дер кезінде және дене дамуын қамтамасыз ету үшін, бәрінен бұрын ең алдымен балаларға қолайлы жағдай жасау керек.









Рөлдік ойындар мектепке дейінгі балалар өмірінде елеулі орын алады. Бұл ойындар ұзақа та, қысқа да болуы мүмкін.

Сюжетті-рөлді ойындар бейнелеу құралы роль мен ойын әрекеті болып табылады. Өзінің сипаты жағынан бұлар көбінесе еліктеу, шындықты көрсету болып табылады.

Мысалы «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы сатып алушының әрекеттеріне еліктейді.

«Дәрігер», «Шаштараз», «Отбасы» ойындары арқылы айналадағы өмірді бақылауға, күнделікті өз өмірлерінен алған білімдерін ойын сюжетіне пайдалануға төселдендіруге болады.

Педагог өтілген ойынға талдау жасап, оның балаларға тигізген тәрбиелік ықпалын бағалауға, өз тобындағы ойындарының одан әрі басшылық ету тәсілдерін ойластыруға тиіс.

Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні тұрақсыз, импульсивті болғанымен, қабылдау есте сақтау мүмкіндіктері жақсы дамыған.Сондықтан кез- келген оқу іс-әрекетті өткізу үшін дидактикалық ойындар қолдана білу керек.

Ойын әрекеті мазмұнынан әлеуметтік сипаты баланың қоғамдық өмір сүретіндігімен байланысты. Ол алғашқы айлардан бастап- ақ маңайындағылармен қарым-қатынас жасауға ұмытылады, соның арқасында жасау құралы, күш қуаты тілді біртіндеп меңгереді.

Ойын- бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын ойнағанда бөлме теңіз де, ұшақ та темір жол вагоны да болуы мүмкін. Балалар ойын кезінде тыныш отыра алмайды. Тіпті жалғыз баланың өзінде де сөйлесіпжүреді.. Сондықтан, ойын барысында тілдесім үлгісі қалыптасады.Ойын – балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылысын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады. «Адам өркениетке бейім болуы үшін балалық шақты бастан кешуі міндетті, егер ойын мен қызыққа толы балалық шақ болмаса, ол мәңгілік жабайы болып қалған болар еді» деп К.Чуковский бала денесінің дамуы мен ой-дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей тәуелді екендігін атап көрсеткен.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Отбасы және балабақша» 2002 ж №5. (6-8 бет)
2. Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. -А., 1991.
3. Бала тәрбиесі № 2 2006 ж, № 4 2008 ж
4. «Казахские детские игры» кітабы авторы: Молдагаринов Аскар Алма-Ата Жалын» 1987 г.

БАЛАБАҚША -БІЛІМ БАСПАЛДАҒЫ

Серік Жансая Серікқызы
«Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы

Балабақша - бұл білім саласының ең нәзік өте жауапты баспалдағ. Балабақша - бала екеуі негізі егіз ұғым . Бүгінгі балабақша түлегі, ертеңгі елдің тілегі. «Бала естігенін айтады, көргенін істейді» - деп қазақ халқы бекер айтпаған деп есептеймін. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор. Кішкентай сәбилеріміз ата - анасының, тәрбиешісінің, достарының мінезінен, жүріс тұрысынан, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгі алуға тырысады. Білімді елдің жетер жетістігі алар асуы ұшан теңіз. Қазіргі жаһандану заманында ел ертеңі үшін еңбек ететін , елге пайдасы тиетін ұрпақ тәрбиелеу өте маңызды іс Балабақша табалдырығынан ұлттық құндықтарды бойына сіңіріп өскен бала ертең ел болашағының дамуына тигізер үлесі орасан зор. Сондықтан баланы ұлттық рухта тәрбиелеу өте маңызды іс. Әр баланың қарым - қабілетін, олардың бойындағы қадір қасиетін дамыта отырып, әр баланың өзінің бойындағы икемділігін қандай салаға бейімділігін тани білу кәзіргі тәрбиешілердің басты ұстаным мақсаты болу керек. Бала өте адал, сезімтал, сенгіш, арманшыл болып келеді. Адамшылықтың басты қағидасы да осы төрт қасиет. Баланы тек жаңа заман талабымен тәрбиелеу керек деген меніңше қате ұғым деп білемін. Балабақша – баланың жүйелі түрде білім – тәрбие алатын ең алғашқы қоғамдық ошағы болып саналады. Балабақшаның балаға беретін тәлім тәрбиесінің қаншалықты мықты болуы , сол балабақшада қызмет ететін педагогикалық ұжымға, нақтырақ айтар болсақ, ұстазға байланысты.

Саналы азамат болып қалыптасу үшін бала бүгіні де өткені де білуі шарт. Сондықтан баланың ой санасының өсіп жетілуіне ертегі, ауыз әдебиеті, батырлар жырының да тигізер көмегі өте зор. Кезінде бабаларымыз алты жасынан билікке араласып Бала би атанғанын өзіміз де ауыз әдебиетінен оқып өстік. Батырлар жырын естіген бала өзін сол батырға ұқсатып қанаттанып жүреді. Ертегі тыңдарман баланың есте сақтау қабілеті аттары сөзсіз деп ойлаймын. Балабақшада баланың дамуына көп жағдай жасалған дұрыс. Баланы дамыту үшін оларға неше түрлі ертегілер, дамытушы ойындар, сабақ барысында қызықты тапсырмалар беріп, баланы қызықтыра білу керек. Сондықтан қазақ "баланы бастан" деген қанатты сөз қалдырған. Баланы бастан тәрбиелеу осы балабақша табалдырығынан басталған дұрыс деп түсінемін. Бала барамыз , байлығымыз, келешегіміз. Еліміздің ертеңі осы ұрпақтың қолында екенін ұмытпағанымыз абзал.

Ел болашағы келешек саналы ұрпақ тәрбиелеу бүгінгі күннің басты талабы. Бала тәрбиесінде бала бақшаның атқарар рөлі өте зор. Бұл салада еңбек еткен әрбір ұстаз өте жауапты болғаны дұрыс. Өйткені бала кемел елдің болашағы. Сондықтан баланы тәрбиелеудің аса маңыздылығын ескерген жөн. Бала жас тал сияқты. Бабаларымыз тәрбие тал бесіктен деп бекерге айтпаған ғой. Және де жас тал қисайса түзеледі. Жуан ағашты түзеу қиын болады - деп бала тәрбиесіне өте жас күнінен көңіл аударғанын білеміз ғой. Бала да осы тал сияқты қалай бұрса сол жаққа қарай майысып өседі. Міне сол сияқты баланы жас күнінде

тәрбиелеу өте ұқыптылықты, асқан жауапкершілікті қажет ететінін жете түсінген жөн деп санаймын. Сондықтан әр баланың мінез құлқын, олардың іске бейімділігін, оқу жазуда ынта жігеріне бас мән беріп, тәрбие ісіне мұқият болған абзал. Әрбір баламен жұмыс жасағанда осы баланың бойындағы жақсы қасиеттерін бағалай біліп, баланың бойындағы ізгі мінез - құлықтарының ашылуына жағдай жасау керек. Кей бала жалқау, кей бала еліктегіш елгезек, кей бала өте ақылды арманшыл келеді. Бірақ әрбір кішкентай бала өте еліктегіш келетінін де естен шығармаған жөн. Бала тіпті кейде мақтаншақ келеді. Мысалы ағасы, апасы спортпен айналысы жетістікке жетсе, соларға еліктеп тұрады. Осы орайда Абай атамыздың " болмасаң да ұқсап бақ" деген қанатты сөзі еріксіз еске оралады. Осындай мінездер байқалған баланы сенде сондай боласың сенің де қолынан келеді десе бала қанаттанып, шабыттанып кетеді. Баланың бойындағы осындай жақсы ізгі қаситеттерін байқап, сол бойынша балаға тәлім - тәрбие беру ұстаздың басты қағидасы болуы шарт. Кішкентай балабақша балаларымен жұмыс жасау өте қызықты, әрі күрделі іс. Балабақшада тәрбиеленген бала белгілі бір тәртіпке дағдылана бастайды және оны заңдылық ретінде қабылдап, өзін бейімдейді. Мысалға алсақ,бала біріншіден күн тәртібіне бағынады. Уақытылы ас ішу, ойнау, теледидарды өз уақытымен көру, түскі уақыттта ұйықтау секілді дүниелерді әдетіне айналдыра бастайды. Бала елдің ертеңі, ел тірегі, біздің болашаққа салған инвестициямыз екенін әрдайым естен шығармаған дұрыс.

Балабақша – тәрбиенің алтын бесігі. Бала өсіп келе жатқан шыбық секілді екені рас. Оған алдыңғы бунның әрбір әрекеті дұрыс дүние секілді көрінеді. Қалай баптайсың, соның жемісі өзіңе қайтады. Сол себепті әрбір тәрбиеші-педагог оған үлкен жауапкершілікпен қарау керек деп есептеймін.

Балабақшада дұрыс тәлім – тәрбие бере алсақ, ол ертең мектепке барып саналы түрде сапалы білім алуға тырысады. Соның нәтиежесінде елін сүйген азамат, азаматшалар болып шығады. Біз тәрбиешілер болашақта түрлі мамандық иесі болатын азамат пен азаматшыларды тәрбиелеп жатырмыз десекте артық болмас. Болашақ заңгерлерді әділдікке,дәрігерлерді жауапкершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу барлығы тәрбиешінің қолында. Сондықтанда әр тәрбиешінің бойында әділдік, жауапкершілік, мейірімділікте болуы қажет. Баланың ең бірінші болашаққа қадам басатын, білім нәрін сусындайтын жері ол балабақша. Сол үшін де тәрбиешілір әр қашан ізденіс үстінде жүруі керек деп есептеймін.

Бала-ұлт болашағы. Жас ұрпаққа сапалы білім,саналы тәрбие беріп, Отанын сүйетін азамат ретінде тәрбиелеу біздің міндетіміз. Егерде балаларымызға осы бағытта жақсы тәрбие берсек, Қазақстанның болашағы жарқын,терезесі тең, еңсесі биік мәңгілік ел болары сөзсіз!

БАЛАБАҚШАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Базаргалиева Айнагул Кубаевна
«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасының тәрбиешісі

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру және жалпы білім беру-бұл күрделі әлеуметтік, саяси, экономикалық процестер мен өзара байланыстарға енетін көп деңгейлі, қарқынды дамып келе жатқан құрылым. Білім беру саласы серпінді, сондықтан үнемі өзгеріп отырады. Білім беруді цифрлық трансформациялау (цифрландыру) цифрлық технологияларды, жасанды интеллектті, виртуалды шындық құралдарын пайдалану негізінде жоғары білім беру көрсеткіштеріне қол жеткізуді, сондай-ақ интернетке кең қол жеткізуді қамтамасыз етуді және дербес оқытудың цифрлық білім беру ортасын құруды білдіреді.

Мектепке дейінгі білім беруде цифрлық технологияларды пайдалану-қазіргі заманның өзекті инновациялық проблемаларының бірі. Балабақша заманауи цифрлық қоғам үрдістерінен тыс қалмайды. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы цифрлық технологиялар мектеп жасына дейінгі балаларды информатика негіздеріне оқытуға арналмаған, олардың ғылыми негізделген міндеті-қоршаған шындықты білу мүмкіндіктерін кеңейту және баланың қабілеттерін дамыту. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, мектепке дейінгі білім беру мекемелерін цифрландыру екі басты мақсатты көздейді. Біріншісі-ақпараттық технологиялар арқылы білім беру сапасын қамтамасыз ету, екіншісі – зияткерлік, жан-жақты дамыған, креативті тұлғаны тәрбиелеу және мектеп жасына дейінгі баланы бүгінгі болмысымыздың цифрлық болмысына дайындау.

Интернет мектеп жасына дейінгі балаларға арналған көптеген оқыту және дамыту бағдарламаларын ұсынады. Олардың ішінде-есте сақтау, зейін, ойлау, қиялды дамытуға арналған ойындар; сөйлеуді дамытуға ықпал ететін бағдарламалар; жазуды, арифметиканы үйрету; саяхат ойындары; баланың шығармашылық дамуын ынталандыратын арт-студиялар, виртуалды экскурсиялар. Виртуалды экскурсиялар оқытудың сапалы жаңа формасын ұсынады, онда іс жүзінде бар нысандар іс жүзінде көрсетіледі, бұл нақты экскурсияға қатыса алмайтын балаға тарихи, ғылыми, көркем экспонаттармен, техникалық модельдермен, қалалардың көрікті жерлерімен, әртүрлі халықтардың салт-дәстүрлерімен, мәдени және өнер туындыларымен танысуға мүмкіндік береді. Компьютерлік ойындардың даму тиімділігі қарапайым ойын іс-әрекетіне тән заңдылықтар компьютерлік ойында да байқалады: мақсат, мотивтер, тапсырманы шешудің құралдары мен әдістері.

Баланың өзі міндет қояды және оны шешудің оңтайлы жолын табады, бұл мақсат қоюдың, демек, логикалық ойлаудың дамуына ықпал етеді. Ойын-бұл баланың қателесіп, қайтадан басталуы мүмкін модельденген шындық, тіпті ойынның мақсаты орындалмаса да, қабілеттерді, ақыл-ойды дамыту және тәжірибе жинау міндеті біртіндеп шешіледі. Ойнау арқылы бала жалпылауды және талдауды, жобалауды және болжауды, теориялық тұрғыдан ойлауды үйренеді. Логикалық компьютерлік ойындар маңызды психикалық компоненттердің қалыптасуына ықпал етеді: синтез, жіктеу, абстрактілі логикалық ойлаудың дамуына негіз болатын белгілер мен белгілерді түсіну қабілеті. Динамикалық ойындар реакция жылдамдығын үйретеді, кеңістіктегі бағдарды дамытады, рөлдік ойындар - кейіпкерлердің мотивтері мен қажеттіліктерін, демек, олардың талаптары мен тілектерін білуге ықпал етеді.

Шығармашылық ойындар кеңістіктік қиялды, көркемдік талғамды қалыптастырады. Баланың жасына және жеке дамуына сәйкес таңдалған компьютерлік ойындар өзін-өзі оқытудың жақсы тәсілі болады, ерікті есте сақтау қабілетін және мектеп жасына дейінгі баланың зейінін дамытады.Мектеп жасына дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті мен назары еріксіз. Көбінесе жарқын, есте қаларлық оқиғалар назардың объектісіне айналады, демек, баланың есінде. Сандық технологиялар балаға материалды шамадан тыс жүктеместен ойын арқылы жеткізуге, нақты жағдайларда (мысалы, жүректің жұмысы немесе спутниктің ұшуы) елестету қиын процесті модельдеуге мүмкіндік береді.)

Компьютерлік ойында оқытудың күшеюіне теориялық және практикалық әрекеттердің, эмоционалды сәттердің ауысуы арқылы қол жеткізіледі. Ойынға қатысу және ойын мотивациясын танымдық іс-әрекетке ауыстыру тез үйренуге ықпал етеді. Компьютерлік ойындар баланың психомоторлық дамуына ықпал етеді, олардың әрекеттерін түзетуге, байқауға, жоспарлауға, "икемді танымдық шешімдер"қабылдауға көмектеседі.

Қазіргі заманғы балабақшалар мультимедиялық құралдармен, интернет-ресурстармен, сандық проекторлармен, интерактивті тақталармен белсенді жұмыс істейді. Материалдың түсінігін және көрінуін жақсарту үшін мұғалімдер өз жұмысында бейне, презентация, анимация, иллюстрациялар және ақпаратты көрнекі түрде ұсынудың басқа құралдарын сәтті қолданады. Сандық және мультимедиялық құралдар материалды беру сапасын жақсартады,

баламен кері байланысты қамтамасыз етеді, жеке және топтық жұмысты ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының ынтасын оятады, баланы мұғаліммен немесе ата-аналармен бірге іздеу, зерттеу жұмыстарына шақырады.

Цифрлық орта мектепке дейінгі білім беру процесін көрнекі етеді, баланың ақпараттық мәдениетін қалыптастырады, ақыл-ой, аналитикалық, зерттеу қабілеттерін дамытуды ынталандырады. Цифрлық технологиялар-бұл материалды шынайы ұсыну, ақпаратты мөлшерлеп беру және жеке жұмыс қарқынын таңдау, баламен кері байланыс, "Интерактивті диалог"қамтамасыз ететін оның әрекетіне жедел реакция. Сандық технологияларды қолданудың бірқатар педагогикалық мақсаттарын тізімдейміз:

- визуалды-тиімді, визуалды-бейнелі, дерексіз-логикалық, шығармашылық, теориялық және басқа да ойлау түрлерін дамыту құралы ретінде қажет;

- эстетикалық қабылдау мен талғамды қалыптастыру, қарым-қатынас қабілеттерін дамыту, оңтайлы шешім табу дағдыларын қалыптастыру құралы.

Цифрлық технологиялар "Сан", "түс", "пішін", "шама"ұғымдарының жылдам игерілуіне ықпал етеді. Цифрлық технологиялар оқу, жазу дағдыларын, мотор функцияларын, реакцияны, ғарышта жүру қабілетін дамытады, баланың миының екі жарты шарының да сәтті дамуына ықпал етеді, жұмыстағы маңызды құралға айналады және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне материалды құрылымдауға көмектеседі, ақпаратты іздеуді жеңілдетеді, иллюстрацияларды, аудио-видео және анимациялық эффектілерді оңай пайдалануға мүмкіндік береді, жеке тұлғаға бағытталған тәсілді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Балабақшада ақпараттық және компьютерлік технологияларды (АКТ) қолданудың бірнеше дидактикалық бағыттары бар. Бұл ойын, шығармашылық, бос уақыт және оқу. Сонымен қатар, АКТ-ны қолданудың бірнеше модельдері ерекшеленеді: визуалды модель (презентациялар, мультимедиа), ойын моделі (оқу ойындары және интерактивті ойыншықтар), әдістемелік модель (дидактикалық материалдар, сабақты дамыту-әңгімелер), дайындық моделі (сабақтарды өткізуге арналған материалдар, мысалы, басып шығарылатын шаблондар.), диагностикалық, ақпараттық және коммуникациялық модельдер. Мектепке дейінгі білім беруде АКТ қолдану баланы пассивті тыңдаушы мен бақылаушыдан белсенді, белсенді тақырыпқа айналдырады.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін көптеген пайдалы даму материалдары электронды мерзімді басылымдардың сайттарында. Көркем шығармашылыққа, білім беру ойындарына, балаларға арналған өлеңдер, ертегілер, питомниктер, бесік жыры, жұмбақтар, мультфильмдер әндері, ертегі викториналары бар ақпараттық ресурстарға арналған көптеген сайттар. Тілдерді үйренуге арналған сайттар да бар. Заманауи педагог дәстүр мен инновацияны, классикалық әдістер мен жаңа педагогикалық трендтерді үйлестіре білуі тиіс.

Мектепке дейінгі білім беру ортасының болашағы қандай болатыны белгісіз, бірақ қазірдің өзінде мектепке дейінгі білім беру мекемелері қазіргі қоғамның цифрлық өзгерістерінің белсенді қатысушылары болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Уваров А. Ю. Цифрлық технологиялар әлеміндегі білім: цифрлық трансформация жолында- 2018

2. Білім берудегі ақпараттық және коммуникациялық технологиялар :оқу құралы / РобертИ.В., Панюкова С. В., КузнецовА.А., КравцоваА.Ю. — М.: Дрофа, 2008.

3. Балдуева А.Н. Мектепке дейінгі тәрбиедегі Ақпараттық технологиялар / / қазіргі педагогика. 2016ж.

АСЫҚ ТЕРАПИЯСЫ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМЫТУ

Досова Айман Бектургановна
Алға ауданы. Бестамақ ауылы «Болашақ» балалар бақшасының тәрбиешісі

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашақ еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі жас ұрпақ ұстаздар оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деген болатын. Және де халыққа жолдаған жолдауында «Біздің міндет -жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалана отырып білім мен бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу» деп ұстаздарға жаңа міндет қойған болатын. Сондықтан әр педагог өзінің білімін жетілдіру, іздену қажет. Дарынды, білімді, тәрбиелі тұлға қалыптастыруда біздің балабақшамызда да білім берудің әдіс- тәсілдерін түрлендіріп және жаңа инновациялық білім технологиясын меңгертудеміз. Дүние жүзінде және елімізде қолданыста болып, балабақшадағы педагогикалық процеске ұлттық ойындарды кірістіру үрдіске айналып келеді. Салт-дәстүр ұлттық ғұмыр бойы жиған мәдениеті, ұлттың ұлт екенін әлем халықтары мойындаудағы төрт белгінің бірі. Біз асылы бар, жасығы бар, салтқа бай халықпыз. Асық ойыны сол бай салтымыздыңбір дәстүрі. Кезінде қазақ шаруашылықпен жаппай шұғылданған тұсында асық әр үйдің, әрауылдың балаларының, жастарының да бас қосуының негізі болды. «Ойын – бала үшін өмірлік тәжірибе» деген екен Алғаш ағартушысы Мағжан Жұмабаев. Қазақтың ұлттық ойындарының ең алғашқы сатысы һәм халқымыздыңсалт-дәстүрі мен мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде әуелі асықты айтамыз. Асық малдың жіліктерін жалғастырып тұратын шағын сүйек қана емес, ұрпақ тәрбиесінің аса қажетті құралы. Ұлттық ойынның атасы ғана емес, халықтың өткені мен бүгінгісінің көрінісі. Өйткені ертеде қазақ баласы қолына ең алғашасы құстаған.

Қазақтың қаһарман батыры Бауыржан Момышұлы «Асық – үлкен халықтық тәрбие» деген екен.Балабақшада педагогикалық процесті ұйымдастыруда ұлттық құндылықтар және баланың тұлғалы құзыреттілігін дамыту мәселесі негізге алынады. «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» аттыбілім беру бағыттарындаинновациялықтехнологиялар мен ұлттық тәрбие үлгілері кіріктіріліп, заманауи талаптарға сай пайдаланылады. Заманауи тенологиялар мен әдістерді пайдалану балалардың қызығушылығын оятады

Мен балабақшада салт -дәстүрімізді дәріптеу мақсатында асық терапиясын қолданып келемін.

Асық терепиясының мақсаты: Аық терапиясын қолдану арқылы балалардың қимыл-қозғалысын реттеуге, кеңістікті бағдарлай білуге, сөздік логикалық ойлаудды сатылай қалыптастыруға, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауға, сабырға бірлесе әрекет етуге тәрбиелеу. Ұлтымыздың құндылықтарын қастерлеуге баулу сөздік қорын байыту және сөйлеу, ойнау мәдениетін жетілдіруге ықпал ету.

Асықты пайдалана отырып санау, құрастыру, асық үстінен жүру, математикалық логикалық тапсырмаларды шешу сияқты әр түрлі оқиғаларды ойлап тауып, біз бала үшін әлдеқайда қызықты түрде өзіміздің біліміміз бен өмірлік тәжірибемізді, қоршаған әлемнің заңдылықтары мен оқиғаларын көрсете аламыз. Балаларды ұлттық ойындарды ойнау барысында шапшаңдыққа, ептілікке, бір-бірін сыйлауға, өз ойын еркін жеткізе алуға баулимыз. Асық ату ойыны арқылы көз жітілігін, мергендікті дамытып, ұстамдылықпен шыдамдылыққа тәрбиелейміз. Асықтан жасалған бұйымдарды іс жүзінде қолдандым. Асықтан жасалған санағыштар, асықпен ойналатын дойбы тақтайшасы, массажды жол, массажды қолғаптар, түрлі түсті асықтарды оқу қызметі барысында қолданып балалардың оқу қызметіне деген қызығушылығын арттырдым. Ересек топтарында асықпен түрлі қызықты

ойындарды ойнауда, балалардың логикалық ойлауы, зейні, көз бен көру арқылы есте сақтау қабілеті дамиды. Асықтарды түрлі түстке бояу арқылы да түстерді ажыратуға, сануға, көп-аз түсініктерін қалыптастыруға баулыдым. Асық ойын құралы болып қана қоймай балалардың үздіксіз қозғалысы дене сымбатына көмектеседі. Сонымен қатар кәсіпкерлік қабілеті дамиды, ұтып алған асығы көбейген сайын қуанады. Жанындағы өзі қатарлы балалармен бірге ұйымшылдығы мен тіл байлығын дамытады. Асықты ұяшықтарға салу баланың саусақ буындарына өте пайдалы. Балалар боялып тесілген асықты бір түстен кейін екіншісін жіпке өткізіп, тізбектейді. Тізу арқылы бала түстерді бір-бірінен ажырата алады. Асық – балалардың ой санасын табиғи жолмен дамытудың ең тиімді жолы. Балалардың есепке жүйріктігі бала кезден қалыптаса бастайды. Асық қәдімгі есептеу рөлін қоса атқарады. Асықтарды қаз-қатар тізу кезінде олардың санын алу баланың математикаға бейімін арттырады.

Аса көрнекті үздік педагог Н. К. Крупская қимылды ойын жөнінде былай деп толғанады: «Ойын – өсіп келе жатқан бала организмінің қажеті. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып жетіле түседі. Ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдылары қалыптасып шыңдалады». Ұлттық ойындарымыз балаларға тәрбиелік мәнімен, дене бітімінің әсем де сымбатты болып бітуге пайдасы зор. Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен, ойната отырып жан – жақты тәрбиелейміз.

Қорыта келе балабақшада асық терапиясын қолдану балалардың бір-бірімен бәсекелесіп орындау барысында шапшаңдыққа үйренеді, саусақ буындарына өте пайдалы, ұсақ моторикасы дамиды. Саусақтармен жұмыс жасау арқылы саусақтары иілгіш болып жаттығады.Мұның бәрі баланың қиялы мен ойын ұшқырлығын,зейінін жан-жақты дамытады. Асық ойыны денсаулыққа пайдалы, адам денесі қимыл-қозғалыс арқылы шынығып, шымыр болады. Екіншіден жан тазалы таза болады. Келешекте осы ұлттық құндылығымыз асық ойынын одан әрі дамытып, жетілдіріп, кеңінен насихаттап халықаралық, әлемдік деңгейге тезірек көтеруге бірлесе жұмыстанайық. «Асығыңыз алшысынан түссін»- дегім келеді.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Косанова Гульмира Сабидуллаевна
Бестамақ « Болашақ »балабақшасы

«Білімнің бастауы – мектеп болса, келешек ұрпақтың алғашқы баспалдағы – бастауыш білім беру саласы» екені баршамызға белгілі. Қай кезде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстаздан үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Білім беру жүйесінің негізгі мақсаты - жалпы адамзаттың құндылықтар, ғылым және практика жетістіктері негізінде жеке адамды кәсіби шыңдауға және қалыптастыруға арналған тиісті жағдайларды жасау, білім беруді ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу».

Бүгінгі күні бала - ертеңгі жаңа әлем. Оқушының дамуына ықпал жасайтын ата-ана, мұғалім ынтымақтасуы қажет. Қазіргі уақыт талабына сай технология әдістерін үйретуші, бағдар беруші - мұғалімдер.

Осындай үрдісте, бәсекеге сай, дамыған елдердің қатарына жету үшін мұғалімдер қауымына үлкен міндеттер жүктеледі. Еліміздің мәртебесінің жоғары болуы жас ұрпақтың, қоғам мүшелерінің іскерлігі мен белсенділігіне байланысты болмақ.

Бүгінгі күні мектептерде оқытудың әртүрлі технологиялары жасалып, мектеп өміріне тереңдеп енгізілуде.

Жаңа жүйеде оқушыны тәрбиелеу мен оқытудың міндеті - әрі қарай дамыту болғандықтан, бұл әдістемелік жүйенің мазмұны, әдісі, білім беру түрі мен құралдарының арасындағы байланыстың өзгеруін талап етеді.

Деңгейлеп білім беру арқылы жекелеп оқыту және бұл жерде білім алушыға қатысты білім беру, дамыту ұстанымдары сақталады. Мұндай оқыту барысында әрбір оқушының бірінші деңгейдегі тапсырманы дұрыс орындағаны саналады. Соңында бұл оқушыларға білім беруге ықпал етеді және мемлекетіміздің «Білім жөнінде» Заңнамасының талаптарына қатысты бірінші деңгейдің орындалуын іске асырады. Осындай жүйені енгізудің пайдасы да көріне бастады. Үлгерімі нашар оқушылар, білім алушылық» сатыға сәйкес білімді және біліктілікті толыққанды меңгерді. Алғашқы деңгейдің тапсырмаларын толық орындай алмаса келесі деңгейге өте алмайды. Алға қойған «деңгейді» меңгерген оқушы алға қарай ұмтылады және өзіне өзінің сенімі молырақ болады.

Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін өзінің ұстаздық ғұмырын арнайтын мамандар ғана сапалы да, жемісті еңбек ете алады деп ойлаймын.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушының сөйлеу әрекетінің төрт түрін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Бұл сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша түйінді дағдылар оқу жоспарында «спиральді» тәсілмен берілген. Қарапайымнан күрделіге қарай, бірте-бірте білім, білік пен дағдылары кеңейтіліп қалыптасады. Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын, қарапайым бақылауға тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін қайта өмірде қолдана білуіне бағытталған.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ-ны қолдану, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдана білу.

Менің ойымша 3 тілділік жүйені 5 сыныптан бастап енгізгені абзал. Себебі, бастауышта оқушылар алдымен өз тілдерін жетік білулері қажет. Егерде бұл жүйе бастауыштан бастап қолданылса, онда тіліміздің деңгейі төмендейді, тіліміз шұбарланып кетеді. Ал қазіргі таңда тіліміз не деген әдемі, көркем десеңізші! Қазақ тілі ең бай тілдердің қатарында. Сөздік қоры бойынша 3 орында. Сондықтан тілімізді құрметтеп, сақтайық. Тілсіз, дінсіз ұлт болмайды. Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте деген бар емес пе?! 3 тілділік арқылы көп ақпарат алуға мүмкіндігіміз ашылар еді. Себебі, дамыған елдердің бәрінде ағылшын тілі қолданылады. Осының арқасында көп зерттеулер жүргізіліп, жаңа технологиялар жасалынатын еді. Тіпті бұрыннан ақ дәрі дермектер ағылшын не латын тілінде жазылған. Қазіргі таңда 3 тілділік пен латын тіліне көшу арқылы өмір сүруіміз оңай бола түсер еді. Кәсіби шеберлігіміздің зор, білім өрісіміздің кең, зиялылық және танымдылық деңгейіміздің жоғары болуы үшін, өзге елдің мәдениеті мен ділін ұғыну үшін үйренгеніміз жақсы. Алайда елімізге оңай соқпасы хақ. Алдымен мұғалімдерді үйретіп, кейін оқушыларға үйреткен жөн болар еді.

«Қанша білсең, ізден тағы, тағы да, білікті адам жетер тілек, бағына» деген ғұлама Баласағұнның сөздері менің өмірлік қағидам. Ұлы педагог Ушинский: «Мұғалім білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, іздеуді тоқтатса, мұғалімдігі де жойылады» деген болатын. Сондықтан әр бір ұстаз күнделікті сабағына өмір талабына сай дайындалып ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалануы тиіс. Ол заман талабы. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында «Білім беру жүйесінің басты- міндеті ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау,

оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу делінген.

Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру- қазіргі заман талабы. XXI ғасыр-ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда.

Бүгінгі мақсат — әрбір оқушыларға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау.

“Инновация” ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Инновация латыншадан аударғанда «жаңа», «жаңалық», «жаңарту» дегенді білдіреді немесе "инновация" — бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже. Нақты мақсатқа қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен жетуге болады?

Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже - жаңалыққа бет бұрудың кілті.

Инновациялық үрдістің негізі - жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. . Бұл яғни, бір мұғалім үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа мұғалім үшін өтілген материал тәрізді. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады.

Кез-келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүние жүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалылығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Экономикалық күшті дамыған елдердің тәжірибесі білім жүйесін ақпараттандыру экрномика, ғылым және мәдениеттің қарқынды дамуының негізгі кілті екендігін көрсетіп отыр. Ендеше қазіргі заманның ақпараттық технологиясын игеру міндетіміз.

Сөзімнің соңын қорытындылай келе, бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша менің көкейге түйгенім: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Құсайыновтың «Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы» атты кітабының жарық көруіне байланысты автордан алынған сұхбат, 2013

2.Құсайынов А.Қ. «Білім және реформа» – Алматы 2016 ,77-82-б.

3.Айқынбаева Г.Қ «12 жылдық білім беру жүйесінің шетелдік мемлекеттердегі дамуының ерекшеліктері» Жоғары мектеп педагогикасы.

4. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004

5. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Курманова Лаззат Бауржановна
«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасының меңгерушісі

Жаһандану дәуірінде дамыған қазақстандық қоғамды құруға үнемі өзгеріп отыратын экономикалық жағдайларға дайын ғана емес, сондай-ақ елді экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңғыртудың жеделдетілген процесінің қозғаушы күші болуға қабілетті бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастырусыз қол жеткізу мүмкін емес.

Орын алған түбегейлі саяси және экономикалық өзгерістер біздің қоғам өмірінің барлық салаларына, соның ішінде білім беру жүйесіне, бірінші кезекте – мектепке дейінгі тәрбиеге әсер етті. Бүгінгі таңда бала ең сәтті дамып, отбасында және мектепке дейінгі мекемеде тәрбиеленетіні анық. Қазіргі заманғы балабақшаның негізгі ұстанымдары-балаларды тәрбиелеу мен дамытуға, оларды Әлемдік және ұлттық мәдениеттің жетістіктерімен таныстыруға қажетті жағдайлар жасау және жеке тұлғаға бағытталған көзқарасты қамтамасыз ету негізінде балалардың денсаулығын сақтау және нығайту.

Бүкіл әлем мамандарының айтуынша, мектепке дейінгі балалық шақ-бұл баланың физикалық және психикалық дамуының, кейінгі өмір бойы қажетті жеке қасиеттердің алғашқы қалыптасу кезеңі. Баланың мінез-құлқының жалпы сипатын, оның айналасындағы барлық нәрсеге қатынасын анықтайтын балалардың жеке қасиеттері мен қасиеттері ғана емес, сонымен бірге баланың болашағын, дамудың әр жаңа кезеңінде жетістіктерге дайындығын анықтайтындар да қалыптасатынын есте ұстаған жөн.

Қазіргі уақытта біз Қазақстандағы сапалы даму, қоғамдық мектепке дейінгі тәрбие жүйесінің өзгеруі туралы, әртүрлі бағдарламалардың болуы және оларды әрбір педагогикалық ұжымның таңдау мүмкіндігі туралы; тәрбиенің жеке тұлғаға бағытталған моделін жариялау туралы; даму деңгейі әртүрлі балаларға арналған мекемелердің жаңа модельдерін әзірлеу туралы; басқарудың демократиялық стилі туралы; ата-аналардың балаларға деген құқығын тану туралы айтуға болады. мекемені таңдау. Бұған елдегі білім беру жүйесін жаңғыртудың ғылыми негізделген Стратегиясына негізделген балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы ықпал етеді. Ол мектепке дейінгі балалық шақтың әртүрлі жас кезеңдерінде балалардың табысты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік, ұйымдастырушылық, қаржылық-экономикалық, бағдарламалық-әдістемелік және басқа да басымдықтарды біріктіреді.

Білім мазмұны әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде жиынтық әлеуметтік тәжірибенің бір бөлігін көрсететін интегративті жүйе болып табылады. Білім беру мазмұны арқылы мәдениеттің сабақтастығы жүзеге асырылады, ол өз кезегінде қоғамның әлеуметтік прогресін қамтамасыз етеді. Осыған байланысты білім беру мазмұнын белгілі бір дәрежеде қалыптастыру мәселесі барлық тарихи дәуірлерде өзекті болды. Осы өтпелі кезеңде біздің ұрпаққа жаңа білім беру кеңістігінің негіздерін құрудың жауапты миссиясы берілген. Қалыптасудың күрделі кезеңінен өтіп, ҚР мектепке дейінгі білім беру жүйесі, ТМД-ның барлық мемлекеттеріндегідей, баршаға белгілі мәдени макромодель: ғылым - өндіріс-білім беруді жүзеге асыруды аяқтайды. Енді біз қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдай білім туралы басқа түсінік беретіндігін түсінеміз. Осыған сүйене отырып, білім беруді мәдениет саласы ретінде қазіргі заманғы түсіну Білім беру процесін ізгілендірудің маңыздылығын және гуманитарлық білімнің рөлін күшейтеді. Білім берудегі жеке тұлғаның басымдығы, бір жағынан, демократиялық қайта құруды, екінші жағынан, тарих жинаған барлық жағымды нәрселерді қолдануды қамтамасыз ететін жаңа қағидаттарға негізделген білім мазмұнын құруды қамтиды.білім мазмұны. Өткеннің оң тәжірибесі білім беру мазмұнының ғылыми

негіздерін құрылымдау тұрғысынан ерекше маңызды. Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде тарихи тәжірибе де маңызды, өйткені білім берудің әртүрлі модельдерінің пайда болуын анықтайтын білім берудің философиялық, психологиялық негіздерінің әртүрлі бағыттары, бағыттары бар .

Мектепке дейінгі ұйымдардың кәсіби-педагогикалық ортасында инновациялық қызмет Өзін-өзі жетілдіру уәждемесін қалыптастыру, білім беру процесінің сапасын арттыру тәсілі ретінде қарастырылады.

МДҰ педагогтары пайдаланатын негізгі педагогикалық технологиялар (жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологиясы; М.Монтессоридің жалпы педагогикалық технологиясы; "step by step" технологиясы; деңгейлік оқыту технологиясы) балаларды тәрбиелеу мен оқытуға дәстүрлі емес тәсілге жағдай жасауға бағытталған.

Мектепке дейінгі білім беруді ұйымдастырушылардың басты міндеті - дәстүрлі тәжірибе мен инновациялық тәжірибені үйлестіруде шығармашылық тәсілдерді ұсыну. Осы мақсатта елімізде облыстық конкурстар, семинарлар, кеңес беру сияқты жұмыс түрлері кеңінен қолданылады; озық педагогикалық тәжірибені жалпылау және жергілікті жерлерде шығармашылық педагогтар дайындаған әдістемелік құралдар мен бағдарламаларға ұсыныстар жасау мен алуда әдістемелік көмек көрсету бойынша жұмыс ұйымдастырылады.

Жаңа буын стандарттарында мынадай басымдықтар айқындалған:

* әр баланың тұлғалық дамуы;

* балабақша мен мектептің сабақтастығын жүзеге асыру;

* мектепке дейінгі жастағы және білім беруді бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етудің жаңа тәсілдерін қолдану;

* бала тәрбиесіндегі отбасы мен қоғамның маңыздылығын мойындау.

Жаңа стандарт мектепке дейінгі білім беруді қоғамның әртүрлі топтарының қажеттіліктеріне жауап беретін институтқа айналдыру, отбасымен диалогтік ынтымақтастық пен серіктестік орнату, педагогикалық процесті демократияландыру, қоғамдастықпен және педагогикалық ұжыммен қатынастардың ашықтығы арқылы жаңғыртуға ықпал етеді.

Бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етудің, пәндік-дамытушылық ортаны құрудың жаңа тәсілдері әрбір баланың әлеуетін ашуға мүмкіндік жасай отырып, "Денсаулық", "Таным", "Коммуникация", "Шығармашылық", "Социум" білім беру салаларында баланың негізгі құзыреттілігін дамытуды көздейді. Жаңа стандарттың арқасында мектепке дейінгі ұйым танымдық, эмоционалды, физикалық және әлеуметтік дамудың жоғары деңгейі сияқты бастауыш мектепте оқу үшін қажетті алғышарттар жасай отырып, жалпы мәдени, ұлттық құндылықтар негізінде балалардың үйлесімді дамуын жүзеге асырады.

Стандарт баланың әлеуметтік-рухани қасиеттерін қалыптастыратын, өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге, шығармашылық және сыни ойлауға дайындыққа, жалпыадамзаттық және ұлттық мәдени құндылықтарды құрметтеуге бағытталған мұғалімнің мәртебесіне ерекше талаптар қояды. Кәсіби педагогқа, оның өз жұмысы нәтижелерінің сапасы үшін жауапкершілігіне үлкен үміт артылады.

Бүгінгі таңда көптеген елдер үшін баланың екі институтта - отбасы мен мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленіп, сәтті дамып келе жатқандығы айқын. Отбасы, отбасылық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сіңіру негізінде білім берудің жайлы, гүлденген фонын жасайды. Мектепке дейінгі мекеме балалар қауымдастығын ұйымдастыруға жағдай жасайды, онсыз баланың сәтті әлеуметтік дамуы мүмкін емес.

Сондықтан стандарт отбасына жоспарлауға, шешімдер мен ұсыныстар қабылдауға белсенді қатысуға мүмкіндік береді, балалардың балалар тобында болуының жайлылығы мен қауіпсіздігінің кепілі болып табылатын отбасылық серіктестік құру үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Жаңа стандарт-бұл отандық және шетелдік педагогикалық ғылымның жетістіктерін

ескере отырып, баланың жеке дамуына қажетті әлеуметтік, бағдарламалық-әдістемелік, физикалық, танымдық және эмоционалды аспектілерді біріктіретін ойластырылған құжат.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі саланы дамытудың басым бағыттарын бөліп көрсетуге болады.

1. Баланың жеке басын оқыту мен тәрбиелеудің көптілді және көп мәдениетті компонентін қолдана отырып, жұмыс тәжірибесін енгізу бойынша мектепке дейінгі мекемелердің қызметін бастау.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың көпқырлы кеңістігі үшін жағдай жасау.

3. 12 жылдық оқытуға көшу қарсаңында заманауи әдіснамалық, технологиялық, дидактикалық база негізінде мектепке дейінгі кадрларды даярлау және қайта даярлау.

4. 12 жылдық білім беру жүйесінде жұмыс істей алатын жаңа формациядағы тәрбиешілердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру.

5. Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру сапасын жетілдіру мақсатында педагогтердің біліктілігін арттыру технологиясын іске асыру.

6. Басқарудың озық, болжамды стилімен жаңа формация жетекшісінің моделін қалыптастыру.

Білім беру саласындағы демократиялық өзгерістер-ойлы көзқарасты талап ететін оңай процесс емес. Бір жағынан, соңғы онжылдықтарда қол жеткізілген оңды сақтау қажет, ал екінші жағынан, білім беру саласында жаңа тәсілдерді енгізу қажеттілігі туындады, ҚР мектепке дейінгі білім беру стандарты, ең алдымен, тек оқыту әдістемесін ғана емес, сонымен қатар бақылау мен бағалау әдістерін меңгерген шығармашылық мұғалімге бағытталған. өз қызметін жобалау және баланың дамуын болжау.

Мұғалімнің қызметі жаңа стандартқа сәйкес мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуын қамтамасыз ететін жағдай жасауға бағытталған.

Стандарт мұғалімнің ойлауын қайта құруға арналған, бұл оған педагогикалық ізденіске белсенді қатысуға, іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін игеруге, стандартты емес педагогикалық жағдайларды шешуге, нәтижені шығармашылық тұрғыдан өзгертуге және болжауға мүмкіндік береді. Стандарт мұғалімнің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыратын ұйымдастырушылық және әдістемелік мәселелерді шешудегі қажетті шарт ретінде өзін-өзі тәрбиелеуге ынталандыруға арналған.

Кез-келген тәрбиенің мақсаты қоғамдық өмірдің ең жақсы идеалдарында, ақиқат, изгілік және сұлулық идеалдарында белсенді тұлға құру болуы керек. В.М. Бехтерев.

ОБНОВЛЕНИЕ СОДЕРЖАНИЯ ХИМИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В УСЛОВИЯХ ИНФОРМАЦИОННО-ПРЕДМЕТНОЙ СРЕДЫ

Курманова Лаззат Бауржановна
Алгинский район, Бестамакская средняя школа, учитель химии

Современный мир изменился «Лавинообразный» рост объёма информации, подлежащей усвоению и осмыслению обучающимися, введение в педагогическую практику государственных образовательных стандартов, предусматривающих развитие у школьников универсальных учебных действий, например, самостоятельно определять цели и задачи обучения, планировать пути их достижения в процессе учебно-познавательной деятельности, рефлексировать процесс и результаты обучения, а также изменение требований к качеству подготовки выпускника школы, актуализировали проблему поиска эффективных траекторий обновления системы образования, развитие которой инициировано развитием общества в

целом и постоянно идущими образовательными реформами. В школе мы наблюдаем снижение интереса и мотивации к изучению предметов естественнонаучного цикла, увлечение подростков виртуальным общением и отсутствием желания читать книги. Учить школьника очень сложно, поскольку состояние его эмоционального статуса – страх. К этому приводят постоянно действующие в условиях временного цейтнота стрессорные факторы, нарушающие физическое и психическое здоровье.

Учить химии ещё сложнее, поскольку роль химии в современном мире существенно изменилась. При проектировании нового содержания и методов обучения, мы не можем не учитывать плюсы и минусы этих изменений. С одной стороны, химия является ключевой областью экономики, каждый год синтезируют сотни тысяч новых веществ, существует огромный объём доступной химической информации. Кроме того, мы широко используем электронные средства обучения, развивается качественное дистанционное образование. Большое внимание в настоящее время уделяется организации работы с одарёнными детьми, олимпиадному движению, индивидуализации обучения, а значит, запрос в обществе на качественное химическое образование есть. С другой стороны, роль химии всегда будет ограниченной по сравнению с математикой и физикой. В школе мы наблюдаем постоянное уменьшение доли предмета химии в учебном плане, итоговая аттестация в форме ЕНТ отнимает большие финансовые ресурсы, ведёт к формализму в знаниях и совсем мало времени оставляет на изучение химии. Необходимо, чтобы были качественные сайты, сетевые сообщества, чтобы издавалась научно-популярная литература, книги, журналы, из которых мы черпаем знания.

В современном Казахстане идет становление новой системы образования, ориентированной на мировое образовательное пространство. Этот процесс сопровождается существенными изменениями в педагогической теории и практике. Качественные изменения в любой области нашей жизни, а тем более в образовании невозможны без формирования нового взгляда учителя на свое место и роль в учебном процессе. Я думаю ,что мы учителя, должны осмыслить новые цели и задачи в обновлённом содержании и научиться применять новые технологии обучения, новые формы оценивания с учетом компетентностно-ориентированного подхода в обучении. Каждому педагогу необходима готовность к восприятию методологии и содержания обновленного образования, к изменению программного и методического обеспечения образовательного процесса, к изменению целей и способов педагогической деятельности.

Методика обучения химии, применяемая в настоящее время в средней школе, является еще в определенной степени традиционной. Деятельность учащихся при этом способе обучения направлена, главным образом, на запоминание и воспроизведение учебного материала, выполнение заданий и упражнений. Но на современном этапе главным требованием к уроку химии является использование всех возможностей содержания и методов обучения для проблемного построения учебного процесса как важного условия развития логического мышления учащихся, их творческих способностей, мотивирование казахстанского патриотизма и активной гражданской позиции.

Перед методикой обучения химии как педагогической наукой, изучающей содержание химического образования и закономерности его усвоения обучающимися, стоит далеко непростая задача – ответить на следующие вопросы: Что надо понимать под содержанием обучения? Поскольку знания «зашиты» в контекст, где начинается и заканчивается содержание обучения? Где границы этого содержания? Что взять за единицу содержания и деятельности? Как научить обучающихся читать и понимать смысл прочитанного? Каким образом при проектировании содержания обучения соотнести традиционный «знание-

ориентированный» и компетентностный подходы? Каким содержанием должен быть наполнен процесс обучения химии, чтобы повысить научную грамотность и культуру обучающихся? Как отразить в предметном содержании взаимосвязь таких форм бытия, как наука, искусство, которые являются источниками знаний человека? Какова роль медиаобразования в обновлении содержания обучения? Какова должна быть логика структурирования этого содержания, чтобы информация работала на знания? Каким образом интегрировать содержание образования в информационно-предметную среду, включающую комплекс цифровых образовательных ресурсов (ЦОР), которые, в свою очередь, влияют на обновление содержания обучения? Очень важно включать в содержание образования материалы современных исследований химической науки, связанные с успехами, проблемами и бедами современного общества, результаты достижений в области науки технологии

Новизна заключается в изменении подходов к содержанию, формам, методам обучения, и роли учителя-предметника; в развитии умения учителя управлять познавательной деятельностью учащихся, используя для этого различные средства обучения и стимулирования.

Для достижения поставленных целей и соответствующих задач проектирование уроков начинаю с планирования необходимых конечных результатов, которые должны быть достигнуты всеми учащимися при изучении данного учебного материала на разных уровнях. Эти необходимые планируемые результаты представляют собой требования к усвоению учебного материала учащимися.

Дидактической единицей знания являются понятия. Химические понятия выражены в форме знаковых моделей и имеют большую долю абстракции, поскольку это концентрат сущностных, обобщённых знаний, к которому приходит мышление, выделяя существенные признаки, свойства, закономерности веществ и химических реакций.

Проектирование содержания обучения химии можно представить как процесс «смысловой грануляции». В качестве таких «смысловых гранул» выступают взаимосвязанные системы химических понятий. С другой стороны, появление новых содержательных блоков предполагает разработку нового стиля обучения, в котором будет найдено оптимальное сочетание образовательных технологий, методов и приёмов, комплексов дидактических средств и организационных форм.

Современная химия быстро развивается, особенно заметны её успехи в органическом и неорганическом синтезе. Одним из молодых междисциплинарных разделов современной науки является супрамолекулярная химия . Объектами изучения супрамолекулярной химии в живых системах являются органоиды клетки. Например, рибосома рассматривается как один из супрамолекулярных клеточных ансамблей. Рибосома представляет собой клеточную бионаномашину, на которой происходит трансляция генетической информации, скопированной с ДНК в виде тринуклеотидов-кодонов матричной РНК в полипептидные цепи белков. Эта функция является общей для рибосом бактерий и эукариот. Эти знания обязательно должны найти своё отражение в содержании общего образования. Вместе с тем, школьная практика показывает, что включение в содержание обучения предметов естественнонаучного цикла вопросов, связанных с определением границ и сущности жизни, происхождения биологического мира на Земле и возможности существования жизни за пределами Земли и Солнечной системы, а также проблем, связанных с пониманием того, почему жизнь приняла именно такие формы, которые мы знаем, и возможно ли создать жизнь искусственно, ограничено рамками жёсткого лимита времени на уроке. Учителя биологии, физики, химии проводят межпредметные уроки по такой тематике, но это скорее исключение, чем правило. В настоящее время это можно сделать только в рамках углубленного или факультативного изучения некоторых аспектов супрамолекулярной химии.

Таким образом, проблема обновления содержания обучения химии в условиях информационно-предметной среды становится стратегией современного образования.

Использованная литература:

1.Волкова С.А. Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2017. – № 4-1.

2. Пак М.С. Интегративный подход//Лекции. С-Пб.: РГПУ, 1991 г

3.Фадеев Г.Н. Интегративно-аксиологические основы конструирования и применения химической литературы для общего среднего образования // Дисс….докт. пед.наук. СПб. 2002 г.

4. Кондаков А.М. Стандарт – требования государства//Вестник образования. 2007, №1.

БАЛАБАҚШАДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Сатаева Алтынай Даулеткереевна
«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасының тәрбиешісі

Қазіргі өмір ағымындағы техника мен ғылымның космостық жылдамдықпен дамуы мен өзгермелі уақыттың сұранысына жауап беру мақсатында жас ұрпақты тәрбиелеудің түрлі жолдары қарастырылып отыр. Сондықтан білім беру мекемелерінің басты назары – білім берудің жаңа технологиясын, әлемдік тәжірибеде қолданыс тауып, жоғары нәтиже берген тың үлгісін білім беру үдерісіне енгізу болып табылады. Оқытудың қай кезеңі болсын айталық, мектеп жасына дейінгі, мектеп жасындағы бастауыш сынып, орта буын, жоғары буын, тіпті жоғары мектеп барлығында да оқу үдерісіндегі өзгерістер, оқытудың тың формасын іздеу, дәстүрлі оқыту арнасынан шығып, бүгінгі күн талап тұрғысына бейімделу әрбір педагогты ізденіске, шығармашылыққа шақырады. Сонымен қатар, бүгінгі күні жиі ұйымдастырылып жатқан біліктілікті арттыру бағдарламаларының да маңызы зор.

Мемлекеттің өркениетті елдер қатарына қосылып, даму қарқынын күшейтілу үшін ең басты капитал – жас ұрпақтың жан-жақты білімді, интеллекті жоғары, эрудициясы мол, зейінді, саналы болуы керек. Ал оған жету үшін, оқытудың әрбір кезеңінде мектепке дейінгі, мектеп жасындағы баланың лайықты жетілуін, тұлғалық қабілетінің жүйелі дамуын қадағалау шарт. Себебі, бүгінгі күн сұранысына сай, үздіксіз даму үдерісінде болған бала ғана мемлекетінің саналы азаматы бола алады. Білім беру мен тәрбиелеудің алғашқы баспалдағы – мектепке дейінгі мекеме болса, ондағы бала дамуына жасалған игі істер, педагогикалық ізденістердің маңызы арта түспек. Сондықтан қазіргі балабақшадағы оқу-білім беруге арналған инновациялық қызмет - мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының кәсіби дамуының ең басты факторы болып отыр.

Қазіргі заман инновациялық қызметі - балабақша балалармен жұмыс істеуде инновациялық технологиялар, әдістер, балалардың психологиясы мен педагогикасын терең білуі педагогтарға нақты бір жетістіктерге жетуге көмектеседі. Нақтылап айтқанда, балаға білім мен тәрбие беруді саналы-сапалы етіп қызығушылықтары мен өміршеңділігін арттырады деп айтуға болады. Себебі, кейінгі кезеңге дейін қолданып келген дәстүрлі оқыту бала дамуының өрісін қалыпты жағдайда ұстаса, қазіргі қолданыстағы оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық технологиялары, тың әдіс-тәсілдері баланың өз өресі тұрғысынан дамуға, шығармашылық қабілетін оятуға негіздейтін, жеке тұлға ретінде қалыптасуға

мүмкіндік туғызатын бірден-бір жол деуге толық негіз бар. Бұл жайында көптеген зерттеулер де бар және тәжірибеге еніп те үлгерді. Шетелдік ғалымдардың зерттеулері мен отандық әдіскер-ғалымдардың ғылыми пайымдауларының, жасаған жобаларының негізінде қазіргі білім берудің жаңа моделі жасалып отыр. Түрлі технологиялар қолдануға ұсынылып отыр. Соның негізінде мемлекеттік білім стандарты деңгейіне оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны енгізуді өз міндетімізге алып отырмыз. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу бағытында түрлі шаралар ұйымдастырылып жатыр. Қазіргі кезде мектеп жасына дейінгі мекемеде жаңа инновациялық педагогикалық технологиялардың көптеген түрі қолданылуда. Атап айтсақ, проблемалық оқыту технологиясы, өздігінен даму технологиясы, деңгейлеп саралап оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы, ойын арқылы оқыту технологиясы, денсаулық сақтау технологиясы, жобалы-іс шығармашылығы, ізденіс-шығармашылық технологиясы, қатынастық-ақпараттық технология, жеке тұлғаға бағыттау технологиясы, ТРИЗ технологиясы.

Тәрбиеші өз тобының жас ерекшелігіне, мүмкіндігіне қарай технологияның түрлерінің лайықтысын таңдап қолданады.

Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.

Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын - балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады. Халық даналығында «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді», «Ойында озған, өмірде де озады» деген аталы сөздер сырына жүгінсек, мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым-қатынасы мінез-құлық көріністері олар өсіп-есейгенде де жалғаса береді.

Сонымен қатар тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу барысында балалардың жас ерекшелігін ескеру әдіс-тәсілдерді таңдаумен сай келеді, оқу әрекетін өткізгенде бірінші орынға ойын және ойын түрлері қойылады. Ойын – оқу үдерісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық санат. Тіл дамытуда ойынды көрнекі құралдар, түрлі суреттер , кестелер, ойыншықтар, музыка және т.б. материалдар сабақты көркемдеп отырса, балалардың сөздік қоры біршама толығады, ауызша сөйлеу түрлері кеңейеді. Әрбір сабақта ойын түрлерін және өзара сөйлеу үлгілерін тақырыпқа сай қолданған жөн және тиімді. Тіл дамыту барысында ойын элементтерін дидактикалық материал ретінде пайдаланудың пайдасы бар. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Ойын сабақтың басында – өткен сабақты еске түсіру. Сабақтың ортасында – көңіл-күйін сергіту, ерік-жігерін дамыту, сабаққа ынтасын арттыру. Сабақтың соңында – тақырыпты бекіту, сабақта алған білімді жинақтау мақсатын көздейді. Ойын арқылы балалардың тілдерін дамытып, сөздік қорын байытады, жаңа материалды жақсы қабылдайды, есте сақтайды, зейіні дамиды, қызығушылығы артады. Мектепке дейінгі ұйымдарда сөздік қорды дамыту жұмыстары түсіндіру, сұрақ-жауап, сөйлесу, әңгімелесу, әңгіме, көрнекілік әдіс – тәсілдер арқылы жүзеге асады. Сөздік қорды дамытуға бағытталған әдістердің жалпы міндеті - сөздің мағынасын дұрыс түсініп, оны өз сөзінде дұрыс қолдану.

Ересек топтағы балалар үшін инновациялық білім беру құралдарын, сандық технологияны қолданудың да маңызы зор. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио,

видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі - мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс-әрекеттерін бастар алдында жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал, мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланар еді.

Балабақша баласына мультимедиялық оқулықтар, біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден, зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге мүмкіндік алады. Мультимедиялық оқулықтар балабақшада балаларға арналған таптырмас құрал болып табылады. Өйткені, балалардың зейіні әр түрлі әдемі түстерге, ойыншықтарға, әдемі суреттерге, әсемдікке әуес болады. Мультимедиялық электронды оқулықтар бала үшін де, тәрбиеші үшін де күнде дамытылып отыратын анық түрдегі әдістемелік жүйе болып табылады.

Қорыта келгенде, жоғарыда келтірілген көптеген жаңа инновациялық технология түрлері, оны оқу-тәрбие үдерісінде қолдану жолдарын игеру әр тәрбиешілінің өз қызметіне қарым-қатынасын танытады. Екіншіден, білім беру жүйесін бірізділендіруді бақылап отыратын құзырлы органдардың, министрліктің, тіпті балабақша әкімшілігі тұрғысынан талаптың қойылуына, сұраныстың артуына жауап беруде іске асатын шаралар.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Отбасы және балабақша» Ғылыми-әдістемелік журнал №2 2012 ж.

2. А.К.Ахметов. Принципы технологии и содержание образовательной программы. Алматы, 1995ж.

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың цифрлық контентін әзірлеу саласындағы шетел тәжірибесіне сараптамалық шолу. Алматы, 2012ж.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ

Таужанова Амангул Такировна
«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасының тәрбиешісі

Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты- ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Шығармашылық тұлғаны қалыптастыру – қазіргі кезеңдегі педагогикалық теория мен тәжірибенің маңызды мәселелерінің бірі. Оны мектепке дейін дамыту тиімді.

В.А. Сухомлинский айтқандай: «Балалардың мүмкіндігі мен дарындылығының бастамалары саусақтарының ұшында. Бейнелеп айтқанда, саусақтарынан,

шығармашылық ойын қоректендіретін өте жіңішке жылғалар сынды жіптер тарайды.Баланың қолында неғұрлым шеберлік көп болса, соғұрлым ол ақылды болады». Педагогтардың пайымдауы бойынша-барлық балалар дарынды. Сондықтан дарынын уақытында байқап, сезіп, тәжірибесінде, нақты өмірінде қолдануға мүмкіндік туғызу

қажет. Ересектердің көмегімен көркемдік-шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, бала жаңа туындылар жасайды (сурет, жапсыру,мүсіндеу). Қайталанбайтын туындыларды ойластыру барысында ол әрқашан заттың жасалу тәсілдерімен тәжірибе жасайды. Мектепке дейінгі жастағы бала өзінің эстетикалық дамуында қарапайым көрнекі-сезімдік әсерінен түпнұсқалық кейіптің жасалуына бейнелеу-мәнерлеу әдістері арқылы өтеді. Балалар өмір құбылыстарын сурет салу, сазбалшықтан немесе ермексаздан мүсіндеу, қиып жапсыру,табиғи материалдармен көркем өңдеу жұмыстары кезінде тереңірек танып білуге мүмкіндік алады.

Түрлі материалдардан (қағаз, картон, мата, ермексаз, саз, қамыр, табиғи материалдар) әшекейлеудік тәсілдеріне машықтанады, бұйымдар үлгісін жасаудың жолдары мен оларды сәндеп әшекейлеудің амалын үйренеді.

Жапсыру оқу іс-әрекетінде:

Сәндік жапсыру,
сюжетті жапсыру,заттық
жапсыру және
табиғи материалдармен жұмыс.

Ал, мүсіндеу арқылы заттардың,адамдардың,құстардың,хайуанаттардың пішінін бейнелеу тәсіліне машықтанады. Қолданылатын ермексаз немесе сазбалшық арқылы сомдайтын бейненің сыртқы кескінін,олардың қимыл-қозғалыс пластикасының ерекшеліктерін, күнделікті көргендерін еске түсіре отырып мүсіндей білуге, мүсіндеу барысында тұлғалардың дене құрылысы, бөлшектердің өзара жарасымды байланысы туралы алғашқы түсініктерді игеруге мүмкіндік алады.

Мүсіндеу оқу іс-әрекетінде:

Заттық мүсіндеу,
сәндік мүсіндеу,
сюжетті мүсіндеу,
табиғи материалдармен мүсіндеу.

Эстетикалық тәрбие алған балалар жарқын,әсем атаулының бәріне жай ұмтыла қана қоймай ,сұлулықты жан дүниесімен қабылдайтын болады.

Сурет салуда дәстүрден тыс әдістер балалар үшін қызықты, өйткені өзінің қиялын, ықыласын, ойын толық білдіруге үлкен мүмкіндіктер береді.

Алға қойған мақсатыма жету үшін келесі тапсырмаларды орындауды анықтадым:

1.Мектеп жасына дейінгі балаларды сурет салудың дәстүрден тыс әдістерін қолдануға үйрету;

2.Мектеп жасына дейінгі балалардың қозғалыс дағдыларын және қолдың білезік буынының икемділігін арттыру;

3.Балаларды сурет салудың дәстүрден тыс әдістерін пайдалана отырып кез- келген сурет салуда өз шығармашылықтарымен ұштастыра білуге үйрету.

Өзімнің ұйымдастырған оқу қызметімде сурет салудың дәстүрден тыс әдістерінің топтамасын, балалардың саусақтарына толықтай демалыс болатын, қимыл қозғалысын арттыратын, жазу дағдыларын қалыптастыратын элементарлық саусақ ойындарын, гимнастика, жаттығуларды пайдаланамын. Балалар келесі белгілер бойынша жақсы нәтижелер көрсетті:

- Штрихтау икемділігі,түрлі түсті қарындаштармен әр түрлі сызықтарды тартуы;
- Жіңішке және жуан қылқаламмен бояуды жаға білуі;
- Негізгі түстердің,бояудың реңктерін танып,оларды араластыра білуі;
- Үлгі мен дақты жұмыста қолдана білуі;
- Өз жұмыс орнын жинай білуі;

Сонымен қатар балалардың төмен қабілеттері де байқалды:

· Сабақ барысында, жауап айтқан кезде өзіне деген сенімсіздік пен бөгеліп қалушылық;
· Өздігінен бейнелеу құралдарын таңдауда,суретті параққа орналастыруда әректсіздік;
· Дәстүрлі емес бояу әрекеттерін қолдану кезіндегі жаңғалақтық;
· Бейнелеу құралдарымен тәжірибе жасау;
· Танымал сурет салу әдісінде педагогтың анық түсіндіруін күту;
· Қиялын,көркем шығармашылығын байқату;
· Суретке жеке көзқарасын жеткізу;

«Бастыру әдісі» әр түрлі заттармен бастыру арқылы сурет салу балаларда жағымды эмоция, қызығушылық тудырады. Бастыру үшін әртүрлі заттарды қолдануға болады. Мысалы:Жапырақ, алақан, поролон, өсімдіктер.

«Құммен сурет салу әдісі». Балаларға құммен сурет салу өте қызықты, қатты ұнады, ол көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды.

Оны төмендегідей жүргізеді:

- Ақ қағаз бетіне суреттің пішіні сызылады;
- Желім сызылған сызық бойымен қылқаламмен жағылады;
- Жағылған желімнің үстіне ыдыстардағы құм себіледі.

Балалармен жұмыс барысында олардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, алынған нәтижеге талдау жасадым, жеке жұмысты жоспарладым.

Балалардың ұсақ қол моторикасын дамытып қана қоймай, дәстүрден тыс әдістермен жұмыс жасауды жетілдіріп, ерекше бейнелері арқылы өзінің «Менін» көрсету. Балабақшадағы балалар қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден, кез келген бала оқу әрекетінде адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақталған тәжірибесін меңгерсе екіншіден, кез келген бала шығармашылық әрекеттің айырмашылығы – ол баланың өзін-өзі қалыптастыруына өз идеясын жүзеге асыруына бағытталған жаңа әдіс-тәсілдерді іздейді. Бүгінгі балабақша балалары кез келген шығармашылық тапсырмалар шешуді табыспен меңгере алады.Баланы мектепке даярлауда, оны жеке тұлға ретінде қалыптастыруда, ойлау қабілеттерін дамытып, қызығушылықтары мен икемділіктерін арттыруда ата-аналар мен балабақшаның бірігіп жұмыс істеу балабақшамыздың негізгі міндеттерінің бірі. Соған сәйкес бала шығармашылығын дамытуда да ата-аналардың атқаратын рөлінің ерекше екендігі мекемедегі әрбір іс-әрекетімізде ескеріліп отырылады.

Қорыта айтқанда, ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері негізіне қабілеттің мұндай дәрежесіне белгілі бір шарттар орындалған жағдайда кез келген баланы шығармашылыққа бейімдеуге болатыны көп айтылуда. Адамның шығармашылыққа ынтасы оның өз даралығын, өз қабілеттерін іске асыруға жол ашады.

Шығармашыл тұлғаның ерекшелігін И.Андреев «белсенді, шығармашыл тұлға өзімен және қоршаған ортамен қайшылыққа келуге қорықпайды, негізгі ерекшелігі–батылдығы, мәселені қоя және аша білетіндігі, мақсатқа жету жолындағы табандылығы, өзіндік пікірі мен жолы, бай қиялы» деп сипаттайды. Шығармашылығы дамыған тұлғаның ерекшелігі – жалпы зерделілігі, өзіндік ой түюі, мақсат қоя білетіндігі. Ал педагогтердің жұмысы қабілетті балаларды танып біліп, демеп отыру.Бала бейімділігі мен икемділігі сәби күннен қалыптаса бастайды. Оқу және еңбек үстінде ол әрі қарай дамып, нығаяды. Өмірді танып білу, әдетте, оқып - үйренуден бастау алады. Содан соң адам сол білімін шығармашылықпен пайдалануға, қоғамға пайда келтіруге ұмтылады. «Барлық мүмкіндіктер балалардың бойында» деп, Лев Толстой айтқандай, ашылмай бұйығып жатқан мол мүмкіндікті дер кезінде дұрыс жолға бағыттай білу керек. Қорыта келе мектепке дейінгі мекемелерде балалардың бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін оқып үйретудің сан алуан әдістері және ең

алдымен балалар дербестігін, белсенділігін, өмір құбылысын көркемдік тұрғысынан қабылдау әрқашанда дара, әрі таңдамалы. Нәтижесінде балада көркем өнер туралы білімі қалыптасады, шығармашылық қабілеттері дамиды, авторлық бағытта бейнелей біледі, отбасы және мектеп ынтымақтастығы орнайды.

ЗЕРТТЕУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТІН ДАМЫТУ

Уразалина Г.Б
Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Бестамақ ауылы
«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасы

Бүгінгі мектеп жасына дейінгі жас ұрпақтарға келешекте өз өмірлерінің, олардың жастық қабілеттерінің нені қабылдап өрістете алулары қабілеттеріне жаңалықтылық концепцияларды үйлестіре білуге тәрбиеленуде және де осының арасынан дұрыс бағыт тауып өз кірген ортасында негізгі бейімділік тауып әрқашан өзгерістерге бейімділікпен тәрбиеленуі қажет.

Кішкентай балалардың бір нәрсені зерттеуге деген талпынысы биологиялық құбылыс. Үнемі бір нәрсені зерттеуге деген талпыныс бала мінезіне тән қасиет. Ол өзін қоршаған ортаны үнемі танып білгісі келеді. Баланың бір нәрсені зерттеп білем деген талпынысы, оны зерттеп оқу іс-әрекетіне итермелейді.Баланы өзінің іс-тәжірибесі арқылы оқуға қызығушылығын арттыру, яғни «зерттеу арқылы оқыту» білім беру саласын демократияландыру кезеңінен байқалады, педагогтер баланың оқу іс-әрекетін танымдық іс-әрекетіне жуықтауға талпыныс жасайды.

«Зерттеу арқылы оқытудың» басты мақсаты – балаларда адам мәдениеті дамуының кез-келген сатысында атқарылатын іс-әрекетті өз беттерімен, шығармашылықпен, жаңа қабылдау қабілеттерін қалыптастыру болып табылады.Зерттеу әрекеті – мектеп жасына дейінгі балалардың жеке шығармашылығына бағытталған әрекет. Мұндай әрекет мектеп жасына дейінгі балалардың жеке білім аумағын қалыптастыру арқылы нәтиженің туындауына мүмкіндік береді. Мектеп жасына дейінгі балаларда арнайы білімді қалыптастыруға, сондай-ақ жалпы зерттеулік ізденіске қажет білік пен дағдыны дамытуға қажетті бағдарламаны өңдеу қағидаларын анықтаған. Тәрбиеші- нің ғана қолынан келетін нәрсе – ол балалардың ісіне деген қызығушылығын өшіріп алмай, ары қарай астыруы. Яғни, ойлау қабілетінің ерекшеліктерін дамыту, белсенділіктерін арттыру, қызығушылығын дамыту, балаларға берілетін тапсырмалардан ерекше тапсырмаларды беру, көбірек ойландыру, танымдық, дидактикалық ойындар беру арқылы қызығушылығын үстемдеу, сұрақтармен мәселерді шешуді, өз бетімен іс істеуге үйрету, зерттеуге баулу.

Тәжірибе жасаудың басқа іс-әрекеттермен байланысы

Тәжірибе ізденісі бақылау, еңбек, тіл дамыту, бейнелеу өнері, қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру іс-әрекеттерімен байланысты.Бақылау кез-келген тәжірибенің негізгі бөлігі болып табылады. Себебі ол арқылы жұмыс барысын қабылдау және қорытындылау іске асырылады. Тіл дамыту және тәжірибе ізденісі байланысы. Тәжірибе жасау барысында бала көргенін, не орындағаны жайында , қорытынды жасау, есеп беруде байқалады.Тәжірибе ізденісі және бейнелеу өнері. Бала тәжірибе қорытындысын суреттеуді бейнелеу өнері іс-әрекеті кезінде нақты жеткізе алады. Тәжірибе ізденісі және математикалық ұғымды қалыптастыру. Тәжірибе кезінде әрқашан нәрсені санау, өлшеу, салыстыру, пішіні мен көлемін анықтау қажеттілігі пайда болады.

Зерттеу ізденісінің мақсаты:

Мектепалды балалардың таным белсенділігін, білімпаздығын, өз бетімен ізденіске талпындыру зерттеу арқылы дамыту.

Зерттеу ізденісінің міндеттері:

1.Балалардың қоршаған ортаға деген қызығушылығын үдетіп отыру;

2.Балалардың танымдық қабілетін дамыту (саралау, талдау,жіктеу, топтастыру, салыстыру, жинақтау);

3. Зерттеу ізденісін жасау барысында талқылау, пікірін айту, болжам жасау, сауалдар таңдау арқылыбалалардың ой-өрісін, тілін дамыту.

4. Балаларды табиғатты қорғау әрі сақтауға,сұлулығын көруге, экологиялық ережелерді сақтауға тәрбиелеу;

5. Зерттеу өткізуде қауіпсіздік ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.

Балалардың тәжірибе ізденісінің құрылымы:

Проблеманың қойылуы (зерттеу тақырыбы);

Болжам немесе гипотеза ұсыну;

Шешім қабылдаудың іздестіружолдары;

Мәліметтер жинақтау;

Алынған деректерді түйіндеу.

Тәжірибе ізденісіне дайындалу және өткізу алгоритмі

Тәжірибе ізденістерінің алдын алу жұмыстары (экскурсия, бақылау, әңгімелеу, көрнекіліктер);

Балалармен өткізілетін жұмыстың мақсаттары мен міндеттерін таңдау;

Балалардың зейінін,қабылдау, еске сақтау, ой-өрісін және логикасын дамытатын ойындарын өткізу. Құрал-жабдықтар, оқу құралдары арқылы алдын ала ізденіс жұмыстарын өткізу (мини-лабораторияда немесе ғылым орталығында); Ізденіс жұмыстарын таңдауда, оқу құралдары мен жабдықтарды жыл мезгіліне, баланың жас ерекшелігіне сай болуы қажет.Тәжірибенің қорытындысы әртүрлі формада қарастырылуы мүмкін (бақылау күнделігі, коллаж, мнемокесте, фотосурет, пиктограмма, әңгімелеу, сурет т.б.)

Ғылым орталығындағы зерттеу құралдары мен жабдықтары:

Лабораториялық ыдыстар: өлшеуіш, таразы, тірі және өлі табиғаттың заттары,әртүрлі көлемдегі су құйылатын ыдыстар, микроскоптар;

Медициналық заттар: пипеткалар, колбалар, шприц, өлшеуіш қасығы, резеңке грушасы т.б.

Қосымша материалдар: сым, жіп, қақпақтар, жүн, мата, айналар, мақта,боялған шынылар;

Пластикалық трубкалары; Пластикалық контейнерлер; Рулетка, сызғыш; Алжапқыштар, щеткалар, қалақшалар, лупа, магниттер;

Дәнді дақылдар: арпа, бидай, бұршақ, үрмебұршақ, күріш, қарақұмық, қант, ұн т.б.

Табиғи заттар: тастар, құм, топырақ, саз балшық, жапырақтар, көмір, әктас, құстың қауырсыны т.б. Йод, марганец, акварель, гуашь.

Зерттеу іс-әрекеттерінің ұзақтылығы:

1. Ұзақ мерзімдік
2. Қысқа мерзімдік
3. Маусымдық

Зерттеу іс-әрекеттерінің объектілері:

1. Тірі табиғат
2. Өлі табиғат
3. Адам

Зерттеу іс-әрекетінің түрлері:

- ұйымдастырылған іс-әрекеті

- әңгімелесу
- дидактикалық және дамыту жаттығу ойындары
-сюжетті-рөлдік ойындар
- эксперимент тәжірибелері
- сурет, альбом, фотосуреттерді қарау
- серуен мен саяхат
- қайырымды істер акциясы
- сайыстар
- мерекелер мен ойын-сауық
- театр іс-әрекеті

Суды зерттеу

- су қатты зат па, сұйық зат па?
- судың иісі бар ма?
- дәмі бар ма?
- судың түсі бар ма?
-судың пішіні бар ма?

1) балалар бір ыдыстан екінші ыдысқа суды құяды. Су ағады, ендеше су сұйық.

2) балалар ыдыстағы судың дәмін татып, иісін искейді. Судың дәмі және иісі жоқ екенін түсінеді.

3) ыдыстағы суға тастар салады. Судың түбіндегі тастар көрінеді, ендеше су мөлдір, түссіз.

4) балалар әртүрлі ыдыстарға суды құяды. Су әр ыдыстың пішінін алады, ендеше судың пішіні жоқ.

Судың қасиетін зерттеу

1. «Түрлі-түсті су» зерттеу әрекеті. Су түсін өзгерте алады.

Ыдыстағы судың түсін бояудың, перманганат калийдің, йодтың, бриллиант жасыл езіндісінің көмегімен судың түсін өзгерту.

2. «Су – еріткіш» зерттеу әрекеті. Ыдыстағы суға қант, тұз, крахмал салып араластыру. Судағы аталған заттардың еріп кеткеніне балалардың көздері жетеді.

3. «Батады – батпайды» зерттеу әрекеті. Суға заттар бататын және батпайтын заттарды анықтау. Суға тастарды, қағазды, пенопластты, кішкентай допты, ағаштан жасалған бұйымды, темірден жасалған бұйымды салады. Қағаз, пенопласт, доп, ағаш батпайды. Ал тастар, темір, магнит бататынына көздері жетеді.

Балалармен түрлі тәжірибелер жасалды:

«Мұздан моншақ жасаймыз»

Шарты: мұздарды қатарлап қойып, олардың үстіне көлдеңнен жіпті қоямыз, үстінен шымшымдап тұз себелейміз, оның үстінен басқа мұздарды жапсырамыз. Тұз мұзды ерітеді де, олар бір-біріне жабысып қалады. Осылайша моншақ болып шығады.

Қорыта келгенде, ересек және даярлық тобында балалар сұрақ қойып және өздігінен жауап іздеу әдеті қалыптасады. Зерттеу, тәжірибе жұмыстары балалардың сұрақтарына нақты жауап алуға үлкен көмегін тигізеді және қолайлы жағдай туғызады. Балалар сауалдарына жауап алған сайын, талаптары күрделене береді. Осындай жағдайда міндетті түрде педагог тәжірибе жасауда балаларды қадағалап отыруы тиіс. Балаларға тәжірибе жасаудағы қауыпсіздік ережелерін әрдайым естеріне салып отыруы керек.Балалар тәжірибе жасауға, өздігінен қорытынды жасауға, шешім қабылдауға, өз көргендерін әңгімелеуге үйренеді.

Күтілетін нәтиже:

Баланың төмендегідей іскерлігі дамиды:

Қоршаған ортаны, дүниені белсенді тану;

Тану алгоритіміне сай жұмыс істеу;

Жаңа сұрақтар қойып, оған өз бетінше жауап іздеу;

Алынған нәтижені дәлелді түсіндіру.

Өзектілігі. Балаларды зерттеу іс-әрекетіне араластыру – балалардың әрқашан жаңа білімді игеріп отыруы. Балалар зерттеу арқылы әлемді, табиғатты танып біледі.

Бұл:балалардың білімділік белсенділігін қанағаттандыру;

Шығармашылық қабілетін дамыту және білдіру жолы ;

Табиғаттың көпқырлы екенін түсіну;

Табиғатты қорғау іс-әрекеті арқылы тәжірибе алу.

Баланың өзімен өткізілетін зерттеу алынған нәтиженің, құбылыстың моделін құруға әрі оларды салыстыруға, жүйелеуге көмегін тигізеді. Зерттеу ізденіс технологиясы өзіне дәстүрлі және дәстүрден тыс жұмыс түрлерін енгізе алады.

Тәжірибе жұмысының негізгі идеясы –іс-әрекет жасау барысында бала өзі қарастырып жатқан объектісін жан-жақты тани біледі, оның сан-қырлы қызықтарын өзі үшін ашады.

Жаңашылдығы. Тәжірибе жұмыстары – мектепке дейінгі балалардың танымдық қабілетін дамытудағы маңызды әдістерінің бірі. Әсіресе зерттеушілік қабілетін дамыту іс-әрекетінде көрінеді. Педагогтың негізгі міндеттерінің бірі – оқу-тәрбие барысында баланыдамыта отырып ,оны өзіндік ізденіске салу арқылы бала өзін өзі дамытуға баулу. Зерттеу ізденіс әрекеті балаға өзін өзі дамытуын іске асыру мақсатында көмегін тигізеді және оның дүниетану қызығушылығын тәжірибе жасау ықыласын арттырады.Бала өз көзімен көріп, қолымен ұстаған нәрсені ұмытпай, әрқашан есте сақтап жүреді. Тәжірибе жұмысының барысында балалар көптеген құрал-жабдықтармен танысады, оның не үшін қажет екенін, өмірде қалай дұрыс қолдану керек екенін біледі.

Ұсыныстар:

1) балардың назарын толығымен аудару үшін, оқу қызметінің кіріспесін қызықты көрсете алу керек.

2) оқу қызметін шапшаң бастау керек. Оқу қызметі барысында барлық балалар бос отырмауы керек, жұмыспен шұғылданып отыруы керек.

3) Естеріңізде болсын: үзіліс, баяулылық, бос отыру – дисциплинаны, яғни тәртіпті бұзады.

4) балаларға өз қажеттілігін сезінуге мүмкіндік беру керек.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН IT АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Шамшина Нургул Мусаевна
Алға ауданы. Бестамақ «Болашақ балалар бақшасы», педагог-психолог

XXI ғасыр – технологияның қарыштап дамыған ғасыры. Қазіргі күні мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жаңа технологияларды, соның ішінде IT технологияларын қолдану ең маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Білім беру жүйесін ақпараттандыру, балаларды жаңашылдыққа баулу ең алдымен мектеп жасына дейінгі балалардан бастау алады. IT технологиясын білім беру жүйесіне толыққанды енгізу тек балаларды құзыретті болуға ғана емес, жаңашыл, интеллектуалды тұрғыдан жетілген тұлға ретінде қалыптастыруда маңызы зор. Сондай-ақ білім беру жүйесіне IT технологиясын енгізу мектеп жасына дейінгі балалардың жылдам ойлау қабілетін, ақыл-ойын және оқу іс-әрекетіне деген

қызығушылықтарын қалыптастыруда таптырмас құрал деуге толықтай негіз бар. IT технологияларын оқу үдерісінде кең түрде қолдану мұғалімге балаларды жаңашылдыққа баулып, қоғам көшінен қалмай, қабілетті тұлға ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ғылым мен техниканың кең құлаш алуы, білім беру жүйесіне IT саласының кірігуі еліміздің күннен күнге қарыштап дамып келе жатқандығын аңғартады. Әлемдік дамыған елдердегі білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі – білім беру саласын ақпараттандыру, яғни оқу процесіне жаңа технологияларды ендіру. Сол себепті заманауи дамыған елдермен тереземіз тең түсуі үшін ең алдымен оқыту үдерісін толыққанды жаңартып, жаңашылдыққа жол ашуымыз керек. Күнделікті оқу әрекеттерін жаңа технологиялар арқылы жаңаша сипатта өткізу балалардың білуге, үйренуге, жасап көруге деген қызығушылығын тудыра отырып, оны құзыретті, қабілетті, жан-жақты тұлға етіп қалыптастыруға бағыттайды. Күнделікті оқу іс-әрекеттерінде IT енгізу арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың құзыреттілігін, сонымен қатар жылдам ойлай білу қабілеттілігін қалыптастыруға болады. Шетелдік және отандық зерттеушілер Б.Хантер, Е.Н.Иванова, С.Паперт, Н.П.Чудова өз еңбектері барысында мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін дамытып, құзыреттілігін қалыптастыруда компьютерді қолданудың маңызы зор екенін ерекше даралап көрсетеді. Бұл деп отырғанымыз, білім беру жүйесінде жаңа ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану балалардың өз мүмкіндіктерін еркін пайдалана алуларына, өзін-өзі дамытуларына үлкен серпіліс жасайды дегенді білдіреді. Соның ішінде мектеп жасына дейінгі балалардың құзыреттілігін қалыптастырып, шығармашылық тұрғыдан жетілдіруде IT маңызы ерекше екенін аңғарамыз. Ендігі бір ғалымдар Д.В.Самарина, А.В.Хуторской, Г.А.Андринова, Е.А.Боброва және т.б IT, компьютерлік ортаны балалар шығармашылығын дамытудың маңызды құралы деп танып, балалардың логикалық тұрғыдан ойлауын жетілдірудегі пайдалы тұстарын атап көрсеткен. Балалар IT қолдану арқылы шығармашылық тұрғыдан өзін дамыта отырып, өз бетінше жұмыс жасауға дағдыланған қабілетті, құзыретті тұлға болып жетіле түседі. Олай болса, мектеп жасына дейінгі балалардың құзыреттілігін, соның ішінде, шығармашылық құзыреттілігін қалыптастыруда IT қолданудың өзектілігі жыл сайын артып келеді. Ең алдымен, «құзыреттілік» терминінің мәнін ашып алайық. Ол үшін құзыр (компетенция) және құзыреттілік (компетенттілік) ұғымдарына жекелеп тоқталу қажет. Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде бұл ұғымдар бірде бір мағынада, негізінен көбіне түрлі категорияларды белгілеу үшін қарастырылады. «Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде» «құзыр» ұғымына «қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деген анықтама берілсе, С.И.Ожегов сөздігінде «құзыреттілік — белгілі бір мәселені жан-жақты білу» екендігі жөнінде айтылады. 293 «Шет тілдері сөздігі» «құзыретті» түсінігіне «құзырларға — қызметтік өкілеттікке ие» деген анықтама берген. Ал жалпы педагогикалық әдебиеттерде «құзыреттілік» аясында білім алушылардың мына негізде әрекеттің күрделі түрлерін жасай алу қабілеті түсіндіріледі, яғни нәтижесі: • білімдер болып табылатын танымдық іс-әрекет тәжірибесі; • іскерліктер түрінде болатын іс-әрекет тәсілдерін іске асыру тәжірибесі; • проблемалық жағдайда шешім қабылдай алу іскерлігі болып табылатын шығармашылық іс- әрекет тәжірибесі. Сонымен қатар бір топ ғалымдар, Н.Ф.Талызина, Р.Х.Шакуров, А.И.Щербаков, т.б құзыреттілік ұғымына өздерінің анықтамаларын ұсынды. Олардың айтуынша, құзыреттіліктің негізгі сипаттамасы — маманда кәсіби іс-әрекетті атқаруды қамтамасыз ететін білімдер, іскерліктер, дағдылар мен тәжірибенің бірыңғай кешенінің қалыптасқандығы деңгейі болып табылады. «Құзыреттілік» терминін ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қажет қабілеттіліктер деген түсінік бере отырып, американдық ғалым Н.Хомский енгізген болатын. Құзыреттілік ұғымын өте көптеген ғалымдар зерттеп, түрлі анықтамаларын ұсынған. Олардың қатарында В.С.Кульневич, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, А.В.Хуторской, Г.Селевко, М.Ж.Жадриналардың есімдерін ерекшелеп атап өтуге болады. Н.Кузьмина, А.Маркова,

К.Махмурян анықтамалары бойынша: «Құзыреттілік – білім, білік ұғымдары арқылы анықталатын тұлғаның жеке қасиеті». Ал Д.Ж.Равен, Р.Уайт, Х.Хершген анықтамалары бойынша құзыреттілік тұлғаның ерекше қабілеті ретінде сипатталады. Құзыреттілік, соның ішінде шығармашылық құзыреттілікті қалыптастыруда IT пайдаланудың маңызы өте ерекше. Шығармашылық құзыреттілік дегеніміз не? Шығармашылық құзыреттілікті қалыптастыру дегеніміз —балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімді қолдана білу, жан-жақты ізденуге бағыттауды қалыптастыру. IT қолдану мектеп жасына дейінгі балалардың соның ішінде, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың бойындағы қабілеттерін жетілдіріп, шығармашыл, құзыретті ете отырып, өз бетімен білім алуға деген қызығушылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Кіші топ балалары электронды оқулықтармен, компьютермен жұмыс жасауға бірден дағдыланып кете алмайды. Сол себепті ересек топ балалары бұл тұста өте белсенді келеді. Ересек жастағы балалар әдетте өте белсенді, жаңа нәрсені білуге деген қызығушылығы басым болып келеді. Сонымен қатар бұл жастағы балаларға айналаны танып-білуге деген құштарлық тән. Кез келген нәрсені ойланып сараптай алады, өз бетімен жұмыстана алады. Мектепке дейінгі ұйымдарда электронды оқулықтар арқылы тапсырмаларды көптеп ұйымдастыру балалардың танымдық белсенділігін 294 арттырып қана қоймай, сонымен қатар логикалық тұрғыдан жүйелі ойлауға, шығармашылықпен жұмыс жасауларына септігін тигізеді. Сондай-ақ интерактивті тақталарды қолдану, компьютерлік, ақыл-ойын дамытуға бағытталған тапсырмалар беру де өз кезегінде оң ықпалын береді. Интерактивті тақта арқылы ересек топ балаларымен жұмыс жасау олар үшін қызық әрі мәні зор болады. Жаңашылдықты көру арқылы балалардың одан әрі ізденуге, білуге, көруге деген қызығушылығы, ынта-ықыласы арта түседі. Білім беру жүйесіне IT енгізу оқу сапасын жақсарта отырып, балалардың интеллектуалды жағынан дамуларына ықпал етеді, шығармашылықпен еңбек етулеріне әсерін тигізеді. Балалар электронды оқулықтарды пайдалану арқылы жылдам ойлай білуге, ойын еркін жеткізе біледі және шығармашылық іс-әрекеті қалыптасады. Педагогикалық үдерісте IT қолдану тек білім сапасын жоғарылатуда ғана емес, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ақыл-ойын дамытып, білімін одан әрі жетілдіріп, логикалық тұрғыдан ойлай білуін, жылдамдықпен, шығармашылықпен жұмыс жасауларына өте үлкен мүмкіндіктер береді. Қазіргі уақытта білім беру жүйесін толыққанды ақпараттандыру білім беру саласына қойылып отырған ең маңызды мәселелердің бірі. Себебі, еліміз артта қалмай, әрдайым жаңашылдықтың шыңына шығып отыруы тиіс. Сонда ғана еліміз дамудың даңғыл жолына түсе алады.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН ДАМЫТУДА ЛУЛЛИЯ САҚИНАЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Шинтасова Салтанат Оразгалиевна
«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасының тәрбиешісі

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі білім беру қағидаттарын жаһандық қайта қарау жүріп жатыр. Мектеп жасына дейінгі балалардың білім беру жүйесінде жаңа ойындар мен ойын-сауық пайда болды. Балалар ақпараттық-коммуникациялық құралдарды оңай игереді және оларды дәстүрлі көрнекі құралдармен таң қалдыру қиын. Сондықтан мемлекеттік білім беру стандарттары мектеп жасына дейінгі балалардың қабілеттері мен дағдыларын дамытуды сәтті ете алатын білім беру салаларын кіріктіруді ұсынады.

Кіріктіру білім беру салаларын бірыңғай білім беру процесіне үйлесімді біріктіреді, бұл мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мен тәрбиелеуде жоғары нәтижелерге кепілдік береді.

Педагог балаларға қызықты және сонымен бірге баланың жеке қасиеттерін дамытудың қарапайым тәсілдерін іздеуі керек. Балаларды абстрактілі ұғымдарға қызықтыру қиын, егер оны зерттеудің мақсаты түсініксіз болса, материалды үйренуге мәжбүрлеу мүмкін емес. Өз жұмысында әртүрлі әдістер мен әдістерді қолдану қажет.

Оқытудың заманауи және қызықты әдістерінің бірі ТРИЗ технологиясы-өнертапқыштық мәселелерді шешу теориясы болып қала береді. Оны Генрих Саулович Альтшуллер ойлап тапты-1946 жылы өнертапқыш және фантаст жазушы Альтшуллер кез-келген адамды шығармашылық қызметке үйретуге болады деп сенді. Оны тек шығармашылық қиялдың әдістерімен таныстырып, өнертапқыштық мәселелерді шешуге үйрету керек.

ТРИЗ қатаң ғылыми теория емес. Бұл өнертабыстың жалпыланған тәжірибесі және ғылым мен техниканың даму заңдылықтарын зерттеу.

ТРИЗДІҢ мақсаты-балалардың қиялын дамыту ғана емес, жүйелі ойлауға үйрету. Технология баланы ұранмен тәрбиелеуге және оқытуға мүмкіндік береді

"Шығармашылық бәрінде". Классикалық ТРИЗ технологиясы Әр түрлі елдерде көп жылдық тәжірибеге ие. ТРИЗ өзін көрсетуге мүмкіндік береді

бірегейлік, бірегейлік, балаларды қораптан тыс ойлауға үйретеді. ТРИЗ дамытып, осындай адамгершілік қасиеттер ретінде білу, қуану табыстарына басқа ұмтылысы, найти выход из төмен ережелері, көмектесуге ықыласы. ТРИЗ сізге көп жүктеместен, ұзақ жаттаусыз білім алуға мүмкіндік береді.

Шығармашылық ойлауды ынталандыру және дамыту неғұрлым ертерек басталса, танымдық белсенділік деңгейі соғұрлым жоғары болады, нақты ойлаудан абстрактыға тегіс көшу тезірек жүзеге асырылады .

Әдістемеде қызметті жандандырудың жеке және ұжымдық әдістері бар.

Осындай әдістердің бірі – морфологиялық талдау-Луллия сақиналары. Қазіргі уақытта морфологиялық талдауға негізделген бұл принципті логопедтер мен тәрбиешілер балаларға арналған білім беру ойындары мен жұмбақтар жасау үшін қолданады.

Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс кезінде 4-тен 8-ге дейінгі секторлар саны бар әртүрлі диаметрдегі 2-4 шеңберді қолданған жөн. Сіз луллийдің шеңберлерін өте кең қолдана аласыз – танымдық іс-әрекетте, сөйлеуді дамытуда, математикада, сурет салуда, көркем шығармада және, әрине, жазу мен қиялда.

Ойындар екі бағытта таңдалуы мүмкін:

1) бұрыннан бар білімді бекіту және нақтылау үшін – мысалы, ең үлкен шеңбердің секторларына ағаштардың суреттері (емен, алма, қарағай және т. б.), осы ағаштардың жапырақтары кішірек, ал үшіншісі – жемістер немесе тұқымдар (ақжелкен, алма, конус және т. б.), және ең кішкентайы - өсу орындары (орманның шеті, БАҚ, қарағай орманы және т. б.)

2) қиялды, қиялды және шығармашылықты дамыту үшін – мысалы, көркемөнерпаздар сабағында бала қандай вазаны салатындығын өзі таңдайды: бірінші шеңберде вазаның әртүрлі формалары, орта шеңберде – түс, ал кішкентайында – кескіндеме нұсқалары [17].

Ойынды пайдалану кезінде сіз нәтижелерді талдай аласыз: жұмыс және қорытынды жасауға, бұл пайдалану кезінде құрастыру сипаттау;

-әңгімелер айтарлықтай жеңілдетеді дошкольникам меңгеру түрімен байланыстырып сөйлеуді.

Сонымен қатар, визуалды жоспардың болуы мұндай әңгімелерді айқын, үйлесімді толық, дәйекті етеді.

"Луллизм" әдісі екіге бөлінеді: біріншісі бізді адамның ашылулар жасау үшін жасайтын операцияларымен таныстырады (тақырыптар); екіншісі адамның алған білімінің қысқаша энциклопедиясын (атрибуттарын) қамтиды.

Көпфункционалды дидактикалық "Луллия сақиналарын" қолдану зат есімдер, етістіктер,сын есімдер, сандар арқылы сөздік қорын кеңейтуге және белсендіруге, буындарды, сөздерді құруға үйретуге көмектеседі, сонымен қатар оқу қызметінің элементі, зерттелетін материалға қызығушылықты сақтауға көмектеседі.

Әр мұғалім сақиналардың нұсқаларын өз бетінше таңдай алады, сақиналардың өзіндік нұсқалары мен оларға арналған ойындар мен тапсырмалар туралы ойлана алады. Бұған мектеп жасына дейінгі балалар да қосыла алады.

Балалардың осы ойынды қолдана отырып, тәрбиешінің сұрақтарына жауап беріп қана қоймай, сонымен қатар тәрбиешіге және құрдастарына өз бетінше сұрақтар қоя алатындығына жүйелі түрде қол жеткізу керек. Тырысыңыз бала өзі уағдаластыққа қол жеткізілген жағдайда беріледі тапсырманы орындау. Бұл дидактикалық ойынды өз қызметінде шетелдік балалардың танымдық және сөйлеу әрекеттерін ынталандырудың, ұйымдастырудың және ынталандырудың негізгі нысандарының бірі ретінде мақсатты түрде қолдану қажет. Балалардағы қызығушылықтың артуы белгілі бір жануарды, құсты, олардың дене мүшелерін, өмір салтын, тіршілік ету ортасын болжайтын тапсырмаларға байланысты.

Балалардың сөйлеу әрекетін ұйымдастыру және орыс тілінде қарым-қатынас қажеттілігін күшейту үшін. "Луллия шеңберлері "ойынын кеңінен қолдану керек:

* жеке және топтық оқу қызметтерінде;
* сөйлеуді дамыту оқу қызметтерінде;
* оқу қызметтерінен тыс ойын әрекеті;
* балалардың өзіндік іс-әрекетінде.

Оқытудың бұл ойын әдісі қызықты, еркін орта құруға ықпал етеді, психологиялық және физикалық шиеленісті жеңілдетеді, жаңа материалды қабылдауды қамтамасыз етеді .

Жоғарыда айтылғандардың бәрін қорытындылай келе, мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудағы Луллия әдісінің маңызы зор – тіл мен әлемді олардың өзара қарым-қатынасында білу, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту, сөздік қорын байыту және тағы басқалар.

ӘДЕПТІЛІК-АДАМГЕРШІЛІК БАСТЫ БЕЛГІСІ

Агадиева Камила Амитовна
Ақтөбе қаласы Алға ауданы «Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай- балабақшасы

Тәрбие ешқандай үзіліс, демалыс күндер дегенді білмейді. Жас ұрпақты қоғамыздың саналы азаматы етіп тәрбилеу-бала тәрбиесінде ат салушы тәрбиешілердің негізгі міндеті.

«Адамға ең бірінші білім емес,тәрбие керек. Тәрбиесіз берген білім-адам заттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деп философ Әбу Насыр әл Фараби айтқандай, балаларға жан-жақты тәрбие беруді жетілдіріп отыру-басты парызымыз. Өйткені бала ата-ананың ғана емес,ұлыс пен ұлттың ертеңі,келер тарихқа аманат. Жас өскелең ұрпақты жан-жақты жетілген,ақыл-парасатты, өрісі биік азамат етіп тәрбиелеу-қоғамыздың ең өзекті мәселесі.

Тәрбие-баланың дүниеге елген сәтінен басталады. Тәрбие-баланың дүниеге сәтінен басталады. Тәрбиелеу-бұл тек тамақтандыру мен бағып-қағу деген сөз емес,сондай-ақ ақыл мен жүрекке бағыт беру деп В.Г.Белинский айтқандай, дер кезінде берілген тәрбие және де мектапке дейінгі білім әрбір бала үшін қандай маңызды болса,елдің өркендеуі үшінде сондай құнды. Балалық шақ-баланың жекетұлға болып өзін-өзі сезінуінің алғашқы сатысы, ақыл-ой,

сана-сезім, басқа да қасиеттерінің қалыптасуының маңызыды кезеңі. Педагогика және психология ғалымдарының зертеулері баланың мінез-құлқының негізгі, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы осы мектепке дейінгі шағында қалыптасатынын дәлелдейді. Өйткені бала осы кезінде аса сезімтал, қабылдағыш,сенгіш,еліктегіш болады. Ересек адамдар баланың ойына тиянақты көңіл бөліп, дұрыс бағыт біле білсе, баланың ой-өрісінің дамуына игі ықпал жасайды. Қазіргі таңда баланы жеке тұлға ретінде қалыптастырудағы басты мақсат ұлттық рухы жоғары,өз отанын,туған жерін сүйе білетін азамат тәрбиелеу болып отыр. Адамгершілікке тәрбиелеу білімді механикалық жолмен беру арқылы жүзеге аспайды,бұл баланың ішкі әлемінің, түйсігінің нәтижесі. Ненің жақсы ,ненің жаман екенің балаға айта беруге болады: бірақ шындыққа көз жеткізу тек тәжірибеде іске асады. Адамгершілікті, ар-ұяты бар адамның бет-бейнесі иманжүзді, жарқын, биязы, өзі көргенді де, парасатты болып келеді. Ондай адам халық арасында «Иман жүзді кісі»деп құрметпен қаралып, сыйға ие бола алған. Демек,балаларымызды имандылыққа тәрбиелеу үшін олардың ар-ұятын, намысын оятып,мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілдік, қамқорлық көрсету,адалдық,ізеттілік сияқты қасиеттерді қашан да бойына сіңіріп отыру қажет. Балаларды үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге адамгершілікке баулып отыру қажет. Ал, адамгершілікке баулу-адамгершілік тәриесінің жемісі. Жас ұрпақты адамгершілік тәрбиелеуде қашанда халық тәрбиесін үлгі ұстаған жөн. Ал,адамгершілікке тәрбиебиелеудің бірден-бір жолы осы іске көзін жеткізу, сенімін арттыру. Осы қасиеттерді балаға жасынан бойына сіңіре білск, адамгершілік қасиеттердің берік ірге тасын қалағанымыз.Өйткені, адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Қазіргі таңда адамдадың өзара қарым-қатынас мәселесі ең алдымен, тәрбиелік пен мәдениеттің жетіспеушілігіне, сондай-ақ қоғамдағы адамдағы адамгершілік нышандардың тұрақсыздығына байланысты. Сондықтан оқу-тәрбие жұмысында, балалардың мектепке дейінгі кезінен бастап, олардың бойында адамгершіліктің қалыптасуына ерекше көңіл бөлген жөн. Әдептілік адамның бойына қандай да бір іске бейімділік белгілерін егуді емес,оны кісілігі тұтас тұлға етіп тәрбиелеуді, тұрақты ізгілік қасиеттерін қалыптаструды көздейді. Әдептілік-адамгершіліктің басты белгісі оның бірінші шарты. Ол имандылыққа, ар-ұятқа байланысты. «Әдептің не екенін,әдепсіз адам көргенде білерсің»,-дейді дана халық. Әдеп сақтау, ол қоғам мүшелерін ата-бабадан қалған,бұрыннан қалыптасқан әдептілік ережелерін бұзбауға міндеттейді. Әдепті бұзған адамға қауым мүшелері кінә тағып,оған моральдық талап қоюға құқылы, себебі әдепті сақтау-әлеуметтік дәстүріміздің негізгі халқымыздың ғасырлар бойы тәжірибе арқылы жиған қадір-қасиетінің өлшемі. Адам болмасынан жүз пайыз жақсы,не жаман болып жаратылмайды. Күнделікті өмірде көру, есту, сезу арөылы олардың санасы қалыптасып, дүниетанымы, өмірге көзқарасы, мінез-құлқы пайда болады. Осы қасиеттер арқылы адамның ішкі жан дүниесі бір жүйеге келіп,оның өмірдегі құндылықтары, идеалы, нанымы қалыптасады. Яғни әрбір адамәдепті, неәдепсіз болып тумайды, оған отбсы, балабақша, мектеп, қоршаған орта, қоғамдық институттар әсер етеді. Балаларға эстетикалық тәрбие беру арқылы танымдық қабілеттерін дамыту. Қыз балаға лайықты тәрбиелік мәні бар нақыл сөздер үйрету, инабаттылыққа, ұстамдылыққа тәрбиелеу. Қоршаған ортаға тек қана сүйіспеншілік сезіммен қарай білуге баулу. Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті азамат қалыптасады дейтін болсақ, қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі қоғамға пайдалы, үлкен құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бол білетін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Халқымыздың әлеуметтік өміінде үлкен сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Отбасында, балабақшада, қоғамдық орындарда үлкенді сыйлау дәстүрін бұзбау және оны қастерлеу әрбір адамнан талап етіледі.

Тәлім-тәрбиелік мұрамызға үңіліп қарайтын болсақ,ол әр кезде адамгершілікті, қайрымдылық, мейірбандықты дәріптеп отырған. Сондай-ақ,ата-бабаларымыз баланы бесігінен жақсы әдеттерге баулыған. Осы орайда мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды оқу қызметін меңгерту олардың танымдық белсенділігін дамытудың басты бағыты болып саналады. Ересек адам мектепке дейінгі балаға күшті педагогикалық әсер етеді,ол кезде әрекет үрдесінде кешенді әдістер мен тәсілдер көмегімен танымдық белсенділікті қалыптастырады, баланың психикалық ойлау, қабылдау, ес, зейін,сөйлеуді, өзіне сенімділікті және ынталықты дамыта отырып, олардың белсенді танымдық іс-әрект пен шығармашылыққа бой алуына көмектеседі. Олай болса,әдеби көркем шығармалар өзін-өзі тану бағдарламасынын мазмұндық өзегін құрай отырып, жасөспірімдердің адамгершілік құндылықтарын жетілдіруге бағытталады деп тұжырымдауға болады. Түптеп келгенде.бұл білім беру үрдісіндегі барлық пәнге ортақ міндет. Алайда, әр пәннің өзіндік ерекшелігіне орй бұл мақсат әр қырынан қиюласқанда ғана қисынын табады. Қазір мектеп жасына дейінгі балалар бұрынғыдай тыңдаушы ғана емес оқырман да. Сондықтан бұларға арналған шығармалар қызықты сюжетке құрылып, көлемң шағын,тақырптары қоршаған орта,адамдар арасындағы қарым-қатынастар, еңбекте ер атаған өмір өнегелі жандар, техника жаңалықтары, табиғат құбылыстары, хайуанаттар, жан-жануарлар, жәндіктер, күнделікті тұрмыс оқиғалары т.с.с болуы керек. Мұндай шығармалардың тілі бала ұғымына сай, түсінікті, сөзі ойнақы да бейнелі, оқуға жаттауға ыңғайлы болып, жеңіл ырғаққа,әсем әуезге, сәтті ұйқасқа құрылады. Бұл бағдарламаның маңыздылығы балаларды айнала қоршаған ортамен таныстыру арқылы әдеп-танымдық белсенділігін дамыту. өсиет түріндегі бесік жырынан бастап, тілін ұстартып, сөздік қорын байытып,дүниетанымын

Арттыртын жаңылтпаштар, жұмбақтар,халық даналығын санаға ұялататын мақал-мәтелдер түрлі жанрдағы көркем шығармалар мектеп жасына дейінгі балаларды анна тіліміздің асыл нәрімен сусындатып, сөз байлығын игеруге жетелейді. Сонымен бірге, әдеп тәрбиесі адамның құлқын қалыптастырып, адамгершілік сапасын жетілдіреді.

М.МОНТЕССОРИ ТЕХНОЛОГИЯСЫН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Қазыбаева Гүлбақыт Магаданқызы
Ақтөбе облысы, Алғаауданы «Тамды орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тәрбиешісі

Бала табиғатынан білуге құмар, тумысынан-ақ өсуге, жетілуге ұмтылысы басым. Сондықтан да мынадай өркениетті заманда балабақшадағы педагогтардың ұлттық қалпымыз бен мінезімізді сақтай отырып, бала тәрбиесінің әдістерін тынбай ізденіп, жиі жаңартып отыруы тиіс.

Көптеген балабақшаларда балалар белгіленген ережелер бойынша және ересектердің 82 бақылауында ойнап, білім алады. Әрине, жақсы педагог ойын ұйымдастырып, не кітапша оқып баланы қызықтырады, балаға аппликация жасаумен қағаздан жасалған бейнелерді желімдеуге үйретеді.

Бала сол нәрсені шынымен жасауға құлықты ма?

Баланың өзімен – өзі жұмыс жасауы немесе біреуді тыңдау баланың ақыл – ойын дамыта ма?

Бұл сұраққа жауапты М.Монтессоридің педагогикалық жүйесінен табуға болады. М.Монтессоридің педагогикалық технологияларын балабақшамызға ендіру, Қазақстан

Республикасы дамыған 30 елдердің қатарына бетбұрыс жасап отырған сәтте, ерікті, дербес, жауапкершілікпен шешім қабылдауға қабілетті адамдардың пайда болуын қажет етіп отыр.

М.Монтессори әдісі әрбір тәрбиеленушіге деген даралы тәсілдемеге негізделген. Бұған сәйкес балдырғандар мен бүлдіршіндер дидактикалық материалдар мен сабақ ұзақтығын әрдайым өздері таңдай отырып, өзіндік ағыммен дамиды.

Баланың моторикасын және сенсорикасын дамыту арқылы жазу, оқу және санау жүйесін үйрету басты екенін анықтады. Қай кезеңде болмасын балабақшада Монтессори әдісі өз құнын жойған емес. М.Монтессори әдісі балаларға жауапкершілікті сезінуге, өздігінен шешім қабылдай алуына, топта немесе жеке жұмыс жасай алуына, таңдау жасай алуына, өз уақытын ұйымдастыра білуіне, өзіне сенімділікпен қарауына мүмкіндіктер береді.

Бұл әдістің мақсаты – балалардың табиғи мінезін, қызығушылығын, қабілетін тәрбиешінің нұсқауымен емес, өз еркімен тәуелсіздік рухында тәрбиелеу. Педагог мұнда тек бақылаушы рөлін атқарады.

М.Монтессори үшін адамның рухани дамуы оның психофизикалық дамуымен тығыз байланысты. Монтессори үнемі интеллект, ойлаушылық қабілеттердің, жалпы дамуы үшін қабылдау және сезім мүшелерінің, қимылдық аумақтың дамуы маңызды рөл атқаратынын көрсетіп отырды.

Бұл әдіс әрбір жеке баланың қажеттілігіне, қабілетіне, дарынына негізделеді. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдай отырып, бұл әдістің дәстүрлі әдістерден негізгі ерекше өзгешеліктерін бөліп қарауға болады, олар: оқытудың дара тәсілі; өздігінен әрекет етушілік; жаттығуларды орындауға мәжбүрлеу емес, себеп болу және құлшындыру; ретке келтірілген ерекше дидактикалық материалдардың болуы; материалды балалардың өздігінен таңдауы; педагог позициясының еркін балаларды бақылауда және кәсіптік көмек көрсетуде болуында; бірқилы таныстыру сабақтарын ұйымдастыру; 3 сатылы ауызша (сөздік) сабақтар өткізу. Бала жас шыбық секілді, қалай исең, солай қисаяды. Жақсылап үйретсең, тез қабылдайды.

Осы тұрғыдан алғанда Монтессори әдістемесінің еліміздің білім беру ұйымдарына енуі қуантарлық жағдай. «Анаммен бірге», «Мен өзім», «Ақылдылар» секілді орталықтар білікті, тәжірибелі педагогтар мен қызметкерлермен, дәрігер-педиатрмен, психологпен, логопедпен қамтамасыз етілген. Орталықтардың жұмысының негізгі бағыты – мектепте дейінгі балалардың еркін дамуы мен тәрбиесін қамтамасыз ету. Бала мұнда «өзімнің жасауыма мүмкіндік бер» дейді.Балаларға дауыстап сойлеу бұл әдісте мүлдем жоқ. Педагог балаларға әр сала жайлы қызықтыра 83 мағлұмат береді. Қай салада жұмыс жасау бала қалауында: зертханада, жаратылыстану, аспан әлемі, асхана, қолөнер, бейнелеу, сумен т.б. Еркін жұмыс істеу барысында жетістігін өзі көріп, қатесін де өзі жөндеуі – ішкі дүниесін тәртіпке баулып, жеке адамгершілік қасиеттерін дамытады. Пайдаланған заттардың ең басында қалай тұрғанын бақылаған бала жұмыс аяғында тап солай жинастырып, тазалап қояды.

Мұндағы негізгі міндеттерге: балаға өз жұмысын басқаруға көмектесу, негізгі түстерді айыра білуге үйрету, ұсақ мотериканы дамыту, математикалық, ғарыштық түсініктерді қалыптастыру, зейінін тұрақтандыру, тәртіпке баулу. Монтессори материалы бес жолмен іске асады:

1. Тәжірибелік жолмен іске асатын жаттығулар – бұл баланың күнделікті өмірде өзі көріп жүрген заттарынан құралған. Қозғалыс жүйесін дамыту, қоршаған ортада тепе-теңдікті сақтауға үйретеді.

2.Сезім мүшесін дамытатын материалдар – (сенсорлы қаймақ).

Үлкен, кішкентай түсініктерін қалыптастыру.

Моторикасын дамыту, заттардың көлемін, түсін, пішінін, дыбысын ажырата білуге үйрету.

3.Математикалық материалдар – баланы алғашқы математикалық ұғымдармен таныстыру, математикалық амалдарды үйрету.

4.Сөздік қорын дамыту материалдары – әріп пен дыбыс туралы түсініктерін қалыптастыру.

Сөздік қорын молайту, оқуға, жазуға дағдыландыру.

5. Ғарыш орталығы – бала өсе келе қоршаған ортадағы заттармен қарымқатынас жасай бастайды.

Бұл аймақта астрономия, биология, география ғылымдарымен танысады.

М.Монтессори өз педагогикалық әдістемесін дидактикалық дайындалған ортадағы баланың өз бетінше даму жүйесі деп атаған.

Монтессори материалдар бала үшін қоршаған ортаның кілті болып табылады, соның арқасында бала әлем туралы білімдерді санасына сіңіреді. Олардың көмегімен бала мәдениет пен заманауи өркениетке қосылады. Өзінің тәжірибесінде табиғатты түсініп, онда бағыт-бағдаралуға үйренеді. Монтессори бойынша жасалған «дайындалған ортада» бала өзінің барлық физикалық және рухани функцияларын жаттықтырады, өзінің жан-дүниесінің тұтастығын жасайды, жан-жақты дамиды. Баланың қабілетін қаншалықты ерте ашып дамытса, оның нәтижесі де жемісті болмақ.

М.Монтессори технологиясы бойынша «оқы, оқы» деп күштеп емес, ойын арқылы оқыту және баламен дербес тіл табысуға негізделген жаттығуларды таңдап алу қажет.

Бала өсіп келе жатқан жас өскін, оның бойындағы жақсы қасиеттерді ашып, оның қабілетін шыңдай түсу үшін, тек дұрыс ұйымдастырылған тәрбие мен білім беру қажет екенін естен шығармағанымыз абзал.

Бұл әдіс бойынша 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалар зейінін, шығармашылық және логикалық ойлау қабілетін, есте сақтауды, сөйлеуді, елестетуді, қимылды дамытады.

М.Монтессори бөлмесінде «Барлығымен еркін айналыс, бірақ басқаларға кедергі жасама» деген ереже үнемі сақталады. М.Монтессори әдісінде сыныптық сабақ системасы жоқ, мектеп партасының орнына жеңіл қозғалатын столдар мен отырғыштар, кілемшелер қолданылады. Монтессори ұстаз баланың өз бетімен жұмыс жасауын қадағалайды. Монтессори әдісі үш негізгі бөлімнен тұрады: бала, қоршаған орта, ұстаз.

М.Монтессори бақылаушы ретінде баланың ішкі дүниесімен таныса отырып, қажеттіліктерін қанағаттандыру жолында көп еңбек сіңіреді. Айналадағы заттық орта туралы түсініктерін қалыптастыруда монтессори әдісін жүйелі түрде қолданамын. Педагогикада мектепке дейінгі әсіресе сәбилік жаста ерекше назар аударатын түрі - заттық орта.

Заттық орта әртүрлі: ақыл-ой, эстетикалық, елжандық, дене, адамгершілік т. б тәрбие түрлері мен қоса жеке тұлғаның дамуына негіз болады. Соған байланысты затты қортаны мектепке дейінгі педагогикалық құрамның бір бөлігі деп айтуға болады.

Затты қортаны алдымен қоршаған ортадағы болмысты қабылдау мен түйсікке негізделеді. Айналадағы қоршаған ортаны, заттар мен құбылыстарды көру, есту қабылдау арқылы өзіндікүрдістер: ес, қиял, ойлау пайда болады. Бір нәрсені еске түсіру үшін алдымен оны көруіне есту керек.

Адамның ақыл-ойының дамуына қабылдау мәнді рөл атқарады әр түрлі іс-әрекетте әр қилы тәжірибелік істердің реттеушісі болады. Көркемдік шығармада заттық ортаның рөлі зор. Мысалы: музыкалық шығармаларды музыкалық есту қабілетінсіз, бейнелеудін әзік түстерді қабылдаусыз, поэзияны жетілген тіл сенімінсіз түсіну мүмкін емес. Психологиялық даму да заттық үрдісінің рөлін бағалай отырып, белгілі бір білім мен дағдыны меңгеруде баланың жеке қабілетін ескеру өте маңызды. Ақыл-ой және де еңбегінің барлық түрлерінде, баланы болашаққа қоғамдық іс-әрекетке даярлауда, оның сезімдік қабілетін дамыту қажет, яғни түстерді, пішіндерді, дыбыстарды дәл және дұрыс айыра білуге үйрету, қоршаған ортадағы құбылыстардың өзіндік қасиеттерін дұрыс қабылдау қажет. Сәбилік шақта айналадағы

қоршаған ортаның үдемелі дамуы өте маңызды мәнге ие болады. Дәл осы шақта баланың психологиялық дамуының негізі қаланады. Айтар болсақ, балабақшада педагогтар өте тәжиребелі және «жанып тұрған» адамдар, олар үнемі бір жаңа нәрселерге үйреніп жатады, өздері әртүрлі мерекелерді ойлап табады, балалар мен жұмысты қызықты формаларда жүргізеді.

Монтессори формасымен оқи отыра, балалар өз ойын білдіру саласында барынша көперкінді калады, мектепке дайындық мерзімді жеңіл өтеді. Олар онда үйлеріне барған сияқты.Ең бастысы, олар өздік түрде білім алады, және олардың құмарлықтарын тоқтата алмайсың! Баланың ерекшелік қасиеттерін бастап қылыққа қойып нақты адамды тәрбиелеуге болады.

Әдебиеттер:

1. Республикалық педагогикалық журнал «Балабақша: тәрбиелеу және оқыту» № 5 2021Қыркүйек-Қазан .

2. Мектеп жасына дейінгі балалардың сенсоиаторлық дамуын жетілдіруде М.Монтессори технологиясын қолдану мүмкіндіктері 10- 12 беттер.

2. Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының оқу – тәрбие үдерісіне М.Монтессоридің педагогикалық жүйесін енгізу бойынша әдістемелік нұсқаулық. Алматы, 2019

3. Монтессори М. Баланың үйі. Ғылыми педагогика әдістемесі М.: Задруга, 1913. — 339б.

ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДЕГІ БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Избасаров Асылбек Асқаруұлы,
Әйтеке би ауданы, Еңбекту жалпы орта білім беретін мектебінің биология пәнінің мұғалімі

Қазіргі таңда оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Сабақта қолданылған жаңа технологиялардың өзі әрбір мұғалімнің шеберлігіне байланысты жүзеге асырылуы мүмкін.

Биология пәнін оқытуда жаңа технологиялардың тиімді әдісін алып жетілдіру барысында есте сақтауға негізделген ақыл ойын дамыта отырып оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады.

Шағын жинақталған мектепте биология пәнін оқытуда сын тұрғысынан ойлау арқылы оқушылардың ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыруға болады. Оқушы жүрегіне жол тауып, оның білімге деген құштарлығын арттырып, өзін-өзі тәрбиелеуін ғылыми деңгейде ұйымдастыру үшін, әр оқушының дара ерекшеліктерін ескере білім алуға қабілетін зерттей отырып, тұлғалық негізінің ашылуына жол ашатын ұстаз.

Биология пәнін оқытуда қазіргі кезде қойылатын талаптары мынандай:

- Оқыту мен оқуда АКТ пайдалану;
- Жаңа форматтағы әдіс-тәсілдерді сабақта қолдану;
- Оқытудың жаңа технологиясын пайдаланып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру;
- Шағын топтық негізде іздене білу дағдыларын қалыптастыру;
- Тақырыптық зерттеу жүргізу;

- Ойлау, есте сақтау қабілеттерін, өз ойын қорытуға дағдыландыру;
- Оқушының өз бетімен жұмыс жасау қабілетін жетілдіру, дамыту;
- Шығармашылық тапсырмалар орындату арқылы қабілеттерін арттыру.
- Тәжірибе жүзінде білім, біліктілік дағдыларын қалыптастыру;
- Жаңа терминдер мен сөздіктермен жұмыс жасауға дағдыландыру;
- Жаңа технологияларды сабақта пайдалану;
- Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай білім беру.

Сабақтарда Блум таксономиясы, «ДЖИГСО», «кубизм», «проблемалық мәселе қою», «деңгейлік тапсырмалар», «ойлау картасы», «ассоциациялық карта», «Венн диаграммасы», «семантикалық карта», «топтастыру», «бес жолды өлең», «түртіп алу жүйесі» т.б. жиі пайдаланамын. Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін осындай тиімді әдістердің пайдасы зор. Бұл сабақтарда оқушыларға жеке, жұпта, шағын топта ойларын ортаға салып талдайды. Осы стратегияларды пайдаланып өткізген сабақтарда өз ойын анық айтып, өзін еркін ұстап, өз білімін өзі талқылауға оқушыларға мүмкіндік жасалынады

Ортаға салған ойларын мәтіндегі негізгі ойға сәйкестендіріп қағаз бетіне түсіреді де қорғайды. Әр топ қағаз бетіне түсірген сызбаларды талқылап, сөйлейтін оқушы да топ мүшелерімен бөліскен ойларын жинақтап сөйлеуге дайындалады. Бірінші кезеңде оқушылар әрі ойланып, әрі еске түсіріп, әрі жазып, өз ойларын саралап, өзге оқушылардың пікірін тыңдап, білімін кеңейте түседі. Ортамен қарым қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, топта бір тұжырымға келуге, топ алдында өз ойын қорғай білуге, айта білуге үйренеді. Оқушылардың жазған пікірі басқа оқушылардың пікірін тыңдап толықтырып, топта сызба ретінде түсіргенде ойындағы негізгі қажеттігін жазады.

Эссе - өз ойын еркін білдіру, ішкі жан дүниесін ұғу, күнделікті өмірде туындайтын ойларды айту мақсатында қолдануға мүмкіндік жасайды. Бұл жерде оқушыларға «Дәрумендердің маңызы», «Өсімдіктердің адам өміріне пайдасы», «Гүлді өсімдіктер» және т.б. көптеген тақырыптарында үйге эссе жазып келуге тапсырма беруге болады.

Шағын жинақы мектепте биологи пәнін оқыту кезінде сын тұрғысынан ойлау технологиясының негізіндегі мұғалім мына нәтижеге жетеді.

- жүйелі тапсырма беруге ұмтылады
- оқушыны басқа жақтарынан таниды
- өзін жетекші бағыттаушы ретінде таниды
- өзі білмейтін ақпараттарға тап болады
- оқушының жұмысын бағалайды

Осы міндеттерді орындауды ұстаз өзінің тақырыбы мен сабақ үрдісінде стратегияларды ұтымды пайдаланып, оқушылар арасында жеке, жұптық іс әрекеттерді ұйымдастырады.

Жаңа технологияларды күнделікті сабақта пайдалану үшін, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, шеберлігіне байланысты таңдап алуға болады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық, ізденіс, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады. Жаңа технологияны қолдануда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, үлкен ізденіспен, шығармашылыққа жетелеуге болады. Нәтижесінде оқушы:

- тіл байлығы жетіледі;
- еркін ойлауға мүмкіндік береді және өз ойын еркін жеткізе алады;
- жаңа оқыту үрдісін қалыптастырады;
- өздігінен ізденімпаздық қабілеті артады, жан-жақты ізденеді;
- ақпараттық сауаттылығы мен ақпараттық мәдениеті қалыптасады.
- шығармашылық белсенділігі артады;

Әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық.

Тиімді әдіс- тәсілдер- тиімді сабақ кепілі. Менің ойымша биология пәнін оқытуда тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Биология сабағында әдіс таңдаған кезде оқу материалының мазмұнын және шешілуге тиісті нақты міндеттерін, үлестірмелі материалдың болуын, оқушылардың жас ерекшеліктерін, олардың дайындық деңгейін ескеру қажет. Оқу оқушылардың ойлауын дамытуға септігін тигізуі үшін оларды біліммен қатар, талдау, жинақтау, салыстыру, сәйкестендіру, ортақ, жеке және ерекше белгілерін анықтау, жалпылау, қорытындылар жасай білуді қалыптастыру қажет.

Мысалы, мен өз сабағымда «басқалдақ ойыны», «ораптағы сұрақ», «сұрақты тап», «Фишбон», «INSERT», «сұраққа жылдам жауап», «эссе жазу», «сұхбат алу», «ойдағы жұмбақ» т.б. әдіс-тәсілдерін қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарының арттатындығын аңғардым. Сабақ барысында ресурстарды молынан қолдануға тырысамын. «Bilim land», «Kahoot», «Youtube» т.б. Яғни, қолжетімді ресурстарды дұрыс, әрі ұтымды пайдалану тиімді. Ал осы әдіс-тәсілдерді сабақ үдерісінде тиімді пайдалану үшін сабақ мақсаты нақты әрі қолжетімді болуы керек. Өйткені сабақтағы ең маңыздысы қойылған дұрыс мақсат пен күтілетін нәтижелер. Дұрыс қойылған мақсат күтілетін нәтижелерге жету жолында нақты іс- әрекетке жетелейді. Сондықтан сабақтарымды жоспарлауда мен үшін маңызды сабақ мақсатын нақты әрі қолжетімді етіп құру.

Сонымен қатар шағын жинақты мектептерде биология сабағында ойын түрлерін пайдалану өте тиімді. Мен өз іс-тәжірибемде ойын арқылы оқыту технологиясын көп қолданып келемін. Егер тақырыпқа сай ойын түрлерін пайдаланса оқушылардың пәнге қызығушылығы артады. Ойын-педагогикалық әдіс-тәсілдердің бірі. Оқушыларды белсенділікке шақырады, түрлі дағдымен шеберлікті меңгеруге, қиындықты жеңуге, төзімділікке баулиды. «Ойын-бала үшін өмірлік тәжірибе» деп М.Жұмабаев атап көрсетті. «Қан айналым», «Тыныс алу мүшелері» сабақтарын «Ломбард» ойыны, «Экожүйе» тақырыбын «1001 мақал, 101 жұмбақ» түрінде, сонымен қатар бөлім бойынша қорытындылау кезінде «Сынып көшбасшысы», «Білгір биолог», «Ғажайып алаң», «Әлсіз буын», «5-тік кімге бұйырады» ойыны түрінде өткізген өте тиімді болды. Сабақтағы ойын оқушы білімін дамытып, ой өрісін кеңейтіп, қызығушылығын арттырады.

Жыл сайын оқушыларым облыс және республикалық сайыстар мен байқауларда, ғылыми жобалар сайыстарында жетістікке жетіп жүр. Ақтөбе, Орал, Алматы қалаларында жоғарғы оқу орындарында оқуда. Көп деген шәкірттерім медицина университін тамамдап абыройлы еңбек етуде.

Шағын жинақты мектепте биологиядан нәтижелі білімді қамтамасыз етуде әр ұстаз оқыту технологиясын таңдай білуі және қолдана білуі тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

Мырзабаев А.Б. Биологияны оқыту әдістемесі. – Қарағанды 2006ж.
Өстемиров К. Оқыту құралдарын пайдалану негіздері. Алматы, 2002ж.
Юсупова Б.Ю. Мұғалімге педагогикалық қасиеттер. Алматы, 1999ж.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН КӨРКЕМ ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУ

Атыгаева Дания Тыныбековна
Әйтеке би ауданы Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Әдемі жазуды меңгерудің әр адамға маңызы өте зор. Әдемі жазу бұл мәдениеттің белгісі, әрі сол жазуды оқитын адамға көзқарасы, құрметі. Көркем жазудың мақсаты - дұрыс, анық және тез жазуды қалыптастыру. Оқушының каллиграфиялық қабілетін қалыптастырудың педагогикалық қоғамдық тәрбиелік мәні зор.

Әдемі жазу – өнер. Таза, анық, әдемі жазуды оқуда жеңіл, ондай жазумен берілген ойды түсіну де оңай. Әріп таңбаларын әдемі, көркем етіп салуға жаттықтыру мақсатында жүргізілетін жұмыстардың оқушы бойында жақсы қасиеттердің қалыптасуына ықпалы бар. Мектепке алғаш келгеннен бастап, баланың жазуына жете көңіл бөлмеу көп жағдайда оның өз ісіне салдыр салақ қарауына, жауапкершілікті сезінбеуге әкеп соғады. Таза, әдемі жазуды талап ету оқушының әсемдік сезімін оятып, мінез құлқын тәрбиелеп, жауапкершілікке тыңғылықтылыққа, ұқыптылыққа үйретеді. Әдемі, анық жазуға үйрету арқылы мұғалім оқушыны еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелейді.

Көркем жазу әдісі - тікелей жазу тарихымен байланысады. Ежелден адамдар өз ойын келер ұрпаққа жеткізу үшін тасқа, металға, ағашқа, саз балшыққа жазған екен. Одан кейін папирус, пергамент, матаға, қағазға жазатын болды. Жазу қарулары да өзгерді. Олар қамыс ағаш, бояу жаққыш, қаздың қауырсыны, болаттан жасалған қалам ұш, шарик қаламсабы болды. Болаттан жасалған қалам ұш 19 ғасырдың басында пайда болғанымен оны пайдалану ғасырдың екінші жартысында пайдалана бастады. Ал қаздың қауырсыны жазуға әдемілік береді, әрі арзан, әрі ыңғайлы деген ойлар 19 ғасырдың аяғына дейін жетті. Шрифт қиын болғандықтан жазу, 1Петрдің кезінде жеңілдетілді. Мектептерде жазуды оқыту арнайы пән болып кірді. Көркем жазу пәнінің ең маңыздысы жылдам әрі әдемі жазу болып табылатын. 20 ғасырдың басында жазу шрифтін жеңілдету туралы тағы әңгіме көтерілді. Өткен ғасырдың 70 жылдарында ғана мектепке арналған жазу шрифті қабылданды. Бұл шрифт арнайы шарик қаламсабына арналған, салмақ салмай, қаламсапты дәптердің бетінен алмай, жылдам жазу. Өткен ғасырдан бастап оқушылардың отыруына да гигиеналық талаптар қойыла бастады. Жазу процесінде оқушы дұрыс отыру керек, қаламсапты дұрыс ұстауы, дәптерді партаға орналастыру, осының әрі баланың көзіне, жазуына жұмыс қабілетіне әсерін тигізеді. Отырғанда орындық партаға кіріп тұруы керек, сол қол дәптерді басып тұрады, ал оң қолдың басы дәптерде жатады. Бала мен партаның арасына жұдырық сыятындай болуы керек. Көз бен дәптердің арасы 30 см болуы шарт. Жарық сол жақтан түсуі керек. Жазу ұзақтығы 1 сыныпты 5 минут, 2 сыныпта 8 минут, 3 сыныпта 12 мин, 4 сыныпта 15 мин. Одан ұзақ жазу баланы шаршатады. Арасында балаларды демалдырып, сергіту жаттығуларын жасаған жөн. Мектепке алғаш келген баланың жетекші әрекеті ойын, ал штрихтау ойын түрінде жүргізіледі. Жазуды үйренуде мына принциптерді сақтаған жөн:

1. Көрнекілік принципі: мұғалім тақтаға, дәптерге таблицаға көрнекіліктер арқылы жазып көрсетеді.

2. Сапалылық принципі: мұғалім басына не үшін қиғашынан жазады, әріптерді қалай басқарады, әріптердің биіктігі қандай болу керек екенін түсіндіреді. Қиғашынан жазу тез әрі ыңғайлы.

3. Қайталау принципі: жаттығу орындау кезінде пайдаланады. Жазылған нәрсеге міндетті түрде анализ беріледі. Баланың жазған жазуын дұрыстығын тексеріп отырады.

4. Генетикалық принципі, алғашында жеңіл әріптер, содан соң салынуы қиын әріптер мысалы а, о, ш, т, п, н,.... қолы жаттыққаннан кейін қ. ж. б. в. ф т. с. С

5. Жеке дара ерекшелігін ескеру принципі; оқушылардың көз нашарлығы, бас ауруы, жүрек ауруы. т. б ескеріп отыруы қажет. Барлық бала бірдей емес, олардың жас ерекшеліктері, ойлау қабілеттері әр түрлі Сондықтанда жазу каллиграфиялары әр түрлі. Біреуі өте жақсы, енді біреулері өте нашар жазады. Нашар жазатын оқушылармен жеке жұмыс жасау талап етіледі.

Каллиграфикалық жазуды қалыптастырудың негізгі әдістері:

1. Мұғалім жазу үлгісін өзі тақтаға қайта – қайта жазып көрсетуі тиіс.

2. Әуеде жазу. Ұстаз әріпті әуеде жазып көрсетеді. Бала қолдың қозғалысынан әріптің дұрыс формасын ұғады. Бұл әдіс оқу процесін жандандырады.

3. Көшірмесін түсіру әдісі. Жазылған әріптің үстінен басу.

4. Дайын үлгіден көшіру әдісі. Бұл еліктеу. Оқушы өз жазғанын ұстаздың жазғанымен салыстырады.

5. Әріпке анализ жасау әдісі. Мысалы: а әріпі бір дөңгелектен және бір ілмешектен тұрады.

Балалардың көркем жазу дағдыларын қалыптастыру үшін әртүрлі жаттығуларды пайдаланған жөн. Оқушының каллиграфиялық дағдысына көп әсер беретін, ол алғашқы кезде, алғашқы рет қаламсап ұстап, әріп жазған кезі. Әдемі, көркем, дұрыс жазудың фундаменті бірінші, екінші сыныпта жасалады.

Оқушының жазу каллиграфиясы неге нашар болады? Мұғалімнің жазу үлгісінің нашарлығы. Оқушы ұстаздың жазуын көшіреді, сондықтан ұстаз өз жазуына зор мән беру керек. Мұғалім әр оқушыға жазудың кемшілігін, оны қалай жөндеу керектігін түсіндіріп отыруы қажет.

Көркем жазудан оқушыларға жеке баға қойылмайды. Алайда ол әрбір оқушының қалай жазғанын елемеу деген сөз емес. Оқушының әрбір жазба жұмысын бағалауы,оның каллиграфиялық сапасы мұқият ескеріліп, қазақ тілі бойынша қойылатын жалпы бағаның ішіне көркем жазу бағасы да ескеріледі. Әріптердің элементтерін жазуда, әріпті жазу кезеңдерінде оқушыны шаршатпайтын әдістердің бірі- ойын. Саусақтарының қимылдарын, қолдың кимылын құстың ұшып бара жатқаны деп, баяу музыканы жүргізіп ойнатудың әсері мол болады. Келесі әдістің бірі-музыканы естіп отырып көркем жазуды ұйымдастыру болып табылады.

Пайдаланылған әдебиет:

1. **1.** Бастауыш мектеп журнал №12.2010 Бастауыш сыныптарда барлық пәндерді оқыту-журнал.

2. **2.** Интернет ресурстары

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Искакова Шаригул Садуакасовна
Әйтеке би ауданы,Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Бастауыш сынып оқушыларының тілдік сауаттылығын қалыптастыру мен дамытуға жаңартылған оқу бағдарламасында көрсетілген сөйлеу әрекетінің төрт түрі: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын сабақта белсенді әдіс-тәсілдерді және АКТ-ны тиімді қолдана отырып өткізген жағдайда белгілі бір нәтижеге жетуге болады.

Оқылым, жазылым, айтылым және тыңдалым – бастауыш сыныптардағы барлық пәндер үшін маңызды болып табылатын қарым-қатынас жасау дағдылары. Сондықтан оқушыларға

осы 4 дағдыны барынша жетілдіруге мүмкіндік берудің маңызы зор. Мысалы, тақырыпты талқылау тиісті лексиканы қолдануды көздейді, сол арқылы оқылым бойынша тапсырмаға қызығушылық туғызады, осыдан кейін оқығанның негізінде жазбаша тапсырма орындаудың үлгісі ұсынылады. Дағдыларды осылайша біртіндеп енгізудің тағы бір жолы – аудио-мәтін тыңдап немесе бейнематериал көрсетуге болады, содан кейін пікірталас жүргізуге немесе жазбаша тапсырма орындауға болады. Сонымен қатар, қарым-қатынас жасау тәсілі тілді жай ғана пайдаланып қоймай, тілдесуге арналған мақсатты қамтамасыз етеді. Қарым-қатынас жасаудың мақсаты, айталық, бірнәрсе туралы белгілі бір фактіні анықтау үшін сұхбаттасу немесе әңгімені тыңдап, содан кейін мазмұнын айту болуы мүмкін.

Тыңдалым дегеніміз тілге сай әрекет ету, яғни тілдің дыбыстық мағынасын түсіну. Тыңдалым түрлері: Әңгімелесу (диалог), әңгімелер, хабарландыру, әндер, нұсқау, лекция және жарнама. Сөйлеушінің қарым-қатынасын анықтау үшін тыңдау, сөйлеушінің көңіл-күйін не айтқысы келіп отырғанын түсіну үшін тыңдау. Қарапайым деңгейден бастап жетік деңгейге дейін: жекелеген дыбыстар, буындар, сөздер, сөз тіркестерін ажыратуға арналған тапсырмалар, қысқа сұхбаттар, өмірден алынған әңгімелер, теле-радио жаңалықтары, бейнежазбалар, ән клиптері, көркем фильмдерден үзінділер, аутентикалық аудио мәтіндер – әрбір сабақта орындалатын тапсырмалардың ажырамас бөліктері.

Айтылым - тілді қабылдап үйренуден гөрі оны қолдану, сөйлеу көрініс тауып отырады. Қарапайым тілмен айтқанда айтылым дегеніміз- өзге адамдармен қарым-қатынасқа түсу барысында ойымызды жеткізу үшін тілдік бірліктерді қолдану. Сөйлесу барысында кейбір әрекеттерді жиі қолданамыз және олар мыналар: Сөздерді дыбыстау, сұрақтарға жауап беру, интонацияны қолдану, бірнәрсені түсінбеген жағдайда түсіндіріп беруді өтіну, сөйлеген сөзін бақылау және өзін-өзі түзетіп отыру, пікірталасқа қатысу, жест, мимиканы қолдану, оқиғаларды баяндап беру. Айтылымның ерекшелігін білу мұғалімге оны терең дамытуға, әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып сабақты жоспарлауға мүмкіндік береді. Айтылым әртүрлі ішкі дағдыларды қамтиды. Оқушылардың айтылымдағы жетістігі олардың әрқайсысын практикалық жаттығулар жасату арқылы көрініс табады.

Оқылым дағдысы жазба тілдегі мәтінді түсіну болады. Ол үшін біз мәтін тілін сөздер деңгейінде, сөйлем деңгейінде және тұтастай мәтін деңгейінде түсіне алуымыз қажет.Оқылымның ішкі дағдылары: Мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу – мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу. Оқылым- оқушының оқу сауаттылығын қалыптастырудың құрамдас бөлігі. Оқылым дағдыларын жақсартпайынша жазылым кезеңі жүзеге аспайды. Оны оқу үдемелігін қалыптастыру кезеңдеріне қарап та танып білуге болады. Оқылым дағдысы тыңдалым мен айтылым дағдысын жақсартқан кезде тиімді жүргізіледі..

Жазылымды үйретудің бірнеше жолдары бар. Егер үлгі беру арқылы жазылымды үйретсек, мұны продуктивті жазылым деп атаймыз. Яғни оқушыларды жазылым түрлерінің үлгісімен таныстырып, мәтінмен жұмыс жасату керек. Толығырақ айтқанда, оқушыларға тақырыпты талқылаудан бастап, жазылымды жоспарлау, алғашқы нұсқасын жаздырту, түзету, тексеруге соңғы нұсқасына дейін орындата отырып, белгілі бір мәтінді құрастыру. Бұл оқушыларға жазылымның әртүрлі аспектілерін кез келген уақытта жаза білуге дағдыландырады. Жазылым төрт дағдының ішінде оқушының нәтиже көрсететін, мұғалімнің өнім алатын дағдысы. Жазылым жұмысының сәтті шығуы ең алдымен сөздік қордың мол болуына тікелей байланысты. Сөздік қор оқылым арқылы келеді. Жазылым дағдысы қарапайым стратегиялардан бастау алады. Олар:

-шимай жазу;
-сызбалар түсіру;
-сөздерді құрастыру;
-белгілеу;
-көшіру;

Тапсырмаларды осы бағытта құрған мұғалім еш қателеспейді.

Мұғалім – әдіс түрлерін пайдалана отырып, оқушылардың тындалым мен айтылым дағдылары арқылы өздігімен жұмыс істей білуге, ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге түрлі әдістер мен шеберліктерді меңгеру арқылы қол жеткізу болады. Бастауыш сынып оқушыларының оқу үрдісінде ойын түрлерін пайдалану біріншіден оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден балалардың сабаққа деген қызығушылығын белсенділігін арттырып сапасын көтеру болып табылады.

Сауат ашу, қазақ тілі пәндерін оқытудың басты ерекшелігінің бірі білім алушылардың сауаттылығын арттыру және тілін дамыту мақсатында жазба жұмыстарын жүргізіп отыру болып табылады. Мәтін түрлері, көркем шығармалар мен аутентті материалдар арқылы білім алушылардың сөздік қорын жаңа сөздермен толықтыруды, оқығаны бойынша пікір білдіруді және оны дәлелдеуді, белгілі бір тақырыпқа байланысты өз ойын толық, жүйелі, түсінікті етіп ауызша және жазбаша жеткізе білуге дағдыландыруды, мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, мүмкін болатын жауаптарды болжап, өзін-өзі бағалауды, мәтін бөлімдері арасында мағыналық байланыс орнатуды, жоспар құруды, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруды қамтиды.

Сабақ барысында ақпараттық технологияларды қолдану оқушының білім алу ынтасын арттырады, танымдық қызығушылығын көтереді және де өз бетімен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға көмектеседі

«Бірге жиналу – бұл бастама, бірге қалу – бұл алға жылжу, ал бірге жұмыстану – бұл жетістік» деп Генри Форд атап көрсеткендей Білім мазмұнын жаңарту білім беруші ұстазға тікелей байланысты. Әр ұстаз оқу- тәрбие жұмысына шығармашылықпен қарап, жаңа заман талабына сай, сабақты түрлендіру мақсатында оқытудың түрлі әдіс - тәсілдерін пайдаланса, игі нәтижеге жетеді.

Құрметті әріптестер үнемі шеберлікті шыңдау жолында жаңа әдіс–тәсілдерді үйренуге, қолдануға ұмтылайық. Білімді ұрпақ тәрбиелеп, өз болашағымыздың жарқын болуы үшін ерінбей еңбек етейік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә.Назарбаев. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты. - 2012 ж. «Ана тілі» газеті, № 5. – 7-8 бет.

2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. ҚР Үкіметінің № 832 қаулысы. 2012 жылғы 25 маусым, Астана, Үкімет Үйі.

3. ҚР Білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы«Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» /Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы.

4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы /Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығы.

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА СЫНДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сотқарова Бақыткул Аутаевна
Әйтеке би ауданы,Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Бүгінгі қоғамдағы жаңа өзгерістер ұстаздардың кәсіби біліміндегі өзгерістерді талап етеді.Білім беру тәжірибесіне, оның ішінде жаңаша көз қараспен қарап, зерделеп, алдыңғы қатарлы идеяларды отандық білім беру тәжірибесіне енгізу, қазіргі кезде өзекті болып отыр. Осы тұрғыда сындарлы оқыту теориясына негіздеп сабақ беруді жөн санадым. Сындарлы теорияның тиімділігін, дайын білім беруге негізделген оқыту теориясымен салыстара отырып, өз тәжірибеме өзгерістер енгіздім. Жаңа әдіс тәсілдерді кірістіруді 6-сынып биологиясынан бастадым. Сол сабақтардың бірі «Жапырақтың ішкі және сыртқы құрылысы». Мен өз тәжірибемде ұсынған ұсынысым (мұғалімге арналған нұсқаулықта 33-б), егер мұғалім мен оқушының білім игеруді бастау нүктесі келіспейтін болса, онда оқуда табысқа жету күмәнді болады. Егер білімді игеру бастау нүктесі қолайсыз таңдалынып алынса, онда тіпті ең жақсы оқушылардың өздеріне де алған білімдерін есте сақтау қиындық тудырады, тестіден немесе емтиханнын кейін мүлдем ұмытып қалады деп анық айтқан. Осыған орай мен сабағымды жоспарлар кезде оқушының бұрын не білетінін, қандай дағдысы барын, ескере отырып ,сабағыма мақсат қойдым. Сабағымның мақсаты: Өркен, бүршік, жапырақ тақырыбында тізбектелген сабақтар топтамасына оқудағы жаңа әдістерді қолдана отырып, оқушыларды сыни ойлауға, өзін-өзі бағалауға, топтық жұмыс жасауға, өзін-өзі реттеуге тәрбиелеп, алған білімдерін кез келген жерде қолдана білуге бағдыландыру. Күтілетін нәтижем: биология пәні бойынша білім –білік дағдылары қалыптастырып, топпен жұмыс жасай отырып, сыни ойлауға, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырып, өзін –өзі бағалай біліп, алған білімдерін кез келген жерде қолдана алуға дағдыланады. Сабақтың негізгі мақсаты мен нәтижесін белгілеп алып, сол нәтиже мен мақсатқа жетудегі жаңа әдістерді сабағыма тиімді қолдануға тырыстым. Сабақтың сәтті өтуі үшін ең алдымен орқушылардың арасындағы ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырудан бастадым, «Армысың асыл күн!»өлең жолдары Армысың асыл күн, Армысың көк аспан, Армысың жан досым, Жылуыма жылу қос міне, Менің қолым деп , үш шапалақ пен орындарына отырғыздым. Оқушыларды сыни ойландыра отырып, сабақтың тақырыбын жұмбақ арқылы өздеріне аштырып , оқушыларды жапырақтың түріне қарай топқа бөлдім. Топтастырып болып оқушыларға жапырақ турлы не білетіндерін анықтау үшін постер жасатып қорғаттым. Осы постер жасау барысында оқушылардың іс әрекетінен байқағаным, топта әр оқушы өзіндік мүмкіндіктеріне қарай әрекет еткендері. Топ үшін бәсекеге қабілеттеліктері. Оқушылар жасаған постерлерін қорғай отырып, бірін-бірі бағалады. Бағалау барысында оқушылар критерий арқылы бағалаудың әділдігіне көз жеткізіп, өз-өздерін реттеуге, қалыптасты.

Жаңа тақырыпты меңгеру үшін бұрынғы білімдерімен байланыстыра отырып, «Кубизм стратегиясы» әдісі бойынша Жапырақтың құрылысы мен қызметі (анықтау), Жапырақ тақтасының пішіні мен өсуі (анықтау), Жапырақтың жүйкеленуі (талдау), Жапырақтың сабаққа орналасуы (зерттеу), Жай және күрделі жапырақтар, жапырақтың түр өзгерістері (салыстыру), Жапырақ болашақта (болжау) арқылы, оқушылар белсенді жұмыстар жүргізді.Салыстыру кезінде бір-біріне өте жақын емес, екі деңгейдегі оқушыға жұптық жұмыс тапсырылды, жұптағы жұмыстарын сырттай бақылып отырып, басқа жұптан озу жолдарын қарастырды. Демек оқушылардың арасында бір біріне деген құрмет пен түсінушіліктін қалыптасқанын түсіндім. Сабақтың одан әрі тапсырмасында сыни ойлауын одан әрі кеңейту мақсатында оқушалар анықтау тапсырмасын орындауда ұялы телефондарын қолдана отырып, интернет арқылы «Фотосинтез процессі»туралы, бейнероликті көрсетіп оқушыларды таң қалдырып, жаңа ақпарат бердім. Технология білімдер оқытудың қосалқы құралдарды (бейне,

желілік материалдар, сандық бұқаралық ақпараттық құралдары және т.б)туралы білім. Бұл білімдер технологиялық құрылғылар саласындағы жеткілікті хабардарлықты да оларды басқару үшін қажетті дағдыларға ие болуда да меңзейді (мұғалімге арналған нұсқаулық,64-б) Оқушылар топтағы орындаған тапсырмалары бойынша тақтаға топпен шығып, өз ойларымен қорғады. Нәтижесінде бағалау оқушылардың қызығушылығын арттыру құралы дегендей, айтылған ақпарат нақты болса «сары жапырақты» , жаңа ақпарат болса «жасыл жапырақты», толықтыру қажет болса «қызыл жапырақты», тақтада өсіп тұрған тал бейнесіне апарып жабыстырып, әр топ өздерінің пікірін айтта отырып баға берді. Бағалаудың нәтижесінде оқушылардың ынтасы арттып, өз деңгейлерін анықтап, сонымен бірге жаңа ақпарат берген оқушыларға таңдана, ойлана отырып қарап, өз-өздерін сараптады. Менің бағалаудағы тәжірибемнен байқағаным көзге көрінер айғақтармен нақтылап бағалау оқушалырдың өз-өзін қай деңгейде тұрғанын, жоғары деңгейге жету жолдарын іздеуге талпыныстарының оянғанын байқадым. Оқушылардың серпілісін бақылай отырып, сабақ арасында «Жапырақтар әлемі» тақырыбында күнделікті өмірмен байланыстыра отырып, видео роликеі зер салып, әнге қосылып сергіту жасады.Технология білімдер оқытудың қосалқы құралдары (бейне, желілік материалдар, сандық бұқаралық ақпараттық құралдары, және т.б) туралы білім. Бұл білімдер технологиялық құрылғылар саласындағы жеткілікті хабардарлықты да оларды басқару үшін қажетті дағдыларға ие болуда да меңзейді(мұғалімге арналған нұсқаулық, 64-б) Сыни тұрғыдан ойлау мән мәтінді есепке ала отырып, бақылау мен тыңдау арқылы дамытуын қарастыру үшін (мұғалімге арналған нұсқаулық 49б), бейне роликтен соң оқушыларға жапырақтар әлемі бейнероликтің соңынан жапырақтар сарғаймай, жасыл күйінде қала берсе болмай ма, не себепті сарғаяды деп төменгі және жоғарғы дәрежелі сұрақтарды қоя отырып,оқушының жас ерекшелігі мен қабілетін, талантты және дарынды оқушыларды анықтау мақсатында эссе жаздырдым. Топта жазылған эсселер өз ара топта талқыланып ортасыннан ең үздік деп танылған оқушыларды ортаға шығаруды ұсындым. Топтың шешімі мен ортанға үш оқушы шығып өздерінің жазған эсселерін оқып,ой бөлісті.Мұндағы байқағаным дарынды оқушым Дәулеттің құраған сөз мәнері,ой астарлы ғылыми теорияны негіздей отырып,өлең шығарса,қабілетті оқушым Ботакөз да жақсы жазған, ал орташа деңгейдегі Наурызбай атты оқушым өзінің шығармасын өз жазғанын әдемілеп жеткізді. Оқушылар әділ бағаны өздері сараптай отырып, бірауыздан үш топта Дәулетке өте жақсы деп баға берді, ал екі оқушыға «От шашу», әдісімен мадақтай бағалады. Оқушылардың жапырақ туралы алған білімдерін тексеру мақсатында қабілет тесті орындатылды, орындалған тестті оқушылар жұптарымен араластырып, бірін-бірі тексерді. Сонымен бірге бағалау парағы бойынша оқушылар өз-өздерін бағалады. Оқушылар өз-өздерін бағалауда алдыңғы сабақта жіберген кемшіліктер қайталамай шынайы бағалап өз деңгейлерін сараптап, өзін-өзі реттеді. Оқушылар бүгінгі сабақта нені білгенін ,қандай тәсілдердің ұнағанын, ненің қызық ненің көңіліне қонғанын бақылау мақсатында кері байланыс ұйымдастырдым. Оқушылар талдағы жапырақты астына апарып, жемістер түріндегі стикер қағаздарға өздерінің не білгенін, қандай деңгейде тұрғанын, нені белгісі келетінін, қызықты болған сәттерін жазып, топта оқып жемістерін талға ілді. Нәтижесінде оқушылар үлкен алма ағашын өсіріп шықты. Демек бұл сабақта алған білімдері көңілге қонымды, алған білімдерін мақсатта айтылғандай кез келген жерде, күнделікті өмірмен байланыстыра отырып қолдана алатанына көзім жетті. Сабақ соңында көшбасшыларды ортаға шығарып «Серпімді доп» әдісі бойынша қабілеттерін ескере отырып, төменнен жоғары қарай сұрақтар қойылды. Бұл кезенде байқағаным әр оқушы қабілеттерің мүмкіндік деңгейінде өз білімдерің алғандығы. Жалпы сабағымда жеті модульді байланыстыра отырып, оқытудағы жаңа тәсілдерді модульдерге сәйкестендіріп қолданып қойған мақсатыма жеттім. Жалпы осы модульдер бойынша сындарлы оқытудан ерекшелігін байқадым. Дәстүрлі оқытуда мұғалім оқушыға дайын ақпаратты беріп, селқостық пен тыңдау, дәстүрлі бағалау, біржақты ойлану болса,менің жеткен жетістігім сабақта оқушы белсенді,

сыңаржақты ойлау емес , оқушылар еркін , ақпаратты меңгерген, АКТ қолдана алады, өзін-өзі бағалап, реттейді, негізгісі бағалай отырып өзінің қай деңгейде тұрғанынын анықтап, жоғары деңгейге жету керектігін оқушы өзі бақылап,сараптайды. Осы айтылған пікірге сәйкес (нұсқаулықта 33-б) осыған орай, әр сабақта оқушыларға оқу үдерісінің барлық аспектеліріне белсенді қатысу керек: олар өздерінің болжамдары мен сұрақтарын құрастырады,бірін - біріне кеңес береді,өз алдына мақсат қояды, алынған нәтижелерді қадағалайды,идеялармен эксперимент жасайды және қателер оқудың ажырамас бөлігі екенін түсіне отырып, тәуекелге барады деп анық көрсеткен. Бағдарламадағы жеті модуль бір біріне өте тығыз байланыста, осы байланысты үзбей жаңа тәсілдерді ұтымды пайдалану аркылы оқушылардың биология пәніне деген қызығушылықтарын қалыптастыра отырып, биологиялық сауаттылығы мен білім біліктерін дамытып , алған білімдерін күнделікті өмірде кез келген жерде кез келген уақытта тиімді қолдана алатындай етіп оқытуға өз мүмкіндіктерін беретініне көзім жетті.

Пайдаланған әдебиеттер:

Мұғалімге арналған нұсқаулық .
Кембриджд бағдарламасындағы таратпалар.
Биология анықтамалық жинақтары.

ХИМИЯ ПӘНІНЕН ҰБТ-ҒА ОҚУШЫЛАРДЫ ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

Бисенова Жанар Нурбергеновна
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Ж.Сәрсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Қазіргі заман талабы белсенді, құзыретті, бәсекеге қабілетті, өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделетін ,белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін, мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастырып тәрбиелеу.Бұл білім саласында қызмет атқаратын жандар – ұстаздар үшін ең маңызды мәселе. Жас жеткіншектердің арасынан талантты да дарынды, ерекше қабілетті балаларды таңдап алу, олармен тікелей жұмыс жүргізу – осы мәселенің бір шешімі болып табылады. Олай болса, әр ұстаз өз оқушыларының арасынан жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар болар дарын иелерін анықтай алуы қажет.

Ұлттық бірыңғай тестілеу- жалпы орта білім беру ұйымдарында оқушылардың қорытынды аттестаттауының бір түрі. Аттестаттауды жақсы тапсыру үшін оған сапалы дайындық қажет. Оқушы білімді меңгеріп қана қоймай, оны іс-жүзінде қолдана алуы керек. Осы себептен химия пәнінен ҰБТ-ға оқушыларды дайындауда тиімді әдістер мен тәсілдерді үнемі іріктеп отыру қажет. ҰБТ-ға дайындаудың басты тұлғасы – мұғалім.

Осы бағытта мұғалімге қойылатын талаптар:

- Оқушылардың білім алу себептерін айқындау;
- Пәндік оқытуды ұйымдастыру;
- Есеп шығару дағдыларын дамыту;
- Химия пәніне деген қызығушылығын қалыптастыру;
- Химия пәнінен тиімді технологияларды қолдану.

Сонымен мұғалім ҰБТ-ға дайындалуда қандай мақсат қоюға тиіс?

Мақсаттар:

1. Оқушылар сабақта алған білімдерін өмірде қолдана білуге тиіс;

2. ҰБТ-ға сапалы дайындық ұйымдастыру;
3. Оқушыларды 100 пайыз оқу үлгеріміне талаптандыру;
4. ҰБТ-ның сапасын және орташа ұпайын жоғарылату.

Мұғалімнің жұмысында көп қиындық тудыратын орташа оқитын оқушы емес, потенциалды және қауіп тудыратын балалар, өйткені тест сұрақтары орташа оқитын оқушыларға бағытталған. Оқушылардың жеке ерекшеліктерін және білім сапасын көтеру жұмыстарын келесі кезеңдерден көруге болады.

1-кезең. Диагностикалық:

- Бақылау жұмыстарын өткізу арқылы оқушылардың білім деңгейлерін анықтау,
- Өткен жылдағы ҰБТ нәтижесі мен байқау тестілердің сараптамаларын жасау арқылы қиындық тудыратын мәселелерді анықтау;
- ҰБТ-ны өткізу ережелерімен және ұсыныстарымен танысу.

2-кезең. Практикалық:

- Тест жинақтарымен жұмыс
- Күрделі тақырыптар бойынша деңгейлік тапсырмалар;
- Топтық және жеке дайындық;
- Тестпен жұмыс істеуде тиімді тәсілдерді қолдану.

3-кезең. Синтетикалық (анықтаушылық):

- Тақырыптар бойынша бақылау тестілері;
- Мониторинг;
- Қатемен жұмыс парағын жүргізу;
- Психологиялық тренинг ұйымдастыру және өткізу.

Үш кезең бойынша өткізілетін жұмыстар оқушыларды үш топқа бөлінетінін анықтайды: 1-топ үнемі 20 ұпайдан жоғары алатын оқушылар, 2-топ 15 ұпайдан 20 ұпайға дейін алатын оқушылар, 3-топ 15 ұпайдан төмен алатындар.

Жұмысты қалай бастау керек?

- Алдын-ала бақылау тест –«Кіріспе тест» өткізу;
- Әр оқушыға жеке папка дайындау (ҰБТ нәтижелерінің жеке парағы, мониторинг, қателерді талдау парағы);
- Әр оқушыға жеке ереже дәптер бастату;
- Әр оқушыға жеке есеп дәптер бастату;
- Ай сайын тест алып отыру.

Әр оқушыға өздеріне мақсат қоя білуді үйретіп, сол мақсатқа қарай жұмыс жасауға талпындыру керек. Алынған тест нәтижелерінен соң міндетті түрде қатемен жұмыс жасалу қажет. Әр тестілеу нәтижелерінің мониторингі өткізіліп, оқушылардың ұпайлары салыстырылып отырылу қажет.

Оқушыларға психологиялық көмек:

ҰБТ-мен қорқытуға болмайды

- Оқушы өз күшін және өз мүмкіндігін нақты білуі керек;
- Алдына мақсат қою;
- Қате жібермеуден қорықпау;
- Тест тапсыру техникасын үйрету;
- Өз уақытын бақылауға үйрету;
- Тапсырма қиындықтарын жеңе білу.

Химия пәнінен оқушыларды дайындағанда тараулар мен тақырыптарды өткен кезде барынша күнделікті тұрмыспен байланыстырып, видео көрсету, тәжірибе жасау, демонстрация арқылы түсіндіру тиімді болып табылады. Мәселен, ерітінділер тақырыбын өткен кезде оқушылар көбіне еріген зат, еріткіш, ерітінді ұғымдарын шатастырып жатады. Ең қарапайым күнделікті өмірде қолданылатын ерітінділер шекер мен су ерітіндісі, тұз бен су

еритіндісін тәжірибе арқылы көрсетуге болады. Мысалы: бір стакан суды көрсетіп, бұл – еріткіш, себебі ішіне салған затты ерітеді. Бір қасық тұзды көрсетіп, бұл- еріген зат, себебі судың ішінде еріп кетеді. Стакандағы су мен тұзды араластырып, бұл –ерітінді, еріткіш пен еріген заттан тұратынын айтса, оқушылардың есінде жатталып қалады.

Оқушыларды ҰБТ-ға даярлауда бір сұрақтың бес нұсқадағы жауабы болса, оқушылармен бірге соның дұрыс жауабын алдымен тауып алып, содан кейін қалған төрт жауаппен де жұмыс жасау керек. Мысалы: Молекулалық кристалдық торы бар қосылыстар.

А) ас тұзы
В) натрий гидроксиді
С) натрий
Д) калий хлориді
Е) көмірқышқыл газы

Дұрыс жауабы: Е жауабы. Мұнымен тоқталмай, ас тұзы, натрий гидроксиді,калий хлоиді – иондық кристалдық торлар, натрий – металдық кристалдық тор деп, әрқайсысына жеке талдау жасау керек. Сонда бір сұрақ барысында бірнеше сұрақтарға жауап беріп, оқушының ойлану, есте сақтау дәрежесі жетіледі. Кейде бір сұрақтың бес жауабы болса да, бір дұрыс, бір бұрыс жауабын айтып, оқушылар өздері дұрысын табады. Бұл да оқушымен жұмыстың жетілуіне әсер етеді.

Тест оқушылардың білімін салыстыруға, білім беру жүйесінде оқушылармен бірге жеке жұмыс жүргізуге мүмкіндік туғызады.

Қорытындылай келе,мынаны айтқым келеді.Әлемдік тәжірибеде ТМД елдерінде тестілеу әдісінен артық тәсіл әзірше жоқ екен.ҰБТ-орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім беретін білім беру ұйымдарына түсу емтиханымен біріктірілетін жалпы орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттау нысандарының бірі.

ҰБТ тиімділігі мынада деп көрсеткім келеді:

1.Барлық мектеп бітірушілердің біліміне ортақ талап қояды.

2.Мектептердің білім сапасына баға беріледі.

3.Адамның араласуынсыз білімді бағалауды әділетті жүргізуге жұртшылықтың көзін жеткізеді.

«Егер адамға балық берсең, ол бір күн тоқ болады, ал егер қармақ беріп, оны қолдануға үйретсең ол өмір бойы тоқ болады» дейді шығыс даналығы. Сондықтан қазіргі кезде оқушыларға білім беру мен ұлттық бірыңғай тестке дайындауда оқушылардың өзіне қажетті білімді өзі анықтап, оны өздігінен іздеп таба алатын деңгейге жеткізуді көздеумен қатар, жоспарлы жұмыс істеуге және өз жұмысының нәтижесін өзі тексеруге, талдау мен бағалауға дағдыландырып, жүйелі даярлануға шақырсақ алға қойған мақсатымызға жетеміз деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шаталов В. Ф. Баршаны да, әркімді де оқыта білейік. // Педагогикалық ізденіс
2. «Химия мектепте» журналы 2007ж. №4.
3. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы: Кітап, 2000 ж.
4. А.Мырзабайұлы. химияны оқыту әдістемесінің педагогикалық негіздері, 2004 ж.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЫН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУ

Жанаева Кунайым Онбаевна
Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Ж.Сәрсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие-адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Бұл баланың әсерлегіш, еліктегіш, сөйлеуді меңгерумен алғаш рет бөтен ортаға бейімделуімен сипатталатын кезең. Мектеп жасына дейінгі тәрбиенің негізі бес жасқа дейін қаланады. «Бес жасқа дейін жүргізілген барлық тәрбие ісіңіз - бүкіл процесінің тоқсан проценті», -деп Жүсіп Баласағұн балалақ кезеңдегі тәрбиенің маңызын анық көрсеткен. Баланың ақыл – ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету шындыққа тәрбиелеу мақсатында, сауаттылыққа баулу-бүгінгі күн талабы.

Белгілі педагог А.С.Макаренко баланың өміріндегі ойынның атқаратын қызметі туралы;« Үлкендер үшін жұмыстың, қызметтің маңызы қандай болса, балалар үшін ойынның маңызы сондай болады- деген;» Сонымен мектепке дейінгі кезең – баланың жеке тұлға болып өзін-өзі сезінуінің алғашқы сатысы демек адамгершілік ақыл ой және басқа да қасиеттерінің ең маңызды маңызды кезеңі. Баланың мәдениетті сөйлеу білуі үй ішінде, балабақшада, отбасында алған білім тәрбиесіне байланысты. Біздің басты міндетіміз баланы жан -жақты дамыта отырып, тілін дамыту. Сөздік қорларын байытумен қатар есте сақтау қабілеттерін арттыру.Баланың ана тілінде таза еркін сөйлеуін мектепке дейінгі кезеңде меңгертуді тиіспіз.

Ұлы педагог К.Д.Ушинский «Кімде кім баланың тіл қабілетін дамытқысы келсе,ең алдымен оның ой өрісін қабілетін дамытуы тиіс»-деген Әрбір ұйымдастырылған оқу іс - әрекеттерін өткізуде тәрбиешінің шығармашылығы, әдіс- тәсілдері тиімді пайдалануы , оқу іс- әрекетін түрлендіріп ұйымдастыруда ойындарды мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды қолдануы балалардың қиялын шарықтатады. Білімді меңгеру үстінде баланың ойлау қабілеті ұштасады.Кішкентай балалар тез еліктегіш жан-жағына алаңдағыш келеді. Сөзді мәнерлеп айтуда болсын, балалар тәрбиешіге, улкендерге еліктейді. Тіл дамыту, көркем әдебиет оқу іс - әрекеттерін ойын арқылы өткізу адамгершілік мінез-құлықты қалыптастыруға ықпал етеді. Сәлемдесуге баулу, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеуге бейімдейді. Мен өз тәжірибемде балалар тілін дамытуда , ой-өрісін кеңейту мақсатында мына жобаларды негізге ала отырып жұмыс жасаудамын.

- Тілді дұрыс меңгеру;
- Ауыз екі сөйлеу білу;
- Көркем сөз үлгілерін үйрету және игерген білімдерін қолдана білу;
- Сөздік қорын молайту;
- Дыбыстарын анық айтуға үйрету;

Осы жобаларды меңгерген бала мектеп табалдырығын аттауға емін-еркін сөйлей алатын деңгейге жетеді. Мектеп жасына дейінгі бала көзбен көріп, таныған заттарды дұрыс қабылдап, елестете алады. Бүгінгі күн талабы –баланың ақыл-ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойын жүйрік етіп тәрбиелеу. Білім беру жүйесінің барлық сатыларының алдында тұрған көкейкесті мәселелерінің бірі - білім сапасын арттыру , оның әдістемесін жетілдіру, жас ұрпақтың тұлғалық ойлауын дамыту болып табылады. Мұғалім сабақ жоспарып жасағанда сабақтың мақсатын өтілетін материалдық сипатын ескере отырып, әрбір сабақ төмендегідей 3-4 міндетті көрсетуге тиісті.

1. Сөздің дыбыстық жағын меңгеру, дыбыстарды дұрыс айтуға төселдіру.
2. Сөздік қорды молайту (сөз саны 4-5 тен аспауы тиіс) үйренген пайдалану.

3. Байланыстырып сөйлеуге үйрету. Даярлық топтардағы тіл дамыту сабақтарының негізгі

4. мақсаты –балалардың байланыстыра сөйлеуін жетілдіру.

Сөздік қорды байыту-айналадағы өмірмен таныстыру. Шығарма, оқу, есеп, сурет т.б сабақтары мен тіл дамыту кезінде жүргізілетін әр түрлі жаттығулар барысында да іске асырылады. Кейбір балалардың әсіресе үйден кездеседі. Ондай балалардың көпшілігі р, л, с, ш, з, ж дыбыстарын алмастырып айтатыны байқалады.

Қатаң, ұяң, үнді дыбыстарды айтуға қиналады. Сондықтан даярлық топта сөздік дыбыстық жағын қалыптастыруда ең алдымен сөздің дыбысталуын дұрыс айтуды жетілдіруге үнемі назар аударып отыруы тиіс. Ол үшін сөз ішіндегі дыбыстарды дұрыс анық айту, үн, дауыс қарқынын қалыптастыру басты мақсат болып табылады.Сонымен қатар тіл мүкістігі бар балалармен жеке жұмыс істеуге ескерген жөн.Сауат ашу сабақтарында сөздің дыбыстық құрамына талдау жасату, ойындар өткізу.Мысалы «Телефон» ойыны. Даярлық топтағы оқушыларға ұқсас с-ш, з-ж дыбыстарын ажырата білуге жаттықтыру. Аталған дыбыстарды жие қатысатын өлең, тақпақ , жаңылпаш айтқызу.

Бір топ сөзден тек қана с,ш,з естілетін сөзді табу (сағыз, сәбіз, жалау, жүзім, жүгері) басталатын сөздер ойлап табу

Дидактикалық материалдармен балалар жаттыққан сайын олардың зейіні, тапқырлығы, ынталылығы өзіндік ойлау жұмысы дами түседі.Балаға әңгімелеп айтуға, оқып тыңдауға, жаттауға арналған материалдар олардың даму деңгейіне, жас шамаларына лайықты болуы қажет. Ертегі сахналау арқылы балаларды рөлге бөліп беру, әр кейіпкердің дауыстарын келтіріп айтуға машықтандыру қажет. Шығармаларда оқыған кезде іс әрекеттерге байланысты жаңа сөздердің мән- мағынасын түсіндіріп отырған жөн. Дыбыстарды анық дұрыс айту білуге жаңылтпаштардың да орны ерекше. Қазақтың мақал – мәтелдердің көбісі елдікті, ынтымақты, жақсы мен жаманды ажыратуға мүмкіндік береді

Мектепке дейінгі балаларға тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыруда олардың сөйлеу, тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу мәдениетін жетілдіруге, құрастыра сөйлеуге, сөздік қорының молайуына баса көңіл бөлген жөн. Балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолдануға ізденеміз. Жана технологияны, әдіс – тәсілдерді тиімді қолдану білім сапасын арттырады. Сонымен қатар тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу барысында балалардың жас ерекшелігін ескеру, әдіс – тәсілдерді таңдауға сай келеді. Сабақ өткізгенде бірінші орынға ойын және ойын түрлері қойылады. Тіл дамытуда ойынды көрнекі құралдар, түрлі суреттер, кестелер, ойыншықтар, музыка және т.б материалдар сабақты көркемдеп отырса, балалардың сөздік қоры біршама толығады, ауызша сөйлеу түрлері кеңейеді. Әрбір сабақта ойын түрлерін және өзара сөйлеу үлгілерін тақырыпқа сай қолданған жөн және тиімді. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді.

Ойын сабақтың басында - өткен сабақты еске түсіру. Сабақтың ортасында-көңіл – күйін сергіту, ерік-жігерін дамыту, сабаққа ынтасын арттыру. Сабақтың соңында–тақырыпты бекіту, сабақта алған білімді жинақтау мақсатын көздейді. Мектепке дейінгі ұйымдарда сөздік қорын дамыту жұмыстарын түсіндіру, сұрақ-жауап, сөйлесу, әңгімелесу, әңгіме, көрнекілік әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады.

Түсіндіру әдісі- жаңа сөз, сөз тіркесі сөйлемдерді түсіндіруде қолданады. Сабақ сайын үйретілетін жаңа сөздер бойынша, яғни сөздік жұмысында іске асады, Көрнекілік әдісі – Сабақ сайын жүргізілетін әдіс. Балаларға түрлі суреттер мен заттарды, ойыншықтарды көрсету арқылы сөздерді үйретуге болады. Көрнекілік тақырыпқа сай көзге тартымды болуы керек. Мысалы: «Ұлттық заттар » тақырыбын өткен кезде киіз үйдің суретін көрсету арқылы немесе кәдімді ойыншық киіз үйді көрсету арқылы жүзеге асырылып отырады. Осы тақырыпқа байланысты мынадай ойындар өткізуге болады: « Дәмінен ажырат», «Не артық?» «Қанша

жеміс көрдің, сонша қол шапалақта», балалардың назарын бақылау үшін кез-келген емес тек қана жемістерді естігенде шапалақта.

Қорыта айтқанда мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамытуда әрдайым әдіс - тәсілдер ізденуде болу керек. Ойын – балалардың негізгі іс-әрекеттерінің бір түрі. Бала өмірі ойынға байланысты. Сондықтанды тіл дамыту сабақтарында сөздік қорын байытуға ой элементтерін пайдаланудың балалардың ой белсенділігін арттырудағы маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Бала тәрбиесі» №2 2021ж №4 2020ж
2. «Өзіндік таным»№2 2022ж №5-6 2021ж
3. Аймауытов Ж Тәрбиеге жетекші Орынбор 2020ж
4. Баймұратова.Б Отбасындағы баланы мектепке дайындау, алматы Шартарап 2022ж
5. Жұмабаев. М Педагогика Рауан-2022 ж
6. Табиғаттануды оқыту және бала тәрбиесі. Мектеп 2020ж

ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗ - САПАЛЫ БІЛІМ

Ертуганова Аксая Амангельдиевна
Әйтеке би ауданы, Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі

Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлердің біліктілікті арттыру курстары Бағдарламасы негізгі ұстанымдарының бір бағыты – мұғалімнің оқыту мен оқуда жүзеге асыратын өзгерістері. « Бұл өзгерістер – істеп жатқан істі өзгерту, түсінікті өзгерту- қалай ойланатынды өзгерту, жағдайды өзгерту – бір-бірімізге деген қарым-қатынасымызды өзгерту дегенді білдіреді». Педагог тәжірибесіндегі өзгерістер мектеп жағдайындағы мұғалімнің іс-әрекеттегі зерттеуі шеңберінде жүзеге асады.

Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдан бастап, елімізде ғылым мен білімді дамытып, білім кеңістігінің қалыптасуына айрықша көңіл бөлініп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты-бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп - үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі-педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі , білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Осы аталғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі - рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық- әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құзыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Сондықтан да бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Француз қайраткері «Адамға оқып-үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет», - дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдарламаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субьективтік позицияны қалыптастыру.

Ең бірінші мұғалімнің «өзіндік жаңалығы» болуы керек. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін толық көшірмей , жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс-әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек.

Мұғалім - оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан-жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді.

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы –өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Тәуелсіз еліміздің тіргегі - білімді ұрпақ десек, жаңа заманның күн тәртібінде тұрған мәселе –білім беру, ғылымды дамыту. Осы орайда білім ордасы – мектеп, ал мектептің жаны-мұғалімдердің басты міндеті-өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу. Олай болса, қоғамның болашағы – жас ұрпақтың бойына адамгершілік, ізгілік, мейірімділік, ақыл-ой, сана-сезім қалыптастыратын салауатты тәрбие беру мазмұнын жаңаша құру қажет.

«Сабақ беру-үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер»,- деп тәлімгер жазушы – ғалым Жүсіпбек Аймауытов айтқандай соңғы кездегі жаңа және отандастарымыздың төл технологияларын оқу процесінде жүйелі қолдануда, мұғалімнің белсенділігі, шығармашылық ізденісі, оны ұтымды пайдалануы оқу-тәрбие үрдісінде шешуші рөл атқарады. Сондықтан да өзім сабақтарымды жоспарлаған кезде 7 модульді ықпалдастыра отырып ұйымдастырамын, сонымен қатар «Биоақпараттандыру және синергетика» технолгияларының карталарын тиімді пайдалану жақтарын қарастырамын. Бұл технологиялардың білім сапасын арттыруға оң әсері бары сөзсіз.

XXI ғасыр- білімділер ғасыры. Сондықтан да білім сапасын арттыру , оқушылардың дарындылығын айқындап, біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми ізденіс қабілеттерін қалыптастыру – әрбір ұстаздың міндеті. Осыған орай оқушыларымды түрлі мектепішілік, қалалық, облыстық, сайыстарға қатыстырып келемін.

Ең бастысы, ұстаз бүгінгі өмір ағымына ілесуді игеріп келеді. Қазіргі мұғалім жаңа білім беру парадигмасы негізінде инновациялық технологиялар мен интерактивті әдіс-тәсілдерді терең меңгеруге ұмтылуда. Осының барлығы да ұстаздың инемен құдық қазғандай оқумен, еңбекпен, ізденіспен қол жететін табысы. Қазір білім мазмұны санмен емес, сапамен өлшенетін кезең. Білімнің сапалы, тәрбиенің нәтижелілігі кәсіби деңгейдегі ұстазға байланысты. Сол себепті қазіргі уақытта білім жетілдіру саласына көп назар аударылуда. Қазіргі қоғамда білім саласын модернизациялау арқылы педагог мәртебесін өсіру, бәсекеге қабілетті әлемдік кеңістігіне ену, сапалы білімге кепілдік жасай алатыны баршаға аян.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Астана 2004 ж.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана 2004ж.

ЧТЕНИЕ – ЭТО ТРУД

Аймбетова Гульбану Чапаевна
Теренсайская общеобразовательная средняя школа Айтекебийского района

Какой предмет в курсе начальной школы вы бы назвали главным? Наверняка все в один голос объявят: «Они все главные!» И будут правы. Математика развивает ум, память, образное мышление; задача русского языка в том, чтобы научить ребенка правильно и умело пользоваться речью в различных жизненных ситуациях; на уроках естествознания дети должны осознать себя частью огромного и удивительно разнообразного в своих проявлениях мира природы, полюбить его и научиться уважать; ну, а тот, кто не научился бегло читать в начальной школе, вряд ли может рассчитывать на большие успехи в средней школе. И так, предметы всякие нужны, предметы всякие важны! Однако, чтение в жизни каждого культурного человека, занимает важное место. Чтение пронизывает все сферы и этапы жизни личности (младенчество, детство, юность, зрелость, старость), во многом определяет жизненную успешность. Без чтения нет профессионального становления, эмоционального и интеллектуального развития. Не только в школе, но и дома, в семье, мы учим детей любить книги. Наверное, нет родителей, которые не хотели бы научить детей быстро и выразительно читать, привить интерес к чтению, ибо роль книги в жизни огромна. Хорошая книга - и воспитатель, и учитель, и друг. Вспоминаются слова В.А.Сухомлинского о том, что можно жить и быть счастливым, не овладев математикой. Но нельзя быть счастливым, не умея читать. Тот, кому недоступно искусство чтения - невоспитанный человек, нравственный невежда. Чтение - это главное умение человека в жизни, без которого он не может постичь окружающий мир. Огромная роль в формировании навыка правильного, вдумчивого чтения принадлежит школьному учителю. Перед учителями начальных классов стоит важнейшая цель - формирование читательской компетентности младших школьников. Это означает, что за четыре года обучения в школе первой ступени дети должны овладеть техникой чтения, приемами понимания прочитанного и прослушанного произведения, знанием книг и умением самостоятельно их выбирать. Проблемы детского чтения, с которыми сталкиваются сегодня родители, преподаватели и психологи, это то, что ребенок-школьник никак не может перейти от слогового чтения к чтению словами или читает очень медленно, с большим количеством ошибок. Даже умеющий бегло и правильно читать ребенок категорически отказывается делать это сверх школьной программы. Он «лишнюю» строчку не прочтет, если ее не задавали. Многие учащиеся уже с первого класса твердят, что терпеть не могут читать, и называют уроки чтения, а потом и литературы в числе самых нелюбимых предметов. Чаще такие дети не способны пересказать прочитанное, так как просто не понимает и не запоминает, что читают. А в погоне за техникой чтения теряют смысл прочитанного как дети, читающие медленно, с ошибками, так и те, кто читает хорошо. Попробуем разобраться, в чем же причины такой повальной нелюбви детей к чтению, особенно удивительной для нашей страны, долгое время носившей звание «самой читающей в мире». Специалисты называют две основные причины. Первая - это результат раннего обучения, так как ребенка учат неправильно, отбивая у него всякий интерес к чтению. Многие родители хотят, чтобы их ребёнок был самым-самым! Плохо разбираясь в детской психологии и физиологии, сердобольные родители стремятся «загрузить» своё чадо сверх его возможностей. К таким «высоким возможностям» относится

и очень раннее обучение ребёнка чтению. До сих пор нет ответа на вопрос: нужно ли учить читать детей младше трех лет? Большинство психологов и педагогов - сторонников «старой школы» - считают, что такое опережающее развитие только тешит самолюбие родителей, а ребенок ничего, кроме нервно-психического переутомления, не получает. С одной стороны, наука и техника постоянно развиваются, требуя от пользователей все большего уровня развития, и то, что наши предки умели делать к середине жизни, большинство из нас умеет и понимает уже в подростковом возрасте. Поэтому раннее развитие и обучение ребенка - это не попытка «лишить его радостного детства», а необходимое условие освоения окружающего мира, в котором господствуют высокие технологии и огромные объемы информации. Но, с другой стороны, не стоят на месте и так называемые патогенные факторы: плохая экология, низкий уровень социального и медицинского обеспечения, большой процент хронических заболеваний, а также стрессы, новые болезни. Все это приводит к рождению слабых, болезненных детей, которым необходимо щадящее, компенсаторное и коррекционное обучение, а ни в коем случае не опережающее и перегружающее. Взрослым, стоящим перед выбором - учить или не учить малыша читать в раннем возрасте, необходимо ответить для себя на два вопроса. Во-первых, достаточно ли хорошо они владеют методикой раннего обучения чтению, чтобы не создать своему ребенку проблем в дальнейшем, например, наибольшую сложность вызывает развитие у ребенка фонематического слуха. Во-вторых, выдержит ли их чадо предлагаемые ему нагрузки. Если у ребенка были какие-либо невропатологические проблемы при рождении или в младенчестве, он очень активен или наоборот пассивен, то до 5-6 лет лучше ограничиться развивающими играми. И вторая причина проблем с чтением - это специфическая задержка развития навыка чтения -дислексия. Все чаще от учителей начальной школы и детских психологов родители плохо читающих детей могут услышать непонятный и пугающий диагноз: «дислексия». Известный чешский психолог З.Матейчек считает, что это «специфическое нарушение чтения в процессе развития» наверняка существует еще с тех самых времен, когда люди изобрели звуковое письмо. Но обнаружили эту проблему только в конце девятнадцатого века, а исследовать и пытаться исправить - стали лишь в середине прошлого. Это нарушение становится препятствием в обучении от 2 % до 10 % школьников. Наиболее ярко оно выражено у детей 6–8 лет, именно в этом возрасте дислексию легче обнаружить и скорректировать. Ребенок, предрасположенный к дислексии, неспособен овладеть слоговым слиянием, чтением целыми словами, нередко плохо понимает прочитанное. Также обращает на себя внимание ограниченный словарный запас, особенно в обозначении отвлеченных понятий - временных, пространственных и т. д. Ведущий симптом дислексии на начальном этапе овладения чтением: ребенку трудно понять и запомнить, что данная буква соответствует данному звуку, ему трудно складывать отдельные звуки в слоги. Наиболее часто дислексия встречается у леворуких детей, или у так называемых скрытых левшей, когда ребенок пишет правой рукой, но ведущим у него является правое, а не левое, как у правшей, полушарие мозга. Эти дети испытывают проблемы, в пространственной ориентации, например, право и лево. Они могут читать слова и целые строчки справа налево, при чтении у них преобладают ошибки угадывающего типа в виде замены букв или слов. Нарушения чтения очень часто сопровождаются нарушением письма (дисграфией), например, происходят замены гласных («часто-чосто») или пропуски гласных («лежит - лжт»). Ребенку 6–8 лет требуется консультация специалиста, если он путается в порядке следования времен года и дней недели, не может правильно повторить в прямом порядке больше трех цифр, а в обратном - больше двух, не может правильно повторить даже простые ритмы, например, взрослый стучит рукой или карандашом по столу, плохо ориентируется в заданиях, требующих знания, где право, а где лево. Но далеко не всегда проблемы чтения связаны с предрасположенностью к дислексии. Учителя первых классов часто жалуются на сложности, возникающие на уроках чтения из-за

того, что дети изначально находятся на разном уровне подготовки, одни уже бегло читают, другие только научились складывать буквы в слова. Хорошо читающие дети отвлекаются, мешают другим, потому что им скучно слушать. Плохо читающий ребенок начинает стесняться своего неумения и от этого читает еще хуже. Если же педагог ориентируется на хорошо читающих детей, то ученик, который плохо читает, ничего не понимает и не успевает на уроке, постепенно теряет интерес к учебе. Глубоко травмируют ребенка замечания более хорошо читающих одноклассников. Такая практика, как чтение на скорость, ставит ребенка в невыгодное для него положение - ведь большинство детей читают быстрее. То же самое происходит с застенчивым ребенком - ему тяжело читать вслух, «на публику». Что делать? С раннего детства приучайте ребенка к книге, читайте ему сказки, стихи. Пусть уже с года, а то и раньше одним из постоянных подарков ребенку будет книга, соответствующая его возрасту. Старайтесь не форсировать события - усложнение материала должно происходить постепенно. Видите, что предложенная вами книга слишком трудна для ребенка или неинтересна? Не настаивайте. Отложите ее на время. Прививая ребенку культуру чтения, помните, что самый главный пример для ребенка - вы сами. Современные дети почти не видят своих родителей с книгой. Большинству родителей сейчас не до чтения, максимум, на что их хватает, - это на газеты и журналы. Сложно убедить ребенка в том, что чтение лучше и полезнее, если он видит, что окружающие предпочитают книге телевизоры, видеомагнитофоны и компьютеры. Заведите ритуал вечернего чтения. Выберите какую-либо книгу и читайте ее понемногу каждый вечер. Маленькому ребенку читайте сами, со старшими детьми читайте вслух по ролям. Если ребенок категорически отказывается читать что-либо дополнительно, попробуйте почитать ему о том, чем он интересуется. Например, если он интересуется динозаврами - читайте о динозаврах. Малыш вошел во вкус совместного вечернего чтения, но никак не хочет читать самостоятельно? Пойдите на маленькую хитрость. Прервав накануне чтение на интересном месте, на следующий день сошлитесь на сильную занятость и предложите ребенку прочесть дальше самостоятельно, а потом вам рассказать, что там произошло. Но не злоупотребляйте, кроха может понять, что вы таким образом пытаетесь его заставить читать. Приучайте ребенка пользоваться библиотекой, для начала запишитесь вместе в школьную или районную, вместе выбирайте там книжки. Не гонитесь за скоростью, больше внимания уделяйте правильности прочтения слов, интонации и содержанию. Учите ребенка пересказывать, обсуждайте прочитанные книги. Не перегружайте кроху ежедневным чтением вслух - по данным психологов, непрерывное чтение вслух должно занимать у первоклассника 8–10 минут, а у второклассника 10–15 минут. Чтобы чтение не воспринималось ребенком как наказание, никогда не наказывайте ребенка чтением вместо игры. Можно наказать ребенка, лишив его вечернего чтения, но не наоборот. Если у ребенка не получается читать, то обязательно проконсультируйтесь у специалистов - психолога, дефектолога или логопеда. Как организовать работу дома с детьми, которые плохо читают? В течение дня выделите время для чтения, удобное ребенку; когда малыш читает, находитесь поблизости, чтобы объяснить непонятное слово, вместе посмеяться над смешным моментом, но не сидите у него над душой - это создаст эффект принуждения; если ребенку сложно читать самостоятельно, то на первых порах читайте ему вслух заданный текст, затем пусть он читает его самостоятельно, проявляйте интерес к тому, что читает сын или дочь, отмечайте каждый, даже незначительный, с вашей точки зрения, успех похвалой или поощрением; не следует сравнивать достижения ребенка с успехами других детей, особенно его братьев и сестер, - постоянное невыгодное сравнение снижает самооценку, закрепляет неприязнь к более успешным детям. Чтение имеет огромное значение в жизни детей, гораздо большее, чем в жизни взрослых. Книга, прочитанная в детстве, остается в памяти надолго, влияет на дальнейшее развитие ребенка, формирует миропонимание, вырабатывает определенные нормы поведения. Дети составляют особую категорию читателей, нуждающихся в постоянном

внимании и со стороны родителей, и со стороны педагогов. Библиотекари также ищут пути приобщения подрастающего поколения к чтению, применяя разнообразные методики с учетом возрастных особенностей своих посетителей. Долг каждого родителя, педагога и библиотекаря - научить детей любить книгу, ощущать потребность в ней, понимать её. Нужно помнить, что работа эта очень важная и её нужно проводить систематически. От того, как мы будем ей заниматься, зависит будущее нашей страны.

Литература:

1. Алоева М. А. Родительские собрания в 1–2 классах. – Ростов на Д: изд-во «Феникс», 2004 г
2. Дереклеева Н.И. Справочник классного руководителя 1-4 классов. – М.:ВАКО, 2003 г.
3. Гройсман А. Г. «О проблемах детского чтения» [интернет-ресурс detlit.ta-vkm.ru/problems/page/2/] 05.06.2014.
4. Вин М. Ленивые читатели // Первое сентября. 1995. № 99. С.4.
5. Агеева, Л. В. «Как привить любовь к чтению» – методические рекомендации учителям и родителям /
6. Л. В. Агеева, Н. А. Шелякина, В. Л. Герус. — Текст: непосредственный // Молодой ученый. — 2017. — № 2 (136). — С. 56

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІ ЖАҚТАРЫ

Алдамжаров Саят Кадырханович
Әйтеке би ауданы, Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі

Елбасы Н.Ә. Назарбаев әрбір жылғы халқына арнаған жолдауында: «жедел дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық мәдениетті бойында қалыптастырған, шығармашылығы дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру» деп атап өткен болатын.

Бүгінде білім - қоғамның әлеуметтік-экономикалық, интеллектуалдық және рухани дамуының стратегиялық бағдары ғана емес, сонымен қатар біздің қоғамымыздың қауіпсіздігінің кепілі.

Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді.

Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады.

Елімізде бәсекеге қабілетті білім – білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр. Дамудың алдыңғы қатарындағы елдердің білім дәрежесімен теңесу – еліміздің біліми саясатының негізгі көздегені.

Мақсатқа жетудің түрлі жолдары бар. Солардың бірі де бірегейі оқытудың жаңа технологияларын пайдалану. Осыған орай қазір еліміздегі көптеген мектептерде білім берудің

жаңа жүйесі енгізіліп, әлемдік білім беру кеңістігіне бет алуда. Білімі мен ғылымы өз дәрежесінде дамыған елдер көш бастап, қашан да елдік дамудың кез келген саласында озық тұрары сөзсіз. Бізде осы көштен қалмаудың қамын жасап бағудамыз.

Жалпы орта мектептердегі «Дене тәрбиесі» пәнінің мақсаты әлі күнге дейін толықтыруды қажет етеді, осыған орай оның ғылыми негізделген бағыт-бағдарын жасау қажеттілігі туындайды. Осы бағыттағы ізденістердің тиімдісі дене тәрбиесі сабағында дәстүрлі емес оқыту құралдарын қолдануды зерттеу болып табылады.

Дене тәрбиесін жүзеге асыру – денсаулықты нығайту, білім беру, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін шешуге арналған педагогикалық жұмыстардың бірі бола отырып, жеке тұлғаның денсаулық деңгейін арттыру, табиғи күш-қуатын нығайту, дене мүшелерін гигиеналық негіздері мен дене- қозғалыс қабілеті мүмкіндіктеріне сай, өз бетінше қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындап, өзін- өзі үнемі дамытып, көңілді де сергек жүруге баулиды. Болашақ ұрпағымыздың денсаулығының мықтылығы, салауатты өмір сүруі мектеп мұғалімінің жеке басымен оның жоғары оқу орнындағы теориялық жеке тәжірибелік дайындығының дәрежесіне тікелей байланысты. Осыған орай оқушылардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастыруға болашақ мұғалімдерді даярлау ісін кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек.

Оқушыларға дене шынықтыру сабақтарында жаңа технологияны пайдалану оқыту мен тәрбиелеудің жалпы заңдылықтарына бағынған. Сондықтан оны іске асыру барысында дене тәрбиесінің жас және жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, осы заңдылықтарды көрсететін жалпы педагогикалық ұстанымдарды басшылыққа алу қажет. Ол ұстанымдарға жататындар: жан- жақтылық, саналылық пен белсенділік, бірте-бірте жасалатын әрекет, қайталамалық, көрнекілік, жеке даралық. Дене жүктемелерін бірте-бірте және жоғары деңгейге арттыру ұстанымы олардың көлемі мен қарқындылығының, оқушыны дайындауға қойылатын талаптардың бірте-бірте күрделенуінің үздіксіз арта түсуімен байланысты болып келеді.

Мектебімде волейбол, баскетбол, футбол, дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ, спорт секциялары мен үйірмелері жұмыс істейді. Мен волейбол үйірмесін жүргіземін. Енді өзім жүргізетін волейбол үйірмесінің жұмысына толығырақ тоқталайын. Волейбол үйірмесіне оқушылар таңдау үшін әр оқу жылының аяғында 7, 8, 9 сынып оқушыларының қыздары арасында волейболдан жарыс өткіземін. Осы сайыстан соң волейбол үйірмесіне қатысатын қыздарды іріктеп аламын. Жаңа оқу жылының басында осы қыздар медициналық байқаудан өтеді. Медициналық байқаудың қорытындысы бойынша дене тәрбиесі пәніне қатысуға рұқсат алған оқушылар бірден жаттығуға кіріседі. Алғашқы сабағымда волейбол ойынының денсаулықты нығайтуға, дене бітімінің және мүсіндерінің әсем болып қалыптасуына зор ықпал ететіндігін оқушыларға ұғынықты тілмен түсіндіремін. Сондай - ақ волейбол ойынының бойдың өсуі мен мидың дамуына да зор ықпалы бар екендігін айтып, оқушыларға ойын барысында әуелі ми, содан кейін қол мен аяқ қозғалысқа келу керектігін жеткіземін.

Бұдан шығатын қорытынды, адам денсаулығын сақтаудың негізгі бағыты салауатты өмір салтын ұстауда, соның ішінде дене шынықтырумен жүйелі айналысуда жатқандығын анық байқауға болатындығы. Сол себепті мектептегі оқушының денсаулығын сақтау мен қалыптастырудың басты мақсаты тұлғаның психологиялық және дене қимыл әрекетінің мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескеріп, салауатты өмір салтын қалыптастыруға баулу және спортпен жүйелі түрде шұғылдануға дағдыландыру болып табылады. Ал спортпен шұғылдануды тек сабақ процесінде ғана жүзеге асырып қана қоймай, сыныптан тыс мезгілде де іске асыру дене тәрбиесі пәні мұғалімінің міндеті деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Т.Ш.Қуанышов "Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі", Алматы 2002ж.
2. П.Сабыров "Оқыту теориясының негіздері", Алматы 1993ж.
3. «Қазақстан мектебі» Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, 2013ж
4. Нығметжанова Қ.М. Нұрғазиева Н.М Бастауыш білім берудегі жаңа технологиялар. – Өскемен 2005ж.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ТОЛЫҚТЫРУ, ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Дуйсенеева Гульжанар Жумахметовна
Әйтеке би ауданы, Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі

Ағылшын тілін оқытуда негізгі бөлшегінің бірі – сөздік жұмысын жүргізу. Бұл жұмыстың арқасында оқушылардың сөздік қорын байытуда ерекше орын алады. Сөздік жұмысын ұйымдастырудың басты қағидасы – оқушының лексикалық материалды белсенді түрде меңгеріп, сөйлеу тілінде оларды бекітіп, сөйлеуде белсенді түрде қолдана білуге үйрету негізінде қалыптасады. Әрине, сөздік жұмысы арнайы сабақ болып өтілмейді. Ол біздің әрбір сабағымыздан орын алады. Сондай – ақ, сөздік жұмысы мәтінде кездесетін түсініксіз сөздермен ұғымдарды түсіндірумен ғана шектелмейді. Оқушының сөздік қорын қалыптастыруға байланысты мынадай мақсаттар қойылады:

1. Күнделіті сабақ барысында оқушының сөздік қоржынын жаңа сөзбен толықтырып отыру.
2. Тыңдалым жұмыстарын жетілдіру.
3. Сөйлем құрастыруға бағыттау.
4. Айтылым бойынша жұмыс жасау.
5. Оқушыларға қысқа өлең, тақпақ, мақал – мәтелдер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар жаттап үйрету

Сөздік қорды белсендіру – жаңа сөздермен жұмыстың соңғы кезеңі. Сөздік қорды жақсы меңгеру үшін орта есеппен 15-25 рет қайталау қажет. Сөздік қорды белсендірудің негізгі жолы - оны диалогтар, рөлдік ойындар, жазу және жобалар сияқты әртүрлі жаттығуларда қолдану. Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өтіледі. Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Жалпы ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады. Оқушылардың ойынның мазмұнымен таныстыру ойынды өткізу болып табылады. Ойынды талдау, бұл ойынның өз мақсатына жетуі, балалардың белсенділігі және олардың іс-әрекеті болып табылады. Сонымен оқушылардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді. Міне, сондықтан да оқу-тәрбие үрдісінде әр түрлі ойындар арқылы баланы жан-жақты дамыту ісіне ерекше көңіл бөлемін және бұл менің ең негізгіалдыма қойған мәселем. Сонымен, баланың сөздік қорын дамытумен қатар, тілін дамыту да ойын арқылы жүзеге асады. Оны төмендегі ойын түрінен көруге болады.

Оқушылардың саусағын ойната отырып, тілін дамыту. Саусақ ойыны- бұл ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық.

Саусақ ойыны-саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын сахналау болып табылады. Саусақ ойыны арқылы оқушылардың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс-қимылына қарап бала қуанады, шаттанады, сөзді айтуға тырысады және өлеңдегі үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар оқушылардың екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен т.б. түсініктерді бағдарлай алуды үйренеді. Ал ағылшын тілі сабағында тіл кемістігі кездесетін балалардың жалпы қимылдары, соның ішінде саусақ бұлшық етінің қимылдары жеткілікті деңгейде дамымайды. Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғалуларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету - тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды. Саусақ ойынын балабақшада және үй жағдайында әсерлі, көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Алдымен балаларға саусақ ойыны түсіндіріледі, әр қимылы көрсетіледі. Мысалы: «Саусақтар сәлемдеседі» ойынын алайық. Мұнда бас бармақ ұшы әр саусақтың ұшымен кезекпен түйіседі. Сондай-ақ, оқушының сөздік қорын тексеру әдістері бар. Олар:

1. Әңгімелесу, әңгіме құрату – өзін қоршаған орта туралы:үй іші, мектебі, сыныбы, ата-анасы, оқу-құралдары, т.б.

2.Оқушының күнделікті жиі пайдаланатын заттарын көрсету арқылы оны атату(киім-кешек, ыдыс-аяқ, үй жиһаздары т.б.).

3.Сөзді түсініп айту дәрежесін тексеру (таныс емес заттарды көрсету, т.б.).

Жалпы өз тәжірибемнен алып айтатын болсам, мен өзімнің әрбір сабағымда оқушыларға үй тапсырмасы ретінде сөздік жаттауды міндетті түрде беріп, ал келесі сабақтарда сол сөздікті сұрауға арнайы уақыт бөліп отырамын. Яғни оқушылардан сөздікті не жазбаша түрде, не ауызша түрде қайтадан сұрап отырамын. Себебі бұл шет тілі болғандықтан біздің әрбір сабағымызда жаңа сөздердің болмауы мүмкін емес. Ал егер әрбір сабақтағы жаңа сөздерді оқушы жаттап алып отырса, онда бірінішіден ол оқушының сөздік қоры жаңарады, екіншіден, бұл әдіс оқушының келесі сабақты да жақсы түсінуіне түрткі болады деп ойлаймын. Оқушылардан сөздікті жазбаша түрде сұрауымның себебі, олар тек ауызша ғана жаттап алып қоймай сөздің орфографиялық жағына да мән беретін болады. Мысалы, бір сабақтың үстінде бір оқушыдан ауызша сұрасам, бір оқушыдан жазбаша сұраймын. Яғни, оқушы сонда ауызшаға да, жазбашаға да дайындалып келетін болады.

Сөздік жұмысын ұйымдастырудың басты қағидасы – оқушының лексикалық материалды белсенді түрде меңгеріп, сөйлеу тілінде оларды бекітіп, сөйлеуде белсенді түрде қолдана білуге үйрету негізінде қалыптастыруды жүзеге асырамын. Ағылшын тіліндегі сөздер тек лексикалық түрінде ғана оқушыға меңгеріп қоймай, ол лексика-грамматикалық бірлікте іске асырылу қажет. Мысалы, «оқушы, оқы, кітап»деген сөздерді жеке бермей, оны сөз тіркесімен берген жөн. Бұл сөздік жүргізудің бір қағидасы болып саналады.

Ұстаз жан-жақты ізденісті қажет етеді». Нашар ұстаз шындықты қайталайды, жақсы ұстаз сол шындықты іздеп табуға үйретеді» деп ұлы ойшыл А.Дистерверг айтқандай, ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты. Өз білімімді үздіксіз көтеріп, үнемі ізденіс үстінде боламын деген үміттемін. Оқушылардың сөздік қорын дамытуда, мен айтар едім, ақпараттық -коммуникациялық технологияның, түрлі қарапайым ойындар мен рөлдік ойындардың, диалогтың, яғни, коммуникативтілік әдістің ,сондай – ақ түрлі көрнекіліктерді қолданудың маңызы зор дер едім. Сабақ барысында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану үлкен мүмкіндіктерге жол ашады деп ойлаймын. Тәжірибе көрсеткендей, мультимедияның ағылшын тілін үйретуде мүмкіндіктері зор. Педагогикалық зерттеулерге сүйенер болсақ, ағылшын тілін оқытуда мультимедиалық бағдарламаларды және ресурстарды

пайдалану арқылы мынадай құндылықтарға қол жеткізуге болады – әр түрлі тапсырмалар беру арқылы коммуникативтік шеберліктерін (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу) қалыптастыру мүмкіндіктері;

– оқу ақпаратының көпқырлылығы және бір уақытта көру, тыңдау және сөйлеу мүмкіндігіне ие болу мүмкіндіктері;

– оқып жатқан тілде мәліметтерді тыңдау арқылы сол тілде сөйлеушілермен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді;

– Интерактивті тақтамен презентацияны бірге қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ерекше арттырады.

Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

• лексиканы оқып үйретеді;
• сөйлеу ырғағын;
• диалог, монолог және рөлдік ойындарды;
• хат жазуға үйретеді.

Көбіне мен өзімнің сабақтарымда компьютерді жаңа сабақ түсіндіргенде, грамматикалық құрылымдарды өткенде және қорытынды сабақта қолданамын. Интерактивті тақтаға сөзі анық жазылған ағылшын тіліндегі видеороликтерді, аудио дискідегі өлеңдерді, электронды оқулықтарды компьютер арқылы енгізіп, тақырыбы бойынша сабақта қолданамын. Бұл көрнекі құралдар тақырыпты ашуға, оқушыға жеткізуге көп көмегін тигізеді. Ағылшын тілі пәні сабағында оқушылардың тілді дұрыс меңгеруі үшін әртүрлі рөлдік ойындарды қолдануға болады. Осы рөлдік ойындарды оқу үдерісінде қолданудың басты мақсаты – оқушылардың ой-өрісін кеңейту, өзіндік пікірін қорғауға, сөйлеу тілінің дамуына ,сөздік қорының қалыптасуына ықпал ету болып табылады. Шетел тілінде сөйлеуді, қарым-қатынас жасауды үйретуді мақсат еткен әрбір мұғалім өз сабақтарында жаттығулардың бірі ретінде осы рөлдік ойындарды қолданғаны жөн.

Психологтардың көпшілігі оқушылар не айтқысы келеді, соны айтсын деген тезисті қолдап отыр. Оқушылардың коммуникативтік ойындарды қолдану барысында, өз ойларын жеткілікті дәрежеде жеткізе алмауы, олардың сөздерді айтуда қателесемін деген ойының туындауында, себебі қазақ мектебінің кейбір балаларына ұялшақтық пен ұяңдық тән, олардың бойында өзгелермен жылдам қарым-қатынасқа түсу сияқты қасиеттер баяу. Міне, осы мәселені шешу үшін, ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың коммуникативтік сөйлеу біліктілігін қалыптастырып, дамытуда ойын әдісінің ролі өте зор. Осы мақсатта рөлдік ойындарды қолдану – шетел тілін меңгертудегі ең жақсы амалдардың бірі.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Жұмаева Э.С. Ағылшын тілін оқытудағы жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі.
2. Брекеева А.С. Жаңа білім беру әдісі // Ағылшын тілін оқыту әдістемелігі
3. Бақытов А., Жұманова Р. Шетел тілін үйренуде тілдескіш оқу құралдарының тиімділігі // Мектептегі шет тілі. — 2021. — № 4. — 23–25-б.
4. Бакишева Л.Б. Шетел тілі сабағында ойын технологиясын қолдану // Мектептегі шет тілі–Иностранный язык в школе. — 2021. — № 4. — 7, 8-б.

ПӘНАРАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ТҰРМЫСТАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ

Жумашева Гулим Сериковна
Әйтеке би ауданы, Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі

Пәнаралық есептер берілген оқу пәнінің сабағында әр түрлі мақсатпен қолданылады: оқушылардың берілген пән бойынша білімін нығайтып, терендету үшін; сол білімдердің қолданылуын көрсету үшін; оқушылардың кәсіби білімі мен білігін қалыптастыру үшін және т.б. Мысалы, есептің берілген шарттары бойынша жәшік жасау арқылы оқушылар материал үнемдеуді іс жүзінде үйренеді. Үй, басқа да құрылыс салғанда олардың формасына назар аударып, қанша кірпіш үнемдеуге болатынын біледі; газгольдерді (газ жиналатын, сақталатын орын), бензин сақтайтын цистерналарды жасағанда олардың формалары шарға жақындағанда қажетті темірдің үнемделетінін біледі.

Пәнаралық есептерді шешу үшін де математикалық модельдеу қолданылады. Мектепке мазмұнды есептің шарты бойынша құрылған теңдеу әдетте оның алгебралық моделі болып табылады. Геометриялық есептегі фигураның берілген және белгісіз мәндеріне сүйеніп салынған суреті есептің геометриялық моделі болып табылады.

Мысал 1. Дыбысзорайтқыштар

Есеп.

Алаңға 13 дыбыс зорайтқыш орнатылған: бұлар біреуінде, екіншісінде 9 аппарат болатын екі топқа бөлініп орналасқан. Топтардың аралығы 50 м. Екі топтың даусы бірдей күшпен естілу үшін қай жерде тұру керек?



Шешуі:

Егер аппараты аз топтан ізделінді нүктеге дейінгі қашықтықты х арқылы белгілесек, онда оның аппараты көп топқа дейінгі қашықтығы 50-х арқылы өрнектеледі (16-сурет). Дыбыс күшінің ара қашықтықтың квадратына пропорционал әлсірейтінін ескере отырып, мына теңдеуді шығарып аламыз:

$$\frac{4}{9} = \frac{x^2}{(50-x)^2}$$

ықшамдаған соң бұл мына түрге келеді:

$$x^2 + 80x - 2000 = 0,$$

Мұны шешіп, екі түбір табамыз:

$$x_1 = 20,$$

$$x_2 = -100.$$

Оң түбір есептің сұрауына тікелей жауап береді: дауыс бірдей естілетін нүкте төрт дыбысзорайтқыштан тұратын топтан 20 м қашықтықта, сондықтан тоғыз аппараттан тұратын топтан 30 м қашықтықта орналасқан.

Теңдеудің теріс түбірі нені білдіреді? Оның мағынасы бар ма?

Сөзсіз мағынасы бар. Минус таңбасы дауыс бірдей естілетін екінші нүктенің теңдеу құру кезінде оң деп қабылданған бағытқа қарама-қарсы бағытта жататынын білдіреді.

Төрт аппарат орналасқан жерден қажетті бағытта 100 м өлшеп дыбысзорайтқыштардың екі тобынан дауыстың бірдей күшпен естілетін нүктесін табамыз. Бұл нүкте тоғыз аппараттан тұратын топтан 100 м +50 м =150 м қашықтықта жатады.

Сонымен біз дыбыс шығатын көздердің арасын қосатын түзудің бойында жататын, дыбыс бірдей күшпен естілетін екі нүктені іздеп таптық. Бұл түзудің бойында басқа мұндай нүктелер жоқ, бірақ ондай нүктелер ол түзуден тысқары жерлерде бар. Біздің есебіміздің талабын қанағаттандыратын нүктелер жиыны сол табылған екі нүктені диаметрінің екі ұшы ретінде алып жүргізілген шеңбер екенін дәлелдеуге болады. Бұл шеңбер едәуір аймақты (суретте шрихталып көрсетілген) қоршап жатады, мұның , ішінде төрт дыбысзорайтқыштан тұратын топтың дауысынан күштірек естіледі, ал бұл шеңберден тысқары жерде бұған кері құбылыс байқалады.

Мысал 2. Фотосуретте иррационал санның қолданылуы.

Фотографтарда $\sqrt{2}$ нөмірін қолдануға себеп бар. R радиусы бар шеңберді қарастырыңыз. Оның ауданы πR^2. Егер біз аймақты екі есе құрғымыз келсе, радиустің қандай санмен көбейтілу керек деп ойлайсыз? Ал жартысы қанша болса – қалай бөлуге болады? Тағы да біздер $\sqrt{2}$ санымен танысамыз.

Бұл суретке қалай қатысты? Қолмен жұмыс режимінде түсіргенде, біз фокусты және экспозицияны реттей аламыз. Соңғысы люстар жылдамдығы мен линзаның диафрагмасы арқылы анықталады – линзала арқылы жарық ағыны пленка немесе камераның матрицасына реттеуге мүмкіндік беретін айнымалы радиуыс тесік. Егер жарық жарқын болса, раманы жарықтандырмау үшін диафрагма тесіктері азаяды. Егер жарық төмен болса – бұл күндіз немесе тіпті түнде – диафрагма ашылуы артады, әйтпесе жақтау тым қараңғы болады. Диафрагманың өлшемдері тұрақты мәнге ие: бір бөлікпен жабылған кезде, тесік аймағы екі есе, радиусы тиісінше $\sqrt{2}$ рет. Диафрагтық шкала бойынша бөлімшелер диафрагманың санына сәйкес келеді: 2; 2,8; 4; 5,6; 8; 11; 16; 22; және т.б. Үлгі айқын емес, бірақ іс жүзінде бұл $\sqrt{2}$ (кейбір себептермен математикалық заңдарға сәйкес емес дөңгелектенген) өкілеттіктерінің шамаланған мәні ғана емес:

$(\sqrt{2})^2=2$, $(\sqrt{2})^3\approx2{,}82$, $(\sqrt{2})^4=4$, $(\sqrt{2})^5\approx5{,}64$, $(\sqrt{2})^6=8$, $(\sqrt{2})^7\approx11{,}28$, $(\sqrt{2})^8=16$, $(\sqrt{2})^9\approx22{,}63$



Өйткені, егер алдыңғы бөлігіндегі жартысы бар аймақты қамтитын топтар топтамасын алу керек болса, онда біз түпнұсқа шеңбердің радиусын $\sqrt{2}$ арқылы бөліп отыруымыз керек. Осылайша осы сериядан алынған екі еркін шеңбердің радиусы әрқашан $\sqrt{2}$ қуатына тең болады.

Математика ғылым ретінде әу баста есептен пайда болған және есеп арқылы дамиды. Мектеп математикасын оқытуды есепсіз құру мүмкін емес. Математикалық есептер оқушылардың ұғымдарды, теорияны және математика әдістерін меңгерудің тиімді де, айырбасталмайтын құралы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1) Корень // Математическая энциклопедия (в 5 томах). — М.: Советская Энциклопедия, 1982. — Т. 3.
2) Элементарная математика, 1976, с. 49.
3) Корн Г., Корн Т. Справочник по математике, 1970, с. 33.

ТАРИХИ ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Курбаева Динара Абилхасымовна
Әйтеке би ауданы, Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі

Қазақ елі өзінің сан ғасырлар бойы аңсаған арманына қол жеткізіп, өз Тәуелсіздігін жеңіп алғаннан кейін есімізді жинап, өз еліміздің тарихына сын көзбен қарай бастадық. Қазақстан тарихын оқытуда өлке тарихының деректерін жинақтап, күнделікті сабақта, тәрбиелік шараларды пайдаланудағы мақсат - тәуелсіз еліміздің болашағы кейінгі жас жеткіншектердің туған елге, жерге деген перзенттік сезімдерін қалыптастыру. Ел тарихындағы ұмытылмас тарихи оқиғаларды терең біліп өткені мен бүгінгісін байланыстыра отырып, өзінің саналы көзқарасын, үлесін қоса білуіне дағдыландыру, осы өлкеден түлеп ұшып қазірде республикамыздың түкпір-түкпірінде қызмет атқарып жүрген ағаларымыздың өмір жолдарын, әдебиет пен мәдениетке қосқан үлестерін және ел шежіресін насихаттау.

Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздігінің қазақ жұртына оралуы ел тарихына біршама өзгерістер әкелді. Осы мүмкіндіктер арқасында туған өлкеміздегі бізге беймәлім деректермен таныса бастадық. Жас ұрпаққа осы беймәлім деректерді айтып - үйрету, оқиғалармен хабардар ету - тарихшы мұғалімнің міндеті деп білемін.

Оқушыларға еліміздің аяқ асты пайда болған бір мемлекет емес, көне заманнан бері еркіндікке ұмтылған, ар намысы бар, ұшқыр ойлы жандардың сан ғасырлар бойы жасап келе жатқан мекен екенін елін, жерін қорғай алатын ұлдары бар «қазақ» - деген ер халықтың бүгінгі

ұрпағы. «Қазақстан» деген еліміздің ұлы бабалар ісіне лайық ұландары, бойына дәстүр-салтын сіңірген инабатты қыздары бар ұрпақ екенін қазақ тілі, әдебиет, тарих пәндері мұғалімдері аймақтық компонент арқылы жеткізе алады.

Аймақтық компоненттердің бірі – ол Өлкетану. Өлкетану дегеніміз – туған өлкені жан-жақты зерттеп білу. Өлкетанудың басты міндеттері – өздерің туған, өскен өлкелеріндегі тарихи ескерткіштерді аялап күту, қамқорлыққа алу, олардың сақталуын қадағалау. Тарихты білу – өзінің, отбасының, әулетінің, туып-өскен өлкесінің тарихын білуден басталады. Өзінің тегін, оның тарихын білмеген адам өз халқының тарихын білуге ұмтылмайды, оған қызықпайды.

Ал мұндай адам басқа халықтарды, оның тарихын, тілін, әдет-ғұрпын құрметтей де, сыйлай да алмайды. Қоғамдық пәндер, атап айтсақ, тарих пәні патриоттық тәрбиенің қайнар көзі. Тарихын, мәдениетін, салт дәстүрін білмеген ұрпақ, ата- анасын білмейтін жетім бала сияқты әркімнің жетегінде кете барады. Осынау ақпараттар тоғысқан ғасырда, Тәуелсіз елдің жас ұрпақтарына патриоттық тәрбиені сан қырлы тәсілдермен ұғындыру.

Патриоттық тәрбие дегеніміз- әр түрлі тәрбие өлшемдері сабақтасып, сан қырлы әдістері бар тәрбие. Жас бала санасы өз Отанына керек екенін түсінуі және болашаққа жауапкершілікпен қарауы отансүйгіштігінің негізгі діңгегінің бастауы.

Тарихи өлкетану XYIII ғасырдан бастап жеке ғылым ретінде қалыптасқан. Орыс патшасы I Петр 1713 жылы қаулы шығарып, қандайда болмасын тарихи құндылығы бар зат болса мемлекетке тапсыру керек деп шешкен. Сонымен қатар табылған жәдігердің қашан, қандай жағдайда табылғандығын жазып алу міндеттелген. Өлкетану – археология, ономастика, мұрағаттану сияқты тарих ғылымының салаларымен тығыз байланысты.

Жалпы білім беретін мектепке арналған тарих, әсіресе Қазақстан тарихы бағдарламаларында көлемді де маңызды тақырыптардан кейін «… жылдардағы біздің өлке» деген мәселелер ендірілген. Туған өлке материалы бағдарламадағы негізгі материалға қосымша болып есептеленеді, сондықтан ол ешуақытта бағдарламалық материалды ауыстыра алмайды, оның орнына да жүрмейді. Туған өлке материалы өтіліп жатқан материалды нақтылау үшін, оқушыларға таныс, жақын өмірден мысал келтіре отырып оларды тарихқа, тарих сабақтарына қызықтыру үшін қажет.

Өлке материалын сабақта пайдаланудың әдіс, тәсілдері көп. Мәселен, 30-жылдардағы сауатсыздықты жою туралы айтып тұрып мұғалім, өз ауылындағы ересек адамдардың сауат ашу мектебінің жұмысы туралы бір қызықты эпизодты өзі айтып берсе, енді бір сабақта оқушы жергілікті архив пен музейден алған материалға негізделген баяндама – хабарын оқыса (5-6 минут), белгілі бір тарихи кезеңдегі экономика мәселесін оқытқанда өлкенің шаруашылық дамуын кестелердегі цифр мәліметтері арқылы көрсетіп, түсіндірсе, тағы бір сабақта өлкедегі тарихи оқиға туралы көркем әдебиет үзіндісі оқылса немесе оқиға туралы оқушылар тарихи құжатпен өздігінше жұмыс істеп, соңынан мұғалім қойған сұрақтар бойынша құжатты бірлесіп талқыласа, сонда ғана жұмыс нәтижелі болады. Қазіргі таңда әрбір қалада, аудан территориясында сол өлкенің материалдық және рухани өмірін көрсететін тарихи, мәдени ескерткіштер баршылық. Сондай-ақ тарихи фактілер, оқиғалар болған тарихи орындарда жеткілікті. Мұндай ескерткіштер Тәуелсіздік алғаннан бері анықталып келеді. Ұлт-азаттық қозғалыстар, көтерілістер болған тарихи орындар, мавзолей, ғимарат сияқты сәулетті кесенелер, аттары ұмытуға айналған тарихи тұлғаларға қойылған, салынған ескерткіштер, қайраткерлер есімдері берілген ауылдар, қоныстар, көшелер, мектептер бар. Жоғары сынып оқушылары осындай белгілі орындардың, қайраткерлердің та-рихын білуі тиіс. Мұның бәрін өлкетану жұмысы таныстырады. Ол үшін өлкетану үйірмесінің мүшелері ескерткішті зерттеу үшін арнайы экскурсия (не экспедиция) ұйымдастырады.

Оқушылар мұғалімнің басшылығымен:

а) ескерткшпің қай жерге қашан салынғанын анықтайды;

ә) ескерткішке қатысты тарихи оқиғалар мен фактілерді зерттейді;

б) жинақталған материал негізінде ескерткіш тарихын жазады;

в) осы жазғандары негізінде ол ескерткіш туралы оқушылар мен жұртшылық арасында насихат жұмыстарын жүргізеді;

е) ескерткішті қамқорлыққа алып, оны қорғап күтеді.

Мен өз тәжірибемде 5 сынып бойынша Қазақстан тарихы сабақтарында өлкетану жұмысының әр түрлі жолдарын ұйымдастырдым. Мысалы, адамның қалыптасып, дамуы кезеңдері жайында айтқанда, Қалба өңірінде адам баласы 40 мың жыл бұрын өмір сүріпті деген дерек келтірдім. «Ұлы Отан» тақырыбын өткен кезде мектеп мұражайындағы жергілікті жеріміздегі жауынгерлердің орден, медальдары, документтері бойынша жұмыс жасап, ерліктері жайында мәлімет алып, сол білімдерін оқушылар «Жұлдызды сәт» ойынында көрсете алды. Қорытынды сабақтарда оқушылармен туған өлке туралы мақал-мәтел сайысын өткізіп, «Туған өлке – тұнған шежіре» тақырыбында тарихи эссе – шығарма жазуға тапсырдым. «Әр ұрпақтың арқалар ауыр жүгі бар » дегендей әрбір азамат өз өлкесінің құрылу тарихы, географиялық жағдайын, табиғат ерекшелігін, шаруашылығын, әрбір кезеңнің дәлме-дәл уақыттарын білуге тиісті. Жас ұрпақтың ұлттық дәстүрге құштарлығын арттыруда үнемі есте сақтайтын мәселе – туған өлкенің тарихын насихаттайтын тың деректер жинақтау, хабардар етіп баланың қызығушылығын туғызу арқылы жеке шығармашылық жұмысқа баулу.

Тарихи өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру кезіндегі күтілетін нәтиже:

Оқушының өлке тарихын зерттеуге құлшынысын артып, туған жерге деген құрмет сезімін ояту.

Өзіндік ой-толғанысын еркін білдіре алатын, нәтижесінде шығармашылық жұмыстармен айналыса алатын оқушыны тәрбиелеу.

Өзінің шығармашыл тұлға екендігін өзге оқушыларға дәлелдей алатын.

Өзіндік ұстанымы, қағидасы қалыптасады.

Тарихи әдебиеттермен, құжаттармен таныса отырып, өзінің қорытынды пікірін еркін айта алатын ой-өрісі биік, өзінің теориялық білімін практикамен ұштастыратын сауатты ұрпақ ретінде қалыптасуы.

Тарихи оқиғаны тарихи-шешендік тілмен еркін жеткізуге дағдысы жетіледі.

Тәуелсіздік туын желбіретіп елімізді өркениетке бастар жолдың бастауы мектеп. Бүгінгі таңда өкіметіміз білім және ғылым дамуына көп көңіл бөліп Қазақстан Республикасында білім саласында реформа жүруде. Осындай аумалы-текпелі нарық заманында қоғам алдында ұстаздардың жауапкершілігі ерекше деп түсінемін. Әрбір ұстаз өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер, адамгершілігі мол, парасатты, мәдениетті жан-жақты жетілген ұрпақ тәрбиелеуге ат салысуы керек деп есептеймін. Сонымен қатар тәуелсіздік туын желбіретіп елімізді өркениетке бастар жолдың бастауы мен патриоты болып қалыптасады деген сенімдемін

Пайдаланылған әдебиет:

1. Керейбаев Қ. «Қазыналы Қалба». Алматы, 2003 жыл
2. Ышқалова А. Ауыл тарихы.// Қазақ тарих журналы, 2008 жыл №4, 82 бет.
3. Әпет Қ. Туған өлкеге, өскен ортаға – өмірлік құрмет. // Қазақстан тарихы журналы, 2007 жыл №2, 74 бет.
4. Айдарова А. Өлкетану жұмыстарының әсері мол // Қазақстан мектебі, 2006 жыл №6, 10-15 бет.

КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Назаров Самат Амангосович
Әйтеке би ауданы, Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі

Әрбір күн өзгеріске толы қазіргі жауапты кезеңде заман көшінен қалмай, уақыт талабына сай болу, білімді өз бетінше үйрену, оны оқушыларға үйрету ұстаздықты мұрат еткен әрбір кәсіп иесінің ең қасиетті борышы, абзал парызы. Қазақ санасының шамшырағы Ахмет Байтұрсыновтың «Мектеп жаны мұғалім» деген қанатты сөзінің мағынасы бүгінгі күн талабын күшейтіп отыр.

Оқушыларды Отанды сүюге, адамдыққа, адалдыққа ізгілікке баулу ұрпақ тәрбиешілерінің абыройлы парызы. Ол үшін мұғалім қазіргі заманға лайық өзінің білімін беру ісінде рухани, парасатты шығармашылық ізденіспен жұмыс істеп, өмірге еніп жатқан жаңа технологияны меңгерген білігі мен білімі жоғары ұлағатты тұлға болуы тиіс.

Сабақ - оқыту мен тәрбиелеу үрдісінің негізгі формасы. Ендеше сабақтың мәнді өтуі мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Инновация – оны жеке түсініп, оқу үрдісіне енгізу - оқушылардың саналы да сапалы білім алудың бірден бір шарты. Инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу жаңа білім берудің бірден бір шарты. Саралап оқыту - оқушылардың туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке дамуының жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесі.

Көркем еңбек сабағында оқушылардың іске икемділігі мен іскерлігіне, өнерге, шеберлікке деген бейімділігін дамыта отырып қалыптастырамыз. Оқушылар отбасында да тұрмыстың әр түрлі өнімді еңбегіне қатысады. Баланың бойындағы сапалық қасиеттері, еңбекке қызығушылығы, табиғатты қорғауы, ұқыптылығы арқылы еңбек адамын көру. Қазіргі кезде білім беру кеңістігінде инновациялық үрдістердің бағыттарының бірі - мектепке бағдарлау болып табылады. Оқушылардың қызығушылықтары, қабілеттері толық ескеріліп, сол қажеттілікке сай тиімді жағдайлар жасалып, білім беріледі.

Оқыту мәселелерін бастамас бұрын, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге ерекше мән беру керек. Балаларды еңбекке тәрбиелеу - қол еңбегі сабағынан басталады. Адам баласы туа сала емес, көре-көре, жүре-жүре жетіледі. Бір адам еңбекке өте қабілетті болып өссе, енді бірі керісінше болады. Баланың жас шағында еңбек тәрбиесін дұрыс алуы немесе одан шет қалуы оның келешек өміріне үлкен әсер етеді. Баланың еңбек тәрбиесін меңгеруі, қоғам үшін ғана емес, оның жеке басы, өз тіршілігі үшін де қажет. Еңбекке сүйетін адамның өмірінде реніш болмайды. Олар үнемі көтеріңкі көңіл-күйде жүреді. Отбасында еңбек тәрбиесін жүргізгенде, баланы белгілі бір мамандыққа бейімдей даярлауды ескерген жөн. Егер бала отбасында еңбек тәрбиесін дұрыс алып шықса, мектепке іскерлікке үйрену оңайға түседі. Өйткені, отбасында алған еңбек дағдылары балаға түрлі мамандықты үйренген кезде жәрдемдесіп, оны игеруді оңайлатып отырады.

Оқушының ынтасын және қабілетін дамыту еңбек тәрбиесіндегі жеке міндеттердің бірі. Халық шаруашылығында автоматтарды, компьютерлерді, т.б. қолдану барлық мамандардан жоғары техникалық сауаттылықты талап етеді. Сондықтан оқыту және тәрбие жұмысының барысында оқушылардың ынтасын ғылыми-техникалық білімді игеруге дамыту және тәрбиелеу қажет.

Жас ұрпақты еңбексүйгіштікке, іскерлікке баулу әсіресе қазіргі кезде ауадай қажет. Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін сабақтарды түрлендіріп өткізу қажет. Ең бастысы оқушылардың сабақ үстінде шет қалмауы, берілген тапсырмамен айналысып отыруын қадағалау. Жасөспірім тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, тәрбиешілерден насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыруды міндеттейді. Көркем еңбек пәнін

оқытуда еңбек етудің алғы шарттарын үйрену арқылы оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында, оқушыларға берілетін тәлім-тәрбие үрдісін жетілдіру, жұмыс мәдениетін, адамдар арасындағы адамгершілік қарым – қатынастарды жаңарту, еңбек біліктілігін қалыптастыру арқылы еңбекке өнімділігін арттыруға ынталандыру міндеттерін мұғалімге жүктейді. Оқушының іс-әрекеті табысты болуы мұғалімнің теория мен саламандық жұмыстарын ұштастыра білуіне байланысты. Мұғалім оқушымен бірге жұмыс жасай отырып оқушыға теориялық білім бере отырып, ұлттық қолөнерді оқушының бойына дарытады. Оқушының қызығушылығын арттырып, алған теориялық білімін практикада қолданып өз қолдарымен жасатуға тырысады.

Жаңашыл әдістер мен жаңа технологияның білім берудегі жолдары мен әдіс-тәсілдері дамудың жаңа сатысында бағыт алған мектептің ең негізі өзегі мұғалімнің жеке басының ізденімпаздығы мен білімділігіне көп жағдай тәуелді. Жалпы пәндер бойынша В.Ф.Шаталовтың ұсынған әдісі бойынша трек-конспект, диаграмма, график, логикалық тірек-сызба арқылы теориялық материалдарды блокпен оқытып, дамыта оқыту технологиясы бойынша оқушылардың әр түрлі кезеңдерінде үздіксіз білім алуға жағдай жасап, оқыта отырып дамытуға, екіншіден өз бетінше білім жинақтауға шығармашылықпен жұмыс істеп өмірге бейімделуіне ықпал жасайды.

Жаңа технология жүйесінде проблемалық және іскерлік ойын арқылы оқытудың да маңызы зор. Оқушылар әр түрлі проблемаларды талдайды, оның шешу жолдарын іздестіреді. Мұндай сабақтар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, пәнге қызығуын арттырады, өмірде кездесетін түрлі қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді.

Бүгінде ғылым, білімге қояр талап артып, оқу жүйесі де күрделенген шақта жаңа қоғам мұғаліміне жүктелер жүк еселене түсүде. Ұстаз қауымы алдында жай білім беру ғана емес, сонымен қатар өркениет көшіне жол бастайтын, әрі ұлттық рухта сусындаған білімді, дарынды азаматтар тәрбиелеп шығару міндеті тұр. Мұғалімнің кәсіби даму шеберлігі алған дипломнан кейін әрі қарай тоқтап қалмауы керек. Ол бес жылда бір өткізілетін курстар мен аттестация арқылы дамып отырыуы тиіс. Осыған орай арнайы жоспар құрылып сол жоспар жүзеге асырылып отыруы керек. Сабақтарын мейілінше түрлендіріп өткізу – басты талаптардың бңрң болып қала бермек. Сабақ ол педагогикалық шығарма сондықтан да ол біртұтастығымен бөлімдерінің ішкі өзара байланысымен мұғалім мен оқушының қызметтерін кеңейтудің бірыңғай логикасымен ерекшеленуі керек. Сабақ беру үрдісінде қазіргі күннің инновациялық әдістерді оқытудың интерактивті оқыту моделі болып табылады. «Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» — деген сөздер бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты екеніне еш күмәнім жоқ. Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту ақыл – ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты. Сыни тұрғыдан ойлау стратегиясын сабақ үдерісінде қолдану арқылы төмендегідей нәтижеге қол жеткізуге болады. Ұлы ойшыл У.Уорд «Жай мұғалім – хабарлайды. Жақсы мұғалім -түсіндіреді. Керемет мұғалім –көрсетеді. Ұлы мұғалім – шабыттандырады» деген екен. Сондықтан XXI ғасыр мұғалімі жан – жақты болуы заңды деп ойлаймын. Оқыта отырып тәрбиелеу – қазіргі заман мұғалімінен талап етілетін басты мәселе. Сондықтан ұлы педагог К.Д.Ушинскийдің «Оқыту- тәрбиелеудің қуатты органы, бұл органды пайдалана білмеген тәрбиеші шәкірттерге әсер етудің ең басты және қажетті құралынан айрылады» деген сөзін үнемі жадымызда сақтап жүрейік.

Пайдаланылған әдебиет:

1) «Мектептегі технология» республикалық әдістемелік журнал, №1-6, 2021ж.
2) Ә.Тәжімұратов «Шебердің қолы ортақ», Алматы - 1997

БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ

Орынбасарова Бағдагүл Баймұратқызы
Әйтеке би ауданы, Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында,
ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында»
Н.Ә.Назарбаев

Қай уақытта да болмасын кез-келген мемлекет пен қоғамның қалыптасуына, жан-жақты дамуына, өркендеуіне, өркениетті елдер қатарына қосылуы үшін білім мен ғылымның алатын рөлі ерекше. Білім беру жүйесіндегі өзгерістерге негізделген әлемдік дамудың негізгі үрдістеріне тоқталсақ:

қоғам дамуының қарқындылығы;

ақпараттық қоғамға көшу;

мәдениаралық өзара қатынас ауқымының кеңеюі;

халықаралық ынтымақтастық нәтижесінде шешілуі мүмкін ғаламдық проблемалардың туындауы; қоғамның демократиялануы;

экономиканың қарқынды дамуы, бәсекелестіктің өсуі;

адам капиталы мәнінің артуы. Осыған сәйкес дамыған елдердің білім беру жүйесінде төмендегідей тенденциялар байқалып отыр: білім беру философиясы мен әдіснамасының жаңаруы; мазмұнын құру әдістерінің өзгеруі; жүйенің жетілдірілген моделдердің жасалуы; басқарудың тиімді жолдарының қарастырылуы; жаңа білім технологияларының енгізілуі; оқытудың дәстүрлі өнімсіз стилін ығыстырып, оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін дамытушы, сындарлы білім беру моделіне көшуі; терең және белсенді кәсіби бағдар берудің ерте жастан басталуы; оқушы жастарға азаматтық-патриоттық, рухани-адамгершілік, көпмәдениеттілік, денсаулықсақтау және экологиялық тәрбие беру рөлінің күшейтілуі және т.б. дамыған елдердегі бағалау оқушы білімін нақты, дәл анықтауға мүмкіндік беретіндігі сөзсіз. Атап айтсам, Германияда орта білім беретін оқу орындарында алты деңгейлі білімді бағалау шкаласы негізге алынған. Румыния, Голландия, Ауғанстан мектептерінде оқушыларға 1-ден 10-ға дейін балл қойылады. 10 - өте жақсы, 1 - өте жаман, Жапонияда бастауыш және орта мектепте 5 дәрежелі шкала бағасы қолданылады: S (өте жақсы), A (жақсы), B(қанағаттанарлық), C (нашар), D (өте нашар). Дамыған елдерде дарынды, талантты балаларға оқытуға ерекше назар аударады. АҚШ-та 1970 жылдардан бастап дарынды балаларға арналған арнайы білім беру бағдарламалары дайындалып келеді. Сондай-ақ, Ұлыбританияда дарынды балаларды қолдайтын қолданыстағы «Дарынды және талантты оқушылардың білімін дамытудың Ұлттық бағдарламасы» бар. Сингапурда дарынды оқушыларға оқудың ерекше жағдайлары жасалды. Оқу жетістіктерін бағалайтын Халықаралық қауымдастық өткізген математикалық және жаратылыстану ғылыми білімді бағалаудың халықаралық зерттеулердің қорытындылары бойынша ең жақсы нәтижені Сингапурдың оқушылары көрсетті. Ал Қазақстанда дарынды балаларды оқыту қолға алынып, оларға арналған бағдарламалар жасалуда. Тағы бір жетістіктеріміздің бірі - әлем бойынша білім беру аспектілерін түбегейлі өзгертетін және оларды тиімді біріктіретін, XXI ғасыр трендіне айналған ақпараттандыру процесінің арқасында Қазақстанда IT-технология бойынша қашықтан және электронды оқуға қатысатын оқушы санының жыл сайын артуы. Білім беру ұйымдарында электрондық оқытудың сынамасы толық деңгейде жүргізілуде.

Әр елдің білім беру және тәрбие саласында өзіндік ерекшелігі мен артықшылығы, тіпті кемшілігі де болады, осы себепті де біз Қазақстанда оқушыға білім беру мен тәрбиені жан-жақты дамыту мақсатында шетелдік білім берудің тек оң және тиімді жақтарын алуымыз қажет. Мысалы, АҚШ пен Францияның балаларды мектепке дейінгі дайындау тәжірибесіне, Германиядағы бейіндік оқытуда пәндерді блоктарға біріктіру тәжірбиесіне, Қытайдың мектеп оқушыларын адамгершілікке, әлеуметтендірілуіне көп көңіл және ғылыми жұмыс әдістеріне баулуына, Скандинавия елдерінің оқу үдерісін демократияландыруына баса назар аударған абзал болар еді.

Еліміздің болашағы, көркейіп өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім беру саласындағы проблема әлеуметтік педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан, білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру, оларды жүзеге асыра алатын мұғалімдерді даярлау.

Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғылы жол салуға икемді, шығармашыл педагог зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойып отырған басты міндеттемелердің бірі оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіру.

Еліміздегі тәуелсіздіктің әсері қоғам дамуының барлық салаларын қамтып, әлемдегі жаңа мазмұнды озық тәжірибелерге негізделген оқу-тәрбие үрдісінің қалыптасуына ықпал етті.

Әрбір өсіп келе жатқан ұрпаққа тәлім-тәрбие беру, олардың рухани жаңарып жандануына тірек те, тетік те болатын мектеп екендігі бәрімізге белгілі.

Білім беруді жаңғырту – бүгінгі заманның талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құсайынов А.Қ. «Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы», 2013
2. Құсайынов А.Қ. «Білім және реформа» — Алматы 2016 ,77-82-б.
3. Айқынбаева Г.Қ «12 жылдық білім беру жүйесінің шетелдік мемлекеттердегі дамуының ерекшеліктері» Жоғары мектеп педагогикасы.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ

Үбаева Гүлжанат Тлеуханқызы
Әйтеке би ауданы, Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі

Қазіргі қоғамда «білімді адам», «сауатты адам» деген ұғым қалыптасқан. Сондай тұлғаның қалыптасуында, яғни жеке тұлға болу үдерісінде мектеп пен мұғалім, ата-ананың атқаратын рөлі ерекше. Сол себепті, білім көзі бастауыштан басталады деген қағидамен бастауыш сынып оқушыларының арасындағы үлгерімі төмен оқушылармен қалай жұмыс жасау керектігіне тоқталғым келеді.

Жалпы алғанда, үлгерімі төмен оқушылар дегеніміз кімдер? Оларды не себепті үлгерімі төмен оқушылар дейміз? Олармен қандай жұмыстар жасауымыз керек?

Үлгерімі төмен оқушылар. Олар баяу әрекет етеді, жалпы сыныпқа ілесе алмайды. Егер осыларды есепке алмасақ, оқуға деген қызығушылықтары төмендейді – сыныптастарынан қалып қояды. Бұл оқушылар үшін өткен материалдардан тапсырмалар берілуі керек және тапсырмалардың көлемі шағын болуы тиіс. Осы жолда ұстазға қойылатын талап- сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын ояту, жоспарлар құрып, сол бойынша тақырыпты меңгерту. Балалардың артта қалуы мен нашар оқуын болдырмау және алдын алу жұмыстары көп уақытты, ынта -жігері қажет етеді. Осы қиыншылықтардың себебі – баланың ақыл-ой ерекшеліктерінің, ақыл сапаларының қалыптаспағаны. Үлгерімі төмен оқушыларда дамудың жеке вариантарының көп түрлілігі бар. Олар таным компоненттерінің қалыптасуының әр түрлі деңгейіне байланысты, яғни бұл артта қалудың әр түрлі себептері бар екенін көрсетеді.

Бастауыш сынып оқушыларының алғашқы мектеп табалдырығын аттауда әлі де болса, жаңа білімдерді қабылдауға зейін қою, естеріне сақтау және ойлау процестері баяу өтеді. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының оқу үлгеріміндегі танымдық мотивациялық қызығушылықтарын арттыру, олардың тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз ету – бүгінгі таңда мектептегі психолог жұмысының басты мәселесі болып табылады.

Оқушылардың негізінен білімді меңгеру үрдісі мына компоненттерден тұрады: қабылдау, түсіну, есте сақтау, қорыту және жүйелеу. Оқу үрдісінде бұл компоненттер өте тығыз байланысты.

Осы білімді меңгеру компоненттері баяу болғандықтан нашар оқушы шығады. Оқу жылдамдығы баяу болғандықтан және есеп мәтінін қате оқығандықтан оның мазмұнын түсінбейді, есте сақтауы да төмен. Үлгерімі төмен оқушылардың ақыл-ой параметрі және жағымды ақыл сапалары қалыптаспаған білім қоры аз. Нашар оқудың алдын алу үшін артта қалу мен үлгерімнің төмендеуінің себептерін анықтау керек.

Нашар оқушылардың кемшіліктері төмендегідей:

- мәтінді оқығанда әріп, буын немесе сөз қалдырып оқу;
- кейбір буындарды сөздерді қайталап немесе ежіктеп оқу.

Мұндай кемшілігі бар оқушыға оқулықтан арнайы тапсырмалар немесе карточкалармен жұмыс беріледі. Карточкалармен жұмыс оқушыны жалықтырмайды, оқуға деген ынтасын арттырып отырады.

Нашар оқитын оқушылар оқу-тәрбие үрдісінде көбірек біліктілікті қажет етеді. Бірақ олардың екі түрінде де жұмыстың жалпы бағыты бірдей. Педагогикалық жағынан назардан тыс қалған балаларды мектепке дейін қолға алу керек. Сабақ үстінде және сабақтан тыс уақытта зейін мен ырықты, есте сақтауды дамыту қажет. Кей оқушылардың үлгерім төмендігі, белсенділік танытпауы ұтымды методиканы әрі еңбек пен уақытты қажет етеді. Осы қиыншылықтардың себебі – баланың ақыл-ой ерекшеліктерінің, ақыл сапаларының қалыптаспағаны, ал бұл ерекшеліктер мидың кейбір органикалық аномалияларымен байланысты, сондықтан олар сыртқы әсерлерге тез көне алмайды. Бұндай сыртқы әсерлерге өте ерте жаста жағымсыз әлеуметтік-педагогикалық жағдайлардың ықпалынан, назардан тыс қалған балалар тез көнгіш болып келеді. Мұндай артта қалудың алдын алу үшін жұмыс балалардың ақыл-ой әрекетін белсендіруге, сөйлеу қабілетін дамытуға, практикалық тәжірибесін кеңейтуге бағытталуы керек. Мектеп балаға жалпы білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, сөйлеу, оқыту, талдау жасауға үйрету, өз ойын дұрыс жеткізе білуге, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді.

Менің түйгенім - «Жақсы оқитын баланы мадақтама-өр көкірек болады, нашар оқитын баланы қаралама - оның еңсесі түседі» - деп М.Жұмабаев айтқандай ұстаз әр баланың жүрегінен орын таба білуі тиіс.

Қорыта келгенде, сауатты да, саналы ұрпақ тәрбиелеп, оқытып шығару біздің қолымызда. Яғни, ел болашағы, жеке тұлға болып қалыптасуы ата-ана мен мұғалім және оқушыларға тікелей байланысты

Пайдаланған әдебиеттер:
1. Ысқақбаев Ә. 777 жұмбақ. Алматы «Ана тілі» 1994ж
2. «Бастауыш –білім негізі» республикалық ғылыми- әдістемелік журнал №2-3, 2018ж
3. «Мұғалім KZ» республикалық ғылыми- әдістемелік журнал №5-6, 2020ж

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ

Абдибеков Тулеген Сапаевич
Жабасақ жалпы білім беретін орта мектеп

Кіріспе. Қазақтың ұлттық ойындары бес түрге бөлінеді. Олар: аңға байланысты, малға байланысты, түрлі заттармен ойналатын, зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін, соңғы кезде қалыптасқан ойындар. Олардың негізгілерінің өзі жүзден астам. Бұл ойындардың көбісінің ежелден қалыптасқан арнайы өлеңдері бар. Өлеңдер ойынның эстетикалық әсерін арттырып, балалардың өлең-жырға деген ыстық ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүниетанымын арттырып, еңбекке баулиды, ширықтырып, шынықтырады. Этнограф – ғалымдардың пайымдауынша, ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарады. Біздің қоғамыздағы ұлттық ойындардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық қарекеттерінен бастау алады.

Бұлардың көбісі мал шаруашылығына, аңшылыққа, жаугершілікке негізделген. Ахмет Жүнісовтың айтуынша (Фәниден бақиға дейін, — Алматы: «Қайнар», 1994), «Өзге халықтар сияқты қазақтың да ертеден қалыптасқан, атадан – балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын-сауық түрлері бар. Зер салып байқап отырсақ, ол ойын-сауықтар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тығыз байланысты туған екен және адамға жастайынан дене тәрбиесін беруге, оны батылдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке т.б. әдемі адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған екен». Ал енді, «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» кітабында қазақтың ұлттық ойындарының мән-маңызы туралы былай деп жазылған: «Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған».

Қазақтың ұлттық ойындары-халқымыздың мәдени асыл мұрасы

Аңға байланысты ойындар: ақсерек-көксерек, аңшылар, аңшылар мен қояндар, кірпіше қарғу, қас-құлақ, ордағы қасқыр.

Малға байланысты ойындар: аларман (қойға қасқыр шапты), асау көк, бура-қотан, көксиыр, соқыр-теке, түйе мен бота.

Соқыртеке. Ойыншылар дөңгелене тұрады. Ортаға орамалмен көзі байланған адамды – «соқыртекені» шы-ғарады. Шеңбер бойынша тұрған ойынға қатысушылар «соқыртекені» түрткілейді. Ол сол кезде түрткен ойыншыны ұстап алып, атын айтуға тиіс. «Соқыртекенің» тыныш тұрған ойыншыны да ұстап алуына болады. Ұсталынып қалған ойыншы «соқыртекеге» айналып, ойын жалғаса береді.

Түрлі заттармен ойналатын ойындар: ағаш аяқ, аққала, ақпа, ақсүйек, ақшамшық, алакүшік, алты-бақан, арқан аттау, арқан тартпақ, арқан тартыс, арынды арқан, асау мәстек, асық, аттамақ, ауыртаяқ, әйкел, әуетаяқ, батпырауық, белбеу соқ, белбеу тартыс, дауыстап

атыңды айтам, епті жігіт, жаяу көкпар, жемекіл, жігіт қуу, жігіт ойыны, күзетшілер, күміс ілу, қамалды қорғау, қараше, қимақ, қыз қуу, лек (шөлдік), монданақ, орамал тастау, сақина жасыру, сиқырлы таяқ, тапшы, кімнің дауысы, таяқ жүгірту, тепе-теңдік, тобық, тұтқын алу, түйілген орамал, шалма, шертпек, шілдік, хал қалай?

Алтыбақан. Бұл – жастардың кешкілік бас қосып, ән айтып, домбыра тартып, қыздар, жігіттер болып айтысып, бір-бірімен әзілдесіп көңіл көтеретін ойын-сауығы. Қазір де үлкен тойларда алтыбақан құрылады. Алтыбақанды құру мынандай тәсілмен жүзеге асырылады: алты бақанды сырықтың екі басын үш-үштен қосақтайды да мосы тәрізді етіп байлап тастайды. Бақанның аша тармағы сырыққа кигізіліп тұруға тиісті. Алты бақанды құрастырып болғаннан соң оның екі басына 3 қатар арқан байланады.

Зеректілікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін ойындар: айгөлек, айдапсал, атқума, аударыспақ, бағана өрмелеу, балтам шап, бөріктастамақ, бұғнай, бұғыбай, бұқатартыс, бұрыш, біз де, егер…, жасырынбақ, жаяу жарыс, көкпар, көрші, күрес, қарамырза, қассың ба, доссың ба?, қындық-сандық, орын тап, отырмақ, санамақ, сұрақ-жауап, тасымақ, тасымалдау, тең көтеру, тымпи-тымпи, ұшты-ұшты, үй үстіндегі кім?, шымбике.

Аударыспақ. Ол – қазақ, қырғыз халықтарының арасында кең тараған ойын. Атқа мінген екі жігіт жекпе-жекке шығып, бірін-бірі аттан аударып тастауға тырысады. Аударыспаққа үлкен тойларда арнайы жүлде тағайындалады. Оған он сегіз жастан асқан қарулы жігіттердің қатысқаны жөн. Аударыспақ ойынының ережесі бойынша сайысқа қатысушылар салмақтарына қарай үш топқа бөлініп, күш сынасады. Ептілікті, күштілікті, тапқырлықты, батылдықты талап ететін спорттық ойын.

Соңғы кезде қалып-тасқан ойындар: әріп таңдау, бригада, мейрамхана, нөмір, пароль, пошта, сымсыз телефон, сыңарын табу. Бұлардың ішінде бірқатар ойындар спорттық, той ойындары болып саналады. Ал енді, қазақтың ұлттық ойындарының ішінде «қуырмаш» тәрізді жас сәбилерге арналған да ойындар бар.

Көкпар. Ұлттық ат ойыны. Этнографтардың айтуынша, әуелгі атауы «көк бөрі» сөзінен шыққан. Бұрындары мал баққан көшпелі халықтар көк бөріні соғып алғанда өлігін ат үстінде сүйрелеп, бір-бірінен ала қашып, мәз-мәйрам болған. Кейін ол ұлттық ойынға айналған. Көкпар Орта Азия халықтарының да сүйікті ойыны. Көкпар жаппай тартыс және дода тартыс болып екіге бөлінеді. 1949 жылы елімізде көкпар жарысының жаңа ережесі бекітілді. Алаң көлемі қатысушылар санына сәйкес. Егер әр команда 5 адамнан болса, алаңның аймағының ұзындығы 300 метр, ені 100 метр; 10 адамнан болса, 500х200 метр; 15 адамнан болса 700х300 метр; 20 адам болса, 1000х500 метр. Көкпарда басы кесілген серке тартылады.

Тоғызқұмалақ — қазақтың ұлттық дәстүрлі ойындарының бірі, ақыл-ой ойыны. Соңғы деректерге қарағанда, оның шығу тарихы 4 мың жылдық кезеңді қамтиды. Ал кейбір мамандардың айтуынша, оның пайда болған кезі бұдан да көп уақыт болуы әбден мүмкін. Тоғызқұмалақ өткен ғасырларда қазақ даласындағы ең кең тараған ойын болатын.

Тоғызқұмалақ ережесі. Тоғызқұмалақ ойыны арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы – 2 қазан, 18 отау, 162 құмалақтан тұрады. Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, тоғыз отауға тоғыз-тоғыздан салынған сексен бір құмалақ тиесілі.

Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны – бастаушы, қарымта жүріс жасаған ойыншыны – қостаушы деп атайды. Кейде бастаушы үшін – ақ жағы, қостаушы үшін қара жағы деген тіркестерді де қолданамыз.

Қорытынды. Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған. Қазақ халқының ұлттық ойындары ерлікті, өжеттілікті, батылдықты, шапшаңдықты тағы басқа қуаты молдылығын, білек күшін дененің сомданып шынығуын қажет етеді.

Қазақтың ұлттық ойындары: көкпар сайыс, күрес, теңге алу, қыз қуу, алтын табақ ату т.б. спорттық сипатпен бірге үлкен тәжірибелік маңызға да ие болды. Көшпелі қазақтардың өмір-салты денсаулыққа аса зор мән берген. Атқа міну өнері жас баланы сезімі мен денесін жаттықтырудың басты және ортақ дәстүріне айналды. Бозбала да, қыз бала да жастайынан аттың құлағында ойнауға бейімделді, соған тырысты.

Ойын-сауық тәжірибе мен тәсілдің еркіндігі, тапқырлық пен болжамның қиылысатын шебі, мұрат пен меженің тоғысқан шеңбері. Ойын-сауық қара күш көрсететін озбырлық немесе біреудің намысын жыртатын қастандық емес. Ой өтімділігі мен сөз өткірлігі, шеберлер өз мәртебесін мойындатып жатады. Ойын серіктесті таба білуге, онымен тіл табысуға үйретеді. Ойында адам қарсыласының олқы және оң жақтарып дұрыс анықтауға ерекше мән береді. Оның күш қабілетін тура бағалау ережесіне енеді. Халқымызда қозғалмалы ойындардың түрі кең таралған. Ұлтымыздың тұғыры мықты болуында ұлттық ойындардың ұмытылмай ойналып тұруы да өз үлесін қоспақ.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Құрманбаева С.К. «Ұлттық ойындардың бүгіні мен келешегі», «Алматы» 2004 жыл, 209 б.
2. Несіпбаев Б.К. «Ұлт мәдениеті мен өнері», «Білім» 2003 жыл, 198 б.
3. Атабаев А.С. «Ұлттық ойындар- халық мұрасы», «Кітап» 2006 жыл, 275 б.
4. Наурызбаев Ж. «Ұлттық мектептің ұлы мұраты», «Алматы» 1995 жыл,98б.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙ ІНГІ ҰЙЫМДАРДА ТӘРБИЕШІНІҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНІҢ МӘНІ

Абдилдина Гулнур Курмановна
Әйтеке би ауданы, Тымабұлақ ауылы
«Мөлдір бұлақ» мектепке дейінгі ұйымы

Тіл - ұлт мәдениетінің қайнар көзі. Әр халықтың ұлттық дәстүрінің, сана-сезімінің, ойлау, тәсілінің, мінез-құлқының, мәдениеті мен әдебиетінің айрықша белгілері тіл арқылы бейнеленеді . Тіл-адамның өмірлік қажетін өтейтін қатынас құралы. Журектен шыққан сөз жүрекке жол табады . Сондықтан баланың өз ойын дұрыс қарым-қатынас жасай білуі үшін оған ең алдымен сөз әдебін үйрету керек. Балабақшада бала тәрбиешімен еңбекте, саябақта, саяхатта тағы сол сияқты барлық жағдайда қарым-қатынас жасайды . Демек, балабақшада тіл дамыту мүмкіндігі түгелімен тәрбиешінің сөзінің сапасына байланысты. Тәрбиешінің сөйлесуі – балалар үшін үлгі. Тәрбиеші мен балалардың сөйлесуі – бірнеше жылға созылатын қатысымдық әрекет. Осы ұзаққа созылатын қатысымдық әрекетте тәрбиеші – балалармен сөйлесу әрекетіне қатысатын қатардағы сөйлесуші ғана емес, ол дұрыс, әдеби тілге үйретуші. Балалар әдеби тілде сөйлеуді тәрбиешінің қалай сөйлеуіне қарап үйренеді .Яғни тәрбиешінің тілі –балалар үшін үлгі. Олай болса, тәрбиеші өзінің сөйлеу тілін жетілдіруге міндетті: ол –оның адамгершілік және қоғамдық парызы. Балабақшаның тәрбиешісі үшін үлгілі, мәдениетті сөйлеу тілін меңгеру – кәсіби даярлығының көрсеткіші. Балалардың есінде тәрбиешінің сөйлеу мәнері, сөйлеу үлгісі әбден сақталады. Сондықтан тәрбиеші әдеби тілді қалыптасқан дәстүр бойынша орфоэпия, грамматика, лексика, стилистика ережелеріне сәйкес сөйлесуге тиіс. Сонда ғана тәрбиеші әдеби тілде мәдениетті сөйлеген болып саналады. Тәрбиешінің сөйлеу тіліне бірнеше талаптар қойылады.

Тәрбиешінің сөйлеу әдеби көркем әрі таза болуы керек.

Мәдени сөйлеу мен этика өзіне ерекше назар аудартады. Тәрбиешінің сөйлеуі форма бойынша және мүлтіксіз әдеп пен мәдениетті болу керек .

Бала жас болған сайын қатынас жасау құрылымы қарапайым, сөйлемдер қысқа және нақты болу керек.

Сөйлем мазмұны олардың тәжірибесіне сүйеніп, қызығушылығына, даму ерекшеліктеріне сәйкес келу керек.

Сөйлемнің қарапайымдылығы, нақтылығы өзіне ерекше көңіл аудартады .

Сөйлем ырғағын реттеп отыру қажет.

Дауыс күшін реттеп отыру керек.

Сөйлем мәнерлі және әсерлі болу керек.

Пкдагогтар әдіснамалық шеберлікті меңгеруі керек.

Сөйлемнің жеткіліксіз деңгейде болуымен балалардың сөйлеуін дамытуға болмайды. Балабақша балаларының тілін қалыптастырушы, негізгі тұлға–тәрбиеші. Бірнеше жыл балалармен сөйлесетін, тілдік қатысым жасайтын адам тәрбиеші. Балалар тәрбиеші тіліне жаттығады, одан үйренеді. Сондықтан тәрбиеші тілінде кемшілік болу өте қауіпті, зиянды. Тәрбиеші тілінде кемшілік болса ,оған тиісті шаралар жасалуы керек .

Тәрбиешінің сөйлеу мәдениетінің жоқтығы мына жағдайларда танылады:

-сөздің әдеби тілде қалыптасқан орфоэпиялық нормасын сақтамай, бұзып сөйлеуі;

-сөйлемдегі сөздерді дұрыс байланыстырмай, үйлесімсіз сөйлеуі;

-сөздерді дұрыс мағынасында қолданбауы;

-сөзді, интонацияны, екпінді дұрыс, орынды қолданбауы:

-артық (паразит) сөздерді қолдануы;

-балалардмен сыпайы сөйлеспей, ұрысып, ақырып, баланы кемсітіп сөйлеуі ;

-не өте баяу, не қте тез, түсініксіз сөйлеуі сияқты кемшіліктер тәрбиеші тілінде болмауы керек, өйткені оны бала қайталайды, баланы ұрысып, кемсітіп сөйлегенде, баланың көңілі қалады, тыңдамайтын болады. Әдеби тілі дамыған адам тілдің стильдік ерекшелігін жақсы түсінеді, қай жерде қалай сөйлеуді біледі, кіммен қалай сөйлесуді біледі. Сондықтан ол сөзін реттеп сөйлейді. Жақын, туыс адамдармен сөйлесу мен қоғамдық орында сөйлесу бір емес. Оны тәрбиеші білуге тиіс. Балабақша балалары үшін тәрбиешінің стилі белгілі бір мінез-құлқын талап ететін тілдік этикет жөніндегі түсіністікпен байланысты. Тәрбиешінің сыпайылығы, кісі сыйлағыштығы, қарапайымдылығы, ескергіштігі, мейірімділігі, өзін сыйлауы оның сөзіне де, ісіне де көрініп тұрады. Сонымен бірге баланың стилистикалық түсінігін жетілдіру тәрбиешінің эстетикалық негізгі құралы болып табылады. Сонымен, сөйлеу стиліне үйретудің тәрбиелік мәні де зор. Балабақша балалары өз ортасына еліктеу арқылы сөйлеуді үйренетіні белгілі. Осы ретте бала дұрыс, байланысты сөйлеуге үйренумен бірге қарым-қатынас ортасындағы адамдардың тілінде әдеби тіл нормасына жатпайтын кемшіліктерді де қабылдайды. Баланың тіл мәдениеті тәрбиешінің тіл мәдениетімен байланысты. Балабақша балаларының тілін дамыту мәселесін зерттеген ғалымдардың ішінде тәрбиеші тіліне мән бермеген ғалым жоқ деуге болады. Ол бұл мәселенің маңыздылығына байланысты. Өйткені тәрбиешінің тілі балалар үшін эталон, оның сөзінде қате болуы мүмкін деген ой балаға ешқашан келмейді. Сондықтан тәрбиеші тілі бала еліктейтіндей дәрежеде болуы қажет. Өйткені тәрбиеші –баламен балабақшада тілдік қатысым жасайтын негізгі тұлға, бала тілін дамытушы, балаға тәрбие беруші, бала сенетін адам. Сондықтан тәрбиешінің қалай сөйлейтіні, жүріс-тұрысы, қалай киінетініне дейін балаға үлгі, тәрбиеші–баланың балабақшадағы сөйлеу ортасы. Бала әр үйренген жаңа білімге қуана білуі керек . Ол үшін тәрбиеші баланың жетістігін жақсы бағалау керек.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Абдраманова Бақытгул Жадырасыновна
Әйтеке би ауданы, «Жабасақ жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Біз даналықты үш жолмен үйренеміз:
ойлану - ең ізгі жол;
Еліктеу – ең жеңіл жол;
Тәжірибе жолы – ең ауыр жол.
Бенедикт Спиноза

Қазіргі таңда мектепке дейінгі орындарда инновациялық технологияны ендіруге көптеп күш жұмсалады. Сол себепті мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың негізгі міндеті: әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу,жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау. Мектепке дейінгі білім беру орындарында, педагогикалық технологиялар мектепке дейінгі білім беру стандартын жүзеге асыруға бағытталған.

Педагогикалық технологияда ең маңызды жағы білім беру мен тәрбие жүйесінде ересектер мен балалардың қарым-қатынасы болып табылады. Қарым-қатынас жасауда үлкендер жағынан балаға мынадай жағдай туғызу қажет:

«Бала біздің болашағымыз, қоғамыздың азаматы».

Оның мақсаты: Баланы жеке тұлға етіп қалыптастыру.

Қазіргі таңдағы білім беру технологиясының қатарына мыналар кіреді:

-Денсаулық сақтау технологиясы.
-Жобалы-іс шығармашылығы.
-Ізденіс-шығармашылық технологиясы.
-Қатынастық-ақпараттық технология
-Жеке тұлғаға бағыттау технологиясы.
-Бала мен тәрбиеші портфолио технологиясы.
-Ойын технологиясы.
-Триз технологиясы және т.б.

Денсаулық сақтау технологиясы.

Денсаулық сақтау технологиясының мақсаты: Баланың денсаулығын нығайтуға,білім дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары, баланың денсаулығы мен оның дене бітімінің қалыптасуына үлкен үлес қосады. Қазіргі таңда адамдардың даму жағдайында оның денсаулығын қалыптастыруда реттік жүйесіз мүмкін емес.

Денсаулық сақтау педагогикалық технологиясын мына төмендегілермен тығыз байланыста болады:

-Мектепке дейінгі мекемелермен.
-Ондағы балалардың күнделікті қатынасуы.
-Тәрбиешілердің жұмыс бағдарламасы.
-Мектепке дейінгі ұйымдардағы іс-шаралар.
-Педагогтың кәсібі құзіреттілігі.

Қоғамдық ақпарат педагогтар мен балалар алдында мынандай міндеттер қояды:

Міндеттері:

-жаңа заманға қадам басу
-жаңа технология әлеміне балаға жол серік болу.

-компьютерлік бағдарламаға тәлімгерді таңдау.
-Ақпараттық мәдениетті жеке тұлға қалыптастыру.
-педагогтардың профессионалдық деңгейін және ата –аналардың құзыреттілігін көтеру.
Бағдарламаны жіктеу
-ойлау,есте сақтау қабілеттерін дамыту
-шет тілінде сөйлейтін сөздік
-қарапайым графикалық редактор
-ойын-саяхаттар.
-оқуды, математиканы үйрету.

Триз жүйесі бойынша шығармашылық әңгіме барысында қалыпсыз тәсілдерді қолдану. Триз технологиясының мақсаты: баланың тілін дамыту, шығармашылық қиялын дамыту болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда 3негізгі мақсат қарастырылған.

1.Ауызша сөйлеуге үйрету, сөздік қорын дамыту. Айналадағы дүниені табиғатты бақылау, таныту арқылы сөз қорын жаңа сөздермен байыту, баланың ауызша сөйлеген сөздерін тыңдап, өзіне қойылған сұраққа жауап беруге үйрету: Заттың атын (ойыншық, гүл, жапырақ т.б) заттың сынын, сапасын, түр түсін, пішінін білдіретін сөздерді меңгерту. Заттың іс -әрекетін білдіретін (жүрді, жүгірді, келді,келеді,епті т.б) сөздерді әрі қарай меңгерту. Үстеу сөздерді (қасында, үстінде, осында, жоғарыда, төменде) қосып айтуға үйрету.

2 Сөз дыбыстарын дұрыс айту. Сөйлеуде ауыз қуысы арқылы дұрыс дем шығара білуге үйрете отырып, дауыссыз қатаң, ұяң дыбыстарды естілуіне қарай дұрыс, анық айтуға үйрету, 3 4 сөзден тұратын сөйлем құрату.

3. Байланыстырып сөйлеуін дамыту. Күнделікті сабақта естіген, білгенін, ойын, серуен кезінде көрген түйгенін, сурет және оқылған ертегілер мазмұнын ұнатқан ойыншықтары жайында ауызша сұрақ қоя отырып, әңгімелей отырып, қысқа ертегілердің кейіптендіре білуге үйрету. Мысалы: «Түлкі мен ешкі» ертегісінде: Түлкінің терісі қандай? (үлпілдек) тағы нелер үлпілдек болады? (қар, шапан, тымақ, мысықтың жүні, кілемнің беті) Ешкінің түсі сұр болған, тағы нелер сұр түске жатады? (сұр бұлт, сұр бас киім, сұр ішік, сұр қоян) -Құдықтың суы қандай болады? – Мұздай. Тағы нелер мұздай болады? (мұздай су, мұз,
суық жел, қар, су, мұз жатады)

Балалардың шығармашылығын дамыту жолында:
-Сурет салу
-Мүсіндеу
-Жапсырма
-Музыка. ұйымдастырған оқу іс –әректтер өткізіледі.

Сурет салу оқу іс-әрекетінде қалыпсыз тәсілдер қолданылады.

Мәселен: Бала сурет салуда тек қана қыл қаламмен сурет салып қоймай неше түрлі түтікшелерді;жіптерді картоп қималарын: трафареттерді: тіс пастасы мен тіс щеткасын, қайнатылған ас бояғыштарын қолданады.

«Бақ-бақ гүлі» тақырыбы бойынша іс-әрекетті ұйымдастыру үшін ең бірінші қайнатылған азық –түлік бояғыш заты керек.Одан кейін түс қағаз желімі қажет. Бүкіл параққа түс қағаз желімін жағып тіс щеткасы мен бояуды алып

Бақ-бақ гүлін саламыз. Ал шөптерді салу үшін, тағыда тіс щеткасын жасыл бояуға батырып алып саусақ пен тіс щеткасының тістерін қағу арқылы шашыратамыз.Соңында керемет «Бақ-бақ» гүлі өскен алаңқайды бейнелей аламыз.Және де түтікшелерді қолданып, үрлеу арқылы бейнелеуге болады.

Қағазға алдын ала желім жағып жарма ұнтағын мсеуіп оның үстіне керемет бейнелер жасауға болады. Алақанды бояуға батыру арқылыбастырмалап сурет салуға болады. Мәселен: кактус салуға болады. Мұндай қалыпсыз тәсілдерді қолдану баланың қиялын

дамытады. Өзіне-өзі риза болып одан да керемет жұмыс жасауға талпынады. Оқу іс-әрекеттерін кіріктірудің тиімді жағы өте көп. Біріншіден бала жалығып кетпейді: Екіншіден бір саладан екінші салаға ауысу арқылы олардың қызығушылығы артады. Берілген тапсырмаларды орындау, балаларды, еркін қиялдарға шығармашылық пен айналысуға кедергі келтіретін психологиялық селқостықты жоюға ықпал жасайды. Балада танымдық қызығушылықтың болуы-олардың оқу іс-әрекеттерге белсенді,білімінің сапалы болуына,басқа да іс-әрекеттерге жағымды әсерін қалыптастыруға мүмкіндік беретіндігі байқалып өз нәтижесін көрсетті.

Қорытынды: Мен өзімнің баяндамамды қорытындылай келе «Кез-келген адам басқалардың және оның білімін кемеліне келтіруіне көмектеспесе, өзінің де білімін кемеліне келтіре алмайды» Чарльз Диккенс деген сөзімен қорытындылаймын. Өзіміз, өз қолымызбен, өз қиялымызбен жасай білейік. Сіздерге шығармашылық табыс тілейміз!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2020 жылдарға арналған « Балапан» бағдарламасы,2014ж

2.Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмыстарына заманауи білім беру бағдарламалары мен технологияларын енгізу,әдістемелік нұсқаулық астана 2013ж

3.Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогикалық технологияларды қолдану маңыздылығы К.Ж Бұзаубақова.Жаңа педагогикалық технология .Оқулық 2003ж

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Бақытжанова Айнұр Болатовна
Ж.Сәрсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Білім саласы қызметкерлерінің алдына қойып отырған басты міндеттері – еліміздегі білім берудің ұлттық үлгісін әлемдік стандарттарға сәйкестендіре отырып, білім сапасын арттыру. Яғни, әркімнің жеке қабілетін ескере отырып, оның білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру, қоғамның әрбір мүшесінің толыққанды білім алу үшін тең дәрежеде жағдай туғызу. Сондықтан қазіргі жаңа формация ұжымы әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін жолға қоюға тиісті.

Ол үшін ұстаздар қауымы өздерінің шығармашылық әлеуетін дамытып, көп зерттеп, зерделеп, іздену керек. Мұғалім алдына қойған мақсатына жету үшін оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, қызығушылығын оятуға септігін тигізетін жаңа технологияларды тиімді пайдалану қажет. Бұл тұжырымдаманың шарты болып табылады.

«Ғылым-білімді әуел бастан бала өзі іздеп таппайды. Басында зорлықпенен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі ізденгендей болғанша» деген дана Абайдың сөзі бар. Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңіндегі басты мәселелердің бірі – мектептегі білім беру жүйесінде оқыту үрдісін технологияландыру.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында компьютерді қолдану - оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырудың негізгі кепілі болып табылады. Мемлекеттік тілдің беделін түсірмеу – қазақ тілі мамандарының басты міндеті.

Қазақ тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен информацияларды білуге жол ашады. Оқушының сабақ барысында алған білімін бағдарлама тікелей тексеріп, оқу процесі барынша екі жақты жүреді. Бұл оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу дағдысын және

олардың танымдық белсенлілігін арттырады, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық дағдыларын қалыптастырады.

Оқу үрдісінде дәстүрлі оқыту мен дәстүрлі емес құралдармен оқыту да кейінгі кезде кең тарауда. Соның біріне тоқталар болсақ, бұл электроны оқулықтың көмегімен оқыту болып табылады. Электронды оқулық – бұл дидактикалық әдіс-тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Мысалы, дәстүрлі оқыту негізінде кейбір оқушылар өздерінің меңгермей отырған тақырыбын қайта-қайта мұғалімнен сұрай беруге қысылады, ол дегеніміз оқушы жаңа тақырыпты дұрыс қабылдай алмауға әкеп соғады. Ал, электронды оқулықпен жеке жұмыс істеуінің арқасында жаңа тақырыпты қайталап тыңдауға, қайта оқып шығуына, тіпті түсінбеген сөзін бөліп сөздіктен қарап алуға, оның граматикалық жасалу жолдарын біліуіне көптен-көп көмегін тигізеді, танымдық қабілеттерін дамыта түседі.

Қазіргі кезде білім беру мақсаты оқушыларға барынша көп ақпарат беруде ғана емес, сонымен қатар оқушыларға өз бетінше пәндік ақпараттарды өздері тауып оқуға үйрету. Олардың барлығы электронды оқулықтарда әртүрлі тапсырмалар, жаттығулар арқылы беріліп отырады.

Алдымызда отырған шәкірттеріміздің әр сабаққа деген сезімін ояту - ұстаздардың үлесінде.

Ойын-сабақтар, шығармашылық, тіл дамыту сабақтары, сондай-ақ танымдық белсенділікті дамытатын сабақтардың түрлері білім алушылардың логикалық ойлау жүйесін дамытумен қатар, ауызша, жазбаша сөйлеу дағдылары жетілдіреді. Бұндай сабақтар оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға, тілдерін байытуға, сөйлем құрау шеберліктерін жетілдіруге ықпалы зор екені сөзсіз.

Қазіргі таңда оқудың интерактивті әдіс-тәсілдері өте көп. Педагогикалық ғалым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде белгілі болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәріне де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай ең тиімдісін таңдап алу және олардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре тиімді, үйлесімді, әрі шығармашылықпен қолдану — сабақтың сәтті өтуінің кепілі.

Мұғалім сәтсіз өткен сабақтарға өзіндік талдау жасап өз кемшілігін іздеуге әрекет жасау керек. Білім мен тәрбие берудегі ізгілендіру, жариялылық, педагогикалық ынтымақтастық, ғылыми-әдістемелік, тың ізденістерге сүйене отырып жаңашылдыққа талпыну қажет. Мұғалім күнделекті әр сабағына шығармашылықпен дайындалуы керек. Өйткені, сабақ — мұғалімнің өнері, шығармасы. Сондықтан әр сабақты тиімді ұйымдастыруда оқушыны жалықтырмайтын, қабілетін арттыратын жағдай туғызуға ықпал етуміз керек деп ойлаймын.

Мұғалімнің сөзі әсерлі, тартымды, сенімді, сондай-ақ дауыс ырғағы мен мимикасы мәнерлі және бай болғаны қажет. Бұл ойымыз дәлелді болу үшін Ы. Алтынсариннның пікірін келтірейік: «Мұғалім балалармен істес болады: егер олар бір нәрсені түсінбесе, онда мұғалім шәкірттерді кінәламай, оларға дұрыс түсіндіре алмағаны үшін өзін-өзі кінәлауы керек. Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, сабырлылықпен сөйлеп, шұбалаңқы сөздер мен керексіз терминдерді қолданбастан ықыласпен, қарапайым тілмен түсіндіру керек».

Пайдалынылған әдебиеттер:

1. 12 жылдық білім. Журнал. 2006 ж. №8.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
3. Әдістемелік журналдар:
4. «Қазақ тілі мен әдебиеті». 2009 ж. №3., 2010 ж. №№3,8.
5. Қазақ тілі әдістемесі. №9-10, №11-12. 2010 жыл. Алматы қ.

6. «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» . Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2010 жыл.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ОҚУ ҚЫЗМЕТТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕР

Биртаева Динара Бакытовна
Әйтеке би ауданы, «Ақбота» мектепке дейінгі ұйымы

Қазіргі таңда жеке тұлғаны дамытуға арналған оның дербестігіне бағытталған білім беру үдерісіне педагогикалық технологиялар белсенді түрде енгізілуде. Оқу қызметінің заманауи тәсілдерін қолдану келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір тәрбиешінің міндеті. Мектепке дейінгі бала дамуының мәселесі ұлтымыздың даму стратегиясымен және мемлекетіміздің саясатының ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере келе, мектепке дейінгі мекемелердің атқаратын әрбір іс шарасы, күтілетін нәтижесі – баланың мектепке даярлығының жоғары сапасы болып табылады. Білім беру жүйесінде қолданылып жүрген әдіс-тәсілдер:

- ➢ Әрекетті оқыту технологиясы;
- ➢Проблемалап оқыту технологиясы;
- ➢ Жеке бағдарлы оқыту технологиясы;
- ➢ Денсаулық сақтау технологиясы;
- ➢ Диалогты оқыту технологиясы
- ➢ Дифференциалдап оқыту технологиясы.

Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеуде тиімді деп біз қолданып жүрген аталмыш технологиялар заманауи білім берудің мүмкіндіктерін ұсына отырып әрбір баланың жеке дамуының мүмкіншілігін шыңдауына толық жағдай жасайды. Осындай технологиялардың бірі әрекетті оқыту Әрекетті оқыту - мақсатты түрде балаға білім беру іс – әрекетін ұйымдастыру мен басқару дегенді білдіреді. А.В.Запорожец, А.Н. Леонтьев, С.Л.Рубенштейн сияқты ғалымдардың пайымдауынша әрекетті оқытудың негізгі идеясы нақты әрекеттің өзімен емес, баланың субъекті ретінде қалыптасуындағы құрал болатын әрекетпен байланысты. Яғни, білім беру барысында қолданылатын түрлі жұмыс формалары мен әдіс-тәсілдер белгілі әрекеттерді жүзеге асыруға үйретілген объектіні емес, өз еркімен таңдау жасап, талдап, бағалап, өз табиғатына жақын қажеттіліктері мен қызығушылығын қанағаттандыратындай әрекеттерді құрап жүзеге асыруға қабілетті бала тұлғасын қалыптастыруға бағытталады. Жақсы нәтижеге жету үшін баланы өзінің іс-әрекетін жоспарлай білуге үйрету шарт. Бұл балалардың ерік-жігерін дамытуға, өз мінез-құлқын басқаруға үйрете отырып, ісәрекет нәтижесі арқылы өз іс әрекетіндегі жеткен жетістігін салыстыруға, бағалауға негіз болып табылады. Осындай іс-әрекеттердің ішінде бүгінгі күнгі мектепке дейінгі білім берудің Мемлекеттік стандарты талап етіп отырған ересектермен және құрдастарымен ынтымақтастығы негізінде ұйымдастырылатын эксперименттік ізденіс іс-әрекеті аса маңызды орынға ие. Соған сәйкес тәжірибеміздегі әрекетті оқытуға негізделген экспериментті іс-әрекеттер 3 пен 5 жас аралығындағы балалардың материалдар мен мақсатты түрде таныса отырып, заттар арасындағы жалпы қатынастарды бейнелеп, қоршаған ортаның үлгісін жасауына ықпал етсе, 5-6 жас аралығындағы балаларды мақсат қойып, нәтижеге

жетуге үйретуге бағытталады. Яғни, әрекетті оқытудың негізгі идеясына сәйкес жаңа білім дайын күйінде ұсынылмай балаларға оны өз беттерінше зерттеу жүргізе отырып анықтауға мүмкіндік туғызылады. Зерттеу барысындағы әрекеттер балалардың салыстыру, талдау, жинақтау тәсілдері арқылы теориялық ойлауының алғы шарттарын қалыптастыруына үлкен ықпал етеді. Әрекетті түрде оқыту технологиясының тиімді әдістерінің бірі – модельдеу әдісі. Балаларды ойната отырып өз беттерімен ойлануларына, жан-жақты дамуына мүмкіндік береді. Әрекетті түрде оқытудағы топтық, жұптық жұмыс түрлері де ұйымдастырудың негізгі формалары болып табылады. Олар арқылы дифференциалдау негізінде балалардың дамуының іргелес және жақын аймақтарын ескере отырып, білім алудағы потенциалдық мүмкіндіктерін байқауға, бала қабілетіне сәйкес оқытудың жеке траекторияларын құруға мүмкіндік алуға болады. Дифференциалдап оқыту – балаларды мүмкіндіктері мен қызығушылықтарын қарай топтастыра отырып, деңгейленген тапсырмалар негізінде, оларға жеке тұрғыдан шама-шарқына қарай білім алуына көп септігін тигізеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік тұлғасын қалыптастыруда ойын тапсырмаларда оқу ісәрекет барысында деңгейлеп берудің тағы бір жолы Ж.Караевтың үш өлшемді әдістемелік жүйе - баланың туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке даму жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесін атап өтуге болады. Деңгейге бөліп оқытудың өзіндік ерекшелігі:

- ➢ талантты, қабілетті балалар өздерінің қабілетін одан әрі бекіте түседі;
- ➢ әлсіздердің білімге деген ниет білдірулері артады;
- ➢ сенімсіздіктен арылуы;
- ➢ ынталары артады

Бұл технология негізінде баланың жеке басының қабілетіне сәйкес ой белсенділігі мен шығармашылығы қарапайымнан күрделіге бағытталады. Сонымен мектепке дейінгі білім сапасын арттырудың заманауи жолдарын анықтап, тәрбиелеп оқыту үдерісінің бала дамуына қолайлы құрылуын, балалардың өз-өздерін дамыту мүмкіндіктерін туғызатын ұйымдастыру формаларын, бірлескен іс-әрекетке деген қызығушылықтарын, шығармашылықтарын арттыру жағдайын жасауда аталмыш технологиялар бүгінгі күні өзекті болып отырған технологиялардың бірі 4К моделіне (креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамыту және командада жұмыс істей білу) бағытталған білім беру процесін жетілдіруде жалғасын тауып отыр. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жаңартылған оқу бағдарламасының балалардың жеке тұлға болып қалыптасып дамуына жаңа әдіс-тәсілдермен жетуге болады. Оқыту және оқу тәжірбиесіне жету үшін баламен жеке жұмыс жасағанда, баланың неге қызығушылығының бар екенін байқап, одан әрі арттыру үшін, тікелей бақылауға аламыз. Ұйымдастырылған оқу қызметінде балалардың үнін тыңдап, ойын түрлерін дұрыс ұйымдастырып, жетелеуші сұрақтарды дұрыс қоя білгенде,SMART мақсатқа жетуге болады. Технологиялық тәсіл, яғни жаңа педагогикалық технологиялар мектеп жасына дейінгі баланың жетістіктеріне кепілдік береді. Кез-келген тәрбиеші технологияны жасаушы. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жаңартылған оқу бағдарламасының нақты ойын түрлері:

- педагогтың жетекшілігімен ойын
- құрылымдалған ойын;
- еркін ойын түрлері;

Сондықтан бұл ойындар арқылы бала өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғамдық құбылыстармен, адамдардың еңбегімен, қарым — қатынастарымен танысады.Педагогтың жетекшілігмен ойында балаға бағыт бағдар бере отырып, ойын арасында араласып, баланың өзара әрекет етуіне ықпал жасауға көмектессе нәтижеге жетеді. Құрылымдалған ойыны ұйымдастырылған оқу қызметінің нақты тұстарын, баланың игерген білімдерін бекітуге, қорытындылауға, нәтижеге жету үшін аса қажетті ойынның түрі. Еркін ойын балалардың бір-

бірімен қарым-қатынас, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру үшін тиімді.Баланың неге икемді, қызығушылығы қандай? Оны әрі қарай дамуы үшін не істеу керек? Қандай жұмыстар атқару керек? Осы сұрақтардың шешімін жаңартылған тәсілдердің ішінде баланың бірінші бала үнін тыңдай біліп, баламен жеке жұмыс жасау барысында нақты мақсат қоя білгенде, жетелеуші ашық-жабық сұрақтар арқылы, саралау әдістерінің тиімді тұстарын пайдалана отырып, зерттеп, тікелей бақылауға алғанда ғана, ол баланың қызығушылығы оянып, белсенділігі арттыру мақсатында маңызды роль атқаратындығы белгілі. Осы аспектілер баланың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, балаға жағдай жасауға, оның ішінде өзіне деген сенімсіздігін, қорқынышын жеңіп, әлеуметтік психологиялық тұрғыдан өзіне деген сенімін арттыруға, шығармашылық, көңіл-күйінің көтеріңкі ұстау қажеттіліктерін байқауға, дұрыс әрі нақты шешім таба көмектесу.Технологияны құру шығармашылықсыз мүмкін емес. Ендеше, жас бүлдіршіндерді оқыту мен тәрбиелеуде таңдап алған әдіс-тәсілдеріміз, келешекте тұлғаның жан-жақты қалыптасуына ықпалын тигізетіндей, нәтижеге бағытталған болуы керек.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасының Үкіметінің № 292 қаулысы, 13 мамыр, 2016 ж. бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 мамырда № 20580)

2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020- 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988қаулысы

3. Калинина Т.В. Управление ДОУ. Новые информационные технологии в дошкольном детстве. – М.: Сфера, 2018.

4. Мектепке дейінгі ұйым басшысының анықтамалығы. ТОО «МЦФЭРКазахстан». – Аламаты.

УРОКИ РУССКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ-УРОКИ НРАВСТВЕННОСТИ

Дабылова Айнаш Базарбаевна
Айтекебийский район, Комсомольской
общеобразовательной средней школы

Духовно нравственное воспитание - педагогически организованный процесс усвоения и принятия обучающимися базовых национальных ценностей, освоение системы общечеловеческих ценностей и культурных, духовных и нравственных ценностей многонационального народа Республики Казахстан. Цель духовно нравственного воспитания научить ребенка любить, быть ему примером, словом и делом всю высоту, глубину и полноту этого поистине Божественного чувства. Объектом духовно-нравственного воспитания является сердце человека, и в этом его отличие от умственного воспитания. Сейчас происходит утрата ценностей. У детей порой нет идела. А ведь особую роль в нравственном воспитании играет нравственный идеал как совершенное воплощение представлений о человеке.

Важнейшую роль играет уроки русской литературы в развитий духовно нравственного воспитания у подрастающего поколения. Произведения художественной литературы

содержат духовно нравственные ориентиры для учащихся, воспитывают в них лучшие человеческие качества: честность, глубину чувства,достоинство, духовность, гражданственность.

Урок литературы должен быть человекоформирующим. На уроках литературы поднимается много разнообразных проблем нашей обыденной жизни. И с помощью чтения книг можно познать и найти пути решения этих задач.

Многие писатели обращались к теме семьи. Но очень хочется довести до учащихся толстовский идеал семьи – это семья с её святой заботой старших о младших и младших о старших, с умением каждого больше отдавать, чем брать, взаимоотношением построенным на «добре и правде». Очень важно, чтобы наши дети услышали великого Толстого : «Что нужно для счастья? Тихая семейная жизнь..... с возможностью делать добро людям».

Одна из затрагивающих тем – тема матери. С особым вниманием писатели обращаются к этой теме. С любовью и уваженьем пишут о своей матери . Очень поучительный рассказ Паустовского «Телеграмма». В сюжете дети видят как может трагично обернуться равнодушие людей к своим близким. Что нельзя оставлять без внимания своих родителей , ссылаясь на бесконечные отговорки такие как работа, карьера, нехватки времени. Автор нам показывает то, что важно уметь слушать и слышать друг друга, заботиться и понимать свою семью, а не отлаживать заботу о ближних на потом, потому что время так быстротечно.

Одно из насыщенных нравственными проблемами произведений А.С.Пушкина – повесть «Капитанская дочка». Читая повесть А.С.Пушкина, каждый ученик ставит себя на месте этих героев. На примере главных героев произведения, они учатся тому, что во всех ситуациях нужно поступать как человек чести. Что нужно прежде всего слушать голос своей совести, которая заставляет отличать хорошее от дурного. Произведение учит детей проявлять милосердие, имея власть и силу.

Особую важность имеют уроки , посвещённые вечным темам: о смысле жизни, любви, о добре и зле о назначении человека. Это уроки, на которых складываются основные принципы жизни, где маленький человек старается найти своё место и решает для себя каким он будет.

И снова помощник для детей - это литература. Рассказ А.П.Чехова «Крыжовник» подскажет детям, что не любая осуществлённая мечта, достигнутая цель вызывает удовлетворение и восхищение. «Принято говорить ,что человеку нужно только три аршина земли. Но ведь три аршина нужны трупу а не человеку. Человеку нужно не три аршина земли, не усадьба, а весь земной шар, вся природа, где на просторе он мог бы проявить все свойства и особенности своего свободного духа».

Читая Чехова, ученики и учитель приходят к выводу: надо жить полной жизнью, радоваться каким то моментам, делать добро, помогать людям. Они должны понимать , что не нужно лишать себя возможности испытавать эти маленькие радости жизни.

Сегодняшний мир, окружающий нашего ребенка разнообразен. Кто придет на помощь, кто направит на правильный путь? И снова учитель может помочь своему ученику.

ЕРТЕГІЛЕРДІҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОРНЫ

Жумашова Данагул Самалхановна
«Санаториялық үлгідегі «Балдырған балалар мекемесі»

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауында еліміз дамуының жаңа кезеңінің келесі он жылға арналған бағыт-бағдарын анықтап, айқындап берген болатын. Сондықтан балабақша жасындағы балаларды жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыруда тәрбиешілермен

мен педагогикалық қызыметкерлер алдында үлкен мақсатты жұмыс тұрғандығын көрсетеді. Балабақша жасындаға балаларды жан-жақты дамыту кезінде ұлттық тәрбиенің алатын рөлі өте зор. Қазақ халқы басқа халықтар сияқты бала тәрбиесіне өте ерте заманнан-ақ өзінің жинып-терген бай, асыл қазынасы,мол тәрбиесімен көңіл аударған. Ата-бабамыз келешек ұрпақтың қамын алыстан болжап,өмірге нәресте келгенде оған лайықты ат қойып, бесікке салып, тұсаукесер рәсімдерін жасап,өсе келе оған қазақ халқының ұлттық шежіресін, өзінің тегін, халықтың даналық сөздерінің мағанасын түсіндірген [

Ұлтты ұлттан ерекшелендіріп тұратыны оның тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері, лиро-эпостық және батырлар жыры, әдет- ғұрпы, салт-санасы, менталитеті, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері бар. Осылардың бәрі – ұлттық құндылықтарға жатады.

Халық тәрбиесі – ғасырлар бойы сараланып сан сыннан өткен, сол халықтың ой-арманымен, тіршілік тынысымен, шаруашылық кәсібімен, ұлттық тәлім-тәрбие дәстүрімен тығыз байланыста туып, өсіп-өркендеп, дамып және ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жеткен тарихи және мәдени мұрасы. Әр халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі сан ғасырларға созылған өзіндік тарихи тағылымы, ой-пікір қорытындылар түйіні бар. Өткеннің бай рухани мұрасын тал бойына дарытқан озық өнегелі дәстүрсіз, ұрпақтар сабақтастығынсыз тарихи процесті елестету мүмкін емес. Тәрбие ұлттық табиғи тамырынан кіндік үзсе, тәрбиелік қасиетін жоғалтады[1, 87].

Тәрбие негізі – ұлттық үрдісте. Халқымыздың мәдениеті ұлттық ерекшелігімен қасиетті де қадірлі. Егер мәдениет адамды қалыптастыру, жетілдіру болып табылса, ал өркениет қоғамның даму деңгейін көрсетеді.

Жас баланың ойлау, есту, сөйлеу, көру, есте сақтау қабілеттерін дамытуда халық ауыз әдебеті үлгілерінің алатын орны ерекше. Солардың ішінде көп тараған үлгілерінің бірі - ертегілер[2, 247].

Ертегінің орындауының негізгі мақсаты, оның білім беру мен тәрбие беру саласында маңызы өте зор. Мектеп жасындағы балаларға ертегілерді оқып беру арқылы адамгершілікке тәрбиелеуге болады. Әрбір ертегіне оқып беріп, таныстыру арқылы танымдық қабілеттерін арттыруға болады. Балабақшадағы жоғарға топтарда өткізілетін әрбір сабақта ертегіні негізгі динамикалық қозғаушы күш, яғни дидактикалық көрнекілік ретінде пайдалануға болады.

Сабақ барысында ертегі кейіпкерлерінің жан-жақты мінез құлықтарын айыра білу бойынша жақсы деген не, жаман деген не екендігіне көзін жеткізеді.

Ертегілердің балабақшаның жоғарға топ тәрбиеленушілермен өткізілетін сабақтарды қолдану аясы келер болсақ. Барлық пәндерде ертегілерді қолдану арқылы негізгі педагогикалық дәстүр пәнаралық байланысты жүзеге асыруға болады.

Ертегілерді әр пәнде орынды қалай қолдануға болатындығына тоқталамыз. Мәселен, «Жыл басына таласқан хайуанаттар» көркем әдебиет сабағында осы ертегіні оқып, мазмұнымен танысып, негізгі ойды анықтаймыз.

Математика сабағында осы ертегінінің кейіпкерлерін пайдаланып денелерінің көлемін салыстыруды, атап айтсақ, түйе мен тышқанды, қой мен сиырды салыстыру арқылы «үлкен», «кіші» немесе «биік», «аласа»деген ұғымдарды қалыптастырып таныстыруға болады.

«Жеті лақ» ертегісінің сюжеті, суреттері арқылы тура кері санауға үйретуге болады, сонымен қатар жағымды жағымсыз кейіпкерлерді салыстыруға болады. Жағымсыз кейіпкер –қасқыр.Ол нешеу?(Біреу) Ешкі нешеу?(Біреу)

-Енді екеуін салыстырамыз,екеуі тең.

-Лақ нешеу? Лақ жетеу.Олар қасқыр мен ешкіден көп.

Сонда тәрбиеші бұл суреттерде «көп» және «аз» ұғымдарын тиянақтауда қолдануға болады.

«Тырна мен түлкі» ертегісін оқып беру арқылы математика сабағында «Не артық?» ойынын ойнатуға болады.

-Балалар ,ертегіні оқығанда неше кейіпкердің атын естідік?

-Тырна мен түлкі ,яғни олар бір-біріне қонаққа келді.

-Ендіше үстелде қай аң артық?

-Аю.

-Аю нешеу?

-Ол біреу.

Математика сабағында ертегі кейіпкерлерін ойын ретінде қолдану балаларды естіген ертегі кейіпкерлерін есте сақтауына көмектеседі, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамытады.

Жалпы ертегілер арқылы балалардың ой өрісін дамыту бейнелеу пәнінде балалардың заттардың көлемін, сызық түрлерін ажырата білуге үйрету. Әр түрлі геометриялық денелер бойынша ертегі кейіпкерлердіңсуретін құрастыруға, бояуға болады. Мәселен, атап айқанда: қонжық сипатын сопақ, қисық сызықтар арқылы, мысықты жарты дөңгелек кішкентай үшбұрыштар арқылы көрсетеміз. Сонымен қатар ертегідегі жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді жылы және суық түстермен дөңгелектер арқылы бейнелеп көрсетуге болады. Мүсіндеу арқылы ермексаздан ертегі кейіпкерлерін жапсырмалау арқылы театрланған көрініс дайындауға болады. Сабақтың ұйымдастыру бөлімінде де аяқ-қол жаттығуларына қонжықтың жүрісін қолданамыз. Эстафеталық ойындар сайысын өткізуде аңдар керуенін ұйымдастыруға болады, әрбір сабақта сергіту минутын орындатқанда қозғалыс элементтерін орнату арқылы құстардың ұшуын,тербелісін көрсеттіріп,балалардың қызығушылығын ояту арқылы дене бітімінің дұрыс қалыптасуына мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі жаста ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өскен бала, болашақ ұлт жанды азамат болып өсетіні анық. Ертегілерге сусындап ер жетсе адам бойындағы адамгершілік қасиеттерді бойына жинап өседі. Заман қанша дамып алға ілгерлегенмен ауыз әдебиетіміздегі шығармалардың тәрбиелік мәні мен бағасы ешқашан жойылмайды. Тәрбиенің көзі – ұлттық құндылықтарда екенін баса айтқым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы «Аруна Ltd». ЖШС, 2005.
2. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев «Қазақ тәлім тәрбиесі», Алматы

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ДӘСТҮРДЕН ТЫС ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Искакова Айна Тлектесовна
Санаториялық үлгідегі «Балдырған балалар мекемесі»

Жан-жақты тұлғаны қалыптастыру - қазіргі кезеңдегі педагогикалық теория мен тәжірибенің маңызды мәселелерінің бірі. Оны мектепке дейін дамыту тиімді. В.А.Сухомлинский айтқандай: «Балалардың мүмкіндігі мен дарындылығының бастамалары саусақтарының ұшында. Бейнелеп айтқанда, саусақтарынан, шығармашылық ойын қоректендіретін өте жіңішке жылғалар сынды жіптер тарайды. Баланың қолында неғұрлым шеберлік көп болса, соғұрлым ол ақылды болады». Педагогтардың пайымдауы бойынша-барлық балалар дарынды. Сондықтан дарынын уақытында байқап, сезіп, тәжірибесінде, нақты өмірінде қолдануға мүмкіндік туғызу қажет. Ересектердің көмегімен көркемдік-

шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, бала жаңа туындылар жасайды (жіппен жұмыс, сурет салу, жапсыру). Қайталанбайтын туындыларды ойластыру барысында ол әрқашан заттың жасалу тәсілдерімен тәжірибе жасайды.

Мектепке дейінгі жастағы бала өзінің эстетикалық дамуында қарапайым көрнекі-сезімдік әсерінен түпнұсқалық кейіптің жасалуына бейнелеу-мәнерлеу әдістері арқылы өтеді. Сондықтан оның шығармашылығының негізін қалау керек. Неғұрлым бала жақсы көрсе, естісе, күйінсе, соғұрлым қиялдау әрекеттері маңызды және нәтижелі болады. Мектеп жасына дейінгі баланың ой-өрісін кеңейту, оны мектепке даярлау сынды мәселелер ата-аналармен педагогтарды көптен бері толғандырып келе жатқаны аян. Сондай өзекті мәселелердің бірі - ұсақ мотриканы дамыту мен саусақ қимылын үйлестіру болып табылады. Сөйлеу қабілетінің даму деңгейі саусақ қимылдарының дұрыс қалыптасуына тікелей байланысты екені белгілі. Біздің балабақшада дені сау балалармен қатар, ерекше көмекті қажет ететін балалар бар, олар инклюзивті білім алу үстінде. Сондықтан қолдың ұсақ моторикасының дамуына көп көңіл бөлінеді.

Заман талаптарына сәйкес, мектепке дейінгі балалардың саусақ моторикасын дамытуға әбден болады және бұл мәселені бірден қолға алған жөн. Балабақшада тәрбиенің ең маңызды құралы - еңбек. Қарапайым еңбек түрлері барлық топтарда жүргізіледі. Қол еңбегі балалардың ұсақ моторикасына көп әсерін тигізеді. Ересек топта мен балаларды қызықтыру мақсатында вариативті оқу қызметіне тағы бір еңбек түрін алдым ол түрлі-түсті жіптермен еңбек ету және балаларды ілмекпен тоқу әдіс-тәсілдерін меңгерту. Түрлі-түсті жіппен жұмыс істеу балаларға өте қызықты. Дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді қолдану баланың шығармашылық қабілетін, көркемдік талғамын қалыптастыруда маңызы өте зор. Көркемдік іс-әрекеттің осы еңбек түрімен айналысуы, баланың зейінін өзіне аударып, қиялын шарықтатып, көру арқылы есте сақтауын, қабылдауын, заттың пішінін, көлемін, түсті сезуін дамытады.

Ілмекпен тоқу- ертеден келе жатқан қолөнер түрі. Тоқу жылма жыл жетіліп даму үстінде. Тоқу процесінің өзі қызықтырады, ол баланың шығармашылығы мен қиялын дамытады, одан әр түрлі ғажайып туынды ойлап шығаруға көмектеседі. Ал, дәстүрлі емес шығармашылық түрітоқуда, ең қажетті сәт - бұл шыдамдылық. Өз бетімен орындалған жұмыс әрине баланы әрі қарай жұмыс жасауға жетелейді. Бұл дегеніміз алда қызықты және ұшқыр кезеңдерді ретретімен атқарамыз деген сөз. Өнер және шығармашылықпен айналысқан баланың жетістіктеріне қуана білуі өте маңызды, себебі оның қоршаған ортамен үйлесімі пайда болады. Бұл жұмыс түрі балаларды дамыту құралы ретінде қолға алынып отыр және келесі оқу жылында жалғасын табатыны сөзсіз. Өйткені балалардың ұсақ қол моторикасымен бірге тілі дамиды, қиялы, шығармашылық қабілеттері, қалыптасады. Бұл жұмыста балалар ағаштарды әсемдеп байлау арқылы табиғатты қорғауға, оны сүйе білуге, сонымен бірге табандылыққа, шыдамдылыққа, әдемілікке үйренеді. Тоқыма тоқу қарапайым математикалық түсініктерді де қалыптастырады, өйткені бала 20-ға дейінгі сандарды ілмекпен ілу арқылы игереді және кеңістікте бағдар жасай алады (жоғары, төмен, оңға, солға).

Түрлі-түсті жіппен жұмыс істеу балаларға өте қызықты. Дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді қолданудың баланың шығармашылық қабілетін, көркемдік талғамын қалыптастыруда маңызы өте зор. Көркемдік іс-әрекеттің осы еңбек түрімен айналысуы, баланың зейінін өзіне аударып, қиялын шарықтатып, көру арқылы есте сақтауын, қабылдауын, заттың пішінін, көлемін, түсті сезінуін дамытады. Ең алдымен, жіптен жасалған суреттерге көңілдерін аударып таныстырдым. Балаларға ойын үшін қолдан тоқылған тоқыма бұйымдары өте ыңғайлы: оны созуға да, біріктіруге, ілгектерді бір-біріне қосуға да болады. Жіптер созылады, бірігеді, сондықтан «сырнай» ойынын елестете аламыз. Түрлі-түсті жіптерді қатты қағазға жапсырып «Қонжыққа» арналған кілемше жасауға болады. Жіптерді қолмен ұстағанда жұмсақ па, үлпілдек пе, қалың ба, жұқа ма, суықпа екенін балалар ажырата біледі. Балаларды екі топқа бөліп, ойын жарыс ұйымдастыруға да болады: «Қай топ көбірек жіп орайды». Бұл «ғажайып

жіптердің» тағы бір кереметі қыс мезгілінде балабақша ағаштарына алашалар тоқып байладық, ата-аналар тарапынан да қызуғышылық танытқандар болды. Бала бұл жерде өзін сиқыршы сияқты керемет сезінеді. Жіппен, матамен түрлі жұмыстар орындау нәтижесінде балалардың басқа жұмыс түрін білуге деген қызығушылық пайда болады. Бөлшек мата еді, одан жіп қана қалды. Әр түрлі жіптерді керегінше дайындап алып, түстерін атаймыз. Дайын элементтерді араластыра отырып, бала қиын композицияларды еш қиындықсыз орындай алады.

Еңбек жұмысын жүргізу барысында балалар қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен, бұйымдарымен, қазақтың киімдері, бұйымдар ішінде көрпеше, түскиіз, кілем сияқты ұлттық заттармен жақын таныстырылды. Балалар халықтың қолөнерінің алуан үлгілерімен танысты. Жоғарыда айтып өткендей түрлі-түсті жіппен жұмыс істеу барысында балалардың ойлау, қабылдау, есте сақтау қабілеттері дамиды. Сонымен қатар, шыдамдылық, төзімділік қасиеттері қалыптасады, бастаған жұмысын аяқтауға, еңбек нәтижесіне жетуге ұмтылады. Балалардың еңбек еткенде, жіптерді тарқатқанда қол қимылы ұсақ моторикасы дамиды.

Еңбек ету жұмысы - бұл да басқа сабақтар сияқты балалардың ерте дамуына қажетті, өте маңызды жұмыстардың бірі. Балаға сөйлеу қандай қажет болса, еңбек ете білу де сондай қажет. Мектепке дейінгі жастағы балаларды халқымыздың ою-өрнегі, қолөнер мәдениетінің негіздерін балабақшадан үйрету - балалардың эстетикалық көзқарасы мен талғамын дамытудың бірден бір жолы болып табылады. Соның бірі - ұлттық сәндік қол өнері. Көркем өнер балаларға қуаныш әкеледі, жағымды эмоциялық көңіл-күй қалыптастырады, шығармашылық қабілеттерінің, тілдерінің дамуына көмектесіп, қоршаған ортаға терең мән бере, қызыға қарауына жетелеп, жақсылыққа үйреніп, әсемдікке талпындырады. Өнер әлеміне балаларды тарту, оларды жастайынан өнерге баулу - күрделі процесс болып саналады. Түрлі-түсті жіптермен жапсыру жұмысында ұлттық заттарды қарап, талдап, түр-түсін, ою-өрнектерін атап, орналасуы жайында мағлұмат беріледі. Оқу іс-әрекеті барысында тақырыпқа сәйкес жаңа білім дағдыларын меңгерту алдында мына әдіс-тәсілдер қолданылады: көркем сөз (өлең жолдары, жұмбақтар, көркем өнер туындыларын әңгімелеу);дидактикалық ойын тапсырмалары: «ұлттық ою-өрнекті ата», «өрнекті құрастыр».Түрлі-түсті жіптермен жұмыс істеу барысында тақырыптарды күрделілендіре отырып, балалар «аяққап», «дастарқан», «табақты өрнектеу», «әжеме орамал», «қамзолды әшекейлеу», «кілемше», «көрпеше»,т.б. тақырыптарында жапсыру жұмыстарын жасайды. Жапсыру жұмысында: анаға сыйлық, сәукеле, әдемі гүлдер, қуыршаққа көрпе құрап, қазіргі тұрмыста қолданылатын ұлттық бұйымдарды пайдалана салыстырып, айырмашылығын білуге үйренеді. Түрлі-түсті жіптермен еңбек ету оқу іс-әрекетінде алдын ала үлкен жұмыс жүргізіледі. Жұмыстың бұл түрін игеруде ата-аналар көп көмек көрсетті.

Балабақшадағы қызықты осындай жұмыс түрлерін ұйымдастыру барысында қолданылатын көркем сөздердің ұсынылуы да маңызды. Балалар жіппен жұмыс жасау арқылы өздері қарапайым тәжірибе жасауды да үйренеді. Сол сияқты балаларға дәстүрден тыс әдістің: баспамен, түр-түсті жіппен, тақшамен, желіммен, қажетсіз заттармен еңбек ету әдістері балалардың саусақтарының ұсақ бұлшық еттерін дамытуға ықпал етеді. Бұл күрделі техника, бірақ нәтижесінде еңбектің ақталғанын көрудің өзі бала үшін ерекше әсер етеді, шығармашылық қабілеттерін арттырып, эстетикалық талғамын дамытады. Қол еңбегімен айналысудың маңызы зор.

Балалармен еңбек жұмысын жүргізу барысында, балалардың қарым-қатынасы, белсенділіктері, достық жауапкершілік сезімдері оянып, өз ісіне сенімділіктері арта түсті. Балалардың шығармашылық ізденіске талпынатындығы, іс әрекет жұмысын талдауға, қорытынды жасай білетіндері байқалды. Қол еңбегі жұмысын жүргізуде аталған сапалы қасиеттер баланың мектепке дайындығына, және мектепте оқуына өте тиімді болмақ. «Шебердің қолы артық, өнердің тілі артық» - дейді халық.

Болашақта осы еңбек түрін балалармен әрі қарай жалғастырып, күрделендіріп, қызығушылықтарын арттырып, балаларға жеткізіп үйрету. Жастайынан еңбекке бейімделген бала мектепте, кейін өздігінен ұйымдасқанымен, жинақтылығымен, өз-өзіне қызмет көрсете білуімен ерекшеленеді.

Әдебиеттер.

1. Әбдіразақов Е. «Адамгершілік,имандылық тәрбиесі» -1994 жыл
2. Әбілқасымова А.Е., Омарова Р.С. «Мұғалімдердің танымдық іздемпаздығын қалыптастыру негіздері» -2003 жыл
3. Игенбаева Б.Қ. Мен - Адаммын. Жеке тұлғаның рухани - адамгершілігін дамытуға арналған әдістемелік құрал - 2000 жыл

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

Касымова Гулзар Жалмырзаевна
Жабасақ жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Білім беру – шын мәнінде баланың өзінің дербес мүмкіндіктерін ескере отырып белсенді іс – әрекет жасауына , жақсы көруі мен қорғанушылығын еркін көрсете білуіне, оқушының тұлға ретінде үнемі дамуына, өзін – өзі тәрбиелеп дамытуына, жас және жеке ерекшеліктерін ескеруге жағдай туғызу деген сөз.Оқушының өзін тану үшін ғылыми және өмірлік проблемаларын шешудің бірден – бір тәсілі – өзін-өзі рефлексиялық басқаруды жүргізе алуы. Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі ретінде бастауыш және орта білім кезеңінен -ақ демократиялық қарым – қатынастарды орнықтыру көзделеді./1,25/ Білім беру жүйесі әр қашанда оқушының мектептен тыс уақытта өз бойындағы құндылықтардың қалыптасуына негізделеді.Қазіргі уақытта қоғамның интеллектуалдық және білім беру деңгейі ұлттық байлықты құраушы сипат алды, адамның білімділігі, кәсіби мобьилділік, шығармашылыққа ұмтылу және стандартты емес жағдайда әрекет ету іскерлігі еліміздің қауыпсіздігінің және тұрақтылығының кепілі. Қазіргі экономикада еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігі жаңа технологияларды игеру деңгейіне , өте көп ақпараттарға үйренісе алуына байланысты.Жаңа қоғамға сапалы, бәсекеге қабілетті білімділік жүйе қажет. Осыған байланыстыбілім беру құзыреттілігі идиясы еңбек нарығындағы жаңа сұраныстардың жауабы болып табылады. Құзыреттілік көз қарасын енгнізу азаматтардың құзыреттілігін білім беру құралдарымен дамыту мақсатында білім берудің мемлекеттік бағдарламасында берілген. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында тұлғалық ерекшелігін есепке ала отырып білім беру нәтижесі ретіндегі құзыреттілігіне бағытталған орта білім беруді 12 жылдық білім беру қабылданған.Білім беру жүйесінің мақсаты білім берудің негізгі құзыреттілік түрінде күтілетін нәтежені білдіреді: мәселені шешу (өзіндік менеджмент), ақпараттық құзыреттілік,коммуникативтік құзыреттілік. ./2,12/

Мәселені шешу немесе өзіндік менеджменттің мынадай мүмкіндіктері береді:

Әр түрлі жағдаяттарды проблемаларды анықтайды, жауапты шешім қабылдайды, өз шешімінің нәтижесін бағалайды;

Өз әрекетіне мақсат қояды, жетістіген жоспарлап және ұйымдастыратын, оны жүзеге асыратын жпғдайды анықтайды(технологияны өңдеу);

Өз әрекетінің нәтижесін бағалау, өзіндік бағалау және рефлекцияны жүзеге асыру;

Өзіне нақты жағдайларда әрекеттер нормасын таңдау;

Технологияны таңдау, нақты технологиялар арқылы жүру.

Білім беру өнімі - мектеп түлегіне қойылатын талаптар:

Құндылықты – бағдарлы құзыреттілік – өзінің Отаны Қазақстан патриоты болу, азаматтық белсенділіген көрсету, саяси жүйені түсіну , болып жатқан әлуметтік жағдайларға баға бере білу.

Мәденитанымдық құзыреттілік – Адам мен қоғамның дамуындағы ғылымның рөлін түсіну. Өз халқының мәдениеті мен әлемнің мәдени көптүрлілігін түсінуге және бағалауға мүмкіндік беретін мәдени – демалыс қызметін тиімді ұйымдастыру тәсілдерін игеру.

Оқу –танымдық құзыреттілік - өзінің білімділік қызметін ұйымдастыра білуі, тиімді жоспарлай білуі, соған сәйкес функционолдықсауаттылық талаптары негізіндегі білімді игеруде әлемнің ғылыми бағытын түсінуге ізднушілік – зерттелушілік әрекет дағдыларын игеруге мүмкіндік беретін өзінің әрекетіне талдау және қортынды жасау тәсілдерінің білуі.**Коммуникативті құзыреттілік** – адармен өзара әрекет пен қарым – қатынас тәсілдернің білуі, түрлі әлеуметтік топтоарда жұмыс істеу дағдыларын, қоғамдағы түрлі әлеуметтік рөлдердің орындалуы, өмірдегі нақты жағдайларда шешім қабылдау үшін байланыстың түрлі объектілерін қолдана алу білігін , мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде,халықаралыққатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуын қарастыруы.

Ақпараттық технологиялық құзыреттілік – бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, талдай, таңдай білу, өзгерте білу, сақтай білу, білім мен ақпаратты ақпараттық технологиялар мен техникалық объектілердің көмегімен жеткізуді жүзеге асыра білу және интерпретациялай білуі.**Әлеуметтік – еңбек құзыреттілігі** – отбасылық , еңбек, экономикалық, саяси, қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді азаматтық – қоғамдық тәжірибе мен білімге ие болуы, әлуметтік- қоғамдық жағдайларға нақты талдай жасай білуі, шешім қабылдай білуі, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына әне қоғам мүддесіне ықпал ете білуі.

Тұлғалық өзін –өзі дамыту құзыреттілігі- дене тәрбиесі, рухани және интеллектуалдық дамуына ықпал ететін өз мүддесі мен қызығушылығы үшін қажетті әрекетттер тәсілдерін игеру.Тұлғаға бағдарланған білім беруде оқу нәтижесі бұрынғыдай бес балдықжүйемен бағаланып, оқушылардың білім, білік, дағдыларымен ғана өлшенбейді. Олардың (оқушылардың)құзыреттіліктерімен өлшенеді. 12 жылдық мектептегі оқыту процесінің ең басты ерекшелігі де осында. Мұғалім сонғы нәтижедегі құзыреттіліктердегі қалыптастыруға қол жеткізу үшін «құзырет» «құзыреттілік» ұғымдарының мәнін түсінуі қажет.Сонымен қатар тұжырымдама мен стандарттарға осы мәселемен байланысты негізгі бағыттарды бағдарлай білуі тиіс./3,34/

Құзыреттілік – ‘competo’- латын сөзі – сәйкес келемін, қол жеткіземін. Құзыреттілік – жеке тұлғалық әрекет пәні мен соған сәйкес құзырлықты меңгеруі.Декларативтік (эксплициптік) білім – сөз жзіндегі білім.Процедуралық (имплициттік) білім – практикалық білім .

Бір бірімен байланысты тұлғалық қасиеттер (білім, білік, дағды, әрекет тәсілдері) жиынты

Тұлғалық қасиеттер

Белгілі бір әрекетке байланысты тұлғалық қатыстықұзыреттерді игеру.

Құзыреттілік – міндеттерді шешудегі адамның қабілеті.Ю.Скжипчак пікірі бойынша құзыреттіліктер ішінде кейде бір нәрсеге қабілеттіліктің білім, білікке және осы қабіліттілікті қолдану қажеттілігімен сенім дәрежесіне, басқа сөзбен айтқанда бір міндетті орындау мотивациясына бағынышты құзыреттер бөлінедіҚұзыреттіліктерді топтарға (оқу және кәсібилік қызметтегі құзыреттілік, оқу және кәсібиқарым – қатынас құзыреттілігі және оқушы және мұғалім тұлғасынжүзеге асыру құзыреттілігі) және әр топ ішінде түрлерге бөлуге болады./1,15/

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасы 12 жылдық орта жалпы білім берудің жалпыға міндетті стандарты. Дәріс материалы. Жоба.Астана 2006ж

2. 12 жылдық білім.2006ж№9

3.География және табиғат 2008 ж №5

ЕҢБЕК ІС-ӘРЕКЕТІНДЕ БАЛАНЫҢ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ДАМУЫ

Лукпанова Алмагуль Сальмуханбетовна
«Ақтөбе облысының білім баскармасы
Әйтеке би ауданың білім бөлімі» ММ «Айгөлек» МДҰ МКҚК

«Адамды - адам еткен еңбек». Жалпы адам баласы өмірге келген күннен бастап еңбекпен тығыз байланыста болады. Себебі, шыр етіп өмір есігін ашқан сәттен бастап ана сүтін емудің өзі еңбекке жатады.

Еңбек дегеніміз бойымыздағы энергия яғни күшіміз, осы күшті пайдаланудың өзі еңбек. Адамдар еңбек ету арқылы көптеген жетістіктерге жетеді. Күнделікті ішіп-жейтін тамағының киетін киімінің өзі еңбекпен келеді.

Мысалы: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»- дегендей жерге дән сеуіп, оны күтіп баптап өсіреді. Базарға апарып сатып, ақшасына тамақ, киім алады.

II. Балалардың еңбегі туралы айтатын болсақ, күнделікті өмірде кездесетін көзге көріне бермейтін, өзіміз мән

бермейтін қарапайым еңбек түрлері өте көп.

Мысалы: 2 – 3 жастағы баланың өздігінен тамағын ішіп-жеуі, ойыншығын, киімін жинауының өзі олар үшін үлкен еңбек. Баланың өз-өзіне қызмет қыла білуінің өзі еңбекке жатады.

Еңбекке баулу арқылы баланың есте сақтау, көру, сезіну қабілеттері арта түседі. Мысалы: Шұлығын, қолғабын, бас киімін, көйлегін киетін кезде оны қай жерге киетінін, ойлау, көру, есте сақтау қабілеттері арқылы жасалады.

Баланың әр жасаған еңбегін, қылығын мақтап отыру қажет.

Мысалы: Ой, жарайсың, бәрекелді, өте жақсы, керемет деген сөздер баланы еңбек етуге деген қызығушылығын оятады.

Баланы ойын арқылы да еңбекке баулуға болады. Баланың ойынына аса мән беру керек. Ұлы педагог, А. С. Макаренко айтқандай бала ойын кезінде қандай болса, кейін есейгенде жұмыс орнында да сондай болады. Сондықтан бала кезінде ойнаған кезде баланы қадағалап, ойынына мән беру керек. Егер дұрыс емес екеніне көз жеткізсеңіз, дұрыс жолға бағыттау керек. Бала ойын ойнағанда үлкендерден немесе теледидардан көргендерін қайталайды. Өйткені ойын кезіндегі іс-әрекеті қимыл қозғалысы бәрі өз отбасында көрген білгендерінің айқын дәлелі. Баланың ойыны арқылы отбасындағы беріп жатқан тәрбиенің қандай екенін аңғаруға болады және қандай мамандық иесі екенін білуге болады. Сондықтан баланың көзінше артық сөз, артық қимыл жасаудың қажеті жоқ. Балаға ата-ана жақсы жағынан көрінуі қажет. Сондай-ақ баланы еңбекке баулу арқылы адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу болып есептеледі.

Мысалы: Жерде жатқан нанды алып қоюы, киімін күтіп киюі бәрі адамгершілікке, үлкендердің еңбегін сыйлағаны болып есептеледі.

III. Балабақшадағы балалардың еңбегі.

Балалардың еңбекке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуге үйрету, бір-біріне кедергі жасамай еңбек етуге үйрету. Ойнап болған соң ойыншықтарын орын-орнына жинауға тәрбиелеу. Балаларды балабақшадағы еңбек жұмыстарына араластыру ойын бұрышындағы кезекшілікті атқаруға үйрету. Үлкендердің көмегімен гүлдерді суару, ағаштарға су құю, оқу құралдарын тарату, ас ішу кезінде тарелка, қасықтарды қойып шығу сияқты жұмыстарды үйрету. Үлкендердің еңбегінің және еңбектің қажеттілігі жөнінде түсінік беру. Балаларды алдына мақсат қоя білуге, оған жетуге үйрету жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыру.

Арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. Балаларды жұмысты бастап оны аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. Балабақшадағы еңбек жұмыстарына қатысу, ұжымдық еңбекке үйрету. Ертегі, әңгімелерді кейіпкерлер арқылы «Еңбек түбі - зейнет» екенін түсіндіру. Үлкендер еңбегін құрметтеуге баулу. Мысалы: «Бір уыс мақта», «Бұзау бақтым», «Көйлекті маған кім берді?», «Қайдан келдің, бауырсақ?» деген әңгімелер арқылы барлық заттардың еңбекпен келетіндігін түсіндіру.

Балаларды еңбек түрлерімен және кәсіптермен таныстыру. Ұжымдық еңбекті татулықпен ұйымдастырып атқаруға үйрету. Еңбектің әр түріне баланың қызығушылығын ояту, ұжымда еңбек етуде белсенділік, ынта ықыласын көрсетуді қолдау. Өз қолымен жасаған еңбегіне қуаныш, мақтаныш сезімін тудыру. Еңбекке қызығушылығын тәрбиелеп жағымды көзқарас тудыру. Өз-өзіне қызмет етуі балабақшада және отбасында еңбекке араласу, яғни үлкендерге көмектесу.

Еңбек етуге жат қылықтар: Еріншектік, жалқаулық, шалағайлық, ұқыпсыздыққа жиренуге баулу, яғни жол бермеуге тәрбиелеу. Бақыт адамға еңбек арқылы келетінін ұғындыру.

Гүл өсірсең терлеп,
Бұның аты – еңбек.
Кесте тіксең зерлеп,
Бұның аты - еңбек.
Қиындықтың бәрін

Еңбек қана жеңбек, деген өлең жолдарын айта отырып болашақ біздің ізбасарларымыз жас жеткіншектерге «Еңбек түбі – береке», «Еңбек ер атандырады», «Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті» екенін айтқым

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Отбасы және балабақша жуналы. «Бала тәрбиесі- баршаға ортақ» Г.Т.Машербаева/2014 шілде тамыз. 21бет

2.Отбасы және балабақша журналы. «Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесі» .10 бет.

3. «Еңбек-бәрін де жеңбек» 25 сәуір 2021 Алматы облысы.

4.Отбасы және балабақша журналы. «Адамгершілік- адамның рухани аркауы».Р.М .Избасарова.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУДА «МНЕМОТЕХНИКА» ӘДІСІН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Миранбекова Сыпайы Бекетаевна
«Ақбота» мектепке дейінгі ұйымы

Мнемокесте-Сөздік қорларын байыту, сөздің дыбыстық жағын дұрыс айтуға үйрету, сөйлем, әңгіме құрастыру, әңгімені құрастыру, жұмбақтарды жасыру және жауабын табу, тақпақтарды жаттау. Мектеп жасына дейінгі балаларда мнемотехнологияны пайдалану қазіргі таңда өте тиімді. Мнемотехника — тіл дамытуда тиімді есте сақтау, оны дұрыс жеткізе білудегі әдіс пен тәсілдер жүйесі. Қазіргі кезде мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда мнемотехниканы қолдану өзекті болып тұр.Балалармен жұмыс істеуде дидактикалық материалдар ретінде мнемокестелерді пайдалану ерекше орын алады. Мнемокесте-бұл белгілі бір мәліметтері бар сызба.Мнемокестенің дидактикалық материалы белгілі бір ақпарат жасырылған сызбалар болып табылады.Мнемокестелерді жұмыста пайдалану уақытты үнемдейді. Мнемокесте мынадай бағыттар үшін қолданылады:

1. Сөздік қорларын байыту
2. Сөздің дыбыстық жағын дұрыс айтуға үйрету
3. Сөйлем, әңгіме құрастыру
4. Әңгімені құрастыру
5. Жұмбақтарды жасыру және жауабын табу
6. Тақпақтарды жаттау

Құрылған кесте балаларға өз бетінше заттың ерекшеліктерін байқауға, олардың айтылу кезегін белгілеуге көмектеседі. Балалардың сөздік қорын байытады. Ең бастысы – көрнекілік, тірек-сызба, бейнелеген суретіміз балаға түсінікті болу қажет. Мнемокесте бойынша жұмыс жүргізу кезеңдері 3 кезеңнен тұрады:

1.Кестені қарастыру және бейнеленген суреттерді талқылау
2. Жалпы символдардан бейнелерді жаңғырту.
3. Құрастырған символдар бейнелер бойыша әңгімені, ертегіні, тақтақтарды мазмұндап беру. Мнемокестелерді баланың деңгейіне байланысты беруге болады. Мнемокестеде символдарды бейнеге аударамыз. Сонда балаға қонымды болады. Мектепке дейінгі жастағы балаларға түрлі-түсті мнемокесте беру керек, өйткені балалардың есінде тек бөлшек бейнелер ғана есте қалады. Мнемокестені қолдану кезінде балалардың есте сақтау қабілеті, байланыстырып сөйлеуі және қызығушылығы артып, жүргізілген жұмыс оң нәтиже береді.Мнемокестені құрған кезде суреттер түрлі түсті болуы тиіс, өйткені түстерді балалар тез қабылдап есте сақтауға мүмкіндік береді. Мнемокестелермен жұмыс істеу мынадай нәтижеге қол жеткізеді -Балалар сабақ кезінде және күнделікті өмірде де ертегіні әңгімелеп беруге құштарлықтары артады. -Қоршаған орта туралы түсініктері кеңейеді. Сөздік қоры молайады . Балалар қысылу,ұялу деген әдеттен арылып,өзін еркін ұстауға үйренеді. Алдын-ала балалармен жұмыс жүргізу барысында кестені қарастыру және бейнеленген суреттерді талқылау қажет.Осылайша балаларға мнемоместелердің көмегімен тақпақтарды, жұмбақтарды жаттап, ертгілерді әңгімелеп беруге біршама жеңіл және қолайлы болып келеді.Мнемокестені пайдалану арқылы баланың жеке қабілеті, білім деңгейі, өздігінен жұмыс істеуге дағдысы анықталады. Мектепке дейінгі бала есте сақтау мен қабылдауы жоғары қабілетімен ерекшеленеді.Мнемотехнологиялық әдіс балалардың сөз материалын есте сақтауда қалдыру үшін қолайлы. Мнемокестенің мазмұны - ол графикалық немесе жартылай графикалық ертегі кейіпкерінің бейнесінің, табиғат құбылысының кейбір іс-әрекетінің, басты мазмұнды әңгіменің сюжеті . Ең бастысы – көрнекілік, тірек-сызба, бейнелеген суретіміз

балаға түсінікті болуды жеткізу. Схема - мнемокесте балалардың тілін дамытудағы дидактикалық құрал болып табылады. Сөздік қорын байыту үшін әңгіме құруға үйретуге көркем әдебиетті мазмұндауда жұмбақ жасыру және шешуде өлең жаттауда құрылған схема балаларға өз бетінше заттың ерекшеліктерін байқауға, олардың айтылу кезегін белгілеуге көмектеседі. Балалардың сөздік қорын байытады.Мектепке дейінгі бала есте сақтау мен қабылдауы жоғары қабілетімен ерекшеленеді. Мнемотехникалық әдіс балалардың сөз материалын есте сақтауда қалдыру үшін қолайлы. Сонымен қатар дыбыстық және көру қабілеттері де дамиды. Мектепке дейіңгілердің жас ерекшеліктеріне қараса, осындай қорытындыға келуге болады, сөйлейтін суреттерді пайдалану әңгіме құрастырғанда, өлең, логоритмикалық жаттауда жеңілдетеді және есте сақтау процесін тездетеді. Мнемотехникалық әдіс балалардың сөз материалын есте сақтауда қалдыру үшін қолайлы. Сонымен қатар дыбыстық және көру қабілеттеріде дамиды. Мектепке дейіңгілердің жасерекшеліктеріне қараса, осындай қорытындыға келуге болады, сөйлейтін суреттерді пайдалану әңгіме құрастырғанда, өлең, логоритмикалық жаттауда жеңілдетеді және есте сақтау процесін тездетеді.

Қорытындылай келгенде, кез келген мнемотехникамен жұмыс баланың қызығушылығын оятады. Бұл оқыту процесін түрлендіруге, тұрақты қызығушылыққа жетуге, баланың потенциалды мүмкіндіктерін максималды іске асыруға мүмкіндік береді.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГЕ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТИІМДІ ТЕХНОЛОГИЯ

Мурзагулова Галина Утегеновна
«Санаториялық үлгідегі «Балдырған балалар мекемесі»

Мектепке дейінгі білім - бұл бала тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан да мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу үздіксіз білім берудің алғашқы баспалдағы. Осыған сәйкес балаға белгілі бір көлемдегі білім, білік, дағдылары меңгертумен бірге, оларды тәрбиелеу бүгінгі күннің талабы.[1]

Қоғамның үздіксіз дамуы кезеңінде саналы ұрпақ тәрбиелеу - білім беру ұйымдарының алдында тұрған ең жауапты іс. Бала білімі балабақшада қаланады. Демек, баланы білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғаны қалыптастыруға болады. Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту кешенді көзқарас қалыптастыруда түрлі қырынан дамытатын оқу ойындарға көп мән беріледі. Ең ұтымды ойындарды қолдану арқылы баланың зейінін ашуға мүмкіндік туады. Мектепке дейінгі балалардың сөздік қорын дамытуына әсер етуі, сөйлеу тілін, өз ойын, әңгімелеуді грамматикалық құрылымда дұрыс меңгертіп, ойын - тапсырмалар орындау арқылы жаттықтырып отыру керек. Осы уақытта балалардың оқу процессі олар үшін қызықты, дамытушы және жаттықтырушы болуын қадағалауымыз керек. [2]

Өз тәжірибемде балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту үшін мнемокестені қолдандым.

Қалай ойлайсыздар, неге кейбір балалар өлеңнің мәтінін жаттауға қиналады, бірақ мультфильмдерді жақсы естерінде сақтайды?

Сіздер тақырыпты түсіндіргенде барлығы мұқият тыңдайды, бірақ кейбір балалар тақырыпты жақсы меңгеріп естерінде сақтайды, ал кейбір балалар не жайлы әңгімелескендеріңізді ұмытып кетеді, осыны аңғардыңыздар ма?

Осы балалардың есте сақтау қабілеттерін жақсарту үшін не істеу керек? Есте сақтау процессін қарапайым және жеңіл ету үшін не істеу керек? Осы кезде бізге көмекке сюжеттік суреттер келеді.

Мнемотехника дегеніміз не?

К.Д.Ушинский «Егер бала үндемей тұрса, оған сурет көрсетіңіз сонда бала сөйлеп кетеді» деп өз сөзінде келтірген болатын.

Мнемотехника грек тілінен аударғанда - есте сақтау, есте сақтауды дамытушы технология. Бұл ақпаратты тілде есте сақтауына жағдай жасаушы, негізін қалаушы әдіс - тәсілдердің жүйесі. Әр сөзге немесе сөз тіркесіне сурет салынады, сонымен бүкіл мәтіннің суреті шығады. Кез келген әңгімені, ертегіні, мақал-мәтелді, өлеңді суреттерді немесе символдық белгілерді пайдаланып жазуға болады. Осы кестелерге қарап бала алған ақпаратын есінде сақтайды. Кестелер баланың көру қабілетін іске қосады, естіген мәтінін қалыптастыруына көмектеседі. Кестелерді әңгімелеу, әңгіме құрастыру, жұмбақтың шешімін табу, жаңа мақал-мәтелді жаттау, өлеңді жаттауда пайдаланған тиімді. К.Д.Ушинский: «Баланы жаңа бес сөзге үйреткенде ол ұзақ нәтижесіз киналады,бірақ осындай жиырма сөзді суреттермен байланыстырғанда ол тез ұғып алады»-деп жазды.

Мнемокесте әдісі ақпаратты меңгеріп қолдануында тиімді.Тәжірибие көрсеткендей, бұл әдіс балалардың жаңа сөздерді, сөйлемдерді, мәтіндерді

меңгеріп, естерінде сақтауларында тиімді.

Мнемокесте:

- Тіл дамыту бойынша дидактикалық көрнекілік;
- Тілді дамыту және сөздік қорды молайту үшін қолдануға болады;
- Әңгімені құрастыруда, әңгіменің мазмұнын айтуда, өлеңді жаттауда қолдануға болады.

Мнемокестенің көмегімен мынандай мәселелерді шешуге болады:

- Тілді дамыту және сөздік қорды молайту;
- Есте сақтау қабілетін, ой-өрісін, зейінін дамыту;
- Ұсақ моторканы дамыту.

Мысалы: Өзім жайлы әңгіме.

1.Менің атым_____

Анамның аты_____

Әкемнің аты_____

2.Менің інім,ағам бар.

(Әпке, қарындас, сіңлі)

3.Анам_____болып жұмыс істейді.

Әкем_____ болып жұмыс істейді.

4.Менің әжем _____тоқыма тоқи алады,ал атам _____бақшада жұмыс жасағанды ұнатады.

5.Біз ағам (інім, әпкем, сіңлім) әжеммен, атамның саяжайында дем алғанды жақсы көреміз.Біз онда орманға барамыз,шомыламыз.

6.Біз өз отбасымызды жақсы көреміз.

Әңгімені құрастырғанда суретті баланың өзі салуына болады. Әр балаға қабілетіне қарай тапсырмаларды бөліп дайындауға болады.

Мотивациялық - қозғаушылықта балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып бір-бірлеріне жылы лебіздерін білдіреді. Шаттық шеңберіндегі мәтінінің мазмұнына сай мнемокесте тақтаға ілінеді. Бұл балалардың сөзбен ғана емес, кесте арқылы көзбен көріп, көңіл - күйлерін қуанышқа бөлейді. [3]

Ойын мнемокесте қолдану барысында ең басты элемент болып саналады. Мнемокестені қолдану әдісі - баланың ынтасын ұйымдастырылған оқу іс-әрекетке аударуға, көңіл

қойғызуға , қабылдауын жеңілдетуге, білімді толық игеруге көмектеседі, эмоциялық бояу береді.

Жұмбақ жасырғанда да мнемокестенің маңызы зор, жұмбақты тыңдай отырып, мнемокестені көре отырып, жұмбақтың шешімін тез табуға машықтандырамыз: Мнемокестелер тақпақтарды жаттаған кезде ерекше тиімді. Оның мазмұны мынада: әр сөзге немесе кішкентай сөз тіркесіне сурет (бейне) ойдан шығарылады. Осылайша, барлық тақпақтар сызба түрінде бейнеленеді. Бұдан кейін бала графикалық бейнені қолдана отырып, есте сақтау арқылы тақпақты бүтіндей дыбыстайды.

Мнемокесте - есте сақтау қабілетін жеңілдететін және қосымша ассоцияларды құраумен есте сақтау көлемін кеңейтетін әр түрлі тәсілдердің жүйесі. Әдістеменің ерекшелігі заттардың бейнесін емес, ал оларды есте сақтау үшін таңбаларды қолдану. Бұл балаларға сөзді таңдау мен оны есте сақтауды біршама жеңілдетеді. Таңбалар тілдік материалға максималды жақындатылған. Балалардың сөздік қорларын молайтып, дамытып дұрыс жүйелі түрде өз ойларын жеткізе білулері, есте сақтау қабілеттерін жақсарту үшін, кез-келген оқу іс - әрекетінде алға қойған мақсатқа жету үшін, мнемокестені пайдалану тиімді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазенова Г. Ойын арқылы оқыту. 2001.
2. Ортаев Б. «Технологиялық мәдениет» ұғымының мәні
3. Ж.А.Қараев «Деңгейлеп саралап оқыту» .

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ҮЙІРМЕ САБАҒЫНДА ЕҢБЕККЕ БАУЛУДАҒЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘНІ

Нұржанов Ерлан Еламанович
«Жабасақ жалпы орта білім беретін мектебі»КММ

Оқушыладың өмірге деген сүйіспеншілігін арттыру,еңбекке деген шеберлігі мен икемділігін қалыптастыру,ұлтымыздың көнеден келе жатқан салт-дәстүрімен таныстыру біздің міндетіміз.Әр халықтың өзіне тән қолөнері бар.Ол халықтың қазынасы. «Өнер көзі-халықта,халықсыз өнер, өнерсіз халық жоқ,оны жаңғыртып іске асыру- біздің басты парызымыз». Қазақ халқы талғампаз халық. Ұрпағына өнеге қалдырған бай мұрасы-тұнған ғибрат өнеге, ұрпақ жалғастығын байланыстырып тұрған,халықтың өміршең тәжірбиесіне толы. Қолөнер халық өмірімен,тұрмысымен бірге жетіліп,біте қайнасып келе жатыр. Сан алуан түрлі қолөнер бұйымдары әсемдігі,өрнегі, тұрмысқа сән берумен қатар адамдарға рухани ләззат әкелген. Қазақ қолөнерінің барлық түрінде кеңінен қолданатын қолөнер туындылардың көркемдік-эстетикалық мәнін ашып, әшекейлеп, айшықтай түсетін өнер.

Ою-өрнек өнерінің даму жолында әрбір тарихи кезеңнің өз таңбасы бар. Онда әр елдің ерекшеліктері,халықтың келбеті, ұлттық айырмашылығы айқын ашылады. Әр елдің әдеп-ғұрып,салт-дәстүрі, географиялық табиғи ортасына байланысты ою-өрнек үлгілері де ерекшеленіп, елдік сипатқа ие болып түрлене түседі. Ою-өрнек дегеніміз- геометриялық бейнелі элементтердің жүйелі ырғақпен қайталанып, үйлесімді құрылуы. «Өрнек» сөзі латынша «әшекей» дегенді білдіреді. Адамдар ерте кезден-ақ әр түрлі заттарды жасай отырып, пайдаланып қана қоймай, сонымен қатар түрі тартымды, әдемі болатындай етіп жасауға ұмтылған. Олар ыдыс-аяқтарға тәбет ашатындай ою- өрнектер салып, әрлеп әшекейлеуге үлкен мән берген. Ою-өрнекпен жұмыс істеу түсті үйлестіруді, әсіресе, ырғақты сезінуді дамытады. Белгілі бір ырғақтағы тәртіпте орналасқан жағдайда ою-өрнек тұтасып,

эстетикалық жағынан әсерлі болып шығады. Ою-өрнекте әдемілікке жетудің маңызды бір құралы- симметрия. Симметрия дәлдікті, тепе- теңдікті көрсететін ұғым.

Ұлттық қолөнерде білім беру жүйесін әлемдік өлшемдерге жақындату, ұлттық тәрбиеге ұштастыру қажет. Кез келген оқушының көркем дүниені қабылдауы, эстетикалық талғамы, сезінуі әртүрлі болады. Сондықтан, оқушының жеке-дара қабілетін ескеріп, өз білімімен ізденуіне, ойын жеткізе білуге, шығармашылық жұмыс жасауына жағдай жасауымыз керек. Осы бағытта оқушыларды еңбекке баулу арқылы эстетикалық тәрбие беру маңызды қызмет атқарады.

Эстетикалық тәрбиенің міндеті- шығармаларға,өнерге,табиғатқа, қоғамдық өмірге, еңбекке тұрмысқа көркемдік бейнелі қатынас қалыптастыру. Эстетикалықт тәрбиенің ең маңызды құрамдас бөлігі көркемдік, әсемдік тәрбие болып табылады. Ол қолөнер құралдары арқылы да жүзеге асады. Ұлттық қолөнерді дамыту арқылы мынадай дағдылар қалыптастырылады:

* Рухани мәдениет,
* Сезімталдық,
* Еңбекқорлық,
* Ұлтжандылық,
* Шеберлік,
* Шығармашылық,

Қолөнермен айналысқан оқушының жан дүниесі артып, таным шеңбері кеңейіп, әсемдікті өз көзімен көру қабілеті артып, шеберлігі шыңдалады. Оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру үшін:

- Халықтық қолданбалы қолөнер туралы түсінігін қалыптастыру;
- Ұлттық мәдениетке сүйіспеншілігін ояту;
- Әсемдікті сезіне білу қабілетін қалыптастыру;
- Ұлттық қолданбалы қолөнер шеберлерінің еңбектерімен таныстыру;
- Оқушының таным шеңберлері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, қолөнерге қызығушылығын қалыптастыру қажет;

Эстетикалық тәрбие дегеніміз бұл- әсемдік, музыка, сурет, мүсін, қолөнер бұйымдары арқылы оқушылардың көркемдік танымын, сезімін тәрбиелеу. Философиялық әдебиеттерді алып қарайтын болсақ «Эстетика» деген сөздің мағынасы гректің «Сезінушілік» деген мағынасын білдіреді. Әсемдікті сезіне білу оқушының жан- жақты жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

Эстетикалық тәрбие – адамгершілік тақырыбының ең маңызды саласы. Сондықтан да оны тәлім- тәрбиенің басқа түрімен байланыстыра мейлінше шебер жүргізу технология пәні мұғалімдерінің үлесіндегі міндет. Мысалы: үйірме сабағында дайындалып жатқан бұйымның эстетикалық жағына, оқушы бойындағы көркем өнерге деген ынта- ықыласын қолдай отырып, табиғи болмысындағы шығармашылық қабілетінің дамуына жете мән беруіміз керек:Айталық, оқушының материалды дұрыс таңдай білуіне, түр-түс, реңді байқай білу ерекшеліктерін ажырата білу қабілетіне мән беріп, үйлесімдікті, дәлдікті ескеру нәтежесінде оқушының санасын,танымын қалыптастыруға тиімді ықпал жасайды. Мұндағы ең бастысы оқушыларды ақиқатты эстетикалық тұрғыдан көруге үйрету.

Жалпы эстетикалық тәрбиені төменгі бастауыш сыныптардан жүргізу керек.Өйткені оларды әдемілік пен әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу олардың қарім- қабілетінің дамуына үлкен әсерін тигізеді.Мысалы: бастауыш сынып оқушылары бейнені әсем әрі сәнді етуге көмектесетін бояу түрлерін әсерлілік құралдары ретінде жиі қолданылады. Олар өзіне ұнағандарын ашық өңмен,ал сүйкімсіз,қорқынышты бейнелерді қарақошқыл өңмен бояйды.Бұл әсіресе ертегі тақырыбындағы кейіпкерлерді бейнелеуде айқын көрінеді.Осы кезеңдерде оқушылардың ойлау,байқау,сезіну қабілеттері жақсы қалыптасады.Зерттеу

барысында тағы бір айта кететін жайт- көрнекілік әдісінің сабақ барысында дұрыс пайдалануы. Халық арасында «Жүз рет естігеннен бір рет көрген артық» деген ұлағатты сөз бар. Сондықтан сабақ барысында ұлттық қолөнер бұйымдарын, суреттерді түрлендіре отырып қолдану аса қажет. Яғни, осы қолөнер бұйымдарының әсемдігін көру, сезіну,байқау арқылы оқушылардың қолөнерге деген қызығушылығы артып, шығармашылық қабілеті дамиды. Көрнекіліксіз білім беру құмға сіңген сумен тең. Бұған ұлы Конфуцидің: «Маған айтып берсең- ұмытып қаламын, көрсетсең- есте сақтаймын, өзіме жасатсаң- үйренемін» деген сөзі дәлел.

«Жыр жазылар күйің келсе, сөз сөз болар түйіндеме» демекші жоғарыдағы ойларымның тобықтай түйіні- тәрбиенің қай саласы болмасын эстетикалық тәрбие беру ісімен іштей байланысып жататынын аңғартады. Демек, адамгершілікке,елін сүюге, ерлікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеудің арқауы – эстетикалық тәрбие.Эстетикалық тәрбие сұлулық әлеміне жетелейді.

«Көзі соқырдан көңілі соқыр жаман» деген ғой дана халқымыз. Өзін қоршаған табиғат аясынан сұлулықты көріп,оған сүйсіне білмеген, жүрек тербейтін нәзік үнге елжіремеген, зар мен мұңнан көзіне жас келмеген,бояма жалған сұлулақтан шын сұлулықты ажырата білмеген адам әсемдікті еш түсінбей, оны жоюға дайын тұрады. Сондықтан да мектеп оқушыларын еңбекке баулуда эстетикалық тәрбиенің баланың жан дүниесін қалыптастыруда, оның көркем өнерге деген сүйіспеншілігін арттыруда маңызды қызмет атқаратынын естен шығармау керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қасиманов.С Қазақ халқының қолөнері. 1969 ж.
2. Боранқұлов.Е.Қ. Эстетикалық мәдениеттің болашақ ұрпақ тәрбиелеудегі мүмкіндіктер. Арнайы курс бағдарламасы. 2008 ж.
3. Тойлыбаева А.Т. Сәндік қолданбалы өнердің мәні. «Мектеп технологиясы», № 10, 2012 ж
4. Болатбаева Қ., Қосбармақов Е. , Еркебай А. Өнер. 2007 ж.
5. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. 2007 ж.

БАЛАБАҚШАДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ДАМЫТУ

Орынбекова Жания Куанышбековна
Әйтеке би ауданы, «Ақбота» мектепке дейінгі ұйымы

XXI – ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой - өрісі жоғары, жан – жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады.

Ұлттық ойындар – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын - сауықтардың бір түрі. Оның бастауы алғашқы қауымдық қоғамда шыққан. Ұлттық ойындар негізінде әр халық түрлі – түрлі жаттығулар жасау жолымен дене шынықтыру ісінің негізін салды. Бертін келе шынайы спорт ойындарының шығуына түрткі болды. Оның адам денсаулығына жақсартуда пайдалы аса күшті екені қилы.

Ұлттық ойындар – ата 3– бабаларымыздан бізге байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан, үйренудің күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, ұштаса береді.

В.А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: Ойынсыз ақын – ойдың қаншалықты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жастық шақ өмірімен ұштастырып, өзін қоршаған, дүние туралы түсінік алады.

Ойын дегеніміз – ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздай жасаған оты. Міне, ойын дегеніміз - тынысын кең алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиялмен қанат беретін осындай ғажап нәрсе ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

Ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларға лайықтары «Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Алтын қақпа», «Ақ серек-Көк серек», «Айгөлек», «Ақ сандық – Көк сандық», «Ақ сүйек» баланың көзін жұмғызып алаңдағы ағаш ішіне сүйекті лақтырып жіберіп, іздеу т.б. ойындар ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа үйрету іске асырылады. Яғни, таңертеңгі қабылдау кезінен кешке баланың үйге қайтуына дейінгі уақыт аралығындағы күн тәртібіне сәйкес дене тәрбиесі күні бойғы тәрбие түрлерімен біртұтас сабақтас жүргізіледі. Сондықтан да, бағдарлама бойынша арнайы өтілетін тақырыптық тәрбие сәттерінің арасында әуелі дене сергіту, жұмыс соңында ырғақты қимыл –қозғалыс ойындарын өткізу көзделеді.

Ең бастысы ата-бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерінің лайықтыларын баланың сана сезіміне құйып көзіне көрсете отырып, ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке ізеттілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге - құрмет, кішіге - қамқорлыққа баулып адамды қажеттерді ұғындыру, қалыптастыру. Бір ғажабы ойындар балалардың жан сұлулығында, тән сұлулығында жан-жақты жетілдіруге бағытталған. Өзгені былай қойғанда жан-жануарлар қалай дыбыстайды, қалай іс-әрекеттер жасайды, оларды тілімізде қалай айтады дейтін танымдық, тілдің маңызы зор мәселелерді «Қалай айтуды білесің?» ойынның өзі балалардың құлағына құйып береді.

Әтеш - шақырады
Есек – бақырады
Күзен – шақылдайды
Бақа-бақылдайды
Шыбын – ызылдайды
Шіркей ызындайды

Ойынды ойнау барысында балалардың жас ерекшілігі ескеріледі. Әр түрлі ойынның өтілу барысында, оның ережесін сақтап, яғни 3 кезеңнен тұратынын ескеруіміз керек:

- ойынды өткізер алдындағы дайындық жұмыс;
- ойынның басталуы мен ойналу барысы;
- ойынның аяқталуы.

Дене тәрбиесі іс - әрекеті мазмұны негізінен қимылды, ұлттық ойындардан тұрады. Ойын кезінде жасалатын қимыл-қозғалыстар балалардың ептілік, шапшаңдық, күштілік, батылдық, төзімділік қабілеттерін дамытады. Денсаулығын нығайтып, ақыл – ойын өсіреді. Ойын барысында балалар бір-бірімен жақын араласып, тату, ұйымшыл болып өседі.

Сонымен бірге ойын ойнау негізінде бала:

- көңілді болып жақсы демалады;
- денесі қимылдап, бойы сергиді, миы тынығады;
- ойынға қатысушылар бір-бірін тез түсінеді, ұйымшылдыққа үйренеді.

Аса көрнекті үздік педагог Н.К.Крупская қимылды ойын жөнінде былай деп толғанады: «Ойын – өсіп келе жатқан бала организмінің қажеті. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып жетіле түседі. Ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдылары қалыптасып шыңдалады». Ұлттық ойындарымыз балаларға тәрбиелік мәнімен, дене бітімінің әсем де сымбатты болып бітуге пайдасы зор. Бір-ақ мысал келтіріп кетейін: «Қуыр-қуыр, қуырмаш» ойыны балалардың

саусақ маторикасын дамытуға, тіл байлығын жетілдіруге, көңілін көтеруге қолдануға болады. Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен, ойната отырып жан-жақты тәрбиелейміз. Сонымен қатар бірнеше ұлттық ойындарды шартымен ұсынамын:

Арқан тарту.Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.

Орамал тастамақ. Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді.

Ақсерек-көксерек.Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.

1-ші топ. Ойынды бастайды: Ақсерек-ау ақ серек

Бізден сізге кім керек.

2-ші топ Ақсерек –ау ақ серек

Жаман-жаман бала аты (бала аты) керек

Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.

Хан талапай. Бұл отырып ойналатын, негізінен қыз балаларға арналған ойын.Оған төрт-бес үміткерден қатысады.Ойын үшін он асық таңдап алынады.Он бірінші асықтардан ерекше өзге түске (қызыл, не көк) боялған болуы шарт бір-бірден асық үйірусіудің қорытындысы бойынша ойыншылар кезектерін бөліседі.Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға үйіруі керек.Қалған ойыншылар аңдысын аңдап өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» қадалады.Себебі, хан алшы түссе, барлығы тарпа бас салып, ортадағы асықтарды, хан талапай жасауы тиіс.Хан кімнің қолында кетсе, келесі үйірі кезегі соған беріледі екен, хан мен бірге қолына ілінген асықтардың санына қарай ұпай жазылады. Хан алшы түспеген жағдайда үйірген ойыншы шашылған асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін , алшысымен-алшысын тәйкесімен мен тәйкесін бір-біріне соғып, кенейлер бір-біріне тимей қалғанша ұпай жинайды.Көздеген асығы үшінші бір асыққа тиіп кетсе, немесе бөгде асықты қозғап қалса да, ойынның бұзылғаны.Онда кезек келесі ойыншыға беріледі.Осы ретпен әр ойыншы жинаған асығының санына қарай ұпай жинайды. Межелі ұпай санын (100 не 50 немесе 80-40) ойын жүргізуші алдын ала белгілейді.Межеге бұрын жеткен ойыншы жеңімпаз болып саналады. Ескерту: Асықтарды бір-біріне тигізу кезінде қолмен сүйретіп апаруға, орыннан қозғап түзетуге бол майды.Ойынның соңына дейін ханға бірде - бір асық тимеуі керек.Себебі ол – хан.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЛЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Сагинбаева Жанат Джуламановна
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Ж.Сәрсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Елбасы білім және ғылым қызметкерлерінің II сьезінде «Болашақта еңбек етіп , өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары. Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе , Қазақстан сол деңгейде болмақ. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет өте ауыр » деген. Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, ұлттық қасиетіміздің асылдарын асқақтата отырып, шәкірттерінің жанына нұр құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге әбден болады..

Білім сапасын арттыру, бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Осы мәселені шешу-білім беру мазмұнын жаңашаландырумен, оқу үрдісін ұйымдастыру технологиясы мен нәтижесіне ерекше мән берумен тығыз байланысты.

Кәсіби құзырлылық ұғымы соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субьектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Кәсіби құзырлылық-жеке тұлғаның кәсіби іс –әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлілігі мен қабілеттілігінің бірлігі. Ал қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби құзырлылығына мұғалімнің оқу- тәрбие үдерісін ұйымдастыруда өз мамандығына байланысты барлық теория мен практиканы меңгеруі жеке тұлғаны қалыптастыруда, оқушылармен жұмыс істеуге бағытталған қабілеттерінің бірлігі.

Құзырлылықтың латын тілінен аудармасы «competens»белгілі бір сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отыра, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді десе, бұл жайлы Б.А. Тұрғынбаева «Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту »еңбегінде «... өзінің практикалық әрекет арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын-құзырлылықтар деп атаймыз.» деп анықтаса, Ресей ғалымы Н.В Кузминаның көзқарасы бойынша «Құзырлылық дегеніміз- педагогтың басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігімен абыройлылығы» деді.

Мұғалімнің кәсіби даярлығын жетілдіруде екі негізгі міндетті орындау қажет.

Бірінші мәселе-ұстаз қызметінде тәрбие беру мәселесі .

Екінші мәселе-дидактикалық даярлығын арттыру.

Қазіргі білім берудегі басты мақсат жас ұрпақтың білім деңгейін көтеру және жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру. Осы мақсатқа жету үшін өзімнің ұстаздық іс тәжірибемде сабақ беру үрдісінде мынадай негізгі факторларды басшылыққа аламын:

- оқушылардың жеке өз бетінше жұмыс істеу тиімділігін арттыру;
- жекелей, жұппен, топпен жұмыс жүргізу ;
- ойлау қабілетін дамытатын әр түрлі тапсырмалар
- қабілетіне қарай деңгейлік тапсырмалар беру;
- шығармашылық жұмыстар беру;

Осындай жұмыстардың нәтижесінде оқушылардың танымдық құзырлылықтары қалыптасады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында қолданылып жүрген әдістердің бірі- **«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту».** СТО бағдарламасы әлемнің 18 елінде тәжірибеге енгізілген. Бұл бағдарманың философиялық – **жазу мен оқу арқылы сыни**

ойлауды дамыту, бала бойындағы өзіндік «менің», шығармашылық қабілетін аша отырып , пәнге қызығушылықтарын арттыру.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушының білімі, білік дағдыларын меңгертумен қатар, көбіне оқушыны шығармашылық жұмыстарға баулу, ойын еркін жеткізе білу, тіл байлығын дамытуға басты назар аудару қажет.Қызықты сабақ болса , оқушының сол пәнге қызығуы артып қана қоймай , мұғалім жаңалығы, ізденісі, қолданған әдісі арқылы ерекшеленіп, оқушы жүрегіне жол табады. Енді осы пікірімнің дәлелі ретінде өткізген сабақтарыма тоқтала кетейін.

Мысалы 6-сыныпта М.Мақатаевтың «Елім барда»өлеңін өткен кезде алдымен оқушыдан ақын туралы не білетіндігі сұралады.

М.Мақатаев туралы не білеміз?

Бұл жерде ББҮ әдісін пайдаландым

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім

Балалар 5- сыныптан естерінде қалғандарын жаза бастайды, ал «білгім келеді» бөлігіне түрліше жазады. Өмірі, шығармашылығы туралы бейнесюжет пен слайдтар арқылы түсіндіріп өткен соң, «Елім барда» өлеңін оқулықтан өздеріне оқыта отырып, тақырыбы мен идеясын ашу үшін екі жақты түсіндірме күнделігін беремін.

Тіркестер	Оқушы пікірі

Жаңа сабақты қорытындылау кезінде «Үйрендім» бөлігін толтырады.

5- сыныпта Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» тақырыбындағы сабағымда «Мынау кім?» «Оқиғалар тізбегі», «Ой тастау», «Үнсіз бейнеле», «Өз-өзіңе есеп бер», «Теріп алу» стратегия- ларын пайдалана отырып, балалардың қиялының ұшталуына оралымды, көсілтіп, өз ойларын ашық айтуға баулып, қызығушылықтарын қалыптастырдым.

8-сыныпта Қадыр Мырза Әлидің «Нұр» өлеңі тақырыбындағы сабағымда «Кім тапқыр?» «Ойлы болсаң озып көр», «Түйінді сөздер», «Ғажайып алаң» стратегияларын тиімді пайдалана отырып, оқушылардың ой көкжиегін дамытуға, сөйлеу тілін байытуға, ауызша және жазбаша ойларын еркін жеткізуге бағыттап, шығармашылыққа баулыдым.

Қадыр Мырза Әли «Кәрі» сөзінің антонимі, «Жас» сөзі екенін анықтап алып, мәні бойынша салыстыра отырып беріңдер.



Жалпы сабақта балалардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың маңызы өте зор. Өйткені сол арқылы балалардың іс- әрекетінің дербестігі артады, бала білімді болады. Балалардың өзіндік жұмысына мұғалімнің тапсырмасы бойынша өздері жоспар жасап істің тәсілін анықтап, онық нәтижесін бағалап орындайтын жұмыстары жатады.

Мен сабақ барысында оқушылардың қабілетін, білім деңгейіне, нтасына қарай топқа бөліп, өз бетімен еңбектенуге, ізденуге, шығармашылыққа баулып, қорытынды жасауға машықтан- дырамын, оқушының ақыл-ойын дамытып, өзіндік дүниетанымын қалыптастырып, сабаққа ынтасын арттырып, тапсырманы орындау барысында жіберілген қателіктер мен кемшіліктерін уақытында анықтап түзетуге мүмкіндік беремін. Сабақты ұйымдастыру барысында оларды баурап алу үшін, қазақ халқының бай мұраларынан сыр сандық жасап, «ақ сандығым ашылды, ішінен шашу шашылды» немесе ситуациялық сұрақтар тудыру арқылы оқушылардың қызығушылықтарын, танымдық құзыреттіліктерін, қиялдарын дамытамын.

Құзыреттілік	Құзырлылық
Тұлға бойындағы белгілі бір пән бойынша алған нәтижелі білімнің білім, білік, дағдыларынын көрінуі	Осы құзыреттілікті тұлғаның пән бойынша алған білімін өз қажеттілігіне сәйкес қолдана, пайдалана білуі

Оқушылардың таныымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін арттыру, алған білімдерін тиянақты болуын қадағалау үшін сыныптан тыс жұмыстар жүргізіп, оқушыны қызықтыратындай ойындар, әдеби кештер өткізіп, викторина

шешу, пікірталас ұйымдастыру, логикалық сұрақтар арқылы ой-өрісін, пәнге қызығушылығын арттырып, пән аралық байланысты нығайту керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Жаңа педагоогикалық технология» К.Ж.Бұзаубаева, 2003 ж
2. «Тіл үйрену және құзіреттілік» Республикалық ғылыми әдістемелі журнал №5, 2013ж, М.М.Мұхамбетқалиева
3. «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» К.Бітібаева 1990 ж

М. МОНТЕССОРИДІҢ ОЙЫН ТҮРЛЕРІ

Саркулова Алтынгул Сагиевна
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Ақкөл ауылы,
«Гаухар» МКҚК балабақшасы

Қазіргі заманда алға қойылып отырған маңызды мәселердің бірі — жас ұрпақты білімді де өнегелі етіп тәрбиелеу. Ол үшін біз не істеуіміз қажет? Бізден берілетін тәрбиенің нәтижесі отбасымен балабақша тығыз байланыста болса ғана, мағыналы болып жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Сабақта жаңа технологияларды тиімді пайдалану балалардың қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін дамытады, қоршаған ортаны танымдық зерттеу барысында дидактикалық мақсаттар іс жүзінде асырылады.

Қазіргі білім беру үрдісі өзгерді, саналы білім беруде жаңа көзқарастар пайда болды,және біздің алдымызға жаңа міндеттер жүктеп отыр.Осы міндеттердің бірі- білім берудің әдіс- тәсілдерін түрлендіріп,жетілдіріп отыру және жаңа иннавациялық білім технологиясын меңгеру. Қай кезеңде болмасын балабақшада Монтессори әдісі еш уақытта орнын жоғалтқан емес. Монтессори педагогикасы немесе Монтессори жүйесі XX ғасырдың бірінші жартысында итальяндық педагог, ғалым әрі ойшыл Мария Монтессори тарапынан ұсынылған тәрбиелеу жүйесі.

М. Монтессоридің ойын түрлері: Үстел үсті. Дидактикалық ойындар. Құрылыс ойындары. Сюжетті ойындар. Логикалық ойындар.

Мақсаты: Монтессори педагогикасының негізігі принципі – балаға өзін-өзі тәрбиелеуге өз бетінше оқуға, өз бетінше дамуға жағдай жасау. Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін, әртүрлі жаттығулар арқылы дамыта отырып, ұйымшылдық, тапқырлық, ізденімпаздық қабілеттерін қалыптастыру.

Сондықтан баланың баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой-өрісінің кеңеюі балабақша қабырғасында басталатыны сөзсіз. Қай кезеңде болмасын балабақшада Монтессори әдісі еш уақытта орнын жоғалтқан емес. Бала табиғатында білуге құмар, туғаннан-ақ өсуге, жетілуге ұмтылысы басым. Сондықтан да қарқынмен дамып бара жатқан мына заманда балабақшадағы педагогтардың ұлттық қалып, ұлттық мінезді сақтай отырып, бала тәрбиесінің әдістерін тынбай ізденіп, жиі жаңартып отыруы заңдылық. Осы тұрғыдан келгенде Монтессори әдістемесінің біздің орталыққа енуі жақсы бастама деп ойлаймын.

Монтессори 5 аймақтан тұрады:

1. Күнделікті өмір жаттығулар аймағы.
2. Сенсорика аймағы.
3. Математика аймағы.

4. Тіл аймағы.

5. Ғарыш аймағы.

1. Күнделікті өмір жаттығулар аймағы:

Күнделікті өмір жаттығулар аймағы кішкентай балалар үшін ерекше маңызды. КӨЖ аймағында бала өзіне және өз заттарына қарауға көмектесетін материалдар орналасқан. Материалдар бала өзі істейтін ісінің мақсатын айқын түсінген жағдайда таңдап алынады. Бала өзі киінуге (түйме, кнопка, сыдырма, жіпшелер, түйрегіштер, баулар, банттар, ілмектер сияқты заттар салынған рамкаларды пайдалана отырып) үйренеді. Ұқыпты бір нәрсені құюға, төгуге, ыдыс жууға, айна сүртуге, киім – кешек жууға, шын үтікпен оны үтіктеуге, салаттар жасауға, көкөністер тазалауға, кесуге, майдалауға, жаңғақ ашуға, аяқ киім тазалауға, бір жерден екінші жерге тасымалдауға өзіне – өзі қызмет етуге үйретеді.

2. Сенсорика аймағы:

Бұл аймақта бала қоршаған ортаны зерттеуде өзінің сезімдерін қолдана білуге үйренеді – осындағы материалдар арқылы өзінің көру сезімін (Түрлі түсті кестелер, көлемі мен пішінін ажыратуға арналған материалдар т.б). Сипап сезу сезімін (сипау үшін тақтайшалар,маталардың қиындыларының жиынтығы т.б). Иіс сезу (иістері бар жәшікшелер). Дәм сезу (дәм сезу т.б). Есту сезіміне (шуылдайтын қорапшалар, музыкалық аспаптар т.б) жетілдіреді, сол сияқты температураны ажырату, заттардың салмағының айырмашылығын білу және есте сақтау қабілеттерін жаттықтырады.

3. Математика аймағы:

Сенсорлық материалмен жұмыс істеп, логикалық ойлауды үйренген соң бала еш қиындықсыз өзіне таныс ұғымдарды математикалық терминдерге айналдыра бастайды. Оның үстіне математиканы үйрену табиғи жүріп отырады: себебі бала жай ғана математикамен ұласатын дайындалған ортада өмір сүреді. Математикалық дамыту аймағы бала санауды, қосу мен азайтуды, көбейту мен бөлуді, түбірге алу, мағыналы сандармен жұмыс істеу үшін барлық керекті материалдардан тұрады.

4. Тіл аймағы:

Балаға тілді алып жүруші ретінде тілді дамытуға арналған (онсыз толыққанды интеллектуалды өсу мүмкін емес болғандықтан) тиісті материалдар қажет. Берілген аймақта жазуға моторлық (қимылдық) дайындық, фонетикалық естудің дамуы, жазу мен оқуға үйрету, т.б қарастырылады. Бұл жерде бала өзінің қорын кеңейтуге, әріптермен танысуға, саусағымен қиынырақ әріптерді салуға, манна жармасына сурет салуға, сондай – ақ жылжымалы алфавит арқылы сөздерді қоюға үйренеді.

5. Ғарыш аймағы:

Жұмыс баланы қоршаған ортамен байланыстырады. Ғарыш аймағында балалар жер бедері, жер шары, әлем бойынша елдерді, олардың мәдениеті мен дәстүрін, өлі және тірі табиғатты, табиғат құбылыстарын, жануарлар мен өсімдіктерді, биологиялық, географиялық, физикалық, химиялық түсініктерін толық алады. Бұл аймақта балалар тереңдетіле түсінік алады.

Монтессори ойындары, әсіресе кішкентайларға арналған ептілік, баланың өз қабілеттері мен мүмкіндіктерін білуі және өзін-өзі бағалауға жетуі үшін.

Ойын түрлеріне мысал келтірер болсақ.

1. «Қуыршақ Машаға қонаққа барамыз» ойыны. Мақсаты:Білімділігі: Балаларды саусақ ойындарын ойната отырып, өз-өзіне қызмет етуге үйрету. Дамытушылығы:Саусақ қимылдарымен қолдың ұсақ моторикасы арқылы ойлау қабілеттерін және жұмысты өз бетінше орындауға ынталандыру, өз – өзіне қызмет көрсетуді дамыту.Сергіту сәтін жүргізу арқылы қимыл қозғалыстарын молайта түсу.

2. «Өз түсіңді тап» ойыны. Ойын шарты: тәрбиеші балалардың қолына әртүрлі түстерді таратады.Қолдарындағы түстері бойынша поезға отыруды ұсынады.

3. «Кірпіге көмектесейік» ойыны. Балалар, алдымен кірпінің тікендерін қадап (қыстырғыштарды)содан кейін ағаштағы алманы алып беруді ұсынады.

4. Ойын: «Пинцетпен моншақтарды ұстау». Мақсаты: Пинцетпен моншақтарды ұстап ұяшықтарға салу. Жанама мақсаты: Ұсақ мотериканы дамыту, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа үйрету.

5. Ойын: «Жануарлар пазлдары». Мақсаты: Тақтада орналасқан ат, құс, бақа, тасбақа бейнесін көріп қабылдау. Бейне алып тасталады, соны орнына қайтадан орналастыру. Жанама мақсаты: Есте сақтауды дамыту және жануарлар туралы түсінік қалыптастыру.

6. Мысалы: Ойын: «Жасырылған ойыншықтар». Мақсаты: Ішіне әр түрлі ақ , қызыл фасолдар толтырылған ыдыстың ішіне жасырылған кішкентай ойыншықтарды табу. Жанама мақсаты: Ұсақ мотериканы және есте сақтау қабілетін дамыту.

Қорытындылай келе, өсіп келе жатқан бала өміріне немқұрайлы қарамай, балаға қазіргі заман талабына сай, мағыналы білім беру қажет. Сонда ғана жас ұрпақтың болашағы зор болмақ. Баланың жастайынан отбасынан, қоршаған ортасынан дұрыс тәрбие алуын ең маңызды алғышарт ретінде қарауымыз қажет. Біздің басты мақсатымыз отбасымен ынтымақтастық орнатып, баланы жан-жақты тұлға ретінде тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Монтессори М. Баланың үйі. Ғылыми педогогика әдістемесі. М.: Задруга, 1913. – 339 б.

2. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Тараз, ТарМУ, 2003

ЖАҢА БІЛІМ - ЖАҢА ҒАСЫР

Байдоллина Әлия Нұрланқызы
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы Қандыағаш қаласы
«Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы МКҚК тәрбиешісі

«Қандай байлық болмасын, оның түбі бір сарқылатыны хақ. Сарқылмайтын, терең бойлаған сайын еселеп арта беретін бір – ақ байлық бар. Ол – білім».

Нұрсұлтан Назарбаев

XXI ғасыр – білекке емес, білімге сенетін заман. «Бақыт жолы тек білімнен табылар», - дейді Ахмет Игүнеки бабамыз. Ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздікке қол жеткізген егемен еліміздің өркениетті елдер қатарынан лайық-ты орын алуы білім беру жүйесінің даму деңгейіне тікелей қатысты.XXI ғасыр білімділер ғасыры дейтін болсақ, бұл ғасырда біздің біліміміз де шырқау көкке көтерілуі тиіс. Ал, елдің болашағын білімді ұрпақ айқындайды. Ол үшін сапалы білім қажет. Сапалы білім болмай, саналы ұрпақ қалыптаспайды.Демек, саналы ұрпақ қана еліміздің жан – жақты кемелденуіне бірден-бір негіз болатыны сөзсіз.Ал сол саналы ұрпақтың негізі,сауатты ұрпақтың ұйытқысы– мектеп. Мектепте алған білім неғұрлым берік болған сайын, болашақтағы нәтиже соғырлым биік болатыны анық. Кезінде Ыбырай Алтынсарин:

«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім– мектептің жүрегі» – деген екен.Шынымен де, білімді ұрпақты даярлайтын басты тұлға – оқытушы. Білім сапасын көтеру үшін алдымен оқытушы өзі білімге мүдделі, ізденгіш, ынталы, ойшыл, жан – жақты, әрбір жаңалыққа жаны құмар болуы тиіс. Оқушының құзырлылығын қалыптастыру үшін

мұғалімнің өзі біркұзырлыққа жетуі керек. Бүгінгі таңда мұғалімге қойылатын талап та күшті. Жаңа формация мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу ғана емес, тарихи танымдық, педагогикалық, психологиялық және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқытудың жаңа технологиясын меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады. Яғни, білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – құзіретті оқушы дайындап шығару үшін, ең алдымен, мектепке шығармашылық қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан мұғалім даярлау қажет. Бір уақытта педагог, психолог және оқу процесін ұйымдастырушы технолог бола білу керек. Сонымен қатар оқушының шектеусіз қабілетін дамыта алатындай білім берудің кеңістігін құруға қабілетті бола білуі шарт. Бұдан мұғалімнің мамандық шеберлігі анықталады.

Қазіргі таңдағы білім беру салаларында бұрынғы біліммен салыстырғанда көп айырмашылық бар. Бүгінгі білім саласында ақпараттық-комуникативтік құралдар, техникалық құралдар, аудио – визуалды құралдарды кеңінен пайдаланып, оқушының тек кітаптан оқып, құлақпен естіп қана қоймай, оны іс жүзінде көруге де көп мүмкіндігі бар. Сондықтан да мұғалім өзінің шеберлігінің, ізденімпаздығының арқасында ең жоғары деген нәтижеге жетуге құзіретті. Жас ұрпақты оқытуда тиімді жағдайлар жасау көбіне мұғалімге тікелей байланысты. Өйткені ұстаз алдында егемен еліміздің болашағы отыр. Сондықтан XXI ғасыр мұғалімнің кәсіби құзырлылығына қойылатын талаптар – ертеңгі ұстаздарды оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы мектеп талабына сай кәсіптік дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді. Осының бәрі, сайып келгенде, болашақ мұғалімді кәсіби әрекетке даярлау аса көкейкесті мәселе екендігін айғақтайды. Мұғалімнің кәсіби шыңдалуы бүгінгі мектеп оқушысы, ертеңгі қоғам азаматтарының тұлғалық дүниежүзілік білім кеңестігіне шығудың негізі болмақ.

Мектеп – оқушыларды өмірге, яғни болашаққа дайындауы керек. Шамамен, 2019 жылы мектепке келген оқушылар өз еңбек жолдарын 2080 жылға дейін жалғастырады. XXI ғасырдың ортасында әлемнің қандай болатындығын мектеп мұғалімдері ғана емес, футурологтардың өзі болжауға қиналады. Сондықтан мектеп оқушыларын ұтқырлық, дамушылық, конструктивтілік сияқты сапаларды дамыта отырып, өзгерістерге дайындауы керек.

Рас, қазіргі таңда оқыту әдістемесінің ескіргенін біле тұра, көбіміз шетелдік үлгіден қашамыз. Бұл әрине, дұрыс емес. Бүкіл әлем білімғылым беру саласының жаңа технологиялары негізінде құрып, компьютер желілерін құру арқылы жаңа жетістіктерге қол жеткізуге ұмтылса, біз қазақ балаларының әлі де сол ескі сарын, өгізаяңмен жүргенінқалаймыз. Біз бұған жаңа әлемдік ойлау тұрғысынан келуіміз керек. Қажет тісін алып, қажетемесін жаңалап өзгертіп өз ұғымымызға сай пайдаланғанымыз абзал.

Егер «нені оқыту керек?» деген сауалға мемлекеттік білім беру стандарттары жауап беретін болса, «қалай оқыту керек?» дегенге жауапты тек мұғалімнің кәсіптік даярлығынан, жаңа технологияларды пайдалана білуінен, өзінің нақты мақсатын айқын көре алуынан және сол арқылы баланы әлемдік ақпараттық қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қалыптастыра білу шеберлігінен іздеу қажет.

Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой –өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін арттырады.

Неміс педагогі А.Дистерверг өзінің әйгілі «Неміс мұғалімдерінің білім беру ісіне басшылық» атты еңбегінде «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлауға үйретеді» – деген.

Қазіргі таңда әрбір педагог баланың ойынан шығып, қажеттілігін қанағаттандыра білуге дайын болуы тиіс. Өйткені, қазіргі мектеп жасындағы балалар қай сыныпта оқыса да, қай жаста болса да өзінің кім болатынын, қандай адам болатынын армандайды және өмірден өз орнын табуды басты мақсаты деп санайды, сондай-ақ өзіне айналасындағылардан дұрыс бағдар беретін ақыл – кеңес күтеді.

Сондықтан оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын педагогтар ғана бүгінгі қоғамның мүддесі мен әр баланың үрдісінен шыға алады. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, жеке тұлғаны тек қана жаңа тұрпатты педагог қалыптастыра алады.

«Жақсы ұстаз түсіндіреді, көрнекті ұстаз көрсетеді, ал Ұлы Ұстаз шабыттандырады» деген дана сөз бар. Демек, әр мұғалім ұлы ұстаз болып, баланы шабыттандыруға ұмтылу керек. Сонда ғана білім санаға тоқылады. Ал санаға тоқылып, миға сіңген білім болашақта игі нәтижесін көрсетпек.

БАЛАЛАРДЫҢ БАЛАБАҚШАҒА БЕЙІМДЕЛУ КЕЗЕҢДЕРІ

Кесикова Асия Ахметовна
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы Қандыағаш қаласы
«Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы МКҚК тәрбиешісі

Балабақша – баланың «жаңа өмірге» деген алғашқы қадамы. Себебі, балабақшада оны күткен өзі қатарлас балалардан, бала күтушілер мен тәрбиешілерден тұратын үлкен жаңа ұжым бар. Балабақшада тәрбиеленуші таныс емес үлкен адамдармен, балалармен танысады,мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгереді.

Тәрбиешілер қаншалықты қамқор болса да, олардың ешқайсысы ана махаббаты мен оның айрықша ықыласына бөлендіре алмайды. Өйткені, тәрбиешілер «екінші ата-ана» әрі орта есеппен 15-25 балаға ортақ. Кез келген ана мұны жақсы түсінеді, әйтсе де баланы өмір бойы жанында ұстау мүмкін емес, өйткені ол өмірдің жаңа сатыларымен танысып, жаңа дағдылар, өмірлік тәжірибе жинақтауы тиіс.

Жаңа жағдайға бала қалай үйренеді? Өкінішке орай балабақшаға бейімделу көбінесе қиын және ауыр өтеді. Бала тамақ ішпейді, ұйықтамайды, балалармен және үлкен адамдармен араласудан бас тартады да, қоршаған ортаға деген қызығушылығы төмендейді, ойыншықтарды ойынға қатыстырмайды.

Баланың балабақшаға қиын бейімделу себептері:

- ❖ Басқа адамға бұрын қалып көрмегендіктен;
- ❖ Дәретке өзі отырып үйренбегендіктен;
- ❖ Кейбір тағамдарды жеу дағдысы жоқ (қызылша, орамжапырақ);
- ❖ Қатты тамақты шайнап үйренбеген;

Балабақшаға келген алғашқы күндері бала 2 сағатқа қалуы керек. Көбінесе ата-аналар жұмыс тәртібін айтып, баланы күні бойы балабақшаға қалдырады. Осының нәтижесінде күрделі және созылмалы мәселелер пайда болады.

Балабақшаға бейімделу кезеңнің ұзақтылығы үш дәрежеден тұрады.

- ❖ жеңіл
- ❖ орташа
- ❖ күрделі

Жеңіл бейімделу кезінде бала бір жұма ішінде яғни 16 күнде бір қалыпқа келеді. Бірінші аптаның аяғында тамаққа деген тәбеті орнына келеді. Екінші аптаның аяғында

ұйқысы қалпына келеді. Мектепке дейінгі балалардың сезімі әр түрлі болады. Біреуі көңілді, біреуі тұйық, біреуі салмақты. Көңілді балалар мен салмақты балалар ересектермен яғнитәрбиешілерімен,

достарымен қоршаған ортаға тез бейімделеді.

Орташа бейімделу кезеңінде ұйқысы мен асқа деген тәбеті 20-40 күнде бір жүйеге келеді. Бір ай бойы баланың сезімі тұрақсыз болады.Бұл орташа бейімделуде балаға мына қасиеттер тән болады.Ересектермен балалар арасынан қарым- қатынасқа түсу үшін таңдай бастайды және белгілі жағдайда ғана қатынасқа түседі. Бұл орташа бейімделуде бала 2 рет ауыруы мүмкін және 10 күннен аспайды.

Күрделі бейімделуде баланың дұрыс ұйықтамауынан байқауға болады. Ол түсінде айқайлап, тұрған кезде жылап тұрады. Тәбеті болмай тамақ ішпейді, сонымен бірге іші өту, құсу, кекештену, қорқыныш, үрей пайда болады. Тәрбиешілерді тыңдамай, жұлынып, долданып айғайлай бастайды. Бұндай бейімделуде бала белсенсіз болады. Бұндай күрделі бейімделу кезінде аурулары асқынады. Сөйлеу қабілеттері нашар болады. Осындай жағдайлар болмас үшін балаларға түсіндіру керек.

Қобалжулары қатты ата – аналардың балалары да балабақшаға қиын бейімделеді, өйткені ата - ананың қобалжуын көріп, баланың қорқынышы ұлғая бастайды. Осы кезде ата – ана балаға көмек беруі керек.

Ертенгілік қоштасуды жеңілдету тәсілдері:

-Баламен тез қоштасып үйреніңіз.Қоштасуды созбаңыз.Бала сіздің қобалжығаныңызды көріп тынышталуы ұзаққа созылады.

- Балаңыз сізге сенсін десеңіз,балабақшаға әкеліп көрінбей қашып кетпеңіз.

-Балаңызға ұнайтын қоштасу рәсімін ойлап табыңыз және оны қатал ұстаңыз.

-Балабақшаға барғаны үшін жаңа ойыншық сатып алып, балаңызды алдарқатыңыз.

2-3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс.Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдай көп өзгеріске түседі.Сондықтан кеңес береміз.

-Үйдегі жағдайда балаңыз келетін топтың күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыруға тырысыңыз.

-Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз.

- Үйдегі жағдайда баланы өзіне –өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну өз бетімен тамақтану тамақ ішкенде қасықты пайдалану, гаршокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт, шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.

- Балабақшаға тек ауырмай келуі қажет.

- Баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға

қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.

- Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Кейбір балалар үшін аптаның ортасында жүйкесін тоздырмау үшін «демалыс» алуға болады.

- Бейімделу мерзімінде үйде демалыс кезінде баламен көп шұғылдануды қажет етеді, серуен жасау, күн режимін сақтау, эмоциялық жүктемесін түсіру қажет.

Егер сіздің балаңыз көпшіл,ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық өз құрдастарымен мейірімді болса балабақшаға келген күннен бастап ақ, үйреніп кететініне сеніңіз.

Біз XXI ғасырда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа ғасырда өркениетті елдер қатарынан орын аламыз десек, жас ұрпағымызды дұрыс тәрбиелеуге, дұрыс білім беруге міндеттіміз. « Балаға білім берру үшін ең алдымен оны тәрбиелеген жөн, тәрбиесіз берілген білім, ол ертең бір апатқа әкеп соқтырады» – деген, данышпан ойшыл ғалым Әбу Насыр әл – Фараби.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бүркітбаева Ә. Мектепке дейінгі және кіші мектеп оқушыларының эмоционалдық өрісінің дамуындағы қиындықтар. // Жантану мәселелері. 4/2011. - 23 бет.
2. В.С. Мухина. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. Алматы, 1986.
3. Г.М. Молдахметова, А.К. Нурова. «Мектепке дейінгі балалардың психологиялық-педагогикалық диагностикасы»: оқу-әдістемелік құрал. - Қостанай: ҚМПИ. - 2012.

БАЛАБАҚШАДА ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

К.С Медеуова
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы
«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы» МКҚК меңгерушісі

1. Мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне жаңа талап- міндеттер қойылуда. Сол міндеттердің бірі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жаңарту және қазіргі оқыту үрдісінің мақсаты - тәрбиеленушілерді жан-жақты қалыптасқан, бәсекелестікке бейім жеке тұлға ретінде тәрбиелеу. Сондықтан мектепке дейінгіұйымдарда балаларды тәрбелеу мен оқытуда жаңа технологияларды кеңінен қолдану қажеттігі туындайды. Бірақ балаларда білімді игеруде біраз проблемалар, атап айтқанда оқыту процесінде өздігінен жұмыс орындаулары төмен деңгейде, берілген тапсырманы дұрыс қабылдамау, өз ойын жеткізе алмауы т.б. Бұл мәселелерді шешу үшін мектепке дейінгі тәрбиеде көптеген педагогикалық технологиялар практикада жүзеге асырылуда және жеке тұлға ретінде дамыған баланы тәрбиелеуге тұспалданған. Солардың ішінде жобалық әдіс-тиімді технологияның бірі. Бұл әдіс-тек шынайы білім шоғырына ғана емес оны қолдануға және жаңа білім алуға бағытталған педагогикалық технология. Бұл әдіске қызығушылықтың себебі - оқыту процесі мен оның нәтижесіне жаңа көзқараспен қарау. Жобалық іс-әрекет негізінде ересектер мен балалардың бірлесе жұмыс істеуінде нәтижеге бағыттылығы туралы идея жатыр. Балалармен бірігіп жұмыс жасаған жобаға ата-аналардың көмегі орасан зор.

Жобалау қызметінде - баланың өзіндік ашылуы, оның қызығушылығы мен қажеттіліктері жүзеге асырылады. Осының барлығы мектепке дейінгі баланың жеке тұлға ретінде дамуына себепші болады. Бұл заманауи кезеңнің әлеуметтік тапсырысына сәйкес келеді.

2. Стратегиялық жоспарлау стратегиялық басқару элементтерінің бірі ретінде ұйымның мақсаттарын таңдау процесі және оларға қол жеткізу жолдары болып табылады. Ұйымның стратегиясы –бұл ұйым қайда бағыт алғанын, қандай құралдарды қолданатынын, негізгі ұстанымдарды білдіреді.

Стратегия мен мақсат ықпалдастырылып, ұйымның болашаққа бағдары мен миссиясы ретінде ұсынылады.

Әдістемелік қызметтің сапалылығын жұмыс нәтижесінен көреміз. Сондықтан басымдықтарымызды анықтап алу үшін алдымен өткен оқу жылындағы жұмыстарымызды қорытындыладық. Талдау жасап жеткен жетістіктеріміздің баланы жан-жақты дамытудағы нәтижелілігін көрдік. Кейбір толығымен шешілмеен мәселелеріміз болса, соған талдау

жасадық. Содан соң барып биылғы оқу жылына алынатын басымдылықтарымызды педагогтар арасында сауалнама жүргізіп, кеңесе отырып шештік. Сөйтіп әдістемелік жұмыстардың нәтижелілігін арттыру мақсатында жаңа оқу жылына басымдықтарымызда айқындап алдық:

МДҰ-ның тәрбиелеу-білім беру процесіне жобалау технологиясын енгізу арқылы мектепке дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін дамыту.

3. Өз ұжымымда әріптестеріме қажетті дағдылар мен болашаққа деген көзқарастарын дамытуға көмектесуді басты мақсат етіп алдым.

Өзгерісті жүзеге асыру мақсатында коуч және тәлімгермен бірлесе отырып жұмыс атқардым. Анықталған қажеттілікке орай алынған басымдықтарды шешу үшін тәжірибелі педагог, тәлімгер Т.А.Артыгалиеваға жобалау қызметін ұйымдастыру жөнінде ұсыныс айтылды. Бұған түрткі болған педагогтар құрамының 70%- ға өзгеріп жас мамандармен толығуы. Осы себепті тәрбиеленушілер мен Бала үнін назарға ала отырып жобалық қызметті ұйымдастырып, енгізу үшін алдымен педагогтарды оның ішінде жас мамандарды осы жобалау технолгогиясының теориясымен, онымен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін оқытып үйрету мақсатында алдымен өзім «Мектепке дейінгі ұйымда жобалық қызметті ұйымдастыру және өткізу» мәселелері тақырыбында коучинг өткіздім. Ал тренер «Радуга проектов» тақырыбында коучинг өткізді. Дөңгелек үстел ұйымдастырып, барлық топ тәрбиешілеріне, педагог мамандарға тақырыптар берілді.

4. Үштік – Педагог- бала- ата- ана білім беру саласы бойынша осы үштіктің өзара қатынас бірлігі,- нәтижеге үлкен әсерін тигізеді. Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесіне ата-аналарды тарту міндеті негізгі бағыт болып табылады. . Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру, балаларды тәрбиелеу және оқыту саласымен хабардар болу деңгейін анықтау, білім беру қызметіндегі ата-аналардың қажеттіліктерін айқындау- мұның барлығы балабақша мен отбасында баланың дамуына бірыңғай тәсілдер құруға негіз болады. Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналардың арасындағы ықпалдастықты тиімді іске асырудың негізгі жағдайлары - баланың отбасын, оның жағдайын, мүмкіндіктерін зерделеу. Ата-аналармен жұмыста балабақшаның басымдықтарына мән беріп, жобалық қызметке қатыстыру, кері байланыс алу жақсы нәтижелер көрсетеді. Әдеттегідей, кез-келген жоба отбасымен жұмыстың топтамасын қамтиды. Оған отбасымен жұмыстың барлық түрлерін (көрмелер ұйымдастыру, экскурсиялар, ата-аналар жиналыстарын, стендтерді безендіруді, бос уақытты тиімді өткізу және т.с.с.) жатқызуға болады. Осындай кешенді тәсілдер қолданғанда ата-аналар педагогтердің белсенді серіктестері бола отырып, міндеттердің табысты шешімін қамтамасыз етіп, өзгерістер енгізуге ықпал етеді.

5. Жобалау іс – әрекеті балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бойынша инновациялық әдіс – тәсілдермен жүргізілетін жүйелі және мақсатты жұмыс өзінің оң нәтижесін берді:балалардың сөйлеу мәдениетінің деңгейі көтерілді;балалардың коммуникативтік құзіреттілігінің деңгейі жоғарылады.Осылайша, балалардың дағдыларын қалыптастыруда жобалау іс – әрекетін пайдалану мектепке дейінгі білім беруді жаңғыртуға ықпал жасайды және әр баланың сапалы білім алуы мен дамуына мүмкіндік береді.

Жобалау әрекеті баланың бастамашылық, өздігінен әрекет етуге, көре білу біліктіліктерін қалыптастыруға; ақпаратты іздеу және өңдеуге, сонымен қатар психикалық және танымдық процестерінің дамуына ықпал етеді. Жобалау әрекетін құра отырып, балалар өз ойларын нақты, әдемі, дұрыс білдіруді үйренді. Қорыта айтқанда мектепке дейінгі кезеңнен бастап жобалау әдісін қолдану жеке тұлғаны даярлауға оң ықпалын тигізеді. Барлық жобалардың презентациялары жоспарға сай өткізілді, соның ішінде музыка жетекшілерінің өткізген «Біз бәріміз музыкантпыз» ашық презентациясы жоғары деңгейде өткізіліп, өз мақсатына жетті. Жалпы педагогтар арасында серпіліс болып, өзгеріске қол жеткізілді. Ауыспалы кубок, мадақтама, алғыс хаттар, сертификаттар берілді.

Жұмыс жүрген кезде кейбір кемшіліктердің болуы заңдылық десек, мектепке дейінгі ұйымға өзгерістер енгізу үшін таңдап алынған миссия, одан туындайтын басымдықтардың бірі - жобалау әдісімен жұмыс жасау барысындағы олқылықтарды жою үшін сын-тұрғысынан ойлау дағдыларын үйретуге, сыни ойлай білуге дағдыландыруды, креативтілікті жолға қою керек екендігіне көз жеткізіп, болашақта ұжыммен бірлесе ізденістерге, өзгерістерге бағытталған жұмыстарды жоспарлаймын.

Я НОВАТОР-ВОСПИТАТЕЛЬ

Абдуллина Жанар Ерсайновна
Актюбинская область Мугалжарский район, город Кандыагаш
ГККП «Ясли-сад «Карлыгаш», воспитатель II категорий

«Чтобы стать настоящим
воспитателем детей, надо
отдавать им своё сердце».
В.А.Сухомлинский

Почему я выбрала профессию воспитателя? Ответ на этот вопрос очень прост: для меня это не просто профессия или работа - это призвание, состояние души, образ жизни. Каждый дорогу жизни выбирает по-своему…

Я пришла работать в детский сад ещё в 2010 году, однако к профессии воспитателя шла долго. Сначала не задумывалась о профессиональном росте, потому что много времени и сил отнимали насущные проблемы. Работая помощником воспитателя более шести лет в детском саду, я не понаслышке знаю, как тяжёл и ответственен труд воспитателя. Да, работа помощника воспитателя тоже имеет свои трудности, но, несмотря на всё, мне нравилось работать с детьми, помогать воспитывать их, заботится о них. Наконец, после шести лет работы и советов от коллег и рекомендаций со стороны администрации, я решилась стать воспитателем. Так как образования по профессии у меня не было, в 2013 году, я поступила в Уральский педагогический колледж. Работать и учиться одновременно нелегко, но возможность работать по специальности позволяет сразу применять полученные знания на практике.

К работе воспитателем я приступила в сентябре 2016 года. Работаю в дошкольном образовании пятый год. Теперь я осознаю и понимаю всю колоссальную ответственность, которая лежит на педагогах именно дошкольного образования. Ведь в этом нежном возрасте закладывается фундамент личностных качеств человека, начинают формироваться нравственные представления, социальные отношения, умение преодолевать себя. А педагог, как терпеливый ученый, ждущий нужного результата, должен наблюдать и корректировать. А еще педагоги, это те не многие люди, которым небезразлична судьба общества, которые пытаются изменить этот мир в лучшую сторону. Это люди сопереживающие, люди культуры как внешней, так и внутренней, люди стремящиеся и толерантные. Люди, без которых невозможно формирования здоровой нации!

Признание дошкольного образования первой ступенью общего образования и введение государственного образовательного стандарта дошкольного образования, открыло перед педагогами, особенно перед педагогами-новаторами, «зажигалочками» линию горизонта. Сейчас мы имеем возможность применять нестандартные формы работы с детьми, строя

процесс обучения так, что дети даже не догадываются, что их обучают, а наоборот, делают свои эвристические открытия, что очень их радует.

Позвольте сослаться на слова Константина Дмитриевича Ушинского:

«Педагог живет до тех пор, пока он учится». Выбирая профессию педагога, я помню об этом. Воспитатель должен много знать и уметь. Перед ним стоит сложнейшая задача – научить ребенка воспринимать и понимать все прекрасное: природу, музыку, детскую лирику, живопись, это первый человек после мамы, встречающий, ведущий и открывающий чудесные грани этой жизни перед маленьким человечком.

По моему мнению, воспитатель должен обладать высокими моральными, культурными качествами, уважением, искренней любовью, а так же должен быть ответственный, так как несет ответственность за детей за их воспитание. Воспитатель постоянно должен совершенствовать свое мастерство, используя достижения педагогической науки и передовой практики. Должен идти вперед, осваивать инновационные технологии, нетрадиционные методы. Воспитателю необходимы разнообразные знания, чтобы удовлетворять любознательность современного ребенка, помогать познавать окружающий мир.

«Если не любить, то не имеешь права воспитывать»

Г. Песталоцци

Главная цель воспитателя - развивать даже самые крошечные задатки ребенка, вовремя заметить «Изюминку», которая с рождения заложена в каждом ребёнке. В умении развить способности каждого ребёнка и состоит талант педагога.

Задача современного воспитателя: воспитывать личность творческую, креативную, коммуникабельную. Нужно прогнозировать и оценивать свои результаты, развивать самостоятельность инициативу. Создавать условия для реализации индивидуальных способностей каждого ребенка.

Быть воспитателем для меня – это значит жить.

Профессия педагога одна из самых важных и значимых в жизни современного общества. А воспитатель – тот педагог, с которым ребёнок начинает общение с самого раннего возраста. И от того, что заложит в маленькие головки современный воспитатель, зависит будущее всего нашего общества.

А дети? Вы только посмотрите, какие они сейчас продвинутые! Они очень активные, деятельные мечтатели, стремящиеся к преобразованию. И стыдно было бы от них отставать, поэтому приходиться всё время находить новые формы, методы, чтобы им было интересно с тобой, и они ждали новой встречи на твоём занятии.

Марк Захаров, известный отечественный режиссёр, в одном из ток шоу сказал: «Самое лёгкое в воспитании – это запретить. А вы попробуйте разрешить ребёнку полёт фантазии, только слегка направьте её (фантазию) в правильное русло».

На своих занятиях я стараюсь использовать разнообразные дидактические материалы, которые помогают детям лучше усваивать пройденный материал, некоторые дидактически пособия разработаны мною. Но главным видом деятельности я все, же считаю игру. Уметь заинтересовывать детей, чтобы они в детский сад приходили с удовольствием, чтобы дни пролетали мигом и малыши ждали следующих встреч. Использую по возможности современные технологии, для того чтобы детям не было скучно в детском саду.

"Расскажи - и я забуду, покажи - и я запомню, дай попробовать - и я пойму". Так и ребёнок усваивает всё прочно и надолго, когда слышит, видит и делает всё сам (Сократ) .

Воспитатель сам должен быть тем, чем он хочет сделать воспитанника. (В.Даль)

По моему мнению, воспитатель также должен быть творческой личностью, уметь мыслить оригинально и видеть один и тот же предмет по-разному. Если это качество есть у педагога, у детей оно обязательно проявится! Умение творчески мыслить, творчески

подходить к решению любого вопроса, видеть выход из сложившейся ситуации там, где его, казалось бы, нет – вот те качества, которые в будущем помогут ребенку, какую бы профессию он не избрал. Дети должны смотреть на своего воспитателя и хотеть быть похожим на него, хотеть общаться с ним. Как это сделать?

«Умение воспитывать – это все-таки искусство, как хорошо играть на скрипке или рояле, хорошо писать картины». А.С. Макаренко.

Я считаю, что педагог будущего это тот человек, который, в первую очередь, умеет находить общий язык со своими воспитанниками, ориентироваться среди малышей. Значит, он должен быть идеальным психологом.

Могу ли я назвать себя Воспитателем с большой буквы? Я считаю, что это звание должно складываться из отзывов родителей и, конечно же, наших детей, которых я даже не могу назвать «воспитанниками», а только лишь «моими детьми».

Каждое утро, приходя на работу, я вижу глаза своих детей. В одних – настороженность, в других – интерес, в третьих – надежда, в чьих-то - пока равнодушие. Какие они разные!

Кроме того, коллеги, нужно идти в ногу со временем, быть разносторонним человеком. Тогда воспитанники начинают воспринимать нас иначе – как человека, понимающего их интересы, готового к сотрудничеству.

Я знаю, что я не напрасно тружусь!

Ведь я – воспитатель и этим горжусь!

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖҰМЫСТЫҢ МҰҒАЛІМДЕРГЕ ТИІМДІЛІГІ

Сағитжанқызы Үмітжан
Облыстық туберкулез-санаториясы мектеп интернаты

«Білім алудың тамыры ащы, бірақ жемісі тәтті», - деп бірінші ұстаз Аристотель айтқандай, білім мен өнер сіздің болашағыңыздың жарқын болуына бірден-бір кепіл. Білім жайында жер бетіндегі ақын-жазушының бәрі де қалам тербеді. Ұлағатты ой айтып, нақыл, қанатты сөздері бізге мұра болып қалды. Сол себептен әр болашақ мұғалім осындай өсиетті өз кәсіби өмірінде қолдану керек. Сабаққа дайындық жүргізгенде де, мұғалім өзінің жоғары миссиясына сенімді болуы керек.Қазіргі кезде білім беру саласындағы әлемдік білім кеңістігіне ұмтылуға байланысты жасалынып жатқан талпыныстар мектеп оқушыларының ойлау белсенділігін дамытып, білімі мен біліктерін өмірдің жаңа жағдайына пайдалана білуге үйрету қажеттілігін туғызады.Қазіргі уақытта ұстаздардың басты міндеттерінің бірі- сапалы білім және саналы тәрбие беру. Білім бере отырып, оқушылардың ішінен дарынды және талантты оқушыларды анықтау. Жаңаша серпіндегі біліктілікті арттыру курсы менің кәсіби тұрғыдан қалыптасып келген психологиялық ой толғанысыма да әсер етті. Себебі алдыңғы қолданып жүрген дәстүрлі жүйемен келген әдіс-тәсілдерді өзгертуіме тура келді. Курстан алған жаңа әдіс-тәсілдерден бағыт-бағдар ала отырып, өзімнің сабақ беріп жүрген сыныптарда сабақтарымды өзгерттім. «Жаңашыл ұстаз»… Бұл атау бүгінгі таңда педагогика саласында жиі ауызға алынып жүрген жаңа ұғымдардың бірі екендігі баршамызға аян. Қазіргі кезде жаңашыл мұғалім ретінде даму – уақыт талабы.

«Ұстаз шәкіртке күн болып көрініп, нұр болып төгілуі керек» – демекші, жаңа ғасыр мұғалімінің бойында сергектік, байқағыштық, сезімталдық, әділдік, байсалдылық, ұстамдылық, сабыр сақтау сияқты қасиеттер тоғыса келе , олар мейірімділік атты ұлы ұғыммен ұштасып жатса ғана біздің еңбегіміз өз мәресіне жетіп, «Ұлы ұстаз» деген ардақты атаудың шын иегері болатынымызға кәміл сенемін.

Менің ойымша жаңа заман мұғалімі шебер, шығармашыл, ой өрісі кең, білімді, мәдениетті болу керек. Демек,мен өз бойымдағы барлық жақсы қасиеттерімді оқушыларға білім беру мен тәрбиелеуде үйлестіре отырып, мінсіз оқушы шығаруым керек. Өз ойларын еркін жеткізе алатын, білімді, алған білімдерін өмірде қолдана алатын оқушыларды жетілдіру менің қолымда. Барлық мұғалімнің қолында.Ол үшін еңбек етуге дайынмын. Осы мақсаттарыма жету үшін ары қарай жұмыс істеу, шебер мұғалім болу тек қана өзіме байланысты. Сол себепті көп жұмыс істеуім керек. Әрине, ұстаз жүгі – ауыр жүк. Ұстаздардың әсерлі үнмен, асықпай мәнерлеп сөйлеген сөзінен әрбір оқушыға деген қамқорлықтың, аналық, әкелік сезімнің дана ойдың ыстық лебі есіп тұрғандай.

Оқу бағдарламасы – мұғалімнің белгілі бір пәнді оқытудың әдістемесін, ғылыми маңыздылығы мен рухани бағыт-бағдарын, теориялық құндылығын анықтап, белгілейтін басты құжаты. Бағдарламада оқу жылына сәйкес оқу материалдарының құрылымы көрсетіледі. Оқу үдерісінің тиімділігі мен табыстылығы білім алушылардың оқу бағдарламасын толық та жемісті меңгеруімен айқындалады.

Назарларыңызға қысқа мерзімді жоспардың №472 бұйрық бойынша нұсқасын баяндаймын.

Қысқа мерзімді жоспар

Сабақтың тақырыбы: Энергетикалық деңгейлер. Кванттық сандар және орбитальдар БЖБ №1

10.1 А Атом құрылысы

Бөлім:	**10.1 А Атом құрылысы**
Педагогтің аты-жөні:	Сағитжанқызы Үмітжан
Күні:	16.09.2021
Сыныбы: 10	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Энергетикалық деңгейлер. Кванттық сандар және орбитальдар БЖБ №1
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	10.1.3.1 квант сандарының мәні мен сипаттамасын атаау; 10.1.3.2 электрон орбитальдарын толтыру ережесін: минимальді энергия принципі, Паули принципі, Хунд ережесін қолдану; 10.1.3.3 s, p, d, f орбитальдарының пішінін ажырату; 10.1.3.4 алғашқы 36 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын жазу
Сабақтың мақсаты:	***Барлық оқушылар үшін:*** Электронның болу ықтималдығы ең жоғары,атомдық кеңістіктің белгілі бір бөлігі атомдық орбиталь деп аталатынын біледі.Атомдағы электронның энергетикалық күйін төрт квант саны-n,l,m,s сипаттайтынын біледі. ***Көпшілік оқушылар үшін:*** Паули принципі.Хунд ережесі.Клечковский ережесі бойынша тапсырмаларды орындайды. ***Кейбір оқушылар үшін:*** 1-4 период элемент атомдарының электрондық деңгейлерінің құрылысы туралы тұжырым жасайды.Есептерді шығарады.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту. 7 мин.	**(Ұ). Ұйымдастыру кезеңі:** 1. Оқушылармен амандасу, түгендеу. 2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырады «Жүректен жүрекке» 3. Топқа бөлу "Миға шабуыл"	Төмендегі сөздер қима қағаздарда бөлініп тұрады. Оқушылар таңдап алып топқа топтасады. 1-сөз:Паули принципі 2-сөз:Хунд ережесі 3-сөз:Клечковский ережесі Осылайша бүгінгі сабақтың тақырыбы мен мақсаты айқындалып, талқыланады. Электронның болу ықтималдығы ең жоғары,атомдық кеңістіктің белгілі бір бөлігі атомдық орбиталь деп аталады.Атомдағы кез келген электронның күйі төрт квант санымен сипатталады:негізгі-n,орбитальды-l,магнитті-m,спинді-s. n-нің мәні бірдей болатын электрондар жиынтығы энергетикалық деңгей деп аталады. Атом бос.Егер атом ядросын алманың өлшеміне дейін үлкейтсе,ядродан электрондарға дейін қашықтығы 1-км-дей болады. **Электрондардың электрондық қабаттар мен орбитальдарға таралып орналасуы**	**Мақсаты:** Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады. **Тиімділігі:** Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады, көңіл-күйін көтереді және бауырмалдығын оятады. **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.	Оқулық, жұмыс дәптері Сөздер жазылған қима қағаздар топтамасы ДК экраны Слайд 1

		атомның электрондық конфигурациясы деп аталады.		
Сабақтың ортасы Мағынаны ашу 25 мин. **Жұмыс түрі**– топтық жұмыс	Жаңа сабақты игеру Мәліметпен Жұмыс **«Джигсо» әдісі**	Мәліметпен оқып танысып шығады. Тірек сөздермен танысып, өз дәптерлеріне жазып алады. **Тапсырма №1.** 1-сөз:Паули принципі 2-сөз:Хунд ережесі 3-сөз:Клечковский 3-топқа бөлініп постер құрастырады. **Пәнге қатысты терминология:** Электрон – электрон – electron Протон – протон – proton Нейтрон – нейтрон – neutron Ядро – ядро – nucleus Нуклон – нуклон – nucleon Бас квант саны – главное квантовое число – principal quantum number, Орбиталь квант саны – орбитальное квантовое число – orbital quantum number Магнит квант саны – магнитное квантовое число – the magnetic quantum number Спин квант саны – спиновое квантовое число – the spin quantum number	Дескриптор: 1- топ Паули принципі берілген бас квант саны бар электрондардың максималды санын анықтайды. 2- топ -Деңгейшелерде электрондар алдымен бос орбиталдарды толтырады. -Электрон жұптарын түзеді. -Электрондардың жұптасуын жүзеге асырады. 3-топ -Орбитальдарды энергияларының өсу ретімен толтырады. -Алдымен энергиясы төмен орбитальдар толады. **Дамыту дағдылары**– *оқылым, айтылым, жазылым.* **Саралау**– *тапсырма бойынша* **Бағалауды ұйымдастыру формасы:** *бір-бірін бағалау*	

			Кері байланыс: **"Үш шапалақ "әдісі**	
Жеке жұмыс 5 мин.	Оқулықта берілген тапсырманы орындатады, бақылайды, мысал, үлгі көрсетеді *"Ойлан, тап" әдісі* **Кері байланыс:** *«Бас бармақ»тәсілі*	**Тапсырма №2.** Келесі элементтердің электрондық конфигурацияларын жазыңдар:Ni,Si,Fe,Kr, Te,W **Блиц-тест** 1. Атомдық орбиталь-ол: 1) төрт кванттық сандардың жиынтығы; 2) кеңістіктегі атом орналасатын ықтималдығы мол аймақ; **3) кеңістіктегі электрон орналасатын ықтималдығы мол аймақ ;** 4) электронның жүру траекториясы. 2.Сутегі атомы ядросының массасы: 1) 1,32·10-31 кг; **2) 1,67·10-27 кг;** 3) 6,02·10-23 кг; 4) 3,01·10-23 кг. 3.Сутегі атомы ядросының заряды: 1) 3,2·10-19 Кл; **2) 1,6·10-19 Кл;** 3) 96500 Кл; 4) 1·10-19 Кл. 4. Бас кванттық сан n=2-ге тең болғанда электрондық қабаттағы электрондардың максимальді саны тең:	Дескриптор: -Элементтердің электрондық конфигурацияларын жаза алады. **Дамыту дағдылары**– *жазылым, айтылым* **Саралау**– *тапсырма бойынша* **Бағалауды ұйымдастыру формасы:** *өзін-өзі бағалау*	*Оқулық. Менделеев кестесі.*

		1) 2; 2) 4; 3) 6; **4) 8.** 5. Бас кванттық сан n=3-ке тең болғанда электрондық қабаттағы электрондардың максимальді саны тең: **1) 18;** 2) 8; 3) 6; 4) 32. 6. Атомдар тұрады: 1) протондар мен нейтрондардан; 2) молекулалардан; **3) атомдық ядролар мен электрондардан;** 4) нуклондардан;		
Топтық жұмыс 3 мин	**Белсенді оқыту әдісі**– *"Сұрыптап талдау" әдісі*	**Тапсырма №3.** Фосфор атомының сыртқы электрондық құрылысының квант сандарын анықтаңдар?	Дескриптор -Берілген элементтерінің атом ядросының маңайында ,қанша электрон қозғалып жүретінін біледі. -Бас квант санын жаза алады. -Орбиталь квант саны атомдық орбитальдің пішінін сипаттайды. -Магнит квант санын жаза алады. -Спин квант санын бағытын көрсете алады. **Саралау**– *топтастыру бойынша* **Бағалауды ұйымдастыру:** *бір-бірін бағалау*	*Интербелсенді тақта* Слайд 4,5

			Саралау– *диалог, қолдау көрсету* **Кері байланыс:** *«Смайлик» әдісі*	
Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 5 мин.	**«Еркін микрофон» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. ***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. ***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды. ***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді. Үйге тапсырма №1,№2.41-бет	Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсатына жеткізетін тапсырмалар орындауына қарай, өз түсінгенін, пікірін, өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.	Мұғалім оқушылардың бағалауын ескере отырып, қорытынды *1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағалайды.*	М.Қ.Оспанова. Қ.С.Аухадиева. Т.Г.Белоусова.

Қорыта келе, білімді ұрпақ тәрбиелеу мен қатар оларды рухани байыту әрбір оқытушының міндеті.Білім алу жолында ізденіс пен қатар шынайылық басым рөл атқарады.Қазіргі таңда мұғалімдердің білімі мен біліктілігін анықтайтын «Ұлттық біліктілік тестілеуі» енгізілді.Әрине, мұның барлығы әр болашақ мұғалімдерге деген өз деңгейін анықтауға мүмкіндік береді деп ойламаймын.Себебі, ол тесттік жүйе расында тіпті қисынсыз, жүйе жоқ нақты.Менің ойымша арнайы бір жүйе болуы керек .Мысалы, бітіруші түлектеріміз өз пәнінен ғана тапсырса жақсы болар еді.Себебі,педагогика-психология пәндерін жұмыс жасау барысында білімдерін толықтырып жетілдіретіні сөзсіз!

Ал, «Қысқа мерзімді жоспар» туралы айтатын болсам. Бұл жоспардың жылда өзгеріске ұшырап отыратыны да бар. Жоспардың қаншама үлгісімен таныс болдым.Бірақ, осы үлгісі өте жақсы орынымен құрастырылғаны, айдан анық көрініп тұр.Менің осы мақаланы енгізудегі ұсынысым баллдық шкаланы өзгертуді қалаймын. «1-10» баллдық жүйенің оқушыларға тиімсіз екені мәлім. Сол себептен «5» баллдық жүйені қайта енгізуді ұсынар едім.Жаңартылған технологияларды қолдану барысында тиімді әдіс-тәсілдерді көбірек қолданысқа енгізсе деймін.

«Жастардың бүгінгі міндеті — оқу, білім, тәрбие жұмыстары. Жастар бүгін сөзден іске көшетін заман. Білімсіз істің реті болмайды. Сондықтан, жастардың жалпы назары мектепке аударылуы керек», - Ғани Мұратбаев ағамыз айтқандай болашақ жастардың қолында!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. И.Нұғыманов Химияны оқыту әдістемесі. Алматы, Рауан, 1993.

2. Программы для общеобразовательных учреждений: Химия. 8-11 кл. / Сост. Нурахметов Н. и др.

3. Алексинский В.Н. Занимательные опыты по химии: Пособие для учителей. - М.: Просвещение, 1995. - 96 с.: ил. учителю. Библиотека журнала».

4.Пособие для преподавателей и студентов педагогических вузов. В 2-х томах. Т.1. - М.: Гос.уч.-пед.изд-во Мин.Просвещения РСФСР, 1953. - 554 с.; Т.2. - М.: Гос.уч.-пед.изд-во Мин.Просвещения РСФСР, 1960. - 590 с.

5 Ерыгин Д.П., Шишкин Е.А. Методика решения задач по химии: Учеб. пособие для студентов пед.ин-тов по биол. и хим.спец. - М.: Просвещение, 1989. - 176 с.

6 Зайцев О.С. Системно-структурный подход к обучению общей химии. – М.: Изд-во МГУ, 1983. – 170 с.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Ахетова Ақзира Төлеужанқызы
Шалқар қаласы «№1 мектеп-гимназия» КММ

Бүгінгі күні мемлекетіміздің өркениетке жету жолындағы өр талабына тұғыр боларлықтай ұрпақ оқыту, тәрбиелеу ісін жаңа сапалық өзгерістер деңгейіне көтеруді талап етіп отыр. Мектеп құрылымында болып жатқан өзгерістер, білім беру мақсаттарының алмасуы, оның дамытушылық сипаттарының бекітілуі, көпнұсқалық оқытуға көшу сияқты мәселелер орындаушылардан шығармашылық бастамалық, жұмыстың жоғары сапасын және кәсібилікті талап етеді. Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Өйткені адам туынды ғана емес жаратушы да. Бұл үлкен жауапкершілік артатын күрделі мақсат. Оны шешу үшін ең алдымен оқыту мазмұны жаңартылып әдіс-тәсілдің озығы өмірге келуі, олар әрбір азаматтың жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет. Сонда ғана мектептерден өз өміріне өзгеріс енгізе алатын, өз бетінше өмір сүру жолдарын таңдай алатын азаматтар тәрбиеленіп шығады. Баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық

ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудіңжолдарын көрсету керек.

Бастауыш сынып оқушыларының тұлғалылығын тәрбиелеу үшін, ең алдымен олардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың мәні зор. Ал сол шығармашылық қабілеттерді дамытудың көптеген әдістері мен тәсілдері бар.Енді соларға көңіл аударайық: Шығармашылық қабілеттер әр бастауыш сынып оқушысының бойында болады. Қабілеттердің бірдей еместігін сыныпта отырған оқушылардың әрқайсысының әр пәнге және әр деңгейде қабілеті болғандығымен дәлелдеуге болады. Бірі есепке жүйрік болса, екіншісі тілге бай, ал енді біреулері сурет салғанды тәуір көреді. Олардың қабілеттерінің құрылымы да, оны құрайтын компоненттер де әр түрлі болып келеді. Мысалға: математикалық қабілеті басым балаларда ойлау операциялары тез, дәл болады да, бейнелеу өнеріне қабілетті балаларда нақты заттардың бөліктерінің ара қатынасын жылдам анықтай білу сияқты белгілер басым болады. Музыкаға қабілетті бала есту, ритмді түсіну, сезімталдық сияқты сапаларымен ерекшеленеді.Бастауыш сыныпта көп берілмейтін шығармашылыққа үйрету жұмысының бірі-өлең жазғызуға баулу. Бұл жұмысты 1- ші сыныпта әліппеден кейінгі кезеңнен-ақ бастаған жөн. Ол үшін оқушыларға ең алдымен ұйқас сөздің мәнін түсіндіріп, өлеңдердегі ұйқастарды табуға тапсырма беріледі. Сонан кейін ғана алдымен жеке дыбыстар, сосын буындар, одан кейін берілген жол арқылы ұйқас жасау үйретіледі. Мысалы:

1)у-у-у сыныпта дос болу

2) та-та-та түйенің төлі бота

Ауылға барамын, ботаны іздеп табамын. Осы тәртіппен үйретіле бастаған бұл жұмыс кейіннен күрделене түседі.

3) өлеңнің бірінші жолын беріп, қалған 2-ші,3-ші,4-ші жолдарын ұйқастарды ескере отырып, балалардың өздеріне жалғастыру ұсынылады.

Әрине, бұл жұмыстың нәтижелі болуы үшін мұндай әдісті тұрақты түрде және жиі қолданып отырған жөн. 2,3,4 сыныптарда оқушылар өлең шығаруға төселіп алады.

Оқушыларды шығармашылыққа үйретудің тағы бір жолы- әңгіме, ертегілер жазғызу.

Осы тәріздес жұмыстар баланың қиялын шарықтатып, шығармашылығын дамытуға ықпал етендігіне көз жеткізуге болады.

Баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуда жұмбақтар және мақал-мәтелдермен жұмысты жаңаша ұйымдастырудың көп көмегі тиуі мүмкін.

Жұмбақтар- көркем миниатюра. Оларды салыстыру арқылы пайда болатын образдар беріледі. Сондықтан оларды шешу кезінде баланың логикалық ойы дамиды.

Бастауыш сыныптардың “Ана тілі” оқулықтарында берілген мақал-мәтелдерді бала шығармашылығын дамытатындай етіп пайдаланудың мәні зор. Бұл жанрмен жұмыс төмендегідей ұйымдастырылады:

1. Оқиғаға байланысты мақал-мәтелдер айтқызу.
2. Керісінше, мақал-мәтелдің мағынасына қарай оқиға ойлау.
3. Суретке қарап тұрып, бірнеше мақал айтқызу.
4. Мақалдың мағынасын ашатын суреттер жинау.

Бала шығармашылығын тек ана тілі, қазақ тілі сабақтарында ғана дамытуға болады деу дұрыс емес. Кез-келген сабақта баланың бойындағы қабілеттерді дамыту басты мақсат болуға тиісті. Әсіресе бейнелеу өнері, еңбекке баулу сабақтарында балалар шығармашылықтың түрлі- түрлі қырларын көрсете түседі. Портретті ойлап тап та, жинап ал – шарты : мұғалім көз, мұрын, ауыз, құлақ, шаш үлгілері салынған карточкаларды тақтаға іліп қояды, ал оқушылар сол үлгілерге қарап отырып ойлап тапқан адам бейнесін құрастырады.

• Аңдардың бейнесін құрастыр – шарты: мұғалім әр балаға аңдар немесе жануарлар бейнеленген суреттерді дене мүшелерін бөлек қиып таратып береді, ал оқушы сол бөліктерді құрастыру керек.

Балалардың бойындағы шығармашылық қабілеттерін ашудың және дамытудың тағы біртәсілі: әңгіме бойынша сурет салу.

Оқушылардың жаңа ғана айтылған ертегі немесе нақылға орай қандай да болмасын сурет салуды сұрау. Бала өзін бейнелеу өнерінің шебері ретінде сезінеді, сонымен бірге әңгіменің мазмұнын есінде жақсы сақтап қалады. Өйткені ол әңгіменің мазмұнын ішкі сезімімен жеткізуді көздейді.

Белгілі бір суретке қарап, соның суретін салғызуға болады. Ол үшін:

1. Суретті мұқият қарауға уақыт беру.
2. Оқушыларға берілетін тірек — схемалар:

— Сенің ойыңша мына сурет қашан салынған?

— Суретші қандай көңіл күйде болған?

Осы сияқты тағы басқа да суреттер бойынша әңгіме құрастыруға болады.

Сабақтан тыс уақытта оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жұмыс түрлері:

Мұражайға апару;

Әртүрлі кездесулер өткізу;

әртүрлі тақырыпта пікірталас, сайыс өткізіп, алған әсерлерін шығарма етіп жаздыру;

Балаларға арналған журналдарды сабақ кезінде үнемі пайдалану.

Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу оқушыларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуше зор әсерін тигізеді.

Әрине баланың шығармашылығын, шығармашылық қабілеттерін дамытатын жаттығулар мен тапсырмалар, әдістер мен тәсілдер сан алуан. Сабақ құрылымына шығармашылық пен зерттеуді ендіру және қолдана алу әр мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Бастауыш сынып оқушысы ермексаз тәріздес, қандай пішінге келтірсең сол қалыпта ары қарай орта буынға кетеді. Баланың шығармашыл не болмаса қалыпты, басқалардан ешбір айырмашылығы жоқ тұлға болары біздер, бастауыш сынып мұғалімдерінің қолында.

Қорыта келгенде, О.Бальзактың “ұдай еңбек ету- өнердің де, өмірдің де заңы” дегеніндей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін артыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді міндеттейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Педагогика жаршысы» журналы, 2017ж. №3
2. «Құзыреттілік және ойын технологиясы» С.Буланов
3. Оқытудың қазіргі технологиялары, Ш.Таубаева, Бастауыш мектеп журналы, 2015ж. №4

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Досжанова Мира Сапаргалиевна
Шалқар қаласы «№1 мектеп-гимназия» КММ

«Функционалды сауаттылық» оқушының мектептегі алған орта білімінің күнделікті өмірінде және болашақтағы көп қырлы қызметінде кездесетін тұрмыстық қоғамдық, әлеуметтік экономикалық проблемаларды шешуде табысты қолдана алуын қамтамасыз етеді. Функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Бұл деңгей өмірдің әртүрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді.

Биология сабақтары оқушылардың мәдениетін,ойлау интелектуалды дағдыларын сонымен қатар функционалды сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған. Бұл жұмыстарда берілген материалдар оқушылардың әр түрлі деңгейдегі функционалды сауаттылығына талдау жасау арқылы оқушының қалыптасқан оқу – білу құзіреттілігінің өлшем бірлігі ретінде қолдануға болады.

Функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Бұл деңгей өмірдің әртүрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді. Сондықтан, қоғамдағы өмірлік пен практикалық іс - әрекеттердің дағдылары мен әлеуметтік іс - тәжірибені меңгеру үшін оқушылардың білім алу барысында негізгі және пәндік құзыреттіліктері қалыптасуы тиіс. Мектептің алдында тұрған үлкен мәселе – шынайы өмірге белсенді, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары, ой – өрісі кең, сауатты, танымдық әрекетке қызығушылығы мол оқушы білімнің қолданбалылығын дамытуды қамтамасыз ету. Функционалды сауатты болу үшін оқу және жазу, жаратылыстану ғылымдарындағы, математикалық, компьютерлік отбасылық өмір, денсаулық және тағы басқа сауаттылықтар қалыптастыру қажет. Соның негізінде өмірлік дағдылар қалыптасады. Жалпы адам баласы есту, көру, ұстап көру, сезу және иіскеу арқылы есте сақтайды. Кейбір оқушылар жазбашаға, кейбірі ауызшаға қабілетті болып келеді. Биология сабақтары оқушылардың мәдениетін, ойлау интелектуалды дағдыларын сонымен қатар функционалды сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған. Бұл жұмыстарда берілген материалдар оқушылардың әр түрлі деңгейдегі функционалды сауаттылығына талдау жасау арқылы оқушының қалыптасқан оқу – білу құзіреттілігінің XXI ғасырдағы білім және ғылымның өзекті мәселелері. Мұғалім мен оқушының іс–әрекетінің байланысын әр түрлі кезеңдерде функционалды сауаттылығының қалыптасуын мақсаттылық, жоспарлау, шешім қабылдау, орындау, нәтижеге баға беру арқылы жүзеге асыруға болады. Биология сабақтарында алғашқы сауаттылықтың қалыптасу кезеңдері:

1. Мақсат қою: Оқушы мәтінмен жұмыс істеу, тірек – конспектісін құру, бағдарланған сұрақтар құрау, сызбанұсқаны, суреттерді оқу, жаңа терминдермен жұмыс істеу, түсініктердің жүйелігін құру және алгоритімін анықтай білу.

2. Жоспарлау кезінде міндеттер қойып, проблемаларға талдау жасау. Ол үшін ақпарат көздерін таңдау қажет.

3. Шешім қабылдау үшін ақпараттарды пайдаланып, зерттеу жүргізу.

4. Орындалуы: Ол үшін білім беру обьектісімен жұмыс істей отыра орындау және оны өңдеу.

5. Нәтижелерді бағалау үшін жасалған жұмыстарға талдау жасау және егер қателіктер болса себептерін анықтау, өзіндік талдау, өзіндік бағалау жасау.

6. Білім обьектісімен жасалған жұмыс нәтижелерін қорғау және нәтижелерді бағалауға қатысу.

Осы кезеңдер арқылы оқушының іс–әрекеті анықталады. Оқушы білім алып қана қоймай, сонымен қатар білімді алу құралдарымен қарулану қажет. Мұндай сабақтар арқылы оқушының өзін – өзі бақылау картасының көмегімен қаншалықты интелектуалдық, ұйымдастырушылық және коммуникативтілік меңгерген деңгейін анықтауға болады. Сөйтіп, оқу үрдісі кезіндегі кемшіліктерді, алға басушылықтарды анықтай отыра қай жерде қателіктер жіберілді, нені қайталау керектігін түсінеді. Төмендегі кесте бойынша сыныптағы оқушылардың деңгейін анықтау арқылы сабақтың барысы кезеңдерінде функционалдық сауаттылықтың деңгейлерін анықтауға болады. Жалпы оқудың біліктілік және дағдыларының өзіндік бақылау деңгейлерінің анықтайтын картасы.

Оқушының аты–жөні, сыныбы	Деңгейлер	I тапсырма	II тапсырма	III тапсырма	IY тапсырма
	Жоғары Орташа Төмен				

Осындай өзіндік диагностика әр кезеңде жеткіліксіз оқу біліктілігімен және дағдылардың «қалыс қалған» және әр кезеңде функционалды сауаттылықты қалыптастыру кезінде байқалады.

6 - шы сыныпта өткізілген сабағым «Ашық тұқымды өсімдіктер». Осы сабақты өткізу барысын төмендегідей тапсырмалар беру арқылы білімдерін тексердім.

№1 тапсырма. Ашық тұқымды өсімдіктер бойынша **Ия/Жоқ** жауаптары арқылы көрсет.

1. Ашық тұқымдылар тұқымынан көбейеді, бірақ жеміс түзбейді Ия/жоқ
2. Ашық тұқымды өсімдіктер негізінен сүректі болып келеді Ия/жоқ
3. «Сүрек» деген - ағаш діңінің (сабағының) су өткізгіш бөлігі. Ия/жоқ
4. Ашық тұқымдылардың гүлі жоқ. Ия/жоқ
5. «Қылқан жапырақты» дейтін себебі жапырақтары ине тәрізді жіңішке. Ия/жоқ
6. Секвояның биіктігі 110-112 м. Ия/жоқ

Бағалауы: «5» - 9, «4» - 7, «3» - 5, «2» - 4 кем болса

№ 2 тапсырма. Ашық тест

Ашықтұқымдылар бөліміне жататын өсімдіктер неге «қылқанжапырақтылар» деп аталады?

Осы ақпаратты қолдана отырып , төмендегі қорытындының қайсысы дұрыс.

А. Тұқымынан көбейгендіктен.

В. Жапырақтары жіңішке ине тәрізді болғандықтан.

С. Мәңгі жасыл түсті болғандықтан.

Д. жапырақтары болмағандықтан.

Жауабы : В. Жапырақтары жіңішке ине тәрізді болғандықтан.

№ 3 тапсырма. Есеп №1.

Жатаған шыршаның биіктігі 10 метр, өмір сүру ұзақтығы 300 жыл, сонда ол бір жылда қандай биіктікке өседі?

300ж /10м =30см

№ 4 тапсырма.Танымдық сұрақтар.

1. Неліктен санаторийлер қылқан жапырақты ормандардың ортасына салынады?

Жауабы: бұл өсімдіктер ауаға микробтарды өлтіретін фитонцидтер бөлгендіктен ауасы шипалы болады.

2. Екі үйлі өсімдік деп неге айтамыз?

Жауабы: аналық бүрінің бір өсімдікте, аталық бүрінің екінші өсімдікте болуына байланысты айтамыз.

3. Неліктен ашық тұқымды деп аталады?

Жауабы: тұқымдары тұқымқабыршақтың қойнауында қорғанышсыз, бүрде ашық болып жетілетіндіктен.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда қатысымдық, дара тұлғаға бағдарланған оқыту және сұрақ-жауап әдістері арқылы жүзеге асатын жағдаяттық тапсырмалар, сұхбаттық тапсырмалар, құзыреттіліктерді қалыптастыратын тапсырмалар арқылы кешенді жүргізудің тиімділігі жоғары.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Н.Назарбаев. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы. Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам. «Егемен Қазақстан» газеті.10 шілде.2012ж.
2. Е.Имангалиев. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары
3. «Биология және сауаттылық негізі» 2014 жыл.№ 4
4. Е.Очкур. Р.Жұмабаева «Биология» әдістемелік нұсқау, Алматы «Мектеп» 2016 жыл.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ МЕН ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Шаншарова Сайра Әміржанқызы
Шалқар қаласы «№1 мектеп-гимназия» КММ

Мектептегі оқыту процесі сауат ашудан басталатыны белгілі. Сондықтан оның балаға ана тілін оқытып үйретуде алатын орны да ерекше. Сауат ашу жұмысының негізгі міндеті – балаға хат таныту, яғни оған оқу мен жазуды үйрету. Сонымен қатар, сауат ашу барысында оқушылардың тілі мен ой –өрісін жетілдіруге де баса назар аударылады. Соның нәтижесінде жас ұрпаққа тиісінше жалпы білім негіздерін меңгертіп, адамгершілік, патриоттық тәрбие беруге негіз қаланады.

Демек, сауат ашу білім мен тәрбие алудың кілті іспеттес. Сауат ашудың негізгі мақсаты-болашақ ұрпаққа терең білім мен өнегелі тәрбие беру, сол арқылы оларды өмірге, өз Отанын, ел – жұртын шексіз сүйе білуге тәрбиелеу, білім берудің негізгі бағыттарына қойылатын негізгі талаптардың ішіндегі аса күрделісі – алты жастағы балаларды сауаттандыру мәселесі. Өйткені мектеп есігін алғаш ашқан баланы оқытудың өзіндік қиындықтары бар. Ол қиындықтар балалардың физиологиялық – психологиялық өзгешеліктеріне байланысты. Себебі сауат ашу жұмысы оқушылардың оқуға, ой еңбегіне қажет белгілі бір қабілет бейімділікті талап етеді.

Жалпы сауат ашудың нәтижелі болуы даярлық кезеңінде жүргізілетін жұмыстардың мейілінше сапалы болуына байланысты. Демек, сауат ашуға даярлық жұмыстарын дұрыс ұйымдастырып, ұқыпты жүргізуге баса назар аударылады.

Сауатты жазуға үйрену жұмысы граматикаға сүйенеді. Олай болса белгілі бір жазу ережесіне негіз болатын граматикалық құбылыстар сапалы түрде ұғындырылып, содан кейін қорытынды шығарылуы қажет.

Дұрыс, сауатты жазуға үйрену үшін сөздерді дыбыс құрамына, буын жігіне ажырату жұмысы әріп қалдырып кетпеуге, әріп алмастырып алмауға бір сыпыра көмектеседі.Сөздердің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін, теріс жазылуынан мағына бұзылатынын балаларға ережені түсіндіргенде де, жаттығулар жүргізгенде де, олардың жазуларынағы қателерді түзеткенде де көрсетіп, түсіндіріп отырудың пайдасы көп.

Сауат ашу кезінде оқу мен жазу жұмыстары өзара тығыз байланыста болады.Жақсы оқи алатын бала таза да сауатты жаза біледі, ал, жазуды жақсы меңгерген оқушы оқуды жеңіл меңгереді.Бір сабақтың өзінде оқу қызметі мен жазу жұмысы бірін-бірі алмастырып және бірін меңгеруге екіншісінің көмегі тиіп отырады.

Жазу, таза жазу, дұрыс жазу, сауатты жазу – қай тілдің болмасын басты ұстанымы. Сауатты жазудың алғышарты бастауышта қаланады. Мектеп табалдырығын аттаған балаға

бірінші сыныптан бастап дұрыс сөйлету үшін сөздердің дыбыстық жағы, дұрыс айтылуы қадағаланады.

Оқушының орфографиялық нормаға сай дұрыс жазуы – бастауыш сынып мұғалімінің маңдай терінің жемісі. Бастауыш сыныпта бағдарламаға сәйкес жоғарыда көрсетілген білім-білік дағдылары қалыптасқан оқушылар сауатты жазуға дағдылану барысында графикалық түрде қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне ие болады. Осы арқылы жазуын ғана емес, сөйлеуін және таным мүмкіндіктерін жетілдіре алады. Таза жазу дағдысының алғашқы бастамасы әріптің әрбір бөлігін дұрыс сызып көруі арқылы қалыптасады. Әдетте, мұғалім тарапынан оқушыға әдемі, сауатты жаздыру ғана емес, оқушының бүкшимей, басын тым төмен салбыратпай, денесін тік ұстап, өзін дұрыс игеруіне қатты көңіл бөлінеді. Оқушылар жазу ережесін сақтап отырғанда ғана дұрыс жазуға үйрене алады. Сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларына жазуға төмендегі талаптар қойылады, және бұл талаптар бастауыш мектептің барлық сыныптарында жазу жұмысының барысында орындалып отыруға тиіс:

· әріпті дұрыс жазу, дәптердің көлденең сызығынан ауытқымау;

· әріптердің элементтерін жазғанда ұзынды-қысқалы қылмай, тегіс, бірдей жазу;

· әріптердің бірін оңға, бірін солға қисайтпай, барлық әріпті бірдей, оңға қарай сәл көлбете жазу;

· әріптердің, сөздердің арасындағы қашықтықты бір қалыпты сақтап отыру, бірте-бірте жазу қарқынын тездете түсу.

· түрлі диктанттар жаздыру, әсіресе, сөздік диктантының маңызы зор.

· сөздікпен жұмыс істету.

· тақырыпқа байланысты орындау шарты әртүрлі болып келген жаттығуларды орындату;

· сөзді, сөйлемді тақтадан, кітаптан дұрыс көшіріп жазуға мән беру

Ғалымдар зерттеуі іскерлік ойындардың оқушылардың оқу үлгеріміне жақсы әсер ететін дәлелдеп отыр.Мен өз сабақтарымда іскерлік ойындарды оқытудың тиімді, үнемді, негізгі әдістерінің бірі ретінде қолданамын. Олар оқушыны қысым жасамай оқытуға мүмкіндік береді, оқушының оқиғаны терең толғаныстармен түсінуіне себепші болатынын байқадым.

Алуан түрлі ребустар, сөзжұмбақтар, құпияхаттар, сөзтуымдар, логикалық есептер білім береді және оқушыларды ынталандырады. Математикада "Кім жылдам", "Ең үздік есепші", "Хоккей" ойындары тез санауға үйретеді. "Бағдаршам", "Дым білмес"ойындары арқылы жол жүру ережелері қайталанады. Ал "ғарышкерлер" ойыны ғылым жетістіктерімен, "Футбол", "Хоккей" ойындары еліміздің спорт шеберлерінің жетістіктерімен таныстырады. "Ағашты кім тез отырғызады" ойыны табиғатты күтіп ұстауға тәрбиелейді. Іскерлік ойындар ойнағанда бала нақты оқиғалардың куәгері болып еңбек етуге отбасылық өмірге, қоғамдық қатынастарға әзірленеді.

Идеялар банкі. Бұл әдіс ой майданы деп аталады. Топтық алдына бір міндет қойылады, осы міндетті шешу үшін топ мүмкіндігінше жаңа, тың ұсыныстар айту керек. Барлық ұсыныстарды топ жинап алып, оларға баға береді. Бұл әдіс арқылы проблемалық жағдаят жасалып, оны шешу туралы ұсыныстар айтылып, ол ұсыныстар тексеріліп, бағаланады және ең жақсы ұсыныстар таңдалып алынады.

Мұғалімнің алдында тұрған ең басты міндеті- оқушыларды сабаққа ынталандыра білу, сол арқылы тақырыпты білу, жете меңгеру.ана тілі , дүниетану сабақтарын қызықты, тартымды өткізу үшін сабақтың әртүрлі әдіс- тәсілдерін орынды қолдануға тырысамын. Жаңа технологияларды пайдалана отырып сабақта қолданылатын ойындарды мына төмендегі түрде қолданамын:

1) Оқыта үйрету ойындары. Бұл ойындарды сабақта да, сабақтын тыс шараларда да пайдалануға болады.

2) Тілдік ойындар: Ауызша сөйлеу және жазу машықтарын дамытуға арналған.

3) Драмалық, рөльдік ойындар. Қарым-қатынастарын жақсарту, ауызша сөйлеу, оқушы білімдерін әртүрлі жағдайларда қолдану машықтарын дамыту.

4) Психологиялық ойындар.

5) Грамматикалық ойындар т.б

Сонымен бірге ұлттық ойын түрлерін де кезектестіре, сабақ тақырыбына байланысты пайдаланамын. Жаңа материалдарды түсіндіру кезінде «Бәйге», «Көкпар», «Асық» секілді ойындарды ойнатамын.

Қорыта келе айтарым баланың оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізілген жұмыстар осындай жұмыстар

§ Оқушылардың сауаттылығын қамтамасыз етуге, олардың сауаттылық деңгейін тексере отырып,білімдегі кемшіліктерді жоюға;

§ Оқушының тіл байлығын арттыра отырып , ойлау қабілетін, байқампаздығын дамытуға.

Тіл дамыту сабағында оқушының шығармашылық даму кезігдегі қалыптасатын дағдылары

§ Өз ойын-пікірін жеткізе білуге;

§ Ізденгіштікке ұмтылуға;

§ Құбылыстарды шынайы бағалай білуге;

§ Толық фантазиялық еркіндікке;

§ Орфографиялық сауаттылықты нығайту оң әсерін тигізіп, жақсы нәтиже береді деп есптеймін.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдыларын жетілдіруде қойылатын талаптың бірі – *оқушыны мәнерлер оқуға үйрету*. ***Мәнерлеп оқу*** дегеніміз – мәтіндегі сөздің мағынасын бұзбай, дыбысталуы жағынан анық етіп жатық оқу. Мәтінді саналы түрде түсініп оқу мен дұрыс оқу оқи білудің талаптарын қамтыса, мәнерлеп оқуға үйрету қандай мәтінді болса да саналы түрде түсініп оқуға жетелейді. Қандай мәтін болмасын мазмұнын дұрыс ұғып, онда айтылғандарды саналы түсіну үшін және тыңдаушыда жақсы әсер қалдыру үшін оқушының дауыстап оқудағы дауыс ырғағы мен оқу мәнерінің де мәні зор. Сабақ үрдісінде мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру үшін мына оқу түрлерін жүргізуге болады:

- мәтінді тыныс белгілеріне сәйкес дауыс ырғағын келтіре оқу;
- леп белгісі бар сөйлемдерді дауыс ырғағымен оқу;
- өлеңді мәнерлеп оқу;
- өлеңді дауыс кідірісімен мәнерлеп оқу;
- өлең жолдарын дауыс кідірісімен тізбектей оқу;
- өлеңнен немесе мәтіннен үзінділерді мәнерлеп оқу.

Сөзімді қорытындай келе, аталған жаттығулар оқушының оқу жылдамдығын арттырып, оқуға деген дұрыс көзқарасын қалыптастырады. Оқу процесі кезінде зейін қоюды және берілген материалды есте сақтауды дамытады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан мұғалімі» журналы 2018 жыл №2
2. «Оқытудың қазіргі технологиялары», М.Ералиева, «Бастауыш мектеп» 2018ж. №5
3. Төменгі жастағыларды оқыту ерекшеліктері К.Абдрахманова «Бастауыш мектеп» журналы 2016ж. №9

ЕРЕКШЕ ОҚЫТУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАРДЫ ӨМІРГЕ БЕЙІМДЕУ ЖОЛДАРЫ

Айтқалиева Б.Е., Таласкалиева С.А
Ақтөбе облыстық есту және көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы «мектеп- интернат- колледж» кешенінің қазақ тілі мен әдебиеті және дене шынықтыру пәні мұғалімі

Оқу мен тәрбие егіз, оларды бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Ұлы данамыз Әл-Фараби «Адамға ең бірінші білім емес,тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» десе, ал В.Белинский «Бала тәрбиесіне ерекше мән берілуі керек, тәрбиенің арқасында болашақ адамзат тағдырының негізгі мәселесі шешіледі» деп айтқан болатын. Бүгінгі бәсекеге қабілеттілікті талап еткен қоғамда жас ұрпақты сол қоғам мүддесіне сай, оның мұң-мұқтажын өтерлік, елін, жерін, халқын көзінің қарашығындай қорғайтын ұлтжанды, отаншыл азамат етіп тәрбиелеу көзделінеді. Сондықтан біз заман талабына сай жаңаша бағытта жұмыс істеуге бетбұрыс жасап, педагог ретінде өз үлесімізді қосуға міндеттіміз.Сабақтың тиімділігін арттыру және оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттырудың бірден-бір жолы, сабақ барысында оқушы оқу процессін қанағаттандыратындай ұйымдастырғаны жөн.Білім беру саласының сапасын арттыруда иновациялық технологияларды арттыруды жиі, тиімді қолданып отырған дұрыс.Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып өз бетінше жұмыс істеуге үйрету тиіспіз.Сондықтан біз мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық іс-әрекетімен эмоциялық ерікті жағының кемшіліктерін ескере отырып, өз бетімен өмір сүруде, балаларды қазіргі қоғамдық жағдайларда әлеуметтік бейімделуге дайындауда, осы балаларды оқыту процесіне заманауи әдістемелер мен технологияларды енгізу қажет екендігін түсінеміз.Мүмкіндігі шектеулі балалардың сөйлеу тілінің дыбысталу жағын түзетуде инновациялық технологияларды қолдану, балалардың сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді түзетуге өз септігін тигізеді.Себебі адамдардың әрбір іс-әрекеті кеңістікте бағдарлану қабілетімен тығыз байланысты.Оқыту, білім беру тәжірибесі педагогикалық үрдістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап етеді. Сол себепті педагогикалық үрдісті технологияландыру мәселесі маңызды болып саналады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың актуалды жағдайы және жақын даму перспективалары тұрғысынан баланың психологиялық-педагогикалық статусын жүйелі түрде қадағалау, балаларды нәтижелі оқыту мен дамыту, нақты бір баланың оқыту, оны тәрбиелеу, сөйлесе отырып психикалық күйінің проблемаларын шешу үшін әлеуметтік-педагогикалық жағдай жасау керек болады.Сонымен қатар, жалпы білім беретін үдерісте даму мүмкіндігі шектеулі балаларды нәтижелі педагогикалық қолдау, оларды қоғамда әлеуметтендіру білім беру үдерісіне қатысушылардың, ең алдымен, мектеп мұғалімдерінің даму мүмкіндігі шектеулі баламен жұмыс істеуге қажетті білім мен құзыреттілігі жоғары болған жағдайда ғана жүзеге асады.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың тәрбиесіне ерекше мән берілуі керек. Бұл тәрбиенің негізгі мақсаты -еңбекке үйрету, өмірде өз орнын табуға баулу, өмірге икемді жеке тұлға қалыптастыру. Ең алдымен тәрбие ісіне терең сезім қажет. Ертең есейгенде олар кім болып шығады деген сұрақ әрбір ата-ананы ойландыруы тиіс. Баласының қалаған ісімен еркін шұғылданып, қоршаған дүниені тануына, олардың толыққанды тұлға ретінде сезінуіне көмектесіп, жол аша білу керек. Осыған байланысты педагогтар да балаға арналған жеке даму бағдарламасы бойынша жұмыс жасайды. Ата-ана мен педагогтар бірігіп жұмыс жасаса мүмкіндігі шектеулі, мүгедек балаларды еңбекке баулу мәселесі өз шешімін табады. Мектептегі үлгермеушіліктің негізгі себебі мектептегі білім беру жүйесінің баланың

интеллектуалдық жүйесіне сәйкес келмеуі. Ал біз болсақ, білім беру бағдарламаларын күрделендіру үстіндеміз. Баланың меңгеру деңгейін, оның жас ерекшелігін назарға алмай, бір жағынан баланың жаңа бағдарламамен оқуы қиынға соғатынын түсінуіміз қажет.Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім мен тәрбие берудегі ғылыми нәтижеге қол жеткізудің бірі жаңа технологияны игеріп, компьютерді пайдалану.Компьютерді пайдалануда мынадай дидактикалық мүмкіндіктерді көруге болады;логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға,шығармашылық еңбек етуіне жағдай жасалады.

Біз осы мүмкіндігі шектеулі балалармен қиындығы бар мұғалімдік мамандықты таңдап, бірнеше жылдан бері есту қабілеті бұзылған балаларды оқыта отырып, тәрбиелеп келеміз.Жалпы арнаулы мектептің мұғалімдерінің басты міндеті-балалардың ерекшелігін ескере отырып, білім мен тәрбие беру және олардың қоршаған ортаға толыққанды бейімделуіне мүмкіндікер жасау болып табылады. Кез-келген педагог өз ісін қалтқысыз сүюі, ерекше балалармен жұмыс жасаудың жауапкершілігін жоғары әрі терең сезінуі керек деп ойлаймын . Егер әр мұғалім өз сабағында баланы жан-жақты дамытуды басты мақсат деп тапса, сонда ғана қоршаған ортамен қарым-қатынас жасай алатын тұлға дайындай алады деп сеніммен айта аламыз. «Мектептің тірегі де,тілеуі де – оқыта білетін мұғалім» - деп А.Байтұрсынов атамыз айтқандай,білім беру жауапты іс,өйткені сол арқылы жеке тұлға қалыптасады,өмірге бейімделеді,ол мұғалімнің біліміне,біліктілігіне байланысты болатыны түсінікті. Қазіргі таңда мұғалімдер қауымының алдына үлкен міндеттер қойылып отыр,соның бірі- оқу- тәрбие үрдісін сапалы ету,жаңаша бағытта құру.

Арнайы мектепте баланың білім алуы, тәрбиеленуі және түзете-дамыту жұмысы өзара тығыз байланысты болады. Оларды бір-бірінен бөліп алып жекелей қарастыруға болмайтыны анық екені белгілі.Жаңа технология элементтерін пайдалану сабақтың тиімділігін арттырып, бала үшін тақырыптың саналы түрде түсінуіне пайдалы екені сөзсіз.Осы аталған міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымы оқу-тәрбие жұмысын жаңаша бағытта ұйымдастыра отырып, нәтижесінде баланың қоршаған ортаға барынша бейім бола алатын тұлға ретінде қалыптасуын басты мақсат етіп қояды. Қазіргі таңдағы қоғамдық өзгерістерге байланысты әрбір баланы жеке адам ретінде,оның ішінде,мүмкіндігі шектеулі балаларды шамасына қарай әрекет етуге қабілетті, өмірде өз орнын таба білетін тұлға екенін ескере отырып, оларды заман талабына сай оқытып тәрбиелеу міндеті күн тәртібіне қойылып отырғаны белгілі.Заман талабы, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті. Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі- әдістемелік қызметтің кәсіби шебер ұйымдастырылуы немесе көрсетілуі. Солай бола тұра «кәсіби шебер» түсінігіне пәндік, дидактикалық, әдістемелік, психология-педагогикалық білім мен дағды ғана емес, педагогтің жеке тұлғалық потенциалы, кәсіби құндылықтары да жатады.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы мектептерде оқуға мүмкіндік жасай отырып, кей жағдайларда балаларды қашықтықтан оқытуға жағдай жасау мемлекеттің басты мақсаттарының бірі болып табылады.Осыған орай мәселелерді шешу жолында әр мұғалім бағдарламаға сай шағын электронды оқулықтар дайындап ,үлгерімі төмен және мүмкіндігі шектеулі оқушылармен жеке жұмыс түрлерін жүргізгені жөн. Әр оқушының үлгермеу себебін анықтап,мүгедек баланың диагнозына қарай жұмыс жүргізсе, оқушының білімге деген құлшынысы артып, өзіндік дарындылығы айқындалады.Жаңаша білім берудің негізгі тәжірибелік міндеттерін шешуде мектептегі жаңалықтармен дамуды,қолданылған әрекеттер мен құралдардың тиімділігін диагностикалау негізінде анықтауға болады.Осыған байланысты педагогтар өз қызметінің обьектісіне әлеуметтік психологиялық және педагогикалық мінездеме беріп, танып, білумен зерттеу әдістерін меңгерулері керек деп ойлаймын .

АКТИВНЫЕ МЕТОДЫ И ПРИЁМЫ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Акжигитова Рима Семгалиевна, Мажикова Кенжегуль Кыстаубайкызы
Актюбинский специальный комплекс для детей с нарушениями слуха и зрения

В рамках обновления содержания образования РК перед учителем – предметником ставятся задачи формирования знаний и умений в соответствии с новыми стандартами, формирование универсальных учебных действий, позволяющих обучающимся действовать в новой обстановке на качественно высоком уровне. Перед педагогами стоит проблема абсолютно нового подхода к организации обучения, где широко применяются активные и интерактивные методы обучения, способствующие повышению интеллектуальной активности обучающихся, развитию аналитических способностей, формированию ответственного отношения к собственным поступкам, развитию навыков целеполагания и планирования, формированию и развитию эмоциональных контактов в коллективе.

Учитель должен не только понимать, чему и как учить, но и организовать процесс таким образом, чтобы обучающиеся задавались вопросами: «Чему мне нужно научиться?», «Как мне этому научиться?». Обучение должно быть построено как процесс «открытия» каждым подростком конкретного знания. Из пассивного слушателя ребенок должен превратиться в самостоятельную, критически мыслящую личность. Сегодня важно обеспечить общекультурное, личностное и познавательное развитие.

Главная задача каждого учителя – не только дать обучающимся определённую сумму знаний, но и развить у них интерес к учению, научить учиться.

Активные методы обучения - это методы, которые побуждают обучающихся к активной мыслительной и практической деятельности в процессе овладения учебным материалом.

Особенности активных методов обучения состоят в том, что в их основе заложено побуждение к практической и мыслительной деятельности, без которой нет движения вперед в овладении знаниями.

Для каждого этапа урока используются свои активные методы, позволяющие эффективно решать конкретные задачи этапа.

Динамично помогают начать урок такие методы, как:

- "Галерея портретов"
- "Улыбнемся друг другу"

Такая работа позволяет создать благоприятный настрой.

Очень важным для преподавателя является включение в урок активных методов выяснения целей, ожиданий, опасений. Такие методы, как:

- "Дерево ожиданий"
- "Фруктовый сад"
- "Ковер идей"

Эта работа позволяет понять каждого обучающегося, а полученный материал в дальнейшем использовать для осуществления личностно-ориентированного подхода в работе. Обучающимся данный метод позволит более четко определиться со своими образовательными целями, озвучить свои ожидания и опасения, с тем, чтобы педагог мог их знать и учитывать в образовательном процессе.

Методы заключаются в следующем. Обучающимся предлагаются заранее вырезанные из бумаги яблоки, лимоны, разноцветные листы, таблица и т.д. для определения ожидания (что хотел бы получить от урока, обучения в целом и чего опасается). Ребенок записывает и прикрепляет на определенную «поляну», «дерево» и т.д. После выполнения систематизируются сформулированные цели, пожелания, опасения и подводятся итоги.

Методы и приемы на уроках:

Ролевые игры

Например, *тема урок: «Язык и человек. Язык и речь. Речь устная и письменная». Ролевая игра «Вы пришли в библиотеку (магазин…)».* Охарактеризуйте условия общения: С кем будете говорить? Зачем вы пришли? О чем будете говорить? На каком языке? Какое общение будет в этой ситуации?

Или

Тема: «Виды предложений»

Проведем лингвистический эксперимент. Как вы произнесете фразу ВАШ БИЛЕТ в предложенных речевых ситуациях?

А) Кто-то уронил билет, вы его подобрали и ищите владельца. Вы должны обратиться к окружающим.

Б) Вы контролер. Ваша цель-проверить наличие проездных билетов у пассажиров автобуса. Вы поочередно обращаетесь к каждому, требуя показать билет.

В) Поезд прибывает в пункт конечного назначения. Проводник вагона раздает пассажирам билеты. Он вручает билеты поочередно пассажирам.

Рубрика «Любознательным». В ней необычные, удивительные сведения о родном языке, о его истории, о происхождении многих слов и выражений, а также информация о науке, изучающей язык.

Например, о происхождении слова копейка (родственное слову копье).

«Многие слова, обозначающие привычные обыденные понятия, имеют любопытную историю, связанную с их происхождением. Например, *название монеты КОПЕЙКА, оказывается, произошло от слова КОПЬЁ: в старину на этой монете был изображен всадник с копьем. Существительное РУБЛЬ исторически связано с глаголом РУБИТЬ, в Древней Руси при размене крупных серебряных или золотых слитков (брусков) их рубили на части. Это требовалось в том случае, если вещь стоила меньше, чем брусок*.

Словесные игры

Кроссворды, ребусы, обычные загадки тренируют ум, развивают языковую догадку, помогают лучше понять законы родного языка. Игра со словами – это не только развлечение, но и серьезная работа.

Игра «Волшебная лесенка». Попробуйте спуститься вниз по лесенке, заполняя каждую ступеньку именем существительным. При выполнении этого задания можете пользоваться орфографическим или толковым словарем.

Индивидуальные сообщения.

Например:«История создания повести Карамзина «Бедная Лиза», «Слово о полку Игореве» и др. Этот вид работы позволяет активизировать работу с дополнительными источниками информации.

Работа с текстом на уроках.

Аннотация. *Статья посвящена актуальной проблеме современного образования. В статье рассматривает альтернативные позиции сторонников и противников инклюзивного образования, раскрывает положительные и отрицательные стороны этой образовательной системы обучения при полном включении ее в практику общеобразовательных школ.*

Ключевые слова: *инклюзивное образование, инклюзивная педагогика, ограниченные возможности здоровья обучающихся, дети-инвалиды, социализация.*

Современное общество хотело бы отмежеваться от идей дискриминации по какому- либо признаку: расовому, религиозному возрастному, национальному и др., в числе которых дискриминация инвалидов и осуществление их прав. Дети с особенностями развития должны иметь равные возможности наравне со здоровыми. Сегодня считается, что только общество и несовершенная модель образования создает проблемы стереотипы и барьеры для их социализации. Инклюзивное образование продолжает оставаться обсуждаемым и дискуссионным в обществе. Понятие «инклюзивное образование» появилось в нашей стране сравнительно недавно. Очень часто его понимают как попытку гуманизации образовательной среды. Но инклюзии не могут рассматриваться обособленно от готовности общества воспринять гуманизм как идеологию повседневного поведения. В международном масштабе, это понятие все чаще рассматривается в более широком плане, как образовательная реформа, которая поддерживает и поощряет разнообразие среди обучающихся. В какой степени современное общество готово к принятию инклюзивного образования детей с ОВЗ и каковы проблемные вопросы такого образования, его плюсы и минусы попытаемся проанализировать в статье.

Термин "инклюзия" в переводе с английского языка означает "включенность". Инклюзивное образование (фр. inclusif-включающий в себя, лат. include-заключаю, включаю) - процесс развития общего образования, который подразумевает доступность образования для всех, в плане приспособления к различным нуждам всех детей, что обеспечивает доступ к образованию для детей с особыми потребностями. Инклюзивное образование (воспитание) лиц с ограниченными возможностями здоровья (ОВЗ) – это совместное обучение и воспитание в специально созданных условиях, включая организацию совместных учебных занятий, досуга, различных видов дополнительного образования лиц с ОВЗ и лиц, не имеющих таких ограничений. Инклюзивное образование должно обеспечивать адаптивность системы образования к уровням подготовки, особенностям развития, способностям и интересам обучающихся (воспитанников), их социальную адаптацию. К несомненным достоинствам инклюзивного образования детей с ОВЗ относится социализация ребенка, появление адаптивной образовательной среды, в которой могут обучаться все дети без исключений, а значит и социальная и экономическая готовность государственных школ, родителей к принятию детей с ОВЗ. Создание комфортных условий обучения для всех без исключений, усилит социальную реабилитацию детей-инвалидов, включенность их в общество, приведет к улучшению качества жизни детей из социально уязвимых групп.

Инклюзия связана с уделением особого внимания тем группам обучающихся, которые могут оказаться подверженными риску обособления, эксклюзии или низкой успеваемости. Общество воспитывает и готовит общество равных, без дискриминаций. Но на сегодня инклюзивное образование в общеобразовательных школах доступно лишь там, где созданы особые условия для инвалидов –например, тифлотехника для плоховидящих, ортопедическая техника для детей-опорников и др. Практика показала, что педагог, изначально профилированный на работу с обычными детьми в общеобразовательной школе, оказавшийся в условиях интегрированного обучения, не обладает знаниями о специфике обучения детей с ограниченными возможностями, не всегда владеет специально-педагогическими умениями и навыками. Если в коррекционных школах педагоги имеют специальное образование - дефектологическое (сурдопедагоги, логопеды, олигофренопедагоги и др.) знающие особенности детей, методы и методики их обучения, то в массовых школах таких специалистов часто не хватает. Особенные образовательные потребности ребенка требуют от школы предоставления дополнительных индивидуально направленных материалов, программ или услуг. Наши выводы подтверждаются и социологическими исследованиями. Препятствием инклюзии в массовую школу умственно отсталых детей по мнению педагогов является отсутствие специалистов, подготовленных к работе с такими детьми и отсутствие специальных педагогических программ для общеобразовательных школ. В результате процесс обучения ребёнка с умственной отсталостью приобретает формальный характер, и лишь способствует стигматизации.

Каждый учитель коррекционной школы составляет адаптированную программу, которая соответствует уровню возможности получения знаний каждым обучающимся. Не каждый современный педагог общеобразовательной школы в переполненном классе здоровых обучающихся, готов к работе с ребенком-инвалидом по слуху, зрению, и др., особенно с умственной отсталостью. На сегодня: «содержание образования, реализуемое в массовой школе, не ориентировано на удовлетворение особых образовательных потребностей этих школьников». Но в качестве одной из форм реализации идеи инклюзии в массовой школе могут быть специальные классы для реализации нецензового образовательного процесса в них дефектологами, что позволит обеспечить получение детьми с ОВЗ качественного адаптированного образования, обогащать социальные связи и опыт ребёнка через его регулярное взаимодействие со здоровыми сверстниками.

Понимание потенциальных возможностей людей с ограниченными возможностями здоровья (ОВЗ) инициировало появление различных вариантов включения их в нормальную жизнь общества. Мы являемся свидетелями расширяющегося процесса инклюзивного образования, изучения и становления его концепции в нашей стране. Сегодня педагогам и представителям различных общественных институтов предстоит немало потрудится в формировании общественного мнения и в предоставлении данных и знаний, которые должны лежать в основе любой образовательной реформы. Современная система образования развитого демократического сообщества, переход к инклюзивному образованию является не просто осуществлением технических или организационных изменений, а реальной готовности общества и государства предоставить всем учащимся доступ к возможностям в области получения образования. Поэтому инклюзивное образование остается одним из центральных вопросов обеспечения высококачественного образования и создания более инклюзивного общества без дискриминации и неравенства.

Бесспорным фактом, основанным на множестве научных и практических исследований в области инклюзии, является признание образования важнейшим компонентом жизнедеятельности детей с особенностями развития на протяжении всей их жизни, а также сильнейшим мотиватором на пути их выздоровления и объединения со здоровыми сверстниками. «Инклюзивное, или включающее образование основано на том, что все дети, несмотря на свои физические,

интеллектуальные и иные особенности, включены в общую систему образования и обучаются вместе со своими сверстниками по месту жительства в массовой общеобразовательной школе, учитывающей их особые образовательные потребности.

Понятие «инклюзивное образование» сформировалось из убеждения в том, что образование является основным правом человека и что оно создает основу для более справедливого общества. Все учащиеся имеют право на образование, независимо от их индивидуальных качеств или проблемы. Можно с уверенностью сказать, что инклюзивное образование расширяет личностные возможности всех детей, помогает выработать такие качества, как гуманность, толерантность, готовность к помощи. Инклюзивное образование является принципиально новой системой, где ученики и педагоги работают над общей целью - доступным и качественным образованием для всех без исключения детей.»

Список литературы:

1.Волосовец Т.В. Инклюзивное образование: модная тема или долгосрочная стратегия. [Электронный ресурс]:

URL: edu open.ru/Portals/0/Documents/Docladi/Volosovets.doc

2.Жданова В.О. Инклюзивное образование умственно отсталых детей в «зеркале» педагогического мнения. [Электронный ресурс]:URL: www.km.ru

3. Четверикова Т.Ю. Практики инклюзивного образования школьников с умственной отсталостью /Международный научно-исследовательский журнал. 2016. Вып.4.Часть 3. Педагогические науки. С.116-118.

ЕРЕКШЕ» БАЛАЛАРҒА БІЛІМ БЕРУ ТӘСІЛІ ДЕ ЕРЕКШЕ БОЛУЫ ҚАЖЕТ

Құрмаш Қ.Қ, Шотанова Г.Г
Ақтөбе облыстық есту және көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы «мектеп- интернат- колледж» кешені КММ-нің ағылшын тілі және тарих пәні мұғалімдері

Соңғы жылдары арнаулы білім жүйесінде мүмкіндігі шектеулі балаларды сапалы біліммен қамту өзекті мәселенің біріне айналды. Мәселелерді тұңғыш рет мемлекеттік деңгейде көтеріп, ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасында инклюзивті білім беру жүйесін дамыту жан-жақты қарастырылған.

Қоғамдағы мүгедектердің жағдайы, олар бастан өткеруге мәжбүр қиындықтар туралы пікірталастар жиі орын алып келеді. Алайда ересек мүгедектердің өз құқықтарын іске асыруына байланысты мүгедектік проблемалары жиі іске алынып жатады, ал кемтар балалардың жағдайына тиісті көңіл бөлінбейді. Бұл кемтар балаларды психологиялық бейімдеу және қоғамға кіріктіру мәселелерінен бастап, олардың тұлға ретінде қажетсіздігіне дейінгі саладағы проблемалар санының көптігіне қарамастан орын алуда. Бұл баланың адамзаттық ар — ожданын кемсітетін , оның дамуға және тіпті өмір сүруге құқығын іске асыруына кедергі келтіретін әр түрлі кемсітуші көріністер болып табылады.

Инклюзивті білім беру – ерекше мұқтаждықтары бар балаларды жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқыту-даму мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыпты дамыған балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграцияүдерістерін жеңілдету мақсатындағы жеңілдетілген оқыту жүйесі.

Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасын қамтамасыз ету, сонымен қатар оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастырудың идеологиясы жатыр.

Тәжірибе көрсеткендей қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалып жатады. Мұндай қалыптасқан жүйе баланың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкншілігін қалыптастырады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттеріне: білім бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау және жеке адамның шығармашылық рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілікпен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы парасатты байыту» деп атап көрсеткен. Осыған байланысты қоғам алдына оқушының жеке басын үйлесімді дамытуа бағыттайтын міндеттер қойылып отыр.

Білім беру жүйесінде даму мүмкіндігі шектеулі балаларға айрықша орын бөлінген. Бұл балаларға қатысты біздің алдымызда тұрған негізгі міндет – олардың әлеуметтік ақталуы мен бейімделуіне, қоғамдағы толыққанды өмірге дайындалуына жағдай жасау және көмек көрсету қажеттілігі айтылған.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз — барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады.

Инклюзивті білім беру немесе «Білім баршаға» бағдарламасы — барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвециясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді.

Инклюзивті білім берудін мазмұны:

Инклюзивті білім беретін мектептерде білім мазмұны 3 түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал:

-жалпы мектептерге арналған типік оқу бағдарламалары:

— мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары

— мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшіліктерін есепке ала отырып әзірлентін оқытудың жеке бағдарламасы

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі заңында даму мүмкіндігі шектелген барлық балалар психологиялық-медицина-педагогикалық кеңестің қортындысына сәйкес арнайы түзету мекемелерінде және мемлекеттік білім жалпы беретін мектептерде тегін оқуға құқылы деп шешілген.

Атап айтсақ мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортаға кіріктіру мақсатында 2009 жылғы ҚР инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы әзірленген, сонымен қатар 2010 жылдың 1 ақпанында бекітілген ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын атауға болады.

Бұл бағдарламаның басты міндеттерінің бірі –еліміздің инклюзивті оқытуды дамыту болып саналады.

Инклюзивті білім беру оқыту процессінде балаға жеке көмек көрсету мен психологиялық-педогогикалық қолдауды қамтамасыз етеді, жалпы білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі балаларға кедергісіз аймақ құру ғана емес, баланың психофизикалық мүмкіндігін ескере отырып құрылатын оқу-тәрбие пүдерісінің ерекшілігінде ескерген жөн.Ал бұл үдерісті жүзеге асыру үшін мектепте балаға психологиялық- педогогикалық қолдау қызметі ұйымдастырылуы қажет екенін түсініп, өзіміз соны істе асыруымыз қажет.

Мүмкіндігі шектеулі балалар қатарына атап айтсақ оның бірі психикалық дамуы тежелген (ПДТ) оқыту бағдарламасын меңгеруде қиындықтарға кездесетін үлгермеуші балалар.

Психикалық дамуы тежелген балалардың ерекшілігі шаршағыштығымен, жұмысқа қабілеттілігі төмендігі, қоршаған орта туралы дамуында бұзылыстар байқалады. Психикалық дамуы тежелген баланы психологиялық-педогогикалық қолдау (ППҚ) қызметінің тиісті мамандарымен жүзеге асырылады. Түсініктері фрагментарлық, зейіндері тұрақсыз, тұтас қабылдау мүмкіндігі бұзылған, жалпы психикалық үдерістің дамуында бұзылыстар байқалады, мұндайда әр маман өз бағыттары бойынша жұмыс істейді.

Жалпы инклюзивті білім беру – мүміндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудін бір формасы. Нағыз инклюзия білім берудің 2 жүйесін : жалпы және арнаулы жүйелерді бір-біріне қарама-қайшы қоймай, қайта жақындатады.

Инклюзивті оқыту – мүмкіндігі шектеулі балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеметтендіру және интеграция үдерістерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту.

Инклюзивті оқыту- барлық кемтар балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді, оқушылардың тең құқығын анықтайды, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді, барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, балалардың білімділік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» Астана, 2010 ж

2. А. А. Байтұрсынова «Арнайы педагогика: проблемалары мен даму болашағы» Алматы, 2008 ж

3. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Абилова Аксулу Уахитовна,
Ақтөбе қаласындағы №21 «Кәусар бұлақ» бөбекжай балабақшасы тәрбиешісі

Бүгінгі ақпараттық индустрияның қарқынды даму жағдайында маңызды әлеуеттің бірі білім ресурсының беріктігі болып табылады. Сондықтан да білім беру жүйесінің жаңа парадигмаға ауысуы заңды. Мемлекетіміздің әлем қауымдастығынан орын алуы, экономика және әлеуметтік әлеуетінің жоғарылауы, халықаралық деңгейдегі интеграциялық байланыстың дамуы, білім саласының модернизациялануы осы көрсеткіштердің дәлелі болып табылады. Сондықтан да мектепке дейінгі білім беру ұйымдары заманауи өзгеруді қажет етеді.

Сонымен қатар жаңа реформа білім беру жүйесінің мазмұнын өзгертуді, оны жаңаша құруды ұсынады. Оны мектепке дейінгі білім беру жүйесінен бастау маңызды. Себебі, мектепке дейінгі білім беру баланың жан-жақты дамуына, өзін-өзі анықтауына мүмкіндік береді. Осы жастан басап баланың тұлғалық қасиеті қалыптасады.

Мектепке дейінгі білім беру – бұл жалпы мәдени, ұлттық құндылықтар негізінде балалардың үйлесімді дамуы, баланы жалпы орта білім берудің бастауыш сатысына дайындау, қоғамдық өмірге белсенді қатысу үшін қажетті жағдайлар жасау, олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында құрылатын білім беру ұйымы.

Мектепке дейінгі білім берудің мақсаты – баланың іс-әрекеті үшін кеңістік құру және оның жеке дамуын, қолайлы әлеуметтенуін қамтамасыз ету. Балабақша – балаларды қоғамда өмір сүруге үйретететін алғашқы әлеуметтік институт болып табылады. Дәл осы жерде баланың қоршаған адамдармен дербес байланысы жүзеге асады, ол қарым-қатынас жасауды және өзара әрекеттесуді үйренеді.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесі бүгінгі күні қоғам мен отбасының қажеттіліктеріне бағдарланған және баланың жас және жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру қызметтерінің әртүрлі спектрін көрсететін, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің көпфункционалды вариативтік желісі болып табылады. Сондықтан да мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында белсенді инновациялық әдістерді қолдану маңызды.

Белсенді оқыту көптеген жұмыс түрлері мен әрекеттер арқылы жүзеге асырылады: бірлескен жұмыстар, рөлдік ойындар, шығармашылық жұмыстар т.б. Белсенді әдістердің бірі арт-терапия. Арт-терапия мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жиі қолданылады. Баланың шығармашылық әрекетін дамытуда арт-терапияның мүмкіндігі зор.

Осы орайда мектепке дейінгі білім беру ұйымында арт-терапияны қолданудың маңызы зор. Арт-терапия жаттығулары балаға өзінінің шығармашылық қабілетін ашуға мүмкіндік береді. Атап айтсақ, музыка терапиясы, құм терапиясы, сурет терапиясы, қуыршақ терапиясы, ойын терапиясы т.б. Бұл әдістер баланың релаксациялық қасиеттерін дамытады. Мысалы, құм терапиясы арқылы бала өзінің қиялын, қол моторикасын дамытады. Құммен сурет салу бүгінгі білім беру жүйесінің инновациялық әдістерінің бірі болып табылады. Құмды алақанымен ұстаған кезде бала белгілі бір шексіздікті сезінеді. Р.В. Паранюшкиннің айтуы бойынша, құм адам бойындағы жағымсыз энергияны тазартады, адамға позитивті психологиялық ахуал сыйлайды. Креативті ойлау дағдысы арқылы баланың өзіне деген сенімі артады. Сурет салу бала қиялын дамытуға мүмкіндік береді. Сурет салу арқылы баланың шығармашылық мүмкіндігі дамиды.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында әртүрлі инновациялық әдістер қолданылады. Педагогтер өздерінің шығармашылық әрекеттерінде баланың дағдысын жан-жақты дамыту үшін заманауи технологиялар мен әдістерді қолданады. «Денсаулық», «Қатынас», «Таным»,

«Шығармашылық», «Әлеумет» атты білім беру бағыттарында осы әдістер жиі пайдаланылады. Заманауи технологиялар мен әдістерді пайдалану балалардың қызығушылығын оятады. Мысалы, «Шығармашылық» білім беру бағыты бойынша балалардың шығармашылық әрекетін ұйымдастыру барысында белсенді әдістерді қолдануға болады. Атап айтсақ, миға шабуыл, диалог, топтық шығармашылық жұмыс, пазл, синквейн т.б. Сонымен қатар Монтессори әдістемесі балалардың еркін ойлауына мүмкіндік береді. Монтессори әдістемесі балалардың ерекін ойлауына, креативті шешімдер қабылдауына негіз болады. «Өзіңді тануға көмектес» — Монтессори әдістемесінің негізгі қағидасы болып табылады. Монтессори әдістемесінің тағы бір бағыты сенсорлық мотериканы дамыту. Сенсорлық мотериканың дамуы баланы сезуге, тануға, қабылдауға, түйсінуге, ұғынуға үйретеді.

Тілді дамыту отбасында, балабақшада және мектепте әртүрлі пәндердің интерграциялық байланысы негізінде жүзеге асады. Сөйлеу тілі мен сөздік қоры молая бастаған сайын бала айналадағы адамдармен, құрдастарымен белсенді түрде сөздік қатынас жасайды.

Баланың тілін дамытуда ойынның маңызы ерекше. Баланың қоршаған ортаны тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады.

Ойын балалар үшін айналаны танып-білу тәсілі. Ойын кезінде бала өзін еркін ұстайды. Дидактикалық ойындар арқылы балалар қоршаған ортадағы заттармен танысып, қасиеті мен сапасын ажыратуға, әртүрлі құбылыстардың ерекшеліктерін білуге талпыныс жасайды, өзіне қажетті көптеген мәліметтер жинайды және олардың сөздік қорлары кеңейеді. Әртүрлі ойын түрлері қолданылады. Атап айтсақ, рөлдік ойындар, драмалық ойындар, дидактикалық ойындар, ұлттық ойындар.

Сонымен қатар балабақшада ТРИЗ әдісі жиі қолданылады. ТРИЗ әдісін өткен ғасырдың 70 жылдары Г. С. Альтшулер ойлап тапқан. Мектепке дейінгі балаларға бейімделген ТРИЗ әдісі баланы шығармашылық тапсырмаларды орындауға үйретеді. Тәй-тәй әдісінің оқу процесінде маңызы зор. Балалардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту барысында тәй-тәй әдісін тәрбиеші жиі қолданады. ТРИЗ технологиясы мектеп жасына дейінгі балаларға арналған технологиялардың бірі болып табылады. Басты мақсаты мектеп жасындағы балалардың шығармашылық ойлау әрекетін және сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Триз технологиясын пайдалану барысында балалардың тілді меңгеру дағдысы дамиды. Атап айтқанда, сөйлеу процесі арқылы сөздік құру; сөз бен сөзді байланыстыру; қарым-қатынасты жандандыру, диалогтік сөйлеуді дамыту; сұрақтар қою білігін арттыру; сөзжұмбақ шешу; жылдам оқуға машықтану. Мектеп жасына дейінгі балаларға ертегі оқу арқылы олардың сөйлеу дағдысы мен есте сақтау қабілетін қалыптастыруға болады.

Заман талабына сай тәрбие саласына енгізілген жаңа бағыттағы тың үрдістерді тәрбиеші меңгеріп қана қоймай, оны тәжірибеде орынды қолдана отырып, өз білімін, іскерлігін үнемі жетілдіріп отыруы қажет. Белсенді әдістерді сабақта тиімді қолдану, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕР

Абилова Кенжегуль Бердихановна,
Ақтөбе қаласындағы №21 «Кәусар бұлақ» бөбекжай балабақшасы тәрбиешісі

Қазіргі кезде егеменді еліміздің ертеңі - өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ-ұлтымыздың баға жетпес

қазынасы. Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік – экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістерді енгізуді талап етіп отыр.

Қазіргі кезде білім ғылым саласында заманауи педагогикалық техналогиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналады. Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі-өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Әрине, ол үшін мектепке дейін білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагоктардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Егеменді еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, қазіргі заманға сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – педагогтар еншісінде. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр. Балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолдануға ізденеміз. Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану білім сапасын арттырады.

Жаңа заман баласы-ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр – сырын, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай түзету қажет. Әрине ол үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты. Яғни, педагогикалық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау – қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту балалардың шығармашылығын дамытуда интербелсенді әдістерді қолдану бірнеше міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Интербелсенді әдістер тәрбиешілердің басқа балалармен, тәрбиешімен диалогқа кірумен, шығармашылық тапсырма орындаумен, оқытудың «субъекті» ретінде сипатталады. Педогогтің ұстанымы ауысады: ол балаларға басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы. Бала тұлғасын әлеуметтендіру үдерісінің ең басында туындайтын интербелсенді оқыту баланың интелектуалды қабілеттілігін айтарлықтай шамада анықтайды. Интербелсенді әдістер балаларға мінезін қалыптастыруға, байланыс тілді, логикалық ойлауды, дүниетанымды дамытуға, сыни ойлауды қалыптастыруға және жеке мүмкіндіктерді беретін заттақ-дамытушы орта құруға мүмкіндік береді.

Еліміздің мектепке дейінгі мекемелері мемлекеттік стандартымызды, ұлттық тәрбиемізді негізге ала отырып, оқу қызметін жүгізумен қатар, бала тәрбиесіндегі әлемнің көптеген мемлекеттері пайдаланып отырған үздік тәжірибелі италияндық ағартушы-ғалым М. Монтессори әдісімен жұмыс жасауда. М. Монтессори әдісі балаларға жауап кершілікті сезінуге, өздігінен шешім қабылдауға, топтп да, жеке де жұмыс жасай алуына, таңдау жасай алуына, өз уақытын ұйымдастыра білуіне, өзіне сеніммен қарауына мүмкіндіктер береді, қолайлы жағдай туғызады. Бұл әдістің мақсаты – балалардың табиғи мінезін, қабілетін, тәрбиешінің нұсқауымен емес, өз еркімен тәуелсіздік рухына тәрбиелеу.

Мектепке дейінгі балалық шақта бейімделген ТТШТ технологиясы баланы шығармашылық тапсырмаларды орындауға үйретеді және оның бойында шығармашылық жүйелі түрде жетелеуге мүмкіндік береді. Баланың шығармашылық потенциялының тұлға ретінде даму мәселесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартындағы білім мақсатының біріне жатады. Бүгінгі күні осы Тапқырлық тапсырмаларды шешу теориясының әдістері арқылы мектепке дейінгі балалардың тілдік құзіреттіліктерін, қабілеттерін дамытудағы маңызды орын алатыны айқын.

Бүгінгі күннің заманауи білім беру жүйесі үшін өзекті мәселелердің бірі-балаларды ғана емес, педагогтардің де, кәсіби құзіреттілігінің дамытуды қамтамасыз ету. Сондықтан қазіргі кезде мектепке дейінгі педагогтердің тәрбиелеу мен оқытуда заманауи әдістерін қолдануы, оларға әдістемелік қолдау көрсету – басты назарда. Біліктілікті арттыру жүйесі қоғам сұраныстарына дер кезінде жауап беруге мүмкіндігі бар үздіксіз білімнің ең бір оралымды құрылымдарының бірі. Білімнің әлеуметтік және өмірлік рөлінің, адамның танымдық – шығармашылық мүмкіндігінің өзгеруі біліктілік арттыру жүйесіндегі білім беру ісін үздіксіз жаңаша ұйымдастыруды талап етуде. Осыған орай, мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқытудың заманауи педагогикалық технологиялары модульдік оқу бағдарламалары болып негізделген.

Біліктілікті арттыру жүйесінің басты функциясы педагогтердің заманауи технологияларды пайдалана білу қабілеттерін дамыту ғана емес, олардың жаңа әдіс-тәсілдерді өздері таба алатын, жаңарту мен даму тенденцияларына сай өзінің кәсіби қызметіне рефлексивті өзгерістер енгізе алатын кәсіби құзіреттілігін дамыту болып табылады.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕГІ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Г.Б.Адилканова, магистр
Ақтөбе Жоғары политехникалық колледжі
Г.С.Алашбаева, магистр
№69 жалпы білім беретін орта мектеп

Қазірде мобильді оқытудың, оларға қосымшалардың дамуы кез-келген пайдаланушының дәстүрлі оқыту аясында қажет оқу ресурстарына ену мүмкіндігіне ие. Мобильдік құрылғылар ақпараттық технологиялар арқылы қолданушы үшін интернет желісі бар кез-келген орында қолжетімді болатындай жағдай жасап отыр. Мобильді оқытуды дәстүрлі оқытумен біріктіре отырып, оқыту мен оқудың мәнін жаңа сапаға көтереді.

Бүгінде, сондай-ақ, толықтай компьютерлік кабинеттерді жабдықтаудың керегі жоқ, өйткені кез-келген білім алушының қолында мобильді құрылғылар бар, олар өздерінің оқу үдерісіне сол құрылғыларды пайдалана отырып, дәстүрлі оқу жағдайында білім ала алады. Сондықтан да, бүгінде білім беру мен оқытудағы маңызды проблема мобильді құрылғыларды оқу-тәрбие үдерісіне ұйымдастырылған және жүйелі түрде қолдануға арналған тиімді әдістемелерді жасау керек.

Бұл міндет білім алушыларды оларға үйреншікті құралдарын өздерінің білім алу мақсатында қолдана білуді, оның нәтижелі де мақсатты түрде қолданылуы арқылы олардың оқу материалдарын игеруіне, бағалануына қызмет етуге бағыттап, құралдарды адамның өз игілігіне мақсатты қолдану жолдарын үйретуді көздейді. Мобильді құрылғыларды қолданудың түрлі жолдары бар:

- Білім алушының өз бетінше дербес жұмыс істеуіне мүмкіндік береді;
- Толықтай бір курс бойы қолдануға болады немесе кейбір кіріктірілген курстарда, модульдерде қолдануға болады;
- Білім алушы дайын мобильді құрылғыға арналған материалдардың қолданылуына немесе ол оқу материалын өзі жасауға мақсатталады;
- Мобильді құрылғылар білім алушының жеке құралы немесе оқу орнының құралы болуы мүмкін.

Бүгінде мобильді қосымшалар мен құралдардың типологиясын да жасауға болады:

- Анықтамалық қосымшалар мен құралдар (сөздіктер, энциколопедиялар, аудармашылар);
- Коммуникативті құралдар (Гугл құралдары, әлеуметтік желілер, блогтар);
- Мобильді онлайн жаттығулар жасаушы құралдар;
- Кері байланысты орнатуға арналған қосымшалар.
- Сонымен мобильді құрылғылар білім алушыға аутентикалық материалдарға кез-келген уақыт пен кеңістікте жылдам қол жеткізуге мүмкіндік береді;
- Оқытушы мен оқу қауымдастықтарымен үнемі байланыста болуы мүмкіндігі;
- Студенттердің жеке ерекшеліктерін есепке алып, оқу материалдарының таңдалуы.

Ақпараттық технологиялардың оқытуда қолданылуы білім алушының ішкі уәждемесін, оқуға, оқу қызметін атқаруға деген қызығушылығын арттыруды көздейді. Сонымен қатар, алынған әдеби материалдарға талдау жасау, олар туралы интернет желілерінен сәйкес материалдарды тауып, оны оқу құралымен салыстыру, оқытушының тапсырмасын орындауда қажет материалдарды тауып қолдануды мақсат тұтатыны белгілі.

Бүгінде ақпараттық технологиялар тұтас педагогикалық үдерістің ажырамас құрамдас бөлшегі ретінде қарастырылады. Сондықтан да оқытушы мен білім алушының арасында осы ақпараттық құралдар арқылы ғана объект-субъектілік қарым-қатынас орнайды.

Әдебиет сабақтарында ақпараттық технологияларды қолдану әр түрлі иллюстративті-бейнелі, анимацияланған, кино , бейне, аудио материалдары арқылы сабақтың нәтижелігін арттыруға үлкен көмек береді. Білім алушылар тарапынан өз бетінше жұмыс істеу, материалдарды табу, оларды өңдеп, сабақ барысында тапсырманы орындауда қолдана білу оның өз бетінше жұмысын қалыптастырудың негізі бола алады. Мысалы, компьютерлік тестілердің қолданылуы оқытушыны тексеруге арналған уақыттың үнемделуіне септігін тигізе, Power Point бағдарламасы арқылы жасалған презентациялық материалдар сабақтың көрнектілігін арттырады. Аталмыш технологияны қолдану оқыту үдерісінің жандануын қамтамасыз етеді.

Бүгінгі күні орта кәсіби оқу орындарындағы білім алушылардың қазақ әдебиеті бойынша толыққанды білім игеріп, алған білімдерін күнделікті өмірінде және болашақ мамандығында қолдана білуге үйрету негізгі мақсат етіліп алынғаны жөн, ал осындай табысты нәтижеге жеткізудің бір жолы - ол жаңа педагогикалық және ақпараттық, мобильдік технологиялардың сабақтарда қолданылуында студенттердің саналы түрде жасайтын қызметін ұйымдастыру оқыту технологиясының толыққанды іске асуы болып табылады.

Қазіргі кезде тілдік пәндерді оқыту әдістемесінде көптеген жаңа педагогикалық технологиялардың түпкі мақсаты қойылған мақсатқа тиімді және нәтижелі жету болып табылатыны да белгілі. Осыған орай, қазақ әдебиетін оқытуда ерекше орын алатын аудиовизуалды технологияларды атауға болады. Ақпараттық кеңістіктің дамуы мен қарқынды етек жаюы тілдік пәндерді оқытуда осы ақпараттарды таратушы құралдарды тиімді қолдануға жол ашып отырғаны да белгілі.

Қазіргі өмірде кез келген адамның іс-әрекеті мен қызметін техникасыз елестетуі мүмкін емес.Техниканы пайдалану және оны іске қосу әрекеті, әрине, оңай. Ал сол техниканы білім алу жүйесінде қаншалықты ұтымды қолдануға болатыны мен оның әсіресе тілдік пәндер үшін тиімді құрал ету жолдарын іздестіру бүгінгі күннің кезек күттірмейтін мәселесі болып табылады.

Оқытудың аудиовизуалды технологиялары дегеніміз - оқытудың мақсатына жету үшін қолданылатын технология, компьютерлік құралдарды пайдалану арқылы қызметті ұйымдастырудың тәсілі және де оқытудың кез келген технологияясы сияқты аудиовизуалды технологияларға бірнеше белгілер тән:

- диагностикалық мақсатталуы;
- алгоритмдік сипаты;

- қойылған мақсатқа сәйкес аудиовизуалды құралды таңдау;
- оқыту үдерісінің басқарылуы, яғни кері байланыстың болуы;
- нәтижелілік;
- үнемділік.

Аудиовизуалды технологияны, көптеген әдіскерлердің пікірінше, оқыту құралы ретінде оқу үдерісінің кез келген кезеңінде пайдалануға болады; уәждік, ақпараттық, дербес ақпарат көзі, білімді тексеру мен бақылау және түзету кезеңдерінде де тиімді.

Оқытудың аудиовизуалды технологиясында міндетті түрде танымдық, өз бетінше орындалатын, шығармашылық тапсырмалардың дұрыс таңдалуы қарастырылады. Өйткені кез келген оқыту үдерісі материалдың дұрыс қабылданып, оның үздіксіз өзектеліп, сонан соң қажет жағдайда белсендірілуін көздейтіні белгілі. Осыған байланысты адам бойында қызығушылық пайда болады, ал ол қызығушылық өз кезегінде мына үш жағдай арқылы сипатталады:

- қызметке деген оң және жақсы эмоция;
- сол эмоциялардың танымдық қырларының болуы;
- сол қызметтің өзінен шығып тікелей туындайтын уәждің болуы.

Әдебиеттер тізімі

1. Тұрсынғалиева С. Ч., Берекенова Ә. С. Қазақ әдебиеті. Әдістемелік құрал. 1О- сын. Астана: «Арман- ПВ». 2014.
2. Тұрсынғалиева С. Ч., Берекенова Ә. С. Қазақ әдебиеті. Жұмыс дәптері. 1О- сын. Астана: «Арман- ПВ». 2014.
3. Тұрсынғалиева С. Ч., Берекенова Ә. С. Қазақ әдебиеті. Дидактикалық материалдар. 1О- сын. Астана: «Арман- ПВ». 2014.
4. Оразақынова Н. Қазақ тілі: Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 2014.- 230 бет.
5. Қапасова Б.Қ. Қазақ тілін жедел оқыту. - Астана: Арман ПВ, 2007. – 288 бет.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫ ДАМЫТУДА АЛАТЫН ОРНЫ

Алдияр Әсет Құлымбетұлы
«М.Тәжин атындағы ЖОББМ» КММ

Қазіргі таңда «Денсаулық тәрбиесі – ортақ мәселе». «Қазақстан – 2030» бағдарламасында салауатты өмір салтын ұстану мемлекеттік маңызы бар мәселелермен тең дәрежеде екендігі баса көрсетілген. Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымын құрастырады. Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет. Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болары сөзсіз.

Мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру дегеніміз:

I. Жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан – жақты үйлесім тауып, өз ғұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру;

II. Салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шараларды жүргізу.

Сондықтан балаларды жасынан салауатты өмір салтына қалыптастыруға күш салып, зиянды әдеттерден сақтандыруымыз керек. Әр халықтың өз ұрпағын өмірге әзірлеуде,баулып тәрбиелеуде өзіне ғана тән ерекшеліктері болады.Ол ерекшеліктері ең алдымен сол халықтын әдет-ғұрпын,салт-санасы тұрмысы мен дәстүрлеріне байланысты қалыптасады.Сондықтан осы ұғымды өз бойына жинаған барлық тәрбие құралдарын біз бүгінде халық педогогикасы деп атаймыз.Халық педогогикасының бір саласы-ұлт ойындары. Қазақ халқының ұлт ойындарының өзіне тән бір ерекшелігі сол ол тек көңіл аулап,қызық қуып,уақыт өткізу үшін емес,белгілі бір білімділік тәрбиелік мақсат көздейтінінде. Қазақ халқынын ұлт ойындары негізінен үш саладан тұрады.

1)Ойын- сауық ойындары.

2)Оймен келетін ойындар.

3)Дене шынықтыру спорт ойындары.Сондай-ақ халық ойындары оқушылардың денелерін шыңдап оларды икемділікке,төзімділік пен шапшаңдыққа,тапқырлық пен алғырлыққа,дәлдік пен ептілікке баулыйтынын айтады.Дене шынықтыру сабағы жоғары адамгершілік рухта тәрбиелеудің белсенді құралы ретінде мектепте берілетін барлық білім негіздерімен астасып,жалпыға бірдей орта білім беру идеяларын іске асырып соның нәтижесінде қоғамдық пайдалы еңбекке араласуы мен отан қорғау ісіндегі жүйелі тәрбиенің негізін құрайды. Ұлттық ойындарды негізінен сабақтың әр бөлімінде пайдалануға болады.Осыған орай оқушылардың дене шынықтыруымен ынта жігерлерін арттырудың тамаша құралдарының бірі өз ұғымдарына түсінікті қимыл ойындары болып келеді.Ойындарды әр сыныптың жас ерекшеліктеріне,күш қозғалыс дамуына байланысты өзгерістер енгізіліп,ойын күрделене түседі.Әдетте арнайы берілген жаттығулар оқушыларға қиын соғады,олар оны орындай алмайды,ал ойын түрінде өтсе онда олар қиындықты тез меңгереді.Егерде оқушылар өздерін еркін ұстап,сабаққа бар бейімдерін беріп,белсене қатысса,онда сабақ барысындағы сәтсіздіктерді тез әрі оңай жеңуге болады.Ондай құралдардың бірі-халық ойындарын дене шынықтыру сабағында пайдалану.5-7 сыныбындағы дене шынықтыру сабағы оқушылардың бастауыш сыныптарда алған білімнің негізінде өрістетіледі.Олай болса бұл сыныптардағы дене шынықтыру сабағында қолданылатын ойындарды бастауыш сыныптарда пайдаланылған халық ойындарын күрделендіру арқылы жүргізуге болады. Мысалы ұлттық ойындарға тоқталатын болсам:«Алшы» ойыны. Бұл ойынның түпкі мақсаты – асық ұтып алу болып табылады. Асық ойнаушылардың саны 4-8 балаға дейін жетеді. Асық ойыны өте қарапайым болып көрінгенмен, мұнда адам денесін шыңдап, сомдайтын қасиеттер, баланың «бұзылып» кетпеуі үшін, оны өзара әркетке жетелейтін қимыл қаншама. Ең бастысы, ол баланы жастайынан салауатты өмір салтына жетелейді. Адамның ойлау жүйелерінің жетілуінен бастап, бұлшықеттерінің жетілуіне, тынысалу мүшелерінің реттелуіне, өз дене мүшелерін меңгеруге, соның нәтижесінде қырағылық пен мергендікке баулиды. Асық ойынын мектептегі дене тәрбиесі сабағында үйретіп алып, сыныптар арасында жарыс немесе сайыс түрінде өткізуге болады. Қазақтың ұлттық ойындары арқылы біз баланы көпшілдікке, ұйымшылдыққа тәрбиелейміз, оларды жеке-дара тұлға ретінде қалыптастыра аламыз.Қазақтың ұлттық ойындарының біразы ойлауды қажет ететін ойындарға жатады. Олар негізінен логикалық ойлау мен математикалық, философиялық ойлануды дамытуға негізделген. Мысал ретінде тоғыз құмалақ ойыны.Тоғыз құмалақ ойынының стратегиялық және тактикалық әдістерін қазіргі заман талабына сай қолданылып отырған компьютер арқылы жүзеге асыру да жаңа әдістердің бірі ретінде қарастырылады. Оқушылар күнделікті жаттығу кезінде пайдаланған әдістерін компьютерге енгізіп, бағдарлама жасап, кейін оны тәжірибе жүзінде пайдаланып отырады. Тоғыз құмалақ ойыны жас жеткіншектерге спорт әліппесін үйретумен қатар, олардың ой-өрісін, сана-сезімін, дамытуға оқу үлгерімін жақсартуға және саналы тәрбие өзіндік септігін тигізеді. Бұл ойынды арнайы ағаштан жасалған төрт бұрышты тақтада ойнайды. тақтаның екі қатарға тоғыз-

тоғыздан ойылған сопақша келген ұясы (кіші отау), әр қатар үшін бір-бірден жасалған екі қазан (үлкен отау) болады. Олар ақ және қара түске боялған. Әр оқушыға 81-ден, екі ойыншыға 162 құмалақтан беріледі. Олар әр ұяға 9-дан орналастырылады. Әр ұяның 1-ден 9-ға дейін реттік саны болады, олар солдан оңға қарай есептеледі.Ойын ережесі: тоғыз құмалақтың партиясы ақ пен қараның кезектесіп отыратын жүрісінен тұрады. Ойынды бастаушы өзінің кез келген отауына бір құмалақты ғана қалдырып, өзгесін қолына алып, оларды сағат тіліне қарсы жақтан бастап, бояу түсіне қарамастан, бір-бірден ұяларға салады. Егер ең соңғы құмалақ түскен бәсекелестің ұзындығы тас саны (2, 4, 6, 8, 10, ...) жұп болса, онда ойыншы сол ұядағы құмалақты алып, өз қазанына аударады. Ойын барысында біреудің ұясында 2 құмалақ қалса, серіктесі ең соңғы тасын түсіріп үлгерсе, ол үшін тасты түгел алады, ұя ойын аяғына дейін «тұздыққа» айналады. Әр ойыншы өз қарсыласының жағында тек бір ғана «тұздыққа» ие болады. Қазанына 82 құмалақ жинаған ойыншы ұтады.

Алтын қабақ (жамбы ату) ойыны. Бұл ойын негізінен нысананы дәл көздеп атпен шауып келе жатып ату. Сабақта бұл ойынды басқаша түрде қолдануға болады. Бүкіл спортзалдың басынан 50-60м жүгіріп келіп, 5 метр жер қалғанда оқушы нысанада тұрған жамбыға кіші допты дәл тигізуі керек. Немесе (дротик) деген ойынның құралын пайдаланып, нысананы көздеп дәл тигізіп үйретуге болады. Бір дөңгелек картон ілулі тұрады, соны ұшы үшкір құралмен атады. Бұл ойын түрі оқушыларды мергендікке, ептілікке, жылдамдыққа үйретеді.

Жүзік тастау – ойыны. Бұл ойында кез келген жерде ойнала береді. Ойыншылар дөңгелене отырады да бір жүргізуші алақандарына өзінің қолын жүгіртіп өтеді, біреуіне жүзікті тастап кетеді. Ойын жүргізуші жүзігімді бер»деп дауыстаған кезде, алақанында жүзік бар бала, екі жағындағы көршілеріне ұстатпай, тұрып кетуі керек. Ұсталып қалса, айыбын өтейді, ия болмаса ән салады, би билейді. Бұл ойын баланы сабырлыққа, жылдамдыққа, ептілікке баулиды. Осындай ойындарды ойнату арқылы біз баланың бойына әр түрлі қасиеттерді баулимыз. Осы ойынды дене тәрбиесі сабағының қорытынды бөлімінде тыныстық қалпына келтіруге пайдалануға болады.

Күміс алу-ойыны. Бұл ойын әсіресе Қазақстан, Азия халықтарының арасында көп кездесетін ұлттық спорттың бір түрі. Ойын шабандоздардың ат құлағында ойнай білетін үлкен шеберлікті, асқан жылдамдықты, ерекше ептілікті қажет етеді. Ойынның мәні-атпен шауып келе жатқан жігіт айтулы мәреге дейін белгілі межелерге көміліп қойылған күміс теңгені іліп алуға тиіс. Бұл ойынды біздер жарыс түрінде ойнауға болатынын дәлелдейміз. Оқушылар қатты жүгіріп келіп әр жерде жатқан, ия болмаса арнайы қойылған тиындарды іліп ала жүгірулері керек. Ойынды эстафеталық жарыста командамен ойнауға пайдалануға болады. Бұл ойын баланы ептілікке, жылдамдыққа баулиды. Ойлау қабілетін арттырады.

Білектесу-ойыны. Ойынға қатысушылар тек оң қолдарымен білектеседі. Білектесу 3 рет орындалады,ойыншының біреуі 2 рет жеңіске жеткенше. Білектесу кезінде шынтақты орнынан қозғауға болмайды. Орнынан ойыншыға көтерілуге, тұтқаны босатуға болмайды.

Арқан тартыс-ойыны. Ұзындығы 8-10 метрдей жуан кендір арқан керек. Арқанның тең ортасынан орамал немесе шүберек байланып белгі жасалынады. Осы орталық белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жоғарыдығы тәртіппен белгі жасалынады. Ойнаушылар (ойынға 10-15 адамнан) екі топқа бөлініп қатысады, екіге бөлінудің тәртібі: ойнаушылар бойларының биіктігіне қарай бір қатарға тізіліп тұрады. Ойын жүргізушінің берген командасы бойынша тізбекте тұрған ойнаушылар оң жақ шетінен қатар санды: бір, екі, үш... деп бастап, сол жақ шетіне дейін санап шығады. Сөйтіп, бұл топ тақ, жұп болып екіге бөлінеді. Қатысушылардың саны он адамнан кем болмауы керек.

Қазақ халқының өте ертеден қалыптасқан спорт ойындарының бірі – қазақша күрес. Қазақша күрес көшпелі халықтың тіршілігімен бірге жасасып келе жатқан спорт түрлерінің бірі. Қазақша күрестің басқа халықтардың ұлттық куресімен салыстырғанда өзіндік ерекшелігі

бар. Қазақша күрестің аталары болып табылатын – Қажымұқан, Балуан Шолақ секілді алыптардың жолын жалғайтын талай-талай саңлақтарымыз өсіп келеді. Тек соларға дұрыс жөн сілтей білуіміз керек. Қазақша күреске мектептегі дене тәрбиесі сабағында көп көңіл бөлу керек. Ұлттық спорт түріне кішкентайынан баулыған жөн. Қазақша күрестің кейбір ерекшеліктерін айта кетсек, балуанның аяқтары ғана еркімен қозғалып жұмыс істейді. Аяқтарына қандай айла-тәсіл қолданса да еркі өзінде. Тебуге болмайды, жеңіске жету үшін астыңғы балуанның жауырыны жерге тигізіптұрғанда, үстінен аттап кету міндеттелген.

Барлық ұстаздар осындай ұлттық ойындарды пайдаланып сабақ өткізсе,оқушыларды ұлттық рухта тәрбиелей алады деп ойлаймын.Әрбір бала өзін қазақпын деп есептесе өзінің ұлтының дәстүрін,ойындарын жатқа біліп,соны ойнап өсуге тиіс. Сонда ғана біз оларды патриот етіп өсіре аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақтың ұлттық ойындары» Б.Төтенаев.
2. «Дене тәрбиесі және спорт» әдістемелік журналы
3. «Дене тәрбиесі» оқулығы - С.Тайжанов
4. «Валеология» журналы
5. «Мектептегі тәрбие жұмысы» әдәстемелік журналы
6. «Дене шынықтыру – мектепте» журналы

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ МЕН ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Алпысова Гүлім Дахарқызы
Әйтеке би ауданы, Жарөткел ауылы, Жарөткел негізгі орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Мектептегі оқыту процесі сауат ашудан басталатыны белгілі.Сондықтан оның балаға ана тілін оқытып үйретуде алатын орны да ерекше. Сауат ашу жұмысының негізгі міндеті – балаға хат таныту, яғни оған оқу мен жазуды үйрету. Сонымен қатар, сауат ашу барысында оқушылардың тілі мен ой –өрісін жетілдіруге де баса назар аударылады.Соның нәтижесінде жас ұрпаққа тиісінше жалпы білім негіздерін меңгертіп, адамгершілік, патриоттық тәрбие беруге негіз қаланады.

Демек, сауат ашу білім мен тәрбие алудың кілті іспеттес. Сауат ашудың негізгі мақсаты-болашақ ұрпаққа терең білім мен өнегелі тәрбие беру, сол арқылы оларды өмірге, өз Отанын, ел – жұртын шексіз сүйе білуге тәрбиелеу, білім берудің негізгі бағыттарына қойылатын негізгі талаптардың ішіндегі аса күрделісі – алты жастағы балаларды сауаттандыру мәселесі. Өйткені мектеп есігін алғаш ашқан баланы оқытудың өзіндік қиындықтары бар. Ол қиындықтар балалардың физиологиялық – психологиялық өзгешеліктеріне байланысты. Себебі сауат ашу жұмысы оқушылардың оқуға, ой еңбегіне қажет белгілі бір қабілет бейімділікті талап етеді. Жалпы сауат ашудың нәтижелі болуы даярлық кезеңінде жүргізілетін жұмыстардың мейілінше сапалы болуына байланысты. Демек, сауат ашуға даярлық жұмыстарын дұрыс ұйымдастырып, ұқыпты жүргізуге баса назар аударылады.

Сауатты жазуға үйрену жұмысы граматикаға сүйенеді.Олай болса белгілі бір жазу ережесіне негіз болатын граматикалық құбылыстар сапалы түрде ұғындырылып, содан кейін қорытынды шығарылуы қажет. Дұрыс, сауатты жазуға үйрену үшін сөздерді дыбыс құрамына,

буын жігіне ажырату жұмысы әріп қалдырып кетпеуге, әріп алмастырып алмауға бір сыпыра көмектеседі. Сөздердің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін, теріс жазылуынан мағына бұзылатынын балаларға ережені түсіндіргенде де, жаттығулар жүргізгенде де, олардың жазуларынағы қателерді түзеткенде де көрсетіп, түсіндіріп отырудың пайдасы көп.

Сауат ашу кезінде оқу мен жазу жұмыстары өзара тығыз байланыста болады.Жақсы оқи алатын бала таза да сауатты жаза біледі, ал , жазуды жақсы меңгерген оқушы оқуды жеңіл меңгереді.Бір сабақтың өзінде оқу қызметі мен жазу жұмысы бірін-бірі алмастырып және бірін меңгеруге екіншісінің көмегі тиіп отырады.

Жазу, таза жазу, дұрыс жазу, сауатты жазу – қай тілдің болмасын басты ұстанымы. Сауатты жазудың алғышарты бастауышта қаланады. Мектеп табалдырығын аттаған балаға бірінші сыныптан бастап дұрыс сөйлету үшін сөздердің дыбыстық жағы, дұрыс айтылуы қадағаланады.

Оқушының орфографиялық нормаға сай дұрыс жазуы – бастауыш сынып мұғалімінің маңдай терінің жемісі. Бастауыш сыныпта бағдарламаға сәйкес жоғарыда көрсетілген білім-білік дағдылары қалыптасқан оқушылар сауатты жазуға дағдылану барысында графикалық түрде қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне ие болады. Осы арқылы жазуын ғана емес, сөйлеуін және таным мүмкіндіктерін жетілдіре алады. Таза жазу дағдысының алғашқы бастамасы әріптің әрбір бөлігін дұрыс сызып көруі арқылы қалыптасады. Әдетте, мұғалім тарапынан оқушыға әдемі, сауатты жаздыру ғана емес, оқушының бүкшимей, басын тым төмен салбыратпай, денесін тік ұстап, өзін дұрыс игеруіне қатты көңіл бөлінеді. Оқушылар жазу ережесін сақтап отырғанда ғана дұрыс жазуға үйрене алады. Сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларына жазуға төмендегі талаптар қойылады, және бұл талаптар бастауыш мектептің барлық сыныптарында жазу жұмысының барысында орындалып отыруға тиіс: әріпті дұрыс жазу, дәптердің көлденең сызығынан ауытқымау;

әріптердің элементтерін жазғанда ұзынды-қысқалы қылмай, тегіс, бірдей жазу;

әріптердің бірін оңға, бірін солға қисайтпай, барлық әріпті бірдей, оңға қарай сәл көлбете жазу;

әріптердің, сөздердің арасындағы қашықтықты бір қалыпты сақтап отыру, бірте-бірте жазу қарқынын тездете түсу.

түрлі диктанттар жаздыру, әсіресе, сөздік диктантының маңызы зор. Тақырыпқа байланысты орындау шарты әртүрлі болып келген жаттығуларды орындату;

сөзді, сөйлемді тақтадан, кітаптан дұрыс көшіріп жазуға мән беру. Ғалымдар зерттеуі іскерлік ойындардың оқушылардың оқу үлгеріміне жақсы әсер ететін дәлелдеп отыр.Мен өз сабақтарымда іскерлік ойындарды оқытудың тиімді, үнемді, негізгі әдістерінің бірі ретінде қолданамын. Олар оқушыны қысым жасамай оқытуға мүмкіндік береді, оқушының оқиғаны терең толғаныстармен түсінуіне себепші болатынын байқадым. Алуан түрлі ребустар, сөзжұмбақтар, құпияхаттар, сөзтуымдар, логикалық есептер білім береді және оқушыларды ынталандырады. Математикада "Кім жылдам", "Ең үздік есепші", "Хоккей" ойындары тез санауға үйретеді. "Бағдаршам", "Дым білмес"ойындары арқылы жол жүру ережелері қайталанады. Ал "ғарышкерлер" ойыны ғылым жетістіктерімен, "Футбол", "Хоккей" ойындары еліміздің спорт шеберлерінің жетістіктерімен таныстырады. "Ағашты кім тез отырғызады" ойыны табиғатты күтіп ұстауға тәрбиелейді. Іскерлік ойындар ойнағанда бала нақты оқиғалардың куәгері болып еңбек етуге отбасылық өмірге, қоғамдық қатынастарға әзірленеді.

Идеялар банкі. Бұл әдіс ой майданы деп аталады. Топтық алдына бір міндет қойылады, осы міндетті шешу үшін топ мүмкіндігінше жаңа, тың ұсыныстар айту керек. Барлық ұсыныстарды топ жинап алып, оларға баға береді. Бұл әдіс арқылы проблемалық жағдаят жасалып, оны шешу туралы ұсыныстар айтылып, ол ұсыныстар тексеріліп, бағаланады және ең жақсы ұсыныстар таңдалып алынады.

Мұғалімнің алдында тұрған ең басты міндеті- оқушыларды сабаққа ынталандыра білу, сол арқылы тақырыпты білу, жете меңгеру. ана тілі, дүниетану сабақтарын қызықты, тартымды өткізу үшін сабақтың әртүрлі әдіс- тәсілдерін орынды қолдануға тырысамын. Жаңа технологияларды пайдалана отырып сабақта қолданылатын ойындарды мына төмендегі түрде қолданамын:

1) Оқыта үйрету ойындары. Бұл ойындарды сабақта да, сабақтын тыс шараларда да пайдалануға болады.

2) Тілдік ойындар: Ауызша сөйлеу және жазу машықтарын дамытуға арналған.

3) Драмалық, рөльдік ойындар. Қарым-қатынастарын жақсарту, ауызша сөйлеу, оқушы білімдерін әртүрлі жағдайларда қолдану машықтарын дамыту.

4) Психологиялық ойындар.

5) Грамматикалық ойындар т.б

Сонымен бірге ұлттық ойын түрлерін де кезектестіре, сабақ тақырыбына байланысты пайдаланамын. Жаңа материалдарды түсіндіру кезінде «Бәйге», «Көкпар», «Асық» секілді ойындарды ойнатамын.

Қорыта келе айтарым баланың оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізілген жұмыстар осындай жұмыстар

- Оқушылардың сауаттылығын қамтамасыз етуге, олардың сауаттылық деңгейін тексере отырып,білімдегі кемшіліктерді жоюға;
- Оқушының тіл байлығын арттыра отырып , ойлау қабілетін, байқампаздығын дамытуға.

Тіл дамыту сабағында оқушының шығармашылық даму кезігдегі қалыптасатын дағдылары

- Өз ойын-пікірін жеткізе білуге;
- Ізденгіштікке ұмтылу;
- Құбылыстарды шынайы бағалай білуге;
- Толық фантазиялық еркіндікке;
- Орфогияфиялық сауаттылықты нығайту оң әсерін тигізіп, жақсы нәтиже береді деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Намазбаева Ж. И. Жалпы психология. Алматы, 2011ж

2. Столяренко Л. Д. Основы психологии. Ростов - на - Дону: Феникс, 2014

3. Жанатбекова Н. Шығармашылық қабілетті даму негізі. //Қазақстан мектебі. 2016, №2 - 15 - 17б

4. Әмірова Ә. С. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру. Алматы, 2019. - 52б.

5. Ұстаздық шығармашылық. Алматы 2017. Б. А. Тұрғынбаева

6. Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту Б. А. Тұрғынбаева Алматы, 2015 ж.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІ ЖАҚТАРЫ

Аманбаев Нұргелді Бақыткелдіұлы
Жарөткел ауылы, Жарөткел негізгі орта білім беретін мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Елбасы Н.Ә. Назарбаев әрбір жылғы халқына арнаған жолдауында: «жедел дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті; ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық мәдениетті бойында қалыптастырған; шығармашылығы дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру» деп атап өткен болатын. Бүгінде білім – қоғамның әлеуметтік-экономикалық, интеллектуалдық және рухани дамуының стратегиялық бағдары ғана емес, сонымен қатар біздің қоғамымыздың қауіпсіздігінің кепілі. Оқытудағы жаңа технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол оқытушылар мен оқушыларға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты. Қазіргі кезеңде жалпы орта мектептердегі оқу бағдарламаларын құрастыру бағыт-бағдары өзгерді. Алайда, бұлардың бәрінде мектеп оқушыларын қайда оқитындығы ескерілмейді, олардың меңгеруі тиіс негізгі дағдылар мен қабілеттер, оқу нормасын тапсыруға арналған шарттар көрсетілген. Денені шынықтыру жаттығуларының орындалуы қозғалыс дайындығының деңгейі туралы мәлімет береді. Дегенмен, бұл бағдарламалар базалық, үлгілік сипатқа ие, сондықтан оларды әрбір педагог жергілікті жағдай мен салт-дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, өзгерте алады. Дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық процестер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып, тәжірибеге сын көзбен қарап, дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен дене мәдениетін меңгерген маман даярлаудың маңыздылығы артуда.

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың

табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі. Елімізде бәсекеге қабілетті білім – білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр. Дамудың алдыңғы қатарындағы елдердің білім дәрежесімен теңесу – еліміздің біліми саясатының негізгі көздегені. Дамыған елу елдің қатарына енудің алғышарттарының бірі де осы сапалы да бәсекеге қабілетті білім. Сондықтан да еліміздегі мектептердегі білім берудің басты ұстанымдары мен міндеттері, әрекеттері, жолдары осы мақсатқа орай ұйымдастырылады.

Оқушыларға дене шынықтыру сабақтарында жаңа технологияны пайдалану оқыту мен тәрбиелеудің жалпы заңдылықтарына бағынған. Сондықтан оны іске асыру барысында дене тәрбиесінің жас және жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, осы заңдылықтарды көрсететін жалпы педагогикалық ұстанымдарды басшылыққа алу қажет. Ол ұстанымдарға жататындар: жан-жақтылық, саналылық пен белсенділік, бірте-бірте жасалатын әрекет, қайталамалық, көрнекілік, жеке даралық.

Оқу үдерісінің үздіксіздігі негізгі үш қағидаларда көрініс тапқан:

а) оқу-тәрбие үдерісі көп жылғы және жыл бойындағы сипатқа ие болуы тиіс;

ә) сабақ барысында әрбір келесі сабақтың әсері алдыңғы сабақтың ізінше қатпарлы әсер қалдыруы тиіс, себебі жас оқушының ағзасында алдыңғы сабақтардың әсерінен пайда болған жағымды өзгерістер беки түсуі және жетіле түсуі қажет;

б) демалыс жұмыс қабілетін қалпына келтірудің арта түсуі үшін жеткілікті болуы тиіс.

Қимыл-қозғалыстарды белгілі реттілікте игеру. Атап айтқанда: дайындалып жүрген оқушылардың оқуға деген жағымды ынтасын қалыптастыру; қозғалыс қимылының мәні туралы білімді қалыптастыру; әрбір спорт түрлері бойынша үйренетін қозғалыстар туралы толық түсінікті қалыптастыру; үйренетін қозғалыс қимылын тұтастай игеру. Сөйтіп, қимылға үйрету дегеніміз – бұл білім алу, қозғалыс икемділігін қалыптастыру және тиісті дене жағынан қалыптасудың қасиеттерін тәрбиелеу.

Дене тәрбиесі сабағында оқытудың дәстүрлі емес құралдарын қолдану барсында оқушылардың дене тәрбиесін дамыту технологияларын жетілдіруге; дене тәрбиесі сабақтарында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге, дене тәрбиесі арқылы жеке тұлғаның психофизиологиясын өзгеруге: өзін-өзі реттеуін қалыптастыру; дене тәрбиесі сабақтарын пәнаралық байланыс арқылы жетілдіру; дене қабілетін рухани құндылықтар арқылы дамыту; релаксация арқылы жеке тұлғаның психофизиологиялық қабілеттерін дамыту; психикалық қуат мүмкіндіктері мен дене тәрбиесін сабақтастырып дамытуға қол жеткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Г. Икіманова. Саулық пен сымбат. – Алматы: Қайнар, 1991.

2. «Қазақстан – 2030» стратегиясы

3.«Қазақстан мектебі» журналы, №4, 2006ж.

4. Дене мәдениеті– оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде. 2009ж. №2(2) -Б.262-264.

ОРЫС ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Амитжан Малика Акилбекқызы
Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебі

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің бастыміндеті — ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың инновациялық технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді. Бұл міндеттерді шешу үшін білім беру ұйымдарының, әр оқытушының күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынастарға өту қажеттігі туындайды..

Қазіргі кезде оқу үрдісін ақпараттық коммуникациялық құралдарсыз көзге елестету қиын. Әсіресе, интернет технологиясы арқылы оқыту өте танымал болып келеді. Интернет технологиясы арқылы оқыту (E-learning) – бұл интернет желісі арқылы оқу үрдісіне қажетті ақпараттың үлкен көлемін тасымалдауды және оқытушы мен оқушы арасындағы интерактивтік арақатынасты жүзеге асырып, осы процестерді компьютерлік бақылауға негізделген. Электрондық оқыту жүйесін білім саласына енгізудегі басты мақсат – білім беру үрдісінің барлық құрамдас бөліктерінің үздік білім беру ресурстары мен технологияларына қол жеткізуін қамтамасыз ету болып табылады.

Бүгінгі тіл мамандарының алдында өте күрделі міндет тұр: бір жағынан, міндетті білім деңгейін, біліктілік пен дағдыларын жетілдіру, ал екінші жағынан - жоғары деңгейдегі оқушылардың потенциалдық шығармашылық мүмкіндіктері мен ойлау қабілеттерін дамыту.

Сабақта ақпараттық технологияны қолдану мақсат түрінде емес, оқушы әлемін жетілдірудің бір жолы, пән бойынша қосымша ақпарат көзі, баланың жеке белсенділігі ортасын дамыту түрі, оқытушы мен оқушының өз беттерімен жұмыстануы мен өзіндік білімдерін жетілдіру әдісі ретінде қарастырылады.

Қазіргі мектеп, соның ішінде ауылдық мектеп алдында білім алушылардың мүмкіндіктерін,қызығушылығы мен икемділіктерін ескере отырып,сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету міндеті тұр, тұлғаның әлеуметтену белсендігін дамытып,әдістемелік құралдарды тұтастай қайта қарауға міндетті. Жаңа ақпараттық технологиялар, сөзсіз, маңызды роль атқарады.

АКТ-ны сабақта қолдану білім алушылардың танымдық қызметін қалыптастырады, білім сапасын көтеруге септігі тиеді, сапалы және тез сабақ дайындалады.

АКТ-ны қолданудың негізгі мақсаты ойлауды дамыту, ойлау қызметінің тәсілдерін қалыптастыру болып табылады.

Компьютерді қолдану мұғалімді сабақтағы күнделікті қайталанатын жұмыстан босатады, яғни тақтаға жазу, тақтаны сүрту. Көрнекі құралдарды таңдауда да жұмысы жеңілдейді. Компьютер мұғалімге жаңа мүмкіндіктер жасайды.Заманауи ақпараттық технологиялар оқушыларға дәстүрлі емес ақпарат көздеріне жол сілтейді,оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін игеруді үйретеді.

Орыс тілі мен әдебиетін оқыту үшін қызығушылығын ояту қазіргі уақытта қиындығы бар мәселе,бірақ мүмкіндік бар деп есептеймін. Бұл жерде көмекке мультимедиялық тұсаукесерлер көмекке келеді, оларды жаңа сабақ түсіндіру, сабақты бекіту, қайталау кезеңдерінде қолдануға болады.

Әр мұғалімнің алдында: оқушы қызығушылығын қалай тұрақтандыру, білім сапасын қалай көтеруге болады деген сұрақтар туындайды. Оның жауабы, әдісте,жаңа технологияларды оқып үйреніп,одан кейін өз жұмысында қолдану.

Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында интербелсенді әдістер оқу процессіндегі өте қажетті нәрсе деп білемін. Оларды да интербелсенді тақтамен жұмыстану үшін қолданамыз, өте тез оқыған тақырып бойынша білімдерін тексеруге жеңіл, әрі сабақтағы уақытыңды үнемдеуге болады.

1. Жаттығулардың тағы бір тобы - сызба немесе кесте бойынша жетіспейтін
2. элементтерін толтыру.
3. Сөздік жұмыс.Экранға бір сөз немесе топ сөз шығарылады,есте сақтау үшін жазылуы, лексикалық түсінігі беріледі.
4. Үй тапсырмасын тексеруді түрлендіру үшін интербелсенді тақтада мұғалімнің немесе бір-екі оқушының алдын ала дайындаған жаттығу материалдары бойынша өзін-өзі тексеру, өзара тексеру түрлері тиімді.
5. Тақырыптың теориялық материалын түсіндіру үшін сызба немесе кесте түрінде беруге болады.
6. Емле ережесін есте сақтау үшін алгоритм құрастыру жұмысын жасауға болады.
7. Өткен тақырыпты бекіту үшін дұрыс жауаптары берілген сұрақтарды, кезектеп ашып көрсету арқылы білімдері тексеріледі.
8. Дайын дидактикалық материал.
9. Тест түріндегі бақылау.
10. Мәтінмен жұмыс. Мәтін –мұғаліммен алдын ала дайындалған модель,жан-жақты талдаудың негізі болып табылады:орфографиялық,лексикалық, пунктуациялық. Мәтінде ерекше назар аударуға жататын ерекшеленген сөздер,сөз тіркестері,сөйлемдер болуы мүмкін.
11. Мәтінмен кешенді жұмыс.
12. Грамматикалық талдау түрлері.
13. Орфографиялық сауаттылығын дамыту.
14. Интербелсенді тақтада тест арқылы оқушы жоғары қызығушылықпен өткен сабақты қайталап,бекітіп, сол мезгілде өз жұмыстарының қорытындысын көре алады.

Интербелсенді тақта қызметі компьютер мүмкіндіктерін толықтырады және сабағыңды түрлендіруге ,есте қалатындай,сабақтың негізгі сәттерін бөліп көрсетуге және оны сақтап қоюға көмегі тиеді.

Интербелсенді тақтаны қолдану сабақта уақытты дұрыс пайдалануды үйретеді. Интерактивті әдістердің құндылығы, олардың оқушыны машықтандырып, білім, білік-дағдыларын сабақта және шынайы өмірде жаттықтыруында.

Сонымен даму үстіндегі қоғамға заманауи, білімді, тәрбиелі, жауапты шешім қабылдай алатын, өзара әрекеттесуге қабілетті, жауапкершілігі мол адамдар керек.

Өз жұмыс тәжірибеме сүйене отырып, интербелсенді оқыту арқылы белсенді өмірлік позициясы бар еркін тұлға тәрбиелейтінімізді атап айтқым келеді. Тек өз пікірін жақтап қана қоймай, басқаны да тыңдай білетін тұлға.

АКТ-ны қолданып өткізген сабақ – көрнекті, ақпараты мол, интербелсенді, сабақта мұғалім мен оқушы уақытын үнемдейді,оқушыға өз ырқында жұмыс жасауға жағдай жасайды,мұғалімге оқушымен топпен немесе жеке жұмыстануға, бірігіп тексеріп, оқыту нәтижесін бағалауға көмектеседі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. SMART – EDUCATION:келешекке бағытталған білім. В.А. Даулетова.

2. С.Рах. Компьютер на уроках русского языка. /Текст/
3. Интернет материалдары.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Абдрахманұлы Асылбек
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Үшқатты ЖОББМ

Мектептің, мұғалімнің ең басты міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру. Әр мұғалім алдындағы ізгі мұраты – өз пәнінен білім беріп қана қоймай, әр баланың «менін» ашу, сол «менді» шығармашылық тұлғаға жетелеу. Шығармашылық дегеніміздің өзі- ізденімпаздықтан туады. Баланың өзіне деген сенімін туғызу, өзінен шығармашылық қасиет іздете білу. Кез келген оқушы мұғалімнің басшылығымен орындаған шығармашылық жұмысының нәтижесінде өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Жалпы сабақта оқушылардың қабілетін арттыру және дамытудың тиімді әдістерін қалыптастыра білу, ойын ажарлап айтуда тіл шеберлігіне мән беру, қосымша әдебиеттер оқып, білімді күнде толықтыру. «Сенің қолыңнан келеді», «Сенен үміт күтеміз» деген сөздермен үнемі шабыттандырып отыру керек. Шәкірт бойындағы шығармашылық қиялын, дарынын, қабілет бастауын одан әрі дамытудың жолдары қандай? «Сен өлең жаз», «Мына бала ертегі жазсын» деген нұсқаумен оқушыны шығармашылыққа жұмылдыра аламыз ба? Әрине жоқ. Ол үшін мұғалім өзі де шығармашылықпен үзбей айналысып, жазған көркем дүниелерін оқушыларға үнемі оқып беріп, пікір алмасып отыру керек. Шығармашылықпен айналысатын оқушыларға қоятын талабым: аз сөзге көп мағына сыйғызу, көп іздену, әдеби кітапты көп оқу. Көркем әдебиет бала қиялын, тілін, ой-өрісін кеңейтеді. Әр шәкіртте қолжазба, қойын дәптері болу керек.Ол дәптерге өзіне ұнаған көркем сөз айшықтарын жазып алып, өз шығармашылығына пайдалануына болады. Сондай-ақ, сөздік дәптері болу керек. Онда синонимдер қатары , тұрақты тіркес , нақыл сөз, афоризмдер жазылуы керек.Мұның бәрі оқушы шығармашылығын дамытуға өте қажетті дүниелер. Оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде оқушы шығармашылығын дамытудың тағы бір қажеттілігі қоғам талабынан туындайды. Қазіргі кезеңде мамандық атаулының барлығы бейімділікті, ептілікті, шапшаңдықты, ерекше ой қызметін қажет етеді.

Сабақ үстінде ұжымдық шығармашылық қалыптасуы үшін оқушылардың міндеттерін көрсетсек:

- өзіндік пікірлерін дәлелдеу;
- пікірталастар мен талқылауларға қатысуы қажет;
- өзінің жолдасына мұғалімдерге сұрақ қоюы;
- жолдасының жауабыңа пікір айту;
- сыныптасының жауабы мен жазбаша жұмысын бағалау;
- үлгерімі нашар сыныптастарын оқытумен айналысу;
- үлгермеушілерге түсініксіз жерін түсіндіру;
- өз бетімен қиындау тапсырмаларды таңдау;

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсу үшін шығармашылық қабілеттерін сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда мен мынадай әртүрлі әдіс - тәсілдерді қолданамын. Олар мыналар:

1. Мәтін, ертегіні, әңгімені өз ойларымен аяқтау.

Мысалы; Ә.Тәжібаев «Толағай» әдеби ертегісін өткенде сыныпты 4 топқа бөлемін.

1-топ Ертегіні өзге топтарға баяндап береді.

2-топ Ертегі бойынша тезис жазады.

3-топ «Керқұла атты Кендебай» ертегісі мен «Толағай» ертегісін салыстырады».

4-топ «Толағай» ертегісін «Егерде мен жазушы болсам» айдарымен басқаша мазмұнда аяқтайды.

2. Ақын, жазушылардың мәтіндерін басқаша аяқтау

3. Белгілі мақал негізінде әңгіме жазғызу.

4. Мәтін бойынша мақал құрастыру.

5. Табиғат құбылыстарына, заттарға жұмбақтар құрастыру.

6. Әңгімелерді салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу.

7. Шығарма, мәтін құрастыру. Тақырып бойынша. Жоспар бойынша Тірек сөздер арқылы.

Сабақтан тыс уақытта оқушылардың шығармашылығын дамыту үшін әр түрлі кездесулерден, саяхаттардан, журналдардан оқығандардан алған әсерлерін әңгімелету. Шығарма ретінде жаздыруға, оқытылып отырған шығармалардың авторлары туралы толық мағлұмат жинап, реферат жазғызуға болады. Сонымен қатар айтыс өнерін дамытуымыз қажет. Оқушы өз қиялымен шыңдала түседі. Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу оқушыларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді. Шығармашылық тапсырма түрлерін сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне, психологиялық таралым, шығармашылық қабілетінің даралығына қарап, әр сынып бойынша әрі қарай жалғастыра беруге болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан мұғалімі 16 сәуір, 2008 жыл.
2. Б.А.Тұрғынбаев Дамыта оқыту технологиясы. Алматы. 2008 ж.
3. Бастауыш мектеп. 2008 ж

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Ахметова Молдир Дюсембаевна
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы
№2 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі

Балаларды дұрыс, еркін,сауатты оқуға үйрету – бастауыш білім берудің міндеттерінің бірі. Бұл міндет өте өзекті, өйткені оқу адамды тәрбиелеуде және дамытуда үлкен рөл атқарады.

Оқу – бұл балалар әлемді және өздерін көретін үлкен айна іспеттес. Кітап оқу да кіші жастағы оқушыларға үйретілетін, сол арқылы тәрбиеленіп, дамытылатын нәрсе.Оқу дағдылары мен сөйлеу, ақыл –ой әрекетінің ең маңызды түрі ретінде ғана емес, сонымен қатар оқушылардың барлық оқу пәндерін меңгеруде қолданатын дағдылардың күрделі жиынтығы ретінде қалыптасады.

Соңғы онжылдықта білім беру саласында үлкен өзгерістер болды. Вариативті білім беру жүйелері пайда болды, бастауыш мектепте үдерісті жаңғырту мақсатында тәжірибелік жұмыстар ұйымдастырылып, білім мазмұны мен құрылымы жетілдірілуде.Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде жаңартылған білім беру жүйесі бойынша жұмыс істейтін әрбір бастауыш сынып мұғалімі білім мазмұнын жаңартуға тырысып, өз сабақтарына заманауи технологиялардыңэлементтерін енгізуде.Теледидар, компьютерлер мен бейне ойындар үстемдік ететін ғылыми –техникалық үдерістің қазіргі дәуірінде балалардың кітап оқуға деген

қызығушылығы жоғалып кетті. Бірақ балалар ғана емес, ересектер де оқымайды. Адам оқуды тоқтатқанда ойлауды да тоқтататыны бұрыннан белгілі.

Егер балалар дұрыс, еркін, мәнерлеп оқымаса, олар жеткілікті сауатты әріпті меңгере алмайды, есептерді дұрыс шығаруды үйренбейді.Балаларды оқуға үйрету дегеніміз – шығарма мәтінімен өз бетінше жұмыс істеуге дайындау, кітап оқуға деген сүйіспеншілікті ояту, баланың қоршаған дүниені танып – білуіне ықпал ету. Демек, оқу дағдысын меңгеру – балалардың жан – жақты дамуының құралы, әрі бір шарты болып табылады.

Оқу үрдісі өте күрделі, өйткені ол ойлауды, сөйлеуді, қабылдауды, қиялды қамтиды. Адамның оқу жылдамдығы оның сөйлеу жылдамдығына жақындауы керек. Сондықтан әр адамның оқу қарқыны үйрену әрекетіне байланысты болады. Кітап оқу балаларды байытады. Сөздік қоры кеңейеді, өмірге қажетті байланыс орнатылады. Оқушыларғатаныстырылымдар, эсселер, сөйлемдер құрастыру оңайырақ болады.Ғалымдар мектеп оқушыларының ақыл – ойының артта қалуының себептерін зерттей келе: «Егер бастауыш сыныпта балалар аз оқып, аз ойлайтын болса, онда оларда белсенді емес мидың құрылымы дамыған» деп айтуға болады» деген екен.

Соңғы жылдары жүргізілген тәжірибелер жылдам оқу, ойлау үдерістерін белсендіретін және бастауыштан бастап жоғары оқу орындарына дейінгі білім берудіңәртүрлі деңгейлері үшін оқу – тәрбие үрдісін жетілдіру құралдарының бірі екенін көрсетті.Кітап оқу – тұлғаны қалыптастырудың маңызды құралдарының бірі. Бір жағынан оқу – оқу пәніболса, екінші жағынан оқу құралы. Кітаптардан, оның ішінде әр түрлі тақырыптағы танымдық кітаптардан бала сан алуан білім алады. Әрқашан танымдық, эстетикалық және тәрбиелік тетіктерді орындайтын әдеби шығармаларды оқу, өмірді бейнелеу мен түсінудің ерекше жалпыланған, бейнелі эмоционалды тәсілімен тәжірибеде танысу баланың эмоционалдық саласын, адамгершілік – эстетикалық идеалдарын, көзқарастарын, қарым – қатынастарын қалыптастырады.

Тәрбиенің жалпы басты мақсаты – оқушы тұлғасын қалыптастыруды жүзеге асыруды бірінші болып бастауыш мектеп бастайды.Сондықтан бұл кезеңде баланы оқуға үйрету, оның бойында оқудың техникалық жағын, ғылыми, танымдық және көркем мәтінмен жұмыс істей білу қабілетін қалыптастыру, қол жетімді көркем мәтінді толық қабылдауды қамтамасыз ету өте маңызды. Жақсы оқу өсіп келе жатқан адамға барынша әсер етеді.

Осы орайда, мен өз жұмысымда оқуды дамытуда қолданатын жаттығулар туралы айтып өтейін:

Кері әріптелген жолдарды оқу. Жазба оңнан солға қарай оқылады, сондықтан соңғысынан басталатын әрбір сөз кері ретпен әріптен әріпке оқылады. Бұл жаттығу әрбір сөзге қатаң әріптік талдау жасау қабілетін дамытады,сөйлеу–моторикасына әсер етеді, әдеттен тыс, көз қозғалысын реттеудің ережелерінқалыптастырады.

Сөздердің екінші жартысын ғана оқу. Оқыған кезде әрбір сөздің бірінші жартысы ескерілмейді және тек соңғысы ғана дыбысталады.Бұл жаттығу балаға сөздің соңын оның маңызды бөлігі ретінде атап көрсетеді, ол басы сияқты дәл қабылдауды қажет етеді және оны әріпке талдау дағдысын қалыптастырады. Бұл сөздің басы ғана дұрыс оқылғанда, ал оның соңы не екені болжамдалып, не бұрмаланып оқылғанда өте жиі кездесетін қателердің күрт төмендеуіне әкеледі.

Көп нүктелі сөздерді оқу. Үлестірмелі әріптер толық жазылмаған сөздермен ұсынылады, бірақ олардың кейбір бөліктері жоқ, бірақ олардың оқылуы бір мәнді болатындай етіп ұсынылады.Бұл жаттығу баланың жадында әріптердің және олардың орналасуының біртұтас визуалды бейнелерін біріктіреді, сол жақ жарты бастың желке қыртысының қосалқы аймағын дамытады және жақсартады, оның қалыпты жұмыс істеуі қабылдаудың нейропсихологиялық негізі болып табылады.

Үстіңгі жартысы жабылған жолдарды оқу. Жолдың жоғарғы жағы жабылып, төменгі жағы ашық болатындай етіп мәтіннің үстіне бос парақ қойылады. Әріптердің төменгі бөліктерін ғана оқу керек. Бірінші жолды оқығаннан кейін бос парақ екінші жолдың жоғарғы жартысын жабу үшін төмен итеріледі және т.б.Бұл жаттығу жылдам оқуды, бірден бірнеше сөзді еркін меңгеруді (ашық тұрған кезде барлық жолмен төменгі жолды оқуға уақыты бар), сондай-ақ дауыстап емес, өзіне оқуды талап ететін күшті ойын мотивациясын қалыптастырады (өйткені бұл міндетті түрде жасырын болуы керек), ал істен шыққан жағдайда сыртқы тіректерді (әріптердің көрінетін төменгі бөліктері) орнатады, оның көмегімен толық емес көрінген сөзді нақтылауға немесе қате оқылған сөзді түзетуге болады.Бұл жаттығу ауызша-логикалық жадты қалыптастыру үшін де өте маңызды.

Берілген сөздерді мәтіннен іздеңіз. Бір немесе үш сөз беріледі, бала оны мәтіннен тезірек табуы керек. Алдымен бұл сөздер көрнекі түрде беріледі, кейінірек – дауыстап айтылады. Бұл сөздердің мәтінде бірнеше рет кездесетіні жөн. Оларды тапқан бала олардың астын сызып немесе шеңберлей алады. Бұл жаттығу сөздердің біртұтас бейнелерін қабылдау және іздеу тапсырмасын орындауда оларға сүйену қабілетін қалыптастырады, сонымен қатар ауызша айту есте сақтауды дамытады және оның кедергілерге төзімділігін арттырады.

Мәтінді бір сөзді тастау арқылы оқу. Оны әдеттегідей оқымау керек, әрбір екінші сөзден секіру қажет. Бұл жаттығу, біріншіден, оқушы үшін жалықтырмай қалған оқу үрдісіне жан – жақтылық, жандандыру енгізсе, екіншіден, оның бойында жылдамдық сезімін тудырады, оқу жылдамдығын арттырады, бұл оның өзіне деген сенімділігін нығайту үшін өте маңызды, үшіншіден, оқу үрдісінде ерікті зейінді күшейтеді, оқумен қатар, оқылатын сөздерді таңдауды реттеу қажеттілігіне байланысты және төртіншіден, жылдам және үнемі кезектесіп отыруына байланысты баланың көз –қимыл әрекетінің дамуына ықпал етеді.

Сөйлемдердің тез қайталанып айтылуы. Балаға өлеңнің бір шумағы немесе бір жолы беріледі және оны бірнеше рет қатарынан, үзіліссіз және мүмкіндігінше тез дауыстап айту ұсынылады. Балалар тобымен жарыстар келесідей ұйымдастырылады: әр бала берілген сөйлемді 10 рет дауыстап жылдам айтуы керек, ал бұған жұмсалған уақыт секундтық тілмен сағатпен өлшенеді. Ең қысқа уақытта аяқтаған адам жеңеді.

Барлық жағдайда сөздердің айтылу анықтығын сақтау маңызды екенін атап өтемін, ұштары мыжылған тілдің бұралуын болдырмау қажет. Бұл жаттығу сөйлеу – моторикасын дамытады және жаттықтырады, олардың жылдам қарқынмен біркелкі, мінсіз өту мүмкіндігін қалыптастырады, бұл жаттығу артикуляциялық ақаулардан туындаған оқу қателерінің санын күрт азайтады.

Көп оқу. Бірнеше рет оқығанда, сыныптағы әртүрлі оқушылардың оқу жылдамдығы әртүрлі екенін есте сақтаңыз. Сондықтан, бірдей тапсырма беруге болмайды.

Жаңа әңгіменің басын мұғалім оқып, балалар түсінгеннен кейін мұғалім барлығына бір уақытта оқуды бастап, бір минут ішінде жалғастыруды ұсынады. Осыдан кейін оқушылардың әрқайсысы қай жерде оқығанын атап өтеді. Осыдан кейін сол мәтін үзіндісінің екінші оқылымы жүргізіледі.

Мәтіннің бейтаныс бөлігіне көшу арқылы мәнерлеп оқу. Біз балаларға былай түсіндіреміз: «Енді, балалар, мәтінді қайта оқыңыз, бірақ сәл баяу, мәнерлеп». Балалар мәтінді соңына дейін оқиды, мұғалім оларды тоқтатпайды. Олар мәтіннің бейтаныс бөлігіне секіреді. Міне, осы жерде кішкентай ғажайып орын алады. Бұл мәтіннің бір бөлігін бірнеше рет оқыған және мұнда оқудың жоғары қарқынын дамытқан баланың мәтіннің бейтаныс бөлігіне ауысқан кезде оны сол жоғарылаған қарқынмен оқуды жалғастыру фактісінен тұрады. Оның мүмкіндіктері ұзақ уақыт бойы жеткіліксіз, бірақ мұндай жаттығулар күнделікті орындалса, жоғары қарқынмен оқу ұзақтығы артады.Екі – үш аптадан кейін баланың оқуы айтарлықтай жақсарады.

Оқушылардың толыққанды оқу дағдысын меңгеру – барлық пәндер бойынша табысты оқудың ең маңызды шарты.Сонымен бірге оқу – оқудан тыс уақытта ақпарат алудың негізгі тәсілдерінің бірі, мектеп оқушыларына жан – жақты әсер ету арналарының бірі.Оқу іс – әрекеттің ерекше түрі ретінде оқушылардың ақыл – ойын, эстетикалық және сөйлеу тілін дамытуға үлкен мүмкіндіктер береді.

Балаларды оқытуда ата – ананың көмегі де өте маңызды. Сондықтан мен ата – аналар жиналысында әр ата – анаға кітап оқу баланың күнделікті әдетіне айналуы керек екенін, әсіресе сауатты оқудың алғашқы кезеңдерінде оның оқығанын тыңдайтын басқалардың да қызығу жағдайын жасау қажеттігін жеткізуге тырысамын. Әңгіменің мазмұнына, үзіндіге және т.б. ата – ананың қызығушылық танытқаны жақсы.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы оқу дағдыларын дамыту және жетілдіру бойынша жүйелі және мақсатты жұмыстардың қажеттігін көрсетеді.

Бастауыш білім беру жүйесінде оқушылардың барлық оқу пәндері бойынша табысты оқуына, ақпарат алуына, қоршаған әлемді түсінуіне негіз болатын оқу дағдыларын дамыту үшін мақсатты және жүйелі жұмыс қажет деген қорытындыға келу керек.

Үздіксіз жұмыстар арқылы, ұстаз оқушының бойында сауатты оқуға деген сүйіспеншілікті оята отырып, жан – жақты дамыған тұлға болып қалыптасуына, оның интеллектуалдық және рухани өсуіне ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Білім туралы Заңы.
2. ҚР БМ Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім беру академиясы ұсынған сауат ашу оқу бағдарламасы (1-сыныптар үшін).
3. Ш.Сәтиева.Оқушылардың оқу техникасын дамыту.
4. С.Рахметова. Қазақ тілін оқыту методикасы.Алматы: Ана тілі.
5. Ә.Дайырова. «Әдебиеттік оқу кітабына» қосымша материалдар.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ-БҮГІНГІ ЗАМАН ТАЛАБЫ

Байбосынова Рысжан Утепбергеновна
№78 Жалпы орта білім беретін мектеп-гимназия

«Білім беру» ұғымының қазіргі таңда бұрынғыға қарағанда мағынасы да , қолданылу аясы да кеңіді. Себебі бұрын жоғары білім алған адамға бүкіл өміріне алған білімі мектептен соң басқа қандай да сала бойынша азық болатын еді. Сондықтан да бұл оқу орындары жететін білім беруге күш салатын. Бұл күнде қазір адамның бүкіл өміріне жететін білімді қандай мықты оқу орны болсын бере алмайды.

Оның басты себебі – жоғары жылдамдықпен қоғамның дамуы болып отыр. Соның негізінде қазіргі таңда адамның ақпараттар кезеңінде өмір сүруі деп ойлаймын. Ол – кез-келген адамға үнемі білім алу үшін өз қатарынан кейін қалып қоймау қажет деп есептеймін.

Бүгінде білім саласына жаңа реформалар бүкіл әлем елдерінде ең өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны айқын. Сондықтан кез-келген жағдай ұзақ уақыт бойы қоғамдағы елеулі өзгерістер өзгеріссіз тұруы мүмкін емес. Олай болса әлем елдерінде білім деңгейі әр түрлі. Мысалы, мәліметтерге қарасақ, Африка және Таяу Шығыс елдері оқушыларының бір пайызы ғана орташа немесе өте жақсы Сингапур оқушысы деңгейінде білім алады екен. Бұл елдер осылай отыра бермей алға ұмтылуды қажет етіп отыр. Міне, осындай себептермен жоғары

дамыған елдерде білім беру реформалары бүкіл әлемде үнемі жүріп жатыр. Сондықтан біріншіден, қазір мүмкіндігінше өз білімін өзі көтерумен әр адам өмір бойы айналысуы керек.

Екіншіден қазіргі кезде экономикасы қарқынды дамып жатқан мемлекеттерді алып қарайтын болсақ, олар – Сингапур, Оңтүстік Корея, Жопония, Гонконг, Қытай Тайбэйі сияқты мемлекеттер. Бұл мемлекеттердің қазба байлық мөлшері көп емес және жер көлемі шағын., Алайда соған қармастан олардың дамуы қарқынды.

Білім беру жүйесі жыл сайын әр түрлі өзгерістерге ұшырап отыр. Бұл өзгерістердің басты мақсаты – өсіп келе жатқан ұрпақты жан-жақты дамығын, құзыретті азаматтар етіп тәрбиелеу. Осы мақсатқа жетуге функционалдық сауаттылық көмектеседі.

Функцоналдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қармай ілесіп отыруы, адамның мамандығын әрдайым жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Яғни, оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету.

Функционалдық сауаттылық – білім берудің жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметттік бағдарлану тәсілі. Жоспарда негізгі құзыреттіліктер белгіленген: басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті); ақпараттық (өзіндік танымдық қызметке қабілеті немесе өмір бойы білім ала білуі); коммуникативтік (ауызша, жазбаша және нәтижелі қарым қатынас жасауға қабілеті); әлеуметтік (әлеуметтік өзара іс-қимыл жасауға қабілетіі); тұлғалық (өзіндік іске асыру, өзін – өзі жетілдіру, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтау, төзімді болу қабілеті); азаматтық (өзінің отаны үшін жауапкершілікті сезіну қабілеті); технологиялық (технологияларды, оның ішінде ғылыми , сандық технологияларды пайдалану қабілеті).

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субьект, ал ол субьектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр.Осыған орай алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даярлықты білдіретін құзіреттерді қалыптастыру үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды буыны болып саналатын жалпы білім беретін орта мектептердегі әрбір пәнді оқытудың да басым бағыттарының бірі болып табылады.Функционалдық сауаттылық оқушының белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауына пайдалы білім,білік дағдылардың бірлігінен құралады.Ал құзіретті тұлғаны қалыптастыруда басқа пәндерді оқытуға негіз болатын тіл пәндерінің орны ерекше. Өйткені мемлекеттік тіл ретінде оқытылатын қазақ тілі бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Тіл туралы» Заңдары мен Тіл саясаты тұжырымдамасындағы айқындалған мақсаттар мен міндеттердің жүзеге асуының басты шарты болып саналады. Сондықтан, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қазақ тілін оқытудың тұлғалық-әрекеттік бағдарын күшейту нәтижесінде жүзеге асады. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бағытындағы оқу үдерісін жүйелі әрі кешенді жүргізген жағдайда олардың мемлекеттік тілді саналы меңгеруіне қол жеткізуге болатынын толық растады. Ол үшін оқушы тіл туралы алған білімін интерпретациялау тиіс. Бұл жерде қазақ тілін функционалдық мақсатта оқыту маңызды рөл атқарады.Әрине, оқушылар тілдің грамматикалық ережелерін есте сақтап,жатқа қайталап айта алады. Осы тілдік құбылыстар туралы білімін комуникативтік мақсатта еркін пайдалану қабілеті болмайды, кейбір кездері тілдің грамматикасын игермеген оқушы сабақтан тыс кездерде сол тілде жақсы сөйлей алуы мүмкін.Қазақ тілін оқыту сабақтарында тілді жылдам және сапалы игеру үшін міндетті шынайы түрдегі қарым-

қатынастар жағдаяттары ұйымдастырылуы керек. Мұндай сөйлеу-тілдік жағдаяттары арқылы оқушылар қазақ тілін саналы түрде меңгере алады.

Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері дегенде, ең алдымен, оқушылар меңгеруі тиіс деп танылған қазақ тілінен берілетін білім мазмұны, қазақ тілін ана тілі ретінде оқуы арқылы оқушылардың тілдің коммуникативтік қызметін меңгеруі арқылы өзін-өзі тануы, тілдік санасы жетіліп, тілдік тұлға ретінде қалыптасуына игі ықпал ететін педагогикалық заңдылықтар қарастырылады. Оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жүйелі әрі кешенді ұйымдастырылатын біртұтас әдістемелік жүйеге бағындырылатын білім мазмұнын, жаттығулар мен тапсырмалардың кешенді іске асырылуын қамтамасыз еткенде нәтижелі болып саналады.

Функционалдық сауаттылықтың тағы бір тетігі ретінде қосымша білім мен мектептен тыс сабақтармен қамтуды жатқызуға болады. Жалпы білім беретін мектептегі және мектептен тыс ұйымдардағы әртүрлі бағыттағы үйірмелер, секциялар желісін кеңейту есебінен балаларды қосымша білім берумен қамту ұлғайтылады.

Оқушылардың сапалы білім алуына, өзгермелі ортаға тез бейімделе отырып, өзіндік көзқарасын қалыптастыруға және өмірде аяғын нық басып,алдына масқат қойып оны шешуге мүмкіндігі бар тұлғаны дамытуға жағдай туғызу менің басты міндетім деп түсінемін. «Мектеп-қазыналар қоймасы, олардың қоймасы, олардың қоймада болуына мұғалім жауап береді. Қоймаға кірген оқушы өз қалтасын қазынамен өзі толтырады, мұғалім оқушының қалтасына қазынаны өзі тықпайды және шекарашы рөлінде болуы тиіс емес. Оқушының өзі сабақта қанша байлық алып кететінін, қанша алып кете алатынын өзі шешеді және қанша байлық алғанын өзі бағалайды» (Оскар Уайльд).

Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту-бүгінгі заман талабы. Осы ретте, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін заман талабына сай жүргізе білудің маңызы зор. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қазіргі таңда оқыту жүйесінде қойылып отырған әлеуметтік сұраныс талаптарымен сай келу үшін бастауыш сыныптардан бастап оқушының ақпараттық жіне проблемалардың шешімін табу құзыреттіліктеріне бағытталып жүргізілгенде ғана оң нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Егер қстаз осы жолда үнемі ізденетін болса, өзінің еңбегінің жаңа бір қырынан нәтижесін көреді деген ойға келдім. Өз сабақтарымда қолдануда куә болып, ұғынғаным оқушыда ешқандай бос уақыт, жұмыстанбайтын, тыңдалмайтын оқушы болмайды. Сонымен қатар оқушыда жауапкершілік, еркіндік, сыйластық, өзіндік көзқарас қалыптасады. Бұрын мүлде әзірліксіз келіп сабақтың бітуін дегбірсіздене күтетін оқушы, мүмкіндік юар екендігін сезінеді.

Қазір еліміздің түкпір-түкпірінде оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдермен қаруланған біршама ұстаздар қауымы өз мамандығына деген сүйіспеншілігі арта түсіп, жаңа нәтижелерге жетуде, шәкірттерінің жаңа белестерді меңгеруіне жол ашуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. С. Мирсейтова, Ә,Іргебаева Әрекеттегі PWCT философиясы мен әдістемесі Алмат, 2006ж.
2. Бастауыш мектеп, 2010 ж №3U-S.KZ publlashy сайты

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Байманова Алия Аманкелдиевна
«Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі» КММ

География пәні – өзіндік ерекшелігі бар пән. Олар жалпы құрлық – жер бетін, планетамызды, ондағы тіршілік ететін өсімдік – жануарлар дүниесін, жер бедерін, оның байлығын және өмір сүріп отырған бірнеше мыңдаған ұлттар мен ұлыстардың тіршілігін зерттеп үйретететін ғылым. Сондықтан география пәні мұғалімі болу деген сөз – кең көлемді, терең білімді, есте сақтау қабілеті күшті, мазмұн – табиғаты терең ұстаз мұғалімдерді талап етуі, әрі ұсынуды қажет етеді.

Қазіргі таңда әлемдік оқу үдерісінің өзегі – жаңа технологиялар екені баршаға белгілі. Жаңа технологиялардың бірнеше түрлері бар және олар әлемнің бірнеше елінен сынақтан өтіп, жаңаша оқытудың түрлі бағыттарын қамтиды. Оларға модульдік технология, рейтингтік жүйе, дамыта оқытутехнологиясы және сын тұрғысынан оқыту жатады. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс – тәсілдермен ерекшеленеді. Ал әдіс - тәсілдер мұғалім ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарап іріктеп қолданады. Мұғалім өзіне тиімді, пайдалы жағын жетілдіре түседі.Соған орай берілетін білім де, тәрбиелік тәлім де оқушының шамасына үйлесімді, таным – түйсігіне сәйкес келсе ғана жүзеге асады.

Географиялық білім беру сапасын арттыруда география пәні мұғалімінің теориялық білімдерін практикада қолдану бойынша оқушылардың оқу іс – әрекетін ұйымдастыра білу және қойылған оқу міндеттерін шешу үшін қажетті әртүрлі білім көздерінен тәуелсіз болуы үлкен маңызға ие. Географияны оқыту процесінде белсенді көзқарасты жүзеге асыру географиялық білімнің жоғары сапасына қол жеткізуге және оқушыларды өздерінің географиялық білімдерін нақты өмірде және практикалық іс – әрекетте қолдануға, дайындауға мүмкіндік береді.

Қазіргі жағдайда географиялық білімге қойылатын маңызды талаптардың бірі - оқушылардың практикалық дағдыларын игеруі болып табылады. География мәселелерін шешудің мақсаты мектеп географиясының практикалық компонентін тереңірек және мағыналы игеру болып табылады. Мәселелерді шешуді географияның бастапқы курсының теориялық материалдарын зерттеумен қатар жүргізген жөн. Төменгі кластарда география сабақтарында оқушылардың көптеген практикалық дағдыларының негіздері қаланады. Оларды географияны зерттеудің барлық кейінгі курстарында қолданады. Оқу іс – әрекетінің міндеттері пән бойынша жүйелі және берік білімді қалыптастыру болып табылады. Теориялық материалды саналы және терең игеру үшін қажетті географиялық мазмұн мәселелерін шешудің арнайы практикалық дағдыларын дамыту және теориялық білімді практикалық қызметке қосу арқылы дүниетаным мен жалпы дайындықты кеңейту қажет.

География сабақтарында оқушы игеруі тиіс практикалық дағдылардың саны өте үлкен, сондықтан оқу іс – әрекетінің бұл түрі мұғалімге әр түрлі географиялық мәселелерді шешуге үйрету барысында оқушылардың қажетті практикалық дағдыларын игеру процесін сапалы ұйымдастыруға қосымша мүмкіндік береді.

Мектеп оқулығы оқу процесін жаңаша ұйымдастыруда ең үлкен маңызға ие. Оқулықтағы географиялық міндеттер оқушылардың оқу- зерттеу мәдениетінің құнды, ғылыми және шығармашылық тұрғыдан егжей – тегжейлі тәсілінің әртүрлі компоненттерін қалыптастыруға бағытталған. Олар сабақтарда зерттеу жұмыстарын жоспарлауға және ұйымдастыруға, оқушыларға жеке бағытталған тәсілді қолдануға көмектеседі. Міндетті тәсіл оқу процесіне оң ішкі мотивация жасауға мүмкіндік береді.

Көрнекі құралдардың ерекшеліктері: пән бойынша стандартты орындау, әмбебаптылықты – сабақтың әртүрлі кезеңдерінде пайдалану және басқа ғылымдармен

пәнаралық байланысты, жеке сараланған жұмысты, шығармашылық ойлауды дамытуды қамтиды.

Географиялық карта- адам ойының ең үлкен туындыларының бірі. Бұл білімнің маңызды көздерінің бірі болып табылады. «Карта- бұл географияның ерекше екінші тілі, онсыз география жасай алмайтын тіл» - деді Н.Н. Баранский. Картаны оқуға үйрету – әр мұғалімнің басты міндеті.

Карталар мен глобусты пайдалану барысында кез келген тапсырмадағы берілген нысандар арасындағы байланыстар айқындалады. Мысалы: литосфералық плиталардың карталарын қолдану арқылы жанартаулар мен тауларға қатысты мәселелерді шешуге болады. Өзендердің ұзындығы, сарқырамалар мен таулардың биіктігі туралы статистиканы да қолдануға болады. Маршруттарды құру немесе топографиялық тапсырмалармен жұмыс жасау үшін геометрияны оқу процесінде алған дағдыны қолданамыз. Сонымен қатар географиялық картадан басқа теміржол картасын, ел субъектілерінің әкімшілік бөлінісін мұқият зерттеу барысында да көптеген мәселелерді шешуге болады, оларды қызықты етіп көрсетеді.

Практикалық мақсаттар үшін географиялық міндеттер өте маңызды. Бір нәрсені түсіндірудің қажеті жоқ. Географияның барлық басқа ғылымдардан маңызды артықшылығы бар: ол бізге жердегі табиғаттың ең жақын, туған әлемі туралы айтады. Ол кейде қызықты, көбінесе батырлық және батыл болатын саяхаттар мен оқиғалар туралы хабарламаларды қамтиды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. А.Әбілқасымова, Р.Омарова. Мұғалімдердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру негіздері. Алматы,2016 ж
2. Б.И.Иманбекова «Мектептегі ғылыми – әдістемелік жұмыстар» Алматы 2003 ж

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОЙЫН, ЕРТЕГІ АРҚЫЛЫ СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМЫТУ

Байниязова Айнур Сагидуллаевна
Әйтеке би ауданы, Еңбекту жалпы орта білім беретін мектебі

Шет тілдерін үйрену, әсіресе
ағылшын тілі қазіргі – заманның қажеттілігі.
Н.Ә. Назарбаев

Болашақтың бүгінгіден нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. « Ұрпағы білімді халықтың тілін үйрену. Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән - мағыналы білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Елбасы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында «Үш тұғырлы тіл» туралы идеяны жария етті. Ал 2007 Жолдауында “Тілдердің үштұғырлылығы” атты мәдени жобаны кезең - кезеңмен іске асыруды ұсынды. “Үш тұғырлы тіл” идеясының үшінші құрамдас бөлігі – ағылшын дегеніміз – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына ілесу деген сөз.

Мектепте тәрбиелеу-оқыту жұмысында оқушылардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Мектеп жасындағы балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі- тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді. Ағылшын тілі сабағында сөздік

жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз. Мектепте оқушылардың сөздік қорларын дамыту ісінде: - оқушылардың сөздік қорларын дамыту; - жаңа сөздерді меңгерту; - үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады. Осы аталған міндеттерді оқушы үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Оқушылардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз.Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Оқушылардың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Мемлекет басшысы бұрнағы жылғы “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты Қазақстан халқына Жолдауында: “Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі — ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі — жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі”, — деген болатын.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев биылғы халыққа арнаған “Қазақстан халқының әл - ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты” атты Жолдауында Үкіметтің алдына “Тілдердің үш тұғырлығы” мәдени жобасын іске асыруды жеделдету міндетін алға қойып отыр. Қазіргі таңда өркениетті ел ретінде көптеген шет елдермен қарым - қатынасымыз күннен - күнге нығайып, беделіміз артып келеді. Бұл шетел тілін оқытуды жақсартуды, оны терең меңгертуді талап етеді. Ал, оқытуды жақсарту дегеніміз, біздіңше, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру. Бүгінгі күннің талабы, шет тілі оқытушысының алдына қойған мақсаты тіл үйренушілерді шет тілінде сөйлету болғандықтан, оқытушы шет тіліне үйретудің түрлі әдістерін сұрыптай келе, оның ішіндегі ең тиімдісін өз сабағында қолдануды басты міндет деп біледі. Дегенмен, шетел тілін меңгертуде көптеген қиыншылықтар кездесетіні белгілі. Солардың бірі – мәтін мазмұнын баяндау немесе шет ел тілінде өз ойын айту. Мектептерде ағылшын тілін оқытудың негізгі элементтерінің бірі – сөздік жұмысын жүргізу. Ол оқушылардың сөздік қорын байытуда ерекше орын алады. Сөздік жұмысын ұйымдастырудың басты қағидасы – оқушының лексикалық материалды белсенді түрде меңгеріп, сөйлеу тілінде оларды бекітіп, сөйлеуде белсенді түрде қолдана білуге үйрету негізінде қалыптасады. Сөздік жұмысын ұйымдастырудың қағидаларын білу аса қажет. Олар игерілуге, білуге қажетті сөздер, жиілік, ахуалдық – тақырыптық негізінде сөз іріктеледі. Сөздік жұмысын ұйымдастырудың басты мақсаты – оқушының лексикалық материалды белсенді түрде меңгеріп, оны сөйлеу тілінде түрлі тұлғада қолдана білуі, яғни оқушы ол сөзді кез келген грамматикалық формада қолдана алуы қажет. Мысалы: оқы, оқып отыр, оқыған, оқиды т. б. мысалда олар әртүрлі грамматикалық формада беріліп тұр. Әрине, сөздік жұмысы арнайы сабақ болып өтілмейді. Ол біздің әрбір сабағымыздан орын алады. Сондай – ақ, сөздік жұмысы мәтінде кездесетін түсініксіз сөздермен ұғымдарды түсіндірумен ғана шектелмейді. Оқушының сөздік қорын қалыптастыруға байланысты мынадай мақсаттар қойылады:

1. Әр сабақта белгілі мөлшерде оқушыға жаңа сөз үйретіп отыру, яғни оқушының сөздік қорын дамыту.

2. Оқушыны сөзді тыңдауға жаттықтыру.

3. Оқушы меңгерген сөздерімен сөз тіркесін, екі – үш сөзден тұратын сөйлем құрай алатын болуға тиісті. Бұл сөйлеуге, сөйлесуге үйрету үшін қажет.

4. Ағылшынша сөздерді дұрыс айта білуге дағдыландыру керек.

5. Оқушыларға қысқа өлең, тақпақ, мақал – мәтелдер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар жаттап үйрету керек. Оның ағылшын тіліндегі дыбыстардың дыбысталу ерекшеліктеріне тілдерін жаттықтыруда үлкен пайдасы бар.

Мысалы,

1. Many hands make light wok. Көп түкірсе, көл болады.
2. Too many cooks spoil the broth. Қойшы көп болса, қой арам өледі.
3. Make hay while the sun shines. Қыстың қамын жаз ойла

Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады. Оқушылардың бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады. Арнайы ойын-сабақ және сабақ мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді.Ойын ұйымдастыруда тәрбиеші өзі жетекші бола отырып, оқушылардың ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін,қиялын дамытады. Сонымен қатар ойын барысында оқушы үлкендермен, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасайды. Әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады. Сондықтан да ойын-тапсырмаларды таңдауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн. Мұғалім балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын)үш түрлі етіп өткізуіне болады. Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өті леді.

Мысалы:

«Дәл осындайды тауып ал»,
«Find similarity» «Салыстыр да, атын ата»,
«Compare and call»,
«Қай ағаштың жапырағы»,
«By what leaf of the tree»,
«Бірдей ойыншықты тап»,
«Find similar toys»,
«Қайсысы көп, қайсысы аз» «Where more, where less», т.б.

Үстел үсті ойынын ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданылады.

Мысалы:

«Суретті құрастыр»,
«Қандай затқа ұқсайды?»,
«By what subject like?» «Қай сурет тығылды?»,
«Which figure is hidden?»,
«Бір сөзбен ата»,
«Give one word»,
«Кім байқағыш»,
«Who observant»,
«Қиылған суреттер»,
«Ұқсасын тап»,
«Spot the difference» ,
«Есіңде сақта»,
«Remember» .

Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді.

Мысалы:

«Сөз ойла»,

«Remember the words»,
«make words»,
«Жұмбақ ойла»,
«Make a puzzle»,
«Жақсы-жаман»,
«Good or bad»,
«Жалғастыр»,

Бұл аталған жаттығу, тапсырмалар балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін дамытады. Сонымен оқушылардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ертегі саханалау арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді. Міне, сондықтан да оқу-тәрбие үрдісінде әр түрлі ертегілер арқылы баланы жан-жақты дамыту ісіне ерекше көңіл бөлемін және бұл менің ең негізгі алдыма қойған мәселем. Сонымен, баланың сөздік қорын дамытумен қатар, тілін дамыту жұмыстарыда жүзеге асады. Оны төмендегі қойылым түрінен көруге болады. Мен оқушыларға сыныптан тыс шараға ертегі саханалған болатын. Оқушылар шараға белсене қатысты.

Корытынды: Оқушылардың сөздік қорын қалыптастыруда сабақта пайдаланатын көрнекі құралдардың маңызы зор деп айтар едім. Көрнекі құралдың мазмұнын оқушылар мұғалімнің ауызша түсіндіру арқылы біледі де, ал көрнекі құрал сол айтқандарын айқындай немесе нақтылай түседі. Қытай даналығында: «Маған айтсаң, мен ұмытып қаламын; маған көрсетсең, мен есімде сақтаймын; ал өзіме әрекет жасауға мүмкіндік берсен, мен үйренемін» деп айтылғандай, біз балаға бір ақпаратты тек айтып қана қойсақ, ол ұмытып кетуі мүмкін, көрсетсек есінде қалуы мүмкін

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Мектептегі шет тілі. Республикалық әдістемелік – педагогикалық журнал. №3 (45), 2010.
2.Мектептегі шет тілі. №3(27), 2012.
3.Мектептегі шет тілі. №2(44), 2010.
4. Мектептегі шет тілі № 1,2014
5.WWW.45minut.KZ 6.Білімділер порталы.

ДАРЫНДЫ ШӘКІРТ –БІЛІКТІ ҰСТАЗДАН

Байтақова Гүлзайда Қалмағанбетқызы
№78 ЖОББМГ география пәні мұғалімі

Баланың бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның әрі қарай дамуына бағыт-бағдар беру қажеттілігін әр мұғалім түсінуі керек. Ол үшін дарынды оқушымен жұмыстың әлеуметтік қажеттілігін сезінуі, нәтижелі әдіс-тәсілдерді талмай ізденуі, жоғары нәтижелерге жетуге ұмтылуы, ата-анасымен тығыз байланыс орнатуы, оқушымен жиі қарым-қатынаста болуы сияқты талаптарды орындайды. Ж. Руссо баланың өз бетінше білім-танымдық, шығармашылық әрекет идеясына үлкен мән берді. Руссо дидактикасында оқыту үрдісінде ең бірінші орынға танымдық қабілеттілікті, белсенділік пен өзбеттілік ұстанымдарның маңыздылығына көңіл бөлді. Міржақып Дулатов қазақ арасында көбіне көзге түспей, түссе де еленбей жүрген ғылым-білімге, өнерге зерек, дарынды балаларды оқытып тәрбиелеудің мәні жайында сөз ете келіп, дарындылықтың кейбір психологиялық астарына үңіледі. Ол «Туысында қанша зеректік болса да – ғылымсыз, тәрбиесіз кемеліне жетпейді. Кімде-кім өзінің табиғатында не нәрсеге шеберлік барын сезіп, өз жолына түссе ғана, көзге айнытпай сала білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі, оқығанда көріп тұрғандай боласың...» деп түйіндейді..Саналы да, салауатты ұрпақ тәрбиесі – өткен күн мен қазіргінің және болашақтың үзілмейтін өзекті әрі, адамзаттың негізгі миссиясы болып қала береді. Қазақта «адам ұрпағымен мың жасайды» дейді. Ұрпақ жалғастығы нәтижесінде, адамзат өмірінде түрлі өзгерістер болып, өз қажетіне керегін өмірден алып, дамудың биік шыңдарына жетуде. Өмірге келген әрбір баланың алғашқы тәрбиесі ата-анадан өрбісе, бұдан кейінгі тәрбиенің өзегі ұстаз міндеті. Дұрыс бапталған ағаштың өсе келе жақсы жеміс беретіні секілді,сапалы тәрбие алған ұрпақтан ел болашағын алға апаратын нағыз ұлтжанды патриот пайда болады. Осы жерден біздің мақаламыздың өзектілігі шығады.Яғни, ұстаздың немесе тәрбие берушінің негізгі міндеті- келешек ұрпақ бойындағы ерекше дара қасиетті байқауы.Екінші мақсаты- осы қасиетін дер кезінде аша білуге ықпалы. Қазақстан Республикасының президенті Қ.К.Тоқаев: «Біздің жас мемлекетіміз өсіп жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз Бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді.Олар өз ұрпағының өресі биік, денсаулығы мықты өкілдері болады» дей келе, әлемдік биік дәрежеге жетеміз деп асқақ сезіммен алға тартып, үлкен сенім білдіреді. Енді мақаламыздың мақсатына оралып,осы мәселелерді Жан-жақты талқыласақ. Дарындылық дегеніміз не,және ол кішкентай нәрестеде қалай байқалады? Әлбетте, дарындылықтың тұқым қуалайтындығы, ұрпақтан ұрпаққа берілетіндігі даусыз.Ғылым бұны дәлелдеп те берді.Дарынды балалардың ерте сөйлеуі мен абстрактылы ойлауға негізделген есте сақтауы жақсы жетілген.[3]Олар топтас - тыру қабілеті, мәлімет пен тәжірибені категориялауда алынған білімді кең көлемде қолдану ерекшелігімен байқалады.Олардың топтастыру шешеімге бейімділігі, дарынды балалардың сүйікті ісі- коллекция жинау мен қайта жасау үлкен қуаныш сезімін әкеледі,бірақ әсемдеу, тәртіппен жинау олар үшін мақсат болып табылмайды.

Дарынды балалардың ата-аналарын ойландыратын мәселенің бірі- мектептегі оқу кезінде кездесетін қйындықтар.Бұл қиындықтар дарынды бала туралы қоғамда қалыптасқан түсінікке байланысты. Өйткені,«орта» қабілетті бала мектепте мақталады да, «ақылды» балаға сенімсіздік жасалады.Оның қабілеті көп жағадайда ескерілмейді.Соның салдарынан дарынды балалар ерекшеленбеуге, көзге түспеуге тырысады.Ортаның осындай ықпалының нәтижесінде дарынды бала өз қабілетін танып, дұрыс бағалай алмайды.Сөйтіп, өз деңгейінде дамып детілмей, шектеледі. Бұл жерде дарынды балаларды таңдап,олардың бойындағы ерекше қасиетті бағалап,өмірде дұрыс бағдар Бере білуіміз қажет.Дарынды балалар білуге құштар. «Мынау қалай құрылған?, неге бұлай болады?,егер жағдайды өзгертсе қалай қайтеді?» деген

сұрақтарға жауап іздейді.Қоршаған ортаны белсенді түрде зерттейді.Дарынды бала өз әрекетін шектеуді ұнатпайды.

Эмоциональды даму ерекшеліктері. Дарынды баланың эмоцинальды сферасының негізгі ерекшеліктерінің бірін көптеген зерттеушілер жоғарылатылған деп санайды.Дарын иесі бірнеше құбылыстарды Жан-жақты қарауға қабілетті болып келеді.Ғылыми зерттеулерге қарағанда дарынды, таланты балалардың миының биохимиялық, электрлік белсенділігі жоғары келеді.Дарындылар кішкентайынан-ақ себеп салдарға көңіл аударып, соған сәйкес қорытынды жасап отырады.Кез-келген жүйенің балама моделін жасауды ұнатады.Олар жинақталған білімін, тәжірибесін кең пайдалана біледі, хабарларды жүйелеп,бөліп талдайды.Кейбір балаларда математикалық қабілет, кейбірінде ой жұмысын талап ететін ойындарға,көпшілігінде оқу қабілеті басым келеді. Мектепке дейінгі кезеңде дарынды балалар-жағдайлар мен құбылыстарды менің түсінігім ғана деп танитын эгоцентристер. [3] Бала қандай ақылды болса да,оның мұндай әрекеті қалыпты жағдай болып саналады.Даму деңгейіне қарай бала мәліметтерді түсініп,ойлауға қабілетті.Ғалымдар мұны- матетаным деп атайды.Ол өзінің заттар мен құбылыстарды қабылдауын басқалардың қабылдауына ұқсас деп түсінеді. Дарынды балалардың қабілеттілігіне ортаның тигізетін әсері жан-жақты. Ал, талантқа талдау жасасақ, дарындылықтың жоғары деңгейі; ол қызмет өнімін алуға рұқсат етеді.Данышпандық- бұл дарындылықтың жоғары деңгейі.Қызметтің белгілі бір сферасын принцепиальды ілгері жылжуды жүзеге асырады.Дарынды оқушы тұлғаның 4 негізгі аспектілерімен өзара байланыса сипатталады.Олар:

1. Интеллект (зияткерлік)
2. Шығармашылық (креактивтілік)
3. Мотивация (ой-түрткі)
4. Тұлғаның әлеуметтік бейімділігі

Сонымен, дарынды бала өз талантын түрліше сезінеді. Отбасында іні, бауырларымен ойнағанда өз ерекшелігін сезінсе, мектепте құрдастарымен өзін салыстыру арқылы байқайды. Баланың таным процестері қабылдауы мен тәжірибесіне байланысты.Бала қоршаған ортаны зерттеу барысында, нақты нені жасай алатынын, нені істей алмайтынын біледі.Ал, айналадағы адамдар оның істеген ісін түрлі жолмен бағалайды.Бұл кезеңде ол өзін қоршаған адамдардың, ата-анасының өзіне көңіл аударғанын ұнатады.Ата-ана үшін баласының әрекетін бақылап,бағыттап, оқыту көп қиындық жасамайды. [4] Психологтар -дың зерттеуі бойынша интеллект жас өскен сайын өспейді, толыса түседі.

Оқушының қабілеттілік белгілері:

1. Тұлғаның ерте дамуы, жалпы қабілеттілікке тән /вундеркинд/. Оларды жылдамдатып оқыту керек,өйткені олар өз құрбыларынан әлдеқайда білімді болады.

2. Ғылымның немесе пәннің жеке түрінен қабілеттілік. Мысалы:гуманитарлық пәннен мықты оқушы математикадан нашар болуы да мүмкін.

3. Дарындылық белгілері кең түрде дамыған оқушы. Олар қабілетімен, өз беттілік әдісімен, өз көзқарасын айтумен ерекшеленеді. Күнделікті сабақ уақытында дарынды оқушыға жеке тапсырма беру арқылы өз бетімен жұмыс орындау кең тараған.

Алайда, осы типтегі оқушыларды үнемі бағыт-бағдар беру арқылы шығармашылық жолға жетектеп отыру керек. [2]

Бала өзінің дарындылық қасиетін іс-әрекет барысында көрсете алады. Сонымен бірге, іс-әрекеттің бір түрінен әр түрлі дарындылықтың аспектілері көрінуі мүмкін. Дарындылықтың әр қилы түрі, формалары оқушының психологиялық мүмкіндігі мен даму кезеңдерінде жақсы болып келеді және ол баланың ортасына да тікелей байланысты болады. Балалар кішкентай кезінен белгілібір іс-әрекетке қабілеттілік байқатады. Осы қабілеттілікті қалыптастырып, жүйелі дамытып отырған жағдайда ғана ол қасиет баланың бойына дарып, болашақ кәсіби өміріне бағыт-бағдар береді. Қабілеттілік -адамның жеке басына тән белгілі бір іс-әрекетті

орындауда жетекші роль атқаратын ерекшелік, белгілі бір тәсілді шешудегі шапшаңдықтың, терендіктің және тұрақтылықтың көрініс беруі. Сонымен қатар, әркімнің қолынан жаңаны жасау мүмкіншілігі, оның белгілі істерді үлгеруге бейімделген психикалық қасиетінің ерекшелігі. Қабілеттілік - адамның жеке басына тән белгілі бір іс-әрекетті орындауда жетекші роль атқаратын ерекшелік, белгілі бір тәсілді шешудегі шапшаң дықтың, терендіктің және тұрақтылықтың көрініс беруі. Сонымен қатар, әркімнің қолынан жаңаны жасау мүмкіншілігі, оның белгілі істерді үлгеруге бейімделген психикалық қасиетінің ерекшелігі. Жас жеткіншектің бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның одан әрі дамуына бағыт-бағдар бере білу ерекше қиын іс. Алайда әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны сол бағытта жетелеу-ұстаз парызы. Баланы заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту-бүгінгі күннің басты талабы. Дарындылыққа педагогикалық энциклопедияда төмендегідей анықтама берілген: «Дарындылық-белгілі бір әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуыныңжоғарыдеңгейі».В.Крутецский өзінің математикалық қабілеттіліктің құрылы мын зерттеген еңбегінде: «Егер қабілеттіліктер деген ұғымды жеке психикалық қасиеттер деп түсінсек, онда дарындылық дегенді адамның ерекше қабілетінің жиынтығының бірлігі деуге болады»,-деп тұжырымдады.[5]Дарындылық –адам бойындағы қабілеттіліктің жоғарғы деңгейде дамуы, іс-әрекет барысында ерекше жетістікке жету.«Дарындылық» ұғымы «сый» деген сөзден шыққан, дамудың қолайлы ішкі алғы алғышарттарын білдіреді.[1] Дарынды балаға тән қасиеттер де болады. Көп жағдайда олар көрсеқызарлық, алған әсері бойынша жаңа ақпарат іздеуі, мақсатына жетуі, ойын айта білуі және т.б.Алайда, кейбір дарынды бала көлеңкеде байқалмай қалып та шығармашылық жұмыспен айналысады, ол оқытушы назарынан тыс қалмауы керек. Қабілетті балаларды оқыту топта немесе жеке жұмыс беру арқылы жүзеге асырылады. Өз қабілетін сабақ уақытында көрсете білген, жақсы көрсеткішке жеткен оқушыларды ғылым мен мәдениетті шығармашылық жолмен тануға дайындау керек. Оларды шығармашылвқ жолға бағыттап, оны іске асыра білу және ғылыми-білім кеңістігінде қалыптасқан жеке тұлға үшін мына талаптар мен міндеттерді оқытушы ескеруі керек. Қорыта айтқанда, зерттеу жұмыстары арқылы жеке тұлғаны дарынды, талантты оқушыларды таба біліп, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін арттырып, өзара қарым-қатынасты күшейтіп, ата-ана, ұстаз, оқушы арасындағы байланысты жоғары ұстау қажет екенін түсіндік. Ұстаз өмірдің шуағы мен нәрін себуші, берілмес қамалдардың алыбы, оның мынау аумалы, төкпелі замандағы адам ретіндегі, мұғалім ретіндегі миссиясы-маңайындағы адамдардың алдындағы оқушылардың ішкі сезімін оята білуі. Мұндай жауапты да ауыр жүк арқалап жүрген ұстаздарымыздың ішкі жан дүниесі мен сыртқы бет-бейнесінде үйлесімділік, сауаттылық, жарасымдылық болуы қажет. Сол кезде ғана мұғалім жан-жақты дамыған, дүниетанымы мол, еркін ойлы, өз пікірін ашық айта алатын жеке тұлғаны қалыптастыра алады. Баланың қабілетін дамыту мәселесі өзінің тамырын адамзат тарихының тереңінен алады. Ежелгі грек ғалымы және философы Сократ өз оқушыларының жеке тұлға болып дамуына үнемі қамқорлық жасаған [6] .«Адамның ақыл-ойын, қабілетін, шығармашылығын дамыту арқылы оны бақыт жолына жеткізуге болады», – деді шығыстың әйгілі ойшылы Әл-Фараби. Біздің ойымызша сынып оқушыларының кез келгені шығармашылық тапсырмаларға қызыға қарайды, табыспен меңгере алады. Осындай жұмыстарды меңгергенде ғана бастауыш сынып оқушылары, жоғары сыныптарда білімді 90% дәрежеде өз бетімен ізденетін, пайдалыны көздей алатын, ой қазанын қайната алатын, шын мәніндегі шығармашылық дәрежеге көтеріле алатын дарынды шәкірт бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.Одаренные дети и педагогические условия их развития.

http://nsportal.ru/shkola/materialy-metodicheskikh-obedinenii/library/odarennye-deti-i-pedagogicheskie-usloviya-ih
2.Психология одарённости детей и подростков.
http://library.sgu.ru/cgi-bin/irbis64r_13/cgiirbis_64.exe
3.Иванова Е. А Психологические особенности одаренных детей и их психолого-педагогическое сопровождение. Москва 2006 год.
4. Леднева, С.А. Детская одаренность глазами педагогов. Начальная школа.- 2003г.
5. Мандель Б. Р. Возрастная психология. Учебное пособие НИЦ Инфра - М, 2012.
6. Уласевич Светлана Александровна: Одарённые дети. Москва. 2008 год.

ТАРИХ ПӘНІНЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ САПАСЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Бакбергенова Гульнур Темирхановна
№6 Хромтау гимназиясының тарих пәні мұғалімі, тарих білім магистрі

Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу –
біздің қанымызда бар қасиет.

Тақырыптың өзектілігі: Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – жастарға терең білім беру. Ал, оның негізі жалпы білім беретін мектептердің оқыту үрдісін жақсартуға білім саласына жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу – тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Пәнді оқытуда тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызғылықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты екені баршамызға мәлім.Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек.

Мақсаты: Білім беру үрдісінде оқытудың озық технологияларын және оның мүмкіндіктерін меңгере отырып, бәсекеге төтеп бере алатын, білім деңгейі жоғары, ізденушілік – зерттеушілік қабілеті дамыған жеке тұлға тәрбиелеу.

Мақсатқа жету барысында төмендегі міндеттерді алдым:

- оқушылардың адамзат қоғамының ежелгі заманынан бүгінгі күнге дейінгі даму тарихынан жүйелі білім негіздерін қалыптастыру;
- бүкіл адамзат жасаған құндылықтарды, мәдени тарихи тәжірибенің негізін оқытып, меңгерту;
- оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру, оларға адамзат жинаған әлеуметтік рухани, адамгершілік тәжірибесін меңгерту;
- оқушыларды өз халқы мен басқа халықтардың мәдениеті мен тарихын, бүкіл адамзаттың мәдени мұрасын сақтауға тәрбиелеу;
- оқушылардың бойында Қазақстандық патриотизм мен азаматтық сезімді қалыптастыру;
- эстетикалық, экономикалық тәрбие беру, діннің тарихтағы қызметін дұрыс түсіне білуге тәрбиелеу.

Осы міндеттер мен мақсаттарды орындау үшін қазіргі педагогиканың жаңалықтарын, оқу әдістемелік тәсілдің тиімді жолдарын таңдау, үздіксіз ізденіс пен білім сапасын жақсарту қажет.

Күтілетін нәтиже:

✓ Жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық дербестігін дамыту, оның жеке тұлғасын қалыптастыруға болады;

✓ қызығушылық іс-әрекет түрлері төменнен жоғары қарай, кезекті түрде, белгілі- бір ретпен, жүйемен жүргізілуі нәтижесінде шығармашылығы дамиды;

✓ оқушыларды танымдық тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне қарай топтарға бөліп, сәйкес жұмыс түрлерін таңдап, жүйелі жұмыс жүргізудің маңызы зор;

✓ қызығушылық іс-әрекетте дәстүрлі емес әдіс–амалдар пайдалану интеллектуалдық қабілеттерін дамытып, оқу–танымдық және ғылыми ізденістер жасауға талаптандырады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Қазіргі ақпараттық қоғамда өндірістің дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстардың қажеттілігі көрінеді. Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты адамға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасай алатын оқытудың инновациялық технологиялары пайда болуда.

Тарих ұлттық өзіндік сана-сезімді және адамгершілік-этикалық нормаларды қалыптастыра отырып, оқытудың дүниетанымдық негізін қалыптастырады. Тарихтың басқа пәндермен өзара байланысы талдау, жинақтау сияқты ортақ логикалық таным әдістерін қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, гуманитарлық циклдағы пәндермен байланысы картамен, мәтінмен жұмыс істеу, оқиғалар мен құбылыстардың ерекшеліктерін айқындау сияқты ортақ әдіс-тәсілдері негізінде іске асады.

Тарих сабақтарында қоғамда болып жатқан түрлі өзгерістерге байланысты өткенді білуге деген құштарлық өсе түседі. Бұл жағдай тарих ғылымының жаңа дидактикалық жүйені іздестіру, салалық басылымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында, көпшілікке арналған әдебиеттерде бұрын белгісіз болған, құпия құжаттар, жеке хаттар мен күнделік жазбаларды іріктеу арқылы сабаққа пайдалану қажеттілігін көрсетеді.

Ұстаздың дидактикалық қабілеті оның өткізетін сабағы мен оқыту үрдісінде тиімді әдіс-тәсілдерді біліктілікпен қолданылуынан көрінеді. Ең бастысы «оқушылардың сабаққа белсенділігін арттыру үшін,білім деңгейін көтеру үшін қандай тәсілдер қолдануға болады деген?»сұраққа жауап табу керек. Оқушылардың танымдық қызығушылын,белсенділігін арттыру үшін жиірек қолданып жүрген сабағымның бірі –ойын сабақ. Бұл сабақта оқушылардың белсенділігі артады,бір-бірімен бәсекеге түсу арқылы оқуға,көп білуге,ынтасы өседі. Ол тәрбиеге де,оқу ісіне де зор ықпалын тигізері сөзсіз.

Бүгінгі таңда сабақ өткізудің түрлері көбеюде. Түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, сапалы білім, саналы тәрбие беруде сабақтың тиімді түрлерін қолданып келемін. Осы мақсатта оқушылардың танымдық қызығушылығын, белсенділігін арттыру үшін өз сабағымда пайдаланып жүрген әдіс-тәсілдерден мысалдар келтіріп кетуді жөн көрдім. 5-6 сыныптарда ойын сабақтары, 9 сыныптарда сын тұрғысынан дамыту, ұжымдық оқыту, пікірталас, семинар, сынақ, жарыс, өзіндік жұмыс, т.б. тәсілдерді қолданамын. Сурет-иллюстрациялар бойынша әңгіме құрастыру, тірек сигналдар, тірек-сызбалар, кластерлер, хронологиялық таблицалар құрастыру, тірек-конспектілер, Венн диаграммасы арқылы жұмыс істеу әдістері де қолданылады. Тағы бір ерекшелік, күнделікті сабақпен салыстырғанда қайталау сабақтарында оқушылардың өз беттерінше ойланып жұмыс істеуіне едәуір мүмкіндік туады.

Тарих сабағында интерактивті оқыту моделін пайдалану - өмірлік ситуацияларды моделдеуді, ролдік ойындарды қолдануды, мәселені бірлесіп шешуді қарастырады. Оқу процесінің қандайда бір қатысушысын немесе идеяны яғни, жақсы оқитындарға ғана назар аудару сияқты ерекшелеуді шектейді. Бұл моделге адамгершілікпен, демократиялық жолмен келуді үйретеді.

Оқыту процесін жоғарғы деңгейде көтерудің негізгі әдісі ретінде проблемалық шығармашылық әдісті пайдаланамын. Бұл әдісті қолдану барысында өтілген әр бір сабақ сұхбат болып өтіп сабақ беру барысында зерттеушілік үрдісті жетекшілікке аламын. Бұл әдістің еркшелігі оқушыны оқыту процесінде қызықтырады. Сабақтың белгілі бір тақырыбын бастау барысында оқушыларға проблемалық сұрақ немесе проблемалық тапсырма беремін. Проблеманы шешу барысында оқушының біліміне қойылатын талаптар мен оны түсіну арасындағы қарама –қайшылықты мен болдырмауға тырысамын.

Тарих сабағында интерактивтік оқыту технологиясы – бұл коллективтік, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту процесін ұйымдастыру. Интерактивтік оқыту технологиясы тарих сабағында өте пайдалы деп атауыма болады.

1) Жұптасып жұмыс істеу.
2) Ротациялық (ауыспалы) үштік.
3) Тарихи тұлға
4) Тарихи сауал
5) Тарихи күнтізбе
6) Жылдармен жұмыс
7) Тарихи сөздік
8) Тарихи көрініс
9) Азаматтық тыңдау.
11) Ролдік /іскерлік/ ойын..
12) Өз позицияңды Ұстан.
13) Дискуссия.
14) Дебаттар.

Интерактивті оқыту технологиясының аса көп мөлшері белгілі. Әр ұстаз өз бетінше сыныппен жұмыстың жаңа формаларын ойлап таба алады.

Инновациялық білім беру әдістемелерінің ішінде пікір сайыс технологиясы тиімді құралдың бірі. Пікірталас - әлдебір сауал, сұрақ немесе мәселені талдау, талқылау. Пікірталас, әдетте, адамдар әртүрлі көзқараста болып, біріңғай пікірге келмеген күрделі мәселелерге арналады.

Міне, осы тәрізді әдіс-тәсілдерді білім сапасын арттыру мақсатында түрлендіре отырып қолданамын. Бұл жұмыстар оқушылармен тығыз байланыста болуға, оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, оқушының танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыруға, оқушы тарапынан белсенділік танытып, дербестік көрсетуіне, өзіне деген сенімділігін қалыптастыруға көмектеседі.

Қорыта айтқанда, жаңа технологиялардың көмегімен оқушылардың білімін жетілдіру мен оқу сапасын арттыруға болады. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да – мектеп. Қазақ мектептерінің білім деңгейін көтеру және онда жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқу-тәрбие үрдісін тиісті деңгейге көтеру, педагогикалық ұжымның жүйелі жұмыстарының нәтижесінде ғана жүзеге аспақ.
Сонымен қатар сыни тұрғыдан ойлау бағдарламаса бойынша жүргізілген сабақтар іздеудің мән-жайына қанығ, білімді тереңінен айтуға төселеді, дәлелдер келтіру, дәлелдеу тәсілдеріне жаттығады, теория мен практиканың бірлігін игереді, жеке және топпен бірлесіп мәселе түйінін шешу жолдарын табуға жаттығады, өз жолдастарының пікірімен санасуға, өткір сындарды тыңдап одан тиісті қорытындылар жасай білуге машықтанады.

Сабақтарымда жаңа технология әдіс – тәсілдерін қолданудың мынадай тиімді жақтары бар екеніне көз жеткіздім:

- ✓ Оқушының оқуға деген ынтасы артады;

- ✓ Әр оқушының жеке қабілеті айқындалады;
- ✓ Үлгерімі нашар оқушыға көңіл бөліп, оларға көмектесу мүмкіндігі туады;
- ✓ Жақсы оқитын оқушының тереңірек білім алуына жағдай туады;
- ✓ Әр оқушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады;
- ✓ Оқушы өз білімін бағалай білуіне бағыттауға мүмкіндік береді.

Білім алушыларды шығармашылыққа, өз бетімен іс-әрекет етуге бағытталған

Демек, жаңа технологиялық әдіс – тәсілдерді пайдалану білім сапасын арттырудың бірден – бір жолы. Оқыту үрдісінде оқушылардың білім қорын молайтуға, белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге көмегі бар. Қазақстан тарих пәнін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың маңызы өте зор. Сондықтан, ізденген ұстаздан ғана шығармашыл, дарынды шәкірттің шығары анық.

Әдебиеттер тізімі:

1.Заманауи білім беру жүйесі: идеялар, тәжірибелер, ізденістер. 2014 жыл. Өрлеу.

2.Әбдіғұлова Б.К. Қазақстан тарихын оқытуда оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру жолдары. Алматы, 2000.

3.Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

Балдосова Гульбайра Културеевна
№4 Қандыағаш қалалық ЖББОМ физика пәні мұғалімі

Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту – мектептің білім берудегі басты міндеттердің бірі. Ойлаудың даму проблемасының ерекше мәнділігі білім берудің мақсаты мен міндеттерінің өзгеруімен байланысты. Білімдер, іскерліктер және дағдыларды меңгеру осы дамудың құралдары болып табылады. Мектеп жағдайындағы белсенді, мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру талаптары жөніндегі қоғамның тапсырысы педагогикалық қауымдастықтың білім мазмұнына, оқытудың жүйесіне, құралдарына деген көзқарасты өзгертті. Білімнің шығармашылық тәжірибені, әлемге деген эмоционалды-құндылықтық қатынас тәжірибесін беру мектеп оқушысының дамуы үшін үлкен маңызға ие. Сонымен қатар оқушының тұлғалық дамуы үшін оның өзінің оқу-тәрбиелік процесінің объектісінен мұғаліммен белсенді өзара әрекеттесетін субъектіге айналғандығы қажет. Оқушының жеке тұлғасының дамуы, ең алдымен, оның ойлауының дамуын болжайды. Ойлау – бұл объективті болмысты бейнелеу процесінің, адамзаттың танымның ең жоғары сатысы. Жалпы айтқанда, мектеп оқушыларының ойлауының дамуы оқытудағы басты міндеттердің бірі болып саналады, мұғалім оны шеше отырып, нақты бір оқу материалында мектеп оқушыларын салыстыруға, талдау жасауға, топтастыруға, жинақтауға үйретеді.

Физикаға оқыту кезінде оқушыларға физикалық құбылыстар мен процестердің ішкі, мәнді өзара келісімділігін көруді және ұғынуға үйрету керектігін естен шығармаған жөн. Мысалы, мынадай құбылыстардың, күннің күркіреуі мен найзағайдың өзара байланыстылығы төмен сыныптағы оқушыларға да түсінікті. Алайда бұл табиғат құбылыстарының қасиеті құбылысты анықтап тұратын мәнді сипаттарды талдау мен салыстыру арқылы ашылуы мүмкін. Басқаша айтқанда, физикалық құбылыстардың

өзара байланыстылығы мен өзара келісімділігі, олардың дамуы мен бағытының сипаты физикада ең алдымен физикалық шамалардың арасындағы байланыспен анықталады.

Физика - табиғат туралы ғылым. Оның басты мақсаты -заттар мен денелердің, құбылыстар мен процестердің негізгі қасиеттерін біліптану, табиғат құбылыстарының заңдылықтарын зерттеу. Сабақта мұндай танымдық процесс оқушылардың физикалық ойлауын дамытуды қажет етеді. Бұл үшін оқыту процесінде анализ және синтез, салыстыру мен аналогия, классификация және жүйелілік (систематизация), абстракция және жинақтап қорытындылау сияқты логикалық ойлау операцияларын пайдаланамыз.

Мектепте физиканы оқыту кезінде оқушыларда логикалық ойлаудың негізінен мынадай түрлері қалыптастырылып, дамытылуы тиісті:

1.физикалық ойлау;
2.ғылыми-техникалық ойлау;
3.диалектикалық ойлау;
4.индуктивтік ойлау;
5.дедуктивтік ойлау;
6.абстракты ойлау.

Әрине, мұның бәрі бір сабақта немесе бір тарауды оқытумен бітетін іс емес, мұны оқушылардың мектепті бітіргенге дейін дамытылатын қабілеттері деп түсінуіміз тиіс.

1. Физикалық ойлау деп оқушылардың: а)физикалық құбылыстарды бақылау, ә) күрделі құбылыстарды құрамды бөліктерге жіктеу, б) олардың арасындағы өзара байланыстар мен қатынастарды анықтау, в) физикалық құбылыстар мен шамалардың арасындағы сандық және сапалық байланыстарды тағайындау, г) физикалық теориялардан шығатын салдарларды көре білу д) физикалық білімдерді практикада қолдана білу ебдейліктерін дамытуды түсінеміз.

Мұның сапалық дәрежесін оқушылардың мынадай іс-әрекетінен көруге болады: а) ой еңбегін жеңілдететін логикалық тәсілдерді қолдана білуі, ә) физикалық формулалардың дұрыстығына сеніп, тексере білуі, б) есеп шығаруда тиімді тәсілдерді дұрыс таңдап ала білуі, в) физикалық шамалардың өлшем бірліктерін тексере білуі, г)физикалық зандылықтардың өмірде қолданылуын түсіндіре білуі, т.б.

Оқушылардың ғылыми-техникалық ойлауы физика мен математиканың арасындағы терең байланысты таба білуге, олардың техникада қолдану мүмкіндіктерін алдын ала болжай білуге, физикалық идеялардан түрлі техникалық конструкциялар мен модель сұлбаларды жасай білуге үйрету арқылы дамытылады. Бұған шала өткізгіштер мен электромагниттік толқын теорияларын мысал ретінде алуға болады, себебі оның негізінде электрониканың және радиотелевизиялық техниканың қарыштап дамығаны белгілі.

2. Табиғаттың объективті заңы - энергияның сақталу және айналу заңы-мектепте оқытылғанда, табиғат құбылыстарының өзара байланыстылығы, материя қозғалысы формаларының өзгеруі, энергияның сақталуы туралы ол заңның негізгі идеясы бүкіл физика курсын "қызыл жіптей көктеп" өтеді. Бұл оқушылардың диалектикалық ойлауын дамытуға қолайлы мүмкіндік туғызады. Физикалық құбылыстардың арасындағы байланыстардың себеп-салдарларын анықтай білуге үйрету - оқушылардың диалектикалық ойлауын дамытуға өте пайдалы әдістемелік тәсіл. Мысалы, капиллярлықтың себебі – сұйықтардың беттік керілу құбылысы, жарық жылдамдығының бір ортадан екінші ортаға өткендегі өзгеруі - жарықтың сынуының себебі дене жылдамдығының өзгеруі-күш әсерінің салдары, ал ауа салмағының салдары - атмосфералық қысым болып саналады; физикалық парадокстар мен софизмдерді шешу де - бұл мақсат үшін әсерлі тәсілдің бірі.

2. Оқушылардың индуктивтік ойлауы логиканың синтездік (жалқыдан жалпыға көру, жинақтау) тәсілі негізінде дамы- тылады. Мысалы, балалардың жұқа резеңке шарларын, футбол мен машина баллонының камераларын насоспен үрлеп толтыруы, сабын суы көпіршіктеріп шығаруы, Паскаль шарымен (сумен және түтінмен толтырылған) тәжірибе жасауы арқылы жеке фактіларды қорытып, Паскаль заңын түсіндіріп, оның тұжырымдамасын береміз.

3. Анализ (жалпыдан жекеге көшу арқылы талдау) тәсіліне сүйеніп оқушылардың дедуктивтік ойлауын дамытуға болады. Мәселен, Паскаль, Бернулли, Ленц заңдары энергияның сақталу және айналу заңының дербес түрі ретінде қорытылып шығары- лады; Ньютон заңдары, қозғалыс мөлшерінің сақталу заңының жеке бір дербес түрі ретінде қарастырылады; Бойль-Мариотт, Гей-Люссак, Шарль заңдар - газының кинетикалық теориясының дербес түрі. Ойлаудың аналитикалық және синтетикалық тәсілдері физикалық есептерді шығаруда да көп қолданылады.

Проблемалық әдісті қолдану барысында мұғалім білімді беруді ұйымдастырып қана қоймайды, сонымен қатар проблеманы шешу жолдарын көрсетіп, ақыл-ой қызметінің таным процесінің бір сатысынан екінші сатысына көшудің логикасымен оқушыларды таныстырады. Яғни, мұғалім проблеманы қойып, оны шешіп ғылыми танымның үлгісін көрсетсе, ал оқушылар бұл процестің логикасы мен нақтылығын бақылап, проблеманы шешудің кезеңдерін меңгереді.

Оқыту үдерісінде қандай әдісті немесе құралды қолдану сол сабақтағы оқушылардың танымдылық іс- әрекетерін ұйымдастыру жолына байланысты. Бұл әдісті қолдану барысында оқушылар берілген оқу ақпаратын саналы түрде түсініп, есте сақтап қана қоймайды, сонымен қатар проблеманы шешудің логикасын көріп, сенімділігіне көз жеткізіп талдауға қатысады. Соның нәтижесінде оқушылар таным процесінің жүзеге асу жолдарымен танысады. Негізінен, физикадан проблемалық оқытудың формасын мынадай 4 деңгейде өткізудің мүмкіндігі бар.

1) Проблемалық баяндау-мұғалімнің проблеманы тұжырымдап, оны өзінің шешуі, ғылымда оның қалай шешілгенін көрсету.

2) Проблемалық жағдаятты туғызып, оны оқушыларды қатыстырып бірге шешу.

3) Проблеманы мұғалімнің өзі тұжырымдап, шешуін оқущылардың өздеріне ұсыну.

4) Проблеманы тұжырымдауды және оны шешуді оқушы-лардың өздеріне беру.

Эвристикалық (бөліктік – ізденушілік) әдіс – мұғалім білімнің бір бөлігін хабарлайды, енді бір бөлігін оқушылар қойылған сұраққа жауап беру арқылы өздігінен табады. Бұл әдісте мұғалім проблеманы шешудің кейбір қадамдарында оқушыларды қатыстыруды ұйымдастырады. Мұғалімнің ролі оқушылардың алдына проблема түрінде қойылатын тапсырманы жеке кезеңдерге бөліп, қай кезеңде олар өз беттерімен жұмыс жасайтындығын анықтау. Яғни, мұғалім қандай да болмасын әдіспен оқушылардың өз бетімен жүзеге асатын танымдылық іс- әрекеттерін ұйымдастырады. Бір жағдайда оқушылар проблеманы көріп, екінші бір жағдайда дәлелдеудің жолын анықтап, үшінші бір жағдайда көрсетілген фактылардан немесе айтылған ақпараттардан қорытында шығарып, төртінші бір жағдайда болжам жасап, бесінші бір жағдайда жасалған болжамды немесе қорытындыны тексерудің жоспарын құруға үйренеді. Оқытудың эвристикалық әдісінің жүзеге асырылуының бір түрі-эвристикалық әңгімелесу. Эвристикалық әңгімелесу барысында мұғалім оқушылардың алдына біртіндеп проблеманы қойып, оны шешудегі қарама-қайшылықты көрсетіп, әңгімелесудің кезеңдерін құрса, ал оқушылар әңгімелесудің әр кезеңіндегі проблеманы шешудің жолдарын өз беттерімен

іздейді. Негізгі мектепте де және жоғарғы сыныптарда да кез-келген сабақты эвристикалық әдіспен ұйымдастырып өткізуге болады.

Сонымен эвристикалық әдістің белгілері: - оқушыларға білім «дайын» күйінде берілмейді, олар оны дербес табу керек. - мұғалім оқушыларды әртүрлі құралдармен жаңа білімді іздеуге, меңгеруге жұмылдырады, оқушылар мұғалімнің басқаруымен дербес ойлайды, пайда болатын танымдық міндеттерді шешеді, проблемалық жағдаяттарды құрады және шешеді, талдайды, салыстырады, жалпылайды, қорытындылайды. Нәтижесінде оларда саналы берік білім қалыптастырады.

Зерттеушілік әдістің негізі мұғалімнің оқушылардың алдарында тұрған жаңа проблемалық тапсырмаларды шешудегі олардың зерттеу іс-әрекеттері мен шығармашылық іс-әрекеттерін ұйымдастыру болып табылады. Бұл әдістің мақсаты-оқушылардың шығармашылық іс- әрекеттің тәжірибесін толық меңгеруі. Зерттеушілік әдістің көмегімен білім шығармашылық деңгейде меңгеріледі. Яғни, бұл әдіс оқушыларды проблемалық тапсырмаларды шешуде бар білімдерін қолдануға және проблеманы шешудің негізінде жаңа білімді меңгеруге үйретеді. Сонымен қатар бұл әдіс ғылыми таным әдістерін менгертеді.Зерттеушілік әдіс оқушылардың өз беттерімен шығармашылық деңгейде іс-әрекеттерін ұйымдастырып, қызығушылықтарын қалыптастырады. Зерттеушілік әдістегі тапсырмалар сипаты әр түрлі болуы мүмкін: сыныптық зертханалық жұмыстар және үйде орындайтын практикалық жұмыстар; аналитикалық проблеманы шешу; қысқа уақытта және белгілі бір мерзімде (апта,ай) орындалатын тапсырмалар; жеке және топпен орындалатын тапсырмалар т.б.Сабақтардың барлық түрлері оқушыларға білім берудің, дамытудың, тәрбиелеудің біріккен жүйесін құрайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кронгарт Б.А. Қойшыбаев Н. Физика, Алматы 2003
2. Кронгарт Б.А. Тазабекова Ж.М. Физика әдістемелік құралы Алматы 2016
3. Қаймолдина А.К, Токбергенова У.К. Физика әдістемелік құралы Алматы «Мектеп» - 2017

ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОНДАҒЫ ҚОСЫМШАЛАР ЖӘНЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДАРДЫҢ БАЛАЛАРҒА ӘСЕРІ

Балуанова Айнур Темиргалиевна.
Қобыланды батыр атындағы орта мектебі, Қобда ауданы

Компьютер адамзаттың өркениет жолымен дамуына ықпал ететін басты құралдардың бірі екені даусыз. Қай салада болмасын компьютер кеңінен қолданылып, адамдар тіпті онсыз өмір сүруін елестете алмайтындай дәрежеге жетті. Бүгінгі күні теледидар мен компьютер, ұялы телефон балалардың айрылмас досы болып алды. Компьютердегі түрлі қызықты ойындар, тез хабар алмасу жасөспірімдерді тәнті етеді.

Оқу мен тәрбие, білім барлығы адам санасының психикасының даму үстінде қалыптасып, игеріліп, өмірге құлаш ұрған жастардың болашақтағы жейтін нандарына септігін тигізетін маңызды мәселенің бірі.

Осы орайда мемлекетіміздің өсіп келе жатқан жас ұрпақты тәрбиелеуде 11 жылдық мектепте үздіксіз білім беруде еңбек етіп жүрген ұстаздардың тарапынан оқушыға қойылатын ескертпенің бірі әр оқушыдағы ұялы телефондағы әлеуметтік желілер, ойындар, әр түрлі қосымшалар. Ұялы телефон арқылы әлеуметтік желі жүйесімен тілдесу оқушылардың және жастардың сүйікті ісіне айналды. Әлеуметтік желі аз-аздап ақыл жинап жатқан жас ұрпақты

алдап, арбауда. Денсаулығын жеп, қаражатын пайдасыз жұмсауда. Әлеуметтік желіге кіру арқылы бала әр секунд сайын түрлі ақпараттың әсеріне тап болады. Бір алаңдататыны аз дегенде 10 жылдан бері ұялы телефон қолданған адамдарда кейбір ми қатерлі ісігінің кездесу жиілігі телефонды қолданбаған адамдарға қарағанда тым көп екені анықталып отыр. Телефоннан бөлініп шығатын зиянды заттар баланың әлі қалыптасып үлгермеген иммундық жүйесіне зақым келтіретіндіктен ойын баласына ұзақ уақыт телефонды ұстатып қоюға болмайды екен. Қазір балалар жиі қолданатын құлаққаптың (наушник) да зияны өте көп. Ол құлақ тамырларының жүйке талшықтарын тітіркендіріп, әлсіретеді. Дәрігерлер құлаққапты күніне 3 сағаттан артық пайдаланған адамның есту қабілеті әлсірейтіні былай тұрсын, музыка мен сыртқы дауысты қатар тыңдаудан артық салмақ түсетін жүйке талшықтары тез тозатынын айтады. Ата-аналар балаларына ұялы телефонды байланыс және бақылау құралы ретінде алып береді. Ал оның баларының қай бағытта пайдалануын үнемі бақылай алмайды. Мектеп әкімшілігімен мұғалімдері білім беруде оқушыларға ұялы телефондарды сабақ үстінде пайдалануға тыйым салып, сынып жетекшілері ата-аналар жиналыстарында бұл жөнінде үнемі ескертеді.

Қорыта келе ұялы телефон қолданған кезде ескеретін жайт:

- ✓ мектеп оқушыларының ұялы телефоннан аулақ болуы керек.
- ✓ ұялы телефонмен мүмкіндігінше қысқа сөйлесуі керек.
- ✓ қажеті жоқ әңгімеден аулақ болып, жақын жерде тұрақты телефон болса соны қолдануы керек.
- ✓ тым экраны жарық шашатын ұялы телефонды қолданғанда, жарықты жағып қолдану керек, себебі қараңғыда ұялы телефондағы химиялық зат адамның денсаулығына екі есе әсер етеді.

Дегенмен соңғы жылдары балалардың ақпараттық технологияны пайдалануына шек қою қажеттігіне көз жете бастады. Әрине, қазіргі оқу жүйесін компьютерсіз көзге елестету мүмкін емес. Іс жүзінде мектептегі барлық сабақ интерактивті тақтаны пайдалану арқылы өтеді. Оның үстіне қазір мектепке дейінгі мекемелерде компьютерлік сауаттандыру кабинеттері бар, онда үлкен және дайындық топтарындағы тәрбиеленушілер электронды оқулықтар арқылы компьютермен танысып, мектепке дайындалады. Жалпы білім беру мектептерінде балалар қауіпсіздік талаптары мен санитарлық-гигиеналық нормаларды оқытушының көмегімен сақтай отырып белгіленген уақытта компьютермен «сөйлеседі». Ең қиыны балалар үйге келген соң, ата-анасы жоқта теледидар мен компьютерді қосып жоғары технология әлемімен бетпе-бет қалады. Экрандардан біздің балаларымызға мультиктің құбыжық кейіпкерлері тіл қатады, атыс-шабысты, зорлық-зомбылықты көрген балаға соның бәрі дұрыс көрінеді. Бұларды көрген бала сабақты да естен шығарады. Жарты күн интернетте отырған бала жатарда ұялы телефонды жастанып жатып, түннің бір уағына дейін құрдастарымен хабар алмасады. Осының бәрі баланың психикасын бұзып, көзінің көру қабылетін нашарлатады. Ал көптеген ата-ана баласының үйде отырғанына мәз болып, оның қаншалықты зардап шегіп жатырғанын елемейді. Көру қабілеті нашар, жасына жетпей көзәйнек киетін балалардың саны болса жыл сайын көбейіп келеді.

Ақпараттық ресурстардың тұрақты өсуі қазіргі қоғам дамуының заңды процесі болып отыр, бірақ бұл жеке тұлғаның қалыптасуына кедергі де болып отыр. Ақпараттық технологиялар жасөспірімдердің психикасына, денсаулығына кері әсер етіп отыр деуге болады. Өзіміз компьютерде көп отырған баланы байқап көрсек, олар ашуланшақ, әрі бірдеңені тез түсіне алмайтын болып қалыптасып келе жатыр. Компьютерде көп отыратын балаларды бақылаған кезде жасөспірімдердің даму деңгейінің төмендейтіні, сөздік-қисындық ойлауының нашарлайтыны, назар аудару қабілеті мен сараптамалық қабілетінің әлсірейтіні белгілі болған. Көптеген балалар естіген нәрсесін үлкен қиындықпен түсінетін болған. Ондай балалар жаңа ғана айтқан нәрсені есінен тез шығарып, тіпті сөйлем құрауға қиналады екен.

Осылайша қазіргі шақта ақпараттандырудың жақсы жағы ғана емес, осынау прогрестің жағымсыз тенденциялары да байқалып отыр. Сондықтан баланы компьютерден шама келгенше алыс ұстаған абзал.

Осылайша жалғаса берсе баланың әдеби кітаптарға, ізгілік қасиеттілік ойындарға қызығушылығы төмендеп, компьютерге тәуелділікке әкеліп соғады.

Демек, кез-келген ата-ана балаларына компьютердің, ұялы телефонның зияны туралы уақыт сайын ескертіп отырғаны дұрыс. Жалпы шамадан тыс компьютер алдында отыру баланың ғана емес ,үлкеннің де жүйкесін жұқартып, жоғарыдағы аталған дерттерге әкеліп соғатынын есте ұстаған дұрыс .

РАБОТА ПО УСТРАНЕНИЮ РЕЧЕВЫХ ОШИБОК КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ ЯЗЫКОВОЙ КУЛЬТУРЫ УЧАЩИХСЯ

Басыгарина Алтынай,
учитель русского языка и литературы
Каргалинская казахская средняя школа имени М.Арына

Одной из задач, стоящих перед учителем русского языка и литературы,является развитие речи учащихся. Формирование коммуникативных навыков учащихся ведется на протяжении всех лет обучения русскомуязыку и литературе, при изучении всех разделов курса.

Издано немало пособий по стилистике и развитию речи, но, несмотря на это, проблема речевых ошибок была и остаётся одной из самых острых учебных проблем.

Почему же так происходит?

Большое значение для развития речи имеет языковая среда, окружающая ребёнка, чтение художественной литературы. Современные школьники мало читают, либо не читают вообще. Речевые ошибки в письменных работах учащихся зачастую являются следствием того, что дети фактически владеют только одной разновидностью литературного языка – разговорной речью. Такое положение дел не может не волновать учителя русского языка и литературы.

Чтобы научить детей пользоваться функциональнымиразновидностями литературного языка, необходимо, чтобы учитель профессионально, грамотно чувствовал грань, разделяющую разговорную речь и неразговорную. Учителю русского языка и литературы нужно знать типологию, классификацию речевых ошибок, причины их появления и пути устранения.

Хорошая речь– это, прежде всего речь правильная. Правильность речиоценивается с точки зрения ее соответствия современным языковым нормам. Под речевыми (стилистическими) ошибками понимаются любые отклонения от языковых норм. А языковая (или литературная) норма – это наиболее распространенные, принятые в практике образцового использования и регламентированные правилами произносительные, лексические, морфологические, синтаксические варианты.

Грамматическая правильность речи определяется:

1) правильным выбором грамматических форм слов (морфологические нормы);

2) правильным выбором форм связи слов в словосочетании и предложении (синтаксические нормы).

Стилистические ошибки связаны с уместностью речи и определяются умением пользоваться стилями русского литературного языка.

Основанием для классификации ошибок служит строй языка: все речевые ошибки делятся на морфологические, синтаксические, лексические, фонетические (орфоэпические).

К лексическим относятся ошибки, связанные с непониманием значения слова, неоправданным употреблением в одном контексте однокоренных слов, употреблением слова в несвойственном ему значении, смешением паронимов, тавтологией. Например: 1. А.С.Грибоедов умело *составил* свою комедию. 2. Он становится *писателем и пишет* книги. 3. С большим *эпосом* говорит Маяковский о поэ-зии. 4. В поэме показана *сладостная* жизнь чиновников. 5. Присутствующие *пристально* слушали выступление лектора.

Стилистические ошибки связаны с целесообразностью, уместностью употребления языковых средств в речи. К стилистическимнедочетам относятся: неоправданное использование слов иной стилевой окраски, немотивированное употребление диалектной и просторечнойлексики, неуместное употребление эмоционально–экспрессивной лексики,штампов. Например: 1. Дикой грозит купцам, *ругается, обзывает* их. 2.Плюшкин - настоящий *скупердяй*. 3. На столе у него были кучи разного*барахла*. 4. *С первых страниц произведения автор знакомит нас* сглавными героями. 5. Недалеко от нашего дома расположен *лесной массив*.

Грамматические ошибки характеризуются нарушением структуры языковой единицы: неверным словообразованием, нарушением нормуправления и согласования. В соответствии с этим грамматические ошибки делятся на словообразовательные, морфологические и синтаксические.

Словообразовательные ошибки связаны с неправильным образованием слов. Например: 1. В комедии показана *бюрократство* (вм. *бюрократизм*) чиновников. 2. А. Н. Островский изображает *покорство* (вм. *покорность*) Катерины. 3. В боевых операциях участвовали и девушки

– *красноармейки* (вм. *красноармейцы*).

Морфологические ошибки свидетельствуют о неумении учащихся образо-вывать формы разных частей речи. Например:1.Молодые люди часто *ездиют* (вм. *ездят*) охотиться на уток. 2. *Волчонки* (вм. *волчата*) были совсем маленькие.3.*Ихняя* (вм. *их*) одежда вся промокла. 4.*Трое девочек* (вм. *три девочки*) играли во дворе.

Среди *синтаксических* ошибок, связанных с нарушением грамматических норм в структуре словосочетания, выделяют следующие группы:

1. Ошибки в нарушении норм согласования (подлежащего и сказуемого; определения и определяемого слова). Например: За ночь*прорубь покрылся* тонкой коркой льда. 2. Высоко в небе *виднелись стая*уток. 3.*Часть* птиц уже *улетели* наюг. 4. *Группа* ребят *пришли* на занятия.2.Ошибки в нарушении норм управления (предложного и беспредложного).Например:1.Касаться *к этой теме* Насте было неприятно(вм. *этой темы*). 2.Андрий *встал на стороне* врагов (вм. *встал на сторону*). 3. Мальчик долго смотрел *вслед поезда* (вм. *вслед поезду*). 4.

Владимир обрадовался *приездом друга* (вм. *обрадовался приезду*) 5. Онбыл удивлен *этим словам* (вм. *этими словами*).

Наличие подобных ошибок свидетельствует о недостаточно сформированном умении учащихся соотносить лексическое и грамматическое значение слов, о затруднении в определении рода имен существительных. Особенно это касается разносклоняемых (имя, пламя) и несклоняемых (кино,пальто) имен существительных, имен существительных 2-го склонения мужского рода и 3-го склонения (картофель,тюль,мышь),существительных с отвлеченным значением (жизнь, треск).

Наблюдаются ошибки в построении сложных предложений. Например, неумелый выбор союза или союзного слова (Читая книгу, всегда узнаешь что-то новое, *которое* раньше не было известно), использование союзного подчинения вместо бессоюзного (*Когда мы вошлив*

лес, вокруг все было бело.), отрыв придаточного определительного от определяемого слова (*Одна из его картин висит перед нами, котораяназывается «Весна»*.)

Чтобы избежать ошибок в построении словосочетаний и предложений, необходимо проводить систематическую работу по их предупреждению в процессе усвоения языковых понятий. Целесообразно использовать упражнения, в основе которых лежит наблюдение над готовой конструкцией, работа по образцу, приемы редактирования, конструирования и др. Так, при работе над норминативными и коммуникативными единицами большое внимание следует уделять не только анализу этих единиц с точки зрения лексического построения, но и целесообразности употребления.

• Объясните, как характеризуют речь человека данные глаголы и словосочетания. Укажите их лексическое значение, сферу употребления. Составьте предложения с двумя словами.

Буркнул,ответил,промямлил,выдавить из себя,пробормотал, отчеканил, процедил сквозь зубы, пробубнил.

• Составьте и запишите словосочетания со следующими главными словами, укажите падеж зависимых слов. С некоторыми словосочетаниями составьте предложения.

Заинтересовать–заинтересоваться, задумать–задуматься, беспокоить–беспокоиться, смотреть – присматриваться, увидеть – увидеться.

• В следующих предложениях согласуйте сказуемое с подлежащим в числе.Объясните свой выбор.

1.Вдруг под ногами вспыхнул… множество огней и ослепил… Лизу. 2.Студенчество всех стран прибыл… на Всемирный фестиваль молодежи.

3. Большинство людей хотел… что-нибудь делать. 4. Несколько рыбачьих баркасов заблудил…сь в море.

• Прочитайте. Укажите ошибки в построении предложений. Запишите исправленные предложения.

1. Дом, который стоит на берегу реки, освещался лучами солнца, в котором давно никто не жил. 2. Увидев приближающегося Аркадия, лицо ее осветилось радостью. 3.Чичиков говорил, что давненько я не брал вруки шашек. 5. Базаров ответил Павлу Петровичу, что строить– не нашедело.

2. Работу по предупреждению речевых ошибок, формированию речевой культуры в целом следует проводить не только в процессе построения словосочетаний и предложений, но и в процессе работы над текстом.

Большую помощь в работе над речевыми ошибками учащихсяоказывает дидактический материал, который подобран с учетом характера ошибок, их особенностей.

Работая над преодолением неправильных образований форм именсуществительных, можно использовать следующие задания:

1) определить род несклоняемых существительных, аббревиатур (Здесь необходимо обратить внимание учащихся на то, что не всегда род сложносокращенных слов определяется по роду ведущего слова, например, *МИД – сущ. м.р. (министерство иностранных дел*); 2)образовать форму родительного падежа множественного числа (*башкиры–башкир,киргизы–киргизов,валенки–валенок,носки–носков* и т.д.); 3)образовать форму именительного падежа множественного числа (*шофер – шоферы, доктор – доктора, веер – веера* и т.п.).

Таким образом, анализ речевых и грамматических ошибок, организация работы по их предупреждению способствует формированию умений школьников осмысленно подходить к отбору языковых средств для построения высказывания, основой которых является не только значение лексических и грамматических значений слов, его сочетательных способностей, но

и учет целесообразности их употребления в определенном контексте.

Список использованной литературы:

1. Анисимов Г.А. О классификации речевых ошибок//РЯНШ, 1989, №3. 2.Арефьева С.А. Виды синтаксических ошибок в ученических изложенияхи сочине-ниях//РЯШ, 1998, №3.
3. Бутакова Л.О. Опыт классификации ошибок, свойственных письменной речи// /Вестник Омского университета. – Омск, 1998.
4. Капинос В.И., Пучкова Л.И. и др. Методические рекомендации по оцениванию за-даний с развёрнутым ответом: Русский язык.- М., 2004. 2005, 2006.
5. Цейтлин С.Н. Речевые ошибки и их предупреждение. – СПБ., 1997.

ДАСТАРҚАН БАСЫНДА

Бертлеуова Лаура Мусаевна
Т.Г.Шевченко атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Жақсылап, дәмді дайындалған тамақ, әдемі жасалған стол, жақсы мәнер -мәдениетті адамның тәбеті мен көңіл күйі жақсы болуының кепілі. Жайлы, жайбарақат жағдайда тамақ ішу қанағат сезім әкеліп, күнделікті күйкі тіршіліктің бәрін ұмытуға мүмкіндік береді. Әрине, дәмді тамақ ішудің ләззатына тым беріліп, оны нағыз мақсат етіп алуға болмайды. «Қомағайлық өзгелерге елеулі зиян келтірмейтін болғандықтан ғана оны күнә деп санамайды, бірақ ол адамның қасиеттеріне қарсы күнә болып саналады»,-деп жазды Лев Толстой. Ежелгі грек данышпаны Сократтың өзі де: «Біз тамақ ішу үшін өмір сүрмейміз, қайта өмір сүру үшін тамақ ішеміз»,-деген еді. Дастарқан басындағы әдет-ғұрыптарға келетін болсақ, сыпайылықтың басқа ережелерімен салыстырғанда, олардың даму жолы мейлінше тұрлаусыз да ұзақ болған. «Жоғарғы» қауым дейтіннің өзінде тамақты жалпы табақтан қолмен алып жеген кез де болған. Тамақтан ләззат алу мен үй иесін мақтауды қатты тамсанып және кекірік атып білдірген. Қазіргі кезде сорақылық деп саналатын нәрсе бір кездері сыпайылықтың көрінісі болатын. Уақыт өте келе, сыпайылық ұғымы ғана емес, дастарқан жасау ережесі де өзгерді. Мәселен, орта ғасырларда князьдардың үйлерінде дастарқан жасаудың бірегей әдісі кең таралды. Салтанатты түскі тамақ кезінде қызметшілер залға атқа мініп келіп, қонақтарға табақтар мен құмыраларды тура ат үстінде отырып берген де, қалдықтарды итке тастаған. Қолдың майын жануарлардың терісіне сүрту керек болған. Стол басындағы қазіргі мінез-құлық ережелері гигиена, жөн-жосық талаптарына, бірге тамақ ішушілердің өзара ілтипатына және эстетика талаптарына негізделеді. Түрлі елдердегі дастарқан басындағы мінез-құлық ережелеріндегі алшақтық халықтың әдет-ғұрпына, талғамына, ұлттық тағамдарға байланысты болады.

Дастарқан жасау

Дастарқан жақсы жасалып, онда емін-еркін отырған жағдайда ғана дәмді етіп дайындалған тамақтан ләззат алуға болады. Орындықтарды стол басында отырған адам өзін жайлы сезінетіндей және оған столдың аяғы немесе көршісінің шынтағы кедергі жасамайтындай етіп орналастырады. Бұл үшін әрбір орынға 60--70 сантиметр бөлінеді.

ДАСТАРҚАН әрқашан да таза болуға тиіс. Семьяның немесе асхананың өткен аптада берген тамағынан із қалған дастарқан тәбеттен айырады. Дастарқанды дұрыс жасақтаумен бірге гүлдер мен оюөрнектердің үйлесуін де ескеру керек. Егер ыдыс-аяқ әшекейлі болса, бір түсті дастарқан жаю керек. Ас ішетін сервиз бір түсті болған жағдайда дастарқан бір түсті де, әшекейлі де бола береді. Столға дастарқан жаймастан бұрын оның астына жұмсақ тығыз мата

төсеу керек. Бұл столды ыстық ыдыстан және кездейсоқ дақ түсіп бүлінуден сақтайды. Матаның ақ болғаны әрі жұқа ақ дастарқаннан өрнегі көрініп тұрмағаны жөн. Оның үстіне түсті мата, егер ылғал тисе, ақ дастарқанға бояуын жұқтыруы мүмкін.

АС ІШЕТІН АСПАПТАРДЫҢ (пышақтар, шанышқылар, қасықтар, қысқаштар, қалақшалар және т. т.) ішінде ең көп қолданылатындары -пышақ, шанышқы, сорпа ішетін, десерттік және шай қасықтар. Дастарқан жасаудың белгілі бір ережелері бар. Ең алдымен, стол үстіндегі ыдыс-аяқтың бәрі түзу сызықтың бойына орналасуға тніс. Негізгі тарелкалардың шеті, сондай-ақ пышақтар мен шанышқылардың ұшы столдың шетіне жетіп тұрады немесе оған 1 2 см жеткізілмей қойылады. Барлық құралдар оңай алынатындай етіп орналастырылады; бұрынырақ қажет болатын заттар тарелкадан қашығырақ қойылады, сонда олар алуға ыңғайлы болады. Нан салынған тарелканы негізгі тарелканың сол жағына қояды. Салат салынған немесе компот құйылған табақшалар да сол жаққа, бірақ столдың ортасына таман қойылады.

Пышақты негізгі тарелканың оң жағына жүзін соған қаратып, шанышқыны оның сол жағына, дастарқанды бүлдірмеуі үшін ұшын жоғары қаратып қояды. Балық кесетін пышақты ыстық тағамға арналған пышақтың оң жағына қою керек. Егер балыққа немесе ыстық тағамға дейін басытқылар берілсе, оларға да шанышқылар мен пышақ керек, олар ыстық тағамға арналғаннан сәл кішілеу болады. Тағамдардың берілу ретіне сәйкес олар ең шетіне, яғнн тарелкадан бәрінен де алысырақ қойыжады. Пышақтар мен шанышқыларды стол үстіне ешқашан да үш пардан артық қоймайды. Егер ерекше салтанатты жағдайларда аяқталар кезде тағы бір тағам берілетін болса, оны жеуге де пышақ пен шанышқы керек болса, оларды кейінірек әкеледі. Пышақтар мен шанышқылар бір-бірінен қашықтығын бір сантиметрдей қашықтыққа қойылады.

Қасықтарды столға шалқайтып кояды. Тарелканың арғы жағындағы сорпа ішетін және десерттік қасықтар столдың шетіне параллельді түрде, сабы оң жаққа қаратып қойылған болуға тиіс. Сорпа ішетін қасықты тарелканың оң жағына, пышақтың қасына (одан оң жаққа таман) қоюға болады. Әркімге жекелеп берілментін тағамдардың бәріне қасық, шанышқы, қалақша, қысқаш және 7. т. беріледі. Тұз бен қышаға тиісінше кішкене қасық салынып берілетіні сияқты, майға да арнайы пышақ қойылады.

СТОЛДЫ КӨРКЕМДЕУ. Үй иесі әйелдің қай-қайсысы да столдың әдемі көрінуіне ұмтылады. Мұнда да гүлдер столдың сәнін келтіріп, көңіл күйіне әсер етеді. Оларды өзіне сәйкес вазаға салып, қолайлы жерге қояды, ал столдың қақ ортасына қою тіпті де міндетті емес. Егер салтанатты үлкен столда орын болса, әрбір ас жабдығының сол жағынан бірнеше тал кішкене гүл салынған шағын ваза қоюға болады. Гүлдер тағамдарды да, қарама-қарсы отыр ған адамдарды да көлегейлеп тұрмауға тиіс. Шашақты гүлдермен стол әдемі безендіріледі, бірақ олар салтанат аяқталғанша солып қалады, ал бүлдіргеннің кішкене бұтақшалары өте жақсы сақталады және столға әр беріп тұрады. Әлбетте, бәрі де жыл мезгілі менмүмкіндікке байланысты. Жаңа жылдық столды шыршаның, қарағайдың немесе аршаның бұтақшаларымен көркемдеген жақсы. Оларды аласа вазаларға салып немесе столдың ортасына тәжгүл сияқты етіп қоюға болады. Жанып тұрған" шырақтар да көңіл күйін көтереді. Қонақтарға арнап салтанатқа сай жасалып, столға таратып қойылған карточкалар да әдемі көрінуі мүмкін.

Қазіргі кезде столды безендірудің белгілі бір ережелері жоқ. Мұны үй иесі әйелдің талғамы біледі. Оның дұрыс мақсатта жасалғаны жақсы, ал қымбат тұратын ыдысаяқты, нәзік шыны ыдыстарды және жалтылдаған ас жабдықтарын көрсетіп мақтануға тырысудан жаман ештеңе жоқ.

СТОЛ БАСЫНДА ҚАЛАЙ ОТЫРУ КЕРЕК (стол БАСЫНДАҒЫ ОРЫН. Үй ішіндегі тамақ ішетін стол басында семьяның әрбір мүшесінің тұрақты орны болады. ҮЙ несі әйел әрқашанда өзі басқаларға қамқорлық жасап отыруына қолайлы жерге отырады. Қонақ

шақырғанда оларды қалай отырғызу жайын ойластыру керек. Әсіресе бұл ресми банкеттерде маңызды. Мұнда кәсіпорын басшысы немесе осы мақсатқа арнап тағайындалған немесе сайланған адам кештің иесі болады.

Үй иесі әйел мен оның күйеуінің оң жағындағы да, соя жағындағы да орындар құрметті орындар деп саналады.

Тік бұрышты столда бұлар -оның ұзын жақтарының ортасындағы орындар. ҮЙ иелері бір-біріне қарама-қарсы отырады. Сөйтіп, олардың әрқайсысының да екі жағындағы орындарға осында жиналғандардың ішіндегі ең құрметті қонақтар отыруы мүмкін, бұл орайда әйел адам үй месінің оң жағына, ал еркек үй несі әйелдің сол жағына отырады. Қалған орындардың бәріне мүмкіндігінше әркім өз көршісіне риза болатындай етіп отырғызылады. Егер қонақтар екі бөлініп отырса, үй инесінің әйелі біреулерімен, үй иесінің өзі екіншілерімен бірге отырады -немесе ересек қонақтарды бір бөлмеге, жастарды екінші бөлмеге отырғызады. Үй иелері тіпті өздері жас болса да, үлкендермен бір столға отырып қалады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1.Асылов Ұ., Нұсқабайұлы Ж. Әдеп: инабаттылық дәрістері.Оқу құралы. – Алматы: Рауан, 1998.

2.Ийна Аасамаа. Әдептен озбайық. Оқу құралы. – Алматы: Рауан, 1990.

«4К» МОДЕЛІНІҢ ПЕДАГОГ ҮШІН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Бибитова Жанна Ғалымжанқызы
Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Бестамақ орта мектебі
мектепалды даярлық тәрбиешісі

Табысты және бақытты бала тәрбиелеу. Қазіргі таңда бұл қоғам алдында тұрған өзекті мәселердің бірі. Бұл мәселенің шешімін табу мақсатында, Мемлекет басшысы 2018 жылғы 5 қазанда «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауында мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту керек екендігін жария етіп, мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру жолдарын түбегейлі айқындап берген болатын. Осыған орай бүгінгі күндері мұғалімдер алдында білім беру ісінде 4К моделіне сүйене отырып, балаға тәрбие және білім беруде креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге үйрету мақсаты қойылуда. Баланың ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттері, жаңа дағдылары сонау бала кезден қалыптасатын болғандықтан, аталған мақсатқа қол жеткізу үшін ,балаға үздіксіз білім беру жүйесін жоғары дәрежеде қамтамасыз ету үшін жас ұрпақты кішкентай кезінен қалыптастыру өте маңызды.

Осы жолдауды іске асыру мақсатында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында «Мектепке дейінгі ұйымда білім беру процесін жобалау» атты мектепалды даярлық тәрбиешілеріне арналған курс өткізілген болатын.

Курстың мақсаты білім беру үрдісінде мектепалды даярлық тәрбиешілерінің креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті және командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту арқылы 4К моделі бойынша жұмыс істеуге үйрету,кәсіби қабілеттерін жетілдіру.

Аталған тақырып бойынша біліктілікті арттыру курсы шеңберінде командалық және жеке жаттығулар, топтық жұмыс және психологиялық сергіту сәттері, стандарттан тыс шешім қабылдау, жағдайды жан-жақты қарай отырып, стереотиппен ойламай, үйреншікті шеңберден шыға отырып шешім қабылау жолдарын игердім.

Ендігі мақсатым, балалармен жұмыс жасау барысында алған білімімді тәжірибе жүзінде жүзеге асырып, өздігінен дұрыс шешім қабылдай білетін,ақпараттармен жұмыс істей білетін шығармашыл, құбылыстарды жан-жақты талдап саралай білетін сыншыл тұлға қалыптастыру

Осы 4к моделінің стратегияларын сабақтарымда қолдану барысында алған нәтижем:

Білім алушылардың оқуға қызығуы;

Іскерлік дағдысының дамуы;

Ойлау белсенділігі, тапқырлығы;

Өзіне деген сенімі қалыптасады.

Балалар басқалармен қарым-қатынас жасай біледі;

Басқаларды тыңдап кез келген жауапқа сыйластық, түсіністікпен қарайды;

Өз ойын топ алдында ашық айтып қорғай біледі;

Өз бетінше ізденуге үйренеді;

Сабаққа деген белсенділігі жоғары бола бастайды.

Осындай жұмыстардың нәтижесінде бүгінгі күн талабына сай сауатты, білімді балалар тәрбиелеуге болады. Ол үшін көп ізденіп, көп оқып, ізденіс үстінде болу керек.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бисенбина Аймира Бериковна
Әйтеке би ауданы, Ақкөл ауылы, «Абай атындағы ЖОББМ» КММ

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым- қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60-шы жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен зерттеушілердің қолдануына енді. Функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуда. С.И.Ожеговтың сөздігінде «функция» сөзінің мәні «Вызванный функционированием чего-нибудь, зависящий от деятельности, а не от структуры, строения чего-нибудь (книжн)» – деп анықталса , Қазақ тілінің түсіндерме сөздігінде: «фукционалды ұғымы бір нәрсенің құрылысы, құрамынан емес, қызметінен болатын, соның әрекетіне байланысты болады» – деп сипаттама беріледі. Бұдан «функция» категориясы белгілі бір заттың атқаратын қызметіне немесе іс-әрекетіне қатысты айтылатыны танылады. Мысалы: ақпарат құралдарының функциясы – халыққа ақпарат тарату. Ал «функция» ұғымы адамға қатысты айтылғанда, оның іс-әрекетіне байланысты қарастырылады. Жоғарыда сауаттылық адамның білімділігіне қатысты ұғым екені нақтыланды. Яғни, «функционалдық сауаттылық» белгілі бір кезеңге сай субьектінің алған білімі мен білігі негізінде сауатты іс-әрекет ете алуы деген мағынаны білдіреді. Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады. Функционалдық сауаттылық – тілдік тұлғаның әлеуметтік-қоғамдық ортада сөйлесім әрекетінің түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім) өзінің мақсатына қарай еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи

тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету деген сипатта ұғынылады.

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылықтарын қалыптастырудың психологиялық және педагогикалық негіздеріне келер болсақ, бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері ескерілуі керек. Оқу, жазу сауаттылықтарын қалыптастыруда, ең алдымен, кіші мектеп жасындағы балалардың ойлау мен сөйлеуі маңызды орын алады. Бұл орайда Ж.Аймауытов, Б.В.Беляев, Е.И.Пассов, Н.И.Жинкиндердің ойлау мен сөйлеу секілді күрделі психикалық құбылыстар туралы ой-пікірлері талданады. Ой ұйымдасқан сөйлесім үдерісіне айналуы үшін адам өзіне қажетті үлгіні, ойды дәл бейнелейтін сөзді таңдап алатын іштей сөйлеудің кезеңдерінен өтуі тиіс. Сөйлесім – айтылған не жазылған хабардың қабылданып, оған жауап қайтарылуды талап ететін, адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынас негізінде іске асатын ортақ құбылыс. Оқыту үдерісінің нәтижелілігі бастауыш сынып оқушысының физиологиялық, психологиялық негіздерін терең білу мен барлық оқу әрекетін соған негіздеуге байланысты болады.М.Жұмабаев:«Сыртқы дүниемен, адамзат тұрмысымен жаңа таныс болып келе жатқан адам бар нәрсені білуге, бар білгенін есте ұстауға ұмтылады. Естің қатынасуын қатты керек қылатын ғылымдарды үйретуге қолайлы шақ осы. Бұл жаста баланың міндеті ой жүгіртіп білімді іске асыру емес, білімді молайта беру; даярлай беру, бар нәрсені еске ала беру»,- деп, балаларда жасынан білуге, тануға ерекше талпыныс пайда болатынына тоқталады. Оқыту үдерісінде пәндік білім, білік, дағдыларды, яғни құзыреттіліктерді меңгертуде балалардың жас кезеңдеріне сәйкес пайда болатын жетекші әрекеттерге назар аударылды. Бастауыш сыныптан мектептің орта сатысына өту кезеңінде балалардың өзін қоршаған адамдармен қарым-қатынасы жаңа арнаға түседі: даралық сезімдері бас көтеріп, өзін-өзі тани бастайды. Білім беруде осы мәселелер ескеріліп отыруы тиіс. Бастауыш мектеп кезеңі оқушылардың оқу, қарым-қатынас, еңбек секілді жетекші әрекеттер негізінде жалпы және ерекше қабілеттерінің дамуымен сипатталады. Оқу әрекетінде олардың жалпы интеллектуалдық қабілеттері қалыптаса бастайды. Оқу әрекетінің өзіндік ерекшеліктері жөнінде Л.В.Выготский: «Бұл әрекеттің басты мақсаты мен нәтижесі, яғни, баланың үлкендермен, сондай-ақ, өзінің құрдастарымен әлеуметтік қатынасын қалыптастыру, әрі бұл уақытта өзіне дейінгінің тәжірибелерін, оның ішінде әлеуметтік қатынастың құралы болып саналатын сөйлеу тәжірибесін де меңгеруі қатар жүреді», – деп тұжырым жасайды. Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздеріне алынатын дидактикалық ұстанымдар екі бағытта белгіленді.

1.Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың дәстүрлі ұстанымдары.

2. Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың арнайы ұстанымдары.

Жеке тұлғаға бағдарлап оқыту ұстанымы бойынша барлық оқыту жүйесі оқу әрекетінің субьектісі – оқушының даралық сипатына, мотивіне, шынайы өмірлік қажеттілігіне, мүмкіндігіне, бейімділігіне, әлеуметтік-мәдени дамуына орай құрастырылады. Қатысымдық (коммуникативтік) тұрғыдан оқыту ұстанымы білім мазмұнындағы басшылыққа алынатын барлық ұстанымдардың негізіне салынады. Себебі тілді меңгертуде грамматикалық білімді ғана игеріп қана, оны тәжірибелік іс- әрекетте қолдана алмаудан арылуға бірден бір мүмкіндік беретін жүйе тілді оқушының сөйлеу, тіл мәдениетімен бірлікте қарастыру болып табылады. Тұтастық ұстанымы «сөйлесім әрекетіне қатысты бірнеше жұмысты қатар қамтиды.

Олар: оқу, жазу, ауызша сөйлеу, тыңдау, қайталау, жауап беру. Бұл ұстанымның ерекшелігі: бір сабақтың үстінде осы жұмыстардың барлығын жүйелі түрде қолдана отырып, олардың арасынан ең басты біреуін таңдап алу және қалған жұмыстың түрлерін осыған бағындыра білуден көрінеді. Міне сонда бір сабақтың өзінде ортақ (өзек) пайда болады да, қалған бағыттар сол басты орталыққа жұмыс істеу мақсатында жүргізіледі, сөйтіп, сабақта тұтастық, бүтіндік пайда болады». Оқыту үдерісінде оқушылардың функционалдық

сауаттылығын (жаратылыстану, математика, оқу және жазу, т.б.) қалыптастыруда, ең бастысы, оқушыларды ғылыми біліммен қаруландыру міндеті аса маңызды. Осы орайда оқытудың ғылымилығы ұстанымы жетекші рөл атқарады. Бастауыш мектепте кез келген пәнді оқытуда оқушылардың қарапайым ғылыми зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттар мен құбылыстардың негізгі және жанама белгілерін ажырату, қоршаған әлемде және табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсіну, салыстыру, талдау, жіктеу, жүйелеу, жалпылау білік, дағдыларын меңгерту мақсаттары көзделгенде ғана оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға болады. Бастауыш сынып оқушыларының жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығын қалыптастыруда ерекше орын алатын ұстанымдардың бірі – кіріктіру ұстанымы. Бұл ұстанымның мәні – ғылыми жаратылыстанулық білім мен адам әрекетінің түрлері және қоғам туралы ұғымдар кіріктіріліп біртұтастықта берілуі. Яғни, адам, табиғат, қоғам бөлек қаралмай, адамның іс-әрекеті үнемі табиғи ортада, қоғамда (отбасында, мектепте, қоғамда, табиғатта, т.б.) бір-бірімен байланыста қарастырылады. Жаратылыстанулық білім, білік, дағды қалыптастыру бастауыш мектепте «Дүниетану» пәні арқылы жүзеге асырылады. «Дүниетану» пәнінде кіріктіру ұстанымы «адам – табиғат – қоғам» ретінде ғана емес, «адам – заттар», «адам – қоғам», «адам – табиғат әлемі», «адам – адамдар», «адам – отбасы», «адам – оның шығармашылық әрекеттері», «адам – туған елінің тарихы», т. б. арқылы да жүзеге асады. «Дүниетану» пәнін оқыту үдерісі кіріктіру ұстанымына негізделсе, бастауыш сынып оқушысы «адам – табиғат – қоғам» жүйесіндегі өзара байланысты ұғынады, экологиялық мәдениеттің қарапайым білік, дағдыларын игереді, өзінің табиғаттағы әлеуметтік өмірдегі, қоғамдық ортадағы орнын түсініп, жеке тұлға ретінде өзін-өзі, өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттерін сезінетін болады. Психологиялық зерттеулерде анықталғандай, балаларға берілетін білімнің көлемі мен мазмұны олардың өмірден жинаған тәжірибесіне, таным деңгейіне және психикалық тұрғыдан дамуына лайықталуы тиіс. Осы орайда ұлы ұстаз Абайдың: «Адам ата-анадан туғанда есті болып тумайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» деген дана сөздерінен адам табиғатының, болмысы мен танымының қалыптасуының өзі осы ізбен жүретінін байқауға болады. Бұл оқушылардың келешекте негізгі білім беру сатысында ғылым негіздерін (жаратылыстану, математика, физика, химия пәндерін) меңгеруге дайындық жасауға да септігін тигізеді. Оқушылардың алған білімі жүйелі, берік, тиянақты, терең болуы үшін мынадай мәселелер ескерілуі тиіс:

өтілген тарауларды, тақырыптарды үнемі қайталап отыру: а) күнделікті сабақ барысында; ә) белгілі бір тақырыпты немесе тарауды, бөлімді аяқтаған уақытта; б) тоқсан аяғында; в) оқу жылының басында және соңында; өтілген тақырыпты практикалық жаттығулармен (ауызша, жазбаша тапсырмалар, жаттығулар, тәжірибелік-бақылау жұмыстары, т.б.) байланыстырып отыру; оқушылардың білім сапасын есепке алып отыру (тексеру және бағалау), кемшіліктерін анықтап, тиісті жұмыс жүргізу; өтілген оқу материалындағы өзекті мәселелерді, негізгі ережелер мен ұғымдарды есте сақтауларын қамтамасыз ету.

Қорыта айтқанда, бастауыш мектептегі оқыту үдерісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда жоғарыда аталған ұстанымдардың қай-қайсысының да қызметі ерекше. Себебі, бұл ұстанымдардың негізінде ұйымдастырылған оқыту үдерісі оқушылардың берілген білімді жүйелі, терең, берік, сабақтастықта және біртұтастықта, ғылыми білімдер жүйесін практикамен байланыста, жеңілден ауырға, қарапайымнан күрделіге, нақтыдан белгісізге қарай жүретін бағытта белсенді түрде әрі қызығушылықпен меңгеруін қамтамасыз ете алады.

Әдебиеттер

1.Словарь русского языка. – М.: Русский язык. 1998 г. – 46 с.

2.Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1986. 10 том. – 17 б.

3.Дополнительное образование детей: Учебное пособие для студентов вузов/ Под ред. О.Е.Лебедева. – М.: ВЛАДОС, 2000. – 256 с.

4.Оразахынова Н., Кенжебаева Г. М. - «Оқушылардың функциональдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. - Б. 42-47.

5.Рауандина А.К. «Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі автореферат дисс. – Алматы, 2010. - 26 б. 10.Выготский Л.С. Психология развития человека. – М.: Смысл, 2006. – 48 с

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРГЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕРДІ ЕНГІЗУ

Булекбаева Жанар Руслановна
Әйтеке би ауданы, Қарабұтақ селолық округі, «Балбұлақ» МДҰ тәрбиешісі

Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатындағы басым бағыттардың бірі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамыту болып табылады. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев мектепке дейінгі білім беруді жаңғыртуға қоғам назарын аудара отырып: «Алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибелер негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға оқытудың заманауи инновациялық әдістерін енгізу, ал білім беру технологиялары – жасампаз болуы қажет» – деп тапсырма берген болатын.

Қазір мектепке дейінгі ұйымға балалармен үдемелі инновациялық технологиялар мен жаңа бағдарламалар негізінде жұмыс жасауға қабілетті педагог қажет. Ол көп білуі, өзімен тұрақты жұмыс жасауы, арнайы білік және дағдылары болуы тиіс; өз шеберлігін тұрақты түрде жетілдіруі, инновациялық технологияларды, дәстүрлі емес әдістерді меңгеруі; компьютерді білуі, Интернетті пайдалана білуі қажет. Егерде әр балабақшада осындай тәрбиеші-педагог болса, онда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бүгінгі күн талаптарына, ата-аналар мен қоғам талаптарына жауап беретін болады.

Қазіргі таңдағы білім беру технологиясының қатарына мыналар кіреді:

-Денсаулық сақтау технологиясы
-Жобалы-іс шығармашылығы
-Ізденіс-шығармашылық технологиясы
-Қатынастық-ақпараттық технология
-Жеке тұлғаға бағыттау технологиясы
-Бала мен тәрбиеші портфолио технологиясы
-Ойын технологиясы
-Триз технологиясы және т.б

Дамытушы технологиялар. Дәстүрлі оқытуда балаға үйрену үшін дайын өнім мен әрекеттің үлгілері беріледі. Ал дамыта оқытуда бала өзінің әрекеттерін талдау нәтижесінде мәселені шешуге өз бетінше қол жеткізеді.

Мнемоника немесе мнемотехника – қосымша байланыстардың пайда болуымен есте сақтауды жеңілдететін және есте сақтау көлемін ұлғайтатын түрлі тәсілдердің жүйесі. Мектепке дейінгі жастағы балаларға мнемотехника тәсілдерін қолдану аса маңызды, өйткені сыртқы құралдардың әсерінен ойлап шешетін тапсырмалар ауызшаға қарағанда көрнекі материал арқылы жақсы меңгеріледі.

Пластилинография – ермексазбен жұмыс балаға түсті сезінуге, ұсақ саусақ моторикасын жүзеге асыруға және балаға жағымды көңіл күйді сезінуге мүмкіндік береді. Мүсіндеу әрекетіндегідей пластилинографияда кіші топтарда басу, сипалау, тегістеу, жалпайту, жаю

тәсілдері қолданылады, ал ересек топтарда түстер бір-бірімен араластырылып қосымша түстер алынады.

Ақпараттық технологиялар – анимацияларды, фильмдерді тұсаукесерлер слайдтарын қолдану үйретілетін құбылыстарға балалардың белсенді танымдық қызығушылықтарын танытуға мүмкіндік береді. Танымдық ертегілер балаларды қоршаған ортамен таныстыруға, айнала қоршаған шындыққа белсенді танымдық қарым-қатынасты туындатуға және құбылыстардың мәніне жетуге мүмкіндік беретін білім қорын жинақтауға бағытталған. Танымдық ертегілер балаларды бөлек деректермен таныстырады, құбылыстардың артында не жатқанын айтады. Ертегілер мынадай талаптарға сәйкес болуы керек: танымдық материалдан құрылуы, балаға бала жасына сәйкес білімнен хабар етуі, оның мазмұнын білуге дене қызығушылыққа баулуы керек. Танымдық қызығушылықты туындату үшін міндеттерді шешу басқа жағымсыз сәттермен жасырынбай кейіпкерлердің әрекетінің бел ортасында болғаны, ғылыми мазмұнға қызығушылыққа шақыруы, күрес, жанашырлық пен кейіпкерді іздеу нақты осы мазмұнмен байланысты болуы, соның айналасында шоғырлануы, сонда іске асуы қажет.

Жобалау технологиялары – бала мен педагогтың бірлесіп жүзеге асыратын эксперименттік әрекетін құру. Жобалық іс-әрекет – бұл білім беру мазмұнының кез келген бағыты бойынша іздеу, зерттеу, практикалық тапсырмаларын шешу үшін белгілі бір жоспарлар, белгілі бір мақсаттары бар мақсаттылық іс-әрекет.

Денсаулықты сақтау технологиялары – өзінің денсаулығын қолдауға қажетті білім, білік дағдыларды қалыптастыру мен дамыту. Фитбол-ертегілер. Мектепке дейінгі кіші жастағы балаларға педагог ертегі мазмұнын бұрыннан таныс балалардың білетін қимылдарымен суйемелдей отырып айтады. Балалардың назары ертегінің мазмұнында болғандықтан жаттығуларды орындау қызықты және еліктірер сипатта болады. Ал ересек жастағы балалар үшін күндізгі ұйқыдан соң балаларды сергіту үшін қолдануға болады.

Анималотерапия – бұл балаларды тәрбиелеу мен оқытуда жануарларды қолдану болып табылады. Жануарлармен өзара әрекет ету арқылы балаларда айналасындағыларды түсіну, сезіну және жанашырлық таныту қабілеттері қалыптасады.

Инновациялық әдістері мен технологияларды енгізу жоспары төмендегідей:

1.Тақырыбы (педагог барынша өзекті және өзіне қолжетімді әдіс пен технологияны белгілі бір уақыт бөлігіне таңдайды, мысалы, Ақпараттық технология – Танымдық ертегі – қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан. Дидактикалық жобалау – Ортаңғы топқа арналған информатика бойынша үйретуші бағдарлама – қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр).

2.Ұйымдастырған оқу іс-әрекеттері және басқа да іс-әрекеттер (тіл дамыту, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, экология негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет, музыка, дене шынықтыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру бойынша ұйымдастырлған оқу іс-әрекеттерінде)

3. Қажетті материалдар (интерактивті тақта, слайдтар,видеофильмдер, мультфильмдер)

4.Әдістер мен тәсілдер (информатика элементтерімен қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру бойынша: Информатика әлемінде; Менің досым Антивирус; Математика әлемінде; Геометриялық пішіндер әлемінде)

Күтілетін нәтижелер:

– мектепке дейінгі ұйымда әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың инновациялық үлгісіне көшу;

– мектепке дейінгі ұйымның бәсекеге қабілетілігін арттыруға бағытталған үздіксіз дамуын қалыптастыру;

– мектепке дейінгі ұйым жұмысының сапасын арттыру үшін мектепке дейінгі ұйымда инновациялық білім беру кеңістігінің үлгісін жетілдіру; – өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттырушы педагогтардың санын арттыру; – педагогтардың инновациялық педагогикалық

тәжірибені аудандық, облыстық, республикалық деңгейлерде жалпылау мен таратуға белсенді қатысуы; – заманауи білім беру технологияларын меңгерген педагогтардың деңгейін арттыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (23.08.2012 ж. № 1080 ҚРҮҚ).
2. Ф.Жұмабекова. Мектепке дейінгі педагогика, Астана, Фолиант, 2008, 336 бет
3. Программа по внедрению инновационных методик и технологий дошкольных организациях, Тусупова А.Қ. Астана, 2015 ж.

МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА CLIL ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ: ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғилманова Нұрайна Тасқалиқызы
№30 қазақ орта мектебі, математика пәні мұғалімі

Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Тоқаев Тамыз конференциясында үштілділік бағдарламасында: «Үш тілді білім беру жүйесін енгізу – күн тәртібіндегі өзекті тақырып. Ең алдымен, бұл мәселені жан – жақты талдап, салмақты шешімге келу қажет. Бұл өте маңызды. Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді» деп Елбасы өнегелі ойын айтты.

CLIL кіріктірілген оқыту бағдарламасы – бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны қалыптастыруды мақсат етеді.

Оқыту барысында интеграцияланған пәндік тілдік тәсілдер (әрі қарай - CLIL) – ауқымды түсінікті қамтиды, яғни пәндерді шетел тілі негізінде меңгеру барысында оқытудың әдістерін сипаттауға пайдланылады, бұның ең негізге алатын мақсатынің бірі - пәндерді игеру және шетел тілдері бойынша тіл дағдыларын шыңдау. CLIL материалды мазмұндар мен тілді меңгеру аралығындағы теңгерім мәселесін қадағалайды, бұнда тілді мазмұндық оқытудың құралдары етіп қолданады, ал мазмұны, өзінің кезегі бойынша, тілді толықтай меңгеруге қор секілді пайдаланды.

CLIL терминін (Content and Language Integrated Learning) Д.Марш енгізген, оған мынадай анықтама берілген: «Пәндік тілдік интеграцияланған оқытудың әртүрлі 2 пән білімі бойынша мәнмәтінге негізделген, ол жерде оқытудың тілі негізінде пайдаланылатын екінші тілі, негізгісі емес / шетел тілдерінде оқыту курстары жүргізілуде».

CLIL білім беру әдістеріне төмендегідей қағидаттар негіз бола алады, оллардың негізінде білімді алушыларға пән өз тілі бола алмайтын тілдерде оқытылып отырады. Негізгі мақсаты - тілдің оқудың материалдарын меңгерудегі құрал ретінде қолданылуы.

Шетелдік ғалымдар CLIL технологиясы бойынша маңызды ұғымдар аралығында олардың міндет компонентін «4C» деген:

- пәндерді оқыту бойынша ауқымды спектірі маңызды пәнді-мазмұнды бөлігін (Content), шетел тілдері негізіне бағытталған терминологиялы қормен бұдан әрі кәсіп қызметіне дайындықтарын қамтамту;
- әлеуметті-тілді компоненттер (Communication), коммуникативті дағдыны дамыту үшін жағдай туғызу, шетел тілдерін тереңнен игеру және нәтижесіндегі құзыреттілікті қолданбалылық мақсатта қолдану мүмкіндіктері;

- танымдық оқыту компоненттері (Cognition), оқушылардың мотивациялы бөліктерінің өсу деңгейіне, түрлі білім беру стратегиясын, білім алу қызметтерінің нысаны мен түрлері туралы меңгеріп, қолдануларына себеп ету;

- мәдени бөлік (Culture), мәдениеттер арасындағы қарым-қатынас дағдысын дамыту бойынша, өзге елдер, халықтар мәдениеттерінің ерекшелігін анықтау мен түсіну деңгейлерін анықтайды.

- CLIL-технологияларының **үш түрлі моделі анықталған**:

- − soft (жұмсақ) CLIL, language-led деген, он жерде арнайыланған мәнмәтіндердің лингвистикалы ерекшелігіне мән беріледі;

- − hard (қатты) CLIL не subject-led, мұнда пәннің 50 пайызы ағылшын тілінде оқытылады;

- − үшінші модель аталып отырған модельдің аралығында орташа дәрежелерге ие болады және кей пәндеріміз шетел тілдерінде оқытылу барысында пайдаланады (partial immersion).

- 1-кесте – CLIL пән-тілдік ықпалдандырылған оқытудың тұжырымдамалық негізі

-

Дефинициялар	Шетел тілдері немесе 2-ші тіл негізінде мазмұн бойынша оқытудың әдістер жиынтықтары, олардың негізінде бір уақытта тілдердің өздері оқытылатыны анық
Мақсаттары	Шетел тілдерінің негізінде пәндерді оқыту және шетел тілін оқытылатын пән арқылы
Методология	Оқытудың қосбірлікті мақсатына қол жеткізуге
	бағдарландылырған тәсілдер, ол жерде 2-ші тіл пәндерді оқыту құралдары секілді пайдаланылады және бірғана мезгіл барысында зерттеудің объектілері болады.
Тұжырымдамалық компоненттер	4 C: – «Content» - пәнді-мазмұндық компоненттер – «Communication» - әлеуметтік тілдік компоненттер – «Cognition» - танымды-оқыту компоненттері – «Culture» - мәденилік компоненттер
Аспектілер	– Мәдениет аспектілері – Әлеуметтік аспектілері – Тілдік аспектілері – Пәндік аспектілері – Оқыту аспектілері
Қолданудың моделдері	– soft (жұмсақ) CLIL

	– hard (қатты) CLIL – middle CLIL

2022 жылдың қараша айының 22 –сі мен 29 – ы аралығында мектебімізде өткен информатика, физика және математика пәндер бірлестігінің "Цифрлық әлемге – кемел біліммен" атты апталығында 5"Ә" сыныбына "Аралас сандарды қосу және азайту" тақырыбында CLIL технологиясын қолдана отырып, ашық сабақ өткіздім.

Сабақ барысында оқушының білімін, қызығушылығын, логикалық ойлау дағдыларын арттыру мақсатында "Миға шабуыл", "... қатысты 10 сөзді атаңыз", "Лабиринт" әдістерімен қатар learning.apps платформасы арқылы графикалық диктант пен тест тапсырмалары берілді. Сабақ соңында «Репортаж» әдісі арқылы рефлексия жасалды. Сабақта бағалау парақтары таратылып, өзіндік бағалау жүргізілді.



Ағылшын тілінде алгебра пәнін оқытудың қалыпты жағдайдан айырмашылығы бар. Негізгі айырмашылық оқушылардың ағылшын тілін еркін меңгермегендігінде, соған сәйкес CLIL әдісі қолданылған сабақтарда оқушылар ақыл – ой әрекетінен гөрі танымдық әрекетін іске асыруға болады. Алгебра пәнінде кіріктірілген бағдарламада арнайы тілдік мақсаттар көрсетілген және осыны ескере отырып әр сабаққа пәндік терминология және диалогқа қажетті сөз тіркестерін енгізу, диалогтік және монологтік түрде оқушыларды бір – бірімен тілдесуін дамытуы үшін түрі жаттығулар жасау көзделіп отыр.

Математикалық пәндерде Clil технологиясын қолданудың маңыздылығы, ең алдымен білім алушылардың математикалық терминдерге байланысты сөздік қорын кеңейте отыра, өз бетімен ізденуге, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға және математикалық есептерді ағылшын тілінде жеткізе білуге дағдылануға үлкен мүмкіндік туғызады.

Қорытындылай келе, математика сабағын кіріктіріп оқытудың қысқаша үлгісін ұсындым. Менің ойымша математика сабақтарын ағылшын тілінде жүргізіп, мақсат еткен межеге жету үшін бізге аянбай еңбек ету керек деп есептеймін. Қалай болғанда да бұл бағдарлама бүгінгі күннің талабы екендігі анық. Сондықтан жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту жаңа мағлұматтарға жол ашады. Жастар заман көшімен бірге жүре алады деген ойдамын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. URL: http://edu-resource.net (Предметно – языковое интегрированное обучение)
2. URL:http://infourok.ru (МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ CLIL.(Алметов Н.Ш., ЮКГУ им. М.Ауэзова, 2016)
3. URL:http://online.anyflip.com/qmwb/wmcd/mobile/index.html#p=6

Математика:Жалпы білім беретін мектептің 5 – сыныбына арналған оқулық. 1 –бөлім. А.Е.Әбілқасымова, Т.П.Кучер,З.Ә.Жұмағұлова, -Алматы: Мектеп,2017 65 – бет.

ПАРАМЕТРІ БАР ТЕҢДЕУЛЕРДІ «ТАРМАҚТАЛУ» ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ШЕШУ.

Дайынова Айзат Омарқызы
«Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі» КММ

Ең басында параметрмен танысу оқушыларда параметрдің қарама-қайшылық сипаттарымен меңгерілген қандай да бір психологиялық барьер қалыптастырады. Бір жағынан, теңдеулерде параметрді белгілі шама деп есептеуге болады, ал екінші жағынан – ол әртүрлі мәндер қабылдай алады. Сонда теңдеудегі параметр – бұл белгісіз белгілі, айнымалы тұрақты шама. Бұл оқушы жеңуі қажет күрделіліктердің бар екендігін дәл көрсетеді.

Дәл осы айғақ бізге параметрі бар теңдеулерді осындай әдіспен («тармақталу») шешуге мүмкіндік береді.

1 мысал. Теңдеуді шешу $\sqrt{4^x - 6\cdot 2^x + 1} = 2^x - a$.

Шешуі. $2^x = t$ болсын. Сонда $\begin{cases} t > 0, \\ \sqrt{t^2 - 6t + 1} = t - a \end{cases}$ алынады.

Мәндес жүйеге көшеміз

$$\begin{cases} t > 0, \\ t \geq a, \\ t^2 - 6t + 1 = t^2 - 2at + a^2, \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} t > 0, \\ t \geq a, \\ 2t(a-3) = a^2 - 1. \end{cases}$$

$a = 3$ кезінде теңдеулер жүйесінің шешімі болмайтынын көреміз.

Егер $a \neq 3$ болса, онда

$$\begin{cases} t > 0, \\ t \geq a, \\ t = \dfrac{a^2 - 1}{a - 3}. \end{cases}$$

Осыдан, $t > 0$ және $t \geq a$ шарттарын тексеру қажет. Яғни

$$\begin{cases} \dfrac{a^2 - 1}{2(a-3)} > 0, \\ \dfrac{a^2 - 1}{2(a-3)} \geq a, \end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases} \dfrac{a^2 - 1}{2(a-3)} > 0, \\ \dfrac{-a^2 + 6a - 1}{2(a-3)} \geq 0, \end{cases}$$

жүйедегі бірінші теңсіздікті шеше отырып, $a \in (-1; 1) \cup (3; +\infty)$ екенін аламыз.

Екіншісінің шешімі $\left(-\infty; 3-2\sqrt{2}\right]\cup\left(3; 3+2\sqrt{2}\right)$. Жүйе шешімі интервалдардың қиылысуы, атап айтқанда $a\in\left(-1; 3-2\sqrt{2}\right]\cup\left(3; 3+2\sqrt{2}\right)$ болады.

Жауабы: Егер $a\in\left(-1; 3-2\sqrt{2}\right]\cup\left(3; 3+2\sqrt{2}\right)$ болса, онда $x=\log_2\frac{a^2-1}{2(a-3)}$ болады; a параметрінің қалған мәндерінде теңдеудің шешімі болмайды.

2 мысал. $m(\sin^2 x-5\cos^2 x)=\cos x\sqrt{3m^2+5m^2tg^2x}$ теңдеуін шешу.

Шешуі. $m(\sin^2 x-5\cos^2 x)=|m|\cos x\sqrt{3+5tg^2x}$ аламыз.

Үш жағдайды қарастыру жеткілікті:

1. $m=0 \Rightarrow x\in D_f=R/\left\{\frac{\pi}{2}+\pi k\right\},\ k\in Z$.

2. m > 0
$$\sin^2 x-5\cos^2 x=\cos x\sqrt{3+5tg^2x},$$
$$\left(\sin^2 x-5\cos^2 x\right)^2=3\cos^2 x+5\sin^2 x,$$
$$(1-6\cos^2 x)^2=5-2\cos^2 x,$$
$$18\cos^4 x-5\cos^2 x-2=0.$$

$\cos^2 x=t,\ 0\le t\le 1$ алмастыруын жасай отырып, $\cos^2 x=\frac{1}{2}$ немесе $\cos^2 x=\pm\frac{\sqrt{2}}{2}$ аламыз. Яғни $x=\pm\frac{3\pi}{4}+2\pi m,\ n\in Z$ немесе $x=\pm\frac{\pi}{4}+2\pi m,\ n\in Z$. Айнымалының табылған мәндері түбір бола алады ма екенін тексерейік. Айнымалының мәндерін теңдеуге қойып, $x=\pm\frac{\pi}{4}+2\pi m,\ n\in Z$ сәйкес келмейтінін аламыз, сонда $x=\pm\frac{3\pi}{4}+2\pi m,\ n\in Z$ мәндері түбірлер болып табылады.

3. m < 0
$$-\sin^2 x+5\cos^2 x=\cos x\sqrt{3+5tg^2x},$$
$$\left(5-6\sin^2 x\right)^2=3+2\sin^2 x,$$
$$18\sin^4 x-31\sin^2 x+11=0.$$

$\sin^2 x=t,\ 0\le t\le 1$ алмастыруын жасай отырып, $\sin^2 x=\frac{1}{2}$ немесе $\sin^2 x=\pm\frac{\sqrt{2}}{2}$ аламыз. m > 0 кездегіге ұқсас тексеру жүргізіп, тек $x=-\frac{\pi}{4}+2\pi m,\ m\in Z$ және $x=\pm\frac{3\pi}{4}+2\pi m,\ m\in Z$ түбірлері болып табылмайтындығын аламыз. Сонда $x=\frac{\pi}{4}+2\pi m,\ m\in Z$ түбір болып табылады. Сонымен,

Жауабы: 1) m < 0 кезінде $x=\frac{\pi}{4}+2\pi m,\ m\in Z$;

2) $m = 0$ кезінде $x \in D_f = R / \left\{ \frac{\pi}{2} + \pi k \right\},\ k \in Z$;

3) m > 0 кезінде $x = \pm \frac{3\pi}{4} + 2\pi m,\ n \in Z$.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Горнштейн П. И. Задачи с параметрами [Текст]: учеб. пособие/ П. И. Горнштейн, В. Б. Полонский, М. С. Якир – Киев, 1992
2. Здоровенко М. Ю. Учимся решать задачи с параметрами: рациональные уравнения и неравенства. [Текст] / М. Ю. Здоровенко, В. М. Караулов – Киров, 1999.

ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ

Досова Турсынай Тлеккабыловна
№ 78 жалпы орта білім беретін мектеп – гимназия

Оқыту процесі, әсіресе, тіл ді үйрету өте күрделі де қиын. Оқыту процесі жыл сайын толығып, жаңарып отыратындықтан, жаңаша оқыту талап етіледі. Жаңаша оқыту әдістемесі дегеніміз – тілді жаңа озық технологиялармен сабақ өткізу қажет.

Бүгінгі таңда адамзат өмірінде компьютердің қолданылмаған жері жоқ. Әр психологиялық тұрғысынан қарағанда компьютермен оқытудың тиімділігі мол. Компьютерлік технология – практикалық сабақты жүйелі ұйымдастыруда – маңызды[25,96].

- Компьютерлік технологияда:
- Ойлау қызметін жинақтап қорыту;
- Практикалық іс-әрекет пен ойлаудың жылдамдығы;
- Ойлау мен еңбектің икемділігі және дербестігі.

Лексикалық және грамматикалық материалдарды сұрыптау ұстанымдары анықталынады.

Компьютерлік технология арқылы сөздерді таңдау, іріктеу мәселесімен айналысуға болады. Бұл технологияның ерекшелігі – сөздерді есте сақтап, тез меңгеруге. Ең алдымен, компьютер оқытушыға оқушының өз бетінше жұмысын ұйымдастыруға көмектеседі.

Сұрақ-жауап диалогы. Оқушы сұраққа құрылған лексика-грамматикалық материалдар негізінде сұрақтарға жауап беруі таңдамалы жауаптармен жүргізілетін тапсырма. Компьютерге жауап беру үшін оқушы еркін құрылған сөйлемдерді стильдік түзету.

Толықтыруды керек ететін жаттығулар.

Компьютер толықтыруды керек ететін сөйлем жиынтықтары мен мәтіндерді ұсынады. Сөздікті меңгерудегі өзін-өзі бағалауға арналған жаттығулар.

Асықпай компьютермен еркін жұмыс істей отырып, оқушының өз бетімен жұмыстануға еркіндік беру. Ал тіл үйретудегі басты мақсат – тіл үйренушінің коммуникативтік қарым –

қатынасқа тәрбиелейді.Компьютерлік бағдарламалар күн сайын жетілдіріліп, қарқынды дамытады. Кейбір дәстүрлі, әдістемелік жағынан жетілдірілген телекурс, видеофильмдер өз бетінше жұмыс жасауға үйренеді.

Мультимедиа-инновациялық технологиялар - тілдерге оқытудың тиімді жолдары. Инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу. Инновациялық технологиялар оқыту үрдісінде білім сапасын заман талабына сай орындалуы керек. Мультимедия технологиясының көмегі арқылы тек өз бетінше тіл үйренумен кез келген оқушының компьютерді пайдалануға мүмкіндігі болуы;

Электронды оқулық тестік жүйемен және тренажермен тілдік деңгейді меңгеруге қолайлы. Электронды оқулықтар оқушыны қызықтыратын тілдік материалды меңгеруге негізделген видеосабақтар оқушылардың тілдік материалды тексеруге сөйлеу әрекетінің барлық түрін, тілдік бірліктердің қолданылуын жаттап алуға мүмкіндік беретін, грамматикалық материалдарды меңгеруге үйретеді.

Аудиокітаптар – жазылған және айтылған мәтіндердің синтезі. Тыңдаушы Кәсіби диктордың оқуындағы аудиокітапты тыңдау, олармен бірлесе оқу. [26,865].

Аудиокітаптарды қолданудан күтілетін нәтижелер:

Аудиокітаптар тілдік дағды мен сауаттылық сапасын көтереді. Олар сөздік. Аудиокітаптар оқушылардың оқуға деген ықыласын оятады. Аудиокітаптар аудиториядағы тыңдармандарға тең мүмкіндік жасайды. Сөйлеуге тыңдап түсінусіз үйрену мүмкін емес. Ағылшын тілін меңгеруде тыңдап түсіну қабілетін дамытудың алар орны ерекше.

Ауызша сөзді түсіну - адамның естіген сөздердің мағынасына талдау жасап, аяқталған ойды білдіруіне, ойша жинақтау қабілетіне байланысты болады. Тыңдап түсінудің негізгі топтарына мыналар жатады:

тыңдап түсіну дағдылары (мәтіннің грамматикалық және морфологиялық формаларын тани білу);

- сөздерді және сөз тіркестерін түсіне білу қабілеті;

- дыбыстарды, дауыс интонациясын ажырата білу.

Тыңдау процесі есту қабілеті механизмімен тығыз байланысты. Есту, тыңдау қабілетін техникалық құралдар көмегімен жаттығулар жасау арқылы дамытуға болады. Логикалық түсіну механизмі талдау процесінде күрделі болып саналады.

Ауызша сөзді түсіну үшін бір материалды бірнеше рет тыңдаудың қажеті жоқ. Сөзді толық түсіну бірден және толықтай бір рет айтқанда қабылданады. Қазіргі кезде ағылшын тілін меңгеруде (есту, тыңдау, оқу арқылы) оқу фильмдерін көру, үнтаспалар тыңдау және т.б. мүмкіншіліктері өте көп. Ағылшын мамандарының сөйлсуімен жазылған үнтаспалар, видео-фильмдер көптеп саналады. Бірақ үнтаспа жазбасын тыңдау мен бетпе-бет ауызша сөйлесудің айырмашылығы бар. Сейлеушімен ауызба-ауыз сөйлесудің, мүмкіндігі жоқтығы, үнтаспа арқылы тыңдау барысында біршама қиыншылықтар туғызады. Сондықтан тыңдау қабілетін үнтаспа көмегімен дамыту үшін арнайы аудио-жаттығулар мен аудио-мәтіндер қажет. Осы орайда мәтінді тыңдау, оқып отырған кісінің сөзін тыңдай отырып мәтінді оқып отырудың мәні зор.

Тыңдауға үйренуді сөйлеушімен бетпе-бет отырып тыңдаудан бастаған жөн. Аудиториялық сабақтарда оқытушының сөйлеуі, видеофильмді көрсете отырып, оқытушының оқуы оқушы үшін үлкен өнеге, үлгі болады. Бастапқы кезде сөйлеуден тыңдау пайызының жоғары болуы мүмкін. Сабақ кезінде кейде естіген материалды қайталаумен шектелеміз, ал оны түсіну қабілетіне көбінесе мән бере қоймаймыз[27,566].

Ағылшын тілін тыңдап түсінудің өзіне тән қиыншылықтары бар. Жаңа материалды тез ұғындыруға тырысып, тілдік материалдарды көп беру қабылдауды қиындатады, сонымен бірге дағдыны қалыптастыруға кері әсер етеді. Осының әсерінен оқушы тез тыңдап, түсініп, жауап

дайындау үшін ойланып отырады. Бұндай тыңдау қорытындысы - тыңдаушының сөзінде катенің көп болуына әкеледі

Ауызша сөйлеуге үйрету - шетел тілін оқытудың ең қиын аспектісі болып саналатындықтан, ең негізгі мақсат – естігенін түсіне білуге үйрету.

Түсінуді тексерудің ең басты бөліктерін біріншіден - сурет арқылы, екіншіден - жазбаша жауап беру арқылы жүргізуге болады. Бұл жұмыс түрлері ауызша жауапқа жатпайды, ағылшын тілін үйрену үшін мұндай жұмыс түрлері тыңдап түсінуге қарағанда үлкен роль атқармайды[28,43].

Сурет арқылы үйрету кезінде қажетті суретті таңдау - алдымен айтылған фразаға, диалогқа, мәтінге, әңгімеге, одан соң тыңдалған материал мен суреттегі айырмашылықты табуға (жауапты жазбаша түрде беруге болады) байланысты болады. Ағылшын тілін аудармасыз түсінудің тағы бір жолы үнтаспа арқылы әртүрлі бұйрықтар беріп, орындату. Оқытушы дұрыс, не бұрыс екенін қадағалайды. Бұйрықтарды тек бұйрық рай түрінде берумен қатар әртүрлі нұскаулар түрінде де беруге болады. Мыс: "When Tom (Mary) walks to the window, John will write Kale's name on the blackboard". Мұндай бұйрықтар тыңдаушылардың қызығушылығын тудырады және сөздерді, ағылшын тілінің грамматикалық формаларын есте сақтауға көмектеседі. Әртүрлі бұйрықтарды орындау грамматикалық материалды түсіндірумен басталады. Мысалы шартты рай: "If the student in front of you is a boy take his book, if the student in front of you is a girl give her your book". Үнтаспаға жазылған мұндай жаттығулар оқушылардың ағылшын сөзін түсінуіне көп әсер етеді. Бұл ойын түрі сияқты оқушылардың ынтасын арттырады.

Жаңа педагогикалық технология баланың жетілген тұлға ретінде дамуы үшін маңызы зор. Ал осы жаңа технология таратушы, үйретуші, өзінің шығармашылық еңбегінде жүйелі қолданушы, насихаттаушы ол – мұғалім. Жаңаша ойлай білсең ғана- ұстазсың. Сол себептенде жаңа технологияны енгізуші – таратушы тұлғаға үлкен талаптар қойылып отыр[58,51].

Ұстаздардың алдына қойған міндет – оқытудың әдіс – тәсілдерін үнемі жетілдіру. Әрбір педагогикалық технология – жеке тұлғаның өзін - өзі дамытуға, оның өзіндік шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға қолайлы жағдай жасауға қажетті обьективтік әдістемелік мүмкіндіктерді қамтиды.

Қоғам талабына сай шетел тілдерін оқытуда қойылып жүрген ортақ міндет - тілді коммуникативті бағытта оқыту. Ондағы мақсат - оқушыларды қарапайым болса да өз ойларын еркін жеткізумен ғана шектелмей, өзара тіл табысып, пікір алысуға үйрету, себебі жалпыға білім беретін орта мектепте берілетін бүкіл білімнің негізгі мақсаты - оқушының шетел тілінде сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Иманқұлова С. «Жаңаша оқыту әдістемесі», Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің хабаршысы, Филология сериясы,97б,2006ж..

2. М. С. Сақтағанова, Н. Қ. Алиева, Н. Қ. Айтбаева «Ағылшын тілін оқытудың әдістері», Білім, №3, 2006 ж.43б

3. Ботағарина.Г«Ағылшын тілін оқытудағы бүгінгі белес», Білім,2006 ж.-6б

4. Г. Шамшырақова «Ағылшын тілін оқытудың құрылымы»,12-бет, Кәсіптік мектеп, №3, 2007ж..

5. Гүлмира Жұмайқызы, «Ағылшын және қазақ тілдеріндегі салыстырмалы ерекшеліктер», Білімдегі жаңалықтар №3, 53б, 2006ж..

6. Зимняя И.А., «Психология обучения иностранным языкам в школе».

7. Көшкімбетова С.А., Т.К.Кенжебаев Мектептің оқу тәрбие үрдісіне инновациялық технологияларды ендіру жолдары. Тараз, 2004.-952б.

8. Карпова А.С. "Интернет в подготовке будущих учителей иностранного языка".

Иностранные языки в школе.-2002. №4, с73.

9. Кузьмичева Т. Н. "Технические средства в обучений английскому языку". - М. «Просвещение»,2001.- 94с.

10. Пассов Е.И., «Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению»-М.: Просвещение, 1985-64с.

11. Полат, Е.С. "Интернет на уроках иностранного языка". "Иностранные языки в школе", 2001г., №3, 5с.

ТӘРБИЕГЕ БАЙЛАНЫСТЫ МЕНІҢ КӨЗҚАРАСЫМ

Дүзбаева Гүлдәурен Сансызбайқызы
Байғанин техникалық колледжі

Тәрбие жалпыға ортақ қасиет. Еліміздің дербес мемлекет ретінде дамуы қоғамның болашақ ұрпақтарын ерекшеліктерімен тәрбиелеуді қажет етеді. Еліміздің тәлім-тәрбие тұжырымдамасында «Тәрбие дегеніміз – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық дәстүрлерін жас ұрпақтың бойына сіңіру»- деп көрсетуі, бүгінгі әрбір қазақ баласының өзінің ана тілінде, өз діні мен діліне сай үйлесімді тәрбиелеуді көздейді. Осы ұлттық тәлім-тәрбиенің жетістіктерін отбасы мен білім беру саласында кең түрде пайдаланбауымыздың салдарынан жастар арасында мейірімсіздік, ізгілік, адамгершілік нормаларынан ауытқулық, кісілік қасиеттер төмендеп кеткенін аңғару қиын емес. Бүгінгі қоғам – жаңа қоғам. Бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі жолдан жаңа арнаға түсу біршама қиындық тудыратындығын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Атқаратын да, сәт сайын айтатын да әрі маңызды мәселелердің бірі - бала тәрбиесі. Қоғам – адаммен ғана қоғам бола алады. Ал қоғамның негізгі байлығы –адам, оның ішінде жас ұрпақ. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынов: «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» деген еді. Бүкіл елдің кемел келешегі болатын балаларды тәрбиелеу, оларға сапалы білім беру қандай қоғамның болмасын алдындағы ең негізгі міндеттердің бірегейі болмақ. Бұл жөнінде де А. Байтұрсынов: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса – мектебі һәм сондай болмақшы» деген анықтаманы көрегендікпен әлде қашан беріп қойған. Ғасырлар бойы халқымыз өз ұрпағын ізгілікке, өз елін сүюге баулып келеді. Бұл берік қалыптасқан дәстүрді тәрбиенің өзегі , алтын діңгегі десе де болады. Бүгінгі таңда тиянақты білім беру жүйесінде оқушылармен тәрбие жұмысын дамыту басты мақсат болып отыр. Осыған байланысты мектептің алдына қоятын ең басты мәселесінің бірі-өркениетті, прогресшіл бағыттағы азаматтық-адамгершілік қасиеті мол, сондай-ақ ұлттық тілін жоғалтпаған, өзге елдегі замандастарымен тең дәрежеде бәсекелесе алатын биік, өрелі, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттердің сіңісуі, өнер-білімді игеруі тәрбиеге, салауатты өмірге, өскен ортаға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты. Осыны жақсы түсінген халқымыз – "Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы", "Тәрбиесін тапса адам болар, оқуын тапса білім қуар" деп ұлағатты ұстаздың еңбегінің текке кетпейтінін өсиет еткен. Білімді де білікті, салиқалы да парасатты, жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу – мемлекеттік маңызды іс екені белгілі. Сол себепті жоғарыда сөзіме арқау болған мәселелерді түбегейлі шешу, салауатты өмір салтын қалыптастыру – баршамыздың парызымыз әрі қарымыз екені даусыз. Оқу мен тәрбие-егіз екендігін мен терең түсіндім десем еш қателеспеймін. Бала тәрбиесі - жауапты іс.

Отбасы - адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастырады. Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты. Баланың отбасындағы тұлғалық қасиетін жетілдіретін жағдайдың бірі - отбасы ішілік және отбасынан

тысқары атқарылатын еңбек. Отбасындағы күнделікті тұрмыс қажеттігін қамтамасыз етуден туындайтын еңбек баланы әлеуметтік қатынасқа түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Сондай еңбектің барысында баланың жауапкершілігі артып, еңбек ету қажеттігін түсінеді. А. С Макаренко «Ата - аналарға арналған кітабында» «Бала тәрбиесінде сіздің іс қимылыңыздың өзі шешуші рөл атқарады. Сіз тәрбиені сөз арқылы немесе үйрету, бұйыру арқылы іске асырамын деп ойламаңыз. Тәрбие өмірдің әр сәтінде іске асады. Тәрбие сіздің қалай киінетініңіз, сөйлейтініңіз, қалай күлгеніңіз, осы іс әрекеттің барлығы бала үшін өте маңызды. Ал отбасында сіз дөрекілік көрсетіп, жұбайыңызды жәбірлесеңіз осы ісіңізбен сіз балаға жаман тәрбие бересіз», - дейді. Жақсы перзент ата - ана қолындағы аманаты. Отбасында баланың жан дүниесін рухани пәктігіне тәрбиелеген абзал. Отбасында ата - ананың ықыласына бөленіп, тәрбие көріп өскен бала балабақшада да мектепте де өз ісіне жауап бере алады.

Ұлт тәрбиесі - ұлт болашағы. Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ тәрбиесі. Білімді денсаулығы мықты азамат өсіру үшін, мектеп болып ынтымақтасып та ат салысуымыз қажет. Кейін опық жеп бармақ тістемеу үшін баланы қаршадайынан дұрыс тәрбиелеуге, бала бақытының шынайы бағбаны болуға атсалысқан жөн. Бала бақытының кепілі - ата – ананың өнегелі тәрбиесінде. «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін - өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін - өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан моральдық - психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір - біріне деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл - күйі тікелей ықпал етеді.

Баланы адамгершілікке, қарапайымдылыққа, жақсы әдетке, әдемілікке, әдептілікке ұқыптылыққа, жауапкершілікке сөзбен жеткізе отырып тәрбиелеуге болады. «Жақсы сөз жан азығы» деп бекер айтылмаса керек. Қай заман, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән беріп келген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен жастарға оқу білім беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Тәрбиенің мақсаты пәнді керемет меңгерген оқушы тәрбиелеу емес, ең бастысы Адамды тәрбиелеу. Бүгінгі күні біз – әлем халқы, бір кісідей жаңа дәуір, жаңа ғасыр - жаңа мыңжылдыққа аяқ басып отырмыз. Шәкәрімнің: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл саналар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді»- деген сөзі бар. Адамгершілікке тәрбиелеу ісі білім берумен ғана шектелмейді. Бұл баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі дүниесін оятудың нәтижесінде оның дүниетанымын қалыптастырады. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»- дейді Әл - Фараби. Сонымен қорыта келе, жас ұрпаққа тәлім тәрбие беруді қоғам болып, ұстаздар қауымы болып, ең бастысы ата - аналар болып қолға алсақ болашағымыз жарқын болмақ. Балаларымызды отансүйгіштікке, ата - баба салт - дәстүрін құрметтейтін ұрпақ тәрбиелеу баршаға бірдей міндет. Ұстаздық еткен 20 жыл ішінде мен өз іс- тәжірибемді түйіндей келе төмендегідей ой қорыттым. Келешектің қамын қазірден ойлап, оған бүкіл жұрт болып атсалысуға міндеттіміз, - деп сөзімді түйіндегім келеді.

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ТАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Елубаева Ақбаян Оралбаевна
Ақтөбе қаласы №78жалпы орта білім беретін
мектеп-гимназия мұғалімі

Қай елдің де тірегі - білімді де білікті, іскер адамдар. Олай болса, барша адамдар ортақ күш-жігерін, табандылығы мен білімін бірлестіре алғанда ғана біздің қоғамымыз жан-жақты дамыры сөзсіз. Сол себепті заман талабына сай қоғамды көркейтетін, дамытатын жас ұрпақты тәрбиелеу – алға қойған ең басты міндетіміздің бірі болып саналады.

Жас өркеннің бойындағы табиғат берер қасиетті, қабілетті, дарындылықты тани білу, оның әрі қарай дамуына бағыт-бағдар бере білу ерекше қиын іс екені айтпаса да түсінікті. Бір мекеме өзін жетістікке жеткізетін басшыға, ақылшыға қаншалықты мұқтаж болса, қабілетті дарын иесінің де арнайы білімге, бағыт-бағдарға, тәрбиеге соншалықты мұқтаж болуы табиғи процесс. Алайда әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны сол бағытта жетелеу – ұстаз парызы. Баланы заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, шығармашылық бағытта жан-жақты етіп дамыту, үлгілі тәлім-тәрбие беру, ұлттық сана – сезімі, рухы жоғары етіп тәрбиелеу – қазіргі таңдағы басты талап.

Оқушы дарындылығының дамуы, қабілетінің ашылуы көп жағдайда мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен шеберлігіне, оның тұлғалық қасиеттеріне тікелей байланысты. Атап айтып кетер болсақ, біліктілігі жоғары маман немесе арнайы дайындықтан өткен мұғалімдер өзінің мынадай қасиеттерімен ерекшеленеді:

-Дарындылықты анықтау, дамыту мәселесіне ерекше көңіл бөледі және сол бағытта талмай жұмыс жасай алады;

-Жұмысқа қажетті материалдар мен әдістерді таба біледі және мақсат қойып жұмыс жасай алады;

-Олар дарынды оқушыға қосымша бағдарлама жасайды, аз сөйлеп, көп талап ете алады, шығармашылық ізденістеріне бағыт-бағдар береді;

-Оқушыға дұрыс бағдар беру арқылы ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуына көмек жасай алады;

-Дарындылықты анықтау жолында әр түрлі психодиагностикалық әдістемелерді, ал дамыту жолында оқытудың әр түрлі технологияларын тиімді қолдана біледі.

Енді дарынды балалармен білімде, тәлім-тәрбиеде табысқа жетелейтін мұғалімге қойылатын педагогикалық – психологиялық талаптарды мынадай бөліктерге бөліп қарастырып көрелік.

Мұғалімнің бағыт-бағдарына байланысты талаптар:

- Дарынды оқушымен жұмысқа тұрақты қызығуы, нәтижелі әдіс-тәсілдерді талмай ізденуі;

- Дарынды оқушының ата-анасымен тығыз байланыс орнатуы;

-Дарынды оқушымен жұмыс кезінде жоғары нәтижелерге жетуге ұмтылуы;

Мұғалімнің біліміне қойылатын талаптар:

- Өзінің сабақ беретін пәнін жоғары деңгейде білуі, өзін үнемі жетілдіріп, білім деңгейін кеңейтуі;
- Оқушы дарындылығының моделін білуі;
- Жеке тұлға қағидасын, оны қалыптастырудың әдіс-тәсілдерін білуі;
- Дарынды оқушыны анықтаудың психодиагностикалық әдіс-тәсілдерін білуі;
- Дарынды оқушыны дамыту барысында тек қана оқу үлгеріміне мән бермей, оның басқа да көрсеткіштеріне көңіл бөлуі;

- Шығармашылықмен жұмыс жасайтын тапсырмалар бере білуі;

Мұғалімнің іс-әрекетіне қойылатын талаптар:

- Оқушының дарындылығын анықтауға, дамытуға қажетті зерттеу жұмыстарын жүргізе алуы;
- Дарынды оқушыны зерттеу барысында психодиагностикалық күнделік жүргізуі;
- Оқушылармен қарым-қатынасын сауатты жүзеге асыра алуы;
- Дарынды оқушыны оқытудың нәтижесін нақты бағалай алуы;
- Дарынды оқушының ғылыми ізденіс, шығармашылық жұмыстарына жетекшілік жасай алуы;
- Дарынды оқушыны олимпиада мен сайыстарға дайындауда нәтижеге жете алатындай деңгейде жұмыс жасай алуы;
- Дарынды оқушының ата-анасына әр түрлі психологиялық-педагогикалық кеңестер бере алуы;
- Дарынды оқушыларды (жеке және топпен) оқытуға арналған тереңдетілген бағдарлама құрастырып, тұрақты жұмыс жасай алуы;

Айта кететін болсақ көбінесе «Дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы» деген пікір қалыптасқан. Ағылшын психологі П.Торренс өз зерттеулерінде бұл пікірдің мұғалімдер арасында да кездесетінін анықтады. Олардың ойынша, оқуда қиындық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, ұғымтал, өз ойын анық жеткізе алатын оқушыларды дарынды деп таниды. Ал қисынсыз сұрақтар қоятын, өз ісімен ғана айналысатын, тәуелсіз, қияли, көбіне түсініспеушілік туғызатын көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайтын. П.Торренс нақ осы қасиеттер оқушылардың шығармашылық қасиеттерін көрсететінін және оны нашар оқитын оқушылар арасында да көрсететінін анықтады. Сондықтан әрбір мұғалім педагог-психолог, осы зерттеу нәтижелерін естерінде ұстағандары жөн.

Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты – олардың шығармашылық жұмыс түрлері арқылы қабілетін дамыту, дарындылығын ашу. Ол мақсатқа жету үшін оқу бағдарламасын тереңдетіп, оқушының танымдық белсенділігін дамыту қажет. Дегенмен бір өкініштісі дарынды баланы анықтау, дамыту, қолдау көрсету үшін жазылған қазақ тіліндегі ғылыми-әдістемелік материалдар жоқтың қасы. Дарындылық қазіргі білім жүйесіндегі қолға алынып жатқан өзекті мәселе екеніне қарамастан, еліміздегі жоғарғы оқу орындарында жоғары категориялы оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдерді даярлау нақты және мақсатты қарастырылмаған. Сол себепті әрбір мұғалімдер мен психологтар өзінің жинақтаған және семинарларда алған біліміне, тәжірибесіне сүйене алады.

Дарынды балалардың өзгеше ойлау ерекшеліктері:

- Көп көлемде білім меңгеруі және оларды ұмытпауы;
- Жоғары деңгейде түсіне білуі;
- Дауыс ырғағы, сөздік қоры, сөйлеу шеберлігіндегі артықшылықтар;
- Шапшаң ойлау, тез нәтижеге жету, тез ілгерілеу;
- Кең көлемде және өзгеше ойлауы;
- Түсініксіз және әдеттен тыс, өзгеше байланыстарды айқындау қабілеті;
- Өзіндік пікірі, шешімдер шығара алуы;
- Қырсықтық, батылдық, қияли іс-әрекет;
- Өзіне көңіл бөлуді қалау, мақтағанға масаттану;
- Тыныш тұра алмау, пысықтық;
- Тез жалығу, істейтін бір іс іздеу.

Дарынды оқушының ішкі сезімі жағынан өзгешелігі:

- Айналасындағыларға өте сезімталдықпен қарау, айтылатын ойды тез ұғыну;

- Өзінің ерекшелігін сезінуімен қатар басқаларға да сездіруге тырысуы;
- Терең сезімталдық;
- Кейбір пәндер бойынша өте ерекше үздік үлгерім танытуы;
- Басқалардың не айтатынына көңіл бөлмеу;
- Беймәлім құпия тақырыптарға үлкен қызығушылық танытуы;

Дарынды оқушылардың физикалық және одан тыс сезімдері тұрғысынан өзгешеліктері.

- Сезім мүшелерінің қабылдауының ерекше болуы (түс, дыбыс);
- Физикалық және интеллектуалдық дамуда ерекше ілгерілеу шапшаңдығы;
- Көркем өнер салаларының біріне ерекше қабілетті болуы;
- Ақындарша сөйлеу, көркем және әдеби сөздер қолдану;
- Бастаушылық және тартысты тақырыптарда тапқырлық;
- Жан дүниесінің тереңдігі;
- Теориялық және көркемдік құндылықтарға мән беру;
- Жиі-жиі ойға берілу, қиял күшінің басымдылығы;

Дарынды балалардың әлеуметтік тұрғыдан ерекшеліктері:

- Өз талап-тілектерін орындай алуы;
- Басшылық топ құру, әріптестерді топтау және ұйымдастыру;
- Жоғары моральдық қасиеттерге ие болу;
- Өз-өзіне сенімділік, батылдық;
- Өзінен үлкендермен достасу;
- Әлеуметтік мәселелерді дұрыс түсіне білу;

Жоғарыда көрсетілген топтар түрінде қарастырылған ерекшеліктердің барлығын әрбір дарынды оқушының бойынан байқауымыз мүмкін. Дарынды оқушылар бұл төрт саланың бірінде өте жоғары нәтиже көрсете алуы ғажап емес. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» дегендей, игерген жоғары дәрежедегі ерекшеліктерін ізгілікті бір ортада, мықты бір тағылыммен ұштастырып, іске асыра алғандардың жылдар өте келе қоғам алдында кемеңгер болып шықпасына кім кепіл.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫН ДАМЫТУ ҮШІН САБАҚ БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚЫЗЫҚТЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Еркебаева Ақниет Қайратқызы
№30 қазақ орта мектебі, математика пәні мұғалімі

Бүгінгі күнде математика пәнін сапалы оқыту ізденістері – пән мұғалімін толғандырып отырған келелі мәселелердің бірі. Сыни тұрғыдан ойлау барысында, оқушы өзі сүріп отырған өмірінің озық өнегесін санасына сіңіреді, функционалдық сауаттылығы артады, басқаның пікірін тыңдауға дағдыланады және өзі де пікір айтуға үйренеді.

Математиканы оқытудың мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологияларды тиімді пайдалану кез келген мұғалімнің қажеттілігіне бағытталғанын естен шығармауы тиіс. Математика сабағында оқушылардың өз бетімен білім алу дағдылырын дұрыс қалыптастыру - мұғалім үшін биік шыңға шыққанмен бірдей болмақ және оның алған қамалы деп те айтуға болады.Сондықтан да, тапсырмаларды өз бетінше тексеріп, қорытынды жасай білетін тұлға

қалыптастыру мақсатында жаңа технологиялар әдістерін кеңінен қолдану қажеттігі туындайды.

Сол себепті де математика сабағында қолданып, тиімді нәтиже сәтті шыққан белсенді әдіс –тәсілдеріммен бөлісуді жөн санадым.

2022 жылдың сәуір айының 11–і мен 15–і аралығында мектебімізде өткен "Бүгінгі жас маман- болашақ білікті ұстаз" атты жас ұстаздар апталығында 5"Б" сыныбына "Мәтінді есептер шығару" тақырыбында ашық сабақ өткіздім.

Сабақ барысында оқушының білімін, қызығушылығын, логикалық ойлау дағдыларын арттыру мақсатында «Миға шабуыл», «Домино», «Адасқан әріптер», «Сапалақ» әдістерімен қатар Flippity.net сайты арқылы қызықты тапсырма орындалды. Сабақ соңында «Mentimeter.com» сайты арқылы рефлексия жасалды. Сабақта бағалау парақтары таратылып, өзіндік бағалау жүргізілді.

Нақтырақ тоқтала кетсем,

1. **«Домино» әдісі** бәрімізге мәлім домино ойынына негізделген ережелерді сақтай отырып, математикалық есептер мен терминдерді сәйкестендіріп орналастыру арқылы оқушылардың өткен тақырыптарды еске түсіруі үшін арнайы құрастырылған тапсырмалар жиынтығы. «Домино» әдісін сабақ барысында қолдану оқушылардың қызығушылығын арттып қана қоймай, сонымен қатар оқушылардың логикалық ойлауына әсер етіп, шыдамдылық пен шапшаңдыққа үйретеді, оқушылардың белсенділігін арттырады.

2. «**Адасқан әріптер» әдісі**. Негізгі мақсаты: реттідігін жоғалтқан әріптерден сөздер құрастыру. Математика сабағында осы әдісті пайдалана отырып, оқушылар математикалық терминдерді еске түсіріп, жадында сақталуына көмектеседі. Бұл әдістің

тапсырмасын құру үшін Flippity.net сайты арқылы жұмыс жасадым.

3. **«Mentimeter.com» сайты.** Сабақ соңында оқушылармен кері байланыс жасау үшін немесе рефлексия жасау үшін «Mentimeter.com» сайтын қолдану өте тиімді. Сабақ барысында бұл сайт арқылы жұмыс жасау оқушылардың қызығушылығын арттырады, сыныптағы барлық оқушы өз ойын жеткізуге жағдай жасалған. Яғни, барлық оқушыдан бірдей уақытта рефлексия алу үшін уақытты үнемдей аламыз. Бұл рефлексия кезінде мұғалім дайындаған сілтеме бойынша оқушылар сілтемеге кіріп, сабақ соңындағы өз ойларын немесе сабақтан алған әсерлерін жазады.

Қазіргі таңда АКТ құзырлығын пайдалана алатын мұғалім - көптеген жетістіктерге жете отырып, уақытты үнемдеп, сабақты қызықты әрі жүйелі ұйымдастыруына мүмкіндігі зор деп ойлаймын.

Осымен қорытындылай келе, айтар ойым оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру үшін тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануымыз қажет. Оларды дұрыс таңдап, жүйелі түрде қолану керек. Әдіс-тәсілдердің тиімділігінің арқасында оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, білім деңгейлері жоғарылайды.оқушылар олимпиадаларда жүлделі орындарға ие бола алады. Қазіргі таңда оқу үрдісінде математиканы оқытуда сан-алуан жаңа әдіс-тәсілдер мен технологиялар сапалы білім беруде үлкен рөл атқарады.

Пайданылған әдебиеттер мен интернет ресурстары:

1. Алматы “Атамұра” 2013. Қ.Р. Білім және Ғылым министрлігі ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығы «Pisa халықаралық зерттеуі» әдістемелік құрал Астана, ҰББСБО.

2. *Математика, 5-сынып,* 2-бөлім, А.Е.Әбілқасымова, Т.П. Кучер, З.Ә. Жұмағұлова, 2017ж.

3. Қызықты математика. Жалпы білім беретін мектептің мұғалімдеріне арналған көмекші құрал ./ А.Е.Әбілқасымова, С.А.Джанабердиева, Алматы “Мектеп” 2007

4. Райысов У. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Математика және физика, 2012ж.

5. С. Қожагелдиева, Н. Нұртазаева.Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқытудың тиімділігі. Математика, 2013ж , №4
6. Ғаламтор желілері

Д.ИСАБЕКОВ «ӘПКЕ» ДРАМАСЫ, «ЖАЛҒЫЗДЫҚ» БӨЛІМІ

Есалина Айнаш Согимбаевна
Мұғалжар ауданы, №4 Қандыағаш қалалық ЖББО мектебі

Бекітілді:		
Күні: 27.02.22ж.		
Сынып: 8	**Қатысқан оқушылар саны:**	**Қатыспағандар:**

Сабақтың тақырыбы:	**Д.Исабеков "Әпке"драмасы, "Жалғыздық" бөлімі.**
Сабаққа негізделген оқу мақсаты:	А/И. 8.1.4.1 Шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу.
Сабақ мақсаты:	**Барлық оқушылар:**Шығармадан алған үзінділермен танысады. **Оқушылардың көпшілігі:** Шығармадан алған үзінділермен танысып, өңдейді. **Оқушылардың кейбірі:** Шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп, өмірмен байланыстырып, креативті жазады.
Тілдік мақсаттар	**Оқушылар:** шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазудың, ой айтудың, талдаудың жолдарын меңгереді. **Пән ерекшелігіне сай лексика мен терминология:** т.б. **Диалог пен жазылым үшін қажетті тіркестер:** менің ойымша, үзіндінің негізгі ойына тоқталсам ..., мен ... ойлаймын т.б.
Бағалау критерийі	Шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу.
Құндылықтар:	Тарихтың, Мәдениет пен Тілдің ортақтастығы.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Талдау, жинақтау, бағалау.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Білімленд
Пәнаралық байланыс:	**Өзін-өзі тану, қазақ тілі, қоғам, көркем сурет**
Осыған дейін меңгерілген білім	«Әпке» драмасындағы автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісіне талдау жасады.

Жоспар		
Жоспар-ланатын уақыт	**Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер**	**Дерек-көздер**

<table>
<tr>
<td>Басы</td>
<td>
Психологиялық ахуал. "Мейірімді жүрек" тілек тілеу.
Топтарға бірігу. "1,2,3,4"
Түстер бойынша (жасыл,сары,көк,қызыл) . Артында 1-топта - "Ә", 2) "П" 3)"К" 4) "Е" әріптері жазылған.
Үй тапсырмасын тексеру. тест тапсырмасы
<table>
<tr><td>Критерий</td><td>Дискриптор</td></tr>
<tr><td>Тест сұрақтарына жауап беру</td><td>Тест сұрақтарына дұрыс жауап береді.</td></tr>
</table>
Қалыптастырушы бағалау. Жүрекше
"Көркемсурет галереясы"
1) Мына сурет бойынша не айта аламыз?
2) Мына суреттен кімді, қандай жанды көреміз?
3) Мына суретті көргенде шығармадағы қандай әрекеттер есіңе түседі?
4) Мына санның шығармаға қандай қатысы бар?
</td>
<td>Жүрекше, түрлі -түсті мата, әріптер

Үлестірме қағаздар

Сурет</td>
</tr>
<tr>
<td>Ортасы</td>
<td>
Мағынаны тану. Топтық тапсырма. "Бірлесе жазамыз..." әдісі
1-топ. Берілген үзіндіні креативті жазу.
2-топ. Оқиға желісін ретімен қою.
3-топ. Бұны кім айтты? Қашан айтты? Кімге айтты? Сәйкестендіру.
4-топ. Шығарма бойынша неліктен? сұрағымен басталатын бірнеше сұрақ дайындаңыз.
<table>
<tr><td>Критерий</td><td>Дискриптор</td></tr>
<tr><td>Берілген үзіндіні креативті жазу;
Оқиға желісін ретімен қою.
Кейіпкер мен кейіпкер сөзін сәйкестендіру.
Неліктен ? сұрағымен басталатын бірнеше сұрақ құрастыру.</td><td>Берілген үзіндіні креативті жазады.
Үзінділерді оқиға желісі бойынша дәл тауып , ретімен қояды.
Кейіпкер мен кейіпкер сөзін дәл тауып, сәйкестендіреді.
Бірнеше сұрақ құрастырады.</td></tr>
</table>
</td>
<td>Кеспе

А4 қағазы магнит тақта</td>
</tr>
<tr>
<td>Аяғы</td>
<td>
Қалыптастырушы бағалау: бәйшешек
Жұптық жұмыс. "Егерде мен...."
1-топ оқушыларының жұбына: Қамажай болсам...
2-топ оқушыларының жұбына: Тимур мен Камила болсам...
3-топ оқушыларының жұбына: Омар болсам....
4-топ оқушыларының жұбына: Назила болсам...
<table>
<tr><td>Критерий</td><td>Дискриптор</td></tr>
<tr><td>4-топтағы оқушылар жұппен берілген тапсырманы орындау;
-өз ойларын ашық айту.</td><td>Әр топ өздеріне берілген тапсырманы жұптасып орындайды...
Өз ойларын ашық айтады.</td></tr>
</table>
Қалыптастырушы бағалау: шаңырақ
Кері байланыс. "321" әдісі
Шығарма бойынша 3 факт
Шығарма бойынша 2 көзқарас
</td>
<td>А4 қағазы

стикер</td>
</tr>
</table>

	Шығарма бойынша 1 тұжырым **Рефлексия. "Маңыздысын таңда"** Мен үшін маңызды... Қоғам үшін маңызды... Жастар үшін маңызды... **Үйге тапсырма.** Көрініс дайындау	

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖЕТІЛДІРУ

Есенова Алтынгүл Бугетбаевна
Ойыл ауданы Жамбыл мектеп-балабақшасының
бастауыш класс мұғалімі

XXI ғасырдың бет-бейнесі біліммен өлшенбек. Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс – тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» – деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әрбір мұғалімінің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

Бастауыш саты – бұл оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде жастардың бойындағы адами құндылықтарды, қайырымдылықты, сүйіспеншілікті дамыту, сөйтіп тәрбиелей отырып оқыту. Білім беру жүйесіндегі бұрынғы ағартушылық бағытын сақтай отырып адамгершілік тұрғысынан кемелденуіне аудару. Ендеше жеке тұлғаның қасиетін ашып көрсету заман талабы. Баланы жан – жақты дамытуды тек қана тәрбие саласы емес оқыту процесіне де асырылып жатады. Оны күнделікті оқу тәрбие жұмысы әр сабақтан байқауға болатынын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Сабақ беретін әр пәнде оқытушы ізденіп пайдаланып келгенде, қазіргі оқу талабының қойып отырған әдіс, тәсілдерін қолдана отырып жоспарлау керек. Әр мұғалім жаңа сабақты жоспарлағанда тек тақырыпты мазмұндау міндет емес, оқушы ойын қалай дамыту, керек оқушыға не берем деген мақсат тұрса қазіргі оқытудың жаңа технологиялық әдіс, тәсілдерін қолдана білсе, оқытушы аз сөйлеп, көп білім мен тәрбие бере алады.

Қазіргі мұғалім:

- Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;
- Педагогикалық өзгеріске тез төселетін;
- Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
- Оқушылармен ортақ тіл табыса алатын;
- Білімді іскер шебер болу керек;

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері –өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту.Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы,орындаушы болса,ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Қазіргі оқушы:

- Дүниетаным қабілеті жоғары:
- Дарынды, өнерпаз;
- Ізденімпаз, талапты;
- Өз алдына мақсат қоя білуі керек:

Осындай тұлғаны дамыту үшін оқытудың жаңа технологиясы қажет.Оқыту үрдісіне осындай әдістерді пайдалану мұғалімнің өзінің шеберлігіне қарай жүзеге асады.

Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда негізінен дамыта оқыту технологиясы басшылыққа алынады. Себебі қазіргі оқулықтар дамыта оқыту технологиясы негізінде жазылған. Сондықтан әрбір бастауыш сынып мұғалімі «Дамыта оқыту» технологиясындағы сабақтың құрылымын, әдіснамалық негіздерін толық меңгеріп, өз іс - тәжірибесінде шығармашылықпен қолдана білуі тиіс.

Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкііндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенмен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді.

Дамыта оқыту технологиясының нәтижелері:

* түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;
* оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады;
* олардың әрқайсысының деңгейін анықтауға болады;
* оқушылардың көбін бағалауға мүмкіндік бар;
* оқушыларды ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді;
* оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады;
* жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауға, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады.

Аталған әрекеттері арқылы әр оқушының мәселені шешу, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттіліктері қалыптасады. Құзыреттілік қалыптастырудың келесі міндеті әр сабақтың өмірлік жағдайлармен байланыстылығы. Бұл орайда құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағдарланған тапсырмалар қолданылады.

Дамыта оқытуда мұғалімнің басты міндеті:

* Оқу барысында баланың бойындағы дамытуды қалыптастыруды дағдыға айналдыру.
* Оқу мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу.
* Сөздік қоры мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу.
* Жалпы оқушының жан дүниесін дамыту.

Білім кілті бастауышта. Тіл дамуы, тәрбие, білімге деген құштарлықтың ояну да бастауыштан басталады.

Мысал ретінде Әдебиеттік оқу пәні бойынша өткен сабағыма тоқталайын.

Д.Қасеновтың «Адалдық» әңгімесі «Брондық қозғалыс» ойынымен оқушыларымды 3 топқа бөлдім. әр топқа орталықтардың аты жазылған қағаз таратылды.

I топ. Ғылыми орталық. (Ғалымдар, жазушылар). Оқулық әдебиеттік оқу, әдебиеттік оқу дәптерлері, қалам т. б. Тақырыбы: «Адалдық» (тақырып неге осылай аталды)оқушы өз ойын дәптерге жазады.

Тәрбиелігі: Досына деген құрмет, сүйіспеншілігін дамыту. Сөйлемді байланыстыра білу. (Қазақ тілі пәнімен байланысты).

II топ. Бейнелеу орталығы. Тақырыпқа байланысты сурет салу. Әңгімеге байланысты сурет.

Тәрбиелігі: Сәрсен мен Бейсеннің өз қателігін түсінбеуі.Өз ойын қағаз бетіне суреттеу, эстетикалық тәрбиемен ұштаса келеді.

III орталық. «Өнер және драма орталығы»

Тапсырма. Әңгіменің мазмұнынан көрініс көрсету.«Адалдық» мәтінін тізбектей оқып беру.

Өзім тек басшылық жасап әр топтың жұмысын мұқият тыңдап, оқушыға қолдау, мадақтап, орталықтарда барлық оқушы жұмыс жасауын қамтамасыз етуді реттеп отырдым. Сабақ басталарда, ситуациялық сұрақтар қойдым.

-Балалар, алдымен «Адалдық» сөзінің мағынасын ашып алайық.Адал деп қандай адамдыайтамыз?

Мәтіннің мазмұнын кітап ішінен ақша тауып алған жеріне дейін мазмұндап айтып беремін,

Әрі қарай оқиға немен аяқталатынын әр топ «Болжау» арқылы ойларын айтады.

- Мәтінді талдау, бекіту.

1. Балалар неге дауласты?
2. Ақшаның апайдікі емес екеніне Сәрсен мен Бейсеннің шынымен көздері жетті ме?
3. Сәрсен мен Бейсен Дүйсенге неге сенімсіздік білдірді?
4. Сәрсен мен Бейсен Дүйсенге рақметтен басқа не айтуы керек еді?
5. Мәтінде болған оқиға барма? Немен басталды, немен аяқталды?

-Балалар, осындай оқиғалы шығарманы сюжетті шығарма дейді. Ал оқиғасыз, көңіл – күйге байланысты жазылған шығарманы (өлең) сюжетсіз шығарма дейді.

- Шығармашылық тапсырма. Дәптерге орындау

I топ – «Ғылыми орталық» Сәрсен мен Бейсенге хат жазу.

II топ – «Бейнелеу орталық»Сөздікпен жұмыс. Аңысын аңдиық, дегбірсізденді сөздерінің мағынасын түсіндіріп, сөйлем құрау.

III топ – «Өнер және драма орталығы»Дүйсенге жеделхат жолдау. (Әр бала бір сөйлемнен өзінің ризашылығын білдіріп жазу)

Y. Қорытынды.

- Бүгінгі сабақтан не үйрендіңдер, не білдіңдер? Автордың айтқысы келгені не?
- «Бір бас жақсы, ал екі бас тіпті жақсы» деген мәтел осы әңгіменің шешіміне сай ма?
- «Пайда ойлама, ар ойла» деген мақал кімдерге арналған деп ойлайсың?
- «Ақ жүрген адам азбас» деген ше?
- Мәтінді оқушылар өздерінше жалғастырып,ойларын ортаға салды.

Бұл әдіс-тәсіл баланы ұйымдасып жұмыс жасауға, ізденуге, ойын дамытуға, уақытты үнемдеуге тәрбиелейді.

A TEACHER – INNOVATOR FOR A MODERN SCHOOL

Есмағанбетова Амангул Мейрхановна
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Жарөткел ЖОББМ
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Why God created teachers,
In his wisdom and his grace,
Was to help us learn to make our world
A better, wiser place.
by Kevin William Huff

What is a teacher-innovator? Pedagogy shouldn't keep the pace with the times. Each of us has a great responsibility, because the teacher, who shapes the future, which means that he needs to stay ahead of the progress! Looking back, based on past experience, as a modern man, a teacher looks ahead and keeps one's finger on the pulse of life. Carefully preserving the traditions, it is important for the teacher to be able to "translate" them into modern language and make them available to modern world.

In my opinion, a teacher- innovator is the teacher who gives and implements new ideas in pedagogical activity. The innovator is an innovator, therefore the educator is an innovator of the educational process. Teacher- innovator is a generator of ideas in practice, choosing the same methods that would have emphasized his own individuality. From the above, it is clear that the teacher innovator strive to obtain qualitatively new results. The mission and purpose of the teacher –innovator is to create and organize such educational activities which would be based on creative thinking of children. Today many teachers know many pedagogical technologies and here the teacher –innovator has to be able to develop already available reference point on technologies. Such developed technological guidelines are in demand today in modern education. Is the person able to create the conditions for development of creative abilities, to develop students' desire for creative perception of knowledge, to teach them to think independently, to formulate questions for yourself in the process of learning, to better realize their needs, to increase the motivation to study subjects to encourage their individual inclinations and talents. The teacher – innovator is the creative searcher, and he looks for the answer to the actual problem.

In the English lesson I defer with the opinions of the students. During a conversation with students, I have known that students don't like many topics. Therefore when planning a lesson, I first choose the aims, which lead to activity and independent work. Modern lesson should be recognized with high activity. The student is not the object of study, he is the subject of the action. Only then the student begins to study. The students of high classes, while determining the future profession, must understand the importance of English. As teacher of English I use the communicative methods in my classes. I understand that teacher-innovator should identify the best qualities inherent in the soul of ever y child and to encourage children to get joy from the acquired knowledge that, after finishing school, they fully understand their place in society and can work to his advantage, and was ready to participate in solving current and future challenges of our society. We must love our work and work hard to make our lessons is interesting. The great philosopher Confucius said " I hear and I forget, I see and I believe, I do and I understand." I use interactive methods of teaching. Active learning (peer instruction, discussion groups, collaborative problem solving) is one way to get students thinking, talking, and sharing information in the lesson. Visualization is an especially good teaching strategy for reading and literacy teacher. Check out this lesson in how to use visualization

to help students illustrate mental images from a portion of text that is read aloud. Computers, tablets and mobile phones can all enhance a students' learning experience. Possible uses of classroom technology include using video games to teach foreign language or multimedia projects that allow students to explore subject matter using film, audio and even soft ware they create. We use many CD and interactive games during lessons. The book "Smiles" for primary classes is interesting for children. My pupils like to watch cartoons and do tasks in this books. In today's increasingly creative world, new ideas are sprung nearly every day. Innovative ideas in teaching and learning process can make wonders in the Education field rather than following the traditional methods. The quality of Education must be improved to enhance the skills and practical knowledge of the students. Creativity of the teachers only helps the students to be active in the class room to make the teaching-learning process more effective

The modern teacher is a professional. The professionalism of the teacher is defined by his professional competence; professional identity; self-development, i.e. the purposeful forming in itself those qualities that are necessary for the performance of professional activities. If you delve into the roots of the stories, even the great ones had teachers, whom they idolized. They admonished them on the correct path, helping to defeat enemies and were the Trustees.

The first president Nursultan Nazarbayev said in his message to the people of Kazakhstan, "National competitiveness is determined primarily by its educational level." The only way to achieve independent sovereignty of independent Kazakhstan in the world civilization is the education system. Secondary school is the main link in the education system. The foundation of knowledge in secondary school opens the way to the future of the pupil.

One of the main problems in the modern era is the role of teachers in the upbringing and education of future generations during the development of new technologies. The future of our country, its place in the world civilization, and first of all the beginning of education and upbringing are in the hands of the teacher. The modern teacher is required not only to have a profound knowledge of his subject but also to have historical knowledge, pedagogical-psychological literacy, political economic education and information literacy. He is regarded as a leading person in the field of modern education only when he is new to his knowledge and skills, working with new gambling creativity, learning the new technology of teaching and learning.

References:

1. Internet resources
2. The articles from pedagogical journals

БАЛАБАҚША – БАРЛЫҚ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМНІҢ ЕҢ АЛҒАШҚЫ БАСПАЛДАҒЫ

Әбдібек Ақнұр Болатқызы,
Ақтөбе қаласындағы №21 «Кәусар бұлақ» бөбекжай балабақшасы тәрбиешісі

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ ұлтымыздың баға жетпес қазынасы.

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістерді енгізуді талап етіп отыр.

Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек ешқашан қателеспейміз. Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналды. Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі – өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Әрине бұл үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Тәрбие мен білім – егіз. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Егемен еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, қазіргі заманға сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – білімді, жан-жақты тәрбиешілердің еншісінде. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр. Балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолдануға ізденеміз. Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану үздіксіз тәрбие беру мен білім сапасын арттырады.

Жаңа заман баласы – ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау қажет. Біздің балабақшамызда балаларға үздіксіз білім беруде барлық жағдай қарастырылған. Балабақшада балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтердің педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығы өте жоғары. Осы уақытқа дейін тәрбиеші ретінде балаларға үздіксіз тәрбие мен білім беруде жаңартылған педагогикалық технологияларды кеңінен қолдануға тырысамын. Себебі қазіргі заман балаларының берілген ақпаратты тез қабылдауынан, есте сақтау қабілеттері жоғары дамығандығын байқауға болады.

Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілері. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі технологиялары енгізілуде. Мәселен, ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиешілердің ұстанымы ауысқан: ол балаларға басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы. Мұндай оқыту баланың интеллектуалды қабілеттілігін айтарлықтай шамада анықтайды, балаларға мінезін қалыптастыруға, байланыс тілді, логикалық ойлауды, дүниетанымды дамытуға, сыни ойлауды қалыптастыруға және жеке мүмкіндіктерді беретін дамытушы орта құруға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі шақ адам өміріндегі ең маңызды кезең болып келеді. Өйткені осы кезде баланың бойындағы табиғи бар дарындылық жан-жақты дами бастайды. Сондықтан осы шақта балалармен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әрекеттер жүйелі жүргізілсе, жұмыс соншалықты нәтижелі болады. Тәрбиелі, білімді ұрпақ балабақшадан мектепке дайын шәкірт болып шығады.

Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы іспеттес. Мұндағы тәрбие мен білім балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте жастан дамытады. Бала – болашағымыз, бала – қуанышымыз. Ендеше мектепке дейінгі үздіксіз тәрбиемен, біліммен қамту әрбір тәрбиешінің басты мақсаттарының бірі болуы тиіс.

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Әкімжанова Құралай Қайырбайқызы
«№13 орта мектебі» КММ

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы қазіргі талап пен әлемдік стандартқа сәйкес келетін ұлттық білім жүйесін жасақтаудың проблемаларын шешуге арналған.

Бұл аталған бағдарлама мен жолдаудың басты құндылығы-еліміздегі білім беру жүйесін дүниежүзілік деңгейге көтерілетіндей баспалдақтардан өтуге бағыт беруімен қатар, оқушының қоғам талабына сай біліммен қаруланып, оны кейінгі сатыларда терең деңгейге жетілдіріп, әлемдік білім беру кеңістігіне енуіне жол ашуы. Қоғамға қажеттісі-кәсіби іс-әрекетке функциональды дайындығы бар ғана емес, сонымен бірге шығармашыл жеке тұлға болып қалыптасқан маман. Сондықтан білім берудің басты міндеттері:

-оқушының өзін қоршаған, өзі өмір сүретін жаңа әлеуметтік ортаға үйренуі, онда жаңа әлеуметтік мәртебе-оқушы мәртебесінің қалыптасуы;

-оқу, ойын, еңбек, қарым-қатынас, т.б. әрекет түрлерін қажетті деңгейде меңгеруі;-айналадағы дүниемен дара тұлғалық қатынасының қалыптасып, эстетикалық, этикалық, адамгершілік негіздерін меңгеруін қамтамасыз ету.

Тұлғалық-әрекеттік тұрғыдан оқушыларды қалыптастырудың негізгі шарты болып табылатындар:

-өз әрекетінің ынтасын, мақсатын, құралдары мен жағдайларын өз бетімен анықтауға және сезінуге жағдай жасайтын оқу-тәрбие үрдісінде оқушының субъектілік ұстанымын қамтамасыз ету;

-олардың тұтас субъектілік тәжірибесінің өзектенуі мен түрленуін талап ететін оқу проблемаларының оқушылардың өмірлік маңызды проблемаларына ауысуы;

-оқушыларға тапсырмалар мен оларды орындау тәсілдерін, формаларын таңдауға мүмкіндік беру;

- қабілетті балаларға мүмкіндік деңгейлердегі тапсырмалар бойынша жұмыс ұйымдастыру;

- жоба әдісі негізінде оқушыларды зерттеу жұмыстарына баулу;

-мұғалім мен оқушының арасындағы ашық қарым-қатынас, сенімділік, диалог негізінде оқушылардың шығармашылық әлеуетінің өзіндік ашылуы мен өзін-өзі жүзеге асыруға жағдай жасау.

Математика пәнін оқытудағы инновациялық технологиялардың бірі жобалау іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы оқушылардың басты құзыреттіліктері дамиды.

Жоба ұйымдастырушы мен оқушылардың іс-әрекеттер жүйесі:

Оқушылардың жобалау іс-әрекетін ұйымдастыру: мерзімі, қатысушылар тобы, қорғау, марапаттау кезеңдері, тақырыбы, арнайы жоба ұйымдастырушылар тарапынан шешіледі.

Төмендегі шарттар орындалады: -өзектілігімен және тұлғаға бағытталаған есептерді шешу; -оқушылардың білім деңгейлерімен сәйкес келуі; -бекітілген мерзімге сай көлемі. Оқушылар өздерінің қызығушылықтарына қарай тақырыптар таңдауына болады. Жоба қорғау аптасында оқушылар ұйымдастырушының басқаруымен мыналарға қол жеткізеді: -жобаны дайындау; -жоба дайындау барысында міндеттерді өзара бөліп алу;

- ақпараттарды әртүрлі қайнаркөздерден жинақтау; -мазмұнын жүйелеу;

-нәтижесін жоба өнімі ретінде дайындайды; -жұмыс барысының негізгі кезеңдерін тіркеп отыратын күнделік жүргізу. Жоба жұмысын ұйымдастыру оны қорғаумен аяқталады. Жобаны қорғау кезінде топ мүшелері мыналарды орындау керек:

-жобаның өзектілігі мен мағынасын түсіндіру, ашу; -жасалынған жұмыстың өзіне және өзгелерге құндылығын анықтау; -жобаның мақсатын, міндетін, оны шешу жолдарын, жұмсалатын шығынды анықтап , тәуекелдерді бағалай білу керек;-дайын өнімді ұсыну керек. *Эксперттік топ ұсынылған жобаларды келесі өлшеуіштермен бағалайды:*

-жобаның құндылығын дәлелдеу; -жобаның дайындалуының нақтылығы және түсініктілігі, логикалық құрылым; - тәуекелділіктерді есепке алуы; -жоба дайындауда топ мүшелерінің ролдерінің дұрыс бөлінуі; -ұсыну нақтылығы, жеткізе білу қабілеті; -аяқталған, мазмұнды, өнімнің көркемді дайындалуы.

Жеңімпаздарды марапаттау: Жобаны қорғап болған соң эксперт топ жоба мүшелерін деңгейлік дипломдармен/ марапаттаулармен/ марапаттайды. Оқу табелінің «жеке жетістіктері» бөліміне қорғалған жобаның тақырыбы , марапатталғаны туралы жазба түсіріледі. Алынған марапаттама оқушының жеке өзін-өзі дамыту портфолиосын толтырып, рейтингтік ұпайын жоғарылатады.

Қазақ халқының ұлттық даралығы ой толғаныс қазынасында (ұлттық психологиясында) ұрпақ тәрбиелеу тәсілдері (этнопедагогика) мен салт-дәстүр ерекшелігінде (этнографиясында) деп білеміз. Ушы-қиырсыз жазира дала тұрғындары өздерінің сан ғасырлар бойғы тарихында жас ұрпаққа тәрбие берудің бай тәжірибесін жинақтап, ұлттың өзіндік салт-сана мен әдет-ғұрып, дәстүр рәсімдерін туғызды. Көшпелі халық өзі өмір сүрген қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына, мәдениетіне, тарихына орайлас жас буынға тәлім-тәрбие берудің айрықша талап-тілектерін дүниеге әкелді. Әр ұлттың өзіне тән тіршілік кәсібі, тарихы мен мәдениеті бар. Ол мәдениет сөйлеу тілінен, ойлау жүйесінен айқын көрініс табады. Қазақ халқының психологиялық ой толғаныс ерекшелігін сөз етсек, ол тұспалдап, мақалдап, мақамдап, тақпақтап сөйлеу, жыр, терме, толғау, айтыс өнері арқылы көзге көрінеу. Ақылдың көзі логикалық дұрыс ойда жатыр. Логикалық жүйемен ойлай білу — дұрыс жүйелеп сөйлей білуге жетектейтін жол, сөйлеу мәдениетінің алғашқы баспалдағы.

Математика курсының оқу материалдарын қарастырып, талдай отыра 5-8 сыныптар үшін «Логикалық математика» атты авторлық бағдарлама құрастырып, оқу үрдісіне енгіздім. Сабақтарда жобалар жасадық. Соның бірін қазақ халқының этнопедагогикасымен байланыстырдым. «Қазақстан Республикасында тұрып жатқан халықтардың математикадағы этнопедагогикалық байланысы» тақырыбымен , м**атематиканы оқыту үрдісінде этнопедагогиканы пайдалану** мақсатында жоба жұмысын бастадым.

Жоба тақырыбы ретінде келесі тақырыптарды таңдап алдым:

1. Ертедегі қазақтың өлшем бірліктері /санамақ, тоғызқұмалақ ойындары, белгілі күнтізбенің беймәлім сырлары, наурыз есебі/.

2.Таңқаларлық жанымызда /функция графигі мағынасын толық ашуда қазақтың ою-өрнектеріндегі симметриялықты пайдалану арқылы, функция қасиеттерін мақал-мәтелдер арқылы бейнелеп, жеткізе отырып, математикалық логикалық ойлау қабілеттерін дамыту/. Өнердің басқа да түрлері сияқты ою-өрнектің де оқушылардың ой-өрісі мен білімдерін жан-жақты дамытуға әсері мол. Болашақ зергер , мүсінші және суретшілер әліппені мектептен бастайды. Мектепте ою-өрнекті тек қолөнер , еңбек сабақтарында ғана үйретіп қана қоймай , оны кез келген пәндермен байланыстыра отырып үйретсе , баланың ой-өрісі және пәнге деген қызығушылығы артады. Мысалы, 6 сыныпта «Координаттар жазықтығы» , «Нүктеге,түзуге қатысты симметрия» тақырыбын өткенде, оюлардың бірнеше түрін таныстырып, суретін көрсете отырып, оның қай жерде пайдаланатынын , қандай ою екенін айта отырып симметриялық қасиетінде аша кетуге болады. Оюлардың орналасуының, яғни қандай фигуралармен тікелей байланысты екенін анықтауға болады. Математиканың

ұғымдары ұзақ уақыт даму жолынан өтті. Функция ұғымы да сондай жолдарды кешті, оның негізі адамдар қоршаған ортадағы құбылыстардың өзара байланыстылығын түсінгеннен басталады. Адамдар санау білмегенмен, аңшылықта мейлінше көбірек бұғылар ауланса, халықты аштықтан мейлінше ұзағырақ уақытқа құтқаратынын, садақтың жебесі қаттырақ керілген сайын , жебе мейлінше алысырақ ұшатынын, алау көбірек жанған сайын інде жылырақ болатынын түсінген болатын. Мал өсірудің, егіншіліктің, айырбас сауданың дамуына байланысты адамадарға белгілі шамалар арасындағы тәуелділік саны көбейе түсті. Математикада ұқсас сәйкес орнататын кез келген ереже функция деп аталады. Функция белгілерін және өзгерісін график арқылы анық көруге болады. Сонымен адамға табиғаттың заңдылықтарын білу алуан құбылыстарды түсіндіру және болжау мүмкіндігін туғызады. Тура осы жағдайды қазақтың мақал-мәтелдері мағынасымен сәйкестендіріп, функция ұғымын толық ашып көрелік.

Жобаларды ұйымдастыру:

№1 жоба. **Тақырыбы:** Ертедегі қазақтың өлшем бірліктері.

Жоба мақсаты: Қазақстан Республикасында тұрып жатқан халықтардың математикадағы этнопедагогикалық байланысы.

Жоба міндеті:

- Қазақтың байырғы өлшем бірліктерінің мағынасын түсіну;
- ҚР-ғы басқа ұлттардың өлшем бірліктермен салыстыру, ауыстыру;
-Жаңа өлшем бірліктер мағынасы, оның қолдануы;
-Математикалық сауаттылығын ашу;-күнделікті тұрмыста қажеттілігі туатын экономикалық мағынадағы есептерді шеше білуге үйрету .

Өзектілігі: қазақтың байырғы өлшем бірліктерінің мағынасын түсіне отырып, оны қазіргі өлшем бірліктерімен байланыстыра, салыстыра отырып қолдану, логикалық есептер шығаруда мысалдар шеше білу, жаңа математикалық-экономикалық сауаттылық дағдыларын дамыту жұмыстарын ұйымдастыру әдіс -тәсілдерін жүзеге асыру.

№2 жоба

Тақырыбы: Таңқаларлық нәрселер біздің жанымызда.

Мәселе:Функция графиктері , қасиеттері .

Мақсаты:Функция графигі курсы бойынша алған білім-біліктерін жан-жақты пайдалана білуге үйрету.

Міндеттері:

-Функция графигін салу;

-Қазақтың ою-өрнектеріндегі симметирялық ұғымын түсіну;

-Қазақтың мақал-мәтелдер мағынасын график арқылы бейнелеу немесе графикті мақал-мәтелдерге сәйкестендіруге мысалдар келтіре білу;

-квадраттық теңдеу шешімдерінің қасиеттерін қазақтың мақал-мәтелдеріне сәйкестігін анықтап,сипаттап, жеткізе білу.

Графиктерді бейнелеуде интерактивтік тақта мүмкіндіктерін қолдануға болады. Яғни, оқушылар интерактивтік тақта мүмкіндігінің бірі - затқа қозғалыс енгізу қасиетімен дайындалған функция графиктерінің суретін қарастырады.

Жобаның жетістігі практика жүзінде қолданылуы болып табылады.

Сонымен математиканы оқыту үрдісінде этнопедагогиканы қолдану арқылы жобалау нәтижесінде оқушылар негізгі білімдерін жан-жақты толықтырып, кез келген жағдайда пайдаланады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. 21 ғасыр педагогикасы мектеп табалдырығында . Ақпараттық - әдістемелік дайджест. (А.Ә Жайтапова, Г.А Рудик , Е.В Белошниченко, А.С Сатывалдиева – Алматы:ББЖ КБАРИ, 2009,-304)
2. Этнопедагогика народов Казахстана. Сборник научных трудов. (Под редакцей Г.Н Волкова и К.Н Кожахметовой – Алматы: «Алем», 2001,-305с)
3. Ою-өрнектің жасалу жолдары Алматы «Қанағат ЛТД»1993

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІ ЖАҚТАРЫ

Жайханова Асел Каиргаликызы
Ақтөбе қаласы М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі
дене шынықтыру пәні

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді.

Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі
саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты.

Қазіргі кезеңде жалпы орта мектептердегі оқу бағдарламаларын құрастыру бағыт-бағдары өзгерді. Дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық процестер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып, тәжірибеге сын көзбен қарап, дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен дене мәдениетін меңгерген маман даярлаудың маңыздылығы артуда.

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

Елімізде бәсекеге қабілетті білім - білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр. Дамудың алдыңғы қатарындағы елдердің білім дәрежесімен теңесу - еліміздің біліми саясатының негізгі көздегені. Дамыған елу елдің қатарына енудің алғышарттарының бірі де

осы сапалы да бәсекеге қабілетті білім. Сондықтан да еліміздегі мектептердегі білім берудің басты ұстанымдары мен міндеттері, әрекеттері, жолдары осы мақсатқа орай ұйымдастырылады.

Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Дене тәрбиесін жүзеге асыру – денсаулықты нығайту, білім беру, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін шешуге арналған педагогикалық жұмыстардың бірі бола отырып, жеке тұлғаның денсаулық деңгейін арттыру, табиғи күш-қуатын нығайту, дене мүшелерін гигиеналық негіздері мен дене- қозғалыс қабілеті мүмкіндіктеріне сай, өз бетінше қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындап, өзін- өзі үнемі дамытып, көңілді де сергек жүруге баулиды. Дене тәрбиесі және спорт мамандары күрделі әлеуметтік міндеттерді шешуге араласумен бірге оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне сай, оқу-тәрбие міндеттерін шешуде олардың рухани жетекшісі де болуы тиіс.

Оқушыларға дене шынықтыру сабақтарында жаңа технологияны пайдалану оқыту мен тәрбиелеудің жалпы заңдылықтарына бағынған. Сондықтан оны іске асыру барысында дене тәрбиесінің жас және жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, осы заңдылықтарды көрсететін жалпы педагогикалық ұстанымдарды басшылыққа алу қажет. Ол ұстанымдарға жататындар: жан- жақтылық, саналылық пен белсенділік, бірте-бірте жасалатын әрекет, қайталамалық, көрнекілік, жеке даралық.

Оқу үдерісінің үздіксіздігі негізгі үш қағидаларда көрініс тапқан:

а) оқу-тәрбие үдерісі көп жылғы және жыл бойындағы сипатқа ие болуы тиіс;

ә) сабақ барысында әрбір келесі сабақтың әсері алдыңғы сабақтың ізінше қатпарлы әсер қалдыруы тиіс, себебі жас оқушының ағзасында алдыңғы сабақтардың әсерінен пайда болған жағымды өзгерістер беки түсуі және жетіле түсуі қажет;

б) демалыс жұмыс қабілетін қалпына келтірудің арта түсуі үшін жеткілікті болуы тиіс.

Дене жүктемелерін бірте-бірте және жоғары деңгейге арттыру ұстанымы олардың көлемі мен қарқындылығының, оқушыны дайындауға қойылатын талаптардың бірте-бірте күрделенуінің үздіксіз арта түсуімен байланысты болып келеді.

Сабақтарды бір-бірте күрделендіру оқушыны дайындаудың мүмкіндіктері мен деңгейлеріне сәйкес келіп, олардың спорттық жетістіктерінің үздіксіз арта түсуін қамтамасыз етуі тиіс. Дене жүктемелерінің толқынды түрде өзгеру ұстанымы олардың динамикасының толқынды сипатын көрсетеді, себебі ол салыстырмалы алғанда оқу-тәрбие үдерісінің кішігірім үзіндісіне, немесе сабақтардың кезеңдері мен тұтас бір дәуіріне де тән болуы мүмкін.

Спорттық техника мен оны жаңа тұрғыда жетілдіруге үйрету әдістерінің кез-келген түрінің жағымды жақтары бар, бірақ ол жеке қалпында шапшаң әрі тиімді үйретуді толық қамтамасыз ете алмайды, сондықтан спорттық техниканы меңгеру барысында барлық әдістер бірін-бірі толықтыратын түрде қолданылады. Олар жиірек бір уақытта пайдаланылады. Қимыл-қозғалыстарды белгілі реттілікте игеру. Атап айтқанда: дайындалып жүрген оқушылардың оқуға деген жағымды ынтасын қалыптастыру; қозғалыс қимылының мәні туралы білімді қалыптастыру; әрбір спорт түрлері бойынша үйренетін қозғалыстар туралы толық түсінікті қалыптастыру; үйренетін қозғалыс қимылын тұтастай игеру. Сөйтіп, қимылға үйрету дегеніміз - бұл білім алу, қозғалыс икемділігін қалыптастыру және тиісті дене жағынан қалыптасудың қасиеттерін тәрбиелеу.

Дене тәрбиесі сабағында оқытудың дәстүрлі емес құралдарын қолдану барсында оқушылардың дене тәрбиесін дамыту технологияларын жетілдіруге; дене тәрбиесі сабақтарында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге, дене тәрбиесі арқылы жеке тұлғаның психофизиологиясын өзгеруге: өзін-өзі реттеуін қалыптастыру; дене тәрбиесі сабақтарын

пәнаралық байланыс арқылы жетілдіру; дене қабілетін рухани құндылықтар арқылы дамыту; релаксация арқылы жеке тұлғаның психофизиологиялық қабілеттерін дамыту; психикалық қуат мүмкіндіктері мен дене тәрбиесін сабақтастырып дамытуға тағы басқа да қол жеткізуге болады.

КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС ЖАСАУҒА БЕЙІМДЕУ

Жакупова Бакытгул Жеткербаевна
Т.Г.Шевченко атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Елбасының «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында: «Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек» делінген, XXI ғасыр - бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді.

Бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру барлық педагогикалық ұжымдардың бірігуін талап етеді.

Оқушылардың белсенділігі мен танымдық іс-әрекеттері арқылы шығармашылығын дамыту, осыған орай оқытуды ізгілендіру, қазақ мектептерінің алдында тұрған үлкен міндет екені белгілі.

Шығармашылық - адам іс-әрекетінің түрі. Шығармашылық қабілеттердің дамуы, бүгінгі таңда негізгі нысана болып, ал оқушыда шығармашылық белгілердің болмауы –үлкен мәселеге айналып отыр. Өйткені, өмірдегі, қоғамдағы сан алуан қиыншылықтарды шеше білу тек шығармашыл адамдардың ғана қолынан келеді.

Технология пәнінің мақсаты шығармашылықпен жұмыс жасауға ықпал ете отырып, қазіргі заманның жаңа технологиялық мәдениетіне бейімдеу. Технология пәнін оқытуда – еңбек етудің алғышарттарын үйрену арқылы оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Технология пәнінде оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру жолдарының бірі - шығармашылықпен жұмыс жасауға бейімдеу. 5-9 сыныптар аралығында технология пәні тарауларының барлығына шығармашылық жоба берілген. Осы жобаны пайдалана отырып оқушыларды шығармашылықпен жұмыс жасауға үйрету маңызды.

Жоба - оқушылардың өз білімдерін практика жүзінде қолдануға, қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін өз бетімен атқаратын қорытынды жұмысы.

Жобаны орындау барысында оқушылар инновациялық шығармашылық қызметтің алгоритмін меңгереді, ақпаратты өздігінен іздеу, талдауды үйренеді, біліміндегі кемшілікті толықтырады, шығармашылық міндеттерді шешу тәжірибесін жинақтайды.

Егер оқушылар жобаның идеясын өздері ұсынып, жоспарын құрса, өздері жүзеге асырса, онда бұл **шығармашылық жоба** болады.

Шығармашылық жоба - әр оқушының жыл сайын мұғалімнің көмегімен орындайтын өзіндік жұмысы, басқаша айтқанда, технология пәні бойынша жүргізілген шығармашылық жұмыс.

Оның мақсаты:

1. Шығармашылық жоба барысында өз бетімен шығармашылық жұмыс жүргізе білуге, іскерлікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

2. Күнделікті тұрмысқа қажетті сұраныс туғызатын, қазіргі заман талабына сай жаңа бұйым жасап шығару;

3. Ұмыт болған халкымыздың қолөнерін жандандыру. Оны жаңа дизайн талаптарына сай әсемдей білуге үйрету, тұтыну бұйымдарын еңбек объектісі ретінде пайдалана отырып, танып білу.

Шығармашылық жобаның технология пәнінде алатын орны өте зор. Шығармашылық жоба арқылы оқушының ұлттық дүниетанымы, эстетикалық талғамы дамиды, алған білімдерін жинақтап қорытуға және өзінің орындаған жұмысын қолдана білуге үйренеді, логикалық ойлауы дамиды. Оқушылар санасына жас кезінен бастап еңбек етуінің қажеттілігін, маңыздылығын сіңіру, пайдалы іс жасауға, қандай іс болса да шын ниетпен және ұқыпты орындауға дағдыландырады.

Өзім танып білгеннің бәрі маған не үшін керек, ол білімді қайда және қалай пайдалануға болатынын мен білемін -шығармашылық жобаның негізгі мәні осында.

Шығармашылық жобаны орындау барысында мұғалім ескеруі тиіс:

• оқушылардың осы іс-әрекетке даярлық деңгейі;
• оқушылардың мәселеге қызығуы;
• шығармашылық жобаны орындауда оқушылардың жаңа білім меңгеруі;
• Шығармашылық жобаның практикалық маңыздылығы;
• Шығармашылық жобаны жүзеге асыру мүмкіндігі;
• алған білім, іскерлік, дағдыларын пайдалану мүмкіндігі;
• міндеттердің оқушылардың мүмкіндігіне сәйкестігі;
• қажетті материалдық-техникалық құралдардың болуы;
• экологиялық және экономикалық талаптарға сәйкес келуі;
• мектептің білімдік ресурстарын пайдалану.

Шығармашылық жобаны таңдағанда қойылатын талаптар:

1) Таңдалған заттың өзіңе жақсы таныс, түсінікті, қызықты болу керек.

2) Ол қандай материалдан орындалатыны, ондай материалды таба алатындығың және оны қолдана қолдана алатындығыңды ойластыу қажет.

3) Таңдаған заттың тұрмыста пайдаланылатын орнын білуің қажет.

4) Таңдаған заттың сенің шығармашылығынды көрсете ала ма? Алға қойған мақсат – міндетіңді орындай аласын ба? Осының барлығын ойластыру керек.

Шығармашылық жобаны орындау жүйесі:

I. Ұйымдастыру, дайындық, кезеңі.

- Жобаны негіздеу;
- Үлгі тандау. Жасалатын бұйымның үлгі сұлбасын сызу, суретін салу;
- Материалдар мен керекті-құрал жабдықтар дайындау;
- Жұмыс орнын ұйымдастыру.

II. Техникалық кезең.

- Техникалық жұмыстарды орындау;
- Еңбек қауіпсіздік ережелерін сақтау, .

III. Қорытындылау кезеңі, жүйелеу.

- Дайын бұйымды бағалау;
- Шикізат шығынын есептеу;
- Шығармашышық жобаны қорғау.

IV. Шығармашылық жобаға қойылатын негізгі талаптар.

- Өзіндік қызығушылығы;

- Әлеуметтік-экономикалық жағдайдың сәйкестігі, күрделілігі,
- Оқу кабинетінің материалдық техиикалық базасына сай болуы;
- Өзіндік кәсіптік айқындалуы;
- Өз мүмкіндігін ескеру;
- Өз өнімдерін іске асыру, тұтыну.

V. Жобаны жарнамалау.

- Өнім белгісі;
- Өндірістің аты;
- Бұйымның аты, қолдану;
- Жарнамалау.

VI. Шығармашылық жобаны қорғау

- Жобаның күнделігі
- Оқушы өзінің дайындаған шығармашылық жобасын қорғап, жұмысын қорытындылайды.

Осы бөлімдер арқылы оқушы не жасау, қалай жасау керек, материалдық шығыны қанша болады, қандай өзгерістер енгізу керек деген сұрақтарға оңай болжамдар жасай алады.

Мұғалім оқушылардың шығармашылық жұмыстарына көп көңіл бөлу керек, сонда оқушылар күрделі керемет жұмыстарды алып шығады. Шығармашылық жобамен жұмыс барысында практикалық міндеттер өзіндік үнемі ізденіске итермелейді, әр техникасын өз бетінше үйрену, алдына мақсат қоюға және өз күшімен орындауға үйренеді.

Өзімнің ұстаздық қызметімде оқушыларды шығармашылық жобамен жұмыс істеуге баулып отырамын. Бірқатар оқушыларым облыстық, аудандық шығармашылық жоба байқауларына қатысып, жүлделі орындар иеленді. Атап айтсам, Абдигаппарова Нұрсауле облыстық «Алтын қазына» байқауы «Ұлттық ою-өрнегі бар халықтық киімдердің үлгісін жасау» номинациясы бойынша II орын, Нағашыбай Мадина облыстық ұлттық салт-дәстүр және әдет-ғұрыптар «Кеше, бүгін, ертең» атты шығармашылық байқауын жүлделі II орын, Ерланқызы Гүлбина аудандық «Сіз татпаған қазақтың көне тағамдары» атты шығармашылық жоба байқауында II орынға ие болды.

Оқушылар шығармашылық жобамен айналыса отырып болашақта өз ойын барлық жерде еркін айтып, жаңа жетістіктерден көрінетін оқушыларға айналары сөзсіз. Ендеше мектепте оқушыны ізденушілікке баули отырып, өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектесуіміз қажет. Дарынды да, қабілетті оқушыларды шығармашылыққа баулу арқылы егемендігімізді нығайтуға үлес қосайық!

Әдебиеттері тізімі:

1. «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасы.
2. Новиков А.М., Новиков Д.А. Образовательный проект: методология образовательной деятельности. - М., 2004.
3. Пахомова Н.Ю. Метод учебного проекта в образовательном учреждении: Пособие для учителей и студентов педагогических вузов. - М.: АРКТИ, 2003.

ТІЛДІ ОҚЫТУДА КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ,ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ

Жалғас Гүлбану, Койшыбаева Аяулым Саиновна
Ақтөбе қаласы М.Арын атындағы ҚҚОМ
ағылшын тілі пәні мұғалімі

«Тіл - халық рухы, халық рухы - оның тілі» деген екен атақты неміс ойшылы, тілшісі Вильгелм Гумбольдт. Ұлтаралық қатынастардың негізгі дәнекершісі - тіл. Алайда тіл туралы толғанғанда оны әлеуметтік өмірмен, болашақпен тығыз байланысты қарастыруымыз қажет. Тіл үйренуде ЫНТА, ЗЕЙІН, ТАЛАП, БЕЙІМДІЛІГІ, ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ, ДАМЫТУ, МЕҢГЕРУ үдерістері қатар, яғни бірге жүруі тиіс.

Ықылас пен ынта болмаған жерде еңбектің өнбегі болмақ емес. Ал ықылас пен ынта, тіл білсем деген құштарлық пен құлшыныс өзінен - өзі келмейді. Бұлар үйренуші мен үйретушінің объектіге деген қатынасы негізінде туындайды. Әлбетте, бұл өз кезегінде тілге деген әлеуметтік қажеттілікті екі жақтың бірдей сезіну, сезінбеуіне тікелей байланысты. Олай болса, әлеуметтік қажеттілікті ұғыну мен ұғындыру ісі оқу-ағарту саласының барлық арнасы бойынша, атап айтқанда, балабақша, мектеп, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында, мамандық жетілдіру, ересектерді оқытатын курстар мен үйірмелерде жоспарлы жүргізілуі тиіс.

Аса көрнекті орыс педагогы К.Д. Ушинскийдің балаларды 11-12 жасқа дейін тек ана тілінде оқыту керек деген концепциясы адамның физиологиялық, интеллектуалдық ерекшеліктерін жан-жақты зерттеуден туған ғылыми қағида екенін біз қазір ұмытып кетіп жүрміз. К.Д. Ушинский бұл арада басқа тілдерді еркін меңгеру үшін балалардың әуелі өзінің ана тілінің бар байлығын жеткілікті дәрежеде игеріп алуы қажеттілігін айтады. Сонда өз ана тілінің фонетикалық әуезі мен лексикалық, грамматикалық, синтаксистік конструкциясын жақсы меңгерген шәкірт екінші тілді де тез үйренеді. Өйткені ол бір тілді жан-жақты сіңірген соң, сол тілдің тәжірибесі оған енді екінші тілді үйренуге үлкен база болады.

Жалпы, әуелі бір тілді дұрыс меңгеріп алмаған сәбиге екінші тілді тықпалау оның бойында тілдік қана емес, рухани диградация да туғызатынын жасырып қалу адалдық болмас еді. Сондықтан тілді үйренуді бала организмінің рухани жетілу үдерісімен ыңғайластырып жүргізбесек, жалғандыққа, жалаңдыққа ұрынуымыз оп-оңай.

Жүсіпбек Аймауытов "Баланы тілге жаттықтырудың мағынасы: баланы сөйлеуге, басқалардың сөзін ұғуға, өз бетімен жазуға, оқуға төселдіру. Бірақ бұл мағынасыз әдеттендіру, құрғақ төселдіру емес, тілге жаттығумен бірге адам ойлауға да жаттығады″ Тіл адам жанының тілмашы, тілсіз жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түпкіріндегі асыл ойлар жарық көрмей қор болып қалар еді. Адам тілі арқасында жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады" деп жазады.

Мектеп оқушыларының бойындағы коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыруда пікір сайыс сабақтары, ғылыми жоба сайыстары, ғылыми конференциялар мен таңдау курстарының маңызы ерекше. Бұл бағыттағы жұмыстарда оқушының риторика, тіл мәдениеті аймағында сөз әдебі мен көркем сөз нормаларын меңгеруі арқылы әдеби тілге нәр беретін қайнар сөздер синонимдер мен фразеологизмдер тілдің көркемдегіш құралдарын қолдану дағдысы қалыптасады. Сонымен қатар қоғамда талап етілетін мемелекеттік және басқа да тілдерді игерту негізінде коммуникативтік құзіреттіліктерін қалыптастыру көзделеді. Тұлғаның тірек құзырлылықтарының бірі ретінде танылып отырған коммуникативтік құзіреттіліктерін қалыптастыру оның тілдік білімін тереңдетумен қатар сөйлеу біліктілігін де жетілдіреді. Әрі тұлғаның әдеби тіл нормаларын меңгеру сапасы жоғарылайды. Тілді пайдалану – сөз. Қазақ сөз деп тілдің жарыққа шыққанын, тілдің қолданысын айтады. «СӨЗ»

деген сөздің алты-жеті түрлі мағынасы бар. Соның біреуі «лингвистикалық термин» тіл мамандары пайдаланады. Айтылған ой, өлең, ұсыныс та сөз. Сондықтан сөз мәдениеті дегеніміз – тілдің қолданысындағы мәдениеті. Ал тіл мәдениеті дегеніміз – дұрыстық, нормалық.

Бүгінгі күні әдеби тілде жазып, әдеби тілде сөйлеуге ұмтылудамыз. Әдеби тілде сөйлеу деген мақалдап, мәтелдетіп отыру емес. Дұрыс сөйлеу. Сөйлемді дұрыс құру, сөзді дұрыс дыбыстап айту. «Шекара» демей, «шегара» деп, «қол қойылды» демей, «қол ғойұлды» деп сөйлеу. Сөздің мәдениеті дегеніміз сөздің дұрыстығы, норманы сақтау. Норма – жүйелілік, тәртіп. Тәртіпсіз ешнәрсе болмайды. Тілдің де тәртібі бар. Жазу тілінің де, ауызша сөйледің де тәртібі бар. Көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын меңгерту, пікірталас түрлеріне сай тілдік құралдарды ойларын дәлелдеуде пайдала білу, тілді әлеуметтік қызметіне сай орынды жұмсай білуге үйрету мақсатында берілетін білім мен іскерлік дағдылардың шығармашылық бағытта өрістеуі арнйы немесе бағдарлы курстарда жүзеге асады.

Коммуникативтік құзіреттіліктің өнімді топтық қатынас аспектісі бойынша оқушы тапсырмаларды орындау іс-әрекеті кезінде пікірін қорғауға, өзіне берілген міндетті орындай отырып ойын дәлеледеп айта білуге, сұрақ қоя отырып тапсырмаға сәйкес жауап беруге дағдыланады.Берілген тақырыптарға баяндама, ғылыми жоба жұмыстарын дайындау кезінде көпшілік алдында сөз сөйлеу аспектісі бойынша қисындық байланыс құралдары мен көрнекіліктерді сауатты пайдалануға дағдыланады. Оны жазуда, қорғауда тиімді тәсілдерді қолдану біліктілігіне төселеді. Жаһандану үдерісі, жаңа әлеуметтік-мәдени талаптар және мемлекетіміздің экономикалық деңгейінің өсуі шет тілін оқытуды одан әрі жетілдіру мен жеделдетуді талап етеді.

Көптілділік - екі не одан да көп тілді қоғамның қажеттілігі, сол өмірлік қажеттіліктің өтемі, қоғамдық, тарихи категория.Жалпы көптілділік қостілділіктен бастау алатынына ешкім күмән келтірмес деп ойлаймын. Қостілділік - игілікті құбылыс. Қостілділік - көпұлтты қоғамда тілдердің дамуына қолайлы жағдай туғызылған болса, адамдарға интернационалдық тәрбие берудің қуатты құралы болар еді. Қостілділік пен қоғамның өзара байланысы- «Тіл мен қоғам» деп аталатын жалпы өзара байланысты проблеманың құрамдас бөлігі. Қостілділік осыдан біраз бұрын әркімнің-ақ арманы болатын. Көпұлттылық жағдайында кәрі-жастың күнделікті керегі, өмірлік қажеті.

Көптілді тұлғаны тәрбиелеуде, оқыту үдерісінде дәстүрлі және жаңа оқыту әдістері: диалог, әңгіме ойын түрлері, оқып жүрген тіл уәкілдерімен кездесу тәсілдерін қолданған жөн.Шет тілін жетілдіре және жеделдете оқытуда ең бірінші білім берудің инновациялық педагогикалық технологияларын меңгерген, ізденушілік, зерттеушілік және шығармашылық қызмет дағдылары мол мамандар қажет. Қандай әдіс-тәсілді қолдану тіл үйретуші мамандарға байланысты. Мектептегі оқу-тәрбие жұмысының негізгі формасы – сабақ. Оны шеберлікпен ұйымдастыру арқылы ғана жетістікке жетуге болады. Қай тіл болмасын оны оқыту мен үйрету бүгінгі күн талабына сай болу үшін ұйымдастыру мен басқаруды жетілдіру керек. Мұғалімнің жұмысының нәтижелілігі, ең бастысы – сабақ мақсатының айқын болуы. Сонда үш біріккен мақсат: оқыту, дамыту, тәрбиелеу сөзсіз сақталады. Ағылшын тілін оқытуда технологияның басты тиімділігі - оқушыны үнемі әрекетке қосады. Үш кезең арқылы өздігінен үзіліссіз білім алуға ынталандырады. Оқушы әрі талдай, әрі салыстыра отырып , негізгі білімді өздігінен меңгеруге әрекеттенеді. Тілдік категориялардың лексика-граматикалық құрылымын игертіп ауызша, жазбаша тілді қолдану аясын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Шет тілі пәні үшін қызықты да қиын. Қазіргі таңда мектептерде шетел тілін оқыту жүйесі жан-жақты дамыған түрде қарастырылуда. Мектеп тәжірибесі көрсеткендей шет тілі сабақтарында интерактивті тәсілдер оқушылардың интеллектуалдық белсенділіктерін, танымдық қасиеттерін , логикалық ой, талдау, салыстыру қабілеттерін жетілдіріп еңбек сүйгіштікке тәрбиелейді. Яғни түрлі тілдік ойындар , танымдық ойындар , эстафеталар, түрлі

жағдаяттарға құрылған рольдік ойын , диалогтар, дебаттар, білім сайыстарын сабақта қолданудың маңызы зор. Топпен жұмыс істеу оқушылардың бірін бірі тануына, тыңдау мен пікір алысу мәдениетінің қалыптасуына да өз әсерін тигізеді. Құзыреттілік ұстанымын іске асыру қазіргі мектеп үшін төңкеріс сипатына тән емес. Бүгінде оның элементтері, мысалға, оқушылардың дербес таным жұмысын ұйымдастырумен байланысты ізденіске бағдарлайтыны қазіргі технологияларға тәуелді, ал оның оқу үрдісіне енгізілуіне сәйкес кейбір элементтері кеңінен қолданылып жүр. Бүгінгі таңда білім беру жүйесін дамытпалы оқу технологиясына ыңғайлау қажеттілігі туды. Дамыта оқыту мен жеке тұлғаны қалыптастыру идеаясын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін. Ж.Қараевтың «Оқытудың үш өлшемді әдістемелік әдістемелік жүйесінің педагогикалық технологиясы». Ағылшын тілін оқытуда бұл технологияның басты тиімділігі:

- оқушыны үнемі әрекетке қосады;
- тілдік категориялардың лексика-грамматикалық құрылымын игертіп, ауызша, жазбаша, тілді қолдану аясын кеңейтуге мүмкіндік береді.
- оқушы әрі талдай, әрі салыстыра отырып, негізгі білімді өздігінен меңгеруге әрекеттенеді.

Оқушыларға білім беруде, тілді оқытуда, тәрбие беруде олардың бойында коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыруда тіл үйретушінің алатын орны зор. Тілді меңгертуде жоғарыда қарастырылғын мәселелер ескерілсе, ісімізден нәтиже шығары сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан мектебі 1-5. 2010 жыл
2. Республикалық әдістемелік журнал «Мектептегі шет тілі» №1-6. 2004 жыл
3. Республикалық әдістемелік – педагогикалық журнал «Мектептегі шет тілі» № 5-7. 2008 жыл
4. Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері № 3-4. 2006 жыл
5. Республикалық ғылыми - әдістемелік журнал «Ағылшын тілі мектепте» №1-5 2010 жыл

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жалгасбаева Мирамкул Тажибаевна
Жарөткел негізгі орта білім беретін мектебінің математика пәні мұғалімі

Қазақстанның қазіргі заманғы даму үрдістері республиканың білім беру саласына бірқатар жаңа талаптар мен міндеттер қояды. Қазіргі мектептің маңызды міндеттерінің бірі – функционалды сауатты адамдарды тәрбиелеу және оқыту. Бұл ретте оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың жоғары деңгейі қоғамда тиімді жұмыс істеу қабілетін, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі іске асыру қабілетін болжайды. Демек, қоғамға функционалды сауатты, нәтижеге жұмыс істей алатын, белгілі бір әлеуметтік маңызды жетістіктерге қабілетті адам қажет.

Функционалдық сауаттылық ұғымы өзінің дамуында 1960 жылдардан бастап бірнеше кезеңнен өтті. Бүгінгі таңда функционалды сауаттылық өзгермелі әлемде адамның сәтті қызмет ету құралы ретінде танылады. Бұл тұжырымдамада оқу сауаттылығын, математикалық және жаратылыстану сауаттылығын ажырату әдетке айналған.

Функционалдық сауаттылық -бұл мектепте алған дағдыларға сүйене отырып, қиын өмірлік жағдайда шешім табу мүмкіндігі.

Бұл термин XX ғасырдың 50-ші жылдарының соңында пайда болды және ЮНЕСКО адамның «оқуды, жазуды және санауды өзінің дамуы үшін және қоғамның (әлеуметтік ортаның) одан әрі дамуы үшін пайдалану мүмкіндігі» деп атады [1].

Орта буын оқушыларын оқыту кезінде оқылған материалды дұрыс түсінбеу, тіпті қарапайым деңгейде де тапсырмаларды түсінбеу және орындай алмау, соның салдарынан оқытылатын пәнді мүлде түсінгісі келмеу мәселелерімен жиі кездесеміз. Бұл жерде оқушының білім алуға кедергі жасайтын негізгі факторы ретінде функционалдық сауатсыздық туралы мәселе туындайды.

Демек, мұғалімдерге сыртқы ортамен қарым-қатынас жасай алатын және оған тез бейімделе алатын және жұмыс істей алатын студенттерімізді тәрбиелеу, оқыту, дамыту үшін үлкен жауапкершілік жүктелген.

Мектеп мұғалімдері күшті пәндік білім береді, бірақ оларды нақты өмірлік жағдайларда қолдануға үйрете алмайды. Осыған байланысты оқушылар нақты жаһандық мәселелерді түсіне алмай, шешу жолдарын іздестіру қабілетін игере алмайды.

Осыған байланысты оқушылардың функционалдық сауаттылығын енгізу проблемасы туындайды.

Әлемдік білім беру кеңістігіне табысты ену көрсеткіштерінің бірі – функционалдық сауаттылықты қалыптастыру басым міндеттердің бірі ретінде белгіленген білім берудің халықаралық стандарттарын енгізу. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру серпінді және шығармашыл, жауапты және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастырудың шарты болып табылады. Балалар тек білім мен дағдыларды ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынас пен құндылықтарды құруды үйренуі керек [2].

PISA зерттеуі – халықаралық білім алушыларды бағалау бағдарламасы ерекше қызығушылық тудырады. Бұл бағдарлама білім жетістіктерін бағалаудың құзыреттілік тәсілін алғаш рет жүзеге асырып отыр.

PISA халықаралық зерттеуі функционалдық сауаттылықты келесі компоненттер түрінде ұсынады:

Оқу сауаттылығы – мәтінді оқу және түсіну (оның ішінде тапсырманы, нұсқауларды, сұрақты тұжырымдау);

Математикалық – есептеулер ғана емес, сонымен қатар логика, құрылымдық ойлау;

Жаратылыстану – әртүрлі құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндіре білу, зерттеу әдістерін қолдана білу;

Қаржылық сауаттылық– негізделген қаржылық шешімдер қабылдау мүмкіндігі;

Шығармашылық ойлау – жағдайдан шығудың стандартты емес және шығармашылық жолын ұсына білу;

Сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін еркін меңгеруді көздейтін *коммуникативтік сауаттылық* - өзгенің ауызша және жазбаша тілін барабар түсіну қабілеті, өз ойын ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде, сондай-ақ ауызша және жазбаша сөйлеу нысандарының белгілерін біріктіретін компьютерде өз бетінше білдіру;

Ақпараттық сауаттылық-оқулықтарда және анықтамалық әдебиеттерде ақпаратты іздеу, Интернеттен және оқу мазмұнының ықшам дискілерінен, сондай-ақ басқа да көздерден ақпарат алу, Ақпаратты өңдеу және жүйелеу және оны әртүрлі тәсілдермен ұсыну мүмкіндігі;

Ғаламдық құзыреттіліктер – кең ойлау, жаңа жағдайларға бейімделу, қарым-қатынас дағдыларын қолдану.

Сәйкесінше, қазақ тілі және қазақ әдебиеті сабақтарында оқу сауаттылығы, алгебра және геометрия сабақтарында — математикалық, география, биология, химия, физика сабақтарында — жаратылыстану-ғылыми және т.б. функионалдық қабілеті дамиды.

Сондықтан функционалды сауатты оқушының үйлесімді дамуын білім беру процесінде барлық мектеп пәндерінің өзара байланысы арқылы ғана жүзеге асыруға болады.

Жалпы айтқанда, функционалдық сауаттылық - пәнаралық дағды. Бұл мектеп бағдарламасын игерудің мета – пәндік нәтижелерімен, дәлірек айтсақ, әмбебап оқу іс — әрекеттерімен, UUD (жеке, танымдық, реттеуші, коммуникативті) және өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру) і тұжырымдамасымен байланысты болады [3].

Бұл функционалдық сауаттылық жай ғана жаңадан пайда болған тенденция емес, қазақстандық және әлемдік білім беруді дамытудың негізгі тенденциясы, оны әрбір заманауи кәсіби педагог өз қызметінде пайдалана білуі керек деген сөз. Мәселен, соңғы жылдардағы ҰБТ-дағы елеулі өзгерістер де функционалдық сауаттылықтың ықпалының көрсеткіші.

Сабақта оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды қалай бастау керек?

Жетістікке жетудің ең қолайлы нұсқасы - оқылатын пәндерге тиісті тапсырмаларды қосу. Мұны келесідей жасауға болады:

- кез-келген сабақтың басында және сабақтың соңында жұмыс ретінде-бес минуттық тапсырма алу(тест, жазбаша тапсырмалар, фронталды шолу және т.б.);
- материалды жаңарту, қайталау немесе бекіту үшін тақырыпқа сәйкес тапсырмалармен толықтыру;
- сабақтың басында жаңа тақырыпты болжау мақсатында тапсырма беру.
- оқушылар жаңа материалды оқуға белсенді қатысуы керек;
- оқытудың деңгейлік сараланууы, оны қолдану мұғалімнің оқушылармен өзара әрекеттесу стиліне белгілі бір өзгерістер енгізу (оқушы -бұл шешім қабылдауға құқығы бар серіктес), мұғалімнің басты міндеті – балаға өз шешімін қабылдауға және орындауға көмектесу;
- ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану салыстыру, жалпылау, талдау және синтездеу сияқты маңызды зияткерлік дағдылардың негізін қалыптастыру [4, 5].

Оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін бағалау үшін оларға нақты өмірдегі кейбір мәселелерді қарастыруды ұсынатын атиптік тапсырмалар беру керек. Бұл мәселелерді шешу, әдетте, бейтаныс жағдайда білімді қолдануды, жаңа шешімдерді немесе іс-әрекет тәсілдерін іздеуді талап етеді, яғни, шығармашылық белсенділікті қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Все говорят о функциональной грамотности: что это за зверь и как его приручить// https://repit.online/blog/post/formirovanie-funkcionalnoj-gramotnosti-shkolnikov.html
2. Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасын бекіту туралы// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000471
3. Ермоленко В.А., Перченок Р.Л., Чер-ноглазкин С.Ю. Дидактические основы функциональной грамотности в современных условиях: Пособие для работников системы образования [Текст] / Российская академия образования, теории образования и педагогики. - М.: ИТОП РАО, 1999.-228 с.
4. Формирование функциональной грамотности в начальной школе// https://www.prodlenka.org/metodicheskie-razrabotki/449804-doklad-formirovanie-funkcionalnoj-gramotnosti
5. Методическое обеспечение повышения уровня функциональной грамотности обучающихся// http://skiv.instrao.ru/bank-zadaniy/

ВОСПИТАНИЕ ТВОРЧЕСКОЙ, ВЫСОКОНРАВСТВЕННОЙ ЛИЧНОСТИ ПУТЕМ РАЗВИТИЯ КОММУНИКАТИВНЫХ УМЕНИЙ ВО ВРЕМЯ УРОЧНОЙ И ВНЕУРОЧНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Жаныбекова Марзия Шхатовна,
учитель русского языка и литературы
ККСШ им. М.Арынова г. Актобе

В данной работе рассматриваются пути воспитания творческой, высоконравственной личности и развития коммуникативных умений. Автор останавливается на эффективных методах работы с текстом на уроках русского языка и литературы в условиях обновленного образования, которые способствуют формированию читательской грамотности учащихся, путем применения языковых единиц в четырех видах речевой деятельности: говорения, аудирования, чтения, письма.

В современной образовательной системе Казахстана происходят большие изменения, ориентированные на мировое образовательное пространство. Динамично меняется структура преподавания, направление деятельности учителя и ученика в учебном процессе, когда ценностью становятся не знания как таковые, а самореализация личности благодаря этим знаниям. В связи с этим перед учителем стоит наиболее острая проблема – проблема коммуникативных компетентностей ученика нового времени, так как современная жизнь ставит перед учеником новые цели: свободное владение языком, умение общаться с людьми в различных ситуациях, испытывая при этом чувство комфорта и уверенности в себе.

Именно коммуникативная компетентность начнет играть основополагающую роль, помогая в социализации личности школьника. Как помочь учащимся развивать речь и мышление? Как сформировать интеллектуально – творческую, высоконравственную личность, обладающую коммуникативными навыками, умеющую критически мыслить, самостоятельно решать проблемы, опираясь на жизненный опыт? Решение этих проблем возможно через эффективное построение учебного процесса, применение инновационной методики преподавания с использованием современных технических средств обучения, организацию внеклассных мероприятий по предмету.

И до сегодняшнего времени коммуникативная компетенция считалась одной из важнейших характеристик языковой личности. Но по окончании школы не все учащиеся в должной мере овладевали навыками коммуникации. Основные причины: недостаточное привлечение возможностей различных средств обучения в работу по формированию коммуникативных умений; отсутствие в обучении ситуаций, стимулирующих речевую активность школьников, позволяющих детям более осознанно и свободно пользоваться русским языком в учебных и других целях.

Основная цель обучения в условиях обновления содержания образования-формирование функционально грамотной личности через развитие практических навыков применения языковых единиц в четырех видах речевой деятельности: говорения, аудирования, чтения, письма.

Для достижения поставленной цели на уроках русского языка необходимо решать следующие задачи: учить слушать с пониманием, говорить, читать и писать; формировать лингвистическое отношение к единицам языка.

Акцент делается не на полученные знания, а на процесс их применения.

Для полноценного общения человек должен располагать следующими умениями: правильно и быстро ориентироваться в условиях общения; уметь грамотно спланировать свою речь; выбрать содержание общения; найти адекватные языковые средства для передачи мысли

и обеспечить обратную связь. На уроках русского языка редко уделяется достаточное внимание развитию перечисленных умений и навыков.

В условиях обновленного образования во время учебного процесса на уроках русского языка и литературы наиболее эффективными является работа с текстами и формирование читательской компетентности. На каждом уроке должен присутствовать текст, дети должны научиться его анализировать комплексно, сочетая устную и письменную речь (аудирование и чтение, говорение и письмо).

Известный мыслитель 20 века М.М. Бахтин утверждал: «Где нет текста, там нет объекта для исследования и мышления». Именно при работе с текстом возможна реализация задачи воспитания творческой и высоконравственной личности.

Целью работы с текстом на уроках русского языка и литературы считается постижение закономерностей построения, знакомство со стилистическими, фонетическими, морфологическими, синтаксическими и орфографическими ресурсами языка. Работу с текстом можно разделить на три части: предтекстовые, текстовые, послетекстовые.

При знакомстве с текстом эффективнее использовать следующие приемы: отсроченная отгадка, ассоциации, чтение с остановками, дерево предсказаний.

Во время работы с текстом чаще всего применяю методы: ключевые слова, кластер, фишбоун, инсерт, РАФТ, жигсо, ЗХУ, карта событий, зона значимости

При закреплении содержания текста лучше использовать приемы: « толстые и тонкие» вопросы, синквейн, график эмоций.

Наряду с урочной деятельностью развитие коммуникативных умений учащихся осуществляется и во время внеурочной работы по русскому языку и литературе.

Внеурочная деятельность по русскому языку и литературе – важное звено в учебно-воспитательном процессе. Она дает возможность каждому ученику проявить себя, стать художником, чтецом, поэтом, ведущим конкурса или членом жюри, посетить музей и поучаствовать в викторине. Происходит активизация мотивации в индивидуальной и коллективной деятельности, развивается самостоятельность, формируются межличностные коммуникации.

Внеурочная деятельность — это часть основного образования, направленная на помощь учителю и ученику в освоении нового вида учебного процесса. Она помогает сформировать учебную мотивацию, способствует увеличению образовательного пространства, создаёт дополнительные условия для развития учащихся. Так же происходит выстраивание сети, которая обеспечивает детям сопровождение, поддержку на этапах приспособления, способность осознанно применять в ситуациях базовые знания, различающихся от учебных.

Основными формами занятий являются: проблемные и творческие задания. Под формами организации занятий подразумевается внедрение современных педагогических технологий, что способствует эффективному развитию интеллекта, творческого потенциала и индивидуальных особенностей учащихся.

Модель внеурочной деятельности реализуется через такие формы как: интеллектуальные конкурсы, эссе, олимпиады и викторины, конкурсы и турниры, экскурсии, кружки, секции, олимпиады, соревнования, поисковые и научные исследования, выставки-ярмарки, презентации, соревнования, демонстрации личностных достижений,встречи с интересными людьми, тренинги, защита проектных работ.

Внеклассная работа позволяет детям общаться с наиболее широким, чем на классном занятии, кругом лингвистических явлений, становится источником многообразных художественных впечатлений. Движущей силой внеклассной деятельности является интерес. Если рабочий процесс на уроке регламентирован единой и обязательной для всех программой, то внеклассная работа импонирует школьнику добровольностью участия, свободой индивидуального выбора лингвистического материала, форм общения с искусством слова,

способов творческого самовыражения — возможностью делать то, что он хочет и может: пробовать себя в роли корреспондента, оратора, исследователя и т.п. Внеклассная работа по русскому языку, как правило, проводится в учебном году параллельно с классными занятиями. Обычно она тесно связана с уроком, но, тем не менее, постоянно стремится к некоторой автономности: к расширению и углублению знаний учащихся по предмету, к поискам форм, наиболее адекватно отражающих специфику занятий по интересам. Это кажущееся противоречие — тесная связь с обязательной программой и в то же время выход за ее пределы — составляет одну из особенностей внеклассной работы, которая призвана, развивая познавательные интересы школьника, учитывать и опираться на них.

Таким образом, внеурочная работа признается своеобразной формой научной популяции. Изучение лингвистических интересов школьников показывает, как велико желание детей узнать новое о русском языке.

Список литературы:

1.К.В.Мальцева, М.Н.Борисова Внеклассная и внешкольная работа по русскому языку и литературе в национальной школе М.: Просвещение,1982.-185с.

2.Пособие для учителя.Организация внеклассной работы по русскому языку..- М.: Гуманит.изд.центр ВЛАДОС, 2000.-184с.

3. Т.М. Копжасарова, Утешева К.Г. Методическое руководство. Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» ЦПМ , 2016-18,19с

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАДА ҮЙЛЕСІМДІ ДАМУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жиеналина Г.А.
Ақтөбе қаласы, «№19 орта мектебі» КММ - нің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

XXI ғасырдағы жаһандану процесі адамның жоғары дамуын қамтып, дүниежүзілік интеграцияға алып келді. Осыған орай білім мен ғылым саласында мемлекеттік бақылау күшейтілді. Оқу процесіне жаңа ақпараттық және білім берудің жаңа технологиялары енгізіліп, оқушылардың өздері өмір сүріп отырған ортасында әділ орнын табуына мүмкіндік жасалды.

Ұлттық тәрбие беруде жастарға сапалы білім беріп қана қоймай, олардың өмірге үйлесімді дамуын қалыптастырады. Жастарды сүйіспеншілікке, бауырмалдыққа, қайырымдылыққа, төзімділікке, ізеттілікке баулиды. Жағымды, игілікті қасиеттерге үйретеді. Оқушылардың дамып жетілуіне әлеуметтік ортаның ықпалы зор. Сондықтан болашақта тек мектеп қабырғасында ғана емес әлеуметтік ортада да ұстаздардың алдында өмірге жан – жақты дайындалған, еңбексүйгіш, ынталы, қоғамға үйлесімді, адамгершілік тұрғысынан бай, жоғары білімді ұрпақты оқытып, тәрбиелеу мәселесі тұр.[1,28].

Бүгінгі күні қазақстандық білім беру мазмұнын жаңғырту бағытында Ұлттық және өңірлік деңгейдегі білім беру нәтижелері мен әлеуметтік әсерлердің жүйелі мониторингі жүргізіліп, ЮНЕСКО,ЭЫДҰ және АҚШ халықаралық білім беру статистикасының талаптарын ескере отырып ұлттық білім беруді басқару жүйесінің инфрақұрылымы кеңейтіліп келеді. Оқу пәндері арқылы жас ұрпақтың тұлғалық рухани-адамгершілік құндылықтары және

адамгершілік көзқарастары қалыптастырылады. Сондықтан да, білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, олардың әлеуметтік ортада үйлесімді дамуын қалыптастыру. Қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында мәдени-тарихи құндылықтарды, нормалар мен дәстүрлерді, білім берудің арнайы таңдап алынған мазмұны мен нысандарын пайдалану көзделіп отыр.

Қазіргі оқу-тәрбие процесі адамзат жинақтаған тәжірибені келесі ұрпаққа беру мақсатын сақтай отырып, жас ұрпақтың әлеуметтік қажеттіліктерді түсінуіне бағытталады. Болашақ қоғам иесі саналатын бүгінгі ұрпақты оқытуды ізгілендіру үрдісінде негізгі бағдар оқушының азаматтық белсенділігін арттыруға, рухани-адамгершілік қуатын қалыптастыруға негізделеді.

Еліміздің тәуелсіздік алып, егемендікке жетуі қазақ халқының және республикада тұратын басқа да халықтардың ұлттық дүние танымының өсуіне жағдай жасады. Жастардың тәрбие мәселесі қоғам үшін әр уақытта өзекті болып келген. Өскелең ұрпақты тәрбиелеу міндеті мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды істердің бірі ретінде қарастырылады.Сондықтан да қазіргі оқушы әлеуметтік орта талаптарына үйлесім таба білуі қажет.

Адамзат жаһандану мен ақпарат дәуіріне, әлем шексіз шындыққа, ал өнер - адам өмірін әлеуметтік аса маңызды мағына мен қуанышқа толтыруға бағытталған шаққа аяқ басты

«Өмір-мұхит, уақыт-толқын. Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден ерек» - дейді ақын Абай. Үйлесім, сәйкес, лайықты сөздері синонимдес.Үйлесімді өмір сүруге тәрбиелеуде қарапайым тәсілдер мен құрал-шараларды пайдаланудың өзі жеткілікті. Кіші жастағы оқушылар «Осылай істеу керек», «Осылай істеген дұрыс» - деп жай ескерткеннің өзінде-ақ, педагогтың айтқанына ере салады. Ал, мектепте қоғамдағы жай, айқын да ақиқат ережелерді түсіндіру мысалы, партаны сызба, тұрпайы сөз айтпа, еденге түкірме және т.б.ескертулер ол оқушы санасында берік қалыптасатын ұғым. Бұл орайда дұрыс талап ете білу жұмыстары жүргізіледі. Ондағы мақсат жаңа моральдық сапа мен әрекет-қылық формасын қалыптастыру әрі бекіту үшін тәрбиеленушілердің қандай да болсын жағымды қылыққа дұрыс көзқарасын, қатынасын қалыптастыру ниетімен қолданылады.[2,34].

Өмірде қиындықтарды жеңіп, мақсатқа жетуде ерік-жігер, мінез үлкен рөл атқарады. Ел кәдесіне жарасаң-ол болашақта бақытты болуға жарамды екендігің. Бақыт-әрбір адам ұмтылатын мақсат, ол тек қана барын салып еңбектенген адамға бұйырады. Үйлесімділіктің бір белгісі, адамдар арасында қадірлі болу, арам нәрселерден сақтану. Өзің білмесең, білгендерден үйреніп, жас кезіңде оқып, тәжірибе жинамасаң, үлкейгенде кісілігің болмайды.

Егер оқушы қабылдаған идеясын өзін толғантқан жарқын бейнеге айналдыра алса ғана, оның бойында ізгі де жарқын сезімдер туады. Оқушы әрекет-қылығына дем беретін оның білімі мен білігі ғана емес, ең алдымен оның алған адамгершілік тәрбиесі. Оқушы көзделген адами сапаның қоғамдық қажеттігі мен өзіне пайдалылығын танып, оны өз нанымы негізінде әрекет-қылыққа айналдыруы, ал бұл сана қалыптасуымен бірге жүретін психикалық құбылыс. Тәрбие мазмұнымен белгіленген іс-әрекетке бала белсенді араласуға дайын болған жағдайда ғана қолданылатын әдіс өз нәтижесін береді. Оқушылардың өмір ағысынан қалмай, өмір талабынан туындайтын ақыл-ойы өздері өмір сүріп отырған әлеуметтік ортамен тығыз байланысты. Оқушы ақылы, білімі, адамгершілігі өмір талабымен үйлесім таба білуін, өзін-өзі дамытуын білім беру жүйесінде жеке тұлғаға ұлттық тәрбие берудің кешенді бағдарламасынан оқып білуге болады. [3,47].

Өмірдің мәні-өмірдің өзінде. Оның бергеніне қанағат етіп, болмасты талап етпеу. Әрбір сүрінгеніңді бақытсыздық деп санамай, қиындықтармен бетпе-бет келгенде абыржымауға тырысу жақсы қасиет. Түңілу-дәрменсіздердің қылығы. Тағдыр әрқашан бақытсыздықтан

шығар есік қалдырады.

М.Мақатаевтың өмір туралы ойларын ортаға салатын болсақ:

Күлдіріп тұрып жылатады өмір,
Көтеріп тұрып құлатады өмір.
Етегің толып еңірегенде,
Қайтадан өзі жұбатады өмір.
«Үп» еткен желге дірілдей берме,
Шыдамдылықты ұнатады өмір -деп түсіндірсе, әрі қарай шешімін айтады:
Өкпелеме, өкінбе өміріңе
Өмір, өмір болмайды түңілуге
Мәңгі сені жазбаған сүрінуге
Қайта тұрып қақың бар жүгіруге!!! [4,101].

Үйлесімді өмір сүруге тәрбиелеу адамгершілік тәрбие беру мәселесімен тығыз байланыста екендігін ескеріп біз мынадай қорытындыға келдік: баланың айналадағы болмысты дұрыс түсінуі, өмір тәжірибесінде ненің жақсы, ненің жаман екенін аңғара білуі, адамгершілік сезім мен адамгершілік санасының қалыптасуы отбасынан басталып, мектепте жалғасын табады.

Қорыта айтқанда, бұл өмірге үйлесімділік мәселесі жоспарлы ұйымдастырылған оқу тәрбие үрдісінде іске асады. Ал оқу тәрбие үрдісін жоғары нәтижеге жетуге мүмкіндік тудыратындай етіп ұйымдастыра білу ұстаздан жан-жақтылықты, кәсіби біліктілікті, ғылыми-теориялық білімділікті талап етеді. Қайырымдылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыру үшін, мұғалімдердің сол тәрбиенің психологиялық-философиялық ішкі мәнін, ғылыми-теориялық негізін, зерттелу тарихын терең білуін талап етеді.

Оқушылар ел кәдесіне жараса-ол болашақта бақытты болуға жарамдылығы. Қазақ халқының рухани-адамгершілік тәрбиесінің басқа халықтарға ұқсамайтын өзіне тән мән-мазмұны, ерекшеліктері бар. Ұлағатты ата-бабаларымыз ғасырлар бойы ұрпағын бар жақсы қасиеттерге баулып, оның әдепті , ар-ұятты, мейірімді, адамгершілігі мол болуын тілеп отырған. Рухани байлығымыз ұлтымыздың әдет-салты, мәдениеті, әдебиеті, өнері тарихында жатыр.

Ғұлама Әбілхасан Рудаки айтқан екен: «Өмір-теңіз, еркін жүзем демеңіз, Ізгіліктен жасалмаса кемеңіз» Осы аталы сөздің астарында үлкен мән жатыр. Қазіргі басты нысана – сапа, құзыреттілік, бәсекеге қабілеттілік.

Білім берудің жаңа ұлттық моделін жобалаудың стратегиялық міндеттерін табысты шешу мақсатында күтілетін нәтиже- өзінің және қоғамның мүддесінде өзін - өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту, қалыптастыру.

Басты мақсат – оқушылардың әлеуметтік ортада үйлесімді дамуын қалыптастыру және оқу-тәрбие процесінде отансүйгіштікке, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу болып отыр. Біздің ғылым саласындағы жетістіктеріміз молая бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әрінова Б.А. Өзін – өзі тану. -Алматы; Бөбек – ҰҒПББСО -2010. – 164б
2. Ақиқатты тани біл (Ғибрат толғамдары): V кітап/ Құрастырушы Сейтақов А.– Алматы, 2004.-320 б.
3. Бөлеев Қ. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде жеке тұлғаға ұлттық тәрбие берудің кешенді бағдарламасы

4. Өмірбаева К.О. Тұлғаның өмірге үйлесімділігін қалыптастыратын пән.
Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ Хабаршысы №1, 2014-126.б.

СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Жиеналы Мейрамгүл Арғынқызы
Әйтеке би ауданы, Жарөткел негізгі орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Мақсаты: сыныптан тыс жұмыстарда бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруды теориялық негіздеп, тиімді жолдарын сұрыптап, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру.Сыныптан тыс жұмыстарда бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың теориялық негіздері. Мектеп оқушыларының адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың тарихи-педагогикалық алғышарттары.

Қоғамдағы жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайлар білім беру мәні мен оның түпкі нәтижесін қайта қарауды талап етуде. Бүгінгі азаматтың білімділігі, шығармашылық ізденіске қабілеттілігі сияқты тұлғалық сапалары елдегі саясаттың, мәдени дамудың түпкі негізіне айналып отырған кезде барлық білім беру мекемелерінің басты назарында оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру болары сөзсіз.Педагог ғалым К.Ж.Қожахметова мектеп қабырғасынан бастап оқушылардың ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиені ұлттық салт пен дәстүрге негіздеп ұйымдастыру және ұлттық құндылықтарға сәйкес мінез-құлық қалыптастыруды көздейтін этноәлеуметтік рольдерге баулуды ұсынады. Осы жағдайларды ескере отырып, зерттеу жұмысымызда мектеп табалдырығын жаңа аттаған ақ ниетті, балғын бүлдіршіндердің өз халқының ұлттық құндылықтарын саналы түрде түсініп, қабылдауына, сөйтіп, ата-бабасын, ата-анасын сүйіп, қастерлейтін, бауырмал, мирасқор, мұрагер, намысқой, салт, дәстүрлерін қадір тұтатын, елін сүйетін, рухы жоғары, ұлттық құндылық бағдары анықталған азамат тәрбиелеу көзделіп отыр.

Құндылықтардың жіктелуі

Жалпы адамзаттық құндылықтар	**Жоғары сапа деңгейіндегі құндылықтар**	**Рухани - адамгершілік құндылықтар**
- адам өмірі, бостандық, отбасы, қарым-қатынас, адам бақыты, ұрпақ жалғастыру, еңбек ету,табыс, ынтымақ-тастық, белсенділік, тәуелсіздік	- адам конвенциясы, демократия, азаматтық қоғам, өркениет, әлеуметтік мәдениет т.б.	-мәдениет, саясат, әдебиет, Отан, Ана, Жер, дін, діл, ар-ождан, парыз, ерік, жігер, күш, махаббат, қайырымдылық, мейірімділік т.б.

Рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуінің педагогикалық шарттары

Тәрбие – қоғамдық тәжірибені білім, практикалық іскерлік пен дағды, шығармашылық іс-әрекет тәсілдері, әлеуметтік және рухани қарым-қатынас меңгерудегі тұлғаның түрлі іс-әрекеті. Тәрбие заңдылықтары, оның сипаты мен әдістемелік негіздері тәрбиелік қызметі әлеуметтік тұлға сипатына ие адамның даму және қалыптасу заңдылықтарына негізделеді. Демек, жеке тұлғаның рухани-адамагершілік құндылықтар бағдарын жете түсінуге, түрлі жағдаяттарда өзін-өзі тәрбиелеуге, бағалауға, өз пікіріне сыни тұрғыдан көзқарас танытуға, адами қасиеттерді өз бойна сіңіруге талпыныс жасауда тек өз шығармашылық ұмтылысымен қоса адам қоғамдық тәжірибені және оның құрылымдық бірліктерін меңгеруі мүмкін.

Құндылық ұғымы

• Адам құндылығының өзегін құрайтын және оны зерттейтін саланы аксиология дейді(грек тілінде axis-бағалы, «құндылық», logos-ілім, ғылым).

• Аксиология – құндылықтар жаратылысы туралы, оның объективті орны мен құндылық әлемдегі құрылымы туралы, яғни әлеуметтік және мәдени факторлар мен тұлға құрылымы арасындағы әр түрлі құндылықтар байланысы туралы ілім.

• Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «құндылық-нарқы жоғарылық, қымбаттылық, бағалылық. Құндылық арқылы сол заттың маңызын, мәнділігін, пайдалылығын, қажеттігін білуге болады» - деп сипаттаған .

• Қазақ энциклопедиясында «құндылық» объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-әлеуметтік ұғым деген анықтама берілген. Ежелгі философиялық көзқарастарда құндылықтың әр түрлі көріністеріне жататын табиғи, қоғамдық құбылыстар, адамның іс-әрекетін бағалауда пайдаланылатын сұлулық, қайырымдылық, мейірімділік секілді этикалық және эстетикалық ұғымдар қолданылады. Құндылық объектінің адам үшін қаншалықты маңызды екендігін айқындайды. Құндылықтар өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адам өмірінің мәніне т.б. баға беру қатынасынан тұрады. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар, нормалар мен мән-мағыналар қызметін өзіне бағындырады, реттейді .

Сыныптан тыс жұмыстарда бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға арналған педагогикалық тәжірибе жұмыстарының нәтижесі

• Экспериментке қатысқан бастауыш сынып оқушыларына алфавит ретімен нөмірленген құндылықтар тізімі берілді. Оқушы сол жағындағы бос орынға – 1,2,3 санын қояды. Мұндағы – 1 – саны - мен үшін ең басты құндылық деп осыны ойлаймын, 2 саны - мен үшін қажет, 3 саны – маған бәрібір(түсінбеймін). Ең басты құндылық ретінде бірнеше құндылыққа таңдау жасауға болады.

Педагогикалық – тәжірибелік жұмыстар барысында қол жеткен нәтижелер төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

1. Бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың ғылыми теориялық маңызын айқындау қазіргі жаһандану және қазақ халқының рухани қайта өркендеуі жағдайында жас ұрпақты өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық құндылықтары негізінде тәрбиелеу қоғам қажеттілігінен туындап отыр.

2. Зерттеу барысында оқушылардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың тарихи – педагогикалық жолдарын анықтау үшін философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылыми еңбектерге талдау жасалды. Соның нәтижесінде зерттеудің өзегі болып табылатын «құндылық», «адамгершілік құндылық», «ұлттық құндылық», «адамгершілік» деген ұғымдардың анықтамалары жүйеленді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Төлеубекова Р.К Жоғары сынып оқушыларының жаңа әлеуметтік – мәдени жағдайда адамгершілікке тәрбиелеудің әлеуметтік –мәдени жағдайда адамгершілікке тәрбиелеудің ғылыми – педагогикалық негіздері. – Алматы, 2001 жыл. 2001жыл.
2. Өтебаева Ә.Т. Рухани – адамгершілік тәрбие берудің қазіргі кездегі маңызы // Білім. 2007 жыл, 44-47 беттер.
3. Баширова Ж, Өтебаева А. Мектеп оқушыларының рухани – адамгершілікке тәрбиелеудегі отбасының ықпалы. // Өзіндік таным,2007 жыл, №2 12-14 беттер.
4. Өтебаева Ә. Рухани – адамгершілікке тәрбиелеудің шарттары.// Қазақстан мектебі, 2006 жыл, №10, 70-73 беттер

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОПТАРЫНДА ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫ ПАЙДАЛАНУ

Жұбатқан Балауса Мұғажанқызы
Темір ауданындағы Шұбарши жалпы орта білім беретін мектебінің мектепалды даярлық тәрбиешісі

Бүгінгі таңдағы педагогика ғылымында әлі де толық шешімін таба алмай отырған өзекті мәселелердің бірі жеке тұлғаның рухани-адамгершілігін дамыта тәрбиелеуді, бүгінгі таңда оқу үрдісін халық шығармашылығы негізінде жүргізудің маңызын анықтау болып табылады. Педагогика ғылымын халық педагогикасымен ұштастыра отырып, Мағжан ұлттық тәрбиенің ғылыми негіздерін жасады. Ол: «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбиесі туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесін баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті», деп жазды. Сөйтіп, ол педагогика ғылымының негіздерін халық педагогикасымен және халық психологиясымен байланыстырып, баланы тәрбиелеудің, дамытудың, оған дүниетанудың жолдарын талдап көрсетіп берді. Мектепалды даярлық сыныптарда кез келген оқу-қызметін, тәрбие жұмысын ұйымдастыруда халық шығырмашылығының элементтерін пайдалану балалардың адамгершілігін, жақсы мінез құлығын қалыптастыру құралы болып табылатынын қазіргі тәрбиешілерге жеткізу өз қиыншылықтарын туғызуда. Қазіргі замандағы мектепке дейінгі балаларға арналған шетелдік қызықтырушы материалдармен, жаһанды жайлаған компьютерлік ойындармен халық педагогикасын қатар қою күрделі мәселе екені анық. Кез келген мектепке дейінгі, бастауыш жастағы оқушы Гари Потер, Шрек, Бэмби сынды кейіпкерлерді Тазша бала, Алдар көсе, Қожанасырдан жақсы білетіні ешкімге жаңалық емес екені анық. Осы ретте қоғамды, ақпарат құралдарын жаулаған жаңалықтармен қатар заман талабына сай деңгейде талаптарға жауап беретін халық педагогикасы негізінде нағыз қазақы болмыс қалыптастыру кезегін күттірмес мәселе болып қала бермек.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі, әсіресе балалар фольклорын дамытушы негізгі бір сала – балалар ойыны. Ойын – балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтық салтын үйренуде, табиғат құбылысын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады. Ұлт ойындары – ата – бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгіні байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз, сондықтан оны күнделікті сабақ үрдісінде пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор екендігі сөзсіз. Халық арасында кең таралған ойынның

бірі – «Сақина тастау». «Сақина тастау» ойынын көбінесе, үй тапсырмасын сұрағанда, жаңа тақырыпты пысықтағанда, сабақты қорытуға пайдалануға болады.

Бар қуаныш, қызығын бала деп білетін халқымыз, «баланы жастайынан» көргенді ұл, өнегелі қыз болуға, ту бастан инабатты келін, сегіз қырлы, бір сырлы азамат тәрбиелеуді мақсат еткені аян. Үлкендердің қабағын бағып, бір ауыз сөзінен, мегзеу, мысал, тұспал, жұмбақ, жорамалынан өмірдің сырын, істің жайын пайымдай алатын сезімталдықты, сергектікті, болжағыштықты, аңғарымпаздықты меңгерген. Солайша үлкенге ықылас, ілтипат танытып, кішіге мейірім, пейіл қоюда, ұя бұзбай, отбасының ынтымақ-берекесін, ауыл-аймақтың, абырой-атағын қорғаудағы намыскерлікті оқымай ұғып, жазбай жадында жаттап өскен. Халқымыздың басқа жұрттан өзгешелігін, ерекшелігін мақтанышпен мадақтау, жандандыру, көркейту – елдігімізге, бүгінгі ұрпақтың азаматтығына сын болса керек.

Мәселен, ҚМҰҚ, математика сабақтарда «Дымбілместің қатесін» емес, Алдар көсенің суретін іліп, балаларыма Алдар көсенің қу екендігін, алдап қоюы мүмкін екендігін ескертіп қате есептерді, мәтіндерді ұсынамын. Рефлексия – бағалау кезеңінде Төле бидің суретін көрсетіп, оның шыншылдығын, әділдігін естеріне сала отырып, достарын және өзін бағалауын сұраймын. Жаңа тақырыппен танысарда немесе марапаттау кезінде қоржын немесе сандықты пайдаланамын.

Сонымен қатар, сөйлем құрастыру барысында адам бойындағы ізгі қасиеттермен қатар, ырым, тыйым сөздер, мақал-мәтел, нақыл сөздерді жиі қолданып, мағынасына түсінік беріп отыру арқылы ұлттық тәрбиені балалар бойына қалыптастыруға тырыстым.

Бағалау эталоны ретінде жұлдызшалар немесе төртбұрыштап қиылған қағаздардан гөрі түрлі түсті қазақ оюларымен мадақтап отыруды жөн көрдім. Сергіту сәттерінде қыз балалар қолдарын майыстырып би билесе, ұлдар қамшы ұстағандай қимылдар келтіреді. Бұл іс-әрекетті қазақы күйдің сүйемелдеуімен өткізу әр оқушының қызығушылығын оятады. Ата – анамен тығыз байланыс орнату тәрбиешінің жұмысының маңызды бөлігі болып табылады.

Баланың рухани жан дүниесін оятып, ұлттық дүниетанымын қалыптастыратын әңгімелерді, ертегі-өлеңдерді, жыр-дастандарды жас ерекшелігіне сай іріктеп алу керек. Оларды іріктеуде баланың көңіл-күйіне, ішкі жан сезіміне әсер ететіндей, одан алған әсері есінде қалатындай болып, олардың мазмұнына жоғары мән берілуі қажет.

Қазіргі кезеңде ұстаздар мен тәрбиешілер қауымының алдына қойылған міндет – балаларға рухани-адамгершілік тәрбие беру және осы мақсатта ұлтымыздың ұлы мұраларын жаңғырту, яғни ұлттық құндылықтарымызды басшылыққа алу.

Қазақ халқының халық ретіндегі адамгершілікке тәрбиелеуде жылдар бойы жинақтаған мұраларының ерекшеліктері жайында жалпы қорытандыны Елбасы Н. Назарбаевтың «Тарих толқынында» еңбегіндегі «…Мағжанның жүрек тебірентерлік мөп-мөлдір лирикасы, Мұхтардың эпикалық көркем прозасы, Шоқанның барша әлемді таңқалдырған жаңалықтары, ұлы Абайдың түпсіз терең философиялық толғаулары сияқты осынша мол ұлттық құндылықтарымыз әрбір адамның ішкі жан дүниесін рухани байытып, сана-сезімін шарықтата көтеретініне күмән келтіре алмайсың» деген салиқалы сөздерімен байланыстырып, біз көтеріп отырған мәселені шешуде ұлттық құндылықтарды тиімді пайдалану керектігін көрсетеді.

САБАҚ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Жумабай Гульмира
Қобда ауданы, Исатай Тайманов атындағы гимназиясы

Оқыту әдістері - оқытудың мақсат-міндеттеріне сай оның мазмұнын оқушыларға меңгертуде мұғалім мен оқушылардың қолданатын амал-тәсілдері мен құралдарының жиынтығы болып табылады. Мұғалім оқыту әдістерінің көмегімен оқушыларға білім беріп, олардың тәжірибелік әрекетін ұйымдастыруда өзінің іс-әрекетін оқушылардың таным әрекетіне басшылық етумен байланыстырады.

Мұғалім оқытудың нәтижесін арттыруда оқыту әдістеріне қатысты амал- тәсілдерімен қатар оның құралдарын да пайдаланады.

Тәжірибе жүзінде көп қолданылатын әдістер:

Сөздік әдістер: түсіндіру, әңгіме, әңгімелесу,кітаппен жұмыс.

Көрнекі әдістер: иллюстрация және демонстрация.

Оқыту үрдісінде ең көп тараған дәстүрлі әдіс - сөздік немесе мұғалімнің ауызша баяндау әдісі. Бұл әдіс оқыту процесінде басқа әдістерге қарағандажетекші роль атқарады.

Көрнекілік әдістер оқу материалын оқушылардың көзімен көріп, нақтылы түсінулеріне мүмкіндік береді.

Бұған демонстрация, иллюстрация тәсілдері жатады.

Тәжірибелік әдістердің ішінде ең көп қолданылатыны - **жаттығу** әдісі.Оқу барысында теориялық ережелер мен қағидаларды қайта пысықтап, тиянақты меңгеру жаттығу арқылы орындалады.

Ауызша жаттығу оқушының оқу материалын ауызекі баяңдауға дағдылану мақсатын көздейді.

Оқушы бірінші сыныптан бастап қазақ тілін үйрену барысында тілдегі түрлі қолданылатын атауларды (әріп, дыбыс , буын, сөз, сөз тіркестері, сөйлем, сөз бен сөзді байланыстыратын жалғау, жұрнақ, тыныс белгілері – нүкте, үтір, леп белгісі, сұрау белгісі, сызықша, қос нүкте, түрлі грамматикалық анықтама, ережелерді оқып үйренеді.

Қабілеті әр түрлі оқушы тілдің мұндай белгілері мен атауларын бірден меңгеріп кетуі мүмкін емес, тек оның негізгі, қажеттілерін(анықтама, ережесін) есте сақтауы мүмкін.

Қазіргі сабаққа қойылатын талап тұрғысынан техникалық құралдарды, кестелер, сызбалар, үнтаспа жазбаларын пайдалану арқылы оқушылардың есту, көру сезімдеріне әсер ете отырып, олардың ойлану қабілетін дамытуға көңіл бөлінеді.

Қолданылатын көрнекіліктер оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады, түсіндірілген материалдарды саналы меңгертуге ықпал жасайды. Оқушылардың білім сапасының көп жағдайларда төмен болуы, осындай түрлі ойлау әрекеттеріне бейімделмеуден, дағды бермеуден деп айтуға болады.

Қазіргі кезде пәнді оқытқанда қандай бағытта, қандай мазмұнда оқыту керек? Меніңше, коммуникативті функционалды бағытта болуға тиіс.

Сондықтан тілдің коммуникативті механизмін ашу қажет . Яғни, оның сөйлеу процесіндегі, сөйлем құрудағы, мәтін бойынша әңгіме құрастырудағы рөлі амал - құралдар арқылы меңгертіледі.

Бүгінгі таңда әрбір жаңашыл ұстаз үшін, оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау әдісі кез келген стратегияларға құнды, әрі бағалы. Бұл стратегиялар оқушылардың қызғушылығын арттыра отырып, ұстаздықтығырыққа тірелетін сәттерінен арылтады. Сұрақ қою, ой шақыру, білім көпірі,бес жолды өлең, еркін жазу, білемін, үйренгім келеді, білгім келеді, Венн диаграммасы, пікірталас , болжау, Автор орындығы , топтастыру, т.б, стратегияларын қолдану оқушылардың мотивациясын оятып, ынталандыра түсері сөзсіз.

Сонымен қатар бұл стратегиялар оқушының көзқарасын, түсінігін дамыта түседі, жалықтырмайды.

Сондай-ақ, профессор Ж. Караевтың «Деңгейлеп оқыту» технологиясының маңыздылығы зор. Деңгейлеп оқытуда күтілетін нәтиже: Алдына қойған мақсатына жете алатын оқушы тәрбиелеу;

Әр оқушы өз білім деңгейін, мүмкіндігін, іскерлігін біліп қана қоймай, оныдамыту;

Өз бетімен ізденіс дағдыларын, іскерлік қабілетін жетілдіретін шығармашылық тұлға қалыптастыру;

Деңгеймен оқытудың ерекшелігі:

1. Таланттылар өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі,әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен арылады.
2. Оқушылардың оқуға деген ынтасы артады.
3. Білім дәрежесі бірдей топтарды оқыту ісі жеңілдейді.

Сабақ барысында үйретуде іскерлік, рөлдік ойын түрлерін қолдану, диалог, монолог, сұхбат, сұрақ - жауап, көрініс қою, тақпақ оқу, ән айту, мәнерлеп оқу, жұмбақ , сөзжұмбақ шешу, пікір айту, пікірсайыс, тірек схемасын пайдаланып, жүйелі түрде әңгімелеу, т.б. әдіс-тәсілдерді сабақта пайдалану, оқушының үйрене алмаймын деген сенімсіздігін сейілтіп, үйренуге ынтасын арттыратынын өз іс–тәжірибемнен күнделікті жұмыс барысында байқаймын.

Қорыта келе осы әдіс-тәсілдерді қолдану нәтижесі:

- Оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға;
- Оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға;
- Белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін ұстартуға;
- Тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оны білу, қарым - қатынас, ойын, танымдық, өзін-өзі бекіту қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді.

Оқу үдемелілігі.

Мектептердегі тіл сабақтарының оқу бағдарламасында оқушылардың тыңдалым дағдыларын дамытуға ерекше мән берілген, бұны оқу жоспарындағы оқушыларға телехабар, кинофильм, ән және ересек адамдарды тыңдау және оларға жауап беруді көздейтін жаттығулардан көруге болады. Аталған жаттығулар тізбектелген сабақтар топтамасында қамтыла отырып, сабақтың басында қолданылатын ынталандырушы материал ретінде немесе басқа дағдыларды шыңдардың алдында идея жинақтауға арналған мүмкіндік ретінде ұсынылады. Осылайша, оқылым, жазылым, тыңдалым және айтылым дағдыларының әрқайсысын жеке шыңдай отырып, оларды бір-бірімен өзаратығыз байланыста кешенді түрде оқытылады. Үйренушілер білім алудың бірізділігі аясында грамматиканы белгілеп, саралай алуы керек. Оқу кезеңінде олар сөз тіркестеріне, құрылымға сөздердің орын тәртібіне, сөйлем құрылысына және сөйлеуге басты назар аударады.

Жаңартылған бағдарлама негізінде «Қысқа мерзімді жоспар құрған кезде мұғалімге төмендегі ұсыныстарды басшылыққа алуына болады:

– сабақты ұйымдастыру кезінде оқу бағдарламасында және оқу жоспарында көрсетілген мақсаттарды басшылыққа алу қажет;

– орта мерзімді жоспарда ұсынылған барлық іс-әрекеттерді ұйымдастыру ұсынылады;

– мұғалімнің қалауы бойынша іс-әрекет түрі қажеттілігіне қарайтолықтырылып отырады.

Жаңа форматты сабақ балаларды оқыту процесіне белсенді тартуды, олардың талқылауларға қатысуын, өткен материалды талдау және қорытуын, зерттеу жүргізуін, бағалау пікірлерін айту, өзін-өзі бағалау және т. б. көздейді.

Сабақтың міндетті элементі ретінде оқушыны қолдауға бағытталған мұғалімнің әрекеттерін түзетуге мүмкіндік беретін кері байланыс болуы тиіс.

Қысқа мерзімді жоспарлау кезінде мұғалім міндетті түрде мыналарды анықтап, әзірлеуі қажет:

– тілдік оқу мақсаттары

– терминдермен жұмыс және т.б.;

– саралау:

білім алушыларға қолдау көрсету қалай жоспарланады? Қабілетті білім алушылардың алдына қандай міндеттер қою жоспарлануда? Білім алушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруге болады?

– метапәндік байланыстар;

–денсаулығы мен қауіпсіздігін, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтарымен және АКТ-мен байланысын қамтамасыз ету.

Мұғалім тек білім көзі ретінде ғана емес, білім алушылардың өздерінің оқу-танымдық әрекеттерінің белсенді ұйымдастырушысы ретінде қызмет етуі тиіс» (2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. - Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2021, 211 б.).

Әрбір мұғалімнің алдына қойған мақсаты - оқушыларға ұлттық педагогикалық тәрбие мен білім берумен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру оқушының қызығуын, білім құмарлығын таныту, әр сабақта оқушыларды ойлануға, өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын ауызша, жазбаша жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы ұлттық әдет - ғұрыпты бойына сіңіруге дағдыландыру - әрбір ұстаздың абыройлы борышы. Бұл ретте ғасырлар бойы қолданылып, сұрыпталып, тұрмыс пен өмір тәжірибесі сынынан өткен салт - дәстүріміз педагогикалық әдіс - тәсіл ретінде пайдаланылады.

Сол себепті оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, мектеп тәжірибесіне енгізілуде. Жан - жақты ізденістің нәтижесінде білім беру саласында жаңа педагогикалық технологиялардың саны да, сапасы да өсіп келеді. Технология – белгілі бір істегі адамның әдісі, шеберлігі. Осы шеберлік арқылы мұғалімнің өз сабағын оқушыға жоғары сатыда жеткізуіне мүмкіндік береді. Мұғалім үнемі шығармашылықпен, ізденіспен жұмыс жасап отырса жаңашылдыққа жақын болғаны. Өзгелердің үлгісін өз ісінде пайдалана білсе, оған өзіндік қолтаңбасын қосып отырса - оқушы тәрбиелеу мен білім берудегі жетістігі сол болмақ. Мұғалімдер пайдаланатын оқыту әдісі (яғни, педагогикалық әдістемелер) оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін маңызды.

Нормативтік құжаттар:

1. ҚР Білім және ғылымды дамытудың 2021-2022 жылдарға арналғанмемлекеттік бағдарламасы.- Нұр-Сұлтан, 30 қазан, 2022ж.

2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші басылым-2012 жыл

Негізгі әдебиеттер:

1. Аймауытов Ж. Шығармалары.-Алматы: Жазушы, 1989.- 560 бет.

2. Әлімов А.Қ., «Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану» оқу құралы / Астана, 2014ж. «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.

МЕКТЕПТЕГІ ӘН АЙТУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУЫ ЖӘНЕ ВОКАЛДЫ-ХОР ЖҰМЫСЫ

Жуматова Ж.Я.
№9 орта мектеп-гимназия, Ақтөбе қ.

Ән айту дағдыларының қалыптастыруы – ол мектептегі оқушыларды тәрбиелеу бөлімдерінің ең күрделі және маңызды бөлімінің бірі. «Балалар ән айтса – халықта әндетеді» деген орыс педагог Константин Дмитриевич Ушинский. Ал оқушылар ән айтуды жақсы көреме немесе жақсы көрмеуі, ол әрине үлкендерге, мұғалімдерге байланысты. Сондай-ақ мектеп кезеңі оқушылардың дауысын қалыптастыру және дамыту ең қолайлы кезең. Оқушылардың есту және дауыс ырғағын осы шақта тәрбиелеп, біздер оның сөйлеу қабілетін қалыптастырамыз.

-Қалай ойлайсыздар, қазіргі заманда мектепке хор ұйымы қажет пе? Әрине, қажет. Неге десеңіз, мысалы, алысқа кетпей Ақтөбе қаламыздағы хор ұжымдарын алсақ - музыкалық және педагогикалық колледжінің хор ұжымы, «Ардагерлер» хоры, Ғ.Жұбанов атындағы филармонияның Камералық хоры және т.б. Осы хор ұжымдар бірігіп «Құтты мекен – Ақтөбе» форумда, Астанада Алан Бурибаев дирижерлығымен «Жадырыған Астана» одасына қатысты. Тағы да бір айта кететін шара - 1 маусым Балалар қорғау күні. Сапарбаевтың бастамасымен «Бақытты бала» жобасымен осы шарада 700 баладан хор құрылды. Осы балалар хоры көпшіліктің алдында өз өнерін көрсетті.

Ендеше ән айту дағдыларын қалыптастыруы және вокалды-хор жұмысын іске асыру үшін келесі міндеттер қойылады:

- музыкалық білімдерін кеңейту;
- вокалдық дағдыларды қалыптастыру;
- хор дағдыларын меңгерту;
- оқушылардың бойында ән айту қызметіне сүйіспеншілік пен қызығушылық тәрбиелеу;
- оқушылардың эмоционалдық сезімін, орындаушылық дағдыларын, ән шығармашылықтарын дамыту.

Ән үйрету бастау үшін ең алдымен оқушының дауысын көлемі ауқымы, түрін және мүмкіндіктерін анықтау қажет. Оқушыларды орнату, ән ережелерімен таныстыру, содан кейін дұрыс тыныстау, дұрыс дыбыстау, эмоционалдық күйі бақылауға алынады.

Бастапқыда дыбыс тазалығы мен сұлулығына негізінде тыныс бойынша жұмыс жүргізіледі. Бұл ұзақ және қиын процесс болып табылады. Ең алдымен тұрақты тыныс алу мен дем шығаруын меңгерту қажет. Иықты көтермей, жеңіл бос демалуға А.Н. Стрельниковaның тыныс жаттығулары көмектеседі.

Жаттығу «Алақандар»

Бастапқы ұстанымы: тік тұру, қолды шынтақпен бүгіп көтеру. Мұрынмен қысқа, белсенді тыныс алу, сол кезде алақандар бір нәрсе ұстағандай қысылады. Мұрын немесе ауыздан жай және жеңіл демді шығару. Сол уақытта алақандарды ашу керек.

Жаттығу«Насос»

Бастапқы ұстанымы: тік тұрып, аяқтарды кеңірек ашып, қолды төмен қарай түсіру. Алға қарай еңкию, бас төмен қарай қарайды. Мұрынмен қысқа шулы тыныс алып бастапқы ұстанымға оралу. Ауыздан немесе мұрыннан бос дем шығару.

Жаттығу «Мысық»

Бастапқы ұстанымы: Тік тұрып, қолды түсіреміз, аяқтар иықтарға қарағанда біршама кеңірек тұрады. Аздап отырып, денені, қолды оңға қарай бұрамыз. Сол кезде мұрынмен шулы қысқа тыныс алу. Бастапқы ұстанымға оралып бос дем шығару.

Болашақта балалар ән мен сөз тіркестерінің арасында тез демалуға үйренеді. Мұнда, әрине, жүйелі түрде жаттығулар мен уақыт көмектеседі.

Дикция бойынша жұмыс үнсіз үндеусіз үндестіктердің ерекше айтылуынан, дөңгелек дыбыстарды қалыптастырудан, содан кейін артикуляторлық аппараттан басталады. Ән айтар алдында сөздер мен сөйлемдермен таныстырамыз. Әннің мазмұнын анықтаймыз, түсініксіз сөздерді түсіндіреміз. Дикцияны дамыту үшін артикуляциялық гимнастика жаттығулары, сөйлеу жаттығулары, ырғақты декламациялар қолдану ұсынылады.

Артикуляциялық гимнастиканың негізі мақсаты артикуляция органдарының сапалы, толыққанды қозғалыстарын дамыту, фонемдерді дұрыс айтуға дайындық. Осы жұмыстың нәтижесінде балаларымызда сөйлеу дағдылары жетілдіреді, музыкалық есту мен көңіл-күйді жақсартады. Мысалы: «Тілге» арналған артикуляциялық ойын-жаттығу. Бұл ойында балалар тіл арқылы қажетті барлық бұлшықетті қыздырады. Ойын барысында сөйлемдер айтылады да тіл қалай қозғалу керек екенін көрсетеміз, оқушылар соны қайталайды. Артикуляциялық жаттығулар баяу, бір қарқынмен орындалу керек. Әрбір артикуляциялық жаттығу 3-7 секунд ұсталады, одан кейін тіл, ерні мен бет жағы бір уақытта бейтарап орналасады. Жаттығулардың мақсаты оқушының артикуляциялық мүшелерді бір күйде сақтау қабілетінің дамуы болып табылады.

Келесі артикуляциялық жаттығулардың түрлері -

«Балапандар» - ауызды кеңінен ашу;

«Күлімсіреу» - жоғары және төменгі тістерді көрсетіп кеңінен күлю;

«Труба» - ерні алға қарай ұзарту.

Ритмикалық декламация поэзия мен музыка синтезі болып табылады. Ритмикалық декламация оқушының музыкалық, дауыстық, ырғақты сезімнің және сөйлеу тілінің интонациясын дамытады. Оқушы өз сөзін қалай басқаратындығын білмейінші, ол дұрыс және мағыналы ән айталмайды. Ритмикалық декламацияға барлық оқушылар қуанышты сезіммен қатысады.

Интонация бойынша жұмысты дыбыстың биіктігі тұжырымдамасынан бастаймын. Әнде интонацияның тазалығы жетілдіру бойынша тұрақты жұмыс жасауды талап етеді. Әуенді жоғары жағынан төмен түсіру керек. Әуен бағытын оңай анықтау үшін қолмен әуен қозғалысы көрсетіледі.

Ансамбльдің дағдыларын қалыптастыруда және тәрбиелеудің маңызды нәтижесі – «тізбектеп» ән айту. Мұнда әр түрлі нұсқалар пайдаланады – «тізбекті, дуэт, трио, ұстазбен бірге, алма кезек, жаңғырық». Осындай жұмыстардың мақсаты – оқушыларға ұжымда ән айтудың әуендерін үйлесімді түрде орындауға үйрету.

Мұндай әдістер оқушылардың әнге деген қызығушылығын оятады. Олар ән айту дағдыларын үйреніп әнді еркін орындайды. Ән оқушыларға ұнаған болса олар өз ерінтерімен де әндетеді. Оны ұзақ есте сақтайды, ойындарға қосады, тыңдаушылардың алдында орындайды. Әрбір ән өзінің сахналық нұсқасын талап етеді.

Оқушыларға арналған ән айту дағдыларын дамыту бойынша жұмысты қорытындылай келе, әндету, ән айту балалардың денсаулығына игі ықпал тигізеді деп айталамын. Ән айтқанда оқушы тек қана ләззат алмай, сондай-ақ тыныс алу жүйесін, жүрек-қан тамырларының жұмысын жақсартады. Тыныс алу гимнастика арқылы өз денсаулығын нығайтады. Ән айтқанда бүкіл музыкалық қабілеттер қалыптасады: ол эмоционалды ықыластықпен тыңдау, ол музыкалық есту, ол ырғақ сезімі, ол тоналдылық сезімі. Ән айту оқушының ақыл-ойын дамытады, эстетикалық және адамгершілік қабілеттерін нығайтады.

Әдебиеттер тізімі
1. Стрельникова А.Н. Дыхательная гимнастика
2. Амосова М.Ю. Дыхательная гимнастика по Стрельниковой. 2008
3. «Вокалдық-хор тәрбиелеу» Обухова Е.Г.
4. Хормен ән орындауға үйрету. 2018
5. Огороднов Д.Е. Методика музыкально-певческого воспитания. 2007

БАЛАБАҚШАДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ САХНАЛАНДЫРЫЛҒАН ӘРЕКЕТТЕРІН ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жусипова Алтыншаш Кабидоллаевна
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Қарабұтақ ауылы
"Балбұлақ" мектепке дейінгі ұйымы МКҚК

Аңдатпа. *Бұл мақалада мектепке дейінгі жастағы балалармен әр түрлі ойындар арқылы сахналандырылған әрекетті ұйымдастыру жолдары қарастырылады. Сонымен қатар театр, драматизация, режиссер ойындарының тиімділігі мен артықшылықтары туралы айтылады.*

Тірек сөздер: *театр ойыны, сахналандырылған әрекет, жетекші, жас кезеңдері, белсенді әрекет, бала өмірі, қалыптасу, шығармашылық белсенділік, әдеби және көркем шығармашылық, даму.*

«Баланың рухани өмірі тек оның ертегілер, шығармашылық, елес, қиял әлемінде өмір сүрген кезінде ғана толық болады, онсыз ол кептірілген гүлге айналады» деп ұлы педагог В. Сухомлинский баланың танымдық процестерін жетілдіруде ойын, театрдың маңызы зор екенін айтады [3; 15].

Ұстаздар және психологтардың ойынша, театр ойыны мектепке дейінгі балалардың эмоционалдық дамуына әсер етеді. (Л.С.Выготский, Л.П.Стрелкова, Б.М. Теплов, А.Н. Леонтьев, Л.В.Артёмова, Н.Ф.Сорокина және т.б.) [3; 30].

Баланың тұлғасы әсіресе әр жас кезеңіндегі жетекші болып келетін, оның қызығушылығын, болмысқа қатынасын, қоршаған адамдармен қарым-қатынастарының ерекшелігін танытатын белсенді әрекетінде қалыптасады.

Ойын - адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Қазақ халқының ұлы ақыны А.Құнанбаев «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?» - деп айтқандай бала өмірінде ойын ерекше орын алады. Қай бала болмасын ойнап өседі. Ал ойында сахналау әрекеті орын алады. Бала түрлі эмоцияларды көрсету арқылы сезімдерін білдіріп, әртістік қабілетін сахналау әрекетімен танытады.

Ойынның тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, А.С.Макаренко былай деп жазды: «Бала өміріндегі ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан сондай болады» [3; 56].

Балабақшаға дейінгі жаста осындай жетекші әрекетке ойын жатады.

Ойында, әсіресе театр ойынында бала тек қоршаған әлем, қоғам заңдары, адамзат қатынастарының сұлулығы туралы ақпаратты ғана емес, сонымен қатар осы әлемде өмір сүруге, өзінің қатынастарын құруға үйренеді [1; 24]. Бұл тұлғаның шығармашылық белсенділігін (назар, елес, логика, сезімдік жады, жақсы дамыған сөйлеу мен ымды) қажет етеді. Бұл орайда

балалардың өмірлерінде болмысты қабылдауға және оған бейімделуге көмектесетін сезімдер маңызды рөл атқарады.

Сахналандырылған әрекет - баланың сезім, әсерленушіліктің және ым, іс-қимылдар, дауыс ырғағы, түрлі жағдайларда өзін адамның орнына қоя алу арқылы адамның эмоционалдық жағдайын анықтаудың даму көзі деп айта аламыз.

Сахналандырылған ойынның дамушы әлеуеті мен мектепке дейінгі ұйымда оның жеткіліксіз қолданылуы арасындағы қарама-қайшылық тек ғылыми түрде дәлелденген және тәжірибелік-бағдарланған педагогикалық технологиялардың жағдайында ғана шешіледі. Оны түсіну үшін, біріншіден сахналандырылған ойын дамуы концепциясының негізінде жатқан негізгі теориялық идеяларды ашу, ұғымдарды анықтау керек.

Сахналандырылған ойындарға тән ерекшеліктер-мазмұндарының әдеби немесе фольклорлық негізі және көрермендердің бар болуы (Л.В. Артемова, Л.В. Ворошнина, Л.С. Фурмина және т.б.). Оларды екі негізгі топқа бөлуге болады: драматизация және режиссер топтары (олардың әрқайсысы, өз кезегінде, бірнеше түрлерге бөлшектенеді).

Драматизация ойындарында бала «әртіс» рөлін атқарып, вербалдық және вербалдық емес айқындықтың кешенді құралдарының көмегімен өз бейнесін құрастырады. Драматизация ойындарының түрлеріне жануарлар, адамдар және әдеби кейіпкерлердің бейнесіне еліктеу; мәтін негізіндегі рөлдік диалогтар; шығармаларды сахналау; бір немесе бірнеше шығармалардың негізінде спектакльдерді қою; алдын-ала дайындықсыз сюжетті (немесе бірнеше сюжеттерді) сахналаумен жүзеге асырылатын суырыпсалма ойындар жатады [2; 19].

Режиссер ойынындағы «әртістер» ойыншықтар немесе олардың орынбасарлары болып табылады, ал бала «сценарист және режиссер» рөлін атқарып, «әртістерді» басқарады. Кейіпкелерді «дыбыстандырып» және сюжетті түсіндіріп, ол вербалдық бейнеліліктің түрлі құралдарын қолданады. Режиссер ойындарының түрлері үстел, жазықтық және көлемді, ойыншық (бибабо, саусақтық, қуыршақтар және т.б.) сияқты балабақшаларда пайдаланылатын театр алуан-түрлілігіне байланысты айқындалады [5; 39].

Барлық сахналандырылған ойындарға тән қасиет көрермендердің бар болуы. Сонымен қатар, олар әдеби және көркем шығармашылықпен (А.Н. Леонтьев) байланысты «шекара» қызметін көрсетеді. Сахналандырылған ойынды (әсіресе драматизацияны) назардың ойын үдерісінен оның нәтижесіне ауысуы сипаттайды, бұл тек қатысқандарға ғана емес, сонымен қатар көрермендерге де қызықты болып келеді. Оны көркем әрекетінің түрі ретінде қарастыруға болады, бұл сахналандырылған әрекеттің дамуын көркем қызметінің мәтінінде жүзеге асырылуының орынды болуын білдіреді.

Сонымен, сахналандырылған әрекетті дамыту бойынша жұмыс істеу жүйесі үш кезеңге бөлінеді:

1. Әдеби және фольклорлық шығармалардың көркем түрде қабылдануы;
2. Негізгі («әртіс», «режиссер») және қосымша («сценарист», «көркемдеуші», «костюмер») позицияларға тұру үшін арнайы дағдыларды меңгеру;
3. Өзіндік шығармашылық әрекеті [4; 25].

Мектепке дейінгі жасы үлкендеу балалардың театрлық ойынның үдерісіндегі эмоционалдық дамуы мәселесіне талдау жасау, келесі қорытындыларды жасауға мүмкіндік береді:

- мектепке дейінгі балалар үшін сахналандырылған ойын өмірді ұйымдастыру формасына айналып, олардың психикалық дамуында шешуші маңыздылыққа ие болады;
- осы қызметтің баланың тұлғасына жан-жақты әсері оны педагогикалық құралдарының ең тиімдісі ретінде қолдануға мүмкіндік береді;
- психологиялық-педагогикалық жағдайларды жасау мектепке дейінгі балалардың сахналандырылған ойынның дамуына негіз болып табылады.

- сахналандырылған ойын сезімдер және терең қасіреттердің даму көзі болып табылады, рухани құндылықтарға қатыстырады;
- сахналандырылған ойындар баланың эмоционалдық ортасын дамытады, оны кейіпкерлерге және ойнатылған оқиғаларға ниет білдіруге үйретеді.
- сахналандырылған ойын балаларда эмпатия дамуының маңызды құралы болып табылады, дәлірек айтқанда ым, іс-қимылдар, дауыс ырғағы, түрлі жағдайларда өзіңді адамның орнына қоя алу, жәрдемдесудің барабар тәсілдерін табу арқылы адамның эмоционалдық жағдайын анықтау.
- мектепке дейінгі балаларға араналған әрбір әдеби шығарма немесе ертегі әрдайым адамгершілік бағыттылығына ие болуына байланысты, сахналандырылған әрекет мінез-құлықтың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сахналандырылған әрекетте баланың психикалық өмірінің барлық жақтары көрсетіледі және қалыптасады. Балабақшаға дейінгілердің ойынға қажеттілігін және ойнау ниетін кейбір оқыту міндеттерін орындау үшін пайдалану керек. Ойын толық оқыту үдерісіне енгізілген жағдайда, ол тәрбелеу құралына айнала алады. Ойынды басқару, балалардың ойындағы өмірлерін ұйымдастыру кезінде тәрбиеші бала тұлғасы дамуының сезім, сана-сезім, жігер және жалпы мінез-құлық сияқты барлық жақтарына әсер етеді.

Сахналандырылған әрекеттің тәлімдік мүмкіндіктері кең болып табылады. Оларға қатысқан балалар бейне, дыбыстар арқылы қоршаған ортамен танысады, ал дұрыс қойылған сұрақтар балаларды ойлауға, талдауға және түйіндеуге мәжбүрлейді.

Қорыта келе, сахналандырылған әрекет түрлі ойындар, кейіпкерлердің ілікпе сөздерінің мәнерлілігімен жұмыс істеу арқылы баланың сөздігі жандандырылуына, сөйлеудің дыбыстық мәдениетінің жетілуіне көметктеседі. Орындалған рөл баланы жалықтырмай айқын, түсінікті сөйлеуге шақырады, оның грамматикалық құрылымын, диалог жүргізуін жақсартады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мектепке дейінгі ұйымдарда театрландырылған әрекетті ұйымдастыруға әдістемелік ұсынымдар – Астана, 2016. -36 б.
2. Әдістемелік ұсынымдар «Сюжетті-рөлдік ойын - мектепке дейінгі ұйымдардағы театрландырылған әрекеттің алғашқы сатысы» – Астана, 2017ж. – 36 бет.
3. "Мектепке дейінгі педагогика" Андабекова С. -Астана
4. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: 2016. 40 - бет.
5. «Нұр Болашақ» мектепке дейінгі ұйымдар одағы. Мектепке дейінгі ұйымда оқу-тәрбиелік процесте ойын технологиясын қолдану: әдістемелік құрал. - Астана, 2014

ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Жұбатқанова Баян Сарықызы
Т.Г.Шевченко атындағы жалпы білім беретін орта мектебі

Қазақстандық білім беру реформасының басты мақсаттарының бірі – инновациялық технологияларға сүйене отырып, оқушының бойында шығармашылық ойлауды, бастамашылдықты дамытуға мүмкіндік жасау, тұлғаның үйлесімді дамуына қолайлы жағдай туғызу нәтижесінде оның өзіндік мүмкіндіктерін жоспарлы пайдалана білуіне қол жеткізу арқылы тұлға біліктілігін қалыптастыру.

Білім жүйесі ел өміріндегі стратегиялық маңызды сала болып табылатындығы белгілі. Ал, оқу үдерісіндегі дәстүрлі әдістердің озық заман талабына жауап бере алмайтындығы өзінен-өзі түсінікті. Бүгінгі уақыт талабына сай білім беруді одан әрі жетілдіру оқу-тәрбие үдерісіне озық тәжірибені, ғылыми жетістіктерді енгізуді талап етеді.

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Н.Нұрахметов. Ол “Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі” деген анықтаманы ұсынады. Сонымен қатар оқытудың инновациялық технологиялары негізінде білім беруді жүзеге асыру арқылы оқушының қабілетін, өзіндік дамуын, біліктілігін қалыптастыру мәселесіне ғалым-педагогтар М.Құдайқұлов, Б.Тұрғынбаева, М.Жанпейісова, Н.Сарсенова да назар аударған .

Белгілі ғалым М.Поташник «Инновация – оқу бағдарламасын меңгертуде мұғалімнің оқытудың жаңа әдістемелері мен технологияларын тиімді игеруі» деген анықтама берсе, Н.Талызина «Инновациялық технологияларды қолданудағы негізгі міндет: сабақ үрдісінде белгіленген мақсатқа жетуде ең тиімді әдістерді таңдай білу» деп анықтайды, Э.Роджерс инновацияны былайша түсіндіреді: “Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея”. Майлс “Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», – дейді .[1, 165-б]

Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін – өзі дамытып, оқу үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту – бұл таным әрекетін ұйымдастырудың арнаулы формасы.

Сабақтың қызықты да түсінікті болуы мұғалімнің шеберлігі мен ізденімпаздығына тікелей байланысты. Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру үшін сабақты түрлендіріп өту керек. Осындай жұмыс барысында жаңашыл мұғалімдердің тәжірибесіне сүйене отырып, сабақты түрлі іскерлік ойындар, жарыстар түрінде, пәнаралық байланыс түрінде, көрнекіліктермен, дидактикалық материалдар пайдалана отырып, өтсе балалар қызығатын сияқты. Ол үшін оқытудың жаңа технологияларын, қашықтықтан оқыту, ақпараттық – коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану секілді ауқымды мәселелердің өзектілігі артады.

Информатика мұғалімдерінің педагогикалық жұмысына қойылатын талаптарының басқа пәндер мұғалімінің жұмысына қойылатын талаптардан гөрі елеулі ерекшеліктері, айырмашылықтары бар. Сол талаптарды іске асыру - мұғалімнің жұмыстарының мақсаттылығын күшейтіп, сабақтан тыс уақытында нәтижелі әрі құнды материалдарды ұйымдастыруына мүмкіндіктер туғызады [2, 25-28-б].

Дидактикалық материалдар информатика оқулығының негізінде алынған өзіндік, бақылау және тестік тапсырмалардың, пысықтау сабақтарының, қызықты есептердің жиынтығы болып табылады. Дидактикалық материалдарға енетін өзіндік жеке жұмыстар тек оқыту сипатына, жаңа өтілген материалдарды пысықтауға және бекітуге арналып беріледі. Ол тапсырмалар оқушылардың біліктіліктерін, дағдыларын қалыптастыруға көмектесуге және олардың білімдерін тексеруге бағытталған. Бақылау және тестік жұмыстарды жүргізуде өзіндік жұмысқа қарағанда уақыт көлемі қатаң ескеріледі. Дидактикалық материалда ұсынылатын тест тапсырмаларының сұрақтары өте анық, түсінікті, ой тұжырымын жасауға өте ыңғайлы болуы тиіс.

Тест тапсырмаларды пайдаланып, нәтижесіне талдау жасай келе, мынадай қорытынды жасауға болады. Тест тапсырмалары оқушылардың қандай материалды игеріп, қай материалды қандай тәсілмен түсіндіру қажет екенін анықтауға да мүмкіндік береді. Дидактикалық ойындар – сыныпта жүргізілетін жұмыстардың ең қызықтысы. Ойынның қай түрі болса да, оқушыларды өзіне тартып әкететіні белгілі. Оқушылардың пәнге қызығуын шығармашылықпен ойлауын

және білім сапасын арттыруда сабақта қолданылатын ойые элементтерінің рөлі зор. Ойын элементтерін пайдаланудың оқушылар білімін тиянақты етудегі зор мүмкіндігін ескере отырып, мен өз іс тәжірибемде бірнеше ойын түрлерін қолданамын. Сабақта ойын элементтерін қолдану оқушылардың жоғары көңіл күйін туғызады. Ал мұның өзі оқушының белсенділігін, дербес ойлануын, қызығуын арттырып, сабақты қабылдауға, барынша қолайлы ықпалын тигізеді. Ойынның қандай түрі болса да жалқау, енжар балалардың ынтасын арттырып, білімге қызықтырады . .[2, 31-б]

"Информатика" пәнінен 6-сыныпта «Ақпаратты қорғау. Вирусқа қарсы программалар» тақырыбында өткен сабақта оқушылар компьютерлік вирустардың түрлерін анықтап , вирустарды жою түрлерін меңгеріп , және ақпаратты вирустан сақтау жолдарымен өз бетінше жұмыс жасауға дағдыланды. Менің бұл сабағым бұрын өтіп жүрген сабағымнан әлде қайда өзгеше болды. Бұл сабақтағы мен оқыту мақсатына - оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытып, тақырып мәнін өз бетімен оқып түсінуін, топпен жұмыс жасауын, өзгелердің пікірін тыңдай алып, ол пікірді бағалауын және өзін - өзі бағалауға, топпен бағалауға, жұппен бағалау дағдыларын қалыптастыруды алдым. Оқушылар терең білім алып, болашақта пайдалана алатындай және тиісінше сол білімдердің ұзақ уақытқа есте сақталуына жағдай жасайтын тәсілдерді оңтайлы таңдау болды. Осы мақсатты жүзеге асыруда «Ойлан, жұптас, бөліс», тұжырымдамалақ карта, «Сәйкесін тап», «Кеңейтілген тапсырма», компьютермен жұмыс, әдістерін таңдап алдым.

Үй тапсырмасын пысықтау мақсатында "Крестиктер мен нолдіктер" ойынын қолдандым. Бұл тапсырмада интерактивті тақтадан суреті мен сұрақтар көрсетіледі, осы сұрақтардың дұрыс жауабын «Х» -деп, дұрыс емес жауабын «О» - деп белгілеп шығуы керек. Нәтижесінде, дұрыс жауап берген оқушыларда үш «Х», үш «О» шығады. Сұрақтар күрделірек болғандықтан жетінші, сегізінші, тоғызыншы сұрақтарға жауап берген оқушылар саны көп болмады, бұл тапсырманы сыныптағы барлық оқушылардың бірдей деңгейде орындамағанын анықтадым. Осы тапсырма арқылы дарынды және талатты балаларды, жас ерекшеліктеріне сай оқытуда ізденісті дамыта түсуім керектігіне көз жеткіздім.

Жаңа сабаққа ену мақсатында мен сыни тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту аясында "Педагогикалық жағдаят" арқылы мынандай ситуациялық сұрақтар қойдым: Балалар барлықтарыңда үйде компьютер бар ма? Ол компьютермен қандай жұмыс жасай аласындар? Қаншалықты көп жұмыс жасайсындар? Компьютерлерің жақсы жұмыс жасай ма? Неге кейде әр түрлі жазулар шығып кетеді деп ойлайсындар? Оқушылар бұрын-соңды компьютермен, телефон түрлерімен жұмыс жасап жүргеннен кейін бұл сұрақтар аса қиындық туғызбай, «вирус» - деген жауапты тез алдым. .[3, 258-265-б]

Жаңа сабақты пысықтау мақсатында «Сәйкес мәтінді тап!» атты жұптық жұмыс жүргіздім. Мақсатым: жаңа сабақты меңгеру барысындағы оқушылардың алған білімдерін пысықтау болды. Кестеде орны алмастырылған 2 сұрақ берілді. Жұпта орындалған тапсырманы бір-біріне тексерту арқылы оқушылар бірін - бірі критерий арқылы бағалады.

Сабақ үстінде кроссворд шешуге арналған қысқаша бақылау жұмыстарының да орындауға болады. Кроссворд жасау - үй жұмысы. Балалар әдебиетпен танысып, терминдерді қайталайды, жаңа ұғымдарды біледі. Мұғалім олардың тереңдігін, жаңа сөздер санын кроссвордтың құрылу күрделілігін, қателерді тексереді. Сөзжұмбақтармен жұмыс жасау балаларға ұнайды, сабақты қызықты етіп өткізуге көмектеседі. Олар оқушылардың шығармашылық жұмыспен айналасуына түрткі болады, олардың тек компьютерге жұмыс жасауға ғана қызығушылығын емес, пәннің теориялық негіздерін білуге де ынталандырады.

Анаграммалар, ребустар және кроссвордтардан да басқа ойын технологияларын пайдалануға болады. Мысалы, «Литерлік шамаларды өңдеу операциялары» тақырыбын өткенде, қиып алып желімдеу операцияларын да қарастыруға болады, олардың жаңа сөздер табуға көмектесетінін де айтып кеткен жөн [3, 428-б].

Информатика пәні – басқа пәндерден алған білімдерді пайдаланушы және оны дамытушы пән. Демек, оқушылардың ғылыми дүние танымының, көзқарастарының негізі олардың басқа пәндерден алған білімдерін жинақтау нәтижесінде қалыптасуы керек. Бұл пәнаралық байланыс арқылы жүзеге асады. Пәнаралық байланыс - күрделі педагогикалық проблемалардың бірі. Информатика сабағына интерактивтік әдісті қолданудан оқушылардың білімі тиянақталады, білімі тереңдейді, өздігінен кітап оқуға дағдыланады, өмірмен байланылыстығын, информатика пәнінің түрлі пәндермен байланысты екендігіне көздері жетеді. Компьютерді экологияны, табиғатты қорғауға, экономиканы жобалауға, мәдениетті дамытуға, информатиканы география, физика, химия, еңбек, құқық, математика пәндерімен, медицина ғылымдарымен байланыстыруға болады. Міне, осындай тәсілдермен өзгермелі ортада тиімді шешімді жылдам қабылдай алатын, өзіндік ойлау қабілеті бар, өзін өзі жетілдіре алатын, жаңа типтегі адамды қалыптастыруға, тәрбиелеп шығаруға болады. Осындай қасиеттері бар адам әлеуметтік жағынан да өзін- өзі жақсы қорғай алады. Ендеше қоғам талабына сай білім беру үшін жаңа педагогикалық технологияларды әр түрлі оқыту әдістерімен сабақтастыра жүйелеп, заманауи тиімді білім беру жүйесін жасақтай білуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер :

1. Тәжібаева С.Г. Педагогика. - А., 2017, 165-201-б
2. Бұзаубақова К. Жаңа педагогикалық технологиялар // Қазақстан мектебі. - 2018. - №5.
3. Чернилевский Д.В. Креативная педагогика и психология. - М., Академический проект, 2014. – 560 б.

БҰРЫШТЫҢ ТҮРЛЕРІ

Имантаева Гүлшат Сагитбекқызы
Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы
Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін орта мектебі

Ұзақ мерзімді жоспар тарауы: Бұрыштар. Көпбұрыштар.	**Сыныбы: 5**
Сабақ тақырыбы	**Бұрыштардың түрлері**
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаты:	5.3.1.5 бұрыштардың түрлерін ажырату 5.3.3.3 бұрыштың градустық өлшемін табуға,бұрыштардысалыстыруға берілген есептерді шығару.
Сабақ мақсаттары:	**Барлық оқушылар үшін:** Білім алушылар градустық өлшемдерін табуды меңгереді. **Көпшілік оқушылар үшін:** Білім алушылар градустық өлшемдерін табуға берілген есептермен танысады. **Кейбір оқушылар үшін:** Білім алушылар бұрыштарды салыстырып бере алады.
Сабақ барысы	

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	**Педагогтің жоспарланған іс-әрекеті**	**Оқушының жоспарланған іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 5минут	**Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасу, түгендеу.** Оқушылар шеңбер жасап тұрады, **«Менен саған бір тілек»** тренингі арқылы бір-біріне сәттілік тілейді. Үстел үстінде жатқан төрт түрлі төсбелгінің арасынан өзіне ұнағанын таңдап алады, төсбелгі түріне қарай топқа бірігеді. Топтың алтын ережесін құруды талап етемін.	**«Менен саған бір тілек»** тренингі арқылы бір-біріне сәттілік тілейді.	Түрлі-түсті төсбелгілер	Түрлі-түсті төсбелгілер
	Ширату тапсырмалары: Жаңа сабақты бастамас бұрын жалпы сыныппен жұмыс. «Серпілген сауал» әдісі. `Wordwall` бағдарламасын қолданамын. 	Оқушылар компьютер таңдаған сұраққа жауап береді.	Жарайсыңдар! Монеталармен бағалау.	Глобус, АКТ
Сабақтың ортасы 30 минут	**Жаңа білімді еске түсіру.** **«Модельдеу» әдісі.** **Жұмыс барысы:** Тақырыпты топта өз ішінде талқылап,топ көшбасшысы қорғайды. Бір топ тақырыптар бойынша сұрақтар дайындайды. 1. Бұрыш дегеніміз не? 2.Бұрышты қалай өлшеуге болады?	Моделдеу барысында оқушылар құрылымдалған ортаның аясында белгілі бір проблемаға қатысты жауап береді, мұғалімге еліктейді	Өте жақсы Монеталар	АКТ, флипчарт, маркерлер

	3.Бұрыштың градустық өлшемін қалай анықтайды?**ҚБ: «Шапалақ»** Топтар бірін бірі бағалағаннан кейін мұғалім тақтаға слайд арқылы тақырыпты түйіндейді.			
	№1 тапсырма. Оқулықпен жұмыс. Топпен жұмыс. «Тарсия әдісі» бойынша шығару.  **ҚБ: «Мадақтау»**	Есептерді жауаптары бойынша сәйкестендіреді. 	Өте жақсы! Керемет!	
	№2 тапсырма. Жұптық жұмыс: «Тиімді депозит» (бекіту жаттығулары). **I -IYтоп** Сағат 9-дан 10минут өткенде, оның сағаттық тілі мен минуттық тілі арасындағы бұрыш неше градус болады? **Дескриптор:** 1.Сағаттық тілді салады. 2.Градусын анықтайды. 3.Жауабын анықтайды. **Жалпы- 5 балл.** **II-III топ** **2-тапсырма** Сағат 10-нан 34минут өткенде, оның сағаттық тілі мен минуттық тілі арасындағы бұрыш неше градус болады? **Дескриптор:** 1.Есептің мазмұнын түсінеді;	Оқушылар жұппен орындайды, дәптерге түсіреді және толықтырады.. 	Жинаған монеталарын депозитке салу.	АКТ, үлестірмелі материалдар, смайликтер

	2.Градусын табады. **Жалпы-5 балл.** **ҚБ: «Тиімді депозит»**			
Сергіту сәті.	**1-10 дейінгі цифрларды мұрынымыздың ұшымен ауада саламыз.**			
Сабақтың соңы 7 минут	**Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары:** **Ойлау дағдыларының деңгейлері:** **білу және түсіну, қолдану, талдау.** Суреттегі DOF бұрышының градустық өлшемін табыңдар.  **Дескриптор:** 1.Градустық өлшемін табады. 2.Жауабын анықтайды. **Жалпы- 5 балл.**	**Дескриптор**: -өрнекті құрайды; - берілген санның пайызын анықтайды. -пайызы бойынша санды анықтайды. 		Стикерлер, үлестірмелі материалдар
3 минут	**Рефлексия (кері байланыс)** 	Оқушылар сабақ бойынша алған әсерлерін жазып шығады. 		Стикерлер

ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Исмагулова Гульсум Зейнуллаевна
Ж.Сәрсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі- білімді әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, логикалық ойлауы дамыған жаңаша, тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл адамға айналдыру. Мектептегі оқыту үрдісінің негізігі мақсаттары –баланың білімді игеру кезінде ойлау қабілетін қалыптастыру, сол арқылы таным әрекетін белсендіріп,жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеу. Оқытудың мақсаты оқушыларға білім беру ғана емес, сонымен бірге олардың ойлау қабілетін дамыту және белсендіру оқушылардың білімді,дағдыны меңгеру үшін,болашақта танымдық және тәжірбиелік іс әрекетке оқушыларды дайындау қажетті шарт болып табылады. Әлемдік психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде адамның ойлауын дамытатан мәселелерді А.Н.Монтьев, С.П.Рубинштейн, М.В.Занков т.б. атақты ғалымдар теориялық тұрғыдан қарастырған. Ойлау дегеніміз-ақиқат дүниені өзара барлық байланыс қатынастарымен сәулелендіретін, миымыдда жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленетін процесс.

Балалардың ойлауын дамыту туралы М.Жұмабаевтың сөзімен алсақ: «Ойлау жанның өте бір қиын,терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр, сондықтан басқыштап ісі істеу керек. Оқулықтағы берілген тапсырмалар, суреттер баланың жанына болуы дұрыс әсер ететіндей,оқушының оқуға, білімге деген ынта – ықыласы, құштарлығы болуы керек» Оқу материалын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да мұғалім балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс,бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру,сабақта бала логикасын дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады. Дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым логика деп, ал ой қортындыларының обьективпікірлерге негізделетінпроцесі логикалық ойлау деп аталады. Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қортындылардың қисындылығында ,олардың шындыққа сай келуінде. Логикаға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдарлары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастардың дұрыстығын теріске шығаруға болмайтыны пікірлерде көрсетіледі.Психолог –ғалымдар : Н.Н.Поспелов,Ю.А.Петров,А.Н.Леонтьев «логикалық ойлау» ұғымына нақты анықтама берген.Олардың пікірінше логикалық ойлау дегеніміз логика заңдылықтарын пайдалана отырып ой-пікірлерді ,тұжырымдарды қолдануға негізделген ойлаудың бір түрі. Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту жөнінде А.В.Запорожец, Л.Н.Венгер, И.С.Якиманская еңбектері жарық көрді.

Жоғарыдағы авторлардың пікірлерінше «Логикалық ойлауды дамыту» дегеніміз;

- барлық логикалық ойлау операцияларын (талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, саралау) арнайы жүйелі түрде қалыптастыру;
- ойлау белсенділігін, өзбеттілігін дамыту.

«Логикалық ойлау – логикалық сөйлеудің негізі,ал мұны- логикалық сөйлеуді ұстаз дамытуға тиіс», деп көрсетті Қ.Д.Ушинский.Мектептің тірегі де, жүрегі де ,білімнің тұтқасы да- мұғалім.Бала тағдыры қолына сеніп тапсырылып отырған басты тұлға да ұстаз екені де баршаға белгілі. Қ.Д.Ушинский пікірін П.Ф.Каптерев одан әрі дамыта отырып,педагогикалық үрдіс оқушы мен мұғалімнің бірлескен әрекеті:бір жағынан, бұл – мұғалімнің бағыттаушы,ал екінші жағынан – оқушының өзіндік ішкі әрекеті. Ол оқушының белсенді білім игеруі мен қызығушылығына,талпынысына ерекше мән берді. Каптерев оқушының білімді игерудегі

ішкі процестерін зерттеуді бірінші орныға қойды. Ең маңыздысы,бұл процестерге жағымды жағдайлар жасау дейді.

Қазақ мектептерінде дидактикалық міндеттерді шешуде Ы.Алтынсарин үлкен үлес қосты. Алтынсариннің мұғалім міндеттері туралы,қалай оқу керек деген талаптары біздің зерттеулерімізде маңызы болды.Ы.Алтынсарин бойынша оқытудың жеке әдіс - тәсілдеріне;

а) оқыту әдісі – бұл баланың білімге құштарлығын оятатын, кейіннен өз бітінше білім көтеруіне бастайтын жол;

ә) сабақта баланың ой-әрекетін жаттықтыру. «Маңыздысы, оқушының өз бетінше ойлнан білуі.» Тәуелсіз елдің тірегі – білімді ұрпақ, өркениет біткеннің өзегі – білім, ғылым, тәрбие дейтін болсақ, осының барлығының бастауы – бастауыш мектеп. Ал бастауыш буынның негізгі міндеті баланың жеке басын бастапқы қалыптастыруды қамтамасыз ету, оның қабілеттерін дамыту, адамзаттың асыл қасиеттерін оқушы бойына сіңіру. Кейбір зерттеулерде оқушының танымдық белсенділігі – бұл интеллектуалды және кәсіптік дайындыққа бағытталған үздіксіз оқу үрдісі, оқу тиімділігі мен оқытудың ғылымилығы деңгейін оптималдандыру ретінде түсіндіреді.

Бастауыш сынып баланың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі деп есептеледі. Өйткені логикалық ойлау кейінірек бейнелік ойлаудың негізінде қалыптасады, ауқымы кеңірек мәселелерді шешуге ғылыми білімдерді меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл баланың қайткенде де,неғұрлым ертерек логикалық жолға шығару дегенді көрсетпейді. Ойлаудың логикалық формаларын игерудің өзі ойлаудың логикалық жетілген бейнені формалары ретінде игерілмейінше,толық құнсыз күйде қалып отырады. Дамыған көрнекі схемалық ойлау баланы логика табалдырығына жетікізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бастауыш сынып журналдары
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық (МАН)
3. Қазақстан Республикасында Білім Беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемелекеттік Бағдарламасы
4. Республика Президенті Н. Назарбаевтың Еліміздің шығармашылық зиялы қауымының танымал өкілдерімен кездесуіндегі сөзінен. Егемен Қазақстан, 1998 ж.
5. «Бастауышта оқыту мазмұнын жаңарту жұмысын жаңа тұрғыда басқару жолдары» 2006ж.

ТАРИХ САБАҒЫНДА ЖАҢАШЫЛ ӘДІСТЕРДІҢ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Каржауова Салтанат Темирбаевна
Шалқар қаласы «№1 мектеп-гимназия» КММ, тарих пәнінің мұғалімі

«Мұғалімнің айналысатыны – үнемі қозғалып, өзгеріп, өсіп - өркендейтін тірі адам болғандықтан, біркелкі әдістен табан алмай шектеліп қалуға болмайды… Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жаңа табатын өнер».
Ж.Аймауытов

Сондықтан да дәстүрлі оқытумен шектеліп қалмай, мұғалім әрқашан ізденісте болып, өзіне және шәкірттеріне тиімді жақтарын қарастырып отыруы тиіс.

Білім берудің мақсаты - жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алған терең білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі

дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті, дені сау жеке тұлғаны қалыптастыру» делінген. Жоғарыда аталған қағидаларды ұстана отырып, қазақстанда ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды, тарихи тәжірибелерді, сан ғасырлық мәдени ұлттық дәстүрлерді ескере отырып, қазіргі білім мазмұнын жаңғыртуда, жаңа талаптар қоя отырып ұлттық рухта болашақ ұрпақты тәрбиелеу керек деп санаймын. «Қазақстан 2050 » Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында ұлт Көшбасшысы: «Бала тәрбиелеу - болашаққа ең үлкен инвестиция.Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы білім беруімізге ұмтылуымыз керек », - деп көрсеткен болатын. Олай болса, балаларға сапалы біліммен қатар, салауатты тәрбие беру әрине, Мағжан Жұмабаев айтқандай мектебіміз бен ұстаздарға байланысты. Тәрбиенің екінші сыңары – білім. М.Әуезов «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін - білім» - деп атап көрсеткеніндей, еліміздің болашақта ілгері басуы үшін ең алдымен білім қажет. Рухани ұлттық қажеттілікке жараған білім – ең мықты білім, рухани ұлттық тәрбие нәрімен сусындаған ұрпақ қана – болашақты гүлдендіріп, тәуелсіз елді нығайтатын болады.

Ұстаз алдындағы басты мақсат – сапалы білім мен саналы тәрбие беру, тұлғаның заман талабы мен ағымына сай қалыптасуына ықпал ету екендігін бәріміз білеміз. Осы сұрақтарды шешудің бір жолы – оқытуда жаңаша түрін қолдану, яғни мұғалімнің жаңа қаруы ретінде инновациялық әдіс–тәсілдерді кеңінен пайдалану. Инновация дегеніміздің өзі жаңалықты енгізу, жаңалық әкелу, жаңа әдістеме мен жаңа технология. Қытай даналығына сүйенсек: «Ауызша айтылғанды ұмытамын. Көрсетсең, мүмкін есімде сақтармын. Қатысушы болсам, мен түсінемін» делінген. Осы сөздерден инновациялық оқытудың мәні өз көрінісін табады. Жаңа инновациялық әдістерді пайдаланудың әдістері неде?

1) қазіргі уақыт жаңалық пен инновация уақыты. Күнделікті өмірде жаңа білім мен жаңалықтармен кездесеміз. Бұған оқыту үрдісі де сәйкес болу керек.

2) жаңалықты пайдалану оқушының ойлау қабілетін жаңалыққа икемдеп, алдын - ала болжам жасауға үйретеді.

3) инновациялық әдістер бұл белсенді оқыту әдістері. Ақпаратты белсенді түрде сіңірген оқушы жадында өздері айтқанның 80% сақталса, өздері істегеннің 90% қалады. Жаңаша оқытудың тиімді әдістерінің бірі интерактивті оқыту. Интерактивті оқыту технологиясы бұл ұжымдық, өзін- өзі толықтыратын,барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген,оқу үрдісінде оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту үрдісін ұйымдастыру болып табылады.

Әр оқытушы сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып,сонымен қатар компьютерді,электрондық оқулық пен интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе,оқушылардың қызығушылығы арта түседі.

Интерактивті тақта топтағы оқушылардың барлығын оқыту үшін құнды құрал. Жаңа материады өте қызықты және қарқынды етіп түсіндіруге көмектесетін көзге көрінетін құнды құрал. Оның ақпаратты түрлі мультимедиялық ресурстар көмегі арқылы таныстыруға мүмкіндігі зор. Ол сызбаларды түсіндіруді жеңілдетіп,қиын мәселелерді шешуге көмектесе алады. Оқушылар өздерінің жаңа ойларын,идеяларын әсерлі,тартымды етіп көрсету үшін осы тақтаны қолданса мақсаттарына жетеді. Бұл тақтада оқытушылар мен жаңа материалды бірігіп талдауға мүмкіндігі зор. Интерактивті тақта топтағы барлық оқушылардың басты назарына айналады. Ал егер де керекті материалдың барлығы алдын - ала дайындалып, түсінуге оңай болса, сабақтың жақсы қарқынды өтуін қамтамасыз етеді. Өзім сабақ беретін 5-7 сыныпқа ойын сабақтарын, сын тұрғысынан ойлау және жазу стратегиясы,сурет иллюстрациялар бойынша әңгіме құрау, бес жол өлең стратегияларын қолданып жүрмін. Мысалы: 6сыныпта «Энеолит» тақырыбында сурет-иллюстрация бойынша жұмыстар

жүргіздім. **“Сиқырлы суреттер”**оқушылар суреттер арқылы тас дәуірінің кезеңдеріне сипаттама беріп,өтілген тас дәуірін толық қайталайды.

Ал 8-11 сыныптарда топтық, жұптық оқыту,постер құру әдісі, сынақ, өзіндік жұмыс,тірек -сызбалар, кестелер, хронологиялық кесте құастыру, тірек -конспектілер құрастыру, Венн диаграммасы,тарихи диктант, тест түрлері арқылы оқыту, термин сөздермен жұмыс, тарихи тұлғаны тану т.б.жұмыстар жүргізіп жүрмін.

«Ұлт- азаттық көтерілісі»тақырыптарының ішінде «Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт - азаттық көтеріліс» тақырыбын өткенде «тарихи көзқарас» постер құрату, «тұлғаны таны»жұмыстарын жүргізу арқылы оқушылардың тарих сабағын қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруға болады.

“Тарихи көзқарас”Оқушылар постер қорғайды.

І топ.Көтерілістің себертері,мақсаты және қозғаушы күштері

ІІ топ.Патша үкіметінің жазалау әрекеттері

ІІІ топ.Ресейден келген елшілердің Кенесары ордасына келуі7

«Тұлғаны таны» сайысы 1382 жылы Алтын орданың ханы Тоқтамыс Мәскеуді өртеп жіберді. Оның мақсаты елінің билігін нығайтып, қарсыластарының алдында күштілігін дәлелдеу. Арада 500 жылдай уақыт өткеннен кейін тағы бір қала Мәскеудің күйін кешті.

Сұрақ: Өртенген қай қала? Оны өртеген адамның мақсаты қандай?

Жауабы: Ақмола бекінісі. 1838 жылы 26 мамырда Кенесары Қасымұлы патшаның отарлау саясатына қарсылығын осылай бастады.

Мектеп оқушыларын ҰБТ- ге дайындау қазіргі кездің өзекті мәселесі. Сондықтан,кез келген сабақта «ҰБТ -ге саяхат» деген айдармен тестік тапсырмалардың бірнеше түрлерін пайдаланамын.«Дұрыс жауабын тап», «Тарихи сынақ хат», «Термин сөздермен жұмыс» тапсырмалары да ҰБТ- ге дайындауда тиімді әдістер болып табылады. Сыныптарда тақырыптарды оқып үйрену барысында оқушылар мәтінмен өздігінше оқып танысады. Қосымша газет материалдарын оқуды тарих пәнін оқытуда қосымша білім көзі ретінде пайдаланғанда ғана оқушылардың ізденгіштігі артады. Оқушылар әр түрлі деңгейдегі постерлерді дайындап оны қорғауды үйренеді. Сабақта топтық жұмыстар жүргізгенде барлық оқушылар жұмыс жасайды, танымдық қабілеттері артып сөйлеуді үйренеді. Сабақ барысында заман талабына сәйкес электронды оқулықтарды да қолданамын. Оқытудың мұндай инновациялық, интерактивті әдістері оқушылардың бұрынғы дәстүрлі сабақтармен салыстырғанда неғұрлым нәтижелі білімді игеруіне жағдай туғызады екен. Яғни, бұл жағдайда оқушылардың сабақ үрдісіндегі белсенділігі, пәнге қызығушылығы артады. Бұл әдістер оқушыларды тапқырлыққа, жылдамдыққа, ойын жинақтай білуге, жүйелі білім алуға тәрбиелейді.

«Ұстаздың бақыты-шәкіртінде» деп бекер айтылмаған. Олай болса, педагог Амонашвилидің мына сөздерін еске түсіруге болады. «оқушы дегеніміз-толтырылуға арналған шыны емес, ол жарқыраған шырақ, тек соны жаға білу керек».

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Интерактивтік әдістеме.-Алматы, 2001

2. Қазақстан тарихы; әдістемелік журнал (2009-2014 жж)

3. Г. Тұрымтаева «Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану жолдары». Қазақстан тарихы. 2009, №12

4. Б. Әбдіғұлова «Тарих сабағында оқытудың инновациялық әдістерін қолдану жолдары». Қазақстан тарихы. 2009, №6

ОРГАНИЗАЦИЯ РАБОТЫ ПО РАЗВИТИЮ РЕЧИ УЧАЩИХСЯ 2 КЛАССА НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРНОГО ЧТЕНИЯ В РАМКАХ НОВОЙ ПРОГРАММЫ ОБРАЗОВАНИЯ

Кожанова Зару Жаксылыковна
Актобе, ККСШ им. М.Арына, учитель русского языка и литературы

Аннотация. Данная статья посвящена актуальной на сегодняшний день проблеме развития речи учащихся младших классов. Особое внимание в своей работе учитель уделяет задачам, условиям и требованиям к развитию речи как средству успешного обучения в школе в рамках обновлённой программы образования. Учитель делится педагогическим опытом как помочь ребенку получить навыки человека 21 века – это коммуникативные навыки, это умение добывать знания самим или самостоятельное обучение, проводить исследования, критическое восприятие информации и обработку данных на уроках русского языка и литературного чтения во 2 классе.

Изменения в содержании образования вызваны переменами в нашем обществе: Казахстан вступил в международное образовательное пространство, где реализуется 12летняя форма обучения и образование рассматривается как важный фактор устойчивого развития стран. Сегодня педагоги школ помогают ребенку получить навыки человека 21 века – это коммуникативные навыки, это умение добывать знания самим или самостоятельное обучение, проводить исследования, критическое восприятие информации и обработка данных, формировать практические навыки и взаимодействие.

Я обучаю в этом учебном году второклассников. Именно в начале второго класса стало заметно, что детям не хватает словарного запаса, жизненного опыта для объяснения лексического значения слова, подбора необходимых слов для составления предложений и связного текста. Во втором классе для определения уровня достижения учащимися целей обучения, суммативные работы по русскому языку и литературному чтению предполагают выполнение заданий по говорению, чтению и письму. Чтобы прийти с детьми к высшему уровню развития навыков, а именно полная самостоятельность при правильном выполнении заданий, в течение длительного периода систематически веду работу над активизацией словарного запаса ученика. Это та база, которой не хватает нынешнему младшему школьнику.

На уроке русского языка по теме «Лексическое значение слова» выясняем с ребятами для чего нужны такие предметы как скакалка, мячик, обруч, велосипед. Выясняем, что если бы пришлось рисовать рисунки к этим словам, то они были бы непохожими. Предлагаю план, по которому ребёнок сможет дать правильное толкование слову: 1) Опиши внешний вид предмета. 2) Из какого материала сделан этот предмет? 3) Для чего используют люди этот предмет? Такой план подходит к существительным предметного значения. Что делать если слово с абстрактным значением? Например, слово «зарядка». В этом случае с детьми выполняем комплекс физических упражнений. Затем дети сами отвечают на вопрос «Зачем мы сделали упражнения?» Ответы, как правило, разные, но точные. И в конце задаю вопрос: «Как назвать одним словом то, что мы делали?». Ученик выдаёт следующее объяснение: «Зарядка-это гимнастические упражнения для здоровья, чтобы бы организм стал сильным и развитым». По Ушакову Д.Н. «зарядка-это запас энергии, бодрости, физических сил». Сравниваем с детьми оба толкования. Делаем соответствующие выводы. Такие задания выполняем неоднократно на уроке и дома как устно, так и письменно. Таким образом, ребята даже создают тематический толковый словарик, выполняют соответствующие рисунки. Данный словарик ребята используют для письменных работ при написании сочинения.

Знакомство с понятием «сочинение» начинаем с темы «Мои любимые зимние игры». Перед детьми ставится цель: как написать небольшой рассказ на заданную тему. Перед написанием сочинения рассматриваем сюжетные картинки по теме, отвечаем на вопросы по содержанию картинки, а также на дополнительные вопросы, предполагающие малый опыт детей. Например, чем дети любят заниматься зимой? Какая одежда подходит для зимних развлечений? Подбираем слова-признаки и слова-действия по теме «Зимние забавы». Предлагаю готовый план, по которому дети будут писать свой рассказ.

Также практикую такую работу как, читая начало сказки, дети выбирают название тексту и продолжают сказку, опираясь на картинки. Предлагаю редактировать какое-либо предложение или отрывок из сказки, например, описание героя сказки: *«У журавля шея длинный, нос длинный и ноги длинный. Крыло тоже длинный».* Данная работа формирует навыки правильного написания родовых окончаний имён прилагательных

Обучение по новой программе позволяет не только развивать знания и навыки учащихся. Раньше мы говорили о сплошном запоминании: например, надо выучить стих, подготовить пересказ. А как использовать этот навык, мы детей не учили. Сегодня мы говорим о прикладном характере знаний, которые можно использовать на практике. Это практико-ориентированная программа.

Одним из критериев речевого развития учащихся является владение изобразительно-выразительными средствами языка, в том числе пословицами, поговорками. Речь –это вид деятельности человека, реализация мышления на основе использования средств языка. Дети с хорошо развитой речью всегда успешнее учатся по разным предметам.

Есть несколько условий, без соблюдения которых речевая деятельность невозможна: Первым условием возникновения и развития речи человека является потребность высказываний. Без потребности выразить свои стремления, чувства, мысли не заговорили бы ни маленький ребенок, ни человечество в своем историческом развитии; Второе условие любого речевого высказывания —это наличие содержания, материала, то есть того, о чем нужно сказать; Поэтому третье условие успешного речевого развития —это вооружение средствами языка. Детям нужно дать образцы языка, создать для них хорошую речевую среду. В результате слушания речи и использования ее в собственной практике у ребенка формируется подсознательное «чувство языка», на которое и опирается методика обучения.

Я определила, какие задачи на сегодняшний день стоят передо мной как учителя в развитии речи учащихся? Это:

а) обеспечить хорошую речевую (языковую) среду для учащихся: восприятие речи взрослых, чтение книг, слушание аудиокниг и пр.;

б) обеспечить создание речевых ситуаций, определяющих мотивацию собственной речи учащихся, развивать их интересы, потребности и возможности самостоятельной речи, в общем, обеспечить речевую практику для учащихся;

в) обеспечить правильное усвоение учащимися достаточного лексического запаса, грамматических форм, синтаксических конструкций, логических связей, активизировать употребление слов, образование форм, построение конструкций, обеспечить формирование конкретных умений в области развития речи;

г) вести постоянную специальную работу по развитию речи, связывая ее с уроками грамматики, чтения, с изучаемым на них материалом

д) создать в классе атмосферу борьбы за высокую культуру речи, за выполнение требований к хорошей речи.

Перед учащимися я ставлю следующие цели, которые и представляют собой коммуникативные умения:

1.Умение раскрывать тему высказывания.

2.Умение раскрывать основную мысль высказывания.

3.Умение собирать материал к высказыванию.

4.Умение систематизировать собранный к высказыванию материал.

5.Умение совершенствовать написанное (для письменной речи).

6.Умение строить высказывания в определенной композиционной форме.

7.Умение выражать свои мысли правильно точно, ясно и по возможности ярко. В развитии речи младшего школьника я работаю в трёх направлениях:

• работа над словом;

При проверке задания и оценивания разного вида определяем главные требования к речи учащихся. Это:

- содержательность;
- логичность;
- точность;
- выразительность; - ясность; - правильность.

Оценивая выполнение речевых упражнений учащимися, следует учитывать все перечисленные требования как критерии овладения речью.

Вся программа построена по «спирали», то есть мы возвращаемся к теме и углубляем ее на следующий день. Такая «спираль» позволяет добиваться хорошего усвоения знаний и развития навыков.

Список литературы:

1.Юртаев С. В. Преодоление трудностей речевой деятельности на уроках русского языка\\Начальная школа. 2013.—М., 2013.-No 7.-35 с.

2.Жинкин Н.И. Речь как проводник информации.—М.: Наука, 1982.—157 с.

3.М.Р. Львов. Методика развития речи младших школьников: Пособие для учителя.-2-е изд; перераб. -М.: Просвещение, 1985-176 с.

4.М.Р.Львов, Т.Г.Рамзаева, Н.Н.Светловская. Методика обучения русскому языку в начальных классах.-2-е изд., перераб.—М.: Просвещение, 1987.—415 с.

5.Рамзаева Т.Г., Львов М.Р. Методика обучения русскому языку в начальных классах. –М.: Просвещение, 1979. –с. 431.

6.Ладыженская, Т.А. Методика развития речи на уроках русского языка. // Т.А.Ладыженская//–М., 1991

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДАҒЫ ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Куандыкова Анаргул Досбергеновна
Ақтөбе қаласындағы №21 Кәусар бұлақ бөбекжай балабақшасы тәрбиешісі

Қазіргі таңда еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты - ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу.

Білім ғылым саласында инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың жырамас бөлігі болып отыр. Сондықтан мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуымен дамуы болып отыр.

Жаңа заман баласы ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр сырына нықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет. Әрине, ол үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуында педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Яғни, инновациялық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті. Қоғамдағы қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру - басты мәселенің бірі. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеуді әртүрлі технологиялары жасалып енгізілуде. Білім беру жүйесінде қолданылып жүрген инновациялық технологиялар: ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, дамыта оқыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, бағдарламалап оқыту, деңгейлеп оқыту т.б.

Ойын арқылы оқыту - технологиясының мақсаты дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын-баланың бастпақы іс-әрекеті, сондықтан ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенуде. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын – балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын қоршаған ортаны танудың тәсілі. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады.

Дамыта оқыту технологиясы – баланы оқыта отырып, дамыту. Бала бойында еркіндік, мақстакерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік т.б. қасиеттер дамыту.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивтітақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар, мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі-мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану.

Балабақша баласына мультимедиялық оқулықтар біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден, зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге мүмкіндік алады. Мультимедиялық оқулықтар балабақшада балаларға арналған таптырмас құрал болып табылады. Өйткені, балалардың зейіні әр түрлі әдемі түстерге, ойыншықтарға, әдемі суреттерге, әсемдікке әуес болады.

Мектепке дейінгі мекемелерде ақпараттық қатынастық технология құралдарын қолданудағы мақсаты - баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Балада танымдық қызығушылықтың болуы олардың оқу іс-әрекеттерге белсенді, білімінің сапалы болуына, жағымды мінез құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Заман талаптарына сай мектепке дейінгі мекемелерде АКТ оқыту процесінде кеңінен пайдаланады. Түрлі танымдық салаларына арнаулы компьютерлік бағдарламалар құрылуда. Баланың жас ерекшелігіне және пайдаланатын компьютерлік бағдарламаларға сай интерактивті тақта ойындағы баланың оппоненті, бағдарлаушы (әңгімелеуші), жаттықтырушы, емтихан қабылдаушы болуы мүмкін. Оқытуда балалардың түрлі психикалық функцияларын дамытуға араналған пайдаланатын компьютерлік құралдар бар: олар көру, есту арқылы қабылдау, зейін, есте сақтау, логикалық ойлау, т.б.

Проблемалық оқыту технологиясы- баланы өзбетімен ізденуге үйрету, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Яғни, балалардың белсенділігі арттыру, оқу материалына баланы қызықтыра тындай мәселе тудыру, бала материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді, бала оқытуды өмірмен және еңбегімен байланыстырады.

Ынтымақтастық педагогикасы-педагогтың талап ету педагогикасынан қарым-қатынас педагогикасына көшуі. Балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиенің ажырамас бірлігі: тәрбиеші-бала, бала-тәрбиеші, бала-бала, яғни бала да тәрбиеші де субъектілерболыптабылады. Сонымен қатар, баланың жеке басына ізгілік қарым-қатынас, бала мен тәрбиеші арасындағы өзара түсінушілік, ынтымақтастық қарым-қатынас жасау.

Модульдік оқыту технологиясы - оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық процесті ұйымдастыру, тәрбиешіге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру. Балалармен жүргізілетін жұмыстарда кездесетін қиыншылықтардың алдын-алу және түзету жұмыстарының жүйесін құру.

Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.

Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға.

ЕРУЛІК- КӨШПЕЛІ ХАЛЫҚТЫҢ ҚАНЫНА СІҢГЕН АСЫЛ ҚАСИЕТТЕРІ

Куттыбаева Нургул Муханбетжановна
Ақтөбе қаласы, № 49 ЖББОМ қазақ тілі пәні мұғалімі

Уақыт өткен сайын қазақы салт-дәстүрімізге өзгеріс еніп, қоғамға байланысты бейімделіп келеді. Дәстүр ұрпақтан -ұрпаққа ауысатын тарихи үрдістер.Дәстүр мәдениетпен тығыз байланысты, сондықтан мәдениеті дамыған ел дәстүрге де бай. Қазақ халқының салт-дәстүрлері өте көп, солардың ішінде қазірде ұмытылып бара жатқан дәстүрдің бірі-«ерулік». Көшіп қону қазақтар үшін ерекше салтанат болған. Қазақ қауымы көшкен күні жақсы киімдерін киіп, көштегі жүк артқан түйеге кілемше, сырмақтарын оңынан қаратып жауып, сән салтанатпен,ән жыр айтып көңілді көш бастаған. Көш келіп қонған ауылдың жанында отырған ел жұрт көшті жабыла қарсы алып,олардың жүгін түсірісіп, үйін тігуге көмектескен. Қымыз, шай апарып, қой сойып ерулік жасап, қоныс жайлы болсын айтатын болған,әрі көшіп келіп жатқан елге дастархан жайып,қамқорлық танытқан.

Қазақ халқы қонақжайжайлығымен көпке танылғаны мәлім. Осы бір керемет қасиетімізге риза болған орыс зерттеушісі Виктор Герн былай деп жазған: «Қазақ халқы қонақжай, аққөңілділігімен таңғалдырады,олардың киіз үйіне жайғасқан кезде «тонап кетеді,өлтіреді» деген қорқыныштар болмайды, еш алаңсыз жайғаса беруге болады» деген. Осы сөздердің өзі- ақ біздің адал пейіліміз бен қонақжайлық қасиеттеріміздің белгісі емес пе?

Бүгінде осы қасиетіміздің ізі қалды ма екен деген ой мазалайды. Үйге келген қонағымызды дәмнен ауыз тигізбейінше жібермейтін асыл қасиеттерімізден алыстап бара жатқан сияқтымыз. Сыйластықпен төріне шығарған әрбір қонақты күтудің өзіндік бір ережесі бар. Ал бүгін ше? Ерулік ас бермек түгілі құдайы көршісін танымайтындар да бар. Биік қамалмен үйімізді қоршап алып шықпаймыз. Сондықтан осы дәстүрді келер ұрпаққа айтып,

үнемі құлақтарына құя жүруге міндеттіміз. Өйткені бұл дәстүр ата- бабамыздан қалған сүйекке сіңген асыл қасиет.

Халқымыздың бітім болмысын зерттеген этнограф ғалымдардың атап өткеніндей, қазақ жайшылықта тәубешіл , жаугершілікте тәуекешіл, зерделі де ойшыл, сабырлы да төзімді, доспен дос бола алатын, әділдікті бағалай білетін халық. Қаз дауысты Қазыбек бидің сөзімен айтқанда: «Біз қазақ мал баққан елміз,бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз, Елімізден құт- береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп Найзаға үкі таққан елміз, Ешбір дұшпан басынбаған елміз, Басымыздан сөз асырмаған елміз, Досымызды сақтай білген елміз, Дәм-тұзды ақтай білген елміз» деген. Ата дәстүрді ардақтау қазақтың халық педагогикасының ұлттық ұжданы. «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» деп, халық атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді ұрпақтың бойына сіңіріп , ізгілікке тәрбиелейді. Ата -дәстүр бойынша ең әуелі әкені ,содан соң ананы ата -бабаны құрметтеу - кейінгі ұрпақтың міндеті. Тәуелсіз мемлекетімізде ата- бабамыздан қалған қазынаны ертеңгі жас өспірімдерге насихаттап, жалғастыру біздің борышымыз. Әр жұмысты ұлттық негізге құра отырып, халқымыздың тамаша салт дәстүрі ерулікті ұрпақтарымыз білу керек деп ойлаймын.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДАҒЫ STEM ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Қалыбаева Бакытгул Калилаевна,
Ақтөбе қаласындағы №21 Кәусар бұлақ бөбекжай балабақшасы тәрбиешісі

Қазіргі таңда білім беру саласында болып жатқан өзгерістердің барлығы Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталуы — білім мазмұнының жаңаруын талап етуде. Осы мақсатқа сәйкес білім беру саласындағы бағдарламаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, жаңа бағдарламалар жарық көріп, білім мен ғылымды дамытудың жаңа бағыттары айқындалды. Балаларды дамыту мен оқытудың талаптарының өзгеруіне байланысты мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту трансформациялауда. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны балалардың бойында «креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға» бағытталғандығы көрсетілген. Бұл жаңартылған білім беру мазмұнының түйінді идеяларының бірі — мектеп жасына дейінгі балалардың бойында 4К моделінің дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде» мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде шешуді талап ететін өзекті мәселелер анықталған. Соның ішінде: – балалармен жұмыста қолданылатын әдістер мен нысандардың заманауи талаптарға сәйкес келмеуі; – балалардың танымдық қызығушылықтары мен білуге құмарлығы, дербестігі жеткілікті ескерілмеуі; – білім берудің әртүрлі деңгейлерінде алынатын негізгі дағдылар жиынтығындағы сәйкессіздіктің өмір бойы оқыту жүйесін (lifelong learning) құруға кедергі жасауы. Сондай-ақ Қазақстанда ECERS-R сапаны бағалаудың халықаралық шкаласы бойынша өткізілген зерттеу нәтижелерінің бірі «Текшелер, математика, ойын, табиғат/ғылым, музыка/қимыл, өнер, ұсақ моторика және т. б. көрсеткіштер бойынша «Белсенділік түрлері» кіші шкаласы бойынша балдар ең төмен» екені анықталған. Сонымен қатар МДҰ-да жаңартылған білім беру мазмұнын іске асыруда ұйымдастырылған оқу қызметтерін білім беру салалары бойынша кіріктіріп өткізудің маңызы зор. Аталған мәселелерді шешу үшін мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың жеке қажеттіліктері ескеріліп, тәрбиелеу-білім беру

процесінде жаңа заманауи әдістерді енгізу қажет. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту білім беру жүйесінің бірінші деңгейі ретінде балаларды ерте жастан толыққанды дамытудың заманауи теорияларын негізге ала отырып балалардың бойында ұлттық құндылықты сіңіруде маңызды кезең болып табылады. «Бала өзінің әлем жайлы жеке түсінігін қалыптастыру құқығы мен мүмкіндігі бар оқуға белсенді қатысушы ретінде қабылдануы тиіс»,- деп «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде» берілуі — баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субьект) деп тану қажеттігінің маңызын аша түсті. Баланың ойынға, жаңа нәрсе жасауға, зерттеуге, эксперименттерге, танымдық белсенділікке деген қажеттіліктерін ескеріп, педагогтің сапалы маңызды өзара іс-қимыл орнатуы — баланы білім беру процесінің субьектісі ретінде орын алуына мүмкіндік береді. Бала өз қажеттілігі бойынша өз іс-әрекетін өзі жоспарлап, жұмыс алгоритмін құрып, сол алгоритм бойынша нәтижеге бағытталған әрекеттерді орындауды игерсе, өмірдің дамуына тез бейімделіп, балалардың бойында болашақта еңбек етуге қажетті кешенді тапсырмаларды шеше алу, шығармашылықпен ойлау, өз ой пікірін айту және пайымдау, шешімдер шығара алу, бір тапсырмадан екіншісіне тез ауыса алу сияқты дағдылары қалыптасады. Балалардың танымдық белсенділікке қажеттілігін ескеріп, дербестігін ынталандыруда белсенді әрекетке түсірудің маңызы зор. Себебі бала белсенді әрекетке түскенде ғана ақпаратты толық (визуалды, аудиалды, кинестетикалық) қабылдайды. Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды белсенді әрекетке түсіруде заттық-кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастыру маңызды және оның өз талаптары бар. Топтың заттық-кеңістіктік дамытушы ортасы мазмұны толық, өзгермелі, түрлі қызмет атқаратын, вариативті, қолжетімді және қауіпсіз болуы керек:

– балалардың ойын, танымдық, шығармашылық, қимыл белсенділігі мен жағымды әлеуметтенуін қамтамасыз ететін материал мен жабдықтардың болуын және әртүрлілігін қамтамасыз ету;

– білім беру жағдайына сәйкес заттық дамытушы ортаның өзгеруін қамтамасыз ету (қызық емес ойыншықтарды уақытша алып қою және қажетілігіне қарай ойын аймағына қайтадан әкелу);

– балалардың еркін таңдауына мүмкіндік беретін түрлі кеңістіктердің (ойынға, құрастыруға арналған аймақтар) болуын қамтамсыз ету;

– балалардың ойынға, ойыншықтарға, материалдарға, құралдарға еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету;

– баланы дамыту, тәрбиелеу, коммуникативтік, танымдық, жеке-әлеуметтік, қимылдық әрекетін ынталандыру;

– балалардың қызығушылықтарына қарай жабдықтарды аймақтарға бөлу; – әрбір топта балалардың экспериментті әрекеті үшін орын қарастыру. Мектепке дейінгі ұйымда заттық дамытушы орталар балалардың жас ерекшелігіне сәйкес ұйымдастырылады және балалардың өз қажеттілігі бойынша әрекетке түсуіне мүмкіндік береді. Жаңартылған білім беру мазмұны негізінде мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиелеу-білім беру процесін модернизациялауда STEM білім беру технологиясын қолдану өзекті мәселеге айналды. STEM-білім беру балаларға мәселені шешу, өзара қарым-қатынас жасау, шығармашылық амал-тәсілдерді қолдану мен сын тұрғысында ойлау сияқты XXI ғасырдың жасампаз дағдыларын меңгеруге көмектеседі. Бұл-стандартта көрсетілген мектеп жасына дейінгі балалардың бойында 4К моделінің дағдыларын қалыптастыру міндетін жүзеге асырудың тиімді жолдарының бірі.

STEM білім беру технологиясы мектепке дейінгі ұйымдарда ұймдастырылған оқу қызметтерін интегралды түрде өткізуге мүмкіндік береді. STEM оқыту бойынша педагог оқу қызметтерін интегралды ұйымдастыруға көп көңіл бөлуі керек.

Интегралды оқыту — бұл бір тақырып төңірегінде білім беру салалар мазмұндарының тоғысуы, бір-бірімен байланысуы. Интегралды бағытта ұйымдастырылған оқу қызметтері тақырыпты жан-жақты талдауды, зерттеуді, толық меңгеруді қамтамасыз етеді. STEM білім

беру технологиясы бойынша балаларға берілетін ақпараттар қарапайым, жеңіл болмауы керек. Керісінше күрделі, ғылыми тұрғыда балалардың жас ерекшелігіне орай тереңірек түсіндірілуі қажет. Мәселен, «Көліктер» тақырыбы бойынша педагог:

– S — көлік туралы ғылыми ақпарат береді. Яғни көліктердің үш түрі болатыны ғана емес, көлікті алғаш рет кім және қашан, не үшін, қалай ойлап тапқаны туралы, басқа дамыған елдерде көліктің қандай түрлері бар екені туралы мағлұматтар береді. Ол үшін педагог міндетті түрде тақырыпты алдымен өзі терең зерттеп, қажетті ақпараттарды тауып, табылған ақпараттарды балалардың жас ерекшелігіне орай ықшамдап, арнайы бейнероликтер дайындап алуы қажет.

– T — балалардың технологиялық сауаттылығын қалыптастыру бойынша тапсырмалар әзірлейді. АКТ бойынша интербелсенді тақтада дамытушы тапсырмалар құрастыруға болады.

– E-көліктің макетін әртүрлі әдіспен құрастырады. Лего конструкторлармен жұмыс жасау мектеп жасына дейінгі балаларға өте қызықты. Лего конструкторлармен жұмыс барысында балалардың ұсақ қол моторикалары дамиды. Балалар құрылыс әрекетін жоспарлап, жұмыс алгоитмін құрып, сол алогритм бойынша әрекет жасауды үйренеді. Топта ұжымдасып жұмыс жасауға дағдыланады.

– M — көліктерді санайды, түстерін атайды, көлемдерін салыстырады, кеңістікте орналасу ретін анықтайды, қандай пішіндерден тұратынын айтады. Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда бұл технологияның жаңа нұсқалары қолданылуда.

STEM оқытуда балалардың топтық, жұптық жұмыс жасауы маңызды. Топпен ұжымдасып жұмыс жасау ұйымдастырылған оқу қызметінің уақытын үнемдеп, тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Топпен жұмыс барысында балалар бір мақсатқа жету үшін бірігіп, мәмілеге келіп әрекет етуге дағдыланады. Бір-бірінің ойын тыңдап, толықтырып, ортақ түйін шығарады және де өз жұмыстарын ортаға шығып таныстыруды үйренеді. Осындай жұмыстардың жүйелі жүргізілуі балалардың бойында 4K моделі дағдыларының қалптасуына әсер етеді. STEM білім беру технологиясының ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнатуға септігі мол. Педагогтың шеберлігіне қарай ата-аналармен бірлесіп түрлі жобалар ұйымдастыруға болады. Сонымен қатар ұйымдастырылған оқу қызметінде S бағыты бойынша тақырыптың ғылымилығын ашуда балаларға ата-аналармен бірігіп орындауы үшін алдын ала үй тапсырмасын беруге болады.

Ата-аналармен үнемі қарым-қатынаста болып, оларды тәрбиелеу-білім беру процестеріне тарту мектепке дейінгі ұйымның басты міндеттерінің бірі болуға тиіс. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін модернизациялауда жаңартылған білім беру мазмұнының түйінді идеяларын іске асыру және STEM білім беру технологиясын қолдану педагогикалық білім мазмұнының жаңаруы мен жоғарылауына септігін тигізеді.

ОТБАСЫНДАҒЫ КЕЛІСПЕУШІЛІК ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛА ПСИХИКАСЫНА ӘСЕРІ

Айтмырзақызы Бибінұр
Әйтеке би ауданы, Қарашатау ЖОББ мектебінің педагог-психологі

Отбасылар әр түрлі болады, ондағы балалар да әр түрлі. Педагогтар, психологтар және социологтар отбасын - үйлесімді, бүлінген, немесе ыдыраған, толық емес отбасы деп бөледі.

Отбасылық өмір мәнері жеке адамның қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді. Ғалымдар (В.Гребников, Г.Андреева) бірауыздан «отбасылық өмір атмосфера сы» ұғымына отбасы мүшелерінің қарым-қатынасы, ақпарат алмастыру, қабылдау, және меңгеру, ата-анамен балларының бірлескен еңбек және эстетикалық іс-әрекеттің әртүрлі формалары сияқты

факторларды енгізеді. «Отбасы қарым-қатынасы» сөзінің де терең мәні бар. Олардан жеке адамның қалыптасуы туралы жылылық пен мейірімділік, рухани жақындық, қарапайымдылықты көруге болады. Дұрыс қарым-қатынас жасау жақсы көңіл-күй, психологиялық денсаулықтың, шығармашылық іс-әрекеттің негізі болып табылады. Деструктивті қарым-қатынас – әр сағат сайын болмыстың бір бөлшегін алып кетеді.ол қайырымдылық пен өзара түсіністіктің отбасында болмауы. Бұл жатсынуға, ашуланшақтық пен сұйықтыққа әкеледі. Баланың мінезін дұрыс жаққа өзгерту үшін, ең алдымен ата-ана өзін өзгертуі қажет.

Үйлесімді өмір сүріп отырған отбасы үнемі балаларының тәрбиесіне көп көңіл аударады. Балаларын өздерінің ойларымен бөлісуге үйретеді, саяси мәселелерді, жаңа фильмдер мен кітаптарды бірлесе отырып талдайды, өздерінің сүйікті әндерін орындайды. Мұндай отбасы тар шеңбер аумағында қалып қоймайды.

Ал кейбір отбасында баланың жеке басына көңіл бөлінбейді. Ата-ана оның ішкі дүниесіне, қандай нәрсе қызықтыратынына, мақсатына, уайымына, қоршаған ортаға қатынасына назар аудармайды. Мұндай ата-аналар баланың тәрбиелеуі мен жетілу процесін басқаруды дұрыс біле бермейді. Оның ішкі дүниесін түсіну үшін, әр жағдайдағы қимылы мен істеген істеріндегі мотивтерді білу керек.

Отбасы - адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрып, қанат қағар, ошақ қасы, үйі, алтын бесігі. Отбасы дегеніміз- туысқандық байланыста болатын бірлесіп әлеуметтік тұрмыста өмір сүретін адамдар. Ол жерде қарым-қатынас сүйіспеншілікке, ер мен әйелдің барлық жағынан толық теңдігіне негізделген. Балалар мен ата-аналардың қуанышы, реніші ұштасып жатады. Отбасы шын мәнінде тату-тәтті болса одан адамгершілік пен әдептілік, әділеттіліктің көрінісі туады.

Отбасы тәрбиесіндегі ең маңызды мәселелердің бірі – ата-аналардың педагогикалық көзқарасының қалай қалыптасуында.

Біріншіден, бала өзін субъект ретінде есептейді, олар әке-шешесіне еліктейді, сондықтан ата-ана әр жасаған жұмысы мен қарым-қатынасын, сөзін ойланып жасап, балаға үлгі болатындай мақсатта болуы тиіс. Әрбір болған жағдай, әңгіме, мысал балаға маңызды бір түсінік берік сезімінен орын алатынын есте ұстау.

Екіншіден, баланың рухани дамуында психологиялық ахуал үлкен әсер етеді. Баланың сезіміне әсер ету шетсіз жұмыс және тәрбие жұмысының күрделі саласы болып табылады. Көптеген ата-ана балалардың санасына әсер етуді жөн көреді, ал тәрбие жұмысында оның сезіміне қалай әсер ету керегін біле бермейді.

Үшіншіден, бала отбасы жағдайында өзін қалай ұстауды, адамгершілік әліппесі: кішіпейіл болу, ізеттілік, сыйластық, үлкендермен және кішілермен қандай қарым-қатынаста болу сияқты тәжірбие жинайды және меңгереді. Отбасыда сыйластық, қамқорлық, бірлесіп еңбек ету секілді игі істер қалыптасқан болса, ол ортадан қоғамға қарсы тұратын, тәрбиесіз адам шығуы теориялық жаынан мүмкін емес

Төртіншіден, ата-аналар өз балаларын аса қаталдықпен тәрбиелеймін деп әр түрлі қысым мен тиымдарды қолдану, сәл нәрсеге бола қатаң жазалау, ар-намысын қорлайтын іс-әрекеттер жасау арқылы балаларын өздеріне қарсы қояды. Мұндай жағдайда әрине балалар ата-аналарын сыйламайды, олардың баласына айтқан ақылы кері әсер етеді. Осындай отбасында тәрбие алған балалардың рухани бай, адамгершілік тәрбиелі болуы да екіталай.

Бесіншіден, отбасындағы ата-аналар өз балаларының не істеп, немен айналысып жүргендерімен ісі жоқ, оны өз міндеті деп санамайтындар, олардың балалары қараусыз қалған ағашпен тең сияқты әсер алады. Бұл ең қауіпті, әрі сөз жоқ жұтаң, адамгершіліктен жұрдай бала тәрбиелеуі мүмкін. Отбасындағы тәрбиенің құнды болуы – оның болашақ ұрпағынан көрініс беріп, нәтижелі болуында.

Отбасындағы ерлі-зайыптылар келіспеушіліктерінің негізгі себептерін (А.Владин, В.Капустин) төмендегідей жіктеді:

- Ерлі-зайыптылардың психосексуалды сәйкес келмеуі;
- «Мен» қажеттіліктерін қанағаттандырмау,серіктес тарапынан адамгершілік сезімін құрметтемеу;
- Жағымды эмоцияларға деген қажеттіліктердің қанағаттандырылмауы, мейірімділік, қамқорлық түсінігінің болмауы;
- Екеуінің біреуінің өз қажеттіліктерін шамадан тыс қанағаттандыруға әуестігі (маскүнемдік, нашақорлық, қаржыны өзіне ғана жұмсау т.б.);
- Үй шаруашылығын жүргізу,бала тәрбиелеу, ата-аналарға және т.б. мәселелерге байланысты өзара көмек көрсету мен өзара түсінісуге деген қажеттіліктердің қанағаттандырылмауы;
- Бос уақытын өткізуге, әуестіктеріне байланысты қажеттіліктердің айырмашылықтары.

Кейбір отбасында тәрбиенің қиындығы: әке мен ана өздерінің кемшіліктерімен күреспей, қайта оны жуып шаюға ұмтылумен сипатталады. Солай бола тұра өз балаларынан тәртіпті болуды талап етеді. Ал, өте байқағыш, сезімтал балалар ересектердің мұндай әрекетін бірден байқайды. Бұл жағдай олардың азамат болып өсуіне кері әсерін тигізеді. Осы ретте А.С.Макаренко ата-аналарға оқыған дәрісінде: «Әрбір ата-ана өз баласын қалай тәрбиелеп жатқанын жақсы білуі тиіс. Біздің балаларымыз – біздің қартайан кездегі болашағымыз. Оларға берілген бұрыс тәрбие – ол біздің болашақ қасіретіміз, көз жасымыз» - деген екен. Бала тәрбиесі ата-аналарға жауапты міндетті жүктейді, ал ол міндеттің көңілден шығуы ата-ананың әрбір үлгілі ісіне байланысты. Жарқын болашақ бүгіннен баталады және оларкімнің өзінен бастау алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бауэр Т. «Психическое развитие младенца», М., Прогресс, 1979.
2. Буянов М.И. «Ребенку нужна родительсая любовь», М., Знание, 1984.
3. Подласый И.П. «Педагогика», М., Владос, 2003.

ДАРЫНДЫ БІЛІМАЛУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДА АРАЛАС ОҚЫТУ ФОРМАТЫНДАҒЫ ОҚУ ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУ

Қуанышева Альбина Нұрланқызы
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік Университетінің магистрі,
№78 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясының химия пәні мұғалімі

Қазіргі білім берудің ерекшелігі-ақпараттық қоғам жағдайында білім алушылардың мақсаттарын ескере отырып, оқытудың жаңа әдістері, формалары мен құралдары жағдайында білім беру мазмұнын жүзеге асыра алатын оқытушының жаңа имиджіне қоғамның бұрыннан қалыптасқан көзқарасы. Пандемия кезеңінде қашықтықтан оқытудан анықталған кемшіліктер оны негізгі білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың басты нысаны ретінде пайдалануға мүмкіндік бермейтінін көрсетті. Цифрлық трансформация жағдайында білім беру процесін ұйымдастырудың неғұрлым перспективалы нысаны ретінде онлайн және дәстүрлі оқыту форматтарының ауысуына негізделген аралас оқыту форматы қарастырылады. Осыған сәйкес, елімізде 2021-2022 оқу жылында жоғарғы оқу орындарында оқу үдерісі жаппай аралас оқыту форматында жүзеге асқан болатын. Аталмыш мақалада білім беру мекемесіндегі аралас оқыту

процесі және оны педагог пен «Химия» білім бағдарламасы білімалушыларының бірлескен қызметінде іске асыру, оңтайлы оқыту технологиялары мен оқыту әдістері, оқу жетістіктері эксперименттік жұмыс барысында тексерілген тәжірибелер нәтижесі негізінде көрсетіледі. Атап айтқанда дәріс - онлайн, студенттің өзіндік жұмысы, студенттің оқытушымен өзіндік жұмыстары – қашықтықтан, ал практикалық және лабораториялық сабақтар – дәстүрлі форматта оқу үдерісін оңтайлы жүзеге асыру, нәтиже көрсеткіштері сараланған.

Аралас оқыту үлгілерін таңдау мен жіктеудің қолданыстағы тәсілдеріне талдау жүргізілген. Әртүрлі деңгейде жүзеге асырылуы мүмкін аралас оқыту үлгілерінің типологиясына автордың көзқарасы дәлелденген: оқу жоспары, пән, бөлім немесе тақырып (пән аясында), сынып, сабақтан тыс оқыту технологиясы. Аралас оқытудың ұйымдастырушылық-дидактикалық модельдерінің ұсынылған типологиясының шетелдік және отандық басылымдарда ұсынылған басқа типологиялармен және жеке модельдермен байланысы көрсетілген.

Соңғы кезге дейін ғылыми және білім беру орталарында, шетелдік және отандық ғалымдар білім берудің қолданыстағы үлгілерін жаңаларымен кеңінен ауыстыру мәселесі белсенді түрде талқыланды, мәселен, дәстүрлі оқытуды заманауи цифрлық технологияларды пайдалануға негізделген қашықтан оқытумен ауыстыру. Дегенмен, «мәжбүрлеп қашықтықтан оқыту» кезеңі (2020-2021 жж.) бұл тапсырманың теріс жақтарын да айқындап берді. Қашықтықтан оқыту аясында шектеулі сапа деңгейін қамтамасыз ете отырып, білім беру міндеттерінің шектеулі санын ғана шешуге болатындығы белгілі болды. Мұндай көзқарастар соңғы айларда әлемдік, отандық және салалық көшбасшылардың, сондай-ақ көптеген ғалымдар мен практиктердің сөздерінде айтылды [1]. 2018 жылы Н.В. Ломоносованың "аралас оқыту жағдайында электрондық білім беру ресурстарын пайдалануда білім беру процесіне қатысушылардың қажеттілігі мен қызығушылығының болуы эмпирикалық әдіспен расталды" [2].

Аралас оқыту қашықтықтан оқытудан тек білім беру процесіндегі онлайн және күндізгі оқытудың үлестік қатынасымен ғана ерекшеленбейді, оның басты айырмашылығы – бір жағынан оқу процесінің күндізгі және электрондық компоненттерінің өзара әрекеттесу және кезектесу тәсілдерін анықтайтын айқын ұйымдастырушылық дидактикалық компоненттің болуы, екінші жағынан-аралас оқытудың интеграцияланған білім беру ортасында оқу процесін жоспарлайтын және ұйымдастыратын және студенттердің оқу қызметін педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыратын мұғалім қызметінің ерекше сипаты [3]. Егер қашықтықтан оқыту білім беруде цифрлық технологияларды қолдануға, білім алушыларды техникалық жарақтандыруға, электрондық білім беру контентін әзірлеуге және жеткізуге байланысты мәселелерді басым шешуді талап етсе, онда аралас оқыту шеңберінде технологиялық және педагогикалық аспектілерді ұштастыру, педагогикалық тәсіл мен оқу процесінің құрылымын өзгерту орталық мәнге ие болады [4].

Жаңа ғасырдың басынан бастап пайда болған шетелдік және отандық жарияланымдардың көпшілігінде аралас оқыту (ағылшын. blended learning) оқытудың белгілі бір түрі ретінде анықталады ("мақсатты, Ұйымдастырылған, студенттер мен оқытушылардың өзара әрекеттесуінің интерактивті процесі" немесе екі негізгі компонентті біріктіретін "көп арналы оқыту" [5, 207-бет]:

1) дәстүрлі (аудиториялық, күндізгі, жергілікті байланыс) оқыту;

2) электрондық оқыту (онлайн оқыту, электрондық онлайн ресурстар, желілік оқыту, қашықтықтан оқыту технологиялары, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – АКТ сияқты түрлі көздерде нақтыланатын) [5-8].

Оқу процесін ұйымдастырудың басқа формаларына қатысты оның артықшылықтарын сипаттайтын аралас оқытудың негізгі дидактикалық ерекшеліктеріне мыналар жатады:

- оқытудың дәстүрлі және электрондық формаларының дидактикалық мүмкіндіктерін интеграциялау, олардың артықшылықтарын оңтайлы үйлестіру;

- қандай да бір нұсқаларда, білім берудің барлық деңгейлерінде, кез келген бейіндер, мамандықтар, даярлау бағыттары үшін пайдалану мүмкіндігі, мәселен, «Химия» білім беру бағдарламасы бойынша лабораториялық жұмыстарды білімалушылар қолмен арнайы зертханаларда жүргізуіне мүмкіндік береді;

- білім беру процесін дербестендіру және даралау үшін мүмкіндіктерді елеулі арттыру;

- студенттердің жеке жұмысының оқу процесінің құрылымында үстемдік ету, бұл оқу дербестігін дамытуға және өмірдің келесі кезеңдерінде өздігінен білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді;

- "оқу іс-шараларының түрлі интерактивті түрлерін"кеңінен қолдану, [2, с.10], бұл білім алушының позициясын (оқыту объектісінен – оның субъектісіне) өзгертуге, оң оқу мотивациясын және "интеграцияланған оқу тәжірибесін" қалыптастыруды жандандыруға мүмкіндік береді [9].

Сонымен, қолдануға ыңғайлы аралас оқыту модельдерінің біршама санын көрсетуге болады, дегенмен пайдаланушылардың әртүрлі санаттары үшін әртүрлі типологиялар ыңғайлы болатынын ескеру қажет:

1) оқу жоспарының деңгейі (бүкіл оқу орны деңгейіндегі білім беру бағдарламасы немесе дайындықтың жеке бағыты, мамандық);

2) оқу пәнінің деңгейі (пән, модуль, пәнаралық курс, факультатив немесе т. б.),

3) оқу пәні шеңберіндегі бөлімнің немесе тақырыптың деңгейі;

4) оқу сабағының деңгейі (жеке немесе қосарланған);

5) оқу сабақтарын ұйымдастырудың сыныптық сабақтарына немесе дәрістік-семинарлық түріне бағынышты оқыту технологиясының деңгейі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Блинов В.И., Есенина Е.Ю., Сергеев И.С. Модели смешанного обучения: организационно-дидактическая типология //Высшее образование в России. 2021. DOI: 10.31992/0869-3617-2021-30-5-44-64

2. Андреева Н.В. Педагогика эффективного смешанного обучения // Современная зарубежная психология. 2020. Т. 9. №3. С. 8–20. DOI: https://doi.org/10.17759/jmfp.2020090301

3. Garrison D.R. E-Learning in the 21st century: A framework for research and practice. 2nd edition. New York, London : Routledge, 2011. 166 p.

4. Фалько К.И. Роль облачных сервисов в реализации смешанного онлайн и очного обучения в многопрофильном вузе // Вестник Пермского национального исследовательского политехнического университета. Проблемы языкознания и педагогики. 2020. №1. С. 146– 156. DOI: 10.15593/2224-9389/2020.1.13

5. Гвоздева А.В. Теоретико-дидактические основы смешанного обучения в вузе // Учёные записки. Электронный научный журнал Курского государственного университета. 2020. №4 (56). С. 207–213. URL: http://scientificnotes.ru/#new-number?id=172 (дата обращения: 05.04.2021).

6. Краснов С.В., Калмыкова С.В., Краснова С.А. Смешанное обучение в эпоху цифровой трансформации // Проблемы современного образования. 2020. №1. С. 89–101. DOI: 10.31862/2218-8711-2020-1-89-101

7. Малова Н.В. Экспресс-опрос в смешанной модели обучения: задачи, методы и средства проведения // Азимут научных исследований: педагогика и психология. 2020. Т.

8. №4 (33). С. 174–176. DOI: https://doi.org/10.26140/ anip-2020-0904-0036 17. Фандей В.А. Смешанное обучение: современное состояние и классификация моделей смешанного обучения // Информатизация образования и науки. 2016. №4. С. 115–125.

9. Staker H., Horn M.B. Classifying K-12 Blended Learning, 2012. 22 p. URL: http://www.christenseninstitute.org/wp-content/uploads/2013/04/ Classifying-K-12-blended-learning.pdf (дата обращения: 05.04.2021).

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН – ӨЗІ РЕТТЕУІНЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Қуанышева Жанаргүл Дәулеткерейқызы
Ақтөбе облысы,Әйтеке би ауданы,Т.Г.Шевченко атындағы
ЖОББ мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Орта білім ұйымдарының қашықтықтан оқуға көшуі мұғалімдердің өз тәжірибесіне елеулі өзгеріс енгізуге, оқушылардың өз оқуына деген жауапкершіліктерінің артуын қажет етуде. Бұрынғыдай мұғалімдер тікелей оқушылармен синхронды байланыста болмауы қашықтықтан оқудың ерекшелігі болып табылады. Бұл үдерісте біз оқушылардың өзіндік саналығына жүгініп отырмыз. Бұл үдерісті алып шығу мұғалімдерге ғана емес, ата – аналарға да байланысты және тікелей салмақ оқушылардың өзіне түсіп отыр.

Әлемдік деңгейдегі ғалымдардың еңбектерінде 3 жастағы оқушыларға мүмкіндік жасалған жағдайда, олар өзінің оқуына асқан жауапкершілікпен қарауға қабілетті екендігі анықталды. Олар балғын жас ерекшелігіне қарамастан, өздерінің оқуына саналы түрде қарайды, тапсырмаларды шешу үшін өзіндік әдіс – тәсілдерді қолданады, сондай – ақ өздерін оқушы ретінде сезіне бастайды.Әлемдік деңгейдегі зерттеуде аталған қабілеттерді дамыту 3 – 5 жас аралығында болатындығын, сондай – ақ мұғалімдердің осы кезеңде жоғары сапалы педагогтік тәсілдерді қолданып, қомақты үлес қоса алатындығын көрсетті. Қазіргі таңда дәстүрлі оқу кезеңдерінде алынған сауалнамаларға қарасақ бастауыш сыныптың ата – аналары мен мұғалімдерінің көбісі баланың өзін – өзі реттеуіне сенімсіздік білдіретін тәрізді.

Білім алушылардың метатанымдық дағдысы үдерісте қалай көрініс табады. Қашықтықтан оқыту кезінде мұғалім тапсырмасын алғаннан кейін оқушылар өзінің оқу траекториясын өзі жоспарлайды, яғни осы апта немесе оқу мерзімі кезінде оқушы қашан тапсырманы орындайтынын, қанша уақыт жұмсайтынын, қандай оқу платформаларынан ақпарат алатынын анықтайды. Тапсырманы орындауда өз мақсаттарын белгілейді, яғни нені меңгеру керек, нені үйрену керектігін алдын ала анықтап алады. Сонымен қатар оқу қадамдарын ұйымдастырады. Шешімдерді қабылдауға қатысты стратегиясын қабылдайды және өз біліміне мониторинг жүргізеді. Үдерісте нені үйренгенін, нені үйренбегенін оқу мақсаттарына қарай анықтап, өз – өзіне есеп береді. Өзінің және өзгелердің әр түрлі көзқарастарын бағалайды. Онлайн кері байланыстар арқылы, сыныптастарының жұмыстарын өз жұмысымен салыстыра алады. Қазіргі таңда ватсапта осыған жақсы мүмкіндіктер жасалуда. Ынталандырушылық үдерісте біздер, сыртқы ынтадан гөрі, оқу ішкі ынта болғанда жақсы нәтиже беретінін білеміз. Өздігінен реттелетін оқушылар сәтсіздікке ұшырамайды, қандайда бір сәтсіздікке ұшырағанда эмоцияларын тежей алады; тапсырманы дұрыс орындай алмаса одан көңіл күйін түсірмей, беріле салмай қайта қарап өзінің қателерін түзетуге тырысады. Қиындықты жеңу стратегиясын ойластырады. Оқытудың нәтижесі, оқуға, іс – әрекеттерге арналған мүмкіндіктерді іздестіреді. Егер бір нәрсе қолынан келмесе басқа жолдарды іздестіреді. «Білімленд», «Дарын онлайн», тағы басқа ютуб каналдарынан жауаптар іздейді. Өзін – өзі қадағалауға, өзін – өзі бағалауға және өзін – өзі жетілдіруге бағытталған дербес іс – шараларды жасайды, ата – ананың, мұғалімнің қадағалап, тапсырманы орындау туралы өтініштерін күтпейді, өздігінен білім алады. Өзін – өзі реттейтін оқушылар өзінің мінез құлқын

қалай реттейді? Әрқайсымыз үйдегі баламызға метатанымдық дағды бар ма, жоқ па байқай аласыздар. Мысалы метатанымы қалыптасқан бала білім алу үдерісіне белсенді қатысады. Қоршаған ортаны (физикалық және әлеуметтік) өз оқуына керемет күш – жігер мен табандылықпен оңтайландырады. Мысалы өзінің үстелін, сабақ оқитын жерлерін ыңғайлы етіп дайындайды, интернет, т.б., компьютер, планшет сияқты құралдарын алдын ала зарядтап дайындап қояды. Өзгелердің кеңестері және өзінің ақпарат іздеуі арқылы оқудың үлкен мүмкіндіктерін ашады. Қажет болса, ата – анасының пікірлерін сұрап, өзінің жұмысын жақсартады.

Өздігінен білімді меңгеру барысында және тапсырманы орындаған кезде мүмкіндіктерді күшейтеді. Берілген тақырып шеңберінде қалып қоймай ақпаратты ары қарай зерттеп біледі. Оқушылар алдына қойған оқу мақсаттарына жету үшін бір – бірімен өзара байланысты бірқатар қадамдар жасайды. «Ең бірінші қажетті ақпараттарды қалай есте жақсы сақтап қалуға болады? Тапсырманы орындау үшін қандай стратегияны таңдап алуым керек? Қолданылған стартегиялардың қайсысы мәселені шешу үшін тиімді немес тиімсіз? Тапсырманы орындауға қатысты менің қандай мүмкіндіктерім бар?» деген сұрақтарды оқушы өзіне қояды.

Метатанымдық стратегиялар – оқушыларды белсенді ойлауға итермелейтін оқыту тәсілі. Олар оқушыларды өз оқуын жоспарлауға, бақылауға және бағалауға үйретуді көздейді. Өзін – өзі реттеуге мүмкіндік береді. Өзін – өзі реттеуге қолдау көрсету үшін мұғалім мынадай бес қадамды жақсы білуі маңызды болып табылады:

- Оқушының сабаққа деген ынтасы мен ішкі уәжін ояту;
- Мақсат пен тапсырманың және тапсырмаға берілген нұсқаулықтың барынша түсінікті болуы;
- Тапсырманы орындаудың стратегияларымен қамтамасыз ету. Әдіс – тәсілдерді баланың өзі таңдайтындай жағдай жасау;
- Оқушы өзін – өзі бақылауы қажет. Ол үшін мұғалім өз әрекетін бақылауға арналған стратегияларды үйреткені абзал;
- Өзін – өзі бағалау. Яғни оқушы орындалған жұмысқа өзіндік рефлексия жасағаны дұрыс.

Әлемдік деңгейдегі зерттеуші ғалымдар оқушылардағы зияткерлік қақпан идеясын айтқан. Оқушы да тапсырманы толық орындамастан, мен бұны білемін деген жалған иллюзия пайда болады. Қазіргі таңда бұл өзекті болып тұр. Себебі, ақпарат аз көлемде және жылдам ұсынылғандықтан оқушы басқа нәрселерге назарын аударып толық түсінбестен мен оны білемін, үйрендім деуі мүмкін, немесе кейін оқып ұғып аламын деген түсінік пайда болады. Сондықтан мұғалімдер оқушылардың зияткерлік қақпанға түспеуі үшін нұсқауды нақты беруі қажет. Кейбір мұғалімдер оқушыларының жұмысына үстірт қарап, тақырыпты бәрі меңгеріп, білімді алып жатыр деп зияткерлік қақпанға түсіп қалады. Шын мәнінде олай болмай шығуы да ғажап емес. Балалар тіпті білімді толық алмауы да мүмкін. Себебі, кейбір оқушылар тапсырманы бір – бірінен сұрап, көшіріп бере салады. Сондықтан кері байланыс беруде баланың тапсырманы орындағанына емес, қалай орындағанына назар аударғаны маңызды. Оқушыны осы кезде өзін – өзі реттеуге дайындасақ, проблемаларды өздігінен шеше алатын адам тәрбиелейміз, олай болмаған жағдайда проблемалар оқушыны басқарады.

Қазіргі таңда мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, бірнеше білім беру порталдарына қолжетімділікті қамтамасыз етті. Әрине бұл өте жақсы жағдай. Дегенмен, жан – жақтан жылдам ақпараттар легі көбейген кезде оқушылардың когнитивті жүктемесі күшейеді, яғни көп ақпарат өңделмей қалуы мүмкін. Оқушының жадысы көп ақпаратты өңдеп үлгермейді. Сол үшін мұғалім күнделікті жоспарын барынша мұқият құрғаны дұрыс. Қалай болса солай бәрі керемет екен деп тапсырмалар легін көбейте беруге болмайды. Тапсырмалар санын шектеуі қажет. «Балаларға көп үйретем деп, асығып шала – шарпы үйретуден, аз да болса,

анықтап нық үйрету абзал» деген А.Байтұрсыновтың да пікірі осы жерде маңызды деп ойлаймын.

Оқушылардың өзін – өзі реттеу дағдысын дамытуға арналған мынадай идеяларды ұсынғым келеді:

- Оқушыны өз оқуын жоспарлауға, басқаруға, бақылауға, бағалауға үйрету. Ойлау барысында оқушылардың қандай қателік жіберетінін білудің жақсы тәсілі – тапсырманы орындағанда өз ойын қадам бойынша ашып көрсетуге итермелеу. Танымдық тапсырманы қалай орындайтындығын тыңдай отырып, мұғалім оқушының қай жерде қателескенін анықтай алады;

- Тапсырманың күрделілігін оқушының мүмкіндігіне сай таңдау арқылы өзін – өзі реттеуді қалыптастыру. Мұғалім тапсырмалардың санын емес, оқушылардың қызығушылығы мен деңгейіне қарай жұмыстың түрін түрлендіріп, саралап бергені дұрыс. Әрбір оқушыға өзінің шамасы келетін тапсырманы орындауға мүмкіндік берілуі қажет;

- Қашықтық жағдайында оқушыларды стилдері, қызығушылықтар, танымдық ерекшеліктеріне сай жұпқа, топқа біріктіріп, зерттеушілік жұмыстарға қатыстыру маңызды болып табылады. Түрлі жобалар мен зерттеушілік тапсырмаларды беру барысында оқушылар өзара синхронды, асинхронды қарым – қатынасқа түседі. Әр әдістің күшті жақтары мен мүмкіндіктерін бағалай білуін мұғалім мадақтау керек;

- Әртүрлі жастағы балалар мен әртүрлі пәндер саласы үшін маңызы бар өзін – өзі реттеу дағдысын қалыптастыру әдістерін жақсылап үйретуі керек. Әдістерге модельдеу, көрсету, талқылау, дауыстап ойлау, өзінің алғашқы ойларын түсіндіру, ақпаратты бөлшектеп, бөліктерге бөлу және т.б. кіреді;

- Оқушыларға талдаудың соңында тексеру тестілері ретінде өздерінің оқуын бағалауға бағытталған жоғары деңгейлі сұрақтар құрастыру тапсырмасын беру (жауаптарымен бірге) олардың ойлау дағдысының деңгейін анықтауға көмектеседі. Сынып жетекші және оқушылар тарапынан күнделікті бір – біріне белгіленген кесте бойынша қолдау көрсету шараларын ұйымдастыру (синхронды, асинхронды хабарламалар мен үнпарақтар, бейне, аудио жазбалар т.б.);

- Мұғалімдер тарапынан әрбір баланың мінез – құлқы мен темпераментіне қарай жағымды кері байланыс орнату, сенім білдіру маңызды болып табылады. Сынып жетекші тарапынан аптасына бір рет онлайн кездесулер өткізу. Бұл жерде сабақ өту мақсатында емес, өзара синхронды жағымды ахуалды қалыптастыру, жалғыз емес екенін, командаңың қолдауы барын сезіну қажет және әр түрлі жағдайға алаңдамаудың маңыздылығын түсіндіру, т.б.;

- Танымдық үдерістер арасында бір пәннен екінші пәнге ауысқан сәттері зейінін шоғырландыру, эмоциясын бейтараптандыру мақсатында психологтар, дене шынықтыру пәні мұғалімдерімен кеңесіп, жеке – дара жаттығулар сериясын нұсқаулық ретінде ұсыну (аудиал, визуал, кинестетиктерге арнап медитациялар, қимыл – қозғалыс жаттығулары, т.б.);

Табыстылық туа біткен тиянақталған қабілеттерге байланысты деп санайтын болса, онда олар сәтсіздікті өздерінің бақылауынан тыс болған нәрсе деп қабылдайды. Алайда, оқушылар ынталы жұмыс істеу нәтижесінде табысқа қол жеткізген кезде сәтсіздік дұрыс ақпараттың, дағдылардың, әдістердің немесе стратегиялардың болмау нәтижесі екенін түсінеді. Метатаным стратегиялары оқу үрдісін айқындауға, өзін – өзі реттеуге көмектеседі және қай тұсына күш салу керек екендігін түсіндіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Журнал «Информатика и образование», № 7 -2006ж. (41-45 б)
2. Журнал «Информатика и образование», № 2 -2006ж. (49-57 б)
3. Журнал «Информатика негіздері» № 1 – 2005 ж (11-14 б)
4. Журнал «Мектеп» № 11 (6 бет)

5. Сайт: www.edu.gov.kz

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ МЕН ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Макидина Маншук Амановна
Әйтеке би ауданы,Т.Жүргенов ауылы, М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ

Баланың тез және сәтті қадам басуына жемісті оқу және білім керек. Мектептегі оқыту процесі сауат ашудан басталатыны белгілі. Сондықтан оның балаға ана тілін оқытып үйретуде алатын орны да ерекше. Сауат ашу жұмысының негізгі міндеті – балаға хат таныту, яғни оған оқу мен жазуды үйрету.Сонымен қатар, сауат ашу барысында оқушылардың тілі мен ой – өрісін жетілдіруге де баса назар аударылады. Соның нәтижесінде жас ұрпаққа тиісінше жалпы білім негіздерін меңгертіп, адамгершілік, патриоттық тәрбие беруге негіз қаланады.

Демек, сауат ашу білім мен тәрбие алудың кілті іспеттес. Сауат ашудың негізгі мақсаты-болашақ ұрпаққа терең білім мен өнегелі тәрбие беру, сол арқылы оларды өмірге, өз Отанын, ел – жұртын шексіз сүйе білуге тәрбиелеу, білім берудің негізгі бағыттарына қойылатын негізгі талаптардың ішіндегі аса күрделісі – алты жастағы балаларды сауаттандыру мәселесі.Өйткені мектеп есігін алғаш ашқан баланы оқытудың өзіндік қиындықтары бар. Ол қиындықтар балалардың физиологиялық – психологиялық өзгешеліктеріне байланысты.

Себебі сауат ашу жұмысы оқушылардың оқуға, ой еңбегіне қажет белгілі бір қабілетті талап етеді.

Жалпы сауат ашудың нәтижелі болуы даярлық кезеңінде жүргізілетін жұмыстардың мейілінше сапалы болуына байланысты.Демек, сауат ашуға даярлық жұмыстарын дұрыс ұйымдастырып, ұқыпты жүргізуге баса назар аударылады.

Сауатты жазуға үйрену жұмысы граматикаға сүйенеді.Олай болса белгілі бір жазу ережесіне негіз болатын граматикалық құбылыстар сапалы түрде ұғындырылып, содан кейін қорытынды шығарылуы қажет.

Дұрыс, сауатты жазуға үйрену үшін сөздерді дыбыс құрамына, буын жігіне ажырату жұмысы әріп қалдырып кетпеуге, әріп алмастырып алмауға бір сыпыра көмектеседі. Сөздердің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін, теріс жазылуынан мағына бұзылатынын балаларға ережені түсіндіргенде де, жаттығулар жүргізгенде де, олардың жазуларындағы қателерді түзеткенде де көрсетіп, түсіндіріп отырудың пайдасы өте көп.

Сауат ашу кезінде оқу мен жазу жұмыстары өзара тығыз байланыста болады. Жақсы оқи алатын бала таза және сауатты жаза біледі, ал, жазуды жақсы меңгерген оқушы оқуды жеңіл меңгереді.Бір сабақтың өзінде оқу қызметі мен жазу жұмысы бірін-бірі алмастырып және бірін меңгеруге екіншісінің көмегі тиіп отырады. Баланың оқу жылдамдығын жақсартып қоймай, оқығанын түсініп, талдау жасап, ауқымды ақпараттармен жұмыс жасай алуына жүйелі сабақтар мен ұтқыр жаттығулар көмек береді.

Жазу, таза жазу, дұрыс жазу, сауатты жазу – қай тілдің болмасын басты ұстанымы. Сауатты жазудың алғышарты бастауышта қаланады. Мектеп табалдырығын аттаған балаға бірінші сыныптан бастап дұрыс сөйлету үшін сөздердің дыбыстық жағы, дұрыс айтылуы қадағаланады.

Оқушының орфографиялық нормаға сай дұрыс жазуы – бастауыш сынып мұғалімінің маңдай терінің жемісі. Бастауыш сыныпта бағдарламаға сәйкес жоғарыда көрсетілген білім-білік дағдылары қалыптасқан оқушылар сауатты жазуға дағдылану барысында графикалық түрде қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне ие болады. Осы арқылы жазуын ғана емес, сөйлеуін

және таным мүмкіндіктерін жетілдіре алады. Таза жазу дағдысының алғашқы бастамасы әріптің әрбір бөлігін дұрыс сызып көруі арқылы қалыптасады. Әдетте, мұғалім тарапынан оқушыға әдемі, сауатты жаздыру ғана емес, оқушының бүкшимей, басын тым төмен салбыратпай, денесін тік ұстап, өзін дұрыс игеруіне қатты көңіл бөлінеді. Оқушылар жазу ережесін сақтап отырғанда ғана дұрыс жазуға үйрене алады. Сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларына жазуға төмендегі талаптар қойылады, және бұл талаптар бастауыш мектептің барлық сыныптарында жазу жұмысының барысында орындалып отыруға тиіс:

· әріпті дұрыс жазу, дәптердің көлденең сызығынан ауытқымау;

· әріптердің элементтерін жазғанда ұзынды-қысқалы қылмай, тегіс, бірдей жазу;

· әріптердің бірін оңға, бірін солға қисайтпай, барлық әріпті бірдей, оңға қарай сәл көлбеу жазу;

· әріптердің, сөздердің арасындағы қашықтықты бір қалыпты сақтап отыру, бірте-бірте жазу қарқынын тездете түсу.

·түрлі диктанттар жаздыру, әсіресе, сөздік диктантының маңызы зор.

· сөздікпен жұмыс істету.

· тақырыпқа байланысты орындау шарты әртүрлі болып келген жаттығуларды орындату;

· сөзді, сөйлемді тақтадан, кітаптан дұрыс көшіріп жазуға мән беру

Ғалымдар зерттеуі іскерлік ойындардың оқушылардың оқу үлгеріміне жақсы әсер ететін дәлелдеп отыр.Мен өз сабақтарымда іскерлік ойындарды оқытудың тиімді, үнемді, негізгі әдістерінің бірі ретінде қолданамын. Олар оқушыны қысым жасамай оқытуға мүмкіндік береді, оқушының оқиғаны терең толғаныстармен түсінуіне себепші болатынын байқадым.

Алуан түрлі ребустар, сөзжұмбақтар, құпияхаттар, сөзтуымдар, логикалық есептер білім береді және оқушыларды ынталандырады. Математикада "Кім жылдам", "Ең үздік есепші", "Хоккей" ойындары тез санауға үйретеді. "Бағдаршам", "Дым білмес"ойындары арқылы жол жүру ережелері қайталанады. Ал "ғарышкерлер" ойыны ғылым жетістіктерімен, "Футбол", "Хоккей" ойындары еліміздің спорт шеберлерінің жетістіктерімен таныстырады. "Ағашты кім тез отырғызады" ойыны табиғатты күтіп ұстауға тәрбиелейді. Іскерлік ойындар ойнағанда бала нақты оқиғалардың куәгері болып еңбек етуге отбасылық өмірге, қоғамдық қатынастарға әзірленеді.

Идеялар банкі. Бұл әдіс ой майданы деп аталады. Топтық алдына бір міндет қойылады, осы міндетті шешу үшін топ мүмкіндігінше жаңа, тың ұсыныстар айту керек. Барлық ұсыныстарды топ жинап алып, оларға баға береді. Бұл әдіс арқылы проблемалық жағдаят жасалып, оны шешу туралы ұсыныстар айтылып, ол ұсыныстар тексеріліп, бағаланады және ең жақсы ұсыныстар таңдалып алынады.

Мұғалімнің алдында тұрған ең басты міндеті- оқушыларды сабаққа ынталандыра білу, сол арқылы тақырыпты білу, жете меңгеру.ана тілі, дүниетану сабақтарын қызықты, тартымды өткізу үшін сабақтың әртүрлі әдіс- тәсілдерін орынды қолдануға тырысамын. Жаңа технологияларды пайдалана отырып сабақта қолданылатын ойындарды мына төмендегі түрде қолданамын:

1) Оқыта үйрету ойындары. Бұл ойындарды сабақта да, сабақтын тыс шараларда да пайдалануға болады.

2) Тілдік ойындар: Ауызша сөйлеу және жазу машықтарын дамытуға арналған.

3) Драмалық, рөльдік ойындар. Қарым-қатынастарын жақсарту, ауызша сөйлеу, оқушы білімдерін әртүрлі жағдайларда қолдану машықтарын дамыту.

4) Психологиялық ойындар.

5) Грамматикалық ойындар т.б

Оқулықтан бөлек қосымша оқу техникасын жақсарту үшін:

- Ашық, тұйық, бітеу буындарды ажыратып,оқыту;

- Тілді жаттықтыру арқылы тіл ұстарту; (Артикуляциялық жаттығулар)
- Есте сақтау қабілетін арттыруға арналған жаттығулар («10 айырмашылықты тап», «Түрлі-түсті кесте», «Мнемотехника», т.б.) орындату;
- Сөздік қорын байытуға арналған тапсырмалармен жұмыс жасау («Жаңылтпаш жаттау», «Сөзбен сөзді қисынсыз байланыстыр».

Ойлау қабілетінің жан-жақты дамуына, әріптерді кез-келген бағытта дұрыс тани алу, мәтіннің құрылымдық ерекшеліктерінің анықтау қабілетін арттыруға ықпал етеді. Нәтижеге жету үшін оқыту әдісін білетін мұғаліммен бірге оқып, тапсырмаларды үзбей, күнделікті орындап отырған дұрыс.

Сонымен бірге ұлттық ойын түрлерін де кезектестіре, сабақ тақырыбына байланысты пайдаланамын. Жаңа материалдарды түсіндіру кезінде «Бәйге», «Көкпар», «Асық» секілді ойындарды ойнатамын.

Қорыта келе айтарым баланың оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізілген жұмыстар осындай жұмыстар

- Оқушылардың сауаттылығын қамтамасыз етуге, олардың сауаттылық деңгейін тексере отырып,білімдегі кемшіліктерді жоюға;
- Оқушының тіл байлығын арттыра отырып, ойлау қабілетін, байқампаздығын дамытуға.

Тіл дамыту сабағында оқушының шығармашылық даму кезігдегі қалыптасатын дағдылары

- Өз ойын-пікірін жеткізе білуге;
- Ізденгіштікке ұмтылуға;
- Құбылыстарды шынайы бағалай білуге;
- Толық фантазиялық еркіндікке;
- Орфографиялық сауаттылықты нығайту оң әсерін тигізіп, жақсы нәтиже береді

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тілдерді оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану. Алматы 2020ж
2. Бастауыш сынып оқушыларының оқу мен жазу дағдысын қалыптастыру №3, 2021, А.Әбішева «Ойын элементтерін пайдаланудың педагогикалық ерекшеліктері»,
3. Бастауыш сыныпқа (дидактикалық материалдарды қолдану) Алматы кітап 2020ж.
4. Оқу техникасы. Galamat online school. 6-7жас .2020ж

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ТРИЗ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Махамбетова Клара Мударисовна,
Ақтөбе қаласындағы №21 «Кәусар бұлақ» бөбекжай балабақшасы тәрбиешісі

ТРИЗ – технология әмбебап құрал ретінде іс-әрекеттің барлық түрлерінде (білім беру, ойын және режимдік сәттерде) қолданыла алады. Бұл мектеп жасына дейінгі баланың ойында әлемнің біртұтас, үйлесімді, ғылыми негізделген үлгісін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Табысқа жету жағдайлары пайда болады, шешімдердің нәтижесі арасындағы өзара айырмашылық бар, бір баланың шешімі басқа ойды белсенді етеді, қиял ауқымын кеңейтеді, оның дамуын ынталандырады. Технология әрбір балаға өз даралығын көрсетуге мүмкіндік береді, мектепке дейінгі жастағы балаларды сыныптан тыс ойлауға үйретеді.

ТРИЗ технологиясы арсеналында мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыс істеуде өздерін дәлелдеген көптеген әдістер бар. Балабақшаларда мынадай ТРИЗ әдістері қолданылады:

- Ми шабуылы. Бұл ынталандырушы шығармашылық қызметке негізделген мәселелерді шешудің операциялық әдісі болып табылады, онда пікірталасқа қатысушылардың мүмкіндігінше барынша мүмкін болатын шешімдерді, соның ішінде ең фантастикалық түрлерін көрсетуге шақырады. Содан кейін, көрсетілген идеялардың жалпы санынан практикада қолдануға болатын ең сәтті таңдалғандар тыңдалады.

Әрбір баланың өмір сүруін сезіну керек, содан кейін әрбір адам тең ережелерге қатысады. Мектепке дейінгі жастағы суретке деген қызығушылығы барлық балаларға тән, дарынды және дарынды емес балаларғада.

Ойындар мен ТРИЗ сабақтары объектілердің қарама-қайшы қасиеттерін анықтауға және осы қарама-қайшылықтарды шешуге үйретеді.

Балалар ертегілерді ойлап тауып, айналадағы өмірдің құбылыстары мен объектілерінің физикалық және табиғи қасиеттерін салыстыруға үйренеді, бірақ олар үйреніп жатқан нәрселерін байқамай, әр минут сайын өздеріне жаңалық ашады (мысалы, қағаз қасиеттерін зерттейтін зертхана; дауысы, шырыны, су тамшыларын тамшылау дауыстары).

ТРИЗ - бұл обьективті заңдылықтардың даму жүйесін зерделейтін және проблемалық шешу әдістемесін әзірлейтін ғылым. Техникалық шығармашылық әдістемесі өндірістегі интеллектуалдық өнімділікті жоғарылату үшін қажеттіліктен туындаған әдіс. Ол екі концепцияға сүйенеді. Бірінші жағдайда ерекше ойлайтын дарынды адамдарда шабыты келген кезде ойлап, табатын ерекше туынды. Бұл көбейтуге зерделеуге келмейді. Екінші жағдайда жасанды жүйенің өзгеруі адаманың субьективті еркіне сүйене отырып жүргізілмейді, обьективті заңдылықтаға сүйенеді. Бұл технологияның негізгі, техникалық жүйелер қалай болса солай емес,белгілі бір заңдылықтарға сүйенеді.Ол заңдылықтарды танып білуге болады. ТРИЗ жаңа ойларды нақты бір ғылымға айналдырады. Себебі ол, логикалық шешімдерге сүйенеді.

Триз бағдарламасын нақты іске асыру үшін балаға ойын, тақырып таңдауда еркіндік беру керек. Сол кезде ғана ол заттардың құрылысымен танысып қарама-қайшылықтарын түсінеді,түйіткілдерін шешуге үйренеді. Мектепке дейінгі баланың қарама-қайшылықтарды шешіп үйренуі –шығармашылық ойлаудың кілті болып табылады. Балалармен жұмыстың негізгі әрекеті педагогикалық ізденіс. Педагог балаларға дайын білімді бермейді. Сол білімге жету тәсілдерін көрсетіп, өз еңбектерімен жетуге тәрбиелейді.

Триз технологиясының негізгі мақсаты:

- Техникалық амалдарды шешуге.
- Жүйелі ойлауға.
- Икемді ойды дамытуға.
- Қайталанбайтын логикалық құрылым жасауға.

Қазіргі заман талабына сай тәрбиелеумен білім берудің негізгі мақсаты баланың шығармашыл, жеке бас болып дәстүрден тыс әр саладағы мәселелерді шешуге бейім әрекет ете алатын баланы тәрбиелеу болып табылады. Сол себепті оқыту мен тәрбиелеуде дәстүрлі түсіндіру, көрсету әдісін қазіргі даму заңдылықтарын ескере отырып, жеке бастың дамуына бейімделген белсенді әрекет етуші технологияға ауыстыру уақыт талабы.

Бұл талап тек мектепті ғана қамтып қойған жоқ, балабақшаныда қамтыды. Қазіргі мектепке дейінгі мекемелер жаңа технологияларға белсенді бейімделіп, араласып келеді. Мектепке дейінгі балалардың жасы, ерекше жас. Бұл кезде әр баланың шығармашылық

қабілетін өз еркінен тыс ашуға мүмкіншілік бар. Мектепке дейінгі баланы дамытуда екі психологиялық үрдісті қамтиды.

Елестету - бұл нақты білімді негізге ала отырып жаңа идеяларды тудыра білу, жаңа обьектілердің бейнесін жасау.

Қиялдау – бұл да жаңа, бірақ, ертегідегі шындыққа ұласпайтын таңғажайып обьектілердің бейнесін нақты білім негіздеріне сүйене отырып ойдан шығару.

Мектепке дейінгі тәрбиеге бейімделген ТРИЗ технологиясы «Барлық жағынан да шығармашылдық» ұранымен жұмыс істейді. ТРИЗ бұл тәрбиешіге нақты әдістемелік ұсыныстары бар сабақ құрылымдары мен ұжымдық ойын бағдарламасы.

ТРИЗ бағдарламасын нақты іске асыру үшін балаға ойын, тақырып таңдауда еркіндік беру керек. Сол кезде ғана ол заттардың құрылысымен танысып қарама - қайшылықтарын түсінеді, түйіткілдерін шешуге үйренеді. Мектепке дейінгі баланың қарама - қайшылықтарды шешіп үйренуі – шығармашылық ойлаудың кілті болып табылады. Балалармен жұмыстың негізгі әрекеті педагогикалық ізденіс. Педагог балаларға дайын білімді бермейді. Сол білімге жету тәсілдерін көрсетіп, өз еңбектерімен жетуге тәрбиелейді.

Бірқатар зерттеушілердің ойынша, заманауи интеллектуалдық әрекеттің педагогикалық және психологиялық ойдың негізі, белсенді ізденімпаздық әрекет әдістеріне негізделсе, мектепке дейінгі баланың интеллектуалды әрекеті табиғи үйреншікті болуы мүмкін. Бұл ата-анамен педагогтың күнделікті тәрбие беру барысында баланың танып білуге қызығушылығын ояту қажеттілігін туғызу,өз беттерімен мәселені шешу, нәтижеге жетуге тәрбеленуінің, бағыт беруінің арқасында туындайды. Мектепке дейінгі тәрбиелеуде ТРИЗ технологиясын алғашқы математикалық түсініктерін қалыптастыруда тиімді екені байқалды.

Қазіргі кезде техникалық ТРИЗ әдіс-тәсілдері балабақшада балалардың диалекті ойлауын шығармашылық қиялын, ой ұшқырлығын дамыту үшін кеңінен қолданылуда. Балабақшадағы триздің мақсаты – баланың ой қиялын дамыту, жүйелі ойлауға баулу, болып жатқан жағдайды тереңнен түсіну ғана емес, тәрбиешінің қолына нақты дамыту тәрбиелеу құралын беру. Тәжірибе жүзінде баланың білім сапасын көтеру, шығармашыл жеке бас болып дамуына, айнала қоршаған ортадағы бірлікпен қарама-қайшылықтарды түсінуіне өздерінің кішкентай проблемаларын шешіп білуге үйрену.

ТРИЗ-дің өзге әдістерден, теориялардан ерекшелігі - бұл жеке әдістердің, әрекеттердің, машықтардың жиынтығы емес, бұл көптеген амалдарды шешу, соның ішінде педагогикалық, жаңа идеяларды тауып, әрқашан ізденісте болып, әдіс құру талпынысы.

ТРИЗ әдісін ойлап шығарушылар, шығармашылық педагогиканың жаңа деңгейіне шығуға тырысады-жеке шешімдерді табу үшін емес, балалармен бірге күнделікті жағдайлардың логикалық шешімін дұрыс, сауатты табу принципін құрастыруға тырысады. Балалар мен ересектер мәселесінде айырмашылық жоқ: оның мағынасы жас ерекшеліктеріне қарсы келеді. Ойлау қабілеті дамыған бала өз деңгейінде мақсаттарды шешуге машықтанады.

МАТЕМАТИКА САБАҒЫН ФУНЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ПЕН ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ

Маханова Асылгүл Танирбергеновна
Т. Жүргенов атындағы жалпы білім беретін мектеп,
математика пән мұғалімі

«Математиканы білмейінше, қазіргі техника негіздерінде де,
ғалымдардың табиғат пен әлеуметтік құбылыстарды
қалай зерттейтінін де түсіну мүмкін емес»
А.Н.Колмогоров

Қазіргі таңдағы еліміздегі өзгерістер, тұрақты дамудың жаңа стратегиялық бағыттары және қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы, қарқындылығы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Білім берудің жаңа үлгісін ендіру тұлғаны дамыту үдерісі ретінде тәрбиеге басты назар аударылуда. «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында» деп атап көрсетті Н.Ә.Назарбаев. Қазіргі кезеңдегі басты мәселенің бірі жаңа технологиялардың дамуы кезеңінде болашақ ұрпақтың тәрбиесі мен білім алуында ұстаздардың атқаратын рөлі ерекше. Егемен еліміздің болашағы, оның әлемдік өркениеттегі өз орны, ең алдымен білім мен тәрбиенің бастауы – мұғалім қолында.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:белсенділік,шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алу, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, қызығушылығы бар адамды мектеп табалдырығынан дайындап шығарудың ең бір тиімді тәсілі ол – оқытудағы математикалық сауаттылық.

Математикалық сауаттылық дегеніміз-математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің, оқушылар дүниенің ғылыми бейнесін меңгеру. - математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну,әртүрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру, дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту,есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру, математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдану.

Математика сабағындағы негізгі сауаттылыққа мыналар жатады :

1. Математика – ғылым болмысынан балама ұғымдар. Сондықтан да математика барлық ғылымдардың логикалық негізі – күре тамыры ретінде қарастырылады.

2. Математика ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шыңдай түседі.

3. «Математикалық сауаттылық» ауызша, жазбаша қабілеттерін қалыптастыру арқылы оқушының «математикалық сауаттылықты» меңгере білу қабілетін шыңдайды.

4. Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылысты, жаңалықты дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі.

5. Математиканың болашақ тұлғаны моральдық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан қалыптастыруда да тәрбиелік мәні бар.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін:

- теорияны білу , оны логикамен ұштастыру
- есепті шығаруда тиімді жағын көруге баулу
- математикалық сайыс сабақ, пән кеші, апталықтарды математиканың даму тарихымен байланыстыру.

Қашықтықтан оқыту жүйесі бұрында білім алушылардың таңдауы бойынша әр түрлі себептермен жүзеге асырылып келген. Ал қазіргі таңда елімізге түскен қиындыққа қарамастан білім саласы өз ісін тоқтатпай қашықтықтан оқытуда барлық техника мен жаңа технологияларды қолдана отырып, білім алушыларға үздіксіз білім беруде. Күнделікті өткізіліп жатқан вебинарлар мен семинарлар, әр түрлі қиындықтармен олқылықтарды түзету барысында жасалынып жатқан іс-шаралардың барлығыда қашықтықтан әр түрлі платформалардың көмегімен іске асуда.

Атап айтсақ: Zoom. micrasoft tems сияқты тікелей эфирге шығу арқылы іске асуда.

Жоғары оқу орындарында Zoom, micrasoft tems, платонус, электронды почтамен жұмыс жасады. Колледж студенттері классрум бағдарламасы және де электронд почтамен жұмыс жасады. Ал мектеп оқушыларына келсек олардың жас ерекшелігін, елді мекенде тұратынын, интернет желісімен техникаларды ескере отырып көптеген оқушыларға whatsApp желісі арқылы жұмыс жасау ыңғайлы болды. Дегенмен білімді елдің білікті ұстаздары, оқытушылары әр түрлі платформада жұмыс жасай білді. Кейіннен өздерінің техникалық сауаттылығын арттырып түрлі әдіс-тәсілдерді сабақта қолдана білді. Олардың бәрін атап айтып тізіп шығу мүмкін емес, соның бірі математика пәнін қашықтықтан оқытудағы әдіс - тәсілдерге жеке тоқтала кетейін.

Математика пәнін қашықтықтан оқытудағы әдіс тәсілдер:

Қолданылатын құрал жабдықтар: смарт телефондар, компьютер, ноутбук, планшет. Электронды оқулықтар, интернет желісі әрине қалам дәптерлер.

1. Оқушылардың мүмкіндігін ескеру:

Электронды почта- Барлық мұғалімдермен шәкірттердің ақпарат алмасуға болатын тамаша жүйе.

WhatsApp – топ құрылуы керек. Сұрақ жауап алмасып, онлайын режимді сабақтарды уақытында белгілеуге , дискуссия жасап, бір шешімге келуге, топпен пікір талас жасауға ыңғайлы жүйе.

Telegram –чат өте ыңғайлы телефон жадысын толтырмайды, фото видео сапаларының сақталуы жақсы, көптеген артықшылықтары бар қосымша.

Zoom- қосымшасын телефон, ноудбук , конпьютерге жүткеп алу арқылы қолданады. Бұл видео конференция жүргізуге ыңғайлы платформа.

Google classroom- жазбаша тапсырма алмасуға өте ыңғайлы платформа. Бірнеше мұғалім бірігіп жасауға болатын, бірнеше функциялары біріктірілген ұтымды платформа.

Instagram мен Facebook – парақшаларына каментария қалдыру немесе тікелей эфирге шығуға қолайлы жүйелер.

Әр оқытушы өзінің білім алушыларына қандай платформада жұмыс жасау ыңғайлы екенін таңдап алған дұрыс. Сол кезде ғана ол өзінің жұмысын жоспарлы түрде іске асыра алады.

Математика сабағын дәстүрлі емес әрі қашықтықтан оқыту оңай жұмыс емес екенін барлығымыз жақсы білеміз. Дегенмен стандартты орындау, оқушыға сапалы білім беруге міндеттіміз.

Математика сабағын түсіндіру үшін әр мұғалім әр түрлі әдіс-тәсілдер қолдануда. Бірі слайд жасап түсіндірсе екіншісі WhatsApp желісі арқылы видео, аудио жіберіп жатты. Ал

кейбірі білімланд платформасындағы дайын тапсырмаларды берсе тағы біреулер телесабақтармен маршуттық парақтармен жұмыс жасап жатты. Әрине бұл платформалардың барлығын қолдана отырып оқушылардың білімін арттыру үшінгі жасаған ұстаздардың еңбегі ерен. Дегенмен оқушылар өз ұстаздарының бет бейнесін көріп дауысын есту оларға басқаша әсер қалдыратыны сөзсіз. Сондықтан сабақ барысында жаңа тақырыптың тақырыбын ашу үшін Қараевтің модульдік технологиясын қолданып трек сызба бойынша модуль жасап тақырыпты ашуға әрекет ету. Ол үшін тақырыпты ашатын бірнеше сұрақтар қою, сол сұрақтарға жауаптар табу арқылы жаңа сабақтарды талдауға болады.

Idroo бағдарламасы: Бұл бағдарламада көптеген функиялар бар. Математикалық клеткалы парақ ашылады сол жерге кәдімгідей дәптерге жазғандай жазып, сызып тікелей жаңа сабақты үйретуге болады. Барлық онлайын түрде көрініп тұрады. Бұл бағдарламамен алдын ала үйрететін сабақты жазып ссылка жасап қоюға болады.

Тапсырмаларды орындату үшінгі қолданылатын әдіс –тәсілдерін жүзеге асыру бағдарламалары:

1. Kahoot бағдарламасы –бұл сабақты бекітуге, білімді тиянақтауға қолдануға болады. Бұл жерде бірнеше тест тапсырмасы беріледі оқушыларға жеке код арқылы кіреді кім қанша тест жасады яғни сабақты қаншалықты түсінген түсінбегенін көретін анализ бөліміне қарап біле алатындығымен ерекшеленеді.

2. Quizizz.com бағдарламасы-бұл бағдарламамен тест тапсырмаларды орындатуға болады. Бұл сабақты қорытындылауға қолдануға болады. Яғни бірнеше дұрыс жауабы бар тестмен жұмыс жасауға болады.

3. Simpoll бағдарламасы – Бұл бағдарлама бойынша жиынтық бағалау, немесе тоқсандық жиындық бағалау жұмыстарын жүзеге асыруға болады.

Әр оқушыға кері байланыс жасауға болады. Әр түрлі критерийлерге қарай бағалауға болады.

4. Оқушыларға кері байланыс жасау үшінгі қолдануға қажетті смайликтерді жасау.

Смартфон телефондағы дайын смайликтерден басқа өзіңнің бет бейнеңмен әр түрлі смайликті өз қалауыңша жасауға мүмкіндік беретін бағдарлама.

Математика сабағын қашықтықтан оқытуда тиімді әрі қол жетімді бағдарламаларды қолданып, оқушылармен дер кезінде кері байланыс жасап отыру дұрыс деп санаймын.

Қашықтықтан оқыту мен оқу үшінгі платформалар мен бағдарламалар оқытушылармен оқушылардың техникалық, ақпараттық құзыреттілігін арттырды.

Сонымен қатар АКТ сауаттылығы артып әр түрлі ресрустармен жұмыс жасауға үйренді. Жоғары оқу орнының студенттерітеориялық материалдарды өз бетінше зерделеуді үйренді.

Қорыта келгенде, қашықтықтан оқыту технологиясы білім берудің ортасында тұратын оқыту жүйесін құру мүмкіндігін береді. Бұл жүйеді оқытушы оқушының жұмыстарын, жеке қызығушыларын ескереді. Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдануда оқытушының рөлі арта түседі және өзгереді. Қашықтықтан оқыту кезінде интерватитвіліктің жүйелілігі және тиімділігі қамтамасыз етіледі. Қашықтықтан оқытуда күндізгі бөлімде оқытылатын материалдар қолданылады. Осымен байланысты қашықтықтан оқыту технологиясын қолданып жүргізілетін білімберу сапасын бақылауда үнемі кері байланыс жасалынып отыру тиіс. Компьютерді пайдалану оқушыны шапшаңдыққа, тапқырлыққа үйретеді. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек. Бүгінгі таңдағы білім беру жүйесіне енгізіліп жатқан жаңа оқыту технологияларының білім сапасын өткеруде, өз бетімен ізденіп, жан-жақты білім алатын, шығармашылық жұмыспен айналысатын жастарды қалыптатыруда рөлі зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Информатика, физика, математика» журналы, №2, 2020 ж.
2. Тағаева, К. «Математика сабағында дамыта оқыту әдістерін пайдалану»
3. Тұрғанбаева, Қ. «Ғажайып математика алаңы» [Математика]
4. Тұяқов,Е. «Математиканы модульдік технологиямен оқыту» \\Оқыту әдістемесі//
5. Утебаева,Ш. «Математика сабақтарында оқушылардың танымдық қабілетін қалыптастыру».

ЛЭПБУК - МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚҰРАЛЫ

Мәжитова Әсемхан Түгелбайқызы
«Нұрсәт» бөбекжай-бақшасы МКҚК, педагог-психолог

“Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды” дегендей, жас ұрпаққа саналы, мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің талабы. Лэпбук - мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың қазіргі заманғы құралы.

Лэпбук (lapbook) – ағылшын тілінен тура аударғанда (lap-тізе, book-кітап) деген мағынаны білдіреді. Лэпбук бүлдіршіндермен белгілі бір тақырыпты бекітуге арналған тамаша тәсіл және кітаптың мазмұнын ұғыну арқылы, зерттеу жұмысын жүргізу, оның барысында бала ізденіс жасайды, ақпаратты сұрыптап және талдайды.Бала өз алдына ыңғайлы түрде орналаса алады және оның барлық мазмұнын бірден көре алады. Қарапайымдылығына қарамастан, бұл тақырып бойынша барлық қажетті материалдар бар.Лэпбук бір тақырып бойынша білімді жүйелейтін интерактивті қалта немесе мини кітапша. Кең тақырып ретінде ("Жыл мезгілдері", Түстер" Менің мамандығым"Спорт"), жеке тақырып ретінде ("мысықтар", "қар", "алма") де алуға болады. Мұндай кітапшада тақырыбы бойынша зерттеу және білімдерін бекіту үшін калташалар , конверттер (оның ішінде иллюстрациялық суреттер) және көп жүйеленген қажетті материал бар.

Қазіргі таңда тәрбиешінің алдында мектеп жасына дейінгі балаларды оқытып қана қоймай ой-өрісі жаңашыл,шығармашылық деңгейде қызмет атқара алтын,дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу міндеті тұр. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың инновациялық технологияларын қолдану. Ең жарқын, ересектер үшін де қызықты, маңызды әдістер арқылы құрылған мектеп жасына дейінгі балаларға арналған әмбебап дидактикалық құрал - лэпбук.

Лэпбукты жасағанда балалар білімдерін толықтырады, өткен материалды қайталап, пысықтайды. Алған білімдерін бір жүйеге келтіреді, папканы алғанда өткен тақырыптар естерінде қалып, ойға тез келеді.

Лэпбук арқылы келесі міндеттер атқарылады:

1. Балаларды ересек адамдармен және өзіңің құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас құруға тәрбиелеу, бірігіп іс-әрекет жасауға үйрету.
2. Балалардың танымдылық белсенділігін, өзділігін дамыту.
3. Ойлау қабілеттерін, логикасын дамыту.
4. Балаларды өз бетімен ақпарат жинауға, өз қалауы бойынша материалды ұйымдастыру.
5. Жаңа тақырыпты дұрыс түсініп және есте сақтауға, алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолдану.

Жаңа қызық ойын жасау арқылы жаңа ақпаратты тез меңгеріп алу және тиімді талқылап бекіту үшін лэпбукттер көмектеседі. Лэпбукті оқу қызметінде балаға қолдануға болатын ең қолайлы жас шамасы – 3-5 жас. Лэпбукті баламен бірге құрастыру процесінде, ол жаңа ақпаратты тез есте сақтайды. Бала тақырыптық материалмен жұмыс істеу барысында бақылау жүргізеді, тапсырманы орындайды, зерделейді және баяндай алады.Лэпбук өткен тақырыпты қайталату үшін тамаша тәсіл және есте сақтауға көмектеседі. Кез келген өзіне ыңғайлы уақытта бала өз қолымен жасалған кітапшасын ашып, өткен тақырыпты қарай отырып, қайталайды. Лэпбук бір топта әр түрлі жастағы балаларды оқытатын жақсы құрал. Әрбір баланың күшіне сай тапсырмалар таңдауға болады. (Кіші топтарға пішіндер немесе мәселен жануарлар бар карточкаларымен, ал ересек топтағы балаларға – жазуға дағдылайтын тапсырмалар және т.б.) да осындай ұжымдық кітапшалар жасауға болады. Лэпбукті құру ересек адам мен балалардың бірлескен қызмет түрлерінің бірі болып табылады. Бәлкім тағы да тақырыптық аптаны қорытындылау немесе жобаны ұсыну нысаны ретінде қолдануға болады. Болашақта бала ақпарат жинау арқылы жақсы дәрежеде рефераттар мен курсттық жұмыстар ұйымдастыруды үйренеді.

Лэпбука дайындау үдерісінің өзі өте қызықты. Менің бірінші дайындаған лэпбук жұмысым “Түстерді ажырат”,”Менің отбасым”,“Жыл мезгілдері” “Мамандық атаулары”деп аталады. Лэпбукті құру үшін бірінші тақырыбын таңдадым, жоспарын, макетін құрдым. Содан соң безендірдім. Түстердің суреттерін, дидактикалық ойындар, басқада қажетті суреттерді жүктеп алдым.Нәтижесінде бір рет жасап көріп түрлі ,әдемі лэпбуктер үйреніп балалармен жұмыс барысында көрнекілік ретінде пайдаланып жүрмін.

Тәрбиеші баланың әрекетін ұйымдастыруға, басқаруға және ойнатуға көмектесетін және арасындағы өзара әрекеттесудің бір түрі ретінде қарастыруға болады.Лепбук қызықты, қол жетімді және қымбат ойыншық ойыншықтармен салыстырғанда тәрбиеші үшін өте таптырмас әдістемелік құрал.

Бала біздің – болашағымыз. Балаларымызды қалай тәрбиелесек болашағымыз солай болмақ. Келешегіміздің қожасы балаларымызды білімді де мәдениетті, жан-жақты етіп тәрбиелеу өз қолымызда. Әр кәсіптің өз жемісі бар. Біздің жемісіміз – алдымыздағы шәкірттер. Олар – біздің бүкіл ұстаздық өміріміздің жемісі.

Олай болса, ұстаздар тек тәрбиелеп қана қоймай, жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы терең білім беру арқылы, балалардың ойлау, есте сақтау көру қабілеттерін жетілдірейік.

Қорыта келе,«Лэпбук» – мектепке дейінгі балалардың танымдық- зерттеу белсенділігін даму түрінің инновациялық формасы. Лэпбук арқылы балалардың ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамуына жақсы әсер тиеді.

ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНЕ НЕЙРОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КОРРЕКЦИЯ ӘДІСТЕРІН КІРІКТІРУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Абдысаликова Молдир Жандаулетовна
Фариза Оңғарсынова атындағы №41 мектеп-гимназия

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2022 жылғы 16-наурызда Қазақстан Халқына Жолдауында: «Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты», - деп егеменді еліміздің дамуындағы жаңа кезеңнің басталғанын мәлімдеді[1]. Бүгінгі таңда оқушылардың жаңа заманға сай дұрыс қалыптасып, өмірден орнын тауып кетуі үшін мұғалімдер қауымының қосатын үлесі мол. Балаларды оқыту мен тәрбиелеу ісі - шыдамдылықты, асқан табандылық пен үлкен жүректі,

мейірімділікті талап ететін маңызды іс. Оқушылардың білім ордаларына оңтайлы бейімделіп, олқылықтарды түзете-дамытып, жағымды көңіл-күйде болуына, позитивті ойда жүруіне әсер етіп, жағдай жасайтын, ата-анамен жақын қарым-қатынаста болып, мектептегі ұжымда жайлы психологиялық ахуал туғызатын қоғамның белді мүшесі ***педагог-психологтар*** болып табылады. Қазіргі таңда мектеп психологтарына сұраныс күн санап өсуде. Өйткені, ақпараттық қоғамымыздың өте жоғары жылдамдықта жаңаруына байланысты, балалардың оқу процесіне икемделуі мен дамуында, мінез-құлық сапаларының жетілуінде біршама өзгерістер болып, білім беру саласында күрделі мәселелерге айналып отыр.

Білімнің іргетасы қаланатын шақ – бастауыш буын оқушыларында психологиялық дайындықпен қатар, сөйлеу, ойлау, қабылдау танымдық дамуында нейропсихологиялық жаттығулардың маңызы зор. Негізгі іс-әрекетін ойыннан оқу іс-әрекетіне көшу 1-сынып оқушысы үшін дағдарыс уақыты болып табылады. Ұзақ уақыт бойы бір партада отыру, үнемі оқу еңбегімен шұғылдану, күрделі оқу әрекеттерін орындау кезінде зейіннің тұрақты болмауының салдарынан, қабылдаудың төмендігінен, кейде тіпті сөйлеу, ойлау қабілетінің нашар болуынан бала үшін де, мұғалім үшін де орасан зор қиындықтарға кездесіп жатамыз. Бұдан бөлек, мінездегі қыңырлық, қырсықтық, жайбасарлық, еркелік сынды қалыптары да көрініп бастайды. Алғашқы екі жылда ата-анамен белсенді байланыс жасалып, бала сабаққа бейімделіп, жақсы меңгеріп кетсе, ары қарай бала оқуға ден қойып, оқу материалын игеріп кетуі жеңілірек болады. Бастауышта бұл іскерліктерді бойына сіңіре алмаған оқушыда орта, жоғары буынға көшкен уақытта да оқу мазмұнын меңгеріп кетуде қиындықтар туғызып жатады.

Оқу үрдісінде оқушыларда оқу белсенділігін арттырудың жолдары мен тәсілдерін, танымдық белсенділігін қалыптастыру мәселелері туралы атақты шетелдік педагогтар Я.А.Коменский, П.И.Пидкасистый, Т.И.Шамова, отандық ғалым-педагогтар А.Е.Әбілқасымова Р.С.Омарова еңбектері жарық көрген[2]. Білім алушылардың танымдық белсенділігін дамыту мәселесі төңірегінде Ф.Бэкон, Д.Локк, И.Кант зерттеулерінде құнды пікірлер айтылған[3]. Оқушының қолайлы ортада дұрыс дамып-жетілуі оның танымдық қабілеттерінің қажетті деңгейде болуына тәуелді. Бастауыш сынып мұғалімдерінің құзіретті болуы, ізденімпаз болуы осы сапаларды алдына келген оқушының бойына дарыту үшін алғышарт болып саналады. Балалармен тіл табысуда, олармен жақын қарым-қатынасқа түсіп, оқытып, жаздыру үшін де әрбір педагог психолог болуы тиіс деп санаймыз.

Психология ғылымы - адам баласын жан-жақты зерделеп, медициналық тұрғыда да зерттеуші, өте ауқымды жантану ғылымы. Адам баласының ағзасын басқарушы ми бөлігі екендігі мәлім. Анатомиясы бойынша ми негізгі 3 бөліктен тұрады: ми діңі (алдыңғы ми, аралық ми, сопақша ми, ми көпірі), мишық және үлкен ми сыңарлары. Әр бөліктің өзінше атқаратын күрделі қызметтері бар. Ерекше назарды үлкен ми сыңарлары орналасқан бөлікке арнап отырмыз. Үлкен ми сыңарлары – мидың ең үлкен бөлігі. Маңдай, төбе, шүйде, самай бөліктері адамның сөйлеу, ойлау, көру, қабылдау орталықтары болып саналады. Үлкен ми сыңарларының маманданған 2 бөлікке бөлінген: оң жақ және сол жақ жарты шар. Оң жақ жарты шар адамда сөйлеу, жазу, математикалық қабілеттер, дәлме-дәл логикалық ойлау қасиеттерінің қалыптасуына, ал оң жақ жарты шар белгілі бір нәрсені бейнелеп ойлауды дамытуға жауап береді. Үлкен ми сыңарларының маманған 2 бөлігі бір объектіні қалай қабылдайтыны туралы ғалымдар жүргізген зерттеулерінің нәтижесін төмендегі суреттен көруге болады(1-сурет).



Сол жақ жарты шар
Бұл не?
теріден жасалынған зат
- гардеробта тұруы тиіс нәрсе
- аксесуар
- белдік

Не үшін қажет?
- киімді көтеріп тұру үшін
- әдемілік үшін

Кімдерге?
- ер адамға арналған

Оң жақ жарты шар
Құртқа ұқсайды
Жап-жаңа екен
Қоянның құлағын бейнелеу
Тентек балаларды жазалауға
Терінің иісі бар

Түсі шоколадқа ұқсайды

1-сурет. Белдікті мидың бөліктерінің қабылдап, санада бейнелеуі.

XX ғасырдың ортасында психологияда заманауи ғылым ретінде жаңа ғылым – нейропсихология ғылымы дами бастады. Нейропсихологияның медицина (адам ағзасындағы физиологиялық процестер) мен психология (жоғары психикалық функциялар) шеңберіндегі ғылым ретінде ең алғаш негізін қалаған танымал психолог Л.С.Выготскийдің шәкірті невропатолог-дәрігер әрі психолог А.Лурия[4] болып табылады. Ол адам миының құрылымдық және функциолналдық құрылуын психологиямен байланысының бар екендігін алғаш дәлелдеп берді. Нейропсихологиялық жаттығулар – балаларда кездесетін гипербелсенділік, психикалық және психотілдік дамулың кешеуілдеуі, сөйлеудің кеш дамуы бұзылыстарында медикаменттердің көмегінсіз-ақ оқушыларға көмектесуге мүмкіндік беретін өте тиімді әдістер жиынтығы. Нейропсихологиялық гимнастиканың бірнеше түрлері бар: тыныс алу жаттығулары, саусақ гимнастикасы, көз қозғалту жаттығулары, өздік массаж жаттығулары, дене энергиясын жоғарылату жаттығулары, позитивті қабылдау жаттығулары, дене бұлшықеттерін созу жаттығулары.

Ми гимнастикасы қарапайым, әрі оңай болса да кез - келген жастағы оқушы бойындағы мүмкіндікті аша білуге көмектеседі. Аз ғана минут (5 - 7) жасалған жаттығу миға біраз энергия беретін мүмкіндікке ие болып табылады. Оқушы жазуды, оқуды ұнатпаса, жалпы сабаққа құлшынысы болмаса ми гимнастикасы арқылы олардың сабаққа қызығушылығы оянады. Ары қарай нұсқауға сәйкес 4 түрлі жаттығу ұсынылады. Бұл жаттығуларды топтық немесе жеке сабақтарда қолдану керек..

1. ***Тыныс алу жаттығулары*** бұл баланың тыныс алуын реттейді. Егер, бала босаңсып ұйқысы келіп отырса немесе керсінше өте белсеңді болып отырса, зейін мен қабылдаудың тұрақтылығына әсер етеді.
2. ***Уқалау элементтерін*** ала отырып жасалатын жаттығулар. Олар баланың зейініне, қабылдауына және эмоциясына, көңіл күйін бір қалыпты деңгейге түсіреді.
3. ***Дене жаттығулары және релаксация*** – баланың бұлшықет тонустарын реттеуге көмектеседі. Егер, бала дене жаттығуларын жасамаса онда оның шаршауы тез және эмоциясы да тұрақсыз юолуы мүмкін. Бұл жаттығулар баланың физикалық және эмоционалды жағдайын реттеуге тұрақтандыруға мүмкіндік береді.
4. ***Саусақтар гимнастикасы*** – бала өзінің дене мүшелерін сезінуге және олардың әр түрлілігіне өз денесін орналасуын түсінеді және де баланың ұсақ маторикалары дамиды.

Саусақтар гимнастикасы балаға сурет салуды, жазу жазуды, киініп, шешінуді, түймелер қадау сияқты ұсақ заттармен жұмыс жасауға үйренеді.

5. ***Өз денесін бақылай алу жаттығулары***- бала өз дене мүшелерінің орналасуын сезінуге, өз денесің еркін басқара алуға үйрету үшін қажет.

6. ***Көру арқылы жасалатын жаттығулар*** көздің қимылын, назар аударуға, бір затқа немесе іс- әрекеттің толықтай қарай алуына және бақылай алуын, зейіннің, қабылдауын тұрақталуына көмектеседі. Бұл жаттығудың негізгі мақсаты бала көру арқылы қоршаған ортасындағы болып жатқан іс – әрекеттер жүйесіне, тепе – теңділік және назар аударуын жақсартуға арналған. Бұл жаттығулар жүйесі дәптер парағына немесе кітап оқығанда жолды ұстай алмайтындарға өте пайдалы болып саналады және де барлық балалар үшін пайдалы. Себебі, олар ерікті және еріксіз зейінін жақсартады.

7. ***Нақты тапсырмалар беру арқылы*** жасалынатын жаттығулар (ребус, криптограмма, анаграмма, филвордтар, есептер) оқушылардың есте сақтау, кеңісте бағдарлау, қабылдай алу, анализ жасау дағдыларын қалыптастыруда қолданылады[5].

Адам баласының ағзасында болып жатырған өзгерістердің барлығы мидағы орталық жүйке жүйесімен тығыз байланысты. Жүйке жүйесі арқылы реттелетін таным процестері мектеп оқушыларының оқу іс-әрекетіне белсенді түрде қатысуына, үйлесімді дамуына ықпал етеді. Танымал психолог Л.С.Выготкийдің «жақын арада даму аймағы» теориясында оқушы өз бетімен орындай алмайтын тапсырманы орындауға, өз ойын ашық айтуға, өзара қарым-қатынас жасау арқылы өз мақсатына жетуге талпынады[6]. Оқушыдағы когнитивті процестердің өз уақытында, әр танымдық қабілет өз сензитивті кезеңінде дұрыс дамып, қалыптасуы үшін бас миындағы тұтас ағзаны қалыпқа келтіретін жүйке жүйесінің жұмысының бірізді әрі нақты болуы қажет.

Мұғалімдік қызметіміздің басты мақсаты балалардың жеке тұлға ретінде қалыптастасуына түрткі болып, Отансүйгіш, еңбекқор азамат етіп тәрбиелеу екендігі айқын болса, еліміздегі әрбір ұстаз үнемі ізденісте болуы шарт деп санаймын. Оқушылардағы ойлау, сөйлеу, зейін қою, қабылдау қабілеттерін жақсартуда нейропсихологиялық жаттығулардың маңызы зор. Ми жаттығуларын орындау оқушылар үшін әрі қызықты, әрі пайдалы болады. Мектеп қабырғасындағы педагогтер білім алушылармен сабақ барысында нейропсихологиялық жаттығуларды жиі қолданылса, оқыту үдерісінде үлкен жетістіктерге жетуге мүмкіндік те мол болар еді. Педагог-психолог ретінде балалардың психикалық денсаулығына ми жаттығулары өте қажетті әрі оқыту жағдайында тиімді деп санаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Президент Қ.Тоқаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы. www.akorda.kz сайты.

2. А.Дүйсенбаев Педагогика. Астана,2018.

3. Почему ребенку трудно учиться и как ему помочь? Нейропсихологический подход, Ознакомительный курс. Шамликашвили Ц.А., Семенова О.А., 2010

4. А.Лурия Высшие корковые функции человека М.,1969.

5. Хомская С.Д. Нейропсихология. 1987.

6. Л.С.Выготский Развитие высших психических функции. М.,1960.

1-ШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕКТЕПТЕ ОҚУҒА БЕЙІМДЕЛУІНЕ АРНАЛҒАН АТА – АНАЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕСТЕР

Мугалимова Асель Женисовна
Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Т.Жүргенов ауылы
М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ

Бейімделу – ағза функцияларының, құрылысының, оның органдарының және клеткаларының орта жағдайына ыңғайлануы, бейімделуі. Баланың мектепке бейімделуі жылдам жүрмейді: ол үшін, яғни мектепке толығымен үйренуі үшін бір күн, бір апта талап етілмейді. Бұл барлық ағза жүйелерінің маңызды ширақтылығымен байланысты ұзақ процесс. Бейімделу тиімді жүзеге асуы үшін ата-аналардың рөлі жоғары. Сондықтан төмендегі психологиялық кеңестерді ұсынамыз:

1. Оқушыны мектепке психологиялық дайындау бойынша кеңестер:

1. Баланы біртіндеп мектеп күн тәртібіне бейімдеу керек.

2. Бала мұғалімді дұрыс тыңдауы үшін оған беретін нұсқауларыңыз анық, аз сөзді, жылы лебізді, жайдарлы әрі жайлы болуы қажет. Баланы мектепте болатын қиындықтармен қорқытпаңыз.

3. Мектеп алдында әрі оқу кезінде баланың көру және есту сезгіштігін тексертіп отырыңыз.

4. Оқуға дайындық: 6-7 жастағы бала сауат ашудың баспа әріптерінің барлығын білуі тиіс. Кейбір балалар буындап, кейбірі тұтас мәтінді де оқи алады. Балалардың дайындығы әр түрлі болғанымен барлық балалар оқу процесінен жылдам шаршайды.

5.Сабақты демалыспен кезектестіріңіз. Балаңыз айна алдында дыбыстарды нақты, дауыстап, жекелеген дыбыстарды бөліп әрі созып айтуына мүмкіндік беріңіз. Бұл сөйлеу апаратын дамытады.

6.Жазуға дайындық: қаламды бала дұрыс жаттыққан қолмен ұстауы тиіс. Бояуды трафарет және штрихтаумен алмастыру. Сызықтар төменнен жоғары, оңнан солға, егер ол қисық болса, онда сағат тіліне қарсы болуы тиіс. Сызықтардың арасы 0,5 см болуы тиіс, бұл жазба әліппесінің негізгі принципі. Есіңізде болсын, сабақтан қалай шаршаса, оқудан да солай шаршайды.

8. Балаңызды мектепке дайындағанда сіз өзіңізге мұғалім рөлін алмай, балаңыз үшін оны жақсы көретін және түсінетін ата-ана болып қала беруіңіз керек. Бала өзінің қолынан келетіндердің бәрін бар ықыласымен орындайды. Сондықтан ол жалқау бола алмайды.

2. Балалардың қорқыныш, үрей сезімінен арылту бойынша психологиялық кеңес беру:

- Егер сіз өзіңіз бірдеңеден қорықсаңыз қорқынышыңызды балаға көрсетпеуге тырысыңыз.

- Әлемді өлімге апарар ауру кезіп жүр, қалада қанішер адам пайда болды және т.б. дегенді үнемі айта берудің қажеті жоқ.

- «Қорқынышты» фильмдерді көрсетуге рұқсат етпеңіз.

- Баланы қорқыту үшін өзіңізге қорқынышты кейіпкерлерді, мыстан кемпірді, қапшығы бар ағаны, ашулы полицейді және т.б. одақтас етіп алғанды доғарыңыз.

- Күрделі жағдайларда (ажырасу, отбасында жаңа мұрагердің пайда болуы, жөнді танымайтын туысқандарға көшіп бару) баланың эмоционалдық жай-күйіне көңіл аударыңыз – жағымсыз жағдайларда ол ересектердің назарын өзіне аудару үшін санасынан тыс қорқынышты пайдалану мүмкін.

- Баланың ұйықтау мен сергек жүру тәртібінің жасына сай екендігіне, күні бойы оның жеткілікті мөлшерде жағымды әсер алуына көз жеткізіңіз.

- Егер балаға қараңғылықтан қорықпауды үйреткіңіз келсе, күштеу шараларын қолданбаңыз, бұл қараңғы бөлмеге кіруге қатысты бастаманы баланың өзі көтергенде ғана мүмкін болмақ. Баланы тым күшті қорқыныш билеген кейбір кездерде, жаны түршігер құбыжық немесе қорқынышты оқиғаның суретін салып, бұдан соң салтанатты түрде күлге айналғанын баланың көзіне көрсеткен дұрыс. Бұл рәсімді қаншалықты қажет болса, сонша істей беруге болады.

- Үйде бала өзін қауіпсіз сезінетіндей ахуал қалыптастыруға тырысыңыз.

Есіңізде болсын!

Жылулық пен жайлылық сыйлайтын байсалды да зейінді, мейірімді ана және тұрақтылық пен қауіпсіздік нұрын шашады.

3. Баланың зейін ерекшеліктерін дамыту жайлы кеңес беру

Бастауыш сынып оқушысының оқудағы жетістігі мен табыстылығы тікелей баланың зейін қасиетімен байланысты. Балалардың зейінін жаттықтыруда келесі ережелерді ескеру керек:

Бірінші ереже: Баланың ақыл-ой жұмысының әр сағатында 5-10 минут дене жаттығуын, кішігірім массаж, көзге гимнастика жасатып отырған жөн.

Екінші ереже: кейбір балалар кез-келген жағдайда жұмыс істей береді, бірақ балалардың басым көпшілігіне сыртқы ықпалдар да өте маңызды: тыныштық, жұмыс столының үстіндегі заттардың жинақы тұруы, жарықтың дұрыс түсуі, жұмыс істеу қалпының дұрыс болуы.

Үшінші ереже: ақыл-ой жұмысына қолайлы уақыт мезгіліне бағдарлану. Көптеген зерттеулерге сүйенсек адамның жұмыс белсенділігі 5,11,16,20 және 24 сағатқа келеді екен. Осы кезеңдерде зейін тұрақтылығы жоғары дәрежеге көтеріледі.

Төртінші ереже: 6-7 жастағы балалардың зейіні тұрақсыз болып келеді, бала ұзақ уақыт бойы бір затқа немесе іс-әрекетке назар салып тұра алмайды. Бала зейінін тез аударады, себебі қозу тежелуден басым болады. Сондықтан баланың зейінін аудару үшін ашық, қызықты заттар, ғажайып құбылыстар пайдалану керек.

Қорытындылай келе, 6-7 жастағы баланың мектепке бейімделуі, оның оқуға деген дұрыс көзқарасының қалыптасуы, танымдық қабілеттері мен зейінінің тұрақты болуында ата-аналар жоғарыда ұсынылған кеңестерді есте сақтап, тиімді пайдалана білгені жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Выготский Л.С. Вопросы детской психологии / Л.С. Выготский.- М., 1997.
2. «Сынып жетекшісінің анықтамалығы» журналы №12 2016 жыл

ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛАР – ОҚЫТУДЫҢ ҚЫЗЫҚТЫ ДА ТИІМДІ ЖОЛЫ

Мурынова Алия Ордабаевна
Ақтөбе қаласы, Благодар орта мектебі

Елбасының «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында: «Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейіне сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек» десе, осы жолдаудың 3-тарауы 18-бағытының 7-тармақшасында: «Ақпараттық технологиялар мен ақпаратты таратудың жаңа нысандарына бағытталған мамандырылған білім беру бағыттарын құру міндеті де алдымызда тұр» делінген, сондай-ақ, 17-бағыттың 3-тармақшасында «Онлайн тәсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын

құру қажет» деп атап көрсеткендей бүгінгі күні білім беру жүйесі жаңа педагогикалық технологияға негізделуін және ақпараттық құралдардың кеңінен қолданылуын қажет етеді. Осылайша оқу-тәрбие үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану заман талабынан туындап отыр.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі - білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» деп көрсетілген. Солардың бірі - білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып компьютер саналады.

Қазақстан Республикасындағы оқу-тәрбие жүйесін техникаландыру мен автоматтандыру тенденциясының болашақ қарқыны мен қадамдары іздеумен және компьютерлік жүйені оқу-тәрбие үрдісіне енгізумен тығыз байланысты. Сол жолда қазір оқытуды толық электрондық оқыту жүйесіне көшіру де қолға алынуда. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында қазіргі замандағы білім беру жүйесінің жаңа технологиялармен қамтамасыз етілуі тиіс.

XXI ғасырда адамдар жаңа технологиялар тасқынының куәгері болды. Компьютер мен интернет, жаңа байланыс құралдары, жаңа материалдар мен қызмет көрсетулер, жаңа ғылыми жаңалықтар, осының бәрі оқушылардың ой-өрісіне әсерін тигізді және таңқалдырды.

Қоғамдағы жаңа өзгерістер және оның тез ақпараттандырылуы мен даму жылдамдығы білім беруге қоятын талаптарды да түбегейлі өзгертіп, қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласына төмендегідей міндеттерді қойып отыр: білім сапасын арттыру, әлемдік білім беру кеңістігіне ену, білім беру жүйесін ақпараттандыру, интернет желісін пайдалану, электрондық оқулықтар, мультимедиалық технологияларды пайдалану, телекоммуникациялық технологияларды пайдалану, қашықтықтан басқару және т.б. Ақпараттық-коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивтік құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік құралдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Ақпараттық-коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. XXI ғасыр бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Олай болса, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік ақпараттық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интелектуалды дамуды қалыптастырудың бірден-бір жолы.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Компьютер және интерактивті құралдар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстармен заңдылықтарды табуға итеріп,нәтижесінде өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашу керек.бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағында, оқушылардыңойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологияларды ғана тиімді деп санауға болады. Оқушылардың интерактивті құралдар көмегімен қалыптасатын және жүзеге асырылатын ойлау қабілеті бұрынғы технологиялар арқылы берілетін ойлау жүйесінен өзгешеболатындықтан, тек ойлау қабілеті

ғана емес, қабылдау, есте сақтау жоғары деңгейде болады. Интерактивті құралдарды сабаққа пайдаланғанда дидактикалық бірнеше мәселелерді шешуге:

-пән бойынша базалық білімді меңгеруге;

-алған білімді жүйелеуге;

-өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыруға;

-жалпы оқуға деген ынтасын арттыруға;

-оқушылардың оқу материалдарын өздігінен жұмыс істегенде әдістемелік көмек беруге көмектеседі. Бұл технологияны көзбен көру жадын іске қосқанда арта түсетін қабылдау мүмкіндіктерімен қамтамасыз ететін әдіс деп қарауға болады. Оқушылардың көпшілігі естігенінің 5% және көргенінің 20% есте сақтайды. Аудио-видео ақпаратты бір мезгілде қолдану 40-50% есте сақтауды дейін арттырады. Жаңа ақпараттық технологияларды өз тәжірибемде қолдану кезін есепке алар болсақ, оның қаншалықты маңызы барын байқаған болатынмын.

Біз бейбіт елде, мемлекеттік білімді жетілдіруге аса мән берілген елде тұрамыз. Жалпы білім берудің мақсаты терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі дамытуға адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, яғни жеке тұлғаны қалыптастыруға негізделген, ақпаратты технологияны терең меңгерген, жылдам өзгеріп жататын бүгінгі заманға лайықты, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру,

Бәсекеге қабілетті болу тікелей білімге байланысты. Біз жаңа технологияға, жаңа өркениетті дамуға байланысты өркенді елдердің көптен бері пайдаланып келе жатқан интерактивті құралдарды қолданып отырмыз. Бұл біздің Қазақстанның алға қарай жылжуының нышаны болып табылады. Ғылыми білім беруде интерактивті тақтаның мүмкіндігі мол. Интерактивті құралдарды қолдану арқылы оқушы білім кеңістігіне еркін бойлай алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә.Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» 2007ж.

2. «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» Астана 2006ж.

3. «Информатика негіздері» Оқу тәрбие үрдісінде ақпараттық коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі 2008ж. №4 Ж.Садыбекова

4. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы

5. «Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту» Ш. Қарабаева

6. Интернет желісі

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ТЫҢДАЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ӘДІС – ТӘСІЛДЕР

Мусина Ляззат Нуримановна
Т.Г.Шевченко атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Қазақ тілінің жаңа оқыту әдістері арқылы біз білім деңгейі, ой өрісі дамыған, тіл арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін, шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелейміз. Оқушылар оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыра отырып, еркін қарым-қатынас жасауға, сын тұрғысынан көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыланады. Қазақ тілінде берілген кез келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады. Әрбір оқыту әдісі белгілі бір мақсатқа жетудің құралы болып табылады.Тілді кіріктірілген бағдарламар арқылы оқытудың негізгі мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым) меңгерте білу. Тыңдау екі түрлі болады: 1. Үндемей, сөйлеушінің сөзін бөлмей тыңдау. 2. Сөзге араласып, өзара ой алмасып отырып тыңдау. Сөйлеуші адамның мінез - құлқы, жасы, жынысы, әлеуметтік жағдайы ескерілуі тиіс. Оқушылар бойына тыңдалым дағдысын қалыптастыру мақсатында есте сақтау қабілетін дамыту керектігін біле отырып жадының дағдылары бірнеше бөліктерден тұратынын анықтадым: - Белгілі бір мәліметті тез есте сақтауға көмектесетін бейнелі шартты белгілер болуы тиіс. Мысалы, «Есте сақтау» әдістері, әңгіме мазмұнын есте сақтап, оны сол шартты белгілерге қарап толық мәлімет беруге оңтайлы. Ғалымдар есте сақтаудың бірнеше жолдары барын мәлімдеді. Мысалы, бос уақытта сурет салу есте сақтауды жақсартады екен. Бұл жерде суреттің сапасы мен көркемдігі маңызды емес, бастысы - сурет ойды тынықтырады. Ойдың тынығуы есте сақтау қабілетін жоғарылатады. Көзге арналған жаттығулар да естің дамуына пайдалы. Егер таңертен күнде 30 секунд жаттығу жасап отырса, есте сақтау қабілетіміз 10%-ға жақсарады. Бұл да ғалымдармен дәлеледенген. Сөзжұмбақтар, ойша санау, логикалық сұрақтарды шешу, өлеңдерді жаттау, шет тілдерін меңгеру - миды жұмыс істеуге арналған ең тиімді әдістер болып саналады. Жалаң аяқ жүгірудің өзі есте сақтау қабілетіңді жақсартады. Себебі, адам жалаң аяқ жүрген кезде, аяғын жарақаттап алмайын деп айналасына барлай қарап жүреді емес пе, мұндай сәтте ми да белгілі бір қызмет атқарады. Ол қызметтер есті жақсартуға көмектеседі екен. Келесі тәсіл – жазу. Қазіргі кезде қолмен жазу қалып келеді. Көбінесе біз пернетақта көмегімен жұмыс жасаймыз. Дегенмен, есте сақтау қабілетімізді жақсарту үшін бір ауық қолға қалам алып, жазу жазып та тұру өте қажет. Жаңа зерттеулер дәлелдегендей, жаттығу кезінде салмағы ауыр заттарды көтерген кезде есте сақтау 20%-ға жақсарды делінген. Биікке өрмелеу, шыңға шығу мен ағашқа өрмелеу де есте сақтау қабілеті үшін пайдалы. Себебі, тепе-теңдікті сақтау арқылы жады жұмысы жақсара түседі екен. Бір сөзбен айтар болсақ, миды үнемі жұмыс істетіп тұру қажет екеніне көз жеткіздім. Тыңдалым дағдысын қалыптастыруда аудиожазбаларды қолдану. Бұған әр сыныптың, әр оқушының жас ерекшелігіне байланысты мәтіндер алып отырдым. Оқушы бойына тыңдалым дағдысын қалыптастыруда әдіс-тәсілдерді пайдаландым. Оқытудағы басты принципім – оқушының жеке, өзіндік мүмкіндіктерін ескеру, барлық оқушының сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту, өз ойын жеткізуге, өзіндік таңдау жасауына мүмкіндік тудыра отырып, оқушының танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту, проблемалық оқыту арқылы оқу материалын өмірмен байланыстыра отырып, оқушыларды білімді өз бетімен меңгеруге талпындыру, өз ойын ашық айта білуге тәрбиелеу, сабақ процесінде оқушының белсенді іс-әрекеті белсенді ойлауға, белсенді оқытуға бағытталды. Жаңа идеялар ұсынуда және жаңа мүмкіндіктерді көруде, оқушының қабілетінің дамуына мүмкіндік тудырдым. Тыңдалым дағдысын басшылыққа ала отырып әр сабағымда

тақырыпқа сай аудиожазба арқылы тапсырмамен жұмыс орындатып отырдым. 1 – тапсырма. Біріккен сөздерді өткенде оқушыларға аудиожазбадан бірнеше біріккен сөздерді тыңдаттым. Оқушылар есінде қалған біріккен сөздерді жазып шықты. Бұл жерде оқушылардың есте сақтау деңгейің қаншалықты екенін тексердім. Біріккен сөздерді есте сақтап дәптерге жазу. Күнтізбе, елбасы, тілашар, мұражай, дәрісхана, медбике, этнография, Қараой, Екібастұз, әзілқой, көзқарас, көнекөз, шаруақор, қонақжай, беймаза, Жетісу, Жетісай, Таңшолпан, Қаратау, Талдықорған. 2 – тапсырмасы: Сан есім тақырыбын өткенде оқушыларға мәтін тыңдаттым. Мәтіннен сан есімді тауып түрлеріне қарай ажыратып жазды. Сан есімге байланысты берілген мәтін. Төрт атты жақындай беріп, екі – екіден қақ жарылды. Екеуі оң жақтан, екеуі сол жақтан шықты. Екеуі таныс. Екеуі беймәлім. Біреуі адамның басын алуға келе жатқандай қабағын түйіп алыпты. Енді біреуінің жүзінде, езуінде мысқыл бар. Олар – төртеу, бұлар екеу, алты атты бір – біріне ат басын тірей келіп тоқтады. Екеуміз бірге өстік, бір мектепке бардық. Кеңсенің есігінен қазандай қара құлып асылып тұр екен, үшеуі бірдей күнқағарлы сәкіге барып отырды. Екеуі қатарласа отырып, буы бұрқыраған самаурынды орталарына алғанда, ақшам жамырап, өрістен мал қайта бастаған. Үшеу, төртеу, біреу, екеуі – жинақтық сан есім 6 рет қайталанды; алты, бір – есептік сан есім; екі – екіден – топтау сан есім. Оқушылар осылай әр тақырыпқа байланысты аудиожазба арқылы тапсырмалар орындады. Сабғымда аудиожазбадан бөлек тыңдалым дағдысын қалыптастыруға бағытталған әдіс – тәсілдер қолдандым. Атап айтар болсам: 1. «Айқайлап диктант оқу»: әдісі. сынып оқушылары екі топқа бөлінеді. Бірінші топ оқушыларды мәтінді айқайлап оқиды. Екінші топ оқушылары бір ғана оқушыны тыңдап, диктант жазуға тырысады. Осы арқылы оқушылар ерікті зейінді қалыптастырады әрі өмірге бейімделеді. Оқушылар аудиоматериалды екі рет мұқият тыңдайды (ол сюжетті мәтін,өлең,публицистикалық ақпарат болуы мүмкін). Қорытындылай келе «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім» деп ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай бүгінгі таңда педагог кадрлардың мақсат –міндеттері сабақтың сапасын көтеріп, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, сабақтың түрлерін жетілдіріп танымдық ізденімпаздылығын арттыру. Осы мақсатты алға қоя отырып қазақ тілі сабағында оқушылар бойына тыңдалым дағдысын қалыптастыру барысында түрлі әдіс–тәсілдермен қатар аудиожазбалар арқылы әр сабағымда мәтінмен жұмыс істедім. Сабақта қолданған әдістер арқылы оқушылардың сабақты бір – біріне түсіндіргені, сұрақты түрлендіріп қойғандары оқушылардың қызығушылықтарын арттырды және оларға ұнады. Нәтижесінде оқушылардың бойынан мынадай өзгерістер байқалады: Тыңдау дағдысын қалыптастыру барысында көз жеткізгенім оқушыларға сөйлеткен сайын, ойланған сайын ашыла түседі екен сонымен қатар сабаққа деген қызығушылығы арта түседі. Оқушының сабаққа деген қызығушылығының артқанын сабақ барысында көрсеткен белсенділіктерінен байқадым. Сабақ барысында тыңдалым дағдысы бойынша жұмыс жүргізгенімде сыныптағы оқушылардың барлығында тыңдау дағдысы және есте сақтау қабілеті төмен екенін байқадым. Алғашында аудио жазбадағы мәтінді тыңдатып артынан тапсырма бергенімде сыныптың ішінен 1 – 2 оқушы ғана сұраққа жауап береді. Қалған оқушылар естігеннін ұмытып отыратын. Тыңдау дағдысын қалыптастырудың бірден - бір жолы жадыны дамыту керектігіне көз жеткіздім. Сондықтан сабақтарымда жадыны дамытуға арналған түрлі әдіс – тәсілдерді іздене отырып қолдандым. Алдымда отырған оқушылар бұрынғы сабақтарымда «Мен қанша алдым?» деп сұрайтын еді, қазіргі сабақтарымда «Апай, мен былай жауап бергім келген, мен былай ойладым» деген сияқты пікірлер білдіре бастады. «Тізбектелген ереже» , «Ақпараттағы ақаулық» әдістері және аудиожазбадан тыңдаған мәтіндерге байланысты тапсырмаларда біраз ойланып, жауап бере алмай тосырқап қалатын қазіргі таңда түрлі әдіс – тәсілдерді сабақта қолданғанның арқасында

оқушылардан әр тапсырманы орындау барысында шапшаңдық байқалады. Мәтін ішінен жалпылау қанша екенін тап деген тапсырма берілгенде алғашында 3,4 сөз табатын оқушылар қазіргі таңда 15 сөз болса соның 9,10 сөзін таба алады. Оқушылардың басым бөлігі тыңдаған мәтінді мазмұндауда тілдік қорының аздығына байланысты қиналатын. Қазіргі таңда ойын еркін жеткізеді. Мәтіндегі негізгі деректерді есте сақтай алмайтын оқушылар мәтінмен жұмыс жүргізгенде мәтінді толық және терең түсінгенін тапсырма орындау барысында көрсете алатын болды. Бұрынғы сабақтарымда жаңа тақырыпты түсіндіріп артынан ереже сұрайтынмын. Сол жерде жауап берген оқушым келесі сабақта сол ережені сұрасам немесе сол тақырыпқа байланысты тапсырма орындатсам ережені ұмытып отыратын. Тыңдалым дағдысына қалыптастыруға байланысты әдіс – тәсілдерді қолданғаннан кейін берілген мәтіннен оқушылар керекті сөздерді тез таба алуға жаттықты. Яғни оқушылар жоғарыда аталған әдіс – тәсілдерге жаттыққан десем де болады. Оқу жылы басында өзім сабақ беретін 5, 6, 7 сынып оқушыларына тыңдалым дағдысын қалыптастыру мақсатында есте сақтау қабілетін, сауаттылық қабілетін, тілдік қорларын, жоғарыда аталған түрлі әдіс- тәсілдер арқылы тексердім. Нәтижесінде төмендегідей пайыз көрсетті. Қазақ тілі сабағында тыңдалым дағдысын қалыптастыруға бағытталған әдіс – тәсілдердің арқасында 5, 6, 7 сынып оқушыларының есте сақтау қабілеттері, тілдік қорлары, сауаттылық қорлары жоғарғы нәтиже көрсетті. Алдағы оқу жылында тыңдалым дағдысына байланысты сабағымда қолданатын әдістерімді кеңейтемін.

Әдебиеттер тізімі:

1. А. Сатыбаева А. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» «Фолиант» баспасы 2008 жыл.
2. Атабаева С. Диктанттар мен мазмұндамалар жинағы Алматы «Білім» баспасы 2006 жыл
3. Бегман Ысқақ «Қазақ тілінен сыныптан тыс жұмыстар» Алматы 2007 жыл
4. Қ.Қадашева «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» Алматы, 2010 жыл.
5. Көкшетау қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің бірігіп шығарған «Қазақ тілін оқытудың жаңа әдістері» жинағы, 2013жыл.

ҚИЫН ОҚУШЫЛАРДЫ ӘР ТҮРЛІ ЖАҒЫМДЫ ІСТЕРГЕ ҚАТЫСУҒА ТАРТУ АРҚЫЛЫ ОЛАРДЫ ТАБЫСҚА ЖЕТЕЛЕУ

Мырзаханова Бақытгүл Қадыралықызы
Ақтөбе қаласы, №48 орта мектеп психологы

Жеке тұлғаның рухани өсуіне психологиялық – педагогикалық жағдай жасай отырып,өз ортасында және өзге ұжымда өзін еркін сезіне алуға тәрбиелеу, өзіне-өзі сенімді, жауапкершілік қасиетті сіңірген тұлға ретінде қалыптастыруда оқыту мен тәрбиенің алатын орны ерекше.

«Тегінде адам баласы адам баласынан,ақыл,ғылым,ар,мінез деген нәрселермен озады.Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі - ақымақшылық»- деп Абай атамыз айтқандай бүгінгі бәсекеге сәйкес білімді,саналы,тәрбиелі ұрпақ өсіріп , сол ұрпақтың бойына рухани патриоттық тәрбиені білімнің қайнар бұлағын бойына толық сіңіріп келешек өмірге ұсынуда мектептің, мектеп мұғалімдерінің алатын орны ерекше. Мектеп жасындағы баланың негізгі әрекеті оқу мен еңбек. Баланың оқуға үлгерімі, оқушы мектеп қабырғасынан ұшып кеткенше класс жетекшісі, пән мамандары, ата-ананың қадағалауында үнемі болғаны жөн.

Себебі,қадағаланудың төмендігі баланың мектепте үлгермеуші оқушы қатарынан шығары сөзсіз. Сабаққа үлгермеу, қиын оқушы атану баланың психологиясына әсер ететіні анық.

Мағжан Жұмабаев айтқандай: «Мектебімізді таза, берік, хәм өз жанымызға үйлесетін негізде құра білсек, кемшілігіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады».

Қиын балалардың сыныптастары және мұғалімдермен қарым-қатынасын өзгерту жолдары.

Қиын баланың басым көпшілігі өздерін өзі оқитын сыныптан оқшау ұстайды, олардан қашқақтайды. Олар әдетте нашар оқитындықтан, сыныптастары оларды жек көреді. Сондықтан оларға ұжымның жағымды әсері шамалы. Сол себепші тәрбиеші, сынып жетекшісі қиын баланың өзін тәуір жағынан көрсете алатындай сол арқылы сыныпта беделге,сенімге ие бола алатындай жағдаят тудыруы керек.

Девантты мінезді оқушылар өздеріне ұрысқанды ұната бермейді. Сондықтан мектеп мұғалімдері олармен болған қарым-қатынаста педагогикалық этиканы аса қатаң сақтауы қажет.

Қиын оқушыларды әр түрлі жағымды істерге қатысуға тарту арқылы оларды табысқа жетелеу.

Қиын оқушыларды қайта тәрбиелеу дегеніміз: оның жағымсыз әдеттерін жағымды әдеттерімен шығарып тастау. Оқу жасындағы балалардың негізгі айналысатын істері – оқу, еңбек етумен қызыққан ісімен айналысу.

Оқу оқушылардың негізгі қызметі болып табылады,сондықтан қиын оқушыларды мектепке қайтару, оқуға қызығуын арттыру-аса күрделі, әрі педагогтың беделін арттыратын іс.Себебі қиын балалардың 90 пайызы сабаққа ықыласы жоқ.

Сондықтан оларды сыныптан тыс шараларға тарту арқылы спортқа, техникаға, өнерге қызықтыру оқуға бірте-бірте тарту педагогтардың қасиетті ісі болып табылады.

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысындағы кемшіліктердің де бала тәрбиесіне кері әсері етері даусыз:

1. Тәртіп бұзуға бейім тұратын оқушыларды дер кезінде анықтап,олармен алдын-ала жұмыстар жүргізбеу.
2. Сыныптан тыс,мектептен тыс өтілетін іс-шаралардың сапасының төмендігі.
3. Тәрбиесі қиын балалардың отбасыларымен қарым-қатынастың нашар ұйымдастырылуы.
4. Девиантты мінезді оқушылармен дұрыс қарым-қатынас орната білмеу немесе мұғалімдер мен тәрбиешілердің кәсіби деңгейінің төмендігі.
5. Кейбір мұғалімдердің сабақ беру әдісінің төмен болуының әсерінен оқушылардың тәртібін әлсіретеді және ол мұғалімдердің де беделін төмендетеді.
6. Кейбір мұғалімдердің педагогикалық этиканы білмеуі немесе сақтамауы оқушыларды өзіне қарсы қоюға әкеліп соғады да,ұзаққа созылған шиеленісті туғызады.

Тәртіп пен заңды бұзуға бейім тұратын сабақ үлгерімі нашар оқушыларды сынып және мектеп бойынша анықтау.

Біріншіден: Әр тоқсанда бір немесе екі пәннен үлгермейтін оқушыларды анықтап отыру қажет. Үлгермейтін оқушылардың барлығының тәртібі нашар болмас, алайды, қиын оқушылардың басым көпшілігі бірнеше пәндерден үлгермейтіні ақиқат.

Екіншіден: Сауалнама жүргізу арқылы қиын оқушылар мен педагогтардың қарым-қатынасын анықтап, оны жолға қою мәселесін шешу қажет. Зерттеулер көрсеткендей, девиантты мінезді балалардың басым көпшілігі бір немесе бірнеше мұғалімдермен шиеліністі жағдайда болады, ондай қарым-қатынас олардың түзелуіне кері әсер етеді.

Үшіншіден: Қиын оқушылардың өз сыныптастарымен қандай жағдайда екенін анықтау және соған лайықты іс-шаралар жүргізу. Олардың көпшілігі өз сыныбында басбұзар,іріткі салушылар және өзі сияқты бұзақылардың жетекшісі болып келеді.

Төртіншіден: Ата-аналарымен және достарымен әңгімелесу арқылы тәрбиесі қиын оқушылардың бос кездерінде кімдермен жүріп-тұратынын қандай топтарда, орталарда болатынын анықтау. Себебі дәл сол биресми топтарда болу арқылы олар темекі шегу, арақ ішу, құмар ойындарын ойнауды әдетке айналдырады.

Сонымен қатар олар өзінен кішілерге әлімжеттік жасауын, жануарларды қаншалықты жәбірлейтінін анықтау да олардың мінез-құлқының бұзылғанын көрсетеді. Оқуға үлгермейтін, оқу үлгерімі төмен оқушылар-қиын оқушы болып саналатыны анық. Оқудағы үлгермеудің түрлі себептері бар, сондықтан ақыл-ой еңбегіне негізделген жұмысқа қабілеттілігі, дағды, бейім,табандылық сияқты жеке бас көрсеткіштерін есепке алу керек. Оқудағы үлгермеудің түрлі себептері бар,сондықтан ақыл-ой дамуындағы артта қалушылық сипатына байланысты үлгермеушіліктің арнайы түрлері айқындалған. Үлгермеудің **бастапқы түрі** балада ерте жасынан,тіпті мектепке дейін басталады. **Екіншісі** баланың кіші мектеп жасынан тұрақты байқалады. **Үшінші түрі** бастауыш сатыдан орта буынға өту кезінде көрінеді Үлгермеушілік кейде аяқ астынан басталса,кейде баяу,біртіндеп басталады. Мұғалім өзгерісті ерте байқап, баламен жұмыс кезінде жеке тәсілдерді қолданса, алдын алуға болады. Оқу үлгерімі төмен оқушылардың өзінің бірнеше топтары бар.

Бірінші топқа ерте жастан бастап тәрбиеге көнбейтін балалар жатады. Мұндай балалардың ішінде балалар үйінде тәрбиеленушілерді жиі кездестіруге болады. Осы топқа жататын балалар ерте жасынан бастап үлкендердің қолдауы мен көмегіне мұқтаж. Мұғалім осындай типтегі балалармен табандылық көрсетіп жеке жұмыс жасаса, дамуы бірден алға басады.Ерте жастан түзету жұмыстары жүрмеген кезде мұндай балалардың дамуында артта қалушылық байқалып, алға басу тіптен мүмкін болмайды.

Екінші топтақа оқу үлгерімі төмен оқушы- практиктер жатады. Бұл балалар табиғатынан нақты түсініктері бар,санасында көрген дүниесі сақталған, бірақ ауызша ойын жеткізуге шорқақтау. Абстрактылы ойлауы жеткілікті деңгейде дамыған. Алайда оларды оқыту барысында үнемі көрнекі құралдарды пайдалануды талап етеді. Мұндай балалар суретті жақсы салуы мүмкін, бірақ абстрактылы ойлауы артта қалған, сол себепті мұндай оқушылар оқу үлгерімінде көбісіне төмен болып жатады. Мұндай балаларға бірінші жылдан бастап психикасын есепке ала отырып,жеткілікті көңіл бөлінбесе, барлық кемшіліктерді жеңуге болады.

Үшінші топқа оқу үлгерімі төмен, психикалық дамуы кешігіп жетілген, жүйке жүйесі түрлі ауытқуларға ұшыраған балалар жатады. Мұндай балалар жоғары деңгейдегі қалжырап шаршаумен, көңілін бір іске ұзақ тұрақтандыра алмауымен, ақыл-ойдың нақты болмауы мен тұрақсыздығы,ой қорыта алу машығының дамымауымен ерекшеленеді.Бұндай балалар-әлеуметтік селқос.Образды ойлауы баяу дамиды.

Қорыта келе, кезінде жақсы оқушының уақыт өте келе қиын оқушы атануына тәрбиенің алатын ортны ерекше. Жас буынға ерте бастан тәрбиені дұрыс сіңірмеу,буынның қисық өсуіне әсерін тигізері сөзсіз.баланың қиын бала атануы,сабаққа үлгермеуі, класта,мектепте үлгермеуші атануы дер кезінде қадағаланбау ,мектеппен ата-ананың,жетекшімен, пән мамандарымен қарым-қатынастың болмауынан.

М,Калинин «Тәрбие дегеніміз - тәрбиеші қалаған жақсы қасиеттерді тәрбиеленушінің бойына егу үшін оның психологиясына мақсатты да жүйелі түрде ықпал жасау» - деп айтқан болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұмабаев. Ә. «Қиын оқушылырды мектеп жағдайында тәрбиелеу мәселелері» Алматы 1991 ж.
2. https://www.kazedu.kz/referat/128827

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ

Нажмадинова Жанар Нажмадиновна,
Ақтөбе қаласындағы №21 «Кәусар бұлақ» бөбекжай балабақшасы тәрбиешісі

Халық ұрпақтан-ұрпаққа өзінің қоғамдық, әлеуметтік тәжірибелері мен рухани байлығын қалдыра отырып, сол арқылы қоғамның материалдық және рухани мәдениетінің тарихын да жасайды.

Мұндай сабақтастық жас ұрпақтың өзіне дейінгі адамзат жасаған игіліктерден өзіне қажеттісін іріктеп алып, ұлттық тәрбиеміздің қайнар бұлағының тереңіне бойлап, сол бұлақтан бойға қуат алу жаңа уақыт талабына сай тарихи құндылықтарды жан-жақты байыта түсуіне мүмкіндік береді. Бұл сияқты тарихи үрдісте халық тек жасампаз күш ретінде ғана емес, әрі сол құндылықтардың дара және тауысылмас бұлағы, жыршысы мен философы ретінде де көрінеді. Біз ұлттық салт-дәстүрді қалптасқан жүйесі бар, өмір ағымында адамдар жинақтаған белгілі бір білім-білік, дағдылардың бір ұрпақтан келесесіне беріліп отыратын тәрбиенің әдіс-тәсілдерінің бірлігі ретінде қарастырамыз. Мектеп жасына дейінгі балаларды өз халқының ұлттық мәдениеті, оның салт-дәстүрлері негізінде тәрбиелеуде шешімін табуға тиіс мәселелер бар. Бұл мәселе ұлттық сананың оянуымен, демократиялық қоғамның жаңа адамға деген қажеттілігімен, ұлттық мәдениетінің жандануымен, балаға өз халқының рухани байлығын сусындатумен байланысты туындап отыр.

Халықтық салт-дәстүр – қоғамның рухани, мәдени және адамгершілік қарым-қатынасындағы ең қымбат қазына. Халық үшін тәрбие – тұтас дүние. Оның мақсаты – адам тәрбиелеу. Балаларға ұлтымыздың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін оның сәбилік шағынан бойына сіңіріп, ойына ұялату, сол арқылы ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелеу қай күннің болмасын басты мәселесі. Бұл туралы ойшыл Абай: «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады; бірінші – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі - құрбысынан» деген екен.

Ұлттық тәрбие отбасынан бастау алатын болғандықтан инабаттылық, мейірімділік, ана сүтімен, ана тілімен орныға бастайтын аян. Сол себепті халық даналығы: «Сүтпен біткен мінез, сүйекпен кетеді» деуі заңды. Ата-бабаларымыз бала тәрбиесіне ата-ана ғана емес, ауыл болып көңіл бөлген. Мысалы: үлкен кісіге сәлем бермегеннің өзі сыйламаушылыққа жататын, оны байқап қалушылар тентегін тезге салып отыратын. Жалпы салт-дәстүр – халқымыздың келбеті, рухани мәдениетінің қазығы.

Халқымыздың аса көрнекті ақыны М.Жұмабааев та педагогиканың ұлттық тәрбиеден бастау алатыны жайлы айтқан. «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген «Педагогика» атты еңбегінде.

Халықтық педагогика ата-баба мұрасынан бастау алады. Ол болашақ азаматты жан-жақты жетілген, саналы, ізгілікті, мейірімді етіп тәрбиелеуде педагогика ғылымының негізгі көзі болып табылады. Бұл мәселеге Қазақстан Республикасы бойынша мектепке дейінгі мекеме балаларын адамгершілікке тәрбиелеуде зерттеу жұмысын жүргізген ғалымдарымыз А.Меңжанова, К.Сейсембаевтарды атауға болады.

Ата-бабаларымыздың дәстүрлі халықтық тәрбиесінің тәжірибелеріне көз салсақ, осы кезеңде балдырғанға тәрбие беру ісі жан-жақты – тіл үйрету, ақыл-ойын өсіру, денесін жетілдіру, еңбексүйгіштікке баулу, ең бастысы адамгершілік, ізгілік қасиеттерді сіңіру бағытында жүргізілгенін көреміз. Бұл жөнінде С.Дорженов өзінің «Ұлттық тәрбиенің тәлімі» деген еңбегінде: «Қазақ халқының тұла бойы, жүріс-тұрысы, мінез-құлқы, істеген ісі тұнып

тұрған тәрбие. Екінші сөзбен айтқанда, қазақ тәлімді, тәрбиелі халық. Ол өмірдің жаңалығынан да сабақ ала білген халық» - дейді. Сондықтан біздің алға қойған міндетіміз – мектепке дейінгі мекемедегі тәрбие жұмысындағы жақсы салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды жинақтап, саралап пайдалану арқылы болашақ ұрпақтағы адамгершілік қасиеттерге баулу.

Балалардың әрбір іс-әрекетінде ұлттық ерекшелік қанық бояумен, әрленіп, дараланып тұруы көзделеді. Ол үшін алдымен тәрбиешінің теориялық білімі қажет. Балабақшалардағы тәрбиелеу – білім беру үрдісінде ұлттық салт-дәстүрлердің озық идеяларын қолданудың тәжірибелік іскерлік-дағдыларын меңгеруі тиіс.

Балабақша – тәрбие бесігінің бастауы. Сондықтан да қазіргі заманға сай халқымыздың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып кележатқан салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын адамгершілік дүниеміздегі қымбат қазыналардың бірі ретінде бағалап, тәрбие жұмысын қалай кешенді ұйыдастыруымыз қажет. Адам баласы дүниеге келген күннен бастап, үнемі салт-дәстүрлер аясында болады. Сондықтан да бала тәрбиесінде халықтық тұрмыстық салт-дәстүрлердің туу себептерін, даму ерекшіліктерін, орнығу заңдылықтарын ашып көрсетудің тәбиелік мәні зор.

Мектепке дейінгі мекемелердегі балалардың жас ерекшеліктеріне сай ата-баба дәстүрі мен халықтық педагогиканы басшылыққа алып, тәрбие жұмысын ғылыми негізде ұйымдастыра отырып, ұтымды жүргізе білуіміз қажет.

ДАРЫНДЫЛЫҚТЫ АНЫҚТАУ МЕН ҚОЛДАНУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Нарымова Гулбану Тлеукабыловна
Ақтөбе қаласы, «№78 ЖОББМГ»КММ, география пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгеретін әлемде оның табысты болуын қамтамассыз ететін білім алудағы қажеттілігін қанағаттандыру, еліміздің экономикалық әл-ауқаты үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту болып табылады» – делінген.[1]

Қабілетті, дарынды балалар көбінесе шапшаң, тез және сыни ойланатын, көп көлемде білімді меңгеретін, оны ұзақ уақыт бойына ұмытпайтын болып келеді. Түсінігі өте жоғары, сезімтал, жоспарлаған ойын, алдына қойған мақсатын қалайда орындауға тырысатын, түйсігі ерте дамып, моральдық қасиеттерге бай, қиялы ұшқыр, батыл әрекеті басым болып келеді.

Дарынды балаларды анықтау- баланың дамуын таңдаумен байланысты ұзақ процесс. Осы айтылғандарды ескере отырып, дарынды балаларды анықтаудың мынадай **ұстанымдары** тұжырымдалды: баланың қызығушылығы мен бейімділігіне барынша сәйкес келетін қызмет аясында баланың іс - әрекетіне талдау жүргізу, дамытушылық ықпал ете отырып, баланың психологиялық кедергілерін жоюға мүмкіндік беретін тренингтік әдістерді пайдалану, баланың дарындылық белгісін оның психикалық дамуының нақты деңгейінде ғана емес, сондай - ақ оның болашақтағы даму мүмкіндігін де есепке ала отырып бағалау, [2] жұмыс нәтижесін талдау, бақылау, әңгімелеу, мұғалімдер мен ата - аналардың сипаттамалық бағалары, түрлі ақпарат алу көздерін пайдаланып, бала қабілеттерін кең көлемде қамтуға мүмкіндік беретін баланың мінез - құлқы мен іс - әрекетін жан - жақты бағалаудың кешенді сипаты.

Оқушылардың қабілеті мен дарындылығын дер кезінде айқындау, оларды тәрбиелеу білім беру жүйесін жетілдірудегі негізгі міндет болып табылады.

Дарындылыққа педагогикалық энциклопедияда төмендегідей анықтама берілген: «**Дарындылық**-белгілі бір әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғары деңгейі».

Дарынды балаларды оқытуда Выготскийдің еңбектерін атап өту аса маңызды деп ойлаймын. Бастапқы негізді білу кез-келген баланы дамытуға қолайлы орта ұйымдастыру үшін айқындалуы тиіс. Яғни оқушының негізгі мотивациясының деңгейін, оның қабілеттерінің деңгейін, логикалық ой-өрісі деңгейін бағамдау қажет. Бұл туралы Эйр де айтып кеткен болатын. Выготский бойынша «Жақын арадағы даму аймағы» теориясы негізінде балалардың өзекті қабілеттерінің деңгейлерін бағалаудың тиімді екендігін баса айтады. Эйр тым күрделі жұмыс балаларға қиын орындалатын және олардың ынтасын жоятын жұмыс болып көрінетіндігін дәлелдеген (2001). Шынымен де мұндай тапсырмалар оқушылардың өздеріне деген сенімсіздігін арттырып, пәнге қызығушылығын төмендетеді. Сол себептен, әр оқушының жеке қабілеттерін зерттей отырып, олардың білім алуына қолайлы жағдайлар туғызғанда ғана жүйелі нәтижеге қол жеткізуге болады. [3]

Мұғалім оқушының талантты немесе дарынды екенін анықтау мәселесінің шеңберінде жұмыс жүргізгенде бұл ұғымның мазмұндық жағына көңіл бөлуі қажет. Балалар бір ғана пәннен емес бірнеше академиялық пәндерден жоғары деңгей көрсетуі мүмкін: мәселен, әртістік, спорттық, музыкалық және басқа таланттарымен танылуы ықтимал. Сонымен қатар олар бір салада дарынды болса, басқа салада қиындыққа тап болуы ғажап емес. Дамудың бір кезеңінде өте қабілетті болса, келесі кезеңдерде қабілеттерін танытпауы да мүмкін. Бұл дарындылық пен қабілеттіліктерді мұғалімдер, ата-аналар, топтың басқа мүшелері немесе балалардың өздері айқындай алады. Балалардың қабілеттіліктерін, біліктілігін, әлеуетті мүмкіндіктерін көрсету үшін оларға жағдай туғызу қажет және де бұл олардың ерте жасында олар үшін өте қиынға соғуы мүмкін.

«Дарынды» және «талантты» деген ұғымдар «дарынды және талантты» деп біріктірілді. Дегенмен кейбір зерттеушілер олардың әртүрлі екенін алға тартып, оларды саралау қажет деп санайды. Санаттарды саралаған жағдайда дарындылық, бұл зияттың немесе қабілеттің жоғары деңгейімен, ал талант – музыка, өнер, түрлі қолөнер, би немесе спорт және т.б. салалардағы жоғарғы деңгеймен байланыстырады. [4]

Ұстаз алдында отырған оқушыларды ерекше қабілетті,орташа деңгейдегі оқушы, үлгерімі нашар оқушы деп үш топқа бөлуге болады. Алдымен ол өз ойын еркін жеткізе алатын,талдай білетін, дәлелдерменқорғау шеберлігі жоғары дамыған оқушы. Ал ең басты ерекше қабілетті оқушы мұғалімнің көмекшісі.

Ғылыми зерттеулерге қарағанда,ерекше қабілетті, талантты балалардың био -химиялық, электрлік белсенділігі жоғары келеді. Олардың миы қабылдаған мәліметтерді қорытуға қабілетті. Демек, ерекше қабілеттілік бала бойында тәрбие мен алған біліміне байланысты қалыптасатын қасиет. Дегенмен, балалардың да ынталылығы, іскерлігі қоғам негізінде игер ілетінін естен шығармаған жөн. Жас жеткіншектің бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарын-дылықты тани білу,оның одан әрі дамуына бағыт бағдар бере білу ерекше қиын іс. Демек, оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығуын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, қазіргі техниканы пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу-ұстаздардың басты міндеті. [5]

XXI ғасыр мұғалімі білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы, оқыту мен тәрбиенің соңғы жетістіктерін меңгерген педагогикалық- психо логиялық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы қабілеті, нақты тәжірибелік іс- әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді шығармашыл педагог зерттеуші, ойшыл болуды қажет етеді. Баланың жас ерекшелігіне қарай қабілетті, белгілі бір іс-әрекетке бейімділігі жас кезінен болады. Бейімділік – бұл адамның белгілі бір іс-әрекетпен айналысуға бетбұрысы, оянып келе жатқан алғашқы белгісі.

Демек, бала кезде ерекше көзге түсетін бейімділік келешектегі қабілеттіліктің көрсеткіші бола алады. Ерекше қабілеттілік – белгілі бір әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғары деңгейі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Мұғалімге арналған нұсқаулық. «НЗМ»ДББҰ, 2012.
2. Жексенбаева Ү.Б. «Балалардың дарындылығын диагностикалау», Алматы: «РАДиАЛ» баспасы , 2005ж.
3. Баймолдаев Т.М. «Білім әлемінде» №1 2014ж
4. Жанпейісова М.М «Модульдік оқыту технологиясы»
5. Әбиев Ж.«География және табиғат» №1,2 2013ж

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Нарынбаева Базаргуль Амангельдиевна
«Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған облыстық арнайы түзету мектеп-балабақшасы» қазақ тілі пәні мұғалімі

Сөйлеу – баланың психикалық дамуына қажетті ең маңызды функциялардың бірі. Бала тілінің грамматикалық құрылысын уақытында қалыптастыру оның толыққанды сөйлеуінің және жалпы психикалық дамуының негізгі шарты. Психикалық дамуы тежелген балаларда сөйлеу жүйесі қалыптаспаған. Кіші оқушының сөзі ахуалдық сипатқа ие, бұл балаларда тек контекстік сөйлеуге көшу белгіленеді. Бұл ауысу баланың сөйлеу дамуындағы жаңа кезеңді білдіреді.

Психикалық дамуы тежелген балаларда мынадай маңызды ерекшеліктер бар екендігі белгілі: қоршаған орта туралы білім мен түсініктердің жеткіліксіздігі, танымдық белсенділіктерінің төмендеуі, жоғары психикалық функциялардың қалыптасуының баяулауы, ерікті белсенділіктің әлсіз реттелуі және сөйлеудің әр түрлі жақтарының бұзылуы.

Сөйлеудің түсініктілігі мен тазалығы көптеген факторларға, ең алдымен, артикуляциялық аппараттың күйі мен қозғалғыштығына байланысты. Аппараттың дұрыс емес құрылымы, дамымағандығы, тіл бұлшықеттерінің, төменгі жақтың, жұмсақ таңдайдың, еріндердің енжарлығы және соның салдарынан олардың қимылсыздығы көбінесе сөйлеу тілінің нашар айтылуының себебі болып табылады. Тіл дыбыстарды құруға және сөздерді айтуға белсенді қатысады.

Сөйлеудің грамматикалық құрылымының жеткіліксіз қалыптасуы - психикалық дамуы тежелген балалардың ауызша сөйлеуін сипаттайтын сөйлеудің жалпы дамымауының ең айқын көріністерінің бірі. Сөйлемді меңгеру деңгейі сөйлеудің грамматикалық құрылымының қалыптасуының көрсеткіші ретінде қызмет етеді. Психикалық дамуы тежелген балалар үшін сөйлемдер жасау қиын. Балалардағы қателіктер өте көп. Ең көп кездесетін қателік - сөздерді ретке келтіру.

Сөйлеудің қалыптаспаған грамматикалық құрылымының ең жарқын көріністерінің бірі - көсемшелерді қолдану. Баланың сөйлеу тілін дамыту оның психикалық дамуының қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Баланың дамуындағы ауытқулар әртүрлі. Олар баланың психофизикалық дамуының әртүрлі жақтарына, оның көру, есту және сөйлеу

жүйелеріне, қозғалыс жүйесінің интеллектуалдық, эмоциялық-ерік салаларына қатысты болуы мүмкін. Мұндай ауытқулар басқа да себептерге байланысты болуы мүмкін. Психикалық дамуы тежелген балалардың жұмыс қабілеттілігі мен өнімділігінің төмендігі, есте сақтаудың тұрақсыздығы, жанама есте сақтаудың нашар дамуы сипатталады.

ПДТ бар балалардың сөйлеу қызметі мектепке дейінгі балалардың қалыпты дамуымен ерекшеленеді. Мұндай балалар үшін белсенді сөздік қорының күнделікті жағдайы тән, олар қоршаған әлем туралы таным мен түсініктердің шектеулігіне байланысты. Сөздік қорының дұрыс еместігі, аздығы мектепке дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу әрекетінің қарапайым қалыптасуының қиындығына әкеледі.

ПДТ бар балалардың сөздік қоры туралы мыналарды атап өтуге болады:

-пассивті және белсенді лексика арасындағы айтарлықтай сәйкессіздік;

-сөздердің дұрыс қолданылмауы;

-жалпы ұғымдарды білдіретін және осы ұғымдарды нақтылайтын бірнеше сөздер;

-сөздік қорын белсендірудегі қиындық.

Байланыстырып сөйлеу қызметі маңызды әлеуметтік қызметтерді атқарады: балаға қоршаған адамдармен байланысты диагностикалауға көмектеседі, қоғамдағы мінез-құлық нормаларын анықтайды және реттейді, бұл оның жеке басын дамытудың шешуші шарты болып табылады.

Психикалық дамуы тежелген балалардың грамматикалық құрылымының жеткіліксіз қалыптасуы өздігінен сөйлеуде байқалмауы мүмкін, сондықтан бала мектепке оқуға кіріскен кезде ғана байқалмайды. Ол сөздің жаңа формаларын - баяндау мен пайымдаумен игерген кездегі қиындықтарда көрінеді және толық сөйлеуді талап ететін жағдайларда сөйлейді.

Сөйлеу бұзылыстары баланың психикалық дамуына, әсіресе психикалық дамуы тежелген нәрестеге, оны оқытудың тиімділігіне теріс әсер етеді. Сөйлеу бұзылыстарын уақтылы және мақсатты түрде жою ақыл-ой белсенділігінің дамуына, баланың әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді.

САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ - ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ТАЛАБЫ

Насирова Аида Мақсатқызы
Ақтөбе қаласы М.Арын атындағы ҚҚОМ
ағылшын тілі пәні мұғалімі

Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімдеу мәселелері тұр, өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік пен интеллектуалдықты қажет ететін жағдайда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етуде. XXI - ғасыр білім ғасыры, тұлғаның ой-өрісінің даму әлеуетін заман талабына сай дамыту әрбір ұстаздың міндеті. Осы міндетті шешу педагогтердің кәсіби құзіреттілігінде. Олай болса, қоғам педагогтерге үлкен үміт артып, педагогикалық шеберлікті, үлкен жауапкершілікті, кәсіби құзіреттілікті талап етеді.

Педагогтердің кәсібилігі – ұстаздың психолого-педагогикалық, ғылыми-пәндік білімбіліктің мәдени-адамгершілік ұстанымдарыммен үйлесудің жоғары деңгейі. Кәсіби құзыреттілік – өз бетінше және жауапты әрекет жасауға мүмкіндік беретін белгілі бір психикалық жағдай, арнайы білімнің болуы, ғылыми-кәсіби дайындығын үнемі жетілдіру, күнделікті іс-әрекетте міндеттерді шешу үшін еңбек субъектісінің кәсіби дайындығы және

қабілеті. Ал мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі білім беру нәтижесін қамтамасыз ететін шешуші фактор, өз кезегінде, тіпті қоғамның жағдайының сапалы өзгеруіне әсер етеді . Міне, сондықтан да, қазіргі педагог білім беру үрдісін ұйымдастырудың көпқырлылығы туралы білуі шарт. Яғни, педагог өз қызметіне қатысты инновацияларды, технологияларды, өзгерістерді жақсы меңгерген болуы қажет. Сонымен қатар, қазіргі кезде мұғалімге деген дәстүрлі көзқарастар өзгеріп, білім мазмұны жаңартылуда. Қазіргі қоғам педагогтерге оқушылардың бүкіл өмірін ұйымдастыру процесіне күрделі өзгерістер енгізе алатын, олардың тұлғалық дамуына кепілдік бере алатын, шебер әрі кәсіби құзырлы мамандар ретінде қарайды.

Сондықтан педагогтің іс-әрекет шеберлігін жеке әдіс-тәсілдердің жүйесі деп санаумен шектелуге болмайды. Шебер мұғалім педагогикалық тұрғыдан құзырлы болу керек. Педагогикалық құзыреттілік мұғалімнің жеке тұлғасының байлығы және оның кәсіби білімінің мөлшерімен анықталады. Мұғалімнің кәсіби білімі арқылы оқытудың әдіс-тәсілдері жаңа сипатқа ие болады, қайта жанданады және шығармашылық сипаты арқылы білім беру жүйесіне жаңа мазмұн береді.

Кейбір зерттеулерде құзыреттілік ұғымы біліктілік ұғымымен теңестіріледі. Себебі құзыреттілік іс-әрекетті жүзеге асыруға деген қабілеттілікті білдіріп, әлеуметтік-кәсіби мәртебесі бар тұлғаларға байланысты қолданылады. Мұғалімнің іс-әрекеті әр түрлі теориялық білімдерге (психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық, философиялық т.б.) негізделіп, теория мен практиканы байланыстырушы қызмет атқарады. Білім мен тәжірибені терең жинақтау арқылы мұғалім кәсіби құзыреттілік сипатқа ие болады. Педагогикалық құзырлы мұғалім теориялық білімдердің қоры мен өмір қойған талаптар арасындағы қарамақайшылықты шеше алады.

Кәсіби құзыреттілікке қол жеткізу үшін педагогикалық-психологиялық және арнайы біліммен (пән бойынша) шектелуге болмайды. Теориялық-практикалық және әдістемелік білімдер педагогикалық біліктер мен дағдылардың алғы шарттары.

Педагогикалық дағдылар – «алғашқыда саналы орындауды қажет ететін әрекеттің жаттығу нәтижесінде автоматты түрде қалыптасуы. Дағдыға айналған қимылдар санадан тыс болмайды. Ол – мидың қызметі. Дағдының қимыл, сенсорлық және ой әрекетіне байланысты түрлері бар, дағды әрекет өнімділігін арттырады».

Бүгінгі таңда педагогикалық дағдылардың бірнеше жіктемесі бар. Оны шартты түрде:

- педагогикалық функцияларға қарай (Н.В.Кузьмина);
- әр түрлі педагогикалық тапсырмаларды қоя білу және шешуіне қарай (И.Т.Огородников, Л.Ф.Спирин);
- педагогикалық процесті басқару кезеңіне қарай (В.А.Сластенин, Л.И.Мищенко) 3 топқа бөлуге болады [2, 43].

Көптеген зерттеушілер педагогикалық біліктерді төрт топқа біріктірген.

1. Жалпылама міндеттерді оқыту мен тәрбиенің нақты тапсырмаларына айналдыра білуге байланысты педагогикалық міндеттерді айқындау, тұлға мен ұжымды олардың жаңа білімді белсенді түрде меңгеруге дайындық деңгейін анықтау мақсатында зерттеу; білім берушілік, тәрбиелік, дамытушылық міндеттер кешенін айқындау, оларды нақтылау және басым міндеттерді анықтау білігі;

2. Педагогикалық өзара әрекет жасау тәсілдерін бағдарлау білігі логикалық тұрғыда аяқталған педагогикалық жүйені құру және жүзеге асыруға ықпал жасайды: білім берушіліктәрбиелік және дамытушылық міндеттерді кешенді түрде жоспарлау, білім беру процесінің мазмұнын негізделген түрде сұрыптауға, оны ұйымдастырудың формаларын, әдіс, тәсілдерін оңтайлы ұйымдастыруға.

3. Педагогикалық әрекет етуді орындау білігі оқыту мен тәрбиенің компоненттері мен факторлары арасындағы өзара байланысты анықтауға мүмкіндік береді: білім беру процесін жүзеге асыруға қажетті жағдайларды (материалдық, рухани-психологиялық,

ұйымдастырушылық) жасау; оқушыны педагогикалық процестің объектісінен субъектісіне айналдыратын іс-әрекетін дамыту; бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру және дамыту;

4. Педагогикалық міндеттерді шешу процесі мен олардың нәтижесі педагогикалық ісәрекеттің қорытындысын есепке алу және бағалауды талап етеді: педагогтың әрекеті мен педагогикалық процес барысын талдау және өзіндік талдау; педагогикалық міндеттердің жаңа сипаттағы басым кешенін анықтау [3,195].

Құзыреттілік деп маманда белгілі бір сала бойынша білім мен тәжірибенің болуын айтады, ол адам іс-әрекетін бағалайтын ұғым, белгілі бір әлеуметтік-кәсіби статусы бар адамдарға байланысты олардың шешілетін мәселелер мен міндеттердің күрделілік деңгейін ұғынуын, оған білім мен білігінің сәйкес келуін сипаттау үшін қолданылады.

Соңғы зерттеулерде педагогикалық құзыреттілік деп маманның өз іс-әрекетінде білімін, білігін және әрекетті орындаудың жалпылама тәсілін жұмылдыра білу қабілетін айтады. Педагогикалық-психологиялық зерттеулерде құзыреттіліктің төмендегі түрлері анықталған:

- коммуникативті құзыреттілік - әр тілде ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас жасау технологиясын меңгеру (бұған компьютерлік бағдарламалар, интернет арқылы қарым-қатынас жасау кіреді);
- ақпараттық құзыреттілік – қажетті ақпаратты өздігінше іздеу, талдау, зерттеу білігі - педагогикалық іс-әрекетті нормативті – құқықтық тұрғыда қамтамасыз ету, ақпараттық технологияларды меңгеру;
- жалпы мәдени құзыреттілік - ұлттық, жалпыадами мәдениет саласындағы білімнің болуы; тұлғалық аксиологиялық жүйені меңгеруі; түрлі этномәдениетке толеранттылық таныту;
- танымдық-шығармашылық құзыреттілік - оқу-танымдық іс-әрекетке мақсат қою, жоспарлау; дамыған шығармашылық қабілеттің болуы; жаңа білімді өздігінше меңгеру қабілеті;
- әлеуметтік-еңбектік құзыреттілік - өзіне жауапкершілік алу білу қабілеті; жеке мүддесінің қоғам талаптарымен сәйкес келуі; кәсіби әрекетті өздігінше орындауға дайын болу қабілеті;

кәсіби құзыреттілік - белсенді өмірлік ұстаным; кәсіби білім мен білік; жеке кәсіби сипат; шығармашылық білік. Кәсіби құзырлы болу үшін педагогтің жеке тұлғасына қойылатын психологиялық талаптарға тоқталып өтелік. Ең алдымен мұғалім тұлғасының ішкі және сыртқы әлеуетінің толықтығы оның қоршаған ортаға деген көзқарасына тікелей байланысты. Мұғалім тұлғасының түбірінде педагогикалық іс-әрекетке деген қажеттілік бар кәсіби бағыттылық маңызды орын алады. Оған жататындар: балаларға деген сүйіспеншілік пен қызығушылық; педагогикалық жұмысқа деген ынта-әуес; психологиялық-педагогикалық байқампаздық пен зеректік; педагогикалық әдеп; педагогикалық қиял; ұйымдастырушылық қабілет; әділдік таныту; қарым-қатынас орната білу; талап қоя білу; мақсаттылық; өзін-өзі ұстай білу; өзіндік баға; рухани-танымдық қажеттілік; интеллектуалды белсенділік; педагогикалық өзіндік білімденуге дайын болу.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақбаева Д. Құзыреттілік тәсіл нәтижеге бағдарланған білім беру негізі Білім берудегі менеджмент. 2009. № 4. С. 6469.

2. Педагогика: Учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений.
В.А.Сластенин, И.Ф.Исаев, А.И.Мищенко, Е.Н.Шиянов. - М.: Школа_Пресс, 1998. - 512

3. Терентьева Т. П. Профессионально-педагогическая компетентность учителя // Педагогика: традиции и инновации: материалы IV междунар. науч. конф. (г. Челябинск, декабрь 2013 г.). — Челябинск: Два комсомольца, 2013. — С. 193-196.

4. Белошниченко Е. Құзыреттілік педагогикасы: проблемалары, ізденістері, шешімдері // Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы. 2011. № 1. С. 1016 .

ОЙЫН – БАЛАНЫҢ ТІЛІ МЕН СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМЫТУ ҚҰРАЛЫ

Өтетілеуова Бақнұр Ғабитқызы
Жарөткел негізгі орта білім беретін мектебінің
мектепалды даярлық сыныбының жетекшісі

Бала өмірінің мектепке дейінгі кезеңі оның өсіп жетілуінің ең жауапты кезеңі. Бұл кезде баланың ақыл –ойы, қабілеті, жан – жағымен қарым - қатынасы, еңбек, ойын арқылы жан – жақты қалыптасады. Ойынды қолдану баланың тілін дамытып, сөздік қорын байытып, ойын жеткізе біліп, өзіне сенімді тұлға болып қалыптасуына ықпал ететіні анық. Бала әрқашан, барлық жерде – бала. Бала үшін ойын өз тәжірибесін, өмір мен адамдар туралы түсініктерді тексеріп, зерделейтін алаң ғана емес, сонымен қатар, үлкендер араласпайтын, өз қалаған нәрсесін жасай алатын өзінің жеке, тәуелсіз, таңғажайып әлемі.

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс – әрекеті. Сұлтанмахмұт Торайғыров «Балалықтың қанына ойын – азық» -деп бекер айтпаған. Өйткені ойын үстінде баланың бір затқа бейімділігі, мүмкіндігі және қызығушылығы анық байқалады. Баланың қуанышы мен реніші де ойында көрінеді. Ойын кезінде баланың психологиялық ерекшелігі мынады: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, ерлік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұныі бәрі баланың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды.

Ойын бала тілінің дамуына ықпал тигізіп, таным белсенділігін дамуына жол ашады. Қай бала болмасын, ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз – дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпыныс пен құлшыныстың алғышарты.

Ұлы педагог В. Сухомлиский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл – ой тәрбиесі болмайды» - деген екен, демек, балалармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір – біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерге тәрбиелеуге болады. Ойын барысында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады.

Баланың тілін дамытуда қолданылатын дидактикалық ойындардың түрлері өте көп. Соның бірі саусақ ойыны. Саусақ ойыны – бұл ұрпақтан – ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық. Бұл саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең –тақпақ шумағын сахналау болып табылады. Саусақ ойыны арқылы баланың сойлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан – жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс қимылына қарап бала қуанады, шаттанады, сөзді айтуға тырысады және өлеңдегі үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен тағы басқа түсініктерді бағдарлай алуды үйренеді. Саусақтармен отбасы ойынында ойнауға болады.

Бас бармағым – атам, үйдің данасы
Балаң үйрек – әжем, ошақ анасы.
Ортаң терек – әкем, үйдің панасы
Кішкентай бөбек – анам, үйдің ажары

Шылдыр шүмек – мен, үйдің базары.

Саусақ ойындарын әсерлі, көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Саусақ ойынын алдымен балаларға түсіндіріп, әр қимылы көрсетіледі.

Баланың танымдық қабілетін дамыту тапсырмаларын ойын арқылы ұйымдастыруға болады. Ойын барысында ойынға танымдық тапсырмалармен қатар баланың тілін дамыту, сөздік қорын байыту жұмыстары жүргізіледі. «Түсіне қарай топтастыру», «Не артық?», «Кім қайда тұрады?», «Пішініне қарай топтастыр», «Қорегін тап» ойындарын пайдалана отырып, заттардың атын, пішінін, түсін, қайда мекендейтінін, олардың неге қажет екенін дұрыс айтып, ажырата білуге баулу. Мысалы: мамандық туралы ойын ойнатып, маман иелеріне қажетті құрал жабдықтарын атау мен қатар оны қалай қолданатыны туралы айту. Балалардың өз беттерінше ойын барысында тіл мен сөздік қорын дамытуға әсер ететін үстел үсті ойындары: домино, мозайка, лото пайдалануға болады.

Сонымен қатар баланың тілін дамытуа ұрпақтан- ұрпаққа мұра болып келе жатқан ертегілер, мақал - мәтел, жұмбақтар, жаңылтпаш бала тілін дамытуда шешуші орын алады. Тобымдағы балаларға ертегілерді ең алдымен ауызша айтып беріп. Сонан соң айтылған ертегінің мазмұнын толық қабылдау және тіл байлықтарын арттыру мақсатымен сахналап рольдерге бөліп ойнату. Мысалы: «Бауырсақ» «Шалқан» «Мақта қыз бен мысық» «Алдар көсе мен тоңғақ бай» «Күз түсті» ертегілері.

Түрлі ойын - жаттығулардың бала тіліне тигізер ықпалы мол. Мысалы: «Күз түсті» ертегісін алып ойын - жаттығу ретінде өткізуге болады. Балалар тоғайға жеміс - жидек теруге барады. Барлығының қолдарында себет бар. Олар тоғайға келе жатса, бір сиыр жатыр екен.

-Сиыр балаларды көріп «мө - мө - мө» деп амандасады. Содан кейін «балалар, қайда барасыңдар?» дейді.

- Балалар:

- «Орманға жидек теруге бара жатырмыз» - деп жауап береді. Орманға келіп ағаштың бұтағында тоқылдақтың отырғанын байқайды. Тоқылдақ балаларды көріп «тық - тық» деп амандасады.

Сонан кейін торғайлар «шиқ - шиқ» деп дыбыстайды.

-Қарға болса «қар - қар» дейді.

-Көкек те қалыспай «көкек - көкек» деп қалыспайды.

Осы тәріздес ормандағы құстар, аңдар балалармен кездеседі. «Күз түсті» ертегісінің мазмұны бойынша жүргізілетін ойын - жаттығудың мақсаты ертегі мазмұны бойынша балаларды қызықтырып, дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Сонымен берге, ертегіні әңгімелеп, сахналаумен шектелмей басқа тұрғыда байланыстыруға болады. Ертегіде кездесетін құстар (қарға, қырғауыл, бөдене, әтеш) туралы сұрау, қу түлкі, жалмауыз кемпір, батыр қоян кейіпкерлеріне сипаттама беру. Ертегіні өздері ойлап табу. Ойлап тапқан ертегілеріндегі жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді атап, оларды сипаттайды.

Баланың тілін дамытуда ата – бабамыздан бізге жеткен – ұлттық ойындары. Өткен мен бүгінгіні байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз, сондықтан оны күнделікті оқу – тәрбие үрдісінде пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Мысалы: «санамақ», «айгөлек», «қуырмаш», «соқыр теке», «ақ серек, көк серек», «ұшты – ұшты» ұлттық ойындарды ойнатуға болады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру,ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарасының, мінез – құлқының қалыптасу құралы және дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады деп ерекше бағалаған.

Қорыта айтқанда балалардың ойын арқылы

-ойын – тәрбие құралы, ақыл – ойды, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтіп, тәрбиелейді;

- тілдік қарым- қатынас іскерлігі мен дағдылары қалыптасады;

- сөздік қоры артады;
- өз ойларын дұрыс, қысқаша жеткізе білу дағдылары қалыптасады;
- есте сақтау қабілеті дамиды, зейіні қалыптасады;
-ерік және мінез қасиеттерін бекітеді;
-дене күшінің жетілуіне көмектеседі;
- бір – біріне деген сенімдері артады, олар достыққа, ынтымақтастыққа тәрбиеленеді.

Сонымен қатар дыбыстарды анық айтып, дұрыс сөйлей білуге балабақшада берілер тәрбиенің ықпалы зор. Қазіргі заман талабына сай оқу - тәрбие үрдісін ұйымдастыру, яғни әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді ойына, бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу, тәрбиешінің алға қойған міндеті. Айналадағы дүниені, табиғатты бақылап түсіндіріп әрдайым жаңа сөздермен, сөздік қорын толықтырып қабілеттерін тереңдетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуда айтқан әңгімесіне, өзі құрастырған қысқа әңгімелеріне бағыт - бағдар бере отырып, тіл байлығын, сөздік қорын дамытуды басты назарда ұстау керек деп ойлаймын. Баланы өз баламыздай жақсы көріп, білгенімізді олардың санасына құю, жеткізу тәрбиешінің алға қойған мақсаты. Сол мақсатқа жету үшін талмай, қажымай еңбек етуге міндетіміз.

Пайданылған әдебиеттер

1. Тілдерді оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану. Алматы 2020ж
2. Төтенаев Б. « Қазақтың ұлттық ойындары» Алматы1994ж
3. Отбасы және балабақша журналы №1 2012ж
4. Отбасы және балабақша журналы №2 2014ж
5. Мұғалім.кз журналы№6 2014ж

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Рсмаганбетов Қайрат Максотович
Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебі

Тіл-адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құрал. Тілмен сөйлеу-адамзат баласы үшін тысқары бір дүние емес,ол ішкі құбылыс. Адам баласы бірнеше тілде сөйлеседі. Жер бетінде бар адамзат тілдерін күнделікті өмірдегі қарым-қатынас барысында үнемі заман талабына, ақыт ағымына қарай өзгеріп, дамып, жетіліп отырады.

Қазақстан Республикасының «Тілдерді дамытуға арналған мемелекеттік бағдарламаларының негізгі талабы-мемелекеттік тілде оқытудың саны мен сапасына көңіл бөлу керек. Орыс мектептерінде өткілетін қазақ тілі сабақтарының мақсаты-оқушылардың сөздік қорын дамыту, оқу техникасын қалыптастыру, дұрыс сөйлеуге, сауатты жазға үйрету, сөйлем құрлысын меңгерту, қазақ тіліне тән дыбыстарын айтып, сөз ішінен ажырата білуге үйрету. Оқушылардың білімін артыру үшін сабақта жаңа технологияларды қолдана білу керек.

Оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланысты. Әдістеме ғылымы «Нені оқыту керек?», «Не үшін оқу керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе,оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?»деген мәселенің шешімін іздейді. Олардың мақсаты бір, яғни оқытудың тиімді жолдарын қарастыру. Бүгінгі таңда оқу процесінде оқытудың қалыптасқан негізгі әдістерімен қатар оқытудың жаңа әдістері, яғни инновациялық әдістері де жиі қолданылады.Оқу процесінде оқытудың озық технологиясын қолдану-бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Ұстаз ретінде заман талабына сай оқушылардың білімін тереңдету үшін, тілге деген қызығушылығын арттыру үшін көп еңбек етуіміз қажет. Басты талап-сабақтың сапасын арттыра отырып сабақ түрлері мен танымдылық, білімділік деңгейге жеткізу. Қазіргі уақыт талабына сай мен де өз сабаөтарымды жаңаша ұйымдастырып, өзіңдік тың ізденістерге талпынып отырамын. Сабақ өткізу барысында оқушыларды халық педагогикасы негізінде тәрбиелеп, оқушылардың сабаққа қызығуын арттырып, сабақ беру әдісінің тиімді түрлерін пайдаланып келемін. Мен қолданатын сабақтың жаңа түрлері де сабақтың мазмұнын, мақсатына, жүру барысына қарай дамытпалы саяхат сабақ, ертегі сайыс сабақ, ойын, жарыс сабағы, тест әдісімен өткізіліп келеді. Кеңінен қолданылып жүрген технологиялардың бірі-« Мемелекеттік тілді деңгейлік оқыту технологиясы». Бұл технология оқушылардың ізденушілік, өзіндік жұмыс істеу, білімді сапалы қабылдау,шығармашылықтарын арттыра түсуге бағыттайды, мәселені тиімді шешудің жаңа мүмкіндіктерін анықтайды. В.П. Беспалько оқу материалын меңгерудің 4 деңгейін ұсынады:

1. 1-деңгей базалық деңгей ретінде қабылданған. Бұл міндетті деңгей болғандықтан барлық білім алушы тапсырманы толық орындауы тиіс.

2. 2-деңгей Қосымша мәліметтер алғашқы деңгейде алған білімді одан әрі кеңейтіп, тиянақтайды, негізгі мазмұнын нақтылайды, ұғымдардың не үшін, қалай қолданылатынын көрсетеді. Бұл деңгейде өтіп кеткен материалды білім алушы талдап, бұрынғы тапсырмаларға ұқсас орындайды. Бірақ бұларды орындау үшін алған білімдерін түрлендіріп пайдалану керек.

3. 3-деңгей : Өз бетіндік жұмысты қалыптастыру мақсатында білім алушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген қарапайым білімдерін жетілдіріп тереңдетеді. Жаңа білімді талдау, жинақтау, салыстыру арқылы меңгеруіне , қортындылай білуіне жол ашылады. Бұл деңгейде ребус, сөзжұмбақ, анаграмма құрастырады.

4. 4-деңгей: Бұл деңгейде берілген тақырып бойынша өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланады. Реферат, баяндама, өлең, жұмбақ, жаңылтпаш құрастыру тапсырмалары беріледі.

Ж.Қараевтың деңгейлеп оқыту технологиясының жемісі сол, ол оқушыны күштеп оқудан аулақтатып, өз бетімен оқуына,ақпаратты өз бетімен өңдеуге, ешкімнің көмегінсіз өз бетінше ойланып шешім қабылдауға дағдыландырады.

Қорыта келгенде деңгейлік тапсырмалар орындау негізінде оқытудың тиімділігі:

- оқушы өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланады;
- оқушының жеке қабілеті айқындалады;
- іштей бір-біріне қалмауға тырысады;
- тапсырманың күрделену деңгейіне сәйкес оқушының ойлау қабілеті артады;
- сынып оқшылары толық бағаланады;
- әр бала өз деңгейіне, қабілетіне қарай бағаланады.

Қазақ тілін оқыту барысында оқушының сөздік қорын байыту арқылы тілін дамытуға болады. Қазақ тілін үйрету,білу қазіргі таңда басты мәселе болып тұр. «Тіл дамыту дегеніміз-тілдік норманың жетілу,ширау,даму дәрежесі»,-дейді ғалым М.Балақаев. Тіл үйренуде ең басты міндет-оқушылардың сөйлеу тілін дамыту.

Тіл дамытудың шарттары:

1.Сөздік қорын дамыту.

2. Сөйлеудің грамматикалық жағын ескере отырып қалыптастыру.

3.Ауызекі сөйлеу тілін дамыту.

4.Әңгімелеуге үйрету.

Қазақ тілі сабақтарында бұл мәселені шешу жолдарының бірі әр түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану, жаңа технологияларды енгізу. Сабақта оқушылардың диалог, монолог дамытуға болады.

Диалогтық, монологтық сөйлеу барысында туындайтын қиыншылықтарда бар:

*Диалогтық сөйлеуде қабылдаушы баяндаушының айтқан ойын, көзқарасын бірден түсінуі қажет.

* Қабылдаушы бірден аяқ асты жауап беруі тиіс.

*Сөйлеу барысында қабылдаушы тыңдалым мен айтылым әрекетін бір-бірімен сабақтастыра меңгеру керек.

Монологтық сөйлеу барысында қабылдаушы баяндаушының айтқан ойын, көзқарасын саналы түрде ұғынып, оны логикалық жүйемен айтуы керек. Монолог арқылы оқушылардың мынадай іскерліктері қалыптасады:

*белгілі бір таұырыпқа өз көз қаарасын білдіреді.

*белгілі тақырып бойынша ақпарат береді.

*сөз тіркесі мен сөйлем құрай білу дағдылары қалыптасады.

*сөйлеу тілін байытады.

*сөздік қорын байытады.

*нақты,дәл,анық жауап беруге үйретеді.

*әдеби тіл нормасында сөйлеуге дағдыландырады.

Тіл дамытуда атқарылатын жұмыстың ең негізігі түрі-сөздік жұмысын жүргізу. Сөздік жұмысын жүргізу арқылы оқушының сөздік қорын байыту көзделеді. Сөздік қоры бай адамның ойын анық жеткізу мүмкіндігі бар. Екінші бір тілді меңгеру сөз үйренуден басталады.

Тіл үйрету дегеніміз-кез келген сөзді құрғақ жаттап алу емес, жаңа сөздің мағынасын түсініп, саналы түрде есте сақтау,жаттау,ауызша, жазбаша сөздерді дұрыс қолдана білу.Ал, оқушының жаңа сөздерді саналы түрде есте сақтауы үшін сабақта түрлі көрнекіліктер,кесте сөздердің орыс тіліндегі аудармасын айту, түсіндіру сияқты тәсілдер қолданылады. Жалпы, оқушылардың тілін дамытуда өткен сабақтарда үйренген сөздерді жаңа сабақпен байланыстыра, сол сөздерді қайталап, жаңа сөздермен бірге ауызша, жазбаша сөйлем құраттыру аса маңызды.

Демек, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану білім сапасын артырудың бірден-бір жолы. Оқыту үрдісінде оқушылардың білім қорын молайтуға, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге көмегі бар.

Әдебиеттер тізімі:

1 «Оқыту процесін технологияландыру» А:2000ж, 61б Кобдикова.Ж.У

2. «Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру» А: Қазақ тілі №4,2007,16б. Бақзыбекова.Н

3. «Жаңа технологиялық әліс-тәсілдерді пайдалану» А: Қазақ тілі: Әдістеме Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, №2,2004,47б,Қуанышбаева.А.

АӘжТД САБАҒЫНДА БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ОҚЫТУ

Сагиндыков Темирхан Айдарханович
Әйтеке би ауданы, Ақкөл ауылы, «Абай атындағы ЖОББМ» КММ

Ғаламдану заманында, әсіресе білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен түбегейлі жаңарулар дәуірінде мұғалім алдында тұрған мақсаттар міндеттердің салмағы орасан зор болып отыр. Егер мұғалімнің өзі жан - жақты дамыған, адамзат әлеміндегі рухани байлықты бойына жинамаған, соны бағалай алмайтын адам болса, онда ол жан - жақты рухани жағынан бай жеке тұлғаны қалай тәрбиелемек?

Мұғалім информатор, бақылаушы, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керісінше ізденуші, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болуы керек.

Оқушы субъект ретінде қарастырып, оның өзін - өзі тануына жол ашу, жеке тұлға бойындағы қасиетті дамыту, «Мен» менталитетін қалыптастыру білім мен тәрбиені жеке тұлғаға қарай бағыттау - бүгінгі таңдағы мұғалімнің кезек күттірмейтін қасиетті міндеті.

Оқу - тәрбие үрдісін ізгілендіру, технологияландыру әр мұғалімнен ғылыми еңбекті талап етеді. Педагогика, технология әлеміндегі жаңалықтарға үңілу, оны зерделей, зерттей отырып іс - тәжірибеге пайдалану, өзінің техногиясын қалыптастыру - заман талабы, заман ағымына ілесу де оңай емес. Кәсіби біліктілігі жоғары өзіндік позициялы, бағалы бейімділігі бар сапалы маман даярлау - бүгінгі өмір талабы.

«Балалардың бойында ұлы мүмкіншіліктердің бәрі бар» деп Т.Фуляр айтқандай бала бойындағы дарындылық,ғылымилық қабілетін ашу, жақсы танымдық қасиеттерін зерттеу – бүгінгі заманның талабы. « Блум таксономиясы-жеке тұлғаға бағытталған шығармашылығын дамытушы және білімді толық меңгертудің әдісі»

Блум таксономиясы бойынша ұйымдастыру оқушылардың дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау ететінін айта кеткен жөн. Блум таксономиясы адамның ақыл-ой қабілеттерінің құрылымы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысында белсенді әрекетке жетелейтін 6 деңгейге сәйкес тапсырмаларды құруды қажет етеді. Тапсырмалар құруда оқытудың белсенді әдістердің мәні- оқушыларды кәсіби іс-әрекетті меңгеруге бағытталады. Сабақ жоспарын Блум таксономиясына салып, бағдарламада белгіленген жеті модульді ықпалдастырудың арқасында оқушылардың не білетінін және нені жасай алатынын, сондай-ақ қызығушылықтарын түсініп, оқытудың жаңа тәсілдерін тиімді және орынды пайдаланып, оқушы бойында ішкі уәж тудырып, өз қабілеттеріне сенім арттырып, ол өз кезегінде жаңа материалды саналы түрде меңгеруіне әсер етеді деп күтілді.

Блум таксономиясы-жеке тұлғаға бағытталған шығармашылығын дамытушы және білімді толық меңгертудің әдісі болып табылады. Мен сабақтарымда Блум жүйесін қолдануды және бағалауды қолға алдым. Сабақтың өн бойын немесе кейбір бөлімдерін (үй тапсырмасын тексеру, негізгі және бекіту) Блум жүйесімен құруға болады. Көбіне қайталауда деңгейлік сұрақтарды құру арқылы Блум түймедағын қамтуға болады.

10-сыныпта «Жергілікті жерде картасыз бағдарлану» тақырыбы бойынша өткізген сабақ жоспарын ұсынғалы отырмын.

Қысқа мерзімді жоспар. АӘжТД, әскери топография-10 сынып.

Сабақ Блум таксономиясы жүйесімен құрылған:

Сабағымыздың эпиграфы: «Балалардың бойында ұлы мүмкіншіліктердің бәрі бар.

Зерттеу, іздену үстінде соңғы нәтижеге жету!»

Сабақтың тақырыбы: Жергілікті жерде картасыз бағдарлану. (Қайталау, бекіту) Ақпаратты-коммуникативтік: Блум таксономиясын пайдалана отырып, оқушының шығармашылық, зерттеушілік қабілетін дамыту.

Сабақ мақсаты: Оқыту үрдісінде және бағалауда Блум таксономиясын қолдану арқылы оқушылардың сыни тұрғысынан ойлау, ой жүгірту, тұжырым жасау, проблеманы шешу және рефлексивтік тәсілмен қалай істеуге болатындығын анықтау жағдайында танымдық қабілеттерін дамыту.

SMART-мақсаттар: Барлық оқушылар: жергілікті жерде Адрианов тұсбағары және жергілікті заттардың белгілері бойынша бағдарлану тәсілдерін білетін болады.

Оқушылардың көпшілігі: Бағдарлау туралы түсінік, көкжиек тұстарын компас бойынша, аспан денелері және жергілікті жер бедері бойынша анықтай алады.

Кейбір оқушылар: Бағдарлау туралы түсінік, көкжиек тұстарын компас бойынша, аспан денелері және жергілікті жер бедері бойынша анықтайды, өзінің орналасқан жері туралы мәлімдеме бере алады, үйрете алады.

Сабақтың түрі: Блум таксономиясы бойынша бекіту сабағы.

Сабақтың әдісі: Дербес жұмыс(тест) , жұптық жұмыс (эксперимент).

Белсенді оқыту әдісі: “INSERT” әдісі

Көрнекілік: Тест тапсырмалары, компьютер, интерактивтік тақта, Power Point бағдарламасы көмегімен құрылған презентация, құлабыз, сағат т.б.

Күтілетін нәтиже: Жергілікті жерде картасыз бағдарлануды әр қырынан меңгеру, әскери лауазымдарды пайдаланып, деңгейлік тапсырмаларды орындау, алған білімді теория мен практикада ұштастыра білу.

Сабақ жоспары.

1-әрекет. Ұйымдастыру сәті

Сәлемдесу, қатысушыларды тексеру. Оқушылардың назарын жұмылдыру.

2- әрекет. «Миға шабуыл» Өткен тақырып бойынша кумулятивті әңгімелесу:

1. Сап дегеніміз не? 2. Қатар дегеніміз не? 3. Қаптал дегеніміз не? 4. Бағыттаушы дегеніміз кім

5. Тұйықтаушы дегеніміз кім?

Сабақ тақырыбы мен мақсаттарын тұжырымдау.

Топтарға бөлу. АКТ қолдану, Презентация

“INSERT” кестесі.

V	+	-	Мен
Бұрыннан білемін	Жаңа ақпарат	Менің ойлағаны ма қайшы	Қайда қолдана аламын

3- әрекет. «Білімді өзектендіру»

Кумулятивті әңгімелесу.

1. Адамдар Темірқазық жұлдызын неліктен жол көрсетуші жұлдыз деп атайды?
2. Күн неліктен Шығыстан шығады?
3. Адамның жергілікті жерде бағдарлай білуі неліктен соншалықты маңызды?

“Портфель” әдісі бойынша оқушылардың бастапқы білімін жинақтау.

4-әрекет. Жаңа материалды зерделеу.

Білім игеруге бағытталған 6 қадам



5- әрекет. «Оқулықпен сарамандық жұмыс»

“Блум таксономиясы”

1-қадам “Білу”. Таным мен ойлаудың -төмен деңгейі.

1. Тапсырма орындау: Терминдерді жаз. Бағдарлану туралы жалпы түсінік беру. Әскери топография, бағдарлану, бағдар терминдеріне анықтама беру.

2-қадам “Түсіну”. Таным мен ойлаудың - орта деңгейі.

Көкжиек тұстарын анықтау тәсілдері .

1. Құлабыз арқылы. 2. Аспан жарықтары арқылы. 3. Жергілікті заттар арқылы.

3-қадам “Қолдану”. Таным мен ойлаудың - орта деңгейі.

Көкжиек тұстарын Күн бойынша сағат көмегімен анықтау тәсілдері

4-қадам “Талдау”. Таным мен ойлаудың - жоғары деңгейі.

Жоғарыда көрсетілген көкжиек тұстарын анықтаудың тәсілдерін / Темірқазық жұлдызы бойынша, Жергілікті белгілер бойынша/ қолдана отырып, көкжиек тұстарын анықта, қай тәсіл нақтырақ. Дәлелде...

Басқа көкжиек тұстарын анықтаудың қандай әдіс-тәсілдерін білесің?

“Блум таксономиясы”

5-қадам “Жинақтау”. Таным мен ойлаудың -жоғары деңгейі.

1. Өз тұрған орны туралы мәлімдеме жасау. 2. Тапсырма: Схема бойынша өз тұрған орны туралы мәлімдеме жаса.

6-қадам “Бағалау”. Таным мен ойлаудың - жоғары деңгейі.

Пікірлесу және оны дәлелдеу, ақпарат бойынша қорытынды жасау және жұмыс сапасын бағалау.

Қорытынды.

Эпиграф пен күтілетін нәтижеге қайта оралып, оқушылардың сабақ барысында жеткен жетістіктерін сараптап, қорытындылаймыз.

Бағалау.

Сабақ соңында үй жағдайында ізденіп, орындап келуге шығармашылық тапсырма беріледі.

Үйге тапсырма: Көкжиек тұстарын анықтаудың тағы да басқа түрлері жайлы ізденіп, хабарлама дайындап келу.

Әдебиеттер:

1.Мұғалімге арналған нұсқаулық.Бірінші деңгей «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ.2012

2Қайыңбаев Ж.Біліктілікті арттырудың жаңа форматы-өркениетті білім кеңістігіне қосылудың негізі/ Әдіскер-Методист№1.51 -4-8 б.

3.Ш.Беркімбаева А.Құсайынов,А.Рысбаева М.Бұлақбаева Жоғары мектеп педагогикасы-2009 ж.
4.Б.Айтмамбетова-«Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері» Алматы 1991 ж.
5. «Білім технологиялары» журналы 2006 ж.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ДАМЫТУШЫ ОРТАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Симонова Ардақ Молдакуловна,
Ақтөбе қаласындағы №21 Кәусар бұлақ бөбекжай балабақшасы тәрбиешісі

Мектепке дейінгі ұйымда дамытушы ортаны ұйымдастыру мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты, үйлесімді тәрбиелеуге мүмкіндік береді және ол ақпараттық қызметті атқарады, яғни әр зат қоршаған орта жөнінде нақты мәлімет береді, әлеуметтік тәжірибе жеткізу құралы болып табылады.

Мектепке дейінгі баланың жеке басын және танымдық процестерін дамыту, қарым-қатынас дағдыларын және тұтастай алғанда айналадағы әлеммен әлеуметтік өзара іс-қимылын қалыптастыру баланың даму ортасын ұйымдастырумен тығыз байланысты.

Кез келген мектепке дейінгі ұйымның заттық дамытушы ортасы оның материалдық базасының ақпараттық көрінісі болып табылады. Әр топтағы балалардың жас ерекшелігіне сәйкес құрылған орта біртұтас күн реттілімінде білім беру, дамытушы, тәрбиелеуші, ынталандырушы, ұйымдастырушы, коммуникативтік функцияларды атқарады. Балабақшада заттық-кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастыру барысында мектепке дейінгі ұйым педагогтарының барлығының креативті идеялары қажет. Себебі ойыншықтардың алуандығы бала дамуының негізгі шарты болып табылмайды. Педагогтер орта құру барысында ең алдымен оның дамытушы сипатына мән беру керек.

Дамытушы орта баланың құрдастармен және педагогтармен эмоционалдық-тәжірибелік өзара әрекеттестік тәжірибесін байытуға, белсенді танымдық әрекеттерге топтағы барлық балаларды тартуға мүмкіндік береді. Орта дербестікті, бастамалықты дамытуды ынталандырады, онда балалар өз қабілеттерін жүзеге асырады.

Балаларды қоршаған ортаның ыңғайлы әрі эстетикалық тұрғыдан әсем болуы топтық дамытушы ортаны құруда өте маңызды. Әдемілік баланы қалыптастырады. Сондықтан, бұрыштардың эстетикасына назар аударған жөн. Оның безендірілуі балалар үшін тартымды болып және оларды дербес әрекет жасауға ынтаны туғызуы керек. Сондай-ақ, балаларды бұрышта тазалықты сақтауға және ойыншықтарға ұқыпты қарауға үйрету керек.

Баланың дамуы – тәрбиелеу мен оқу үрдісі барысында, ересектермен және құрдастармен алуан түрлі формадағы педагогтар ұйымдастыратын белсенді қарым-қатынаста, мазмұндық әрекеттерде іске асырылады. Баланың айналасында, ол өмір сүретін және білім алатын арнайы заттық дамытушы ортасы құрылады. Бұл ортада мектепке дейінгі жастағы бала өз физикалық қызметтерін дамытады, сезімталдық қасиеттерін қалыптастырады, өмірлік тәжірибе жинайды, түрлі заттар мен құбылыстарды реттеуге және салыстыруға үйренеді.

Кеңістік әлемі әлеуметтік шынайылықтың алуан түрлі обьектілерінен тұрады. Осы әлемде бала – жас шамасына қарай обьектілердің қасиетін, олардық кеңістік арақашықтығын меңгеретін әрекет етуші тұлға.

Заттық-кеңістік орта балаларға қажет-ақ, өйткені ол ең алдымен ақпараттық қызметті атқарады – әр зат қоршаған орта жөнінде нақты мәлімет береді, әлеуметтік тәжірибе жеткізу құрадлы болып табылады. Осылайша, ойын компютерлері, электронды, механикалық

ойыншықтар қазіргі заманға лайықты ғылым мен техникаға жақындастырады, техникалық ой-өрісін кеңейтеді; эстетикалық талқылау негізіне айналатын репродукциялар, этюдтер, мүсіндер көркем қабылдауды қамтамасыз етеді; театр және музыкалық іс-әрекеттері музыкаға, сахнаға жол ашады.

Сонымен қатар, заттық кеңістік ортасы балалардың эмоциясына әсер етеді, олардың іс-әрекетке деген ынтасын оятады. Мәселен, спорттық құралдар дене, сауықтыру іс-әрекетіне баулиды, осы әрекеттер барысында баланың өз денсаулығына, гигиенасына, қозғалыс ептіліктері мен дағдыларына деген ұстанымы қалыптасады; алуан түрлі құралдар – бояулар, қылқаламдар, қарындаштар, мата т.б. – өнімді іс-әркекетте әлемді танудағы өзіндік көркем қабылдауын көрсете білуге мүмкіндік береді.

Сонымен, заттық-дамытушы орта – бұл бала қызметінің материалдық обьектілерінің жүйесі, оның рухани және физикалық дамуының функционалдық үлгідегі мазмұны. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың алуан түрлі іс-әрекетін қамтамасыз ететін әлеуметтік және заттық құралдар бірлігін көздейтін жүйе.

Сондай-ақ дамытушы заттық орта мынадай психологиялық-педагогикалық өлшемдерге жауап беруге тиісті:

- Баланың психикалық даму деңгейіне сәйкестігі;
- Жүйелілігі;
- Көп функционалдылығы;
- Баланың шамасына сай болуы;
- Трансформациялануы;
- Мазмұны бойынша және функционалдық міндеттері бойынша вариативтілігі.

Әр бала өзінің дамуында отбасының, оның тұрмысының, мәдени таңдаулардың ықпалын сезеді. Балабақшада барлық бөлмелердің жағдайы баланың ұжымда тәрбиеленуі мен дамуы үшін бір мақсатқа бағытталған. Мұндай жағымды жағдай құру – өз ішіне саналы және кеңістік пен оның элементтерін әсем ұйымдастырылуын қамтитын үлкен өнер. Баланы қоршаған дамытушы ортада бала да өзінің әлемінде шығармашыл бола алатындай мүмкіндік туғызу керек, сонда ғана ересектермен, құрдастармен өзара әркеттестік үрдісіне өзінің жеке басының тұлғалық-дамытушы шығармашылығы қалыптасады.

Құрылған эстетикалық орта мектеп жасына дейінгі балаларда қуаныш сезімін оятып, балабақшаға деген жағымды эмоционалдық қатынасты, оған брау ниетін тударады, жаңа әсерлері мен білімдерін байытады, белсенді шығармашылық қызметке шақырады, балалардың зияткерлік дамуына көмектеседі.

Дамытушы ортаны құруда шығармашылық иедяларда шек жоқ, дегенмен ең бастысы баланың жас ерекшелігі, қызығушылығы және осы ортада өзін еркін сезініп, орта материалдарын қолдана алуына мүмкіндік берілуі маңызды шарт.

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІНІҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Смагулова Жазира Тулепбергенқызы
Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебі

Адамның ішкі жандүниесін зерттеумен айналысатын психология ғылымының саласы-балалар психологиясының ғылыми мәліметтері даярлық тобы тәрбиеленушілерінің психикалық,тұлғалық,тілдік даму ерекшеліктерін айқындауда маңызды рөл атқарады.

Мектепалды даярлықтың негізгі мақсаты 5-6 жастағы тәрбиеленушілердің дамуы мен психикалық саулығын қорғау және нығайту,ақыл-ойын жетілдіру,олардың бойында қарапайым білім негіздерін іскерлікпен,дағдылардың алғышарттарын қалай отырып,бастауыш мектепте білім алуға бірдей бастапқы мүмкіндіктермен қамтамасыз ету.Мектеп жаасына дейінгі ұйымдардағы бағдарламаларда дене шынықтыру тәрбиесі,ақыл-ой тәрбиесі,адамгершілік тәрбиесі,эстетикалық,еңбек тәрбиесі тақырыптарын қамтып тәрбиелеу мен оқыту жүзеге асырылады.

М.Мұқанов мектепке дейінгілердің сөйлеуі мен таным процестеріне үлкен мән берген.Фонетикалық және фонематикалық естудің ана тілі дамуындағы әсерін,ситуациялық сөйлеуден контекст арқылы сөйлеуге көшдің жолдарын талдаған.Баланың жеке басының қалыптасуына да үлкен мән бере отырып,баланы іске итермелеуші күш-қызығушылықтың және ниет пен мотивтің маіыздылығын ашқан.Сондай-ақ,бала айтайын деген ана тілінде түсінікті етіп жеткізе алуға дағдылануы қажет деген пікірді айтады.

Қ.Жарықбаевтің мектепке дейінгі баланың сөйлеуін дамыту мен оны тәрбиелеу жөнінде ғылымға негізделген пікірлері бар. Мектепке дейінгі тәрбиеленушілердің тілі үлкендердің сөзіне еліктеуден қалыптастынын және баланың тіл сезімі күшті болатынын дәлелдеген.Ол баланың сөйлеуі мектепке тек қарым-қатынас рөлін атқарса,мектепте жүргенде білім жүйелерін меігерудің негізгі құралы қызметін атқаратынын саралаған.

Сөздің дыбыстық құрылымымен таныстыруда балалардың «сөз», «дыбыс», «буын» терминдерін саналы қолдана алуына айырықшы мән беріледі.Сөз бен буын сөздерді оқытуда арнайы ойындар мен жаттығулар сабақтарда 3-7минут бойы жүргізіледі.Сөздік ойындар көмегімен: «Сөздерді ата», «Кім зейінді?», «Үлгі бойынша сөзді тап», «Сөздер тізбегі» сөздің дыбыстық құрылымын анықтауға,сөздегі дыбысты даыс ырғағы арқылы бөліп алуға дағдыланады,сөздік белсенділігі артады,сөйледің дыбыстық мәдениеті шыңдалады,байланыстырылып сөйлеуі дамытылады.

Тәрбиеленушінің сөздік қорын байыту,нақтылау үшін күнделікті өмірде орынды пайдалана білуі үшін жаңа сөздің мәнін,мағынасын жете түсіндіріп, белсенді сөздік қорын арттыру қажет.Ол үшін мынадай ойын тапсырмаларды қолдану өз нәтижесін береді: «Төлдерді ата», «Қайсысы қайда тұрады?», «Нені немен ішеміз?», «Кім тапқыр?», «Ребус шешу», «Жоғалған буынды тап», «Шатасқан дыбыстар» (өлең оқып әдейі кейбір дыбыстарды шатастырып айту керек); «Топтастыру»; жалпы және жеке ұғымдарды бекітуге арналған «Бұларды бір сөзбен не дейміз?»(жалпы атауын ата:қоңыз, шыбын, көбелек, құмырсқа-жәндіктер;

Балалардың сөздік қорын антоним, синоним, сөздерімен байытуда «қарсы сөзді тап», «ұқсас сөзді тап»,ойындары өте жақсы.Мысалы:ауыр-жеңіл,ұзын-қысқа, кәрі-жас т.б келбет, ажар, көрікті сияқты ұқсас сөздер. Кейбір сөздердің көп мағыналы болатынын түсіндіреміз. Тірек сөзді, буынды пайдаланып, сөз тудыру, жаңа сөз үйрету ойын жаттығулар жүргізу асырылады. Мысалы: «Буын жалғастыр»ойыны.

Баланың сөздік қорын дамытудатапсырмаларды түрлендіріп пайдаланудың маңызы зор.Әрбір сабақта өткен материалдар негізінде бала күн сайын жаңа сөздерді меңгереді. Балалардың сөйлеу тілінің белсенділігін артыруда оқылған ертегі,әңгіме кейіпкерлерінің іс-әрекет ерекшелігін,мінез,көңіл-күй құбылысын сипатай білге үйрету.Арнайы өтілге сабақта және сабақтан тыс уақытта бақылау, саяхат, т.б күнделікті өмірде, қоршаған ортада қарым-қатынас жасауда, жаңадан меңгерген сөздерді орынды пайдалана білуге тапсырмалар беру.

Көптеген ата-аналар, егер бала оқи және санай білсе, мектепке дайын деп есептейді. Сыдырта оқи алу, санай білу оқуда оң нәтиже берері сөзсіз, бірақ болашақ бірінші сынып оқушысында оқу іс-әрекетінің алғы шарттары және табысты оқуға қажет, баланың мектепке оқуының табыстылығы оның психологиялық жетілуіне байланысты барлық құрамдастар қалыптасуы қажет.

Сонымен, бүгінгі таңда мектепте оқытуға даярлық кешенді психологиялық зерттеуді талап ететін көп компонентті білім беру екендігі тәжірбие жүзінде қашаннан мәлім нәрсе. Психологиялық даярлық құрлымында төмендегідей компоненттерді бөліп қарау қабылданған Л.А.Венгер, А.Л.Венгер, В.В.Холмовской, Е.А. Пашко және т.б пікірлер бойынша.

Психикалық процестерді зерттеу үшін ұсынылған тестілер жиынтығының үлгісі.

-«Нүктелерді көшіру» (зейін көлемін анықтау);

-Код пен хабарлау (зейін тұрақтылығын анықтау);

-Ес (көру есінің жағдайын анықтау);

-Мағынасы бойынша байланысқан он жұп сөз(мағыналы ес жағдайын анықтау)

-Мағынасы бойынша байланыспаған он жұп сөз (механикалық ес жағдайын анықтау)

-«Төртінші артық зат» (логикалық негіздеулер, дұрыс жалпыла жасай алуының қалыптасқандық жағдайын анықтау)

-Сюжеттік суреттер сериясы(баланың себеп-салдарлық байланысты көрсетуде қабілетін анықтау)

-Заттарды нәрселерді салыстыру амалдарының қалыптасқандық дәрежесін анықтау.

Ауыз әдебиеті үлгілері: мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш, ертегілерді, сюжетті суреттерді, ойын-жаттығуларды, балаларға арналған мультфильм пайдаланып, ертегі мазмұнын қайта жаңғыртып, ондағы кейіпкерлерді сынау, сипаттау, сұраққа жауап беру әдіс-тәсілдерін қолдана отырып сөз туындату, сөйлем құрау, шығармашылықпен қысқаша әңгіме құрастыру арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту. Баланың байланыстырып сөйлеу мәдениеті арнайы жоспарланған сабақтарда сабақтан тыс серуен, ойын сәттерінде шығармаларды сахналандыруда, ертеңгліктер өткізуде дамытылады. Баланың сөйлеу тілін жетілдіруде ойын жаттығулары мен дидактикалық материалдар, ойындардың маңызы зор.

С.Л. Рубинштейн: «бала дамымайды,тәрбиеленбейді және оқытылмайды, ол тәрбиелене және оқи отыра дамиды» деген. Яғни, тәрбие беру және оқыту бала дамы процесінің дәл өзіне кіреді, тұлғалық-психикалық қасиеттері, қабілеттілігі, мінезінің ерекшеліктері және т.б. қалыптасады. Іс-әрекетте қалыптасуы өзін-өзі дамытуына, жетілуіне қатысады деген. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі көптеген маңызды мақсаттардың ішіндегі негізінде мақсаттардың бірі-ана тіліне үйрету, сөйлеуін дамыту.

Бұл үлкен мақсат бірнеше жеке мақсаттарды қамтиды. Бұл –тілдің дыбыстық мәдениеті, сөздік қорын байыту, бекіту, қодана алу, сөйлеу тілінің граматикасын дұрыс құра білуді дамыту, ауызекі сөйлеу тілін, байланыстырып сөйлеуін дамыту.

Баланың тілін дамыту күн тәртібінің барлық сәтінде жүзеге асырылады. Қазақ алфавитіндгі барлық дыбыстарды таныстыруда дауыс ырғағын, екпінін дұрыс келтіріп, дыбыстарды анық айтуға үйретіледі. Қатаң, ұяң, дауысты дыбыстарды бір-бірінен ажыратып, оларды айтуда дыбыс аппараты мен артикуляцияны дұрыс қойып, мәнерлеп айтуға жаттықтырылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Мектепалды даярлық» журналы 2012жыл
2. «Мектепке дейінгі білім-тәрбие» журналы 2013 жыл
3. Рысбекова.А « Танымдық қабілетті арттыру шарттары»
4. «Отбасы және балабақша» журналы 2010 жыл.

ТАРИХ – ҚАЗАҚ ҰЛТЫНЫҢ ЖАДЫ.

Султанова Асем Атабаевна
Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебі

Халқымыздың тәуелсіз Қазақстан Республикасы атты мемлекет құрып, ұлттың азаттығын сақтай білуі бүгінде қаншалықты маңыз ы болса, сол мемлекеттің шынайы да танымды тарихын жазып, келер ұрпаққа жеткізе білуде соншалықты маңызды. Өйткені, тарих — ұлттың жады.

Танымды тарихы жадында жатталған ұлт қанұлт ретінде сақталып, басқалармен қатар терезесі тең өмір сүре алады. Тарихын қастерлеген ұлт қана өткеннен тағылым алып, келешегіне сеніммен қарайды.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан тарихы қайта жазылып, ұлттық және мемлекеттік мүдде тұрғысынан қайта зерттелуде. Кеңестік кезең жылдарында солақай саясаттың негізінде бұрмаланып жазылған келеңсіз тарихи тұстары қай та қарастырылынып, ақиқат тұрғысынан жаңаша зерделенуде. Сонымен бірге, азаттық жылдарындағы еліміздің жеткен жетістіктері басты назарда болып отыр. Қазіргі уақытта тарих ғылымы кеңестік дәуірдегі таптық методологияның шеңберінен шығып, зерттеудің жаңа бағыттары анықталып, тарихтың ақтаңдақтар беттері қайта ғылыми негізде зерделенуде.

Қазақ тарихы Түркі өркениетінің ажырамас бөлігі ретінде зерттеліп, дала тарихындағы көшпелілердің орны айқындала түсуде. Қазақстан мемлекеті Еуразиялық идеяның жалғастырушысына айналды.

Бірнеше ғасырлар бойы тағдырдың тауқыметті қасіретінен көз ашпаған қазақ халқы өз тарихында тұңғыш рет өз тарихын өзі жасап қана қоймай, сол жаса ған деректерін тарих ғылымының талаптарына сай: жинау, жүйелеу, саралау, тасқа басып жариялау және деректанулық талдаудан өткізу арқылы өзінің объективті тарихын жазу мүмкіндігінеде ие болып отыр. Кезінде өзінің төлдеректерін жинауға, жүйелеуге, шашау шығармай сақтап, өз тарихын жазуға мүмкіндігі болмаған халқымыз, бүгінде, ақпараттар, яғни деректер тасқынының астында қалып отыр. Уақыт ерекшелігіне сай қоғамның аса үлкен жылдамдық пен дамуы, бұрын ғасырлар бойы болмайтын маңызды тарихи оқиғалар тізбегінің көз алдымызда үздік сіз өтіп жатуы, сол оқиғалар бейнеленген деректер тасқынының пайда болуына алып келді.

«Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы — тарих» — деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қай заманда болмасын, тарихшыларға артылар жүк ауыр болған. Қай заманды алсаңыз да, тарих — халықтың ұлттық санасын қалыптастыру, мемлекеттік идеологияны насихаттау, жас ұрпақты патриотизм рухында тәрбиелеу қызметін атқарған.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясында тарих мәселесін қайта жаңғыртып, «…Қазақтардың ұлттық тарихы, олардың этногенезі мыңдаған жылдарға созылған бірегей ажырамайтын үдеріс ретінде қарастырылуы тиіс. Осы тұрғыда қазіргі заманғы Қазақстан Ұлы Дала өркениетінің ежелден келе жатқан шешуші мұрагерлерінің бірі ретінде заңды түр-де көрініс табады» — деп қадап айтты.

Әрбір елдің дамуы мен әлемдік өркениетте алатын өзіндік орны мен ерекшеліктері болатындығы даусыз. Тарихты жазу бір бөлекте, оны халыққа жеткізу, санаға сіңіру, қоғамның тарихи санасын қалып тастыру одан да маңызды мәселе. Тарих ғылымы қоғамның тарихи танымы мен тарихи санасын қалыптастыруы арқылы дәріптеу қажет. Әсіресе, тарихи тақырыптарға жазылған еңбектер арқылы халықтың тарихи санасын қалыптастыруға ықпал жасау керек. Ол үшін, ел ертеңі жастарды өз бетінше жеке көзқарастарын қалыптастыруда тарихи шығармалардың алатын орны ерекше.

Өйткені жастар ресми тарихтан гөрі, көркем тарихты оқуға құмар. Көркем тарихтың артықшылығы — тарихи сананы қалыптастыруға күшті әсер ететіндігінде.

Мектепте оқытылатын Қазақстан тарихы тым күрделі, фактілерге толы, әрі оқушының қабылдауы үшін оқу құралдарының тілі ауыр. Оларды барынша қарапайым, әрі оқушы үшін түсінікті және тартымды етіп жазу керек.

Сонда тарихи материалдарды игеру жеңіл, белгілі бір оқиғалар мен процестерді деректер арқылы талдау оларды ұзақ уақыт жадта сақтауға қолайлы бола түседі. Қазақстан тарихын оқытуда тың бағыттар, соны тәсілдер мен әдістерді меңгеру және оларды күнделікті білім беруде пайдалану мәселесі көкейкесті болып табылады.

Қазақ халқының сан ғасырлық қайғы-қасіретке толы тарихында тағдырдың талай тәлкегіне түсіп, көптеген оқиғаларды басынан кешіргендігі баршаға мәлім. Әйтседе сондай күрмеуі қиын, тығырықты жағдайдан аман-есен, елдігін, бірлігін жоғалтпай шығып отырды, өйткені оның жігерін еселеп, рухын туыр етіп желбіретіп, арманын асқақтатқан тәуелсіздікке, азаттыққа деген ұмтылысы мен құштарлығы еді. Осы орайда Елбасының «қазақ тарихында біз ұялатын ештеңе жоқ" деген сөзі ойға оралады.

Тарихқа арқа сүйемесе, болашақ бұлдыр. Өздеріңізге белгілі, қазақтар еш уақытта ешкімге қарсы соғыс ашпаған, ата-бабалар жерін ерлік пен қорғаған халық. Сондықтан бізге тарих арқылы Рухы биік Қазақ ұлтын әлемге таныту өте маңызды. Ол үшін, алдымен өзіміз ғылыми айналымдағы құжаттар мен материалдарды толық игере отыра, ұлттық санамызды жаңғыртуға бірлесе отыра күш салуымыз қажет.

Қазақстан тарихы — әлем тарихының құрамдас бір бөлігі десек, ұлттың тарихын дүние жүзілік тарихпен сабақтастықта жазуға бағыт алуымыз кезек күттіртпейтін мәселе.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Н. Назарбаев. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999.
2. А. Байтұрсынов. Ақ жол. Алматы, 1989.
3. Н. Назарбаев. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам // Егемен Қазақстан.
4. Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың „Қазақстан-2050“ Стратегиясы — қалыптасқан мемлекеттің жаңа сая си бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ МАҢЫЗЫ

Сұлтан Төлеген Атабайұлы
Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебі

Дене тәрбиесі оқушылардың дене бітімінің дұрыс дамуы, денсаулығының қалыпты болып, нығаюы, жұмыс қабілеттерінің артуына, сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұруына ықпал ете алады. Оқушылардың денсаулықтарын нығайту және бос уақыттарын ұйымдастыру мақсатында сабақтарда, сабақтан тыс уақыттарда, спорттық ойындар мен спорт секциялары күн сайын ұйымдастырылып, қолайлы жағдайлар үнемі жасалып тұруы керек.

Дене тәрбиесі күрделі, әрі жан-жақты мектептің оқу-тәрбие жұмыстарымен өте тығыз байланысты болғандықтан, ол терең ой-толғаныстарын, көлемді білімділікті керек етеді.

Дене тәрбиесі міндеттерін дұрыс түсінген мұғалім жеке оқушылардың таңдап алған спорт түрлерінен жоғары жетістіктерге жетуін ғана емес, барлық оқушылардың денсаулықтарын нығайту, қозғалыс ептілігі мен дағдыларын қалыптастыру арқылы оларды

үлкен өмірге шыңдайды. Осы барлық міндеттерді дұрыс бағалау, ұйымдастыру, орындау үшін мақсатты түрде жақсы, шебер жоспарлай білу керек.

Адам баласының өмірге келуі мен мектепке оқуға баруы арасындағы алғашқы жеті жыл уақыты оның келешек өмірінде өте үлкен маңызы бар. Өйткені осы кезеңде баланың денсаулығы, әр түрлі қабілеттері, адамгершілік қасиеттері, мінез-құлқы қалыптаса бастайды. Баланың денесін шынықтыру, өмірге керек қозғалыс шеберлігін қалыптастыру, гигиеналық және тазалықты сақтау әдеттерін бойына сіңіру үшін осы бір балалық балғын шақ өте бір қолайлы кезең.

Бала ағзасының жан-жақты дамуының негізі, тәрбие көзі дене тәрбиесі болып табылады. Қазіргі кезде ата-аналары күні бойы жұмыста болғанда балалар бос қамалып отырмай, немесе жалданған бір тәрбиеші, бір мамандық иесінің ғана тәрбиесінде болмай, жоғары дәрежелі мамандардың қарауында болып, жан-жақты тәрбие, білім алулары керек болатын жағдай туды. Жоғары дәрежелі ұстаздар, өз кәсіптерін, мамандықтарын өте жақсы меңгерген адамдар күні бойы жұмыста жүрген жұмысшылардың, қызметкерлердің балаларын өте жоғары деңгейде тәрбиелеуге міндетті. Сол тәрбиенің бірі, маңыздысы – дене тәрбиесі. Сондықтан да біз келешек дене тәрбиесі мамандары мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі жұмыстарын сауатты, білікті, әдістемелік дұрыс жолдармен іске асыруымыз керек.

Бала ағзасының табиғи даму шыңы жоғары снып жасынакелетіндіктен негізгі дене қабілеттілігі мен функционалдық мүмкіншіліктерін осы мектп жасында жетілдіру қажет. Барлық дене қасиеттерін дамыту және тәрбиелеуге ең қолайлы, тиімді кезең – мектеп жасындағы уақыт. Онан кейінгі кезеңдерде оларды дамыту өте қиынға соғады.

Мектеп жасындағы кезең әртүрлі қимыл әрекеттерді үйретуге, жетілдіруге, өмірге қажет қимыл ептілігі менидағдысын қалыптастыруға ең қолайлы кезең болып табылады. Осы кезеңде үйренбеген қимыл әрекетерді кейін адам денесі қатып, буын жылжымалығы, сіңір созылымдығы азаып, қозғалыс шеберлігі нашарлап қалған кезде үйрену, жетілдіру қиынға соғады. Бала кезінде әртүрлі, көп үйренген, жетілдірілген, дағдыланған қимыл-әрекеттер адамға кеңістікте оңтайлы, епті, жеңіл қозғалуға мүмкіншілік береді. Жаңа, күрделі қимыл-әрекеттер жылдам үйреніп алуға жол ашады.

Дүниежүзі, Ресей және Қазақстан ғалымдарының пайымдауынша мектеп жасындағы оқушылардың қимыл белсенділігі аптасына 8-12 сағаттан кем болмауы қажет. Қимыл-әрекет белсенділігінің аздығы баланыңденсаулығын нашарлатады, ағзаның қорғаныс күшін әлсіздендіреді, дене дамуын толық қанағаттандырмайды.

Дене тәрбиесі сабақтары және спорттық жаттығулармен айналысқан оқушылардың бос уақыттары аз болад. Спортпен шұғылданатын балалар шылым шекпейді, нашақор болмайды, бос уақыттарын үнемді пайдаланады.

Оқушылардың ағзаларына әсер ететін дене тәрбиесі жұмыстары дұрыс ұйымдастырлса, ол оқушының дене және ақыл-ой жұмыс қабілеттілігі деңгейінің көтерілуіне себеп болады.

Балалар мен жасөспірімдер 7 жастан 17-18 жас аралығында мектеп қабырғасында білім алады. Осы кезеңде олардың денсаулықтары нығаяды, дене келбеті, түзу тұлғасы, әр түрлі қимыл-қозғалыс шеберліктері қалыптасады, негізгі жан-жақты қасиеттері дамиды.

Ғалымдардың дәлелдеулерінше, осы кезеңдегі негізгі денсаулық белгісі – оқушылардың дене дамуы. Балалардың бойы мен салмағына қарап олардың өмір сүру жағдайы мен сыртқы ортаның бала ағзасына жағымды, жағымсыз әсерін білуге болады. Балалардың бойы мен салмағы олардың денсаулықтарын анықтайтын санитарлы-гигиеналық, дәрігерлік-қоғамдық көрсеткіш болып табылады.

Дене тәрбиесі жаттығулары, әр түрлі қозғалмалы ойындар осы қасиеттерді дамытады. Қозғалыс кезеңдерінде және қозғалмайтын статикалық жаттығулар кезінде мүсін түзулігін, тұлғаны қалыптастыру үшін отырғанда, тұрғанда, жүргенде, жаттығулар жасағанда тұлғаны түзететін арнайы жаттығулар беріп отыруымыз керек.

Оқушыларды бастауыш сыныптардан бастап Президенттік және Ұлттық сынама сынақтары оқушылардың жаттығуларын меңгеруге, орындауға дайындай бастағанымыз жөн. Оқушылардың дене тәрбиесі мен спортқа деген ынтасын, қызығушылығын оятып, оларды спортпен тұрақты, жүйелі шұғылдануға дағдыландыру керек.

Дене тәрбиесін мектепте және мектептен тыс оқу орындарында спорттық базаларда іске асыру үшін төмендегі талаптарды еске алған жөн:

- оқушылардың бойында жоғары адамгершілік сапаларын тәрбиелеу.
- шәкірттің денсаулығын нығайту, жұмыс қабілетін көтеру.
- спортпен шұғылдануға оқушылардың тұрақты қызығуын және қабілетін дамыту.
- негізгі қозғалтқыш сапаларын дамыту.

Дене тәрбиесінің негізгі құралдарына дене жаттығулары, гимнастика, ойын, туризм, спорт, табиғи факторлар жатады. Дене жаттығулары - бұл саналы түрде орындалған қимылдар және қозғалтқыш әрекеттер.

Дене жаттығулары бұлшық ет жүйесін, қан айналымын және тыныс алу мүшелерін дамытады.

Спорт - оқушылардың денсаулығын нығайтатын, дене күшін, қозғалыс дағдыларын және моральдық-еріктік қасиеттерін дамытатын дене тәрбиесінің құралы.

Дене шынықтыру сабағының маңызды тәрбиелік міндеті оқушылардың дене шынықтырумен үнемі шұғылдануға ынта-ықыласын дарыту. Бастауыш сыныптағы дене шынықтыру сабақтары жаттығуларының және ойындарының сан алуандылығымен ерекшеленеді.

Дене тәрбиесі бойынша сыныптан тыс жұмыстардың міндеттері: баланың денсаулығын нығайтуға көмектесу; ағзаны шынықтыру, оқушылардың жан-жақты өсіп жетілуіне, дене шынықтырудық оқу бағдарламасын ойдағыдай меңгеруге көмектесу; балаларды дене шынықтыру және спортпен үнемі шұғылдануға әдеттендіру; қозғалыс дағдысын тәрбиелеу.

Қоғамның болашағы - оқушы-жастарға ұжымдық тәрбие беруде дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойындарды өткізудің рөлі зор.

Қазақстанның ұлттық ойындарының ішінде ұжымдыққа, ауызбірлікке тәрбиелейтін ойындарды оқу-тәрбие үрдісінде тиімді пайдалануға болады.

Әдебиеттер:

1. К.Бержанов, С.Мусин. Педагогика тарихы. - Алматы: Мектеп, 1972.
2. Е.Сағындықов. Ұлттық ойындарды тәрбие жұмысында қолдану. - Алматы, 1992.
3. К.Сейталиев. Тәрбие теориясы. - Алматы, 1986.
4. Ж. Қоянбаев, Р.Қоянбаев. Педагогика. - Алматы, 1998.
5. Савин Н.В. Педагогика. - Алматы, 1983.

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОПТАРЫ МЕН СЫНЫПТАРЫНДА ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Табылдина Жидеш
Темір ауданындағы Шұбарши мектеп бөбекжай-балабақшасының мектепалды даярлық тәрбиешісі

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту және жетілдіру барлық үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы болғандықтан, еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Балалардың үнемі өзгерістерге бейім болуы мен жаңа білімді меңгеру қабілетін дамытуды басым бағыты ретінде:

- балалардың физикалық және психоәлеуметтік саулығын нығайту;
- балаларды ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға баулу;
- патриоттық, толеранттық, рухани және адамгершілік негіздерін қалыптастыру;
- балалардың ерте дамуы үшін әлеуметтік дағдылар мен өздігінен үйрену дағдыларын дамыту;
- балалардың дарындылығы мен жеке қабілеттерін дамыту;
- мақсатты түрде балаларды мектепке дайындау болып табылады.

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі - білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы. Қай елдің болмасын өсіп- өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру- бүгінгі күннің басты талабы. Мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілерінің алдында бүлдіршіндерге тәрбие мен білім беруде үлкен жауапкершілік тұр. Заман талабына сай жаңартылған білім мазмұнын балаға меңгертуде тәрбиеші жаңашыл болуы керек. Тәрбие мен білімнің бастауы, келешек ұрпақтың алғашқы баспалдағы - мектепке дейінгі мекемелер. Осы тұста Мұхтар Шаханов ағамыздың мына бір сөзі ойға оралады: «Бала жүрегі кішкентай күйсандық. Сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Ұстаздың қолында үнемі сол кілт жүруі керек», дегендей тәрбиешілер үнемі ізденісте болуы тиіс. Бүгінгі күні әлемдегі барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесіне ұмтылуда. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі экономикасының дамуына қатысты болса, ал оның дамуы мемлекет азаматтарының білімділігі мен біліктілігіне байланысты. Сондықтан жаңартылған білім беру жүйесін болашақтың талабына сәйкес дамыту тиіс. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама болды. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Міне осыған байланысты тәрбиешілер алдында оқытудың әдіс- тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және жаңа технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруы. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы - балаға үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып сыни тұрғыдан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, бақылау, саралау, АКТ-ны қолдану, баламен жеке, топтық, ұжымдық жұмыс жасай білу. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиралді қағидатпен берілуі. Тәрбиеші қазіргі заман көшінен қалмай өз біліктілігін арттыру мақсатымен оқудағы жаңа әдіс - тәсілдерді меңгеру арқылы оқу қызметті қызықтыруы тиіс. Дәстүрлі оқу қызметінде бала тыныш отырып, оқу қызметті тыңдап тәрбиешінің түсіндірмесін қабылдап жұмыс жасап келді. Балалар бағалау жүйесіне қатыспайтын. Ал қазіргі таңда осы жаңартылған білім беру үдерісі көптеген жаңалыққа толы. Балалар өзін-өзі бағалауды, қасындағы құрдастарын бағалауды үйренді, оқу қызметті меңгерген, меңгермегінін кері байланыс арқылы бере біледі. Оқу қызметінің соңында рефлексия жасауды меңгереді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұны:

- оқытуды ұйымдастыру тұлғаға бағдарланған және жүйелі-әрекеттік тәсіл арқылы жүзеге асырылады;
- мектепке дейінгі және бастауыш білім беру сабақтастығын қамтамасыз етеді;
- балалардың бойында жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуына көмектеседі;
- балалардың зияткерлік және жеке дене дамуы үшін жағдай жасайды;
- күнделікті өмірде қажетті ақпаратты алуға, іріктеуге, өңдеуге, жеткізуге және коммуникативтік міндеттерді шешуде балалардың тілдік дағдыларды қолдануы мақсатында сөйлеу әрекетінің түрлері ретінде төрт тілдік дағдылардың: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымның қалыптасуына және дамуына көмектеседі;
- ата-аналармен ынтымақтастық қарым- қатынас орнатуға көмектеседі.

Метепке дейінгі тәрбие мен оқытуда жаңартылған білім берудің мазмұны:

- өтпелі тақырыптарды қолдану арқылы перспективалық жоспар құру;
- апталық циклограмма;
- балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін бақылау үшін индикаторлар жүйесін енгізу арқылы жүзеге асады. Білім беру процесінде мынандай әдістер қолданылады.
- сөздік (әңгімелеу, түсіндіру, әңгімелесу және т.б)
- көрнекілік (АКТ-ны қолдану, бақылау, суреттер, иллюстрациялар, ойыншықтар мен заттар)
- практикалық (жаттығулар, моделдеу, экскурсиялар, тәжірибе, эксперимент жүргізу)
- ойын (қимылды, театрланған, сюжетті-рөлдік, дидактикалық және т.б).

Фунционалдық сауаттылық - тұлғаның нақты мәдени ортада өмір сүру қызметін іске асыру үшін қажетті және әлеуметтік қатынаста ойдағыдай қызмет етуін қамтамасыз ететін білімі, ептілігі, дағдылары. Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған бағдарлама әр баланың бейімділігін, қабілеттілігін іске асыруға, оның даму ерекшеліктері негізінде бастауыш білім беру бағдарламасын меңгеруге, даярлауға бағдарланады.

«Сабақ беру - үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер», - деп Жүсіпбек Аймауытов атамыз айтқандай үйренген жаңалығымызды қолдана білуіміз - ол әр ұстаздың өз еншісінде.

«Жаңартылған білім беру бағдарламасы» - заман талабына сай, келешек ұрпақтың сұранысын толығымен қанағаттандыратын бағдарлама деп танимын.

ОҚЫЛЫМ СТРАТЕГИЯЛАРЫН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КІТАП ОҚУҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ

Замира Табынбаева
Ақтөбе қаласы, М.Құрманғалиева атындағы
№32 мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

XXI ғасыр – білім, ғылым, технология ғасыры. Жаһандану қарқын алып, адам ресурстары басты капиталға айналған уақытта құндылықтар өзгеріп жатыр. Сондай өзгерістердің бірі – кітап оқуға деген қызығушылықтың төмендеуі, жастардың кітапты ұялы телефон, гаджеттермен алмастыруы. Осыған орай сұраныстың өзгеруіне қарамастан, ел ертеңі болар жас ұрпақтың кітап оқуға деген көзқарасын өзгерту қажет. Ол үшін оқырманның оқылым дағдыларын жақсарту механизмдерін жетілдіріп, Оқылым стратегияларын меңгертіп, оқу барысында тиімді қолдануға жол ашу керек.

Жаңартылған білім беру мазмұнына сай қазақ тілі пәні қоғамға араласуға қажетті тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытады. Бұл дағдылар оқушының өмірде еркін қарым-қатынас жасауына; өзгелермен пікір алмасып, көзқарасын еркін білдіре алуына; өз ойын, көзқарасын жүйелі де нақты жеткізуіне; кез-келген ақпаратты тиімді қолдануына; түрлі ақпаратты құр оқымай, сараптай отырып оқуына; оқығаны бойынша өзіндік қорытынды жасап, тың идеялар жасауға жол ашары сөзсіз. Осы төрт дағдының ішіндегі ең маңыздысы – Оқылым дағдысы, себебі оқудың тиімді жолын меңгеріп, оқығаны бойынша анализ жасай алған адам ойын еркін айта да алады, сауатты жаза да алады. Оқылым дегеніміз не? Оның қандай түрлері бар? Оқылымды қандай стратегиялар арқылы жүзеге асыруға болады? Оқу барысында қандай әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануға болады?

Ф.Оразбаева еңбегінде: «Оқылым – графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, сауатты, дұрыс, мәнерлеп, ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу»,-деген анықтама берілген. Оқылым дағдысы арқылы оқушылар мәтінді және оның мазмұны мен мақсатын, тілін түсінуге, негізгі ойды анықтауға және мәтіннің құрылымдық бөліктерін, мәтіннің стилі мен типін анықтауды, оқылған мәтін негізінде сұрақ құрастыруды, әртүрлі деректерден қосымша ақпаратты айқындауды және мәтіндерге салыстырмалы сараптама жасауды меңгереді.

Оқылым дағдысы арқылы білім алушының танымы кеңейеді, ойлау жүйесі дамитын болады.

Оқушының оқу дағдысын қалыптастырда бірнеше мақсаттар ұсынылған. Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау мақсаты арқылы оқушы тек мәтін мазмұнын меңгеріп қана қоймай, сол мәтінді жазу арқылы автордың нені көздегенін, кімдерге арнағанын, автордың сол мәселеге байланысты қандай көзқараста екенін, оқырманға жеткізу үшін қолданған тілдік бірліктерін саралап, сараптама жасау дағдысын қалыптастырады.

Ұсынылған мәтіндерді оқи отырып, оқушылар мәтінге салыстырмалы талдау жасайды: мәтіндердің формасы мен түріне, стилі мен жанрына, мақсаты мен мазмұнына, аудиториясына, тіліне сараптама жасайды.

Нью-Йорк мемлекеттік университетінің профессоры Винсент Р.Руггиеро өзінің «Сыни оқу стратегиялары» атты зерттеуінде: «Кез-келген мәтінді оқып, ондағы ақпаратқа сенбес бұрын әр адам төрт сатылы сыни оқу стратегиясын қолдана білу тиіс: шолу, талдау, оқу және бағалау»,-дейді.

Осындай сыни оқу стратегияларын қолдану арқылы оқырманның сараптама жасау, сыни ойлау, талдау, салыстыру дағдыларын дамытуға мүмкіндік туады.

Қазақ тілінде мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау мақсатымен жұмыс барысында Оқылым стратегияларын қолдану дағдысын қалыптастырып, оны қолдана отырып талдау жасауға дағдыландырсақ, білім сапасының артуына жол ашылары анық.

Оқылымның стратегиялары:

- Шолып оқу: мәтін тақырыпшасын, бөлімдер аттарын, абзац сандарын шолу.
- Болжап оқу: мәтіннің құрылымдық бөліктерін жекелеп оқып, ары қарай не болатынын, автор ойын болжау.
- Көз жүгіртіп оқу: мәтіннің мазмұны мен құрылымын жылдам, жалпылай көз жүгіртіп оқу.
- Зерттеп оқу: мәтіннің мазмұны мен құрылымдық бөліктерін шолып оқуға қарағанда күрделі оқу түрі. Зерттеп оқу оқушыдан назарын шоғырландырып оқуды талап етеді. Оқылым мәтінінің астарлы ойын, автор көзқарасын, мәтіндегі көтерілген мәселені, факті мен көзқарасты зерделеп ажырату зерттеп оқудың ерекшелігі болып табылады.
- Детальді түрде оқу: әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе-сөз оқимыз.
- Түсініп оқу стратегиясы: мәтіннің мазмұнын, автордың айтпақ болған ойын, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну үшін әр ақпаратты ұғынып оқу.
- Талдап оқу стратегиясы арқылы стилі мен жанрын, кімдерге арнап жазылғанын талдап оқу.
- Астын сызып оқу немесе белгілеп оқу стратегиясы арқылы мәтіннің тілін, автордың оқырманмен байланысын анықтау.
- Комментарий жасап оқу стратегиясы арқылы автордың айтпақ болған ойын, мәтіннің кімдерге арналғандығын анықтау, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну.
- Рөлге бөліп оқу стратегиясы арқылы мәтін ойын рөлге кіріп оқу арқылы саралау.

«Мен еш уақытта өз оқушыларыма ешнәрсе үйретпеймін, тек қана олардың оқуы үшін жағдай жасаймын»,- деп Альберт Эйнштейн айтқандай, еліміздің ертеңін, тәуелсіз ел тірегін, саналы ізбасарларымызды білім нәрімен сусындатуда олардың оқуы үшін жағдай жасау қажет. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасамас бұрын ұсынылған мәтінді Оқылым стратегияларының тиімдісін қолданып оқуға бағыттау керек. Себебі мәтінге талдау жасамас бұрын оқырман оқудың тиімді тәсілін меңгеріп, содан кейін ғана сол тәсілдерді сараптама жасауда ұтымды пайдалануға дағдылану тиіс. Осыған орай оқылым дағдысын жақсартудың технологиясын пән мұғалімдері жетік білуі керек. Себебі оқылым барлық дағдылардың негізі болып табылады. Ал оқылым стратегияларын тиімді қолдануға бағыттай отырып, оқушылардың мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау дағдысының сапасы арттыруға болады.

Немістің ұлы ақыны Гете: «Көкірегі ашық адам оқи білуді үйренудің қаншалықты қиын екенің біледі, мен бұған сексен жыл өмірімді арнадым, бірақ әлі кітап оқуды толық үйрендім деп айта алмаймын» деген екен. Балаға кітап оқуды үйретудің алғы шарттары:

1. Кітаптың құдіретін ұғындыру. Оны жыртпауға, тік отырып оқуға үйрету. Авторының кім, не жайында, қай жылы, қайдан шыққаны туралы білуі шарт.

2. Кітапты түсінбей құр оқудан сақтандыру керек, талғап оқуға, оған көз - қарасын білдіре алуға, қысқаша фабула жазуға үйрету. Фабула - баяндалатын оқиғалар желісінің қысқаша мазмұны.

3. Оқыған кітабының ішінде түсінбеген сөзді не мақал - мәтелдерді, не дәйек сөздерді теріп жазып алуға арнайы дәптер аштыру керек. Осыдан келіп ол баланың еңбек етуге құлшынысы туады, зейіні артады, талғамы өседі, көп оқуға тырысады, сөздік қоры молаяды. Кітап оқуға қызығушылық ерте балалық жастан қаланады және осы жерде көбі ата - анаға байланысты болады. Отбасы баланың тұлғасын дамытуға ортасы болып табылады, оқуға деген қажеттілік, қызығушылық пен сүйіспеншілік қалыптасады. Сондықтан баланы уақытында оқуға үйретіп қана қоймай, оны оқуды жақсы көруге ұмтылдыра білуіміз керек.

«Өзіңді - өзің тану үшін кітап керек, өзгені тану үшін де кітап керек» депті атақты авар ақыны Р. Гамзатов. Адам айнаға қарап, бет - жүзіндегі өзгерістерді көретіні сияқты кітап арқылы да жаңа әлемді таниды. Басқа бір елдің, қоғамдық міндетін, тілін, дінін, тұрмысын, салт - дәстүрін біледі. Кітап - рухани қазына, байлық, өмір айнасы, замана сыры, тарих шежіресі, оқу - тәрбие құралы. «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге» - деп Абай Құнанбаев атамыз айтпақшы, адам баласы үшін кітап – тілсіз тәрбиеші. Кітап адам баласына бала кезінен бастап, өмірінің соңына дейін сырлас досы бола алады.

Кітап оқу мәселесі бүкіл ұлтты толғандыруға тиіс. Кітапқа деген құштарлық – бұл тек кітапханашының ғана жұмысы емес, сынып жетекшісінің және ересектердің де жауапкершілікті болуы керек. Сонымен қатар, кітапты балаға бастауыш класс кезінен жас ерекшелігіне сай міндеттетіп оқыту керек деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ф.Оразбаева «Тілдік қатынас». Алматы «Сөздік-Словарь», 2005 ж.

2. М.Ахметова «Мәтін лингвистикасы». Орал-2008.

3. Шабажанова Салтанат «Оқылым дағдыларын қалыптастыру және дамытудың әдіснамасы мен тәжірибесі», Павлодар-2015.

4. Винсент Р. Руггиеро «Стратегии критического чтения».

ПРИМЕНЕНИЕ ЭФФЕКТИВНЫХ ПРИЕМОВ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Тавбаева Багила Оразымбетовна,
учитель русского языка и литературы
Каргалинской казахской средней школы имени М.Арына г.Актобе

«Скажи мне – и я забуду.
Покажи мне – и я запомню,
Вовлеки меня – и я научусь».
(Конфуций)

Эти слова Конфуция как нельзя лучше подходят к теме моей статьи. Мало просто сказать- все равно забудется, мало просто показать- все равномногое не запомнится, но, если постараться ученика вовлечь в процессобучения, то он не только научится, но и многое запомнит и будет использовать в дальнейшем.

Современное образование требует от педагога постоянного совершенствования работы по использованию в учебной деятельности методов и приемов новых педагогических технологий.

От правильного подбора используемых в своей практической деятельности приемов обучения зависит результативность образовательного процесса, а это один из важных показателей работы школы и учителя.

В современном мире расширяются рамки учебной деятельности и роль педагога. Сегодня он не просто учитель. Он менеджер, координатор, тренер, управляющий активной, познавательной и развивающей деятельностью обучающегося, владеющий всеми важными инструментами приемов и методов обучения.

Исходя из опыта своей работы, анализируя свою педагогическую деятельность, я, как учитель-практик, прекрасно понимаю, что мне необходима каждодневная работа по совершенствованию планирования, разработки и проведения урока. Для меня важно не просто дать определенный багаж знаний ученику, но и создать условия для раскрытия творческого потенциала каждого ученика, развить умение критически мыслить, используя современные педагогические и информационно- коммуникативные технологии.

В своей педагогической деятельности, работая над детальным планированием урока, исследуя все возможности его проведения, анализируя успехи и неудачи, я прилагаю усилия, чтобы превратить простой урок в увлекательный источник получения знаний, развития гармоничной, творческой и познавательной активности каждого обучающегося.

При изучении темы «Суффиксы имен прилагательных» в 6 классехороший результат дает использование тренировочных упражнений, выведенных на экран интерактивной доски. Используя данную форму работы, учащиеся тренируют зрительную память, логическое мышление, а также совершенствуют знания и навыки, полученные ранее на уроке русского языка.

При изучении темы «Прямая речь» даются задания на закрепление навыка поставки знаков препинания и редактирования текста: «Найди ошибку», «Отредактируй текст». После выполнения заданий учащиеся получают правильные ответы заданий, что позволяет им провести самоанализ и корректировку допущенных ошибок. Выполняя подобныевиды работ, учащиеся отрабатывают навыки орфографии, пунктуации, учатся исправлять, анализировать, рефлексировать.

На отдельных этапах урока для развития мыслительной деятельности учащихся предлагается использование приема «Ассоциативная карта». На экран интерактивной доски

выводится главное слово, которое напрямую связано с темой урока.

Например, дается слово ***патриот*** учащиеся должны подобратьассоциации, связанные с этим словом. При дифференциации заданий, усложненным вариантом будет являться написание пятиминутного эссе с использованием подобранных ранее ассоциаций к слову ***патриот***.

Еще одним эффективным приемом, который я использую в организации своих уроков является прием «Синквейн».

Составление синквейна направлено на подведение кратких итогов по изученному учебному материалу. Для учащихся это форма свободного творчества, но с соблюдением определенных правил.

При изучения нового материала, я часто применяю такой прием, как ««**Подумай и ответь».** Я формулирую вопрос, ответить накоторый учащиеся должны в течение пяти минут, хорошо подумав и подобрав информацию для ответа.

Еще одним эффективным приемом при организации и проведении урока русской литературы является прием «Одна минута»**.** Учащиеся втечение одной минуты рассказывают друг другу о книге, которую они недавно прочитали, делятся своими впечатлениями о ней, тем самым повторяют ранее изученный материал, систематизируют полученные знания по конкретной теме, по изученному произведению.

Исходя из собственного опыта, могу сказать, что лучше всего данный метод реализуется при групповой форме работы, если в каждой группеесть консультант. Совместно с учителем консультанты готовят перечень вопросов, которые нужно раскрыть в ходе подготовки проекта, и рубрики,с помощью которых будет оценен вклад каждого члена группы в конечныйрезультат проекта. Завершением работы станут оформленные участникамигрупп постеры, презентации, рекламные проспекты.

Для развития нестандартного мышления, переноса полученных знаний в нестандартную ситуацию на отдельных уроках предлагаю учащимся написать фанфик. Этот вид задания можно использовать как в индивидуальной, так и в групповой форме работы. Это может быть письмолитературному герою или писателю, продолжение произведения, встреча и беседа с героем произведения в наши дни.

Использование таких приемов на уроках русского языка и литературы учат школьников не только постигать громады живого русского слова, нои формируют личность ученика, воспитывают образованных, высоконравственных граждан, отличающихся конструктивностью, обладающих чувством сопереживания. Но ни в коем случае нельзя забывать, что во всем должно быть чувство меры. Получениеположительного результата возможно только при системном подходе. Мояглавная цель–это душа ученика, это проблемы нравственности, это развитие творческой личности. Надо помнить, что правильно построенную, продуманную и эмоциональную речь учителя не заменит даже самая умная машина.

Ведь именно на уроке, как в многогранном кристалле, находит отражение весь процесс взаимодействия учителя и ученика. И превратить современный урок в процесс сотворчества помогают именно современные образовательные технологии.

Список литературы:

1.http://images.myshared.ru/9/542994/slide_11.jpg. Цитаты. Конфуций

2.http://edu.resurs.kz/metod/vozmozhnosti-pedagogicheskoy-tehnologii- monahova В.М.Монахов.Теория педагогических технологий:методологический аспект;

3.https://www.maam.ru/detskijsad/ispolzovanie-aktivnyh-metodov-obuchenija- na-urokah-ruskogo-jazyka-i-literatury.html Шальнева С.Е. Использование активных методов обучения на

уроках русского языка и литературы как средства формирования лингвистической компетенции учащихся.Методическое пособие 2019г

4.Гуслова М.Н. Инновационные педагогические технологии: учеб. пособие для студентов учреждений сред.проф.образования М.Изд.центр «Академия», 2013.286 с.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Тилешева Зульфия Ермекбаевна
№30 қазақ орта мектебі, КММ-нің м атематика пәні мұғалімі, ПШО тренері,

Қазіргі заман – математика ғылымының өте кең, жан-жақты тараған кезеңі. Ал, талапқа сай математикалық білім берудің басты шарты – математикалық мәдениеттіліктің деңгейін көтеру болып табылады. Казіргі таңда жаңартылған білім мазмұнына сәйкес математика сабағында мұғалім теориялық ілімдерді меңгертуді, практикалық әдіс- тәсілдермен ұштастыра отырып, тез, ұтымды есептеулерге жаттықтырады.

Оқушылар алған білімдерін өмірде қолдануға болатынын түсінген кезде, олардың оқуға және меңгерген білімдерін шығармашылықпен пайдалануға ішкі мотивациясы арта түседі. Оқушылар өздерінің оқуға деген қабілетін оң бағалап, сәтсіздіктеріне өмірлік тәжірибе ретінде қараса, бұл олардың креативтілікке бейім екендігін көрсетеді. Проблемаларды белгілеу және оларды шешу, оқуды үйрену, кешенді коммуникация, іргелі білімдерді меңгеру сияқты пәндік дағдыларды меңгеру де креативтілікті дамытады.

Төменде берілген мысал ҰБТ есептерінде кездеседі. Оны логарифм тақырыбын өткенде оқушыларға беруге болады.



Оқушының математикаға ынтасын дамытуда мұғалімнің негізгі мақсатының бірі - сабақтың тиімділігін арттыру және оқушылардың математикалық сауаттылығын дамыту. Оқушы назарын аударатын, ойына түрткі болатын математика туралы қызығушылықты материалдар, әртүрлі қызықты тартымды есептер, ойындар сабақ үстінде өзінің орнын табу керек. Мұндай есептер оқушылардың математикаға деген ынта-ықыласын арттырып, есептерді өздігінен шешуге итермелейді, сонымен қатар логикалық ой-өрісін дамытады.

Математикалық сауаттылық дегеніміз – математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің, оқушылар дүниенің ғылыми бейнесін меңгеру. Қазіргі кезде математика пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық ойлау қабілеті мен шығармашылық тұрғыдағы жұмысын дамытуда өз бетімен жұмыс жасаулары және логикалық тапсырмаларды орындаудың маңызы зор.

Бүгінгі күнде математика пәнін сапалы оқыту ізденістері – пән мұғалімін толғандырып отырған келелі мәселелердің бірі. Сыни тұрғыдан ойлау барысында, бала өз заманының озық өнегесін санасына сіңіреді, функционалдық сауаттылығы артады, басқаның пікірін тыңдауға дағдыланады және өзі де пікір айтуға үйренеді.

Математикалық құзыреттілік – нәтижелерді түсіндіру, талдау және түрлендіру, математикалық модель құрастыру, қатынастарды анықтау, шынайы өмірде пайда болған мәселелерді шешу үшін математиканы дәлме-дәл қолдану қабілеттілігі. Оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыруда PISA есептерін қолданудың тиімділігі:

PISA зерттеуіндегі математикалық тапсырмалар нақты өмірлік мәселелерге жақын, қоршаған өмірдің түрлі аспектілерімен байланысты және өз шешімдері үшін математикалық талдауды талап ететін, мектептің өмірі, қоғам, оқушының жеке өмірі, кәсіби қызметі, спорт және тағы басқалар туралы мәлімет ұсынады.





Оқушылардың қызығушылығын арттыру, креативті ойлау дағдыларын қалыптастыру мақсатында сабақта функционалдық сауаттылығын арттыруға тапсырмалар беріп отырамын. Оқушылардың тапсырманы орындау деңгейі жақсы нәтиже көрсетті.

Суретте математиканың барлық салада орын табатынын өздері дәлелдеп жатқаны.

Математика сабағындағы негізгі сауаттылыққа мыналар жатады :

1. Математика – ғылым болмысынан балама ұғымдар.

2. Математика ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шыңдай түседі.

3. «Математикалық сауаттылық» ауызша, жазбаша қабілеттерін қалыптастыру арқылы оқушының «математикалық сауаттылықты» меңгере білу қабілетін шыңдайды.

4. Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылысты, жаңалықты дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін:

- теорияны білу , оны логикамен ұштастыру
- есепті шығаруда тиімді жағын көруге баулу
- математикалық сайыс сабақ, пән кеші, апталықтарды математиканың даму тарихымен байланыстыру,
- ақпараттық оқыту технологиясынан математика сабақтарында әртүрлі сервистермен жұмыс жасау, оны қолдану.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың бірі - бұлтты технология.

Оқушылар жаңа материалдарды арнаулы бағдарламалар көмегімен мүмкіндігінше меңгеру мен қатар функционалдық сауаттылығы да артады.

wordwall.net/ru, menti.com, padlet, jamboard тақтасын қолдандым.





Бұл жаңартылған білім бағдарламасы оқушы үшін де, мұғалім үшін де тиімді бағдарлама. Мысалы: Брунер оқытудағы маңызды тәжірибені дамыту бойынша бірнеше өте маңызды кеңестер ұсынды. Брунер теориясының ажырамас бөлігі «Жаңалық ашу» және «Егер оқушыға бөліктерді бір жерге жинауға және өзін ашушы болуға рұқсат етілсе, алынатын нәтижелер шынайы» деген ұғымдар болды. (1962)

Оқытудың мұндай типінің артықшылығына төрт аспектінің арасында;

1. зияткерлік мүмкіндіктердің өсуі арқылы;
2. сыртқы марапаттаудан ішкі марапаттауға өту арқылы;
3. жаңалық ашу арқылы:
4. жадыны дамыту үшін осындай оқытудың тиімділігі арқылы қол жеткізіледі.

Жалпы қорыта айтқанда, сабақта функционалдық сауаттылыққа берілген есептер мен АКТ құзырлығын тиімді қолданысқа енгізсеңіз, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал ететініне көз жеткізуге болады. Оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйретіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды. Яғни, оқушы өз ой-пікірін ашық еркін айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді сыныпта ынтымақтастық

атмосферасы қалыптасады. Осы бағдарламаны меңгергенде ғана жан-жақты дамыған, болашағы айқын, бағдары анық, бәсекеге қабілетті рухани бай тұлға қалыптастыра алатынымызға сеніміміз мол.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «тәжірибедегі рефлексия» ЖББМПККДбағдарламасы, 12.07.2017ж
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші деңгей
3. Жүлдегерлік жүз есеп. 2011ж
4. Математикадан тест есептері. Жанасбаева Ұ.Б.
5. Математикадан 500 олимпиадалық есеп. 2021ж

ХИМИЯ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тогимбаева Бибигуль Жаксылыковна
Ембі қаласының жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ КММ-сінің химия-биология пәнінің мұғалімі

Жаңа Қазақстанға бағыт алған қадамымыз айқын болған уақытта білім алушылардың мақсат мүдделері де соған сай болуы қажет. Олай болса әрбір жас Қазақстандықтың білім құзіреттілігі жоғары және өз еліне адал қызмет етуге дайындау педагогтардың құзырындағы жауапкершілік екені белгілі. Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық қадамға бару тұлғаның ең басты функционалдық сапалары:

- белсенділік,
- шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға,
- кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік,
- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Функционалдық сауаттылығы дегеніміз-адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат- жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Қоршаған әлемде және табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсіну, салыстыру, талдау, жіктеу, жүйелеу, жалпылау білік, дағдыларын меңгерту мақсаттары көзделгенде ғана оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға болады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін академиялық білім беріп қана қоймай, сын тұрғысынан ойлау, білімін күнделікті өмірде, шынайы жағдайларда пайдалана білу, проблеманы шешу, ғылыми-зерттеу дағдыларын, қарым-қатынас дағдыларын дамыту керек. Мысалы:

1.Оқушыларға тапсырмаларды 6 деңгейлі Блум таксономиясы негізінде құрып, ондағы білу, түсіну, қолданудан гөрі жинақтау, талдау, бағалауға мән беру.

2. Стандарт талаптарына сай берілген тапсырмаларды орындаумен қатар оқушының өмірде қолдана алатындай тапсырмалар құрастыруға көңіл бөлу.

3. Оқушының логикалық ойлауын, сыни тұрғыдан ойын жеткізуді жүзеге асыру үшін, білім беруде сабақтың құрылымын өзгерту, яғни оқытудың белсенді стратегияларын қолдану, оқушының сабаққа деген ынтасын арттыру үшін әр10 мин сайын жағдаятты өзгертіп отыру. 4. Оқушыға тапсырма берген кезде оның алгоритмдерін алдын-ала ескерту.

5.Тапсырманы зейін қойып, орындауға және эксперименттік есептер, зертханалық шағын зерттеу жұмыстарын орындата отырып, өзінің орындаған жұмысының дұрыстығына көз жеткізу, өзін-өзі бағалауға үйрету. Осыдай іс-әрекеттерді орындаған жағдайда оқушыға жоғары деңгейде білімін қалыптастыруға жол ашылады.

Сондай-ақ оқушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай, оның мән-мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету міндетті боп саналады. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда қатысымдық, рөлдік ойын, дара тұлғаға бағдарланған оқыту және сұрақ-жауап әдістері арқылы жүзеге асатын жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар, сұқбаттық тапсырмалар, құзыреттіліктерді қалыптастыратын тапсырмалар арқылы кешенді жүргізудің тиімділігі жоғары болады. Мұғалім ретінде, жаңа стратегияларды химия сабағында қолдану барысында оқушының өз бетімен білім алып, алған білімді іс жүзінде дәлелдей алатын және «үндемейтін», «енжар» оқушының қызығушылығын оятып, оны «сөйлетуге» болатындығын өз тәжірибемнен байқадым.

Химия пәні бойынша дамытушы білім беру үдерісі, оқушылардың қоршаған әлем туралы базалық жаратылыстану ғылыми білімдерінің дамуын, қоғамның әлеуметтік-экономикалық жетілуіндегі химиялық ғылым мен технологияның рөлін түсінуін және оқу мен практикалық іс-әрекетте химиялық білімдерін қолдану бойынша функционалдық сауаттылығының дамуын, біртұтас экология-гуманистік дүниетанымға тәрбиелеуін қамтамасыз етуіміз тиіс. Оқушылардың функционалдық сауаттылығының дамуына, олардың өздігінен оқу-танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыруына, оқудағы және өмірдегі әр түрлі жағдайларда алған білімдері мен меңгерілген әрекет ету тәсілдерін қолдана білулерін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Осыған байланысты зертханалық және тәжірибелік жұмыстар, химиялық эксперименттер жүргізу, ғылыми жобаларды орындау оқушылардың жаңа білім алуы, танымдық мәселелерін кеңейту және тәжірибелік дағдыларға ие болуда, химияны оқу себебін дамытуда кеңінен қолданылуы тиіс. Оқушылардың дербестігін, белсенділігін, ой өрісін және тәжірибелік дағдыларын, олардың химияға қызығушылықтарын дамытатын оқытудың проблемалы-іздеушілік, интерактивтік, коммуникациялық және ойын әдістерін, жобалау әдістерін қолдану ұсынылады. Өздігінен орындалған оқушылардың жобаларын таныстыруды, әрбір тоқсан аяғында оқу жетістіктерін бағалау түрі ретінде өткізіп тұру қажет.

Химия пәнінен білім беру үрдісін ұйымдастыруда төмендегі әдістемелік тәсілдерді қолданған тиімді:

- оқытуға жүйелік іс-әрекеттік, практикаға бейімделген тәсілдер басымдылығы;
- химиялық эксперименттің, жобалау-зерттеу іс-әрекеттерінің рөлі мен орнын күшейту;
- қазақстандық және аймақтық компоненттерін кеңейту; оқу әрекетінің репродукциялық түрлерінен дербес іс-әрекет жасауға, іздеу-зертеушілік жұмыс түрлеріне, аналитикалық әрекеттерге басымдық беру, осыған байланысты оқушылардың бойында аналитикалық қабілеттер, түйінді құзыреттіліктер қалыптастыру ерекше көңіл бөлу;
- оқытудың интерактивті түрлерін, қазіргі заманғы ақпараттық- коммуникациялық технологияларды пайдалану.

Шын мәнінде оқу үрдісі тек білімді меңгерумен ғана емес, сонымен қатар оқушылардың әртүрлі функционалдық тапсырмаларды орындауымен де ерекшеленеді.

Өз сабақтарымда қолданатын бірнеше тапсырмалар түрлерін ұсынайын.

Мысалы «Мұнайды өңдеу әдістері» тақырыбында сабақтың қорытынды кезеңінде **«Проблемалық сұрақ»** әдісін қолданамын. «Сіздіңше зауытты қай жерден салған дұрыс?»

Интерактивті тақтада қала,ауыл,өзен,құбыр және мұнай зауыты берілген. Бұл тапсырманы орындай отырып оқушы экологиялық және экономикалық жағынан тиімді жерді таңдап, зауытты орналастырады және себебін түсіндіреді.

Жаңа тақырыпты игеру кезеңінде **«Түртіп алу»** стратегиясын қолданамын.

Қажетті мәліметтерді теріп жазыңдар.

«Философиялық тас» аталған, салқын сәулелі, жалынсыз жарық шашқан фосфор элементі о баста адам денесінен табылып, оның құпиясын алхимиктер білген. 1715 жылы Генсинг есімді алхимик адам миынан, 1769 жылы Ган адам және жануар сүйегінен фосфорды бөліп алған. Орташа салмағы 70 кг ересек адамда шамамен 1,5 кг немесе 2,14 пайыз фосфор болады. Оның 600 г сүйекте, бұлшықетте – 35, ми мен жүйке тамырларында 12 г. Сол сияқты сүйек пен оның сыртындағы сырлы құрамда да фосфор қосылысы кездеседі. Ол, әсіресе, жас сәби мен жасөспірімдерге өте қажет.

Бұл тапсырманы орындау барысында оқушы өзіне қажеттісін алады.

«Сөз ойла, тез ойла»

Алкадиен тақырыбына 1 зат есім 2 сын есім 3 етістік 4 сөзден тұратын сөйлем 1 синоним алғашқы зат есімге.

«Әліпби»

Стратегия мақсаты: тақырып бойынша көп ұяшықтарды сөзбен толтыруға болады.

Шарт: ұяшықтағы сөз ұяшықтағы әріптен басталуы керек.

Мысалы:

а С д

к Л в

н О е

«Мінсіз»

М- мәселені анықта

І – ізде, сұрақтар құрастыр,

Н- негізгі ойды жинақта

С- сұрақтардың шешімін шығар

І- іске сәт!

З- зерделе, қорытындысына шығар

Қазіргі уақытта жастардың функционалдық сауаттылығын жоғарылату үшін ақпаратты техникамен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет деп атап көрсеткеніндей инновациялық әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану жаңаша білім берудің бір шарты. Осы орайда әрбір мұғалім озық технологияларды терең талдаудан өткізіп, өзіне тиімдісін таңдау керек

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Сарбасов Қ., Омарбеков Е. «Ақпраттық технологиялар арқылы оқытудың үздік жұмыстарын ұйымдастыру» Педагогикалық зерттеулер. №2. 2007. 98б

2.Е.Нұрлыбеков «Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қағидалары» Білім, ғылым журналы 20017№3

3.Ж.Едіге «Химия пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытатын тапсырмалар» Химия және биология журналы 2017ж №5

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОТБАСЫ МЕН БАЛАБАҚШАНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Толебаева Гулзия Сейтахметовна
«Милы бастауыш білім беретін мектебі» КММ
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Милысай ауылы
«Шұғыла» шағын орталығының тәрбиешісі

Балаларымыз болашағымыз, бала тәрбиесі еліміздің әлеуметтік дамуының, құрылымының келешегін айқындаушы деп есептейміз. Егемен еліміздің көк туын желбіретер ертеңгі болашақ, яғни бүгінгі бүлдіршіндер тәрбиесі аса ауқымды, назар салатын басты мәселенің бірі.

Біздің мемлекетіміз бүгінгі таңда әлеуметтік, экономикалық және саяси негіздерін жаңа заманға сай жасаушы мемлекет.

Мемлекетіміз келешекте жас ұрпақтың еліміздің азаматы болуы үшін денсаулығына, отбасына, ойынға, білімге деген құқықтарын толығымен қуаттап, қабілеттерін барынша жүзеге асыру және үлкен жетістіктерге жетуде табанды болуын қалайды.

Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы бастамасын отбасында алса, жалғасы балабақшамен байланысады, яғни бала тәрбиелене отырып білім алады.

Отбасы адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі-дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі-дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру.

Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты, сондықтан ол қоғам мүддесіне қызмет етуі тиіс. Отбасы ең алғашқы тұлғаны дамытатын әлеуметтік орта. Отбасында баланың тұлғалық қасиетіне ықпал ететін көптеген жағдайлар болады. Мәселен, отбасы мүшелерінің мәдени деңгейі баланың түрлі әлеуметтік құндылықтарды игеруіне игі әсерін тигізеді.

Отбасындағы жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерін қалыптасуына ата-ананың, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасындағы мейірімділік пен махаббат қажет. Толық мәнді отбасы болу үшін ата-ананың және басқа отбасы мүшелерінің береке –бірлікті , түсінікті сақтауы, сонымен қатар әр отбасы мүшесінің құқығы қорғалуы тиіс.

Тек осындай ізгілікті мұраттар отбасында орын алғанда ғана, Отанын, елін-жерін сүйетін, өз ұлтының салт-дәстүрін, сонымен бірге жалпы адамзаттық мәдени құндылықтарды бойына сіңіріп, өзінің кісілік келбетін сақтай алатын тұлға тәрбиелеуге болады. Бала отбасынан жақсыны да, жаманды да бойына сіңіреді. Сондықтан халқымыз «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей бала тәрбиесі оның дүниеге келгенінің алғашқы күнінен басталады. Адамзат ұрпағына отбасының аса құнды ықпалы мен әсерін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Балаға ата-ана тәрбиесінің орнын ешнәрсе толтыра алмайды. Яғни , елдің ер-азамат тәрбиелеу, ең алдымен , отбасына жүктеліп отыр.

Отбасы –адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі.Ол бала үшін бір үлкен әлем,осы әлемде бала алғаш өмірмен қарым –қатынас жасап, өмірді сүюді, қиындыққа көнуді, қуануды, қайғыға ортақ болу керек екенін ұғынып өседі.Баланың отбасындағы тұлғалық қасиетін жетілдіретін жағдайдың бірі –отбасы ішілік және отбасынан тысқары атқарылатын еңбек. Отбасындағы күнделікті тұрмыс қажеттілін қамтамасыз етуден туындайтын еңбек баланы әлеуметтік қатынасқа түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Сондай еңбектің барысында баланың жауапкершілігі артып, еңбек ету қажеттілігін түсінетін болады. Отбасы тәрбиесі кешнеді педагогикалық мақсаттылық арқылы іске асады. Сондықтан кез келген педагогикалық тәрбие отбасымен қарым-қатынас жасамай іске аспайды. Сондықтан

балабақшадағы оқу-тәрбие ісінде басты мақсаты ата-анамен тығыз байланыста жұмыс жүргізу болып саналады. Бұл барлық педагогтерге түсінікті жайт, дегенмен әлі күнге дейін балабақша мен ата-аналармен жұмыс жүргізу кәзіргі күннің өзекті мәселерінің бірі болып тұр деп ойлаймын. Сол себебтен балабақша ұжымы , тәжірибелі педагогтердің жұмысының арқасында бүлдіршіндерге ең жақын адамдардың бізбен бірге бірлесе отырып тәрбие ісіне араласуына ат салысып жұмыс жүргізуіміз керек. Біз бірге болуымыз керек екенін ұғындыру біздің басты міндеттеріміздің бірі екенін естен шығармауымыз керек.

Отбасындағы тәрбиенің тиімді болуы ондағы қарым-қатынас түрлерінің орныгуына байланысты. Отбасында түрлі қарым-қатынастар орын алады:

ынтымақтастық қарым-қатнас, яғни отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасы түсініктік пен көмекке бағытталады.

ортақ мүддеге негізделген бірыңғай қарым –қатынас

жақсы қарым-қатынасты сақтай отырып, өзара жетістікке жетуді көздеген қарым-қатынас

бәсекелестік , барлық жағдайда өзінің бәсекеде ұтуын көздеген қарым-қатынас;

түрлі себептермен туындаған отбасындағы қайшылықты қарым-қатынас;

Демек, әр отбасында түрлі қарым-қатынастың орныгуынан баланың жеке тұлғалық қасиеті қалыптасады. Отбасында түрлі қарым-қатынас қалыптары көрініс береді. Кейбір отбасында отбасы мүшелерін бетімен жәбереді, мұндай жағдайда ешқандай қарым –қатынас болмайды. Ал ,кейбір отбасында бедел орын алған қарым-қатынас орнайды. Оның да өзіндік ерекшеліктері бар, онда біреудің басқаларға басымдылық танытуы, бұйыруы баланың тұлғалық қасиетінің дамуына жағымсыз ықпал етеді. Қазіргі кезде заман ағымына қарай, отбасында демократиялық қарым-қатынасқа ұмтылушылық бар, яғни әр отбасы мүшесі тең құқықты қарым-қатынасты орнатуды көздейді.

Түйіндей келе, отбасында орныққан қарым-қатынас түрі мен қалыптарына сәйкес баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Бала әрқашанда ата-анадан жүрек жылуын , мейірімділікті қажет етеді, ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды. Бала үшін ата-ана игілік жасаушы, үлгі өнеге көрсетуші және ақыл-кеңес айтушы болып танылады.

Қазіргі отбасы тәрбиесіндегі басты нысана баламен рухани үндестік пен үйлесімдікке ұмтылу , ата-баба мұрасын сақтауға көңіл бөлу, халықтың тәлімдік мұрасын бүгінгі күнмен сабақтастыру болып табылады. Осыған орай, отбасында еңбексүйгіштікке , баланың жасына сай еңбек түрлеріне және қоғамдық –пайдалы еңбекке баулудыіске асыру қажет. Ата-ана және әлеуметтік орта, яғни балабақша болашақ азаматтың денсаулығын жастайынан сақтау үшін , оның тәнінің дұрыс түзеліп қалыптасуына , салауатты өмір салтын нығайтуға ерекше мән бергені бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі болып саналады.

Әр отбасы ата тегінен келе жатқан кәсібін, өнерін, таңдаған еңбегін құрметтеп, оны кейінгі ұрпаққа үлгі -өнеге еткен, бірлесіп атқарған пайдалы-қоғамдық еңбек барысында адамгершілік қағидаларды қатаң сақтап, дамытып отырған, ұрпағына ақыл –кеңес беріп, ата-кәсібін құрметтеп, қалыптасқан дәстүрді жетілдірген.

Отбасы — бұл баланың өмір сүру ортасы яғни, қамқорлықтың тұрақты көзі. Тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйретететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орта. Осы орайда бала білім нәрімен сусындайтын алтын ұясының алатын орны бөлек. Біріншіден, бала уақытынының көп бөлігін балабақшада өткізеді, тәрбиешілерінен, ұстаздарынан дәріс үйренеді. Демек, отбасы мен балабақша арасындағы қарым-қатынастың алар ролінің қаншалықты маңызды екенін осыған қарап топшылауға болады. Балабақша ұжымы ата-аналарды ұйымдастырып, балаларды балабақшадағы өмірінің тәрбиесіне белсене қатысуларына арналған іс-шаралар жиі өткізіп тұрамыз. Оған сауықтыру кештері, ертеңгіліктер,тренингтар, сауалнамалар жатады. Осындай отырыстар арқылы ата-аналар бір-бірімен жақынырақ танысып, ортақ өзекті мәселелерді бірге

шешуге тырысады. Бұл дегеніңіз, ата-ананың қоғам алдындағы жауапкершілігі артады. Балабақша мен отбасы, ата–анамен бала арасындағы достық, бауырмалдық қарым-қатынастардың қалыптасуына игі ықпалын туғызады. Мектепке дейінгі мекемеде өткізіліп жатқан спорттық жарыстар салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу мен қатар ата мен бала арасындағы сүйіспеншілікті, ынтымақтастықтың да нығаюына септігін тигізеді. Қарап тұрсаңыз, отбасы мен балабақша бір-бірінен бөлек алып қарауға келмейтін егіз ұғым секілді. Ол — саналы ұрпақ тәрбиелеуде зор жетістікке жеткізетін берік одақ. Осы екі одақ бірлесіп, ынтымақтасқанда ғана күрмеуі қиын талай мәселелердің түйіні шешілетіні анық. Балабақшада балалармен, ата-аналармен ынтымақтаса жұмыс істеу нәтижелігінің диагностикалық зерттеу графигін құрып, ата-ананың балабақшаға деген көзқарасын қалыптастырдық. Ата-ананың қатысуымен «Әкем, шешем және мен», «Отбасы алтын діңгек», сонымен бірге ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерге ата-аналар қатыстырылды. Ондағы мақсат, жаңа технологияларды ата-аналарға бағыттау, әдіс-тәсілдерді түсіндіру, жақсы нәтижені көрсету барысында жетістіктеріне қол жеткізу. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» — дегендей, бала тәрбиелеуде осындай міндеттерді іске асырушылар балабақша мен отбасы. Осы екі арнада жүргізілген тәлім-тәрбие сабақтаса ұштаса жүргізілгенде ғана мектепке дейінгі жастағы балалардың отбасыларымен бірге отырып, жұмыс жасау оның ішінде отбасы бұрышын құрып, олармен жеке-жеке жұмыс жүргізу өз нәтижесін береді.

Міне, біздер — тәрбиешілер,ата-аналар, қоғамдық ұйымдар, бала тәрбиесіне,оның келешегіне зор жауапкершілікпен қарап,тәрбие жұымысының тиімді әдіс-тәсілдерінің ынтымақтаса жүзеге асырсақ, жұмыр жер тағдырын,еліміздің болашағын күні ертең бүгінгі балабақша ұландарына сеніммен тапсыруға болады. Біздің мақсатымыз-заман талабына сай жаңашыл, шығармашыл, мәдениетті, жан-жақты сауатты жеке тұлға тәрбиелеу.

АКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Тумышева Жанна Битимбаевна
Коммунальное государственное учреждение «Уилская казахская средняя школа имени Ж.Жусибалиева»

Изменения, происходящие в мире, вызвали необходимость разработки новых подходов в системе обучения и воспитания. Перед учителем поставлены новые цели: формирование универсальных учебных действий и мотивации к обучению. Обновляется не только содержание образования, обновляется роль учителя, которому необходимо будет выстраивать процесс обучения не просто как систему усвоения знаний, умений и навыков, но и как процесс развития личности.

Урок — это форма организации обучения с целью овладения учащимися изучаемым материалом. Именно на уроке формируется мировоззрение, закладываются основы воспитания и стремления к самообразованию человека завтрашнего дня. Каждый наш день - творческий поиск, решение вопросов: Каким должен быть урок сегодня? Почему не вижу эмоций на лицах своих учеников? Как их заинтересовать, заставить удивляться, сопереживать? Что разбудит душу ребенка, даст эмоциональный толчок к последующей поисковой активности учащегося, поможет учителю выполнить свою работу более качественно и эффективно?

Активные методы обучения — это методы, которые побуждают учащихся к активной мыслительной и практической деятельности в процессе овладения учебным материалом.

Особенности активных методов обучения состоят в том, что в их основе заложено побуждение к практической и мыслительной деятельности, без которой нет движения вперед в овладении знаниями.

Для каждого этапа урока использую свои активные методы, позволяющие эффективно решать конкретные задачи этапа.Очень важным для преподавателя является включение в урок активных методов выяснения целей, ожиданий, опасений. Такие методы, как:

- "Дерево ожиданий"
- "Яблоневый сад"
- "Корзина идей"

Эта работа позволяет понять каждого обучающегося, а полученный материал в дальнейшем использовать для осуществления личностно-ориентированного подхода в работе. Обучающимся данный метод позволит более четко определиться со своими образовательными целями, озвучить свои ожидания и опасения, с тем, чтоб педагог мог их знать и учитывать в образовательном процессе.

В обучении своих учеников я руководствуюсь принципом «Ученик не объект, а субъект образовательного процесса». Воплотить этот принцип в практическую деятельность помогают активные формы и методы: интегрированные уроки, урок-исследование, игровые формы уроков, мультимедийные технологии обучения, творческие виды пересказа и интерпретация литературных текстов, взаимоопрос, взаимопроверка работ, создание проверочных, самостоятельных, творческих работ. Так ученики становятся способными к исследовательскойдеятельности.

Индивидуальные сообщения. Например; «История создания повести А.С.Пушкина «Капитанская дочка», романа Ч.Айтматова«Буранный полустанок» и др. Этот вид работы позволяет активизировать работу с дополнительными источниками информации.

Работа с текстом на уроках. Например, составьте речевую характеристику (словарь афоризмов) персонажа.Укого из героев характеристика получилась более яркой и выразительной? Ученики просматривают весь текст, выискивают нужные реплики, то есть организуется активная работа с текстом на уроке.

Выводы самостоятельно формулируют и записывают в тетрадь.

Творческие задания.

Подтвердите или опровергните ту или иную точку зрения? В учебниках 10-11 классов дается много различных критических высказываний. Сравнить их, согласиться или не согласиться, доказать свою точку зрения обучающимся предлагается в письменной работе.

Проблемные вопросы. «Кто убит на дуэли: «поэт, задумчивый мечтатель» или будущий помещик? (по образу Владимира Ленского в романе Пушкина «Евгений Онегин»).

Или Роман «Обломов». «Золотое сердце» или «русская лень»?

Сравнительная характеристика героев, литературных направлений и др.

Можно дать в виде таблицы с вопросами.

Татьяна и Ольга Ларины, Чацкий и Молчалин. Обломов и Штольц, Онегин и Ленский и т.п.

Предмет сравнения
Татьяна
Ольга
Портрет
Поведение
Отношения с окружающими
Отношение к любви
Отношение к народной культуре
Авторское отношение к героиням

После любой таблицы обязателен вывод. Нужен ли ребенку успех в учении? «Безусловно», – скажет любой педагог. «Интерес к учению, – писал В.А. Сухомлинский, – появляется только тогда, когда есть вдохновение рождающегося успеха…». В этой фразе названы два главных ключа, которые открывают дверь к успеху: интерес и вдохновение. Создавая условия для успешного учения, каждый педагог ищет свои приемы, формы и методы обучения. Творческая деятельность педагога всегда более плодотворна, когда она осуществляется в коллективе сотрудников, когда есть единая цель и когда есть возможность расширять свой кругозор, получать новые знания и представления о культуре и искусстве, рефлексировать, проявлять творческое начало.

Список используемой литературы:

1. Голубкова О.А. Использовние активных методов обучения в учебном процессе: учебно-методическое пособие. СПб., 1998. -42 с.

2. Гуслова М.Н. Инновационные педагогические технологии: учеб. пособие для студентов учреждений сред. проф. Образования/ М.Н.ГусловаМ.: Изд. центр «Академия», 2011. –288 с.

3. http://pedsovet.su/ 2. http://nsportal.ru/ 3. http://informio.ru/

БАЛАНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ БАЛАБАҚШАНЫҢ РӨЛІ

Туткышбаева Гульнара Нурлановна,
Ақтөбе қаласындағы №21 «Кәусар бұлақ» бөбекжай балабақшасы тәрбиешісі

Білім берудің алғашқы баспалдағы болып табылатын мектепке дейінгі білім беру мекемесі көптеген қызметтер атқарады. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің міндеттерінің бірі баланы жан-жақты дамытумен қатар, балалардың мектепке дейінгі мекемеге бейімделуі мәселесін шешуі аса маңызды болып табылады. Баланың одан әрі даму табыстылығы көп жағдайда балабақшаға бейімдеу жұмыстарының қаншалықты сапалы әрі дер кезінде ұйымдастырылуына байланысты. Осыдан, мектепке дейінгі жастағы балалардың бейімделу мәселесінің аса маңызды екендігін аңғаруға болады.

Балалардың жаңа жағдайға бейімделу үрдісі психологтардың, психиатрлар мен әлеуметтанушылардың назарынан тыс қалған емес, аталмыш мәселе бойынша педагогикалық зерттеулер Н.Д. Ватутина, Н.Ф. Виноградова, Т.А.Куликова, С.А.Козлова, М.Л.Печора, Р.В. Тонкова-Ямпольская еңбектерінде жасалған.

Әрбір бала дамуы үшін балабақша қажет деген пікір кең таралған. Шынымен де балабақша балаға не бере алады? Балабақшаға келген балада өзіне жақын ортамен салыстырғанда басқа нормалар үстемдік ететін жаңа әлеуметтік қатынастар туралы түсініктер қалыптасады. Олардың бастысы - әлеуметтік даму үшін жасалатын жағдайлар. Бұл кезеңде болашақ ересектік (әлеуметтік) кезеңге дайындық басталады.

Қазіргі балалардың көпшілігінің балабақшаға баруы - мектеп алдындағы баспалдақ болып табылады. Балабақшаның негізгі міндеттерінің бірі оқыту, баланы оқу үрдісіне тарту, мектепке даярлау. Баланың мектептегі болашағы балабақшадағы тәрбиешілердің дайындау деңгейіне байланысты. Олар баланың мектепте оқуға ықыласын ояту үшін баланың қабілеттерін дамытып, оларда оқу іс-әрекетіне деген қызығушылықты арттыруы керек.

Бала өзінің жаңа рөлдеріне дағдыланып, үлкендермен «ресми» қатынастар орнатуды үйрене бастайды - бұл олардың мектептің күрделі жағдайларына бейімделуіне қажет. Көптеген аналар балаларымен жұмыс жасауда олардың оқу дағдыларын - оқуды, жазуды,

есептеуді нашар меңгеретінін, яғни үнемі алаңдап, қыңырлыққа салынатынын ескертеді. Әрине, бала анасын педагог ретінде қабылдамайды, ол педагогқа қарағанда жақынырақ, қауіпсіз, эмоционалды болып келеді.

Балабақшада тәрбиеші баланы ересекке жақын ұстайды. Ол тәрбиелеумен, тынығуды (бос уақытты) ұйымдастырумен айналысады. Кейбір жағдайда үлкендер балаларын балабақшаға бере отырып, бала тәрбиесіне жауапкершілікті тәрбиешілерге артып жатады. Бір жағынан ата- аналар тәрбиешілер балаға жақсырақ түсіндіре алады және оларға білімдер мен икемділіктерді жақсырақ бере алады деп санайды.

Баланың балабақшаға баруы ата-аналардың уақытын босатып қана қоймайды, оның баланың үйлесімді, табиғи дамуы үшін маңызы зор.

Балабақшада бала мамандармен және басқа балалармен байланысқа түсе отырып, жаңа деңгейде дамуға мүмкіндік алады, мінез-құлық ережелері мен нормаларын жеңіл меңгеріп, өзінің күн тәртібіне үйреніп, тәртіпке салынады. Балабақшада оқыту және дамыту үйдегі жағдайларға қарағанда жоғары деңгейде ұйымдастырылып, мақсатты түрде жүреді.

Ең бастысы, балабақшада бала қарым-қатынас сферасының дамуымен байланысты маңызды дағдыларды меңгереді, байланыс орнатуды, өзінің құқығын қорғауды үйренеді. Мұндай тәжірибе балаға өте қажет, оны бала бағушының немесе бала күтушінің қарым-қатынасымен орнын толтыру қателік. Бұл тұрғыда балабақша рөлінің маңызы аса зор. Балабақша баланың алғашқы қоғамдық мекемесі. Бала балабақшада «сауатты» тәрбиелік тәсіл көмегімен қарым-қатынастың барлық нормалары мен принциптерін меңгереді.

Балабақшада бала сурет салу, жабыстыру, құрастыру техникасын меңгереді. Мектепке дейінгі жастағы балада іс-әрекеттің жемісті түрлерінің дамуы үрдісінде қабылдау, зейін, қиял, ойлау жетіле түседі, олардың қоршаған дүние туралы түсініктері кеңейеді, олар өз мүмкіндіктерін таниды. Балалардың бірлескен жемісті іс-әрекеті олардың эмоционалды, еріктік, тілдік дамуына мүмкіншілік береді.

Қазақстан Республикасында жалпы ұлттық деңгейде мектепке дейін білім берудің басты мақсаты: мектепке дейінгі жастағы балаға жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделетін басты құзыреттілікті меңгеруге және қолайлы әлеуметтенуге мүмкіндік тудыратын толыққанды жағдай жасау және оның жеке басының дамуын кешенді сүйемелдеу, әлеуметтік позитивті қатынастар орнатуға қабілетті шығармашылық тұлға тәрбиелеу.

Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу және оқытудың негізгі міндеттері:

- бала денсаулығын қорғау және нығайту, толыққанды физикалық дамыту, Қазақстан халқының ұлттық дәстүрі негізінде салауатты өмір салты құндылықтарын дамыту;
- балада қоршаған дүние туралы біртұтас бейнені, өзі, әлеуметтік орта жайлы алғашқы түсініктерді қалыптастыру;
- баланы танымдық жағынан дамыту, интеллектуалды іс-әрекет тәсілдерін қалыптастыру, білім құмарлықты дамыту;
- сөйлеуді және ана тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту, сауат ашудың негіздерін меңгеруге дайындау;
- адамның позитивті мінез-құлқының үлгісіне, мінез-құлық нормалары мен ережелеріне, Қазақстандық қоғамда қалыптасқан халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына сай құндылық адамгершілік бағдарларын қалыптастыру;
- отан мен туған жерге деген сүйіспеншілікті, мемлекеттік рәміздерге деген құрметті, қоршаған дүниеге, отбасына, әртүрлі ұлт адамдарына деген гуманды қатынастарды тәрбиелеу;
- балада эстетикалық сезімдерді дамыту, бейнелеу, бейнелеу- сөйлеу, музыкалық іс-әрекетте шығармашылық қабілеттерді дамыту;

Әрбір жас кезеңі құзыреттіліктің белгілі бір деңгейін меңгеруімен сипатталады. Баланың одан әрі табысты дамуы балабақшаға бейімдеу бойынша жұмыстардың сапалы, әрі дер кезінде

ұйымдастырылуына байланысты. Сондықтан, мектеп жасына дейінгі балалардың балабақшаға бейімделуі мәселелердің бірі болып табылады.

НАЦИОНАЛЬНЫЕ И МИРОВЫЕ ЦЕННОСТНЫЕ ОРИЕНТИРЫ В ОБУЧЕНИИ И ВОСПИТАНИИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Урбисинова Актоты Есеновна,
Каргалинская казахская средняя школа имени М.Арына
учитель русского языка и литературы

Современная система образования ориентирована на поиск оптимальных путей формирования ценностных ориентиров подрастающего поколения, принятых в обществе, воспитание нравственности, готовность к духовному саморазвитию и самовоспитанию. Личность, усвоившая эти ценности, безусловно, сможет соотносить свои нужды и потребности с общественными, конструктивно выстраивать отношения не только в семье, но и в обществе, а самое главное, на протяжении всей жизни стремиться к нравственному самосовершенствованию.

Семья и школа – вот, где осуществляется духовно-нравственное развитие и воспитание. Важно помнить, что воспитание базовых национальных ценностей должно сформировать в учащихся не только любовь к Родине, но и уважение к историческому и культурному наследию своей страны и народа.

Базовые национальные ценности- сердцевина духовной жизни общества, где собраны лучшие качества и черты. Формирование таких духовных идеалов происходит в ходе исторического развития культуры общества, которое нашло отражение в литературе и языке.

Осознание учащимися необходимости духовных идеалов и небезразличное к ним отношение – приоритетная задача. Именно это поможет осознать свою ответственность за сохранение и последующее приумножение национального достояния.

Чтобы быть успешно развивающейся нацией, необходимо выделить базовые ценности, которые составляют основу общества. В этом списке ценности семьи, единства, дружбы и взаимопонимания, поддержки друг друга, способность и готовность людей объединяться для совместных действий, созидательный труд, казахстанский патриотизм, независимость, честность, совесть, образованность, воспитание, благородство. А образование – это та область, которая и обеспечивает выработку мировоззренческих и поведенческих ориентиров личности.

Долгосрочные планы Казахстана направлены на сохранение своей самобытности в мировом сообществе, обеспечении национальной безопасности, политического суверенитета, устойчивого демократического развития.

В своей каждодневной практике реализую задачи по воспитанию истинных патриотов, мыслящих самостоятельно, действующих активно, обладающих интеллектуальным потенциалом и нравственными принципами.

Воспитание – это педагогически организованный процесс усвоения и принятия обучающимися национальных ценностей, имеющих иерархическую структуру и сложную организацию.

Задача учителя-словесника – воспитывать гражданина и патриота, раскрывать способности и таланты молодых казахстанцев, готовить их к жизни в высокотехнологическом конкурентном мире.

В своей работе учитель-словесник в ходе обучения языку знакомит учеников с культурой Казахстана, ее достижениями, конями и истоками, способствует воспитанию у школьников чувства гордости за свой народ и его великую культуру.

Обучение русскому языку на широком фоне культуры и истории Казахстана, так как посредством русского языка формируется духовное начало, влияющий на формирование менталитета и языковой картины мира у школьников, способный служить проводником культуры народа.

Учитель – словесник – это посредник между Учеником, Культурой и Языком, помогающий учащимся приобщиться к культуре народа, воспринять, эмоционально пережить и присвоить базовые ценности национального и общечеловеческого характера, которые, включаясь в структуру личности, становятся ценностным ориентиром и созидают человеческое в человеке.

Стоит отметить, что особенностью учебников русского языка в рамках обновленного содержания образования является то, что они соответствуют духовно-нравственным запросам личности, возникающим в период активной социализации. Дидактический материал позволяет в большей мере практически решать задачу познания учащимися ценностей общества сквозь призму языка.

Задача учителя –словесника – построить модель обучения языка в аспекте культуры.

Современные школьники стремятся получать новые множественные знания, стараются анализировать и сопоставлять, сравнивать делать выводы. Поэтому задача учителя-словесника – направить ученика и создать условия, когда получение знаний станет увлекательным процессом, а не тяжкой обязанностью.

Ученики билингвальны, поэтому на уроках всегда целесообразно проводить параллели русской литературы с казахской и зарубежной. Это помогает лучше учащимся понять и усвоить общекультурные ценности.

При подготовке уделяю большое внимание подбору языкового материала, который помогает через лингвистические средства постичь национальные особенности казахского народа, ценности, хранимые в этнических, культурных, семейных традициях и передаваемых от поколения к поколению. Этому способствуют и уроки развития речи, где через такую форму работы как эссе развиваю личностное отношение к окружающему миру.

Уроки русского языка и литературы - база для формирования современного культурного человека. Знание языков, литературы разных народов позволяет человеку пребывать и развиваться на нескольких культурных уровнях: этическом, национальном, культуры отдельной страны, а также иметь доступ к мировым культурным процессам. Это создает условия для толерантной личности, обладающей широтой знаний в области родной и других культур и с терпимостью, пониманием и уважением относящейся к другим культурам и народам, ее носителям. Это актуально для современного Казахстана, населенного многими народами, имеющими самобытные культурные традиции и особенности развития.

Литература:

1. Абдигалиева Г.К. «Ценностные ориентиры казахстанской культуры», 2014г.
2. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы.

ТАРИХ САБАҒЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУ

Шахарова Айгул Тулеугалиевна
«М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі» КММ,
тарих пәнінің мұғалімі

Функционалдық сауаттылық деп білім алушылардың алған білімдерін практикалық жағдайда тиімді қолдануға мүмкіндік беретін пәндік негізгі құзыреттер жүйесін меңгеру, сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсу және оған тез бейімделу және қызмет ету қабілеттерінің нәтижесін айтамыз. Функционалдық сауаттылық төрт іргелі қоғамның салалары (экономикалық, әлеуметтік, саяси және рухани) тұлғаның өзара әрекеттесуінде жеке тұлғаның қалыпты өмірін анықтайтын білім, білік және дағдының негізгі деңгейі болып табылады. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру педагогикалық іс-әрекеттің негізгі міндеттерінің бірі, оны жүзеге асыру әртүрлі оқу пәндері аясында жүзеге асады. Басқа пәндер арасында гуманитарлық цикл пәндері, соның ішінде тарих маңызды орын алады. Тарих, география, әлеуметтану, әдебиет, биология және математика бойынша мәліметтердің жиынтығы белгілі бір тарихи оқиғаны әртүрлі (кейде күтпеген) позициялардан қарастыруға және жеке факторды пайдалануға мүмкіндік береді. Мысалы, топтық жұмыс түрінде алып көрейік. Топтық жұмыс түрін қолдану өзара оқу дағдыларын дамытуға ықпал етеді, диалогтік оқыту арқылы балалар талқылауға, дәлелдеуге, өз көзқарасын білдіруге үйренеді. Ең қиын тапсырма карта-схеманы құрастыру(география мен тарих бойынша білім мен дағдыларды біріктіру қабілеті қажет болды). Мұнда жаратылыстану және оқу сауаттылығы қалыптасты: оқушылар ақпаратты тауып, шығарып алды, кіріктіріп, түсіндірді (ақпарат), мәтіннің мазмұнын жалпылады, ой елегінен өткізіп, бағалады, мәтінде сипатталған категорияға сәйкес мысал келтіру үшін контекстік білімді пайдаланды. Функционалдық сауаттылықтың негізгі дағдысы – оқу. Қазіргі қоғамда ақпаратпен жұмыс істей білу (ең алдымен ОҚУ) табысқа жетудің міндетті шартына айналуда. Жасыратыны жоқ, қазіргі оқушылар аз оқиды, кейде оқығанын түсіну қиынға соғады. Біздегі мектеп оқушыларының негізгі кемшіліктері ақпаратпен жұмыс істей алмауы, өз бетінше сипатталған жағдайды талдай алмауы;- әр түрлі белгілер жүйесінде (мәтін, схема, кесте, диаграмма) берілген ақпаратты түрлендіру дағдысының жоқтығы, бейімделмеген түпнұсқа мәтіндерден (философиялық, ғылыми-көпшілік, публицистикалық, көркемдік) берілген тақырыптар бойынша білім ала алмауы. Ақпаратты тұтас талдау дағдысының болмауы[2].

Тарих сабағында функционалдық сауаттылықты меңгеру бірнеше құрамдас бөліктерден тұрады: 1.Тарихи сауаттылықты меңгеру барысы: оқушылар зерттелетін кезеңнің уақыт шеңберін анықтайды, даталарды ғасырлармен байланыстырады, картадан зерттелетін оқиғаның аумақтық кеңістігін көрсетеді, концептуалды аппаратты сипаттайды, жеке тұлғаның өмірдегі рөлін талдайды. 2.Оқыту процесі – тарихи білімді меңгеру «қарапайымнан күрделіге», 5-сынып материалынан (Ежелгі өркениеттер) 9-сыныптың тақырыптарына (XX-XXI ғасырлар тарихы) дейін кезең-кезеңімен жүзеге асады. Одан кейін курсты циклдік қайталау арқылы 10-11 сыныптарда алған білімдерін кеңейту. Бүкіл оқу үдерісінде оқытудың интерактивті әдістері қолданылады: миға шабуыл, шағын топтарда жұмыс, шығармашылық тапсырмалар, интерактивті лекция, сабақ-экскурсия және т.б. [3]).

Біздің жұмысымызда функционалдық сауаттылықты түсіну, ең алдымен, оқушының теориялық материалды қалай меңгергендігі, оны практикада қалай қолдана алатындығы. Функционалдық сауаттылықты жүзеге асыру жолдары төмендегідей:

1.Жалпы оқу процесінде білім алушының танымдық психикалық әрекеті әрбір сабақта белсендіріледі.

2.Оқу үрдісінде өздігінен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу дағдысы үздіксіз қалыптасып келеді.

3.Мектептегі барлық пәндерге тән (есте сақтау, аналитикалық және сыни тұрғыдан ойлау, өз ойын анық жеткізе білу қабілетін дамыту) әмбебап оқу әрекеті қалыптасады.

4. Оқушы мәтінмен жұмыс істеуге, оны талдап, толықтыра білуге үйренеді. Дереккөздерден қажетті ақпаратты таба алады.

5. Алынған ақпаратты тарихи шындықпен байланыстыруды біледі. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын ойдағыдай қалыптастыру үшін қажет тарих сабақтарының келесі функцияларын бөліп көрсету керек: I. Құндылық – тұлғалық мәнді іс-әрекет жүйесі арқылы оқушылардың маңызды тарихи, мәдени, әлеуметтік, рухани-адамгершілік құндылықтарын дамытуға бағыттылық;

II. Коммуникативті, сабақта да, сабақтан тыс уақытта да қарым-қатынас шеңберін кеңейтуге мүмкіндік береді (соның ішінде оған тарихи және әдеби кейіпкерлерді қосу арқылы), ынтымақтастық ережелері мен формаларымен танысуға, серіктестерге құрметпен қарауға, диалог;

III.Әлеуметтік бейімделу, оқушыға өмірлік мәселелерді шешу дағдыларын бере отырып, оның қоғамның белсенді мүшесі болуына, азаматтық қасиеттерін меңгеруге, сондай-ақ оның қоғаммен, топпен, жеке адамдармен қарым-қатынасын үйлестіруге мүмкіндік береді;

IV. Мәдениетті қалыптастырушы, оқушыны ұлттық және әлемдік мәдениеттің сан алуан қабаттарына белсенді түрде енгізуге ықпал ету. Функционалдық сауаттылықты бағалауды үш деңгейге бөлуге болады: - функционалдық сауаттылықтың **бірінші** (төмен) деңгейінде оқушылар жеке тарихи білімді көрсетуі, дайын формада алған бағаларын жаңғыртуы, үлгі бойынша іс-әрекеттерді жүзеге асыруы, қарым-қатынас кезінде дайын формада алған білімдерін жеткізуі керек; - **екінші** (орта) деңгейде оқушылар дайын формада алған әр түрлі бағалауларды жаңғыртуы, тарихи білімдер жиынтығын меңгеруі, оқу процесінде үйренген іс-әрекет әдістерін түрлендіруі және бейнені білдіру кезінде тарихи дәйекті дәлелдерді қолдануы керек; - **үшінші** (жоғары) деңгейде оқшылардың тарихқа негізделген өзіндік бағасы мен көзқарасы болуы, білімнің біртұтас жүйесіне ие болуы, басқа біреудің және өзінің тәжірибесін түрлендіруге және осы негізде қарым-қатынас жасау, өз бағалары бойынша бағалау мәлімдемелерін береді[4].

Тарихты оқытудың арқасында оқушылардың шындықты сыни тұрғыдан қабылдауына, қоғамдық өмірдің әртүрлі құбылыстарына қатысты өзіндік ұстанымын анықтауына, белгілі бір жағдайларда өзіндік іс-әрекетін саналы түрде модельдеуіне мүмкіндік туады. Тарихи білім жасөспірімнің өзін-өзі тануы, өзін тарихи қалыптасқан азаматтық, этномәдени, конфессиялық қауымдастықтың өкілі ретінде сезіну процесінде ерекше рөлге ие болады. Бұл ретте оқушылардың әртүрлі дүниетанымдық, құндылық-мотивациялық, әлеуметтік жүйелердің тарихи логикасын түсіну қабілетін дамыту басты рөл атқарады. Тарих бойынша функционалдық сауаттылықты қалыптастыру жұмыс жоспары ретінде ұсынылуы мүмкін: 1.Психологиялық тренингтер мен жаттығуларды қолдану. 2.Сын тұрғысынан ойлауды дамыту әдістерін қолдану. 3.Сабақта жұптық жұмыс, топтық жұмыс сияқты оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру формаларын қолдану. 4.Оқушыларды оқытудың тиімді жолдарының бірі ретінде интерактивті оқытуды, өзара оқытуды пайдалану. Интерактивті оқыту барысында оқушылар сыни тұрғыдан ойлауға, тиісті ақпарат негізінде күрделі мәселелерді шешуге, ұтымды шешім қабылдауға, қарым-қатынас жасауға үйренеді. Диалогтың арқасында тарих сабағында әрқайсысы ойланып, өз ойын айтады. Диалог сөйлеудің қарқынды дамуына әкеледі. 5.Оқыту процесіне критериалды бағалауды кезең-кезеңімен енгізу. Критерийлерді оқушылармен бірлесіп құрастыру. 6.Сабақта өзін-өзі және өзара бағалауды қолдану.7.Топта дарынды балалардың дамуына жағдай жасау. Оқу қабілеті төмен оқушыларға да ерекше көңіл бөлу. Мұндай жұмыс жүйесі сабақта білім алуушылардың функционалдық сауаттылығын

қалыптастыруға, негізгі дағдыларды дамытуға көмектеседі, ішкі өзін-өзі бағалауын тәрбиелейді, оқушылардың оқу ынтасын арттырады[5].

Қорыта келгенде, «Тарих» пәнінің білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда мол мүмкіндіктері бар. Олардың назарын белгілі бір тарихи оқиғалардың рухани-адамгершілік аспектілеріне жүйелі түрде аударып, ақпаратты талдау мен синтездеуге, бүгінгі күнмен салыстыруға үйрету маңызды. Заманауи әлеуметтік ортаға адекватты бейімделе алатын адамгершілігі жоғары тұлғаны тәрбиелеу – өте күрделі міндет, ал оны жүзеге асыратын - адамға әр қырынан әсер ете алатын кәсіби ұстаздар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Гершунский Б.С. Философия образования. - М.: МПСИ, Флинта, 1998. - 432с.

2.Ермоленко В.А., Перченок Р.Л., Черноглазкин С.Ю. Дидактические основы функциональной грамотности в современных условиях: Пособие для работников системы образования /Российская академия образования, теории образования и педагогики. - М.: ИТОП РАО, 1999.-228 с.

3.Онушкин В.Г., Огарев В.И. Проблема грамотности в контексте социальных перемен// Человек и образование. - 2006. - ном.8,9. - С. 44-49.

4.Национальный план действия на 2012-2016 годы по развитию функциональной грамотности школьников, http:// adilet.zan.kz/rus/docs/P 1200000832

5.Лебедев О.Е. Компетентностный подход в образовании// Школьные технологии - 2004г. №5.

ДҮНИЕТАНУ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Жупалаева Ализа Сагитжановна
№4 Алға орта мектебінің бастауыш класс мұғалімі

Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – интербелсенді оқыту әдісі. Негізгі қағидасы – педагогикалық қарым-қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту. Әлемдік деңгейдегі білім берудің қазіргі қағидасы: білім беруді нәтижеге бағдарлау, оқытуды оқушының жеке тұлғасына бағыттау, ал оқыту әдістерін тұлғааралық қарым-қатынастарға бейімдеу болып отыр. Демек оқушы білімді дайын күйінде мұғалім түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық «жаңалық» ашып, шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әртүрлі өнімдер жасауы тиіс. Нәтижесінде оқушының дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасуы керек.

Интербелсенді – ағылшынның «өзара әрекет» деген сөзінен шыққан. Ол оқыту процесінде оқушыларды бірігіп белгілі бір мәселені шешуге, белгілі бір әрекетке өз жауапкершілігін сезініп, белсенді болуға және осы кезде өз қиялын, ой-өрісін, шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұл әдіс оқушыларды топ болып, бірігіп жұмыс жасауға, жұмыс жасай отырып, өзгелерге көмек көрсетуге үйретеді. Сонымен қатар бұл ұғым тәсіл ретінде төмендегідей талаптарға сай келеді.

- Ақпаратты терең игереді, өйткені оны ой елегінен өткізеді.
- Оқушы өзін-өзі еркін және ыңғайлы сезінетін өрісті қалыптастырады.

- Оқушының жеке тұлғасына тікелей әсер етіп, танымдық, шығармашылық қабілетін оятады.
- Топ оқушыларымен жасалатын жұмысты түрлі формада (жұптық, топтық, ұжымдық) өткізуді қамтамасыз етеді.
- Ойлауды белсендіреді.
- Ынтымақтастықпен әрекет етуге үйретеді.
- Тыңдау дағдысын қалыптастырып, өзгені тыңдай алады.

Интербелсенді әдістерге жататындар:
- проблемалық шығарма әдістері;
- пікірталастар;
- топпен жұмыс;
- миға шабуыл әдісі;
- инсерт әдісі;
- викториналар;
- шағын зерттеулер;
- іскерлік ойындар;
- сауалнамалар жүргізу әдісі;
- кейс-стадий әдісі;
- презентациялар; т.б [2].

«Дүниетану» пәні оқушыларға қоршаған ортаны, түрлі қоғамдық және табиғи үдерістер мен құбылыстарды толық, өзара байланыста танып-білуге мүмкіндік береді. Олардың қызығушылығын оятып: Біз кімбіз? Қайдан келдік? Қайда тұрып жатырмыз? Бізді не қоршап жатыр? Біздің өткеніміз бен келешегіміз қандай? – деген сұрақтар аясында ойлануына мүмкіндік береді.

Баланың қоршаған өмірге қызығуы болса, ол өзін қызықтыратын құбылысты бақылауын күшейтеді, өзінше оны ойлап байқайды, осыған байланысты өзінше шешім шығаруға тырысады. Осындай іс-әрекет барысында қызығу өз-өзінен дамиды және баланың ақыл-ойы дамуына әсер етеді.

Қызығудың тағы бір ерекшілігі, оның әсерінен іс-әрекет сипаты тез өзгереді. Қызығу бар кезде іс-әрекеттің жақсы нәтижесі ғана қамтамасыз етіліп қоймай, оның сипаты тұтастай өзгереді: белсенді, дербес жан-жақты, шығармашыл, тереңдетілген және т.б.

Алда тұрған негізгі міндет – бала үшін қызықсызды қызықтыға айналдыру. Осылай жасағанда ғана оны өзі-ақ орындайтын болады. Бұл жағдайда оған қиыншылықты жеңу оңай болады. Оны жеңу балаға қуаныш әкеледі, өз күшіне сенім ұялтады.

«Дүниетану» пәні арқылы оқушылар өзі, өз үйі мен отбасы туралы ой қозғаудан бастап, қоршаған ортаның, дүниенің сырларын да түсіне бастайды.

«Дүниетану» пәнін оқыту:
- оқушыларда өзіндік, қоғамдық және ұлттық сана мен отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастырады;
- оқушыларға қоршаған ортасы туралы ғылыми негіздерді меңгере отырып, тарихи, географиялық тұрғыдан ойлауын дамытады;
- оқушылар қазақстандық қоғам және өзін қоршаған әлеуметтік ортаның барлық деңгейі: өз үйі, отбасы, жергілікті және ұлттық қоғамдастық туралы білімді меңгереді;
- оқушылар Қазақстан географиясының негіздерін, оның ландшафты және табиғи жағдайы туралы біледі;
- Қазақстанның және бүкіл әлемнің өткен және бүгінгі күн оқиғалары, олардың себептері, өзгерістері, сабақтастығы, ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы білім қалыптастырады;

• өткен замандағы оқиғалардың қазіргі әлемнің қалыптасуына және бүгінгі таңдағы оқиғалардың болашақтың қалыптасуына қандай әсер тигізетіні туралы түсінеді;

• адамның тіршілік әрекетінің қоршаған ортаға тигізетін әсері туралы біліп, оның тұрақты болашақтың дамуына қажеттілігін түсінеді;

• оқушыларда өз халқының және өзге халықтардың мәдениеті, дәстүрін сыйлай білу, ұлттық және жалпы адами құндылықтарды құрметтеу сезімі қалыптасады, олар адамдардың құқықтары мен міндеттерін түсінеді;

• қоғамдық тәртіп нормаларын біледі, оларды ұстану қажеттілігін түсінеді және әлеуметтік ортада қауіпсіздік тәртіп ережелерін сақтай білумен танысады;

• адамгершілік қасиеттерді, толеранттылықты қалыптастырады;

«Дүниетану» пәнін оқыту арқылы тарих, география және қоғамтану ғылымдары бойынша оқушылардың алғашқы білімдері мен түсініктерін қалыптастыруға ықпал ететін ойлау дағдыларын дамытады. «Дүниетану» пәнінің мазмұны: отбасы, қоғам, қауымдастық, ұлт, мемлекет, қарым-қатынас, елді мекендер, климат, ландшафт, табиғи және техногендік апаттар, мәдениет, дін, денсаулық және т.б қоршаған ортаның негізгі аспектілерін қамтиды.

«Дүниетану» пәнінің мақсаты – оқушыларда адамды қоршаған әлеуметтік, мәдени және нақты орта туралы білім жүйесін, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар мен әлеуметтік тәжірибе туралы түсінігін, қоршаған ортада тиімді қарым-қатынас ережелерін қолдана білу дағдысын қалыптастыру.

«Дүниетану» пәні оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға, отбасында, жергілікті, аймақтық, ұлттық, жаһандық ауқымда алатын өзіндік орнын түсінуге мүмкіндік береді.

«Дүниетану» пәні қоршаған ортада болып жатқан тарихи, географиялық және әлеуметтік үдерістерді түсінуге мүмкіндік беретін нақты білім мазмұнын игеруге бағытталған. Тарих бағдарламаның уақыттық шегін белгілейді – уақытты сезіну, география – кеңістікті тани білу, өзінің орнын сезіну, ал қоғамтану - қоғамдық ортаны сезінуге ықпалдасады.

«Дүниетану» пәні оқушылардың тану, зерттеу, дәлелдемелерді қарау және мәселелерді шешу арқылы пайда болатын сыни тұрғыдан ойлай білу дағдыларын дамытады, сонымен қатар жеке және топпен жұмыс істеу дағдыларының қалыптасуына бағытталған. «Дүниетану» пәнін меңгеру барысында оқушылардың дүниетанымын арттыру мақсатында, ой-пікірлерімен алмасу, оларды дамыту, сонымен қатар тиімді жұмыс атқару үшін оқушылар өзара бірлесе отырып жұмыс істейді[3].

Оқушылар үйренеді:

• қоғамдағы негізгі тәртіп ережелерін сақтауды;

• сыныпта, мектепте және қоғамдық орындарда сыпайылықты, көңіл бөлуді, сыйлай білуді, әдеп сақтауды;

• жұпта және топта бірлесіп жұмыс істеуді, ұжымда тиімді қарым-қатынас орнатуды;

• сезімі және эмоциясының басқа адамдарға әсерін түсіне отырып өзін өзі дамытуды;

• әлеуметтік ортада өз көзқарасын білдіру, тыңдау, талқылау, диалогтар мен дебаттарға қатысу дағдыларын дамытуды (сөйлеу дағдыларын).

Қорыта айтқанда, интерактивті тәсілдің ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған тапсырмаларды орындау оқушыларға дүниетану пәнінен алған білімдерін өмірде қолдану нәтижесін, жемісін көруге мүмкіндік береді және осы жағдай олардың қоршаған ортаны танып білуге деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, оқушылар әрекетін белсендіру, оқу материалдарын, оқыту тәсілдері мен әдістерін жетілдіру сияқты негізгі педагогикалық мәселелерді іске асырады.

ИНФОРМАТИКА ПӘНІНДЕ ЖАҢАШЫЛ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

А.М.Абдрахманова
Ақтөбе қаласы, №61 жалпы білім беретін орта мектеп

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің талабы күннен-күнге үнемі жаңашылдықпен өсіп, өзгеру үстінде. Тек қана біліммен қарауланып қоймай, өздігінен үздіксіз білім алуды дамыта отырып, өз бетіне дамуына немесе өрлеуіне қажеттілік тудыруға бағыттай оқыту болып табылады. Қазіргі таңда мен сабақ құрастыруда КМЖ- ны жаңартылған білім бағдарламасымен және Қазақстан Республикасының білім беру заңнамасына сәйкес, №472 бұйрықтың үлгісін құрып жұмыстанудамын. Осы тұрғыда берілген кластарымда электронды оқулықты басшылыққа алып жұмыстанамын.бұл электронды жұмыс жасаудағы мақсатымыз белгіленген класқа арнаулы тақырыптардың жан- жақтылығы көзделіп, информатика бейімділігі бар тұлғаны қалыптастыруға, модульдік жалғасықтың болуы, экономикалық тиімділігін байқауға болады. Мен осы бөлінген класымда сабақтарға байланысты оқушылардың білімін бекіту мақсатында тест, ақпараттық – коммуникативтік технологияны қолданып, түрлі дпайын телекомуникациялық жобалармен жұмысты үйлесімді атқаруға тырысамын. Атап көрсетер болсақ, компьютерлік желілерді орынды пайдалануға, инновациялық әдістерді мультимедиялық және гипермәтіндік технологияларды тиімді қолдануға тырысамын. Оқушыларды Internet желісі барысында өздігінен қосымша білім алуды оқушыларға қамтамасыз етуге, ынталандыруға талпындырамын. Сондықтан іс-тәжірибемде ақпараттық технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушылардың жоғарыда айтып өткендей, шығармашылық даралығын қалыптастыру үшін сабақта төмендегі әдіс- тәсілдерді қолданудың маңызы зор екенін байқауға болады.Оқытудың жаңа әдістері мен формаларын проблемалық, ұйымдастырушылық іс- әрекетін компьютерлік ойындар арқылы түсіндіруді немесе көрсетуді жиі қолдануға тырысамын.

Информатика пәнін оқытуда білім алушыларды мұғалім нұсқаулықпен компьютерді орынды пайдаланып, электрондық оқулықты сабақта тиімді тақырып бойынша қолданып, жұмыстануына ықпал етіледі. Интерактивті тақтамен жұмыс жасау барысында, ғаламтордың көмегімен түрлі бағдарламалық жабдықты пайдалана отырып, дағдыландыруға бағыттап отырамыз. Ақпараттық әдістемелік материалдарды пайдалану оқушы шығармашылығын арттыруға ықпал ете отырып, сабақта түрлі жаңашыл игерту әдістерін қолдану, біз үшін өте ыңғайлы жұмыс түрі болып саналады. Жаңашыл технологины пайдаланудағы негізгі қызметінің мақсаты білім алушының шығармашылық әлуетін дамыту, коммуникативтік әрекеттерге қабілетті болуы қамтамасыз етіледі. Сонымен бірге оқушы бойында ой- өрісін өсіру мақсатында сараптамалық –зерттеу қызметі дағдыларын қалыптастыруға бағыттай отырып, оқу қызметі мәдениетін дамытуға ықпал етіледі. Оқумен тәрбие үрдісінің барлық түрлерін дамыту, оқытудың тиімділігі мен сапасын арттыруға ықпал етіледі. Информатика пәнін оқыту ақпараттық мәдеиетті, сауатты адам- ақпаратпен қажетті кезде жұмыс жасауға сезінуге, тиімді қолдануға қабілетті, ақпарат дәстүрлі және автоматтандырылған құралдарын тиімді пайдалана білуі керек.

Сабақты жоспарлау 7 класта информатика пәнін барысында, оқу мақсатына сай, «Python программалау тілінде тармақталған алгоритмдерді жазу» сабақтың мақсатын шығара отырып, программалауды түсінуі, шартты операторлардың жалпы жазылу құрылымын және блок схемасын Python программалау тілінде меңгеру деп, сабақты жоспарладық. Білім алушылардың тармақталған алгоритмдерді біліп, шартты операторларды қолданып, программа жаза алады деген критерийлерге жұмыстандық. Алдыңғы білімді пысықтау мақсатында www.learningapps.org оқыту платформасында Python файлдарымен жұмыс жасау

операторларының сипаттамасы беріліп, біріктіріледі. Оқушылардың тапсырманы интерактивті тақтада орындауы, оларды ынталандырылуы сабаққа белсенділігі арттырылады. Осыдан шыққан біріктірілген оператор сипаттамасын дескриптормен ұпай берілуі арқылы бағалау нормаларын тиімді жасауға жұмыстанады. Күтілетін нәтижелер оқушылар үшін программалау тілінде тармақталған алгоритмдерді дұрыс жазу, оның жүргізілу блок-схемасымен сызумен таныса отырып, есептердің бағдарламасын Python тілінде жалпы жазылу түрін ұғынады. Шартты операторларды қолданып, Python программалау тілінде есептер құрастырады. Сабақтың ортасында оқушыларға жаңа сабаққа байланысты таныстырылым жасай отырып, түсіндіруге бағыттаймын. Тармақталған алгоритм деген не анықтаманы оқушыға өздеріне шығарту үшін шартты алгоритмді орындауға байланысты өткізілетінін, тармақталған алгоритм белгілі бір жұмыс жасау формасын басшылыққа алып жасалатын жұмыс түрі болып табылады. Шарт туралы анықтаманы немесе түсінік беру кезінде тексеру нәтижесінде «Ия» немесе «Жоқ» деген ойлау мәндерін қабылдайтын логикалық өрнек немесе пікір. Тармақталған алгоритмді тілімізде шартты операторлар деп аталатынын да айтып өтілді. Шартты операторлардың Python бағдарламалау тіліндегі жазылуының мәнісін былай түсіндіруге болады. If –логикалық өрнек (шарт) деп танитын болсақ, 1-өрнек, 2-өрнек... тағы сол сияқты деп айтуға болады.Мына жерднегі if – егер деген мәнді білдіріп тұрғандығы айтылды. Егер осы логикалық өрнек шын мәнді қабылдаса, онда өрнек орындалып, келесі логикалық өрнек жоқ мәнді қабылдаса, өрнек орындалмайтынын оқушының көзіне жеткізуге тырыстық. If –логикалық өрнек құрылымы – шартты операторлардың басы болып саналады.Осы кезде оқушылар дәптермен жұмыстана отырып, өздігінше қажетті анықтаманы шығарып, блок- схеманы жазып отырады.Сонымен бірге өрнектер орналасқан жолдарды пәнімізде шартты оператор денесі деп көрсетуі айтылады. Шартты оператор денесі бір немесе бірнеше өрнектен тұруы немесе бос болуы да мүмкін екендігіне білім алушылар тапсырманы орындау барысында көз жеткізіп отырады. Логикалық өрнектер салыстыру таңбалар арқылы құрылатынын тең, тең емес, үлкен, кіші немесе тең деген өрнектердің құрылымын көрсете отырып, білім алушыларға жеке жұмыстарға тапсырма беріп, квадраттайтын программа құруға болатындай тапсырмалар орындатып, нәтижесін көрсетіп,түсінгенін бекітуге болады. Программа құруға тапсырмалар бере отырып, Python программалау тіліндегі тапсырмаларды орындап, нәтижесін көреді, ұпай саны әрбір берілген тапсырма бойынша 3 ұпай деп, бағалау дескрипторлар қойылды. Оқушылар өз компьютерлерде Python программалау тілін қондырып, бағдарлама жазып, орындалуын тексереді. ҚБ : балл қою арқылы және де біздер тарапынан жарайсың, жақсы, ойланып көр деп ауызша бағалау жасалынады. Сабақ барысында үлестірмелі қағаздармен жұмыс жасалынады. Сабақты бекіту сұрақтары ретінде жеке жұмыстар беріліп, тапсырма берілді. Python программалау тіліндегі сызықтық және тармақталған алгоритмдерін талдап, салыстырып, Венн диаграммасын жазды. Сызықтық алгоритмінің және тармақталған алгоритмнің айырмашылығын жазуға ұпай саны дескриптормен беріліп, бағаланды. Қалыптастырушы бағалаудың ең жоғарғы ұпай саны белгіленіп, білім алушылар Венн диаграммасын толтырып, тапсырманы сағат тілі бойымен ауыстырып, бірін- бірі тексеріп, өз ойларын дұрыс айтуы да ұпай беріледі. Қалыптастырушы бағалау өзара балл қою арқылы беріледі. Рефлексияда «СМС» әдісін қолданып, қолындағы смартфондар арқылы хабарлама жазып, өз ойларын жазады.

Қорыта айтқанда, информатика пәнінің жаңашылдықпен берілуі, оқушының арнайы бағдарламаның маңызды бөлігі немесе құрылуда өзгешелігі мен даралығын сезінуіне көмектеседі. Болашақта білім алушы өз қабілетінің осы пән бойынша қаншылықты икемді екенін көруі, класта ынтымақтастық қарым- қатынас артуына, оқушының өз білімін бағалай білуіне жаңа мүмкіндіктер тудырады. Логикалық ойлау қабілетін дамыта отырып, өздігінен

жұмыс жасауға, жеке басының дара және дербес ерекшелігін сезінуге, шығармашылық ізденісін қалыптастыруға көмектеседі.

Бұдан байқағанымыздай, келешекте білім алушының әлемдік бәсекеде осы техниканы еркін игеріп, қай жерде болмасын телекоммункацияның оның ішінде компьютер, смартфон, гаджеттер тілін кез- келген ортада, орынды пайдалана алатынына әлемдік кеңістікте еркін сезінетініне сенімдімін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Бидайбеков Е.Ы Подготовка специалистов совмещенного с информатикой профиля в Республике Казахстан.-Алматы -1998

2.Бочкин А.И. Методики преподавания информатики –Москва -2019

3. Халықова К.З. «Информатиканы оқыту әдістемесі- Алматы -2020

4.А.В.Фарков Информатика пәніндегі дидактикалық ойындар Нұрсұлтан -2022

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Мошанова Айқын Зейноллақызы
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Ж.Сәрсенов
атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

1866 жылы алғаш рет неміс биологы Э.Геккель (1834-1919) қолданған бұл термин тірі организмдердің қоршаған ортамен байланысы туралы ғылым ретінде түсініледі. Ғалым бұған сенді жаңа ғылымтек жануарлар мен өсімдіктердің тіршілік ету ортасына қатынасын қарастырады. Бұл термин біздің өмірімізде XX ғасырдың 70 -ші жылдарында берік орнықты. Алайда, біз бүгін экологиялық проблемалар туралы әлеуметтік экология - қоғам мен өзара әрекеттесу мәселелерін зерттейтін ғылым туралы айтып отырмыз қоршаған орта

Соңғы онжылдықтарда «жасыл» саяси ұйымдар жер шарын экологиялық проблемалардан қорғау ісіне қосылып, таза қоршаған ортаға адам құқықтарын қорғауды басты мақсат етіп қойды. Экологиялық жағдайды жақсартуда қоғамдық және қайырымдылық ұйымдардың рөлі зор. Олар экологиялық таза механизмдерді, баламалы энергия көздерін енгізеді, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптік өндірістің ақылға қонымды әдістерін алға тартады. Мысалы, Ресейде 1995 жылдан бастап үкіметтік емес экологиялық қор атындағы. ЖӘНЕ. Вернадский. Ол «Газпром» ААҚ бастамасымен құрылды және қоршаған ортаны қорғау, экологиялық білім беру саласындағы жобаларды жүзеге асырады, экологиялық мәдениетті қалыптастырады, экологиялық мәселелерді шешуде мемлекеттің, бизнес пен қоғамның күш-жігерін үйлестіруді жақтайды.

Ғылыми-техникалық революция және жердегі пайдалы қазбаларды пайдалану біздің планетамыздағы экологиялық жағдайдың біздің көз алдымызда нашарлауына әкелді. Жер қойнауының, гидросфераның және жердің ауа қабатының ластану деңгейі сыни деңгейге жақындады. Адамзат жаһандық техногендік апаттың алдында тұр. Бір қуанарлығы, мәселенің тереңдігі мен қауіптілігін түсінетін мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар көбейіп келеді.

Экологиялық мәселелерге кешенді көзқарас қажет. Ол қоғамның барлық салаларына бағытталған ұзақ мерзімді және жоспарлы іс-шараларды қамтуы керек.

Жалпы жер бетінде де, бір елде де экологиялық жағдайды түбегейлі жақсарту үшін келесі сипаттағы шараларды жүзеге асыру қажет:

1. Заңды. Оларға экологиялық заңдарды жасау жатады. Халықаралық келісімдердің де маңызы зор.

2. Экономикалық. Табиғатқа техногендік әсердің салдарын жою елеулі қаржылық инвестицияларды талап етеді.

3. Технологиялық. Бұл салада өнертапқыштар мен жаңашылдардың келіспейтін жері бар. Тау-кен, металлургия және көлік салаларында жаңа технологияларды қолдану қоршаған ортаның ластануын барынша азайтады. Негізгі міндет – экологиялық таза энергия көздерін жасау.

4. Ұйымдастырушылық. Олар көліктің бір аймақта ұзақ жиналуын болдырмау үшін ағындар бойымен біркелкі бөлуден тұрады.

5. Архитектуралық. Үлкенді-кішілі елді мекендерде ағаштар мен бұталарды отырғызу, олардың территориясын екпелердің көмегімен аймақтарға бөлу орынды. Кәсіпорындардың айналасы мен жол бойындағы көшеттерді отырғызудың маңызы аз емес.

Адамзат алдында соңғы онжылдықтарда пайда болған экологиялық проблемалар барған сайын жаһандық сипатқа ие. Егер бірнеше онжылдықтар бұрын олардың құрамындағы елдер мен аймақтар жергілікті, кейде болса да ауқымды экологиялық апаттармен (Қазақстандағы немесе Техас штатындағы топырақ эрозиясы, Байкал суының ластануы, Арал теңізінің буланууы, Чернобыль апаты және т.б.) күрескен болса.), онда бүгінде экологиялық проблемалардың жаһандық сипатқа ие болғанын және оларды шешу халықаралық күш-жігерді қажет ететінін түсінбейтін есі дұрыс адамдар қалмады.

Жаһандық экологиялық дағдарыс келесі бағытта дамып келеді:

- жаһандық және аймақтық табиғи-техногендік экожүйелердің пайда болуы;
- көп ауқымды экологиялық апаттардың пайда болуы;
- табиғи ресурстардың сарқылуы;
- биосфераның өзін-өзі реттеуінің табиғи механизмдерін басу.

Даму тарихында біздің планета қоршаған ортаға байланысты проблемаларға тап болған емес. Бұл проблемалар 20 ғасырдың аяғы мен 21 ғасырдың басында пайда бола бастады. Бұл проблемалардың пайда болуы адамзат санының қарқынды өсуімен, үлкен көлемді қолдану қажеттілігімен байланысты табиғи ресурстар, қалдықтарды кәдеге жарату мәселесімен, автокөлік өнер кәсібінің, өңдеуші зауыттардың және т.б. дамуымен экологиялық маңызды мәселелердің бірі - биосфераның жойылуы.Олардың қажеттіліктері үшін адамдар ормандардың санын көбейтеді, бұл әкеледі. флора мен фаунаның көптеген түрлерінің жойылуы. Нәтижесінде топырақтың деградациясы мен шөлейттенуі орын алады. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың әр түрлі отынды жағуы және атмосфераға көмірқышқыл газының көп мөлшерде шығарылуы парниктік эффектінің дамуына және озон қабатының бұзылуына ықпал етеді.

Ең ауқымды және маңыздысы-қоршаған ортаның өзіне тән емес заттармен химиялық ластануы. химиялық табиғаты... Олардың ішінде өнеркәсіптік және тұрмыстық газ тәрізді және аэрозольді ластаушылар бар. Атмосферада көмірқышқыл газының жиналуы да ілгерілеуде. Әрі қарай дамытубұл процесс планетадағы орташа жылдық температураның жоғарылауына жағымсыз тенденцияны күшейтеді. Дүниежүзілік мұхиттың мұнай мен мұнай өнімдерімен ластануы, оның жалпы көлемінің 1/5 бөлігіне жетті, экологтарды да алаңдатады. Бұл мөлшердегі мұнайдың ластануы гидросфера мен атмосфера арасындағы газ мен су алмасуының елеулі бұзылуына әкелуі мүмкін. Топырақтың пестицидтермен химиялық ластануының маңыздылығы мен оның қышқылдығының жоғарылауы экожүйенің ыдырауына әкелетініне күмән жоқ. Жалпы алғанда, ластаушы әсерге жатқызуға болатын барлық факторлар биосферада болып жатқан процестерге айтарлықтай әсер етеді.

Қоршаған ортаны сауықтыруға ықпал етуде және экономиканың тұрақты дамуына жағдай жасауда табиғатты пайдалануды кешенді және үйлесімді түрде қалыптастыру ісі - әлем елдерінің алдында тұрған маңызды проблема болып табылады, сондықтан қоғам мен табиғат арасындағы өзара қайшылықтардың мкедергісінен өту - өндіріс пен экономиканы

экологияландыру болмақ. Әлемдік экономиканың тоқтаусыз дамуы ғаламдық экологиялық көкейкесті проблемалардың туындауына себеп болып отыр. Жоғарыда аталған осы проблемалар қайткенде де адамзат өркениетінің болашағымен тығыз байланысты.

Экологиялық сараптаманың мақсаты қоғам дамуының барысында оның өндірістік күштерінің бәрінен бұрын адамның, оның өмірінің және денсаулығының, сонымен бірге оны қоршаған ортаның, экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Өйткені қоршаған ортаның белгілі бір деңгейдегі сапасы болмай адамның не қоғамның өмір сүруі мүмкін емес. Сондықтан жалпы ғылыми концепцияны жасақтаған кезде оның негіздеріне қоғам мен табиғат арасындағы әсерлердің шамасына керек бағытта, арнайы және оңтайлы жолдармен өзгертуге болатын мүмкіндіктер жатуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.«Табиғатты пайдалану экономикасы» (Алматы-2005ж.) – Н.Қ.Мамыров, М.С.Тонкопий, Е.М.Үпішев

2.«Атырау энциклопедиясы» (Алматы-2000ж.)

3. «Құқық негіздері» (Алматы-2006ж.) - Қ.И.Оспанов

4.«Кәсіпорындарының табиғи ортаға тигізетін зиянды әсерін бағалау» (Алматы-2008ж.) - Ә.К.Кенжеғалиев, Қ.Т.Жазықов

ЭФФЕКТИВНЫЕ СТРАТЕГИИ РАБОТЫ С ТЕКСТОМ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Абдешова Жанна Амангельдиновна
№4 Қандыағаш қалалық ЖББОМ

Глобальные процессы информатизации общества, увеличение с каждым годом количества текстовой информации, предъявление новых требований к ее анализу, систематизации и скорости переработки поставили теоретиков и практиков образования перед необходимостью разработки новых подходов к обучению чтению.

Проблемы:

- дети имеют низкую скорость чтения, вследствие чего тратят много времени на подготовку домашних заданий,
- зачастую они не понимают смысл прочитанного из-за ошибок при чтении и неправильного интонирования,
- не могут извлечь необходимую информацию из предложенного текста, выделить главное в прочитанном,
- затрудняются кратко пересказать содержание,
- при выполнении самостоятельной работы, тестов разного уровня обучающиеся допускают ошибки по причине непонимания формулировки задания,
- редко обращаются к текстам познавательного характера.

Для работы с текстом на каждом из этапов читатель выбирает свои стратегии. Учебные стратегии – это набор действий, которые предпринимает обучающийся для того, чтобы облегчить обучение, сделать его эффективнее, результативнее, быстрее, приятнее, нацелить и приблизить деятельность учения к своим собственным целям

Исследования показывают: для того, чтобы быть компетентным по всем предметам и в дальнейшем в жизни, человек должен читать 120-150 слов в минуту. Это становится необходимым условием успешности работы с информацией. Чтение – фундамент всех образовательных результатов.

Технология смыслового чтения резко отличается от традиционной технологии передачи ученику готового знания. Учитель организует исследовательскую работу детей так, что они сами «додумываются» до решения ключевой проблемы урока и сами могут объяснить, как действовать в новых условиях. Учитель становится партнером, наставником, наблюдателем. Различают предтекстовую, текстовую деятельность, послетекстовую деятельность учащихся.Остановимся на нескольких стратегиях работы над текстом.

1.Стратегия «Прогноз по заголовку»

Задание: подумайте, о чем может идти речь в рассказе К.Г.Паустовского «Телеграмма», (9 класс) в произведении В.Зверева «Ласточки на паровозе» (6 класс). Попробуйте спрогнозировать содержание по первой строчке произведения…Вспомните, как называется произведение…. Соответствует ли содержание рассказа названию? Приведите примеры подобных расхождений.

Ассоциативный куст (круг, ряд). Сегодня мы будем читать и обсуждать тему… Какие ассоциации возникают у вас по поводу заявленной темы?

2. Стратегия «Образ текста». Задание: проверьте свои предположения. На основании слов, взятых из текста, попробуйте составить небольшой сюжетный рассказ. Название рассказа дается.

3.Стратегия «Батарея вопросов». Задание: составьте вопросы к тексту по заглавию, по иллюстрациям.

4. Стратегия «Глоссарий». Задание: посмотрите на список слов и отметьте те, которые могут быть связаны с текстом. Закончив чтение текста, вернитесь к данным словам и посмотрите их значение и употребление слов, используемых в тексте.

5. Стратегия «Соревнуемся с писателем». Задание: попробуйте спрогнозировать содержание книги, просмотрев иллюстрации. Один ученик предлагает свой вариант, остальные его дополняют.

ТЕКСТОВАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

1. Стратегия «Поставь проблему – предложи решение». Вспомните, с какими проблемами сталкиваются герои произведения (проблема формулируется и записывается в овал). Далее дети могут назвать несколько проблем, учащиеся делятся на группы и предлагают всевозможные варианты решения проблем.

3. Стратегия «Составление вопросного плана». Ученик проводит смысловую группировку текста, выделяет опорные пункты, расчленяет текст на смысловые части и озаглавливает каждую часть ключевым вопросом…….

Посттекстовая (послетекстовая) деятельность

Главная задача – обеспечить углубленное восприятие и понимание текста, ставить вопрос к тексту в целом, далее следует беседа, результатом которой должно стать понимание авторского смысла. Повторное обращение к заглавию, к иллюстрациям, выполнение творческих заданий.

Приемы послетекстовой деятельности.

- «Отношения между вопросом и ответом»
- «Тайм-аут»
- «Проверочный лист»
- «Вопросы после текста»

«Отношения между вопросом и ответом»

Ответ на вопрос может быть в тексте или в слове читателя. Если ответ в тексте, он может находиться в одном предложении текста или в нескольких его частях. Чтобы ответить на вопрос, надо найти точный ответ в одном предложении текста. Если он содержится в нескольких частях текста, такой ответ надо формулировать, соединяя их. Смысловое чтение формирует познавательный интерес, умение сопоставлять факты и делать

умозаключения, активизирует воображение, развивает речь, мышление, также учит работать с информацией. Активное внедрение стратегий смыслового чтения, технологий всеми учителями различных учебных дисциплин позволит сделать наших выпускников полноценными членами нового информационного общества.

Список использованных источников и литературы:

1.«Технология вариативного обучения / под. ред. Пикан В.В./ Учебно методическое пособие.: УЦ Перспектива, 2008

2.Рождественская Л., Логвина И. Формирование навыков функционального чтения. Пособие для учителя. – *https://slovesnic.ru/attachments/article/303/frrozhdest.pdf*

3.Фисенко Т.И. Развитие навыков смыслового чтения при работе с различными текстами на уроках в 5–11 классах – *https://www.kreativ-didaktika.ru/bailainer-obuchenie/didakticheskii-tramplin/razvitie-navykov-smyslovogo-chtenija.html*

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫ МЕН ТАНЫМДЫҚ МОТИВАЦИЯЛАРЫН САҚТАУ ТӘСІЛДЕРІ

Абдигалиева А.С.
№77 ЖББОМ, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Мотивация – оқушының зейінін оқытылатын мәселеге шоғырландырады оның ойлау белсенділігін қоздырады және оқушыларды оқу үрдесіне бағыттайды.

Таным мотивациясы - оқушының оқитын нысанасына және оның ойлау қабілетінің белсенділігін қоздыруға бейімделген. Таным мотивациясын әр түрлі тәсілдер арқылы тудыруға болады. -оқып білгенді өмірмен байланыстыру; -проблемалық жағдай туғыза білу; -көркем және кең тараған ғылыми әдебиеттерді,сонымен қатар өнер шығармаларын қолдану; -тарихқа саяхат жасау; -салыстыра білу; -танымдық ойындар,дискуссиялар және басқа тәсілдер. Кез келген оқытушы бұл тәсілдер тізімінің қатарын әр баланың жеке бас қасиеттерін ескере отырып,жалғастыра алады.Бұл тәсілдердің осы немесе өзге әрекеттерінің тиімділігі әр түрлі факторларға байланысты. Оқушылардың мүмкіндіктері мен қызығушылықтарын есепке алу,эмоционалды тәсілдердің әсер ету жағдайларына қарай маңыздылығы анықталады. Тәжірибесі мол мұғалім бір ғана тәсілді қолданумен шектелмейді. Танымдық мотивацияның дәл,анық болуы тіпті нашар оқитын, үлгермейтін оқушыларға әсер етеді. Сонымен бірге мұғалімнің сабаққа қойған міндеті жұмысқа кейбір балаларды, яғни оқу мотивациясы қалыптасқан оқушыларды сабаққа бағыттайды. Оқушының жұмысқа бағытталуына сынып бөлмесінің де маңызы зор. Әрине,адамға қызығушылық фактор болып оның топтық жұмысқа қатысуы болып табылады. Мұғалімнің ең алғашқы сөз бастауы мен эмоционалдық жағдайы. Мотивацияның мықты тәсілдері - сабақты дискуссия,пресс конференция түрінде өткізгенде және де екі жақты қарама- қарсы пікірлер қалыптасқанда күшейе түседі.

1.Оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын қалай арттыруға болады? Сабақтың басталуын тиімді ұйымдастыру: а)жаңа ақпарат ізденуді талап етеді; ә)ақпарат оқушылардың тақырыпты ой елегенінен өткізуіне зейінін аударады,тез арада іскерлік көңіл- күй қалыптастырады; б)қысқа мерзімді фронтальды сұраныс оқушылардың үй жұмысын ой елегінен өткізу деңгейін анықтауға көмектеседі,зейінін шоғырландырады.

2.Оқушыларды сабаққа қатыстыра алатындай сұрақтар қою керек.

3.Жаңа сабақты түсіндіру барысында,өткен сабақтағы алған білімдерін жаңа алатын білімнің базасы ретінде болу қажет.

4.Үй тапсырмасын оқушылардың белсенділігі мен ұжымдық ойлауы қалыптасатындай ұйымдастыру керек.

Оқушылардың білімі өз еркімен қабылдауын қамтамасыз ету абзал. Оқушының жаңадан білім алуына, қызығушылықтарын оятуға талпындыру керек. Сондықтан біздің негізгі міндетіміз қазақ тілін оқудың қажеттілігін түсіндіру. Оқушылардың қазақ тілін толық меңгеру үшін,өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын жүйелі түрде қалыптастыру керек. Бұл оқытудың ең тиімді құралы. Біздің міндетіміз өз бетімен жұмысты жүйелі түрде ұйымдастыру арқылы оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу, білім білік дағдыларын қалыртастыру және оқу еңбегіне деген сүйіспеншіліктерін арттыру болып табылады. Өз бетімен жұмыстар мағыналы сөз емес,ол әр түрлі формалардан, амал тәсілдерден тұратын кең мағыналы іс әрекет. Мұғалім сабақ түсіндіру барысында оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге тарта білуге міндетті. Өз бетімен жұмысты әр түрлі тәсілдер арқылы жүргізуге болады.

Бірінші тәсіл: Мұғалім мәтінді оқиды,түсіндіреді,қажетті уақытта сыныпқа сұрақ қояды: «Не себепті былай болды?», «Егер біз осы сөйлемді өзгертсек не болады?».

Екінші тәсіл: Бір нәрсені түсіндіріп тұрып,мұғалім сыныпқа қарайды: «Кітаптың бетін ашып,бір бөлігін оқып ондағы болған жағдайды түсіндіріңдер?, Оқушылар білімдерін тәжірибе жүзінде қолдана отырып,оның орындалуын ойлайды, талдаулар жасайды.

Үшінші тәсіл: Түсіндіруді тоқтата тұрып, мұғалім көрнекіліктер көрсетеді, балалардан суреттің мәнін, әрекет сабақтастығын, суретте не салынғанын түсіндіріп берулерін сұрайды. Бұл кезде оқушылар тек қана білімдерін бекітіп қоймай, ауаптарын іздейді,талдау жасайды.

Төртінші тәсіл: мұғалім түсіндірмес бұрын тапсырмалар береді;мәтінді оқып, белгілі бір сұрақтарға жауап беруге дайындайды. Өз бетімен жұмысты сабақтың құрамды бөлігі ретінде өткізуге болады. Мұғалім түсіндіреді, айтып береді және көрсетеді. Содан соң 10-15 минут кейде 2 минут уақытты өз бетімен жұмыс істеуге болады. Мәтіннен жұмыс, үлгі бойынша жаттығулар орындау болуы мүмкін, мұндай жағдайда оқушылардың ойлау деңгейі, олардың жазба және ауызша дағдылары дамиды. Мұғалім әр нұсқадағы тапсырмалардың қиындық деңгейлерін бақылап отырады. Мұғалім оқушылардың сұрақ - жауаптарына көңіл бөле отырып, оларды дұрыс жаққа бағыттауы тиіс. Осындай тапсырмалар беру жүйелі түрде жүрсе, оқушыларда дағды қалыптасады. Оқушылардың сұрақты толық қойып, оған жауаптың толық берілуін қадағалауды қалыптастыру керек. Бұл жерде басты мақсат оқушылардың сөздік қорын молайту емес, сөйлемдер құрастыруды саналы түрде дағдыландырады. Нәтижеге жету үшін кестелер, схемалар, иллюстрациялық, дидактикалық және таратпа материалдар, карточкалар көмектеседі. Жаттығуларды орындау барысында ашар оқитын оқушылардың жұмыс істеуін қадағалау керек,қателіктерін түзету керек. Балаларды қызықтыру үшін ойын түрінде және жаттығу тапсырмаларын берген дұрыс. Ойындар балалардың ойлау қабілетін белсендіреді, әр баланың өз бетімен жұмыс істеуін ұйымдастырады,орындай алатын тапсырмаларды орындауын қамтамасыз етеді. Сабақтағы кең тараған ойын - «ассоциация» ойыны. Ол өз бетімен жұмыстың түрі ретінде, белгілі тақырыптағы үлкен мағыналы сөздердің байланысын жалпылайды және белсендіреді. Баланың сабақта тек қана теориялық білімін емес, тәжірибелік білім білік дағдыларын тексеру мақсатында, күндегідей үй тапсырмасын тексергенге қарағанда, үй тапсырмасына ұйқас тапсырмалар арқылы тексерген дұрыс. Оқу әрекетін оптимальды ұйымдастыру үшін, теориялық және тәжірибелік білімдерін байланыстыру қажет. Кез келген теориялық білімді тәжірибемен толықтырып отырады. Дефференциалдық оқытуды тек қана сабақта емес,сыныптан тыс қолдануға болады. Мысалы, сыныптың негізгі бөлігі өлеңді түгел жаттап алуға тапсырма алады, ал нашар оқитын оқушылар 1шумағын немесе өлеңді мәнерлеп оқып келуге, сұрақтарға жауап беруге тапсырма алады. Жеке тұлғаға бағыттап оқыту,жеке оқушылардың өздігінен білім алуларына жағдай

жасайды, олардың талпыныстарын қанағаттандырады. Сонымен қатар нашар оқитын оқушыларың белсенділіктерін арттыруға көмектеседі, өздерінің күшін сынай білуге үйретеді, үлгермеушіліктерін жоюға көмектеседі. Барлық дидактикалық материалдар оқушылардың жазбаша және ауызша тілін дамытады, сонымен бірге білім сапасын көтеруге әсерін тигізеді. Дидактикалық материалдар оқушылармен жеке жұмыс жүргізуге және терең, әрі ауқымды білім алу нәтижесіне жеткізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жаңартылған білім беру стандарттары мен оқу бағдарламалары мазмұнында «Мәңгілік ел»жалпыұлттық идеясының жүзеге асырылуы. Астана,2016

2. ҚР орта білім беру мазмұнын жаңарту еңбектерінде қазақ тілі пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарыныңбілім беру бағдарламасы.2016

3. Қазақ тілі пәні мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық. Оқу-әдістемелік құрал. 2018

4. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей.2012

5. Жүйелік әдістемелік кешен http://smk.edu.kz/

ТИІМДІ ОҚЫТУ ТӘСІЛДЕРІ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУ ДАҒДЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ

Абдигалиева А.С
Ұ.Құлымбетов атындағы №64 ЖББОМ,
физика пәні мұғалімі
Кенжебаева Д.Ш
Ұ.Құлымбетов атындағы №64 ЖББОМ,
информатика пәні мұғалімі

«Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқу бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет»

ҚР тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың
Қазақстан халқына жолдауынан.

Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға «XXI ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді. Олай болса бүгінгі күннің өзекті мәселесі - мұғалімдерді сыни тұрғыдан ойлауға үйретуге қалай көмектесуге болатынын болжай білуі кезек күттірмейтін мәселе болып тұр. Себебі зерттеушілердің «дайын білім беретін «дәстүрлі» стильмен оқытатын мұғалімдер сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері дамыған оқушыларды қалыптастырғылары келсе, өздерінің де сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыта отырып, жаңашыл идеяларға көңіл көкжиегін ашулары керек» деген ой-пікірлері соның дәлелі. Сыни тұрғыдан ойлау- мұғалімдердің өзіндік жетілуіне, шығармашыл тұлға ретінде қалыптасуына, оқу процесіндегі ажырамас бөлігіне айналуына бірден-бір себеп. Олай болса, ойлауға үйрете отырып, мұғалімнің тұлғалық дамуына жол салынуы керек.

Қазіргі тәжірибеде мұғалімдерді өзінің білген білімі мен біліктерін үйретумен бағалап қоймай, сонымен бірге ол өсіп келе жатқан ұрпақты жаңа белгісіз жағдайда сыни ойлап әрекет етуіне, олардың өзбетіндік әрекеті мен шығармашылығын дамытуға, қоғам өміріне белсене қатысу үшін ақпаратты өз бетінше табу, талдау, құрылымдау мен пайдалану икемділіктерін қалыптастыруға қаншалықты тиімді жағдай жасағандығымен бағалайды. Олай болса, оқыту туралы сындарлы түсінік мұғалімге нақты білім беруді мақсат еткен, мұғалімнің өз сабақтарын сыни ойлай отырып, идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастырылуы қажет. Яғни, мұғалімдер сабақтарында топтық жұмыстар жүргізу арқылы оқушылардың сыни ойлау дағдысын қалыптастырып, өз ойын, пікірін еркін айтуға мүмкіндік беретіндей жоспарласа, онда тиімді, табысты оқуға жетуге болады. Ал топтық жұмыстың ең басты ерекшелігі – топ мүшелерінің бірлескен іс-әрекетінде. Қарым-қатынас дегеніміз өзімізді басқаларға бейімдеу. Ж.Пиаже бұл туралы былай жазады: «Адамның ақылы өзін таниды, яғни, психологиялық тілмен айтқанды, басқа заттармен немесе басқа ақылдармен қатынаста болады» (Ж.Пиаже).

Зерттеуімізді Александердің (2001, 2008) балаларды диалогпен дәйектеуге, талқылауға тарту белсенді жүргізілген жағдайда олардың оқуы тиімдірек және зияткерлік жетістіктері жоғары болатындығын дәлелдейді, балалар күннен-күнге анағұрлым коммуникациялық үдерістерге тиімді қатысуға мүмкіндік беретін сыни тұрғыдан ойлаумен зерттеу дағдылары дамытылады деген (Wolfe and Alexander, 2008) оқытуына сәйкес төмендегі теорияларға сүйене отырып, негіздедім.

Сыни ойлау- сенім мен құндылықтарды таңдау, қандай да болмасын мәселе бойынша барлық сұрақтар қарастырылғанша күмәндану: «Шынымен-ақ осылай болама? Мүмкін былай болмай, басқаша болар? Ал егерде былай болса қайтер еді? Бұл дұрыс па, бұрыс па?» Ойлауды дамыту – ойлана білуді дамыту екенін ескере отырып, оқытуда үйренушілерді осындай ойлау түрлеріне ынталандыру керек екенін, олар әр сабақта қандай болмасын тапсырманы орындағанда оны жекелей және бірлесе отырып, жан-жақты қарастырып, ой елегінен өткізіп, туындаған ойлары мен түсініктерін ортаға салып, талқылап, пікірлесулері қажет екенін түсіндім.

Сондықтан да сыни ойлауды дамытуды қарапайым ойлау дағдыларымен салыстыра бастағанды жөн көрдік, мысалы: сұрақ қоя білу дағдысы, бүтіннің бөлігін ажырата білуі, заңдылықты тұжырымдау, ой қорыта білуі, т.с.с. Міне, осындай ойлау дағдыларын қалыптастыру үшін алынған кестеге тоқталайын.

Қарапайым және сыни ойлау белгілерінің салыстырма кестесі (1-кесте)

Қарапайым ойлауға тән мінездеу белгілері	Сыни ойлауға тән мінездеу белгілері
Болжамдық жорамал	Пікірді бағалау
Ұғымдардың ассоциациялық бірігуі	Принциптерді түсіну
Ақпаратқа сенімділік	Ақпаратты жорамалдап, әртүрлі түсіндіру
Дәлелсіз пікір айту немесе интуициялық болжау негізінде пікір айту	Дәлелді пікір айту
Критерийге негізделмеген тұжырым	Критерийге негізделген тұжырым
Негізі жеткіліксіз жорамал	Гипотеза құру
Кездейсоқ фактілердің топталуы, пайда болуы	Фактілерді, пайда болған құбылыстарды негіздеу, жіктеу

Сыни тұрғыдан ойлау маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізу болғандықтан да, алдағы жұмысымызда жоспарлы әрекет жасауға негіз болады (МН,49-бет). Міне, сондықтан да орта білім беру жүйесіне енгізіліп отырған сындарлы білім беру мұғалімге

сабақты оқушы идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға, олардың өз пікір-көзқарастарын білдіруге, жаңа ұғымтүсініктерін өрістетуге мүмкіндік жасайтындай ұйымдастыра білу талабын қойып отыр.

Ендеше, бағдарламаның түйінді идеяларын негізге ала отырып, жеке тұлға қалыптасуындағы ең маңызды мәселелердің бірі - бұл оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту деп есептеймін. Сабақ барысында оқушылардың сыни ойлауын қалыптастыру үшін алдымен мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру қажет. Оқытудың нәтижесі сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық атмосферасына байланысты. Себебі ынтымақтастық атмосферасы оқушыларды ынтымақтастыққа, оқу еңбегіне жетектейді, табысқа жету үшін оларға сенімділік туғызады, артта қалмаудың жолын іздестіреді. Осы арада Пажарестің(1992) оқыту стилін таңдау кезінде мұғалімнің білімділігінен гөрі ұстанымға негізделген ой-тоқтамдарының ықпалы күштірек деген қағидасын негізге алуға болады. «Мен сабағымызда оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалай дамыта аламын?» деген сұраққа жауап іздеген әрбір мұғалім өздерінің де сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуы керек. Сабақтарына тиімді оқыту тәсілдерін кеңінен қолданысқа енгізумен қатар, өз тәжірибесін бағалай білуі қажет, яғни дәстүрлі білім беруде қалыптасып қалған ұстанымдарын өзгертіп, білім беру саласында болып жатқан үлкен өзгерістерге көшбасшы бола отырып, бірге дамып отыруы тиіс.

Бұдан шығатын түйін, оқушылардың пәнді терең түсіну қабілетін дамытуды және оқушы оны шындық өмірде кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету үшін мұғалімде Шульман «мұғалімнің үш көмекшісі» деп атаған қасиеттер болған жағдайда ғана табысты оқыту жүзеге асады деп ойлаймыз.

Сындарлы оқытуға негізделген сабақтар оқушыларға өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланып, сұрақтар қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді(МН,8-бет). Сыни ойлау- өзіндік ойлау. Сыни ойлау – сұрақ қоюдан және шешімін талап ететін проблемаларды айқындаудан басталады. Оқушы өзі сұрақ қойып, шешімін өзі айқындайды. Сыни ойлау - әлеуметтік ойлау, бірлесе оқыту идеясын жүзеге асыру болып табылады. Олай болса, оқытудың бұл түрінде оқушылар құрбы-құрдастарымен әлеуметтік қарым-қатынасқа түсу арқылы белсенді түрде, қызығушылықпен білім алады деп ойлаймын. Л.С.Выготскийдің «бала психикасының жақын арадағы даму аймағы» деп аталатын, педагог К.Д.Ушинскийдің: «Біз жан – жақты жеке тұлға тәрбиелегіміз келсе, ол тұлғаны жан – жақты зерттеп білуіміз керек» деген қағидаларына сүйенсек оқыту үрдісінде мұғалімнің сыни ойлау дағдысының ролі ерекше.

Демек, құзырлы мұғалім бойында балалардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуда тыңдау мен зерттеу арқылы шешім қабылдау үшін тиісті өлшемдерді қолдана білу дағдылары мен қоса қажетті теориялық базалармен тиімді оқыту тәсілдерін дамыта білу дағдылары болуы қажет, ол үшін әрбір мұғалім өзінің сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруда үлкен жұмыстар жүргізуі керек деп ойлаймыз.

Міне, «Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім» деген Стронг сөзінің мағынасы да мектеп өміріндегі мұғалім орнының ерекше екенін көрсетеді. Тиімді оқыту тәсіліне негізделген оқыту бағдарламасының мақсаты да мұғалімдердің қосымша білім мен білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыруда, олардың үздіксіз кәсіби дамуына көмектесу болып отыр. Оқушылардың білімдері мен білік дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдануға ықпалын тигізетін сыни тұрғыдан ойлауға үйрету идеяларын жүзеге асыруда тиімді оқыту тәсілдер арқылы жүргізіледі. Оқушылардың білім алудағы нақты мүмкіндіктерін пайдалануда Карл Роджерс енгізген «мен» тұжырымдамасын, Авраам Маслоудың(1968) қажеттіліктер иерархиясын есте ұстауымыз қажет. Сол себептен, әр оқушының жеке қабілеттерін зерттей отырып, олардың білім алуына қолайлы жағдайлар туғызғанда ғана жүйелі нәтижеге қол жеткізуге болады деп есептейміз.

Сонымен сыни ойлауды дамытатын оқытудың алғышарттары: Оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру.

- Әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.
- Оқушылардың оқу үрдісіндегі белсенділіктерін мадақтау.
- Оқушыларға мысқылсыз еркін атмосферада жұмыс істейтіндіктеріне кепілдік беру
- Кез-келген оқушының сыни шешімді қабылдай алатын қабілетіне сенімділік білдіру.
- Сыни ойлауды бағалау.
- Тиімді сыни ойлауға қатысу үшін оқушылар өздеріне деген сенімдерін және өз пікірлері мен идеяларының құндылықтарын түсінуін арттыруға, оқыту үрдісіне белсенді қатысуға, басқалардың пікірлерін сыйлауға, пікірді қолдауға және құрастыруға дайын болулары керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы,- Астана, 2014

2.Мұғалімге арналған нұсқаулық-Үшінші (негізгі) деңгей , -Үшінші басылым, - www.cpm.kz

3.Мұғалімге арналған нұсқаулық,- Астана,2016ж 4.«Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері»-С.Мирсеитова,-2011жыл.

СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ ПРЕПОДОВАНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Абдиганиева Сауле Арстангалейевна
Үшқатты орта мектебі

У меня нет никаких сомнений в том, что английский язык стал универсальным языком так как в настоящее время английский язык используется чуть ли не каждым вторым человеком по всему миру. И я уверена что в будущем каждый человек будет свободно владеть английским языком. Поэтому для меня очень важно быть профессиональным преподавателем, который знаком с современными методами преподавания английского языка как иностранного. Никто не может игнорировать необходимость и ценность методов преподавания английского языка как иностранного или даже как второго языка. Так как все дети разные, одни учатся визуально, другие устно; у других меньше навыков внимания, и все они из разных слоев общества. Чтобы удовлетворить все их потребности, необходимо использовать широкий спектр методов. Некоторые методы учитель может использовать с помощью различных ресурсов или создавать их самостоятельно, основываясь на опыте преподавания.

В Казахстане люди, которые хотят изучать английский язык, обладают большим количеством способностей к знанию этого языка. Для учителей очень важно слушать хороший разговорный английский на уровне понимания улучшит все аспекты разговорной речи, поскольку обычно мы изучаем наш родной язык, сначала слушая и слыша, как на нем говорят другие.

Языковое образование может проходить как общеобразовательный предмет или в специализированной языковой школе. Существует множество методов обучения языкам. Использование современных технологий в обучении в классе очень полезно для учащихся.

Существует множество возможностей для того, чтобы сделать процесс обучения легким и продуктивным. Никто не может отрицать, что технологии улучшили образование. Преподаватели также кардинально изменили свои методы обучения в ответ на новые технологии на протяжении многих лет. Лично я сама стараюсь больше использовать обучающие компакт-диски с английским языком, MP3-файлы или компьютерные программы в школьной языковой аудитории, также эти программы стараюсь давать ученикам в качестве домашнего задания. Также можем находить англоязычное телевидение и учебные материалы в Интернете. В современном мире у нас гораздо больше возможностей для изучения языка. Эффективные современные методы обучения навыкам аудирования включают в себя все: от интерактивных упражнений до мультимедийных ресурсов. Навыкам аудирования лучше всего научиться с помощью простых, понятных действий, которые больше фокусируются на процессе обучения, чем на конечном продукте. Независимо от того, работаете ли вы с большой группой учеников или с небольшой, вы можете использовать любой из следующих примеров для разработки собственных методов обучения студентов тому, как хорошо слушать, писать, читать и говорить.

Проекционные устройства стали более доступными и теперь являются почти стандартными во многих классах. Интерактивные доски, хотя и остаются дорогостоящими, обеспечивают мгновенный интерфейс между классом и киберпространством, позволяя преподавателям превращать лекции в мультимедийные презентации в режиме реального времени.

Преимущества классных технологий гаджеты в классе могут создать более интересную, интерактивную среду, с которой учащиеся в основном уже знакомы за пределами школы.

Аудиоязыковой метод: Аудиоязыковой метод, обычно стандартизирована следующим образом: это диалог на иностранном языке, который должен был запомнить ученик. Учитель должен просмотреть его за день до этого. Затем вопросы на иностранном языке о диалоге, на которые ученики должны ответить на изучаемом языке. Следующее это краткое введение в грамматику главы, включая глагол (-ы) и спряжения. Основой главы это практика шаблонов, которая представляла собой упражнения, ожидающие «автоматических» ответов от ученика (учеников), когда существительное, спряжение глагола или согласное прилагательное должны были быть вставлены в пробел в тексте или во время паузы учителя. Учитель мог попросить ученика использовать книгу или не использовать ее, в зависимости от того, как было назначено домашнее задание. В зависимости от времени класс может отвечать хором, или учитель может выбрать отдельных участников для ответа. Это действительно своего рода «запоминание».

Метод, который используется для обучения аудированию, содержит в себе несколько ключевых советов, которые помогут ученикам улучшить процесс обучения. Во-первых, держите свои ожидания простыми, поскольку даже самый опытный слушатель не сможет полностью и точно вспомнить сообщение целиком. Во-вторых, держите свои инструкции доступными и предоставляйте учащимся возможность не только задавать уточняющие вопросы, но и совершать ошибки. В-третьих, помогаете учащимся освоить свои коммуникативные навыки, разработав мероприятия, соответствующие их навыкам и уровню уверенности, а затем укрепляете их уверенность, отметив способы, которыми они улучшаются, какими бы незначительными они ни были.

Метод использования видеоматериалов : Еще одним полезным ресурсом для обучения навыкам аудирования являются видеоматериалы, включая короткие зарисовки, новостные программы, документальные фильмы, материалы интервью, а также драматические и комедийные материалы. Существует множество идей, которые можно использовать при обучении английскому языку с помощью видеороликов. Для маленьких учеников также уместно использовать обучающие мультфильмы, которые могут расслабить

ребенка и научить чему-то новому или повторить предыдущую тему в детской манере. Как и в случае с аудиоматериалами, выбираете размер и продолжительность видеоматериалов в зависимости от уровня знаний учеников. Вместе с учениками сначала посмотр фрагмента без звука или без перевода самостоятельно и обсуждение его вместе. Попросите студентов определить, что, по их мнению, будет содержанием истории, которую они смотрят. Затем снова просмотрите видеоматериал, на этот раз со звуком, что позволит учащимся делать заметки, если это полезно для их уровня знании. После завершения видеоматериалов вы можете попросить учеников написать краткое изложение материала, или вы можете потратить время на обсуждение в группе того, как видеоматериал соотносится с ожиданиями студентов. Использование этого метода в Казахстане: использование видеороликов на уроках английского языка - очень полезный и стимулирующий метод мотивации ваших учеников к получению максимальной отдачи от предмета. Всем учащимся нравится этот метод. Метод очень хорошо развивает восприятие и понимание иностранного языка на слух.

Кроме того, с помощью современных методов учитель может понять, как учащиеся используют грамматику, новые слова (прилагательные, пояснения, глаголы) и как они понимают друг друга. Например, игра в карточную игру, требующую вызова карт, может позволить смешанное изучение чисел (от 1 до 10). В современных школах часто встречается такой метод изучения иностранного языка. Этот метод аналогичен методу изучения иностранного языка через игру.

Использованная литература:

1. Harner Jeremy. The practice of English language teaching. L. — New York, 1991.-296p.
2. University Antwerpen James L. Barker lecture on November 8, 2001 at Brigham Young University, given by Wilfried Decoo. §5, 7.
3. Diller, Karl Conrad (2005). The Language Teaching Controversy. Rowley, Massachusetts: Newbury House. ISBN 912066–22–9. §11
4. E. ter Horst and J. M. Pearce, “Foreign Languages and the Environment: A Collaborative Instructional Project”, The Language Educator, pp. 52–56, October, 2008.
5. Joshua M. Pearce and Eleanor ter Horst, “Overcoming Language Challenges of Open Source Appropriate Technology for Sustainable Development”, Journal of Sustainable Development, 11(3) pp.230–245, 2010.
6. Content: Methods and Approaches to English language teaching Source: Wikipedia Date Modified: 07.10.2008, §1, 2, 4, 5, 9. 7. University Antwerpen James L. Barker lecture on May, 2011 at Brigham Young University, given by Wilfried Decoo. §7 8. Caroline Laidlow, Trawelling through time (2000) ISBN 0–7513–3178–3, p.1

СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ ПРЕПОДОВАНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Абдиганиева Сауле Арыстангалиевна
Ушкаттинская общеобразовательная средняя школа
учитель английского языка

У меня нет никаких сомнений в том, что английский язык стал универсальным языком так как в настоящее время английский язык используется чуть ли не каждым вторым человеком по всему миру. И я уверена что в будущем каждый человек будет свободно владеть английским языком. Поэтому для меня очень важно быть профессиональным преподавателем,

который знаком с современными методами преподавания английского языка как иностранного. Никто не может игнорировать необходимость и ценность методов преподавания английского языка как иностранного или даже как второго языка. Так как все дети разные, одни учатся визуально, другие устно; у других меньше навыков внимания, и все они из разных слоев общества. Чтобы удовлетворить все их потребности, необходимо использовать широкий спектр методов. Некоторые методы учитель может использовать с помощью различных ресурсов или создавать их самостоятельно, основываясь на опыте преподавания.

В Казахстане люди, которые хотят изучать английский язык, обладают большим количеством способностей к знанию этого языка. Для учителей очень важно слушать хороший разговорный английский на уровне понимания улучшит все аспекты разговорной речи, поскольку обычно мы изучаем наш родной язык, сначала слушая и слыша, как на нем говорят другие.

Языковое образование может проходить как общеобразовательный предмет или в специализированной языковой школе. Существует множество методов обучения языкам. Использование современных технологий в обучении в классе очень полезно для учащихся. Существует множество возможностей для того, чтобы сделать процесс обучения легким и продуктивным. Никто не может отрицать, что технологии улучшили образование. Преподаватели также кардинально изменили свои методы обучения в ответ на новые технологии на протяжении многих лет. Лично я сама стараюсь больше использовать обучающие компакт-диски с английским языком, MP3-файлы или компьютерные программы в школьной языковой аудитории, также эти программы стараюсь давать ученикам в качестве домашнего задания. Такжеможем находить англоязычное телевидение и учебные материалы в Интернете. В современном мире у нас гораздо больше возможностей для изучения языка. Эффективные современные методы обучения навыкам аудирования включают в себя все: от интерактивных упражнений до мультимедийных ресурсов. Навыкам аудирования лучше всего научиться с помощью простых, понятных действий, которые больше фокусируются на процессе обучения, чем на конечном продукте. Независимо от того, работаете ли вы с большой группой учеников или с небольшой, вы можете использовать любой из следующих примеров для разработки собственных методов обучения студентов тому, как хорошо слушать, писать, читать и говорить.

Проекционные устройства стали более доступными и теперь являются почти стандартными во многих классах. Интерактивные доски, хотя и остаются дорогостоящими, обеспечивают мгновенный интерфейс между классом и киберпространством, позволяя преподавателям превращать лекции в мультимедийные презентации в режиме реального времени. Преимущества классных технологий гаджеты в классе могут создать более интересную, интерактивную среду, с которой учащиеся в основном уже знакомы за пределами школы.

Аудиоязыковой метод:Аудиоязыковой метод, обычно стандартизирована следующим образом: это диалог на иностранном языке, который должен был запомнить ученик. Учитель должен просмотреть его за день до этого. Затем вопросы на иностранном языке о диалоге, на которые ученики должны ответить на изучаемом языке. Следующее это краткое введение в грамматику главы, включая глагол (-ы) и спряжения. Основой главы это практика шаблонов, которая представляла собой упражнения, ожидающие «автоматических» ответов от ученика (учеников), когда существительное, спряжение глагола или согласное прилагательное должны были быть вставлены в пробел в тексте или во время паузы учителя. Учитель мог попросить ученика использовать книгу или не использовать ее, в зависимости от того, как было назначено домашнее задание. В зависимости от времени класс может отвечать хором, или

учитель может выбрать отдельных участников для ответа. Это действительно своего рода «запоминание».

Метод, который используется для обучения аудированию, содержит в себе несколько ключевых советов, которые помогут ученикам улучшить процесс обучения. Во-первых, держите свои ожидания простыми, поскольку даже самый опытный слушатель не сможет полностью и точно вспомнить сообщение целиком. Во-вторых, держите свои инструкции доступными и предоставляйте учащимся возможность не только задавать уточняющие вопросы, но и совершать ошибки. В-третьих, помогаете учащимся освоить свои коммуникативные навыки, разработав мероприятия, соответствующие их навыкам и уровню уверенности, а затем укрепляете их уверенность, отметив способы, которыми они улучшаются, какими бы незначительными они ни были.

Метод использования видеоматериалов :Еще одним полезным ресурсом для обучения навыкам аудирования являются видеоматериалы, включая короткие зарисовки, новостные программы, документальные фильмы, материалы интервью, а также драматические и комедийные материалы. Существует множество идей, которые можно использовать при обучении английскому языку с помощью видеороликов. Для маленьких учеников также уместно использовать обучающие мультфильмы, которые могут расслабить ребенка и научить чему-то новому или повторить предыдущую тему в детской манере. Как и в случае с аудиоматериалами, выбираете размер и продолжительность видеоматериалов в зависимости от уровня знаний учеников. Вместе с учениками сначала посмотр фрагмента без звука или без перевода самостоятельно и обсуждение его вместе. Попросите студентов определить, что, по их мнению, будет содержанием истории, которую они смотрят. Затем снова просмотрите видеоматериал, на этот раз со звуком, что позволит учащимся делать заметки, если это полезно для их уровня знании.После завершения видеоматериалов вы можете попросить учеников написать краткое изложение материала, или вы можете потратить время на обсуждение в группе того, как видеоматериал соотносится с ожиданиями студентов. Использование этого метода в Казахстане: использование видеороликов на уроках английского языка - очень полезный и стимулирующий метод мотивации ваших учеников к получению максимальной отдачи от предмета. Всем учащимся нравится этот метод. Метод очень хорошо развивает восприятие и понимание иностранного языка на слух.

Кроме того, с помощью современных методов учитель может понять, как учащиеся используют грамматику, новые слова (прилагательные, пояснения, глаголы) и как они понимают друг друга. Например, игра в карточную игру, требующую вызова карт, может позволить смешанное изучение чисел (от 1 до 10). В современных школах часто встречается такой метод изучения иностранного языка. Этот метод аналогичен методу изучения иностранного языка через игру.

Использованная литература:

1. Harner Jeremy. The practice of English language teaching. L. — New York, 1991.-296p.
2. University Antwerpen James L. Barker lecture on November 8, 2001 at Brigham Young University, given by Wilfried Decoo. §5, 7.
3. Diller, Karl Conrad (2005). The Language Teaching Controversy. Rowley, Massachusetts: Newbury House. ISBN 912066–22–9. §11
4. E. ter Horst and J. M. Pearce, “Foreign Languages and the Environment: A Collaborative Instructional Project”, The Language Educator, pp. 52–56, October, 2008.
5. Joshua M. Pearce and Eleanor ter Horst, “Overcoming Language Challenges of Open Source Appropriate Technology for Sustainable Development”, Journal of Sustainable Development, 11(3) pp.230–245, 2010.

6. Content: Methods and Approaches to English language teaching Source: Wikipedia Date Modified: 07.10.2008, §1, 2, 4, 5, 9. 7. University Antwerpen James L. Barker lecture on May, 2011 at Brigham Young University, given by Wilfried Decoo. §7 8. Caroline Laidlow, Trawelling through time (2000) ISBN 0–7513–3178–3, p.1

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ – ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАСЫ

Ж.А. Абдиреева, А.Н Есенжолова
Ақтөбе қаласы, «Ахмет Байтұрсынұлы ЛМГ» КММ

XXI ғасыр-ақпараттың керемет дамыған ғасыры. Қазіргі ұрпақты таң қалдыру үшін тың дүние ойлап табу өте қиын. Осынау заманда баланы кітап оқуға әуестендіру де қиынның қиыны.Заманауи балаларға бірнәрсе үйрету үшін олардың неге қызығатындығын әуелі зерттеп алған дұрысырақ.

«Оқудың тамыры- ащы, жемісі -тәтті» демекші , білім беру мен ғылыми кеңістікте танымдық стратегияларды көбіне қолданамыз,алайда нәтижелі бола бермейміз. Қазіргі кезде ғылым мен технология жетік дамыған. Табиғат құбылыстары және оның заңдары осы күнге дейін адам баласын ойландырып, толғандырып, анықталмаған, сыры ашылмаған дүниелерге ақиқаттың түбіне бар сана-сезімімен, білімді де тәжірибелі ақыл-ой парасаттылығымен жетуі әрқашанда үлкен жетістік болып табылады.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде де жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Ақпараттық технологияларды және компьютерлік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді. Жаңа ақпараттық технологияларды білім жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы негізгі қозғаушы күші адам, сол себепті білімнің негізгі принциптері іске асырылуы тиіс.Осындай технологиялардың бірі-қашықтан оқыту.

Қашықтықтан оқыту – жаңа технологиялардың бірі деуге де болады.. Бұл күні оған үлкен мән беріліп отыр. Бұрын технологияларға бағытталған қоғамдық прогрестің нәтижелерінің бүгінде ақпараттық алаңда орталықтандырылып жатқаны қашықтан оқытудың маңыздылығын арттырды. Ақпараттың дәуірі басталды. Оның қазіргі мезгілдегі даму кезеңін телекоммуникациялық деп сипаттауға болады. Бұл ақпарат пен білімнің қатынас аймағы. Кәсіби білім тез ескіретіндіктен оны тұрақты түрде жетілдіріп отыру керек. Қашықтан оқыту формасы бүгінде, уақыт және кеңістік белдеулерінен тәуелсіз, көпшіліктің өз бетінше үздіксіз жалпы білім алу жүйесін, өзара ақпарат алмасуын қалыптастырады және жүзеге асырады. Одан басқа, қашықтан оқыту жүйесі әлеуметтік жағдайына қарамастан және еліміз бен шет елдің кез-келген ауданында тұрса да адамның білім және ақпарат алу құқығын қамтамасыз етеді. Ел азаматының білім алу құқығын қамтамасыз етуде және қоғам қажеттілігін өтеуде, тек осы жүйе мейлінше тиімді әрі икемді. Жоғарыда айтылған факторларға сүйеніп айтқанда, мамандарды дайындау мен олардың жоғары квалификациялық деңгейін ұстап тұруда қашықтан оқыту XXI ғасырдағы ең әсерлі жүйе болып табылады.

Қашықтықтан оқыту технологиясын дамыту мен тарату білім жетілдірудің бұрынғы дәстүрлі жүйесіне елеулі өзгерістер енгізілуде. Оқу ақпаратын шалғайдағы елді мекендерге жеткізуде қашықтан оқыту технологиясын қолданудың ерекше маңыздылығының бар. Қашықтан оқитындардың құрамына біріншіден физикалық мүмкіндіктері шектеулі адамдар, оларды күтушілер, яғни бірыңғай үйде отыратын адамдар, денсаулығына байланысты күндізгі оқу сабақтарына қатыса алмайтын оқушылар оқи алады. Екіншіден жоғары, арнайы оқу орындарында аз шығынмен неғұрлым көп адамдар оқыта алу мүмкіндігі бар. Үшіншіден

адамдар тұрғылықты жерін ауыстыруына немесе өміріндегі әр түрлі өзгерістерге қарамастан білім алуды жалғастыра алады.

Сырттай оқу мен қашықтан оқуды шатастырмау керек. Олардың басты айырмашылығы сонда, қашықтан оқытуда жүйелі, әрі әсерлі интерактивтік оқыту қамтамасыз етіледі. Қашықтан оқытуды оқудың жаңа бір формасы деп, тиісінше қашықтан білім беруді (оқыту нәтижесі сияқты, жүйені де, процестің өзін де) білім берудің жаңа формасы деп қарастыру керек. Әрине, оны басқа оқу жүйелеренің жетілдірілген түрі деп қарауға болмас. Қашықтан оқыту да күндізгі оқытудағыдай мазмұн мен мақсаттар негізінде құрылады. Бірақ, материалды беру түрі мен мұғалім – оқушы, оқушының өзара қатынастары басқаша болады. Қашықтан оқытудың дидактикалық принциптері де (ғылымилық, жүйлеік және жүйелілік, белесенділік принциптері, дамыта оқыту, көрнекілік, оқытудың дифрененциалдығы мен жекелей оқыту принциптері т.с.с) күндізгі оқуыдағыдай. Бірақ, Интернеттің ақпараттық ортасының және оның қызметінің мүмкідіктеріне байланысты, қашықтан білім беруді жүзеге асыру ерекше болады. Осылайша, бір жағынан қашықтан оқытуды жалпы білім беру арасында (үздіксіз білім беру жүйесінде), оның кейбір жақтарының ерекшеліктерін ескере отырып қарастыру керек. Басқаша жағынан, қашықтан оқуды жүйе және процесс ретінде айыра білу керек. Қашықтан оқыту – процесс. Қашықтан оқу – жүйе**.** Басқа да оқыту формалары сияқты, қашықтан оқыту да педагогикалық жобалаудың кезеңдерін, оның мазмұндық және педагогикалық құрамын (педагогикалық технология жоспарындағы әдістеме, оқыту формаларын) теориялық тұрғыда мағаналы етуді ұсынады. : шығатыны, педагогикалық жобалау кезеңінің міндеттері мыналар: электрондық курстар, электрондық оқулықтар, оқу құралдарының кешендірін құрастыру, желіде оқыту процесін ұйымдастырудың педагогикалық технологиясын жасау. Қашықтан оқыту курсы оқушы әрекетінің тиянақты және дәл жоспарлануын, ұйымдастырылуын, оқыту мақсаты мен міндетінің айқын қойылуын, оқушы мен оқытушының арасындағы интерактивтілікті қамтамасыз ететін қажетті оқу материалдарының жеткізілуін, оқушы мен оқу материалы арасында кері байланыс болуын талап етеді, топтық оқытуға жағадай жасайды. Әсерлі кері байланыстың болуы оқушының білімсіздіктен білімділікке қарай қозғалысының дұрыстығы туралы ақпарат алып отыруға мүмкіндік береді. Мотивация да кез-келген қашықтықтан оқыту курсының маңызды бір бөлігі. Оның көтермелеу үшін әртүрлі әдістер мен құралдарды қолдану маңызды. Қашықтан оқыту курстарын ұйымдастырғанда қосалқы компоненттерді (инвариантты) де қарастыру керек. Әсіресе ата-аналар үшін қашықтан оқыту материалдық жағдайының тиімді болуын қарастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. 1. Околесов О. П. Системный подход к построению электронного курса для дистанционного обучения // Педагогика. -1999. -№ 6. -С. 50-56.
2. Полат Е. С. Петров А.Е. Дистанционное обучение: каким ему быть? // Педагогика. -1999. -№7. -С. 29-34.
3. Пидкасистый П.И. Тыщенко О.Б. Компьютерные технологии в системе дистанционного обучения // Педагогика. -2000. -№5. -С. 7-12.
4. Сайттар: www.e-gov.kz www.albest.ru, www.tor.kz
5. Журнал «Информатика и образование», № 7 -2006ж. (41-45 б)
6. Журнал «Информатика и образование», № 2 -2006ж. (49-57 б)
7. Журнал «Информатика негіздері» № 1 – 2005 ж (11-14 б)
8. Журнал «Мектеп» № 11 (6 бет)

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Абдрахманова Айгуль Жумагалиевна
Темір ауданы, Темір қаласы, «Гаухар» балабақшасы

Балабақша тәрбиеленушілеріне дене тәрбиесін сауатты ұйымдастырудың маңызы зор. Денсаулықтың зор болуы, дененің, ағзаның дұрыс жетілуі, баланың жұмыс қабілетінің барысы осы мектеп жасына дейін бала кезде қалыптасып, бір ізге түседі. Бала туылғаннан бастап, мектепке барғанға дейінгі алғашқы жылдар адам өмірінде өте үлкен маңызға ие. Бұл кезеңде денсаулықтың іргетасы шыңдалады, әр түрлі қабілеттер дами бастайды, сапалы қасиеттері көрінеді және мінез-құлық ерекшеліктері қалыптасады. Осы жылдарда баланың қалай тәрбиеленуі, оның болашақтағы оқуына, жеке адамзат болып қалыптасуына негіз болады.

Баланы алғашқы жылдары жан-жақты тәрбиелеудің негізгісі - дене тәрбиесі. Дұрыс дамып келе жатқан бала ылғи да қозғалысқа қабілетті болады. Балабақшада дене тәрбиесін ұйымдастырудағы басты міндет, балалардың қозғалыстарын жетілдіру, қимылдық дағдыларын және дененің икемділік, шапшаңдық күштілік, төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Балабақшада дене тәрбиесін ұйымдастыруда ойындар тиімді тәсіл екеніне келесі сөзім дәлел. Ойын барысындағы іс-қимылды дұрыс сапалы түрде балаға жеткізіп бірнеше рет қайталап әдетке айналдырғанда, бала ағзасындағы зат алмасу артып, жүйке жүйесі белсенділігін танытып, қан айналымы жақсарады. Қозғалыс барысындағы жиі демалудан бала ағзасындағы оттегіге деген қажеттілік артады. Дене шынықтырудың арқасында баланың көңіл-күйі жоғарылап, жүйке жүйесі бекиді. Дене шынықтыру нәтижесінде бала өзінің іс - әрекетіне және топтық тәртіпке үйреніп, оның ережесіне бағынады. Бұл оның жан-жағындағы оқиғаға мән беріп қарауына, төзімді болуына, тәртіпті сақтауына септігін тигізеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар дене тәрбиесінің негізгі амалдары – дене тәрбиесі жаттығулары. Дене жаттығулары - дене тәрбиесінің негізі. Дене жаттығулары баланың жас ерекшелігіне сай өзгеріп күрделене түседі. Жас шамасына қарай күрделене түскен жаттығулар өз құрамына күнделікті тұрмыстан, адам еңбектерінен, әскери қимыл қозғалыстардан сонымен қатар спорт түрлерінде кездесетін қозғалыс түрлерінен алынатын жаттығуларды енгізеді. Жаттығу кезінде баланың барлық тірек-қимыл мүшелері жұмыс жасап, барлық мүшелерінің іс-қимылдары дамып, жүрек, тыныс алу және жүйке жүйелерінің қызметі арта түседі. Дене жаттығулары қозғалыс шеберлігі мен дағдысын қалыптастырады, дене қасиеттерінің дамуына әсер етеді. Балалардың ағзасына дене жаттығуларының тиімді, жақсы әсер етуі үшін дене тәрбиесінің қосымша амалдары табиғаттың сауықтыру күштері мен гигиеналық факторлар қолданылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі міндеттерін дұрыс орындау үшін дене тәрбиесі амалдары дене жаттығуларын, табиғаттың сауықтыру күшін және гигиеналық факторларды кешенді бір-бірлеріне ұштастыра, байланыстыра қолдану қажет.

Денсаулық адам өміріндегі ең жоғары бағалы дүние болғандықтан, әр адам баласы өз денсаулығына көңіл бөле қарау қажет, оны орынсыз ысырап етпеу керек, үнемі денсаулықтың қорын көбейтіп отыру керек .Сол себепті, әр адам салауатты өмір салтын қалыптастыру керек. Салауатты өмір салтын ынталандыру әрқайсысымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға, зиянды әрекеттерден аулақ болып, тазалық пен санитария шараларын сақтауымыз қажет.Мектепке дейінгі дене тәрбиесі жүйесінің негізгі мақсаты – жасөспірімдердің денсаулығын дұрыс қалыптастыру мен салауатты өмір салтының қажеттіліктерін тәрбиелеу болып табылады. Дене тәрбиесі сабағының міндеті денсаулықты нығайтуға, дене мүшелерін жетілдіруге, адам ағзасын бірқалыпты дамытуға бағытталады. Негізгі көрсеткіші тән сұлулығы мен оны қалыптастыру, әрі денсаулығын жақсарту.Бала

ағзасын қалыпты өсіру үшін мектепке дейінгі ұйымда баланың дене тәрбиесін ұйымдастыруға тәрбиешілер ерекше мән беруі керек.

АҚТӨБЕ ӨҢІРІНІҢ ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІН ТАНЫТУДА «ӘДЕБИЕТТЕГІ ӨЛКЕТАНУ КУРСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ»

Абдрахманова Айжан Қыдырбекқызы
Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, №1 Хромтау орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Қазіргі таңда қоғам алдындағы өзекті мәселелердің бірі – әлеуметтік, экономикалық жағдайларға байланысты өзгермелі дүниеде өмір сүре алатын жеке тұлға қалыптастыру ғана емес, сол өзі өмір сүретін қоғамды гүлдендіруге атсалысатын белсенді тұлға қалыптастыру. Бұндай тұлғаға қойылатын талап: Ол тұлға – белсенді, жауапкершілігі мол, кәсіби сауатты, өзін-өзі дамыта алатын, қоғам талабына сай иманды ел азаматы. Бұндай ел азаматын қалыптастыруда өлкетану ұстанымының рөлі үлкен. Өйткені, өлкенді тану – өзінді білу, болашаққа ұмтылу, арманыңды жүзеге асыру. Өлкетану ұстанымын қалыптастыруда қазақ әдебиеті пәнінің әр адамға өнеге, үлгі, тәлім-тәрбие беретін көркемдік қуатын пайдалана білудің мәні зор. «Ұлт өзін танып- білу үшін өзінің ақындарын дүниеге әкеледі» , - деген екен бір данышпан.

Өзің туып өскен өңірдің әдебиетін тану арқылы оқушы өз өлкесін таниды , «Туған жер» деген ұғымды тереңірек білетін болады. Туған жері мен елінің , халқының өткен өмірі мен бүгінгі тіршілігін оқытып үйрету оқушыларды азаматтық пен ұлтжандылыққа Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді, жеке тұлғаның дамуына септігін тигізеді.

Күллі қазаққа рухани ұстаз болған ұлы Асанқайғыдан,данышпан Мөңкеден бастау алып, бүгінгі дарынды жастарға дейінгі аралықта жатқан әдебиетті Ақтөбе өңірінің әдебиет әлемін жас ұрпаққа таныстыру арқылы олардың өз өлкесінің рухани құндылығын қастерлеуге үйретуде «Әдебиеттегі өлкетану» курсы септігін тигізеді.

Бұл курстың бағдарламасының мақсаты: Тарихи терең де күрделі Ақтөбе өңірінің елдің рухын асқақтатын, халықтың мұңын, қуаныш-сағыныш сезімін өз шығармаларында бейнелеген жыраулармен, халық ақындары мен жазушыларының мұраларымен оқушыларды хабардар ету, баға жетпес мұра-әдебиеттің дәмін татқызу .

Курстың мақсатынан туындайтын міндеттер:

Ақтөбе өңірінің ақын-жазушылары шығармаларымен, өмір жолдарымен таныстыру арқылы оқушылардың бойындағы туған жерге деген сүйіспеншілікті нығайту.

- Курс сабақтарын өткізуде оқушылардың белсенділігін тудыратын, қызығушылығын, ынта-ықыласын арттыратын тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану
- Қазіргі заман оқыту технологияларын тиімді қолдану
- Сабақта оқушының ой еркіндігін сезінуіне, өз пікірлерін ашық та айқын айта алуына жағдай жасау арқылы оқушыларды сөз шеберлігіне төселдіру
- Оқытудың жаңа технологияларын қолдану арқылы оқушының шығармашылық ізденістеріне бағыт беру
- Ақтөбе өңірінің ақын,жазушы, жырлауларының шығармаларындағы идеялық мазмұнды,көркемділікті көрсете отырып, оқушыларды әділдік, шешендік, батылдық, отансүйгіштік т.б. жақсы қасиеттерді қастерлеуге, үлгі алуға баулу.

- Шығармалардағы идеялық мазмұнды философиялық ой-түйіндерді оқушының өздеріне шешкізу.

Тақырыпқа сәйкес ақын, жырау, жазушылар жөніндегі деректі оқиғалар, материалдар, фильмдер, альбомдар, көрнекіліктер, видеоматериалдарды қолданып, оқушы ұғым-түсінігін байыту.

Курс бойынша қойылған міндеттер арқылы оқушыны дамыту талабы төмендегідей болады:

- Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетке қызығушылығын ояту, шығармашылық бастамаларын және белсенділіктерін қолдау
- Оқушылардың даму деңгейін есепке ала отырып, дамудағы сапалы, жаңа өзгерістерді қуаттау.

Курстың мақсат-міндеттерін шешу жолдары төмендегідей:

1.Жұмыс түрлері:

- әдеби викторина,тест, эссе, тақырыптық-әдеби қойылым, әдеби оқулар, әдеби көрмелер.

2. Оқушылардың міндеттері:

- берген тапсырмаларды өз бетімен орындау арқылы білім, білік,іскерлік дағдыларын жетілдіру.
- әдеби шығармаларды оқып, сурет салу, шығарма бойынша өз ойын жазу
- шығармашылық жұмыстарды орындау:

а) реферат; б) баяндама; в) ғылыми жобалар

Бағдарлама 34 сағатқа арналып, дайындалды, оның 12 сағаты оқушының жеке ізденіс жұмысы.

Курс жүктемесінің көлемі:

1. 8-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылына – 34 сағат.

Ұсынылып отырған курс 8-сыныпқа арналған. Бұл курс тарих пәні, география және т.б. пәндерімен тығыз байланысты. Курс факультатив ретінде не үйірме ретінде өткізілуі мүмкін.

Күтілетін нәтиже:

1.Курстың жоспарына сәйкес тақырыптар арқылы оқушылардың туған өлкеге деген қадір-құрметін оята отырып, сол арқылы туып –өскен өлкеге, отанға деген сүйіспеншілігі қалыптастырады.

2. Оқушылар мүмкін болғанша зерттеу жұмыстарына қатысады.
3. Оқушылар Отан мен халқы алдындағы жауапкершілігін түсінетін болады.
4. Оқушының өзінің табиғи әлеуметі мен танымдық мүмкіндігін тануы, жеке танымдық қорытынды мен ішкі қажеттілігі негізінде кәсіби бағдарлану жолын анықтайды.
5. Ақтөбе әдебиеті әлемі туралы біліп, туған жерге деген мақтаныш сезімі қалыптасады.
6. Түрлі деректерден өз бетінше қосымша ақпараттарды таба алады.
7. Мәселелі сұрақтар бойынша өз көзқарасын білдіре алады.
8. Түрлі байқаулар да, тақырыптық өткізілетін әдеби оқулар мен ғылыми жобалар жарысында өздерінің білім, білік,іскерлік дағдыларын көрсете біледі.
9. Оқырмандық қызығушылығы артады, өз-өзіне сенімді, иманды жеке тұлға қалыптасады.
10. Жүйелі сөйлеуге төселді, өз ойларын белгіленген уақытқа сиғызып сөйлеуге үйренді.
11. Бақылау, іздеу жұмыстарын жүргізуді, жиналған материалды өңдеуді меңгерді.

Қоғам алдында тұрған талаптарға сәйкес оқушының рухани-адамгершілік құндылықтарын ақыл-ойын, танымдық белсенділігін өрістетуге негіз қалауда бұл курстың мәні ерекше. Қазіргі таңда оқушылардың оқырмандық қызығушылығын арттыруда көркем

әдебиетке деген талғамын қалыптастырудағы пәрменді құрал ретінде де бұл курстың пайдасы бар. Сонымен қатар, осы курс негізінде жекелеген оқушының сан қырлы көркем дамуын, оның рухани қажеттілігінің арта түсуі қамтамасыз етіледі. Курстың сабақтарында құрылған жоспарға сәйкес оқушының алған білімі практикалық істерімен ұласып Ақтөбе өңірінің әдебиет әлемімен танысып, білімі тереңдейді, шешен сөйлеуге бейімделеді, өз бетімен жұмысқа дағдыланады.

8-сыныпқа арналған «Әдебиеттегі өлкетану» курсын жүргізу тәсілдерін түрлендіру арқылы алға қойылып отырған мақсат, міндеттер орындалған жағдайда, өз нәтижесін береді.

Жоспарға сәйкес бағдарламада көрсетілінген тақырыптарға сәйкес мәтіндер тындалым, жазылым, оқылым, сөйлесім түрінде оқытылады. Сабаққа қазіргі сандық технология мүмкіндіктері пайдаланылады. Сонымен қатар жазу жұмыстары, яғни эссе, шығарма. Бағдарлама бойынша оқушылар Ақтөбе өңірінде өмір сүрген Асан қайғыдан, данышпан Мөңкеден бастау алып, бүгінгі жастарға дейінгі аралықтағы Өтебай Қанахин,Сағи Жиенбаев, Қуандық Шыңғытбаев сияқты шежірелі өлкенің тұлғаларымен танысу арқылы өз өлкесін тани алады.

Әдебиет – сөз өнері. Сөз өнерімен таныстыру кітап оқу арқылы жүзеге асады. Кітап оқу оқушылардың дүниетанымын кеңейтеді, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытады. Сабақтар оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін жетілдіруге бағытталып, олар: зерттеу сабақ, зерттеу жобасын қорғау сабағы, ғылыми жұмыстар сабағы, ойын, ашық ой сабағы, конференция, әдеби оқулар түрінде өткізу оң нәтижеге жеткізеді.

Ақтөбе өңірінің ақын-жазушылары шығармаларымен, өмір жолдарымен таныстыру арқылы оқушылардың бойындағы туған жерге деген сүйіспеншілігі артады. «Әдебиеттегі өлкетану» курсының жоспарына сәйкес құрылған тақырыптар арқылы оқушылардың туған өлкеге деген қадір-құрметін оята отырып, сол арқылы туып-өскен өлкеге, отанға деген мақтаныш сезімі артып, олардың отан мен халқы алдындағы жауапкершілігін түсінетін болады.

Сонымен оқушылардың рухани жан-дүниесінің дамуына, көзқарастары мен шығармашылық қабілетімен танымдық біліктілігі және мәдени құндылықтарының жоғары деңгейде дамуына, жеке тұлғасының сапалық қасиеттерін дамыту да заман талабына сай құзырлығын қалыптастыруда «Әдебиеттегі өлкетану»курсының мүмкіндігінің зор екендігі туралы қорытынды жасалынды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы 1997., 19-23 бет

2. Істай Мамбетов. Ақтөбе кітапханасы,Ақтөбе , 2011. Т .10. « Шамшырақ-Ақтөбе» ЖШС 242-246 беттер.

3. Сағи Жиенбаев Т.13. «Шамшырақ-Ақтөбе» ЖШС 15-215 беттер.

ФОРМИРОВАНИЕ ГЛОБАЛЬНОЙ ГРАЖДАНСТВЕННОСТИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Абдулхамитова Дина Куанышевна
ТОО «Школа-гимназия и колледж КАЗГЮУ», город Актобе

Подрастающее поколение осознает остроту вопросов, которые ставит перед человечеством 21 век. К таковым относят проблемы экологии, терроризма, безработицы, миграции населения. Каждая из них должна быть педагогически осмыслена, ибо процесс

образования – феномен, связанный с приготовлением к будущему живущих в настоящем. «Принцип лоскутного одеяла» - культурологическое понятие, позволяющее описать феномен сосуществования множества разнородных культур в его пространстве. В подобных условиях школа становится местом, где ребенок может получить уникальный опыт – опыт познания самого себя и других, опыт познания той связи, которая существует между нами, опыт постижения своей культурной самобытности, наконец, опыт диалога. Без этих значимых результатов образования невозможно воспитать уважение к своей и ино- культуре, ответственность, справедливость. Научить подрастающее поколение жить в многогранном, сложном мире – первостепенная задача школы. Уроки русского языка и литературы как раз и являются теми школьными дисциплинами, которые невозможно представить себе без аспекта духовно-нравственного воспитания. Во многом формирование глобальной гражданственности обусловлено укладом и традициями школы, уходом от формализма при проведении мероприятий. Педагоги должны обладать умением «раскручивать» программный материал и организовать в нетрадиционной форме диспуты, дебаты, организовать тренинги, отходить от массовости и ценить качество. Благодаря педагогически грамотной организации глобально-ориентированной деятельности, школьники приобретают умения и навыки глобального характера и глобально-ориентированные качества личности. С целью воспитания у школьников положительного отношения к другим народам, приобщения учащихся к духу народа другой страны, возрождения интереса к культурам разных стран в Программе обучения русского языка предусмотрены такие разделы, как «Традиции и культура» - 9 класс, «Толерантность и диалог национальных культур» - 10 класс и тд. Свою эффективность доказали следующие педагогические технологии:

1. Подбор текстов с нравственной тематикой в соответствии с возрастом учащихся.
2.Обсуждение ситуаций нравственного выбора.
3. Работа в микрогруппах (в зависимости от вида и формы задания).
4.Выполнение творческого задания, например:

а) написать письмо какому-либо персонажу;
б) сочинить стихотворение, в котором выражается позиция ученика;
в) написать заметку, пост, как реальный случай;
г) рассказать о подобном случае из твоей жизни;

Чтобы увидеть ученика в процессе образования, его надо открыть, повернуть к себе, включить в деятельность. Проекты удобны тем, что они очень разнообразны по форме, содержанию, характеру доминирующей деятельности, по количеству участников, по продолжительности исполнения. Формы реализации проекта также различны: это может быть печатная работа, статья, пост в блоге, доклад на конференцию, мультимедиа презентация, творческий отчет, концерт. Так работа на уроках по теме «Что такое традиции», «Язык и культура» привела к созданию уголка китайской культуры в школе. Для этого учащиеся пригласили в школу представителей института Конфуция, провели общешкольное мероприятие Китайский Новый год с показом традиций китайского народа.

Гражданская идентичность современной личности может выступать не только как осознание принадлежности к сообществу граждан того или иного государства, но и как результат процесса соотнесения себя с мировой глобальной гражданственностью т.е. осознание себя как Гражданина Мира, его ценностями и нормами. Наличие глобальной гражданственности может обеспечить уверенность и стабильность личности в изменяющихся социальных условиях, позволяет оказывать влияние на гражданское общество с учётом интересов индивида, создаёт условия для проявления политической, социальной и гражданской активности. Уважительное отношение и интерес к самобытным и многовековым традициям разных народов становится эталоном духовной независимости, которая ныне с детства аккумулируются в подсознании и чрезвычайно важна для каждого человека,

становится формой самосознания и духовно-практического освоения действительности, внутри формируются стереотипы социального поведения, психологические установки и эстетическое отношение к окружающему миру. Современное поликультурное образование ориентировано на международную академическую мобильность и требует от языковой личности готовности к обучению, коммуникации и профессиональному общению в иной лингвокультурной среде, т.е. готовности к культурноязыковой адаптации.

Список литературы

1. Декларация тысячелетия Организаций Объединённых Наций // Установление культуры мира: универсальные ценности и гражданское общество. – Тверь: МАОО «МФО», 2001. – С. 95-105
2. Психология личности//учебное пособие СПб.:1999 г. с.68 Сознание и самосознание. – М.: 1991г. с.25
3. Патриотическое самосознание: сущность, структура, функция.//Материалы международной научно-практической конференции история педагогической науки и образования Казахстана: трансформация и инновация»- с.185-191
4. Воспитание казахстанского патриотизма на уроках русского языка (из опыта работы) //infourok. ru/vospitanie

СОВРЕМЕННЫЕ ПРИЁМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Абдыкаликова Гульсум Куандыковна
КГУ «Общеобразовательная средняя школа – гимназия №11»,
учительных начальных классов

Современные требования времени таковы, что каждый день наши дети сталкиваются с огромным количеством задач, которые необходимо не только решить, но и найти рациональное и неординарное решение. Перед учителем ставятся новые задачи: научить не только грамотно решать эти задачи, но и делать выводы, систематизировать накопленные знания, уметь самостоятельно добывать необходимую информацию.

Вот и встают перед учителем вопросы: как научить ребенка учиться, ориентироваться в большом объеме информации, работать с текстом? Как вызвать активную познавательную деятельность? Как вызвать положительное отношение к учебе? Как формировать функциональную грамотность? Появляется необходимость в новых педагогических технологиях, в эффективных формах образовательного процесса, в активных методах и приемах обучения…

Функциональная грамотность – умение человека входить во взаимоотношения с наружной сферой по максимуму и стремительно приспособиться и действовать в ней. В отличие от простой грамотности как возможности персоны прочитывать, осознавать, оформлять элементарные краткие тексты и совершать простые арифметические операции, функциональная грамотность есть атомарный уровень познаний, умений и способностей, гарантирующий нормальную деятельность персоны в концепции социальных взаимоотношений, какой является по минимуму важным для реализации жизнедеятельности личности в определенной цивилизованной среде.

Функционально грамотная личность – это личность, разбирающаяся в обществе и функционирующая в согласовании с социальными ценностями, ожиданиями и увлечениями.

Основные свойства функционально грамотной личности: это человек независимый, постигающий, способный жить среди людей, располагающий определёнными свойствами, основными компетенциями (Изучать. Находить. Мыслить. Содействовать. Приниматься за дело).

Процесс развития и формирования функциональной грамотности средствами учебных объектов начальных классов, отталкиваясь из настоящих познаний, умений и способностей, исполняется на базе развития навыков мышления.

На первоначальном этапе преподавания самое важное – это совершенствовать способность любого ребенка размышлять с помощью подобных логических способов, как анализ, синтез, сопоставление, обобщение, систематизация умозаключение, классификация, отвержение.

Развитию функциональной грамотности на уроках в начальной школе могут помочь задачи, соответствующие уровню логических приемов.

Все способы, применяемые преподавателем, обязаны быть ориентированы на формирование познавательной, мыслительной деятельности, что в свою очередь ориентирует на отработку, взаимообогащение познаний любого ученика, формирование его функциональной грамотности.

Формирование у ребенка логического мышления – это один из значимых вопросов начального обучения. Способность размышлять закономерно, совершать умозаключения в отсутствии явной опоры, сравнивать суждения по конкретным законам – нужное требование эффективного освоения учебного материала. Ключевая работа для формирования логичного мы шления обязана вестись с помощью задач. Так как в каждой задаче заложены крупные возможности для формирования логического мышления, неординарные логические вопросы – прекрасный механизм для подобного формирования. Регулярное применение в заданиях арифметики и необычных проблем, расширяет математический круг интересов младших школьников и дает возможность наиболее решительно разбираться в простых закономерностях находящейся вокруг их реальности и стремительно применять точные познания в обыденной жизни.

Для успешного развития функциональной грамотности школьников и достижения ключевых и предметных компетенций необходимо использовать такие эффективные приёмы, чтобы обучение на уроке носило деятельностный характер. Мы рассмотрим несколько приёмов, которые практикуем.

На уроках изучения нового материала или комбинированном уроке можно использовать технологический приём «Пазл».

Приём «Пазл» ориентирован на те же правила, что и детская игра, только вместо картинок учащимися собирается текст на определенную тему, а в качестве «фрагментов-пазлов» используются карточки с отдельными пунктами готового плана – характеристики героя или отрывками из текста. Метод «Пазл» универсален.

Приём “Создай паспорт”

Суть приёма «Создай паспорт» в том, что дети самостоятельно знакомятся с материалом. Осмысление прочитанного помогает в составлении обобщённой характеристики изучаемого явления по определенному плану.

Имя
Автор (создатель)
Прописка (где живёт)
Внешний вид
Личные качества (свойства)
Использование

Данный приём может быть использован для создания характеристик:

- на литературном чтении – героев литературных произведений;
- на окружающем мире – природных зон, полезных ископаемых, систем организма…
- на математике – математических величин, геометрических фигур;
- на русском языке – частей речи, частей слова, членов предложения.

Одним из эффективных приёмов работы по извлечению информации из несплошного текста является «Кубик Блума», который многие из вас используют на уроках после прочтения текста.

На гранях кубика записаны слова: предложи, придумай, поделись, объясни, почему, назови.

Приём «Кассовый чек»

- Какой вид несплошного текста перед нами? (Чек)
- Какую информацию можно извлечь из чека? (покупатель был в магазине «Пятерочка», дата посещения магазина, покупки)

-Составьте задачу, используя чек.

Идея любого произведения глубоко запрятанная в текст, извлекается в результате его анализа. Для того, чтобы понять автора, его идею, для анализа текста мы прежде всего должны определить систему образов произведения, составить его «структурную схему», которая поможет увидеть все образы, разобраться в их связях и взаимоотношениях и наглядно представить идею.

Применение данных приёмов дает положительные результаты. Такие задания позволяют ребятам быть функционально грамотными, умело работать с разными текстами.

Подводя итоги, можно сказать с уверенностью, что вопросу формирования функциональной читательской грамотности на уроках в начальной школе следует уделяют большое внимание. Навык смыслового чтения должен формироваться при обучении всем школьным предметам.

Это даёт нам уверенность в том, что наши ученики будут функционально грамотными.

Список литературы.

1. Активные методы обучения. Электронный курс. Международный Институт Развития «ЭкоПро», Образовательный портал «Мой университет», http://www.moi-universitet.ru.

2. Бунеев Р.Н. Понятие функциональной грамотности // Образовательная программа «Школа 2100», Педагогика здравого смысла / Сборник материалов / Под научной редакцией А.А.Леонтьева. – М.: «Баласс», Издательский Дом РАО, 2003.

3. Гин А. А. Приемы педагогической техники. — М.: „Вита-Пресс“, 6-е изд., доп., 2005. — 112 с., 9-е изд., 2009.

4. Хижнякова О. Н. Современные образовательные технологии в начальной школе. - М.: Издательство «Владос», 2006. - 360 с.

5. Мастер – класс «Несплошной текст, как средство формирования читательской грамотности» Иванова Л.М. https://infourok.ru/master-klass-nesploshnoj-tekst-kak-sredstvo-formirovaniya-chitatelskoj-gramotnosti-scenarij-literaturno-muzykalnoj-kompozicii-4951243.html

ҚОҒАМДЫҚ-ТАРИХИ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚ ПЕН БІРЛІК ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Абенов Адильжан Сейтжанович
Жамбыл жалпы білім беретін орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі

Қазіргі мектепте білім беруде көптеген жаңашылдық әдістер мен тәсілдер қолданылуда. Олардың қайсысын алсақ та – оқушылардың танымы мен білімін кеңейтуге, есте сақтауын дамытуға бағытталған. Жан-жақты ойлай білетін, бәсекеге қабілетті ұрпақ – ел болашағы. Дегенмен де кез-келген жаңашыл әдістің негізінде алдыңғы дәуірлердің тәжірибесі жатқанын ескерген жөн. Яғни, әдістеменің негізінде әдіснама жатыр. Сондай әдіснамалық заңдылықтардың ең танымалы – диалектикалық әдіс. Көпшілік жұрт оны философиялық категория деп қарап, «марксизмнің қалдығы» деп бас тартуда. Дегенмен, диалектиканы сонау антика дәуірінен бастап дамытылған ілім екенін ескерсек, оның да пайдалы жақтарын ала білу керек.

Диалектика (гр. *διαλεκτική* – пікірталас, әңгімелесу өнері) — табиғаттың, адамзат қоғамының және ойлаудың қозғалысы мен дамуынын жалпы заңдылықтары туралы философиялық ғылым, бір қасиеттен екінші қасиетке секіріс түрінде ауысуына әкелетін ішкі қарама-қайшылықтарын және қарама-қарсылықтардың күресін ашу жолымен қоғам мен табиғаттың әрқашан қозғалыста болатын және өзгеріп отыратын құбылыстарын танудың ғылыми әдісі.

Көріп отырғанымыздай, мұндағы ең негізгі идеяға – қарама-қайшылықтар мен қарама-қарсылықтардың күресі және бірлігі негізіндегі – «даму» және «қозғалыс» категориялары жатады. Сондықтан, оны қай пәнді оқытсақ та пайдаланған жөн. Жамандық пен жақсылық, ақ пен қараның, ескі мен жаңаның күресі – қай салада болмасын орын алады. Бұл мақалада мен осы әдісті тарихи-қоғамдық пәндерді оқытуға қолдану тәжірибеммен бөлісіп, кейбір мысалдарын келтірмекпін.

Даму – бұл материалды және идеалды обьектілердің, яғни заңдылықты, бағытты, қайта айналмауды білдіретін сандық-сапалық өзгеріс. Бұл анықтамадан «даму»мен «қозғалыс» тұғымдарының синоним немесе тең еместігін біліп алған жөн. Егер, даму бұл әрқашан қозғалыс болса, ал кез-келген қозғалыс даму емес, Ал қозғалыс пен дамудың бастауы қайшылық.

Диалектиканың даму категориясы ретінде негізгі принциптері бар. Енді сол принциптерді саралап, пәнді оқытудағы сақталуына тоқталалық.

1) **Жалпыға бірдей байланыс принципі.** Мұнда біз Қазақстан тарихының дүние жүзі тарихымен (бірдей тарихи кезеңдердегі әлемдік оқиғалармен, қоғамдық даму деңгейлерімен, т.б.) географиямен (орналасу ерекшеліктері, елдердің климаттық жағдайлары, ландшафттар), биологиямен (эволюция, нәсілдік белгілер, антропологиялық типтер, т.б.), математикамен (жыл санау, ғасырларды анықтау, халық саны мен тығыздығының ерекшеліктері) және өзге де пәндермен көлденең байланысын да, алдыңғы оқу жылында өткен тақырыптармен, алдағы өтетін тақырыптармен тік байланысын да қарастыруымыз қажет.

2) **Себеп-салдарлық принципі**. Тарихи дамудың себептері анықтау және оның қандай салдарға әкелетінінің заңдылықтарын ашу. Мәселен, көшпелі мал шаруашылығының пайда болуының себептерінің бірі – аридтік климаттың орнығуы болса, салдары ретінде – кеңістіктері игеруді, жаңа жерлердің жаулап алынып, көшпелі империялардың орнығуын, шекаралар өзгерістерін мысалға келтіре аламыз.

3) **Жүйелілік принципі**. Қай ақпарат болмасын, жүйелі жасалып, кезектесті тәртіппен баяндалуы қажет. мұны тарихи хронологияны, уақыт пен табиғат өзгерістерін ретімен баяндауда ұстанғанымыз жөн.

4) **Тарихилық принципі**. Бұл әдістің біздің пәніміздің ажырамас бөлігі екені айтпаса да түсінікті. Оны жүйелілікпен де, себеп-салдарлықпен де, байланыс принципімен де түсіндіруге болады.

Диалектиканың принциптерін ұстанғанннан соң оның заңдары алдыңғы орынға шығады. Бұл заңдарды неміс ғалымы Гегель ашқан еді.

Бірінші заң – *қарама-қайшылықтардың бірлігі мен күресі заңы*. Қай тақырыпты қарасақ та, оның оң және теріс нәтижелерін, тиімді-тиімсіз жақтарын қарауға болады. Мәселен, даулы мәселелердің бірі – сталиндік дәуірдің – социалистік идеяға құрылған, темірдей тәртіпке бағынған Кеңестік мемлекетті құрып, дүние жүзін әлеуметтік теңдікке негізделген мемлекетті дүниеге әкелуі, индустриялық өркендеуге әкелгені – оң, ал репрессиялар, демографиялық геноцид – теріс әсер бергенін айтып, сыңар жақтылыққа боу бермеу керек.

Екінші заң – *сандық өзгерістердің сапалық өзгерістерге әкелуі*. Мысал ретінде – халық санының өсуі – ру аралық қақтығыстарға әкелуі, нәтижесінде халықтың қоныстарға деген мұқтаждығы – ғұндардың (кейін, монғолдардың) Батысқа жорығына әкелгенін алуға болады.

Үшіншісі – *терістеуді терістеу заңы.* Оның мәні ақпараттардың, яғни білімдердің үнемі жаңарып, өзінің алдындағы идеяларды теріске шығарып отыруынан көрінеді. Мәселен, адамның пайда болу теориясы – діни креационизмнен эволюциялық теорияға өтсе, бүгінгі күні Дарвин ілімі батыс елдерінде панспермия немесе уфологиялық теорияға орын беріп те жатыр. Сол сияқты, құл иеленушіліктен феодализмге, онан капитализмге өту де терістеу арқылы жүзеге асты.

Енді диалектиканың категорияларына көшелік. Категория – негізгі түсініктерден тұрады және ол осы ілімде бір-біріне қайшы ұғымдар аясында қарастырылады.

1) *Түр мен мазмұн*. Мәселен, мемлекетті басқару түрінің (монархия, республика) оның экономикалық, саяси, әлеуметтік және басқа да дамуына ықпалын тигізуі, соғысты жүргізу формасының (агрессиялық, қорғанушылық, қақтығыстық, т.б.) түрліше нәтиже беретіндігі дәлел бола алады.

2) *Сапа мен сан*. Халық санының мемлекеттің өмір сүру сапасын өзгертуі. Соғыс кезінде армия мен техника санының – сапаға, ал тактикалық-стратегиялық сапасының – саны мол әскерді жеңіп шығуын мысалға келтіре аламыз.

3) *Мән мен құбылыс*. Соғыс – мыңдаған адамдардың өлімі түріндегі құбылыс, ал мәні – ықпал ету аймақтарын, ресурстарды бөліске салу.

4) *Бөлік пен тұтастық*. Мемлекет – саяси жүйенің бөлігі, ал тұтастық ретінде түрліше әкімшілік бөліктерден тұрады.

5) *Ұқсастық пен айырмашылық*. Мұнда екі мемлекетті, екі саяси жүйені, екі дәуірді, екі дүние жүзілік соғысты салыстыра қарап, ортақ белгілерін және ерекшеліктерін қарастыруды мысалға ала аламыз.

6) *Себеп және салдар*. Тарихи білімде, себеп – ғұндардың Рим империясына шабуылы, салдар – Құл иеленушілік құрылыстың ыдырауы, немесе, себеп - I Дүние жүзілік соғыс, салдары – саяси картадағы өзгерістер.

7) *Жалқы мен жалпы*. Жалқылық – Наполеон, жалпылық – реформалар, жаулап алушылық жорықтар, Европа елдеріндегі саяси жүйенің өзгеруі. Ал Қазақстанда – Тәуке хан – жеке тұлға, ал «Жеті жарғы» жалпыға арналған ереже.

8) *Мүмкіндік пен шынайылық*. Мүмкіндік – Аңырақайдан соң жоңғарларды түпкілікті талқандау, шынайылық – хандардың аға хан болуға таласы нәтижесінен Қазақ жерінің толығымен тазартылмауы.

9) *Қажеттілік пен кездейсоқтық*. Қажеттілік – құл иеленушілік құрылысты ыдырату, кездейсоқтық – оның жекеленген елдерде XIX ғасырға дейін сақталып қалуы. Тағы бір қажеттілік – буржуазиялық революция, кездейсоқтық – большевиктердің билікті басып алуы.

Осы тектес мысалдарды көптеп келтіруге болады. Осының барлығы диалектикалық даму ерекшеліктерін аша түседі жалпы педагогика саласында инновациялық жаңашыл әдістермен қатар, сыннан өткен ескі әдістер де қолданылады. Осының өзі – диалектиканың көрінісі. Тек оларды бірлікте, шынайы мәні мен қажеттілігін сезіне отырып қолдану ғана – нақты мақсаттарға жеткізері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбішев К., Әбжанов Т. Философия тарихындағы таным теориясы және метод проблемасы. А.; «Ғылым», 1990.
2. Д.Кішібеков., Философия. Оқулық. Алматы: «Мектеп», 2012 ж.

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ АТА-АНА МЕН ТӘРБИЕШІНІҢ РӨЛІ

Абиева Таттигул Жолдасовна
Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қаратал ауылы
«Балбөбек» бөбекжай-бақшасы МКҚК , І- санатты тәрбиеші

XXI ғасыр зиялы қауымның ғасыры болғандықтан, қазіргі кезде заманауи, ақылды және дамыған ұрпақ қалыптастыру - мемлекетіміздің алдында тұрған ең маңызды міндет. Білім мен тәрбиенің алғашқы қауымы арнайы білім ошақтарында тәрбиеленеді. Баланың денсаулығы мықты, ал қимыл-қозғалыс пен дене құрылымының дұрыс дамуы жас кезінен қалыптасады.

Осы орайда мектепке дейінгі білім беру меемесіндегі тәрбиешлер мен «Отбасы-ошақ қасы» демекші, ата-ананың тәрбиедегі міндеттері мен жауакершілігі, тәрбиесі орасан зор. Себебі, бұл кезеңде бала қоршаған әлем туралы белсенді хабардар болады. Ал мектеп-интернаттарында бала басқа адамдармен қарым-қатынастың алғашқы тәжірибесін алады, олардың арасында өз орнын табуға тырысады, өзіне және айналасындағыларға үйлесімді өмір сүруге үйренеді, алғашқы білімді алады. Арнайы білім беру мамандарының міндеті - балаға ыңғайлы және қажетті психологиялық жағдайда тәжірибе, дағды және білім беру.

Жеке тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеу ұзақ және күрделі процесс болып табыладығ оны сәтті жүзеге асыру педагогикалық процестің барлық қатысушыларының: балалардың, педагогтардың, ата-аналардың іс-әрекеттерін бірлестік әрекетін қажет етеді. Балаларға арналған адамгершілік тәрбиесіндегі мектеп-интернаттарының басты міндеті - балалар бойында жағымды тәжірибенің жинақталуын қамтамасыз ету және сол арқылы әлеуметтік және жеке маңызды бағдардың тұрақты басымдығына қол жеткізу, эгоистік бағыттағы жағымсыз тәжірибелерді жинақтау мүмкіндігінің алдын алу. Бұл дегеніміз, білім ошақтарында балалар үшін олардың айналасындағыларға зиян тигізетін осындай әрекеттер туралы эмоционалды жағымсыз, тітіркендіргіш ойлары бар екенін, сондықтан олардың жеке басының мүддесі мен өзгелердің мүдделері мен тілектерін бұзғысы келмейтіндігін қамтамасыз ету керек.

Психологтар мен педагогтар балалардың сезімдері кіші кезінде, балалық шақта қарқынды дамитынын атап көрсетеді. Олар өздеріне қатысты және басқа адамдарға, ұжымға, өнерге қатысты өзін көрсете алады.

Адамгершілік сезімдері балаларда олардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас процесінде қалыптасады.

Балада сезімнің дамуы көбіне тәрбие құралдары мен әдістеріне, оның өмір сүретін жағдайларына байланысты. Бұл шарттар оның отбасындағы және білім ошағы жағдайы, өзі қатысатын қызығушылықтары мен істер шеңбері.

Баланың адамгершілік сезімдерін ойдағыдай дамытудың маңызды шарттарының бірі - ересектердің айналасында көңілді орта құруы.

Адамгершілік, еңбек жүйелі түрде баланың күнделікті өмірінде, ересектер ұйымдастырған мүмкін жұмыс процесінде, ойын және оқу іс-әрекетінде жүзеге асырылады.

Балада қоғамның азаматының қажетті адамгершілік сезімдерін, идеяларын, тұжырымдамалары мен мінез-құлқын қалыптастыру басынан бастап маңызды.

Адамгершілікке тәрбиелеу процесінің ең терең бірегейлігі оның күнделікті балалар өмірінде органикалық түрде араласуында, оны балалардың ерекше іс-әрекеті ретінде ұйымдастыруға болмайтындығында, оны арнайы актіге бөліп алып, іс-әрекет сияқты реттей алмауында. Баланы білім беру ошағында адамгершілікке тәрбиелеу оның өмірінің барлық құрылымын соған сәйкес ұйымдастыруды білдіреді. Бұл дегеніміз, іс-әрекет баланың айналасындағы адамдармен қарым-қатынасының әрбір фактісінде біз оны тәрбиелегіміз келетін адамгершілік қасиеттер әрқашан өзінің нақты көрінісін таба алатындай етіп құрылымдалуы керек. Мәселе тек жағымды мысалды ой елегінен өткізумен ғана емес, балалар өмірін осындай ұйымдастырумен шешіледі, онда олар қарым-қатынастың белсенді қатысушылары болып, іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын жақсарту арқылы жағымды мысалды шынымен игереді.

Адамгершілік тәрбиесі - балаларды адамзаттың және белгілі бір қоғамның адамгершілік құндылықтарымен таныстырудың, адамгершілік сана-сезімін, адамгершілік сезімдері мен әдеттерін, адамгершілік мінез-құлқын қалыптастырудың мақсатты процесі. Бұл процесс баланың өмірінің алғашқы жылдарынан бастап жүреді және олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің міндеттері, мазмұны мен әдістері арасында органикалық байланыс пен сабақтастық орнатуды ұсынып, тұтастық пен бірлікпен ерекшеленеді.

Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мыналар: гуманизм қағидаларын тәрбиелеу, балалар мен ересектер арасындағы адамгершілік қатынастар (қоғам өмірінің қарапайым ережелерін орындау, қайырымдылық, жауаптылық, жақындарына деген қамқорлық қатынас және т.б.). ; ұжымшылдыққа тәрбиелеу, балалар арасында ұжымдық қатынастарды қалыптастыру; Отанға деген сүйіспеншілікке, еңбек адамдарына деген құрмет пен жанашырлыққа тәрбиелеу. Балаларды тұрақты жұмыс істеуге деген ұмтылыс пен қабілетте көрінетін еңбексүйгіштікке тәрбиелеу ерекше маңызды міндет болып табылады.

Осы міндеттердің барлығын өзара әрекеттестікте жүзеге асыра отырып, мұғалім баланың сезімдерінің шеңберіне әсер етеді, адамгершілік мінез-құлық әдеттерін тәрбиелейді, кейбір адамгершілік қасиеттер мен балаларға қол жетімді қоғамдық өмір құбылыстары туралы дұрыс түсініктер қалыптастырады, біртіндеп қабілеттерін дамытады

Адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу сыныпта, ойында, жұмыста, күнделікті тұрмыста болуы мүмкін.

Сонымен қатар екінші орында бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі басты орында

Әрбір ата-ана өз ұлы мен қызының әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының білімді азаматы мен азаматшасы болып жетілуін қалайды. Ата-ана перзентінің жақсы азамат болып жетілуі үшін өз отбасында тәрбиелеудің нәзік жақтарының зандылықтарын білуі қажет. Сыйластық, түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы - бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың өзара қарым-қатынасы мазмұнды, сенімді болады.[1.2]

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы - туған ұясы, өз отының басындағы тәрбиесі. Қазақтың: «Баланың бас ұстазы - ата-ана», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» - дегендей, тәй-тәй басып, есі кіріп, тілі шыға бастағаннан-ақ баланы байсалды, ұғымпаз, тілалғыш етіп баулыған дұрыс. Қай заманда болса да бала тәрбиесі - басты байлық, ал ең асыл дүние - оның тәрбиесі. Әрбір мемлекеттің болашағы оның төл мектебінде шыңдалады.

Болашақта ел тізгінін ұстар азаматтар - бүгінгі мектеп оқушылары. Осы қағиданы нақты ұғынған елбасы Н.Ә.Назарбаевтың, «Ұлт болашағы білімді ұрпақ қолында» деп әрдайым айтқан сөзі дәлел. Шын мәнінде бүгінгі жас - ертеңгі елдің мызғымас тірегі, келешек келбеті. Сол себепті олардың білімді, бәсекеге қабілетті, жан-жақты әлеуметтенуі ел дамуындағы аса маңызды фактор болып табылады. Сондықтан да кешеден бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатқан ұрпақ тәрбиесі өзекті мәселелердің бірі. Жалпы бала тәрбиесі - берері де, сұрауы да, жемісі де мол тәрбие саласының ең өзектісі. Дана халқымыз «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болып өскенде оны түзете алмайсың» деп бекер айтпаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, яғни адамгершілік секілді құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөль атқарады.

Бүгінгі ұл - ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз - ертеңгі ана, ол шешеге қарап өсіп, бой түзейді. Балаға білім,тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші - ата-ана, қала берді қоғам. Баланы өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата-ананың орны бөлек. Қоғамның алғашқы ұйтқысы отбасында бала үлкендермен араласады. Баланың қоғамдық әлеуметтік дамуы жанұяда өз орнын алуынан басталады. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай, жақсыға да жаманға да бірдей бейімделгіш. Халқымызда «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» немесе «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген нақыл сөздер тегін айтылмаған. [2.2]

Ал берекелі отбасының ата-анасы өзінің міндеті мен жауапкершілігін жақсы білуі тиіс:

1. Мәдениетті адам тәрбиелеуге және өз баласын таза өмір сүруге бейімдеуге міндетті;
2. Жүйелі білім алуына көмектесуге міндетті;
3. Ұдайы ата-аналар жиналысына қатысуға, оқытушымен кездесуге, баласының мектептегі өмірімен танысуға міндетті;
4. Баланың өміріне, денсаулығына зиян келтіретін темекі, арақ, т.б. улы заттарды қолданбауға, олардың балаға зиянды екенін түсіндіруге міндетті;
5. «Баланы жетіге келгенше тыйма, жетіден он төртке келгенше білім беріп қина, он төрттен кейін үлкен азамат деп сыйла» деген қағиданы берік сақтауға міндетті.

Отбасында ата-ана баланың жеке басын танып білуге де міндетті.

1.Бала туралы жалпы мағлұматтарды;
2.Оқуға қабілеті мен әрекетін;
3.Баланың еңбекке әрекеті мен бейімін;
4. Баланың арнайы қабілеті
5. Баланың тәртібін
6. Баланың темпераменті мен мінезіндегі ерекшеліктерін.

Осы орайда отбасындағы ата-ааға жауапкершілік те туындайды.

1.Балаға арамза әрекет жасағаны үшін жауапты;
2.Бала тәрбиесі үшін қабылданған барлық қаулылардың орындалмағанына жауапты.
3.Балаға адамгершілік тәрбие беру үшін, өз жанұясында бірлік пен татулықты ұстануға жауапты. Үйдегі тыныштық баланың мектептегі мәселелерін тиімді шешудің бірден бір жолы; [3.4]

Сонда ғана бүгінгі бала мемлекетіміздің ертеңгі үлкен азаматы, кәсіп иесі. Сондықтан да бала тәрбиесіне асқан жауапкершілікпен қарап, жас ұрпақты назардан тыс қалдырмаған жөн. Оны жұмыс жүргізу формасы ретінде де көрсетуімізге болады.

Қорытындылай келе, белгілі жауынгер Б.Момышұлының «Жауынгерлік тәрбие әскери киімде емес, жөргекте жатыр» деген аталық сөздерінде үлкен мән жатқанын баса айтқымыз келеді. Отбасы – ана-ата – мектеп үштік ұғымы біріккенде сапалы білім мен саналы тәрбие болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:
1.Бөлеев Қ., Бөлеева Л. «Мұғалім және ұлттық тәрбие»
2. «Қазақстан мектебі» журналы 2014 №10
3. Қ.Бөлеев, А.Мейірманова, Р.Садуақасова «Халық педагогикасы бала тәрбиесінде»

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ АТА-АНА МЕН ТӘРБИЕШІНІҢ РӨЛІ

Абиева Таттигул Жолдасовна
Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қаратал ауылы
«Балбөбек» бөбекжай-бақшасы» МКҚК, І- санатты тәрбиеші

XXI ғасыр зиялы қауымның ғасыры болғандықтан, қазіргі кезде заманауи, ақылды және дамыған ұрпақ қалыптастыру - мемлекетіміздің алдында тұрған ең маңызды міндет. Білім мен тәрбиенің алғашқы қауымы арнайы білім ошақтарында тәрбиеленеді. Баланың денсаулығы мықты, ал қимыл-қозғалыс пен дене құрылымының дұрыс дамуы жас кезінен қалыптасады.

Осы орайда мектепке дейінгі білім беру меемесіндегі тәрбиешлер мен «Отбасы-ошақ қасы» демекші, ата-ананың тәрбиедегі міндеттері мен жауакершілігі, тәрбиесі орасан зор. Себебі, бұл кезеңде бала қоршаған әлем туралы белсенді хабардар болады. Ал мектеп-интернаттарында бала басқа адамдармен қарым-қатынастың алғашқы тәжірибесін алады, олардың арасында өз орнын табуға тырысады, өзіне және айналасындағыларға үйлесімді өмір сүруге үйренеді, алғашқы білімді алады. Арнайы білім беру мамандарының міндеті - балаға ыңғайлы және қажетті психологиялық жағдайда тәжірибе, дағды және білім беру.

Жеке тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеу ұзақ және күрделі процесс болып табыладығ оны сәтті жүзеге асыру педагогикалық процестің барлық қатысушыларының: балалардың, педагогтардың, ата-аналардың іс-әрекеттерін бірлестік әрекетін қажет етеді. Балаларға арналған адамгершілік тәрбиесіндегі мектеп-интернаттарының басты міндеті - балалар бойында жағымды тәжірибенің жинақталуын қамтамасыз ету және сол арқылы әлеуметтік және жеке маңызды бағдардың тұрақты басымдығына қол жеткізу, эгоистік бағыттағы жағымсыз тәжірибелерді жинақтау мүмкіндігінің алдын алу. Бұл дегеніміз, білім ошақтарында балалар үшін олардың айналасындағыларға зиян тигізетін осындай әрекеттер туралы эмоционалды жағымсыз, тітіркендіргіш ойлары бар екенін, сондықтан олардың жеке басының мүддесі мен өзгелердің мүдделері мен тілектерін бұзғысы келмейтіндігін қамтамасыз ету керек.

Психологтар мен педагогтар балалардың сезімдері кіші кезінде, балалық шақта қарқынды дамитынын атап көрсетеді. Олар өздеріне қатысты және басқа адамдарға, ұжымға, өнерге қатысты өзін көрсете алады.

Адамгершілік сезімдері балаларда олардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас процесінде қалыптасады.

Балада сезімнің дамуы көбіне тәрбие құралдары мен әдістеріне, оның өмір сүретін жағдайларына байланысты. Бұл шарттар оның отбасындағы және білім ошағы жағдайы, өзі қатысатын қызығушылықтары мен істер шеңбері.

Баланың адамгершілік сезімдерін ойдағыдай дамытудың маңызды шарттарының бірі - ересектердің айналасында көңілді орта құруы.

Адамгершілік, еңбек жүйелі түрде баланың күнделікті өмірінде, ересектер ұйымдастырған мүмкін жұмыс процесінде, ойын және оқу іс-әрекетінде жүзеге асырылады.

Балада қоғамның азаматының қажетті адамгершілік сезімдерін, идеяларын, тұжырымдамалары мен мінез-құлқын қалыптастыру басынан бастап маңызды.

Адамгершілікке тәрбиелеу процесінің ең терең бірегейлігі оның күнделікті балалар өмірінде органикалық түрде араласуында, оны балалардың ерекше іс-әрекеті ретінде ұйымдастыруға болмайтындығында, оны арнайы актіге бөліп алып, іс-әрекет сияқты реттей алмауында. Баланы білім беру ошағында адамгершілікке тәрбиелеу оның өмірінің барлық құрылымын соған сәйкес ұйымдастыруды білдіреді. Бұл дегеніміз, іс-әрекет баланың айналасындағы адамдармен қарым-қатынасының әрбір фактісінде біз оны тәрбиелегіміз келетін адамгершілік қасиеттер әрқашан өзінің нақты көрінісін таба алатындай етіп құрылымдалуы керек. Мәселе тек жағымды мысалды ой елегінен өткізумен ғана емес, балалар өмірін осындай ұйымдастырумен шешіледі, онда олар қарым-қатынастың белсенді қатысушылары болып, іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын жақсарту арқылы жағымды мысалды шынымен игереді.

Адамгершілік тәрбиесі - балаларды адамзаттың және белгілі бір қоғамның адамгершілік құндылықтарымен таныстырудың, адамгершілік сана-сезімін, адамгершілік сезімдері мен әдеттерін, адамгершілік мінез-құлқын қалыптастырудың мақсатты процесі. Бұл процесс баланың өмірінің алғашқы жылдарынан бастап жүреді және олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің міндеттері, мазмұны мен әдістері арасында органикалық байланыс пен сабақтастық орнатуды ұсынып, тұтастық пен бірлікпен ерекшеленеді.

Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мыналар: гуманизм қағидаларын тәрбиелеу, балалар мен ересектер арасындағы адамгершілік қатынастар (қоғам өмірінің қарапайым ережелерін орындау, қайырымдылық, жауаптылық, жақындарына деген қамқорлық қатынас және т.б.).; ұжымшылдыққа тәрбиелеу, балалар арасында ұжымдық қатынастарды қалыптастыру; Отанға деген сүйіспеншілікке, еңбек адамдарына деген құрмет пен жанашырлыққа тәрбиелеу. Балаларды тұрақты жұмыс істеуге деген ұмтылыс пен қабілетте көрінетін еңбексүйгіштікке тәрбиелеу ерекше маңызды міндет болып табылады.

Осы міндеттердің барлығын өзара әрекеттестікте жүзеге асыра отырып, мұғалім баланың сезімдерінің шеңберіне әсер етеді, адамгершілік мінез-құлық әдеттерін тәрбиелейді, кейбір адамгершілік қасиеттер мен балаларға қол жетімді қоғамдық өмір құбылыстары туралы дұрыс түсініктер қалыптастырады, біртіндеп қабілеттерін дамытады

Адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу сыныпта, ойында, жұмыста, күнделікті тұрмыста болуы мүмкін.

Сонымен қатар екінші орында бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі басты орында

Әрбір ата-ана өз ұлы мен қызының әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының білімді азаматы мен азаматшасы болып жетілуін қалайды. Ата-ана перзентінің жақсы азамат болып жетілуі үшін өз отбасында тәрбиелеудің нәзік жақтарының зандылықтарын білуі қажет. Сыйластық, түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы - бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың өзара қарым-қатынасы мазмұнды, сенімді болады.[1.2]

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы - туған ұясы, өз отының басындағы тәрбиесі. Қазақтың: «Баланың бас ұстазы - ата-ана», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» - дегендей, тәй-тәй басып, есі кіріп, тілі шыға бастағаннан-ақ баланы байсалды, ұғымпаз, тілалғыш етіп баулыған дұрыс. Қай заманда болса да бала тәрбиесі - басты байлық, ал ең асыл дүние - оның тәрбиесі. Әрбір мемлекеттің болашағы оның төл мектебінде шыңдалады.

Болашақта ел тізгінін ұстар азаматтар - бүгінгі мектеп оқушылары. Осы қағиданы нақты ұғынған елбасы Н.Ә.Назарбаевтың, «Ұлт болашағы білімді ұрпақ қолында» деп әрдайым айтқан сөзі дәлел. Шын мәнінде бүгінгі жас - ертеңгі елдің мызғымас тірегі, келешек келбеті. Сол себепті олардың білімді, бәсекеге қабілетті, жан-жақты әлеуметтенуі ел дамуындағы аса маңызды фактор болып табылады. Сондықтан да кешеден бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатқан ұрпақ тәрбиесі өзекті мәселелердің бірі. Жалпы бала тәрбиесі - берері де, сұрауы да, жемісі де мол тәрбие саласының ең өзектісі. Дана халқымыз «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет

кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болып өскенде оны түзете алмайсың» деп бекер айтпаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, яғни адамгершілік секілді құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөль атқарады.

Бүгінгі ұл - ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз - ертеңгі ана, ол шешеге қарап өсіп, бой түзейді. Балаға білім,тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші - ата-ана, қала берді қоғам. Баланы өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата-ананың орны бөлек. Қоғамның алғашқы ұйтқысы отбасында бала үлкендермен араласады. Баланың қоғамдық әлеуметтік дамуы жанұяда өз орнын алуынан басталады. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай, жақсыға да жаманға да бірдей бейімделгіш. Халқымызда «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» немесе «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген нақыл сөздер тегін айтылмаған. [2.2]

Ал берекелі отбасының ата-анасы өзінің міндеті мен жауапкершілігін жақсы білуі тиіс:

1. Мәдениетті адам тәрбиелеуге және өз баласын таза өмір сүруге бейімдеуге міндетті;
2. Жүйелі білім алуына көмектесуге міндетті;
3. Ұдайы ата-аналар жиналысына қатысуға, оқытушымен кездесуге, баласының мектептегі өмірімен танысуға міндетті;
4. Баланың өміріне, денсаулығына зиян келтіретін темекі, арақ, т.б. улы заттарды қолданбауға, олардың балаға зиянды екенін түсіндіруге міндетті;
5. «Баланы жетіге келгенше тыйма, жетіден он төртке келгенше білім беріп қина, он төрттен кейін үлкен азамат деп сыйла» деген қағиданы берік сақтауға міндетті.

Отбасында ата-ана баланың жеке басын танып білуге де міндетті.

1.Бала туралы жалпы мағлұматтарды;
2.Оқуға қабілеті мен әрекетін;
3.Баланың еңбекке әрекеті мен бейімін;
4. Баланың арнайы қабілеті
5. Баланың тәртібін
6. Баланың темпераменті мен мінезіндегі ерекшеліктерін.

Осы орайда отбасындағы ата-ааға жауапкершілік те туындайды.

1.Балаға арамза әрекет жасағаны үшін жауапты;
2.Бала тәрбиесі үшін қабылданған барлық қаулылардың орындалмағанына жауапты.
3.Балаға адамгершілік тәрбие беру үшін, өз жанұясында бірлік пен татулықты ұстануға жауапты. Үйдегі тыныштық баланың мектептегі мәселелерін тиімді шешудің бірден бір жолы; [3.4]

Сонда ғана бүгінгі бала мемлекетіміздің ертеңгі үлкен азаматы, кәсіп иесі. Сондықтан да бала тәрбиесіне асқан жауапкершілікпен қарап, жас ұрпақты назардан тыс қалдырмаған жөн. Оны жұмыс жүргізу формасы ретінде де көрсетуімізге болады.

Қорытындылай келе, белгілі жауынгер Б.Момышұлының «Жауынгерлік тәрбие әскери киімде емес, жөргекте жатыр» деген аталық сөздерінде үлкен мән жатқанын баса айтқымыз келеді. Отбасы – ана-ата – мектеп үштік ұғымы біріккенде сапалы білім мен саналы тәрбие болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Бөлеев Қ., Бөлеева Л. «Мұғалім және ұлттық тәрбие»
2. «Қазақстан мектебі» журналы 2014 №10
3. Қ.Бөлеев, А.Мейірманова, Р.Садуақасова «Халық педагогикасы бала тәрбиесінде»

МУЗЫКА САБАҒЫНДА ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕРІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Абикеш Ж.З.
№64 орта мектебінің музыка пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы жеке адамның дарындылығын таныту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі. Дарынды балаларға білім беруді әр ғылымның бүгінгі дәрежесіне сәйкес жүргізу бір жағынан қоғамға талантты мамандар даярлауда тиімді болса, екінші жағынан қоғамға ерекше дарынды балалардың тек өзінің интеллектуалдық дамуын қамтамасыз етеді.

Жас жеткіншектің бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның одан әрі дамуына бағыт-бағдар бере білу ерекше қиын іс. Алайда әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны сол бағытта жетелеу-ұстаз парызы. Баланы заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту-бүгінгі күннің басты талабы. Бастауыш сатыда оқушыны бұрынғыша пәндік білім біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, оқу әрекетін қалыптастыру негізінде жеке бас тұлғасын тәрбиелеу мақсаты қойылған.

Қазірде педагогика ғылымында оқушы шығармашылығына бағыт-бағдар беру мәселесі кеңінен көтерілуде. Алайда ол дарынды, талантты балалардың қабілеттерін дамытуды жүзеге асыру деген қорытындыдан әрі аса алмауда. Оның үстіне психология мен педагогика ғылымында әрбір баланың дарындылығы қандай дәрежеде екенін анықтайтын дәлөлшемәлітабылғандажоқ.

Мектепте оқу-тәрбие жұмысындағы әдіс-тәсілдердің қай-қайсысы болсын, негізінде, оқушылардың сана-сезімін, ақыл-ойын дамытуды мақсат ететін болғандықтан, олардың дара ерекшеліктерін жете біліп, санасып отырудың айрықша маңызы бар. Себебі мұғалім оқу-тәрбие саласында қандай жұмыс жүргізсе де, сыныптағы оқушылардың өзіндік ерекшеліктерін, айталық, мінез-құлықтарын жете білмесе, онда оның атқарған ісі сәтсіздікке ұшырап, алға қойған мақсатына жете алмауы ықтимал. Бұл тек сабақ және одан тыс мезгілде сан алуан әдістерді баланың дара ерекшеліктеріне сай қолданғанда ғана іс жүзіне асады. Осыған орай қазір әрбір жұмыстың (сабақ, сабақтан тыс, т. б.) сапасын оның мазмұн тереңдігімен бағаланып қоймай, алдымен одан оқушылардың өздеріне алатын үлгілерімен бағалануы тиіс. Белгілі педагог К. Д. Ушинский егер мұғалім әрбір баланың жан-жүйе ерекшеліктерін жақсы білсе «онда осының өзі тәрбиелеу үшін құрал табудың көзі болмақ және осыған негізделіп табылған құрал орасан күшті болмақ» деп айтқан. Ендеше, балалардың дара ерекшеліктерімен санасу - ұстаз парызы.

Бір баланың екінші баладан дене қуаты жағынан ерекше болуы заңды. Бірақ біз бұл жерде «дарынды» деп, баланың психологиялық қасиеттерін, яғни темпераментінің, мінезінің, сана-сезімінің,т.б.ерекшеліктерінайтамыз.

Оқушылардың дара ерекшеліктерін сыртқы жағдаймен, айталық, қоғамдық ортамен байланыстыра қарастырғанда ғана оны дұрыс түсінуге болады. Бала бір-біріне ұқсас болып дүниеге келгенімен, кейін олардың қандай қасиетке ие болатынын тек тәрбие шешеді. Ал тәрбиенің өзі әрбір қоғам дәуіріндегі өндіріс қатынастарына байланысты. Сондықтан баланы әлі кішкентай деп, оған тек біржақты табиғи - жаратылыс даму жағынан қарауға болмайды.

Балалар психикалық ерекшелігі жағынан алып қарағанда, өне бойы бірдей болып кездесе бермейді, әрбіреуінің өзінше азды-көпті өзгешелігі болып отырады. Біздің мақсатымыз әр баланың өзіндік дара ерекшелігі бірдей болсын деу емес, керісінше, оның өзіндік ерекшелігін ілгері қарай дамытуға жағдай туғызып, оны өсіріп өркендету болып табылады.

Сонымен бірге мұғалімдер мен ата-аналар оқушыларға жас мөлшерінің әр түрлі кезінде дербес әдіс қолданып, олардың жас ерекшеліктеріне сай қарым қатынас жасап отыру керек. Әр

баланың түрлі қасиеттерін жете біліп, соған сәйкес тиісті әдіс қолдану үшін оқушыны түрлі жағдайларда, оқуда, еңбек сабақтары үстінде және одан тыс мезгілде әдейі тапсырмалар беріп, белгілі бір мерзім ішінде бақылап білуге болады.

Дарынды оқушыны анықтау мектеп жұмысында бастауыш сыныптан бастау алады. Бұл жұмыстың жүйелі жүргізілуі психологтар мен мұғалімдердің және ата-аналардың біріккен жұмысы негізінде іске асады. Білім алушының дарындылығын анықтауда ең алдымен оқушының отбасы жағдайы зерттелінуі тиіс. Ата-анасымен танысып, отбасы деңгейі анықталған жағдайда баланың табиғатына жақын шығармашылық қабілеті анықталады. Ата — ана — бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Осы тұрғыда ата-ананың көмегімен баланың өнер дамытуға жағдай жасауға мүмкіндік жасалынады. Ата-анасымен баланың табиғатындағы ерекше қасиеттері туралы, шығармашылық қабілетінің даму сипатын талқылау оқушыны жете тануға септігін тигізеді. Дарындылықты анықтау мақсатында арнайы сауалнамалар және психодиагностикалық тренингтер жүргізу қажет.[6]

Алайда, кейбір дарынды бала көлеңкеде байқалмай қалып та шығармашылық жұмыспен айналысады, ол оқытушы назарынан тыс қалмауы керек. Қабілетті балаларды оқыту топта немесе жеке жұмыс беру арқылы жүзеге асырылады. Өз қабілетін сабақ уақытында көрсете білген, жақсы көрсеткішке жеткен оқушыларды мәдениетті шығармашылық жолмен тануға дайындау керек. Дарынды оқушының алдына нақты бір мақсат қою арқылы оның берілген музыкалық тапсырмаларға деген қызығушылығын оятуға болады. Болашағынан зор үміт күтіп отырған дарынды оқушылармен жұмыс жасау үшін, баспасөздерде жарияланып жүрген педагогикалық озат тәжірибелерді үнемі оқып, оқушылардың ән айту, шеберліктерін аңғардым. Өзім оқушылармен жылы сөйлесіп, сенімділіктерін, батылдықтарын арттыруға көңіл бөлдім.

Оларды шығармашылық жолға бағыттап, оны іске асыра білу және жеке тұлға үшін мына талаптар мен міндеттерді оқытушы ескеруі керек.

Дарындылықты қалыптастырудың негізгі міндеттері:

Қабілеті жан-жақты дамыған, Оқушылардың ынта- Шығармашылық қабілеттібілімді әрі іскер азаматты ықыласын, білімділігін белгіленген мақсатқақалыптастыру. тереңдету. қарай дамыту.Рухани байлықты дамытуға Ел ертеңіне сай ұрпақ Дарындылықтың жағдай жасау. тәрбиелеуге жұмыстану. «туа біткен» «келе-келекалыптасқан» екі түрін оқушы бойынан анықтау.

Оқушы дарындылығын аңықтау жолдары:

Оқушыға шығармашылық әрекеттер орындату арқылыішкі мүмкіндіктерін байқау.Баланың қызығушылығы менбейімділігіне барынша сәйкескелетін қызмет аясында баланыңіс-әрекетіне талдау жүргізу.Баланың дарындылық белгісін, оның психикалық дамуының нақтыдеңгейінде ғана емес, сондай-ақ оныңболашақтағы даму мүмкіндігін де есепке ала отырып бағалау.

Оқушының дарындылық қабілетің шыңдау жолдары:

Бейнелі түрде ойлауды,ойлау үрдісініңбастамашылдық бөліктерін дамыту.Қиял мен елестетуді дамыту.Оқу үрдісіне эмоциялық әр беру.Пәндік олимпиадаларға , шығармашылықсайыстарға, ғылыми жоба жарыстарына,пікір сайыс ойындарына қатыстыру**Дарынды балаларды анықтау төмендегідей ұстанымдармен тұжырымдалады:**

1.Баланың шығармашылық қабілеттерін анықтау.

2.Сауалнамалар, музыкалық тапсырмалар,сиходиагностикалық тренингтерді өткізу.

3.Оқушының шығармашылықпен айналысуын мектепте, сабақ үстінде, үйде қолайлы жағдай туғызу.

4. Пәндік сайыстарға, ән айту сайыстарына, ғылыми жоба жарыстарына,шығармашылық ойындарына қатыстыру.

Мұғалімге қойылатын талаптар :

1.Дарынды баланы анықтау.
2.Сабақты жаңа технологиямен өткізу.
3.Балаға шығармашылықпен жұмыс істеуі үшін жаңа, тың тапсырмалар беру.
4.Ата-анасымен мәдениетті педагог ретінде сөйлесе білу.
5.Оқушы жұмысын дұрыс бағалай білу.
6.Оқушыға жеке тапсырмаларды оқуға бергенде оның мүмкіндігін біліп отыру.
7.Тапсырманың орындалу дәрежесін қадағалау.

Дарындылық қабілетті дамыту үшін төмендегідей талаптар орындалуы қажет:

1.Ұстаз біліктілігі.
2.Отбасының жағдайы, ата-анасының қолдауы.
3.Оқушы мен ұстаз арасындағы қарым-қатынас.
4.Мектептегі оқыту мен тәрбиенің деңгейі.

Дарынды балаларға қолдау көрсету жолдары :

-Сынып ішінде психо-эмоционалды климатты қалыптастыру;

-Әлеуметтік жағдайы төмен отбасының дарынды балаларына мектеп тарапынан материалдық көмекпен қамтамасыз ету (мұражай, театр, қаланың көрнекті жерлеріне саяхат ұйымдастыру т.б.)

-Физиологиялық денсаулығын бақылап отыру,

-Демалыс кезінде тегін сауықтыру орындарына жіберу;

-Психологиялық қызмет қолдауы (психологиялық тұрғыда денсаулығын бақылау,консультация,

профилактика, тренинг, қабілетіне қарай іс-шаралар ұйымдастыру, ақпараттандыру,жинақтау,тарату,т.б.)

-Қажетіне қарай жағдай туғызу

-Кітапханамен тығыз байланыс,қажетті материалдар қарастыру.

Таңдап алған бағыттар:

Күтілетін нәтиже :

1. Өзге мектеп, регион балаларымен тәжірибе алмасу;
2. Шапшаң ойлау, тез нәтижеге жету, тез ілгерлеу ;
3. Мектеппен ғана шектелмей, жоғары оқу орындарымен байланыс жасау;
4. Келешектегі кәсіби мамандық таңдауда өздері шешім қабылдайды

Оқушының дарындылық қабілетің шыңдау жолдары:

Бейнелі түрде ойлауды,ойлау үрдісініңбастамашылдық бөліктерін дамыту.Қиял мен елестетуді дамыту.Оқу үрдісіне эмоциялық әр беру.Пәндік олимпиадаларға , облыстық, республикалық, халықаралық байқауларға қатыстыру.

Оқу - тәрбие жұмысында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың түрлері

1.Оқушыларды концерттерге апару.

2.Өнер қайраткерлерімен, атақты әншілермен, композиторлар, ақын-жазушыармен кездесулер өткізу.

3.Дарынды балалармен жүйелі түрде қосымша сабақтар өткізу.

Қорытынды.

-Әр жұмыс түрлері талданып, сараптама жасалып отырады.

- Дарынды балаларды мектепшілік, қалалық, облыстық, республикалық іс-шараларға қатыстырып, қабілеттерін дәлелдеу.

- Осы жағдай дарынды баланы бақылауға, дұрыс бағыт беруге, жеке тұлғалық дамуына мүмкіндік туғызады.

- Жас ерекшелігін ескере отырып, қабілетіне қарай баланы жүйелі дамытып, жан-жақты қолдау көрсетіліп отырса, келешек жастардың мемлекетімізге әкелер үлесі зор болады.

Қолданылған әдебиеттер

И.Ибашева «Дарынды балалардағы ерекшіліктер» Психология мектепте және ЖОО-да оқыту, №1, 2007ж

Ж. Төлеубай «Мектеп психологының дарынды оқушылармен жұмыс», «Мектептегі психология» №6 (24), 2009ж.

А. И. Доровский. Дидактические основы одарённости . М., 2000

Сабыров Т. Оқушылардың оқу белсеңділігін арттыру жолдары. А., Мектеп, 1978 ж.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДА ЖАҢАША БІЛІМ БЕРУ - ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ОЗЫҚ МЕҢГЕРУ

Абилова Гайша Изимкановна, Төленов Әміржан Мұхтарұлы
Байғанин техникалық колледжі

XXI ғасырдағы алдыңғы қатардағы, дамыған ел дегеніміз - білімді, белсенді, денсаулығы мықты азаматтар.

Дамыған елдердің барлығында бірегей, сапалы білім беру жүйесі бар.Біздің елімізде ұлттық білім берудің барлық сатысының сапасын жақсарту жолында оқу әдістемелерінің заманауи бағдарламалар ұсыну өте маңызды

Бүгінгі күні барлық елдер сапалы білім жүйесімен жұмыс жасауда. Өйткені елдің бәсекеге қабілеттілігі сол елдің халқының парасаттылығымен көрінеді. Сондықтан Қазақстан талабына сай дамуы қажет. Мысалы, М.М.Жанпейісованың оқытудың модульді технологясы, В.К.Долгенконың ұжымдық оқыту әдісі, академик В.И.Монасовтың технологиясы оқышулардың оқу-тәрбие үрдісін түгелдей жаңаландырып, өздігінен ізденулеріне, жаңаша білім алуларына, дарындылық пен талапқа жол ашты десек те болады. Осылайша, оқытушы озық технологияларды педагогикалық ізденіспен қолдана білуі керек. Әрбір сабақты жүргізу кезінде, оны шынайы өмірмен салыстыра өткізу, болашақта таңдаған мамандықтарының дұрыстығына және функционалдық сауаттылықтарына эсер етеді

Бүгінгі күні бала - ертеңгі жаңа әлем. Оқушының дамуына ықпал жасайтын ата-ана, мұғалім ынтымақтасуы қажет. Қазіргі уақыт талабына сай технология әдістерін үйретуші, бағдар беруші - мұғалімдер.Осындай үрдісте, бәсекеге сай, дамыған елдердің қатарына жету үшін мұғалімдер қауымына үлкен міндеттер жүктеледі.

Еліміздің мәртебесінің жоғары болуы жас ұрпақтың, қоғам мүшелерінің іскерлігі мен белсенділігіне байланысты болмақ.

Бүгінгі күні мектептерде оқытудың әртүрлі технологиялары жасалып, мектеп өміріне тереңдеп енгізілуде.

Қазіргі кезеңде Республикасызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами

келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қазіргі кезде педагогикалық технология ұғымы біздің педагогикалық лексиконымызға берік еніп келеді. Дегенмен, оның мән-мағынасы туралы пікірлер алуан түрлі. Түсіндірме сөздікте: "Технология – бұл қандайда болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы" делінсе, Б.Т.Лихачев педагогикалық технологияны оқу процесіне белгілі бір мақсат көздей әсер ететін педагогикалық ықпал деп түсіндіреді. Ал, технологиялық үрдісті нақты педагогикалық нәтижеге жетелейтін бірліктердің (өлшемдердің) белгілі бір жүйесі ретінде көрсетеді және педагогикалық технология түпкілікті өзгермейтін механикалық құрылым емес, қайта бала мен мұғалімнің үнемі түрленіп отыратын өзара қарым-қатынасының өзегі, мазмұнды ұйымдастырушы құрылымы. Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғдылы жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Әрбір педагогикалық технологияның өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың негізгі қарастыратыны оқытуды нәтижелі ету.

Педагогикалық жүйедегі негізгі өзекті мәселе – оқушылардың, студенттердің ойлау қабілетін дамытып, өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру болғандықтан сабақ барысында кеңінен деңгейлеп, дамыта оқытудың модульдік әдісін жиі пайдалану қолдау табуда. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты — бәсекеге қабілетті маман даярлау. Осы талапқа орай ізденімпаз оқытушының шығармашылығындағы ерекше тұсы — оның сабақты түрлендіріп, студенттің жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арын таза ұстау — әр оқытушының борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, оқу орнын шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация оқытушысы — педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, шығармашыл тұлға. Нарық жағдайындағы оқытушыларға қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби біліктілігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Ел болашағы — білімді ұрпақта. Сондықтан білім беру саласында жасалып жатқан жаңа реформаларды жүзеге асыру — ұстаздар қауымы на ортақ іс. Ал таяудағы перспективада әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, 12 жылдық оқытуды бастау күн тәртібінде тұрған келелі мәселе. Осының бәрі ұстаздар алдына жаңа міндеттер мен мақсаттар қойып отыр. Қандай істі-де жаңадан бастау оңайға соқпайды. Сондықтан ұстаздарға жаңаша жұмыс істеуге, шығармашылық еңбегі мен оқыту әдістерін жаңа арнаға бұруына, педагогикалық еңбегін қайта құруына тура келеді. Бұл бағытта жұмыстар атқарылып та жатыр. Көштен қалмаймыз деп жаңаның бәрін қабылдай беру дұрыс па, бұған дейін қол жеткізген табыстарымызбен іс-тәжірибемізді әрі қарай қалай ұштастырамыз деген ойлар да мазалауы мүмкін. Өткен күндердегі іс-тәжірибеге көз жіберсек, кешегі бүгінгіге, бүгінгі ертеңгіге ұқсамайды. Себебі ғылымның дамуы, білім мазмұнының өзгеруі, өмір талабы, оқушы талғамы үнемі өсуде. Қай қоғамда болмасын шешуші фактор — адам және жеке тұлға болып қала бермек. Ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтарымызды, байлығымызды түгендеу, игеру, жас ұрпақ бойына игі қасиеттерді сіңіру — бүгінгі білім жолында жүрген ұстаздардың басты борышы. Ең бірінші кезекте мұғалімнің «өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін толық көшірмей, жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс- әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек.Қазіргі кәсіптік- педагогикалық қызмет қандай мұғалімді талап етеді.

Мұғалім – оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан- жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етедіОқу процесінде жеке тұлғаның білікті маман етуге бағытталған оқыту тәсілдерін озық тәжірибемен сабақтастыру бүгінде күн тәртібіне шықты. Өйткені,белгілі бір оқу орнын бітіріп шыққан түлектің алған білімі жұмыс берушінің талабымен сәйкес келе бермейді. Ақыры, сол маманға мұқтаж болып отырған жұмыс беруші жас кадрды қайтадан даярлап, оқытуға мәжбүр. Бесаспап жұмысшы мамандар даярлау – бүгінгі күннің басты мәселесі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 . Білім туралы. - Об образовании: Қазақстан Республикасының Заңы. - Алматы: Литера
2. Г.Қ. Нұрғалиева, С.Мусин. Салыстырмалы педагогика. -Алматы: Ғылым, 1999.
3. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. - Алматы: Сана, 1995.
4. Ж.Қоянбаев, Р.Қоянбаев. - Астана, 1998.
5. Е.Сағындықұлы. Педагогика. - Алматы, 1999.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ АТА – АНАНЫҢ РӨЛІ

Абилова Гульжан Султановна
Әйтеке би ауданы, Т.Жүргенов атындағы
жалпы орта білім беретін мектебі

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – білім берудің негізі болып табылады.

Функционалдық сауаттылығы дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандағына,жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде дене және рухани тұрғысынан дамыған азамат қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі.

Бастауыш сынып оқушылардың функционалдық сауаттылық мазмұны келесі мағынада сипатталады:

- оқу, жазу сауаттылығы;
- жаратылыстану ғылымдағы сауаттылығынан;
- математикалық сауаттылығынан;
- компьютерлік сауаттылықтан;
- денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан;
- құқықтық сауаттылығынан.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың бес жылдық Ұлттық іс-қимыл жоспарын қабылдау бойынша нақты міндеттер Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 12 қаңтардағы «Әлеуметтік – экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында белгіленген.

Осы функционалдық сауаттылықты дамытудың механизмдерінің бірі - ата – аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге белсенді қатысуы мен қамтамассыз етуі болып табылады.

Ата – ананың борышы бала бойына сәби кезінен адами құндылықтарды дарытып, саналы өмір сүруге баулу. Ата – ана баланың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін мұғалімдермен тығыз байланыс жасау керек. Ата – ана баласының ерекше қасиеттерін дамыту, бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастыру, жағымсыз мінез – құлық, әдеттерден арылтуға көмек беруі керек.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында ата – аналардың осы мәселе бойынша сұрақтары мен қажеттіліктерін зерттеу үшін сауалнама жүргізіп, қойылған сұрақтар бойынша талдау жасауға болады:

1. Сіз замануи білім берудегі маңызды міндеттердің бірі – функционалдық сауаттылықты қалыптастыру екенін білесіз бе?
2. Сіздің балаңыз қосымша білім беру мекемелеріне, музыка мектебіне, спорттық – сауықтыру мекемелеріне барады ма?
3. Сіздің балаңызды не қызықтырады? Оның қызығушылығы тұрақты ма?
4. Сіздің балаңыздың ерекше қабілеттері бар деп ойлайсыз ба?
5. Сіз білім беру процесін ұйымдастыру туралы қандай қосымша ақпарат алғыңыз келеді (мектеп әкімшілігінен, мұғалімнен әлеуметтік педагогтен, педпгог- психологтен, медицина қызметкерінен)

Ұлы философ Конфуций «Естігенімді ұмытамын, көргенімді – есте сақтаймын, өз істегенімді – меңгеремін» – деген екен. Бастауыш сынып оқушысы көргенін істейді. Балаға дұрыс тәрбие беру үшін, оның бойына адами құндылықтарды дарытып, саналы өмір сүруге бағыттау үшін ата – аналар баласына үлгі болу қажет. Функционалдық сауаттылық ата – ана бойында да болуы керек. Мектеп табалдырығын аттаған баланың ата – анасы бірінші күннен бастап баласына тек қана материалдық қолдау емес, психологиялық, рухани қолдау жасап тұрса, баланың мектептегі өмірінен хабардар болса, мұғалім мен мектеп тарапынан өткізілетін жиналыстар, тренингтер, басқа да ата-аналар үшін ұйымдастырылатын шараларға қатысып отырса, баласы да мектеп өміріне араласып, белсенді болар еді. Еліміздің білім беру ұйымдарында оқушы сауаттылығын қалыптастырудағы мектеп және отбасы өзара іс-әрекеттерінің тиімді де нәтижелі сан қырлы түрлері қолданылады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы бастауыш мектеп пен отбасының іс-әрекеттердің түрлері: ата-аналар жиналысы, отбасыға бару, тәжірибе алмасу, ашық есік күні, ата- аналар комитеті, бірлескен мәдени-көпшілік шаралар, ата-аналар лекторийлері т.б.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы мектеп пен отбасы әрекеттерінің түрлері :

- Мұғалім, оқушы және ата-аналарға бір – бірін жақсы білуге;
- Отбасылардың бала тәрбиелеуіндегі мүмкіндіктерін анықтауға;
- Оқушының ата- анасын оқыту – тәрбиелеу процесіне қатыстыруға;
- Оқушының сапалы білім қамтамассыз етуде, адамгершілік пен мәдени мінез құлқын, салауатты өмір салты қажеттілігін тәрбиелеуде;
- Мектеп пен отбасы арасындағы шынайы ынтымақтастық құруға көмектеседі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев әйелдер қоғамының өкілдерімен кездесуінде: «бізге ойшыл, жауапты, елін сүйетін азаматтар қажет. Мұның барлығы тек қана тәрбиемен беріледі...Тәрбие беру ісінде мектеп ата – ана жауапкершілігі жөнінде айтады, ата-ана мектепке сілтейді. Дұрысында, тәрбие үшін барлық жауапкершілік жүгі отбасына да, мектепке де жүктелуі тиіс. Мұғалімнің рөлін білімде тек қана «таратушы» деңгейіне түсіруге болмайды. Бізге мүлде басқа педагогика керек» - деп атап көрсетті.

Бастауыш сынып мұғалімі мектеп табалдырығын аттаған баланың ата – анасына баласының функционалдық сауаттылығын дамыту жолында «жетелеуші», «жол көрсетуші» рөлін дұрыс атақара білуі керек. Мұғалім ата – анаға ақыл үйретпей, кеңес бере білсе; әр

қадамын ата- анамен бірге ойласа отырып шешсе; ата- аналармен қарым – қатынас жасай отырып, олардың мектепке, балаға қажеттілігін түсіндіре білсе; қай жағдайда да ең алдымен баланың жақсы қасиеттерін айтса; ата – аналардың еңбегіне, тұлғаларына құрмет көрсете білсе; ата- ана арасында еңбек пен шығармашылық қарым – қатынас орната білсе ата – аналардың мектепке көзқарасы да оң болады. Ондай ата – ана баласының мектеп пен қоғамда жан-жақты дамуына жағдай жасай алады.

Бала - ата- анасының айнасы. Егер ата – ана баласының сабағына күнделікті көңіл бөлетін болса, бос уақытын баламен бірге өткізуге дағдыланса,әр түрлі тақырыптарды әңгіме айтатын болса,онда баланың ойлау қабілеті, жазу сауаттылығы, сөйлеу қабілеті, қарым – қатынас жағдайлары жақсы дамыған болады.

Ата – аналардың балалардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы маңызы зор. Бұл олардың өз балаларының оқудағы табыстары мен сәтсіздіктеріне назар аударуына,үйдегі ортақ істерге жұмылдыруға: атап айтқанда ұйқы мен демалыс режимі, салауатты тамақтануды дұрыс ұйымдастыру, техникалық құралдарға қолжетімділікті қамтамассыз ету, көңіл көтеру шараларын ұйымдастыру мәселелеріне байланысты.

Мектеп пен отбасының ынтымақтастығы жарасқан күнде ғана ертеңгі саналы, білікті азамат, салауатты ұрпақ, елін сүйген патриот тәрбиеленері хақ. Ата – аналар балаларын тәрбиелеу мен оқытуға белсенді тартылған кезінде ғана оқушылар жақсы нәтижелерге қол жеткізеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Астана, 14.12.2012
2. Мемлекет басшысы Н Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Астана, 17.01.2014
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.Астана, 2010ж.
4. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары;
5. «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы / Н.Ә. Назарбаев // Егемен Қазақстан. – 2012. – 28 қаңтар.

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ ПЕДАГОГОВ

Абилова Райхан Жаксылыковна
директор Алгинской средней школы №4 ГУ «Отдел образования Алгинского района Управления образования Актюбинской области»

Мир меняется, и вместе с ним меняются и дети, что в свою очередь предъявляет новые требования к квалификации педагогов.

Требования к компетенциям предназначены для определения единых требований к содержанию и качеству профессиональной деятельности педагогов, для оценивания квалификационного уровня при аттестации педагогов, для подготовки государственных стандартов образования в сфере педагогического образования и составления должностных инструкций.

В соответствии с требованиями к компетенциям педагог во время обучения и воспитания должен использовать специальные методы для вовлечения в учебный процесс ученика:

одаренных детей, детей, обучающихся не на родном языке, детей с ограниченными возможностями здоровья и т.д.

Педагог должен эффективно руководить классами – вовлекать учеников в процесс обучения и воспитания путем мотивирования учебно-познавательной деятельности, ставить цели, влияющие на развитие учеников, несмотря на их происхождение и способности, а также характер.

На ответственность педагогов выпадает формирование и развитие универсальных учебных действий, ценности и образцы социального поведения, навыки поведения в виртуальной реальной жизни и в социальной сети, различные культурные отношения и толерантные навыки, ключевые компетенции и др.

Компетентность – это совокупность достаточных личных качеств специалиста, необходимых для эффективного и гарантированного выполнения профессиональной деятельности соответствующего уровня качества и условий.

Если говорить о профессиональной компетентности педагога, то в содержание этого понятия вкладывают личные возможности учителя, воспитателя, педагога, позволяющие ему самостоятельно и достаточно эффективно решать педагогические задачи, формулируемые им самим или администрацией образовательного учреждения. Необходимым для решения тех или иных педагогических задач предполагается знание педагогической теории, умение и готовность применять ее положения на практике. Таким образом, под профессиональной компетентностью педагога можно понимать единство его теоретической и практической готовности к осуществлению педагогической деятельности.

К организаторским умениям относят мобилизационные, информационно-дидактические, развивающие и ориентационные.

Мобилизационные умения – это умения учителя: -привлекать внимание учащихся, развивать у них устойчивый интерес к учению, труду и другим видам деятельности;

-формировать потребности в знаниях; -формировать учебные навыки и обучать приемам организации учебной деятельности;

-формировать у учащихся активное, творческое отношение к явлениям окружающей действительности путем создания и решения проблемных ситуаций;

-разумно использовать методы поощрения и наказания, создавать атмосферу сопереживания и др.

Информационно-дидактические умения – это умения учителя: -работать с печатными источниками информации;

-добывать информацию из всевозможных источников и перерабатывать ее применительно к целям и задачам образовательного процесса;

-ясно и четко излагать учебный материал, учитывая специфику предмета, уровень подготовленности учащихся, их жизненный опыт и возраст;

-используя различные методы обучения и их сочетания (рассказ, объяснение, беседа, проблемное обучение и др.), логически правильно выстроить процесс преподавания и усвоения учебной информации учащимися;

-доступно, лаконично и выразительно формулировать вопросы;

-эффективно использовать ТСО, средства наглядности, ЭВТ;

-выражать мысль с помощью схем, рисунков, графиков;

-оперативно диагностировать характер и уровень усвоения учащимися нового материала с использованием разнообразных методов;

-перестраивать в случае необходимости план и ход изложения материала. Развивающие умения предполагают:

-определение «зоны ближайшего развития» (Л.С. Выготский) отдельных учеников, класса в целом;

-создание специальных условий и проблемных ситуаций для развития познавательных процессов, воли и чувств учащихся;

-стимулирование познавательной самостоятельности и творческого мышления;

-постановку вопросов, требующих применения усвоенных ранее знаний;

-создание условий для развития индивидуальных особенностей, осуществление в этих целях индивидуального подхода к учащимся.

Ориентационные умения направлены на: -формирование морально-ценностных установок воспитанников;

-формирование устойчивого интереса к учебной деятельности;

-организацию совместной творческой деятельности, имеющей своей целью развитие социально значимых качеств личности.

Коммуникативные умения учителя – это взаимосвязанные группы перцептивных умений, собственно умений педагогического (вербального) общения и умений и навыков педагогической техники. Перцептивные умения учителя – это умения, которые проявляются на начальном этапе общения, умения понимать других людей (учащихся, учителей, родителей). Для реализации этих умений на практике необходимо знание ценностных ориентаций другого человека, которые находят выражение в его идеалах, потребностях, интересах. Необходимо также и знание имеющихся у человека представлений о себе, что человеку в самом себе нравится, что он приписывает себе, против чего возражает.

Одним из средств, повышающих эффективность коммуникативного действия, является педагогическая техника.

ОҚУШЫ ҚАЖЕТТІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНІҢ РӨЛІ

Абишева Анаргул Нурлыбеккызы
Ақтөбе қаласы, «Зерде» жеке мектебінің оқу ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазіргі кезеңде білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында жеке тұлғаның шығармашылық бағыттылығын қалыптастыру – оқушы қажеттілігін қамтамассыз етуде. Қажеттілік неден туындайды? Ол оқушы білімін, білік – дағды деңгейін саралаудан пайда болды. Мысалы А,В,С деңгейіндегі оқушылардың әдебиет пәніне деген қажеттілігін қамтамассыз ету үшін оқу үрдісінде сабақ мақсаттарына қарай әртүрлі әдістерді пайдаланамыз.

Әдебиет пәнін оқытуда ең тиімді әдіс-тәсілдердің бірі- сын тұрғысынан ойлау. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім білім берушілердің бірлескен еңбегі. Мақсаты-барлық жастағы оқушыларға сабақ барысындағы кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым, бір пікірдің біреуін таңдауға , саналы шешім қабылдауға үйрету. Сын тұрғысынан ойлау – шығдалған ойлау. Бұл деңгейдегі ойлау жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Білімнің болашаққа пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді.

Осы орайда өз тәжірибемен Абай шығармашылығын оқытудағы әдіс- тәсілдерімді ортаға сала кеткенді жөн көрдім. Абай шығармаларын оқытуда тиімді әдіс –тәсіл оқушы қызығушылығын арттыру, сезіміне әсер ету, қиялын ұштау, сол арқылы шығармашылыққа жол ашу , оқушыға еркіндік беру деп түсінеміз.

Абайдың табиғат лирикасын оқытқанда бұл әдістерді пайдалану оқушылардың өлеңді үстіртін жыл мезгілі туралы ғана өлең деп қабылдамай, ондағы көтерілген проблемалық жағдайларды көре білуге, талдай алуға үйретері сөзсіз. Оқушылардың өздігінен жұмыс істеуінде С деңгейіндегі оқушыға мынадай сұрақ – тапсырмалар берген орынды деп есептеймін.

- «Қыс» өлеңіндегі адамның көңіл күйін білдіріп тұрған жолдарды тауып ,оны «Жазғытұры» өлеңімен салыстыр. «Жазғытұры» өлеңіндегі көңіл күйдің керісінше болу себебі неден?
- Өлеңнен адамның жасына, кәсібіне қарай көктемдегі іс- әрекетіне , көңіл күйін білдіріп ткрған сөздерді тауып жаз.
- Көктемнің жер бетіне, жан- жануарларға, адамзатқа, табиғатқа әкелген өзгешелік құбылыстарын саралап айт.
- «Бұл кім?» деген атаумен слайд арқылы суретпен жұмыс беріледі. Суретте бейнеленген жандар Абай өмірінде қандай орын алған?
- Бұл деңгейдегі оқушыларға тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай берілетіне баршамызға мәлім . Олар баяу әрекет етеді, сыныпқа ілесе алмайды. Егер осыларды есепке алмасақ, оқуға деген қызығушылықтары төмендейді, сыныптастарынан қалып қояды. Бұл оқушылар үшін өткен материалдардан тапсырмалар берілуі керек және тапсырмалардың көлемі шағын болуы тиіс.
- «Сандар сөйлемді » математикалық ойыны (слайд арқылы берілген сандар бойынша Абай өміріне қатысты мәлімет айту).
- Іздендіру бағытындағы Абай туралы пікірлер жинай берілді. «БАП» әдісі (басқа адамдар пікірі).
- «Блум жүйесі» бойынша құрылған сабақ үдерісінде «Бағалау» дегенде біз, көбіне, түсінбей оқушыны бағалауды айтамыз. Ал, дұрысында бағалау сол күнгі тақырыпты, автордың ойын оқушы көзқарасымен бағалауын айтамыз. Мен бағалауды оқушыларға мынадай тапсырмалар беру арқылы орындаттым.

Абайдың бүгінгі өткен өлеңдерін салыстыр. Оқушы әр өлеңнің өзіне тән ерекшелігін, сосын ұқсастығын айтады.

1. «Бір айналым сөйлесу» әдісі арқылы оқушы Абайға баға береді.
2. Автотест (оқушы білімін саралау жолы)
3. Абай қарасөздерінің өзіндік ерекшеліктеріне баға берейік: сөйлемдері қысқа, мағнасы кең; ой саларлық мағнасы бар, ғибрат (үлгі) беруді көздейді, философиялық скрау басым; өзі жауап береді; өз –өзімен кеңес, ой-пікір білдіру үлгісінде келеді.

Абайдың поэмаларын , қарасөздерін оқытуда тиімді тәсілдер оқышылардың түсінігіне сай берілгенін қадағалауымыз керек. Қарасөздерді оқытуда ұстаз мәнерлеп оқу, түсініктемелі оқу, саламандық жұмыстарды пайдалану жөн көреді. Ақынның әр қарасөзін оқытуда оқушыларға берілетін білім мазмұнымен таныстырады, оған талдаудың үлгісін көрсетеді. Пікірлесу сұрақтары мен оқушылардың білім-білік дағдыларын жетілдіру бағытындағы жұмыстар мен талаптарға көп көңіл бөледі. Осы бағытта А.В деңгейіндегі оқушыларға төмендегідей әдістерді пайдаландым.

1. **«Салыстырмалы талдау»** әдісі. Абайдың «Жазғытұры» өлеңі мен Ыбырайдың қай өлеңінің арасында үндестік бар?
2. **«Ой салыстыру»** әдісі. «Абай мен Мұқағали поэзиясындағы үндестік» (зерттеушілік бағытта ізденіп жүрген оқушыларға тиімді).

Мысалы, Абай : Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін....
Мұқағали: Жазсам, жазам жырды мен жасырмаймын,
Жаралы жүректерді емдеу үшін.....

Абай: Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды , ертегіні термек үшін...
Мұқағали: Ермек үшін немесе өлмеу үшін.
Ермек үшін белгілі жырламасым,
Ермек десе ел мейлі тыңдамасын.

3. «Фишбоун» әдісі. 29-қарасөзіне қатысты құруға болады. «Фишбоун» ағылшын тілінен аударғанда «балық қаңқасы» дегенді білдіреді. Балық қаңқасының үстіңгі бөлігіне қазақ мақал- мәтелдерін жазады, астыңғы бөлігіне Абайдың сынын жазады, әр сыннан кейін оқушы өзіндік ой- пікір, тұжырымды ауызша айтады. Мысалы:

Мақал -мәтелдер	Абайдың сыны	Өз пікірің
Жарлы болсаң ,арлы болма Қалауын тапса, қар жанады	Ардан кеткен соң, тірі болып жүргені құрылсын. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп, қорлықпен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек.	
Атың шықпаса ,жер өрте Алтын көрсе, періште жолдан таяды	Жер өртеп шығарған аттың несі мұрат? Періште алтынды не қылсын, өзінің көрсеқызар сұмдығын қоштағалы айтқан. Ата-анасынан мал тәтті көрінетұғын антұрғанның тәтті дерлік не жаны бар? Ата –анасын малға сатпақ ең арсыздың ісі емес пе?	

Біз жиырма тоғызыншы сөз арқылы Абайдың қазақ мақалдарының кейбіріне берген бағсымен , сынымен таныстық ,өз ойымызды білдірдік. Абай тек мақалдарды сынап қана қоймаған, кей қарасөздеріндегі ойлары қанатты сөздерге айналып кеткен. Әсіресе , 37-қарасөздері осындай сөздерге бай.

4. Абай афоризмдері сәйкестендір (37- қарасөзіне қатысты).

Білімділен шыққан сөз,		Екі жаққа үңілдім
Жұмысы жоқтық, Тамағы тоқтық		Досы көппен сыйлас
Ғылымды ізденіп, Дүниені көздеп		Артқы толқын –інілер.
Досы жоқпен сырлас		Талаптыға болсын кез.
Дүниеде жалғыз қалған адам		Адамның өлгені
Алдыңғы толқын –ағалар,		Аздырар адам баласын.

Абай қарасөздерінің бізге берері көп , үлгі аларлық насихат сөздерге толы екеніне көзіміз жетті. « Пікірі жоқ адамнан қорық» дейді шығыс даналығы. Әрбір адамның өзіндік мені ,өз пікірі болуы керек.

5. «Факт немесе пікір» әдісі (11- қарасөзіне қатысты)

Р/с	Абайдың сөзі	Сенің сының немесе пікірің
1	Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.	Кезкелген істі бірігіп , ұйымшылдықпен бастаған дұрыс. Бастаған істі тез бітіремін деп

		әркімге өтірік айтса ,қарызға ақша алса ол істің қалай бітіргендігінің еш мәні болмайтындығын айтып отыр.
2	Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім.	Адамның кез келген уақытта өзін қолына алып, түзіле алатындығын айтады.
3	Дүниеде жалғыз қалған адам- адамның өлгені.	Жалғыздық құдайға жарасқан.
4	Бақпен асқан патшадан Мимен асқан қара артық. Сақалын сатқан кәріден Еңбегін сатқан бала артық.	Білімге құштарлық , адал еңбекті насихаттайды.

Оқу үдерісінде ең озық әдістерді игеру , іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу- әрбір ұстаздың басты міндеті. Сабақтарда түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, төмендегідей табыс критерийіне қол жеткіздім. Оқушыларды жеке тұлғаға балап, олардың іс-әрекет түрлерін, мақсатын қалыптастырдым, өзіндік дербес ізденуге баулыдым. Әрбір оқушына өз беттерімен көркем туындыны оқуға, талдауға, бағалауға жетелей отырып, сабаққа деген қызығушылығын арттырдым.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕ ТЕОРИЯСЫ

Агисова Гульшара Жанузаковна
«Самал» бөбекжай –бақшасы» МКҚК –ның тәрбиеші
Қандыағаш қаласы, Мұғалжар ауданы, Ақтөбе облысы

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі,өсіп келе жатқан жас ұрпақ білімінің тереңдігімен өлшенеді.Қазақ халқының нағыз азаматын тәрбиелеп өсіру негіздерін қалыптастыратын тұңғыш мектеп- ол балабақша.Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістерді енгізуді талап етіп отыр.Барлық білімнің бастауы – балабақшада.Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі – өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу."Бала тәрбиесі-бесіктен басталады"- деген ұлы қағидаға сүйенсек, 1,5 – 6 жас аралығындағы сәбилерге білім және тәрбие беретін мектепке дейінгі мекемелердің орны да маңызды да ерекше.

Барлық білім беру салалары бір-бірімен байланысты: бала оқи отырып таниды; тани отырып не білгені туралы айтады; зерттеу және пайымдау барысында құрбыларымен бірлесіп әрекет етеді.Осылай білім беру салаларының өзара кірігуі және өзара байланысы балада қоршаған ортаның тұтас бейнесін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбиемен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс — тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан -

жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.Сабақта жаңа технологияларды тиімді пайдалану балалардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін дамытады, қоршаған ортаны танымдық зерттеу барысында дидактикалық мақсаттар іс жүзінде асырылады.

Қазіргі заманда алға қойылып отырған маңызды мәселердің бірі- жан-жақты дамыған өнегелі, рухани ізденісі мол жас ұрпақ тәрбиелеу.Ол үшін біз не істеуіміз қажет?Бізден берілетін тәрбиенің нәтижесі отбасымен балабақша тығыз байланыста болса ғана, мағыналы болып жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелей аламыз.Осының негізінде біз тек баланы ғана емес, ата-ананы да жұмыстандырып, бірге тәрбиелеуіміз қажет.Біздің алдымызға жаңа міндеттер жүктеп отыр.Осы міндеттердің бірі- білім берудің әдіс- тәсілдерін түрлендіріп,жетілдіріп отыру және жаңа инновациялық білім технологиясын меңгеру.

Білім беру процесін іске асырудың инновациялық тәсілі мақсатында балалардың шығармашылық және интелектуалдық қабілеттерін арттыратын, эмоционалды-күштік саласын дамытатын, баланың танымдық қабілеттерін белсендіретін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа, заманауи технологиялары мен әдістері енгізілді.

Аталған технологиялар электронды контент ресурстары мен дидактикалық үлестірме материалдарды үйлестіреді, бұл логиканың, ойлаудың, сенсорлық қабілеттердің дамуына мүмкіндік береді.

Сондықтан оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану әрбір ұстаздың міндеті.Жаңа технологияның тиімділігі баланың жан-жақты құзіреттілігін дамытып,білімді ұрпақ тәрбиелейді.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – әлемде теңдесі жоқ тәрбие.Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге-жерге, тілімізге деген құрмет жатыр. Ал осы ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде мектепке дейінгі мекемеде атқарылатын жұмыстың орны ерекше.

Ұлттық тәрбиенің мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу.

Ұлттық тәрбиенің міндеті – мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі – ана тілі болып қалатынын негіздеу, қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеуде жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру, бүгінгі қазақ елінің индустриалық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін парасатты, ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу, білім және мәдени-рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру.Тәрбиенің басты нысаны елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу.

Мектеп жасына дейінгі мекемелердегі ұлттық тәрбиенің бала өміріндегі маңызына байланысты келесі жұмыстар түрлері қолданылады:

Қазақ тілі — тіл үйрету барысына әрбір сабақта ойын түрлерін және өзара сөйлесу үлгілерін қолданған дұрыс.Сабақ барысында ойын элементтерін дидактикалық материал ретінде пайдаланудың пайдасы бар.Ойын арқылы баланың бойына адамгершілік қасиеттерін, өмірге құштарлығын қалыптастыруға болады.

Ұлттық ойындар – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын - сауықтарының бір түрі.Оның бастауы алғашқы қауымдық қоғамда шыққан. Ұлттық ойындар негізінде әр халық түрлі – түрлі жаттығулар жасау жолымен дене шынықтыру ісінің негізін салды.Бертін келе шынайы спорт ойындарының шығуына түрткі болды.Оның адам денсаулығын жақсартуда пайдалы аса күшті екені баршаға аян.Балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады, көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады.Яғни,

қазіргі заман ағымына қарай белсене қатысады.Ұлттық ойындарымыз балаларға тәрбиелік мәнімен, дене бітімінің әсем де сымбатты болып бітуге пайдасы зор.

«Орамал ілу», «Асық ату», «Түйілген орамал», «Қыз қуу», «Ұшты-ұшты», т.б ұлттық ойындар баланың сөздік қорын молайтуға, өмір тәжірибесін кеңейтуге, ептілік қабілетін жетілдіруге өз әсерін тигізеді.

Ұлттық ойын ойнатудың негізгі мақсаты :

* Балалардың денсаулығын нығайту;
* Денені шынықтыру;
* Мәдениетін қалыптастыру;
* Өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру;

Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді.Балалар ойын арқылы тез тіл табысып жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді.Ойын үстінде дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады.Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай оларды көзқарасының, мінез -құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған.

Мектепке дейінгі кезеңде балалардың дамуы мен ойын үстіндегі әр түрлі іс-әркеттерді оларға өздерін қоршаған ортаны , заттар мен құбылыстардың түрлі қасиеттерін танып білуіне, ақыл – ойының дамуына ықпал етеді.Сондықтан да ересек адамдар балалардың әр нәрсенің мән – жайын танып білуге деген ықыласына үнемі қамқорлықпен бағыт- бағдар беріп отыруы тиіс.Өйткені, әр заманның өзіне тән экономикалық, саяси — әлеуметтік идеологиялық ерекшеліктері болатыны айқын.Сол сияқты , бүгінгі күннің ұрпақ тәрбиесіне деген өз талабы, өз еркшелігі бар.

Білім беру саласында ұстаздар, балабақшалар мен мектептен тыс мекемелердің қызметкерлері оқу – тәрбие ісіне ұлттық сипат беруге, оны бүгінгі заман талабына сай әсерлі, мазмұнды жүргізуге күш салуда. Қазақ халқының мәдениеті менг дәстүр- салтын оқып үйрету үшін жағдайлар жасау – негізгі міндеттердің бірі болып табылады .

Ұрпақ тәрбиесі-адамзат баласының асыл мұраты.Түбегейлі өзгерістерге бет бұрған жаңа қоғамда тек білімді болу жеткіліксіз, сондықтан әрбір жеке тұлғаның бойында әр ұстаз адамгершілік, ізгілік кішіпейілділік, қарапайымдылық, отансүйгіштік қасиеттерін тәрбиелейді. Бұл ретте балабақшадағы тәрбиенің мақсаты: ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік,парасатты, мәдениетті, ар-ожданы мол, еңбекқор, бойында басқа да ізгі қасиеттері қалыптасқан азаматтарды тәрбиелеу.Тәрбие – өсіп келе жатқан жас ұрпақты өмірге даярлаудың барлық жағын қамтитын, жеке тұлғаны ғасырлар бойы жиналған адамзат тарихындағы тәжірибені игертіп, біліммен жарақтандыруға бағытталған қоғамның талап-тілегіне тәуелді күрделі үдеріс. Бізге бұрыннан белгі болып келген тәрбиенің ұйымдастырушылары: отбасы, ата-ана, балабақша – тәрбиеші, мектеп – мұғалім.Жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін тұлға тәрбиеші – тәрбие көзі.

Халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды дәріптеп, білімге ден қойып көп ізденіс жасамайынша оқыту мен тәрбиені бірге ұштастырып, ықпалдастыру мүмкін болмайды.Оқыту мен тәрбиені ықпалдастырып қажымай еткен еңбек арқасында әлемдік деңгейдегі дарынды да тәрбиелі тұлға шығатынына сеніміміз мол.

Пайдаланылған әдебиеттер:

4. Жұмабекова З. «Мектепке дейінгі тәрбиенің бүгіні мен болашағы » // Отбасы және балабақша №/105/ 2004, 2-6 б.

5. Тарасова Л.Т. «Балабақша меңгерушілеріне арналған кітап» А,1987.

6. Ережепова У. «Баланы тәрбиелеудің басты қағидалары» Отбасы және балабақша №1, 2006, 22 – 23 б.

7. Есенова А. «Жан-жақты бала тәрбиесі» // Отбасы және балабақша №6, 2006, 27-30 б.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Адылханова Асел Куанышевна
«Самал» бөбекжай –бақшасы» МКҚК –ның тәрбиеші
Қандыағаш қаласы, Мұғалжар ауданы, Ақтөбе облысы

Еліміз егемендік алғаннан бері білім беру саласында жасалып жатқан шаралардың барлығы болашақ ұрпаққа жалпы адамзаттық және жеке ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге бағытталып отыр. Бүгінгі таңда қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру жағдайында ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын оқытудың жаңа технологияларын пайдалану, жетілдіру қажеттілігі туындап отыр.

Бұл орайда, білім беру саласындағы мектепке дейінгі кезеңде де біршама жұмыстар атқарылуда. Бала мектепке дейінгі кезеңде қоршаған ортаны жедел түрде қабылдап, өз тәжірибесін жинақтап, әр түрлі аймақта қарым-қатынас жасай бастайды. Мектепке дейінгі ұйымдарда баланың жас ерекшелігін ескере отырып, әр түрлі ойындар, дамыту және түзету сабақтары жүргізіледі. Бұл баланың бүкіл қажеттіліктерін шешеді деген сөз емес, бірақ баланың дамуында жағымды ахуал туғызатыны сөзсіз

Қазіргі білім беру үрдісі өзгерді, саналы білім беруде жаңа көзқарастар пайда болды, және біздің алдымызға жаңа міндеттер жүктеп отыр.Осы міндеттердің бірі - білім берудің әдіс-тәсілдерін түрлендіріп,жетілдіріп отыру және жаңа иннавациялық білім технологиясын меңгеру.

Жаңа технология бойынша білімді үнемі бүгінгі жас ұрпақ тәрбиеленушілерге меңгертіп отырсақ,балалардың жаңаша көзқарас үрдісі дамиды.

Қазіргі заманда алға қойылып отырған маңызды мәселердің бірі - жан - жақты дамыған өнегелі, рухани ізденісі мол жас ұрпақ тәрбиелеу. Білім берудің алғашқы деңгейі балабақшадан басталады. Балабақша - балаға жан-жақты білімді, тәрбиені, ақыл-ойын дамытатын, қызығушылығын оятатын баланың екінші отбасы.Тәрбиенің нәтижесі отбасымен балабақша тығыз байланыста болса ғана, мағыналы болып жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Осының негізінде біз тек баланы ғана емес, ата-ананы да жұмыстандырып, бірге тәрбиелеуіміз қажет. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбиемен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс - тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инноватциялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан - жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Балабақшада қолдануға тиімді технологиялар:

1	**ТРИЗ(ӨТШТ) технологиясы**	ТРИЗ (ӨТШТ) технологиясын өткен ғасырдың 70 жылдары Г.С.Альтшулер ойлап тапқан. Мектепке дейінгі балаларға бейімделген ТРИЗ (ӨТШТ) технологиясы баланы шығармашылық тапсырмаларды орындауға үйретеді және оның бойында шығармашылық қажеттіліктерді дамыта отырып, оның қызығушылығына сүйене отырып шығармашылыққа баулиды
2	**Тәй - тәй технологиясы**	Негізін қалаған: Джорж Сорос. Мақсаты: Балалардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту.
3	**Монтессори технологиясы**	Негізін қалаған: М. Монтессори. Мақсаты: Балалардың қоршаған әлемге қызығушылығын туғызу және оны зерттеуге ұмтылдыру. Сауалдар қою және оларға жауап іздеп табу.
4	**Зайцев технологиясы**	Негізін қалаған: Н. А. Зайцев Мақсаты: Оқыту мен санауды қатар үйрете отырып, балалардың дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Баланың білімді барлық сезім мүшелерімен қабылдауын қамтамасыз ету.
5	**Дамыта оқыту технологиясы**	Негізін салушылармен зерттеушілер: В. Давыдов, В. Занков, В. Эльконин, П. Эрдниев. Мақсаты: Баланың жалпы жан дүниесін, және оның сезіміне әсер етіп логикалық ойлауын дамыту. Сөздік қоры мен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Дамыта оқытуда тәрбиешінің басты міндеті оқу материалдарын балаға дайын күйінде емес, баламен бірлесіп, жалпы іс - әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойған міндеттерді түсіндіру сөздік қоры мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу.

Қазіргі уақытта әлемде төртінші технологиялық революция болып жатыр: ақпараттың қарқынды ағыны, жоғары технологиялық инновациялар мен әзірлемелер біздің өміріміздің барлық салаларын өзгертіп жатыр. Қоғам сұранысы да, жеке тұлғаның қызығушылықтары да өзгеріп жатыр. Ғылым, математика, технологиялар, өнер және инженерия сияқты басты академиялық салаларда бір мезгілде даму керек, оларды STEAM деген бір сөзбен біріктіріп атауға болады

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев та 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында әлемнің дамыған елдерінің қатарына қосылу үшін Қазақ елі атқаруға тиісті 10 міндетті нақтылап беріп, оқытудың заманауи әдістемелер мен технологияларды қолдану керектігін баса айтты. Сол себепті, бәсекеге қабілетті елдер қатарында болу үшін STEAM – білім беру мен оқуды бірдей бағытта ілгерілетуіміз қажет

STEAM жүйесі бүкіл әлемді жаулап келе жатқан инновация болып табылады. Келешекте барлық білім беру салалары осы жүйемен жұмыс жасауы әбден мүмкін. Өйткені, пәндерді оқыту барысында теориялық біліммен ғана шектелмей, меңгерген теориялық білімді басқа да пәндермен ұштастыра отырып практика жүзінде, жобаларды жасау және модернизациялау

барысында қолдану және бекіту әлдеқайда тиімді болып келеді. Сондықтан, адамдарды оқыту барысында интегралды оқытуға аса көп көңіл бөлу керек. Интегралды оқыту арқылы адамдардың техникалық шығармашылығын, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін, топпен жұмыс жасауға, жұмысқа қызығушылықпен және жауапкершілікпен қарауға үйретеді.

Біздің балаларымызды не қызықтыруы мүмкін?. Біз STEAM технологиясына жауап береміз. Олар педагогтарға табысты зерттеушілердің, өнертапқыштардың, ғалымдардың, технологтардың, суретшілер мен математиктердің ұрпағын өсіруге мүмкіндік береді.

неге STEAM балабақшада? Біздің мектеп жасына дейінгі балалар мектеп инновацияларына, жобалар жасауға және оларды іс жүзінде жүзеге асыруға дайын болуы керек!

Тәрбиешінің рөлі қандай?

Тек тәрбиешілердің инновациялық тәсілі практикалық зерттеу қызметі арқылы жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

STEAM технологиясы туралы не білу керек?

STEAM туралы білу керек бір маңызды нәрсе-бұл білім берудегі сән ғана емес, бұл балалардың болашағына салынған инвестиция, онда бала бірнеше мамандықты игере алады, көпшіл, креативті, аудиторияға еркін ие болады және өз жобаларын қолдайды.

Өз жұмысымызда STEAM-технологияларды қолдануды біз LEGO конструкторларын пайдаланудан бастадық, олар білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде балаларды техникалық шығармашылыққа баулуға мүмкіндік береді, бұл инженерлік-техникалық ойлау бейімділігін қалыптастыруға ықпал етеді, сондай-ақ балаларға бастамашылық пен дербестік танытуға, мақсат қою мен танымдық іс-әрекеттер жасауға мүмкіндік береді .Зейіннің, есте сақтаудың, ойлаудың, қиялдың, қарым-қатынас дағдыларының дамуына, құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, сөздік қорын байытуға, үйлесімді сөйлеуді қалыптастыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Беспалько В.П. Слогаемые педагогические технологий. М., Педагогика, 1989.

2. Исаева З.А., Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Активные методы обучения. – Алматы, 2005.

3. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Тараз, ТарМУ, 2003.

4. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования: научный фонд и перспективы развития. – Алматы:.

Ғылым, 2001

5..Б.Бөрібаев, Е.Балапанов «Жаңа ақпараттық технологиялар».– Алматы, 2001

АҒЫЛШЫН ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Ажиғалиева Бақнұр Еділжанқызы,
Құдайберген Таңшолпан Берікқызы
Ұ.Құлымбетов атындағы №64 ЖББОМ

Білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру - бүгінгі заман талабы. Ақпараттық білімнің, орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлестіру және жаңа қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері мол кезде өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең

білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді.

Білімді болумен қатар ақпараттық қоғамда, жаһандану заманында өз біліміңді қажетіңе пайдалана білу - өте маңызды. Білім беруді дамытудың жаһандық үрдістерін тиімді қолдану креативті қызмет етуді талап етеді.

Оқытудың жаңа ақпараттық- коммуникациялық технологияларын меңгеру - қазіргі заман талабы. XXI ғасыр - ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін жетілдіруде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың маңызы ерекше. Білім жүйесін ақпараттандыру және пәндерді ғылыми-технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының қарыштаған кезеңінде осы заманға сай терең білімді, әрі жоғары, білікті жұмысшы мамандарын дайындау-оқытушының басты міндеті.

Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 - бабының 9 тармағында оқытудың жаңа инновациялық технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін несиелік қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған.

Қазіргі таңда еліміздің білім жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге қажет білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру жүйесінде ақпараттық - коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылуда және одан әрі жетілдірілуде. Қазіргі заман талабына сай азаматтардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа түсіп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру басты мақсатқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның талабы - оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны жетілдіру-білім берудің бір бөлігі. Заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану оң нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтарды ұтымды жүргізілуде.

Әсіресе, қашықтан оқыту жүйесі жедел қарқынмен дамуда, бұған бірнеше факторлар, ең бастысы - білім беру мекемелерінің қуатты компьютер техникасымен қамтылуы, оқу пәндерінің барлық бағыттары бойынша электрондық оқулықтар құрылуы және Интернеттің дамуы мысал бола алады. Бүгінгі таңда білім жүйесін ақпараттандыру формалары мен құралдары өте көп. Оқу үрдісінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдар мүмкіндігін кешенді түрде қолдануды жүзеге асыру көп функционалды электрондық оқу құралдарын құру және қолдану кезінде ғана мүмкін болады.

Ағылшын тілі сабақтарында ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру, заманауи ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарын тиімді пайдалану оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік тудырады. Оқушылардың ақпараттық құзыреттілігі мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің бірі болып отыр Сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының жеке дара жұмысы;

- аз уақытта мол білімге қол жеткізіп , уақытты үнемдеу;
- білім-білік дағдыларын тест орындау арқылы бақылау;
- шығармашылық тапсырмалар орындау;
- қашықтықтан оқу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты аз уақыттың ішінде табу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып үрдістерін әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;
- оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы мол.

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары төмендегідей:

1. АКТ оқытудағы тақырып шеңберіндегі қандай да уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады.

2. Өте үлкен ара қашықтықта орналасқан әр түрлі оқу орнында оқуға болады. Жоғары сынып оқушыларын емтихандар мен ҰБТ даярлауға арналған жаттықтыру бағдарламаларын пайдалануға;

3. Оқыту жүйесінің көп деңгейлі жетілдірілуі оқу сапасын арттырады.

4. Оқушы өз бетімен, не өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

5. Оқушының танымдық іс-әрекеттері күшейіп, өзіндік жұмыстарды тез орындау мүмкіндіктері жетіледі.

Жас ұрпақты оқытуда жаңашылдықты пайдалану-шығармашылық жетістіктің қайнар көзі. АКТ-ны ағылшын тілі сабақтарында сабақтарында қолдану уақытты үнемдейді, оқушылардың түрткісін (мотивациясын) және оқу-танымдық үдерісін тиімді етеді. АКТ-ны ағылшын тілі сабақтарында қолдану көрнекіліктің және жұмыстың тез орындалуы (жазбаша жұмыстың болмауы) арқасында материалды меңгеруге уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді. Интерактивті режимде оқушылардың білімдерін бақылау оқытудың тиімділігін арттырып, тұлғаның барлық потенциалын, танымдық, моральды-адамгершілік, шығармашылық, коммуникативтілік және эстетикалық мүмкіндіктерін іске асыруға көмектеседі, оқушылардың зияткерлігін, ақпараттық мәдениетін дамытуға әсер етеді.

Оқу үрдісінде электрондық оқыту бағдарламаларын дәстүрлі оқыту әдістерді педагогикалық жаңашылдықпен ұштастыру арқылы жүйелі түрде қолдану дайындық деңгейлері әртүрлі білім алушыларды оқытудың тиімділігін арттырады.

Ұстаз үшін басты нәтиже шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала - ертеңгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін әр педагог өз пікірін жүйелі түрде жеткізе білетін, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағытбағдар беруші - мұғалімдерміз. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен мемлекетіміздің бәсекеге қабілетті дамыған 30 елдің қатарына кіру мақсаты ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
3. Ағылшын тілі мектепте » журналы №4, 2014 жыл

4. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық - коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.

МӘТІН БОЙЫНША СҰРАҚ ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Ажмұратова Мөлдір Ерболатқызы
Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қызылжар ауылы
Қызылжар орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Тәуелсіз Қазақстанда орта білім мазмұнының жаңаруында оқушының функционалдық сауаттылығын арттырудың маңызы аса зор. Тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім және білімді ұрпақ. Еліміздің жарқын болашағы білікті де парасатты жастардың қолында екенін назардан тыс қалдырмай, балалардың білімдерін өмірде тиімді қолдануға үйрету – функционалдық сауаттылықтың басты мақсаты.

Функционалдық сауаттылық – оқу және жазу дағдыларын әлеуметтік ортада қолдану (түрлі құжаттармен жұмыс, банкте сауалнама толтыру, түрлі ақпараттармен танысу), сыртқы ортамен тығыз байланысты орнату және оқушыларды тез әлеуметтенуіне бейімдеу. Оқушылар сыртқы ортада адамдармен, құрбыларымен, жанұясымен қарым-қатынас жасағанда оқу дағдысын қолданады, яғни ақпарат алмасу үшін, ақпарат беру үшін мәтінмен жұмыс жасайды. Оқу сауаттылығы – оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой-толғауы, мәтіндегі басты мәселелерді анықтай алуы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі.

Сонау XX ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру –үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер»-деген екен. Сондықтан қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын, қазіргі қолданып жүрген пән ерекшелігіне қарай қолдана білу – оқыту үрдісінде мақсатқа жетудің бірден-бір жолы. Жалпы мен өз тәжірибемнен тоқталар болсам, сабақ өткізу, яғни оқыту барысында өткізілетін, кейде күрделілік тудыратын жұмыс түрлерінің бірі – сабақта мәтінмен жұмысты ұтымды ұйымдастыру. Мәтінмен жұмыс жасату – тіл үйретудегі негізгі элементтердің бірі. Тіл дамытуда мәтіннің рөлі өте үлкен, мәтін балаға білім береді, тілін, ой-өрісін дамытады, тәрбиелейді. Мәтінді талдаған кезде оған қойылатын талаптарға да назар аудару керек. Мәтіннің тәрбиелік мәні бар болуы тиіс; мәтінде оқушылардың дүниетанымын кеңейтетін мәліметтер нақты, түсінікті, қабылдауға қиын болмайтындай болуы керек; жеңілден – қиынға қағидасы сақталу қажет. Мысалы, біз өз ойымызды сөз арқылы емес, негізінен мәтін арқылы жеткіземіз. Мәтінмен жұмыс жасау мынадай кезеңдерге бөлінеді:

1. Мәтінді оқығанға дейінгі жұмыс;
2. Мәтінмен жұмыс кезеңі;
3. Мәтінді оқығаннан кейінгі кезең.

Аталмыш кезеңдердің ішіндегі үшінші кезеңге жекелей тоқталғанды жөн көрдім. Мәтінді оқып, танысқаннан кейінгі орындалатын жұмыстар: логикалық сұрақтар құрастыру, сөздік жұмыстарын жүргізу, фонетикалық жаттығулар, мәтіндегі негатив тұстарды позитивке айналдыру, сөйлем құрау, мәтінге мәтін мазмұны негізін сақтай отырып, жоспар құру, мәтінге мазмұнына сай ат қою, диалог, жағдаят құру, мәтіннің мазмұнын құрылған жоспар бойынша айтып беру, автордың ойын жалғастыру.

Оқушылардың таным белсенділігін, ойлау қызметін дамытуда, жетілдіруде, оларға өз бетінше қорытынды, тұжырым жасата білуде проблемалық оқытудың маңызы ерекше. Заманауи білімдендірудің мақсаты мамандарды шығармашылыққа дайындау екені даусыз. Шығармашылық дегеніміз – жаңалықты (жаңа нысана, жаңа білім, жаңа проблема, жаңа әдіс) ашу. Осыған орай, проблемалық оқытудың өзі де шығармашыл процесс: бейқалыпты ғылыми-оқу мәселені бейқалыпты әдістермен шешу. Соңғы кезде кең тараған оқу түрінің мәні: мұғалім жаңа білімді (мәтінді) ұсынып, оқушылардың алдына проблемалық сұрақтар құрастыруды қойып, оларды шешудің жолдары мен тәсілдерін іздеуге бейімдейді.

Аталмыш оқыту жаңадан ғана пайда болған жоқ. Кезінде бұған өз үлесін қосқан педагог-ғалымдар: Сократ, Руссо, Дистервег, Ушинский. Мысалы, Дистервегтің дәлелдеуінше, «жаман ұстаз ақиқатты айта салады, жақсы ұстаз оны іздеп табуды үйретеді». Проблемалық оқытуды ойдағыдай іске асыру үшін шәкірттерге ұсынатын мәтінді дұрыс таңдау қажет. Оқушыларға ескертетін маңызды жайт: кез келген сұрақ проблемалы бола бермейді. Проблемалы сұрақтың жауабы дайын болмайды, оны оқушы міндетті түрде өзі іздеуі шарт. Ол сұрақ баланың сана-сезімінде қиындық туғызуы қажет. Оқушы іштей түйсінген ойлау қиыншылығы проблемалық жағдаят деп аталады. Проблемалық сұрақ, бір жағынан, қиын болуы, екінші жағынан, оқушының шамасына лайық болуы керек. Осындай проблемалық жағдаят туғызу, проблемалық сұрақ құрастыру – проблемалық оқытудың алғашқы кезеңі.

Мұғалім проблемалы оқытудың барысында оқушы ойына, пікір қайшылықтарына дұрыс бағдар жасай отыра, жауап табу әдістерін үйретеді. Әдетте, оқытудың бұл түрі жаңа оқу материалын түсіндіру кезеңінде қолданылады. Сонымен, проблемалы оқытудың ерекшелігі: оқушыға дайын білім берілмей, одан проблемаларды ізденіс арқылы шешу талап етіледі.

Бүгінгі таңда білім беруде оқушыға тек қана білім, білік дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, алған білімін өмірлік қажеттігіне жаратуға жетелеу көзделеді. Осыған орай, тіл дамыту жұмыстарында оқушының шығармашылық (креативті) ойын дамытып, жұмыс жасау барысында ізденуге көмек көрсетіледі, оқушының өз-өзіне дербес тұлға ретінде қарауға, оны сезінуіне мүмкіндік туғызылады.

Мәтін бойынша оқушылар арасында тиімді сұрақтар құрастырып, алайда қызықты жауаптар алуда «Орынсыз жауаптар» әдісін ұсынамын. Бұл оқушылардың арасында көңілді психологиялық жағдайды да туғызады, сұрақ қою арқылы сергітеді. Білім алушыларға оқыған мәтінінің мазмұны негізінде сұрақ қоюға рұқсат етіледі. Бірақ жауап беруші тікелей ол сұраққа жауап бермейді. Бұл жердегі мақсат – мәтін мазмұны бойынша ашық не болмаса жабық сұрақ құрастыра білу. Мысалы: «Ғарышқа адамнан бұрын ұшырылған қандай жануарлар мен жәндіктерді білесіз?» деген сұраққа «Рақмет, мен табиғат аясында серуегенді қатты ұнатамын» деп жауап беруге немесе «Марста тіршілік бар деп ойлайсың ба?» деген сұраққа «Мен ертегі оқығанды өте жақсы көремін» деген сияқты жауаптар айтуға болады. Осы әдіс негізінде сыныпта қойылған ең тиімді сұрақтар анықталады, оған нақты жауаптар беріледі, талқыланады. Әдісті жүзеге асырудың тәсілдері:

1-қадам. Білім алушылар мәтінді мұқият оқиды.

2-қадам. Оқыған мәтінінің мазмұны негізінде сұрақ құрастырады және оны сыныпқа қояды.

3-қадам. Жауап беруші сұраққа тікелей /тура/ жауап бермейді.

4-қадам. Сыныпта қойылған ең тиімді сұрақтар анықталады.

5-қадам. Анықталған тиімді сұрақтарға нақты жауаптар беріледі, талқыланады.

Заманауи оқу сауаттылығы ұғымы түрлі мәтінді түсінумен анықталады. Сондықтан жаңа жүйеде жұмыс жасайтын мектеп оқушыларды түрлі мәтіндермен жұмыс жасауға дағдыландыру керек: жазба мәтін, электронды мәтін, аудиомәтін, графиктік мәтін. Шығармашыл, құзіретті мұғалімдер сабақты оқушылардың талабына сай әзірлеуі шарт. Мәтіндерді топтастыруға немесе белгілі бір тақырыптар бойынша жіктеу өте күрделі. Заманауи оқыту үдерісіне сай мұғалім сабақта тек бағыт беруші, ал көрсетіліп отырған жұмыс жүйесінің әр компоненті оқушы арқылы іске асырылатын және оқушының сауаттылығын арттыру мен дамытуға тікелей бағытталған нақты, нәтижесін берер жүйе деп санаймын.

Оқыту – таным әрекетінің ерекше түрі және білім берудің негізгі жолы. Оқытуда баланың таным қабілеті дамып, білімді, дағдыны, икемділікті игереді. Педагогиканың бір саласы дидактиканың негізгі міндеті – оқыту үдерісіне бағынатын заңдылықтарды анықтау. Ол заңдылықтарды мақсатқа сай қолданудың жолдарын қарастыру. Дидактика ғылым мен техниканың даму дәрежесін, балалардың жас ерекшелігін ескере отырып білім мазмұнын, икемділік пен дағдының мөлшерін, көлемін анықтау мәселесімен де шұғылданады. Тілді оқыту барысында да, тілді меңгерту үшін мәтіндерді іріктеп алу ісінде де біз ең алдымен дидактика заңдылығын басшылыққа аламыз. Себебі оқушының жасына қарай дұрыс таңдалған, танымдық, тәрбиелік қасиеттері мол мәтіндердің рөлі аса маңызды.

Қорыта айтқанда, танымдық қызығушылықты дамыту оқушылардың шығармашылық (креативті) ойлау қабілеттерін арттыруға, тілін байытуға, өз ойын қазақ тілінде еркін жеткізу, сауатты жазу үшін елеулі нәтиже береді деп ойлаймын.

СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Азаматова Гаухар Куттигуловна,
Бекбулатова Алия Калиевна
Ақтөбе қаласы «№34 орта мектебі» КММ

Адамның өмірдегі эстетикалық талғамын қалыптастыруда өнердің алғашқы түрі -сәндік-қолданбалы өнер айрықша роль атқарады. Өнердің бұл түрі халық тұрмысымен тығыз байланысты.Ұлттық көркем өнердің дамуына көз жіберіп қарасақ, өмірді шынайы бейнелеуде әр халықтың өзіне тән көзқарасы, өз тәсілі бар. Қазақ халқының қолөнері сонау ескі заман тарихымен бірге өсіп, біте қайнап келе жатқан өте бай қазына. Қазақ халқының қолөнері деп халық тұрмысында жиі қолданатын өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты шығармашылық өнер жиынтығын айтады. Шын мәнінде осы қолөнер түрлерінің әрқайсысының талай ғасырлық тарихы бар. Қазақ халқы өзінің күнкөріс тіршілігіне қажетті үй салуды, киім-кешек тігуді өзінің тұрмыстық кәсібі етіп, оларды күнбе-күнгі тіршілік барысында орынды пайдаланса, әсем бұйымдар жасап, өмірде сән-салтанат та құра білді. Киіз үйдің сүйегін кебеже, сандық, әр алуан ыдыстар т.б. көптеген заттарды халық шеберлері өз қолдарымен жасап, түрлі нақыштармен әшекейлейтін болды.

Қазақ халқының сәндік – қолданбалы өнері барынша дамыған, бағалы әрі мол мұра. Оқушылар үшін оның танымдық әрі тәрбиелік мәні зор. Сол себептен ерте заманнан халықтың эстетикалық талғамын қалыптастыруда игі әсер еткен осы мұрамен танысу, оны кәдеге жарата білу, жас ұрпақ үшін теориялық әрі практикалық жағынан өте тиімді болмақ.

Халықтық сәндік-қолданбалы өнер – әлемдік көркем мәдениеттің негізі. Даналық пен әсемдіктің таусылмас қайнар көзі. Онда сан ұрпақтың түрлі материалдарды: ағаш, саз, жүн, металдарды өңдеу тәжірибесі бейнеленген. Көне дәстүрлерді көздің қарашығындай сақтап және байыта отырып, халықтық көркем қолөнер кәсібі қазіргі мәдениеттің айқын құбылысы болып, үй тұрмысының маңызды және бөлінбес құрамына айналды. Қолөнер туындылары қайталанбас және алуан түрлі: әсем әшекейлерден және шағын ойыншықтардан бастап күрделі кестеленген композицияларға дейін және көлемді кілемдерді, тоқыма матадан жасалған көп заттық жиынтықтарды, шыны, ағаш және металл бұйымдардарын қамтиды. Пішіндердің ықшам да мәнді үйлесімі, түстердің жоғары талғамы, өрнектердің әсемдігі, композициялық шешімі, көздің мүлтіксіздігін, колдың дәлдігін және қиял ұшқырлығын ұштастырып, шебердің өзіне тән тәсілдермен орындауына жеткізеді.

Бүгінгі күннің талабына сай сәндік-қолданбалы өнер түрлері сан алуан. Көпшілік жұрт қазақтың ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрпының сырын біле бермейді. Негізінен, біле білген адамға қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері мейлі бала тәрбиесінде болсын, адамгершілік тұрғысынан болсын алар тағылымы өте мол таптырмас құрал.

Сәндік – қолданбалы өнерді білу адамның жалпы өнер жайлы,оның сипаты мен өзіндік көркем тілі туралы мағлұматын толықтырады. Аталмыш өнер оқушыларға идеялық, адамгершілік, эстетикалық тәрбие берудің басты құралының бірі. Әрине, сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарының әрбір тобын өз кезегінде көркем кәсібіне қарай бөлуге де болады, өйткені әрбір кәсіптің өзінің өрнегі, түр-түс үйлесімі, жасау әдісі және бұйымды әрлеу мен басқа да ерекше белгілері болады. Мысалы, қазақ халқы киіз, текемет, сырмақ, түс киіз және т.б. бұйымдарға ою, өрнек түстерін орналастырғанда өзіндік ережеге сүйенген, олардың бояуын белгілеуде үлкен жауапкершілікпен, талғаммен қараған. Қыздардан бояулар үйлесімділігін нәзік сезінуді, кескіндеменің заңдарын түсінуді, геометриялық сызықтар мен фигураларды білуді, табиғаттың табиғи формаларын түсінуді талап еткен. Түс киіздің бірнеше түрлерін меңгерткен (алуан түрлі ою-өрнек түсірілгені, жібек жіппен кестеленгені, зер жіппен гүл, өрнек түсірілгені, оқаланғаны, төңірегіне құндыз ұсталғанды, кей жеріне *алтын,* күміс теңгелер мен меруерт маржан қадалған аса қымбат түскиіздердің ортасына жолбарыс, ілбіс, қабылан, сілеусін және т.б. аң терілерін жапсырған түрлері). Ал бұл дегеніміз, *біріншіден,* қыздардың көркемдік-эстетикалық талғамын дамытса, *екіншіден,* конструкторлық білімнің элементтерін меңгерткен, *үшіншіден,* экономикадан түсінігін жетілдірген, *төртіншіден,* шығармашылық қабілеттерін шыңдаған, *бесіншіден,* рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырған. Бұның бәрі нәтижесінде технологиялық мәдениеттің негізін құрған.

Қазақ халқының қолөнер түрлерін меңгерту процесінде оқушылардың технологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында әртүрлі әдіс-тәсілдерді (сөздік, көрнекілік, аудиокөрнекілік, практикалық, салыстыру, теңестіру, ақпараттық, эвристикалық, қорытындылау, іздестіру және т.б.)пайдаланамыз.

Оқушының шеберлігін қалыптастыру мақсатында қазақ халқының қолөнерін оқытуды ұйымдастыру: мұғалімді оқушылардың ақыл-ойы мен практикалық іс-әрекетін белсендіретін және оларды жүзеге асуын қамтамасыздандыратын оқыту формаларына, әдістеріне бағдарлауға, оқушылардың қазақ халқының қолөнерін үйрену барысындағы іс-әрекетін ұйымдастыруда орындаушылық іс-әрекетінің шығармашылық ізденіспен ұласуына; қазақ халқының қолөнерін үйрету процесінде технологиялық мәдениеттің барлық компоненттерін

дамытуға; оқушыларды қолөнер түрлерімен жұмыс жасауда мақсат қоя білуге, ақпарат алып, оған талдау жасай білуге, жұмыс сапасының өлшемдерін анықтауға, техникалық құжаттарды жасауға қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды сұрыптауға, жоспарды құра білуге, технологиялық тапсырмаларды ұйымдастыруға және орындауға, іс-әрекет нәтижелерін бағыттап, бақылауға, өзіндік талдау мен өзіндік баға бере білуге үйретуге; қолөнер түрлерін жасау процесінде оқушылардың қызығушылығын, сұранысын арттыруға, онымен әсерленуіне; қолөнер түрлерін меңгеру барысындағы іскерлігі мен дағдысын бірізділікте қалыптастыруға; мұғалім мен оқушылар, ата-аналардың ынтымақтастық пен шығармашылық қарым-қатынаста жұмыс жасауына, мұғалімнің оқу материалдары мен оқыту әдістемесін ұдайы жаңартып, жетілдіріп отыруына ықпал етеді.

Оқушылардың технологиялық тапсырмаларды саналы түрде орындау барысында қолданған тапсырмаларына жасаған талдауды негізге ала отырып, *оқу мазмұнының құрылымында мыналарды* қарастыру *қажет:*

— сәндік-қолданбалы өнер түрлеріндегі еңбек нәтижесінің өзіндік ерекшелігі туралы функционалды білім;

— жұмыс барысында қолданылатын сәндік-қолданбалы өнер түрлері. Олардың қасиеттері, шығу тарихы, көркем қолөнерде немесе үй шаруашылығы мен халық шарушылығында пайдалану;

— сәндік-қолданбалы өнер түрлерін даярлайтын құрал-жабдықтар. Олардың міндеті, мақсаты, пайдалану бағыттары, жұмыс тәсілдері. Еңбектегі қауіпсіздік. Тарихи мағлұматтар;

— өнімдерді өндіру процесінде жүзеге асырылатын сәндік-қолданбалы өнерге қажетті шикізаттардың, материалдардың жағдайы немесе өзгеріске түсетін формалары мен қасиеттерінің тәсілдері мен амал-жолдары;

— сәндік-қолданбалы өнер түрлерін даярлау барысында жұмыс процесін ұйымдастыру. Адамдардың еңбек әрекеті, олардың қазіргі өндірісте пайдаланылатын сәндік-қолданбалы өнер түрлеріне деген көзқарасы;

— технологиялық құжаттар. Оларды өңдеу және жұмыс процесінде пайдалану;

— сәндік-қолданбалы өнер түрлеріне байланысты еңбек әрекетіне оңтайлы амал-жолдарды таңдауға ықпал ететін ғылымға негізделген (экономика, экология, эргономика, дизайн, графика және т.б.) білім элементтері.

Бұл технология сабағында қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнер түрлерін, оның технологиясын оқушыларға бірізділікте меңгертуде көмектеседі. Еңбекке баулудағы оқу мазмұнының сабақтастығы технологиялық процестердің типтеріне, пайдаланылатын сәндік-қолданбалы өнер материалдарының өзіндік сипаты мен жасалу тәсілдеріне қарай негізделуі керек. Оқушылардың технологиялық мәдениетін қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері арқылы қалыптастыру процесі оның мазмұнын нақтылауды талап етеді.

Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің оқушылардың технологиялық мәдениетін қалыптастырудағы мүмкіндіктері өте жоғары

Сәндік – қолданбалы өнердің қыры мен сырын оқушыларға жеткізу, олардың эстетикалық,көркемдік талғамын қалыптастыру үшін сәндік – қолданбалы өнер туындыларының шығу тарихынан бастап, дайындалу барысы туралы қосымша ақпараттар беріледі. Ұлттық сәндік – қолданбалы өнер туындыларымен танысудың оқушыларға эстетикалық тәрбие берудегі ролі ерекше. Осы тұрғыдан оқушыларды тәрбиелеу жұмысын өмірмен байланыстыра жүргізудің мәні аса зор екендігін сезінуге болады.

Әдебиеттер

1. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: «Өнер», 1987ж.
2. Әбдуәлиев Ш. Халық қолөнері. — Алматы: «Рауан», 1992ж.
3. Әмірғазин Қ. Қазақ қолөнері. – Алматы: ТОО «Дайк – Пресс», 1996ж.

МӘҢГІЛІК САҒЫНЫШТЫҢ МӘНІСІ
(Ақын Төлеген Айбергеновтің өлеңдері хақында)

Бекетова Күлай,
Ақтөбе қаласындағы М.Құрманғалиева атындағы №32 мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Ақын Төлеген Айбергенов туралы өмірбаяндық анықтамаларда негізінен: «1937 жылы 8 наурызда Қарақалпақстанның Қоңырат ауданында туған. Ташкент педагогикалық институтын бітірген» деп жазылған.

Сол себепті де соңғы жылдарға дейін ақынның өзінің де, әулетінің де Ақтөбе облысына ешқандай қатысы жоқ сияқты болып көрініп келді. Дегенмен бертінде Ақтөбе қаласындағы бір көшеге Т.Айбергенов есімі берілді, өткен жылы облыс орталығының бір көрікті жеріне көрнекті қазақ композиторы Шәмші Қалдаяқов екеуінің мүсіндері орнатылды.

Міне, осы кезде Төлеген ақынның біздің өңірімізге қандай өмірбаяндық қатысы болғаны туралы көбірек айтыла бастады.

Ақынның зайыбы Үрнисаның, қызы Салтанаттың естеліктеріне сүйенсек, Төлеген ақынның ата-бабасының атамекені қазіргі Байғанин ауданының өңірі болған екен. Өткен ғасырдың 30-шы жылдарында бүкіл қазақ даласын шарпыған аштық жан-жағын жалмай бастаған кезде, ажал құрығына ілікпеуді ойлаған бұл әулет түп көтеріле қозғалып, Қарақалпақстанға көшіпті. Арада бірнеше жылдар өткенде сол Қарақалпақстанның Қоңырат ауданында Төлеген дүниеге келіпті. Бұл туралы ақын өзінің «Апаларыма» деген өлеңінде:

Мен ұл ем. Сендер ең үш тамаша елік,
Төртеуміз бір әкенің баласы едік.
Төрт тағдыр қайғысы мен қуанышын
Өстік біз омыраудан талас еміп, — деп жазған.

Солайша Қарақалпақстанда туып, Ташкентте жоғары білім алған ақын кейін, 1962 жылы Қазақстанға, Шымкент облысына келіп тұрақтап, кешкі жастар мектебінде директор болған. Одан соң көп ұзамай ақындық талантын одан әрі шыңдау мақсатында Алматыға қоныс аударып, Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы әдебиетті насихаттау бюросында қызмет еткен. Екі жыр жинағы («Арман сапары», 1963; «Өмірге саяхат», 1965) шығып, кейін қазақ әдебиетіне ерекше құбылыс болып енген «Құмдағы мұнаралар» атты жаңа жинағы даяр болып қалған кезде, 30 жасында дүниеден өткен. Сол кезде Мұқағали Мақатаев:

Тұңғыш көрдім өлгенін шын ақынның,
Қызарып батты ертеңгі шығатын күн.
Торғай-өлең шырылдап бара жатты
Аузында ажал дейтін сұрапылдың, — деп басталатын өлеңін жазған еді.

Ақын өзі жас болған соң әрі тұрмыстық жайы да толық қалыптасып болмағаннан кейін шығар, әлде жолы түспеді ме, әйтеуір ата-бабасы ғұмыр кешкен Байғанин өңірінде болмағанға ұқсайды. Өйткені «Арал жырлары», «Арал толқындарында», «Түркістан дәптерінен», «Маңғыстау саздары» тәрізді топтама өлеңдері болғанымен, не Ақтөбе өңіріне, не Байғанин ауданы өлкесіне арналған нақты жырлары жоқ. Егер ақынның ғұмыры тым қысқа болмай, ұзақ өмір сүргенде, сөйтіп біздің өлкеге де, ата-бабасының табаны тиген жерге де келіп-кеткен болса, оның қаламынан ата-бабасы мекен еткен өңір туралы да тамаша шығармалар туындауы мүмкін сияқты еді.

Қазіргі ғылыми байламдар баласының бойында әкесінің, ата-бабасының кейбір қасиеттері болатыны туралы жазып жатады. Ақынның ата-анасы, әрине, ұзақ жыл ғұмыр

кешкен туған жерлерін сағынбауы мүмкін емес. Олар туған жерге деген сағыныштары туралы әңгімелерін талай рет дастарқан басында да әңгімелеген шығар. Осындай әңгімелерді тыңдап өскен ақын Төлегеннің өлеңдерінде САҒЫНЫШ лебінің басым болуының басты бір себебі осы да сияқты.

Ақын Т.Айбергенов қайтыс болған соң жарық көрген «Құмдағы мұнаралар» жинағы сағынышқа толы жырлардың қазыналы жиынтығы еді. Ақынның төрт бөліктен тұратын «Сағыныш» атты өлеңі оқырманды әлі күнге дейін толқытып өтеді, қанша оқысаң да құмарың қанбайды.

...Сағынбай барсаң таулар да сенің алдыңнан шықпас асқақтап,
Ойлауың мүмкін дүниені мынау кеткен екен деп тас қаптап...
Үмітке толы, арманға толы әр жерде бір түп қарағай,
Сағынбай жүрсе қалуы мүмкін жамырасуға жарамай...

Өткен ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдарында қазақ поэзиясы ерекше сапалық биікке көтерілгені мәлім. Сол кезде жарқ етіп шыға келген Төлеген туралы Әбіш Кекілбаев: «Кейінгі жылдары Қадыр Мырзалиев, Жұмекен Нәжімеденов, Мұқағали Мақатаевтардың кесек-кесек ақындық тұлғамен көрінуі жас қауымда орынсыз көбейіп кеткен өлеңшілер тобының қатарын саралаңқырап, ақындықтан дәмелілерге өзінше бір еріксіз сұрыптау жасады. Сол сұрыптауда суырылып ілгері шыққандардың бірі — Төлеген Айбергенов» деп жазған екен.

Иә, Төлеген Айбергенов, міне, осындай дарынды топтың нақ ортасында жүрді. Оның дәлелі — ақын өмірден өткен соң қаншама жас талап ақындар тап Төлегенше өлең жазуға талпынып, ақынға көп еліктеді. Бұрын өлеңді ақындар негізінен 7-8 буынмен жазатын болса, Төлегеннің «Сағыныш», «Аруана — бауыр дүние» тәрізді өлеңдерінен кейін 17-18 буынмен өлең жазатындар күрт көбейіп кетті. Ақынның «Мұнаралар» деген өлеңі қатты әсер еткендіктен мұнай мұнаралары туралы бірсыпыра өлеңдер жазылды.

Қазақ поэзиясы туралы жазылған әдеби мақалаларды шолып отырғанда көз жететін бір жайт, 1970-жылдардан соң қазақ өлеңінде жас талапкерлер ең әуелі Төлегенге, сосын Мұқағалиға көп еліктеді. Дегенмен ақындар сырттай еліктегенімен, туындыларының формасын Төлегенге ұқсастырғанымен, аса талантты ақынның өлеңінің ішкі рухына жолай алған жоқ. Олай болуы мүмкін де емес еді. Себебі, ақынның жеке өлеңі — оның ішкі әлемінің жеке көрінісі. Бұған жоғарыда аталған «Сағыныш» өлеңін мысалға алуға болады. Әдетте адамның туған жеріне деген сағынышы, сүйген қызына деген сағынышы, достарына деген сағынышы туралы жиі жазылады, ол орынды да. Дегенмен Төлегеннің мына өлеңі олай жекеленбейді, бұл ақынның тұп-тұтас дүниеге деген ақпа-төкпе сағынышы.

...Дегенмен, жаным, көгілдір дүние сағынбағасын арайсыз,
Өмірде мынау сағынбағандар бақытсыз, бақсыз, талайсыз, — дейді ақын.

Ақынның оқырманның есінде жүретін, қазір де көп қайталанатын өлеңдерінің бірі — «Бір тойым бар». Өлең:

Бір тойым болатыны сөзсіз менің,
Дәл қай күні екенін айта алмаймын, — деп басталады. Бұл өлеңді бірінші рет оқыған оқырман бұл қандай той екенін бірден тап басып ажырата алмайды. Өйткені қазақта той көп екені белгілі. Жалпы біздің халқымыз отбасындағы елеулі оқиғаларды міндетті түрде тойға айналдырып отырған.

Одан әрі ақын:

Бірақ... бірақ...

Ешкімді де билетпей қайтармаймын, — деп жалғастырып, сол тойда кемпірлерге қыз күнін сағындыртатынын, жеңгейлердің етегін гүлге толтыратынын, қыз қуатын жігітке ат беретінін, әйтеуір, бар жиған-тергенін бір тамаша той қылып өткеретінін айтады. Бірақ *«Біздің үйді сол күні бетке ал, қауым»* дей отырып та ақын бұл тойдың нақты қандай той екенін

айтпайды. Дегенмен *«Кім білсін, талай түнгі тілегім ед, Мәңгілік тарқамауы да мүмкін оның»* деген соңғы жолдардан соң ғана оқырман бұл тойдың қандай той екенін анықтаудың қажет еместігін де ұғынады. Мұндай той әйтеуір әрбір отбасында, әрбір адамның жеке өмірінде болуға тиіс бір ерекше той екенін түсінеді. Сол тойды әрбір көкірек аңсай түседі, сондай тойдың болуын сағына күтеді. Осы өлеңді оқыған адамның көңілінде қалай да бір жаңа үміт оянады, ол сол үміттің орындалатынан сенгісі келеді. Төлеген ақынның оптимистік сарында жазылған бұл өлеңі сол себепті де әлі күнге дейін ауыздан түспей келеді.

Ақын Т.Айбергеновтің қазірге дейін жиі айтылатын, мысалға көп келтірілетін өлеңдерінің бірі — «Аруана — бауыр дүние».

Аруана жаудың қолына түссе ботасын шайнап өлтіріп,
Қаралы мойнын қайтадан артқа бұрмастай халге келтіріп,
Жеріне тартып отырады екен моншақтап жасы боздаумен,
Омырауын шерге толтырып, — деп басталатын бұл өлең туған жер, атамекен, байтақ Қазақстан туралы жазылған өлеңдердің арасындағы ең бір айрықша туынды. Өйткені түйе малының жершілдігі, оны қай өңірге алып кетсе де, бәрібір атамекенін аңсайтыны, туған жеріне тартып отыратыны туралы әңгімелер халық арасында ежелден бар. Ақын, міне, осы әңгімелердің негізінде Отанның қадірін тағы бір рет терең ұқтыратын тамаша өлең жазған.

...О бастан саған ынтызар туған аруана тектес ұл ем мен
Қазығын таппай қайрылмас, — дей отырып лирикалық кейіпкер қазақтардың бойына біткен асыл қасиетті — өз туған жерін ешуақытта ұмыта алмайтыны туралы адами болмысты өте талғампаздықпен бейнелейді.

Жалпы Төлеген жырлары тақырыпты атүсті баяндап өтумен шектелмейді. Өзгеше бір тыныспен ақтарыла жырлау арқылы ақын барша оқырманның әлдебір іңкәрлік сезімін оятады. Бұл жайтты автор:

...Сен менің өзімді көрсең,
Тұрысым осы менің.
Ал мендегі ғаламат сезімді көрсең
Шошыр едің! — деп көрсетеді. Расында да ақынның өлеңдерін бірінен соң бірін оқып отырғанында, қай тақырыпта сөз қозғалса да, оқырман сезімі алуан күйге түсіп отырады.

Т.Айбергенов өзінің творчестволық қуаты қандай дәрежеде екенін анық түсінген ақын. Оның, әсіресе, «Құмдағы мұнаралар» деп аталатын жинағындағы бірін-бірі жетелеп отыратын өлеңдер дүниеге енді тап осылайша қайталанбас тағы бір ақын келгенін танытқан болатын. Соны сезген ақынның өзі де бір өлеңінде:

Өле берсін күншілдер күйігінде,
Өз ғасырым өзімнің иінімде.
Ақ жаңбырлар тоздырған тау секілді
Мен өлемін өзімнің биігімде, — деп жырлады.

Ақын отыз жасында өмірден өткен кезде осындай биікке келіп тоқтаған еді. Ол алдағы уақытта да сол биіктен қарап тұра береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Төлеген Айбергенов. «Аманат». Алматы, 1975. «Жазушы» баспасы.
«Қазақстан жазушылары». Анықтамалық. Алматы, 2009. «Ан Арыс» баспасы.
«Жан еді өлең үшін дара туған». Естеліктер. Алматы, 2007. «Білім» баспасы.
Әбіш Кекілбаев. «Дәуірмен бетпе бет». 1974 . «Жазушы» баспасы.
Мұқағали Мақатаев. Шығармаларының үш томдығы. Алматы, 1991-1993. «Жазушы» баспасы.

ИМЯ ЧИСЛИТЕЛЬНОЕ

Орынбаева Айгуль Сабырхановна
Актюбинская обл. Мугалжарский район., г.Кандыагаш.ОГСШ №4
учитель русского языка и литературы, педагог-исследователь

Урок-игра по теме «Имя числительное».
Тип урока: повторительно-обобщающий.
Форма проведения: урок – игра.
Цели:

Повторение изученного в разделе "Имя числительное" (понятие о части речи, разрядах, изменении числительных, морфологических особенностях и синтаксических);

Развитие умений отличать числительные от других частей речи, производить синтаксические разборы, использовать их в своей речи (устной и письменной); развитие творческих способностей детей;

Воспитание интереса к изучению русского языка и интереса к устному народному творчеству.

Оборудование: учебник, компьютер, проектор, карточки с заданиями, рисунки.

ХОД УРОКА

I. ВСТУПЛЕНИЕ. Слово учителя.

(Р.Т.) – Здравствуйте, ребята. Сегодня у нас необычный урок.

А начать его я хочу с притчи. А вы знаете, что такое притча?

Учитель помещает на слайде определение понятия «притча».

Слайд

(Прито́ча—короткий назидательный рассказ в иносказательной форме, заключающий в себе нравственное поучение (премудрость). По содержанию притча близка к басне. Владимир Даль толковал слово «притча» как «поучение в примере»).

- А теперь послушайте притчу.

Давным-давно в старинном городе жил Мастер, окружённый учениками. Самый способный из них однажды задумался: "А есть ли вопрос, на который наш Мастер не смог дать ответа?" Он пошёл на цветущий луг, поймал самую красивую бабочку и спрятал её между ладонями. Бабочка цеплялась лапками за его руки, и ученику было щекотно. Улыбаясь, он подошёл к Мастеру и спросил:

— Скажите, какая бабочка у меня в руках: живая или мертвая?

Он крепко держал бабочку в сомкнутых ладонях и был готов в любое мгновение сжать их ради своей истины.

Не глядя на руки ученика, Мастер ответил:

— Всё в твоих руках.

Учитель выдерживает паузу и задаёт вопрос:

- Ребята, в чём заключается мудрость притчи? (Ответы детей)

Да, у вас, ребята, тоже всё в ваших руках. Я очень хочу, чтобы каждый из вас поверил в свои силы, в себя, и тогда у нас всё получится. Всё в нашей жизни зависит от нас.

I тур Разминка

1.Дать определение числительного.
2.На какие две группы делятся числительные?
3.Чем отличаются простые числительные от составных?
4.Назовите разряды количественных числительных.
5.Каким членом предложения может быть числительное?

6. Назови разряды количественных числительных.

II тур. Поисковая работа

1.Первая группа занималась поисковой работой и находила фразеологизмы, содержащие числительные.

1)За тридевять земель;(Очень далеко) 2) от горшка три вершка;(очень маленький) 3)Два сапога пара;(одинаковые) 4) Семь пятниц на неделе (человек, который часто меняет решения).

2 группа занималась тоже поисковой работой и находила пословицы, содержащие числительные. (Называют) .

1).Не имей сто рублей, а имей сто друзей. 2) Один в поле не воин. 3) Семь раз отмерь, один отрежь. 4) Знать как свои пять пальцев.

III Тур

Запишите число и тему урока: «Имя числительное»

Работа по учебнику, стр.117, упр.8 письменно.

1группа выписывает целые числа и дробные

2группа выписывает порядковые и собирательные

IV Тур

Прошу по одному представителю от команды выйти к доске

Стратегия «Перепутанные логические цепи»

1группа

1.За лето прочитал пятнадцать книг

2.Наш класс находится на втором этаже

2группа

1. После шестого урока мы идем на экскурсию

2.В школе пятьсот учеников

Рефлексия

Выполнение тестовых заданий. Самопроверка.

Тест «Имя числительное»

1. Укажите имя числительное:

а) семь;

б) семерка;

в) удвоить.

2. В каком ряду расположены количественные числительные?

а) сто, двести, семьсот;

б) девятый, трехсотый, тысячный.

3. В каком ряду все выделенные слова – порядковые числительные?

а) пятьдесят шестого автобуса, двухэтажный дом, на четырнадцатом этаже;

б) к восьмому октября, двадцать девятый километр, восемнадцатый год;

в) пятисотый километр, трехкратный чемпион, семицветная раскраска.

4. Определите составное имя числительное:

а) десять

б) семнадцать;

в) тридцать восемь.

ДОМАШНЕЕ ЗАДАНИЕ

ПОДВЕДЕНИЕ ИТОГОВ. ВЫСТАВЛЕНИЕ ОЦЕНОК.

Итог. Определяются победители.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Айзакова А.Ж., Машимова А.А.
Ақтөбе қаласы,№34 орта мектебі

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып, егемендік алуы, Қазақстан Республикасы деп жариялануы, Республикамыздың Ата Заңында қазақ тілінің мемлекеттік тіл болып заңдастырылуы ана тілдің өз мәнінде дамуына мүмкіндік берді.

Республика деңгейінде қазақ тілі қоғамдары, сондай-ақ қазақ тілі комитеті құрылып, мәртебесі көтерілді. Ресми құжаттар қазақ, орыс тілдерінде қатар жүретін болды. Қазақ тілін үйретуге бағытталған оқулықтар мен тілашарлар және оқу - әдістемелік құралдар дүниеге келді. Орыс тілді балаларға қазақ тілін оқытудағы басты мақсат – сөйлей білуге, өз ойын айта білуге, жаза білуге үйрету дейтін болсақ, коммуникативті қарым – қатынас бірінші, грамматитка екінші орында тұрады.

Ұлттық мектептерде оқылатын қазақ тілі пәнінің алдына қойылатын түпкі мақсат – оқушыларды белгілі дәрежеде қазақша сөйлеп, өз ойын біреуге жеткізе алатындай, сондай – ақ өзгенің ойын ұғып, түсіне алатындай деңгейге жеткізу.Оқушыларды пәнге қызықтыру арқылы сабаққа ынтасын арттырып, білім, білік, дағдыларын қалыптастыру қажет. Мұғалімнің тәжірибесі мен кәсіби шеберлігін арттыру тіл пәнін оқытудың сапасын жетілдіретін басты белгілері болып табылады.

Қазақ тілі пәнін оқыту әдісінің тиімділігін арттыру пән мұғалімінің жауапкершілігіне, шығармашылық іскерлігіне, даярлық сапасына тікелей байланысты. Тіл үйретуде сөздіктің маңызы зор. Әр сабақта оқушы 4-5 сөз үйрену керек деген ұстанымды басшылыққа алу қажет.Л.Н Толстой: «Баланың үйренген сөзін қолдана білуіне жағдай туғызу керек, үйренген сөзін ауызекі сөйлесу тілінде бір рет қолдана білсе, ол өзінің жеке меншігіне айналады» деп жазған екен. Сөздік жұмысын ұйымдастырудың әдіс–тәсілдері алуан түрлі. Мұғалім оқу жылы басталысымен әр тақырыпқа қарай сөздік жұмысын дұрыс жоспарлап, оқушының сөздік дәптерін даярлатуы тиіс. Сабақта мұғалім синонимдік, антонимдік, түсіндірме сөздіктер немесе аударма сөздіктер бойынша «Мына сөздердің мәнін, мағынасын түсініп алыңдар» деген сияқты тапсырмалар беріп отыруы керек. Орта буында оқитын оқушылар үшін «Сөз жарысы», «Сөзтізбек»,Тізбектен шығып қалма», «Қайталай ғой»ойындарын өткі-зіп отырған тиімді.

Оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыру мақсатында Е.И. Пассовтың коммуникативтік оқыту әдістерін пайдаланған тиімді.

Әдістің негізін құрайтын қағидалар:

1. Оқушының сөйлеу бағытын анықтау.
2. Адамның жеке басының ерекшелігін ескеру.
3. Орта жағдайын ескеру.
4. Сөйлеу дағдысын жаңарту.

Жоғарыдағы пікірлерді ескере отырып, баланың ауызша тілін дамытуда мына қағидаларды басшылыққа алу керек.

1.Тіке байланыс қағидасы. Яғни оқушы оқу кабинетіне кіргеннен қазақ тілінде сөйлейді, жүздеседі. Сабақ үстінде ребустар, анограммалар, жұмбақтар шешіп, мақал – мәтелдер, жаңылтпаштар айтады, тағы да басқа қосымша материалдар беріледі.

2. Адамның жеке қабілетін ескеру.

3.Сөйлеуге үйрету.

Суретпен жұмыс, диалог, сұрақ-жауап, мәтінмен жұмыс, артынан қысқаша осы тақырыпта шығарма, эссе жаздырту, яғни деңгейлеп саралап оқыту технологиясы іске

қосылады. Сонымен қатар, профессор Ж. Караевтың «Деңгейлеп оқыту» технологиясының маңыздылығы зор.

Деңгейлеп оқытуда күтілетін нәтиже:

1.Алдына қойған мақсатына жете алатын оқушы тәрбиелеу;

2.Әр оқушы өз білім деңгейін, мүмкіндігін, іскерлігін біліп қана қоймай, оны дамыту;

3.Өз бетімен ізденіс дағдыларын, іскерлік қабілетін жетілдіретін шығармашылық тұлға қалыптастыру;

Деңгеймен оқытудың ерекшелігі:

1.Таланттылар өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен арылады.

2.Оқушылардың оқуға деген ынтасы артады.

3. Білім дәрежесі бірдей топтарды оқыту ісі жеңілдейді.

Қазақ тілін оқытуда қолданатын, оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістердің бірі – интерактивті әдістер . «Интерактив» сөзі бірлесіп әрекет ету деген мағынаны білдіреді. Мұндай сабақты ұйымдастыру мұғалім мен оқушыдан үлкен белсенділік пен шығармашылықты, жауапкершілікті қажет етеді.

Дидактика ілімі бойынша оқытудың интерактивті әдістеріне мыналар жатады:

- Пікірсайыс әдісі; Миға шабуыл;
- Эвристикалық немесе «Сократ» әдісі;
-«Дөңгелек үстел» әдісі; Іскерлік ойындар.

Қазақ тілінде іскерлік, рөлдік ойын түрлерін қолдану, диалог, монолог, сұхбат, сұрақ – жауап, көрініс қою, тақпақ оқу, ән айту, мәнерлеп оқу, жұмбақ , сөзжұмбақ шешу, пікір айту, пікірсайыс, тірек схемасын пайдаланып, жүйелі түрде әңгімелеу, Эвристикалық немесе «Сократ», «Дөңгелек үстел», «Ми шабуылы» т.б. әдіс-тәсілдерді сабақта пайдалану, оқушының бойындағы сенімсіздігін сейілтіп, сабақта ынтасын, белсенділігін арттыратынын өз іс–тәжірибемнен күнделікті жұмыс барысында байқаймын.

Әрбір педагог баланың жасырын, тіпті тым тереңде жатқан қабілеттерін анықтап, кеңінен дамытуға мүмкіндік жасау керек.Сол себепті күнделікті сабақ барысында оқушылардың ой шапшаңдығын, сөз байлықтарын дамытып, шығармашылыққа баулитын жұмыстардың жүргізу керек.Шығармашылық жұмыстың бір түрі-өлең құрастыру. Бұл жерде өленделегі ұйқастарды табу, ұйқас варианттарды ойлау, өз бетімен өлең құрастыру сияқты жұмыс түрлері орын алады.Бұл орайда оқушылар өлең жолдарына сүйене отырып, оның жаңа вариантын өз ойынан құрастырады, немесе берілген екі жолды өзі жалғастырады. Шығармашылықты дамытуда ерекше орын алатын жұмыстың бірі- ертегі, әңгіме құрастыру. Бұл жұмыс түрі алдымен ауызша жүргізіледі,кейін оқушылар өз ойын, қиялын қағаз бетіне түсіруге жаттығады. Әңгіменің мазмұны күнделікті өмірдегі қоршаған құбылыстардан басталa отырып, оқушылардың қиялын, арманын суреттейтін тақырыптарға дейін қамти алады. Мұғалімнің негізгі мақсаты- оқушыға әңгіменің тақырыбын таңдауға бағыт беру, оқушы қиялын дамытуға мүмкіндік жасау. Ертегі құрастыруда ең алдымен оқушылардың білетін, оқыған ертегілерінің мазмұнын жаңарта отырып, ертегінің соңын өздерінше аяқтауларын талап етеді.Алайда мұғалім өзінің тек бағыт беруші екенін естен шығармауы тиіс. Шығармашылықпен іздене білген мұғалім болашақта өзіндік көзқарасы толық қалыптасқан, дүниетанымы кең, білім, білік, дағдысы жоғары,бәсекеге қабілетті жас жеткіншекті тәрбиелей алады.

Қазіргі уақыт талабына сай біз де өз сабақтарымызда жаңаша ұйымдастырып, өзіндік тың ізденістерге талпынып отырамын.Сабақ өткізу барысында оқушыларды халық педагогикасы негізінде тәрбиелеп, оқушылардың сабаққа қызығуын арттырып, сабақ беру әдісінің тиімді түрлерін пайдаланып келемін. Біз қолданатын сабақтың жаңа түрлері де сабақтың мазмұнына, мақсатына, жүру барысына қарай дамытпалы саяхат сабақ, ертегі сайыс

сабақ, ойын, жарыс сабағы, аралас сабағы, тест әдісімен өткізіліп келеді. Қазақ тілі пәні сабақтарын ойын түрлері арқылы оқушыларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа, ой белсенділігін арттыруға бағыттаймын. Мәселен, қазақ халқының киелі сандарымен таныстыру: 3,5,7,9,12,30,40. Бұл сабақта 7 санының қасиетті екенін түсіндіріп, ұқыптылыққа, сыпайылыққа, ұжыммен жұмыс істеуге тәрбиелеу көзделеді. Сабақ көрнекілігіне 7 басты жылан, аты жазылған кәртішкелер, 7 жолақ, ғажайып алау барабаны, жануарлар суреті пайдаланылады.

Алдымен сабақтың тақырыбы, мақсаты түсіндірілді және бұл әдеттен тыс ойын сабақ болатынын, септіктерді қайталау, пысықтау керек екенін айтамын.

1. 7-ге байланысты: жеті жетім, жеті қазына, жеті жұт, жеті ата, жеті теңге беру туралы әңгімелеу.

2. Поэзия минуты. Өлеңдер оқылып, кімнің өлеңі екенін айтады. Асты сызылған бір сөзді 7 деп есептейді.

3. Сергіту сәті. 7 күнді атау. Сол күнді септеу.

4. «Жеті жолақ» ойыны арқылы жаттығулар орындалады

5. «Ғажайып алаң» ойыны. Үй жануарларына жататын сөздерді септеу.

6. «Адасқан септіктер» ойыны. Септік атаулары жазылған ,7 бала тақтаға шығады. Сөздеріне қарай оқушылар қай септік екенін табады.

Күнделікті жоспардағы сабақтан гөрі мұндай сабақтар оқушының есінде ұзақ сақталады, ой-өрісі кеңейеді. Ойлау қабілеті дамиды, сабаққа қызығуы, белсенділігі артады. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту барысында ауызша, жазба дағдыларын меңгерту көзделеді. Сабақты кестеде жазылған септіктерді оқыту арқылы қорытындылаймын. Әрине, әр жылдың мезгіл-деріне байланысты ойындарды өзгертіп түрлендіруге болады. «Үндемес бағдаршам», « Оң қол», «Сол қол» ойындары. Бұл ойындардың балалардың пәнге деген ынтасын арттырады.

Соңғы кезде оқу үрдісінде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мектеп өміріне енгізіліп жатыр.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың таным белсенділігін арттыру, қазіргі қоғам талабына сай ой-өрісін дамыту, шығармашылығын кеңейту, дамыту, терең білімді, бәсекеге қабілетті тұлғаны жасау, заман сұранысына сай ізденімпаз тұлғаны қалыптастыру.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады:

1.Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;

2.Сабақты түрлендіріп өткізу;

3.Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану;

4.Техникалық құралдарды тиімді қолдану;

5.Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету

Баяндамамды қорытындылай келе, «Жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады» — деп ағылшын ағартушысы Уильям Уорд айтқандай, жүрегі – Қазақстан деп соғатын, нәтижем – шәкіртім деп түсінетін ұстаздар жаңалықтан қалмай, өз ісін адал атқаруға талаптанады. Болашақ есігін еркін ашып кіретін, рухани жан дүниесі бай, сыни көзқарастары өскен, белсенді ұрпақ тәрбиелеу – ұстаздар қауымының басты міндеті.Оқыту процесінің нәтижелі болуы оқытушы-ның сабақ беру шеберлігіне, сабағын қызығылықты жүргізіп, зейін қойдыра білуіне, оқушы-лардың өздігінен білім алуға үйренуіне байланысты. Қандай да болмасын жаңа әдіс-тәсілдер әрбір оқушының өз бетімен оқып үйренуіне сенімін ұялатып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, қорытынды жасай алуына, сөйлеу мәдениетінің өсуіне ықпал етеді, білім сапасын арттырады.Оқыту технологияларын сабақта қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймайды, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсерін тигізеді. Жаңа әдіс-

тәсілдерді мән-мағыналарына, ерекшеліктеріне қарай таңдап қолдана білсек, балаға білім беруде ұтарымыз анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияның элементтерін қолдану. Қазақ тілі мен әдебиеті. 2015, №5, 14-22-б
2. Инновациялық технологиялар арқылы функционалдық сауаттылықты көтерейік. Қазақстан мектебі.2014,№9, 17-19-б
3. Оқушыларды сын тұрғысынан оқыту тәсілдері. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. 2015, №3. 11-14-б

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА МУЗЫКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Аймағамбетова Гулнар Мажидоллаевна
Ақтөбе қаласы, « №6 «Орман ертегі»
бөбекжай- балабақшасы» МКҚК, ән жетекшісі

Музыкалық тәрбие ұғымы қоғамдық құбылыс ретінде кең және тар мағынасында қолданылады. Кең мағынасы дегеніміз ол музыкалық іс-әрекетте жинақталған тәжірибені педагогикалық ықпал ету негізінде кейінгі үрпаққа меңгерту, жалпы музыкалық мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Ал түрлі деңгейде музыкалық тәрбие беру мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған арнайы ұйымдастырылатын іс-әрекетті білдіретін ол тар мағына болып саналады. Музыка өнері жеке тұлғаның дамып, қалыптасуында аса маңызды роль атқарады.

Жан-жақты дамыған азамат тәрбиелеуде эстетикалық тәрбиенің басты саласының бірі - музыка мен эн. Музыка адамның жан дүниесін тебіренте отырып, оның өмірге деген көзқарасын, әдет, мінез-құлқын қоғам мүддесіне сәйкес қалыптастыруға, әдемілік заңымен өмір сүруге тәрбиелейді. Мектепке дейінгі жастағы балаларға музыкалық тәрбие - талғамдық, эстетикалық тәрбие беру ісінің негізгі саласы болып табылады. Эстетикалық тәрбиелеу мәселелерін мектепке дейінгі жастағы балаларға Құлжанова Н., Меңжанова К., Меңдаяқова Қ.М., Левченко Т.А., Жұмабекова Ф.Н. және т.б. зерттеген. Мектепке дейінгі балалар білім берудің барлық деңгейлерінде жалпы өмірде табысты болып келетіндіктен, білімді тез қабылдап, мектепке дейінгі ұйымдағы оқыту мен тәрбиелеу үдерісі оларды алғашқы біліммен қаруландырып, қоғам талабына сай тұлғаны қалыптастырудағы алғашқы негіз болады. Сонымен басты мақсат - біртіндеп түрлі музыкалық іс-шараларды меңгерту арқылы баланың бойындағы түрлі табиғи талабын дамыту.Қазіргі заманғы ғылыми зерттеулер музыкалық қабілеттерінің дамуы, музыка мәдениеті негізінің қалыптасуы екенін айтады - содықтан, музыкалық тәрбиені мектепке дейінгі жастан бастау керек**.** Музыка мектепалды баласының өмірінде педагог әрекетінің белсенді ұйымдастырушылығы арқасында қолданыс табуы тиіс. Көбіне музыка жетекші мен тәрбиешілер балалардың музыкалық қабілеттерінің дамуы жұмысының түйісуіне байланысты болады. Балабақша өмірінің барлық жағына белсене қатыса жүріп, музыка жетекшісі ата-аналар арасында музыкалық - эстетикалық білімді белсене насихаттау тиіс. Ерер ата-аналар музыкалық тәрбиенің маңыздылығын түсінетін болса, олар балаларын отбасында, музыка үйірмелерінде, балалармен бірге концерттерге, музыкалық спектакілдерге барады, жан- жақты музыкалық әсерлермен байиды, олардың музыкалық тәжірибесі кеңейеді. Мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының музыкаға қызыгушылығын дамытудағы ең бірінші міндет ол музыкалық іс-әрекеттер арқылы баланың

сезімін (эмоциясын) ояту. Өйткені балалардың оқу қызмет үстіндегі іс-әрекетінде эмоция өзіндік бағыттаушы және реттеуші рөл атқарады. Ол:

1. музыкалық шығармалардың мазмұнын балалармен бірге талдау.

2. музыкалық-дидактикалық ойындар ұйымдастыру.

3. тиімді әдіс-тәсілдерді таңдай білу.

Балалардың жас ерекшеліктері мен музыкалық даму ерекшелігін ескеру, белгілі бір шығарманы саналы түсініп қабылдауға баулу.

Ол үшін мынадай жұмыстар атқарылуы тиіс:

1.музыканың көркемдік құралдарының (екпін, ырғақ, әуен, дыбыс бояуы, дыбыс биіктігі т.б.)

2) әр - түрлі көрнекі құралдарды пайдалану;

3).ырғақтық қимылдар жасау (ырғақты колмен шапалақтап көрсету, ойнауға жеңіл қарапайым шулы аспаптарды қолдану арқылы меңгертіледі).

Қазіргі музыка сабағы - мектепке дейінгі ұйымдағы музыкалық тәрбие жүмысын ұйымдастырудың негізгі формасы, музыка сабағында балалар педагогика ғылымының оған қойылатын соңғы талаптары бойынша мынадай іс- әрекеттермен айналысады: хормен ән айту, музыка тыңдау, музыкалық ырғақтық қимылдар, балалар аспабында ойнау, музыка сауаты, балалар шығармашылығы т.б.

Музыка - эстетикалық тәрбие беру құралдарының бірі болып саналады.

Қазіргі оқу - тәрбие жұмысын жан - жақты дамыту мақсатындағы басты міндеттердің бірі бала тәрбиесіне қазақ халқының ғасырлар бойы үрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан әдет - ғұрпына, ұлттық дәстүріне байланысты әдебиет пен мәдениетке, тұрмыс - салтына, өнерге үйрете отырып, баулу. .

Сонымен қатар баламен жеке жұмыс жасауда әр баланың бойындағы қабілетін тауып, дамытуға жол ашады.

Балабақшадағы сәбилік шағынан тәрбиеленіп келе жатқан балада музыканы тыңдау, оны есте сақтау, түсіну, ажырата білу, ән салу, би билеу, аспаптарды тану қабілеттері бірте - бірте қалыптасады. Ал, балабақшаға қамтылған баланың бойына қысқа мерзім ішінде аталған білім дағдыларын қалыптастыру музыка жетекшісінің алдына қойылған аумақты да, жауапты ісі.

Музыка өнері жеке тұлғаның дамып, қалыптасуында аса маңызды роль атқарады. Музыкалық тәрбие жүмысын үйымдастырудың түрлері ол ән сабағы, музыкалық шулы аспаптарда ойнау, баланың жеке музыкамен шүғылдануы, баланың күнделікті өмірдегі музыканың орны, мерекелік ертеңгіліктер .

Сондықтан музыкаға қалыпты қызығушылығын, әр түрлі музыкаға эмоциялық сезгіштігін дамыту керек.

Музыкалық оқу іс - әрекеттерінде музыкалық - дидактикалық ойындарды жүйелі түрде пайдалану - музыканы сипатына, көңіл - күйіне, динамикалық реңкіне қарай ажыратуды үйретеді. Балаларды әр түрлі музыкалық шараларға тек жеке өзін қатыстырмай, үлкендермен, ата - аналармен бірге қатыстырудың мәні зор. Бұл баланың өзіне - өзінің сенімін үштап, шығармашылығын шыңдайды. Музыкалық - ырғақты қимылдарды орындауда, би билеуде музыкалық аспаптарды қолдану музыканың ырғағын, динамикалық үнін, екпінін ажыратуға үйретіп, орындаушылық шеберліктерін шыңдайды.

Әнді музыкамен, музыкасыз жеке, көппен қосылып, орындау кезінде дауысын дамытуға, өлең сөзін дүрыс, анық айтуға, ырғақты қимылмен музыка үндестігін сезіне, денесін дүрыс үстап, әдемі қозғала білуіне ерекше мән беріледі. Яғни, ән баламен ойын - сауықтарда, ертеңгіліктерде, ойындарда, билерде бірге жүреді.

«Дені саудың - жаны сау» дегендей, тәні де, жаны да сау, рухани бай эстетикалық жағынан сезімтал азаматты тәрбиеленіп өсіру - ата-ана парызы, қоғамдық мекемелердің міндеті. Осы міндетті іске асыру балабақша мен мектепалды даярлық тобынан басталмақ.

Сонымен Музыка- ең бір бай әрі әсерлі эстетикалық тәрбие құрылы, оның аса үлкен эмоциялық әсері бар, адамның сезімін тәрбиелейді, талғамын қалыптастырады.

Қолданылған әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген

2. Э.Б. Абдулин. Е.В. Николаева Музыкалық білім берудің теориясы мен тәжірибесі - М., 2004,- 245 б.

3. Р.К. Дүйсембинова Музыкалық білім беру педагогикасы. Талдыкорган. - 2006. - 213 б..

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ ТАНЫМДЫҚ КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Аймагамбетова Шынар Жолдыбаевна
Ақтөбе қаласы, «Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп – лицейі» КММ

Болашақтың бүгіннен де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімде ғана. Қай ел болсын, өсіп-өркендеуі, әлемде өзіндік орнын алуы сол мемлекеттің біліміне, білім сапасына байланысты.

Қазақстан Республикасының білім берудегі басты мақсаты-жан-жақты дамыған, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-толғамы бар, адамгершілігі жоғары, бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелеу. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін оқушыға білім мазмұнын терең игертудің тиімді жолдарын іздестіріп, шығармашылыққа жетелейтін қазіргі заман талабына сай ғылыми-әдістемелік біліммен қаруланған, білікті маман, шебер мұғалім дайындау қажет. Ал жаңа формация мұғалімі-оқыту технологиясының жүйесімен оқушыларды өмірге дағдыландыру құзырлығын айқындау бағытындағы әдіс-тәсілдерді жетік меңгерген тұлға.

Қазақстан Республиасының білім берудегі басты мақсаты – жан-жақты дамыған, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-толғамы бар, адамгершілігі жоғары, бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелеу. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін оқушыға білім мазмұнын терең игерудің тиімді жолдарын іздестіріп, шығармашылыққа жетелейтін қазіргі заман талабына сай ғылыми-әдістемелік біліммен қаруланған, білікті маман, шебер мұғалім дайындау қажет. Білім алуда сеніді, өзіне есеп бере алатын тұлға қалыптастыру үшін оқушылармен кері байланыс орнатудың маңыздылығы мен қажеттілігі туындап отыр.

Кері байланыс оқушының оқыту үрдісі қалай өткені және қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой-пікірін тыңдауға негізделеді. Кері байланыс сабақтың соңында ғана емес, сабақ барысында оқушылардың өз бетімен орындайтын тапсырмаларының соңында жүргізіліп отыруы керек.

Рефлексияның мақсаты-еске түсіру, өзінің сабақ бойындағы іс-әрекетіне баға беру, талдау және мәселелердің шешу жолдарын іздестіру. Рефлексия сөзі латын тілінен аударғанда reflexio- кейінге айналым мағынасын білдіреді. Бұл терминді Джон Локи 17 ғасырда енгізген. Рефлексия- адамның өз істерінің мәнін түсініп, оны ойлану барысында өзіне- өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі деп көрсеткен.

Кері байланыс жүргізу бір күннің іс-әрекеті емес, оған көп уақыт, ізденіс қажет. Мұғалім рефлексия арқылы алынған нәтиженің дұрыс не бұрыс болғанын дәлелдеп, қолданылған әдіс-тәсілдерінің тиімді не тиімсіз болғанын анықтап, орындалған іс- әрекетін зерделейді. Ең

алдымен, мұғалім кері байланыс жасауға оқушыларын дағдыландырып алу қажет. Сонда ғана бұл оң нәтиже береді. Оқушылардың ой- өрісінің дамуы оқу үрдісі кезінде болады, ол оқушының өз бетімен толықтыруы мен өзін-өзі дамытуды қамтиды. Оқушы білім алудың мақсатын саналы түрде түсінсе ғана белсенді бола алады. Қолайлы оқу үшін адамдарға кері байланыс пен мадақтау қажет, сондықтан кері байланыс жүргізілуі тиіс.Ашық сауалдар, оқыту міндеттерімен алмасу сияқты әдістер оқушылардың өз біліміне белсенді қатысу қабілетіне әсер етеді. Оқушылар жұппен де, өз беттерімен де өз білім деңгейлерін бағалауға және оған жеткенін түсінуге мүмкіндіктер бар. Кері байланысты әр түрлі әдіс-тәсілдермен сабақтың әр кезеңінде: тақырыптың соңында, сабақ бөлімдерінен кейін және тарау соңында жүзеге асыруға болады. Кері байланысты түрліше өткізуге болады: топтық түрінде, әңгімелесу түрінде т.б. Кері байланысты ауызша және жазбаша да жүргізуге болады.

Топтық жұмысты ұйымдастыруда кері байланыстың жағымды және жағымсыз түрі бар. Жағымды кері байланыс топтың ахуалын немесе қатысушының жеке қанағаттанушылығын жақсартып қана қоймай, олардың топтық әрекеттегі белсенді болуына жағдай жасайды.

Сабақтағы кері байланыстың үш түрі бар. 1. Көңіл-күймен эмоциялық жағдайды анықтауға арналған кері байланыс. Көңіл-күйді білдіретін әр түрлі суреттер, смайликтер және бояу түстерімен анықтау. Мысалы: Ауа райы, Бағдаршам, Алма ағашы. Мысалы Алма ағашы әдісінде оқушыларға сабақ басында түрлі-түсті алма беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек. Жасыл түсті алма – мен бүгін бәрін жақсы орындадым, сондықтан көңіл-күйім көтеріңкі, қызыл түсті алма - мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл-күйім жоқ дегенді білдіреді. Бір сөзбен әдісі барысында оқушылар берілген сөздердің ішінен бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтын үш сөзді таңдайды. (қуаныш, немқұрайлылық, шабыт, зерігу, сенімсіздік, сенімділік, рахаттану, алаңдау) 8 сыныптағы «Сауыр – Тарбағатай» тақырыбын өзін-өзі тану кіріктірілген сабақ ретінде өткізілді. Сол кезде Бас. Жүрек. Қол рефлексиясын жүргіздік. Оқушылар баспен Сауыт – Тарбағатай тауының тарихтағы орнын, аңыз арқылы жорықтарын еске түсірді, жүрекпен баллададағы оқиғаларды сезінгенін және сыныптағы оқушылардың эмоциясына әсер еткенін айтты, ал қолмен тапсырмаларды орындағандарын жеткізді.

2. Сабақтағы іс-әрекетке байланысты кері байланыс. Мысалы: Табыс сатысы әдісінде кәдімгі сатының суреті беріледі. 1-ші баспалдағы Мен..... БІЛЕМІН, 2-ші баспалдағы Мен ..... ТҮСІНЕМІН, 3-ші баспалдағы Мен ..... ЖАСАЙ АЛАМЫН. 7 сыныптағы Атмосфера және оның құрамдас бөліктері туралы түсінік тақырыбындағы сабақта оқушыларға алған білімін жинақтау мақсатында Бір сөйлеммен тұжырымдаңыз әдісін қолдандым. Мұнда оқушылар жаңа тақырыпты қалай түсінгенін бір сөйлеммен (Мен бүгін атмосфераның маңыздылығын мысалдар арқылы нақты түсіндім) тұжырымдады. Таңдау әдісінде бес пікір жазылған парақ беріледі.

1.Мен сабақ қызықты, қызықсыз болды деп ойлаймын.

2. Мен сабақта: көп нәрсені, үйрендім, үйренгенім аз болды.

3. Мен басқаларды мұқият зейінсіз тыңдадым.

4. Мен пікірсайыстарға жиі сирек қатыстым.

5.Мен сабақтағы өз жетістіктеріме ризамын риза емеспін. Оқушылар өздерінің сабаққа қатысу деңгейі мен ынтасын білдіретін сөздердің астын сызады.

3. Оқу материалының мазмұнына берілетін кері байланыс. Бұрын мен білмеуші едім. Енді мен білемін деген сияқты ой-пікірлерін білдіру боп табылады. Мысалы: Плюс, Минус, Қызықты. Плюс-оң әсер еткен фактілерді, алған білімдері жайлы жазады. Минус-қолымнан келмей жатыр немесе түсініксіз болып тұр деген ойларын жазады. Қызықты - деген бағанға өздеріне не қызықты болды соны жазады немесе не жайында көбірек білгісі келетінін жазады. Мен бүгін білдім....

Кері байланысты жасағанда мына жайттарды есте ұстаған жөн: кері байланысты жұмысымызды жақсартудың ең тиімді нысаны ретінде сабырлылық таныту, кері байланыстың субъективті болатынын ескеру,кері байланыс жасалған істі бағалау емес, не жасалу керектігін көрсету. Сонымен бірге кері байланыс оқумен оқытудың қалай жүріп жатқандығын, оның сапасын анықтауға мүмкіндік береді. Сабақ барысында жақсы нәтижеге қол жеткізуге көмектесетін әдістерге тоқталсам: ББББ кестесі (білемін, білгім келеді, білдім); Серіктесіңмен сөйлес (Үш оқылған жаңа нәрсе; оларға не жеңіл болды, оларға не қиын болды), Жақсы сұрақтың негіздері (неге? Егер де...? Сен қалай ойлайсың...),Бәрі менің қолымда! (бас бармақ – тақырыпты әлі қарастырар едім, балаң үйрек- тапсырма маған нақты берілді, ортан терек – маған бұл ақпарат мүлдем түсініксіз, шылдыр шүмек – психологиялық атмосфера, кішкен бөбек-маған жетіспеді), өзіме хат, ЖҚБА (жақсы, қызықты, бөгет жасады, алып кетер едім), нысана, мейрамхана т.б. қолданамын. Қорытындылай келгенде, кері байланыс - көп қырлы, кіріккен әрекет. Бұл әрекет оқушының психикалық қызметінің өзгеруіне ықпал етсе, ал мұғалімнің кәсіби әрекетін жоғары шығармашылық деңгейде жүргізуіне көмегін тигізеді. Рефлексия, яғни кері байланыс- нәтижелі білімнің жоғары көрсеткіші екенін бүгінгі күндегі оқушылардың жеткен жетістіктері арқылы толық сеніммен айта аламыз. Бүгінгі таңда күнделікті сабақтарымызда рефлексия жасауды дағдыға айналдырып келеміз. Рефлексия арқылы оқушының қажеттіліктерін біліп, оларды жинақылыққа тәрбиелеуге болатынын түсіндік. Сабақтағы оқушының ой-пікірін, көңіл-күйін біліп қана қоймай, сабақ мазмұнын қай деңгейде меңгергенін анықтауға болады. Сонымен, кері байланыстың тиімділігіне тоқталар болсақ: Оқушылар үшін:

· Оқушының өз-өзіне есеп беруге баулиды;
· Кері байланыс арқылы оқушының қажеттілігін біле аламыз;
· Оқушының өзіндік көзқарасы қалыптасады;
· Білім беру барысының сапасын жақсартуға болады;
· Кері байланыстың нәтижесінде оқушының сыни көзқарасы қалыптасады;
· Өз-өзіне баға бере алады.

Мұғалімдер үшін тиімді жағы:

· оқытудағы кемшін тұстарын анықтайды;
· келесі сабақтың жоспарына өзгерістер енгізуге, түзетуге яғни оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін таңдауға мүмкіндік береді;
· уақытты үнемді пайдалануға мүмкіндіктер береді.

Кері байланыстан күтілетін нәтижелер:

1) Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жақсарды;
2) Оқушы өзінің мықты, осал тұсын анықтайды және алға жылжуға ықпал етті;
3) Оқушы тек бағалауды ғана емес, өз жұмысынан хабардар бола отырып, оқуға қызығушылығын арттырды;
4) Мұғалім мен оқушы кері байланысына қарай өз жұмыстарын ұйымдастыруға бағытталды; Сондықтан да кері байланыстың тиімділігі арқылы оқыту мен оқу сапасын жақсартуға болады деп ойлаймын.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Алматы. Үшінші басылым-2017 жыл 2. Оқытудың нәтижелерін бағалаудың әдістемесі - Зулкашева Ш.М. Орал 2016 жыл 3.География және табиғат журналы №8-9 2018 жыл
4.Қалыптастырушы танымдық кері байланыс түрлерін ұйымдастырудың тиімді жолдары. Астана-2016 жыл.

БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Айтмаганбетова Анаргул Кенжешовна
Әйтеке би ауданы, Аққөл ауылы,
«Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Елімізде білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Педагогика ғылымында баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылыс көбеюде. Болашақ ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі — маңызды мәселелердің бірі. Осыған байланысты оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда білім сапасын арттыруда инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді. Бүгінгі мақсат — әрбір оқушыларға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау. Қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов «Халық пен халықты теңестіретін - білім» - деп айтқандай, білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу – біздің мақсатымыз. Сондықтанда жаңа жаңалықтардан қалмай жаңалық жаршысы болуымыз керек. Осы мақсаттарға жету үшін мұғалімнің ізденісі, жаңа тәжірибе, жаңа технологиялар қолдану қажеттілігі туындайды. Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту - таным әрекетін ұйымдастырудың ұтымды формасы. Мақсаты–оқу үрдісінің өнімділігін арттыру. Инновациялық технологияны қолдану: оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру, дамыту кезеңдері арқылы іске асады. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар, оқушыны оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. «Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Латыншадан аударғанда Инновация «жаңа», «жаңалық», «жаңарту» дегенді білдіреді немесе «инновация» — бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже. қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен нақты мақсатқа жетуге болады? Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже - жаңалыққа бет бұрудың кілті.

Инновациялық басқаруға қажетті қабілеттер жүйесі:

Инновациялық үрдістің негізі - жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады. Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту; әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту; барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу;

Мектептің алға қойған мақсатына жетуі үшін басқаруға ықпал жасайтын (мұғалімдер, мектеп оқушылары) және өзінің басқарушы ішкі жүйесі (әкімшілік, педагогикалық ұжым) біртұтас жүйе болғандықтан, инновацияға үнемі орын табылады. Сонымен қатар басқарудағы маңызды орын үнемі қозғалыс пен дамуда болатын педагогикалық және балалар ұжымының қажеттілігіне беріледі. Инновацияның қажеттілігі сыртқы себептермен де анықталады, мынадай бірқатар себептерге байланысты: адамдардың мұқтаждылығын қамтамасыз ету қажеттілігі, мектеп оқушыларының білімге, дағдыға шеберлікке деген ұмтылысы, жоғары сапалы білім алудағы жеке тұлғаның дамуы. Технологияны, ұйымдастыруды үнемі жаңғырту жағдайында ұстап тұрып қана мектеп өз бағытын нығайта алады. Жаңалық енгізу кез келген білім беру мекемесінің дамуы мен жоғары жетістікке жетуінің негізгі факторы болып табылады . Дегенмен, кері байланыс та бар. Білім беру жүйесінің өзі қоғам мен оның дамуына ықпал етеді. Ол қоғамдық дамуды тездетуі немесе тежеуі мүмкін. Осы тұрғысынан қарайтын болсақ, білім берудегі бетбұрыс қоғамның болашақ дамуының тек қана салдары болып қоймай, қажетті шарттары да болып табылады. Педагогтердің идеясы, ойлап шығарулары мен ашулары сияқты кез келген инновациялық қызметінің нәтижесі мектептер мен педагогика ғылымының прогрессивті дамуына ықпал етуі керек. Жалпы, білім беруде енгізілген жаңалық тек педагогикалық қана емес, ол қоғамдық та мәселе болып табылады, білім беру қызметі қоғам үшін ерекше ықылас білдіріп, балалар үшін бұл саладағы жаңалыққа қоғамның мүдделі екенін де айтуымыз керек. Білім берудегі жаңалық пен қоғамдағы жаңалық бір ғана мақсатты көздейді, олар даму мен прогрестің қабілетін арттыруы қажет.

Ғылым мен техниканың дамуымен әлеуметтік өмір деңгейі де өзгеріп отырады. «Қазақстан Республикасының білім беру дамыту туралы тұжырымдамасының» басты мәнділігі - ол үздіксіз білім жүйесінің негізгі иедеялары мен қағидаларын XXI ғасыр талаптарына сәйкестендірудің және оны әлемдік білім кеңістігінің даму заңдылықтарына ұштастырудың жолдарын көрсетуге арналып отыр. Тұжырымдаманың басты ерекшелігі мен артықшылығы білім берудің ұлттық жүйесін қайта құрудың принципті жаңа идеяларын ұсынуында болып отыр. Білім берудің мақсаты, оның ұйымдастырушылық құрылымы, технологиялық жағынан жабдықталуын, оқыту әдістемесі қоғамның әлеуметтік сұранысынан туындайды. Бұған дейін білім беру үрдісінің негізгі бөліктері: Мақсат — мазмұн — форма — әдіс — оқыту көрнекілігі болса, бүгінде жаңа технология бойынша оқып үйрену — меңгеру — өмірге ендіру — дамыту болып өзгерген. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар оқушының оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Казіргі кезде педагогикалық технология ұғымы педагогикалық лексиконымызға берік еніп келеді. Технология – бұл қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы деген ұғымды білдіреді. Қазіргі кезде көп айтылып, талқыланып жүрген жаңалықтарды оқыту үрдісіне енгізу, яғни, инновациялау инновациялық үш бөлімнен тұрады:

І-бөлім. Кәсіби шеберлік II – бөлім. Біліктілік дағдылары III-бөлім. Жүзеге асыру, қолдану. Жаңа технология жүйесінде проблемалық, іскерлік ойын арқылы оқытудың маңызы зор. Оқушылар әр түрлі проблемаларды талдайды, оның шешу жолдарын іздестіреді. Мұндай сабақтар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, пәнге деген қызығушылығын арттырады, өмірде кездесетін түрлі қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді. Іскерлік ойын сабақтарын өткізу технологиясы 3 кезеңнен тұрады. І кезең. Дайындық (рольдерді бөліп беру, оқушыларды топтарға бөлу, проблемаларын алдын ала таныстыру, қажетті материалдарды жинау). II кезең. Ойын кезеңі (оқушылар жасаған хабарламаларды тыңдау, пікірталас жасау, қабылданатын шешімді талқылау және оны бақылау, талқыланған шешімді қабылдау). III кезең. Қорытындылау (проблеманы шешудің тиімді жолдары іздестіру). Қазіргі заманғы білім беру мазмұнындағы осы өзгерістердің барлығы – оқытудың негізгі мақсаты Оқушылардың танымдық ой белсенділігін қалыптастыруда ойын сабақтарын өткізу оқушыларды өз бетінше ізденуге, ойлау кабілетін арттыруға, тапқырлыққа баулиды. Сабаққа дайындық барысында оқушылар әр түрлі интернетті,газет-журналдарды, көмекші құралдар мен анықтама кітаптарды пайдаланады, яғни бір сөзбен айтқанда оқушылардың өз бетінше шығармашылық ізденіспен жұмыс жасау қабілетін арттырады.

Әдебиеттер:

1. Инновационные школы России: становление и развитие.-М. Поташник М.М. Новая школа, - 1996. - С. 320.

2. Новые педагогические технологии - М. Полат Е.С. Полат Е.С. - 1997.

3. Инновационные образовательные технологии. Лернер П.С. - 2006. - №6.- 155 б.

4. Танымдық қызығуды белсендіру. Қоянбаева С. // Қазақстан мектебі. - 2003. - №6. - 20 б.

5. Физические задачи и методы их решения. -Мектеп, Дамитов Б.К., Фредман Л.М. 1987. – 160 б.

6.Пидкасистый П.И. Самостоятельная деятельность школьника в обучении. – М, 1980. Пожалуйста, не забудьте правильно оформить цитату: Шарипова А. Ж., Тапаева А. П., Абдуллаев Н. Б., Каримов К. Ы., Картанбай А. Т. Инновациялық технологияларын қолдану арқылы білім сапасын арттыруды жүзеге асыру жолдары // Молодой ученый. — 2014. — №20.1. — С. 57-59. — URL https://moluch.ru/archive/79/14191/ (19.12.2018).

ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

Айтуганова Жулдыз Жиенбаевна
«Қызылжар орта мектебі» КММ, педагог - психолог

Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңында» көрсетілген білім беру жүйесінің негізігі міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығуды көздейді. Бұл міндеттерді жүзеге асыру барысында білім ордаларында жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың негізгі мақсатын айқындап алуда, яғни «берілген үлгі бойынша өнім алу», оқытудың тиімділігін, сапасын көтеру. Оқыту технологиясы білім берудің тиімді жолдарын зерттейтін ғылым ретінде оқыту үрдісінде қолданылатын тәсілдер, принциптер мен айқындаушы жүйе, нақты оқыту процесі ретінде сипатталады.

Осыған орай қазіргі педагогикалық ғылыми тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа технологияны ендіруге үлкен әрекет үстінде.

«Технология» деген термин гректің түп тамыры **тех** – өнер, шеберлік, кәсіп және **логос** – ғылым, білім деген сөздерінен шыққан. Екі түп тамырының бірлігін шеберлік туралы ғылым немесе ілімді беретін сөзді құрайды, ол өндірістік процестерді жүгізудің тәсілдері мен құралдары туралы білімдер жиынтығы (металдардың технологиясы, химиялық технология, құрылыс жұмыстарының технологиясы және т.б.) Осы термин өнімді өндіру процесі барысында жүзеге асырылып, шикізатты материалдарды немесе жартылай фабрикаттарды өңдеудің, жасаудың, жағдайларының қасиеттерін, формаларын өзгерту әдістерінің жиынтығы ретінде міндеті практикада өндіріс процестерінің ең тиімділерін анықтау мен қолдану мақсатында физикалық, химиялық, механикалық және тағы басқа заңдалақтарды анықтау болатын.

Қазіргі кезде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда:

· білім мазмұны жаңа біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байланысты;

· ақпараттық дәстүрлі әдістері – ауызша және жазбаша, телефон және радиобайланыс – қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде;

· баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде;

· мектеп, отбасы мен қоршаған әлеуметтік ортаның бала тәрбиесіндегі бірлігіне ұмтылыс жасалуда;

· қоғамдық біліммен бара-бар педагогикалық технологияның кеңінен қолданылуына және ғылымның роліне мән берілуде.

· оқыту технологиясын жетілдірудің психологиялық-педагогикалық бағыттағы негізгі ой-тұжырымдары төмендегіше сипатталады;

· есте сақтауға негізделген оқып білім алудан, бұрынғы меңгергендерді пайдалана отырып, ақыл-ойды дамытатын оқуға көшу;

Қазір Республиканың оқу орындары, педагогикалық ұжымдары ұсынылып отырған көпнұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» Қазақстан халқына арналған жолдауында «Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да жігерлі, білім өрісі биік, денсаулықтары мықты өкілдері болады. Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр. Олар қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгереді, олар бейбіт, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болады», - деп көрсетілгендей-ақ, ертеңгі келер күннің бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы, оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев 2006 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің студенттері, оқытушылары, ғылыми қызметкерлерге, университет басшыларына арналған «Инновациялар мен оқу білімді жетілдіру арқылы білім экономикасы» тақырыбындағы дәрісінде білім мен кемшіліктер кеңінен талданып, білім берумен қатар ғылымды жетілдіру республикамыздың бәсекелестікке қабілетті 50 мемлекеттің қатарына енудің басты шарттарының бірі деп көрсеткен.

Қазіргі заманғы қоғам дамуының әрекеті, әлемдік және отандық педагогика, психология ғылымдарының жетістіктерін, әсіресе, дамыта оқыту, студенттердің даму ерекшеліктері туралы мәселелер, ұзақ жылдар бойы екшеліп жинақталған жоғары оқу орындарында білім беру мақсатының приоритеттерін түбегейлі өзгерту қажеттігін туғызып: бірінші кезекке, бұрынғыша студентті пәндік білім, білік, дағдыларының белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, оқу әрекетін қалыптастыру негізінде студенттерге жеке бас тұлғасын тәрбиелеу мақсаты қойылды. Білім беруде студенттің тәрбиесі мен дамуына приоритет берілуі, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Білім Заңына орай оның қызметіндегі өзгерістер студенттерге сапалы білім беруді талап етеді.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында келеңсіз құбылыстарды болдырмау, түбегейлі ұйымдық, құрылымдық өзгерістер, білім берудің мазмұнын жаңарту және балаларды оқыту мен тәрбиелеу сапасын жетілдіру, Республиканы дамытудың қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлары мен дамуы жоғары елдердің озық тәжірибесіне сәйкес мамандарды даярлау жөнінде шаралар қолдануды қажет етеді:

- өз бетінше білім алу және оны практикада қолданудың қажеттілігімен дағдысын қалыптастыруға, танымның ғылыми тәсілдеріне мақсатты және жүйелі түрде баулуға;
- оқушыны жеке тұлға және қызмет субъектісі ретінде дамытуға, өмірлік құнды бағдарларын қалыптастыруға;
- ұлттық мәдениетті құрмет тұтуға тәрбиелеуге және басқа да мәдени бастамалардан нәр алуын бойында қалыптастыруға;
- жалпы негізгі білім беру сатысында бейім алды даярлықты және орта білім беру сатысында бейімді оқытуды қамтамасыз етуге бағыталатын болады.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс- әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді.

Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық , психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Источник: https://www.tarbie.kz/27488Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы 2010.6-б

2. Қазақстан Республикасында 2015жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы//Астана. 2004.

3. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005,

4. К.Құдайбергенова. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі » атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008.

ЕРТЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ ТАНЫМДЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ ДАМЫТУДАҒЫ ОҚУ ОЙЫНДАРЫ

Ж.Н.Акжигитова
«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Гүлдер»бөбекжай-бақшасы МКҚК

Кіші мектепке жаста баланың жеке басының дамуы мен оның барлық қабілеттері сабаққа қарағанда ойында әлдеқайда табысты болады.

Даму - бұл әрқашан сапалы жаңа нәрсенің пайда болуы, әлемге және басқа адамдарға деген көзқарас, қабілеттер, тілектер, қызығушылықтар және әрекет мотивациялары. Бұл әрқашан баланың өзі бірдеңе ойлап тапқанда, бірдеңе жасағанда, өзі бір нәрсеге ұмтылғанда балалардың бастамасы мен дербестігінде көрінеді.

Оқыту ойыны – бұл дидактикалық материалы бар кез келген әрекет және сабақтағы ойын техникасы емес, балалардың нақты, толық және мазмұнды әрекеті. Оның өзіндік мотивтері мен әрекет ету әдістері бар.

Ойынның мақсаты нақты білім, білік, дағдыны беру ретінде емес, баланың белгілі бір психикалық процестерін немесе қабілеттерін дамыту ретінде тұжырымдалуы керек.

Ойын идеясы – бұл бала таныстырылатын және ол өзінікі ретінде қабылдайтын ойын жағдайы. Бұл қабылдауға балалардың нақты қажеттіліктері мен бейімділігіне, сондай-ақ олардың тәжірибесінің ерекшеліктеріне негізделген ойын жоспарын құру арқылы қол жеткізуге болады.

Ойын балаға ұсынылатын іс-әрекеттерде ой жүзеге асады. Кейбір ойындарда бірдеңе табу керек, басқаларында белгілі бір қимылдарды орындау керек, басқаларында заттарды алмасу және т.б.

Ойын әрекеттері әрқашан тапсырманы қамтиды, оны шешу әрбір бала үшін жеке табыстың және оның басқа қатысушылармен эмоционалды байланысының маңызды шарты болып табылады. Оның мазмұны өте алуан түрлі болуы мүмкін,уақытынан бұрын қашпаңыз немесе нысанның пішінін атамаңыз, белгілі бір уақытта қажетті суретті табуға уақытыңыз бар, бірнеше нысанды есте сақтаңыз.

Ойынның маңызды ерекшелігі - ойын ережелері. Олар балалардың санасына оның түсінігін, ойын әрекеттерін және оқу міндетін жеткізеді. Ережелерді сақтау баладан белгілі бір күш-жігерді талап етеді, оның стихиялық белсенділігін шектейді және ойынды баланың дамуы үшін қызықты, қызықты және пайдалы етеді.

Дамыту ойыны бала үшін белсенді және мазмұнды әрекет болғандықтан, оған ол өз еркімен және ерікті түрде қосылса, онда жинақталған жаңа тәжірибе оның жеке меншігіне айналады, өйткені оны басқа жағдайларда қолдануға болады.

Оқу ойыны ұйымшылдық, өзін-өзі бақылау, шығармашылық қабілеттері ашылады, бала ойлауға, талдауға үйренеді, сияқты қасиеттерді қалыптастырудың жеткілікті тиімді құралы болып табылады.Тұлғаның ең құнды қасиеттері. Бірақ олардың дамуы шынымен орын алуы үшін ойындарды таңдауда белгілі бір дәйектілікті сақтау қажет. Ойын таңдау - маңызды және жауапты мәселе. Ойын балаға бұрыннан білетінін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік беріп, оны жаңа нәрселерді үйренуге ынталандыруы керек. Әрбір ойында бала алған тәжірибесіне сүйеніп, өзінің дамуында жаңа қадам жасауы үшін алдыңғысының келесімен ішкі байланысын қадағалап отыру маңызды.

Кіші мектепке дейінгі жаста сенсорлық тәрбиеге бағытталған ойындардың маңызы зор. Олардың көмегімен бала қоршаған заттардың ерекшелігін, пішінін, өлшемін, түсін, сондай-ақ көру, есту және тактильді тексерудің әртүрлі әдістерін ажыратуға және жүзеге асыруға үйренеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар заттардың қасиеттерін ажыратуға және ерекшелеуге, оларды осы қасиеттерге сәйкес салыстыруға және тиісті сөзбен белгілеуге үйренеді. Баланың моторикасының дамуымен қабілеттерді (танымдық, эстетикалық, шығармашылық және т.б.) меңгеру мүмкіндігі артады.

Зейінді, ойлауды, сөйлеуді дамытуға арналған ойындар танымдық процестерге кең мүмкіндіктер ашады, өйткені бала сыныптағыдай ересектердің талаптарын орындап қана қоймай, белсенді әрекет етеді. Ойындарда практикалық ақыл-ой әрекеттері арасында қажетті байланыс құрылады, ол баланың дамуына әкеледі.

Қорытынды:

Өз жұмысымда мен күнделікті танымдық ойындарды қолданамын, бұл балалар үшін өте қызықты әрекет.Бұл ойындарды балалардың өміріне енгізетін, мазмұнымен таныстыратын – ересек адам. Ол балалардың ойынға деген қызығушылығын оятады, белсенді іс-әрекетке баулиды, онсыз ойын мүмкін емес, ойын әрекеттерін орындауға үлгі болады, ойынның жетекшісі ойын кеңістігін ұйымдастырады, ойын материалымен таныстырады, ойынның орындалуын бақылайды.

Ізгі ниет, тосын сый, тосынның барлық түрлері балалармен жұмыс істеуде әлдеқайда тиімді құралдар. Уақытында таң қалу немесе ренжіту, балаларды қандай да бір таңданыспен қызықтыра білу, таңданыс білдіру, ойынға деген қызығушылығын және баланың ондағы жетістігін мимика, интонация, қозғалыс арқылы көрсете білу керек. Әрине, мұның бәрі тәрбиешіден көркемдікті талап етеді.Тек табысқа жету қуанышы, ынта-ықылас, қызығушылық адамның жеке басының қалыптасуына әкеледі. Бұл ата-аналармен жұмыс істеуге де қатысты.

Оқыту ойындарының құрылымымен, оның тәрбиелік міндеттерімен, балаларға таныстыру жолдарымен таныстырамыз, ақпарат береміз, кеңес береміз.

БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Актлеуова Замира Урынбаевна
Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы №4 Қандыағаш қалалық
жалпы білім беретін орта мектебі

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының 8-бабында білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі-оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық, комуникациялық желілерге шығу керектігі жазылған. Осы орайда қазіргі заманғы білім беру жүйесін құру оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғасына және кәсіптік құзыреттілігіне жоғарғы талаптар қоюда. Жаңа оқыту технологиясын меңгеруде оқытушылардың, педагог қызметкерлердің жан-жақты білімі қажет. Қазіргі оқытушы педагогикалық процесте жүйелі жұмыс жүргізе алатын, педагогикалық өзгерістерге тез төселетін, жаңаша ойлау жүйесін тез меңгере алатын, білім алушылармен ортақ тіл табыса алатын, білімді, іскер, шебер болуы керек. Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері өсіп келе жатқан жас тұлғаны жан-жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы білім алушы тек тыңдаушы, орындаушы ғана болса, ал қазіргі білім алушы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Қазіргі білім алушы дүниетаным қабілеті жоғары, дарынды, өнерпаз, ізденімпаз, талапты, өз алдына мақсат қоя білу керек. Оқытудың педагогикалық жаңа технологияларының барлығы дерлік оқушының өз бетінше білім алуын ұйымдастыруға бағытталған. Сонымен, жаңаша оқытудағы басты нәрсе бұл білім алу және өздігінен білім алу негізінде адам қабілеттерін, икемділіктерін дамыту.

Педагогика саласының бүгінгі жаңалықтарына сүйеніп, бастауыш сынып оқушыларының келешегі кеңістік оқушыларынан ерекше екендігін ескеріп, болашақ бастауыш мектеп оқытушыларына оқушыларға жаңаша білім беруді қарастырудың керек екендігіне мән берудеміз.

Қазіргі бастауыш мектеп оқытушылары жаңаша ойлап, оқушылармен тең құқылы жағдайда білім беріп, баланы шығармашылыққа дағдыландыру, ерік беру қажет.

Осы орайда «бүгінгі және болашақ бастауыш мектеп оқытушылары негізгі төрт бағытты ұстанғаны жөн», деп ойлаймын.

Бірінші бағыт – бастауыш сынып оқытушыларының алғашқы сенімін қалыптастыру. Сенім күрделі. Ол терең тиянақты ойланып айтылған идеялардың жиынтығы. Оны бастауыш сыныпта толық қалыптастыру мүмкін емес. Бірақ соның ірге тасын қалауға болады. Оны отбасынан бастаған жөн. Мәселен, ата-ананың өзіне деген сүйіспеншілігімен, өзіне деген сенімі. Осыны ары қарай дамытып қалыптастыру керек. Осы жерде мектеп ұстаздарының көмегі қажет.

Бастауыш мектеп балаларының алғашқы сенімін қалыптастыру үшін, оларды жеке адам ретінде, олардың әрқайсысын жеке – жеке ажыратып, қарастыра білгеніміз жөн. Бұл жерде мына екі түсінікке зер салайық. Баланы жеке адам деп те, тұлға деп те қарауға болады. Сонымен жеке бала – тұлға. Сонда ғана біз оларды түсінеміз. Жекелеп қарағанда біз олардың жеке қасиеттерін ғана білеміз. Ал тұлға деп қарасақ, оның даму процесін де білеміз. Ол ұстаз бен ата – ана, жолдас – жора, қоршаған ортадан не алды, қалай дамуда, не істеу керек деген сияқты сұрақтарға жауап аламыз.

Баланы жеке тұлға деп танитын болсақ, онда біз мынандай жағдайларға зер салғанымыз дұрыс.

-Біріншіден, жеке тұлғаның жақсы қасиеттеріне жүгініп, оның перспективтік дамуына, оптимистік, болашаққа сенімділік көзқарасын жетекші идея ретінде пайдаланамыз.

-Екіншіден, баланы мектеп оқушысы ретінде танып, елінің азаматы ретінде қарап, осы міндеттерді атқаруға жағдай жасау.

-Үшіншіден, мектеп баласы болғанымен бұл қайталанбас тұлға екеніне көзін жеткізу, соған талпыныс жасату.

-Төртіншіден, балаға ересек балаға қарағандай қарап, тең құқықты азамат ретінде танып, осы тұрғыда қарым – қатынас жүргізу.

-Бесіншіден, педагогикалық қызметтестік қағиданы берік ұстау, олардың жас және дербес ерекшеліктерін ескеру.

Екінші бағыт – қоғамдық қатынасты дамыту, мұғалімнің өктемдігін ескерту, оған жол бермеу.Біздің мұндағы айтайық дегеніміз – бастауыш сыныпта өктемдікке үйренген балалар бесінші сыныпта басқа өзгеріске ұшырайды. Бастауыш сыныпта мұғалімнің өктемдігі жарамайды. Себебі бастауыш сынып оқушылары өктемдікке үйреніп, жалтақ болып қалады. Ал, екінші топтағылар сол өздерінің табиғи жағдайына байланысты дамиды.

Осындай қателіктерден аулақ болу үшін, біз мына жағдайларды ескергенді жөн көріп отырмыз.

-Біріншіден, бастауыш сынып мұғалімі оқушыларымен (іс-шаралық) апталық жоспарды бірігіп құру.

-Екіншіден, осы құрылған жоспарды бірігіп орындау.

-Үшіншіден, атқарылған істің нәтижесін бірігіп талдау.

-Төртіншіден, атқарылған іске, соны орындаушыларға, өздеріне баға беру.

Үшінші бағыт – әдептің алғашқы қадамын қалыптастыру, адами қатынастағы бір сөзділік. Мектептің өзінің ішкі заңы, тәртібі бар. Ол үйдің, даланың, ауланың немесе балабақша қатынасынан бөлек. Алғаш бала мектепке келгенде осы заң, тәртіппен танысады. Оны бастауыш сынып мұғалімі таныстырады. Ал, бастауыш сынып оқушысы осы заң – тәртіпті бұлжытпай орындауға тырысады, ересектермен қарым-қатынаста болғанын мақтан тұтады. Оның үстіне ұстазының айтқанын орындау - үлкен шаруаны тыңдырғанмен тең.

Бірақ бастауыш сынып оқушылары 3-4 сыныпқа келгенде, мұғалімнің айтқанын ой елегінен өткізе бастап, оның іс-әрекетін, айтқанын мұқият қадағалай бастайды. Егер де мұғалім өз айтқанын өзі орындамаса, екі сөзді болса, балаларды бөліп қараса, ондай мұғалім абыройынан айрылады. Мұндай жағдайда айтқан өсиет, ақыл, тәрбиелік іс-әрекеттің бәрі зая кетеді.

Төртінші бағыт – жақсы оқу, үлгерім жетістігі, соған жетуге жағдай жасау.

Байқап қарасаңыздар оқудағы жетістік бар және сол жетістікке жетуге жағдай жасау бар. Бұл екі ұғым бір – бірімен байланысты да және екі бөлек. Оқу үлгеріміндегі жетістік – соған жағдай жасаудан басталады. Жетістік – нәтиже, ал жағдай жасау – соған жетудің жолы.

Бала оқуда жақсы нәтижеге жетсе, ие болса, оның қуанышының шегі жоқ. Мұғалім осы сезімді пайдалана білуі керек, оқушының жетістіктен жетістікке жете беруіне атсалысуы тиіс. Бұл жерде мұғалім жетекші. Жетістік уақытша, қысқа, көп уақытқа, ұзақ болуы мүмкін. Жетістікті дер кезінде байқап бекіту қажет.Жетістікке жетуге жағдай жасау мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Жетістіктің үш түрі бар:

-Біріншісі – күні бұрын болжауға болмайтын жетістік.

Мұнда жеңіс те, жеңіліс те болуы мүмкін. Себебі бала жетістікке жету үшін талпыныс жасайды, нәтиже күтеді. Мұғалім осыған көмектесуі, қол ұшын беруі тиіс. Жетістікке жетсе

мақтап, қолдап, ал жете алмаса көңілін аулап, көтермелеп, болашағының алда екеніне көзін жеткізу. Мұндай болмағанда бала жолдан тауы мүмкін.

-Екіншісі – күні бұрын болжауға болатын жетістік.

Бастауыш сынып оқушысының қандай бір жақсы жетістіктері болмасын, ол оған қуанады. «Мен осылай болады деп ойлап едім, дегеніме, мақсатыма жеттім» -деген қуаныш оны алға жетелейді. Баланы жеңіспен құттықтау керек. «Осылай боларына сенгенмін» деп ұстаз демеу берсе, бала қанаттанады.

-Үшіншісі – қорытынды жетістік.

Жетістікке жеткенде мынаны есте ұстаған жөн. Жетістікте жеңіс пен жеңіліс, ұтыс пен ұтылыс, білген мен білмеу қатар жүреді. Жеңіліс, ұтылыс, білмеу сияқты нәрсені түсінбесе, бала жеңіс, ұтыс, білу дегенді де түсінбейді. Қазақтың «Ренжи білмеген адам қуана білмейді» дегені сияқты. Осыған баланы мектеп қабырғасында үйретіп қалыптастыру керек. Бала «қай жерден қате жібердім?» деп ойлана білуі керек. Жеңіліс баланы қатайтып жеңіске итермелеуі керек.

Сонымен, бастауыш сынып оқушыларына сапалы білім берудің негізгі бағыттары: баланың сенімін қалыптастыру, қоғамдық қатынасын дамыту, өктемдікке жол бермеу, адами қатынасты орнату, жетістікке қол жеткізу.

Осы бағыттарды іске асыру – соның білім беру технологиясы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;

-.Курт Мередит, Джинни Стил, Чарлзь Тэмпл, Скот Уолтер. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Әдістемелік құрал.Алматы, 2000.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУДІҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ

Ақпағанбет Гүлшат Қыдырбайқызы
«Қандыағаш қаласы №3 мектеп-гимназиясы» КММ,
математика пәнінің мұғалімі

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарымқатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді курс барысында ұғындық. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Оған оқу мақсаттарын зерделей отырып тапсырмаларды, сабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалды бағалау жүйесіне өтті. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Баланың жанжақты ізденуіне ынталандырады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы- баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналасуға ықыласын туғызады. Кеңестік заманнан қалған бес балдық бағалау жүйесі жойылды. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу

үрдісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл немесе баға қоймастан оқу үрдісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір) оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерім туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Критериалды бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты. Айталық, қарапайымнан күрделіге қарай шиыршық бойымен дамып, өрлей түскені жай ауызекі тілде ғана ойын жеткізуден, күрделі мәтіндер құра білу дағдылары шыңдалып, тілдік құзыреттіліктері шыңдала түседі. Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар XXI ғасырда табысты болу үшін нені оқыту керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық әдістемелермен тығыз байланысты. Қарқынды жаһандану, сондай-ақ, ұлттық экономикаға да ықпал етуде және қазіргі уақытта экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық бәсекелестік артты. Білім беру жүйесін жаңартуға арналған бұл экономикалық дәлелдерге қоса, қазіргі жиырма бірінші ғасырда басқа да негіздер бар: байланысқа бейімділікті арттыру, әлеуметтік өзгерістер, ауа райының өзгеруімен байланысты мәселелер, бүкіл әлемдегі халықтың қарқынды өсуі, заманауи әлеммен өзара табысты байланысу үшін қажетті және келешек күннің әлемімен өзара байланысу үшін қажетті дағдыларды қазіргі таңдағы мектеп жасөспірімдері талап ететін шектеулі ресурстарға деген сұраныстың өсуі. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейінежеткізу керек. Мектеп бітіруші түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» деп атап көрсеткеніндей, қазіргі таңда елімізде жаппай білім беру мазмұны жаңартылуда. Жаңартылған бағдарлама бойынша әлемдік білім беру жүйесі бәсекеге қабілеттілікке қарай білім алушыны баулу, қоғамнан өз орнын таба білетіндей сапалы маман болуына бағытталынған. Ал осы уақытқа дейін біздің елімізде жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар күтілетін нәтижеге көз жеткізбей, түрлі әсер етуші факторлар ықпалымен мамандық таңдап, ақыр соңында сол оқыған мамандықтары бойынша жұмысқа тартыла алмай отырғаны бәрімізге белгілі. Орта білім мазмұнын жаңарту аясында әзірленген оқу бағдарламалары оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өтуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып тексеріліп отыратын спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы моделіне негізделген. Оқу үдерісінің алға ілгерілеуі айқын көрінуі үшін, оқу мақсаттары өзара тоғысқан бөліктер мен бағыттарға біріктірілген. Айталық, қарапайымнан күрделіге қарай шиыршық бойымен өрлей түскені жай мысалдарарқылы ереже құрастыруалудан, анықтамаларға сүйеніп есептің шығарылу алгоритмін құрастыру дағдыға ие болып, тілдік құзыреттіліктері шыңдала түседі. Мұғалімдердің пайдаланатын оқыту әдісі оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін маңызды. Осы орайда жаңа бағдарламаны меңгеру барысында ерекше есте қалған мына әдіс-тәсілдер сабақтың тиімді өтуіне, оқушы бойында қажетті

дағдыларды қалыптастыруға ықпал ететіні сөзсіз: «Қабырғадағы роль», «Ыстық орындық», «Пікірлер сызығы», «Саналылық аллеясы», «5 сұрақ, 5 жауап», «5 қадам», «Драма әдісі», «Маңыздылық аймағы», графикалық органайзерлер – «Дара диаграмма», «Қос диаграмма», «Оқиға тауы», «Хикая картасы», «Стоп кадр» «Жигсо әдісі», «Tarsia» ойыны «Ойлан тап әдісі», «Интервью әдісі», «Бас бармақ әдісі», т.б

Мұғалімдер пайдаланатын әдіс оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. Педагогикалық әдістерді жетілдірмей тұрып, оқу бағдарламасын өзгерту білім беру стандарттарына қатысты реформалау шараларының мүмкіндіктерін және нәтижелілігін төмендетеді. Жаңартылған бағдарлама бойынша әр мұғалім төмендегідей нәтижелерге қол жеткізді:

- жаңартылған оқу бағдарламасының құрылымына;
- жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұны мен жүйесіне;
- оқу бағдарламасының және оны іске асырумен байланысты құжаттамалардың мақсаты мен рәсімделуіне;
- білім беру бағдарламасын іске асыруға көмектесетін тиісті педагогикалық тәсілдерді меңгеруге.

Әр мұғалім жаңартылған бағдарлама бойынша мазмұн мен жүйелілікті, білім беру бағдарламасын іске асыруға көмектесетін тиісті педагогикалық тәсілдерді қолдана алатын нәтижелерге қол жеткізді. «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқалады», – дейді Абай. Ғаламдық деңгейде өркениет атаулысы – білім мен ғылымға арқа сүйей бастағанын дүйім жұртқа алғашқылар қатарында айту, жадында жаттатқызу – халқымыздың аяулы перзенттерінің бірі – ұлы Абайға бұйырғаны әрі заңдылық, әрі қажеттілік болатын. Қорыта келе, Міржақып Дулатовтың «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні – қараң, келешегі – тұман». Өркениетті дамудың өзегі білім, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Кезінде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Мұғалім қандай болса, мектеп һәм сондай болмақшы, яғни ұстаз білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін ұстаз» – деп айтқан болатын XXI ғасыр – ғылым ғасыры. Мақсатты білім беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Ал осы жалпы еуропалық стандартқа сай жаңа білім беру – жеке тұлғаның жан-жақты дамуына әкелетін бірден-бір жол! Ұстаздардың шығармашылық қабілеті, жаңашылдық әрекеттері, біліктілігі, физиологиялық және психикалық сапасы, педагогикалық кәсіптік біліммен сәйкестенеді. Бұл педагогикалық бағытта оқытушы мен оқушының өзара ықпалы, өзара дамуда, ынтымақтастықтан теңгермешілікке, дамудың жоғарғы деңгейіне жетуде мәні зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық II деңгей. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.12-б.
2. «Педагогикалық диалог» ақпараттық - әдістемелік журнал №2 (8) 2014 ж.
3. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер. А.Қ.Әлімов.-Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014 ж

«ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНЕ ЖАҢАША КӨЗҚАРАС»

Ақшыманов Дарын Рыстығұлұлы
Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Ақши ауылы
М. Төлегенов атындағы жалпы білім беретін
орта мектебінің география пәні мұғалімі

Ұзақ уақыт бойы мектеп оқушыларда ғылым негізін қалыптастыруды көздеді. Дәстүрлі оқыту жүйесі «орташа оқушыға» бағытталып, жоғары сапаны қамтамасыз етті және өзін әлемдегі ең жақсы жүйе деп санады. Бірақ сол «орташа оқушыны» айқындайтын критерий болған емес, ал саралап-даралап оқыту тұрғысы «жақсы», «орташа», «нашар» оқушыларға арналған карточкалармен шектелді. Мұндай оқыту тұрғысы тұлғаның дамуына әсер етуі мүмкін емес еді.

Қазіргі кез келген инновациялардың мәні - әр оқушының қажеттілігіне, мүмкіндігіне, психологиялық ерекшелігіне сай келетін, өзіндік қабылдау траекториясын құруды көздейтін жеке оқыту тұрғысы. Мұғалім сыныптың үстінде емес, әр оқушының қасында, «басқаратын» емес, «бағыттайтын» тұлға, әр оқушының өзін-өзі тануында, өзін-өзі көрсетуінде ол «бақылаушы», ол «көмекші». Мұғалім оқушыда мықты білімнің қалыптасуына танымдық, ынталандырушы, әлеуметтік дамуына, тәрбиеленуіне үлкен мотивация болып табылатын оқушының «ішкі күштерін» ынталандырады, ерекшелігін, қайталанбас қасиеттерін мойындайды, өзін-өзі бағалауының көтерілуіне ықпал етеді. Дәл осылар оқушының жетістікке жетуіне жағдай жасайды.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық жүйесі қалыптасуда. Бұл үрдіс білім бағдарламасының өзгеруімен қатар, білім берудің жаңа мазмұнын талап етті. Ол балаға өзін-өзі өзектілендіруге, өзін толықтыруға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білім, білік, дағдысын емес, оның тұлғасын, білім арқылы дамуын қамтып отыр. Сондықтан, мұғалім өз білімін жан-жақты жетілдіре отырып, әр сабағын жоспарлауда баланың дамуына жағдай жасайтындай әрекеттерді белгілеп алуы тиіс. Сабақ – мұғалім мен оқушының өз қажеттілігіне орай оқу әрекеттерін, яғни білімді меңгерту мен меңгеру, машық дағдыны қалыптастыру, ізденіске баулу, шығармашылық пен талапты ұштап, дамытуды қажет еткен мақсат-міндеттер тұрғысынан бірлесе жұмыс істейтін ынтымақтастық алаңы. Сабақ тек жалаң білім беруге құралмай, оқушының шынайы қызығуы мен өз қажеттілігі мен сұранысын қамтамасыз етерлік шығармашылық ізденіс танымына орай құрылуы қажет. Сабақ үрдісі бір бірінен бөлінбейтін үш құрамдас бөліктен тұрады:

- Ақпараттық (білім берудің мазмұны: ақпаратты қабылдау, жинақтау, алмасу, сақтау, қолдану);
- Психологиялық (тұлғаның қалыптасуы және дамуы);
- Кибернетикалық (оқушылардың оқу-танымдық қызметін басқару).

Қазіргі сабақ – оқушының жан-жақты дамуына, ақыл-ойының белсенді өсуіне, терең білім алуына, адамгершілік негізінің қалыптасуына барлық мүмкіндіктер қолданылатын сабақ. Қазіргі сабақ идеясы отандық оқыту теориясы мен тәрбиесінің ұзақ уақыт дамуына, әлемнің өзгеруіне байланысты қоғамның сұранысының өзгеруінің нәтижесінде пайда болды. Көпшілік мұғалімдер сабақта компьютерлік техника қолданылса ол қазіргі сабақ деп есептейді. Бірақ мұғалімдердің көпшілігі сабақта қазіргі заманғы компьютерлік құрылғылар қолданылған болса да дәстүрлі сабақ болып шығуы мүмкін деп айтады.

Қазіргі сабақтың негізгі ерекшеліктері:

- сабақтың мақсат-міндеттері мен оқу-танымдық үрдісін оқушылардың өздігінен анықтауы және түсінуі;

-жекелеген оқушылардың тақырыпты қабылдау ерекшеліктерін, оқушылардың түсінігін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу үшін қажеттігін ұғыну, сондай-ақ кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі;

-білім мазмұнын оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкестендіру, олардың жеке өмір тәжірибесімен, қызығушылықтарымен байланыстыру;

- жағымды ахуал, оқушылар арасында ынтымақтастық қарым-қатынас орнату, оқушылардың қызығушылықтарын, қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін білу;

- оқу материалының керектігін сезіндіріп, оқу қызметіне деген жоғары мотивацияны қалыптастыру;

- оқушыларды оқу қызметінде нәтижеге жетуге итермелеу, табысқа қол жеткізу мен оқудан оқушылар рахат алатындай етіп ұйымдастыру;

-оқушылардың өздігінен білім алуын ұйымдастыру, танымдық әрекеттерін, шешім қабылдау, білім алу, жаңа ақпаратпен жұмыстану дағдыларын дамыту;

-қалай оқу керектігін үйрете отырып, оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бұрыңғы алған

-білімдері жаңа білімді игертуде бастау болатынын түсіну;

- проблемалық тапсырма мен өздік жұмыстың көптүрлігі, саралап оқыту формалары;

- оқушыларға өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланып, сұрақтар қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік беру;

- ағымдағы және қорытынды бақылау мен оқушылардың жеке, топтық жұмыстарын бағалау;

- оқушыларды оқу үрдісінің барысын және қорытындысын бағалауға қатыстыру;

- сабақ туралы оқушылардың пікірін білу және келесі сабақты жоспарлауда ескеру;

Қазіргі сабаққа қойылатын талаптардың бірі - дайын білім мен идеяларды ұсыну емес, оқушылардың өздерінің білім мен идеялар құруы болып табылады.

Сабақты жоспарлау - басқа дағдыларға қарағанда ерекше дағды. Мұғалімдердің интернеттегі сайттардан сабақ жоспарларын тауып алып, оны өз керегіне жаратуы бір бөлек те, өз сабақтарының жоспарларын өзі құру дағдысын қалыптастырып дамытқаны мүлдем басқа екенін мойындау керек, өз сабақ жоспарын құра білуі оның беретін сабақ мазмұны мен қолданатын әдісті дербес және өзгеше қылу үшін үлкен қадам жасағанын білдіріп, өзгелердің дайындаған сабақ жоспарларын қолдануға қарағанда өте құнды болып табылады.

Сыныпта «оқуды үйрететін» білім ортасын құру үшін алдымен оқу үдерісінің нәтижелілігін анықтайтын факторларды анықтап алу керек. Олар:

Балалардың оқу үдерісін түсінуі

Нені оқу керектігін түсінуі

Оқу үдерісін қалай құрылымдау қажет екендігі туралы ұғымның қалыптасуы

Оқу қажеттілігін бағалау мүмкіндігін игеруі

ҚР педагогтерінің біліктілігін арттырудың деңгейлік курстары мұғалімдердің біліктілігін арттырумен қатар, білім беру үрдісін жаңартуға мүмкіндік беріп, әр мұғалімнің педагогикалық қызметіне керекті дағдыларды қалыптастыруға жағдай жасайды. Ол заманауи ғылыми зерттеулердің шынайы нәтижелерінің және оқытудың озық практикалық тәжірибесінің ықпалдасуын көрсете отырып, қазақстандық мұғалімдерде сыныптағы қызметін ұйымдастыруға қатысты тиісті білім мен тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруға, өзгеріп жатқан өмір жағдайында үздіксіз кәсіби дамуға дайын болуға көмектеседі. Бұл Бағдарлама мұғалімнің оқыту үрдісіне бірнеше инновацияларды енгізеді, қазіргі заман талаптарына сай оқу үдерісін жоспарлау мен ұйымдастыруға көмектесетін, мектеп тәжірибесінде табысты қолдануға ықпал ететін әдістемелік сипаттағы бірқатар жалпы ұсыныстардан тұратын 7

модульді ұсынады. Әр модульдің идеялары педагогика аспектілеріне қатысты ғылыми материалдармен байланысты және оқушыларды білім алуға тарту үдерісінің әдістемесін қамтиды. Сабақтарды Бағдарламаның түйінді идеяларының негізінде ұйымдастыру оқушылардың дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау ететінін айта кеткен жөн.

Қазіргі сабақпен болашақтың негізі қаланатыны сөзсіз. Өзгеріп жатқан өмірде оқу мен оқытудың қазіргі заман әдістері мұғалімнің күнделікті тәжірибесін саралап, өзгертіп отыруға, тыңғылықты дайындық пен сыни көзқарасты талап етеді.

БАЛАБАҚША -ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМНІҢ АЛҒАШҚЫ БАСПАЛДАҒЫ

Ақылбекова Айгүл Мұқанбетқалиқызы
ЖШС «Нұр-Бота» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі

Қазақ халқының нағыз азаматын тәрбиелеп өсіру негіздерін қалыптастыратын тұңғыш мектеп- ол балабақша. Балабақша келер ұрпақты еңбекке, өнер-білімге, елінің ар намысын қорғауға және ізгі адамгершілік ниеттерге баулиды. Сондай балабақшалардың бірі-Ақтөбе облысы, Шалқар ауданының ЖШС «Нұр-Бота»бөбекжай балабақшасы.

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы.

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістерді енгізуді талап етіп отыр.

Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек ешқашан қателеспейміз. Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналды. Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі – өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Әрине бұл үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Тәрбие мен білім – егіз. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Егемен еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, қазіргі заманға сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – білімді, жан-жақты тәрбиешілердің еншісінде. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр. Балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолдануға ізденеміз. Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану үздіксіз тәрбие беру мен білім сапасын арттырады.

Жаңа заман баласы – ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау қажет. Біздің балабақшамызда балаларға үздіксіз білім беруде барлық жағдай қарастырылған. Балабақшада балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығы өте

жоғары. Осы уақытқа дейін тәрбиеші ретінде балаларға үздіксіз тәрбие мен білім беруде жаңартылған педагогикалық технологияларды кеңінен қолдануға тырысамын. Себебі қазіргі заман балаларының берілген ақпаратты тез қабылдауынан, есте сақтау қабілеттері жоғары дамығандығын байқауға болады.

Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілері. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі технологиялары енгізілуде. Мәселен, ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан-дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиешілердің ұстанымы ауысқан: ол балаларға басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы. Мұндай оқыту баланың интеллектуалды қабілеттілігін айтарлықтай шамада анықтайды, балаларға мінезін қалыптастыруға, байланыс тілді, логикалық ойлауды, дүниетанымды дамытуға, сыни ойлауды қалыптастыруға және жеке мүмкіндіктерді беретін дамытушы орта құруға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі шақ адам өміріндегі ең маңызды кезең болып келеді. Өйткені осы кезде баланың бойындағы табиғи бар дарындылық жан-жақты дами бастайды.

-Сондықтан осы шақта балалармен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әрекеттер жүйелі жүргізілсе, жұмыс соншалықты нәтижелі болады. Тәрбиелі, білімді ұрпақ балабақшадан мектепке дайын шәкірт болып шығады.

Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы іспеттес. Мұндағы тәрбие мен білім балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте жастан дамытады. Бала – болашағымыз, бала – қуанышымыз. Ендеше мектепке дейінгі үздіксіз тәрбиемен, біліммен қамту өзімнің басты мақсаттарымның бірі екенін қуана айта аламын.

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ДАМЫТУШЫ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ЖОСПАРЛАУДА БІЛІМ ПЛАТФОРМАЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Алиева Айымгуль Ердилдаевна
№ 4 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін мектебі

Қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін де уақтылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар жаңартылып отырады. АКТ білім алушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал болып отыр. Сондықтан оқыту барысында осы технологияларды ойланып қолдану қажет.

Қазіргі әлемде цифрлық технологиялар ел экономикасын дамытуда өте маңызды рол атқарады. Бүгінгі таңда әлм халықтарының 40 %-дан астамы интернетке қол жеткізсе, әрбір 10 адамның 7-еуінде ұялы телефон бар. Ал дамыған 30 елдің қатарына қосылуды мақсат еткен еліміз «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруда. Сондықан қазіргі уақытта педагогтардың білім алушылармен жұмысында сандық сауаттылыққа назар аударылуда. Дидактикалық тапсырмалар болашақта оқу қызметінің мәдениетін қалыптастырумен байланысты болуы тиіс, сондай-ақ зияткерлік және эмоциялық қызметтердің өзара әрекеттесуіне ықпал етеді, атап айтқанда, зерттеушілік, шығармашылық және оқу сияқты міндеттерді бірлесіп шешу кезінде. Биологияның оқу курсын

ақпараттандыру, ең бастысы, жаңа ақпараттық технологиялар құралдарын, оның ішінде мультимедиялық құралдарды енгізу түрінде жүзеге асырылады.

Дамыта білім беруде ақпараттық технологияны пайдалану арқылы оқу материалын жүйелі беруге, ақпаратты көруге, есте сақтауға, қатысымдық тұрғыдан меңгеруге мүмкіндік береді, бұл үрдісті оқыту үдерісі деп атайтын болсақ, онда оған технологияның осы салаға арналған жиынтығы жатады. Біздің қарастыратынымыз да технологияның осы түрі. «Технология» ұғымы соңғы кездері педагогикалық әдебиеттегі ең көп қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Технология ұғымының дидактикалық ұғымдармен байланысы сан алуан: оқытудың технологиясы, педагогикалық технология, білім беру технологиясы, тәрбие технологиясы, қарым-қатынас технологиясы, даму технологиясы, қалыптасу технологиясы, модульдік технология, топтық оқыту технологиясы және т.б. Бұл технологиялардың қайсы түрі болмасын анықтаманы қажет етеді. Сондықтан да әрбір автор «технология дегеніміз не?» - деген сұраққа немесе технологиямен байланысты жеке ұғымға өз анықтамасын беруге тырысады. Нәтижесінде, дәл қазіргі кезде білім беру жүйесінде жүріп жатқан үдерістердің технологиясына түсіндіретін жалпы анықтама жоқ.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев халыққа жолдаған жолдауында «Біздің міндет жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалана отырып, білім мен бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу» деп ұстаздар қауымының алдына жаңа міндеттер қойды. Оқыту технологиясы оқыту мазмұнын жүзеге асыру жолындағы алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқытудың әдіс, құрал және түрлерінің жүйесі болып табылады. Педагогикалық технология үш аспектіде қаралады: ғылыми, процессуалды – сипаттамалы, процессуалды – әрекеттік. Осындағы жолмен педагогикалық технология оқытудың тиімді жолдарын зерттеуші ғылым ретінде, принциптер мен зерттеуші қызметін атқарады. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі білім алушыны оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Педагогикалық технология – педагогикалық іскерліктердің жетістігіне жеткізетін ғылыми жобалау және нақты өндіру. Сонымен педагогикалық үрдіс белгілі жүйе принциптерінде құрылатын болғандықтан, педагогикалық техналогия сыртқы және ішкі болып бөлінеді. Осы принциптерді жалғастырмалы орындау оларға объективті қарым –қатынастарында және педагогтың тұлғасын толық көрсететін жинағы ретінде қалыптастырылады. Педагогикалық технологияны жақсы меңгеру дегеніміздің өзі – шеберлік. Қазіргі заман ағымы болашақ ұрпақтың ой - өрісінің шыңдалуын, жеке тұлға ретінде қалыптасуын талап етуде. Осы орайда ұлы педагог Ушинскийдің «Бала балқытылған алтын», - деген қанатты сөзді еске түсіреді. Егеменді еліміздің алғы шарттары өркениетті елдер қатарына көтерілуі керек болса, өркениетке жету үшін жан – жақты дамыған, рухани бай тұлғаны өсіру керек. Жас ұрпақтың 23 бойындағы қабілетін көру,оны жетілдіру ізденгіштік қасиетін дамыту оқытушының сабақ берудегі ізденушілік, шеберлік қаблеттеріне байланысты болады. Ж.Аймауытов «сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер» - деген, яғни оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіруге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға негізделуі қажет. Жастарды қызықтыра тәрбиелеп басқару білім алушының білімге, ғылымға деген құлшынысын күшейтеді, өркендеуіне өте қажет шығармашылық қасиеттерін ашады. Білімнің сапалы болуы тікелей оқытушыға, оның білім дәрежесі мен іздену шеберлігіне байланысты. Педагогикалық технология дегеніміз – оқытушының өзін – өзі ұстай білуі, байқағыштығы, алғырлығы, сөзге шешендігі. Педагогикалық технология ақпаратты өңдеу, сақтау, беру әдістері мен құралдарының табыстарына байланысты дамудың барлық мүмкіндіктеріне ие бола алатын әлеуметтік технологияның маңызды компоненті болып табылады. Сонымен, технология деп белгіленген мақсатты тиімді орындау үшін материалды түрлендіру үрдістері мен әдістерінің жиынтығы, кешеді бірлігін айтуға болады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім

беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген. Бұл міндеттрді шешу үшін әр оқытушының күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәрбиеге, жаңа қарым - қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Сондықтан да, әр оқытушы өз әрекетінде қажетті өзгерістерді, әр түрлі тәжірибелер жөніндегі мағлұматтарды, жаңа әдіс тәсілдерді кезінде қабылдап, дұрыс пайдалана білуі керек. Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, білім беру үрдісіне енгізіліп отыр. Ал, жаңа педагогикалық технологиялар оқушының шығармашылық қаблеттерін арттыруға өз үлесін қосады. Жаңа технологияны қолдану төмендегідей кезеңдер арқылы іске асады.

I кезең - оқып үйрену;

II кезең - меңгеру;

III кезең - өмірге ендіру;

IV кезең - дамыту.

Жаңа технологиямен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғы шарттар қажет: оқу үрдісін қарқынды жүргізуді жаппай қолға алу; білім алушылардың сабақтастылығын болдырмау шараларын кешенді қарастыру. Оның ғылыми - әдістемелік, оқыту-әдістемелік ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау, жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу, пәндік білім стандарттарымен жете танысу, білімді деңгейлеп беру тенологиясын игеру арқылы білім алушыларға білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игеруге қол жеткізу, оқыту үрдісін ізгілендіруді үнемі басшылыққа алу, өйткені оқыту - тәрбиенің негізі болып табылады.

Технологияға білімді сапалы түрде меңгеру үрдісін басқару және білім сапасын тексеру блоктары, кері байланыс жүйесі енеді. Кері байланысты мұқият түрде жан - жақты жасау керек. Ең бастысы, оқу материалын білім алушының меңгеруі. Педагогика ғылымында білім сапасы бірінші орынға шығады. Оны көтеру педагогика мен психология ғылымдары алдында тұрған маңызды міндет. Білім алушылардың жаңа технологиялар көмегімен қалыптасатын және жүзеге асырылатын ойлау қабілеті бұрынғы технологиялар арқылы берілетін ойлау жүйесінен өзгеше болатындықтан, тек ойлау қабілеті түсінігі ғана емес, жаңа жағдайда психикалық функциялардың басқа жақтары да қайта қарастырылуы тиіс. Осының бәрі жаңа ақпараттық және педагогикалық технологиялар жасау саласында, білім парадигмасын құруда тың инновациялық жұмыстар жүргізуді талап етеді.

Нақты айтқанда, білім алушыға үнемі жол сілтемей, өзінше әрекеттене алуына бейімдеу. Мұның нәтижелік көрсеткіші сол: білім алушының білімді, берілген мағлұматты жәй ғана, бір сәттік тұрғыда қабылдап қана қоймай, саналы да тиянақты игеруіне ықпал ету. Білім сапасын және пәрмеңділігін арттыру мәселесі оқу үрдісіне оқытудың жаңа технологияларын тереңдете ендіру жолымен шешіле алатындығы сөзсіз және бұл ретте тұтас алғанда білім берудің сапасы мүлде көтеріліп, жеке тұлғаны шығармашылықты тұрғыда дамытудың жоғары деңгейіне қол жеткізу қамтамасыз етіледі.

Z ұрпағын білім мен тәрбие нәрімен сусындататын мұғалім кемінде үш платформаны меңгеру керек! Төмендегі платформаларлы дамытушы тапсырмаларды орындауда сабақта пайдалануға болады.

Bilimland.kz - әмбебап білім платформасы. Bilimland сабақтары жаңа тақырыпты түсіндіру барысында презентациялық материал ретінде, тақырыпты қорытындылау барысында тәжірибелік тапсырма ретінде немесе өткен тақырыптарды қайталау барысында қызықты көрнекті материал ретінде қолданыла алады.

Twigbilim.kz - сыныпта да, үйде де пайдалануға ыңғайлы тамаша ресурспен таныс болыңыздар. Мектеп бағдарламасына сай бұл ресурс мыңдаған фильм, интерактивті көрнекілік және бақылау тапсырмаларынан тұрады. Plickers— статистикалық жұмыс жасау үрдісін жеңілдететін және сыныптың жауабын лезде бағалап беретін қосымша.

Plickers - мұғалімнің ұялы телефонын немесе планшетын білім алушылардың карточкаларындағы QR-кодтарды оқу үшін пайдаланады.

Kahoot - білім беру саласындағы педагогтар мен білім алушыларға арналған ойын платформасы. Яғни ойын арқылы білім беру. Kahoot бағдарламасы оқуды және кез-келген тақырыпты қызықты, ынталандырып, көрікті етіп береді. Kahoot бағдарламасы Kahoot.com сайтында орналасқан. Сонымен қатар оны кез-келген сандық құрылғыларға жүктеп алуға болады.

ZipGrade - қас қағым сәтте тестерді тексеруге мүмкіндік беретін қосымша. Ол үшін мұғалім жауап бланкілерін басып шығару, білім алушыларға толтырту және өз смартфонынан жауап парақтарын сканерлеу қажет. Нәтижелер автоматты түрде пайыздарға қайта есептеледі және бағдарлама жадысында сақталады.

Quizlet - жаңа сөздерді есте сақтау үшін тамаша платформа. Карточкалардың дайын желілерін пайдалануға немесе жасауға болады. Сондай-ақ, платформа түрлі тесттер, ойындар және қосымша мүмкіндіктер ұсынады.

Интербелсенді тақта бойынша барлық сыныптармен жұмыс істеуге немесе әр білім алушыға өз виртуалды сыныбында сілтеме бойынша жеке тапсырмалар беруге болады. Осылайша, оқытуда тапсырманы сауатты және тиімді пайдалану білім алушылардың оқу үдерісіндегі оқу мақсаттарна қол жеткізудің қолайлы құралы болып табылады. Қорытындылай келе, тапсырмаларды пайдалану бірінші кезекте оқу процесінде білімді дамыту мен меңгеруге бағытталған.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы

2. Аймауытов Ж. Педагогика - Алматы 1977 – 277 бет

3.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Астана, Ақорда, 2007 жылғы шілденің 27-сі. № 319-III ҚРЗ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ

Алиманова Багдатгуль Сахуовна
Жаңажол ОМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын қатайтты. «Ұлттың сақталуына да, жоғауына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген Ахмет Байтұрсыновтың қасиетті қағидасына сүйенсек, Ата заң аясында бақ-берекетіміздің сақталып отырғаны тіл саясатын да дұрыс жүргізудің жемісі екені анық. Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Мерейін асыратын да, құтын қашыратын да өзіміз. Отбасы өзіміз де, тәрбие тілден басталады дейді. Тіл меңгеруде ата-ана мен білім ұяларының рөлі ерекше екенін, әр отбасы бесіктен бастап балаға қазақ тілін үйретуді қолға алу басты мақсат. «Ана тілін білмеген, анасын да сыйламас» демекші өз ана тілін білмеген жаннан, анасын сыйлайтын жанның шығуы неғайбыл. Халық үшін өзге тілде сөйлеу қауіпті емес, өзге

тілде ойлау қауіпті. Қазақ пен қазақтың, әке мен баланың, әріптестердің жұмыста қазақ тілінде сөйлеспеуі көңілге қонымсыз-ақ жайт.

Бірақ қазақ тілі – тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі. Елбасымыз айтқандай, «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде». Ендеше, тілімізді ұлтымызды, отбасымызды қадірлегендей қадірлейік! Қазақстанның азаматымын деп санайтын әрбір адам мемлекеттік тілді білуі шарт деп ойлаймын. Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың аса маңызды құралы ғана емес, ойлаудың, дүниетанымның, рухани мәдениетті жасаудың ұлттық ұжымдық тәрбиесін жинақтаудың, сақтаудың құралы. Жас ұрпақты тәрбиелеу, оларға ғылым мен білімді үйрету тіл арқылы жүзеге асады. Мемлекеттік тілді оқыта отырып, жастардың бойына елдік сана сіңіріліп, мемлекеттік рәміз, ұлттық діл, ұлттық болмыс туралы ақпараттар толық берілетіні анық. Біздің қазақ халқының тілі өте бай, айтылуға орамды, көркем тіл. Тіл ақылдың - өлшемі. Тіл - адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Тіл оның ішінде біздің ана тілі еліміздегі халықтардың барлық іс-әрекетінің, қарым-қатынасының құралы болуы тиіс, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру әрбіріміздің борышымыз. Тіл байлығын игеру – ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті. Ана тілін жақсы білу - әркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі. «Қанша тілді білсең, сонша мәдениеттісің, сонша байсың» деген даналық сөз бар. Әрине, құптарға боларлық ой, бірақ, өзге тілді білемін деп жүргенде өз тіліміздің алыстап кетпеуіміз керек. Тәуелсіздіктің негізгі тірегі – ұлттың тілі. Тәңірдің адам баласына жасаған сыйы да — тіл. Ол - қасиетті де қастерлі. Оның бойында өзекті, жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар. Тілде бүкіл тіршілік тұрғандай. Тіл – ұлттың аса игілікті әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Тілдің тағдыры – баршамыздың қолымызда. Тілін білмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер - мәңгүрт. Тілдерді дамыту – елдердің мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарының бірі. Тіліміз құрып кетті, құрдымға батып жатыр деп отыра бермей, оның маңызы мен мүмкіндіктерін жан-жақты ашып, жұрттың оған деген сенімін нығайтуға күш салғанымыз дұрыс. Тілді насихаттауда,үйретуде жеке адамдардың, отбасының атқарар қызметі мол болуы тиіс. Әрбір отбасында, осындай тілге деген жанашырлық болса, тама-тама тамшыдан дария болар дегендей, тіліміздің жағдайы әлдеқайда жоғары деңгейге көтерілер деп ойлаймын. Елбасымыз айтқандай «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі жас отты да ойнақы ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?! Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйтқысы болған – оның ғажайып тілі».

Түйін. Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Демек әрбір қазақстандық мемлекеттік тілді құрмет тұтып білуі тиіс. Тіл мәртебесі – ел мерейі. Ана тіліміздің мәртебесін үстем етіп, еліміздің мерейін көтерейік. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін ана тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек. Бұл біздің басты парызымыз.

БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ ЖАҢҒЫРУЫ

Альянова Шолпан Рамазановна
№4 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі

Мұғалім – ақпараттанушы емес, оқушының жеке тұлғалық және интеллектуальды дамуын жобалаушы.Ал бұл мұғалімнен жоғары құзырлылықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді [1].

Білім беруді ақпараттандыру дегеніміз – білім беру саласына ақпараттық-коммуникациялық технологияның құралдарын пайдаланудың методологиялық және тәжірибелік құндылықтарын зерттеп, оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық және педагогикалық мақсаттарына бағыттап жүзеге асыру процесі. Осы процесс жағдайында жеке тұлғаның зияткерлік, қоғамдық, экономикалық, коммуникациялық және ақпараттық сияқты іс-әрекеттерін түрлі салаларға қолдану арқылы құзырлықтарын қалыптастыру негізгі талаптардың бірі болып табылады. Бұл процесс келесі бағыттар бойынша жетілдіреді:

- ақпараттық қоғам жағдайында жеке тұлғаның ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру үшін оқытудың мазмұнын, әдістері мен оны ұйымдастыру формаларын таңдау мен оның методологиясын жетілдіру;
- оқушының зияткерлік қабілетін дамытуға, өз бетінше білім алуға, түрлі ақпараттарды өздігінен өңдеу сияқты әрекеттерге негізделген оқытудың әдістемелік жүйесін ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы құру;
- оқушының білім деңгейін анықтап, оны бағалау мен бақылау әдістерін талдау бағытында компьютерлік тестілеуді құру мен оны қолдану.

Білім беруді ақпараттандыру адамның ғылыми-практикалық қызметінің саласы болып табылады, ол ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тарату технологиялары мен құралдарын қолдануға бағытталған, білім беру саласындағы бар білімді жүйелеуді және оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарына қол жеткізу үшін жаңа білімді қалыптастыруды қамтамасыз етеді [2].

Педагогикаға «білім беруді ақпараттандыру» ұғымы XX ғасырдың 80-жылдарында енді. Бұған үлкен үлес қосқан атақты ғалым А.П. Ершов. Оның зерттеуінше білім беруді ақпараттандыру адам қызметінің барлық әлеуметтік маңызды түрлерінде сенімді, жан-жақты және дер кезінде алынған білімді толық пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені ретінде сипатталады [3].

Мұғалімдер дербес компьютерді косымша материалдар, әртүрлі анықтамалық мағлұматтардан акпараттар топтамасын беру үшін көрнекі құрал ретінде қолдана алады. Мұндай мағлұматтарға математикалық формулалар, шамалардың өлшем бірліктері, графиктер, схемалар, көрнекіліктер және т.б. жатқызуға болады. Мұғалімнің қатысуынсыз, оқушылар өздері өзбетінше меңгеруге тиісті мағлұматтар беріледі.

Жаңартылған білім мазмұнына көшу аясында әзірленген негізгі білім беру деңгейіндегі оқу бағдарламалары, «Математика», «Алгебра», «Геометрия» пәндерінің үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұны аталған әрекеттерді дамытуды көздейді. Сондай-ақ, математика пәні мұғалімдері бұл ғылымды басқа салалармен байланыстыра отырып, өмірдегі қолданыс аясын нақты дәлелдемелермен, мысалдармен көрсете отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыта оқыту қажеттілігі туындап отыр. Бұл қажеттілікті жүзеге асыруда дәстүрлі әдістердің қауқары жетпейтініне іс жүзінде көз жеткізіп келеміз. Ендеше, педагогтар қауымына оқытудың әдістері мен формаларын жаңғырту міндеті жүктелуде. Осы орайда, өз

тәжірибемнен тұжырымдай келе, математиканы оқытуда ұсынатын, әр мұғалім өзбетінше ғаламтордағы нұсқаулықтар бойынша меңгере алатын пәндік бағдарламаларға тоқсалсам. Оларды компьютерлік бағдарламалар және мобильдік қосымшалар деп екі топқа бөліп қарастыруға болады.

Компьютерлік электронды бағдарламалар («1С:Математикалық Конструктор», «Geo-Gebra», «Mathway» т.с.с.) математика мұғалімінің жұмысында бірін-бірі толықтырып отырады. Олардың көмегімен графиктік және геометриялық кескіндерді салуда және түрлендіруде аз уақытта көп ақпаратты қамтуға болады. Мұғалімдер бұл бағдарламаларды сабақ барысында тақырыпты меңгерту мақсатында проектор немесе интербелсенді тақтада демонстрациялап қолданса, оқушылар мұғалімнің әрекетін осы бағдарламалардың мобильдік нұсқасын пайдаланып смартфон арқылы өзбетінше қайталап көріп, берілген тапсырмаларды орындай алады.

Ал нәтижелі қолданған бірнеше интерактивті мобильдік қосымшаларды атап айтатын болсақ, Quizizz, Quizlet, Classroom, Kahoot, Liveworksheets, Wordwall, Mentimeter, Wizerme, Socrative және т.б. Бұл оқу үдерісіне эмоцияларды кіріктіру, яғни «Edutainment» тұжырымдамасы болып табылады. Бұл ұғым «education» – білім және «entertainment» – ойын-сауық деген екі сөздің бірігуінен пайда болған. Бұл тұжырым оқу мен ойын-сауық ұғымын біріктіреді. Эдьютейнмент – ойын-сауыққа және оқу процесінен рахат алуға негізделген оқытудың ерекше түрі. Бұл өз алдына тұрақты қызығушылықты қалыптастыруға түрткі болады. Ойын-сауықты ойын ретінде, туындаған жағдайларды эмоционалды түрде бастан кешу, шығармашылық, интербелсенді медиа құралдарын пайдалану деп түсінуге болады [5].

Эдьютейнмент келесі қағидаттарға негізделген:

1.Ынталандыру арқылы оқыту (мәжбүрлемейміз, қысым жасамаймыз, ойынмен қызықтырамыз, қызықты тапсырмалармен, суреттермен, медиа құралдармен оқушының қызығушылығын туғызамыз).Синхронды және асинхронды оқыту жағдайында тапсырмаларды түрлендіру үшін және ойын элементтерін енгізу үшін түрлі АКТ құралдарын пайдалануға болады;

2.Іс-әрекет негізінде оқыту (балалардың өз бетінше бір нәрсені не затты жасауына, сынап көруіне, эксперимент жасауына, қолмен және мимен жұмыс істеуіне жағдай жасау);

3.Қазіргі заман талабына сай болуына басты назар аудару XXI ғасыр технологияларына – ұялы телефондарға, қосымшаларға, интернетке тыйым салмаймыз, керісінше, белсенді түрде пайдаланамыз.

Мобильдік қосымшаларды пайдаланып тақырыпқа байланысты дәстүрлі тестілеуден бөлек түрлі стандартты емес сын тұрғысынан ойлауын қажет ететін, шапшаңдыққа, жеке шешімін қорғауға дағдыландыра отырып, теориялық білімін өмірмен тығыз байланыстыруға мүмкіндік беретін тапсырмалар жасауға, сондай-ақ, өз еліміздегі әріптестеріміз бен әлем кеңістігіндегі кез келген елдің математика пәні мұғалімдерінің жасаған тапсырмаларын өз сабағымызда пайдалануға мүмкіндік туады.Бағдарлама оқушының жұмыс нәтижелері мен жұмысына жұмсаған уақытына қарай автоматты түрде әділ бағасын беріп, оқушыға қатемен жұмыс жасауына кері байланыс береді.

Сондай-ақ, олардың үлкен артықшылығы – бір жұмыс парағында бірнеше деңгейлерінің тапсырмаларын қосуға болады. Жаттығулар жасай отырып, оқушылар біртіндеп жеңіл тапсырмалардан күрделіліктің жетілдірілген деңгейіне ауысады. Егер сыныпта артта қалған оқушылар болса, бұл стратегия өте тиімді: сіз әрдайым жұмыс парағын жасай аласыз, сондықтан қабілетті оқушылар сыныптастарының тапсырмаларын аяқтауын күтіп отырмайды.

Осы мобильдік қосымшалардың бірнешеуіне кеңірек тоқталатын болсақ, Liveworksheets-бұл мұғалімдерге дәстүрлі жұмыс парақтарын (doc, pdf, png немесе jpg форматында) интерактивті онлайн-автоматты таңбалау жаттығуларына айналдыруға мүмкіндік беретін білім беру құралы. Liveworksheets сервисі мұғалімге бос орындарды толтыру, компоненттерді

қосу, элементтерді бірнеше рет таңдау және сүйреп апару бойынша тапсырмалар жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жұмыс парақтарын аудио, видео тапсырмалармен және тіпті сөйлеу жаттығуларымен толықтыруға болады.

Socrative бағдарламасы арқылы мұғалім тапсырма уақытын белгілеп, үй тапсырмасын беруге, бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстарын шын/жалған, бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тест түрінде, сәйкестендіру және т.б. тапсырмалары түрінде алуына болады.

Mentimeter – нақты уақытта сауалнамалар мен дауыс беруге арналған тегін, қарапайым, стильді онлайн қызмет. Сабақ кезінде аудитория белгілі бір сұраққа немесе тұлғаға өз пікірін жазып, дауыс береді, ал барлық нәтижелер веб-сайтта көрсетіледі. Мұндай форматтағы онлайн сауалнамалар презентациялар мен сабақ кезінде аудиторияны жақсы ынталандырады.

Wizerme – ашық сұрақтар, бірнеше дұрыс жауаптарды сәйкестендіру, стандартты сәйкестендіру, ретке келтіру, мәтіндегі бос орындарды толтыру, суретке, графиктерге, кестелерге түсініктемелерді толтыру мүмкіндіктерінің кең ауқымын қамтиды. Wizer қызметі мұғалімдердің тәжірибесі мен шығармашылығын жинақтайды, жарияланған ашық галерея және әрі қарай ашық электрондық білім беру ресурстарын пайдалану немесе өңдеуге қолайлы бағдарлама болып табылады.

Жоғарыда аталған бірнеше мобильдік қосымшалардың баршасында математикалық символдарды жазуға мүмкіндік жаратылған. Бұл қосымшалар өз мерзімімен жаңарып, жетілдіріліп отырады. Тіпті күн сайын жаңа мүмкіндіктерімен жаңа бағдарламалар жарыққа шығуда. Олар дамыған елдерде кеңінен қолданылуда. Неге бізге осы мүмкіндіктерден пайдаланбасқа?!

Қорыта айтқанда, инновациялық бейінді оқытудың белсенді әдістеріне, жаңа интерактивті әдістемелер мен ақпараттық технологияларды енгізу және оларды басқарудың жаңа тәсілдерінде кәсіби қызметті және математикалық мәдениетті үздіксіз жетілдіру нәтижесінде жүзеге асырылуы мүмкін. Барша математика мұғалімдерін білім беруді ақпараттандыру үдерісінде оқыту әдістері мен формаларын да жаңғыртуға шақырамын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жүнісова Ж.А. Педагогикалық шеберлік.-Алматы,2011.
2. Григорьев С.Г., Гриншкун В.В. Информатизация образования. Фундамен- тальные основы. // М.: МГПУ, – 2005.
3. Моделирование деятельности специалиста на основе комплексного исследования. Под редакцией Е.Э.Смирновой. Ленинград, 1984.
4. ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
5. Юсупов, Р. М. Научно-методологические основы информатизации / Р. М. Юсупов, В. П. Заболоцкий. – СПб. : Наука, 2000

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Амангелдина Анар Токоровна
Ақтөбе қаласы №61 жалпы білім беретін орта мектептің биология пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші

Қазіргі таңда оқушыларға білім беруде биология пәнін жаңартылған бағдарламамен оқыту өте маңызды роль атқарады. Қай пән болмасын, сабақтың тақырыбына сәйкес, оқу мақсатымен жұмыс жасау өте тиімді. Білім алушылар сабақта жаңа ақпараттармен өздігінен

жұмыс жасау, мұғалім тек бағыт беруші болуы арқылы ізденімпаздығын, ойлау қабілетін және шығармашылық жұмыстарға үйретеді. Биология пәнінде 8 кластарға сабақ беруде бөлім бойынша «Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары» сабақтың стандарт бойынша оқу мақсаты 8.2.4.3 «Мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу тегінің орталықтарын оқып білу», тақырыбында білім алушылардың осы ақпараттану және қаншалықты берлуіне тақырыпты қандай нәтижеге меңгергенін білуге жұмыстанамыз. Күтілетін нәтижелер білім алушылар мәдени өсімдіктердің түрін біліп, үй жануарлары туралы да олардың адам үшін қандай атқаратын қызметі мен қасиеті туралы білуін, шығу орталықтарының қолтұқымдары мен іріктемелеріне сипаттама беруіне ықпал етіледі. Тақырыптарға кірісу барысында «Пазл» әдісі арқылы топқа бөлу , топтармен жұмыс жасау қолайлы болып саналады. Сабақтың басында өткен тақырыптарды бекітіп, сұрау үшін интерактивті тақтадан бейнебаянды қосып көрсету, «Балық ашу» әдісі арқылы ғылыми , ойландыратын сұрақтар қойылып, жауаптары мағыналы дәл, ойын үзбей, жеткізіп айтуы қадағаланады. *Селекция , қолтұқым, іріктеме, қолдан сұрыптау* деген термин сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын білу, оны келесі сабақтарда қолданғанда анықтамасын дәлдікпен айта білуін қадағалаудың маңызы зор. Бағалау кезінде оқушылардың қанша сұраққа жауап бергені, оларды талпындыруы бойынша «Смайлик» жетондарын қолданып, таратамын. Мәтіналды жұмыс кезінде биология ғалымдарының мәдени өсімдік, үй жануарлары туралы кім қаншалықты білетінін білім алушылардан «Ротация» әдісін қолданып , орындау қадамдары бойынша 1-3 топқа байланысты биология ғалымдарының жазған ғылыми еңберінен үзіндіні әр бұрышқа әр топ іліп, сол ілімдердің маңызын өз түсініктерімен, өмірден мысал келтіре отырып, айтып береді. Топтар орын алмасып, қалған көрші топтардың да не жазғанын оқып, ой алмасады. Оқулықтағы мәтінмен жұмыс жасауда «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі арқылы оқушыларға мәтінді тақырыпшалар бөліп, 1-топ «Шығу орталықтарының зерттелуі» туралы айтып өтсе, 2-топ «Мәдени өсімдіктердің шығу орталықтары», 3-топ «Үй жануарларының шығу орталықтары» туралы атты тақырыпшаларды жеке, жұппен, топпен өзара талқылап, бір-біріне түсіндіріп, әр топтан ортаға постер қорғалып шығарылады. Қай топтың қаншалықты ақпаратты дәл жеткізгені, ватманды қандай шығармашылықпен тиімді орындағаны туралы, бағалау «Үш шапалақ» әдісі арқылы жүргізіледі. «Суреттер сөйлейді» әдісі арқылы оқушылардың деңгейлеріне сәйкес тапсырмалар беріледі.Мәдени өсімдік суреттерімен үй жануарларының әр түрлі іздендіру бойынша қиынды суреттер таратылады. Қабілетті нашар оқушыларға тапсырма: суреттерге сипаттама ұсынуы тиіс. Орта деңгейлі оқушыларға тапсырма: суреттерді бір-бірінен ажыратып, топтауға беріледі. Жоғары қабілетті оқушыларға тапсырма: суреттерді байланыстырып шағын эссе жазу туралы шығармашылық жұмыс тапсырылды. Бағалау «Отшашу» әдісі арқылы жүргізілді. Тапсырма «Ажырата біл» әдісі берілуімен картадан сызба арқылы мәдени өсімдіктердің шығу орталықтарын ажыратуын анықтау бойынша оқушының өсімдіктердің қаншалықты, қай жақта жақсы дамып өсуінен байқауға болады. «Есте сақтау картасы» әдісі арқылы сабақтың тақырып бойынша игерілген мәлімет немесе жаңа ақпаратты есінде қалғандығы тексеріледі. Бұндағы мақсат оқушылардың визуальды , жаттау қабілетерін арттырады. Әр топтағы оқушыларға берілген сурет, сөздер, терминдер,символдары бар А4 форматын жеке-жеке шақыру арқылы 1-секунт көрсетеді. Оқушы не көргенін тобындағы А4 форматына түсіріп отырады. Барлық топ осылай қайталап шығады. Мұғалім дұрыс картаны оқушылардың қолына береді. І-топ-ІІ топтың, ІІ- топ-ІІІ топтың, ІІІ-топ-І топтың жұмыстарын тексеріп бағалайды. Бағдаршам әдістері арқылы түс бойынша топ оқушылары бірін-бірі бағалайды. «Білім ағашы» арқылы рефлексия бойынша нені меңгергенін, қай жеріне толықтырулар енгізу керектігі туралы пікірталастар жүргізіп, оқушылардың сабақ барысында қиындық туғызған жерлері туралы ойын еркін айтуға үйренеді. Жаңашыл оқыту статегияларын биология пәнінде пайдалануда әр оқушылардың өмірге бейімділігін , жеке –дара зерттеушілік, ғылыми қабілетін

жалғастырады. Биология пәні бойынша, қай тақырып болмасын, кластер арқылы беру өсімдіктердің көптігін байқауға болатынын көрсетеді. Жаңашыл әдістерді ақпараттық технологияларды қолдану сабақ үдерісінде мына нәтижеге жеткізеді. Білім алушылар заманауи жүйелі тапсырма орындай біледі. Оқушының осы пән бойынша жоғары деңгейдегі қырлары танылады. Мұғалім өзін жетекші бағыттаушы ретінде танып, ғаламтор нәтижесінде білім алушы мол ақпараттар алады. Оқушының жазған немесе тәжірибе жұмысының ғылымилығы көрініс табады. Биология пәнін оқытуда арнайы ғаламтормен қамтылған кабинеттерде оқыту өте пайдалы болып саналады. Тапсырмалар беруде ғаламтор арқылы топтық жұмыс жасау барысында өз сабағыңыздың интернет кеңістігіне шығару, сұрақтар бойынша эфирге шығып отыруда білім алушының ғылымилық сөйлеуіне мән берілуі керек. Топтық тапсырмаларды онлайн тақталарында орындауға болады. Бұл құралдар көмегімен жоба жұмыстарында қорғап, өзіндік ойларын жүйелі түсіруге негіздейді. Бағалау немесе марапаттау жүйесі оқушылар үшін сабаққа өте қызықтырушылық пайда болады. Себебі әрбір айтқан құнды ақпараттарды бағаланып, балын көрсетеді, балл нәтижесінде медаль беріледі. Білім алушыларды мадақтап қолдауға себеп көп: белсенді жұмысы үшін, жылдамдығы үшін, мұқияттылығы үшін, жаңа бағдарламаны еркін пайдаланғаны туралы да жіберуге болады.

Қорытындылай айтқанда, биология пәнінен тақырыптарды білім алушыларға беруде оң нәтижесін беретін әдіс- тәсілдердің көптеп қолдану, тиімді оқытуға әкелетінін көруге болады. Яғни жаңашыл технологияларды күнделікті сабақ үдерісінде орынды бөлім бойынша қолдану , әр ізденімпаз мұғалім өзінің алдында отырған оқушылардың жас, дара ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат мүддесіне, өзінің шеберлігіне байланысты таңдауға болады.Биология пәнін жаңартылған бағдарламамен сындарлы оқыту нәтижесінде әлем елдерімен терезесі тең, үздіксіз білімнің ең жоғарғы деңгейін көрсететініне сенімдімін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан Республикасы Орта Білім беру тұжырымдамасы» Астана -2021
2. «Мұғалімге арналған нұсқаулық интерактивті түрі, қолдану мен оқыту» Алматы -2019
3. «Жаңашыл әдістер мен жүргізілетін жаттығулар» әдістемелік құрал Жақсылықова К.З. Алматы-2019

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕТІН ҮЙІРМЕ САБАҚТАРЫ

Аманжолова Жаннат Алимжановна
Ақтөбе қаласы № 51 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазіргі таңда, ғылым мен техника қарыштап дамыған кезеңде, қоғамда қалыптасқан жетістіктерге сай мектепте берілетін білімге қойылатын талап та жоғары болып отыр. Барлық уақытта да елді, оның өркениетін әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім-ғылым және білімді ұрпақ. Мектепте оқытылатын әр пәннің өз білім мазмұны болуымен қатар, әр пәннен берілетін білімді қоғамдағы қажеттіліктермен сабақтастыра қарастыру керек. Сондықтан жас ұрпақ мектепте алған теориялық білімдерін күнделікті өмірмен байланыстыра алады. Сабақта алған білімді тереңдетіп, тәжірибе жүзінде қолданысқа бейімдеуде сабақтан тыс үйірмелердің маңызы зор. Әр пән бойынша өткізілетін үйірме сабақтары оқушылардың білім көкжиегін кеңейтіп, олардың өз бетімен ізденуіне,

өздерін еркін сезініп, білімге еркін құлаш ұруына жағдай жасайды. Қазіргі кезде, жеке адамдар арасында ғана емес, өзге елдермен де байланыс артып отырған кезде, тілдің коммуникациялық қызметі артып тұрған жағдайда мектепте оқытылатын пәндер арасында қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша жүргізілетін үйірме сабақтарының маңызы ерекше деп білемін. Үйірменің мәні – баланың тіл мен әдебиет саласы бойынша сауаттылығын дамыта отырып, оның мектеп қабырғасында алған білімін өмірде қажетке асыра білуге үйрету. Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жүзеге асыруға, жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру, соған орай оқытудың да әдіс-тәсілдерін жүйелі жетілдіру болып табылады. Мен қазақ тілі пәні бойынша үйірме сабақтарының бағдарламасына тіл тарихынан бастап, күнделікті сөйлеу мәдениетіне қатысты тақырыптарды енгізіп, оқушылардың ана тілін терең меңгеріп қана қоймай, тілдік деректерді пайдалану шеберліктерін ұштап, сөйлеу мәдениетін жетілдіріп, мемлекеттік тіл мәртебесіндегі қазақ тілін күнделікті өмірде белсенді қолдана білуін мақсат етіп қоямын. Үйірме оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәні сабақтарына қызығушылықтарын арттырып, олардың рухани дүниесін кеңейтеді, ақыл-ойы мен ұлттық сана сезімін дамытуға ықпал жасап, көркемдік талғамын тәрбиелейді. Оқушылар шешен сөйлеп, өз ойын ұтымды жеткізуге дағдыланып, әртүрлі тақырыптарға шығармалар жазуға бейімделіп, өз ойларын еркін жеткізуге қол жеткізеді. Оқушылар өздерінің тіл мен әдебиетке деген қызығушылықтарын арттырып, шығармашылық ізденістерін, өзіндік қабілеттерін дамытып, өз ойын әдеби тілмен өрнектей білуге машықтанады. Көптеген оқушылар өздерінің ішкі қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алып, жеке шығармашылық таланттарын байқатып, әдебиет жанрына байланысты өлең, шығарма жазу дағдыларын қалыптастырады. Сондықтан үйірменің берері көп болғандықтан, өз жұмысымда оған ерекше маңыз беремін.

Қазақ тілі пәні үйірмесінің бағдарламасының кіріспе мазмұнында жоғары класс оқушылары үшін тіліміздің тарихи қалыптасу кезеңдерінен алғашқы мағлұмат берумен бастаймын. Қазақ тілінің қалыптасу, даму кезеңдерін білу үшін жалпы түркі тілдерінің даму жолдарымен байланыста қарастырамын. Түркі тілдерінің даму тарихы алты түрлі дәуірді өткергенін айтып, кезінде түрколог ғалым Н.А.Баскаковтың еңбегі бойынша Алтай дәуірі (б. з. д. III ғасыр), Хун дәуірі (б. з. д. III ғасырдан - б. з. V ғасыр), Көне түркі дәуірі (V-X ғасырлар), Орта түркі дәуірі (X-XV ғасырлар), Жаңа түркі дәуірі (XV-XX ғасырлар) болғанын көрсетіп, қысқаша деректер келтіремін[1]. Осы тақырыптарды өткізу барысында М.Қашқаридың сөздігін, қазақ ғалымдары Қ.Жұбанов, Ғ.Мұсабаев, Ғ.Айдаров, М.Томанов, Ә. Қайдаров, М.Оразов, Б.Сағындықов,Т.Қордабаев, А.Аманжолов, т.б. еңбектерінен деректер жинаймыз.

Алғашқы Түркі мемлекетінің, яғни түркі қағанаты дәуірі, түркі жазуы, түркі жазба тілі дәуірі, көне түркі дәуірі ретінде қарастырылатын V-X ғасыр куәсы болатын Орхон-Енисей ескерткіштері және көне ұйғыр тілі ескерткіштері жөнінде де мәліметтер беремін[3].

Орта ғасырларда бүкіл Орта Азияға тараған Юсуф Баласағунидың «Құдатқу білігі», Махмуд Қашқаридың «Диваны» туралы да деректер жинап, талқылаймыз. Махмуд Қашқаридың «Диванда» қыпшақ тілі деректерін бүгінгі қазақ тілінің алғашқы сипатын танытатындығын айтамыз[2]. Сонымен бірге ізденімпаз оқушыларымызға Әлидің «Қисса-и-Жүсіп», Сараидың «Гүлстан бит-түркиі», Хорезмидің «Мухаббат намесі» тәрізді қыпшақ жазба тілінің ескерткіштері мен Абу Хайианның грамматикасы, «Ат-тух-ва», «Қитаб булғат әл-муштақ…», «Кодекс Куманикус», т.б. жазбалар туралы ізденіс жасап, деректер оқуға жетелеймін.

Үйірме сабақтарында қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты алғашқы деректерді түркі дәуірінен бастап қарастыра отырып, оқушылардың түркі халықтарына ортақ орхон-енисей, талас жазбалары, ерте ортағасырлық «Құтадгу білік», «Мұхаббатнама» тәрізді әдеби жәдігерліктерді болған. Ерте кездердегі жазба әдеби тіл мен халық тілінің өзара байланысын

көрсететін М.Қашқаридың «Диван лұғат ат-түрік», «Кодекс Куманикус», «Оғызнама» сияқты ескерткіш деректерінен хабардар болуына назар аударамын[4].

Қазақ тілі бойынша үйірме сабақтарының бағдарламасына қазақ әдеби тілі жөнінде де мағлұмат беруді жоспарға енгіземін. Оқушыларға «әдеб тіл» жөнінде түсінік беріп, оның қалыптасу жолдарына да көңіл аударуын ескеремін. Қазіргі, қазақ әдеби тілінің қалыптасуына, жаппы халық тілі негізінде дамуына, поэзия тіл үлгілерінің ықпалы ерекше болғанын, жыраулар мен ақындар халық тіліндегі тілдік жүйелерді, сөз асылдарын өз шығармапарына таңдап, талғап енгізу арқылы ауыз әдеби тіл нормаларын қалыптастырғанын, билердің шешендік сөз толғаулары, мақал-мәтел, қанатты сөз орамдары мен фразеологиялық тіркестердің маңызын, олардың әдеби тілдің саралана түсуіне жағдай жасағанын айтамын. Әдеби тілдің қалыптасу кезеңдері ретінде қажетті әдеби, ғылыми еңбектерді талқылауды жоспарға енгіздім[5]. Осы тұрғыдан апғанда, қазақ әдеби тілінің тарихына қатысты төмендегі деректерге оқушылар ізденіс жасайды. Алдымен XV-XVII ғасырдағы Асан Қайғы, Қазтуған, Шалгез, Доспамбет, Жиембет, т.б. жыраулардың толғаулары мен ел арасына ауызша тараған түрлі шежіре, шешендік сөз, билер сөзін оқып, осы еңбектердің тіліндегі лексика-грамматикалық ерекшеліктермен танысуды тапсырамын. Ал XIX ғасырдың екінші жартысына дейінгі әдеби тіл мәселесіне Бұхар, Тәттіғара жыраулардың шығармаларын негізге алып, олардың еңбектері арқылы ақындар әлеуметтік үнге құлақ түргенін, олардың қуаныш, реніш мұң-мұқтаж, арман-тілек, өз айналадағы табиғат көріністері, т.б. туралы жырлап, араб, парсы және орыс тілдерінен де сөз ала бастағанына назар аударып, түрлі деректер жинаймыз. XIX ғасырдың екінші жартысында, яғни қазақтың жазба әдеби тілі халықтың мәдени өмірінде кең қолданыс тапқан тұстағы қазақ халқының ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев жалпы халықтық тіл негізіне арқа сүйей отырып, халықтың көп ғасырлық сөйлеу тілі мен ауыз әдеби тіліне көркем тіл арқылы жаңа өң беріп, қуатын арттырғанына назар аударамыз. Бұдан кейін тарихта ізі қалған қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде болған жағдайлар әдеби тілдің халыққа білім беру, мәдени, рухани мұраларды жасаудың қуатты құралына айналғанын, сондықтан бұл жайлар әдеби тіл нормасының тұрақталып, жан-жақты күшейе түсуіне ықпал еткенін айтып, қазақ тілінің грамматикасы жазылып, емле ережелері белгіленіп, орфографиялық, орфоэпиялық және түсіндірме сөздіктері құрастырылуы, т.б. жұмыстар әдеби тілдің қалыптасып, стильдік жан-жақтылығын қамтамасыз еткенін негізге аламыз[6]. Мектеп оқулықтарындағы Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев шығармаларын одан әрі тереңдетіп, осы тұлғалардың шығармалары бойынша мәнерлеп оқу, пікірталас, т.б. әдеби және тілдік кештер ұйымдастырамыз. Осы тақырыптар бойынша түрлі ғылыми жобалар жазып, сайыстарға да қатысамыз. Қазақ тілін дамыту бағытындағы істердің бірі жазуымызды латын қарпіне көшіру бағытындағы жұмыстарымыз да халықтың рухани жаңғыру бағытындағы келешегіне жасалған игі іс, маңызды тарихи оқиғалардың бірі деп бағаланып отырғанын да айтып өтеміз[7].

Қазіргі тәрбие жұмысында ең басты мәселелердің бірі ұлттық сананы қалыптастыру болып отыр. Оның себебі қазіргі жаһандану кезінде шетелдік өркениеттен біз өзімізге керегін таңдап алуымыз керек, ал оның ішінде қажетімізге жаратып алатынымыз да бар, ұлттық болмысымызға сай келмейтін ысырып тастайтын тұстарымыз да бар. Бұл жерде алуға болатын қажеттісі оның технологиялық жетістіктері, экономикалық өндірісті ұйымдастыру тәжірибелері мен ғылыми-техникалық мәдениеті деуге болады. Ал шетелдік рухани өмірде адамдар арасындағы адамгершілік, бауырмалдық, ізгілік, әдептілік, т.б. сияқты қасиеттерді табу өте қиын, себебі қазақтың өзгеше тәрбиелік қасиеттерін еш жерден таба алмаймыз. Сондықтан жаһанданудың қауіпті тасқынымен ағып кетпеу үшін әрбір ұлт өзінің ата-Бабадан бойға жеткен болмысын сақтап, өзге әдеттерді өзімізге бейімдеп сіңіре алуымыз керек. Сонда ғана өз ұлтының рухы биік ұрпағын дұрыс бағытта тәрбиелеуге болады. Ұлттық тәрбиенің

Требования государственного стандарта формировать коммуникативную компетенцию учащихся предполагают развитие умения говорить, слушать, понимать, рассуждать на заданные темы, создавать собственные тексты. Успех во многом зависит от способности, речевой и общей культуры учащихся, однако многое зависит и от учителя русского языка. Речевые навыки нужно отрабатывать специально, опираясь на изученный грамматический материал, систематически, проявляя настойчивость. Только в таком случае можно получить ощутимый результат.

Начиная с 5 класса, особую роль играет работа с текстом, которая помогает понимать прочитанное, совершенствовать письменную и устную речь. Главное на уроке – совершенствование всех видов речевой деятельности учащихся в их взаимосвязи: чтения, аудирования, письма, говорения. В центре внимания урока находится текст как лингвистическая единица, речевое высказывание.

Необходимо ориентировать урок на формирование как специфических, так и общеучебных умений учащихся умение использовать новые знания в тесной связи со «старыми», опираться на знания из других предметов, уметь отбирать необходимые знания из огромного количества информации, систематизировать учебный материал, пользоваться любым справочным материалом. Важно на уроке систематически и целенаправленно знакомить ребёнка с изобразительными возможностями языка, учить наблюдать за использованием различных языковых средств на примере лучших образцов художественной литературы.

Разумеется, на уроках русского языка основным видом речевой деятельности является письмо, его содержательная и нормативная сторона. Однако, надо признать, что не менее

важным для уроков не только литературы, но и русского языка должно стать чтение (обучение разным видам чтения как речевой деятельности). Если говорить о взаимосвязанном обучении разным видам речевой деятельности, то нельзя не признать, что именно чтение, восприятие текста при чтении предопределяет успех в овладении умениями и навыками, связанными с письмом, слушанием устной речью. Что же входит в понятие осознанно воспринимать печатное слово, т. е. умение читать? На уроках русского языка чтение должно быть организовано на основе учебно-научного текста лингвистического содержания. Как показывает многолетняя практика, целенаправленная работа с учебно-лингвистическим текстом включает несколько этапов анализа.

1. Подготовительный этап. Его цель – подготовить детей к восприятию содержания текста учебника или другого учебного издания типа “За страницами учебника…”

На этом этапе учитель использует такие приемы: уточнение темы и основной мысли текста (анализ темы урока, название параграфа учебника или книги, работа с эпиграфом). прогнозирование содержания текста по заголовку, по данному началу, предполагая возможное развитие основной мысли (задания типа как вы полагаете, какую новую информацию должен этот текст содержать и т. п.) словарная работа, предусматривающая уточнение лексического значения ключевых слов, известных учащимся, или новых терминов, разъяснению которых и посвящен новый текст; просмотровое чтение текста (в течение 30-40 секунд дети знакомятся с текстом с целью выяснения его структуры, графического оформления: каким образом выделена ключевая информация, имеются ли схемы, таблицы, рисунки и т. п.)

2. Этап ознакомительного чтения текста. Цель работы – достичь понимания основного содержания текста.

На данном этапе необходимо прежде всего организовать чтение текста вслух сильным учеником или про себя, для активизации внимания учащихся чтение сопровождается заданиями такого типа: постановка целевого вопроса перед чтением (например: Читая текст, определите, какая информация в нем является для вас новой, а какие сведения вам уже известны); уточнение темы и основной мысли текста; составление плана (простого или сложного); составление схем, таблиц на основе текста; подбор заголовка; оценка понимания текста (например, выяснение того – в чем необычность в подаче материала, какая информация осталась непонятной и т. п.);

3. Информационно-смысловая обработка текста. Цель заключается в том, чтобы понять и запомнить данный текст.

Информационно-смысловая обработка текста предполагает смысловой, структурный и языковой анализ. Учащиеся комментируют и оценивают главную и второстепенную, известную и неизвестную информацию, выделяют информацию иллюстрирующую, аргументирующую, фиксируя ее на письме в виде плана, тезисов, опорных схем, конспекта, резюме.

4. Выразительное чтение текста. Цель этого этапа не только в том, чтобы целенаправленно обрабатывать у учащихся навыки выразительного чтения научного текста, но и в том, чтобы, например, при изучении тем “Причастие” и “Деепричастие” семиклассники после подробного анализа фрагментов текста получили возможность еще раз внимательно изучить его содержание в полном объеме.

Также стоит отметить,что задача учителя – правильно организовать на уроке ту речевую среду, которая поможет детям почувствовать гармонию и красоту русской речи. В процессе обучения языку необходимо обращать внимание и на речетворческое осмысление того или иного слова, глубина которого измеряется прежде всего значениями, представленными в различных лингвистических словарях и справочниках. Можно рассмотреть любое слово. Например, слово “звезда” во всем его многообразии значений: т. е. лексическое, этимологическое, символическое, мифологическое, ассоциативное,

художественно-образное, т. е. поведение слова в художественном тексте. Лексическое значение слова проверяется учащимися по толковому словарю. Звезда – 1. Небесное тело, видимое глазом как светящаяся точка.

Утренняя звезда.

В синем небе звезды блещут.

В синем море волны хлещут.

2. О выдающем человеке, знаменитости. (перен.)

Звезда балета.

3. Геометрическая фигура с выступающими углами, а также предмет, имеющий такую форму.

Елочная звезда.

Фразеология.

Звезд с неба не хватает.

Звезда первой величины.

Восходящая звезда.

Родиться под счастливой звездой.

Путеводная звезда.

Этимологическое значение слова определяется по словарю.

Звезда – общеславянское … Образовано с помощью суффикса – да от сущ. gvoidъ, являющегося “звонким” дублетом слова kvoitъ (совр. свет.).

(Шанский словарь русского языка, М, 1994).

Художественное (образное) значение слова определяется в художественном тексте в процессе анализа. Например:

Текст

1.Запишите стихотворение Н. Рубцова. Какое настроение передает поэт? Определите тему, основную мысль текста. Какие слова повторяются, как это связано с содержанием стихотворения? Подготовьтесь к выразительному чтению: для этого проанализируйте внимательно строение, пунктуационное оформление предложений, отметьте слова, на которых следует сделать логическое ударение, определите место коротких и более продолжительных пауз, обратите внимание на интонацию сложных предложений, восклицательного предложения.

Звезда полей

Звезда полей во мгле заледенелой,
Остановившись, смотрит в полынью,
Уж на часах двенадцать прозвенело,
И сон окутал родину мою…
Звезда полей! В минуты потрясений
Я вспоминал, как тихо за холмом
Она горит над золотом осенним.
Она горит над зимним серебром…
Звезда полей горит, не угасая,
Для всех тревожных жителей земли,
Своим лучом приветливым касаясь
Всех городов, поднявшихся вдали.
Но только здесь, во мгле заледенелой,
Она восходит ярче и полней,
И счастлив я, пока на свете белом
Горит, горит звезда моих полей…

1. Выучите стихотворение наизусть, затем запишите его по памяти и сверьте запись.

2. Вспомните поэтические строки, в которых есть слово звезда. Почему оно в лирике Н. Рубцова является ключевым словом?

3. Вспомните стихотворения других поэтов (Ломоносова, Пушкина, Лермонтова, Блока, Есенина, Ахматовой, Заболоцкого…), в которых встречается образ звезды. Понаблюдайте, в каком значении употребляется в этих текстах многозначное слово звезда. Подумайте, почему образы звезды, света, огня, противопоставленные образам тьмы, мрака, темноты, так часто встречаются в русской поэзии.

неуютно, но сейчас тут затопят печку, и опять станет тепло и хорошо…" Таким образом, речеведческое осмысление слова – это путь от слова в словаре через слово в художественном тексте к слову своему собственному: " …всякое слово существует для говорящего в трех аспектах: как нейтральное и никому не принадлежащее слово языка, как чужое слово других людей, полное отзвуков чужих высказываний, и, наконец, как мое слово, ибо, поскольку я с ним имею дело в определенной ситуации, определенным речевым намерением, оно уже проникает моей экспрессией". Результатом процесса речеведческого осмысления слова являются творческие работы учащихся, которые становятся более совершенными и грамотными у одиннадцатиклассников.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИКТ ДЛЯ РАЗВИТИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ

Артыкова Жанат Назаралиевна.
КГУ «Средняя школа №13»

Функциональная грамотность (англ.functionalliteracy) – результат образования, который обеспечивает навыки и знания, необходимые для развития личности, получения новых знаний и достижений культуры, овладение новой техникой, успешного выполнения профессиональных обязанностей, организации семейной жизни, в т.ч. воспитания детей, решении различных жизненных проблем. Функциональная грамотность – это индикатор общественного благополучия. Высокий уровень указывает на определенные социокультурные достижения общества; низкий – является предостережением возможного социального кризиса.

Поэтому для Казахстана особую актуальность приобретает исследование уровня функциональной грамотности учащихся, т.к. все эти функциональные навыки формируются именно в школе.

Работа по формированию функциональной грамотности на уроках физики осуществляют по следующим направлениям:

- создаются презентации и флипчарты к урокам,
- используются Интернет-ресурсы, с разнообразными обучающими программами
- разрабатываются собственные программы и апробируются на уроках

Формирование функциональной грамотности школьников на уроках физики возможно через формирование у каждого учащегося опыта творческой социально значимой деятельности в реализации своих способностей средствами ИКТ.

Использование компьютерных технологий на уроках физики дало возможность: индивидуализировать и дифференцировать процесс обучения за счет возможности изучения с индивидуальной скоростью усвоения материала; осуществлять тренировку в процессе усвоения учебного материала и самоподготовку учащихся; визуализировать учебную информацию с помощью наглядного представления на экране данного процесса, зачастую

скрытого в реальном мире; проводить лабораторные работы в условиях имитации в компьютерной программе реального физического эксперимента; организовать управление учебной деятельностью и контроль за результатами усвоения учебного материала; наладить межпредметную связь между физикой и информатикой. Формирование функциональной грамотности школьников на уроках физики возможно через формирование у каждого учащегося опыта творческой социально значимой деятельности в реализации своих способностей средствами ИКТ.

При формировании функциональной грамотности, основной педагогической задачей являются

Как учить?	*Чему учить?*	*Ради чего учить?*
обновление средств обучения	обновление содержания	Ценности образования

Использование ИКТ позволяет удовлетворить потребности современных детей. На уроках необходимо активно использовать данную технологию: парная и групповая работа с компьютерной презентацией, самостоятельное составление кластера, опорной схемы по теме, составление вопросов к видеофрагменту, использование интерактивной доски. Один из видов функциональной грамотности: естественнонаучную грамотность, можно развивать на уроках физики у обучающихся 7-9 классов. Материал, содержащийся в открытых банках заданий по формированию функциональной грамотности дает следующие возможности:

- работать на уроке с информацией, представленной в разной форме (рисунок, текст, таблица, диаграмма);
- работать с реальными данными, величинами и единицами измерений;
- поощрять проявление учащимися самостоятельности, использование учебного и жизненного опыта.

Задания банка данных можно использовать в разных формах:

- показать на интерактивной доске;
-распечатать и раздать ученикам для самостоятельной или групповой работы;
- протестировать учеников в режиме тренажера.

Информационные ресурсы:

Банк заданий для формирования и оценки функциональной грамотности обучающихся основной школы (5–9 классы)	http://skiv.instrao.ru/bank-zadaniy/
Открытый банк заданий для оценки естественнонаучной грамотности (VII–IX классы)	https://fipi.ru/otkrytyy-bank-zadaniy-dlya-otsenki-yestestvennonauchnoy-gramotnosti
Электронный банк заданий для оценки функциональной грамотности	https://fg.resh.edu.ru/

Использование виртуальных лабораторных работ позволяет моделировать реальные процессы для исследование и описание их через физические параметры.

Одним из таких приложений является симулятор PhET Interactive Simulations.

Энергетический скейт-парк **Статическое электричество**





Некоторые задания можно использовать не только на уроках физики (географии, биологии, химии, истории, ОБЖ, астрономии). В этих случаях использование комплексного задания будет способствовать установлению межпредметных связей и формированию умений применять те научные знания, которые необходимы для объяснения данного явления в независимости от формальной предметной принадлежности явления, что является основной целью для развития функциональной грамотности учащихся.

Список литературы

1. Захарова, И. Г. Информационные технологии в образовании : учеб.пособие для студ. высш. учеб.заведений. Издательский центр «Академия», 2008. – 192 с.

2. Пивоварова, М. А. Информационные технологии в учебном процессе: возможности и опасности, №5. – с. 139 – 140.

3. Полат, Е. С. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования : учеб.пособие для студ. высш. учеб. Издательский центр «Академия

4. Суртаева, Н. Н. Нетрадиционные образовательные технологии – Новокузнецк : 2000.

5.Уроки физики с применением ИКТ в 7-11 классах. - М.: «Глобус»,2010

6.www.fisika.ru

МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕТІЛДІРУ ӘДІСТЕРІ

Арынғазы Гауһар Қайырғалиқызы
Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қарасу негізгі мектебі

Математика оқушыларды математикалық әдістерімен, әртүрлі есептеу және есеп құрастыру тәсілдерімен қаруландырады, яғни оларды әртүрлі пәндерде оқытылатын нақты құбылыстарды сипаттауға және талдау жасауға бейімдейді.

Мұғалім оқушыларға математикалық білімдерінің басқа оқу пәндеріндегі, практикадағы қолдануын әрдайым көрсетіп отыруы керек. Мұғалім оқушыларды есептеуге жаттықтырғанмен, көптеген дербес жағдайларды мысалмен көрсетпейді. Жоғары сынып оқушысынан сутегі мен оттегі массаларының, мысалы судың (H_2O) құрамындағы проценттік қатынасы қандай деп сұраса, ол жауап бере алмауы мүмкін. Бұл оқушының есептей алмағандығынан емес, бұл оның химиялық есепті математика тіліне аудара алмағандығынын, жиындар теориясы қалаптастыратын табиғаттағы бардың барлығына жалпы көзқарастың болмауынан.

Оқушылардың натурал сандар туралы шектелген жиынтықты құрайтын объектілерді есептеу процесінде пайда болатын абстракция туралы түсініктері бар болса да, олардың көпшілігі күнделікті өмірде бір-бірінен ерекшеленген объектілерді тек есептеп қана қоймай, шамаларды (мысалы, ұзындық, аудан, көлем, температура, уақыт және т.б.) өлшеу керектігін, сонымен қатар бұл процеспен нақты сандарды және оларға амалдарды қолдануды байланыстырмайды. Мысалы, келесі қарапайым есептің:

$\frac{1}{4}$ метр $= 25$ сантиметр, $\sqrt{\frac{1}{4}\text{метр}} = \sqrt{25\text{ сантиметр}}$, $\frac{1}{2}$ метр $= 5$ сантиметр

қорытындысын түсіндіруде тек оқушылар ғана емес, кейде мұғалімдер де қиналады.

Математиканың басқа ғылымдарға енуінің себебі неде және оның танымдық ролі мен функциялары қандай деген мәселелерді алдымен мұғалімның өзі түсініп алуы керек.

Мұғалім жаңа математикалық ұғымдарды еңгізу барысында олардың өмірдегі, басқа пәндердегі қолдануын көрсетіп отыруы қажет. Себебі, математикада оқытылатын теңдеулер, теңсіздіктер, олардың жүйелері, функциялар әртүрлі процестердің математикалық моделі болып табылатыны анық. Сонымен қатар модель жасауда әртүрлі математикалық объектілер: сандық кестелер, әріпті формулалар, қатарлар, геометриялық фигуралар, әртүрлі схемалар, Венн диаграммалары, графтар және т.б. қолданылады.

Ғылыми ақпарат көлемінің көбею жағдайында оқушылардың ойлау қабілетін дамутудың маңызы өте зор. Сондықтан оқушылардың өзіндік жұмыс істеуінің ролін күшейтуге, барлық оқу пәндері бойынша олардың теориялық білімдер шеңберінің кеңеюіне аса назар аудару керек. Оқушылардың бұрын алған білімдерін тереңдетуге және бекітуге, олардың белсенділігін арттыруға пәнаралық байланыстар өте көп көмектеседі.

Әдетте, жаңа тақырыпты өту барысында оқушылардың оған деген қызығушылығын ояту керек, жаңа материалдың теориялық және практикалық мағынасын, басқа пәндердегі қолдану мүмкіндіктерін көрсету қажет. Математикалық есептер оқушылардың ұғымдарды, теорияны және математика әдістерін меңгерудің тиімді де, айырбасталмайтын құралы болып табылады. Осы сұрақтарды ашуда негізгі роль «пәнаралық мазмұнды есеперге» жүктеледі. Оқушылар іс жүзінде кездесетін есептерді шеше білулері тиіс, ал мұғалім ол үшін осы заманғы ғылыми білімді математикаландыру жетістіктерін сабақта пайдаланып отыруы керек.

Пәнаралық есептер берілген оқу пәнінің сабағында әр түрлі мақсатпен қолданылады: оқушылардың берілген пән бойынша білімін нығайтып, терендету үшін; сол білімдердің қолданылуын көрсету үшін; оқушылардың кәсіби білімі мен білігін қалыптастыру үшін және т.б. Мысалы, есептің берілген шарттары бойынша жәшік жасау арқылы оқушылар материал үнемдеуді іс жүзінде үйренеді. Үй, басқа да құрылыс салғанда олардың формасына назар аударып, қанша кірпіш үнемдеуге болатынын біледі; газгольдерді (газ жиналатын, сақталатын орын), бензин сақтайтын цистерналарды жасағанда олардың формалары шарға жақындағанда қажетті темірдің үнемделетінін біледі.

Математика сабағы басқа пәндердің сабақтарынан күрделі, оны түсіну үшін ерінбей еңбек етіп, төзімді болып, талмай оқу қажет. Сондықтан, әр мұғалім оқушының қызығушылығын арттырып, сабақты түрлендіре жүргізсе, жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады. Бұл кезде ол оқушыларға математиканың өзіне тән ерекшеліктерін, оның абстрактілі ғылым ретіндегі қырларын түсінуге кедергі болатындай ешбір кемшіліктер жібермей және материалды үйіп-төкпей келтіруі қажет.

Оқыту процесіндегі басты мақсат - оқушыға дайын білімді беру ғана емес, оларды дербес ойлауға да үйрету.

Математикадан өтілетін факультативтік сабақтарда оқушылардың қызығушылығын қалыптастыру, олардың еңбек дағдысын, ізденімпаздығын арттыру, өздерінің мектеп бағдарламасы бойынша алған білімін дамыта отырып, оның өмірге қажеттігін айқындауға, қолдану білуге дағдыландыруға баулу керек.

Осы уақытқа дейін экономика ғылымдарында математика тек түсіндірмелі роль (арифметикалық мысалдар немесе алгебралық схемалар түрінде) атқарып келсе, қазіргі кезде жағдай күрт өзгерді. Қазіргі уақытта ғылымның әртүрлі салаларында (тарихта, экономикалық географияда, қоғамтануда және т.б.), сәйкес оқу пәндерінде кездесетін экономикалық ұғымдар мен көрсеткіштерді талдап түсіндіруге математикалық әдістер қолданылады. Сондықтан, оқушыларға математика сабағында экономикалық тәрбие беруде пәнаралық байланыстың маңызы зор.

Математиканың сабақтас пәндермен өзара байланыстарын нақтылау проблемасына арналған жұмыстардың арасынан Н.С.Антоновтың жұмысын [10] атау керек.

Н.С.Антоновтың пәнаралық байланыстарға берген сипаттамалары негізінде осы байланыстардың компоненттері анықталады: байланыстың құрамы, байланыс әдісі, байланыстың бағытталуы. Осы негізде «пәнаралық байланыстарды іске асыру» идеясына түсінік береді.

Пәнаралық байланыстарды іске асыру деп төменгі біліктерді түсінеміз:

1) математиканың сабақтас пәндермен байланыстарын бейнелейтін материалдың мазмұнын таңдап алу (байланыс құрамы);

2) осы байланыстарды орнықтыруды ұйымдастыру формаларын ашу (байланыс әдісі);

3) осы байланыстардың қолдану әдістемесін жасау (байланыстың бағытталуы).

Өзара байланыстар орнатылған оқу пәндерін және олардың сәйкес тақырыптарын көрсету арқылы байланыстардың құрамындағы байланыс объектілері анықталады.

Байланыс әдісі мұғалімнің ауызша мәлімдемелері, әнгімелері түрлерінде, есепті шығару процесінде, үй тапсырмасы формасында, оқушының баяндамасы және т.б. түрінде іске асырылады.

Байланыстардың бағыттарын анықтағанда біржақты және екіжақты байланыстар жиі есепке алынады, бұл қарастырып отырған нышанның анықтамасының айқын болмағаны. Сондықтан, пәнаралық байланыстардың бағытын байланыстар объектілерінің арасындағы хронологиялық критериі бойынша қараймыз.

Пәнаралық байланыстарды іске асыру жолдары да жан-жақты. Атап айтсақ:

1) Математикалық ұғымдарды қалыптастыруда сол ұғымның мазмұнын ашу. Сабақтас пәндерде кездесетін ұғымды, мүмкіндігінше, бірмәнді түрде талқылау. Ал бір терминмен аталатын ұғымдардың мазмұндары әртүрлі болып келсе, онда оны оқушыларға (жас ерекшеліктеріне қарай) жете түсіндіру.

2) Математикалық ұғымдарды қалыптастырудағы басқа пәндердің материалдарымен, мәліметтерін қолдану.

3) Пәнаралық есептер және оларға қойылатын талаптар; математикалық модельдеу, абстракция, абстракциялаудың түрлері; т.б. сұрақтарды қарастыру.

4) Математика пәнін оқыту барысында оқушылардың логикалық ой-қабілетін дамыту.

5) Оқытылған материалдың күнделікті өмірдегі және сабақтас пәндердегі практикалық қолданыстарын көрсету.

Белгілі, мектеп оқулықтарына, соның ішінде математика оқулықтарына, арнайы талаптар қойылады: берілген сыныптың бағдарламасына сәйкестігі; арналып жазылғандарға түсінікті болуы; оқушылардың жас ерекшеліктеріне, олардың даму деңгейлеріне сәйкестігі; ақыл-ой іс-әрекетін орындау дағдыларын өз бетімен қалыптастыруға бағытталуы; көрнекілігі және т.б. Элементар функциялардың графиктерін сызуда, физикалық шамалардың өзгерісін графиктік жолмен сипаттауда салу есептері жиі қолданылады.

Геометриялық салулардың өндірісте, тұрмыстық, зергерлік бұйымдарда, сәулет өнерінде, қару-жарақ, ер-тұрман, жасау-жабдықтарында қажеттілігі теориялық материалдардың нақты іс-әрекет кезінде қолданылатындығын көрсетеді.

Салу есебі сызу пәнімен өзара тығыз байланыста. Сызу сабағында оқушылар геометриялық фигураларды салудың кейбір әдістерін нақты практикалық істерінде пайдаланады. Ал геометрия сабағында, әсіресе стереометрия курсында, сызудың талаптарын қанағаттандыру тіптен қажет (көрінетін, көрінбейтін сызықтар, олардың ені, түрі, т.т.б.).

Математиканы оқыту барысында сабақтас пәндерден және нақтылы өмірден түсінікті түрде келтірілген фактілер оқушыларға ғылыми білімдердің пайда болуын, қоршаған орта мен табиғат құбылыстарының танымал екенін көрсетуге мүмкіндік береді. Осы жағдайда ғана оқушылар оқытылатын жеке пәндердің, оның ішінде математиканың ұғымдары мен абстрактілі тұжырымдарын дұрыс сезіне біледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012ж
2. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі 7-8 сынып алгебра және геометрия пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2017ж-2018ж
3. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2016ж
4. Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения, 2012ж

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ– ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Арыстанова Рысты Жолжановна
Өтек негізгі мектебі Қобда ауданы

Жалғыз білім үйретуге емес, біліммен бірге
жақсы тәрбиені қоса беру керек.
Міржақып Дулатұлы

Тәуелсіздігімізді алып,өркениеттілікке құлаш сермеген бүгінгі таңда адамгершілігі мол,сапалы да салауатты ұрпақ тәрбиелеуде халықтық тәрбиенің алатын орны ерекше.Қазір оқу орындарында ұлттық тәрбиеге айрықша мән берілуде. «Жастар біздің болашағымыз» дейтін болсақ, сол жастарымызды ұлтын сүйетін ұлтжанды, Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат етіп тәрбиелеу үшін оларға ұлттық тәрбие қажет екенін өмірдің өзі-ақ көрсетіп отыр. Сабақ үрдісінде оқушыларға тұрмыстық тәрбиеге байланысты салт-дәстүрлер, бала дүниеге келгеннен өскенге дейінгі аралықта қолданылатын салт-дәстүр, ырым-тыйымның рөлі, сәлемдесу әдебі, сыйластық, қонақ күту, ас ішу әдебі, инабаттылық дәстүрлері, сөйлеу әдебі және киім кию тәрбиесі, ұлттық тәрбиедегі еңбек тәрбиесінің орны, қазақ халқының озық мәдениет үлгілері мен олардың тәрбиелік мәні сияқты ұлттық құндылықтарымызды оқытуымыз керек. .

Ендеше, «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» демекші, ел болып, ұлт болып қаламыз десек, «Ұлттық тәрбие» балабақшалар мен мектептерден бастап қолға алғанымыз жөн деп ойлаймын. Халықтық педагогика – қоғамның рухани, мәдени және адамгершілік қарым-қатынастарындағы ең қымбат қазына дейтін болсақ, оқушыларға ұлтымыздың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін үйрету, оны оқушы ойына ұялату арқылы ізгілікке, адамгершілікке, ұлтжандылыққа, өз салт-дәстүрін құрмет тұтуға баулу – ұстаздардың басты мәселесі.

Бүгін де өзгелермен тереземіз теңесіп, өркениетті елдер қатарынан көрініп келе жатқан біз үшін ұлттық дәстүрімізді терең меңгеріп, ұлттық болмысымызды сақтап қалу өте қажет деп білемін. Сондықтан еліміздің болашағын тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатып отырған ұстаздар үшін бұл ең басты міндет деп санап, өз сабағымда осы мәселеге баса назар аударуға тырысамын. Жалпы қазақ тілі мен әдебиет пәнін оқытуда халықтық педагогикасыз болмайтыны белгілі ғой. Әйтсе де оны оқушы санасына терең бойлату үшін күнделікті сабақта тиімді пайдаға асыра білу өте қажет. Мысалы, бастауыш сыныптарда халық ауыз әдебиетін оқытудың өзі - халықтық педагогика. Қазақ халқының тәлімдік мәні, ой-толғаныстары бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс-термелерде, мақал-мәтелдерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні — адамгершілік-имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, дене, отбасы тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі. Халқымыз өз ұрпағын бесікте жаткан кезінен өлең-жыр мен әңгіме, ертегі, тақпақ, санамақ арқылы тәрбиелеп отырған. Бала аяғын жерге нық басқаннан кезден қоршаған ортаның құпиясын ғылыми тұрғыдан сезініп білмесе де, жұлдыздарға, түрлі белгілерге қарап жол тауып, қаршадайынан есту, көру сезімдері шыныққып, алыстағыны болжайтын, жоғалғанды табатын ішіл де, мерген де болған.

Халықтық шығармалар ішіндегі әр жакты айқын бейне, қызықты оқиға, әдемі қисын, жақсы ұйқастардың бәрі балаларды қуантып, еліктіре әсер етіп, ой-пікірін шыңдап отырған. Сондықтан халық ауыз әдебиеті үлгілерін оқытуда тек оны оқытып, жаттатып, талдатып қана қоюға болмайды. Сол арқылы тәрбиелеу керек. Ата - дәстүрімізді мақтан етіп, оқушы жүрегінде өзінің қазақ болып туғанына мақтаныш ететіндей сезімді оятуымыз қажет. Мысалы: «Айналдырған тас» туралы аңызды тыңдап көріңіздерші: «Ел кезіп жүрген бір адам келе жатса, бір алдында жатқан үлкен тасты көреді. Ол таста «Аудар да, оқы» — деп жазылған жазуды көреді. Ол тасты әрең дегенде аударып, екінші жағын қараса, «Өз білгеніңе назар аудармай, жаңа білім неге іздейсің?» — деген жазуды оқиды», яғни бала тәрбиесінде туындап жатқан мәселенің шешімі өзімізде екендігін көруге болады.

Мақал-мәтелдермен танысу алғашқы мектеп табалдырығынан басталады. Осы кезден жас бүлдіршіндер білім, оқу туралы мақал- мәтелдердің алғашқы үлгілермен танысады. Мақал -мәтелдерді оқу, талдау барысында оқушының тілі дамып, ой -өрісі кеңейді. Бұл жұмыстың балалардың кітап, газет журналдары аз оқитындығын ескерсек, баланың ана- тілін терең түсініп , өз тілінде сөйлеу қабілетін арттырады. Ал ұлы Абайдың сөйлеген тілдің әсемдігімен әрлігін сезіп, түсінген бала өз елінің ардақты ұлдары болады дегеніне сеніміміз мол. Ертегілерден көріністер,шағын қойылымдар баланың бойында мәнерлеп оқу дағдыларын,өзін-өзі ұстай білу әдеттерін баланың бойына дарытады.

Жаңылтпаштар – баланың жылдам оқу қабілетін арттыруға көп көмегі тиеді. Баланың оқу жылдамдығын орындай алмау себептерінің бірі-оның жақ сүйектерінің бұлшық еттерінің нашар дамуынан деп те саналады . Ал жаңылтпаш жаттау , оны тез, жылдам айтқызу баланың оқу қарқынын жоғарлатуға өз үлесін қосады деп ойлаймыз. Бұл әрине оқу сапасының артуына көмегін тигізеді. Өз жұмысымда балалармен осындай жұмысты әдебиет сабақтарында көп қолданамын.

Бастауыш сыныптағы тақырыптар бір-бірімен тығыз байланыста жылдан-жылға баланың ой-өрісінің өсуіне сәйкес дамып, кеңейтіліп отырады.Бұның өзі баланың алған білімінің сапалы , терең болуына көмектеседі. Мысалы: Төрт түлік мал туралы тақырып 1 сыныптан 4 сыныпқа дейін әр сынып сайын күрделене отырылып берілгенін байқаймыз. Бұл оқушының сол тақырып бойынша білім сапасының артуына әсер етеді. Осы тақырыптарды оқу кезінде оқушылар өзін қоршаған ортамен кеңірек танысып, өз дүниетанымдарын тереңде түседі.

Балалар сүйіп айтатын санамақтарды алатын болсақ балаға тәрбиелік жағынан да білімдік жағынанда аса құнды мұра.Санамақты жаттай отырып бала сан қатарын да дұрыс айтуға

үйренеді.Бастауыш сыныптарда сандармен танысуда қазақтың киелі сандары (7,3)туралы таныстырып өтуді жөн көреміз. Сандардың құрамын өткен кезде осы киелісандардың құрамы тез есте қалып баланың білім сапасын арттыра түсетіне көз жеткіздік.Мысалы: **Қазақта мынадай құнды өсиеттер бар.**

Жеті қазына	**Жеті ата**	**Жеті жұт**
Ер жігіт	1. Бала	1. Құрғақшылық
Сұлу әйел	2. Әке	2. Жұт (мал қырылу)
Ақыл, білім	3.Ата	3.Өрт
Жүйрік ат	4.Арғы ата	4. Оба (ауру)
Қыран бүркіт	5. Баба	5. Соғыс
Берен мылтық	6. Түп ата	6. Топан су
Жүйрік тазы (ит)	7. Тек ата	7. Зілзала (жер сілкіну)

Үш ғайып	**Үш қадірлі**	**Үш қуат**
Ажал ғайып	1. Ырыс	1. Ақыл қуат
Қонақ ғайып	2. Бақ	2. Жүрек қуат
Несібе ғайып	3. Дәулет	3. Тіл қуат

Геометриялық фигуралардың ішіндегі әртүрлі ою- өрнектер халқымыздың әсемдікті көргендігін, сұлулықты өз бойына дарытқан халық екенін көрсетеді.

Ұлттық ойындар баланың дене бітімінің дамуына әсер ете отырып,күш қайраты жақсы дамыған азаматтар тәрбиелеуді көздеген.«Сақина салу», «Орамал тастау» сияқты ұлттық ойындар сабақ үстінде де ойнатамыз. Бұл олардың өз халқына деген сүйіспеншілігі мен құрметін арттыра түсетіні кәміл. Болашақ ұрпақ осы бастан қазақтың ұлттық киімдері мен ою-өрнектерімен танысып, «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» дегендей, домбырамыз бен «бесік жырын» айтып, ақ бесікке әлдилеп жолбарыс жүрек батырлар мен ақындарды тәрбиелеген апа-әжелеріміздің бізге қалдырған ақ бесігін көріп өссіндеген ниетпен «Бесікке салу, тұсау кесу, сырға салу т.б салт-дәстүрлерді тәрбие сағаттарында көрсетуге тырысамын.

Денсаулық күнінде өткізілетін жарыстар оқушыларымызды ұлттық ойын түрлерімен таныстырып қоймай, сол ойындарды ойнап өз күштерін сынасуға мүмкіндік береді. Ойын барысында оқушылар топпен жұмыс жасауға , бір-біріне көмектесуге үйренеді. Мектебімізде жақсы дамып келе жатқан ұлттық ойынымыз- тоғызқұмалақ. Ал тоғызқұмалақ ойыны баланың математикалық ойлау қабілетін дамытатынын еске алсақ математика сабақтарындағы оқушылардың ауызша есептей білу қабілеттерінің артқаның көре аламыз. Қорыта айтқанда,халықтық педагогиканың нысаналы міндеті - өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бойына атадан–балаға мирас болып қалып келе жатқан ұлттық өзіндік адамшыл қадір – қасиеттерді, салт – дәстүрлер мен әдет – ғұрыптардың терең тәлімдік мәні бар озық үлгі - өнегелерін сіңдіру; шаруашылық жүргізудің ұлттық машықтары мен ісмерлігін меңгерту; жалпыадамзатқа тән білім негіздерін оқытып үйрету; дағды – іскерліктермен біліктілікке баулу; өнерге, сөз өнеріне, би билеуге, музыкаға, қол өнеріне, еңбекке т.б. бейімдеу. Бір сөзбен айтқанда, өсіп келе жатқан жас ұрпақты өз ұлтының мәртебесін тасытатындай лайықты өмір сүруге даярлау.

Бесікке салу

Тұсау кесер

Көрініс «Шалқан» ертегісі

Әдебиеттер тізімі

1. Тілеужан М. Рухани өнегелі тәрбие // Бала тәрбиесі. — Алматы, 2006. — № 2. — 24-б.
2. Ахметова М.Т. Адамгершілік-рухани тәрбиенің маңыздылығы // Өзіндік таным. — Алматы, — № 2. — 18-б.
3. Бабаев С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы // Бастауыш мектепте оқыту. — 2007. — №
4. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші // Бала тәрбиесі. — 2008. — № 47. — 38–43-б.

5E ОҚЫТУ МОДЕЛІ

Асабаева Алтынай Канатовна
Aqbobek International School

"5e оқыту моделі бес кезеңнен тұрады: тарту, зерттеу, түсіндіру, әзірлеу және бағалау. Ол оқушыларды оқу орталығына орналастыратын мұқият жоспарланған оқыту тізбегін қамтамасыз етеді. Бұл барлық оқушыларды зерттеуге, ғылыми тұжырымдамалар туралы түсінік қалыптастыруға және бұл түсінікті құбылыстармен немесе инженерлік мәселелермен байланыстыруға шақырады". - Роджер Бэйби.

Негізгі идеялар

-Мұғалімдер барлық үшін ең жақсы алғашқы оқытуды қамтамасыз ететін сабақтар мен сабақтардың дәйектілігі үшін 5E оқыту моделін қолданады. Осы процестің арқасында олар оқытуды жекелендіру мүмкіндіктерін ерекше атап өтеді.

-5e оқыту моделінің әр кезеңінде мұғалімдер жиналған дәлелдер немесе алынған ақпарат оқушыларға құбылысты түсінуге немесе дизайн мәселесін шешуге қалай көмектесетінін мұқият қарастырады.

-5e моделін оңтайлы қолдану-бұл екі-үш аптаға созылатын жаттығулар тізбегі, әр кезең бір немесе бірнеше сабақ үшін негіз ретінде қолданылады.

-5E моделін бір сабақтың негізі ретінде пайдалану жеке кезеңдердің тиімділігін төмендетеді, өйткені оқу жүйелілігі аясында мағыналы және терең білім алу уақыты мен мүмкіндіктері азаяды.

Зерттеулерге сәйкес, оқуға ең үлкен әсер-жетіспейтін фазалардың болмауы немесе олардың орнын ауыстыру (мысалы, алдымен түсіндіріп, содан кейін зерттеу).

-Фазаларды тұжырымдаманы немесе қабілетті дамыту үшін уақытты немесе тәжірибені бөлу үшін қажет болған жағдайда қайталауға немесе айналдыруға болады (мысалы, тарту, зерттеу, түсіндіру, түсіндіру, бағалау).

-5е жаттығу тізбегіндегі әрекеттер ғылыми және инженерлік тәжірибені, өтпелі тұжырымдамалар мен негізгі тәртіптік идеяларды біріктіретіндей етіп жасалуы керек.

"5е оқыту моделі белсенді оқытуға ықпал етеді. Оқушылар тек тыңдау мен оқуға ғана емес. Олар сұрақ қоюды, байқауды, модельдеуді, талдауды, түсіндіруді, қорытынды жасауды, фактілерді дәлелдеуді және өз түсініктері туралы сөйлесуді үйренеді. Оқушылар сыныптастарымен бірге түсіндіру, мәселелерді шешу және зерттеу жұмыстарын жоспарлау және жүргізу үшін жұмыс істейді". - Роджер Бэйби.

Тарту (Engage)

5е моделінің бірінші кезеңі студенттерді құбылысқа, объектіге, проблемаға, жағдайға немесе оқиғаға ақылмен назар аударуға мәжбүр етеді. Қатысу кезеңіндегі іс-шаралар студенттерге өткен және қазіргі оқу тәжірибесі арасында байланыс орнатуға, алдыңғы ұғымдарды ашуға және негізгі сұрақтар мен оқу нәтижелеріне қатысты ойлауды ұйымдастыруға бағытталған. Сабақ кезеңіндегі мұғалімнің рөлі-жағдайды елестету, оқу міндетін анықтау және іс-әрекеттің ережелері мен рәсімдерін белгілеу. Мұғалім сонымен қатар алдағы сабақтарға ресурстарға айналатын оқушылар қолданатын идеялар, тәжірибелер мен тілдердің ауқымын анықтау үшін бастапқы пікірталастарды құрады.

Оқушылардың іс-әрекеті. Мынадай сұрақтар қояды: "неге бұлай болды?"- Мен бұл туралы не білемін? — Мен бұл туралы не біле аламын? "Бұл мәселені қалай шешуге болады?». Қызығушылық пен таңдану арқылы тақырыпқа қызығушылық танытады.

Қатысым, идеяларды білдіру, бақылаулармен бөлісу және бастапқы модельдерді құру арқылы көрсетеді. Тұжырымдаманың немесе идеяның қазіргі түсінігін білдіреді.

Оқыту стратегиясы. Сұрақтар туғызады немесе проблемалар туғызады. Оқушылардың ағымдағы білімін ашатын жауаптарды анықтайды. Оқушыларға алдыңғы жұмысымен байланыс орнатуға көмектеседі. Оқу нәтижелерін жариялайды және сабақта оларға нақты сілтеме жасайды. Оқушыларға өз ойларын айтуды ұсынады. Оқушыларға өз сұрақтарын қоюды ұсынады.

Зерттеу (Explore)

Оқушылар іс-әрекетке кіріскеннен кейін оларға идеяларды үйренуге уақыт қажет. Зерттеу қызметі барлық студенттердің ғылыми және технологиялық тұжырымдамалар мен түсіндірмелерді ресми түрде ұсыну және талқылау кезінде кейінірек қолдануға болатын жалпы, нақты тәжірибеге ие болатындай етіп жасалған. Оқушылардың объектілерді, оқиғаларды немесе жағдайларды зерттеуге уақыты бар. Осы іс-әрекеттерге психикалық және физикалық қатысуының нәтижесінде студенттер оқиғаларға күмән келтіреді, заңдылықтарды бақылайды, айнымалыларды анықтайды және тексереді және себеп-салдар байланысын орнатады. Оқу кезеңіндегі мұғалімнің рөлі-оқуға көмектесу. Олар іс-әрекетті бастайды және студенттерге объектілерді, материалдар мен жағдайларды зерттеуге уақыт пен мүмкіндік береді. Мұғалім оқушыларды бақылаулар мен деректерді жазып, талдап, модельдер немесе бастапқы түсініктемелер құра бастағанда жаттықтырады және бағыттайды.

Оқушылардың іс-әрекеті. Болжамдар мен гипотезаларды тексереді; жаңа болжамдар мен гипотезаларды қалыптастырады. Басқалармен проблемаларды талқылайды.

Олар бақылайтын, сипаттайтын және деректерді тіркейтін зерттеулерді жоспарлайды және жүргізеді. Мәселені шешудің немесе сұраққа жауап берудің әртүрлі тәсілдерін қолданады.

Бастапқы модельдерді жасайды. Идеяларды басқалардың идеяларымен салыстырады.

Оқыту стратегиясы. Сұрақтар мен мәселелерді ұсынады немесе түсіндіреді. Жалпы тәжірибені қамтамасыз етеді. Студенттерді өзара әрекеттескен кезде бақылайды және тыңдайды. Студенттерге кеңесші ретінде қызмет етеді.Оқушылардың өзара әрекеттесуін қолдайды.Оқушыларға өз тәжірибелерін түсінуге және қажет болған жағдайда оларды қайта

бағыттауға көмектесу үшін жетекші сұрақтар қояды. Оқушыларға тапсырмаларды шешуге уақыт береді.

Түсіндіру (Explain) Түсіндіру кезеңі екі бөліктен тұрады. Біріншіден, мұғалім студенттерден "тарту" және "оқу"кезеңдерінде алынған бастапқы модельдер мен түсініктемелермен бөлісуді сұрайды. Екіншіден, мұғалім оқушылардың оқуын қолдау үшін ресурстар мен ақпарат береді және ғылыми немесе технологиялық тұжырымдамалармен таныстырады. Оқушылар осы ресурстар мен ақпаратты, сондай-ақ басқа студенттердің идеяларын өздерінің модельдері мен дәлелдемелерге негізделген түсіндірмелерін құру немесе қайта қарау үшін пайдаланады. Инженерияда студенттер белгіленген критерийлер негізінде мәселелерді шешеді.

Оқушылардың іс-әрекеті. Басқа оқушыларға модельдер, түсініктемелер, жауаптар немесе мүмкін шешімдерді көрсетеді. Басқалар ұсынған түсіндірмелерді сыни тыңдайды және сұрақ қояды

Тергеу дәлелдерін қолдана отырып түсіндіреді. Жапсырмаларды, терминологияны және ресми ғылыми тілді қолданады. Қазіргі ойлауды бұрынғы ойлаумен салыстырады

Идеялар мен қазіргі түсініктерді жазады. Жаңа дәлелдер немесе пайымдау ұсынылған кезде идеяларды, модельдер мен түсініктемелерді түзетеді.

Оқыту стратегиясы. Оқушыларды ұғымдар мен анықтамаларды өз сөздерімен түсіндіруге шақырады. Оқушылардан негіздеме (дәлелдемелер) мен түсініктемелер сұратады. Шағын дәріс, мәтін, Интернет немесе басқа ресурстар арқылы анықтамаларды, түсіндірмелерді және ақпаратты ресми түрде ұсынады.

Оқушылардың түсініктемелеріне негізделген.

Студенттерге өз идеяларын басқалармен салыстыруға және қажет болған жағдайда өз идеяларын қайта қарауға уақыт береді.

Әзірлеу (Elaborate)

Оқушылар құбылыстың түсіндірмелерін салғаннан немесе мәселенің шешімін жасағаннан кейін, оларды өздері Үйренетін ұғымдарды, процестерді немесе дағдыларды қолданатын, кеңейтетін немесе дамытатын әрі қарайғы тәжірибеге тарту маңызды. Кейбір студенттер әлі де дұрыс емес түсініктерге ие болуы мүмкін немесе тұжырымдаманы тек зерттеу тәжірибесі тұрғысынан түсінуі мүмкін. Әзірленген әрекеттер студенттерге тұжырымдамалар мен дағдылар туралы түсініктерін қолдануға уақыт береді. Олар өз түсініктерін ұқсас құбылыстарға немесе проблемаларға қолдана алады.

Оқушылардың іс-әрекеті. Жаңа, бірақ ұқсас жағдайларда жаңа белгілерді, анықтамаларды, түсіндірмелерді және дағдыларды қолданады. Сұрақтар қою, шешімдер ұсыну, шешімдер қабылдау, эксперименттерді жоспарлау немесе мәселелерді шешу үшін алдыңғы ақпаратты пайдаланады.Дәлелдемелерден негізделген тұжырымдар жасайды

Дәлелдемелер мен пайымдауларды қолдана отырып, басқалардың жасаған модельдерін, түсіндірмелерін немесе дәлелдерін сынайды. Жаңа және алдыңғы тәжірибе арасындағы тұжырымдамалық байланыстарды орнатады. Түсінуді басқаларға береді

Оқыту стратегиясы. Оқушылар бұрын берілген сөздік қорын, анықтамалары мен түсіндірмелерін жаңа контексте қолданады деп күтеді.Оқушыларды жаңа жағдайларда тұжырымдамалар мен дағдыларды қолдануға шақырады. Қосымша дәлелдер, түсініктемелер немесе дәлелдер келтіреді.Студенттердің бұрын енгізілген ғылыми терминдер мен сипаттамаларды қолдануын күшейтеді. Оқушыларға дәлелдер мен мәліметтер негізінде ақылға қонымды қорытынды жасауға көмектесетін сұрақтар қояды.

Бағалау (evaluate)

Оқушылардың түсініктемелерінің сапасы туралы пікірлер алуы маңызды. Бейресми түрде, бұл оқудың барлық кезеңінде орын алуы мүмкін. Ресми түрде, мұғалім қорытынды бағалауды оқу тізбегінің соңында жүргізе алады. Бағалау кезеңінде студенттер өздерінің

түсініктері мен қабілеттерін бағалайды, ал мұғалімдер жеке оқушылардың оқу мақсаттары мен нәтижелеріне қол жеткізудегі жетістіктерін бағалайды.

Оқушылардың іс-әрекеті. Басқа оқушыларға кері байланыс береді.Прогресті немесе білімді бағалайды. Жұмысты айдар бойынша немесе белгіленген критерийлер бойынша тексереді. Ағымдағы түсінікті алдыңғы біліммен салыстыру арқылы прогресті бағалайды.

Тұжырымдаманы тереңдететін немесе қосымша оқуға әкелетін қосымша сұрақтар қояды.

Негізгі тәртіптік идеяларды, толассыз тұжырымдамаларды, сондай-ақ ғылыми және инженерлік тәжірибелерді түсінуді көрсетеді.Бақылауларды, дәлелдемелерді және бұрын қабылданған түсініктемелерді қолдана отырып, Ашық сұрақтарға жауап береді.

Оқыту стратегиясы

Ашық сұрақтар қояды, мысалы: "сіз неге ойлайсыз...?"- Сізде қандай дәлелдер бар? - Сіз сұраққа қалай жауап берер едіңіз? Оқушылар үйренген ұғымдарды жеке түсінуді және дағдыларды орындауды көрсеткен кезде жазбаларды бақылайды және жазады.

Оқушылардың түсінуінің дәлелдерін жинау үшін әртүрлі бағаларды қолданады.

Оқушыларға өздерінің жетістіктерін бағалауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. https://ngss.sdcoe.net/Evidence-Based-Practices/5E-Model-of-Instruction

2. Обучение науке BSCS. 2019. «Учебная модель BSCS 5E». Получено с https://bscs.org/bscs-5e-instructional-model/

3. Байби, Р.В., и Ландес, Н.М. 1990. «Наука для жизни и жизни: научная программа начальной школы на основе изучения учебной программы биологических наук». *Американский учитель биологии 52* (2): 92-98.

4. Bybee, RW 2009. *Учебная модель BSCS 5E и навыки 21 века.* Колорадо-Спрингс, Колорадо: BSCS.

ТӘРБИЕНІҢ БАСТАУЫ –МУЗЫКА

Асу Мөлдір Қайыржанқызы
Ақтөбе қаласы МҚКҚ №52 «Құлагер» балабақшасы
балабақшасының саз жетекшісі

Музыка өнері жеке тұлғаның дамып, қалыптасуында аса маңызды роль атқарады. Музыка адам саласына, жүйке жүйесіне ықпал ететін ерекше психофизиологиялық құбылыс болып табылатын дыбыстар арқылы бейнеленеді. Ал ол дыбыстар – түрлі биіктік пен күштіліктегі жай дыбыстар емес, адам сезімін бейнелеуші, реттеуші сұлулық заңына сәйкестенген әсерлі әуен өрнектері. Музыка – қоғамдық сананың формасы ретінде адамдардың эмоционалдық сезіміне тікелей ықпал етуші эстетикалық тәрбие құралы. Музыкалық шығармаларды аспаптарда ойнап үйрену,орындау жеке тұлғаның эстетикалық, эмоционалды-сезімдік, құндылықты сана-сезімін дамытып, қалыптастырады, әсемдікті қабылдап, сезінуге талпындырады.

Ол эстетикалық тәрбиенің басты мақсаты болып табылатын жеке тұлғаның эстетикалық талғамын, эстетикалық идеалын қалыптастырады, болмыстағы құбылыстар мен өнер туындыларындағы әсемдікті саналы түрде қабылдай білуге үйретеді және өзіндік шығарымпаздық қабілеттерін дамытады.

Музыкалық шығармаларда өмір құбылыстарының сан қырлы бейнеленуі, поэзия мен музыканың өзара байланыста болып, бірін-бірі толықтыра келуі бала жанына жағымды ықпал

етеді. Рухани қазынаның мөлдір бастау-бұлағынан жас кезінен нәр ала білген бала адамгершілік асыл қасиеттерді бойына сіңіріп өседі. Сөйтіп, қоғамдық, педгогикалық маңызы жоғары адамгершілік тәрбие мақсаттарын жүзеге асыруда қолайлы жағдай туындайды.

Музыкамен шұғылдану барысында еңбек тәрбиесі міндеттері жүзеге асырылып отырады. Бір жағынан, тыңдалатын музыкалық шығармаларды қабылдау, есте сақтау қабілеттері дамытылса, екінші жағынан, ән салған кездегі дауыс аппараттарының іс-қимылы немесе музыкалық-ырғақтық қозғалыстар жасау сияқты еңбек процестері жүріп жатады. Бұндай іс-әрекеттер өз кезегінде балалардың ынта-ықыласымен еңбектенуін, тәртіптілігін, іске деген жауапкершілікті қарым-қатынасын талап етеді, әрі тиянақтылықпен еңбек ету іскерліктерін қалыптастырады.

Ән салу, музыкалық шығармаларды түрлі аспаптарда орындау физиологиялық процесс болғандықтан, балалардың дене тәрбиесіне, денсаулығына жағымды ықпал тигізеді. Осындай іс-әрекетпен жүйелі түрде шұғылдану өкпедегі оттегі алмасуын белсендіріп, дауыс аппаратының, дем алу органдарының шымыр да икемді жетілуіне, жалпы денсаулығының жақсы болуын қамтамасыз етеді. Ән салу, музыка тыңдау адамның тонусын, яғни жүйке жүесімен бұлшық еттерінің физиологиялық жағдайдағы күш-қуатын арттырады. Отырып немесе түрегеп ән салу процесінде дене бітімін, басты, қолдарды дұрыс ұстауға дағдыландыру сияқты талаптардың қойлуы оқушылардың дене қозғалысы мәдениетін қалыптасуына көмектеседі. Музыкалық есту қабілеттерін дамытуға бағытталған жүйелі түрде жүргізілетін жаттығулардың да мәні зор.

Мектепке дейінгі балаларға қазақ халқының бай мұралары, соның ішінде ғажайып әндері мен күйлерін, ата-бабамыздан келе жатқан көне ұлттық музыкалық аспаптар туралы кеңінен мағұлмат бере отырып, бала бойына сіңіре білу музыка жетекшісінің басты міндеттерінің бірі деп білемін. Балалар ұлттық аспаптарымызда ойнай ортырып, әр аспаптың өзіндік ерекшеліктерін, дыбыс бояуын (тембр),орындалған әуеннің белгілі бір ырғағын (ритм) сезініп,өз бетінше есте сақтап анықтай біледі. Музыка жетекшісінің тәрбие беруде басты мақсаты музыка өнері арқылы рухани бай,шығармашылығы мол халық өнерін өмірідің бейнесі ретінде түсініп оны сүйе білетін, халқымыздың әдеп-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін қастерлейтін, халық өнерін құрмет тұтатын, ұлттық көз қарасы кең дарынды да талантты жеке тұлға тәрбиелеу.

Ойын-баланың білім-білік дағдысын қалыптастыратын тәрбие құралы. Балабақша балалары болашақ иесі болғандықтан дүниежүзілік мәдениетті танитын,өзінің төл мәдениетін білетін,сыйлайтын,рухани дүниесі бай саналы ойлайтын деңгейі жоғары білікті болуы міндетті.Мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады.Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып,бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады.

Қазақ халқының жылдар бойы атадан балаға жалғасып,қалыптасқан салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы тәрбие мектебі бар.Баршамызға белгілі ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп өзі жасаған қимылына сенімі артады.Баланың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттері қалыптасады.Дидактикалық ойын барысында есту, көру,сезіну, қабылдау сияқты үрдістері дамып, балалар музыкалық ойыншықтар мен әр түрлі саздың аспаптардың дыбыс ерекшілігін ажыратуға әр түрлі қимылдар орындауды үйренеді.

Балалардың музыка туралы түсінігін кеңейту үшін музыкалық ойын түрлерінің атқаратын рөлі ерекше.Қарапайым ойындардың өзі баланың танымын, түсінігін жетілдіреді, көңілін өсіріп,ойын сергітеді.Ойын балалардың бойындағы тапқырлық, жауапкершілік, ұйымшылдық сияқты қасиеттерін шыңдап, қалыптастырады. Ойын-мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Сұлтанмахмұт Торайғыров "Балалықтың қиялы ойын озық" деп бекер айтпаған.Өйткені,ойын үстінде баланың бір затқа бейімділігі және қызығуы анық байқалады.

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫНДАҒЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Атаева Қания Сагладиновна
№4 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі

Бүгінгі таңда елімізде білім беру мазмұны жаңа бағытқа бет бұрды. Еліміздің әлемдік үдерістерге енуі білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейде өту қажеттілігінен екені сөзсіз. Өміріміздегі кез-келеген сапалы өзгерістер, әсіресе білім беру саласындағы өзгерістер педагогтың рөліне жаңаша көзқарас қалыптастыра бастады. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында балалардың үнемі өзгерістерге бейім болуы мен жаңа білімді меңгеру қабілетін дамытуды басым бағыты ретінде айқындады. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған міндеттерді орындау мақсатында:

• балалардың физикалық және психоәлеуметтік саулығын нығайту;
• балаларды ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға баулу;
• патриоттық, толеранттық, рухани және адамгершілік негіздерін қалыптастыру
(«Рухани жаңғыру», «Мәңгілік ел», «Туған жер» бағдарламасы);
• балалардың ерте дамуы үшін әлеуметтік дағдылар мен өздігінен үйрену дағдыларын дамыту;
• балалардың дарындылығы мен жеке қабілеттерін дамыту;
• мақсатты түрде балаларды мектепке дайындау;Аталған міндеттер білім беру қызметін одан әрі ұйымдастыру барысында:
• мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жағартылған мазмұнын;
• балаларды мектепке сапалы даярлауға бағытталған инновациялық әдістер мен технологияларды;
• мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын қадағалау бойынша индикаторлар жүйесін енгізуді атап көрсетті.Тәуелсіз елдің негізгі тірегі- білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы. Қай елдің болмасын өсіп- өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру- бүгінгі күннің басты талабы. Мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілерінің алдында бүлдіршіндерге тәрбие мен білім беруде үлкен жауапкершілік тұр. Заман талабына сай жаңартылған білім мазмұнын балаға меңгертуде тәрбиеші жаңашыл болуы керек. Тәрбие мен білімнің бастауы, келешек ұрпақтың алғашқы баспалдағы- мектепке дейінгі мекемелер. Осы тұста Мұхтар Шахановтың мына бір сөзі ойға

оралады. «Бала жүрегі кішкентай күйсандық. Сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Ұстаздың қолында үнемі сол кілт жүруі керек» дегендей тәрбиешілер үнемі ізденісте болуы тиіс. Бүгінгі күні әлемдегі барлық

елдер жоғары сапалы білім жүйесіне ұмтылуда. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі экономикасының дамуына қатысты болса, ал оның дамуы мемлекет азаматтарының білімділігі мен біліктілігіне байланысты. Сондықтан жаңартылған білім беру жүйесін болашақтың талабына сәйкес дамыту тиіс. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енеген жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама болды. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жағарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Міне осыған байланысты тәрбиешілер алдында оқытудың әдіс- тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және жаңа технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруы. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы-балаға үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып сыни тұрғыдан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, бақылау,саралау, АКТ-ны қолдану, баламен жеке, топтық, ұжымдық жұмыс жасай білу. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиралді қағидатпен берілуі. Тәрбиеші қазіргі заман көшінен қалмай өз біліктілігін арттыру мақсатымен жаңа әдіс- тәсілдерді меңгеру арқылы оқу қызметті қызықтыруы тиіс. Дәстүрлі оқу қызметінде бала тыныш отырып, оқу қызметті тыңдап тәрбиешінің түсіндірмесін қабылдап жұмыс жасап келді. Балалар бағалау жүйесіне қатыспайтын. Ал қазіргі таңда осы жаңартылған білім беру үдерісі көптеген жаңалыққа толы. Балалар өзін-өзі бағалауды, қасындағы құрдастарын бағалауды үйренді, оқу қызметін меңгерген, меңгермегінін кері байланыс арқылы бере біледі. Оқу қызметінің соңында рефлексия жасауды меңгерді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұны:

• оқытуды ұйымдастыру тұлғаға бағдарланған және жүйелі-әрекеттік тәсіл арқылы жүзеге асырылады;

• мектепке дейінгі және бастауыш білім беру сабақтастығын қамтамасыз етеді;

• балалардың бойында жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуына көмектеседі;

• балалардың зияткерлік және жеке дене дамуы үшін жағдай жасайды;

• күнделікті өмірде қажетті ақпаратты алуға, іріктеуге, өңдеуге, жеткізуге және коммуникативтік міндеттерді шешуде балалардың тілдік дағдыларды қолдануы мақсатында сөйлеу әрекетінің түрлері ретінде төрт тілдік дағдылардың: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымның қалыптасуына және дамуына көмектеседі;

• ата-аналармен ынтымақтастық қарым- қатынас орнатуға көмектеседі.

Метепке дейінгі тәрбие мен оқытуда жаңартылған білім берудің мазмұны:

• өтпелі тақырыптарды қолдану арқылы перспективалық жоспар құру;

• апталық циклограмма;

• балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін бақылау үшін индикаторлар жүйесін енгізу арқылы жүзеге асады. Білім беру процесінде мынандай әдістер қолданылады.

• сөздік (әңгімелеу, түсіндіру, әңгімелесу және т.б)

• көрнекілік (АКТ-ны қолдану, бақылау, суреттер, иллюстрациялар, ойыншықтар мен заттар)

• практикалық (жаттығулар, моделдеу, экскурсиялар, тәжірибе, эксперимент жүргізу)

• ойын (қимылды, театрланған, сюжетті-рөлдік, дидактикалық және т.б).

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру аясында адам капиталының сапасын көтеруге бағытталған білім беру саласындағы 5 қадам жоспарланған. Соның бірі 76-қадамда атап көрсетілген функционалдық сауаттылықты дамыту. Фунционалдық сауаттылық- тұлғаның нақты мәдени ортада өмір сүру қызметін іске асыру үшін қажетті және әлеуметтік қатынаста ойдағыдай

қызмет етуін қамтамасыз ететін білімі, ептілігі, дағдылары. Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған бағдарлама әр баланың бейімділігін, қабілеттілігін іске асыруға, оның даму ерекшеліктері негізінде бастауыш білім беру бағдарламасын меңгеруге, даярлауға бағдарланады.

Түрлі интербелсенді әдіс-тәсілдерді өз сабақтарымда тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктеріне қарай қолданып жүрмін. Тәрбиеленушілерімді жұппен, топпен және ұжыммен жұмыс жасауға, бір-бірінің жұмыстарын түрлі әдістер арқылы бағалауға және сабақ соңында кері байланыс жасауға үйретіп келемін.

Баяндамамды қорыта келе «Жаңартылған білім беру бағдарламасы» - заман талабына сай, келешек ұрпақтың сұранысын толығымен қанағаттандыратын бағдарлама деп білемін. Әрбір тәрбиеленушілердің шығармашылығын, ізденушілігін дамытып, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін, білімге ынтасын арттыруға бағыт жасап оқытамыз «Егер саған бір балық берсе, сен бір күн тоқ жүресің, егер саған екі балық берсе, екі күн тоқ жүресін, ал егер сені балық аулауға үйретсе, сен өмір бойы тоқ боласың» деген халық даналығымен аяқтап, біз, тәрбиешілер қауымы өскелең жас ұрпаққа өміріне азық болатындай және алған білімдерін өмірде қолдана алатындай білім беруіміз біздің басты міндетіміз болып табылады...

Пайдаланылған әдебиеттер:

• Қазіргі заманауи оқу- тәрбие үдерісіндегі білім беру технологиялары Алматы қаласы 2017ж.

• «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Н.Ә.Назарбаев жолдау

• «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Н.Ә.Назарбаев мақаласы

• «Мәңгілік ел» мектеп жасына дейінгі балаларды рухани адамгершілікке тәрбиелеу бойынша ұлттық идея мәнмәтінінде әдістемелік ұсынымдар. «»Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы. Астана. 2016ж

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІ. ТЫҢДАЛЫМ ДАҒДЫСЫ

Аташева Жулдыз Уртайевна
Ақтөбе қаласы, «№19 ОМ» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазақ тілі - мемлекеттік тіл. Мемлекеттік тілді оқытудың тиімді де ыңғайлы жүйесі мен құрылымын қалыптастыру әрбір мұғалімнің шеберлігі мен шығармашылығына байланысты.

Қазақстан Республикасының «Тілдерді дамытуға арналған мемелекеттік бағдарламаларының негізгі талабы - мемлекеттік тілді оқытудың саны мен сапасына көңіл бөлу керек». Орыс мектептерінде өтілетін қазақ тілі сабақтарының мақсаты – оқушылардың сөздік қорын дамыту, оқу техникасын қалыптастыру, дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету, сөйлем құрылысын меңгерту, қазақ тіліне тән дыбыстарын айтып, сөз ішінен ажырата білуге үйрету. Оқушылардың білімін арттыру үшін сабақта жаңа технологияларды қолдана білу керек. Оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланысты. Әдістеме ғылымы «Нені оқыту керек?», «Не үшін оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе, оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің шешімін іздейді. Олардың мақсаты бір, яғни оқытудың тиімді жолдарын қарастыру. Бүгінгі таңда оқу процесінде оқытудың қалыптасқан негізгі әдістерімен қатар

оқытудың жаңа әдістері, яғни инновациялық әдістері де жиі қолданылады.Оқу процесінде оқытудың озықтехнологиясын қолдану –бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Бүгінгі күнгі ғылым мен техниканың дамуы қазақ тілін үйретудің жаңаша жолдарын талап етеді. Тәуелсіз Қазақстанның әр азаматы мемлекеттік тілде еркін қарым - қатынас жасауы керек. Ол үшін адамдармен қарым - қатынас жасау, яғни коммуникацияға түсуді үйрету қажет. Ф. Ш. Оразбаева өзінің «Тілдік коммуникация негіздері»атты еңбегінде: «Коммуникация – қарым - қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдің әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым - қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді»,- деп атап өтті.

Оқушылар оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыра отырып, еркін қарым - қатынас жасауға, сын тұрғысынан көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыланады. Қазақ тілінде берілген кез келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады.

Әрбір оқыту әдісі белгілі бір мақсатқа жетудің құралы болып табылады. Тілді кіріктірілген бағдарлама арқылы оқытудың негізгі мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым) меңгерте білу.

Айтылым дағдысында – тапсырмалар тақырыпқа қатысты ойын білдіру, өз көзқарасын дәлелдеу, шешім шығару, қорытынды пікір жасау туралы түсінік пен біліктілік деңгейіне бағытталады.

Оқылымның мақсаты – мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты әр түрлі деңгейде қабылдауы және түсіне білуі, тілдің айтылым заңдылықтарына сәйкес оқи алуы. Оқылым бойынша біліктілік деңгейін анықтау және бағалау келесі нәтижелермен айқындалады:

- түсініп оқу;
- зерттеп оқу;
- шолып оқу;
- мәселені сын тұрғысынан бағалау;
- негізгі аргументті анықтап, дәлелдеу;

Жазылым әдісі келесі көрсеткіштер бойынша бағаланады:

- тақырыпты аша білуі;
- грамматикалық сауаттылығы;
- қорытынды шешім шығарып, өз көзқарасын дәлелдеуі;

Тыңдалым дағдысы бойынша:

• негізгі ойды түсіну;
• ақпаратты анықтау;
• түсінгенін практикада қолдана білу бағаланады;

Осылардың ішінде басқа дағдыларды қалыптастырудың негізгі алғышарты – тыңдалым әрекеті болып табылады. Өйткені күнделікті өмірде оқушы көптеген ақпаратты сағат сайын естіп, көріп тыңдайды. Бірақ кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсіну сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Егер оқушы өзіне керек мәліметті тыңдау арқылы тауып үйренсе, ол басқа үш дағдыны (айтылым, жазылым, оқылым), яғни айтылып жатқан мәліметті түсінеді; өз пікірін білдіре алады және басқалармен қарым - қатынас жасай алады; тақырыпқа қатысты деректі түсініп оқиды; көтерілген мәселеге өз көзқарасын жазбаша жеткізе алады.

Ал тыңдалым дағдысы дегеніміз не? «Тыңдалым – «аудирование» деген терминнің білдіретін мағынасы – «есту арқылы түсіну». Бұл айтылған не техникалық ақпараттарға жазылған аудиомәтіндегі сөздерді, сөйлемдерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну деген ұғым». Ал «Шет тілдерді игерудің жалпыеуропалық құзыреттері: зерттеу, оқыту, баға» кітабында тыңдалымға келесі анықтама берілген: «Тыңдалым кезінде тілді меңгерген тыңдаушы бір не бірнеше адам айтқан ауызша ақпаратты қабылдап өңдейді».

1. Тыңдалымның мақсаты оқушыны:
• Аудиожазбаның мазмұнын түсінуге;
• Белгілі бір ақпаратты қабылдауға;
• Мәтін детальдарын түсінуге;
• Айтылған ойды толық түсінуге;
• Сөйлеушінің сөзін еш қиындықсыз ұғынуға;
• Ауызекі, анық құрылмаған сөйлеу тілін өзге адамдардың көмегінсіз түсінуге;
• Бұқаралық ақпарат құралдары мен телерадиобағдарламаларды еркін, түсініп қабылдауға;
• Таныс және бейтаныс тақырыптағы сөйлесімнің негізгі ойын түсінуге, т. б. үйрету.

2. Тыңдалымға арналған белсенді жұмыс түрлері:

Оқушыларды қоршаған ортадағы кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсінуге бейімдеу керек. Ол үшін сабақ барысында түрлі белсенді жұмыс түрлерін пайдалану көп септігін тигізеді. Оқушыда тыңдалым дағдысын қалыптастыру үшін белсенді жұмыс түрлері өзекті, қызықты, әр түрлі болуға тиісті.

Тыңдалым дағдысын қалыптастыруға арналған белсенді жұмыс түрлері:

«Айқайлап диктант оқу»:

Сынып оқушылары екі топқа бөлінеді. Бірінші топ оқушыларды мәтінді айқайлап оқиды. Екінші топ оқушылары бір ғана оқушыны тыңдап, диктант жазуға тырысады. Осы арқылы оқушылар ерікті зейінді қалыптастырады әрі өмірге бейімделеді.

Оқушылар аудиоматериалды екі рет мұқият тыңдайды (ол сюжетті мәтін, өлең, публицистикалық ақпарат болуы мүмкін). Тыңдалымнан өздеріне таныс емес сөздерді жазып алады, сөздік арқылы аударады. Аудионы тағы екі рет тыңдап, жазбаның мазмұнын толық түсінуге тырысады. Сыныппен ой бөліседі. Осы әдісті жүйелі қолдану – оқушылардың тыңдау арқылы түсіну дағдысын қалыптастырады.

Суреттеу:

Оқушылар аудиожазбаны (сөздік диктант) тыңдай отырып, мағынасына қарай сөзді суретпен бейнелейді. Осы арқылы оқушылардың зат пен атауды байланыстыра алу қабілеті қалыптасады.

«Синонимдерді тап»:

Оқушыларға сөздер ұсынылады. Олар тыңдалған мәтіннен осы сөздердің синонимдерін тауып, жауап парағына белгілеуі керек. Осы арқылы оқушылардың тыңдау әрекеті мен сөздік қоры дамиды.

3. Тыңдалымға арналған аудиожазбалар мәтіндері. Бұған әр сыныптың, әр оқушының жас ерекшелігіне байланысты мәтіндер алуға болады.

Аталған дағдылардлы қалыптастыруда келесі әдіс - тәсілдерді пайдалануға болады:

 оқытудағы басты принцип – оқушының жеке, өзіндік мүмкіндіктерін ескеру;

 барлық оқушының сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту;

 өз ойын жеткізуге, өзіндік таңдау жасауына мүмкіндік тудыра отырып, оқушының танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту;

 проблемалық оқыту арқылы оқу материалын өмірмен байланыстыра отырып, оқушыларды білімді өз бетімен меңгеруге талпындыру;

 сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану;

 мақсат қою, мәселені зерттеу, жауап іздеу, мәселені талқылау, ой қорытындылау;

 өз ойын ашық айта білуге тәрбиелеу;

 сабақ процесінде оқушының белсенді іс - әрекеті белсенді ойлауға, белсенді оқытуға бағытталады. Оқушы өз көзқарасын қалыптастырып, басқалардың да пікірін ескереді.

 жаңа идеялар ұсынуда және жаңа мүмкіндіктерді көруде, мәселелерді шешуде ұжымдық оқыту технологиясының маңызы зор;

 ұжымдық оқыту технологиясының мақсаты – оқушының қабілетін дамыту, еңбекке баулу, ұйымшылдық қабілеттерін ояту, ынтымақтастыққа тәрбиелеу, өзін - өзі басқару.

Сабақты өткізуде мұғалім келесілерді ескеруі қажет:

 сабақтың мақсаты мен күтілетін нәтиже анық болуы тиіс;

 тілдік төрт дағдыны (оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым) дамыту;

 белсенді оқыту түрлерін қолдану арқылы оқушы уәжін арттыру;

 мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс;

 оқу жетістігін критериалды жүйе арқылы бағалау.

Нәтижесінде оқушылардың бойынан мынадай өзгерістер байқалады:

 Ынтымақтастыққа үйренеді;

 Жеке, жұппен, топпен жұмыс істеуге үйренеді;

 Өз ойларын еркін жеткізуге үйренеді;

 Өзіне - өзі баға беруге, сыныптастарын бағалауға үйренеді;

 Бір - бірін тыңдауға, талдауға, салыстыруға, сабақты қорытындылауға, қорғауға үйренеді.

Қазіргі кездегі білім берудің барлық жаңа әдіс - тәсілдерінің алдына қоятын басты мақсаты – білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. Қ. Қадашева «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» Алматы, 2002ж.
2. Н. Қ. Мухамадиева, Н. Ә. Үстемір «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» Алматы, 2002ж.
3. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журналы, 2000 – 2006ж. ж.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ТІЛДІК ҚАТЕЛЕРІН ЖІКТЕУ ЖӘНЕ ОНЫ БОЛДЫРМАУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН САРАЛАУ, СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аубакирова Гулжанар Аубакировна
Ақтөбе қаласы, «Ақтөбе орта мектебі» КММ

Сөз мәдениеті дегеніміз,біріншіден, сөзді дұрыс қолдану, екіншден, сөзді бағалайтын дана халқымыз сөз өнеріне үлкен мән берген.

Әз жәнібек хан билерінен **"Жігітке жақсы болу үшін не керек?",** - деп сұрайды.Олар:"Жігітке бірінші білім, екінші-ғылым,үшінші-ұғым керек"- деген екен.

Ал Цицерон "Адам бойындағы талант, терең білім, қалыптасқан дағды болуы керек, осы үшеуі сай болғанда ғана нағыз шешен қалыптасады" - деген. Екі ғасырдың ұлы сөз шеберлері бір - бірімен дәл үйлесіп, ойлары бір жерден табылып тұрған жоқ па?! Ғалым М. Балақаев "Тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің шыңы- шешендік өнер"-дейді. Әр дәуірдің өз тынысы, өз талғамы, заманына сай адамы болғанымен, өнерге деген құрмет пен пайымдау дәлме-дәл келіп отыр.[2] Егер де жастар шешендік сөздерді зейін қойып оқыса, қазақ халқының рухын көтеріп, қазіргі замандағы әртүрлі жағымсыз әрекеттер болмас еді. Өйткені шешендік сөздер- халқымыздың адамгершілік, ұлттық тәрбиені дәріптеуде, сөз қадірін түсінуге бағыт беретін тиімді жолдарының бірі.Ендеше,алдымызда отырған жас өрендер халық жадынан жеткен шешен, ғибрат сөздерге үлкен құрметпен қарап, оның терең мағынасын танып өскені абзал.

Жүйелі сөз саптау қоғамның қай саласында да керек. Ел басқарғанадамнан бастап мектеп жасындағы шәкіртке дейін сөз қадірін танып, таза мазмұнда сөйлей білуі керек. Оқушы дұрыс сөйлеп, сауатты жазу үшін, ең алдымен, қазақ тілінің заңдылықтарын үйреніп, айтылмақ ойды ауызша да жазбаша түрде дәл әрі айқын етіп жеткізе білу талабы қойылады.

Қазіргі жағдайымыз қандай?

Ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек те, күнделікті тәжірибемізде де мектеп оқушыларының көпшілігінің сөздік қоры жұтаң, сөз тіркестерін, сөйлем және мәтін құрауда дәрменсіздік танытатындығын, ойын жүйелі түрде жеткізе алмайтындығын, ауызша сөйлеу дағдысының төмендігін байқауға болады дегенпікірді тілге тиек етіп отыр. Қазіргі кезде оқушылардың ауызша сөйлеу әрекетін қалыптастыру- бүгінгі күннің өзектімәселесі болып отыр.

Тіл дамытуда мынадай тілдік материалдарды пайдалануға болады:

а) Тіл дамыту жұмыстарын көркем-әдеби үлгілермен емес, таза «бала тілін» бақылау арқылы жүргізу.

ә)Тіл дамытуда газет-журналдардың,ресми іс-қағаздардың тілін пайдалану.

б)Тіл дамытуда көркем-әдебиет тілінен үлгі алу.

Тіл дамыту жұмыстарын үш салаға бөледі; 1.сөздікпен жұмыс; 2.сөз тіркесі және сөйлеммен жұмыс; 3.байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру жұмыстары.

Тілді оқытудағы ең басты мақсат- оқушыны сөйлеуге, яғни айтар ойын жеткізе білуге үйрету. Сөйлеу тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару процесі, өз сөзін екінші біреуге түсінікті етіп жеткізуі.Сөйлеуге үйрету дегенде мынадай ұғымға мән беріледі: бұл-адам мен адамның тілдік қарым-қатынаста бір-бірімен тілдесуі, сөйлесуі яғни бір адамның өз ойын екінші адамға ауызша жеткізуі, сөйлеуі, айтуы.Сонымен бірге айтылған ойдың адамға түсінікті болып, оны қабылдау арқылы екінші адамның оған өзіндік жауап қайтаруы. Бұл сөйлеуге үйретудің бір адамға ғана мәселе емес екендігін көрсетеді.[4] Ол тілдік коммуникация арқылы жүзеге асады. Сөйлеу әрекеті-тілді үйрену жолындағы маңызды баспалдақ, қажетті шарт қана емес, ол-адамзаттың қоғамдағы орнын, қызметін көрсететін күрделі әрекет. Өйткені, сөйлеу әрекеті адамдық қасиетті білдіретін басты өлшемдердің бірі. Ауызша сөйлеуге үйрету- тілді жалаң үйрену емес, адамның жалпы ойлау қабілетін кеңейту, жетілдіру деген сөз. Жалпы сөйлеу әрекетін меңгеру үшін мына жағдайларды ескеру қажет: Үйретін тілде сөйлеуге деген қажеттілік; қоршаған орта, жағдайдың әсері; жеке бастың қабілеті; сөйлеудің негізгі мақсатын айқындау.

Қазақ тілін оқытуда коммуникативтік мақсатқа жетуде ауызша сөйлеудің маңызы зор. Сөйлеуге үйрету үшін оқыту әдісі ситуативті әдіс болуы керек себебі:ситуативтілік сөйлеу әрекетінің табиғи қасиеті болып табылады.

Сөйлеуге үйрету үшін қажетті ситуацияларды мынадай жолдарменберуге болады:

а) «көз алдыңа елестетіп көр», «қиялдап көр» деген тапсырмаларарқылы;

ә) белгілі бір ойды жасайтын суреттер тізбегіне қарап, соның көмегіменсөйлеу;

б) күнделікті өмірдегі болып жатқан жағдайға ұқсас нәрселердісипаттау.

Қазақ тілін оқытуда коммуникативтік дағдыларын дамытуда ауызекісөйлеудің рөлі өте зор. Себебі, ауызша сөйлеу арқылы адамдар бір-бірін түсінеді, өз ойларын айтады, дәлелдейді, естіген, айтылған хабарға өз көңіл-күйқатынасын білдіреді. Сөйлеудің екі түрі бар. Олар: монологтық, диалогтық.Диалог-екі немесе бірнеше адамның сұрақ-жауап ретінде сөйлесіп, тіл қатысуы. Диалогтық сөйлеу алдын ала жоспарланбайды, сөйлесу кезінде пайда болады.Оқушылар жалпы,

арнаулы сұрақтарды қоя алуы, әр түрлі сұрақтарға жауап бере алуы,өтініш, бір нәрсемен келісетінін немесе келіспейтінін білдіре алуы керек. Оқушылардың сөйлеу қарқынын өсіру керек және әр оқушы сөйлегенде кемдегенде екі реплика айтуы керек. Диалогтық сөйлеуді дамытуда дискуссия сабақ, экскурсия сабақ, ойын әзірленуді талап етеді. Қазақ тілін оқытуда тілдік тіректер арқылы оқушылардың білім, білік дағдыларын дамыту басты мақсат болып табылады. Егер оқушыларды қазақ тілінде тілдік тіректер арқылы монолог түрінде сөйлеуге үйретсе, онда олардың сөйлеу қабілеттері, танымдық қызығушылықтары, мәтін мен жұмыс жасау кезінде шығармашылық дағдылары қалыптасып қана қоймай,олар қазақ тілінде еркін сөйлеуге машықтанады

Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері төмендегідей:

- Сұрақ – жауап (мұғалім мен оқушылар)
- Диалог (оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы)
- Айтылым (мұғалім мен оқушылар, оқушы мен оқушы,мұғалім мен оқушы)
- Жазылым (тақырыпқа байланысты мәтінмен жұмыс)

Бұл жұмыс түрлері коммуникативтік дағдының алашқы баспалдағы болып есептеледі. Себебі бұл жұмыс түрлерін барлық сабақта мұғалім мүмкіндігінше қолдана алады. Коммуникативтік дағдысы қалыптасқан оқушы екінші адаммен, сыныптасымен белгілі бір ақпаратты жеткізіп қана қоймай, өз ойын еркін түсіндіріп, олардың пікірін ұғады және пікір қоса алады.

Оқушының сөйлеу мәдениетін қалыптастыруды бастауыш сыныптанқолға алу керек.Қазіргі жаңартылған бағдарлама осыны көздейді. Көп жағдайдабастауыш сынып оқушысына мәтінмен жұмыс жасау қиын деп жатады.Менің ойымша бұл оқушының коммуникативтік дағдысының қалыптасуына көмектеседі.[4]

Мысалы,-мәтін құрау, мәтінге сұрақ қоя білу, сұраққа жауап беру, сөздер мен сөз тіркестері арқылы мәтін құрау, сурет бойынша мәтін құрау тағы да басқа шығармашылық жұмыстардың берері көп. Оқушының коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда жүйелі жұмыс істегенде ғана нәтижеге жетуге болады.

Тіл дамыту жұмысының негізін мынандай мақсатқа бөліп қарастырдым:

1) Балалардың бақылағыштық, ойлау қабілеттері мен тілін дүниетанымын дамыту, әр нәрсені салыстыра талдап, жинақтап, жалпылап, нақтылап салыстыру негізінде балаларды өз беттерімен қорытынды шығарабілуге үйретем.

2) Бала бойында қазақ тілі нормасына сай, өз сезімін, ойын дұрыс айтып бере алатындай дағдылар қалыптастырам.

3) Балаларды ана тілін сүюге,оның алтын қорын,тамаша сырлы, көркем де нәзік сөз байлығын қолдана білуге,оны сезініп құрметтей білугебаулу. 4)Балалардың ауызша және жазбаша тілін дамытуға септігі тиетін жұмыстардың оңай да тиімді түрлерін іріктеп алдым.

Тұжырымдай келе, бала тілінің дамуы өзі қарым-қатынас жасайтын ортасының ұйымдастырылуына байланысты, сондықтан баланы ең алдымен сөйлей білуге, қарым-қатынас жасауға жаттықтыру қажет. Олай болса, бала тілін дамыту-педагогикалық мәселе. Оқу үдерісінде оқушының дұрыс, орынды сөйлеу мәдениетіне әр сабақта тереңірек көңіл аударатын болсақ, алдымызда отырған жасөспірімнің әдемі сөйлеу әдебі артады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Б.Адамбаев «Шешендік сөздер» 1992
2. Билер сөзі 1992
3. Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңы.

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ОҚЫТУДЫҢ САРАЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Аубекерова Фаруза Сатаевна
«№78 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназия» КММ

Оқу және жаңашылдық дағдылары күн сайын күрделеніп жатқан XXI ғасырда өмір сүріп, еңбек етуге дайын оқушыны осыған дайын емес оқушыдан айыруға көмектесетін дағды ретінде мойындалып отыр. Балаларымызды болашаққа дайындауда шығармашылық, сын тұрғысынан ойлау, қарым-қатынас және бірлесіп әрекет ету мәселелеріне,соның ішінде оқытудың белсенді әдістерін тиімді қолдануға назар аудару маңызды.Оқытудың тиімді тәсілдерінің біріне саралау және бағалау тәсідері жатады. Сыныптағы саралау жұмысының жалпы ортақ қабылданған жеті тәсілі бар. Оларға:

1.**Тапсырма**: Мұның құрамына білім деңгейі әртүрлі оқушыларға арналған тапсырмалар кіреді.Оқушылардың қажеттіліктеріне қарай (көмек керек пе, әлде күрделі тапсырмалар беру керек пе) түрлі кестелерді немесе жаттығулар мен тапсырмаларды жасау.

✓ Күрделілігіне қарай алға ілгерілеп отыратын тапсырмалары бар карточкаларды пайдаланыңыз.

2.**Дереккөздер**: Кейбір оқушылар басқа сыныптастарына қарағанда анағұрлым күрделі дереккөздермен жұмыс істей алады.

✓ Дереккөздердің ауқымы талқылауға негіз болатын мәтіндерден бастап, анағұрлым қиын сөздерді және күрделі идеяларды түсіндіретін мәтіндерге дейін ауытқып отырады.

✓ Баспадан шыққан және электронды дереккөздер де пайдалануы мүмкін.

Бұл материалды пайдаланудың анағұрлым ауқымды көлемін көрсетеді.

3.**Қарқын**: Кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді.

✓ Қосымша тапсырмаларды көп күш жұмсауды талап ететін оқушылар үшін қолдануға болады.

✓ Негізгі тапсырмаларды түсіндіруде көмек қажет ететін оқушыларға біршама уақыт беріледі.

4.**Қорытынды**: Барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады.

✓ Мұғалім тапсырма береді, бірақ жалғыз «дұрыс» жауаптың бағытында жұмыс істеуден гөрі оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді.

✓ Барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізу керек.

5.**Диалог және қолдау көрсету:** Кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында жан-жақты әрі нақты көмек қажет болады.

✓ Мұғалім оқушыларды ойланту үшін және бірқатар жауаптар алу үшін алдын ала дайындалған сұрақтарды қоюына болады. Бұл әдісті қолдану барысында сөзбен қолдау көрсету және ынталандыру да маңызды рөл атқарады.

6.**Бағалау:** Оқушылар үнемі бағаланып отырады, осылайша педагогикалық қызмет пен саралаудың басқа да түрлері оқушылардың қажеттіліктеріне қарай үнемі түзетіліп отырылуы мүмкін.

✓ Педагогикалық қызмет табыстылықты, жақсартуды, түзетуді қажет ететін салаларды анықтайтын әмбебап үдеріс болуы керек. Сонда ғана біз пәнді оқытудан оқушыны оқытуға қарай жылжи аламыз.

7.**Жіктеу:** Оқытудың болжалды міндетіне қарай топ құруда пайдалы көптеген тәсілдер бар: мүдделері ұқасас оқушылар (мысалы, қиындық деңгейі немесе қолдау деңгейі)

✓ талаптары әртүрлі оқушылар,джигсо топтары,кәсіби дағдыларына қарай бөлінетін топтар немесе сарапшы топ,гендерлік топ,аралас гендерлік топ,ұйымшыл топ.

Саралау және бағалау тәсілдерін күнделікті сабағымызда жиі қолданамыз.Мысалы, 7

класта алгебра пәнінен «Екі өрнектің квадраттарының қосындысы мен айырымының формулалары» тақырыбында өткізген сабағымда «галереяға саяхат», «ақпаратпен жұмыс» диалогтік оқыту, «сұрақ қою және талқылау», «нұсқау беру және айту», « ТӨДК (толықтыру, өзгерту, дамыту, күрделендіру» белсенді оқу әдістері мен «жіктеу», «қарқын», «диалог және қолдау көрсету», «қорытынды» саралау әдістерін қолдандым.

7 класс Тақырып:

«Екі өрнектің квадраттарының қосындысы мен айырымының формулалары»

Оқу мақсаты: 7.2.1.10 $а^2-в^2=(а-в)(а+в)$; $(а±в)^2=а^2±2ав+в^2$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану

Сабақ мақсаты: $(а±в)^2=а^2±2ав+в^2$ қысқаша көбейту формулаларын біледі, геометриялық мағынасын түсінеді; үшмүшені екімүшенің квадраты формуласымен және керісінше түрлендірулерді есептер шығаруда қолданады; қысқаша көбейту формулалар көмегімен теңдеулер шешеді

Бағалау критерийлері: қысқаша көбейту формулаларын анықтайды; көпмүшелермен амалдар орындау үшін формулаларды қолданады;формулалар көмегімен теңдеулер шешеді.

Белсенді оқу әдістері:

Галереяға саяхат: Ақпаратпен жұмыс: диалогтік оқыту	**Сұрақ қою және талқылау**	**Нұсқау беру және айту**	**ТӨДК**
Мақсаты:сараптау,жинақтау,бағалау:қысқаша көбейту формулалар тарихы туралы қорытынды жасау Оқушылар дайындап әкелген хабарламаларымен таныстырады. Қысқаша көбейту формулалары тарихы» 4 мың жыл бұрын белгілі болған Евклидтің «Бастамалар» кітабында қалай берілгені туралы баяндайды.	**«Серпінді сұрақ-жауап»** түрінде оқушылар диалог арқылы ауызша жұмыстанады. Топта бір-біріне доп беру арқылы оқушылар бірін-бірі тексеріп, сұраққа жауап береді. Өткен тақырыптарды қайталау. **Сұрақтары**: Қысқаша көбейту формулаларын қандай есептеулерде қолдана аламыз? - өрнектерді көбейткіштерге жіктегенде; - тепе-теңдіктерді дәлелдегенде; - теңдеулерді шешкенде; - теңсіздіктерді шешкенде;	**Математикалық лото Топтық жұмыс** Оқушыларға үлкен және кіші карталар үлестіріледі, қалай қолданылатыны жөнінде **нұсқау беріледі.** **Саралау тәсілі**: **Диалог және қолдау көрсету** (сөзбен қолдау көрсету және ынталандыру) Топ болып талқылау **Математикалық лото тапсырмасы** 1. $x^2-9=0$ теңдеуін шешіңдер 2. $(а-в)^3-3(а-в)^2$ көпмүшесін көбейткішке жіктеп, а=3; в=2 болғандағы мәнін табыңдар. 3. $(x-3)^2-25=0$ теңдеуін шешіңдер	(Мұғалім тапсырма береді, оқушылар берілген есепті «**Толықтырып, өзгертіп, дамытып, күрделендіріп**» алатынын шешуі керек, өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді). **Толықтырыңдар:** **1**.$(11+d)^2$ екімүшесінің үшмүше түрінде жазылуы **2.**$121-22m+m^2$ үшмүшесінің екімүшенің квадраты түрінде жазылуы **3.**$75^2+2\cdot75\cdot25+25^2$ өрнектің мәні **4.**$23^2+14\cdot23+49$ өрнектің мәні **5**.$(x+11)^2-x^2=11$ теңдеуінің шешімі

	- бөлшектерді қысқартуда; - тиімді әрі тез есептеу үшін. **Бағалау парағын толтырады.**	4. 2m(a+b)+a+b өрнегін m=1; a=2 ; b=3 болғандағы мәнін табыңдар. **ҚБ:** екі жұлдыз бір тілек әдісі арқылы топтар өзара бағалайды.	**Дескриптор:** *Білім алушы* $(а±в)^2 = а^2±2ав+в^2$ қысқаша көбейту формуласын қолданады; Өрнектің мәнін табады; $а^2-в^2=(а-в)(а+в)$ формуласын қолданып теңдеуді шешеді.

Саралау әдістері			
Жіктеу	**Қарқын**	**Диалог және қолдау көрсету**	**Қорытынды**
Қысқаша көбейту формулалары жазылған карточкалардан жалғасын табу арқылы топқа бөлемін карточка1: $(а+в)^2=$; карточка2: $(х+5)^2=$; Карточка3: $(6+у)^2=$; Карточка4: $(100+1)^2=$;	Әр топқа ауызша есептер оқылады Қарқын (кейбір оқушылар басқаларына қарағанда тез жұмыс істейді) **Белсенді оқу әдісі:** Ойша тез есептеу **Мақсат**: қысқаша көбейту формуласын тез әрі тиімді есептеу үшін қолдана білу $55^2 – 45^2$ ***Жауабы:1000*** 199×201 ***Жауабы:3999*** 71 × 69 ***Жауабы:4899*** $86^2- 14^2$ ***Жауабы:7200***	Жеке және топтық тапсырманы орындау барысында сөзбен қолдау көрсетіп ынталандырып отырамын	Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма беремін Оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді. **Толықтырыңдар:** **1**.$(11+d)^2$ екімүшесінің үшмүше түрінде жазылуы **2.**$121-22m+m^2$ үшмүшесінің екімүшенің квадраты түрінде жазылуы **3.**$75^2+2\cdot75\cdot25+25^2$ өрнектің мәні **4.**$23^2+14\cdot23+49$ өрнектің мәні **5**.$(x+11)^2 - x^2 = 11$ теңдеуінің шешімі

Қазіргі кезде оқу бағдарламасындағы стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, мектеп аясында ұлттық сана қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді.

Оқу мен оқытудың саралау және бағалау тәсілі табысты сабақты ұйымдастырудың тиімді құралы болып табылады. Бүгінгі тіршілік және жұмыс жағдайлары ойлау дағдылары мен пәндік білімді ғана талап етпейді. Бүгінгі ақпараттық ғасырда күрделі тіршілік ету және

жұмыс жағдайларын басқару қабілеті оқушылардан тиісті өмірлік маңызы бар және кәсіби дағдыларды дамытуға баса назар аударуды талап етеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқыту әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы /«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 188 бет.
2. Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж университетінің Білім беру факультетімен бірлесіп әзірлеген Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының деңгейлі бағдарламасына арналған Оқу-әдістемелік құрал – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы. – 2012,164 б.

ТӘРБИЕ-ТАЛ БЕСІКТЕН БАСТАЛАДЫ

Ауезова Самал Хамитовна
№27 «Айгөлек» балабақшасының тәрбиешісі

Бала білімді болу үшін тәрбие керек. Онсыз нәтижеге жету мүмкін емес. Еліміздің болашағы жас-ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік- отбасы, екінші бесік- білім беру мекемесі. Мектепке дейінгі кезеңде тәрбие адам қалыптасуының алғашқы баспалдығы. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Заманға лайық тәрбие мен білім беру жұмысын кешенді ұйымдастыру жаңа технологияларды, тың идеялармен шығармашылық, иновациялық жаңашылдықты қажет етеді. Сондықтан жас ұрпаққа білім беруді үздіксіз жетілдіру мәселесі толассыз күн сайын өзгеріп отырған әлеммен бірге жүрері анық. Балабақшада берілген тәрбие-барлық тәрбиенің бастамасы. Әрі жан- жақты тәрбиемен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне балабақша ошағының тигізер әсерінің зор екені белгілі. Тәрбие туралы сөз қозғағанда біз ең алдымен отбасын аузымызға алуымыз керек.

«Отан-отбасынан басталады» деген. Отбасы тәрбиенің алғашқы баспалдығы. Халқымыз бала шыр етіп, дүние есігін ашқан кезден бастап, тәрбиенің негізін қалаған, болашақ ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берген. Бесіктегі балаға үн қатып, ана мен бала өзара тіл табысып сөйлескен. Бұл туралы белгілі, жазушы, публицист, Шерхан Мұртаза былай дейді; «Қазақ әйелдері бұрын баласын, тербетіп отырып неге ән айтқан? Ал бала соны құлағына сіңірген әрине түсінбеген. Бірақ ұлттық негіз, сана, тіл, әуен, әуез сол бесіктегі кезден қалыптасқан. Бұл өмір тәжірбиесінің көрінісі. Бұл-үлкен тәрбиенің басы сәбидің жүріп, сөйлей әдепке, мәдениетке баулу, жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге тәрбиелеу отбасынан басталары анық». Демек, отбасында ата-ананың тату-тәтті өмір сүруі, отбасындағы күнделіікті жағдаяттар баланың тәрбиесіне ықпал етеді. Бала әкені сыйлауды шешеден, шешені сыйлауды әкеден үйренеді.

Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінде басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзін сенімділікке тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиелеушілер шешуші рөль атқарады.

Жеке баланың бойындағы ар-ұяты, ақыл-ойы, адамгершілігі, басқа адамдармен қарым-қатынасы, мәдениеттілігі жанұядан алынады. Сондықтан жанұя – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Осы ұжымның әрбір мүшесі өзара сүйіспеншілікпен, береке-бірлікпен, сыйластықпен бала тәрбиесіне араласса, кәмелетке толғаннан кейін саналы, тәрбиелі жеке тұлға пайда болады. Ал, баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі, татау, берік отбасының әсері мол, себебі оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер отбасында қалыптасады. Сондықтан отбасы өте қажетті, басқадай ешнәрсемен ауыстыруға болмайтын баспалдақ. Осы нақыл сөздерден-ақ, отбасының, ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлі өте үлкен және маңызды екенін көреміз. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз. Бала тәрбиесінде жаман қылықтар көрсетуден аулақ болып, балаға өнеге бола алсақ, жан-жақты дамыған, шығармашылық қызығуы бар ұрпақ тәрбиелей аламыз.

«Ұядан не көрсең, ұшқанда соны ілерсің»-деген халық мақалы соны меңзеп тұр емес пе! «Әке көрген –оқ жонар, шеше көрген тон пішер»-деп жас балаға тәрбие беретін отрақ күш ата-анасы дегенді тағы айтып тұр. «Әкенің бала алдындағы міндетті-жақсы ат қою және жақсы тәрбие беру» екенін ескерген ұл мен қыз ғана ата-ананың сенімін ақтайды. Себебі жас бала жас шыбық тәрізді қалай исең солай өседі. Қазіргі уақытта баланың сана-сезімін улайтын түрлі ұрыс-керістер, атыс-шабыс, ұрлық пен зомбылық жасаудың түрлі жолдарын көрсету жайлы көрсетіліп жүрген кинолар т/б бала психологиясына кері әсер тигізері анық. Сондықтан да ата-ана, балабақша тәрбиешілері, мектеп мұғалімдері бұндай келеңсіз жағдаяттар болмауы үшін, оқу мен тәрбие жұмысында баланың есіндегі жаман жайларды тазалауға ғибраты мол, халық ілімдерін көп насихаттау қажет. Халықтық педагогика қолданған тәрбие оң нәтиже берері анық. Кез келген адам өз баласының бойынан ешқандай кемшілік көре алмайды. Басқамен салыстырғанда өз баласын өзгеден артық қояры анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Отбасы және балабақша.
2. Білімгер.кз сайты.
3. Балабақша әлемі.
4. Еркетай кз.

«СҮЙКІМДІ ДИНОЗАВРИК»

(танымдық оқиға)

Ахаева Айгуля Ержановна
Ақтөбе қаласы, МКҚК №52 «Құлагер» балабақшасының
тәрбиешісі, педагог-модератор

Мен Ахаева Айгуля Ержановна 25.02.1990 жылы Ресей мемлекеті Калинин облысында дүниеге келдім. Менің кішкентайымнан арманым, кішкентай бүлдіршіндермен жұмыс істеу еді, яғни балабақшада, өсе келе алға қойған мақсатым жүзеге асуда. 2009 жылы өзім қалаған мамандық иесіне оқуға тапсырдым, 2012жылы «Ер төстік» балабақшасына тәрбиеші көмекшісі болып 3жыл 9ай жұмыс атқардым, 2017жылы «Құлагер» балабақшасына тәрбиеші болып келдім. Міне содан бері тәрбиешілік жұмысым жалғастырып келемін.

Тәрбиеші — балабақшаны бақша деп алып, келген бала гүл болса, онда ол сол гүлді баптап, күтіп, барлық жәндіктер мен құстардан қорғайтын бағбан. Гүліміз бала, бағбанымыз

тәрбиеші. Тәрбиеші балаға бағыт- бағдар, тәлім-тәрбие беретін отбасынан кейінгі екінші анасы. М.Шаханов атамыз айтқандай, «Бала жүрегі- кішкентай күй сандық. Сол сандықтың кілтін тапқан ғана аша алады. Тәрбиешінің қолында әрқашан сол кілт болуы керек» деп, алдымыздағы әрбір баланың жүрегінде бір ашылмаған сыр, құпия бар, осыған жол табу, бала бойындағы дарынды ашу тәрбиешінің міндетті деп санаймын. Әр баланың мінезі-құлқы, жаратылысы әр түрлі жаратылады.

Абай атамыз айтқандай «Жас бала анасынан туғанда екі мінезбен туады, біріншісі- «ішсем, жесем, ұйықтасам, ойнасам» болса, ал екіншісі, «білсем, көрсем, қарасам, ұстасам , ол немене? Ол кім екен?» деген қызығушылығы тұрады. Мұның бәрін білгісі келген балаға тәрбиеші бағыт-бағдар беріп, көмек көрсетіп, тексеру, нұсқау тәрбиешінің тікелей міндеті.

Оқу- инемен құдық қазғандай десе, тәрбие де инемен құдық қазғандай деп айтуға болады. Себебі жоғары да айтып өткендей әр баланың көңілінен жол табу ол бір үлкен ғылым дейтін болсақ, онда тәрбиеші ол-ғалым болып саналмайды ма?

Міне осылайша мен сіздерге топтпғы отыз баланың ішінен бойымен, ойымен, тапқырлығымен т.б ерекше қасиеттерімен көзге түскен Елнур есімді 4 жасар балақай туралы айтқым келеді. Ол сондай ерекше бала, ерекше заттарға әрі ерекшелігі бар ойыншықтарға қызығып солармен ойнағанды жақсы көреді. Біз күндегі режиммен таза ауаға шықтық, бірде ойнап жүрген Елнурымды байқамай қалдым сөйтсем Елнур бесетканың артында отыр мен дауыстап Елнур алдыға кел дегеніме көңіл аудармады, сосын мен оның жанына жақындап барып қарасам ол жерді қазып отыр екен, мен оған нестеп отырсың десем, қасындағы бала апай біз брахиозавр тауып алдық деді мен о не нәрсе деп білмеген боп сұрадым, сол мезетте Елнур орнынан ұшып тұрып ол динозавр апай деп айқай салды. Апай олардың түрлері көп әр қайсының өзіне сай аттары бар деді. Сөйтіп олар әлгі жердегі ойыншықты қазып алып еді шын мәнінде бөлініп қалған динозаврдың басы болып шықты Елнур оған қатты қапа болды кім мұны бөліп тастаған апай деп мұңайып қалды, сөйтіп тұрғанда маған бір ой сап ете қалды, мен бұл баланы тек осылай ғана көңілін аулап динозаврлар туралы олардың атын сұрай бергенде оны анасы алып кетті.

Бір күні анасы Елнурды балабақшадан алып кетуге келгенде, Елнурдан басқа біреудің ойыншығын көреді. Бұл жағдайды анасы маған айтты; алып кеткен ойыншығы кішкентай динозавр екен. Мен Елнур оны не себепті рұқсатсыз алып кеттің деп сұрадым.Біреудің затын рұқсатсыз алуға болмайтынын айттым, Елнур маған рұқсатсыз алуға болмайтындығын және өзі сондай **«Сүйкімді динозавриг»** екен сосын қызығып кетіп алғандығын айтты. Себебі ол динозавр ойыншығын өте қатты жақсы көретін еді. Анасының айтуынша жүрген жерінде динозавр ойыншығын іздеп жүретін көрінеді.

Ол менен динозаврлар қайда өмір сүреді және қазір олар қайда деп сұрады. Жалпы динозаврлар туралы өте көп білгісі, өз көзімен көргісі келетінін айтты. Сосын мен динозавр туралы барымша интернет ақтарып көрсетіп,әңгімелеп бердім.

Ертегідегі қаһармандардың алдынан үнемі көсе-көлденең шығып, біздің үрейімізді алатын динозавлар туралы телевизордан деректі мультфильм қосып бердім. Ал олардың бұрындары жер бетінде тіршілік кешіп, жұмыртқа салғандығын қазір ғылымның өзі дәлелдеп отыр. Ендше, динозаврлар әлеміне бірге саяхаттап көрейік; (баланың сұрағы)

1.ДИНОЗАВЛАР НЕГЕ БІЗГЕ ДЕЙІН ҚҰРЫП БІТТІ?

— Олардың құрып кеткендігі жайында айтылған деректерге назар аударсақ, ол жерге астероид, метеорит немесе кометаның соғылуы салдарынан болған деген пікір шындыққа жанасады.

Соқтығысу салдарынан ауаға көтерілген тозаң бұлттар климатты өзгертеді: өсімдіктер құрыды, жұмытқалары басылып шығарылмады, ал ересек жануларлар жер бетін мұздың басуы салдарынан аштық пен үсіктен қырылып қалды.

(баланың сұрағы)

2.ДИНОЗАВРЛАРДЫҢ БАЛАЛАРЫ ҚАНДАЙ БОЛҒАН?

— Өз ата-аналарынан аумаған кішкентай көшірмесі сияқты сүйкімді болған. Бауырымен жорғалаушылар сапына жатқызылатын динозаврлар жұмыртқа салған. Олардың ішіндегі маязавр сияқты кейбір түрлері өте қамқор ата-ана болған. Олар ұя жасап, жұмыртқаларын өзге жыртқыштардан қорып, балалары аяқтанып кетпегенге шейін қастарынан бір елі тастамаған.

3.ОЛАР ҚАЛАЙ ЖЫРТҚЫШТАРДАН ҚОРҒАНДЫ?

— Иә, шөпқоректі динозаврларды қатерлі жыртқыштар аңдитын болған. Бұдан қорғану үшін олардың қалқандары, тікенектері және түйреуіш тәрізді құйрықтары көмекке келген. Олар тобырмен өмір сүрген, өсімдіктермен қоректенген, және ағаштың басына дейін жететін ұзын мойындары болған.

Міне оған өзіңнің қолыңдағы сүйкімді динозаврың дәлел бола алады.

Біздің мақсатымыз алғашқы келген кезде күнделікті көрінетін нәрселерден ерекше заттарды көруге көмектесу.

Сонымен қоса, ол қызықты таңғажайып әңгімелерді ойлап шығарғанды жақсы көреді, ондағы басты кейіпкерлер оның қаһармандары **«Сүйікті динозаврлары»** еді, соны топтағы балаларға айтып бергісі келді. Балалардың көпшілігі үйлеріне кетіп қалғандықтан, мен оған ертегісін келесі күні айтуды ұсындым, әрі оның ертегісінің қаһармандарын тақтада орналастыруға көмектесетінімді айттым.

Мустафин Елнұр -Сүйкімді динозавригтерімен ойнап отырған сәті.

ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: ЖАҒДАЙЫ, МӘСЕЛЕЛЕРІ, БОЛАШАҒЫ»

Ахметова Жазира Жексеновна
Ақтөбе қаласы № 58 жалпы білім беретін орта мектебі

Білім беруді дамыту саласындағы мемлекеттің басым міндеттерінің бірі әрбір балаға сапалы білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету болып табылады. Бұл жағдайда балалардың құқықтары Қазақстан Республикасының Конституциясымен, "Білім туралы", "Бала құқықтары туралы" және т. б. Қазақстан Республикасының заңдарымен бекітілген. Балалар үшін арнайы жағдайлар жасауда оқу үдерісін психологиялық-педагогикалық

сүйемелдеу маңызды рөл атқарады. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу балаларды қиын уақытта қолдаудың ерекше түрі ретінде қарастырылады.

Қазіргі таңда инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық, ұйымдастырушылық, ғылыми- әдістемелік дамуына көп көңіл бөлінуде.Инклюзивтік білім берудегі педагогтік құзіреттілік оқыту мен тәрбие үрдісінде балаға қайтіп, қалай көмек беру жолдарын білу.

Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқыту – даму мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыпты дамыған балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграция үдерістерін жеңілдету мақсатында оқыту жүйесі. Инклюзив – сөзі латын тілінен аударғанда «өзімді қосқандаә, ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді екен. Білім беру ұйымдарындағы инклюзивті оқытудың негізіне балалардың құқығын кемсітпеу, теңдік қатынасты қамтамасыз ету, арнайы жағдай қалыптастыру арқылы білім беру мен тәрбиелеу жатады. Мүмкіндігі шектелген бала ерекше қарауды қажет етеді. Зерттеулер барысында дамуы мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік ортаға енгізудің екі жолы анықталған. Бірінші жолы – даму мүмкіндігі шектеулі баланы қоршаған ортаға бейімдеу арқылы тұлға қалыптастыру. Екінші жолы – даму мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік ортаға енгізу дайындығымен бірге, әлеуметтік ортаны мүмкіндігі шектеулі баланы қабылдауға дайындаудың ерекшеліктерін игеру. Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым - қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір - біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым - қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы - құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету - өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан - жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Бастауыш сыныпта ерекше қажеттіліктері бар балалар оқу сабақтарының мазмұнында құрамдық тәртіп ережелерін меңгеріп, белсенділіктрін дамытуға, өз қызығушылықтарын жеткізіп айтуға үйренеді. Мемлекеттік білім беру стандартында көрсетілген оқу мазмұнын игеруде көрнекіліктер, ауызша түсіндіру әдістерін қолданып, жаңа технологияның озық үлгілерін пайдаланып, әр балаға жеке ықпал ету сияқты жалпы дидактика принциптерімен қатар арнаулы педагогикадағы түзете-дамыта оқыту әдістерін басшылыққа аламыз.

Сонымен қатар ерекше балаларды тәрбиелеуде мынадай психологиялық кеңеске құлақ түрген жөн:

- Баланың берген жауабына шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз;
- Бала қандай да бір шығармашылық іспен айналысу барысында шашып, төгім отырса оған ренішін білдірмеуге тырысу;
- Шешім қабылдауда өзіндік жеке жоспар құруына көмек беру;
- Баланы кемсітіп, оны басқа балалармен салыстыруға жол бермеу;
- Баланың әрбір жетістігіне бірге қуанып, мақтап отыру;
- Жас мөлшері әртүрлі адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрету;
- Кез-келген нәрсенің шешімін таба білуге, оған жауапкершілікпен қарауға үйрету;
- Баланың сүйікті ісімен айналысуға уақыт бөлу;
- Істеген жұмыстарының әтижелі болуына көмектесу;

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беруді қолдау бағытында жалпы білім беретін мектептерде ақыл-ой дамуында ауытқуы бар немесе психикалық дамуы тежелген оқушылар

білім алуда. Әр оқушының білім алуда өз ерекшеліктері бар. Әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің даму деңгейі әртүрлі.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуына жасалатын жағдайлар,даму бұзылыстарын түзету мен әлеуметтік бейімдеу жолдары қарастырылған Стандарт бойынша инклюзивті мектептерде оқу процесі іске асырылады.

Білім беру мекемелеріндегі жеке сүйемелдеудің негізгі кезеңдері.

Балалардың даму мүмкіндігі шектеулі болғанымен, олардың қиялы мен шығармашылығы, таланты мен өнері шектеусіз. Сондықтан әр баланың шығармашылығын шыңдап, қанатын қатайтып, қоғамнан өз орнын табуға атсалысайық.

ҮШ ТІЛДІ МЕҢГЕРУ БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Ахметханова Айгерым Амантаевна
М.Ғабдуллин атындағы №70 ЖББОМ ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Тіл қай ұлтта,қай елде болса да қастерлі,қасиеті шексіз. Ол әрбір адамның бойына ана сүтімен бірге еніп, дариды. Тіл байлығы-әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Атадан балаға мирас болып отыратын баға жетпес мұрасы. Демек, әр адам ана тілін көзінің нұрындай қорғауы тиіс.

Біздің ана тіліміз шексіз бай, өте көркем тіл. Ана тілінің көркемдігін көркейту ұлт байрағын көтеру мен бірдей десек, қателеспеген болармыз.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев өз жолдауында «ұлттық тіл - қазақ ұлтының рухани мәдени байлығын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші қасиетті құрал» деп баста көрсеткен болатын.

Әлемде қанша ұлт, нәсіл болса, солардың бір бірінен даралап тұратын басты бойтұмары - туған тілі. «Әр халықтың ана тілі - білімнің кілті»,-деп Ахмет Жұбанов тілдің адамзат өміріндегі маңызын аша түсті. Ана тілінің құдіреті жайлы қаншама ойшыл, ақын жазушыларымыз, даналарымыз құнды пікірлер қалдырды. Осынау бабаларымыз сөйлеп, даналарымыз толғап, аналарымыз әлдейлеп өскен қазақ тілінің еліміздің болашағының көркеюіне зор ықпал етуде.

Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өңірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналары сөзсіз. Осылай тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйымдастыратын ең басты құндылығымыз туған тіліміздің мерейін үстем етті.

Қазіргі жаһанданған, ақпаратық дамыған ғасырында болып жатқан түрлі өзгерістермен жаңашылдықтар еліміздің экономика саласына да, білім беру жүйесіне де тың ізденістерді енгізіп отыр. Елбасының салиқалы саясатының арқасында еліміз береке мен бірліктің, ынтымақ пен достықтың, татулықтың өлкесі болып, көп ұлтты мемлекетке айналды. Осы орайда Елбасымыз атап өткендей: «Біз-көп ұлтты қоғамбыз. Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың тілімен мәдениетін және салт дәстүрін дамытуға барынша жағдай жасауда алдыңғы уақытта да жалғастыра беретін боламыз»,-деген болатын.

Қазіргі таңда «Келешекке кемел біліммен» деп Президентіміз Н.Ә.Назарбаев ұстаным еткендей, келешекке кемел біліммен қадам басып, әлемдік білім кеңістігінің құпияларына үңіліп, қоғамға бейім, өз қабілетін таныта алатын, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген, құзіретті тұлғаны қалыптастыру басты мақсаттардың бірі болып отыр. Үш тілді оқыту - заман талабы. Үштілділік бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі. Осы «Үш тұғырлы тіл» туралы идеяны мемлекет басшысы іске асыруды балабақшадан басталуы тиіс. Бұл – заман талабы. Осы орайда тәрбиеші мен мұғалімдер бәсекеге қаблетті тұлғаны даярлауды зор деп танылуда. Қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі екендігін үндеуінде атап көрсетті.

Бұл үдерістен бізде тыс қалмауымыз керек. Үш тілділіктің маңызын түсіне білген жанның болашақтағы өмір белесінен, білім кеңістігінде алары да, берері де мол.

Осы оқу жылының басында «Тілдер мерекесі» апталығында жүргізілген барлық іс шаралар үш тұғырлы тіл биігінде аталып өтті. Шәкірттердің, жаңалыққа жаны құмар ұстаздардың бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу де орасан зор еңбектері көрініс тапты. Балабақшадан бастау алған осы саясаттың түрлі тақырыптарда лингвистикалық, экономикалық тарихи, танымдық сайыстар оқушылар арасында үш тұғырлы тіл барысында белең алуда. Алдағы уақытта үш тұғырлы тілді меңгеру - еркіндіктің, бостандықтың, тәуелсіз ел ұландарының бәсекеге қабілетті дара тұлға болатындықтарының кепілі.

Дөңгеленген дүние уақыттың көшімен бірге зымырап өзгеріп, күн өткен сайын тоқтаусыз дамып барады. Сондықтан әлем экономикасындағы сансыз өзгерістер мен технологияның жылдамдықпен дамуы ғылым мен білімнің тың салаларын үйреніп, уақыттың өзі қойған талаптарының үдесінен шығуға тырысу керек екенін ұқтырып отыр. Ғылым мен технологияның дамуынан ешкім де сырт қала алмайтыны белгілі. Ал осы өзгерістерден шеттеп қалған жағдайда даму баспалдақтарынан аттау мүмкін емес. Бұл үрдеріс әсіресе тілдің дамуына ерекше ықпал етуде. Өйткені тіл – кез келген саланың басты қажеттілігі екені айтпасада түсінікті. Осындай дамудың бағыт-бағдарын дұрыс бағамдай білген мемлекетіміз заман ағымын сараптап, саралай отырып әлемде кең қанат жайған тілдерді меңгеру қажеттігін түсінді және тіл дамыту саласында да нақты қадамдар жасай білді. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында «Қазақстан әлемде жоғары білімді, халқы үш тілді де: қазақ тілін – мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін – ұлтаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін жаһандық экономикаға нәтижелі өтудің көмекші тілі

ретінде еркін меңгерген ел болып танылуы керек», – деп атап өткен болатын. Сондан бері осы бағытта қаншама жұмыстар атқарылды. Даму жолында әлем елдерімен тығыз байланысқа түсуге тура келеді. Байланыс орнатудың басты құралы ағылшын тілі. Ал оны үйрену уақыттың өзі тудырып отырған қажеттілік. Енді осы бағытты таңдап, дамуды мақсат тұтып, жарқын болашаққа бастар жолға түскендіктен бұл ұстанымымызды барынша тереңдете түсуіміз керек. Елімізде тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында бұл бағытта атқарылар жұмыстар мен қол жеткізер нәтижелер белгіленіп қойылған. Нақты айтар болсақ, негізгі салмақтың көбі тіл орталықтарына артылып отыр. Сондықтан бұл міндеттің басты бағыты шет тілдерін оқыту процесінің ауқымды кеңістігін сақтау. Тағы бір маңызды бөлігі ретінде мектепке дейінгі ұйымдар мен орта білім беру ұйымдарындағы үш тілді білім беру және тәрбиелеу қызметіне арналған әдістемелік материалдарды әзірлеп, топтастырып, жүйелеп оқулық шығару жағы да көзделген», – деп жасалынатын істің барлық жобасы айқындалып, нақты атқарылар шараларды орындау тетіктері де белгіленген. Осы бағдарлама аясында білім беру мекемелерінде ағылшын тілін тереңдетіп оқытуға айрықша мән беріліп, нақты қадамдар жасалынғандықтан «Үш тұғырлы тіл» тұжырымдамасын жүртшылық қызу қолдады. Қалың көпшілік оның астарында жастарымызды әлемдік деңгейде оқытып, тәрбиелеуді көздеген ұлы мақсат жатқанына көз жеткізді.

Республика көлемінде бұл бағытта түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып осы уақытқа дейін көптеген жұмыстар тыңғылықты атқарылды. Нәтижесі де жоғары. Еліміздің түкпір-түкпірінде атқаралып жатқан шаралардың бірі ретінде Маңғыстау облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы ұйымдастырып жатқан «Тіл дарын» облыстық олимпиадасында тілге тиек етуге болады. Өйткені бұндай байқаулар арқылы тілдерді дамыту бағдарламасында айтылған көптеген мәселелерді қамтып өтуге болады. Атап айтсақ бағдарламада конкурстық іс-шаралар кешенін ұйымдастыру және өткізу арқылы тілдерді дамыту тетіктерін іске асыру жағы да көзделген. «Тіл дарын» облыстық олимпиадасының қағидалары үш тілділікті енгізуді ынталандыруға бағытталған. Байқау үш тілді қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген дарынды жастарды анықтау және қолдауды, сондай-ақ, қазақстандық патриотизмді нығайту, тілдік мәдениетті тәрбиелеу, өзге халықтардың тілі мен мәдениетін құрметтеуді қалыптастыруды мақсат тұтып отыр. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та ағымдағы жылда өткен «Тамыз конференциясында» үш тілді оқыту барысына ерекше тоқталып өтті. «Үш тілді жүйеге көшу, оқытушылар мен білім беру бағдарламаларының дайындығына қарай жүзеге асады. Бұл ретте ғылыми-жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту білім орталықтарының кадрлық мүмкіндіктеріне қарай оқушылар мен ата-аналардың қалауы бойынша іске асырылуы тиіс. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Қазақ тілі үш тілдің біреу болып қалмайды, үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді», деп өте өнегелі ой айтты.

Міне көріп отырғанымыздай тіл туралы мемлекеттік бағдарламаның басты ұстанымы ең алдымен қазақ тілі екені анық. Біздің мемлекеттік тіліміз ретінде әрдайым қазақ тілінің тұғыры биіктеп, білім беру мен қарым-қатынас жасаудың басты құралы ретінде өз орнын ешқашан жоғалтпайтыны белгілі. Сондықтан мемлекеттік тіл еліміздегі барлық ұлттар мен ұлыстарды біріктіретін басты құндылық екені даусыз. Қазақ тілі өзге дамыған елдердің тілімен бірге дамып, әлемге кең тараған тілдермен терезесі тең болып өркендей беретініне сенеміз. Қандай тіл болмасын басқа тілмен қарым-қатынасқа түсе отырып дамитыны дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Даму үстінде тілдің сөздік қоры да көбейіп, үстемелене береді. Әлемнің көптеген елдері қолданатын тілді білу өркениетке бастайтын даңғыл жол екенін мойындауымыз керек. Елімізде көп тіл білетін азаматтардың үлес салмағы көбейген сайын, өз тіліміз тасада қалып қояды деген қате түсініктен арылатын уақыт жетті. Керісінше көп тіл

білетін адамның өз тілін білуге деген ынтасы арта түседі. Өйткені басқа елдердің мәдениетін біліп, олардың өз тілдеріне деген құрметін сезініп, білім көкжиегі кеңейген адам өз ана тілінің қадір-қасиетін жан дүниесімен түсінеді екен. Ол табиғи үрдіс, туа бітті перзенттік парыз, адами қасиет. Ең бастысы өз ана тілі үшін алаңдайтын адам, өз ұрпағының бойында ұлтына, еліне деген сүйіспеншілікті қалыптастырып тәрбиелесе болды. Ал, көп тіл білгеннен ана тіліміз зардап шегіп, қолданыс аясы тарылып, жойылып кетеді деп құр байбалам сала берудің қажеті шамалы. Бұндай қауіп-қатер ойлаған адам, болмайтын дауды қаузағаннан гөрі, өз отбасынадағы тіл мәселесін шешіп алса, яғни балаларымен үйде өз ана тілінде сөйлессе міне, нағыз тіл үшін күресу, болашағына алаңдау деп соны айтады. Бабаларымыздан қалған «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген аталы сөзімізді көкейңмізден шығармайық. Сонда барып ұрпағымыз ұяда көргенін істеп, өз отбасында қазақ тілінің үстем болғанын қалайды. Осындай қадамдар арқылы ана тіліміздің мерейі үстем боларына сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2007

2. Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері,

3. Әбдуәли Т.Үштұғырлы тілден түңілмейік // Жетісу, №31. 2008

4. Тәңірбердіқызы Т. Ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес // Қазақ әдебиеті, №48. 2008

5. Ғабжәлелов Х. // Тасжарған, №18. 2008

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Аязбаева Айжан Бакитжановна
Ақтөбе қаласы, №40 ЖББОМ

Кез- келген жағдаяттан шығу үшін өзіне сыни көзқараспен сұрақтар қоя біліп, ойдан ой тудырып өз өміріне қажетті білім алып жатса, ұстаз жетістігі осы. Оқушылардың пәнге деген қызғушылығын, өмірге деген құлшынысын оятып жатса, ұстаз алдына қойған мақсатқа жеткен болып саналады. Уақыт ағымы бойынша күннен күнге қарыштап дамып жатқан заман желісіне ере отырып, өз білімін күнделікті өмірде қолданып, өз ойын еркін айта білетін ұрпақты өсіріп жеткізсек басты міндеттің орындалғаны осы болмай ма. Қазақстан Республикасының Президентінің биылғы Жолдауында «XXI ғасыр білім мен ғылым ғасыры болады», деп айтуында үлкен мән-мағына жатыр. Білім мен ғылымға жетудің бірден бір жолы-базалық білім мазмұнын жүзеге асыру.

Деңгейлеп оқыту технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Оның басты мақсаты – сынып оқушыларын «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау. Сабақта қандай оқушы болмасын, жақсы оқитынына қарамастан жұмысты I деңгейден орындайды. I деңгей тапсырмаларын орындау мемлекеттік білім стандарты талаптарының орындалуына кепілдік береді. Әрбір оқушы I деңгейді орындауға міндетті және одан жоғарғы деңгейдегі тапсырмаларды орындауға құқылы. Осы тұрғыдан алғанда «үлгерімі төмен, баяу» оқушы жақсы оқитын оқушыға ілесе алмай жатса не істеуге болады? - деген сұрақ туады. I деңгейден аса алмай жатқан жағдайда қалған тапсырмаларды үйде орындауға беру керек. Деңгейлеп оқыту

технологиясының екінші бір жағы – оқушыларды дүниежүзілік білім жүйесінде қолдананылатын рейтинг – ұпай жинау әдісіне баулу.

Деңгейлік тапсырмалар рейтинг-ұпай – балл жинау әдісімен бағаланатынын ескерсек, оқушылардың деңгейлік сабақ өткеннен кейін де сол тапсырмаларда жіберген қателіктеріне, тапсырмаларын орындауда қолданған тәсілдеріне анализ жасап, қателіктері мен кемшіліктерін анықтай білуге мүмкіндік береді. Келесі тапсырмаларда оқушы неғұрлым көбірек ұпай жинау үшін ізденіп оқытушыдан, жолдастарынан, қосымша материалдардан білім жинайды.

Деңгейлеп оқыту технологиясы:

- оқушының өз қабілетіне, болашағына сенуіне;
- оқушыны ынталандыруға;
- оқушы мен оқытушының ынтымақтастық қарым-қатынас достығына;
- оқушының өз білімін өзі бағалай білуіне;
- баға әділдігіне;
- білім көрсетудің әділ сайысына мүмкіндік береді.

I-деңгей – Оқушының деңгейін , міндетті түрде фактілі білімдердің

II деңгей - алгоритмдік деңгей -өткен материалды

III деңгей – эвристикалық деңгей (танымдық іздену)

IV деңгей - шығармашылық деңгей – оқулық тапсырмасынан

Деңгейлік тапсырмалар беруде нормативтік, нормативсіз варианттар салыстырылады. Соның нәтижесінде деңгейлік тапсырмаларды орындау негізінде оқушылардың лексикалық сөздік қоры кеңейеді, грамматикалық сөз тіркесінің активтік қоры байиды, тілдік тұлғаларды, оралымды қолдануға жаттығады. Бұл тұлғада деңгейлік тапсырмаларды таңдау мәселесі практикалық мағынаға ие болады да, оқу процесінің проблемалық ситуациясына айналады. Байланыстырып сөйлеуге оқыту үшін деңгейлік тапсырмада әңгіме, мазмұндама жазу ұсынылады.

Деңгейлік тапсырмалардың төмендегідей түрлері қарастыралды:

1. **Әңгіме құруға арналған тапсырмалар:**

а) ақ қар, биік тау, көп бала, қызық ойын, сырғанақ, ауыл маңы т.б.

ә) мына сұрақтарды басшылыққа ала отырып, әңгіме құрыңдар.

сен кімсің? Ол кім?

әжең үлкен бе? Атаң үлкен бе?

Қайда тұрасыңдар?

Сендер нешеусіңдер?

Сіздің ағаңыз бен апаңыз кім?

Олар не істейді?

Оқушыларының сөйлеу тілін дамыту үшін жүргізілетін деңгейлік тапсырмалардың түрлері мен ерекшеліктері туралы айтқанда, деңгейлік тапсырмалар – бір жағынан оқушының білімін дамытушы, ал екінші жағынан әдістемелік міндеттерді жүзеге асырушы.

Деңгейлік тапсырмаларды құру жеңіл шаруа емес. Бағдарламаға сай тапсырмалар түрін сараптап, зерттеп, оқушылардың оқу дағдысын қалыптасытру талаптарыны басшылыққа ала отырып, ғылыми-әдістемелік түрде оқушы деңгейіне сай құрылуы тиіс. Деңгейлік тапсырмалар оқушы сұранысын қамтамасыз ететіндей, ықшам, әсерлі, жүйелі, түсінікті сипатта болуы қажет. Тапсырмаларда мәтін жұмысы, ситуациялық әңгіме т.б. көркемдік жағы ескерілуі тиіс.

Тапсырмалардың тартымды, қызықты болуын қадағалау қажет, оған қойылатын талаптардың толық сақталуы тапсырманың сапасын арттырып, оқушының сөйлеу тілін дамытуға қолайлы жағдай туғызады. Сондықтан оқулықта, сабақта кездейсоқ алынған жаттығулар болмағаны тиімді.

Қорыта айтқанда,бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытуда, функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда, өздігінен жұмыс жасаудың, білімді өздігінен игерудің маңызды екенін түсіндік. Бастауыш сынып оқушылары жаңа жүйелі оқу әдістері арқылы ізденгіш, зерттегіш, шығармашыл, проблеммаларды өздігінен шеше алатын, қиын жағдайларда тығырықтан шығу жолдарын таба білетін , функционалды сауатты тұлға ретінде қалыптасады. Сонымен өзіндік жұмысты ұйымдастыруға қойылатын талаптар мыналар:

– жұмыстың көлемін шамадан айырмай, оның санасын арттыруға көңіл аудару;

– оқушының дербестігін арттырып, өзіндік білім алу қабілетін жүйелі түрде дамыту;

– өзіндік жұмыстың мазмұнына күнделікті өмірден алынған материалдарды, хабарларды енгізу;

– оқушыларды алған білімдерін іс-жүзінде қолдана білуге дағдыландыру;

– оқушыларды оқу жұмысына шығармашылық тұрғыдан қарауға, белсенді әрекет жасауға баулу;

Біздің алдымызда, келешек ұрпақты тәрбиелеуде үлкен де, жауапты міндеттің тұрғаны баршамызға белгілі. Оқыту барысында қол жеткен жетістіктерді айтар болсақ , оқушымен орындалатын әрбір өздігінен жұмыс өз нәтижесін беруде. Әрине, бұл мұғалімге де, балаға да өте үлкен жауапкершілікті артады. Мектепте заман талабына сай білім беру бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Әрбір мұғалімнің басты міндеті оқушының жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамыту. Олардың талантын, шығармашылығын ашуда өздігінен іздену, талпыну, өз нәтижесін береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы. Мектептегі тәжірибеде орындауға арналған тапсырмалар. Үшінші (базалық) деңгей. III басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.
2. Педагогикалық Шеберлік Орталығы Кембридж Университетінің Білім беру факультетімен бірлесіп әзірлеген Қазақстан Республикасы педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының деңгейлі бағдарламасына арналған глоссарий.
3. Ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журналы «Зияткер»
4. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «Бастауыш сыныпта оқыту» барлық пәндер бойынша.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Б.С.Саймаганбетова
Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Қандыағаш қалалық №4 ЖББОМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Білім -бір құрал . Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды,
не істесе де келістіріп істейді.
А. Байтұрсынұлы

Қай елдің болсын өсіп- өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне , даму бағытына байланысты. Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзіреттілігіне

байланысты екені түсінікті. Оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай- ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты , тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлғалардың бұл жолдағы еңбегі ұшан теңіз. Оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыра білу үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл ,икемді, өзгерсті тез қабылдай алатын, жан -жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек.

Жалпы, функционалдық сауаттылық – жеке тұлғаның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін негізгі факторы, яғни бүгінгі дамыған заман ағымына қарай бірге ілесе отырып, меңгерген білімді тұрмыс -тіршілікте қолдана алуы мен жетілдіре отыруы. Яғни, адамның мамандығына, жасына қарамастан меңгерген білімді сауатты қолдана алуы мен үнемі білімін жетілдіріп отыру процесі. «Функционалды сауаттылық» оқушының мектептегі алған орта білімінің күнделікті өмірінде және болашақтағы атқаратын қызметінде кездесетін тұрмыстық қоғамдық, әлеуметтік экономикалық проблемаларды шешуде табысты қолдана алуын қамтамасыз етеді. Функционалдық сауаттылыққа нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізіледі. Білім беру барысында белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады. Сондықтан мемлекеттік тілді оқытуда білімнің түпкі нәтижесі деп саналатын құзіреттіліктердің біртұтас бірлігі ретіндегі функционалдық сауаттылықтың мәнін, рөлін айқындаудың, оны мектеп тәжірибесіне ендіре отырып, уақыт талабымен толық сай келуі де зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей түседі.

Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың теориялық негіздері оқушылардың қазақ тілінің қыр- сырын меңгеруі барысында жүйелі ойлауын дамытып, мектепте алған білімінің өмірдің қай саласында да тірек болуын қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік жүйе жасаумен бірге қолдануға да мүмкіндік береді.

Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда олардың психологиялық қырынан даму мәселесін де қарастыруды талап етеді. Жалпы,оқушының дамуы дегеніміз — оның өмірлік күш-қуаты мүмкіндіктерінің жүзеге асырылуы. Сондықтан сол дамытатын қабілеттерді және олардың оқу-танымдық процестегі қызметі ерекше қажет. Ал оқушыны белгілі бір психикалық алғышарттарға ие болып келетін, танып-білу мүмкіншіліктері мол жеке тұлға деп қарастыру — теориялық ұғым жасаушы тұғаның болмысын анықтау болып табылады.

Оқушылар тілдің грамматикалық ережелерін есте сақтап, еркін дәлелдей айта алады. Негізгі тілдік құбылыстар туралы білімін коммуникативтік мақсатта еркін пайдалану қабілеті болмайды, кейбір кездері тілдің грамматикасын игермеген оқушы сабақтан тыс кездерде сол тілде жақсы сөйлей алуы мүмкін. Қазақ тілі сабағында тілді жылдам және сапалы игеру үшін міндетті шынайы түрдегі қарым-қатынастар жағдаяттары ұйымдастырылуы керек. Мұндай сөйлеу тілдік жағдаяттары арқылы оқушылар қазақ тілінің қыр -сырын саналы түрде игере алатын болады.Мұғалім оқушының қазақ тілінде әдеби тілде жатық сөйлеуін, сауатты жазуын қамтамасыз ету барысында міндетті түрде оның танымдық қабілеттерінің де дамуын да ескеріп отырғаны жөн. Тіл жүйесінен білім алу, қазақша тіл мәдениетін қалыптастыру, қазақша тіл және сөйлеу сауаттылығын қалыптастыру және дамыту арқылы қазақша *тілдік тұлға қалыптастыру* қазақ тілін оқыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың басты мақсаты болып танылады. Арнайы сабақ жоспарын әзірлеу — сабақтың әдістемелік жоспарын жасау — мұғалімнен жан- жақтылықты қажет етеді. Сабақтың әдістемелік жоспарында сыныптағы әр оқушының «өзіндік ролі» айқын берілуі керек. Сабақтың дерлік кезеңдерінде мұғалімнің сабақ берушілік қана емес, басшылық, жетекшілік, қолдаушы, ынтымақшылдық болмысы айқын сезіліп тұруы тиіс. Мұғалім қазақ тілі сабақтарын «грамматикалық ережені айту», «жаттату», «талдаулар жүргізу» сияқты ғана

әдістермен шектемей, оқушылардың функционалдық сауаттылығын, яғни күнделікті өмір жағдаяттарында керек болатын білім мазмұнын теориялық және практикалық бағытта ұйымдастыруы міндетті. Сабақ үстінде оқушылардың жеке ғана емес екі- үшеуден немесе топ түрінде жұмыс істеуін ұйымдастырып, тапсырмалардың осы желіде орындалуын қадағалауы тиіс. Негізгі қадамда қазақ тілі сабағында оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту үшін мынадай педагогикалық инновациялық технология тәсілдерін қолданған тиімдірек болады. Мәселен, мәтінмен жұмыс тәсілдері, миға шабуыл, зерттеу тәсілдері, тақырыпқа сай мәтіндермен жұмыс. Мәтін мазмұныны түсінуге арналған, біліктілігін дамыту үшін, оқыған немесе тыңдаған ақпаратты шығармашылық пайымдай білуге арналған жазбаша жұмыс түрлерін (жеделхат құрастыру, сұхбат, эссе жазу) секілді әдістер оқушылардың шығармашылық сұранысын қанағаттандырады, ауызша және жазбаша жұмыс түрлерінде ойын ашық айта алу қабілетін, сонымен бірге ойлау қабілетін жетілдіреді, жалпы алғанда түрлі біліктіліктерінің жетілуіне әсер етеді. Өздерінің оқығандары мен тыңдағандарының ішінен оқиғаларды және фактілерді тауып, соған өздерінің көзқарасын қысқаша айтып берулері арқылы да, өз пікірін айту үшін мәтінді жоспар жазбаларын пайдалана ала отырып тілдік қарым-қатынас жасауға қажетті жағдайлары туындайды. Шәкірттер тыңдап түсінуге арналған тиімді мәтіндермен түрлендіре жұмыс істеуге, сөйлеуге одан ары қарай жаттығады, баяндамалар жасайды**.** Құрылған **оқу мақсаттарына сай тапсырмаларды дұрыс құрастырып беретін болсақ, оқушыларымыз функционалды сауатты болып шығары сөзсіз.**

Жалпы, функционалдық сауаттылықтың міндеттері сырттай бағалау және іштей бағалау болып табылады. Іштей бағалау- оқу пәні бойынша оқыту сапасын диагностикалау. Ал сырттай бағалау- әрбір деңгейді аяқтау бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің нәтижелері болып табылғандықтан ,оқушы осы бағалауларда жоғары нәтиже көрсете алады.

Бүгінгі күні барлық елдер сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі мен оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабын сәйкес дамуы тиіс . «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келе , сол өзгерісті уақытында жаса» деген қанатты сөзді ескере отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, жақсы жетістікке жетуге ұмтылудан таймауымыз қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасында білім берудің 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2011ж. [4, 15 б.]

2.Е.Имангалиев. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары «Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы».№ 9 (69) 2012 жыл.6-9 бет.

3.Оразахынова Н., Кенжебаева Г. М. - «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. - Б. 42-47.

ҰБТ – ДЕГІ СТЕРЕОМЕТРИЯ ЕСЕПТЕРІН «GEOGEBRA» ҚОЛДАНБАЛЫ БАҒДАРЛАМАСЫНДА ШЕШУ

Базарбаев Сағындық Қобдабайұлы
ЖШС «125 АКТОВЕ»

Ақпараттық технология мен мультимедиялық құралдарының қарқынды түрде дамуы, педагогтарды осы мүмкіндіктерді сабақта қолданысын міндеттеп отыр. Компьютерлік технология әртүрлі ақпарат көзіне қол жеткізуге жол ашылып, оқушылардың өзіндік жұмысының тиімділігін арттырады да оқушылар мен мұғалімдердің шығармашылығына жол ашылады, оқытудың жаңа формалары мен тәсілдерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оқу процесін ұйымдастырудағы ақпараттық технологиялар оқушылардың танымдық белсенділігін арттыра түседі және оларды жоғары білім беру нәтижесіне жеткізетін құралға айналады. Дәл осындай технологияның бірі цифрлық білім беру бағдарламасы болып табылады. [1]

Үлкен жоба болмағанымен, компьютермен жұмыс істеушілер GeoGebra – бағдарламасын тез игеріп кете алады.

Оқушылардың басым бөлігі ҰБТ-гі немесе мектеп бағдарламасындағы стереометрия есептерін шығара алмайды, оның себептерінің бірі кеңістіктегі фигуралардың сызбасын елестету және сала алмауларында. Осы тұста GeoGebra бағдарламасы арқылы стереометрия есептерін шешіп оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырып, уәжін көтеруге болады. Ендеше ҰБТ-гі жаңартылған нұсқадағы, яғни контекст мәтіндегі стереометрия бөліміне мысал келтірейін.

1-есеп. Биіктігі 20см болатын конустың ішінен радиусы 25см болатын конус ойып алынды. Соның нәтижесінде табанында қалындығы 5см сакинасы бар геометриялық фигура пайда болды. Пайда болған геометриялық фигураның көлемін есептеңіз.

Есеп шартына сәйкес сызбасын салсақ, оқушылар қозғалысқа келтіру арқылы ізделінді фигураның көлемін табу жолын түсінеді. [2],[3]

https://www.geogebra.org/classic/t4ynatt4



1-есептің сызбасы

2-есеп. Дұрыс төртбұрышты призманың табан қабырғасы 15см, ал бүйір жағының диагоналі 25см. Табан қабырғасынан призманың онымен қиылыспайтын диагоналіне дейінгі ең аз қашықтықты табыңдар.[4]

https://www.geogebra.org/classic/pxuksv5k сілтемеден өту арқылы оқушылар ізделінді нәрсені нақты түсініп, есептей алады.



2-есептің сызбасы

3-есеп. Конустың биіктігі 10 см. Конустың төбесі және табанында 60 градус доғаны керетін хорда арқылы өтетін қима конустың табанымен 60о бұрыш жасайды. Қиманың ауданын табыңыз



3-есептің сызбасы

Оқушылар үшін қиындық туғызатын іштей және сыртай сызылған көпжақтардың GeoGebra бағдарламасындағы кескіндерін келесі сілтемелерден көре аласыздар:

https://www.geogebra.org/classic/zukkxyyn призмаға іштей сызылған шар
https://www.geogebra.org/classic/g3f8jm8e шарға іштей сызылған призма
https://www.geogebra.org/classic/b3uskqe9 пирамидаға іштей сызылған шар

Қорытындылай келе бағдарламаның тиімділігі:

1. Тегін бағдарлама;
2. Кез келген компьютерге орнатып, қолдануға болады;
3. Білім алушылар бағдарлама мүмкіндігін өз көздерімен көре алады;
4. Формулалар арқылы шешілген көптеген математикалық есептерді графиктер салу арқылы тексеруге мүмкіндік береді;
5. «Жансыз» фигуралар мен графиктердің қозғалуына, яғни олардың интербелсенді болуына жағдай жасайды;
6. Фигураларға анимация жасауға болады. Білім алушының компьютерлік сауаттылығын арттырады.

7. Бағдарламаның берілген функция арқылы график салу, түбірлер табу, экстремумдар мен интегралдарды анықтау, т.б. жұмыстар орындау мүмкіндігі зор;

8. Бағдарламаның көмегімен математика сабағында көрнекі материалдар мен интерактивті сызбалар құруы ыңғайлы.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Judith Hohenwarter, Markus Hohenwarter «Введение в Geogebra», Версии 4.2, 2012

2. В.А.Смирнов, И.М.Смирнова «Геометрия с Geogebra», Планиметрия, М.: Прометей, 2018

3. Безумова О.Л. «Обучение геометрии с использованием возможностей Geogebra», Архангельск «Кира», 2011.

4. В.Гусев, Ж.Қайдасов, Ә. Қағазбаева, Геометрия 11кл, Алматы «Мектеп» 2015

ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ – ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕГЕ БАУЛУ

Базылдина Дарига Есентемировна
«А.Байтұрсынұлы атындағы лингвистикалық мектеп-гимназия» КММ, технология пәні мұғалімі

Мәңгілік ел азаматы – патриоттық сезімі биік, иманды, парасатты, сонымен қатар ұлттық құндылықтың сұлулығынан ләззат ала білетін, мәдени және өнегелік деңгейі жоғары дамыған болуы керек

Оқушылардың эстетикалық қызығуын қалыптастыру дегеніміз – оларды әсемдік, әдемілік әлемін түсінуге, сезінуге баулу. Бұл жөнінде орыстың белгілі педагогі В.Белинский былай дейді: «Әсемдікті сезіну – адамгершілік қасиетінің шарты. Тек осы сөздің төңірегінде ғана ғылым дүниежүзілік идеяларға дейін шарықтай алады, табиғат пен құбылысты оларға ортақ тұрғыдан түсіндіреді, тек осы сезіммен ғана адам өмірде ерлік істей алады, оның барлық ауыртпалығына белі қайыспайды....».

Жас ұрпаққа қолөнер кәсібінің бір саласын меңгерту өздеріне байланысты деп түсінген ата-ана өздеріндегі бүкіл жақсы қасиеттерді солардың бойына сіңіруге тырысты. Ер адамдар шеберлігі, өнері ат әбзелдерінен көрініс тапса, әйел затының қолөнерлерінің сипаты қызға төсек-орын беру дәстүріндегі үйге қажетті бұйымдардың көркемдігімен, шебер қолдар өрнегімен көрініс тауып, бағаланған. Бұл тұрғыда, аналар қыз балаларды қолөнердің кең тараған түрлері – киіз басуға, сырмақ сырып, киіз үйдің ішкі-сыртқы керек жабдықтарын әзірлеуге, шаруашылыққа қажетті бұйымдар жасап, киім, кілем, алаша, ши, кесте, шілтер тоқуға үйретсе, ер балаларды зергерлік бұйымдарды әзірлеуге, ер-тоқым, құрал-жабдық, сауыт-сайман жасауға үйретіп отырған. Осы айтылғандардың барлығы дерлік қолөнер өрнектерімен безендіріліп, әшекейлі жасалатын болғандықтан, жасаушыдан ерекше талғампаздықты, нәзік икемділікті, жоғары эстетикалық талғам мен шеберлікті талап етеді. Қазақ халқы ұл-қызын 13–15 жасқа дейін өмірге дайындап, білгенін үйретіп шығаруға тырысқан. Яғни, қазақ халқы қыздары мен балаларының тәрбиесіне, эстетикалық көзқарасының дамуына үлкен мән бергені байқалады. Қазақ халқы қыздар мен ер балаларды сәндік-қолданбалы қолөнерге үйрете отырып, әсемдікті, сұлулықты түсініп, өмірді өнегелі етуге, қоршаған ортаның түрі мен бояуын қабылдай білуге қалыптастырады. Осы ежелден қалыптасқан қолөнер кәсібі, оның сан-алуан түрлері, әдіс-тәсілдері мен амал-жолдары ұрпақтан-ұрпаққа үзіліссіз беріліп келеді. Көркемдік өнер мен халық шеберлерінің туындысы

бүгінгі жастарымызға үлгі және халықтың ғасырлар бойы жинаған көркемдік тәжірибесінің сарқылмас көзі болып отыр. Жас ұрпақтың рухани мәдениеті мен дүниетанымын, көркемдік талғамын қалыптастырудың басты құралы – оқушыларға көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие беру. Жалпы эстетикалық тәрбиенің жолдары мен бағыттары аясының кеңдігі сияқты, көркемдік білім негіздерін игерудің де саласы жеткілікті.

Қазіргі заманда эстетикалық тәрбие беруді жетілдірудің маңызды бағыттарының бірі – бұл оқушылардың қоғамдық өмірдегі, табиғаттағы, шығармашылық туындылардағы әдемілікті, сұлулықты бағалай білу, оны аялай алу қасиеттерін қалыптастыру және оны одан әрі дамыту, оқу үрдісінде, одан тыс уақыттағы әрекеттерінде әр түрлі құралдардың көмегімен мектеп оқушыларының көркем – шығармашылық белсенділіктерін арттыру болып табылады. Осылардың ішінде, әсіресе, эстетикалық циклдегі бұйымдардың орны ерекше болып келеді, оған қолданбалы қолөнер заттарын жатады.

Мен өз іс-тәжірибемде оқушы қыз балаларға ши тоқу технологиясын үйренуді жолға қойдым.

Ши тоқуды үйретудегі негізгі мақсатым:

Ұлттық қолөнеріміздің бірі- ши тоқуды заман талабына сай өңдей отырып, жандандыру. Халқымыздың ұмытылып бара жатқан мәдени мұрасы – ши тоқу өнерін қастерлеп, өнерге деген сүйіспеншілік оята отырып, ұлттық тәрбие беру.

Міндеті:

Табиғат байлығын пайдалану барысында еңбекке, өнерге деген ынта, жігерін арттыру, өз бетінше жұмыс істеу қабілетін дамыту. Күнделікті тұрмысқа қажетті, сұраныс туғызатын, қазіргі заман талабына сай қолөнер бұйымын жасап шығару және оны жаңа дизайн талаптарына сай әсемдеу

Ізденіс жұмыстарын жүргізу.

Ши өсетін жерлерді анықтау.

Шидің сапалық құрамын тексеру.

Зерттеудегі ғылыми жаңалық және теориялық маңыздылығы:

Ши туралы материалдар жинақтау.

Ши жасаудың технологиялық тәсілін меңгеру.

Шиден материал жасау жолдарын үйрену.

Шидің қазіргі кездегі қажеттілігі мен маңызын шешу.

Шиге жалпы сипаттама

Астық тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік. Биіктігі 50-250 см, сабағы көп, тік өседі, түсі көгілдір, беті тегіс, мықты шым түзеді. Жапырақтары ұзын жіңішке, ені 3-5 мм өте қатты, сыпыртқысы жіңішке, ұзындығы 15-20 мм, ақ не күлгін түсті. Маусым, шілде айларында гүлдейді. Иран, Қытай, Манғолия, Тибетте, Еуропаның солтүстік шығысында, Сібірдің оңтүстігінде, Қазақстанның дала, шөлейт аумағында, тау беткейлерінде, әдетте суға жақын жерлерінде өседі. Ши қыста жақсы мал жайылымы, сабағынан ши тоқылады, гүл шоғыры мен қыста сабағынан сыпыртқы жасайды. Ши негізінде екі жарты шардыңда жылы аймақтарында өсетін 20ға жуық түрі бар. Шидің құрамында 9,6- 14,3% протеин, 22-42% клетчатка, 1,7- 3,1% май және 38-51% азотсыз қалдық заттар болады. Оның сабағынан ши төсеніш, корзина тоқылады.

Ши қасиеті және өңдеуі

Тоқылатын ши мал аяғы баспаған жерден, жаздың орта шенінде әбден бойлап өскен кезде тартылады. Шиді таңертең кешке немесе жаңбырдан кейін шық кетпей тарту керек.

Мұндай кезде ши суырылғыш келеді, себебі жер жұмсақ.

Тартылған шиді іріктеу

Ши шыбықтарын аршып, тазарту

Іріктелген шыбықтарды 1 метр ұзындықта кесіп дайындау

Ши шыбықтарын орауға дайындау.

Қорытынды

Тоқылған ши түрін қастыра келіп, композициясы, негізгі түрі жағынан бірнеше топқа бөлуге болады:

Тоқылған шиді барлық кеңістікті жауып тұратын түрлері

Тор көзді түрлер

Тұйық композициялы түрлер.

Тоқылған ши түрлерінің құрлысы жағынан жоғарыдағыдай орналасу тәртібін сипаттай келе, мұндағы көрсетілген үлгілерді ши тоқуда жие кездеспейтіндіктен, құрлысы жағынан шартты түрде бөліп айтылады. Негізінде ши тоқуда сыналатын түр үлгілерін түгел қамтып, құрылысы жағынан жіктеп, қағаз бетіне түгел түсіру мүмкін емес.

Бұл орайда айта кететін бір жай ши өңдеп, өрнектеп, шиге түр салу өнерінде қазақ шеберлеріне, туысқан халықтар ішінде, көршілес қырғыз халқы шеберлерінің өрнек үлгісінің ең жақын, кейбір ұқсастық белгісінің мол екенін байқаймыз. Бояу реңін қолдану жағынан композициялық құрылысы мен көркемдеу тәсілі сияқты өзіндік, ұлттық ерекшеліктері барлығы сөзсіз.

Өйткені, шебердің түр өрнегін белгілі дәстүр бойынша ши бетіне түсіргенімен, әрбір шебердің ой- өрісі, талғамына сәйкес, өзінше әртүрлі жаңалықтар ендіріп, бояуының түсіне, кейбір түлдердіорналастыру, жиектеу, әдіптеу, жалпы көркемдеу шешіміне байланысты бірін-бірі қайталамайтын өзгерістер мен өзіндік ерекшеліктерге толы өрнек тудырып отырған.

Біздің алға қойған мақсатымыздың өзі, ши өңдеу мен тоқу өнерін жалпы да болса тарихи жағын байланыстыра, қысқаша мәлімет беру. Халқымыз қастерлеген,ұлттық өнеріміздің жас ұрпақтарға үлгі боларлық тәрбиелік маңызын баяндау.

Ши тоқу кезіндегі қауіпсіздік ережесі:

Шиді ашып дайындағанда қолғап ки.

Салмақ тасты арқау жіпке дұрыстап бекіт

Ши тоқу кезінде бір- біріңді алаңдатып көңілін бөлме

Ши шыбығын жоғары көтерме, шұғыл қимылдама, абайла.

Қажетті құрал- жабдықтар

Тартылған табиғи ши

Түрлі- түсті жіптер

Калька және ватман қағаздары

Түрлі-түсті бояулар

Ши тоқитын станок

Дайындауға кететін шығындар есебі

Тікелей материалдық шығын	Жекелей өлшемі	Сатып алу бағасы	Тауар саны	Сома
1	2	3	4	5
Көгілдір жіп	-	50 теңге	500гр	400 теңге
Қызыл жіп	-	50 теңге	300гр	250 теңге
Қара жіп	-	50 теңге	300гр	250 теңге
Сары жіп	-	50 теңге	300гр	250 теңге
Көк жіп	-	50 теңге	50гр	50 теңге
Қоңыр жіп	-	50 теңге	100гр	100теңге
Ашық сары	-	50 теңге	100гр	100 теңге
Табиғи ши	165 дана	-	-	-
Барлығы				1400

Жұмыстың жасалу реттілігі
Тартылған шиді іріктеу
Ши шыбықтарын аршып, оларды тазару
Іріктелген шыбықтарды 1 метр ұзындықта келіп дайындау
Ши шыбықтарды орауға дайындау
Бейнеленетін суреттің эскизін салу
Калька қағазына түсіріп, ши бетінде белгілеу
Эскиздегі сурет бойынша түстеріне сәйкес жіптер таңдау
Түстері бойынша түрлі жіптермен ши шыбығындағы белгіленген белгі бойынша орау
Ши шыбығының шеттеріне әшекей жасау
Жұмыстың ақуын тексеру.

Оқушылардың эстетикалық сезімі мен талғамының қалыптасуына ықпал ететін, тәрбиелейтін құралдар аз емес. Соның ішінде көркемөнердің, әсіресе, дәстүрлі қолөнерінің алатын орны ерекше. Әр өнер түрі қоршаған өмір болмысын өзіне тән көркем бейнелер арқылы қайта жаңғырта отырып, адамның рухани танымына зор ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. ЖарықбаевҚ., Қалиев С. Қазақ тәлім – тәрбиесі: /Оқу құралы. –Алматы: Санат,
2. Трудовое обучение и воспитание учащихся. (Городские 84 Қазақ Совет энциклопедиясы. Х том. –Алматы, 1977,
Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. –Алматы: Қазақстан, 1995

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ-БҮГІНГІ ЗАМАН ТАЛАБЫ

Байбосынова Рысжан Утепбергеновна
№78 Жалпы орта білім беретін мектеп-гимназия

«Білім беру» ұғымының қазіргі таңда бұрынғыға қарағанда мағынасы да , қолданылу аясы да кеңіді. Себебі бұрын жоғары білім алған адамға бүкіл өміріне алған білімі мектептен соң басқа қандай да сала бойынша азық болатын еді. Сондықтан да бұл оқу орындары жететін білім беруге күш салатын. Бұл күнде қазір адамның бүкіл өміріне жететін білімді қандай мықты оқу орны болсын бере алмайды.

Оның басты себебі – жоғары жылдамдықпен қоғамның дамуы болып отыр. Соның негізінде қазіргі таңда адамның ақпараттар кезеңінде өмір сүруі деп ойлаймын. Ол – кез-келген адамға үнемі білім алу үшін өз қатарынан кейін қалып қоймау қажет деп есептеймін.

Бүгінде білім саласына жаңа реформалар бүкіл әлем елдерінде ең өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны айқын. Сондықтан кез-келген жағдай ұзақ уақыт бойы қоғамдағы елеулі өзгерістер өзгеріссіз тұруы мүмкін емес. Олай болса әлем елдерінде білім деңгейі әр түрлі. Мысалы, мәліметтерге қарасақ, Африка және Таяу Шығыс елдері оқушыларының бір пайызы ғана орташа немесе өте жақсы Сингапур оқушысы деңгейінде білім алады екен. Бұл елдер осылай отыра бермей алға ұмтылуды қажет етіп отыр. Міне, осындай себептермен жоғары дамыған елдерде білім беру реформалары бүкіл әлемде үнемі жүріп жатыр. Сондықтан біріншіден, қазір мүмкіндігінше өз білімін өзі көтерумен әр адам өмір бойы айналысуы керек.

Екіншіден қазіргі кезде экономикасы қарқынды дамып жатқан мемлекеттерді алып қарайтын болсақ, олар – Сингапур, Оңтүстік Корея, Жопония, Гонконг, Қытай Тайбэйі сияқты мемлекеттер. Бұл мемлекеттердің қазба байлық мөлшері көп емес және жер көлемі шағын., Алайда соған қармастан олардың дамуы қарқынды.

Білім беру жүйесі жыл сайын әр түрлі өзгерістерге ұшырап отыр. Бұл өзгерістердің басты мақсаты – өсіп келе жатқан ұрпақты жан-жақты дамығын, құзыретті азаматтар етіп тәрбиелеу. Осы мақсатқа жетуге функционалдық сауаттылық көмектеседі.

Функцоналдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қармай ілесіп отыруы, адамның мамандығын әрдайым жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Яғни, оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету.

Функционалдық сауаттылық – білім берудің жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметттік бағдарлану тәсілі. Жоспарда негізгі құзыреттіліктер белгіленген: басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті); ақпараттық (өзіндік танымдық қызметке қабілеті немесе өмір бойы білім ала білуі); коммуникативтік (ауызша, жазбаша және нәтижелі қарым қатынас жасауға қабілеті); әлеуметтік (әлеуметтік өзара іс-қимыл жасауға қабілетіі); тұлғалық (өзіндік іске асыру, өзін – өзі жетілдіру, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтау, төзімді болу қабілеті); азаматтық (өзінің отаны үшін жауапкершілікті сезіну қабілеті); технологиялық (технологияларды, оның ішінде ғылыми , сандық технологияларды пайдалану қабілеті).

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субьект, ал ол субьектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр.Осыған орай алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даярлықты білдіретін құзіреттерді

қалыптастыру үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды буыны болып саналатын жалпы білім беретін орта мектептердегі әрбір пәнді оқытудың да басым бағыттарының бірі болып табылады.Функционалдық сауаттылық оқушының белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауына пайдалы білім,білік дағдылардың бірлігінен құралады.Ал құзіретті тұлғаны қалыптастыруда басқа пәндерді оқытуға негіз болатын тіл пәндерінің орны ерекше. Өйткені мемлекеттік тіл ретінде оқытылатын қазақ тілі бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Тіл туралы» Заңдары мен Тіл саясаты тұжырымдамасындағы айқындалған мақсаттар мен міндеттердің жүзеге асуының басты шарты болып саналады. Сондықтан, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қазақ тілін оқытудың тұлғалық-әрекеттік бағдарын күшейту нәтижесінде жүзеге асады. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бағытындағы оқу үдерісін жүйелі әрі кешенді жүргізген жағдайда олардың мемлекеттік тілді саналы меңгеруіне қол жеткізуге болатынын толық растады. Ол үшін оқушы тіл туралы алған білімін интерпретациялау тиіс. Бұл жерде қазақ тілін функционалдық мақсатта оқыту маңызды рөл атқарады.Әрине, оқушылар тілдің грамматикалық ережелерін есте сақтап, жатқа қайталап айта алады. Осы тілдік құбылыстар туралы білімін комуникативтік мақсатта еркін пайдалану қабілеті болмайды, кейбір кездері тілдің грамматикасын игермеген оқушы сабақтан тыс кездерде сол тілде жақсы сөйлей алуы мүмкін.Қазақ тілін оқыту сабақтарында тілді жылдам және сапалы игеру үшін міндетті шынайы түрдегі қарым-қатынастар жағдаяттары ұйымдастырылуы керек. Мұндай сөйлеу-тілдік жағдаяттары арқылы оқушылар қазақ тілін саналы түрде меңгере алады.

Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері дегенде, ең алдымен, оқушылар меңгеруі тиіс деп танылған қазақ тілінен берілетін білім мазмұны, қазақ тілін ана тілі ретінде оқуы арқылы оқушылардың тілдің коммуникатитивтік қызметін меңгеруі арқылы өзін-өзі тануы, тілдік санасы жетіліп, тілдік тұлға ретінде қалыптасуына игі ықпал ететін педагогикалық заңдылықтар қарастырылады. Оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жүйелі әрі кешенді ұйымдастырылатын біртұтас әдістемелік жүйеге бағындырылатын білім мазмұнын, жаттығулар мен тапсырмалардың кешенді іске асырылуын қамтамасыз еткенде нәтижелі болып саналады.

Функционалдық сауаттылықтың тағы бір тетігі ретінде қосымша білім мен мектептен тыс сабақтармен қамтуды жатқызуға болады. Жалпы білім беретін мектептегі және мектептен тыс ұйымдардағы әртүрлі бағыттағы үйірмелер, секциялар желісін кеңейту есебінен балаларды қосымша білім берумен қамту ұлғайтылады.

Оқушылардың сапалы білім алуына, өзгермелі ортаға тез бейімделе отырып, өзіндік көзқарасын қалыптастыруға және өмірде аяғын нық басып,алдына масқат қойып оны шешуге мүмкіндігі бар тұлғаны дамытуға жағдай туғызу менің басты міндетім деп түсінемін. «Мектеп-қазыналар қоймасы, олардың қоймасы, олардың қоймада болуына мұғалім жауап береді. Қоймаға кірген оқушы өз қалтасын қазынамен өзі толтырады, мұғалім оқушының қалтасына қазынаны өзі тықпайды және шекарашы рөлінде болуы тиіс емес. Оқушының өзі сабақта қанша байлық алып кететінін, қанша алып кете алатынын өзі шешеді және қанша байлық алғанын өзі бағалайды» (Оскар Уайльд).

Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту-бүгінгі заман талабы. Осы ретте, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін заман талабына сай жүргізе білудің маңызы зор. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қазіргі таңда оқыту жүйесінде қойылып отырған әлеуметтік сұраныс талаптарымен сай келу үшін бастауыш сыныптардан бастап оқушының ақпараттық жіне проблемалардың шешімін табу құзыреттіліктеріне бағытталып жүргізілгенде ғана оң нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Егер қстаз осы жолда үнемі ізденетін болса, өзінің еңбегінің жаңа бір қырынан нәтижесін көреді деген ойға келдім. Өз сабақтарымда қолдануда куә болып, ұғынғаным оқушыда ешқандай бос уақыт, жұмыстанбайтын, тыңдалмайтын оқушы болмайды. Сонымен қатар оқушыда жауапкершілік, еркіндік, сыйластық, өзіндік көзқарас қалыптасады. Бұрын мүлде әзірліксіз келіп сабақтың бітуін дегбірсіздене күтетін оқушы, мүмкіндік юар екендігін сезінеді.

Қазір еліміздің түкпір-түкпірінде оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдермен қаруланған біршама ұстаздар қауымы өз мамандығына деген сүйіспеншілігі арта түсіп, жаңа нәтижелерге жетуде, шәкірттерінің жаңа белестерді меңгеруіне жол ашуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

С. Мирсейтова, Ә,Іргебаева Әрекеттегі PWCT философиясы мен әдістемесі Алмат, 2006ж.

Бастауыш мектеп, 2010 ж №3U-S.KZ publlashy сайты

БАЛАБАҚШАДА ТҰЗДЫҚАМЫР МЕН ҚҰМ ОЙЫНДАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Байгазина Назымхан Умбеткулкызы
«Балдәурен» бөбекжай - балабақшасы
Қуантай Динара Қуанышбекқызы
№44 «Тұлпар» бөбекжай - балабақшасы

Балалардың ұсақ қол моторикасын дамытатын жаңашыл технологиялар

«Иновациялық» технология дегеніміз не? **«Иновация» сөзі «Жаңашылдық»** дегенді білдіреді. Қазіргі заманға сай адамның жаңа қиялы,жаңашыл идеялары, бастамалары. Педагогикадағы жаңашылдық-бұл жаңаша әдіс-тәсілдерді қолданудың үрдісі болып табылады. Жаңашылдық қай сала мамандарына болса да қажет,сондықтан оған дайындықпен қараған дұрыс. Жаңашылдық жайдан-жай туындамайды,ол қандай да болмасын ізденістің белгісі,педагогикалық ұжымның,жеке педагогтардың іс-тәжірибесі. Педагогикалық іс-әрекетке жаңашыл технологияларды қолдану: жаңа мақсат, міндеттерді талап етеді, оқыту және тәрбиелеудің мән - мағынасын өзгертіп, оқытушы мен оқушының бірлескен ұжымдық әрекетін көздейді.

«Құммен ойындарды» қолдану қол моторикасын дамыту жұмысының маңызды бір бөлігі. Құммен жұмыс балаларға өте ұнайды., «магнитше» әсер етеді десе де болады. Олар өздерінің ойынға беріліп кеткендерін байқамай да қалады. Құмда ойнауға арналған әртүрлі пішіндер,құмсалғыштар ойынды одан әрі әрлендіріп,бала қиялын дамытады. Құм терапиясының маңызын ұсынған психотерапевт, аналитикалық психотерапияның қалаушысы Карл Густав Юнго. Құм сусымалы және суды сіңіріп тұрады. Сондықтан да мамандардың айтуынша құм жағымсыз психикалық қуатты өзіне сіңіреді,адамның күш-қуатын жаңартып,эмоциялық көңіл - күйін жақсартады. Көптеген бақылаулар мен тәжірибелер құм ойындарының балалардың да,үлкендердің де көңіл-күйіне жағымды әсер ететінін көрсетті. Ұсақ мотриканы дамытудағы тағы да жаңашыл әдістердің бірі - бұл **саусақпен сурет салу.** Саусақпен сурет салудың маңыздылығын психолог Асей И.Кэйдис өз диагностикасында дәлелдеген. Бейнелеу өнерінің бұл түрі-баланың еркін шығармашылығын арттырады,әр баланың жеке іскерлік қабілеті ашылады. Тағы да бір жаңашыл технологиялық бағыттбірі-

қамыр терапиясы. Мүсіндеу-бұл балаға өте пайдалы сабақ түрі,эстетикалық талғамдарының да дамуына пайдасы зор.Қоршаған ортаның әсемдігін,әдемілігін сезініп,талғамы дамиды. Мүсіндеу арқылы бала өзі мүсіндейтін бейненің пішінімен жақсырақ танысады,тілі де шығады.Баланың байқағыштығы,ой-өрісі де қалыптаса түседі. Соңғы жылдары тұзды қамырдан әртүрлі бейнелер жасау кеңінен таралған. Шығармашылықтың бұл түріне- «қамыр пластикасы» деп қазіргі заманға сай атаған.

Тұзды қамыр-экологиялық таза,зиянсыз,қолға ұстауға ыңғайлы,мүсіндеудің барлық түріне де жарамды,сапалы құрал болып табылады. Тұзды қамырдан жасалған заттар көпке дейін сақталады, бала қай жаста болса да қолайлы.

«Қамырпластика» - бейнелеу өнерінің жаңа түрі. Балалардың ой-қиялдары шексіз. Олар өз картиналарын,ертегі кейіпкелерін,сүйікті ойыншықтарын мүсіндейді. Тұзды қамыр өте жұмсақ,иілгіш,баланың саусақтарына да,жалпы ағзасына да жағымды әсер қалдырады. Қамырмен жұмыс жасау барысында барлық психикалық процестері қалыптасады, шығармашылық қабілеттері, қоршаған ортаны танудағы танымдылығы да арта түседі. Сабақтарда тұзды қамырмен жұмысты қолдана отырып,мынадай маңызды міндеттерді шешуге болады:тілдерін дамыту,ұсақ қол моторикасын дамыту,жас ерекшелігіне байланысты тұзды қамырдан қол еңбегін ұйымдастыру.осы жоғарыда айтылған жұмыс түрлерін балаларға қарапайым ойын түрінде жеткізу тиімді болып табылады. Халық даналығында: «Ойында озған,өмірде де озады» деген аталы сөздер сырына жүгінсек,мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы,мінез-құлық көріністері олар өсіп-есейгенде де жалғаса береді. Ойынды қолданумен бірге ойлауға, тілін дамытуға,шығармашылық әрекетін байытуға бағыт алады. Сонымен алға қойылған мақсатты түзету-педагогикалық жұмыстарды тәрбиелік жұмыста жүйелі қолдансақ,баланың қол моторикасы ғана дамып қоймайды,сөздік қорлары да дамып, іскерлік-танымдылық қасиеттері де молая түсед.

Қамырдан бұйымдар жасау - өте ежелгі дәстүр болғанымен, қазіргі заманда өз қолымен жасалған бұйым ретінде жоғары бағаланады. Ежелгі мысыр халқы, гректер, рим тұрғындары тұзды қамырдан жасалған бұйымдарды діни үрдістерге пайдаланған. Германия мен Скандинавия елдерінде тұзды қамырдан діни мейрамдар кезінде түрлі гүл шоқтары мен гүл дөңгелектері терезе мен есік тұстарына ілінетін болған. Қытайда тұзды қамырдан қуыршақ театрлерінің марионеткалары жасалынады. Шығыс Еуропа елдерінде тұзды қамырдан жасалған көлемді картиналар сұранысқа ие. Славян халықтарында осындай картиналар боялмай, қыздырылғанда түсі өзгермеген түрі тартымды болып есептеледі. Ертеде тұзды қамырдан дайындалған бұйымдар (ойыншықтар, адамдар, жан-жануарлар) тұмар ретінде пайдаланған. Ал, мұсылман халықтарында нәрестенің бесігіне көз тимесін, жаман күштерден қорғап тұрсын деп тұзды қамырдан пісірілген күлше нан ілінген және жастығының астына қойылған (ұйқысы тыныш болсын деп).

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева Т.М. Грабенко «Чудеса на песке» практикум по песочной терапии. Из-во «Речь» 2005 год
2. Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева Т.М. Грабенко «Игры в сказкотерапии» СПб 2008
3. М.В. Кисилева «Арт-терапия в работе с детьми» СПб 2006
4. Балапанов Е.Қ.Бөрібаев Б.Б. Ақпараттық мәдениет негіздері. Әдістемелік нұсқау-Алматы,2005жыл.
5. Венгер Л.А. Қабылдау мен оқыту-М.Просвещение 1969жыл

«ОЙЫН АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Байгожина Гаухар Шалабаевна
Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейі

Қазіргі оқу үдерісін ұйымдастыру тек қана білім берумен ғана шектелмей, оқушының жан-жақты дамуына, ақыл-ойы мен ойлау тәсілдерін үйрету, талдау жасау, салыстыру, байқау мүмкіндіктеріне баулу және қорытынды шығаруға үйрету, дағдыландыру – біздің басты мақсатымыз.

«Ойын — балалар өмірінде өте маңызы зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе, сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер, ең алдымен, тәрбиені ойын арқылы алады» — А. С. Макаренко

Ойын арқылы бала өмірден көптеген мәліметтер алады, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады, яғни ойын арқылы бала білім алады. Бала зейіні қажет ететін, әдейілеп ұйымдастырылған ойындар оның ақылын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез – құлқын, ерік – жігерін қалыптастырады. Аса ірі психологтардың айтуы бойынша, бала ойын үстінде қандай болса, өскенде еңбекте де сондай болады. Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Жас сәбидің өмірі, қоршаған ортаны танып, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Балалар ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеті (сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы байқалады.) Түрлі психологиялық сезім әрекетіне сүңгиді.Ойын үстінде бала бейнебір өмірдің өзіндегіндей қуаныш пен реніш сезімінде болады.

Ойын арқылы бала түрлі логикалық жаттығуларды орындауға төселеді. Бұл жөнінде белгілі психолог – ғалым А.А. Люблинская **«Зейін баланың белсенді әрекетінде туындап қана қоймай, олардың жақсы ұйымдастырылған іс – әрекетінде. Бәрінен бұрын олардың ой еңбегінде де қолдау табатынын айтады».**

Адамның жас ерекшелігіне қарамай, яғни адамды балалық шағынан бастап кәрілікке жеткенше ойын қажеттілігі жетелеп отырады. Ал жас баланың ой-өрісі ойын арқылы дамиды. Ойын барысында адамгершілік қасиеттері, өмірге деген көзқарасы, қызығушылығы қалыптасады. Ойын арқылы сыныптағы нашар оқитын оқушыларды да сабаққа нәтижелі тартуға болады.

Тиімді қолданылған ойын мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп, тапсырманы ықылыстана әрі сапалы орындайтын болады.

Ойынға қойылатын әдістемелік талаптар:

- Ойынның мақсаты нақты және керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып, оңтайлы жерге қою.
- Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібін оқушыларға әбден түсіндіру.
- Ойынға сыныптағы оқушылардың түгел қатысуын қамтамасыз ету.
- Ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеу.
- Ойын түрлерін бағдарламаға сай іріктеп алу.
- Ойынды баланың жас ерекшелігіне қарай түрлендіріп пайдалану.
- Қарапайым ойыннан қиын ойынға көшу.
- Міндетті түрде ойынның қорытындысын жариялау қажет.

Ұлттық ойын ойнау баланың салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына деген сүйіспеншілігін арттырады және адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады.

Дидиктикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндетті шешеді.

Ойын сабақтың басында - өткен сабақты еске түсіреді.

Сабақтың ортасында – көңіл күйін сергітеді, ерік-жігерін дамытады, сабаққа ынтасын арттырады.

Сабақтың соңында – тақырыпты бекіту, сабақта алған білімді жинақтау мақсатын көздейді.

Оқушының бәрі жақсы оқығысы келеді. Бірақ олардың ақыл-ой қабілеті бағдарламадағы берілген материалды ұғуда бірдей емес. Оқушылардың кейбіреулері мұғалімнің түсіндірген сабағын тез ұғады, кейбіреулері керісінше. Сондықтан барлық оқушыны білімге бірдей жетелеу үшін өз мүмкіндігіне сәйкес сабақты меңгерту, тілін, ой ұшқырлығын дамыту, өзіндік пікір айтуға жағдай жасау еркін шығармашылыққа жетелейтін, пәнге қызығушылығын арттыратын әдістің бірі – **грамматикалық ойынның** түрлері.

Грамматикалық ойындар арқылы сабақтарда оқушылар әртүрлі жағдайды түсінеді, оны шешу жолдарын қарастырады. Жақсы ойынға бала бар ынтасымен беріліп, оны білуге, меңгеруге талпынып, алуан түрлі дағды, мәліметтерді алып, шеберліктерін шыңдайды.

Ойынды ерте заманнан үлкендердің іс-тәжірибесін жеткіншек ұрпаққа жеткізу үшін пайдаланған. Ойын халық педагогикасында, мектепке дейінгі және мектептен тыс мекемелерде кеңінен пайдаланылады. Қазіргі мектепте ойын әрекеті ойын пәнінің тарауын және тақырыбын түсіну үшін өздік технология ретінде, жалпы технологияның элементі ретінде, сабақ немесе оның бір бөлігі ретінде, сыныптан тыс жұмыстың технологиясы ретінде қолданылады.

Әдебиеттер:

1.Қазақстан мектебі 11.2003 ж
2.Обучающие игры по химии и методика их проведения. М.,1980
3.Кавтарадзе Д.Н. Обучение и игра. Введение в активные методы обучения. М.,1998
4. «Ойын әрекеті арқылы белсенділікке баулу». Петров А.В. 2001

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Байдекешова Нурбиби Кайыржановна,
Туркпенбаева Салтанат Алибекқызы
Ш. Құдайбердіұлы атындағы №66 ЖББОМ

Бүгінгі мұғалімдерге қойылатын басты талаптың бірі-қоғамнан өз орынын ойып ала алатын, өз мақсат-мүдесін, көзқарасын ашық, әрі нақты жеткізе алатын тұлға тәрбиелеу. Осы тұрғыдан келгенде денсаулық жағдайына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалардың да тиісті білім алу мәселесі туындайды. Осындай ерекше балаларға ерекше білім берілуі керек. Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру.

Инклюзивті білім беру баршаның сапалы білімге қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған білім беру жүйесін тарату процестерінің бірі болып табылады. Ол балалардың дене, психикалық, зияткерлік, мәдениэтникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына айрықша білім алу қажеттіліктерібар балаларды

қосуды, барлық кедергілерді жоюды, олардың сапалы білім алуы үшін және олардың әлеуметтік бейімделуін, социумге кірігуін көздейді[1]. Мүмкіндігі шектеулі жандардың денсаулығы сау адамдармен бірдей құқықтары бар. Бұл құқықтарға мыналар жатады: өмір сүру құқығы, бостандық құқығы, абырой мен ар -намыс құқығы, ой мен сөз бостандығы, білім алу құқығы [2]. Қазіргі әлемде әртүрлі ішкі және сыртқы экологиялық факторлардың әсерінен мүмкіндігі шектеулі жандардың, оның ішінде мүгедек балалардың саны артып келеді. Сондықтан құқықтар мен бостандықтарды толық пайдалану мәселесі өзекті болып отыр. XXI ғасырдыңбасынан бері адам өмірінің әр түрлі салаларындағы жаңалықтарға, соның ішінде білімге көбірек көңіл бөлінуде. Инклюзивті білім беру - бұл барлық адамдарға, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдар санатына қол жетімді болатын процесс. Оның негізгі принциптері келесіге негізделген: білім қолжетімді болуы керек. Бұл ереже дамуында ауытқуы бар балалардың білім алуына қол жеткізуді қамтамасыз етеді; барлық балалар оқу процесінде әр түрлі қажеттіліктері бар жеке тұлғалар. Бұл фактіні тану әрбір балаға жеке жұмыс жасауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл тиімді жұмыстың негізі болып табылады; мүмкіндігі шектеулі балаларды кемсітуге жол бермеу. Білім беру жүйесі бұл балалардың құқықтарын мойындап, қолдау көрсетуі керек. Әлеуметтік кедергілер барлық жерде кездеседі. Олардың сыртқы көрінісі жоқ және материалдық және қаржылық шығындармен тікелей байланысы жоқ. Сіз оларды мектепте, жергілікті қоғамдастықта, аймақтық және ұлттық әлеуметтік саясатта, заңнамалық жүйеде кездестіре аласыз. Инклюзивті білім берудің мәні - балаларға жалпы білім мен тәрбиенің жүйесіне ену мүмкіндігімен физикалық, эмоционалды, интеллектуалды, лингвистикалық және басқа да ерекшеліктерді беру. Көбінесе мұндай балалар әлеуметтенуге шектеледі: олар үйде оқытылады және құрдастарымен іс жүзінде байланысқа түспейді. Бұл, әрине, оқшауланууға, оқшауланууға және кешендерге әкеледі, сонымен қатар болашақта өмірге әсер етеді. Кәдімгі өмірлік іс -әрекетке қатысу мұндай салдардан аулақ болуға ғана емес, жалпы алғанда оң әсер етеді. Ақыр соңында, инклюзивті білім беру - бұл мүмкіндігі шектеулі баланы жалпы оқу үдерісіне біріктіру ғана емес, бұл барлық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған тұтас жүйе: арнайы дайындалған мұғалімдер, жабдықталған сыныптар, мектептердің технологиялық жабдықталуы, сондай -ақ қолайлы білім беру бағдарламасы. Іс жүзінде инклюзивтің негізі оқушылардың жеке ерекшеліктерін тану болып табылады, соған байланысты бүкіл оқу процесі өзгермелі және дараланған сипатқа ие. Инклюзивті білім беру қызметінің оң нәтижесіне процесті өте анық және сауатты ұйымдастырған жағдайда ғана қол жеткізуге болатынын атап өту маңызды. Ол үшін келесі компоненттерді ескеру қажет: бар қиындықтарды жеңілдететін үй -жайлардың технологиялық жабдықталуы; арнайы балалармен жұмыс істеу ерекшеліктерін білетін құзыретті мұғалімдер мен қажетті мамандардың болуы; оқу үрдісінде жеке тәсілді енгізу; оқушылардың аз саны, себебі мүгедек балалармен жұмыс үлкен оқушылар тобына көңіл бөлу қиын болуы мүмкін. Инклюзивті білім беру балаларды тек білім алуға ғана емес, сонымен қатар түрлі байқаулар мен жарыстарға қатысуды қамтиды, бұл мүмкіндіктері шектеулі баланың барлық мүмкіндіктерін ашуға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім дені сау балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалар арасындағы теңсіздіктің шекарасын бұзуға көмектеседі, бұл жағдайда барлық балалардың мүмкіндіктері мен құқықтары тең болатын қоғам құрады. Инклюзивті процесті жүзеге асыратын білім беру ұйымының алдында көптеген проблемалар бар, мысалы:

• шектеулі құқықтық база (жеке білім беру бағдарламалары бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудың мүмкіндігінің заңнамалық шоғырлануы жоқ), сондай -ақ оның экономикалық негізін қамтамасыз ету;

• мектепке дейінгі, жалпы және кәсіптік білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудың арнайы білім беру шарттарын енгізу механизмінің болмауы;

• педагогтардың мүгедек балалармен жұмыс жасауға кәсіби және психологиялық «дайындығы» (арнайы әдістерді, әдістерді, оқу -әдістемелік құралдарды жеткіліксіз меңгеруі, академиялық дайындық деңгейінің жеткіліксіздігі, мұғалімдердің психологиялық дайындығы);

• мұғалімдер арасында психологиялық кедергілер мен кәсіби стереотиптердің болуы

Мұндай білім мүмкіндігі шектеулі балаларға қоғамдық өмірге белсенді және тиімді қатысуға, ақыл-ой мен физикалық қабілеттерін толық дамытуға, жалпы білім беру жүйесінде оқу үдерісін жеңілдете алатын жоғары сапалы қолдау шараларын алуға мүмкіндік беруі тиіс. Жоғарыда айтылғандар мүмкіндігі шектеулі балаларға мұндай кемістігі жоқ балалармен білім алуға мүмкіндік беріп қана қоймай, оларды әлеуметтік өмір жүйесіне кешенді түрде енгізеді. Бұл, әрине, бейімделу мен әлеуметтенуге, және сол арқылы баланы оңалтуға оң әсер етеді. Инклюзивті білім беру принциптері: адамның маңыздылығы оның мүмкіндіктері мен жеңістеріне байланысты емес; әркім сезініп, ойлай алады; әркімнің достыққа және тыңдауға құқығы бар; барлық адамдар бір -біріне мұқтаж; шынайы білім тек шынайы жағдайда жүзеге асады әртүрлілік адам өмірінің барлық аспектілерін жақсартады. Бұл мақалада мүгедектік проблемасы туралы қоғамды хабардар ету қажеттілігі айтылады, бірақ сонымен бірге мүмкіндігі шектеулі балалардың ата -аналарымен жұмыс жасау қажет екені түсінікті. Бұл олардың отбасында ұтымды қарым - қатынас орнатуы үшін қажет. Мұғалімдер кіріктірілген және инклюзивті білім беруге дайын болуы керек. Егер қол жетімді орта жасалмаса, онда мүмкіндігі шектеулі балалардың интеграциясы да күрделене түседі, яғни. интеграцияға әр түрлі факторлар әсер етеді, соның арқасында бұл процесті қиындатуға болады, өйткені дайындалған қоғам ғана мүгедектердің интеграциясын сәтті жеңе алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 13 б.

2. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. // ҚР 2002ж №343 Заңы.

3.Дмитриева Ю.Ю. Актуальность инклюзивного образования. 2014. URL: https://olimp.edumsko.ru/about/news/298777.

4. Борисова Н.А. Инклюзивное образование. Череповец: ЧГУ, 2016. 162 с.

5. Алехина С.В. Инклюзивное образование для детей с ограниченными возможностями здоровья//Современные образовательные технологии в работе с детьми, имеющими ограниченные возможности здоровья: монография/Н.В. Новикова, Л.А. Казакова, С.В.Алехина; под общ. ред. Н.В. Лалетина; Сиб. Федер. ун-т, Краснояр. гос.пед.ун-т им.В.П. Астафьева и др.Красноярск, 2013. С.71-95.

6. Анисимова А.Н., Баулина М.В., Развитие профессиональных компетенций студента как необходимое условие реализации инклюзивной практики/А.Н. Анисимова, М.В. Баулина// Проблемы современной науки и образования. 2016. №4(46). С. 129-133. 348

7. Бажук О.В., Социально-педагогическое сопровождение семей, воспитывающих детей-инвалидов, в процессе социальной интеграции в условиях социально-психологической службы «LIFE»: методическое пособие /О.В. Бажук, Г.В. Дербенева. Омск: ООО «Полиграфический центр КАН; 2015. 71с.

8. Егорова Т.В. Проблемы социальной инклюзии детей с ограниченными возможностями/Проблемы социальной работы с детьми, оказавшимися в трудной жизненной ситуации: матер. регион. науч.-практич.конф., г. Ртищево, 11.11.2011г./под ред. Т.В. Егоровой, П.А. Шацкова. Балашов: Николаев, 2012. 124 с. С.43-47.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Баймаганбетова Кенжегул Базаровна
«А.Байтұрсынұлы атындағы лингвистикалық мектеп-гимназия» КММ,
бастауыш сынып мұғалімі

Еліміз егемендік алғаннан бері елеулі өзгерістер болып отыр. Қазіргі таңда оқу үрдісіне қойылатын талаптарға байланысты оқыту технологиялары оқушының белсенділігін, шығармашылығын дамытуға байланысты күрделеніп келеді

Деңгейлік тапсырмалдар арқылы оқыту бастауыш сынып оқушыларының ойын дамыта оқыту әдістерінің -ең маңызыды бөлігі.

Халқымыз «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді» деп тегін айтпаған. Бұдан біз сөздің күшін, әсерін ұғынамыз. Сөзді орынды жерінде қолданып сөйлеу байланыстырып сөйлеуге байланысты. Байланыстырып сөйлеуі жетік бала жазба жұмыстарын шебер орындайды. Байланыстырып сөйлеу ерекшеліктері:

1. Байланыстырып сөйлеу процесінің ана тілінде және екінші тілде көп сәйкестіктері бар, бірақ ана тілін және екінші тілді меңгеру процесі әр түрлі жолмен іске асады.

Егер оқушы өзінің ана тілін меңгеру процесінде ең жоғарғы деңгейде еркін сөйлеу дағдалырын қалыптастырса, екінші тілді меңгеру процесі ең қарапайым механизмдерінен, жай іс-әрекеттерден, тілдік тұлғаларды таңдап алудан және сөйлеуге малықтандырудан басталады.

2. Оқушы айналадағы қоршаған дүниенің құбылыстарын танып, талдау жасайды. Сөйлеу процесінде психикалық процестердің табиғатын ескеру маңызды. Адамның өмірінде сөйлеу (ауызша және жазбаша) іс-әрекеттерінің де маңызы үлкен, соның арқасында адамдар бір-бірімен керекті мәліметтерді білдіреді, тәжірибе алмастырады. Адамның іс-әрекетінің маңызды бір формасы – адамдардың бір-бірімен сөйлесуі.

Деңгейлік тапсырмаларда тез, анық дұрыс орындаған оқушы өзінің ақыл-ойының тереңдігін, тездігін, өз бетімен жұмыс жасау қабілетін көрсетеді. Индукция құбылысы бойынша жеке фактілерді жинақтап қорытынды пікір жасайды. Дедукция құбылысы бойынша жалпы ереже мен жалпы пікірден жеке қорытынды жасайды.

3. Деңгейлік тапсырмалар негізінде оқушалырдың сөйлеу тілін дамыту жұмысын жүргізу үшін сөйлеу тілі қабылдау қабілетімен, бақылағыштық қасиетпен, зейінмен тығыз байланысты болатынын ескеру қажет.

Бір затты білуге құмар адамдар бір затты бақылағыш келеді. Сөйлеуші адамның сезімін байқап сөйлейді. Сөйлеу үшін адам әуелі ойлау операцияларынан өтеді. Анализ (бүтінді бөлшекке болу әдісі) синтез (бөлшекті бүтінге жинақтау әдісі) әдістері арқылы пікір шыққанда сөйлеу процесі қажеттіліктен пайда болады.

Деңгейлік тапсырмалар беруде нормативтік, нормативсіз варианттар салыстырылады. Соның нәтижесінде деңгейлік тапсырмаларды орындау негізінде оқушылардың лексикалық сөздік қоры кеңейеді, грамматикалық сөз тіркесінің активтік қоры байиды, тілдік тұлғаларды, оралымды қолдануға жаттығады.

Бұл тұлғада деңгейлік тапсырмаларды таңдай мәселесі практикалық мағынаға ие болады да, оқу процесінің проблемалық ситуациясына айналады. Байланыстырып сөйлеуге оқыту үшін деңгейлік тапсырмада әңгіме, мазмұндама жазу ұсынылады.

Оқушысы сөйлеу процесін енгізу үшін, оны тілдік ситуацияға кіргізіп, сол ситуацияда өзін ұстай білуге үйрету керек, яғни оқушы өзінің әңгімелесушін, әңгіме процесінің мақсаты мен шарттарын меңгеруі тиіс. Деңгейлік тапсырмалар оқушыны сөйлете білудің шарттарына бағынышты болады. Тапсырма түрлері оқушының ой желісін жетілдіріп, тілді сезіну

қабілеттерін арттырады, тілдік грамматикалық тұлғаларды қолдануға көмектеседі. Деңгейлік тапсырмалардағы жаттығулар оқушылардың мәдениетін қалыптастырады.

Сөйлесу тілін дамыту үшін баланың психологиялық жағдайын ескеру қажет. Бала жақсы сөйлеу үшін оның шабытын оятып, құлшыңдырып сабақты қызықты өткізу қажет. Сөйлемді жақсы құра білсе, сөйлесіп үйреніп қазақ тілін игерсе, онда: сенің қолыңнан бәрі келеді, сен қабілеттісің деп баланы мадақтап қойған жөн. Сонымен бірге «жаз үйрен» деп сенім білдірген дұрыс. Оқушының кішкентай жетістігі болса да, жоғары бағалап, мадақтап, көтермелеу, оқушылар басылымына, өлең, әңгімелерінің жарық көруіне көмектесу, шығармашылық сәтте оқушыға құптаушылық көзқарас білдіру, сезім күйін бақылау, қамқорлық таныту; ақын-жазушылардың, өнер адамдарының шығармашылық дәстүрінен қызғылтқы оқиғаларды әңгіме ету; оқушылар үшін педагог өзін қарапайым жан есебін де таныта білу; олардың психологиялық еркіндігін қаматамасыз ету сияқты әрекеттерді мұғалім білуі тиіс.

Сонымен сөйлеу тілін дамытудағы психикалық жағдайға байланысты оқушының сапалық және сандық өзгерістері:

нерв жүйесінің жетілуі
білімнің артуы,
сезім мен мөральдық ұғымдардың пайда болуы
анатомиялық – физиологиялық есеюі және мінез-құлқының қалыптасуы.

Дамыта оқытуда төмендегі психологиялық жағдайлар ескеріледі.

1. сезімі, түйсігі
2. қабылдауы, ынтасы
3. зейіні, еске ұстауы
4. ұғынуы, еркін билеуі
5. ойлауы, қиялдауы, болжауы
6. сөйлеу қабілеті
7. оқу іс-әрекеті, дағдысы
8. жауапкершілігі, ізденісі, дербестігі.

Оқушыларды сөйлеуге үйретуде психологияға сүйенбей болмайды. Сөйлеу тілін дамыту процесінде адамның еркі, есте сақтау қабілеті, ой-өрісінің дамуы, сезімі, қиялдай білу ерекшеліктері негізгі рол атқарады. Олардың барлығы өзара диалектикалық байланыста. Адамның көру, есту сезімдерінің дамуы, ойлау қабілетінің артуы сыртқы объективтік шындықтық әсерінен болады.

Психолог Р.Қ.Көшімбаев «Табыс психологиясы» атты еңбегінде әртүрлі психологиялық жаттығулар мен ойындар арқылы мектеп өмірінде оқу процесіне қажеттілік туғызу, оқушының ойлау қызметін жетілдіру және мұғалім мен оқушыға қиындықтарды жеңу, оқушылардың жеке қабілеттерін дамыту жолдарын үйретеді. Мысалы: Оқушы сабақты дұрыс қабылдамаса, оның зейіні сабаққа ауыспаса, сабақтың ұйымдастырылуы ойдағыдай шықпаса, сіз тез өзіңізді мұғалім рөлінен шығарып, оқушы болыңыз. Оқушыдан қандай ойынды жақсы көретіндігін сұраңыз. Сол ойынды бастап ойнаңыз. Оқушылар көңілденіп ойынға ұйымшылдықпен кірісе бастаған кезде, сабақ бағытын ойынға бұрыңыз да, өзіңіздің мақсатыңызды іске асыруға кірісіңіз – дейді.

Міне, осы сияқты психологиялық пікірлерді ұсынады. Оқушыға реніш туғызған мұғалымге өзін сол оқушының орнына қойып, оқушыны мұғалім тұлғасында қарап ойлануды ұсынады. Мұндай жаттығулар мен ойындардың ұстаз творчествосына тигізер жәрдемі мол. Қазіргі кезде мектептегі сабаққа пайдаланылатын ойын түрлері, тренинг тәсілдері, ролдік, іскерлік ойын түрлері өте көп. Сөйлеу арқылы тіл жетіледі, дамиды.

Деңгейлік тапсырмалардың төмендегідей түрлері қарастыралды:

1. Әңгіме құруға арналған тапсырмалар:

а) ақ қар, биік тау, көп бала, қызық ойын, сырғанақ, ауыл маңы т.б.

ә) мына сұрақтарды басшылыққа ала отырып, әңгіме құрыңдар.
сен кімсің? Ол кім?
әжең үлкен бе? Атаң үлкен бе?
Қайда тұрасыңдар?
Сендер нешеусіңдер?
Сіздің ағаңыз бен апаңыз кім?
Олар не істейді?

Оқушыларының сөйлеу тілін дамыту үшін жүргізілетін деңгейлік тапсырмалардың түрлері мен ерекшеліктері туралы айтқанда, деңгейлік тапсырмалар – бір жағынан оқушының білімін дамытушы, ал екінші жағынан әдістемелік міндеттерді жүзеге асырушы.

Деңгейлік тапсырмаларды құру жеңіл шаруа емес. Бағдарламаға сай тапсырмалар түрін сараптап, зерттеп, оқушылардың оқу дағдысын қалыптасытру талаптарыны басшылыққа ала отырып, ғылыми-әдістемелік түрде оқушы деңгейіне сай құрылуы тиіс. Деңгейлік тапсырмалар оқушы сұранысын қамтамасыз ететіндей, ықшам, әсерлі, жүйелі, түсінікті сипатта болуы қажет. Тапсырмаларда мәтін жұмысы, ситуациялық әңгіме т.б. көркемдік жағы ескерілуі тиіс.

Тапсырмалардың тартымды, қызықты болуын қадағалау қажет, оған қойылатын талаптардың толық сақталуы тапсырманың сапасын арттырып, оқушының сөйлеу тілін дамытуға қолайлы жағдай туғызады. Сондықтан оқулықта, сабақта кездейсоқ алынған жаттығулар болмағаны тиімді.

Репродуктивті тапсырмалардың құрамына ойлауға, есте сақтауға, елстетуге, еске түсіруге арналған жұмыстар, ал рецептивті тапсырмалардың құрамына ойлауға, есте сақтауға, танып – білуге арналған жұмыстар енгізілді. Оқушыларының сөйлеу тілін дамыту үшін жүргізілетін деңгейлік тапсырмалар – бір жағынан, оқушының өз бетімен білім алуына жәрдемін тигізсе, екіншіден оның қиялын, ойлауын дамытады.

Сабақтың практикалық мақсаты мен дамытушылық мақсаты қатар жүреді. Әңгіме құру барысында сөйлеу дағдысы қалыптасады. Сабақта оқушының еркін отыру атмосферасы туғызылады. Ол оқушының пікірін қорықпай еркін айтуына жәрдемін тигізеді. Оқушылар бір бірін толық еркін көріп бетпе-бет отырып сөйлесе алатындай мүмкіндік жасалуы керек.

Егер оқушылар тіл арқылы түсініссе, өздері коммуникативтік тапсырма орындаса, олар біртіндеп диалогтарға инсценировка жасауға үйренеді. Оқушылар талдау, қорытынды жасауға жаттығады. Олар адамның көңіл-күйі, жайы туралы тереңірек біле түседі, өзінің әлеуметтік рөлдерде шамасының неге жететінің білуге ұмтылады, мұғалімнің жеке басына деген қызығушылығы, ілтипаты артады, сөйлеу тілі дамиды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Педагогикалық Шеберлік Орталығы Кембридж Университетінің Білім беру факультетімен бірлесіп әзірлеген Қазақстан Республикасы педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының деңгейлі бағдарламасына арналған глоссарий.
2. Ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журналы «Зияткер»
3. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «Бастауыш сыныпта оқыту» барлық пәндер бойынша.

МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ – НӘТИЖЕЛІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ

Баймаханова Амангул Жанибековна
Благодар орта мектебі

Мемлекетіміздің дамыған елдердің стандарттарына деген ұмтылысы еліміздің жаңа сапалық деңгейге жылдам өту қажеттілігін туындатуда. Осыған орай қазіргі кезде жасалып жатқан реформалар даму институттарының қалыптасуына немесе өсуден тұрақты даму кезеңіне өтуге және саяси бағыттардағы осындай өзгерістер өмірдің барлық саласындағы шығармашыл тұлғаның мәртебесін көтеріп, мерейін үстем етуде.

Білім – адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі, прогрестік, әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы. Қазіргі білім беру үрдісі адамның ішкі табиғи мүмкіндіктерін ашып, әр адамның өзінің «Менің» сезінуге, толықтыруға көмектесетіндей, сыртқы әлеммен әлеуметтік қарым-қатынастарда өз орнын табуға, өзін шығармашылықпен өзгертуге белсенділік танытуға ықпал етуі тиіс. Бүгінгі таңдағы қоғам кәсіби білімі жетік, құзіретті, бәсекеге қабілетті мамандарды талап етеді. Білікті ұстаз, білімді маман болу үшін - әрбір мұғалім өз білімін үздіксіз көтеріп отыруы тиіс.

Білімін тұрақты көтеріп отыру – мұғалімдердің құқықтары әрі міндеттері, білім беру жүйесінің тұрақты дамуының кепілі, Мемлекеттің дамуының құралы болып табылады.

Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі-оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылық-белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің негізгі шарттары:

Тұлғааралық және еңбектегі байланыс.

Қызметтің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі.

Қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы.

Практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті

Нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі.

Тиімді шешім қабылдау қабілеті.

«Құзырлылық – тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті»- деп түйіндейді белгілі оқымысты Т. Г. Браже. Сондықтан бүгінгі ұстаз тек кәсіби білімін толықтырып қана қоймай, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педогогикалық процесті кез келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді. Қазіргі оқытудың жаңаша технологиясын меңгерудің өзі ұстаздан шығармашылықты талап етеді. Ал шығармашылықпен жұмыс жасау үшін мұғалім өзінің кәсіби біліктілігін арттырып отыруы қажет. Мұғалімнің өз кәсіби қызметтерін шығармашылықпен атқаруына әр деңгейдегі әдістемелік жұмыстарды иновациялық бағытта ұйымдастырып өткізудің ықпалы мол. Сол кезде ғана мұғалімнің өзіне-өзі бағ баға беру деңгейі артып, өзін-өзі анықтап, үздіксіз өзін-өзі дамытуға деген қажеттілік туады.

Білім-тоқтаусыз толассыз үрдіс. XXI ғасыр білімін біз адамның қызығушылықтарының дамуы, оның өзінің дамуы деп түсінеміз. Бұл әр адамның өзін-өзі жасампаздықпен қайта құра алуы, қоғамдық талаптар тұрғысынан өзіне сыни баға бере алуы, айналаны өзгерте алуға қатыса алуы. Ол арқылы адамның интеллектуалдық, рухани күші дамып, тұлғалығы қалыптасады. Білім – мұғалім үшін оның шығармашылық әлеуетін дамытудың үрдісі.

Кәсіби құзіреттілік бір нәрсе жайлы беделді ой, кесімді пікір білдіруге мүмкіндік беретін білімділердің сипаттамасы ретінде қарастырылады. Сондықтан оның құрылымына әлеуметтік психологиялық, аутопсихологиялық, комуникативті, педагогикалық-педагогикалық, әлеуметтік, перцептикалық құзіреттілік жатады.

Мұндағы әлеуметтік-перцептикалық құзіреттілік байқампаздық пен өткірлік яғни тұлғааралық қарым-қатынаста баға бере алушылық, салыстыра білушілік, талдау мен рефлекциялау нәтижесінде басқаның образын қалыптаструдан түзіледі.

Сонымен аутопсихологиялық құзіреттілік-тұлғаның өз білімділігін өзі танып, бағалап, бақылап, дамытуға бағыттауы, мұның нәтижесінде шығармашылық әлеуеттің дамуы жеделдейді деп есетеуге болады.

Рефлексифті құзіреттілік-шығармашылық әрекетті жоғарылататын кәсіби-тұлғалық дамуды жеделдететін рефлексифтік үрдістерде көрінетін тұлғаның кәсіби сапасы. Ол маманның өз тәжірибесін талдау арқылы дамуды ынталандыратын жаңа кәсіби этолондар мен стандарттарды белгілеудегі ролін арттырады.

Мұғалімнің шығармашылық әлеуетінің құрамына оның кәсіби мәнді сапаларын жатқыза отырып, олардың бастылары ретінде: шеберлік, импровизация мен интуицияны атап өтеміз.

Шығармашыл тұлғаның ерекше қасиеттерінің қатарына педагогикалық импровизация жасай алуы жатады. Педагогикалық импровизация дегеніміз-мұғалімнің алдын-ала жоспарланбаған тосыннан пайда болған педагогикалық мәселені шешу үшін өзінің білік, дағдысы мен іскерлігін шығармашылықпен іске қосуы. Педагогикалық импровизация мұғалімнің шығармашылықпен өзін-өзі дамытуына әсер етуші фактор. Өйткені импровизация кезінде мұғалімнің ішкі күштері мен қабілеттерінің жұмылуы маңызды орын алады. Дәл осы жағдайда шығармашылық туады да әлеуеттің дамуына мүмкіндік жасалады.

Педагогикалық шығармашылықтың орын алуына септігін тигізетін тағы бір басты мәселе –мұғалімнің әртістік қасиеті. Мектеп әрине, театр емес. Дегенмен мұғалім үнемі халық алдында тұратын танымал адам. Олай болса ол аудиторияны меңгере алуы, иландыра білуі, шабыттандыра алуы тиіс.

Педагогикалық әртістік тек әрекетте педагогикалық білім, білік, дағдыны тиімді пайдаланып қою ғана емес, тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуды қамтамасыз ететін эмоцияналдық-бейнелік тетіктер жүйесі арқылы педагогикалық міндеттерді шешу барысында көркемдік логиканы пайдалану.

Педагогика ғылым ретінде ой мен сезімдерді дамытады, адамның құндылық негіздерін бекітеді. Ол педагогикалық үрдістің руханилығын арттырады, оның мазмұны мен формаларын адамсергіткіштік пен мейірімін қанықтырады, шығармашылық, шеберлік сияқты педагогикалық кәсібиліктің жаңа сапасы арқылы жасампаздыққа жеткізеді. Шығармашылық әрекет жоғары әлеуметтік қажеттіліктерден туатындықтан, сол қажеттіліктерді жүзеге асыру арқылы мұғалімнің құзіреттілігі қалыптасады.

Шығармашылық әлеуеті дамыған мұғалім өз кәсібін жете меңгеріп қана қоймай, өзін-өзі жан-жақты дамытуға қол жеткізеді. Нәтижесінде мұғалім кәсіби құзіреттілікке қол жеткізеді. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілі-бүгінгі ғасыр талабына сай белгілі бір нәтижеге бағытталған білім берудің негізі болмақ.

Бүгінгі заман талабы - жан-жақты дамыған, өзіндік «мені» қалыптасқан «тұлға» тәрбиелеу. Оқушы «тұлға» болып қалыптасуы үшін оның бойында түрлі жағдаяттағы проблеманы анықтауға, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарды

өз бетімен табуға, талдауға логикалық операцияларды қолдана отырып дәлелдеуге жалпы алғанда жеке адамның құзіреттіліктері қалыптасуы қажет.

Осындай биік нәтижеге қол жеткізуді – кәсіби құзіреттілігі жоғары мұғалім ғана жүзеге асырмақ .

Пайдаланған әдебиеттер:

Ұстаздық шығармашылық – Б.А.Тұрғынбаева Алматы 2007
Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары – К.С.Құдайбергенова Алматы 2007
Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар – 3-2011

ТАҚЫРЫБЫ: ӨНЕР –БАЛА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҮЛКЕН ҚҰРАЛ

Баймуханова Гульсим Мешиткалиевна,
Оразова Алтынай Махметжановна
№ 34 орта мектептің музыка пәні мұғалімдері

Мектеп оқушыларына тәлім тәрбие берудегі, соның ішінде олардың рухани жан дүниесін қалыптастыруға кешенді әсер ететін ерекше тәрбие құралына музыка өнері жатады. Музыка өнері арқылы мектеп оқушысы музыкалық білім қорын жинайды. Адам өмірінде болып жатқан барлық жағдайлармен бірге музыкада жас буынның тұлға болып қалыптасуына өз әсерін тигізеді.Музыка оқушыларды адалдыққа, адамгершілікке, сыпайылыққа, туған жердің табиғатын сүюге, мектебін, ата-анасы мен ұстаздарын құрметтеуге, үлкенді сыйлауға баулиды. Әсемдікті, әдемілікті, халықтың рухани байлығын қастерлеуге үйретеді. Музыка сабағында оқушылардың музыка өнері туралы жалпы білімі қалыптасса, ал музыкалық үйірмелер арқылы олардың музыка өнері туралы жан-жақты білімі дамып,белгілі бір музыкалық тәжірибе, дағды, іскерлікті жинайды.

Жеткіншек ұрпаққа музыкалық-эстетикалық тәрбие беруді дамытуда мектептерде ұйымдастырылатын сабақтан тыс шаралар,үйірмелік музыкалық жұмыстар орасан зор роль атқарады. Сондықтан мектептегі сабақтан тыс жүргізілетін түрлі музыкалық үйірмелік жұмыстарды талапқа сай жүргізу, ұйымдастыру, жаңа заманның оқушысының көркемөнерпаз болып қалыптасуына ықпалын тигізеді.

"Өнер-білім бұлағы" дейді халқымыз. Өнердің қай саласы болса да адамдарға, өскелең ұрпаққа рухани күш-жігер береді, қуаныш, сүйініш, толқу сезімдерін оятады. Өнер - эстетикалық тәрбиелеудің құралдарының бірі оның ішінде музыканың атқарар рөлі ерекше. Өнер — мәдениеттің маңызды саласының бірі. Сондықтан болар, "өнер — мәдениет айнасы" деген қанатты сөздің қалыптасқандығы... Өнердің шынайы мәнінің діңгегі — сұлулық, әсемдік. Сұлулық, әсемдік — адамды ерекше бір жан ләззатына бөлейтін сезім тудырар қасиет. Соның нәтижесінде, өнер көңіл күйді, сезімді білдіреді, соларға тікелей байланысты. Өнер адамды иманлануға, жан дүниесімен біртұтас нұрлануға бастайды. Өнердің басты мақсаты — қандай да бір жетілу, кемелдену үлгісін, мұратын (идеалын) беру әрі соған адамды талпындыру, құштар ету.

Музыкалық-эстетикалық тәрбиенің, дәлірек айтқанда, музыка арқылы эстетикалық тәрбие берудің тікелей міндеті музыканың идеялық. мазмұнымен анықталады. Тұлғаның мақсатқа бағытталған даму жүйесін құруды талап ететін эстетикалық. тәрбие беру музыкасыз, оның адамға көп түрлі әсерін, оның қабылдануы мсн тәрбиелік рөлін зерделеусіз мүмкін емес.

Музыка күші онын жан-жақты әсер ететіндігінде (ерік-жігерге, ақыл-ойға, ойлауға. «логикалык. сезім" деп аталатынынға; эстетикалық. сана саласында көркем туындының құрылымдық ұйымдасқандығын қабылдау қабілетін, оның жетілуін талап ететін арнаны сезіну ретінде әрекст етеді). Осы мағынада алғанда музыкамен қалыптасқан эстетикалық сезім эстетикалық категория ретіндегі үйлесімділік ұғымына енген мазмұнға жақын келеді.

Эстетикалық тәрбиенің басты мақсаты — адамдарда өзінің айналасындағы сұлулықты көре, сезіне білу, бағалай және қабылдай білу қабілетін арттырып, сұлулық заңдарына сәйкес өмірді жаңартып, өзгертіп отыру

«Эстетикалық тәрбие – болмыстағы және өнердегі сұлулық пен әсемдікті дұрыс қабылдау және өнердегі сұлулық пен әсемдікті дұрыс қабылдау және эстетикалық түсінікті, сезім мен талғамды тәрбиелейтін, өнерде және өмірде сұлулықты жасау, оған қатысу қабілетін қажетсінуін қалыптастыратын жалпы тәрбиелер саласының құрамдас бөлігі. Эстетика-өмірді сезім арқылы біліп танудың негізгі жолы»

Эстетика дегеніміздің өзі өмірдің бір бөлігі. Күнделікті өмірдің өзі балаға музыка тілімен жетеді. Осы өнер арқылы бала тәрбиелік және білімділік қасиеттерді бойына сіңіреді, музыка баланың сезімдеріне тікелей әсер ете отырып, оның моральдық бейнесін, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар туғызады. - Бүгінгі таңда балаларды жастайынан өнерге баулу өзекті мәселе болып отыр. Осыған орай, адам мен жаратылысты жарыстырып, сұлулық шежіресіне айналған өнер ерекшеліктерін жете тану - бүгінгі білімді, парастты да мәдениетті қауымның алдында күн тәртібінде түрған басты ғылыми тақырыптардың бірі. - Оқушының көпшіл болып өсуі үшін де өнерлі болудың маңызы зор. Өнер баланың дүниетанылымында сеніміне, адамгершілік - моральдық қасиеттердің қалыптасуына, эстетикалық сезімдердің тұрақтай, алдына қойған мақсаттың айқындала түсуіне игілікті әсер етеді. Сол себептен де халық өз ұрпағының өнердің сан алуан саласынан толық мағлұматы болуына ерекше мән берген. Осыған орай, мақал-мәтелдер "Жігітке жетпіс өнер де аз", "Өнер -таусылмас азық, жұтамас байлық", Өнердің ырысы жарқылдап жатыр жолында"-деп өнерді құдіретті күш, ол адамның жан серігі, рухани байлық деп білуге болады деп бағалаған. Сол себептен де оқушылардың өте кішкентай кезінен-ақ, яғни бастауыш сынып оқушыларының өнерге деген құмарлығын сол кезден бастап-ақ дамыту керек. Дәл осы 6-10 дейінгі жастан-ақ балаларда қызығу мен құмарлық пайда болады. Соны сол жастайынан дамытып үйрету қажет. Әрине, кереметтей өнерді меңгеру, тек еңбек арқылы дамиды. Сол себепті, "Домбыра үйренуге де шыдамдылық керек", "Өнер ұялтпайтын кісіні өзі біледі", "Ерінбеген емер, қажымаған жеңер"деген түйінді сөздің өзі жеткілікті.

Музыканы мәнерлеп орындауда музыкалық бейнелерді терең түсінгендік сезілуі тиіс. Әлемді эстетика тұрғысынан танудың субъективті қыры ретінде эстетикалық сезімдер, әсемдікке деген көзқарас, бағалау, ой-толғаныстар, идеялар, яғни адамның эстетикалық саналылығы қарастырылады. Әр баланың өз қолымен әсемдікті тудыруға қатысуы осы музыка сабағы арқылы іске асады.

Музыка тілі – басқа өнер саласымен салыстырғанда күрделі тіл екендігі белгілі. Ол сезімге әсер ете отырып, адамның қиялы мен көңіл күйіне байланысты қабылданады. Музыкалық тәрбие беруде мұғалімнің алдына негізгі үш міндет қойылады. Бірінші міндет - әртүрлі музыкалық іс-әрекеттер арқылы оқушының сезімін ояту, екінші - сезім арқылы музыканы саналы түсінуге баулу, үшіншісі – музыкалық шығарманы өз шамасына қарай орындай білуге үйретуде орындаушылық дағдысы мен шығармашылығын дамыту. Бұл міндеттер негізінен жалпы білім беретін мектептің музыка сабағы барысында іске асырылады. Ән айту, музыка тыңдау, музыка сауаттылығымен танысу мен шығармашылық жұмыстар музыкаға тәрбиелеудің басты іс-әрекетері болып есептеледі. Оқушылардың жан-жақты дамуы баланың ішкі дүниесін байытады, саз өнерін терең және толық қабылдап қана қоймай, айналадағы дүниеге, өмірге, адамдарға деген көзқарасын өзгертеді. Музыка сабағының басты

іс-әрекеттері педагогтан алдын ала даярлықты, шығарманы таңдауды, оқушыларға үйретудің әдіс-тәсілдерін терең ойластыра отырып, аспапта орындалатын әнді еркін ойнауды талап етеді. Мұғалімнің сыныпқа қарап тұрып еркін ойнауы, дауыс ырғағы, бет пішіні оқушыларды баулып, әнді қызығушылықпен меңгеріп алуына көмектеседі.

Оқу мен тәрбие күрделі бір істің екі жағы. Осы істің екеуінің қай жағын ақсатып алсақ та адамды жан-жақты жетілдіру ісін жолға қоя алмайтынымыз белгілі. Ал тәрбиенің қай саласын қарасақ та эстетикалық тәрбие беру ісімен іштей қабысып жатады. Өнер саласының тәрбиелік мәні өте зор. Өнер арқылы адам бойындағы қабілеттілікті дамытып, олардың өсуіне жол ашу адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі табуына көмектеседі. Өнер саласы бала тәрбиелудің ең бір үлкен құралы.

Елімізде өсіп келе жатқан жас буынның жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасуына, білім мен тәрбие беретін мектептерде басты назар аударып, олардың сабақтан тыс уақытты да тиімді пайдаланып, үлкен өмірге қажетті тәжірибе жинауға мүмкіндіктер жасалынуда.

Бұл сабақтан тыс тәрбиелік жұмыстар арқылы оқушылар өз қалауынша таңдаған бағытта қосымша білім алып, іс-әрекеттер мен дағдыға үйренеді.

Жаңа заман азаматы болып даму үшін, қәзіргі оқушы түрлі ғылым мен өнерді игеруі, өз өміріне қажетті іс-тәжірибені жинауы мектеп қабырғасынан басталады.

«Бұлақ көрсең көзін аш» деген ұлағатты сөзге сүйеніп, бар мүмкіндікті пайдаланып, баланың қабілетін ашу – мұғалім міндеті.

Қорыта келгенде, Егеменді еліміздің дүние жүзі елдерімен терезесі тең болуы үшін оның негізгі тұтқасын ұстайтын дүние әлемін шарлайтын біздің дарынды да қабілетті ұландарымыз. Халқымыз «Басында бұлағы бар өзен ұзақ ағады» деп бекер айтпаған.

Міне, осындай мақсаттан бастау алған бүгінгі музыка пәні ұстаздары -жас ұрпақты ұлттық және патриоттық, салауатты өмір салты негізінде тәрбиелеп, өнерге баулуды. Болашағын өнермен байланыстырғысы келетін оқушыларға, сондай-ақ, қабілетті, талантты, өнерлі дарын иелеріне мектеп табалдырығынан қолдауы парызымыз. Міндетіміз – әр баланың қабілетін ұштай білу.

Қазіргі мектептің мақсаты – замана талабына сай, тәуелсіз мемлекетіміздегі жаңа қоғам мүддесіне лайықты,жан-жақты жетілген,бойында ұлттық сана мен халықтық психологиясы қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеп өсіру болып отыр.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Б.И.Иманбекова. Тәрбиеге жетекші. Алматы, 2004.

2. М.С.Керімбаева. «Ұлттық мәдениетті қалыптастырудағы мектептің қызметі». Астана, 2008 ж.

3. Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі. С.А.Ұзақбаева. Алматы, 1990

4. Халық ғажап тәлімгер. М.Әлімюаев. Алматы, «Рауан», 1994 ж.

Ы.АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУ

Байтерекова Марина Абаевна,
«Қандыағаш қаласы №3 мектеп-гимназиясы» КММ-нің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Жаңартылған бағдарлама бойынша білім берудің түрлі-әдіс тәсілдері ұсынылып келеді. Соның ішінде көркем әдебиет пен адами құндылықты қатар дамытуға Ы.Алтынсарин шығармаларының көмегі зор. Бала жүрегіне ұлттық тәрбиені сіңіруде Ұлы ағартушының еңбектері ықпал етеді. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда Ы.Алтынсарин шығармалары арқылы білім берудің тиімді жолдарын тәжірибемде қолданып келемін. Ел ішінде беделді бидің қасында жүрген Ыбырай балалығына қарамастан шешендік сөздерге зейін қойып өседі. Сұңғыла би немересінің бойындағы өзгеше қабілет пен дарынды байқап, оның бІлім алуына ынталы болады. Болашақ ұстаз оқуға кіріскеннен –ақ өзінің ерекше зеректігімен қатарластарынан озық екенін байқатып, мұғалімдер қауымының назарына ілігеді. Бидің жасаған жақсылығы өзімен тоқтамасын деген оймен «Балғожа бидің баласына жазған хаты» атты өлеңін жазады. Онда:

Шырағым, мұнда жүрсең нетер едің? Қолыңа құрық алып кетер едің.
Тентіреп екі ауылдың арасында
Жүргенмен не мұратқа жетер едің?- деп барлық аталардың ұрпағынан күтер үкілеген үмітті ақтауға жастарды шақырады. [3; 9] Оқуын бітірген соң «Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып Күн болам» (С.Торайғыров) деген арманмен, тілмаш болып кеңсе жағаламай, елге келіп бала оқыту ісін қолға алады.

Ыбырай шығармаларын оқу барысында алдағыны болжай алған көрегендігіне еріксіз таңдай қағасыз. «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңі - өмір сүруге ерекше ынталандыратын шығарма. Техникадан бейхабар заманда «Айшылық алыс жерлерден, Көзіңді ашып-жұмғанша, Жылдам хабар алғызды», «Отынсыз тамақ пісірді» деген жолдар арқылы болашақты қиялдағандай жырлағандай көрінсе, бүгінде халық ұстаздың сарабдал еңбегінің нәтижесін көруде.

Ыбырай Алтынсаринды - тек ағартушы ғана емес халықты түзу жолға бастаған рухани көшбасшы. Альберт Эйнштейн: «Мектептің мақсаты – маман дайындау емес, адамгершілігі жоғары тұлға қалыптастыру»десе, шынымменде, ұстаздың басты жоспары дұрыс тәрбие беру болды. Сондықтан да Ы.Алтынсариннің шығармалары оқу-білім, өнер шеңберінде қалып қоймай адамгершілік, еңбекқорлық, адами құндылықтарды дарытуға бағытталған. Балғожадай биден тәлім алған ұстаздың арманы халықты сауаттандыру болса, сол арманның астарында жастардың мектептен екіжүзді парақор болып шықпасын деп тәрбиеге ерекше назар аударады. Сондықтан болар «Хрестоматия» оқулығындағы әрбір шығарманың өзегі халықтың әдет-ғұрпымен, тіршілігімен астасады.

Х.Сүйіншәлиев Ыбырай әңгімелерін үш топқа бөліп қарастыруды ұсынған. 1. Мәдениетті елдер әдебиетінде көптен мәлім – новелла. 2.Ауыз әдебиетінде қалыптасқан ертек, аңыз үлгісіндегі әңгіме. 3.Шағын көлемді мысал, үлгі-өнеге сөздер. [1] Ыбырайдың әңімелерін оқи отырып, әр шығармасы адамды сабырлы болуға, еңбекқорлыққа, достыққа шақырса, сонымен бірге әдепсіз болудан, еріншектіктен, жаман әдеттерден сақтандырады. Адам баласының алдына қойған мақсатына жетуде еңбектің ролі үлкен. Еңбек тақырыбындағы «Бай мен жарлы баласы», «Әке мен бала», «Қыпшақ Сейітқұл», «Дүние қалай етсең табылады» шығармаларының қай кезде де өзектілігі жойылмайды.

Қазақ баласының алған тәрбиесінен сыр шертетін шығармасы – «Бай баласы мен жарлы баласы». Асан – бай баласы. Үсен –жарлы баласы. Шығарма жұртта қалып, адасқан екі баланың екі түрлі әрекетін баяндаудан басталады. «Асан айқай салып, жылай бастады, Үсен ойланып тұрды да айтты:

-Жылағанмен еш нәрсе өнбес. Көшкен ауылды іздеп табалық», -деп жол бастайды.

бөріге де жем болмай,қарындары да ашып азып –тозбай ауылдастарына жолығады.

Әңгіменің түйіні балаңды Асан сияқты өмірге икемсіз, енжар етіп тәрбиелесең өмірдің бұралаң соқпағында жол таба алмай қиналады, өз балаңа жаның ашыса, Үсен тәрізді қолыңнан келгенді ұрпағыңа үйрет. «Әкем айтатын» деген бір ауыз сөздің құдіретімен қиыншылықта мойымай жеңіп шығады. Егер екі балада өмірге икемсіз болса не болар еді? Сөз жоқ, оқыс жағдай орын алуы мүмкін еді не ауыл адамдары іздеп келгенше аш отырар ма еді? Сондықтан аталған шығармадағы әлеуметтік жағдайы екі түрлі отбасы баласының тірлігіне қарап, балаға материалдық жағдай жасадым деп, еңбектен, өмірден бөлмеу керегін бала ғана емес әрбір ата-ана білуі тиіс-ақ.

«Дүние қалай етсең табылады?» шығармасынан адам баласының аяғы жүріп, көзі көріп тұрған кезде өзін материалдық жағдаймен қамтамасыз етуге әлеуетінің жететінін байқауға болады. Нан табудың оңай жолы тіленші болу деп ойлаған Антонның өзіне айтылған ескертуден қорытынды шығаруы, кешегі тіленшінің бүгінгі күні кәсіппен айналысып, нәсібін тапқан байлардың қатарына қосылуы – еңбек пен талап біріксе, алынбайтын қамалдың жоқтығын дәлелдейді. Антон тәрізді өмірінің өтпелі кезеңдеріндегі ауыртпалықты жеңген талай адамдардың тағдыры «Дүние қалай етсең табылады?» деген сұраққа жауап бере алады.

Тәрбие – отбасынан басталады, болашақ ұрпақтың еліне, Отанына деген сүйіспеншілігі алдымен ата-анаға деген махаббаттан өрбиді. Отбасы - болашақ ұрпақ бойына адамзаттық құндылықтарды және ұлттық рухани байлықтарын сіңіретін тәрбие ошағы. Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Ы. Алтынсариннің «Аурудан – аяған күштірек» атты шағын ғана әңгімесінде қандай керемет ой, тәрбие жатыр?! Сейіт деген бала аяғын сындырып алады. Баласының ойбайлап жылағанын естіген анасы талып қалады. Кейін сынықшы аяғын таңғанда Сейіт жыламайды. «Сынықшы кісі: - Аяғың ауырмай ма, қабағыңды да шытпайсың?- деп сұрады. Сейіт шешесі шығып кеткен соң, демін алып, сынықшыға сыбырлап айтты дейді: - Ауырмақ түгіл жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көрсе, әжем де қиналып жүдемесін деп, шыдап жатырмын», - деуінен [3;33] кіп-кішкентай баланың өзі қиналса да анасының қиналғанын қаламауы баланың анасына деген ұлы сезімін байқауға болады. Бала кезден ата-ананың мейіріміне бөленіп өскен бала ертеңгі күні ата-анасын күтімсіз қалдырмасы анық. Сондықтан әр бала Сейіттің әрекетінен өнеге алып, жан- жағына жанашырлықпен қарап өсуі керек.

Бүгінгі күні өкінішке орай, оқу жоспарларында Ыбырай шығармашылығына арналған сағаттар саны азайып бара жатыр. Көбіне шығармалардың заманауилық жағы ескеріліп, тақырыптың заманға лайық тұсы ашылмайтын сияқты. Мысалы «Салақ» әңгімесіндег Кәрімнің қол жумай тамақ ішуінің соңы оның өліміне әкелу әрекеті қаншама баланың есінде қалып, тазалыққа тәрбиеледі?! 5- сыныпта «Қыпшақ Сейітқұл» және «Атымтай жомарт» әңгімелері берілген.

Қыпшақ Сейітқұл туралы Ыбырай Алтынсарин былай дейді: «Қыпшақ Сейітқұл отыз үйлі тобырымен, жұрттың тегіс аттаныс барымтасы бар уақытта, бұл отыз үй кедейді қалайынша етсем байытып, халық қатарына қосамын деп ойға қалды. Сауда етуге мал жоқ, барымтамен мал алсам, бір күндерде жау да бізден қуып алады, ақырында бұрынғылардың айтып кетуінше, жортуыл басы жолда қалса керек. Соның бәрін де шамалап қарап, ақыр бір қиялға түсіп, Сейітқұл әуелі мекен еткендей бір орын іздеді». Торғай жақтағы Қабырға өзенінің бойына тоқтаған 30 үйінің саны 400 үйге еңбектің арқасында жетеді.

«Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінде қаншама ой жатыр?! Сейітқұлдың бір өзінің елді отырықшылыққа шақыруы, елді еңбекке үйретуі, тапқан өнімдерін айырбастауы, халықты еңбек нарығына баулуы, мақсатқа жетудегі табандылығы бәрі-бәрі оқырманға ой салып, «Еңбек – бәрінде жеңбек» қағидасының ақиқаттылығын дәлелдесе, «Сейітқұлдың бір ағасы бар еді, жол жүріп, ұрлық, барымтаны әдет еткен; інісінің қанша айтқан ақылына болмай, үш-төрт үймен жалғыз-ақ сол көшпей, ескі орны Түркістан жағында қалды. Манағы Сейітқұлдың ағасы аттаныс–түсіспен жұрттың малын ұрлап бай боламын деп жүргенде, Қоңырат жағында қолға түсіп, кім екені белгісіз, біреу өлтіріп кетіпті » [3;54] деп ақ жолдан айныған адамның итшілеп жинаған малмүлкінің ұрпағына да бұйырмайтынын айтып, «Ұрлық түбі – қорлық екенін» дәлелдейді.

«Атымтай жомарт» әңгімесі «бармын деп таспай» өмір сүруге үйретеді. Қолдағы бар дүние ысырапшылдыққа жол бермегенде ғана сақталатыны айта отырып, сол барыңды елмен бөліссең ғана берекелі өмір сүруге болатындыққа тәрбиелейді. Ы. Алтынсариннің шығармаларының қай- қайсысы да мазмұны жағынан өте мағыналы, өмірмен байланысты, күнделікті тұрмыстан алынған, тілі жатық, ойы нақты дәлелдермен айтылады. Сондықтан болар оқыған жандар әр шығарманың идеясын ұғынып, ұзақ уақыт есінде сақтап, нәрін көкірегіне тоқуында қызметі орасан.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан мұғалімі»№45 1966 ж «Дала кемеңгері» Х.Сүйіншәлиев
2. «Ыбырай Алтынсарин тағылымы» Құрастырған М.Жармұхамедов «Жазушы» 1991жыл.
3. «Таза бұлақ » Ы.Алтынсарин «Жазушы » 1988 жыл.
4. «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті»Алматы «Мектеп »1986

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ Ы. АЛТЫНСАРИННЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

Байшуақ Айнұр Құдабайқызы
Ақтөбе қаласы, КММ «Қызылжар орта мектебі»
мектеп алды даярлық тобының тәрбиешісі

Ыбырай – көрнекті ақын, талантты жазушы. Қайраткер қаламынан оның тамаша талабын танытқандай маңызы зор көркем шығармалар туды. Кемеңгер жазушы бар саналы ғұмырын ағартушылық сара жолға және өскелең ұрпақты тәрбиелеу ісіне жұмсады. Ыбырайдың жазушылық қызметінің түпкі қазығы да сол оқу-өнер, білім мәселесімен сабақтас.

Өскелең ұрпаққа саналы тәрбие беруде, олардың дүниетанымдық көзқарасын кеңейтуде Ыбырай Алтынсариннның «Қазақ хрестоматиясына» енген туындыларының бүгінгі таңда да мән – мағыасы бір мысқалға да кемімеді.

Жазушының әңгімелері балаларды бүлдіршін шағынан бастап еңбексүйгіштік, оқуға құштарлық, өнерге ұмтылу, елін-жерін қадірлеу, талаптылық, қайрат пен ерік-жігерлілік, қайырымдылық, адамгершілік сынды жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеуге бағытталған. {1; 18 }

Оқудың маңыздылығын бала жастан мектепке дейінгі білім мекемелерінде тәрбие құралы етіп, білімге, еңбекке, адамгершілік құндылықтарына баулу өз нәтижесін берері сөзсіз.

Ыбырай шығармаларына арқау болған еңбек тақырыбы қай дәуірде болсын бала тәрбиесінде өзектілігін жоймақ емес. Жазушы еңбекке баулу өсиетін өзінің әңгімелерінеде өскелең ұрпаққа насихаттап, оларды бүлдіршіндердің қабылдауына сай етіп жазды.

Мәселен, «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде жазушы қыбырлаған кішкентай жәндіктердің тіршілік үшін тынбай еңбек етіп жүргенін шебер баяндайды. Әңгіменің бала қабылдауына тілі жеңіл, оқиғасы тартымды, тіпті бүлдіршіндерді әңгіме өз әлеміне тартқандай әсерде болады. Бүлдіршіндердің қиялы шексіз болғандықтан олар әңгімеге арқау болған кейіпкерлердің тынысы мен тіршілігін сол қалпында қабылдайды.

Жазушы шеберлігі де сол, бала танымына сай тәрбиелік мәні зор туындыларының өміршеңдігі болмақ. «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесі атасының немересіне айтқан ғибратты ойларымен басталады. Атасы немересінің назарын еңбектеніп жүрген жәндіктердің әрекеттеріне бұрады. Атасы немересіне өрмекшінің азығы үшін тұзақ құрып жүргенін, құмырсқаның баласы үшін нанның қоқымын аузына тістеп, өзі жемей қуанып бара жатқанын, қарлығаштың ұя саламын деп шөпті тұмсығына қысып ұшып жүргенін айта келіп, еңбектің маңыздылығын түсіндіреді. Және баласын да еңбекке баулиды. Еңбексүйгіштік қасиетті бала бойына жастайынан дарытуды мақсат еткен жазушы мұрасының тәрбиелік мәні зор.

Жазушының туындылары дидактикалық прозаның көркем үлгілері болып қала бермек. Ыбырай шығармаларындағы кейіпкерлер бойындағы осал тұстары, мінез – құлқындағы кемшіліктер уақыт озса да бүгінгі қоғамда әлі де кездесіп жатады.

Еңбек тақырыбындағы «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бай мен жарлы баласы», «Дүние қалай етсең табылады», «Байлық», «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй мен ағаш үй», т.б. әңгімелері өзінің өнегелілігімен, образдылдығымен ерекше мәнді тәлім берер күші мол көркем шығармалар. {1; 27}

Балалар әдебиетінің шоқтығы биік туындысына айналған жазушының біршама еңбектері тәрбиенің тал бесігі десек, артық айтқандық емес. Мәселен, «Бай баласы мен жарлы баласы» деген әңгімесінде Үсенді тапқырлыққа, табандылыққа үйреткен тұрмыс тауқыметі - еңбек екендігін, сол себепті оның болашағы жарқын, өмірде адалдықты таңдау ететінін көрсете келіп, жастайынан еңбексіз өскен бай баласы бос белбеу болбыр Асанды сынға алады.

Туындыдағы еңбекке баулу мәселесінің өзектілігі бүгінгі таңда да өз маңыздылығын жойған жоқ. Осынау техника мен ғаламтордың қарыштап дамыған уақытында, өскелең ұрпақтың еңбектен алшақтап, бай баласы Асанның кейпіне еніп бара жатқаны жасырын емес. Асан мен Үсен бейнесін бүгінгі күнгі балалардың міне-құлқындағы кемшілік атаулымен салыстыра бала санасына құйса, шығарманың тәрбиелік мәні жаңа қырынан ашылар еді.

Жазушының «Бір уыс мақта» әңгімесінде әкесінің шапанын жамап отырған кішкентай қызға анасының айтқан ақылының бүгінде өз маңыздылығын жоймағаны турасында айту орынды болмақ. Әңгіменің сюжетіне арқау болған бір уыс мақта ысырапшылдықтан ада болып, әр нәрсені пайдаға жаратуды көздеген. Аз нәрсені қанағат тұтып, іске жаратса, қаражатқа да сеп болатынын бала өздігінен тұжырымдай алмақ. Не нәрсені іске жарату арқылы отбасы бюджетін үнемдеуге болатынын да ескертпек қажет. {1; 52}

Бала жастан Ыбырай әңгімелерінің тәлімін түйсініп өскен бала болашағында ел экономикасын сақтап, оны ұлғайтуға барын салары сөзсіз. Сондай-ақ Ыбырай әңгімелерінің түпкі пәлсапасы бейнет, мұқтаждық ысырапшылдық сынды кеселден болатынын түсіндіру абзал болмақ.

Жазушының «Асыл шөп» әңгімесіндегі екі қыздың арасындағы қарапайым әңгімесі балалар бойына сабырлылық сынды қасиетті сіңіретіні сөзсіз. Қазіргі таңда жасанды интеллект мүмкіндіктері дамып, сиқыр әлеміндегідей адамзаттың тілегі мен арманы соншалықты тез жүзеге асып жатқан заманда адам баласының болмысында кішкентай Бәтиманың бойындағы сабырлылық пен төзімділік сынды қасиеттердің

кенжелеп тұрғаны анық. Бұл екі құнды қасиеттен ада болу мейірімсіздік, қатыгездік сынды абыройсыздыққа душар ететіні анық.

Ыбырай жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. «Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал», — деді. Бұл жөнінде де елге үлгі боларлық жазған әңгімесі біздің қазіргі қоғамымызда маңызын еселей түсті деуге болады. Оның осы тақырыпқа жазған бір әңгімесінде:

«Жаздың бір әдемі күнінде бір кісі өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағашты көріп жүрді. «Мына ағаш неліктен тіп – тік, ана біреуі неліктен қисық біткен?» — деп сұрады баласы. «Ата – ананың тілін алсаң ана ағаштай сен де түзу болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық ағаштай болып бағусыз өсерсің. Мынау ағаш бағусыз өз қалпымен өскен», — деді атасы. Шығармада бала жастан сана, мінез, көзқарас сынды бірліктерді жақсы тәрбиемен сусындап өсуі керек деген ой туындайды. Бала тәрбиесіндегі басты мәселе оны әлпештеп, жақсы бағып –қағу болмақ. Ыбырай әңгімелерінің қайнары халық тұрмысынан алынған. Өмірді, адам әрекеттерін ешқашан дағдыдан тыс әсірелеп суреттеп, шынайы өмір дағдыларынан алшақтамаған. Кейіпкерлерді шынайы өмірге тән әректтері арқылы бейнелеуді мақсат тұтты. {3; 56}

Ыбырай шығармалары қысқа мазмұнды, балалардың түсінуіне жеңіл. Аз сөзге көп мағына сыйғызу, мақал-мәтел мен афоризмдерді орынды қолдану, әр әңгіменің тағылымдық мәніне ерекше көңіл аудару Ыбырай шығармаларының өзіндік ерекшеліктері. {4; 49}

Ендеше, жазушы шығармасының бүгінгі заман тынысымен үндесуі адмамзат бойындағы мінез-құлық, өмірлік ұстаным, көзқарас, болмыс сынды қасиеттердің арасындағы байланыс болмақ.

Бүгінігі таңда Ыбырай шығармаларын қазіргі қоғаммен бірлікте қарастырып, оны тәрбиенің басты құралы ету асыл міндетіміз болып қала бермек.

Ыбырай шығармаларының даярлық тобындағы балалардың қабылдауы мен түйсінуіне ықпал ететін тәсілдердің бірі – сахыналық қойылым декп айтсақ артық етпес. Осы орайда мектепішілік іс-шараларда Ыбырай туындыларын балаларға сахыналап ойнату арқылы сөздік қорын қордаландырып, тілін дамытып және рухани адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру маңызды болмақ.

Жаңа заман ұрпағын жан –жақты дамытып, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет. Өскелең ұрпақ – бүгінгі қазақ қоғамының ұлттық қазынасы. Баланың қабілетін қаншалықты ерте ашып, дамытса, оның нәтиже де соншалықты жемісті болмақ.

Ыбырай шығармалары қысқа мазмұнды, балалардың түсінуіне жеңіл. Аз сөзге көп мағына сыйғызу, мақал-мәтел мен афоризмдерді орынды қолдану, әр әңгіменің тағылымдық мәніне ерекше көңіл аудару Ыбырай шығармаларының өзіндік ерекшеліктері. {4; 49}

Ендеше, жазушы шығармасының бүгінгі заман тынысымен үндесуі адмамзат бойындағы мінез-құлық, өмірлік ұстаным, көзқарас, болмыс сынды қасиеттердің арасындағы байланыс болмақ.

Бүгінігі таңда Ыбырай шығармаларын қазіргі қоғаммен бірлікте қарастырып, оны тәрбиенің басты құралы ету асыл міндетіміз болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Алтынсарин Ы. тағлымы». Алматы, Жазушы, 1991ж.
2. Алтынсарин Ы. «Екі томдық шығармалар жинағы». Алматы,
2003ж. 18 – 21 б.
3. Алтынсарин Ы. «Қазақ хрестоматиясы». Алматы, 2003 ж.
4. Ахметова Ә. «Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы». Алматы, 1992ж.

БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ

Бакиева Гульбала Арыстанбековна
Ақтөбе облысы, Темір аудан, Қызылжар ЖОББМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Танымдық құзіреттілік оқушылардың оқу процесіне қатынасын сипаттайды. Танымдық белсенділік - бұл өз бетінше ойлауға, тапсырманы (мәселені) шешуге өзіндік көзқарасын ашуға ұмтылу, білімді өз бетінше алуға және басқалардың пікіріне сыни көзқарасты қалыптастыруға және өз пайымдауларының тәуелсіздігін қалыптастыру. Оны жүзеге асыруға қажетті жағдайлар болмаса, оқушылардың белсенділігі жойылып кетуі мүмкін [1].Танымдық құзіреттілігі оқушының өз іс-әрекетінің пәніне қатысуын, шоғырлануын және зейінін ашуға және арттыруға көмектеседі. Танымдық белсенділік ақыл-ой және практикалық іс-әрекеттегі дербестікпен тығыз байланысты [2].

Оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқару дәстүрлі түрде белсендіру деп аталады. Танымдық құзіреттілігі оқушыларды интенсивті, мақсатты оқуға ынталандырудың, пассивті және стереотиптік белсенділікті, оқу жұмысындағы құлдырау мен тоқырауды жеңудің үздіксіз процесі ретінде анықталады.Танымдық құзіреттілігінің негізгі мақсаты – белсенділікті қалыптастыру, оқу-тәрбие процесінің сапасы мен тиімділігін арттыру [3].

Белсенді оқытуға мотивацияны дамытуға және оқу-танымдық іс-әрекетті белсендіруге байланысты мәселелерді қарастырған кезде ұғымдардың этимологиясын түсіну маңызды. Танымдық іс-әрекет - бұл сенсорлық қабылдау, теориялық ойлау және практикалық әрекеттердің жиынтығы. Оқыту процесі танымға ерекше, адамға ғана тән, немесе оқытуда айқын форма береді [4].

Оқу-танымдық іс-әрекет – оқушының жаңа білім мен дағдыларды игеретін, өмір туралы түсінігін кеңейтетін және қабілеттерін жетілдіретін мақсатты процесс. Мақсаттылығы практикалық және танымдық сипаттағы әртүрлі мәселелерді түсінуге және шешуге ұмтылудан, сондай-ақ адамның жеке қасиеттеріндегі қолайлы өзгерістерге және білім беру деңгейінің жоғарылауымен байланысты әлеуметтік мәртебенің өзгеруіне бейімділікте көрінеді. [5].

Оқытудың әрбір түрі, кез келген дидактикалық жүйе, мұғалім қолданатын әрбір, тіпті ең жаңашыл педагогикалық технология да тиімді оқыту мәселесін шешуге қабілетті емес. Бұл процесс көп факторлы, ол көптеген әртүрлі жағдайлар мен себептерге байланысты. Бір нәрсе даусыз: оқушылар оқуда барынша күш-жігерді өз бетінше жұмсауы, білім алуда алдына жоғары мақсаттар қоюы, оқуға және оқу және кәсіптік дағдыларды алуға ынтасының жоғары болуы, оқытылатын пәндерге танымдық қызығушылық танытуы керек.

Оқушы білім алуға немқұрайлы қарап, оқу процесіне қатыспаса, оған сапалы білім беру мүмкін еместігін ұстаздар біледі. Сондықтан да **«үйренушінің» қызығушылықтары «үйренуші»** болатындай қалыптасып, дамуы керек.

Оқушылардың танымдық іс-әрекетке қатысуының төмендігінің, оқу-танымдық іс-әрекетке қызығушылықтарының болмауының кейбір себептерін атап өтейік :

- оқуға мотивацияны, танымдық қызығушылықты және танымдық белсенділікте жоғары белсенділіктің көрінісін жасау үшін қажетті оқу процесін жүзеге асыру үшін жағдайлардың толық болмауы немесе жеткіліксіз саны.

- мұғалім оқушыларға қызық емес оқу материалын ұсынады. Материалдың мазмұны, мұғалімнің ұйымдастырушылық, әдістемелік және мінез-құлық әрекеттері оқушылардың қызығушылығын тудырмайды, олар жалықтырады, тартымсыз болады деген дидактикалық-педагогикалық көзқарастар бар.

Бірақ қазіргі білім беру жүйесі мүлдем басқа. Ұстаздан жаңашылдықты қажет етеді. Білім берудің заманауи тәсілдері арқылы оқушылардың танымдық құзыреттілігін дамыту бойынша, оқу мотивациясын қалыптастыру үшін әдіс-тәсілдердің бай арсеналын пайдалану қажет деп есептеймін.

Қазіргі таңда жаңартылған білім беру мазмұнының негізгі өзегі - қарқынды дамып келе жатқан өзгермелі қоғамда өмір суруге икемді, жеке басының, сондай-ақ қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашылыққа бейім, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мен дамыту болып табылады.

Білімді де білікті, салиқалы да парасатты, жан- жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу біз үшін маңызды іс болып отыр. Қазіргі жаңару кезеңінде біздің қоғамымыздың ілгерілеу процесінде оқушыларды жан-жақты жандандыру, ел өмірінің барлық жақтарын жаңарту бала тәрбиесінің мәнімен оның проблемаларын күрделендіріп отыр.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудағы жаңа тәсілдерге ізденіс жасау барысында 3D Эксплейнер Видео үлгісін пайдалану тәжірибеме оң өзгерістер енгізді деп айта аламын

Оқу мен оқытуда мұғалім сабақтың табысты және нәтижелі өтуінің режиссері болып табылады. 3D Эксплейнер Видеоны пайдалана отырып қазақ әдебиеті пәнінен қосымша инновациялық әдіс ретінде жоспар бойынша қызықты мәтіндерді ықпалдастыра отырып, оқушыларға қызықты 3 D видео жасап, оқушылардың танымдық құзыреттілігін дамытуда оң нәтижеге жетуге болады.

3D Эксплейнер Видеоны жасау үлгісі

https://www.renderforest.com/ru/template/3d-explainer-video-toolkit



Бұл сізге тек шабыт қана әкелмейді. Білім алып отырған оқушыларыңызды танымдық тұрғыдан дамытады.

Қазіргі білім беру саласындағы басты мақсаттардың бірі – ақпараттық технологиялық құралдарда құзіреттілігін таныта білетін тұлға тәрбиелеу. Ол үшін ұстаз АКТ-ны жетік меңгеруі керек.

Мен АКТ-ны сыныпта мұғалімге оқу үдерісінде көмек көрсетуге арналған тиімді құрал ретінде қолданамын. Тәжірибемнен байқағаным, АКТ-ны барлық оқушыларды қатыстыруды, қамтуды болжамдайтын оқу әдісі ретінде қолдану өте тиімді екен.

Өзімнің тәжірибе барысында мәтінмен жұмыс жасау барысында сабақты, тақырыпты меңгерту процесін жеңілдету, көрнекті түрде көрсету құралы қажеттігіне көзім жетті. Жоғарыда айтқанымдай, әдебиет сабағынан көрнекі құралдар аз, қол қусырып қарап отыруға болмайды. Дидактикалық-иллюстративтік материалдар дайындау- мәтінмен жұмыс жасаудың тағы бір тиімді тұсы. Нәтижесінде оқушылар иллюстрациялық дидактикалық материалдарды

пайдалана отырып, сауатты, ұтымды сөйлеуге, қиялдай, болжам жасай алуға төселеді. Көркем ойлауға дағдыланды. Мәтіндермен жұмыс жасауда, оқушылардың тәрбиелік жағынан және ойлау жағынанда дағдылары шынайы түрде қалыптасты.

Қорыта келе айтарым, әр мұғалім - өз сабағының режиссеры. Ал әр сабақ – бір әлем. Оқушының асыл сөздің тұнығына мейірін қандыру мұғалім шеберлігіне байланысты. Менің ойымша, әр мұғалім ізденіп, әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, мақсатына сай қолдана білсе, халықтың рухани байлығы – әдебиетін жан-жақты игертуге зор мүмкіндік алады.

Пайдаланылған әдебиеттері тізімі :

1. «Білім беруді жаңарту жағдайында орта мектепте «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәні оқыту әдістемесі» Қызылорда 2018 ж
2. «Жаңартылған білім беру-қазіргі заман талабы» Алматы 2020 ж Жумагазиева Роза Бугенбаевна, Телеуова Қаламқас Қорабайқызы
3. «Қазақ тілі мен әдебиетінен дидактикалық материалдар жинағы» Жумагазиева Роза Бугенбаевна , Утегенова Несіпкүл Жаксымуратовна
4. «Қазақ тілі» оқулығы 8-сынып, «Мектеп» баспасы, Б. Қапалбек, А. Омарова
5. «Қазақ әдебиеті» оқылықтары «Мектеп» баспасы
6. «Жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасы» Астана,2017 ж
7. «Диктанттар жинағы» «Мектеп» баспасы,2017 жыл

IMPLEMENTATION OF CONCEPT-BASED LEARNING IN THE 11-12TH GRADES IN SOME KAZAKHSTANI SCHOOLS. CHALLENGES. SOLUTIONS

Zhanna Bakirshinova, Assel Battalova
EFL teachers
Aqbobek International School

Concept-based learning (CBL) develops subjectual conceptual thinking by involving general scientific categories. This approach has proven itself in international practice. CBL allows to integrate the content of various subjects to solve interdisciplinary problems, convey ideas, methods, principles from one subject into another, and develop conceptual thinking. The main function of concepts is to capture and organize scientific knowledge about the world obtained as a result of directed learning or self-education (Anderson, 2001). CBL will allow, after acquiring thematic material, to study, research and analyze phenomena and events from different perspectives. This approach allows to develop skills for analyzing the details and structure of arguments, exploring various points of view (at local, national and global levels) that exist at different time periods.

Curricula in subjects provide students conducting researches in the issues of modern science. In Nazarbayev Intellectual Schools, there has been elaborated some experience in organizing research activities of students – “Global Perspectives and Project Work”, “Kazakshtan in the modern world”, “Geography”. In 2017, CBL was implemented into the subject “English” for the11th grade.

In 2018, the project was continued to introduce CBL in the 12th grade. Concepts are universal and represent big ideas (Lynn Erickson, 2002), which go beyond the scope of any one specific area and may include an unlimited number of topics studied from different subject areas. Given that concepts are being introduced for the first time in the 12th grade program, all topics were combined into larger ones and distributed within the framework of the concepts in terms: 1 term- Identity, 2

term - Perception, 3 term – Time, 4 term - Perspective, respectively. This stage of implementation can be described as interim, so that teachers can adapt to a new approach and in the future fully switch to CBL without relying on any specific thematic context. In addition, it is assumed that new concepts can cause difficulties for teachers due to a lack of understanding of the content, lack of working experience with this approach, as well as other factors affecting the effective implementation of the updated program in grade 12.

The study has been based on the theories and works of leading experts in the implementation of the concept-based learning model, Lynn Erickson and Lois Lanning (2014). Anderson, Lorin, Kratwool, David, et al. (2001) tend to urge teachers to strive to deeply understand conceptual knowledge, and not only to remember their individual fragments and not to separate factual from conceptual. The implementation of this approach in the 12th grade program involves the development of students' research competencies that will allow the student:

a) have a deep foundation of factual knowledge;

b) understand facts and ideas in the context of the conceptual framework as well;

c) organize knowledge in such a way as to facilitate its extraction and application.

Systematization of information within conceptual framework allows to achieve a high level of its transmission; students may apply what they have learned in new situations and to absorb/acquire relevant information.

The study has aimed to identify and determine teachers difficulties associated with understanding and implementation of teaching on the basis of concepts in the 12th grade in the academic year 2018-2019.

Research questions:

1. What concepts cause difficulties in teaching and developing appropriate tasks for the updated program?

2. What causes difficulties in applying concepts and developing related tasks?

3. What methodological recommendations / support is required for English teachers to ensure the effective implementation of the educational program based on concepts in high school?

Methodology, Methods, Research Instruments or Sources Used

In order to obtain a complete picture, various methods of collecting and processing data were used, in particular, a mixed research method, which included the following:

- Observation of lessons.
- Interviews (conversations).
- Analysis of documents (lesson plans, handouts, etc.).

According to the monitoring experience in the 2017-18 school year, it was revealed that the answers of the online survey did not allow to obtain complete data on open-ended questions. Quantitative indicators are not that efficient in this study, since the introduction of the CBL has been carried out for the second year. In this connection, it was decided not to use online questioning as part of the current monitoring as a research method. And to obtain complete and reliable data, it was decided to increase the number of schools attended and conduct research in a natural learning environment.

To carry out the researches, three NIS of chemistry and biology directions were selected – in Aktobe, Uralsk, Kostanay. The selection of schools was based on the fact that these schools had never been visited before in order to conduct a monitoring study.

An individual program and monitoring plan were developed and approved. The following documents were prepared: a schedule for attending classes, lists of teachers whose lessons are planned to be visited, a route sheet, observation sheets, etc. School administrators, heads of departments and teachers were informed about the visit to their schools and class attendance. All teachers verbally agreed to participate in the study.

In the 2018-19 academic year, students in grade 12 had 3 hours of English weekly and 102 hours per year, respectively. The expected result at the end of grade 12 according to the educational program of the subject "English" – students should reach the level C1 (low C1 according to CEFR). In the 12th grade, classes are divided into subgroups, each with 10-12 students. For the period of schools attendance, according to the class schedule, it was possible to attend 11 classes, which corresponded to the previously planned number (10-15 lessons according to an individual plan).

Due to the workload, 8 out of 10 planned teachers were able to take part in the interview. The participation of fewer teachers did not affect the results. 30 students in total, 10 students in each school, participated in the interview.

Conclusions, Expected Outcomes or Findings

100% of teachers understand the importance of introducing CBL into the content of the high school curriculum; they follow the updated curriculum. The data obtained allowed us to answer all the questions of the study.

90% of teachers have a theoretical understanding of concepts. There is some confusion of the concepts of Perception and Perspectives. There are tasks prevailing that do not require reflection, analysis and study of various points of view. Teachers experience difficulties in developing differentiated tasks in terms of complexity and tasks for developing high-order thinking skills in all program concepts. The main reasons are the lack of full study of the program and teaching experience, a limited choice in the selection and use of resources, a focus on implementing learning goals, fossilized of teaching educational material thematically, it is difficult to see a wider picture. When planning it is difficult to "keep in mind" focusing on concepts, achieving learning goals and selecting a variety of resources, as it takes more time to prepare.

In addition to these, the following reasons were identified:

– not thorough study of key documents that are developed in support of teachers (Guidelines for teachers on the updated program);

– insufficient practice of reflection, discussion and joint planning (only on the basis of the curriculum and not on an ongoing basis).

Student interviews show that they like the concept-based program more than the previous topic-based one. They noted "For the second year, we have been studying various topics through concepts and more attention has been paid to discussing interesting issues and opinions, new concepts that were not in grade 11. There are provided more opportunities to work with a variety of resources. We analyze the information and offer alternative solutions to problems, more opportunities to use and practice academic English".

Reference list:

1. Anderson L. and Krathwohl D. (2001) A succinct discussion of the revisions to Bloom's classic cognitive taxonomy by Lorin Anderson and David Krathwohl and how to use them effectively. Available at: https://thesecondprinciple.com/wpcontent/uploads/2014/01/Anderson-and-Krathwohl-revised-10-2016.pdf (Accessed 20 December 2017).

2. Campbell B. (2009) To-With-By: A three-tiered model for differentiation instruction. The Nera Journal 44 (2): 7-10.

3. Coleman M.R. and Hughes C.E. (2009) Meeting the needs of gifted students within RtI Framework. Gifted Child Today 32 (3): 14-17.

4. Cross T.L. (1997) Psychological and social aspects of educating gifted children. Peabody Journal of Education 72 (3): 180-200.

5. Lowenstein L.F. (1981) The psychological problems of gifted children. Caxtons: Pullen Publications.

6 Mackey A. and Gass S.M. (2005) Second language research: Methodology and design. London: Lawrence Erlbaum Associates.

7. Okan Z. and Ispinar D. (2009) Gifted students' perceptions of learning English as a foreign language. Educational Research and Review 4 (4): 117-126.

8. Preszler J. (2006) Strategies That Differentiate Instruction, Grades 4-12. On Target. Available at: http://www.sdesa6.org/content/projects.htm (accessed 15 January 2016).

9. Tomlinson C.A. (2011) How to differentiate in mixed-ability classroom. ASCD: Alexandria.

10. Tomlinson C.A. (2014) The differentiated classroom. ASCD: Alexandria.

11. Андерсон, Лорин, Крэтвул, Дэвид, и др. (2001). Таксономия для обучения, преподавания и оценивания, А: Пересмотр таксономии целей обучения, предложенной Блумом, Полное издание. Издательство Allyn & Bacon. ISBN: 0-321-08405-5

12. Как люди учатся: Мозг, разум, опыт и школа, Брэнсфорд, Джон и другие, © 2000, Национальная академия наук и Национальный исследовательский совет. Вашингтон, D.C.: Издательство Национальной академии.

13. Обеспечение целостного обучения: Каким образом семь принципов преподавания могут изменить образование, Перкинс, Д.Н., © 2009, Jossey-Bass Pub.

14. Дисциплинированный ум, Гарднер, Ховард, © 1999, Издательство Simon & Schuster Pub.

ВЛИЯНИЕ ОРИГАМИ НА ВСЕСТОРОННЕЕ РАЗВИТИЕ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Бактыбаева Айслу Жумабаевна
Актюбинская область, Айтекебийский район, с.Ушкатты Д/О «Бобек»

Оригами — это искусство складывания бумажных фигур из квадратного листа специальной прочной и гибкой бумаги без ножниц и клея, помогающее развивать мелкую моторику рук у детей дошкольного возраста. Работы с оригами являются любимыми для детей и выполняются ими с радостью и энтузиазмом, им нравится яркий цвет бумаги, получающиеся объемные фигурки, относительная простота изготовления достаточно сложных образов.

Во время занятий оригами дети учатся не только работать с бумагой, но и развивают пространственное воображение, учатся удерживать внимание на предмете работы в течении длительного времени. С использованием оригами на занятиях развивается устная речь ребенка, становится красивой и грамотной, дети начинают свободно общаться между собой и со взрослыми. С применением оригами можно не только работать с бумагой, но и изучать русские обряды и сказки, петь, играть сочинять истории, знакомиться с персонажами русского фольклора. Фигурки выполненные детьми в технике оригами, дополняют занятия, иллюстрируют их. Та или иная фигурка может сочетаться с загадками, стихами, прибаутками.

Значение оригами для развития ребёнка:

- развивает у детей точность движений пальцев рук, совершенствует мелкую моторику, развивает глазомер.

- учит детей различным приёмам работы с бумагой: сгибание, многократное складывание, надрезание, склеивание.

- развивает концентрацию внимания, умение сосредоточиться,

- стимулирует развитие памяти, умение следовать устным инструкциям.

- знакомит детей с основными геометрическими понятиями: квадрат, треугольник, угол, сторона, диагональ, вершина.

- развивает пространственное воображение.
- активизирует воображение детей и фантазию.
- развивает художественный вкус и творческие способности.
- совершенствует трудовые навыки, формирует культуру труда, учит аккуратности, умению бережно и экономно использовать материал, содержать в порядке рабочее место.

Занятия оригами способствуют повышению активности работы мозга и уравновешиванию работы обоих полушарий у детей дошкольного возраста, что способствует повышению уровня интеллекта, развитию таких психических процессов, как внимательность, восприятие, воображение, смышленость, логичность. Активизируется творческое мышление, растет его скорость, гибкость, оригинальность.

Таким образом, систематические занятия с детьми оригами - гарантируют их всестороннее развитие и успешную подготовку к дальнейшему обучению.

Литература:

1. Тарабарина Т.И. «Оригами и развитие ребенка»
2. Афонькин С.Ю., Афонькина Е.Ю. «Игрушки из бумаги»
3. Коротеев И.А. «Оригами для малышей»



БАҒАЛАУ. БІЛІМ АЛУҒА ЫНТАНЫ АРТТЫРУДАҒЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Бактыбаева Зарина Узакбаевна
«№51 гимназия» КММ

Егеменді еліміздің тірегі – білімді, тәрбиелі ұрпақ. Болашақта еліміздің мәртебесін көкке көтеріп, экономикасын дамытатын бүгінгі жас ұрпақ. Қазақстанның жастары білімді болуы, ол білім теория мен практикада ұштасуы қажет. «Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет»-делінеді Елбасы жолдауында. [1]

Қазіргі заманғы мектепте блім алудың үстемдікке ие мақсаты қоршаған ортамен нәтижелі ара қатынас жасай алатын, өз алдына білім алуға және өзін-өзі дамытуға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. (Л.Ф. Квитова, 2008). Өздігінен білім алуға дағдылануда білім алушының өзін-өзі бағалай алуы, өз әрекетін бақылауға және бағалауға, пайда болған қиындықтарды анықтаға және жоюға дайын және қабілетті болуы аса маңызды. Бұл дағдыларды қалыптастыру үшін, мектептегі бағалауға өзгеріс енгізу, оның мақсаттарын, мазмұны мен технологияларын қайта қарау керек болды. Міне осылайша Қазақстанда жаңартылған білім мазмұнында білім беру қажеттілігі туындап, ол оқу процесіне енгізілген болатын.

Кез келген саласының құраушы бөлігі, оның ішінде білім саласында да осы саланың субьектісінің жеткен нәтижесіне баға беру болып табылады. Сол себепті білім саласын білім алушылар өзін-өзі бағалай алған, оқу процесі барысында білім алушылардың өзін-өзі бағалауларына жағдай жасалғанда ғана толыққанды сала ретінде сипаттауға болады.

Дәстүрлі бағалау жүйесі оқу процесінің барысында тұлғаға бағытталмаған, ол оқуышлардың дамуына, танымдық белсенділігінің артуына ықпал ете алмайды.

Кеңестік, яғни дәстүрлі білім беру жүйесінен жаңартылған білім мазмұнының айырмашылығы неде? Жаңартылған білім мазмұнының маңызды ерекшелігі – критериалды бағалау жүйесі. Білім алушының білім нәтижесін ескі жүйеде обьективті түрде бағалау мүмкін емес. Сол себепті педагог пен білім алушы арасында түсініспеушілік жағдайы, білім алушының пәнге қызығушылығының төмендеуі, төмен баға алып қаламын деген үрей, баға үшін жаттанды оқу және т.б мәселелер бар екендігі жасырын емес.

«Критериалды бағалау» терминін алғаш Роберт Юджин Глейзер (1963) қолданған, ол әдеттегі мінез-құлық моделінің жиынын анықтау үдерісін, білім алушылардың оқу жетістігі деңгейінің шамасы мен қолжетімділігінің арасындағы сәйкестікті сипаттады. [2, б 13]

Критериальды бағалау дегеніміз не? Критериалды бағалау – белгіленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру үдерісі. [2, б 6]

Американдық психологтардың жұмыстары, сондай-ақ ресейлік ғалым В.П.Беспальконың зерттеулерінің негізінде критериальды бағытталған білім беру технологиясы жасалған. Оны толықтай меңгеру технологиясы деп те атайды, себебі оның бағдары бойынша білім алушылардың барлығы қажетті оқу материалын игеруге қабілеттілі болып табылады. Ол үшін барлық оқу пәндері бойынша әрбір бақылау жұмысы үшін белгілі бір критерийлер жасалуы керек. Критериальдық бағалаудың басты ерекшелігі тапсырмалардың түрін, формаларын, білім алушылармен бірлесіп жасалатын жұмыстың түрін, оларды бағалау критерийлері мен олардың дескрипторларын ауыстырып отыру арқылы ең жоғары критериальды бағалау дәрежесіне жетуге болатындығында. [3, б 9]

Кім табысты болуды, жасаған жұмысының оң нәтижесін көруді армандамайды? Ал оқушы үшін өз білімін сынау және оның нәтижелілігін көру әбден маңызды. Ол жетістікке жеткен сайын қанаттанып, жаңа белестерді бағындыруға тырысары сөзсіз.

Көршілес Ресей мемлекетінің мектептерінің бірінде үш жыл бойы зерттеулер көрсеткендей критериалдық бағалау жүйесі барысында оқушылардың бойынан төмендегідей өзгерістер байқалған:

- Мұғаліммен қарым қатынастағы қиындықтар мен қорқыныш деңгейінің төмендеуі;
- Білім деңгейін тексеру барысындағы қорқыныштың төмендеуі;
- Өзгелердің көңілінен шықпаудан қорқу.

Ал қорқыныштан арылған оқушының білімге, қоршаған ортаға деген көзқарасы өзгереді.

Критериалды бағалау жүйесі бойынша білім алушының бойында педагог нені дамыту қажет? Әрине ол өз-өзіне деген сенім, ойын еркін білдіру, яғни өзіндік пікірінің болуы. Ал педагог өз кезегінде шәкірті үшін қолайлы жағдай жасай тұғыза білуі керек.

• Педагогика тұрғыснан сәтті жағдай бұл мүмкін болатын шарттарды үйлестіру ақылы субьектілердің жеке немесе топтық іс-әрекетіндегі алға жылжуды іске асыратын мақсат болып табылады;

• Педагогикалық іс-әрекеттің басты мақсаты әр оқушы үшін сәтті жағдай туғызу болып табылады.

Жетістік пен сәтті жағдай ұғымдарын ажырата білу маңызды:

• Сәтті жағдай жетістікке жеткізетін әрекеттердің комбинациясы болып табылады, ал жетістік оңтайлы жағдайдың нәтижесі болып табылады.

• Сәтті (қолайлы) жағдай педагогтың білім беруді ұйымдастыруының әдісіне жатады, жетістіктің қуанышы-көп жағдайда көріне бермейтін, бірақ «сырттан көрініп тұратын» субьективті нәрсе.

• Педагогтың мақсаты әр оқушының нәтижеге жету мүмкіндігіне ие болуына, өз мүмкіндігін байқауына, өзіне деген сенімділігін арттыруына жағдай жасау болып табылады.

• Оқушы бастан өткерген нәтижелі жағдай оның білім алуға деген қызығушылығының артуына және таным деңгейінің артуына мотивация болады;

• Оқушының білім алу барысынан қанағаттануына мүмкіндік береді.

• Білім алу деңгейінің нәтижелілігіне әсер етеді;

• Өзіне деген сенімсіздік, қорқыныш сезінуді жоюда көмектеседі

• Бастамашылдық, креативті ойлау және белсенділікті дамытады;

• Сыныптағы қолайлы психологиялық ахуалды сақтайды. [3,б 19]

Сабақ барысында критериальды бағалау қалай жүзеге асырылады?

Оқушыларға сабақ барысында табысты орындау критерилерін қолданып, олар нені жақсы жасай алатынын, ал қай жерде бір-бірінің немесе ересектердің көмегі қажет ететіндіктерін шешулері керектігі ескертіліп отырылады. Мұғалім оқушылардан сабақ барысындағы ең сәтті тұстарды, сондай-ақ табысты орындау критерийлерін басшылыққа ала отырып жақсартуды, не дамытуды қажет ететін тұстарды рефлексиялауды сұрайды. Сабақтың соңында жұмыстың осы кезеңі үшін актуальды барлық мақсаттарға қысқаша тоқталумен аяқталады, ол балаларға білім алу қалай өрбитіндігін және сабақтағы бүгінгі сәттің олардың болашақта білім алуымен қалай байланысты екендігін көруге мүмкіндік береді. [4, б 23]

Критериальды бағалау қалай жүзеге асырылады? Оқу жылы барысында оқудың ілгерілеуі, үлгерімі туралы мәліметті жинау үшін бағалаудың екі түрі жүзеге асырылады: қалыптастырушы және жиынтық бағалау.Жиынтық бағалау өз кезегінде бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық, орта білім беру деңгейі бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдерінен тұрады. [5, б.12]

Білім алушы жиынтық бағалау алдында сабақта болмаған жағдайда не істеуге болады? Білім алушы оқу процесіне келгеннен кейін бірден жиынтық бағалау жұмысын алмаған дұрыс.

Бұл нәтиженің қанағаттанарлықсыз болуына алып келуі мүмкін. Оқушы келіскен жағдайда алдын ала тексеру үшін жұмыс /тест алуға кеңес беріледі. Білім алушы қабылдаған нәтиже ғана қарастырылады.

Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалаудың нәтижелі жүйесін іздестіру қиын педагогикалық міндет болып табылады. Дегенмен қандай бағалау жүйесі болмасын мұғалім өзінің елінің келешігіне баға беріп жатқанын есте сақтағаны дұрыс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. "Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік"
Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар.

2. Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық оқу-әдістемелік құрал «Назарбаев зияткерлік мектептері»дербес білім беру ұйымы. Астана, 2016

3. Критериальная оценка учебной деятельности как способ повышения качества образования и самосовершенствования (из опыта работы педагогического коллектива ГБОУ гимназии №272 Адмиралтейского района Санкт-Петербурга), Выпуск 31 (март 2017)]

4. Красноборова А.А. Критериальное оценивание в школе: учебное пособие / Пермский государственный педагогический университет. – Пермь, 2010. – 84 с.

5. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық оқу-әдістемелік құрал, «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы. Астана, 2016

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДАРЫНДЫЛЫҒЫ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Гүлмира Бақтыбаева Сәрсенбайқызы
Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы
«Ә.Жангелдин атындағы ЖОББМ» КММ бастауыш сынып мұғалімі

Бастауыш мектеп – оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу және қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді.

Дамыта оқытудың да басты мақсаты – баланы оқыта отырып, оны шығармашылық бағытта жан – жақты дамыту.

Біздің басты мақсатымыз – білім сапасы. Білімнің сапалы болуы тікелей мұғалімге, оның білім дәрежесі мен іздену шеберлігіне байланысты. Мұғалім –тікелей оқыту мен тәрбиелеу үрдісіне жаңалықты енгізуші, оқушымен бірлесе жұмыс істейтін белсенді әрекет иесі. Мұғалім оқушыларға терең білім беру мен қатар дарындылыг мен шығармашылығын дамыту жолында мына қағидаларды есте сақтаған жөн:

- мұғалім пәнді өзі жетік терең біліп, оны балаларға жай, қарапайым тілмен, өмірмен байланыстыра отырып беруі қажет;

- мұғалім оқушылардың жеке басының психологиясын (жан дүниесін) жете біліп, әр оқушының жүрегіне жол таба білуі қажет;

мұғалім әр оқушыға, бүкіл сыныпқа талап қоя білуі керек;

- балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру үшін жаңа сабақты тірек конспектілері мен жеке тірек белгілері бойынша беру;

сабақта балалардың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін әртүрлі көрнекі құралдарды пайдаланып отыру;

- әрбір сабақ өз дәрежесінде өтуі қажет;

Бала бойындағы дарындылықты қандай жұмыстар арқылы шығаруға болады?





Іздену, қызығушылығы жоғары

Ойы ұшқыр, тілі жатық

Саналы, тәрбиелі, терең білімді

Сөздік қоры мол, шешен

Адамгершілігі мол, қайырымды

Сонда дарынды баланың тұлғалық моделі:

Ұлы ойшыл Плутарх кезінде былай депті: « ...Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұлпарды есекке айналдырып құртып тынады». Міне, ұстаз осындай келеңсіздікке жол бермеуі керек. Қысқасы, бастауыш сынып мұғалімі – баланың екінші анасы. Шәкіртіңді анасындай аймалап бірақ орынды талап қойып, жүрек жылуын бәріне бірдей шаша білудің қорытындысы – бағбанның жақсы ағаштан жинаған жемісі іспеттес.

Қорыта келгенде, *О. Бальзактың* «ұдайы еңбек ету - өнердің де, өмірдің де заңы» *дегендей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін арттыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді міндеттейді. Өйткені, XXI ғасыр – білімділер ғасыры Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан – жақты парасатты ұрпақ керек екені бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.*

Әдебиеттер тізімі:

1. Ушинский К.Д. избранные педагогические сочинения. В 2-х томах. Т.2. Вопросы обучния -М.:Учпедгиз, 1954.
2. Сухомлинский В.А. балаға жүрек жылуы. - Алматы: Мектеп, 1976.
3. Эльконин Д.Б. Психология игры М.: Педагогика, 1978.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Бақытжанова Құралай Шафиховна
Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы «Шаңырақ» бөбекжай - балабақшасы

Кез келген қоғамда, даму дәрежесі қаншалықты жоғары болғанына қарамастан, әлеуметтік қиындықтар болып тұрады. Осындай себептердің салдарынан, қазіргі кезде әлеуметтік көмекке мұқтаж болып отырған мүмкіндігі шектеулі балалар күннен-күнге көбеюде. Әрине, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп, әлеуметтік тұрмысқа баулуда, ата-ана мейірімімен қатар, мұғалім және психологтың тарапынан шексіз, мейірімділіктің қажеттілігі бірден айқын байқалады. Бұл жұмыста үлкен жауапкершілік, төзімділік, тәжірбие қажет. Біздің мемлекеттің Конституциясында : «Барлық балалар орта білім алуы тиіс»,-деп жазылған,бірақ өкінішке орай ,мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту бүгінгі күні маңызды проблемалардың бірі болып саналады.Мүмкіндігі шектеулі балалар саны жыл өткен сайын артып келеді,сондықтан да оларға білім беру процесін дамыту қажеттігі де өсіп отыр.Арнаулы психологияның неізін салушы ғалым Л.С.Выготскийдің айтуына қарағанда, «Дені сау-бала мен мүмкіндігі шектеулі балалар бірдей заңдылықпен дамиды.Демек,олардың даму факторы бірдей.Ақыл –ой жағынан артта қалған бала дені сау бала өтетін даму деңгейінен өтеді,бірақ сәл шабандау және өзінің арнайы ерекшеліктерінің деңгейінде.

Инклюзивті білім беру— мүмкіндігі және түрлі қажеттілігі бар 1 ден 6 жасқа дейінгі балаларға мектепке дейінгі білім беру және дамыту процесі.Кешенді медико - педагогикалық ,әлеуметтік-психологиялық арнаулы білім беру түрлерінің бірі болып табылады.

Инклюзивті білім беру – қайырымдылық пен адамгершіліктің бастауы. Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның ,отбасының қатысуымен білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді:

Инклюзивтік білім беру – барлық балаларды және білім үрдісінде толық енгізу әлеуметтік бейімдеуге жынысына, шығу тегіне қарамай балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарды белсенділікке шақыруға, балаларды түзету-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдану, қоршаған ортаның балалардың жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімдеріне жағдай туғызу, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға арналған мемлекеттік саясат.

Инклюзивтік оқыту негізінде балалар құқығын кемсітпеу, адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, оларға арнайы жағдай қалыптастыру негізі жатыр. Бала – біздің болашағымыз. Балаларға бәріміз жауаптымыз. Ата-аналардың басым бөлігі балаларының оқу-тәрбие мәселесіне келгенде жайбарақаттығы, салғырттығы басым. Көптеген ата-аналар балаларының тілі жай шыққанына, есте сақтау қабілетінің нашарлығына дер кезінде мән бермейді, білікті маманға апарып көрсетпейді. Тіпті баласының болашағына алаңдайды дегеннің өзінде қаражат жоқтығын сылтауратып қозғала қоймайды. Соның кесірінен баланың ақыл-ой дамуы нашар деңгейде екенін мектепке барғанда белгілі болады. ».

Инклюзивті білім берудің мақсаты: Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологтық-дәрігерлік-педагогикалық қолдауды іске асыру және инклюзивті білім беруді орындау арқылы тең құқылы тұлға болуға мүмкіндік жасау.

Міндеті: әлеуметтік бейімделу, тәрбиелеу, білім беру үрдісіне барлық қатысушылармен ерекше сұранысқа ие балалардың жағымды, өзара қарым- қатынасын қалыптастыру;

- олардың сұраныстары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, жан-жақты дамуына жағдай туғызу керек және әлеуметтік тұрғыда дұрыс мінез-құлық қалыптастыру;
- мүмкіндігі шектеулі балаларға бөбекжайда қажетті құралдармен қамтамасыз ету;
- балалардың денсаулықтарына, жүйке жүйесінің дамуына жүйелік бақылау ұйымдастыру;
- баланың даму деңгейіне таңдап алынған бағдарламаның жеткен жетістіктеріне үнемі бақылау жүргізіп отыру;
- көңіл – күйі және тұлғалық дамуының кемшіліктеріне, жоғары деңгейдегі түзетулер жасау.

Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру 4 кезеңде жүргізіледі:

1.Мектепке дейінгі ұйымда балаға консилиум мамандары кешенді динамикалық бақылау жасау арқылы қамтамасыз етіледі. Консилиум құрамына меңгерушінің бұйрығымен дефектолог, логопед, әлеуметтік педагог, психолог, медбике, дене шынықтыру нұсқаушысы, топ тәрбиешісі енгізіледі. Мамандар бөбекжайға қабылданған мүмкіндігі шектеулі балаларға 2 апта мерзімінде жеке бақылау жүргізеді.

2.Жұмыстың түзетушілік-дамытушылық кезеңінде балаға әсер ететін шаралар кешенін қарастырады. Жетекші әрекет түрін қалыпқа келтіру және жетілдіру, жеке даму кемшіліктерін түзету, яғни мүмкіндігі шектеулі баламен жеке дамыту, түзету жұмыстарын жүргізу.

3.Жұмыстың мектепке дейінгі білім берушілік кезеңі. Балаларды мектепке дейінгі ұйымда оқу іс-әрекетін меңгеру тәсілдеріне үйретуді, әрбір жас кезеңіне тән олардың танымдық белсенділігін дамытуды, сондай-ақ баланың жеке басының мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, топ тәрбиешілері мектепке оқуға даярлауды қарастырады.

4.Әлеуметтік тәрбие жұмысы. Әлеуметтік педагог мүмкіндігі шектеулі балалардың үйіне барып, ата-анасымен пікірлесіп отбасының әлеуметтік жағдайын анықтайды, яғни бала мен отбасының дербестігін арттыруға, дамуында ауытқушылығы бар тәрбиеленушілердің қалыпты дамыған құрдастары арасында ерте, толыққанды әлеуметтік кіріктіруге, мектепалды баланың әрекеті мен мінезіндегі адамгершілік бағыттарының қалыптасуына, мүмкіндігі шектеулі баланың жеке басының қасиеттеріне бақылау жүргізеді.

Инклюзивті білім беру саласын дамытуға арналған бағыттар

- Қоғамның, жалпы білім беретін мектепке дейінгі ұйымдардың мүмкіндігі шектеулі балаларды қабылдауына дайын болуы.
- Инклюзивті білім беру идеясын таратуда, шектеулі мүмкіндіктері бар балаларға толерантты, дұрыс қарым-қатынастың қалыптасуына бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуын қамтамасыз ету.
- Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін мамандар арасында тәжірибе алмасушылықты қамтамасыз ету, дұрыс тәжірибелерді баспалар, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тарату.
- Аймақтарда инклюзивті білім беру мәселесі бойынша Үйлестіру кеңесін құру.
- Ата-аналар қоғамдастығының мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуға құқығын және мүдделерін іске асыруға және оны қорғауға қатысуы, оқыту үрдісінің өзіне және түзету көмегін іске асыруға қатысуы;
- Инклюзивті білім берудің көпаспектілік мәселесіне ғылыми зерттеулер өткізу.
- Инклюзивті мектепке дейінгі ұйымда жұмыс істеу мақсатында педагогика қызметкерлерін даярлау;т.б
- Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру ортасы баланың білім беру процесіне қосылуын және әр тәрбиеленушінің мүмкіндігіне қарай пайдалы таңдауына мүмкіндік жасайды.

• Мүмкіндігі шектеулі балалар инклюзивтік білім алуда логопед, дефектолог, дене шынықтыру нұсқаушысы, психологтың жылдық жоспарларына сәйкес күннің II жартысында өзімен жасты балалармен қатысады (сурет салу, жапсыру т.б.) және мамандардан оқу-тәрбие және танымдық-педагогикалық көмек алады.

• Даму мүмкіндігі шектеулі балалар жалпы топта тәрбиешілердің ұйымдастырған оқу іс-әрекеттеріне қатысып үлгілік оқу бағдарламасы бойынша білім алады.

• Даму мүмкіндігі шектеулі балалар мектепке дейінгі ұйымның өміріне белсене қатысады: іс-шаралар мен ойын-сауықтарға өзге балалармен бірігіп қатысуы, ертегілер мен концерттерді ұжыммен көруі олар үшін шынайы мереке. Осындай шараларға қатыстыру арқылы балалар ұжымда өмір сүріп, құрбыларымен қарым-қатынасқа түсуге үйренеді. Егер бала осы сатыдан өтсе, мектепте оған едәуір оңайырақ болады. Ең бастысы, бұл балалар болашақта жалғызсырамай, өздерімен жасты балалармен бірге тәлім-тәрбие алуды жалғастырады.

Қорыта айтқанда,мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылықтарымыз, әр баласы еліміздің ертеңі екенін ескерсек әрбір мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау біздің міндетіміз.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға деген мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек етек жинап, ел болғалы толастамақ емес. Мүмкіндігі шектеулі балалардан болашақта қолдарынан іс келетін саналы азаматтар мен азаматшалар шықпасына кім кепіл?

Мүмкіндігі шектеулі жандардың қозғалыс мүмкіндігі шектелгенімен, жан - дүние кеңістігі аясының тарылып, күйзеліске ұшырауына жол бермеу - белгілі бір ұйымдардың міндеті ғана емес, қоршаған ортаның, қалың бұқараның басты парызы.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақсан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы».- Астана.2010 ж.

2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан 2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы, 14.12.2012 ж.

3. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақсан Республикасының Заңы. 11 шілде, 2002 ж.

4. Малофеев Н.Н. «Специальное образование в меняющемся мире». Европа: учебное пособие для студентов пед /вузов Н.Н.Малофеев.-М.:Просвещение,2009. 5.Республикалық педагогикалық-әдістемелік журнал. Әлеуметтік педагог. №4,2010 ж.

6.А.А.Байтұрсынова «Арнайы педагогика: проблемалары мен даму болашағы» Алматы,2008 ж.

7. Оразаева Г.С., и.о.директора ННПЦ КП,к.п.н., доцент, Фурсова Л.М., старший научный сотрудник лаборатория специального школьного образования, к.м.н. Анализ результатов мониторинга психолого-педагогического сопровождения детей с ограниченными возможностями в развитии в общеобразовательных организациях республики. 2012 г.

8. «Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беру». Әдістемелік ұстаным. «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығы. Астана 2014 ж.

9.«Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері.» Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Аст.

ЕМДІК ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДЫҢ АДАМ ӨМІРІНЕ ТИГІЗЕР ПАЙДАСЫ

Балдаулетов Данияр Сабитович
Батыршин Нұрлан Сайлаубекұлы
Ақтөбе қаласы,№34 орта мектебі

Оқушылар дене-бітімінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұруға ықпал етеді. Жақсы денсаулық – адамның еңбек және қоғамның іс-әрекетке жемісті қатысуының маңызды кепілі. Оқушылардың денсаулығына қамқорлық жасауға біздің қоғамымыз мейлінше мүдделі. Сабақтарда, сабақтан тыс уақытта, спорт секцияларында дене тәрбиесін күн сайын ұйымдастырып, қолайлы жағдайлар жасау қажет.

Табиғи қозғалыстың түрлері жүгіру, қарғу, жүзу, лақтыру, шаңғы, коньки, велосипед тебу, акробатика өмірге қажетті дағды және іскерліктерді қалыптастырады. Жас адамдардың денесі түрлі жаттығулар көмегімен ширап, дамиды. Сондықтан күш, жылдамдық, төзімділік, икемділік сияқты адам қабілетін дамыту оқушылардың қозғалтқыш тәжірибесін байытады, дене қозғалысын үйлестіреді.

Дене тәрбиесі саласында ырғақ, жеке гигиена, дене шынықтыру мәдениеті, туризм, спорт ерекше орын алады.

Дене тәрбиесі ең басты күн тәртібін, яғни, еңбек, демалыс, тамақтану, ұйқы, бос уақыт ырғақтарын дұрыс ұйымдастыруда талап етеді. Күн тәртібін тиімді пайдалану балалардың ақыл-ойы мен дене құрылысының дұрыс дамуына, денсаулығын сақтауға көмектеседі.

Күн тәртібін бұзбау міндет. Тәртіп дегеніміз – демалыс, тамақтану, жеке гигиена және күн мен түннің пайдалы сәттерін маңызды, мазмұнды қолдану. Мектепте дене тәрбиесін мұғалім, сынып жетекшісі, тәрбиеші басқарады. Олардың жұмысының мазмұны:

• шәкірттерге оқу, еңбек және демалыс ырғағын ұтымды пайдалануды үйрету, оқушылардың денсаулығын үнемі бақылау, жұмыс қабілетін жаңсарту, оларға жағдай туғызып, қамқорлық жасау.

• оқу күні және оқу жылы бойында қозғалыс жасау, қозғалтқыш әрекетке үйрету және қозғалтқыш сапаларын дамыту, дене шынықтыру және сауықтыру жұмысын тиімді өткізу.

Дене тәрбиесін мектепте және мектептен тыс оқу орындарында спорттық базаларда іске асыру үшін төмендегі талаптарды еске алған жөн:

• оқушылардың бойында жоғары адамгершілік сапаларын тәрбиелеу.

• шәкірттің денсаулығын нығайту, жұмыс қабілетін көтеру.

• спортпен шұғылдануға оқушылардың тұрақты қызығуын және қабілетін дамыту.

• негізгі қозғалтқыш сапаларын дамыту.

Дене тәрбиесінің мазмұны, міндеттері және формалары әрбір мектептердің жағдайларына байланысты дене шынықтыру және сауықтыру жұмысының жүйесін жасауды қажет етеді.

Дене тәрбиесінің негізгі құралдарына дене жаттығулары, гимнастика, ойын, туризм, спорт, табиғи факторлар жатады.

Дене жаттығулары – бұл саналы түрде орындалған қимылдар және қозғалтқыш әрекеттер. Дене жаттығулары бұлшықет жүйесін, қан айналымын және тыныс алу мүшелерін дамытады.

Гимнастика. Түрлері: негізгі және гигиеналық гимнастика, спорттың гимнастика, акробатика, көркемдік гимнастика, өндірістік гимнастика және емдік гимнастика.

Ойын оқушыларды жылдамдыққа, төзімділікке тәрбиелейді.

Туризм – оқушыларды төзімділікке, ұжымдыққа, еңбек сүйгіштікке және қолайсыз сыртқы жағдайларда кездесетін қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді.

Спорт – оқушылардың денсаулығын нығайтатын, дене күшін, қозғалыс дағдыларын және моральдық-еріктік қасиеттерін дамытатын дене тәрбиесінің құралы. Дене тәрбиесіндегі маңызды құралдарының бірі – табиғи факторлар: күн көзі, ауа, суға шомылу, душ қабылдау.

Табиғат факторларын балалардың денесін сауықтыру жұмысы кезінде пайдалану өте тиімді. Дене тәрбиесінің маңызды мақсаттарының бірі – балалар мен ересек адамдарды дене шынықтыру ісіне жұмылдыру.

Дене тәрбиесінің міндеттері:

— денсаулықты нығайту және шынықтыру, дененің дұрыс өсіп-жетілуіне және ағзаның жұмыс қабілетін арттыруына әсер ету;

— қимыл дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру және жетілдіру;

— қимылдың жаңа түрлеріне баулу және оны теориялық білімдерімен байланыстыру;

— негізгі қимыл-қасиеттерін күшті, төзімділікті, шапшаңдықты жәнеептілікті дамыту;

— еріктілікке, батылдыққа, табандылыққа, тәртіптілікке, ұйымшылдыққа, достық пен жолдастық сезімге, мәдениет мінез-құлық дағдысына еңбек пен қоғамдьщ меншікке саналы көзқарасын тәрбиелеу;

— әдеттерді қалыптастыру және дене жаттығуларымен үнемі шұғылдануға ынтаны тәрбиелеу;

— гигиеналық дағдыларды сіңіру, дене жаттығулары мен шынықтыру гигиенасы жөніндегі білімді хабарлау.

Дене шынықтыру сабағы әзірлік, негізгі, қорытынды бөлімдерінен тұрады. Әзірлік бөлімі оқушылардың сергек көңіл-күйін, дене шынықтырумен шұғылдану ынтасын арттыру және балаларды сабақтың негізгі бөлігінде күрделі дене жаттығуларын орындау даярлығын жасау үшін пайдаланылады.

Сабақтың негізгі бөлігіне оқу бағдарламасындағы дене жаттығуларының түрлері енгізіледі. Жаттығулар, әр қилы ойындар оқушылардың көтеріңкі көңіл-күйін туғызады. Осы көтеріңкі ілікті басып, оқушыларды келесі сабақтарға даярлау сабақтың үшінші, қорытынды бөлігінің міндеті. Сабақ жалпы сап түзеумеи, қорытынды жасаумен аяқталады.

Дене шынықтыру сабақтары процесінде білім беру, тәрбиелеу, сауықтыру міндеттері шешіледі.

Дене шынықтыру сабағының маңызды тәрбиелік міндеті оқушылардың дене шынықтырумен үнемі шұғылдануға ынта-ықыласын дарыту. Бастауыш сыныптағы дене шынықтыру сабақтары жаттығуларының және ойындарының сан алуандылығымен ерекшеленеді.

Дене тәрбиесі бойынша сыныптан тыс жұмыстардың міндеттері: баланың денсаулығын нығайтуға көмектесу; ағзаны шынықтыру, оқушылардың жан-жақты өсіп жетілуіне, дене шынықтырудық оқу бағдарламасын ойдағыдай меңгеруге көмектесу; балаларды дене шынықтыру және спортпен үнемі шұғылдануға әдеттендіру; қозғалыс дағдысын тәрбиелеу.

Дене шынықтыру мен спорт жөніндегі сыныптан тыс жұмыстың негізгі формалары: секциялары мен үйірмелердегі сабақтар спорт жарыстары, серуендер, туристік жорықтар, дене шынықтыру және спорт мейрамдары.

Серуендер мен жорықтарды балалардың табиғат туралы білімдерін толықтыра алатындай тамаша адамдардық әңгімелерін ести алатындай жерде белгіленген жөн.

Оқушыларды жүйелі түрде дене жаттығуларына үйретудің тиімді жолдарының бірі – олардың өз еркімен дайындалуы. Осыған байланысты оқу бағдарламасына дене тәрбиесінен үйге тапсырма беруді міндетті түрде енгізу керек.

Отбасында өз еркімен орындалатын дене тәрбиесінің бір түрі – таңертеңгілік гигиеналық-бой сергіту жаттығуы. Ол адамның дене құрылысының ұйқыдан соңғы тіршілік қызметіне тез араласуына әсерін тигізіп қана қоймай, адамды сергек жүруге және көңіл-күйін көтеруге көмегін тигізеді. Таңертеңгілік бой сергіту жаттығуы тұлғаны дұрыс қалыптастыруға

әсер ете отырып,тыныс алуды жақсартады, қан айналу жүйесі қызметін күшейтеді, зат алмасуға көмектеседі, оқушылардың зеректігін, мақсатқа жету ұмтылысын қалыптастырады, ақыл-ой қызметін арттырады. Ертеңгілік бой сергіту жаттығулары оқушыларды тәртіптілік пен бейімділікке, өзіне деген сенімділік пен белсенді қызмет атқаруға тәрбиелейді.

Пайданылған әдебиеттер:
1. Тілеуғалиев "Дене тәрбиесі" Алматы 2002ж. 51-54 бет
2. Т.Ш.Қуанышов «Дене тәрбиесінін теориясы мен әдістемесі» Алматы 1996ж. 8-10 бет.
3.С Қалиев "Қазақ тәлім-тәрбиесі" Алматы 2004ж.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ПЛАСТИЛИНОГРАФИЯ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

Балмагамбетова Эльмира Абдыгазиевна
№19 мектеп МАД тәрбиеші

Балалардың мүсіндеу оқу қызметіне деген қызығушылығын оятатын қызық техникалардың бірі-пластилинография. Пластилинография түсінігі екі мағыналы түбірден тұрады: «графия»-жасау, бейнелеу, ал сөздің алғашқы бөлігі «пластилин» ойлаған затыңды жасау үшін арналған ермексаз. Ермексаз- мүсіндеу үшін арналған шикізат. Ол тазаланып және ұнтақталған саз ұнтағына балауыз, церезин, май және басқа да құрғап қалудан сақтайтын заттардың қосылуы арқылы жасалады. Ол әртүрлі түстерге боялады. Оны 1899 жылы Англияның өнер мектебінің оқытушысы Уильям Хэрбатт ашқан. Бастапқы уақытта оның түсі сұр болған, кейін төрт түсті етіп жасалған. Ермексаз мүсіндеу үшін өте қолайлы, қолға жабыспайды. Балалар қолдануына өте қолайлы. Бұл техниканың негізгі қағидасы жатық бетте көбірек немесе азырақ дөңестеу, жартылай көлемде нысандар бейненленген мүсінді суретті салу болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі ұйымдағы пластилинография мектепке дейінгі білім бағдарламасында міндетті емес болғандықтан бейнелеу өнеріндегі өте сирек қолданылатын өнер болып табылады. Бірақ онда балалардың қоршаған ортаны танып білуіне, сөздік қорын дамытуға, саусақ қимылын жетілдіруге, мінез-құлқын қалыптастыру үшін үлкен педагогикалық мүмкіндіктер мен тәрбиелік қор жатыр.

Ермексаз - жұмсақ илеуге, созуға ыңғайлы материал. Ұсақ саусақ моторикасын дамытады, агрессияны басады, шығармашылық қабілетін, тілін дамытады, қолдың бұлшықеттерін бекітеді. Өте пайдалы құрал. Балалар ермексазды қолмен жібітеді, саусақпен бөліп алады, домалатады, ширатады, ермексазды қалауынша қалыпқа келтіреді және кез - келген уақытта ермексазды бүлдіріп алам деп қорықпастан жұмысына өзгеріс енгізеді, ол өз ісіне деген сенімділік тудырады. Сонымен қатар оның қолайсыз жақтары да бар. Жаңа емес ермексаз қатты болады, оны илеу, жұмысқа дайындау әсіресе балалардың саусақтарына өте қиын; ермексаздың құрамында май болады, сондықтан қағаз бетіне салған кезде уақыт өте онда май дақтары пайда болады. Егер де мына ұсыныстарды ескеретін болсақ бұл ыңғайсыздықтан құтылуға болады.

1. Оқу қызметі алдында қатты ермексазды ыстық су құйылған ыдыста жылытса болады. (бірақ қатты қайнаған су болмауы керек).

2. Ермексаз-көлемді зат, демек оның салмағы бар, сондықтан ермексаздан затты жасауда басу, жағу, тегістеу кезінде негіздің бүлінуі болмас үшін жұмыс барысында жұқа емес қалың қатты қатырма қағазды қолдану керек.

3. Уақыт өте сурет өзінің әдемілігін жоғалтпас үшін алдын ала суреттің нобайы салынған немесе салынбаған негізді жылтыр қағазбен (скочпен) қаптау керек.

Бұл қағаз бетінде майлы дақтардың болмауын қамтамасыз етеді, тайғақ, жылтыр бетте жұмыс істеу оңайырақ және жылтыр беттен артық ермексаз дақ қалдырмай алып тастау оңай. Бұл жағдайда нобайы маркермен сызылады, егер бала суретті қате сызған болса дымқыл майлықпен оңай сүртіледі

4. Егер жұмыс сыйлық ретінде, мәселен, «Анама арналған гүл шоғы», әлде топ бөлмесін әдемілеуге арнап жасалған болса, ермексаздан жасалған композицияны түссіз лакпен қаптау керек (балалар жоқ кезде). Лак қапталған ермексаз уақыт өте қатаяды, жарқырайды және оның бетінен шаң оңай сүртіледі.

5. Кез-келген уақытта бала қолын сүрту үшін оның жұмыс үстелінде матадан жасалған майлық жатуы керек. Ал жұмыс істеп болған соң қолын майлықпен сүртіп, сонан соң сабынмен, жылы сумен жуу керек.

6. Ермексазбен жұмыс істеу еңбекті көп қажет еткендіктен балаларға жұмыс барысында көзге арналған және жалпы қимылын дамытуға арналған минуттық жаттығулар, динамикалық үзілістер қарастырылуы керек.

7. Нәтижесі өте тиімді және балалардың қабілеті менептілігіне байланысты емес.

8. Пластилинография технологиясы өте қарапайым және ойынды еске түсіреді, балаларды оқытудағы «Ойнай отырып оқимыз» қағидасына сайма-сай келеді.

Пластилинография оқу қызметіне қажет: балаларды өнер туындысына ұқыпты қарауға тәрбиелеу; пішіндердің ұқсастығы мен пропортциясы ғана емес, өзіндік кейпін беру арқылы мәнерлі бейнесіне жету, айналаның әдемілігін көре білуге үйрету, көргендерін бағалап, ойлап, дәлелдеп айту, білгендерін өнер арқылы жеткізу және қоршаған ортамен танысып, өздерінің эстетикалық, шығармашылық жұмыстарын білгендеріне қосу. Бейнеленген заттың айқындылығы мен белгілерін беретін құрал ретінде ермексаздың түсі өте маңызды рөл атқарады. Пластилинография әдісімен жұмыс істеу барысында балалар 15-тен 20-ға дейінгі түстерді ажыратуға, түрлі түстерді араластырып ашық түстерді алуға үйренеді, «Бір түстің екінші түске ену» әдісін меңгереді. Бұл оқу қызметінде балаларда бейнелеуді меңгерумен қатар қоршаған орта туралы сәйкес ұғымдар, түстің сенсорлық эталоны, пішіні мен шамасы қалыптасады, сөйлеу қабілеті жетіледі. Пластилинография техникасында мүсіндеу балалардың қорқуы мен сенімсіздік сезімін жеңгендіктен балалардың тиімді дамыту құралы болып табылады.

1. Затты қабылдауды ұйымдастыру. Ол жоғары нүктеден бастап төмен қарай, негізгі сипаты сызықтар бойынша саусақтар мен көздің бір қалыпты және үздіксіз қозғалысы. Зат әрдайым белгілі бір күйде тұрады. (Сол қолмен затты ұстап тұрады, оң қолымен оны зерттейді, зат столда қозғалыссыз тұра алады).

2. Затты қолмен және көзқараспен зерттеу оның негізгі бөліктерін саралаумен және олардың қасиеттерін айқындаумен қоса жүреді, саусақтардың қозғалысы тереңдік қатынасын өлшегендей болады және бөліктердің кеңістіктегі өзара қатынасын анықтайды.

3. Заттың ең ұсақ бөліктерін көрсету және оларды формасының, көлемінің, негізгі бөліктерге қарағанда кеңістіктегі орнын анықтайды.

4. Затты қайтадан тұтас қабылдау. Қолдың жалпы ақтық қозғалысы мен жоғарыдан төмен қарай көзбен шолып шығу сезімдік жолмен алынған деректерді тұтас бейнеге біріктіруге мүмкіндік береді. Зерттеу заттың құрылымын саралауға бағытталуы мүмкін. Бұл жағдайда қолдың барлық саусақтары жұмыс істеуі тиіс. Материалдық құрылымын анықтау үшін заттың бетіне қолды батыруға тура келеді. Мүсіндеу кезінде заттарды зерттеудің өзіндік ерекшелігі бар, өйткені мүсіндеуде заттың формасы көлем күйінде беріледі. Мүсіндеу алдында затты зерттеудің жоғарыда ұсынылған жүйесі сабақ, ойын немесе арнаулы жаттығулардың барысында жүзеге асады. Затты қабылдауда, сондайақ затты ажырата білуге

мүмкіндік беретін оның кейбір қасиеттерін тануға балаларды 2-3жастан үйрету қажает. Мұндай жаттығулар өткізе отырып, тәрбиеші зат сапасын анықтайтын бейнелі сөздерді іріктейді. Мәселен, ол балаларға алманы қолына ұстауды, оны қолмен сипауды, оның салмағын, тығыздығын (алма ауыр, үлкен, домалақ) сезінуді ұсынады. Пластилинографиямен жұмыс тілдерін, ұсақ қол маторикасын, жадыны, қиялдарының жетілуіне бірден бір көмек. Пластилинографиямен ойын терапия тәсілі – балалардың денсаулығына қуаныш пен рахаттану атмосферасын тудырып, оларға жақсы жағынан әсер етеді. Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Тәрбиеші балалар жайлы ойынға олармен бірге қосыла ойнағанда ғана дұрыс мағұлмат ала алады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Анищенкова Е.С. Пальчиковая гимнастика для развития речи дошкольников. - АСТ: Астрель, 2006

2. Комарова Т.С. Занятия по изобразительной деятелтьности в детском саду.-М: Просвещение, 1991

3. Ткаченко Т.Б. Лепим из пластилина. Издательство-Феникс, 2003

4. Ахмадуллин Ш. Развиваем мозг ребенка. Пластилин. Издательство-дом «Нева», 2009

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Балымова Кенжегул Бакитовна
Ақтөбе қаласы, М.Құрманғалиева атындағы
№32 мектеп-гимназия, бастауыш сынып мұғалім

Бастауыш сынып мұғалімі ерекше тұлға. Қазір «XXI ғасырдың мектебі мен мұғалімі қандай болу керек?» деген негізгі сұраққа жауап ізделуде. Білім берудің ұлттық модельне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зертеуші, өз ісіне қатып қалған жаттанды-лықтан аулақ, тәжірибелік қызметте, педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген психологиялық-педагогикалық диогностика қоя білетін іскер мұғалім қажет.Бұрын өз пәнін жақсы білген, аздаған педагогикалық әдіс-тәсілдерді меңгерген педагогты « өте күшті педагог» десек, енді бұл көзқарасты мүлде өзгертуге тура келеді, өйткені қазір заман өзгерді, қоғам өзгерді. Бүгінгі балалардың мақсаттары да, құндылықтары да табылатын идеялары да бұрынғыдан мүлдем басқаша. Жаңа қоғамдық формациядағы мектеп пен мұғалімдер алдында тұрған негізгі мәселелер: «баланың оқытуға қалай үйрету керек?», «ойлауға қалай үйрету керек?», «қалай өз өмірінің менеджері болуға үйрету керек?» деген сұрақтарға жауап табатындай білім нәрін беруге бағытталып отыр. Қазіргі мектептерге зерттеушілік, шығармашылық талаптарын толық меңгерген, қызығушылықпен баланың жеке тұлға болып дамуына өз үлесін қоса алатын, баланың өздігінен өмірге жетелейтін ақыл кеңес беретін мамандарды талап етеді.Білікті ұстаз, білімді маман болу үшін әрбір мұғалім өз білімін үздіксіз көтеріп отыруы тиіс. Білімін тұрақты көтеріп отыру, мұғалімдердің құқықтары әрі міндеттері, білім беру жүйесінің тұрақты дамуының кепілі, мемлекеттік дамуының құралы болып табылады. Бүгінгі біздің алдымызда тұрған келесі міндет – оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, саналы, рухани бай, салауатты, жаң-жақты дамыған жеке тұлға даярлау. Қазақтың кемеңгер ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» деген болатын. Сондықтанда қазіргі кезде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру деңгейіне жетуге ат салысуда. Ертенгі болашағымыздың сапалы білім, саналы тәрбие алуы – қазіргі қоғамдағы ұстаздарға байланысты.Уақыт талабына сай жеке тұлғаны қалыптастыру,

тиімді оқыту әдістерін таңдау және жетілдіру арқылы ғана білім беру сапасын арттыруға болатыны белгілі. Қазіргі таңдағы білім беру сапасын арттыруда әсер ететін факторлар мыналар:

- Оқушылармен тиімді кері байланысты қамтамасыз ету;
- Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы;
- Бағалау нәтижелерін ескере отырып оқытуды өзгерту;
- Оқушылардың қызығушылығын арттыру;
- Оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға үйрету;
- Оқушылардың сыни тұрғыдан өздерін-өздерін бағалай алуы және өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсіндірудің қажеттілігі;

Қазіргі сабақтарда оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға үйретуде топтық жұмыстардың маңызы зор. Оқушылар бірлесіп үйренуге шағын топтармен, жұппен жұмыс жасағанда ортақ мәселелерді талқылағанда жаңа пікірлерге шығармашылықпен қарау тұрғысында жаңалықтар ашу бағытында жұмыс істейді. Топ мүшелері өз ойларын ортаға салып және сол ойларын қорытып тұжырымдайды, ортақ жобаны дәлелдеп, қорғап шығуға тырысады. Шағын топтарда бірлесе жұмыс жасағанда мұндай жайттарды есте ұстау қажет: өзара сыйластық, бір-біріне құрметпен қарау, кезекпен сөйлеу, тындау дағдысын үйрету, ұтымды жұмыс істеу.

Шағын топтарды бірлесіп жұмыс істеуге үйренген оқушылардың жұмыстары нәтижелі болады, шыңдалады. Бірлесіп жұмыс жасағанда оқушылар мынадай жетістіктерге жетеді:

- Оқушының, ең алдымен есте сақтау қабілеті жоғарылайды;
- Сабақта өз бетімен бақылаусыз отырмай оқушы жұмысбасты болады;
- Білімді өздігінен үйренуге деген қызығушылығы артады;
- Бірлесіп жұмыс жасау кезінде топ мүшелерінің қабілетіне, әлеуметтік жағдайына қарамай, олар бір-біріне дұрыс көзқараспен қарап ынтымақтасады.

Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету «Модулі бойынша жүргізілетін жүйелі жұмыстар арқылы оқушылардың өз бетімен тұжырым жасауы,қорытындыға келуі ,ұқсас құбылыстар арасынан тиімдісін таңдай білуі, қандайда болсын мәселені шеше білу,пікір таласты жүргізе білу қабілеті қалыптасады.

Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету оқушыны мұғаліммен,сыныптастарымен,яғни,оқушы оқушымен еркін сөйлеуге,пікір таластыруға,бір-бірінің ойын тыңдауға,құрметтеуге,өзекті мәселені шешу жолдарын бірлесе отырып ізденуге,қиындықты жеңуге баулиды.

Жаңаша оқытудың тәсілдерінің тәжірбиеге лайықтысы-сыни тұрғыдан ойлау.

Кез келген ұстаз алдымен сабақ жоспарын құрарда өздері сабақ беретін сыныптардағы оқу бағдарламасына сәйкес білім берумен білім алудағы әдіс-тәсілдеріді тыңдайды,яғни түрлі интерактивті оқыту формаларын қарастырады. Сабақтың оқушыны жалықтыратындай бір сарында болып кетпеуі үшін шағын топтар жұмыстарын, жұптық жұмыс жарыстарын, тренингтер саяхат сабақтар ұйымдастыру керек. Мұндай әрекетте жұмыссыз отыратын оқушы аз болады, тіпті болмайды да.

Өз тобындағы баламен қарым-қатынасқа түсе отырып өзіндік пікір қалыптасады, даму динамикасы жетіледі, құрдастарымен ынтымақтастыққа бірлесіп жұмыс істеуге үйренеді.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы бойынша алдымен «ой қозғау»стратегиясы жүзеге асады. Оқушының зейінің сабақтың негізгі идеясын табуға ұйымдастыруды шешетін бұл стратегияның дұрыс қойыла берілуі ұстаз еңбегінің шеберлігін көрсетеді. Немесе «миға шабуыл» деп жүрген бұл тәсіл сабақтың кіріспе бөліміне сәйкес келеді. Көп жағдайда оны мұғалім мен оқушы арасындағы қолданылатын диолог түрінде көреміз. Сабақтағы оқушының келесі іс-әрекетке көшуіне дұрыс қойылған сұрақтар өте ықпал етеді. СТО технологиясының «кубизм» «сен – маған, мен – саған», «сұқ саусақ» стратегиялары арқылы оқушылардың

сұрақтар қойып, оған мағыналы жауаптар қайтаруына жол ашамыз. Бір қарағанда ойын түрінде көрінген болып оқушының сөйлеу мәдениетінің өзіндік ой пікірлерінің қалыптасып, өзін-өзі, бірін-бірі оқытуына белсенді ықпал етеді. Сабақтардағы топтық жұмыстарда балалардың қызығушылығының пәнге деген ынтасының артқаның сабақ соңында смайликтер арқылы, басқа да сұрақ – жауап әдістер арқылы байқауға болады.. Жалпы алғанда, сұрақ ол білімді тексеру құралы емес, терендету құралы . Пәннің ерекшелігін сыныптың жағдайына, оқушылардың білім денгейлеріне, жас ерекшеліктеріне, оқу материалдарының жоспарына қарай іс-әрекеттер ұйымдастыруды жоспарладым. Қайталау, жинақтау сабақтары болғандықтан, оқушылардың өзін бағалай білуіне ықпал ететін «Семантикалық карта» бойынша жұмыстарды орындауға болады. Топтық, жұптық, сыныптық жұмыс ретінде өтілген тақырыптарға ассосияция құру, сызбалар сызу, Венн диаграммасын салу сияқты тапсырмларды оқушылар қызыға орындайды.

Тапсырмаларды орындау барысында міндеттерді шешуге, игерілген білімін іскерлік дағдыларын жұмылдырады. Басқалармен өзін салыстыру арқылы өзін-өзі реттей білуге машықтанады, белсенділік ұстанымының пайда болуына жәрдемдеседі. Оқушы өзінің мүмкіндіктерін түсінуі, оның іс-әрекетті орындаудағы дербестігіне тәуелді. Пайдаланып отырған сұраққа, мәселеге, есепке белсенді пікір білдіру, жолдастарының жауабын толықтыруға бағытталған ұмтылыс , қажеттіліктерді жөндеу-осының бәрі белсенділікпен, дербестіліктің айқын көрсеткіші. Осыдан топ ішінде пікірі құнды, алға ұмтылған көшбасшы ретінде жан-жақты жетілген озық ойлы оқушының дараланып шығары сөзсіз. Мысалы: математика сабағында есептерді шешудің басқа, оңай жодданы іздестіреді, немесе табылған шешімді есептің нақты шешіміме, әлде басқа да шешімдері болуы мүскін бе? Деген сұрақтар төңірегенде зерттеу жүргізуі мүмкін. Бұдан оқушының дарындылығы қалыптасуына жол ашылады деп ойлаймын. Оқыту үшін бағалау дегенді былай түсіндім. Яғни, білім алып отырған оқушы, білім беруші мұғалім өздерінің, оқудың қандай сатысында тұрғаның білсе сол бойынша қажетті денгейге жету үшін тырысу керек, соның нәтижесі бойынша жұмыс істейді. Бұл үшін мұғалім бағалаушы қызметін жалғыз атқармайды оқушылар өздерінің сыныптастарын және өздерін бағалауды үйренсе, өз білімін арттыра алады. Сонымен қатар мұғаліммен оқушылар арасындағы түсініспеушілікті, қызығушылықты, ықыласпен әрекет ету үшін, оқушыларға өзінің оқуын жақсартуы үшін кері байланысты да қолдану қажет. Ал оқытудың бағалаудың мақсаты, оқушы қазіргі уақытта не оқып білгенің жинақтау. Қорыта келе, бұл білім беруден барлық тәсілдерімен байланысты. Оқушылардың әр нәрсеге өзіндік түсініктері қалыптасқан болса, онда онайға түседі. Бұл баланың бойында жан-жақтылықты қалыптастырады.

Жаңа технология – мұғалімнің мүмкіндігін қуаттандыратын құрал. Жаңа ақпарттық технологияны сабақ барысында қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады және оның бірнеше артықшылықтары бар. Осы артықшылықтарды мектепке сабақ беру барысында, сабақ нәтижелерінен де көруге болады.

Осы айтылған мәселелрдің нақты орындалуын өткізген сабақтар барысында байқадым. Соның ішінде мысалға келтіре кетсем 2-сыныптағы математика сабағынан «есептерді теңдеу құру арқылы шығару» бұрыштар әдебиеттік оқудан «шегіртке мен құмырсқа» «Бұқар жырау», « хан мен Сырым», «Қыс», дүниетанудан «жануарлар жемін қалай аулайды?» қазақ тілінен «жұрнақ пен жалғау», «қарама қарсы мағыналы сөздер», « зат есімнің жекеше және көпше түрі», « етістік», т.б. сабақтарында пайдаландым. Қазіргі таңда 2 – сыныпқа сабақ беріп жүрмін, осы аталған модульді сабақтарымда толық қамти алмасам да, оқушылардың шамаларына қарай ұйымдастырып, сабақтың әрбір этаптарына кейбір элементтерін еңгізудемін.

Әдебиеттер тізімі.
1. Бастауыш сыныпта оқыту әдістемесі 2014. №4
2. Қазақстан мектебі 2014. №6
3. Мұғалім шеберханасы 2013. №10

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫҢ ЕСТЕ САҚТАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Басшиева Гулзада Шаныкуловна
Алға қаласы, №4 Алға орта мектебінің математика пәні мұғалімі

Елімізде ерекше оқытуды қажет ететін балаларға білім беру жүйесі жасалып, іске қосылып, күн санап дамып келеді. Ол өмір талабы, қоғамның қажеттілігі болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі адамдардан бас тартуға, олардың білім алуына және өз талантын дамытуға деген құқығынан айыруға қоғам ешқашанда мүдделі емес. Инклюзивті білім ол мемлекеттің саясаты, жасаралық мөлшеріне, жынысына , дінитанымдылығына, дамуының тежелуіне қарамастан, отбасыныңбелсенді қатысуымен мүмкіндігі шектелген балаларға коррекциялық педагогогикалық және әлеуметтік қолдау жасау, жалпы оқу процесіне толығынан кіріктіріп оқыту – жалпы орта біліммен қамтамасыз ету, яғни инклюзивті білім беру –айрықша қажеттілігі бар балалардың білім алуға мүмкіндік беретін жалпы білімнің арнайы -даму үрдісі.Мүмкіндігі шектелген адамдар қоғамның ережелеріне және шарттарына қарап бейімделмейді, керісінше, түсінетін және ескеретін қоғамға өздерінің жеке мүмкіндіктерін, шарттарын кіріктіруге ұсынады.Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады; әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті; әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы; барлық адам бір-біріне қажет; білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады; барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауымен мен достығын қажет етеді; әрбір оқушы үшін жетістікке жету – өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру; жан-жақтылық- адам өмірінің даму аясын кеңейтеді. Ерекше оқытуды қажет ететін балаларға сабақ беретін мұғалімдер үнемі әдістемелік қолдауды қажет етеді.Мұғалім әр оқушының жеке мүмкіндіктерін, білім беру және жеке жетістіктерін бақылау нәтижелерін ескере отырып, оқытудың мазмұнын, әдістерін, формаларын, дидактикалық құралдарын өз бетінше таңдайды. Мұғалімнің мойнына дені сау баланы тәрбиелеп, білім беру қандай жауапкершілік артса, ерекше оқытуды қажет ететін жандарға сабақ беретін мамандарға қойылатын талап одан екі есе жоғары .Өйткені өмір тәжірибесі көрсетіп отырған мүмкіндігі шектеулі балалардың көбі оқуға белсенділігі төмен,тапсырмаларды мұғалімнің көмегінсіз орындай алмайды, өз ойын ашық айта алмайды, жазуда, есептеулерде көп қателер жібереді, өте жәй орындайды, тез шаршағыш, зейіні тұрақсыз, есте сақтауы, жады нашар, қасында достары аз немесе жоқ, өз күшіне деген сенімсіздігі басым. Бұндай кедергілерді жою- ыстық ықыласпен, мейірімді жүрекпен, асқан кісілікпен атқарылатын сауабы мол іс. Жауапкершілік те өте жоғары, тастан берік төзімділік пен шыдамдылықтылықты талап ететін мамандық. Инкюзивті сыныптардағы ерекше оқытуды қажет ететін балаларды оқыту жалпы білім беретін

оқу бағдарламалары бойынша, іске асырылады;Оқушыны қолдау, қуаттау қандай да бір ұнамды қасиетін танып, сол арқылы балада сенім ояту-педагогтың негізгі іс-әрекетінің ажырамас бөлігі. Мұғалім әрі тәрбиеші мүмкіндігі шектеулі баланы ұмтылыс пен дербестікке, кедергілерден сескенбеу қасиетіне баулиды. Балаға жақсы жетістікке жетуге ықпал етіп,жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастыру, әрі терең білім, әрі тәрбиелеу- әрбір осы саламен айналысатын дәріс берушіге жүктелер міндет. Математика сабағында танымдық әрекетіне және эмоциялық-ерік саласындағы ерекшеліктерді ескеру жоспар жасауда жүзеге асады. (ПМПК- псих-медициналық –педагогикалық консилиум) бойынша.Алғаш баламен танысқаннан кейін оның денсаулығы ескеріліп, ата-анасымен тікелей байланысқа шығып, мінез-құлқындағы ерекшеліктерімен танысып, мүгедектігі туралы мәліметтер алдым. Баланың денсаулығы, көңіл-күйі жайлы ата-анасымен тікелей пікірлесу жүргізіліп тұрады. Әр бір сабақ сайын баланың сабақтағы жай-күйі, белсенділік дәрежесі қандай деңгейде екені ескеріліп отырылады. Әрбір сабақ үрдісіндегі құрылған жоспар мүмкіндігі шектеулі балалардың оқуда жетістікке жетуіне ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастыруды мақсат етеді.Оқушыны сабақта үнемі жақсы сөздермен демеп өзіне деген сенімін оятып, қалыптастырушы бағалау жүргізіп , белсенділігін арттырып ынталандырып отырамын.

Мысалы: «Мұны есептеу саған түк те емес», «Қазір тез қағып аласың», «Сенің қолыңнан бәрі келеді» , «Сенің жазуың әдемі», «Сенің ойланып сөйлейтінің маған ұнайды». Әрбір оқушы үшін жетістікке жету – өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.

Мен оқушымның қолмен жасайтын іс әрекетін ынтамен орындайтынын байқадым. Математикада бөлшектерді қосып-азайтуда алмаларды өз қолымен бөлгізіп, есептеулерді нәтижелерін тәжірибемен нақтылағанда , масштабты өткенде өз бөлмесін, отыратын отырғышын дәптерге түсіру тапсырмаларын бала үлкен ізденіспен, қызығушылықпен орындады. Геометриядан үшбұрыштардың түрлерін, тең бүйірлі үшбұрыштардың қасиеттерін өткенде әр түрлі-түсті қағаздардан үшбұрыштар қиғызып, оның периметрін, бұрыштарын, ішкі бұрыштарының қосындысын есептетіп отырдым. Оқушым практикалық тапсырмаларды жақсы орындайды. Әсіресе бұл қол моторикасын қолданумен қатар жүргізіліп отырады, әрі өз ісіне деген сенімін оятады.

Көбіне математикадан үйде оқитын оқушының зейін деңгейі қабылдауы баяу,есте сақтауы төмен болады. Өтілген тапсырманы есте сақтауына, қайта-қайта қайталап білік дағдысын жетілдіруге зейін деңгейі қабылдауы баяу,есте сақтауы төмен болуы көп әсеретеді. Және уақыттан ұтыламыз. Осындай үйден оқитын оқушыны оқытудағы кедергілер , қиындықтар жадын, есте сақтауын дамытуға арналған дидактикалық материалдар жасауыма себепкер болды.

Адамның миын жаттықтырса , ол жұмыс істеуін жақсарта бастайтынын көптеген мамандар зерттеген. Есте сақтау үшін ақпаратты үнемі қайталап жаттықтырса , адам өзінің жадын жақсарта алады. Мұндай әдіспен ақпаратты қайталау оны қысқа мерзімді жадыда сақтап және ұзақ мерзімді жадыға беру үшін керек деп санаған. Жадыды жатталған сөздердің саны ақпаратты неше рет оқылғандығына тікелей байланыстылығы анықталған. Соған қарамастан жай механикалық қайталауларға қарағанда , жадыда ұстауға тырысқан ақпараттың мағанасын ұғып, стратегиялық ақпараттарға сүйеніп есте сақтау анағұрлым тиімдірек болып шықты .

Ерекше оқытуды қажет ететін балаға бірнеше жылдар математикадан сабақ беруде түйгенім берілетін тапсырмалар баланы шаршатпайтын, көрнекі- бейнелі тапсырмалар болуы керек. «Формуланы құрастыр» , «жалғасын тап», «есте сақта» және өзі қолмен істеген тапсырмалар көңіл күйін көтеріп, жадысын күшейтіп, оқуға құлшынысын арттырады.Көптеген психологтардың пікірі бойынша оқыған материалды есте сақтау, оны шартты белгілер бойынша танып-білу арқылы жүргізіледі.

Жадыны дамытуға арналған техникалар: Қайталау, жасырынбақ ойыны, топтауға арналған тапсырмалар, фрагменттерді қалыптастыру, қауымдастықтар, мнемоника, бейнелер тізбегі болып табылады.

Қайталау: Сөзді өзінің қалауы бойынша еске түсіргенше қайта-қайта қайталау.

Жасырынбақ ойыны: Оқушылар ақпаратты жаттап алғаннан кейін, ақпарат жасырылады немесе өзгертіледі, содан кейін олар, өздеріне қажет нәрсені еске түсіруге тырысады. Аталған ақпаратты қайта қарауға болмайды.

Топтауға арналған тапсырмалар: Есте сақталатын нәрсенің әртүрлі бөліктер арасындағы байланысты табу арқылы топтарды қалыптастыру және оларға ат беру.

Фрагменттерді қалыптастыру: үлкен көлемді ақпаратты есте сақтау үшін шағын, оңай есте қалатын фрагменттерге бөлу

Қауымдастықтар: таныс емес нәрсені бұрыннан таныс нәрсемен байланыстыру арқылы есте сақтау.

Мнемоника: Әрбір сөзді есіңізде сақтағыңыз келген нәрсенің алғашқы әрпінен басталатын тіркес немесе сөйлемді ойластыру.

Бейнелер тізбегі: Сөздер мен нысандардың тізімін өзіңіз есіңізде сақтағыңыз келген ретпен кездесетін оқиғаны кездесетіндей оқиғаны ойлап табу. Сол тапсырмаларымның бірнешеуінің түсіндірмесіне тоқталмақпын. «Әр түрлі нысан» деп аталатын тапсырмада қағазға немесе слайд түрінде тақтаға сабақта өткен формулалар, жаңа сөздер ,фигуралар тізімі беріледі және есте сақтауға 3 минуттай уақыт бөлінеді. Есте сақтау уақыты аяқталған соң оқушы жадында сақтағанын қайталап айтуы керек.Келесі әсіресе геометрия сабақтарында жиі қолданатын жадыны дамытуға ,күшейтуге арналған «Жоғалғалған нысанды тап» тапсырмасының сипаттамасы: бұнда сол күнгі сабақта өткен фигуралар ,формулалар тізімі немесе геометриялық фигуралардың негізгі элементтерінің бірнешеуі көрсетіледі. Есте сақтау уақыты аяқталған соң, бір нысан жасырылады.Қайта көрсетілгенде бала тізімнің ішінен жоғалған нысанды табуға жұмыстанады .Бұндай тапсырмалармен жұмыс жасау арқылы баланың есте сақтауы күшейеді, жадысы қалыптасады, зейіні ашылады, сабаққа деген серпілісі оянады.

Баланың жеткен жетістігінен қуанып, бірге шаттанып отыру баланың дәрежесін көтеріп, сергітеді. Ерекше оқытуды қажет ететін баланың кішкентай бір жетістігі ата-анасына айтылып отыруы керек. Бұдан ең бастысы бала ата-анасының оның оқудағы жетістіктеріне қызуғышылығын сезінуі, ата-ана тарапынан баласына деген терең қолдау туғызары сөзсіз. Ата-ана мен баланың арасындағы көзге көрінбейтін мол мейірім мен шуақтың төгілуіне мұғалімнің баласы туралы айтқан жақсы сөздердің әсері өте көп. Ата-ана мен мұғалімнен естіген жылы сөзден қатарларымен жора-жолдастарынан алшақ үйден оқитын балада өмірге деген құлшыныс, оқуға деген серпіліс туындайтынын өмір тәжірибесі көрсетіліп отыр.Мүмкіндігі шектеулі үйден оқитын оқушыларға материалдарды қабылдауы белгілі бір жеңілдетілген , нақты көлемде, көрнекі-бейнелі құралдарын кең қолдана отырып, диалогты оқыту шеңберінде түсіндіруді, өзін-өзі бағалауды іске асыруды, кері байланысты пайдаланып жүргізіп отырсақ, білім алушының өмірге қанаттануының қолдау көзі болады деп білемін.Ерекше оқытуды қажет ететін баланың қоғамның азаматы екенін, бойына ұлттық сапа қасиеттерін сіңіре отырып, ата-анасының өзіне сенім артып отырған баласы екендігін сезіндіру, өзінің де қолынан бір нәрселер келетініне көзін жеткізу, өз ісіне деген сүйіспеншілігін ояту-баланы педагогикалық қолдаудың негізі болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында оқытудың ерекшеліктері;

2. Әдістемелік нұсқау хат . 2021-2022 оқу жылы.

3.Жалпыадамзаттық құндылықтар: проблемалар, ізденістер, шешімдер.
4.Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері», Педагогикалық шеберлік орталығы 2016ж.

ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ БАЛАНЫҢ ТҰЛҒА БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫНА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?

Батенова Салтанат Куланбаевна
№77 жалпы білім бертін орта мектебінің педагог-психологы

Жақсы отбасыда жазалау деген атымен болмайды.
Ал бұл – отбасы тәрбиесінің ең дұрыс жолы.
Антон Макаренко

Біздің еліміз Қазақстан 2050 жылға әлемнің ең дамыған отыз елдің қатарда болуға тиіс деп үлкен сенім артып отыр. Еліміздің қарқынды дамуы жаңа қоғам талабына сай адам санасы мен білімінің жоғары дамуының айғағы десек, өркениетті елдің қатарына көш түзеп жатқан тәуелсіз елдің тізгінін берік ұстау – Қазақстан азаматтарының еншісінде.

Сондықтан да оқушының жеке тұлғасын дамыту бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр. Жеке тұлғаны қалыптастыру үшін не істеу керек? Ол үшін аянбай еңбек ету, іздену, жаңашыл үрдістерге көңіл бөліп, бала бойындағы жақсы қаиеттерді тани білуіміз керек. Тұлға қалыптасуы кезең-кезеңімен жүреді деп айтсақ қателеспейміз. Тұлға негізі ең алдымен отбасында қаланады. Сондықтан да педагог – ата-ана – оқушы үштік одағының тығыз байланыста болуы шарт. Ата-анамен бірлесе отырып, біз психологтар баланың табиғи қабілетін ашып, оны дамытуымыз қажет. Ата-ана оқушының күнделікті режиміне, сабаққа даярлығына, үй тапсырмасын орындауына, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуі тиіс.

Ата-ана - бала тәрбиесіндегі негізгі тұлға. Сондықтан болар балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшелікті жете білгені жөн. Балалармен әңгілескенде олармен үлкен адамдай санасқан жөн. Сонда ғана бала бойындағы әр көріністерге ерекше назар аударылады. Сондай-ақ тәрбиені қалай, неден бастау керек екені айқынырақ болады. В.Сухомлинский «Тәрбиешінің нағыз данышпандығы әкенің, шешенің, педагогтың балаға бақыт беруі. Балалық шақтың бақыты – жылылық пен қорек беретін отбасының тыныштығы»-дейді.

Тәртібі қиын оқушылардың шығуына көптеген факторлар себепші болады. Олар біріншіден, отбасы тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы, яғни тұрмыстағы ұрыс-таластар, маскүнемдік, ата-аналардың біреуінің болмауы себеп болса, екіншісі – бос уақытын тиімді пайдаланбау, үшінші фактор – жұртшылықтың қоғамдық ортаның тәрбие үрдістеріне толық көңіл бөлмеуінен. Кейбір жұмысбасты ата-аналар өз перзенттерінің тәртіпсіздігіне, бейбастықтығына мән бермейді. «Ақыл кіріп, кейін өзі-ақ қойып кетер. Бұл есейер шақ қой» деп еркінсітеді. Осындай бейбастықтың салдары бойына сіңіп, әдетке айналғанда барып олар қапыда қалады. Енді кейбір ата-аналар балаларын өте еркелетіп, шолжаңдатып, өз бетімен жібереді. Жат қылыққа, жаман әдетке бет бұрған ол жолдастарына, мұғалімдерге де соны жасағысы келеді. Содан барып өркөкірек болып шығады да, бейбастық, басбұзар дөрекілігі қалыптасады. Белгілі жазушы Т.Иманбеков «Ұлағат ұясы» атты әңгімесінде батыр ағамен болған сұхбат сырдың бір бөлімін көпшілікке ұсынған. Сол сұхбаттан біз батыр ағаның «қорқынышы» туралы бір үзіндіге тоқтасақ. Олар: «біріншіден, бесік жырын айтатын

келіндердің азайып бара жатқанынан қорқамын, екіншіден, немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің азайып бара жатқанынан қорқамын, үшіншіден, дәстүрді сыйламайтын балаларлың өсіп келе жатқанына қорқамын.

... өйткені, бесік жырын естіп, ертегі тыңдап, дәстүрді бойына сіңіріп өспегеннің көкірегі көз бола ма деп қорқам... Ал көрдің қолына балта берсең шаба салады, бақыр берсең ала салады, найза берсең сұға салады, намыстанбай бұға салады... Егер сондай соқырлықтан жазылмасақ – халық болудан қаламыз ба деп қорқамын...»

Бұл «қорқыныштардың» тамыры тереңде екендігі сөзсіз түсінікті, мұны болдырмаудың бірден бір жолы – үштік одақ ынтымақтастығын қалыптастыру. Олай болса, әрқайсысымыз отбасымызда ұл баланың да қыз баланың да тәрбиесіне ерекше мән беруіміз қажет. Сонда ғана Қазақстан жастары келешекте өз елін сүйетін, мінез-құлқы қалыптасқан, адамгершілігі мол азамат болып жетіледі.

Ата-аналарға арналған кеңес:

1. Балаға талап қояр кезде дауысыңыз шегелегендей нық, әрі анық болсын.
2. Балаңыздың алдында уәдеңізде тұрыңыз.
3. Еш уақытта баланың дөрекілігіне дөрекілікпен жауап бермеңіз.
4. Сабырлы болыңыз,үлкен адамдарша сөйлесуге тырысыңыз, бала сөз ұқпайды деп ойламаңыз.
5. Баланың айтқанының бәрі орындала бермейтінін, әр нәрсенің өз орны бар екенін түсіндіріңіз.
6. Әңгіме арасында балаңызды жақсы көретініңізді, оның бойындағы жақсы қасиеттерді жиі айтуға дағдыланыңыз.
7. Баланы үнемі шаттандырып, еркелетіп отырған дұрыс емес, қателескен жерін түсіндіріп айтып отыру да қажет.
8. Балаға тым қысым көрсете бермеңіз, оған еркіндік беріп тұру қажет.

Қорыта келе айтарым, жан-жақты дамыған азаматтың қалыптасуына ықпал ететін күш – отбасы. Ол баланың бойына жақсылықты да жаман қылықты жа сіңіреді. Отбасының әрбір мүшесімен өз деңгейінде қарым-қатынас жасап, талап-тілегін түсініп, көмектесуміз қажет.

«Шеңбердегі саусақтар» жаттығуы

Қолданылған әдебиеттер:

1. Дэниел Сигел тина Пейн Брайсон Ақылды бала «мазмұндама» қоғамдық қоры» 2021 ж «Мен-біз байланысы 211 бет.
2. Выготский А.С. Вопросы детской психологии – СПб.: Союз, 1997.- с. 216-217.
3. Джакупов С.М., Кулжабаева А.С. К проблеме психологических основ продуктивного обучения. Алматы: 1999.с.29-31.
4. Тоқсанбаева Н.К. Оқытудағы қарым-қатынасты ұйымдастыру жеке тұлғаны қалыптастырудың негізгі факторы ретінде. Әл-Фараби ат. Қаз.ҮУ Хабаршысы// Алматы. 2006, №3/4. 8-13 бет.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ БАЛАЛАРЫНЫҢ ҚИЯЛЫН ДАМЫТУДА ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ

Нажмадинова Батима Нұржановна
МКҚК№17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі

Халық ауыз әдебиеті қай заманда болмасын балалардың қызыға тыңдап, сүйіп оқитын шығармалары болған. Балалар қызықты ертегі, жырларға үлкендердің айтуымен, оқып беруімен ерте жастан-ақ қанық бола бастайды.

Ш.Ахметов балалар фольклорын бірнеше сатыға бөліп көрсете отырып, «Балалар фольклоры тек балалардың психологиясымен, олардың жас ерекшелігімен санасудан туған және оларды тәрбиелеу ісінен шыққан игілік», -деп орынды баға берген.

Әсіресе, түркі халықтарының фольклорын жинап-зерттеуге, жариялауға айырықша еңбек сіңірген академик В.В.Радлов өзінің «Образцы народной литературы тюркских племен» атты еңбегінің 3-томын қазақ фольклорының үлгілеріне арнаған. Зерттеуші өзінің осы еңбегін былайша түсіндіреді: «Қазақ тілінің мұндай тазалығы мен қолтумалығы, сондай-ақ, оның кең таралғандығы бұл бөлім бойынша мүмкіндігінше толық материал жинап, әдебиет үлгілерінің бүкіл бір томын арнауға мәжбүр етті. Мені бұған итермелеген тағы бір жай қазақтардың басқа тайпаластарынан суырып салуға ұста, тамаша шешендігімен ерекшеленетіндігі болды». В.В.Радловтың бұл еңбегіне фольклорист-ғалымдар Б.Уахатов, С.Қасқабасов, К.Матыжановтар: «В.В.Радловтың осы кітапқа негіз болып отырған айтулы еңбегі – тек көлемі жағынан ғана емес, ғылыми мәнділігі тұрғысынан да қазақ фольклорына арналған ең алғашқы толыққанды жинақ. Біріншіден, бұл қазақ ауыз әдебиетінің барлық дерлік жанрын толығырақ қамтыса, екіншіден, жинақта халық тілінің ерекшелігі толық сақталған. Аталған басылымның тағы бір құнды жағы қазақ фольклорын жанрларға бөліп орналастыруында», - деп баға береді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда халық ауыз әдебиеті үлгілерін кеңінен пайдалану бұл дегеніміз - баланың ой өрісін дамыту.

Қазақ халқының ерте заманда жасаған мұрасының бірі халық ауыз әдебиеті. Жазу – сызу өнері болмаған кезде – ақ қазақ халқы өзінің тұрмыс тіршілігі, қоғамдық өмір, шаруашылығы мен кәсібі, қуанышы мен күйініші. Қазақ халқының ауыз әдебиеті өзінің көркемдік – идеялық нәрімен, эстетикалық қуат – тегеурінімен, түрі мен жанрларының молдығымен, тақырыптық және сюжеттік байлығымен, қоғамдық – әлеуметтік және тәрбиелік терең мән – мазмұнымен ерекшеленеді.

Халық ауыз әдебиеті – талай ғасырлардан келе жатқан мұра, сарқылмас бай асыл қазына. Одан халқымыздың өткенін білеміз, сол арқылы бүгінгі заманымыздың ұлылығын танимыз.

Қазақтың мақал – мәтелдері болсын, жұмбақ – жаңылтпаштары мен ертегілері болсын – бәрі де балаларды Отанын сүйюге, ерлікке, елін қорғауға үндейтіні белгілі. Балалар бақшасының тәрбиеленушілерін ауыз әдебиетінің үлгілерімен таныстырып, олардың өмірін байыта түсу тәрбиешілердің міндеті болып саналады. Қиял дүниесінен туған ғажайып оқиғалы ертегілер, мақал – мәтелдер, ойға түрткі салатын сыр сандықты жұмбақтар, қиыннан қиыстырылған тақпақ жаңылтпаштар – бәріде балалар бақшасында кең пайдаланылатын дүниелер. Қазақ халқының тұрмыс – салтын, арман үмітін, өткен өмірін кеңінен танытатын ауыз әдебиеті үлгілерінің көлемді саласының бірі – ертегілер. Ертегілер өте ерте заманда, тіпті жазу – сызу болмаған кздің өзінде – ақ туған. Бұларды халқымыз күні бүгінге дейін ұрпақтан – ұрпаққа ауызша жеткізіп келді.

Халық ауыз әдебиетінің басқа түрлері сияқты ертегілерде адам баласының еңбекке, тұрмыс – тіршілік жағдайына байланысты туған. Қазақ ауыз әдебиеті нұсқаларыжас бөбектердің ой – өрісін, дүниетанымын кеңейтеді. Оларды адамгершілікке, еңбекке, тапқырлыққа, туған өлкеге сүйіспеншілік сезімге баулу ісінде шешуші орын алады.

Халық ауыз әдебиетінің мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудегі бағыттары:

1. Имандылық пен адамгершілік
2. Патриоттық
3. Эстетикалық
4. Табиғатқа деген сүйіспеншілік
5. Өнер

Ауыз әдебиетінің түрлері:

1. Ертегілер
2. Жұмбақтар
3. Жаңылтпаштар
4. Мақал–мәтелдер
5. Тыйым сөздер

Қазақтың мақал-мәтелдері болсын, жұмбақ-жаңылтпаштары мен ертегілері болсын – бәрі де балаларды Отанын сүюге, ерлікке, елін қорғауға үндейтіні белгілі. Балалар бақшасының тәрбиеленушілерін ауыз әдебиетінің үлгілерімен таныстырып, олардың өмірін байыта түсу тәрбиешілердің міндеті болып саналады. Қиял дүниесінен туған ғажайып оқиғалы ертегілер, батырлар жыры, өмір тәжірибесінің қысқаша қорытындысы – мақал-мәтелдер, ойға түрткі салатын сыр сандықты жұмбақтар, қиыннан қиыстырылған тақпақ жаңылтпаштар – бәрі де балалар бақшасында кең пайдаланылатын дүниелер.

Қазақ халқының тұрмыс-салтын, арман үмітін, өткен өмірін кеңінен танытатын ауыз әдебиеті үлгілерінің көлемді саласының бірі – ертегілер. Ертегілер өте ерте заманда, тіпті жазу-сызу болмаған кездің өзінде-ақ туған. Бұларды халқымыз күні бүгінге дейін ұрпақтан – ұрпаққа ауызша жеткізіп келеді.

Халық ауыз әдебиетінің басқа түрлері сияқты ертегілер де адам баласының еңбекке, тұрмыс-тіршілік жағдайына байланысты туған. Жаратылыс құбылыстарын, табиғат сырын жетік білмеген, олардың неліктен болатынын толық түсінбеген ертедегі адамдар әр нәрсені қиял еткен, өздерінің ауыр еңбектерін жеңілдету жайын қарастырған.

Қазақ ауыз әдебиеті нұсқалары жас бөбектердің ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтеді. Оларды адамгершілікке, еңбекке, тапқырлыққа, туған өлкеге сүйіспеншілік сезімге баулу ісінде шешуші орын алады. Қазақтың мақал-мәтелдері болсын, жұмбақ-жаңылтпаштары мен ертегілері болсын – бәрі де балаларды Отанын сүюге, ерлікке, елін қорғауға үндейтіні белгілі. Балалар бақшасының тәрбиеленушілерін ауыз әдебиетінің үлгілерімен таныстырып, олардың өмірін байыта түсу тәрбиешілердің міндеті болып саналады. Қиял дүниесінен туған ғажайып оқиғалы ертегілер, батырлар жыры, өмір тәжірибесінің қысқаша қорытындысы – мақал-

мәтелдер, ойға түртқі салатын сыр сандықты жұмбақтар, қиыннан қиыстырылған тақпақ жаңылтпаштар – бәрі де балалар бақшасында кең пайдаланылатын дүниелер. Қазақ халқының тұрмыс-салтын, арман үмітін, өткен өмірін кеңінен танытатын ауыз әдебиеті үлгілерінің көлемді саласының бірі – ертегілер. Ертегілер өте ерте заманда, тіпті жазу-сызу болмаған кездің өзінде-ақ туған. Бұларды халқымыз күні бүгінге дейін ұрпақтан – ұрпаққа ауызша жеткізіп келеді.

Халық ауыз әдебиетінің басқа түрлері сияқты ертегілер де адам баласының еңбекке, тұрмыс-тіршілік жағдайына байланысты туған. Жаратылыс құбылыстарын, табиғат сырын жетік білмеген, олардың неліктен болатынын толық түсінбеген ертедегі адамдар әр нәрсені қиял еткен, өздерінің ауыр еңбектерін жеңілдету жайын қарастырған. Қазақ ауыз әдебиеті нұсқалары жас бөбектердің ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтеді. Оларды адамгершілікке, еңбекке, тапқырлыққа, туған өлкеге сүйіспеншілік сезімге баулу ісінде шешуші орын алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қазақ халық ауыз әдебиеті. Алматы 2000ж
2.Ахмет Жүнісов «Бабалар дәстүрі» Алматы. 1992 ж.
3.Байтілеуова.А.Қошқари.Г.Боранбаева. Қазақ тілі.8-сынып.
4.«Батыс ҚаҚзақстан облысы» энциклопедиясы. Алматы, 2002.
5.https://www.tarbie.kz/27488

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТ ЖАНАШЫРЫ

Батырбаев Орынгали Нурланович
Ақтөбе қаласы «№1 орта мектеп» КММ

XX ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы ең басты мәселе ұлт азаттығы, ел тәуелсіздігі мәселесі болатын. Бұл сауал төңірегінде ұлт зиялылары ашық үндеу жасап, елдің санасын оятуға, көкірегіне білім нәрін себуге жан аямай атсалысты. Олар қазақ елінің басындағы мүшкілдікті, орыстандыру саясатын және оның болашақтағы орын алар салдарларын алдын ала білді. Сондықтан да өз елінің басы бүтін тәуелсіздігін талап етті. Алаш арыстарының өмірі мен қайраткерлік еңбектері, шығармашылығы мен жасаған істерінің нәтижесін оқып танысқан оқушылар біздің қазіргі тәуелсіздігіміздің бірден орнамағандығын, ата-бабамыздың келешек ұрпақтың мамыражай тірлігі үшін небір зұлматтарды бастан өткізгендігін біліп өседі. Бұл оқушылардың өткенге құрмет етіп, тарихқа салауат айтуына іргетас болмақ.

Алаштың ардақты ұлы Ә.Ермеков «Алаш партиясын құрудағы басты мақсат ол қазақ халқының болашақ тағдыры мен әлемнің озық мәдениетті елдерімен терезесі тең мемлекет құру болатын»,-деген сөзін ұрпақ жадында жаттатып, неше жыл бойы бұрмаланып келген тарихымызға тура қарауға қалыптастыру қажет. Алаш азаматтары аңсаған тәуелсіздікке де қол жеткіздік. Қазіргі көк байрағымыз желбіреп, бүкіл әлемдік стандарттарға қол созған, өзге елдермен терезесі тең болып отырған жаһандану дәуірінде ата-бабамыздың қазақ халқының ертеңі үшін жанын қиған ерен еңбектерін бағалай білуіміз қажет. Тәуелсіздік жолында, ұлттың азаттығы жайлы кесек ойларды ортаға сала білген, азулы Кеңес өкіметінің айбынынан айылын жимай, ең соңында ату жазасына кесілген Алаш азаматтарының аяулы есімдерін болашақ ұрпақ мәңгі жадында тұтуы қажет. Біз Алаш арыстарының өмір жолын, саяси-қоғамдық қызметін сол кезеңдегі халықтың басындағы ауыр тірлікпен байланыстыра отырып, түбегейлі оқыту арқылы жастарды патриоттық тәрбиеге баули түсеміз, елім деп еңірейтін, оның

азаттығы жолында аянбай еңбек ете білетін, әрі тәуелсіздікті қадірлей білетін жастарды тәрбиелеп шығарамыз.

Қазақ тарихындағы сондай қайталанбас тұлғалардың бірі, ұлт ұстазы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылық жолын, қоғам қайраткерінің өзі өмір сүрген кезеңдегі тарихи, саяси, әдеби-мәдени өмірімен тығыз байланыста алып қарастыру өте маңызды. Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып жететін, маңызы зор, мәні өлшеусіз рухани құндылық болып саналады. Тарихи тұрғыдан алып қарайтын болсақ, ел басына күн туған нәубет шақта халқының қамын ойлаған Ахмет Байтұрсынұлындай ұлтының бір туар ұлының өмірі мен қайраткерлік жолын кейінгі ұрпаққа үлгі, өнеге ете білуіміз қажет.

Өскелең ұрпаққа тәуелсіз ел болудың қадірін ұғындырып, жан-тәнімен сезіндірте алу ұстаздар мен ата-аналар мойнындағы жауапкершілікті іс. Өйткені мемлекеттің болашағы – бүгінгі ұрпақ, тәуелсіздіктің тұтқасы – ұлттық құндылықтар. Біздің ел болып, тәуелсіз мемлекет болып қалуымыз тікелей қазақ ұлтының ертеңімен анықталады. Сан ғасырлар бойғы тарих қойнауына көз жүгіртер болсақ, ұлт ретінде жер бетінен жойылып кеткен халықтар, тілі қолданыс аясынан шығып «өлі тілдер» қатарына енген ұлттар аз емес. Ал біз өз мемлекетіміздің болашағы жарқын болуы үшін ата-бабамыздан бізге жеткен ана тілімізді, ұлттық діліміз бен дінімізді, ұлттық болмысымызды сақтап, кейінгі ұрпаққа аманат етіп жеткізуіміз қажет. Әсіресе, жаһандану үрдісі жүріп жатқан қазіргі заманда жастардың санасын улайтын ақпараттар легі өте көп. Тіпті жастарға теріс тәрбие беретін тик-ток түсірілімдерінің, инстаграмдағы жағымсыз ақпараттар таратын парақшалардың көздегені не екенін ұқпай дал болатынымыз да анық. Кейде бұның барлығы жастарды білім ауылынан алыстатып, ұлттық құндылықтарымыздан қашықтатып жатқан сияқты сезіледі.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқын білімге, өнерге шақыруда өлшеусіз үлес қосты. Ол өзінің көпшілік оқырманға арналған көсемсөздерінде «Шаруаңды түзет. Жалқаулықтан арыл, адал еңбек ет, кәсіп үйрен, тер төк... Дүниеде елге теңдік, кемге кеңдік беретін, азды көпке теңгеретін ғылым мен өнерді үйренейік ағайын!»,-деп халқына жар салды.

«Оқу жайы» деген мақаласында мәдениеті, ілім-білімі төмен елдерді мәдениеті, оқу-ағарту саласы дамыған елдермен салыстыра келіп, «Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның бар байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші. Мұның себебі бұл заманда не нәрсе болмасын машинаға айналды. Адам баласын көкке құстай ұшырған, суда балықтай жүздірген – ғылым. Дүниенің бір шетінен бір шетіне шапшаң хабар алғызып тұрған да ғылым. Отарба, өткемелерді жүргізген ғылым»,-дейді. XX ғасырдың басында еліміздің ғылым мен білімге енді мойын бұрған сәтінде өзінен оқ бойы озық тұрған елдерді мысалға келтіріп, алға тартуының себебі мол еді. Қайтсе де, халықтың көкірек көзін ашып, көңілін оятуға барын салған Ахмет Байтұрсынұлының халқын «Маса» болып құлақ түбінен ызылдап жүріп оятпақ болғаны, «Қызым саған айтамын, келінім сен тыңда»,-деп, өзгенің әс-әрекеті арқылы әркім өзін танып білсін дегендей, мысал жанрында өндірте жазуы оның нағыз ұлт жанашыры екендігінің айғағы. Бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, бұл мәселе әлі өзекті болып саналады.

«Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйретететін білім де сондай керек», «Білімді болуға – оқу, бай болуға – кәсіп, күшті болуға – бірлік керек», Күнелту үшін – ас керек, ас істеуге – күш керек, күшті жұмсауға ес керек»,-дегендей нақыл сөзге айналып үлгерген афоризмдері жетіп артылады. Бұның барлығы ұлт жанашырының қам-қайғысыз жатқан қараңғы халқына ой түрткі болып жазғаны еді. Соның барлығын бүгінгі буынға жеткізу біздің, ұстаздар қауымының мойнындағы жауапкершілікті іс болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әнес Ғ. Смағұлова С. Алаш. Алашорда энциклопедия. Алматы, Арыс баспасы, 2009 ж.
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы, 1996.
3. «Алаш арыстары» порталы.
4. Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 2-басылымы, өңделген. Жалпы редакциясын басқарған тарих ғылымының докторы, профессор Б. Ғ. Аяған. Алматы: Атамұра, 2009.
5. Байтұрсынов А. Ақ жол. – А: «Жалын». 1991. – 461 б.
6. 4. Ерназарова Т. Қазақ публицистика тілінің дамуындағы Байтұрсынұлы кезеңі. – А: «Карат-Принт». 2004., 9-11 бб.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТЫ

Батырова Ж.М.
Ақтөбе қаласы, №12 «Інжугүл» б/б тәрбиешісі

Әлемдік білім кенесіндегі мектепке дейінгі педагогиканың мәселелерін шешуде тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірген әдіс тәсілдерін іздестіру, үнемі жаңалыққа жол ашу бағыттары қарастырылуда. Осы орайда Қазақстандағы мектепке дейінгі ғылыми теориялық педагогикалық әдістемелік тұрғыды іздеуде Ыбырай Алтынсарин атындағы білім академиясы тарапынан ұзақ жылдар бойы ғылыми зерттеулер жүргізіліп келеді. Оқытудың жаңа бағыттары мен технологияны іздеу, тәжірибеге енгізу нәтежесінде әдістемелік жұмыстар жүйелене түсуде. Ең негізгі мәселе-педагогикалық ұжымның кәсіптік шеберлігін арттыру. Әр тәрбиешінің шығармашылық дамуына жағдай туғызу, озат тәрбиешіні пайдалана білу, тәрбиелеу ісін жандандыру. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты мен оқу әдістемелік кешендердің дайындалуы осының айғағы. Бала бақшадағы тәрбиенің негізін қалаудың тиімді жолдарын қарастырар болсақ, ол күнделікті қарым-қатынынас мәдениетін қалыптастырып мектепке дейінгі ұйымдардағы білім сапасын арттыруға байланысты болмақ, ол үшін жалпы жағдайларды жақсарту бірінші міндет. Адам саусақтары бір-бірінен қалай ерекшеленсе, балаларда бір-бірінен ерекше. Тәрбиешінің басты міндеті осы ерекшелікте түсінуінде жатыр. Педагогика ғылымының талабы бойынша ұстаз, тәрбиеші мәдениетті, сауатты, жан-жақты болуы тиіс. Яғни тәрбиешінің психологиялық танымы, сезімі, көз қарасы ерекше болып, тәрбиеші ата-ананы, алдындағы балаларды дұрыс танып, қарым-қатынасты дұрыс жолға қою тәрбиешінің жоғары маман иесі екенін көрсетеді. Оның үстіне бала бойындағы ерекшелікті қабілетті танып, соған бағыттап тәрбие берсе баланың болашағы ірге тасы дұрыс қаланады. Ол үшін:

Біріншіден білім мен тәрбие беруге тәрбие беруге арналған дамытушы ортаны жабдықтау қажет десек, ол мектепке дейінгі кезеңнің өзіндік ерекшелігімен құндылықтарын сақтайтын, болашақ балалығына бағытталуы шарт.

Екінщіден тәрбие ұйымының басшысы мен тәрбиешісі – педагоктар қауымы кәсіби шеберліктерін шыңдап, білім жетілдіруге көңіл бөліп, ұжымның шығармашылыққа бағыт бағдарламаларын айқындап оны жүзеге асыруға белсенділігін атсалысуға және жағымды психологиялық ахуалдық тұрақтануына ықпал етуі қажет.

Ұжымда өз еңбегімен нәтежесімен, жаңалығымен, шығармашылықпен көзге түскен мамандарды марапаттау, өзгеге өнеге, жастарға үлгі боларлық тәрбие. Тәрбиеге тірек, білім сапасын арттыруға берік негіз болар еді. Бұл аталған мәселелер тәрбиелеу мен білім сапасын

көтерудің жалпы жағдайлары болса, енді оған қажетті негізгі жағдайлар ретінде төмендегі міндеттерді жүзеге асыру қажет.

Балабақшадағы жұмыс істейтін бағдарлама мазмұнын жаңарту және оны толық меңгертудің тиімді жолдарын табу.

-мектепке дейінгі жастағы баланың өмірін қорғау және іс әрекетін дұрыс ұйымдастыру;

-оқу әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету;

-заттық дамытушылық ортаны жабдықтау, оның тәрбиелік ықпалды болуына көңіл бөлу;

-педагогикалық ұжымнан басқада әлеуметтік институттармен білім орталықтары мен тығыз байланыста болу;

- балабақшада тәрбиешілердің кәсіби біліктілігін үнемі көтеріп отыру.

Балабақшадағы «Балалардың балалығын өзіне қайтару», мектептік жүйені қайталамау, балалардың жағдайы жақсы болу үшін педагогикалық талаптардың орындалуы, күн кестесінің дұрыс ұйымдастырылуы, тамақтану мерзімінің сапасының дұрыс болуы, олардың денсаулығын сақтау, құқығын қорғауды ата-анамен ынтымақтастыққа белсене еңбек ету маңызды болмақ.

Ерте сәбилік шаққа қарағанда әлеуметтік орны өзгереді. Енді оның жасына сай кейбір қарапайым өздігінен атқаратын міндеттер пайда болып үлкендердің тәуелдігі азаяды.

Бұл кезеңдегі баланың жетекші іс-әрекеті ойын. Ойынның арқасында баладан саналы психологиялық озгерістер пайда болады, онда үйрену әрекетінің негізі қаланады. Бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда баланың жанын түсінуге білім алуын жетілдіруге комектесетін арнайы маман психологтар қызыметі балабақшаларда кеңінен орын алуда. Балабақша психологтары тәрбиешімен бірігіп әр тәрбие жұмыстарын жүргізу арқылы әр баланың қабілетін, болашақ бағытын анықтауға мүмкіндік береді. «Бұлақ көрсең көзін аш!» деген ұлағатты сөзге сүйеніп, бар мүмкіндікті пайдаланып, баланың қабілетін ашк тәрбиешінің міндеті. Бұл кезеңдегі көп кездесетін біріншіден сюжетті рөлдік ойындар. Мыс: «Үй болу –қонаққа келу», «Банкир», «Гипермаркет», «Жол жүргізушісі», «Дәрігер» т.б.

Екіншіден балалардың бір-бірімен қатыса дамытылады. Ойын үстінде өзін ұстауы, үшіншіден қиялының көрінісі. Баланың символды қолдануы –психикасының дамуының елеулі сәті. Бір жағынан қиял көрінісі боса, екінші жағынан әлеуметтік таңбалардың игеруді қамтамасыз ету.

Баланың сыртқы дүние заттарын қозғамай бейнелеу арқылы ойлай алуында осы заңдылық жатыр. Осының негізінде балада көрнекі –бейнелі және логикалық ойлау қалыптасады. Ойлаудың сөздік формаларының дамуы сөзбен практикалық іс-әрекетін сөйлеу орын алса, ал онда алдын ала сөйлеу қалыптасады. Алдымен бала іс-әрекетін сөйлеу арқылы жоспарлай алады, кейіннен істелетін жұмысты тек пікір айту түрінде ауызша істей алуға келеді. Бұның өзі баланың логикалы (жүйелі) ойлай алуына әкеледі.

Қоғамда айналамыздағы ортада болыа жатқан қарқынды өзгерістер шығармашылық қабілеті бар, қажетті жағдайда әрі қарай дамыту айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаның алдында үлкен талаптар қояды. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту бүгінгі таңда көкейкесті мәселенің бірі. Әр жас ұрпақ өзіне дейінгі қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс әрекетіне сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді.

INCLUSIVE EDUCATION AS A PART OF MODERN SCHOOLS

Bauyrzhan Nurkhanym Bauyrzhan kyzy
Khromtau secondary school № 4, Aqtobe region

States should recognize the principle of equal opportunity in primary and secondary education for children and youth with disabilities in integrated structures. They are obliged to ensure that the education of persons with disabilities is included as an integral part of the general education system [1, p.12].

Kazakhstan has only recently joined the movement of organizing inclusive education, designed to create all conditions for the education of children with special educational needs in kindergartens, and schools.

We all know that inclusive education in school is a learning model in which healthy students and children with special needs study at the same time. Inclusion teaches children with disabilities to interact with the outside world and get used to society, and their classmates to accept people who are different from themselves. The concept is translated from English as “involvements into life, that is, children with special needs are included in the general education system and social environment. This ensures the equality of students: everyone attends a regular, public school.

To date the problem of developing inclusive education in secondary schools is one of the most urgent. It is relevant to determine the changes that should be made in the educational environment to ensure its quality, in connection with the inclusion of all participants in this environment, including schoolchildren with special educational needs.

The formation of actions to create an atmosphere in schools that will truly include all participants in the educational process in school life, that is, actions to create and develop an “inclusive” educational environment at school for all members of the school community, is one of the priorities today and directions of the educational policy of the Republic of Kazakhstan.

Inclusive education at school is designed to solve the following tasks:

- Adapt the learning environment to the general and individual needs of children;
- Provide an individual teaching approach;
- Create learning atmosphere taking into account the characteristics of children, but not to the detriment of other children;
- Combine studying and social adaptation;
- Provide psychological and pedagogical assistance to families;
- Involve parents in education;
- Improve the qualifications of teachers;
- Form a tolerant attitude of students and society towards people with physiological and psychological characteristics [2].

For children with special needs, there is no need for any special adaptation, since they are part of the school system from the very beginning. One of the goals of inclusion is to ensure that any school can be prepared to accept children with different abilities in the future. This may entail not only changes in the structure and work of the school, but also changes in the views of teachers in general and special education, who are accustomed to seeing their work as teaching only certain groups of children. Most schools take a child-centered approach to their needs, and this approach requires all teachers to be prepared to meet the needs of all children.

Ordinary teacher training often fails to provide teachers with the confidence, skills and the knowledge they need to support learning for children with disabilities in regular classes. Lack of support for all teachers to meet needs of all students is one of the main reasons why so many children with disabilities still do not attend school, drop out of school early or are excluded from education

within the school. All teachers need appropriate initial training, in order to support in the workplace and continuous professional development in relation to inclusive education. Teachers who are trained for inclusive education are able to recognize and value diversity among pupils and are more positive about the inclusion of children with disabilities in mainstream schools [3].

An ordinary teacher can be successful if:

- he is flexible enough
- he is interested in difficulties and is willing to try different approaches
- he respects individual differences
- he knows how to listen and apply the recommendations of team members
- he feels confident in the presence of another adult in the classroom
- he agrees to work together with other teachers in the one team.

All teachers need high-quality professional development on an ongoing basis in the field of inclusive education. In many countries, on-the-job training of teachers in inclusive education is provided by programmes.

The waterfall model is a very popular approach in these programmes. In this model a core group of teachers are trained to teach other teachers.

The school-based learning model is an alternative to the waterfall model. Under this approach, training takes place in the school for all relevant stakeholders. It supports the idea that all teachers have a responsibility to teach all children and that the same inclusive values should be shared throughout the school community. The school-based training model creates opportunities for practical and applied learning experiences. The facilitators can link the learning content to the specific context of the school, and the new skills can be immediately put into practice with the support of experts. It is important to create school development plans and ensure post-preparation monitoring for improving the sustainability of school-based courses.

When designing in-service teacher training for inclusive education, it is important to maintain alignment between pre- and in-service training and the overall education strategy and development of inclusive education [4, p. 82].

Single courses for advanced training in inclusive education can lead to a misunderstanding that inclusive education is a separate project for specialist teachers, instead of improving the whole school that affects all teachers and all aspects of the school community. When teachers introduce inclusive education, they may feel insecure at the very beginning. It is helpful if someone observes their lessons with special emphasis on elements of child-centered pedagogy. It can be a little scary when experts, school leaders, or even local education authorities make these observations. Often teachers feel more relaxed and more open in peer exchange, where they have the opportunity to observe each other's lessons and subsequently exchange ideas. Peer observations can be informal or more structured with “pre” and “post” meetings and observations, as well as reporting forms.

Sometimes government tries to “give” special children to schools, but at the same time they do not give anything else: no additional tutoring rates, no equipment, no staff training. This approach is a direct path to failure and conflict: teachers without additional training have no idea how to behave with children with disabilities, and cannot teach other students how to behave.

The development of a program for the development of inclusive education in a general education school based on the results of assessing the situation in the school according to the indicators of inclusion using the method of pedagogical qualimetry will allow building an environment in the school where every child and adult will be truly accepted and will not be infringed, regardless of some social markers.

Statistics show that there is a growing trend of children with special educational needs who need to be included in the learning process in general education schools (at the place of residence, at the choice of parents, etc.). Drawing up a school work plan with the inclusion of steps leading to the

creation of an inclusive environment in an educational organization is one of the most important tasks of the education system.

Teaching English to children with disabilities is especially relevant at the present time due to the fact that today it is important not so much to give the child as much knowledge as possible, but to ensure his general cultural, personal and cognitive development, to equip him with such an important skill as the ability to learn. When learning English, children with mental retardation experience certain difficulties: the assimilation of lexical material, syntactic constructions and their active use in oral speech are slow; the perception of grammatical categories and their application in practice is difficult. They cannot master grammatically complex speech, since the degree of learning a foreign language depends on the general level of development of the child. But they will be able to speak another language, at the level of their development [5, p.69].

Correctional work is carried out within the framework of a holistic approach to the upbringing and development of the child. In this regard, the work should be focused on the overall development, and not on the training of individual mental processes or abilities of students. It is planned not so much to achieve a separate result (for example: to learn words on the topic), but to create conditions for the development of the child. The study of the individual characteristics of students allows you to plan the goals, objectives, deadlines and main directions of language teaching, which meet the task of maximizing the independent activity of students, as well as developing their interest in the English language, the culture of English-speaking countries, and stimulating communicative and speech activity.

Of course, not all students will leave school fluent in English, but the foreign language culture that they master in the process of communication will help them avoid lack of spirituality.

References

1. Алехина, С. В. Инклюзивное образование / С. В. Алехина, Н. Я. Семаго, А. К. Фадина. – М.: Центр «Школьная книга», 2010. – 272 с.

2. ЮНИСЕФ, «Право детей с ограниченными возможностями на образование: Подход на основе прав человека к инклюзивному образованию». - Женева, 2012 г.

3. Global Campaign for Education and Handicap International, “Equal Rights, Equal Opportunity: Inclusive Education for Children with Disabilities”.

4. Алехина С.В., Алексеева М.Н., Агафона Е.Л. Готовность педагогов как основной фактор успешности инклюзивного процесса в образовании // Психологическая наука и образование №1: Инклюзивный подход и сопровождение семьи в современном образовании. М., 2016 г.

5. Гусева С.В. Основные принципы инклюзивного образования детей с ОВЗ в общеобразовательном учреждении; подходы и способы его реализации, 2016г.

МӘҢГІЛІК САҒЫНЫШТЫҢ МӘНІСІ
(Ақын Төлеген Айбергеновтің өлеңдері хақында)

Бекетова Күлай,
Ақтөбе қаласындағы М.Құрманғалиева атындағы
№32 мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Ақын Төлеген Айбергенов туралы өмірбаяндық анықтамаларда негізінен: «1937 жылы 8 наурызда Қарақалпақстанның Қоңырат ауданында туған. Ташкент педагогикалық институтын бітірген» деп жазылған.

Сол себепті де соңғы жылдарға дейін ақынның өзінің де, әулетінің де Ақтөбе облысына ешқандай қатысы жоқ сияқты болып көрініп келді. Дегенмен бертінде Ақтөбе қаласындағы бір көшеге Т.Айбергенов есімі берілді, өткен жылы облыс орталығының бір көрікті жеріне көрнекті қазақ композиторы Шәмші Қалдаяқов екеуінің мүсіндері орнатылды.

Міне, осы кезде Төлеген ақынның біздің өңірімізге қандай өмірбаяндық қатысы болғаны туралы көбірек айтыла бастады.

Ақынның зайыбы Үрнисаның, қызы Салтанаттың естеліктеріне сүйенсек, Төлеген ақынның ата-бабасының атамекені қазіргі Байғанин ауданының өңірі болған екен. Өткен ғасырдың 30-шы жылдарында бүкіл қазақ даласын шарпыған аштық жан-жағын жалмай бастаған кезде, ажал құрығына ілікпеуді ойлаған бұл әулет түп көтеріле қозғалып, Қарақалпақстанға көшіпті. Арада бірнеше жылдар өткенде сол Қарақалпақстанның Қоңырат ауданында Төлеген дүниеге келіпті. Бұл туралы ақын өзінің «Апаларыма» деген өлеңінде:

Мен ұл ем. Сендер ең үш тамаша елік,
Төртеуміз бір әкенің баласы едік.
Төрт тағдыр қайғысы мен қуанышын
Өстік біз омыраудан талас еміп, — деп жазған.

Солайша Қарақалпақстанда туып, Ташкентте жоғары білім алған ақын кейін, 1962 жылы Қазақстанға, Шымкент облысына келіп тұрақтап, кешкі жастар мектебінде директор болған. Одан соң көп ұзамай ақындық талантын одан әрі шыңдау мақсатында Алматыға қоныс аударып, Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы әдебиетті насихаттау бюросында қызмет еткен. Екі жыр жинағы («Арман сапары», 1963; «Өмірге саяхат», 1965) шығып, кейін қазақ әдебиетіне ерекше құбылыс болып енген «Құмдағы мұнаралар» атты жаңа жинағы даяр болып қалған кезде, 30 жасында дүниеден өткен. Сол кезде Мұқағали Мақатаев:

Тұңғыш көрдім өлгенін шын ақынның,
Қызарып батты ертеңгі шығатын күн.
Торғай-өлең шырылдап бара жатты
Аузында ажал дейтін сұрапылдың, — деп басталатын өлеңін жазған еді.

Ақын өзі жас болған соң әрі тұрмыстық жайы да толық қалыптасып болмағаннан кейін шығар, әлде жолы түспеді ме, әйтеуір ата-бабасы ғұмыр кешкен Байғанин өңірінде болмағанға ұқсайды. Өйткені «Арал жырлары», «Арал толқындарында», «Түркістан дәптерінен», «Маңғыстау саздары» тәрізді топтама өлеңдері болғанымен, не Ақтөбе өңіріне, не Байғанин ауданы өлкесіне арналған нақты жырлары жоқ. Егер ақынның ғұмыры тым қысқа болмай, ұзақ өмір сүргенде, сөйтіп біздің өлкеге де, ата-бабасының табаны тиген жерге де келіп-кеткен болса, оның қаламынан ата-бабасы мекен еткен өңір туралы да тамаша шығармалар туындауы мүмкін сияқты еді.

Қазіргі ғылыми байламдар баласының бойында әкесінің, ата-бабасының кейбір қасиеттері болатыны туралы жазып жатады. Ақынның ата-анасы, әрине, ұзақ жыл ғұмыр кешкен туған жерлерін сағынбауы мүмкін емес. Олар туған жерге деген сағыныштары туралы әңгімелерін талай рет дастарқан басында да әңгімелеген шығар. Осындай әңгімелерді тыңдап өскен ақын Төлегеннің өлеңдерінде САҒЫНЫШ лебінің басым болуының басты бір себебі осы да сияқты.

Ақын Т.Айбергенов қайтыс болған соң жарық көрген «Құмдағы мұнаралар» жинағы сағынышқа толы жырлардың қазыналы жиынтығы еді. Ақынның төрт бөліктен тұратын «Сағыныш» атты өлеңі оқырманды әлі күнге дейін толқытып өтеді, қанша оқысаң да құмарың қанбайды.

...Сағынбай барсаң таулар да сенің алдыңнан шықпас асқақтап,
Ойлауың мүмкін дүниені мынау кеткен екен деп тас қаптап...
Үмітке толы, арманға толы әр жерде бір түп қарағай,
Сағынбай жүрсе қалуы мүмкін жамырасуға жарамай...

Өткен ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдарында қазақ поэзиясы ерекше сапалық биікке көтерілгені мәлім. Сол кезде жарқ етіп шыға келген Төлеген туралы Әбіш Кекілбаев: «Кейінгі жылдары Қадыр Мырзалиев, Жұмекен Нәжімеденов, Мұқағали Мақатаевтардың кесек-кесек ақындық тұлғамен көрінуі жас қауымда орынсыз көбейіп кеткен өлеңшілер тобының қатарын саралаңқырап, ақындықтан дәмелілерге өзінше бір еріксіз сұрыптау жасады. Сол сұрыптауда суырылып ілгері шыққандардың бірі — Төлеген Айбергенов» деп жазған екен.

Иә, Төлеген Айбергенов, міне, осындай дарынды топтың нақ ортасында жүрді. Оның дәлелі — ақын өмірден өткен соң қаншама жас талап ақындар тап Төлегенше өлең жазуға талпынып, ақынға көп еліктеді. Бұрын өлеңді ақындар негізінен 7-8 буынмен жазатын болса, Төлегеннің «Сағыныш», «Аруана — бауыр дүние» тәрізді өлеңдерінен кейін 17-18 буынмен өлең жазатындар күрт көбейіп кетті. Ақынның «Мұнаралар» деген өлеңі қатты әсер еткендіктен мұнай мұнаралары туралы бірсыпыра өлеңдер жазылды.

Қазақ поэзиясы туралы жазылған әдеби мақалаларды шолып отырғанда көз жететін бір жайт, 1970-жылдардан соң қазақ өлеңінде жас талапкерлер ең әуелі Төлегенге, сосын Мұқағалиға көп еліктеді. Дегенмен ақындар сырттай еліктегенімен, туындыларының формасын Төлегенге ұқсастырғанымен, аса талантты ақынның өлеңінің ішкі рухына жолай алған жоқ. Олай болуы мүмкін де емес еді. Себебі, ақынның жеке өлеңі — оның ішкі әлемінің жеке көрінісі. Бұған жоғарыда аталған «Сағыныш» өлеңін мысалға алуға болады. Әдетте адамның туған жеріне деген сағынышы, сүйген қызына деген сағынышы, достарына деген сағынышы туралы жиі жазылады, ол орынды да. Дегенмен Төлегеннің мына өлеңі олай жекеленбейді, бұл ақынның тұп-тұтас дүниеге деген ақпа-төкпе сағынышы.

...Дегенмен, жаным, көгілдір дүние сағынбағасын арайсыз,

Өмірде мынау сағынбағандар бақытсыз, бақсыз, талайсыз, — дейді ақын.

Ақынның оқырманның есінде жүретін, қазір де көп қайталанатын өлеңдерінің бірі — «Бір тойым бар». Өлең:

Бір тойым болатыны сөзсіз менің,

Дәл қай күні екенін айта алмаймын, — деп басталады. Бұл өлеңді бірінші рет оқыған оқырман бұл қандай той екенін бірден тап басып ажырата алмайды. Өйткені қазақта той көп екені белгілі. Жалпы біздің халқымыз отбасындағы елеулі оқиғаларды міндетті түрде тойға айналдырып отырған.

Одан әрі ақын:

Бірақ... бірақ...

Ешкімді де билетпей қайтармаймын, — деп жалғастырып, сол тойда кемпірлерге қыз күнін сағындыртатынын, жеңгейлердің етегін гүлге толтыратынын, қыз қуатын жігітке ат беретінін, әйтеуір, бар жиған-тергенін бір тамаша той қылып өткеретінін айтады. Бірақ *«Біздің үйді сол күні бетке ал, қауым»* дей отырып та ақын бұл тойдың нақты қандай той екенін айтпайды. Дегенмен *«Кім білсін, талай түнгі тілегім ед, Мәңгілік тарқамауы да мүмкін оның»* деген соңғы жолдардан соң ғана оқырман бұл тойдың қандай той екенін анықтаудың қажет еместігін де ұғынады. Мұндай той әйтеуір әрбір отбасында, әрбір адамның жеке өмірінде болуға тиіс бір ерекше той екенін түсінеді. Сол тойды әрбір көкірек аңсай түседі, сондай тойдың болуын сағына күтеді. Осы өлеңді оқыған адамның көңілінде қалай да бір жаңа үміт оянады, ол сол үміттің орындалатынан сенгісі келеді. Төлеген ақынның оптимистік сарында жазылған бұл өлеңі сол себепті де әлі күнге дейін ауыздан түспей келеді.

Ақын Т.Айбергеновтің қазірге дейін жиі айтылатын, мысалға көп келтірілетін өлеңдерінің бірі — «Аруана — бауыр дүние».

Аруана жаудың қолына түссе ботасын шайнап өлтіріп,

Қаралы мойнын қайтадан артқа бұрмастай халге келтіріп,

Жеріне тартып отырады екен моншақтап жасы боздаумен,

Омырауын шерге толтырып, — деп басталатын бұл өлең туған жер, атамекен, байтақ Қазақстан туралы жазылған өлеңдердің арасындағы ең бір айрықша туынды. Өйткені түйе малының жершілдігі, оны қай өңірге алып кетсе де, бәрібір атамекенін аңсайтыны, туған жеріне тартып отыратыны туралы әңгімелер халық арасында ежелден бар. Ақын, міне, осы әңгімелердің негізінде Отанның қадірін тағы бір рет терең ұқтыратын тамаша өлең жазған.

...О бастан саған ынтызар туған аруана тектес ұл ем мен

Қазығын таппай қайрылмас, — дей отырып лирикалық кейіпкер қазақтардың бойына біткен асыл қасиетті — өз туған жерін ешуақытта ұмыта алмайтыны туралы адами болмысты өте талғампаздықпен бейнелейді.

Жалпы Төлеген жырлары тақырыпты атүсті баяндап өтумен шектелмейді. Өзгеше бір тыныспен ақтарыла жырлау арқылы ақын барша оқырманның әлдебір іңкәрлік сезімін оятады. Бұл жайтты автор:

...Сен менің өзімді көрсең,
Тұрысым осы менің.
Ал мендегі ғаламат сезімді көрсең
Шошыр едің! — деп көрсетеді. Расында да ақынның өлеңдерін бірінен соң бірін оқып отырғанында, қай тақырыпта сөз қозғалса да, оқырман сезімі алуан күйге түсіп отырады.

Т.Айбергенов өзінің творчестволық қуаты қандай дәрежеде екенін анық түсінген ақын. Оның, әсіресе, «Құмдағы мұнаралар» деп аталатын жинағындағы бірін-бірі жетелеп отыратын өлеңдер дүниеге енді тап осылайша қайталанбас тағы бір ақын келгенін танытқан болатын. Соны сезген ақынның өзі де бір өлеңінде:

Өле берсін күншілдер күйігінде,
Өз ғасырым өзімнің иінімде.
Ақ жаңбырлар тоздырған тау секілді
Мен өлемін өзімнің биігімде, — деп жырлады.

Ақын отыз жасында өмірден өткен кезде осындай биікке келіп тоқтаған еді. Ол алдағы уақытта да сол биіктен қарап тұра береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Төлеген Айбергенов. «Аманат». Алматы, 1975. «Жазушы» баспасы.
«Қазақстан жазушылары». Анықтамалық. Алматы, 2009. «Ан Арыс» баспасы.
«Жан еді өлең үшін дара туған». Естеліктер. Алматы, 2007. «Білім» баспасы.
Әбіш Кекілбаев. «Дәуірмен бетпе бет». 1974 . «Жазушы» баспасы.
Мұқағали Мақатаев. Шығармаларының үш томдығы. Алматы, 1991-1993. «Жазушы» баспасы.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бекмағамбетова Арайлым Бақытқалиқызы
«Ақтөбе облысының білім басқармасы Шалқар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы»МКҚК

Мектепке дейінгі кезең бұл – жеке тұлғаның мәнді алғышарттарының қалыптасу аралығы болып табылады. Жеке қасиеттердің қалыптасуын Л.С.Выготский: - Дамудың әлеуметтік жағдайы ретінде белгіленген. Осы дамудың әлеуметтік жағдайының өзі әр жас шамасына тән бала мен орта қатынасымен анықталады. Дамудың әлеуметтік жағдайы ең

алдымен баланың жеке тұлғасының психологиялық ерекшеліктерін және психикалық процестеріндегі негізгі өзгерістерді қамтамасыз ететін осы жас шамасында жетекші орынды иеленетін іс-әрекетпен анықталады. В.В.Давыдов:-Бала балабақшаға келісімен оқу үрдісінде жеке тұлғаның теориялық санасының негіздері жасалынатындығына нұсқайды. Д.Б.Элькони бойынша: - Бала өзінің балабақшадағы жұмысын қоғамдық мәнді, қатаң түрде міндетті іс-әрекет ретінде қабылдай бастайды да, оның бойында оқудың жаңа қоғамдық сезім түрткілерінің топтағы жаңа позициясының, өзіне және жанындағы құрдастарына жаңа қатынастар мен талаптардың табылуына жетелейді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қарым-қатынастарының ерекшеліктерін сипаттай келе Л.И.Божович, В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин балалардың құрдастармен жақындығына қарамастан ересек адам, әсіресе тәрбиеші, олар үшін бедел иесі болып табылатындығын көрсетеді. Д.Б.Эльконин «баланың ересектермен қатынастарының барлық жүйесі жеке қарым-қатынасқа дейін оқу іс-әрекеті арқылы жанамаланады» деген қорытындыға келеді. Баланың оқу іс-әрекетіне енуі ересектің балалардың өзіндік сана-сезіміне әсер ету мүмкіншілігін ұлғайтады. Осындай көзқарастың негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың ересектермен өзара қатынастары бір-біріне қайшы екі тенденциямен сипатталады. Бір жағынан ересектердің талаптарына мойынсұну, бағыну міндеті айқын көрінсе, екінші жағынан өзінің жеке басының дербестілігінің ынтасына қарай құқығын қорғау мақсатында дербестік пен тәуелділік сезімі пайда болады.

Психологтардың ойынша мектепке дейінгі жастағы балалардың өзара қатынастарының негізгі бет бейнесі, олардың достық қатынастарының сыртқы өмірлік жағдайлары мен кездейсоқ қызығушылықтарының бірігуіне сүйенуі ретінде қарастырылады. Құрдастарының берген бағасы өзіндік бағалаудың қалыптасуына негіз болмайды.

Жеке тұлға қалыптасуының жас ерекшелігі заңдылықтарының мәселелері бойынша алынған психологиялық зерттеулердің талдау жұмысы, ересектермен қарым-қатынас, жеке тұлға ретінде дамуының әр сатысына айырықша әсер ететінін көрсетеді. Осы үрдістің ерекшеліктері әр жасқа тән бала мен оны қоршаған ортасы арасындағы осы сатының дамуының әлеуметтік жағдайы деп аталатын өзіндік қатынасымен анықталады.

Бала дамуының алғашқы сатыларының өзінде-ақ, ересектермен қарым-қатынасында басқа адамдармен аралласқысы келе бастайды, олармен эмоциялық қатынасы қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балаларға жүргізілген зерттеу жұмыстарын балалардың айналасындағылармен қарым-қатынастарындағы жағымсыз ауытқулар, олардың алдындағы әлеуметтік тәжірибесінің ерекшеліктерінде жатқандығы анықталды. Мектепке дейінгі кезеңдегі балалардың әлеуметтік жағдайларының ерекшеліктері баланың оқу іс-әрекетіне енуінде байқалады. Баланың ересектермен қарым-қатынастарының өзі оқу іс-әрекеті арқылы жанамаланады.

Балалардың ересектермен аралласқысы келуінің қарқынды сипаты мектепке дейінгі кезеңдегі қарым-қатынастың дамуына тән ерекшеліктердің бірі болып табылады. Алайда адам баласының ой-санасы өсіп, ақыл-ойының кемелденуі үшін де тіршілік нәрі санаға отбасынан сіңеді. Қазақ ұғымында отбасы-өмірдің тұтқасы, үй ішінде от жағылатын ошақтың төңірегі, оттың маңайына таратқан жан балқытар жылуы. Сондықтан да ата-аналар сөз өнерінің жоғарыда аталғандай зор күшін ескере отырып, оның сыртқы ортамен дұрыс қарым-қатынас орната білуіне үлкен жауапкершілікпен қарау керектігін барлық жан-дүниесімен сезінуі қажет.

Бала тәрбиесіне балабақшадан гөрі отбасындағы тәрбиенің ықпалы басымдау екенін айта келе, оның ішінде шешендік өнердің тәрбиелік мәні зор депсендірткіміз келеді. Әсіресе кез-келген адаммен қарым-қатынасқа түсу үшін әрқашанда ана тілінің рөлі айрықша. Сондықтан да халқымыз «Ана сүті-бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді» деген сөзбен ана тілінің қадір-қасиетін, баланың дамуындағы оның маңызды рөлін айқын көрсетеді.

Демек, дұрыс жолға қойылған тәрбие жұмысы өсіп қалыптасып келе жатқан жеке бастың ішкі талпыныстарын, талабын, белсенділігін ынталандыру арқылы дұрыс бағыттай білсе, оның өз бетімен ізденіп жұмыс істеуіне, өзін-өзі толықтырып, жетілдіруіне жол ашылады. Өз алдына мақсат етіп қоя отырып, педагог-тәрбиеші балалардың санасына өз бетімен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеп жетілдіру, өз бетімен іздену қажеттіліктерін қалыптастырады.

Баланың белсенділігі іс-әрекеттің әр алуан түрлерінде көрінетіні психологияда дәлелденген. Өмір барысында қарым-қатынас, таным белсенділіктері, өзін-өзі жетілдіру мен қоршаған өмірді түрлендіру, өзгерту белсенділіктері дамиды. Кішкентай баланың өзі де белсенді түрде өмірдің жағдайларына бағынады. Ол өзінің талаптарын орындатқанда белсенді түрде, оны қоршаған адамдарға қатысты өз түзетулерін енгізеді. Ол адамдарға және заттарға деген өзіндік жеке тұлғалық қатынасын көрсетеді. Бұл қатынастар оның іс-әрекетінде жеке тұлғаның өзгешелігін жасай отырып пайда болады.

Қарым-қатынас – генетикалық түрде бала белсенділігінің ең алғашқы белгісі болып табылады. Адамның әлеуметтік тіршілік иесі ретіндегі ерекшеліктері осы қарым-қатынаста көрінеді. Онда адамдарға деген қарым-қатынастың алуан түрлі реңктері бар: ата-анаға, тәрбиешілерге, таныстарына, таныс емес адамдарға, құрдастарына, өзінен кішкентайларға, достарына. Бала өзіне дос таңдайды, ол адамдардың белгілі бір шеңберімен қарым-қатынас орнатуды көздейді және де басқаларға ықпал етеді. Ұжымда ол кейде ұйымдастырушы, кейде орындаушы рөлінде болады. Қарым-қатынас белсенділігі жеке тұлғаның ең маңызды жақтарының дамуына жағдай жасайды, олар – адамгершілік, қайырымдылық, қамқорлық, өзіүшін, адамдар алдындағы істері үшін жауапкершілік.

Әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі, өзіндік әрекет жасай алатын ортасы бар екенін ескере отырып, баланың білімге деген ынтасын арттыру, олардың ақыл-ой қабілетін, диалектикалық дүниетанымын, өмірлік мақсат-мүддесін айқындауға, жеке басының қасиеттерін дамытып оны қоғам талабына сай іске асыруға көмектесу мектепке дейінгі кезеңде үздіксіз оқу-тәрбие үрдісінің үлкен жемісі болып табылады.

Балалар өзара қарым-қатынас барысында:

- Адамдардың іс-әрекетінің, ұлттық салт-дәстүрлердің жақсы жақтарын аңғара алады, шындықты айтуға, жағымды ойлауға үйренеді;
- Өзара сыйластықты түсінуге қабілетті, айналасындағыларды ұнатып, жақсы көре біледі, жақсылық жасауға дайын, жақындарын қуантуға асығады;
- Сабырлы, салмақты болуға, тәрбиелі болуға, ойланып сөйлеуге үйренеді;
- Әдептілікке, ұқыптылыққа үйреніп, көмектесе біледі, қамқорлық жасай алады, үлкендерді құрметтей біледі;
- Өзгені ренжітпеуге тырысады, кешірімді болуға, барлық тіршілік иесіне сыйластықпен қарауға, аяушылық сезімін білдіріп отыруға үйретеді.

Сонымен қарым-қатынас дегеніміз- адамдардың дамуына, өмір сүруіне әсер ететін ең қажетті құбылыс. Ол оқыту үрдісінде, отбасында, кез-келген әлеуметтік ортада ойды дұрыс, түсінікті, анық, дәл, әсерлі әрі әдеби түрде тіл нормасын, тіл тазалығын сақтай отырып, жеткізе білу шеберлігін білдіреді.

Қолданылған әдебиеттер

1.Выготский Л.С. Собрание сочинений в 6-т томах.-М: Педагогика. Детская психология, 1984.

2.Давыдов В.В. Психология развития в младшем школьном возрасте. В кн: Возрастная педагогика и психология (под ред. А.В.Петровского 2-е изд.)-М: Просвещение,1979.-100с

3.Эльконин Д.Б. Психическое развитие в детских возрастах: Избранные психологические труда.-М., Воронеж, 1995.-416с

4.Рубинштейн С.Л. Проблемы общей психологии. Изд.2-е. Отв.ред.ЕС,Шорохова.-М.: Педагогика, 1976

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Бекниязова А.Е., Еркінқызы А.
№10 жалпы білім беретін орта мектебі

Сапалы білім – табысты болашақтың кепілі. Қазіргі кезде білім сапасын арттыруда цифрлық технологияларды қолданудың маңыздылығы өте жоғары. Оны қолдану және одан нәтиже шығару әрбір мұғалімнің кәсіби білімі, білігі және дағдысына тікелей байланысты. Бұл мақалада мұғалімдердің цифрлық білім беру мазмұны нақтыланды; цифрлық білім беру технологиялары бойынша мұғалімдер арасында сауалнама жүргізілді; қазіргі кездегі оқыту процесін ұйымдастыруда кең қолданыста жүрген цифрлық smart сервистер анықталды. Авторлардың пікірінше, жоғарыда көрсетілген цифрлық білім беру технологияларын қолдану, бұл сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз етуде, білім беру саласында бәсекелестікті арттыруда, адами капиталды дамытуда өте маңызды.

XX ғасырдың аяғында адамзат жаһандық трендке айналып отырған цифрлы революцияға қадам басты. Шетелдік сарапшылардың пікірінше, 2020 жылдан кейін жұмыс істейтін әрбір адамға цифрлық қоғамда өмір сүруі үшін цифрлық минимальды білім деңгейі қажет болады [1]. Тек білім беру үдерісінде ғана емес, барлық салада цифрлық сауаттылық жазу және оқу қабілеті сияқты үлкен сұранысқа ие болды.

Цифрлық сауаттылық дегеніміз – адамның күнделікті өмірде және қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білуі. Дербес компьютерді еркін қолдана білетін, оқыту процесінде пән бойынша электронды түрде орындайтын тапсырмалар жүйесі енгізілген электронды технологияларды қолдана алатын, өз ресурстарын жаңартып отыратын педагогтердің цифрлық сауаттылығы үлкен маңызға ие [2].

Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының (ЭЫДҰ) 16-65 жас аралығындағы ересектердің құзыреттілігін бағалау бағдарламасы PIAAC (The Programme for the International Assessment of Adult Competencies) нәтижесі бойынша Қазақстан оқу сауаттылығы бойынша 34-орын, математикалық сауаттылық бойынша 33-орын (39 ел арасында), ақпараттық-коммуникациялық технологиялар сауаттылығы бойынша 32-орын (36 ел арасында) иеленді. Сондай-ақ, цифрлық трансформация білім беру саласының жаңа мақсат-міндеттерін қалыптастырады. Атап айтар болсақ, Қазақстанның білімі мен ғылымының әлем мемлекеттері арасында бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жалпыадамзаттық құндылықтарды негізге ала отырып тұлғаны оқыту және тәрбиелеу, еліміздің экономикасының дамуына ғылымның қосар үлесін арттыру, педагогикалық білім беруді жаңғырту, білім беру ұйымдарын цифрлық инфрақұрылымен және қазіргі заманғы технологиялық жабдықтармен қамтамасыз ету **[3].**

2017 жылы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасы (ҚР) Үкіметі «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын бекітті. Бағдарламаның негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасы экономикасының дамуын жеделдету және цифрлық технологияларды қолдану нәтижесінде халықтың өмір сүру деңгейін арттыру, сонымен қатар Қазақстан экономикасын келешектің цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін жаңа даму траекториясына көшіру үшін жағдай жасау болса, бағдарлама білім беру саласы бойынша орта, техникалық, кәсіби, жоғары

білім беруде цифрлық сауаттылық деңгейін арттыру, халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру (даярлау, қайта даярлау) секілді міндеттерді көздейді. Бағдарлама бойынша 2022 жылға қарай халықтың цифрлық сауаттылық деңгейін – 83%-ға, интернетті пайдаланушылардың үлесін – 82,3%-ға көтеру жұмыстары жоспарланып, жүзеге асырылуда. Және бағдарламаны іске асырудың негізгі 5 бағыты бар. Соның бірі – «Адами капиталды дамыту» деп аталатын, жаңа білім экономикасын қамтитын креативті қоғам құру бағыты. Цифрландыру бағдарламасының іске асырылуына ҚР-ның барлық азаматтары ат салысады. Себебі, ол бүкіл салаға әсер етіп, халықтың өмір сүру сапасын одан әрі жақсартады. Цифрландырудың біздің өмірімізге енуі жаңа, озық, инновациялық технологиялардың енгізілуінен туындаған болатын. Бұл жаһандық тренд бойынша Жаңа Зеландия, Оңтүстік Корея, Қытай, Дания, Сингапур елдері көш бастаған болатын. БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы) арасында ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы индексі (ICT Development Index) рейтингінде 2016 жылы Қазақстан 175 мемлекет бойынша 52-орынды иеленді, бұл көрсеткішті 2022 жылға қарай – 30-шы, 2025 жылға қарай – 25-ші, 2050 жылға қарай – 15-ші орынға көтеруді мақсат етіп отырмыз. Бағдарлама негізінде білім беру жүйесіндегі нәтижелі өзгерістер:

- ең үздік әлемдік тәжірибелерге сай озық технологиялардың жаңартылуы;
- ақпаратты талдай алу, креативті ойлау дағдыларының қалыптасуы;
- робототехника және бағдарламалау негіздерін ерте жастан оқыту;
- цифрлық технологиялар бойынша педагогтердің біліктіліктерін арттыру (курстар ұйымдастыру);
- цифрлық білім беру ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- АКТ саласындағы білім беру бағдарламасының мазмұнын жаңарту және т.б.

Үшінші жаңғырудың мақсаты – Қазақстанның 2050 жылға қарай әлемдегі ең танымал мемлекеттер арасынан 30-орынға орнығуы [4].

Оқыту үдерісінде цифрлық білім беру технологияларын қолдану, яғни мультимедиалық оқыту бағдарламаларымен мұғалімдердің жұмыс жүргізу дағдыларын зерттеу мақсатында сауалнама жүргіздік. Сауалнамаға 50 мұғалім қатысты. Анықтау экспериментінің нәтижелері төмендегі 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Оқыту процесінде педагогтердің цифрлық технологияларды қолдану көрсеткіші

№	*Сұрақтың мазмұны (Төменде көрсетілген мультимедиалық оқыту бағдарламаларын қолдандыңыз ба?)*	*Жауап нұсқалары*
1	Kahoot	a) иә (82,5%); b) жоқ (17,5%).
2	Quizlet	a) иә (65%); b) жоқ (35%).
3	LearningApps	a) иә (64,1%); b) жоқ (35,9%).
4	Hot Potatoes	a) иә (32,5%); b) жоқ (67,5%).
5	iSpring	a) иә (43,6%); b) жоқ (56,4%).
6	Pixton	a) иә (27,5%); b) жоқ (72,5%).
7	ClassDojo	a) иә (20%); b) жоқ (80%).
8	Prezi	a) иә (66,7%); b) жоқ (33,3%).
9	Socrative	a) иә (17,9%); b) жоқ (82,1%).
10	No Hands	a) иә (20%); b) жоқ (80%).
11	Quizziz	a) иә (57,5%); b) жоқ (42,5%).
12	Easy Quizzy	a) иә (28,2%); b) жоқ (71,8%).
13	Powtoon	a) иә (30%); b) жоқ (70%).

14	StoryJumper	a) иә (12,5%); b) жоқ (87,5%).
15	VideoScribe	a) иә (22,5%); b) жоқ (77,5%).
16	Bandicam	a) иә (65%); b) жоқ (35%).
17	Plickers	a) иә (37,5%); b) жоқ (62,5%).
18	Emaze	a) иә (27,5%); b) жоқ (72,5%).
19	CamStudio	a) иә (57,5%); b) жоқ (42,5%).
20	Discord	a) иә (47,5%); b) жоқ (52,5%).
	Жоғарыда берілгендерден басқа тағы қандай заманауи технологияларды білесіз?	*Google қосымшалары, Padlet, PhET Interactive Simulations, Zoom, Moodle, Educandy, ProProfs және т.б.*

Қорытындылай келе, «Біз цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты», деп бағдар бергендей, егерде IT саласын дамытпасақ дамыған 30 елдің қатарына кіру өте қиын екендігін де айтып өтті [5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кусаинов, А.К. Технология и методика дистанционного обучения в Республике Казахстан / А.К. Кусаинов, А.А. Шарипбай // Профессиональное образование в России и за рубежом. Научно-образовательный журнал. – 2019. – № 2 (34). – 24 с.

2. Якунин, А.Ф. Информационно-коммуникационные технологии и цифровая грамотность педагога // Вестник Таганрогского института А.П.Чехова. – 2016. – №1. – С. 468-471.

3. **Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген.**

4. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы

5. Назарбаев, Н.Ә. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2017. – № 20. – Б. 1-3.

БАЛА ТІЛІН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Белан Ақмарал Нұрланқызы
«Ақбөбек» Никельтау балабақшасы

«Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл – ойдың қалыптасуы мүмкін емес» — дейді орыстың көрнекті қайраткері В.А Сухомлинский.

Балабақшадағы оқыту – тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйрегенен сөздерін күнделікті өмірде

еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс – әрекет кезіндегі тілдік қарым – қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен ойын жаттығуларын жүргізе отырып, олардың айналасындағы заттармен таныстырып, атын айта білуге, қасиеті мен сапасын, түр – түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсендітүрде тілдік қарым – қатынас жасай білуге үйретеміз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік ойын жаттығуларын дамыту ісінде: — балалардың сөздік қорларын дамыту: — жаңа іс – қимылдарын меңгерту: — үйренген сөздерін, іс –қимылдарын тиянақты, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет болып саналады. Осы аталған міндеттерді үнемі ойын жаттығулар жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отырамыз.

Балалар саусағын ойната отырып тілін дамыту.

Саусақ ойыны-бұл ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық.Саусақ ойыны саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын сахналау болып табылады.Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы,қабілеті дамып,ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады.Саусақтардың қозғалыс-қимылына қарап бала қуанады,шаттанады,сөзді айтуға тырысады.Сонымен бірге халық арасында кеңінен тарап жүрген”Қуырмаш”ойыны да саусақтардың нәзік қимылын жетілдіруге бағытталған.

Мысалы:”Моншақ”.

Қызыл сары,көк моншақ,

Мен жасаймын көп моншақ.

Мұнда қатар екі қолдың бас бармағы мен сұқ саусақтарының ұшын түйістіре отырып моншақ тәрізді бейнелейді.Ол өте балалар үшін қызықты әрекет,қол бұлшық етін дамытуға үлкен көмегін тигізеді.Сонымен қатар өзімен-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру:тиегін өзі салу,өзі ағыту,бауын байлау т.б.

Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев “Ойын ойнап,ән салмай,өсер бала бола ма?”-деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады.Ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына ықпал ететін тәрбие құралы.Балалар ойын арқылы тез тіл табысып,жақсы ұғысады,бірінен-бірі ептілікті үйренеді.Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру,ойнату әдісі деп қарамай олардың мінез -құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған.Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен,табиғатпен,адамдар еңбегімен,қарым-қатынастарымен танысады.

Атақты педагог В.А.Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда,”Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес”.

Ойын арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірімен ұштасып,өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады.

Күнделікті топта баланы ойынға қызықтыра отырып оқу-іс әрекеті кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру.Баланы өжеттілікке, шапшаңдылыққа, ептілікке, батылдыққа, байсалдыққа, тапқырлыққа үйретететін де ойын. Оқу іс-әркетінде қолданатын ойын түрлері мынандай топтарға бөлінеді.

Ойын түрлері:

-ұлттық ойындар.

-сюжетті рольді ойындар.

-шығармашылық ойындар.

-қимылды ойындар.

-дидактикалық ойындар.

Халық педагогикасында ойындар өте көп соның ішінде ең маңыздысы ұлттық ойын.Олар"Алақан соқпақ","Тақия тастамақ",т.б.Ұлттық ойындардың мазмұндық ерекшеліктері жағынан да мәнерлі әрі түсінікті."Арқан тартыс"."Асық ойнау"т.б.Мысалы,қазақ баласы біреуі ат болып қашады,біреуі құрық салады.

Сюжеттік ойындармен қатар рольді ойынның мазмұнын ажырату қажет.Ересектер іс-әрекетінен бала негізгі сәт деп көрсетсе,ойынның мазмұны.Әр түрлі жастағы бала сюжетті ойынға түрліше мазмұн береді.Мысалы:сәбилер түскі тамақ ішу ойынын ойнағанда қандайда бір қимылды қайталай отырып,нан тіледі,ботқа пісіреді,ыдыс-аяқ жуады.Мұнда ойын мазмұны тек қана заттар арқылы қимылдар көрсетіледі.

Қимылды ойындар балаларды еркіндікке тәрбилейді.

2.Бала тілін дидактикалық ойын арқылы дамыту.

Ойынның түрлері өте көп.Соның ішінде маңыздысы- дидактикалық ойын.Бұл ойынның пайдасы-баланың ой өрісін қалыптасуын,дамуын мақсат етіп қояды.Сондай-ақ балалардың адамгершілік сезімін оятуға,адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға тәрбиелейді.Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді.Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып,белсенділігін арттыру мақсатында орындалады.Дидактикалық ойынды тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін,тартымдылығын,белсенділігін баланың ынтасын күшейтеді.Ойын ойнаған кезде дидактикалық материалдар мен көрнекіліктерге жеке көңіл бөлу керек.Балалардың таным қабілетін,логикалық ой-өрісін кеңейтіп,сабаққа ынтасын арттыруда дидактикалық ойындарды ұтымды пайдаланудың маңызы өте зор.

Дидактикалық ойындардың мазмұны мыналарды қамтуы тиіс.Олар:

-Дидактикалық ойындар нақты,қысқа,қызықты болуы тиіс.

-Дидактикалық ойындардағы тапсырмалардың біртіндеп күрделену және ол ақыл-ой іс-әрекетінің тәсілдерін меңгеруге ықпал етуі қажет.

-Ойындардағы тапсырмалардың әртүрлі тәсілмен орындалуын қадағалау және оқытудың тәрбиелік ықпалын күшейтуге ықпақ етуі қажет.

-Дидактикалық ойын баланың жас ерекшелігіне сай,бағдарламадағы материалдарға,оның ішінде нақты сабақтың мазмұнына сай болып,тапсырма мәнін ашу керек.Дидактикалық ойындарда қолданылатын материалдар мен көрнекіліктер қарапайым болып,олардың жасалуы мен дайындалуы тез әрі жеңіл болуы шарт.

Тіл дамыту бойынша дидактикалық ойындарды мынандай топтарға жіктеуге болады.Олар:

Балалардың тілін дамытуға бағытталған дидактикалық ойындар: жаңылтпаштар,санамақ,"Қуыр-қуыр қуырмаш","Малдың төлін шақыру",т.б.

Балалардың тілін дамытуға байланысты сабақтарда жұмбақ ойындарды көбірек пайдалану өте тиімді.Баланың ой-өрісін кеңейтуге,өз бетімен ойланып,заттар мен құбылыстардың сипатталуына,баламасына қарай олардың атын табуға,сөздік қорын

молайтуға үлкен септігін тигізеді.Дидактикалық ойын арқылы ойлау,сөйлеу,қиялдау,тілін дамыту,сонымен қатар өз ойларын толық жеткізе білу,сауаттылығын ашу.

."Даусын сал",-ойын шарты:кубик арқылы ойнату бала кубикті лақтырып қандай жануар түссе сол жануардың дыбысын салады.Сол сияқты "Қимылын көрсет"-ойын шарты:айтылған заттардың қимылын көрсету мысалы:қоян,ұшақ,аю,бақа,т.б.

"Ғажайып қалта"-ойын шарты:қалтаның ішіндегі шыққан заттарды атау мысалы:алма,доп,мысық,орындық,т.б.

Қорыта келе айтқанда:

Ойын мектепке дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті.Ойын-балалар өмірінің нәрі,яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты.Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді,өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Бір сөзбен айтқанда,ойын баланың жан -жақты дамуын жетілдіретін,белсенділігін арттыратын,басқа адамдармен қарым-қатынасын реттеп,құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады.Ойын- бала үшін біліктіліктің қайнар көзі.Сондықтан, жас өрендер ойнай отырып ойлай білсін.

МУЗЫКАЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗЫ

Бердешова Улдай Сәменовна
Ақтөбе қаласы6 «Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы Орталығы» қосымша білім беретін педагог

Қазіргі кездегі тәрбиенің басты мақсаты ұлттық сана-сезімі оянған, мәдениетті, рухани ойлау дәрежесі биік, шығармашылықпен қызмет атқара алатын, қоршаған табиғи ортаға, әлеуметтік ортаға икемдеу, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру болып табылады. Өскелен ұрпаққа тәрбие беруде, бала бойына рухани байлықты дамытудың аса маңызды саласы – музыкалық өнер.

Музыканың адам өміріндегі мәні ерекше. "Ән жоқ жерде адам тірлігі де жоқ" деп Ю.Фучек өте тауып айтқан. Музыка адамды шаттыққа бөлеп, мұң-зарын сейілткен.

Музыкамен шұғылдану, музыкалық аспаптарда ойнау эстетикалық тәрбиенің басты элементтердің бірі болып табылады. Музыка тәрбиесі жастарға өнер құндылықтарын үйрете отырып, олардың бойына адамгершілік эстетикалық мәдениетті, көркемдік талғамды, ойлау қабілетін, шығармашылық қабілетті дамытады.

Музыкалық тәрбиенің ерекшелігі – аспапта ойнау арқылы сөзбен тіл жеткізіп айта алмайтын, адамның жан дүниесіндегі құбылыстарды сезімді дыбыс арқылы беруге мүмкіндік тудырады. Музыка адамзаттың рухани азығы, жан серігі, тілмен айтқызып жеткізе алмайтын ұшқыр қиялы, нәзік сезімі. Музыка өзінің көркемдігі және нәзіктігімен адам жанын баурап, олардың ақыл-ой, сана-сезімінің кеңейіп, жақсы мінез-құлықтарының қалыптасуына әсерін тигізеді. Өйткені, «музыка-жүрек тілі», яғни сезім, қобалжу, көңіл-күйдің тілі деп ұққан жөн. Музыканы тыңдау арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие берудің негізгі мақсаттары жүзеге асады. Сонымен бірге музыканы тыңдаумен септігін тигізетіні анық. Музыканы сезінген бала ол математика пәнін жетік меңгеріп жоғары көрсеткіш көрсететіні баршаға аян. Музыканы сезініп қана қоймай оны көз алдына елестете білген оқушы әдебиет пәндерін жетік меңгеретін болады.

Музыканы дұрыс түсініп тыңдай білуге тәрбиелеу арқылы оқушылардың ой-өрісін, сезімін, санасын, қиялын, талғамын жалпы өнерге деген сүйіспеншілігі мен мәдениеттілігін дамытамыз.

Жақсы ән мен сазды музыка – жан азығы. Әсем ырғақты, жан тербетер ән, сазды музыка тыңдаған адамның жүрегі жай тауып, рахат сезімге, ерекше қуанышты күйге бөленеді. Солардың арқасында қан айналу, зат алмасу процесі жақсарады. Музыка көңілді көтереді, қайғыны жеңілдетеді, бойды сергітеді, жанға жайлы эмоция тудырады.

Өнер жолына жас ұрпаққа білім берудегі мақсатым: домбыра аспабында ойнауды меңгерту арқылы, ноталық сауатын жетілдіріп, өз ұлтының тарихын, мәдениеті мен тілін, өнерін қастерлейтін және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылыққа ұштастыра білетін мәдениетті, өнерлі тұлға тәрбиелеу. Аспапта ойнап үйрену барысында оқушының есту, тыңдау, қабілеттері одан әрі дамып, оқушының ой толғанысы жанданып, жігерленеді, ой-қиялы өседі.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деп халық текке айтпаса керек. Сондықтан да білім беру саласында оқушылар жетістікті болу үшін сабақтарын қызықты да, әсерлі етіп, түрлендіріп өткізу мұғалімнен шығармашылық ізденісті, педагогикалық шеберлікті талап етері сөзсіз, білім беруде, ұстаз өз бойында бар білімін аянбай жұмсап оқушыларды рухани бай, адамгершілік қасиеті мол және шығармашылықпен жұмыс атқара алатын тұлға ретінде тәрбиелеу менің борышым деп білемін.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СЫНИ ОЙЛАУ НЕГІЗДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Бердигожина Аягоз Елемесовна,
Танірберген Қымбат Ардаққызы
Ақтөбе қаласы6 І.Есенберлин атындағы
№15 ОМ КММ бастауыш класс мұғалімдері

Республикамыздағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында өркениетке жетудің қайта жануы мен дамуының негізгі міндеттерінің бірі «жаңа құрылымдағы жаңаша көзқарас және ойлаудың шығармашылдық түріне ие болған адамды қалыптастыру» болып табылады

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдіс-тәсілдерін, технологияларын таңдауда көпнұсқалық қағидасы бекітілген, білім мекемелерінің педагогтарының өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық үрдісті кез келген үлгімен, тіпті авторлық үлгіменен құруға мүмкіндік береді.

Білім беру мәселесі (болашақ ұрпаққа не үйретіліп жатыр?) көптеген ғасырлар бойы теориялық, идеялық-саяси күрестің негізі болып келеді, себебі оның шешіміне халықтың мәдениет деңгейі дәрежесі, оның жақсы өмір сүруі, жастардың өздігінен өмір сүруге, еңбектенуге дайындығы дәрежесі тәуелді болады.

Бұл мәселе бүгінгі таңда да өзінің көкейкестілігін жойған жоқ. Бұл бағытта ойлау процесінің дамуы мен жаңаруы мәселесі де аса қажетті болып танылады, өйткені қоғамды жаңаша міндеттерді орындауға, халықтың шығармашылдық дайындығын, өзіндік сипатын дамытуға мән берілуге тиіс.

Мұнда жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың тұжырымдамасы баланы жан-жақты дамытумен бірге, жеке және жас ерекшеліктеріне қарай қоғамдағы өзгерістерге бейім даму мүмкіндігін айқындауды қарастырады. Осы мәселе бойынша оқыту проблемалы бағыттағы

шығармашылық сипатқа ие бола отырып, жаңа білімді іздену арқылы тәжірибеде қолдана білуге ықпал етеді.

Демек, 12-жылдық білім алуға көшуде де жас ұрпақтың ойлау дағдысының жаңа деңгейге көтерілгенін ескеру қажеттілігі байқалады. Қазіргі кезеңде ойлаудың кең тармақ жайған түрінің бірі ретінде сыни ойлаудың қалыптасуы да маңызды орын алады.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «...бастауыш сатыдағы оқу мен тәрбие оң уәжді қалыптастыруға және оқу қызметін білуге, оқу, жазу, санаудың берік дағдыларын үйренуге, тілдік қарым-қатынастың қарапайым тәжірибесіне, өзін-өзі шығармашылдық тұрғыдан таныта білуге, ... база жасайды»

Аталған тұжырымдамада болашақ ұрпақтың өзіндік, дербес ойлауын, шығармашылдық қасиеттерін қалыптастыру мен дамытуды бастауыш сатыдан іске асыруды құптайды. Кез келген мәліметке, дерекке жан-жақты тоқталу, құбылысты, затты, оқиғаны түрліше шешім арқылы қабылдау негіздері бастауыш сыныптарда қаланады. Бұл қасиеттер өз кезегінде сыни тұрғыдан ойлаудың негіздерімен тығыз байланысты.

Ата-бабаларымыздың «Тарих алдында басымызды иеміз, болашаққа қарай ұмтыламыз» секілді нақыл сөзінде де біздің зерттеу мәселеміздің негізі жатыр. Осы күнге дейін білім беру мен тәрбиелеу бойынша жинақталған тәжірибелер бүгінгі күнде де өз құндылығын жоймайды, бірақ қоғамда болып жатқан қазіргі жаңаша өзгерістер оқу-тәрбие процесін жаңаша бағыт алуын көздейді. Мұның арқасында біз өркениетті елдер қатарына қосыла алатындай қоғам бола аламыз. Бәсекелес елдер қатарына қосылмақ үшін тарихымызды ұмытпай, бәлкі оған жаңаша мағлұматтар қосылғанын қамтамасыз етуіміз керек.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында білім беру жүйесінің міндеттері ретінде «жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту..., жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байыту қажет» деп айтылады.

Біздің зерттеу жұмысымыз үшін психологиялық тұрғыдан ойлау процесі туралы Л.С.Выготский, П.Я.Гальперин, А.В.Запорожец, Л.М.Леонтьев, Б.Г.Ананьев, А.Р.Лурия, С.Л.Рубинштейн, Д.Н.Узнадзе еңбектері өте маңызды. Сонымен қатар, философиялық тұрғыдан А.Г.Спиркин, Д.П.Горский көзқарастарына сүйендік. Физиологиялық тұрғыдан М.Н.Сеченов, И.П.Павловтардың зерттеулері де елеулі орынға ие болды. Ал, тікелей сыни тұрғыдан ойлау мәселесі көптеген ғалымдар мен практиктердің жұмыстарында көрініс тапқан (Ж.Пиаже, Дж.Дьюи, А.Тягло, Т.С.Воропай, С.Тулмин, С.Мирсеитова, С.Бахишева, т.б.). Ойлау қабілетінің бастауышта оқыту мен тәрбие процесінде дамуын зерттеу мәселесі В.В.Давыдов, Ш.А.Амонашвили, Л.В.Занков еңбектерінде қарастырылады.

Өте маңызды жұмыстар жоғары сынып оқушыларының және студенттердің ойлауын қалыптастыру мәселелеріне тиесілі зерттелген (И.М.Карпенко, М.В.Кралина, Н.В.Миничкина, Н.В.Михалкович және т.б.). Болашақ мұғалімдердің ойлау процесінің құрылымы жайындағы зерттеу жұмыстары да біздің назарымызды алды (М.А.Голубева, Н.И.Подгорная, Н.Г.Хакимова, И.В.Богдашкина және т.б.).

Психологиялық зертеулерде тікелей ойлау процесінің түрлері бойынша жүргізілген жұмыстарда да бейнеленген (Г.Э.Белицкая, И.Л.Зиновьева, Е.В.Конева, Л.Г.Петрова және т.б.)

Оқыту мен тәрбиелеу тәжірибесінде жүргізілген зерттеулер нәтижесінде жалпы білім беретін мектептерде мұғалімдер оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау мәселелеріне аса көңіл бөлмейтіндігі анықталды. Олар басты назарды белгілі пән бойынша білім беруге қаратады. Сыни тұрғыдан ойлау мәселесі төңірегінде мақтан тұтар ұлттық тұлғаларымыз да өз пікірлерін айтып өткен болатын. Атап айтқанда, Әл Фараби, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов белгілі үлес қосқан.

Жоғарыда атап өтілген зерттеулердің құндылығын бағалай отырып, осы күнге дейін бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау негіздерін қалыптастыру мәселесіне қажетті назар аударылма ған. Дүниетану сабағында оқушылардың сыни ойлау дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік бағыттары жасалынбаған. Дүниетану сабағында бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау негіздерін қалыптастыру үшін арнайы құрылымдық қасиеттері мен әдіс-тәсілдері де қарасты рылмаған.

Оңтүстік Қазақстан облысының мектептерінің оқушыларын, мұғалімдерін, ата-аналарымен өткізілген сауалнамалар, әңгімелер нәтижесінде оқушылардың сыни ойлау дағдыларымен қаруланбағандығы анықталды. Оқу бағдарламаларын, күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды, күнделікті сабақ жоспарларын талдау, сабақтарға ену барысында сыни ойлауды қалыптастырудың оның құрылымдық кезеңдері, әдістемелік компоненттерінің ескерілмейтіндігі байқалды. Осылардың барлығы сыни тұрғыдан ойлау негіздерін қалыптастыруды зерттеуді және оның оқу-тәрбие процесінің сапасын жақсартуға үлесін тигізетінін дәлелдеуді қажет етті.

Бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау негіздерін қалыптастыру бойынша оқу-тәрбие процесін зерттеу, «Дүниетану» пәнінің оқу-әдістемелік кешенін талдау нәтижесінде оқушылардың сыни ойлау дағдыларын игермегендігі, сабақтың құрылымын, пайдаланатын әдіс-тәсілдерді қайта қарастыру арасындағы қарама-қайшылықты анықтауға мүмкіндік берді. Жоғарыда айтылғандардың негізінде біз осы қайшылықты шешудің нәтижесінде, нақтырақ айтқанда, оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларымен қаруландыру, сабақтың құрылымын өзгерту, арнайы әдіс-тәсілдерді пайдалану көкейкесті мәселе болып саналады.

Кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүниежүзілік қауымдастықты орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалылығы осы елдегі білім мен тәрбие беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы салаларда оқушылардың өздігінен жаңжақты ойлау деңгейіне келіп тіреледі. Бұл өз ретінде олардың сын тұрғысынан ойлау негіздерін қалыптастыру қажеттігін көрсетеді. Экономикалық тұрғыдан күшті дамыған елдердің тәжірибесі білім беру жүйесінде кез келген фактіге, құбылысқа, оқиғаға пікір білдіру арқылы жаңа материалды игерудің өте тиімді екендігі дәлелденіп отыр.

Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау негіздерімен қаруланғандығы пәнді оқып-меңгеру барысында жақсы нәтижелерге қол жеткізуі, сонымен қатар өзінің белсенді позициясын табуымен байланысты болады. Мұнда оқушылар өздігінен білім алуға деген қызығушылықтары арта түскендігі байқалады.

Зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелер бастауыш білім беру сатысында, атап айтқанда, бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелерінде, әдістемелік бірлестіктерде, оқу-әдістемелік құралдар дайындауда, бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау және қайта дайындау барысында кеңінен пайдалануы мүмкін.

Зерттеу перспективалары, біздің пікірімізше, бұдан да кеңірек бағыт алуды, яғни бастауыш сынып оқушыларының сыни тұрғыдан ойлау негіздерін тіптен бастауыш білім беру сатысында жүргізілетін барлық пәндер бойынша қалыптастырылуын зерттеуге жалғасуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Б. Қадірова. Оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытудың кейбір ғылыми-педагогикалық проблемалары. – Алматы, 2005.

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. //Астана хабары, 2004, 6 қаңтар

3. А. Құсайынов. Білім және реформа. //Егемен Қазақстан, 2002, 24 сәуір.

4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңынан. //Бастауыш мектеп, 2000, №6-7

ТӨҢКЕРІЛГЕН СЫНЫП» ОҚЫТУ МОДЕЛІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗБЕТІМЕН ЖҰМЫСТАНУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бермуханова Сая Айтмухамбетовна – педагог сарапшы
Рабаева Айгерим Шалкаровна – педагог зерттеуші
№10 ЖББОМ ағылшын тілі мұғалімдері

Қазіргі білім беруде білім алушыны пәндік біліммен қаруландырып қана қоймай, сондай-ақ оның бойына ынтымақтастық, көшбасшылық, әрдайым оқып үйренуге ұмтылу, командада жұмыс істеу сияқты дағдыларды сіңіре білудің маңыздылығын тәжірибе көрсетіп отыр.

Сондықтан біздің алдымызда білім үдерісінде білім алушыны тек білім тұтынушы ретінде емес, білімді өз бетімен тауып игеруге қабілетін қалыстастыратындай жаңа инновациялық технологияларды қолданудың қажеттілігі мәселесі туындады. Озық ойлы шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдер арасында танымал бола бастаған әдістеме-«төңкерілген сынып» немесе «flipped clarssroom» әдістемесі - аралас оқыту моделдерінің бірі. Оқушылар теорияны үйде оқып үйренеді, ал сыныпта жаттығу орындап, дағдыларын шыңдайды.

Білім алушылардың қабылдау қабілеттері әртүлі және уақыт мөлшері де сабақ үстінде шектеулі. Нәтижесінде қабылдауы «баяу » оқушы тез қабылдайтын оқушыға қарағанда сынып- сағаттық жүйеде білімді толық меңгере алмайды. Осындай себептер «баяу» қабылдайтын оқушыға ғана байланысты емес, кейбір оқушылар түрлі себептерге байланысты жаңа сабақты жіберіп алады. Мұндай түрлі себептер білім алушының толық, жүйелі білімді меңгере алмағандықтан, қызығушылығы азаяды. Шет тілі сабағында жаңа сөздер мен мәтінді, грамматикалық материалды тереңдетіп түсінуге уақыттың жеткіліксіздігі әсер етеді.

Жаңа материалды танысуды үй тапсырмасы ретінде беру арқылы білім алушыға бейне материалды өз қажеттілігіне қарай кез келген уақытта қарап, қайталауға мүмкіндік тудыру «төңкерілген сынып» технологиясы моделінің басты ерекшелігі болып табылады. Осы модель арқылы білім алушылар өз бетімен оқуға дағдыланады.

«Төңкерілген сынып» немесе «төңкерілген оқыту» моделі компьютерлік құрылғыларды мейлінше пайдалануға негізделген. Оның мәні білім алушылардың бейне материалды өз бетінше меңгеріп, дәстүрлі сабақта берілген тақырып бойынша жаттығу жасауына негізделген.

2006 жылы Колорадо штатында орта мектептің химия пәнінің мұғалімдері Джонатан Бергман мен Аарон Сэмс бос қалған (өтілмеген) сабақтардың орнын толтыру жолдарын анықтады. Олар бірлесіп отырып жазған «Flip your classrom» Reaching Every Student in Every Class Every Day» - «Өз сыныбыңызды төңкеріңіз: әр оқушыны әр сыныпта күнделікті оқытыңыз» кітабы «сыныпты төңкеру» туралы ойланып жүрген батыстық педагогтар үшін іргелі еңбек болды.

Джонатан Бергман мен Аарон Сэмс дәрістерін студенттер үй тапсырмасы ретінде көре алатын бейнероликтер түрінде жазып алып, сол арқылы тақырыпты меңгертуге болады деп шешті. Кейін мұғалімдер бұл форматты жаңа білім беру бағытына айналдыруға болады деген ойға келді. Бергман «2007 жылдың көктемінде Аарон маған Power Point бағдарламасында слайд-шоуды, соның ішінде дауыстық және кез келген мәтіндік жазбаларды жасауға мүмкіндік беретін бағдарламалық өнім туралы мақаланы көрсетті. Содан кейін барлық нәрсе желіде оңай таратылатын бейне файлға түрлендіріледі. Бұл біздің студенттерге оқуды жіберіп алмай, сабақтан қалуға мүмкіндік беретінін түсіндік! Біз студенттерге қолжетімді болуы үшін дәрістерімізді желіде жариялай бастадық. Шынымды айтсам, біз өзіміздің дәрістерімізді өзімшіл себептермен жазып алғанбыз. Сабақтан қалып қойған студенттермен қайталау

сабақтарын өткізуге негізсіз көп уақыт жұмсадық. Дәріс жазбалары біздің бірінші қорғану жолымыз әрі сәтті өніміміз болды», – дейді өз естелігінде.

Байқап қарасақ төңкерілген моделдің тиімді жақтары өте көп. Сабақ үстінде уақыт унемдеумен қатар, білім алушы жан- жақты ізденеді, білімін жетілдіреді. Сабаққа зейін қойып сабақ үдерісінде жаттығуды қызыға орындайды.

Мамандар төңкерілген моделдің бірнеше формасын ұсынған. Оларды атап өтетін болсақ

1.Стандартты төңкерілген сынып
2. Талқылауға бағытталған «төңкерілген» сынып
3. Үлестірмелі материалдарға бағытталған төңкерілген сынып
4. Жалған төңкерілген сынып
5. Топтық төңкерілген сынып
6. Виртуалды төңкерілген сынып
7. Төңкерілген мұғалім

Стандартты төңкерілген сыныпта білім алушы алдын ала үй тапсырмасын алады, ол – келесі сабақтың тақырыбына байланысты бейне дәрістерді көру және оқу материалдарын оқу. Сабақта олар үйренгендерін тәжірибеде қолданады, ал мұғалімдердің тақырыпты жаттықтыруға, бекітуге көбірек уақыты болады. Мектеп партасында отырып түрлі себептермен түсіне алмай қалған білімінің орнын толтыруға арналған стандартты төңкерілген сабақтың орны ерекше.

Қолданылған дебиеттер

1. Дильмагамбетов С.Н., Гумарова Ж.Ж., Бисеналиева З.Т., Ерназарова Ж.А., Ермуханбетова Н.Д. Командалық бағытталған оқыту әдісін (TBL) сабақта қолдану. http://elib.zkgmu.kz/xmlui/handle/123456789/42

2. Jonathan Bergmann and Aaron Sams. “Flipped Learning for Science Instruction”. – Arlington, Virginia. 2015. 4. https://theoryandpractice.ru/posts/4920-brayan-benn et-shkolniki-teper-samiotvechayut-za-svoe-obrazovanie (20.12.2017)

3. Жумабаев Р., Пайзов Е. «The flipped classroom» на уроках математики». «Білімді Ел» газеті. – Астана, 2016.

ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ И ПОИСКОВАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Берсеева Шынар Рахимовна,
Туремуратова Анара Рзабаевна
учителя русского языка и литьературы
КГУ «Лингвистическая школа-гимназия им. А.Байтұрсынұлы»

Процесс обновления содержания образования показал, что казахстанское образование на правильном пути. Время показало, что за небольшой период из стен школ вышло новое поколение учащихся: активных, энергичных, умеющих приспосабливаться к изменениям, стремящихся к познаниям и критически рассуждать, ценить и уважать свою национальную культуру и культуру других народов мира.

Традиционные методы обучения, в большинстве своём репродуктивны, рассчитаны на запоминание и воспроизведение знаний. Они не способствуют глубокому усвоению учебных дисциплин, не эффективны в развитии мотивации обучения. Необходимы новые педагогические технологии и подходы обучения.

Популярно и актуально на сегодняшний день проблемное обучение, в котором существует особый вид урока – урок-исследование. Основным подходом к обучению на уроках русского языка и литературы является исследовательская и поисковая деятельность. Исследование является необходимым элементом всестороннего развития учащегося. Сегодня актуальна фраза: «Кто владеет информацией, тот владеет миром». Пожалуй, в ней кроется главное понимание существующего опыта школьного обучения. Роль учителя на уроке состоит в стремлении приобщить детей к самостоятельному творчеству, навыкам общения, мышления, самодисциплины и самореализации.

Приобщать к исследовательской деятельности следует уже в младших классах. Суть такой работы состоит в отборе, сопоставлении и анализе изучаемого материала. В собственной практике мы уже несколько лет в качестве одного из способов активизации творческого потенциала личности внедряем исследовательский подход к обучению.

При организации обучения с применением исследовательского метода при изучении материала проводим урок-семинар, урок-исследование, урок-поиск.

Мы считаем, что урок-исследование способствует развитию одарённой личности. Он развивает у учащихся способность планировать и анализировать свою деятельность, работу с разнообразными источниками информации. Такие занятия помогают ученикам изменить стиль общения с одноклассниками, ощутить себя в новом качестве - первооткрывателя, исследователя. Всё это даёт возможность им развивать свои творческие способности, оценивать роль знаний и увидеть их применение на практике.

Только при чёткой организации и планировании деятельности под руководством учителя учащиеся смогут выполнить работу до конца.

Мы выделяем три этапа исследовательской работы:

-организационно-подготовительный;

-поисково-исследовательский;

-итоговый.

В качестве критериев учебно-исследовательской деятельности используются:

-актуальность темы исследования;

-умение использовать известные результаты и факты;

-владение автором научным аппаратом;

-собственные выводы автора и их обоснованность;

-практическая значимость исследования;

-чёткость выводов;

-грамотность выполнения исследования;

-ответы на вопросы в процессе защиты результатов исследования.

Исследовательская работа на уроках русского языка и литературы даёт возможность учащимся приобретать знания и опыт, побуждающие их участвовать в научных конференциях. Результаты: наши ученики - постоянные участники , победители и призёры городских, областных и республиканских научно-практических конференций. Так, в городском конкурсе исследовательских проектов на тему «А.С.Пушкин в нашем городе» ученики нашей школы заняли призовые места.

Принцип исследовательской деятельности заключается в том, что ученик, получая знания не в готовом виде, а добывая их сам, осознает при этом содержание и формы своей учебной деятельности, понимает и принимает систему ее норм, активно участвует в их совершенствовании, что способствует активному успешному формированию его общекультурных способностей.

Современный урок русского языка и литературы при использовании исследовательской деятельности должен включать следующие шесть основных этапов:

• мобилизация (предполагает включение учащихся в активную интеллектуальную деятельность);

• целеполагание (учащиеся самостоятельно формулируют цели урока по схеме «вспомнить → узнать → научиться»);

• осознание недостаточности имеющихся знаний (учитель способствует возникновению на уроке проблемной ситуации, в ходе анализа которой учащиеся понимают, что имеющихся знаний для ее решения недостаточно);

• коммуникация (поиск новых знаний в паре, в группе);

• взаимопроверка, взаимоконтроль;

• рефлексия (осознание учеником и воспроизведение в речи того, что нового он узнал и чему научился на уроке).

Главная цель учителя на уроке исследовании: организовать деятельность детей: по поиску и обработке информации; обобщению способов действия; постановке учебной задачи

Формулирование заданий для обучающихся (определение деятельности детей):

проанализируйте, докажите (объясните), сравните, выразите символом, создайте схему или модель, продолжите, обобщите (сделайте вывод), выберите решение или способ решения, исследуйте, оцените, измените, придумайте и т. д.

Основные этапы урока: самостоятельная деятельность обучающихся (более половины времени урока)

Взаимодействие с родителями обучающихся: информированность родителей обучающихся. Они имеют возможность участвовать в образовательном процессе.

Образовательная среда: создается обучающимися (дети изготавливают учебный материал, проводят презентации).

Примерные задания на уроке исследовании. Каждой группе раздаются каточки с заданиями:

Карточка № 1

Есть в осени первоначальной
Короткая, но дивная пора –
Весь день стоит как бы хрустальный,
И лучезарны вечера…
Ф.И.Тютчев

Карточка № 2

Ночевала тучка золотая
На груди утеса-великана;
Утром в путь она умчалась рано,
По лазури весело играя….
М.Ю. Лермонтов

Карточка № 3

ЗИМНЕЕ УТРО
Мороз и солнце; день …!
Еще ты дремлешь, друг … —
Пора, красавица, проснись:
Открой сомкнуты негой1 взоры
Навстречу северной Авроры2,
Звездою севера явись!
Вечор3, ты помнишь, вьюга злилась,
На … небе мгла носилась;
Луна, как бледное пятно,
Сквозь тучи … желтела,
И ты печальная сидела —
А нынче... погляди в окно:
Под голубыми небесами
… коврами,
Блестя на солнце, снег лежит;
… лес один чернеет,
И ель сквозь иней зеленеет,
И речка подо льдом блестит.
Вся комната … блеском
Озарена. … треском
Трещит затопленная печь.
… думать у лежанки.
Но знаешь: не велеть ли в санки
Кобылку бурую запречь?
Скользя по утреннему снегу,
Друг милый, предадимся бегу
Нетерпеливого коня
И навестим поля пустые,
Леса, недавно столь густые,
И берег, … для меня.
А.С.Пушкин

Слова для справок: чудесный, мутный, мрачный, веселый, прелестный, янтарный, приятно, милый, великолепные, прозрачный.

Нега1 – блаженство, наслаждение
Аврора2 - богиня утренней зари в древнегреческой мифологии, северная Аврора –зимнее утро
Вечор3 – вчера вечером
Цели для учащихся:
- сформулировать понятие «эпитет»;
- уметь подбирать эпитеты
Ход работы
Взять карточку №1
- прочитать фрагмент стихотворения
-Какие слова помогают поэту создать образ золотой осени и выразить свое отношение к ней?
-Какое значение имеют выделенные слова?
-Какими членами предложения являются выделенные слова?
-Какой частью речи выражены выделенные слова?
Взять карточку №2
-Выполнить задания по алгоритму заданий к первой карточке.
3. Подготовить сообщение на тему «Эпитет» по плану:

А) Эпитет - _____ _____.
(какое?) (член предложения)
Б) Отвечает на вопросы _____.
В) Эпитеты чаще всего выражены _____ , которое несет в себе (часть речи)
_____, _____, _____.
Г) Прочитать всю работу, сделать обобщение и вывод. Сформулировать понятие «эпитет».
Д***) Взять карточку № 3.*** Подобрать эпитеты. (Смотри слова для справок.)
Е) Сравнить со стихотворением «Зимнее утро» А. С. Пушкина. (Текст стихотворения в учебнике).
Ж) Прочитать всю работу, сделать обобщение и вывод. Сформулировать понятие «эпитет».
З) Сравнить свое определение «эпитет» с определением в словаре литературоведческих терминов.

Внедрение в практику преподавания русского языка и литературы исследовательской и поисковой деятельности обеспечивает включение каждого в учебный процесс, где через свою деятельность ученик сам открывает и приобретает новые знания.

КАК НАУЧИТЬ ОБУЧАЮЩИХСЯ ПИСАТЬ ЭССЕ НА АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ?

Биисова Г.И.
Актобе, Общеобразовательная средняя школа-гимназия №78

Эта статья вам расскажет о том , как написать эссе по английскому языку,

Какие бывают типы сочинений на английском языке. Во первых, что такое эссе? Эссе в английском языке- это короткое сочинение с определенной структурой , в котором вы выражаете свою точку зрения по заданной теме

Умение писать эссе предполагает довольно высокий уровень языка. Эссе на английском языке – это разновидность творческой работы. Существуют три вида эссе по английскому языку:

1. For and against essays
2. Point to consider
3. Opinion Essays

Структура эссе определяется предъявляемыми к нему требованиями:

1. мысли автора эссе по проблеме излагаются в форме кратких тезисов

2. мысль должна быть подкреплена доказательствами-поэтому за тезисом следует аргументы.

Аргументы – это факты, явления общественной жизни, события , жизненные ситуации и жизненный опыт , научные доказательства, ссылки на мнение ученных и др. Каждая мысль не должна звучать голословно. Подкрепите ее ярким примером или статистическими данными. Ваша письменная работа должна показать проверяющему , что вы знаете о чем пишите. What are the three main structures of an essay?

An essay consists of three basic parts:

1. Introduction .
2. Body.
3. Conclusion.

Правила написания эссе по английскому на отлично. Перед тем как написать по английскому языку , ознакомьтесь с некоторыми правилами. Эти простые рекомендации помогут вам написать успешно справиться с письменной работой. Перед подготовкой к экзамену читайте тексты на разные темы. Это поможет вам расширить кругозор и запомнить новые слова и фразы, которые вы сможете использовать в письменной работе на экзамене. Используйте слова-связки, разнообразную грамматику и лексику. Избегайте повторений слов, употребляйте синонимы и сложные грамматические конструкции. Используйте сложные конструкции и разные времена для выражения своих мыслей.

Useful phrases for writing essays:

The following is a list of phrases that can be used when writing an essay. Notice that they have a formal style and that they do not contain contraction.

Establishing the purpose of the essay (introduction)

This essay critically examine….

The paper will review the research conducted on…

The aim of this paper is to examine…

The essay seeks to…

Giving opinions starting facts

It is vitally important to….

I would like to point out that…

It is doubtful that…

Without a doubt…

It would be infinitely preferable to…

Giving somebody else's opinion

It has recently been suggested that…

According to Dr…

Giving examples

In the case of…

This is an example of…

For instance…

Presenting arguments in order

Firstly…

Secondly…

In addition to what has already been mentioned..

Summarising your opinion

In the end…

All in all,…

In conclusion,.

The other popular examples include: **Example**

My personal dream job is to work in the corporate world with a finance degree starting at the bottom and working my way up. The business field has always been something that has appealed to me since I started thinking of my future. To start off, I would need to complete four years of college, get a job, and go for an MBA, which would open up many doors. As with any other field, business requires dedication. To start, I would attend a university for four years to get a bachelor's degree. As with any other four degree, the first two years would consist of completing prerequisites followed by two years business coursework. During my last year, I would have an internship at a business firm, and once I get a degree my internship would hopefully lead to a full time job. After four of school, I hope to work for a respectable business firm. Here I can pick up skills that I will be able to incorporate in the real world. The first couple of years would probably consist of paying off student loans followed by anything else. With a few years of knowledge and experience, I plan to go to get an MBA since a bachelors in business doesn't really help you stand out among the thousands. (An MBA probably won't either but, at least it gets more respect in the business world than a bachelors.)

Getting an MBA requires another two years of school but unlike getting a bachelors, I would get the company I work for to help pay for classes. (I know this would work because my business ethics teacher in high school did the same thing.) Getting an MBA requires serious dedication and determination because unlike a bachelors, an MBA is about 50 to 60 credits in two years, whereas a bachelors is about 80 in four. After I get an MBA, I would like to move up the corporate ladder. Starting as an intern, to employee, to a position that actually has more to do than push paper. Something challenging that would require street as well as book skills. In this way, I can combine what I know to come...

Итого в эссе по английскому языку должно быть пять абзацев. Заключение (общий вывод) подтверждает тезис автора обобщая систему аргументации и контраргументации, показывая ее очевидность, дает ответ на вопрос почему тезис автора является истинным. Обучающийся высказывает свое мнение снова, используя наиболее сильные и обобщающие аргументы. Они не должны повторять аргументы из второго параграфа, но и не должны конфликтовать с заявленным мнением. Именно заключение, как считают многие преподаватели, показывает степень владения материалом и вдумчивое рассмотрение вопроса. Оно составляет 15-20 процентов от объема всего сочинения, когда введению отдается 8 процентов.

Literature:

1. Easy Learning English Vocabulary (Collins Easy Learning English). Panny Hands and others. Издания: 2011 г. http://neb.arsu.kz/view?rid=4639&fid=4626

2. Basic English - The Easy Way (With Answer Keys) DONALD P. DENTON Издания: BRONXVILLE, NEW YORK 2011 г. http://neb.arsu.kz/view?rid=4904&fid=4891

3. Слово силы Вебстера Лучшая грамматика английского языка. Бетти Киркпатрик. Издания: GeddesGrosset 2014 г. http://neb.arsu.kz/view?rid=4688&fid=4676

4. Liveworksheets: interactive online exercises with self-correction https://www.liveworksheets.com/
5.The easy way to create your own teaching resources.https://wordwall.net/

УЧИТЕЛЬ – КАК ДУХОВНЫЙ АРХИТЕКТОР МОЛОДОГО ПОКОЛЕНИЯ

Биржанов Рустам Айтуганович
Хромтауская школа –гимназия №7 (с пришкольным интернатом)

С времен первых разумных людей и до сегодняшнего дня, для молодого поколения личный пример наставника, учителя является главным примером в воспитаний. В век развитых технологий , инновации, когда существуют виртуальные миры, кажется что роль учителя намного завышена. Ведь ученик может в один «клик» найти всю необходимою информацию в социальных сетях. Возможно, что всемирная паутина как источник информаций подменяет роль учителя, но она не дает чувства «живого общения», возможности получения индивидуального воспитания и обучения присущего каждому учителю. Нет абсолютно одинаковых двух учителей, в каждом наставнике свои личные особенности обучения, воспитания, особенности характера и т.д. Успехи ученика напрямую зависят от способностей учителя. Поэтому говоря о хорошем ученике, говорят что у него был хороший наставник.С эпохи Гомера мы знаем о менторе сына Одиссея, который оказал большое влияние на становление личности Телемаха. [1]

Согласен с теми , кто говорит о необходимости не только обучения, но и воспитания молодого поколения. Именно хорошее воспитание, привитие с детства общечеловеческих ценностей делает каждого молодого человека достойным гражданином нашего общества. «Что посеешь, то и пожнешь»-говорят в основном аграрий. От качества семенного фонда зависит напрямую будущий урожай. Данный пример как нельзя хорошо подходит и для воспитания молодого поколения. В качестве аграриев выступают духовные архитекторы человеческих судеб и душ-Учителя . Труд этих людей нельзя заметить сразу, или в конце «уборочный страды». Его можно заметить по положительным изменениям во всех сферах жизни нашего общества спустя десятилетия. Этот «урожай» успешного поколения даст лучшие результаты в тех делах куда они приложат свои умы и труды. А насколько будет «успешным» молодое поколение, напрямую зависит от личностного фактора учителей-менторов. В качестве доказательств своих суждении о воспитании молодого поколения, хочу привести в пример педагогическую практику известного советского учителя –Антон Семеновича Макаренко. Он осуществил беспримерный в практике опыт массового перевоспитания детей – беспризорников.[2] Спустя десятилетия многие его так называемые «трудные» воспитанники стали выдающимися людьми своего времени. Некоторые его ученики, стали директорами школ и на основе «системы Макаренко» воспитали и вырастили тысячи достойных граждан. Многие его педагогические приемы и методы актуальны и поныне. Учитывая его заслуги в этой сфере, он признан мировым сообществом одним из четырех педагогов ЮНЕСКО, его систему до сих пор изучают в Германий. Центральную роль в системе Макаренко, на мой субъективный взгляд играла его личная харизма и его личной пример как наставника. Оттого как учитель осознает значимость своей роли как духовного архитектора перед молодым поколением, зависит правильность воспитания и обучения «целой волны человеческий судеб». Закончить свои мысли хочу пословицей адресованной всем Учителям: «Душу и сердце в работу вложи, каждой секундой в труде дорожи».

Список использованной литературы:
1. «Одиссея» https://ru.wikipedia.org/wiki/
2. Педагогическая поэма. А.С Макаренко https://clck.ru/gjx2v

ЖАҢАША ОҚЫТУ-ЗАМАН ТАЛАБЫ

Биржанова Алтынай Кубайдолловна
Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы
«Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасы тәрбиешісі

«Білім-адам баласының ортақ қазынасы.»
Жүсіп Баласағұни

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы.

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістерді енгізуді талап етіп отыр.

Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек ешқашан қателеспейміз. Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналды. Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі – өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Егемен еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, қазіргі заманға сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – білімді, жан-жақты тәрбиешілердің еншісінде. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр. Балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолдануға ізденеміз. Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану үздіксіз тәрбие беру мен білім сапасын арттырады. Осыған орай, әрбір тәрбиеші барлық жаңалықтар мен әдістерден хабардар болып, оқыту түрлерін, әдіс-тәсілдері мен құралдарын жетілдіріп, оларды тиімді қолдану жолдарын іздестіріп, өз кәсібін шығармашылықпен дамытып отыру қажеттілігі заман талабынан өз-өзінен туындап отыр. Алғашқы күннен бастап тобыма ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыра бастадым. Бұл менің балабақша табалдырығын жаңа ғана аттаған кішкентай балаларым үшін аса қажет болды. Балалармен қарым-қатынасым өзгеше сипат алды, аз уақытта олардың жүрегінен жол тауып, бауыр басып кеткенімді өзім де байқамай қалдым. Өздерін топта еркін ұстауларына, өзара көмектесуге мүмкіндік жасап келемін. Оқу қызметінде жұптық, топтық жұмыстар жүргізу үшін балалардың ынтымақтаса жұмыс жасаулары маңызды нәрсе. Өйткені олар топта ынтымақтаса білмесе оқу қызметіндегі тапсырманы орындау да қиынға соғатыны белгілі. Сондықтан балалармен бірігіп топта жұмыс жасаудың ережелерін құрып, әр оқу қызметімде сол ережелер еске түсіріліп отырады. Осындай ынтымақтастықтың арқасында оқу қызметерінде де балалар бірлесе жұмыс жасап, өз ойларын жасқанбай айта білді және оқу қызметінде белсенділік

көрсетеді. Мен өз оқу қызметімде бұрын пайдаланбаған, балалардың өзін-өзі бағалауы мен балалардың жауаптарына «дұрыс емес» деген ұғымды қолданбау, рольдік ойындарын өз оқу қызметіме енгізу, балалардың жаңа оқу қызметімді өз беттерімен түсіндірулеріне жағдай жасау, тобым кішкентай болса да тәуекелге бел будым. Бұндай жұмыстар оқу қызметінен орын алды деуге болады. Сондықтан бүгінгі оқу қызметтерімде баланың жан-жақты дамуыларына жағдай жасап , олармен тығыз қарым-қатынас орната отырып, оларға дайын білімді беруден гөрі, пәнді терең түсіну қабілетін дамытып алған білімдерін топтан тыс жерде , кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз етуді көздедім. Әр оқу қызметімде баланың жан дүниесіне үнілуге тырысудамын. Осы мақсатта жоспарымды жоспарлап, балалардың жас ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып жаңа әдістерді балаларымның жас ерекшеліктерін ескере отырып өз оқу қызметімде тиімді тәсілдерді таңдап алдым. Оқу қызметімде өзім емес ,балалардың сөйлеулеріне мән беремін. Осыған орай әр оқу қызметімді бұрынғыдай өзім ғана жетекші емес балалармен бірлесе отырып әрекет етуге, тапсырмаларды бірлесіп шешуге, олардың әрқайсының пікірін тыңдап дұрыс жауаптарына « жарайсың», «тамаша орындапсын», ал жіберген қателіктеріне «тағы ойланып көрші», «сенің қолыннан келеді» деген сөздер арқылы кері байланыс орнатып отыратын болдым. Мысалы бұрынғы оқу қызметтерімде балалардың жұмысын өзім ғана бағаласам, қазір достарына бағалатып, «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» айту немесе «Басбармақ», «Бір қадам» «Үш шапалақ» әдістері арқылы өздерін бағалауды ұсыну т б. жаңа бағалау әдістерін енгіздім.Бір- бірін бағалауға жағдай тудыру білімді өз беттерімен игеру үшін топтық, жұптық жұмыстар, шынымен де балаларыма көптеген өзгерістердің әкелгені рас. Осындай оқыту мен оқытудағы өзгерістер топта барлық балаларды сабаққа тарту, олардың қызығушылығын арттыруда ,білімді терең менгеруге жол ашатындығын атап айтқым келеді. Бұрынғы дәстүрлі сабақтарымда тек үлгерімі жоғары балалар ғана сабақта белсенділік көрсетіп, көп балаларым сабаққа қатынаспай отыратын еді. Ал қазір жоғарыда атап көрсеткен жаңа тәсілдегі өткізілген сабақтарда бұрынғы тұйық, көп сөйлемейтін, қабілеті төмен деген балаларымның белсенділігінін сәл де болса артқандығын байқадым. Сондықтан да өткізген сабақтарымды түрлендіріп отыруға, одан да қызықты етіп өткізуге тырысудамын.. Қазіргі кезде ақпараттық –коммуникациялық технологиялардың ғарыштап дамыған сәті. Сол себепті оқу қызметтерімде АКТ-ны қолдану арқылы слайдтар жасауда, электронды оқулықтарды қолданып, бейнероликтер көрсетемін. Тақтадан көрген бейнероликтерін балалар бір-бірімен талқылау барысында ойларын ашық айтуды үйреніп, оқу қызметіме белсенділікпен қатысады. Себебі қазіргі заман балаларының берілген ақпаратты тез қабылдауынан, есте сақтау қабілеттері жоғары дамығандығын байқауға болады. Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілері. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі технологиялары енгізілуде. Мәселен, ойын арқылы оқыту,өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту,психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан-дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді.Мектепке дейінгі шақ адам өміріндегі ең маңызды кезең болып келеді. Өйткені осы кезде баланың бойындағы табиғи бар дарындылық жан-жақты дами бастайды. Сондықтан осы шақта балалармен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әрекеттер жүйелі жүргізілсе, жұмыс соншалықты нәтижелі болады. Тәрбиелі, білімді ұрпақ балабақшадан мектепке дайын шәкірт болып шығады.

Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы іспеттес. Мұндағы тәрбие мен білім балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте жастан дамытады. Бала – болашағымыз, бала – қуанышымыз. Ендеше мектепке дейінгі үздіксіз тәрбиемен, біліммен қамту өзімнің басты мақсаттарымның бірі екенін қуана айта аламын.

Қолданылған әдебиеттер:
1. «Отбасы және балабақша» журналы
2. «Отбасы және балабақша» журналы
3. «Бала мен балабақша» журналы
4. «Ақтөбе Ұстаз» газеті

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Бисалиева Каламкас Жаксылыковна
Санаториялық түрдегі ясли балабақшасы «Жұлдыз» тәрбиешісі

XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технологиялық бағытты дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды деп дана халқымыз бекерден бекер айтпаса керек.

Қазіргі таңда еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты-ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу.

«Инновациялық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан жаңа міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында баланың дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды».

Қазіргі кезеңде білім ғылым саласында инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Сондықтан мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр.

Жаңа заман баласы ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет. Әрине, ол үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуында педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Яғни, инновациялық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті. Қоғамдағы қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру - басты мәселенің бірі. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі технологиялары жасалып енгізілуде. Білім беру жүйесінде инновациялық технологияны қолдану келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау әрбір педагогтың міндеті болып табылады. Білім беру жүйесінде қолданылып жүрген инновациялық технологиялар: ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, тірек

сигналдары арқылы оқыту, дамыта оқыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, бағдарламалап оқыту, деңгейлеп оқыту т.б.

Білім берудің алғашқы деңгейлері балабақшадан басталмақ. Мақсаты - мектепке дейінгі білім балалардың білім алуына бірдей бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Кез келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді. Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың бірнеше түріне тоқталайық.

Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын - балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады.

Дамыта оқыту технологиясы - баланы оқыта отырып, дамыту. Бала бойында еркіндік, мақстакерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік т.б. қасиеттер дамыту.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар, мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі-мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс-әрекеттерін бастар алдында жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал, мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланар еді.

Бала бақша баласына мультимедиялық оқулықтар біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден, зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге мүмкіндік алады. Мультимедиялық оқулықтар балабақшада балаларға арналған таптырмас құрал болып табылады. Өйткені, балалардың зейіні әр түрлі әдемі түстерге, ойыншықтарға, әдемі суреттерге, әсемдікке әуес болады.

Мультимедиялық электронды оқулықтар бала үшін де, тәрбиеші үшін де күнде дамытылып отыратын анық түрдегі әдістемелік жүйе болып табылады.

Мектепке дейінгі мекемелерде ақпараттық қатынастық технология құралдарын қолданудағы мақсаты - баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Балада танымдық қызығушылықтың болуы олардың оқу іс-әрекеттерге белсенді, білімінің сапалы болуына, жағымды мінез құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Заман талаптарына сай мектепке дейінгі мекемелерде АКТ оқыту процесінде кенінен пайдаланады. Түрлі танымдық салаларына арнаулы компьютерлік бағдарламалар құрылуда. Баланың жас ерекшелігіне және пайдаланатын компьютерлік бағдарламаларға сай интерактивті тақта ойындағы баланың оппоненті, бағдарлаушы (әңгімелеуші), жаттықтырушы, емтихан қабылдаушы болуы мүмкін.

Оқытуда балалардың түрлі психикалық функцияларын дамытуға араналған пайдаланатын компьютерлік құралдар бар: олар көру, есту арқылы қабылдау, зейін, есте сақтау, логикалық ойлау, т.б.

Интерактивті тақтаның жетістіктерінің кіші жастағы балаларда оқуға, жаңа білім алуға деген құштарлық туғызады. Интерактивті тақта ақпаратты кеңінен ұсыну құралы болып келеді

және баланың мотивациясын күшейтеді. Мультимедиалық технологияларды пайдалану арқылы (түс, графика, дыбыс, замануи видеотехникалық құралдар) түрлі жағдайлар мен ортаны моделдеуге болады. Мультимедиалық бағдарламаларға еңгізілген ойын компоненттері үйренушінің таңымдық әрекетін белсендіреді және материалды ұғынуды күшейтеді. Оқытуда пайдаланатын интерактивті құралдар: тақта, компьютерлер балаларды диагностикалауда жақсы көмекші болып келеді:

Ақпараттық мәдениетке бейімдеу – ол тек ғана компьютерлік суаттылық емес, соңымен қатар этикалық, эстетикалық және интеллектуальдық сезімін меңгеруі болып табылады. Балалардың оңай түрде түрлі электронды, компьютерлік жаңалықтармен жұмыстана білу тәсілдерін меңгеруі сөзсіз. Бала бір минутта 1 мыңға дейін шартты бірлік ақпаратты қабылдап өндей алады, ал көру органдары «қосылғанда» 100 мың шартты бірлік ақпаратты қабылды деген эксперимент арқылы дәлелденген. Мектепке дейінгі ересек жастағы балада ырықсыз зейіні жақсы дамығаны белгілі, бірақ балаға ақпарат қызықты, көрнекілік болғанда зейіні жинақталатыны, жағымды эмоциялар туғызатыны да белгілі. Компьютерді біріккен және өзбетімен әрекеттенуде қолдану баланың мотивациясын көтеру және оқуға деген жекелендіруінің бір тиімді тәсілі болып келеді, шығармашылық қабілеттерін дамытады және жағымды эмоциялық фон туғызады. Осыдан АКТ-ні оқытуда пайдаланудың тиімділігі көрінеді.Мектепке дейінгі мекемелерде АКТ пайдалану балаларда қоршаған ортаның ақпарат ағымын бағдарлай білу дағдыларын дамытуға, ақпаратпен жұмыстанудың практикалық тәсілдерін меңгеруге көмектеседі, заманауи техникалық құралдар арқылы ақпаратпен бөлісу дағдыларын дамытады.Оқу іс-әрекеттерінде АКТ пайдалану түсіндірмелі-иллюстративтік оқыту тәсілінен гөрі әрекет жасауға көшу мүмкіндігін береді, бала педагогикалық ықпалдың пассивті обьектісі емес, белсенді субьекті болады. Осы, мектепке дейінгі балаларды саналы білім алуға әкеледі.

Бұл технологияның негізгі мақсаты-баланы азамат етіп тәрбиелеу, олардың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату.

Қорытындылай келетін болсақ, аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.

Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Жаңашыл тәрбиеші даярлауға қойылатын талаптар студенттерді оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларын игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бисеналина Дамегуль Нагиевна,
№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы, Ақтөбе қаласы

Қазіргі білім берудің мақсаты білім, білік, дағдымен қаруландыру ғана емес, солардың негізінде дербес, өзгермелі қоғамда лайықты өмір сүріп, жұмыс жасай алатын, ақпаратты өзі іздеп тауып, ұтымды пайдалана алатын, мәдениетті қарым-қатынасқа түсе алатын тұлғаны қалыптастыруды талап етіп отыр.

Мектепке жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылығы жеке тұлғаның маңызды білімді меңгеру түрі, шығармашылық әрекеті мен белсенді ынталандырушысы болып саналады. Сонымен бірге, танымдық қызығушылық сезімін оятуға, өздігінен ізденуге үйретеді. Әсіресе, танымдық қызығушылықтың мәні ерекше, ол мектеп жасына дейінгі балаларға тән. Өйткені, таным-білімнің, оның заңдылықтары мен әдістерін, тәсілдерін меңгеру осы шақта қалыптасады.

Мектепке дейінгі шақта баланың интеллектуалды дамуының іргетасы, оқу әрекеті қалыптауының алғашқы кезеңі. Сондай-ақ, баланың жеке тұлғасы мен оның ағзасының одан әрі дамуын айқындайтын өте маңызды кезеңдерінің бірі. Бұл жастағы балалардың маңызды ерекшеліктері олардың айналадағы өміріне адамдарға, оқиғаларға, табиғат заттары мен құбылыстарына, деректерге қызығушылық танытуы болып келеді. Танымдық қызығушылықтың қалыптасуы балалардың жалпы дамуының көрсеткішіне байланысты. Өйткені, адам есейген сайын оның танымдық қызығуышылығы да толысып, жетіледі.Әрбір кезеңдегі адам жасына тән танымдық қызығушылықтың өзіндік мазмұндық сипаты, ерекшеліктері болады.

Танымдық қызығушылық педагогиканың категориясы ретінде баланы білім беру үдерісінің субьектісіне айналдырады, оның жағымды аясын құруына түрткі болады, оқу-тәрбие үдерісіндегі тәрбиешінің алға қойған мақсатын түсінуге және оны қабылдауға көмектеседі. Қызығушылықтың пайда болуының басты шарты өзін-өзі және қоршаған дүниені танып білудегі, әрекетке тұлға ретінде қатысқандығы пайда болатын белсенділігі болып табылады.

Г.И.Щукинаның зерделеуі бойынша балалардың танымдық қажеттіліктерін қалыптастыратын ықпалды жолдар, танымдық қажеттілікті ынталанырудың негізгі көзі, оқу материалдарының мазмұны, балаға әкелетін алдағы ақпараттардың белгісіздігі, таңқаларлық сезімдерді оятатын, айқын құбылыстарға жаңаша қарауға мүмкіндік беретін, білімді жаңа өлшемдерді ашатын материалдар тұрғысында негізделеді. Яғни, танымдық қызығушылықтың негізі ойлау процесі болып табылады. Бала күн сайын жаңа құбылыстармен, заттармен кезігеді, айналадағы өмірді бақылап, өздігінен түсініп қорытынды жасағысы келеді. Бірақ үлкендердің басшылығынсыз, өздігінен игерген білім мен түсініктері жүйесіз, кейде таяз, қате болады. Сол себептен педагогтың міндеті- баланың білім қорының бірізді молаюына, бірте-бірте ретпен, жүйелі жинақталуына көмектесу. Балалардың жас, дара ерекшеліктеріне сәйкес, танымдық қызығушылықтың алғашқы көзі болатын зейінін дамыту, ойынға, ойыншыққа, түрлі-түсті бейнеге, көрнекілікке, дыбысқа аудара отырып, оны қызықтыру, тарту. Сондықтан да бұл жаста балалар өте әсершіл, эмоционалды, көңіл-күйлері аумалы-төкпелі келеді. Оларға қоршаған ортадағы табиғат, барлық заттар, құбылыстар, іс-әрекеттердің бәрі де ықпал етеді. Бала қоршаған ортаны тани отырып, оның білім-білігі, дүниетанымы кеңейе түседі. Баланың шығармашылығы мен ой-қиялы түрлі қызықтар мен шексіз сұрақтарға толы. Ой-қиял тек адамға ғана тән қасиет. Жаңа бейнелерді ойдан шығару, оларды тіршілікпен байланыстыруда үлкен шеберлікті қажет етеді. Баланың ой-қиялын сәби кезінен сенсорлық іс-әрекеттер мен сезім арқылы дамытқан дұрыс. Осы кезеңнен бастап ой-қиялын дамытпасақ, шығармашылық және қиялдау қабілеттері төмендейді. Мектеп алды кезеңнің алғашқы жартысында бала тыңдалған көркем шығармадан еріксіз әсер алу нәтижесінде репродуктивті қиялға ие болады. Эмоцияның негізінде қиялдан туған образдар шынайы бола бастайды. Демек, бала алған әсерін, қызығушылығын оятқан тұстарын эмоция тарапынан жүзеге асырады. Бұл жастағы балаға іс-әрекеттің шешімі емес, процестің өзі маңызды. Сондықтан да баланың әр қызығушылығын, іс-әрекетін, белсенділігін қолдап, демеп отыру керек. Нәтижеге жету, жетпеуіне қарамастан, талабын, сұранысын жүзеге асуына көмек беріп, өз бетінше әрекет етуіне мүмкіндік беру қажет.

Мектеп жасына дейінгі баланың ой-қиялының шексіздігі өмірді эмоциялық тұрғыдан қабылдаумен байланысты. Әсершіл балалар ойдан құрастырылған кейбір әңгімелердің жемісін жан-дүниесімен, тәнімен қабылдайды. Мұндай балалар өте белсенді болады. Олар кез-келген уақытта өзін қызықтыра алады. Көппен ойнағанда да ойыншық жетіспесе, қажетті ойыншықтың орнына басқа бір затты ермек ете алады. Сондықтан осы тектес балалар қандайда бір іс-шаралардың туған күндер, мерекелік іс-шаралар, сахналық көріністердің ұйымдастырушысы бола алады. Олар мұңаймайды, қиын сәтте саспайды, әркез әр істің амалын табады. Қиялдың баланың психолгиялық дамуында алатын орны ерекше. Қиял арқылы бала қоршаған ортаны танып біледі, жеке тұлға болып қалыптасуына әсер етеді. Қиялдан туған рөлдерді балалар ойнау арқылы түрлі жағдайларды шешуге, өзінің құрдастары мен үлкендер арасындағы қарым-қатынасын орнатуға мүмкіндік береді.

Бүкіл өмірді танып білу мүмкін емес. Дегенмен, баланың ой-қиялын ұштай отырып, психологиялық тұрғыдан болашақта өзін-өзі қорғай алуға, қорқынышты жеңуге және болашақта өз проблемаларын шешуге бейімдейміз.

Қиялды дамытуға арналған жаттығулар:

-Балалар музыка тыңдайды. Тыңдап болғаннан кейін тыңдалған әуенге, туындыға лайықты ойыншықтар немесе иллюстрация таңдайды.

-Балалар шеңбер жасап, ал тәрбиеші сол шеңбердің дәл ортасында доппен тұрады. Ол бір сұрақты әуенмен әндетіп, шеңбер жасап тұрған кез-келген бір балаға тастайды. Допты тосып алған бала берілген сұрақтың жауабын дәл сондай әуенмен айтады.

Оқыту жолдарының көптүрлілігі, олардың бірте-бірте жетілуі педагогтар алдында тиімді жолдарды анықтап, қолдану керектігі туралы күрделі мәселе қояды. Сондықтан әр тәрбиешіге сапалы білім беру үшін көп ізденуге, жаңаша ізденуге тура келеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1.Бұзаубақова К.Ж. Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу: жаңа стандарт, жаңа бағдарлама, жаңа технологиялар. –Тараз,2011.

2.Тұрынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиясы, -Алматы,2000.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бисенбаева Рысгүл Тажибаевна
№8 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Әрбір уақыт кезеңінде адамдардың ақыл-ойы мен көзқарасы өзгеріп отыратыны-заңды құбылыс. Қоғамдық қарым-қатынастардың өзгеруі,жаңа білімнің жинақталуы,өндірістің жетілдірілуі, әлеуметтік прогресс педагог қызметінің мазмұндық сипатына да тікелей ықпал етеді.

Кез келген елдің болашағы білім беру жүйесінің және зиялылар қауымының деңгейіне байланысты болғандықтан, Қазақстан халқына да әлемнің дамыған елдерімен тең дәрежеде білім беру қажеттігі күмән тудырмайды. Сондықтан өркениетті ел болуға бетбұрыс жасап отырған бүгінгі күнде жахандау жағдайына елдігімізді көрсетіп, еңсемізді берік ететін бірегей факторлардың бірі- мемлекеттік тіліміз.Қазақ тіліміз арқылы әлемдік білім кеңістігінде оқытудың озық технологияларын қамтитын жаңа білім мазмұнын құрып, оны ұрпақ бойына сіңіріп,адал бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиеленуі тиіс.Қазіргі таңда мемлекеттік тілді баршаға игерту күн тәртібіндегі өзектілікке айналып отырған кезеңінде аталмыш мәселенің шешімі ретінде білім саласыныңқарыштап дамуы еліміздің білім беру жүйесінде мемлекеттік тілді

оқытып үйретуді дүниежүзілік стандарттық үлгілерге жақындастыруды және оларды жүзеге асырудың тиімді жолдарын іздестіруді міндеттейді. Бұған Республикамыздағы білім жүйесіндегі оң өзгерестер мен жаңалықтар қазақ тілін оқыту мәселесін де жаңа қырынан дамытуды қажет етіп отырғаны баршаға белгілі. Сонымен бірге әлеуметтік өмірдің барлық саласында қазақ тілінен кеңінен қолданысқа ие болуы қашықтан оқыту жүйесін іске асыруды қажет етіп отыр. Қай нәрсені болмасын үйретуде тұлғаның мінез-бітістерін, оның психологиялық ерекшеліктерін білу, сондай-ақ оны ескеру қойылған мақсатқа табысты қол жеткізудің алғы шарты болып саналады. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың сана-сезіміне әсер етіп, тілдің қажеттілігін, оның әр саласының маңыздылығын түсіндіріп, пәнге деген дұрыс көзқарасты қалыптастыру қажет. Ол үшін мұғалім өз бойында осы жағдайға қажетті қасиеттерді дамыта білетін шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалім болуы шарт. Өйткені шығармашылықпен жұмыс істеу – мұғалімнің өзіндік әдістемелік қорын толықтырып отыруы және үнемі ізденісте болуы керек дегенді білдіреді. Қазақ тілін меңгертудегі шығармашылық ұстаным сабақты шығармашылық үдеріс ретінде құруды мақсат етеді. Оқу үдерісінде жұптық,топтық жұмыс түрлеріне, біріккен шығармашылық тапсырмалар мен жобаларды орындауға үлкен мән берілді. Белгілі бір коммуникативтік міндеттерді шешу барысында оқушылардың өз тілек-емеуріндерін іске асыруға мүмкіндігі болады. Оқу үдерісінде оқушылардың алдыңғы сабақтарда алған білім, дағды, біліктерін жаңа жағдаятта қолдана алуына қажетті дағдылары дамытылады. Қазақ тілі сабақтарын оқытуда коммуникативті құзыреттілік оқушыы бойында бірнеше сапалардың дамуына негіз болады. Қазақ тілін интеллектуалдық және шығармашылық тұрғыда түсініп меңгертуге ден қойылды.

Қазақ тілі сабағында тілді меңгертудіңң мынадай ұстанымдарын сипаттайды:

1.Оқушылардың коммуникативтік құзыреттерінің қалыптасуы ұстанымы. Оқушылардың коммуникативтік құзыреттерін қалыптастыру бірнеше құзыреттермен сабақтастықта жүзеге асырылады. Мәселен, лингвистикалық құзырет тілді сөйлесім әрекетінің құралы ретінде пайдалануға дайын болуы арқылы қалыптасады. Прагамтикалық құзырет қарым-қатынас жағдаятындағы коммуникативтік мазмұнды жеткізуге дайын болуды білдіреді. Когнивтік құзырет коммуникативтік-танымдық әрекетке дайын болуды білдіреді. Ақпараттық құзырет қарым-қатынастың мазмұндық пәнін меңгеруді білдіреді. Коммуникативтік құзырет, оның іске асуын қамтамасыз етеін сөйлесім әрекетінің барлық түрлерінде - тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесімде қалыптасып, функционалдық сауаттылықтың дамуына ықпал етеді.

2. Интерактивтік оқыту ұстанымы. Интерактивті(inter – өзара, akt - әрекеттесу) оқыту үдерісінің барлық оқушылардың тұрақты, белсенді, өзара қарым-қатынас арқылы әрекет етуін жүзеге асырады. Оқушы мен мұғалім оқытудың тең құқылы субьектісі болып табылады. Мұнда жұмыстың нәтижесінен оны шешу үдерісі маңызды саналады. Себебі интерактивті оқыту ұстанмының мақсаты - оқушылардың өздігінен жауап іздеуге бейімделуі. Қазақ тілін оқытуда коммуникативтік-әрекеттік бағыт әдіснамалық тұжырым ретінде ұсыналатындықтан, интерактивті оқыту ұстанымы ұсынылып отырған әдістемелік жүйенің барлық деңгейінде көрініс тауып отырады. Себебі жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойын тапсырмалары, сұхбаттық тапсырмалар, құзыреттіліктерді қалыптастыратын тапсырамалардың барлығы интерактивті түрде орындалады.

Коммуникативтік қалыптастыруды жүзеге асыру негізінде Сент- Экзепюридің сөзі ойға оралады: «Жер бетіндегі ең үлкен байлық – бұл қарым-қатынас байлығы». Шынымен де бізге бұл қатынас жеткіліксіз. Өйткені біз балалармен тек қана 40 минут кездсеміз, сұхбаттасамыз. Ал нақтылап айтсақ, салыстыру, жинақтау, талдау, нақтылау, жүйелеу, байланыс ерекшеліктерімен коммуникативті оқыту технологиясын пайдалану арқылы топпен, жеке, жұппен істеу арқылы үлкен жетістіктерге жетеміз.

Коммуникативтік әдіс - оқушы мен мұғалімнің тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын, белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларға тән басты белгілер мен қағидалардың басты жүйесінен тұратын, тіл үйретудің тиімді жолдарыне тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі.

Коммуникативтік оқыту тілдік әрекеттің барлық түрінде қалыптасады – тыңдауда да, сөйлеуде де, оқығанда да,өйткені ол оның іске асуын қамтамасыз етеді.

Лингвистикалық, әдістемелік әдебиеттердің көпшілігінде сөйлесем әрекетін төрт бөліп қарастыру тұрақты орын алған.Олар: сөйлеу,оқу,жазу,түсіну. Коммуникативтік оқыту: оқу,сөйлесу,тыңдау,жазу-ауызша өзара қатынас, жазбаша өзара қатынас біркелкі, бір уақытта дамиды. Бұдан коммуникативтік оқыту сөйлеу әрекетінің барлық төрт түрінде де қажеттңлңкпен қатысып тұрғаны көрінеді.Өйткені ол ауызша да, жазбаша да қарым-қатынас жасаушылардың бір-бірін тілдік қабылдауы мен түсінігін қамтамасыз етеді.Коммуникативтік оқытуда мұғалім алдын ала сабаққа дайындалған уақытта сабақ түрлерін анықтап, іріктеп алуы керек. Олар: топтық ұжымдық,жеке,т.б.Содан соң қандай нәтиже беретінін әр түрлі іс шаралардан көруге болады.Бұл сабақ түрлері арқылы оқушылардың білімін, іскерлігін,дағдысын тексеру үшін сабаққа әр түрлі белсенді тапсырмалар енгізіледі.Сонымен қатар тапсырманы берген соң оқушылардың білімін,іскерлігін,дағдысын тексеру және бақылау жолдарын қарастырамыз.

Біздің ойымызша пәннің мазмұны,яғни сабақтың дидактикалық элементтерінің жүйесі мынадай құрамда болу керек:сөйлеу материалдары,яғни сөйлеу,оны талдау,сөйлем құрастыру,аудару,оқу,жазу. Тіл материалдары (фонетика,лексика,грамматика) үш бағытқа бөлінеді:

1.Лексикалық бағыт-айтылуын меңгеріп,мағынасын өмірде кездесетін жағдайлар арқылы тілді тез игеру.Жаңа сөздер үйрене отырып, сөздік қорлары байиды,сөйлем құрастырып,өз ойларын айтып беруге дағдылана бастайды.Меңгерген сөздерді өмңрде кездесетін жағдайлар арқылы тұжырымдайды.

2.Фонетикалық бағыт-қазақ тіліне тән дыбыстардың айтылуы мен жазылуын меңгеру.Бұл кезеңде ұйымдастырылатын жұмыстар оқушының шығармашылық қабілетін ашуға бағытталып,олардың өз бетімен жұмыс істеу дағдысын игертуді көздейді.

3.Грамматикалық бағыт-жас ерекшелігіне сай сурет бойынша жұмыс, мазмұнын айту,сөйлем құрастыру.Жетелеу сұрақтарын қойған кезде,сұрақтар бір сөзбен немесе бір ғана сөйлеммен жауап беретіндей болмауы керек.Керісінше,оқушының ойын жинақтап, бірнеше сөйлемдер арқылы күрделі, мағыналы пікірін білдіретіндей болғаны дұрыс. Мәтін мазмұны әңгімені білдіреді.

Қазақ тілі сабағында коммуникативтік жеке даралықты қарастырмайды,ол бірдей жастағы балалардың ортақ қасиеттерін жүйелей отырып,оқу ақпаратын меңгерудің ортақ жақтарында қарастырады.Себебі бір сыныптағы оқушылардың меңгеру деңгейлері әр алуан .Бірақ меңгеру талаптары бәріне бірдей.

Сондықтан бұл жерде коммуникация меңгеудің сатылап жүру кезеңдерінде тұлғалық бағдарлау, модульдік оқыту, даралық және топтық оқыту әдіс-тәсілдерін қатар интеграциялық түрде қамтиды.

Қазақ тілі сабағында коммуникативтілікті меңгерумен байланысты оқу әрекетінің түрлері:

- эмпирикалық әрекет қабылдау кезеңі ретінде;
- монитор экранындағы фонына назар аудару;
- фондағы жекеленген жұмыстарға зейін аудару;
- дағдыны қалыптастыруға арналған практикалық әрекет;
- дағдыны таныс жағдайда қолдану;

- таныс емес жағдайда дағды қалыптастыру;

Бұл кезеңдер бойынша мектеп оқушыларының қазақ тілі сабағында оқу әрекеті қалыптасып, белсенді қызмет етуге ұмтылады. Бұл әр оқушының коммникативтілік арқылы өзара түсінісу ортасында қазақ тілі сабағында жаңа білімдерді алуына, танымдық іс-әрекетін дамытуына айтарлықтай септігін тигізеді және оқушының танымын қалыптастыруда бірігіп жұмыс жасаудың жоғары түрлеріне көтереді.

ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ- ТҰЛҒАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бисенов Серик Нугметович
Ақтөбе қаласы, № 69 жалпы білім беретін орта мектебі
көркем еңбек пәнінің мұғалімі

Құзыреттілікті қалыптастыру – білім беру саласының өзекті мәселесі. Күн сайын адамға көптеген ақпарат тасқыны келеді. Ал оқу мазмұны мен оқыту әдістері ескі сарында қалып қоюда. Сондықтан білім берудегі әлеуметтік қажеттілік пен ол қажеттілікті қанағаттандырудың арасындағы қарама–қайшылық білім беру саласының дағдарысына әкеліп соғуда. Сол себепті оқытушылардың әдістемелік шығармашылығын дамытуды педагог-мамандардың біліктілігін жетілдіру жүйесінде ұйымдастыруды олардың кәсіби құзіреттілігі кезінде жүзеге асыру қажеттігі туындайды. Құзіреттілік тәсіл идеясы – «қоғамға қандай, жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өтей алады» деген сұраққа жауап береді. Оқытушының құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзырлылық тәсіл, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды.

Бүгінгі таңда жалпы орта білім беруді жетілдірудің негізінде құзыретттілік тәсілді алу ұсынылып жүр. Тұлғаның кәсіптік қажетті құрамдас бөлігі кәсіби құзыреттілік болып табылады. Заман талабы мұғалімдерге жан-жақты жетілген, көпсалалы дайындық иесі болуды жүктейді. Тәуелсіз мемлекетімізге еңбекқор, кәсібін терең түсінетін, үнемі өзгеріп отыратын жағдайларға өзінің білімі мен іскерлігін әртүрлі әрекеттердің айналасында қолдана білетін қабілетті мамандар қажет. Бұл жерде бірінші кезекте оның алдына қойылатын мақсаттың өзгеруі, соның салдары ретінде білім беру мазмұнын және сапасын өлшеу құралдарын жаңарту мәселелері шығады.

Қазіргі уақытта іс-әрекет субъектісі ретінде мұғалімге, оның тұлғалық-кәсіби қасиеттеріне қойылатын талаптар өзгерді. Құзыреттілік бірінші орынға оқушының проблеманы дұрыс шеше білу қасиетін қояды. Бұл талаптарға жауап беретін педагог, ең алдымен, оның құзыреттілігін қалыптастырумен байланысты болады.

Жалпы педагогикалық әдебиеттерде «құзыреттілік» аясында білім алушылардың мына негізде әрекеттің күрделі түрлерін жасай алу қабілеті түсіндіріледі, яғни нәтижесі:

- білімдер болып табылатын танымдық іс-әрекет тәжірибесі;
- іскерліктер түрінде болатын іс-әрекет тәсілдерін іске асыру тәжірибесі;
- проблемалық жағдайда шешім қабылдай алу іскерлігі болып табылатын шығармашылық іс- әрекет тәжірибесі.

Оқытушының басты рөлі – тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттелетін, сараланған білім беру үлгісінің басым бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің әлемдік өркениетке негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру. Осыған орай, құзыреттілікті нәтижеге бағытталған білім беру жүйесінің сапалық критерий ретінде қарау, зерттеу, бүгінгі күн талабы.

Білім беру тұжырымдамасында педагог кадрлардың кәсіби - тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру басты мақсат екендігін атай келе, білім беруде педагог төмендегідей құзыреттіліктерді игеруі міндетті деп көрсетілген.

Арнайы құзыреттілік - өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілеті.
Әлеуметтік құзыреттілік - кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті.
Білім беру құзыреттілігі - педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті.

Ендеше құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Оқушылар оқытушы қауымнан тек білімге ғана емес, өмірге үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, педагогтеріміз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы: жедел шешім қабылдаушы: ерекше ұйымдастырушылық қабілетті: нақты бағыт- бағдар беруші болып шығуы - бұл қазіргі заманның талабы. Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің мұғалім - қазіргі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Мұндай құзырлылықтың қатарына мыналар жатады:

- **бағдарлы құзіреттілік** (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б);
- **мәдениеттанымдылық құзіреттілік** (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);
- **оқу-танымдық құзіреттілік** (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);
- **коммуникативтік құзіреттілік** (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);
- **ақпараттық-технологиялық құзіреттілік** (ақпараттық технологиялармен, техникалық обьектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);
- **әлеуметтік- еңбек құзіреттілігі** (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);
- **тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттілігі** (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті).

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттіліктерінің жан-жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан- жақты

дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзыреттілігіне байланысты болады.

Заман талабы мұғалімдерге жан-жақты жетілген, көпсалалы дайындық иесі болуды жүктейді. Тәуелсіз мемлекетімізге еңбекқор, кәсібін терең түсінетін, үнемі өзгеріп отыратын жағдайларға өзінің білімі мен іскерлігін әртүрлі әрекеттердің айналасында қолдана білетін қабілетті мамандар қажет. Білім беру талаптарына «Құзыреттілік» ұғымы енгізілді. Оның мазмұны психологиялық ғылымда бірнеше нұсқада қарастырылады. Тәжірибеде кәсіби құзыреттілік бітірушінің идеялды моделі ретінде көрініс берді. Құзыреттіліктің негізгі анықтаушы факторлары болып үздіксіз білім алуға деген қажеттіліктердің қалыптасқандығы, кәсіби құзыреттілікті тереңдетуге дайындық болып табылады. Құзыреттілік бірінші орынға оқушының проблеманы дұрыс шеше білу қасиетін қояды.

Оқытушылардың кәсіби сапалары оқушының сабаққа деген қызығушылықтарын анықтайды. Оқытушылар оқушыға тек қана білім берумен шектелмеуі қажет, оларға оқыту әдістерін үйретеді және жалпы педагогикалық, мәдениетке тәрбиелейді. Білім беру саласында әлемдік деңгейге жету үшін, жаңа буын оқулықтарының пайда болуы, ағарту саласы мамандарының өз қызметтерін сын көзбен қарап, кәсіби шеберліктерін уақыт талабына сай шындап, білімдерін көтеріп отыруды талап етеді. Электронды оқулықтар, педагогикалық технологияларды қолдану т.б. Келешектің адамын қалыптастыру ол оқытушының оқушыға сенуі, оқушының оқытушыны сүюі – ізгілендіру идеясы. Қазіргі оқыту оқушыны жан-жақты дамытуға, алдымен ақыл-ойды дамытуға бағытталған. Көбіне проблемалық оқытудың әдістері қолданылады.

Сонымен жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, мынадай тұжырым жасауға болады: тұлғаның құзыреттілігі сол адамның жеке тұлға ретіндегі қасиеттерінің және ішкі психикалық жағдайларының күрделі жүйесі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру-мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2008
- А.К.Маркова. Кәсібиқұзыреттіліктіңдамудеңгейі//2009
- М.И.Скаткин.Зерттеумәдениеті-педагогикалыққабілет// 2008
- Л.ГорбуноваЗерттеутуралыбілімі, білікдағдысыныңболуы // 2007
- И.Д.Богаева. Педагогикалыққызметтегікәсібишеберлік//2009
- Г.К. Селевко. Педагогикалық технологияларды меңгеру факторы//2009
- Құрманалина Ш.Х.және т.б. Педагогика. Астана-2007. 274-307 бет

ЧИТАТЕЛЬСКАЯ ГРАМОТНОСТЬ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНИКА КАК ОДНО ИЗ ОСНОВНЫХ СРЕДСТВ ПОВЫШЕНИЯ АКТИВНЫХ СТРАТЕГИЙ ОБУЧЕНИЯ

Бисингалиева Айман Беленкуловна,
Калкенова Мария Кудайбергеновна,
учителя начальных классов КГУ «СШГ №9»

Проблема чтения является одной из наиболее актуальных проблем современного мира. Чтобы преодолеть эту негативную тенденцию, в начале 90-х годов в контексте международного тестирования появляется понятие «читательская грамотность». По последним результатам исследования PISA школьники Казахстана значительно отстают по читательской грамотности от своих сверстников из стран ОЭСР [1]. В 2020 году стартовал

проект «Читающая школа», основной замысел которой заключается в выборе ключевых точек, придающих стартовую динамику процессу стимулирования общенационального чтения. Непростое это занятие - настоящее чтение не сводится к беглому изучению какой-то информации, оно требует сосредоточенного внимания и твердого желания верно услышать голос автора и составить свое мнение о прочитанном. Поэтому первостепенная задача учителя начальных классов состоит в том, чтобы наш ученик овладел прочным и полноценным навыком чтения. Уровень овладения читательской грамотностью является одной из важных характеристик современного ученика. Мы должны воспитывать развитого читателя, который должен уметь:

- извлекать из текста информацию и строить на её основании простейшие суждения;
- находить информацию и формулировать простые непосредственные выводы;
- найти в тексте информацию, представленную в явном виде;
- основываясь на тексте, сделать простые выводы;
- интегрировать, интерпретировать и оценивать информацию текста в контексте собственных знаний;
- устанавливать связи, которые не высказаны автором напрямую, интерпретировать их, соотнося с общей идеей текста.

Кроме вышеперечисленных умений, есть еще очень важная задача для учителя начальных классов- формирование читательской компетентности учащихся, формирование которых достигается в результате освоения следующего содержания образования, которое состоит из четырех ступеней. Первая часть включает в себя основные темы, проблемы и образы, к которым обращается литературное чтение. Вторая - основные теоретические понятия. Третья – основные виды деятельности по освоению литературных произведений, научной, научно-популярной литературы. Четвертая – перечень литературных произведений, обязательных для изучения. Первым шагом на пути к формированию читательской компетентности, конечно же, должна стать начальная школа. На выходе в 5 классе учащийся должен уметь: - вычитывать информацию; - размышлять о прочитанном; - давать оценку прочитанному; - работать с разными источниками информации. Дальнейшая работа по формированию компетентного читателя должна строится на поддержке интереса к чтению. И знаменитые слова Дидро: «Люди перестают думать, когда перестают читать», - должны стать для нас основополагающим, т.е. мы должны рационально подбирать задания, использовать эффективные стратегии. Одним из главных путей развития читательской грамотности является стратегиальный подход к обучению смысловому чтению. Стратегии смыслового чтения – это план и программа действий и операций читателя, работающего с текстом, которые способствуют развитию умений чтения и размышлению о читаемом и прочитанном, и включают в себя процедуры анализа информации и степени ее понимания, а также взаимодействие «читатель – текст». Работу с текстом на уроке условно можно разделить на три этапа, которые плавно переходят из одного в другой. **1 этап – предтекстовый (до начала чтения). 2 этап – текстовый (в процессе чтения). 3 этап – послетекстовый (после чтения).** Первый этап связан с предтекстовой ориентировочной деятельностью, которая включает:1) постановку цели чтения; 2) определение характера текста; 3) просмотра его заголовка и подзаголовков; 4) предположение о цели его написания, т е. замысле автора. На предтекстовом этапе важно учить ребенка отвечать себе на четыре вопроса: 1. Какова цель моего чтения? 2. Какой текст я собираюсь читать? 3. Как я буду его читать? 4. Как я буду проверять, контролировать, оценивать качество своего чтения? На следующем текстовом этапе во время чтения ученик выдвигает гипотезы, которые опровергает или подтверждает в процессе деятельности. Послетекстовая деятельность включает обдумывание текста и выполнение заданий, которые могут быть репродуктивными, продуктивным-коммуникативными, творческими. На каждом этапе используются разные приёмы «Мозговой штурм»,

«Глоссарий», «Верно-неверно», «Ключевые слова», «Паутинка ассоциаций», «Батарея вопросов», «Чтение вслух», «Чтение с остановкам», «Чтение про себя с пометками» (инсерт), «Шесть шляп», «Синквейн», «Уголки», « Знаю, узнал, хочу узнать», кластер, ментальные карты и т.п,

Прием **«Тонкий и толстый вопросы» -** может быть использован на любой этапе. Дети учатся различать те вопросы, на которые можно дать однозначный ответ (тонкие вопросы), и те, на которые ответить определенно невозможно, проблемные (толстые) вопросы, данная работа способствует развитию мышления и внимания учащихся, а также развивает умение задавать «умные» вопросы. Классификация вопросов заставляет вдумываться в текст и помогает лучше усвоить его содержание. Учитель на первых порах работы с этим приёмом должен научить детей определять уровень сложности вопроса - относить его к «тонким» или «толстым». Это можно делать на вопросах, которые предлагает сам учитель, или на вопросах из учебника. Работу с «тонкими» вопросами ученик может продолжать на творческом уровне, составляя кроссворды или сценарии игр. **«Шесть шляп мышления» -** это психологическая ролевая игра. Шляпа определённого цвета означает отдельный режим мышления, и, надевая её, человек включает этот режим. Сама методика требует фокусировки на различных аспектах, а, значит, развивает внимательность. В качестве вывода, подчеркнём, что в глобальном плане шесть шляп можно применить в любой области, связанной с умственным трудом. **«Работа с вопросником»** применяют при введении нового материала на этапе самостоятельной работы с учебником. Детям предлагается ряд вопросов к тексту, на которые они должны найти ответы. Причем вопросы и ответы даются не только в прямой форме, но и в косвенной, требующей анализа и рассуждения, опоры на собственный опыт. После самостоятельного поиска, обязательно проводится фронтальная проверка точности и правильности найденных ответов, отсеивание лишнего. Стратегия– **«Чтение с остановками».** Материалом для его проведения служит повествовательный текст. На начальной стадии урока учащиеся по названию текста определяют, о чём пойдёт речь в произведении. На основной части урока текст читается по частям. После чтения каждого фрагмента ученики высказывают предположения о дальнейшем развитии сюжета. Данная стратегия способствует выработке у учащихся внимательного отношения к точке зрения другого человека и спокойного отказа от своей, если она недостаточно аргументирована или аргументы оказались несостоятельными. Наиболее востребованный вид чтения – это вдумчивое (медленное, рефлексивное чтение), результат которого можно увидеть при составлении кластера. **Приём «Уголки»** можно использовать на уроках литературного чтения при составлении характеристики героев какого-либо произведения. Класс делится на две группы. Одна группа готовит доказательства положительных качеств героя, используя текст и свой жизненный опыт, другая - отрицательных, подкрепляя свой ответ цитатами из текста. Данный прием используется после чтения всего произведения в 4 классе. В конце урока делается совместный вывод. Этот прием учит детей диалогу, культуре общения. **Стратегия «Знаю, узнал, хочу узнать».** К этому приему можно обращаться как на стадии объяснения нового материала, так и на стадии закрепления. Графа «Хочу узнать» дает повод к поиску новой информации, работе с дополнительной литературой. Стратегия **«Ромашка вопросов или ромашка Блума».** «Ромашка» состоит из шести лепестков, каждый из которых содержит определенный тип вопроса. Таким образом, шесть лепестков – шесть вопросов. В формирование читательской грамотности нельзя и забывать о роли библиотек. Для развития читательской грамотности необходимо систематически организовывать работу учащихся с текстом не только на уроках литературного чтения, добывать и вычленять информацию на каждом уроке, аргументировать свой ответ. Развивать умения грамотного читателя, проводить постоянный мониторинг понимания прочитанного. Если мы систематически и целенаправленно будем использовать

методические приемы в работе над развитием чтения, то сформируем читательскую самостоятельность школьников, а ценность книги и чтения снова станет неоспоримой.

Список использованной литературы

1. https://forbes.kz/process/education/pochemu_kazahstanskie_shkolniki_provalili_mejdunarodnyiy_ekzamen_pisa/
2. https://zhaikpress.kz/ru/news/kazaxstan-uluchshil-rezultaty-po-issledovaniyu-pisa-dlya-shkol/
3. https://www.inform.kz/ru/v-kazahstane-startoval-proekt-chitayuschaya-shkola-chitayuschaya-naciya_a3719770
4. Казахстанская карта детского чтения в аспекте формирования функциональной грамотности школьников. Методическое пособие. - Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013 г.
5. Оценка качества чтения и понимания текста учащимися начальной школы. Методическое пособие. – Астана: НЦОСО, 2013. – 175 стр

ПРОЕКТНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Болат Динара Болатовна, Санаева Алия Жаксылыковна
КГУ «Средняя школа – гимназия №9» учителя начальных классов

Что такое проект для ученика? Это возможность творчески раскрыться, проявить себя индивидуально или в коллективе. Проект — это деятельность, направленная на решение интересной проблемы, сформулированной самим учащимся.

Что такое проект для учителя? Проект — это дидактическое средство обучения, которое позволяет развивать умение проектирования. Проект даёт учащимся опыт поиска информации, практического применения самообучения, саморазвития, самореализации и самоанализа своей деятельности.

Н.Ю. Пахомова приводит такое определение: «Учебные проект – дидактическое средство, позволяющее обучать проектированию, то есть целенаправленной деятельности по нахождению способа решения проблемы путем решения задач, вытекающих из этой проблемы при рассмотрении ее в определенной ситуации».

Проектная деятельность является частью самостоятельной работы учащихся. Качественно выполненный проект – это поэтапное планирование своих действий, отслеживание результатов своей работы.

Целью проектной деятельности является понимание и применение учащимися знаний, умений и навыков, приобретенных при изучении различных предметов.

Исследовательские проекты совпадают по структуре с реальным научным исследованием. Это актуальность темы, проблема, объект исследования, цель и задачи исследования, гипотеза, методы исследования, результат, выводы.

Результатом проекта стало оформление книжек-малышек по данной теме. Следующий проект «Круговорот воды». Этот проект ребята готовили дома с помощью картона, проволоки, пластилина. Цель этого проекта: познакомиться с круговорот воды. Задача: узнать, как происходит круговорот воды.

Творческие проекты не имеют детально проработанной структуры — она только намечается и развивается в соответствии с требованиями к форме и жанру конечного

результата. Это может быть оформление результата в виде урока, внеклассного мероприятия, предметной недели, стенгазета и т.д

На заключительном этапе проекта каждая группа представила защиту своего проекта. Каждый ребенок готовил тот проект, который ему был близок, интересен.

Игровые проекты также называют ролевыми. В них структура только намечается и остаётся открытой до завершения работы. Участники принимают на себя определённые роли, обусловленные характером и содержанием проекта, особенностью решаемой проблемы. Часто на уроках литературного чтения детям предлагают инсценировать сказку или сценку из произведения; можно инсценировать сказку на новый лад.

Информационные проекты направлены на сбор информации о каком-либо объекте, её анализ, обобщение.

От урока к уроку, от проекта к проекту дети набирались опыта, развивалась их речь, память, учились оценивать себя и выступление одноклассников. В основном у меня дети выполняют индивидуальные и групповые проекты.

Темы для проектов выбираю с учетом программного материала и интересов учащихся. Это делается для того, чтобы проекты способствовали расширению знаний, обучающихся и применению полученных знаний на практике.

Главным компонентом проектной деятельности должен быть именно интеллектуальный поиск. Важнейшей частью проектной деятельности является стадия мысленного решения поставленной задачи.

Метод проекта подразумевает самостоятельную деятельность учащихся по реализации той или иной проблемы, с использованием разнообразных средств интеграции знаний и умений из различных областей. Результаты выполненных проектов непосредственно связаны с реальной жизнью учащихся и поэтому являются для них не только посильными, но и личностно значимыми. Метод проектов позволяет моделировать проблемы, аналогичные тем, что возникают у взрослых.

В более широком смысле под проектом понимается обоснованная, спланированная и осознанная деятельность, направленная на формирование у школьников определенной системы интеллектуальных и практических умений. Технология организации проектной деятельности школьников включает в себя совокупность исследовательских, поисковых и проблемных методов, творческих по своей сути, инструментально направленных на самостоятельную реализацию школьником задуманного результата.

Включение учащихся в процесс выполнения проекта подразумевает овладение ими следующими проектными умениями и компетенциями: исследовательскими; социального взаимодействия; оценочными; информационными; презентационными; рефлексивными; менеджерскими.

Большая роль отводится и родителям. Они должны понять необходимость данного метода работы, должны показать свою заинтересованность в этом виде деятельности, оказать помощь ребенку, правильно оценить проделанную ребенком работу.

Проектная работа - это эффективное средство развития учащегося, расширения языковых знаний. Это также реальная возможность средствами иностранного языка использовать знания, полученные на других предметах. Проект — это новая образовательная технология, которая позволяет решать задачи личностно ориентированного подхода в обучении.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ОҚЫТУ ФОРМАСЫ МЕН ТҮРЛЕРІНІҢ САБАҚ БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНЫЛУЫ

Боранбаева Айнагуль Айдыновна, Балбосынова Шынар Нурашевна
Ақтөбе қаласы, № 56 ЖББОМ тарих пәнінің мұғалімдері

Қазіргі заман талаптарына сәйкес қазіргі мектеп «білімді тұлға», яғни білім, білік пен дағдылары қалыптасқан жеке тұлғаны дайындаумен ғана шектеле қоймай, өмірдің өзгерістеріне дайын болатын, белсенді және шығармашыл ойлайтын, интеллектуалды және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны дайындау тиіс. Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. «Мұғалім көп әдісті қолдана отырып, оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде пайдаланған дұрыс»,-деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек.

Қазақстан Республикасы орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында 2016 жылдан бастап еліміздегі барлық жалпы білім мектептер жаңа бағдарлама бойынша білім беруде.

Еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ болғандықтан, оларға терең де сапалы білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін құрастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр.

Қазіргі заман талабына сай сабаққа қойылатын мақсатміндеттерінің ерекшілігі өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталған. Репродуктивті білім беру кезінде оқушы тек 5 тыңдаушы, орындаушы ретінде көрінген. Қазіргі таңда оқушыны қалыптастыруға мынадай мақсаттар қойылып отыр:

ϖ Оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға үйрету;

ϖ Оқушыларды өздігінен жұмыс істеуге дағдыландыру;

ϖ Жұпта, топта жұмыс жасай білуге үйрету;

ϖ Бір-бірінің білімін бағалауға;

ϖ Жетістіктерін қолдана білуге тәрбиелеу;

ϖ Тез әрі нақты ойлап, дұрыс шешім қабылдай алу және тапқырлық, тиянақтылық дағдыларын дамыту:

ϖ Талабын ұштап, қиялын дамыту.

Кез-келген сабағын қызықты өткізу үшін ізденіс, жаңаға ұмтылу жұмысын жүргізу әрбір ұстаз үшін бұлжымас қағида. “Оқытып жүріп, өзіміз де үйренеміз” қағидасын ұстанған ұстаз үшін өзінің әрбір сабағы бірінші өзіне жаңалық болуы тиіс. Ұстаздың өзі – ізденуші. Әрбір сабақта заманауи технологияларды пайдаланып өткізу әрине жақсы нәтижелер береді. Жаңартылған бағдарлама бойынша әлемдік білім беру жүйесі бәсекеге қабілеттілікке қарай білім алушыны баулу, қоғамнан өз орнын таба білетіндей сапалы маман болуына бағытталынған. Осы орайда жаңа бағдарламаны меңгеру барысында ерекше есте қалған мына әдіс-тәсілдер сабақтың тиімді өтуіне, оқушы бойында қажетті 4 дағдыны (тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым) қалыптастыруға ықпал ететіні сөзсіз: «Қабырғадағы роль», «Ыстық орындық», «Пікірлер сызығы», «Саналылық аллеясы», «5 сұрақ, 5 жауап», «5 қадам», «Драма әдісі», «Маңыздылық аймағы», графикалық органайзерлер – «Дара диаграмма», «Қос диаграмма», «Оқиға тауы», «Хикая картасы», «Стоп кадр» т.б

САБАҚ БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР МЕН ШИРАТУЛАР

«Ой қозғау» әдісі

Мақсаты: Қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша ой салу.

Тиімділігі: Оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамау керек, қағазға түсіріліп, талқылау

жұмысы болады. **Қолданылуы:** Жаңа білімді меңгерту алдында осы әдіс бойынша сұрақ қоя отырып жаңа сабақтың тақырыбын ашуға болады.

«Сұраққа жетіп ал»

Мақсаты: Оқушының өз бетінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру, сұрақ қою дағдыларын дамыту.

Тиімділігі: Өз бетінше ойлап, ақпаратты меңгере алады. Ақпаратпен ықыласпен жұмыс жасайды. Мәтінге, әңгімеге сұрақ қояды, тұжырымдайды. 7 Сыныптастарының жауаптарын зейін қойып тыңдайды және сұрақтар дайындайды, талқылайды. Таным әрекеті үрдісінде қарым-қатынас шеберлігі дамиды.

Қолданылуы: Мәтінді толық немесе бір бөлігін оқыту (мәтіннің күрделілігіне, оқушылардың даму ерекшелігіне қарай) оқылған мәтіннің мазмұнына әр деңгейлі сұрақтар қою. 1-ші топ – сұрақ қояды, 2-ші топ сол сұраққа жауап береді.

«Фильмдерді көру және оны талдау»

Қолданылуы: Сабақ барысында көркем фильмдерді және шағын бейне-баяндарды, олардың үзінділерін қолдануға болады. Тақырып пен мақсатқа сай материалды тек қана қосымша емес, сабақтың кез келген кезеңінде көрсетуге болады. Көрсетілімнің алдында оқушыларға бірнеше (3-5) кілтті сұрақтарды беріп қою қажет. Бұл талдауға негіз болатын сұрақтар. Фильмді арнай таңдалған жерлерінен тоқтатып дискуссия өткізуге болады.Соңында оқушылармен бірге талдап, қорытындысын шығару қажет.

Жаңартылған білім мазмұны негізінде оқыту процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер: құндылықтарға, тұлғаға, іс-әрекетке бағытталған тәсілдер..саралап оқыту тәсілдері, коммуникативтік тәсілдер, ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану мүмкіндіктері және т.б.болып табылады.

Кері байланыс (ағылш. feedback) – адамның өзі куә болған оқиғаға немесе басқалардың әрекетіне айтылған пікірі, реакциясы. «Сырт көз сыншы» дегендей, мұндай сырт пікірдің өз әрекеттеріңді реттеуге, жақсартуға тигізетін септігі өте жоғары. Сол себепті бүгінде кері байланыс үйренудің (білім алу жүйесінің) маңызды ұғымы деп есептелінеді. Кері байланыс арқылы алынатын мәліметтер әсіресе өз біліміне түзету мен өзгертулер енгізу ісінде өте құнды болып табылады. Кері байланыстың мәнін *«Екі жұлдыз, бір ұсыныс»* атты тәсіл жақсы келтіреді. Алдымен біреудің әрекеті мен жасаған ісін мақтаймыз, оның жағымды және тиімді жақтарын атап көрсетеміз, содан соң бұл жұмысты қалай жақсартуға болатындығы туралы ұсыныс айтамыз, бағыт-бағдар сілтейміз.

ЭССЕ немесе ОЙ ТОЛҒАНЫС әдісі

Тақырыпқа, тапсырмаға сай тыңдаушылар өз ойын қорыта және жинақтай отырып, ой-толғанысын жазады. Жеке жұмыс жүргізу арқылы жүзеге асыруға болады. Эссені 5 минут ішінде жазуға болады. Бұл әдісте кез келген адам өз ойын еркін жеткізе білетін болады. Шығармашылықпен жұмыс істеп, сөздік қоры дамиды. Өмірде кездесетін жағдайларға, оқиғаларға саналы, ойлы қарауға үйренеді.

Оқыту тәжірибесі барысы пікірталасқа негізделген және оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық ойындар сияқты интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді екенін көрсетеді. Соның ішінде дидактикалық ойындар оқушылардың білім алуға деген ынтасын, белсенділігін арттырып, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануына көмектеседі. Ойын барысында оқушылардың бойында жағдаятты (ситуацияны) бағдарлау, яғни жағдайға талдау жасай білу, жағдаят (ситуация) кезінде өзінің атқаратын рөлін сезіну, әңгімеге қатысушы әріптестері арасында байланыс орнату, қарым-қатынас жасауда тілдік ұғымдарды дұрыс пайдалана білу сияқты қабілеттері жетілетіндігі байқалады. Қорыта келе, мен мақаламды ақын Міржақып Дулатовтың «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз – оқу. XXI ғасыр – ғылым ғасыры. Мақсатты білім

беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Ал осы жалпыеуропалық стандартқа сай жаңа білім беру — жеке тұлғаның жан - жақты дамуына әкелетін бірден-бір жол!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі. /Білім әлемі/ Алматы 2017ж. №6
2. ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 ж арналған мемлекеттік бағдарламасы
3. Арысбаева З. Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану ерекшеліктері // Қазақстан мектебі. – 2013. – №8.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ИКЕМДІЛІГІН АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Боранбаева Камшат Алпысбаевна
Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Есет Батыр Көкіұлы ауылы,
Есет батыр атындағы мектеп – бақша

Бүгінгі таңда ақпарат қоғам дамуының стратегиялық ресурсына айналған кезде, ал білім салыстырмалы және сенімсіз тақырыпқа айналады, өйткені ақпараттық қоғамда олар тез ескіреді және үнемі жаңаруды қажет етеді, қазіргі білім ақпараттық - коммуникациялық технологияларды (АКТ) міндетті түрде тарта отырып, үздіксіз процесс екені айқын.

Қазіргі жағдайда "мұғалім – оқушы – оқулық" дәстүрлі схемасына жаңа буын – компьютер енгізіліп, компьютерлік оқыту мектеп санасына енгізіледі.

Білім беруді ақпараттандырудың құрамдас бөліктерінің бірі білім беру процесінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Бастауыш мектеп үшін бұл білім беру мақсаттарын белгілеудегі басымдықтардың өзгеруін білдіреді: бастауыш мектепте оқыту мен тәрбие нәтижелерінің бірі балалардың заманауи компьютерлік технологияларды игеруге дайындығы және одан әрі өзін-өзі тәрбиелеу үшін олардың көмегімен алынған ақпаратты жаңарту мүмкіндігі болуы керек. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін бастауыш сынып мұғалімдерінің практикасында бастауыш сынып оқушыларын оқытудың әртүрлі стратегияларын, ең алдымен, білім беру процесінде АКТ-ны қолдану қажет.

Бастауыш сынып сабақтарында АКТ қолдану :

● оқушылардың шарлау қабілетін дамыту
әлемнің ақпараттық ағындарында;

● ақпаратпен жұмыс істеудің практикалық тәсілдерін меңгеру;

● заманауи техникалық құралдарды қолдану арқылы ақпарат алмасуға мүмкіндік беретін дағдыларды дамыту.

Компьютерлік технологияны қолданатын сабақтар оларды қызықты, ойлы, мобильді етуге мүмкіндік береді. Іс жүзінде кез – келген материал пайдаланылады, сабаққа көптеген энциклопедиялар, репродукциялар, аудио сүйемелдеуді дайындаудың қажеті жоқ-мұның бәрі алдын-ала дайындалған және шағын электронды тасымалдағышта бар. АКТ-ны қолданатын сабақтар әсіресе бастауыш мектепте өзекті [1].

1-4 сынып оқушылары визуалды-бейнелі ойлауға ие, сондықтан олардың оқуын мүмкіндігінше жоғары сапалы иллюстрациялық материалдарды қолдана отырып, жаңа нәрсені қабылдау процесіне тек көру ғана емес, сонымен бірге есту, эмоциялар мен қиялдарды тарту арқылы құру өте маңызды. Мұнда компьютерлік слайдтар мен анимациялардың жарықтығы мен әсемдігі пайдалы. Бастауыш мектептегі әртүрлі сабақтардағы

мультимедиялық қолдау сізге түсіндірмелі және иллюстрациялық оқыту әдісінен іс-әрекетке ауысуға мүмкіндік береді, онда бала оқу іс-әрекетінің белсенді тақырыбына айналады.

Білім беру процесінде заманауи АКТ-ны қолданудың бағыты бар.

1. АКТ пайдалану негізгі құжаттаманы электронды форматта дайындауға көшуге мүмкіндік береді: бастауыш білім берудің барлық пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау құру, әдістемелік жинақтарды құру:

- "Ата-аналармен жұмыс";
- "Тәрбие жұмысы";
- "Тілдік әдістемелік материалдар";
- "Математикадан әдістемелік материалдар";
- "1-4 сынып ата-аналарына арналған педагогикалық лектория жасау";
- "1-4 сыныптардағы орыс тілінің мониторингі";
- "Математика пәні бойынша 1-4 сыныптарға Мониторинг жүргізу";

Ақпараттық технологиялар

- "Дарынды балалармен жұмыс";
- "Этикалық тақырыптағы моральдық минуттар";
- "Бастауыш сынып оқушыларына арналған сынып сағаттарын әзірлеу";
- "Қазақ тілі математика, әдеби оқу бойынша сабақ-презентациялар қоржыны[2].

2. АКТ-ны пайдалану сізге тез өзгерістер, толықтырулар енгізуге мүмкіндік береді, ақпаратты сақтау мен қол жетімділікті жеңілдетеді. Атап айтқанда, мұғалім тиісті мониторинг нәтижесінде алынуы мүмкін сынып оқушылары туралы ақпаратпен жұмыс істеуге мүмкіндік алады. Мониторинг мұғалімге, ата-аналарға оқушының белгілі бір пән бойынша дайындық деңгейі тұрғысынан тиісті жас тобындағы орны туралы маңызды ақпарат береді. Электрондық қосымшада көрсетілген оқушылардың бақылау жұмыстарының, диагностикалық зерттеулердің нәтижелері мұғалім мен ата-аналарға әр пән бойынша, әр оқушы үшін және жалпы сынып үшін бағдарламалық материалды игеру нәтижелерін көрнекі түрде көруге мүмкіндік береді, бұл оқушылардың үлгерімінің сапасына жүйелі талдау жүргізуге әсер береді. Мұндай идея оқытуды білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін ашық және қол жетімді етуге қол ұшын береді.

3. АКТ-ны қолдану оқушылардың көпшілігінде көру қабілетінің есту қабілетінен басым болуын ескеруді көздейді. Бұл мәселені ішінара шешуге оқу процесінде электронды көрнекі құралдарды, атап айтқанда, сериядағы дискілерді пайдалану ықпал етеді [3]:

- "Отбасылық тәлімгер";
- "Математика, тілден демонстрациялық материал";
- " Медиаэнциклопедия";
- "Информатика әлемі";
- "Жылдам оқу жүйесі" және т. б.

Бұл бағыт оқушылардың оқылған материалды есте сақтау процесін жеңілдетеді, сабақты қызықты және динамикалық етеді, оқушыны зерттелетін пәнге "батыруға", қатысудың елесін жасауға, сабақта зерттелетін объектіге жанашырлық жасауға көмектеседі, көлемді және жарқын идеялардың қалыптасуына ықпал етеді.

4. АКТ қолдану Жобалық іс-шараларға белсенді қатысуға мүмкіндік береді. 5. АКТ қолдану бастауыш сынып оқушыларын қашықтықтан оқытуға мүмкіндік береді. Кейбір жағдайларда (оқу орнынан қашықтық, денсаулық жағдайы және т.б.) бұл мүмкіндікті асыра бағалау қиын.

6. АКТ пайдалану өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі дамытуды тиімді жүзеге асырады, бұл әрбір заманауи мұғалімнің кәсіби қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Оқу процесінде АКТ тұрғысынан компьютерлік оқыту ойындары ерекше қызығушылық тудырады, өйткені олар білім, тәжірибе, дәстүрлерді жарқын және динамикалық түрде жеткізеді, оқу-іздестіру қарым-қатынасы кезінде мәдениетті таратуды қамтамасыз етеді.

Компьютерлік ойын әрекеті оқушыдан күшті сенсоримоторлық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар олардың әрекеттерінің нәтижелерін бақылау, салыстыру және талдау қабілеттерін талап етеді. Оқу процесіне білім беру ойындарының қосылуы бірқатар дидактикалық артықшылықтарға байланысты.

Олардың ішінде мыналар бар [4]:

- ақыл-ой белсенділігін белсендіру;
- материалды қатты есте сақтау;
- Тәуелсіздік пен ұйымшылдықты қалыптастыру;
- коммуникативтік қасиеттерді дамыту;
- оқуға деген оң көзқарасты тәрбиелеу.

Қазіргі уақытта АКТ-ны пайдаланудың кешенді тәсілі перспективалы бағыттардың бірі болуы мүмкін. Бұл кездейсоқ емес, білімді маманның қолында компьютер ғылыми білім мен оқытудың қуатты құралына айналатынын түсінуге мүмкіндік туады. Мультимедиялық технологиялар саласындағы жаңа жетістіктерді білімге енгізу оқушылардың оқуға деген ынтасын, білім берудің тиімділігі мен сапасын арттыруға асар береді. Сабақта ақыл-ой белсенділігінің артуы оқушылардың зерттелетін пәнге деген қызығушылығын, сабақ барысында олардың белсенділігін қалай сақтау керектігі туралы ойлануға мәжбүр етеді. Компьютерді пайдалану баланың қызығушылығы мен қызығушылығын ынталандыратын ақпараттық ортаны құруға мүмкіндік береді.

Сабақтарда компьютерлерді қолданудың келесі бағыты электрондық презентацияларды дайындауда әдістемелік құралдарды жасауға көшу болды. Демонстрациялық слайдтар жаңа материалды түсіндіруде, есептерді шешуде және қайталауда қолданылады. АКТ-ны қолдану оқушылардың жаңа білімді қабылдауына зиян келтірместен сабақта ұсынылған материалдың көлемін арттыра алады. Нәтижесінде негізгі білімді қайталау тезірек жүреді және көптеген тапсырмалар шешіледі. АКТ-ны қолдану ескі сабақ жоспарларына жаңа өмір сыйлап, оқушылардың ынтасын арттыра алады. Мұндай сабақтарды өткізу үшін тінтуірді басу арқылы дәйекті көрсетілімі бар анимация элементтері бар слайдтарды пайдалану ыңғайлы. Слайдтардағы динамикалық элементтер көрнекілікті арттырады, оқу материалын жақсы түсінуге және есте сақтауға, сондай – ақ оның көмегімен жаңа өмірлік тәжірибені мақсатты іздеу оқушылардың санасында кеңістіктік көріністерді дамытуда сапалы секіріс жүруіне ықпал береді.

АКТ-ны қолдана отырып, кез-келген пәнді оқу балаларға ойлауға, сабақтың элементтерін құруға қатысуға, бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын дамытуға ықпал етеді. Мультимедиялық презентациялармен, онлайн-тесттермен және бағдарламалық өнімдермен бірге классикалық және интеграцияланған сабақтар оқушыларға бар білімдерін тереңдетудің бірден-бір жолы.

Ақпараттық технологиялар оқытудың дұрыс таңдалған технологияларымен бірге оқыту мен тәрбиелеудің қажетті сапасын, өзгермелілігін, сараланuын және дараланuын жасайды.

Қазіргі АКТ көмегімен сәтті шешуге болатын мәселелерді тұжырымдайық:

1. Оқушының жеке басын дамыту, ақпараттық қоғамдағы өзіндік өнімді іс-әрекетке дайындық: компьютермен қарым-қатынас ерекшеліктеріне байланысты конструктивті, алгоритмдік ойлауды дамыту; репродуктивті іс-әрекеттің үлесін азайту арқылы шығармашылық ойлауды дамыту; ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, ақпаратты өңдеу дағдылары арқылы әртүрлі бағдарламалық қамтамасыз ету қолданылады.

2. Әлеуметтік тапсырысын жүзеге асыру, негізделген ақпараттандыруды қазіргі қоғам: дайындау, білім алушылардың ақпараттық технологиялар арқылы өзіндік танымдық қызметі.

Әдебиет:

1. Б.А. Тұрғынбаева. «Дамыта оқыту технологиялары» // Алматы, 2020 ж.
2. Құдайбергенова К.С. Инновациялық тәжірибе орталығы – педагогикалық технология көзі //Алматы. 75 б.
3. Н.А.Оразахынова «Фонетикалық қазақ тілі» Алматы 2012 ж
4. Эльконин Д.Б. Бастауыш сынып оқыту психологиясы / Д.Б.Эльконин.- М., 1974 г.- 304 с.

ДИСЛЕКСИЯ У РЕБЕНКА .ЧТО ЭТО ТАКОЕ? ВИДЫ И ПРИЗНАКИ

Бралиева Казина Серкеновна
КГУ СШ № 22 г.Актобе

По статистике, дислексия встречается у 10% населения планеты. Эта особенность развития может проявляться в раннем возрасте, из-за чего кажется, что ребенок медленно развивается по сравнению со сверстниками. Например, медленно читает, переставляет буквы в словах и допускает ошибки в письме, хотя знает правила. В такой ситуации необходимо активное участие родителей и использование подходящих методов обучения. Ребенок, страдающий дислексией, до 6-7 лет обычно не сильно отличается от сверстников: играет, мечтает пойти в школу и хорошо учиться, возможно, он немного более активен и неуклюж. Но в начальной школе родители и педагоги замечают, что ребенок затрудняется с чтением: допускает ошибки, не понимает прочитанного и избегает книг. Это может быть признаком дислексии. Что такое дислексия и как узнать, что ребенок дислексик.

Дислексия — это специфическое нарушение способности к чтению, когда при чтении ребенок допускает однотипные ошибки. При этом ребенок может быть полностью интеллектуально развит и не испытывать других трудностей с обучением.

Понять, что такое дислексия обычным людям не просто. По словам дислексика, исследователя проблемы дислексии Рональда Дейвиса, отличие дислексиков от обычных людей в том, что обычные люди мыслят словами, а дислексики — образами. Поэтому, когда страдающий дислексией ребенок сталкивается с словесным описанием предмета или явления, он испытывает трудности. Особенно трудно такому ребенку воспринимать слова, значения которых он не знает, то есть не имеет в памяти образа, такими словами могут быть, в частности, предлоги: "через", "над", "под".

При чтении ребенок-дислексик постоянно сталкивается с трудностями: даже одно слово, которое он не знает (не имеет его образа) разрушает общий образ прочитанного, то есть текст становится полностью непонятным ребенку. Очень часто люди имеют нарушения не только способности читать (дислексия), но и способности правильно писать (дисграфия).

В чем проявляется дислексия?

Как правило, нарушение способности чтения связано с проблемами составления слов из слогов (слогосложения), чтения целыми словами, беглого чтения. Дети читают медленно, по буквами или по слогам, пытаются угадать слова, а не прочитать их, переставляют буквы и слоги местами. Все это приводит к тому, что текст зачастую остается непонятным для ребенка. Некоторые дети, доведя до совершенства технику чтения, могут не понимать прочитанное и ответить на вопросы по тексту.

Диагностика дислексии

Диагностировать дислексию не просто, потому что проблемы с чтением могут испытывать самые разные дети по разным причинам: слабое умственное развитие, педагогическая запущенность, плохой слух и зрение ребенка, не позволяющее ему видеть буквы, работать с текстом и т.п. Дислексию отличает повторяемость ошибок, их идентичность и стойкость, то есть даже после тренировок (когда еще не проводится коррекционная работа) проблемы остаются.

Дислексия не является психическим заболеванием и диагностируется несколькими специалистами путем проведения различных тестов, включающих тестирование здоровья ребенка (слух, зрение), уровень интеллекта (нет ли умственной отсталости), техники чтения и понимания текста, способности полноценной речи.

Виды дислексии

Фонематическая дислексия. Наиболее часто встречается у младших школьников, и связана с тем, что ребенок смешивает похожие звуки (глухие-звонкие, твердые-мягкие, звонкие-глухие, например, б-п, д-т, ц-с, ж-ш). Этот вид дислексии выражается в побуквенном чтении, в том, что ребенок при чтении может пропускать буквы и слоги, переставлять их).

Механическое чтение (семантическая дислексия). Ребенок владеет техникой чтения, но не может понять частично или полностью смысла прочитанного. Одна из причин семантической дислексии в том, что слова в предложении для ребенка не связаны, ребенок не может получить общую картину смыслового содержания.

Аграмматическая дислексия, как и аграмматическая дисграфия, связана с проблемами согласования, в частности, существительных и прилагательных, существительных и глаголов, когда не согласуются окончания слов: "красивый кошка", "высокая тополь" и т.п.

Оптическая дислексия. Все буквы состоят из примерно одинаковых элементов: черточек, палочек, кружочков. Оптическая дислексия выражается в том, что дети путают схожие по написанию буквы, буквы, отличающиеся один-двумя элементами или по-разному расположенными в пространстве.

Мнестическая дислексия. Она связана с тем, что ребенок не может запомнить связь между обозначением буквы и звуком, который она "дает" при чтении.

Последствия дислексии

Ребенок с дислексией может испытывать значительные трудности, связанные с невозможностью понимания текста, затратой на чтение большого количества времени, что приводит к дальнейшим трудностям в обучении в школе и вузе. Поскольку дислексики мало читают, у них может быть маленький словарный запас. Дислексикам также свойственны плохая ориентация в пространстве, дезорганизация, проблемы с координацией, заниженная самооценка.

Что делать, если у ребенка дислексия?

Коррекцией дислексии детей и взрослых занимается логопед. В зависимости от вида нарушения применяются свои способы лечения дислексии.

Как можно помочь детям до школы?

В дошкольном возрасте тяжело распознать эти нарушения, так как дети еще не умеют писать и читать. Но проводить работу, направленную на развитие графомоторных навыков, развитие фонематического восприятия, развития связной речи и лексико-грамматических категорий, мелкой моторики можно начинать с раннего возраста.Необходимо обратить особое внимание: на детей левшей, детей с двуязычием в семье, детей, смешивающих похожие звуки (глухие-звонкие, твердые-мягкие, звонкие-глухие, например, б-п, д-т, ц-с, ж-ш), с проблемами согласования, в частности, существительных и прилагательных, существительных и глаголов, когда не согласуются окончания слов: "красивый кошка", "высокая тополь" и т.п., так же, на детей, которых учат раннему чтению с 2-х, 3-х летнего возраста. Эти дети чаще всего подвержены таким заболеваниям как дисграфия и дислексия. В

процессе работы с такими детьми можно использовать специально разработанные альбомы для профилактики дисграфии и игры в которых необходимо визуально определять и находить предмет или буквы. Играть в слухозвуковые игры: «Доскажи словечко», «Какой звук первый (последний) услышал в слове», «Один, два, много», «Где чей домик?», «Какой? Какая? Какие?», «Из чего сделан?» и т.д. Обратить внимание родителей на речь их ребенка и посоветовать обратиться к специалисту за консультацией, в случае необходимости. Тем самым начинать заниматься профилактикой этих нарушений в дошкольном возрасте, а не дожидаться диагноза в школьном возрасте.

Итог

Дисграфия и сислексия — нарушения, с которыми можно и нужно работать: выполнять упражнения, исправлять сопутствующие проблемы (например, проблемы коммуникации со сверстниками). Особенности этих нарушений и их значимость для дальнейшей жизни ребенка не может допустить непрофессионального вмешательства — необходимо обращение к специалистам, в первую очередь, к логопеду.

Дисграфия и дислексия — это не приговор, с этим можно жить, но задачей родителей и педагогов должно стать преодоление этого недуга. Благо разработано множество методик и упражнений для устранения дисграфии и дислексии. Это подтверждают и **известные люди**, страдающие от дислексии и дисграфии. Вот лишь небольшой список имен: Ганс Христиан Андерсен, Альберт Энштейн, Том Круз, Сальма Хайек, Шер, Дастин Хоффман, Уолт Дисней, Федор Бондарчук, Владимир Маяковский, Мерлин Монро.

«Дислексия — не приговор»: как в Казахстане помогают людям с проблемами обучения Елена Данилова занималась молодежной политикой и руководила молодежным ресурсным центром в Сарыкольском районе Костанайской области, но диагноз ребенка подтолкнул ее к получению новой профессии и открытию в столице центра, аналога которому в стране на тот момент не было. Во всем мире всего 421 специалист этого метода, в СНГ – 20. В Казахстане двое. Один из них Елена Данилова которая прошла обучение методу Дэйвиса в Эстонии.

Литература:

Р. Дэйвис “Дар дислексии”. Аннотация научной *статьи* по клинической медицине, *автор* научной работы — Заваденко Н.Н., Румянцева М.В. *Дислексия*

Подробнее: https://5q.media/2022/05/25/disleksiya-ne-prigovor-kak-v-kazahstane-pomogayut-lyudyam-s-problemami-obucheni

ЭТНОСТИЛЬДЕГІ КИІМ- ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ

Бралова Гульшат Оразгалиевна.
М.Құрманғалиева атындағы №32 мектеп-гимназиясы

Қазақтың ұлттық киімі дегенде көз алдымызға оюлы шапан, зерлі камзол, саптама етік киген, сәні мен сымбаты жарасқан ата-апаларымыздың түр-сипаты келеді.

Шебердің инесі де, күймесі де – алтын.Ұлттық киім - ұлтымыздың айнасы. Халқымыз атам заманнан бері мың бір сырлы әсем киім үлгілерін жасап киініп келген. Киім жай ғана бір жапырақ мата емес. Ол белгілі бір ұлттың, мәдениеттің бет бейнесін көрсетіп тұратын ғажайып дүние. Оның эстетикалық, этно-мәдени, қоғамдық мәні де орасан. Сондықтан әр қазақ мақтан тұтатын мол мәдениетіміздің елеулі бір саласына киім кию ғұрыптарымызды жатқызсақ болады. Шындығында да, әлемдегі озық өнер түрлерін сарапқа салар болсақ, қазақ

өнері алдыңғы қатардан көрінері даусыз. Себебі, қазақ дүниетанымы терең, мәдениеті бай, әрбір өнері көрнекті, көрген-түйгені мол үлгілі ұлт.

Халқымыздың бүкіл ішкі жан дүниесі, ұстанған діні мен ділі киім үлгілерінен, олардың пішілуінен, тігілуінен, қолданылған әшекейлерден, таңдалған түр-түстен аңғарылады десек әсіре айтқандық емес. Өйткені кез келген киім оны жасап шығарған халықтың ішкі руханиятының материалданған көрінісі екені даусыз. Демек киімдеріміз қандай сұлу болса, жан байлығымыз да соншалықты сұлу болғаны!көркем еңбек сабағымызда, 8-9 класс оқушылары аса қызығатындары – өз қолдарынан шыққан ерекше дизайнде орындалған бұйымдар: сөмкелер, әмияндар, бас киімдер, әсіресе биылғы өте актуалды болған тақиялар түрлі әдіспен әшекейленгендер,камзол мен шапан, жеңіл көйлек пен жейделер.әрине, қызбалдарға оңай болған жоқ осындай бұйымдарды тігіп орындауға, конструкциялауда, модельдеуге, мата таңдау барасында көп уақыт кететін ол анық, ал дайын сатып алуға деген сұраққа келген де, бағалары өте жоғары, немесе, бұйымдардың жас ерекшеліктеріне келмейді.

Қазір этнодизайн сәннің бағытын өзгертті. Бұрын қазақы ою-өрнек салынған киімдер тек қазақтың той-томалағында пакетке салынып, қолдан қолға өтіп жүретін. Ал соңғы уақытта отбасылық мерекелерде,қыз-келіншектер қазақтың "жұпары" бұрқырап күнделікті киюге ыңғайлы, ұлттық нақыштағы заманауи сән үлгілер өмірге көптеп еніп келген сияқты,бірақ жоғарыда айтылған бағасы мен жас ерекшіліктері есепте жоқ,өте қымбат,өйткені қолдан шыққан туындылар. Мұндай киім тігу оңай емес. Ол шығармашылық ізденісті, бас қатырып ойлануды, талмай еңбектенуді, ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға деген жанкешті ұмтылысты талап етеді. Осыншама еңбекпен өндірілген өнімнің құнының арзан болмайтыны анық.

1.Орамалдардан тігілген киім топтамасы

2 .Екі түсті қысқа жакет, сырып тігілген.

3.Жеңіл шапан,қалталы.

Бұл мәселені қалай шешуге болады? Оқушыларға жобалық жұмыстардың тақырыбында ізденіс жұмыстарын ұсындым,демалыс күндері балдар топтасып мата дүкендеріне, базарларға, ательелерге барып, қарап, мамандармен сөйлесіп келген қызбалдар, өз ой пкірлерін ортаға салған кезде,мен таңғалдым, балдардың шығармашыққа, ізденістерге, сондай қызығушылықтары сондай жоғары деңгейде орындандағандарын. Киімге ою-өрнек кестелеп әуреге түспей-ақ кәдімгі шыт, бөз, кендір, атлас матаның қиығынан түсін үндестіре этнодизайнмен құрап, заманауи үлгідегі сырма бешпеттер, желеткелер, белдемшелер тігуге болатындығын шештік. Шыт мата тігуге қолайлы,ауа өткізеді, сәнді, ыңғайлы,және өңдеуге де оңай. Қазақы киімнің барша сымбаты мен ою-өрнегінде, әрбір әшекейінде халқымыздың тарихының, ой-дүниесінің қайталанбас көрінісі бар. Ол - біздің ұлттық мәдениетіміз! Бағзы заманда аттың жалы - түйенің қомында көшпенді тірлік кешкен қазақ халқы күнделікті тұрмыста киетін киімге айрықша назар аударған. Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше өзіндік қасиетке толы. Мұның басты себебі қазақ халқының табиғат төсінде өсіп, еркін ғұмыр кешуімен байланысты. Әр оюдың өзіндік тарихы бар. Киімге салынатын өрнектің жөн-жосығы, өзіндік дәстүрі барын үлкендерден көріп, құлағыма құйып өстім, жұқанасын ұстап қалдым. Анық білетінім, біздің халық еш уақытта киіміне текеметтің оюын салмаған.

Киімнің өзіндік өрнегі болған. Оған қарап адамның әлеуметтік мәртебесін, жас ерекшелігін айтпай тануға болатынын айтып отыратын анам. Тіпті киім матасының түсін де осы ерекшеліктерге лайықтаған. Қыстық, жаздық киімдердің өрнегінің өз ерекшелігі болған. Өрнектер қазіргідей алабажақ, шақырайған контраста емес, матаның түсімен үйлесіп, білінер-білінбес, ары кеткенде сәл (онда да салтанат кімдерінде) қанықтау болған.Таңдау бойынша сәнді болу үшін кәжекейлеріне ою өрнекпен әшекейлеп тігетіндер де болды,олар моншақтап тігуді таңдаған соң,арнайы оюлармен жұмыс жасау мастер класын ұйымдастырдым, тарихын, суреттеу, лекало жасау, кестелеп тігу техникасын қарастырдық. Әрине, сабақ кестесі бойынша жұмыстарды бастап-аяқтауға уақыт жетпейді, барынша жаңа технологиялық үрдістерін сабақта меңгеріп,қалғанын үйде,өзіндік жұмыс ретінде орындап отырды,үнемі байланыста отырған балдарда болды,әлеуметтік желінің бір пайдасы,видео қоңырау, ватсап, зуум арқылы кеңес сұрап,орындау барысына көмек алды. Әр ұлттың ұлттық киімдеріне қарасты өзіндік философия жатқанын жете түсінуіміз керек. Ұлттық киімдер ұлттың мекендеген жерінің географиялық ерекшеліктері мен ауа райына қатысты да қалыптасқанын көреміз. Қазақ түркі тектес халық болғанымен, өз киім үлгісі ерекше дамыған. Әр киімнің әр жаста киілетін және өз орны бар. Қазіргі таңда күнделікті кимесек те, өз маңызын сақтап отырған ұлттық киімдерімізді құрметтеу керек деп білеміз. Бүгінгі күні де ата-баба дәстүрі жаңғырып, ұлттық киім өндірісі өзіндік жалғасын тауып келеді.Осы тақырыпта мен бір шешімге келгенім :қалалық семинар,немесе мастер класс өткізуге мақсат қойдым.

Қолданылған әдебиеттер.

Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет, «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» кітабынан

ummet.kz https://ummet.kz/makalalar/348-dastur-danalygy/4753-aza-ty-ltty-kiimderi.html

Материал ummet.kz сайтынан алынған

LESSON STUDY ОҚЫТУ МЕН ОҚУ ТӘЖІРИБЕСІН ЖЕТІЛДІРУ ТӘСІЛІ РЕТІНДЕ ТӘЖІРИБЕДЕ ҚОЛДАНУ

Бугыбаева Нурсулу Наурызбаевна,
Қорғанбаева Нұргүл Өмірсерікқызы
№ 31 қазақ орта мектебінің мұғалімдері

Заманауи білім беруде мектеп мұғалімдері оқушылардың жақсы теориялық білім алып қана қоймай, оны өз бетінше игеріп, күнделікті өмірде қолдана алатын жағдайда оқу- тәрбие үдерісін ең оңтайлы ұйымдастыруды табуы керек. Мұғалімдер жаңа нәрсені әртүрлі қабылдайды. Біреу мұның бәрі бұрыннан белгілі, классикалық педагогикалық еңбектерде сипатталған дейді. Ал басқалары біздің дәстүрлі сыныптық –сабақ жүйесі жағдайында бағдарламаның барлық идеяларын жүзеге асыру мүмкін болмайтынына күманмен сенеді. Бірақ жаңа жүйенің жайдан-жай келмейтінін есте ұстаған жөн, бұл өзгерісті бүкіл білім беру жүйесі талап етеді.

Білім беруді жаңғырту – бүгінгі заманның талабы. Қазіргі таңда жаңа технологиялармен оқыту жүйелі түрде жолға қойылып келеді. Оған мамандарды қайта оқыту, интерактивті білім беру, түрлі технологиялық тәсілдер арқылы оқуға деген қолжетімділікті арттыру сынды мысалдарды айтуға болады. Біздің елімізде білім беру жүйесін жаңғырту үш басты бағыт бойынша жүзеге асуда. Біріншісі, білім беру мекемелерін оңтайландыру; екіншісі, оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту; соңғысы, білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру.

Білім берудегі инновациялық үдерістерді қолдау, оқыту мен оқуда қолданылатын әдістер мен тәсілдердің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында мектеп тәжірибесін өзгерту үшін жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануды жоспарлап, әлем елдері мойындап келе жатқан жапон әдісі Lesson Study-ді бізде өз тәжірибемізде қолданып келеміз. Мақсатымыз мұғалімдердің Lesson study-дің мәні оқушылардың назарын оқуға шоғырландыру арқылы оқытуды дамыту және жетілдіруге арналған құрал екендігін түсінулерін қамтамасыз ету.

Lesson study-ді ұйымдастыру барысында мұғалімдерде бұл тәсіл туралы толық түсінік қалыптастыру мақсатында «Сабақты зерттеу әдісі арқылы бірлесіп сабақ жоспарлау және оқыту сапасын арттыру» , «Білім сапасын арттыру жолдары» тақырыптарында коучингтер өткізіліп, әріптестермен іс- тәжірибе алмастық. Коучингтердің нәтижесінде мұғалімдер Lesson study-ді оқуды, оқытуды және мұғалімдердің тәжірибесін дамыту және жетілдіруге арналған құрал ретінде қолдану мақсатында әріптестерімен өзара ықпалдасу керек екендіктеріне көздері жетті .

Lesson Study – мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл. *Lesson Study-ге* шараны бірлесе жоспарлап, өткізетін, қадағалайтын, оқыту мен оқуды талдай отырып, өз қорытындыларын қағаз бетіне түсіретін мұғалімдер тобы қатысады. *Lesson Study* циклін өткізу кезінде мұғалімдер оқыту тәжірибесіне жаңа әдістер енгізеді немесе оны жетілдіреді, кейін ашық *Lesson Study* өткізу немесе жұмыс сипатталған құжатты жариялау арқылы әріптестеріне таратады.

Lesson Study тәсілі кем дегенде үш Lesson Study-ден тұратын циклден құралады, ол сабақтарды мұғалімдер тобы бірлесіп жоспарлап, оқытып/қадағалайды және талдайды. Мектеп әдіскерімен ақылдасып, Lesson Study-ді жоспарлау сызбасын (1- сурет) қолдана отырып мұғалімдерден топ құрдық.



1-сурет. Lesson Study циклдері (Дереккөз: Бейлекөл университеті, «Оқыту мен оқудағы шеберлік орталығының» оқу құралы: Lesson Study, Dudley, P. (2011))

1-сурет. Lesson Study-ді жоспарлау сызбасы

Сыни тұрғыдан ойлай білетін шығармашыл ұстаздармен келістік. Оларда бұл қалай болады екен деп ойланды. Бәріміз бірлесіп, ақылдасып Lesson Study-дің жоспарын жасадық. Сыныпты таңдай отырып, әр сабақтың жоспарына өзгертулер енгізу арқылы қысқа мерзімді жоспар құрдық. Үш «бақылаудағы оқушыны» жоғары, орта, төмен көрсеткіштері бар топтардың үш өкілін анықтадық. Сабақтың әр кезеңін жоспарладық. Бақылаудағы әрбір оқушыдан қандай нәтиже күтетінімізді жазып отырдық. Кім қай бақылаудағы оқушыны қадағалайтынын белгілеп алды. Бақылаушы мұғалімдер қысқа мерзімді жоспармен қоса, №1,№2,№3 кестелерді дайындады. Төмендегі кестелерді бақылаушы мұғалімдер анықталған оқушыларды бақылау үшін қолданады

1-кесте. А,В,С оқушыларын зерттеу парағы

Сынып _____ пәні_____Сабақ беретін мұғалім_____
Сабақтың тақырыбы:_____
Зерттейтін оқушының аты-жөні: _____ деңгейі_____
Зерттеуші мұғалім:_____

Зерттеуші мұғалімнің ұсынысы, ескертпелері, қорытындысы

Сабақтың кезеңдері	Тапсырмалар	Тапсырмаларды орындауға критерийлер	Зерттелуші оқушының іс-әрекеті	Зерттеуші мұғалімнің пікірі
Сабақтың басы				
Сабақтың ортасы				
Сабақтың соңы				
Алғашқы ойлар				

Әр бақылаушы мұғалім өзінің анықталған оқушысын зерттеп отырды.

2-кесте. Оқушыдан сұхбат алу парағы

Сабақты зерттеу үшін жасалған бақылау парағы
Пән аты_____ сынып _____ Мұғалімнің аты - жөні _____
Зерттеу сабақ жоспарының тақырыбы:
Зерттеуге ге тиімді деп ұсынылған әдіс - тәсілдер түрі:
Оқушының аты-жөні:

Сұрақтар	Оқушының жауаптары
Сабақ Сізге ұнады ма? Өз пікіріңізді дәлелдеңіз. Бүгінгі үйренгеніңіз Сіз үшін болашақта қажет болады деп ойлайсыз ба? Неліктен? Осы тақырып (мәселе) бойынша тағы да не білгіңіз келеді? Бұл тақырыпты ашуда Сіздің үлесіңіз қандай болды деп есептейсіз? Сабақта қандай әрекеттер атқардыңыз? Топ жұмысы қандай деңгейде өтті деп ойлайсыз? Неліктен? Өз жұмысыңызға қанағаттанасыз ба?	

3-кесте.Сабақты зерттеу үшін жасалған бақылау парағы

Пән аты_____ сынып _____ Мұғалімнің аты - жөні _____

Зерттеу сабақ жоспарының тақырыбы:

Зерттеуге ге тиімді деп ұсынылған әдіс - тәсілдер түрі:

Сабақ мақсаты							
Оқытудан нақты күтілетін нәтиже:							
Олардағы нәтиже мен табыс үшін жүргізілетін кезеңдер	Бақылаудағы А оқушыға арналған табыс критерийлері		Бақылаудағы В оқушыға арналған табыс критерийлері		Бақылаудағы С оқушыға арналған табыс критерийлері		Келесі сабаққа ұсыныс
Сабақ кезеңдері	А оқушыдан күтеміз	Ол қалай жауап берді	В оқушыдан күтеміз	Ол қалай жауап берді	С оқушыдан күтеміз	Ол қалай жауап берді	
Сабақтың басы	Мысал келтіреді, түсіну үшін не істеуі керек екенін біледі,берілген тапсырманы анықтай алады, жаңа сұрақ қояды?		Берілген сұрақтарға негізгінен жауаптары оқығаны бойынша дайын;		Берілген тапсырмамен жұмыс жасай алды;		
Сабақтың ортасы: 1-кезең. Жаңа білімдегі	Проблемены айқын-дайды,оның шешу жолдарын қарастырады.Ш		Өз бетімен тірек-сызбалармен, кестелермен, суреттермен жұмыс жасай алады;		Жеңіл сұрақтарға жауап беріп, қатесін тауып, өз		

мағынаны ашу 2-кезең. Талдау – қолдану	ешім қабылдайды, дәлел, өзінің болжамын айта алады.Топта көшбасшылық танытады. Жоғары деңгейлі сұрақ қояды. Толық жауап береді, өз бетімен талдап өз ойын қосады.		Қосымша алынған материал дарды тақырыппен байланыстырып, өз бетімен талдай алады		бетімен жұмыс жасауға ынталанды Өткен материал бойынша жай сұрақтардың жауабын тез бере алады		
Сабақтың соңы: жинақтау, бағалау	Теориялық білімді практикада өз жобасын қоса айтып қорғай алады.		Теориялық білімді практикада қолдана алады		Бекіту сұрақтарына жауап береді		

Бірінші Lesson Study-ді өткізу

Бақылаудағы оқушылар жұмыс істеп отырған кезеңдерді бірлесіп бағалауға тырыстық. Оқушылардың жетістіктерін бағалау материалдарын(«№1-№3-кестелерді)қолданып,топ мүшелерінің бақылаудағы оқушылардың әрқайсысы бойынша сабақ соңына қарай нені істей білетінін және дәлелдеме ретінде нені көргісі келетіндігін нақты жазып отырдық. Бастапқы

Lesson Study-ден кейін бақылау аясын кеңейту арқылы топтың немесе толық сыныптың қамтылуына ұмтылуымыз керек.Бақылау кезінде барлық оқушы бір нәрсені дұрыс түсінбесе оны оң жақ бағанға белгілейміз.Оқушыларды бақылау барысынды №1 кестені толтыра отырып, сабақтың негізгі кезеңдері қандай болмақ? сабақтан кейін қандай сұрақ қоя алар едім? Деген сұрақтарды парақтың соңындағы «алғашқы ойлар» деген жолға жазып қойдық.

Сабақтың әр кезеңінде бақыланушы оқушылардан қалай жауап беретінін, жауап беру кезінде қалай бақыланғанын, шамамен жұмсалған уақытын, жалпы сол оқушыларға арналған табыс критерийлерін өз бағаналарына белгілеу арқылы қандай нәтиже күтетінімізді сипаттап отырамыз.

Lesson Study әдісі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырып, өз бетімен жұмыс істеуге, қорытындылар жасауға, жүйелі білім алуға жетелейді.

Зерттеу аяқталған соң оқушылардың пікірінше, не пайдалы болғанын, олардың нені білгенін және олардың көзқарасы бойынша, оны одан да пайдалырақ ету үшін, сабақты тағы бір рет өткізсе нені өзгертуге болатыны туралы пікірін білу үшін бақылаудағы оқушылармен 2- кестедегі сұрақтарға жауап алып, сұхбаттастық.

Сұхбат ұзаққа созылмай (5 минуттан аспағаны дұрыс), барлық бақылаудағы оқушылармен бір уақытта немесе жеке-жеке жүргізілуі мүмкін.

Lesson Study-ден кейінгі талқылау

Lesson Study –ден кейінгі талқылау сызбасын пайдаланып, сабақтан кейін бірден жиналып топ мүшелері сабақты талқылауға кірістік.Топ мүшелері Lesson Study-ден кейінгі жетістікті талқылау критерийлерімен таныстырылды:

1. сыни пікірлер мен ұсыныстарға ашық болу;
2. бақылаулар нәтижелерін қабылдау және сәтсіздіктерді ақтауға тырыспау;

3. сабақтан кейінгі талқылауды бірлесіп оқыту әдісі ретінде бағалау;

4. бақылау кестесінде/жоспарында нақты мақсаттар мен мәселелерді белгілеу;

5. талқылаудың «модераторын» (талқылауға позитивті бағыт беріп отыратын төраға) тағайындау, бұл рөлді ол адамның қызметімен байланыстыруға болады;

Төмендегі үлгіні Lesson Study нәтижелерін талқылау мәселелерін жазуға пайдаландық.

4-кесте. Талқылау барысында жазба жүргізуге арналған кесте

Талдау сұрақтары	Жауаптар
Оқушының әрқайсысы қандай прогреске қол жеткізді? Ол жеткілікті болды ма?	
Олардың сыныптарындағы басқа оқушылар қандай нәтиже көрсетеді?	
Енгізіліп жатқан әдіс қалай көмектесті немесе кедергі келтірді ?	
Қандай тосын оқиғалар болды?	
Әр оқушының нәтижесін жақсарту үшін келесі жолы әдістеменің қандай аспекті(лері) түзетілуі керек?	
Келесі жолы біз не істеуге тырысуымыз керек?	

Сонымен қатар әрбір сабақ өткен сайын хаттама толтырылып отырды.

Lesson Study сабағының көрінісінен үзінді фотолар:

Lesson Study –ді сабақтың бейнежазбасы арқылы талдау тәжірибені қорытудың танымал тәсілі, өйткені сабақ кезінде байқалмаған жағдайды байқап отырып,ойынды толықтырып отыруға болады.

Lesson Study сабағын талдау барысынан үзінді фотолар:

Негізінен осы жұмыс нақты қолға алынған жағдайда, әр оқушының қажеттілігін, олардың жаңа білімді қабылдай алу іскерлігін ескере отырып, әр түрлі ресурстарды қолдану қажеттігіне, тапсырмалардың іріктелуіне, мұғалім қолдауының қажеттілігіне көз жеткіземіз, себебі, біреуі естіп, біреуі көріп, ал кейбіреуі өз қолымен жасап қабылдайды. Әрқайсысының деңгейі әрқилы. Осы кезде саралауды дұрыс ұйымдастырып, оқушыларға дер кезінде қолдау

көрсете білу өте маңызды екенін аңғарамыз, ендеше сабақты зерттеу кезінде саралаудың маңыздылығына тағыда тоқталу қажет.

Сонымен, мақаламызды Левистің сөзімен аяқтағымыз келеді: «Сабақ – зерттеудің қарапайым идеясы. Егер сіз оқытуды жақсартқыңыз келсе, онда басқа мұғалімдермен жоспарлауды, бақылауды, сабақты талқылауды бірлесе жұмыс істеуден басқа тиімді жолын таба алмайсыз».

Қолданылған әдебиеттер:

1.Мұғалімге арналған нұсқаулық
2. Пит Дадли. Lesson Study: нұсқаулық

АКТУАЛЬНОСТЬ В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ, ПРОБЛЕМЫ КРИЗИСА ПОДРОСТКОВОГО ВОЗРАСТА И ОКАЗАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПОМОЩИ В ЕЕ РЕШЕНИИ.

Буканова Гульмира Добыловна
Педагог-психолог ОСШ № 64
им. У. Кулымбетова г. Актобе

Проблема развития психики является одной из центральных в современной психологии. Ее значение определяется тем, что учение о развитии психики составляет теоретическую основу решения не только важнейших вопросов психологии, но и педагогики. Особенно вырастает значение этой проблемы в настоящее время, когда вопросы психического развития, формирования личности становятся особенно актуальными. Многогранность и сложность этой проблемы требует, чтобы ее разработка велась во многих направлениях, в различных планах и различными методами. Поэтому настоящая статья не претендует на то, чтобы дать обзор или обобщение современных психологических работ по проблеме развития психики; сказанное особенно относится к многочисленным работам, посвященным психическому развитию ребенка. Работы, вошедшие в данную статью, хотя и относятся к разным аспектам проблемы, но подчинены единому смыслу и объединяются между собой общим подходом к исследованию психических явлений. Как известно, существует целый ряд попыток принципиального решения проблемы возникновения психики. Сущность этого решения заключается в том, что возникновения психики связывается с появлением человека: психика существует только у человека. Тем самым вся предыстория человеческой психики оказывается вычеркнутой вовсе. Нельзя думать, что эта точка зрения в настоящее время уже не встречается, что она не нашла своего отражения в конкретных науках. Некоторые исследователи до сих пор стоят, как известно, именно на этой точке зрения, то есть считают, что психика в собственном смысле является свойством, присущим только человеку. Многое, что оказывает влияние на развитие психики ребенка, является физиологическое здоровье, психо-эмоциональное состояние, то есть нормальный морально-психологический климат в семье, окрующей среде. В настоящее время психологи отмечают, что происходящие перемены (политические, экономические, этнические и др.) вызывают у людей бурные эмоциональные переживания. К сожалению, педагоги и родители, поставленные в условия новой социально-стрессовой реальности, не могут оказывать эффективное воспитательное воздействие на детей, поскольку сами не обладают необходимыми знаниями, навыками и социально-адаптивными моделями поведения. Ребенок оставшийся на едине со всеми проблемами,

касающиеся его семьи, всех проблем, которые происходят во всем мире, находятся в небольшом стрессе, к этому прибавляется его собственные неудовлетворенные стимулы, неудовлетворенная мотивационая сфера, отсутствие внимания, тепла и понимания со стороны родителей, родственников, и как им кажется всего окружающего мира. С большим уважением и тактом к сложному внутреннему миру ребенка нужно относиться всегда, но особенная четкость требуется к переходу к подростковой позиции. «Трудный» характер – распространенное явление в подростковом возрасте. Чаще всего воспитатели встречаются с так называемыми девиациями и акцентуациями либо в виде акцентуированных черт характера – ярких и устойчивых проявлений личности, которые затрудняют общение с окружающими, либо в виде акцентуированных типов характеров, когда личностные особенности определяют весь стиль поведения человека, при этом возникают особые коммуникативные сложности. Для понимания подросткового возраста, выбора правильного направления и форм работы необходимо иметь в виду, что этот возраст относится, к так называемым критическим периодам жизни человека, или периодам возрастных кризисов. Кризис подросткового возраста проходит через три фазы: негативную, кульминационную точку кризиса, посткритическую, фазу формирования новых структур, построения новых отношений. Важно в этот период, вокруг подростков создавать благоприятные отношения, как между родителями, так и между сверстниками, педагогами и окружающими людьми. Самое главное стараться поддерживать подростков во всех их действиях, а точнее в осуществлении мотивационной деятельности. Во время формирования сознания подростков, их умственных способностей, развития их типа личности, характеров происходит формирование их мировоззрения на окружающую действительность, и если окружающая среда будет отрицательно настроена, в подсознании подростков формируется агрессия, которая выражается в проявлении упрямства, негативизма, своеволии, ревности к своей собственности, отстаивание своей точки зрения. Воспитательная линия в таких случаях просматривается, как осуществление помощи подростку в формировании адекватной самооценки, при этом самое главное проявлять терпение, такт, доверительность и дружелюбие, что является необходимым условием формирования адекватной самооценки у подростка. Основными задачами работы с подростками в этот период являются: - формирование нового уровня мышления, логической памяти, устойчивого внимания; - формирование широкого спектра способностей и интересов, определение круга устойчивых интересов; - формирование интереса к другому человеку как к личности; - развитие интереса к себе, стремления разобраться в своих способностях, поступках, формирование первичных навыков самоанализа; - развитие моральных качеств, форм сочувствия и сопереживания другим людям; формирование представлений о происходящих изменениях, связанных с ростом и половым созреванием. Подростки не имеют определенных жизненных навыков, позволяющих самостоятельно справляться с воздействием хронических стрессовых ситуаций и вырабатывать здоровый и эффективный жизненный стиль без дезадаптивных форм поведения. Долгое время школа уделяла повышенное внимание детям с девиантным поведением. Но чаще всего эти меры носили формальный, а порой и карательный характер и принимались тогда, когда поведение ребенка выходило за рамки норм, принятых обществом. Очень важно в период становления личности среди подростков, правильно наладить взаимосвязь с ними, найти подход, с помощью проявления эмпатии, поддержки, методов выслушивания, психотерапии, методов релаксации.

Старший школьный возраст, так называемая ранняя юность, охватывает развитие детей с 15 до 17 лет, что соответствует возрастной категории учеников 10-11 классов общеобразовательной школы. Таким образом, следует сказать, что старший школьный возраст – время различных структурных и функциональных изменений на личностном уровне, включающих формирование таких психических образований, как самоопределение и

самоактуализация, поэтому учет индивидуально-типологических особенностей волевой сферы подростка является тем ключом, который поможет соответственно оптимизировать дальнейшее становление и развитие личности. Данные выводы послужили теоретической базой и определением практической значимости коррекционно-развивающей работы, основу которой составляет специально разработанный социально-психологический тренинг, направленный на развитие волевых качеств и формирование волевого поведения, также благоприятного психо-эмоционального состояния, профилактику деструктивного поведения. Работа психологической службы в образовательной системе, связанная с сопровождением подростков, во время процесса обучения в школе, состоит из нескольких этапов: во-первых, изучение социального окружения ребенка, подростка, изучение социально-психологического состояния лиц из значимого ребенка, окружения (родителями, педагогами, друзьями); во-вторых, корректировка, прежде всего, тех ценностей, поведение, черты характера, эмоции, которые нарушают адекватную самореализацию и социальную адаптацию подростка; в-третьих, работа психолога должна быть направлена на восстановление нормального психолого-социального статуса подростка, на его адекватную самореализацию за счет проработки психологических трудностей и проблем, как эмоциональных, так и характереологических. Взаимодействие психолога с подростком должно быть подчинено определенным правилам, отражающим позицию, тактику и стратегию психологической помощи. Взаимодействие необходимо начинать с себя, очень важен позитивный настрой на другого человека. При взаимодействии необходим доверительный контакт с ребенком. Уровень его открытости связан прямо с ощущением собственной безопасности. Доверие к миру, ситуации, другому человеку - базовая потребность ребенка, поэтому, без достижения доверия помощь невозможна. Помочь подростку можно только тогда, когда он ощущает себя не объектом воздействия, а творцом собственной жизни. Формулировка цели по изменению поведения должна содержать позитивную установку. Нужно найти причины отклоняющегося поведения. Подросток, часто нарушающий поведение, подвергается критике со стороны взрослых, на него обрушиваются отрицательные эмоции, поэтому у него, как правило, отрицательная самооценка, формируется негативный жизненный сценарий. Здесь необходимо использовать положительную обратную связь, искреннее поощрение привлекательных поступков и качеств. Работа по изменению поведения должна обязательно сопровождаться осознанием подростком своих поступков, выработкой и закреплением привлекательной альтернативы, поощрение положительных изменений. Методы психологического консультирования. Информирование и анализ ситуаций ребенка, повышение его психологической грамотности по обсуждаемым вопросам, обращаясь к научным данным, примерам и опыту других людей. Установка логических взаимосвязей последовательности событий и влияние факторов на происходящее. Уточнить понимание проблемы, показать последствия. Самораскрытие**.** Психолог побуждает ребенка стать "самим собой", выражая терпимое отношение к высказываниям и чувствам ребенка. При чем ребенок сам принимает решение, оценивая приемлемость. Убеждение используется на фоне уравновешенного эмоционального состояния, устойчивого внимания при наличии у подростка развитого образного и абстрактного мышления. Нельзя быстро и без труда разрешить все проблемы подросткового возраста. И взрослые, и подростки должны набраться терпения и продолжать работать, разговаривать с друг с другом, любить друг друга. Полезный опыт проявляется тогда, когда человек, полагаясь на свою мудрость, справляется с конфликтами и депрессией, берет на себя ответственность за все происходящее и готов к встрече с новыми жизненными проблемами.

Использованная литература:

1. А.Н. Леонтьев «Проблемы развития психики» г. Москва 1981 г.

2. Корнилова Т.В., Григоренко Е.Л., Смирнов С.Д..«Подростки групп риска» Питер 2005 г.

3. Бурлакова А.П. Психология подросткового и юношеского возраста. М.: Мир психологии, 2000 г.

ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Буккарина Баянслу Рахметоллаевна
«Дөң мектеп-гимназия»КММ

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр.

Қай жерде жұмыс істесекте, әр мұғалімнің алдында қойған мақсаты: жан – жақты білімді, кез келген қиындықтардан өзін алып шыға алатын, ақылды да, парасатты бойында адамгершілік қасиеті мол, тәрбиелі оқушыны мектеп қабырғасынан оқытып шығару.Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясының мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Мектеп - ол шеберхана. Шеберханада шебер мұғалімдер жұмыс жасауы қажет. Ал шеберхана барысында мұғалім тек бағыт-бағдар беруші, бақылаушы ролінде болады. Сол себепті де біз баланы оқыта отырып, ой еркіндігін, белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастырып, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландырамыз. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және ой жүгірту нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады. Блум таксономиясы танымдық ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделі болып табылады. Оқушылармен оқу- білім беру жұмыстарын ұйымдастырғанда оқытудың жеке, ұжымдық түрлерін көбірек пайдаланамын. Рефлексия кезеңінде «Ыстық орындық» әдісі бойынша жаңа тақырыпты бекітуге пайдалануға болады.

Тәжірибе барысында оқушыларға оқу үшін бағалау мен оқытуды бағалауды үйрету өте маңызды қадам болды. Оқушылар жаңаша бағалауға қызыға қарайды. Білімдерін бағалау оқушылардың таңғалысын тудырады. Себебі, бұрын тек мұғалім ғана бағалап келген, енді оқушылар бір - біріне баға қоюға болатындарын білгенде қызығушылықпен қарады. Оқушылар бір - бірінің жұмысына талдау жасап, оның жақсы, жаман жағын айтып, баға қою оқушылар арасындағы тығыз қарым қатынасты нығайтты. Алғашқы сабақтарда бір-бірін «Екі жұлдыз,бір тілек», үш шапалақ, әр түрлі жетон, арқылы бағалауын ұсындым.Бұл бағалауды қолданғандағы ең негізгі мақсатым-өзгені бағалау арқылы өзінде жоқты табу немесе өзгенің жетістігі арқылы өз кемшілігін тауып,оны түзетуге бағыттау. Сыныптағы бағалау Александер айтқандай, тек қана техникалық тәсіл емес. Бағалау – одан арғы оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин.Бүгінгі таңда оқушы қабілетін қанағаттандыра алатындай білім беру үшін оқыту үрдісінің сан алуан түрлерін пайдаланып отырғандығымыз белгілі. Жаңа әдістерді қолдану кезінде педагогикалық-психологиялық талаптарды біріктіре

отырып, оқушының оқу материалын терең игеруіне жағдай жасау қажеттілігі көрініп отыр. Оқыту кезеңінде көп жолығатын қиыншылық - баланың өзіндік ой қорыта алмауы. Ой-пікір қабілеттілігін жетілдіру, білімді, саналы, тілге жетік тұлға дайындап шығару - мұғалімдердің мақсаты болатын болса, сол мақсатқа жету үшін шығармашылық жұмысты мұғалім өзі емес, оқушыларымен бірге іске асыру керек. Мұғалімнің шығармашылық жұмысы ең бірінші сабаққа даярлықтан басталады, өтілетін сабақтың жоспарын құру, оны өткізу әдістері, оқушылардың қабілеттерін, жас ерекшеліктерін ескере отырып, техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды пайдалану. Мұғалімнің осы шығармашылық әрекеті арқылы оқушының шығармашылық қабілеті қалыптасады. Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, ол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады. Өйткені функционалдық сауаттылыққа адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Еліміздің болашағы – жас ұрпақты оқытуда білімнің түпкі нәтижесі деп саналатын құзіреттіліктердің біртұтас бірлігі ретіндегі функционалдық сауаттылықтың мәнін, рөлін айқындау, оны мектеп тәжірибесіне ендіру уақыт талабына сай келеді. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады Тұлғаның бейімділігін, қажеттілігін қанағаттандыруды, қызығушылығын, қабілетінің дамуын ескере отырып, функционалдық сауаттылығына қол жеткізуді қамтамасыз етіп, жан-жақты дамыған, мектепте алған білімін өмір бойы пайдалана алатын тұлға өсіру – білім беру мамандарына жүктелген үлкен міндет деп түсінгеніміз жөн.

Қорытынды. «Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз» демекші, бүгінгі бала - ертеңгі азамат. Сондықтан мектептің, мұғалімнің ең басты міндеті - рухани бай, жан-жақты дамыған дарынды тұлға қалыптастыру. Әр мұғалімнің алдындағы ізгі мұраты - өз пәнінен білім беріп қана қоймай, әр баланың «менін» ашу, сол «менді» шығармашылық тұлғаға жетелеу.

Оқушылардың өз бетімен жасаған нәтижесі білім ұстанымының тұрақты болуына әсерін тигізеді. Ұлы ойшыл қытай философы Конфуции: *«Естігенімді ұмытамын, көргенімді есте сақтаймын, ал өз ақыл ойыммен істеген ісімді түсінемін»* дегендей оқушылардың негізгі білім және білік дағдыларын қалпыстырады. Шығармашылық дегеніміздің өзі ізденімпаздықтан туады. Әрбір білім алушылардың білімге деген қызығушылықтарын, талпынысын арттырып, өзіне деген сенімін туғызу, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол ашу. Жоғары да айтып кеткендей сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, шыңдалған ойлау. Оқушының бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Шыңға жеткізер әрбір ұстазға да үздіксіз оқу, тынымсыз ізденіс, оқытудың жаңа формасымен, әдіс тәсілдерін тиімді пайдалануы қажет.Осы жолда тынбай, жалықпай, үнемі шығармашылықпен іздене жүріп, білімді ұрпақ тәрбиелеуге атсалысайық!

Пайдаланған әдебиеттер

1. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту:теория және тәжірибе.Алматы. 2005, 174-бет

2. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектебі», «ДББ, 2012»

3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. ҚР Үкіметінің № 832 қаулысы. 2012 жылғы 25 маусым, Астана,

4. Химик анықтамалығы № 4(60)-2017.Танымдық педогогикалық журнал

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Булекова Раушан Алибековна
Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы
№4 Қандыағаш қалалық ЖББОМ бастауыш сынып мұғалімі

Ойын бала әрекетінің негізгі бір түрі. Ойын арқылы адам баласының белгілі бір буын қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады. А.Байтұрсынов: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны, өздігінен алатын тәжірибелі білімінің ұзақ жолын қысқарту үшін, сол жолдан балалар қиналмай өту үшін, балаларға жұмысты әліне шағындап беруі мен бетін белгілеген мақсатқа түзеп отыру», - деп тұжырымдайды.

А.Байтұрсыновтың оқулықтары мен еңбектерінде арнайы «дидактиалық ойындар» деген термин қолданылып, сабаққа оқушылардың ынтасын туғызатын ойындардың түрлерін кеңінен қолданған.

Ойындар сабақтың тиімділігін, сапасын арттырумен бірге оқушының оқу белсенділігін, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытады. Дидактикалық ойындар сабақ мақсатына қарай мынадай түрлерге бөлінеді:

1. *Тапқырлық ойындар;*
2. *Ізденімдік ойындар;*
3. *Рөлдік ойындар;*
4. *Іскерлік ойындар.*

Оқушылардың логикалық ойлауын қалыптастыратын әрбір тапсырмада берілген жауаптардың арасынан дұрыс жауапты табуды қажет ететін тапқырлық ойындардың маңызы зор. Математика сабағында көбейту кестесін жаттату мақсатында «санның көбейтіндісі» ойынын ойнаса болады. «Санның үшке көбейтіндісін кім тез табады?» - деп, мұғалім сандарды айтады.Оқушылар оның үшке көбейтіндісін айтып отырады. Мысалы, мұғалім 5 десе, оқушылар 15 деген жауап айтуы тиіс.

Ал, қазақ тілі пәнінде «Бұл неге жатады?» ойынын ойнатуға болады. Мұғалім зат атауын айтса, оқушылар сол заттың қай топқа жататынын айтуы керек. Мысалы, үстел-жиһаз, қырғауыл-құс, қалам-оқу құралы, шалбар-киім т.б.

Оқушылардың тіл байлықтарын, сөздік қорларын тексеру мақсатында «Әр әріптен баған сөз құрау» ойынын ойнатуға болады. Тақтаға екі оқушыны шығарып жарыстырып ойнатады. Сөздің әр әрпінен басталатын бір баған сөз жазуы керек. Сөздер екі оқушыда қайталанбауы керек.

Мысалы: б а л ы қ б а л ы қ
а л а р а а р а д а
с м қ ы з л а с ы й
а с а с м
а қ

Бұл ойынды түрлендіріп, етістік, зат есім, сын есім тақырыптарын өткенде ойнатуға болады. Тапқырлық ойындар тез ойналады, сол себепті ол оқушылардың тапқырлығын, зеректігін дамытады. Әрі сыныптағы көңіл-күйді жақсартады.

Келесі ізденімдік ойындар – оқушыларды өздігінен ойлауға, меңгерген білімдерін жүйелеп, жинақтауға жаңа білімді меңгерту барысында белгісізді табуға дағдыландыруға арналған ойын түрі.

«**Домино**» ойынын математика және қазақ тілі пәндерінде ойнатылады. Екі оқушыға үлестірме қағаздар таратылып беріледі. Қазақ тілі сабағында екеуі кезектесіп тіркестер құрайды. Мәселен, бір оқушы «үйге» сөзін қойса, екінші оқушы «бару» сөзін тауып тіркестіріп қояды.

Математика сабағында оқушылар өрнектің дұрыс мәндерін іздеп қойып отыруы керек.

	3*		2*8	
8		6		6

Мысалы:

«Кім шапшаң» ойыны оқушыдан шапшаң ойлап, өтілген бөлу материалын қайталауға арналған. Мәселен, оқушыға 343 саны беріледі. Ол санды 3-ке бөліп, мәнін тағы 3-ке бөліп, мәні үшке бөлуге келмегенше бөлгізіп шығартады.

343:3=81 324:3=108
81:3=27 108:3=36
27:3=9 36:3=12
9:3=3
12:3=4
3:3=1

Осы сияқты оқушыларды ізденімдік, ойлау қабілеттерін дамытатын ойын түрлері көп.

Рөлдік ойындар – оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға, олардың жаңашыл ойлар мен тұжырымдар жасау қабілетін жетілдіруге арналған ойын түрі. Бұл ойындарға ертегіні рөлдерге бөліп оқу, диалог құрастыру жатады. Диалог арқылы оқушылардың сөйлеу мәдениетін де, қоғамда өзін-өзі ұстау мәдениетін де қалыптастыру керек.

Іскерлік ойындар – оқушылардың түрлі жағдаятта дұрыс сөйлеуін қалыптастыратын, диалогтық және монологтық сөйлеу үлгілерін жетілдіретін, көшбасшылық қабілеттерін дамытатын ойын түрі.

Оқушыларды өздерін бір мамандық иесі есебінде ойлап, іскерлік қасиетін ойластыруы керек. Мысалы, қазіргі заманға байланысты оқушыларды кәсіпкер деп алып, әрі кәсіпкердің қызметімен таныстыра отырып әрі есептеуге үйретсе, көбейту және бөлу амалдар пайдалануға дағдыландырса, немесе журналист есебінде интервью алу ойынын ойнатса өте жақсы.

Тіл дамыту сабағында оқушының шығармашылық даму кезігдегі қалыптасатын дағдылары

· Өз ойын-пікірін жеткізе білуге;
· Ізденгіштікке ұмтылуға;
· Құбылыстарды шынайы бағалай білуге;
· Толық фантазиялық еркіндікке;
· Орфографиялық сауаттылықты нығайту оң әсерін тигізіп, жақсы нәтиже береді деп есептеймін.

Пайдаланған әдебиеттер:

1)Бастауыш сынып, № 5 2017ж
2)Бастауыш сыныпта оқыту № 9, 2019 ж
3)Бастауыш сынып, № 4, 2020 ж

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

Кенжебаева Гаухар Қайратқызы
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, №4 Қандыағаш қалалық ЖББОМ

Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтылық, адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Ұстаз үшін ең негізгі мақсат – әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Білімді әрі сауатты адамдар ─ бұл XXI ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші.

Ал баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы, өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой-өрісінің кеңеюі мектеп қабырғасында басталады.

Қазіргі мектептердегі оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа әдіс-тәсілдерден, технологиялардан құралады. Демек, баланың білімі ерекше болуы, ол білімнің нәтижелі болуы пән мұғалімінен жауапкершілікті талап етеді. Әрбір оқушының білім деңгейін талапқа сай көтеру үшін озық әдістемелік технологиялар қажет. Сол жаңа озық әдістемелік технологиялармен қаруланған, заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, яғни жаңа әдіс-тәсілдерді толық меңгерген педагог қана білім алушының сапалы білім алуына мүмкіндік жасайды.

Өз бетінше ізденімпаздықпен жұмыс істей білу, яғни оқу материалын таңдау, жаңаны қабылдау мен меңгеру, алған білімдерін іс жүзінде қолдана білу, оңтайлы әдістерді таңдап алу,

белгілі бір нәтижеге жетуге ұмтылу т.б. оқушылардың шығармашылық дербестігін қалыптастырудың алғыштары болып табылады. Оқытудың инновациялық технологияларын пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру, сондай-ақ рухани жан дүниесі бай, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелеу- осы ұстанымдардан туып отырған өзекті мәселелердің бірі.

Әр баланың бойындағы туғаннан пайда болған интуициясын әрі қарай дамытуға ықпал ету, оқушының табиғи қасиеттерін пәндік білім деңгейін тереңдету үшін оқытуды жоспарлы түрде ұйымдастыру, өз бетінше білім алу дағдыларының дамуына негіз салу болып табылады.

Шығармашылық жұмыстар арқылы оқушыларды ойлауға жетелеп, қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілетін арттыруға, белсенділікке ынталандырады. Оқушылардың танымдық, интеллектуалдық қабілеттің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдылары қалыптастырады.

Бүгінгі заман талабына сай, әлемдік білім кеңістігі деңгейінде сапалы білім беру үшін мектеп жасындағы баланың шығармашылық қабілеттерін арттыруды қамтамасыз ету қажет. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, жан - жақты дамуына көңіл бөлу, ғылыми - зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыратын жаңа технологияларды қолдану.

Шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Өзін - өзі тану баланы жолдастары арасында өзін сыйлата білуге, өзін - өзі жетілдіріп басқадан үлгі алуға, қоршаған орта жағдайында өзін - өзі бағып алуына, өз бетінше бір шешім айта алуына, әр іске жауапкершілікпен қарауға бағыттау. Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі- бала шығармашылығының бастауын, қайнар көзін ашып, оны тұлғалық тұғырға көтеру.

“Баланың шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін ең бастысы жағдайлар жасау қажет”. Оқушының дарындылығының дамуы, қабілетінің ашылуы көбінесе мұғалімнің кәсіби біліктілігіне, және оның тұлғалық қасиетіне байланысты екені айдан анық. Көбінесе “дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы” деген пікір қалыптасқан. Белгілі ағылшын психологы П. Торранстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін анықтады. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды. П. Торранстың зерттеулері нақ осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететін және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған. Сондықтан мұғалімдер осы зерттеулердің нәтижесін есте ұстағаны жөн. Шығармашылық - тұлғаны дамытудың ең тиімді тәсілі. Күнде өзгеріп отырған аласапыран өмірде аман қалу, биіктерге беттеу, нәтижелерге жету тек қана шығармашыл адамдардың қолынан келеді және бұл мәселені неғұрлым ерте қолға алса, соғұрлым нәтижелі болатындығы ғылымда дәлелденген. Оқушыға белгілі бір көлемдегі білім - білік, дағдыларды меңгерте отырып, жаңа педагогикалық технологияларды шебер пайдалана білу арқылы оқыту үрдісін демократияландыру және ізгілендіру, сабақтағы оқушының шығармашылық рөлін арттырып, еркіндігін қамтамасыз ету, сол арқылы оқушылардың даралық, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін, бейімділіктерін ашу және дамыту қажеттігі туындап отыр.

Жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие үрдісін жаңаша дамыту, яғни оның нәтижесінің жоғарғы деңгейде болуын қадағалау жаңашыл педагогтардың қолында болды. Олар педагогикаға «жаңа технология»терминін енгізді. Бұл жаңашыл педагогтардың мақсаты - оқушылардың алатын білімдерін сапалы ету, оның толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына негіз болу. Осыған орай қазірде педагогикалық технологиялар көптеп саналады.

Мысалы, атап айтар болсақ, Ынтымақтастықта оқыту технологиясы, Ш.А.Амонашвилидің «Білім беруді ізгілендіру технологиясы», П.М.Эрдниевтің»Дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясы», Л. С. Выготский, Л.В.Эльконин, В.В.Давыдовтің «Дамыта оқыту технологиясы», В.М.Монаховтың «Модульдік оқыту технологиясы», «Проблемалық оқыту технологиясы», В.Ф.Шаталовтың «Тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы», С.Н.Лысенконың «Түсіндіре басқарып оза оқыту технологиясы», «Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы», «Оқытудың компьютерлік технологиясы», Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқыту технологиясы»т. б. көптеген технологиялар енгізілді

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, педагогикалық технологияларды өолдана отырып дамытуға болатынын өз тәжірибемеме сүйеніп толық айта аламын. Оқыту барысында өз сабақтарымда қолданып жүрген технологиялар ішіндегі «Сын тұрғысынан ойлау технологиясы» стратегиялары қазақ тілі және әдебиеті пәніне арнап құрастырылған десем, артық айтқаным болмас. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасында 100-ге жуық стратегиялар бар. Қазіргі кезде мен қолданып жүрген стратегиялар Венн диаграммасы, эссе, ой қозғау, инсерт, шығу парағы, кубизм , дискуссиялық өрнек, кластер, ішіне сыртына , синквин, т.б. СТО бағдарламасын қазақ тілі және әдебиет сабығында осы жүйемен өтілген сабақтарда ғана оқушылардың жазған, айтқан сөздерінде табиғатқа , елге,айналаға, өзгеге, өзіне деген азаматтық жауапкершілік үні айқын сезіліп, оқушылардың бойында ұйымдастырушылық, көсбасшылық қабілеттері қалыптаса бастады.

«Әрбір ұстаз — білікті маман, ал әрбір оқушы — ойшыл тұлға» деген қағидаларды ұстана отырып, білім беру үрдісінде кез келген ұстаз білім сапасын жақсарту мақсатында оқытудың озық технологияларын пайдаланады. Болашақ ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушылардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негізін меңгеруі-маңызды мәселелердің бірі.

Оқушылардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда сабақтарды түрлендіріп өткізудің маңызы ерекше. Мұндай сабақтардың тиімділігін атап өтсек: сабақ құрылымының ұйымдастырылуы, сыныптағы оқушылардың іс - әрекетін бақылауға қолайлылық, оқу - танымдық тапсырмаларды орындаудағы ұжымдық бірлескен әрекеттің жүзеге асуы, оқыту уақытының үнемделуі.

Шығармашылық - бүкіл тіршілік көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Ал, бүгінгі күрделі жаңарулар тұсында балалардың шығармашылық бастамасы басты нысанасы болып отыр. Баланың шығармашылық бастамасын дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау психология мен педагогика ғылымдарында өте ертеден зерттеліп келеді. Шығармашылық ұғымы мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болған. Ежелден-ақ ойшылдарымыз Жүсіп Баласұғын, Әл-Фараби, Абайды ерекше толғандырып, өз еңбектерінде адамның жеке басын, қабілеттерін дамытуды үнемі көтеріп отырған. Педагогтар К.Д.Ушинский, Ы.Алтынсарин, А.С.Макаренконың шығармаларында шығармашылықты дамытудың жолдары қарастырылса, оқушы шығармашылығына бағыт-бағдар беруді ең алғаш мазмұнына енгізген М.Жұмабаев болатын. Психологтар мен ғалымдар Л.С.Выгодский., В.В.Давыдов, Л. В. Занков, В. А. Крутецкий, өз республикамыздағы көрнекті ғалымдар Т.Тәжібаев, М.Мұханов, Ж.М.Әбдилдин, Қ.Б.Жарықбаев, Т.С.Сабыровтың еңбектері жеке тұлғаны дамыту мәселесінің теориясы және практиканың алтын қоры деп білеміз.

Шығармашылық жөнінде жазылған еңбектерді талдай келе төмендегідей қорытындыға келуге болады. Шығармашылық - өте күрделі психологиялық процесс. Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан тек адамға ғана тән «Шығармашылық» сөзінің төркіні - шығару, ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте «Шығармашылық - қайталанбас тарихи қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет» деп

түсіндіріледі. Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері кез-келген баланы шығармашылық деңгейге көтеруге болатындығын айтуда. Ал, бастауыш сынып оқушысының шығармашылығы - тек өзіне жаңалық болып табылатын, субъективтік жаңалық.

Пайдаланған әдебиеттер:

1)Бастауыш сынып, № 5 2017ж
2)Бастауыш сыныпта оқыту № 9, 2019 ж
3)Бастауыш сынып, № 4, 2020 ж

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тажикенова ГулзияТургалиевна
Ақтөбе қ. ЖШС «Бопай» балабақшасы, тәрбиешісі

Қазіргі кезеңде Республиканың білім беру жүйесінің ең басты мәселесі -қазақ мектебі түлегінің білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жуықтату. Бүгінгі бала -ертеңгі жаңа әлем.сондықтан оған жүйелі жәрдем беріп,ынта ықыласын дұрыс бағыттауды,қабілет- қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек .Мектепке дейінгі білім беру стандарты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда мектепке дейнгі ересек жаста,бала тәжірибесі мен әлеуметтік жағдайлар негізінде сөйлеу іс-әрекетін, мемлекеттік тілді меңгеруге, сурет, иллюстрациялар бойынша, өз тәжірибесінен сұлбалар бойынша әңгімелеуді, әңгімелер мен ертегілердің мазмұнын айта білуін ұйымдастыруға, шығармашылық тілді дамытуға (ертегілер құрастыру, сөздік ойындар, импровизация) қарым- қатынас ортасының кеңеюіне жағдай жасауға, танымдық, сөйлеу, шығармашылық, іс -әрекеттерді біріктіруді, тәрбиеші мен баланың өзара іс -әрекетінің түрлі үлгілерін қолдануға талаптар қояды. Осы талаптарды орындау барысында Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясын өз іс -тәжірибеме қолдандым. Даму- мөлшерлік өзгерістердің белгілі бір өлшем шегінен шығып сапалық өзгерістерге айналуы.

Дамыта оқыту- оқыту мазмұны ,әдістері, тәсілдері баланың даму заңдылықтарына сәйкестендірілген оқытуды айтады. Сапа -адамның болмысы, елесінің, таным процесінің шексіздікке дейін дамуын айтады.

Дамыта оқыту -күрделі құрылымды, біртұтас педагогикалық жүйе. Оның нәтижесінде әр бала өзін өзі өзгеруші субьект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, оқыту барысында соған лайық жағдайлар жасалады.

Профессор Д.Б.Эльконин пікірі бойынша дамыта оқыту жүйесімен білім алған балаларды дүниеге деген көзқарастары терең және көріп білудің жаңа тәсілімен игергендері көзге түседі,яғни,дүние және адам тану үрдісі баланың сол үрдіспен толық шұғылдану және қызығу таныту жағдаятында пайда болады.

Л.В.Занков ақыл-ой қызметінің төмендегідей корсеткіштері дамуды іске асырады деп есептейді.Олар байқампаздық,өз ойын еркін жеткізе білу,практикалық іс-әрекеттер атқара білу. Л.В.Занковтың басшылығымен жасалған дамыта оқыту жүйесінде баланың білімін

бағалауға үлкен мән беріледі.Сабақтардың нәтижелігінің басты көрсеткіштері болып ойлай, пайымдай,нақтылай,жүйелей,дәлелдей білу болып табылады.

В.В.Давыдов ақыл-ойдың дамуының көрсеткіші ретінде жинақтай,қорытындылай алу дағдысын есептейді.Тұтас алғанда барлық авторлардың даму туралы ойлары оқыту барысында баланың психикасының жаңа сапалық деңгейге көтерілуі дегенге саяды және оның басты шарты ретінде әрекет алынады.

Дамыта оқыту идеясы бойынша балаға оқу мақсаттарын қоюда,шешуде ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талкылау,сосын жинақтау арқылы іске асады. Тәрбиеші—ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті үрдісін ұымдастырушы,бағыттаушы адам рөлінде. Шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр бала өз ойын білдіріп,пікір айтуға мүмкіндік беріледі,жауаптары тындалады. Дегенмен,әр бала жасаған еңбегінің нәтижесін бөлісіп,дәлелдеуге талпыныс жасайды,жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді.

Дамыта оқытуда баланың ізденушілік- зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады.ол үшін бала өзін бұған дейін білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек.содан барып оның білім алуға деген ынта ықыласы артады,білім алуға әрекеттенеді.

Ұйымдастырылған оқу іс әрекеті үш бөліктен тұрады:

-Оқу мақсаттарының қойылуы

-Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру.

-Шешудің дұрыстығын дәлелдеу.

Бұл үшеуі дамыта оқытудың Д.Б.Эльконин,В.В.Давыдов жасаған жүйесінің негізгі компоненттері.

Жоғары қиындықта оқыту принципі.

Бұл қағида баланың қиындатылған тапсырмаларды орындауға мүмкіндігінің бар екендігіне көз жеткізеді.Бала ойлауын абстрактіден қарапайымға қарай жетелейді.

Мысалы:суретті көрсетіп мынау не?түсі, түрі т.б.сұрақтар қойғаннан гөрі «топтастыру» әдісін қолданамын.

Күн суыта бастайды

Көктем.Яғни,ол туралы не айта алатынын сұраймын.

Дамыта оқыту жүйесіндегі қойылатын сұрақтар проблемалы, ойлауды, пайымдауды қажет ететіндей етіп беріледі.Бала да ондай сұраққа өз ойын ,өз пікірін білдіре жауап беруге дағдыланады.Жауаптардың бірнеше вариантта болуы мүмкін екендігін қарастырылады.Мысалы: «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» ертегісінде ,ертегі кейіпкерлері жайлы не айта аласың деген сұрақтар қойып балалардың пікірлерін тыңдаймын.

Дамыта оқыту барысында жаңа материалды талдауға зор көңіл бөлінеді. Өйткені талданбаған шығарма бала жүрегіне жетпейді.Талдау бірлескен ізденіс. Әсіресе оқу барысында материалды талдау арқылы шығарманың айтар ойы, идеясы бала жүрегіне жетіп, талдау арқылы ар-ұят, қайрымдылық, әдептілік т.б. сияқты тамаша адамгершілік қасиеттері балалар бойына жұғысты болады.

Ойлауға үйретететін тәсілдердің бірі -салыстыру әдісі. Обьектілер арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты анықтау.Баланың қиялы дамиды.Салыстыру арқылы байқалмай, көрінбей қалатын белгілерін анықтауға үйренеді. Байқампаздығы артады. Бала салыстыра отырып бұрынғы өтіп кеткен материалдар мен жаңа білім арасындағы логикалық байланыстарды анықтауға үйренеді. Олардың себептерін анықтаудың бала дамуы үшін маңызы зор.Қабілеттері дамиды.

Байқау - қоршаған ортамен байланысу деген сөз. Ол қарау, қабылдау арқылы іске асады.

Мысалы: Серуенге шығып тұрып, табиғаттың тек сыртқы белгілерін атаумен шектелеміз. Ал, қалтарыста тұрған көзге көріне бермейтін детальдар назардан тыс қалып қалады. Бұл сияқты қателер шығармашылық қабілетінің дамуына нұсқан келтіреді.

Дамыта оқыту жүйесінің маңызды тағы бір ерекшелігі балаларды «жақсы»,«жаман» деп бөлмей,барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызуды мақсат тұтуы.

Дамыта оқыту жүйесінде тәрбиеші мен бала арасындағы қарым қатынас жаңа қағидаларға негізделеді. Олар ынтымақтастық, өзара сыйластық түсіністік сияқты қасиеттер.Бала өз ойын қорықпай, сеніммен айта алатындай ахуал болуын басты назарда ұстаймын.Ол үшін оның барлық жауабын мұқият тыңдап, дұрысын мақтап, қатесін еппен түзетіп отырамын. Баланы кішкентай бала деп қарамай оның пікірімен санасу,көзқарасын құрметтеу оның дамуына зор әсер етеді.

Егер балалар осы аталған ой операцияларын орындай алса,ұстаздың нәтижелі еңбектенгені болып саналады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1.«Отбасы және балабақша »журналы,Алматы-2008ж№4,6.
2.«Дамыта оқыту теориясы»Л.В. Занков, Д.Б.Эльконин; В.В. Давыдов.
3.«Ой әректтерін кзеңді қалыптастыру теориясы» П.Я. Галперин.
4.Р.Айтмағамбетов «Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері », Алматы-1991ж.
5. Б.А. Тұрғынбаева «Дамыта оқыту технологиялары», Алматы-2000ж.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Турабаева Гулдана Азимбаевна
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, №4 Қандыағаш қалалық ЖББОМ

Мақсаты: Оқушыларды шығармашылыққа баули отырып білімді, жаңашыл, бәсекеге қабілетті, ұшқыр ойлы, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Бастауыш мектеп – оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды кезең.Сондықтан бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы, қиын да жауапты жұмыс. Шығармашылық дегеніміз – адамның өмір шыңдығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі ойлап табу. Яғни, оқушының қабілетін ояту, жаңа рухани күш беру білімнің ең негізгі мақсаттарының бірі. Ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

Бастауыш сынып оқушыларының тұлғалылығын тәрбиелеу үшін, ең алдымен олардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың мәні зор. Ал сол шығармашылық қабілеттерді дамытудың көптеген әдістері мен тәсілдері бар. Енді соларға көңіл аударайық:

Шығармашылық қабілеттер әр бастауыш сынып оқушысының бойында болады. Қабілеттердің бірдей еместігін сыныпта отырған оқушылардың әрқайсысының әр пәнге және әр деңгейде қабілеті болғандығымен дәлелдеуге болады. Бірі есепке жүйрік болса, екіншісі тілге бай, ал енді біреулері сурет салғанды тәуір көреді. Олардың қабілеттерінің құрылымы да, оны құрайтын компоненттер де әр түрлі болып келеді. Мысалға: математикалық қабілеті басым балаларда ойлау операциялары тез, дәл болады да, бейнелеу өнеріне қабілетті балаларда нақты заттардың бөліктерінің ара қатынасын жылдам анықтай білу сияқты белгілер

басым болады. Музыкаға қабілетті бала есту, ритмді түсіну, сезімталдық сияқты сапаларымен ерекшеленеді.

Бастауыш сыныпта көп берілмейтін шығармашылыққа үйрету жұмысының бірі- өлең жазғызуға баулу. Бұл жұмысты 1- ші сыныпта әліппеден кейінгі кезеңнен-ақ бастаған жөн. Ол үшін оқушыларға ең алдымен ұйқас сөздің мәнін түсіндіріп, өлеңдердегі ұйқастарды табуға тапсырма беріледі. Сонан кейін ғана алдымен жеке дыбыстар, сосын буындар, одан кейін берілген жол арқылы ұйқас жасау үйретіледі. Мысалы:

1)у-у-у сыныпта дос болу

2) та-та-та түйенің төлі бота

Ауылға барамын, ботаны іздеп табамын. Осы тәртіппен үйретіле бастаған бұл жұмыс кейіннен күрделене түседі.

3) өлеңнің бірінші жолын беріп, қалған 2-ші,3-ші,4-ші жолдарын ұйқастарды ескере отырып, балалардың өздеріне жалғастыру ұсынылады.

Әрине, бұл жұмыстың нәтижелі болуы үшін мұндай әдісті тұрақты түрде және жиі қолданып отырған жөн. 2,3,4 сыныптарда оқушылар өлең шығаруға төселіп алады. Оқушыларды шығармашылыққа үйретудің тағы бір жолы- әңгіме, ертегілер жазғызу.

Осы тәріздес жұмыстар баланың қиялын шарықтатып, шығармашылығын дамытуға ықпал етендігіне көз жеткізуге болады.

Баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуда жұмбақтар және мақал-мәтелдермен жұмысты жаңаша ұйымдастырудың көп көмегі тиуі мүмкін.

Жұмбақтар - көркем миниатюра. Оларды салыстыру арқылы пайда болатын образдар беріледі. Сондықтан оларды шешу кезінде баланың логикалық ойы дамиды.

Бастауыш сыныптардың “Ана тілі” оқулықтарында берілген мақал-мәтелдерді бала шығармашылығын дамытатындай етіп пайдаланудың мәні зор. Бұл жанрмен жұмыс төмендегідей ұйымдастырылады

1. Оқиғаға байланысты мақал-мәтелдер айтқызу.
2. Керісінше, мақал-мәтелдің мағынасына қарай оқиға ойлау.
3. Суретке қарап тұрып, бірнеше мақал айтқызу.
4. Мақалдың мағынасын ашатын суреттер жинау.

Бала шығармашылығын тек ана тілі, қазақ тілі сабақтарында ғана дамытуға болады деу дұрыс емес. Кез-келген сабақта баланың бойындағы қабілеттерді дамыту басты мақсат болуға тиісті. Әсіресе бейнелеу өнері, еңбекке баулу сабақтарында балалар шығармашылықтың түрлі- түрлі қырларын көрсете түседі. Портретті ойлап тап та, жинап ал – шарты : мұғалім көз, мұрын, ауыз, құлақ, шаш үлгілері салынған карточкаларды тақтаға іліп қояды, ал оқушылар сол үлгілерге қарап отырып ойлап тапқан адам бейнесін құрастырады.

• Аңдардың бейнесін құрастыр – шарты: мұғалім әр балаға аңдар немесе жануарлар бейнеленген суреттерді дене мүшелерін бөлек қиып таратып береді, ал оқушы сол бөліктерді құрастыру керек.

Балалардың бойындағы шығармашылық қабілеттерін ашудың және дамытудың тағы біртәсілі: әңгіме бойынша сурет салу.

Оқушылардың жаңа ғана айтылған ертегі немесе нақылға орай қандай да болмасын сурет салуды сұрау. Бала өзін бейнелеу өнерінің шебері ретінде сезінеді, сонымен бірге әңгіменің мазмұнын есінде жақсы сақтап қалады. Өйткені ол әңгіменің мазмұнын ішкі сезімімен жеткізуді көздейді.

Белгілі бір суретке қарап, соның суретін салғызуға болады. Ол үшін:

1. Суретті мұқият қарауға уақыт беру.
2. Оқушыларға берілетін тірек — схемалар:

— Сенің ойыңша мына сурет қашан салынған?

— Суретші қандай көңіл күйде болған?

Осы сияқты тағы басқа да суреттер бойынша әңгіме құрастыруға болады. Сабақтан тыс уақытта оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жұмыс түрлері: Мұражайға апару; Әртүрлі кездесулер өткізу; әртүрлі тақырыпта пікірталас, сайыс өткізіп, алған әсерлерін шығарма етіп жаздыру; Балаларға арналған журналдарды сабақ кезінде үнемі пайдалану.

Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу оқушыларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуше зор әсерін тигізеді.

Әрине баланың шығармашылығын, шығармашылық қабілеттерін дамытатын жаттығулар мен тапсырмалар, әдістер мен тәсілдер сан алуан. Сабақ құрылымына шығармашылық пен зерттеуді ендіру және қолдана алу әр мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Бастауыш сынып оқушысы ермексаз тәріздес, қандай пішінге келтірсең сол қалыпта ары қарай орта буынға кетеді. Баланың шығармашыл не болмаса қалыпты, басқалардан ешбір айырмашылығы жоқ тұлға болары біздер, бастауыш сынып мұғалімдерінің қолында.

Қорыта келгенде, О.Бальзактың “ұдай еңбек ету- өнердің де, өмірдің де заңы” дегеніндей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін артыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді міндеттейді.

Пайдаланған әдебиеттер:

Бастауыш сынып, № 5,8 2017 – 2018 ж
Бастауыш сыныпта оқыту № 5, 2019 ж
Бастауыш сынып, № 6, 2020 ж
Бастауыш білім, № 10, 2021 ж
Бастауыш мектеп № 1 2019 ж

ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ КӘСІПКЕ (МАМАНДЫҚҚА) БАҒДАРЛАУ

Габдолова Гулназ Ерболатовна
«125 АКТОВЕ» ЖШС жеке мектебі

Әлемдік білім беру кеңістігіне бағытталған білім берудің негізгі мақсаты білімді меңгеріп қана қоймай, білік пен дағды арқылы дербестік, ізденімпаздық, дені сау, өзгермелі жағдайда білімді де білікті жасөспірімдерді жан-жақты жеке тұлға ретінде даярлау. Осы мақсаттарды іске асыруда бүгінгі мектеп оқушыларына қойылып отырған мәселелер күн сайын талаптануда. Өйткені келешек қоғамыздың басты тұлғасы бүгінгі мектеп оқушылары. Сондықтан мектепте берілетін кәсіби бағдар жұмыстарының бүгінгі күні маңызы зор болып табылады. Жалпы білімнің басты үш міндеті бар олар: баланың өзіндік жалпы дамуын, жан-жақты дүниетанымын қамтамасыз ету, және оны болашақ белгілі бір кәсіпке даярлау. Осы үш міндеттің ішінде қоғамдық даму күрделенген сайын баланы жастай алдағы кәсіпке бағдарлай әзірлеу – ең көкейкесті мәселеге айналып отырғаны дәлелденді.[1]

Қазіргі кезеңде жалпы білімнің міндеті – баланың жалпылама дамуын қамтамасыз ету ғана емес, ең бастысы оларды жастай өз қабілеті мен қызығуына қарай белгілі бір мамандыққа арнайы бағыттай білу. Кәсіпке баулу – бұл әрбір жеке тұлғаның ерекшеліктерін және халық

шаруашылығына, жеке салаларға қажетті сұранысы бар мамандықтарды ескере отырып жастарды еркін және өзіндік мамандық таңдауға дайындаудың ғылыми негізделген жүйесі.

Мектептегі оқыту мен тәрбиелеудің негізгі міндеттері бірі – еңбек қызметіне белсенді қатысуға өсіп келе жатқан ұрпақты дайындау болып табылады. Сондықтан да жалпы білім беретін мектеп оқушыларға терең білімдерді беріп, оларды тәрбиелеп және дамытып қана қоймай, сонымен қатар, оларды кәсіпке бағдарлау дайындығын жүзеге асыру қажет. Кәсіпке бағдарлау – бұл оқушыларды болашақ мамандыққа дайындаудың және оларға мамандық таңдауда көмек көрсету бағытында арнайы ұйымдастырылған жұмыс. Болашақ мамандығын таңдау үшінмектеп оқушыларының біздің еліміздегі халық шаруашылығы,оның дамуының негізгі перспективалары жөнінде жалпы түсініктері болуы қажет. Сонымен бірге орта мектептердің түлектеріқандай да болмасын өндірістің бір саласында қолданылатын техника мен технология, нақты бір мамандықтар мен кәсіптер, таңдаған мамандықтың жұмыс жағдайлары мен мүмкіндіктері туралы түсініктерге ие болулары қажет. [2]

Мектептің кәсіпке бағдарлау жұмысының құрылымы әртүрлі және көбіне пікірталасты. Кәсіпке бағдарлаудың ең мәнді компоненттеріне (құрамдас бөліктеріне) келесілер жатады: 1) оқушыларды халық шаруашылығының салаларымен және негізгі көп кездесетін мамандықтармен таныстыру; 2) мамандықты саналы түрде таңдауға дайындау бойынша мектеп оқушыларының мақсатты іс- әрекеттерін ұйымдастыру; 3) мамандық таңдау мен жұмысқа орналасу сұрақтары бойынша оқушыларға кеңестер беру. Кәсіпке бағдарлау материалдарын таңдау ұстанымдарының бірі – қоғамның кадрларға деген сұраныстарын ескеру. Оқушылар назарын нақты бір аймақ, қала немесе ауылда ерекше жетіспей жатқан, мұқтаж мамандықтарға аудару керек. [3]

Кәсіпке бағдарлау материалдарын таңдаудың басқа бір маңызды ұстанымдарының бірі – оқушылардың өздерінің қызығушылықтары мен ниеттерін ескеру. Мамандықты дұрыс таңдау – қызығушылықтардың, бейімділіктердің, кәсіптік ниеттердің қалыптасуы мен дамуына байланысты ұзақ процесс. Физиканы оқу оқушыларда ең алдымен техника мен физикаға байланысты қызығушылықтардың қалыпытасуына үлкен мүмкіндіктер ашады. Бұл тек әлеуметтік мәні бар педагогикалық маңызды міндет емес, сонымен қатар техника мен өндіріс технологиясының дамуының қажетті шарты.

Қазіргі ғылыми-техникалық прогресс заманындағы нарықтықкатынастардың талабына сай бизнес пен коммерцияның, кооператив пен жеке косіпорынның, кәсіпкерлік пен меншіктің әр түрлі формаларын қарқынмен дамытудың қажеттігі болашақ кадрлардан жаңалыққа реакциясы жылдам, бақылаушылық ебдейлігі мен стандартты емес ойлау бейімділігі жетілген, тапқырлық пен ізденімпаздықты, шеберлік және іскерлік қасиеттерді талап етеді. Мұндай экономикалық және әлеуметтік маңызы зор істі мектепттен бастап, жастарға конструкторлық және өнертапқыштық шығармашылықтың негізін үйретуіміз керек. Бұған физика сабақтарының мол мүмкіндігін пайдалануымыз тиіс.

Кәсіпке бағдарлау жұмыстарын ұйымдастыруда мектептік оқу бағдарламасының аясынан шығатын қосымша материалдарды қолдану мүмкіндігі бар. Осы мақсатта физика мұғалімі мектеп орналасқан аймақпен алдын-ала танысып, мектептіңбағытталған мамандығы бойынша кәсіби оқытудың типтік бағдарламаларын мұқият талдауы керек. Материал таңдаудағы негізгі критерий – бұл қазіргі заманғы өндіріске тән еңбек процестері мен мамандықтардың, мектептік бағдарлама материалдарымен байланысы бар ақпараттың болуы. Одан әріфизика мұғалімі тақырыптық жоспар құрып, мазмұнын, оқылып жатқан физикалық материалға сәйкес кәсіпке бағдарлау материалдардың формасы мен көлемін анықтайды.[4]

Білім сапасы – мұғалімдер қызметінің сапасы. Оқушыларға нені үйрету керектігін мемлекеттік стандарттар, бағдарламалар белгілейді. Ал әрі қарай білімді қалай беретіндігі мұғалімнің кәсіби даярлығына, шеберлігіне байланысты. Ж.Аймауытов «Сабақ беру – үйреншікті, жай шеберлік емес, ол үнемі жаңаны табатын өнер» - дегендей, әр оқушының

бойындағы бар шығармашылық көздерін ашу, жаңалыққа деген ұмтылыстарына дем беріп отыру арқылы біз өзіміздің қоғамдағы негізгі міндетіміз - адамзат баласын жаңа сапаға көтеруді табысты шеше аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. **Майорова, Г. В.** Залог успешного завтра: от интересов ребенка к профессиональному пути / Г. В. Майорова // Доп. образование и воспитание. — 2021. — № 1. — С. 33-36.

2. **Зубов, Э. Р.** Профориентационная работа как средство преодоления кадрового дефицита среднего медицинского персонала [Текст] / Э. Р. Зубов, О. В. Новикова // Среднее проф. образование. — 2020. — **№ 2. — С. 46-48.**

3. Мощанский В.Н. Формирование мировозрения учащихся при изучении физики-г.Москва

4. Теория и методика обучения физике в школе.общие вопросы/ Под ред. С.Е. Каменецкого и Н.С.Пурышевой.-М.,2000.

МЕКТЕП ЖҰМЫСЫН ДҰРЫС ҰЙЫМДАСТЫРУ- БІЛІМ ОРДАСЫНЫҢ ЖАҢАРУЫНЫҢ КЕПІЛІ

Габдрахманова Гулшат Унгаровна
Ақтөбе қ, «Ақтөбе орта мектебі» КММ,
мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Мектеп жұмысын ұйымдастыруда жаңашылдықтың әдістемесін енгізуде басшы орынбасарлардың қызметі ерекше. Мұғалім мен оқушының арасындағы байланысты нығайтатын,мектеп пен ата-ана байланысын реттеуде мектептің оқу тәрбие жұмысының дұрыс ұйымдастырылуы қажет. Заман талабына сай ең алдымен педагогтардың кәсіби біліктілігін үздіксіз арттырып отырғанда ғана педагогикалық тәжірибеде жаңа әдіс тәсілдерді меңгерген құзыретті ұстаз нәтижеге жетіп білім ордасының жаңаруына кепіл бола алады.

Мектеп оқушылары,ата-ана, педагогтардан алынған сауалнамалар негізінде SWOT талдау жасалынып, жаңа оқу жылын жоспарлаудың негізгі басымдылығын шығару басқару саласында өте маңызды. Мектеп жұмысын ұйымдастыруда жеке тұлғаның менеджементтік қабілеті:білім- біліктілігі, адамдармен тіл табысуы, икемділігі, жауапкершілігі,нормативтік құжаттарды меңгеруі және орындалуын қадағалау, кәсіби құзыреттілік пен басқару дайындығы болуы маңызды. Бұл ,әрине адамның психологиялық қасиеттерімен байланысты. Қазіргі өзгермелі қоғамда ашуға тез берілу, эмоцияға салыну, қобалжу сияқты қасиеттері оқу-тәрбие үрдісінің сапалы жүргізіліуіне кері әсерін тигізеді. Ал сапалы ұйымдастырылған үрдіс ғана көптеген мәселелердің түйінін шешеді.Педагогтың кәсіби қызметі адал бағаланып, ұжымда жағымды психологиялық ахуал орнағанда ғана педагогтардың оқытушылық және зерттеушілік қызметі, іс тәжірибе алмасуы және таратуы нәтижеге бағытталып педагог және оқушы жақсы жетістіктерге жетеді.

Ұжымда мұғалімдерді қыспаққа алып, психологиялық қысым көрсетілсе, оқушы мен ата-ана алдында беделін түсіріп отырса, ондай мұғалімнің кәсіби деңгейі реттелмей, керісінше, төмендей береді. Сондықтан да басшы орынбасарының кәсіби құзыреттілігі мен басқару дайындығы талапқа сай болуы керек.

Мектеп басшысының негізгі жеке тұлғалық сипаттамаларының маңыздысы – өзгеріске бейім, жаңалыққа құштар болу. В.Франклдың «Адамның өмірдің мәнін өздеуі» деген кітабында құндылықтардың 3 тобын көрсеткен. Біріншісі, **шығармашылық құндылықтары.** Бұл басшы орынбасарының шығармашылық жағынан үнемі кәсіби дамытып отыруы тиіс қасиеттері. Жеке рухани қажеттілігін қанағаттандырмаған басшы орынбасары басқаларға да үлгі бола алмайды. Бұл басшы орынбасарының түрлі тәжірибелерден сілтеме жасау арқылы ұжымдағы мұғалімдерге бағыт-бағдар беру. Мұғалімнің ғылыми-әдістемелік деңгейінің өсуіне көбінесе шығармашыл менеджерлердің әсері көп. Мысалы, мектептегі шығармашылық үйірмелер,семинарлар мен вебинарлар, ғылыми жобалар, түрлі шығармашылық конкурстар, әдеби-музыкалық кештер, т.б.іс шаралардың өткізілуі шығармашыл орынбасардың нұсқауы мен қолдауымен өткізіледі. Сондай-ақ менеджер басшы өзі ұйымдастырып отырған шараларға нақты баға беріп, мұғалімдердің ары қарай өзінің кәсіби шеберлігін дамытуға түрткі болуы қажет. Сабақтарға түрлі әдіс-тәсілдерді енгізу арқылы мүмкіндіктерін арттыруға себепші болады. Мысалы, біздің мектепте Lesson Study «Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу» жұмысы 2015 жылдан бері үзіліссіз жүріп келеді.Нысаналы сыныптарда пән мұғалімдері бірлесіп сабақ жоспарын жасап өткізу арқылы сапалы сабақ үлгісіне қол жеткізу нәтижесінде білім алушылардың оқу сапасы мен оқу жетістігі артуда.Зерттеу сабақтарына тәжірибелі педагогтармен бірге жас педагогтардың да зерттеу сабақтарын жүргізуі қуантарлық жағдай.Педагогтар қала облыс деңгейінде семинар,шебер кластар өткеізіпәріптестерімен іс тәжірибе аламасты.Жоспарлау жұмыстарының мазмұнын, жоспарын, іс-шараларды жүргізу әдістерінің тиімділігін үнемі талдап отыру әдістемелік көмек көрсету жұмысын ары қарай жақсартуға және оны дамытуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған жұмыстар В.Франклдың екінші құндылығы **қобалжу құндылығының** мәселесін анықтап тұрғандай. Бір-біріне ашылып, тәжірибесін бөліскісі келмейтін мұғалімдерді ортақ шаралар арқылы басқаға жан ашу қабілетін, яғни, эмоционалды үн қату, басқа адамдардың қиындықтары мен қуаныштарына мән беру, сезімін бөлісу арқылы жеке тұлғалық ізгі құндылықтарын дамытуға себепші болады. Өзара бір-біріне көмектесу, жанашырлық таныту сияқты қасиеттері артады. Қобалжу құндылығы болмаған жерде шығармашылық идеялар, инновациялық әдіс-тәсілдер, жобалар мен жоспарланған іс-шаралар өз деңгейінде өтпейтіні анық.

Келесі құндылық- **қарым-қатынас құндылығы.** Менедежер басшы өзінің бүкіл ұжыммен қарым-қатынаста болатынын, күнделікті көмек сұрап келетін ұстаздардың психологиялық, эмоционалдық, кәсіптік қиындықтарын тыңдауға дайын болуы қажет. Яғни, кейбір тұлғалардың эмоциясын басқаруға, өзіне көп жүк артпауға, кәсіби шеберлігін таныта отырып, барлық әріптестерімен тең дәрежеде қарым-қатынас орнатуы тиіс. Әрбір адам қателесуге құқылы деген қағиданы ескере отырып, көп сенім артқан тұлғалардың сенімнен шықпауына да дайын болғаны дұрыс. Шамадан тыс сыни көзқарас шығармашылыққа, өзіндік ой айтуға кедергі болатынын да ұмытпағаны жөн.

Басшының тиімді психологиялық критерийлері мыналар:

· Ұжымдағы психологиялық ахуал: ұжымның жоғарыда атап өтілген көңіл-ахуалын бір деңгейде ұстап отыру маңызды.

· Ұжым мүшелерінің қанағаттануы: қарамағындағы қызметкерлердің қанағаттанбау деңгейін уәждемелік реттеу арқылы төмендету, ынталарын көтеру арқылы қанағаттану деңгейін арттыру.

· Ұжым мүшелерінің уәждемесі: жұмыста бірінші орында мұғалім екені, олардың өнімді жұмыстың қайнар көзі екенін уәждемелеу және реттеу.

· Ұжымның өзін-өзі бағалауы: бұл ретте адамдар өз жұмысын бағалау арқылы кәсіби шебершілігін арттырып, дарынды оқушылармен жұмысын көрсете алады.

Менеджер басшы жүргізілген іс-шараларға нақтылы баға беру, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыруға мүмкіндік туғызу; сабақтарға енгізу мүмкіндіктерін қарастыру; қабылданған шешім дәлелді болу, жұмысты дұрыс жоспарлау; әдістемелік жұмыстың кезеңдерінің тығыз байланыста болуы; ұжымдық және жекеше жұмыс түрлерінің өзара байланыстадамуы; мұғалімдерді мазмұны мен түрі жағынан бір-біріне жақын іс-шараларға белсенді қатыстыруға бағытталған интербелсенді әдістерді ықпалдастыру.

Ұжым басшысының жеке тұлғалық сипаттасына түрлі ғалымдар пікір білдірген. Мысалы, Фин авторлары Т.Санталайненом, Э.Воутилайненом, П.Поренне көбінесе басты назарды жеке тұлғаның жеке қасиеттеріне ғана емес, қосалқы білім алуы мен практикалық тәжірибесінен туындайтын қабілеттеріне аударады.

- Нәтижеге және мақсатқа жету үшін ынтасы мықты болуы тиіс.
- Тәуекелшіл, шешім қабылдауда жауапкершілікті сезінуі.
- Өзгерістердің бастамашысы, бастаманы ұйым мүддесіне пайдалануы.
- Әріптестерімен тең дәрежеде ақыладасатын, көпшіліктің үнін тыңдайтын басшы.
- Бүгінгі және келешекке мән бере отырып дұрыс шешім қабылдауы.
- Ұйымның сыртқы, ішкі проблемаларын көре білу қабілеті.
- Жақын әлеуметтік қарым-қатынастарға дайын болуы.
- Өз жұмысына шығармашылықпен қарауы,
- Үнемі өзін-өзі жетілдіру, психологиялық және физиологиялық дайындығы.
- Уақытты дұрыс тиімді пайдалануы
- Кәсіби қызметкерлерді үздіксіз дайындауға дайын болуы.

Мектепте мұғалімдердің кәсіби біліктілігіне диагностика жасау, оқушы,педагог жетістігі мониторингісін шығару жолдарын іздестіру жаңа нәтижелер беруде. Педагогикалық ұжымды басқаруда инновациялық үрдістерді жүйелендіру әрекетінде мектептің өзекті тақырыпқа орай мақсат пен міндеттерді жүзеге асыруда басқару үрдісіне сүйену керек.Бүгінгі таңда мұғалімдердің жұмысын мониторингілеу арқылы қою олардың шеберліктері мен болашақтағы жоспарларын құруға дайындағын анықтап жатырмыз. Өйткені өзін-өзі бағалап, сыни көзқарас танытпаған мұғалімдердің кәсіби деңгейі өспейді Мектебімізде мониторингілеу арқылы оқу тәрбие үрдісіне талдау арқылы жақсы нәтиже беруде. Бәсекелестікке дайын болған оқытушылардан өмірде өз орнын табатын оқушылар тәрбиеленіп шығатыны сөзсіз. Барлығы менеджер басшының жұмысына тікелей байланысты деп айтар едім. Өйткені ұжымдағы ахуалды ретке келтіріп, өзінің басқарудағы қабілетін танытқан басшының жұмыстары да өнімді болмақ. Бұл болашағымыз бен еліміздің өсіп-өркендеуі, адам капиталдың сапасын арттыруға септігін тигізетіні сөзсіз.

Соңғы жылдары мектепте психологиялық қызметтің қалыптасуымен жаңа басқару әдістері пайда бола бастады. Оқу-тәрбие ақпараттарымен жұмыс жүргізуші қызметкер оларды жинау, өңдеу, сақтау және пайдалану тәсілдерін жақсы білгені жөн. Мектеп әкімшілігі өз қызметінде бақылау, анкетті сауалнама жүргізу, тестілеу, нұсқау және әдістемелік материалдармен жұмыс жасау әдістерін белсенді қолдана білуі шарт. Мектеп әкімшілігінің күш-қуаты басқарудың мектепішілік ақпараттық технологиясын нақтылап, тәжірибеге ендіруге жұмсалуы тиіс. Бұл технологиялар басшыларға да, әр мұғалімге де таныс болуы міндетті.

Басқаруды ұйымдастыру формалары әрқилы құрылым және бағыттарда болуы мүмкін: нұсқау-әдістемелік, теориялық семинар, оқушылар ұжымының отырыстары, педагогикалық кеңестер, әдістемелік бірлестіктер, ұстаздық, мектеп конференциялары, педагогикалық оқулар, ата-аналарды педагогикалық жаппай сауаттандыру. Әлеуметтік –психологиялық әдістерді іске асыру формалары мектептің ішкі тәртіп Ережелерінде көрсетіледі немесе мектеп Жарғысына ендіріледі. Сонымен, мектеп басқарымын ұйымдастырудағы маңызды жағдай –

педагогикалық басқару жүйесінің қалыпты күйге келіп, әрекетшеңдік жағдайында болуы және оны іске асыру жолдарын әрбір басшының жіті білуі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасы,2020 жыл

2.Сапиев К. Оқу әдістемелік жұмыс жүйесі. -Алматы, 2019.

3.Бержанов Қ. Тәрбие мен оқытудың бірлігі. -Алматы, 2003.

4.Батышев С. Научная организация учебно-воспитательного процесса. -М., 2000.

5.Тәжірибедегі рефлексия» ЖББ мектептегі педагогтардың кәсіби даму бағдарламасы, 2018

БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫ ОҚЫТУДА ӘДІС – ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Ғазизова Атлас Қамбарқызы, Теміралы Мөлдір Нұрқожақызы
Ақтөбе қаласы, №34 орта мектебі

Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да, іскер, өзіне – өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны ерекше. Бастауыш саты – білім дағды іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Біздің міндетіміз – жеке тұлғаны дамытып, білімге деген сенімін нығайту, оқуға қызығушылын оятып, ынтасын арттыру. Қазіргі заманғы ғылыми – техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Бұл әр мұғалімнің шығармашылық ізденіспен жаңаша жұмыс істеуін қажет етеді.

Жеке және жұптық топтық жұмыстар оқушылардың өз бетінше іс – әрекеттерінің ілгерілуіне септігін тигізеді.

Енді бірнеше бастауыш сынып оқушыларының негізгі пәндеріне арналған әдіс – тәсілдер мен ойындарға тоқталайын.

1. **«Ыстық орындық»** әдісі. Берілген тапсырмаларға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру керек, себебі орындық ыстық.

2. **«Автор орындығы»** Оқушының өзі жазған шығарма, эссесін оқытқанда отырғызып оқытуға болады. Бұл әдістер үй тапсырмасын сұрауда, өткен сабақты бекітуге тиімді.

3. **«Бинго»** ойыны. Лотоға түскен сандарға байланысты сұрақтар беру. Әртүрлі сұрақтар қойылады. Алдымен оқушыларға жауап бергізіп, соңынан дайын жауапты ашып салыстыру « әдіс алмасу»

4. **Интербелсенді әдіс – тәсілдер**

Сұхбат алушы Жауап беруші

Үнтаспаны жазушы А сұрақ қояды, В жауап береді, С сұрақ жауаптарды жазып, анализ, талдау жасайды. Әрбір интервьюден кейін, рөлдер ауысып отырады.

5. **Ғажайып алаңы.** Барабанды айналдырғанда бір санға келіп тоқтайды. Сандардың астындағы сұрақтар немесе тапсырмаларға, есептерге жауап бер

6. **Ойымды аяқта.** Қазақ тілі пәнінде ертегі не мәтін аяқталмай беріледі. Оны оқушы өз ойы бойынша аяқтайды.

7. **«Кемпірқосақ ойыны».** 1 минут ішінде түстері әртүрлі бес затты ретімен тез айтып шығуға тапсырма беріледі.Мыс: қарбыз (қызыл), лимон (сары), аспан (көк), жапырақ (жасыл), топырақ (қоңыр) кімде кім түске сәйкес заттың атын таппаса ойыннан шығады.

8. **«Алма ағашы».** әдісі оқушыларға екі түсті алма беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек. Жасыл түсті алма – мен бүгін барлық тапсырманы жақсы орындадым деп ойлаймын: менің көңіл күйім көтеріңкі. Қызыл түсті алма – мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл күйім жоқ дегенді білдіреді.

9. **«Бір сөзбен» әдісі.** Оқушылар өздеріне берілген 12 сөздің ішінен өздерінің бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтындай 3 сөзді таңдап айтады.

Төзімділік, ашу, қуаныш, немқұрайлылық, қанағаттану,шабыт, зерігу, алаңдау, тыныштық, сенімділік, сенімсіздік, рақаттану.

Оқушы тұлғасының дамуына, қабілетінің артуына жаңа әдіс-тәсілдердің айтарлықтай ықпал жасайтыны сөзсіз және бұл қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің дамуындағы елеулі бағыт. Оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады:

1. Балаларға белгілі тақырыпта әңгіме оқып, оқушыларға басқаша аяқтауға кілт боларлық сюжет ұсыну;
2. Әңгіменің, ертегінің сюжетін бастап беру, аяқтауды оқушыларға тапсыру;
3. Ертегіні ұжым болып тыңдау;
4. Ұнатқан кейіпкерлеріне мінездеме беру;
5. Қиялдау арқылы сурет салғызу, рөлмен ойнату;
6. Арнайы тақырыпта пікірталас тудыру.

Сондықтан да болар қазіргі кезде біздің ұстаздар да осы жаңа әдіс-тәсіл элементтерін өздерінің тәжірибелерінде пайдаланып жүр.

Сабақты бастауға арналған *«стартер» әдісі* оқушылардың көңіл күйін көтеру үшін қолдануға болады. Бұл әдістерді қолданғанда мұғалім өткен тақырып бойынша тапсырма бергені дұрыс, сонда оқушылардың өткен сабақтағы білімін тез және оңай жолмен байқауға болады. Мысалы «Ұшақ ұшыру», «Қар кесегі», «Артығын алып таста», «Сәйкестендір», «Сөйлемді толықтыр», «Жоқ сөздерді тап», «Ыстық орындық», «Домино», «Білім ағашы», «Жұбын тап», «Карта», «Пазл» т.б. көптеген әдістерді қолдану арқылы өткен сабақты қаншалықты меңгергендігін байқау қиын емес. Бұл әдістер - кәдімгі үй жұмысын сұрау. Яғни балалар ойнап отырып үй жұмысын толықтай айтып береді.

«Пазл» әдісі Әдебиет сабағына арналған пазлдар. Балаларға құрастыру үшін қиылып беріледі (кез келген пәнге арнап жасап алуға болады).*Тыңдалымға арналған әдістер* аудио, видео, лекция, сұхбат т.б. жұмыс түрлерін қолдануға болады. мысалы: «Автор орындығы», «Жұппен диктант», «Концерт көру», «Көріністер», «Монолог», «Бейнебаян», «Сыдырма» т.б. Тыңдалымнан оқушылар ақпаратты түсінуге, болжай білуге, сұрақтарға жауап беруге дағдыланады және тілдік қоры дамиды.*Айтылымға арналған әдістер* баланың сөйлеу тілі дамиды, сондықтан әр сабақта айтылымға байланысты мынандай әдіс-тәсілдерді қолданған жөн: «Блиц кездесу», «Дебат», «Мен кіммін?», «Үш қадамдық сұхбат», «Шындық па, жалған

ба?» немесе «Дұрыс па, бұрыс па?», «Егер мен...», «Серпілген сауалдар», «Ақылдың алты қалпағы», «Қар кесегі», «ДЖИГСО», «Ыстық орындық.*Оқылымға арналған әдістер.* Бастауыш сыныптарда оқу жылдамдығын арттыру кезінде қолданылады.. Ол жүгіртіп оқуға жатады. Ал мәтіннің мазмұнын айту үшін оқуда түсініп оқу жүзеге асады. Оқылым бөліміндегі әдіс-тәсілдер мәтін бойынша сұрақтар қоя білуге, мәтіннің идеясын, құрылымын анықтауға, мәтінге анализ жасауға негізделеді. Оқылымға әсіресе «Бір мәтінмен жұмыс» әдісі тиімді.*Жазылымға арналған әдістер.*Жазылым кезінде қатесіз жазу, оқып алып жазу немесе өз ойынды жазу, суретке қарап жазу және естігеніңді жазу сияқты бірнеше түрлері бар. Жазылымға сөздік және көру диктанттары, шығармалар т.б. жатады. Жазылым үшін әр балаға сыныптағы оқушылардың фотоларын таратып, сол оқушы туралы қысқаша әңгіме жазуға тапсырма берген өте қызықты болады. «Аялдама» әдісімен де жазылымды ұтымды әдіс қолдануға болады: автобустың артына сөйлемдерді жалғастырып мәтін құрастыру ойынын өткізу тиімді.*Сабақты қорытындылауға арналған әдістер* мұғалім бөлім біткенде оқушылардың білімді қаншалықты меңгергендігін байқай алады. «Пирамида» әдісі соның бір айғағы. Сабақта өзін – өзі әділ бағалауға жетелеу үшін «*Даналық ағашы» ойыны* өткізуге болады. Алдын–ала дайындалып әкелген алманың суреттеріне оқушылар өтілеген тақырыптар бойынша сұрақтар құрастырады. Сұрақтарына жауап алған соң, жоғары деңгейдегі сұрақтар ағаштың жоғарғы жағына, орта деңгейдегі сұрақтар ортасына, төмен деңгейдегі сұрақтар төменгі жағына жапсырылады.Өз сабақтарымда *«Өрмекшінің торы» әдісін қолданамын*. *«Фишбоун» әдісінің* тиімділігі берілген мәлімет бойынша өздері сұрақ қойып, жауабын топтық жұмыста талқылауға, ой қорытуға белгілі бір қорытындыға келуге жетелейді.*«Бес саусақ» әдісі.* Мақсаты: Баланың бір-біріне бес саусақтай бірігуіне ықпал ету

Балалар параққа алақандарын қойып, оны жиегімен қаламмен айналдырып өтеді. Осыдан соң олар сабақ туралы мынандай сұрақтарға жауап беріп, салынған саусақтарына жазады:

*Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім?*Бұл әдісті сабақтың қорытынды бөлімінде кері байланыс жүргізгенде тиімді. Өйткені бүгінгі жасаған жұмысына талдау жүргізеді. Келесі жолы қандай өзгеріс енгіземін деп ойланады.Осылайша өткізген сабақтарым өз жемісін беріп, мені ғана қуантып қойған жоқ, сонымен қатар көңілдері қуанышқа толған, ынтымақ пен сыйластық қалыптасқан ортада оқушылар бір-бірінен қалай оқу керектігін де үйренді.

Ал 25 жылдан аса педагогикалық тәжірибесі бар ұстаз ретінде менің әріптестеріме айтарым: "*Дәрігер адам тәнін емдесе, мұғалім адам жанын емдейді.*Мұғалім сыныпқа баға қою үшін емес, балаларды шабыттандыру, ең болмағанда, ынталандыру үшін кіру керек деп ойлаймын.

*Әр сабаққа шабыттанып кіріп, қанаттанып шыққан мұғалім – бақытты.*Себебі әр сабақтың қайталанбас тағдыры бар.Сабақтағы әдісті «менікі» деме, «біздікі» деген дұрыс деп ойлаймын.

Қорыта айтқанда бағдарламаға сәйкес алынған әдіс – тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсеңіз оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында, өз кәсіби біліктілігімізді шыңдап, құзыреттілігімізді қалыптастырсақ қана тиімді нәтижеге жетеміз деп сеніммен айта аламын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Педагогика: дәрістер курсы, Алматы «Print-S», Алматы,2005.-364с.
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Алматы, 1998.
3. Жалпы педагогика. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. «Заң әдебиеті». Алматы, 2006. -228б.

СИСТЕМНО-ДЕЯТЕЛЬНОСТНЫЙ ПОДХОД В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ ХИМИИ И БИОЛОГИИ

Гарагуц Вера Михайловна
Кызылжарская общеобразовательная средняя школа Мартукский район

«Плохой учитель преподносит истину,
хороший учит её находить».
А. Дистервег

Мы живём в сложное, но интересное время- на наших глазах в сфере образования происходят важные изменения. В настоящее время активно обсуждается интеграция в изучении предметов естественно-математического цикла.

Происходящая всеобъемлющая модернизация образования оставляет педагогов один на один с вопросом: Как в свете новых требований к школе и результатам образования эффективно учить детей?

Системно-деятельностностный подход в образовании это основа для построения содержания, способов и форм образовательного процесса, дающая возможность каждому учителю самостоятельно расставлять акценты в методике преподавания.

Системно-деятельнотстный подход нацелен на развитие личности. Не для всех биология и химия станет смыслом жизни, но многим ученикам уроки химии и биологии помогут найти себя в этом бурном мире, научится самостоятельно мыслить, принимать решения, быть уверенным в себе, правильно оценить свои интересы и способности, в связи с этим меняются требования и подходы в преподавании : обычная трансляция знаний при которой главную роль выполнял учитель должна замениться формированием умений решать творческие задания, искать источники дополнительной литературы, воспроизводить полученную информацию.

Системно-деятельностный подход

Основной результат - развитие личности ребенка на основе учебной деятельности.

Основная педагогическая задача – создание и организация условий, инициирующих детское действие.

Как получить новый образовательный результат?

Для этого нужно ответить на 3 вопроса:

- Зачем учить (цель)
- Чему учить (изменение содержания)
- Как учить (изменение методики)

Что важно знать и уметь учителю.

1. Знать принципы деятельностного подхода.
2. Уметь реализовывать его на практике.
3. Освоить новую систему оценивания – критериальную.
4. Освоить принципы организации диалога на уроке.

Чему должен научиться ребенок?

Ребенок должен научиться умение самостоятельно добывать новые знания, собирать необходимую информацию, выдвигать гипотезы, делать выводы и умозаключения.

Большинству из нас предстоит переучиваться, перестраивать мышление исходя из новых задач, которые ставит система образования. Реализуя новый стандарт, каждый учитель должен выходить за рамки своего предмета, задумываясь, прежде всего, о развитии личности ребенка, необходимости формирования универсальных учебных умений без которых ученик не может быть успешным ни на следующих ступенях образования, ни в профессиональной деятельности.

Учитель - это самый трудный предмет при переходе на обновленное образование как признают авторы проекта. Ему, преподавателю, давно пора бы перестать быть этим непогрешимым носителем знаний, их механическим транслятором, распределителем. Нужно ставить перед учеником проблему, чтобы он сделал для себя открытие, пусть маленькое, но свое. Это поистине задача из задач.

Некоторые момент применения системно-деятельностного подхода на уроках:

1. Урок химии в 8 классе.

При изучении темы “Кислоты” я не сообщаю тему урока, а используя различные приёмы, добиваюсь от учащихся самостоятельной формулировки темы или постановки проблемы. Например: представляю презентацию “Кислоты”. Посмотрите на экран. Как видите, здесь есть представители растений, животных и даже лекарственные средства. А что между ними общего? Из своего жизненного опыта вы знаете, что многие продукты питания обладают кислым вкусом. Кислый вкус лимону придаёт лимонная кислота, яблоку – яблочная кислота. Кислый вкус этим продуктам придают кислоты.

А затем, учащиеся сами формулируют тему урока “КИСЛОТЫ”.

2. Фрагмент урока химии в 8 классе “Катализаторы”, я предлагаю учащимся провести небольшой опыт (виртуальная лаборатория), перекись водорода долгое время может стоять и ни чего с ней не происходит, но стоит только добавить оксид марганца (IV), перекись водорода разлагается. Значит оксид марганца (IV) выступил в роли катализатора. Он ускорил реакцию. А что же происходит с этим веществом. Возьмите пробирку и посмотрите оксид марганца “осел” на дно. Значит, катализаторы ускоряют скорость химической реакции, а в продукты реакции не входят.

Для реализации системно-деятельностного подхода я представляю незначительное количество опорной информации, остальное учащиеся извлекают сами. Если учащийся из урока в урок самостоятельно добывает знания, то всегда при этом испытывает чувство удовлетворения и стремится испытать это чувство вновь. От меня, как от учителя, требуется

умение подбора соответствующих учебных задач. Эти задачи должны быть продуманны тщательно так, как у каждого ребенка свои познавательные возможности, с помощью которых он будет реализовывать свои знания.

Не нужно бояться введение новшеств в системе образования ,нужно просто их принимать и внедрять ведь мир не стоит на одном месте, а развивается и нам педагогам необходимо совершенствоваться, что совершенными были наши ученики.

Список литературы

1. Н.Е. Дерябина “Системно-деятельностный подход к построению курса органической химии**”** // Химия в школе. - 2006. - N 9. - С. 15-23.
2. С.В. Ярцева “Реализация системно-деятельностного подхода при обучении химии**”** // Химия в школе. - 2010. – N 6. - С. 23-27.
3. Н.Р. Файзуллина “Об использовании в обучении деятельностного подхода” // Химия в школе. - 2003. - N 3. - С. 19-21
4. С.В. Дмитриев “Системно-деятельностный подход в технологии школьного обучения” // Школьные технологии. -2003-№6. – С. 30-39

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРОБЛЕМНОГО ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ ХИМИИ

Голубок Марина Валериевна
учитель химии Алгинской средней школы №4

Наверное, каждый учитель химии задумывался о том, как вызывать глубокий интерес к своему предмету, чтобы ученики умели не только писать химические формулы и уравнения реакций, но и понимали химическую картину мира, умели логически мыслить, применять полученные знания для решения тех или иных жизненных ситуаций. Как сделать из ученика активного соучастника учебного процесса, научить ученика мыслить? Мышление начинается с вопроса, требующего разрешения. В своей работе я часто использую проблемный подход, стараюсь не столько «разжевывать" материал, сколько создавать проблемные ситуации, ставить вопросы, требующие решения, ориентирующие учащихся на поиск. В результате ученик выступает в роли исследователя, открывая для себя новые знания.

При использовании технологии проблемного обучения дети учатся формулировать собственную позицию по обсуждаемому вопросу и использовать события, происходящие вокруг них, для ее аргументации. При выполнении проблемных заданий учащиеся учатся находить пути решения проблемы, учатся находить необходимую информацию, анализировать ситуацию, выделять главное, применять ранее полученные знания и опыт, формируются коммуникативные навыки, учащиеся высказывают свое мнение, слушают мнения других.

Использование проблемных ситуаций на уроках химии позволяет так организовать процесс усвоения основных понятий, законов, что эти знания становятся в дальнейшем инструментом познания, а не набором сложных непонятных слов.

Использую несколько приёмов создания проблемной ситуации на уроках химии:
-Подвожу школьников к противоречию и предлагаю им самим найти способ его решения.

- Одновременно предъявляю противоречивые факты, теории, мнения.

-Излагаю различные точки зрения на один и тот же вопрос.

-Предлагаю классу рассмотреть проблему с различных позиций, например, эколога, юриста, финансиста….

-Побуждаю школьников делать сравнения, обобщения, выводы из ситуаций, сопоставлять факты.

Приведу несколько примеров из опыта работы по созданию проблемных ситуаций на уроках.

Проблемная ситуация возникает в том случае, если учителем сообщаются новые факты, которые не вписываются в рамки изученных школьниками теорий, усвоенных законов и понятий. Например, при изучении темы «Гидролиз солей» в 9 классе. Кислоты кислые из-за содержания ионов водорода, для щелочей из-за присутствия гидроксид-ионов характерна щелочная среда. Какой характер среды будут иметь соли? Учащиеся считают, что в солях нет ни ионов водорода, ни гидроксид-ионов, значит для солей характерна нейтральная среда. Опыты показывают, что это не всегда так. Среда может быть и кислотной, как например в хлориде цинка, и щелочной, как например, в карбонате калия.

Или, например, учащимся известно, что с помощью индикаторов можно определить какой раствор перед тобой - имеющий кислотные или основные свойства. На уроке по теме «Основания» задаю вопрос: «Почему при реакции нейтрализации гидроксида железа(III) соляной кислотой индикатор не нужен? Почему реакцию нейтрализации щелочи кислотой проводят в присутствии индикатора?»

При изучении темы «pH растворов кислот и щелочей» в 11 классе в начале урока задаю детям вопрос: «Права ли я, если утверждаю, что раствор уксуса менее кислый, чем сок лимона? А как, по-вашему, можно доказать точно, какой раствор более кислый?» (уч. проблема)

1 версия- на вкус (А можно ли проверять на вкус вещества в химической лаборатории?)

2 версия- при помощи индикатора по интенсивности их окраски.

Проверим эту версию. Учащиеся проделывают опыт по определению среды растворов некоторых веществ (лимонного сока, уксуса, жидкости для чистки духовок, детского мыла, раствора аммиака и др.) с помощью индикатора и убеждаются, что индикатор поможет определить кислотную или щелочную среду имеет раствор, но не даст нам ответ на вопрос какой же из растворов кислее. Возникает вопрос: а как же тогда решить эту ситуацию? Учащимся предлагается самостоятельно изучить материал о pH растворов, что это за величина, кем она введена, что она показывает и возможно ли, зная ее, решить нашу задачу.

После изучения и обсуждения материала учащимся вновь предлагается проделать опыт, с помощью которого можно определить уровень кислотности предложенных растворов универсальной индикаторной бумагой. Учащиеся отмечают, что она уже дает более точный ответ, какую реакцию среды имеют исследуемые растворы. Но при этом указывают на то, что индикаторными полосками удобно пользоваться, когда надо отличить сильно кислые от слабокислых растворов. А как же быть, если несколько растворов имеют примерно одинаковый уровень pH и цвет индикаторной полоски схож? Опять проблема. Учащимся предлагается провести опыт с более точным прибором, с помощью которого можно точно определить уровень кислотности растворов – с помощью ручного pH-метра. Таким образом, проблемный вопрос в начале урока не просто помог познакомиться с теорией о pH растворов, но и показал практическое применение этих знаний, сделал сухую теорию более понятной и близкой.

Проблемную ситуацию можно создать и сообщая некоторые факты, которые учащимся неизвестны и требуют для объяснения дополнительной информации. Так, при изучении свойств олова рассказываю о том, что в конце XIX века из Голландии в Москву отправилось несколько вагонов с оловянными слитками. Но по прибытии в Россию вместо брусков белого металла в вагонах оказался лишь серый, ни на что не годный порошок. А в начале XX столетия

вокруг военных складов Санкт-Петербурга разгорелся настоящий скандал, когда в ходе ревизии выяснилось, что на всех формах и мундирах нет пуговиц. Складских работников даже хотели отдать под суд, но экспертиза странного серого порошка на одежде подтвердила, что это и есть олово, из которого были изготовлены пуговицы. Оказалось, что при температуре ниже 13 градусов по Цельсию олово из пластичного металла белого цвета постепенно превращается в «грязный» порошок. Что это за явление и как была решена проблема такого поведения металла? Предлагаю учащимся самостоятельно найти ответ на этот вопрос. Дети выясняют, что это явление называют «оловянной чумой», при которой происходит аллотропное видоизменение белого олова в серое, а оно имеет кристаллическую решетку, в которой атомы связаны менее плотно. Чем ниже температура воздуха, тем «оловянная чума» протекает интенсивнее и быстрее, достигая максимальной скорости при 33 градусах мороза. В конце концов человечество справилось с этим «недугом» металла. Оказалось, что примеси других металлов, легко предотвращают эту удивительную метаморфозу, свойственную только олову. Самым стойким сплавом считается пьютер, который состоит из 93 процентов олова, 2 процентов меди и 5 – сурьмы. Из пьютера изготавливают предметы быта, посуду, украшения и так далее. И даже знаменитые оскаровские статуэтки и «Кубок Америки» отлиты из пьютера и только потом покрыты серебром и золотом. Вот так была побеждена предательская «оловянная чума»»…Поиск ответов на такие вопросы остается в памяти учащихся надолго.

При изучении свойств амфотерных соединений задаю вопрос: какие химические свойства характерны для оснований? Учащиеся указывают, что они реагируют с кислотами и разлагаются при нагревании. Проделываем реакцию между гидроксидом цинка и соляной кислотой. Какие изменения вы наблюдаете в пробирке, где к гидроксиду цинка добавили раствор соляной кислоты? Какие свойства проявляет гидроксид цинка в этой реакции? Можно ли назвать данное вещество основанием? Получив утвердительный ответ, спрашиваю: а могут ли основания реагировать друг с другом? Дети дают отрицательный ответ. Демонстрирую взаимодействие соли цинка и щёлочи. Ребята наблюдают выпадение осадка гидроксида цинка и его последующее растворение в избытке щёлочи. Какие свойства проявляет гидроксид цинка в этой реакции? В процессе проблемной беседы я подвожу их к пониманию того, что в данной реакции гидроксид цинка проявляет кислотные свойства. Делаем вывод: амфотерность – проявление двойственности свойств веществ.

Поскольку в любом случае поиск решения, должен завершиться ответом на исходный проблемный вопрос, мы с ребятами обязательно возвращаемся к началу урока и снимаем проблему-вопрос, применив новое знание.

Проблемные ситуации часто возникают при решении экспериментальных задач. При этом известен набор реактивов и конечный результат, но не известны способы решения. Например, по теме «Генетическая связь между классами неорганических соединений» учащимся даны имеются реактивы: цинк, вода, соляная кислота, гидроксид натрия, хлорид натрия и др. Учащиеся должны получить гидроксид цинка. Такие задания учат детей рассматривать несколько версий, отбирать наиболее приемлемую из них, развивают логику.

Таким образом, опыт работы с применением технологии проблемного обучения на уроках химии показывает, что она дает положительные результаты, способствует развитию творческой активности учащихся, развитию у них исследовательских навыков, способности мыслить неординарно. Нестандартные уроки, возможность учащихся самим формулировать вопросы и искать ответы на них, свободное изложение своих мыслей, рассуждение, совместный поиск истины, которая всегда где-то рядом – все это способствует формированию познавательной активности учащихся на уроках химии.

МЕКТЕП КУРСЫНА e САНЫН НЕГІЗДЕП ЕНГІЗУДІҢ БІР ТӘСІЛІ

Ғұбайдуллина Венера Нұртайқызы
№60 ЖББОМ, математика пәні мұғалімі

Алгебра және математикалық анализ бастамалары пәнінің іргелі ұғымдарының бірі – *e* саны ұғымы. Қазіргі таңда, әсіресе, қоғамның экономикалық дамуын, оның заңдылықтарын жан-жақты ғылыми тұрғыда зерттеп отырған ғарыштық ұшқыр кезеңде, көптеген құбылыстар уақытпен салыстырғанда көрсеткіштік дәрежеде өсіп немесе өшіп жатқаны белгілі.

Мұндай құбылыстарды экспоненциалдық заңдылықпен өзгеретін құбылыстар деп атайды. Егер өнімнің мөлшері уақытқа байланысты үнемі α есе өсіп (немесе өшіп) отырса, онда бұл өнімнің дамуы (немесе азуы) экспоненциалдық заңдылыққа бағынған деп есептелінеді және оның мөлшері m уақыт *t*-ға байланысты $m=m_0e^{\alpha t}$ түріндегі α көрсеткішті ережемен өседі. Өшпелі жағдайда оны $m=m_0e^{-\alpha t}$ түрінде өрнектейді. Бұл заңдылықтың атауы латынның exponentis деген сөзінен, қазақша «*көрсетуші*» сөзінен туындаған. Мұндағы *e* – сан және оның дәл мәні белгісіз, жуықтап анықталатын, әңгіме етіп отырған санымыз болып табылады. Демек, ол да π санының мәні сияқты жуықтап есептеледі.

Осындай өмірмен, күнделікті тұрмыспен тығыз байланысты *e* саны ұғымын әрбір орта білімді азаматтарымыз, демек, мамандығымызға байланыссыз, бәріміздің де білуіміз қажет деп есептейміз. Қазіргі мектеп бағдарламасында бұл жағдайға аса мән берілмеген. Оны түзеу үшін e санын мектепте енгізуге арнайы 1 сағаттық сабақ бөліну керек деген ойға келеміз. Ең болмағанда, сабақтан тыс үйірменің немесе мектептік элективтік курстың 1 сағатын осы «*e* саны» тақырыбына арнаған жөн. Осы өзекті мәселеге байланысты шағын мақаламызда *e* саны ұғымын енгізудің жалпы орта мектептің 10 сынып оқушыларына арналған әдістемесін ұсынып отырмыз. Әдістеменің теориялық жағы [1] мақалаға негізделген, және [2-5] әдеби құралдардың біраз баяндау элементтерін зерттеуімізге пайдаланғанымызға назар аударамыз.

Алдымен, ағылшынша *factorial* сөзі олардың *factor* – көбейткіш деген сөзінен туындаған, *n*-факториал ұғымының анықтамасын берейік. Ол үшін *N* натурал сандар жиынын еске түсіріп аламыз. Сосын оқушылардың назарын натурал сандар жиынының алғашқы екеуінің көбейтіндісін табуды ұсынамыз, яғни, $1\cdot2=2$ болатынына көз жеткіземіз. Одан әрі, алғашқы үшеуінің көбейтіндісін табу мәселесін қоямыз, демек, $1\cdot2\cdot3=6$ жауабын аламыз. Одан кейін, алғашқы төртеуінің көбейтіндісін сұрап, оның $1\cdot2\cdot3\cdot4=24$ болатындығын мұқияттаймыз. Сосын алғашқы бес натурал сандардың, содан кейін алты алғашқы натурал сандардың көбейтінділерін табу, тағысын тағы анықтау заңдылықты байқап оқушылар үшін қиындыққа соқпайды және $1\cdot2\cdot3\cdot4\cdot5=120$, $1\cdot2\cdot3\cdot4\cdot5\cdot6=720$, …- деп есептеумен тұйықтаймыз. Сонымен, төмендегідей анықтаманы қабылдауға оқушыларды дайындадық:

Анықтама. Натурал сандар жиынының алғашқы n санының көбейтіндісі «*n*-факториал» деп аталынады және оны *n!* түрінде белгілейді.

Мысалдар: 1!=1, 2!=2, 3!=6, 4!=24, 5!=120, 6!=720, …

Олай болса, $n!=1\cdot2\cdot3\cdot\ldots\cdot n$ формуласына келеміз. Анықтамадан $n!=(n-1)!\cdot n$ қасиеті шығатынына көңіл аударамыз.

Одан соң *n!* шамасының маңызды бір қасиетіне тоқталамыз. Ол қасиет *n!* мен 2^{n-1} дәрежесі арасындағы салыстырмалық қасиет болып табылады.

Ол үшін тағы да мысалдардан бастаймыз. Алдымен 1!=1 және $2^0=1$ екенін білеміз. Ендеше, $1!=2^0$ теңдігін алдық. Енді, $2!=1\cdot2=2^1$ екенін көреміз. Олай болса, $2!=2^1$.

Одан әрі, $3!=1\cdot2\cdot3=2!\cdot3$ теңдігіндегі 3 санын 2 санымен ауыстырсақ: $3!=1\cdot2\cdot3>1\cdot2\cdot2=2^2$ теңсіздігі шығатынын көрсетеміз.

Келесі $4!=1\cdot2\cdot3\cdot4=3!\cdot4$ шамасын алып, 3 және 4 сандарының әрқайсысының орындарына 2 санын қойсақ, $4!= 1\cdot2\cdot3\cdot4>1\cdot2\cdot2\cdot2=2^3$ теңсіздігін аламыз. Немесе, $4!=3!\cdot4>2^2\cdot2=2^3$ екендігін талдаймыз.

Осы заңдылық бойынша, $5!>2^4$ болатынын қалай көрсетуге болады?-деген сұрақ қойып, $5!= 1\cdot2\cdot3\cdot4\cdot5>1\cdot2\cdot2\cdot2\cdot2=2^4$ екеніне көз жеткіземіз. Басқаша, $5!=4!\cdot5>2^3\cdot2=2^4$ екенін дәлелдейміз. Осы әдіспен $6!=5!\cdot6>2^4\cdot2=2^5$ теңсіздігін аламыз.

Ендеше, жалпы $n>2$ жағдайында $n!>2^{n-1}$ теңсіздігі орындалады десек, онда $(n+1)!=n!\cdot(n+1)>2^{n-1}\cdot2=2^n$ теңсіздігінің орындалатынын көреміз.

Сонымен, факториалдың

$$n!>2^{n-1}, \quad (n=3,4,\dots) \tag{1}$$

қасиеті дәлелденеді.

Осы қасиеттің салдары

$$\frac{1}{n!}<\frac{1}{2^{n-1}}, \qquad (n=3,4,\dots) \tag{2}$$

Бұл (2) өрнегі үлкен санның кері шамасы кіші санның кері шамасынан кіші болатындықтан шығады. Осы ережені (1) теңсіздікке қолдансақ, онда (2) теңсіздікті аламыз.

Енді мынадай тізбек құрайық:

$$e_0=1,$$
$$e_1=1+\frac{1}{1!}=1+\frac{1}{1}=1+1=2,$$
$$e_2=1+\frac{1}{1!}+\frac{1}{2!}=2+\frac{1}{2}=2\frac{1}{2},$$
$$e_3=1+\frac{1}{1!}+\frac{1}{2!}+\frac{1}{3!}=e_2+\frac{1}{3!}=\frac{5}{2}+\frac{1}{6}=\frac{16}{6}=\frac{8}{3}=2\frac{2}{3},$$
$$e_4=1+\frac{1}{1!}+\frac{1}{2!}+\frac{1}{3!}+\frac{1}{4!}=e_3+\frac{1}{4!}=\frac{8}{3}+\frac{1}{24}=\frac{65}{24}=2\frac{17}{24}$$
$$e_5=e_4+\frac{1}{5!}=\frac{65}{24}+\frac{1}{120}=\frac{326}{120}=\frac{163}{60}=2\frac{43}{60}=2{,}71667\dots,$$
$$e_6=e_5+\frac{1}{6!}=\frac{163}{60}+\frac{1}{720}=\frac{1957}{720}=2\frac{517}{720}=2{,}7180555\dots,$$
$$e_7=e_6+\frac{1}{7!}=\frac{1957}{720}+\frac{1}{5040}=\frac{13700}{5040}=2\frac{3620}{5040}=2{,}7182539\dots\ ,$$

Осы тізбекті жалғастыра берсек, тізбек өсе отырып,

$$e=2{,}7\ 1828\ 1828\ 459045\ \dots$$

түріндегі шексіз ондық бөлшек түріндегі санға жақындай беретінімізді байқар едік.

Жалпы жағдайда бұл тізбек

$$e_n=e_{n-1}+\frac{1}{n!}=1+\frac{1}{1!}+\frac{1}{2!}+\frac{1}{3!}+\dots+\frac{1}{(n-1)!}+\frac{1}{n!} \tag{3}$$

түрінде жазылады.

Осы (3) өрнектен тізбектің нөмірі өскен сайын өсе түсетіні көрініп тұр. Бірақ, бұл тізбек 3 санынан асып кете алмайтынын байқаймыз. Мұны көрсету үшін (2) формуланы пайдалансақ, онда (3) өрнектен

$$e_n\le 1+1+\frac{1}{2}+\frac{1}{2^2}+\dots+\frac{1}{2^{n-1}} \tag{4}$$

теңсіздігін аламыз. Ал, геометриялық

$$S_n=1+\frac{1}{2}+\frac{1}{2^2}+\dots+\frac{1}{2^{n-1}}$$

прогрессияның қосындысы

$$S_n = \frac{1-\frac{1}{2^{n-1}}\cdot\frac{1}{2}}{1-\frac{1}{2}} = \frac{1-\frac{1}{2^n}}{\frac{1}{2}} = 2-\frac{1}{2^{n-1}} < 2 \qquad (5)$$

болатынын ескерсек, онда (4) және (5) теңсіздіктерден

$$e_n = 1 + S_n < 1 + 2 = 3$$

теңсіздігін, яғни $e_n < 3$ болатынын көреміз.

Ендеше, егер n шектеусіз өссе, онда e_n тізбегі бір шектік мәніне ұмтылатынын көреміз. Ол шектік мәнді е әрпімен белгілесек, онда

$$e_n \to e, \quad n \to \infty$$

өрнегін жазуға болады. Осы шектік мән e саны деп аталынады, ал $e_0 = 1,\ e_n = e_{n-1} + \frac{1}{n}!,\ (n = 1,2, \dots)$ осы санның жуықтау мәндері болып табылады.

Сонымен, төмендегідей анықтаманы келтіруге болады.

Анықтама. $e_n = 1 + \frac{1}{1!} + \frac{1}{2!} + \frac{1}{3!} + \cdots + \frac{1}{n!}$ тізбегінің n шектеусіз өскендегі шегін e саны деп атаймыз.

Осы баяндалған ұғымды геометриялық жолмен де түсіндіруге болады.

Шынында да, табандары 1-ге тең биіктіктері p_n және e_n болатын:

$$p_0 = 1,\ \ p_1 = 1,\ \ p_2 = \frac{1}{2},\ \ p_3 = \frac{1}{2^2},\ \ p_4 = \frac{1}{2^3},\ \ \dots,\ \ p_n = \frac{1}{2^{n-1}}$$

$$e_0 = 1,\ \ e_1 = \frac{1}{1!},\ \ e_2 = \frac{1}{2!},\ \ e_3 = \frac{1}{3!},\ \ e_4 = \frac{1}{4!},\ \ \dots,\ \ e_n = \frac{1}{n!}$$

(n+1) тік төртбұрыштарды алып, әрқайсысының аудандарын есептесек,

$$\bar{s}_0 = p_0 \cdot 1, \qquad \bar{s}_1 = p_1 \cdot 1, \qquad \bar{s}_2 = p_2 \cdot 1 = \frac{1}{2}, \qquad \bar{s}_3 = p_3 \cdot 1 = \frac{1}{2^2},$$

$$\bar{s}_4 = p_4 \cdot 1 = \frac{1}{2^3}, \ \ \dots, \ \ \bar{s}_n = p_n \cdot 1 = \frac{1}{2^{n-1}}$$

$$s_0 = e_0 \cdot 1 = 1, \qquad s_1 = e_1 \cdot 1 = 1, \qquad s_2 = e_2 \cdot 1 = \frac{1}{2!}, \qquad s_3 = e_3 \cdot 1 = \frac{1}{3!},$$

$$s_4 = e_4 \cdot 1 = \frac{1}{4!}, \ \ \dots, \ \ s_n = e_n \cdot 1 = \frac{1}{n!}$$



шамаларынан аудандар өздерінің биіктіктерімен өлшенетінін көреміз. Осы шектеусіз $\bar{s_n}$ және s_n тік төртбұрыштарының аудандарын қоссақ, онда үлкен S_n аудандарының қосындысы

$$\bar{S}_n = \bar{s}_0 + \ \bar{s}_1 + s_2 + \bar{s}_3 + \bar{s}_4 + \ \dots + \bar{s}_n \to 3, \quad n \to \infty$$

шегіне, ал кіші S_n аудандарының қосындысы

$$S_n = s_0 + s_1 + s_2 + s_3 + s_4 + \ \dots + s_n \to e = 2{,}7\ 1828\ 1828\ 459045\ \dots, n \to \infty$$

шегіне келтірер еді. Іштестірілген екі шектеусіз баспалдақты аудандарды салып, жуықтаулардың жинақтылығын геометриялық көрнекі жолмен нақтылай түсуіміз керек.

Сабақ беру барысында «е саны» атты плакат пайдалану көзделінеді. Оның негізгі мақсаты сабақтың көрнекілікті болуы, негізгі формулалардың оқушылар есінде қалуы, сабақ уақытын ұтымды пайдалану. Интерактивті тақтасы бар бөлмеде өткізілетін сабақта слайдты пайдалану ұсынылады.

Сөз соңында, мектеп курсында 10-сынып оқушыларына түсінікті етіп, бір сағаттық сабаққа енгізуге болатынындай жоғарыдағыдай сабақтың үлгілік жобасын ұсынып отырмыз.

Қолданылған әдебиеттер

1. Сартабанов Ж.А. анализ бастамасын мектеп курсында баяндауды жетілдіру туралы ойлар. АМУ Хабаршы, №3, 2001. – Б.48-59.

2. Алгебра және анализ бастамалары, Алматы: Атамура, 10-11 класс, Шыныбеков А.Н.

3.Фаддеев Д.К., НикулинМ.С., Соколовский И.Ф. Элементы высшей математика для школьников. М.: Наука, 1987. 336 бет.

4.Клейн Ф. Элементарная математика с точки зрения высшей Арифметика, Алгебра, Анализ. М.: Наука, 1987. 430 бет

5.Никольский С.М. Элементы математического анализа М.: Наука 1981. 160 бет

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Данайбекова Динара Утегеновна
Жаңажол ОМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Тіл мәртебесі еліміздің басты құндылығы. Тіл қашанда басты орында болмақ. Тіл қай ұлттың болмасын тарихы мен ірге тасы тәрізді. Тіл- халықтың бір бөлшегі, ұлт келешегі. Қазіргі таңда тіл мәртебесі өзекті мәселе болып отырғаны сөзсіз. Тәуелсіз ел болғалы қашан, әліде қазақ тілі ақсап келеді. Өзге елде басты міндет тілді үйрену керек болса, біздің елде қазақ тілі әліде ақсап келеді. Өзге ұлт өкілдері мемлекетімізде өмір сүре отырып, қазақ тілін үйренуге асықпайды. Өзге түгілі өзіміздің қара көз қазақтарымызда туған тілімізді жетік білмей ұялтатыныда шындық. Өзгеге ренжудің қажеті жоқ тәрізді. Тіл мәртебесі жайлы сөз қозғасаң ұлтшыл деген сөзді де естітініміз анық. Сонда өз елімізде, қазақ жерінде қазақша сөйлеу ұлтылшылдыққа жатама?

Мемлекеттік тіліміздің тағдыры үшін атқарылып жатқан істер жалғасын таба берсе, тіл мәртебесі жоғарламақ деген ойдамын.

Тіл - мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі.

Тіл – тәуелсіздіктің айғағы. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тілсіз- тәуелсіздік, егемендіксіз-тіл болмақ емес. Тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп жарияланды.

Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – біз, яғни, қазақ жастары. Демек, біздің міндетіміз – қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ. Осы тұста Елбасының «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін», – деген ұлағатты сөзін ескермей кету мүмкін емес. Тәуелсіздік алғалы бері тіл саясаты жүргізілуде. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс – шаралар ұйымдастырылуда. Нәтижелері де аз емес. Алайда жастар арасында, кейбір мекемелерде қазақ тілінің жайы ақсап тұр. Соны көріп жүрегің қан жылайды. Бір жағынан, әлі күнге дейін орыс тілінің ырқынан шыға алмай жүргендігімізден болар. Расында, қазақ халқының басында талай қиын нәубет, зұлматтың, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Еліміз жетпіс жылдай

Кеңес Одағының қарамағында болды. Ата – анамыз орыс тілін ұлықтады. Қазақ халқы өзінің тілін, ділін, тіпті салт-дәстүрін ұмытардай халге жетті. Дегенмен «сабақты ине сәтімен» деген. Еліміз сан ғасыр аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізіп, отыз жылдығын тойладық. Тіліміздің түп тамырымен жойылып кетпегеніне шүкіршілік етуіміз керек тәрізді. Сондай ауыр сәттерде, сын сағаттарда атамекен қонысын тастап босқан халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы – ана сүтімен санасына дарыған ана тілі ғана. Мағжан Жұмабаевтың тілінде айтсақ:

«Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың…
Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!».

Бірақ, жоғарыда айтып кеткендей, қанша жылдан бері атқарушы билігіміз тіл туралы саясатты жүзеге асырып келе жатса да, қазақ тілінің дамуы әлі де болса кешеуілдеп тұр. Ақын Мұхтар Шаханов былай деген еді:

«Қай кезде де туған тілің туған анаң секілді.
Бабалардың арманы бар мына қызыл гүлдерде,
Олар елін, тілін қорғап жанын қиған бұл жерде ».

Расымен де ата – бабамыз елін, жерін, тілін, дінін жаудан өле – өлгенше қорғап өтті емес пе? Осыған бас ауыртатын ұлт жанашырларының саны қазіргі кезде некен саяқ. Себебі, көшеде бір қателіктер көріп жатсақ, үйреншікті нәрседей, бейқам жүре береміз.

Ана тілі – ананың ақ сүтімен әр қазақ баласының бойына сіңген тіл емеспе еді. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз. Әр адамның азаматтық қасиеті – өз халқын, өзінің атамекенін қалай сүюімен, өз ана тілін қалай білуімен өлшенбек. Әркімнің тілге деген құрметін өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрметінен білуге болады. Өз ана тілін ұмытқан адам – өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Осыны қазақ жастары түсінсе екен деймін.Алайда осыны ескермей орыс тілінде шұлдірлеп, қазақ тіліндегі әнді тыңдауды қор санап жүрген қазақ жастары қаншама. Кейбір мекемелерге барсаң орыс тілінде сауатты жазылған сөз қазақ тілінде мүлдем ұйқассыз аударылып, есіктерінде ілініп тұрады. Мұны көргендердің бірі езу тартып күліп, енді бірі оған мән бермейді де. Біздің қоғамның басты кемшілігі осы болар, бәлкім. Бұған жауап ретінде ақын Оразақын Асқардың мына бір өлең жолдарын алар едім:

«Ана тілінде ата-баба сыры бар,
Аудармадан түпнұсқадай кім ұғар.
Өсе келе құстың тілін білсең де,
Ана тілсіз оның қандай құны бар».

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», – дейді Қадыр ақын. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса екен дейді.

Өзгенің құлы емес өз еліміздің ұл – қызы болайық, өзгенің емес,өз еліміздің тілін ұлықтап, мәртебесін асырайық!

ПРИМЕНЕНИЕ АКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ

Дандыбаева Марина Куатовна
учительных начальных классов
КГУ « Средняя школа №26 »,г.Актобе

Для меня очень важна положительная эмоциональная обстановка в классе, в работе, в общении. Поэтому, одной из важнейших задач считаю создание благоприятной эмоциональной обстановки на уроках с целью спокойного и планомерного развития личности каждого школьника.

Целью начального образования является развитие личности ребенка, выявление его познавательных способностей, сохранение физического и психического здоровья. В современном начальном образовании наметилось немало положительных тенденций: складывается вариативность педагогических подходов в обучении младших школьников.

Проблема активности личности в обучении – одна из актуальных психологической, педагогической науки, как и в образовательной практике.

При организации самостоятельной работы над новой темой важно, чтобы учащимся было интересно проработать новый материал. Как же это можно сделать? Конечно, при помощи активных методов!

Уроки с использованием активных методов обучения интересны не только для учащи хся, но и для учителей.

Активные методы обучения — это методы, которые побуждают учащихся к активной мыслительной и практической деятельности в процессе овладения учебным материалом. Активное обучение предполагает использование такой системы методов, которая направлена главным образом не на изложение преподавателем готовых знаний, их запоминание и воспроизведение, а на самостоятельное овладение учащимися знаниями и умениями в процессе активной мыслительной и практической деятельности.

Особенности активных методов обучения состоят в том, что в их основе заложено побуждение к практической и мыслительной деятельности, без которой нет движения вперед в овладении знаниями.

Появление и развитие активных методов обусловлено тем, что перед обучением встали новые задачи: не только дать учащимся знания, но и обеспечить формирование учебной деятельности и развитие познавательных интересов, и способностей, творческого мышления, умений и навыков самостоятельного умственного труда.

Активные методы подразделяются на методы начала урока, выяснения целей, ожиданий, опасений, презентации учебного материала, организации самостоятельной работы, релаксации, подведения итогов. Каждый из этих методов позволяет эффективно решать конкретные задачи того или иного этапа урока.

*Т*ак в начале урока активные методы «Здороваемся глазами», «Улыбнемся друг другу» позволяют создать психологический настрой обучающихся, способствуют формированию исходной мотивации, вовлечению всех обучающихся в учебный процесс, созданию ситуации успеха.

Для работы над темой урока использую для групп сменного или постоянного состава методы «Ульи», «Визитные карточки». Для проведения дискуссии и принятия решений – методы «Светофор», «На линии огня». Для представления материала самостоятельной работы детей очень интересны такие методы, как «Инфо-карусель», «Автобусная остановка», «Творческая мастерская».

«Кластер» - может быть использован на разных этапах урока. Смысл этого метода заключается в попытке систематизировать имеющиеся знания по той или иной проблеме и дополнить новыми. Ученик записывает в центре листа ключевое понятие, а от него рисует стрелки-лучи в разные стороны, которые соединяют это слово с другими, от которых в свою очередь лучи расходятся далее.

«Инфо-угадайка» - дается ряд вопросов, работа в группах, где обучающиеся формулируем тему урока. «Круглый стол» — это метод активного обучения, одна из организационных форм познавательной деятельности учащихся, позволяющая закрепить полученные ранее знания, восполнить недостающую информацию, сформировать умения решать проблемы, укрепить позиции.

«Мозговой штурм» - широко применяемый способ продуцирования новых идей для решения научных и практических проблем. Его цель — организация коллективной мыслительной деятельности по поиску нетрадиционных путей решения проблем. « Проблемное обучение» — такая форма, в которой процесс познания учащихся приближается к поисковой, исследовательской деятельности. Успешность проблемного обучения обеспечивается совместными усилиями преподавателя и обучающихся.

Активные методы «Ромашка», «Итоговый круг», «Мухомор» также использую для подведения итога урока. Они эффективно, грамотно и интересно помогают подвести итоги урока.

Активные методы обучения развивают мотивацию к обучению и наилучшие стороны ученика, учат учащихся самостоятельно добывать знания, развивают интерес к предмету, позволяют активизировать процесс развития у учащихся коммуникативных навыков, учебно-информационных и учебно-организационных умений.

Дети начальной школы имеют свои особенности, поэтому не могут совладать со своими эмоциями, поэтому на уроках создаётся вполне допустимый рабочий шум при обсуждении проблем; методы лучше вводить постепенно, воспитывая у учащихся культуру дискуссии и сотрудничества; применять данные методики не обязательно все на каждом и на одном уроке.

Таким образом, использование активных методов обучения позволяет обеспечить эффективную организацию и последовательное осуществление игрового образовательного процесса для достижения высокой заинтересованности и вовлеченности обучающихся в учебную, проектную, исследовательскую деятельность, формирования качеств личности, нравственных установок, ценностных ориентиров, соответствующих ожиданиям и потребностям обучающихся.

Литература

1.Беспалько, В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения
2.Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения
3.Анцибор М.М. Активные формы и методы обучения

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Дарибаева Гулжанат Миктибаевна
Мұғалжар ауданы №4 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі

Қазақстан Республикасының білім саласына енген жаңартылған білім беру бағдарламасы — заманауи талаптарға сай болашақ ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарлама. Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің

қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігімен байланыстыру арқылы сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі — мемлекеттік тіл, қарым — қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – ғаламдық кеңістікті тану тілін оқытуда жаңашылдықтарды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану — заман талабы болып отыр.

Жаңаша әдіс-тәсілдерді оқып үйрену - заман талабы. Жеті модуль кіріктірілген осы бағдарлама - Қазақстандық мұғалімдерге кәсіби біліктілігі мен педагогикалық тәжірибесін жетілдіру және бағалауға көмектесу деп білемін.

Білім беру - бұл жекелеген құбылыс емес, ол оқушылардың оқу қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені деп айқындалған.

Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылардың оқу жетістігін бағалауды қазіргі тәжірибеге енгізудің негізін критериалды бағалау жүйесі анықтайды. Бұл бағалау рәсімдерінің сапалылығын, олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін және әр білім алушының оқудағы қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазақстан үшін ұсынылып отырған жаңа критериалды бағалау жүйесі білім алушының дамуын, оның қызығушылығын және оқуға деген ынтасын арттыруға бағытталады. Егер әр білім алушыға және оның ата-анасына түсінікті болатындай нақты әрі өлшемді бағалау критерийлері белгіленетін болса, бұған жетуге әбден болады. Қазіргі таңда білім саласының басты мақсаты құзіретті, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастырып, дамыту болып табылады. Бүгінгі таңда елімізде білім беру мазмұны жаңа бағытқа бет бұрды. Еліміздің әлемдік үрдістерге енуі білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге өту қажеттілігін арттыру екені сөзсіз. Білім беру мазмұнын жаңарту өте қажетті мәселе болып отыр. Оқу үрдісін жаңа әдіс-тәсілдермен жаңарту болып табылады. Н.Ә.Назарбаев: «Орта білім жүйесінде мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек» деген өз жолдауында.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі неде?

1. Ең бірінші пән мазмұнының спиральді берілуі керек. Өйткені спиральді білім арқылы пәнді оқушы терең меңгереді.
2. Оқу мақсатарына жету.
3. Ортақ тақырыптардың берілуі.
4. Оқу мазмұнының қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді болуы жоспарлармен ұйымдастырылуы.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының мақсаты мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру және критериалды бағалау жүйесін енгізу. Негізгі міндеттерінің бірі оқу мақсатына жету үшін критериалды бағалау жүйесін енгізу. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын-ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығының көмегімен өлшенеді. Бұл бағалау түрі оқушылардың үлгерімі сыныптастарының үлгерімімен салыстырмалы түрде бағаланатын нормаға негізделген бағалаудан ерекшелінеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады.

1. Қалыртастырушы бағалау.
2. Жиынтық бағалау.

Барлық дамыған елдер өзінің бірегей жоғары сапалы білім беру жүйесіне ие. Негізгі мектеп үшін барлық мектептердегі оқыту стандарттарын Назарбаев Зияткерлік мектептерінің деңгейіне дейін жақсарту қажет. Жоғарғы мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеріп шығулары тиіс. Оқытудың нәтижесі сын тұрғысынан ойлау, өздігінен зерттеу және ақпаратты терең талдау дағдыларын меңгеруге тиіс. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ – ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу,

функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалды бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: бөлім бойынша жиынтық бағалау (ББЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТБЖБ). Баланың жан — жақты ізденуіне ынталандырады. Критериалды бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы — баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үнемі жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі.

Қорыта айтқанда, жаңартылған білім беру бағдарламасының мәні, оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін шынайы өмірлік қажеттіліктерге асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ұғымын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012ж
2. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы.2016ж
3. Н.Ә.Назарбаев "Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты" атты Жолдауы, 2012.

МӘТІНДІ ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Даулетбай Сәуле Серікқызы, Ғалламова Ақмарал Бекболатқызы
Ақтөбе қаласы №34 орта мектебі

Психологияда қажетті мәліметтерді іздеумен байланысты процесті білікті актуальдандыру деп атайды. Бұл процесті С.А.Рубинштейн былай түсіндіреді: «Білікті актуальдандыру белгілі бір есептерді шығару кезінде қалыптасады. Берілген есепті шығару үшін қажетті білікті және есептеу амалдарын актуальдандыру есептің талдауын болжайды».

Ойлау қызметінің тәсілдерін («синтез», «анализ», «анализ арқылы», «синтез арқылы анализ») қолдану нәтижесінде *анализді-синтездік* деп аталатын ерекше ойлау қызметінің түрі анықталады. Ойлау қызметінің бұл түрі математиканы оқытуда (есеп шығаруда) ойлаудың әртүрлі анализдік-синтездік тәсілдерін айқындайды. Бұл әдістер туралы айтпастан бұрын «анализ арқылы» және «синтез арқылы анализ» тәсілдерінің мән-мағынасын дәлірек қарастырайық.

Алдымен, «таза синтез», «таза анализ» арқылы шығарылатын есептердің мысалдарын талқылайық.

Есеп 1. Әрбір килограмын 25 теңгеден 12 кг картоп, 35 теңгеден 8 кг сәбіз және 21 теңгеден 3 кг пияз сатып алынды. Барлық сатып алынған көкөніс үшін кассаға төленген 1000 теңгеден қанша теңге қайтарылады?

Есепті синтез тәсілімен талдайық.

1. 1 кг картоп бағасын және оның массасын біле отырып,сатып алынған картоптың қаншатұратынын білуге болады: 25·12=600 теңге.

2. 1 кг сәбіз бағасын және оның массасын біле отырып, сәбіздің қанша тұратынын білеміз:35·8=280 теңге.

3. 1 кг пияз бағасын және оның килограмм мөлшерін біле отырып, барлық пияздың бағасынанықтаймыз: 21·13=63 теңге.

4. Сатып алынған көкөністің әрқайсысының бағалары бойынша барлығының қанша тұратынын табамыз: 600+280+63=943 теңге.

5. Кассаға төленген ақшаның шамасы және сатып алынған барлық көкөністің бағасыарқылы қанша теңге қайтарылып берілгені анықталады: 1000-943=57 теңге.

Енді осы есепті анализ тәсілімен талдайық.

Талдауды есептің сұрағынан бастаймыз. «Есепте не сұралады?» (Кассаға төленген 1000 теңгеден қанша теңге қайтарылып берілетіндігі): «Осы сұраққа жауап беру үшін нені білу керек?» (Сатып алынған барлық көкөністің қанша тұратындығын және кассаға төлеуге қанша ақша берілетіндігін). (Кассаға қанша ақша берілгені белгілі, ал сатып алынған барлық көкөністің қанша тұратыны белгісіз) . «Сатып алынған барлық көкөністің қанша тұратынын білу үшін нені білу керек?» (Пияз, картоп және сәбіз жеке-жеке қанша тұрады?). «Барлық пияздың қанша тұратынын білу үшін нені білу керек?» (Қанша килограмм пияз сатып алынды және 1 кг пияз қанша тұрады?). (Есептің шартында 1 кг пияз 21 теңге тұрады және 3 кг пияз сатып алынды). Осылайша картоп пен сәбізге қатысты сұрақтар да қойылады.

«Сонымен есепті қандай жоспармен шығаруға болады?» Оқушылар бұдан кейін есепті шығару жоспарын құрады.

Анализ:

1. Кассадан қанша теңге қайтарып берілді?
2. Сатып алынған барлық көкөніске қанша ақша төленді?
3. Сатып алынған пияз қанша тұрады?
4. Сатып алынған сәбіз қанша тұрады?
5. Сатып алынған картоп қанша тұрады?Синтез:
1. Сатып алынған картоп қанша тұрады?
2. Сатып алынған сәбіз қанша тұрады?
3. Сатып алынған пияз қанша тұрады?
4. Сатып алынған барлық көкөніске қанша ақша төленді?
5. Кассадан қанша теңге қайтарып берілді?

Есепті синтездеу жолымен талдау есептің шартында айқын көрінетін берілгендері арқылы құрылған сұрақтан басталады, ал анализ тәсілі бойынша керісінше, есепті талдау есепте белгілері жоқ сұрақтан басталып, ондай белгілерді берілген құрама есепті жай есептерге жіктеу арқылы аламыз. Құрама есептерді жай есептерге жіктеу, оларды біртіндеп

анықау – анализ тәсілінің басты қиыншылығы. Бірақ анализ тәсілі оқушылардың білім алуында маңызды мәнге ие болады: ол оқушыларды қатаң түрде біртіндеп ойлауға үйретеді, сондықтан, төменгі сыныптарда тиісті есеперді шығару кезінде осы тәсілді мүмкіндігінше жиі қолданған жөн. Талдау кезіндегі «синтез және анализ» тәсілдерінің қайсысының басымдылығына байланысты есептерді шығарудың сәйкес синтездік және анализдік әдістері айқындалады.

Синтездік әдістің бірден-бір кемшіліктеріне мыналарды жатқызуға болады:а) есепті шығару жоспары негізделетін пайымдаулардың болмауы;

ә) «Неге осылайша істеледі, неге өзгеше емес?» - деген сұрақтың дәлелдемесінің болмауы;

б) мақсатқа жетуде жол сілтейтін қажетті берілгендерді және олардан алынатын салдардытаңдау қиыншылығы.

Осы айтылғандардан мынадай әдістемелік қорытынды келтіруге болады.

1. Оқушылардың ойлау іс-әрекеттерін қалыптастыру жұмыстарында «синтез» қосымша пайымдаулар келтіре білу қажеттігін табиғи және үйреншікті әдетке айналдырады. Қорытынды жасай білу – математиканы оқытудың негізгі мақсаттарының бірі.

2. Синтездік талдау стилі өз алдына маңызды жалпы білім беру мәніне ие болады, сондықтан оқушыларға осы әдістің мән-жайын түсіндіріп, оны іс-әрекеттерінде қолдана білуді үйрету керек.

3. Синтездік әдістің көрсетілген кемшіліктері жалпы мектепте білім беру процесінің өзіне тән кемшіліктері болып табылады. Бұл мәселелердің шешімі негізі деп есептелінетін анализді-синтездік ойлау іс-әрекеттерін қалыптастыруда орындалады.

Есеп шығаруға үйрету мен дағдыландыру көбіне сабақ өту кезінде болатындықтан, барлық оқушыларды есеп шығарудың жалпы әдіс-тәсілдерімен қаруландырып, олардың есеп шығару барысындағы іс-әрекеттерін басқарып, жұмысты белгілі бір жүйемен жүргізу қажет. Есеп шығаруға оқушылардың білігі мен дағдысын қалыптастыру мен дамытудың негізгі сатылары мынадай:

1. Мұғалім есеп шартын оқушыларға таныстырады, оның практикалық мағынасын табиғаттағы, өмірдегі және т.б. қандай процесті білдіретіндігін түсіндіреді. Есепті жаңа материал ретінде оның құрылымына талдау жасап, шығару тәсілін тиянақты түсіндіреді. Мұнда қандай математикалық есептеудің, тұжырымдардың, ой-пікірлердің қолданылып тұрғанына оқушылардың назарын аударады. Оқушылар мұғалімнің әрбір іс-әрекеттерін бақылап, оның есеп шығару барысындағы сұрақтарына жауап беріа шығару жолын жазып отырады. Берілген есепті шығаруға үйрету алғаш рет басталғандықтан, осы сабақа оқушылардың есеп шығару жұмыстарын бағаламаған жөн.

2. Мұғалім есептің шартын баяндайды. Мұғалімнің басшылығымен оқушылар есеп шартына талдау жасап, шығару әдісін іздестіреді. Есеп шығару әдісі анықталған соң барлық оқушыларөз беттерімен есеп шығаруға кіріседі, олар өздерінің іс-әрекеттерінің дұрыстығын мұғалімніңкөмегі арқылы тексере алады. Алайда оқушылардың өз беттерімен осындай типтегі есептерді шығару мүмкіндіктері әзірге төмен болуы мүмкін. Бұл сатыда да мұғалім оқушылардың есеп шығару барысындағы теориялық білімдерін ғана бағалағаны жөн.

3. Оқушылар осындай түрдегі есептерді өздігімен шығаруға төселе бастайды. Мұғалім сабақта оқушыларға өздігімен есеп шығаруды ұсынады. Бір оқушыдан есеп шартын оқып, мағынасын түсіндіруді талап етеді, оқушылардан «есеп жөнін де сұрақтарың бар ма?» деп сұрайды. Есепте баяндалған оқиға жөнінде оқушылардың сұрақтарына мұғалім қысқаша жауап беріп, олардың есеп мағынасын ой-тұжырымдармен толық ұғынуына бағыт береді.

4. Бұл сатыда оқушылардың өздігімен есеп шығару мүмкіндіктері арта түседі. Мұғалім белгілі бір есепті түсініп, оны оқып беруді бір оқушыдан талап етеді. Оқушыларға «есептің шарты түсінікті ме?» деген сұрақ қойылады. Оқушылар есепті шығаруға кіріседі.

Оқушыларды өздігімен есеп шығару кезіндегі іс- әрекеттерінің дұрыстығын байқау үшін мұғалім біраз уақыт өткеннен соң бір оқушыны тақтаға шақырады. Тақтада есеп толық немесе оның бір бөлігі шығарылады. Мұғалім сынып оқушыларының есеп шығару жұмыстарын бақылап, қай оқушыға жәрдем көрсету қажет, кімге жеке тапсырма беру керек екендігін байқауы тиісті. Оқушылардың есеп шығару білігін бағалау олардың жұмыстарын бақылау, жеке әңгімелесу және сынып оқушыларының дәптеріндегі жазу жұмыстарын тексеру негізінде болады. Бұл сатыда оқушыларға жеке-дара үй тапсырмаларын берген жөн.

5. Бұл сатыда оқушылардың өздігімен есеп шығару біліктерін мейлінше машықтандыру көзделеді. Оқушыларға өздігімен есеп шығару кезінде оқулықты, жазу дәптерлерін, анықтама әдебиеттерді қолдануға, мұғалімнен жәрдем сұрауға мүмкіндік беріледі. Мұғалім сынып оқушыларына қиынырақ есеп беріп, оны шығару уақытын белгілейді. Оқушылар есеп шығаруға кіріседі. Мұғалім олардың іс-әрекеттерін бақылайды, кейбір оқушылармен есеп шығару жөнінде әңгімелеседі,олардың ой-тұжырымдарын, өздігімен есеп шығару білігінің деңгейін анықтайды, көптеген оқушылардың жұмыстары бағаланады.

6. Оқушылар өздігімен есеп шығару нәтижесінде есептің шешімін тексеру жұмыстарын орындай отырып, мұғалімге сұрақтар қоюы мүмкін. Оқушылардың сұрақтары бойынша мұғалім олардың есеп шығару кезінде кездестіретін қиындықтарды шешу мәселесін әңгімелейді, сондай-ақ олардың өздігімен есеп шығару білігі мен дағдысын бақылап, есеп шығару кезінде қандай қиындықтарға душар болатынын және оларды шешу мүмкіндікерін байқайды. Көптеген оқушылардың есеп шығару жұмыстары негізінде бағаланады. Нәтижесінде үй тапсырмасы жеке-дара беріледі.

7. Соңғы саты – жазбаша бақылау жұмысы.

Сонымен, мәтінді есепті шығарудың көрсетілген барлық әдіс-тәсілдерін математика мұғалімі толық меңгеріп, өздерінің іс-тәжірибелерінде оқушыларға осы әдіс-тәсілдердің мән-жайын түсіндіріп, оларды қолдануды біртіндеп үйретудің нәтижесінде ғана олар өздігімен мәтінді есепті шығара білуде жетістікке жете алады.

Әдебиеттер тізімі

1 С.Л. Рубинштейн. Мышлении и путях его исследования. - М.Изд. АН.СССР, 1967.

2. Утепқалиев С.. Оқушыларды өздігімен тексті есептер шығаруға үйрету. Алматы, Респ. Баспа кабинеті, 1998.

3. Утепкалиев С.У. Методика обучения школьников саиостоятельному решению текстовых задач по математике. // дисс. на соискание канд. пед. наук. - Москва, 1998 г. РАО.

4. Д. Пойа Как решить задачу?. Пособин для учителей. // пер. С англ. - 1959.

5. О.К.Тихомиров. Структура мыслительной деятельности человека– Москва,Просвещение, 1977.

ЕСТЕСТВЕННО-НАУЧНАЯ И ЧИТАТЕЛЬСКАЯ ГРАМОТНОСТЬ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ

Даухаренова Назира Эргасеновна
КГУобщеобразовательная школа №59

В методике преподавания биологии предыдущих десятилетий был накоплен достаточно большой опыт по использованию работы с текстами учебников, а также с другими источниками дополнительных сведений по биологии, взятых из книг, журналов и газет. Учителя и учащиеся делились своими знаниями, новыми сведениями на уроках биологии,

вовлекая школьников в обсуждение ранее не знакомого материала. Особое значение использованию книг по биологии уделялось на внеклассных занятиях при постановке опытов и проведении наблюдений за биологическими объектами Важнейшая компетентность личности школьника – умение учиться, образование нацелено на развитие функциональной грамотности, когда теоретические знания должны использоваться в повседневной жизни.Читательская грамотность – способность человека понимать и использовать письменные тексты, размышлять о них и заниматься чтением для того, чтобы достигать своих целей, расширять свои знания и возможности, участвовать в социальной жизни. Задания по функциональной грамотности не должны занимать большую часть урока, но могут использоваться на разных его этапах. При проведении урока учитель должен использовать задания на развитие не только предметных знаний, но метапредметных (когнитивные, коммуникативные, регулятивные).

Формирование читательской и естественнонаучной грамотности предполагает использование текстов различного естественнонаучного содержания.УУД смыслового чтения – умения максимально точно и полно понимать содержание текста, практически осмысливать извлечённую информацию,соотносить её с имеющимися знаниями, интерпретировать, оценивать и применять при выполнении предложенных заданий с использованием учебных, учебно-познавательных текстов по биологии и другим дисциплинам. работа с текстом на уроках биологии мотивирует учащихся к познавательной деятельности, успеху, создаёт атмосферу сотрудничества и сотворчества, что позволяет развивать умение учиться, самостоятельное управление через осмысленное чтение своим собственным развитием.

Стратегии смыслового чтения:

- работа с текстом: поиск информации и понимание прочитанного;
-работа с текстом: преобразование информации и её интерпретация;
-работа с текстом: оценка информации;
-приобретение социального и жизненного опыта через обогащение новыми знаниями.

Основные умения смыслового чтения:

-Вычленять информацию, заданную в тексте в явном виде.
-Определять из текста значение терминов.
-Сопоставлять информацию из разных частей текста.
-Устанавливать в тексте последовательность действий.
-Выделять главную мысль отдельных частей текста.
-Делать выводы на основе информации из текста.
-Преобразовывать информацию из текста в графическую и наоборот.
-Группировать или классифицировать информацию из текста.-Выделять ненужную информацию. Рассмотрим примеры заданий на работу с текстами разного содержания и разного уровня сложности,которые формируют и развивают читательскую и естественнонаучную грамотность.Приведём некоторые комментарии по их использованию. Текст «Незваные гости, которые становятся хозяевами положения» посвящён изучению вирусов, которые представляют неклеточную форму жизни. Вирусы распространены повсеместно и являются самой многочисленной биологической формой на Земле. Текст содержит новые сведения о вирусной природе рака, переносе вирусами генетической информации от одних видов организмов другим. Работа с текстами используется для формирования илидиагно стики умений нахождения информации, её извлечения и интерпретации.Обсуждение содержания текстов может осуще ствляться в виде дискуссии. Учитель на уроке предлагает учащимся прочитать текст и обсудить задания к тексту (1–8). В зависимости от дидактических целей урока задания могут носить обучающий, диагностический или контролирующий характер (пример). Задания 1 и 2 с множе ственным выбором ответов заставляют задуматься учащихся

о том, что представляют собой вирусы.В задание 1 заложена типичная ошибка, допускаемая школьниками. Многие из них не понимают, что вирусы не питаются, не дышат, т.к.не имеют клеточногостроения, поэтому их нельзя отне сти к живому.Для них характерны только некоторые свой ства организмов — размножение и способность изменяться (мутировать). Вне клетки они кристаллизуются. В задании 2 учащиеся узнают, за счёт чего происходит размножение вирусов, характер их паразитирования.Используя знания из школьной биологии и своего жизненного опыта, напишите, почему взрослым людям, перенёсшим корь в детском возрасте, врачи предлагают сдать анализ на антитела к этому заболеванию, а иногда предлагают сделать прививку? Элементы ответа: Предполагается обсуждение задания, в процессе которого учащиеся приходят к выводу о снижении антител к возбудителю кори с течением времени и имеющегося риска повторного заражения. Задания 5–6 особо актуальны в наши дни.Учащимся следует объяснить, что отказ от прививок приводит к негативным и часто к непредсказуемым послед ствиям. Считаем, что работа над текстами и заданиям к ним с использованием предложенных приёмов будет хорошим подспорьем при формировании метапредметных результатов и функциональной грамотности учащихся при изучении биологии.

Пример текста – задания для работы на уроке биологии 8 класс по теме: «Пищеварение. Питательные вещества» количество питательных веществ: белков, жиров, углеводов, а также витаминов. Эти вещества поступают в организм с пищей. Когда вы приходите в магазин и выбираете сыр, то видите различные этикетки: сырный продукт, натуральный сыр.И соответственно обращаете внимание на разницу в стоимости этого продукта питания, а также на то, что они располагаются на разных полках…Известно, что натуральные сыры не содержат пальмового масла, которое пагубно влияет на организм». Внимательно прочитайте текст, пользуясь информацией из текста, ответьте на вопрос: Почему мы должны покупать и есть натуральные продукты – натуральные сыры? На уроках можно применять различные приемы работы с текстом при изучении нового материала, обобщении, актуализации во время индивидуальной, парной, групповой форм работы.Во время уроков можно использовать и возможности рабочей тетради при работе с текстом. Задания, предложенные в рабочих тетрадях ориентированы на работу с текстом учебника, на осмысление содержания, на самостоятельную работу, при опросах, контроле, изучении нового материла, выполнении лабораторных и практических работ, индивидуальной работе с учащимися, работе с новыми понятиями.

Подобные задания, прорабатываемые ежеурочно, позволяют диагностировать уровень сформированности следующих умений: использовать естественнонаучные знания в жизненных ситуациях, выявлять вопросы, на которые может ответить естествознание, делать выводы на основе полученных данных Таким образом прослеживается формирование функциональной грамотности в урочной деятельности через систему заданий и работу с текстом, с использованием различных средств, методов и приёмов

Список литературы

1. Пентин А. Ю., Никифоров Г. Г., Никишова Е. А. Основные подходы к оценке естественнонаучной грамотности // Отечественная и зарубежная педагогика. 2019. №4 (61). URL: https://cyberleninka.ru/article/n/osnovnye-podhody-k-otsenke-estestvennonauchnoy-gramotnosti.

Интернет ресурсы:

1. http://animalsglobe.ru/flamingo/
2. https://catalog.prosv.ru/item/44221
3. https://physicon.ru/
4. https://www.oecd.org/pisa/

5. http://www.centeroko.ru/pisa18/pisa2018_sl.html

КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ-БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРДІҢ БІРІ

Джабасова Эльнара Болатовна
Ақтөбе қ., «Ақтөбе орта мектебі» КММ

Жастарды еңбекке баулу және мамандықтарын дұрыс таңдауға бағыт беру білім берудегі маңызды істердің бірі. Саналы түрде таңдалған мамандық жеке тұлғаның болашақ өміріне әсер етеді. Болашақтағы кәсіби мақсатына дұрыс бағыт алған оқушы бойындағы қарым қабілетін шығармашылықпен дамыта білсе сапалы маман ретінде қалыптасатыны белгілі. Сол себепті қазіргі таңда түлектерге кәсібтік бағдар ұсынып, кеңес айту үлкен маңызға ие. Кәсібтік бағдар беру – шешімі табылуға тиісті өте күрделі, кешенді мәселе. Өзінің әдістемесі және мазмұны жағынан оның психологиялық, педагогикалық, физиологиялық және әрекеттік, аумағы жағынан әлеуметтік сипаты болады. Нәтижесі қоғамның экономикалық өміріне әсер етеді. Сонымен қатар, кәсіби бағдар беру қоғамның жұмыс күшін қайта өндірудің маңызды құралы болып саналады. Білім саласындағы кәсіби бағыттың ауқымы кең және алуан түрлі. Бұл істің жүргізілуі кадрлар даярлауды жоспарлаумен, білім беру жүйесін одан әрі жетілдірумен тығыз байланысты екені сөзсіз. Қазіргі заман талабына сай мамандықтарды игерген жастарға сұраныс өте жоғары. Нарықтағы бәсекелестік күн өткен сайын артып келеді. Бүгінгі заман талабы кәсіптік білім беру саласында адамның табиғи ерекшеліктеріне сәйкес мыңдаған мамандықтар мен кәсіптерге дайындау – кезек күттірмейтін талаптардың бірі.

Мектеп бітіретін 9-11 сынып оқушыларын «Қандай мамандық таңдаймын?» немесе «Таңдаған мамандығыма қалай қол жеткіземін?» деген ойлар мазалайтыны анық. Бұл әрине үлкен өмірге қадам басардағы ең жауапты сәттердің бірі. Себебі осы бағыт бағдар адам ғұмырының алдағы болашағына өз әсерін тигізеді. Дұрыс жол тапса, қоғамға да өзіне де пайдалы іспен айналысып Абай атамыз айтқандай бір кірпіш болып қаланар еді. Демек оқушыларға дұрыс жөн сілтеу ұстаздардың пайымды пікірлерін тыңдау мен түрлі саладағы мәртебелі мамандық иелерімен кездесудің маңызы өте зор. Осы мақсатта оқушыларға болашақ мамандық таңдауға көмектесу және пайдалы кәсіп туралы көзқарастарын дамыту үшін мектеп қабырғасында жыл сайын қала, аудан, ауылдағы білім шаңырақтарына барып, түрлі тақырыптарда еркін әңгімелер тұрақты түрде ұйымдастырылуы керек.

Әрине ең бастысы қай пәннен десек те, әсіресе, гуманитарлық пәндерде, осы тақырып төңірегінде құрылған факультатив сабақтарында білім алушылардың рухани деңгейін көтеретін, өмірге деген құштарлығын ашатын, белгілі-бір кәтіпке қызығушылығын арттыратын әңгімелер, дөңгелек үстелдер, конференциялар немесе қазіргі тілмен айтқанда тренингтер ұйымдастырудың маңызы зор. Бұл ақпараттар білім алушының өмірлік ұстанымы болуы да мүмкін. Тіпті алысқа бармай-ақ, өзіміздің ұлы данышпандарымыздан бастау керек. Ұлы Абай атамыздың өмір ақиқаты мен шындыққа толы 45 қара сөзі, аты айтып тұрғандай «Толық адам» ілімі, философияға толы поэмалары, құлаққа кіріп бойды еліктірер әндері, әр түрлі тақырыпты терең қозғай білген поэзиясына баға жетер мұра бар ма?! Шәкәрім атамыздың «Біреудің мінін көргенше, өзіңмен күрес өлгенше» бір ғана өлеңі, «Шәкәрім ілімі», поэзиясы мен поэмалары психология мен философияға толы. Шәкәрімнің «Жан тәрбиесін» оқыдыңыз ба? Оқысаңыз жан дүниеңізді дамытып, рухани жаңарып, бойыңызды түзей бастайтыныңызды байқаған шығарсыз. Сұлтанмахмұт Торайғыров – 27 жас өмір сүрсе де артына мол мұра қалдырған қаламгер. «Шығамын тірі болсам адам болып, жүрмеймін бұл

дүниеде надан болып», «Жақсы болсам өзімнен, жаман болсам өзімнен» өлеңдері, «Әр адамның мінезі-астындағы тұлпары» Б.Момышұлы, «Жақсылық жолында келе жатып жаман әдет көрсетпе» Сәбит Мұқанов, «Өмірде кездесетін әр қиындықтың бір қуанышы болатынын ұмытпаған жөн» Ник Вуйчич, «Мәңгі сені жазбаған сүрінуге, қайта тұрып хақың бар жүгіруге» Мұқағали Мақатаев сынды ұлағатты сөздері арқылы баланың ой-өрісін кеңейтіп, рухани жаңартып, көңіліне ізгі ой салады.

Адамдардың белсенділігінің жоғары болуы да пәндерді оқыту арқылы іске асады. Әлеуметтік белсенділікті қалыптастыру – адамдар арасындағы қарым-қатынастың дамуына әсер етеді. Пәнді, білім, білік, дағдыны игеруде, оқушылардың өмір тәжірибесінде, қоғамдық қатынас жүйесінде адамгершілік нормалары орнығады. Оқыту белсенділігі сабақ кезінде ғана емес, сабақтан тыс уақытта да жүзеге асырылады. Оқушылардың мамандық әлемімен, техника негізімен және өндіріс технологиясымен танысуы олардың қызығуына, беіймділігіне, белгілі бір жұмысқа ынталануына көмектеседі. Кәсіби ақыл-кеңес беру арқылы оқушының өзіне тән ерекшелігіне, таңдаған кәсібінің талаптарына баса назар аударылады. Кәсіби кеңес беру оқушыларға әлеуметтік кәсіптік жоспар жасауға көмектесумен ғана шектелмей, олармен бірігіп, жоспарды іске асыру, жалпы және кәсіптік білім алу деңгейін көтеру мәселелерін, мамандық таңдауға идеялық, адамгершілік негіздерінің қалыптасуын, сол сияқты оқушылардың мәдени-өсіп қалыптастырады. Мамандықтар туралы кеңес беру нәтижесі, атап айтқанда, оқушылардың қабілеттеріне байланысты іс-әрекеттерін ұйымдастыру жұмыстарымен тығыз байланысты. Сонымен қатар қызметін атқарады. Мамандық таңдау – мектептен тыс, арнайы зертханада және таңдаған мамандығының өзіне тән еңбек жағдайына байланысты жүргізіледі. Мамандық таңдаудың мақсаты – оқушының белгілі бір еңбек түріне жарамдылығын анықтау.

Қорыта айтқанда, оқушылардың кәсіби біліктілігін, бағдарларын қалыптастыру оқушы тұлғасының дамуымен байланысты. Ал оқушылардың жеке бас дамуынан олардың кәсіби өзін-өзі анықтауын бөліп қарауға болмайды. Міне, осының негізінде ғана оқушылардың кәсіби бағдары ұғымы анықталады. Сондықтан оқушылардың кәсіби бағдарларын олардың кәсіби өзін-өзі анықтауынан бөліп қарастыруға болмайды. Оқушылардың кәсіби бағдарларына кәсіптің бір саласына қызығушылықтары, бейімділіктері мен қабілеттері жатады.

Ұрпақ тәрбиесі - болашақ қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, кәсіпке икемді, ақыл-прасты мол, мәдени ой-өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз. Болашақ ұрпаққа кәсіби мамандыққа көзқарас, негізінен оқыту-тәрбиелеу ісінің сипатымен анықталады. Кәсіптік білім берудің жалпы мақсаты – жастар бойында кәсіби және тұлғалық сапаларды жоғары қалыптастыру болса, мектеп мұғалімдері оқушыларға кәсіби бағдар беріп, мамандық таңдауға жол сілтейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР МЖМБС 6.08.076-2010. «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты – Астана: М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті баспасы, 2010. – 46 б.

2. Тұлғаның кәсіби бағыттылығын дамыту үрдісінің моделі // Мереке-праздник для всех. – Алматы: – 7 б.

3. «Кәсіптік бағдарлау теориясы мен әдістемесі» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешен / Құрастырғандар: доцент Самашова Г.Е., Нұрмағанбетова М.С. және т.б. – Қарағанды: ҚарМТУ баспасы,

4. Самашова Г.Е., Құрымбаев С.Ғ., Ударцева С.М., Әшімбекова А.М. және т.б. Кәсіби бағдар беру бойынша екі тілді анықтамалық-терминологиялық сөздік (қазақ, орыс тілдерінде). Қарағанды: ҚарМТУ баспасы, 2013. – 49 б.

КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ-БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРДІҢ БІРІ

Джабасова Эльнара Болатовна
Ақтөбе қ., «Ақтөбе орта мектебі» КММ

Жастарды еңбекке баулу және мамандықтарын дұрыс таңдауға бағыт беру білім берудегі маңызды істердің бірі. Саналы түрде таңдалған мамандық жеке тұлғаның болашақ өміріне әсер етеді. Болашақтағы кәсіби мақсатына дұрыс бағыт алған оқушы бойындағы қарым қабілетін шығармашылықпен дамыта білсе сапалы маман ретінде қалыптасатыны белгілі. Сол себепті қазіргі таңда түлектерге кәсібтік бағдар ұсынып, кеңес айту үлкен маңызға ие. Кәсібтік бағдар беру – шешімі табылуға тиісті өте күрделі, кешенді мәселе. Өзінің әдістемесі және мазмұны жағынан оның психологиялық, педагогикалық, физиологиялық және әрекеттік, аумағы жағынан әлеуметтік сипаты болады. Нәтижесі қоғамның экономикалық өміріне әсер етеді. Сонымен қатар, кәсіби бағдар беру қоғамның жұмыс күшін қайта өндірудің маңызды құралы болып саналады. Білім саласындағы кәсіби бағыттың ауқымы кең және алуан түрлі. Бұл істің жүргізілуі кадрлар даярлауды жоспарлаумен, білім беру жүйесін одан әрі жетілдірумен тығыз байланысты екені сөзсіз. Қазіргі заман талабына сай мамандықтарды игерген жастарға сұраныс өте жоғары. Нарықтағы бәсекелестік күн өткен сайын артып келеді. Бүгінгі заман талабы кәсіптік білім беру саласында адамның табиғи ерекшеліктеріне сәйкес мыңдаған мамандықтар мен кәсіптерге дайындау – кезек күттірмейтін талаптардың бірі.

Мектеп бітіретін 9-11 сынып оқушыларын «Қандай мамандық таңдаймын?» немесе «Таңдаған мамандығыма қалай қол жеткіземін?» деген ойлар мазалайтыны анық. Бұл әрине үлкен өмірге қадам басардағы ең жауапты сәттердің бірі. Себебі осы бағыт бағдар адам ғұмырының алдағы болашағына өз әсерін тигізеді. Дұрыс жол тапса, қоғамға да өзіне де пайдалы іспен айналысып Абай атамыз айтқандай бір кірпіш болып қаланар еді. Демек оқушыларға дұрыс жөн сілтеу ұстаздардың пайымды пікірлерін тыңдау мен түрлі саладағы мәртебелі мамандық иелерімен кездесудің маңызы өте зор. Осы мақсатта оқушыларға болашақ мамандық таңдауға көмектесу және пайдалы кәсіп туралы көзқарастарын дамыту үшін мектеп қабырғасында жыл сайын қала, аудан, ауылдағы білім шаңырақтарына барып, түрлі тақырыптарда еркін әңгімелер тұрақты түрде ұйымдастырылуы керек.

Әрине ең бастысы қай пәннен десек те, әсіресе, гуманитарлық пәндерде, осы тақырып төңірегінде құрылған факультатив сабақтарында білім алушылардың рухани деңгейін көтеретін, өмірге деген құштарлығын ашатын, белгілі-бір кәтіпке қызығушылығын арттыратын әңгімелер, дөңгелек үстелдер, конференциялар немесе қазіргі тілмен айтқанда тренингтер ұйымдастырудың маңызы зор. Бұл ақпараттар білім алушының өмірлік ұстанымы болуы да мүмкін. Тіпті алысқа бармай-ақ, өзіміздің ұлы данышпандарымыздан бастау керек. Ұлы Абай атамыздың өмір ақиқаты мен шындыққа толы 45 қара сөзі, аты айтып тұрғандай «Толық адам» ілімі, философияға толы поэмалары, құлаққа кіріп бойды еліктірер әндері, әр түрлі тақырыпты терең қозғай білген поэзиясына баға жетер мұра бар ма?! Шәкәрім атамыздың «Біреудің мінін көргенше, өзіңмен күрес өлгенше» бір ғана өлеңі, «Шәкәрім ілімі», поэзиясы мен поэмалары психология мен философияға толы. Шәкәрімнің «Жан тәрбиесін» оқыдыңыз ба? Оқысаңыз жан дүниеңізді дамытып, рухани жаңарып, бойыңызды түзей бастайтыныңызды байқаған шығарсыз. Сұлтанмахмұт Торайғыров – 27 жас өмір сүрсе де артына мол мұра қалдырған қаламгер. «Шығамын тірі болсам адам болып, жүрмеймін бұл дүниеде надан болып», «Жақсы болсам өзімнен, жаман болсам өзімнен» өлеңдері, «Әр адамның мінезі-астындағы тұлпары» Б.Момышұлы, «Жақсылық жолында келе жатып жаман әдет көрсетпе» Сәбит Мұқанов, «Өмірде кездесетін әр қиындықтың бір қуанышы болатынын ұмытпаған жөн» Ник Вуйчич, «Мәңгі сені жазбаған сүрінуге, қайта тұрып хақың бар жүгіруге»

Мұқағали Мақатаев сынды ұлағатты сөздері арқылы баланың ой-өрісін кеңейтіп, рухани жаңартып, көңіліне ізгі ой салады.

Адамдардың белсенділігінің жоғары болуы да пәндерді оқыту арқылы іске асады. Әлеуметтік белсенділікті қалыптастыру – адамдар арасындағы қарым-қатынастың дамуына әсер етеді. Пәнді, білім, білік, дағдыны игеруде, оқушылардың өмір тәжірибесінде, қоғамдық қатынас жүйесінде адамгершілік нормалары орныгады. Оқыту белсенділігі сабақ кезінде ғана емес, сабақтан тыс уақытта да жүзеге асырылады. Оқушылардың мамандық әлемімен, техника негізімен және өндіріс технологиясымен танысуы олардың қызығуына, беіймділігіне, белгілі бір жұмысқа ынталануына көмектеседі. Кәсіби ақыл-кеңес беру арқылы оқушының өзіне тән ерекшелігіне, таңдаған кәсібінің талаптарына баса назар аударылады. Кәсіби кеңес беру оқушыларға әлеуметтік кәсіптік жоспар жасауға көмектесумен ғана шектелмей, олармен бірігіп, жоспарды іске асыру, жалпы және кәсіптік білім алу деңгейін көтеру мәселелерін, мамандық таңдауға идеялық, адамгершілік негіздерінің қалыптасуын, сол сияқты оқушылардың мәдени-өсіп қалыптастырады. Мамандықтар туралы кеңес беру нәтижесі, атап айтқанда, оқушылардың қабілеттеріне байланысты іс-әрекеттерін ұйымдастыру жұмыстарымен тығыз байланысты. Сонымен қатар қызметін атқарады. Мамандық таңдау – мектептен тыс, арнайы зертханада және таңдаған мамандығының өзіне тән еңбек жағдайына байланысты жүргізіледі. Мамандық таңдаудың мақсаты – оқушының белгілі бір еңбек түріне жарамдылығын анықтау.

Қорыта айтқанда, оқушылардың кәсіби біліктілігін, бағдарларын қалыптастыру оқушы тұлғасының дамуымен байланысты. Ал оқушылардың жеке бас дамуынан олардың кәсіби өзін-өзі анықтауын бөліп қарауға болмайды. Міне, осының негізінде ғана оқушылардың кәсіби бағдары ұғымы анықталады. Сондықтан оқушылардың кәсіби бағдарларын олардың кәсіби өзін-өзі анықтауынан бәліп қарастыруға болмайды. Оқушылардың кәсіби бағдарларына кәсіптің бір саласына қызығушылықтары, бейімділіктері мен қабілеттері жатады.

Ұрпақ тәрбиесі - болашақ қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, кәсіпке икемді, ақыл-прасты мол, мәдени ой-өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз. Болашақ ұрпаққа кәсіби мамандыққа көзқарас, негізінен оқыту-тәрбиелеу ісінің сипатымен анықталады. Кәсіптік білім берудің жалпы мақсаты – жастар бойында кәсіби және тұлғалық сапаларды жоғары қалыптастыру болса, мектеп мұғалімдері оқушыларға кәсіби бағдар беріп, мамандық таңдауға жол сілтейміз.

РОЛЬ КОНТРОЛЯ ЗНАНИЙ, УМЕНИЙ И НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ

Джумагулова Айсулу Нурджахановна
Казахская средняя школа №31 г. Актобе

Контроль – проверка, а также наблюдение с целью проверки. (С.И. Ожегов «Словарь русского языка»)

Контроль знаний является одним из важных элементов урока. С его помощью устанавливается обратная связь, позволяющая учителю вести наблюдение за уровнем усвоения учащимися программного материала. Систематический учет знаний школьников помогает своевременно «обнаружить пробелы в восприятии и осознании, осмыслении и запоминании, обобщении и систематизации знаний и действий, применении их на практике, а также соответственно корректировать деятельность учащихся и способы руководства этой деятельностью. Учитель при этом получает обратную информацию о ходе процесса усвоения

знаний и о его результатах и соответствующим образом вмешивается в процесс: дает индивидуальные задания учащимся, дополнительно объясняет, приводит вспомогательные примеры, в случае выявления ошибочных суждений сообщает факты, противоречащие неверному суждению, помогает выработать правильный способ рассуждений»

Таким образом, контроль знаний, умений и навыков не только дает возможность учителю установить, что усвоили ученики, какими умениями они овладели, чтобы в процессе дальнейшей познавательной деятельности опираться на приобретенные знания, но и зафиксировать пробелы в знаниях и наметить рациональные пути их устранения с учетом индивидуального подхода к учащимся.

Выявление результатов обучения необходимо также и для решения вопроса об эффективности используемой учителем методики и путях и способах ее совершенствования. Ведь только имея объективную картину продвижение учащихся в условии учебного материала, преподаватель может обосновать выбор, применение тех или иных форм организации обучения, своевременно внести коррективы в его методы, направив их на достижение наиболее высокого уровня знаний.

Создание системы эффективных форм и видов ежедневного контроля знаний, умений и навыков учащихся способствует выявлению уровня обученности школьников на каждом уроке, помогает успешной организации дифференцированного обучения, является одним из реальных путей нормализации учебной нагрузки школьников.

Велика и воспитывающая роль проверки знаний учащихся. Систематический контроль дисциплинирует школьников, приучает их трудиться регулярно. Недаром В.А.Сухомлинский считал, что важнейшая задача проверки и оценки знаний, умений и навыков учащихся – укрепление у школьников оптимистического восприятия жизни, труда, в

Нелишне вспомнить и точку зрения Б.Г.Ананьева, который считал, что отсутствие контроля, оценки знаний учащихся в процессе есть «самый худший вид оценки, поскольку это воздействие не ориентирующее, а дезориентирующее, не положительно стимулирующее, а депрессирующее объект, заставляющее человека строить собственную самооценку не на основе объективной оценки, в которой отражены действительные его знания, а на весьма субъективных истолкованиях намеков, полупонятных ситуаций, поведения педагога и учеников».

Практика показывает, что в последние годы учителя особенно увлекаются фронтальным видом опроса. Он имеет ряд положительных сторон: достаточно эффективен в качестве умственной зарядки, помогает мобилизовать внимания учащихся, предупреждает забывание знаний, восстанавливает в памяти ранее изученное. Однако, используя данный вид опроса, учитель должен хорошо представлять себе и его слабые стороны: он не дает полного впечатления о глубине усвоения материала; учащимся предлагаются дробные вопросы, на которые, как правило, они дают краткие, односложные ответы. Это приводит к тому, что на уроках исчезает монологическая речь, у школьников не вырабатывается умение строить, создавать связное высказывание на предложенную тему, что отрицательно сказывается на их общем развитии.

При фронтальном опросе фиксируется не уровень знаний школьников, а главным образом их активность на уроке.

Из всего сказанного следует, что учитель может только тогда правильно организовать обучение, когда хорошо представляет уровень знаний, умений и навыков учащихся. Именно поэтому организация четко спланированной, тщательно продуманной, гибкой, неформальной системы контроля является одним из резервов повышения эффективности процесса обучения.

В практике работы школы утвердились разные формы, методы и приемы проверки результатов учебной деятельности школьников. Но какими бы они, ни были, они должны

реализовывать основные принципы контроля: целенаправленность, систематичность, объективность.

Список литературы

1. Богданова Г.А. Опрос на уроках русского языка. Пособие для учителя. – М.: Просвещение,1989
2. Онищук В.А. Урок в современной школе.- М.;1986- С.147.
3. Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды.- М.;1980.- Т.2.-С.145.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Дилмагамбетова Айжан Дандаевна
Ақтөбе қаласы, №40 ЖББОМ

Жаңа ғасырды бастаған ұрпақ келер ұрпаққа қарыздар болып қалмас үшін қолдан келген игіліктерді жасайтыны анық. Қашанда білімі мол, рухани байлығы бар халықтың ұл-қыздары ешқашанда жүдемесі хақ. Сондықтан да біздің басты байлығымыз – білім.

Болашақ – білім мен ғылымға тәуелді болатыны айдан анық нәрсе. Қазіргі жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесі қандай болса, елдің ертеңі де сондай дәрежеде болмақ. Сондықтан қоғам талабына сай, қоғамды көркейтетін, дамытатын, Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы істер байланысында мемлекеттің өркениеті үшін еңбек ететін, шетелдермен еркін ғылыми және мәдени қарым-қатынастар жасай алатын, оқығанын өмірде қолдана алатын, ана тілін жетік білетін, ұлтжанды азамат дайындау – бүгінгі ұстаз қауымының басты мақсаты.

Жалпы функциональдық сауаттылық деген ұғымды таратып айтар болсақ, адамдардың (жеке тұлғаның) әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы. Яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыруы. Сонымен, функциональдық сауаттылық адамның мамандығына, жасына қарамастан үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Мұндағы басшылыққа алынатын функциональдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік, т.б. Яғни, жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заманның басты талабы. Болашақ азамат өз ұлтының асыл мұрасынан сусындау арқылы туған халқының тарихымен, мәдениетімен жете танысып, білімін кеңейтеді. Туған тілінің бай қазынасын игеріп, грамматикасын терең меңгерген білім алушы қоғамның кез келген саласында қиналмай қызмет етіп, өзінің функционалды сауаттылығын көрсете алады. Себебі білім алушылардың берілген білімді игеруі мен іске асыру қабілеті, ойының дәлдігі, өмірге көзқарасының қалыптасуы, өз бетінше білім алуға дайындығы, басқа ғылым негіздерін меңгеру нәтижелері сауаттылық деңгейіне байланысты болғандықтан бүгінгі күннің мәні мен маңызы зор өзекті мәселелерінің бірі – оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері арқылы білім алушының функционалдық сауаттылығын дамыту. Ал ол оқу сауаттылығына келіп соғары анық.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мақсаты негізге алынып отыр.

Жай сауаттылық- адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндерді құру және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындауы. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде , кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.Егер осы шарттар бастауыш сыныпта орындалғанда оқушының функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

Бастауыш сынып оқушылардың фукционалдық сауаттылық мазмұны келесі мағынада сипатталады .

- оқу, жазу сауаттылығынан;
- жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан;
-математикалық сауаттылығынан;
-компьютерлік сауаттылықтан;
-денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан;
-құқықтық сауаттылығынан.

«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» - деген екен Жүсіпбек Аймауытов. Сондықтан қазіргі таңда оқушыларға саналы тәрбие мен сапалы білім беру ісін жаңа талап тұрғысынан өзгертіп, оқыту тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруға міндеттіміз.Олай болса шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін әр сабағымызда біз тек оқулық шеңберіндегі білімді үйретумен шектеліп қана қоймай, кең түрде әр баланың талабына, деңгейіне сай жұмыстарды саралап, ынғайластыруымыз керек. Тұлға құзіреттілігін дамыту үшін, яғни бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруда оқытудың 7 модулін қолдану, сабақ жоспарлауда Блумның ойлау дағдыларын – білу, түсіну, қолану, талдау, жинақтау, бағалау және сөйлеу әркеттерінің түрлері- оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалымды қолданып, бағалау критерилерін айқындаудың маңызы зор. Оқу процесінде қолданылған интербелсенді әдістерді қолдану кезіндегі оқушының іс-әрекеті критериалды бағаланып, рефлексия жүргізілсе онда біздің де алдымызда отырған оқушының да жұмысы, даму деңгейі бірден көрінеді және олардың функционалды сауатты болып дамитындығы сөзсіз. Интербелсенді әдісте оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;
- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;

Сол себепті интербелсенді оқытуда оқушылар келесі әрекеттерді атқаруға дайын болу керек:

- бірлескен жұмыс;
- танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту.

Жұптағы ой қозғау. Оқушылар қандай да болмасын ақпарат туралы бар білгендерін жазбаша келтіреді. Бұл тапсырманы орындауға берілген уақыт 2-4 минут қана, оқушылар өз жұптарымен жазғандарымен бөліседі, сұрақтарға жауап береді, тізімдерін толықтырады.

Ойлан, жұптас, пікірлес – оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған тәсіл. Тақтада сұрақ, тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3 – 4 минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалім 2-3 жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрануына болады.

Алдын – ала берілген атаулар – мұғалім сабақ барысында жаңа тақырып бойынша тақтаға бірнеше атау (терминдер) жазып қойып (3-4 атау) оқушыларға олардың мағынасы, мазмұны және өзара қатынасы мен байланысы туралы ойлауын сұрайды. Бұл жұмысты оқушылардың жеке жұппен немесе шағын топ ішінде ауызша яки жазбаша орындалуы ықтимал. Содан кейін мұғалімнің бірнеше оқушының ойы мен пікірін тыңдауына болады

Кластерлер (жүзімнің шоқтары деген мағынада). Идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Негізгі тақырып немесе тірек тақтаның ортасындағы шеңберге жазылады да, одан туындаған тақырыпшалар оның жан-жағына жазылып, шеңберленеді, оқушылар оларды бір-біріне қосады да, өзара байланыстыру туралы әңгімелейді.

Еркін жазу – оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын қағазға түсіруді талап ететін тәсіл. Оқушылар берілген уақыт аумағында (5-7 минут) тоқтамай жазуы керек.

Сұрақ қою қайтадан сұрақ қою – мәтіннің әр бөлігінен кейін оқушыларға бір – біріне немесе өзгеде оқушыларға белгілі бір жүйемен сұрақ қою тәсілі. Мәтіннің бірінші бөлігі оқылып жатқанда А оқушы В-ға бірнеше сұрақ жазбаша дайындайды. Мәтін оқылып біткеннен кейін В оқушы жауап береді. Екінші бөлімнен кейін керісінше В оқушы А оқушыға сұрақ қояды. Үшінші бөлімнен кейін екеуі С және Д оқушыларға сұрақ қояды.

«Джигсо» әдісінің артықшылығы – топта жұмыс істеуге арналған құрылым ұсынып, сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететіндігі.

Мұғалім сыныпты шағын топтарға бөледі (әдетте, төрт адамнан). Мұғалім оларды сыныптың тепе-теңдігін сақтай отырып, жынысына, қабілетіне, қарым-қатынастарына қарап бөледі.

Құрылған *әр топқа* дәстүрлі тапсырма беріледі.Күрделілігі бойынша оқуға арналған материалдің тиісті күрделілік деңгейі сақталуы керек. Егер топ төрт адамнан тұратын болса, басты тапсырманың ішінде топтың әр мүшесіне бір сұрақтан төрт сұрақ немесе тапсырма болады.

Сабақты бекітуге және үй тапсырмасына қолдануға болатын әдістер:

*Ыстық орындық.*Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады. Мысалы, оқушылар белгілі бір рөлді немесе адамды сомдай алады .

Оңай және қиын сұрақтар кестесі. Бұл кестені оқушылар қандай да болмасын мәселе бойынша өз пікірін келтіру үшін немесее жаңа ақпаратпен танысқанда толтыра алады. Кестенің сол жағына олар түсініктері боцынша оңай, ал оң жағына қиын сұрақтарды келтіреді. Мысалы, оңай сұрақтар дегеніміз мәтінде жауабы бар саулдар, ал қиын сұрақтардың жауабы мәтінде жоқ, оларға тек өзіндік тұрғыдан ғана жауап беруге болады.

Алтын балық – барлық сынып алдында өз пікірін білдіргені болмаса, қалған жағдайда «ыстық орындық» сияқты. Олар алтын балыққа арналған аквариумда отырады, басқалары оларға сұрақ қойып, түсініктеме беруді талап ете алады және т.б. Бұлардан өзге сабақтың бұл кезеңінде семантикалық карта, Венн диаграммасы, сөз жұмбақ, тәжірибе жасау, көру, есте сақтау диктанты т.б тәсілдерді пайдалануға болады.

Қорыта келе оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы ретте, бастауыш сыныпта сабақты дұрыс жүргізе білудің маңызы зор. Педагогтың шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абыройдың үлкені, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Темиргалиева Қ.Қ. «Функционалдық сауаттылықты арттыру» Оқыту-тәрбиелеу технологиясы - 2015ж, № 1. Б-29-30.
2. ҚР Білім беру жүйесін дамыту тұжырымдамасы

БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАУДА МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ

Диярова Динара Арыстановна
Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Бестамақ ауылы,
Бестамақ орта мектебі, мектепалды даярлық тәрбиешісі

Бұл мақалада мектепалды даярлық пен бастауыш мектептердің сабақтастығы. қарастырылады. Баланың мектепке дайындығының ұғымы талданады.

Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні- мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Ұрпақтың азаматтық тұлғасы мен отаншылдық асқақ сезімдері, туған ел, салт-дәстүр, моральдық- этикалық нормаларын қалыптастырудың қайнар көзі мектепке дейінгі кезеңнен бастау алып, мектепалды даярлық сыныпта жалғасады.

Мектепалды даярлық-бұл ең алдымен бүлдіршіндердің үлкен өмірге басатын алғашқы қадамы, бірінші баспалдағы десе болады. Өйткені бала балабақшадағы алаңсыз сәби шағымен қоштасып, жауапкершілік сезімін қалыптастыра бастайды. Даярлық сыныбындағы оқу-тәрбие ісінің маңызды мәселелерінің бірі балалардың өмірін қорғау және денсаулығына қамқорлық жасау болып есептеледі

Мектепалды даярлық сыныбының сабақ жоспары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі білім беру стандартына белгіленген санитарлық гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді. Мектепалды даярлық сыныбының базалық оқу жоспары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының бір бөлігі ретінде білім салалары мен пәндерінің құрамын анықтайды. Мектепалды тәрбие мен оқытудың негізгі мазмұны білім беру қызметінің нәтижесі ретінде баланың құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған.

12 жылдық білім беруге көшудің қажеттілігі, бес жасар балаларды мектепалды даярлықтан өткізу мәселелерімен бірге, жалпы білім беретін мектептерде және балалар бақшасында білім, білімдік бағдарламалардың сапасын арттырып, тәрбие жұмысын жетілдіруді көздейді. Мектепалды даярлық бағдарламсының басты бағыты оқыту мен тәрбиелеуді оң түрде игеру, баланың жеке басының дамуына бағытталған қарым-қатынас тұрғысынан сапалы жағдайлар туғызып, қазақ тілінің, қазақ халқының бай салт-

дәстүрлерімен, әдет-ғұрыптарымен, бала өмірін қорғау және денсаулығын сақтау, ақыл-ойының жан-жақты дұрыс жетілуіне қажеттілігін көрсетеді.

Балаларды мектепке дайындауда бала бойындағы психологиялық өріс-еркіндік, батылдық, имандылық тәрбиелерін бала бойына сіңіріп, оларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру шешуші рөлді атқарады.Оқу жүктемесіне бес білім саласының мазмұны кіреді: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта».

Даярлық сынып тәрбиешісінің міндеті бүлдіршіндерді жан-жақты дамыта тәрбиелеу болса, мен өз жұмысымда мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жаңа стандартын басшылыққа аламын. Баланың қимыл-қозғалысы жеткілікті болғанда ғана денесі қалыпты дамиды. Сыныпта өткізілетін ертеңгілік жиындар, шаттық шеңбері ,сергіту жаттығулары осы талаптарды көздейді.Ойын әрекеті барысында балалардың ой-өрісі қалыптасып ,сан қырлы іс-әрекеттері дамып, жеткіншектердің жан-жақты дамуына жол ашады. Балаларда өздерін қоршаған ортаға деген қызығушылық сезім қалыптасады. Өз ойларын ашық, еркін білдіруге үйренеді. Тәрбиеші балаларды отанын сүюге ,елін, жерін қорғауға тәрбиелейді.Әсіресе сауат ашу, тіл дамыту сабақтарында жаңа технология элементтерін көптеп пайдаланымын. Баланың дұрыс сөйлеуін және ана тілінде қарым-қатынас мәдениетін дамыту, ана тілінің дыбыстарын танып, дұрыс айтуды үйрету,оқуды меңгерту басты мақсатым. Адамгершілік құндылық бағдарын, мінез-құлық нормасын, тәртіптік ережесін халықтық салт- дәстүр үлгісінде қалыптастыру бүгінгі күннің талабы.

Баланың тұлғалық дамуын, мінезін тәрбиелеу мен қалыптастыруда басты міндет – олардың жан-жақты болып өсуін қадағалау.Баланың мектепке даярлық кезеңінде болуы, оның жаңа жағдайға әлеуметтік-психологиялық бейімделу мезгілі болып табылады.Даярлық сыныптың негізгі міндеті – баланың бастапқы жеке басын қалыптастыруды қамтамасыз ету, оның қабілеттерін анықтау және дамыту. Баланың бастапқы жеке басын қалыптастыру үшін біз ең алдымен балаларды мектепке бейімдеуіміз қажет. Мектепке бейімделу кез-келген мектеп жасындағылар үшін өзекті мәселе болып табылады, ал даярлық сынып тәрбиеленушілері үшін ерекше маңызды. Себебі, баланың бастапқы іс-әрекетінің түрі өзгереді, бала тап болған әлеуметтік топ өзгереді. Бала тек қана сыныбына ғана емес, жалпы мектебіне, мұғаліміне, сондай-ақ мұғалімнің өзі жаңа оқушыларына бейімделуіне тура келеді Әдетте, бұл процестегі қиыншылықтар балабақшаға бармаған, әсіресе отбасындағы жалғыз өскен балаларда кездеседі, Мұндай балалар үшін жағдайдың өзгеруі жиі стреске әкелуі мүмкін, қиындықтардың ең алғашқы себебі – мектептік оқуға деген қызығушылығының төмендігі немесе психологиялық дайын еместігі. Осыған қоса мектепте оқудың бастауы тек өмірдің жаңа шарттары ғана емес, сонымен қатар жаңа байланыстар, қарым-қатынас және жаңа міндеттер. Осыған орай бала өмірі өзгереді: бәрі оқуға, мектеп іс-шараларына бағынышты болады. Бұл өте маңызды кезең. Мектеп алғашқы күннен бастап оларға интеллектуалдық және физикалық күшті қажет ететін тапсырмалар береді. Бала мектепке келгеннен кейін оқу оның негізгі іс-әрекетіне айналады. Мектепте бала белгілі бір мерзім ішінде қабілеттілік пен икемділіктің белгілі мөлшерін меңгеріп және оларды талдауды үйренеді. Жалпы білім беретін мектептердің алғашқы сыныбына келген балалар оқу жүйесінде айтарлықтай қиындықтарды басынан өткереді.Алты жасар баланың мектепке баруы оның өмірінде ерекше оқиға болып табылады. Мектепке дейінгі кезеңнен мектеп жасына өтуі баланың іс-әрекетінде, басқа адамдармен қарым-қатынасында ерекше өзгерістермен байланысты. Кіші мектеп жасындағы баланың ең негізгі іс-әрекеті оқу болғандықтан, баланың өмір тіршілігі өзгереді, жаңа міндеттер пайда болады, баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасы жаңаша қалыптасады. Баланың мектепке бейімделуі бірден болмайды Бейімделу ұзақ мерзімді қажет ететін процесс.

Даялық сыныпта бала ең алдымен айналасындағы басқа балалармен қарым-қатынас жасауды, әдептіліктің алғашқы ережелерін үйренеді.Адамгершілік құндылықтарды түсіне бастайды, өз-өзіне қызмет жасауды меңгереді. Партада отыру, берілген тапсырмаларды мұқият орындау, өз іс-әрекетіне жауапкершілік дағдылары дамиды. Әріптерді танып, буындап оқуды меңгереді. Балалар бірінші сыныпта жақсы оқып кетуі үшін, мектепалды даярлық сыныптың орны ерекше. Сондықтан мектепалды даярлық сыныптарының жұмыс жасауы қажет деп есептеймін.

Жыл бойы өткізілетін мерекелік ертеңгіліктер әр баланың өнерін көрсетіп, жұлдызын жағады, баланың бойында эстетикалық сезімдері, шығармашылық қабілеттері дамиды.Отбасылық спорт сайысы, «Анашым-мақтанышым», «Жігіт сұлтаны», «Бүлдіршін ару» сайыстары балаларға нағыз мереке сыйлайды.

Даярлық сыныпта тәрбиеленген балалар -өз отаны мен туған өлкесіне деген сүйіспеншілікте, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарайтын , қоршаған орта, отбасы, түрлі ұлт өкілдеріне адамгершілік қарым-қатынаста болады. Бала қабілетінің ашылуы үшін тәрбиеші жанашыл, білімді, өз ісінің шебері болуы керек десек,сәбиді жоғары деңгейдегі білім мен адамгершілікке баулитын тәрбиешінің бойында барлық асыл қасиеттердің табылуы тиіс. Мектепалды даярлық сынып- балалардың қабілетін дамыта отырып, өзіндік дамуға даяр, өзін таныта алатын және өзі үшін де, қоғам үшін де бар мүмкіндігін пайдаланатын шығармашыл, құзіретті тұлғаны тәрбиелейді.

БАЛАБАҚШАДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Длекешова Гульдана Бакитжановна
Ақтөбе қаласы, МКҚК №13 «Бөбек» бөбекжай-балабақшасы

Қазіргі заманда алға қойылып отырған маңызды мәселердің бірі , рухани ізденісі мол жас ұрпақ тәрбиелеу. Білім берудің алғашқы деңгейі балабақшадан басталады десек, балабақша – балаға жан-жақты білімді, тәрбиені беретін, ақыл-ойын дамытатын, қызығушылығын оятатын баланың екінші отбасы.Тәрбиенің нәтижесі отбасы мен балабақша тығыз байланыста болса ғана мағыналы болып, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Осының негізінде біз тек баланы ғана емес, ата-ананы да жұмыстандырып, бірге тәрбиелеуіміз қажет.

Қазіргі білім беру үрдісі өзгерді, саналы білім беруде жаңа көзқарастар пайда болды және біздің алдымызға жаңа міндеттер жүктеп отыр.Осы міндеттердің бірі — білім берудің әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, жетілдіріп отыру және жаңа инновациялық білім технологиясын меңгеру. Жаңа технология бойынша білімді үнемі бүгінгі жас ұрпақ тәрбиеленушілерге меңгертіп отырсақ, балалардың жаңаша көзқарас үрдісі дамиды.

Балабақшада қолдануға тиімді технологиялар:

1. Монтессори технологиясы
2. Жобалау технологиясы
3. ТРИЗ (ӨТШТ) технологиясы
4. Денсаулық сақтау технологиясы

Монтессори технологиясы. Негізін қалаған: М. Монтессори. Мақсаты: балалардың қоршаған әлемге қызығушылығын туғызу және оны зерттеуге ұмтылдыру. Сауалдар қою және оларға жауап іздеп табу. Монтессори әдісінің негізгі қағидасы – «оқы, оқы» деп күштеп емес, ойын арқылы оқыту және баламен дербес тіл табысуға негізделген жаттығуларды таңдап алу.

Мұнда бала дидактикалық материалдар мен сабақ уақытының ұзақтығын өзі таңдайтын болғандықтан, оқытуда ерекшеліктер бар. Сондай-ақ олар өз қателіктерін өздері көріп, соны өздері түзеп отырады. Монтессори бөлмесінде «Барлығымен еркін айналыс, бірақ басқаларға кедергі жасама» деген ереже үнемі сақталады.

Жобалау технологиясы. Жобалау– «proicere» деген латын сөзі. Бұл сөз «жоспарлау, дайындау» сияқты мағынаны немесе жоспардың жүзеге асырылуын білдіреді. Жобалау технологиясы XIX ғасырдың 2-ші жартысында АҚШ ауылшаруашылығы мектептерінде пайда болған. Оның негізін қалаған психолог, педагог, философ Джон Дьюи. Дьюидің ілімін жалғастырушы профессор Уильям Херд Килпатриктің ойынша, балаларды өз жұмысының жемісін көруге ынталандыру арқылы үлкен өмірге дайындау – бұл технологияның негізі.

ТРИЗ технологиясы. ТРИЗ (ӨТШТ) технологиясын өткен ғасырдың 70-жылдары Г.С.Альтшулер ойлап тапқан. Мектепке дейінгі балаларға бейімделген ТРИЗ (ӨТШТ) технологиясы баланы шығармашылық тапсырмаларды орындауға үйретеді және оның бойында шығармашылық қажеттіліктерді дамыта отырып, оның қызығушылығына сүйене отырып шығармашылыққа баулиды.

Денсаулық сақтау технологиясы. XXI ғасырда өмір бізге көптеген жаңа мәселелерді айқындады, оның ішінде денсаулық сақтау, саламатты өмір салты (бұдан әрі – СӨС) әдеттерін тәрбиелеу – ең өзекті мәселе болып табылады. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту, олардың жас ерекшеліктеріне сай келетін, артық жүктемелерді жоятын және мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтайтын білім беру технологияларын таңдау – білім беру жүйесін жаңғыртудың жаңа кезеңінің басты міндеттерінің біріне айналды. Денсаулық сақтаушы педагогикалық технологиялар белгіленген міндеттерді шешу құралының бірі болып табылады.

Балабақшаға денсаулық сақтау технологиясын енгізу, бала денсаулығы деңгейін нығайту және көтеру; педагогтарды, ата-аналарды және олардың балаларын дене шынықтыру мен СӨС тарту.

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің қызығушылығын қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын оқу үдерісіне енгізудің бірнеше себептері бар. Біріншіден, бұл әрекет құрылымын жоспарлау, ақпаратты іздеу, ақпараттық модельдер құру және әрекетті жабдықтау (сабақтың негізгі мазмұны жеңіл әрі тиімді түрде қабылданады) сияқты дағдылар мен біліктердің жиынтығы болатынын ескере отырып, ойлаудың операциялық стилінің қалыптасуы өз септігін тигізеді. Екіншіден, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің білімді интерактивті әдіс арқылы қабылдау дағдыларын меңгеріп, содан кейін ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын өзінің іс-әрекетінде басты құралы ретінде пайдаланады. Үшіншіден, сабақты ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолдану арқылы өткізу ойынға оңай ұласады да, балаларда оқуға деген эмоционалдық жағымды қатынас пайда болады. Ескеретін жағдайлар: Зерттеулерді талдау негізінде оқыту үдерісіне аталған құралдарды, яғни интерактивті оқыту технологиясын сауатты жоспарлаған тәрбиеші педагогикалық үдерісте мектеп жасына дейінгі бүлдіршіннің жас ерекшелігіне сай, психикасы мен денсаулығына кері әсері болмайтындай қолдану керек. Сабақта ақпараттық технологияларды қолдану кезінде барлық қауіпсіздік ерекшеліктерін ескере отырып жүргізу тәрбиешіге жоғары жауапкершілікті жүктейді. Бұндай тұжырым балабақшадағы оқу үдерісінде бүлдіршіндердің ақпараттық қажеттілігін, қызығушылығын туғызатындай ұйымдастыруда аталған құралдарды қолданудың дидактикалық алғышарттарын құруды талап етеді. Ақпараттық-коммуникациялық технология құралы балабақшадағы оқу үдерісінде қолданылуы үшін басқа оқу құралдары тәрізді дидактикалық талаптарға сәйкес болуы тиіс. Келесідей дидактикалық қағидалар ұсынылды: – бейімділік қағидасы, балаларды құралдардың бейімдеу деңгейіне байланысты бірнеше кезеңдерін анықтауға болады. Біріншіден, балалардың оқу материалын меңгеру қарқынын таңдауы;

екіншіден баланың жағдайын диагностикалауы; үшіншіден оның негізінде оқыту мазмұны мен технологиясын ұсынуымен сипатталады; – интерактивтілік принципі, аталған құралдар сұхбатты және кері байланыс жасауды қамтамасыз ететіндігімен ерекшеленеді. Интерактивтілік дегеніміз баламен аталған құралдардың арасындағы екіжақты сұхбатты жүргізу. Сұқбатты ұйымдастырудың негізгі бөлігі бала мен тәрбиеші әрекетіне бара-бар реакциясымен анықталады. Ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары арқылы кері байланысты ұйымдастыру баланың әрекетіне бақылау мен түзету енгізуімен, әрі қарай жұмыс жасауға нұсқау беруімен, ақпаратты түсіндіретін анықтама алуға мүмкіндік беруімен анықталады.

Сонымен, интерактивті тақтаны пайдалану сабақтың негізгі тапсырмаларын білуді жеңілдетеді, заттар жөніндегі мәліметтерді, деректерді есте берік сақтауға ықпал жасайды. Балалар өтетін тақырыппен жұмыс жасауға әуес, ынталы келеді. Сондықтан да интерактивті тақтамен жұмыс жасау балалардың белсенділігін дамытуға әсер етеді, олардың назарын белгілі бір бағытқа жұмылдырады. Білімді игеру үстінде баланың ақыл-ойын дамытуға, ғылыми білімді игертуге, деректерді есте сақтауға әрбір оқу іс-әрекеті үстінде интерактивті тақтаны пайдалану қажет-ақ. Өйткені, берілген тақырып бойынша жаңа оқу іс-әрекетті түсіндіру, өткен материалды қайталау не бекіту кезінде пайдалану әрбір оқу іс-әрекеттің әсерлігін және мазмұнын арттырып, балаға қызықты, жалықтырмай игеруге септігін тигізеді. Интерактивті технологияны қолдану арқылы тәрбиеші мен бала арасында екіжақты байланыс орнайды. Тәрбиеші өзінің көздеген мақсатына тиімді жолмен жетсе, бала тұлға болып қалыптасу жолындағы негізгі қасиеттерді бойына қалыптастырады.

Қорытындылай келе, бала өміріне немқұрайлы қарамай, балаға қазіргі заман талабына сай, мағыналы білім берсек қана, біздің бүлдіршіндеріміздің болашағы жарқын болмақ. Бала отбасында дұрыс тәрбие алса,тәрбиелеудің нәтижесі жоғары болмақ. Атақты Б.Момышұлы атамыз айтқан екен: «Мен үш нәрседен қорқамын: Өзінің сәбиіне бесік жырын айтпаған анадан, немересіне ертегі айта алмаған ата мен әжеден,өз тілін құрметтемеген адамнан». Міне, балаға отбасы тәрбиесінің маңызы зор. Біздің басты мақсатымыз – отбасымен ынтымақтастық орнатып, баланы жан-жақты тұлға ретінде тәрбиелеу.

Қорыта келгенде, аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн деп санаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. К.Ж.Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология./Оқулық/ -Тараз:ТарМУ, 2003.
2. «Бала мен балабақша» журналы № 11,2011жыл
3. http://bilimdiler.kz/balabaksha/15272-mektepke-deyingi-bilim-berude-innovaciyalyk-tehnologiyalardy-koldanu.html
4. Б.Бөрібаев, Е.Балапанов «Жаңа ақпараттық технологиялар».– Алматы,2001.

ФОРМИРОВАНИЕ ЭЛЕМЕНТАРНЫХ МАТЕМАТИЧЕСКИХ ПРЕДСТАВЛЕНИЙ У ДЕТЕЙ В ПРЕДШКОЛЬНОМ КЛАССЕ

Хасанова Балша Булатовна
Алгинская средняя школа№4

Для умственного развития детей существенное значение имеет приобретение ими математических представлений, которые активно влияют на формирование умственных действий, столь необходимых для познания окружающего мира.

Многие ученые подчеркивают роль дошкольного возраста в интеллектуальном развитии человека. Знания, данные в занимательной форме игры, усваиваются детьми быстрее, прочнее и легче.

Формирование элементарных математических представлений у дошкольников осуществляется через образовательную область «Познание» в предшкольном классе. На нее возлагается ведущая роль в решении задач общего умственного и математического развития ребенка и подготовки его к школе.

Через познавательную деятельность реализуются практически все интегрированные области и программные требования образовательных, воспитательных и развивающих задач; соблюдается комплексность, математические представления формируются и развиваются в определенной системе.

Начиная работу во предшкольном классе, закладываю основу математического развития у детей. Для того чтобы обеспечить активную работу детей на непосредственно образовательной деятельности широко использую игровые приёмы и дидактические игры, наглядные пособия. Использую игры и задания, позволяющие детям сменить позу, подвигаться. Забочусь о прочном усвоении детьми знаний, самостоятельности, умения делать простейшие обобщения. Учу детей кратко и точно отвечать на вопросы, делать выводы. Содержания непосредственно образовательной деятельности по математике согласовываю с содержанием непосредственно образовательной деятельности по другим разделам обучения: по развитию речи, изобразительной деятельности, на физкультурных и музыкальных НОД. Стараюсь хвалить ребят за правильные действия и ответы, как в ходе, так и в конце непосредственно образовательной деятельности. Наглядность активизирует детей. Стараюсь учить детей находить разные формулировки для характеристики одних и тех же математических связей и отношений. Использую словесные игры, и игровые упражнения, в основе которых лежат действие по представлению: - «Скажи наоборот», - «Кто быстрее назовёт?», «Кто быстрее найдёт?». Учу детей внимательно слушать товарища, не повторять, дать оценку товарищу, овладеть умением контролировать себя. В конце непосредственно образовательной деятельности побуждаю детей давать отчёт о том, что узнали, чему научились. Это способствует развитию у детей самоконтроля, умения правильно оценивать свои знания и действия. Знания, полученные детьми, на непосредственно образовательной деятельности стараюсь использовать в повседневной жизни. Для прочного усвоения знаний стараюсь заинтересовать детей работой разговор с детьми, дидактические игры. Сделала много дидактические игры: «Верни в свой дом», «Подбери ключ к замку», «Геометрическое лото», «Диктант», «Собери правильно» и другие. Перед детьми ставлю вопросы, требующие поиска. Повторение материала стараюсь провести в игровой форме: «Найдите ошибку Незнайки». Большое внимание уделяю на развитие операций умственной деятельности (анализ, синтез, сравнение, обобщение).

Деятельность по формированию элементарных математических представлений у детей, я стараюсь строить с учетом дидактических принципов: научности, системности и последовательности, доступности, интеграции, наглядности, индивидуального подхода к

детям. Суть освоения заключается в том, что воспитатель создает познавательную задачу, ситуацию и предоставляет детям возможность изыскивать средства ее решения, используя ранее усвоенные знания и умения. Обучение активизирует мысль детей, придает ей критичность, приучает к самостоятельности в процессе познания. Чтобы развивать у детей способность сомневаться, критически мыслить, предпочтение отдаю групповым формам работы. Ребенку легче проявить критичность по отношению к сверстникам, чем по отношению к взрослому. Сомнение, догадка, предположение возникает у него при сопоставлении своей точки зрения с мнением другого человека, подражая ему. Поэтому познавательная деятельность организовывается в форме диалога ребенка с воспитателем и другими детьми в группе.

В предшкольном классе широко применяется образовательная деятельность, организованная в форме игр. В этом случае освоение носит незапрограммированный, игровой характер. Мотивация учебной деятельности также является игровой. Я пользуюсь в основном методами и приемами опосредованного педагогического воздействия: применяю сюрпризные моменты, ввожу игровые образы, создаю игровые ситуации. Упражнения, с дидактическим материалом, хотя и служат учебным целям, приобретают игровое содержание, целиком подчиняясь игровой ситуации.

Игра – это не только удовольствие и радость для ребенка, что само по себе очень важно, с ее помощью можно развивать внимание, память, мышление, воображение малыша. Играя, ребенок может приобретать, новые знания, умения, навыки, развивать способности, подчас не догадываясь об этом.

Также необходимым условием, обеспечивающим успех в работе, является творческое отношение воспитателя к математическим играм: варьирование игровых действий и вопросов, индивидуализация требований к детям, повторение игр в том же виде или с усложнением.

Работая в школе, я всегда ставлю перед собой такие педагогические задачи: развивать у детей память, внимание, мышление, воображение, так как без этих качеств немыслимо развитие ребенка в целом.

С целью развития у детей мышления, я использую различные игры и упражнения.

Это задания на нахождение пропущенной фигуры, продолжения ряды фигур, знаков, на поиск чисел. Знакомство с таким заданиями начала с элементарных заданий на логическое мышление – цепочки закономерностей.

В таких упражнениях идет чередование предметов или геометрических фигур. Детям предлагала продолжить ряд или найти пропущенный элемент.

Кроме того давала задания такого характера: продолжить цепочку, чередуя в определенной последовательности квадраты, большие и маленькие круги желтого и красного цвета. После того, как дети научились выполнять такие упражнения, задания для них усложняю. Предлагаю выполнить задания, в котором необходимо чередовать предметы, учитывать одновременно цвет и величину. Такие игры помогают развивать у детей умение мыслить логически, сравнивать сопоставлять и высказывать свои умозаключения.

Используя сказочный сюжет и дидактические игры, знакомлю детей с образованием всех чисел, путем сравнивания равных и неравных групп предметов. Сравнивая две группы предметов, располагаю их то на нижней, то на верхней полоске счетной линейки. Это я делаю для того, чтобы у детей не возникало ошибочное представление о том, что большее число всегда находится на верхней полосе, а меньшее на - нижней. Используя игры, учу детей преобразовывать равенство в неравенство и наоборот – неравенство в равенство.

Такое разнообразие дидактических игр, упражнений, используемых на непосредственно образовательной деятельности, и в свободное время помогает детям усвоить программный материал.

Физкультурная пауза завлекает детей, дети с интересом выполняли упражнения. Проговаривая стихотворный текст, у детей развивается память, развиваются познавательные, развивающие, коммуникативные способности.

В ходе непосредственно образовательной деятельности я привлекаю к активному участию в работе всех детей, учитывая их индивидуальные особенности, формирую у детей навыки учебной деятельности, развиваю способность оценивать и контролировать свои действия. Учебную ситуацию использую для развития у детей доброжелательного отношения к товарищам, выдержки, целеустремленности.

ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ

Досова Турсынай Тлеккабыловна
№ 78 жалпы орта білім беретін мектеп – гимназия

Оқыту процесі, әсіресе, тіл ді үйрету өте күрделі де қиын. Оқыту процесі жыл сайын толығып, жаңарып отыратындықтан, жаңаша оқыту талап етіледі. Жаңаша оқыту әдістемесі дегеніміз – тілді жаңа озық технологиялармен сабақ өткізу қажет.

Бүгінгі таңда адамзат өмірінде компьютердің қолданылмаған жері жоқ. Әр психологиялық тұрғысынан қарағанда компьютермен оқытудың тиімділігі мол. Компьютерлік технология – практикалық сабақты жүйелі ұйымдастыруда – маңызды[25,96].

- Компьютерлік технологияда:
- Ойлау қызметін жинақтап қорыту;
- Практикалық іс-әрекет пен ойлаудың жылдамдығы;
- Ойлау мен еңбектің икемділігі және дербестігі.

Лексикалық және грамматикалық материалдарды сұрыптау ұстанымдары анықталынады.

Компьютерлік технология арқылы сөздерді таңдау, іріктеу мәселесімен айналысуға болады. Бұл технологияның ерекшелігі – сөздерді есте сақтап, тез меңгеруге. Ең алдымен, компьютер оқытушыға оқушының өз бетінше жұмысын ұйымдастыруға көмектеседі.

Сұрақ-жауап диалогы. Оқушы сұраққа құрылған лексика-грамматикалық материалдар негізінде сұрақтарға жауап беруі таңдамалы жауаптармен жүргізілетін тапсырма. Компьютерге жауап беру үшін оқушы еркін құрылған сөйлемдерді стильдік түзету.

Толықтыруды керек ететін жаттығулар.

Компьютер толықтыруды керек ететін сөйлем жиынтықтары мен мәтіндерді ұсынады. Сөздікті меңгерудегі өзін-өзі бағалауға арналған жаттығулар.

Асықпай компьютермен еркін жұмыс істей отырып, оқушының өз бетімен жұмыстануға еркіндік беру. Ал тіл үйретудегі басты мақсат – тіл үйренушінің коммуникативтік қарым – қатынасқа тәрбиелейді.Компьютерлік бағдарламалар күн сайын жетілдіріліп, қарқынды дамытады. Кейбір дәстүрлі, әдістемелік жағынан жетілдірілген телекурс, видеофильмдер өз бетінше жұмыс жасауға үйренеді.

Мультимедиа-инновациялық технологиялар - тілдерге оқытудың тиімді жолдары. Инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу.

Инновациялық технологиялар оқыту үрдісінде білім сапасын заман талабына сай орындалуы керек. Мультимедия технологиясының көмегі арқылы тек өз бетінше тіл үйренумен кез келген оқушының компьютерді пайдалануға мүмкіндігі болуы;

Электронды оқулық тестік жүйемен және тренажермен тілдік деңгейді меңгеруге қолайлы. Электронды оқулықтар оқушыны қызықтыратын тілдік материалды меңгеруге негізделген видеосабақтар оқушылардың тілдік материалды тексеруге сөйлеу әрекетінің барлық түрін, тілдік бірліктердің қолданылуын жаттап алуға мүмкіндік беретін, грамматикалық материалдарды меңгеруге үйретеді.

Аудиокітаптар – жазылған және айтылған мәтіндердің синтезі. Тыңдаушы Кәсіби диктордың оқуындағы аудиокітапты тыңдау, олармен бірлесе оқу. [26,865].

Аудиокітаптарды қолданудан күтілетін нәтижелер:

Аудиокітаптар тілдік дағды мен сауаттылық сапасын көтереді. Олар сөздік. Аудиокітаптар оқушылардың оқуға деген ықыласын оятады. Аудиокітаптар аудиториядағы тыңдармандарға тең мүмкіндік жасайды. Сөйлеуге тыңдап түсінусіз үйрену мүмкін емес. Ағылшын тілін меңгеруде тыңдап түсіну қабілетін дамытудың алар орны ерекше.

Ауызша сөзді түсіну - адамның естіген сөздердің мағынасына талдау жасап, аяқталған ойды білдіруіне, ойша жинақтау қабілетіне байланысты болады. Тыңдап түсінудің негізгі топтарына мыналар жатады:

тыңдап түсіну дағдылары (мәтіннің грамматикалық және морфологиялық формаларын тани білу);

- сөздерді және сөз тіркестерін түсіне білу қабілеті;
- дыбыстарды, дауыс интонациясын ажырата білу.

Тыңдау процесі есту қабілеті механизмімен тығыз байланысты. Есту, тыңдау қабілетін техникалық құралдар көмегімен жаттығулар жасау арқылы дамытуға болады. Логикалық түсіну механизмі талдау процесінде күрделі болып саналады.

Ауызша сөзді түсіну үшін бір материалды бірнеше рет тыңдаудың қажеті жоқ. Сөзді толық түсіну бірден және толықтай бір рет айтқанда қабылданады. Қазіргі кезде ағылшын тілін меңгеруде (есту, тыңдау, оқу арқылы) оқу фильмдерін көру, үнтаспалар тыңдау және т.б. мүмкіншіліктері өте көп. Ағылшын мамандарының сөйлсуімен жазылған үнтаспалар, видео-фильмдер көптеп саналады. Бірақ үнтаспа жазбасын тыңдау мен бетпе-бет ауызша сөйлесудің айырмашылығы бар. Сейлеушімен ауызба-ауыз сөйлесудің, мүмкіндігі жоқтығы, үнтаспа арқылы тыңдау барысында біршама қиыншылықтар туғызады. Сондықтан тыңдау қабілетін үнтаспа көмегімен дамыту үшін арнайы аудио-жаттығулар мен аудио-мәтіндер қажет. Осы орайда мәтінді тыңдау, оқып отырған кісінің сөзін тыңдай отырып мәтінді оқып отырудың мәні зор.

Тыңдауға үйренуді сөйлеушімен бетпе-бет отырып тыңдаудан бастаған жөн. Аудиториялық сабақтарда оқытушының сөйлеуі, видеофильмді көрсете отырып, оқытушының оқуы оқушы үшін үлкен өнеге, үлгі болады. Бастапқы кезде сөйлеуден тыңдау пайызының жоғары болуы мүмкін. Сабақ кезінде кейде естіген материалды қайталаумен шектелеміз, ал оны түсіну қабілетіне көбінесе мән бере қоймаймыз[27,566].

Ағылшын тілін тыңдап түсінудің өзіне тән қиыншылықтары бар. Жаңа материалды тез ұғындыруға тырысып, тілдік материалдарды көп беру қабылдауды қиындатады, сонымен бірге дағдыны қалыптастыруға кері әсер етеді. Осының әсерінен оқушы тез тыңдап, түсініп, жауап дайындау үшін ойланып отырады. Бұндай тыңдау қорытындысы - тыңдаушының сөзінде катенің көп болуына әкеледі

Ауызша сөйлеуге үйрету - шетел тілін оқытудың ең қиын аспектісі болып саналатындықтан, ең негізгі мақсат – естігенін түсіне білуге үйрету.

Түсінуді тексерудің ең басты бөліктерін біріншіден - сурет арқылы, екіншіден - жазбаша жауап беру арқылы жүргізуге болады. Бұл жұмыс түрлері ауызша жауапқа жатпайды, ағылшын тілін үйрену үшін мұндай жұмыс түрлері тыңдап түсінуге қарағанда үлкен роль атқармайды[28,43].

Сурет арқылы үйрету кезінде қажетті суретті таңдау - алдымен айтылған фразаға, диалогқа, мәтінге, әңгімеге, одан соң тыңдалған материал мен суреттегі айырмашылықты табуға (жауапты жазбаша түрде беруге болады) байланысты болады. Ағылшын тілін аудармасыз түсінудің тағы бір жолы үнтаспа арқылы әртүрлі бұйрықтар беріп, орындату. Оқытушы дұрыс, не бұрыс екенін қадағалайды. Бұйрықтарды тек бұйрық рай түрінде берумен қатар әртүрлі нұсқаулар түрінде де беруге болады. Мыс: "When Tom (Mary) walks to the window, John will write Kale's name on the blackboard". Мұндай бұйрықтар тыңдаушылардың қызығушылығын тудырады және сөздерді, ағылшын тілінің грамматикалық формаларын есте сақтауға көмектеседі. Әртүрлі бұйрықтарды орындау грамматикалық материалды түсіндірумен басталады. Мысалы шартты рай: "If the student in front of you is a boy take his book, if the student in front of you is a girl give her your book". Үнтаспаға жазылған мұндай жаттығулар оқушылардың ағылшын сөзін түсінуіне көп әсер етеді. Бұл ойын түрі сияқты оқушылардың ынтасын арттырады.

Жаңа педагогикалық технология баланың жетілген тұлға ретінде дамуы үшін маңызы зор. Ал осы жаңа технология таратушы, үйретуші, өзінің шығармашылық еңбегінде жүйелі қолданушы, насихаттаушы ол – мұғалім. Жаңаша ойлай білсең ғана- ұстазсың. Сол себептенде жаңа технологияны енгізуші – таратушы тұлғаға үлкен талаптар қойылып отыр[58,51].

Ұстаздардың алдына қойған міндет – оқытудың әдіс – тәсілдерін үнемі жетілдіру. Әрбір педагогикалық технология – жеке тұлғаның өзін - өзі дамытуға, оның өзіндік шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға қолайлы жағдай жасауға қажетті обьективтік әдістемелік мүмкіндіктерді қамтиды.

Қоғам талабына сай шетел тілдерін оқытуда қойылып жүрген ортақ міндет - тілді коммуникативті бағытта оқыту. Ондағы мақсат - оқушыларды қарапайым болса да өз ойларын еркін жеткізумен ғана шектелмей, өзара тіл табысып, пікір алысуға үйрету, себебі жалпыға білім беретін орта мектепте берілетін бүкіл білімнің негізгі мақсаты - оқушының шетел тілінде сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдебиеттер тізімі:

1. Иманқұлова С. «Жаңаша оқыту әдістемесі», Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің хабаршысы, Филология сериясы,97б,2006ж..
2. М. С. Сақтағанова, Н. Қ. Алиева, Н. Қ. Айтбаева «Ағылшын тілін оқытудың әдістері», Білім, №3, 2006 ж.43б
3. Ботағарина.Г«Ағылшын тілін оқытудағы бүгінгі белес», Білім,2006 ж.-6б
4. Г. Шамшырақова «Ағылшын тілін оқытудың құрылымы»,12-бет, Кәсіптік мектеп, №3, 2007ж..
5. Гүлмира Жұмайқызы, «Ағылшын және қазақ тілдеріндегі салыстырмалы ерекшеліктер», Білімдегі жаңалықтар №3, 53б, 2006ж..
6. Зимняя И.А., «Психология обучения иностранным языкам в школе».
7. Көшкімбетова С.А., Т.К.Кенжебаев Мектептің оқу тәрбие үрдісіне инновациялық технологияларды ендіру жолдары. Тараз, 2004.-952б.
8. Карпова А.С. "Интернет в подготовке будущих учителей иностранного языка". Иностранные языки в школе.-2002. №4, с73.
9. Кузьмичева Т. Н. "Технические средства в обучений английскому языку". - М.

«Просвещение»,2001.- 94с.

10. Пассов Е.И., «Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению»-М.: Просвещение, 1985-64с.

11. Полат, Е.С. "Интернет на уроках иностранного языка". "Иностранные языки в школе", 2001г., №3, 5с.

ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Достанова Балсекер Абаевна
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы,Үшқатты ЖОББМ

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында»

Н. Ә. Назарбаев

Мұғалім қай уақытта да заман ағымына қарай әрдайым жаңа әдістерге бейім болуы шарт. Дегенмен, қашықтан білім беруге көшу-коронавирустық індеттің таралуын азайтуға бағытталған қадамдардың бірі. Сондықтан өз шәкірттеріне сапалы, нәтижелі білім беруді мақсат еткен әр ұстаз өз тәжірибесін жаңашылдық арнасына бағыттап, әр әдісін тиімді қолдануы шарт. Осы орайда әр ұстазға әрі жауапты, әрі ауыр жүк артылары сөзсіз.

Қашықтықтан оқыту ұғымын кең мағынада алсақ, бұл тыңдаушылар мен оқытушылардың бір-бірінен кеңістікте алыстатылған оқу формасы. Қазіргі білім саласындағы талап та оқушылардың білім дәрежесінің артуын талап етіп отыр. Қашықтан оқытуда оқу күнін үйреншікті 45 минуттық сабақтар түрінде емес, анағұрлым қысқа (синхронды оқытуда) сабақтар түрінде жоспарлаған орынды. Білім компьютер алдында үздіксіз жұмыс істеу ұзақтығының жас ерекшеліктеріне сәйкес белгіленген нормаларын ескереміз. Оқыту барысында міндетті түрде үзіліс жасап, балалардың орнынан тұрып, монитордан алшақ тұрып, көзге арналған жаттығуларды, бірнеше қарапайым дене жаттығуларын орындауына, су ішуіне мүмкіндік береміз Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуіне қандай уақыт қолайлы екендігін балалармен және ата-аналарымен кеңесе отырып тиімді әдіс-тәслдерді қарастырамыз . Оқушылардың өзіндік жұмыстарды орындау мерзімдерін нақты белгілеңіз. Тапсырмаларды орындауға берілетін уақыт оқу мақсатына байланысты әртүрлі болуы мүмкін, мысалы:

- бір сағаттың ішінде орындау — Сіз бір сағаттан кейін тапсырмаға қайта ораласыз;
- ертеңге дейін орындау – Сіз тапсырманы келесі сабақта тексересіз;
- бір аптаның ішінде немесе басқа мерзімде орындау – мысалы, жобалау тапсырмалары және т.б

Оқытуды саралай отырып, **келесі аспектілерді қамтамасыз ету маңызды:**

1. Оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру.
2. Оқушыларды осы ерекшеліктеріне қарай топтастыру.
3. Топтағы оқу үдерісінің вариативтілігі .

Саралау түрін айқындай отырып, оқушылардың әрқайсысына қолдау көрсетіп, оқудың барынша табысты болуын қамтамасыз ететін тәсілді таңдаймыз. Сабақ мақсаттары мен қолайлы дәлелдер анықталғаннан кейін, Сіз белгіленген мақсаттарға жету үшін оқушыларға ұсынылатын оқу мазмұнын таңдауыңыз керек. Оқыту түрі қандай болатынын

ойластырыңыз – синхронды және асинхронды немесе тек асинхронды бола ма? Сонымен қатар қашықтан оқытуда мұғалімнің жанында болмауы оқушыдан өз бетінше жұмыс істеу дербестігінің жоғары деңгейін қажет ететінін ескеру керек. Сондықтан оқушылардың күтілетін нәтижелерге (сабақ мақсаттарына) қол жеткізуіне мүмкіндік беретін негізгі ақпаратты, мазмұнды материалдар мен ресурстарды таңдаймыз.

АКТ сервистері мен құралдарын таңдауда біз минимализм принципін ұстанамыз. Мүмкіндігінше анағұрлым аз ресурстарды пайдалануға, платформалар мен байланыс арналарын да аз қолдануға тырысамыз. Оқуға арналған платформалар мен аккаунттардың көптігінен балалар да, ата-аналар да шатасады.

Оларды таңдау барысын барынша оңтайландырыңыз және азайтыңыз, өзіңізге «бұл сервис немесе құрал не үшін қолданылады?» деген сұрақ қойып отырыңыз. Әдетте құралдарды оқыту әдістемесіне сәйкес таңдау керек, бірақ керісінше емес екенін есте ұстаңыз. Құралдарды таңдауда сабақтың мақсаттары мен мазмұнын басшылыққа аламыз.

Интернетке қол жеткізу қиын болған жағдайда не істеу керек?

- Егер оқушыларда интернет жылдамдығы төмен болса, сабақ барысында видео жазбаларды өшіруге болады.
- Егер интернет белгілі бір уақытта ғана қолжетімді болса, оқушыларға тапсырманы кез келген уақытта қосылуға болатын сервис қызметі арқылы беріңіз.
- Егер интернет мүлдем болмаса, оқытуды қағаз нұсқадағы материалдарды қолдана отырып ұйымдастырыңыз:
- Қажетті материалдарды басып шығарыңыз, оқулықтың қандай тарауларын оқу керек екенін хабарлаңыз.
- Мұғаліммен онлайн қарым-қатынассыз, сабақты өз бетінше оқитын балалардың белсенділігін қадағалап отыру маңызды. Егер мұндай оқушылардың ата-аналары тапсырманы аптасына бір рет алатын болса, тапсырмаларды бірнеше бөліктерге бөліп беріңіз.
- Мұндай оқушылар үшін ынталандырушы тапсырмаларды таңдауға немесе оларды жоба жұмыстарына қатыстыруға тырысамыз

Мұғалімнің бағалауы және пікір білдіруі оқытудың ажырамас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар мұғалімнің кері байланысы үш деңгейдің біреуіне – тапсырма, үдеріс немесе өзін-өзі реттеу дағдыларына бағытталуы және оқушының жеке басына қатысты болмауы аса маңызды. Бағалаудың объективтілігін және түсініктеменің анықтығын қамтамасыз ету үшін мұғалімге де, оқушыларға да белгілі критерийлер мен тапсырма дескрипторларын қолдану қажет. Кері байланыс аясындағы түсініктемелер оқушының өз қателіктерін түзетуіне, оқу іс-әрекеттерін және өзінің оқуын бақылау қабілетін дамытуға немесе жетілдіруге түрткі болуы тиіс.

Оқушылардың оқуға ынтасын сақтау және қашықтан оқытудың табысты болуын қамтамасыз ету үшін **сипаттамалық кері байланысқа** баса назар аудару керек. Бұл оқушылардың тапсырмаларды орындауы барысында көмектеседі.

Көптеген оқу платформаларында (Google Classroom, Teams, Яндекс Оқулық және т.б.) орындалған тапсырмаларды бағалау және кері байланысты қамтамасыз ету үшін кіріктірілген функциялар бар. Оларды қалыптастырушы бағалауды ұйымдастырудың негізгі құралы ретінде, тапсырмаларға арналған бағалау критерийлері мен дескрипторларына негізделген кері байланыс беру үшін қолданыңыз.

Тиімді технологиялардың бірі кейс технологиясы (ағылшынның case-портфель) оқытуда жасалынған әдістемелік материалдармен іске асырылады. Кейс технологиясына арналған материалдар түрлері мыналар:

Әдістемелік нұсқалар. Оқу құралдары мен глоссарий. Оқушыларға оқу жоспарлары бойынша электрондық тасымалдауыштарда материалдар кешені (кейс) беріледі. Кешенді

даярлауда ұжымдық әдістер, жобалау әдістері қолданылады. Мұндай әдістердің тыңдаушылардың белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін арттыруға септігі мол;

Жұмыс дәптері;

Анықтама;

Оқу, аудио, бейне материалдары.

Бақылау және емтихан материалдары (қазіргі білім саласында жб, тжб тапсырмалары)

Кейс әдісінің көмегімен оқушылар өз беттерінше теорияны меңгере отырып, сонымен қатар өз ойын жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болады. Себебі оқушылардың көпшілігі естігеннің 5% және көргенінің 20% есте сақтайтыны белгілі. Аудио және видеоақпараттарды бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50% дейін арттырады. Сондай-ақ кейстің құрамында білгілі бір нормативті талаптар жоқ. Кең таралған құжаттар мен дыбыс, анимация, графикалық кірістірулер, слайд-шоу пайдаланады. Оқушы оқулықтың кез келген бетін қағазға басып шығара алады. Оқушы жағдаятқа талдау жасау арқылы болашақ маман ретінде қалыптасып, сабаққа қызығушылығы артады.

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ар, мінез деген қасиеттерімен озады» ,- деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы, білімдар азаматтар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді.

Қашықтан оқытуға деген жаңа қызығушылық телекоммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы, ғаламдық ақпараттық желінің пайда болуы аясында туындаған. Жаңа режимде жұмыс істеу педагогтер үшін де, балалар үшін де оңай шаруа емес, біраз күш-қуатты талап етеді. Бұл – отандық білім беру жүйесі үшін үлкен күш. Педагогикалық қоғамдастық сабақтан тыс жерде оқытушы мен оқушы арасындағы жедел әрекеттестік құралы ретінде осы жоғары жылдамдықты байланыс желілеріне үлкен үміт артып отырмын. Қашықтықтан білім беру саласында жұмыс істейтін “Bilimland”, “Daryn.online”, “Күнделік”, “Univer”, “Zoom”, “U-study” бағдарламалар ұсынылды.Мұғалім ретінде барлық бағдарламаларға талдау жүргіздім және ыңғайлы,қолайлы болғаны . Өзімнің жеке жұмыс жасап үйренуіме ұтымды – “Bilimland” бағдарламасы.

Елбасының ықпал етуі тарапынан Қазақстан Республикасы орта білім беру жүйесін ақпараттандыру туралы мемлекеттік бағдарламасында «Қазақстан Республикасы дүние жүзінің дамыған елдері сияқты орта білім беру жүйесінен ақпараттандырудың нақты жолына түсуі тиіс, яғни, бірыңғай ақпараттық білім беретін желіге негізделіп оқыту жүйесін жасау қажет» - делінген.

Үй жағдайында тиімді жұмыс істеу: негізгі қағидалар Қашықтан жұмыс істеу кезіндегі оқытушының негізгі міндеті – карантин кезеңінде қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру.

Ол үшін уақытты дұрыс ұйымдастыру керек, сонда ғана үйде тиімді жұмыс жасай аласыз:

1. Үйреншікті жұмыс уақытын сақтаңыз.
2. Жұмыс кеңістігін ұйымдастырыңыз және оны тек жұмыс үшін пайдаланыңыз.
3. Үй ішімен әңгімелесіп, жұмыс барысындағы әрекеттер алгоритмін түсіндіріңіз.
4. Түскі ас пен жеңіл тамақ ішетін уақытты алдын ала анықтап, ас әзірлеп қойыңыз. Сонда артықша уақыт жұмсамай, түскі ас кезінде жылытуға болады.
5. Сабақтар онлайн режимде өтетіндіктен, сыртқы келбетіңізді де ұмытпаған жөн.

Қашықтықтан оқытуда оқу процесін дұрыс ұйымдастыру жеке істерге уақыт табуға мүмкіндік береді.Мұғалімдер арасындағы ара-қатынастық байланысты сәтті құру және бірлесіп жұмыс істеу үшін төмендегі қағидаларды ұстану қажет:

1. Жұмыс күні 6 сағаттан кем болмауы керек, бұл уақытта мұғалімдер желіде болуы керек.
2. Тілдесу үшін бейне қоңырауларды қолдану. Бұл туындаған мәселелерді жылдам шешуге көмектеседі.

3. Көрнекі мысал үшін экранды қосыңыз және онлайн-конференцияларды өткізгеннен кейін барлық қатысушыларға толыққанды материал жіберіңіз.

4. Жоспарлауды күн сайын бір уақытта жасаңыз.

5. Әр кездесудің аралық нәтижелерін жазыңыз және оларды барлық қызығушылық білдірген адамдарға жіберіңіз. «Қашықтықтан білім беруді ұйымдастырудың дидактикалық мүмкіндіктері» тақырыбына орындалған курстық жұмыста мына мәселелер анықталды:

- білім беру жүйесіндегі қашықтықтан оқыту технологиясының мәні мен рөлі;
- Қазақстан Республикасының білім мекемелерінде ҚО технологиясының қолданылу барысы.

Оқытудың ауқымды және жергілікті жүйелерін ойдағыдай пайдалана білудің нәтижесінде білімнің базалық және деректердің банкілік мәліметтеріне еркін қол жеткізуге болады.

Қорытынды

Қорыта келе айтарымыз, қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы мұғалімдеріміз бен окушыларымыз әлемдік ақпараттармен байланысуга, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шындауга зор мүмкіндік алады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Бержанов К., Педагогика тарихы, А. - 1981ж.
2. В.А. Хуторской. Ключевые компетенции как компонент личностноориентированной парадигмы образования. // «Народные образования», №2, 2003.
3. Журнал «Информатика и образование», № 7 -2006ж.
4. Журнал «Информатика и образование», № 2 -2006ж.
5. Журнал «Информатика негіздері» № 1 – 2005 ж
6. Журнал «Мектеп» № 11
7. Қазақстан және ТМД елдеіндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы

САБАҚ БАРЫСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Дошниязова Камажай Омиртаевна
«А.Байтұрсынұлы атындағы лингвистикалық мектеп-гимназия» КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытына сай жастар саясатын, ұрпақ тәрбиесін жақсарту, дамыту, болашағын анықтау мақсатында игі жұмыстар атқарылуда. Басты мақсат-білімді ұрпақ тәрбиелеу.Әрине, білім берудің негізгі мақсаты- блім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етуде. Иә, заман талабы – мұғалімдік мамандықтың кәсіби құзыреттілігін, іскерлігін қалыптастыру. Ол үшін білім беру жүйесін Елбасы қойып отырған талапқа сай инновацияландыру қажет. Білім беруді инновацияландыруға қалай қол жеткізуге болады? Ол үшін педагогикалық технологиялардың теориясын меңгеріп, практикада қолданудың жолдарын білу керек.

Мемлекеттік білім беру үрдісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы- заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс- тәсілдері мен әр түрлі құралдардың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Мұғалімдерге қойылатын талаптардың бірі- шығармашылық ізденіс. Мұғалім өз шығармашылығы және сыни тұрғыда ойлау арқылы оқушы шығармашылығын ұйымдастырады. Сыни тұрғыда ойлай алатын мұғалім оқушыны да дамыта алады. Ал міндет - оқушыға оқу үрдісін ұйымдастыру барысында шығармашылықтың маңызын білдіру, баланың басқаға ұқсамайтын өзіндік қабілетін ашу. Елбасы өзінің жолдауында айтып кеткендей,болашақ ұстаздар білімді де білікті болу керек және де бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу үшін мұғалім жан-жақты , жаңартылған білім мазмұнына сай , ой-өрісі дамыған, көзқарасы ашық болуы тиіс. «Елдің болашағы жақсы болсын десең , ұстаздардың жағдайын жаса » демекші, Елбасымыз сол қауымға барлық мүмкіндіктерді беріп отыр. Ал олай болатын болса, қазіргі мұғалімдерге жаңа ақпаратты алу үшін еш кедергі кездеспейді,себебі жан-жақты ақпарат алуға мүмкіндіктер бар.Теледидардан, радио және ғаламтор мен баспасөздерден т.б. Теледидар арқылы мұғалім көптеген ақпарат пен хабарлар алып отыратын болса, ғаламтор арқылы ұстаздар арасында басқа да мұғалімдермен іс-тәжірибе алмасу жұмыстары жүріп жатады. Білім беру үшін тек оқулық қана емес, ғаламтор аясынан көптеген мәліметтер жинақтап, әр сабағына қолдана білген жөн. Сабақтың мақсатына жету үшін бар ынта-ықыласымен жұмыс жасау керек. Сол мақсатта педагогтардың білім жетілдіру институттарына барып,білімін жетілдіріп отыруы қажет. Жаңа технологияларды өз сабақтарына пайдалана білуі, оның тиімділігіне көз жеткізуі қажет. Озық педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану арқылы мұғалімдік бейнесін анықтап алса ғана мақсатқа жете алады. Нәтижелі сабаққа қол жеткізудің бір жолы – іс- әрекетті дұрыс жоспарлау. Ал шебер ұстаз әр сабағын ұқыпты даярлап, оны көрнекі құралды пайдалану арқылы тартымды, әсерлі етіп өткізетіні баршаға аян. Оның түрі, көлемі сабақтың мазмұнына,тақырыбына , мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Ғылым мен техника күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда.Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді.Білім беру мазмұны жаңарып,жаңаша көзқарас пайда болды. Жаңартылған білім беру бағдарламасы озық технологиялардың барлық қыр-сырын білуге жетелейді.Осыған байланысты ұстаздар қауымы оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру,оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды еңгізу күннен-күнге басты талапқа айналып,осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Осы тұрғыдан әр пән мұғалімдерінің оқыту әдстерін,жаңа технологияларды таңдап пайдалану мүмкіндігі берілген. Оқыту әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке айналдыру- мұғалімнің әдіскерлік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты.

Осы орайда атап кетсек, отандық әдіскер ғалымдар жасап ұсынған «Модульдік оқыту технологиясы » авторы М. Жанпейісов, «Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы» Ж. Қараев, «Сатылай кешенді талдау технологиясы» Н.Оразақынованың тәжірибелі жұмыстары мұғалімдердің қызығушылығы мен белсенділіктерін арттыруда.

Ж.Қараевтың «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» технологиясы оқушылардың жеке қабілеттері мен мүмкіндіктеріне, қызығушылығына, психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім деңгейіне жетуіне жетелейді.

Заман өзгерген сайын, білім жүйесіндегі педагогтердің ортаға салып жүрген тәжірибелерінің аясында бірнеше тиімді және белсенді әдістердің көп екендігі баршамызға мәлім.Көбінесе оларды сабақта, яғни,оқу мен оқыту үрдісінде қолданамыз. Әр әдіс оқушыны белгілі бір мақсаттарға жетелейді. Белсенді және тиімді әдістердің сабақ барысында маңызды рөл атқаратының ерекше ескергіміз келеді. Ендігі кезекте бірнеше белсенді әдістерге тоқтала

кетсек, «Комплименттер бұрқасыны» әдеби-шығармашылық көркем туындыларды қарастырған және талдау кезінде,оқылымнан кейінгі тапсырмада автор бейнесін,кейіпкерлер бейнесін ашуда ,талдауда,осы әдіс өзіндік зор ықпалын тигізеді. «Белгісіз сурет» әдісі де көкейкестілігімен ерекше екендігін айтқым келеді. Шығарманың сюжеттік желісі бойынша бір-бір суреттен салу берілсе, оны сабақ барысында сөйлету арқылы оқыған мәліметтің жемісін ортаға салуда, қалыптастырып,дамытуға жеңілдік сыйлайтын әдіс екендігін белгілеп қойған жөн.

«Шын- жалған»-бұл әдіс оқылым дағдысынан кейін,мазмұнды ,ойды оқушы жадында сақтап қалуға,бекітуге септігін тигізеді. Осы ретпен «Артығын тап» әдісін де айтып кетуге болады. Оқылған ақпарат ішінен артығын тауып алу арқылы, есте сақтау қабілеттерін жаттықтырады. Осы мазмұндағы ерекше әдістің тағы бір түрі-«Серпілген сұрақ», «Доп лақтыру» әдістері арқылы сұрақ қою,егер де допты қағып алған бала сұрақтың жауабын білмесе, жылдамдықпен басқа балаға допты лақтырып, сұрақты жылжытуға болады. «Он сұрақ», «Екі жақты күнделік», «Айналмалы бекет», «Стоп кадр», «Тақырыптық тенис», «Балық қанқасы» т.б. Айта берсек, санына жете алмаймыз. Себебі қазіргі жаңа инновациялық әдістердің қоймасы кеңейіп тұрған кезең.

Міне, осындай әдістерді тізбектей беруге болады. Ең бастысы-олардың саны емес,берер нәтижесі, қолдану мақсаты,пайдалану жолы.

Осы орайда айта кетерлік жайт, бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап,критерийлік бағалау жүйесіне өтті. Критерийлік бағалау кезінде оқушылардың үлгірімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгірімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушылық және жиынтық бағалау.

Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын,жан-жақты ізденетін,алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу- ұстаздың қолында. Иә, қай кезеңде , қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады.

Қорыта келгенде, О.Бальзактың “Ұдай еңбек ету- өнердің де, өмірдің де заңы” дегеніндей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін артыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді міндеттейді.

Әрине, артқарылған істер аз емес. Дегенмен, әлі де болса бізді ойландыратын, толғандыратын істер жетерлік. Атап айтқанда, олар – білім сапасын арттыру, оқушылардың біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми-ізденіс қабілеттерін қалыптастыру, т.с.с. Өйткені XXI ғасыр- білімділер ғасыры. Ендеше, бізге ой-өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты,парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

Әрине, жаңа ғасырдағы Қазақстан елінің үміт артар ұрпағын білімді, мәдениетті, интеллектуалды азамат етіп шығару- оқытушылар алдындағы міндет болып табылады. Сондықтан қазіргі білім берудің ұлттық моделіне өту- оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін игеруді қажет етеді. Жаңа инновациялық іс- әрекетпен қаруланған психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл оқытушы ғана мақсатқа жете алады дегім келеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Нағымжанова Қ.М. Оқу процесінде инновациялық іс-әрекеті. Өскемен: МедиаАльянс,2004.

2. Н.Назарбаев “Біздің халқымыз жаңа өмірге бейімделуі керек”.//”Егемен Қазақстан”. 31 мамыр. 2000 ж.

3. Бабаева Ю.Д. Динамическая теория одаренности. Основные современные концепции творчества и одаренности. М. 1997г.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫМЕН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ДАМУЫ

Дуйсекешева Кенжегуль Рахметжановна
№19 «Бұлақ» балабақшасы

Қазақ халқының мәдени мұрасы ұрпақтың рухани байланысын нығайтатын ұлттық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі, ұлттық сана-сезімнің негізі болып табылады және ерте заманнан қалыптасқан қазақ халқының тұрмысы мен мәдениетін барлық қырынан анық көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев бастамасымен іске асырылған “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы – халықтың үлкен мәдени мұрасын, оның ішінде заманауи ұлттық мәдениет, фольклор және салт-дәстүрлерін; ұлттық тарих үшін ерекше маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру; ұлттық әдебиет пен жазбаның ғасырлар бойындағы тәжірибесін жалпылау; мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ойлар, мәдениет және әдебиет жетістіктерінің үздіктері негізінде толымды қор жасауды зерттеу жүйесін құруды қарастырады.

Демек, біздің алдымызда, XXI ғасырда білімді ұрпақ тәрбиелеу, яғни дінін, тілін, елін, өз ұлтын сүйетін, ұлттық құндылықтарын қастерлейтін патриот тәрбиелеу талабы тұр. Бұл деген сөз, ұрпағымызды біліммен сусындандырып, жан-жақты тәрбиелеп, өскенде алпауыт елдермен білімі жағынан қарсыласып бәсекеге тұра алатын “мәңгілік болашақ тұлға” тәрбиелеу.

«Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата – ана үлгісі» – деп Ы. Алтынсарин атамыз айтқандай, адамгершілік тәрбиесі – әрбір азаматтың борышы.

Ал, осы адамгершілік тәрбиенің түп қазығы ұлттық тәрбиеде жатқан жоқ па? Біз балаларымыздың бойына ұлттық құндылықтарымызды сіңірсек, ата-бабамыздың жасаған ерліктерін, әжелеріміздің биязы, ибалылығын айтып отырсақ, оны іс жүзінде қолданып іске асырсақ, жаңа заман – тірегін тәрбиелеген боламыз. Осы ұлттық құндылықтарымызды бесік жырларын, ұлттық ойындарды, салт-дәстүрімізді, ұлттық киімдерімізді, ұлттық аспаптарымызды дәріптеу күнделікті оқу қызметінде, іс-шараларда қолданылады, яғни, баланың санасына отансүйгіштікті, патриоттық сезімді, еліне, жеріне, отбасына деген сүйіспеншілікті құямыз. Осы орайда ұлы ақын М. Жұмабаевтың сөзі ойға оралады: “Ұлттық тәрбиенің негізі – адамгершілік, еңбек тәрбиесі”.

Иә, шындығында да адамгершіліктің қайнар бұлағы – халықта, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Қазақ халқының бай салт-дәстүрі мен әдебиетінің келер ұрпаққа берер тәрбиесі көп. Соның ішінде рухани-адамгершілік құндылықтарының маңызы ерекше.

Жоғарыда айтқанымдай, қазақ халық мәдени мұралары түрлері көп. Мен соның ішінде халық ауыз әдебиетіне тоқталмақшымын. Себебі халық ауыз әдебиеті арқылы балалардың рухани-адамгершілік құндылықтарын дамытуға, мәдени мұрамызды бала бойына сіңіруге тиімді болмақ.

Халық ауыз әдебиетін балаларға ұғындыру мақсатында заманауи әдіс-тәсілдерді қолданамын, яғни оқу қызметіне кіргіземін. Олар: “Сөйлейтін таяқша” (сиқырлы таяқша) мен “сөйлейтін қаламша”. Балаларға күнделікті оқу қызметі тақырыбына сай сөйлейтін қаламшаны қосып, халық жырларын, ертегілер, жаңылтпаштар, өлеңдер тыңдатамын. Балалар қызығушылықпен зейін қойып тыңдап, ертегі, халық жырларын қайталауға тырысса, өлең мен жаңылтпашты оңай жаттап алады.

Ал, “сөйлейтін қаламшамен” плакаттағы суреттерге байланысты әңгіме құрап, өз ойларын бөліседі. Бұл дегеніміз балалардың білуге деген құлшынысын арттырады.

Бала ойынмен өседі демекші, ұлттық ойындарды да кеңінен қолданып отырамын, өйткені ол халықтық рухани бай қазынасының бірі, тәрбие құралы. Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеті тез жетіледі. Өлеңдерді, жұмбақтарды, жаңылтпаштарды жиі қолданса, балалар тез жаттап алады.

Қазақ халқының тәлімдік тиімді құралдарының бірі – ертегі, қисса. Халық ауыз әдебиетінде ерекше орны бар, баланың ойының ұшқыр қиялының өткір зерек болып, тілінің бай, еркін тілді болуына ертегілердің тигізер әсері мол. Ертегілерді әңгімелеуде де бір ғана сурет қолдануымен шектелмей әртүрлі көрнекі құралдар пайдаланып, дауыс ырғағын келтіре отырып, әңгімелеп отырса, бала есінде тез сақтап, қайталап әңгімелеп беруіне де оңай болады деген ойдамын. Осы секілді өз іс-тәжірибемнен мысалдар келтірер болсам, оқу іс-қызметі үстінде әртүрлі көрнекі құралдарды түрлендіре пайдалағанды жөн санаймын, өйткені олар арқылы балаларды қызықтырып, өзіне тарту да қиынға соқпайды. Ертегілерді әуелі әртүрлі суреттер арқылы түсіндіріп аламын, кейін ондағы кейіпкерлеріне қысқаша мінездеме бергізем. Дөңгелек үстелде отыру арқылы үстел үсті ертегісін алып, әр балаға ертегі кейіпкерін тарату арқылы тәрбиеші бастаған ертегіні жалғастырту арқылы ертегіні ойда бекітуге дағдыландырамын. Ұйымдастырылған оқу қызметінде ертегі кейіпкерін қонаққа шақыру арқылы балалардың естіген, білген ертегілерін ұмытпауға дағдыландырған жөн. Сонда баланың есте сақтау қабілеті, логикалық ойлау қабілеті арта түседі.

Ал енді халық ауыз әдебиетінің үлкен бір саласы: тұрмыс – салт жырлары. Ұлы данамыз Абай айтқандай: «Туғанда дүние есігін ашар өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең» деп бекер айтпаса керек. Сол сан түрлі тұрмыс – салт жырларының ішіндегі бесік жырлары, тұсау кесер жырлары т.б. баланың жаттауына тез, әрі қызық болғандықтан сүйсіне жаттайды.

Мақал – мәтелдерге келер болсақ, схема бойынша жаттатуға болады.

Мысалы:

1. Ата – бәйтерек,

Бала- жапырақ.

2. Батыр туса –ел ырысы,

Жаңбыр жауса – жер ырысы.

Осы сөздердің суретін іліп қойып жаттатса балалар тез жаттап алады. Өз тәжірибимде балаларға осындай мақал – мәтелдерді көп қолданамын.

Ал енді халық ауыз әдебиетінің үлкен бір саласы: тұрмыс-салт жырлары. Ұлы данамыз Абай айтқандай: «Туғанда дүние есігін ашар өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең» деп бекер айтпаса керек. Сол сан түрлі тұрмыс-салт жырларының ішіндегі бесік жырлары, тұсау кесер жырлары т.б. баланың жаттауына тез, әрі қызық болғандықтан сүйсіне жаттайды. Осындай өлең-жырларды үйреткенде де балаларға ерінбей-жалықпай қуыршақты алып, оны бөлеп, немесе әлдилеп отырып айтқызса бала есінде сақталуы тез болмақ. Ал, сөйлейтін қаламша арқылы бесік жырын, тұрмыс салт жырларын тыңдау арқылы баланың есту қабілеті артады және бала есіткен сөздерін, әңгіме-ертегілерін тез есіне түсіре алады. Халық ауыз әдебиеті күні бүгін де өз маңызын жойған жоқ. Ол қазақ тілінің байлығын және оның шексіз эстетикалық мүмкіндіктерін тайға таңба басқандай етіп көрсетеді.

Халық тәрбиесінде баланың ақыл-ойын дамытып, ой өрісін кеңейту, тілін ширату үшін жұмбақтарды кеңінен қолданған. Сондықтан да жұмбақ арқылы балаларды тапқырлыққа, шапшаңдылыққа, ойшылдыққа үйретемін. Жұмбақтар балаларға олардың дүние тану қабілетін дамыту, тапқырлыққа баулу мақсатымен үйретіледі. Жұмбақты схема бойынша шешсе, балалардың ойлау қабілеті тез дамиды.

Мысалы: Көктемде ақ гүл оранды,

Күзде қолға доп болып оралды. (Гүлдің суретін және доптың суретін іліп қойса балалар өздері тез ойланып табады).

Балаларға арналған шығармалардың тақырыбы көбінесе табиғат әлемінен өзін қоршаған күнде көріп жүрген оқиғалардан алынады. Тілі жеңіл, сөзі ойнақы болып келеді.

Баланың қасында болған әрбір кез – тәрбие уақыты. Сондықтан да баланың қасында болған кез келген сәтте балаға халық ауыз әдебиетін қолдану арқылы жағымды қылықтарды бойларына сіңіруді көздеймін.

Балаларды қоршаған ортаға, табиғатқа деген эстетикалық сезімге қызығушылықтарын оятуға адамгершілік тәрбие маңызды орын алады.

Балалар ортасында кеңінен мазақтамалар да қолданып отырылады. Сан ғасырлар бойы халқымыздың санасына сіңіп, екшелеп, сараланып жеткен бай дәстүрлерінің бірі – ырым ұрыптары. Жақсылық нышандарына жоралғы, жамандыққа тыйым ретінде айтылатын ырымдар халқымыздың баладан бастап үлкенге дейін ұлағаттылыққа тәрбиелеудегі бай тәжірибесінен түйіндеген қағидасы екені даусыз.

Демек халықтық педагогика – тәлім-тәрбиелік ой пікірдің ішкі бастауы, халықтық рухани мұрасы.

Халық ауыз әдебиетінің тәрбиелік мәні зор, оны керек жерде, бір – бірімен байланыстыра отырып әрқашан пайдаланып отыру керек деген ой түйдім.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Ғаламтор парақшалары,
«Отбасы және балабақша» журналы,
«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» журналы.

ДИФФЕРЕНЦИРОВАННЫЙ ПОДХОД К ОБУЧЕНИЮ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ

Дүйсенова Диана Нұрланқызы
Ушкаттинская общеобразовательная средняя школа, учитель математики

Сегодня одной из наиболее важных целей общеобразовательной школы является не "обеспечение" учащихся багажом знаний, а привитие навыков, позволяющих им самостоятельно получать информацию и активно участвовать в творческой исследовательской деятельности. В связи с этим становится актуальным внедрение в учебный процесс тех технологий, которые способствуют формированию и развитию способности учащихся к обучению. Учится творчески и независимо. Исследования, проведенные психологами и педагогами, показывают, что можно научить школьников учиться самостоятельно и творчески, для этого необходимо включить их в специально организованные занятия, сделать "хозяевами" этой деятельности. Для этого необходимо развить в школьниках мотивы и цели учебной деятельности (“зачем изучать математику”), научить применять их на практике (“как учиться”). Необходимо освободить ребенка от страха наказания за то, что он не сделал, за то, чему он не научился. Ни для кого не секрет, что по большей части эта причина является "движущей силой" современного образования. Однако психологи всего мира единодушны в том, что неизмеримо большим стимулом к обучению является положительное подкрепление, поощряющее учащегося к правильным действиям. Сегодня обучение, основанное на наказании, ошибочно и неэффективно.

На данный момент, каждый современный учитель должен искать и находить ответы на вопросы такого характера: как максимально эффективно и с наибольшей отдачей

использовать каждую минуту урока? Какой метод выбрать из множества методов для достижения наилучшего результата?

Изучая множество методов я для себя определила следующее, что только дифференцированный подход к обучению учащихся является наиболее оптимальным и разумным.

Дифференцированный подход – это важнейший принцип воспитания и обучения.

Учет индивидуальных особенностей является одним из руководящих принципов дидактики.

Важной частью процесса преподавания математики является проверка знаний и навыков школьников. От того, как она организована, к чему она направлена, во многом зависит эффективность воспитательной работы. Именно поэтому в школьной практике большое внимание уделяется методам организации контроля, его содержанию. Многие учителя много работают над совершенствованием форм и методов контроля. Эта работа связана со стремлением более полно реализовать цели и задачи школьного математического образования, отражает определенные изменения, происходящие в системе преподавания математики.

В настоящее время фундаментальные изменения в школе связаны в первую очередь с внедрением дифференцированного образования. Наиболее важным типом дифференциации в обучении во всех классах является дифференциация по уровням. Его главной особенностью является дифференциация требований к знаниям и навыкам учащихся: выделяется уровень обязательной подготовки, который устанавливает достаточный нижний предел для овладения материалом. Этот уровень, конечно, доступен и достижим для всех учащихся. На этой основе формируются более высокие уровни владения курсом. Учащиеся получают право и возможность, обучаясь в классе и в соответствии с программой, выбирать уровень усвоения, соответствующий их потребностям, интересам и способностям.

Эти уровни, и прежде всего уровень обязательного образования, должны быть открытыми, то есть известными учащимся и понятными им. Только в этом случае мы можем рассчитывать на познавательную активность школьников, на их заинтересованность в результате своей работы. Ведь если цели известны и достижимы, а их достижение поощряется, то для подростка нет ничего естественнее, чем стремиться к их реализации.

Таким образом, открытость уровней обучения является механизмом формирования позитивных мотивов к обучению, осознанного отношения к учебной работе и позволяет положиться на самооценку учащегося при выборе индивидуального пути развития.

И, наконец, следует признать, что каждый учащийся имеет право добровольно выбирать для себя уровень усвоения и ответственности за результаты своей учебной работы. Именно такой подход способствует психологическому комфорту ученика в школе, формирует в нем чувство уважения к себе и окружающим, развивает ответственность и способность принимать решения.

Возможность выбора уровня усвоения, в частности, ограничение уровня обязательных требований при изучении сложных предметов, поможет избежать перегрузки учащегося. С другой стороны, только освободив ученика от невыносимой общей учебной нагрузки, мы сможем направить его усилия в область склонностей и интересов, способствуя развитию ребенка, полному раскрытию его способностей. Так, И. П. Павлов, наблюдая за окружающими нас людьми, легко заметил, что “каждый человек отличается определенными способностями. Индивидуальное своеобразие способностей людей определяется развитием склонностей, которые проявляются в особенностях "чисто человеческих типов высшей нервной деятельности".

Реализация уровневого подхода в обучении требует разработки широкого комплекса мероприятий, специальной технологии обучения. Прежде всего, необходимо перестроить систему управления. Мониторинг и оценка должны отражать принятый поэтапный подход.

В процессе обучения контроль присутствует на всех этапах, от первых моментов освоения учащимися нового материала до завершения предмета. Поэтому на каждом уроке я уделяю пристальное внимание организации тематических и итоговых тестов математической подготовки школьников с точки зрения дифференциации уровней.

Как можно проследить дифференциацию на разных этапах урока.

- ақпараттық оқыту технологиясынан математика сабақтарында интерактивтік тақтаны қолдану.

Интерактивті тақта арқылы оқушылар жаңа материалдарды арнаулы бағдарламалар көмегімен мүмкіндігінше меңгеру мен қатар функционалдық сауаттылығы да артады.

Жаттығулардың ерекшеліктері:Ауызша жаттығулар логикалық ойды, есті, тілді оқушылардың зейінін дамытуға көмектеседі.Жазбаша жаттығулар білімді бекіту және оны қолдану іскерлігін жасауда қолданылады. Оларды қолдану логикалық ойды дамытуға, жазбаша тіл мәдениетін, өздікті дамытуға көмектеседі.

Оқыту тәсілдерінің түрлері:

• ой, зейін, ес, қабылдау, қиялды жақсарту тәсілдері;
• мәселелі жағдай тудыруға көмектесетін тәсілдер;
• оқушылардың сезімдеріне әсер ететін тәсілдер;
• жеке оқушылар арасындағы қарым-қатынасты басқару тәсілдері.

Сонымен тәсілдер оқыту әдістерінің құрамына кіреді, әдістің жүзеге асуына көмектеседі.

Мысалы, төменде есептер үлгілері көрсетілген:

1.Лента: Ұзындығы 2/3 м лента бар. Осы лентадан ½ м ұзындықтағы бөлігін кесіп алу керек. Өлшеу құралынсыз қалай кесуге болады?

Шешімі: 2/3-1/2=1/6 ; 2/3:1/6=4.

Бар лентадан ½ м ұзындықтағы бөлігін ашу үшін 1/6 м кесіп тастау керек. Ол бөлік бастапқы лентадан 4 есе кіші. Лентаны ортасынан бүктейміз. Алынған бөліктерді тағы ортасынан бүктесек, лента 4 бөлікке бүктеледі. 1 бөлігін кесіп аламыз.

2.Бөшке толы май: Қоймада сыйымдылығы 10 л және 17 л бөшкелерде 223 л май сақтаулы. Май құйылған неше бөшке бар?

Шешімі: 10 саны соңы 0-мен аяқталатын сандарға ғана бөлінетіндіктен 3санын 17-ге байланысты іздейміз. 9* 17+7*10 =223.

3.Қанша дана: Оқушы 24 қалам мен дәптерді 1420 теңгеге сатып алды. Қалам 30 теңге, ал дәптер80 теңге тұрады. Әрқайсысынан қанша данадан алды?

Шешімі: Дәптер қаламнан 50 теңге қымбат. Егер 24заттың әрқайсысын 30теңгеден алса, онда 720теңге жұмсар еді. Демек артық төленген 1420-720 =700 теңге дәптерге төленген. Онда дәптер саны 700/50=14, ал қалам 10 екендігін аламыз.

Оқыту әдістерінің басты қызметі- оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру.

Математика – барлық ғылымдардың логикалық негізі, демек, математика – оқушының дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады, оны шыңдай түседі және әлемде болып жатқан жаңалықтарды дұрыс қабылдауға көмек береді. Математика сабағында оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оқушылардың шығармашылық ізденістерін, өз бетінше жұмыс істеу белсенділіктерін арттыру барысында теориялық білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға болады. Оқушылардың ойлау қабілетін дамытуда, математиканың негізін қалыптастыру, ұғындыру, түсініктерін тереңдетуде бастауыш сынып мұғалімдерінің математикалық білімдері терең болуы керек.

Математикалық ойлауды дамытуға арналған есептер талдауды, мәліметтер мен ізделетін шамаларды салыстыруды, шығарылатын есепті бұрын шығарылған есептермен салыстыруды, есептің карапайым моделін жасауды, есептің мәліметтерін синтездеуді және оларды график, таблица, сондай-ақ математикалық сөйлем түрінде өрнектеуді, табылған нәтижелерді нақтылауды, зерттеуді талап етеді. Алайда математикалық есептерді шығару оқушылардың жеке шығармашылық белсенділігіне байланысты. Сондықтан, есеп шығарудың басты мақсаттарының бірі- оқушылардың ойлау қызметін жандандыру. Демек,оқушылардың ойлау қызметін жандандыру арқылы әр алуан түрлендірулерді, есептеулерді орындауды, математикалық сөйлемдерді тұжырымдауды үйретумен бірге, ойлап, талқылауға, математикалық фактілерді салыстыруға, ортақ немесе айрықша қасиеттерді көрсетуге, дұрыс қорытынды жасауға баулуы тиіс.

Оқушыларды ізденіске баулу мақсатында Ж.А.Қараевтың «Деңгейлеп оқыту» технологиясының элементтерін пайдаланып, әр оқушының қабілетіне қарай жұмыс жүргіземін. Осы жұмыстардың нәтижесінде жан-жақты дамыған, өз пікірі бар жеке тұлғаны қалыптастыруды мақсат етіп қоямын.

ОСОБЕННОСТИ РАБОТЫ С ОДАРЕННЫМИ И ТАЛАНТЛИВЫМИ УЧЕНИКАМИ

Емельянова Т.П.
КГУ «Средняя школа-гимназия №9» города Актобе

Стремительные темпы развития современного общества требуют пересмотра модели выпускника школы. Это должен быть целеустремленный, активный, творческий, критически мыслящий ученик, у которого должны быть сформированы навыки работы с информацией, речевые, коммуникативные навыки. Конечно, это в идеале. Большинство наших учеников таковыми не являются. Но есть среди них «звездочки», которые мы считаем одаренными и талантливыми учениками.

Как же выявить одаренных и талантливых учеников? Как организовать работу с ними, чтобы получить желаемый результат?

Одаренными можно считать детей, если:

- у них отличная память, которая базируется на ранней речи и абстрактном мышлении;
- они рано начинают классифицировать и категорировать поступающую к ним информацию и собственный опыт;
- способны заниматься несколькими делами сразу;
- очень любопытны, активно исследуют окружающий мир и не терпят каких-либо ограничений своих исследований;
- легко справляются с познавательной неопределенностью, с удовольствием воспринимают сложные долгосрочные задания и терпеть не могут когда им навязывают готовый ответ;
- способны длительное время концентрировать свое внимание на одном деле, буквально погружаются в свои занятие, если оно им интересно;
- постоянно пытаются решать проблемы, которые им пока еще «не по зубам», и в решении некоторых из них добиваются успеха;
- отличаются разнообразием интересов, что порождает склонность начинать несколько дел одновременно или браться за слишком сложные задачи.

Очень часто возникает путаница между понятиями «одаренный» и «талантливый» ученик.

В чем разница?

Талант — выдающиеся способности, которые открываются с приобретением опыта и приводят к наибольшему успеху в той или иной области. Одарённость — наличие потенциально высоких способностей у какого-либо человека. Оба понятия очень схожи. Общим является то, что их необходимо развивать, создавая определенные условия.

Методы выявления одаренности:

- тщательное наблюдение за поведением учеников в процессе их обучения;
- опросы, анкетирования с целью определения кандидатуры. В качестве источников выдвижения кандидатуры могут выступать родители, учителя, одноклассники и сам ученик. Например, вопросы анкеты:
  - Кто лучше всех читает?
  - У кого лучшая память?
  - Кто первый заканчивает выполнение заданий?
  - У кого самые необычные идеи?
  - Кто лучший рассказчик?
  - Кто задает интересные вопросы?
- анализ особых успехов и достижений ученика;

- создание банка данных по талантливым и одаренным детям;
- диагностика потенциальных возможностей детей с использованием ресурсов психологических служб;
- преемственность между начальным и средним звеном.

Организация работы должна быть планомерной и включает в себя

- систематическую работу с учеником, начиная с младшего школьного возраста;
- выяснение потенциала ученика с помощью различных диагностических методов;
- развитие логического мышления, познавательного интереса, навыков абстрактного мышления, любознательности с помощью творческих, интеллектуальных заданий, различных исследований, учебных проектов, интеллектуальных игр, творческих конкурсов;
- оказание компетентной помощи ученикам в реализации их потенциала способностей путем вовлечения их в различные виды деятельности;
- использование различных систем оценивания мотивации учащихся в аспекте оперативности и эмоциональности, имеющих ключевое значение в достижениях учащихся;
- создание для ученика ситуации успеха и уверенности, через индивидуальное обучение и воспитание;
- совместная практическая деятельность одаренного ребенка и родителей.

В основе развития одаренности ребенка, лежат принципы активного созидания среды для раскрытия творческих способностей, комплексного, всестороннего подхода к решению стратегических проблем развития одаренности у детей. Обязательным условием является формирование у ребенка чувства успешности. Необходимо помнить, что широкий диапазон включенности ребенка в творческую деятельность обеспечивает его благополучное развитие.

Список литературы:

1. Википедия - https://ru.wikipedia.org/wiki/
2. Болюх О.О. Работа с одаренными детьми / О.О. Болюх // Все для администратора школы!. - 2015. - № 5
3. Ильин Е. П. Психология творчества, креативности, одарённости. - Спб.: Питер, 2011
4. Щорс В.В. Педагогические условия организации работы с одаренными детьми// Педагогическая мастерская. Все для учителя!. - 2013. - № 4.

АҚТӨБЕ ӨҢІРІНДЕГІ МӘДЕНИ, ХАЛЫҚ АҒАРТУ ІСІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРДА

Емжарова Гульдана Газизовна,
Бауыржан Момышұлы атындағы
№ 62 жалпы білім беретін орта мектебі

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары, әсіресе Азамат соғысынан кейін қазақ өлкесінде мәдени-ағарту саласында жаппай сауатсыздықты жою мәселесін қолға алып, барлық облыстар мен уездерде, болыстарда жергілікті Кеңестердің жанынан халық ағарту бөлімдері құрылып, бұл бөлімдер сауатсыздықты жою және бұқараны мәдени жағынан көтеруге бар күшін салды.

1919 ж. 26 қаңтарда В.И. Ленин халықтар арасында сауатсыздықты жою туралы декретке қол қойып, республикалардың 8-бен 50 жас аралығындағы оқи және жаза білмейтін барлық азаматтары ана тілінде немесе қалауынша орыс тілінде сауатын ашуға еріктілігі айтылды [1]. Осы декреттен кейін 1920 жылдың маусымында В.И. Ленинның бастамасымен сауатсыздықты

жою жөнінде Бүкілресейлік төтенше комиссияның тікелей бақылауымен Қазақстанда да осындай комиссия құрылып, сауатсыздықты жою ісіне белсене кірісіп кетті. Дегенмен 1921-1922 жылдардағы ашаршылық төтенше комиссия мен оқу-ағарту ісінің ақсауына алып келді. Себебі үкіметтің қаржысы ашаршылық пен жұттан құтылу жолына жұмсалды.

1925 жылы Қазақстанда «Сауатсыздықты жою» қоғамы ұйымдастырылып, осы жылдың мамыр айында оның бірінші съезі болып өтті. Бұл қоғамның мүшелерінің қатары күннен-күнге өсті. Қоғам мүшелері сауатсыздықты жою мақсатына арнап концерттер, түрлі ойын-сауықтар ұйымдастырып, одан түскен қаржыға оқу құралдары мен оқулықтар сатып алды. Оқу Халық комиссариатымен бірлесе сауатсыздықты жою пункттерін ашып, бұқара арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. [2].

Ақтөбе губерниясындағы мәдени, оқу-ағарту салаларындағы кемшіліктер мен жетістіктер өңірде шыққан мерзімді баспасөз беттерінде жарияланып отырды. Кеңестік жүйе өзінің жүргізіп отырған идеологиясын асыра мақтау үшін газет, журнал беттерінде тек жетістіктер жайында жариялауға тырысқаны баршамызға белгілі. Дегенмен ара-кідік жіберілген қателіктер жөнінде де ашық материалдар жариялауға жол берілген.

Орыс тілінде шыққан «Актюбинская правда» газеті де облыстағы барлық қоғамдық-саяси, әлеуметтік жағдайларды көпшілікке жеткізіп отырды. Міне, осы аталған газеттерде Ақтөбе өңірінің оқу-ағарту, ғылым, салаларына қатысты үкімет пен партияның, облыстық атқару комитеттердің қаулы-қарарлары мен олардың орындалу барысы, жетістіктері көрініс тапты.

Оқу-ағарту саласында кеңестік жүйенің алғашқы он жылдығында сауатсыздықпен күрес барысы, қазақ жастары мен әйелдерін білім алуға тарту, қызыл керуен ұйымдарының қызмет барысы аталған басылымдарда жиі жазылса, ал 30 жылдары сол кездегі түрлі саяси науқандарға қарамастан білім саласындағы қол жеткен табыстар мен алда жүзеге асырылатын іс-шаралар мәселесі көтеріліп, сол негізде материалдар жарияланып отырды.

30-жылдары Қазақстанның жалпы оқу-ағарту саласындағы ірі жетістіктер орта, бастауыш мектептерде білім алып, сауатсыздықтан толықтай арыла бастауы болатын. Міне, жыл сайын білім беру мекемелерінде ондаған мың адам оқығандықтан губернияда сауатсыз және сауаты аз адамдар азайған. 1936 жылы сауатсыз 27 303 адам оқытылған екен.

Орта мектептерде комсомол және пионер ұйымдары жақсы оқу мен үлгілі тәртіп жолында ғана емес, олардың бос уақыттарында дем алып, түрлі қызықты іс-шаралар жүргізуде ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Мәселен, Ақтөбе қаласындағы оқушы жас балаларын, пионерлердің мәдениетті түрде дем алуы үшін комсомол комитеті мен оқу бөлімі пионре клубтарын жандандыруды қолға алды. [3].

«Қызыл керуен» колхозы мектептің шаруашылық, ремонт жұмысына керекті көлік, құрал-саймандарды толық қамтамассыз етті деп жазды Хасенғалиева [4]

Мектептерімізде жоғары дәрежелі білімі бар оқытушылардың жеткіліксіздігі мен қатар педагогикалық орта дәрежелі білімі бар оқытушылар да өте аз. Мектептерде орта білімді 896 оқытушы бар деп есептеледі, ал, ортадан төмен (7,8 класстық) білімі бар оқытушылар 950 адам. Осындай жоғары дәрежелі және орта дәрежелі білімі бар оқытушылардың жетіспейтіндігі көп қиыншылықтарға кездестіріп келеді.

Оқытушылардың сырттан оқып білім алуына қолайлы жағдайлар жасала тұрса да, бұл жұмысқа ең алдымен сырттан оқып жүрген жолдастардың өзі жауапсыз қарап келеді. Сондықтан Ақтөбе қаласындағы оқытушылар институты мен педучилищеге сырттан оқып жүргендердің бір қатары бір класты бірнеше жылдан бері бітіре алмай жүр. [5].

1948 жылдың 1 ноябрінен бастап Ақтөбе құрылыс тресі жанынан құрылысшы мамандар даярлайтын №33 ФЗО мектебі ұйымдастырылды. Еңбек резерві Министрлігінің облыстық басқармасы мектепті маман оқытушылармен қамтамассыз етті. Мектепке оқушы жастарды

қабылдау жұмысын ойдағыдай ұйымдастырды. Мұның нәтижесінде мектеп өзінің жұмысын уақытында бастады. [6].

«Колхозшы» газетінде М. Назарбаевтың «Ересек жастардың өндірістен қол үзбей оқуына толық жағдай жасалсын» деген мақаласында Ауданымыздағы ересек жастардың өндірістен қол үзбей кешкі мектепте оқуына өткен жылы толық жағдай жасалмады. Сондықтан да көптеген оқушы ересек жастар кешкі мектептен қолүзді. [7].

Қазақстанда баспасөздің дамуы сауат ашуға тікелей пәрменді көмек көрсетті. Баспасөз жұмысшы, шаруалармен тығыз байланыс жасай отырып, қазақ жастарын, әйелдерді қоғамдық-әлеуметтік өмірге тарту мәселесінің жайын әр алуан материалдармен күнделікті талқылап отырды. Халық ағарту ісін дамытуда баспасөздің рөлі үгіт-насихат құралы ретінде зор болды. Газет-журнал беттерінде оқу ісінің жетістігі, кемшілігі, оны жою жолдары турасында көлемді мақалалар мен очерктер, ұсыныстар, хабарлар жарияланып тұрды. Газет журналдармен т.б. республикалық, облыстық басылымдарда үкімет пен партия шешімдерінен басқа, білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен түрлі оқу бағдарламаларына қатысты ой-пікірлер де жарық көрді.

Сонымен, 20-50 жж. қазақ тіліндегі баспасөздер ақпарат құралы ретінде халық ағарту саласында, біріншіден, сауатсыздықты жоюға күш салса, екіншіден, еліміздегі осы саланың жетістіктері мен кемшіліктерін айқындап көрсетуде елеулі рөл атқарды. Үкімет пен партияның ағарту саласына қатысты қабылдаған қаулы, қарарларының, жарлықтарының орындалу барысын айқындап отырды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Директивы ВКП(б) и постановления Советского правительства в народном образовании за 1918-1947 гг. –М.-Л., 1947. – 303 с.
2. Ақтөбе губерниясында ағарту ісі // Еңбекші қазақ. – 1925. – 13 октябрь. – №385.
3. Пионер клубы // Социалистік жол. – 1938. - №68. – 24 март.
4. Сталин туы. – 1944. – 5 август. – № 25.
5. Социалистік жол. – 1947. – 21 май. – №100
6. Социалистік жол. – 1948. – №120.
7. Колхозшы. – 1948. – №39.

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ ВО ВНЕУЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Енсепова А.М., Каракулова Ж.И.
Актобе, КГУ казахская школа № 30, учителя русского языка и литературы

Ключевые слова**:** эмоциональный интеллект, младший школьный возраст, эмоциональная сфера, общение, взаимодействие, коммуникация.

В последние десятилетия в жизни детей произошли колоссальные изменения: ускорился темп жизни, увеличилось число факторов стресса, возрастает конкуренция и ответственность без наличия своевременных и доступных способов релаксации. Вдобавок ко всему растет и количество информации, необходимой к переработке и усвоению.

К такому образу жизни добавляется повсеместная компьютеризация, зависимость от гаджетов, переизбыток развлекательных ресурсов, отклоняющих вектор внимания на юмористический, развлекательный контент. В итоге мы имеем ребенка, который мало проводит времени со сверстниками, общается посредством социальных сетей, личные разговоры он отводит на второй план и заменяет его дистанционными способами взаимодействия. В такой

ситуации страдают коммуникативная и перцептивная стороны общения. Также указанные факторы приводят к повышению эмоциональной перегруженности, повышению чувства тревоги, апатии, беспомощности. В таких условиях младшим школьникам стало труднее освоить навыки человеческих чувств, основы эмоциональной и социальной жизни. Поэтому запрос государства к результатам освоения основной образовательной программы начального общего образования, изложенный на страницах государственного стандарта образования, содержит в себе требования к развитию навыков сотрудничества со взрослыми и сверстниками в разных социальных ситуациях, а также развитие этических чувств, доброжелательности и эмоционально-нравственной отзывчивости, понимания и сопереживания чувствам других людей.

Реализовать данный запрос, на наш взгляд, можно через формирование и развитие у младших школьников эмоционального интеллекта. Такая деятельность даст возможность младшим школьникам понять и справиться с беспокоящими их ощущениями и позволит взять контроль над негативными импульсами, а также научит понимать чувства и эмоции окружающих людей.

Особую важность и актуальность развитие эмоционального интеллекта приобретает в младшем школьном возрасте, поскольку именно в этот период идет активное развитие всех сторон личности ребенка. На данном этапе происходит совершенствование их самосознания, возможности к рефлексии и умения вставать на место другого человека, а также учитывать его потребности и чувства. Повлиять на развитие эмоционального интеллекта могут социальные и биологические факторы. Многие исследователи отмечали, что отношения ребенка с семьей являются одним из важнейших факторов становления и организации эмоционального интеллекта. Автор А. А. Осипова говорит, что школа — это важный фактор развития эмоционального интеллекта. Вступая в школьную жизнь, ребенок начинает тесно взаимодействовать с одноклассниками, заводит новых друзей, принимает участие в жизни коллектива. Исходя из вышесказанного можно заключить, что формирование и развитие эмоционального интеллекта в младшем школьном возрасте — это актуальная проблема современной психолого-педагогической науки.

В полной мере раскрыть все вышеназванные стороны личности в ходе обычной учебной деятельности на уроке довольно проблематично. При этом огромные возможности для работы над аффективной сферой личности ребенка раскрывает внеурочная деятельность. Её потенциал реализуется через клубные объединения, факультативы, различные мероприятия (экскурсии, олимпиады, конкурсы, проекты, акции и др.).

Рассмотрим методы внеучебной деятельности, которые потенциально могут оказать наиболее благотворное влияние на развитие эмоционального интеллекта.

Беседа — один из самых доступных и простых способов развития данного конструкта. Важно обсуждать с ребенком все ситуации, которые вызвали у ребенка эмоциональные реакции в течение дня. Обсуждать, как можно иначе вести себя в той или иной ситуации, какие варианты поведения были бы возможны, как другие чувствовали себя тогда и воспринимали его поступки.

Следующий метод развития эмоционального интеллекта — это **чтение и анализ** художественной литературы. Наиболее подробно данный метод развития эмоциональной сферы у детей младшего школьного возраста рассматривался в методических материалах Л. П. Стрелковой. Она утверждает, что литература позволяет раскрыть перед школьником разнообразие чувств и эмоций, вызвать интерес к собственному внутреннему миру и к личности героев художественных произведений. С помощью литературных произведений младшие школьники учатся сопереживать, замечать тончайшие изменения в эмоциональном фоне окружающих и близких. Там они могут найти способы разрешения проблем, возникающих в классном коллективе, в семье, в дружеских отношениях. Гуманистическая

педагогика рассматривает **музыкаль ное развитие**, как наиболее походящую среду для развития эмоциональной сферы. С помощью музыкальных произведений можно обогатить и гармонизировать внутренний мир, реализовать творческий потенциал. Более того, данный метод может реализовать потребность младшего школьника в двигательной активности. Танцевальные дви жения становятся средством передачи собственных чувств, переживаний, образа.

Следующее направление в развитии эмоционального интеллекта — это **театрализованная деятельность**. Театр позволяет решить многие проблемы современной педагогики и психологии, связанные с созданием благоприятного социального климата, снятием тревоги, напряженности, повышением уверенности в себе, расширением словаря эмоций. Немаловажной частью деятельности по развитию эмоционального интеллекта является **внеучебная деятельность**. На базе школы возможна организация клуба, кружка, студии или секции.

Эмоциональная сфера занимает центральное место в психическом развитии детей начальной школы. Какие бы условия и детерминанты не определяли жизнь и деятельность человека - внутренне, психологически действенными они становятся лишь в том случае, если им удается проникнуть в сферу его эмоциональных отношений, преломиться и закрепиться в ней. Развитие эмоциональной сферы детей не должно пускаться на самотек, большими возможностями для этого обладает внеучебная деятельность. Таким образом, в настоящее время существуют большие возможности для развития эмоционального интеллекта младшего школьника внутри внеучебной деятельности, которые, в свою очередь, помогут оптимизировать эмоциональные процессы и состояния, возникающие у детей в процессе межличностного взаимодействия. Более того, развитие эмоционального интеллекта может рассматриваться как значимый фактор повышения психологической культуры в детском обществе в целом.

Литература:

1. Никитина, И. В. Социальная тревожность: содержание понятия и основные направления изучения / И. В. Ники-тина, А. Б. Холмогорова. — Текст: непосредственный // Социальная и клиническая психиатрия.. — 2011. — № 1. — С. 60–67.
2. Грановская, Р. М. Элементы практической психологии / Р. М. Грановская. — 2-е изд. — Ленинград: Издательство Ленинградского университета, 1988. — 560 с. — Текст: непосредственный.
3. Овчарова Р. В., Падурина Е. А. Изучение влияния позитивных родительских чувств на самооценку дошкольника // Вестник Курганского государственного университета. 2008. № 2 (12).
4. Спиваковская А. С. Как быть родителями. — М., 1986. — 141 с. 41.
5. Загвоздкин, В. К. Вальдорфский детский сад. В созвучии с природой ребёнка — СПб.-Москва, 2005. — 160 с.
6. Стрелкова Л. П. Влияние художественной литературы на эмоции ребёнка. — М.: Просвещение, 1985.
7. Давидян А. Г. Представления об эмоциональном интеллекте в контексте научного знания // Гаудеамус. 2019.№ 3(41).

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУ КЕЗІНДЕ ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Ералиева Манат Нұрсұлтанқызы, Истаева Айгерим Муратовна
№60 ЖББОМ ағылшын пәні мұғалімдері

Егерде мұғалім ойынды тек балалардың көңілін көтеру, демалдыру үшін ойнатса, онда пайда болмайды. Ойын белгілі бір білім беруді мақсат етіп ойналған кезде ғана нәтижелі болады. Ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар, ерік сезім түрлерін де дамытады. Ойын түрлері көп. Соның ішінде бастауыш және орта буын сыныптарда пайдаланаты: ойын-сабақ, ойын жаттығу, сергіту ойындар, дидактикалық мақсаттағы ойындар, сөздік ойындар, логикалық ойындар және тағы басқа. Психологиялық тұрғыдан алып қарағанда бастауыш және орта буында оқушылар белсенді және өте қозғалмалы болып келеді. Бұл жастағы балалар өздерін еркін ұстап, сабаққа аса қызығумен қатысады, өзінің айналасындағы нәрсені көріп, соны бейнелеуді ұнатады. **Ойын дегеніміз** – жас ерекшеліктеріне қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын – төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденімпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігінің, көп білуді, сондай-ақ, басқа да толып жатқан сапалылық қасиеттердің қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық тиімді әдістердің бірі.

Ағылшын тілі – қазақ елін әлемге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл. Сол себепті ағылшын тілін үйренудің маңызы зор. Ағылшын тілін оқытуда ойын түрлерін қолдану оқушының тілді үйренуге деген ынтасын арттырады. Ағылшын тілін үйрету кезінде ойын элементтерін пайдалану оқушының шет тіліне деген қызығушылығын арттырып, жаңа тақырыпты жақсы түсінуге әсер етеді. Ойын арқылы балалар ағылшын тілінде жеңіл қарым-қатынас жасай алады және ойын кезінде оқушылар шаршағандығын сезбей, әсерлене, қызыға отырып ағылшын тілін тез үйренеді.

Оқушының шаршауын сейілтіп, қызығушылығын арттыратын тек ойын элементтері болып саналады. Ойын оқушыны бірігіп жұмыс істеуге бағыт береді, іздендіруге дағдысына қалыптастыруына мүмкіндік туғызады.

Ағылшын тілін оқытуда ойын түрлерін мынадай мақсатта қолдану тиімді:

1.Алфавитті дұрыс меңгерту

2.Орфографияны дұрыс оқыту

3.Дұрыс оқу дағдысын қалыптастыру

4.Лексиканы меңгерту

5.Оқушылардың ойын дамыту, дұрыс жазу, дұрыс айту, дұрыс білу дағдысын қалыптастыру.

Ағылшын тілі сабағында мынадай ойын түрлерін қолдануға болады. Мысалы:

1. **«What is missing»**

Мақсаты: Лексикалық бірліктерін еске сақтауға арналған ойын.

Тақтада ойыншықтардың суреттері ілулі тұрады. Бірінші балалар барлық берілген суреттерді қарап алады, содан кейін бұрылып, көздерін жабады. Мұғалім бір ойыншықтың суретін алып тастайды. Балалар жоғалған ойыншықтың атауын атау керек.

2. **«Collect the pictures»**

Мақсаты: Ойлау қабілетін және қол маторикасын дамыту.

Балаларға «Ойыншықтар» тақырыбына суреттердің қиылған бөлшектері беріледі. Балалар бөлшектерді құрастырып, олардың ағылшын атауларын атау керек.

3. **«Magic box»**

Мақсаты: Қиял, ойлау, сипап сезім қабілеттерін дамыту

Балалардың алдарында сиқырлы қорап қойылады, оның ішінде тақырыпқа берілген заттар жатады. Балалар шеңбер бойымен тұрып, «What's this?» сұрақ қояды, ал қораптың ішіне қолынды салған бала, не екенін анықтайды, «This is…» сөз тіркесімен жауап береді.

4. **«What can it do?»**

Мақсаты: модальді етістігін «**can**» басқа етістіктерімен байланыстырып, қолданыста машықтандыру.

Балаларға тірек – сызбалар карточкалар ретінде беріледі. Балалар оларды дұрыс орындарына қойып, сөйлем құрастыру керек. Мысалы: It can jump. It can run.

5. **«Give me…»**

Мақсаты: «Give me…» сөз тіркесін қолданысқа енгізу.

Балалардың алдарында ойыншықтардың түрлері тұрады. Әр балаға бір ойыншықтың ағылшын атауын «Give me…» сөз тіркесімен айтылады, сол бала аталған сайкес ойыншықты алып беру керек. Мысалы: Give me a bear. (hare, dog, frog, car, star, doll, ball.) Сол бала әрі қарай ойынды жүргізеді.

6. **«My future profession is...»**

Мақсаты: Сөздік қорларын молайту.

Балаларға тақтады «My future profession is...» сөз тіркесінің тірек – суреттері беріледі. Әр бала бірінші өз ана тілінде болашақта кім болатынын айтып, содан кейін тақтада тірек – суреттерді пайдаланып, сөйлемдерді ағылшын тілінде айтады.

7. **What you see?»**

Мақсаты: Жаңа лексикалық бірліктерімен таныстыру.

Балалардың алдарында «Тағамдар» тақырыбына байланысты жаңа тілдік бірліктерінің суреттері ілінеді. Оларды алдымен бірнеше рет айтып, қайталайды. Содан кейін балаларға «What you see?» сұрақ қойылады, ал балалар «I see…» сөз тіркесімен жауап беру керек.

8. **«Is it a...(meet)?»**

Мақсаты: Ойлау қабілетін дамыту және Yes it is/No it isn't гр. құрылымдарын қолданысқа енгізу.

Балалар шеңбер бойымен тұрады.Әуен қосылады.Әуенімен доп шеңбер бойымен жүргізіледі. Әуен тоқтатылады.кімнің қолында доп қалса, соған сұрақ қойылады «Is it a...(meet)?» Yes it is/No it isn't гр. құрылыммен жауап береді.

9. **«What do you like?»**

Мақсаты: «I like \ I don't like» гр. құрылымды машықтандыру.

Балалардың алдарында тағамдардың мүсінділер беріледі, кезекпен бір-бірден ұнайтын және ұнатпайтын жемісті алып,"I like \ I don't like" – деп айтады.

10. **«Swap places!»**

Мақсаты: Фонематикалқ қабілетін дамту.

Балалар шеңбер бойымен орындықтарды қойып, отырады. Қолдарына бір – бір тағамдардың неме жемістердің карточка таратылад. Мұғалім бір тағамның атауын атайды, аталған жемістер немесе тағамдар тұрып орындарын ауысады.

11. **«Likes and dislikes»**

Мақсаты: «I like \ I don't like» гр. құрылымды бекіту.

Балаларға жан-жақтан жабыстырған көкөністердің суреттерімен текше беріледі. Оны балалар кезекпен лақтыру арқылы көкөністердің атауларын атап, ұнататынын немесе ұнатпағанын«I like \ I don't like» грамматикалқ құрлымды қолданып, айтады.

12. **«Eatable - uneatable»**

Мақсаты: Ойлау қабілетін дамыту

Балалар шеңбер бойымен тұрады. Кезек – кезкпен мұғалім допты лақытырып, бір жейітн немесе жеуге жараматн заттың атауларын атайды. Ал балалар шапшаң ойлап, допты ұстап алу немесе допты лақтыру керек.

13. **«Basket with fruits and vegetables»**

Мақсаты: Жемістерд көкөністерден ажыратуға үйрету.

Балалар екі топқа бөлінеді бірінші топ жемістерді сайкес себетке теріп жинау керек. Ал екінші топ көкөністердіжинайды. Қысқа әуен қосылады, Содан кейін әр топ өздерін тексереді, жинаған жемістердің ағылшын атауларын атайды.

14. **«Clap or shake»**

Мақсаты: Фонематикалық қабілетін және шапшаң ойлауды дамыту.

Балаларға жануарлардың атауларын атайды. Егере үй жануардың атауын естісе қолдарын шапалақтайды, ал егер дала жануардың атауын естісе, бастарын шайқайды.

15**. «Name the animals»**

Мақсаты: Сөз қорларын молайту.

Тақтада балалардың алдарында бір жануарлардың суреттері ілінеді. Балалар атауын атап, содан кейін тағы бір сурет қосылады, солай ойын арқарай жүргізіледі. Барлық суреттерді атап болғанан кейін суреттер бір бірден атап алынады.

Қорыта келгенде, ойын әрекетінсіз ағылшын тілі лексикасын оқушының есінде қалдыру тиімділігі аз және ақыл ой күшін көп қажет етеді. Оқу үрдісіне енгізілген ойын ағылшын тілі сабағында оқытудың бір түрі ретінде қызықты, жеңіл және жанды болуы керек. Ойын оқу үрдісін жеңілдететінін ескеру қажет. Оқытушының сабаққа қойған мақсатына, міндетіне, шартына байланысты ойын түрі өзгертіліп отырылуы қажет. Ойын арқылы кез-келген оқу материалын қызықты да тартымды қылып, оқушылардың көңіл-күйін көтеруге, өздерінің жұмыстарын қанағаттануға және білім үрдісін жеңіл меңгеруге көмектеседі. Сабақ барысында ойын арқылы дамытуға арналған тапсырмалар жүйелі бағытталып, ұйымдастырылып отырса сонда ғана мұғалімнің сабақ мақсатына жеткізуіне мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

• 1. Қазақстан мектебі 2001 №7
• 2. Бастауыш мектебі №7-8 2008
• 3. Мектептегі шет тілі №1.2009
• 4. Бастауыш мектебі №1 2006
• 5. Психология астана 2006
• 6. Бастауыш мектебі №5 2005

ЭССЕ-ҚОРТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯЛАУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ

Ербулекова Айкуркем Булатовна, Қуанжанова Жаңылсын Амановна
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, №1 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін мектебі КММ, қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қорытынды аттестациялауға дайынсың ба? Бүгін қорытынды аттестациялаудың маңызды құрамдас бөлігі эссені қалай дұрыс жазу керектігі жайлы сөз қозғаймыз. Жалпы эссе тек мектеп емтихандарындағы ғана емес, түрлі байқаулар мен халықаралық емтихандарға енетін маңызды сынақ болып есептеледі.

Эссені көбі шығармамен шатастырып жатады. Ал шындығында екеуінің жазылу стилі екі бөлек. Алдымен, шығарма мен эссенің аражігін ажыратып алсақ:

Эссе – бұл адамның субъективті пікірі, көзқарасы мен ойы еркін түрде жазылатын әдеби жанрдың бір түрі. Сіздер эссенің құрылымы қандай болуы керек екенін, эссені басқа

жанрлардан қандай белгілері ерекшелеп тұратынын, тақырыпты қалай таңдайтыныңызды және өз ойыңызды қағазға сауатты түсіруді білетін боласыздар. Көпшілігі эссе – бұл қарапайым шығарма деп ойлайды. Алайда, олай емес. Эссе – прозалық әдеби жанр. Француз тілінен аударғанда «очерк» немесе «нобай» деген мағынаны білдіреді. Эссе автордың дара әсерін, белгілі бір мәселеге қатысты көзқарасын көрсетеді. Ол белгілі бір сұраққа толық жауап бермейді, тек сол мәсеге қатысты өз ойын немесе әсерін көрсетеді. Эссе жазу кезінде логика, ойды дәйектеу мен ақпаратты сауатты жеткізу қабілеті жақсы дамиды. Баяндау стилі көбіне сөйлеуге бағытталған.

Эссе қалай жазылады?

Эссені дұрыс жазу – жанрдың ерекшеліктерін түсінуге байланысты. Жазудың негізгі принциптері мен ұсыныстарын ұстанып жазса, эссе қызықты болады.

Тақырыпты қалай таңдауға болады?

Егер жалпы бағыт бойынша таңдау керек тақырыптар тізімі жоқ болса, онда эссенің қандай аудиторияға керек екенін ескеру қажет. Мұнда нұсқалар әртүрлі болуы мүмкін: университет оқытушысы, комиссия, әдеби қауымдастық, жұмыс беруші болуы ықтимал.

Эссені қалай бастайды?

Жиі сөзшең және өз ойын қағазға түсіру қабілетіне ие адамдарда шығарманы, соның ішінде эссені бастауда қиындық туады. Бірақ, эссені қалай бастауды ойлап отыра берсең айтарлықтай көп уақыт кетеді, ал бұл шығармашылық жұмыстың үрдісін едәуір тұмандандырады. Сондықтан, эссені қалай бастау керектігі туралы ұсынған кеңестерімізді пайдаланыңыз.

1-кеңес. Эссе жазуды бастамас бұрын, идеяны тұжырымдап, мақсатты анықтап, және жұмыс үшін ақпарат көздерін тауып алу керек.

2-кеңес. Еркін жазу әдісін қолданыңыз. Оның мәні – болып жатқан нәрселерді миға редакциялаусыз және грамматика , пунтуация, стиль секілді т.б. ережелерге бағынбай-ақ жазуда. Бұл шығармашылық дағдарыспен күресуге және керемет идеяларды табуға көмектесетін тамаша тәсіл.

3-кеңес. Кіріспе бөлімге тоқтап қалмау керек. Алғы сөзді негізгі бөлім жазылғаннан кейін де жазса болады. Бұл жағдайда эссенің не туралы жазылғаны түсінікті болғандықтан, кіріспені де жазу оңайырақ болады.

4-кеңес. Эссе жазудың барынша кеңінен тараған танымал нұсқаларының бірі-бірінші сұрақтан бастап, оған жауап жазу.

Эссеге қалай жоспар құруға болады?

Бірден мінсіз жоспар құруға ұмтылуға болмайды. Өйткені, ол жұмыс барысында редакциялануы мүмкін. Оның үстіне эссе жазу кезінде жоспар құру мүлдем қажет емес, сонымен қатар құрастырылып қойған жоспарға да сүйенудің қажеті жоқ.шектеулер мен қатаң шеңберлердің болмауы осы жанрдың артықшылығы болып табылады. Егер авторға қатаң жоспарға сүйену оңай болса, онда оны құрастыру үшін де уақыт қажет. Сондай-ақ, барлық негізгі ойлар жоспардың тармағы түрінде көрсетілуі керек. Одан кейін, әр тармақты тармақшаларға бөліп, ойды толық егжей-тегжейіне дейін ашып, жеткізуге болады.Содан кейін жоспарды қайтадан оқып шығып, әр тармақ өз орнында тұр ма және жеткілікті түрде ашылды ма, соны тексеріп шығыңыз.

Эссенің құрылымы неден тұрады?

Эссе жазу тәртібі әдетте үш қадамнан тұрады.

Кіріспе бөлім. Кез келген жазбаша жұмыс секілді, эсседе де кіріспе бөлім немесе кіріспе болады. Жақсы жазылған кіріспе оқырманның қызығушылығын оятып, эссені аяғына дейін оқуға қызықтырады. Кіріспе бөлімде мәселенің тұжырымдамасы және оның маңызы, риторикалық сұрақ, дәйексөз және т.б. болуы мүмкін. Сондықтан, ерекше эмоционалды түрде ойлана отырып, оқырманды қаралатын мәселеге алып келу маңызды. Негізгі бөлім. Басты

бөлімде қарастырылып отырған мәселе бойынша әртүрлі көзқарастар келтіріп, мәселенің тарихын қозғауға болады. Әдетте негізгі бөлім әрқайсысында үш бөлім болатын бірнеше тармақшалардан тұрады: тезис (дәлелді пікір), дәлелдеу (тезисті дәлелдеу үшін пайдаланылатын дәлелдер) және тұжырым (негізгі мәселеге ішінара жауап). Дәлелдер оқырманды қандай да бір көзқарастың шынайылығына сендіру үшін айтылған пікірлер болып табылады. Бұл өмірден алынған түрлі жағдайлар, ғалымдардың пікірі, дәлелдемелер және т.б. болуы мүмкін.

Дәлелдеме келесі ретпен жасалуы мүмкін:

Пайымдау
Түсіндіру
Мысал
Қорытынды пікір
Тұжырым

Қорытындыда негізгі бөлімде ұсынылған және әр тезис бойынша тоқталған барлық тұжырымдар біріктіріледі. Ал оқырман берілген дәлелдер негізінде қисынды қорытындыға келуі керек. Соңында, мәселе қайта қайталанады және қорытынды шешім жасалады. Егер кіріспе бөлімнің мақсаты оқырман қызығушылығын тудыру болса, онда соңғы сөйлемдердің мақсаты жалпы суретке (ой)тұтастық қосып, жұмысты оқырманның есінде қалдыру және ойлануға итермелеу болады.

Эссе жазу бойынша кеңестер

Барлық эссе ережелері ұсынылатын кеңес түрінде болады. Жоғарыда берілген ақпараттарды ескере отырып, эссені қалай жазу туралы кеңестерімізді пайдаланыңыз және оқырманға бей-жай қалдырмайтын эссе жазыңыз.

Кеңестер:

Эссе жазу кезінде қысқа фразаларды ұзын сөз тіркестерімен кезектестіріп қолдану керек. Бұл жағдайда мәтін оңай оқылуға жеткілікті серпін болады. Эсседе күрделі және түсініксіз сөздерді қолданбаңыз, әсіресе сөздің мағынасы шала таныс болса. Мүмкіндігінше жалпы сөйлемдерді (фраза) аз қолданыңыз. Эссе автордың жеке басын көрсететін бірегей, жекеленген жұмыс болуы керек. Әзілді өте мұқият қолданған жөн. Өйткені, сарказм және дөрекілік оқырманның ашуын келтіруі мүмкін. Жеке тәжірибе, естеліктер мен әсерлерді көрсету – өз көзқарасыңды және оқырманның сенімін растаудың тамаша тәсілі.Тақырыпты және негізгі идеяны ұстаныңыз, және одан ауытқымай, қажетсіз мәліметтерді сипаттаудан аулақ болу қажет. Эссені толығымен аяқтағаннан кейін, баяндаманың барлық жерінде ойдың дұрыс жеткізілгеніне көз жеткізу үшін, оны қайтадан оқып шығыңыз. Эссені деректер мен зерттеу нәтижелерін пайдалана отырып жазу – сенімділік танытудың керемет мүмкіндігі.

Жалпы, эссе жанрының артықшылығы қатаң шектеулердің болмауында. Шығармашылықтың толық еркіндігі, өз пікіріңді білдіру және ойыңмен бөлісу мүмкіндігі, мәселені қалыпсыз шешу – бұл керемет идеяларды шығаратын шығармашылық адамдарға осы жанрды тартымды ететін эссеге тән ерекшеліктер болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1) Қ. Бешімбаева «Эссе жазу әдістері»
2) ҚР Білім және Ғылым министрлігі ҰТО «Эссе жазу үшін әдістемелік құрал»
3) «CLRC Writing Center» «Эссе жазу үлгісі» https\\testcenter.kz
4) BilimLand онлайн платформасы

БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ ФОРМАЛАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ТӘРБИЕ

Ережепова Бобек Фермебаевна
«№1 Алға мектеп-бақшасы» КММ

Биологияны оқыту әдістемесі педагогика, психология және физиологияның белгілеген заңдылықтарын қолданады. Бірақ сонымен бірге ол мектепте оқытылатын пәндерге сүйенеді (физика, химия, тарих, жаратылыстану).

Биологияның пән ретіндегі ерекшелігі:

а) биология курсында нақты объектілер мен табиғат құбылыстары, сондай-ақ олардың өзара байланысы зерттеледі;

б) оқу жұмысын ұйымдастырудың ерекше нысандары (сабақтар) қолданылады, экскурсиялар, үй тапсырмалары, сабақтан тыс жұмыстар және сыныптан тыс жұмыстар биология);

в) арнайы оқыту құралдары мен оқыту әдістері қажет;

г) арнайы материалдық-техникалық база (оқу тәжірибелік учаске, биология кабинеті) ұйымдастырылады.

Оқу процесінің сапасын жақсарту үшін дұрыс оқушылардың ойлау әрекетін ұйымдастыру. Білімді берік игеру мыналарды қамтиды: а) жоспарлы білім беру; б) оқу процесінде ұғымдарды дамыту. Білім ғылым орнатқан ұғымдардан тұрады. Адам ұғымдармен ойлайды. Олар заттар мен құбылыстардың маңызды белгілері мен қасиеттерін көрсетеді. Әр тұжырымдаманың келесі сипаттамалары бар: А) мазмұны; б) көлемі; в) серпінділігі. ұғымдарды қалыптастыру кезінде ой нақты әлемді бейнелейді және бірқатар кезеңдер өтеді. Сезімдік сезім-сыртқы әлемді танудағы бастапқы сәт (заттардың жеке қасиеттері сана арқылы қабылданады). Сезімдерден қабылдау қалыптасады (бүкіл тақырып тұтастай қабылданады) – түсіну процесінің басталуы.

Оқытудың міндеті-жоспарлы білім беру және дамыту. Ұғымдарды қалыптастыру ерекшеліктері.

Ботаникада-арнайы ботаникалық ұғымдар жалпы биологиялық негіз береді, сондықтан оларды нақты белгілеу керек. Эволюция процесінде организмдердің дамуы мен күрделенуін атап өткен жөн.

Зоологияда-түрдің әрбір негізгі өкілін зерттеу кезінде жануар туралы ұғымдардың толық жиынтығы (сыртқы және ішкі құрылымы, өмірлік функциялары, өмір салты, тіршілік ету ортасы, жануарлар дүниесі жүйесіндегі орны). Организмдердің жасушалық құрылымы, экология туралы түсінік кеңеюде.

Анатомия және физиология-анатомия және физиология, морфология, гистология, медицина және гигиена, дене шынықтыру туралы ұғымдар дамиды. Анатомия мен физиологияның көптеген ұғымдары ботаника және зоология. Жалпы биология - бұрын зерттелген курстарда алынған ұғымдар дамиды, фактілерден жалпы ұғымдарға дейін байытылып, абстракцияланады. Мысалы, "бейімделу", "өзгергіштік" және т. б.

Қарапайым ұғымға білімнің бір элементі кіреді, бірақ біртіндеп қиындау қиын болады. Мысалы, "Жапырақ"қарапайым ұғымы (пішіні, түсі) барлық құрамдас компоненттермен (анатомиялық, морфологиялық, цитологиялық және т.б.) күрделі ұғымға өтеді. "Гүл", "жеміс"ұғымдары бірдей дамуда. Зоология курсында әр жануар туралы ұғымдар морфология, анатомия, физиология, экология ұғымдарын біріктіреді және сонымен бірге организмдердің эволюциялық асқынуы туралы ұғымдарды дамытады.

Биологияны оқыту әдістемесі– мектеп пәнінің ерекшеліктеріне байланысты оқыту және тәрбиелеу процесінің жүйесі туралы ғылым . Ғылымның негізгі қызметі-зерттеу. Зерттеу

пәні биология пән бойынша оқушыларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту теориясы мен практикасы болып табылады. Биологияны оқыту процесі: а) оқыту заңдылықтарын белгілеу; б) белгілі бір тарихи жағдайларға қатысты білім беру-тәрбие міндеттерін, оқу пәндерінің мазмұнын әзірлеу, бағдарламалар, әдістер және әдістемелік тәсілдер.

Биологияны оқыту әдістемесінде:

а) оқу пәнінің мазмұны;

б) оқыту әдістері мен формалары;

в) биология пәнінің тәрбиелік міндеттері;

"Жүйе" (грек.)- заттарды, құбылыстарды белгілі бір логикалық ретпен бір тұтасқа біріктіру. Биологияны оқыту мұғалімнің студенттермен барлық түрдегі жұмысы оқыту мен тәрбиелеудің белгілі бір схемасы болған жағдайда ғана сәтті болады. Мектепте оқушыларды оқыту және тәрбиелеу ұйымдастырушылық қызметтің белгілі бір формаларында жүзеге асырылады. Оқу іс – әрекетін ұйымдастырудың негізгі формасы - сабақ. Бірақ биология пәнінің ерекшелігі-басқа формаларды қолдануға болады. Оқыту формасы-оны өткізудің әртүрлі жағдайларына сәйкес келетін оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру.

Оқу қызметін ұйымдастыру нысандарының 3 тобы:

1. Сабақ (кіріспе, пәндік, жалпылама, экскурсия, аралас немесе аралас).

2. Сабақтан тыс жұмыс (үй тапсырмаларын орындау, табиғатта бақылау, ұзақ тәжірибелер, элективті курстар).

3. Сыныптан тыс жұмыстар (үйірмелер, экскурсиялар, туристік жорықтар, викториналар, олимпиадалар, мерекелер).

Олардың жалпы белгілері:

1) белгілі бір танымдық және тәрбиелік міндеттерді шешу: тар (тек осы сабақ үшін) және жалпы (бүкіл пән үшін білім жүйесі арқылы);

2) материалды іріктеу: сабақ бір уақытта жүйенің бір бөлігі болып қала отырып, тұтас, қисынды аяқталған буынды білдіреді;

3) әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану оқыту түрлерін таңдау және үйлестіру сабақ тақырыбының мақсаты мен мазмұнына байланысты;

4) жеткілікті материалдық қамтамасыз ету;

5) оңтайлы қарқын және ұтымды пайдаланылатын уақыт.

Форма мен әдіс арасындағы айырмашылық-әдіс білім көзіне ие, оған сәйкес әдіс түрі белгіленеді

Мектеп тәжірибесінде үнемі жаңа формалар пайда болады. Сабақ-биологияны оқытудың негізгі формасы, сабақ-сыныптан оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы.

Сабаққа қойылатын талаптар:

1) ғылым жетістіктерін, озық педагогикалық практиканы пайдалану, оқу-тәрбие процесінің заңдылықтары негізінде сабақтар құру;

2) сабақта барлық дидактикалық қағидаттар мен ережелерді оңтайлы қатынаста іске асыру;

3) оқушылардың қызығушылықтарын, бейімділіктерін ескере отырып, олардың өнімді қызметі үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

4) пәнаралық байланыстарды орнату;

5) бұрын оқытылған білімдермен және дағдылармен байланыс, оқушылардың белгілі бір білім деңгейіне жетуіне сүйену;

6) оқу-тәрбие қызметінің барлық кезеңдерінің қисындылығы;

7) педагогикалық құралдарды тиімді пайдалану;

8) іскерлікті, дағдыларды, ойлаудың ұтымды тәсілдерін қалыптастыру;

9) диагностика, болжау, сабақты жобалау және жоспарлау.

Биологияны оқытудың тәрбиелік функциясы осы ғылымның мәнінен туындайды, өйткені ол өмірдің даму заңдылықтарын, тірі организмдердің алуан түрлерін көрсетеді. биология курсының тәрбиелік міндеттері:

1. Оқушылар арасында табиғат пен адам қызметін зерттеудегі диалектикалық-материалистік дүниетанымның қалыптасуы.

2. Саяси тәрбие. Бұл үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

– оқушылардың елдің құрылымы туралы саяси білімді, биологиялық ғылымның, ауыл шаруашылығының, медицинаның дамуы туралы үкіметтік құжаттарды меңгеруі;

- табиғатқа деген сүйіспеншілікке және оған ұқыпты қарауға тәрбиелеу негізінде патриотизмді дамыту. Оқушыларды еңбекке тәрбиелеу-бұл өз бетінше еңбекке дайындау, оны іске асыру кезінде мынадай міндеттер шешіледі

– биологиялық өнеркәсіптің, биотехнологияның, ауыл шаруашылығының қарапайым ғылыми негіздерін меңгеру негізінде политехникалық білім беру; - физиология және еңбек гигиенасы туралы білімді игеру – - еңбек дағдылары мен ақыл-ойды игеру

3. Адамгершілік тәрбие-оқу процесінде мектеп оқушыларын тәрбиелеудің барлық түрлерінен өтеді. Биологияны оқыту басқа пәндермен қатар жалпы міндеттерді де, жеке мәселелерді де шеше отырып, тұлғаның адамгершілік қалыптасуына ықпал етеді, атап айтқанда: – көрнекті биолог ғалымдардың мысалында азаматтық және патриоттық сезімді тәрбиелеу,-экологиялық білім беруді кеңейту негізінде оқушыларды экологиялық тәрбиелеу.

Эстетикалық тәрбие көркемдік талғамды тәрбиелеуге бағытталған, табиғаттың сұлулығын эстетикалық қабылдаумен байланысты. Негізгі міндет-баланы қоршаған орта табиғат заңдылықтарын білуге бейімделу қабілеттерін дамытуға үйрету.

Әдебиеттер тізімі:

1. Карташова, Н. С. Биологияны оқыту әдістемесі: жалпы әдістеме – 4-е изд., испр. – Москва; Берлин: Директ-Медиа, 2015.

2.Карташова, Н. С. Кулицкая Е.В Жалпы білім беру мекемелерінде биологияны инновациялық оқыту: - Москва; Берлин: Директ-Медиа, 2016.

КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ ТРИГОНОМЕТРИЯЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ ҚАНДАЙ?

Ерекеева Салтанат Серикбаевна
№ 4 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебі

Тригонометриялық функциялар – жоғары сынып оқушыларына меңгеру қиындық тудыратын математиканың күрделі бөлімдерінің бірі. Көптеген оқушыларды «Синус, Косинус, Тангенс және Котангенс функцияларының күнделікті өмірде қолданысы қандай?» деген сұрақ мазалайтыны анық. Өкінішке орай, осы сұраққа жауаптың табылмауы көптеген оқушылардың тригонометрия сияқты математика ғылымының қызықты бөліміне деген қызығушылығын төмендетеді. Бұл қазіргі таңдағы көптеген мұғалімдердің осы тақырыпты үйрету барысында жіберітін қателігі болып отыр. Осыған орай, менің бүгінгі мақалам аталмыш мәселені шешуге өз ықпалын тигізеді деп сенемін.

Тригонометрия тарихы

Тригонометрия – тригонометриялық функцияларды және олардың геометрияда қолданылуын зерттейтін математика саласы. Тригонометрия сөзі гректің екі сөзінен тұрады:

trigwnon - үшбұрыш және metrew - өлшеу, сөзбе-сөз үшбұрыштарды өлшеу дегенді білдіреді. Кез келген басқа ғылым сияқты, тригонометрия нақты практикалық есептерді шешу процесінде адамның тәжірибесінің нәтижесінде пайда болды.

Математиканың осы саласына өз атын берген терминнің өзі алғаш рет 1505 жылы неміс математигі Питискустың кітабының атауында ашылған. Ежелгі адамдар ағаштың биіктігін оның көлеңкесінің ұзындығын биіктігі белгілі сырықтың көлеңкесінің ұзындығымен салыстыру арқылы есептеген. Жұлдыздар арқылы кеменің теңіздегі орнын есептелген болатын.

Ал, тригонометриялық шеңбердің радиусын бірге тең деп қабылдау идеясы математиктермен X–XI ғасырларда қабылданды. Барлық алты тригонометриялық функциялар алғашқы рет X ғасырда парсы математигі Әбіл Вафа әл-Бузджанидің кітабында кездесті. Ол бұл функцияларды бір суретте көрсетті (1 – сурет).



Сурет 1

$$\sin\alpha = AC,$$
$$\cos\alpha = OA,$$
$$tg\,\alpha = BD,$$
$$\sec\alpha = OD,$$
$$\operatorname{cosec}\alpha = OF,$$
$$ctg\,\alpha = OB.$$

Қарапайым тригонометриялық функциялар

Тригонометрияның ғимараттың немесе таудың биіктігін өлшеудегі қолданысы:

Егер ғимараттың сізге дейінгі қашықтығы және де ғимараттың ең биік нүктесінің жерден көріну бұрышы белгілі болса, ғимараттың биіктігін тригонометрия арқылы оп – оңай табуға болады (2 – сурет).



Сурет 2

Тригонометриялық функциялар видео ойындарда қолданыла ма?

Бұл ерекше сұрақтың жауабы: әрине. Егер сіз Марио атты ойынды ойнап көрсеңіз, Марионың секірісіне назар аударған боларсыз. Шын мәнінде ол Y осі бойынша түзу сызықты секірмейді, оның секіру траекториясы парабола қисығы болып табылады (3 – сурет). Тригонометрия Мариоға кедергілерден секіруге көмектеседі. Сондықтан, IT саласының мамандарына тригонометрияны меңгеру артық етпес.



Сурет 3

Құрылыс саласында тригонометрияның маңызы:

Құрылыс саласында тригонометрия аумақтың ауданын өлшеуде, керамикалық плиталарды, үйдің шатырын орнатуда, қабырғаларды параллель және перпендикуляр етіп салынуында қолданылады. Сәулетшілер құрылымдық жүктемені, шатырдың беткейлерін, жер беттерін және басқа да көптеген аспектілерді, соның ішінде күннің көлеңкесін және жарық бұрыштарын есептеу үшін тригонометрияны пайдаланады.

Тригонометрияның навигацияда қолданысы:

Тригонометрия солтүстік, оңтүстік, батыс және шығыс секілді бағыттарды белгілеу үшін қолданылады, ол сізге түзу сызықты траекториямен жүру үшін компаспен қандай бағытты алу керектігін айтады. Ол сіздің қазіргі сәттегі орныңызды, теңіздегі нүктеден жағаның қашықтығын анықтауда және көкжиекті көру үшін қолданылады (4 – сурет).



Сурет 4

Қорытынды ой:

Сонымен, тригонометриялық функциялардың күнделікті өмірде қолданыс аясының көптігіне көзіміз жеткен болар. Мүмкін, оқушылар тригонометрияны шынайы өмірде қолданатын сәттермен кездеспеген болар, алайда уақыт өте келе олар да математиканың осы бөлімінің шынайы өмірдегі маңыздылығын түсінетіні анық. Міне, осындай сәттерде олар мектеп қабырғасында осы тақырыпты дұрыс меңгермегеніне өкінбес үшін, оқушыларға осы бөлімнің маңыздылығын түсіндіру – мұғалімдердің міндеті деп білемін.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Embibe.com
2. Математика. 1-бөлім. 9-сыныпқа арналған оқулық «Назарбаев Зияткерлік мектептері»

ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИАГНОСТИКАСЫ

Ерекешова Анаргуль Мынтургановна
Ақтөбе қаласы №45 «Алтын бала» бөбекжай - балабақшасының жоғары санатты тәрбиешісі

Соңғы жылдары арнаулы білім жүйесінде мүмкіндігі шектеулі балаларды сапалы біліммен қамту өзекті мәселенің біріне айналды. Мәселелерді тұңғыш рет мемлекеттік деңгейде көтеріп, ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасында инклюзивті білім беру жүйесін дамыту жан-жақты қарастырылған.Қоғамдағы мүгедектердің жағдайы, олар бастан өткеруге мәжбүр қиындықтар туралы пікірталастар жиі орын алып келеді. Алайда ересек мүгедектердің өз құқықтарын іске асыруына байланысты мүгедектік проблемалары жиі іске алынып жатады, ал кемтар балалардың жағдайына тиісті көңіл бөлінбейді. Бұл кемтар балаларды психологиялық бейімдеу және қоғамға кіріктіру мәселелерінен бастап, олардың тұлға ретінде қажетсіздігіне дейінгі саладағы проблемалар санының көптігіне қарамастан орын алуда. Бұл баланың адамзаттық ар — ожданын кемсітетін , оның дамуға және тіпті өмір сүруге құқығын іске асыруына кедергі келтіретін әр түрлі кемсітуші көріністер болып табылады.Инклюзивті білім беру – ерекше мұқтаждықтары бар балаларды жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқыту-даму мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыпты дамыған балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграцияүдерістерін жеңілдету мақсатындағы жеңілдетілген оқыту жүйесі.Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасын қамтамасыз ету, сонымен қатар оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастырудың идеологиясы жатыр. Тәжірибе көрсеткендей қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалып жатады. Мұндай қалыптасқан жүйе баланың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттеріне: білім бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау және жеке адамның шығармашылық рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілікпен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы парасатты байыту» деп атап көрсеткен. Осыған байланысты қоғам алдына оқушының жеке басын үйлесімді дамытуа бағыттайтын міндеттер қойылып отыр.Білім беру жүйесінде даму мүмкіндігі шектеулі балаларға айрықша орын бөлінген. Бұл балаларға қатысты біздің алдымызда тұрған негізгі міндет – олардың әлеуметтік ақталуы мен бейімделуіне, қоғамдағы толыққанды өмірге дайындалуына жағдай жасау және көмек көрсету қажеттілігі айтылған.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз — барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін

сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады.Инклюзивті білім беру немесе «Білім баршаға» бағдарламасы — барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвециясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді.

Инклюзивті білім берудін мазмұны:Инклюзивті білім беретін мектептерде білім мазмұны 3 түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал:

-жалпы мектептерге арналған типік оқу бағдарламалары:

— мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары

— мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшіліктерін есепке ала отырып әзірлентін оқытудың жеке бағдарламасы

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі заңында даму мүмкіндігі шектелген барлық балалар психологиялық-медицина-педагогикалық кеңестің қортындысына сәйкес арнайы түзету мекемелерінде және мемлекеттік білім жалпы беретін мектептерде тегін оқуға құқылы деп шешілген.

Атап айтсақ мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортаға кіріктіру мақсатында 2009 жылғы ҚР инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы әзірленген, сонымен қатар 2010 жылдың 1 ақпанында бекітілген ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын атауға болады.

Бұл бағдарламаның басты міндеттерінің бірі –еліміздің инклюзивті оқытуды дамыту болып саналады.Инклюзивті білім беру оқыту процессінде балаға жеке көмек көрсету мен психологиялық-педогогикалық қолдауды қамтамасыз етеді, жалпы білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі балаларға кедергісіз аймақ құру ғана емес, баланың психофизикалық мүмкіндігін ескере отырып құрылатын оқу-тәрбие пүдерісінің ерекшілігінде ескерген жөн.Ал бұл үдерісті жүзеге асыру үшін мектепте балаға психологиялық- педогогикалық қолдау қызметі ұйымдастырылуы қажет екенін түсініп, өзіміз соны істе асыруымыз қажет.Мүмкіндігі шектеулі балалар қатарына атап айтсақ оның бірі психикалық дамуы тежелген (ПДТ) оқыту бағдарламасын меңгеруде қиындықтарға кездесетін үлгермеуші балалар.Психикалық дамуы тежелген балалардың ерекшілігі шаршағыштығымен, жұмысқа қабілеттілігі төмендігі, қоршаған орта туралы дамуында бұзылыстар байқалады. Психикалық дамуы тежелген баланы психологиялық-педогогикалық қолдау (ППҚ) қызметінің тиісті мамандарымен жүзеге асырылады. Түсініктері фрагментарлық, зейіндері тұрақсыз, тұтас қабылдау мүмкіндігі бұзылған, жалпы психикалық үдерістің дамуында бұзылыстар байқалады, мұндайда әр маман өз бағыттары бойынша жұмыс істейді.Жалпы инклюзивті білім беру – мүміндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудін бір формасы. Нағыз инклюзия білім берудің 2 жүйесін : жалпы және арнаулы жүйелерді бір-біріне қарама-қайшы қоймай, қайта жақындатады.Инклюзивті оқыту – мүмкіндігі шектеулі балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеметтендіру және интеграция үдерістерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту.Инклюзивті оқыту-барлық кемтар балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді, оқушылардың тең құқығын анықтайды, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді, барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, балалардың білімділік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай

қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді.Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беружүйесінің дамуына тоқтап атап өтейін. «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді. Осы бағдарлама төңірегінде инклюзивті білімберуді жетілдіру мәселелері қарастырылып, 2015 жылға мына міндеттерді шешу көзделген:

-мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалады;

— мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді;

— түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады;

-мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» Астана, 2010 ж

2. А. А. Байтұрсынова «Арнайы педагогика: проблемалары мен даму болашағы» Алматы, 2008 ж

3. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы

ФОРМИРОВАНИЕ ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТИРОВ НА УРОКАХ ИСТОРИИ

Ерехинская Е.А.
КГУ «Общеобразовательная средняя школа № 25», учитель истории

Проблема формирования общечеловеческих ценностей в современных социокультурных условиях приобрела актуальный характер, ибо ценности являются основой содержания воспитания. Возвратить человеку понимание смысла жизни, веру в свое уникальное предназначение, научить достойно, встречать грядущие радости и трудности, с готовностью самосовершенствоваться – вот задачи, стоящие перед образованием сегодня.

В условиях становления новой системы образования, ориентированной на вхождение в мировое образовательное пространство идет активный процесс поиска моделей образования, которые позволят сохранить духовно - нравственные и культурно - исторические традиции отечественного образования и воспитания.

Воспитать настоящего человека, личность совсем не просто, особенно в период смены ценностных ориентиров и идеалов. Проблема ценностей была актуальна всегда. Именно в юношеском возрасте особую актуальность приобретают задачи социального и личностного самоопределения себя и своего места во взрослой жизни.

Одна из целей педагогической деятельности – является создание условий для развития гражданского и патриотического сознания у обучающихся. Специфика такого предмета как история предполагает значительное внимание развитию ценностно-смысловой компетенции обучающихся. На этом уроке в значительной степени осуществляется формирование

основных нравственных качеств личности. На уроках истории осуществляется социально-личностное становление обучающихся, решается задача формирования на базе полученных знаний важнейших практических и интеллектуальных умений и навыков. Сейчас особенно остро стоит проблема идентификации казахского народа, осознание им своего места и роли в мировой истории.

В структуре деятельности главными считаю следующие компоненты:

1. Знание обучающимися фактов истории, культуры, которые они должны воспринимать как факты, события нашей, своей истории и культуры;

2. Положительное отношение к определённым «нашим» фактам истории и культуры;

3. Готовность участвовать в деятельности по развитию культуры и жизни в нашей стране.

Для развития ценностных ориентаций в процессе образования используются педагогические технологии и методы, которые реально воздействуют на развитие ценностных ориентаций. К таким методам относятся проблемное обучение, метод проектов, обучение на основе межпредметной интеграции, деловые игры, развитие способностей к самостоятельной работе.

Изучая исторические личности, с обучающимися обсуждаю следующие вопросы: «Как вы относитесь к исторической личности, которая имела благие цели, проводя реформы в стране, но привела эту страну к различного рода восстаниям, «Как вы относитесь к исторической личности, если его деятельность имеет положительный результат, но осуществляется жестокими методами и средствами?» Обучающиеся по-разному отвечают на каждый из этих вопросов. При этом можно наблюдать, как у них происходит формирование духовных ценностей. Настоящее воспитание историей заключается в представлении ученику реальных возможностей примерять на себе исторические роли.

Рассказывая о выдающихся личностях, сыгравших огромную роль в истории страны, привлекаю яркие красочные воспоминания современников, фрагменты художественной литературы.

Большим подспорьем при выборе материала является разнообразная кино, видео и мультимедийная продукция. Самый благодатный материал по патриотическому, духовно-нравственному воспитанию содержат в себе уроки, посвященные Великой Отечественной войне. С первых уроков темы создаю определенный эмоциональный настрой. Связь с историей Отечества отражается в жизни и судьбах предков. С большим интересом обучающиеся выполняют исследовательские проекты о своей семье. Работая над проектами «Летопись моей семьи», «Пусть память верную хранят и наших внуков внуки…», «История моей семьи в истории моей страны», обучающиеся познают самих себя, свой род, свою малую родину, историю страны. Именно в семье закладываются первые и наиболее прочные установки гражданской позиции личности.

Используемая литература

1. Богашев А. Духовно – нравственное воспитание молодежи /А. Богашев //Воспитание школьников.-2008.-№9.

2. Власова Т.И. Духовно ориентированная модель современного воспитания Т.И.Власова //Наука и практика воспитания и дополнительного образования.-2008.-№2.

БАЛАНЫ ЕРТЕ ЖАСТАН ДАМЫТУ БАҒДАРЛАРЫ

Ержан Гулжанат

Бәрін үйретуге болады, бәрін үйренуге болады
Джон Хатти

21 ғасырдың негізгі құндылықтары – интеллект, креативтілік, әлеуметтік дағдыларды жетілдіру және өмір бойы даму болып табылады. Технологияның дамуы, жаһандану қоғамды белсенді түрде өзгертуде. Сағат сайын өзгеріп отыратын жаңа қоғамның ағынына ілесу, еніп кету ұшін адам үнемі өзгерістерге бейім болып қалыптасуы керек. Бүгінгі күнгі жаңартылған оқу үрдісі білім алуға «жағдай жасау», «бағыт – бағдар беру», «ұйымдастыру» сияқты ұғымдардан құралады және білімді бала бойына ерте жастан сіңіруқажеттігін айқын суреттейді. Сонымен қатар баланы бірінші орынға шығаруды талап етеді. Сол себепті мектепке дейінгі білдім беру мен тәрбьие процесінде жаңашылдық енгізе отырып, балабақша қабырғасынан бала бойына әлеуметтік дағдыларды қалыптастырып, сыни ойлай білу, басқа адамдармен ынтымақтастықта, қарым-қатынас жасай алу, мәселелерді шешуде өз ойын ұсына білу қабілеттерін дамыту. Мектепке дейінгі ұйым – тәрбиеші - бала – ата-ана төрттігін құра отырып, тұтас бала бейнесін қалыптастыру маңызды. Қазіргі бәсекеге қабілетті баланың бойында төрт түрлі дағды қалыптасқан болуы қажет. Олар – сыни ойлай алу, командада еркін жұмыс жасау, және кез келген ортаға оңай бейімделе алу, қарым-қатынасқа еркін түсу, шығармашыл, креативті ойлай алу дағдылары. Бұл дағдыларды қалай дамыта аламыз?

1.4К моделін кіріктіру. Ұйымдастылырған оқу қызметінің мақсатына сай күтілетін нәтижеге бағытталған тапсырмаларды орындатуға тиімді. Тапсырмалар сыни ойлауға, креативтілікке, ұжымдық жұмысқа, коммуникацияға бағытталып құрылады немесе түрлендіріледі.

2. Ойын арқылы оқыту. Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі белсенді қызметі ойын. Олар ойын арқылы берілген ақпаратты жақсы қабылдайды және естеріне сақтайды. Ынтымақтастық ортасын педагогпен жүргізілген ойын, құрылымдалған ойын, еркін ойын барысында қалыптастырады. Педагогпен бірлескен ойын бала бойындағы қорқынышты сейілтеді, бірлескен оқу ортасы құрылады. Педагогпен бала арасындағы қарым-қатынас жақсарады. Құрылымдалған ойын мен еркін ойын барысында бала ең алдымен жауапкершілікті сезінеді, себебі бұл ойын қызметтерінде педагог баланы бағыттап және бьақылап қана отырады.

3. Бала үніне құлақ асу. Бала үнемі өзін тыңдағанды, оған көңіл бөлгенді ұнатады. Бқл бала үшін маңызды. Оқыту барысында бала пікірін білу, үніне құлақ асу арқылы оның сенімділігін арттырамыз және білім алуға деген белсенділігін арттырамыз.

4. Бақылау. Саралау. Бағалау жүргізу. Баланың білім алу барысындағы іс-әрекетін бақылау әрі қарайғы дамуына мүмкіндік береді. Баланы бақылау арқылы жаңаша қабілеттерін байқауға болады. Бақылауды түрлі әдіспен жүргізе аламыз. Әрбір тәрбиеленуші бақылау барысында қабілетін, белсенділігін, мүмкіндігін, жас ерекшелігін ескере отырып саралай аламыз. Мектепке дейінгі ойын және еңбек іс - әрекет арасындағы ауысулар едәуір келісім шартты болып келеді, өйткені балада бір іс - әрекет түрі байқаусыз жайлап екінші түріне немесе керісінше ауысып отырады. Егер тәрбиелеуші баланың қарым – қатынасында және еңбегінде қандай да бір жеке даралық сапаның жеткіліксіздігін аңғарса, онда ең алдымен баланың ойынын ұйымдастыруда сәйкес сапалардың пайда болуы мен қалыптасуына көңіл бөлу керек. Егер баланың оқуында, қарым – қатынасында және еңбегінде кейбір жеке даралық сапалар байқалса, онда осы сапаларды басқара отырып едәуір күрделі жағдайында жаңа сапаларды құрудың дамуын жоғарылататын ойындарды ұйымдастыруға болады. Олар - өзін -

өзі бағалау, талап ету деңгейі тасқа жетудің қажеттілігі, дербестігі, бастамашылдығын (ынталы бастауы) мойындауға ұмтылысын т. б. Жас кезең – сензитивті кезеңінің бастамасы осы жеке адамнық сапалардың маңызды кешенінің қалыптасуы. Айнала қоршаған адамдармен өздерін салыстыруы көптеген балаларда 3 жасар шамасында нақты бір өзіндік бағалау пайда болады. Ол дұрыс қалыптасса (өте жиі кездесетін жағдайлар, мысалы: баланы асыра мақтау немесе сөгу). баланың психикалық дамуына пайдалы болады. Ал өзіндік бағалауы «жоғары» балалар керісінше, өз мүмкіншіліктерін асырып онша күш салмайды. Баланың өзіндік бағалауының дұрыс қалыптасуына 1,5 жастан бастап көңіл бөлу керек. 5 жасқа келгенде қимыл-қозғалысының нақты дамуына байланысты, жүру,жүгіру, секіру, қабырғадан өрмелеу, еңбектеу, шаңғы, шана, велосипед тебуді үйренеді. Үлкендермен еркін қарым-қатынас жасауына байланысты баланың грамматикалық сөздік өоры молайып, тәрбиешінің айтқан сөздерін жақсы түсініп, оған өзінің түсінігі бойынша жауап береді. Осы кезде тәрбиешінің тапсырмасын және қарапайым еңбек әрекеттерін де орындайды. Үлкендердің басшылығымен көптеген әдет-дағдыларды меңгеру де бала психикасының дамуына көп ықпалын тигізеді. Ертегі дәне әңгімедегі кейіпкерлерге өзінше баға беріп, талдау жасайды, соның нәтидесінде қиял, ойлау, есте сақтауының дамығандығын байқаймыз. Бала ұжыммен бірігіп, ойнап, еңбек әрекеттерінің нәтижесінде өзінің жасаған жұмысына эмоциялық баға беріп, эстетикалық талғамы артады.Бала 6 жасқа келгенде ерекше қарқынмен дамып, дене бітімі күрделенеді,Барлық органдарының жұмыс істеу қабілеті артады, оқу әрекетін орындағанда да, қағаз-қарындашпен де еркін әрекет ете алатын болады. 6 жасқа келгенде сөздің тура және жанама мағынасын түсінеді. Бұл жаста ойынның мазмұны күрделеніп, өмірдегі барлық шындықты бейнелеуді көздейді. Баладың жүйке жүйесінің күшті немесе әлсіздігін өмірдегі мынадай көрсеткіштер дәлелдейді.Балада болып жатқан өзгерістерге тиісінше мән беруге тырысыңыз:

1. баламен болған авторитарлық қарым-қатынас стилін гипер-қамқорлыққа, серіктестік қарым - қатынасқа ауыстырыңыз;
2. балаға дербестікті (ақылға қонымды шектерде) беріңіз;
3. эмоциялар мен агрессивтіліктің өршуіне қатысты ақыл танытыңыз;
4. бала агрессиясын ол қажет етпегендей етіп кейінге қалдыруға немесе елемей, жалған жасыруғанемесе бір нәрсеге ауыстыруға тырыспаңыз және оны талқылап көріңіз

Баланың белсенді және пассивтік сөздік қорының арасында алшақтық байқалады, сондықтан тәрбиеші жаңа сөзді біртіндеп меңгеруді қамтамасыз етеді.Балаларды ертегілер, шағын фольклор, қазақ балалар жазушылары, классик-жазушылардың жекелеген шығармаларымен таныстырады.Ертегі, әңгіме, тақпақты мұқият, алаңдамай тыңдай білуге, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге тәрбиелеу. Балаларды таныс тақпақтарды, қысқа өлеңдерді асықпай, анық қайталап айтуға ынталандыру.Көркем сөзді тұтастай қабылдаудың бастапқы формасын қалыптастыру: эмоционалды ықыластылық, балалар әдебиеті шығармаларының мазмұны мен бейнелерін түсіну.Балаларды ертегінің, қысқа әңгімелер мазмұнының өрбуін, шығармаларда көптеген қатысушы тұлғалармен жаңа кейіпкерлердің пайда болуын, олардың қарым-қатынасын қадағалай білуге үйрету, драмалық оқиғалардағы кейіпкерлерге жанашырлық танытып, таныс кейіпкерлер ұшырасқанда қуануға баулу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі дайындық №5 2015ж С Бакбергенова
2. Балабақша №8 2016ж «Бала білімі даярлықта» Е. Айтолқынов
3. Әлеуметтік желі https://www.google.ru/url

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМҒА АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Ерімбетқызы Гүлмәуе
Ақтөбе қаласы №12 «Інжугүл» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар деп оқыту педагогикасында арнайы техникалық ақпараттық құралдарды (интерактивті тақта, электронды -есептеуіш машиналар, аудио, бейне) пайдаланатын барлық технологияларды атайды. Компьютерлік технологиялар бағдарламалаған оқытудың идеяларын дамытады, заманауи компьютерлер мен коммуникацияның бірегей мүмкіндіктері мен байланысты тың, әлі зерттеле қоймаған нұсқаларды ашады. Оқытудың компьютерлік (жаңа ақпараттық) технологиялары – бұл педагогтың компьютер арқылы ақпараттардыдайындау және беру үдерістері. Компьютерлік технологиясының мақсаты ақпаратпен жұмыс жасау қабілетін қалыптастыру, коммуникациялық қабілеттіліктерді дамыту, «ақпараттық қоғам» тұлғасын дайындау, зерттеу қабілетін қалыптастыру, оңтайлы шешімдерді қабылдау қабілеті болып табылады. Ақпараттық технологиялар ата-аналар, педагогтар мен мамандардың ерте жастан оқыту саласында мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді. Заманауи компьютерді қолдану мүмкіндіктері баланың қабілеттіліктерін дамуын барынша толық және табысты іске асыруына мүмкіндік береді. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар нтеллектуалды, шығармашылық қабілеттіліктерді дамытуға, жаңа білімдерді өз бетімен алуына мүмкіндік береді. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар тәрбиешіге бала тұлғасының байытылған даму әлеуетін салуына мүмкіндік береді.Тәжірибе көрсеткендей, балалардың танымдық мүмкіндіктер деңгейі артады, балалардың сабақтарға қызығушылығы едәуір өседі. Түсіндіру мен бекітуде, ойын нысанында жаңа үйреншікті тәсілдерді қолдану балалардың еріксіз назарын арттырады, ерікті назарын дамуына көмектеседі. Сабақтан тыс компьютерлік ойындар баланың білімін бекітуіне көмектеседі; оларды өз құрдастарынан интеллектуалды даму тұрғысынан алдағы немесе олардан артта қалған балалармен жеке сабақ өткізу үшін қолдануға болады; интеллектуалдық іс-әрекет үшін қажетті психикалық қабілеттіліктерді дамыту үшін: қабылдау, назар, жады, ойлау, ұсақ моториканы дамыту.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолданудағы мақсат - баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Балада танымдық қызығушылықтың болуы олардың оқу іс-әрекеттерге белсенді, білімінің сапалы болуына, жағымды мінез құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Интерактивті тақтаның жетістіктерінің кіші жастағы балаларда оқуға, жаңа білім алуға деген құштарлық туғызады. Интерактивті тақта ақпаратты кеңінен ұсыну құралы болып келеді және баланың мотивациясын күшейтеді. Мультимедиалық технологияларды пайдалану арқылы (түс, графика, дыбыс, замануи видеотехникалық құралдар) түрлі жағдайлар мен ортаны моделдеуге болады. Мультимедиалық бағдарламаларға еңгізілген ойын компоненттері үйренушінің таңымдық әрекетін белсендіреді және материалды ұғынуды күшейтеді. Интерактивті оқу іс-әрекеттерін өткізу бөлмесі келесі міндеттерді орындайды:

- балаларды жаңа технологиялары арқылы оқыту;
- сауық және ойын орталығы;
- мұнда көлемді білімдендіру және сауықтыру міндеттер орындалады;
- балаларға және тәрбиешілерге жұмыстануға өте жағымды жағдайлар туғызады;
- балаларды компьютерлік технологияның мүмкіндіктері мен дағдыларымен таныстырады.

Электрондық жүйеде оқытуда мультимедияны пайдалану, балаларға ақпаратты беру жылдамдығын, оны түсінуді көтеріп ғана қоймай, соңымен қатар мынандай маңызды

сапаларды интуиция, образдық ойлауын дамытады. Мектепке дейінгі мекемеде интерактивті тақтаны пайдалану тәсілдері өте көп. Бұлар презентациялар, интерактивті оқыту бағдарламалары, графикалық, бағдарламалық орталықтарда жобалар құрастыру.

Интерактивті тақтаны пайдаланудақандай дағдылар болу қажет:

• компьютерді қолдана білудің бастапқы білімі;

• Word, Power Point бағдарламаларымен жұмыстану;

• ActivInspire бағдарламасында флипчарт-сабақтар құру.

Флипчарт - бұл материалдарды құруға және көрсетуге болатын жұмыс үстелі. Бұл көптеген беттері бар кітапты еске түсіретін дәстүрлі қағаз флипчартының экранды түрі, бір мезгілде бірнеше флипчарт ашуға болады. Бір мезгілде сегіз флипчартқа дейін ашуға болады. Әрбір флипчарт бүкіл экранға жазуға немесе өлшемі бойынша өзгертуге және ұқыпты етіп мозаика етіп орналастыруға болатын жеке терезеде ашылады.

Белсенді флипчарт - бұл берілген әрекеттерді орындауға болатын флипчарт.

Флипчарт бетінің саны шектеусіз (оның саны компьютердің есептеу мүмкіндігі мен жадының көлеміне ғана шектеулі).

Флипчарт бетінде төмендегі әрекеттерді:

- бейнелеу фонын қосуға; ескертулер жазуға және түсініктеме белгілер енгізуге;
- суреттер құруға немесе кең ауқымды кітапхана қорынан суреттер қолда нуға; ішкі қосымшадан бейнелерді импорттауға;
- сілтемелер қосуға; бейнелерді түсіруге және оларды флипчартқа қондыруға;
- географиялық картаға бейнелеп көрсетуге; фильмдер мен ойындарды көрсетіп орындауға болады.

Оқытуда интерактивті кешендерді пайдалану сапалы, қызықты және оңтайлы болып келеді. Электрондық мультимедиялық бағдарламаларды дәстүрлі оқыту және педагогикалық инновациялармен қатар, оқыту үрдісінде үнемі қолдану дайындығы әртүрлі деңгейдегі балаларды оқыту тиімділігін көтереді. Әрбір педагогикалық технологиялар педагогтың қызметінде инновациялық технологиялар, соның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қолданылса, ұйымдастырылған оқу-іс әрекеті қызықты әрі оқыту нәтижесінің сапасы артады.

Инновациялық технологияларды қолдануда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту маманы қызметінің мақсаты нақты талаптар жиынтығынан құрылады:

1. Тәрбие үдерісінің ішкі және сыртқы жақтарының бірлігін жүзеге асыру.

2. Баланың қабілеттерін жетілдіретін, олардың потенциалдық мүмкіндіктерін анықтайтын және жеке дамытуды қамтамасыз ететін түрлі әрекеттер сабақтар енгізу арқылы тәрбиеленушінің танымдық қызметін педагогикалық мақсатты ұйымдастыру.

Оқыту үдерісіне енгізілген іс-әрекет түрлері сабақты байытады, себебі танымдық үдеріске ерекшелік енгізеді: көркем іс- әрекеті әлемді меңгеруге түрлілік әкеледі; еңбек-практикалық құнды білім береді; ойын - материалды жақсы қабылдауға ықпал етеді.

3. Балалар меңгеретін оқу материалының мазмұнын байыту және түрлендіру.

4.Балалардың танымдық белсенділігін қалыптастыру үшін мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесіне тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін нығайтатын, олардың өзіндік шығармашылық ізденуін қанағаттандыратын оқытудың жетілдірілген тәсілдерін енгізу.

5.Балалармен көптүрлі, жан-жақты, сөздік қорға бай қатынасты ұйымдастыру, олардың бойында танымдық стимулдар әсерін ұлғайту, түрлі қарым-қатынастарды қалыптастыру.

Әдебиеттер тізімі:

1. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А./Білім, 2008

2. Қазіргі заманауи оқу-тәрбие үдерісіндегі білім беру технологиялары Алматы қаласы 2017.

3. Использование современных информационных и коммуникационных технологий в учебном процессе: учебно-методическое пособие / Авторы-составители: Д.П. Тевс, В. Н.Подковырова, Е. И. Апольских, М. В, Афонина. Барнаул: БГПУ, 2006

4. Захарова И. Г. Информационные технологии в образовании: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. – М., 2003

АТА – АНАЛАРДЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Ермагамбетова Гаухар Умирзаковна
Ақтөбе облылсы, Алға қаласы, «В.И.Пацаев атындағы
№2 Алға орта мектебі» КММ

«Тәрбие – тал бесіктен» деп дана халқымыз айтқандай парасатты, зерек, кішіпейіл, адал, адамгершілігі мол ұрпақ ұлтымыздың басты құндылығы. Саналы да білімді жас ұрпақ болашағымыздың кепілі. Бала тәрбиесінде ең маңызды рөл атқаратын әрине ол отбасы екені мәлім. Сәби дүние келгеннен бастап салт-дәстүріміз бойынша жоралғыларын жасап, ұлттық құндылықтарымызды санасына сіңірсек ұлтымыздың ұлы азаматы болары сөзсіз. Тәлім – тәрбие беруде салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды пайдалану ең бір оңтайлы тәсіл. Себебі, баланың қырқынан шығару, ақ бесікке жатқызу тазалыққа, бесік жыры мейірімділікке, тұсау кесер адалдық пен адамгершілікке, сүндетке отырғызу мұсылмандығын тануына өз септігін тигізеді. Сондықтан әр ата – ана балаға тәрбие берумен қатар сол берілген тәрбиенің ұрпақ болашағы үшін маңызды екенін ескерген жөн. Қай елде, қай кезде болмасын, бала тәрбиесін ерекше дамытушы да, ілгері апарушы да-балалар, яғни бүгінгі ұрпақ-ертеңгі елдің болашағы. Бала тәрбиесі ата-ана үшін күрделі де, жауапты міндет. Баланы өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата-ананың орны бөлек. Бала өмірінің басым бөлігі отбасында өтеді.

Отбасы - адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы – ата-ана. Ата-ананың үйдегі іс-әрекеті балалардың көз алдында өтеді. Сондықтан бала мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі оның алғашқы ұстазы – ата-анасы. Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін-өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін-өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан он, моральдық-психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсінік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл-күйі тікелей ықпал етеді. Ата-аналар кодексінде былай жазылған: -Ата-ана ерекше жағдайда ғана емес, тәрбиемен ұдайы айналысуға міндетті; -Баланы тәрбиелеу үшін ата-ана өзіміз тәрбиелі болуымыз керек. Тәрбие беру-ақыл айту емес; -Баланы жақсы көргендізінізді мейірімді, жылы сөзбен жеткізіп отырыңыз; -Мектептегі жағдайды жақсарту мақсатында ұсыныстар айтуға құқығыз бар. Ата-аналар бала тәрбиесіне уақыт жетпейді деп қиналады. Меңінше жоспарлай білсе, уақытты жеткізуге болады. Үлкендер уақытты босқа жұмсамаса, баламен жүйелі жұмысқа уақыт табылады. Мысалы: дүкенге, базарға, қонаққа, теледидарға, телефонға кететін уақыттарды үнемдесе. Бала тәрбиесін бүгін емес, ертеңге қалдырсаңыз кеш болады. Балаға бүгін берілуі тиіс тәрбиені кейінгі қалдырмаңыз. Тәрбиеде із қалдыратын алтын уақыт қайталанбайды. Өсіп кеткен балаға дер кезінде берілмей қалған тәрбие жұғымсыз, дәмді тамақ сияқты болатыны бар.

Өмірде көп игіліктер келіп, кетіп жатады. Ал адам үшін ең өміршең байлық, зор құндылық – отбасының балаға деген сезімі. Әр адамның өмір сүру тәжірибесі әр түрлі. Дегенмен кез келген отбасы нәресте дүниеге келген күннен бастап, күнделікті дағдысына, уақыт кестесіне өзгеріс енгізгені жөн. Сонда баламен шұғылдануға күн сайын бір-екі сағат уақыт табылатын болады. Бала тәрбиесіндегі ең басты шарт – күнделікті, тұрақты, нақты, сабақтастықты үзбеу. Балаларымыз – болашағымыз. Ал болашағымыз бапты, бақытты болғанға не жетсін. Қашан, қай жаста болса да бала тәрбиесін назардан тыс қалдыруға болмайды. Кеш те болса, жалғастыру керек. Алайда, бала өскен сайын тәрбиелеу тәсілдері де қиындай беретіні жасырын емес. Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты. Баланың отбасындағы тұлғалық қасиетін жетілдіретін жағдайдың бірі - отбасы ішілік және отбасынан тысқары атқарылатын еңбек. Отбасындағы күнделікті тұрмыс қажеттігін қамтамасыз етуден туындайтын еңбек баланы әлеуметтік қатынасқа түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Сондай еңбектің барысында баланың жауапкершілігі артып, еңбек ету қажеттігін түсінеді. Баланы жанұяда дұрыс тәрбиелеу, оның мектепте жақсы оқуына, болашақта жақсы азамат болып шығуына үлкен ықпалын тигізеді. Үйде балаларды жазу сызуға, ауызша есепке машықтандыру, оларға қызықты әңгімелер айтып беру сияқты істермен қоса оларды бір мезгіл үй шаруасымен айналыстырып отырса, бала үшін оның маңызы зор. Бұл ретте бала біріншіден білімге құштар болса, екіншіден ол еңбекке дағдыланады. Ал еңбек пен білім егіз екенін естен шығармауымыз керек. Жас жеткіншекке жанұяда дұрыс тәрбие берілсе, болашақта одан үлкен нәтиже күтуге болады. Дұрыс тәрбие алған бала ата - анасын қуантып отырады. Балаға дұрыс тәрбие берудің өзекті бір саласы жас жеткіншекті еңбекке деген әлеуметтік көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Бұны тек мұғалімдер ғана емес әрбір ата - ана қолға алып, өз балаларының гүл, ағаш егіп, ауланы көгалдандыру сияқты игілікті іске қатысуын қадағалап отыруы керек. Сонда ғана еңбексүйгіштік қасиет берік дағдыға айналады. Еліміздің болашағы - ертеңгі тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екені даусыз. Сол тәртіпті, тәрбиелі ұрпақ өсіру - баршаға ортақ, әрі міндет. Құрметті ата - аналар, балаларыңыздың бойынан жат қылық көрсеңіздер, мұғалімдерді жолдастарын, қоғамды кінаалаудан гөрі, «мен баламды тәрбиелеуде қай жерінен ағаттық кетті, баламның бойына жақсы әдет сіңіруде, жақсы тәрбие беруде қай жерден жаңылдым» деген ой түйсеңіздер екен. Тәрбиенің от басынан басталатыны сөзсіз. Күнделікті « беті қолыңды жу, тісіңді тазала, өтірік айтпа, біреудің затын рұқсатсыз алма т. б» деген сияқты сөздерді айтуға жеңіл болғанмен, осы сөздердің тәрбиелік мәні зор екенін естен шығармау керек. Осыдан бала тазалыққа, шыншылдыққа, ұқыптылыққа үйренеді. Адам баласының шыр етіп өмірге келгенде көретіні ата - ана, ал ата - ана өмірінің жалғасы - бала.

Өмірінің жалғасы баласының керемет ғалым болмаса да, тәрбиелі үлгілі, ақылды кішіпейіл, бауырмал, мейірімді болып өсуін ата – ана қадағалайды. «Тәрбие басы тал бесік», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп айтылған дана сөздер текке айтылмаса керек. Баланы тәрбиелеуде ата – ананың бір – біріне деген қарым

- қатынасы, қалай сөйлесетіндігі, туған – туыспен, көрші - көлеммен қалай араласатындығы, келген қонақты қалай сыйлайтыны, тіпті ұсақ-түйек болса да қалай тамақтанатыны, дастархан басындағы әдептілігі, қалай киінетіні бұның барлығы балаға әсер етеді. Бала үлкенге қарап өседі. Баланы үнемі ұрып - соғып, қателескен жерінде қатаң жазалап тәрбиелеудің қажеті жоқ. Ақылмен, мысал келтіре отырып түсіндіру керек. Баланы адамгершілікке, қарапайымдылыққа, жақсы әдетке, әдемілікке, әдептілікке ұқыптылыққа, жауапкершілікке сөзбен жеткізе отырып тәрбиелеуге болады.

Отбасында бала әр нәрсені естиді, көреді, қалай өмір сүру керек, өзін - өзі қалай ұстай білу керек, жағымды, жағымсыз мінез – құлықтарды байқайды. Сондықтан ата – ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылап бала жан дүниесіне оң әсер ететін іс - әрекеттерді дағдыға айналдыру керек. Ата — ана — бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де

балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез - құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата — аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл - қыздармен үй шаруасында жүріп - ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа. Баланы мектепке апарып алып қайтар жолда сырласып әңгімелесуге болатынын естен шығармаған жөн. Бала мектепте болған жайды әңгімелеп, достары жайлы ой пікірімен бөліскісі келеді. Балаға уақытым жоқ деп тиып тастамай, сұрақтарына жауап беріп өз пікіріңізді ортаға салсаңыз ол баланың ойында дұрыс пікір қалыптастырады. Бала дегеніміз – болашақ. Балаларымызды қалай тәрбиелесек болашағымыз солай болмақ. Келешегіміздің қожасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда. «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін - өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін - өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Сонымен қорыта келе, жас ұрпаққа тәлім тәрбие беруді қоғам болып, ұстаздар қауымы болып, ең бастысы ата - аналар болып қолға алсақ болашағымыз жарқын болмақ. Балаларымызды отансүйгіштікке, ата - баба салт - дәстүрін құрметтейтін ұрпақ тәрбиелеу баршаға бірдей міндет.

Пайдаланған әдебиеттер;

1.Куликова Т.А.Семейная педагогика и домашнее воспитание:Учебник для студентов сред. и высш. пед .учеб. заведений-М.:1999.-232 с.

2. Баймұқанова М.Т.Отбасымен әлеуметтік- педагогикалық жұмыс. Оқу құралы.Астана.2005.-180 б.

3. Зверева О.Л., Ганичева А.Н. Семейная педагогика и домашнее воспитание. М., 2000г

4.Клюева Н.В.Психолог и семья:диагностика, консультации,тренинг – Ярославль,2000г

5.Монахова А.Ю. Психолог и семья: активные методы взаимодействия – Ярославль, 2004 г

БАЛА – БІЗДІҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ.

Ермекбаева М.Т, Сламгалиева Ж.А
Ақтөбе қаласы №2 »Бұлбұл» МДҰ, тәрбиешілері

Тәуелсіз еліміздің келешек ұрпақты тәрбиелеу мәселесі-бүгінгі күннің өзекті тақырыбы. Бұл мәселенің шешімін табуда үздіксіз білім беру жүйесі айтарлықтай дәрежеде қайта қаралып, оны жетілдіру жолдары іздестірілуде. Бұл негізгі талаптар-Қазақстан білім беру жүйесінің бүкіл әлемдік білім беру кеңістігіне толық енудің алғашқы даму стратегиясын жасау болып табылады. Айтылған талаптардың жүзеге асырылуы бағытындағы жұмыстың үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы-мектепке дейінгі ұйымдарда баланың білімге деген құштарлығын арттырудан, ұлтымызға тән қасиеттерін бойына сіңірген бала тәрбиелеуден бастағанның маңызы зор. Бүгінгі күні жас ұрпақтың сана-сезіміне өз елінің, жерінің тарихы мен мәдениеті туралы алғашқы ұғымдарды кішкентай кезінен қалыптастырамыз. Балабақша-бүлдіршіндерді болашақта ата дәстүрін сақтайтын инабатты да ибалы, үлкен-кішіні сыйлай білуге үйрететін тәрбие орталығы. Өмірге келген жас ұрпақты тәрбиелеу ата-аналар мен балабақша тәрбиешілерінің қасиетті борышы. Балалық шақ және жасөспірімдік кезең-адам өміріндегі сенім, мінез-құлық сияқты басты ұстанымдарды қалыптастыратын мезгіл. Бұл

мезгілде тәрбиенің басы-отбасы. Отбасында ұрпақты тәрбиелеп шығаруда басты рөл ата-анаға жүктеледі. Өйткені өмірінің алғашқы кезеңінде нәресте қоршаған ортадан бұрын ең жақын жанашырлары-ата-анасына еркелейді. Солардан үйренеді, еліктейді. Халқымызда «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген даналық сөздің түпкі байламы осы. Отбасы-тұлға шындалып, шынығып қалыптасатын орын. Отбасы жағдайында баланың тұлғалық қасиеттері бірте-бірте қаланады. Осы қаланған қасиеттер, әдетте, ешқандай өзгерістерге ұшырамайды да, мызғымас тұлғалық тұтастыққа айналады. Кейбір ата-аналар баласының жағымсыз қылықтары мен жүріс-тұрыстарын айтып шағынады, тіпті, осы тұрғыда психологтардан ақыл-кеңес сұрап та жатады. Алайда, көп жағдайда ондай келеңсіздіктердің себебі ата-аналар берген тәрбиеден шығып жатады. Өйткені, сол ата-аналардың өздері бұрын түрлі қателіктерге ұрынған, психологиялық тежелістерге шалдыққан жандар болып шығады. Өздерінің қатекемшіліктерін түсінбеген ата-аналар сәбилерінің неліктен өзгергеніне қатты танданып жатады. Сондықтан да бала тәрбиесі ата-ананың өздері тәрбиелеуден, өздерін жақсы халге өзгертуден басталады. Бала тәрбиесіндегі басты алғышарттардың бірі де осы. Бала тәрбиесі-баршаның ісі.

Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсат-мүлддесі біреу. Ол-болашақ ұрпақ тәрбиесі. Болашақ ұрпақ тәрбиеленетін алғашқы ұя-отбасы, ата-ана құшағы. Жас сәбидің өмір табалдырығын аттағандағы алғашқы еститіні-шешесінің мейірбан сөзі, көретіні-анасының аялы алақаны. Яғни, ата-әженің өнегесі, өнері балаға үлгі болатыны, бала үйде қандай игі істерге тәрбиеленсе, ұядан ұшқанда да сол өнеге-өсиет оған сарқылмас қазына болары сөзсіз. Қазірде дүниеге дені сау бала әкеліп, ол нәрестенің өсуіне, жан-жақты жетілуіне, жеті жасқа дейінгі дамуының педагогикалық мүмкіндіктерін айқындап, ата-аналармен бірлескен ынтымақты тәрбие жүйесін қалыптастыру көзделуде. Көрнекті ақын, ойшыл философ Ғұмыр Қараштың «Су басынан тұнады,өрт алдынан сөнеді» деген тұжырымы мен оның келешегі жайында айтылған. Сол тұнық судай мөлдір, пәк те таза, адал да аңғал сәбилеріміздің тәрбиесіне дұрыс көңіл аударып, оларды сөз әдебін қалыптастырып, салауатты өмір сүруге дағдыландыру-әрбір ата-ананың міндеті. Мағжан Жұмабаев өзінің ұлағатты бір сөзінде былай деген болатын: «Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайық қылып шығару керек». Иә, Мағжан атаның даналық ойы бүгінгі күні білімді ұрпақ екенін айқындайды. Өйткені, елдің ертеңгі тірегі-жастар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс. Қазіргі танда ұстаздар қауымына үлкен жауапкершілік артып отыр. Бала тәрбиесі-баршаның ісі. Қазір қоғам ата-анадан өмірді бағалайтын бала тәрбиелеуді талап етіп қоймайды, сонымен бірге қоғам алдындағы жауапкершілігі мен міндетін терең сезіне білетін бала тәрбиелеуді талап етеді.

Балаға айналадағы өмір шындығының әсері мол. Айналасындағы үлкендердің, ересек балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы, көңіл-күй ерекшеліктері, жүріс-тұрысы, еңбек әрекеті-бәрі де балаға үлгі-өнеге. Бүгінгі балалар айналадағы болып жатқан барлық оқиғаларды білгісі келеді. Баланың тұлға болып қалыптасуына отбасынаң тәрбиесі аздық етеді. Бұл орайда бала тәрбиесіндегі балабақшаның алар орны ерекше. Себебі, балабақшаға баратын бала қоғамда өз ойын ашық айтуға үйренеді. Сонымен қатар жан-жақты жетіледі. Әсіресе, балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруіміз керек. Және баланың үйде отырмай балабақшаға барғаны жөн. Өйткені бала сыртқа шықса, айналадағы ортаға үйренеді, мінезі тұйық болмайды, адамдармен тез араласады. Балабақша баланы ең алдымен тәртіпке, жауапкершілікке үйретеді. Бала тәрбиесі бесіктен басталады. Отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы тәрбиені ұштастыра отырып, әрі қарай жақсы жолға түсуіне себепкер болады. Қазіргі заманда әр отбасында дүниеге келген сәбиді, өсіп жатқан буынды өзінің ана тілімен сөйлету-ұлттық қасиетіміздің дамуының бірден бір жолы. Мектепке дейінгі тәрбие саласында ұлттық тәрбиенің негізгі міндеттерінің бірі-халқымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерін ана тілінде түрлендіріп, сол арқылы баланың тілін дамыту. Әрбір бөбектің өз ана

тілінде тілі шығып, осы тілде ойлау қабілетінің дамуы-ұлттық мінез-құлықтың қалыптасу жолы. Ана тілінің қадір-қасиетін жастайынан түсініп өскен баланың жақсылыққа жаны құмар, таза, пәк, инабатты, биязы болып өсетініне өмір тәжірибесі куә. Міне, біздің кішкентай ботақандарымыз тіл шұрайының шырын балын татып өссе екен дейміз. Бүлдіршіндерге үйрететін сөздер қылыштай кесіп түсетін өткір де дәл, сезімге әсер етіп, сөйлеуде жандандыратын, ойлаудың икемділігі мен тездігін дамытатын, балалардың сөздік қорын жетілдіре түсу қызметін атқаратындай болуы шарт. Сөйлеу қатынасы баланың білімді меңгеруіне, қажетті білік пен дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Баланың өз ойын түсінікті, ұғымды жеткізе білуі отбасынан бастап қалыптасады. Оның алғашқы ұстазы-ата-анасы, тетелес ағалары мен әпкелері. Олармен күнбе-күн араласу, сөйлесу арқылы баланың тілі күн санап жетіле береді. Баланың тілі неғұрлым бай болса, ойы да соғұрлым кең болады. Сондықтан бала тілін кішкентай күнінен байытып, ойын кеңейте түсу отбасының, балабақшаның қажырлы еңбегінің арасында жүзеге асады. Халқымыз ұрпақ тәрбиесіне ешқашан енжар қарамаған. Олардың бойына жақсы қасиеттерді дарытуды, елінің ертеңін ойлар азамат етуді әу бастан-ақ мұрат тұтқан. Өйткені жас ұрпақ-елдің ертеңі, сондықтан «ұлықты ұл, қылықты қыз» өсіруге ерекше назар аударған. Ұрпақ тәрбиесі бір сәт те естен шықпауы керек. Бүгінгі танда бала тірбиесі өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Бала тәрбиелеуде ата-ана баласына тәрбие мен білімді беру мүмкіндігін де ескеруі қажет. Кез келген адамның өз дәрежесі өзіне белгілі екендігін ескерсек, онда ұрпақ сұранысы да соған сай болуы тиіс. Мұндайда балаға өзіміз үлкен боларлықтай амал-әрекетімізді, яғни, әкелік міндетіміз бен аналық парызымызды орындай білу бірінші кезекте тұрады. Ал, бұл мәселелерді орындау үшін ата-ана үлгі болуы шарт. Бұл «Балам дейтін әке болмаса, әкем дейтін бала қайдан болсын?» дегенді алға тартады. Қазақ халқында «Баланы бес жасқа патшасындай күт, бес жастан он бес жасқа дейін құлындай жұмса, он бес жастан асқан соң досындай сырлас» деген тамаша сөз бар. Бұл-мағынаны терең философиялық өмір шындығы. Адам мінезі бес жасқа дейінгі кезенде қалыптасады деседі. Ендеше, жас сәбиді алғашқы күннен бастап тәрбиелеу керек.

Қазақтың проблемасы балабақшадан басталады, балабақшаның санын көбейту керек. Балалық шақ-баланың жеке тұлға болып өзін өзі сезінуінің алғашқы сатысы. Баланың сөз әдебі, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы осы мектепке дейінгі жас шағында қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалар түсінгенін, қабылдағанын, естігенін, қиялын, ойын тіл арқылы білдіреді. Сондықтан бала тілінің дұрыс дамуына баса назар аударған жөн.Сыпайы, келісті сөз баланың абыройын арттырады, жақтастарын көбейтеді, көптің ықыласына бөлейді. Таза мәнерлі тіл-ойлау жемісі. Баланы ана тілінде дұрыс сөйлеуге үйрету арқылы олардың бойында тілдік мәдениеті қалыптасады. Бала болашағы-бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның, халқының, тұтас бір ұлттың бүгіні мен ертеңін жалғастыратын алтын көпірі, асыл мұраты іспеттес.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ ПӘНІНІҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ РӨЛІ

Ермуханова Меруерт Куановна
Әйтеке би ауданы, Ақкөл ауылы,
«Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым қатынасына ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Осы орайда келешек қоғамымыздың мүшелері – жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет. Қазіргі уақытта арнайы бағыттағы ақпараттық коммуникативті технолгияның құралдарын құру үрдісінде көптеген білім беру бағыттары мен оқу пәндері бойынша мультимедиялық энциклопедиялар жасалған. Оқытудың жаңа әдістерін пайдалана отырып, оқу үрдісін ұйымдастыру мүмкіндігін беретін ойындық ситуациялық тренажерлар және мультимедиалық оқыту жүйелері құрастырылған. Шет тілі - қазіргі заманның талабына сай, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдениет дамуының қайнар көзі. Қазір шет тілін оқыту әдістемесінің деңгейі жоғары. Тілді оқытуда интерактивтік тәсіл, ойындар, екеуаралық пікірталастар, сонымен бірге ақпараттық технология, интернет, компьютер қолданылуда.Оқытудың ақпараттық технологиясы – бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар (кино,аудио және видеоқұралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер).

Ағылшын тілді оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, оқытушының көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі комьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы тіл сабақтарының лексика бөлімін меңгертуде ақпараттық технологиялардың алатын орны зор. Интернет арқылы оқушы грамматикалық, лексикалық, фонетикалық жаттығулар, оқуға және грамматикаға арналған тесттерімен жұмыс істей алады.Қазақстан Республикасының мемлекет аралық тілі- ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен- күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық –коммуникативтік технология арқылы оқыту тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады. Сонымен қатар оқушылар интелектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерін дамыта алады, оқушының оқу белсенділігі артады, сабақтың негізгі кезендерінің бәрінде оқушыларға шығармашылық жұмысты ұсынуға болады.

Ағылшын тілі сабағында компьютерді , мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

• лексиканы оқып үйретеді;

• сөйлеу ырғағын;

• диалог, монолог және рөлдік ойындарды («A visit to the doctor», “At the taxi”, “Farmer”)

• хат жазуға үйретеді; (“Letters in the mail” тақырыбы бойынша электронды есептеу машинасының операторы тобына сабақ)

• грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі.

Оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда диалогтың да берері мол. *Диалог* – сөйлесудің ең негізгі түрі болып саналады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас амандасудан басталады. Оқытушы сабаққа кіргеннен оқушылармен диалогта болады. Оқушыларға белгілі бір тақырыпта тапсырмалар беру арқылы сұхбаттар құрылады. Диалогтік сөйлесуді естіп-тыңдаумен біртұтас та, жекелей де пайдалануға болады. Мақсатты ұйымдастырылған жағдаяттар арқылы ауызекі сөйлесуге үйрету - оқушыларды қызықтырады. Диалогтік сөйлеу коммуникативтік оқытудың негізгі ұстанымына сәйкес келеді. Коммуникативтіліктің жауап алынған жағдайда ғана жүзеге асуы оның ұстанымы болып есептеледі. Ауызекі сөйлесу – жауаптасу арқылы жүзеге асады, ал жауаптасуға дейінгі дайындық кезеңдерін былайша сараланады:

І кезең: диалогпен танысу, мысалы:

-Hello!

- Hi!

-What is your name?

-My name is Anara. And yours?

-Ma name is Alex...

ІІ кезең:диалогті жаттау, мысалы «At the theatre» тақырыбын өтсек сол бойынша диалог құру және жаттау тапсырмасы болады.

-Are you a frequent theatregoer?

- I can't say I am. But still I try not to miss an opportunity to see the plays that are spoken of and are worth seeing.

-When did you visit the theatre first?

- It was some years ago. My mother took me to a morning performance of the ballet "The Sleeping Beauty".

-What were your impressions?

- It was great! The acting, the costumes, the music of the ballet were superb! The performance was a great success with the public.

- Have you ever been to the Bolshoi Theatre?

- Unfortunately, I haven't. But my mother happened to be there. She listened to the opera "The Queen of Spades" there. I can't tell you what a treat it was for her.

Коммуникативтік сөйлеу әрекетінің қай түрі болса да лексикалық-грамматикалық дайындық деңгейіне сүйенеді. Белсенді сөйлеу әрекетін ұйымдастыруда ауызекі жауаптасу мен мәтін бойынша жұмыс негізгі құрал болып табылады. Сонымен қатар, ақпараттық оқу құралдары (компьютер, аудио-визуалды құралдар) бойынша да оқушылар белсенді коммуникацияға түсе алады. Ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыруда сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуын, сөйлем құрастыруды, тұрақты сөз тіркестерін қолдануды, сұрақ қоюдың барлық түрлерін үйрену тиімді. Оқушылардың сөйлеу дағдылары ауызекі сөйлеу жүйесінен, сұраққа қысқа да толық жауап қарастыра алуынан, оқығандарын ауызша да, жазбаша да мазмұндап беретіндей дағды-машықтарынан, шығарма, хат жазу дағдыларынан құралады. Ағылшын тілін оқытуда ең алдымен тәжірибелік мақсат қойылады, оған оқушылардың сөздік қорларын байыту, сауатты жазуға үйрету, сөйлесуге, көргендерін, естігендерін әңгімелеп беруге үйрету қажет. Ал бұл іс-әрекеттерді сауатты да дұрыс жүзеге асыру үшін грамматикалық жұмыс жүргізілуі керек.Сонымен бірге ағылшын тілі сабақтарында электрондық оқулықты пайдаланудың маңызы зор. Оқу процесінде оқытудың ақпараттық – коммуникациялық технологияларын тиімді пайдалану және қолдану айтарлықтай оң тәжірибе беріп отыр. Атап айтсақ, оқушылардың өз бетімен ізденісі,пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамытуға, оқу қызметінің мәдениеті қалыптастыруға, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға өте маңызды.Ағылшын тілі - ұлы

әдебиет тілі. Бұл тілде әлемге әйгілі Вильям Шекспир, Джонаттан Свифт, Вальтер Скотт сөйлеген. Қазіргі заман мұғалімі тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық сауатты, саяси-экономикалық білімді және ақпараттық-коммуникациялық білімді және ақпараттық-коммуникациялық технологияны жан-жақты меңгерген ақпараттық құзырлы маман болу керек. Біздің мемлекетімізде жаңа телекоммуникациялық құралдың дамып келе жатқаны сөзсіз. Қазіргі заман педагогтарына компьютер және мультимедиялық құралдарды қолданудың сабақ өту барсында өте тиімді тәсіл екені белгілі. Бұл құралдың қуаттылығы соншалықты онымен бірге білім жүйесіне жаңа әдістермен бірге әлемдік ойлаудың жаңа идеологиясы (шығармашылығы) енгізілді.Ағылшын тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Тіпті нашар оқитын оқушылардың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, өйткені кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді.

.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Полат Е.С. Интернет на уроках иностранного языка//М., ИЯШ, 2001, №2, с. 24-28.

2. Білім заңы. Алматы, 2007 ж.

3.А. Иманбаева, Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі. Қазақстан мектебі, №2, 2015

4. Дмитриева Е.И. Основная методическая проблема дистанционного обучения иностранным языкам через компьютерные телекоммуникационные сети Интернет //М., ИЯШ, 2012, №1, с. 27-32.

5.Қазақстан мектебі. №1.2014 қаңтар. Ғылыми–педагогикалық журнал.

6.Мектептегі шет тілі. №3(27), 2017. Мектептегі шет тілі. №2(44), 2017.

ӨЗІҢДІ ОҚЫТУ-ИГІ ІС, БІРАҚ ӨЗГЕЛЕРДІ ОҚЫТУ ОДАНДА ИГІ

Ерназарова Татигул Ботабаевна
«Балапан» МДҰ МКҚК

«Ұстаздық еткен жалықпас,үйретуден балаға»-деп Абай атамыз айтқандай,ұстаз бала тәрбиелеу мен білім беру жолында үлкен сындардан өтеді. Әрине бұл жетістіктеріме мақтанбаймын,осы еңбегімнің жемісіне, еңбек іс әрекетіме,мамандығыма деген көзқарасымның қалыптасуына әріптес ұстаздарымның көмегі зор. Ең басты өмірден алған сабағым, балаға деген мейірімділік,қамқорлық,шыдамдылық,әрине шығармашылық ізденісте болу. Шынымды айтсам кейде балаша ойнап,балаша күліп ұстаз екенімді ұмытып кетемін, ал кейде бірге өткізген қызықты да,тәтті қылықтырына тамсана тоймай бір сәт еске аламын. Міне,мен осылайша әнші, биші, суретші, әртіс, әсем сөз маманы,баланың жан-дүниесін түсіне алатын психолог-ұстазға айналдым.

Француз педагогы Жан Жак Руссо «Бала туғанда ақ қағаздай болып туады,оның үстіне шимайды қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі сол сияқты,өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді» деген сөзді әр ұстаз үнемі жадында сақтап қана қоймай, үлкен жауапкершілікпен қарау керек. Әр мамандықтың өз қиындығы, өз қызығы бар. Ұстаз жұмысы күрделі де қызықты. Оның көптеген қырларын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес,оны тек қана шын жүрегімен, жан-тәніңмен ғана сезіне аласың.

Бабалар дәстүрінде тәрбиелеудің ең басты белгісі сенім. Осы берік сенім негізінде адамды қалыптастыра аласың. Өзіңді өзің беріліп, сеніп, шын тәрбиелемесең, қай істе болмасын өжеттілік жасай алмайсын.

Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек ешқашан қателеспейміз. Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналды. Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі – өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Әрине бұл үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Тәрбие мен білім – егіз.. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр. Балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемде қолдануға ізденемін. Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану үздіксіз тәрбие беру мен білім сапасын арттырады.

Жаңа заман баласы – ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау қажет. Осы уақытқа дейін тәрбиеші ретінде балаларға үздіксіз тәрбие мен білім беруде жаңартылған педагогикалық технологияларды кеңінен қолдануға тырысамын. Себебі қазіргі заман балаларының берілген ақпаратты тез қабылдауынан, есте сақтау қабілеттері жоғары дамығандығын байқауға болады. Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілері. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі технологиялары енгізілуде. Мәселен, ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан-дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиешілердің ұстанымы ауысқан: ол балаларға басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы.

Балабақшада педагогикалық процесті ұйымдастыруда ұлттық құндылықтар және баланың тұлғалық құзыреттілігін дамыту мәселесі негізге алынады. «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» атты білім беру бағыттарында инновациялық технологиялар мен ұлттық тәрбие үлгілері кіріктіріліп, заманауи талаптарға сай пайдаланылады.Заманауи технологиялар мен әдістерді пайдалану балалардың қызығушылығын оятады. Мысалы, «Шығармашылық» білім беру бағыты бойынша балалардың шығармашылық әрекетін ұйымдастыру барысында белсенді әдістерді қолдануға болады. Атап айтсақ, миға шабуыл, диалог, топтық шығармашылық жұмыс, пазл, синквейн т.б.

Мектепке дейінгі білім берудің педагогикалық үрдісінде жиі қолданылатын әдістердің бірі -ойын.Ойын — мектепке дейінгі жастағы бала қызметінің жетекші түрі, тиімді әдісі және балалардың сөйлеу белсенділігін ынталандыратын оқыту мен тәрбиелеудің бір түрі болып табылады.

Ойын балалар үшін айналаны танып-білу тәсілі. Ойын кезінде бала өзін еркін ұстайды. Дидактикалық ойындар арқылы балалар қоршаған ортадағы заттармен танысып, қасиеті мен сапасын ажыратуға, әртүрлі құбылыстардың ерекшеліктерін білуге талпыныс жасайды, өзіне қажетті көптеген мәліметтер жинайды және олардың сөздік қорлары

кеңейеді. Л.С.Выготскийдің айтуы бойынша, «Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы»

Балабақшада лего-конструктор мектепке дейінгі мекемелер жұмысында жаңа бағыт болып табылады. Бұл тек қана құрастыру ғана емес, сонымен қатар мектепке дейінгі жастағы балалардың техникалық дағдыларын, ұжымда жұмыс істей алу іскерлігін дамыту құралы.

Құрастыру кезінде ұсақ моторикасымен бірге, баланың ойлау қабілеті дамиды. Лего арқылы оқыту ойын түрінде жүзеге асады. Құрастырмалар жеңіл болғандықтан оларды кез келген кеңістікте пайдалануға болады. Мәселен, үстел үстінде, кілемшенің үстінде т.б. Бала еркін сезіне отырып, құрастырмаларын жалғыз немесе топпен де, жұппен де ойнай алады. Конструкторлар баланың үйлесімді және жан-жақты дамуына көмектеседі. Конструктор мен робототехника жаңа заманауи бағыт.

Бұл әрекеттің түрі баланың шығармашылық қабілеттерін дамытады. Конструктордың көмегімен балалар кез келген қиялдарды іске асыра алады, өзінің қайталанбас әлемін құрады, күрделі физикалық және геометриялық заңдарды меңгереді, мотериканы, қимылдарды үйлестіруді, көз өлшегіштерді дамыта алады.

Заманауи әдістердің бірі — арт-терапия әдісі болып табылады. Арт-терапия жаттығулары балаға өзінің шығармашылық қабілетін ашуға мүмкіндік береді. Арт — терапия бейнелеу, мүсіндеу, музыка өнерінің элементтерін қолдану арқылы ұйымдастырылады.

Көркемдік талғам қалыптастырудың өзекті құралы ретінде баланы өз халқының эстетикалық мұраларын игеруіне, халық өнерінің айшықты туындыларынан ләззат алуға, рухани дамуына және халық талантын қастерлеуге, сүйе білуге баулиды.

Баланың қоршаған ортадағы шынайылықты суреттеуі, мүсіндеуі, құрастыруы бейнелеу өнері арқылы жүзеге асады.Баланың шығармашылық қабілетін дамыту құралы ретінде сурет салуды қарастырып көрейік.Суреттердің тақырыбы әр түрлі болуы мүмкін. Балалар өздері қызыққан суреттерді салады. Қоршаған ортаны, жекелеген заттарды, әдеби кейіпкерлерді және т.б.

Педагогикалық процесте балаларды сурет салуға үйретудің әртүрлі әдістері қалыптасқан. Олар былай топтастырылады: Құммен сурет салу, бастырма,нүкте арқылы сурет салу, әртүрлі заттарды пайдалану арқылы далаппен сурет салу, сия тамшысымен сурет салу, жіппен сурет салу т.б.

Мысалы: сәбилер тобында балалар алақанмен, бастырмамен, саусақпен сурет салуды үйренсе, ересек топтарда қағазды екіге бүктеу арқылы, түтікшемен үрлеу, шашырату әдісімен, далаппен салуды және жіпті, жапырақтарды қолданып сурет салуды үйренеді.

Қызықты әдістердің бірі құммен сурет салу. Құммен сурет салу бүгінгі білім беру жүйесінің инновациялық әдістерінің бірі болып табылады. Құмды алақанымен ұстаған кезде бала белгілі бір шексіздікті сезінеді. Р.В. Паранюшкиннің айтуы бойынша, құм адам бойындағы жағымсыз энергияны тазартады, адамға позитивті психологиялық ахуал сыйлайды.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі. Осы технологияны тәрбиешілер әр сабақтың ерекшелігіне қарай қолдануына болады. Бес жолды өлең, Венн диаграммасы, Еркін жазу, Миға шабуыл т.б.

Монтессори әдістемесі балабақшаның педагогикалық процесінің маңызды бөлігіне айналды.

Қорыта айтқанда мектепке дейінгі кезеңде білім берудің мазмұнын жаңарту – бұл ең алдымен «құзыретті тұлға» ұғымының басты мағынасын ашу, білім беру үдерістерін дұрыс талдау, білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік беретін жаңа инновациялық технологияларды қолдана білу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. III деңгей.
2. Мектеп жасына дейіңгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына моноторинг жүргізудің Әдістемелік ұсынымдары. -Нұр-Сұлтан, 2018.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын іске асырудың негізгі бағыттары. http://oqu-zaman.kz/
4. Выготский Л.С. Психология развития ребенка -М: Издательство. 2010, С.328
5. Ғаламтор желісі https://mail.ru/cnt/11956636?rciguc&gp=811036

ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ ИТЕХНОЛОГИИ ИСПОЛЬЗУЕМЫЕ В УЧЕБНОМ - ВОСПИТАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ В ДЕТСКОМ САДУ «НҰРЛЫ БОЛАШАҚ

Ертлеуова Жумазия Сайлауовна
«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Нұрлы болашақ» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Использование инноваций в детском саду предполагает введение в образовательный процесс обновлённых, улучшенных и уникальных идей, полученных творческими усилиями воспитателя.Знания и умения ребенок начинает получать уже в детском саду. И это первая золотая ступень становления человека, с этого периода нам необходимо заняться положительными аспектами образования.

Мы считаем, что в целях реализации этих задач использование инновационных педагогических технологий помогут улучшить качества образования в детском саду. В нашем детском саду, используя ряд инновационных технологий, мы добились значительных успехов в повышении качества образования наших детей.Педагоги нашего детского сада ищут наиболее эффективные методы, приемы решения поставленных перед педагогическим процессом задач учитывая индивидуальные особенности каждого ребенка.

Одним из таких педагогических технологии является **«Азбука мудрости»**,программа составлена по технологии «говорящая ручка ». Данная программа в поиске новых подходов, нового содержания, новых форм и новых решений в воспитании у детей духовности и нравственности и создание условий для формирования нравственного, коммуникативного, эстетического и физического потенциала личности дошкольника.

«Азбука мудрости» помогает с самого раннего детства формировать у ребенка духовный иммунитет. Через «Азбуку мудрости» дети понимают значение различных слов, расширяют свой кругозор, развивают ораторское мастерство, через освоение драгоценного наследия нашего народа, служит ценным инструментом для духовного обогащения.

В детском саду дети, находясь в тесном контакте с ансамблем бабушек «Қаракөз» проводят различные мероприятия, связанные с традициями и обычаями.А также ребята вместе с родителями освоили технологию войлока. Возрождению этой традиции способствовала «Азбука мудрости». В рамках программы «Рухани жаңғыру» в детском саду был проведен открытый показ с детьми для популяризации забытых традиций. А также в детском саду проходят открытые представления, утренники, различные мероприятия в национальных традициях, где дети могут рассказать наизусть пословицы, поговорки, слова назидания биев и т.д.

В детском саду широко практикуется авторская программа **«Мы маленькие флористы»**. Флористика – это вид изобразительного искусства, в котором вместо красок используют растительные ресурсы, цветы, листья, стебли, лепестки, все возможные элементы растительного мира, природные материалы.На основании этого мы познакомили детей с декоративным прикладным искусством и дизайном - Флористическое панно. Чтобы расширить знания и реализовать возможности детей, были проведены семинары,консультации и мастер классы для педагогов и родителей.Для активизации деятельности детей использовались такие формы обучения, как игры-занятия, мини выставки, викторины ит.д.

Был проведен долгосрочный проект на тему: «Флористика и прикладной декор». Родители вместе с детьми с большим мастерством сделали необычные пейзажи, натюрморты, портреты, сложные композиции из комбинаций цветов, листьев, трав, соломы и других материалов живой природы.В результате проводимых занятий наблюдения показали следующие положительные моменты при обучении флористике: у дошкольников улучшилось эстетическое восприятие, художественный вкус, художественно-графические навыки и умения, творческое мышление и воображение, пространственное восприятие, конструктивные умения и навыки.

Повысилась компетентность педагогов и родителей в вопросах профессиональной ориентации детей.Каждый ребёнок уникален и каждый рождается со способностями, которые можно и нужно развивать. У детей огромное желание творить и получать результат. Создавая необходимые условия для художественно - творческой деятельности с использованием природных материалов, мы помогаем ребёнку понять окружающий мир и своё место в этом мире.

«Детский дизайн» – новая художественно-продуктивная деятельность, которая понимаетсякак проектное мышление самого широкого диапазона. Детский дизайн- это особый вид художественной деятельности, сочетающий в себе различные виды творчества. Большое внимание на занятиях уделяется формированию у ребенка умения планировать содержание и ход выполнения заданий.Дети сначала мысленно обдумывают поставленную задачу,а затем выполняют ее. В процессе занятий дети учатся обьяснять,рассуждать,сравнивать, давать полные ответы. Дошкольники должны научиться рассказать, что они делали, как делали, и что получилось в результате.

В процессе творческой деятельности маленький мастер делает много открытий.В детском саду широко используются направления«Дизайн одежды»,педагоги знакомят детей с культурой одежды и некоторыми доступными дошкольникам способами создания рисунков - эскизов, фасонов и декоративной отделки платья.На досуге дети рисуют эскизы костюмов для персонажей литературных произведений, мультфильмов, спектаклей, а также для себя - одежды повседневной и праздничной.Наша дизайнерская деятельность призвана влиять на ум, волю, чувства ребенка, мотивировать к самовыражению в творчестве и в первую очередь нужно развивать у него пространственное воображение, поощрять нестандартное видение окружающего мира.

В течение года родители помогали в дизайнерской работе,создавали совместно поделки, композиции, выставки. Объединение детей и родителей для ознакомления с миром творчества способствовало совершенствованию педагогической подготовки в воспитании своих детей, укреплению сотрудничества семьи и детского сада. При приобщении детей к искусству дизайна использовались приемы папье-маше, декупаж, изонит, скрапбукинг,оригами,коллаж, тестопластика и граттаж.Чтобы эфективнее приобщить ребенка к дизайну дети посещали выставки,музей,ателье «Роза» и празднества. На прогулках по селу мы показывали детям своеобразие оформление витрин и рекламы,интерьеров.

Таким образом, применение новых методов и приемов приведет к росту конкурентоспособной личности, готовой жить в современном меняющемся мире,

демонстрировать знания и навыки, иметь широкий творческий потенциал, развитый ум и грамотно выражать свои мысли.

Список литературы:

1.Нұртуған Кенжеұлы.Кәнекей, тілім, сөйлеші.Алматы,1994-448б.
2.Бабалар сөзі :Жүз томдық.Хикаялық дастандар-Астана 2006ж
3. Лыкова И.А. Дизайн-деятельность в современном мире и дошкольном образовании
4. И.В.Новикова.Аппликация из природных материалов в детском саду»
5. Пантелеев Г. Детский дизайн.Карапуз - дидактика, 2006. – 192 с.
6. Ярыгина А. Дети и дизайн: фитодизайн, флористика, аранжировки из природных материалов
7.Дошкольное воспитание. – 2006. - № 2. – С. 65-71.

ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗ- САПАЛЫ БІЛІМ

Ертуганова Аксая Амангельдиевна
Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі,
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Тереңсай ауылы

Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлердің біліктілікті арттыру курстары Бағдарламасы негізгі ұстанымдарының бір бағыты – мұғалімнің оқыту мен оқуда жүзеге асыратын өзгерістері. « Бұл өзгерістер – істеп жатқан істі өзгерту, түсінікті өзгерту- қалай ойланатынды өзгерту, жағдайды өзгерту- бір –бірімізге деген қарым-қатынасымызды өзгерту дегенді білдіреді». Педагог тәжірибесіндегі өзгерістер мектеп жағдайындағы мұғалімнің іс-әрекеттегі зерттеуі шеңберінде жүзеге асады.

Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдан бастап, елімізде ғылым мен білімді дамытып, білім кеңістігінің қалыптасуына айрықша көңіл бөлініп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты-бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп- үйрететін орта, оның жүрегі –мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылындағы ерекше тұс- оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау- әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі-педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі , білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Осы аталғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі- рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық- әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құзыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Сондықтан да бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Француз қайраткері «Адамға оқып- үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет», - дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдарламаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субьективтік позицияны қалыптастыру.

Ең бірінші мұғалімнің «өзіндік жаңалығы» болуы керек. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін толық көшірмей , жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс-әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек.

Мұғалім –оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан-жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді.

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы –өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Тәуелсіз еліміздің тіргегі- білімді ұрпақ десек, жаңа заманның күн тәртібінде тұрған мәселе –білім беру, ғылымды дамыту. Осы орайда білім ордасы –мектеп, ал мектептің жаны-мұғалімдердің басты міндеті-өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу. Олай болса, қоғамның болашағы –жас ұрпақтың бойына адамгершілік, ізгілік, мейірімділік, ақыл-ой, сана-сезім қалыптастыратын салауатты тәрбие беру мазмұнын жаңаша құру қажет.

«Сабақ беру-үйреншікті жай шеберлік емес, ол –үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер»,- деп тәлімгер жазушы –ғалым Жүсіпбек Аймауытов айтқандай соңғы кездегі жаңа және отандастарымыздың төл технологияларын оқу процесінде жүйелі қолдануда, мұғалімнің белсенділігі, шығармашылық ізденісі, оны ұтымды пайдалануы оқу-тәрбие үрдісінде шешуші рөл атқарады. Сондықтан да өзім сабақтарымды жоспарлаған кезде 7 модульді ықпалдастыра отырып ұйымдастырамын, сонымен қатар «Биоақпараттандыру және синергетика» технолгияларының карталарын тиімді пайдалану жақтарын қарастырамын. Бұл технологиялардың білім сапасын арттыруға оң әсері бары сөзсіз.

XXI ғасыр- білімділер ғасыры. Сондықтан да білім сапасын арттыру , оқушылардың дарындылығын айқындап, біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми ізденіс қабілеттерін қалыптастыру –әрбір ұстаздың міндеті. Осыған орай оқушыларымды түрлі мектепішілік, қалалық, облыстық, сайыстарға қатыстырып келемін.

Ең бастысы , ұстаз бүгінгі өмір ағымына ілесуді игеріп келеді. Қазіргі мұғалім жаңа білім беру парадигмасы негізінде инновациялық технологиялар мен интерактивті әдіс-тәсілдерді терең меңгеруге ұмтылуда. Осының барлығы да ұстаздың инемен құдық қазғандай оқумен, еңбекпен, ізденіспен қол жететін табысы. Қазір білім мазмұны санмен емес, сапамен өлшенетін кезең. Білімнің сапалы, тәрбиенің нәтижелілігі кәсіби деңгейдегі ұстазға байланысты. Сол себепті қазіргі уақытта білім жетілдіру саласына көп назар аударылуда. Қазіргі қоғамда білім саласын модернизациялау арқылы педагог мәртебесін өсіру, бәсекеге қабілетті әлемдік кеңістігіне ену, сапалы білімге кепілдік жасай алатыны баршаға аян.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Астана 2004 ж.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана 2004ж.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА, ЗЕРТТЕУШІЛІККЕ БАУЛУ

Ершина Айнур Жиентаевна, Нурмагамбетова Асемгуль Тугелбаевна
Ақтөбе қаласы №31 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімдері

Бүгінгі таңда білім саласының алдында жүйеленіп, дайындалып берген білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Бұл, әрине, оқушылардың шығармашылық, зерттеушілік әрекеттерін дамытудың маңызды мәселе екендігін дәлелдейді. Жалпы, оқушылардың шығармашылық, зерттеушілік әрекеттері ғылыми-педагогикалық проблема ретінде біраз зерттелген. Оқушылар бойында «шығармашылық әрекет тәжірибесін » қалыптастыру әрекеті туралы И.Я. Лернер зерттеген екен. В.В. Давыдов «жеке тұлға негізінде шығармашылық бастау жатыр; жеке тұлғаның маңызы оның жасампаздыққа мұқтаждығына және қабілеттілігіне байланысты» - деп есептеген. Б.Д. Эльконин шығармашылыққа мынадай анықтама берген: «Шығармашылық - бұл ерекше тұрғыдағы жасампаздық, жаңадан жасалған нәрсе, бұрынғы нәрселердің механикалық қайталануы емес, өзінің сонылығымен, біртумалығымен ерекшеленетін болса, онда бұл нәрсені туғызған шығармашылық акт туралы сөз қозғауға болады.» Шынында да, біздің қазіргі бастауыш сынып оқушылары бойынан шығармашылыққа, зерттеушілікке қызығушылықтарын оята алып жүрміз бе, деген сұрақ әрбір ұстазды толғандырары анық. Меніңше, бір нәрсені жасауға, тудыруға деген қабілеттілік балаларда мектеп жасына дейін де қалыптаса бастайды, бұл кезде шығармашылық қабілеттері ойын әрекетінде жүзеге асады да, даму өнімі қиял, елее болып есептеледі. Бастауыш мектептерде шығармашылық қабілеттері оқу әрекетінде көрінеді, даму қасиеттері - «оқуға құштарлық, ынталылық». Оқушының шығармашылық тұлға болып қалыптасуын В.В. Давыдов өзінің «Дамыта оқыту теориясы » еңбегінде көрсеткен. Шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерін дамыту бастауыш сыныптардан бастау алатыны анық. Оны ұзақ уақыт жетілдіріп отыру керек. Егер бұл үрдіс дұрыс ұйымдастырылған болса, онда жоғары сыныпқа барғанда әр оқушы шығармашылыққа, зерттеушілікке бейім болатыны анық. Қазіргі таңда шәкірттеріміз компьютер, мобильдік телефон, интернет жүйесімен көп айналысатын болғандықтан, зерттеушілікке, шығармашылыққа бет бұрмай отыр. Олар көбінесе, даяр ақпараттармен ғана шектелуде. Ақпараттық технологияларды игергендері құптарлық-ау, бірақ В.И. Слободчиковтың айтқанындай «оқушы өміріндегі басты оқиға өзіндік «Менін» ашу, адамдар қарым-қатынасы жүйесінде өз орнын табу, өзін өз өмірбаянының жасаушысы ретінде сезіну» қасиеттері төмендейтіндіктерін мойындамайды да. Оқушының әрбір өз бетінше шешкен мәселелері олардың шығармашылық, зерттеушілік қасиеттерін ұштай түседі. Психологиялық, дидактикалық және әдістемелік еңбектерде зерттеушілік, шығармашылық қызмет дегеніміз - жаңа білім алуға бағытталған шығармашылық қызмет екендігі айтылған. Шығармашылық қызметтің субьективті сипатынан зерттеушілік қызметтің субьективтілігі келіп шығады. Сондықтан да оқу қызметінің түрі зерттеушілік пе, жоқ па деген сұрақ туады. Яғни бұл мәселені мұғалім толық түсіне білуі тиіс. Демек, математика сабағында оқушыларды зерттеушілікке үйретуге мұғалімнің өзі дайын болуы, ұстазда зерттеушілік қызмет

қалыптасуы қажет. Бастауыш сынып мұғалімдері оқушыларды шығармашылық пен зерттеушілікке дағдыландыру үшін өтуге тиісті оқу материалын алдын-ала теориялық-логикалық талдау жасап алуы қажет. Олар алға қойған мақсатты жүзеге асыру үшін шығармашылық, зерттеушілік жұмыстардың міндеттеріне қарай оқушыларға бағыт беріп отырулары маңызды. Зерттеушілік қабілетін шыңдау үшін ,әрине,шығармашылық қабілетін 1-сыныптан бастап дамыту керек, тек содан кейін ғана жан-жақты, шығармашыл, зерттеуші шәкірт тәрбиелейтініміз анық. Мен бірнеше жылдан бері бастауыш сыныпта сабақ беріп келемін. Осы жылдар ішінде біздің шеше алмай келе жатқан басты проблемамыз - алдында ғылыми тұрғыдан дәлелдер келтіріп отырған- бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін әлі де дамыта алмай отырғандығымыз екенін түсіндім. Осы себепті көп ойланып, көп толғандым, да, әріптестеріме кейбір іс-тәжірибем жайында баяндауды жөн көрдім. Шығармашылық қабілет шығармашылық қиялды ғана жетілдіріп қоймай, шығармашылық ойлауды да дамытады. Шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерді дамытудың бірнеше жолдарын ұсынбақпын. Баланың шығармашылық қабілетітерін ашу-мұғалімнің ең басты міндеті. Ұлы ойшыл М. Горький: «Адамдағы дарындылық қасиет туа бітті қан арқылы берілетіні де ,одан қалды жүре пайда болатыны да бар. Туа бітті болатыны - тұқымқуалаушылық. Бұл қасиет - өсіп те кететін, өшіп те қалатын үрдіс. Сондықтан оны үнемі, үздіксіз шыңдап отырмаса өшіп қалуы да ғажап емес.» Ұстаз ретінде мен көбінесе ойын технологиясын пайдаланамын. Әсіресе, мектепалды даярлық сыныбынан келген оқушылар үшін бұл әдіс-тәсілдің тиімді екендігін баршаұстаз түсінетін шығар. Бала ойнағанда шығармашылық қиялы дамиды. Мұғалім балалар ойынын тек бақылап қана қоймай, оның дамуын басқарып, байытып, шығармашылық элементін енгізіп отырады. Сауат ашу сабағында осы тәсілді көп қолданамын. Мәтіндермен таныстырғанда олардың шығармашылығы мен қиялын дамытатын сюжеттік, рөлдік ойындарды құрастыртамын. Бала ойнағанда өзінің шығармашылығын жоспарлап, ойынды бағыттап отырады, қандай жолдар арқылы іс-әрекетін жүзеге асыру туралы зерделеуді де ұмытпайды. Сабақтан тыс уақыттарында да ойнауға болатын арнайы ойындар арқылы шығармашылық қабілетгі дамытуға болады. Ертегі - баланың қиялын дамыту қайнары. Бала қиялын дамыту үшін ертегіні өрбіту, ертегіні басқаша құрастыру, ертегінің аяқталуын өзгертуге мүмкіндік беремін. Бастауыш сыныптарда бейнелеу өнері - баланың шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерін дамытуға көп мүмкіндік беретін пән, сондықтан олардың суреттерге қарап нені бейнеленуіне байланысты оның қоршаған ортаны қабылдайтыны, жады, қиялы мен ойлау ерекшелігін білуге болады. Олар өз көргендерін суретте бейнелеуге тырысады. Суреттердегі қиялдарын өзгертудің жолдарын іздейді, ойланады, қиялдарына қанат бітіреді. Балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда музыка пәнінің де маңызы зор екендігін түсіндім. Музыкалық шығарманы тыңдау балаларға үлкен эсер етеді. Балалар ән айтуға жэне сол әннің ритмімен бидің неше түрлі қимылдарын өз қиялдарынша іздестіріп, еркін бите ерік береді. Осы сэтте бала бойында өзіндік шығармашылық, өзіндік зерттеушілік қабілеттің бір элементі көрінгендей болады. Ол өз туындысының авторындай әсерде болатынына мен талай марте куэ болдым. Ойын - балалар өз күрбыларымен қарым-қатынаста болатын өзіндік қызмет. Оларды ортақ мақсат, оны игеруге ортақ жігер, ортақ қызығу біріктіреді. Балалар ойынды өздері жандандырып ұйымдастырады. Ойында бала өзін ұжымның мүшесі ретінде сезініп, өзінің жолдастарының қылықтарын эділ бағалайды. Баланың тұлғасы көп қырлы, оның бэрі ойын барысында көрінеді. Бірақ балалардың шығармашылыка, зерттеушілікке қызығуына көп уақыт кетеді. Біздің міндетіміз- дер кезінде түсініп, бір бағытқа жөн сілтеу. Менің оқушылардың шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерін дамытудағы тағы бір жиі қолданатын әдісім - жобалау эдісі. Жобалау эрекетінің оқушы құзырлығын көтеруге әсері мол. Осы эдісті 4-сынып балаларымен іске асыруға болады. Ең бастысы, жоба мазмұны жағынан қарапайым болуы тиіс. Бұл ретте мен міндетті түрде үш жағдайды есепке аламын: жобаны таңдау, жоспарлау, сынау.

Мысалы: «Менің отбасым» шығармашылық жобасы, оның мақсаты - адам өміріндегі отбасының алатын орнына мән беру, өз отбасының тарихын зерделеу, отбасы мүшелерінің сүйіп орындайтын істері, өзара туыстық байланысы, отбасындағы мереке, дәстүр, демалысты бейнелейтін фотосуреттер жинақтау, шағын отбасылық альбом жинақтау. Осы жобаны оқушылар сүйіп орындайды. Мен оқушыларымның эрқайсысының бойынан шығармашылықты, зерттеушілікті байқаймын. Осы деңгейде бастауыш сыныптан бастап әр мұғалім әдіс- тәсілдерімізді түрлендіріп, балалардың бойындағы қабілеттілікті дамытсақ, бәсекеге қабілетті сегіз қырлы ,бір сырлы ұрпақ тәрбиешісі боларымыз анық.

ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ

Есеева Тамара Нарымбековна, Кенжеғазина Айтгүл Сатыбалдиевна
Қаныш Сәтпаев атындағы мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімдері

«Интербелсенді» дегеніміз біреумен қоян-қолтық қарымқатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диолог құру. Ал «интербелсенді оқу» дегеніміз өзара қарым-қатынасқа (коммуникацияға) негізделген оқыту, диолог арқылы үйрету, яғни «үйретуші-үйренуші», «үйренуші-үйренуші», «үйренуші-өзімен өзі»форматтарында жасаған қарым-қатынас(«әңгіме», «сұхбат», «пікірлесу», «бірлескен әрекеттер»)

Интербелсенді оқыту - әрекет көмегімен және әрекет арқылы үйрету, ал мұндай ұстаным қомақты нәтежелерге жеткізетін ең тиімді жүйе деп есептелінеді, өйткені адамның жадында бірнеше мезетте тек өзінң әрекеті мен өз қолымен жасағаны ғана қалады. Сол себепті де интербелсенді оқыту үйренушілердің оқу процесіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары мен тәсілдері ретінде таниды. Сондықтанда итрбелсенді оқу/оқыту оқу процесінің тиімділігі мен нәтежелігін үйренушілердің естесақтау дәрежесімен өлшемей, олардың әрекеттерімен бағалайды, тек әрекет арқылы ғана үйрену ықтимал деген қағида ұстанады.

Өскелең ұрпағымыздың ойлы да іскер, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары болып дамуы жолында мектеп тәрбиесінің алатын орны ерекше. Бастауыш саты- білім, дағды, зейін, іскерліктің қалыптасу кезеңіндегі бастамасы. Біздің міндетіміз оқу-тәрбие жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу арқылы оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салу. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді, оның ішінде интербелсенді әдістерді қолдана отырып сабақты қызықты да тартымды өткізу.

Мемлекеттік білім беру стандартын енгізуге байланысты бастауыш сынып оқушыларын оқытудың жаңа формалары мен әдістерін қолдану өзекті болып табылады, олар мектеп өмірінің тәртібін ұйымдастырудың әдіснамалық негізі болып табылатын жүйелі - іс-әрекет тәсіліне сәйкес келуі тиіс. Оқытудың қандай әдістері білім беру процесінің тиімділігін арттырады және жүйелік - іс-әрекет тәсілінің талаптарына сәйкес келеді? Әрине, бұл оқытудың белсенді және интербелсенді әдістері. Оқытудың осы әдістерін қолдану әр оқушының мәжбүрлеуіне орын жоқ атмосфераны тудырады, ынта мен дербестік танытуға мүмкіндік бар. Оқытудың белсенді әдістері туындаған проблеманы шешу жолдары мен мүмкіндіктері бойынша еркін пікір алмасуды көздейтін диалогта құрылады. Сабақтың әр кезеңінде оқытудың белсенді және интербелсенді әдістері қолданылады. Сонымен, сабақтың басында "Шынтақтармен сәлемдес" сияқты белсенді әдісті қолдануға болады. Мақсаты: таныстыру. Балалар шеңберге тұрып, бірінші-екінші-үшінші топқа есептеледі және келесі әрекеттерді орындайды: -әрбір бірінші нөмір шынтақтар әр жаққа бағытталатындай қолдарын бас жағынан қояды; -әрбір екінші нөмір шынтақ әр жаққа бағытталатындай санға қолмен

тіреледі; -әрбір үшінші нөмір алға қарай еңкейіп, қолдарын тізеге қойып, шынтақтарды жапты. Тапсырманы орындау үшін оқушыларға бес минут беріледі. Осы уақыт ішінде олар сыныптастарының көп санымен, өз атын атауымен және шынтақтарымен байланыстыра отырып, сәлемдесуі керек. Нәтижесінде балалар үш топқа бірге бірінші, екінші және үшінші нөмірлерге қатысып, бір-бірін өз тобында қарсы алады. Бұл ойын оқушылар арасындағы байланыс орнатуға және сабақты көңілді бастауға мүмкіндік береді. Оқу қызметіне қосудың келесі кезеңінде, мысалы, сыныпты жұмысқа тез қосуға, қажетті қарқын беруге, тілектестік атмосфераны құруға мүмкіндік беретін "қадам қарсы" әдісін қолдануға болады. Бұл тапсырмалар: стандартты емес есептерді шешу, кроссвордты шешу, қандай да бір қызықты ақпаратты білу мақсатында шифрланған сөйлемдерді шешу, бұл пәнаралық байланысты да жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ең бастысы оқушылардың назарын аудару.

Оқушылардың мақсаты, күтулері мен қауіптерін анықтау үшін сабақта мынадай әдістерді қолдануға болады: "күту ағашы", "түрлі-түсті парақтар", "сатып алулар тізімі", "жеміс, бау-бақша". Жаңа тақырып бойынша жұмыс істеу кезінде өзіндік жұмысты ұйымдастыру кезеңінде "Визит карточкалары", "Сараптама", "Пазл"сияқты белсенді және интербелсенді әдістерді қолданған жөн. "Пазл" әдісі-бұл балалар ойыны негізінде белсенді оқыту әдісі. Зерттелетін (немесе бақыланатын) материал бөлек карточкаларда жазылған, бірақ әрбір карточкада келесі іздестіруге ақпарат болуы тиіс. Оқушы мұғалім көрсеткен материал бойынша барлық карточкаларды жинауы тиіс. Математика сабақтарында оны формулалармен жұмыс істеу кезінде, теңдеулер мен есептерді шешу кезінде қолдануға болады. "Пазл" әдісі алынған ақпаратты жинау және талдай білу, зейінді, шоғырлануды қалыптастыруға ықпал етеді. "Пазл" оқу-жаттығу материалын кез келген кезеңде, кез келген жас тобында оқушымен құрастыруға болады. Бұл жеке немесе ұжымдық жұмыс болуы мүмкін. Дәстүрлі оқыту жүйесінде оқушылардың сабаққа белсенділігін көтеру, жеке оқушылардың барлық сынып алдындағы жауаптары бойынша анықтау қабылданған. Бірақ әрбір бала өзінің психологиялық ерекшеліктеріне байланысты көпшілік алдында сөйлей алмайды. Бірлескен іс-әрекетте бірінші кезекте оқушылардың шағын топтарда белсенділігі байқалады-онда олар өздерін жайлы сезінеді. Әртүрлі себептермен көпшілік алдында сөйлей алмайтын оқушы барлық сынып пен мұғалім алдында өз ойларын дауыстап жеткізе алмайтын топта белсенді позицияға ие бола алады, барлық ұсынылған сұрақтар мен тапсырмаларды бірге талқылай алады. Ол өзін сенімді сезінеді, бұл өте маңызды, әсіресе оқытудың бірінші кезеңінде. Топтарда жұмыс істеу оқытудың интербелсенді әдістеріне жатады және оқытудың келесі әдістерін қолдануды көздейді: кооперациялық оқыту, топтық пікірталас, миға шабуыл.

Топтық жұмыстың келесі әдісі топтық пікірталас болып табылады - топтық тапсырмаларды түсіндіру немесе қарым-қатынас барысында қатысушылардың пікіріне әсер ету үшін мұғалімнің басшылығымен сұрақтарды талқылау. Бұл әдіс мәселені әр жағынан көруге, жалпы шешім шығаруға және мәселеге деген қызығушылықты арттыруға мүмкіндік береді. Оқушылар тыңдалады және оқушылардың бірінің дұрыс емес жауаптары құпталады. Балаларға таңдау ұсынылады - мұғалімнің жауабын қайталау немесе өз бетінше және дұрыс жауап беру. Бұл әдіс басқалардың пікірімен келіспеу әдетін тәрбиелейді. Топтық пікірталас толерантты дауды, пікірлерді, шындықты бірлесіп іздеуді көздейді.

Оқу материалын таныстыру үшін "Кластер", "Миға шабуыл", "Шатасқан логикалық тізбектер"сияқты интерактивті әдістер қолданылады. Логикалық тізбектер-негізгі ұғымдарды логикалық құру арқылы оқу материалын проблематизациялаудың педагогикалық әдісі. Тақтада оқылатын тақырып бойынша негізгі терминдер мен ұғымдар жазылады. Оқушыларға кездейсоқ тәртіппен орналасқан негізгі ұғымдардың логикалық бірізділігін белгілеуді және барлық ұғымдар пайдаланылуы тиіс жазбаша мәтінді дайындауды ұсынамыз. Содан кейін мұғалім негізгі ұғымдар бойынша оқиғалар реттілігінің авторлық нұсқасын оқиды. Оқушылар өз нұсқаларын ұсынылған ақпаратпен салыстырады. "Миға шабуыл" әдісі балалардың нақты

мәселе бойынша пікірін ынталандыру үшін қолданылады. Оқушылардың идеялары тақтада бекітіледі және миға шабуыл, бөлінген идеялар немесе уақыт аяқталмайынша жалғасады.

Топтық оқытуды қолдану барысында оқу қызметін ынталандырудың басқа да тәсілдері пайда болды: топтық сауалнама, қоғамдық білім байқауы, ол оқушылардың жетістіктерінің көрмелерін ұйымдастыру, дәстүрлі емес сабақтар (сабақ-конференция, сот-сабақ, саяхат-сабақ және т. б.).

"Қорытынды шеңбер" әдісі. Мұғалім бір минут береді. Дайындалған топ өкілдері шеңберге тұрады, басқа топтардың балаларына сұрақтар қояды,ал олар өз кезегінде жауап береді (шеңбер бойынша жұмыс істейді). Бұл кезең үшін өте маңызды мұғалімдері, өйткені анықтауға мүмкіндік береді, бұл балалардың нені жақсы меңгергенін, келесі сабақта неге назар аудару керек екендігін аңғартады. Сонымен қатар, оқушылардан кері байланыс мұғалімге сабақты болашаққа түзетуге мүмкіндік береді.

Интербелсенді оқыту әдістері дәстүрлі оқыту әдістерінен оқу үрдісінде оқушылардың өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтаумен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді. Интербелсенді әдістің тағы бір ерекшелігі оқушылардың белсенділігі мұғалімнің белсенділігімен сәйкестігінде сонымен қатар оқушы мен мұғалімнің тұрақты өзара іс әрекетінде. Интербелсенді әдістерді қолдануда оқушыларды сапалы дайындықпен қамтамасыз ету оқу процесінің нәтижелігіне тікелей байланысты. Басты тапсырма оқушыларға берілген білімнің бағасында емес ол тапсырманы орындаудағы іс – әрекетінде.

Қазіргі уақытта оқу сабақтары барысында оқытудың интербелсенді әдістерін және интербелсенді құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр.Сондықтан оқу тәрбие үдерісінде үнемі жаңа оқыту құралдарының мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланып, оған білім алушыларымызды үйрету – әр педагогтың басты міндеті.

Әдебиеттер:

1. Н.А.Тойбазарова,Интербелсенді оқыту технологиясы,Нұр-Сұлтан:«Тұран-Астана» унив. баспасы, 2019. Молдағалиев Б., Махимова А. Сатқанова Г. Интерактивті оқыту әдістері. //Қазақстан мектебі -2006., №9.,-15-17бб.

2.И.П. Подласый Педагогика начальной школы– Москва, Гуманитарный издательский центр Владос, 2008.

3. «Активные методы обучения». Электронный курс. Международный Институт Развития «Эко Про», Образовательный портал «Мой университет»

БАСТАУЫШ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Есеналиева Сандуғаш Оразбайқызы, Танашева Сәуле Аманжоловна
Ақтөбе қаласы №31 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімдері

Тек білім ғана бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыра алады. Сондықтан да мұғалім сапалы білім, салиқалы ой - өрісі кең тұлғаны қалыптастыруы үшін 45 минуттық сабағын қазіргі заманғы білім берудің жаңа технологияларын қолдана отырып өту керек. Осы жерде орыс педагогы А.С.Макаренконың «45 жыл мұғалім болса да 45 минуттық сабағына дайындалып келу керек» деген нақыл сөзін еске алуға болады. Мұғалім оқушыны тек қана мектептің бағдарламасымен шектеліп қалдырмай, теориялық білімдерін практикалық жұмыстармен, өмірмен байланыстыра білуге үйрету керек. Осындай әдіс - тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланып мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез

үйренеді. Мектептегі оқыту процесі сауат ашудан басталатыны белгілі.Сондықтан баланың сауаттылылығын дамытудың орны да ерекше. Сауаттылық жұмысының негізгі міндеті – балаға сауатты жазуға , яғни оған оқу мен жазуды үйрету.Сонымен қатар , сауаттылық барысында оқушылардың тілі мен ой –өрісін жетілдіруге де баса назар аударылады.Соның нәтижесінде жас ұрпаққа тиісінше жалпы білім негіздерін меңгертіп, адамгершілік, патриоттық тәрбие беруге негіз қаланады Сауатты жазуға үйрену жұмысы граматикаға сүйенеді.Олай болса белгілі бір жазу ережесіне негіз болатын граматикалық құбылыстар сапалы түрде ұғындырылып, содан кейін қорытынды шығарылуы қажет. Сыныптарда сауатты жазуға үйрену үшін сөздерді дыбыс құрамына , буын жігіне ажырату жұмысы әріп қалдырып кетпеуге , әріп алмастырып алмауға бір сыпыра көмектеседі.Сөздердің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін, теріс жазылуынан мағына бұзылатынын балаларға ережені түсіндіргенде де , жаттығулар жүргізгенде де, олардың жазуларынағы қателерді түзеткенде де көрсетіп, түсіндіріп отырудың пайдасы көп. Сауат ашу кезінде оқу мен жазу жұмыстары өзара тығыз байланыста болады. Жақсы оқи алатын бала таза да сауатты жаза біледі, ал , жазуды жақсы меңгерген оқушы оқуды жеңіл меңгереді.Бір сабақтың өзінде оқу қызметі мен жазу жұмысы бірін-бірі алмастырып және бірін меңгеруге екіншісінің көмегі тиіп отырады. Жазу, таза жазу, дұрыс жазу, сауатты жазу – қай тілдің болмасын басты ұстанымы. Сауатты жазудың алғышарты бастауышта қаланады. Мектеп табалдырығын аттаған балаға бірінші сыныптан бастап дұрыс сөйлету үшін сөздердің дыбыстық жағы, дұрыс айтылуы қадағаланады. Оқушының орфографиялық нормаға сай дұрыс жазуы – бастауыш сынып мұғалімінің маңдай терінің жемісі. Бастауыш сыныпта бағдарламаға сәйкес жоғарыда көрсетілген білім-білік дағдылары қалыптасқан оқушылар сауатты жазуға дағдылану барысында графикалық түрде қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне ие болады. Осы арқылы жазуын ғана емес, сөйлеуін және таным мүмкіндіктерін жетілдіре алады. Таза жазу дағдысының алғашқы бастамасы әріптің әрбір бөлігін дұрыс сызып көруі арқылы қалыптасады. Әдетте, мұғалім тарапынан оқушыға әдемі, сауатты жаздыру ғана емес, оқушының бүкшимей, басын тым төмен салбыратпай, денесін тік ұстап, өзін дұрыс игеруіне қатты көңіл бөлінеді. Бастауыш сыныбындағы қазақ тілі болғандықтан оқушылар жазу ережесін сақтап отырғанда ғана дұрыс жазуға үйрене алады. Сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларына жазуға төмендегі талаптар қойылады: - Сөздердің арасындағы қашықтықты бір қалыпты сақтап отыру, бірте -бірте жазу қарқынын тездете түсу. - Түрлі диктанттар жаздыру, әсіресе, сөздік диктантының маңызы зор. сөздікпен жұмыс істету. - Тақырыпқа байланысты орындау шарты әртүрлі болып келген жаттығуларды орындату; - Сөзді, сөйлемді тақтадан, кітаптан дұрыс көшіріп жазуға мән беру. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1081 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік стандартына сәйкес әзірленді. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың ұйымдастырушылық негізі Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы болып табылады, сонымен қатар, ол қазақстандық білімді жаңғыртуды жалғастыруды қамтамасыз етеді. Биылғы оқу жылында үш құжатпен бірдей танысып, жаңа бағдармен жұмыс істегелі жатырмыз. Бұл құжаттарда қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуға байланысты өткен оқу жылдарымен салыстырғанда, үлкен өзгерістер бар. Осы мақсатты негізге ала отырып, «2013-2014 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат», «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «Оқу бағдарламасы» құжаттарын бүге-шүгесіне дейін қарай келсек, бір-бірінің аралығындағы ұқсастықтары мен қайшылықтарын кездестіреміз. Жаңа оқыту әдіс - тәсілдері арқылы қазақ тілін меңгерту жолында оқушылардың сауаттылығын арттыру. «Еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақ тағдыры ұстаздың қолында» деп елбасымыз атап айтқандай, оқушылардың

талантын ашу – менің күн тәртібімдегі өзекті мәселелардің бірі. Бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін сабағымда белсенді оқыту, диалогтік оқыту, сыни тұрғыдан ойлау стратегиясына мән беріп оқыту технологиясын қолданып келемін. Белсенді оқытуда қысқа әңгіме, ойын түрлері, сөздік ойыны т. б. атауға болады. Бастауыш сыныптарда сауаттылықты арттыру барысында ойын технологиясын пайдалану. Қазіргі өркениетке ұмтылған қоғам талабына сәйкес, Қазақстан Республикасының дамыған елдерімен иық тіресіп тұру үшін, еліміздің болашағы мен қазіргі кезеңі үшін білімді, зерделі, өз бетімен іс - әрекет ете алатын, қоғамнан өз орнын таба алатын шәкірттерді дайындау ұстаздың міндеті. Мектептегі оқушы өмірінің көп бөлігі 45 минуттық сабақ кезінде өтеді. Міне, осы кезде оқушы тек білім алып қана қоймай шығармашылықпен зерттей білуге үйренуі керек. Білімді алуда іс - әрекетке үйренген баланың бойында алған білімі ұзақ уақыт сақталады және ол жұмыс істеуге, ізденуге, таңдауға, т. б. үйренеді. Сол үшін ескі дәстүрлі сабақтан қашып, ең озық, тәжірибеден өткен технологиялардың бірінің тиімділігін сәйкес таңдау қажеттілігі туады. Біркелкі сабақ оқушыны зерігу мен жайбарақаттылыққа алып келеді. Ал зерігу болған жерде шығармашылыққа жол жоқ. Мен сол себепті «Ойын технологиясын қолдану арқылы бастауыш орыс сыныптағы қазақ тілі мектептің қазақ тілі сабақтарында ауызекі сөйлеу дағдысын дамыту» деп өзімнің проблемалық тақырыбыма сүйенемін. Әрбір ұстаздың мақсаты - сабақ сапасын көтеру, түрлерін жетілдіру, сабаққа оқушының қызығушылығын арттыру. Сондай - ақ бүгінгі таңда елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, сабақтарда озық технологияларды қолданудамыз. Сондай технологияның бір түрі - «Ойын арқылы оқыту» технологиясы..«Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ» десек, білімнің негізі бастауышта қаланатыны белгілі. Ұлттық ойын ойнау баланың салт - дәстүріне, әдет - ғұрпына деген сүйіспеншілігін арттырады және адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады. Мәселен, ұнамды әдеттер - өзара қарым - қатынастар, адамгершілік сезімдері дамиды. Еңбек ету барысында ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздық сезімдер сияқты қасиеттер қалыптасады. Оқушының бәрі жақсы оқығысы келеді. Бірақ олардың ақыл - ой қабілеті бағдарламадағы берілген материалды ұғуға бірдей емес. Оқушылардың кейбіреулері мұғалімнің түсіндірген сабағын тез ұғады, кейбіреулері керісінше. Сондықтан барлық оқушыны білімге бірдей жетелеу үшін өз мүмкіндігіне сәйкес сабақты меңгерту, тілін, ой ұшқырлығын дамыту, өзіндік пікір айтуға жағдай жасау еркін шығармашылыққа жетелейтін, пәнге қызығушылығын арттыратын әдістің бірі - грамматикалық ойынның түрлері. Грамматикалық ойындар арқылы сабақтарда оқушылар әртүрлі жағдайды түсінеді, оны шешу жолдарын қарастырады. Жақсы ойынға бала бар ынтасымен беріліп, оны білуге, меңгеруге талпынып, алуан түрлі дағды, мәліметтерді алып, шеберліктерін шыңдайды. Мен өз сабағымда грамматикалық ойын түрлерін жиі пайдаланамын. Сабақта оқушылардың алған білімдерін одан әрі дамыту, тереңдету, олардың ізденімпаздығын арттыру, ой - өрісін кеңейту, шығармашылық қабілетін дамыту, сауаттылық белсенділігін арттыру мақсатын көздеймін. Қазақ тілі пәнінің фонетика, лексика, морфология, синтаксис салаларын оқытқанда тақырыпқа орай әртүрлі әдіс - тәсілдермен, шеберлікпен грамматикалық ойындарды енгізуге болады.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Есенаманова Алия Сагинтаевна
№ 59 жалпы білім беретін орта мектебі

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шындауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау. Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін, мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым - қатынасқа өту қажеттілігі туындайды.

Сондықтан да қазіргі қоғамымызда әр мұғалім өз іс-әрекетінде қажетті өзгерістерді әр түрлі тәжірибелер жөніндегі мағлұматтарды жаңа әдіс-тәсілдерді дер кезінде қабылдап дұрыс пайдалана білуі керек. Сонымен қатар мектептегі оқу-тәрбие жүйесі, мұғалім-оқушы арасындағы қарым-қатынас жалпы оқытуды ұйымдастыру талапқа сай елеулі өзгерістерді қажет етіп отыр.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс- әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Инновация – педагогикалық процеске оқыту мен тәрбиенің жаңа тұжырымдамаларын, оқу жоспарларын және бағдарламарын, түрлерін, әдістерін, құралдарын енгізіп, мақсатқа жету. Инновациялық үрдіссіз мектептің дамуы мүмкін емес. Инновациялық мектептердің мақсаты – жеке тұлғаны жан-жақты дамыту.

Оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында жаңа білім парадигмасына сүйене отырып, біз оқыту технологияларының тиімді жақтарын таңдап алуымыз қажет және оқу-тәрбие үрдісінде озық технологияларды белсенділікпен енгізуіміз керек.

Еліміздің болашағы көркейіп өркениетті елдің қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім беру саласындағы мәселе – әлеуметтік-педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру, оны өмірге пайдалану.

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны өндіруді міндеттейді.

Жаңа технологияның мақсаты – оқытуды ізгілендіру, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайтып, қолданыс аясын кеңейтуде оқытудың жаңа технологияларының ықпалы зор. Қазақ осы тұрғыда арнайы технологиялық ақпараттық құралдар негізіндегі педагогикалық технологияларды біз қазақ тілі сабақтарында да кеңінен пайдаланамыз. Олардың қатарына интерактивті тақта, интернет ресурстарымен жұмыс, мультимедиялық кітапхана, қашықтан жүргізілетін сабақтар, диспуттар мен тренингтер. Жаңа технологиялар білім беру мен тәрбие жүйесін бірдей қамтуымен ерекшеленеді. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден-бір жолы.

Жаңа технологияларды пайдаланып оқыту мынандай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- оқу материалын терең түсіну;

- оқу мотивациясының артуы;
- алған білімнің неғұрлым ұзақ уақыт есте саталуы;

Заман талабына сай күнделікті сабақ барысында бейне және аудио-құрылғыларды, теледидарды, компьютерді, электронды оқулықты, интерактивті тақтаны қолдану оқушылардың тілді үйренуге деген белсенділігін арттырып, ең бастысы олардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасайды.

Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық. Қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқыту өте күрделі мәселелердің бірі.

Өзім сабақта бірнеше технологияның элеметтерін қолданып жүрмін. яғни сабақта тірек-сызбаларды қолдану. Тірек-сызбалары арқылы оқушылар сөз тіркесін, сөйлемдер, әңгіме құрады. Бұл технология түрі оқушылар сабақты қаншалықты меңгергенін байқауға болады, сондай-ақ оқушының танымдық қасиетін арттырады, сөз қорын байытады.

Қазақ тілін оқытуда түрлі әдістемелер қолдануға болады. Қай әдістемені қолданса да қарапайым тілмен, оқушыға түсінікті болу керек.

Қорыта айтқанда, қазақ тілін меңгеру өте маңызды. Ол оқушылардың ой-өрістерін кеңейтеді, халықаралық достыққа, мәдениетке тәрбиелейді.

Сондықтан біз, ұстаздар, XXI ғасырдың біздің алдымызға қойып отырған барлық талаптарына сай болып, білімімізді үздіксіз көтеріп отыруымыз қажет. Әлемдік бәсекелестікте табысқа жету үшін күшті рух пен білім қажет деп білер болсақ, еліміздің келешегі талантты, дарынды, өзіне сенетін жастардың қолында екендігін мен өзімнің шәкірттеріме үнемі айтып отырамын. Біздің мақсатымыз – заман талабына сай білімді де білікті маман тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.«Қазақ тіл мен әдебиеті орыс мектебінде» журналы №7, 2010ж., №2, 2012ж., №8,9 2013ж.

2.Ержанов Н. Оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеу қабілеттерін ашу. "Мектеп технологиясы" журналы. №7, 2003 ж.

3.Қоянбаев. Р. (2000) Педагогика Алматы.

4.Бабаев, С.Б. Оңалбек, Ж.Қ.(2011) Жалпы педагогика NURPRESS Алматы.

5.Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту әдістемесінің негіздері Алматы «Атамұра».

ПРОБЛЕМНОЕ ОБУЧЕНИЕ КАК СРЕДСТВО АКТИВИЗАЦИИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ

Есенгазина Салтанат Ивановна
г.Актобе, Общеобразовательная средняя школа №60

Основной из главных задач учителя является организация учебной деятельности на уроке таким образом, чтобы у учащихся сформировались потребности в осуществлении творческого преобразования учебного материала с целью овладения новыми знаниями.

Китайская мудрость гласит: “Я слышу – я забываю, я вижу – я запоминаю, я делаю – я усваиваю”.

Для того, чтобы знания учащихся были результатом их собственных поисков, необходимо организовать эти поиски, управлять учащимися, развивать их познавательную деятельность.

В настоящее время педагоги и ученые сходятся во мнении: традиционные формы обучения устарели, чтобы овладеть вниманием современных учащихся, надо их прежде всего удивить, заинтересовать. Сделать это совсем не просто. Для этого учитель должен помочь каждому ученику ощутить свою причастность к предмету.

Последние годы ознаменовались активными поисками и широким использованием методики, позволяющей значительно повысить эффективность обучения. Немалая роль в этом отводится технологии проблемного обучения. Сегодня наиболее перспективным и соответствующим социально- экономическим, а также и психологическим условиям является проблемное обучение. Проблемное обучение направлено на самостоятельный поиск обучаемым новых знаний и способов действия, а также предполагает последовательное и целенаправленное выдвижение перед учащимися познавательных проблем, разрешая которые они под руководством педагога активно усваивают новые знания. Следовательно, оно обеспечивает особый тип мышления, глубину убеждений, прочность усвоения знаний и творческое их применение в практической деятельности. Кроме того, оно способствует формированию мотивации достижения успеха, развивает мыслительные способности обучающихся. Проблемное обучение в меньшей мере чем другие типы обучения применимо при формировании практических умений и навыков; оно требует больших затрат времени для усвоения одного и того же объема знаний по сравнению с другими типами обучения.

Технология проблемного обучения не нова: она получила распространение в 20-30-х годах в советской и зарубежной школе. В чем сущность проблемного обучения? Его трактуют и как принцип обучения, и как новый тип учебного процесса, и как метод обучения, и как новую дидактическую систему. Под проблемным обучением обычно понимается такая организация учебных занятий, которая предполагает создание под руководством учителя проблемных ситуаций и активную самостоятельную деятельность учащихся по их разрешению.

Важно отметить еще одну из важных целей проблемного обучения - сформировать особый стиль умственной деятельности, исследовательскую активность и самостоятельность учащихся.

Особенность проблемного обучения, по-моему, заключается в том, что оно стремится максимально использовать данные психологии о тесной взаимосвязи процессов обучения (учения), познания, исследования и мышления. С этой точки зрения, процесс учения должен моделировать процесс продуктивного мышления, центральным звеном которого является возможность открытия, возможность творчества.

С применением технологии проблемного обучения, я замечаю, что в корне изменяется характер и структура познавательной деятельности учащегося, приводящее к развитию творческого потенциала личности учащегося. Главным и характерным признаком проблемного обучения является проблемная ситуация.

В основе ее создания лежат следующие положения современной психологии:

процесс мышления имеет своим источником проблемную ситуацию;

проблемное мышление осуществляется, прежде всего, как процесс решения проблемы;

условиями развития мышления является приобретение новых знаний путем решения проблемы;закономерности мышления и закономерности усвоения новых знаний в значительной степени совпадают.

При проблемном обучении я создаю проблемную ситуацию, направляю учащихся на ее решение, организую поиск решения. Таким образом, учащийся ставится в позицию субъекта своего обучения, и как результат у него образуются новые знания, он обладает новыми способами действия. Трудность управления проблемным обучением в том, что возникновение проблемной ситуации - акт индивидуальный, поэтому от учителя требуется использование дифференцированного и индивидуального подхода. Я решаю эту задачу благодаря тому, что

имею психологическое образование. Если при традиционном обучении учитель излагает теоретические положения в готовом виде, то при проблемном обучении он подводит школьников к противоречию и предлагает им самим найти способ его решения, сталкивает противоречия практической деятельности, излагает различные точки зрения на один и тот же вопрос.

Типичные задания проблемного обучения: рассмотреть явление с различных позиций, провести сравнение, обобщить, сформулировать выводы из ситуации, сопоставить факты, сформулировать самим конкретные вопросы (на обобщение, обоснование, конкретизацию, логику рассуждения).

Учебная проблема не является проблемой для учителя. Учитель ставит перед учениками проблемный вопрос или проблемную задачу. Такая постановка ведет к возникновению проблемной ситуации принятию учеником проблемы, сформулированной и поставленной учителем.

Процесс постановки учебной проблемы должен осуществляться с учетом основных логических и дидактических правил:

-отделение (ограничение) известного от неизвестного,

-локализация (ограничение) неизвестного,

-определение возможных условий для успешного решения,

-наличие в формулировке проблемы неопределенности.

При проблемном обучении я создаю проблемную ситуацию, направляю учащихся на ее решение, организую поиск решения. Таким образом, учащийся ставится в позицию субъекта своего обучения, и как результат у него образуются новые знания, он обладает новыми способами действия. Трудность управления проблемным обучением в том, что возникновение проблемной ситуации - акт индивидуальный, поэтому от учителя требуется использование дифференцированного и индивидуального подхода. Я решаю эту задачу благодаря тому, что имею психологическое образование. Если при традиционном обучении учитель излагает теоретические положения в готовом виде, то при проблемном обучении он подводит школьников к противоречию и предлагает им самим найти способ его решения, сталкивает противоречия практической деятельности, излагает различные точки зрения на один и тот же вопрос.

Типичные задания проблемного обучения: рассмотреть явление с различных позиций, провести сравнение, обобщить, сформулировать выводы из ситуации, сопоставить факты, сформулировать самим конкретные вопросы (на обобщение, обоснование, конкретизацию, логику рассуждения).

Список литературы.

1. Бабанский Ю. К. Проблемное обучение как средство повышения эффективности учения школьников. — Ростов -на -Дону, 2012.

2. Громцева С. Н. Поиск новых путей. — М.: «Просвещение», 2010.

3. Ивин А. А. Искусство правильно мыслить. — М.: «Просвещение», 1986.

4. Кларин М. Учебная дискуссия. //Инновационное обучение.

5. Крылова Н. Б. Тезариус для учителей и школьных психологов. //Новые ценности образования, 1995,№ 1.

6. Кулешова Л. Е. Нестандартные формы организации урока. — Краснодар, 2013.

7. Селевко Г. К. Современные образовательные технологии: Учебное пособие. — М.: Народное образование, 2012

8. Фоменко В. Т. Современный образовательный процесс: содержание, технологии, организационные формы. — Ростов -на -Дону, 2012.

11. Щуркова Н. Е. Педагогическая технология.- Краснодар, 2003.

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУДАҒЫ ЖЕКЕТҰЛҒАНЫҢ РӨЛІ «ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ІЗ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Есенгалиева Толқын Уралбаевна
№47 жалпы білім беретін орта мектебі

Экологиялық білім беру жүйесінің негізгі міндеті-адамдардың (мектеп оқушылары, олардың ата-аналары, немесе бұрыннан қалыптасқан мамандар болсын) қоршаған ортаның жай-күйі үшін жеке жауапкершілікті сезінуіне жағдай жасау. «Экологиялық із» мақсаттарының бірі адам іс-әрекеті мен табиғи ырғақтың үздіксіз екенін дәлелдеу. Біріншіден, тірі табиғат туралы және адам іс-әрекетінен туындаған жекелеген экологиялық проблемалар туралы білім беруге бағытталған "экологиялық" білім беру мен ағартудан "тұрақты дамуға арналған білімге көшу бар, ол өзінің табиғаты бойынша пәнаралық және экологиялық (табиғи), әлеуметтік (қоғам) және экономикалық (экономика) қоршаған орта аспектілері.

Екіншіден, экологиялық білім мектеп сыныптарынан асып түседі: әр түрлі экологиялық орталықтар, қосымша білім беру мекемелеріндегі білім беру бағдарламалары, жазғы лагерлер, экспедициялар жиі кездеседі.Бұл экоөнім мен ағартумен айналысатын мұғалімдер үшін әлеуетті аудиторияны едәуір кеңейтеді (ең дұрысы, әр түрлі формадағы экоөнім оқу мен жазуды үйрену сияқты жалпыға бірдей болуы керек) және мұғалімдерге олар қолданатын оқу-әдістемелік әзірлемелерге жаңа талаптар қояды.

Үшіншіден, экологиялық, білім берудің басқа түрлеріндегідей, белсенді оқыту әдістері барған сайын танымал бола бастады, бірақ оқытушылармен, серіктестермен қарым-қатынас жасай отырып, зерттелетін мәселенің белсенді зерттеушісі болады.Сонымен қатар, оның ажырамас бөлігі интерактивті мультимедиялық білім беру өнімдері болды, оның ішінде интернет желісінде.

- электрондық тесттер, интернет ресурстар, мультимедиа құралдары сияқты жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануды қарастыру;
- педагогтің оқушылармен оқу сабақтары шеңберінде техникалық және ұйымдастырушылық іске асырылуы (сабақ, семинар, мастер-класс, экскурсия);
- айтарлықтай практикалық, ресурсты үнемдейтін, табиғатты қорғайтын әсерге ие болу, адамдарды неғұрлым экологиялық өмір салтына ынталандыру.

"Экологиялық із" әдістемелік ұсынымдарының ғылыми-әдістемелік тұжырымдамасы көрсетілген заманауи талаптарға толық сәйкес келеді.

"Экологиялық із" әдістемелік ұсыныстарының негізіне проф.Уильям Рис, Канада (William Rees) және проф. Матис Вакернагель, Швейцария (Mathis Wackernagel) әзірлеген "экологиялық із" тұжырымдамасы алынған.

Бұл артықшылықтар "экологиялық із" білім беру мен ағартуда кеңінен қолданылатын тұрақты дамудың ең танымал көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Оқушылармен сабақ өткізу үшін әдістемелік компоненттерді пайдаланудың ұсынылатын жүйелілігі.

Ұсынылатын ойыны "Менің экологиялық ізім" сабағы ұжымдық деңгейден "экологиялық із"индикаторымен жеке жұмыс деңгейіне өтуге мүмкіндік береді. Жеке экологиялық ізді анықтау қоршаған ортаға жүктемені азайтуға жеке қатысуды қалыптастыру, болашақта экологиялық ізді оңтайландыру үшін маңызды. Мүмкіндіктерге байланысты осы сабақты ұйымдастырудың үш нұсқасы ұсынылады: 1) педагогтың көмегімен ; 2) сауалнаманың көмегімен дербес 3) компьютерді және интернет желісін онлайн режимде пайдалана отырып.

"Саналы қажеттіліктер" ойыны өзіңіздің экологиялық ізіңізді есептеу нәтижелерін ескере отырып, оның мөлшерін анықтайтын себептерді анықтауға мүмкіндік береді. Ойын жеке экологиялық ізді оңтайландыруға деген ынтаны дамытуға ықпал етеді, оны іс жүзінде "экологиялық жол жүру кеңестері" ұсыныстарының негізінде жүзеге асыруға болады.Сабаққа қатысушылардың "экологиялық іздестіру кеңестерімен" өз бетінше жұмыс істеу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін осы әдістемелік компонентті парақшалар түрінде жобалау нұсқасы қарастырылған.

Сабақ жүргізуші қатысушыларға жүгінуден басталады:

Жеке экологиялық іздің шамасын дербес есептеу бойынша оқушыларға арналған нұсқаулық.

Сіздің алдыңызда жеке экологиялық ізді есептеуге болатын сауалнама бар.

Сауалнама 6 тақырыптық бөлімнен тұрады. Әр бөлімде бірнеше сұрақтар бар, әр бөлімде алынған ұпайлар жалпы сомаға қосылады. Әр бөлімнің нұсқауларын мұқият оқып шығып, содан кейін сұрақтарға жауап береміз. Егер жауаптардың ішінен сіз өзіңіздің күнделікті өміріңізді дәл сипаттайтын біреуін таба алмасаңыз, ең жақын біреуін таңдаңыз. Ұпайларды қорытындылай отырып, сіз өзіңіздің жеке экологиялық ізіңіздің мөлшерін аласыз.Алты бөлімнің бір –екеуіне мысал келтіріп кетейік.

1.Тамақтану

Тамақтану бөлім азық-түлік сатып алуға және тұтынуға қатысты. 4.1– 4.3 – тармақтардағы мәлімдемелердің біреуін және 4.4– 4.6-тармақтардың біреуін таңдаңыз.

4.1. Азық-түлік дүкенінде немесе нарықта сіз негізінен жергілікті өндірілген жаңа өнімдерді (нан, жемістер, көкөністер, балық, ет) сатып аласыз, олардан түскі асты өзіңіз дайындаңыз	+2
4.2. Сіз өңделген өнімдерді, жартылай фабрикаттарды, жаңа мұздатылған дайын тағамдарды, тек жылытуды қажет ететін тағамдарды, сондай-ақ консервілерді қалайсыз, олардың қай жерде өндірілгені сіз үшін маңызды емес	+14
4.3. Негізінен сіз дайын немесе жеуге дайын өнімді сатып аласыз, бірақ үйге жақын өнімдерді таңдауға тырысыңыз	+5
4.4. Сіз аптасына 2-3 рет ет жейсіз	+50
4.5. Сіз күніне үш рет ет жейсіз	+85
4.6. Сіз вегетариандық тағамды қалайсыз ба?	+30

2.Тұрмыстық қалдықтар

Бұл бөлімде сіздің өмір салтыңызға сәйкес келетін мәлімдемелерді таңдап, олардың сомасын 100 баллдан шегеріңіз (6.1 т. әрқайсымызға қатысты).

6.1. Біз бәріміз қоқыстар мен қоқыстар жасаймыз, сондықтан өзіңізге қосыңыз:	+100
6.2. Соңғы айда сіз бөтелкелерді кем дегенде бір рет тапсырдыңыз	–15
6.3.Қоқысты тастау арқылы сіз макулатураны бөлек контейнерге саласыз	–17
6.4. Сіз бос сусындар мен консервілерді тапсырасыз	–10
6.5. Сіз бөлек контейнерге пластикалық ораманы тастайсыз	–8
6.6. Сіз негізінен оралған емес, салмақты тауарларды сатып алуға тырысасыз; дүкенде алынған ораманы фермада қолданыңыз	–15
6.7. Үй қалдықтарынан сіз өзіңіздің аулаңыздағы участкеңізді құнарландыру үшін компост жасайсыз	–5

Қорытындылау:

Сауалнаманың барлық бөлімдері бойынша алған ұпайларыңызды қорытындылаңыз.

Егер сіз жарты миллион немесе одан да көп халқы бар қалада тұрсаңыз, жалпы нәтижеңізді 2-ге көбейтіңіз. Нәтижені 100 - ге бөліңіз және сіз барлық қажеттіліктеріңізді қанағаттандыру үшін қанша гектар жер қажет екенін және барлық адамдар сіз сияқты өмір сүрсе, қанша планета қажет екенін білесіз!

Сауалнама сіз үшін тағы не пайдалы болуы мүмкін: сауалнама сіздің өміріңіздің қай саласы сіздің экологиялық ізіңіздің көлеміне үлкен үлес қосатынын көруге көмектеседі. Сондай-ақ, сіз өмірдің қандай салаларын өзгертуге дайын екеніңізді ойланып, шеше аласыз. Мүмкін сіз өзіңіздің өмір салтыңызды ө згертуді армандаған шығарсыз: велосипедпен жүру, пайдалы тағамға көшу, үйде немесе елде бір нәрсені оңтайландыру-экологиялық ізді өзгерту сіздің арманыңызды жүзеге асырып қана қоймай, планетаға да көмектеседі!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Н.А. Рыжова. Как поздравить Землю. – Обруч, №2, 1997.
2. Н.А. Рыжова. Сказка о Человеке и Золотой Рыбке. Книга для детей и родителей. –М.: Карапуз, 1997.
3. Н.А. Рыжова. Не просто сказки. Экологические рассказы, сказки, праздники. Разделы «День Земли», «В гости к деревьям», «Праздник «День дерева». – М.: Линка- Пресс. 2002. (Приложение к журналу «Обруч»).

ЖЕТКІНШЕКТІҢ БОЙЫНДАҒЫ СУИЦИДТІҢ АЛДЫН-АЛУ ЖОЛДАРЫ

Есенова Аспет Жаксигуловна
Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Самбай ауылы
«А. Байтұрсынов атындағы орта мектебі» КММ
Педагог-психолог

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жолдауында маңызды мәселелердің бірі ретінде – қоғамның ең бір әлсіз қорғалған мүшелерінің соның жас балалар мен суицидке көптеп шалдығатын жеткіншектердің өмірін лайықты қамтамасыз ету, оларға сапалы білім беруді қалыптастыру екені айқын көрсетіледі. Қоғамда болып жатқан әлеуметтік мәселелер: отбасылық, экологиялық, эконмикалық дағдарыстар, жүйке-жүйелері бұзылған әр түрлі психикалық-физикалық аурулары бар жас ерекшелігі әр түрлі балалардың көбеюіне әкеліп отыр. Негізінде жеткіншектердің суицидке шалдығуы оқу біліктеріне ғана емес, қоршаған ортада тигізетін әсері зор. Яғни оқу біліктерінде алатын орны орасан. Қазір мектептерде жетіншектермен жиналыстар, тренингтер өткізілмеу қарама-қайшылықтарынан біздің алып отырған мақаламыз «Жеткіншектің бойындағы суицидті алдын-алу жолдары».

Жеткіншектердің бойындағы суициалды мінез құлықты зерттеу барысында көптеген термин сөздер кездестірдік. Мысалы: суициуалды мінез дегеніміз-құлық көбінесе депрессия кезіңде, алькогольдік токсикомания, психопатия жане аффект кезіңде жиі кездеседі. Өзін-өзі өлтіру оның ішкі қақтығыстарын өткізу жағдайларындағы әлеуметтік психология Бачериков қарастырды. Суицидогенді жағдайлар тұлғаның ерекшелігіне, оның өмірлік тәжірбиесіне, интелектісі және мінез-құлығымен анықталады.

Осы орайда жеткіншектердің бойындағы суицидтті алдын алу барысында профилактикалық жұмыс қолданылады. Жеткіншектердің суицидке шалдығуы түрлі себептермен болуы мүмкін. Мысалы: қоршаған ортасы, достары, отбасы, материалдық жағдайлары. Жеткіншектің суицидке шалдығуы оқу біліктеріне қатты әсер етуі мүмкін. Оқушылардың сабаққа деген ынтасы қашып,қорқынышпен өмір сүріп, білім алуына әсер етеді. Соны көріп жүрген мұғалімдері сабағын дұрыс жүргізе алмай, сол мектептің оқу білігі күрт төмендеп кетеді. Міне, сол себепті де осы жағдайларды болдырмау үшін біз психолог ретінде алдын алу шараларын ұсынамыз.

Жасөспірім кезінде суициалдық міңез-құлықтың кейбір өзгешіліктері болады. Жасөспірімдер арасында ересек балаларға қарағанда өзін-өзі өлтіруге әрекет жасау жиі кездеседі. А.Е.Личко, А.Александров зерттегені бойынша тоқталсақ, 14-18 жас аралығын сынақ-зерттеулерден өткізіп, мынадай қорытындыға келген. Психикалық өзгерістердің біршама артуы байқалады, мысалы депрессия. Балалар депрессиясының белгілеріне әрбір ұсақ түйекке мән берушілік, іш пісу мен шаршағандық сезімдері, айтқанды тыңдамау мен айқай-шу, жанжал көтеруге дайын тұрушылық, ішімдік пен есірткіні пайдалану жатады деп тұжырымдады. Жалпы айтқанда,жасөспірмдер арасындағы суциалды мінез-құлыққа өз құрбылары мен ата-аналары арасындағы жеке қарым-қатынастардың да ықпалы әсерін тигізеді. И.П. Павлов өзін-өзі өлтіруді «мақсат рефлексін» жоғалту деп түсіндірілген. Осыған байланысты ол мақсат рефлексі әр адамның өмір мәні жане энергия көзі. Өмір қызығы бір мақсатқа жетуге талпыну, егер сол мақсатқа жете алмаса алмаса басқа мақсатты көздеп соған қол жеткізу, ұмтылу. Алдындағы мақсат жоғалса, өмірдің мәні кетеді.

Жеткіншектердің суицидке шалдығуының бір себебі сол кезеңде өтпелі кезенің болуы. Сол кезде ең алдымен ата-анасы баласының мінез-құлқына, айналысатын ортасына, немен айналысатына мұқят қадағалау қажет. Жеткіншектердің бойындағы суицидті алдын-алу үшін көптеген әдістер қолданылады. Мысалы мектептерде әр түрлі тренингтер жүргізілеп,жиналыстар болып тұруы қажет. Көбінесе мына тренингтер жақсы әсер етеді; От шабу, Бұл әлемде-мен, Тәуелділік ағашы, Жаңбыр астындағы адам, Өзіңе хат. Сол тренигнгтер орындалу барысында, баланың өмір сүруге құлшынысын арттыратын көптеген видеороликтер көрсетілуі керек.

Суицидентке алғашқы психологиялық көмек көрсету. Лауазымды тұлғалардың тарапынан суицидентке көмек көрсету өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алудың ең басты кезеңі болып табылады. Суицид туралы ойлайтын адамға психологиялық көмек көрсетудің мынадай негізгі үш әдісі бар.

1. Уақтылы диагностика және суицидентті тиісінше емдеу.
2. Депрессияға шалдыққан адамға белсенді эмоциялық көмек көрсету.
3. Оның жағдайын жеңілдету үшін оның жақсы қасиеттеріне жиі тоқталу.

Қорытындылай келе дәл қазіргі кезде жастар арасында өз - өзіне қол жұмсау әрекеті жиі белең алып тұр. Бірі маскүнемдіктің құралы болса, бірі жат қылықтың жетегінен шыға алмай қор болуда. Уақытша қиындыққа төзе алмай, тосын оқиғаға тап болып, өмірімен ерте қош айтысып жатқандар қаншама.ау керек:

Біздің алған мақаламыз маңызды және өте өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Яғни жеткіншектік шақ 15-18 жас аралығы болып табылады. Осы жұмыспен айналысу барысында бізде көптеген көзқарастар пайда болды. Біз осы жұмысты зерттеу барысында түйгеніміз. Жеткіншек жастағы балалар

суицидтке шалдығады. Себебі:осы жас аралығында бала өтпеліт кезеңнен өтеді. Ол кезең қиын кезең болып табылады сол себепті суицидті алдын-алу үшін мынадай тәсілдер қолданған жөн деп есептнейміз. Бала өтпелі кезенг Суицидентке алғашқы психологиялық көмек көрсету. Сонымен қатар мектептерде өмірге деген құлшынысты арттыратын тренингтер мен жиналыстар өткізілуі қажет. Көбінесе мына тренингтер балаға жақсы әсер етеді. Олар: «От шабу», «Бұл әлемде-мен», «Тәуелділік ағашы», «Жаңбыр астындағы адам». «Өмір ғажап, Мейірім, Мен өмірді жақсы көрем», атты видеороликтер көрсетіліп, ақын жазушылырымыздың өлеңдері айтылса өте жақсы әсер етеді. Міне осындай қарапайым қағидалар орындалатын болса жеткіншектер суицидтке шалдығуы біршама азаяр еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс қарсаңында» (Астана, 28.02.2014)
2. Қ.Жарықпаев «Жантану негіздері», Алматы, 2002.
3. Қ.Жарықбаев «Жантау жолдары», Алматы, 2014.
4. С. Жақыпов «Жалпы психология негіздері», Алматы, 2012.
5. «Бастауыш сынып әдістемесі», 2012.
6. «Қызықты психология» журналы, 2017.
7. Н.С.Жұбаназарова. «Жас ерекшелік психологиясы» Қазақ универистеті, 2013ж

АҒАШ БЕТІНЕ ӨҢ БЕРУ ЖӘНЕ КҮЙДІРУ.

Есжанов Марат Мендигалиевич
Қопа орта мектебі, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы
«Технология» пәні мұғалімі

Ағашты күйдіріп өрнектеуді пирография деп атайды. Күйдіріп өңдеу құралдары жетілдірілмеген кезде өңдеу өте қарапайым болған. Яғни бензинді қолдана отырып, платина инені қыздырған. Ине қызуын бәсеңдетпес үшін шебер бензинді ауық-ауық аяқ басқышпен үрлеп тұруға мәжбүр болған.

Ағашты күйдіріп өңдеуді электр бізбен жасаудың әдісін ойлап тапқаннан кейін **пирография** ағашты көркемдеп өңдеудің қарапайым тәсіліне айналды.Қарапайым электр күйдіргіш бөлшектеріне 127 В-тан 200 В-қа дейін төмендетілетін кернеу қуатын бәсеңдеткіш

трансформатордан (тұтыну қуаты 20 Вт) негізгі жұмысты атқаратын тұтқа ұшына орналасқан электрод және реостан тұрады.

Күйдіріп өрнек салуда әр түрлі таңба штифттер жасауға болады. Электр күйдіргіштен басқа кейбір көмекші аспаптарды қолданамыз. Оған нихром сымын ұстап тұру үшін тістеуіктер, штифтерді майыстыруға арналған қысқыштар мен дөңгелек қысқыштар, қысатын бұрандаларды бұрау үшін байтесе, балғамен сымды таптауға арналған төс темір жатады.

Күйдіріп өрнек салуға ағаштың жұмсақ түрлері (жөке, терек, қандыағаш, балқарағай т.б) пайдаланылады.Күйдіріп өңдеу кезінде пайдалану үшін суреті бар арнаулы альбомдар, сызба үлгілері қолданылады. Суретті ағаш бетіне дұрыс көшіру өте маңызды.Күйдіру әдісінде алғашқы суреттерді нүкте-нүкте етіп күйдіріп байқау керек.

Күйдіріп өңдеуден өткен ағашты бояуға немесе лактап әрлеуге болады.

Мақсаты

а. білімділігі:оқушыларды электр күйдіргішінің құрылысымен таныстырып,қолдану тәсілін үйрету;

ә. дамытушылығы: оқушыларды бұйымдарды күйдіріп, өрнектеудің тарихымен таныстыру, қолданбалы қолөнер бұйымдарын күйдіріп әшекейлеудегі икемділігін арттырумен қатар жаңа технологиялық жетістіктерді пайдалану;

б. тәрбиелілігі: оқушылардың еңбек етуге өзара қатынасын, өнерге, шеберлікке деген ынта, қабілеттерін арттыру, еңбекке іскерлігін, икемділігін дамыту, өздігінен сапалы бұйым жасауға, әсемдікке тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Сәндік-қолданбалы өнер және басқа өнер саласындағы материалдардың өңдеу технологиясын білу;
- Бұйымдарды жасау жолдарын меңгерту;
- Ұлттық өнер түрлерін танып, білу;
- Жұмысты жүйелеп қорытындылай білу;
- Құрал-саймандарды ажырата білу;
- Техника қауіпсіздігі ережелерін білу және сақтау.

Өзектілігі:

Бағдарламада көрсетілген бағыт - мектептердегі білім беру саласында алған білімдерін тереңдетіп, сапасын жаңа заман талабына сай жақсартып, оқушылардың технология, бейнелеу пәні бойынша теориялық білімін практикамен ұштастыра игертіп және көркемдік, таным-талғамдық қызығушылығын арттыру.

Қолданысқа басқа тілден енген сөздер
Тақырыпты пысықтау және қорытындылау:
ТЕСТ – оқушы білімін бағалаудағы ұтымды әдіс

1.Ағашты күйдіріп өрнектеуде пайдаланылатын құрал-саймандар



2.Күйдіру өнерінің әдіс-тәсілдері

Негізгі мақсатым - технология сабағының тақырыптарын толықтыру, практикалық жағын дамыту.Бұйымдарды жасауда әдістемелік нұсқаулар жасалып бұйымның жасалу әдіс-тәсілдері сақталды, сызбасы қағаз бетіне түсіріледі.

Оқушылардың шығармашылығын дамыту мақсатында әртүрлі сайыстар мен байқауларға қатыстыра отырып, жұмыс сапасы бағаланады. Оқушыларға шығармашылық жоба жасаудың немесе шығармашылыққа баулудың жолдарын түсіндіру, жұмыстарына бағыт беру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіледі.

Білім мен тәрбиені ұштастыра отырып оқушылардың өмірден өз орындарын табуына, мамандық таңдауда, қабілеттерін тануда ептілік пен икемділікке жаттықтыру, кәсіби шеберліктерін арттыру және еліне пайдасын тигізу мақсатында ұлттық өнердің маңызы зор.

3. Оқушылар жетістігі

Пайдаланылған әдебиеттер
1.Технология әдістемелік нұсқаулығы
2.Қазақ өнері. Алматы - Дайк-Пресс -2004
3.Мектептегі технология журналы - 2005,2006, 2013-2015 ж.
4.Тұрмыс сәні. Алматы - 1991 ж
5.“Шаңырақ” үй-тұрмыс энциклопедиясы. Алматы – 1981 ж
6.Қазақ халқының қолөнері. Қасиманов С. Алматы – 1995 ж
7.Выжигание по дереву. Стефан Пул. Москва – “АСТ-ПРЕСС”

ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДА ОТБАСЫ МЕН БАЛАБАҚШАНЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІ

Ескалиева Алтынай Еншилесовна
МҚКК № 32 «Қуаныш» балабақшасы- меңгеруші

Фребель - неміс педагогы, мектепке дейінгі тәрбие теоретигі. Ол балаларды шебер және мұқият күтімді қажет ететін өмір гүлдері екенін және оларды бағбандар өсіретінін атап өткен. Тәрбиешінің жұмысын әртүрлі өсімдіктер өсіретін бағбанның еңбегімен салыстыруға болатының айтты.

"Бір өсімдік күннің жарқын сәулесін, екіншісі салқын көлеңкені жақсы көреді; біреуі ағынның жағасын, екіншісі кептірілген тау шыңын жақсы көреді. Бір өсімдік құмды топырақта жақсы өседі, екіншісі — майлы сазда. Барлығына ерекше, тек оған қолайлы күтім қажет, әйтпесе ол өз дамуында кемелдікке жете алмайды"- деген Абдул — Баха.

Гүлдер секілді балаларда сондайды қажет етеді. Өз бақшасында гүл өсіретін әр бағбанның қажетті дағдылары бола бермейді, сондықтан қажетті педагогикалық дағдылары жоқ отбасыға көмек керек. Баланың толыққанды дамуы үшін отбасы мен мұғалімдердің тығыз ынтымақтастығы бар балабақша қажет.

Мектепке дейінгі мекеме баланың дамуында маңызды рөл атқарады. Мұнда бала білім алады, басқа балалармен және ересектермен қарым-қатынас жасау дағдыларын игереді, өз іс-әрекетін ұйымдастыруды үйренеді. Алайда, баланың бұл дағдыларды қаншалықты тиімді игеретіні отбасының мектепке дейінгі мекемеге деген көзқарасына байланысты. Мектепке дейінгі баланың ата-анасының мектепке дейінгі білім беру процесіне белсенді қатысуынсыз үйлесімді дамуы мүмкін емес.

Балабақша педагогтары мен ата-аналардың ынтымақтастығы баланы жақсырақ білуге, оған әр түрлі тұрғыдан қарауға, демек, оның жеке ерекшеліктерін түсінуге, қабілеттерін дамытуға, құнды өмірлік бағдарларды қалыптастыруға көмектеседі.

Ата-аналар-баланың алғашқы тәрбиешілері. Олар бала кезіндегі баланың жеке басының физикалық, адамгершілік және интеллектуалдық дамуының негіздерін қалауға міндетті.

Педагогтар мен ата-аналардың өзара әрекеттесу тәсілдеріне мыналар жатады:

* ата-аналардың жеке тәжірибесін есепке алу: ата-аналарды аталған мәселелерге қызықтыру, оларда оң тәрбие тәжірибесіне сүйене отыру; ақпарат алу кезінде ата-аналардың сұраулары мен тілектерін ескеру маңызды.

* ата-аналарға білім беру мазмұнының, формалары мен әдістерінің өзгермелілігі, педагогикалық рефлексияны қалыптастыру әдістерін қолдану және ата-аналарды жандандыру: педагогикалық жағдайларды талдау, педагогикалық мәселелерді шешу, ата-аналардың өзіндік тәрбие қызметін талдау..."

Біз, педагогтар, педагогикалық процесті өз бетінше ұйымдастыруға, мектепке дейінгі білім беру ұйымы тәрбиеленушілерінің ата-аналарымен жұмыста өз бағыттарын анықтауға мүмкіндік алдық.

"Педагогтың ешқайсысы ересек адамның мінез-құлқының стереотипін бірден жоя алатын сиқырлы күшке ие емес екені анық. Сондықтан бірден сәттілікке сенбеуі керек және ұзақ, қажырлы жұмысқа бейімделуі керек".

Ата — аналармен жеке жұмыс ең танымал, пайдалы, сонымен қатар ұйымдағы ең қиын, өйткені әр түрлі ата — аналар кездеседі: ата-аналар-көшбасшылар, ата-аналар-орындаушылар және ата-аналар-сыни бақылаушылар. Жеке жұмыстың негізі - ата-аналарға мейірімділік, сыпайылық және мадақтау.

Тәжірибеде жеке жұмыста келесі түрлері жиі қолданылады:

* Әңгіме

* Кеңес беру.

Әңгіме жанжалды жағдайлардың алдын алу үшін қолданылады. Бұл ретте нақтылық пен мазмұндылық сақтай отырып, әңгімелесу үшін жағдайлар жасау. Ең бастысы, "көзге көз" принципін сақтау қажет. Сонымен қатар, мейірімділік пен сенім білдіру. Әңгімелесу кезінде ата-анаға бала туралы әңгіме міндетті түрде жақсыдан бастап. Ата-ананы үзбестен, ол не айтса да шыдамдылықпен тыңдау өте маңызды.

Баланың кемшіліктері туралы сабырлықпен, қажетсіз эмоцияларсыз айту керек. Оның дамуы туралы ойлар мен педагогикалық ұсыныстар айтылады. Бірақ, кейде ата-аналар келіспеуі мүмкін. Олар оғанда құқылы. Ең бастысы, олар әңгіменің мәнің түсінген жөн.

Дауларға жол бермеңіз. Ата-ананы ыңғайсыз жағдайға қоюға болатын кез-келген сұрақтардан аулақ болыңыз. "Менікі- дұрыс, сенікі- бұрыс" қағидасы кедергі келтіретіні туралы ұмытпау қажет.

Мұның бәрі байланыс нүктелерін табуға және болашақта сәтті өзара әрекеттесуге көмектеседі.

И. М. Марковскаяның айтуынша, " ата — аналармен әңгімелесу, бір жағынан, балаларға дұрыс көзқарас табуға мүмкіндік береді, ал екінші жағынан, педагогтың тиімді жұмысына ықпал етеді, өйткені көбінесе ата-аналармен сөйлесу тәрбиеленушіге дұрыс көзқарас табуға көмектеседі, өйткені жақын адамдар өз балаларын жақсы біледі және көп нәрсені айта алады."

Ата-аналарға кеңес беру де өте маңызды аспект болып табылады.

Әдебиеттерді теориялық талдау кеңес беру қызмет түрінің нақты анықтамасының жоқтығын көрсетеді. "Консультация беру" термині-консультациялық практиканың әртүрлі түрлеріне (педагогикалық, медициналық, психологиялық және т. б.) арналған жалпы ұғым.

Бірақ сонымен бірге кеңес беру бір жалпы сипаттамасы бар — жеке адамға бағытын табу.

Өкінішке орай, ата — аналардың көпшілігі жүйелі өз білімін жетілдіруге уақыт таба алмайды және әдетте төтенше жағдайларда ғана педагогтардан әртүрлі кеңестер алу үшін жүгінеді.

Балабақша тәрбиеленушілерінің ата - аналарына кеңес беруді ұйымдастыру балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықтың ең өзекті және талап етілетін бағыттарының бірі болып табылады

Отбасы мен балабақша әлеуметтендірудің маңызды екі институты. Тәрбиешінің жұмысындағы ең бастысы ата-аналар алдында сенім мен беделге ие болу, сонымен қатар отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның келісілген іс-әрекетінің маңыздылығы мен қажеттілігіне сендіру. Ата-ана мен педагог балаға өз жолымен әлеуметтік тәжірибе береді, бірақ бір-бірімен үйлескенде ғана олар кішкентай адамның үлкен әлемге кіруіне оңтайлы жағдай жасай алады.

Литература

1. ҚР МЖМББС 1.001-2009. Астана
2. Мектепке дейінгі жастағы балалардың отбасында тәрбиеленуі: Мектепке дейінгі балалар мекемелерінің педагогтарына, психологтарына, тәрбиешілеріне арналған әдістемелік құрал.- Астана,2014
3. Давыдова О.И. Работа с родителями в ДОУ. Учебное пособие. — М., 2005

«С» ДЫБЫСЫ

Ескалиева Анаргуль Мубараковна
Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы №4 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебінің мектепалды даярлық сынып тәрбиешісі

Білім беру саласы:Қатынас
Бөлімі:Сауат ашу негіздері
Тақырыбы: «С» дыбысы.
Мақсаты: «С» дыбысымен таныстыру;
Міндеттері: Балаларға дыбыстық талдау жасауды үйрету. Сөздерді буынға бөлуді дамыту. Саусақ моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: сөздерді буынға бөлуді;
Түсінеді: сөздердің буыннан құралатынын;
Қолданады: дыбыстарға сөздер құрайды.
Қолданылатын көрнекі құралдар: жұмыс дәптері, тас, асық, ілгек, жіп, қима тапсырмалар, төсбелгінің суреті.
Билингвалды компонент: сөз – слово.
ҰОҚ барысы:
1. Ұйымдастыру кезеңі
Жарқын,жарқын үніміз

Болашақтың күніміз
Анаргуль Мубараковнаның
Жайнап тұрған гүліміз.
Сәлеметсіздер ме ұстаздар
Қош келдіңіз ,бәріңіз!

2. **Өткенді есіңе ал!**

А Ғ

Н М О

Р Б

3. **Бейне жазба.**

Қазақ әліппесінің негізін салушы Ыбырай Алтынсарин- қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері.

4. Дидактикалық ойын: «Дәл тауып айт»

Қыздар құлағына тағады — Сырға.
Қыздар қолына тағады — Сақина.
Уақытты көрсетеді — Сағат.
Сиырдан не алынады — Сүт
Сызуға арналған құрал — Сызғыш.
Мектепте не оқимыз — Сабақ.
Кітаптарды қайда саламыз — Сөмке.
Кірді немен жуамыз – Сабын
Балалар шайнайды – Сағыз
-Балалар осы сөздердің барлығы қандай дыбыстан басталып тұр?

5.Жаңа дыбыс С дыбыс(дауыссыз дыбыс)

6. **Әліппе-дәптермен жұмыс**

Суреттегі заттарды ата.Сол сөзге дыбыстық талдау жаса.

7. С дыбысынан басталатын суреттерді сәйкестендір.

8.Сергіту сәті.

Сырт – сырт етер сағат,
Минуттарды санап.
Мен мектепке барамын,
Сағатыма қарап.

9.Топтық жұмыс.

1 топ: С дыбысы бар сөздерді құрастырады.
2 топ: С дыбысынан басталатын сөздерді құрастырады.
3 топ: С дыбысынан аяқтаалтын сөздерді құрастырады.

10.Мнемотехника

11. **С дыбысымен таныс бол! (шығармашылық жұмыс)**

12. **Жұптық жұмыс**

С	С	Б	Е	В	А	И
З	С	С	А	Д	З	Г
В	У	С	Л	Ж	Я	О
Я	О	С	Т	Ч	И	Н
А	П	С	С	С	С	Э
И	Л	Н	Ч	Я	С	Л
Н	Д	Е	Ш	Э	С	С

С	С	С	Е	В	А	И
З	К	С	А	Д	З	Г
В	У	С	С	Ж	Я	О
Я	О	П	С	Ч	И	Н
А	П	Т	С	С	С	Э
И	Л	Н	Ч	Я	С	Л
Н	Д	Е	Ш	Э	С	С

13. **Кері байланыс**
«Зуылдақ» әдісі
1.Бүгін қандай дыбыспен таныстық?
2. С дыбысы қандай дыбыс?
3. С дыбысын қандай түспен белгілейміз?
4.С дыбысы сөздердің қай бөлігінде орналасқан?
5. С дыбысы бар сөздер.
14. **Рефлексия**

15. **Төсбелгі (оқушыларды марапаттау)**

МУЗЫКАНЫҢ БАЛАҒА ӘСЕРІ

Есниязов Елжас Өтемісұлы
Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қарасу негізгі мектебі

Академик А.К.Александров «*мектептің балаларға тек білім беріп қана қоймай, өз бетінше ойлауға тәрбиелеу, бұл қоғамды өркендетуші өскелең ұрпақтың саналы болып өсуіне керек қасиеттің бірі*» десе, танымал психолог С.Л.Рубинштейн «*баланың бойында саналы әрекеттің қалыптасуы мен дамуына негіз болатын оқушының өз бетінше жұмыс түрлерімен айналысуы*» екендігін атап көрсеткен. Оқушылардың білімін шығармашылықпен байланыстыруда мектепте музыканың орны ерекше.

Барлық балалар туғаннан бастап музыканттар. Бұл ғылыми дәлелденген ақпарат. Әрбір бала сөйлемей жатып, музыкаға, әнге мән береді. Сондықтан көп ата-аналар балаларымен әр

түрлі әуендердің көмегімен интуитивті қарым-қатынас жасайды. Музыканы рахаттанып тыңдап қана қоймай, оның баланың миының дамуына таптырмас құрал екенін білгеніміз жөн.

Қандай жолмен музыка баланың миының дамуына әсер етеді? Баланың миының белсенді жұмыс жасауы үшін оның миының әрбір жасушасына әр түрлі сенсорлық сигналдармен, яғни көру, есту, сөйлеу сияқты түрлі әсермен қамтамасыз ету керек. Бұл сенсорлық сигналдар баланың миының белгілі бір бөлігінің дамуына көмектеседі. Музыка немесе әуенді қабылдау – бұл ерекше сенсорлық тәжірибе. Американдық ғалымдар адамның миында музыканы қабылдауға жауап беретін жеке аймақ жоқ екенін анықтады. Сондықтан біз әуенді тыңдағанда біздің миымыздың екі жартышары да жұмыс жасайды. Музыканы тыңдай отырып, біз жүйке жасушалары – нейрондардың санын арттырып, сондай-ақ жүйкеаралық және ұшараралық байланыстарды орнатамыз.

Көптеген зерттеулердің нәтижесінде музыка мектепке дейінгі балалардың сөйлеуіне, есте сақтау және көру қабілеті мен зейінін дамытуға көмектесетінін анықтаған. Бала-бақшаларда музыкамен дамыту – мектепке дайындықтықтың алғы шарты. Егер кішкентай баланы басқа қызығушылықтардан шектеп, тек оқуға және санауға үйретететін болсақ, онда баланың тек сол жақ ми сыңары дамиды. Бұл мектепке дейінгі баланың ойлау деңгейіне сәйкес келмейді, себебі 7-9 жасқа дейін баланың миының оң жақ жарты шары қалыпты жағдайда солға қарағанда белсенді жұмыс істейді. Музыка сабағы адамның миының жұмысын дамытады, сондықтан оны қосымша сабақ деп санамаңыз. Жеке тұлғаның дамуы үшін музыканың маңыздылығын ежелгі философтар түсініп, музыка денеге, рухқа және интеллектке оң әсер етеді деп санады. Пифагордың пікірінше, «*музыка адамның ішінде ғарыштағы сияқты тәртіп пен үйлесім жасайды*» деп есептеген. Сондай-ақ Платон «*музыка адамның жанын жадыратып, оларды керемет сезімге бөлейді*» деп санады. Қазіргі зерттеулер осы теорияларды толығымен растады.

Сонымен, музыка тыңдау пайдалы. Бірақ музыкадан жақсы әсер алу үшін оның әр түрлі жанрларын тыңдау қажет. Музыкамен үнемі және ұзақ уақыт айналысса, мидың қабығында елеулі өзгерістер орын алып, ми жақсы жұмыс істейді. Бұл әсер мәңгі сақталады!

Сондықтан музыка сабағының басты мақсаты - балалардың музыкаға деген қызығушылығы мен өз қабілетіне деген сенімділігін ояту, оларды музыкамен таңқалдыру және қуанышқа бөлу. Музыка сабақтары музыкалық жанрдың барлық түрлерін біріктіріп, балалардың түрлі қызмет түрлеріне белсенді қосылуын көздейді:.

- Музыка тыңдау. Музыкалық шығармаларды қабылдау, дауыс пен есту дағдыларын дамыту.
- Ән айту. Қарапайым ән айту дағдыларын меңгеру. Ән айту тыныс алу мен дауыс аппаратының дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар, дауыс пен есту үйлесімін және сөйлеуді дамытады.
- Музыкалық-ырғақтық қызмет. Оның міндеті қозғалыс үйлесімі мен сұлулығын, қиял мен есту қабылдауын дамыту. Балалардың оркестр мен ансамбльде музыкалық аспаптарда ойнауы арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытады. Балаларды топқа біріктіру, шығармашылыққа қызығушылықты қалыптастыру міндеттері шешіледі.
- Музыкалық-дидактикалық ойындар ритм, тембр, динамика, әуен қозғалысының бағыты сияқты музыкалық мәнерліліктің жекелеген құралдары есту қабілетін арттырады.

Музыкалық қызметтің барлық түрлері есту және есте сақтау, дауыс, қимылдарды үйлестіру, музыкалық ой-өріс және танымдық қызығушылықты, сондай-ақ баланың оқу, тіл, математика меңгеруіне қажетті ырғақты сезімдерін дамытады. Қорыта айтқанда, музыка оқушылардың эстетикалық талғамын байытып, шығармашылық қиялына қанат бітіреді. Егер сіз балаңыздың тез және дұрыс сөйлегенін қаласаңыз, математикада, логикада табысты болғанын қаласаңыз, оны музыкаға үйретіңіз!

Әдебиеттер тізімі:

1. З.Любинская. Мұғалімдерге арналған мектеп психологиясы жөнінде. Алматы, 1981ж;
2. У.И.Мелдебекова. Бастауыш сынып оқушыларына музыка арқылы эстетикалық тәрбие беру. Түркістан, 2008ж.

ОРФОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Еркегенова Айсауле Сагингалиевна
Ақтөбе қаласы, КММ «Қызылжар орта мектебі», бастауыш сынып мұғалімі

Орфографиялық дағдыны қалыптастырудың жолдары. Білімді жүйелі қабылдау әрқашан белгілі бір икемділік пен дағдыға байланысты. Білім алуға негізделген әрекет қандай да бір икемділіктің, кей жағдайда дағдының болуын қалайды. Оқытудағы білім мен дағды байланысының дәрежесі әр түрлі болуы мүмкін. Олар әр пәннің өзіне тән ерекшелігімен сараланды.

Күрделі ақыл – ой қызметі арқылы қалыптасатын орфографиялық дағдыны игерудің қиындығы тек ереже немесе грамматикалық ұғымды білмеушілікте ғана емес, қайта ережені жазу практикасында қолдана алмаушылықта. Орфографиялық ережені жақсы білетін оқушының жазуда сол ережеге байланысты қате жіберетіндігі белгілі. Бұл оқушының өз білімін іс жүзінде қолдана білмейтіндігін көрсетеді. Ережені практикада пайдалану үшін орфограмманы танып, оларды грамматикалық жағынан топтастыру, қандай ережеге лайықты екендігін аңғарту қажет. Бұл үшін ойдың аналитикалық – синтетикалық күрделі жұмыс істеуіне тура келеді.

Сөйлеу тілі мен жазба тіл арасындағы айырмашылық әріп пен дыбыс қатынасына ғана емес, сөз құрылысына да тән. Бала сөйлеп тұрған кезде сөздің морфологиялық құрылысына, олардың жіктелуіне қосымша назар аудармайды да, өзінің ойын түсінікті етіп айта береді. Ал жазуда грамматикалық ерекшелік белгілі дәрежеде ойға оралып отырады. Жаңадан жазуға үйрене бастаған бала жеке әріптерден сөз құрағанда сөздің гамматикалық құрылысының элементтерін сақтайды. Осыдан барып қатесіз жазудағдысы көрініс береді.

Демек мектеп оқушысына грамматика мен орфографияны оқыта отырып, белгілі бір сөзді неліктен осылайша жазамыз деген талап қоя аламыз. Мұндай талапқа сай білімдік дағды алған оқушы өтіліп отырған орфограмманы естіту, айту, көру және жазумен ғана шектелмейді, грамматикалық көптеген әрекеттерді орындайды: сөздерді бөліктерге бөледі, ұқсас формадағы сөздерді тізеді, белгілі жұрнақтар арқылы жаңа сөздер жасайды, сөзден өзгерісті байқайды, жеке сөздер арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарды анықтайды, өтіліп отырған орфограмманың өзіне тән ерекшеліктермен таныстырады, өз білімін жүйеге келтіреді. Осылардың негізінде құбылыстарды танудың жолдарын көрсетеді, ережені пайдалану тәсілдері мен бақылау жасау тәсілдерін белгілейді, қандай жағдайда қалай жазу керектігін саралайды, қажетті үлгілерді алдын ала жасап қояды. Оқушы грамматикалық ережені игере отырып, ойлау процесәне тән операцияларды орындайды. Құбылыс күрделі болған сайын, оқушының ойлау жұмысы күрделене түседі. Бұл – орфограммаларды саналы түрде түсінуге көмектеседі.

Орфография тілдік ерекшеліктердің көрінісі болғандықтан, оның грамматикалық құрылысы, яғни ережені білу грамматиканың өзін білуді көздейді. Оқушы тілдік құбылыстарды, сөздердің өзара байланысын неғұрлым жақсы білген сайын, соғұрлым орфограмманы да жете танып, оған лайықты жеке ережелерді де жақсы білетін болады. Міне

сондықтан да орфография грамматикаға негізделіп отырады, өйткені грамматиканы білу дегеніміз өзі – сауатты жазу.

Грамматикалық ережені игеру жолында үзбестен жаттықтыру нәтижесінде оқушы қатесіз жазатын болады. Алайда, қатесіз жазу көп еңбекті талап етеді, зейіннің шоғырландырылуы, ақыл ой, еңбегі жұмсалуы қажет болады. Жазып келе жатып оқушы кідіріс жасайды, ойланады ережені еске түсіреді, сонан соң барып жазуын жалғастырады. Бұл оқушының дағды қалыптастыруы алдындағы табалдырық икемділік. Оқушыда орфографиялық дағды қалыптаса қоймағанымен жазуда көптеген табысқа жеткендігі байқалады өйткені ол ереже мен нақты фактінің бір біріне қаншалық сәйкестігін саналы түрде бағдарлай ұғына бастаған. Оқушы өзінің икемділігін жетілдіре түсуі үшін тағы да жаттыға түсуі қажет. Мұндай жаттығу кезінде оқушының ойлау процесі де, жазу дағдысы да шапшаңдай түседі. Белгілі мысалға лайық ереже, сондай – ақ белгілі ережеге лайық мысал жылдам ойға оралып отырады. Міне, дағды осылайша пайда болады. Басқа сөзбен айтқанды, дағды – ұзақ уақыт, үнемі қайта – қайта жаттығудың нәтижесінде қалыптасады.

Орфоэпиялық кемшілік сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алмаушылықтан, өте шапшаң немесе өте баяу сөйлеуден белгілі бір дыбысты айта алмағандықтан болады. Бала көбінесе р,л,ш,ж,ч,щ,с,ц,э, дыбыстарын дұрыс айта алмайды. Соның әсері жазуға тиіп, бар сөзін бал, жоқ сөзін соқ деп те жазады.

Грамматикалық ережені меңгеру оны практикада іске асыра білу процісінде жүзеге асады. Анықтама ережені оқушылардың түсінуі материалды меңгерудің алғашқы бастамасы ғана. Орфограммаларды қайталай түсу оқушыларды анализ және синтез операцияларын орындауға дағдалындырады. Жаттығу неғұрлым мол орындалса, оқушылардың материалды меңгеруі де соғұрлым жеңілдейді.

Грамматикалық форманы тану оны қабылдау мен бір мезгілде жүзеге асады. Сөйтіп орфографиялық жаттығулар орындау кезіндегі оқушылардың күрделі аналитика – синтетикалық қызметі, біріншіден, ережені түсінуге, екіншіден, орфографиялық дағдыларының қалыптасуына негіз жасайды.

Жаттығулар орындалу сипатына қарай: 1) көру сезімі арқылы, 2) есту сезімі арқылы орындалатын жаттығулар деп бөлінеді. Көру сезімі арқылы орындалатын жаттығуға көшіріп жазу жұмыстары жатады, есту сезімі арқылы орындалатын жаттығуға негізінде диктанттарды жатқызуға болады.

Орфографиялық жаттығу грамматикалық және орфографиялық түсінік бойынша, сондай –ақ талдаулар жасаулар арқылы орындалып отырады. Жаттығу орындатудың бір түрі басқа түрлерімен алма кезек ауыстырылып отырады. Белгілі бір тақырыпқа байланысты жаттығу кезінде көшіріп жазу және диктант (көру диктанты) элементтері, тіпті творчествалық диктан немесе шығарма араласа жүргізілуі мүмкін.

Егер оқушыларға емлелік қиындықтарды тапқызып, орфограммаларды жете таныту мақсат етіп қойылса, онда мына сияқты жұмыстар жүргізуді ұсынуға болады. 1) жазылуы қиын сөздерді теріп көшіру, 2) терме диктант, 3) ауызша талдау, 4) қажетті орфограммалардың астын сыздыру, 5) өз жазғандарын өзі тексеру т.б.

Орфографияны үйрету - біртұтас қиын процесс. Бұл процестің біртұтастығы оқытылатын баланың психикалық қызметінің бірлігімен, тіл мен ойлау бірлігімен, ауызша және жазбаша тіл бірлігімен жүзеге асырылады.

Әр түрлі сөздік материалдарға енгізілген белгілі бір орфограмманы жазу көптеген оқушыларға едәуір қиындық туғызады,сонымен бірге бір ережеге байланысты емленің өзінен де түрлі қиындық ұшырасады. Мұндай қателердің көпшілігі орфограммалардың грамматикалық табиғатын ажырата алмағандықтан жіберіледі. Жаттығуларға семантикалық, грамматикалық формасы т.б. жағынан әр түрлі ерекшеліктердің көбінесе аз қамтылуы себепші болады. Соның салдарынан оқушылар неғұрлым жеңіл жұмыстарды орындауға әдеттенеді де,

грамматикалық категорияларды неғұрлым қиын жағынан тануға, есте сақтауға, ақылға тоқуға әзірлігі жетпейді. Белгілі грамматикалық категорияны оқушылардың неліктен нашар меңгеретін себебін мұғалімнің зерттеп, ол себептерді оқушыларға саналы түрде жеткізіп отыруы керек.

Сөз тұлғасын талдау кезінде лексикалық жұмыстың мынадай түрлері ескеріліп отырылуы тиіс:

А) оқушылар талдап отырған сөздің мағыасын анықтап отыруы;

Ә) оқушылардың сөздік қорын толықтыру;

Б) өздері білетін сөздік қорын тиімді пайдалануға дағдыландыру;

Грамматикалық – орфографиялық талдау сауатты жазуды қамтамасыз ететін бірден – бір жұмыс түрлерінің бірі ғана. Жазбаша орфографиялық жаттығулар ретінде талдау – көшіріп жазу, диктант және басқа жұмыстарда қолданылады. Грамматикалық орфографиялық талдау жүргізудің мынадай түрі де озат мұғалімдер тәжірибесінен орын алып жүр. Мұғалім сөйлемді оқиды, ал оқушылар сол сөйлемді таладйды. Талдаудың мұндай түрі оқушардың есту қабілетін арттыруға көмектеседі, сөздің айтылуы мен жазылуы арасындағы ерекшеліктерді аңғартады. Талдаудың тағы бір жолы дайын карточка бойынша талдау болып табылады.

Мұғалімнің бір ғана тәсілді пайдалануы жеткіліксіз. Ыңғайына қарай барлық тәсілдерді қолданғаны жөн. Жапа – тармағай тәсілдердің бәрін қатар қолданғаннан да мұғалім ұтпайды. Керісінше, бір тәсілден екінші тәсілге бірте – бірте көшіп отырған жөн. Осылай еткенде ғана оқушыларды өз ісіне ұқыптылықпен үйрете алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құлмағамбетова Ю., Исанова А., Айтжанова П. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Аалматы: Білім, 2000.-286 б.

2. Сабырбаева М. Орфографияны оқыту. //Қазақ тілі және әдебиеті 8.10.2001ж.

3. Құлмағамбетова Б, Әбілқаев А. Қазақ тілі оқулығына арналған әдістемелік нұсқау. Алматы: Рауан, 1994.-189б .

4. Құлмағамбетова Б.Қазақ тілінің оқыту методикасы. Алматы: Мектеп, 1988. 220 б.

5. Нұржанова Ж. Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары. Алматы: Санат, 2001.-145 б.

6. Өмірбаева К.О. Қазақ тілін көп деңгейлік оқыту. Алматы: Ана тілі, 2002. -155 б.

7. Қордабаева Т. А. Қазақ тілі білімінің қалыптасу, даму жолдары. Алматы: Ана тілі, 1995.-197 б.

8. Кузенова З.С. Қазақ тілінің практикалық курсы. Алматы: санат, 2001.-210 б.

ИНОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ҚОЛДАНУ

Ешімқұл Рая Сағиғалиқызы
Ақтөбе қаласы, №12 «Інжугүл» б/б тәрбиешісі

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді талап етіп отыр.

Қазіргі кезеңде білім ғылым саласында инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр.Сондықтан мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр.

Жаңа заман баласы ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет.

Әрине, ол үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуында педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты. Яғни, педагогикалық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті.

Қоғамдағы қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру- басты мәселенің бірі.осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі технологиялары жасалып енгізілуде.

Білім берудің алғашқы деңгейлері балабақшадан басталмақ. Мақсаты-мектепке дейінгі білім балалардың білім алуына бірдей бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Кез келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, бабалардың жан дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың бірнеше түріне тоқталайық.

Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді.Ойын - балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі.Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады.

Ойын-әлеуметтік қызмет. Ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттырады.

Проблемалық оқыту технологиясы-баланы өз бетімен ізденуге үйрету, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Яғни, балалардың белсенділігі арттыру, оқу материалына баланы қызықтыратындай мәселе тудыру, бала материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді, бала оқытуды өмірмен және еңбегімен байланыстырады.

Өздігінен даму технологиясы-бұл баланы жан-жақты дамыту, дербестікке тәрбиелеу, бала санасында нәрселер әлемі мен ойлау әрекетінің бірігуі. мұнда оқыту бала дамуына сәйкес табиғи болуы керек, сонда ғана бала өзін дамыта алады.М.Монтесори педагогикасының түсіндіруінше баланың туғаннан азамат болғанға дейін барлық өмірі- оның еркіндігі мен дербестігінің дамуы болып табылады.

Бұл технологияның ерекшелігі оқытудың бірыңғай бағдарламасы болмайды, әркім табиғат берген даму жолымен жүреді. Балабақшада сабақ болмайды әр күн жалпы жиыннан басталады және жиыннан кейін әркім өз еркімен қалаған жұмысымен айналысады. Әр баланың іс-әрекеті өз еңбегіне орай үлкендердің басқа бала тарапынан бағаланады. Мұндағы басты мәселе бала өзін-өзі бағалайды.

Ынтымақтастық педагогикасы-педагогтың талап ету педагогикасынан қарым-қатынас педагогикасына көшуі.Балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиенің ажырамас бірлігі: тәрбиеші-бала, бала-тәрбиеші, бала-бала, яғни бала да тәрбиеші де

субъектілер болып табылады. Сонымен қатар, баланың жеке басына ізгілік қарым-қатынас, бала мен тәрбиеші арасындағы өзара түсінушілік, ынтымақтастық қарым-қатынас жасау. Бұл технологияның негізгі мақсаты-баланы азамат етіп тәрбиелеу, олардың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату.

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы-білім, білік, дағдыны меңгерту болып табылады. Әр баланы қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту, балалардың әр түрлі топ ерекшеліктеріне сәйкес оқытуды бейімдеу, ыңғайлау.

Модульдік оқыту технологиясы-оқытудың тұтас технологиясынжобалау, алға қойған мақстқа жетуді көздейтін педагогикалық процесті ұйымдастыру, тәрбиешіге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру.Балалармен жүргізілетін жұмыстарда кездесетін қиыншылықтардың алдын-алу және түзету жұмыситарының жүйесін құру. Дамыта оқыту технологиясы-баланы оқыта отырып, дамыту. Бала бойында еркіндік, мақстакерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік т.б. қасиеттер дамыту.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар, мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі-мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс-әрекеттерін бастар алдында жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал, мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланар еді. Бала бақша баласына мультимедиялық оқулықтар біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден, зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге мүмкіндік алады. Мультимедиялық оқулықтар балабақшада балаларға арналған таптырмас құрал болып табылады. Өйткені, балалардың зейіні әр түрлі әдемі түстерге, ойыншықтарға, әдемі суреттерге, әсемдікке әуес болады.

Мультимедиялық электронды оқулықтар бала үшін де, тәрбиеші үшін де күнде дамытылып отыратын анық түрдегі әдістемелік жүйе болып табылады.

Мектепке дейінгі мекемелерде ақпараттық қатынастық технология құралдарын қолданудағы мақсат- баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру.Балада танымдық қызығушылықтың болуы олардың оқу іс-әрекеттерге белсенді, білімінің сапалы болуына, жағымды мінез құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшелоіктерін ескерген, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.

Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Жаңашыл тәрбиеші даярлауға тқойылатын талаптар студенттерді оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларын игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді.

РАЗВИТИЕ ЛОГИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ

Әбдібаева Нағима Сәскебайқызы
Актюбинская область, Айтекебийский район, Талдысайская ОСШ
учитель русского языка и литературы

В современном обществе принято считать, что интеллект человека определяется не суммой накопленных знаний, а высоким уровнем логического мышления. Школьники к моменту перехода в среднее звено должны сравнивать, анализировать, обобщать. Все это поможет им в будущем решать трудные, нестандартные задачи, работать творчески.

Уровень развития логического мышления ученика определяется степенью сложности умственных действий и операций (анализ, синтез, сравнение, обобщение, абстракция, классификация, конкретизация). «Развитию мышления в младшем школьном возрасте принадлежит особая роль, т.к. с началом школьного обучения мышление выдвигается в центр психического развития ребенка» (Л. С. Выготский) и становится определяющим в системе других психических функций.

Мышление ребенка младшего школьного возраста находится на переломном этапе развития. В этот период осуществляется переход от наглядно - образного к словесно-логическому. В этом отношении наиболее показательно мышление первоклассников. Оно конкретно, опирается на наглядные образы и представления. Содержание понятий и обобщение определяется в основном наглядно воспринимаемыми признаками предметов.

При овладении учебной деятельностью и основами научных знаний ребенок постепенно приобщается к научным понятиям, его умственные операции становятся менее связанными с конкретной практической деятельностью и наглядной опорой. Дети овладевают приемами мыслительной деятельности, приобретают способность действовать в уме и анализировать. Несформированность полноценной мыслительной деятельности осложняет процесс обучения, снижает его эффективность. Например, при неумении выделять общее и существенное у учащихся возникают трудности с обобщением учебного материала (выделением корня в родственных словах, делением текста на части, выбором заглавия для отрывка и т. д.)

После окончания начальной школы ученик сталкивается с множеством проблем: объем информации постоянно нарастает, количество знаний увеличивается. Вдобавок нередко получается так, что в этом возрасте родители уже не всегда в состоянии помочь своим питомцам, даже обладая огромным желанием сделать это.

Поэтому развитие логического мышления школьников не может наиболее эффективно осуществляться в рамках одного предмета (математики), а лишь при чередовании вопросов из разных областей знания - и в русском, и в истории, и в чтении.

Для развития логического мышления использую разнообразные игры и упражнения. Вот некоторые из них, которые я использую на уроках русского языка:

1.***Игра «Зашифрованное слово»*** (формирует такие мыслительные процессы, как анализ и синтез). Задание: Из каждого слова взять только первый, второй, последний слоги и записать полученное слово.

По первому слогу:

Предлог, логово, железо, низина, енот. (Предложение).

По второму слогу:

Пуговица, молоток, лава. (Голова.)

По последнему слогу:

Колесо, село, панама. (Солома).

Найти самим спрятанное слово:

Сапоги, парашют, фантазия. (Сарафан.)

2.***Упражнение «Волшебный ряд букв».*** Дается любой ряд букв. Задания могут предлагать сами дети. Например: а, л, п, д, о, и, к, е, т.. Задания: а) деление букв на группы (согласные-гласные; согласные, обозначающие твердость согласного звука и мягкость; парные –непарные согласные.) ;б)составление слов из букв (пила, лупа, лоб и т. д.);в)записать буквы в алфавитном порядке; г) найти лишнюю букву.

3.***Игра «Выбывание слов»*** (игра учит сравнивать, анализировать и рассуждать).

Задание: найти лишнее слово.

Темнота, темный, темнеть, зеленеть, цветет.

Урок 1

II Минутка чистописания.

На доске написаны буквы: р, м, о, т, е.

-На какие группы можно разделить данные буквы? Запишите каждую группу с новой строчки, составив цепочку из букв рмт, ое.

IIIСловарно-орфографическая работа.

-Сегодня мы познакомимся с новым словарным словом, которое можно составить из букв, записанных на доске. Какое это слово? (Метро.)

Урок 2

II Минутка чистописания.

На доске написаны буквы: о, б, а, с, к, а..

-Какая буква повторяется? Какая буква лишняя? Определите написание букв в строчке.

А ааб бба аабб ббааа

Работа по развитию познавательных процессов в начальной школе повысит обучаемость, улучшит внимание, восприятие, память; дети будут уметь «видеть», «слышать», рассуждать. Будет развиваться способность переносить мыслительные навыки на незнакомый материал. Сформируются начальные основы психической культуры: стремление самостоятельно добывать знания, испытывать потребность в учебной деятельности.

Литература

Винокурова Н.К. Развиваем способности детей: 2 класс. – М.: Росмэн-Пресс, 2002.

Кулагина И. Ю. Возрастная психология: Развитие ребенка от рождения до 17 лет: Учебное пособие. – М.: УРАО,1997

Лайло В.В. Повышение грамотности и развитие мышления: Пособие учителя. – 4-е изд., - М.: Дрофа, 2002

ТҰТЫҚПА ТІЛ КЕМШІЛІГІН ТҮЗЕТУДЕ ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ МАҢЫЗЫ

Әбжапбарова Гауһар Қанатбекқызы
Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы (түзетім) балабақшасы

Тұтықпа тіл кемшілігі адам баласының сөйлеу қабілеті дамыған заманынан бері белгілі. Және тұтықпа - әлемдегі кең таралған сөйлеу бұзылыстарының біріне жатады. Әдетте, тұтықпа ерте балалық шақта пайда болады және уақытылы дер кезінде қажетті көмек болмаған жағдайда ұзақ жылдар бойы сақталуы мүмкін. Тұтықпа - сөйлеудің ритмикасы мен бірқалыпты сөйлей білу қабілетінің бұзылуы, яғни, сөйлеу барысында кенеттен кідіріс жасуы,

я болмаса сөз не буында ұзартып айтудан және де жекелеген дыбыстар мен буындарды қайтадан қайталануымен байқалады. Мұндай сөйлеу кезіндегі тоқтаулар мен қайталаулар сөйлеу аппаратының бұлшық еттерінің құрысуынан, дыбыстың бұзылуымен, дыбыс шығару жолының өзгеруімен: дыбыстың биіктігі мен күшімен және сөйлеу темпінің бұзылысымен пайда болады. Бұдан басқа, сөзді жеткізу әдісі, мимиканың, артикуляцияның өзгерістерінен де болады.

Тұтығып ойын толық жеткізе алмау тұрақты түрде немесе кенеттен пайда болып, уақытша ғана болады, әсіресе, жиі тұтығу ең жауапты сәттер мен "қиын" жағдайларда байқалады.

Тұтықпаның ең анық белгісі – ауызша сөйлеу кезінде сөйлеу аппаратының бұлшық еттерінің тырысуы. Сөйлеу аппаратының тырысуы тек сөйлеу барысында немесе сөйлей бастағанда көрінеді. Тырысу маңызды болатын екі жағдайда көрсетіледі: клоникалық және тоникалық, сонымен қатар, кейбір сәттерде біріккен түрге де ие болады.

Тұтықпаның көріністері бойынша оны біркелкі бұзылулар деуге келмейді. Ол тек сөйлеу функциясына қатысты деп ойлау қате тұжырым. Тұтықпа көріністерінде тұтығушылардың жүйке жүйесінің бұзылуы, физиологиялық жағдайы, жалпы және сөйлеу моторикасының жағдайы, сөйлеу формасы, психологиялық даралығының ерекшеліктеріне мән беріледі.



1-сурет. Тұтықпаның адам ағзасымен қатынасы

Жинақтай келе, тұтықпаны түзету барысында толығымен тұтығушының сөзіне ғана емес, оның жеке тұлғалық қасиеті мен жалпы, сөйлеу моторикасына, жүйке жүйесінің халіне және жалпы денсаулығына да толыққанды оң нәтижелі әсер ету керек.

Кешенді медициналық-педагогикалық тәсілде қолдану барысында тұтығушының кемшілігін түзетуде маңызды жауапты іс-әрекет - логопедиялық сабақ болып есептеледі. Логопедиялық түзетудің негізгі нәтижесі болып тұтыға сөйлеуі жойылған және психологиялық-эмоциялық тұрақтылықты сақтай отырып, өзіне, қоғамға пайдалы жұмыс атқара алуы болып табылады.

Тұтықпаны жеңуде логопедиялық жұмыстың ерекшеліктері туралы Л.З. Андронова, Л.П. Голубева, Н.Ф. Синицина, А.Я. Евгенова, И.Ю. Абелева, М.Н. Кисилева, А.И. Лубенская, Ю.Б. Некрасова, М.В. Смирнова, М.Е. Хватцев, В.М. Шкловский және т.б. өз еңбектерінде көрсетеді.

Логопедиялық жұмыстың негізгі мақсаты тұтыға сөйлеуді және мінез-құлықты қайта ретке келтіру, балалардың психологиялық ауытқуларын жою болып табылады. Логопедтің міндеті – бір жағынан, дұрыс сөйлеу дағдысын, екінші жағынан, үйлесімді дамыған, толыққанды тұлғаны тәрбиелеу.

Тұтықпасыз сөйлеуді тәрбиелеу кезінде ең алдымен баладағы дұрыс екпін қарқынын қалыптастыру қажет, яғни асығыс емес, баяу сөйлей білу. Балалар көбінесе бұлай сөйлей алмайды, өйткені олар үшін жағымсыз нәрсе. Оларда сөйлеу кезінде туындаған кедергілерден білтіртпей тез сөйлеп "секіріп кету" арқылы жеңгісі келеді. Жылдам екпін сөйлеу аппаратының үйлесімділігінің бұзылуына және сөйлеудің тұтығуының пайда болуына әкеледі.

Сөйлеу екпіні баланың жалпы қозғалыстарының баяу қарқынымен бірге бір мезгілде жасалады. Әңгімедегі және сөйлеуден тыс әрекеттегі баяу, теңдестірілген мінез-құлық сөйлеудің белгілі бір қарқынын жасауға көмектеседі. Сондықтан логопедтік жұмыс барысында логопед баланы қатты, айқын, сенімді сөйлеуге, логикалық екпіндерді дұрыс пайдалануға, дауыстың жоғарылауы мен төмендеуіне, мимико-жестикуляторлық құралдарды дұрыс пайдалануға үйретеді.

Дұрыс сөйлеуді тәрбиелеуде сөйлеу барысындағы тыныс алуын қалпына келтіру маңызды, себебі тұтығушыларда әдетте ол тез, тынымсыз, қысқа болады. Жиі жеке дыбыстар, сөздер баланың дем алуына әсер етеді. Кей жағдайларда бала жеке дыбыстар мен сөздерді дем шағарып бөлек айтады

Сөйлеу жаттығуларында логопед балаға фразаларды бір сөздер ретінде бірге айтуына назар аударады, яғни әр сөз бөлек емес, барлығы бір үлкен сөз ретінде. Бұл, әдетте, тұтығушыларға сөйлеуді бастау қиын болғандықтан жасалынады, егер олар аз ұзақ сөз айтса, соғұрлым аз қиындықтар болады.

Дауыссыз дыбыстарға тұтығатын балаларға сөздегі дауысты дыбыстарға көңіл бөледі (дауысты дыбыстарға сүйену). Кейбір дасуысты дыбыстарды ұзартып айту (отбаааасы, қаааалам) тұтығуды жеңілдетеді.

Тұтықпаны жеңу барысында логопед тұтығушының өз ойлары мен ниеттерін дұрыс және дәйекті баяндау қабілетін дамыту бойынша жұмысты жүргізеді.

Даралық қабілетін жағымды бейнеде тәрбиелеу мақсатпен логопед өз жұмысында түсіндіру, өз-өздеріне сендіру және оқыту әдістерін кеңінен қолданады. Түсінікті түрде балаларға өздерінің сөйлеуі неге қиын екенін түсіндіреді (тез сөйлесуге асығады, дұрыс дем алмайды, өз сөйлеуіне артық көңіл бөледі, айналасындағылардан ұялады және т.б.). Мектеп жасындағы балаларға түсінікті түрде тұтықпаның механизмі, оны жеңу тәсілдері және т. б. түсіндіреді. Логопедке баланың бұрыс сөйлеуінде ұят немесе қорқынышты ештеңе жоқ екеніне сендіру қажет. Тұтыға сөйлеуден толығымен құтылу үшін өзін-өзі бақылау керек: асығыс емес, дауысты түрде, тыныш, сенімді, дауысты дыбыстарды анық айту және т. б.

Логопед баланың жақсы, еркін сөйлей алатынына үнемі сендіріп, күн сайын ол жақсы және жақсы сөйлей алатынына сендіруі керек. Ол үшін, сөйлеудің жеңілдетілген түрлерін пайдалана отырып, логопед балаға оның еркін сөйлеуін көрсетеді: "Міне, сен қазір жақсы, дұрыс сөйледің. Сен жақсы және еркін сөйлей аласың. Тек сөйлегенде асығыстық жасама (немесе: дауыстап, батыл және т. б.). Егер сен қазірден бастап дұрыс сөйлеуге тырыссаң, әрқашан жақсы сөйлей аласың ".

Логопед баланың сөйлеу жағдайына мұқият болуға және әрбір сабақта оның оң жақтарын белгілеуге міндетті. Әрбір логопед сабағында бала өзінің дұрыс сөйлеуі мен жеткен табыстардан қанағаттану сезімдерін тудыруы тиіс.

Табысты нәтижелерін үнемі бекіту баланы одан әрі сабақтарға ынталандырып қана қоймай, сонымен қатар біртіндеп өзінің толық жетілмеген ойын ығыстырады, өз күшіне, сабақтардың оң нәтижесіне деген сенімділіктің пайда болуына ықпал етеді. Осылайша, оның өз ақауына, өзіне, айналасындағыларға қарым-қатынасы біртіндеп қайта құрылады, және де оның мінез-құлқының жақсы жағына өзгертеді.

Сонымен, тұтықпай дұрыс сөйлеу дағдыларын және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу — бұл логопедиялық жұмыстың екі басты міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Төребаева К.Ж., Абаева Ғ.Ә., Оразаева Г.С. Арнайы педагогика: Оқулық. – Алматы, 2018.

2.Өмірбекова Қ.Қ. Тұтықпа. – Алматы, 2012.

3.Белякова Л.И., Дьякова Е.А. Заикание. – Мәскеу, 2012.

4.Селиверстов В.И. Заикание у детей. – Мәскеу, 2012.

5.Волкова Г.А. Игровая деятельность в устранении заикания у дошкольников: Книга для логопедов. – СПб, 2003.

6.Шевцова Е.Е., Психолого-педагогическая диагностика и коррекция заикания. – Мәскеу, 2009.

7.Чиркина Г.В. Методы обследования речи детей. Пособие по диогностике речевых нарушений. – Мәскеу, 2003.

ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАНЫ ҚОЛДАНУ

Әбіш Анель Кәрібозқыы
Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Аманкөл ауылы Т.Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің химия пәні мұғалімі

Ертеңгі күннің бүгінгі күннен асып түсуіне ықпал етіп, адамзат қоғамын алға қарай жетелеуші құдіретті күш ол – білім. Білім беру – оқытудың, тәрбие мен дамытудың үздіксіз процесі. Білімді түрлендіруде, білім беру процесін реформалауда зерттеуші мұғалім мен көшбасшы мұғалім шығармашыл мұғалім ретінде орталық тұлға болып табылады. Қазіргі кезде елімізде жарияланған төтенше жағдайға байланысты білім беру саласында үлкен өзгерістер орын алуда. Осыған орай, дәстүрлі білім беру жүйесінен қашықтықтан оқыту формасында жұмыс жасауға көшу қажеттілігі туындады. Қашықтықтан оқытудағы қиындықтардың алдын алу үшін әр мұғалім қашықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып, оқытуды сапалы ұйымдастыра білуі қажет. Сондықтан химия пәнін қашықтықтан оқыту кезіндегі тиімді зертхана жасау жолын ұсынбақшымын.Қазіргі таңда химия пәні сабақтарында ақпараттық технологиялар жиі қолданылуда. Оқушыларға оқылатын табиғат құбылыстардың толық және дәл ақпаратты бере отырып оқу сапасын арттыру, материалдарды көрнекі түрде түсіндіруге қол жеткізу, оқушылардың дүние танымдық көзқарасын қалыптастыру - мектепте химия пәнін оқытудағы негізгі мәселелер.

Химия пәнін оқытуда ақпараттық технология тиімділігі төмендегідей:

- химиялық эксперименттерді виртуальды зертхана арқылы көрсетуге болады;
- оқушылардың білімін есепке алу мақсатында тез және тиімді жолмен тест алуға болады;
- ақпараттық мәдениеттің дамуына және ақпараттық құралдармен еркін жұмыс жасауына ықпал жасалынады.

Компьютерлік білім беру саласындағы шынайы әлем объектілерінің тәртібін үлгілеуге көмектесетін және оқушыларға өздігінен жаңа білім мен машықтарды игеруге жәрдемдесетін виртуальды зертханалар тәжірибеші-педагогтардың назарын аударады.

Виртуалды зертханалар мен моделдеудің бағдарламалық жүйесі оқушыларды белсенді білім ортасына қызықтыруда тиімді құрал болып табылады. Виртуалды зертханаға үшөлшемді анимация және real – time сызбасының үйлесуін пайдалану арқылы визуалданатын көптеген тәжірибелер кіреді. Оқытуда виртуалды зертхананы қолдану оқушыларға химиялық үдерістерді түсінуге және химиялық тәжірибелер жүргізу дағдысын игеруге көмектеседі. Сонымен қатар жоғары деңгейдегі интерактивтілік пен мол мультимедиа контенті бар білім

беру өнімдерін әзірлеудің тиімді технологиясы сипатталған. Химия сабағында виртуальды зертхананың артықшылығын атап көрсететін болсақ:

Виртуалды зертхананың артықшылықтары:

- виртуалды зертхана оқушыларды ынталандырады және олардың білімдерін бір жүйеге келтіреді;
- күрделі ұғымдар мен ғылыми құбылыстар қарапайым тілде түсіндіріледі;

кешен оқушыға өз бетінше, сондай-ақ мұғаліммен бірге тәжірибе жасауға мүмкіндік береді.

«Химия. 8-11 сынып. Виртуалды зертхана» электрондық басылымы толық орта білім беретін ағымдағы оқу үдерісінде компьютер сыныптарында, сондай-ақ аудиториялық (көрсету) сабақтарда оқушыларды даярлау кезінде пайдалануға арналған. Бұдан басқа, ЭБ-ны оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуіне (үйде, кітапханада, медиаорталықта) пайдалану мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Электрондық басылымның мақсаты – білім берудің жаңа сапасына қол жеткізу, қазіргі заманғы негізінен интерактивтік оқыту құралдарының және нысандарының көмегімен оқыту үдерісін әдістемелік қолдауды қамтамасыз ету, сондай-ақ мектеп оқушыларының оқу ісіндегі дербестігін және шығармашылық белсенділігін арттыру.

«Метан алыну мен жануы» тақырыбындағы виртуалды зертхана:



Енді осы виртуалдық зертхананы қолданған бір сабақтан мысал келтіре кетейін. Мысалы 8-сыныпта «Қышқылдар мен негіздердің қасиетін зерттеу» деген 7-8 зертханалық жұмыс бар.



Виртуальды зертханалардың негізгі құндылығы оның мазмұндылығында жатыр. Сонымен қатар виртуалды зертхана электрондық басылымында есептер шығару және ақпарат дерек көздеріне арналған бөлімдері де бар. . Былтырғы оқу жылында біздің мектепте де химия кабинеті компьютерлік жабдықтармен қамтылды. Мен оқушыларыма химия зертханасын түсіндіруге осы виртуальды зертхананы қолданып жетістіктерге жетудемін. Оқушылардың химия пәніне деген қызығушылығы арта түсті.

Ендеше, оқушылардың өздігінен жұмыс істеуіне септігін тигізетін виртуальды зертханаларды пайдалану электронды білім беретін компьютерлік өнімді ендіру стратегиясындағы сәттіліктің ажырамас бөлігі болып табылады. Химия сабағында интерактивті тақтаның элементтерін пайдалану, дайындалған арнайы тапсырмаларды тыңдап қана қоймай, көздерімен көріп, оны жетік түсінуге, дағдыланады

Осындай әдіс – тәсілдер арқылы әр химия сабағында жұмыс істеу барысында оқушылардың білімдері тереңдейді, есте сақтау, химиялық тілмен сөйлеу қабілеттері дамиды және олар ізденімпаздыққа, үнемділікке тәрбиеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Информатиканы оқытуда интерактивтік тақтаны қолдану.

2.«Ақпараттық технология» Мұхамбетжанова С.Т п.ғ.к.

3.И. Нұғыманов. Химияны оқыту әдістемесі // Алматы:Print- S 2005

4.А.Салихова,Оқушылардың шығармашылығын дамыту,Ғылыми-әдістемелік журнал, №5–2009

5.Л.С.Омарова. Химияны оқыту әдістемесі. //[Электрондық ресурс]:-Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚМУ,2007

6.А.А.Елизаров. Методика преподавания химии в школе.//Издательство « БИНОМ. Лаборатория знании» 2010

ЖЫЛДАМ ОҚУ - ОҚУШЫ ҮЛГЕРІМІНІҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ

Әбубәкірова Ботакөз Айдосқызы
Ақтөбе қаласы, КММ «Қызылжар орта мектебі»
бастауыш сынып мұғалімі

Білім саласындағы енгізіліп жатқан түрлі реформалар мен өзгерістер оқушыларға сапалы білім беру жүйесін дамытуға бағытталатыны анық. Бастауыш сыныпта жүргізілетін пәндердің баршасы оқушыға білім мазмұны мен құндылықтарын игеруге бағытталған. Білімнің негізі бастауыш буында қаланады.

«Әдебиеттік оқу» пәнін оқытудағы көзделетін мақсат - халқымыздың тарихын, дәстүрін, өнерін, әдебиеті мен мәдениетін ұлттық құндылық ретінде бағалап, құрметтей білетін, әдеби көркем туындыда бейнеленген құбылысты шынайы тұрғыда қабылдауға қажетті білім, білік, дағдыларын игерген, жан-жақты дамыған дара тұлға қалыптастыру.

«Әдебиеттік оқу» пәнін оқытуда басымдылыққа ие болған мақсаттардың бірі – дұрыс, түсініп, мәнерлеп және шапшаң оқуды меңгерту. Сөз өнеріне деген қызығушылығын қалыптастыру, сөйлеу әрекетінің түрлерін жетілдіру.

Мектепте «Әдебиеттік оқу» пәні оқушыны саналы түрде оқуға, жазуға және сөйлеуге үйретеді. Демек бұл пәнді оқытуда сауат ашу, тіл дамыту, оқу дағдысын қалыптастыру сынды әрекеттер бірлікте жүзеге асырылғаны абзал.

Бүгінгі таңда ақпараттық технология қарқынды дамып, қарыштап тұрған шағында оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығы біршама төмендегені жасырын емес. Баланың ерте жастан оқырмандық қабілетін «Әдебиеттік оқу» пәнінде іске асырған абзал.

Оқу жылдамдығы жоғары оқушы айтарлықтай көп ақпаратты игереді. Ақпарат көлемі ұлғайса, оқушының да білімі толығатыны сөзсіз. Оқу жылдамдығы артқан сайын, есте сақтау қабілеті де, ақыл – ой еңбегінің белсенділігі де арта түседі. Сондықтан белгілі бір дағдыны – қалыптастырғанда оған жаттығуды ұзақ уақыт жүргізгеннен де жиі, бірақ қысқа жаттыққан дұрыс.

Мәтінді дұрыс, түсініп, жылдам, мәнерлеп оқу – бір - бірімен тығыз байланысты. Сондықтан оқушыны жылдамдыққа оқытуға жаттықтыру жұмыстары күнделікті сабақта жүргізілуі қажет. Жылдам оқу - оқушы үлгерімінің негізгі факторы.

Жылдам оқу әдісінің пайдасы:

Оқыту мәтіндік ақпаратты сапалы және жылдам қабылдауға мүмкіндік береді

Жадыны және зейінді дамытады

Күнделікті баланың түйсігін дамытуға мүмкіндік береді

Шығармашылық қабілеттерін дамытудың алғы шарты

Оқу баланың рухани әлемін қордаландыруға әсер етеді

Әдіс-тәсілдер әдебиеттік оқу сабақтарында өзекті болып табылады, оны қолдану сабақты жандандыруға мүмкіндік береді, оны қызықты да әсерлі етеді.

Ендеше, мақалада оқушылардың жылдам оқу дағдысын қалыптастырып, дамытуға бағытталған тиімді әдіс – тәсілдер жиынтығын ұсынып, тәжірибе бөліспекпін.

«Көз бұлшықеттерін жаттықтыру»

Әуелі көз жүгіртіп мәтінді шолып өту, содан кейін мәтін мазмұнын түсініп оқу.

«Лабиринт жаттығуы»

Оқушыларға лабиринтқа қарап бірден сыртқа шығатын жолды таба білу талабы қойылады. Бұндай дағды жылдам оқу қабілетін жаттықтырады.

«Бөлшектелген сөз»

Қағаз беттеріне күрделі сөздерді жазып шығыңыз. Әрқайсысын жартысынан бөліп немесе түбірі мен қосымшасын айырып, қиып араластырыңыз. Кейін берілген уақыт аралығында сөздерді дұрыс табу керек. Бұл жаттығу бірінші әрпінен-ақ сөзді түсініп, тез оқып кетуге көмектеседі.

«Серпіліс-тоқта»

Бұл әдісті екі адам болып орындау керек. Қасыңыздағы жұбыңызға немесе балаңызға қолданып көрсеңіз болады. Ол сіз «серпіліс» дегенде оқуды бастайды. «Тоқта» деген кезде оқуын тоқтатып, назарын кітаптан алады. Қайтадан «серпіліс» деген уақытта ол тоқтаған жерін тез тауып, жалғастыруы керек.

«Параллельді оқу»

Екі бірдей мәтін алу керек. Кейін бір мәтінді өзіңіз, екіншісін балаңызға не жаттығып отырған адамға беріңіз. Сіз дауыстап оқып бастағаннан кейін ол да сізбен ілесіп отыруы керек. Нәтижесін беру үшін бірде тез, бірде жай оқып, жылдамдықты ауыстырып отырыңыз. Бір-біріңіздің жылдамдықтарыңызға қарай бейімделіп отырыңыздар.

«Құпия сөзді іздеу»

Таныс емес мәтінді алып, соның ішінен бір сөзді жасырыңыз. Жаныңыздағы жаттығушы сол сөзді барынша тез табу керек. Сөзді іздеу барысын күнде секундомер арқылы санап, өзгерісті бақылауға болады. Мәтіннің күрделілігі жас мөлшеріне сай таңдалғаны абзал.

«Бетбелгіні қолдану»

Кітап оқу барысында бетбелгіні қолданыңыз. Оқылған сөздерді бетбелгімен жауып, оқыған сайын бетбелгіні де жылжытып отырыңыз. Осы арқылы бір сөзге қайтып оралмайсыз. Бұл психикалық түрде тез оқуға бейімдейді.

«Көру диктанты»

5-6 сөйлемнен тұратын мәтінді алыңыз. Мәтінді қағазбен не басқа затпен жауып, тек бірінші сөйлемді 3 секундтай қарап алыңыз. Кейін оны да жауып, сөйлемді дәл солай жазып шығыңыз. Неғұрлым шатасулар мен қателіктер аз болса, соғұрлым жақсы. Кезекпен мәтін біткенше шейін осы әдісті жасаңыз. Бұл концентрацияны жоғарылатуға және зейінді болуға көмектеседі.

«Жарты қарбыз» жаттығуы

Оқушыдан «жарты қарбызды көре аласың ба?» деп сауал қойыңыз. Әрине, жауап оң болады. Енді сөздерді оқу арқылы эксперимент жүргізуді ұсыныңыз. Кітап пен мөлдір түсті сызғышты алыңыз. Кітаптағы бір жолды сызғышпен жабыңыз, сонда сөздердің жоғарғы бөлігі ғана көрінеді. Тапсырма: әріптердің жоғарғы бөлігін ғана көріп, мәтінді оқып шығыңыз. Жоғарыдағы сызғышты жылжытыңыз және сөздердің түбін ғана көрсетіңіз. Оқимыз. Дегенмен, бұл қиынырақ тәсіл.

Кішкентай оқушылар үшін Сіз ойынның басқа нұсқасын ұсына аласыз. Қарапайым сөздермен карталар жасаңыз. Содан кейін бұл карталарды сөздердің бойымен екі жартыға бөліңіз. Екі жартысын дұрыс қосу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қисымова.Ә.К. Оқыту технологиялары. - Алматы, 2007 жыл.
2. Аймаханова.Қ., Аманова Ф., Әбубакирова А. Қазақ мектебі және бүгінгі білім берудегі құндылықтар.-Қызылорда. 2011 ж.
3. Ахметов С. Бастауыш кластарды білім берудің тиімділігін арттыру жолдары. - Алматы: Рауан, 1994-84с.
4. Оқыту ізденіс ретінде, ізденіс оқыту ретінде. С. Мирсеитова.

5. Молдатаева М. Тілді дамыта оқыту: Бастауыш мектеп:- 2000Белсенді оқу – белсенділікке жетелейді.

6. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 – сыныптар үшін «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде).

БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ПӘН МАЗМҰНЫ, БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН САБАҚТА ЖЕТІЛДІРУ

Әлимағанбет Бағдат Сенбайқызы
Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қараой мектеп-балабақшасы

Оқыту – тәрбиелеудің қуатты органы, бұл органды пайдалана білмеген тәрбиеші шәкірттерге әсер етудің ең басты және қажетті құралдарынан айырылады.

К.Ушинский.

Білім беру бағдарламасын әзірлеудің өзектілігі педагогтердің бастауыш сыныптарда оқытудың заманауи әдіс-тәсілдерін меңгеру қажеттілігімен негізделеді, яғни бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуға және сабақта инклюзивті ортаны қалыптастыру, кең ауқымды дағдыларды қалыптастырушы бағалау негізінде оқушыларды әртүрлілігін ескере отырып, сапалы оқытуды қамтамасыз ету құзыреттілігін жетілдірумен байланысты.

1)Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту мақсатында «Әдебиеттік оқу» пәнінің 4-ші сыныбы бойынша сабақ таңдап алдым. Бөлімі: «Мамандықтар әлемі».Бөлімше: «Мамандық туралы ойым» Сабақтың тақырыбы: «Түсінісу» Бақтияр Тайжан. Осы сабақ тақырыбына сәйкес , оқу бағдарламасынан мына оқу мақсатын таңдап алдым:

4.2.5.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың композициялық құрылымын (сюжеттің басталуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі)анықтау.Бұл оқу мақсатына сәйкес ,менің алға қойып отырған мақсатым және балаларды СМАРТ тұрғысынанда мынандай бағалау критерийлері:

1. Мұғалім көмегімен шығарманың компазициялық құрылымын анықтайды
2. Сюжеттің дамуын болжайды

Осы сабақ мақсатына сәйкес мен ойлау деңгейінің жоғарғы деңгейін алып отырмын. Себебі балалар бұл сабақта талдайды,жинақтайды және өз ой-пікірін білдіреді. Мен алдыңғы білімді жаңа сабақпен байланыстыру үшін топқа бөлуді мамандықтар туралы алдым.Себебі өткен сабақта «Кім болам?» тақырыбында мамандықтар туралы әңгіме болды. Сол мамандықтарды еске түсіру үшін, мен топқа бөлуді жаңа тақырыппен байланыстыру үшін «Мамандық жәрмеңкесі» әдісін қолдандым. Ой еңбегі және қол еңбегі деп алып, топқа бөлген себебім, бүгінгі жаңа тақырыпта айтылатын ақпарат , ой еңбегімен айналысатын адамды және қол еңбегімен адамдардың мамандықтары туралы болмақ.

2)Белсенді оқу-оқытудың ұжымдық, топтық,жұптық формаларын қолдану арқылы оқушының белсенді қарым-қатынасын жақсартады.Соған байланысты тапсырмалар алынды:*1-тапсырма* «Көркем шығарманы сатылай –кешенді талдау»әдісін топтық жұмыста алдым, себебі мен мәтінді оқытамын,сұрақ қою арқылы кешенді- сатылай талдатамын..Ойлаудың жоғарғы деңгейі талдауды қолдандым. Әуелі ой еңбегімен айналысатын адамның оқиғасын, қол еңбегімен айналысатын адамның оқиғасын сатылай

отырып, кешенді оқушыларға талдатамын Бұл тапсырмада оқу мақсатына жету үшін сюжеттің дамуын болжайды,сюжеттің композициялық құрылымын анықтайды *2-тапсырма* «Көршіңе көмектес» әдісімен жұптық жұмыс түрінде алдым. Жұптық жұмыстың артықшылығы оқушылар оқушы жеке жұмыс жасап қоймай қасындағы көршісімен ақылдасып, пікірлерін бөлісетін болғандықтан «ВЕНН»диаграммасы құрғыздым. ВЕНН диаграммасы әдісі арқылы мәтіндегі мамандықтар ерекшеліктерін ажыратып, ортақ жерін тапқызамын. *3-тапсырма*. «Хат жазу»әдісі арқылы жеке жұмыс қылып алдым.Ойлаудың жоғарғы деңгейі жинақтауды алдым..Бұл әдісті алған себебім, оқушылар түлектерге хат жазу арқылы өз ойын жинақтап,еркін жазуға үйренеді.

3)Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау.

Бағалау критерийлері - білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын белгілері нұсқаулықта көрсетілгендей,көркем шығарманы сатылай-кешенді талдата отырып, «Плюс, минус, қызықты»әдісі арқылы «плюс» ақпарат дұрыс,сәйкес болса, «минус» сәйкес емес ақпарат болса немесе «қызықты» бір ақпарат болса ,оқушылар өз тобында басқа топтарды бағалайды.Бұл бағалауды алған себебім,топтық жұмыста бір-бірлерінің жұмысын ашық бағалауға негіз болады.Жұптық тапсырмада оқушыларды "Екі жұлдыз,бір тілек" әдісі арқылы оларға ерекше ұнаған жерлерін екі жұлдыз,бір тілек арқылы бағалатамын.Бұл бағалауды алған себебім,оқушылар тапсырманы орындаудағы ұнаған жерлерін айтып, болашақта қатесін түзетуге талпынады.Хат жазу кезіндегі жеке жұмысты бағалауға «Шаршылар »әдісін алдым.Бұл әдісті бағалауға алған себебім, жасыл шаршы-хат жазып,ойын жүйелі жеткізе алса,сары шаршы -хат жазып,бірақ жүйелі жеткізе алмаса,қызыл шаршы -хат жаза алмаса,ойын жеткізе алмаған жағдайда осы бағалау жүйесін қолдандым.Бұл сыныптағы оқушының өзіндік білімдерін анықтауға қолайлы бағалау әдісі.

4)Функционалдық сауаттылық -оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімді сыныптан тыс жерде, кез- келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз етеді.Сондықтан бұл сабақта мен функционалдық сауаттылықты дамыту мақсатында бірнеше тапсырмалармен жұмыс жасадым.Себебі,берілген шығарма «Түсінісу» мәтіні мамандықтар жөнінде болғандықтан, кешенді- талдау арқылы, шығармадағы мамандықтардың өмірде қажет екені оқушы біледі.Жұптық жұмыста **"**ВЕНН"диаграммасы арқылы мамандықтарды ажырата отырып,оқушыға екі мамандықтың да артықшылығы мен өзіндік қоғамда орны бар екенін меңгертемін. Себебі мамандықтың артық ,кемі жоқ,бәрі қоғамға керек мамандықтар екенін оқушы түсінеді.Жеке жұмыста функцианалдық сауаттылықты дамыту мақсатында оқушылар түлектерге хат жаза отырып,оны өмірде пайдалана білуге үйретеді.Себебі болашақта мамандық таңдаудан шатаспау керектігін, арманындағы мамандыққа бағытталу керектігін түсінеді.

5)Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар-білім алуда денсаулығына байланысты ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, білім беретін оқу бағдарламалары және қосымша білімді қажет ететін балаларды ескере отырып,тапсырмалар дайындадым. «Көркем шығарманы сатылай-кешенді талдау» әдісі кезінде сюжеттің дамуын болжап, құрылымын анықтай алмаған ерекше білімді қажет ететін оқушыға мәтіннің суретін көрсету арқылы сөйлетемін. Себебі оқушы сөзді анық ,нақты айта алмайды. Тек суретті көрсету арқылы сөйлетемін. Дислексия -сөздерді анық,мүдірмей танып оқудағы қиындықтармен оқу және жазу қабілеттерінің жеткіліксіздігімен сипатталады.«ВЕНН» диаграммасы арқылы мамандық ерекшеліктерін ажырату кезінде ерекше білімді қажет ететін оқушыға өзіне ұнаған мамандықтардың суретін салғызамын. Себебі ол оқушы мамандықтың қажетті,қажетсіз екенін ажырата алмағандықтан, суретін салады.Дисграфия – жазбаша тілді жүзеге асыруға және бақылауға қатысатын жоғары психикалық қызметтің жеткіліксіз деңгейде қалыптасуымен байланысты жазу процесінің ішінара бұзылуынан пайда болады. Сондықтан жеке жұмыста "Хат жазу" әдісі кезінде жазу қабілетінің жеткіліксіздігі бар

оқушыға мамандыққа сәйкес сөздерді ,бастыру арқылы жаздыртамын.Себебі баланың саусақ маторикасы төмен дамыған ,жаза алмайды.

Жүсіпбек Аймауытов «Мұғалім істеген ісі өнімді, берекелі болуын тілесе, әуелі өз қызметін шын көңілмен жақсы көрсін» деген екен. Олай болса, өз мамандығын шексіз сүйе білген маман иесі ғана үздіксіз ізденіс пен асқан шыдамдылық, қажырлы еңбектің арқасында баланың біліміне, оның болашағына үлкен сәулесін түсіріп, бала өмірін дұрыс бағытқа бағыттары сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Тыңдаушыға арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2022 21.

2.Якубова Ф.Р. Инклюзивная культура – ключевой фактор успешности инклюзивного образования. //Наука и Школа №1, 2020. С.123-128. DOI: 10.31862/1819- 463X-2020-1-123-129 (Дата обращение: 25.01.2022).

3.Әдебиеттік оқу «Атамұра»З.Муфтибекова,Ә.Рұсқұлбекова 3-бөлім

4.Руководство по критериальному оцениванию для учителей начальной школы: Учебно-метод. пособие /АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» / Под ред. О.И. Можаевой, А.С. Шилибековой, Д.Б. Зиеденовой. - Астана, 2016. - 48 с.

5. Развитие функциональной грамотности обучающихся основной школы: методическое пособие для педагогов / Под общей редакцией Л.Ю. Панариной, И.В. Сорокиной, О.А. Смагиной, Е.А. Зайцевой. – Самара: СИПКРО, 2019. – 114 с.

ӨЗГЕ ҰЛТ ӨКІЛДЕРІНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДӘРІПТЕУ

Әлімгереева Шынар Амангелдіқызы Нурмуханова Мереке Ерлановна
Ақтөбе қаласы, Мұзафар Әлімбаев атындағы №25
жалпы білім беретін орта мектебі

Андатпа: Оқушылардың өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, жастарға ана тіліміздің қадір қасиетін дарыту, туған тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың айтқандарын оқып үйрену, қазақ тілінің мәртебесін көтеру, оқушыларды тез ойланып, жауаптарын тиянақты, жүйелі айта алуға, топ алдында еркін сөйлеуге баулу, әр адамның азаматтық қасиеті мен мәдениеті өз халқын, өз атамекенін қалай сүюмен, өз ана тілін қалай білумен өлшенбек. Ана сүтінің уызына жарыған адам қашанда отаншыл, ұлтшыл да болмақ. Әркімнің өз тіліне деген құрметі өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрмет деп білу керектігін дәріптеу.

Түйін сөздер: қазақ тілі, ана тілі, дәріптеу, оқушы, Отан, құрмет.

Аннотация: воспитание у учащихся любви к своей нации, привитие молодежи достоинства родного языка, обучение чтению того, что говорили наши предки, заложившие основу для прочного устоя родного языка, повышение статуса казахского языка, приобщение учащихся к быстрому размышлению и умению аргументированно, системно излагать свои ответы, свободно выступать перед группой, гражданские качества и культура каждого человека, как любить свой народ, свою Родину, как знать свой родной язык. Человек, который в молозиве на белом молоке матери, всегда будет патриотом, националистом. Каждый

должен знать, что уважение к своему языку-это уважение к своей матери, к своей нации, к своей Родине.

Ключевые слова: казахский язык, родной язык, популяризация, ученик, Родина, уважение.

Мектептегі жұмыс барысында әр мұғалім білім мен тәрбиеде оңтайлы нәтиже беретін өз әдістемесін жасауы керек. Тек осы жағдайда ғана жыл сайын оқушылардың білім деңгейінің өсуін байқауға болады. Мемлекеттік тілді оқытудың негізгі мақсаты тілді дамыту болып табылатындықтан, сабақтың мақсаты оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білуін қалыптастыру, оқушылардың лексикалық қорын байыту, мемлекеттік тілде сөйлеуді, оқуды, жазуды үйрету, тілді оқытудың әдістері мен тәсілдерін, оның мүдделі оқыту тәсілдерін танымал ету арқылы жүзеге асырылады.

Сөйлеуді дамыту-тілді оқытуда коммуникативтік құралды іске асыру. Оқушының сөйлеуін дамыту лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерді игеруден, оларды сөйлемде қолдану дағдыларын қалыптастырудан, сөз, сөз тіркесі, сөйлем арқылы тілдік іс-әрекетке жетелеуден тұрады. Мұндай көзқарасты ғалым З.Ш. Есназарова ұсынады және өз жұмысында тиімділігін дәлелдейді. Сөз, сөз тіркесі, сөйлем-келісілген сөйлеудің бастапқы алғышарттары. Сөйлеу үшін оқушының жеткілікті белсенді қоры болуы керек және ол келісілген сөйлемнің заңдылықтарын ережелер түрінде емес, әр сабақта тәжірибе түрінде дағдыларды қалыптастыруы керек. Сондай-ақ, коммуникативті іс-әрекетке жету үшін жеткілікті лексиканың болуы маңызды, үлкен лексикасы бар адам өз ойын басқа адамға жеткізуді қиындатпайды. Сондықтан оқушының сөздік қорын байытуға көп көңіл бөлу керек.

Сабақ барысында оқушылардың сөздік дәптері болуы қажет. Сөздік-бұл тілдің қажетті материалы. Демек, сөз өздігінен жиналмайды, оны жүйе анықтаған жоспармен түсіну керек. Егер сіз басқа әдістемелік әдебиеттерге назар аударатын болсаңыз, онда бұл сөзді меңгерудегі тақырыптық жүйенің дұрыстығын көрсетеді. Яғни, әртүрлі лексикалық тақырыптарға байланысты қоршаған әлемді, қоршаған ортаны бейнелейтін сөздерді игеру ұтымды. Сондықтан қазақ тілін үйрену кезінде оқушылар міндетті түрде меңгеруі тиіс сөздердің тізімін жасау қажет. Оқушының зерттелген сөздерін берік қалыптастыру үшін келесі сұрақтар ескерілуі керек: сөздегі дұрыс екпін, сөздің мағынасын дұрыс түсіну, орфографиялық тұрғыдан дұрыс жазу және сөйлемде қолдану.

Оқушылардың меңгерілген сөздік қорын бекіту, білімдерін кеңейту, қарым-қатынастың сауатты және мәдени-эстетикалық деңгейін үйрету. Сөздік қорын бір жүйе бойынша жүргізуді, оны тоқсан сайын, жыл сайын ұлғайтуды көздеу қажет. Егер оқушы әр сабақта жаңа сөз үйренсе, оны сабақ барысында бірнеше рет қайталаса, жазбаша және ауызша жұмыс формаларымен байланыстырса және сананы берік ұстаса ғана ол лексикаға енеді.

Қоғамды ақпараттандырудың қазіргі жағдайында ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы біртіндеп адам өмірінің әртүрлі салаларына өзгерістер енгізуде. Ақпараттандыру білім беру жүйесінің дамуына ықпал етеді. Сондықтан интерактивті тақтаның қазақ тілін оқытудағы тиімділігі орасан зор.

Сөйлеуді дамыту жұмысында сөздің мағынасын дұрыс түсіну үшін орфографиялық, синонимдік, антонимдік, этимологиялық, түсіндірме сөздіктерді қолдануды үйрету артық болмайды.

Тілді оқыту-бұл илеу арқылы жүргізілетін жұмыс. Алайда, кез-келген құбылысты оның қажеттілігі байқалғанға дейін жүзеге асыру мүмкін емес екені анық. Егер солай болса, онда тілді үйрену мемлекеттік тіл басқа қазақстандық ұлттардың қажеттіліктеріне айналғанға дейін кейінге қалдырылуы мүмкін.

Мемлекеттік тілдің іргетасын қалау бастауыш мектептен басталатыны заңды. Демек, мектеп студенттерге ұсынатын Оқу материалдары қазіргі ғылымның талаптары мен деңгейіне сәйкес келуі керек. Өмір басқа ұлт өкілдерін қазақ тіліне оқытудың тиімді әдістерінің бірі

ғалым М.Жанпейісованың соңғы жылдары білім беру үдерісінде дами бастаған модульдік технология әдісі болып табылатынын дәлелдейді.

Таким образом, данная технология позволяет поддерживать внимание детей на высоком уровне, снижает утомляемость, повышает мотивацию обучения и интерес детей к школе, формирует обстановку творческого сотрудничества и конкуренции, воспитывает в детях чувство собственного достоинства, дает им ощущение творческой свободы и, самое главное, приносит радость. Сила и оригинальность этой технологии состоит в том, что ее создатели выстроили систему методов и приемов обучения. Я наблюдаю, как эти методы меняют моих учеников, меняют атмосферу занятий, повышают активность на уроке, заинтересованность ; намечается путь успеха даже у слабоуспевающих и безразличных к учебе учащихся.

Обобщая вышесказанное, хочу сказать, что использование технологии развития критического мышления на уроках русского языка и литературы помогает развить вдумчивое чтение, монологическую и диалогическую речь, умение работать со словарями и другой справочной литературой. Самое же главное – на таких уроках дети учатся самостоятельно добывать знания, самореализоваться и социализироваться в современном мире.

Список использованной литературы:

1. Н.Непряхин «Что такое критическое мышление?»
2. Активные формы и методы на уроках русского языка и литературы // уроки русского языка и литературы в школе.2011. №1.-с.07-09
3. И.В. Муштавинская Развитие критического мышления на уроке и в системе подготовки учителя: Учеб.-метод. пособие.-СПб.:КАРО,2009.-144с.
4. Г.К.Селевко Технологии авторских школ. – М.: НИИ школьных технологий, 2005. – 192 с.
5. Интернет-ресурсы.

БАЛАБАҚШАДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН

Жақсылық Самал Мұратқызы
Ақтөбе қаласы №43 «Гүлдәурен» балабақшасының тәрбиешісі

«Балабақшада ақпараттық технологиялар арқылы балалардың танымдық қабілетін арттыру».

Егемен еліміздің ертеңіне өз үлесімізді қосқымыз келсе, балабақшадан бастау алып, бала бойына танымдық қабілет дарыту міндетіміз. Қай ғасырда болсын ұлт өнерін өркендетуші сапалы, салауатты, парасатты ұрпақ тәрбиелеу-қоғам алдында әрбір тәрбиеші ұстаздың басты міндеті болып саналады.

Елбасының «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында «Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек» десе, ІІІ-тарауы 18-баптың 17-тармақшасында «Ақпараттық технологиялар мен ақпаратты таратудың жаңа нысандары бағытталған, мамандандырылған білім беру бағыттарын құру міндеті де алдымызда тұр» делінген..

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуды ұйымдастыру бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың инновациялық тәжірибелерін пайдалану қажеттілігі факторлары жаңа стандарт жүйесінде іске асырылады. Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиелеу мен оқытудың мақсаты мен міндеттері

1. Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық қабілетін арттыру.

а) Баланың ақыл ойын, әдет - ғұрпын, ұлттық болмысын қабілетін дамыта отырып, дені сау тұлға тәрбиелеу.

б) Экологиялық тәрбие негізі: Туған өлке табиғатын сүюге, қадірлеп аялауға баулу.

2. Балабақшадағы оқу-тәрбиелеу үрдісін ата-анамен бірге ұйымдастыру. Ата-ананың педагогикалық мәдениетін көтеру.

Жалпы бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлі деңгейін көтеру мәселесі.

3. Бала тілін жан-жақты дамыту, көркем әдебиет арқылы, ұлттық құндылықтарды қалыптастыру, әдеби шығармаларға қызығушылығын арттыру.

4. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың инновациялық бағыттары.

- Жаңашыл ұстаздар тәжірибесін тарату.
- Шығармашылықпен жан-жақты жұмыстану.

5. Жалпы балабақшада баланың шығармашылық қабілетін дамыту.

Жаңа стандарт негізінде білім беру үрдісі 5 салада ұйымдастырылады:

- Денсаулық
- Қатынас
- Таным
- Шығармашылық- Әлеумет

Оның ішінде балалардың шығармашылық қабілеті мен ойлау үрдісіне негіз болатын «Таным» білім беру саласының негізгі бағыттары. «Еліміздің ертеңі-бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында»-деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай балабақшада баланың таным процесін ізгілендіру мақсатында көптеген оқу-тәрбие үрдістері, жан-жақты ұйымдастырылып өткізіледі. Инновациялық білім беру құралдарына аудио, видео құралдары, компьютер, интерактивты тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар, оқу әдістемелік көмек, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт жатады. 3-7 жасқа дейін баланың негізгі іс-әрекеті ойын болса, осы кезеңде бала белгілі бір әлеуметтік рөлді қабылдайды. Баланы оқыту мен тәрбиелеуде күштеусіз бедел мен ықтиярсыз ойын түрлерін жүргізу арқылы балаға таным қалыптастыра аласыз. Инновациялық процесс-педагогикалық жаңалықтарды енгізу болып отыр. «Инновация» ұғымы-жаңару, өзгерту, жаңашылдық дегенді білдіреді. Қазақстан Республикасының білім туралы заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп көрсеткен. Сол себептен қазіргі таңда даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту мен тәрбиелеу үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр.

Балабақшада ақпараттық технологияны пайдалану- бала танымын жан-жақты дамытудың шешуші құралы. Мысалы: Мультимедиялық оқулықтарды балабақшада пайдаланар болсақ, оқу іс-әрекеттерін жоғарғы дәрежеде жүзеге асыруға болар еді. Мұндай жағдайда тәрбиеші бала тәрбиесімен айналысқанда әр түрлі шара, оқу іс-әрекеттер өткізер алдында жиі-жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Бұндай оқулықтар пайдалану алдымен балалардың қызығушылығын арттырып, оқу іс-әрекеттерге деген танымын, белсенділігін арттыра түсер еді.

Мультимедиялық оқулықтар болса балабақша бүлдіршіндеріне арналған таптырмас құрал еді. Ақпараттық-технологияларды пайдалану тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастырады, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.Сондықтан жаңа стандарт негізінде баланың танымын қалыптастыру бағытында педагогтардың өз білімі мен кәсіби деңгейін жетілдіру кезек күттірмес мәселе.Қазіргі уақытта оқытудың 50-ден астам технологиялары бар.



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Педагогикалық шолу.Облыстық ғылыми әдістемелік журналы №3.2013ж

2.«Жаңа білім бағдарламалары,инновациялар және құзіреттілік тәсілдеме- табысты мектепке қадамдар. Республикалық ғылыми-педагогикалық журнал
«Тәрбие құралы» №5, 2018 жыл

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ПРИНЦИПТЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ- ЗАМАН ТАЛАБЫ

Жалгасбаева Айнагул Сагинбаевна
№4 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі

Соңғы жылдары арнаулы білім жүйесінде мүмкіндігі шектеулі балаларды сапалы біліммен қамту өзекті мәселенің біріне айналды. Инклюзивті білім беру – ерекше мұқтаждықтары бар балаларды жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқыту-даму мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыпты дамыған балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы жеңілдетілген оқыту жүйесі.

Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасын қамтамасыз ету, сонымен қатар оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастырудың идеологиясы жатыр. Тәжірибе көрсеткендей қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалып жатады. Мұндай қалыптасқан жүйе баланың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттеріне: білім бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау және жеке адамның шығармашылық рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілікпен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы парасатты байыту» деп атап көрсеткен. Осыған байланысты қоғам алдына оқушының жеке басын үйлесімді дамытуа бағыттайтын міндеттер қойылып отыр.

Білім беру жүйесінде даму мүмкіндігі шектеулі балаларға айрықша орын бөлінген. Бұл балаларға қатысты біздің алдымызда тұрған негізгі міндет – олардың әлеуметтік ақталуы мен бейімделуіне, қоғамдағы толыққанды өмірге дайындалуына жағдай жасау және көмек көрсету қажеттілігі мақалада айтылған.

«Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр кісі дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі» А. Құнанбаев

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады.

Психикалық дамуы тежелген балалардың ерекшілігі шаршағыштығымен, жұмысқа қабілеттілігі төмендігі, қоршаған орта туралы дамуында бұзылыстар байқалады. Психикалық дамуы тежелген баланы психологиялық-педогогикалық қолдау (ППҚ) қызметінің тиісті мамандарымен жүзеге асырылады. Түсініктері фрагментарлық, зейіндері тұрақсыз, тұтас қабылдау мүмкіндігі бұзылған, жалпы психикалық процестердің дамуында бұзылыстар байқалады, мұндайда әр маман өз бағыттары бойынша жұмыс істейді.

Жалпы инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы. Нағыз инклюзив білім берудің 2 жүйесін : жалпы және арнаулы жүйелерді бір-біріне қарама-қайшы қоймай, қайта жақындатады.

Инклюзивті оқыту – мүмкіндігі шектеулі балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту.

Инклюзивті оқыту- барлық кемтар балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді, оқушылардың тең құқығын анықтайды, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді, барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, балалардың білімділік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті білім беру саясатының міндеттері мынадай:

· Әрбір бала білім алуға құқылы және оны алуға тиіс.

· Әрбір баланың дара қабілеттері, қызығушылықтары, қажеттіліктері және оқуға деген мұқтаждықтары болады.

· Білім беру жүйесіне оң өзгерістер, яғни осы мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатына орай өзгерту.

Осыған орай, инклюзивті білім берудің негізгі 8 принципі туындайды.

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.

2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.

3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.

4. Барлық адам бір-біріне қажет.

5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.

6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.

7.Әрбір оқушы үшін жетістікке жету өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.

8. Жан- жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті бағыт кемтар балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады.

Білім берудің бұл түрінде мүмкіндігі шектеулі баланың өз-өзіне сенімі артады, ол маңайындағылар тарапынан өзіне қолдау бар екенін сезінеді,бұл баланың өзін –өзі бағалай білуіне, қоршаған ортасына сүйіспеншілікпен қарауына , өзін қоғамның толыққанды мүшесі сезуіне жол ашады, осы сенімділіктерін дамыта түсуде әлеуметтік педагогтың ролі зор және де пән мұғалімдерімен бірлесе отырып жұмыс жасау жақсы нәтиже береді деп ойлаймын. Оқытудың бұл түрі арқылы мүмкіндігі шектеулі бала өз қабілетіне сай , ата- анасынан

алшақтамай , яғни арнайы мектеп – интернаттарда тұрып оқуға мәжбүр болмай , тұрғылықты жерде білім алып, қоғам біте қайнасып, әлеуметтік жағынан бейімделеді. Ата –анасы да баласының дамуы мен тәрбиесіне белсене қатысып , жеткіншек алдында жауапкершіліктері артады.

Сонымен қорыта айтқанда, инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелейміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жарықбаев Қ. Жалпы психология, 2000

2. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ҮРДІСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Жалгасова Кымбат Серикбаевна
Ақтөбе қаласы, М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі

«Шынайы білім фактілерді білуден емес, оларды дұрыс қолдана білуден құралады»- деген екен ағылшын тарихшысы әрі философы Генри Томас Бокль. Біздің бүгінгі күнгі білім беру жүйесінің негізгі бағыты оқушылардың білімі мен іскерлік дағдыларын кеңейту, олардың мәдениеттілігін арттыру, қабілеттерін, шығармашылық мүмкіндіктерін, жеке даралығын, гуманистік құндылық жүйелерін қалыптастыруды мақсатты түрде дамыту болып табылатын әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған. Осы орайда ұлы ұстаз Абай атамыздың «Адам ата-анадан туғанда есті болып тумайды:естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» деген дана сөздерінен адам табиғатының, болмысы мен танымының қалыптасуының өзі осы ізбен жүретінін байқауға болады. Егер оқу үдерісі, балаларға білім, білік, дағдыларын игерту осы ұстанымға негізделсе, нәтижелі болатыны анық. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол –ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік өлшемі.Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда, функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Қазақстанда білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында отандық білім беру жүйесін жақсарту үшін, ең алдымен педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, біліктілігін

дамыту бағытына үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болатыны сөзсіз. Оқу пәндері арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту үдерісі ойлау дағдыларын қалыптастыру негізінде жүзеге асады.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анық көрсетілген. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қамтамасыз ету болып табылады. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту қазіргі 11 жылдық сияқты 12жылдық мектептің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жаңарту шеңберінде білім берудің басым мақсаттарының бірі ретінде айқындалады. Бұл ретте функционалдық сауаттылықты дамыту нәтижесі білім алушылардың жастарға алған білімдерін практикалық жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу процесінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктер жүйесін меңгеруі болып табылады.

Негізгі құзыреттілік- бұл мемлекеттің орта мектепті бітіруші тұлғаның сапасына және оқу бағдарламаларында көрсетілген білім беру нәтижелері түрінде қоятын талаптары. Оқу бағдарламалары, сондай-ақ, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуға және негізгі, пәндік құзыреттіліктерге қол жеткізуге бағдарланады.Оқушылардың функционадық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор.Соның ішінде тарих пәнінің алатын орны ерекше. Осы ретте, оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін танытуда, оларға идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық т.б тәрбие беруде, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыруда тарихтың төрт кезеңін қуатты құралдардың бірі ретінде пайдалану-тарих пәнінің басты мақсаты болып табылады. Бүгінгі таңда кіріктірілген бағдарламалар оқу-тәрбие процесін технологияландырудың бірден-бір шарты болып табылады.

Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту процесі оқу қызметінің барлық түрлерінің нәтижелілігін оқу материалын меңгерудің процесуалды жағын және жеке тұлғалық қасиеттердің пайда болуын есепке алатын бағалаудың жаңа жүйесін енгізуді айқындайды. Пән мұғалімі оқушының назарын аудару үшін сабақ барысында әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық байланыс орнатып, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату оқушының бірін-бірі бағалауға үлкен септігін тигізері анық.

Қазіргі таңда, «Педагогикалық шеберлікті арттыру» тақырыбында курстар жүргізіліп келеді. Курстың міндеті-ұстаздардың шеберлік деңгейі мен белсенділік, табыстылық нәтижелерін шыңдап, мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жоғары деңгейге көтеру. Қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарынан көру үшін білімді ұрпақ тәрбиелеуіміз керек деп ойлаймын. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай оқытудың парадигмасы да

өзгерді. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және жаңа технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Осы тұрғыда әр пән мұғалімдерінің оқыту әдістерін, жаңа технологияларды таңдап пайдалану және авторлық үлгілерді қолдану мүмкіндігі берілген. Отандық әдіскер ғалымдар жасақтаған «Модульдік оқыту технологиясы» (М.Жанпейісова), «Деңгейлік тапсырмалар» (Ж.Қараев) пән сабақтарына арналған «Сатылай кешенді талдау» (Н. Оразақынова), «Блум таксономиясы» және тағы да басқа технологиялары мұғалімдердің қызығушылығын арттырып, оқу үрдістеріне кеңінен ендірілуде. Ж. Қараевтың «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» технологиясы оқушылардың жеке қабілеті мен мүмкіндіктеріне, қызығушылығына психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім деңгейіне жетуіне жетелейді. Тек білім ғана бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыра алатыны бәрімізге мәлім. Сондықтан да мұғалім сапалы білім, салиқалы ой –өрісі кең тұлғаны қалыптастыруы үшін 45 минуттық сабағын қазіргі заманғы білім берудің жаңа технологияларын қолдана отырып өткізуі керек. Осы жерде орыс педагогы А.С. Макаренконың «45 жыл мұғалім болса да 45 минуттық сабағына дайындалып келу керек» деген нақыл сөзін еске алуға болады. Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті-мұғалім баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және де баланың өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Жалпы құзыреттіліктің сипатына беделді пікір айтуға мүмкіндік беретін білімді игеру деген түсіндірме берілген. Мұғалім- бағыт беруші, ұйымдастырушы. Осы мақсатта мен өз сабағымды Блум таксономиясы негізінде құрастырамын. Себебі, Блум таксономиясы бір ізбен реттелген мақсаттар жүйесі арқылы оқушылардың білім деңгейлерін,шығармашылық деңгейге жетуді ұсынады. Сөзімді қорытындылай келе, белгілі педагог К.Ушинскийдің «Мұғалім-өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, іздеуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады» - деген пікірін негізге ала отыра мұғалім әрдайым кәсіби дамуына назар аудару қажет-деп сөзімді аяқтаймын.

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ

Жалмухамбетова Жулдыз Мураткаликызы
№ 4 Қандыағаш қалалық ЖББОМ

Қазіргі кезде жаңа білім жүйесі интернеттің пайда болуының арқасында дамығанын барлығы мойындайды. Көптеген әдіскерлер видеофильм, электрондық пошта (e-mail), мультимедиялық презентация, анимациялық суреттер және тағы басқалардың көмегімен шетел тілінде монолог және диалог түрінде сөйлеу қабілетін қалыптастыратын жаттығуларды құрастырумен айналысып жатыр. Ал шетелде болмай-ақ, сол елдің тілінде сөйлей алу қабілетіне ие болу оңай емес. Сондықтан, мұғалімнің маңызды тапсырмасының бірі шет тілі сабағында жаңа технологиялардың түрлі амалдарын қолдана отырып, сөйлеудің шын ситуацияларын құру болып табылады. Шет тілін үйрету процессінде компьютер технологияларын қолдану сабақты қызықты жолмен өткізуге көмектеседі. Мысалы, анимациялық суреттер, видео-көріністер, презентациялар және т.б. әртүрлі дыбыстар арқылы көрсетіледі. Компьютер мониторындағы көріністер оқушының іс-қимылының арқасында өзгеріп отырады. Бұл динамикалық және оқушының бар ойын өзіне бағыттайды, сонымен қатар, оқу процессінде оқушының белсенділігі оянады. Нәтижесінде, оқушы ақпаратты оңай әрі тез қабылдайды және оқушының ынтасы мен қызығушылығы жоғарылайды.

XXI ғасырды қоғамдық ақпараттандыру ғасыры деп жай атамаған. Компьютер — адам іс-әрекетінің барлық салаларында қолданылады. Дүниежүзілік қоғамдастықта қоғамдық өмірдің барлық саласын глобальді ақпараттандыру процессі дамытылуда. Экономикалық жағдай, адам өмірінің сапасы, ұлттық қауіпсіздік және мемлекеттің дүниежүзілік қоғамдастықтағы рөлі ақпараттық-технологиялық дамудың және оның даму қарқынының даму дәрежесіне байланысты. Барлық экономикалық дамыған елдерде және көптеген дамушы елдерде білім беру жүйесін ақпараттандырудың қарқынды процессі жүріп жатыр. Жалпы білімді жоғарылату жолдары жасалып жатыр және оқыту процессіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізуге көп қаражат бөлінуде.

Компьютерлік оқыту саласындағы жинақталған бай тәжірибеге қарамастан, көптеген шет тіл оқытушылары компьютерлік оқыту құралдарын пайдалану мүмкіндігіне сақтықпен қарайды.

Оқытудың басқа құралдарымен салыстырғанда дидактикалық артықшылықтары болып табылады: полифункционалдылық, интерактивтілік, диалогтық өзара әрекеттестік, жұмыстың ұйымдастырушылық нысандарының мүмкін режимдерінің алуандығы. Оқыту құралы ретінде компьютер барлық артықшылықтарлы іске асыруға қабілетті. Сонымен бірге оқыту процесінде компьютерді пайдалану техникалық құрылғыларға қойылатын талаптармен реттелген, және белгілі бір қағидаларға сәйкес келуге тиіс. Компьютерлік лингводидактикада пайдаланудың келесі қағидалары релевантты болып табылады:

келісімділік;

қажеттілік;

ақпараттылық;

сенімділік;

Келісімділік қағидасы:

Оқыту мазмұнына, мақсаттары мен кезеңдеріне, пайдаланушылардың жастық ерекшеліктеріне, сондай-ақ қолданылатын оқыту әдістемесіне байланысты пайдалану жағдайларын нақты анықтауды ұйғарады.

Қажеттілік қағидасы:

Егер қандай да бір параметр бойынша оқу процесінің тиімділігін арттыруға, атап айтқанда: материалды меңгеру жылдамдығын жеделдетуге, сөйлеу қызметін белсендіруге, көбірек ұтымды тәсілмен оқу мақсатына жетуге, оқытушының немесе оқушының жұмысын жеңілдетуге, оқу уақытын қысқартуға мүмкіндік береді.

Ақпараттылық қағидасы:

ДК пайдаланушыға аса қысқа уақыт ішінде көп ақпарат алуға мүмкіндік беретіндіктен, оқу процесін анықтамалық — ақпараттық қамтамасыз ету құралы ретінде компьютердің артықшылықтарын ашады. Оның үстіне, компьютер шет тілін оқытудың ақпараттық – сөйлеу сипатына бәрінен көбірек сәйкес келеді.

Сенімділік қағидасы:

Оқыту үшін әрбір компьютерлік бағдарламасын тәжірибелік тексеруді жүргізу қажеттілігіне, сондай-ақ дидактиканы қолданумен сабаққа ұйымдастырушылық дайындық кезеңінің барын көрсетеді.

Компьютер шет тілдері оқытушыларына бірнеше көмек көрсете алады.

Жаңа жағдайларда оқытушы дәстүрлі оқу құралдарын ғана емес, сонымен қатар ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалануға тиіс. Бүкіләлемдік желі, электрондық білім беру ресурстары өз оқушыларының, сондай-ақ өзінің білімін кеңейткісі келетін оқытушы- пән мұғалімі үшін жақсы көмекші бола алады .

Оқытушы компьютер үйренушілердің өз бетімен жұмысын ұйымдастыратын және әсіресе тілдік және сөйлеу материалымен жаттықтыру жұмысы процесінде оны басқаратын

құрал болып табылады. Бұл қолданылатын жаттығулар мен әдістемелік тәсілдер сипатын анықтайды. Келесілер көбірек жиі қолданылады:

Сұрақ- жауаптық диалог. Үйренушінің жұмыс мәні негіз бен сұлба ретінде сұрақта жазылған тілдік материалды пайдаланып, компьютерлдік сұрақтарына тура жауаптар беруден тұрады.

Ішінара жауаппен диалог. Компьютерге жауап беру үшін үйренуші болжанылатын нұсқалар қатарынан біреуін таңдайды.

Еркін құрастырылатын жауаппен диалог. Мұндай диалогты компьютер жауаптың дұрыстығын «танып», бағалай білуі үшін оның қойған әрбір сұрағына жауаптарлы барлық мүмкін нұсқаларымен бағдарлама қамтамасыз етеді.

Бос орындарды толтыруға жаттығулар. Компьютер үйренушіге бос орындармен мәтінді немесе ұсыныстар жинағын ұсынады. Шет тіліне аударып, қажетті түрде қолдану қажет орыс сөздері түріндегі сыбыр сөзді пайдаланып бос орындарды толтыру қажет. Сондай-ақ компьютер ұсынғандардың ішінен таңдап, бос орындарды сөздермен немесе сөз тіркестерімен толтыруға болады.

Сөздікті білуін өзі бақылауға арналған жаттығулар. Мұндай жаттығулардың нұсқалары мүмкін:

а) Компьютер аудару үшін сөздер тізімін ұсынады;

б) Компьютер сөздердің екі тізімінің арақатынасын белгілеп (орыс және шетел), екі тілде бұл сөздердің балама жұптарын табуды ұсынады;

в) Компьютер шетелдік сөздердің екі тізімінің арақатынасын белгілеп, синонимдер мен антонимдер жұбын анықтауды ұсынады;

г) Компьютер шет сөздерінің тізімін және бұл сөздердің дефинация тізімін ұсынады.

Компьютерлік бағдарламалар (компьютерлік оқытудың шетелдік тәжірибесінен):

Уордсток (сөздікпен жұмыс істеуге арналған бағдарлама)

Мэтчмастер (сәйкестіктерді таңдауға бағдарлама)

Чойсмастер (нұсқаларды таңдауға бағдарлама)

Клоузмастер (бос орындарды таңдауға бағдарлама)

Кроссвордмастер (кроссвордты толтыруға шебер)

Юнисаб (қоюға бағдарламашы)

Юнилекс (мәтінге сөздікпен жұмыс жасауға арналған бағдарлама).

Гэпмастер (бос орындарды толтыруға бағдарлама)

Пинпойнт (сезуге бағдарлама)

Спидрид (жылдамдықпен оқуға бағдарлама)

Сториборд (мәтінмен жұмысқа бағдарлама)

Тестмастер (сұрақ- жауапты түрде тестілеуге бағдарлама).

Компьютерге сондай-ақ оқушылардың әр түрлі контингенті үшін грамматика (ереже, қандай да бір өзге грамматикалық түрлердің қолданылу кестесі, етістіктердің жіктелуі және басқаруылуы және т.б.) және лексика (берілген сөзлің негізгі сөз тіркестерін, оның синонимдері мен антонимдерін көрсетумен) бойынша анықтамалық материалды, оқу және айту ережесін, лигвоелтану және тарихи ақпаратты және т.б. енгізуге болады. Қажетті анықтамалық материалды іздеу үшін компьютерді пайдалану оқушыларды сәйкес сөздікті немесе анықтамалықты іздеуден құтқарады, бұл уақытты көп ұтуға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі – ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен — күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық – коммуникативтік, компьютерлік технология арқылы оқыту – тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Азимов Э.Г., Вильшинецкая Е.Н Материялы Интернета на уроке английского языка // Иностранные языки в школе. -2001. — №1.
2. Бұзаубақова К.Ж. Жаңапедагогикалықтехнологиялар. – Тараз: ТарМУ, 2003.
3. Көшкімбетова С.А., Кенжебаев Т.К. Мектептің оқу тәрбие үрдісіне инновациялық технологияларды ендіру жолдары. — Тараз университеті, 2004.
4. Карпова А.С. Интернет в подготовке будущих учителей иностранного языка // Иностранные языки в школе.- 2002. — №4.
5. Кузьмичева Т.Н. Технические средства в обучений английскому языку. — М. «Просвещение», 2001.

ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ САБАҚҚА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Жалмухамбетова Эльвира Бауржановна, Айтбагамбетова Салтанат Нұрбергеновна
Ақтөбе қаласы №31 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімдері

Ойынның қай - қайсысы болса да белгілі мақсат, міндеттерді көздей отырып ұйымдастырылады. Себебі, ойын ойыншының адамгершілік, мінез - құлық, дене қасиеттерінің даналық жақтарын, әлеуметтік, қоғамдық мәселелерді астарлы да ашық қамтиды. Ойын қалай, қашан пайда болған? Ойын тарихының шығуы адамзат тарихының бір бөлігі ретінде сонау аң аулау мен терімшілік уақытында қатар пайда болып, дамып келеді. Содан бізге жетіп, ойналған ойындар ағылшын ғалымы Э. Манкейдің пайымдауынша 5000 жылдай бұрын ойналса керек. Қазақтың қонақжайлылығымен бірге енген ұлттық ойындары да бала болмысына үлкен әсер ететіні хақ. «Отыз күн ойын, қырық күн тойын» деген сөз де содан шықса керек. Ойын - бала тәрбиесімен егіз. Өйткені бала ойынсыз өспейді, жан - жақсыз дамымайды. Тек қимыл, қозғалыс қана дененің шынығып өсуін, жетілуін қамтамасыз ете алады Халық ойындарын бүгінгі педагогикалық білім талаптарына сай іріктеп, ретті қолдана білсек, онда ол бала тәрбиесінің сапасын көтеріп, тиімділігін арттырады, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын жандандырады. Ғалымдар, педагогтар ұлттық ойындарды зерттеп 5 топқа бөлген. 1. Аңға байланысты ойындар 2. Малға байланысты ойындар 3. Түрлі заттармен ойналатын ойындар 4. Зеректілікті, ептілікті, икемділікті қажет ететін ойындар 5. Соңғы кезде қалыптасқан ойындар Ойындар оқушылардың ақыл - ойын жетілдіріп, дүниетанымын, рухани деңгейін кеңейтіп, олардың қимыл - қозғалыс дағдыларын дамытады, алған білімдерін күнбе-күн өмірмен ұштастырады, басқа да адамгершілік мінез - құлықтарды бойына сіңіруге мүмкіншіліктер береді. Сондықтан, тәрбие жұмысында халық ойындарын ескерусіз қалдыруға болмайды. Ойынның педагогикада, оқыту үрдісінде алатын орны Платон заманынан белгілі болған XVIII ғасырдың өзінде-ақ Ж. Ж. Руссо мен И. Г. Песталоцци ойын арқылы балаларды болашақ өмірге бейімдеу керек деп түсіндірген. Ойынның сабақ барысында басты мақсаты – білім беруді ойынмен ұштастыру. Баланың ойынға белсенді түрде қатысуы оның ұжымдағы басқа да әрекеттерін айқындайды. Ойын бір қарағанда қарапайым құбылыс не әрекет сияқты болғанымен, ол ұжымдық әрекет. Ойын арқылы оқушы неге үйренеді? 1. Өздігінен жұмыс істеуге үйренеді 2. Сөздік қоры байиды, тілі дамиды 3. Зейіні қалыптасады 4. Байқампаздығы артады 5. Өзара сыйластыққа үйретеді 6. Ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіптілікке баулиды 7. Бір - біріне деген оқушы сенімі артады достыққа, ынтымақтастыққа баулиды 8. Сабаққа қызығушылығы артады. 9. Бір - бірімен жақын қарым - қатынаста болады. 10. Қисынды ой - қабілетін дамытады. Педагогикалық үрдісті жетілдіруде ойынның алар орнын

қазақстандық ғалым Н. Құлжанова да зерттеген. Ойын бала үшін еліктеу, инстинкт, күнделікті негізгі әрекет және оның жеке өмірі, - деп дәлелдеген. Н. Құлжанованың айтуы бойынша ойынды әдептілік, тәрбиелік мақсатта пайдалану - баланың болашақ өміріне түзу жол салу, үлкендерге еліктеуі және өмірдің талаптарына сай бейімделуі басты педагогикалық мақсаттар. Ғалым «Бала ойында ғана тынығып», «жұмыс жасап», өсіп жетіледі. «Оның ойлау қабілеті жетіліп, қарым - қатынас жасау мүмкіндігі артады»,- деп атап көрсеткен. «Ойын – бала үшін өмірлік тәжірибе»,- деп М. Жұмабаев атап көрсетсе, «Ойын - баланың рухани дамуының негізі»,- деп Ж. Плаже, К. Левин, Л. С. Выгоский, Д. Б. Эльконин өз еңбектерінде атап көрсеткен. 1. Ойын - балалар үшін күрделі әрекет те бола алады. Балалар білімді ойын арқылы қабылдап, үлкендерден үйренеді. Сондықтан сабақтағы ойын оқушы білімін тыңдап, ой - өрісі кеңейте алады, білім алудағы қызығушылығы артады. Ойын арқылы бала көптеген мәліметтер алады, психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Баланың жас ерекшелігіне, сабақтың мақсатына сай ұжымдастырылған ойындардың берері мол. Білім берудің жаңа технологияларын пайдалану бойынша мемлекеттік стандарт жобасында оқытудың ойын технологиясына үлкен мән берілген. «Пәндік, пәнаралық сипаттағы дидактикалық және сюжеттік, рөлдік ойындар білім алушыға өзін танытуға, жолдастарының пікірімен санасуға, көпшілік алдында сөйлеу қабілетін үйренуге, жан - жақты білімін көрсетуге мүмкіндік береді. Рөлдік, сюжеттік ойындардың көмегімен білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыратын оқу міндеттерін шешуге болады. Ойын қарапайым тілдік жағдаяттарда білім алушыларды қарым - қатынас мәдениетіне тәрбиелейді», деп атап көрсетілген. Сондай - ақ 12 жылдың білім беруде ұлттық ойындарға және шынайы өмірлік әрекетпен ойналатын ойындарға мән беріледі. Ойын арқылы оқушының білімі мен бейімін, жеке тұлғалық қасиет - қабілеттерін арттыру мүмкіндіктері зерттелген. Ойындардың қажеттілігін іріктеп ала білу - ұстаз шеберлігіне байланысты. Оқушының тілін дамытуда сөздік ойындарын қолдану тиімдірек. Сондай ойындардың бірі – «Керекті сөзді тауып айт». Ойынның мақсаты - қажетті сөздерді дұрыс тауып айтуға жаттықтыру, оқушы зейінін қалыптастыру. Мұғалім сол сабаққа қатысты жалпылама сөзді атайды, оқушылар қажетті сөздерді атайды немесе жазады. Бұл ойын оқушыларды талдау жасауға да үйретеді. Мысалы: тіл дамыту сабағында «Заттың атаулары» деген сөз аталса, оқушылар, бірнеше сөздер айтады және сұрақтар қояды. Жауаптарды жазады. Сондай - ақ оқушы зейінін қалыптастыруда «Кім тез, шапшаң» ойынын өткізуге болады. Бұл ойынды барлық сабақтарда қолдануға болады. Сабақ барысында оқушылардың қызығушылығы, зейіні, тілін дамыту үшін грамматикалық ойындардың орны ерекше. Сабақта тиімді қолданылған ойын оқушылардың грамматиканы толық меңгеріп, сауатты жазу дағдысына мол мүмкіндік береді. Оқушыларды өзбеттерімен жұмыс істеуге дағдыландырады, ізденімпаздыққа баулиды. Грамматикалық ойындардың ерекшеліктері де бар. Бұл ойын әр түрлі жағдаяттар арқылы жүзеге асады. Ойын сабақтың әр бөлігінде, әр мақсатта жекеленіп, дараланып қолданылады. Жаңа тақырыпты түсіндіруде, өткенді қайталауда, пысықтау сабақтарында пайдаланылады. Мұғалім ойындарды қолдану үшін жете дайындық жасап, қажетті жабдықтармен қамтамасыз етеді. Олар: грамматикалық лото, грамматикалық тренинг, грамматикалық гимнастика т. б. Сабақ барысында оқушының тілін дамытатындай, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыратындай ойындарды қолданамын. Олар: «Синтаксистік касса», «Сөйлем қуаласпақ», «Құсбегі», «Кедергіден өту», «Кім болам?», «Асауды ұстау», «Аударыспақ», «Вагондарды құрау», «Қай әріп жоғалды?», «Лоторея ұту», «Жасырынбақ», «Атын айт», «Түсін таны» «Не артық?» т. б. ойындар. Әр ойын сабақ мақсатына сай қолданыс табады. «Синтаксистік касса» ойыны. Карточкада бірнеше суреттер көрсетіледі (адам, құс, т. б.) беріледі және қойылатын сұрақтар карточкасы жасалады. Суреттің үстіне сұрақтары айтылып қойылады. «Сөйлем қуаласпақ» ойыны. Интерактивті тақтадан мазмұнды суреттер көрсетіледі. Топта сөйлемдер арқылы мәтін түрлері немесе хат, эссе, ой - толғау, хабарландыру, жарнама құрастырылады (ауызша). «Кедергіден өту» ойыны.

Интерактивті тақтадан «кедергілер» көрсетіледі. Әр кедергінің өз тапсырамасы тақтадан көрінеді. Тапсырмалар топқа беріледі. Осылайша ойын соңында кедергілерден өтіп мәреге жеткен топ жеңіске жетеді. «Вагон құрау» ойыны. Әр топқа бірнеше вагондар беріледі. Әр балаға 1 вагоннан. Вагонның артындағы тапсырманы орындаған оқушы вагонды ретімен тақтаға келіп іледі. Қай топтың вагондары алдымен құралса, сол топ жеңіске жетеді. «Алтын айт» ойыны. Интерактивті тақтадан бір - бірімен араласқан бірнеше суреттер тұрады. Оқушылар кезекпен шығып суреттерді «белгісі» арқылы топтан себебін түсіндіреді. Сабақтан тыс уақытта қимыл - әрекет ойындарына көңіл бөлінеді. «Туған күні», «Ақ терек, көк терек», «Ақ тоқаш», «Айға ұшу», «Кім болам?» сияқты ойындар ойналады. Қимылдары дамуымен қатар ойын барысында өлең, тақпақ жаттайды. Мысалы: Бүгін Анардың туған күніне Ақ тоқаш пісірдік Үлкендігі мынадай Кішкентайлығы осындай Ақ тоқаш - ау, ақ тоқаш Біреуді сайлап, өзің қаш. Сонымен қатар 12 жылдық білім беру және оқушы құзыреттіліктерін дамытатындай рольдік, сюжеттік ойындарға үлкен мән беремін. Оқушылар алдына түрлі өмірлік жағдаяттар беріліп, оқушылар ойнай отырып, сол туындаған проблеманы шешуге дағдыланады. Ойын үстінде бала сұранысы мен мұғалім тапсырмасы өзара ұштасады. Мысалы: «Біздің үйіміз» ойыны. Топ өздері тұрғысы келетін үйдің сұлбасын сызады немесе суретін салады. Одан кейін осы үйді салу үшін материалдарды анықтап алады. Осылайша ойын өмірмен байланыста болып, оқушы құзыреттілігін дамытуға септігін тигізеді.

РАЗВИТИЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Жамалова А. А.
г.Актобе, общеобразовательной школы №33 , учитель казахской средней

Интеллектуальное развитие человека особую актуальность приобретает в условиях современной ситуации перехода общества в информационную стадию развития.

Считаю, что развитие интеллектуальных способностей, развитие самостоятельного, творческого, поискового, исследовательского мышления является одной из основных задач школьного обучения.

Самостоятельно-познавательная деятельность – это деятельность обучающихся, основанная на их субъективном опыте, высокой мотивации и потребностях и предполагающая поисковую работу через наблюдения, сравнения, конструирование.

Есть китайская мудрость: Скажи мне, и я забуду.
Покажи мне, и я запомню.
Дай сделать, и я научусь.

Этот подход наиболее эффективный на сегодняшний день, так как побуждает к учебе, формирует у них навыки грамотности, развивает читательские компетенции.

Нам, учителям русского языка и литературы, очень трудно заставить детей самостоятельно написать эссе. Чтобы школьник подготовился к этой работе, выбираю различные виды деятельности: карточки – направления, рефераты, письменный ответ на вопрос, тесты, работа со справочный литературой, конспектирование.

На заключительном уроке по роману Л.Н.Толстого «Война и мир» в 11 классе были вынесены вопросы, на которые отвечали группы обучающихся:

1. Как относятся герои романа к городам Петербург – Москва?
2. Что можете сказать о пути нравственных исканий героев романа – Андрея Болконского, Пьера Безухова, Николая Ростова?
3. Какую роль играют страницы, описывающие смерть Андрея Болконского?

Очень часто применяю тесты, что позволяют проверить знания обучающихся. Но привычным стало для них самостоятельное составление теста, который я, предварительно проверив и оценив, могу предложить другому обучающемуся. А при выполнении рефератов предупреждаю, что пользоваться услугами Интернета можно, но по – принципу: ищу, познаю, расскажу.

Внимание, память, воображение – качества, которые являются основой развития творческих способностей и повышают творческо – поисковую активность.

Основным направлением в развитии памяти младших школьников считаю формирование у них опосредованного запоминания, т. е. использования для запоминания вспомогательных средств, в том числе знаков-символов. Для этого требуется умение расчленять запоминаемые объекты на части, выделять в них различные свойства, устанавливать определенные связи и отношения между какими-либо из них и некоторой системой условных знаков. Для развития ассоциативной памяти у детей использую такие упражнения, как:

а) запоминание слов с помощью картинок;

б) запоминание слов путем составления рассказа.

Создавая разнообразные проблемные ситуации на уроках в среднем звене, вызываю у детей желание решить поставленную задачу, ответить на необычный вопрос. При изучении темы «Глагол» предлагаю сопоставить слова *зеленеть и зелень*. На доске предложения: *На базаре купили зелень. На лугу зеленеет трава.* Вопрос: Почему при всем сходстве их значений следует отнести к разным частям речи? Решение этой проблемной ситуации помогает вспомнить и повторить признаки существительного и ознакомить с признаками глагола.

Я придаю особое значение формированию устойчивости внимания, определяемой длительностью сохранения его концентрации, распределению, т. е. умению контролировать выполнение одновременно двух или больше действий. Для этого использую упражнения "переплетенные линии", всевозможные "корректурные пробы", т. е. вычеркивание из таблицы какого-либо одного или нескольких указанных символов.

Проявление творческих способностей школьников можно понаблюдать на примере работы с текстом. Процесс восприятия текста организуется с помощью разных заданий – вопросов типа: «Как вы полагаете, какое время года описывается в тексте? По каким признакам можно определить? О чём этот текст? Что можете сказать о названии? Какую картину нарисовали бы? Какую музыку подобрали бы?»

Включение регионального компонента в содержание урока и внеклассных занятий вызывает живой интерес обучающихся, дает богатый материал для исследовательской работы, нацеливает на самостоятельный поиск. Приведу образцы вопросов и заданий:

1. Какие писатели побывали в вашем крае?
2. Назовите знакомые вам произведения и фильмы о родном крае?
3. Расскажите об одном из знаменитых людей вашего края.
4. Хотите ли вы изучать родной край? Какая тема вас интересует?
5. Напишите эссе на тему «Будущее моего края».

Активизируют познавательную и творческую деятельность, также расширяют словарный запас детей решение ребусов, кроссвордов, составление загадок, стишков, синквейна, буриме.

А в таких предложениях пятиклассники находили зашифрованные птицы:

1.Дон **и Волга** соединены каналом.

2.Мощный кран перене**с около** ста тысяч тонн металла.

3.Топ**ор ел**ку рубит.

4.Медленно войдя во д**вор**, **она** окликнула хозяев.

5.Для школьной бригады было отведено более **сорока** гектаров земли.

Главным критерием эффективности таких заданий являются: радость познания; постоянное достижение новых результатов; приобретение нового интеллектуального опыта.

Общая атмосфера на уроках интеллектуального развития создает особый положительный эмоциональный фон: раскованность, интерес, желание научиться выполнять предлагаемые задания. Осознание своих успехов способствует раскрытию психологических возможностей учащихся, повышению их самооценки, уверенности в себе. Это особенно важно сегодня, когда телевидение, компьютеры, развлекая детей, не создают мотивов для реализации их способностей.

Список литературы.

1. Граник Г.Г. и др. Секреты орфографии: Кн. Для учащихся. – М.:Просвещение, 1991.
2. Григорян Л.Т. Язык мой – друг мой. (Материалы для внеклассной работы по русскому языку). Пособие для учителей. М., “Просвещение”,1976.
3. Игровые задачи на уроках русского языка : 3-9 классы (П. Аркадьев, А Кадыкова, Л.Кандинский и др). – М.: ООО “Чистые пруды”, 2005.
4. Организация внеклассной работы по русскому языку: Пособие для учителя, - Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2000.

ХИМИЯ САБАҒЫНДА ПӘНДІК ҚҰЗЫРЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жамалова Гульшат Махсатовна
Ақтөбе қаласы, «Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп – лицейі» КММ

Қазіргі таңда дүниежүзілік өркениеттілікке жету мақсатында білім беру мен тәрбие мәселесін гуманистік дәрежеге көтеруші, мәдени құндылықтарға қол жеткізуші, оны іске асырушы мұғалім. Жаңа ғасыр мұғалімі жаңа нарықтық экономика заманына сай құзырлы болу үшін үнемі ізденіс үстінде болуы қажет. Жалпы орта білім беруді жетілдірудің негізіне компетенттік тәсілді алу ұсынылып жүр .В.Шепель компетенттілік ұғымына білім, біліктілік, тәжірибе, білімді пайдалануға теориялық-төжірибелік дайындық ретінде анықтама береді. В.Ландшеер, П.Симонов, М.Чошановтардың түсіндірмесі бұл анықтамаға қайшы келмейді. Дегенмен, В.Симонов әлеуметтік даярлық туралы айтса, М.Чошанов көбінесе компетенттіліктің мазмұндық (білім) және процессуалдық (білік),ал ВЛандшеер компетенттілікті тереңдетілген білім деп түсіндіріледі. Ал психологиялық сөздіктерде "компетенттілік жеке тұлғаның қоршаған ортадағы адамдармен тиімді қарым-қатынас жасай алу қабілеті" деген түсінік берілген."Осы айтылғандарды қорытындылай келе компетенттілік ұғымына мына-дай анықтама беруге болады: "Компетенция — оқудың және өздігінен білім алудың нәтижесінде қалыптасатын және адамның әлеуметтік мобилъділігін анықтайтын, білім мен тәжірибеге, құндылықтар мен бейімділіктерге негізделген жалпы қабілеттіліктер. Демек, компетенттілік ұғымы "білім", "білікгілік", "дағды" сияқты ұғымдарды қамтиды. Алайда бұл білім, біліктілік, дағдының жай жиынтығы емес. Компетенттілік оқу нәтижелерімен қатар, оқушылардың шығармащылық іс-әрекеттері мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді." Білім,білік,дағды қасиеті өзінің даралығымен сипатталып,өз бетімен жетілдіріліп отырған жағдайда ғана құзіреттіліктің негізі бола алады.

«Құзырлылық» ұғымы жайлы Құдайбергенова К.С. «Құзырлылық табиғаты - тұлғаның өзіндік дамуында» атты еңбегінде былай деп көрсетті: «Құзырлылық ұғымы соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субьектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылықтың латын тілінен аудармасы «competens» белгілі сала

бойынша жан-жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» десе, бұл жайлы Б.А.Тұрғынбаева «Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту» еңбегінде «...өзінің практикалық әрекет арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар деп атаймыз» деп анықтаса, ресей ғалымы Н.В. Кузминаның көзқарасы бойынша «Құзырлылық дегеніміз – педагогтың басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлылығы деді.»

Қазақстан Республикасы 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында педагог кадрлардың кәсіби – тұлғалық құзіреттілігін қалыптастыру басты мақсат екендігін атай келе 12 жылдық білім беру де педагог төмендегідей құзіреттіліктерді игеру міндетті деп көрсетті.

1. Арнайы құзіреттілік - өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілет
2. Әлеуметтік құзіреттілік – кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті
3. Білім беру құзіреттілігі – педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті.

Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсыналатын жағдайда болғанда ғана студент құзіреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады.

Білім сапасы білім, біліктілік, дағды, тұлғаның қасиеттері, қабілеттерімен бағаланса,тұлға педагогикалық объект ретінде меңгерілетін, қалыптасатын адам тәжірибесі ретінде қарастырылады.

Мұғалім мен оқушының арасындағы байланысын,қызметтік-тұлғалық деп айту артық, өйткені мұғалім үшін ең бастысы баланың тұлғалық қасиеттері,тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыруы емес,олардың жетістігі болып табылады. Қазіргі білім берудегі басты мақсат жас ұрпақтың білім деңгейін көтеру және жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру. Осы мақсатқа жету үшін өзімнің ұстаздық іс-тәжірибемде педагогика ғылымының докторы В.Дьяченконың топпен деңгейлеп оқыту технологиясын қолданамын.

Мен сабақ беру үрдісінде мынандай негізгі факторларды басшылыққа аламын:
-оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу тиімділігін арттыру
-жекелей,жұппен,топпен жұмыс жүргізу
-ойлау қабілетін дамытатын есептер беру
-қабілетіне қарай деңгейлік тапсырмалар беру
-оқушылардың теориялық-практикалық сауаттылығын арттыру.

Бұл технологияның тиімділігі сол,оқушының әсерлену жүйесі қалыптасады.

Топпен оқыту технологиясын қолдана отыра төмендегідей нәтиже күтемін:

Мен сабақ барысында оқушылардың қабілетіне, білім деңгейіне, ынтасына қарай үш топқа бөліп, өз бетімен еңбектенуге, ізденуге, шығармашылыққа баулып, қорытынды жасауға машықтандырамын, оқушының ақыл-ойын дамытып, өзіндік дүниетанымын қалыптастырамын, сабаққа ынтасы арттырып, тапсырманы орындау барысында жіберілген қателер мен кемшіліктерді уақытында анықтап түзетуге мүмкіндік беремін.Сабақтың ұйымдастыру кезеңінде ,оларды баурап алу үшін қазақ халқының бай мұраларын сыр сандық жасатып ”Ақ сандығым ашылды, ішінен шашу шашылды ” деген сияқты мақалалар айтып оқушының қызығушылығын,талабын ұштап, қиялын дамытамын. Сабақ барысында оқушыларды біліммен қаруландырып қоймай оларды қисынды ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін “Дөңгелек үстел” “Бреин-ринг “ .“Бұл неліктен”. ‘Қарлы кесек”, «Кім көп біледі», «Көңілділер мен тапқырлар» оқыта үйрету ойындарын қолданамын. Ойын элементтерін

пайдаланып деңгейлік тапсырмалар арқылы танымдық қызығушылығын арттыруға өткізген сабактарым: 8 класс бойынша «Бастапқы химилық түсініктер» «Оттегі, Жану», 9 класс бойынша «Бейорганикалық қосылыстарі», « Азот, Фосфор» т.б өткен тақырыпты пысықтау, үй тапсырмасын тексеру кезінде пәнге қызығушылығын арттыру үшін сұрақ-жауап ретінде миға шабуыл, кім жылдам, біліміңді байқап көр, Формулалар сайысы, Бейне сұрақ,Химик сараман, Жарқыраған шың т.б ойын элементтерін қолданып белсенділігін арттырамын. Тірек сызба, семантикалық карта толтыру,эстафеталық сұрақтар, лото ойындарын шештірту арқылы, электрондық оқулықтарды пайдалана отырып оқушылардың есте сақтау,ойлау қабілеттерін дамытамын. Тарауды қайталау, қорытындылау кезінде «қайталау-оқу анасы» деген нақыл сөздерді қолданып тақырыпқа байланысты сөздік қорларын молайтып, өткен тақырыптың мазмұнын толық ашу үшін сәйкестендіру кестесін толтырғызып , сабақты бекітемін.

Әр тарауды өткен соң, химиялық диктант,өздік жұмыс,тақырыптық есеп, бақылау жұмыстары, тестік тапсырмалар өткізу арқылы тақырыпты қаншалықты меңгергенін тексеріп,тақырыпты толық меңгере алмаған оқушылармен қосымша сабақтар,сыныптан тыс жұмыстар жүргіземін.Тест түрлері оқушы білімін бекітуге қайталауға,жүйелеуге мумкіндік береді.Сонымен қоса мұғалім мен оқушылардың уақытын үнемдеуге оқу жұмысын ұйымдастыруға жағдай жасайды.Тестік тапсырмаларды оқушылардың білім деңгейіне байланысты құрастырып, нәтижесін кілтімен тексертіп өздеріне бағалатамын. Оқушы білімін бағалауға эксперттік комиссия қабылдаған сапаны анықтау жүйесін қолданамын. Егер жауап-75%-дан жоғары болса-жақсы,-50%-ға дейін қанағаттанарлық,-50%-дан төмен-білім деңгейі төмен Оқушы білімін бағалауға оқушылардың жауап беру мүмкіндігі мен өз бетінше іздену дағдысын ескеріп, оқушы қабілетіне, қабылдау және меңгеру деңгейіне қарай сараптап тұлғаның психологиялық жас ерекшеліктерін ескеремін. Баға-бейне бір белгі және сонымен қатар өлшем сияқты, ол оқытудың нәтижелілік дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді. Бағалау парағына әр деңгейлік тапсырманың бағасын қойып, қорытынды бағасын шығарып отырамын. Осындай тәжірибе арқылы оқушылардың білімін, дағдыларын, ойлау қабілеттерін, шығармашылық ізденісін бақылау арқылы біршама нәтижеге жеттім.

Есте сақтау қабілетін шыңдауға, ғылым мен техника жетістіктеріне, білімге деген қызығушылығын арттыруда сыныптан тыс шаралардың маңызы зор. Оқушылардың химиялық сауаттылығын арттыру,алған білімдерін тиянақты болуын қадағалау үшін сыныптан тыс жұмыстар жүргізіп оқушыны қызықтыратындай химиялық ойындар викторина шешу, ребус, кроссворд құрастыру, логикалық есептер шығарту арқылы ой-өрісін,пәнге қызығушылығын арттырып,пән аралық байланысты нығайту қажет. Осы орайда. оқушылардың шығармашылық ізденісін, тапқырлығын, зеректігін,ойлауға икемділігін:гін,өмірге ғылыми көзқарасын дамытуға өткізілген сыныптан тыс жұмыстар: «Кім көп біледі?», «Бақытты сәт», КВН т.б ойындар.Алынған өзекті тақырыпты басшылыққа ала отыра және істелінген жұмыстарды қорытындылай келе өзін-өзі бағалай білетін,шығармашылық деңгейі жоғары жан-жақты тұлға қалыптастыра отыра,оқушының білім сапасын көтеремін,алған білімдерін өмірмен ұштастыруға бағыт беріп оқушы құзырлығын дамытамын.Сонымен топпен оқыту технологиясы баланың жеке тұлғасын пән арқылы дамытуға қолайлы тұлғаның білім,біліктілік дағдысын қалыптастырады деп ойлаймын.

Сөзімді: Құзырлылық адамның ол рухани байлылығы,
Бәсекеге кез келген сайлылығы.
Кәсіби қызметінің биігінен,
Көрінеді тек ұстаздың балаға жайлылығы- деп аяқтағым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.«Жеке тұлғаның шығармашылық дарындылығын дамыту жолдары» Е.Т. Акитбаев.,2006.15бет
2.«Топпен оқыту технологиясы» В.К.Дьяченко.-м,1991.
3.Сабыров Т.С Оқыту технологиясының негіздері Алматы Республикалық баспа кабинеті 1993,14бет
4. Бәкелестікке қабілетті тұлға тәрбиелеу.Қ.Жүнісханов.2008.3бет,39бет.

МУЗЫКА ӘЛЕМІНДЕ БАЛАЛАРДЫҢ СЕЗІМДЕРІН ТӘРБИЕЛЕУ

Жаманова Сәния Оразғалиқызы
Шалқар қаласы «Нұрсәт» бөбекжай – бақшасы МКҚК, музыка жетекшісі

Мәдениетті, ұлтшыл, өнерлі адам тәрбиелеуге өте үлкен екі күш керек, ол өнер және білім. Егеменді елдің ертеңі оқу- біліммен, өнегелі, тәрбиемен өлшенеді. Бала болашақта тұлға ретінде қалыптасуы бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті. Балабақшада тәрбие алып жатқан бүлдіршіндердің арасынан болашақ өнерпаздар, әншілер, жазушылыр, ақындар талай мамандық иелері шығуы мүмкін, «Бұлақ көрсең, көзін аш» демекші солардың бойындағы қасиеттерді ерте бастан байқап, өнерге баулу ең алдымен ата-анамен тәрбиеші, ұстаздардың сезімталдығына, ізденімпаздығына көп байланысты. Сол тәрбиенің бір саласы – шығармашылық сала. Шығармашылық саланың ішінде музыкалық, эстетикалық тәрбие. Музыкалық, эстетикалық тәрбие дегеніміз – сұлулықты, көркемдікті сездіртіп үйрету, оны қойып қана қоймай, өз бойына сіңіре білуді әдет-дағдыларына айналдыру. Осы маңызды міндетті орындау үшін баланың жалпы музыкалық қабілетін дамытуда алдыма мынадай үш мақсат қоямын:

1. Музыкалық шығармалардың сипатын сезіну: сабақтарымда музыканы сөзбен ғана сипаттамай бояумен, суреттермен, қимылмен т.б. балаларға түсінікте етіп сипаттаймын. Арттерапия, музыка терапияны қолданамын.

2. Баланың тыңдай білу қабілетін арттыру; өз сабақтарымда жарқын және түсінікті музыканың қолдануды жөн деп ойлаймын. Балаларды музыкалық фразаларды тыңдауды, түсінуді үйретемін. Өлеңнің бастамасы, қайырмасы деген ұғымдарды түсіндіремін, қарапайым аспаптардың дыбыстарын тыңдатып тембрінен ажыратуды үйретемін.

3. Музыканы тыңдай отырып әнді, көркем кейіпкерді, биді көз алдына елестете алу: тыңдалған шығармада немесе ән айту барысында үркек қоянға, маршпен жүрген сарбазға, маң-маң басқан аюға еліктеу және оны өзінше сипаттау.

Музыка баланың ішкі жан дүниесіне, сезіміне тікелей әсерін тигізеді. Музыканың адамға деген ықпалы кейде үгіттеуден, нұсқаудан да анағұрлым күшті болады. Өзімнің сабақтарымда балаларды мазмұны әр түрлі шығармалармен таныстыра отырып олардың ішіндегі сан түрлі сезімдерін оятып, музыкаға әсерлену қабілетін дамытамын. Музыкалардағы шығармаларды сипаттау кезінде балалардың сан түрлі ой қиялын, ойынан шыққан суреттемелерін барынша демеп . қолдап отырамын. Өзімнің әр сабағымда музыкалық тәрбие арқылы баланың жағымды мінез-құлқының тұрақтануына және сабағымның әр бөлімінде ойын болсын, би болсын баланың көңіл-күйінің көтеріңкі, жағымды болуына көп көңіл бөлемін. Баланың балабақшада шығармашылық тұрғыда қалыптасуы, дамуы бір күндік жұмыс емес, баланың сәбилік жасынан, мектеп жасына дейінгі уақытта жылдар бойы жүйелі түрде жүргізілетін жұмыс және осындай жүйелі жұмыстың арқасында ғана мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық эстетикалық тұрғыда қалыптасуы мүмкін деп ойлаймын.

Мұхтар Әуезов : « Әнге әуес, күйге құмар бала жаны сұлу, өмірге ғашық болып өседі» деп орынды айтқан. Балабақшадағы сәбилік шағынан тәрбиеленіп келе жатқан балада музыканы тыңдау, оны түсіну, есте сақтау, ажырата білу, ән салу, би билеу, сазгерлерді, аспаптарды тану қабілеттері бірте - бірте қалыптасады. Ал, балабақшаға қамтылған баланың бойына қысқа мерзім ішінде аталған білім дағдыларын қалыптастыру музыка жетекшісінің алдына қойылған аумақты да, жауапты ісі. Балабақшада музыкалық тәрбие жұмысын ұйымдастырудың түрлері: ән сабағы, баланың жеке музыкамен шұғылдануы, баланың күнделікті өмірдегі музыканың орны,мерекелік ертеңгіліктер Балаға музыкалық тәрбие берудегі мақсатымыз бен міндетіміз:

- Музыкаға қалыпты қызығушылығын, әр түрлі музыкаға эмоциялық сезгіштігін қалыптастыру және дамыту;
- Би билеу және ән салу дағдыларына үйрету;
- Музыкалық қабылдауын, таныс шығармаларды әуенінен тану және есте сақтауын дамыту;
- Музыкалық танымын кеңейту, машығын дамытуға жағдай жасау;
- Музыкалық әрекеттің барлық түрі бойынша белсенділікті дамыту.

Сол себепті, музыканың құдіретті күшін бала бойына дарыту, сіңіру мақсатында музыка, сазды әуен баланың күнделікті өмірінде орын алуы қажет. Музыкалық оқу іс - әрекетінің музыка тыңдау бөлімі бойынша ән, күй, халық әуендерін, басқа ұлттық шығармаларды қолдана отырып, музыканы тыңдау, қабылдау, есте сақтау, ажырата білумен қатар, оның мазмұнын, көркемдік қасиетін түсіндіру қажет.

Әнді музыкамен, музыкасыз жеке, көппен қосылып, орындау кезінде дауысын дамытуға, өлең сөзін дұрыс, анық айтуға, ырғақты қимылмен музыка үндестігін сезіне, денесін дұрыс ұстап, әдемі қозғала білуіне ерекше мән беріледі. Музыканы басқа пәндермен байланыстыруда (тіл дамыту, сахналау, дене шынықтыру, бейнелеу т. б) баланың көңіл хошы, өз күші менептілігіне қызығушылығы арта түседі.

Ән баламен ойын - сауықтарда, музыкалық кештерде, ертеңгіліктерде, билерде, ойындарда бірге жүреді. Демек, ойнай жүріп, баланың әнге деген құштарлығы арта түседі. Музыкалық – дидактикалық ойындарды ойнау, балалардың музыкаға қызығушылығын арттырады және музыкалық іс - әрекет түрлерін тез, әрі дұрыс үйренуге көмектеседі. Музыкалық оқу іс - әрекеттерінде музыкалық - дидактикалық ойындарды жүйелі түрде пайдалану – музыканы сипатына, көңіл - күйіне, динамикалық реңкіне қарай ажыратуды үйретеді. Балаларды әр түрлі музыкалық шараларға тек жеке өзін қатыстырмай, үлкендермен, ата - аналармен бірге қатыстырудың мәні зор. Бұл баланың өзіне - өзінің сенімін ұштап, шығармашылығын шыңдайды.

Музыкалық - ырғақты қимылдарды орындауда, би билеуде музыкалық аспаптарды қолдану музыканың ырғағын, динамикалық үнін, екпінін ажыратуға үйретіп, орындаушылық шеберліктерін шыңдайды.Мерекелік ертеңгіліктердің, ойын - сауықтардың, сахналық қойылымдардың кезінде бала образдық бейнелерді дәл бере білуге, сахна мәдениетіне жауапкершілікке, көпшілікпен жұмыс істеуге үйренеді.Қазіргі оқу - тәрбие жұмысын жан - жақты дамыту мақсатындағы басты міндеттердің бірі бала тәрбиесіне қазақ халқының ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан тұрмыс - салтына, әдет - ғұрпына, ұлттық дәстүріне байланысты әдебиет пен мәдениетке, өнерге үйрете отырып, баулу. Белгілі бір өнер иесіне арналған әсерлі әдеби - музыкалық кештер өткізу де бала санасында із қалдырады. Жақсыға, әдемілікке, үлкеннің маңызды да пайдалы ісін қайталауға, ұқсап бағуға талпындырады. Сол сияқты баламен жеке жұмыс жасауда әр баланың бойындағы қабілетін тауып, дамытуға жол ашады.

Музыка – адам өмірінің серігі, эстетикалық тәрбие негізі болып табылады. Музыкаға деген сүйіспеншілік, баланың музыкаға жетік болу қабілеттері туа бітпейді, ол өсу, даму

процесінде қалыптасады. Музыканың адам өміріндегі мәні ерекше. «Ол жоқ жерде, адам тірлігі де жоқ» деп Ю.Фучек өте тауып айтқан.Музыка адамды шаттыққа бөлеп мұң зарын сейілткен. Музыканың әсер ықпалының күштілігі соншалық, ол адамдардың мінез - құлқымен салт-дәстүрінде өзгерте алады. Сөзіміз дәлелді болу үшін қытайлық тарих танушы, музыка зерттеушісі Сыма Цяньның мына пікірін еске алайық: « Дүниеге келген адам өміршең рухты, жүрек пен сананы еншілеп туады. Ал қайғы мен шаттық, ашу мен қуаныш болса туа бітетін қасиеттер емес, мұның бәрі де сыртқы әсерге деген адам сезімінің өзгеруі ғана, адам бойындағы сезімді қалыптастыратын да сол сыртқы әсерлер».

Жақсы ән мен сазды музыка – жан азығы. Әсем ырғақты жан тербетер ән, музыка тыңдаған адамның жүрегі жай тауып ерекше сезімге, қуанышқа бөленеді.«Туғанда дүние есігін ашады өлең» - деп Абай атамыз жырлағандай шыр етіп дүние есігін ашқан нәрестеге өмірінің алғашқы күндерінен бастап - ақ музыка әсер етеді. Ең алғашқы анасының әлдиі, бесікке таянып айтқан ананың бесік жыры бөбектің жанын тыныштандырып тәтті ұйқыға кетуіне әсер етеді.Нәрестенің дүниеге келуімен байланысты ырымдар «Шілдехана», «Бесікке салу», «Қырқынан шығару» т.б. бәрі де әнсіз, өлеңсіз, жырсыз өтпеген. Бала өмір бойы ән ырғағына бөленіп жүреді. Міне, осындай сыртқы ортаның әсерінен бала бойында әдемілікке, әсемдікке деген сезім күй қалыптасып, эмоциялық әсер нәрестені ерте бастан музыкаға баулуға, эстетикалық тәрбиенің белсенді көмекшісі етуге мүмкіндік туғызады. Ана әлдиін бойына сіңіріп өскен сәби тәй-тәй қадам басқаннан - ақ балабақша есігін ашады. Сол балаға музыкалық эстетикалық тәрбие бере отырып, жан-жақты жеке тұлғаны дамытудың алғашқы баспалдағы балабақшада жалғасады.Ал, музыканы түсіне шығарма кейіпкерімен бірге жетіле, әсемдік пен әдемілікті сезіне өскен бала қоғамға тек пайдасын тигізетін, ұлттық қазынаны бағалай білетін, саналы да білімді, отансүйгіш, тәрбиелі, адал азамат болып өсері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.«Бала мен балабақша» журналы № 6, 7 2012ж.
2.«Бала тәрбиесі» журналы №12, 2009ж.
3.«Отбасы және балабақша» №2,3 ,2011ж.
4.«Мектепке дейінгі білім» қыркүйек/қазан 2008ж
5. «Музыка әлемінде » Т.Қоңыратбай 2004ж

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ ТӘСІЛДЕРІ

Жанабаева Гулденген Кереевна
Ақтөбе қаласы, №10 жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі,

Аннотация. Бұл мақаладабастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін дамытудың маңызы туралы баяндалған. Бастауыш сынып сабақтарында оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытудыңтиімді тәсілдері қарастырылған. Дамыта оқыту тәсілдерін қолданудың нәтижелері мен мүмкіндіктері атап көрсетілген.

Жалпы білім беретін мектептегі бастауыш сатыда әрбір оқушының бойындағы білім, білік, дағдысымен қатар танымдық қабілеттері де қалыптасады. Бастауыш сыныптан бастап баланың тұлғалық қабілеттерін жан-жақты дамыту, білімге деген қызығушылығын ояту, шығармашылық қабілеттерін арттыру - мұғалімнің міндеті. Бастауыш сынып оқушыларының

танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой, таным, дене жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқыту үдерісін жолға қою болып саналады. Әрбір сабақта оқушының танымдық және шығармашылық қабілеттері оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы жан-жақты дамиды.

Оқушылардың жеке тұлғалық, танымдық қабілеттері бастауыш сыныптардан бастап қалыптасады. Сондықтан бастауыш сынып сабақтарында оқушыларды шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, кез-келген практикалық іс-әрекеттерге дайын болуға үйрету керек.

Бастауыш сыныптарда жекелеген пәндер бойынша оқу материалын терең меңгертуге оқушылармен жүргізетін практикалық, шығармашылық жұмыстардың нәтижесінде қол жеткізуге болады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында жеке пәндер бойынша шығармашылық тапсырмалар мен жаттығулар орындатудың тиімділігі зор.

Оқушының танымдық қабілеттері практикалық іс-әрекет, түрлі кеңейтілген, құзырлылық, деңгейлік тапсырмаларды орындау арқылы, логикалық ойлауы ой әрекетінде, білімді меңгеру, тіл үйрену үстінде дамиды. Оқушылардың ақыл-ой белсенділігін өрістету олардың тұлға ретінде жетілуінің маңызды саласы болып табылады. Сол себепті шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың ойлау, сөйлеу, тілін дамыту әрекеттерін жүзеге асыру тәсілдеріне үйрету қажет. Сондықтан әрбір сабақта оқушыларға берілетін тапсырмалар талдауға, жинақтауға, салыстыруға, топтауға арналған шығармашылық тапсырмалар олардың логикалық ойлауын, тілін дамытатындай болуы керек.

Қазіргі таңда білім саласының алдында дайын білімді, білік, дағдыларды меңгерген, өмірдің кез-келген сындарында, практикалық жағдайларда қолдана білетін, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, өзіндік ойлау, жұмыс жасау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға етіп қалыптастыру міндеті қойылып отыр. Осы орайда, оқушылардың танымдық қабілеттері мен шығармашылық мүмкіндіктерін жан-жақты дамыту маңызды мәселеге айналып отыр.

Бастауыш сыныптарда негізгі пәндер бойынша оқу материалын терең меңгертуде оқушылармен өз бетінше жүргізетін практикалық, **шығармашылық** жұмыстардың нәтижесінде қол жеткізуге болады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуда әрбір пән бойынша кеңейтілген шығармашылық тапсырмалар мен жаттығулар орындатудың тиімділігі зор. Сондықтан, бастауыш сыныптарда балалардың ойлау және танымдық белсенділігін дамытуда сабақта өзіндік жұмыстар мен деңгейлік, шығармашылық тапсырмаларды жоспарлы, жүйелі түрде орындату қажет.Бастауыш сынып оқушыларын бойында жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін, ең алдымен олардың танымдық қабілеттерін дамытудың маңызы зор. Қабілеттер мәселесін зерттей келе, педагогикалық тәжірибеде маңызы ерекше мына жағдайларға айрықша мән беру қажет. [1]

Біріншіден – барлық баланың қабілет деңгейі жағынан тең дәрежеде болмауы. Мұны бір сыныпта отырған оқушылардың әрқайсысы әр пәнге және әртүрлі деңгейде қабілетті болатындығымен дәлелдеуге болады. Балалардың бірі есепке жүйрік болса, екіншісі тілге бай, ал енді біреулері сурет салғанды жақсы көреді. Олардың қабілеттерінің құрылымы да, оны құрайтын компоненттер де әртүрлі болады. Мысалы: математикалық қабілеті басым балаларда ойлау операциялары тез, дәл болады да, бейнелеу өнеріне қабілетті балаларда нақты заттардың бөліктерінің арақатынасын жылдам анықтай білу сияқты белгілер басым болады. Музыкаға қабілетті бала есту, ритмді түсіну, сезімталдық сияқты сапаларымен ерекшеленеді.

Екіншіден- адамдар бойында қабілеттің бір түрі ғана бола ма, әлде әртүрлі қабілеттің белгілері бола ма деген сауал төңірегіндегі пікірлер жайлы. Ғалымдар керісінше көзқарастардың бар екендігіне қарамастан, адам бойында әрекеттің бірнеше түрін оңындай алу

мүмкіндіктерін бар екендігін дәлелдейді. Мысалы ақындығымен қатар музыкаға, суретке қабілетті адамдар.Психологтар қабілеттердің екі түрлі деңгейінің болатындығын дәлелдейді.

1) Репродуктивті - іс-әрекетті, білімді берілген үлгі бойынша қабылдай алу деңгейі.

2) Шығармашылық - жаңалық ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі. Шығармашылық - өте күрделі психологиялық процесс. Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан тек адамға ғана тән. [2] Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері қабілеттің мұндай дәрежесіне белгілі бір шарттар орындалған жағдайда кез-келген баланы көтеруге болатындығы жайлы көп айтылуда.

Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден, кез келген бала оқу әрекетінде адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақталған тәжірибесін меңгерсе екіншіден, кез келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы - ол баланың өзін-өзі қалып тастыруына өз идеясын жүзеге асыруына бағытталған жаңа әдістәсілдерді іздейді. Проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды. Бастауыш сынып оқушыларының кез келгені шығармашылық тапсырмалар шешуді табыспен меңгере алады. Тек ол жұмысқа дұрыс басшылық, шебер ұйымдастырушылық қажет.Осыған орай, ғалымдар жүргізілген тәжірибеде барлық пәндердегі білім мазмұнында оқушының шығармашылық қабілеттерінің дамуы басты нысана болып алынуымен байланысты.

Оқулықтарда берілген тапсырмалардан басқа өздігінен жұмыс жүргізу, тәжірибе, проблема қою, мәтінмен, сызбамен, суретпен, диаграммамен жұмыс істеу, жекеден жалпыны шығару, жалпыны жекелей қолдану т.б. сияқты оқушыны іскерлікке, дербестіккебаулитын, ойына түрткі болып, шығармашылыққа жетелейтін, өздігінен ізденіске салатын, айналадағы дүниемен қарым-қатынысқа түсіретін, «жаңалық ашып», оның нәтижесінің «қызығына» бөлейтін әдіс-тәсілдер мен мазмұндық ойындар, қызықты тапсырмаларды тиімді ұйымдастыру қажет.

Бастауыш сыныпта қазақ тілі пәнін оқытуда оқушылардың сөздік-логикалық ойлау қабілеттерінің дамуына кеңейтілген тапсырмалар мен логикалық жаттығуларды орындатудың маңызы зор. Аталған мақсатта бастауыш сыныптарда қазақ тілі пәнін оқытуда төмендегідей тапсырмалар мен жаттығулар орындату тиімді болады.

«Артығын анықта» әдістемесі. Баланың маңызды бөліктерді бөліп көрсету, жалпылай білу дағдысын көрсетеді. Тапсырманы сурет не заттай немесе жазбаша түрде ұсынуға болады.Сонымен қатар ойлау әрекетін дамытатын тәсілдерді ойын түрінде қолдануға болады. Мысалы,«Керісінше айт» ойыны. Бұл ойында қарама-қарсы мағыналы сөздерді өткенде пайдалану тиімді. Мысалы, толық- жіңішке, қара-ақ, ыстық-суық, бос-толы, т.б.

«Ұқсастық пен айырмашылық». Оқушыларға әртүрлі заттар мен ұғымдарды салыстыру ұсынылады. Бастауыш сынып оқушыларына өздеріне таныс заттар: сүт пен су, сиыр мен жылқы, ұшақ пен поезд (сурет түрінде ұсынуға болады). Ересек балаларға тапсырманы күрделі түрде: таң мен кеш, табандылық пен қыңырлық т.б. Дұрыс жауаптар, қателіктер, ұқсастық пен айырмашылық ара қатынасы, басым белгілер т.б айқындалады.

«Басқа қырынан таны». Белгілі бір заттың басқа қырын ашу. Мысалы, сіріңке тек жанып, жарқырап қана қоймай, пішіні мен салмағы жағынан кішірейеді. Оқушыларға қарапайым заттардың: полиэтилен қақпақ, пенопласт т.б ерекше қасиеттерін ашу, анықтау ұсынылады. Ерекше жауаптар ескеріледі және ұсынымдарды талдауға да, пікірталас ұйымдастыруға да болады.

«Ұқсастықтар іздеу». Белгілі бір зат немесе құбылыс айтылады, мысалы, «тікұшақ». Әртүрлі нақты белгілер бойынша тікұшаққа ұқсас заттарды жазу.Ұқсас заттарды қасиетіне қарай топтап жазуға да болады. Мысалы, «құс», «көбелек» (ұшады, қонады), «автобус»,

«поезд» (көлік) т.б. Бұл тапсырма заттардың қасиеттерін анықтау, оларды белгілер бойынша жіктеуге арналған.

«Сөйлем құра». Өзара байланыспайтын 3 сөз алынады. Мыс, «көл», «қарындаш», «аю». Осы сөздерден сөйлем құрау қажет. Жауап қарапайым (Аю көлге қарындашын түсіріп алды) немесе күрделі (Бала қолына қарындаш алып, көлде шомылып жатқан аю суретін салды) болуы мүмкін. Соңынан ұнаған жауаптар талданады. Шығармашылықпен жазылған сөйлемдер мадақталады.

«Артық сөзді тап». Кез-келген 3 сөз беріледі. Мысалы, «ит», «қазан», «күн». Белгілері арқылы ұқсастықтары бар 2 сөз қалдырылады да, артық сөзді алып тастау керек. Қалған екі сөздің өзара ұқсастықтарын алынып салынған сөзден айырмашылығын неғұрлым көбірек атау керек. Мысалы, «ит» сөзі артық, «қызан», «күн» сөздері қалдырылады, өйткені олар: дөңгелек, қызғылт, адамдарға қуат береді. Қалыптан тыс нақты шешімдер қабылданады (бұлт, мақта, дән) т.б.[3] Осы сияқты әртүрлі жаттығуларды мұғалім ретін тауып оқу үрдісінде қолдана білсе, оқыту түрленеді, оның тиімділігі артады, оқушылардың ақыл-ойы жетіле түседі. Оқушыларға тапсырманы біртіндеп күрделендіре түссе, сонда логикалық ойлау қабілеттері қалыптаса бастайды.Оқу танымдық қызметі барысында оқушылар қажетті көлемдегі білімді игеріп қана қоймастан, танымдық қабілеті мен шығармашылдық ойлауы да дамытылады. Оқушылардың танымдық қызғушылықтарын дамытуға арналған зерттеулердің нәтижелері оқушылардың танымдық қызығушылығының көрсеткіштері ретінде төменде берілген:

- таным үрдісіндегі белсенділігі, білімге қызығушылығы; - өздігінен ізденушілік әрекет жасауға ынтасы;
- оқу-танымдық қызметтегі негізгі түйінді анықтау білігі;
- игерілген білімді тасымалдай білуі;
- өз іс- әрекетін бақылауы, бағалауы. [2]

Жоғарыда көрсетілген психологиялық тәсілдерді қолдана отырып, тренингтік жаттығулар орындату барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады, ой-өрісі дамиды. Сондай-ақ, тренингтік жаттығулар оқушы білімінің деңгейін арттырып қана қоймай, бір-бірімен жақындастырып, достыққа, адамгершілікке тәрбиелейді. Сыныпта ынтымақтастық ахуал қалыптасады. Оқушыларды жүйелі ойлап, сөйлеуге, сөздік қорын молайтуға, қиялын ұштауға жетелейді.шығармашылық пен дарындылық қабілеттері дамиды.

Мектеп оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады. Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Оқушының сыни тұрғыдан ойлауға үйретететін сабақтар дамыта оқыту сабақтары болып саналады.

Қорыта келе айтқанда бастауыш сыныптарда дамыта оқыту тәсілдерін қолданудың тиімділігі:

Біріншіден – дамыта оқытуда білім дайын күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндіктерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады. Сөйтіп олар осы мәселе туралы өз білімдерінің жеткіліксіз, не білгілері келетіндіктерін сезіну арқылы сабаққа деген қызығушылықтары оянады, ішкі уәжі пайда болады.

Екіншіден – дамыта оқытуда оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып, өз бетінше ізденуге дағдыланады. Әр оқушының өзінің қабілет деңгейіне дейін дамуға қол жеткізе алады. "Жақсы оқушы", "Жаман оқушы" ұғымының болмауы, балаларды танымдық әрекеттерге ұмтылдырады, білім алуға құштарлығын арттырады.

Үшіншіден – оқушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің метатанымдық әрекеті. Сол себепті дамыта оқытудағы оқыту әдістері оқушыны белсенді жұмыс жағдайына қоя отырып, мәселелерді, қайшылықтарды шешу мақсатын қояды.

Төртіншіден – дамыта оқыту жүйесінің нәтижелі болуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-қатынасарқасында ғана өз жемісін береді. Сол себепті дәстүрлі оқыту жүйесіндегі әміршілдік стиль бұл жерде тиімсіз, оқушы тек қана – "орындаушы", "мұғалімнің тасасындағы" - объект болудан арыла бастайды. Оқушы өз пікірін ашық айта, ойын дәлелдей, дәйектей алатын, сонымен қатар басқаның да ойын тыңдап, көзқарасын құрметтей білуге үйренген жаңа сападағы құзырлы тұлға ретінде қалыптаса бастайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сабыров Т.С. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары. Алматы, «Мектеп», 2004.

2. Б.Тұрғанбаева,Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту.Алматы,1999.3.Қазақ тілінен дидактикалық қызықты тапсырмалар» Алматыкітап, 2015 ж.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Жанабаева Кунслу Куандыковна
М.Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернат

XXI ғасырда адам баласына тән қасиеттер мен қабілеттерді жан-жақты дамытуға негізделген Жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасы бүгінгі күнде қолданысқа енгеніне де біршама уақыт өтті. Еліміздің педагогтері жаңа білімді меңгеріп, оқушыларына меңгертіп, тәжірибелерімен бөлісіп, тынымсыз еңбек етуде. Жаңа бағдарлама аясында қазақ тілі пәнін оқыту әдістемесі де заман талабына сай, оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытуға бағытталған. Аталған төрт дағдының ішінде белгілі бір әдіс-тәсілдер арқылы жазылым дағдысын қалыптастыру мен дамыту- ұстаз бен оқушыдан жүйелі жұмыстануды қажет ететін нақты алгоритмдері бар күрделі үдеріс. Ол бірден нәтижеге қол жеткізіп, жетістік сатысына апарады деп айта алмаймыз. Әрбір тәжірибелі мұғалім сабақ барысында түрлі кедергілерден өткенін және соны оң нәтижеге бағыттау барысындағы ізденісін айта алады. Солардың ішінде оқылым мен жазылым стратегияларын байланыстыра алмауы, сабақ мақсатынан ауытқушылықтың болуы, эссе құрылымының сақталмауы, грамматикалық тапсырмаларды жазылым барысында қолданбауы секілді кедергілердің болуы. Тәжірибелі маман өз іс-әрекетін зерделей отырып, сол кедергілерден шығудың жолдарын да ұсына алады. Алдымен «Жазылым» терминіне тоқталсақ, ол «қағаз бетінде ойынды сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді. Жазылым дағдысын қалыптастыруға арналған барлық әдіс-тәсілдер нақты сабақ мақсатына бағытталып, төмендегідей көрсеткіштер бойынша бағаланады: тақырыпты аша білуі, грамматикалық сауаттылығы, өз ойын сын тұрғысынан дәлелдеуі, қорытынды шешім шығарып, өз көзқарасын білдіруі. Сондай әдіс-тәсілдердің ішінде төменгі және орта буын сыныптарында «Сөз ойыны», «Тірек сөздер легі», «Мен етістікпін», «Кілтті сөздер немесе тірек сөздер» ойын-оқу жаттығуларын қолдануға болады. Лексикалық тақырыпты меңгерту барысында жазылым дағдыларын да қалыптастыруға бағытталған жаттығулар кешенін жүргізуді өз тәжірибемізде жиі қолданып жүрміз. Берілген мәтінді оқушының қалай меңгергенін байқау мақсатында тірек-сызбалар

ұсынып, нәтижеге бағыттауға болады. 6-сыныпқа арналған қазақ тілі оқулығында «Су-тіршілік көзі» бөліміндегі мәтіндерге төмендегі тірек-сызбаны ұсындық.

Тақырып	Негізгі ой	Менің ролім
Су- қасиетті ұғым. Бабалар аманаты	Бабаларымыз суды босқа төкпеуді, қадірлеуді, пайдаға жаратуды аманаттаған.	Мен судың қасиетін ұғынып, өзім үшін де, келер ұрпақ үшін де үнемдеу қажеттігін түсіндім.

«Бір сөйлеммен тұжырымдаңыз», «Еркін жазу» секілді әдістер арқылы оқушыға мәтінді меңгертуге әрі жазылым дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Оқушы тапсырмаларды орындау барысында жазу дағдысына қосымша ойлау дағдыларын да жүзеге асыратынын көреміз. Осы сыныптар аралығында оқушының Ж1. Жоспар құру, Ж2. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру, Ж3.Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну, Ж4. Эссе жазу, Ж5. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу, Ж6. Мәтіндерді түзету және редакциялау сияқты коммуникативтік дағдылары қалыптасуы шарт. Демек бала жоспар құрудан бастап, әртүрлі формада жазылған мәтінін өзі тексеріп, түзете алатын деңгейге жетуі тиіс.

Жазылым продуктивті дағдылар қатарына жатады. Яғни продуктивті дағды дегеніміз тілді қолданып сөйлеу немесе жазу. Қарапайым тілмен айтқанда, жазылым хабарды қағаз бетіне түсіруді қамтамасыз етеді. Жазу арқылы коммуникацияға түсу үшін біз әріптер мен сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құрай алуымыз керек, ал сөйлемдерді топтастыру арқылы біздер өз ойымызды жеткізе аламыз. Түрлі ғылыми әдебиеттерден әр жазылымның өзіне сай ерекшелігі болатынын білеміз: мәтіннің стилі, орналасу тәртібіне қоса жазылымның ішкі дағдылары: сауаттылыққа қатысты, идеяны жеткізе білуге қатысты болып екі топқа бөлінеді. Жазылымды үйретудің продуктивті және процесті түрлерін оқушыларға меңгерту де кешенді жұмыс екені белгілі. Орта буында эссе, әңгіме жазуды тезис, абзацтан бастап қадам-қадаммен дағдыландырып, меңгертіп алған соң, жоғары сыныптарда оқушы эссе жазудың күрделі формаларын игереді. Эссе жазуды меңгеру барысында ойды жүйелеуді, ақпараттарды салыстыруды, талдауды, негізгі мәселені дұрыс анықтай білуді үйренеді. Ойды қорытып, дұрыс тұжырым жасай біледі. Кез келген эссе мағыналық бөліктер- абзацтардан құрылады. Абзац іштей мына бөліктерден тұрады: 1) негізгі ойды жеткізуші тезис сөйлемнен; 2) тезисті түсіндіретін талдаушы сөйлемдерден; 3) дәлел келтіруден; 4) қорытынды жасаудан.

Абзацтағы негізгі ой тезис сөйлемнен басталады. Тезис-белгілі бір ойды жинақтап, қорытындылап беру. Тезис сөйлемді хабарлаушы сөйлемдерден ажырата білу керек, себебі тезисте бірнеше мәлімет жалпыланып берілсе, хабарлаушы сөйлемдерде ақпаратты атау, белгілеу басым болады. Келесі кезекте негізгі ойды ашу үшін, яғни тезистегі ойды дамыту үшін ақпараттарды іздестіреміз. Абзацты дамытудың үш жолы бар: детальдар(орын, зат, құралдар), түсіндірме (анықтама беру), берілген ойды түсіндіретін нақты мысалдар келтіру жатады. Негізгі ойды әр түрлі жолмен қорытындылауға болады, бірақ қорытындыда жаңа ой айтылмайды, кіріспеде берілген ойды жинақтау керек. Оқушыларға жазылым дағдысын қалыптастырудың қарапайым алгоритмдерін меңгерту- жоғары сыныптарда олардың күрделі тақырыптарды талдап, өз көзқарастарын дәлелді жеткізулеріне мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1.https://www.youtube.com/watch?v=Nq_VNRe7i5M
2.https://bilimainasy.kz
3.Құлмағамбетова А.Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары// Оқу-әдістемелік құрал– 2014. - 54 б.

4.Ерназарова З.Ш .Эссе түрлері//Bilimsema.-2019
5.ЕрназароваЗ.Ш. Эссе түрлері// Bilimsema.-2019

МҰҒАЛІМНІҢ ТҰЛҒАЛЫҚ-КӘСІБИ ҚАСИЕТТЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Жангельдина Лаззат Хасеновна
Ақтөбе қаласы, Қ.Сәтбаев атындағы орта-мектеп лицейінің бастауыш класс мұғалімі

Қазіргі уақытта іс- әрекет субъектісі ретінде мұғалімге, оның тұлғалық-кәсіби қасиеттеріне қойылатын талаптар өзгерді. Құзыреттілік бірінші орынға оқушының проблеманы дұрыс шеше білу қасиетін қояды. Бұл талаптарға жауап беретін педагог, ең алдымен, оның құзыреттілігін қалыптастырумен байланысты болады.

Бүгінгі таңда жалпы орта білім беруді жетілдірудің негізінде құзыретттілік тәсілді алу ұсынылып жүр. Тұлғаның кәсіптік қажетті құрамдас бөлігі кәсіби құзыреттілік болып табылады. Заман талабы мұғалімдерге жан-жақты жетілген, көпсалалы дайындық иесі болуды жүктейді. Тәуелсіз мемлекетімізге еңбекқор, кәсібін терең түсінетін, үнемі өзгеріп отыратын жағдайларға өзінің білімі мен іскерлігін әртүрлі әрекеттердің айналасында қолдана білетін қабілетті мамандар қажет. Бұл жерде бірінші кезекте оның алдына қойылатын мақсаттың өзгеруі, соның салдары ретінде білім беру мазмұнын және сапасын өлшеу құралдарын жаңарту мәселелері шығады.

Жалпы педагогикалық әдебиеттерде «құзыреттілік» аясында білім алушылардың мына негізде әрекеттің күрделі түрлерін жасай алу қабілеті түсіндіріледі, яғни нәтижесі:

- білімдер болып табылатын танымдық іс-әрекет тәжірибесі;
- іскерліктер түрінде болатын іс-әрекет тәсілдерін іске асыру тәжірибесі;
- проблемалық жағдайда шешім қабылдай алу іскерлігі болып табылатын шығармашылық іс- әрекет тәжірибесі.

Сонымен қатар педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді талдау құзыреттіліктің түрлі мағыналық деңгейде қолданылатынын көрсетті. Олардың бірқатарын атап көрсетсек: субъектінің қоғамдық-практикалық. Құзыреттілікке берілген анықтамалардың әр түрлілігі және көптігі, біздің ойымызша, оның кең мағыналылығынан және әр салада мамандар даярлау ерекшеліктерінен, сол сияқты оны зерттеуге ғалымдардың түрлі теориялық тұрғыдан келуінен шығады. Солай бола тұра бұл ұғымды неғұрлым кең сипаттаған анықтаманы Н.Ф.Талызина, Р.Х.Шакуров, А.И.Щербаковтар берді. Олардың айтуынша, құзыреттіліктің негізгі сипаттамасы — маманда кәсіби іс-әрекетті атқаруды қамтамасыз ететін білімдер, іскерліктер, дағдылар мен тәжірибенің бірыңғай кешенінің қалыптасқандығы деңгейі болып табылады.

Білім беру нәтижесі екі тұрғыдан қарастырылады. Біріншісі — бұл нақты білім беру жүйесі арқылы алынатын және білім беру стандарты формасында тіркелетін нәтиженің бейнесі. Қазіргі замандағы білім беру стандарттары оқытудың белгілі бір курсын өту үстіндегі адамның тұлғалық сапасына, оның білімі мен икемділігіне қойылатын талаптарды қамтиды. Стандарттың мазмұны, әлеуметтік мәдени тәжірибенің идеалды формада сақталатынына әлбетте қол жететін көрінісі екені мәлім. Екінші тұрғыдан, білім берудің нәтижесі бұл белгілі бір білім беруші жүйеде оқытудан өткен адамның өзі. Интеллектуалды, тұлғалық, мінез-құлықтық қасиеттерінің қалыптасқан жиынтығы ретіндегі оның тәжірибесі оған кез келген жағдайда адекватты әрекет жасауға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан білім берудің нәтижесі білімділік болып табылады, ол жалпы және кәсіптік-мазмұнды бола алады. Осылайша, мектеп

түлектерінің жалпы білімділігін қалыптастырады. Кез келген жоғары оқу орнының түлегі осы негізде арнайы кәсіптік білімімен сипатталады. Адамды білімді ететін терең және жүйелі білім беру өмір ағымының ауыспалы кезеңдерінде сенімділік, бәсекеге қабілеттілік және өзінің арнамыс сезімінің негіздерін салады. Педагог іс-әрекеті білім саласында кәсіби міндеттерді шешуге бағдарланады. Шешім мақсатты айқындаудан, іс-әрекет мотивіне түрткі болудан басталады. Мақсаттылық — іс-әрекеттің алғашқы кезеңі, екінші кезең іс-әрекет бағдарламасын жоспарлау, жобалау. Іс-әрекет бағдарламасын құру үшін қандай әрекеттер және қандай оқыту процесінің афференттік синтезінен өткізу қажет. Нәтижесінде әрекет бағдарламасы педагог іс-әрекетінің моделі пайда болады. Іс-әрекетін бағдарлау педагогтың интеллектуалдық қабілетіне байланысты, қандай білім мен іскерліктерді игерген, педагогтың кәсіби міндеттерін эвристикалық жолмен шеше алуы, оқыту технологияларын қаншалықты меңгергендігіне байланысты айқындалады. Іс-әрекеттің бұл кезеңі педагог құзыреттілігінен шешіледі.

Кәсіби оқытушы- педагогының құзырлығы жоғары, әлеуметтік тұрғыдан жетілген, әдістәсілдерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге ұмтылған маман. Мұғалім, педагог мамандығы зиялылар ішіндегі көп топтасқан мамандықтардың ірі тобына жатады. Білім беру жүйесінде педагогтар мемлекеттік қызметкерлер болып табылады. Педагог өз мамандығының сапасын, біліктілігін арттыруды психологиялық тұрғыдан қамтамасыз етуі үлкен роль атқарады. Педагогтың іс-әрекеті көбінде оның кәсіби шеберлігінің кеңістігіне қатысты, педагогикалық қарым-қатынас механизмдеріне, оқушылардың психологиялық ерекшеліктерінің табиғатына да байланысты. Педагогикалық іс-әрекеттің дамуының жоғары деңгейі мынада — педагог өзін-өзі дамыту механизмдерін қалыптастыруға мақсат қояды және оқушыларға өз қабілет-қарымы бойынша даму бағыттарын ұштайды.

Кәсіби оқытушы педагогтың іскерлігінің негізгі бағыты болашақ мамандардың кәсіби білімін (теориялық және тәжірибелік) жетілдіру болып табылады.

Оқушылардың кәсіби дайындығының мақсаты — ғылыми-педагогикалық тапсырмаларды орындауға және кәсіби оқыту педагогы мен еңбек технологиялары мұғалімінің кәсіптік қызметінің қажетті функциялары мен түрлерін орындауға бейім маманды қалыптастыру болып табылады. Маман оқыту үрдісінің білім беру саласы, мәні, мағынасы және құрылымы туралы білім жүйесін білуі керек. Сондықтан осы бағытта педагогтың субъективтілік қасиеттерін құрылымдық көрсетілуімен тұлғалық сапалары қарастырылады.

Құзыреттіліктердің төмендегідей тобын бөліп көрсетеді:

- тұлға ретінде, өмір сүру әрекеті субъектісі ретінде адамның өзіне қатысты құзыреттіліктер;
- басқа адамдармен өзара қатынас жасауға байланысты құзыреттіліктер;
- адамның іс-әрекетіне қатысты құзыреттіліктер.
- денсаулық сақтау құзырлары: салауатты өмір салты нормаларын білуі және сақтауы; жеке гигиена ережелерін білуі және сақтауы; дене тәрбиесінің маңыздылығын түсінуі;
- дүниеде құндылықтық-мағыналық бағдарлану құзыры: болмыс құндылығы; мәдениет (бейнелеу өнері, әдебиет, өнер, музыка) құндылығы; ғылым; өндіріс; өркениет тарихы; өз елі; дін құндылығы;
- интеграция құзыры: білімдерді құрылымдау, көкейкестілендіру, жинақталған білімдерді кеңейту, толықтыру;
- азаматтылық құзырлары: азамат құқықтары мен міндеттерін сақтау; еркіндік және жауапкершілік; азаматтық борышты түсіну; мемлекет рәміздерін құрметтеу;
- өзіндік жетілу, өзіндік реттелу, өзіндік даму, тұлғалық және пәндік рефлексия: кәсіби жетілу; тілдік жетілу;

• әлеуметтік өзара қатынас құзырлары: қоғаммен, қауымдастықпен, отбасымен, ұжыммен, достармен, т.б. өзара қатынас, қақтығыстардың алдын алу және шеше білу басқаны құрметтеу және қабылдау (толеранттылық), әлеуметтік мобильділік;

• қарым-қатынастағы құзырлар: ауызша, жазбаша қарым-қатынастағы, диалог, монолог, мәтінді жасау және қабылдау, этикетті, дәстүрлерді білу және сақтау; кросс-мәдени қарым-қатынас; іскерлік қатынас; коммуникативтік міндеттерді шешутанымдық іс-әрекет құзырлары: танымдық міндеттерді қоя және шеше білу; стандартты емес шешімдер; проблемалық жағдаяттарды тудыру және шешу; продуктивті және репродуктивті таным, зерттеу, интеллектуалдық іс-әрекет;

• іс-әрекет құзырлары: ойын, оқу, еңбек; іс-әрекет құралдары мен тәсілдері: жоспарлау, жобалау, үлгілеу, болжау, зерттеу іс-әрекеті;

• ақпараттық технологиялар құзырлары: ақпаратты қабылдау, өңдеу, беру; массмедиалық, мультимедиалық технологияларды меңгеру, компьютерлік сауаттылық; электрондық, интернет- технологияларды игеру.

Бұл құзырлар адамның мінез-құлқында, іс-әрекетінде көрініс бере отырып, оның тұлғалық қасиеттеріне айналады. Яғни олар іс-әрекет және тәжірибе барысында мотивациялық, мазмұндық, қатынастық, реттеушілік құрамдас бөліктерден тұратын оның құзыреттіліктеріне айналады.

Сонымен жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, мынадай тұжырым жасауға болады: тұлғаның құзыреттілігі сол адамның жеке тұлға ретіндегі қасиеттерінің және ішкі психикалық жағдайларының күрделі жүйесі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

• Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. — //Қазақстан мектебі, №4, 2006.
• Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004
• Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. — //Қазақстан мектебі, №4, 2008
• Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.:Өркен, 2007
• Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008
• А.К.Маркова. Кәсіби құзыреттіліктің даму деңгейі//2009
• Г.К. Селевко. Педагогикалық технологияларды меңгеру факторы//2009

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Жанғылыш Салтанат
№4 Қандыағаш қалалық ЖББОМ

Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту–Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауында білім беру ұйымдары жастарға жалаң білім беріп қана қоймай алған білімдерін өмірдің түрлі жағдайларында пайдалана алуды үйретуі керек екендігін баса айтып, үкіметке оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың бес жылға арналған Ұлттық шаралар жоспарын дайындау жөнінде нақты тапсырма берген еді.

Осы тапсырманың негізінде маусым айында Үкіметтің 25 маусым 2012 жылы №832 қаулысымен бекітілген «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту

жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары» қабылданды. Ұлттық жоспардың мақсаты–Қазақстан Республикасындағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау болып белгіленген болатын. Мектепте ағылшын тілін оқытудың түпкі нәтижесі ретінде қатысымдық, ақпараттық және проблемалардың шешімін табу құзіреттіліктерін қалыптастыруға қол жеткізудің басты тетігі – оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Өйткені функционалдық сауаттылық оқушының белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауына пайдалы білім, білік, дағдылардың бірігуінен құралады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру ағылшын тілін оқытудың тұлғалық-әрекеттік бағдарын күшейту нәтижесінде жүзеге асады. Өйткені сауаттылыққа оқушы өз әрекетінің иесі – субъект дәрежесіне көтерілгенде толық қол жеткізеді. Ағылшын тілінің оқыту сапасын көтерудің басты шарты ретінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру алынған жағдайда олар әрекеттік бағыт ұстанымына, оқушылардың коммуникативтік құзіреттерінің қалыптасуы ұстанымына, интерактивтік оқыту ұстанымына негізделуі қажет. Сонда ғана функционалдық сауаттылық оқушының ағылшын тілін әлеуметтік сұранымға сай қолдану мүмкіндіктерін арттырады .

Ағылшын тілі сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда мұғалім оқушының назарын аудару үшін сабақ кезінде әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді ұйымдастыра білуі қажет. Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы т.б. алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдалана білген мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді.

Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: ағылшын тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек? Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн?

Шетел тілін оқытудың басты мақсаты - оқытушыларға шетел тілінде қарым-қатынас жасауды базалық деңгейде игерту. Осыған сәйкес оқыту мазмұнына қарапайым коммуникативтік біліктілікті, қажетті жағдайда ауызша және жазбаша (сөз, тыңдап түсіну, оқу, жазу) өзара мәдени қарым-қатынас процессінде қолдана алу қабілеттілігі мен дайындығын қалыптасады. Осы мақсатқа сай оқыту міндеттері екі үлкен бағыт бойынша белгіленеді. Танымдық бағыт бойынша:

• Оқушының лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру;

• Тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсіндіру:(қазіргі уақыт талабына сай шетел тілінің пән ретінде қажеттілігі күннен-күнге артып отыр. Ол қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және жалпы мәдени алға басуында қозғаушы фактор болуда.)

•Оқушының тілін дамыту, тілдік шығармашылық қабілеттерін жетілдіру;

• Сөз мәдениетін таныту;

• Пікірталас мәдениетін жетілдіру;

• Сөйлеу түрін, сөйлеу тәсілін меңгерту;

• Оқушылардың логикалық ойлауының бірізді болуын қалыптастыру;

Ағылшын тілі сабағында функционалдық сауаттылықты арттыруда өз тәжірибемде көп қолданысқа ие-сын тұрғысынан ойлау әдісі. Қазақстанның болашағының жарқын болуына бірден-бір көмекшіміз-сын тұрғысынан ойлауға үйрету.Сын тұрғысынан ойлау оқушының

еркін қозғалып,еркін сөйлеуіне ,топпен ,ұжыммен ,жұппен ,сондай-ақ оқушының жеке жұмыс жасауына ,терең ойлап,тұжырымды жауап беріп,бір-бірін құрметтеп,жұмыла жұмыс істеуге,өз еркімен шешім шығаруға мол мүмкіндік береді.Мен өз сабақтарымда алдымен топқа бөліп,ой қозғап,жаңа тақырыпқа қызықтырып бағыттаймын.Тақырыптың ең құнды мәселелерін анықтауға ұсынамын,салыстыруға,ойларын сыни тұрғыда ойлана отырып жазуды ұсынуға,қорытынды жасай алуға ,сабаққа кері байланыс ұсынуға үйретемін.Ал,мұндай сабақта оқушы топта жұмыс жасауға бейімделеді,мәтінмен өздері танысады,менің пайдаланған жаңа әдіс-тәсілдерім арқылы жаңа сабақты меңгереді,ой қорытып қағаз бетіне түсіреді,ой толғайды,диалогқа түседі,пікір алмасады,сыни ойланып сұрақтарға жауап береді.Яғни,сыни ойлау ақпарат алудан басталып,қаралатын мәселеге байланысты шешім қабылдаудан аяқталады.Сыни тұрғыда ойлауға қалыптасқан оқушының функционалды сауаттылығы да дамып,өзіне анық мақсат пен міндет артады,және өзіне деген сенімділігі пайда болады.Нәтижесінде неғұрлым дамытылған оқушының жеке тұлғасы қалыптасады.

«Еске түсіру» ойыны. Қатар отырған оқушылар бір-біріне теріс қарап отырады да, парталасының аты кім, көзінің түсі қандай, киімі қандай, аяқ киімі қандай, егер қыз бала болса юбкасының түсі қандай, құлағында сырғасы бар ма, осы сияқты белгілерді айтып шығады. Бұл ойын балалардың бір-бірін жақсы тануға, қарым-қатынасын реттеуге көмектеседі. Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.

«Жолға шығу» ойыны. Ойын айналадағы заттарға талдау жасауға мүмкіндік береді. Жолға шыққан жолаушы қандай заттарды алады? деген сұрақ қойылады.Бір топ керекті заттар тізімін айтады, екінші топ ол заттар не үшін қажет екенін айтып беруі керек.

«Кемпірқосақ» ойыны. Бір минут ішінде түстері әртүрлі бес түсті затты ретімен тез айтып шығуға тапсырма береді. Мысалы: қарбыз (қызыл), лимон (сары), аспан (көк), жапырақ (жасыл), топырақ (қоңыр). Кімде-кім түске сәйкес заттың атын таппай қалса, ойыннан шығады

Жаңартылған білім бағдарламасының мазмұндық ерекшеліктері оқытудан күтілетін нәтижелерге оңтайлы қол жеткізуге мүмкіндік беретін стратегияларды, әдіс-тәсілдерді жетік білуді және таңдап қолдануды талап етеді.

1.“ Ыстық орындық” әдісі. Берілген тапсырмаға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру керек, себебі, орындық ыстық. 2.“Автор орындығы” оқушының өзі жазған шығарма, эссесін оқытқанда отырғызып оқытуға болады. Бұл әдістер үй тапсырмасын сұрауда, өткен сабақты бекітуде тиімді.

2. «Миға шабуыл» стратегиясы

(Мұғалімдермен жұмыс) Тақырыпқа байланысты идеяларды көбірек жазыңыз.

Уақыт аяқталғанда кезектесіп өз идеяларыңызды оқисыз, идея қайталанбау керек. Қайталанған идеяларды сызып тастап отырыңыз. Мысалы: “оқушылар мектепті тастамас үшін не істеу керек?”

3. “3 таяқша” әдісі (мұғалімдермен жұмыс) Берілген тақырыпқа байланысты 1 сұрақ 1 жауап

1 идея әр топ даярлап, көпшілікке салады. Мысалы: “деңгейлі оқыту туралы”

4.«Серпілген сауал» әдісі

Тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылардың арасында сұрақтарды лақтырыңыз.

Бұл жүйе арқылы тақырыпты пысықтауға немесе әлі де жетілдіру керектігін білуге болады.

Бұл жаңартылған білім бағдарламасы оқушы үшін де , мұғалім үшін де тиімді бағдарлама. Мысалы: Брунер оқытудағы маңызды тәжірибені дамыту бойынша бірнеше өте маңызды кеңестер ұсынды. Брунер теориясының ажырамас бөлігі «Жаңалық ашу» және «Егер оқушыға бөліктерді бір жерге жинауға және өзін ашушы болуға рұқсат етілсе, алынатын нәтижелер шынайы» деген ұғымдар болды. (1962) Оқытудың мұндай типінің артықшылығына

төрт аспектінің арасында; біріншіден, зияткерлік мүмкіндіктердің өсуі арқылы; екіншіден, сыртқы марапаттаудан ішкі марапаттауға өту арқылы; үшіншіден, жаңалық ашу арқылы және соңғысы, жадыны дамыту үшін осындай оқытудың тиімділігі арқылы қол жеткізіледі.

Қортындылай келе, ағылшын тілі сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын игерген оқушылардың білімдері мен біліктері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді; іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз ететіндігін айтқым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.«ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдаламасы» 2010ж.

2. ҚР Жалпыға міндетті білім берудің Мемлекеттік стандарттары// 12 жылдық білім беру 2012 ж.

3. ҚР 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы. 2010ж.

4.Тұрғынбаева. Б. А .Ұстаздық шығармашылық. Алматы. 2007ж

5. М.Жұмабаев, Педагогика, – Алматы, 1992.

6. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М., 1991.

7. Оразбаева Ф.Ш., Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2000.

8. «Мектеп ұстаздары әлемі» педагогикалық журналы №6

ИНКЛЮЗИВТІ СЫНЫПТАРДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ.

Жанесенова Айнұр Аманжоловна
Қандыағаш қалалық №4 жалпы білім беретін орта мектебі
оқу ісі жөніндегі орынбасары

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажетілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр.Тәжірибе көрсеткеніндей , қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалады, өйткені қалыптасқан жүйе мұндай балалардың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады.

Инклюзивті оқыту – барлық балаларға мктепке дейінгі оқу орындарында мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді; оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс -әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым -қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді ұйымдастыру мақсатында, типтік арнайы білім бағдарлмасы жасалды. Онда балалардың мұқтаждықтары ескеріліп білім алуларын ескеріліп, білім алуларын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдістеру қарастырылған.Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискримиациясн

жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптсатыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жтістікке ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады,

Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерді білім мазмұнын бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда: жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары мүмкіндігі шкетулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары, мүмкігдігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшелеіктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жаңа бағдарламасы. Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі , яғни зейіні, есте сақтау, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Осы себептерге байланысты психикасы дамуы тежелген балалардың оқу үлгерімі төмен болады.Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі жеті - сегіз жастан анық байқалады.Ата аналары көмеші не арнайы мектептер мен мектеп интернаттарға, психологиялық, педагогикалық түзеу кабинеттері мен коррекциялық түзету сыныптарына кемтар балаларын бергісі келмеген жағдайда жалпы білім алатын мектптерде ПМПК- ның ұсыны бойынша жеңілдетілген бағдарламамен оқытуына толық құқылары бар.Жалпы білім беретін мектептермен бала бақшалалар ПМПК ның қорытындысы бойынша көрсетілген , яғни , баланың деңгейіне қарай жеңілдетілген бағдарламамен кемтар балаларды тәрбиелеуге және инклюзивті дайын болғандары жөн.

Әр бала үшін ең алғаш мектептке бару ең жауапты да қиын кезең. Ал мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін әлдеқайда эмоциялық жағынан да психологиялық жағынан да ауыр болады. Қазіргі кезде Қазақтан Республикасының білім беру жүйесі инклюзивті жүйесі инклюзивті білім беру қағидаларына бет бұрды. Бұл арнайы қажеттілігі бар балалар үшін мектептерде, мекемелерде жағдай туғызып, оларды жалпы білім беретін оқу жүйесіне қосу. Әрбір бала мүмкіндігінше қажетті деңгейде білім алуы тиісті. Дамуында мүмкіндіктері бар балалардың білім алуына жағдай жасау мақсатындақызметті кадрлар мен тиімді қамтамасыз ету осы саанаттағы балалрдың оңалту және оларға білім беру мәселелерін шешу мен айналысатын органдар мен ұйымдар, психологиялық – педагогикалық кеңестер, білім беру басқармасындағы қызметкерлердің біліктіліктерін көтеру және қайта дайындау өте маңызды.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуда жалпы білім беретін метептегі дефектологтың атқаратын ролі туралы айта кететін болсақ, дефектолог мұғалімнің көмегі өте маңызды. Дефектолог- мұғалім пәндік материалдарды меңгерту үшін түзету дамыту сабақтарын өткізеді, оқу материалын алдын ала меңгеруді қадағалайды. Жалпы білім беру мекемелерінде шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеуді табысты ұйымдастырудың жағдайы ретнді баланы білім беру мекемелеріне толыққанды кіріктіруді қамтамасыз ететін бейімделу ортасын құру болып табылады.

Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізілетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда:жалпы мектептерде арналған типтік оқу бағдарламалары мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары ; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшлеріктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы.

Мемлекетіміздің әрбір азаматы –ұлттық құндылықтарымыз, әр баласы еліміздің ертеңі екенін ескерсек әрбі мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алы, азамат болып қалыптасуына жағдай дасау біздің міндетімі. Әр адам қайталанбас тұлға болып есептеледі, сондықтан адам, адамгершілік тұрғылық қарым қатынасқа құқылы. Әлеуметтік ортаға енгізу – әлеуметтік қатынастың жалпы жүйесінің баланың өз жағадайына қарай білім алу ортасына мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік бейімделуін қалыптастыру. Бейімделу- бұл жеке

тұлғаның әлеуметтік құрлымдарға енуі. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік ортаға енгізудің негізгі бір факторы, ортаны мүмкіндігі шектеулі баланы қабылдауға дайындау.

Қорыта айтқанда, инклюзивті оқыту - балалрлың тең құқығын анықтайды.және ұжым іс әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру мүмкіндігі шектеулі балаларға оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ковалев С. В Психология семейных отношений –М : Педагогика
2. Ковалев А.Г Психология семейного воспитания -.Мн
3 Қазақстандағы инклюзивті білім // eqov. kz мемлекеттік порталы.
4.Ахметалиева Д.У мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмысты ұйымдастыру// Әлеуметтік педагог.2010 №10 (15-17 бет)
5. Выготский Л. С вопросы детской психология

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚТА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Косаева Жанна Койшибаевна
Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы, №4ЖББОМ, мектепалды даярлық тобы тәрбиешісі

Қазіргі заманда білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас жаңаша қарым - қатынас пайда болды. Жаңа ғасыр жаңа білім беруді жүктеп отыр. Педагогтердің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі - оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық инновация технологияны меңгеру. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды.Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға бағытталған қазақстандық білім беру реформасының басты мақсаттарының бірі – инновациялық технологияларға сүйене отырып, баланың бойында шығармашылық ойлауды дамытуға мүмкіндік жасау болып отыр. Мұндай күрделі мәселелерді шешуде мектепке дейінгі мекемелердің алатын орны ерекше.Қазіргі кезеңде еліміздің білім беру ұйымдарында оқыту процесін ізгілендіру үшін көптеген жұмыстар жасауда. Оларды ғылыми тілмен айтқанда инновациялық процесс деп атайды.»

Инноватика ұғымының латынның «in - novus» деген сөзінен шыққан, «жаңарту, өзгерту, жаңашылдық»деген мағынаны білдіреді. Яғни педагогика ғылымында жаңа әдістерді, тәсілдерді, құралдарды бағдарламаларды пайдалануды атайды.

Инновация дегеніміз - білім беру, тәрбиелеу жұмысына жаңалықты енгізу, яғни жаңа әдіс - тәсілдерді, амалдарды, құралдарды, жаңа концепцияларды жасап, оларды қолдану деп анықталған.

Инновациялық білім беру құралдарына; аудио, видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, компьютер - мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу әдістемелік кешен, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады.

Мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдалана алады. Мультимедиялық оқулықтар біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады,

екіншіден, зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бүлдіршіндердің білім алу кезеңінде оқу іс - әрекетіне белсенділігін арттырады. Мұндай құралдарды балабақша бүлдіршіндеріне таптырмас құрал деп атауға болады Себебі, бұл кезеңдегі балалардың зейіні әдемі түстерге, әдемі ойыншықтарға жалпы әдемілікке әуес болады. Мультимедиялық оқулықтар тәрбиеші үшін де бала үшін де күнбе-күн дамытылып отыратын әдістемелік жүйе болып табылады. Мектепке дейінгі. білім беру үрдісінде ақпараттық, қатынастық технология құралдарын пайдалану - баланың танымдық қызығушылығын қалыптастырады.

Ал технология дегеніміз - педагогтық білім, біліктілік, интеллектуалдық кәсіптік әдіс - тәсілдер жүйесін қолдану арқылы білім беру мақсатындағы педагогпен балалардың өзара қарым - қатынас үрдісі Осы технологияларға ойын технологиясы кіреді.

Ойын арқылы оқыту технологиясы.

Дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық мақсатқа жету. Ойындық іс - әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап талғамдарына сүйенеді. Баланың бойында білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Баланың бірінші әрекеті - ойын, сондықтанда оның мән - мағынасы бала үшін ерекше. Ойын - адамның өмірге қадам басардағы алғашқы қадамы. Ұлы ойшыл Абай Құнанбаев атамыз «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала болар ма?»деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Ойын балаларға ақыл - ой, адамгершілік, дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі деуге болады.Балалар ойын барысында өздерін еркін сезіне алады. Ойын барысында бала қуанышы мен ренішін айқын көрсете алады. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындайды. мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілетін ұштайды. Ойынның түрлері көп, соның ішінде маңыздысы - дидактикалық ойын. Бұл ойынның пайдасы баланың ақыл ойының қалыптасуына әсер етеді. Дидактикалық ойындар – арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Ойынның міндеті – баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру. Дидактикалық ойындарды тиімді пайдалану сабақтың әсерлілігін, тартымдылығын, белсенділігін, баланың ынтасын күшейтеді.Тәрбиеші ақпараттанушы, бала жеке тұлғалық және интелектуалды дамуын жобалаушы. Ал бұл – тәрбиешіден жоғары құзырлықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, балаларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларындамыту бағыттарын талап етеді. Ізденімпаз, жаңашыл, тәрбиешінің шығармашылығындағы ерекшелігі – оның оқу қызметін түрлендіре өткізіп, баланың жүрегіне жол таба білуінде. Егер ол іс-тәжірибесінде «Сауат ашу негіздері» оқу қызметінде балалардың білімін тиімді пайдалана ртырып, күнделікті оқу қызметін ыңғайына қарай түрлендіріп өткізсе, балалардың оқу қызметіне деген қызығушылығы арта түседі. Бүлдіршіндердің оқуға деген қызығушылығын арттыру тәрбиешінің өз еңбегін ұтымды ұйымдастыра отырып, жаңа сабақ үлгілерімен балалардың шығармашылық ізденуін қалыптастыру, оқушыларға сұрақ қою, эксперименттік тапсырмаларды шештіру, ой таласын жасау, танымдық ойындар ұйымдастыру арқылы іске асады. Сондықтан әр сауат ашу негіздері оқу қызметін бір-біріне ұқсатпай топтық жұмыс, суретке қарап мәтін құрастыру, әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану керек деп ойлаймын.

Қазіргі кезде білім беру саласында жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану тәрбиешіге оқу процесінің құрылымын түбегейлі өзгертуге, оқытудағы пән аралық байланысты күшейтуге, мектепке дейінгі балалардың дүниетанымдарын кеңейтуге және жеке қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасауға мүмкіндік береді. Мектепалды даярлық тобы балаларының ойлау қабілетін дамыту, танымдық іс-әрекетін қалыптастыру, шығармашылықпен, өз бетінше жұмыс жасауға дағдыландыру барысында, өз тәжірибемде жаңа технологияны тиімді пайдаланып жүрмін.

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ СЫНИ ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУ

Жантемірова-Нурпеисова Алуа Қуанғалиқызы
Ақтөбе қаласы, КММ «Қызылжар орта мектебі», бастауыш сынып мұғалімі

Қазіргі заман оқушысы сыни ойлап, өзін-өзі бағалай алатын, алған білімін өмірде қолдана алатын жан-жақты тұлға болуы тиіс екені бәрімізге мәлім. Бастауыш мектеп оқушыларының ойлау қызметін қалыптастыруда жағымды нәтижелерге жетуге мүмкіндік беретін инновациялық тәсілдердің бірі сыни ойлауды дамыту технологиясы болып табылады.

Оның мақсаты оқушылардың тек оқуға ғана емес, әрі күнделікті тұрмыста (ақылға салынған шешім қабылдау қабілеті, ақпаратпен жұмыс істеу, құбылыстардың әртүрлі жақтарын саралау) қажетті ойлау дағдысын дамытудан тұрады. Мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуде біліктілік тәсілдемесін іске асыруға ықпал етеді.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы әдебиеттік оқу сабақтарында өзекті болып табылады, оны қолдану сабақты жандандыруға мүмкіндік береді, оны қызықты да әсерлі етеді. Жеке тұлғаның танымдық қабілеттері мен процестерін: жадының әр түрлерін (есту, көру, қозғаушы), ойлау, зейін қою, қабылдауды дамытады.

Ерекшелігі – оқушы оқу процесінде шынайы және нақты мақсаттардан шығара отырып, өзі процесті құрастырады, өзінің даму бағыттарын өз бетінше қадағалайды, түпкілікті нәтижені анықтайды. Сондай-ақ мұндай стратегияны қолдану, ақпаратпен терең жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағдарланады.

Кезеңдері:

- **«Шақыру»** (таза қағазды тарату). Оқушы осы проблема бойынша «Мен не білемін?» деген сұраққа жауап іздейді.
- **«Ұғыну»** Оқушы мұғалімнің басшылығымен және жолдастарының көмегімен бірінші кезеңде алдына мақсат қылып қойған сұрақтарға жауап береді (нені білгім келеді?).
- **«Рефлексия»** (ойлану). Аталған проблема бойынша оқушының сабақта «нені білгенін» ойлануы және жинақтауы.

Оқу сабағында сыни ойлауды дамыту тәсілдері:

«Синквейн»

Француз тілінен аударғанда «синквейн» – «бес» дегенді білдіреді. Бұл жағдайда сөз бес кезеңнен тұратын жұмыс туралы болып отыр. Мысалы, ертегі сөзіне синквейн құрап көрсек.

- Зат есім, бір ғана сөзден тұрады (ертегі).
- Тақырыпты сын есім атауларымен сипаттау (сиқырлы, тұрмыстық).
- Іс-әрекетті сипаттау (оқу, мазмұнын айту, үйрету).
- Автордың тақырыпқа қатынасын білдіретін фраза (ертегі – өтірік, онда тұспалдау бар).
- Синоним-сөз (қиял, ойдан шығару).

«Кідіріп оқу»

Бұл әдісті өткізу материалы әңгімелеу мәтіні болып табылады. Сабақтың бастапқы сатысында оқушылар мәтіннің атауы бойынша шығармада не туралы айтылып жатқанын анықтайды. Сабақтың негізгі бөлімінде мәтін бөліктерге бөлініп оқылады. Әрбір үзіндіні оқығаннан кейін оқушылар сюжеттің әрі қарай қалай өрбитіні туралы болжамдарын айтады.

Мұғалімнің міндеті: мәтіннен кідіріс жасау үшін тиімді жерді анықтау.

Бұл стратегия оқушылардың басқа адамның көзқарасына ұқыпты қарауға дағдылануына және дәлелдері жеткіліксіз немесе негізсіз болса, өз пікірінен сабырлы түрде бас тартуына ықпал етеді.

«Сіздер сенесіздер ме…"

Сынып екі топқа бөлінеді. Бір топ қиялындағы болжамдарын айтады, екіншісі оны талдайды.

«Сауалнамамен жұмыс»

Бұл әдіс оқулықпен өз бетінше жұмыс істеу сатысында жаңа материалды енгізуде қолданылады. Балаларға мәтінге қатысты бірнеше сұрақтар беріледі, олар жауабын табуға тиіс. Оның үстіне сұрақтар мен жауаптар тікелей нысанда беріліп қана қоймайды, жеке тәжірибесіне сүйене отырып, талдау мен пайымдауды талап ететін жанама түрде-де беріледі. Өз бетінше іздеуден кейін міндетті түрде табылған жауаптардың дәлдігі мен дұрыстығын жаппай тексеру жүргізіледі, артықтары електен өткізіледі.

«Білемін, білдім, білгім келеді»

Жаңа материалды түсіндіру мен бекіту сатыларында пайдаланылады. Мәселен, Абай шығармашылығын оқу кезінде балалар өз бетінше кесте құрады: ақын туралы және оның шығармашылығы жайлы не білді, қандай жаңа жақтарын таныды және нені білгісі келеді.

Бұл тәсілмен жұмыс көбінесе бір сабақтың шеңберінен шығып кетеді. «Білгім келеді» бағаны жаңа ақпарат іздеуге, қосымша әдебиетпен жұмыс істеуге себеп болады.

«Миға шабуыл»

Тәсіл бастауыш сынып оқушыларын белсенді қыла түседі, проблемаларды шешуге көмектеседі, әдеттен тыс ойлауды қалыптастырады. Әдістеме баланы дұрыс және бұрыс жауаптар шеңберіне салып қоймайды. Оқушылар қиын жағдайдан шығуға көмектесетін кез келген пікірін айта алады.

«Бұрыштар»

Әдебиеттік оқу сабағында қандай да бір шығарманың кейіпкеріне мінездеме беру кезінде қолдануға болады.

Сынып екі топқа бөлінеді. Бір топ мәтінді пайдалана отырып, кейіпкердің жағымды қасиеттеріне дәлелдемелер дайындайды, екінші топ өз жауабын шығармадан алынған үзінділермен бекіте отырып, жағымсыз қасиеттерін табады.

Аталған үлгі бүкіл шығарманы оқығаннан кейін пайдаланылады. Сабақ соңында бірлескен қорытынды шығарылады.

«Шығармашылық жұмыс жазу»

Оқылған тақырыпты бекіту кезеңінде қолданылады. Мәселен, балаларға ұнаған шығарманың бөлімін жалғастыру немесе өздеріне ертегі немесе өлең жазу тапсырылады.

«Викторина құру»

Балалар оқу мәтіндерін пайдалана отырып, өз бетінше викторина сұрақтарын дайындайды. Содан соң топтарға бірігіп, жарыс өткізеді. Кейде әр топ ең үздік «білімпазды» таңдайды, ал бүкіл сынып «білімпаздарға» сұрақтар береді.

«Логикалық тізбек»

Мәтіннен кейін оқушыларға оқиғаларды логикалық жүйелілікпен құру ұсынылады. Аталған стратегияның мәтіннің мазмұнын қайталап айтуда көмегі зор.

«Бір шоқ»

Тәсілдің мәні – мәтіннің мағыналық бірлігін бөліп көрсетуде және бір шоқ түрінде белгілі бір тәртіппен бағандық рәсімдеу жасауда. Сабақтың барлық сатыларында: шақыру, ұғыну, рефлексия немесе тұтас алғанда сабақ стратегиясының сапасы түрінде қолданылады.

Қолдану ережесі: орталықты бөліп аламыз – бұл тақырып, олардан шашырайтын сәуле – ірі мағыналық бірліктер, ал олардан сәйкес терминдер мен ұғымдар шығады.

Кластер жүйесі оқушылардың кәдімгі жазба жұмысын орындау кезінде алатын, ақпаратына қарағанда неғұрлым мол, ақпаратты қамтиды.

«Бір шоқпен» жұмыс істеу жөніндегі кеңестер:

- Жұмыс істейтін мәтінге баға беріңіз. Аталған жағдайда «шоққа» бөлу қажет пе? Мәтінді үлкен және кіші мағыналық бірліктерге бөлуге бола ма?
- Егер оқушы күмәнданса, оған мағыналық бірліктерді бөлуге көмектесіңіз. Бұл сұрақтар немесе кілт сөздер, фразалар болуы мүмкін.
- «Бір шоқтарды» дыбыстап айтыңыз. Оқушылар өз жазбаларын таныстырсын.
- Өзіңіздің «шоғыңыздың" «бұтақтары» арасында байланыс орнатуды өтініңіз және туындаған байланыстарды түсіндіріңіз.
- Егер сіз қандай да бір мағыналық бөлікте аялдағыңыз келсе, осы тармақты жарқын түрде істеуді өтініңіз.

Оқу сабақтарында аталған тәсілдерді қолдану жақсы нәтижеге жетуге мүмкіндік береді, өйткені әртүрлі ақпарат көздері пайдаланылады, жады мен қабылдаудың барлық түрлері іске қосылады. Алынған мәліметтерді жазбаша тіркеу оқылған материалды жақсы есте сақтауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Өстеміров К., Айтбаева А. Қазіргі білім беру технологиялары. - А.,2006ж.
2. Жаңа педагогикалық технология. Қ.Ж. Бұзаубақова. //Алматы, 2004ж
3.Ұстаздық шығармашылық Б.А. Тұрғынбаева. //Алматы, 2017 ж.
4. А.Әлімов «Интербелсенді оқыту әдістемесі»
5. Бұзаубақова К.Ж. «Жаңа педагогикалық технология» Тараз 2003 ж

МЕКТЕП ГЕОГРАФИЯСЫНДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ РӨЛДІК ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жантөре Мағрипа Қалдыбайқызы
А.Байтұрсынұлы атындағы «№24 лингвистикалық мектеп-гимназия» КММ
география пәні мұғалімі

Мақалада мектеп географиясындағы танымдық және рөлдік ойын технологиясының ерекшеліктері жайында баяндалады. Географияны оқытудың қазіргі тәжірибесінде соңғы жылдары ойын технологиялары танымал бола бастады. Әдістемелік әдебиеттерде негізінен жалпы педагогикалық астары қарастырылатын көптеген ойындардың сипаттамалары беріліп олардың жіктемелері, оқыту тәсілдері ұсынылған.

Ойын технологияларына мұғалімдердің көзқарасы әртүрлі болғандықтан біреулері өте белсенді қолданса, екіншілері оқу үрдісінің классикалық түрлерін пайдалануды жөн көреді. Ойындарды география сабақтарында пайдалану көптеген оқу міндеттерін шешуге мүмкіндік береді. Олардың көбі өзекті сипатта болатындықтан сабақта оқушылардың оқу әрекетін күшейтіп, шығармашылық тұлғасын қалыптастырумен қатар пәнге деген қызығушылықты арттырады. Топтық жұмыстар ұсынылып, кеңесу үрдісі жүретіндіктен көптеген ойындарда оқушылардың бір-бірінен оқып үйренуіне мүмкіндік туады. Топтағы артта қалған ойыншыларды оқыта отырып балалар зиаткерлік дамуда көшбасшылық жағдайға ие болады. Туындаған өзекті мәселелерді талқылау барысында пікір алысу жасөспірімдердің өзара қарым-қатынастарын қанағаттандырады.

Сабақтың құрылымына ойын элементтерін енгізу оқушылардың шаршауын жою, сергіту, тұлғалық тәуелсіздігін дамыту, балалардың тұйықтығын, өз-өзіне сенімсіздігін, ашушаңдықтарын болдырмау үшін қолданылуы мүмкін. Дұрыс ойластырылған ойындар сынып ұжымы ішіндегі қарым-қатынасты жақсарту, силастық пен өзара көмекті дамыту мақсатында қолданылады. Ойындар көшбасшылық, топпен жұмыс істеу, шешім қабылдау, жауапкершілікті өз мойныңа алу сияқты көптеген іскерлік-дағдыларды қалыптастыруға күшті әсер етеді. Олар ұйымдастырушылық қабілетті дамытып, өзара көмек көрсетуді ынталандырады. Ойындарды басқа педагогикалық технологиялармен үйлестіре отырып пайдалану географиялық білімнің тиімділігін арттырады. Тіпті ең жақсы ойналған ойынның өзі барлық білімдік-тәрбиелік мақсаттарды шешуді қамтамасыз ете алмайтындықтан оларды оқу жұмыстардың барлық әдістері мен нышандарының жүйесінде қарастыру қажет [1].

Ойындар қызмет ауқымы, ойнау әдістері, педагогикалық үрдістерінің сипаты ойнау ортасы, мақсаты сияқты көптеген өлшемдері жағынан бір-бірінен айырмашылығы болатындықтан олардың жіктелуі де әртүрлі болады. Сондықтан олар ойынау технологияларына байланысты *академиялық, имитациялық* және *имитациялық емес (оқыту) ойындары* болып бөлінеді. Егер оқытылатын қандайда бір географиялық үрдістер мен құбылыстар үлгіленсе немесе қандай да бір шындық имитацияланса онда олар *имитациялық ойындар тобына* жатқызылады. Олардың ішінде әртүрлі рөлдік және сайыс ойындары география сабақтарында кеңінен қолданады. Рөлдік ойындарда шартты түрде рөлі ойналатын кейіпкері болатын ойналатын жағдайдың болуымен ерекшеленеді. Рөлдік ойындардың мазмұнының негізін география ғылымының өзекті мәселелері құрайды. Егер оқушы пікір сайысқа еніп өз ойын дәлелдесе рөлдік ойындар жемісті болады. 8-11 сыныптарда «Баспасөз конференциясы», «Жәрмеңке сабағы», «Дөңгелек үстел» сияқты біршама күрделі жағдайларды қарастыратын рөлдік ойындар қолданылады. Оқу үрдісінде біршама тиімді пайдалану үшін ойын әрекеті жөніндегі оқушылардың пікірлерін білу қажет [2].

Рольдік (имитациялық) ойындардың географиялық білімді қалыптастырудағы алатын орны. Ойыншының жеке тұлға ретінде ойын әлеміне ену үрдісін *рольдік ойындар* дейміз. Оның негізгі мақсаты жеке тұлғалармен оны қоршаған әлемнің арасындағы сәйкессіздік пен қарама-қайшылықты табу [3].

Ойынды ұйымдастырушылар мен ойыншылар өздерінің алдына бірнеше нақтылы міндеттер қояды. Бірінші – *танымдық міндеті* жалпы алғанда географиялық және тарихи ойындарға тән. Мұндай ойындарда экономикалық және әлеуметтік география курстарында экологтардың, экономистердің биологтардың қатысымен өтетін рөлдік ойындарда «Арал теңізінің» экологиялық мәселелерінің ғаламдық мәселеге айналуының негізгі себептерін, шешу жолдарын ашып көрсетуге болады. Ойын барысында Арал теңізінің тартылуының себептері мен зардаптарын, оны шешу жолдарын немесе «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомобиль жолының Қазақстан экономикасындағы алатын орынын, тиімді және тиімсіз жақтарын анықтауға болады.

Екінші – оқыту міндеті. Ойын барысында метеорологтың, экономистің, экологтың, ғалымдар мен саясаткерлердің рөлін ойнауға тура келетіндіктен олардың қоғамдағы орнын ашып көрсету үшін оқушыларға көп ізденіп жан-жақты даярлануына талап етеді. Ойынның бұл түріне қажетті жағдайлардың бірі-рөлдерді мұқият іріктеп нақты орнын анықтау.

Үшінші этикалық міндеті бірқатар моральдық құндылықтардың жүйесін өмірге енгізу. Соңғы *төртінші міндет* уақытты тиімді пайдалану. Бұл міндет ойынды жаңа бастаған ойыншыларға уақытты тиімді пайдалануды жүктейді.

Рольдік ойындардың көптеген артықшылығы бар болғандықтан ешқандай пайдасы жоқ басқа істермен айналысуын аз уақытқа болсын тежеуі мүмкін. Танымдық қызығушылық шығармашылық үшін қажетті маңызды уәж болып табылады. Ойын технологиялары мұғалімге оқушылардың пәнге қызығушылықтарын қалыптастырып, ой-өрістерін кеңейтуге,

өздерінің күш-қайратына сенімділігін арттыруға, оқу мен болашақ өмірде жоғары жетістіктерге қол жеткізулеріне жол ашады [4].

Іскерлік ойындар «рөлдерді» сомдаудың біршама құрылымдалған нұқсқасы. Ол біртіндеп шешуді қажет ететін өзекті жағдайлардан тұратын көп кезеңді болғандықтан, назар аударуға тұрарлық топпен оқытудың ең тиімді және болашағы зор түрі. Мұнда оқушылардың оқу әрекеттері әлеуметтік шындықтың қандай да бір астары үлгіленетін ерекше «қойылым» бойынша қоғам өмірінің көптеген тұстарын сынып көрсетуге болады.

1-сурет. Рөлдік ойындардың кезеңдері

Іскерлік ойындар оқушылардың белсенді оқу әрекетін күшті ынталандырады. Өйткені топтың мақсатқа қол жеткізуі әр оқушының белсенділігіне, жоспарлауына, басқа ойыншылармен, мұғаліммен өзара қарым-қатынасты жүзеге асыруы дағдыларына тікелей байланысты болады. Аса белсенді үрдіс болуына байланысты ойын оңтайлы шешім қабылдау, туындаған жағдайды талдау, «кері байланыс орнату», рефлексия әрекеттерді ұзақ мерзімге жоспарлау дағдыларын дамытуға, алған білім мен бұрыннан жинақталған жеке тәжірибені шығармашылықпен пайдалануға мүмкіндік береді (1-сурет) [5].

Ойын жағдайы жекелеген «ойыншылар» алдыға қойған мақсаттарына өз беттерімен жеке жете алмайтындықтан қатысушы топ мүшелерінің күштерін біріктіріп, бірлесіп әрекет етуін қажет етеді. Ойын барысында оқушылар сәйкес келетін қандайда бір шындықтың жасанды жағдайының рөлдерін сомдайды. Мұндай ойындардың маңызды жетістігі оқу пәнін меңгеріп қана қоймай үлгіленетін әлеуметтік жүйелер мен тетіктердің құрылымымен, іс әрекеттерімен танысу, қиындық туындайтын көптеген жағдайларда білім алушылардың іс жүзінде ұжымдасып шешім қабылдауы болып табылады.

Қорыта келгенде, табиғат қорғау сипатындағы ойын әрекеттерінің мақсаты үшін құнды жақтары жалпы жүйе мен уақыт шегінде табиғи және әлеуметтік үрдістерді белсенді түрде жаңғырту. Рөлдік ойынды өткізуге дайындық қатысушылар тобының ойнауы арқылы меңгеруді талап ететін ой немесе мағаналық жағдай құрылып мұқият ойластырылғаннан кейін басталады. Бұл ойды жасау құрылымдап мазмұнын толықтыру, ойнау дәрежесіне дейін жеткізу бірнеше үлкен кезеңдерден тұрады.

Әдебиет

1. Тоқпанов Е.А., Мазбаев О.Б. Уалиев Т.У., Асубаев Б.Қ. Географияны оқыту әдістемесі. Жоғары оқу орындары студентеріне арналған оқулық. – Алматы: «Эверо», 2015. – 412 б.
2. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – Алматы: Өркен, 2007. – 247 б.
3. Тоқпанов Е.А., Сергеева А.М., т.б. Географиялық білім беру жүйесіндегі жаңа инновациялық технологиялар. – Ақтөбе: «Принт А», 2017. – 319 б.
4. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. – Алматы: ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2014. – 360 б.
5. Асубаев Б.Қ., Тоқпанов Е.А. Қазақстанның физикалық географиясы пәні бойынша Блум таксономиясына сәйкес жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі жинағы. Әдістемелік нұсқаулық. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 126 б.

БАЛАБАҚШАДАҒЫ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жантөрина Мөлдір Дүйсенбіқызы
МКҚК №8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасының психологы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында ең алғаш рет «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы жеке адамның дарындылығын таныту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отыр. Қазақстан Республикасындағы білім беруді жаңғырту жағдайында дарынды балалар тұлғасының ішкі әлеуетін дамыту ең көкейтесті мәселе болып табылады. Дарындылықты дамытудың осындай қолайлы кезеңі мектепке дейінгі балалық шақ болып табылады. Білім беру тәжірибесі көрсеткендей балалар арасында айтарлықтай айырмашылықтар болады. Құрбыларына қарағанда шығармашылық қабілеттерімен, жіктей білетін, жалпылай білетін, өзара байланысын таба білетін біліктіліктерімен неғұрлым дамыған дарынды балалар айырықша көзге түседі. Олар үнемі өздерін қызықтыратын мәселелер бойынша ізденіс үстінде болады, зеректік, дербестік, белсенділік танытады.

Дарындылықты тұңғыш рет ағылшын антропологы Френсис Гальтон зерттеген болатын.Ол дарындылық психологиясы тарихында үлкен еңбек сіңірді.Ф. Гальтон дарындылық − тұқым қуалайтын факторлардың нәтижесі екендігін алғаш рет дәлелдеуге тырысты. Оның «Таланттың тұқым қуалауы − оның заңдары мен нәтижелері» атты кітабы XX ғасырдың екінші жартысындағы кең таралған психологиялық еңбектердің бірі болды. Дарынды балалардың психологиясын зерттеуде француз ғалымы Альфред Биннің орны ерекше, ол тұлғаның танымдық әрекетіне сынақ жүргізген. Сонымен қатар, өте ұзақ зерттеу жүргізген АҚШ ғалымы Льюис Тердің еңбектері дарындылық психологиясында үлкен рөл атқарды. Ғалымдардың ерте заманнан бастап жинақталаған дарындылық мәселелері туралы тәжірибелері қазіргі кезеңге дейін қолданылуда. «Дарындылық» ұғымы «сый», «дар» деген сөзінен шыққан, дамудың алғы шарттын білдіреді.Бұл ұғымға педагогикалық энциклопедияда мынадай анықтама беріледі. «Дарындылық – белгілі бір іс-әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғарғы деңгейі». Дарындылық ұғымы бұл жүйелі, бір немесе бірнеше әрекет түрі бойынша адамның басқа адамдармен салыстырғанда жоғары нәтижеге жету мүмкіндігін анықтайтын, өмір бойы дамитын психикасының сапасы. Негізінен баланың дарындылығы өте ерте байқалады. Оның

дамуының өте қарқынды кезеңі 2 жастан бастап 5 жастың аралығы. Осы жаста балаларда тұлғалық негіз қалыптасады және ол өзін көрсете бастайды. Әртүрлі салалардағы әрекеттерде ырық бермей, алғашқы ықтиярсыз қабілеттері пайда болады. Дарынды балалардың писихологиялық ерекшеліктері:

– ерекше зейінділік;
– қабылдауының ауқымдылығымен ерекшеленетін балалар;
– есте сақтауы жоғары деңгейдегі балалар;
– таным аясы өте кең балалар;
– қиялдары кең, ұшқыр балалар;
– ойлау белсенділігі жоғары;
– тілі ерте дамыған, сөздік қоры өте бай балалар;
– зейін қоюы жоғарғы деңгейдегі балалар;

Дарынды балалардың мінез-құлқында шыншылдық сезімдері жоғары, жақсы әзілқой сонымен қатар тез өзгеретін, шыдымсыз, үнемі назарда болғанды ұнататын қасиеттерін байқатады, оларға қорқыныш, жоғары сезімталдық тән.

Мектепке дейінгі жастағы дарындылық бірнеше кезеңдерден тұрады:

Бірінші кезең (2-3 жас) бұл кезеңде бала алғашқы сенсорлық әсер алады.

Екінші кезең (3-4 жас) әрекеттерге еніп кетеді, табиғи материалдардың бастапқы белгілері туралы түсінігі пайда болады, өте белсенді, оған кең ауқымдағы әртүрлі әрекеттерге мүмкіндігі бар.

Үшінші кезең (4-5 жас) баланың шығармашылық ізденіс кезеңі, қосымша әрекеттер үшін қабілетті балаларды біріктіруге болады.

Балабақшада дарынды балалармен жұмысты ұйымдастырудың мынадай жолдарын көрсетуге болады:

1. Дарынды балаларды анықтау: баланың табыстары мен жетістіктеріне талдау. Балалардың әлеуеттік мүмкіндіктерін диагностикалау. Бақылау, сараптамалық бағалау әдістерін қолдану. Психологиялық тестілер (ата-аналар мен педагогтарға арналған А. И. Савенковтың «Дарындылық картасы» әдістері; В. Шебеко, А. Булахтың ата-аналарға арналған сауалнамалары; Торренс және басқалардың креативтілік тестілері) қолдану.

2. Мектепке дейінгі жастағы дарынды балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау: – баланы дербес дамыту жоспарын құру;

– дарынды балалардың жан-жақты, эмоциялық және әлеуметтік дамуына көмектесетін қолайлы заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру;

– мектепке дейінгі жастағы дарынды балалардың шығармашылық бағыттарын: дербес шығармашылық тапсырмаларды іске асыруына көмек беру;

– зияткерлік ойындарға, конкурстарға қатысу;

– дарынды балаларды ынталандыру: әртүрлі конкурстарға қатысқаны үшін дипломдармен, грамоталармен марапаттау.

3. Дарынды балалардың ата-аналарымен жұмыс: дарынды баламен, ата-анамен және тәрбиешімен бірлескен практикалық әрекеттер.Әңгімелер, тренингтер, мектепке дейінгі ұйымдардың мамандарымен жеке кеңестер.Талантты балалардың ата-аналарына қолдау жасау және ынталандыру (ата-аналар жиналыстарында грамоталар мен алғыс хаттар тапсыру). Ата-аналарға дарындылық тақырыбында психологиялық дайындық жасау.

4. Педагогикалық ұжыммен жұмыс: дарынды балалармен жұмыс бойынша педагогтардың кәсіби және тұлғалық жетілуіне ықпал ету, дарынды балалармен жұмыс мәселелері бойынша «Мектеп жасына дейінгі дарынды балалар: теориясы, мәселелері және оларды ертерек анықтау» тақырыбында оқыту семинары, «Дарындылық бала тұлғасының даму факторы ретінде», «Кіріктірілген оқыту әдістерін қолданудың вариативтілігі» тақырыптарында кеңестер. Кітапхана қорына өз білімін көтеруге қажетті әдебиеттер

жинақтау және іріктеу, жаңадан түскен әдебиеттерге жүйелі шолу, Ғаламтор мүмкіндіктерін пайдалану. Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде алғашқы бейімділіктері айқындалғаннан бастап бала қабілеттерінің көрінуіне, дарынды бала тәрбиеленетін балабақшада және отбасында қолайлы жағдай құрылып, бірлескен жұмыстар үйлесімінде мүмкін болады. Мектеп жасына дейінгі шығармашыл баланы тәрбиелеу үшін тәрбиешіге инновациялық мынадай әдіс-тәсілдер қажет болады: стандарттан тыс , креативті жұмыс істеуге ынтасы; ізденіс белсенділігі, ізденімпаздық; – мектеп жасына дейінгі педагогика мен балалар психологиясы туралы білімі.

Дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру бағдарламасы бойынша тәрбиелеу үдерісі заттық-кеңістіктік дамытушы ортада жүзеге асырылады және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың тәрбиелік, дамытушылық және оқыту міндеттерінің бірлігі қамтамасыз етіледі. Дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру бойынша бағдарлама мазмұны: «Таным», «Шығармашылық» білім беру салаларына негізделеді, балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты дамуына бағдарланған.

Дарындылық ғасырлар бойы әлеуметтік-педагогикалық тәжірибеден өз алдына бөлек дербес қарастырылып келді. Білім беру жүйесінде дарынды балалармен жұмыстар ұйымдастырудың қажеттілігі болмады. Қазіргі кезеңде дарынды балаларды ертерек анықтау мен дамытуға ерекше назар аударылуда. Зияткерлік және шығармашылық дарындылық дарындылықтың негізгі түрлері ретінде қарастырыла бастады. Дарынды балаларға оза даму тән. Мектеп жасына дейінгі дарынды балалар мәселелерін анықтау олардың құрдастары, ересектер мен ата-аналарымен байланыс жасау арқылы жүзеге асады. Бағдарламада бірқатар ғалым-педагогтардың зерттеулері келтірілген. Дарынды балалар санынан орташа даму деңгейіндегі балалар саны басым болатындығын зерттеулер көрсетіп отыр. Яғни дарынды балалар саны өте аз. Осыған байланысты мектеп жасына дейінгі дарынды балалалардың дамуына көмек жасау және қолдау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 2012 ж. №1080
2. Е.С.Белова Одаренность малыша : раскрыть, понять, поддержать/ М.: Академия, 1998.-251 б.
3. Д.Б. Богоявленская Рабочая концепция одаренности/Педагогика,1998.257б.
4. А.И.Доровской Сто советов пот развитию одоренности детей. Родителям, воспитателям, учителям/ – 312 б.

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Жанча Кенжегуль Рафаэльевна
№4 Алға орта мектебінің информатика пәні мұғалімі

Дүние жүзінде білімнің сапасы артып, әр елдің өзіндік білім беру жүйесі тағайындалған. Қазақстан Республикасындағы үлкен өзгерістердің білім беру саласында қамтылуы - педагогтердің жүрегіне қуаныш ұялатып отыр. Осы орайда білім сапасын арттыру мақсатында критериалдық бағалау жүйесін әрі қарай дамыту маңызды деп ойлаймын.

Қазіргі кезде білім ошақтарының дамуының білім сапасын бағалау жүйесін өзгерту немесе жаңарту мәселесі неліктен пайда болды деген сұрақ аясында жауап іздейтін болсақ...

Қазіргі білім беру жүйесінің ерекшелігі оның негізгі құндылығы - құзыреттілік. Білім алушының қандай да бір іс - әрекетке құзыреттілігін дамыту, арттыру, қалыптастыру. Яғни, оқушының білімін, біліктілігін, дағдысын бағалаудан оның құзыреттілік қасиетінің қалыптасуын бағалауымыз керек. Оқушының құзыреттілігін дамытуда педагогикалық технологиялар мен бағалау жүйесінің алатын рөлі зор. Ал бұл өз кезегінде бағалау жүйесіндегі дамытушылықты қажет етеді.

Қазіргі таңда оқушыларды білімділігімен қатар, басты рөлде оқушының құзыреттілігін, оның жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту, қоршаған ортамен дұрыс қарым - қатынасу, өзін-өзі дамыту, өзіндік білімін көтеру сияқты мақсаттар қойылып отыр. Әлемдегі бағалау жүйелерінің көпшілігі - нормативті, яғни, қандай да бір белгіленген нормамен салыстыру арқылы бағаланады. Критериалдық бағалау жүйесі де нормативті бағалау жүйесіне жатады. Критериалдық бағалау жүйесі - халықаралық бакалавриат мектептерінде кеңінен қолданылады. Бұл бағалау жүйесі - білім алушының құзыреттілігін дамытуға, тұлғаның қалыптасуына бағытталған бағалау жүйесі. Осы тұста критериалды бағалау деген ұғымға нақты анықтама беруді жөн көрдім.

Критериалды бағалау - оқушылардың білім жетістіктерін ұжыммен келісілген, оқу үрдісіне қатысушыларға алдын ала белгілі, оқушыларды негігі құзыреттіліктерінің қалыптасуына жағдай жасайтын, білім берудің мақсаты мен мазмұнына сәйкес нақты анықталған критерийлер бойынша салыстыруға негіделген үрдіс.

Критериалды бағалау міндеттері:

- Оқу үрдісінің әрбір кезеңінде оқушының дайындық деңгейін анықтау.
- Оқу бағдарламасына сәйкес оқытудың мақсаты мен нәтижелерінің жетістіктерін оқушылардың өздерінің талдауы.
- Әрбір оқушының жеке даму траекториясын бақылау.
- Оқу бағдарламасын меңгерудегі олқылықтарды жою үшін оқушыларды ынталандыру.
- Оқу бағдарламасының тиімділігін бақылау.
- Оқу үрдісін ұйымдастырудың және оқу материалын меңгерудің ерекшеліктерін анықтау үшін мұғалім, оқушы және ата - ана арасында кері байланысты қамтамасыз ету.

Критериалды бағалаудың артықшылықтары:

- Оқушының жеке басы емес, тек кана жұмысы бағаланады.
- Оқушының жұмысы дұрыс орындалған жұмыс үлгісімен (эталон) салыстырылады.
- Үлгі (эталон) оқушыларға алдын - ала белгілі.
- Оқушыға бағалау алгоритмі алдын - ала белгілі.
- Білім берудің сапасы артады.

Критериалды бағалаудың педагогтер тәжірибесіне әкелетін жетістіктеріне тоқтала кетсем:

- Сапалы нәтиже алуды қамтамасыз ететін критерийлер құрастыруға.
- Өз жұмысын талдау және жоспарлау үшін ақпарат алуға.
- Оқу үрдісінің сапасын жақсартуға.
- Әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқушы үшін оқытудың жеке траекториясын алуға.
- Бағалаудың әр түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға.
- Оқу бағдарламасының мазмұнын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді.

Енді оқушыларға тиесілі жетістіктеріне тоқталатын болсам:

- Нәтижені талдау үшін бағалау критерийлерін білу және түсінуге.
- Рефлексияға қатысу яғни, өзін және өз достарын бағалауға.

- Нақты есептерді шешуде білімдерін қолдану өз ойларын еркін жеткізе білуі, сыни тұрғысынан ойлай білуге.

Критериалдық бағалау жүйесін қолдану арқылы біз мынадай жетістікке жетеміз:

- Оқушының тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттау.
- Тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұғырлы нәтижеге, бағытқа жеткізу.
- Білім алушылардың дайындық деңгейі мен өсу динамикасын кез - келген кезеңде анықтау.
- Әртүрлі жұмыстардан алынған бағаларды дифференциалдауға болады (Өздік жұмысы, күнделікті баға, үй жұмысы т.б.).
- Құрылымдық бағалау мен нақтылы бағалаулар арқылы оқушының еңбегін анықтау.
- Оқушының бағалау жүйесіне толық қанағаттануын аламыз.

Тақырыбымызды қорытындылай келе, бағалау жүйесінің негізгі мақсаты-білім сапасын арттыру болып табылады. Ал қазіргі заманғы білім сапасы дегеніміз - ол білім алушының келешектегі өзінің әртүрлі жеке мәселелерін шешуге керекті, қажетті құзыреттіліктерін қалыптастыратын білім беру нәтижесі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Безукладников К.Э. «Организация деятельности учащихся на уроках в школах реализующих программы международного бакалавриата», Пермь, 2010, ПМГУ.
2. Шнейдер М.Я. «Оценка качества образования в школах Международного бакалавриата», Вопросы образования, 2005, №1.,С.2-28.
3. Красноборова А.А., «Критериальное оценивание как технология формирования учебно-позновательной компетентности учащихся», Нижний Новгород, 2010.

ТӘРБИЕШІНІҢ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУІНДЕГІ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Жаңбырбаева Гулайым Кенжесқызы, тәрбиеші
Ақтөбе қаласы, № 6 “Орман ертегі” бөбекжай-балабақшасы

Денсаулық кепілі дене шынықтыру жаттығуларының жүйелі сабақтарымен ғана дамиды. Мектепке дейінгі жаста адамның денсаулығының өмір бойы қалыптасуы орындалады. Бұл жаста дене тәрбиесінің ұйымдастырылуы баланың алдағы уақыттағы дамуына әсерін тигізеді. Осы жас аралығында баланың өзіндік қасиеттері, сабаққа қызығушылығы және баланың қабілеттері ашыла бастайды. Кіші мектепке дейінгі жас топтарында әртүрлі сауықтыру іс-шаралары ұйымдастырылуы арқылы біз өзіміздің дене шынықтыру - сауықтыру және профилактикалық жұмыстар жүйелі түрде дамытып келеміз. Баланың денсаулығын нығайтуда біздің балабақшада: дене шынықтыру залы, дене шынықтыруға қажетті жабдықтар бар. Топтарда өзіндік массажға әртүрлі денсаулық жолдары, спорттық жабдықтар, ойынға арналған көрнекіліктер, жаттығу картотекасы және ойын массажының картотекасы бар. Денсаулықты нығайтуда жүйелі технологиялар баламен жұмыста дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларымен болады. Ауруларды алдын-алу жұмыстарында біз ұйқыдан соң сауықтыру жаттығуларын, тыныс алу жаттығуларын өткіземіз. Жас ерекшелігіне байланысты жаттығу түрлерінің кешені ойластырылды және олар күрделі түрде топтастырылды. Шынықтыру жаттығуларын өткізбес бұрын, олардың жас ерекшеліктері мен дене дамуы ескеріледі.

Сауықтыру іс-шараларында бір қалыпта сөйлеу ырғағы, мәнерлеп, дауыс ырғағын қойып оқу және дауыс аппаратын қабылдауды дамытуда жұмыс істелінеді. Сондықтан денсаулықты нығайту технологиясы жауапкершілікпен, жаттығулар мен денсаулық жолдарының жаттығулары (өлең шумақтарын, үзінділері, бала әндеріне) қаралды.

Бұл ойын әдістер арқылы әр түрлі дыбыстарды қолданып жоғары дауыспен және төмен дауыспен баланың зейінін дамытуда қолданамыз. Баланың дыбыстық сөйлеу жағынын қалыптасуы, дауыс ырғағын дұрыс қоя білуіне, яғни лексика, грамматиканы игеруде үлкен маңызды рөл атқарады.

Мектепке дейінгі балалардың жасында дене шынықтырудың қалыптасуы оқу-тәрбие үрдісінде қоршаған ортаны танып білуде, жолдастарына және өзіне деген оң көзқарастық орнатады.

Дене шынықтыруды нығайту үрдісінде оқушылардың ойлау қабілеттерін , рухани эстетикалық талғамдарын, өз денсаулығын, алға қойған мақсаттарын, ұйымдастырушылық және аққөңілдік қасиеттері қалыптасады. Балалардың барлығы тәрбие үрдісінде денсаулықтарын нығайтуға және жеке жан-жақты дамуына үлесін қосады.

Бой жазу үлгілері

Балалар бір-бірінің соңынан тізбектеліп тұрады да, поезды бейнелеп, айнала қозғалады. Тоғай ішіндегі әртүрлі гүлдер өсіп тұрған алаңқайға келіп, әрқайсысы гүл тереді. Топты жинаған гүлінің түсіне қарай бірнеше шағын топтарға бөледі. Балалар алқа-қотан тұрады. Доп кімге лақтырылса, сол адамның аты аталады.

Балалар алқа-қотан тұрады. Доп кімге лақтырылса, сол адам өз есімінің әрпінен басталатын жылы сөзді есіміне қосады. Мысалы: Сәуле-сұлу, Әлия-әдемі, Самат-мейірімді.
«Пайдалы-пайдасыз тамақ» ойыны. Балалар дөңгелене шеңбер бойына тұрады, бір бала – ортада азық-түлік тағамдарының атын атап шығады (сүт, нан, ет, колбаса, кәмпит, ірімшік, т.б.), ал қалғандары қолдарын көтеріп пайдалы тамақтарды айтады. Бірақ ортадағы бала (бастаушы) пайдалануға болмайтын заттарды да атауы мүмкін (алкоголь, уксус, мухомор, т,б,) – бұл жағдайда балалар үнсіз қолдарын көтермей тұрады.

«Бұзылған телефон» Балалар бір-бірінің артында сапқа тұрады. Тәрбиеші бірінші тұрған баланың құлағына сыбырлап бір сөйлем немесе қысқа әңгіме айтады. Балалар бір-біріне не естігендерін жеткізеді. Соңғы тұрған бала естіген нәрсені дауыстап айтады.

«Сенім серуені» Балаларды жұптасқан топтарға бөледі. Жұптағы біреудің көзін байлайды. Серігінің қолына сүйеніп, бөлменің ішінде жүреді. Сонан соң рөлдерін ауыстырады. Сұрақ: Досыңның қолына сүйенгенде не сезіндің?

Балалар дөңгелене шеңбер бойына тұрып, қол ұстасады. Бастаушы өзінің оң жағында тұрған адамның қолын қысады, сөйтіп жалғаса береді. Уақытты белгілеп қол қысысудың қаншалықты шеңбер бойымен айналып шыққанын білуге болады. Сұрақ: Қалай ойлайсыз, бұл жаттығу жарысу ма, ынтымақтастық па?

Тәрбиеші бұл жаттығуды орындағанда толық тыныштық сақтау қажеттігіне, тапсырманы үнсіз жасауға назар аударады. Оқушыларға көздерін жұмып, жақсы бір нәрсені ойша елестету ұсынылады. Сонан соң көздерін ашып, бір-біріне қарап күлімсірейді. Қайтадан көздерін жұмып жағымжы бір нәрсе туралы ойлайды.

Қолданылған әдебиеттер:

1.ЖалмагамбетоваБ.Ч., Серемeнко Н.П., 2013. Организация здоровьесберегающего пространства в образовательных учреждениях области.

2.Г.У.Демешева.,Педагогические условия формирования основ здоровьесберегающей компетентности у детей предшкольного возраста.

3.Білім, ғылыми – педагогикалық журнал-2010. - №53.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Жаппарова А.А. Ешмағамбетова А.Қ.
«№45 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сі, бастауыш класс мұғалімдері

«Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек...»
А. Байтұрсынов

Дүниеде мыңдаған мамандық түрі бар. Солардың барлығы адам үшін, адамзаттың өсіп-өнуі үшін керек. Сол мамандықтардың ішінде адамды тәрбиелеу — ең жауаптысы. Осы мамандық туралы Ы. Алтынсарин «Ұстаз — мектептің жүрегі» деп текке айтпаса керек. Бұған лайық болу — үлкен абырой, басты борышым деп санаймын. Бойына — қуат, жүрегіне — жарық жігер беріп, өрге сүйрейтін де, жанына — азық, өміріне — өзек боп төрге сүйрейтін де осы ұстаздық қасиет.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2030 жылға жасаған жоспарында балаларды сауатты етіп шығаруға барынша көңіл бөлінген. Болашақта еліміздің мәртебесін көкке көтеріп, экономикасы мен ішкі және сыртқы саясатын дамытатын да бүгінгі жас ұрпақ. Жан-жақты сауатты жеке адамның дамуы үшін теориялық білімді тәжірибеде тиімді пайдаланумен үйлестіру үшін кең мүмкіндіктер берілуде. Бұл тұрғыда бастауыштың негізгі міндеті — бала қабілетін ашып, дамыту, оқуға деген іскерлігі мен ықыласын қалыптастыру.

Соңғы жылдардың ішінде мектепте жаңа технологияларды кеңінен қолдану орын алып отыр. Қазіргі оқыту үрдісінің мақсаты оқушыны жан-жақты қалыптасқан, бәсекелестікке бейім жеке тұлға тәрбиелеу. Әрине, мен де өз тәжірибемде әртүрлі жаңа технологиялардың элементтерін қолданамын. Бірақ оқушыларды білімді игеруге біраз проблемалар туындайды.

Солардың ішінде:

- оқыту процесінде өздігінен жұмыс орындаулары төменгі деңгейде;
- берілген тапсырманы дұрыс қабылдамау;
- берілген тапсырманы толық жүйелі түрде орындамау;
- алынған білімдерін басқа салаларда қолдана алмауы;

Жоғарыда аталған жағдаяттарды ескеріп, мұндай жұмыстарды іске асыру үшін оқушыларды өз бетінше ойлана білуге дағдыландыру, ой түюге, қорытындылар жасай білуге машықтандыру, өздігінен жұмыс жүргізу қабілеттерін дамыту — қазіргі кезеңде оқыту процесімдегі ең өзекті мәселеге айналдыруды дұрыс көрдім. Тірнектеп жинаған тәжірибеммен алмасқым келеді.

Қазіргі заманғы педагогикалық ой-тұжырымда оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту, білімді өздігінен табу, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр. Олай болса, жаңа технологиялар мен ақпарат көзі компьютерді енгізе отырып, алдыма келесі мақсат қойған едім:

- Әр оқушыға оның мүмкіндіктерін ашып көрсету;
- Әр оқушының ынтасын, белсенділігін дамытып, білім сапасын арттыру;
- Өз бетімен дами алатын оқушыларды тәрбиелеу;
- Өз бетімен жұмыс жүргізе алатын оқушыларды орта буын мектепке шығару;

Оқу үрдісінде оқушының өз бетімен жұмыс істеуге қызықтыратын келесі ұйымдастыру формаларды қолданамын:

1. Сабақ үстінде — жаппай ынтымақтастық;
2. Сабақтан тыс — топтық, ұжымдық;
3. Сабақта, сабақтан тыс жұмыста — жұптық тапсырмалар;
4. Жеке жұмыс — жоспар бойынша дарынды балалармен жұмыс;

Оқушының өздігінен жұмыс істеуге дағдыларын қалыптастыруда алғашқыда оқулықтағы кейбір жаттығулар негіз болады. Мысалы:

Қазақ тілі. Сызба бойынша сөйлем құрастыр.

Математика. Кері есептер құрастыр. т/б.

Осындай жұмыстарды іске асыруда, оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында көптеген әдіс — тәсілдер бірыңғай болмай, алмасып келіп отыруы керек. Бір типті жұмыстар баланы жалықтырып жібереді. Тек қана шығарма немесе мазмұндама ала берсең, бала дұрыс нәтиже де бермейді; немесе, математика сабағында мысал орындата берсең, есеп шығаруға қызығушылығын оята алмасаң, бала бойында өз бетімен жұмыс түгілі міндетті деңгейді де ұғындыру қиынға созады.

Өздігінен оқушының орындайтын тапсырмалардың түрлері:

- теріп жазу;
- бақылап белгілеу;
- үлгіге қарап орындау;
- құрастыру;
- сәйкестендіру;
- үйлестіру;
- түрлендіру;
- ВЕНН диаграммасымен салыстыру;
- Жоба бойынша жұмыс істеу; т/б.

Осы әдіс — тәсілдерді алмастырсақ, баланың пәнге, оқуға қызығушылығын оятып, қабілеттерін ұштап отырсақ, өз бетімен ізденуге талпыныс пайда болады. Осындай игі жұмыстардың арқасында баланың өздігінен іздену, жұмыс істеуге талпыныстары күшейе түседі де, бойында белгілі бір қасиеттер пайда болады:

- іс жүзінде білімін қолданып көру;
- өз ойын жүйелеп жеткізу;
- талас, пікірталас, ой талас;

Содан соң, оқушыны аса қызықтыратын, қалауы мол әдіс — тәсілдерді жиі қайталау керек. Кейде балалар өздері сұраныс тудыратын кездері болады. Оған, әрине, келісу керек.

Өз сабақтарымда өз бетімен дами алатын, әртүрлі өмірдің қиындықтарына төзе білетін, белсенді, білімді оқушы тәрбиелеу мақсатымен көптеген әдіс — тәсілдерді қолданудамын.

1. Ж. Караевтың «Деңгейлеп саралап оқыту» технологияның элементтерін қолданамын. Сонда мынандай тиімді жақтары барын байқадым:

- оқушы өз бетімен жұмыс жүргізуге дағдыланады;
- жеке дара қабілеттері айқындалады;
- оқушылар өз деңгейінде бағаланады;
- өз ойын жеткізуге үйренеді;
- жеңілден күрделіге көше отырып, жеке тұлғанын ойлау қабілетін жетілдіреді;
- сабаққа деген қызығушылығы артады;

2.Әр тақырып бойынша құрған деңгейлік тапсырмалар. **«Жаттықтыру парақтары»** арқылы оқушылардың білім деңгейлерін байқап, сол бойынша бақылаулар, тест жұмыстарын беріп отырамын. Тексеру кезінде әр оқушының жеке табысқа жетуін есепке алып отырамын.

Мысалы, Әдебиеттік оқу, «Туған жер». Қорытынды сабақ.

Әр баланың қабілетіне қарай тапсырма беріледі. Шығарма жазуға қабілетті, сөз байлығы мол оқушыларға шығарма жазуды тапсырамын; сурет салуға икемі бар оқушы туған ауылының табиғатынан сурет салуды; шығармашылықпен айналысатындарға кітапша жасауға беремін; қалғандарына — өлең жаттауға, табиғат көрінісін бейнеленген суреттер жинауға тапсырма бердім.

3. Бастауыш сатыда оқытудағы әдістемелік негізгі элементтерінің бірі — тірек сызбалар. Сондықтан, өз жұмысымда, сабақ берудің үстінде, ұғымдарды белгілі бір сызбалармен түсіндіріп, соны қолданып отырамын.

Осындай тірек сызбаларды қолдана отырып, бір ғана ұғымды шағын көрнекілікпен жинақтап, баланың түсінуіне ыңғайлы етіп ұсынамын.

4.Сабаққа деген қызығушылығын туғызу және арттыру үшін ойынды пайдалану орны бөлек. Тиімді қолданылған ойын түсіндіріп отырған материалды оқушыға зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады.

Ойындарды сабақтың әр кезеңінде қолдануға болады. Мысалы:

Қазақ тілі, сөздік жұмыс.

Ойын «Санамақ»

Жаңа ойынды көрейік,

Аты оның «Санамақ».

Санап талдап берейік,

Әрбір атты даралап.

— Ал, санайық, санайық, ретімен әдепкі,

Құралдарды табайық, құрылысқа қажетті.

(Оқушылар айтылған сөздерді тақтаға түсіріп, жазуын есте сақтайды)

Математика, білімді тиянақтау.

Ойын «Теңге алу»

Карточкалар еденде шашулы жатыр. Қатысушылар белгі берілгеннен кейін оларды алып, тез және дұрыс шығаруға тырысады.

Әдебиеттік оқу, білімді тексеру.

Ойын «Жалғасын тап»

Мұғалім мақал-мәтелдің басын айтады, оқушылар жалғасын карточкалардан табады. Оқушыларды топтарға бөліп, жарыс та өткізуге болады.

Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілеттерін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді. Сонымен қатар ойын — тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиялы мен қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе, ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы демекпін.

5. Қазіргі кезде оқушылардың білімін тексеруге тест әдісі барлық пәндер бойынша қолданып жүр. Тест арқылы оқушы сұрақтың жауабын нақты білетін болады. Оқушылардың білім дәрежесін, жас ерекшеліктерін ескеріп, тесттерді өзім әзірлеймін. Тесттердің бірнеше түрін өз тәжірибемде қолданамын. (Дұрыс жауап таңдау тесті, сәйкестендіру тесті, қысқа мерзімдік тест, салыстыру тест).

6. Пәнге қызықтыра отырып, білім қорын кеңейту үшін мұғалім шеберлігі, шығармашылығы керек. Бұған басқасымен бірге оқушылардың топтық жұмыстарын ұйымдастыру кіреді. Оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру қалпының бірі осы топтық жұмыстың ерекшелігі:

- тәрбиелік мақсаттары іске асырылады, оқушыларды жауапкершілікке, бір-біріне көмек көрсетуге үйретеді;
- танымдық мақсаттары іске асырылады, оқушылардың еңбек өнімділігін көтереді, танымдық белсенділігі дамиды;
- өзара қарым-қатынастары қалыптасады;
- өзін-өзі, басқаларды бағалауда әділдік нығаяды;

Өз тәжірибемде қалай осы жұмысты ұйымдастыратынымды сабақ үзінділерінде көрсетейін:

Дүниетану, «Өсімдіктерді қорғау керек».

I топ: сурет салу арқылы тақырыпты көрсетеді.

II топ: өлең құрастырып тақырыпты ашады.

III топ: ойтолғау арқылы дәлелдейді.

Әдебиеттік оқу, А. Синявский «Құстар ынтымағы»

I топ: Бозторғайға сипаттама беру.

II топ: Кекілікке сипаттама беру.

6. Өз тәжірибемде оқушылардың жазбаша тілін дамытуға, білім сапасын көтеру үшін жазба жұмыстарын көбірек пайдаланамын. Мазмұндама, шығармадан басқа ойтолғау, эссе, ойдан шығарған өлеңнің орны ерекше. Себебі:

- өз ойларын жеткізе білуге үйретеді;
- сөздік қорын молайтады;
- өз бетімен жұмыс жасауға дағдыландырады;
- ой — өрісін кеңейтуге жәрдемдеседі;
- оқуда кездескен қиындықтарды жеңе білуге үйретеді;

7. Білім берудегі талаптарға сай жобалар әдісін де қолданамын. Бұны қолдағанда балалар тек қана өздерінің іс — әрекеттерін жоспарлауды ғана қоймай, сол жоспарларын жүзеге асыру үшін жаңа әдістерді ойлап табады, бірнеше саладан алған білімдерін бір міндетті шешуге қолданады, табылған нәтижелерді талдап, болжаммен салыстырады. Осы талдаудың нәтижесі арқылы жаңа міндет қояды, жауапкершілікке тәрбиелейді, бастаған істі аяқтауға баулиды.

Осымен оқушылардың өздігінен жұмыс жасау қабілеті жоғарылайды, олардың танымдық белсенділігі арттылады, ұжымдық қарым-қатынастар арқасында қоғам дағдылары жетілдіреді, шығармашылық қабілеттері де дамиды.

8. Өз сабақтарыма мақсат қойғанда оқушыға өз әрекеті арқылы жаңа мағлұмат, білім алуына көмектесуге, жақсы қасиеттердің қалыптасуына, оқушы тұлғасының дамуына жағдай жасауға тырысамын.

Әдебиеттік оқу, Ж. Карбозин «Жиырма тиын»

Сабақтың мақсаты:

1. Ж. Карбозиннің «Жиырма тиын» әңгімесінің мазмұнын ашып, негізгі ойын түсінуге жағдай жасау;

2. Кейіпкерлердің істерін талқылау арқылы оқушылардың сыни ойлауына жағдай жасау;

3. Кейіпкелерге сипаттама бере отырып, адам бойындағы жақсы қасиеттерге баға беруге, өзін-өзі тәрбиелеуге мүмкіндік беру;

Дүниетану, Туған — туысқандардың аталуы.

Сабақтың мақсаты:

1. Мазмұнын жан-жақты талқылап, оқушылардың білімдерін кеңейтуге мүмкіндік беру;

2. Туыстық жақындығын жете түсіндіру арқылы оқушылардың ой-өрісінің дамуына жағдай жасау;

3. Өзін-өзі адамгершілікке тәрбиелеуге мүмкіндік беру;

10.Соңғы кездері баспасөзбен байланыс болу керектігін көп айтып жүрміз. Тек өзі үлкендердің, ата-ананың көмегінсіз сыныпта құрған, құрастырған, салған жұмыстарын балалар басылымдарына жіберіп сынап көру де — өз бетімен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырғанның нәтижесі деп ойлаймын.

Қорыта келгенде, баланың өз бетімен жұмыс істеуіне ықпал ететін факторлар:

- мұғалімнің көмегі;
- ата — ананың демеуі;
- сайыстарға, олимпиадаларға қатысуы;
- шығармашылықпен айналысуы;
- танымал бола бастауы; т/б

• Оқушыны өз бетімен жұмыс істеуге дағдыларын қалыптастыру белгілі бір бала бойында тұрақтылық пайда болып, шығармашылықты тудырады. Қабілетті ұштайды, дарынды оятады, нәтижелі жеке тұлға қалпын құяды. Ол өзгермелі, үнемі даму үстінде болатынын, тоқтап қалмай, үнемі өсу

ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ - ЗЕРТТЕУШІЛІК БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ РОЛІ

Жаржанова М.К, Есенбаева Г.Е.
Ұ.Құлымбетов атындағы №64 ЖББОМ, тарих пәнінің мұғалімдері

Ұстаздың қолында адам өмірінің
келешектегі тұтас тағдыры тұр.
В.Г. Белинский

Орыс педагогы К.Д. Ушинский «Ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса сабақ тартымды, тиімді болары сөзсіз» десе, ҚР Білім туралы заңының 8 бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен.

Тарих пәнін оқытудағы негізгі мақсат әлемдік дамудағы адамзаттың рөлін, ол жасаған бүкіләлемдік құндылықтардың қадірін білетін, Қазақстан дамуының тарихи тамырларын, қоғамдағы орнын түсінетін белсенді азаматтарды қалыптастыру болып отыр. Осы міндеттерді орындауда оқытушылардың қызметі ерекше болмақ. Тарих пәнін оқыту, ұрпақтар бойына дарыту көп ізденістерді, сан түрлі әдістемелік тәсілдерді қажет етеді. Жаңа заман оқытушысы жан – жақты, білімді, өз ісін өте жақсы білетін ұлттық идеологиямен сусындаған азамат болуға тиісті. Оқытушының педагогикалық шеберлігінің негізгі өлшемдерінің бірі – оқушының өзіндік танымдық жұмысын ұйымдастыру, ал екіншісі оқушыны өздігінен оқып, ой - өрісін тереңдетуге баулу, ғылыми ізденіске жетелеу болатын. Егер әрбір оқушы сабақта белсенді ой әрекетіне қосылса, күші жететін қиыншылықтарды жеңу қажеттілігі алдында тұрса, қорытынды мен жалпылау жасауға, әр түрлі сұрақтарға жауаптарды өздігінен табуға ұмтылса, танымдық белсенділігін және дербестігін қалыптастыру мүмкін болады. Оқушылар белсенділігінің осындай сипатын көрсететін қажетті шарт - дербестік таным әрекеті. Ол ұзақ уақыт ішінде оқушылардың әр түрлі өзіндік жұмыстарын орындаумен көбірек байланысты болды. Бұл әрқилы өзіндік жұмыстарды өткізудің мазмұнын және әдістемесін оқу материалын меңгерудің әр түрлі кезеңінде, әр түрлі дидактикалық мақсатқа қол жеткізуге байланысты әзірлеуді талап етті. Танымдық белсенділікті қалыптастыру көрсеткіштеріне интеллектуалдық, эмоцияналдық, жігерлілік, іс - әрекетке оқушылардың белсене қатысуы жатады.

Жаңашыл педагогтар оқушыны дамытып қана қоймайды, сонымен қатар өзінің де жеке қасиеттерін жаңаша тұрғыдан ашуына мүмкіндік алады. Оны «жаңа технологиялардың» көмегі арқылы жүзеге асырады.

Технология – оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы, оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан - жақты ойластырылған үлгісі. (Академик В.М. Монахов)

Технологиялық оқыту - өзара белсенді оқыту. Өзара белсенді режимдегі жұмыста ақпараттар ағыны оқушыға не топқа жетіп, оқушылардың жан – жүйесінде жасырын жатқан

ақыл – ой қызметін белсендіреді. Ақпарат бұл жағдайда екі бағытта: мұғалімнен – оқушыға, оқушыдан мұғалімге қарай жүріп, оқушыны өзі үшін білім алушы, өзін білімдендіруші, яғни, субъект жағдайына қояды. Бұған мысал ретінде В.Ф. Шаталовтың тірек – сызбалар арқылы оқыту әдісін айтар едім. Бұл әдістеме көбінесе оқушылардың тарихи мәліметтерді тез ұғып, есте сақтауға және уақыт үнемдеуде де көп көмек беруші құрал болып табылады. Яғни, көлемді, ауқымды тақырыптардың мазмұнын нақты, айқын, жүйелі тірек – сызба арқылы игеріп, оқушы қажет мәліметті қысқартылған түрде меңгеріп, есте сақтауға мүмкіндік алады.

Жаңа технологияны меңгеруде оқытушының жан – жақты білімі қажет. Қазіргі оқытушы:

- педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;
- педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;
- жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
- оқушылармен ортақ тіл табысатын;
- білімді, іскер, шебер болу керек.

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері - өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан – жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы - өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Қазіргі оқушы:

- дарынды, өнерпаз;
- дүниетаным қабілеті жоғары;
- ізденімпаз, талапты;
- өз алдына мақсат қоя білу керек.

Оқытушы оқушыларға сабақ үстінде өзіндік шығармашылықпен оқу іс- әрекетін ұйымдастыра білу қажет және оқытудың «белсенді» әдісін қолдана отырып меңгерілу үрдісіне бақылау жасау, ерекше қарым–қатынасты ұйымдастыра отырып, көптеген әдістемелік амалдарды қолдана отырып жүзеге асыру қажет. Білім беру технологияларын енгізу жолдары:

- оқушылардың білім – білік дағдысын қалыптастыру;
- ақыл – ойын дамыту.

Оған білім, білік, дағды жатады.

Білім - қоршаған ортада практикалық тұрғыда нақты байқалып, оның миында нақты бейнеленуі.

Білік - білім негізінде белгілі қызметті тиімді атқарудағы жеке бастың қабілеті.

Дағды – бақылаусыз қандай да бір істерді өздігінен орындау қабілеті.

Осы іс-әрекеттерді оқушының бойынан тауып, дамыту үшін қазіргі уақыттағы жаңашыл әдіс-тәсілдерді тақырыптың мазмұнына, құрылымына сай түрлендіріп, оқушының жан – жақты дамуы үшін өзіндік орындайтын тапсырмаларды ұйымдастырып, ағымға, өзгеріске бейім тұлғаны қалыптастыруда еңбек етудеміз. Зерттеу әдісі шығармашылық жұмыс тәжірибесін жақсы үйрену үшін қолданылады. Зерттеу ұғымы жинақталған білімдерді жетілдіре отырып, белгіленген мақсаттар мен міндеттерге жету барысында заңдылықтарды қалыптастырады, салыстырмалы талдаулар жүргізуді және ғылыми негізделген ұсыныстар беруді қамтиды. Зерттеу әдісі арқылы оқушы білімін қолданып, ғылыми таным әдістерімен жұмыс істеп үйреніп, жаңа мәселелерді шешу тәжірибесін жинақтайды. Проблемалық оқыту кезінде оқытушы ізденіс жұмыстарын ұйымдастырады, оның барысында оқушылар жаңа білім, іскерліктерді меңгеріп, жалпы қабілетін, зерттеу белсенділігін дамытады, шығармашылыққа үйренеді, оқу мен оқыту сипаты өзгереді. Оқушылар шағын зерттеу мен шығармашылық – тәжірибелік жұмыстармен айналысады. «Зерттеу» арқылы жаңа білімдер – факті, заңдылықтар, ұғымдар, принциптер, теориялар, ережелер, алгоритмдер қалыптасады. Оқушылардың тарихи ой - өрісін дамыту үшін мен тарих сабағында бірнеше әдіс – тәсілдерді

пайдаланамын: проблемалық тапсырмалар, пікірталас, шығармашылық тапсырмалар, кескін карталар, атлас тапсырмалары, тарихи есептер, тарихи құжаттарды, кестелерді талдау. Сабақтың әр кезеңінде проблемалық тапсырмаларды қоюға болады, ол сабақтың мақсатына байланысты. Проблемалық оқытудың ерекшелігі – мұнда оқытушы білімді дайын түрде баяндап бермейді, оқушылардың алдына проблемалық міндет қояды. Проблемалық жағдай – субъектіден жаңа білімді, іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін іздестіруді талап етеді. Оны оқыту процесінің кез–келген кезеңдерінде (түсіндіру, бекіту және бақылау) құруға болады. Қазақстан тарихы пәнінен «Патша өкіметінің отаршылдық саясаты және 1867-1868 жж реформалар» тақырыбын оқып- үйрену барысында мынадай проблемалық тапсырманы қоямын. Бұл кезеңі «Ғылыми ізденіске жол ашық» деп аталады. Оқушыларды үш топқа бөліп, I топ оқушыларына, саясаткерлер «XIX ғасырдың II жартысындағы жүргізілген реформалардың» жағымды, жағымсыз жақтарын көрсету тапсырылады, II топ оқушылары социологтар «XIX ғасырдың II жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік дамуы» тақырыбының, III топ оқушылары экономист мамандар «XIX ғасырдың II жартысындағы Қазақстанның экономикалық даму деңгейінің» оң және теріс жақтарын анықтайды. Бұл әдіс түрі өз игі нәтижелерін беріп, оқушылардың дәлелдеу, пікір алмаса білу, салыстыру, қорытынды жасау, өз ойларын жеткізе біліп, көзқарастарында тұру сияқты қабілеттерді қалыптастырады.

Сын тұрғысынан ойлау жобасының әдіс–тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулиды. Мақсаты – оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету. Бұл әдіс «қызығушылықты ояту», «мағынаны тану», «рефлексия» сияқты 3 деңгейден тұрады. Сабақ барысын ұйымдастыруда үнемі негізге алатын тиімді технологияның бірі.

Ойын әдістерін қолдану дәстүрлі сабақтар мен жаңа технология әдістерімен сабақ жүргізуде өз тиесілі орнын алады. Тарих сабағында жиі қолданылатын ойын түрлері ретінде тапсырма ойындарды, картографиялық ойындарды, хронологиялық іскерліктерін қалыптастыратын ойындарды атауға болады. Осылардың ішіндегі хронологиялық ойын түрлерін алатын болсақ, мысалы, оқиғаның датасын анықтау немесе датасы бойынша оқиғаны анықтау, ұсынған даталардан өзіне қажетін таңдау, оқиға мен датаны сәйкестендіру, хронологиялық реттілігін анықтау, оқиғаның дамуының кезеңдерін анықтау, кезеңдерге бөлудің критерийлерін негіздеу. Тарих пәнінен қорытынды қайталау сабақтарында қазіргі таңда теледидарда беріліп жүрген «XXI ғасыр көшбасшысы», «Алтын қақпа», «Жұлдызды сәт» сияқты оқушыларға таныс ойындарды өткізуге болады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу үрдісінде пайдалануда негізгі элементтеріне электронды оқулықтарды, интерактивті тақта мүмкіндіктерін пайдалану (презентациялар, видеоматериалдарды көрсету т.б.) жатады.

Презентациямен жұмыс істеу, оны көпшіліктің алдында таныстыру, қорғау оқушылардың АКТ-дың көмегімен қарым-қатынас орнату дағдыларын дамытуға жағымды әсер етеді, тарихты меңгеруге деген қосымша ынтасын оятады, ақпаратты қабылдау дәрежесін арттыруға септігін тигізеді. Бағдарлама сабақта карталарды, суреттерді, тарихи тұлғалардың портреттерін, бейнеүзінділерді, диаграммаларды қолдануға жағдай жасайды. Бұл жаңа материалды түсіндіру мен бекіту барысында аса маңызды. Мен тәжірибемде, күнделікті сабақтарымда Қазақстан тарихы пәнінен өзім құрастырған электронды оқу құралын пайдаланамын.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. Әкбарова А. Тарих пәніне деген қызығушылықты арттыру. Қазақ тарихы, ғылыми - әдістемелік журнал. №1, 2014 ж.-36 бет

3. Закирова Ж. Сабақта ойын элементтерін қолдану. \\ Әдіскер мұғалім. № 6, 2006 ж.
4. Қойбағарова Ж.Т. Ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың білім сапасына ықпалы. Қазақстан кәсіпкері. №4, 2013 ж. - 17 бет

ҰЛТ ҰСТАЗЫ -АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Жарикова Гаухар Нурлановна
№4 Алға орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі

Ахмет Байтұрсынұлы- ұлттық тарихымызда
ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға
Әбіш Кекілбаев

Ахмет Байтұрсынов - ақын, жазушы, аудармашы, публицист, қоғам қайраткері, әдебиетші, тілші, ғалым…

Ол қыры мен сыры мол адам. Оның бүткіл еңбегін айтатын болсақ, ол ұстаз, халық ұстазы, зор тұлға. Қазақ халқының тілін, әдебиетін, мәдениетін зерттеуші ғалым. Ол қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, оқуын жалғастыруға күш жұмсаған. Қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтардың авторы. 1914-1928 жылдар аралығында Ахмет Байтұрсынұлының «Әліпбиін», «Тіл құралы», «Оқу құралы» оқулықтарымен мектеп оқушылары білім алып, оқып келді. «Оқу құралы» қазақ жазуының тұңғыш әліппелерінің бірі. Ал «Тіл — құралы» қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. «Білім- бір құрал. Білімі көп адам- құралы сай ұста, не істесе де келістіріп істейді», - деп өзі айтқандай, Ахмет Байтұрсынұлы бар білімін, бар қабілет күшін, ана тілі әлемдегі ең бай, ең көркем тілдердің деңгейіне көтерді.

1913 жылы бұрын соңды көрмеген тұңғыш «Қазақ» газетін ашады. «Қазақ» газетін қазақ оқырмандарына былай таныстырады: «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз,құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек...». Газет бетінде ел, жер тіршілігінің өзекті мәселелері, халықтың тағдыры, қазақ ұлтының халі, жайы, ертеңгі келешегі туралы ойлар талқыға салынды. Бірнеше санында Ахмет Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласы жарияланып, ғылым ретінде қалыптасуына үлкен үлес болды. «Қазақ» газеті қазақтарды оқуға, өнер-білімге, мәдениетке, өркениетке шақырды.

«Қырық мысал» - Ахмет Байтұрсыновтың ақындығы мен аудармашылығы осы жинақтан басталады. Ақынның тәрбиелік мақсаты мен мұратынан туған шығармалар топтамасы. 1911 жылы «Маса» атты екінші өлеңдер жинағы жарық көреді. Бұл кітаптың бұрынғы «Қырық мысалдан» ерекшелігі- мұнда біріңғай аударма өлеңдері емес, ақынның өз шығармалары болды. Көп емес, жиырма шақты ғана өлеңі. Аз өлеңді оқи отырып, ақынның сезімін, сырын, болмыс-бітімін көзге елестетуге болады.

Ахмет Байтұрсынов тек тіл білімі саласында емес, әдебиеттану саласы бойынша зерттеулерге үлкен үлес қосты. «Әдебиет танытқыш» атты зерттеу жұмысы жарық көрді. «Әдебиет танытқыш» еңбегі тұңғыш қазақы теориялық трактат. Әдебиет теориясы жасалды. Қазақ тіл білімі секілді, қазақ әдебиеттанудағы әдеби терминдердің көпшілігін ойлап тапқан. Ұлттың ұлы ұстазы - ол талантты әдебиеттанушы, терең ойшыл, жарқыраған публицист, жанқияр саясаткер, ізденуші ғалым, керемет ұйымдастырушы және өз халқының дамуына қызығушылық танытқан қоғам қайраткері болды. Оны қазақ даласының "Сегіз қырлы, бір сырлы" деп аталатын атақты адамдарына жатқызуға болады. Ахмет Байтұрсынұлы еңбегі қазақ үшін жасалған мәңгілік еңбек. қазақтың ұлттығы мен егемендігін бүгінгі таңда бүкіл

дүниежүзі танып, мойындап отырған тұста ғасырдан ғасырға жеткен мәдени мол мұраларымыз ел игілігіне айналуда. XX ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін ашып, ұлттық білім берудің негізгі ұстанымдары мен тұжырымдарын әлемдік контексте қарастырған әрі ғылыми тұрғыда негіздеген өміршең мақалаларын қалдырды.

Ақаң — қазақ көсемсөзінің атасы. Өзінің түрлі мақалаларында қазақ тағдырына байланысты сан алуан көкейкесті мәселелерді қозғап, халқына жеткізуге ұмтылған өз заманның озық ойлы азаматы еді. Ақаң ел есінде өзінің өнеге болар өмірімен, шығармаларымен қалды. Ол кісі данышпандығы мен ұлылығын өз кезінде-ақ мойындатқан. Ақаң сөздерінің жаңғырығы бүгінгі ұрпақтарын да текке қалдырмады. Сондықтан да халқының Ақаңдай адамдары сол халқы барда мәңгі жасайды, тарихта ұмытылып қалмайды. Тілі таза, намысы өжет, текті тұлға қашан да ұрпақтардың ықыласына бөленіп жүре бермек. Тұңғыш ұстаз, ағартушы, ұлт жанашыры, мемлекет қайраткері, ақын, аудармашы, нар тұлға. Осындай игі қасиеттердің бәрін бір бойына ғана сіңіре білген абзал азамат, Ахмет Байтұсынұлы!

БАЛАБАҚША МЕН ОТБАСЫ АРАСЫЕДАҒЫ ӨЗАРА БАЙЛАНЫС

Жаркынбаева Маржан Ергазиевна
МКҚК «Болашақ» бөбекжай - балабақшасы

«*Елдің келешегі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаз бен ата – ананың қолында»*

Н.Назарбаев

Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жас ұрпаққа үлгілі, өнегелі тәрбие беру – қазіргі білім беру және тәрбиелеудегі басты міндеттердің бірі.

Баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беру мәселелерінде отбасы мен балабақша ұжымының бірлескен өзара тығыз байланыста болуы.

Тәрбие отбасы мен балабақша қатынастарына тікелей байланысты. Отбасы айтқанына көндіріп тәрбиелейді, ал балабақша оңтайлы қылық, дұрыс көзқарас қалыптастыруға ұмтылады.

Отбасының балаға тәрбие берушілік қызметтінің мақсаты- балаланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу.

Көздеген мақсатқа жету үшін **отбасы бала тәрбиелеуде мынадай міндеттерді орындауды қажет етеді:**

- Отбасында баланың өсуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, тазалықты қалыптастыру.
- еңбексүйгіштікке баулу, тұрмыстағы, үй шаруасындағы еңбекке құлшынысын арттыру, өзіне-өзі қызмет етуге үйрету.
- Отбасы мүшелерімен тіл табысып, дұрыс қарым-қатынас жасауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйрету.

Балабақша мен ата – ана ынтымақтастығының негізгі бағыттары:

- Ата – аналардың педагогикалық, психологиялық сауаттылығын арттыру;
- Балалардың психолгиялық, физикалық денсаулығын қамтамасыз ету;
- Балалармен бірлескен шығармашылық іс – әрекет түрлеріне қатысу;
- Отбасы жағдайында жеке тұлға қалыптастыру;

- Баланың бейімділігі мен отбасы қажеттілігі;
- Баланы мектепке даярлауды қамтамасыз ету.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей бала тәрбиелеуде осындай міндеттерді іске асырушылар – балабақша мен отбасы.

Осы екі арнада жүргізілген тәлім тәрбие сабақтаса, ұштаса жүргізілгенде ғана мақсатымыз нәтижелі болмақ. Отбасы тәрбиесіндегі ең маңызды мақсаттардың бірі – айналаны тану, сезіну,қабылдау, түсіне қарай таңдау, әсерлей білу, өзіне мақсат қоя білуге баулу. Өмірдегі, өнердегі, табиғаттағы тамаша көріністерден жан азығын алып әсерлене білуге үйрету. Білімге, білуге, құштарлыққа, әсемдікке, талғампаздыққа тәрбиелей отырып, баланы болашақ білім ордасы – мектепке дайындау.

Отбасы – барлығының басы, жан-жақты даумуының негізі болатын тәрбие институты. Отбасындағы ата-ана мен баланың қарым-қатынас нәтижесінде, адамгершілік, эстетикалық, дене тәрбиесінің алғашқы үлгілері қалыптасады. Ал әке мен шеше-баланың алғашқы тәрбиешілері. Ата-аналар бала бақытының шынайы бағбаны болуы тиіс .

Отбасылық тәрбиелеудің басымдылығын тану дегеніміз – отбасы мен мектеп жасына дейінгі мекеменің жаңа қарым – қатынасын талап етеді.Бұл қарым-қатынастың жаңашылдығы **«ынтымақтастық»** және **«өзара қарым-қатынас»** деген түсініктермен анықталады.

Бүгінгі таңда болып жатқан өміріміздегі өзгерістерге байланысты ұстаздар мен ата – аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі артта түсуде. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасының басым рөлін мойындай отырып бірлесе жұмыс жасау керек. Әрбір ұстаз ата – аналармен қарым-қатынас жасауда түрлі тәсілдерді, қазіргі жаңа технологияларды пайдалана отырып, ата-ананың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс жасаса, ата - ананың балабақшаға, тәрбиешіге деген көзқарасы өзгерер еді.

Ата – аналармен жұмысты ұйымдастырудың негізгі мақсаты:

* Ата – ананың бала тәрбиелеуге деген көзқарасын өзгерту;
* Баланың бүгінгі жасаған қадамы ертеңгі тұлға қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту;
* Ата – аналармен жұмыс жасаған кезде бірізділік қағидасын басшылыққа алу;

Ал міндеттері:

* Бала өміріне қолдау жасау, келешекте өз жемісін береді.
* Қоғам тарапынан көрсетілген қолдау, ата – ананың өміріндегі тұрақтылық пен болашаққа деген сенімін нығайтады.

Қазіргі уақытта жұртшылықтың балаларды тәрбиелеуге қатысы кеңейе түсіп, тәрбие жұмысы еңбек ұжымының күнделікті ісіне айналуда тәрбиешілердің практикасында ата - аналармен және көпшілікпен бірігіп жұмыс істеудің әр түрлі формалары қалыптасып, жемісті түрде қолданылуда

Отбасы мен балабақша арасындағы байланысты күшейтіп, бағытты жұмыс жүргізу, ұйымдастырылатын мерекелік іс - шараларға, ата- аналар және топ жиналыстарына ата – аналарды тартудың қажеттілігі:

*Балаларда іс – әрекетті таңдаудың үлкен мүмкіндігі болады;

* Балалар маңызды жетістіктерге жете алады;
* Балаларға отбасы мен балабақша байланысын сезіну ұнайды;
* Балалар еліктеудің жаңа үлгісін алады;
* Ересектер мұғалім жұмысымен жақын танысып, оны бағалай біледі;
* Ата – аналар және басқа да ересектер мектепке оқыту философиясымен және оқу жоспарларымен танысады;
* Ата – аналар және отбасы мүшелері өздерінің бала тәрбиелеуге, оқытуға қатысы бар екендігін сезінеді.

* Тәрбиешіге балаларға жетекшілік жасау жеңілірек болады жекелеп оқыту мүмкіндігі туады.

Тәрбиешілер ата – аналарға ақыл - кеңес беріп, ұсынылатын тыңдау барысында төмендегідей қарым-қатынас ережелерін есте сақтауы керек:

-бір – біріне көңіл бөлутыңдау
-сыйлау
-көзбе – көз қарау
-тиімді орынды таңдау
-әзілді сезіну
-ұрыс – керістен сақтану сияқты

Сонымен қатар ата-аналарға тәрбиеші сөзі әсерлі, отбасы қажеттіліктеріне байланысты екендігін түсіндіріп толық тыңдату үшін:

-Сиқырлы сөздер айту;
-Баласының жетістігін айту;
-Сенімді болу;
-Көңіл - күйіне қарау;
-Намысына тимеу;
-Материал арқылы сөйлесу (анкета, тест, т.б);
-Қарапайымдылық;
-Пікірін сыйлау.

Ата – аналармен жүргізілетін жұмыс түрлерін қалай ұйымдастыруға болады?

Ол үшін біз ата - аналармен жақынырақ танысып, отбасының әлеуметтік жағдайын, отбасы мүшелерінің бала тәрбиелеудегі рөлін анықтау үшін, ата –аналардың ұсыныс - пікірлерін, ойын бөлісу мақсатында сауалнамалар, анкеталық сұрақтар алуымызға болады. Сонымен бірге жыл бойғы жүргізілетін жұмыс түрлерін ата - аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата -аналар заман талабына сай өзекті мәселелерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыптарды өздері ұсына алады. Сонымен қатар ата – аналардың ұсыныс – пікірлермен санаса отырып ата –аналарға арналған әңгімелер мен лекциялар, консультациялар, сұрақ – жауап кештері, тәрбие жұмысын алмасу жөніндегі конференциялар, ата – аналарды педагогикалық әдебиеттермен таныстыру әдіс- тәсілдері қарастырылады.

Ата - аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері:

Ата – аналар клубы: «Балабақшадағы, отбасындағы, топтағы кездесетін қайшылықты жағдайларды шешуге арналады»

Тақырыптық кеңес: «Ата – аналарды психологиялық педагогикалық білім және тәжірибе жаңалықтарымен таныстыру, кеңес беру, ой қозғау, ой қорыту»

Педагогикалық семинар: «Отбасылық тәрбиенің әдіс-тәсілдеріне арналады. Семинарға тәрбиешілер де, ата – аналар да жан – жақты дайындықпен қатысуы қажет»

Шығармашылық кештер:«Балабақшаішілік және топішілік болып, озық қабілетті, танымал ата - аналарды үлгі тұту, насихаттау мақсатында ұйымдастырылады»

Ата – анамен жүргізілетін жұмыс түрлері:

- топішілік ата - аналар жиналысы
- балабақшаішілік ата – аналар жиналысы
- ата – аналармен жеке кездесу
- ата – аналар үшін ашық есік күн
- мерекелік кештерге шақыру
- ата – аналарды тренинг ойындарға қатыстыру
- отбасылық жарыстарға қатыстыру

Негізгі міндеттері:

* тәрбиешінің топ ата - аналармен құрамын зерттеуі

* ата – аналармен тұрақты байланыс орнату
* ата – аналар ұжымын құру
* ата–аналардың педагогикалық білім дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттырып отыру
* үштік одақ (бала, ата – ана, тәрбиеші) жұмысын жандандыру

Атқаратын қызметі:

* ата – аналарды топтағы оқу - тәрбие процесінің мазмұны және әдістемесімен таныстыру
*ата – аналармен педагогикалық және психологиялық ағарту жұмыстарын ұйымдастыру
*отбасы тәрбиесі туралы ата - аналарға педагогикалық және психологиялық кеңес беру
* ата - аналар белсенділерімен жұмыс жүргізу және әр түрлі қоғамдық ұйымдармен, жұртшылықпен өзара әрекеттесуін қауымдастыру

Қазіргі таңда баланы тәрбиелеуде ата- ананыңда, тәрбиеші - ұстаздың да атқаратын рөлі зор. Жас күнінде бала қандай тәрбие алса сол ізбен алға қарай өседі. Тәрбие кезінде отбасының, балабақшаның да алатын орны бар.

Күтілетін нәтиже:

Ата – ана мен балабақша арасындағы тығыз қарым - қатынас, бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда, оның бала тәрбиесіне тигізетін ықпалы да нәтижелі болмақ. Біздің мақсатымыз XXI ғасыр талабына сай жаңашыл, шығармашыл, мәдениетті, жан - жақты сауатты жеке тұлға тәрбиелеу.

Осы айтылғандардың бәрі бала тәрбиесі үшін үлкен маңызы бар. Демек, бала тәрбиесі жас шыбық тәрізді, қалай исең солай қарай иіледі. Бала - нәзік, ал бала тәрбиесі - одан да нәзік екенін ұмытпайық.

Пайдаланылған әдебиет:

1. «Бала мен балабақша» журналы
2. «Отбасы және балабақша»журналы
3. «Бала тәрбиесі» журналы
4. «Мектеп жасына дейінгі педагогика» кітабы
5. «Мектеп алды даярлық» журналы
6. "Балабақша меңгерушісі мен әдіскері" журналы
7. "Мектепке дейінгі тәрбие" журналы
8. "Әдіскер - Методист" журналы
9. "Мектепке дейінгі білім" журналы
10. "Әдіскер мұғалім әдістемелік бірлестік жұмысы" журналы

ЖАҢАШЫЛДЫҚ ПЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ –ЗАМАН ТАЛАБЫ

Жарылгасинова Нурлы Базарбаевна
география пәні мұғалімі,
Бухарбаева Айнур Шынбергеновна
дене шынықтыру пәні мұғалімі.
№1 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі

Бүгінгі таңның талабы – білім беру мазмұнын жаңарту, пәннің оқытылуын жаңа әдіс-тәсілдермен толықтыру, заман талабына сай жұмыс жасау – әр ұстаздың алдындағы ұлы міндет.

Білім-қоғамды әлеуметтік-мәдени, ғылыми үрдіспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық. Болашақтың бүгінгіден нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамы алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы. Мектеп-еліміздің халыққа білім беру жүйесінің күрделі тармағы. Еліміздің жарқын болашағы, мектеп болашағы-ұстаздардың ізденісінде, балаларға деген сүйіспеншілігінде, кәсіптік деңгейіне байланысты екендігінде. «Сабақ беру – үйреншікті іс емес, ол үнемі жаңадан – жаңаны табатын өнер» – деп, көрнекті жазушы, қоғам қайраткері Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, сабақты өнер деп тұжырымдау бекер емес. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты . Жаңа заман мұғалімнен күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек.Осындай шеберлікті шынайы түрде тәжірибемізде қолдана отырып, сабақ барысында оқушылардың назарын шығармашылық арнаға бұрып, түрлі тапсырма беріп, оны тиянақты орындату барысында түрлі жетістіктерге қол жеткізіп келеміз.

«Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек»,-деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып, оқушының күшті және әлсіз тұстарын дәл анықтап, дұрыс бағыт-бағдар беру, іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы.

Жаңа форматтағы оқыту әдістерін пайдалану оқушылардың ойлау жүйесін дамыту, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан, баспасөз беттерінен, ғаламтор мәліметтерінен алған білімдерімен астастырыла жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Жаңа форматтағы оқу бағдарламасы модульдерінің келесідей ерекшеліктерін атап өткім келеді:

- Оқушылардың топтық жұмыстануы нәтижесінде, сынып ішіндегі достық қарым-қатынастың күшейеді;
- Мұғалім мен оқушылардың арасына өзара «жылы» қарым-қатынас орнайды;
- Оқушылардың шығармашылық ой-өрісі мен, қабілеттері артады;
- Қабілеті төмен оқушыларадың сабаққа қатысу мүмкіндіктері артады;
- Сабақ барысында топтастыру, практикалық сабақтар, сергіту сәттерін ұйымдастыру оқушылардың физикалық белсендіктерін арттырады;
- Бағалау үрдісіне оқушылардың өздерінің де үлесінің болуы, өздеріне және өзгелерге объективті көзқарас қалыптастырады;
- Постер арқылы немесе топтық жасалған жұмыстарды қорғау оқушылардың баяндама жасауы секілді, сөйлеу мәдениеті, өзін-өзі ұстау нышандарының қалыптасуына мүмкіндік береді.

Білікті мұғалім үшін білім түрлері: теориялық және тәжірибелік білімдер өзара тығыз байланыста болуы қажет. АКТ енгізген кезде, теориялық және тәжірибелік білімдердің

біртұтастығы оларды тиімді қолдануды қамтамасыз етеді, ал бұл оқыту және оқу үдерістерін жақсартуға жағдай жасайтын болады. Сабақта теориялық және тәжірибелік білімдерді қолданған кезде, анықтаушы фактор оқыту үрдісінің мазмұны, әдістемесі, технологиясы саласындағы білімнің қалыптасқандығы болып табылады. (Мұғалімге арналған нұсқаулық 62-бет)

Сабақ нәтижелі болуы үшін оқыту өнерінде жақсы мұғалім тек талап етіп, үйретіп, қаталдық таныту емес, ең бірінші оқушыларға бала деп қарамай, өзіңді олармен тең ұстап, олардың сабаққа деген қызығушылығын ояту үшін жаңа әдіс – тәсілдерді тиімді пайдаланып, әр оқушының деңгейін біле отырып, әркет ету керек.

Мұғалім – ұйымдастырушы, бағыт-бағдар беруші. Сын тұрғысынан ойлауды дамытуда жүргізілетін жұмыс та оқушылардың өз бетінше тұжырым жасау, қорытындыға келу, ұқсас құбылыстар арасынан тиімдісін таңдай білу, проблеманы шеше білу, пікірталасты жүргізе білу қабілеті қалыптасады. Оқушыға өз тәжірибелерімізге сүйене отырып, ең тиімді әдіс «Ой қозғау», «Блум таксономиясы», «ЖИГСО», «Эссе жазу»т.б. дер едік, себебі оқушыларды зерттей отырып, олардың сабаққа деген қызығушылығының қандай дәрежеде екендігін байқаймыз, ой саламыз, ойлануға мүмкіндік береміз, ауызша және жазбаша белсенді сөздік қорын дамытамыз. Демек, білім көкжиегін жас ұрпақтың зердесіне сіңіре отырып, оны жүрегіне жастайынан ұялату – білімнің маңызды баспалдақтары болмақ.

Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Шығыс даналығының: «Маған айтсаң, ұмытып қалам, көрсетсең есімде қалады. Ал өзім істесем, үйреніп аламын» – дегеніндей, қазіргі білім берудің негізгі бағытын тұлғаға бағыттау қағидасын ұстанған мұғалімдер ғана бүгінгі күннің талабына толық жауап бере алады. Ендеше, егеменді еліміздің ертеңі-ел болашағы үшін ерінбей еңбек ете берейік!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.
2. Қазақстан Республикасы 12 жылдық орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты. Нормативтік құжаттар, Астана 2006ж.
3. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары: оқу әдістемелік құрал – 2000ж.
4. Қазақстан Республикасы “Білім мемлекеттік бағдарламасы” / Қазақстан мұғалімі. – 2000. - №33-34
5. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы,-2000.
6. Педагогикалық ізденіс. – Алматы: Рауан, 1990.
7. Махмутов М.И. Мектепте проблемалық оқытуды ұйымдыстыру. Алматы : Мектеп.-1981.

ЕРЕКШЕ МӘТІНДЕРДІ ҚҰРУДЫҢ АЛҒЫШАРТЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ
(эссе, мақала, жарнама, түйіндеме және т.б.)

Жаханова Жамиля Темирбековна
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, №31 қазақ орта мектебінің
орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Тақырыптың өзектілігі: Ерекше мәтіндерді құрудың әдістемесі туралы бұл тақырыпты таңдаудың ең алғашқы себебі- жаңартылған білім беру мазмұны аясында хат, эссе жазу және мақала, жарнама мәтінін құрастыру сияқты өнімді тапсырмалар басым. Бастауыштан жаңа

қадам басқан 5-сыныптың оқу бағдарламасында «Қазақ тілі» пәні бойынша «5.3.2.1 жанрлық ерекшеліктері не сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу», «5.3.3.1сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру», «5. 3.4.1эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу» деген мазмұнда оқыту мақсаттары бар. Ал «Қазақ әдебиеті» пәнінен «5.2.4.1көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу», «5.3.3.1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу», «5.3.4.1 оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу» сияқты ереше мәтіндер құруға негізделген оқыту мақсаттары берілген. Бұл жазба жұмыстары тек бесінші сынып бойынша келтірілді. Осылайша 6-11-сыныптар бойынша ерекше мәтіндер құру мақсаттары жетерлік. Оқушылар осы оқу мақсаттарына жету үшін қиналады. Тақырып таңдауымыздың екінші себебі- ерекше мәтіндер (эссе, мақала, жарнама, түйіндеме және т.б.) жазуда оқушылар үшін кедергілер бар. Осы кедергілердің алдын алу үшін мұғалімге ерекше мәтіндер құрудың алғышартын дайындау өзекті болып табылады. Біз жоба барысында жазба жұмыстарын орындату барысында кедергілердің алдын алу жолдарымен (көмек-нұсқаулық арқылы жаздыру, арнайы формула арқылы жаздыру, көпіршелер арқылы жаздыру, жетелеу сұрақтары арқылы жаздыру, құрылымын толықтыру арқылы жаздыру) бөлісуді мақсат еттік. Сонымен қатар, білім беру саласында тек тәжірибелі ұстаздар ememc, жас мамандар легі айырықша толығып келеді. Бүгінгі жастарымыз жүрек қалауымен педагогтік мамандықты қалап, қатарымызға қосылуда. Жас мамандар үшін ерекше мәтіндер құрудың алғышартын дайындау, жазба жұмыстарын жаздыру үлкен мәселе екені сөзсіз. Осындай себептер негізінде бір мақсатқа топтасып, жоба жұмысымызды дайындадық.

Тақырыптың жетекші идеясы немесе болжам: Көмек-нұсқаулық арқылы жаздыру, арнайы формула арқылы жаздыру, көпіршелер арқылы жаздыру, жетелеу сұрақтары арқылы жаздыру, құрылымын толықтыру арқылы жаздыру әдістері жазба жұмыстарының жазуда кедергілердің алдын алуға тиімді

Мақсаты: Ерекше мәтіндер құрудың алғышартын дайындау жолдарын және жазба жұмыстарын жазу барысында орын алатын кедергілердің алдын алу жолдарын көрсету, тиімді әдістермен бөлісу.

Күтілетін нәтиже

- ✓ Оқушылар ерекше мәтіндер құруға төселеді;
- ✓ Жазба жұмыстарын жазуда орын алатын кедергілер жойылады;
- ✓ Көмек-нұсқаулықтар негізінде жазба жұмыстарын сапалы орындайды;
- ✓ Ерекше мәтіндер құру дағдылары қалыптасады;
- ✓ Сыни көзқарастары мен өз ойларын жүйелі жеткізуге үйренеді.

Эссе -философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, өзінше толғап, әрі дағдыдан, әдеттен, көне соқпақтардан бөлек, тың болжамдар мен түйіндеулерге құрылатын жанр.

Эссе жазу –қазақ әдебиеті пәні бойынша жазба жұмыстарының бірі.Алайда, оқушылар эссе жазуды шығармамен немесе мазмұндама сипатында жазады да,жазғандары талапқа сай келмей жатады. Жалпы, эссе француз тілінен "essai", ағылшын тілінен "essay", "assay"-талпыныс, жазушылық сынама, очерк; латын тілінен "exagium" – ойлау дегенді білдіреді.

Ал эссе жазуда бірінші кездесетін қиындық – оқушы өз ойын баяндауда «менің ойымша», «бәлкім», «сірә», «менің байқағаным», «алайда», «иә», «менің түсінгенім» деген сияқты қыстырма сөздер мен одағайларды ұтымды қолдану ретін біле бермейді.

Эссе жазудағы тағы бір қиындық – оқушылар эссенің шығарма мен мазмұндамадан өзгешелігі бар екенін ажырата алмайды. Яғни, эссе жазу еркіндік пен батылдық екенін білмейді. Эссе- ой алаңы, өжеттікке жол беруге болатынын білмейді. Сонымен бірге айтылатын ой жүйесін жоспарлаудан қиналады. Айтатын ойын дәйексөздермен көркемдеуді үйлестіре бермейді. Ойына орай эпиграф пен дәйексөздерді іріктей алмайды. Тақырыпқа сәйкес өлең шумағы, нақыл сөздерді орнымен пайдалануда кемшіліктер жібереді. Өз ойының тың, жаңашыл, еркін, шынайы болуына назар аудармайды. Өз ойларын өз көзқарастары арқылы баяндау эссеге тән ерекшелік екенін сезіне бермейді. Міне, сондықтан да оқушылардың эсселері әсерлі шықпайды.

Дегенмен, бұл кемшіліктердің орнын толтыру маман ретінде біздің міндетіміз. Ол үшін біз оқушыларды 5-сыныптан бастап қазақ тілі, қазақ әдебиеті сабақтарында эссе жазуға талаптандыруымыз керек. Тақырыптар ұсынып, эссе жазуды күзгі, қысқы, көктемгі демалыстарда тапсырма ретінде жүктеу де тиімді. Ең бастысы, оқушылардың жазған эсселері оқылып, тыңдалып, салыстырылып, бағалануы тиіс. Мұндай әрекеттерді жүзеге асыратын сыни ойлаудың «Автор орындығы» әдісі бар. Оқушы жазған эссесін арнайы орнықта отырып автор ретінде оқиды. Бұл оқушылардың эссе жазуға қызығушылығын арттырады. «5 минуттық эссе», «Үшбу хат», «Соңғы сөзді мен айтамын», «Ақынға хат» әдістері эссе жазуға бағыттайтын баспалдақтар.

Көмек-нұсқаулықтар арқылы эссе жазу

Бұл әдіс «не жазам?» деп қиналып отырған шәкіртке бағыт бағдар сілтейді.

Көмек-нұсқаулық №1

Төмендегі сұрақтар төңірегінде ойланып, өз ойыңды қағазға түсір. (Ескерту: өз ойыңды жеткізерде мейілінше анық, қысқа жай сөйлем құрауға тырыс. Қарапайым синонимдерді қолдануды ескер.)

Махамбет қандай ақын?

Қай тақырыпты басым жырлады?

«Қара нар керек біздерге» деген тармақ Махамбеттің қай өлеңінен алынған?

№2

«Қатеп» сөзінің мағынасын орфографиялық сөздіктен қара.

Қатептің қара нарға қандай ықпалы бар?

Бүгінгі заманда өзіміз тарта алмайтын, тек қара нарға салып көтеретіндей қандай мәселелер мен міндеттер атай аласың? (Немесе өзіңнің шамаң жетпейтін қандай мәселені қара нармен бөліскің келеді?

№3

Қазақ тілінің мәртебесі немесе дініміз бен еліміз туралы ойланып көр.

Бүгінгі қазақ жастарының атынан бұдан басқа қандай жүк-міндет артуға болады?

Тіл мәселесін алсаң, тіл туралы қандай түйінді пікір білесің?

Ол неліктен таңдалды?

Жалпы сөз соңында не айтқың келеді?

Эссе тақырыбы: Махамбеттің «қара нарға» артқан жүгіне қазіргі уақытта сіз өз тарапыңыздан қандай міндеттер жүктер едіңіз?

Осы нұсқаулыққа сүйеніп оқушының жазғаны:

Дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлы өзінің ұлтжандылығымен, рухтылығымен, қайсарлығымен қазақ поэзиясынан ойып тұрып орнын алған ақын ретінде танымал. «Тар қамау» өлеңінде толарсақтан саз кешер болсаң, тартып шығаратындай «қатепті қара нар» керек дейді. Ең алдымен «қатеп» деген не деген сұрақтың туындауы орынды. Себебі, күнделіктіі қолданысымызда сирек қолданылатын ұғым. Жалпы, қатеп- жүк арту үшін нардың үстіне салынатын ағаш. Ендеше, жүктің нық құламай жетуіне бірден-бір ықпал ететін маңызды құрал.

Шынымен де, бүгінгі таңда «қара нарға» қандай жүк артар едім? Осы сұрақтың салмағын ой сүзгісінен өткіздім де, тілдің міндетін артқаным дұрыс шығар деген пайымға келдім. Менің ойымша, бүгінгі жаһандану әлеміне ұмтылған қоғамда ең алдымен тілімізді сақтап қалу өзекті. Тіл білімінің атасы саналатын Ахмет байтұрсыновтың өзі «Тілі жоқ ұлт жоғалар» деді емес пе? Олай болса, қазақ деген дархан халықтың ғажап тілінің жойылуына жол бермейік!

Осы орайда Елбасымыз Н.Ә.Әбішұлының «Қазақ қазақпен тек қазақша сөйлессін!» - дегенін баса айтқым келеді. Әрбір қазақ баласы өз ана тілінде сөйлей білсе, ана тілінде ойланса, ана тілінде өз ойын жарыққа шығарса, тіліміздің мерейі үстем болары сөзсіз. Махамбеттің қатепті қара нары тартып шығарардай төзім мен шыдам керек біздерге. Мен ана тіліміздің кеңінен қанат жайып, өркендеуіне шын тілектеспін. Әрдайым жұлдызың жоғары болсын, қазақ тілі!

Көмек-нұсқаулық №2

№1

«Еңлік -Кебек» поэмасының бірнеше нұсқасы бар екенін еске түсір.

Шәкәрім нұсқасы бойынша Еңліктің әрекеттерін ой елегіңнен өткіз.

Сенің ойыңша, қазақ қыздары бұрын қандай болған?

Еңліктің бойынан өзгеше нені көрдің?

№2

Кебекке өзі бірінші болып сөз салған Еңлік жеңілтек қыз ба?

Еңліктің ашықтығы, еркіндігі оның тәрбиесінен бе?

Өлім алдында тұрып тілеген үш тілегін, соңғы сөзін поэмадан тап.

Еңліктің тілектерін талдап, өз бағаңды бер.

№3

Ерте кездегі қазақ қыздарының бас бостандығы мен құқы туралы ойлан, бүгінгі кезбен салыстыр.Ата салтымыз бойынша қан тазалығы туралы тоқталып өт.

Көркем әдебиеттердегі басқа кейіпкер қыздармен салыстыр (Ғайша, Қамар, Шұға, Сұлушаш, Ақбілек)

Эссе тақырыбы: Ш.Құдайбердіұлының «Еңлік -Кебек» поэмасындағы Еңліктің қазақ қызына кереғар мінездерін талдап жазыңыз.

«Еңлік –Кебек» поэмасы-қазақ әдебиетіндегі шоқтығы биік шығармалардың бірі деп ойлаймын. Өйткені, сол кезеңдегі қазақ қыздарының бойынан көрініс таппаған батылдық пен қайсарлық, өз өмірі үшін шешім қабылдау сияқты батыл әрекеттер поэмада Еңлік тұлғасынан табылады. Ол дәуірдегі қазақ қыздарының жүрек қалауымен тұрмысқа шығуы мүмкін болмағаны бізге жеткен көркем шығармалардан белгілі. Қамар, Ғайша, Шұға сияқты қазақ арулары ескіліктің құрбаны болып, өз махаббатарына қосыла алмағанын да білеміз. Осындай ескілік көлеңкесінде жүрген Еңліктің қазақсалтында жоқ әрекетке барып, жігітке өзі сөз салғаны қазақ қызына кереғар мінезінің сипаты емес пе?

Еңлік − тағдырдың ағысына қарсы жүзген жан. Кебекпен кездескенсәтте-ақ берік байлам жасап, нақты шешімге келеді. Ақылды ару өз бақыты да, қасіреті деқұдай айдап кез келтірген осы батыр жігіттің қолында екенін көкірек көзімен көріп, жүрекпернесімен сезінеді.Сондықтан да тағдыр тартқан сыйдан айрылмауға ұмтылады. Шәкәрім сомдаған **Еңлік бейнесіне тән күрескерлік қасиеттің көрініс табар тағы бір тұсы − қолға түскен сәттегі жауларынан саспай, өлімді қаймықпай, қасқайып қарсы алуы.Тағдырдың салғанына көнбей, бас азаттығы жолындағы күреске бет қойған Еңлік езбен өткізген өмірден, сүйгенімен қатар жатар өлімді артық санайды.** Сондықтан да қорқу,жауына жалбарынып, жалыну секілді сезімдер Еңлік бойынан табылмайды. Еңліктің сол дәуірдегі қазақ қыздарына тән емес мінезінің тағы бір сипаты оның жаза алдында тілек тілеуінен де айқын байқалады.Ол:Кебекпен мені азғана араздастыр,

Өлген соң бірге қосып таспен бастыр.

Мына бала − Тобықты баласы ғой,

Мұны өлтірме, Кеңгірбай биге тапсыр,- деп ақырғы үш тілегін жеткізеді.

Осынау үш тілектен Еңліктің қазақ қыздарына тән емес өжеттігін, қайсарлығын, сезімталдығын, өз ойын ашық жеткізетін еркіндігін көреміз.

Менің пайымдауымша, поэмадағы Еңлік бейнесі –тың бейне, сол заманға жат көрініс. Дәстүр шырмауынан шыға алмаған қазақ қыздары арасында Еңлік өзінің аталған қасиеттерімен ерекше дараланып, өз тағдыры үшін күрескен күрескер тұлға ретінде танылды. Сол замандағы қазақ қыздарының көкірегіне ой салған, керемет кейіпкер ретінде Еңлік біздің жүрегімізде азаттықтың ақ құсы болып қалады.

Арнайы формула бойынша эссе жаздыру

Тақырыбы	Әркім «Бақыт» дегенді әр түрлі түсінеді. «Бақыт» деген не? Ойыңызды дәлелдермен негіздеп жазыңыз.	
№	Сөйлемнің сипаты	Сөйлемдегі сөз саны
Кіріспе бөлім		
1	Жай сөйлем	4-5
2	Жай сөйлем	4-5
3	Құрмалас	7-8
4	Құрмалас	7-8
5	Құрмалас	10-13
6	Құрмалас	10-13
7	Жай сөйлем	5-6
8	Жай сөйлем (негізгі бөлімге көпір)	5-6
Негізгі бөлім		
1	Тақырыпқа сай қанатты сөз немесе бір шығармадан үзінді	15-20
2	Келтірілген үзінді туралы өз көзқарасың (құрмалас сөйлем)	12-15
3	Тақырыптың мәнін ашатын аңыз немесе шешендік сөзден ықшамдалған үзінді	30-35
4	Үзіндіде айтылған ойға өз көзқарасыңды жалғайтын құрмалас сөйлем	15-20
5	Тақырыпты түйіндеуге ой жинақтайтын құрмалас сөйлем	15-20
Қорытынды бөлім		
1	Қыстырма сөзді жай сөйлем	7-8
2	Ой түйіндейтін құрмалас сөйлем	12-15
3	Жай сөйлем	7-8
4	Жай сөйлем	7-8

Осы формуламен оқушы жазған эссе:

Бақыт деген- үлкен ұғым. Бала - ата-анасының бақыты. Қазіргі ұрпақ- біз бақыттымыз. Өйткені, біз тыныш заманда алаңсыз өсіп, оқып жүрміз. Жер бетіндегі барлық халық үшін бақыт – тыныштық, бейбітшілік. Барлық халық аман болып, елі бай, дені сау болса, менің ойымша, бақыт деген –осы! Біреулер үшін бақыт деген – ақша мен байлық болса, қамаудағылар үшін –азаттық, еркіндік, екіншілер үшін –ойнап-күліп жүру. Балалар үшін «бақыт» деген - балалық арманның, тілектің орындалуы. Мен үшін «бақыт» –өмір сүру, өмір сүргенде еліммен, Отаныммен, халқыммен, жанұяммен тату-тәтті өмір сүру. Еліміздің гүлденуі, қалаларымыздың көркеюі, бәрі-бәрі- бақыт емес пе? Міне, сондықтан бақыттың қандай нәрселер екенін сөзбен де, санмен де санап жеткізу мүмкін емес!

«Адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонбайды»,-деп Жүсіп Баласағұни айтқандай, өмірде бақытты болу әрбір адамның өз қолында. Ал бақыт туралы Жақау Дәуренбековтың «Бір нәзік сәуле» кітабында: «Жарық дүниеге келуіңнің өзі - бақыт. Жаратқан

иемнің күнін көріп, ауасын жұтып, суын ішіп, жер басып жүргеннің өзі -бақыт. Адам өмірге бақытымды табам деп келеді»,-деп жазылған.

Көшеде келе жатып, аталар мен әжелерге сәлем берсең, «бақытты бол, айналайын!» деп жатады. Демек, қарапайым амандық сұрасудың өзі бақыт деп білемін. Ал от ауызды, орақ тілді Бөлтірік шешен не дейді? Мына бір ауыз сөзіне мән берейікші...

Бір күні Бөлтірік шешенге алыстан ат арытып амандаса келген бір аңшы:

- Ардақты ата, байлық деген не, бақыт деген не? Соның аражігін ажыратып беріңіз!- деп өтінеді. Сонда Бөлтірік шешен:

Байлық «қолға ұстаған мұз» , ериді де, кетеді. Бақыт- «басқа қонған құс» , күте алмасаң, жериді де кетеді деген екен. Менің пікірімше, бақыт белгісі- білімде. Ендеше, бүгінгі жас ұрпақ білім көкжиегіне бойлап, нәр алып, сусындап өссе, сонда ғана бақыттың бағы жарқырайды деп ойлаймын.

Шынында да бақыт өз қолымызда, егер біз белгілі бір маман иесі болып, халқымызға келешекте адал қызмет етіп, ашық аспан астында аман-есен өмір сүрсек, асқан бақыт сол емес пе?!

Әрбір күніміз бізге бақыт әкелсін дегім келеді. (301)

Арнайы формула бойынша эссе жаздыру

Менің мақтанышым –Астанам					
Кіріспе бөлім					
1	Сөз +ілік септігі	сөз+есімше	сөз+табыс септігі	сөз+жалғау	етістік
2	Қала аты	шылау	сөз+барыс септігі	сөз	етістік
3	Сөз +ілік септігі	сөз	сөз+ септік жалғауының бірі	сөз	етістік
4	Түбір сөз	Сөз +ілік септігі	сөз+табыс септігі	сөз	етістік
Негізгі бөлім					
1	Астана	қандай?	несімен	ерекше	көзге түседі
2	Оның	несіне	кімдер	таңданады?	
3	Астанада	қандай	әсем	ғимараттар	бар?
4	Бәйтерек	Астананың	қандай	тағы қандай	көрінісі?
5	Нелер?	тағы нелер?	Астанамыздың	көркі?	
6	Астана туралы өлең шумағынан немесе шығармадан дәйексөз				
7	Астана	бас қала	болғалы	неше жыл	болды?
8	Осы	мерзімде	Астана	қандай дәрежеге	көтерілді
Қорытынды бөлім					
1	Қыстырма сөз	Астана	ұлтымыздың	несі	саналады?
2	Мен	сөз тіркесі	перзенті	болғанымa	мақтанамын
3	Астананың	Не істеуіне	өз	үлесімді	қосамын
4	Асқақ	Астанам	сөз	сөз	мақтанышы!

Тарихтың сарғыш тартқан беттерін парақтасақ, қазақтың астанасыз болмағанын көреміз. Орынбор, Семей, Қызылорда, сосын бәрімізге мәлім - Алматы. Әрқайсысының тағдыры бар, салмағы бар, өткені бар. Ал бүгінгі астанамыз –Астана! Астана – тәуелсіз еліміздің бойтұмары,

халқымыздың мақтанышы. Күллі әлемнің көркемдік кеңістігін аясына сыйдырып, қайталай түлеткен – Астана! Қазақ ұлысының ұлықтығын барша жұртқа паш еткен – Астана!

Астана арқылы жаңа Қазақстан өзінің жаңа отауын тікті. Оның болмысына бүкіл қазақ елінің рухы сыйып тұр! Көкке шаншылған «Бәйтерек», Самұрық құстың алтын жұмыртқасын аспанға көтерген алып киелі ағаш – бейбітшілік пен келісімде өмір сүруге ұмтылған ұлы мақсат көрінісі деп ойлаймын. Кең даланың қақ ортасында сағымдай болған Хан шатыры, Астана Бәйтерек, Пирамида, көгілдір түске боялған сарайлары, музыка әуеніне елтіген су бұрқақтары және соңғы үлгіде салынған кеңселер мен көздің жауын алатын тұрғын үйлер – Астанамыздың көркі. Осының барлығы санаулы жылдарда бой көтеріп, әлемді аузына қаратты.

Аңсатқан шырын-шәрбәт бал уызы,
Тамсантқан бар әлемді дәру жүзі.
Қазақтың сан ғасырлар арман еткен,

Астана –Азияның ару қызы,- деп жыр жолдаған ақын Кәкімбек Салықов өзінің жыр кітабын «Әлемнің сегізінші ғаламаты» деп атапты. Бұған дейін көптеген жыр жинағын шығарған, алпыстан астам әнге сөз жазған ақын дәуірдің жаңа тынысымен өркендеп келе жатқан әсем қаланы осылай шабытпен жырлаған деп ойлаймын.

Әрине, 25 жыл деген тамырын тереңнен тартқан тарихтың қас-қағым сәті ғана шығар. Десек те, осы мерзім елдігімізді, ерлігімізді айдай әлемге паш етті. Рас, бүгінгі Астананың келбеті көпті таңдай қақтырады. Астана- қай елдің болмасын қақпасы болса, Елорда – Елбасының қолтаңбасы деп санаймын. Осындай Астанасы бар елдің аяулы перзенті болғаным үшін мақтанамын. Сондықтан Астананың айшықты бола беруіне өз үлесімді қоссам деймін. Асқақ Астанам- менің ғана емес, барша Қазақстандықтардың мақтанышы!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Смағұлова Г., Күркебаев К.,Жұмағұлова Ә. Шешендік сөздердің дискурсы.–Алматы: Арыс, 2008.– 184 б.

2. Сыздық, Р. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау: оқу құралы - Алматы:Ғылым, 2002.- 182 б.

3.Баранов, А.Н. Лингвистическая экспертиза текста. Теоретические основанияи практика: учеб.пособ.- М.: Флинта: Наука, 2007.- 591 с.

4. Г. Смағұлова. Көркеммәтінлингвистикасы Алматы. Триумф-Т 2007.

5. Актуальные проблемы современной лингвистики: Учебное пособие / Сост.Л.Н. Чурилина.- 4-е изд.- М: Флинта-Наука, 2009.- 411с.

6. Ахметова, М.К. Мәтінлингвистикасы [Эл.ресурс]: электр. оқуқұралы - Орал, 2007.- 1 эл.диск.

БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Жекеева Алтынай Шокыловна
Хромтау қаласы, №7 Хромтау мектеп- гимназиясының биология пәні мұғалімі.

«Ел есінде бір жыл қалғың келсе – ас бер,
он жыл қалғың келсе, ағаш отырғыз,
ал мәңгі қалғың келсе, бала тәрбиеле»
Халық даналығы

Қазіргі уақытта заман талабына сай ғылым мен техниканың жетістіктерін білім беру саласында жүзеге асыру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Жаңа заманғы білім беру жүйесі жаңа міндеттерді жүктейді. Сондықтан қазіргі білім берудің жаңа ақпараттық технологияларын игермейінше, сауатты, жан-жақты, білімді маман болу мүмкін емес.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Сонымен қатар мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Бүгінгі таңда білім ұйымдарындағы пәндерді дербес компьютер көмегімен оқыту нәтижелігін зерттеудегі ғылыми мәселелерді шешу ең басты орын алады.

Мектептегі пәндерді оқыту процесінде компьютерді қолданып сабақ өткізу мұғалім мен оқушы қарым-қатынасы жүйесін, олардың іс-әрекетінің мазмұнын, құрылымын, өзгерте отырып, олардың мотивациялық эмоциональдық ортасына, сезімінің өсуіне әсер етеді.

Ғалымдар биологияны — XXI ғасыр ғылымы деп танығандықта, ол жаңа ақпараттық технологияларымен тығыз байланысты. Қазіргі кездегі білім беру жүйесінде негізгі мақсат оқушыға жеке тұлға ретінде қарап оның дамуына көп көңіл бөлуде. Бұл пәнді оқыту мұғалімге зор міндеттерді талап етеді, өйткені ол бүкіл сыныптың қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс. Міне, осы жағдайда жаңа технологиялардың көмегі зор. Оқыту үрдісін компьютерлендіру мақсатында интерактивті тақтамен жұмыс жасау тиімді. Қазіргі уақытта Қазақстанның жалпы орта білім беретін мектептерінің барлығы дерлік интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген. Интерактивті әдіс – диалогтік әдіс, нәтижесінде сабаққа қатысушылар бір-бірімен байланыса отырып, мәселелерді шешеді. Интерактивті тақта мектеп сыныптарында әр пән бойынша, соның ішінде биологиядан зертханалық сабақтарды өткізген кезде оның құрылғылары (датчиктері) қолданылады. Қарапайым тақта және компьютер проекторына қарағанда, интерактивтік тақта сабақ мазмұнын кеңінен ашуына мүмкіншілігі өте зор. Интерактивтік тақтаны пайдалану кезінде үлкен жетістікке қол жеткізу үшін, тек қана сауатты сабақ жоспарлап, керекті материалдарды дайындау керек.

Оқушылар биология сабағында арнайы компьютерлік бағдарламалар мен электрондық оқулықтарды пайдалану арқылы кез-келген тақырыпты өздері меңгереді. Бұл оқушылардың

пәнге деген қызығушылығын арттыруға, олардың ой-танымын кеңейтуге, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасауына көп көмегін тигізеді. Биология пәні бойынша компьютерлік тестілеуді қолдану оқушылардың интеллектуалдық танымын арттырады. Оқушылар бір тестілеуден жақсы нәтижеге жеткенше бірнеше қайтара өтеді. Бұл тестілердің барлығы биология бойынша мемлекеттік білім стандарты талаптарына сәйкес келеді. Ол оқушылардың интеллектін, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, тірі табиғатты, ағзаларды толығымен түсінуге ықпал жасайды. Биология пәнінің кейбір тараулары ойлануды, талдай білуді, салыстыруды қажет етеді.

Биология сабағында компьютерді пайдалану оқу үрдісінде мұғалімі мен оқушының оқудың жеке дара шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік береді.

Жаңа сабақты түсіндіру барысында сабақтың мазмұнын дайын күйінде бермеуге тырысамын. Оқушылардың өздігінен танып-білу дағдыларын қалыптастыра отырып, жаңа тақырып бойынша анықтама, ережелерді өздері құрастырып тұжырымдай білуіне жетелеймін. Ол үшін оқытудың интерактивті формаларын сабақта қолданамын.

Биология сабағын өтуде өз пәніме деген оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін сабақты түрлендіріп, өмірмен байланыстырып, қазіргі заман талабына қажетті білім алуға жағдай жасауға тырысамын.Оқушыларды сабақтан жалықтырып алмас үшін бүгінгі күндегі жаңа технология бойынша сабақ үлгілерін ойластырып, күнделікті жоспарға өзгерістер ендіріп, сайыс, дебат, XXI ғасыр көшбасшысы түрінде сабақтар өткіземін. Және сабақта оқытудың интерактивті әдістері мен СТО бағдарламасының кейбір элементтерін көп қолданып жүрмін. Сонымен бірге биология сабақтарында оқушыларға мынадай талаптар қойылады:

-үйге берілген тапсырманы оқулық бойынша оқу;

-оқыған материалды биологиялық тілде айтып шығу;

-тақырыпқа байланысты таблица жасау, тірек-сызбасын сызу, негізгі терминдерді жатқа айту;

-тақырыпқа сай өз пікірін айта білу,

-қосымша ақпарат көздерінен алынған материалдармен тақырыпты толықтыра білу.

Осы талаптарды өз деңгейінде орындаған оқушыны қабілетті деп танып, ол оқушымен мынадай жеке жұмыстар жүргіземін.

Қазіргі оқу үрдісінде дәстүрлі емес сабақтар, кештер, дидактикалық ойындар, әр түрлі әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылып жүр. Ұстаз қандай әдіс-тәсіл қолданса да мақсат біреу, ол оқушыға тиянақты да сапалы білім беру және оны әр түрлі қосымша материалдар мен оқушының тиянақты да сапалы білім беру және оны әр түрлі қосымша материалдар мен оқушының есінде қалатындай етіп ұйымдастырып бекіту. Ұстаз оқушылардың пәнге қызығуын арттыру мақсатында өз тарапынан шығармашылық ізденістер жасап, әр түрлі дидактикалық кештер ұйымдастыруы керек.

Биология пәнінің дидактикалық ойын кештерінің мазмұны тіршіліктің құндылығын, биологиялық мәселелердің маңыздылығын жете түсінуге, оқушылардың өмірге деген көз қарастарын жан-жақты дамыту, оқытудың теориялық бағытын, практика жүзінде іске асыру, қоршаған ортамызды аялай білуге үйрету және оқушыларға өмір сүру заңдылықтарын терең сезініп, оны дұрыс қабылдауына мүмкіндік береді.

Оқушылардың сабақтағы белсенділігі олардың сабаққа деген қызығуларының артуымен тығыз байланысты. Әсіресе, дидактикалық ойындар оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін жетілдіріп, өз пікірін дәлелдеуге, сыныптастарымен еркін пікірлесуге ықпалын тигізеді. Дидактикалық ойындар оқушыларды биологиялық материалдарға қызықтыруымен қатар алған білімдерін бекіту, тереңдету үшін де тиімді. Өйткені, дидактикалық ойындар оқушылардың танымын кеңейтіп, оның ойлау қабілетін ізденімпаздығын еңбекқорлығын жетілдіруге, олардың жеке тұлғалық қабілеттерін тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.

Дидактикалық ойындар және қызықты жаттығулар арқылы теориялық білімді нақтылап, білім-білік дағдыларды қайталап және бекітуге арналған.

Қазіргі кезде ойын мәселесі бірқатар ауқымды зерттеулерде қомақты орын алып, оның баланы дамытудағы мәні анықталды. Оқушыларды дидактикалық ойындар арқылы әлемдік ізгілік пен әдептілік негіздерімен тәрбиелеу қолға алынды. Бұл үшін әлемдік тәрбиенің озық үлгілерін, сыннан өткен тәрбие көздерін биологияны оқыту барсында тиімді қодану қажет. Осы бағытта:

1.Идеялық-саяси, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру;

2.Дүниеге дұрыс көзқарас қалыптастыру;

3.Отанымыздың мейлінше бай, көркемдікті бағалай ілуге, елін, жерін қадір тұтып, сүюге тәрбиелеу;

4.Балалардың алған білімдері мен оқу дағдыларын, шеберліктерін жетілдіру, тілін онан әрі дамыта түсу;

5.Еңбекке қызығу, еңбекқорлыққа тәрбиелеу керек.

Ойынның маңызы туралы В.А.Сухломинский: «Ойын дегеніміз – орасан зор жарық терезе, осы терезе арқылы баланың рухани дүниесіне қоршаған дүние туралы түсініктерін, ұғымдардың ширақ тасқаны келіп құйылады. Ойын дегеніміз – бұл ынталық пен құмарлықтың отын жағатын ұшқын».

Биологиялық кештерде, КТК (көңілдер, тапқыштар клубы), брейн-ринг өткізу барсында, сабақты бекіту кезеңінде, үй тапсырмасын сұрау кезеңінде, үйірме жұмыстарында биологиялық жұмбақтарды қолдануға толығымен болады.

Дидактикалық ойын кеші – эмоциональды өте қызықты өтетін тәрбие жұмыстардың бірі. Өткізілетін дидактикалық ойын кештері тек тыңдаушы, көрермендерді ғана емес қатысушылардың қызығушылығына үлкен әсер етеді.

Әдебиет:

Аужанова Н.Б. Внеклассная работа по биологии. Учебное пособие. –Алматы: Даир, 2008.

Аужанова Н.Б. Дидактические игры по биологии и экологии. Методические рекомендации. – Алматы: Даир,2008.

PISA ЗЕРТТЕУЛЕРІ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ДАҒДЫЛАРЫ

Жәкенова Гүлхан Біржанқызы
№47 жалпы білім беретін орта мектебі

Жеке тұлғаның одан әрі өз бетінше білім алуы мен дамуына қажетті негізгі құралдардың бірі *оқу сауаттылығы* болып табылады. Осы ұғым үш құрамдас бөліктерден тұрады. Ол адамның оқыту барысында оқығанын педагогикалық әрекеттің маңызды бағыты ретінде *түсіну* қабілеті. Пән мұғалімі жұмысының қолданбалы аспектісі білімгерді қойылған сұраққа толық жауап беру барысында мәтін ақпаратын *пайдалануға* үйретуі болып табылады. Және одан да маңызды нәрсе - оқушы белсенділігінің басты көрсеткіші ретінде *ойлау* қабілеті болып табылады. PISA тесті оқу сауаттылығы бағытындағы мектеп түлегінің алған білімі мен дағдыларын шынайы өмірлік жағдайларда табысты жүзеге асыруы үшін қажетті құзыреттіліктерді мектеп білімі сапасын бағалау саласындағы халықаралық сарапшылар тұрғысынан нақты айқындаған. Оқу сауаттылығын бағалау үшін білімгерлерге мәтінде берілген ақпаратты салыстырып көру, автордың ойын білу, жауапты дайындау барысында

әлем туралы өз пайымдауына сүйеніп, өз ойын қорғайтын дәлелдер келтіру ұсынылады. Мәтін, жағдаят және сұрақ-оқу сауаттылығын бағалаудың үш негізгі параметрлері болып табылады. Оқу материалдарының диапазоны түрлі форматтарда берілген-көркем әдебиет пен ғылыми-танымал мәтіндер, ресми құжаттар, қоғамдық мәні бар оқиғалар туралы ақпарат, кестелер, кескіндер, сызбалар және карталар. PISA мәтіндерінің ерекшеліктері оларды баяндаудың шынайылығы (өмірден алынған мысалдар). Бұл орайда, зерттеудің осы бағыты бойынша тест сұрақтары ретінде көркем мәтіндер де қолданылады.

PISA зерттеуінде оқу сауаттылығы ұғымын оқушылардың жазбаша мәтіндерді ұғына оқу қабілеттілігі және оларға рефлексия,олардың мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қолдануы, білімдері мен дағдыларын қоғамның белсенді өміріне араласуы үшін дамытуы деп түсінуге болады. Оқушылардың оқу сауаттылықтарын тексеру оқу техникасы немесе мәтіннің мазмұнын нақты түсінуін бағалауға емес, оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған. Оқу сауаттылығын бағалау барысында үш аспекті есепке алынады:

- оқу материалдарының форматы;
- тапсырманың түрі;
- мәтіннің қолдану жағдайы немесе мақсаттары. Зерттеу барысында

мәтінді толық түсінгенін дәлелдейтін машықтары мен меңгере білу деңгейлері бағаланады: мәліметті табу, мәтінді түсіндіріп беру, мәтіннің мазмұнына немесе оның формасына рефлексия және олардың бағасы.Ұсынылатын мәтіндер үш түрге бөлініп қарастырылады:

- тұтас мәтіндер (көркем әдебиет мәтіндері);
- тұтас емес немесе жадағай мәтіндер (хат, жарнама, диаграмма, кесте, баннердегі жазбалар, хабарлама, хабарландыру, фотосуреттер т.б.);
- аралас мәтіндер (ғылыми еңбектер, автобиографиялар, газет-журналдардағы мақалалар т.б.)

Мәтіннен мәлімет таба білуді бағалау үшін, мәтінді қарап шығып, оның негізгі элементтерін анықтау және сұрақтан гөрі қажетті (синонимдік) форманы бейнелеген мәліметті іздестіру үшін тапсырмалар қолданылады.Оқушылардың мәтінді түсіндіріп беру қабілетін бағалау барысында мәтінде берілген әр түрлі мәліметтерді салыстыру, автордың сипаттаған ойларынан қорытынды жасау немесе мәтіннің мәнін түсіну ұсынылады.Рефлексияны бағалау үшін мәтіннің мазмұны немесе формасына, оқушы тапсырманы орындау барысында мәтіндегі мәліметті басқа жерден алған білімдерімен байланыстыра білуіне, мәтінде берілген бекітулерді өмір туралы өз көзқарастарымен байланыстырып, дәлелдеулеріне көңіл бөлінеді.

Қай салада да ғылыми дәлдік, мәтінмен жұмыс жүргізу кезінде кездесетін интерпретациялау мен герменевтикаға өз ықпалын тигізбей қойған жоқ. Мәтіннің ерекшеліктері мен мазмұнын сол тілдің құрылымын, стилін, лексикасы мен грамматикасын тілдің мінсіз дұрыстығымен үйлестіре отырып, ескеру арқылы дұрыс, дәл және толық жеткізе білу талап етіледі. Дәлме-дәл немесе балама (адекватты) жеткізу тәсілін қолдануда сөйлеуші немесе түсінігін айтушы барынша түпнұсқаның коммуникативтік, мағыналық сәйкестігін сақтауды, оның стильдік ерекшеліктерін жеткізуді көздейді. Интерпретациялау көркем мәтіннің немесе тұтас мәтіннің түпнұсқасының коммуникативтік белгілерінің тұтас жеткізілуіне, сөйлеуші үшін қаламгердің суреткерлік шеберлігін танытуға мүмкіндік беретін бірден-бір тәсіл болып саналады. Көркем мәтін белгілі бір мазмұнды жеткізу үшін тілдік құралдарды мақсатты түрде іріктеу мен айрықша ұйымдастырудың нәтижесі болып табылады. Көркем мәтінді интерпретациялау оны түсіну мен түсіндіруге апаратын үдеріс ретінде мәтіннің мазмұнын ашуды көздейді. Соңғы жылдары көркем мәтінді интерпретациялау мәселесі түрлі аспектіде тілші педагогтардың назарында тұр. «Интерпретация» сөзінің

мағынасы сөздікте «түсіндіру», «түсінік беру», «мағынасын ашу» дегенді білдіреді. Ағылшын және француз тілдерінде «interpret» бір мезгілде «аудару» және өзінше «түсіндіру, талқылау» дегенді білдіреді. Мәтінді интерпретациялау – сол мәтіннің ішіндегі мазмұнды ашу деген сөз. Нәтижесінде, кез келген мәтінді оқу, жалпы кез келген сөзді қабылдау (адам оқығанын немесе естігенін түсінген жағдайда ғана) интерпретациялау болып табылады. Мәтінді интерпретациялау қандай да бір дәрежеде терең, қандай да бір дәрежеде толық болуы мүмкін. Зерттеу қызметі немесе оқу практикасы ретіндегі мәтінді интерпретациялаудың негізгі міндеті мәтіннен барынша мол ақпарат алып, автордың мәтінге жүктеген мазмұнын, сонымен қатар, автордың еркінен тыс жүктелген мазмұнның мағынасын өзі үшін ғана емес, өзгелерге де барынша ұғындыруды көздейді. Көркем мәтін шектеулі кеңістікте тілдің мүмкіндіктерінен едәуір асып түсетін ақпарат көлемін шоғырландырады. Сондықтан да көркем шығарманы интерпретациялаудың мәні көркем мәтінді тұтас бірлік ретінде, сондай-ақ оның әрбір деталі бүкіл шығарманы көрсететін немесе бүкіл шығарма кішкене бір детальда көрініс табатын қандай да бір жүйе ретінде түсіну мен түсіндіруден тұрады.

Бүгінгі шәкіртке сұрақ мазмұнын түсініп, түйсіну жеткіліксіз. Ол күрделі сұрақтарға толық жауап беріп қана қоймай, қорытынды жасап, оны дәлелдеу және бағалау тәрізді тапсырмалар орындай алуы тиіс. Бұндай құзыреттілік мәтінмен жұмыс істегенде дамиды.Білім берудің нәтижесі болып құзыреттіліктің қалыптасуы саналады, сондықтан түсіну, қолдану мен пайымдау, дәлелдеу, бағалау сипатындағы тапсырмалардың айырмашылығын ажырата алу қажет. Пайымдауға құрылған тапсырмалар идеялар ұсыну, конструкциялау, аргументтер келтіру, негіздемелі тұжырымдар айту т.б. ой операцияларының белсенділігін талап етеді.

Сондықтан тұлғаның логикалық ойлау қабілеті мен бағалау біліктілігі қалыптасқан болу керек. Бұл мұғалімнен шеберлікті талап етеді. Сабақ кезеңіне сай бейнероликтерді көрсетіп, оқушыларға өздерінің ойларын ортаға салдырту да тиімді. Сонымен оқушыларды полемикаға түсіру жолдарының бірі – өткір де өзекті сұрақтар.

Оқу сауаттылығы бойынша сұрақтардың классификациясы:

1. Анықтаушы сұрақтар - өз бойында келтірілген пікірдің шынайлылығын немесе жалғандығын ажыратуға бағытталады**.**

2. Толықтырушы сұрақтар- тақырыптарға қатысты жаңа білімді, тұжырымдарды анықтаумен тікелей байланысты. Мұндай сұрақтардың грамматикалық белгілері *кім, не, қашан, қалай, қайдан, неге,* және т.б. сұрау есімдіктері болып табылады.

3. Өткір сұрақтар - нақты бір проблемаларды талқылағанда

өзекті сұрақтар да қойылады, яғни олар өмірлік маңызды, өзекті, принципті мазмұнда құрылады. Жалпы, сұрақ-жауап алаңы тиімдірек, өйткені оқушы көбінесе өзінің жаттап алған немесе қысқа жауаптарын айтумен шектеледі. Өз көзқарасын білдіруе, оны бүгінгі күнмен байланыстыра алуға үйрету арқылы тұлғаның өмірлік маңызды қасиеттерін қалыптастыруға болады.

Оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін оқушыларды белсенді оқыту әдістері арқылы оқыту өз тиімділігін дәлелдеді. Әр түрлі жағдайдағы қызықты, оқиғалы материалды ұсына отырып, балаларға мағынасын түсіну үшін мәтінді зейін қойып оқу, мазмұны бойынша ашық сұрақтар қою, кейіпкерлер орнына жағдаятқа өзіңді қойып көру сынды дағдылар қалыптастыру қажет. Ақпаратты оқу барысында не түсінікті, түсініксіз, қызықты ақпарат, жаңа ақпарат, келісемін, келіспеймін деген белгілер қойып отыруға үйрету, сөз мағынасын мәнмәтінде (контексте) ажырата білу (бейтаныс сөздердің мағынасын болжау) мәтін құрылымын түсіну үшін оқу қарастырылады.

Бүгінде қазақ тілі сабақтары халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, төрт дағдыға бағытталып оқытылады:*тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым.*

Оқылымның түрлі әдістерін қолдану арқылы оқушыларды сауатты оқуға дағдыландыра аламыз:

- ✓ көз жүгіртіп оқу;
- ✓ нақты ақпаратты табу үшін оқу;
- ✓ жалпы идеяны түсіну үшін оқу;
- ✓ детальды түрде оқу;
- ✓ суретке қарап болжай білу;
- ✓ мәтін түрлерін ажырату үшін оқу(хабарлау, мақала, жарнама, сипаттау, т.б.);
- ✓ интенсивті оқылым (үлкен, көлемді мәтін);
- ✓ назарын шоғырландырып оқу (кейін мазмұнын сыныптасына айтып беретін болған жағдайда);
- ✓ мазмұны бойынша талқылау.

Ал, кез келген ауызша немесе жазбаша ақпаратты түсінуін қамтамасыз ету мақсатында сөздерді синониммен алмастыру, сөйлемді немесе бөлімді өз сөзімен қайта жазу (перифраз), сұрақтарға өз сөзімен жауап беру, белгілі бір дәйексөзге өз көзқарасын білдіру, яғни тарқатып жазу сынды тапсырмалар орындату өз жемісін береді. Ең бастысы – осы тапсырмаларды орындау үшін оқушылар берілген мәтінді зерттеп оқып, мазмұнын жан-жақты талдап үйренеді. Қазіргі жасөспірімдер ақпараттың көптігінен кітап оқығысы келмейді, зейін қойып оқымайды, осы мәселені шешуде мәтінді кодтап оқу өте тиімді әдіс. Бұл жағдайда шәкірттер берілген мәтінді әр түрлі белгі қойып оқиды және өзіне қызықты ақпаратты ! белгісімен, негізгі идеяны беретін сөйлемнің астын сызып қояды. Осы тектес әдістерді үнемі пайдаланған жағдайда оқу сауаттылығын қалыптастыруға әбден болады.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН – ЖАҢА ЗАМАН – ЖАҢА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Жиеналиева Айнур Ералиевна
Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы, №2 Қандыағаш қалалық ЖББОМ

Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Өйткені, Жаңа Қазақстанды дамыған бәсекеге қабілетті елдердің қатарында терезесін тең ететін – білім. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту қазіргі білім беру жүйесінің алдына оқу үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Мектеп өміріне еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан–жақты дамыту.

Қазіргі заманғы оқыту технологиялары педагогикалық және психологиялық ілімдер негізінде құрылған дамытушы, тұлғалық бағдарлы, мақсатты технология болып табылады.

Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс- тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде. Қазіргі заманның талабына сай болу және жаңа формация мектебінде жұмыс істеп жүрген педагогтардың алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Сол міндеттердің бірі-оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп, қазіргі заманауи педагогикалық үдерісті меңгеру.Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалып отыр.

Бұрынғы дәстүрлі оқыту мен бүгінгі жаңа технологиялармен оқытудың артықшылықтары мен ерекшеліктерін мынадан көруге болады. Қазіргі заманғы жаңа технологияларды химия сабақтарында қолданудың тиімділігі мынада;

- Онда білім жан - жақты беріледі. Білім мен техника жаңалықтары арқылы.
- Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы өте жоғары деңгейде болады.Оқушы мүмкіндік деңгейден, шығармашылық деңгейге дейін білім алады.
- Сабақтарда қолдану барысында күнделікті өмірмен, ақпарат құралдары, әлем жаңалықтарымен байланыстыруға болады.
- Барлық оқушы өз ойын еркін айта алады, еркіндік позициясы орын алады.
- Қосымша әдебиеттермен жұмыс жасайды, интернет желісін пайдалана алады. Интернет желісі арқылы олимпиадалық тапсырмаларды орындайды.
- Оқушының жеке дара жұмыс жасауын ұйымдастырады. Ол үшін әр оқушының өзіне тән ерекшеліктерін ескереді. Әр оқушыны қабілетіне қарай оқытады.
- Ғылым сөзіне алғашқы қадам жасалады.
- Мұғалім сабақ түрлерін өткізу барысында дамыта оқыту ойындарын, деңгейлік тапсырмалар, танымдық ойындар арқылы қызықты етіп өткізеді.
- Денсаулығында кемшілігі бар балалар үшін нашар еститін, нашар көретін, тілінің кемістігі бар оқушылар үшін оқытудың тиімді жолдары қарастырылған.
- Оқушы берілген тапсырмаларды көзбен көріп, оқу материалын қайталап және өз бетімен тапсырмаларды орындайды.
- Оқушы қазіргі заманғы ақпараттық құралдар компьютер, электронды оқулықтар, мультимедиялық құралдар, интерактивті тақталармен қамтамасыз етілген. Оқушы осы құралдарды өзі басқарып, жұмыс жасай алады. Компьютерлік сауаттылығы артады.
- Білім алушы тұлғаның интеллектуалды дамуы аз уақыт ішінде қабылдау дәрежесінің жоғары мөлшеріне жетуіне бағытталғандығы;

Осыған орай мектеп білімі түбегейлі жаңартылып, мұғалімнің қызметінің мақсаттары кеңейіп, үлкен өзгерістер үстінде.

Әр педагогтың міндеті-оқушының шығармашылық ойына бағыт беру, шығармашылық ізденісті қолдау, жағдаяттар туғызып, оның шешімін табуға бағыттау, жаңаны іздеуге, жүйелі зерттеулерге талдау жасауға талпыныс беру.

Мұнда басты назар аударатын нәрсе – оқушылардың ауызша, жазбаша тілдерінің өзара ұштастырыла отырып және соған сәйкес жұмыстың ауызша, жазбаша түрде көрініс табуларын талап ету. Соның негізінде ғана біздіңше, тіл байлығы мол, сауатты да шығармашыл жас жеткіншекті тәрбиелей аламыз.

Бүгінгі таңдағы оқыту үрдісі жаңа әдіс –тәсілдерді , жаңаша идеяларды талап етеді. Әр мұғалім өз іс-тәжірибесінде көптеген қиындықтар мен кедергілер мен кездеседі. Ол заман көшіне ілесу үшін өз білімін жетілдіріп отыруы қажет.

Оқытудың жаңа технологиясын пайдалану-сапалы білім негізі. Атап айтсақ: 1. Жаңа педагогикалық педагогикалық технология 2. Ойын технологиясы. 3. Проблемалы оқыту технологиясы. 4. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы 5. Деңгейлік саралау технологиясы. 6. Жекелеп оқыту технологиясы. 7. Топтық технология 8. Кезеңдеп оқыту технологиясы 9. Жеке пәндік педагогикалық технология. 10. Өзіндік дамыту технологиясы (М. Монтессори) 11. Дамыта оқыту технологиялары. 12. Модульдік оқыту технологиясы.

Жаңа технологияны қолдану мына кезеңдер арқылы іске асады:

I кезең: оқып-үйрену;

II кезең: меңгеру;

III кезең: өмірге ендіру;

IV кезең: дамыту.

Жаңа технологияны қолдануда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, үлкен ізденіспен, шығармашылыққа жетелеуге де болады. Нәтижесінде оқушы:

Оқыту процесінде жаңа технологияларды қолдана отырып білімін шыңдайды;

Жаңа оқыту үрдісін қалыптастырады;

Өздігінен ізденімпаздық қабілеті артады;

Болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін ізгілендіру, инновациялық үрдісте тиімді қолдану қазіргі заман талабы.

”Мектептің тірегі де, тілеуі де оқыта білетін мұғалім” деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, жас ұрпаққа заман талабына сәйкес білім беру мүмкін емес. Біздің жалпы білім беретін орта мектеп жұмысында инновациялық процесті жобалау және бағдарлы білім берудегі мақсатымыз – шығармашылық ізденістегі ұстаздар қатарын толықтыру, білім беру мен оқыту әдістемесін жаңа технологиялармен байыту, жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның бәсекеге қабілетті жеке тұлғасын тәрбиелеу болып табылады.

Қорыта айтқанда, жаңа технологиялардың қай түрін алсақ та, олардың тиімділігі тек қана мұғалімнің шеберлігімен және осы шеберлікті шыңдай түскендігімен ғана шын күшіне ие бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан Республикасы Президент! Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. - Астана, 2007.-2-7 б.

2. Ошанова Н.Т. Білім беру жүйесіндегі технологиялардың көмегімен оқушылардың дүние танымдық көзқарастарын қалыптастыру.- Алматы 2012.

3. «Оқыту- тәрбиелеу технологиясы» журнал -2010 №3,5, 2011 ж.ж №5,

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮШІН НЕГІЗ РЕТІНДЕ ӨМІР ӨНІМДІ ЖОЛДАРЫН ДАМЫТУ

Жиенбаева Алия Есенжановна
№4 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебі

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші.

Оқушылардың функционалдық сауаттылық мазмұны келесі құзыреттіліктерден көрінеді:

Жалпы, сауаттылық адамның білімділігіне қатысты ұғым екені белгілі. Яғни, сауатты деген сөздің түпкі мағынасы оқу, жазу, санау біліктіліктері қалыптасқан, грамматикалық тұрғыда таза, қатесіз жаза, сөйлей, оқи алатын, сондай-ақ дұрыс есептей білетін адам сауатты ретінде танылады. Ал «функционалдық сауаттылық» белгілі бір кезеңге сай субьектінің алған білімі мен білігі негізінде сауатты іс-әрекет ете алуы деген мағынаны білдіреді. Сонымен, функционалдық сауаттылық – жеке тұлғаның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесе отырып, меңгерген білімді тұрмыс тіршілікте қолдана алуы мен жетілдіре отыруы. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда іштей сөйлеу мен сөйлесімнің мәнін назарға алу олар орындайтын жаттығулар мен тапсырмаларды іріктеуде маңызды рөл атқарады. М.Жұмабаев:«Сыртқы дүниемен, адамзат тұрмысымен жаңа таныс болып келе жатқан адам бар нәрсені білуге, бар білгенін есте ұстауға ұмтылады. Естің қатынасуын қатты керек қылатын ғылымдарды үйретуге қолайлы шақ осы. Бұл жаста баланың міндеті ой жүгіртіп білімді іске асыру емес, білімді молайта беру; даярлай беру, бар нәрсені еске ала беру»,- деп, балаларда жасынан білуге, тануға ерекше талпыныс пайда болатынына тоқталады.

Оқыту үдерісінде пәндік білім, білік, дағдыларды, яғни құзыреттіліктерді меңгертуде балалардың жас кезеңдеріне сәйкес пайда болатын жетекші әрекеттерге назар аударылды. Бастауыш сыныптан мектептің орта сатысына өту кезеңінде балалардың өзін қоршаған адамдармен қарым-қатынасы жаңа арнаға түседі: даралық сезімдері бас көтеріп, өзін-өзі тани бастайды. Білім беруде бұл мәселелер ескеріліп отыруы тиіс. Бастауыш мектеп кезеңі оқушылардың оқу, қарым-қатынас, еңбек секілді жетекші әрекеттер негізінде жалпы және ерекше қабілеттерінің дамуымен сипатталады. Оқу әрекетінде олардың жалпы интеллектуалдық қабілеттері қалыптаса бастайды.

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздеріне алынатын дидактикалық ұстанымдар екі бағытта белгіленді. Пәндік білім, білік, дағдыларды меңгертудегі шығармашылық ұстаным сабақты шығармашылық үдеріс ретінде құруды мақсат етеді. Оқу үдерісінде жұптық, топтық жұмыс

түрлеріне, біріккен шығармашылық тапсырмалар мен жобаларды орындауға үлкен мән берілді.

Оқыту үдерісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын (жаратылыстану, математика, оқу және жазу, т.б.) қалыптастыруда, ең бастысы, оқушыларды ғылыми біліммен қаруландыру міндеті аса маңызды. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын (жаратылыстанулық, математикалық, оқу және жазу, т.б.) қалыптастыруда басты рөл атқаратын, басты орында тұратын ұстаным – ***теория мен практиканың байланыста болуы*** ұстанымы. Оның мәні – оқушыларға теориялық білім беріп қана қоймай, сол білім, білік, дағдыларын күнделікті жаңарып, өзгеріп жатқан өмірде, кез келген жағдаятта емін-еркін қолдана білуін қамтамасыз ету. Ол үшін күнделікті оқыту үдерісінде әрбір пәннен берілетін теориялық білімді өмірдегі жағдайлармен байланыстырып, практикалық жағына бағыттап отыру керек. Бастауыш сынып оқушыларының жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығын қалыптастыруда ерекше орын алатын ұстанымдардың бірі – ***кіріктіру*** ұстанымы. Бұл ұстанымның мәні – ғылыми жаратылыстанулық білім мен адам әрекетінің түрлері және қоғам туралы ұғымдар кіріктіріліп біртұтастықта берілуі. Яғни, адам, табиғат, қоғам бөлек қаралмай, адамның іс-әрекеті үнемі табиғи ортада, қоғамда (отбасында, мектепте, қоғамда, табиғатта, т.б.) бір-бірімен байланыста қарастырылады.

Оқытудың нәтижелілігін арттырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын (жаратылыстанулық, математикалық, оқу және жазу, т.б.) қалыптастыруда басшылыққа алынатын негізгі ұстанымның бірі – ***білімнің беріктігі*** ұстанымы. Бұл ұстанымның мәні – оқушылардың меңгерген білімдерінің берік әрі тиянақты болуы. Ол жоғарыда аталған ұстанымдардың өзара байланысын қамтамасыз еткен жағдайда ғана іске асады, яғни аталған ұстанымдардың барлығына тәуелді болып келеді. Оқушылардың алған білімі жүйелі, берік, тиянақты, терең болуы үшін мынадай мәселелер ескерілуі тиіс: өтілген оқу материалындағы өзекті мәселелерді, негізгі ережелер мен ұғымдарды есте сақтауларын қамтамасыз ету. : а) күнделікті сабақ барысында; ә) белгілі бір тақырыпты немесе тарауды, бөлімді аяқтаған уақытта; б) тоқсан аяғында; в) оқу жылының басында және соңында;

- өтілген тақырыпты практикалық жаттығулармен (ауызша, жазбаша тапсырмалар, жаттығулар, тәжірибелік-бақылау жұмыстары, т.б.) байланыстырып отыру;
- оқушылардың білім сапасын есепке алып отыру (тексеру және бағалау), кемшіліктерін анықтап, тиісті жұмыс жүргізу;
- өтілген оқу материалындағы өзекті мәселелерді, негізгі ережелер мен ұғымдарды есте сақтауларын қамтамасыз ету.

Мектептегі оқу-тәрбие үдерісінде ***мәдениеттендіру*** және ***ізгілендіру*** ұстанымының алар орны айрықша. Бүгінгі оқушы – оқу-тәрбие үдерісіндегі орталық тұлға, ертеңгі Қазақстан Республикасының азаматы, еліміздің саяси, экономикалық, әлеуметтік дамуына өз үлесін қосатын қызметкер немесе жұмысшы.

Сондықтан да олардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырумен қатар, мәдени-рухани дамуына, яғни оқушылардың жалпы мәдениетін көтеруге баса көңіл бөлініп, жеке бас гигиенасынан бастап, жалпы халықтық мәдениет туралы мәліметтер беруге дейін мән берілуі керек. Сондықтан әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда ұғымдық-ақпараттық материалдармен шектелмей, әдебиет, сәулет, өнер, ғылым салаларынан да белгілі бір деңгейде мағлұматтардың енгізілуін ескеру қажет.

Қорыта келе, бастауыш мектептегі оқыту үдерісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда жоғарыда аталған ұстанымдардың қай-қайсысының да қызметі ерекше. Себебі, бұл ұстанымдардың негізінде ұйымдастырылған оқыту үдерісі оқушылардың берілген білімді жүйелі, терең, берік, сабақтастықта және біртұтастықта, ғылыми білімдер жүйесін практикамен байланыста, жеңілден ауырға, қарапайымнан

күрделіге, нақтыдан белгісізге қарай жүретін бағытта белсенді түрде әрі қызығушылықпен меңгеруін қамтамасыз ете алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бастауыш сынып №10 2013ж «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын сабақтарында пайдаланып оқушылардың шығармашылығын арттыру» Ә.Рысбаева
2. Бастауыш сынып №7 2014ж «Бүгінгі білім, ертеңгі байлық» Б.Смагулова
3. Ұстаз №1 2013ж «Қазақ тілі сабақтарында жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерарқылы оқушылардың сауаттылықтарын арттыру» Батыркаирова А.С
4. Дамыта оқыту технологиялары. Б.А.Тұрғынбаева

ДАРЫНДЫ БАЛА

Жиренова Самал Жолдасбайқызы
МКҚК «Болашақ» бөбекжай – балабақшасы

«Дарындылық табиғаттан берілетін ерекше қасиет»
С. И. Ожегов

Қазақ халқы өте дарынды халық. Ұлы Абай атамыз айтқандай-«көрсем, білсем»-деген баланың жанқұмарлығын ұштап, қиялына қанат бітіретін ойлау қабілеттерінің жоғарлауына жаңа ой тудыратын дамытушы-тәрбиеші. Балалық шақтан байқалатын табиғи қабілеттік түрі – дарындылық деп аталады. Дарынды балалар туралы психолог Л. С. Выгодский, А. Совенковтың, Е. Белова нақты деректерді әңгімелерді көп жинақтап жазған.

Психолог Н.С. Лейтес зерттеу бойынша балалардың осындай ерекшіліктері жоғары жүйке қызметінің туа бітті қызметіне (мидағы уақытша байланыстардыңтез жасалып,берік орнығуы, алмасу қабілетінің молдығы, динамикалық стереотиптердің шапшаң жасалынып, жақсы орнығуы, т.б) байланысты екенін көрсетті.

Дарынды бала алғыр, зерек, жинақы келеді, күрделі іс-әрекеттерді шығармашылықпен, зейін қоя беріліп атқарады.Дарындықтың белгілері; білімді игерудегі қайрымдылық, белгілі бір салада(гылым, өнер, т.б.) жұмысты ұйымдастыра және сапалы атқаруға бейімділік не нәрсені болса да қызығушылықпен беріле істеуге, өзіндік даралық қолтаңба, шығармашылық қуат т.б. Сәбидің ерекше қабілетін дер кезінде байқап, жетілдіре түссе шынайы. Дарындылық иесіне - дарындылыққа айналады, ал дұрыс бағдар беріп, бауламаса, тәрбиелей алмаса, қабілеті өшіп, ерекше қасиет-қарымын жоғалтуы мүмкін.

Адамның кейбір өзгешеліктері ана құрсағында болғанда-ақ пайда болады. Мәселен, баланың ата-анасы мен туысқандырына ұқсап тууы. Мұны анатомиялық нышан дейді.Нышанның соңғы түрі дарындылық секілді сатыда болады. Мәселен, баланың есту анализаторларының жетіле дамуы музыкалық қабілет үшін, көру анализаторының өзгешілігі сурет салу қабілетінің көрінуінге септігін тигізеді. Бірақ нышын қабілетінің дамуына бірден-бір шарт бола алмайды. Ол адамның ішкі мүмкіндігінің көрсеткіші. Егер адамның туысынан нышаны болса да, дұрыс тәрбие көрмесе, яғни белгілі әрекетпен айналыспаса, оның қабілеті айтарлықтай дамымайды.

Дарындылық- ұлттық рухани байлық сондықтан ондай балаларға қамқорлық жасау ежелден келе жатқан дәстүр. Дарындылық- адамның өй-өрісін деңгейімен өзіндік іс-әрекетінің ерекше өрістеуіне себепкер болатын жан-жақты дамудың қайнар көзі. Дарынды балалардың басты ерекшелігіне зейінділік, жинақтылық терең ақыл ой жұмысына әр қашанда ұқыпты

еңбекке ынталылық шаршамай талмай еңбектену жатады. Баланың дарынды екенін көре біліп оны дамыту мақсатымен тәрбиелеуде ата-ананың ролі өте зор, өйткені бала бойындағы ерекшелікті алғаш көретін ата-ана.

Баланың дарындылығы тілінің дамуынан ойлау қабілетінің шапшаңдағынан, өз құрбыларына қарағанда даму жағынан сапалық ерекшелігі басым көрінеді. Баланың қиялын дамыту барысында олардың бақылауға, зерттеуге, ойлауға және идеялармен еркін әрекет жасауға үйрету қажет.

Балаға өзінің тапқырлыққа, білгірлікке мақсатқа талпынушылыққа, шапшаңдыққа итермелейтін ойындармен тапсырмалар өте ұнайды.

Баланың шығармашылық дарындылығын дамыту бұл мақсатты жүзеге асыруда әр-түрлі әдіс тәсілдерді қолдануға болады.

Мысалы: Көркем әдебиет сабағында үлгі бойынша ертегінің атын табу.



Жеті лақ ертегісі.



- үш аю ертегісі.

Ертегі мазмұны жүйелеп айтуын, өлеңді, санамақты, мақалды айтуы, жұмбақты тез ойлап шешуі т.б. Дидактикалық ойындар баланың білімін кеңейту үшін маңызды құрал болып табылады. Дидактикалық ойынның материалын құрастыру үшін мазмұнды педогогикалық шеберлік керек, ойын материалдары тартымды, әдемі, ашық түсті балаға ынғайлы қызығатындай болуы қажет (Жылжымалы тақта, буклет, магнитті суреттер)

Дарынды балалармен жұмыс жасау барысында бақылау, эксперемент, тест анкета әңгіме әдістері кеңінен қолданылады. Балалардың дарындылығын дамыту екі бағытқа бөлінеді.

Қиял-елес белсенділігін арттыру арқылы шығармашылығын, дарындылығын дамыту. Ойын болжамдары «Егерде...» 1) Күн болмаса не болар еді?- қараңғы, салқын, суық.

- Ауа болмаса не болар еді? – тұншығамыз, демала алмаймыз.
- Су болмаса не болар еді? - шөлдейміз, өсімдікке су керек.

Бұл ойын қиялдау негізінде жүзеге асады. Баланың қиял елесі және шығармашылық дарындылығы дамиды, қиялының өрстеуіне әсер етеді.

2. Сөйлеу шеберлігін арттыруда шығармашылық дарындылығы дамиды.

Мысалы: Бір әңгімені оқып ондағы кейіпкердің орнына өзін қойып әңгімелету немесе сен басқа тағыда қандай жақсылық жасаған келеді деген сұрақ қою арқылы әңгімелету оның ой ұшқырлығын дамыту.

Дарынды балалардың бойында кездесетін тағы бір қасиет-жарысу. Бұл қасиет тек қана оның жеке тұлға ретінде қалыптасып мінез құлқының нығайюна көмегін тигізеді. Зерттеулерге қарағанда дарынды балалар ойын барысында оны ұйымдастырушы және басқарушы рөлін атқаратыны байқалады, ол ойын барысында ойнаушының жіберген қатесін алдын-ала көріп, оны жөндеу үшін ұмтылады.

Балаға берген дұрыс білім тәрбие оның дамуына көмектеседі. Мысалы: Эстафеталық жарыс ойындарында мықты жанкүйер болады.

Балаға берген дұрыс білім тәрбие оның дамуына көмектеседі. Мысалы: Мүсіндеу сабағында балалардың көбінесе ойлау қабілеттері жақсы дамиды. Белгілі бір мазмұнды тақырыпқа жасап, ары қарай өз ойынан күрделі мүсіндеуге қиялын, шеберлігін ұластырады.

Дарынды балалардың таңдауларын қалауларын ескере отырып мақтау арқылы түсіндірген жөн. Мысалы: Тіл дамыту сабағында мамұнды сурет бойынша әңгіме айтуға қалыптасады.



Балалар схема бойынша табиғат сұлулығына ризашылығын білдіреді, Отанға деген сүйіспеншілігі артады. Сонымен қатар сызба ішіндегі суретті тегіс әдемі бояуы, өз еркімен мазмұнды суретті сала ойлау қиялдау шығармашылық шеберлігі дамиды. Кішкентайынан ән айтуда бала бойында біткен әнші шеберлік ынтасы, ата-бабаларынан жалғасып келе жатқан дарындылық деп айтуға болады. Жеке ән орындауында не би қимылдарында кездесетін апа-ағаларының ізін қуған соларға ұқсаған дарындылықты байқауға болады.

Дарынды балалармен тәрбиеші ата-ана психолог бірігіп жұмыс жасаса жақсы нәтиеже береді деп сенемін, дарындылық өз бетімен дамымайды, оған үнемі түрткі болатын бір күш қажет, ол ата-ана болып табылады.

XXI-ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманына сай зерделі, ой өрісі жоғары, жан-жақты дамыған азаматты қалыптастыру мемлекетіміздің алдына қойған аса маңызды мақсаттарының бірі. Адам баласы өмір бойы тәрбиеленіп үздіксіз білім алуы қажет. Сондықтан болашақтын иелері бүгінгі балабақша тәрбиеленуші екенін естен шығармай, оларға ең алдымен адами құндылықтарды ойларына сіңіруге еңбектенуіміз қажет.

Ж. Аймауытовтың пікірінше, адам өмірге өзіндік табиғи қасиеттермен, қабілеттермен келеді. Ал баланың бойындағы туа біткен қасиеттерді дамытатын - оқыту мен тәрбие.

"Неғұрлым баланың қабілеті мен талантын дамытуға ертерек көңіл бөлінсе, соғырлым оны толық ашуға мүмкіндік туады. Бала бойындағы ерекше қасиеттерді оған жақын жасы үлкендер дұрыс, жеткілікті бағаламаса, оның "өзгелер сияқты" болып қалып қалып қоюы мүмкін" дейді американдық ғалымдар. Олай болса, жастайынан бойына біткен талантты ары қарай дамыту әр ата-ананың борышы демекпіз.

Пайдаланған әдебиет

1. "Жантану негіздері" кітабы Қ.Жарықбаев
2. "Жалпы психология"кітабы
3. "Психология" кітабы
4. "Мектепке дейінгі педагогика және психология" журналы
5. "Бала жаны" кітабы

КОНУСТЫҢ ӨМІРДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Жолдасбай Айболат Сұлтанғалиұлы
Ақтөбе қаласы, Қызылжар орта мектебі

Неліктен бізге конус керек? Бұл мектеп бағдарламасындағы ең қиын тақырыптардың бірі. Көптеген адамдарда: «Мен мұны не үшін білуім керек?» Деген сұрақтың пайда болуы таңқаларлық емес. Мәселен, GPS қалай жұмыс істейтінін, радиосигналдардың қалай берілетінін, жарық беріліп, шағылысатындығын, ғимараттар тұрақсыз қалыпта салынатынын түсіну. Сіз әлі де конустық бөлімдерді қызықсыз деп санайсыз ба?

Конусты салудан бастайық. Бұл үшін аздап кеңістіктік қиял қажет. Кеңістіктегі екі қиылысатын сызықты қарастырып, бірін екінші айналдыра бастаңыз. Нәтижесінде беткі қабаттар пайда болады - оны конустық деп атайды, демек конуспен таныстық.



1-сурет.

Енді ұшақ біздің конустық бетімен қиылысады делік. Осы жазықтықтағы конустың ізі бөлім деп аталады. Көлденең қиманың пішіні жазықтықтың көлбеу бұрышына тәуелді екенін байқауға болады. Егер жазықтық айналу осіне перпендикуляр болса, онда бөлім - шеңбер. Егер жазықтық өз осіне қатысты болса, онда эллипс пайда болады. Егер жазықтық конустың генератрицасымен осьпен бірдей бұрыш жасаса, парабола алынады. Соңында, көлбеу белгілі бір бұрышта жазықтық конустың екі қуысын кесіп өтеді - қисық екі тармаққа ыдырайды және қимада гипербола пайда болады.



2-сурет.

Конустың бөліктерін қайдан көруге болады? Жарықтан шыққан жарық сәулесі конус пішініне ие. Оны қабырғаға әртүрлі бұрыштарда бағыттағанда, сіз әртүрлі конустық бөлімдерді көре аласыз.

КОНУС ЖАРЫҚ СӘУЛЕСІНДЕ

Жарықтан шыққан жарық сәулесі конус пішініне ие. Оны қабырғаға әртүрлі бұрыштарда бағыттағанда, сіз әртүрлі конустық бөлімдерді көре аласыз.

3-сурет.

Конус бөлімдерінің тарихы Ежелгі грек математигі Менехм (б.з.д. 380–320 жж.) Текшені екі есе көбейту мәселесін шешіп, сол арқылы конустық бөлімдерді зерттеуге келді. Бұл мәселеде текшенің жиегінің ұзындығын салу үшін компас пен сызғышты пайдалану керек, оның көлемі осы текшенің көлемінен екі есе көп. Бұл проблема басқасының салдары болып табылады, мұнда квадраттың шетін табу керек. Жауап: √n. Пифагор теоремасын білсеңіз, ұзындығы төртбұрышты тамырға ие сегменттерді салу өте қарапайым. Текшені екі есе көбейту мәселесі, сіз болжап отырғаныңыздай, ұзындығы 3√2 болатын кесінді құруды қамтиды. Мәселе туындаған жерде: олар әлі де текше тамырларын сала алмады. Менехм компас пен сызғыш оған көмектеспейтінін тез түсінді. Бірақ егер түзу сызықтар мен шеңберлерден басқа, конустың жазықтықпен қиылысқан кезде алынған қисық сызықтарын қолдансақ, текше тамырларды салу мүмкін болатын міндетке айналады. Менехм 3√2-ге тең кесінді құру үшін белгілі бір типтегі екі конустық бөліктің қиылысын табу жеткілікті деп ұсынды және осы мәселенің екі шешімін ұсынды: парабола мен гиперболаның және екі параболаның қиылысы. Шынында да, бірінші жағдайда параболаның ¬y = x2 және гиперболаның y = 2 / x қиылысы абсцисса x2 = 2 / x теңдеуін қанағаттандыратын, x³ = 2 => x = 3√2 болатын нүктені береді. Екінші жағдайда y = x² және y² = 2x екі параболалардың қиылысуы бірдей нүкте береді.



4-сурет.

Неліктен өрт шелегі конус тәрізді?

Көпшілігі өрт сөндіргіштің, ілгектің және күректің жанындағы қалқандарда қызыл конустық шелектерді көрді. Әрбір қызығушылығы бар адам бір уақытта от шөмішінің конус тәрізді екендігі туралы ойлана алады. Неліктен кәдімгі тегіс ыдысты қолдана алмайсыз? Шындығында, кез-келген шелекті алғашқы өрт сөндіру үшін пайдалануға болады, бірақ конус пішіні кездейсоқ таңдалмады

Өртті сөндіру кезінде конустық шелекті пайдалану ыңғайлы. Құмды төгіп, одан суды төгіп, оны жанып жатқан жерге бағыттау оңайырақ. Мұндай себептер де бар:

-шелек дереу резервуарға түседі, бұл суды алу процесін тездетеді, әсіресе терең құдықта немесе жоғары банктердегі басқа көзде;

-кәдімгі шелектен айырмашылығы, конус жылдам қозғалу кезінде аяққа тигізбейді, одан су аз төгіледі;

-тасты босатып, құмды тез жинауға ыңғайлы;

нысанды ұстап тұру оңайырақ. Бір қолыңызбен оны төменнен, екінші қолыңыздан жоғарыдан немесе тұтқадан ұстай аласыз.

Сонымен, сөндіру жылдамдығы, ыңғайлы және үнемді пайдалану шешуші рөл атқарады. Егер қыста өрт болса, өткір аяғы мұзды бұзуы мүмкін деп саналады. Бұл тек ішінара шындық. Мұз қабатын жұқа болса ғана тесуге болады. Жұқа қабат аяқпен немесе кез-келген басқа қатты затпен оңай сындырылады. Қалың мұз үшін ауыр металл сынықтары қолданылады. Ол өрт қалқанына ілінуі керек.

Конустық пішінді толығырақ біле отырып, оның басқа артықшылықтарын табуға болады. Конус жасау үшін аз материал қажет, ал процестің өзі уақытты аз алады, бұл экономикалық тиімді. Экономикалық факторлар кез-келген тарихи дәуірде өзекті, сондықтан жаңа материалдар мен технологиялар пайда болғанына қарамастан конус қолдануды жалғастыруда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. А.П. Киселев Геометрия (планиметрия, стереометрия) / А.П. Киселев. - М.: [не указано], **2017**. - **124** с.

2. А.Х. Шахмейстер Геометрические задачи на экзаменах. Часть 2 Стереометрия. Часть 3 Векторы / А.Х. Шахмейстер. - М.: Петроглиф, **2018**. - **293** с.

3. А.Х. Шахмейстер Геометрические задачи на экзаменах. Часть 2. Стереометрия. Часть 3. Векторы / А.Х. Шахмейстер. - М.: Петроглиф, МЦНМО, КДУ, 2014. - 488 с.

4. В.А. Смирнов Геометрия. Стереометрия / В.А. Смирнов. - М.: МЦНМО, **2013**. - 272 с

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕТАПӘНДІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жолдасова Гамзат Айтжановна
«Қандыағаш қаласы №3 мектеп-гимназиясы» КММ, бастауыш класс мұғалімі

Заманауи инновациялық мектеп сенім, төзімділік, бейбітшілік, мәдениеттер арасындағы диалог және психологиялық жайлылық мектебі болуы керек. Қазіргі инновациялық мектепте жеке тұлғаны сәтті әлеуметтендіру және шығармашылық талантты дамыту, балалар мен жасөспірімдердің жеке дамуына қолдау көрсету үшін барлық жағдайлар жасалуы керек. Мектептің басқаша «өмір сүруіне», жаңашыл өмір бастау үшін, ең алдымен мұғалім мен оның санасын қайта құру қажет. Қазіргі кезде арнайы әдебиеттер мектепте оқытудың көптеген әдістері мен құралдарын ұсынады. Мұғалімге сабақты сапалы әрі тиімді өткізуге және жақсы нәтиже алуға мүмкіндік беретін оқыту әдісі ұсынылады. Соңғы жылдары білім беруді модернизациялаудың негізгі идеяларының бірі оқушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыру идеясы болды, бұл оқушылардың білімді интеграциялау, беру және әр түрлі өмірлік жағдайларда пайдалану қабілеттерінде көрініс тапты. Құзыреттіліктің үш тобы:

- жеке,
- метапәндік,
- тақырыптық [1. – 56 б.].

Бүгінгі күні «метапәндік» және «метапәндік оқыту» ұғымдары ерекше танымал болып келеді. Себебі өте түсінікті, өйткені метапәндік тәсіл жаңа стандарттардың негізі болып табылады. Метапәндік оқытудың нәтижесі - бұл ойлау, түсіну, қарымқатынас, рефлексия, іс-әрекетті дамыту. Бастауыш сынып курсын оқып-үйренудің метапәндік нәтижелері жалпыға бірдей білім беру іс-әрекетін қалыптастыру болып табылады: реттеуші, когнитивті,

коммуникативті. Инновациялық технологиялар оқуға деген ынтаны және балалардың мектепке деген қызығушылығын арттырады, шығармашылық ынтымақтастық пен бәсекелестік ортаны қалыптастырады, балалардың өзін-өзі бағалау сезімін тәрбиелейді, оларға шығармашылық еркіндік сезімін сыйлайды және ең бастысы қуаныш әкеледі.

Жалпы білім беретін мектептегі гуманитарлық циклдің метапәндік құзыреттілігін қалыптастырудағы инновациялық өзгерістер жобасын іске асыру қажеттілігімен байланысты проблеманың өзектілігі:

- мектеп оқушыларының білім нәтижелерін өлшеудің жаңа тәсілдерінде;
- оқу және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың жаңа технологияларына сұраныста;
- инновациялық процестерге интеграцияланған тәсілді ұсынуда;
- мектепті дамыту бағдарламасына енгізілген оқушыларға бағытталған оқыту идеяларында;
- оқушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін қамтамасыз етуде [2. – 152 б.].

Бастауыш сынып оқушыларының негізгі қабілеттерінің даму деңгейін: ойлау, түсіну, қарым-қатынас, рефлексия, іс-әрекетті метапәндік оқытудың нәтижесі ретінде қарастырған әлдеқайда ыңғайлы және дұрысырақ. Бұл білім беру нәтижесі әмбебап болып табылады және кез-келген білім беру жүйесінде оқыту нәтижелерін салыстыруға мүмкіндік береді. Сондықтан оқушыларда метапәндік құзіреттілік негізінде келесі даңдыларды қалыптастыру өте маңызды:

- аналитикалық дағдылар;
- білім беру және ақпараттық дағдылар:
- әр түрлі ақпарат көздерінен ақпарат алу мүмкіндігі;
- жоспар құруды үйрену;
- кестелер, диаграммалар, графиктер салу мүмкіндігі.

Байланыс және сөйлеу метапәндік дағдылары:

- байланысты ауызша мәлімдеме құру мүмкіндігі;
- орфографиялық және грамматикалық нормаларды сақтау мүмкіндігі;
- көрнекіліктің әр түрлі құралдарын қолдану мүмкіндігі;
- өз пікіріңізді білдіру және оны дәлелдеу мүмкіндігі;
- зерттеу жұмыстарын рәсімдеу мүмкіндігі;
- мәтінді қайта айту мүмкіндігі (егжей-тегжейлі, таңдамалы, қысқаша); - пікірталас жүргізу мүмкіндігі.

Осы білім беру нәтижесіне жету үшін мен оқушылардың жұмысына және тірек сызбаларын құрастыруға ерекше назар аударылады. Техника жаңа емес, бірақ бұл ақпаратты кең көлемде кодтауға, пайымдау үшін логикалық тізбектер құруға ыңғайлы.

Метапәндік құзіреттілікті қалыптастыру мақсатында анықтамалық сызбаларды ережеге сәйкес құру (мысалдарды талдау) және бүкіл тақырыптық блок бойынша (оқушылардың дайын жұмыстары) жұмыс жасау қажет. Тәуелсіз ізденіс-зерттеу жұмысын ұйымдастыру арқылы оқушы оқығанын ашады. Мәтінді талдау кезінде келесі техникалар қолданылады: түсініктеме беру, әңгімелесу. Ең бастысы - балаларды пассивті тыңдаушы болмауы үшін ынталандыру. Кәдімгі түсініктеме барысында белгілі бір схема құрылады, ол мәтіндегі басты нәрсені көруге, алған білімдерін жүйелеуге, оны дәйекті түрде көрсетуге көмектеседі. Логикалық схема пайдалы, өйткені ол мәтіннің мағынасының тілдік ерекшеліктермен байланысын байқауға көмектеседі.

Тек анықтамалық диаграммаларды құрудың ғана емес, сонымен бірге олардың презентациясының да маңызы зор. Оқушылармен бірге бұл жұмысты талқылау керек, онда негізгі бағалау критерийлері:

- жауаптың толықтығы мен дұрыстығы;
- зерттелгенді түсіну, түсіну дәрежесі;

- жауаптың тілдік безендірілуі [3. – 96 б.].

Бірлескен пікірталас рефлексиялық қызмет пен бағалаудың негізінде жатыр. Тәжірибе көрсеткендей, инновациялық технологияларды қолдану белгілі нәтиже беретіні сөзсіз. Сабақта оқылатын материалдың көлемі едәуір артады, өз бетімен жұмыс жасау дағдылары қалыптасады, оқушылар тақырып бойынша мықты білімдерін көрсетеді.

Оқытудың инновациялық әдістерін қолданудың тұжырымдамасы мен жаңалығы олардың оқудың тыңдау, игеру, қайталау рөлі белсенді оқумен ауыстырылатындығына баса назар аударуға болады.

Кесте 1. Инновациялық технологияларды қолдана отырып метапәндік құзыреттілікті қалыптастыру бойынша көзқарастардың салыстырмалы сипаттамасы

Авторлар	Метапәндік құзыреттілікті қалыптастыру құралы
Антонов А.А., Дроздов А.А., Кузменко Н.Е.	Оқу пәндерін жалпы ғылыми тұжырымдамалар деңгейінде интеграциялауға ықпал ететін метапәндерді енгізу.
Мейрамов Н.М.	Білім беру жүйесіне қайта құрылған оқу материалын интеграциялаудың ойлау-белсенділік түрі болатын метапәндерді енгізу. Ашық критериалды бағалау жүйесі. Білім беру мақсатына жету - шешуші құзыреттілікті қалыптастыру үдерісін түзету тәсілі ретінде формативті бағалау мен өзін-өзі бағалаудың (рефлексияның) маңыздылығына тоқталу.
Галеева Н.Л.	Оқу процесінің негізгі қатысушыларының барлық ресурстарын жұмылдыруды көздейтін ресурстық тәсілдеме негізінде метапәндік нәтижелері қалыптасады. Ең алдымен мұғалімнің басқару құзыреттілігі және оның оқушылардың мотивациялық сферасына әсері қатысады.

Осылайша, заманауи зерттеушілер метапәндік құзіреттілік нәтижелеріне қол жеткізу құралдарының жоғары өзгергіштігін атап өтеді. Жұмыс авторларының пікірінше, метапәндік құзыреттілікті қолдану әдістемесін әзірлеу жалпыға бірдей білім беру іс-әрекеттерін қалыптастырудың кілті болып табылады және білім сапасына автоматты түрде әсер ететін мұғалімдердің өзара әрекеттесуінің жақсы деңгейін қамтамасыз етеді. Сонымен, авторлар қызметінің мақсаты пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың қолданыстағы әдістерін жаңарту болып табылады. Бұл инновациялық технологияларды қолдана отырып, метапәндік құзыреттілікті күшейту қажеттілігін көрсетті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мейрамов Н.М. Жеке білім беру нәтижелерінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ететін мектептегі білім беру ортасының ресурстарын талдау // Алматы: Педагогикалық білім және ғылым. — 2013. – 56 б.

2. Антонов А.А., Дроздов А.А., Кузменко Н.Е. Метапредметное и межпредметное в современной школе на примере изучения // Известия Пензенского государственного педагогического университета им. В. Г. Белинского. — 2011. — № 25. – 152 б.

3. Галеева Н.Л. Анализ ресурсов школьной образовательной среды, обеспечивающих становление и развитие личностных образовательных результатов // Интер наука. — 2013. – 96 б.

БИОЛОГИЯ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Жолина Нургул Берикбаевна
Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы, Қожасай негізгі орта мектебінің биология пәні мұғалімі
Бураханова Гульнур Нурболатовна
Ақтөбе қаласы №60 жалпы білім беретін орта мектебінің биология пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы басты мақсат Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту мен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыру болып табылады.[1].

Бұл, біріншіден, білім беру үдерісін оқу материалының мазмұнын жаңартудың заманауи талаптарын ескере отырып ұйымдастыру мәселесімен байланысты.

Екіншіден, білім мазмұнын жаңарту білім алушылардың біліміне ғана емес, алған білімдерін қолдану шеберліктері мен дағдыларына, олардың функционалды сауаттылығы немесе біліктілігін қалыптастыруға да қатысты.

Зерттеушілік қызмет оқушыларды жаңа білімді игеруге ғана бағыттап қоймай, жаңа ақыл-ой қызметінің қалыптасуына көмектеседі. Ал, бұл оқушылардың арнайы шығармашылық қабілетінің ғана емес, жалпы алғанда теориялық ой-пікірлерінің дамуына да зор ықпал етеді. Мұның барлығы өз кезегінде оқушыларға меңгерген білімдерін сауатты қолдана алуы мен үнемі білімін жетілдіріп отыру үдерісіне, немесе функционалдық сауаттылық ұғымына алып келеді. Тіпті жаңа тақырыпты меңгерту кезінде мұғалімнің бағыттаушы сұрақтар, нұсқаулар беруі мен қолдау көрсетуге көбірек көңіл бөлуі орынды. Оқушылар белгілі бір деңгейге жеткен кезде бұлай тура нұсқау беруді азайтып, мұғалім өз рөлін біртіндеп үйлестіруші, уәждеушіге ауыстыруына болады. Оқушыларды мұғалімге және сыныптағы басқа оқушыларға өз пайымдауларын түсіндіруге ынталандыратын топтық жұмыс, зерттеуге негізделген оқуға арналған жаттығулар мен ашық сұрақтарды енгізу мұғалімге сыныптағы өз рөлін өзгертуге көмектесе алады. Алайда уақыт өте келе, оқудың барлық кезеңдерінде оқушылар сабақ барысында жеке жұмыс істеуге қарағанда, мұғалім қолдау көрсеткен жағдайда көп жетістікке жетіп жүргеніне көз жеткізуі қажет.

Сонымен тек биология сабақтарында ғана емес, кез келген, мысалы химия, физика сабақтарында да тиімді, диалогтік оқытудағы орынды ұйымдастырылған рөлдік ойындар оқушыларда танымдық, эмоционалдық, әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына, ынтымақтаса отырып жұмыс жасауына зор мүмкіндік береді. Әсіресе, дәл қазіргі уақытта, жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу барысында оқушы кең ауқымды дағдыларды практикалық тұрғыда қолдануға жаттығады, функционалды сауатты тұлға болуға тырысады. Сабақтарда сыни тұрғыдан ойлана отырып, өзіндік пікір, көзқарастары қалыптасады, басқаның пікірін тыңдау, қабылдау, өмірмен байланыстыра сөйлеу, достарының ойларымен санасу және оларды сыйлауға үйренеді, бастысы- метатанымы қалыптасады. Яғни, оқушының өз қалауымен оқуға, білім алуға деген құлшынысы оянады. Өз қалауымен үйренген білім өте сіңімді болары сөзсіз.

Бүгінгі үздіксіз әрі қарқынды өзгеріп отыратын әлемде функционалды сауаттылық – адамның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық өмірге белсенді қатысуы үшін негіз болып қаланып қоймай, «өмір барысында білім алуға» ықпал ететін маңызды әрі басты фактор болып табылады [2].

Зерттеушілік қызмет оқушыларды жаңа білімді игеруге ғана бағыттап қоймай, жаңа ақыл-ой қызметінің қалыптасуына көмектеседі. Ал, бұл оқушылардың арнайы

шығармашылық қабілетінің ғана емес, жалпы алғанда теориялық ой-пікірлерінің дамуына да зор ықпал етеді. Мұның барлығы өз кезегінде оқушыларға меңгерген білімдерін сауатты қолдана алуы мен үнемі білімін жетілдіріп отыру үдерісіне, немесе функционалдық сауаттылық ұғымына алып келеді. Тіпті жаңа тақырыпты меңгерту кезінде мұғалімнің бағыттаушы сұрақтар, нұсқаулар беруі мен қолдау көрсетуге көбірек көңіл бөлуі орынды. Оқушылар белгілі бір деңгейге жеткен кезде бұлай тура нұсқау беруді азайтып, мұғалім өз рөлін біртіндеп үйлестіруші, уәждеушіге ауыстыруына болады. Оқушыларды мұғалімге және сыныптағы басқа оқушыларға өз пайымдауларын түсіндіруге ынталандыратын топтық жұмыс, зерттеуге негізделген оқуға арналған жаттығулар мен ашық сұрақтарды енгізу мұғалімге сыныптағы өз рөлін өзгертуге көмектесе алады. Алайда уақыт өте келе, оқудың барлық кезеңдерінде оқушылар сабақ барысында жеке жұмыс істеуге қарағанда, мұғалім қолдау көрсеткен жағдайда көп жетістікке жетіп жүргеніне көз жеткізуі қажет.

Сондықтан, өмір бойы білім алуға құштар, жан-жақты, жоғары құзіреттерге ие болашақ маманды даярлау үшін оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруда бірқатар педагогикалық жағдаяттар, педагогикалық эссе сияқты әдістерді қолдануға болатынын айқындадық. Яғни, болашақ педагогтың өз мамандығына деген көзқарасын қалыптастыруға бағытталған және өзінің кәсіби маман ретінде өзін-өзі өзектендіру мақсатында оқытушы сабақ барысында білім алушыларға төмендегідей тапсырмалар мен жаттығуларды ұсынуға болады

Біз «Болашақ –жастардікі» дейміз. Расында, алдағы жылдарда елді дамытатын да, сол дамыған дәуірдің жемісін көретін де - жастар. Жастарымыздың білімді, денсаулықтары мықты болып өсулері үшін ғана емес, сонымен қатар, олардың өз елінің шынайы патриоттары болып ержетуі жолында тер төгу бүгінгі аға буын өкілдері ұстаздар қауымы үшін зор міндет. Үш тұғырлы тіл функционалдық сауаттылық, саналы тәрбие,саналы білім зерделенген білімдерін жетілдіру оларды іс-тәжірбиелерде қолдану арқылы ұлт көшбасшысын ұлағатты сөздері әрбір жастың жүрегіне жол тапқандығын сеземіз". Терең білім тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой азаматтығымыздың алдаспаны, олай болса жауапкершілікті ұғып оны іске асыру патриотты қазақстандықтармыз деген ойдың асқақтығын дәлелдейтін болашаққа бағдар: рухани жаңғыруға апарар Нұрлы жол деп түсінеміз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген.

2. Об особенностях преподавания основ наук в общеобразовательных организациях (в том числе, реализующих инклюзивное образование) Республики Казахстан в 2014-2015 учебном году. Инструктивно-методическое письмо. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2014. – 181с.

ТӘРБИЕ – БАСТЫ МІНДЕТ

Жолмагамбетова Альфия Сержановна
Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы (түзетім) балабақшасы

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аласың» дегендей бала тәрбиесі ол дүниеге келген алғашқы күннен басталады. Бала өскен сайын, оның тәрбиесі де күрделеніп, оған қойылатын талаптар да күшейе түседі. Ақыл-ойының дамуы, ұнамды мінез-құлқын қалыптастыру ең

негізгі міндетке айналады. Оның негізі отбасында мектепке дейінгі жаста қаланады.

Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы, жалпы отбасыдағы бала тәрбиесі, халықтық педагогика саласы бойынша, ұлттық талғамда, салт-дәстүрлерді қолдана отырып, зерттеу пәнінің негізі ретінде алынды. Әсіресе, баланы еңбек етуге, жарқын сезімдер мен нұрлы мұраттарға тәрбиелеу және адамдарарасында өмір сүре білуге үйретуге көп көңіл бөліну қажет. Бұл қасиеттердің бәрі негізінен от басы - ошақ қасында қалыптасып нығаяды. Мұнда әсіресе отбасындағы ересек адамдар өздерінің жеке бастарының өнегесі арқылы жас балалардың бойында осындай сезімдерді қалыптастырады.

Өз ата-анасын сыйлап, құрметтеп үйренген бала өзге ата-аналарды да құрметтей біледі, қашан да үлкендер алдында өзін дұрыс ұстап, құрмет пен қамқорлық таныта біледі.

Отбасының бала тәрбиесіндегі ролі Чехтың ұлы педагогы Ян Амос Коменский еңбектерінің төрінен орын алған. Ол тәрбие негізі ретінде отбасын бөліп қарастырып, оны білім беру жүйесінің алғашқы сатысы «Ана мектебі» деп көрсетеді. Өйткені, бала адамгершіліктің негізгі түсініктерін отбасында альш, алғашқы адамдық қасиеттерін отбасында қалыптастырады.

Орыстың ұлы педагогы К.Д.Ушинский баланы дұрыс тәрбиелеу туралы былай деп жазады: "Адамның жеке қара басы біреудің жеке басыныңқалыптасуына және дамуына әсер ете алады, мінезді қалыптастыру үшін де мінезбен әсер ету керек".

Бала тәрбиелеу оңай жұмыс емес. Ол үлкен шеберлік пен шыдамдылықты талап етеді. Сондықтан халық өмір есігін енді ғана ашқан бөбек тәрбиесінбесіктен бастаған.

Қазақтың ұлы ақыны Абай да отбасындағы баланы тәрбиелеуде ата-аналар тарапынан жол берілетін кемшіліктерді ескерте отырып, отбасы тәрбиесін ұйымдастыруда кеңестер береді. Нақтырақ айтатын болсақ, Абай өзінің 10-шы қара сөзінде: «Әуелі балаңды өзің алдайсың: әне, оны берем, міне, мұны берем деп, баста балаңды алдағаныңа мәз боласың. Соңыра балаң алдамшы болса, кімнен көресің?» деп балаларына теріс тәрбие беретін ата-аналарды сынайды.

Қазақ ағартушыларынан С. Көбеев те отбасы тәрбиесі мәселелеріне аса үлкен мән берген. Ол өзінің «Баланы семьяда тәрбиелеу» деген еңбегінде ата- аналардың балалары алдындағы беделі отбасындағы тәрбие нәтижесі екендігін атап көрсетеді.

Елбасы өз сөзінде: «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, болашақты білімді ұрпақ айқындайды, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстазқолында» деп атап көрсетті.

Қазіргі таңдағы мақсатымыз жаңа кезеңде жас ұрпақты тәрбиелеудегі актуалды мәселелерді тиімді шешілуін ұйымдастыру.

Еліміздің болашағы - ұрпақ тәрбиесінде. Бүгінгі таңда жастарға әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, оның руханибайлығы мен мәдениеттілігін, ойлай білу мүмкіндігін жетілдіру, сонымен қатар әр адамның кәсіби біліктілігі мен білімділігін, іскерлігін арттыру әділетті қоғамның міндеті болып табылады.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болуы, білім беру және мемлекеттік жастар саясаты туралы заңдардың қабылдануы жастар тәрбиесі мәселесіне жаңаша ойлаумен қарауды талап етеді.

Ата-аналардың өз балаларының жан дүниесін жақсы түсінуі, оларға отбасында дұрыс та тиімді тәрбиелік орта тудыру үшін, бала тәрбиесіне қатысты білімі және біліктерін ұдайы көтеріп отыруы қажеттілігін өздері түсінуі тиіс. Сол үшін де мектептің, сынып жетекшісі ата – аналар педагогикалық жұмыс жүргізуі, оның бағытын дұрыс ұйымдастырып отыруы міндеттеледі.

Баланың жақсы болып өсуі – тәрбиеден. Тәрбиенің дұрыстығы- тәрбиешіден. Баланың ең алғашқы тәрбиешілері- ата- анасы. Бойына білім дәнін себетін басты тұлға- ұстаз. Ұстазы білімді болса, шәкірттерінен озықойлы азамат шығады. Ана тәрбиесі, әке тәрбиесі, ата- ене тәрбиесі халық тәрбиесімен сабақтасады. Ғұлама ойшылдарды, ақиық ақындарды, әділ

билерді, шешендерді, ел қорғаған батырларды, халқын біріктірген хандарды да халқының тарихын ұрпақтан- ұрпаққа жеткізе жырлаған жырауларды да халық тәрбиелеген.

Халық тәрбиесі ұрпақты ақыл-кеңес, тамаша ата-баба дәстүрлерімен тәрбиелеу. Ағашты шыбық кезінде дұрыс күтіп баптаса, өскенде талда өскеннен кейін өз өркенін жайып өсіп жеміс береді. Сол ағаштың түзу болып өсіп-өніп жеміс беруі күтім, тәрбиеден болып отыр. Сондықтан ата-

ана баласына дұрыс тәрбие берсе, ағаш тәріздес түзу болып өсіп, өркенін жаяды.

Кейбір ата-ана ұлы мен қызына киемін дегенін кигізіп, жасаймын дегенін жасатып, баласының рухани мүгедек болуына өздері себепкер болады. Баласына қастандық жасағанын кеш түсініп бармағын шайнайды. Ата-ана баласын дұрыс тәрбиелемесе қисық ағаш болып өседі. Сондықтан ұстаз- педагогикалық шеберлігімен үлгілі тұлға бола біледі, үлкен өмір жолына бағыт береді.

Қорытындылай келе «Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады, яғни тәрбиенің түпкі мақсаты- қоғамның нарықтық қарым- қатынасқа көшу кезінде саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарында жеңіп шыға алатын, ізгілігімен XXI ғасырды дамытушы, іскер, өмірге икемделген жан-жақты мәдениетті дара тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру» деп тұжырым жасады.Трбиенің алғашқы бастамасын бала жанұядан алады. Жанұя - әрбір бала үшін алтын бесік. Тәрбие жұмысын жүргізуде ата-ана мен мектептің бірлігі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Петров П.Е. «Бала тәрбиесі баршаға», «Мектеп» 1993 ж
2. Мырзабаев А., Тұрбекова Н. «Ата-анамен жұмыс», «Рауан» 1993 ж
3. «Бала тәрбиесі», №1, 2007 ж.

ОҚУ МЕН ЖАЗУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Жонысова Акмарал Темирхановна, Сатыбалдина Гулнур Маратовна,
Ақтөбе қаласы №34 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімдері

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің қазіргі кезін әлемдік деңгейдегі білім беру тенденциясынан бөліп қарауға болмайды. Бұл әлемдік деңдейдегі қатынастың күшейе түсуіне байланысты. Қазіргі кезде Қазақстан бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену үшін білім мен ғылымды дамыту жолына түсті.

Білім-ел қазынасы, халқымыздың білімділігі еліміздің байлығының ең маңызды бөлігі десек, білімнің негізі мектептегі инновациялық жұмысты жандандыруда дер едім.

Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер нәтижесінде мектеп оқушыларына білім беру бұрын қалыптасқан жүйеден әлдеқайда жоғары талаптар қояды. Бұл талапты жүзеге асыру үшін мұғалім қызметі арта түседі Білім сапасын заман талабына сай көтеру үшін оқытудың жаңа технологиясын күнделікті сабақ жоспарына енгізген, үнемі ізденуден жалықпайтын жаңа әдісті тиімді қолдана білуді меңгерген ұстаз ғана нәтижелі табысқа жете алады.Қазіргі көзқарастар бойынша мұғалім оқушыны оқытпауы керек, оқушы өзі оқуы тиіс. Ал мұғалім оқушының ақыл-ойының дамуын ұйымдастырушы, балаға бағыт-бағдар беріп, басшылық жасауы тиіс.Сонда ғана білім сапасын жоғарылатып, қоғамға лайықты азамат

тұлғасын тәрбиелеп шығарамыз. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуальді, кәсіптік, адамгершілік, рухани-азаматтық және де басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Бүгінгі мектептің басты мақсаты-болашақта өркениетті елдердің жоғары технологиясын меңгеріп, дүниежүзілік білім кеңістігіне шығу. Ол үшін бүгінгі таңда білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес.

Ұстаздан білім мен тәрбие алған шәкірттің алғыр, озық ойлы, жақсы болуы-ұстаздың айтқан сөзінде емес, оның көрсеткен үлгісінде. Ұстаз-ұстаз болып танылуы үшін оған ең алдымен үлкен білім мен білік, ұйымдастырушылық қабілет керек.ХХ ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру-үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер»деген екен. Қазіргі таңда мектеп оқушыларының мұғалімнен күтері көп. Оларды сабаққа белсене қатыстыру үшін әр сабақ барысын жеке формада, жаңа әдісте жүргізу шарт. Сабақтың тиімділігіне бір-бірімен тығыз байланысты екі жағдай әсер етеді:

1.Мұқият дайындалу

2.Шеберлікпен өткізу.

Дұрыс жоспарланбаған, оқушылардың оқу мүмкіндігімен санаспайтын сабақтың сапасы болмайды. Сабаққа дайындалу-нәтижеге жеткізетін шаралар жүйесін жасау, оқу-тәрбие процесін дұрыс ұйымдастыру. Инновациялық технология бұл әдістердің бастамасы, яғни интербелсенді тақтаны қолданып сабақ жоспарын ұйымдастыру.Қазіргі кезде ортамызда орын алып жатқан оқытудың жаңашыл жобалары басшылыққа алынып келеді.Олардың бірі Қазақстанда 1997 жылдан бастап етек жая бастаған «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту жобасы».

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасы- ашық қоғам негізі. Ол өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, әр мәселеге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлелдей алу. Сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдермен қисынын зерттеу дегенді білдіреді.Оқушылардың ойлау, қабылдау қабілетін аңғаруға топтық жұмыс өте тиімді, яғни сабақты деңгейлеп оқыту арқылы іске асыру және оқушыға тиянақты білім беру, оның сабаққа деген қызығушылығын арттыру, ізденгіштігін, байқампаздығын дамытып, жеке тұлға болып дамудың биіктігіне шығуына әкелер жолдың бірі- «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасы деген болар едім.

Сын тұрғысынан ойлау-ең алдымен шығармашылық ойлау. Шығармашылық сөзінің төркіні- «шығару», «іздену», «ойлап табу» деген мағынаны білдіреді. Демек, бұрын тәжірибеде болмаған жаңа нәрсе ойлап табу, жетістікке қол жеткізу деген сөз. Шығармашылық деп жаңалық ойлап табатын іс-әрекеті деп тұжырымдалады.Шығармашылық ойлау нәтижесінде жаңалық ашылады, тұлғаның дамуы жеделдейді. (Л.С.Выготский) Оқушы шығармашылығын шыңдауға «оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының берер көмегі зор.

«Сыни ойлауды дамыту»жобасы авторының бірі Ч. Темпл төмендегідей әдістерді ұсынады.

— Күтілетін нәтижелерді нақты айқындау;

— Жазба жұмыстарын жиі орындау;

— Оқушының ой-өрісін белсенділендіретін сұрақтар қою;

— Бірлесе оқу тәсілдерін қолдану;

— Оқыту пәндерін әлеммен, күнделікті өмірмен байланысын орнықтыру;

Сын тұрғысынан ойлау-сынау емес, шыңдалған ойлау. Бұл деңгейде ойлау тек ересек адамдарға, жоғары сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс түсінік емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес оны

шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.Олай дейтінім мен осы бағдарламаны басшылыққа алып жұмыс жасау барысында көз жеткіздім. Мұғалімдік кәсіби шеберлігім жетіле түсті. Бағдарламаны басшылыққа алып сабаққа пайдаланғаннан бері оқушылардың пәнге қызығушылығы артып, болжау қабілеттері мен жаңалықты тез қабылдауы, өз бетінше шығармашылықпен ізденуге бейімделгенін байқадым.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасымен жұмыс жасауды бастаған мұғалімдер сабақта баланың танымдық белсенділігінің артқандығын, өз бетінше жұмыс жасауға үйренгендігін, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал ететіндігін айтса, оқушылар- сабақтарының қызықты, жеңіл өтетіндігін, ұжымды бірлесіп жұмыс жасауға үйретететіндігін, білімнің тереңдігі әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды.

Бағдарлама құрылымы үш деңгейден тұрады:

Қызығушылықты ояту: Оқушы тақырыпқа байланысты өз білімін анықтайды, еске түсіреді. Тіпті қағазға жазып, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады. Яғни тақырыпқа қызығушылық басталып, зерттеу қалыптасады, белсенділігі артады.

Мағынаны тану:Бұл кезеңде оқушы жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды.

Ой толғаныс: Оқушылар өз ойлары мен байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта біліп, өзара алмасады. Өзгелердің ой кестесін үйренеді.Үйренгендерін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді.Бір-бірімен ой алмастырады, ой түйістіреді, әр түрлі шығармашылықпен көріне алады.

Өз сабағымда осы бағдарламаның әдіс-тәсілдерін пайдалану арқылы көптеген нәтижелерге қол жеткізіп келемін. Ең әуелі оқушылар ойын шыңдап, кез-келген даму деңгейіне сыни көзбен қарай алады. Бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасауды және бірін-бірі тыңдай білуді үйренеді. Өздеріне сенімсіздік білдіріп, бұйығып отыратын оқушылар да өз ойларын аз да болса жүйелеп еркін айтатын болады. Сабақта оқушыларды орталықтарға бөлу кезінде сабаққа деген қызығушылығы артып, бір-бірімен пікір алмасып, еркін сөйлеуге үйренеді және сөздік қорлары молаяды.

Оқушы–ізденуші тұлға. Оқушының тілін ойын дамытып, байланыстырып сөйлеуге машықтандыруда жазу жұмысы басты рөл атқарады. Жазу арқылы оқушы тақырыпты тереңірек түсінеді, қызығушылығы артады, ойын дамытады және жазу дағдысын қалыптастырады. Ал жазуға дейін бала мәтінді оқып, тыңдап көңілге тоқып түсінеді. Мәтінді өз бетінше талдай отырып оның тақырыбы мен мазмұнын игеруде «Түртіп алу стратегиясы», «ЖИГСО», «ББҮ» әдістерінің маңызы зор. Ой қорыту жинақтап бір түйінді пікір жасау үшін «Эссе», «Бес жолды өлең» әдістерін пайдалануда оқушылардың қызығушылығы артып, қисынды ойлап, сабаққа деген белсенділігі де артатындығын байқадым..

Бүгінгі таңда мұғалім қандай болу керек, оның кәсіби біліктілігі қандай жолдармен көрінеді дегенде, мұғалім ең алдымен бала жанының тамыршысы болуы тиіс. Бала жүрегінің пердерерін дәл тауып, оны ойната білу оңайлықпен келмейді. Бұл ұстаздың өз мамандығына деген сенімділігі, бейімділігінен, айқын мақсатынан және бала жүрегіне жол таба білуінен көрінеді. Осы үшеуі мұғалім мейірімділігімен ұштасқанда нағыз тамыршы бола алады. Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, ұлттық қасиеттеріміздің асылдарын асқақтата отырып, шәкіртіне нұр құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге болады. Ал лайықты тұлғаға жету үшін үнемі ізденісте жүру қажет деп ойлаймын. Атақты педагог К.Д.Ушинскидің «Мұғалім жас бала үшін теңдесі жоқ күннің құдіретті сәулесі сияқты» деген сөздерді әр мұғалім үнемі жадында ұстау керек.

Қорыта айтқанда дәстүрлі оқыту баланы оқуға, жаттауға, есте сақтауға үйретсе «оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасы баланың дербес немесе топтаса, ұжымда бірлесіп шығармашылықпен жұмыс жасауына, алған білімін өмірде пайдалана алуға

үйретеді. Заман талабына сай технологиялық ақпараттарды қолданып, олар арқылы сауатты да білімді ұрпақ тәрбиелеу әрбір ұстаздың борышы.

Пайдаланылған әдебиеттер
Мектеп журналы №5-2011
Әдіскер мұғалім №5-2004
Бастауыш сынып журналы №5,7,8-2004
Б.Қ. Игенбаева «Адамгершілік сабақтары»
12 жылдық білім журналы №6-2007,№10-2008
Қ. Жарықбаев. Психология-Алматы, «Иектеп»1982
Мектептегі психология 2007, №2
Әрекеттегі PWCT философиясы мен әдістері
Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту
Источник: https://www.tarbie.kz/25994

ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДА ТҮЗЕТЕ- ДАМЫТУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

Жубаева Лаззат Онаевна
Ақтөбе қаласы, «Ақтөбе орта мектебі» КММ

Инклюзивті оқыту - бұл ерекше мұқтаждықтары бар балалардың мектептегі оқыту үрдісі болып табылады.Мұндай балалардың дамуы тежелген,жалпы сөйлеуі бұзылған яғни осындай қосымша диагноздары болады..

▪ **Инклюзивті оқытудағы басты мақсат**- ерекше қажеттілігі бар балаға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету. Қолдаудың бірнеше бағыттары бар.**бірінші , диагностикалық бағыт** – бұл психолог ма андар бала дамуындағы ауытқулардың алдын алу үшін және

▪ ойлау, есте сақтау, қабылдау деңгейі ,Сөйлеу ерекшеліктері, Өзін-өзі бағалауы; Қарым-қатынасқа түсу қабілетін анықтау үшіін

▪ қыркүйек айында психолг мамандар жүргізеді. Одан кейін баламен жүргізілген түзете-дамыту жұмысының тиімділігін анықтау үшін Оқу жылының ортасында яғни екінші жарты жылдықтың басында оқушыларға екінші рет диагностика жүргізіледі.

2. **Психологиялық кеңес беру бағыты** бойынша психолог мамандардың баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып ата-аналарға, ұстаздарға ұсыныстар беруі,қиындықтарды шешу жөнінде пікір алмасуы болып табылады.

3 **Әлеуметтік-бейімдеу бағыты**.оқушының мектеп өміріне, қоғамға бейімделуіне қолдау көрсету; баланы қоғамдық жұмыстарға, мерекелік немесе басқа да іс-шараларға араластырып, өзін еркін сезінуге, өзін-өзі басқара білуге, өзі өмір сүретін ортаны толық бағдарлай білуге үйрету.

4.**Әдістемелік-ұйымдастырушылық бағыт**.психологтың баланың даму деңгейінің картасын толтыру, баланың жеке құжаттарын толтыруы және Сонымен қатар ұстаздар мен ата-аналарға арналған әдістемелік құралдарды жасау, өз білімін жетілдіру курстарына қатысу және тб жұмыстар кіреді.

5. Түзету-дамыту бағыты Алынған диагностика нәтижесі бойынша балаға жүргізілетін түзету-дамыту жұмысының бағыты анықталып, баланың жеке бас ерекшеліктері мен қабілеттері ескеріліп сабақ жоспары жасалады. Түзету-дамыту сабақтары оқушының сабақтан

бос уақытында өтіледі. Түзету-дамыту сабақтарының ұзақтығы 20-35 минут (оқушының зейін тұрақтылығына және төзімділігіне байланысты)болуы тиіс



Түзету-дамыту жұмыстары мынадай әдістер арқылы жүзеге асады.

1 .Ұсақ мотериканы дамытуға арналған жаттығулар мен ойындар;

2.Сенсорлы қабылдауды дамыту; (уақыт кеңістігін, пішін мен көлем, түстерді қабылдауы);

3 .салыстыру, талдау, жинақтау, қорытындылау, жалпы ойлау операцияларын қалыптастыру;

4.зейіннің тұрақтылығын және шоғырлануын дамыту;

5. көру, есту арқылы есте сақтауын дамыту;

6. психомоторлық дамуды жүзеге асыру мен сөйлеу тілін, сөздік қорын арттыру.

Енді мен осы әдістер негізінде құрастырылған сабақта қолданып жүрген бірнеше ойын-жаттығулар мен тапсырмаларды ұсынамын.

«Есімді тап»

Мақсаты: жалқы есімдердегі бас әріптің жазылуын меңгерту

Тапсырма: Адамның есімдерін тауып қоршап сыз

асық	Асқар	айна	Айгүл
Бекжан	балық	бесік	Бекзат
Терезе	Төре	тауық	Талғат

«Не артық ?»

Мақсаты: тілдік дағдысын дамыту

Тапсырма: артық затты тауып,сол сөзге әңгіме құрастырып айту

«Артық затты тап »

Мақсаты: тілдік және жазу дағдысын дамыту

Тапсырма: артық затты тауып, сол сөзге сөйлем құрастырып жазу





«Бір сөзбен ата»

Мақсаты: ойлау және сөйлеуді дамыту

Тапсырма:Суреттегі заттардың атауын тауып жаз,біреуін таңдап мәтін құрастырып айт

_____



_____

_____

Зейінді дамытатын ойындар

«Шатасқан суреттер»

Тапсырма:фигураларды тауып, кестеге жаз

«Есіңе сақтап ал!»

Мақсаты: көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту

Сағат	Кітап	Гүл	көзілдірік
дәптер	өшіргіш	айна	ермексаз

«Ажыратып көр»

Мақсаты:сандарды ажырату және салыстыру дағдыларын дамыту

Тапсырма:өсу ретімен жазып,салыстыр



Түзете-дамыту жұмысының нәтижесін бағалағанда баланың игерген білімін өз бетімен қаншалықты қолдана алатынына көңіл бөлінеді.

Түзете-дамыту сабақтары оқушылардың сөздік қорын молайтуға және сыныптастарымен, мұғаліммен қарым-қатынасқа түсу қабілетін дамытуға септігін тигізеді.

Мектебімізде аталған бағыттар бойынша жұмыстар жақсы жүргізіліп келеді.Әлеуметтік бейімделу бағыты бойынша жақсы қолдау көрсету нәтижесінде оқушым мектепішілік,қалалық,республикалық конкурстарға қатысып, жүлделі орындараға ие болғанын мақтанышпен айтуға болады.Әрі қарай да ерекше

білім беруді қажет ететін оқушымен осындай дамыту жұмыстарын жүйелі жалғастырып , жақсы нәтижелерге жетеміз деген ойдамын.

Қолданылған әдебиеттер:

1.Инклюзивті білім берудің педагогикалық негізі Н.Т.Райым Молодой ученый. 2018. № 18.1 (204.1). — С. 26-28. — URL: https://moluch.ru/archive/

2.Конвенция о правах инвалидов [электр.ресурс].-http:/www.un.org/ru.

ЖАҢАША ОҚЫТУ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Жубаниязова Гулнур Шынтасовна
«Ы.Мұхамеджанов атындағы ЖББОМ» бастауыш сынып мұғалімі

Бүгінгі мұғалім – өз ісінің маманы. Ол өз кәсібіне керекті қасиеттерді дамытуға жалықпайтын, өз ісіне сын көзбен қарайтын тұлға.

Заманауи мұғалім жеткен жетістігінде тоқтап қалмай ,алға жылжуы қажет. Себебі, мұғалімнің жұмысы шығармашылықтың қайнар көзі болып табылады. Шығармашыл мұғалім – мектептің жүрегі, шәкірттерінің әрдайым шамшырағы. XXI ғасыр–ғылым мен техниканың дамыған кезеңі. Бүгінгі білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияны пайдалану және оны мақсатты түрде жүзеге асыру – ақпараттық қоғам дәуірінің негізгі көзі. Сонымен қатар сындарлы оқытудың пайдасы өте зор. Сындарлы оқыту тәсілдері білім берудің «дәстүрлі»әдістерімен салыстырғанда,оқыту кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.Сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың алдыңғы білімдерімен ұштастыра отырып,жаңа білім алуы туралы тұжырымдамаға негізделеді. XXI ғасырдағы қарқынды дамып келе жатқан зияткерлік және техникалық ортада табысты болу үшін қажетті дағдыларды меңгертуге бағытталған. Олар оқушыларды сын тұрғысынан ойлау,бірлесіп жұмыс істеу, ақпаратты өңдеу, проблемаларды шешу сияқты анағұрлым жоғары деңгейдегі көптеген дағдыларды өз бетінше меңгеруге және зерделеуге дайындайды және ынталандырады. Оқушыларды диалогқа түсіру арқылы сыни ойлауына және зерттей біліп, бір шешімге келе білулеріне ұстаздың шеберлігі жоғары болу керек екенін бәріміз де білеміз. Қазіргі кездегі білім беру саласындағы заман талабына сай инновациялық оқыту технологиялары мен оқытудың әр түрлі техникалық құралдары мен заманауи әдістерін қолдану арқылы келер ұрпаққа сапалы білім беру. Білім беру жүйесіндегі жаңа технологиялардың алатын орны, сабақта түрлі техниканы және оқушылардың қызығушылықтарын арттырудың заманауи интерактивті әдіс-тәсілдердің қолданудың тиімділігі.

Қазіргі заман мұғалімнен тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман ағымына сәйкес білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады. Профессор Дэвид Клустер «Сыни тұрғыдан ойлау–өзіндік, жеке ойлау. Ал сабақ сын тұрғысына ойлау принциптеріне негізделетін болса, әркім өз ойлары мен пікірлерін, бағалауларын басқалардан тәуелсіз құратын болады. Біреу үшін біреу сыни ойлай алмайды, әркім барлығын өзі үшін жасайды. Ойлау өзіндік сипатқа ие болғанда ғана сыни тұрғыдан ойлағандық болып та-былады. Өз бетінше жұмыс істеп, ең қиын деген мәселені өзі шеше алулары үшін оқушыларға жеткілікті түрде бостандық берілуі керек» деген

екен. Жалпы оқушыға сыни ойлау қажет пе? Әрине қажет, қазіргі заман талабына сай оқушыда өзіндік көзқарасы, сенімі, ішкі уәжі қалыптасуы керек.Сондықтан да сабақтарды жоспарлағанда оқушыларда сыни ойлауын тудыратын сұрақтар немесе деңгейлік, кеңейтілген, құзырлылық тапсырмаларды сабақта қолданған жөн. Сындарлы оқыту теориясындағы жетістікке жетелейтін жеті модульдердің бірі «Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету» басқа модульдермен де тығыз байланысты деп есептеймін. Оқушылар сабақта қалай оқу керектігін меңгереді, яғни метатаным пайда болады, өздері үдеріс барысында ой қорытады, нәтижеге жетуге ұмтылады. Мұғалім оқушыға қалай оқу керектігін үйретеді, ал бұрынғы дәстүрлі оқыту процесінде мұғалім білімді беруші болған болса, жаңа оқыту үдерісінде мұғалім бағыттаушы болып табылады.

Сабақтағы басты тұлға, басты кейіпкер – оқушы болды. Оқушыны өз бетімен білім алуға, ол үшін ізденуге, терең ойлауға, зерттеуге дағдыларын қалыптастыру қажет екенін аңғара отырып, жаңа білімді меңгерту үшін ең тиімді әдіс сұрақ – жауап, әңгімелесу, диалог болып табылады.Егемендігін алған елімізде жаңа ғасыр алдында оқытудың жаңа жүйесі қалыптасуда, ертеңгі күнге бағытталған рухани жаңарудың іргетасы қалануда.Бастауыш сыныптың қай пәнінде болсын оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамыта оқыту олардың сабаққа деген қызығушылығын оятып, өз ойын ашық, қысылмай жеткізе білуін, ынтасын дамыта түседі.Шығармашылық дарындылықтың белгілері әртүрлі болатындығы қиындық туғызады және де олар әлеуметтің ортамен тығыз байланысты. Баланың қандай болса да кез келген шығармашылық талпынысын құптауымыз керек. Себебі оның астарында баланың таза, ашылмаған шығармашылық бастауы жатыр. О. Бальзактың “Ұдайы еңбек ету – өнердің де, өмірдің де заңы” дегеніндей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін арттыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді міндеттейді. Оқу әрекетінің мазмұны арқылы шығармашылық қабілетті ашу, жетілдіру. Оқушының білім мазмұнындағы ғылыми ұғымдардың үлесін арттыру арқылы оқушыны шығармашылық әрекет жағдайларына әкелетін ішкі байланыстарды ашуға мүмкіндіктуғызып, жағдай жасау керек. Оқушы ойлауының барлық түрлерін диагностикалық бірлік арқылы дамыту керек.

Мектеп – еліміздің халыққа білім беру жүйесінің күрделі тармағы. Еліміздің жарқын болашағы, мектеп болашағы – ұстаздардың ізденісінде, балаларға деген сүйіспеншілігінде, кәсіптік деңгейіне байланысты екендігінде. Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек.

XXI ғасыр – білімділер ғасыры . Жаңаша оқытудың білім беру жүйесіндегі маңызы:білім сапасын арттыру, оқушылардың біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми – ізденіс қабілеттерін қалыптастыру.Келешекте ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан – жақты парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Мұғалімге арналған нұсқаулық II басылым «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015 ж

2.Үлестірме материалдар 1-үлестірмелі материал

3.Бабаева Ю. Д. Динамическая теория одаренности. Основные современные концепции творчества и одаренности. М. 1997г.

4. «Қазақстан-2050»стратегиясында Қазақстандағы білім беру туралы

РОЛЬ СКАЗКИ В СОЦИАЛЬНО-КОММУНИКАТИВНОМ РАЗВИТИИ ДЕТЕЙ

Жубанова Айжан Есенгелдықызы
Ясли-сад №6 «Орман ертегі», город Актобе

В дошкольном образовании под термином «социализация» понимается создание социальной ситуации развития ребенка для усвоения ценностных ориентаций, которые формируются в общении с взрослыми и сверстниками, процесс усвоения ребенком норм и правил поведения.

Воспитательно-образовательная деятельность с использованием сказки в социально–коммуникативном развитии детей направлена на достижение цели: воспитание гуманной, социально–активной, самостоятельной, интеллектуально развитой творческой личности.

Для этого определены следующие задачи:

1. Воспитывать у детей любовь и уважение к окружающим и друг к другу.
2. Воспитывать доброту, сочувствие, взаимовыручку, трудолюбие.

Как много хороших и добрых воспоминаний из детства связано у нас именно со сказками, где живут добрые и злые герои. При помощи сказочных героев, взрослые могут заинтересовать ребёнка, произвести на него воспитательный эффект и даже решить какую-либо психологическую проблему.

Для дошкольников восприятия сказки всегда было актуальным и интересным видом деятельности. В сказках наглядно и доступно для ребенка продемонстрировано освоение мира отношений между людьми.

Сказка – это сегодня, пожалуй, один из немногих оставшихся способов объединить взрослого и ребенка, дающий им возможность понять друг друга. Соприкосновение ребенка со сказками, ненавязчиво, просто и мудро, знакомит его с понятиями добра и зла, неизбежно затрагивает его эмоциональную сферу. С помощью сказки у детей легче формируется позитивное отношение к доброте, справедливости, смелости, к нормам взаимоотношений с людьми и взаимодействие с окружающим природным миром.

Сказка – это способ общения с малышом на понятном и доступном ему языке, это первые маленькие безопасные уроки жизни. Воспитание детей сказками состоит в том, что нередко сами взрослые, по ходу чтения сказки дают свою оценку сказочным героям. Например, говорят, что лиса хитрая, а волк простофиля, верит ей, или, наоборот, лиса умница, обманула глупого волка. Эти комментарии очень влияют на нравственное воспитание детей и формирование у них системы ценностей. Победа добра над злом рассматривается как важный воспитательный момент. Воспитание детей сказками убеждает нас, что сказки являются для детей уроками нравственности. Сказочные герои наделены смелостью, красотой, трудолюбием, честностью. Сказки показывают детям, что бывает, если герои обманывают или поступают не по совести. Из сказки ребенок узнает, что дружба помогает победить зло и что зло всегда бывает наказано. Благодаря сказке, ребенок узнает, что добро всегда сильнее зла, и это помогает ему в дальнейшей жизни идти дорогою добра и мыслить позитивно. Чтение сказок даёт очень много маленьким и взрослым, помогает им сблизиться духовно. Через сказку легче объяснить малышу что такое «хорошо» и что такое «плохо».

Сказочные персонажи бывают очень разными: добрыми и злыми, хитрыми и завистливыми, ласковыми и грубыми. С помощью таких персонажей мы можем показать детям плохое и хорошее, как можно и нужно поступать, и как вовсе нельзя, в определённых жизненных ситуациях.

Таким образом, сказки являются неотъемлемым элементом в воспитании детей. Сказки учат детей сравнивать, сопереживать, помогают формировать основы поведения и общения,

развивают фантазию и воображение ребёнка, связную речь и мышление, внимание, память, мимику лица, жесты, а так же его творческий потенциал.

Сказки и внутренний мир ребёнка неотделимы друг от друга. Поэтому сказка является необходимым этапом в развитии детей, этапом который формирует запас жизненной прочности, или является некой «библиотекой жизненных ситуаций».

Взрослые иногда недооценивают роль сказки, в формировании личности, в развитии ребенка. В современном обществе народные сказки отходят на второй план, они заменяются многочисленными энциклопедиями и обучающей литературой. Это аргументируется тем, что дети должны познавать реальный окружающий мир, а не знакомиться с небылицами. В действительности дошкольный возраст - это возраст сказки.

Список литературы:

1. Доронова, Т.И. Дошкольникам об искусстве. Старший возраст / Т.И. Доронова. – Москва : Просвещение. – 2016. – 64 с.

2. Запорожец, А.В. Интеллектуальная подготовка детей к школе (содержание, формы и методы) / А.В. Запорожец // Дошкольное воспитание. –2007. – № 8. – С. 30-34.

3. Шаехова, Р.К. Предшкольное образование: актуальность, проблемы, стратегия развития / Р.К. Шаехова // Начальная школа плюс до и после. – № 7. – 2006. – С. 54-57.

АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ ҚҰРАЛЫ – ЕҢБЕК ПЕН АТА- ҮЛГІСІ

Жубанова Багдагул Ермековна, Жубаналина Нургул Айтугановна
Ақтөбе қаласы, №44 «Тұлпар» бөбекжай балабақшасы, тәрбиешілері

Баланың алғашқы адамгершілік түсініктерін аңғарып, мінез-құлқы мен тіртібін қалыптастыруда мектепке дейінгі шақ – ең жауапты кезең. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік рухани тәрбие беру. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер маңызды рөл атқарады. Балалар отбасындағы жақындары мен қарым-қатынасында, оқу-тәрбие ісінде, тікелей өмір тәжірибесінде ненің жақсы, ненің жаман екенін байқайды, жақсы мен жаманға үлкендер тарапынан берілген бағаны меңгереді. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің нақты міндеттері мына жайлармен түйінделеді:

1. Балалардың отбасына, жақындарына, құрбы-достарына, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.
2. Адамгершілік ережелеріне сай балалардың мінез-құлқын ұйымдасқан тәртібін, мәдениеттілігін, жақсы әдетімен, дағдысын қалыптастыру.
3. Балаларда адамгершілік түсініктері мен қасиеттерін тәрбиелеу.

Бүгінгі біздің басты парызымыз балашағамыз болып табиғатты балаларға үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие беру. Туған елге, жерге сүйіспеншілікті тәрбиелеудің басты құралы - халықтың тілі, мәдениеті мен көркем өнері. Бала әдеби шығармаларды: өлең, ертегі, ән, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал мен мәтел, батырлар жырын тыңдай арқылы ана тілінің байлығын меңгерумен қатар оны сүюді үйренеді. Атақты педагог Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаға рухани ләззат беріп, қиялға

қанат бітіретін, жас баланың рухани өсіп жетілуіне қажеті нәрсенің таусылмас қоры бар рухани азық» деп атап көрсеткен.

Адамның адамдық қасиеті оның адамгершілігінде деп айтуымызда тегін емес. Балаларды адаммен бірін-бірі сыйлауға, біріне-бірі көмектесуге, көпшіл болуға, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеп отыруымыз қажет. Ал отбасында ата-аналардың іс-әрекеті, әр сөзі үлгілі тәрбиеге, адамгершіліктің асыл қасиеттеріне баулитын әңгімелерге ұштастырылғаны дұрыс болар еді.

Рухани-адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа, мейірімділік, ізгілікке тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, тәрбиешінің де, ата-ананың да болашағы зор болмақ. «Бала естігенін айтады, көргенін істейді» - деп қазақ халқы бекер айтпаған. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор. Кішкентай сәбилеріміз ата - анасының, тәрбиешісінің, достарының мінезінен, жүріс - тұрысынан, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгі алуға тырысады. Бала бойына адамгершілік қасиеттерді ойын, салт - дәстүр, мақал - мәтелдер, ертегілер, жұмбақтар, айтыс өлеңдер арқылы сіңіру ата - ана мен тәрбиешілердің басты міндеті.

Ертегінің тәрбиелік мәні зор. Ол сәбидің қиялына қанат бітіріп, бойындағы игі қасиеттердің қалыптасуына жол бастайды. Мысалы «Шалқан» ертегісін тыңдап болған соң, балалар шалқанды көптің көмегімен жұлып алғанын білді. Ал, «Ақмышым» ертегісін тыңдап болып, кішкентай бүлдіршіндер қамқорлық, мейірімділік сезімдерімен танысты.

Адамгершілік дүниесіндегі ұрпақтан - ұрпаққа жалғасып келе жатқан қымбат қазыналарымыздың бірі – бесік жыры, мақал - мәтелдер болып келеді. Сәбилер «бесік жырын» тыңдай отырып, ананың бесік жырымен, әлдиімен, өзінің туған тілінің әуенінен тұңғыш рет нәр алады. Мақал - мәтелдер арқылы кішкентай бүлдіршіндеріміздің қайырымдылық, ілтипат сезімдерін арттырамыз, адамгершілік сезімдерін оятамыз. «Үлкенге – құрмет, кішіге - ізет» деген мақал – мәтел арқылы бала бойына үлкенді құрметтеу, қамқорлық сезімдерін туғызамыз. Балаларды еңбек сүйгіштікке баулу арқылы, адамгершілік, эстетикалық қасиеттерін дамытуға болады.

Өз – өзіне қызмет ету;

- Кішкентай топтарда балалар тәрбиеші көмегімен киініп, жуынып, сүртінеді, бір - біріне көмектеседі, «рахмет, кешір, өтінемін» сөздерін айтуға баулу. Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым - қатынастарын қалыптастыру. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады немқұрайлықтың пайда болуына, құрбыларына, үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды.

- Тұрмыстық қызметте топтағы ойыншықтарды жинау, оларды күтіп ұстау, топты таза ұстау. Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетіне қажет ермек саз, тақтайша, қылқалам т. б дайындауға көмектесуі. Осылайша біз бүлдіршіндерімізді қайырымдылыққа, кішіпейілділікке шақырып, жақын адамдарына қамқор болуға үйретеміз.

- Серуен кезінде гүлдерді қопсыту, шөптерін жұлу, ойын алаңымызды таза ұстауға үйрету. Бірде серуенде сәбилерді жапырақ жинауға шақырдым, балалар 2 - 3 жапырақ жинаған соң «жинағым келмейді» деп тарай бастады. Сол кезде мен жұмыс жоспарын ойын жоспарына айналдырып жібердім, әкелген жапырақтардан бастарына гүлшоқ жасадым, оны көрген кішкентайлар қуанып, барі де жинай бастады. Бұл серуенде балаларды тек қана жапырақ жинауға емес, топпен жұмыс жасауға, үлкендерге көмектесуге, еңбексүйгіштік қасиетінің алғашқы игеріміне баулыдым.

Әрбір жасалынған істен кейін «Жарайсыңдар балалар! Тобымыз немесе ойын алаңымыз қандай сәнді болып қалды, бәрекелді!» деген сөздерді есту арқылы жасаған еңбектерінің дұрыс екеніне көз жеткізеді. Ұжым болып жұмыс жасай білуі, ұқыптылық, ізденімпаздық, аяушылық, қамқорлық, сезімдерін бойына сіңіруі аса маңызды.

Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – ата - ана мен ұстаздардың басты міндеті. Кішкентай бүлдіршіндеріміздің бойына ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік қасиеттерін сіңіріп, өз - өзіне деген сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші рөл атқарады. Адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу күнделікті балабақша өмірінде, тәрбиешінің жұмыс күнін ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы турде қамтылады. Тәрбиешінің тәртібі, іс - қимылы, балалармен, үлкендермен қарым - қатынасы кішкентай сәбилер үшін үлгі болып, олардың жеке басының қалыптасуына ықпал етеді. Балабақша мен отбасы арасындағы тығыздық артқан сайын бүлдіршіндерімздің адамгершілік құнды қасиеттері арта түседі. Осыдан келіп, бүлдіршіндерімізде жақсы қылықтар, ұжымдық қарым - қатынас, адамгершілік сезімдері, еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, жауапкершілік, патриоттық сезімдер туралы түсініктер қалыптасады. Кішкентай бөбектеріміз адамгершілік қасиеттерді ата - анасынан, үлкендерден, тәрбиешілерден насихаттау арқылы емес, тек шынайы көру, сезіну қатынасында алады. Адамгершіліктің құнды қасиеттерінің негізі отбасында қалыптасады, Қортынды

Жас ұрпақты саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен балабақша қызметкерлерінің бірден бір парызы. Оқу тәрбие жұмысын дұрыс жолға қоюда ата-аналармен жұмыстың орны орасан. Сондықтан біздің балабақшада ата-аналармен жұмыстардың алуан түрлері іске асырылу қажет. Әрбір жеке тұлғаға достық, отбасы, Отан құндылықтары туралы алғашқы қарапайым түсініктер беру; мейірімділікке, жауапкершілікке, қайырымдылыққа, сүйіспеншілікке баулу, құрбы-құрдастарымен,өзінен кішілермен және үлкендермен ізгілікті қарым- қатынас, өзін қоршаған орта ғажайыптарын сезініп, табиғатқа зиян келтіруден бойын аулақ ұстауға тәрбиелеуге бағытталған. Балабақша тәрбиешісінің алға қойған мақсаты, баланың бойына ұлттық саналық қалыптасқан, халқының әдет-ғұрпын салт-дәстүрлерін көңіліне тоқыған дені сау, шымыр да шыныққан, сымбатты, халықтың тілін білетін, рухани байлығы мол, жан-жақты азамат тәрбиелеп өсіру

Тәрбиенің алтын бесігі - балабақшамыздағы сәбилерімізді адам баласына тән асыл қасиеттерге, адамгершілікке тәрбиелеуден жалықпайық!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бала тәрбиесі № 2 2006 ж , № 4 2008 ж
2. «Өзіндік таным» № 2 2007 № 5-6 2006 ж
3. Баймұратова. Б. Отбасындағы баланы мектепке дайындау , — Алматы: Шартарап, — 2000 ж
4. https://infourok.ru/bayandama-ruhaniadamgershilik-trbieni-maizdilii-580405.html
5. https://videouroki.net/razrabotki/miektiepkie-dieiinghi-balalarda-dag-dylar-mien-diettierdi-t-rbiielieu.html

КРИТЕРИАЛЬНОЕ ОЦЕНИВАНИЕ НА УРОКАХ ИСТОРИИ

Жумагалиева Раушан Кенжетаевна
г.Актобе, Средняя школа –гимназия №11

Педагогическое сообщество Казахстана на сегодняшний день уже приняло новые образовательные ценности, поставив в центр образовательного процесса активного и самоорганизующегося ученика, предложив учителю занять позицию тьютора, посредника либо сотрудника в его учебной деятельности. Эти трансформации были укоренены и осмысленны настолько, что язык зафиксировал их, разделив «обучение» на «преподавание» учителя и «учение» учащегося, которому отдан безусловный приоритет. Ведущими векторами образовательной стратегии стали образование в течение всей жизни, инициатором которого является тот, кто учится, компетентностный подход, тесно связанный с активным характером обучения. Наиболее полно новая образовательная стратегия выражается лозунгом, сформулированным английской системой образования: «Возьми в свои руки контроль над своим обучением».

Успешное осуществление педагогической деятельности современным учителем истории невозможно без применения эффективных педагогических технологий обучения и воспитания. Использование педагогических технологий позволяет рационально выстраивать процесс обучения. Важным звеном в процессе обучения является контроль знаний и умений учащихся. Эффективность учебной работы существенно зависит от того, как организован и на что нацелен контроль. Поэтому все учителя уделяют особое внимание способам организации контроля и его содержанию.

В настоящее время основной целью образования является развитие конкурентно - способной личности, готовой к взаимодействию с окружающим миром, к самообразованию и саморазвитию. Особое значение имеет контрольно - оценочная деятельность ученика, то есть готовность и способность контролировать и оценивать свою деятельность, уметь устранять причины возникающих трудностей.

Все мы привыкли оценивать деятельность учащихся традиционно, используя пятибалльную систему оценивания, но при этом не всегда можно объективно оценить работу ученика. Поэтому мы используем на своих уроках современную технологию оценивания учащихся: критериальную.

Критериальное оценивание предполагает наличие механизма, позволяющего производить оценку учащихся более объективно, таковыми являются рубрикаторы. Оценивание деятельности учащихся на уроке становится демократичным, так как ученик является субъектом своего обучения, а учитель не играет роль "судьи" при выставлении оценок.

Система оценивания дает возможность определять, насколько успешно усвоен тот или иной учебный материал, сформирован тот или иной практический навык. При этом целесообразно за точку отсчета брать обязательный минимум.

Критериальная система оценивания совершенно прозрачна в смысле способов выставления текущих и итоговых отметок, а также целей, для достижения которых эти отметки ставятся. Она также является средством диагностики проблем обучения, предусматривая и обеспечивая постоянный контакт между учителем, учеником и родителями.

ұлттық идеясын оқу мақсатына сай кіріктіреді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері ұжым мүшелеріне қолдау көрсетіп, теориялық және пәндік білімді кіріктіруге көмек береміз. Мысалы, көркем еңбек пәні мұғалімдері Абай шығармаларын оқушының өзіне-өзі қызмет көрсетуі, кәсіп пен болашақ мамандық таңдаумен байланыстырса, жаратылыстану пәні мұғалімдері ақын өлеңдеріндегі адам жаратылысының сырын, психолог пен өзін-өзі тану мұғалімдері Абай тағылымын бала бойына дарытса, класс жетекшілер«Абай ұлағаты» тақырыбында сабақтар өткізеді. Данышпан Абай өз шығармаларында «Ісім өнсін десең, ретін тап»,- деп кәсіпкерлік туралы да айтқан. Кәсіпкерлікке еңбекті насихаттау мақсатында көңіл бөлген. Абай қазақ халқын бай елдердің қатарында көріп, малды адал жолмен тауып баю, басқа біреуге тәуелсіз болуын армандады. Абай шығармашылығындағы адам мәселесі бір ерекше орын алатын. «Адам бол!» - деген сөзді ту етіп көтерген. Ақынның өлеңдерінде жиі кездесетін сөздер: «адам болу», «жарым адам», «адамшылық» және т.б. Бұл адамның психологиялық, эстетикалық, танымдық және әзіл-сықақ, кеңес беру «қарасөздері» арқылы айтылады. Абай психолог ретінде адамның рухани байлығын, адамдық қасиеттерін, элеуметтік этика, қоғамды көркейтуге жол көрсеткен. Абай: «Адамды нағыз адам ететін - сезім, ой, рух, білім, өнер, адамгершілік, сана, әрекет», - дейді. Осылардың бәрі болса, адам өзімен өзі жетіледі, өзін өзгемен жарастырады, қала берсе, халық игілігіне сай келтіреді. Шынымен де, бұл жайлы ойлау, әсіресе бір күндік өмірімен ғана өмір сүретін адам үшін пайдалы болар еді. Сенің жетістігің- сенің қолыңда, бірақ оған жету үшін «мимен жұмыс жасау керек»

Ұлы ақын адамның жан көріністерін көз жіберу немесе тексеру арқылы да білдіре алады. Мысалы, көру құралы – көз туралы мынадай тіркестер бар: «үлкендеу келген қоңырқай саналы көздер», «нұрлы көз», «ойлы оты бар, жанған көздер», «ұялы қара көз». Абайдың «Алтыншы», «Сегізінші», «Он бірінші» сөздері жоғарғы ілім - білімге ұмтылуға бөгет жасайтын надандық, мақтаншақтық мінездерді шенеуге арналады. «Бірлік, тірлік» деген сөз ұғымдарының мәнін аша келіп, «Алтыншы сөзінде» Абай: «Бірлік - ақылға бірлік, малға бірлік емес», - десе, сол әңгімесінің екінші жерінде: «Ырыс - алды тірлік» дейді. Жанын қорғалап жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады... Оның ойынша, әр адам арлы, адамгершілік қасиеттері жоғары, сабырлы, ұят пен қанағатты білетін, иманды, игі жүректі болу керек. Абайдың «Он жетінші сөзі» қайрат, ақыл, жүрек, ғылымға арналады. Алдыңғы үшеуі адам үшін өздерінің атқаратын жұмыстарын айта келіп, әр қайсысы өзін бірінші орынға қойып таласады да, ғылымға төрелікке жүгінеді. Ғылым үшеуінің де жақсылы, жаманды қасиеттерін дәл сипаттап, әділ сынайды. Жеке – жеке үшеуінде де кемшілік бар. «...Осы үшеуің басынды қос, оның ішінде жүрекке билет», - деп үкім шығарады. «Егер үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтаймын», - дейді оларға ғылым. Демек Абай жүректі, яғни адам – адамды сүю, адам үшін қызмет етуді бірінші орынға қояды. Бірақ ғылым бойынша да, Абайша да ең идеал нәрсе – осы үшеуінің бірлігі. «Осы үшеуі (ақыл, қайрат, жүрек) бір кісіде менің айтқанымдай табылса, табанының топырағын көзге сүртерлік қасиетті адам сол», - дейді. Абай: «Адамды нағыз адам қылатыны- сезім, ой, рух, білім, өнер, адамгершілік, сана, әрекет, - дейді. Осылардың бәрі болса, адам өз-өзімен табыстырады, өзін өзгемен жарастырады, қала берсе, халық игілігіне сай келтіреді. Олай болса мазмұны жаңартылған бағдарлама бойынша білім мен тәрбие беру жағдайында ұлт мұрасына айналған данышпанымыздың тағылымын оқушы бойына сіңіру – әр білім ордасының, әр мұғалімнің міндетіне айналуы тиіс деп ой түйеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Р. Сыздық. «Абайдың сөз өрнегі». Алматы, «Санат», 1995 ж.
2. Е.Ахмерова . «Абай және бизнес». Алматы. // Ұлағат, № 3, 2008ж.98 б.
3. Д.Омаров. Абайтану «Білім алу». Алматы., 2002 ж., 155 б.

4. Барлыбаева Г.Г. Мировоззрение Абая в контексте казахской общественной мысли:дис…канд. гуманитарных наук.– Алматы, 1992. – 180 с.

5. Абай мұрасы – халықтың рухани байлығы https://presidentlibrary.kz/kk/news/abaymurasy-halyktyn-ruhani-baylygy Тарих пәнін оқытуда оқушылардың зерттеушілік дағдысынқалыптастыру Мукатов

АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ ПӘНІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ-ЖАСТАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Жылкыбаев Даурен Сеитказыулы
«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»
«Б.Сейсекенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Бүгінгі таңда қоғам мен мемлекеттің білім беру жүйесінің алдына қойып отырған міндеттерінің бірі - жеткіншектерді Қазақстандық елжандылық пен Қазақстанда тұратын халықтардың ұлтаралық ынтымақтастығы рухында тәрбиелеу болып табылады. Бұл мәселенің көкейкестілігі қазіргі әлемді жаһандандыру жағдайында бұрынғысынанда артып отыр.Ұлттық бірегейлікті сақтаудың басты жолдарының бірі болып жастарға патриоттық тәрбие беруде халықтың мәдени мұрасын пайдалану болып табылады.

Жастардың адамзаттық, патриоттық қасиеттерін қалыптастыру проблемасына Қазақстан Үкіметі құжаттарында және Елбасы Жолдауларында аса үлкен мән берілген. Елбасы өзінің жолдауларының бірінде «Өз тарихымыз бен ерекше. жағдайларымыз негізінде дұрыс жолды таңдап алу мүмкіндігіміз де бар» (1997) десе екіншісінде «біз бірлесе отырып, ерікті ұлт жасақтау жолында, алға жылжуымызға «қажетті берік негіз қаладық» (2005) - деп өзіміздің тарихымызды, дінімізді, ұлттық қасиеттерімізді алдыңғы қатарға қойылған.

Президенттің патриоттық сезімге толы осы ой-пікірі Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңында» ең маңызды міндеттер ретінде өз Отаны Қазақстанды сүюге, азаматтық пен патриотизмге тәрбиелеу, мемлекет рәміздері мен халықтарының салт-дәстүрлерін құрметтеу» ата заң мен қоғамға қайшы келетін көріністерге төзбеу, әлемдік және Отандық жетістіктерін игеру, Қазақстанда тұратын басқа да халықтардың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін, тарихын жете білу деп көрсеткен.

Демек, салт-дәстүрлердің, соның ішінде халық педагогикасында көрініс алған патриоттық сана-сезімнің қалыптасуына тікелей ықпал ететін озық дәстүрлердің тағылымдық мүмкіндіктерін пайдалану қажеттілігіне аса мән береді.

Ұлттық дәстүрлерге, ұлттық идеяға назар аудару және білім мен тәрбиені соған бағдарлау - көптеген мемлекеттер мен халықтардың нақты бір тарихи кезендерінде жиі кездесетін мәселе.

Патриотизм дегеніміз - Отанға деген сүйіспеншілік, әрбір азаматтың мемлекет алдындағы борышын жанқиярлықпен орындау.

Ал Қазақстандық патриотизм - Қазақстан азаматының өзін осы елдің төл баласы, нағыз азаматы ретінде сезінгенде, Қазақстанды өзінің туған елі, Отаны деп есептеген жағдайда ғана қалыптасады, дей келе, Қазақстанның патриоты қандай болу керек екенін белгілесек, онда оның ерекшеліктері мынада:

- Бұл әрбір азаматтың тек өзінің конституциялық борышын өтеуі ғана емес, сонымен бірге оның тұлғалық сапаларының қалыптасуы.

- Қазақстан халықтарын ұлы державалық патриоттық сезімге ұмтылдыру мақсатында қазақстандық ғажайыпқа сендіру, оны мақтаныш ету.

- Қазақстан Республикасының азаматының Отанын қорғауға деген оң көзқарасын қалыптастырып, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің әскер қатарында болатынына ұлттық патриоттық мақтаныш сезімін тудыру.

- Қазақстан Республикасының әскери доктринасына сай Қазақстан халқының мүддесін көздеуде патриоттық сезімдерін ояту.

Сонымен бірге, ұлттық патриотизмнің негізгі құндылықтарына «Отан», «Атамекен», «Ел-жұрт», «Азаматтық борыш», «Ар-намыс», «Адалдық пен Әділдік», «Азаматтық парыз», «Қанағатшылық пен Жомарттықты» жатқызамыз. Сөйтіп оны қадірлеп, құрметтеуге тәрбиелеу деп белгілейміз. Демек, атамекен дәстүрлі дала қоғамының қоныс тепкен кеңістігі, қазақ жұртының тіршілік кеңістігі, өмір сүру ортасы, Жер, Отан, Атамекен мен Ел - егіз ұғым, Отан адамның бойында патриоттық сезімді туғызудың қажетті шарты деп ой қорытамыз. Патриоттық сезімді күшейтуге негіз болатын «Азаматтық борыш, Азаматтық парыз» болып, бұның да келіп шығу тегі - сүйіспеншілік, халқына, жеріне құрмет пен борыш. Ал, борыш дегеніміз адамға міндеттер ретінде берілетін және оларды мүлтіксіз орындау оның ішкі кісілік қажеттілігі болып табылытын, қоғам, ел-жұрт тарапынан талаптар мен іс-әрекеттердің жиынтығы екенін айқындаған. Борыштылық - әр адамның өзіне жүктелген істі орындауға жауапкершілігін түсініп мойындауы. Осыдан барып ар-намыс келіп шығады. Ғалымдардың пікіріне қосыла отырып, біз борыш ұғымының субъективтік сипаты қойылған талаптар мен жүктелген үмітті, қызметті, міндетті жете түсіну, оны атқаруға рухани әзірлігі мен мәдениетіне байланысты деп анықтап отырмыз.

«Қазақстан Республикасының қорғанысы мен Қарулы Күштері туралы» Заңда Отанды қорғау және Республика Қарулы Күштерінде қызмет ету Қазақстан Республикасы азаматтарының халық пен мемлекет алдындағы Конституциялық міндеті мен парызы болып табылады деп көрсетілген.

Алғашқы әскери дайындық жастарды патриотизм мен интернационализм, демократиялық қоғам және оған шексіз берілгендік, Отанға және Қарулы Күштерге деген сүйіспеншілік, әскери борышты мүлтіксіз орындауға әзірлік рухында тәрбиелеуге бағытталған.

Отанды қорғау әрбір азаматтың парызы. Елімізде Отанның қорғаушысы болуды армандайтын ұлдар мен қыздар білім алуда екендігін айта кету керек. Олар Қазақстан тарихын терендетіп оқиды, алғашқы әскери дайындық сабағына аса бір ынтамен қатысып, болашақта тәуелсіз еліміздің мақтан тұтар аяулы ұлдары - Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Тоқтар Әубәкіров сынды халқының құрметті азаматы болуды армандайды.

Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен «Ұлтжандылық», «Отансүйгіштік», «Патриотизм» ұғымдары сол заманның ақиқатынан, наным-сенімінен туындайды. Отанға деген сүйіспеншілік бойындағы күш-қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрметтеу сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан бастап қалыптаса бастады. «Отан» деген сөз әуелде көшпелі өмір сүрген ата-бабаларымыздың от жағып, тіршілік еткен ұясы деген ұғымнан шыққа керек.

Өз Отанын сүйетін ұрпақ тәрбиелеу мектептегі әскери-патриоттық жұмыстың басты өзегі болуы керек. Өйткені кез келген егеменді мемлекет сияқты Қазақстан өзінің қорғаныс қабілетін сақтауды маңызды мемлекеттік міндеттердің және бүкіл халықтың ісі деп санайды.«Біздің басты мақсатымыз – Қазақстанның егемендігі мен территориялық тұтастығын сақтау» деген Президент өз жолдауында.

Қарулы Күшіміздің алдыңғы сапында қазақ жастарының тұруы, олардың бір кісідей ынтымақпен топтасуы, Ата заңымызда көрсетілген қасиетті борышын, перзенттік парызын орындауы - Отанға, Атамекенге деген сүйіспеншіліктің, негізгі мазмұны, имандылық пен адамгершіліктің негізгі белгісі мен басты өлшемі.

Егеменді ел тірегі - Қарулы Күштер болса, сол Қарулы Күштерде әскери қызметті атқаратын - жастар. Ал жастарды мектеп табалдырығынан бастап жеке куәлігін алғанша даярлайтын және шыңдайтын алғашқы әскери дайындық пәні болып табылады. Жастардың жақсы азамат болуына осы пәннің көптеген пайдасы бар екендігін айта кету керек.

Алғашқы әскери дайындық мектептерде 1996 жылдан бастап ҚР Үкіметінің, арнайы қаулысымен енгізілді. Осы қаулыға сәйкес бастапқы әскери білім беру еліміздің барлық орта білім беретін оқу орындарында жүргізіледі. Ал, 2006 жылдан бастап жаңа қаулы қабылданып, әскери дайындықтың деңгейі жоғарылай түсті. Бастапқы әскери дайындық пәні көптеген пәндермен жанама байланыста, ал, дене тәрбиесі сабағына тікелей байланысты.

Алғашқы әскери дайындық пәнін оқу барысында оқушылар азаматтардың, Қазақстан Республикасын қорғау жөніндегі Конституциялық құқықтарын ұғынуға, ҚР Қарулы Күштерінің сипаты мен мақсатын, әскери іс пен азаматтық қорғаныстың негіздерін анықтап түсінуге тиіс, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі мерзімді әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметті өткерудің жағдайларына қысқа мерзімде бейімделіп, өздеріне сеніп тапсырылған қару-жарақ пен жауынгерлік техниканы меңгеру үшін жас сарбазды дайындау көлемінде қажетті білім, практикалық машықтанушылық, мінез-құлық орнықтылығын қалыптастыруы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.«Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы».ҚР Президентінің Жарлығы,- Астана: Ақорда. 2006ж. Қазанның 10-ы. №200

2.Алғашқы әскери дайындық (Рсспубликалық әскери-патриоттық педагогикалық-әдістемелік журнал.) №4 . 2011ж. 8-б.(Отаншылдық сезімді қалыптастырудың маңыздылығы).

3.Қазакстан мектебі (журнал) №4. 2011 ж. 9 б.(Азаматтық-патриоттық тәрбие-уақыт талабы.)

4.Алғашқы әскери дайындық (Республикалық әскери-патриоттық педагогикалық-әдістемелік журнал.) №4. 2010ж 3-б (Алғашқы әскер

МОРФОЛОГИЯЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАРДЫ ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Жылқыбаева Әсел Балағазқызы
«№9 орта мектеп-гимназиясы» КММ, қазақ тілі пәнінің мұғалімі

Қазіргі заман талабы өндірістік саладан бөлек, білім беру саласында да жаңа сандық коммуникациялық технологияны талап етеді. Оның маңызы – әлемдік деңгей шеңберіне бәсеке қабілетті үздік, білікті мамандарды даярлап шығаруда шектеусіз мүмкіндіктерді қолдану. Біздің елімізде, қазір, білім беру деңгейін көтеру мақсатында мектептер мен оқу орындарына жаңа ақпараттық-цифрлық техникаларының орнатылуы – осы мақсаттың негізгі айғағы.

Сабақ өткізу барысында, жаңаша тәсілдерді қолдану аясында түрлі платформалар арқылы өткізу оқытушылар мен оқушылар үшін тиімді әдіске айналып отыр. Шет елде бастау алған бұл жаңаша технология, біздің еліміздегі оқыту жүйесіндегі үздік әдіс-тәсіл ретінде аталды. Жаңаша платформалар сабақты қорытындылауда, оқушылардың өткен, өткізген тақырыпты қаншалықты түсінгенін анықтауда ұтымды.

Қазақ тілі сабағын өткізуде интерактивті тақта, платформа секілді көркемдік әдіс, құралдары қолдану тиімді. Морфологиялық категорияларды тиімді оқытуда жаңа платформаларды қолдана отырып, сабақты қызықты әрі нәтижелі өткізуге болады.

Қазір білім беру ұйымдарында Kahoot платформасы белсенді қолданылуда. Бұл платформа сабақта викторина түрінде өткізіледі. Бұл ойын үш тәсіл: *тест, сауалнама* және де *Jumble* арқылы жүзеге асады. Бастысы – интерактивті тақта мен смартфон. Ойынға оқушылар жеке оқушы да, топ болып та қатыса алады. Ал, сабақ жоспарына сай біздің нұсқамызды топтасып қатысқан тиімдірек. Морфологиялық категорияның түрлерін сабақта Kahoot-ты пайдалану арқылы үйрету. Бұл ойынның тест түрі сабақтың соңғы жағында, өтілген сабақты пысықтау мақсатында қолдануға болады. Платформаның ең қызықты ойыны ***Jumble*** яғни, қазақ тілінде ретсіздік дегенді білдіреді. Бұл ойын арнайы бекітілген уақыт бойынша ойнатылады. Сұраққа жауап беру керек. Ал, сұрақтың жауабы әріптерге немесе буынға бөлініп арнайы текшелерге бекітіледі. Оқушының міндеті, сол текшелерді орын-орнымен дұрыс құрап шығу. Мысалы:

Сұрақ

-лар, лер дегеніміз ....



1-сурет - ***Jumble***

Қосымшаларды оқытуда kahoot-тағы викторина өте қолайлы. Сұрақ беріледі, төрт текшеде сұрақтың жауабы беріледі. Оқытушы тарапынан арнайы уақыт бекітіледі. Сол жауаптың біреуін таңдайды. Таңдалған жауап дұрыс болса жасыл түс, қате болса қызыл түс шығады. Сұрақтар тақырыпқа байланысты әр түрлі нұсқада берілуі мүмкін. Мақал-мәтел немесе сөз тіркесі, категориялардың арнайы ережесі, тіпті қосымшаларды да сұрақ ретінде

беруге болады. Әрине, бұл оқытушының тарапынан қойылатын креативтілік шеберлігіне байланысты

.



2-сурет – Рай түрін анықтау тәсілі

Бұл ойын, викториналар арқасында оқушылардың шапшаң ойлауына, логикалық дамуына әсер етеді. Бұл ойынды тек қана сыныпта емес, сондай ақ қашықтықтан оқытуда өте қолайлы бағдарлама. Оқушыларды уақытында әрі тез бағалаудың тиімді әдісі.

Өтілген сабақты қайталау немесе пысықтау мақсатында, ***«Миллионер»*** әдісін қолдануға болады. Викторина топтық, үш топқа бөлінген оқушылар міндетті түрде мұқият болуы керек. Алдымен, арнайы аудиожазба қосылып, оқушыларға тыңдатылады, кейін тақтаға арнайы сұрақ немесе тапсырма шығады. Оқушылардың міндеті аудиожазбаны тыңдап, кейін сұраққа немесе тапсырманы орындау үшін арнайы тетікті, тетік болмаса қызыл қағазды көтеруі қажет. Викторина ерекшелігі, бұл үш топ арасындағы жарыс болмақ, тапсырмаға, сұраққа әр топ өздерінің бәсекелестерінен озу үшін, ең бірінші болып қызыл қағазды көтеріп үлгеруі керек және де сұраққа жауап бірден дайын болуы керек. Бұл ойынға қойылатын талап:

- әр топ өз қарсыластарына құрмет көрсету, мәдениетті сақтау;

- сұраққа нақты жауап болған кезде ғана, қызыл тетікті немесе қағазды көтеру

- қарсыластарының айтқан жауабы мен пікіріне қарсы шықпау;

- жауап дайын болмай, көп ұпай жинау үшін бірінші болып көтерген топтың жауабы есептелмейді, және де балл шегеріліп отырады;

- тетікті басқаннан кейін 7 секунд аралығында жауап беру, яғни тетік басылғаннан кейін 7 секунд ішінде сұраққа жауап болмаса, ол топтың жауабы қабылданбайды. Ол сұрақ ойын шеңберінен шығып кетеді. Басқа топтарға да қойылмайды. Ойыннан көп ұпай жинаған топ «Миллионер» атанады да, арнайы жүлдеге ие болады.

Есім сөздер категориясында да , етістік категориясын оқытып, барлық категория талқыланып, талданып болған соң, сабақтың соңында оқушылардың алған білімді қаншалықты дәрежеде есте сақтағанын түсіну мақсатында арнайы «БИНГО» ойын түрін пайдалануға болады. Ойынның алатын уақыты 3-5 минут аралығы. Есім категорияларына арнайы өткізер болсақ, ең алдымен оқушылар дәптердің бір жақ бұрышына 6 бөлікке бөлінген тор сызып алады. Кейін оқытушы тақтаға көптік, септік, тәуелдік жалғауларының қосымшаларын жазады. Оқушылар соның ішіндегі тек алты қосымшаны ғана қолдана алады, сөзге сол таңдаған қосымшаларды жалғап немесе тек қосымшаның өзін ғана алты бөлікке бөлінген торға біртіндеп жазып шығады. Жазып болған соң, мұғалім тақтадан бір-бірлеп алты жалғауды кетіре бастайды. Мұғалім тақтадан өшірген қосымшаны оқушы қолданған немесе торына жазып қойған болса, онда ол да кестеден сызып тастап отырады. Мұғалім кетірген алты қосымшаның барлығын қолданған оқушы, ең соңында «БИНГО»деп қолын көтереді. Бірнеше ойыншы «БИНГО» ұтысын жеңіп алуы мүмкін. Осы ойынды етістіктің категориясында да қолдану тиімді. Бұл ойын оқушыларды ешқандай жағынан бағаламайды, оның мақсаты тек сабақ соңында оқушыларға керемет көңіл-күй сыйлау мен сабақ жөнінде

жақсы әсер қалдыру. Десе де, оқушылар тақтадағы жалғауларды арнайы бір сөзге жалғау барысында қай қосымшаның қандай мақсатта, қандай сөздерге жалғанатыны жөнінде өз білімдерін жетілдіріп, толықтыруда жақсы құрал деуге болады. Қашықтықтан оқыту кезінде де, осы ойын өте жақсы тәсіл болар еді.

Қазіргі уақытта, сабақтарда инновациялық технологияны қолдану барысында, жаңадан еніп келе жатқан платформа PLICKERS деп аталады. Бұл платформа сабақ үстіндегі тез сауалнама өткізу кезінде қажетті құрал. Осы арқылы көбінесе жаңа сабаққа қатысты тесттер немесе өткен сабаққа байланысты қайталау тесттерін жүзеге асырады. PLICKERS-тің ерекшелігі, сабақ барысында оқушыларда арнайы QR-коды бейнеленген парақ және де, сол QR-кодтың 4 жағында орналасқан жауап нұсқалары тиесілі әріптер. Қай жауапты дұрыс деп санайды, қолындағы қағазын сол жаққа қарай айналдырады. Ал, оқытушыда тек арнайы смартфон болса жеткілікті. Сол арқылы оқушылар қолындағы QR-кодын сканерден өткізіп, сол мезетте-ақ дұрыс немесе қате жауап бергенін көруге болады. Дұрыс болса оқушының есімі жасыл түспен, қате болса қызыл немесе сары түспен шығады. Кейін, жауаптың барлығы да тақтада тікелей көрсетіліп, сол сабақтың аталмыш сыныпта өту статистикасын шығарып береді. Басқа қосымшалар секілді бұл платформа да сабақ барысында екі парақ жүзінде алынатын тест тапсырмаларын тез арада әрі оңай өткізуге өзінің үлкен әсерін тигізіп отыр. Осы секілді көрнекілік құралдарын қолдану арқылы, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ашу, ынтасын оятуда рөлі маңызды. Қазіргі таңда жас мектеп оқушылары заман өзгеруіне қарай бәрі де өз уақытымен жүзеге асқанын қалайды. Соның бірі - инновациялық технологиялар, жаңа АКТ технологиялары арқылы жаңаша оқыту жүйесінің қалыптасуы. Осы тәсілдер арқылы білім алушының алған білімін жаңа деңгейде қабылдай алуы, өз ойын жеткізе білу дағдыларын қалыптастыру мақсаты жүзеге асады. Ең бастысы, оқушылар мен оқытушылар арасындағы еркін қарым-қатынас болуы шарт. Оқушыға тек тұтынушы ретінде қарау, қаншалықты оқыту жүйесін жаңа технологиялармен, ақпараттық көрнекілік құралдарымен жүргізсе де, оқушыға қызықсыз әрі сабаққа ынтасының жоғалу ықпалы болуы мүмкін. Сондықтан, инновациялық, ақпараттық, цифрлық технологияларды қолданғанда да маңыздысы – оқушы іс-әрекетке, іс-шарада рөл атқаратын, мұғаліммен қатар ортақ субъект болуы. Қазақ тілі сабағында, білім беруші мен алушының еркін әңгіме айтуы мен пікірлесуі, тілдегі білімін жетілдіруге, ойын ашық айта алуға, сөз саптау дәрежесінің артуында негізгі басты қызметті атқарады.

Әдебиеттер тізімі

1. Ысқақов А.Ы. Қазіргі қазақ тілі: Морфология. – Алматы, 1991. – 385 б.
2. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 144 б.
3. Құрманова Н.Ж., Тойбазарова Н.А. Морфологияны дамыта оқыту сабақтарының жүйесі. – Ақтөбе, 2006. – 70 б
4. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет.
5 Даутова О.Б., Крылов О.Н. Современные педагогические технологии в профильном обучении. – Санкт-Петербург: КАРО, 2006.
6. Селевко Г.К. Педагогические технологии на основе активизации, интенсификации и эффективного управления УВП. - М.: НИИ школьных технологий, 2005.

С ПЕСНЕЙ ПО РАДУГЕ

Залеснова Дина Закировна
ГККП «Центр детского и юношеского творчества»
педагог дополнительного образования

Цель: создание условий для повышения мотивации педагогов на системное использование музыкально-игровой **деятельности детей** в музыкальной развивающей предметно-пространственной среде.

Задачи:

- познакомить со способами активизации интереса детей к музыкальному искусству и самостоятельной музыкальной деятельности;
- представить методы и приемы работы с дошкольниками по обогащению опыта восприятия музыки через цветовую палитру и воспроизведения её на инструментах системы «Цветные ноты»;
- повысить уровень профессиональной компетентности педагогов в развитии музыкально-творческих способностей дошкольников.

Инструменты системы «Цветные ноты»:

1. диатонические колокольчики - набор
2. ксилофон – 1 шт.

Раздаточный материал - цветные карточки (шарики) обозначения нот.

Проектор, экран-доска.

Дидактические игры: «Самолет», «Шарик», «Корова», «Лягушка», «Капельки», «Часики».

Цветик –семицветик.

Структура

1. Теоретическая часть

- Вступительное слово.
- Актуальность проблемы.
- Теоретическое обоснование темы «Музыкально-игровая деятельность обучающихся в музыкальной развивающей предметно-пространственной среде ДО». «Разноцветная методика»

2. Практическая часть. Взаимодействие с педагогами с показом эффективных приемов развития музыкальности.

- «Цветик –семицветик» волшебное превращение лепестков в ноты.
- Знакомство с музыкальными инструментами системы «Цветные ноты»
- Игра на инструментах

3. Рефлексия: Итог мастер-класса

Ход

1. **Теоретическая часть**

Добрый день, уважаемые коллеги!

Почему я решила провести мастер – класс!

Во – первых, это здорово всегда узнавать что-то новое!

Во – вторых, это весело и интересно учиться чему-то и детям, и взрослым!

В – третьих, взрослые смогут почувствовать себя детьми в совместной игре и творчестве, дети еще больше смогут сблизиться и подружиться!

В – четвертых, вы сегодня поиграете на уникальных музыкальных инструментах, и я, надеюсь, что ваши дети захотят продолжить заниматься музыкой хотя бы дома, а некоторые в кружках и музыкальной школе.

Актуальность

Музыкальное развитие ребенка обусловлено не только занятиями с педагогом, но и возможностью самостоятельно играть, экспериментировать с **музыкальными игрушками,** свободно заниматься творческим музицированием.

Теоретическое обоснование темы «Музыкально-игровая деятельность детей в музыкальной развивающей предметно-пространственной среде дополнительного образования»

Музыкальные инструменты системы «Цветные ноты» побуждают в детях творческую самостоятельность. Посредством игровой организации процесса ребенок постепенно подводится к игре на музыкальных инструментах, легко ориентируется в звукоряде представленных инструментов. У дошкольника формируются предпосылки к дальнейшей музыкальной деятельности.

А теперь предлагаю пропеть все ноты по порядку.

Участники поют гамму

Ноты выстроились в ряд,
В музыкальный **звукоряд.**
А сколько ступеней в звукоряде?
Давайте посчитаем ***(Семь)***

Ноты нужны для записи музыки, песни. У каждой нотки есть свое место на нотном стане. Нотный стан это их дом, в котором они все живут! Нам нужно собрать все семь нот. **Педагог:** Посмотрите, у нас распустился **цветок**. Да он не обычный *(Рассматривают)*. Что это за **цветок такой**? *(отвечают)*. Правильно, у него семь лепесточков, а в середине, посмотрите, улыбочка? А вы встречали такое в сказках? Может он и есть тот самый волшебный **цветок**, он зовет нас разобраться из чего состоит песня. А вы мне в этом поможете, ведь мы уже умеем петь песни, только вот не знаем как ее записывают нотками.

Отрываем первый лепесток и говорим заветные слова из сказки. «Лети, лети лепесток…»

Читаем что написано с обратной стороны: **Распевка!** Для чего нужна распевка? (Ответы)

Поем распевку "Ежик". Молодцы, а теперь споем наши знакомые скороговорки, скажите, для чего нужны нам скороговорки?

Отрываем второй лепесток и читаем: **Темп. Характер.**

Какой бывает характер? (Быстрый и медленный). Играю на фортепиано "Колыбельную", "Ежик".

Отрываем следующий лепесток: Звуки. Высокие и низкие. (Ответы детей). Игра "Самолет", "Капельки", "Часики".

Физминутка.

Отрываем следующий лепесток: Динамика. Какая бывает динамика? (Ответы). Играем в хлопки (тихо-громко).

Следующий: Ритм. Хлопки ритмические.

Отрываем лепесток, читаем: Дыхание. Игра "Шарик", "Корова", "Лягушка".

И на последнем лепесточке написано "Песня". Спрашиваю, а песню можно только спеть, или ее можно и сыграть? (Ответы).

Посмотрите, мы все лепестки превратили в ноты, а что же у нас тут получилось? (Ответ).

Знакомство с музыкальными инструментами системы «Цветные ноты»

Общий принцип этих уникальных инструментов - каждый комплект состоит из отдельных нот определенного цвета, настроенных на определенную ноту звукоряда (гаммы).

7 нот – 7 цветов— 7 предметов + 1 повторная нота «До» следующей октавы. Исполнитель может использовать как отдельную ноту - играя в составе группы – так и несколько, исполняя аккорды и мелодии.

Основные музыкальные инструменты системы «Цветные ноты»:

• **Колокольчики**– придают ансамблю Цветных нот светлое и яркое звучание.

Колокольчики за счет легкого звукоизвлечения особенно подходят для занятий с малышами от 1 года.

• **Ксилофон** – в переводе с греческого примерно как *«звучащее дерево»* или *«звук дерева»*. Это ударный музыкальный инструмент, который состоит из нескольких деревянных пластин. Они выкладываются в определённом порядке, который зависит от частоты звука: слева располагаются более низкие ноты, а справа более высокие. По такому же принципу расположены клавиши фортепиано. Играют на ксилофоне при помощи деревянных палочек.

• **Глокеншпиль (металлофон)** – оркестровый ударный музыкальный инструмент в виде набора металлических пластинок, по которым ударяют молоточками, появился на основе ксилофона. Каждая пластина также имеет звук определённой частоты. При игре на металлофоне удар должен приходиться на середину пластинки и быть легким. Кисть при этом должна быть свободной.

• **Игра на инструментах (работа в группах)**

• *Участникам предлагается выбрать группу инструментов, поиграть на них, услышать их звучание. Выстроить звукоряд.* Так удобнее проводить предварительную работу при разучивании партитур.

• *По предложенной схеме сыграть музыкальный отрывок*

Вверх по радуге иду *(К/О/Ж/З/Г/С/Ф)*

Пора вернуться обратно: Вниз по радуге бегу – все играют вниз быстрее.

• **Исполнение песни «Ёлочка»**

Руководство к упражнению:

Сначала следует проговорить название нот вслух, затем сыграть партитуру «a capella» чётко проговаривая название нот. (При этом следует следить за единым темпом и чистотой исполнения.) Далее соединяем оркестр с аккомпанементом, чётко попевая названия нот.

Итоговая рефлексия:

Замечательно! Сегодня Вы пришли на мастер-класс **«С песней по радуге».**

Прошу вас выразить свое мнение по поводу услышанного и увиденного сегодня на мастер-классе.

Использованная литература:

1.Методическое пособие «Радуга». И.Г.Галянт. Москва «Просвещение» 2017г.
2.Песенки для развития вокальных данных детей 4-7 лет. О. Чернигова. Курск. 2007 г.
3.Методика преподавания музыкального искусства. Мукеева Н.Е. 2019 г.

МУЗЫКА КАК СРЕДСТВО ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Земфира Юрьевна Пигарина
ДО №2 «Бул бул», музыкальный руководитель

В наше время очень остро стоит вопрос о воспитании личности молодого поколения. Причиной тому является снижение морали и нравственности в обществе, исчезновение положительных жизненных установок, ориентиров. Чаще наблюдаются примеры детской жестокости, агрессивности друг с другом, по отношению к близким людям, наблюдается эмоциональная, волевая и духовная незрелость. Пропаганда насилия и жестокости в средствах массовой информации, разрушение семейного уклада, влияние далеко ненравственных мультфильмов отрицательно воздействуют на детские души: у детей искажаются и размываются представления о доброте, милосердии, справедливости. Наблюдая за детьми, выявилась некоторая склонность к враждебности, нежелания делиться игрушками, нежелания помочь товарищу в трудной ситуации. У детей слабо развиты навыки сочувствия, переживания, поэтому так важно закладывать основы нравственности, воспитывать моральные ценности с самого раннего возраста, когда формируется характер, отношение к миру, к окружающим людям, к себе и своей семье.

Современная концепция дошкольного образования признает большое влияние на воспитание в ребенке общечеловеческих ценностей: доброты и красоты. В детстве идет развитие всех сил человека, как душевных, так и телесных, приобретаются знания об окружающем мире, формируются нравственные навыки и привычки. Именно в дошкольном возрасте формируются задатки нравственности: что такое «хорошо» и что такое «плохо», воспитание потребности в «красивом», которая определяет весь строй духовной жизни ребенка, его взаимоотношения в коллективе.

Большие возможности для этого заложены в содержании работы по музыкальному воспитанию. Музыка позволяет наилучшим способом развивать все хорошее, изначально заложенное в ребенке.

Музыкальная деятельность соприкасается со всеми образовательными областями, а структура музыкальных занятий способствует многогранному восприятию музыкального искусства.

Сегодня приходится говорить о сохранении культурных ценностей, бережном отношении к ним людей через собственный опыт, эмоциональное переживание. Музыкальное развитие оказывает ничем незаменимое воздействие на общее развитие: формируется эмоциональная сфера - она пробуждает в человеке добрые чувства, делает его выше, чище, лучше, так как в подавляющем большинстве она предполагает положительного героя, возвышенные эмоции. Музыка – это волшебство, особый язык, позволяющий передать самые тонкие оттенки человеческих состояний, переживаний, отношений. Она обладает огромной силой педагогического влияния на духовность человека, потому и совершенствуется мышление, воспитывается чуткость к красоте в искусстве и жизни. Постигая мир музыкальных звуков, дошкольники учатся слышать окружающий мир, выражать свои впечатления, свое отношение к нему. Музыка влияет на все сферы развития человека.

Нравственное воспитание средствами музыкального искусства состоит в том, чтобы научить детей сопереживать музыке, развить способность переживать чужие радости, чувствовать чужую боль, воспитывать у детей чуткость, восприимчивость к красоте, эмоциональную отзывчивость, научить их видеть прекрасное в окружающей жизни. Эмоциональная отзывчивость на музыку - одна из важнейших музыкальных способностей.

Многократное восприятие музыкальных произведений помогает ребенку выявить для себя важные чувства и настроения, выраженные в музыкальных образах.

Музыка развивает способность чувствовать и мыслить. Она развивает воображение, является сильнейшим средством формирования интеллекта, эмоциональной культуры чувств, нравственности. Средствами музыки дети приобщаются к культурной жизни, знакомятся с важными общественными событиями, знакомясь с культурным музыкальным наследием, присваивает ценный культурный опыт поколений. Все виды музыкальной деятельности позволяют ребенку во всей полноте соприкоснуться с миром музыки. Пение является основным видом музыкальной деятельности детей. Исполняя песни, дети глубже воспринимают музыку, активно выражают свои чувства. Музыкальный язык песен отличается большой выразительностью, мелодия и слово родной песни знакомит с национальными традициями народа, с его песенным прошлым, является могучей воспитательной силой, раскрывающей перед ребенком народные идеалы. Человек с тонкой, эмоциональной натурой не может забыть горя, страдания, несчастья другого человека; совесть заставляет его прийти на помощь. Это качество воспитывает музыка и песня. Эмоционально исполненная песня - залог того, что дети ее запомнят. В исполнительстве дети выражают свое отношение к окружающему миру.

Музыкальные представления и интеллектуальные способности благоприятнее всего развивать через знакомство дошкольников с природой. Воспитанием любви к родной природе можно и нужно развивать патриотическое чувство дошкольников: ведь природные явления и объекты, окружающие ребенка с его появления на свет, ближе ему и легче для восприятия, сильнее воздействуют на эмоциональную сферу. Общий и музыкальный кругозор, наличие достаточного багажа представлений о жизненных явлениях (природных, общественных), определенный запас впечатлений от произведений литературы, изобразительного искусства, от праздников и развлечений способствует развитию детской фантазии, творческого воображения.

В своей работе я стремлюсь добиваться, чтобы дети были не только активными слушателями и зрителями, но и активными исполнителями песен, танцев, музыкальных игр. С помощью беседы, художественного слова стараюсь создать настрой для углубления эмоциональных переживаний детей, для развития творческих способностей. Подбирая репертуар и используя музыку, обращаю внимание, чтобы дети знали: Родина – это все, что их окружает, родные и близкие люди, которые заботятся о них, родная природа, родная речь, песни и стихи обо всем этом, музыка к танцам с родными интонациями - все это учит ребенка гордиться этим и бережно ко всему относиться. Стараюсь раскрыть перед детьми их красоту, сделать эти произведения знакомыми и любимыми, а образы, к которым привлекаю внимание детей, яркими, конкретными, вызывающими интерес, будящими воображение и фантазию. Разнообразный репертуар по содержанию и по форме дает возможность найти в каждом произведении свою особенную изюминку, которая может запомниться детям надолго и эмоционально воздействовать на них.

Конечно, без совместной работы с семьей воспитать ребенка нравственно с высокими духовными качествами невозможно, поэтому нужна разъяснительная работа с родителями о роли музыки в жизни ребенка, влиянии на его нравственное, психическое и физическое здоровье. Последовательная, систематическая, хорошо организованная работа духовно-нравственного воспитания способствует эстетическому и интеллектуальному развитию детей, развивает творческую и познавательную активность, учит осознанному отношению к восприятию музыки. Это наполняет детей радостью, открывает огромный мир добра, света, красоты учит их творчески преобразовывать окружающий мир.

Литература:

1. Богданова О. С., Катаева Л. И. «О нравственном воспитании детей»
2. Ларионова С.О. Дзацило Ю.А. «Нравственное воспитание дошкольников в детском саду».
3. М.Д. Маханева «Нравственно-патриотическое воспитание дошкольников»
4. О.П. Радынова, Л.Н. Комиссарова «Теория и методика музыкального воспитания детей дошкольного возраста»
5. Т.Ф. Яркина «Актуальные проблемы социального воспитания»

ДИСЛАЛИЯНЫ ТҮЗЕТУГЕ АРНАЛҒАН ЛОГОПЕДТІК БАҒДАРЛАМАЛАР

Зинешова Ақниет Жанболатқызы
Фариза Оңғарсынова атындағы №41 мектеп-гимназия

Қазіргі кезде қоғамымызда балалардағы сөйлеу, есту қабілеттерінің даму дәрежесінің төмендеп кеткендігі көрініс ауып отыр. Білім беру саласындағы логопедиялық қызметке деген сұраныстың артуы да үлкен қажеттіліктерден туындайды. Білім алушылардағы артикуляциялық аппараттың толық дамымауы көптеген логопедиялық бұзылыстарға алып келеді: афазия, дизатрия, алалия, ринолалия, дислалия, дисграфия, дислексия, тұтықпа. Бұзылыстардың ішінен ауызша сөйлеу тілінің бұзылуы **дислалияны** айрықша атап өткіміз келеді.

Дислалия - бұл артикуляциялық аппараттың дисфункциясынсыз қалыпты есту қабілеті бар балалар мен ересектердің дыбыстық қатынасының әртүрлі бұзылулары. Бұл сөйлеу дыбыстарының айтылу және қолдану нормаларының бұзылуы, ОЖЖ-ның немесе есту мүшелерінің органикалық зақымдануымен байланысты емес.

Дислалия жағдайында арнайы жабдықтар, компьютерлік интерактивті бағдарламалар және сапалы әртүрлі логопедтік құралдар көп сапалы, сауатты логопедтік жұмыс жеткілікті. Тіпті нейрокоррекциялық және нейрологопедиялық бағдарламаларсыз да мұндай түзету жеткілікті болуы мүмкін және жақсы нәтижелер көрсетеді.

Дислалия ауызша сөйлеудегі дыбыстардың болмауынан, алмасуынан, араласуынан немесе бұрмалануынан көрінеді, бұл ретте дыбыстардың, грамматиканың, буын құрылымының, тек дыбыстардың не екенін естен шығармау қажет!

Дислалия кезінде сөйлеу аппаратының құрылымы мен жылжымалылығын, дыбыс шығару жағдайын, буын құрылымын және фонематикалық есту қабілетін логопедтік тексеру жүргізіледі.

Бірақ қазір дислалия құрылымында дыбыс шығарудың полиморфтық бұзылыстары басым болды, олар жазба сөзді одан әрі қалыпты меңгеруге кедергі келтіреді және дисграфия, дизорфография және дислексияның пайда болуына ықпал етеді.

Дислалия кезінде сөйлеуді диагностикалық тексеру анада жүктілік пен босану ағымының ерекшеліктерін, балада ауырған ауруларды, ерте психомоторлық және сөйлеу дамуын, биологиялық есту мен көру жағдайын, моторика, праксис, прориоцептивтік функцияны, тірек-қимыл аппаратын анықтаудан басталады. **Бірінші тексеру блогы** - аппараттық, **екіншісі** - аппаратсыз және **үшіншісі** - ата-аналар үшін мамандардың егжей-тегжейлі консультациясы.

Диагностика барысында әртүрлі позицияларда дыбыс шығарудың бұзылу сипатын анықтау қажет - фонемалардың оқшауланып, әртүрлі буындардың, сөздердің, сөз тіркестерінің және тұтас мәтіндердің құрамында айтылуы. Сондай-ақ баланың барлық байланыстырушы

фонемаларды дифференциялауға қабілетті екендігін анықтау үшін фонематикалық естуді бағалау қажет.

Дислалия кезіндегі диагностика оны анықтауды ғана емес, оның нысанын, түрін және түрін анықтауды да білдіреді. Бұзушылықтардың себебіне байланысты басқа мамандарды - нейропсихолог, дефектолог невролог, отоларинголог, балалар психиатрын тарту талап етілуі мүмкін.

Дислалия әртүрлі факторлардың әсерінен қалыптасуы мүмкін. Қалыптасқан ақаулардың әлеуметтік немесе биологиялық табиғаты болуы мүмкін. Әлеуметтік факторлардың қатарына:

- балалар еліктейтін ересек адамның дұрыс сөйлемеуі - асығыстық, жанашырлық, диалектілер, сөз, акцентр, дұрыс соққы;
- ересек адамның балалардың лепетін елестетуі;
- педагогикалық іске қосу;
- отбасындағы билингвизм (қос тілділік) - екі тілді меңгеру және бір мезгілде оларды барлық жерде пайдалану.

Патологияның функционалдық түрінің биологиялық шығу тегі жалпы физикалық әлсіреумен (әдетте жиі кездесетін аурулар аясында дамиды), ми дисфункциясымен ең аз болып табылады.

Дислалияны бірнеше белгілері бойынша жіктейді. Патология мономорфты (бір артикуляциялық топқа кіретін бір немесе бірнеше фонеманың айтылуы қиналады) және полиморфты (әр түрлі артикуляциялық топқа кіретін фонемалардың айтылуы қиналады) болады.

Дислалия қарапайым және күрделі болады. Бірінші жағдайда адам 1-ден 4-ке дейін дыбыс шығарады. Патологияның күрделі түріне 4-тен астам дыбыстың дұрыс айтылмауы тән.

Функционалдық дислалия жеке қаралады. Ол 5 жасқа дейінгі балалардың көпшілігінде байқалады.

Бұзылу сипатына (фонетикалық, фонематикалық) және дыбыстардың әртүрлі белгілерінің (акустикалық, артикулярлық) қалыптасу ерекшеліктеріне сәйкес дислалия мынадай түрлерге бөлінеді:

- акустикалық-фонематикалық;
- артикулярлық-фонематикалық;
- артикулярлық-фонетикалық.

Бар бұзушылықтардың себебіне сәйкес дислалияның шығу тегі механикалық (органикалық) немесе функционалдық болуы мүмкін. Функционалдық патология моторлы немесе сенсорлы болады. Кейбір балаларда осы екі түрі де бір мезгілде болуы мүмкін. Мұндай үйлесім кезінде дислалияны сенсомоторлық деп атайды.

Дислалия кезінде әртүрлі топтарға жататын дыбыстардың айтылуы бұзылуы мүмкін:

- ротацизм;
- ламбдацизм;
- гаммацизм;
- каппацизм;
- хитизм;
- йотацизм;
- сигматизм (ысқырық шығаратын және сыбырлайтын дыбыстардың айтылу ақауы).

Сондай-ақ қатты жұптық дауыссыздарды жұмсақ және керісінше ауыстырумен сипатталатын бұзушылық бөлінеді. Бұл жұмсарту мен қаттылықтың ақауы деп аталады. Саңырау дыбыстары жұп қоңыраулармен және керісінше ауыстырылатын шақыру және есту ақауын жеке қарастырады.

Дислалияның механикалық түрі артикуляциялық аппараттың анатомиялық құрылымына қатысты ақауларымен байланысты. Мұндай бұзушылықтар әр түрлі табиғатқа ие болуы

мүмкін, осыған байланысты туа біткен, сатып алынған, тұқым қуалайтын және органикалық этиология бөлінеді. Соңғысы мыналарды қамтиды:

- тілдің, еріннің ұзындығының жеткіліксіздігі;
- аномальды өлшемдер тілі - макроглоссия (массивтілік) немесе микроглоссия (кішкентай өлшемдер, аномальды тораптық);

еріндердің аз қозғалуы, олардың шамадан тыс қалыңдығы.

Дислалияның дамуы сондай-ақ сөйлеу аппараты негізделген сүйек құрылымдарының дұрыс құрылымына байланысты болуы мүмкін:

- патологиялық тістеу;
- тістердің аномальды құрылысы: ұсақ өлшемі, сирек орналасуы, шербиндер;
- иықтың аномальды құрылысы: готикалық иық (жоғары орналасқан, жоғарғы жақ сүйегі тар), тығыздалған және төмен.

Патология, демек одан әрі түзету көріністерінің ерекшеліктері оның түрлерімен байланысты.

Моторлы функционалдық дислалия жыныстар мен тілдің қозғалысы дәлдігінің, ондағы айырмашылықтардың болмауын сипаттайды. Бұл дыбыстық артикуляцияның шамалылығымен байланысты, яғни фонетикалық ақаулар (дыбыстардың бұрмалануы) нәтижесінде пайда болады.

Дислалияның сенсорлық функционалдық түрі акустикалық ұқсас фонемалардың есту айырмашылығының қиындығын сипаттайды. Мұндай бұзушылық қоңырау және саңырау, қатты және жұмсақ, сыбырлайтын және ысқыратын дыбыстарды қозғайды. Осы орайда ауызекі сөйлеудегі қос фонемалардың өзара алмасуы да орын алып отыр. Мұндай бұзушылық хатта әріптерді бір үлгідегі ауыстыру түрінде де көрінуі мүмкін.

Дислалия сөздің лексика-грамматикалық жағында көрсетілмейді - оның қалыптасуы жас нормаларына жауап береді. Бұл айтарлықтай дамыған сөздік базаның болуын, сөздердің буын құрамының бұрмалануының болмауын, аяқтарды септікке сәйкес, жалғыз және көп санды дұрыс пайдалануды білдіреді. Байланыс сөзі әдетте жақсы дамыған.

Бұзушылықтарды емдеу логопедтік түзетуді білдіреді. Ол кезең-кезеңмен орындалады, алдымен дайындықты жүргізеді, содан кейін алғашқы айтылым дағдыларын, содан кейін коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға кіріседі.

Егер механикалық дислалия байқалса, онда дайындық кезеңінде артикуляциялық аппараттың анатомиялық жетілмегендігінен құтылады. Оның құрылысын түзету ортодонтиялық емдеу, тар пластика көмегімен жүргізілуі мүмкін.

Моторлы функционалдық дислалия сөйлеу моторикасын дамыту қажеттілігін білдіреді. Ол үшін артикуляциялық гимнастиканы орындайды, логопедиялық массажға жүгінеді - бұл әдіс тілдің бұлшық еттерін, тұмсығын, ернін, бетін, бетін дәйекті пысықтау болып табылады. Бұл ретте қанмен жабдықтау жақсарады, артикуляциялық бұлшық ет босаңсиды немесе тонизацияланады, сөйлеу моторикасы қалыпқа келтіріледі.

Егер сенсорлық функционалдық дислалия диагностикаланса, онда дайындық кезеңінде фонематикалық процестерді дамыту қажет.

Дұрыс дыбыс шығаруды қамтамасыз ету үшін бағытталған ауа ағынын қалыптастыру, ұсақ мотериканы жетілдіру маңызды. Сондай-ақ тірек фонемаларын айтумен жұмыс істеу қажет.

Алдымен логопедтер оқшауланған фонемалармен жұмыс істейді. Оларды қою үшін еліктеуге жүгінеді немесе механикалық көмекті қамтамасыз етеді (логопедтік зондар пайдаланылады).Дыбысты автоматтандыруды да қою керек. Бұл жекелеген буындарға, бүтін сөздерге, сөйлемдерге және мәтіндерге қатысты. Дыбыстар араласқан кезде олардың сарапануын қою, соның салдарынан сөзге енгізу қажет.

Дислалияны түзету бойынша логопедтік жұмыс уақыты жеке және бірқатар факторларға байланысты: бұзылудың түрі мен нысанына, қою үшін қажетті дыбыстардың санына, баланың жасына, сабақтардың жүйелілігіне және ең бастысы арсеналда логопедиялық жұмыстың заманауи құралдарының болуына байланысты маман. Бұл фактор өте маңызды - ол түзету уақытын 3-5 есе қысқартып қана қоймай, процесті қызықты етеді, бұл қазіргі заманғы бала үшін маңызды, ол 4 жасқа дейін логопедиялық жұмыстан жай ғана бас тартады. Ал бір жылға кешігу неврологтардың немесе логопедтердің «далалық» мінез-құлықты бала үшін түзету жұмысын ұйымдастыра алмайтын сеніміне қарамастан елеулі салдарларға әкеп соғуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Волкова Г.А. Методика психолого-логопедического обследования детей с нарушением речи.-СПб.:Детство, 2004.

2.Голубаева Г.Г. Корреция нарушений фонетической стороны речи у дошкольников :Методическое пособие. –СП.:Изд-во РГПУ им.А.И.Герцена: Союз, 2000.-220с.

3. Основы логопедии с практикумом по звукопроизношению / Под ред. Т.В. Волосовец. - М., 2000.

4.Павлова Л.Н., Теречева М.Н. Дидактический материал для коррекции нарушений звукопроизношения. Гласные и свистящие. - М., 2004.

5.Новикова Е.В. Зондовый массаж: коррекция звукопроизношения. - М., 2000

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Идирисова Айна Алтыбайқызы
«Қандыағаш қаласының №3 мектеп-гимназиясы» КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі - білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы енді туды.

Мемлекет болашағының кепілі- жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі. Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», -деген.

Сабақта қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер - педагогтардың оқытудың әмбебап үлгісін және тиімді әдістер жүйесін қолданып, білім алушыларға тәуелсіз болуға, сыни тұрғыдан ойлауға, оқуға жауапкершілікпен және шығармашылықпен қарауына көмектесетін сыни тұрғыдан ойлауға бағытталған тәсіл деуге болады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы - озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша менің көкейге түйгенім: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ұстаздықтың ұлы жолында өзімнің бар күш- жігерімді салып, еліме пайдамды тигізіп жатсам, бұл ғаламда одан артық бақыт жоқ деп ойлаймын.

Білім беру жүйесін инновациялық технологиялармен жабдықтап, білім берудің халықаралық талаптарын меңгерудің маңызы айрықша.

Танымал ғалым, педагог, философ, профессор Джон Дьюидің: «Егер біз бүгін балаларымызды кешегідегідей оқытатын болсақ, онда біз оның ертеңін ұрлаймыз» деген

ойына негізделе отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастап отырмыз. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған орай мұғалім алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды, тілдерді меңгеру, оларды тиімді қолдану міндеті тұр. Білім мазмұнының жаңаруымен қатар критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарды қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңартылған білім мазмұны мұғалімнен әрекеттік технологияларды енгізу, балалармен адамгершілік қатынас қағидасын іске асыруы арқылы сыныптағы әрбір оқушының жеке қабілеттері мен шығармашылық қатынасын дамытуды қамтамасыз ететін іс-әрекеттерін ұйымдастыруды талап етеді.

Заманауи мұғалім оқыту стратегиясының барлық мүмкіндіктерін қолдану үшін түрлі педагогикалық тәсілдерді құрамдастыруда тәжірибелі болу қажет. Білім беру стратегиялары барлық сыныппен, топта жүргізілетін жұмыс, жеке жұмыс және білім алушылармен кері байланыстан тұрады.Мұғалім педагогикалық міндеттерді шешу және оқытуда стереотиптерді жоюға, өзінің тұлғалық және кәсіби қасиеттерін жетілдіруге ұмтылуы тиіс. Ол үшін он-лайн және оф-лайн режимдерінде әріптестерімен белсенді қарым-қатынас және тәжірибе алмасу, талқылау және ынтымақтастық орнатуда, ортақ проблемалар мен инновацияларды енгізуде мұғалімдердің кәсіби желілік қауымдастығын пайдалану ұсынылады.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», - деген сөзі ізденімпаз, жаңашыл ұстаздарға арналғандай. Мектеп жұмысы мен оқушылардың жетістіктерін көрсетуде маңызды рөл атқаратын ұстаз. Мұғалімнің шығармашылық белсенділігі ең алдымен өзінің өткізген сабағынан, іс-әрекеттерінен көрініс табады. Әрине алға жылжу үшін, алған мәліметтер мен істеген жұмыстарды саралап, қорытындылап, бағалау керек.

Әр сабақта әдістерді түрлендіру арқылы оқушылардың қызығушылықтары арта түседі. Өз сабақтарымда үнемі «Өрмекшінің торы» ойынын, «Қапшықтағы фасоль», «Шынжыр», «Сыдырма», «Стикердегі 10 сұрақ», «Джигсо», «Ыстық орындық», «Бес саусақ» әдістерін қолдану барысында оқушылардың оқуға, өз білімдерін саралауға, талдауға қызығушылықтары артады.

Мұғалім түрлі стратегияларды қолдану арқылы оқушыларға оқуды өз бетінше жалғастырып, білімдерін жинақтауға жағдай жасайтынына, жауапкершіліктерінің арттыратынын көрсетуге, яғни мұғалім тек бағыт-бағдар беруші рөлін атқаратынын байқауға болады.

«Оқу білім - бұлағы, Білім - өмір шырағы» - дегендей, білім - мінсіз тұлға қалыптастырудың бірден - бір факторы болып табылады. Ал ондай тұлғаны қалыптастыру, біздің, яғни ұстаздар қауымының мақсатына айналуы керек.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ

Изенбаева Кырмызай Ермекбаевна
Ақтөбе қаласы №49 жалпы орта білім беретін
мектебінің көркем еңбек, графика және жобалау пәні мұғалімі

Өнер – эстетикалық тәрбие берудің басты құралы. Себебі өнер адамның рухани дамуы мен дүниетанымының қалыптасуына әсер етеді. Қазіргі ұрпаққа эстетикалық тәрбие беру - әдемілікті түсінуге, әсемдікті өз қолымен жасай білуге тәрбиелеу деген сөз. Эстетикалық

тәрбие тану-білумен байланысты. Ол адамның сезімі мен ойлау қабілетін дамытады. Эстетикалық тәрбие берудің бір құралы – бейнелеу өнері.

Ертеңгі болашағымыздың тағдыры жас ұрпақтың бүгінгі тәрбиесіне тікелей байланысты. Жан-жақты білімді, парасатты, саналы азаматты тәрбиелеп шығару, олардың жан дүниесін әлемдік өркениетке сай рухани қазыналармен байыту, халықтық педагогика дәстүрлерінің озық өнегелерін ой-санасына орнықтыру аса жауапты міндет екені анық. Жас кезінен бастап баланың қабілетін арттыру, өз бетінше жұмыс жасауына жағдай жасау оқу-тәрбие ісінде жақсы нәтиже береді. Бейнелеу өнері оқушыларды тапқырлыққа, өз бетімен жұмыс жасай білуге үйретеді және балалардың шығармашылық қабілеттерінің жоғары деңгейде болуына, оқу үрдісінің тиімділігін арттыруға ықпалы бар. Сурет салу барысында баланың психологиясы жайлап өзгереді. Мысалы, оқушы ойлау арқылы сурет салғанда бейнелеу өнері пәніне деген өзіндік жауапкершілігі артады. Суреттің бұл түрі оқушының шығармашылық қабілетін арттырады әрі ойлау қабілетін дамытады. Сабақта оқушылар бағдарлама бойынша тәжірибелік түрде үйрену арқылы көлемді форманың, жарық пен көлеңкенің бөліну заңдылығын меңгерумен қатар өнертану терминдерін жақсы игеріп шығады. Бейнелеу өнерінің кереметтігі өмірдегі барша бояу түрлерінің байлығын ашып, өзіне деген ерекшеліктерін айқындайтындығында.

Бейнелеу өнеріндегі көркемдегіш күштің жоғары деңгейде болуы көрушіге өте зор ықпал етеді. Яғни, оның эстетикалық тәрбие берудегі әсер етуші мүмкіндіктерінің шексіз екендігін айта кетуге болады. Сондықтан адам баласын өмірдегі, қоғамдағы, қоршаған ортадағы, табиғат көрінісіндегі әдемілік пен сұлулықты тануға, сезе білуге үйретуде, жалпы сезімталдыққа тәрбиелеуде бейнелеу өнері пәні өте үлкен орын алады. Мұғалім бейнелеу өнері сабағында оқушыларға қоршаған ортадағы шындық туралы көптеген мәліметтер береді. Мысалы, заттың нақты бейнесін салу барысында оқушы сол заттың пішіні мен құрылысына қарап танысу арқылы оның салмағы, алатын орны, мәні, түр-түсі жағынан қандай екенін байқайды. Осындай мақсатпен ой тоқтатып, зерттеп қараудың нәтижесінде оқушылардың білімі кеңейеді. Бұдан біз бейнелеу өнері бойынша жүргізілетін әрбір жеке сабақтың тәрбиелік мүмкіндігінің мол екендігін байқаймыз.

Оқушы бойында эстетикалық сананы қалыптастыру – үздіксіз процесс. Ал осы эстетикалық сауаттылықты қандай жолмен оқытқан тиімді болады, эстетикалық тәрбиені жас ұрпақтың бойына қалайша сіңіруге болады деген сұрақтар туындайды. Өз тәжірибемде бейнелеу өнері пәнін оқыту барысында алдыма қойған мақсатым - әсемдікті қабылдау қабілетін арттыру арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие бере отырып, оқу үдерісін жаңаша ұйымдастыру. Ол үшін оқытудың қазіргі кезеңдегі жаңа технологияларын пайдалану қажет.

Оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы баланың кішкентай кезінен дүниеге өзіндік көзқарасының қалыптасуына, сауатты сурет салуға деген білім дағдыларын меңгертіп, ойын тұжырымдап, еркін қарым-қатынас жасауына жол ашу. Осы орайда өнерге деген қызығушылықты тудыруда оқушылардың практикалық жұмыс істеу мүмкіндіктерін дамыту. Әр түрлі қызықты тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артады. Оқушылар сызбада күнделікті қолданып немесе көріп жүрген заттарын көретін болса өтетін тақырыптарды жақсы түсініп игереді, оған мен өз тәжірибемде көзім жетті. Олар сызбаны тез және жеңіл түсінеді, сызбаға және сабаққа қызығушылықтары артады, білімдері мен логикалық қабілеттері тез дамиды. Графика және жобалау пәнінде әрқашан жаңа сабақты қысқа, түсінікті және логикалық құрылымды жеткізуге тырысамын. Басында оқытылатын материалдағы бастыны хабарлап, оқушымен бірге шешім жасау.Жаңа материалға 7-10 минут жеткілікті. Қалған уақыт жаңа сабақты бекітуге жұмсалады. Әр сабақ мақсатын сабақ басында жеткізіп айту. «Қима», «Тілік» сияқты күрделі тақырыптар қайталанып түсіндірілуге тиіс. Графика және жобалау пәні оқушыларға дайын мәліметтер ұсынбайды, оларды ойлауға, әр нәрсеге сын көзбен, салыстыра қарауға, есептердің шешудің

мүмкін жолдарын табуға, ішінен тиімдісін табуға ұмтылдырады, ғылыми ізденістерге жетелейді. Өз іс-тәжірибемде оқытудың техникалық және басқа әр түрлі көрнекі құралдарын барынша интерактивті тақтаны мүмкіндігімше пайдаланып, сабақта берілген сұраққа оқушылардың нақты жауаптарына және сол жауаптарын біртіндеп практика жүзінде дәлелдеп шығу білігіне негіздеймін. Оқушылардың техникалық бөлшектерді дұрыс оқуы және олардың сызбаларын сапалы орындауына бұл әдіс тиімділігін көрсетті.

Бейнелей өнері сабағы оқушыларды тапқырлыққа, өз бетімен жұмыс жасай беруді үйретеді, сурет салу барысында баланың психологиясы жайлап өзгереді, мысалы, оқушы ойлау арқылы сурет салғанда, бейнелеу өнері пәніне деген өзіндік жауапты сезінеді. Суреттің бұл түрі оқушының шығармашылық қабілетін дамытады. Оқушыларды сабаққа қызықтыру үшін әр түрлі ойындарды ойнатуға болады. Сабақтың тиімді, түсінікті өтуіне және оқушылар өтілетін сабақтардан сапалы білім алуларына сабақта ойналатын ойындар көп көмегін көрсетеді. Ойындар және сонымен қатар логикалық тапсырмалар оқушылардың бейнелеу өнері пәніне қызығушылықтарын арттырады. Бейнелеу өнері пәнінің ұлттық бағытта өткізілуі, оқушылардың қоршаған ортаға, салт дәстүрге деген көзқарастарын оны эстетикалық тұрғыдан қабылдауларын қалыптастырады. Мысалы ою-өрнек тақырыбын өткенде ең алдымен өрнектердің пайда болғанынан бастап айтылады сонымен қатар жеке оюдың атауымен, түстердің сәйкестігімен, композиция негіздерімен танысады. Тағы бір оқушыларды сабаққа қызықтыратын әдіс-тәсәл тақтаға сурет салу немесе сызу, оқушылар өздері салған суреттерді дәл мұғалімдікіндей қылып салуға тырысады, тақтаға салынған суреттің кезеңділіктерін оқушылар өздері бақылап отырады да салынған суреттерінің кемшіліктерін тақтадағы суретпен салыстыру арқылы өздері түзетіп отырады. тақтаға салынған суреттер оқушылардың қызығушылықпен жұмыс істеуіне жақсы стимул береді.

Бейнелеу өнері сабағы басталар алдында оқушылардың көңіл күйлерін білу үшін мынадай ойын жүргіземін. Бұл ойынға таза қағаз бен гуашь болуы қажет. Оқушылар қағаздың жарты бетіне қылқаламмен кез келген дақ салады содан кейін қағазды бүктеп екінші жартысына жабыстырады. Сонсын қағазды ашып пайда болған дақтан қандай бейне шыққанын айтады.

1. Көңіл күйлері төмен оқушылар дақтан нашар нәрселерді көреді, олар көк немесе сиякөк түстерді таңдайды. Ондай оқушыларды сабырлы оқушылармен отырғызған жөн.
2. Сабырлы бала ашық түстен дақ жасайды және шыққан суретінен жақсы нәрселерді көреді.
3. Ашуланшақ балалар қызыл немесе қара түстерді таңдайды.

Оқушылардың логикалық ойларын дамытуға тағы мынандай ойындарды қолдануға болады. Оқушыларды кез келген түсті айтып, сол түсті бес нәрсені тез арада айтуларын талап ету. Бір минуттың ішінде бес нәрсені атай алмаған бала ойыннан шығады. Аталған нәрселерді қайталауға болмайды. Бала тез ойланған арқылы түстерді қайталайды. Оқушылар тақырыптар бойынша салған суреттерді ұнатады. Ақын жазушылардың шығармалары оқылады, олар оның қандай жанрға жататынын тауып, суретін салады. Ойындар оқушылардың дамуында үлкен роль атқарады, «Оқушылардың логикалық ойын дамытуға пайдаланатын дидактикалық ойындар» атты авторлық брошюра, сабақтың үстінде ойнауға болатын ойындар жинағы. Графика және жобалау сабағынан оқушылардың пәннен алған білімдерін бекітуге арналған тесттер жинағы, бақылау жұмыстар тапсырмалары, қызықты сұрақтар және тапсырмалар жиынтықтары дайындалды.

Біздің мектептегі оқушылар бейнелеу өнерінен әртүрлі сайыстарға қатысып жүреді. Оқушылар бейнелеу өнері сабақтарына қызығушылықпен қатысады.

Қорыта келгенде, өскелең ұрпақты күшті, білімді, ізденімпаз, шығармашылық еңбекке баулу-біздің басты міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Бейнелеу өнері және музыка,сызу мектепте, колледжде және ЖОО-да оқыту, №6,2017ж.

2.Бейнелеу өнері және музыка,сызу мектепте, колледжде және ЖОО-да оқыту, №2,2018ж.

3.Айдарова З. «Мектеп оқушыларының көркемдік талғамын тәрбиелеу», №2, 2006ж.

МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕ

Изимбетова Светлана Қуатқызы
Тамды орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді.

«Математика сабағында оқушылардың білімін» тиімді пайдалана отырып, күнделікті сабақты ыңғайына қарай әдіс-тәсілдерімен түрлендіріп өткізілген кезде, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы да арта түседі. Сабақ мазмұнын теориялық, практикалық құндылығы жоғары болған сайын, құрылымы көп түрлі оқыту әдістерімен мұғалімнің дайындығымен жоғары деңгейде өтеді. Оқушы пәнге деген қызығушылығын арттыру - мұғалімнің өз еңбегін ұтымды ұйымдастыра отырып, жаңа сабақ үлгілерімен оқушылардың шығармашылық ізденуін қалыптастыру, оқушыларға сұрақ қою, жұмбақ жасыру, шешу, танымдық ойындар ұйымдастыру арқылы іске асады. Оқу жүйесін тиімділендіру үшін жаңа білімді меңгеру кезінде компьютерлік презентацияны оқу ақпаратының қайнар көзі және көрнекі құралы ретінде қолдану және жаттықтыру бағдарламаларын қолдану арқылы оқушылардың зерттеу әрекетінің негізінде өз бетімен білім алуға мүмкіндік беретін зерттеу сабақтарын өткізуге болады.Оқу процесін ұйымдастыруды үнемі жаңартып отыру оқушылардың жеке қабілеттілігін дамытуға, оқудағы пәнаралық байланысты күшейтуге, мүмкіндік береді.

Математика пәнін арнайы пәнмен байланыс орнату арқылы оқыту есептер – шығаруда тек есептің дұрыстығын ғана емес, оны шешудің ұтымды жолын таба білуге мүмкіндік береді. Мұғалімнің басты мақсаты – оқушыға терең де тиянақты білім беру, ал білім сапасын арттыру үшін әр мұғалім шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет, және де қажетті білім берумен шектелмей алған білімін оқушыға керек уақытында қолдана білуге үйрету. Осы мақсатта оқушыға дайын ақпаратты бермей, оны өз бетімен жұмыс істеуге, ізденуге үйрету қажет, ол үшін әр ұстаз оқытуда білім берудің озық тәсілдерін қолдануы керек.

Қайсыбір мұғалім болсын, сыныптың сабаққа қызығушылығын ояту үшін түрлі әдістерге жүгінеді. Мұғалім сұрап, оқушы жауап беретін бір сарынды дәстүрлі әдістегі сабақтар баланы жалықтырып, пәнге қызығушылығын төмендетіп, білім сапасына да әсер ететіні сөзсіз.

Мұғалім әр сабағына және өзіне рефлексивті есеп бере отырса жұмыс жасау қарқыны жақсарып жанданады. Мұғалімнің рефлексиялық қызметінің мақсаты: педагогикалық әрекеттің негізгі компоненттерін есіне түсіріп, олардың мәнін, алынған нәтижесін «дұрыс» не «бұрыс» болғанын дәлелдей алу, қолданылған әдіс пен құралдардың тиімді не тиімсіз болғанына байланысты өзіндік көзқарасын білдіру, орындалып өткен әрекеттің нәтижесін

зерттеу.Қазіргі таңдағы тиімді білім беру әдістерінің дәстүрлі білім беруден артықшылықтары мол. Оқу материалының міндетті деңгейін тез меңгертуге қабілетті оқушылар үшін математика курсының жеке тақырыптары бойынша жаттықтыру және бақылауға арналған бағдарламалар бар. Мұнда оқушылар компьютермен жеке жұмыс жасап, тапсырманы дұрыс орындағаннан кейін қиындық деңгейі жоғары жаттығуға көшеді. Бұл әрекет оқушылардың бос отырмай, өз ісімен айналысуына мүмкіндік береді, нәтижесінде олардың қызығушылықтары артады. Қолданылатын оқу бағдарламасында есептер қиындық деңгейі бойынша құрастырылған есеп, сурет, график және мысалдармен берілген. Есеп шығару кезінде оқушы есептің дұрыс шығарылғандығын, қатесін экраннан көре алады. Оқушы білімін бағалау кезінде жеке тақырыптарға, бөлімгерге арналған тесттік сұрақтарын пайдалануға болады. Компьютердің көмегімен тесттік бақылау дәстүрлі әдіске қарағанда оқушылардың білетінін немесе білмейтінін тез анықтауға мүмкіндік береді. Математика сабағында компьютерді пайдаланудың тиімділігі:оқушы уақытын үнемдейді;оқушы өз бетімен жұмыс істеуге үйренеді;оқушының ойлау қабілеті артады.Оқушылардың ойлау қабілетін тереңдету, пәнге қызығушылығын арттыру бағытында көп жылдардан бері педагогикалық зерттеу жұмыстарын жүргізіп келемін. Сол жасалған жұмыстардың негізінде оқушының:есептің берілгенін толық оқып шығуға дағдыландыру, теорияны білу оны логикамен ұштастыру,шапшаң ойлау қабілетін қалыптастыру,көру, есте сақтау қабілетін дамыту,есепті шығаруда тиімді жағын көруге баулу,пәнге деген құзырылылығын арттыру.

Заман ағымына сай күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарларды, компьютерлерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Кез келген сабақта электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен жұмыс істеуге жағдай жасайды.

Математикадан сабақ беру әдістемесі педагогикалық ғылымдар жүйесінің бір бөлігі болып табылады. Пән ерекшелігіне қарай матаматика курсын толығымен компьютерлік негізде ауыстыруға болмайды. Мысалы, аксиома, теорема, оларды дәлелдеулер жолымен оқушылардың абстрактылық ойлау қабілетін дамыту істері бұрынғы тәсілдермен жүргізілуі тиіс.

Математиканы оқыту әдістемесі оқушының өзіндік тұлғасын қалыптастыру үшін, оның дүниетанымын және интеллектін дамытуға, іргелес пәндерді зерттеуге, білімін жалғастыруға және болашақ мамандық қызметі үшін қажетті математикалық білімі мен іскерлігін қалыптастыруға және жүйелендіруге бағытталған. Бірақ, көпшілік жағдайда мұғалімге оның әртүрлі бөлімдерінің байланыстарын талқылауға және көрнекі бейнелеуге уақыт жете бермейді.Қазіргі уақытта математика сабағында тек қана иллюстрация тестілеу үшін ғана қолдануы жеткілікті емес. Компьютер оқу үрдісінің барлық кезеңдерде қолданылуы қажет жаңа сабақты түсіндіруде, бекітуде, қайталауда, білімді, дағдыны, іскерлікті тексеруде және үлгерімді тексеру және оқушылардың білімін жетілдіру мақсатында ақпараттық технологияларды пайдалану; біріншіден, оқытушының жұмыс өнімділігін арттырып, оқу нәтижелерін тексеруге көбірек уақыт бөлуге көмектеседі; екіншіден, объективті түрде қадағалай отырып, балалардың алған білімін бағалауды жүзеге асырады.

Қазіргі уақыт ұстаздан жаңа әдісті, шығармашылық ізденісті талап етеді. Мұғалімнің негізгі міндеті – оқушыларға терең де, тиянақты білім беру.Өсіп келе жатқан ұрпақ – адамзаттың болашағы, жалғасы. Тәуелсіз ел атанып, төбемізге ту тігіп, тіліміздің мәртебесі артып, әлемге атымызды танытып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы – жас ұрпақ біліміне, тәрбиесіне де мықты көңіл бөлінуі қажет. Бүгінгі күні біздің басты мақсатымыз – өзіндік адамгершілік құндылықтарын бала бойына дарыта отырып, оның рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту. Абай атамыздың «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға»

деген нақыл сөзін естен шығармай, жалықпай, үлкен төзіммен шәкірттерге жеке тұлға болып қалыптасуына, өмірде өз орнын таба білетін адамның қажеттілігін қалыптастыруына, жақсы тәрбие, терең білім беру үшін аянбай жұмыс жүргізуге тиістіміз.

Қазіргі мемлекеттік оқу стандарттарын, оқу жоспарларын, оқу бағдарламалары мен оқулықтарын бірізділік бойынша үздіксіздікке, сабақтастық пен пәнаралық байланыстарға негіздеу қажет. Төменгі сыныптарда математиканы оқытудың қиыншылықтарының бірі – ол оқушылардың абстрактілі ой қорытуының жетімсіздігі, жүйеленген тұжырым жасаудың нашарлығы. Сондықтан математикалық ұғымдарды, үйретілген амалдарды түсіндіру барысында оқушылардың өздеріне таныс, өмірдегі белгілі практикалық бейнелерді, түсініктерді келтіруі керек.

Математиканы оқытудағы практикалық бағыт дегеніміз – әр тақырып мазмұнының және тапсырмалар мен есептер шешу тәсілдерінің жүйесі және оқушылардың өз бетінше математикалық білімденуімен ізденістерін қалыптастыру.

Математиканы оқыту процесінде оқушылар тақырыптың мазмұнының практикалық мәніне, оның алдағы уақытта қолданылуының маңызды екенін барынша терең түсінулері керек. Кез-келген теориялық материалды игеруде оның қолданылу аймағын атап өту керек. Негізінде теориялық білім тек есеп шығару барысында ғана пысықталатынын естен шығармаған жөн.Математикалық тұрғыда есептерді шешу жолдарын алдын-ала болжауы, жүйелі түрде еңбекке дағдылануы, білімге деген жауапкершілігі, алған білімді одан әрі шыңдауға ұмтылуы, өз бетінше жұмыс істеуі, ізденуі және шығармашылық қабілеттері қалыптасады. Пәнге деген қызығушылықтарын арттыру үшін әрбір айтылған, түсіндірілген жаңа ұғым мүмкіндігінше практикалық сипаттағы есептерде көрсетілуінің маңызы зор. Мұндай есептер, біріншіден жаңа теориялық материалдың қажеттілігіне және практикалық маңызы бар екеніне оқушылардың көздерін жеткізеді, оқушыларға математикалық абстракциялау практикадан, күнделікті өмірдің өзінен туындайтынын көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

ҚР Білім туралы заңы. «Егемен Қазақстан», 15-тамыз., 2007.

Ахметов Д. Бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны даярлау бағытында жүргізілген психопрофилактикалық жұмыстар. А., 2007.

Джобалаева Н.М. Бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны даярлау бағытында математикадан білім беруді дамыту. А., 2007.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Изимгалиева Рахила Шинтасовна
Ә. Ермеков атындағы №23 орта мектеп-лицейі

Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде қазақстандық педагог-практиктердің ұсыныстары ескеріліп жасалынған.

Білім беру мақсаты — келесі негізгі кең ауқымды дағдыларға негізделген:

- Оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға жетелеу;
- білімдерді функционалдық және шығармашылық тұрғыдан қолдану;
- ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды пайдалану;

- зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- әр түрлі коммуникациялық тәсілдерді пайдалану;
- оқушылардың топта және жеке жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру;
- проблемаларды шеше білу және шешімдер қабылдай алатын оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру болып табылады.

Білім беру мақсатында қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер: кіріктірілмелі; тұлғалық-бағдарланған; құндылықтарға бағдарланған; әрекетті; коммуникативті әдіс-тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын құрудағы негізгі бағдарлар болып табылады.

Оқушылар барлық пәндерді оқу кезінде АКТ қолдану дағдылары дамиды. Ақпаратты іздестіру және өңдеу барысында топта идеялармен алмасады, өзінің және сыныптастарының жұмысын бағалайды, қосымша мәліметтерді кең пайдалана алады. АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі.

Оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және оқушыларда алынған білімі мен дағдыларды оқу және өмір жағдайында шығармашылық пайдалануға дайындығында. Мен өзімнің тәжірибемде пайдаланатын «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының стратегиялары оқушылардың шығармашылық қасиетін дамытуда, оқытудың тиімділігі мен сапасын арттыруда ерекше маңызды. Бұл бағдарламаның мақсаты – барлық жастағы сынып оқушыларының кез келген түсінікке сыни тұрғыдан қарап , ең керекті пікір мен ұйғарымды таңдауға , шешім қабылдауға, өзін-өзі және бірін-бірі бағалауға үйрету. Оқушылардың білім деңгейін көтеруге, шығармашылыққа баулуға, өз ойларын еркін айтуға жетелеу. Ең бастысы жекелей, топта, сыныпта оқушылардың білім деңгейін көтеруге сабақтың сапасын арттыруда үлесі зор деп ойлаймын.

Оқытудың әдіс-тәсілдері:

- Орта білім беру құндылықтары: қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу.
- Құндылықты-бағдарланған тәсіл-оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді.
- Коммуникативтік тәсіл-бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.
- Зерттеу тәсілі— зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.
- Тұлғалық-бағдарланған тәсіл— педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақылойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық, эстетикалық, шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.
- Жүйелік-әрекетті тәсіл— оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.
- Интегративтік тәсіл-оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Интербелсенді әдіс– үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. Өзара әрекеттестік

әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі. Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті" деп атаймыз. Бұл интерактивті әдістің мақсаты– оқушыларға тек ақпарат беру ғана емес, олардың жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту болып табылады.Интербелсенді оқыту- әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады. Көне қытай ғұламасы Конфуций былай деген екен : «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» деген пікірі дәлел бола алады. Сондықтан интербелсенді оқыту оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары тәсілдері ретінде танылады.

Интербелсенді әдісте оқушыларда білім, білік, дағдылары қалыптасады:

- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;
- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;

Сол себепті интербелсенді оқытуда оқушылар келесі әрекеттерді атқаруға дайын болу керек: бірлескен жұмыс; танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту; Интербелсенді әдістемесінің жұмыс түрлері мен әрекеттері: бірлескен жұптық, топтық, ұжымдық жұмыстар; рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар; ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау; презентациялар; тренингтер; интервью; сауалнама;

Оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екенін көрсетеді. Белсенді оқу аясында көңілді білім алады. Жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдер өз шеберлігін көрсетеді. Мұғалімдер әр сабақ соңында оқушыдан күтілетін нәтижелерін анықтайды, өзіндік рефлексия жасайды.

Оқыту тәжірибесі барысы пікірталасқа негізделген және оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық ойындар сияқты интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді екенін көрсетеді. Соның ішінде дидактикалық ойындар оқушылардың білім алуға деген ынтасын, белсенділігін арттырып, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануына көмектеседі. Ойын барысында оқушылардың бойында жағдаятты бағдарлау, яғни жағдайға талдау жасай білу, жағдаят кезінде өзінің атқаратын рөлін сезіну, әңгімеге қатысушы әріптестері арасында байланыс орнату, қарым-қатынас жасауда тілдік ұғымдарды дұрыс пайдалана білу сияқты қабілеттері жетілетіндігі байқалады.

Қорытындылай келе жаңартылған білім мазмұнына сай алынған тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізілсе, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйретететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын түсінеді. Оқушы өз ой-пікірін еркін айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді, сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады. Жан-жақты дамыған, болашағы айқын, бағдары анық, бәсекеге қабілетті рухани бай тұлға қалыптастыра аламыз деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық Екінші деңгей. 2014ж
2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты. Жалпы орта білім. Негізгі ереже. Астана.2012ж.

3. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2016ж

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЖЕКЕ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ

Изимова Фарида Тахаровна
№2 Мәртөк мектеп-гимназиясы

«Білім берудің мақсаты - жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алған терең білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті, дені сау жеке тұлғаны қалыптастыру керек» делінген. Жоғарыда аталған қағидаларды ұстана отырып, Қазақстанда ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды, тарихи тәжірибелерді, сан ғасырлық мәдени ұлттық дәстүрлерді ескере отырып, қазіргі білім мазмұнын жаңғыртуда, жаңа талаптар қоя отырып ұлттық рухта болашақ ұрпақты тәрбиелеу керек деп санаймыз.

Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында бастауыш сыныпта әдебиеттік оқу, қазақ тілі, дүниетану, математика, еңбекке баулу, бейнелеу өнері пәндерін оқытуда басым мақсаттарды басшылыққа аламын.

Берген білім мен тәрбиемізден не күтеміз?

Қандай нәтиже шығады?

Оны қалай жүзеге асырамыз?

Деген сұрақтарға жауапты 1-4 сыныпта оқыту мен тәрбиелеу арқылы табамыз.

Әдебиеттік оқу пәні – бастауыш сынып оқушыларының ауызша және жазбаша тілін дамытуды, яғни сөздік қорын байытуды, байланыстыра және грамматикалық тұрғыдан жүйелі сөйлеуге үйретуді, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруды көздейді. Ұлттық тәрбие, рухани-мәдени құндылықтар, ана тілі және қазақ халқының салт-дәстүрі негізінде сусындаған жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Адамның ішкі рухани жан дүниесі байлығын ашуға, адамгершілікке тәрбиелеуге, тілі мен қиялын дамытуға мүмкіндік береді. 2-4 сыныптарда берілген тақырыптар ата-ананы құрметтеуге, елін-жерін сүюге, отансүйгіштік қасиеттерін оятады. Нақыл сөздерді, шешендік сөздерді талдауда негізі ойды табу, өмірде қолданысқа енгізуге дағдыларын қалыптастыру көзделеді. Үш жүздің билерінің астарлы шешендік сөздерінің негізгі идеясын меңгерте отырып, Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі халық басына түскен ауыртпалық, елі, жері үшін күрескен, бір тудың астында бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған батыр ата-бабаларымыздың ерліктері мен тауып айтылған шешімдерін балаларға ұғындырып отырамын. Балаларды шыншылдыққа, әділдікке тәрбиелеу маңыздылығы басты ұстанымым. Баланы әу бастан дау-жанжалдардың ақ-қарасын аша білуге үйрету. Өз шешімін анық айтуға тәрбиелеу.

Математика пәні оқу бағдарламасында пәнді оқыту мақсаты – ұлттық және жалпыазаматтық құндылықтар негізінде тұлғаның интеллектуалды дамуының қажетті деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған. Егемен еліміздің ертеңін нұрлы етер «Барыс текті намысты ұрпақ» өсіру үшін әсіресе, мына шарттарды есте ұстағанымыз жөн.

1. Ұлтымыздың намысын жоғары қоя білетін, елінің сөзін сейлейтін жас ұрпақты баулып тәрбиелеу үшін "мұны білуге саған әлі ерте, оған тыйым саламыз" деген тежеулерді алып

тастап, баланы бұғаулы ойдан, шектеулі ұғымдардан құтқару қажет. Мұны баланың ойын еркін айта білуге, білімге жетелеудің бір арнасы деп ұғу абзал.

2. Жас ұрпақты адамға тән табиғи, адами сезіммен өмірді, табиғатты сүйе білуге, құрметтеуге үйрету керек. Ол үшін жанды-жансыз жаратылысты өз дәрежесінде, өз орнымен бағалауға үйрету арқылы тіршілік деген тұтас әлемнің қадір-қасиетін танытқан дұрыс.

3. Жаратылыстың ақиқатын, болмысты ашық, бүкпесіз көрсетіп ұғындырған жөн. Өйткені, қазіргі мектеп шындықты үйрету мектебі болуы тиіс. Жоғарыда айтылған басты әрі негізгі қағиданың үшеуі де қазақ халқының ұлттық тәрбие үрдісінен алынып отыр. Халқымыз ез ұрпағын осыларды басшылыққа ала отырып тәрбиелеген. Ата дәстүрінен алшақтап, бүгінгі дәуір талабына ғана иек арту ұшпаққа шығармайды.

Сондықтан ұлттық мектептің басты мақсаты ұлтымыздың мәдени, рухани жолын танып-білуге негізделуі керек. Бұл - ұлттық сана мен нанымды қайта қалыптастыру деген сөз. Ал бүгінгі мақсат-мұрат белгілі. Ол — білімі білікті, дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі жоғары, парасатты, мәдениетті, еңбеккер, іскер, сондай-ақ бойында басқа да игі қасиеттері қалыптасқан адамзатты оқытып тәрбиелеу, оны дамыту болса, соның бір негізгі нақты жолы математика сабағында қазақтың байырғы қара есептерін оқушының жас ерекшелігіне сай пайдалану. Ал қазақ этнопедагогакасында мектеп тәжірибесінде математиканы оқытуда тиімді пайдалануға болатын материалдар баршылық.

Қара есептер — **халықтық қазына**. Ол дүниеге бірден келген жоқ, оған халықтың ғасырлар бойы еңбегі, білімі, өнері жұмсалды. Балалардың тілін ұстартып, дүниетанымын кеңейтумен бірге оларды жалпы адамгершілік рухында тәрбиелеуде бұлардың ерекше маңызы бар. Әйткені, оқушылардың математикалық қабілетін дамыту мақсатын жүзеге асыруда қара есептердің алатын орны үлкен.

Мысалы, «**Бие байлау**» есебі. Шаруаның 17 биесінен 13 құлын болды. Ұлын шақырып алған шаруа:“Қорада үш қазық, теміртоқпақ бар. Ертең бие байлаймыз. Анау ойдым көгалды көрдің бе? Сол жердеп үшкілдеп желі тарт. Оны қалай болса солай емес, қарына 5 биені, көрмесіне 13 құлынды байлайтын болайық. 30 басынды 30 құлаш жерге байлағанда құлындар биелерге қарап тұрсын, ал биелер желге қарсы тұрсын Ар жағын өзің шеш ”, - деді. Баласы әкесінің сөзін екі етпей, ыждағаттап желіні құрды. Оны әкесі көргенде ұлына дән риза болады. Сіздер желіні қалай тартар едіңіздер?

«Қойшылар» есебі. Бір қойшы екіншісіне:

- Маған 5 қойыңды берсең, менің қойым сенікінен алты есе артық болады, - дейді.

Екінші қойшы біріншісіне:

- Жоқ, сен өз қойыңның бесеуін маған бер, сонда екеуіміздің қойымыз бірдей болады, - деді.

Әр қойшының неше қойы болғаны?

Жауабы: әркімде 19 және 9 қойдан болғаны.

Ойын: «Арзанның сорпасы татымас». Базарға келген қазақ қарбыз сатып алғысы келеді. Таңдаған екі қарбызының біреуінің екіншісіне қарағанда шеңбері төрттен бірге артық, бірақ жарым есе қымбат. Қай қарбызды сатып алам деп сәл ойланды да “Арзанның сорпасы татымас” деген мақал есіне түсіп, қазақ қарбыздың қамбатына алады. Қазақ дұрыс шешім қабылдады ма?

Жауабы: Арзанның сорпасы татымас.

Технология, өнер сабақтарын негізгі пәндермен байланыстыра отырып оқытуда оқушы іс-әрекет арқылы білім алады. Өмірге деген, өнерге деген сүйіспеншілігі артады. Өзіне өзі қызмет ете алады. Айналадағы дүниенің қадір қасиетін түсінеді. Өзін тануға мүмкіндік болады.

«Ұлт мұрасы» тәрбие жұмыстарының аймақтық кешенді бағдарламасын жүзеге асыра отырып, оқушыға тәрбие беруде кез-келген тәрбие сағаттарының негізгі мақсаты оқушы

бойына отансүйгіш, имандылық, тұлғаның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруына ықпал ету, адамгершілік проблемаларды шешу білігін меңгерту, байланыс жасау бейімділігі мен мінез-құлық мәдениетін дамыту, әдет-ғұрпы мен дәстүрлері негізінде отбасылық құндылықтарды нығайту, өз отбасының, тегінің және социумның тарихына танымдық қызығушылық тудыру.

Әр сынып сағаттарының өтілу механизмін өзгертіп, тақырыптың мағынасына үңілуге, ондағы «Мен не үйрендім? Мен қалай үйренемін? Мен оны қайдан аламын?» сұрақтарына жауапты өз бойынан табуға тарту.

Сонымен, сапалы білім мен жақсы тәрбие – ұзақ мерзімді талап ететін және екі жақты сипатқа ие болатын күрделі процесс. Ол мұғалім қажырлы еңбегінің нәтижесі ғана емес, ата-ананың отбасындағы тәрбиені ұйымдастыруына байланысты. Бала тәрбиесіне мектеп пен отбасының ықпалы күшті болса, болашақ жас жеткіншектерге берген тәрбиенің нәтижесі сапалы болмақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.

2. 2014-2015 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін (сонымен бірге инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын) ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2014 ж.

3. Қ.Бөлеев «Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау».-Алматы, 2004

КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНІҢ ЖӘНЕ ҮЙІРМЕНІҢ ҮЙРЕТЕРІ КӨП

Искакова Күнымай Смаиловна, Изтлеуова Самал Косаевна
№ 60 ЖББОМ, технология пәнінің мұғалімдері

«Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана
шәкірт жанына нұр ұялата алады»
Ахмет Байтұрсынұлы

Қоғамның ең басты талаптарының бірі-әр азаматтың өмірде өз орнында толық күш-жігерін жұмсап, қоғамдық байлыққа еселеп атсалысу. Ол үшін әр адам еңбекке лайық тәрбиелену керек. Н.Ә. Назарбаев білімді ұрпақ жарқын болашақ кепілі екендігін үнемі айтып отырады. Білім берудің жаңа жүйесін жақсарту және білімнің мазмұны мен әдіс- тәсілдерін жаңғырту бәсекеге қабілетті , шығармашылық бағытта еңбектенген әрі өзіндік ой –қабілетімен ерекшеленетін азаматты тәрбиелеуді көздейді. Тұңғыш Елбасымыздың Қазақстан халқына Жолдауында «Ұлттық білім берудің барлық буынның сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіспен ақпаратты терең талдау машығын игеру білуге тиіс» деген болатын. Білім берудің жаңа бағыттарының ерекшеліктері оқытудың нәтижесін алдын - ала болжап, оқушылардың қызығушылығымен, ізденімпаздығы негізінде білімі мен біліктерін жетілдіріп оны санасында зерделей отырып , шығармашылық әлеуетін үнемі дамытуға және рухани толысуға ұмтылысын қалыптастыруды қажет етеді. Еңбекке тәрбиелеу, баулу және кәсіптік бағдар беру мектеп оқушысының қоғамға пайдалы өнімді тікелей қатысы мен саналы көзқарасын тәрбиелеуде азамат болып өсудің негізгі көзі. Оқушылардың өмірге деген сүйіспеншілігін арттыру еңбекке деген шеберлігімен , икемділігін қалыптастыру, ұлтымыздың көнеден келе жатқан салт- дәстүрімен таныстыру біздің міндетіміз.Ұрпағына өнеге қалдырған бай мұрасы-тұнған ғибрат өнеге, ұрпақ жалғастығын байланыстырып тұрған халықтың өміршең тәжірибесіне толы. Адам баласын еңбектенуге тәрбиелейтін қолөнер ата-бабамыздың үлкен даналық ойынан, ұшқыр қиялынан шыққан өнер туындысы. Ұлттық қолөнерде білім беру жүйесін әлемдік өлшемдерге жақындату, ұлттық тәрбиеге ұштастыру қажет. Кез келген оқушының көркемдік дүниені қабылдауы, эстетикалық талғамы , сезінуі әр түрлі болады. Сондықтан жеке- дара қабілетін ескере отырып, өз білімімен ізденуіне, өз ойын жеткізуіне шығармашылық жұмыс жасауына жағдай туғызуымыз қажет. Қолөнерді дамыту арқылы оқушылардың бойынан мынадай дағдыларды қалыптастыруға болады .

-Рухани мәдениет
-Еңбекқорлық
- Ұлтжандылық
-Шеберлік
-Ұқыптылық
-Шығармашылық

Қолөнермен айналысқан баланың жан дүниесі артып, таным шеберлігі кеңейіп, әсемдікті өз көзімен көріп, сұлулықты сезініп, шығармашылық қабілеті қалыптасады, эстетикалық талғамы, рухани байлығы дамиды десем қателеспейміз. Эстетикалық тәрбие дегеніміз - бұл әсемдік, музыка, сурет, мүсін, қолөнер бұйымдары арқылы оқушылардың көркем танымын, сезімін тәрбиелеу. Эстетикалық тәрбие – адамгершілік тақырыбының ең маңызды саласы. Сондықтан да оны тәлім – тәрбиенің басқа түрімен байланыстыра мейілінше шебер жүргізу көркем еңбек пәні мұғалімдерінің үлесіндегі міндеті. Мысалы, үйірме сабағында дайындалып жатқан бұйымның эсететикалық жағына, оқушы бойындағы көркем өнерге деген ынта-ықыласын қолдай отырып табиғи болмысындағы шығармашылық қабілетінің дамуына жете

мән беруіміз керек. Айталық оқушының материалды дұрыс таңдау, түр –түс реңді байқай білу, ерекшеліктерін ажырата білу қабілетіне мән беріп, үйлесімділікті, дәлдікті ескеру нәтижесінде оқушының санасын, танымын қалыптастыруға тиімді ықпал жасайды. Мұндағы ең бастысы оқушылардың ақиқатты эстетикалық тұрғыдан көруге үйрету. Атап айтқанда көркемдікті көріп отырып, оны көркемдік бейнеде, әрине өздерінің күш-қуаты мен мүмкіндігіне қарай шығармашылықпен көрсете білу болып табылады. Яғни, мұғалім баланың іскерлік қабілетін арттырып, әсемдікті өз көзімен көруіне жағдай жасайды. Әрбір оқушының эстетикалық таным ерекшеліктерінде байқалған бейімділік көріністеріне назар аударып, оған бағыт- бағдар нақты тапсырмалар орындатып, оларға өздігінен ізденуіне жол нұсқап, оқушы бойындағы әлі көрінбей жатқан мүмкіндіктерін ашуға жағдай жасауды есте сақтау керек. Сыныптан тыс үйірме және жаппай жұмыс түрлері еңбек тәрбиесін іске асыруда коррекциялық тәрбиелік мәні өте зор. Пән үйірмесіндегі сабақтар оқушыларды еңбекке баулиды. Олардың шығармашылық ойының дамуына мүмкіндік береді. Мұғалім әрбір оқушының үйірме сабақтарында шығармашылық қатынастарын байқайды. Үйірме жұмыстары келешекте мамандықты таңдап алуына көмектеседі. Үйірме жұмыстарымен жаппай жұмыс толықтырылады.

Оқушылар үйірме сабақтарында жан-жақты қолөнерімен танысып, оны қызыға отырып орындауға тырысады. Өзіне-өзі қызмет көрсетуде де еңбек тәрбиесі үйретеді. Қолөнер шығармаларын көркем еңбек сабақтарында оқып, зерттеп, жасалу жолдарымен танысып, білгендерін көңілдеріне тоқып өскен бала өнердің қыр-сырын меңгеріп өз бетімен өмір сүруде айтарлықтай тәжірибе жинақтайды. Ал, оқушының қызығушылын арттыруда мұғалім сабағында көрнекілік құралдар, ресурстар, еңбек туралы нақыл сөздер, мақал мәтелдерге талдау жасатуды көп пайдаланған абзал. Көрнекіліксіз білім беру, құмға сіңген сумен тең. Бұған ұлы Конфуцидің «маған айтып берсең- ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтаймын, өзіме жасатсаң үйренемін» деген сөзі дәлел. Бүгінде адамдардың қиялы жеткен жерге қолы жетіп отыр деп айтуға болады. Сондықтан да адамдар теориялық немесе өмірлік білім алып қана қоймай, өз бетімен ізденіп білімін шыңдауы керек. Жаңа ақпаратты жүйе бізге таныс білім алу үлгісін өзгертіп жіберіп отырады.Көркем еңбек пәнінде оқушылар саламандық жүзінде сабақты меңгерген болса, қазір теория мен практиканы жақсы ұштастырады.

Оқушылар сабақта теорияны жақсы меңгереді , өз ойын ашық айта алады, бір- біріне көмектеседі, бірін-бірі бағалайды. Оқушылардың өзі жасап шығарған бұйымдарына қызығушылығы артып эстетикалық талғамы оянады. Өз ісіне мақтанады, сенімділік туады. Өз қолымен жасалған бұйым құнды екенін түсінеді, ләззат алады, өз қиялы, өзіндік пікірі, өз көзқарасы пайда болды. Өзін-өзі, құрбыларын бағалайды қиындықтарды шеше алатындай қабілет қалыптасады. Еңбек және үйірме сабақтарында үйренген, орындаған бұйымдарын өзіне, ата-анасына қоғамға пайда келтіретінін ойлап оқушы өзінің қиял әсерімен орындауда құлшына ынтасымен кіріседі.

Қолөнерді үйрену арқылы шығармашылықпен ұштастырып білм алу, еңбек етуге баулумен қатар салт- дәстүрге тәрбиелеу қазіргі заманның талабы. Кез келген бұйымның тарихын ашып құпиясын білу қосымша әдебиеттерден мағұламат алу жасалу технологиясымен танысу, оқушылардың шығармашылық іске кірісуіне жол ашады. Бүгінгі білікті маман жұмыскер өз саласындағы өндірістік міндеттерді жақсы атқарып қана қоймай, оған қоса жобалай білуі, дұрыс шешім қабылдап, шығармашылық жұмыстарды орындай алатын болуы қажет. Оның басты себебі ғылымның тез қарқынмен дамуына және жаңа технологиялардың өмірге енуіне байланысты кез-келген кәсіптік мамандыққа қойылатын талаптар тез өзгеріп отырады. Жалпы көркем еңбек сабақтарында халқымыздың қолөнерін үйрену, оны заманға сай дамыту арқылы ұлттық тәрбиенің маңыздылығын байқаймыз.

Мүлдем еш нәрсеге қабілеті жоқ адам болмайды. Әр адам бойында бір нәрсеге деген қабілет болатындығы анық. Қабілет туа бітті қасиет емес, олар өмір сүру барсында іс-әрекет

арқылы дамып отырады. Қазіргі ұсаздардың алдында тұрған күрделі де жауапты міндет-өмірдің барлық саласына белсенді, шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Оқушылардың танымдық қабілетін арттыру, оларды білуге деген ынталандыру, іздену, шығармашылыққа ұмтылдыру, ойлана, іздене білім алуға, өз ойын дәлелдей алатын, тиянақты ойларын жеткізе білуге көркем еңбек пәнінің және үйірменің берері мол.

Қорыта айтар болсақ," Ұдайы еңбек ету-өнердің де, өмірдің де заңы" (О. Бальзак). Еліміздің дамыған алып мемлекеттер қатарына қосылуы, ертеңгі салиқалы да, зерделі білім алған жастарға байланысты екені түсінікті. Адам өмірінде бақыт пен қуанышқа тек адал еңбегімен жетеді. Тәуелсіз еліміздің іргетасын нығайтып, келер ғасырға жалғастыратын көкірегі ояу, саналы арманшыл жастар екендігі даусыз. Сондықтан да болашақты тәрбиелеу мұғалім қолында.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қисманова С. Қазақ халқының қолөнері-Алматы, 1995ж
2.Мектептегі технология № 4 2012, Республикалық әдістемелік журналы
3.2012 Қазақстан мектебі №10 2009
4.Еңбекке үйрету №3-4 2008 Республикалық ғылыми әдістемелік журнал

ПРОБЛЕМЫ ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Иманалина Сандугаш Ерсаиновна
учитель начальной школы-гимназии №3 г.Кандыагаш

Образование – это фундамент успешного будущего наших детей. С первых дней обучения нам важно знать, каким это будущее будет.

Поступление в школу вносит важнейшие изменения в жизнь ребёнка. Резко изменяется весь уклад его жизни, его социальное положение в коллективе, в семье. Основной, ведущей деятельностью становится отныне учение, важнейшей обязанностью – обязанность учиться, приобретать знания. А учение – это серьёзный труд, требующий организованности, дисциплины, волевых усилий ребёнка. Школьник включается в новый для него коллектив, в котором он будет жить, учиться и развиваться. [1]

Младший школьник чрезвычайно пытливы и любознательны, способны с головой уходить в интересующее их занятие, работу; демонстрируют высокий энергетический уровень (высокую продуктивность или интерес к множеству разных вещей); часто делают все по-своему, изобретательны в играх, в использовании материалов и идей; часто высказывают много разных соображений по поводу конкретной ситуации; способны по-разному подойти к проблеме или к использованию материалов (гибкость); способны продуцировать оригинальные идеи или находить оригинальный результат; склонны к зависимости и точности в художественно-прикладных занятиях.

Следовательно, такие психологические черты младшего школьника, как любознательность, ориентация на внешний мир, повышенная реактивность и богатое воображение, а также успешный уровень адаптации ребенка к социальной жизни, адекватная самооценка и ориентация на авторитет родителей, помогает раскрытию его возможностей и развитию творческих способностей.

Формирование интереса к содержанию учебной деятельности, приобретению знаний связано с переживанием школьниками чувства удовлетворения от своих достижений. А

подкрепляется это чувство одобрением, похвалой учителя, который подчеркивает каждый, даже самый маленький успех, самое маленькое продвижение вперёд. Младшие школьники испытывают чувство гордости, особый подъём сил, когда учитель хвалит их. [2]

Таким образом, поступление в школу ведёт не только к формированию потребности в познании и признании, но и к развитию чувства личности. Ребёнок начинает занимать новое место внутри социальных отношений: он — ученик, он — ответственный человек, с ним советуются и считаются. Усвоение норм поведения, выработанных обществом, позволяет ребёнку постепенно превратить их в свои собственные, внутренние, требования к самому себе. Он начинает воспринимать свое «Я» и признаёт за другими это право. Он знает, как нужно действовать, и действует по своей воле.

Проблема формирования самооценки школьника рассматривается в контексте решения вопросов оценивания результатов обучения (Ш. А. Амонашвили, Е. В. Зачёсова, О. Б. Логинова, А. А. Остапенко, В. М. Полонский). Одним из путей формирования самооценки учащихся в начальной школе признано изменение системы оценивания, что открывает новый перечень проблем: изменение нормативной базы, разработка технологии оценивания и его измерительного инструментария, преемственности при переходе школьника в среднее звено, изменение системы работы с родителями.

Таким образом, творческие способности – это индивидуальные психологические особенности ребёнка, которые проявляются в детской фантазии, воображении, особом видении мира, своей точке зрения на окружающую действительность; это деятельность по созданию новых и оригинальных продуктов, имеющих общественное значение, именно в младшем школьном возрасте мы закладываем «фундамент» для развития творческого человека. Творчество для младшего школьника в учебном процессе предполагает наличие у него способностей, мотивов, знаний и умений, благодаря которым создается продукт, отличающийся новизной, оригинальностью, уникальностью. Развитие ребенка требует огромного внимания со стороны окружающих его взрослых. Важно создать благоприятную психологическую обстановку для занятий ребенка, находить слова поддержки для новых творческих начинаний, относиться к ним с симпатией и теплотой, аккуратно, ласково и ненавязчиво поддерживать стремление ребенка к творчеству. [3]

Проблема формирования у младших школьников познавательного интереса является одной из актуальных педагогических проблем на сегодняшний день. Каждому учителю известно, что ученик не сможет успешно усвоить материал, если он равнодушно относиться к знаниям. Поэтому познавательный интерес у школьников нужно формировать и развивать.

По мнению Л.С. Выготского, познавательный интерес выступает естественным двигателем детского поведения, он является верным выражением инстинктивного стремления, указанием на то, что деятельность ребенка совпадает с его органическими потребностями.

Познавательный интерес – это особый комплект психологических процессов, которые очень важны для развития личности. В деятельности ученика, протекающей под влиянием познавательного интереса, проявляются: активный поиск; догадка; исследовательский подход; готовность к решению задач.

Как показал анализ литературы по данной проблеме исследования, познавательный интерес следует определять как значимое личностное образование, формирование и развитие которого необходимо начинать с младшего школьного возраста, являющегося важным периодом для данного процесса.

Само слово «интерес», по одной из версий, происходит от латинского interesse, что означает «иметь важное значение». Интерес, возникающий в сознании, предшествует познанию объекта. Таким образом, интерес является не только внешним условием важности воспринимаемого, но и внутренним принципом отбора материала при восприятии. Интерес и

процессы мышления тесно связаны. Если не развивать познавательный интерес, то развитие мышления ребенка будет серьезно нарушено. Отечественные психологи, подчеркивают, что интеллектуальная активность ребенка в целом направляется и подчеркивается интересом – именно он оказывает влияние на направленность внимания и мыслей.

Развитие познавательного интереса у младших школьников происходит в несколько уровней: любопытство, любознательность, сам познавательный интерес и теоретический интерес. Переход интереса с одного уровня своего развития на другой не означает исчезновения предыдущих, они остаются и функционируют наравне с вновь появившимися уровнями.

Формирование познавательного интереса к учебному материалу, получению новых знаний связано с переживанием школьника чувства удовлетворения от своих достижений. В начальных классах все интересы школьника развиваются очень заметно, особенно познавательный интерес. Сначала появляются интересы к отдельным событиям, явлениям, затем интересы, связанные с раскрытием причин, свойств, связей и взаимозависимостей между явлениями. Если учеников 1-2 классов чаще интересует, «что это такое?», то в 3-4 классах становятся свойственными такие вопросы: «почему?» и «как?».[4]

Таким образом можно сделать вывод, что познавательный интерес является не только мотивом обучения, но и влияет на успешность обучения и развитие личности младшего школьника в целом.

Проблема формирования у младших школьников культуры отношения к своему здоровью является актуальной педагогической проблемой на современном этапе.

Современная социально-экономическая ситуация, экологическое неблагополучие отрицательно сказываются на здоровье всего населения, особенно на здоровье детей и подростков. Основными причинами ухудшения состояния здоровья является низкая культура здорового образа жизни, безответственное отношение к своему здоровью, иногда и низкое материальное обеспечение учреждений здравоохранения, спортивных и учебных заведений, несформированность культуры отношения к своему здоровью у детей и подростков.

Из приведённых определений видно, что понятие «здоровье» отражает качество приспособления организма к условиям внешней среды и представляет итог процесса взаимодействия человека и среды обитания. Здоровье человека определяется не только отсутствием нарушений в организме, но и состоянием психических, когнитивных процессов, отражает способность адаптироваться к социальным условиям жизни.

Известно, что младший школьный возраст является решающим в формировании фундамента физического и психического здоровья. Важно на этом этапе сформировать у детей базу знаний и практических навыков здорового образа жизни, осознанную потребность в систематических занятиях физической культурой и спортом.

Большое внимание взаимосвязи отношений и здоровья уделил в своих исследованиях В. Н. Мясищев, по его мнению, отношение человека к своему здоровью не сводится только к заботе о здоровье или пренебрежению к нему. Здесь одновременно речь идет и о более высоких уровнях идейных отношений личности. Бережное отношение к своему здоровью, как и к здоровью других, является выражением общественной сознательности.

- Заменяйте уроки программы, которые не совсем затрагивают интересы учащихся на другие более полезные и интересные для учащихся. К примеру, можно заменить темы “Jobs and CV” для учащихся среднего звена на важность быть финансово грамотным и осведомленным, к примеру “Making money as a teenager”.
- Необходимо привязывать темы календарно – тематического плана под достижимые учебные цели учащихся.
- Во время прохождения новой темы рекомендуется задавать вопросы, при этом сузив обсуждаемую тему для полного ее понимания. Например, по теме “Travelling” во время lead – in можно задать вопросы: “How often do you travel?”, “Who do you usually go with?”
- В зависимости от количества уроков английского языка рекомендуется проводить встречи обратной связи с учениками, для того чтобы узнать их впечатления от урока и материалов, а также вовремя изменить что-то в календарно – тематических планах или материалах при необходимости.

Список использованной литературы:

Larsen-Freeman, D (2003). *Teaching Language: From Grammar to Grammaring*. Thomson Heinle

Stevick, E.W (1980) *Teaching Languages: A Way and Ways*. Newbury House

ШЫҒАРМАШЫЛ ТҰЛҒА ТӘРБИЕЛЕУ-ЗАМАН ТАЛАБЫ

Кажей Зауреш
Ақтөбе қаласы, Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы
№66 ЖББО мектептің бастыуыш сынып мұғалімі

«Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез»
А.Құнанбаев

Бастауыш мектеп – оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс. Бастауыш мектеп балаға білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Білім беру мекемелерінің қазіргі жаңа құрылымы мен оқытудың жаңа мазмұны мұғалімдер қауымына

жаңаша іскерлік пен жаңа технологияларды ендіру міндеттерін шешуді талап етуде. Мұның өзі бастауыш мектепте пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастыруда маңызы зор екендігін айғақтайды.

Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден, кез келген бала адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақталған тәжірибесін меңгеруге бағытталған оқу әрекеті арқылы дамиды, білім-білік дағдыны қабылдайды. Екіншіден, кез келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы: ол баланың өзін-өзі қалыптастыруына, өз идеясын жүзеге асыруға бағытталған жаңа әдіс-тәсілдер іздейді, проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды.

Екі әрекетте оқушылар екі түрлі мүдделер көзделген әртүрлі мақсатты шешеді. Мысалы оқу әрекетінде белгілі бір дағдыны қалыптастыратын тапсырмалар орындалса, шығармашылық әрекетте баланың іздену жұмысы басты нысаны болады. Осы жерде шығаршашылық ұғымына тоқтала кетер болсақ, **«Шығармашылық»** дегеніміз - өзінің жаңашылдығымен, өзгешелігімен ерекшеленетін өнім алуға мүмкіндік жасайтын жеке тұлғаның бойындағы қабілеттіліктің, білім мен біліктің, түрткінің болуы. **Шығармашылық** танымдық іс-әрекет нәтижесі болып табылады.

Оқушыны шығармашылыққа баулу, өз еңбегінің нәтижесін көруге, оны бағалауға бағыттау - өте күрделі үдеріс. Оқушының шығармашылық мүмкіндігі оның жеке тұлға ретінде қалыптасу кезінде пайда болады. Егер шығармашылық оқушының бағалы бағдар болып қалыптаспаса, онда оның болашақта да қалыптасуы екіталай. Сондықтан да оқушының шығармашылық әрекеті өнімді әрекетпен ұштасып жатуы тиіс. Өнімді әрекет – педагогикалық үдеріс, яғни оған жүйелілік тән. Өнімділік оқытудың тек белгілі кезеңіне ғана сай емес, бүкіл кезеңге тән белгі болып табылады.

Көптеген зерттеулерді талдау нәтижесінде шығармашылық іс-әрекет нәтижелері оқушының жеке тұлғасына, біліктерінің жетілуіне, психологиялық тетіктер арқылы оң әсерлері бар рефлексия нәтижесінде өз әрекетіне және сол әрекеттің бірлескен іс-әрекет мазмұны мен түріне сәйкес көзқарастары қалыптасатыны айқындалып отыр. Мұғалім оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыра түсу үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Мысалы: тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау, арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру, логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу, ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру, қиялдау арқылы сурет салғызу, рөлге бөліп оқыту, т.б.

Оқу жұмысына шығармашылық мақсат қою, оны жоспарлау оқушыдан зеректік, ізденімпаздық, өмірлік белсенді ұстаным, еңбекқорлық сияқты көптеген қасиеттерді талап етеді. Ал мұғалім танымдық іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру біліктерін дамытуы қажет. Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін жетілдіру бағыты танымдық біліктерінің қалыптасу белгілеріне, танымдық тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне қарай топқа бөлінеді.

Оқушыларға білім жүйесін терең әрі тиянақты беру және әр оқушының танымдық қызығушылығын қанағаттандыру үшін оқыту әдісін жетілдіру- әр ұстаздың негізгі міндеті. Қоғамның дамуының басты шарты – шығармашыл тұлға тәрбиелеу десек, сол шығармашыл тұлғаны тек шығармашыл мұғалім ғана тәрбиелей алады.

Қ.МҰХАМБЕТҚАЛИЕВ ПРОЗАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТАРИХИ ПРОЗА БАҒЫТЫ

Казиева Нуршат Адилхановна
Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі

Қажығали Мұхамбетқалиев 1942 жылы 8 желтоқсанда Байғанин ауданы, Қызылбұлақ ауылында туған. Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар танымал жазушы. Оның прозалық шығармаларында негізіне жетпісінші, сексенінші жылдардағы ел тіршілігі суреттеліп, қоғамдық ахуал көріністеріндегі қарапайым тұрмыстық эпизоттардың өзінен үлкен әлеуметтік гәптер ұтымды жеткізіледі. Қазақ қоғамының өскелең кезеңдеріндегі ахуалы “Дала әуендеріндегі”, “Қарымта”, “Қаңтардағы қара суық түні”, “Бір машина шөп” әңгімелерінде қалтқысыз бейнеленеді. Оймақтай ғана оқиғаға ойдай мағына сыйғыза алатын прозашы, адам құлқынындағықұбылмалылықтан басталатын дәуірлік трагедиялар мен әлеуметтік драмалар өзегін дөп басады. Сезім иірімдеріне сала отырып, замана қабілетін зерделейді. Әдебиеттің төл табиғаты мен басты міндеті адамның өзін-өзі ұғып, өзіне-өзінің жаны аши білуіне баулу екендігін терең түсініп, қатаң қадағалайтын суреткер өзгермелі уақыт пен тез есейіп келе жатқан ұрпақтың қатаң талабына шымбайға батар шындығымен, еріксіз ден қойғызар шынайлығымен жауап бере алатын шымыр шығармалар тудырады. Ел мен жер, ұлттық рух тақырыбында жазылған бірер шығармаларына жеке-жеке тоқталып өтсек. Ең бірінші, туған ел, жерге деген сағыныш бейнеленетін “Жұлдызды түндер”әңгімесі. Әңгіме мазмұны толықтай туған жер тақырыбында болмаса да, туған жерге деген сағыныш үзінділері орын

алған. Бұл әңгменің атымен аталған кітабы да бар. Ол жазушының тұңғыш кітабы. Автор туған жер, адамгершілік, азаматтық парызтуралы әңгімелері бар. Жазушының не жазса да шынайы жаза білуі оқушысын қуантады. “Тәтті қиялға шомып, машинаның бірқалыпты ырғағына тербеле түсем. Жүрегім алып ұшып, туған ұяға жеткенше шыдай алар емеспін... Жаз ортасын қоңыр салқын тыныш түні. Рахым екеуміз ғана құмақ жолда борпылдатып, ұзақ созылып жатқан жотаны бетке алып жүріп келеміз. Жол шетіндегі бидайық арасынан түн жыршысы – шілделіктің шырылы мен шегірткенің сырт-сырт секіргені есітіледі. Арба жолмен құм арасына келіп кірдік. Әлгінде ұзыннан-ұзақ созылып жатқан жота айқындалып, қарауытқан төмпешіктер баурайынан топ-топ шағыл мен тораңғылдар зораяды. Дәл соларды көруімнен көңіліммен сезу басым. ….Тіпті сонау салқын жымыңдаған жұлдыздардан да даланың сол бір өзгермес, сергек дәмін сезгендеймін”. Дәл осы үзіндіде Төкен атты кейіпкердің көптен туған жеріне деген сағынышын, жеріне деген ыстық сезімін көруге болады. Сын тұрғысынан айтатынымыз жалпы туған жерге деген сағынышты ерекше жеткізген. Автордың шығармаға туған жер тақырыбын да араластыруы шеберлік.

Әрі қарай, ұлттық рух, ел тақырыбында тарихқа апаратын шығармасы – “Тар кезең” романы [33, 4-том.]. Бұл роман – халық тағдыры таразыға түскен осынау қиын кезеңнің оқиғаларын кең тыныспен, аса байыпты да байсалды көрсете білген, шын мәніндегі көркем туынды екеніне оқыған оқырманның көзі анық жетеді. Туған елінің басына түскен тауқыметті заманның зарын айтып, көкіректерге тас боп байланған шер-шеменін қағаз бетіне түсірген жазушының “Тар кезеңі” Елбасы тарапынан да үлкен қолдауға ие болды. Шығарма тақырыбы – Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс болса, идеясы – жас ұрпақты отаншылдыққа баулу. Өз елін, туған жерін қастерлеп, қорғай білуге, ұлттық құндылықтарды, салт-сананы сақтауға шақыру. Қазақ даласының Батыс пен Орталық бөлігі Ресей протекциясына қарағанына жарты ғасырдай уақыт өткенде, империя енді өзінің отаршылдық бет-бейнесін ашықтан-ашық көрсете бастаған болатын. Әсіресе, Алаш баласы Елек пен Жайық бойындағы өріс-қоныстарынан ысырылып; онымен қоймай, біресе Жайық казак-орыстарының, енді бірде башқұрттар мен Еділ қалмақтарының талауына ұшырап, жан-жақты қысымкөре бастады. Ел басындағы хан Нұралы болса, бұл істердің бірде-бірін орнықты шеше алмай, ел билігі де дағдарысқа түсті. Кітаптағы бұл романды ашып қалғандағы ең бірінші бетте көретініміз Қ. Мырза Әлидің “Бұл жерде ұрандасқан, айқайласқан, Бұл жерге жау аяғын байқай басқан! Ерліктің етегінен ұстап тұрып, Еркіндік сонда алғаш тәй-тәй басқан” деген өлең жолдарын эпиграф ретінде алуы тарихи романның елдік, ұлттық мүдде тұрғысынан өткен тарихқа эаіаша көқарас, пайым парасат тұрғысынан келген елдік, патриоттық бақыт-бағдарын бірден аңғартады. Эпиграф оқырманға романдағы кешегі өткен тар кезең, алмағайып замандағы елім деп, еміренген ерлердің рухынан хабар бергендей әсер қалдырады. 1783 жылы Сырым бейқам жатқан қазақ ауылдарын шауып, кезекті тонауға келген казак-орыс атаманы Чагановтың отрядымен шайқасып, оны ойсырата жеңеді. Соған орай Орал қаламсындағы патша әскері түгел аттанып осы жылдың күзінде Сырымды қолға түсіреді. Бірақ оны Нұралы хан қыруар мал беріп, бірер айдан кейін босатып алады. Міне, тарихи дерек бойынша алғашқы көтерліс осылай басталады. Қазақты орыс билігіне түгел аударамын деп келген Игельстромның сол саясатын жүзеге асыруға қарсы адам – Сырым. Сырымның ұлылығы да, қазақ үшін істеген ісі де осы жерде көрінеді. Бұларды автор шебер жеткізген. Сыни тұрғыда ел мен жер тақырыбы ашық айтылатын шығарма деп айта алар едік. Шығармалары осындай туған жерге құрмет, сағыныш және ұлттық рух сарынында жазылған.

Қазақтың халық жазушысы Қажығали Мұқанбетқалиұлының «Тар кезең» романы қазақ халқының қилы тағдырын, таразыға түскен сол бір қиын кезең оқиғаларының зор тынысын, байыпты да байсалды бейнелей білген тырнақалды тарихи туындысы. Жазушының «Тар кезең» романы тәуелсіздік жылдарында жарық көрген, әдебитетіміз үшін тың, табысты туынды болды. Солайша төл әдебиетіміз, қазақ прозасы Сырым Датұлы туралы тарихи

туындымен толыққан еді. Романда ұлт мүддесін өмірлік мақсаты еткен Сырым Датұлының ұлы қаһармандық ерлігі сол бір қиын - қыстау заманның ащы шындығы ұлт тағдырымен астасып, сабақтасып жатқандығын көруге болады. «Тар кезеңде» тарихымыздың ер тұлғасы, қазақ батыры атанған Сырым Датұлының елі үшін еткен ер еңбегін, теккен терін сөз ете отырып, оны келер жасқа, ұрпаққа үлгі болсын дейді. Батыр бейнесін, іс - әрекетін шығармаға арқау етіп, жас ұрпақты отансүйгіштікке, патриот болуға тәрбиелейді.

Бір нәрсе есте болу керек, қандай елдің, жұрттың, мемлекеттің болмасын тәуелсіздік, бейбітшілік, егемендік мәселелері қашанда ең алғашқы орында болмақ. Ал енді қайсы бір егемен елдің тарихын алып қарасақ та, дербес ел атанып, азат мемлекет болып мәңгі жасамақ үшін қаншама күрес тартыстардан өткендігін көре аламыз. Осыншама қиындықтарға төтеп беріп, мойымай қарсы тұрып, тұғыры биік елатану тек рухы биік ұлттың ғана қолынан келмек. Оған біз, әркез ұлт мүддесін бірінші орынға қояр қазақ жұрты дәлел десем артық емес. Ал, осы «Тар кезең» романының тууына, жазылуына да осы бір тарихи мәселелер түрткі болған екен. Яғни, шығарма қазақтың, ұлттың шежіресінен хабар берер тарихи роман болып табылады. Баршамызға мәлім, роман Батыс Қазақстан аймағында болған үлкен тарихи оқиғаның бірі - Сырым Датұлы бастаған көтеріліс, қозғалысқа тікелей байланысты. Онда сөз болатын оқиғалардың бәрі де сол тарихи реттілікпен шиеленісіп, дамып отырады. Соның ішінде Еділ мен Жайық бойын мекендеген қазақтардың ата - қоныстарынан айырылып, халық басына зобалаң әкелген осы бір саясаттың озбырлықтары, қиыншылықтары, ел басына күн туған шақта киелі қазақ топырағын сақтап қалу үшін қолына қару алып, жат жауға төтеп беріп, қарсы тұрған Сырымдай қаһармандарын дәріптейді. Романның негізгі идеясы Ресейдің отарлаусаясатымен тікелей байланысты. Сол тұстағы Сырым тәрізді ұлттық рухты ту еткен, ұлт мүддесі жолында тынбай ерлік еткен білікті жастары ел басқару ісінің, отарлау саясатының халықты қанап, жасап отқан озбырлықтарына төзбей, көтеріліс отын тұтатқан еді. Яғни, роман ұлт басына төнген осындай үлкен тарихи сын кезеңде халық осы сәттен қалай өтті, қандай саясатқа көшкісі келді, қандай бағыт ұстанды деген сынды сұрақтарды қарастырады. «Тар кезең» романының ең басты ерекшеліктерінің бірі - басты қаһарман Сырымның қолбасшылық, ержүректік, батырлық қасиеттері мен психологиясына автор ерекше көңіл бөлген. Бас қаһарман Сырымның бейнесін ұлт тағдырының, ұлт тарихының ертеңімен, бүгінімен, өткенімен сабақтастыра байланыстырған.

Қорытындылай келе, жазушы Қажығали Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» романы бүгінгі қазақ прозасын толықтырып, байытқан, тарихи ұлы мұра. Романнан егемен еліміздің қазіргі жаңа әдебиетінің осынау бір ұлт тарихындағы ұлт азаттық көтерілістерге жанын салып, ғұмырын арнаған, соның нәтижесінде бүгінгі қазақ халқының тәуелсіз мемлекет иесі ретінде әлемдік аренада ұлт мәртебесінің сақталып, дамуын қамтамасыз еткен ерлердің ерліктері насихатталады. Өткенін зерделемей мемлекет «мықты мемлекет» болмайды. Сол себепті, бүгінгі өсіп келе жатқан ұрпақты тарихын тануға, елжандылыққа, ұлтжандылыққа жігерлі етіп тәрбиелеу бүгінгі қоғамның басты міндеті. Жазушының өзі айтқандай, бүгінгі ұрпақ өзінің ұлттық тарихымен, әдебиеті, мәдениетімен сусындар киелі мекен кітапханаға жақын болып, рухани бай, толық адам болу қажет дейді. Ал, «Тар кезең» романы қазақ әдебиетінің тарихында мәңгілік із қалдырған жарық туынды болып қала бермек.

Достар... Қала өмірі жайлы жазылған еркін шығарма. Ауылдағы еркіндікпен барған Нұралханның қаладағы тірлікті көріп әрі достарының мінездерінің өзгергенін көріп іші ала-бұртып қайтты. Жалпы шығарма қала өмірін, салтын суреттейді Қала адамдарының тіршілігін, олардың жұмысқа барып келіп салпылдап жүретін өмірін суреттеп алдымызға әкеледі.

Соңғы кезде қазақтың қала өмірін жазу мәселе боп кеткен. Қазақтар ауыл өміріне жүйрік, қала тақырыбына келгенде шабан деп. Айтқандай, жерлес жазушы Қ.Мұқамбетқалиұлы үлгі боларлықтай. Шағын ғана шығарма. Ішінде көп ойлар бар, қала өміріне байланысты. Жалпы қазақ қоғамында тоқырау жылдары, шаршау дерті, өмірге қанағаттанбау, әйелдердің ерлермен

қатар жұмыс жасауы, ескі достардың араласпауы, қатыспауы сияқты қала өміріндегі дерттерді әңгімелейді. Автор ол былай еді деп көрсетпегенімен, кейіпкерлері айтады. Ал кейіпкерді жасаушы автор екенін ескерсек, ол автордың ойы екені күмәнсіз. Қазіргі күні қала адамы тіптен жалғызсырап кетті. Шығармадағы стресс дегендей, әр телефонның ар жағында бір жалғыз адам өз ойымен жалғызсырап отыр, қаланың дертті тіршілігінде...

Сайып келгенде, Қ.Мұқанбетқалиев шығармашылығы – кең арналы, тынысты, эпикалық дүниелер. Оның шығармашылығы тарих, ел, халық, ұлт тағдырына қанық қан, ұлттық болмысқа пен халықтық колоритке бай еңбектер деп толық айта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кемелбаева А. Отамалы // «Қазақ әдебиеті». № 5, 2014.
2. Есбалаева Р.Ж. «Шал мен теңіз».
3. Прозадағы психологизм. Сілтеме: https://adebiportal.kz/kz/news/view/shal_men_teniz_prozadagi_psihologizm__22195

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЖАҢАША ИННОВАТОР ТӘРБИЕШІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАРДЫҢ ЖҮРГІЗІЛУІ

Казмұханбет Ағила Таңатарқызы
№49 «Думан» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

Білім беру жүйесінің алғашқы баспалдағы мектепке дейінгі тәрбие ұйымы болғандықтан тәрбиешілерге мәдениетті, білімді, белсенді жеке тұлға тәрбиелеу міндеті жүктеледі. Заман талабы бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне, оның ішінде мектепке дейінгі жастағы сәби дамуына тәрбиеленуіне жаңаша көзқараспен қарауды қажет етеді. Міне, осындай жеке тұлғаны қалыптастыруда мақсатқа жеткізетін балабақшада оқу- тәрбие жұмысын жаңаша ұйымдастырып жүргізу, ол кейінгі кездері педагогика ғылымында жиі пайдалана бастаған жаңа ұғымдардың бірі – инновациямен байланысты. Осы орайда қазіргі таңда балабақша тәрбиешілерінің алдына қойылған міндеттер басым. Себебі, ұрпақ бойындағы алғашқы білім мен тәрбие дағдылары дәл осы мектепке дейінгі мекеме табалдырығында қаланады. Соңғы уақыттағы демократиялық жаңарулар тәрбиешілердің шығармашылық қызметіне заңды түрде еркіндік берді. Тәрбиешілерге баланың жан-жақты дамуына жоғарғы деңгейде әсер ететін технологияны таңдау міндеті жүктеледі. Ал, ол міндетті шешетін де, жүзеге асыратын да шебер тәрбиеші яғни инноватор тәрбиеші. Ал инноватор тәрбиеші болу үшін үнемі инновациялық дамып отыру талабы тұр. Қазіргі таңда мектепке дейінгі орындарда инновациялық технологияны ендіруге көптеп күш жұмсалады. Сол себепті мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың негізгі міндеті: әдіс- тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін жағдай жасау яғни инноватор тәрбие дәрежесіне жету. Осы ретте тәрбиешілердің жаңа бағдарламаны тиімді пайдалануы үшін олардың кәсіби шеберліктерін шыңдап, шығармашылықпен еңбек етуіне бағыт беріп, қазіргі заман талаптарына сай инновациялық бағытта дұрыс ұйымдастыра білу- әдістемелік жұмыста үлкен ізденіс пен жауапкершілікті талап етеді.

Инноватор тәрбиешілер дайындау үшін әдіскер жұмысы үнемі жанарып, инноватциялық бағытта дамып отыру қажет. Балабақшадағы тәжірибеде бұрыннан қолданып келген жүйе өзгертіп, педагог мамандармен жүргізілетін жұмыстарға жаңалықтар енгізу. Бұндай өзгерістер

білім сапасының өсуіне және де тәрбиешілердің шыңдалуына ықпалын тигізеді. Педагогтарды жаңа заман талабына сай жолдармен оқытуға бағытталған әдістемелік жұмыс- олардың білімдерінің жоғарлауына, балалармен жұмыс жүргізу барысында жаңа тәсілдер таңдауға, зерттеу және шығармашылық қабілеттерін анықтауға мүмкіндік туғызады, ал ең маңыздысы өздігімен кәсіби деңгейлерін жоғарлатып, мамандықтарына деген қызығушылықтарын арттырады.

Мектепке дейінгі ұйымдар балаға сапалы білім мен тәрбие беруі қажет.Ол үшін әр тәрбиеші күнделікті жоспарларын жазумен шектеліп қоймай өзін-өзі дамытып, өз жұмысына жоғары жауапкершілікпен қарап,шығармашыл болуы тиіс. Осыған байланысты әдіскердің міндеті:

- Тәрбиешілерді ынталандыру, шығармашыл, инноватор тәрбиеші болуына көмектесу;
- Жаңа технологияларды насихаттау барысында семинарлар өткізіліп отыруы тиіс. Мысалы: «Жобалық жұмыстар», «Мектепке дейінгі балалардың тілін дамытудағы жаңа тәсілдер», «Бейнелеу өнерінен дәстүрлі және дәстүрден тыс технология», «Жаңа инновациялық технологиялар» және т.б.

Әдіскер осындай семинарлармен жұмыстардың ұйымдастырылуын қадағалайды, мақсаттарын, міндеттерін айқындап, жоспарын құрады немесе құруға көмектеседі.Үздік тәжірибе таралуын қамтамасыз ете отырып, тәрбиешілердің қызығушылықтары мен ынталарын арттыруға бағытталған, семинар мазмұнына байланысты болатындай ойындар, викториналар, тембилдингтер, коучингтер өткізілуін ұсынады. Бұл жердегі әдіскер жұмысының негізгі міндеті шығармашылық топ жұмысын ұйымдастыру, нәтижелілігін қадағалау.

Жұмыс заман талабына сай дамып отыруы үшін тәрбиешілер біліктіліктерінің артуын қамтамасыз ету керек.

Күтілетін нәтижелер:

- Тәрбие мен білім беру үрдісінің ұйымдастырылуы нәтижелілігінің өсуі;
- Жоғары біліктілігі бар педагог мамандарының үлесінің артуы;
- Тақырыпқа сай іс-тәжірибені шығармашылық іс-әрекетпен жаңартылуы.

Балабақша педагог мамандарымен жүргізілетін жұмыстар журналы. (Үлгі)

Р/с	Тәрбиешінің аты-жөні	Жеке шығармашылық тақырыптары	Мерзімі	Жаңа іс-тәжірибе	Ұсынылатын әдістемелік көмек	Күтілетін нәтиже

Тәрбиешілерге диагностикалық және жекелеу негізінде әдістемелік көмек көрсету, шеберлігін шыңдау мақсатында білім беру үрдісінің сапасын жоғарлату үшін балабақшада әдістемелік жоспарды төрт бөлімге бөлуге болады. (Үлгі)

Талдау	Жоспарлау	Ұйымдастыру және үйрету	Бақылау
Тәрбиешілерге мониторинг диагностика жүргізу нәтижелері арқылы белгілі бір проблеманы анықтау,яғни, тәрбиешілердің білім деңгейін, тәрбиеші қызметіндегі	Диагностика нәтижелері арқылы проблема анықталғаннан кейін жұмыс түрлері жоспарланады.	Тәрбиешілердің мамандық деңгейін жоғарлатуына бағытталған әр түрлі әдістемелік жұмыс түрлерін дайындау арқылы жүзеге асады.	Жасалған жұмысты оқып түсіну. өткізілген шараларға талдау жасап, әрекеттерді түзету.Жеке тұлға қалыптастыруда жаңаша оқытудың әдіс-тәсілдерін іздестіру арқылы

қиыншылықтарды анықтау және зерттеу, мәселеге бағытталған талдау жүргізу.			білім аймағында игерілетін білімдермен анықталады.

Сонымен бірге жаңашыл инноватор тәрбиеші тәрбиелеу үшін балабақша тәрбиешілерін технологиялық сауаттылықтарына немесе жыл басындағы бөлініске сәйкес төмендегідей тәртіппен технологияларға бөлуге болады.

Р/с	Тәрбиешінің аты-жөн	Жұмыс технологиясы	Тобы
1			

Ал, әр жыл басында тәрбиеші технологиялары өзгеріліп отырады. Міне, осылай біз инноватор тәрбиешіні жұмыс барысында дайындай аламыз. Инноватор тәрбиешіге қойылатын талаптар:

- Жаңа заманға қадам басу;
- Жаңа технология әлеміне балаға жолсерік болу;
- Компьютерлік сауаттылықты жетік меңгеру;

XXI ғасыр ақпараттандыру ғасыры, ал ғасыр талабына талас жоқ. Сапалы білім, саналы тәрбие беру үшін педагогтың үздіксіз ізденуі, шыңдалуы, шығырмашылықпен айналысуы, білімін жетілдіруі қажет. Әдіскер мен тәрбиешінің бірлесе жасалған еңбегінің нәтижесі-сапалы білім болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық негіздері» С.Аманжолов 2007жыл.
2. «Ұлттық тәрбие- құндылығы мол дүние» С.Әбішқызы, Ж.Сарманов, 2008 жыл.
3. «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайына дамыту: теория және тәжірибе» Б.А. Тұрғанбаева 2005 жыл.
4. «Жалпы педагогика». 2009ж. М.Жұмабаев

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ТҮРЛЕРІ

Кайыржанова Жупар Жолдасовна, Жакина Диана Габитовна
«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы лингвистикалық мектеп-гимназия» КММ

Бүгінде ақпараттық технологиялардың дамуымен оқу материалын ұсыну әдістері түбегейлі өзгерді.Кітап пен баспа мәтіні оқытудың негізгі құралдары болып табылады,алайда заманауи түрде сабақ беруде жаңа тәсілдерді қолдануды талап етеді.

Қазіргі буынға ағылшын тілі оқулықтарында оқушының еркін сөйлеуіне үйретуде, коммуникативтік тәсіл арқылы алған білімін өз ортасында қолдануына дағдыландыруда соңғы әдістемелер қолданылған. Оқыту тәсілдері әртүрлі, негізінен оқушы күнделікті тіршіліктегі ситуацияларда қолданылатын ағылшын тілін үйренуде. Оқу процесі оңайдан қиынға қарай дамыта оқытуға бағытталған. Әр сабақтың алдында «берілген тақырып туралы оқушы не біледі?» деген мақсатпен «сұрақ - жауап», «талқылау», «ой алмасу», сияқты тапсырмалар үнемі беріліп отырылады. Лексикалық және грамматикалық материалда басты көңіл бөлінетіні сөйлеу және оқу.

Оқу іскерлігін дамытуда негізінен мәтінді оқу басшылыққа алынады. Мәтінді оқығаннан кейін берілетін жұмыс түрлері:

"True or false"
"What do you think?"
"Talk to your friend"
"Talk to other friends"

мәтін бойынша сөзді қайталату, еркін де дұрыс қолдануға үйрету мақсатында қолданылады.

Ағылшын тілін үйренудегі басты бағыттардың бірі оқу дағдысын игеру мен қатар оқығаны туралы талдау жасай білу. Оқушылармен жұмыс жүргізетін оқулықта оқушыны әртүрлі соңғы әдістемелер арқылы еркін де сенімді сөйлеуге үйрету, коммуникативтік тәсіл арқылы алған білімін өз ортасында, қоғамдық орында қолдануға дағдыландырып, білім деңгейін тереңдету, ағылшын және қазақ елдері арқылы ауқымды мағлұмат беру.

Оқулықтағы материалдардан күнделікті тіршіліктегі ситуацияларда қолданылатын ағылшын тілін үйренуге болады. Оқу процесі оңайдан қиынға қарай дамыта оқытуға бағытталған. Мәтін - негізгі қарым - қатынас бірлігі, ал мәтінмен жұмыс істеу – қарым - қатынас жасауға үйренудің құралы. Тыңдауға үйрету мүмкіндігінше барлық сабақтарда үнемі және мақсатты түрде ауызша жаттығуларда, сөздік - грамматикалық материалды меңгеру барысында ауызша - сөйлеу жаттығуларын орындау кездерінде жүргізіледі.

Негізгі оқулықта мәтінді оқудан бұрын сұрақтар беріледі. Ол сұрақтар бойынша сол мәтіндегі мәселеге байланысты оқушы не біледі, не білмейді, оны анықтау мақсат болса, екіншіден - өз білімі деңгейінде ойын айтқызып, мәтіндегі оқиға жайлы білуге ұмтылдыру, ынталандыру. Бұл жұмысты бүкіл сынып болып немесе 4 - 5 оқушы бірігіп және жұптасып талқылауға болады. Мәтінді оқыған соң оқушы ұғымын арналған «True or false» жаттығулары беріледі. «What do you think?» тапсырмасы бойынша оқушы мәтіндегі мәселе туралы өз ойын ортаға салып, еркін сөйлеуге үйренеді.

Сонымен қатар, оқушылардың қарым-қатынас дағдыларын арттыруда «Jigsaw» (немесе «Зигзаг») әдісін қолдану өте тимді. «Jigsaw» әдісін 1971 жылы американдық профессор Эллиот Аронсон әзірлеген, оның ерекшелігі топпен жұмыс жасау, бірлесіп оқытуды ұйымдастыру. Сабақта «Jigsaw» әдісін қолдану оқушыларды ынтымақ пен бірлікте жұмыс жасауға, білгенін жолдастарымен бөлісуге, тақырыпты ортаға салып талқылауға, түйінді ойды саралауға жетелейді.

Көптеген оқушылар үшін ағылшын тілінде мәтінді оқу қиындық тудырады. Сол себептен олар үшін мәтін таңдағанда олардың қызығушылықтары мен жас ерекшеліктерін ескеру қажет. Сондықтан мәтінмен жұмыс істегенде мынадай ескертулерді есте сақтау қажет:
1. Уәждемелейтін (мотивирующий) тақырыптарды таңдау қажет. Мұнда оқушыларды қазіргі кезде қандай мәселелер мен тақырыптар қызықтыратынын анықтап алу керек. Мысалы, кино, музыка, саяхат және т. б.

2. Мәтінді оқымас бұрын оның тақырыбы мен сөздердің мағынасымен таныстыру. Мәтінмен танысар алдындағы кезең - тілдік және психологиялық қиыншылықтарды сейілтіп, мәтінмен жұмыс істеуге ыңғайлайды; оқушылардың жеке тәжірибелерін өзектендіреді, негізгі (тірек) сөздерге сүйене отырып, мәтіннің мағынасын жорамалдайды.

3. Мәтіннің құрылымы мен мазмұны оқушыны қызықтырарлықтай болу керек. Мәтінде сабақтарда өткен грамматикалық құрылымдар болуы тиіс, не болмаса ол құрылымдармен мәтінмен танысар алдындағы кезеңде таныстырып кету қажет.

4. Мәтінді оқымас бұрын оқушыларға арнап мәтінде кездесетін сөздер мен дыбыстарға, оқудың төрт типіне қатысты шағын тест өткізуге болады. Бұл тест оқушылардың оқылым дағдыларын қалыптастыруға, кейбір күрделі сөздерді еске түсіріп оларды есте сақтауға ықпалын тигізеді. Осылайша сөздердің оқылуы мен олардың мағынасын оқушылар түсінгеннен кейін барып, қысқа жолдарды оқытуға болады. Мұндай тәсіл оқушылардың

өздеріне сенімділігін арттырып, олардың оқуға деген қызығушылығын арттырады. 5. Мәтінді оқу жеке дара бола алмайды, оқу дегеніміз мәтіннің мазмұнын түсіну, түсінуге біз сөздердің мағынасын түсінуді жатқызамыз және тілді тереңірек меңгеру үшін оқушылар тілдік бірліктерді есте сақтаудан бастайды. Біздің мақсатымыз – оқушының мәтінді түсініп, тілдесімді дамытуы. Алайда, коммуникативтік құзыреттілікті дамыту барысында ағылшын тіліндегі тыңдалым, тілдесім, оқылым және жазылым сияқты төрт әдіс бірлесіп жүруі тиіс.

Ағылшын тілі сабағында мәтін оқудың спецификалық дағдыларын үйретуге бағытталған тәсілдер. Шет тіліндегі кез келген мәтін бойынша жұмыс үш кезеңнен тұрады:

-мәтіналды (Pre-reading)

-негізгі мәтін(While-reading)

-мәтіннен кейінгі (Post-reading)

Мәтіналды жұмыс кезеңі-сұрақтар қою арқылы мәтінді алдын-ала болжау,негізгі мәтінде кездесетін жаңа сөздермен таныстыру,мағынасын түсіндіру.

Негізгі мәтін кезеңі –мәтіндегі өзекті ақпаратты анықтау мен талдау.Өмірме байланыстыру немесе өздерінің кәсіби мамандықтарымен байланыстыру.

Мәтіннен кейінгі жұмыс кезеңі-негізгі тақырыптан бөлек,мәтіннің үзінділеріндегі ақпаратты анықтау,талдау.Мәтін ішіндегі бөлінген әрбәр абзацтарға тақырып қою,кілт сөздермен салыстыру,мәтіндегі жаңа сөздерді пайдаланып өз көзқарастарын,ойын ауызша білдіру.

Мәтінмен жұмыс істеу көбінесе мұғалімнің тәжірибесіне және оның жұмысқа деген ынта-жігері мен сабақта берілген тапсырмаларды тиімді шешу жолдарына деген ізденісіне байланысты.Белгілі бір әдістерді таңңдау,білім алушылардың дайындық деңгейіне және олардың оқуға деген құлшынысына да байланысты.

«Білім кітапта.Тек кітап қана алға жылжуды,адамдық шыңына шығуды үйретеді.Қазіргі таңда балалардың көбісі компьютерде отырады.Сондықтан,болашақта кітап оқығандар компьютерде отырғандарды басқарады».Нұрсұлтан Әбішұлының сөзімен келешек жастарды кітап оқуға,терең білім алып,ұшқыр ойларының шыңына жетуге шақырамын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1.«Шетел тілін оқыту әдістемесі» журналы № 1(51)- 2013ж.

2.Р.М. Ким, Б.А.Торекеев Ағылшын тілі және оны оқытудың әдістері, 2018ж.

3.Елухина, Н. В. орта мектепте шетел тілін оқытуда қарқынды оқыту элементтерін енгізу туралы [Мәтін] / Н. В. Елухина / / Иностранные языки в школе: научно-методический журнал – 2014ж.

4.Т.Г.Егоров. Психология овладения навыком чтения. Т.Г.Егоров.М.Рольф, 2009.

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ КЕПІЛІ

Калабазарова Эленора А., Арыстанова Эльмира М.
М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60-шы жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен зерттеушілердің қолдануына енді. Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, білім берудің (бірінші кезекте жалпы білім беруді) көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі. Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді

қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуда.

Функционалдық сауаттылығы дегеніміз- адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына,жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Яғни, оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

-белсенділік
-шығармашылық тұрғыда ойлау
-шешім қабылдай алу
-өз кәсібін дұрыс таңдай алу
-өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Функционалды сауатты адам – қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ақуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет етеді. Бүгінгі күнге қажетті мамандықты таңдап дұрыс шешім қабылдап, заманауи ақпараттық технологиялардың тілін біліп кез келген әлеуметтік ортаға бейімделеді. Осы тұрғыда функционалды сауатты адамның негізгі белгілерін тұжырымдауға болады: қоғамдық ортада өмір сүре білетін, тіл табыса білетін, белгілі бір сапалық қасиеттері бар, жалпы негізгі және пәндік құзыреттіліктерді меңгерген адам болып саналады.

Жалпы, барлық зерттеушілердің болжамы бойынша адамдардың сауатсыздық деңгейінің төмендеуі, оларға дұрыс білім беріп, тиянақты оқытпаудан, оқырман болуға үйретпеуден болған көрінеді. Осыған байланысты 1997 жылдың өзінде-ақ Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту жөніндегі Концепция жобасында адамдардың сауатсыздығын жою еліміздің жалпы орта білім беру жүйесіндегі реформалануға тиісті стратегиялық нысан екендігі атап көрсетілді. Сараптама нәтижесіне көз салсақ, білім құрылымдарының білім алушыларды қоғамдық- шығармашылық өмірге араласуына бағытталмағанын байқаймыз. Басқаша айтқанда, дәлел бар да, оның іске асыру жоқ. Заманауи мектептің ең басты міндеті оқушы өмірінің барлық белеңдерінде білім алуға деген құлшынысын қалыптастыру үшін, оған әрбір қадамының маңыздылығын түсінуге мүмкіндік беруден, тәсілдер мен таным көздерін таңдауда бағдар ұстай білуге үйретуден тұрады. Елбасы бастамасымен өмірге келген «Функционалдық сауаттылық бойынша Ұлттық жоспардың» маңызы ерекше. Оның мақсаты – оқушылардың салалық сауаттылығын дамыту арқылы, тиімді қызмет түрлеріне бейімдеу. Бұл – дәстүрлі мектеп моделінен рационалды модельге, әрі қарай феноменальді модельге «үш адым» ілгері аттау дегенді білдіреді. Осы мақсатқа қол жеткізу арқылы Қазақстан оқыту деңгейі мен сапасы жағынан жетекші елдер тобына қосылады. Ұлттық жоспардағы функционалдық сауаттылықты дамытудың төрт негізгі тетігін нақтылап түсіндіре кетейін:

Бірінші тетік: – оқыту методологиясы мен мазмұнын түбегейлі жаңарту. Атап айтқанда, педагогтарды даярлау мен біліктілігін арттыру, оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тағы басқа салаларда ілгерілеушілік байқалады.

Екінші тетік – оқу нәтижелерін бағалау жүйесін жаңарту. Яғни, функционалдық сауаттылықты дамыту білім – түсіну – қолдану – жүйелеу және жинақтау сияқты өлшемдер бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдерін біртіндеп мектеп өміріне енгізу. Бағалау жүйесі функционалдық сауаттылықта сырттай бағалау және іштей бағалау болып бөлінеді. Іштей бағалау- оқу пәні бойынша оқыту сапасын диагностикалау. Ал сырттай

бағалау- әрбір деңгейді аяқтау бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің нәтижелері /ҰБТ,ОЖСБ-ВОУД/. Сондай-ақ халықаралық /TIMSS , PISA және PIRLS/ зерттеулерге қатысуы . Білім алушылардың өзін-өзі бағалауы өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі жетілдіру үшін жеке жетістіктерін бағалау арқылы жүзеге асырылады. Критериялық бағалау жүйесі енгізілетін болады. Олар да ұлттық және халықаралық бағалау жүйелері арқылы жүргізіледі.

Үшінші тетігі – балаларды оқыту мен тәрбиелеуге ата-аналардың белсенді қатысуы. Ата-ананың борышы бала бойына жас кезінен адами құндылықтарын дарытып, саналы өмір сүруге баулу. Ата-ана баласының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін мұғалімдерімен тығыз байланыс жасау керек. Бұл үшін жаңа әдістеме әзірленіп жатыр.

Төртінші тетік – қосымша білім беру жүйесін дамыту. Ұлттық жоспарда оқушылар сарайы, музыка мектептері, жас техниктер мен натуралистер станциялары жұмыстарын түбегейлі өзгерту қарастырылған. Еліміз тарихында алғаш рет аталған ұйымдардың материалдық-техникалық базасы жаңартылатын болады.

Қазақстанның әлеммен терезе теңестіруі үшін аса маңызды қажеттілік білім , ғылым саласын жандандыру . Жас ұрпаққа тәлімді тәрбиемен қатар , заманауи білікті білім беру мәселесі жас мемлекет үшін ауадай қажет. Осыны басты бағыт негізінде білім беру жүйесі күрделі өзгерістер енгізуде.

Бүгінгі таңда орта білім беру жүйесінде сапалы білім алудың қажеттілігі үдемелі артуда. Уақыт талабына сай өмір сүру үшін бәсекелестік күшейген кезде басқаша болуы мүмкін де емес. Оқыту үдерісіне қазіргі заман талабына сай технологиялар мен әдістемелерді енгізу, ғылым мен техника жетістіктерін пайдалану, этнопедагогиканың озық үлгілерін қайта жаңғыртып, қолдану, педагог мамандардың сапасын көтеру, оқушылардың функцияналдық сауаттылығын көтерумен қатар, тәрбие жұмысын жақсарту – күн тәртібінен түспейтін мәселелерге айналды. Қоғамда үлкен қозғалыс туғызған Жолдауда өскелең ұрпаққа тек білім беру ісімен шектелмей, жеткіншектеріміз игерген білімін одан әрі әлеуметтік бейімделуге ұластыруға қабілетті болуға, бұл үшін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатымен Ұлттық жұмыс жоспарын іске асыру қажеттілігі айтылған.

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Біздің еліміздің негізгі тірегі – зияткерлік ұлт мүмкіндігі. Сондықтан да біздің балаларымыздың сапалы білім алуы маңызды. Оқушылардың мектепте алған білімін қоғамдық — әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне басымдық берілуі тиіс.

Қортындылай келе, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын игерген оқушылардың білімдері мен біліктері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді; іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлтық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы).

2.Бұзаубақова К.Ж. Құзыреттілік тұрғыдан білім берудегі білім сапасының мәні //«Шаяхметов оқулары» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Павлодар, 2009. – Б.237-243.

3. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.- Астана, 2010.

4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары /Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 ж. 25.06 №832 Қаулысымен бекітілген.

5.Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2012 ж. 27.01.). – Астана, 2012.

БІЛІМ БЕРУДЕ ЭЛЕКТРОНДЫ ПЛАТФОРМАЛАРДЫ ЕНГІЗУ

Калдыбаева Жангул Орынбасаровна
«№30 қазақ орта мектебі» КММ, математика пәні мұғалімі

Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. XXI ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми-технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының даму кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті маман даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Ақпараттандыру жағдайында білім алушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылуда және одан әрі жетілдірілуде. Математика сабағында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білім алушылардың ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және интернет ресурстарды қолдана алуы білім алушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Білім алушылардың ақпараттық құзырлығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейкесті мәселелердің біріне айналып отыр. Математика сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- ✓ Білім алушының өз бетімен жұмысы;
- ✓ аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- ✓ білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- ✓ шығармашылық есептер шығару кезінде онлайн түсіндіру арқылы жүзеге асыру;
- ✓ қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- ✓ қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- ✓ білім алушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге ықпалы зор.

Оқытушы сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану, оқытудың тиімді әдістерінің бірі деп ойлаймын. Әрбір мұғалімнің негізгі мақсаты – сабақ сапасын көтеру, түрін жетілдіру, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, олардың ізденісін, танымын қалыптастыру. Оқу-тәрбие үрдісінің сабақта дұрыс жүргізілуі үшін әр алуан оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімдісін мүмкіндігінше және білім алушылардың жеке жағдайларына байланысты таңдап алуға көп көңіл бөлу керек.

Оқытудың әдіс-тәсілдерін тиімді таңдап алу оқытуда табысқа жетуге негіз болады, әрі сабақтың тиімділігі мен сапасын барынша арттыруға мүмкіндік береді. Білім алушыларға

терең білім беру үшін мұғалім мына төмендегі қағидаларды есте сақтағаны жөн деп есептеймін.

1. Мұғалім пәнді жетік меңгеріп, оны білім алушыларға ғылыми тұрғыдан негіздеп, қарапайым тілмен, өмірмен байланыстыра отырып бере білуі қажет.

2. Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай жеке бастарының психологиясын, жан дүниесін жете біліп, әр білім алушының жүрегіне жол таба білуі абзал.

3. Ғылым мен педагогика саласындағы жаңалықтарды үнемі пайдаланып отыруы тиіс.

4. Мүмкіндігінше, кейбір кейбір үлкен тақырыптарды топтап жеке блоктар түрінде топтастырып өткізе білуі керек.

5. Білім алушыларға ұзақ уақыт есте сақтау қабілетін арттыру үшін жаңа сабақты тірек белгілері мен тірек конспектілері бойынша берген жөн.

6. Білім алушылардың сапалы да тиянақты білім алуы үшін әр бөлім, әр тақырып бойынша олардың білімдерін тексеріп отырған жөн. Мұнда әсіресе білім алушылардың білімдерін тексеруде мына төмендегідей әдістерді қолданған тиімді: тесттік жүйе бойынша, өзін-өзі тексеру, көршісін тексеру және т.б

Қорыта айтқанда, бүгінгі сабақ кешегі сабақтан өзгеше, ал ертеңгі сабақ бүгінгі сабақтан жақсы болуы тиіс. Әрбір тақырыпты түсіндіргенде білім алушылардың мүмкіндіктеріне қарай тірек белгілері арқылы білім алушыларды жинақылыққа, көркемдікке баулып есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ойлау қабілетін жетілдіріп, оларды шығармашылыққа баулуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, пайдалана алатын, онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Білім алушылардың білімін тексеруге арналған онлайн платформаларға тоқталып кетсем.

Интерактивті және қызықты формада оқытатын арнайы мультимедиялық Quizlet бағдарламасын – оқушылардың білімін тексеруде, жаңа сөздер мен терминдер үйренуде, ережлерді еске сақтауда қолданған тиімді. Үш тілде білім беруді сабаққа енгізу барысында сөздерді жаттатуға тиімді қолдануға болады. Quizlet қосымшасы арқылы оқушы тапсырманы мұғалімнің қатысуымен немесе өзі жеке үйде де, сыныпта да орындай алады. Тапсырманы орындап болған соң, дұрыс бұрыстығы тексеріліп, ұпай беріледі. Quizlet қосымшасының мүмкіндіктері:

- қысқа уақыт ішінде негізгі мәліметтер есте қалады;
- өз білімін тексереді;
- уақыт пен жылдамдыққа жұмыс жасайды;
- қызығушылығы артады;
- флешкарточкалар мен үйрету ойындарын жасауға арналған онлайн сервистердің болуы;
- Қолдалынуы: «Орфограф», «Учить», «Тест» режимдері, «Scatter», «Космическая гонка» ойындары.

http://quizlet.com/

Plickers – статистикалық жұмыс жасау үрдісін жеңілдететін және сыныптың жауабын лезде бағалап беретін қосымша. Біз жарнамалардағы QR – кодтарды көргенде, ол кодтар нақты бір сайтқа қосымша ақпарат алу үшін сілтеме жасайтынын білеміз. Бірақ, бұл QR – кодтардың жалғыз қолданысы емес.

Plickers мұғалімнің ұялы телефонын немесе планшетын оқушылардың карточкаларындағы QR – кодтарды оқу үшін пайдаланады. Әр оқушыда жеке карточка болады. Карточканың төрт қабырғасы жауаптың төрт нұсқасын білдіреді, оларды бұру арқылы оқушы дұрыс нұсқасын таңдайды. Алдын ала бағдарламаға сыныптың тізімі енгізіледі, сол

арқылы әр оқушының сұраққа қалай жауап бергенін білуге болады. Plickers қосымшасы арқылы тақырып соңында тест өткізуге болады. Ол үшін алдын ала сыныптың тізімі мен тест сұрақтары енгізіліп қою қажет. Оқушылар карточкаларын дұрыс жауабына бұрып бір уақытта көтереді, ал сіз планшетке немесе ұялы телефонға түсіріп аласыз, бағдарлама жауаптарды сканерлеп, нәтижесін көрсетеді. Plickers-те жауаптарды диаграмма арқылы да көруге болады. Plickers-ты оқушылардың сабаққа кім қатысып отырғанын білу үшін де қолдануға болады. Plickers-тің тиімділігі – ол оқу үрдісін өзгертпейді. Ол қосымшаны қолдану үшін компьютерлік сынып және басқа да техника қажет емес, тек қана мұғалімнің планшеты керек.

https://www.plikers.com/

Kahoot бағдарламасын қолдану арқылы мектеп оқушыларымен жұмыс жасау өте қолайлы әрі тиімді. Оқытушы заман талабына сай тестілеу жүйесін меңгере алады, ал әрбір оқушының сабаққа деген қызығушылығы мен ынтасы арта түседі. Бұл бағдарламаны пайдаланудың екі тиімді жағы бар: біріншіден оқытушы мен оқушылар арасында тығыз байланыс орнайды, екіншіден оқушылар арасында бәсекелестік туындап, тиімді шешу жолдарын ұсынып, жаңа мәліметтер мен тақырыпты толық ашуға қызығушылығы оянады. Викторинаны жүргізу барысында оқушылар арасында байқау ұйымдастыруға болады. Қорытындысында оқушылардың жинаған ұпайын берген жуабының дұрыс, бұрыстығын көрсетеді. Сонымен қатар, қашықтан оқыту мақсатында да қолдануға болады. Құрылған тестті әлеуметтік желілер арқылы немесе электронды пошта арқылы сілтемесін жіберіп, басқа әріптестермен бөлісуге болады.

Kahoot бағдарламасының ерекшеліктері:

✓ Мобильді құрылғыларда дұрыс жауабы бар онлайн викторина құруға мүмкіндік беретін сервис;

✓ Қолданылуы: тест, дискуссия, сауалнама, әрекеттер тізбегі.

Осы үлгідегі оқытудың әдіс-тәсілдері оқушылардың есте сақтау қабілетін арттырып, оларды жинақылыққа, дәлділікке, шығармашылыққа баулуға көмектеседі. Қазіргі заман мұғалімі тек өз пәнінің терең білгірі ғана емес, тарихи-танымдық, педагогикалық, саяси-экономикалық сауатты және ақпараттық-коммуникациялық технологияны жетік меңгерген болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2007ж.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Досжанова Калдыкул Ешмановна
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, №31 қазақ орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Сындарлы білім беруге бағытталған оқыту мен оқу үдерісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру ең өзекті мәселеміз болып табылады. Әлемдік білім беру кеңістігіндегі білім саласы дамыған елдер қатарында тереземіз тең тұруы үшін, білім беру әдістерін қайта қарастырып, өзгерістер енгізудің қадамдары жүзеге асырылуда. Қазақстанда білім беру әдістері қайта қаралып, тиімді әдістерді қолдануға мүмкіндіктер жасалып жатыр. Білім беру әдістерінің оқыту үдерісіндегі маңызы зор екені айқын. Біздің

білім жүйеміз бұғанға дейін «өмір бойы азық боларлықтай білім беру» идеясын көздесе, енді «өмір бойы өздігімен үйрену» ұстанымына ауысты. Бүгінгі күннің білім беру жүйесіндегі ең негізгісі- үйрену мен үйретудің өзара белсенді әрекеттерге негізделген қарым-қатынас арқылы жүзеге асуы. Оқушыны терең және жүйелі ойлауға, ақпаратты өздігімен түсініп, керектісін таңдап алуға, жаңа түсінікті өздігінен құрастыруға, басқалармен тиімді қарым-қатынас құруға жетелеу – қайта қаралған әдістің нәтижесі деп білемін. Оқу сауаттылығы – жазба мәтіндерді түсіну, өз мақсатына жету үшін оның мазмұнын қолдану, қоғам өміріне белсенді қатысу үшін білімі мен мүмкіншіліктерін дамыту қабілеті.

«Оқу сауаттылығы» термині кең мағынада қарапайым оқу біліктілігін емес, мәліметтерді айқындай білу қабілеттімен анықталады. Мектеп жасындағы балалардың тек оқу техникасын меңгеруі қазіргі таңда қабілеттілік болып есептелмейді. Оқу сауаттылығы туралы түсінік білім алушылардың әртүрлі форматтарда берілген мәтіндерді түсіне білуі, олардың мәні мен мазмұнын түсініп тұжырымдауы және білім алушылардың мектептен тыс уақыттарда, әртүрлі өмірлік жағдаяттарды шешуде оқығанын қолдана білу іс-әрекеттеріндегі қызметтерін бағалауға негізделген.

Оқу сауаттылығы бойынша құрастырылған тапсырмаларда мәтіннің 4 түрі кездеседі. Олар:

• Тұтас мәтін Оқиға, құбылыс не зат сипатталады, мазмұндалады, түсіндіріледі немесе нұсқау беріледі.

• Дискретті мәтін. Кестелер мен сызбалар, графиктер, журналдың не кітаптың мұқабалары, карталар, диаграммалармен беріледі.

• Аралас мәтін. Сөз және сөзсіз көрсетілген элементтерден тұрады. (веб- парағы, толтыруға арналған түрлі кестелер, жарнамалар, мәзірлер, ақпараттық парақшалар, журналдар)

• Құрамдас мәтін. Мағына ғана емес, формат жағынан да әрқайсысы бір-біріне тәуелсіз әртүрлі, яғни бірнеше мәтіндерден құрастырылады.

Білім алушылардың оқыған мәтінін қаншалықты түсінгенін немесе түсінбегенін анықтау үшін мынадай сұрақтар қоюға болады:

1. Оқыған мәтініңізді өз сөзіңізбен баяндап берсеңіз.
2. Мәтінді оқығаныңызды қалай немесе немен дәлелдер едіңіз?
3. Мәтін мазмұнын өзіңізше түсіндіріңіз.
4. Мәтінде берілген ақпараттарды жіктеп айтыңыз?
5. Қысқаша ғана бірнеше сөйлеммен негізгі ойды айтып беріңіз.
6. Мәтінде көтерілген негізгі ойдың басқа құбылыстардан, жағдаяттардан не болмаса ұғымдардан ерекшелігі неде?
7. Мәтіндегі көтерілген мәселеге қарама-қайшы не мәселе болуы мүмкін?
8. Мәтіндегі оқиғаның не құбылыстың әрі қарай өрбуін, оның себебі мен салдарын (нәтижесін) болжап айтыңыз.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда тиімді әдістер өте көп. Мен өз тәжірибемде **«Әдебиет үйірмесі» топтық тергеу әдісін** жиі қолданамын. Топқа бірігу барысында топ құрамы алты оқушыдан құралса, бұл әдіс өте тиімді. Өйткені, әдетте топтық жұмыс барысында кей оқушылар тасада қалып қалады. Ал бұл әдісте әр топ мүшесіне тиісті міндеттер бөлініп, топтың белсенді оқу ортасын құруына ықпал етеді. Баяндаушы, Қуғыншы, Ізденуші, Сөзтапқыш, Сұрақ құрастырушы, Дәнекер деп әр топ мүшесінің атқаратын қызметі жеке айқындалады.

Бұл әдіс мәтін мазмұнын талдауда өте тиімді болып табылады. Сыныптағы білім алушылардың барлығын шағын топ құрамында қызыға жұмыс жасайды және оларды команда жауапкершілігіне үйретеді. Сонымен қатар материалды жан-жақты ойлау тұрғысынан қарастыруға, түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ мәтін тек материал күйінде қалып қоймай,

онымен кеңірек ізденіс жасауға және қол жеткізуге болатын ресурстарды пайдалану дағдысын дамытады. Әдісті жүзеге асырудың тәсілдері:

1-қадам. Мұғалім сынып зерттеу үшін дәлелденген және қызықты мәтін таңдайды (Мұғалім мәтін берместен бұрын, егер ол үй тапсырмасы емес, сабақ уақытында жасалатын жұмыс болса, зерттеу жұмысына қатысты қажеттіліктерді дайындап алуы керек).

2-қадам. Мұғалім сыныпты шағын алты топқа бөледі де мәтінмен таныстырады. Мұғалім құралдардың бастапқы топтамаларымен таныстырады және рөлдерде жқмыс жасау барысында, осы құралдарды қалай пайдалану керектігін түсіндіреді.

3-қадам. Білім алушылар зерттеу құралдарымен танысады. Зерттеу жүргізу бойынша сұрақтар қояды және топтарды рөлдерге бөліп алады.

4-қадам. Білім алушылар ой шақыру және мұғалімнің қатысуымен пікірталас жүргізуге, ақпараттың басқа көздерін пайдалануға құқылы.

5-қадам. Білім алушылар өздерінің зерттеулерін жоспарлайды. Мұғалім оларды аралап жүріп,зерттеулерін өткізу бойынша ұсыныстарын суретке түсіріп беруін сұрай алады.

6-қадам. Білім алушылар зерттеудің бөліктерін мәтінді толық қамту үшін талқылайды.

7-қадам. Білім алушылардың мәтінді зерттеу уақыты бірнеше минутқа, ал кейде бірнеше күнге созылуы мүмкін. Мұғалім сыныпта ортада тұрып, әр білім алушының жауапты рөлі болуын қадағалайды. Топтардың зерттеу жұмысына көмектесе алады.

8-қадам. Топ сыныпқа таныстырылымын жоспарлайды. Олар өздерінің ең маңызды жаңалықтарын көрсетеді. Таныстырылым белсенді және қызықты болуы керек. Сонымен қатар оған топтың барлық мүшелері қатысуы керек

Баяндаушы- оның міндеті өз көзқарасы тұрғысынан немесе өз ойына сүйене отырып, оқиғаның мазмұнын баяндау;

Қуғыншы- мәтіндегі кейіпкерлердің ізін қуып олардың іс әрекеттерінен мінездерінен көз жазбай хабардар болып отырады;

Ізденуші- мәтінге қатысты және онда көтерілген мәселе туралы көптеген ақпарат /кино, көркем әдебиет, әлем әдебиеті, саз өнері, телебағдарламалар тб/;

Сөзтапқыш- мәтіннің тақырыбын, құндылығын, руханилығын ашатын немесе құптайтын афоризмдер мен нақыл сөздерді, мақал мәтелдерді, тұрақты сөз тіркесін, құбылту (троп) мен айшықтау (фигура) түрлерін табу;

Сұрақ құрастырушы- топты сөйлету үшін негізгі оқиғаларды қамтитын немесе әңгіменің жалпы мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады.

Дәнекер- мәтінді онда көтерілген идеяларды немесе оқиғаларды бүгінгі шынайы өмірмен байланыстыру

Сонымен қатар **«Лоторея» әдісі** де өте тиімді.

• 12 ұяшықтан құралатын кесте

• Бөлек қағазға алдын ала мәтіннен үзінділер жазып ұсыну

Жонданғандай	«қыңқ»	дос
сүйірленген	арлан	тісі
қара ала төбеті	биіктене	қара көк
садақ оғындай	жота жүні үрпиіп	үлкейді

«Тарсия» әдісі . Мәтін мазмұнына сәйкес қағаз қиындыларындағы сұрақтар мен жауаптарды үйлестіре отырып, фигура құрастырады.



Мысалы: Мәтін мазмұнына сәйкес қағаз қиындыларындағы сұрақтар мен жауаптарды үйлестіре отырып, фигура құрастырыңдар.

«Көксерек» әңгімесі бойынша үлгі:

1. Қасқыр іні ненің арасында орналасқан? (Итмұрынды қалың жыныстың)
2. Жазға салымнан бері ескі інді қанша қасқыр келіп мекен етті? (екі)
3. Індердің орта жерінде нелер шайқалып өсіпті?(екі қалың сасыр)
4. Қасқыр інінде қанша күшік жатты?(жеті)
5. Жеті күшіктің нешеуін көздеріне қарап отырып өлтірді?(бесеуін)
6. Кетерде бұның ең кенжесін алып жүріп, енді біреуін не істеді?(тірсегін қиып қалдырды)

Жалпы мәтінмен жұмыс барысында әдіс қолдану құрылымы мәтінді толық түсінуге бағытталады. Ұсынылған мәтіннен ақпаратты іздеу және түсінік беру қабілетін көрсетеді. Сонымен қатар артықшылықтары төмендегідей:

Көтерілген негізгі идеяға назар аударады;
Мәтіннің маңызды жерлерін тауып оқиды;
Өз мақсатына жету үшін мәтін мазмұнын қолданады;
Мәліметтерді айқындай білу қабілеттігі артады;
Жағдаятқа ерекше назар аударылады;
Өмірдегі шынайы жағдаймен байланыстырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Б.Ш. Кәтенбаева. Тіл ұстарту жұмыстары бойынша әдістемелік нұсқаулар. Алматы «Рауан» 1988 жыл.

2. Н.А.Оразахынова. Әдебиетті сатылай кешенді талдау //әдістемелік құрал, Алматы, 2012 жыл.

3. ҚР БҒМ «Ақпараттық талдау орталығы» АҚ. PISA-2018 / Компьютерлік формат халықаралық зерттеуі құралдары. Астана, 2016 жыл.

4. ҚР БҒМ «Ақпараттық талдау орталығы» АҚ. PISA-2015 Халықаралық зерттеуінің негізгі нәтижелері. Ұлттық есеп. Астана, 2017 жыл.

5. Жалпы орта білім беретін мектептерде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы /әдістемелік нұсқау хат, Астана, 2022 жыл.

САПАЛЫ БІЛІМ НЕГІЗІ – ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС – ТӘСІЛДЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Калиева Алтынгуль Конысбековна
Әйтеке би ауданы, Аққөл ауылы, Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектеп

«Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін» ең алдымен азаттық пен білім қажет» деп қазақтың біртуар перзенті Шоқан Уалиханов айтқандай еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан кейін білім мен ғылым саласына ерекше көңіл бөлуде.Әлемдік білім кеңістігінен орын алу үшін міндетті түрде саналы, жан – жақты дамыған ұрпақты тәрбилеуіміз керек

Оқушылардың білімін арттыру үшін сабақта жаңа технологияларды қолдана білу керек. Оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланысты. Әдістеме ғылымы «Нені оқыту керек?», «Не үшін оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе, оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің шешімін іздейді. Олардың мақсаты бір, яғни оқытудың тиімді жолдарын қарастыру. Бүгінгі таңда оқу процесінде оқытудың қалыптасқан негізгі әдістерімен қатар оқытудың жаңа әдістері, яғни инновациялық әдістері де жиі қолданылады.Оқу процесінде оқытудың озық технологиясын қолдану –бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Ұстаз ретінде заман талабына сай оқушылардың білімін тереңдету үшін, тілге деген қызығушылығын арттыру үшін көп еңбек етуіміз қажет. Басты талап – сабақтың сапасын арттыра отырып сабақ түрлері мен әдістерін танымдылық, білімділік деңгейге жеткізу. Қазіргі уақыт талабына сай мен де өз сабақтарымды жаңаша ұйымдастырып, өзіндік тың ізденістерге талпынып отырамын. Сабақ өткізу барысында оқушыларды халық педагогикасы негізінде тәрбиелеп, оқушылардың сабаққа қызығуын арттырып, сабақ беру әдісінің тиімді түрлерін пайдаланып келемін. Мен қолданатын сабақтың жаңа түрлері де сабақтың мазмұнын, мақсатына, жүру барысына қарай дамытпалы саяхат сабақ, ертегі сайыс сабақ, ойын, жарыс сабағы, тест әдісімен өткізіліп келеді.

Қазақ тілін оқыту барысында оқушының сөздік қорын байыту арқылы тілін дамытуға болады. Қазақ тілін үйрету, білу қазіргі таңда басты мәселе болып отыр. «Тіл дамыту дегеніміз – тілдік норманың жетілу, ширау, даму дәрежесі» ,-дейді ғалым М. Балақаев. Тіл үйренуде ең басты міндет-оқушылардың сөйлеу тілін дамыту. Тіл дамытудың шарттары:

1.Сөздік қорын дамыту.

2.Сөйлеудің грамматикалық жағын ескере отырып қалыптастыру

3.Ауызекі сөйлеу тілін дамыту. 4.Әңгімелеуге үйрету.

Қазақ тілі сабақтарында бұл мәселені шешу жолдарының бірі әр түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану, жаңа технологияларды енгізу. Сабақта оқушылардыңтілін диалог, монолог дамытуға болады. Диалогтық, монологтық сөйлеу барысында туындайтын қиыншылықтар да бар:

Диалогтық сөйлеуде қабылдаушы баяндаушының айтқан ойын,көзқарасын бірден түсі нуі қажет. Қабылдаушы бірден аяқ асты жауап беруі тиіс.Сөйлеу барысында қабылдаушы т ыңдалым мен айтылым әрекетін бір-бірімен сабақтастыра меңгеру керек.

Монологтық сөйлесу барысында қабылдаушы баяндаушының айтқан ойын, көзқарасын саналы түрде ұғынып, оны логикалық жүйеікпен айтуы керек. Монолог арқылы оқушылардың мынадай іскерліктері қалыптасады:

- белгілі бір тақырыпқа өз көзқарасын білдіреді
- белгілі бір тақырып бойынша ақпарат береді
- сөз тіркесі мен сөйлем құрай білу дағдылары қалыптасады
- сөйлеу тілін байтады
- сөздік қорын байытады
- нақты, дәл, анық жауап беруге үйретеді
- әдеби тіл нормасында сөйлеуге дағдыландырады

Ал, оқушының жаңа сөздерді саналы түрде есте сақтауы үшін сабақта түрлі көрнекіліктер, кесте толтыру, түсіндіру сияқты тәсілдер қолданылады.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Сонымен жаңа формация мұғалімі қабілетті, кәсіби білікті, жаңа технологияны меңгерген, шығармашылықпен жұмыс жасайтын тұлға болуы тиіс.

«Ми шабуылы», топтардағы жұмыс, рөлдік ойын, ойын жаттығулары, жобаны әзірлеу, жағдайлық тапсырмаларды шешу және т.б.

«Ми шабуылы», - берілген сұраққа кез келген оқушы жауап бер алатын әдіс.

«Ми шабуылы» қажеттілігіне қарай тиімді әдіс болып табылады: мәселелерді талқылау, талқылауға қатысуға онша сенімді емес қатысушыларды ынталандыру, қысқа мерзім ішінде идеяны көптеп жинау.

Топтағы жұмыстың пайдасы:

- Оқушы жалпы жұмысқа қосатын үлесін өзі анықтайды, сондықтан сабаққа бар ықыласымен кіріседі.
- Белгілі бір жүйеден шықпай, қатып қалған оқу тәсілі өзгереді.
- Оқушылардың өздеріне деген сенімі артады.
- Бірлесе жұмыс істеу балалардың арасында ынтымақ-бірлікті, әдептілік қасиеттерін қалыптастырады.

Көрнекілік әдістер оқу материалын оқушылардың көзімен көріп, нақтылы түсінулеріне мүмкіндік береді. Бұған демонстрация, иллюстрация тәсілдері жатады.

Тәжірибелік әдістердің ішінде ең көп қолданылатыны — жаттығу әдісі.Оқу барысында теориялық ережелер мен қағидаларды қайта пысықтап, тиянақты меңгеру жаттығу арқылы орындалады. Ауызша жаттығу оқушының оқу материалын ауызекі баяндауға дағдылану мақсатын көздейді.

Қазіргі сабаққа қойылатын талап тұрғысынан техникалық құралдарды, кестелер, сызбалар, үнтаспа жазбаларын пайдалану арқылы оқушылардың есту, көру сезімдеріне әсер ете отырып, олардың ойлану қабілетін дамытуға көңіл бөлінеді.

Қолданылатын көрнекіліктер оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады, түсіндірілген материалдарды саналы меңгертуге ықпал жасайды. Оқушылардың білім сапасының көп жағдайларда төмен болуы, осындай түрлі ойлау әрекеттеріне бейімделмеуден, дағды бермеуден деп айтуға болады.

Грамматикалық материалдарды және лексикалық тақырыптарды оқытуда тірек сызбалардың қолданылуы тілді дамытуға, сөздік қорды молайтуға, бір- бірімен, қарым-қатынас жасауға (сөйлеу, айту, жазу, оқу) ойлау қабілетін дамытуға, ойын қазақша жеткізе білуге үйретеді.

Бүгінгі таңда әрбір жаңашыл ұстаз үшін, оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау әдісі кез келген стратегияларға құнды, әрі бағалы. Бұл стратегиялар оқушылардың қызғушылығын арттыра отырып, ұстаздың тығырыққа тірелетін сәттерінен арылтады. «Сұрақ қою», «Ой шақыру», «Білім көпірі», «Бес жолды өлең», «Еркін жазу», «Білемін, үйренгім

келеді, білгім келеді», «Венн диаграммасы», «пікірталас» , «болжау», «Автор орындығы» , топтастыру, т.б, стратегияларын қолдану оқушылардың мотивациясын оятып, ынталандыра түсері сөзсіз. Сонымен қатар бұл стратегиялар оқушының көзқарасын, түсінігін дамыта түседі, жалықтырмайды.

Мен өз тәжірибемде 6-7 сынып оқушыларына мәтіндегі ойды сақтай отырып, сөйлеушінің жағын өзгертіп мазмұндау, яғни автор атынан берілген әңгіме (мәтін) болса, оны III - жақтан мазмұндау, егер III- жақтан берілсе, оны өз атынан әңгімелеу, мазмұндау сияқты шығармашалық бағытқа негізделген жұмыстар түрін жүргіземін. Сонымен қатар, мәтінді өрбітіп мазмұндау, яғни бастапқы сөйлемдерін беріп, әрі қарай оқушының өзіне оқиға желісін өрбітіп, оны әрі қарай дамытып әңгімелету жұмыстарына жиі көңіл бөліп отырамын. Жаңа әдіс – тәсілдердің басты ерекшелігі – оның тек қана білімді меңгеруге емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді, яғни жадының алуан түрлерін ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай- ақ тұлғаның қауіпсіздігін, өзін- өзі өзентілендіру, өзін - өзі бекіту, қарым-қатынас, ойын танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттануға белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталады.

Қорыта келе осы әдіс-тәсілдерді қолдану нәтижесі:

• Оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға;

• Оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға;

• Белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін ұстартуға;

• Тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оны білу, қарым – қатынас, ойын, танымдық, өзін- өзі бекіту қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Артықова Т.М. Қыстаубаева Ж. Қазақ тілі . Оқыту әдістемесі.А:, 2005 ж.

2.Бақзыбекова.Н. Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру.-А: Қазақ тілі, №4, 2007.16б.

3.Қуанышбаева А.Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану.А: Қазақ тілі: Әдістеме. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, №2,2004. 47 б.

4.Қуанышбаева А.Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану.А: Қазақ тілі: Әдістеме. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, №2 ,2004. 47 б.

ЗАТТАРДЫҢ ТОБЫН САЛЫСТЫРУ ЖӘНЕ САНАУ

Калиева Бибигуль Амановна
№4 Қандыағаш қалалық ЖББОМ мектепалды даярлық тәрбиешісі

Білім беру саласы: “Таным”

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Математика негіздері

Тақырыбы: ”Заттар тобын салыстыру және санау”

Оқу мақсаты: Теңдік туралы ұғымды қалыптастыру

Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты: топтарда заттардың тең санын анықтайды,санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылай алады.

Қажетті материалдар: №2 жұмыс дәптері. Демонстрациялық материал ,АКТ

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап,командалық жұмыс,кубизм әдісі,

Сөздік жұмыс: көбірек, азырақ, тең.

1.Психологиялық ахуал
Ақылдысың сен!
Мықтысың сен!
Әдемісің сен!
Күштісің сен!
Сабағыңды беске оқы!
Жаңа сабақтың тақырыбын ашу.
2. Д/О Орныңды тап

1-10 дейін вагон цифрлар реттеліп тұрады.Вагонның келесі жағындағы суреттерді атап топтасып тұрады.

1.Реттік санау 1-10 дейін тура,кері санату
2.Заттарды санап топтасу
3.Бейнебаян көрсету ai mektep
Есімізде сақтап жүрейік !Математика тілінде артық,кем, тең деп айтылады.
4.командалық жұмыс:
1-топ Алмаларды әр себетпен сызып қос.Не артық?Не кем? Қай топтағы заттардың арасына “=“таңбасын қоюға болады? Алмұртты әр тәрелкемен сызып қос.



2-топ Гүлдерді 3-тен,араларды 2-ден топтастыр.Неше топ болды?

3-топ Заттарды санап қыстырғышпен белгіле

5.Д/о «Заттарды сана.Қатесін тап»



Қорытынды: Қимылды ойын “Поезд” Кубизм әдісі арқылы ойнату. Кубик бетіндегі нүктеге сәйкес топтасып тұру.

Кері байланыс: «Бес саусақ» әдісі

ТӘРБИЕ ТАМЫРЫ ТЕРЕҢНЕН

Калиева Канымкуль Жадырасыновна, Карамульдина Жанагул Игликовна
«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

Бала тәрбиесі - қиын да жауапты міндет. Ұрпақ тәрбиесі қоғамнан тыс, оқшау тұрған емес. Ол қоғамның, заманның бағыт бағдарымен , тыныс - тіршілігімен бірге жүріп отырады. Кез келген бүлдіршін үшін бала тәрбиесі ата анасынан берілген тәлім – тәрбиені одан әрі жалғап, жандандыратыны сөзсіз. «Болашақтың бір бастауы балабақша, қуанса бала қуансын» деген даналықты берік ұстанып, бүлдіршіндерге мүмкіндігінше жақсы жағдай жасап, ұлттық тәрбиемен қандыра сусындатуға тырысудамыз. Балалардың жас ерекшелігіне сай оқу қызметін әрбір тәрбиеші шығармашылық пен ізденіс арқылы жүзеге асыруда. Театрландырылған көріністер арқылы балалардың тілін дамыту, халықтық педогогика тәсілдері арқылы адамгершілікке тәрбиелеуді жалғастыру болып табылады.

Біздің басты міндетіміз жан- жақты дамыған білімге құштар, өз-өзіне сенімді алғыр, өз ойын жетік білдіре алатын тұлға тәрбиелеу, айқын мақсат жүйелі жоспар және әрі арзан әрі қымбат дүние – уақыт, сол уақытты жоспарға сай пайдалана білу, әр нәрсені уақытында қамту.

Себебі, Абай данышпанымыз айтқандай:

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім» - демекші бала бойындағы қабілетті уақытында байқап, оны дер кезінде ашып, дұрыс арнаға бұру баршамыздың міндетіміз. Көпшілік жұрт, жалпы қауым өзінің қоршаған ортаны, табиғат пен қоғамдағы өзгерістерді,жеке адамның басындағы құбылыстарды түсінуге, басқаларға түсіндіруге әрекет жасап, өз танымын кеңейтіп отырған. Табиғат таным процесі ұрпақтан ұрпаққа жарасымды жалғасын тауып, жетіліп дамыған. Осы көзқарас негізінде халық педогогикасы сияқты халық философиясы да болғанын, ауыз әдебиетінің үздік үлгілерінен көрініс тапқанын атап айту керек. Бала сәби шақтан бастап – ақ халықтың бай мұрасын бойына сіңіріп өссе, табиғаттың сан сырын, қоршаған ортаны қадірлеуге, қорғауға, сақтауға, ынтасы зор болатыны белгілі. Ол халық педогогикасындағы, халық ауыз әдебиетіндегі ертегілер, мақал- мәтелдер, табиғат жайындағы жырлар мен жұмбақтар, жаңылтпаштардың мән – мағынасын түсіндіріп, жаттатқызу барысында жүзеге асатыны белгілі. Ата -бабамыз мақал – мәтелдер, шешендік сөздер, айтыстар, ертегілер, аңыздар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар, тйым сөздер арқылы ұл – қызын жаман әдеттерден тиып, ең жақсы нышандарға үндеген.

Халық ұғымындарында табиғат деген сөз Жер – ана, туған жер, атамекен сөздері түрінде көп айтылады. Осыған орай халық арасында нақыл, даналық сөздер жиі кездеседі. «Жолға ағаш еккен сауап, шөлге құдық қазған – сауап, өзенге көпір салған сауап» деп ата-бабамыз табиғаттың жанашыры болып, келер ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеген. «Жері байдың елі бай», «Күте білсең, жер жомарт», «Жер – байлықтың көзі», «Жер – ырыстың кіндігі», «Жер – ана, ел – бала» сияқты нақыл сөздердің түп төркінінде қаншама тәрбиелік мән жатыр. Сонымен қатар салауатты өмір салтын ұстану қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Осы бағытта еліне елеулі, халқына қалаулы, ата анасының мақтанышы дені сау бала

өсіру жолындағы тәрбие ісін басшылыққа алып келеміз. Мектеп жасына дейінгі балалардың көбісі суық тиген аурулармен жие ауырады. Бұл бала ағзасына теріс ықпалын тигізіп, кейде созылмалы сырқатқа айналуы да мүмкін. Мұндай ауруларды болдырмаудың одан сақтанудың негізгі жолы табиғи сауықтыру факторлары. Ауа, су, күннің көзін мақсатты түрде пайдалану, бала бойындағы өзгерістегі жағдайларына төселген реакцияларының қалыптасуына көмектеседі, яғни оның ағзасын шынықтырады. Денсаулық әрдайым адамның басты құндылығы болып қала береді. Алайда қартаю табиғи құбылыс, оны тоқтату мүмкін емес , қартаймай ұзақ өмір сүру үшін адам өз мүмкіндіктеріне спортпен шұғылдануды пайдаланады. Ден шынықтыру спорттың көлік және автоматика күрделі дамыған уақытта атра түсіп отыр. Күнделікті телегей теңіз ақпарат ағынының белсенділігі мен қозғалысын айтарлықтай төмендетеді. Ұйымдастырылған оқу қызметі – балалар бақшасында дене тәрбиесі жөніндегі оқу жұмысының негізгі формасы. Ұйымдастырылған іс әрекект дені сау тәрбиеленушілердің барлығына міндетті. Олар балалардың белгілі бір жас тобындағы тұрақты құрамымен нақтылы кесте бойынша аптаның белгілі бір күні мен сағатында жыл бойы өткізіледі. Таңертеңгілік гимнастика да балалардың сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құралы болып табылады. Таңертеңгі гимнастикамен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, сергектік сезім пайда болады, еңбекке деген қабілеттілік артады. Осыған орай балабақшаларда күн сайын ертеңгілік жаттығулар жоспар бойынша өтеді.Таңертеңгілік гимнастиканы бірден ұйқыдан кейін емес, біршама уақыт өткен соң жасағанда оның тәрбиелік маңызы кеңейеді.Балаларды белгілі бір тәртіп пен жинақылыққа үйретеді. Спорттық мерекелердің мақсаты балаларды тек шаттық көңіл күй тудыру ғана емес, сонымен қатар балалардың дене жаттығуларын, ойындарды, сайысуда күш сынасуды, тапқырлық жасауды,икүтпеген жағдайда бағдарлай білуді меңгеруде қол жеткен жетістіктерін демонстрациялау болып табылады. Бүгінгі күннің талабына сай балаларға тиімді де, нәтижелі білім беріп, адамгершілік қасиеті бар отаншыл азамат тәрбиелеу үшін жұмыс тәсілдерінің жаңа түрлерін қолдануды. Бала үшін есте қаларлықтай қызықты, өзіндік қайталанбас нәрі бар оқу қызметін, ойын сауықтар, сайыстар құрып өткізу. Күнделікті оқу қызметінің барысында халықтық педогогика бағытын ұстану. Балалар тәрбиесінде имандылық, ізеттілік, үлкенді сыйлау сияқты адамгершілікке баулитын сабақтарды, сонымен қатар қисынды ойлау тақырыбына қатысты дидактикалық ойындарды жоспарлап өткізу.

Еліміздің көркейіп болашақта өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Сондықтанда дені сау , жаны таза, тәрбиелі, білімді ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосу басты мақсатымыз деп түсінеміз.

Қолданылған әдебиеттер:

- «Отбасы және балабақша» Д. Джаппарова
- «Бала мен балабақша» К. Медеуова

КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІ БОЙЫНША ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Калиева Наргул Изтаевна
«Бауыржан Момышұлы атындағы №62 ЖББОМ»

Инновациялық технологияларды қолдану арқылы «Көркем еңбек» пәнін оқытудың тиімділігін арттырудың ғылыми негіздерін айқындау және оны әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету.

Қазіргі қоғамның жаһандану үдерісінде адамзаттың ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерімен жаңа еңбек салаларының қалыптасып дамуына ықпал етуде. Ол адам еңбегінің икемді, қолайлы және тиімді орындалуына мүмкіндіктер жасап келеді. Соның бірі, өндіріс пен қызмет көрсету салаларында замануи материалдардың пайда болуы, инновациялық технологиялардың, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың үдемелі дамуы болып табылады.

Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушының креативті ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру білім беру жүйесінің алдында тұрған ең негізгі мақсат болып табылады.

Оқытудың инновациялық әдістері мен ақпараттық технологияларды пайдалану – педагогикалық іс- әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиалық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпаратты- коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды.

«Көркем еңбек» пәнін оқытудың мақсаты – жеке тұлғаның қалыптасуы және өз ойын білдіруінің негізі ретінде, рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту, шығармашылық, кеңістіктік-образдық ойлауын, көркемдік-технологиялық білімінің негізін қалыптастыру. Оқу бағдарламасының мазмұны көркемдік-шығармашылық іс-әрекеттің алуан түрін қарастырады. Сабақта іске асырылатын қөркемдік іс-әрекеттің түрлерін «Көркем еңбек» пәнінің мұғалімі анықтайды. Сонымен бірге міндетті түрде қөркемдік іс-әрекеттің үш түрі жүзеге асырылады: конструктивті, бейнелеу, сәндік.

Көркем еңбек пәнін өткізуде көптеген жаңа технологияларды пайдаланып, оқушының жаңа материалды толық игеруіне баса назар аударудамыз. Көркем еңбек пәні арқылы әлемді эстетикалық және рухани түрде меңгеруге және тұлғаның өз ойын білдірудің бір тәсілі болып табылады.«Көркем еңбек» пәні оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, кеңістік-образдық ойлауын, рухани-адамгершілік құндылықтарын, қоршаған ортаны эстетикалық, эмоционалдық түрде қабылдауларын қалыптастыруға бағытталған. Түрлі өнер салалары бойынша көркем білімдер мен дағдыларды қалыптастыру, әлемнің біртұтас бейнесін қалыптастыруға, оқушылардың көркемдік қабілеттерін, кеңістікті және көру арқылы қабылдауларын, елесті, есте сақтау, зейін мен қиялды дамытуға негіз болып табылады. Көркем және басқа түрлі материалдар, құралдары мен тәсілдерін қолдану оқушылардың сенсорикасын, қолдың моторикасын және көзбен нақты мөлшерлеуін дамытады.

Ертеңгі күннің бүгінгіден де гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы. Ақпараттық білімнің, адамның ортамен өзара қарым-қатынасын үйлестіру және жаңа қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері мол кезде өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір

адамда сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді. Пәндерді оқыту әдістемесіне интернет жүйесін қосу – сапалы білімнің қайнар көзі болады. Интернет жүйесі арқылы оқыту оқушылардың өзара ақпарат алмасуын жеделдетеді, танымдық қызметін арттырады, білім алуға қызығушылығын ұлғайтып, өз бетінше ізденуге ұмтылдырады. Оқушылардың мұндай қабілеттерін дамытатын, танымдық іс-әрекетін қалыптастыратын, әрине, мұғалім екені даусыз. Оқытудың бұл жүйелерінде мұғалім тек басшылық жасап ұйымдастырушы, бағыттаушы рөлінде болады.Ақпараттық-коммуникативтік технология жағдайындағы оқыту үдерісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпаратты болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың оқу-тәрбие үдерісіне енуі мұғалімге жаңа бағыттағы мақсаттар қояды. Олар:

• өз пәні бойынша оқу-әдістемелік электрондық құрылым жасақтау, әдістемелік пәндік Web-сайттар ашу;

• әртүрлі компьютерлік желілерді қолдану.

«Ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік деген не?» деген сұраққа келесідей жауап беруге болады: «Ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік – бұл оқу, тұрмыс және кәсіби бағыттағы міндеттерді анықтауда ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеттілігі». Ақпараттық құзыреттілік:

- сыни тұрғыдан ұсынылған ақпараттар аясында дұрыс шешім қабылдауға;

- өз бетімен мақсат қоюға және оны қорғауға, мақсатқа жету үшін танымдық қызметті жоспарлауға және жүзеге асыруға;

- ақпаратты өз бетімен табуға, талдауға, іріктеу жасауға, қайта қарауға, сақтауға, түрлендіруге және тасымалдауға, мүмкіндігінше заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Көркем еңбек сабақтарында ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру, заманауи ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарын тиімді пайдалану оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал етеді. Оқушылардың ақпараттық құзыреттілігі мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда сабақ барысында әр түрлі Wordwall,Quizizz , Kahoot,Padlet оқу ресурстарын қолданамын.

Сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

оқушының жеке дара жұмысы;

• аз уақытта мол білімге қол жеткізіп, уақытты үнемдеу;

• білім, білік, дағдыларын тест арқылы бақылау;

• шығармашылық тапсырмалар орындау;

• қашықтықтан оқу мүмкіндігінің туындауы;

• қажетті ақпаратты аз уақыттың ішінде табу мүмкіндігі;

• экономикалық тиімділігі;

• іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;

• қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақпен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып үрдістерін әртүрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;

• оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейту.

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары

1. АКТ оқытудағы тақырып шеңберіндегі не қандай да уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады.

2. Оқыту жүйесінің көпдеңгейлі жетілдірілуі оқу сапасын арттырады.

3. Оқушы өз бетімен немесе өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

4. Оқушының танымдық іс-әрекеттері күшейіп, өзіндік жұмыстарды тез орындау мүмкіндіктері жетіледі.

Осындай оқыту құралдарының бірі – *цифрлық білім беру ресурстары*. Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану арқылы оқушы өзбетімен шығармашылықпен айналысуға, теориялық білімін өмірмен ұштастыруға мүмкіндік алады.

Заманауи ақпараттық коммуникативтік технологиялар арқылы жүзеге асырылатын оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итермелеп, нәтижесінде өздерінің кәсіби әлеуетінің қалыптасуына жол ашады. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам жағдайында, оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын инновациялық технологияларды ғана тиімді деп санауға болады. Оқушылардың заманауи ақпараттық коммуникативтік технологиялар көмегімен қалыптасатын және жүзеге асырылатын ойлау қабілеті дәстүрлі технологиялар арқылы берілетін ойлау жүйесінен өзгеше болатындықтан, тек ойлау қабілеті түсінігі ғана емес, қабылдау, есте сақтау жоғарғы деңгейде болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ұ.Жазықбаева. Жаңа адамды тек жаңашыл ұстаз тәрбиелейді. Шымкент,2021.
2. Т.Ш.Оралбекова Технология оқулығы. Алматы, 2016.
3. Т.Ш.Оралбекова Әдістемелік құрал (технология), Алматы, 2020
4. Көркем еңбек. Білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы көркем еңбек оқу бағдарламасы. –Астана, Ы.Алтынсарин ат. Ұлттық білім беру Академиясы, 2020 – 58 б

.

ШИ ТОҚУ-ҰЛТТЫҚ ӨНЕРІМІЗДІ ДӘРІПТЕУ

Калиева Нурия Казбековна
«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»
«Б.Сейсекенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ,
көркем еңбек пәні мұғалімі (қыздар)

Ши тоқу – қазақтың үй шаруашылығында, тіршілігіне керекті негізгі бұйым.Жалпы көшпелі халық өмірінде шидің алатын орны ерекше. Ши тоқу өнері бұрын көшпелі және жартылай отырықшылыққа тіршілік еткен Орта Азия халықтарына (қазақтар, қырғыздар, түрімендер, жартылай отырықшы өзбектер , қара қалпақтар) көне заманнан бері күнделікті тұрмыс пен шаруашылық қажетіне, тоқылған шиді қазіргі дейін кең түрінде пайдаланып келеді. Оны киіз үйдің құрамды бір бөлігі ретінде кереге сыртына тұтуға, сондай-ақ қазақтар мен қырғыздарда оларды үйдің есігіне ұстау үшін де пайданылады. Оны әр түрлі шарашылық мүдесіне, мәселен, киіз басу, сияқты жұмыстарда пайдалынады.

Бүгінгі Қазақстанның мәдениеті үшін дәстүрді сақтау аса маңызды, олай дейтініміз, осы өнердің көптеген түрлерінде мысалы теріні, сүйекті, ағашты өңдейтін, дәстүрлі қаружарақ жасайтын халық шеберлері азайған үстіне азайып барады.

Халықымыздың мәдени дәрежесі өскен сайын тұтыну бұйымдары мен жабдықтар саласына қатты талап қойып, әрі ұнамды болуын қалады. Еңбек үстіндегі шығармашылық ізденудің нәтижесінде заттардың алуан түрлері жасалынып отырылды. Сонымен қатар ұлттық қол нер ши тоқуда ою – өрнектінде талғамға қарай жаңа безендіру талабыда арта түсті

Сондықтан да халық қолөнерінің бай мұрасы жинап, сұрыптап заманымызға лайық сапа, түр беру әдісімен оларды дамыта біліуіміз керек.

Тоқылған шиді қазақтар сияқты қығыздар да, жартылай көшпелі басқа да шығыс халықтары да пайдаланып келеді. Мәселен, оны құрт жайып, тары сүзіп үшін шыпта жасау сияқты күнделікті тұрмысқа қажетіне де ерте заманнан-ақ пайдаланған.

Тығыз тоқылғын шиді күннің суық кезінде киіз үйдің керегесіне тұтқанда үйдің жылы болуына әсері тисе, күннің жылы кезінде туырыған жоғары түріп қойып, үй ішін салқындатуға жақсы.

Ши өңдеу ,тоқу өнерімен қазақтар , қырғыза , сондай-ақ Орта Азиядағы басқа да халықтарда көбіне әйелдер айналысқан. Жай ғана ақ шиден өзіне тоқып керекті күнделікті тұрмысқа пайдаланатын затты әрбір әйел өздері тоқып алады.

Ерте кезде тұрғын үйдің негізгі түрі тек киіз үй болған уақытты ши дайындауға топталып, бірге ер адамдар да бара беретін. Ерлер жағы ши өсімдігін түбімен қопарып оны түйеге, өгізге немесе атқа арту сияқты ауыр жұмыстарды атқарған. Шиді күзге қарай дайындалған.

Зерттеу арқылы ерте заманда үй шаруашылығына жиі қолданылған,ал қазіргі заман талбына сай неше түрлі бұйымдар өзгертіліп, жаңартылу арқылы жасалып жатыр. Біз шым ши қазіргі заман талабына сай уйге іліп қоюға картинка ретінде үйдің сәнін арттырып тұратын қазақтың ою- өрнегімен әшекейленген бұйымды жасадық. Осы бүйымды жасау арқылы жұмыс барысында, шеберлікті қолынан шыққан туынды ата-бабаларымыздан қалған мол мұрадан нәр алып жаңа заман талабына сай жаңаша жырлайтынын көрсеткім келеді.

Шым ши тоқу технологиясы №1

Қазіргі заман талабына сай күнделікті сәндік бұйымдар ретінде қолдануға болатынын дәлелдейтін көптеген тәжирбиелік шаралар іске асырылуда . Ұлттық өнерімізге ден қою керек. Ұлттық қолөнеріміз, соның ішінде ши тоқу өнерінің тарихы, ши тоқу техналогиясын жетік меңгеру керек. Сондағы мақсатымыз, ши тоқуды жаңа өмір талабына сай өзгертіп, күнделікті тіршілікте қолдану, осы арқылы қолөнерімізді басқаларға да таныту. Халық таланттылардың қолынан шыққан, зергерлік бұйымдар, киім үлгілері, түрмыс жиһаздары қай заманда болмасын, өз маңызын жоғалтпақ емес. Сол сияқты, қазіргі бізге келіп жеткен қол өнеріміздің бір тармағы – ши тоқу өнері. Бұл өнер Орталық Оғыз халықтарына тән нәрсе.

Ши тоқу үшін ашасы бар екі ағашты белгілі қашықтықта тіке қадап,екі ашаға көлденең ағаш қойып, арнайы жасалған қарапайым станок пайданылады. Оны үйдің ішіне, жабық қораға немесе бастырманың астына орналастырады. Киіз үйдің ішінде станоктын екі жағындағы ашалы ағашты керегеге байланып төменге жағы жай ғана жерге бекітіледі.Ашаның үстіне көлденең қойылған сырықтың үстіне асырып отырады.Ондай жіптің арасы 10-10см болады, саны отыз шамасындай болуы мүмкін,Сөйтіп ,көлденең сырықтың үстіне қойылған

бір ши бастан- аяқ байланып болғаннан соң екіншісі қойылады, осы тәртіп ши тоқылып қайталанып отырады. Алғаш тоқи бастағанда төрт шиді бірден салып қабаттап байланыстырады ширатыған жүн жіппен айқастыра орап крес Қазақ халқының қолөнер саласында ши өңдеу болып табылады. Ши бұйымының жалпы сырт көрінісіне қарай : ақ ши, ораулы ши, шым ши деп үш топқа бөледі. Мұндай ши түрлері қазақ арасында әрқайсысы өз орнымен әртүрлі мақсатқа пайданылады. Мысалы: қабығынан тазартылған ақ шиді көбінесе құрт, ірімшік т.б. жаю үшін, сондай-ақ сүзгіш шыпта жасау, үйдің төбесін бір тегіс сылауға ыңғайлы болу үшін қолданылатын болса, ұзына бойы түсті жүнмен немесе жібекпен оралған шым ши үйдің сәнді жиһазының бірі болып есептеледі, ал өн бойы тұтас оралмай әр жерінен аралатып оралатын шиді орама ши немесе ораулы ши деп атайды.

Демек, киіз үйдің керегесін орай тұтуға көбінесе жоғарыдағы айтылған шидің соңғы екі түрі: шым ши мен орама ши пайдаланылады. Шым шиді кейде «жез ши» деп атайды.

Шым ши тоқуда, негізінен, оюды композициялық құрылымы жағынан толық жекеленген және тұтас ою, бір беткей ұзындық ою, екі жақты ұзындық ою компоненттері бойлай да, көлденең де тепе- теңдіктегі ұзындық ою болып бөлінеді. Шым ши тоқу өнерінде кездесетін қазақ оюларының ішіндегі жоғарыдағы аталған жекеленген және тұтас ою формасын «шапшы ою» деп те атайды. Оған белгілі геометриялық фигурадағы төрт бұрышты, дөңгелек, үшбұрышты, тағы басқа көп бұрышты оюларды жатқызуға болады. Олар шым шидің бетін тұтас сәндеуге қолданылады. Мұндай оюлардың қайталанып келіп отыратын күрделі композициялы қиын түрлері сәуле, шахмат, ұзындық оюларын ашық жерге түсіргенде геометриялық қоршау, көмкеру кезінде сол мотивтегі бөлшектермен оюланып, жиектеледі. Бұл сияқты шым ши бетін әшкелейтін қазақ қырғыз оюларын негізгі – кейбірі геометриялық мотивтегі элементтер мен өсімдік және зооморфтық, тағы басқа оюлардан құралған ба, деген ой келеді.

Шым ши тоқуды геометриялық ою элементтерін ромбы, төртбұрыш, шаршыдағы жұлдыз, үш бұрыш, көп бұрышты немесе сүйірлі бұрыштанып келген крест тәрізді болып келеді. Бұдан геометриялық ою элементтері шым ши тоқу өнерінде ғана сақталған екен деген ой тумау керек. Мұндай оюлар ерте заманнан керамика, үй құрлысында және күнделікті үй мүліктерінде алаша, кілем киіз өрнектеу салаларында жақсы сақталған. Алайда геометриялық оюдың шыққан тегі анықталды деп үзілді кесілді айту қиын. Дегенмен, мүндай оюлардың түрі алғаш рет еңбек құралдарын бейнелеу кейінгі бақташылық дәуірінде үй жануарлары мен жабайы аңдарын белгілі жерге дағдыландыру ормандарын суреттейтін бізге келіп жеткен ромбы, көп бұрышқа ұқсас қолдан тоқылған кескін үйлесімінен шықты деп шамалауға болады т сияқты байланыстырады. Мұны шидің алақаны дейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Арғынбаев. «Қазақ халқының қолөнері» Алматы 1987ж.
2.С. Төленбаев., М. Өмірбекова «Қазақтың ою - өрнектері» Қазақстан 1993ж.
3.Ұ.М. Әбдіғаппарова «Қазақтың ою- өрнектері» Алматы «Өнер» 1999ж.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНІҢ МАҢЫЗЫ

Калимуллина Гульмира Ахмедовна, Утянова Раиса Нурсултановна
Ақтөбе қ. №2 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназия
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері

Функционалдық сауаттылық - адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол - ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда, функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60-шы жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен зерттеушілердің қолдануына енді. Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, білім берудің (бірінші кезекте жалпы білім беруді) көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі. Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуда.

Функционалды сауатты адам — қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ақуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет етеді. Бүгінгі күнге қажетті мамандықты таңдап дұрыс шешім қабылдап, заманауи ақпараттық технологиялардың тілін біліп кез келген әлеуметтік ортаға бейімделеді. Осы тұрғыда функционалды сауатты адамның негізгі белгілерін тұжырымдауға болады: қоғамдық ортада өмір сүре білетін, тіл табыса білетін, белгілі бір сапалық қасиеттері бар, жалпы негізгі және пәндік құзыреттіліктерді меңгерген адам болып саналады .

Жалпы, барлық зерттеушілердің болжамы бойынша адамдардың сауатсыздық деңгейінің төмендеуі, оларға дұрыс білім беріп, тиянақты оқытпаудан, оқырман болуға үйретпеуден болған көрінеді.

Әдіскер –ұстаз Қ.О.Бітібаева «Мектептегі барлық пәндердің ішінен баланың жан-жүрегі, ой дүниесіне бойлай еніп, оның рухани өрісін болжай алатын бірден-бір пән әдебиет пәні» деп төл әдебиетімізге баға берген еді.

Өзім сабақ беретін сыныптарда қазақ әдебиеті пәнінен функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда мынандай әдістерді қолданамын:белсенді оқыту, мән беріп оқыту, Блум жүйесі, сыни тұрғыдан ойлау, галереяда ой шарлау, қарлы кесек, ыстық орындық, үш қадамдық сұхбат, Сократтық семинар, Джигсо, т.б. Осы белсенді стратегиялар арқылы қазіргі жастарға тек білім беріп қана қоймай, әлеуметтік бейімделу үдерісінде алған білімдерін пайдалана білуге үйретіп келемін. Сонымен қатар оқушы арасында коллаборативті орта қалыптастыру мақсатында топпен, жұппен жұмыс түрлерін енгіздім.

Жалпы білім беретін орта мектептегі оқушыны жеке тұлға ретінде және оның ұлттық сана-сезімін, өзіндік, дүниетанымын, азаматтық ұстанымын, рухани құндылықтарын қалыптастыруға негіз болатын әлемдегі аса бай, мазмұнды, көркемдік деңгейі жоғары әдебиеттердің қатарындағы қазақ әдебиеті пәнін жүргізудің өзіндік қыры сан қилы.

Әдебиет - оқушыға беймәлім өмірді танытатын қуатты құрал. Әдебиет арқылы біз оқушыларға ұлттық болмысымызды, асыл қасиеттерімізді танытамыз. Адамға тәрбие беруші

әуелі, ата-ана, сонан соң ұстаз, мектеп, қоршаған орта екені баршамызға белгілі. Өнер, ғылым бар жұртта өскелең ұрпақ тәрбиені ата-анадан да, мектептен де, араласатын ортасынан да, өздері оқып жүрген қазақ әдебиетіндегі түрлі аңыз-ертегілерден де аларына ешкім шүбә келтірмейді. Әдебиет адамға өмірді танытып қана қоймайды, ол адамды тәрбиелейді.

Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту мен қалыптастыру мәселесі Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Жүсіпбек Аймауытовтардың шығармаларының негізгі арқауы болған. Әсіресе ұлы ғұлама Абайдың еңбектерінде адам бойындағы негізгі қасиеттер: қайрат, ақыл, жүректің сапалық деңгейіне қарай және олардан өзара қатынасына байланысты қалыптасатын «Толық адамды», ол, түсіндіріп айтқанда білімді, адамгершілігі жоғары, парасатты жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеп жетілдіру мақсаты көзделеді.

Қорыта келе, Елбасының «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауындағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында құрылған бес жылдық Ұлттық жоспардың дер кезінде көтерілгендігін құптаумен қатар, бұл функционалдық сауаттылық мәселесінің алаш арыстарының да ой-тұжырымдарынан қағыс қалмағандығын жұртшылық назарына ұсыну болды. Сондықтан да функционалдық сауаттылыққа байланысты атқарылар іс-шараларда алаш арыстарының ұлт болашағы, оның сауатты, білімді, рухани дүниесі бай, ұлтжанды азамат тәрбиелеудегі педагогикалық көзқарастары үнемі басшылыққа алуынуы қажет.

БОЛАШАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ӘДЕБИЕТТІҢ МАҢЫЗЫ

Калмагамбетова Гулжамила Шинтасовна
Ақтөбе қаласы КММ «№1 орта мектеп», қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Әдебиет – өмір айнасы. Қоғамдағы өзгерістер, тарихи оқиғалар, тарихты жасаушы ұлы тұлғалар мен қарапайым халықтың басынан кешкен оқиғалар әдебиетті өзінің ізін қалдырады. Тіл құдіреті арқылы біз тарихқа терең бойлап, ата-бабаларымыздың өткенімен, арман-мақсатымен, бабалар аманатымен танысамыз. Халық ауыз әдебиеті мен ежелгі дәуір әдебиетінің асыл мұраларына үңіліп, сан ғасырлардан екшеленіп жеткен терең мазмұнды қазақ халқының салт-дәстүрлерінен де мол мәлімет аламыз. «Ел болашағы- білімді жастардың қолында» демекші, қазақ әдебиетін оқу, үйрену, зерделеу -мемлекеттік тіл-қазақ тілін жетік меңгеруге әкелетіні сөзсіз.Қазақ әдебиеті пәнінің алға қойған мақсаты – халқымыздың әдеби мұраларымен қазақ тілінде таныстыру арқылы төл әдебиетіміз туралы түсінік қалыптастыру, көркем шығармалар мазмұнын түсінуге ықпал ету, мемлекеттік тіл – қазақ тілінде сөйлеуге, жазуды меңгеруге, сөздік қорларын молайтуға, әдеби тіл нормаларын игеруге жағдай жасау. Қазақ халық әдебиеті қазақ халқының сан ғасырлар тарихы мен тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпы мен салт-санасын, жан дүниесінің сұлулығын, ақындық, шешендік өнерін, зеректігі мен ойшылдығын, адам, қоғам, табиғат, сана-сезім туралы көзқарастарын бейнелейді. Әдебиет– адамды ізгілікке, жақсылыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа,сұлулыққа баулитын, қоғамға оң әсер ететін күш. Әр халық өзінің әдеби, мәдени, тарихи құндылықтарын тани отырып, ұлттық сананы қалыптастырады.

Әдебиет сабақтарында практикалық тапсырмалар орындату арқылы және сыныптас тыс уақытта әдеби бағытта оқушылардың белсенділігін, қызығушылығын, дарындылығын арттыру жұмыстарын жүргізген өте тиімді.

Ұлы Абай «..Өмірдің бір қызығы бала деген», сондай-ақ «Бала -жүректің миуасы» деп қарайтын балажан халықтардың бірі, осы біз қазақ халқы... .Қазақ халқы болашақ ұрпаққа елімнің, халқымның, жерімнің болашағы деп қарап, игі де зор үміт артқан. Әрбір қазақ арманын ұрпағына аманат қылып тапсырған, қазақ халқының дәстүрлі ғылымында балалар әлемі жөніндегі түсініктер соған орай орныққан әдет-ғұрып, тұрмыс-салтқа, тәрбиелікке, іс-әрекетке назар аударсақ, халық тәжірибесінде қалыптасқан кейбір ұлағатты өнегелерді көруге болады. Мысалы, балаға деген тәрбиелік қам қазақ халқында сәби дүниеге келмей-ақ жасала бастайды. Қазақтың «бел құда», «бесік құда»дегендері -осының куәсі. Мұның өзін сүйек тазалығын арттыру үшін, тектілікті сақтау үшін жасалғанын түсінеміз. «Бел құда», «бесік құда» дәстүрінің мақсаты- ата-аналардың текті жермен құда болуы болашақта дүниеге келуге тиісті ұрпақтың ақыл-ойлы, денсаулығы мықты, саналы болуын көздеуден туындаған. Қазақ халқының басынан өткен әр қилы оқиғалар өз құндылықтарын сақтауға әсерін тигізбей қойған жоқ. Әсіресе, ұлттық ерекшеліктеріміздің еленбеуі, өз рухани құндылықтарымыздан шектеп қалуымыз ұлттық болмысымызды өзгертті. Сондықтан, жаңа мемлекетімізді, жаңа Қазақстанды құру кезінде біздің әдебиет оқулығының мазмұнын анықтаудағы басты мақсаттардың бірі әрі жасөспірімдердің рухани және мәдени дамуын қадағалай отырып, білімділік пен біліктілікті игертсе, парасаттылыққа тәрбиелей отырып, ұлттық болмысқа ие болуға ұмтылдыратын ұлттық мүдде, ұлттық құндылықтар, ұлттық мұралар жайында ұғындыру және қанға, санаға сіндіру керек. Өмірлік ұлттық мүлде-мұраты жоқ азамат ешқашан елін-жерін сүйген емес,сүйе де алмайды. Себебі, ол адамға бұл сезім атымен жоқ. Сондықтан жастарды жастайынан отбасында, бала-бақшада, мектепте ұлтжандылыққа, отаншылдыққа баулығанда ғана өз елін, жерін, мемлекетін қорғайтын азамат тәрбиелеуге дол ашылады.

Еліміз егемендікке қол жеткізгеннен ұлттық тәрбие беру уақыт талабымен бірге келген игілікті мақсат екені даусыз. Соған байланысты өсіп келе жатқан ұрпақты жарасымды әдепке, ізеттілікке тәрбиелеу – халқымыздың қасиетті қағидасы деп білеміз. Бұл-қазіргі уақытта айрықша мәселе. Өз ұрпағын «..сегіз қырлы, бір сырлы, өнегелі, өнерлі, саналы» болып өсуін мақсат еткен ата-бабаларымыз өз бойындағы асыл қасиеттерін әр түрлі шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, жырлармен астарлап жеткізіп отырған.

Егеменді еліміздің кемел болашағы – ұлттық рухта тәрбиеленіп білім алған жастар. Бұл мақсатқа жетуде қазақ әдебиетінің маңызы өте зор.

Қазақ әдебиетіндегі жырлар, мақал- мәтелдер, жұмбақтар -білім беру мен тәрбиелеудегі ұлттық баға жетпес құндылықтар. Қазақ дастандарын оқытуда ұлттық салт-дәстүрдің ескерілмей келе жатқаны айтылса да, толық бағаланбай қалып жатады. Кейде қазақ дастандарын тек ғашықтық жырлар ретінде ғана сыңаржақ танытып келе жатқан сияқтымыз... .Бұған кеңестік дәуірдегі ұлттық дәстүрді мүлде ұмыттыру идеясы ықпал еткен сияқты.. .Дегенменде, бүгінде ғашықтықтың әлемдік үлгісі болған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» дастанының өзінде де, ғашықтықтан бұрын дәстүр дәріптелген.Қозы өмірінде көрмеген Баянды ғашық болып іздемейді, әкесінің құдалық дәстүрін бұзбау үшін, қайтсе де әке өсиетін орындау үшін іздейді. Ал, Баян болса Қодарды емес, тазша киімін киіп, қой бағып келген Қозыға көңіл аударуы да ғашықтықтан ғөрі бата бұзбас, салт-дәстүрге беріктігінің белгісі. Олай болса, Қозы мен Баян – салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты таптамаған, халықтың сүйікті ұлы мен қызы. Олардың ақ батаны бұзбау жолында құрбан болуын кейінгі ұрпаққа үлгі етіп ұсынуға болады.

Ал, «Қыз Жібек» дастанында салт-дәстүрді дәріптеу,сөз жетпейтін құбылыс. Жібектің:

«Әуелі бас қосқаным Жағалбайлы,
Жылқысы көптігінен баға алмайды.
Сол елде жігіт жоқ па тәуірірек,

Жесірін іздеп келіп неге алмайды?» -деуінен әмеңгерлік дәстүрді бұзбай, күтіп отырған адал жесірді көреміз. Қорыта айтқанда, қазақ дастандарында махаббат емес, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр суреттеледі. Халық ауыз әдебиетіндегі лиро-эпостық жырлардағы негізгі тақырып ұлттық салт-дәстүрді оқушыларға ескі арнамен тек махаббат туралы деп шиырлай бермей, дұрыс ұғындыра алсақ, әдеби жауһарларымыз арқылы ұлттық тәрбие берудің құнды мектебін қалыптастыра алар едік.

Жас ұрпақты елжандылыққа тәрбиелейтін тағылымды тәлім -ұлттық рухта тәрбиелеу мен оқыту. Халқымыздың ұлттық мұрасын оқу-тәрбие ісімен сабақтастыру-басты мақсатымыз, парызымыз. Жас ұрпақты парасат биігіне, рухани өмірдің әдемі әлеміне жетелеу – ата-аналар мен ұстаздардың міндеті. Ата-бабаларымыздың ұлттық салт-дәстүрін жас ұрпақ бойына дарыту үшін ,әдебиет сабақтарында халық ауыз әдебиетінің асыл қазынасы -лиро-эпостық жырлар үлгілерінен мысалдар келтіріп, жырдағы баяндалатын сана-сезім, ұлттық салт-дәстүр, ұлылардың айтқан даналық ойларын ұрпақ санасына сіңіруді қамтамасыз етуіміз керек. Қазақ тілін, салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу бұл әр әдебиетшінің басты міндеті деп білем. Өз тәжірибемнен түйгенім -оқушылардың жырлардағы әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді түсініп, есте сақтауы, оларды орынды қолдана білуі- оларды сабаққа қызықтыруға байланысты. Әр халық өз ұрпағын өз халқының қағидаларымен тәрбиелейді. Демек, егеменді еліміздің ертеңі – жас ұрпақты әдепті, адамгершілігі жоғары, саналы, ибалы, елжанды болып өссін десек, ұлттық тәрбие тағылымын басшылыққа алып, халқымыздың рухани байлығын бүгінгі күн талабымен ұштастыра білсек ғана ұлттық тәрбиенің бере мол.

Қазақ әдебиетіндегі лиро-эпостық жырларды оқытудағы міндет – оқушының қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін түсініп, есте сақтауы, әдеби, мәдени мұралармен жете танысу арқылы тілге деген қызығушылығын дамыту, өз елінің елжанды болуға тәрбиелеу. Қорыта келе айтарым, әдебиет -ол халықтың тарихымен, тілімен, дінімен, әдет-ғұрпымен, салт-дәстүрімен тікелей тығыз байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қ.Т.Арынов, А.Е.Есжанов «Білім», «Образование» 2005,№3 ғылыми-педагогикалық журнал.

2.Ә.Қоңыратбаев «Қазақ фольклорының тарихы» 1987жыл.

3. «Бес ғасыр жырлайды» 1989 жыл.

4.Энциклопедиялық анықтамалық 2005 жыл.

МЕКТЕПТІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСЫН БАСҚАРУ МЕН ҰЙМДАСТЫРУ

Калмурзина Балгүл Тұғырқызы
Әйтеке би ауданы Еңбекту ЖОББМ

Әдістемелік жұмыс – бұл ғылым мен педагогика саласының озық тәжірибе жетістіктеріне және оқу-тәрбие жұмысының нақтылы жағдайына сүйене жүргізілген, өзара байланысты іс-әрекеттер мен шаралар жүйесі. Мектептегі әдістемелік жұмыстар әрбір мұғалім мен тәрбиешінің біліктілігін, кәсіби шеберлігін жан-жақты арттыруға бағытталған шаралар, педагогикалық ұжымның білімдік, ғылыми мүмкіндік шамасын дамыту және арттыру, сайып келгенде, оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру.

Әдістемелік жұмыс – педагог кадрлардың ғылыми-ілімдік, кәсіптік, әдістемелік, мәдени деңгейін сапалы көтеру бойынша ұжымдық, топтық, жеке жұмыстар жүйесін қосатын кешенді және шығармашылық даму үрдісі. Ол – оқу-тәрбие жұмысын басқару, мұғалімдерді жоғары әдістемелік мәдени рухта тәрбиелеу және өз еңбегінің сапасы мен нәтижесінде талап қоя білудің маңызды бағыты – оқыту тәжірибесінде ұтымды, тиімді әдістерді шығармашылықпен игеру, бұл оқушылардың танымдық, ойлау қызметін жандандырып, терең, берік білімді, іскерлік пен дағдыны қалыптастыратын болады.

Мектептегі әдістемелік жұмыс – өзінің ғылыми-теориялық және әдістемелік дайындығы мен кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында мұғалімдердің жүйелі түрде жүргізетін ұжымдық және жеке іс-әрекеттері.

Әдістемелік жұмыстың мақсаты: педагогтардың кәсіби шеберлігін жетілдіру.

Әдістемелік жұмыстың міндеттері:

1.Мұғалімдерге оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің және дамытудың қағидалары мен әдістемелік тәсілдерін жүзеге асыруға көмек беру.

1. Әдістемелік апталықтар мен түрлі іс-шараларды сапалы өткізу, оның педагогтардың кәсіби біліктілігі мен әдістемелік шеберлігін жетілдірудегі ролін арттыру.

2. Жаңа педагогикалық технологияларды тиімді қолдана отырып, барлық сабақтар мен сыныптан тыс шараларды жоғары әдістемелік деңгейде өткізу.

3. Өзара тәжірибе алмасу жиындарын өткізе отырып, жас мамандардың кәсіби қалыптасуын қамтамасыз ету.

4. Оқытудың белсенді әдіс - формалары мен тиімді технологияларын іздестіре отырып, тәжірибе - сынақтар жүргізу.

5. Жаңа оқу-тәрбиелік, ғылыми әдістемелік дидактикалық материалдар мен оқу құралдарын жасай отырып, инновациялық білім беру процесін ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету.

6. Оқу-тәрбие процесін жетілдіру барысын талдай отырып, шығармашыл мұғалімдердің озат тәжірибелерін зерттеу, жалпылау және тарату.

7. Мектеп бітірушілердің білімдерінің ғылыми базасын нығайта отырып, таңдаған пәні бойынша жоғары оқу орнына түсуіне бағытталған дайындық жұмыстарын күшейту.

8. Оқушылардың бойында жоғары моральдік және адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, оларды кешенді тәрбиелеу бағдарламаларын жетілдіру.

9.Мұғалімдерді педагогикалық бағыттағы шығармашылық ізденіске тарту.

Әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру формалары: педагогикалық кеңестер, әдістемелік кеңестер, әдістемелік бірлестіктер, проблемалық шығармашылық топтар, ғылыми-практикалық конференциялар, педагогикалық оқулар, шығармашылық есептер, теориялық семинарлар мен семинар-практикумдар, озат тәжірибе мектебі, жас мамандар мектебі.

Мектептегі әдістемелік жұмыстың жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын құру үшін ең алдымен өткен оқу жылына толық талдау жасалынып, зерделенуі қажет. Содан жаңа оқу жылы жоспар жасау үшін ұжым мүшелері арасында диагостика, сараптама жүргізілгені дұрыс.Соның негізінде келесі жылға арналаған жоспар сапалы, жүйілі, ұжым мүшелерінің қажеттіліктеріне сай құрылады. Мектептегі әдістемелік жұмыстың сапалы ұйымдастырылуы мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыруға әкеледі. Ұжымда кәсіби шебер мұғалімдердің артыруы, пәндік сабақтардың сапасының артуына, сабақтардың қызықты, жаңа форматта, жан- жақтыі ізденісте, жаңа технологиялық әдіс тәсілдермен өткізілуіне әкеледі. Мұндай іс әрекеттер білім алушылардың білім сапасының арттыруына әкеледі.

Еңбекту жалпы орта білім беретін мектебінде әдістемелік жұмыстың жүргізіліуне үлкен мән беріледі. Ең алдымен былтырғы оу жылындағы әдістемлік талдау жасалып. Жаңа оқу жылы жоспар құру үшін зерттеулер жүргізіліп, диагностикалар жасалады. Ең алдымен әрбір пән мұғалімінен менің күшті жағыым, әлсіз жағым, даму мүмкіндігім қандай деген кесте

алынып, кесте толтырады. Сол арқылы мұғалімге қай бағытта әдістемелік көмек қажеттігі анықталады. Соның нәтижесінде «Тәлімгерлік қызмет негізінде мұғалімдердің табысты сабақты жоспарлау дағдыларын қалыптастыру арқылы кәсіби жетілдіру» бағытында «Тәлімерліктің тиімділігі» семинар тренингі. «Тәлімгерліктің басты ұстанысмы, қызмет емес қарым-қатынас болып табылады» пікіралмасуы, «Сабақ мақсаты деген не?» дөңгелек үстел, «Табысты сабақты қалай жоспарлауға болады» коучингі, «Мұғалімдердің сабақ беру кезіндегі топтық жұмыста кері байланыс беру әдістемесін меңгеруін және кәсіптік шеберліктерін жетілдіру» бағытында оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдердің тиімдісі- сабақта топтық жұмысты ұйымдастыра білу» семинар- тренинг, «Топтық жұмысқа кері байланысты қалай береміз? пікірталасы, «Тиімді кері байланысты ұйымдастырудың техникалары» семинар тренингтері ұйымдастырылды. Мектептегі әдістемелік жұмыстың ұйымдастылуынада мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарының, мектептің озық тәжірбиелі мұғалімдерінен құралған, шығармашылық тобының жұмысы ерекше. Әдістемелік жұмыстың ұйымдастырылуы мен басқарылуында мектеп директорының атқаратын қызметі жоғары. Өйткені әдістемелік жұмыс сапалы ұйымдастырылған жағдайда ғана сапалы, кәсіби шебер мамандардың саны артатытыны сөзсіз. Осындай жұмыстардың нәтижесінде жыл сайын мектебімізде кәсіби білікті өзі іс тәжірбиесін аудан, облыс көлемінде таратып жүрген мамандар саны артуда. Оларға биология пәнінің мұғалімі А. Ізбасаров, тарих пәнінің мұғалімі М.Ажиев, бастауыш сынып мұғалімдері А.Төлеуова меен Ж.Калмурзина, география пәнінің мұғалімі Б.Махамбетова, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі С.Бегалина, математика пәнінің мұғалімі Н.Токинді жатқызуға болады. Мұғалімдердің кәсіби шеберліктері артқан сайын педагогикалық біліктілік санаттарының артуына да толық мүмкіндік болатыны айқын.Жыл сайынғы мектебімздегі мемлекеттік грант иегерлері мен түрлі интелектуалдық байқаулардың жеңімпаздарынның артуы осы жұмыстардың нәтижесі деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Меңдіғалиева Г.Қ. «Мектептегі әдістемелік жұмысты басқару жүйесі» Алматы 2013ж.
2. Иманбекова Б.И. «Мектептегі ғылыми – әдістемелік жұмыс» «Алишер» 2003

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АУЫЗЕКІ ТІЛ БАЙЛЫҚТАРЫН ДАМЫТУ

Калназарова Сара Жултаевна, Абдикаримова Ажар Мутиголлаевна
Ақтөбе қаласы, №36 қазақ орта мектебі, Ә.Ермеков атындағы
№23 орта мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімдері

«Әрбір мұғалімді педагогикалық құралдарды қолдануға үйретуге болады, әрі үйрету керек те, сонда ғана оның еңбегі жоғары нәтижелі болып, мұғалімнің орны күн астындағы ең артық орын болар еді» Я.А.Каминский

Бүгінгі таңда оқытудың негізгі мақсаты: «Оқушының өз бетімен дамуын өзі басқаруына қолайлы жағдай туғызу». Нәтижесінде оқушы өзіне қажетті білімді өзі біліп, табуға және оқу, тұрмыс, кәсіптік мәселелерді шешуде іс-әрекет жасай алатындай етіп, болашақ жастарды заман талабына сай қалыптастыру болып табылады.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудың негізгі құралы компьютер болып табылады, сол себепті қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа

педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан, жаңа ақпараттық технологиялардың тілін білетін мұғалім қажет.

Бүгінгі күні ақпараттық технология кең көлемде оқыту мен педагогикалық ұйымдастыру қызметінде барлық мектептерде орын алған. Қазіргі кезде білім беруді ақпараттандыру процесі жүргізілуде. Ақпараттық коммуникативтік технологияларды және компьютерлік технология арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді. Жаңа ақпараттық технологияларды білім жүйесінде қолданудың негізгі күші адам.

Ақпараттық технология:

Объекті үрдісінің немесе құбылыс күйі туралы жаңа ақпарат алу үшін мәліметтерді жинау, өңдеу, жеткізу тәсілдері мен құралдарының жиынтығын пайдаланатын үрдіс;

Ақпаратты өңдеу үшін пайдаланылатын технологиялық элементтердің, құрылғылардың немесе әдістердің жиынтығы;

Сонымен қатар, жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі - бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп,өз - өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістіктерінен ләззат алуға мүмкіндік береді.



Бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі - оқушының оқу - танымдық әрекетін басқарудың негізгі бір буыны ақпараттық коммуникативтік технологияны таңдау. Білім

мазмұны оқушылар негізінен оқулық немесе электрондық оқулық арқылы беріледі. Сондықтан адамның құндылығы, құндылық қасиеттері, оның іс-әрекетінің нәтижелері арқылы бағаланады.

Ақпараттық технология – мұғалімнің өз жұмыстарының әдістері мен ұйымдастыру түрлерін түбегейлі өзгертуге, оқушылардың жеке қабілеттілігін дамытуға, оқудағы пәнаралық байланысты күшейтуге, оқу процесін ұйымдастыруды үнемі жаңартып отыруға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технология дегеніміз – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны.

Интерактивті тақтаны қолданулың тиімділігі:

- Сабақтың қарқынды өтуі
- Әр балаға жеке білім беру
- Қызығушылықтың артуы
- Берілетін материалдың тиімділігі
- Шектеусіз ресурстар

Жаңа ақпараттық технологияларды қолдану барысында оқушының логикалық шығармашылық потенциалын арттыру жас ұрпақты жаңа қоғам жағдайына өмір сүруіне дайындау.

Зерттеудің міндеттері:

- Ақпараттық - коммуникативті технологияны терең меңгеру;
- Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін зерттеу;
- Логикалық ойлау қабілеттерін дамытудың әдіс - тәсілдерін жетілдіру;
- Ақпараттық технологияның оқу - тәрбие үрдісінде тиімділігін арттыру.

Оқу - тәрбие үрдісінде оқытудың жаңа формалары мен әдістерін,ақпараттық коммуникативтік технологияны тиімді пайдаланған жағдайда оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін арттырып, олардың субъект - субъектілік тұлғасы қалыптасады.

Бүгінгі күні ақпараттық технология кең көлемде оқыту мен педагогикалық ұйымдастыру қызметінде барлық мектептерде орын алған. Қазіргі кезде білім беруді ақпараттандыру процесі жүргізілуде.

Ақпараттық коммуникативтік технологияларды және компьютерлік елі арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді. Жаңа ақпараттық технологияларды білім жүйесінде қолданудың негізгі күші адам.

Бастауыш сынып оқушыларының іс-әрекетін ұйымдастыруда, білімін жетілдіруде өзін - өзі тануға, өзін - өзі дамытуға, әлеуметтік құндылығын анықтауда, тұлғалық және шығармашылық әлеуетті субъектілік ұстаным болып табылады.

Жаңа ақпараттық технологияға ғалымдар әр түрлі анықтама беріп отыр. Мысалы: Н.Макарова «Жаңа ақпараттық технология - қысқаша компьютер негізіндегі технология» деп тұжырымдайды.

Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. «Білім берудегі АКТ» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т. б. тіркестермен тығыз байланысты.

Ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютерде оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса, барлық сабақтарды компьютерлердің қуаттануымен жүргізуді үйрену - бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі.

Сондықтан, ұстаз – мұғалімдер қауымының алдына өте үлкен міндет жүктелді. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі – жаңа технология негіздері болып табылады.

Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр.

Білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасы артады, мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық. Оқушы қызметін активтендіру негізінде педагогикалық технологияларының бірі - оқытудың компьютерлік технологиясын өз тәжірибеңде қолданып келемін.

Оқытудың компьютерлік технологиясын пайдалану мен үшін оқу процесін жаңа оқу - әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуге және оқушылардың шығармашылық қабілетін ашуға мүмкіндік береді.

-Шығармашылық іс – әрекет
-Зейін
-Есте сақтауы
-Интеллектісі
-Ойлауы

Оқытудың компьтерлік технологиясы – оқытудың бағдарламалық идеяларын дамытады, мүлдем жаңа технологиялық жолдар ашады.

Мен өзімнің тәжірибемде:

- дәстүрлі (оқулық, көрнекілік құралдар, электронды оқулықтар).
- компьютерлік (презентация, дисктер, мультимедиа құралдар).
- Интернет - технология (интернет дербес ақпарат көзі ретінде, е - mail - ақпарат алмасу құралы ретінде, т. б.) жиі пайдаланамын.

Компьютерлік оқыту технологиясы – педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол мұғалімді алмастыра алмайды. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек.

Мен өз тәжірибемде компьютерлік оқыту технологиясын пайдалану арқылы білім сапасын арттыруға ерекше көңіл бөле отырып өз алдыма төмендегідей мақсат қоямын. Осы компьтерлік оқыту технологиясы арқылы білім сапасын арттыру. Мен өзімнің сабақтарымда:

Оқытуды ұйымдастыру формаларын: жеке, топтық, ұжымдық жұмыс жасау формаларын пайдаланамын.

Оқушы білімін оқушылық деңгейден шығармашылық деңгейге дейін көтеруде, сондай-ақ оқушыларды жан - жақты дамыған, жеке тұлға етіп қалыптастыруда ақпараттық құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар жүйесі тиімді.

Қорыта келгенде, XXI ғасыр компьютерлік ақпараттар заманы. Сондықтан да жер бетінде болып жатқан жаңалықтар мен өзгерістер туралы спутник, интернет арқылы мағлұматтар оқушыларға жеткізіліп, айтылады.

Келешекте егеменді еліміздің туын берік ұстайтын, бәсекеге қабілетті, терең білімді жеке тұлға тәрбиелеу бүгінгі күннің талабы.

Қолданылған әдебиеттер

1.Мектептегі психологиялық әдістемелік құрал, Астана 2019 жыл
2.Бастауыш мектеп, №9-2020 жыл
3.Қазақстан мектебі №11-12, 2019 жыл
4. Ерментаева А.Р. «Субъектілікті дамыту тренингі», 2011 жыл

5. Л.Доллинер, Ақпараттық - коммуникациялық технологиялардың мәселелері және болашағы, информатика негіздері

6. Г.Бейсенова, «Жаңа ақпараттық технологиялардың тиімділігі», Қазақстан мектебі 2020, №6

ХИМИЯ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ МАШЫҚТАРЫН ДАМЫТУ

Каменова Шолпан Аманкелдиевна, Абылайқызы Әзиза
«№45 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

«Зерттеп білмейінше білу де, істей алу да мүмкін емес» - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, зерттеу жұмысын орындау баланың өз бетінше ойлау, шығармашылық қызығушылығын дамыту қабілетін қалыптастырады.

Оқушылардың шығармашыл ойлау қабілетін қалай дамытуға болады? Танымдық қабілетін, белсенділігін қалай дамытамыз? Бұл сұрақтар барлық мұғалімдер мен ата – аналарды ойландыратыны анық. Мектептегі дәстүрлі оқыту технологиясын жаңа типтегі оқыту алмастыруы керек, оның негізгі міндеті баланың зияткерлік дамуы, білім алу дағдыларын қалыптастыру, зерттеу арқылы өз білімін жетілдіруді қолға алу. Қазіргі заманғы мұғалімде оқытудың білім беру және тәрбиелік мәселелерін шешудің әдістемелік жолдары мен әдістерін, жаңа технологияларын игеруге өте үлкен мүмкіндік бар.

Зерттеу қызметі оларды қызықтыратын мәселелерді тереңірек зерттеуге ұмтылатын оқушылардың нақты танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Соңғы уақытта балалардың оқуға деген қызығушылығы жоғалды. Оларды тәжірибелер мен плакаттардың әдеттегі демонстрацияларымен қызықтыра алмайсыз. Балалар теледидар, интернет арқылы үлкен ақпараттар ала алады. Балалар кез келген ақпаратты емес, саналы түрде білім алуы керек. Зерттеу жұмысы балаларды мағыналы оқуға итермелейді, оқуға деген қызығушылықты сақтайды, балаға оның маңыздылығын, болып жатқан оқиғаларға қатысуын көрсетуге мүмкіндік береді. Оқушылардың білімін игеруге тек зерттелген материалды бірнеше рет қайталау, шоғырландыру және көбейту арқылы ғана емес, сонымен бірге оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту арқылы қол жеткізуге болады, оның барысында олар тапсырмаларды өздері шешеді және нақты білім алады. Бұл әдіс тиімдірек.

Оқушылардың зерттеу қызметінің негізгі түсініктері

"Оқушылардың зерттеу қызметі" ұғымын мұғалімдер осындай зерттеулерді жүргізу арқылы қалыптастырады. Әдетте, оқушылардың зерттеу жұмысын ұйымдастыру, ең алдымен, мұғалімдердің оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал ететін белгілі бір жұмыс формалары мен әдістерін қолдануы деп түсініледі. Оқу-зерттеу іс–әрекеті - бұл оқушылардың арнайы ұйымдастырылған, танымдық шығармашылық қызметі, оның құрылымы ғылыми іс-әрекетке сәйкес келеді, ол мақсаттылықпен, белсенділікпен, объективтілікпен, мотивациямен және санамен сипатталады, оның нәтижесі танымдық мотивтерді, зерттеу дағдыларын, оқушылар үшін субъективті жаңа білімді немесе іс-әрекет тәсілдерін қалыптастыру болып табылады.

Зерттеуді оқыту әдісі ретінде пайдалану идеясы Сократтың заманынан бері белгілі (әңгіме-зерттеу), мақсатты оқытуды ұйымдастыру, онда оқушы белгілі бір мәселенің алғашқы зерттеушісі болып тағайындалды және өз бетінше шешім тауып, қорытынды жасауы керек еді.

Химия және биология сабақтарында зерттеу машықтарын дамыту үшін төмендегі бағыттарды ұсынамыз:



Биология және химия сабақтарындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын келесідей қарастыруға болады: сабақта проблемалық жағдайларды құру, теориялық және эксперимент арқылы шешім табу, нәтижелерді талдау, бақылаулар, содан кейін қорытындылар мен жалпылау. Мектептегі ғылыми-зерттеу жұмысы технологиясының осындай қарапайым механизмі оқушыларға тақырыптарды толық меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл жұмысты химия және биологияның алғашқы сабақтарынан бастауға болады. Мысалы, тақырыпта: "химия немесе биология нені зерттейді? Бұл тақырыпты өзгерту жолы қандай?", зерттеуге сұрақ қоюға болады: неге химияны немесе биологияны зерттеу керек? Шағын педагогикалық шеберхана құрылады, онда әрбір оқушы өзінің өмірлік тәжірибесімен, бірлескен ғылыми қоржынға жинақталатын білімімен бөліседі. Оқушылардың әр жұбына қолданбалы химия және биология мәселелері бойынша ғылыми әдебиетті ұсынамыз, 10 минуттан кейін бұл "жинақ банкі" қосымша мәліметтермен толықтырылады. Яғни, біз осы ғылымның маңыздылығын түсінуге бірлесіп қараймыз. Сонымен, фактілерді жинаудан жалпылауға дейін біз негізгі химиялық және биологиялық ұғымдар мен заңдылықтарды игереміз. 9-сыныпқа дейін білім қоры ғылыми-зерттеу қызметінің жаңа кезеңін игеруге көшу үшін жеткілікті.

Биология және химия -бұл эксперименттік ғылым, сондықтан біз мүмкіндігінше оқушыларды тәжірибе жасауға, тірі организмдерге бақылау жүргізуге көбірек тартамыз. Зертханалық сабақтарда оқушылар білімін арттырып қана қоймай, практикалық біліктері мен дағдыларын, әрқайсысының өз бетінше әрекет ету қабілеттерін дамытады.

Қорытындылай келе химия және биология сабақтарындағы ғылыми – зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру пәнді толық меңгеруге көмектеседі. Пән бойынша берілген зертханалық жұмыстарды ғана қамтып қоймай, қызықты тәжірибелерді жиі қолданған дұрыс. Бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін әр мұғалім сабақта шығармашылық қабілетін дамытып отыру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Владимир Рюмин: «Химические опыты»

2. Чернобельская, Г.М: Методика обучения химии в средней школе: Учеб. для студ. высш. учеб. заведений – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2010.

3. Программы для общеобразовательных учреждений: Химия. 8-11 классы / Сост. Н.И.Габрусева, С.В.Суматохин. – М.: Дрофа, 2001.

4. Акперова, И. А. Уроки биологии по учебно-методическому комплекту Н. И. Сонина «Биология»— Москва : Дрофа, 2005. — 288 с.

5. Арбузова, Е. Н. Генезис учебных изданий по методике преподавания биологии : монография — Омск : Изд-во ОмГПУ, 2008.— 214 с.

6. Бекетов, А. Н. Гимназияларда табиғи тарихты оқытуға индуктивті ойлау әдісін қолдану туралы . Журн. Мин-ва нар. ағарту. 1863. № 12. Б.10-24.

7. «Биолог анықтамалығы» педагогикалық ғылыми-танымдық журнал №1-2016ж.

8. «Химия мектепте» ғылыми –педагогикалық журнал №2 2012 ж.

9. «Биология сауаттылық негізі» журнал №1 2011ж.

ЭССЕ: «НЕГЕ МЕН ТӘРБИЕШІ МАМАНДЫҒЫН ТАҢДАДЫМ?»

Камысбаева М.К.
Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы, Ш.Қалдаяқов ауылы
«Бөбек» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК, тәрбиешісі

Тәрбиеші болу үшін, тәрбиеленген болуың керек.
С.А.Макаренко

Бұл сұраққа жауап өте қарапайым: мен үшін бұл жай ғана мамандық немесе жұмыс емес, бұл мамандық әрбір адам өмір жолын өз бетімен таңдайды… Менің таңдауым саналы болды. Тек Мен үшін "тәрбиеші", - мамандық емес, қоғамдық жағдай емес, хобби емес, жұмыс емес…

Мен үшін "тәрбиеші" - бұл өмір, менің философиям. Мен тәрбиеші болып жұмыс істемеймін, мен тәрбиеші болып тұрамын, маған тәрбиеші болу ұнайды. Барлық қиындықтарға және мені осы "немқұрайлы" мамандықты таңдаудан қорқытуға талпынысыма қарамастан, мен жұмыс істеймін, осы кәсіппен өмір сүремін. Жұмыс күн сайынғы мереке деп айту қиын, дегенмен біз күн сайын әр түрлі мінез - құлықпен жұмыс істейміз. Бұл өте қиын. Кейде қолдар төмен түседі, бірақ балаға күлімсіреу керек.

Қазіргі тәрбиешілерге қойылатын талаптар өте жоғары. Ата-аналар балабақша тәрбиешісінің кем дегенде педагогикалық білімі болуы керек екеніне сенімді. Ол ән айта, билей білуі керек, барлық даму әдістерін білуі керек және оларды балабақшадағы балалармен ұйымдастырылған оқу қызметінде белсенді қолдануы керек. Сондай-ақ, жас және жеке ерекшеліктерін білу, балалармен жұмыс жасау әдістемесін білу тәрбиешіге балаларды топтан-топқа сәтті жеткізуге, оларды дамыту мен тәрбиелеуде бір сатыдан екінші сатыға көтеруге көмектеседі. Тәрбиеші өзінің күрделілігі мен сұлулығында теңдесі жоқ, адам тұлғасын қалыптастыру процесін басқарады. Балабақшадағы тәрбиешінің жұмысы – тәрбиелеу және тағы тәрбиелеу. Негізгі мәселені шешу – жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу топта тәрбиелеуді қамтиды. Яғни, баланың ана тілін, математиканың қарапайым негіздерін, бейнелеу іс-әрекетін дамыту және т. б. сәтті меңгеру үшін қажетті әртүрлі, қол жетімді білім мен дағдыларды қалыптастыру. Мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешісі балаға тәуелсіздік негіздерін, қоғамдағы мінез-құлық ережелерін үйретеді, баланы мектепке қадам басуына дайындайды. Баланы мектепке дайындау ауызша есептеу дағдыларын, сурет салуды, ермексаз

және басқа да импровизацияланған құралдардың көмегімен қолдың ұсақ моторикасын дамытуды қамтиды.

Балаларды оқыту, дамыту және тәрбиелеудегі негізгі әдіс - бұл ойын. Заманауи тәрбиешілер аз тыйым салады және көп ойнатады. Өйткені, балалар өз тәжірибелерімен ойында өмір сүреді, ол ренжіткенде қаншалықты жағымсыз және мұқтаж болған кезде көмек алу қаншалықты қуанышты екеніне көз жеткізеді. Олар ұлттық ойындарды ойнау арқылы өздерін және басқаларды құрметтеуге үйренеді. Тәрбиешінің шеберлігі – ойын арқылы балалардың нақты мінезін қалыптыра алады.

Баламен үнемі қарым-қатынас жасау – тәрбиешінің маңызды қызметтік функциясы. Көптеген мәселелерді тәрбиеші ескере отырып жұмыстанады. Мектепке дейінгі мекемедегі балалардың өмірі, мейірімді және көпшіл болуына немесе сергек, ашық болып өсуіне тәрбиеші әр баланың ерекшелігіне қарай ойын түрін дұрыс ұйымдастыра алуына байланысты. Мектепке дейінгі мекемелердегі баланың өмір сүру жағдайына қамқорлық жасау, барлық іс-шаралар режимін орындау – тамақтану, ұйқы, серуендеу, жаттығу – тәрбиешінің басты міндеті. Балаларға шілтер байлап, "сыдырма" тағуға үйретіледі. Қасықпен, шанышқымен пайдалануға болады. Дұрыс сөйлеу, ән айту, би билеу, сурет салу, дос болу және т. б. үйренеді.

Алайда, балабақша тәрбиешісінің жұмысындағы ең бастысы - оның әр бала үшін жауапкершілігі. Ол баланың өмірінде мұрындары мен тізелері, сондай-ақ қолдары мен аяқтары сынбағанына, денсаулығына нұқсан келмегеніне көз жеткізеді.

Тәрбиеші жалпы балалар ұжымының жұмысын ғана емес, сонымен бірге балалардың бір-бірімен жеке қарым-қатынасын, өзара түсінушілігін да ұйымдастырады. Тәрбиешінің келбеті бала тәрбиесінде өте маңызды рөл атқарады. Егер тәрбиеші сүйкімді, ұқыпты, таза киінген және шашы жақсы таралған, көңілді жүрсе, ондай тәрбиешіні өте жақсы көреді. Жағымды көрініс, жұмсақ қарым-қатынас, арасында әзіл аралас әңгіме тәсілі балаларға ғана емес, ата-аналарға да, өз ортасына да жақсы әсер қалдырады.

Ересектер өздерінің бала кездерін, балабақша тәрбиешілерін жиі жылулықпен еске ала ма? Бала кезін еске алғанда тәрбиешінің жеке басы баланы соншалықты баурап алады, ол оны есіне түсіріп қана қоймайды, тіпті ересек болса да, сол балалар өз тобына келуді аңсайды.

Дегенмен, сол балабақша тәрбиешілері адам жасаушының жоғары талаптарын қанағаттандыру үшін қандай болуы керек?

Тәрбиеші қай кезде де балаларды жақсы көруі керек, өйткені тәрбие ұзақ шыдамдылық пен рухани жомарттықты қажет ететін ұзақ үдеріс.

Тәрбиеші көп нәрсені білуі және білуі керек. Алдыңғы міндет оңай емес – баланы әлемдегі барлық сұлулықты қабылдауға және түсінуге үйрету; табиғат, музыка, поэзия.Тәрбиеші әрқашан балаларына қызықты болуы керек. Бір жағынан, кем дегенде, оның ерекше деректері болуы керек, мысалы: керемет актер немесе жақсы әнші болу . Оған көп оқу керек. Ол балалар көркем әдебиетін жақсы білуі керек.

Топта пәндік-ойын ортасын ұйымдастырдым, әрбір бала өз-өзіңе жаныңды таңдай алатындай етіп ұйымдастырдым. Ойын бұрыштары:" Шаштараз"," құрылыс"," Гараж"," аурухана"," дүкен"," отбасы". Балалар топта жауапкершілікті үйрену үшін табиғат бұрышы құрылды, онда тәжірибе үшін де орын бар. Балалар арнайы банкаларға пияз отырғызды, әр бала өз пиязын қадағалады. Көктемде балалар гүл көшеттерін өсіруге, гүлзарда жұмыс істеуге белсенді қатысады.

Тәрбиеші үнемі педагогикалық ғылым мен озық тәжірибенің жетістіктерін қолдана отырып, өз шеберлігін жетілдіріп отыруы керек. Ол алға ұмтылып, инновациялық технологияларды, дәстүрлі емес әдістерді игеруі керек, бірақ жақсы ескі, мысалы, ауызша халықтық өнерді ұмытпауы керек. Тәрбиешіге қазіргі баланың қызығушылығын қанағаттандыру, айналасындағы әлемді білуге көмектесу үшін әртүрлі білім қажет.

Қазіргі тәрбиешінің қажетті қасиеттері-шыдамдылық, ізгілік, өйткені тәрбиеші тек балалармен ғана емес, ата-аналармен де жұмыс істеуге мәжбүр. Ата-аналарды құрметтеуге, олардың пікірімен санасуға үйрену керек, тіпті егер ол тәрбиешінің педагогика туралы идеяларына қайшы келсе де.

Тәрбиеші – өз Отанының патриоты. Тәрбиеші Балалар мен олардың ата-аналары үшін беделді болуға, отбасымен бірге тәрбиенің жауапты міндеттерін шешуге шақырылады. Ел оларға ең қымбат – өз болашағын сеніп тапсырады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.«Мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесі», Н.А.Ветлугина, Алматы «Мектеп» 1981ж.
2.«Балабақшадағы тәрбиелеу бағдарламасы», «Мектеп» 1980ж.
3. «Мектепке дейінгі педагогика», В.И. Ядэшко, Ф. А. Сохин

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫСТЫҢ ЖОСПАРЫН ӘЗІРЛЕУ

Капашева Райгуль Жардемовна
Ақтөбе қаласы, № 6 «Орман ертегі» бөбекжай- балабақшасының тәрбиешісі

Отбасы адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы-ата-ана. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген ата-бабаларымыздан қалған асыл сөздің сырына үңілер болсақ, бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Ата-анаға баладан жақсы ешкім жоқ. Ал бар тәрбиеміздің көзі – ата-бабаларымыздан қалған асыл сөздер, яғни небір кереметтің барлығын ақыл сөздер мен мақал-мәтелдер екені сөзсіз.

1. Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы.
2. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады.
3. Балапан қыран болу үшін оны самғатып ұшыратын ата немесе әкеде қыран болуы керек.
4. Баланы 5 жасқа дейін патшадай күт, 10 жасқа дейін құлдай жұмса, 15 жастан асқан соң досыңдай сырлас.

Тәрбиешілердің ата-аналармен жүргізілетін жұмыс барысында берілетін кеңес.

1. Балаға жан және дене өзгерістерінің байланыстарын табуға көмектесу.
2. Барлық ескертулерді шын пейілмен, үстірт бағаламай, айдар тақпай жай түсіндіру.
3. Балалардың бойында салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастыруға бағытталған, салауатты өмір салты мәдениетіне тәрбиелеу. Денсаулықтың маңыздылығын құндылық ретінде түсіну.
4. Дене тұрғысынан жетілдіру. Ертеңгілік жаттығу, күн режимін сақтау, таза ауада болып қимыл қозғалыс ойындарын ойнау.

Ата-аналармен жұмыстың барлық түрлері ұжымдық, жекелік және көрнекі-ақпараттық болып бөлінеді. Ата-аналармен ұжымдық жұмыс түріне өздеріңізге таныс белгілі іс-шаралар жатады. Біріншіден, бұл - ата-аналармен жұмыстың тиімді формасы болып табылатын ата-аналар жиналысы.

Ата-аналар конференциясы - бұл бала тәрбиесі туралы терең жан-жақты қарастыру және оны бекіту. Конференцияның негізгі мақсаты – отбасылық тәрбиелеудің тәжірибесімен бөлісу. Ата-аналар конференцияларына өте мұқият дайындық қажет. Мұндай конференцияларға ата-

аналар белсенді түрде қатысулар қажет. Олар өз іс-тәжірибелері тұрғысынан мәселеге талдау жасайды.

Ашық сабақтар - ата-аналарды бағдарлама бойынша қол жеткен жетістіктермен таныстыру, тәрбиешінің талаптарына ден қоюға бағыт беру. Мұндай сабақтарға ата-аналардың қатысуы балабақшадағы оқу-тәрбие жұмыстары туралы ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттырады, баламен қарым-қатынас жасаудың жолдарын үйренеді.

- Жеке тақырыптық кеңестер - бұл ата-аналармен өзінің баласы жайында, балабақша тыныс-тіршілігі туралы ақпараттармен қамтамасыз етуде, пікір алысуда маңызды. Жеке кеңестердің тәрбиешінің отбасымен тығыз байланыс орнықтыруынд маңызыз зор.

Балаңыздың қуана балабақшаға баруы үшін не істеуге болады?

(Ата-аналарға кеңес беру жұмыстары)

- Оның уақытылы ұйықтауға жатуын қадағалаңыз.
- Балабақша туралы жаман айтпаңыз, Баланың көзінше тәрбиешілерді сөз қылмаңыз.
- Балаңыз балабақшадан берген тапсырмаларға, сіздің қызығушылық танытып, қадағалайтыныңызды көрсін.
- Өзіңіз оқыңыз, бала ата-аналарының бос уақытын тек теледидар мен компьютер алдында өткізбейтінін білсін, көрсін.
- Компьютерлік ойында ойнауды бала күнінде 20 минуттан асырмауы тиіс.
- Егер бала сізбен қатты әсер алған оқиғасыме нбөліссе – сол оқиға жайлы әңгіме құрастыруын өтініңіз, ал кешкісін оны барлық - отбасы мүшелеріне оқып беріңіз.
- Балабақша өміріне үнемі белсенділік танытыңыз.
- Балабақшада сіздің балаңыз өзіне деген өте жағымсыз қатынасқа қақтығысып қалуы мүмкін. Және де барлығы әрқашан іске аса бермейді. Осы сәтте балаға өзіне деген сенімін жоғалтпауға көмектесіңіз.

Жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарын ата-аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата-аналар заман талабына сай өзекті мәселерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыптарды өздері ұсына алады. Ата-аналармен мейілінше кең тараған жұмыстардың бірі ол ашық есік күні.

Мектеп жасына дейінгі мекемемен, оның дәстүрлерімен, ережелерімен тәрбиелеу - оқыту жұмыстарының ерекшеліктерімен таныстыруға, олармен қызықтыра білуге және қатысуға мүмкіндік береді. Ата-аналармен топтарға саяхат жасау, балабақша жұмысынан үзінді көрсету (ұжымдық жұмыстар, серуендеуге жинау т.с.с.) немесе әдіскер ата-аналармен әңгімелеседі, олардың алған әсерлерін анықтайды, туындаған сұрақтарға жауап береді. Әңгімелерді жеке дара, ұжымдық түрінде өткіземіз.

Ата-анамен балабақша арасындағы тығыз қарым-қатынас, бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда оның бала тәрбиесіне тигізетін ықпалы да нәтижелі болмақ.Мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарымен осындай бағыттарда жұмыс түрлерін әзірлеу тәрбиешіүшін де, ата-ана үшін де өте тиімді, әрі қызықты болмақ.

Қолданылған әдебиеттер:

1.М.М.Мұқанов, «Жас және педагогикалық психология» (Алматы 1982ж)

2.Ү.Тұрғынтаева, «Халық даналығы-адамгерішілік тәрбие құралы. 3.Отбасы және балабақша» (2001ж)

4.Ә.Табылдиев, «Халық педагогикасы және тәрбие» (1990ж)

5.М.Т.Баймұқанова, «Отбасымен әлеуметтік педагогикалық жұмыс» (Астана-2005ж)

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ТРИЗ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Карабалина Бекзат Бериккалиевна
Ақтөбе қаласы, №12 «Інжугүл» б/б тәрбиешісі

Бала тәрбиесі әр уақытта үлкен мәселе болып саналады. Қазіргі жаңару кезеңінде біздің қоғамымыздың ілгерілеу үрдісінде адам факторы және оны жандандыру, ел өмірінің барлық жақтарын жаңарту бала тәрбиесінің мәні мен оның проблемаларын күрделендіріп отыр. Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан ауқымды өзгерістер мен заманауи балабақшалар мен мектеп жасына дейінгі оқу мен тәрбие мәселелеріне зор көңіл бөлуде. Атап айтқанда, болашақ жеткіншектерімізді мектепке дайындауда олардың денсаулығын нығайту, адамгершілік, имндылық қасиетін, эстетикалық талғамын дамыту, қоршаған ортыны тану, ондағы құбылыстарды байқау, математиканың қарапайым түсінігін, тіл байлығы мен ойлау қабілетін жетілдіру және оның сапасын арттыру көзделіп отыр. Еліміздегі мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі мақсаты және міндеттері бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген бойында ұлттық сана мен психология қалыптасқан парасатты адамзат тәрбиелеп өсіру. Қазіргі заман талабына сай балабақшада оқу- тәрбие жұмысын жаңаша құруды қалап жүзеге асыруға болады. Әрине, ол мектепке дейінгі жастағы балалардың даму ерекшелігін ескеріп, шаршатпай ойната отырып, тәрбие мен білім беруді қажет етеді. Неміс психологы В.Штерннің есептеуінше, бала сәби шағында «осыған керек болад-ау» деген ұғыммен білім мен тәрбие алмайды және шартты түрде ұмтылмайды. Үш жасқа дейін «өз жоспары» бойынша, бес-алты жасқа келгенде ғана үлкендердің қозғауымен жүретін есту процесіне саналы түрде қатысады. Ол кезде тәрбиелі жұмысты оның психикалық даму ерекшелігін ескере отырып жүргізілгені абзал. ТРИЗ-бұл обьективті заңдылықтардың даму жүйесін зерделейтін және проблемалық шешу әдістемесін әзірлейтін ғылым. Техникалық шығармашылық әдістемесі өндірістегі интеллектуалдық өнімділікті жоғарылату үшін қажеттіліктен туындаған әдіс. Ол екі концепцияға сүйенеді. Бірінші жағдайда ерекше ойлайтын дарынды адамдарда шабыты келген кезде ойлап, табатын ерекше туынды. Бұл көбейтуге зерделеуге келмейді.

Екінші жағдайда жасанды жүйенің өзгеруі адаманың субьективті еркіне сүйене отырып жүргізілмейді, обьективті заңдылықтаға сүйенеді. ТРИЗ жаңа ойларды нақты бір ғылымға айналдырады.Себебі ол, логикалық шешімдерге сүйенеді.

Триз технологиясының негізгі мақсаты:

-Техникалық амалдарды шешуге.

-Жүйелі ойлауға.

-Икемді ойды дамытуға.

-Қайталанбайтын логикалық құрылым жасауға.

Қазіргі заман талабына сай тәрбиелеумен білім берудің негізгі мақсаты баланың шығармашыл, жеке бас болып дәстүрден тыс әр саладағы мәселелерді шешуге бейім әрекет ете алатын баланы тәрбиелеу болып табылады. Сол себепті оқыту мен тәрбиелеуде

дәстүрлі түсіндіру, көрсету әдісін қазіргі даму заңдылықтарын ескере отырып, жеке бастың дамуына бейімделген белсенді әрекет етуші технологияға ауыстыру уақыт талабы. Бұл талап тек мектепті ғана қамтып қойған жоқ,балабақшаныда қамтыды.

Қазіргі мектепке дейінгі мекемелер жаңа технологияларға белсенді бейімделіп, араласып келеді. Мектепке дейінгі балалардың жасы, ерекше жас. Бұл кезде әр баланың шығармашылық қабілетін өз еркінен тыс ашуға мүмкіншілік бар. Мектепке дейінгі баланы дамытуда екі психологиялық үрдісті қамтиды. Елестету- бұл нақты білімді негізге ала отырып жаңа идеяларды тудыра білу, жаңа обьектілердің бейнесін жасау.

Қиялдау – бұл да жаңа, бірақ, ертегідегі шындыққа ұласпайтын таңғажайып обьектілердің бейнесін нақты білім негіздеріне сүйене отырып ойдан шығару. Мектепке дейінгі тәрбиеге бейімделген ТРИЗ технологиясы «Барлықжағынан да шығармашылдық» ұранымен жұмыс істейді. ТРИЗ бұл тәрбиешіге нақты әдістемелік ұсыныстары бар сабақ құрылымдары мен ұжымдық ойын бағдарламасы. Триз бағдарламасын нақты іске асыру үшін балаға ойын,тақырып таңдауда еркіндік беру керек, заттардың құрылысымен танысып қарама-қайшылықтарын түсінеді, түйіткілдерін шешуге үйренеді. Мектепке дейінгі баланың қарама-қайшылықтарды шешіп үйренуі-шығармашылық ойлаудың кілті болып табылады.

Балалармен жұмыстың негізгі әрекеті педагогикалық ізденіс. Педагог балаларға дайын білімді бермейді. Сол білімге жету тәсілдерін көрсетіп, өз еңбектерімен жетуге тәрбиелейді. Мектепке дейінгі ұйымда триз технологиясын қолданудың негізгі мақсаты:

– Өз бетінше дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелеу. Баланы дәстүрден тыс ойлауға үйрету.

– ТРИЗ әдістемесі бойынша төрт деңгейден өту арқылы біз мақсатқа жетеміз: Қарама-қайшылықтарды анықтау.

– Қарама-қайшылықтарды шешу. Мысалы: Сүзгішпен суды қалай тасуға болады. Сүзгіш болғандықтан ол су болмау керек. Ендеше су қандай жағдайда болғанда тасуға келеді. Су өз бетімен ағып кетеді. Не істейміз? Жауабы біз суды қатырып сүзгішке салуымыз керек. Бұл деңгейде бала өз бетімен бір жаңалық ашып шығармашылық қиялы дамиды. Өздері шешім айтуға үйренеді.

Балабақшада ТРИЗ технологиясын қолдану екі мақсатты көздейді:

1. Икемді ойлау, қозғалыс белсенділігі, жүйелілік, диалектикалық дұрыс сөйлеу.

2. Белсенді ізденімпаздық, жаңашылдық, шығармашыл ойлауға талпыныс.

Бірқатар зерттеушілердің ойынша, заманауй интеллектуалдық әрекеттің педагогикалық және психологиялық ойдың негізі, белсенді ізденімпаздық әрекет әдістеріне негізделсе, мектепке дейінгі баланың интеллектуалды әрекеті табиғи үйреншікті болуы мүмкін. Бұл ата-анамен педагогтың күнделікті тәрбие беру барысында баланың танып білуге қызығушылығын ояту қажеттілігін туғызу, өз беттерімен мәселені шешу,нәтижеге жетуге тәрбеленуінің, бағыт беруінің арқасында туындайды. Тіл дамыту сабақтарында ТРИЗ элементтерін қолдану әдістері: Мектепке дейінгі ұйымда қолданылатын жаттығулар жиынтығы: «Иә - жоқ» немесе «Менің жасырғанымды тап» ойыны. Мысалы: Тәрбиеші «Піл» сөзін жасырады. Балалар *(Бұл жанды нәрсе ме? Бұл өсімдік пе? Бұл жануар ма? Бұл үлкенбе? Бұл ыстық жақта өмір сүре ме? Бұл піл ме?)* деген сұрақтар қояды. Балалар ойлағандарын тапқанға дейін тәрбиеші «иә» не «жоқ» деп жауап береді. Балалар бұл ойынды үйренгеннен кейін, бір-біріне сөздерді жасырып ойнай бастайды. Олар сан түрлі бейнелер бола алады: «Машина», «Раушан», «Саңырауқұлақ», «Қайың», «Су», «Кемпірқосақ» т.б. Айналадағы сөздерді ойлап табу жаттығулары балаларға ол бейненің жағымды-жағымсыз жақтарын ажырата алуларына көп көмегін тигізеді. Мысалы: «Жақсы-жаман» , «Ақ-қара», «Айыптаушы-қорғаушы» т.б.

Қорыта келгенде**:** Триздің өзге әдістерден, теориялардан ерекшелігі- бұл жеке әдістердің, әрекеттердің, машықтардың жиынтығы емес, бұл көптеген амалдарды шешу, соның ішінде педагогикалық, жаңа идеяларды тауып, әрқашан творчестволық ізденісте болып, әдіс құру талпынысы. ТРИЗ әдісін ойлап шығарушылар, ойлау қабілеті дамыған бала өз деңгейінде мақсаттарды шешуге машықтанып, өмірге жан-жақты болып келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Золотой ключик» творческого мышления: Сборник методических материалов ДОУ №277 г.Самары (под ред. Сидорчук Т.А.). - Челябинск. 2000 г.

2. Игры по РТВ по книге Д. Родари «Грамматика фантазии» / обраб. А.М. Страунинг /. – Ростов – на- Дону, 1991 г.

3. Кравцова Е. Развитие воображения. Дошкольное воспитание, 1989 г., №12.

ЦИФРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР МЕН ПЛАТФОРМАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, ЗАМАНАУИ САБАҚТЫ ЖОСПАРЛАУ НЕГІЗДЕРІ

Карагулова Дамира Кереевна
№6 Хромтау гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі

Цифрлық технологиялар – бұл ақпараттық қоғамдағы өмірге бейімделген тұлғаны тәрбиелеуді, қарқындату және оңтайландыру мәселелерін табысты шешетін құрал. Цифрлық әлемге өту соңғы екі онжылдықтан аса уақытта қарқынды дамып келеді. Бүгінгі күні цифрлық технологиялар жаһандық экономикалық дамудың негізгі факторларының біріне айналып отыр.

Қызықты емес презентациялардың кететін уақыты келді. Сауалнамалар, тесттер, реакциялар жүргізуге және аудиторияның назарын аударуға мүмкіндік беретін қызметтер бар...

Цифрлық білім беру ресурстары (бұдан әрі — ЦБР) білім беру мазмұнын анықтайтын электрондық оқыту жүйесі компоненттерінің бірі болып табылады. Білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін, оқу үдерісінде өскелең ұрпақтың ЦБР белсенді қолдану, бүгінгі таңда берілген бағдарлама аясындағы педагогикалық қоғамдастықтың алдында өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Сабағымда пайдаланатын платформаларға тоқталсам, **quizizz.com - тест жасау үшін ең үздік платформа**

• Оқушы компьютерді, ноутбукті немесе смартфонды пайдалана отырып, ПИН-кодты және өз атын енгізеді, яғни тестілерді интернетке қолжетімділігі бар кез келген құрылғыда ойнатуға болады.

• Мұғалім сыныпты жақсы басқаруға, әр оқушының жеке жұмысын бақылауға мүмкіндік алады

• Оқушылар бірдей тапсырмаларды алады, бірақ әр оқушы өз құрылғысында кездейсоқ сұрақтар тізбегін алады және тестпен өзіне тән қарқынмен жұмыс істейді.

• Мұғалім әр оқушының жұмысын қадағалайды.

• Сіз сынып жұмысының толық көрінісін аласыз

• Әр тестілеуден кейін сіз нәтижелермен танысып қана қоймай, сонымен қатар Excel кестесінде мәліметтер алуға мүмкіндік аласыз

• Қажет болса, мұғалім тек тесттерін ғана емес, сонымен қатар Quizizz кітапханасында орналастырылған дайын тесттерді де қолдана алады.

www.canva.com

• Canva-бұл графикалық редактор, онда пайдаланушылар суреттерді өңдей алады, мұқабалар, бейнелер мен презентациялар жасай алады. Дизайнер материалдарды бренд дизайнына сәйкес модельдеуге және бір стильде жасауға көмектеседі.

• Canva сізге жеке және бизнес мақсаттар үшін кескіндер жасауға мүмкіндік береді, сондықтан ол әртүрлі салалардағы адамдарға жарамды.

• Canva редакторында көптеген мүмкіндіктер мен құралдар бар: ол сызбалар, макеттер, портфолио, фотосуреттерді өңдеуді қолдайды

• Конструктор келесі құралдармен ұсынылған: 250 мыңнан астам үлгі түрлері. Презентация редакторы. Сәндік элементтер: жақтаулар, сызықтар. Тегін авторлық құқығы жоқ фотосуреттер. Олар дизайнды сүйылтады немесе бірегей шешімдерге уақыт болмаған кезде коллаждар жасайды. Диаграмманы құру.

• **Мүмкіндіктері:**

• анимация жасау;
• қаріптерді дерекқорға жүктеу мүмкіндігі;
• суреттің өлшемін жылдам өзгерту;
• PNG кескіндерімен жұмыс жасау
• логотиптер жасау
• су таңбасын жасау мүмкіндігі;

LearnungApps.org

• LearningApps.org оқыту мен оқыту процесін қолдау үшін тегін Web 2.0 сервисі.

Бұл қызмет сабақтарда және сыныптан тыс жұмыстарда қолдануға арналған әртүрлі пәндер бойынша интерактивті оқу модульдерін құруға арналған конструктордың бір түрі

• Онлайн-сервис жеке жаттығулар, тапсырмалар, қосымшалар жасауға, оларды әр түрлі форматта сақтауға, кітапханадан дайын модульдерді пайдалануға, пайдаланушылар арасында еркін ақпарат алмасуға, сыныптар құруға және онда оқушыларды жазуға, оқушылардың жұмысын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Mentimeter.com

• Mentimeter - нақты уақыт режимінде сауалнамалар мен дауыс беру үшін ақысыз, қарапайым, стильді онлайн қызмет. Сіз дайын мысалды қолдана аласыз немесе өз презентацияңызды жасай аласыз – сұрақтары бар қызықты тақта. Ол оқушыларға нақты уақыт режимінде сауалнама жүргізу үшін ыңғайлы, өйткені ол мобильді құрылғыларда да, электронды ортада да қол жетімді.

• Mentimeter жасаушылары бұл мәселелерді интерактивтілік және жылдам кері байланыс арқылы шешуді ұсынады.

• Бұл тек мектеп мұғалімдері мен университет оқытушыларына ғана емес, сонымен қатар вебинарлар мен онлайн шеберлік сабақтарын өткізетіндерге де пайдалы болады. Интерактивтілік пассивті тыңдаушыны процестің белсенді қатысушысына айналдырады және оқуға назар аударуға көмектеседі.

Сандық білім ресурсы мұғалімді алмастыра алмайды, бірақ мұғалімге қосымша материалдарды ұсынады, яғни сабақ мазмұнын ақпараттық коммуникациялық технологиялардың жаңа мультимедиялық мүмкіндіктерін толықтыруға, оқушылардың назарын аса маңызды оқу тақырыптарына аударуға қажет болған жағдайда оқушылардың назарын зерделенген көріністердің ерекшеліктеріне шоғырландыруға, оны көрнекті түрде көрсетуге, сабақтың мазмұнын қоғамда болып жатқан өзгерістермен, өмірлік тәжірибелермен, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарымен және т.б. құбылыстармен байланыстыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Нағымжанова Қ.М. Инновациялы-креативті технологиялар. - Алматы, 2015
2. Интерактивті оқыту әдісін қолданып сабақты жоспарлау және басқару: әдіст. құрал/құраст. Ж.А.Жартынова, В.Н.Ким, Т.Б.Корнилова – Алматы, 2014.
3. Әлімов А.Н. Цифрлы Қазақстан – үлкен мүмкіндіктерді сыйлайды. – Егеменді Қазақстан.№4 2018.
4. https://www.canva.com

СОВРЕМЕННЫЙ ПОДХОД К ОБУЧЕНИЮ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

Карагулова Анара Алимовна
Учитель английского языка, Средняя школа-лицей №23 имени А. Ермекова

"Many teachers have at some time pushed a DVD film into player and sat back while their students watched. It's the classic "lazy" teacher's lesson and works fine - once in a while. But other than for occasional special lesson, it's important that we find ways to exploit video material in more useful ways to help students learn."
Jim Scrivener.

Сейчас все чаще говорят о мотивации студентов на занятиях, о применении информационных технологий, мультимедийных средствах обучения. Меняется сам процесс обучения и подход к нему. Меняются цели и задачи, стоящие перед современным образованием - акцент переносится с «усвоения знаний» на формирование «компетентности» студента. Урок английского языка, как никакой другой, позволяет использовать аутентичные материалы и наглядные средства обучения, такие как видеофильмы, видеоклипы, телепередачи, анонсы, и т.д. Такая форма организации учебного процесса не должна заменять традиционные методы преподавания, но удачно с ними сочетаться.

We need to classify authentic materials before introducing it in language teaching and according to its suitability in teaching some skills rather than another. According to Gebhard (1966 cited in Lingzhu &Yuanyuan, p. 3), authentic materials classified into three categories:

1. Authentic Visual Materials. It refers to the materials such as, slides, photograph, painting, picture from magazine;
2. Authentic Printed Materials. It means that any materials in written form such as newspaper articles, movies advertisement, maps, comic book, lyrics to songs;
3. Authentic Listening-Viewing Materials. It means all those materials that help or enable the learners to see and hear the English language and how it has produced from own users in real context. Such as, TV commercials, quiz shows, cartoons, new clips, movies, professionally audiotaped short stories and novels, radio ads, songs and sales pitches.

Therefore, the present author thinks the appropriate definition should be that authentic listening materials are real, natural and spontaneous spoken language materials. And that is represents the source of authenticity in classrooms to enhance learners listening skill. [1]

Использование аутентичных фильмов является мотивирующим и в тоже время доставляющим удовольствие. Мотивация (внутренняя мотивация в первую очередь) является едва ли не самым важным фактором в изучении иностранного языка. Мы знаем, что чем выше уровень мотивации учащегося, тем с большей охотой он учится и более результативно.

According to Mishan films is "the one that is designed to appeal most directly and fully to our emotions (and) it is also the one most clearly entrenched in learners‟ minds as a medium of entertainment." It means that any teacher who has used the film in class enhances students learning as well as enjoys them.

The film can be enhancing students listening skills, by seeing the linguistic features of language as it is in context. As they can see, the film characters make them feel the nature of language as it is in the real world.

Films provide learners with familiar information taken about the native speaker's culture, where this cultural information is taken from the implicit values and ideals to the explicit- so students see how people speak, move, behave…[3]

Более того, использование видеофильма способствует развитию различных сторон психической деятельности студентов, и прежде всего, внимания и памяти.

Во время просмотра возникает атмосфера совместной познавательной деятельности. В этих условиях даже невнимательный студент становится внимательным. Для того чтобы понять содержание фильма, студентам необходимо приложить определённые усилия. Так непроизвольное внимание переходит в произвольное, а интенсивность внимания оказывает влияние на процесс запоминания. Таким образом, психологические особенности воздействия учебных видеофильмов на студента, а именно способность управлять вниманием каждого студента и групповой аудитории, влиять на объём долговременной памяти и увеличение прочности запоминания, оказывать эмоциональное воздействие на учащихся и повышать мотивацию обучения, способствуют интенсификации учебного процесса и создают благоприятные условия для формирования коммуникативной компетенции студентов.

И наконец, использование фильмов расширяет круг технологий, используемых в обучении иностранным языкам и, таким образом, вносит разнообразие в организацию уроков, помогая студентам развить навыки по всем 4 видам речевой деятельности: говорению, чтению, аудированию и письму.

Учителя из разных стран, проводившие исследования вопроса повышения уровня мотивации посредством современных технологий (и видеоматерилов в частности), отмечают рост уровня мотивации при использовании данных средств. В частности Ilter G.B. (Akdeniz University, Turkey) отмечает в своем исследовании: «Использование технологий, интернета, аутентичных материалов на компьютерной основе, видеоматериалов, CD и дистанционного обучения, может быть одним из хороших и эффективных решений по преодолению мотивационных проблем на уроках». [2]

Пример из трейлера. Хотя эти видео не содержат откровенных материалов, они содержат элементы насилия и несколько шокирующих изображений. Вам следует просмотреть их перед уроком, чтобы решить, подходят ли они для конкретной группы учащихся.

Этот урок содержит упражнения, которые сосредоточены на аудировании, разговорной речи, чтении и словарном запасе. Если вы хотите максимизировать время в классе для аудирования и разговорной речи, вы можете попросить учащихся выполнить упражнения по чтению и словарному запасу в качестве подготовительной домашней работы перед уроком. Тогда нужно было бы только быстро исправить эти части в классе.

Listen and speak

Aims: to generate interest in the topic of the lesson, to provide listening practice of understanding dialogue from a movie, to provide spoken practice of movie-related language.

Procedure: Brainstorming. Ask students to briefly compare answers to the three questions in pairs. Elicit the answers. Ask students to briefly discuss the final questions in pairs. Give feedback. Focus on ideas which students have mentioned which will be relevant to the following reading activity (heroes, villains, explosions, etc).

What have been the most popular action movies in your country in recent years?

Try to think of some famous heroes and villains from action movies.

What is your opinion of these types of movies? Explain.

Watch the trailer for the action movie The Legend of Tarzan. Listen carefully, and then answer the questions below. www.youtube.com/watch?v=dLmKio67pVQ

a. At the start of the trailer, what information does the man give about his family?

b. What does the villain need the woman to do? Why?

c. At the end of the trailer, what theory does the woman express about men?

Discuss with your classmate:

In what way is the story of this trailer typical of the stories represented in action movies?

Would this trailer convince you to see the movie? Explain.

Key:

a. He says that despite trying to protect his family, his wife has just died and now he is afraid about what will happen to his child.

b. He needs the woman to scream, so Tarzan will come to rescue her.

c. She says that normal men are capable of doing impossible things in order to save the people they love.

Warmers

Where the Hell is Matt? http://www.wherethehellismatt.com/videos.shtml

This is a great clip for introducing e.g. travel, different cultures.

1. Ss in pairs/groups have 1 min to write down as many countries as they can think of. They get 1 point for each country.

2. Open the link and watch a short extract with the names of the countries out of site. (45 secs of a section where you think that there would be some countries they know) – Ss see if they can guess which country.

3. Then re-watch it with the names showing. Great fun clip! This was done for a chewing gum advert in Australia. There's a whole website on it. http://www.wherethehellismatt.com/

Speaking Activities

Back to Back http://www.youtube.com/watch?v=0VvcqfyBk10

Mr Bean is great for this as there's no speaking (and it's available on the Internet) but any suitable clip will do. Great fluency practice or for practicing tenses.

1. Pre-teach necessary vocabulary e.g. slide, diving board, trunks, snorkel, stamp

2. Ss sit back to back and one watches for about 20 secs. The teacher pauses clip and the students tell the partner that didn't see what happened in as much detail as possible. Then they switch places and repeat.

Польза от использования фильмов на уроке бесспорна, поэтому не стоит удивляться тому, что все большее количество учителей готовы прибегнуть к использованию этого вида технологии. До недавнего времени было довольно трудно отыскать материал, который соответствовал бы всем педагогическим стандартам, но с приходом интернета все богатство его ресурсов стало доступным как для преподавателей, так и для студентов. Единственное, о чем нужно помнить, это как из этого изобилия предложенных фильмов выбрать тот, который точно соответствовал бы задачам обучения и воспитания.

Литература.

1. Soufi Saida. The Use of Authentic Materials to Strengthen Students' Listening Skill in the EFL Classrooms. A Dissertation Submitted in Partial Fulfillment of the Requirements for the Master Degree in Sciences of Language (2013).

2. Образовательный портал. Электронный журнал «Экстернат» РФ. Тимофеева Е.Б. Использование аутентичных видеоматериалов в целях повышения мотивации к изучению иностранного языка.

3. Mishan, F. Designing Authenticity into Language Learning Materials. UK Portland, OR, USA: Britsol. (2005).

ЖАҢАШЫЛДЫҚ-САПАЛЫ БІЛІМ КӨЗІ

Карагулова Гульашхан Елубаевна
№4 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектеп

Мұғалім ісі сырттай қарапайм
болғанымен тарихтағы ең ұлы істің бірі
(К.Д.Ушинский)

Мен өзімнің жаңашылдық жолындағы сөзімді осы Ушинскийдің сөзімен бастағым келіп тұр. Қазіргі дамыған мынандай заманда мұғалім мамандығы өте қиын. Өйткені үнемі ізденісте, оқу үстінде жүруі керек деп ойлаймын. Осы мақсатпен сындарлы оқыту курсына келдім. Шындығында ұстаз деген бойындағы барлық күш қайратын ұрпақ тәрбиесіне жұмсап, сол жолда талмай еңбек етіп ізденетін қарапайым адамдар. Сондықтан мұғалім ретінде өз тәжірибеме, мектептегі тәжірибелі ұстаздардың да тәжірибесіне қарап осы курсқа келгенде ойланып та қалдым. Шындыққа көз жүгіртсек қазіргі алдыңыздағы оқушыны ештеңкемен қызықтыра алмайтын да кездер болады ғой, сол кезде пайдалануға өте тиімді әдіс тәсілдер деп ойлаймын. Жалпы алғанда бұл бағдарламаның мақсаты өзіндік пікірі бар, алдына мақсат қоя алатын, ойлау қабілеті жетілген, өзіндік мені қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеуге көп септігін тигізеді екен. Себебі бұл курста оқып жүргенде түсінгенім біздің оқушыларымыз жасық, ойы шорқақ, қызығушылықтары төмен, алдына үлкендердің көмегінсіз мақсат қоя алмайтын балалар. Өйткені олар 21-ғасырдың ұрпағы ақпараттық техниканың дамыған заманы, оларды қызықтыру қиын. Бүгінде әлемде болып жатқан өзгерістер - бәсекеге қабілеттілікті талап етеді,сонымен бірге ең басты ерекшелігі алған білімдерін орынды жерде қолдана білуі. Әлемдегі өзгерістерге сай құндылықтар мен білім маңызын қайта қарауды қажет етеді. Бұл мәселелерді шешу үшін мұғалімдердің жұмыс жүйесіне өзгерістер енгізу керектігі туындайды. Сондықтан жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеру үшін ең маңызды құрал-білім болып тұр. Сондай мәңгүрттіктен алып шығуға бұл бағдарламаның септігі көп. Бұл курста мен сабақты түрлендіріп, әртүрлі әдістерді қолданып түсіндірсе қызықпайтын бала болмайтын шығар. Мен бұл оқудан көптеген мәліметтер, тың идеялар, өміріме, болашағыма керек тәжірибе жинақтадым деп толықтай айта аламын. Бұл әдістердің тиімділігі кейбір сөйлемейтін оқушының ойын ең құрымаса қағазға сурет қылып түсіріп берсе соның өзін де бағалауға болады екен. Оқушылар топта жұмыс істейді үйренеді және де оқушыны басқа бір қырынан тануға мүмкіндік туады. Мен дәстүрлі оқыту әдісі мен осы сындарлы оқыту арасында зор айырмашылық бар екенін түсіндім. Бұл курсқа келгенге дейін өзім түсіндіріп өзім жазып барлық жұмысты өзім атқарып сабақтың жартысын өткізетінмін, бұл әдісте оқушының сөйлеуіне, бір біріне түсіндіруге, талқылауға, өз ойларын айтып үйренуге мүмкіндік беріледі екен. Қазір әлем өмір бойы білім алу қағидасы бойынша өмір сүруде. Әлемдік білім кеңістігіндегі жалпы білім берудің басымдылық мақсаты-өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін, өз жолын дұрыс таңдай білетін, оң шешім қабылдай алатын тұлға дайындау болып отыр. Білім,ғылым жүйесіндегі реформа әр кезде әр түрлі деңгейде жүргенмен, тұтастай алғанда, бүкіл білім жүйесінің құрылымын өзгертті. Біздің өмір сүріп жатқан кезеңіміз – ақпараттық технологиялар кезеңі, соған байланысты адамдардың қоғам, болмыс, табиғат және ғылым т.б. салаларында білім әлемдік табысқа жету мақсатында екендігіне байланысты. Бүгінде ойлау жүйесінің бостандығы ғылым мен білім жүйесі дамуының алғы шарты болып табылады. Әлемнің барлық мектептеріндегі балалар мен жастар оқуды аяқтаған соң алдыңғы ұрпақ басынан өткізген өмірдің ақиқатынан мүлдем өзгеше ерекше болашақпен бетпе-бет кездеседі. Техникалық дамумен ғылыми жаңалықтар білім мен ақпараттың ауқымын едәуір жеңілдетті.Қазіргі кезде өзара байланысқан халықаралық қоғамдастықта өмір

сүрудеміз, осы заманда бір елдегі жетістігі немесе сәтсіздігі көптеген басқа мемлекеттерге әсерін тигізетіні анық.

Мен тек бағыт бағдар беріп, түсінбеген жеріне көмек беріп, бақылап отыруым қажет екен. Топтық жұмыстың да тигізер пайдасы көп деп ойлаймын, өйткені үнемі артта отыратын шет қалып жүретін оқушылар болады ғой, сондай балаларды бәрімен араластырып жұмыс жасауға ықпал болады. Осы оқыған әдістер тәрбие саласында да ықпалы тиеді, өйткені балалар топта ұйымшылдыққа, сыйластыққа үйренеді. Топтық тәсілі арқылы тапсырмаларды бірлесіп орындау, бір-бірінен үйренуге, тәжірибе алмасуға, бірлесіп оқу арқасында бір-біріне көмектесу мүмкіндіктерін түсініп, он нәтижеге жетуге болатындарын мойындап, оны одан ары жалғастыруды құптайды. Д.Хеттидің сындарлы оқыту теориясына негізделген, бағдарламаның міндеті - мұғалімдерге олардын педагогикалық тәжірибесін бағалауға және жетілдіруге көмектесу. Негізгі материал тиісті сабақтарда қарастырылатын жеті модульге негізделген. Қазақстандық білім беру жүйесін жаңа арнаға барудағы жаңаша оқыту жүйесі жалғасын табатынына сенімдімін. Жалпы алғанда өзімнің өзгеруіме, көзқарасымның өзгеруіне бұл курс бағдарламасы оң әсерін тигізді. Болашақта мен алдымда отырған шәкірттерімді бәсекеге қабілетті жеке тұлға етіп қалыптастырамын деп сенемін. Болашағымыздың ертеңі сапалы білім, саналы тәрбие алуы- қазіргі қоғамдағы ұстаздарға байланысты. Атап айтатын болсам, әрине маған да байланысты. Өзім жұмыс істейтін мектеп бәсекеге қабілетті мектеп ретінде өзгерістерге бет бұра алатыны бүгінгі таңда мүмкін екендігін, екінші кезеңінде, яғни, мектептегі тәжірибе кезеңінде өзім ғана түсініп қоймай, әріптестеріме де көмектесемін. Қазақстандық білім беру жүйесі жағдайында курстан өткен мұғалімдер жаңаша бейімделіп,өз сабақтарына , жалпы мектепке жаңа өзгерістер енгізіп жатыр. Мектеп оқушылары бәрі бірдей деп айту қиын оқуды саналы түрде емес, механикалық түрде қабылдайтындары жоқ емес. Сондықтан да қазіргі заман талабына сай нәтижеге бағытталған білім беру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отырғанын байқадым.

Әрине, болашақта бұл жұмысты жалғастыру менің міндетім деп білемін. Қалай оқытамын? Нені оқытамын? деген сұрақ мені де мазалайды. Бағдарламаның негізгі мазмұнын құрайтын жеті модульдерді тиімді пайдалана алсам, жұмысымның нәтижеге жеткені деп білемін. Оны тың идеялар, жаңа білім, технологияларды бойға сіңіруге дайын тұратын,өз еңбегіне жауапкершілікпен, сыни тұрғыда қарай білетін білімді азаматтар жасауы тиіс. Әрине кедергілер де көп болады, ол орынды. Одан нақты шешім тауып, мәселені ұтымды шешуге тырысамын. Жұмыс қоғамдық үдеріс, ол арқылы қоғамдағы іс-тәжірибе оңтайлы бетбұрыс жасап өзере алады. Мен осы қоғамның мүшесімін мен де өзгеруге дайынмын. Оқушыларды да өзгертуге бағыттауымыз қажет. Шынайы білім алуға,құзырлы оқудың мәнін ашуымыз қажет деп ойлаймын.

Адам өзінің айналасындағыларға, басқа адамдарға деген көзқарасын, ниетін өзгертсе, олардың да көзқарасы өзгереді. Ендеше, өзгерісті дәл бүгіннен бастау керекпін. Осы курстан алған білімімді жұмыс барысында тиімді пайдалана алсам, жұмысымның нәтижеге жеткені деп білемін.

КЕЙС-ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯХЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Карасаева Гульнара Бейбитовна
КГУ «Средняя школа №18» , учитель русского языка и литературы

Среди интерактивных технологий обучения всё большую популярность получают кейс - технологии. Кейс-технология (кейс-метод) – это интерактивная технология обучения, на основе реальных или вымышленных ситуаций, направленная не столько на освоение знаний, сколько на формирование у учащихся новых качеств и умений. Главное её предназначение – развивать способность разрабатывать проблемы и находить их решение, учиться работать с информацией. При этом акцент делается не на получение готовых знаний, а на их выработку, на сотворчество учителя и ученика.

Кейс – метод совмещает в себе такие прекрасно зарекомендовавшие себя методы, как метод проектов, ролевая игра, ситуативный анализ и многое другое. При решении общей проблемы на уроках русского языка и литературы полезной оказывается совместная деятельность, которая позволяют всем учащимся полностью осмыслить и усвоить учебный материал, дополнительную информацию, а главное – научиться работать совместно и самостоятельно.

Суть кейс-метода – не только анализ реальной ситуации, но и актуализирует определенный комплекс знаний, который необходимо усвоить при разрешении данной проблемы. При этом сама проблема не имеет однозначных решений. Будучи интерактивным методом обучения, он позволяет повысить интерес учащихся к предмету. Применение данной технологии помогает развить в учащихся такие важные для дальнейшей жизни качества, как коммуникабельность, социальная активность, умение правильно представить своё мнение и выслушать мнение другого человека.

Выделяют основные этапы создания кейса:

1. Определение целей.
2. Подбор необходимых источников.
3. Подбор и подготовка материалов для кейса.

Примерами кейсов могут быть сборники практических задач, сборники деловых игр, диски с презентациями уроков и прочее. Главное отличие кейса от задачи: задача имеет решение и путь к нему, даже если и не один. Кейсы имеют много решений, приводящих к раскрытию той или иной проблемы.

К кейс - методам, активизирующим учебный процесс, относятся:

- • метод инцидентов, когда обучающийся сам должен отыскать недостающую информацию;
- метод разбора деловой корреспонденции;
- игровое проектирование;
- ситуационно-ролевая игра;
- метод дискуссий;
- кейс - стади или метод ситуационного анализа (метод анализа конкретных ситуаций, ситуационных задач и упражнений).

Ситуационные задачи (или кейсы) – задачи, позволяющие ученику осваивать познавательные операции последовательно в процессе работы с информацией: ознакомление – понимание – применение – анализ – синтез – оценка. Эта задача носит ярко выраженный практико-ориентированный характер, но для её решения требуется конкретное предметное знание. Часто для её решения необходимы знания нескольких предметов. Обязательным

элементом задачи является проблемный вопрос. Только сформулировать его надо так, чтобы ученику захотелось найти ответ.

При решении ситуационной задачи учитель и ученики преследуют две разные цели: для ученика – найти решение, соответствующее данной ситуации, для учителя - освоение учащимися способа деятельности и осознание его сущности.

Модель ситуационной задачи выглядит так:

• Название задачи.

• Личностно значимый для учащегося познавательный вопрос.

• Информация по данному вопросу, представленная в разнообразном виде (текст, таблица, график, статистические данные и др.)

• Задания на работу с данной информацией.

Как реализуется на моих уроках кейс-метод? Итак, урок литературы в 9 классе по творчеству М.Ю.Лермонтова. Роман «Герой нашего времени».

Кейс-задание:

Является ли Лермонтов прообразом своего героя?

Учащиеся, работая с текстом – биографией и текстом произведения, должны привести свои доказательства и сделать вывод.

При изучении повести Н.М.Карамзина «Бедная Лиза».

1 Кейс-задача:

- Определи основную причину развязки событий. Есть ли это результат рокового стечения обстоятельств или финал закономерен?

2 Кейс-задача:

- Предложите свой вариант решения подобной проблемы взаимоотношений между главными героями в современном мире.

Метод разбора деловой корреспонденции можно рассмотреть на примере кейса по теме «Эпистолярный жанр. Составление делового письма». Задание: разобрать почту руководителя (пригласительные, просительные, благодарственные, поздравительные, сочувственные, рекомендательные письма), принять по ним необходимые решения, поставить резолюции. Кроме того, нужно составить определенное мнение о ситуации на предприятии. Итоговая часть урока проводится в виде дискуссии с разбором действий игроков и их представления о ситуации на предприятии.

Одним из вариантов метода разбора деловой корреспонденции является так называемая мусорная корзина. При реализации этого метода участникам игры предлагается к рассмотрению набор отдельных строк из документов, частично имитирующих результат работы бумагорезательной машины по уничтожению документов. Необходимо составить из разрезанных частей правила, тематические тексты. При изучении пословиц предлагаю раздаточный материал в виде разрозненных частей, из которых необходимо составить законченное по смыслу высказывание.

Кейсы могут быть представлены в различной форме: от нескольких предложений до множества страниц. Однако следует иметь в виду, что большие кейсы вызывают у обучающихся некоторые затруднения по сравнению с малыми, особенно при работе впервые.

Наиболее простой вариант кейса – учащимся дается некий отрывок текста, несущего в себе нравственную проблематику, и предлагается придумать, предугадать, как будут развиваться события дальше. Например, рассказ Льва Толстого «После бала» или отрывок из произведения того же писателя «Детство», где основой анализа может стать поступок мальчика, имеющего очень чуткую, «жалостливую» натуру, тем не менее, поддаётся всеобщему негативному порыву и вместе со своими товарищами издевается над другим мальчиком.

Кейс-задание:

- Возможно ли было поступить по-другому, и к каким бы последствиям это привело?

После обсуждения, которое обычно получается бурным, участники дискуссии получают концовку текста писателя, чтобы соотнести собственные ощущения, предчувствия с авторским восприятием. Как правило, споры продолжаются и после этого. Единственный недостаток подобного вида творческой работы – анализу подлежат только короткие произведения, либо отрывки из романов и повестей.

В целом же художественные произведения русской литературы полностью подходят для изучения их с помощью кейс-технологии, так как их идейным содержанием является не внешняя составляющая, а глубокий внутренний мир героев, их искания, морально-этическая подоплека поступков, в основе которых лежит главная отличительная черта русского литературного творчества – гуманизм.

Кейс-метод помогает придать новое свежее звучание, казалось бы, давно избитым и наскучившим проблемным вопросам: «мне нравится (не нравится) Наташа Ростова»; «Евгений Онегин – посредственность или личность»; «Печорин – злодей или несчастный человек»; «Базаров – глупый умник» и так далее.

Работа по решению кейсов одинаково эффективна в групповой работе учащихся, в работе в парах, в индивидуальной работе. Результат решения кейсов может быть представлен в виде презентации, защиты проекта, критической справки, описательной работы, эссе.

Что дает использование кейс - технологии?

Учителю:

• Доступ к базе современных учебно-методических материалов.

•Организация гибкого учебного процесса.

• Увеличение/сокращение затрат времени на подготовку к урокам.

•Беспрерывное повышение квалификации.

•Возможность реализации некоторых элементов учебного процесса во внеурочное время.

Обучающемуся:

•Работа с дополнительными материалами.

• Постоянный доступ к базе консультаций.

•Возможность самому готовиться ко всем видам контроля.

•Общение с другими учащимися в группе.

• Освоение современных информационных технологий.

Практически любой учитель, который захочет внедрять кейс-технологии,

сможет это сделать вполне профессионально, изучив специальную литературу, имея на руках учебные ситуации. Однако выбор в пользу применения интерактивных технологий обучения не должен стать самоцелью: ведь каждая из названных технологий ситуационного анализа должна быть внедрена с учётом учебных целей и задач, особенностей учебной группы, их интересов и потребностей, уровня компетентности, регламента и многих других факторов, определяющих возможности внедрения кейс-технологии, их подготовки и проведения.

Подводя итог вышесказанному, хочется привести слова великого русского писателя Л.Н.Толстого: «Знание только тогда знание, когда оно приобретено усилиями своей мысли, а не одной памятью».

Использованная литература:

1. Андюсев Б.Е. Кейс-метод как инструмент формирования компетентностей Директор школы. - №4, 2010. – с. 61 – 69.

2. Балясникова Т.А. Применение Кейс-технологии при подготовке учащихся к ЕГЭ (часть С) М. Планета 2011г.

3. Власова Н.В. Современные образовательные технологии в контексте новых федеральных государственных образовательных стандартов [Текст] / Н.В.Власова // Теория и практика образования в современном мире: материалы междунар. заоч. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, февраль 2012 г.). http// www.moluch.ru/conf/ped/archive/21/1848/

4. Кейс-технологии как условие активизации самостоятельной работы (http://festival.1september.ru/articles/512028/

5. Кейс-технологии как средство формирования ключевых компетенций учащихся на уроках русского языка и литературы. http:/nsportal.ru/sites/default/files/2012/12

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ – МҰҒАЛІМ ШЕБЕРЛІГІНДЕ

Карасаева Гульмира Каримовна
№77 жалпы білім беретін орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі

Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және адамзаттық құндылықтар жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру, дамыту және кәсіби шыңдауға бағыттылған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау екені белгілі. Осы міндеттерді шешуде қоғамдық пәндердің алдында тұрған талаптардың бірі де бірегейі - жас жеткіншектерді азаматтық пен елжандылыққа, Отанына деген сүйіспеншілікке, халық дәстүрін қастерлеуге, қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу.

Тарих - халқымыздың зердесі. Тарих - бабаларымыздың басынан өткен оқиғалар жиынтығы. Біз оны бүкіл қайшылықтарымен, қаһармандық және қайғылы беттерімен қоса, тұтас күйінде қабылдауға тиіспіз. Қазақ тарихы көне де жас тарих. Көнелілігі көне түркі-Тұран әлемімен өзектестігінде, жастығы сол әлемге енді ғана бет түзеп, соқпақ тартқандығымызда. Тарих сабағында қазақтың сайын даласында ежелгі заманнан бастап бүгінге дейін ұрпақтар сабақтастығының үзілмей келе жатқандығы, қазақтардың қазіргі ата мекеніміздің тұрғылықты халқы екендігі түсіндіріледі.Сонымен қатар, адамзат тарихындағы түбірлі өзгеріске себеп болған көшпелі өмір салтының қалыптасқандығы және Еуразия даласында көшпелілер құрған мемлекеттік бірлестіктердің қуатты болғандығы айтылады.Бұл мәлімметтерді толықтыруда «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы көлемінде атқарылып жатқан іс-шараларды оқып-үйрену көмектеседі.

Тарихты оқытудың мақсаты - дүниежүзілік дамудағы адамзаттың орны ерекше екендігін, жасаған бүкіл әлемдік құндылықтарды білетін және жан-жақты терең білімді, саяси-экономикалық сауатты, рухани дүниесі бай адамзатты қалыптастыру. Шәкірттерге жүйелі, сапалы білім беру, еліміздің өткені мен бүгінгі тарихын құрметтей білуге тәрбиелеу. Бұл тұрғыда ұстаз жауапкершілігі мен міндеті зор. Қазір күллі Қазақ тарихы қайта түлеу, қайта өрлеу кезеңін басынан кешіріп отыр. Бірқатар ғылыми негіздер қайта қаралуда.

Тарихты оқытудың басты міндеттерінің бірі - өткен тарихты сын көзімен талдай отырып, келешекті бағдарлайтын, шығармашылықпен іздене отырып, дұрыс қорытынды жасай алатын, тарихи деректермен өздігінше жұмыс істей білетін азаматты тәрбиелеу. Жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыра отырып, әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу екені белгілі. Тарих пәнін оқытуда осы міндеттерді басшылыққа ала отырып, бағдарлама талаптары негізінде сапалы білім беру -өмір талабы.

Сапалы білім берудің негізгі, тиімді жолдарына тоқталайық :

1. Бағдарламаны басшылыққа алып сабақ жоспарын жасағанда ең негізгі берілетін ұғымдарды іріктеп алып, сол ұғымдарды меңгерту;

2. Тарихқа деген қызығушылығын тереңдету. Ол үшін әр елдің тарихына байланысты сабақты өткізу кезінде сол елдің ерекшелігін көрсетіп, есте қалатындай тарихи, мәдени мұралары туралы айту;

3. Шығармашылық күш-қуатын дамытуға дағдыландыру;

4.Пәнаралық байланыс.Өнер, кино, көркем әдебиет, тарихи шығармаларфмен байланыстыра өту;

5.Жаңа педагогикалық технологияларды, инновациялық бағыттарды, әдістер мен тәсілдерді енгізу;

6. Әртүрлі сабақ түрлерін жүргізу;

7. Сабақтың жүйесіне қарай жергілікті жер материалдарын пайдалану;

8. Әр тараудың аяғында өтілген барлық материалдар бойынша тест-интервью алу;

9. Картаны көрсете білу сауаттылығын қалыптастыру;

10. Көрнекі және техникалық құралдарды пайдалана білу;

11.Мұғалімнің мәдениеті, ақыл-ой және адамгершілік бет-бейнесі. Үздіксіз білімін жетілдіру, үздіксіз шығармашылықпен айналысу:

12. Оқушылардың өз ойын жеткізе білуге яғни айта да, жаза да білетін өз көзқарасы бар жеке тұлға қалыптастыру, т.б.

Сапалы білім берудің негізгі, тиімді жолдарын жүзеге асырудың жолдарын талдап түсіндіріп өтетін болсақ : тарих пәнін оқушыларға қызықты, тартымды және есте қаларлықтай етіп түсіндірудегі міндеттердің бірі мұғалімнің оқушыларды өздігінен жұмыс жасауға үйретуі, оны дұрыс ұйымдастыруы. Сабақтың оқушыға түсінікті болуы көп жағдайда оның маңызын ашу барысында мұғалімнің көрнекі құралдарды, бор мен тақтаны, картаны тиімді пайдалануына,оқытудың мақсатына,оқушылардың дайындығына, ықыласына да байланысты.

Білім тиянақты болуы үшін, пәнге деген ынтаны арттыру үшін жіне тарихи фактілерді, оқиғаларлы талдап, қорытындылауға оқушыларды белсене қатыстыру үшін тарихи білімдерді, ұғымдарды және жаңа сөздерді оқушыларға берік меңгертіп, қалыптастыру керек. Тарих курсында көптеген жаңа ұғымдар, сөздер, көптеген атаулар мен жер аттары кездеседі. Әр тақырып бойынша кездесетін ұғымдармен сөздерді берік меңгеру керек.

Карта тарихи материалдық көрнектілігі мен нақтылығын қамтамасыз ететін құралдардың бірі. Оқулықта әрбір тақырыпқа, жекелеген елдерге арналған шағын карталар бар. Оқушылардан картаны оқи білуге, яғни картаға түскен шартты белгілер бойынша әр елдің географиялық орнын, оның көршілерін, жаратылыс жағдайларын, қалаларын және басты оқиғалар өткен жерлерді жақсы білуі тиіс. Мұғалім картадан маңызды объектіні атап көрсетуі шарт. Біріншден, мемлекет аумағының шекарасын нобайлап емес, нақтылап, дәл жүргізе отырып көрсетуі шарт. Екіншіден, қалалардың аты жазылған жазуды ғана емес, нақтылап тура өзін көрсеткен дұрыс. Үшіншіден, өзендер бастау алған жерінен бастап, ағысы бойынша көрсетілуі керек.

Оқушы білімін күшейтуде тарихи-көркем әдебиеттің маңызы зор. Үзінді оқып, сұрақ-жауап түрінде әңгімелеу әдісін пайдаланып, талдап қорытынды жасау керек. Көркем әдебиетті үнемі пайдалану міндетті емес. Оқушылардың сыныптан тыс, өз бетінше оқып, жеке-дара билеушілер қызметі мен сәулет өнеріндегі кереметтер туралы, кейбір тарихи оқиғалар туралы хабар дайындап келуді тапсырған дұрыс. Оқушы тиянақты және жан-жақты білім алу үшін сабақ түрлерін өзгертіп тұрған дұрыс. Суреттеп, сипаттап мәнерлеп оқытуды да ұйымдастырған жөн. Ол оқушылардың тақырыптарды жақсы түсінуіне көмектеседі.

Сабақта мұғалім оқушыны ойлану, сөйлеу мәнеріне үлкен мән бергені дұрыс. Өйткені оқушы тарихи оқиғаларды ретімен, мәнерлеп айтуы қажет. Өз бетінше жұмыс істеуге мүмкіндік беру, жазбаша жұмыстар тапсыру ойлау қабілетін дамытады. Оқулықта көптеген суреттер берілген. Суретпен жұмыс істеудің әр түрлі әдістерін қолдануға болады. Суреттерді мұғалімнің өзі жақсы оқи білуі керек, яғни толық мағынасын түсініп, оқиғаға түгелдей

сипаттама беріп, өзіне тән ерекшелігін көрсетуі тиіс. Дидактикалық материалмен байланыстыра отырып өз тұжырымы мен пайымдауларын талдауға ынталандырып, өз ойын білдіру қабілетін дамытатын белсенді үдеріс.

Мен өз сабағымда әр түрлі әдіс-тәсілдердң білім сапасын арттыру мақсатында түрлендіре отырып қолданамын. Бұл жұмыстар оқушылармен тығыз байланыста болуға, оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, оқушының танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыруға, оқушы тарапынан белсенділік танытып, дербестік көрсетуін, өзіне деген сенімділігін қалыптастыруға көмектеседі. Оқушылардың алған білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау жүйесін дамытып, тиянақты білім алуына жол ашады. Сабақта оқушының жеткен жетістігін баса көрсетіп, оның пәнге деген қызығушылығын арттырып отырамын. Оқушыларды өз бетімен ізденіп жұмыс істеуге баули отырып, шығармашылық қабілеттерін шыңдаймын. Бірақ шамадан тыс тапсырмалар беруден сақтану керек, ең басты оқиғалар мен фактілерді ғана білуі керектігін ескеріп, нақты тапсырмалар берген жөн.

Мұғалімнің ой-өрісі кең, жан-жақты білімді, ізденімпаз ғалым, тынымсыз еңбеккор, кез келген ортаның ұйытқысы, оқушылар алдында беделді, ұжым мүшелері мен ата-аналар арасында сыйлы болу керектігін ескере отырып, Отаны мен халқы алдындағы жауапкершілігін сезіне алатын жас ұрпақтың азаматтық ұстанымын қалыптастыруға өз үлесімізді қоса білейік. Сол үшін мұғалім шығармашылығы басты қағида. Пәнге деген оқушыны қызықтыра білу - мұғалім шеберлігіне байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Тұрлығұл Т. Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. Алматы: Ғылым, 2003. – 256-б.

2.Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы. – Астана, 2014.

3.Әлімов А.Қ. Табысты сабақ жоспарын қалай құруға болады. Оқу құралы. – Алматы, 2014.

4.Мұғалімге арналған нұсқаулық. НЗМ ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы – Астана, 2016.

5.Қ.Қ.Құнапина. Мамандығым – мұғалім (оқу-әдістемелік құрал). – Алматы, 2011.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЭЛЕМЕНТОВ ОПЕРЕЖАЮЩЕГО ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ (из опыта работы)

Караульная Татьяна Петровна
учитель начальных классов, СШГ №11 города Актобе

Одним из важнейших вопросов обучения и воспитания школьников преподавания между начальными классами и средним звеном по-прежнему остаётся преемственность. Необходимым условием для реализации внутреннего потенциала ребёнка является комфортность его пребывания в школе. Для преодоления разрыва между начальным и средним звеном в своей педагогической практике я ориентируюсь на развитие личности, творческой активности ученика, сохранение его индивидуальности.

Интеллектуальное развитие происходит не само по себе, а в учебной деятельности. Обучение, опираясь на достигнутый уровень развития, должно опережать его, стимулировать,

вести за собой, поэтому процесс овладения знаниями необходимо организовывать так, чтобы вносить новые элементы, формировать новые отношения, обеспечивая тем самым развитие.

Учитывая индивидуальные способности и особенности каждого ученика, я корректирую работу с классом. Свои уроки я строю таким образом, что они стимулируют познавательные интересы, любознательность и творческий поиск, при этом сводя к минимуму переутомление, перегрузки, нервозность учеников.

Меня , как и многих, волнует проблема восприятия материала «слабыми» учениками. Постепенно я пришла к выводу, что многим просто не хватает времени для усвоения темы. Дети разные. Одним, чтобы усвоить новый материал достаточно одного занятия, другим 5 -6 занятий. А третьим – не хватит и 15 уроков. Так что же делать? По - моему, нужно дать ребятам это необходимое для прочного и глубокого усвоения знаний и умений время, дольше и всесторонне работать над каждой изучаемой темой. Но как это сделать, не отставая от сроков, утвержденных программой? Мы же не можем «сидеть» на одной теме столько времени, дети должны идти дальше.

Изучив труды С.Н.Лысенковой, я многое поняла и взяла из её опыта много полезного для своей работы с детьми. Дети везде одинаковые, но в то же время они разные. По- разному работают и учителя. У каждого свой способ работы. Теперь в своей каждодневной работе я использую элементы опережающего обучения . Расскажу о некоторых из них.

Начиная с первого класса, я веду работу по обучению правильному выполнению фонетического разбора. Это задание считается одним из самых трудных в начальной школе. Дети готовятся к фонетическому разбору уже в букварный период. Поэтому на этапе ознакомления со звуками и буквами, т.е. ещё до обучения чтению, мягко, ненавязчиво даю понятия гласных ударных и безударных, согласных твёрдых и мягких, звонких и глухих, сонорных (всегда звонких), гласных, выполняющих двойную роль. Сначала все знания преподношу детям в виде забавной игры с цветными карандашами и кубиками. Первоклассники печатают буквы в слове, соответственно их звукам: гласный - красным цветом, согласный твёрдый - синим, согласный мягкий - зелёным цветом, мягкий и твёрдый знаки - простым карандашом; закрывают уши и слушают звонкие и глухие звуки; пытаются пропеть звуки, таким образом учатся различать гласные и согласные звуки. Для лучшего запоминания порядка фонетического разбора в помощь детям даётся «Памятка».



Буквы **я,е,ё,ю** дают 2 звука, если они стоят**: 1) в начале слова; 2) после гласной; 3) после ъ или ь знаков**

И к тому времени, когда дети познакомятся с большей половиной букв учу правильно выполнять фонетический разбор слова сначала в устной форме, а затем оформлять в тетради для печатания . Эту работу продолжаем до конца первого класса уже в тетрадях по русскому

языку, разбирая каждый урок по слову. Каждому звуку даём полную характеристику, т.е. так, как предусматривает программа .

Изучая «Состав слова», дети с трудом усваивают данный материал . Парадокс – правило знают, но почему- то, при разборе слова применяют его неверно. В результате долгих поисков наш разбор по составу стал выглядеть так: на каждом уроке учащиеся образовывают родственные слова и выделяют в них общую часть слова – корень. Затем я показываю последовательно остальные части слов. Показываю место расположения приставки , суффикса и окончания в слове. Чтобы выделить окончания учащиеся учатся изменять слова по вопросам . Например , если это имя существительное , то изменяем по вопросам косвенных падежей. Но мы ещё не изучали падежи. Поэтому я детям просто показываю на таблицу, которая висит над доской и предлагаю изменить по вопросам, используя вспомогательные слова (по сути дела, мы уже начинаем склонять слова, подготавливая детей к изучению падежей). Если это имя прилагательное, изменяем слово по вопросам прилагательных: какой? какая? какое? какие? Достаточно двух слов. Если это глагол, то используем местоимения . Смотрим, какая часть остаётся неизменённой. Значит, оставшаяся часть является окончанием – изменяемой частью.

Постепенно дети запоминают какие бывают суффиксы свойственные глаголам, существительным, прилагательным, наречиям.

Та часть слова, которая стоит перед корнем является приставкой. Дети запоминают какие бывают приставки.

По прошествии нескольких уроков у основной массы детей не возникает трудностей с разбором.

В ходе знакомства с частями речи, начиная уже в первом классе, я ввожу понятие о членах предложения. Для более лёгкого восприятия и запоминания этого материала, сразу учу детей разбирать предложение по членам предложения и по частям речи. Вначале подбираю простые нераспространённые предложения, состоящие только из подлежащего и сказуемого. Постепенно дополняю их определениями и учу детей находить слова, поясняющие подлежащее.

Во втором классе работа продолжается. Я знакомлю учащихся с дополнением. И, когда вижу, что мои ученики хорошо запомнили схему разбора, распространяю предложение обстоятельствами. Причём, на стадии обучения всю работу у доски выполняю сама. Знания школьников расширяются и углубляются. Теперь мои ученики, при помощи опорных схем, могут самостоятельно выполнять разбор простого предложения. Одним из основных принципов методики является то, что от учащихся не требуется сиюминутного запоминания материала. Ведь ежедневные повторы одного и того же непременно приведут к прочному запоминанию. А времени для повторения и закрепления у ребят, обучающихся в начальной школе , достаточно.

Итак, к концу второго класса мои ученики, даже самые слабые, могут свободно выделять грамматическую основу предложения, находить слова, поясняющие подлежащее и сказуемое, грамотно и точно устанавливать связь слов в предложении, с указанием частей речи, которыми они выражены.

В третьем классе я знакомлю ребят с характеристикой простого предложения. Постепенно ввожу простые предложения, осложнённые однородными членами, а затем и сложные предложения. Учу правильно, последовательно разбирать их и давать точную характеристику. К концу третьего года обучения такая работа переходит в стадию развивающей игры. Каждый ученик, получив индивидуальную карточку с заданием, имеет возможность проверить свои силы.

В течение всего четвёртого года обучения учащиеся совершенствуют полученные знания, закрепляют свои умения, оттачивают приобретённые навыки выполнения синтаксического разбора предложения.

Практически на каждом уроке учащиеся работают с лингвистическими тренажёрами и выполняют по алгоритму различные виды разборов. Такой путь сообщения материала доступен и надёжен для учащихся начальных классов. Он оправдал себя в течение многих лет, к тому же, он выгоден и в том отношении, что позволяет из года в год повторять изученное, опираясь на полученные знания, идти дальше в развитии памяти, мышления и речи.

В математике , например, сложение и вычитание с переходом через десяток , таблица умножения и деления, внетабличное умножение и деление, умножение с нулями, сложное уравнение я начинаю вводить на год раньше. Такое рассредоточенное во времени усвоение наиболее сложного материала обеспечивает его осознанное и прочное усвоение. Также я предлагаю вводить элементы опережения, связанные с решением практических задач. Умные и способные дети схватят материал сразу, а когда придет время, поймут и слабые. Поэтому по окончанию начальной школы практически не остаётся таких учащихся , знания , умения и навыки которых остаются ниже уровня школьной программы.

Рассредоточенное усвоение наиболее сложного учебного материала, вводимого с опережением программы, обеспечивает его осознанное восприятие, прочное запоминание и ускоренное формирование навыка практического действия. Учитель, опережая программу, не испытывает недостатка времени, а в некоторых случаях получает даже его избыток, позволяющий дольше и всесторонне работать с каждой темой. Таким образом, «опережение — это не бездумная гонка за счёт спрессовывания детского времени ценой отставания слабых, а результат хорошо продуманного, высокоорганизованного процесса обучения».

Литература

1.Занков Л.В. Наглядность и активизация учащихся в обучении. - М., 1960.
2.Лысенкова С.Н. Методом опережающего обучения. - М.: Просвещение, 1988.
3.Маркова А.К. Формирование мотивации учения. - М.: Просвещение, 1990.
4.Идея опережения // Первое сентября, N 50.
5.С. Н. Лысенкова Когда легко учиться. М., 1985.
6. Лысенкова С.Н. Жизнь моя – школа, или Право на творчество. – М.: Изд-во «Новая школа», 1995.
7. Лысенкова С.Н. Я читаю, я считаю, я пишу. – М.: Школа-Пресс, 1997

ТАРИХИ КОНЦЕПТІЛЕРДІ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАРИХИ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

Карибек Салтанат Жаксылыковна
№4 Қандыағаш қалалық ЖББОМ

Қазіргі заман жылдам әрі терең өзгерістермен ерекшеленеді.Білім беру жүйесінің басты міндеті-оқытудың жаңа технологияларын енгізу,білім берудегі ақпараттандыру,халықаралық коммуникациялық желілерге шығу,ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға,дамытуға және кәсібін шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау қажет.

Қазіргі таңдағы білім мазмұнын жаңаша бағытта өзгертудегі мақсат-білім алушылардың алған білімін өмірде қолдана ала білуі. Жас ұрпақтың бойында ұлттық-тарихи сананы қалыптастырудың негізгі жолы, ол тарихи білім болып табылады.

Өткенін білмес, бүгіннің қадірін бағалай алмайды. Ендеше тарихта еш нәрсе жоғалмайды, ескірмейді, өлмейді. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бері тарихқа жаңа көзқараспен қарау, ондағы белгілі және бұрын белгісіз болып келген фактілердің ашылуы білім алушылардың бүгінгі таңда тарих саласы бойынша үлкен дайындықты қажет ететінін өмірдің өзі дәлелдеп берді.

Осы кезге дейінгі қолданылған оқу бағдарламаларында сыни ойлауға, проблемалық мәселелерді шешуге бағытталған тапсырмалардың болмауы, сонымен қатар оқушылардың бойында тарихи сананы, тарихи ойлау дағдыларын қалыптастырып, құндылықтарға баулуға бағытталған тапсырмалардың жетіспеуі, деректерге негізделген метериалдардың тым көп көлемде берілуі тарих пәнін жаңаша тәсілдермен оқыту қажеттілігін туындатты.

Оқушылар бойында тарихи ойлау мен тарихи сананы қалыптастырудың бірден-бір жолы-оқушыларды тарихи концептілерге сүйене отырып оқыту.

Ең алдымен «концепт», «концепция» ұғымдарының мәнін ашып алайық.

Концепт туралы ғалымдар ойы әртүрлі. Линн Эриксон: «Концепт – бұл көп мысалдарға ие, кең, абстрактілі, әмбебап идеялар» деп атаған

Концепт- (лат. concepus) адам санасының ойлау бірліктері мен психикалық ресурстарын, білім мен тәжірибенің бейнелі көрсеткіштерін құрайтын, хабарлы құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін когнитивті лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі.

Концéпция (лат. conceptio — түсіну, жүйе) — басты ой, жетекші идея, әлемдегі, табиғаттағы, қоғамдағы құбылыстарға қатысты көзқарастар жүйесі.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша өзара тығыз байланыстағы тарихи тарихи ойлау тұжырымдамасын жүзеге асырудағы концептілер алты бөлікке бөлінген. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларды қалыптастыру және оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктер) негізделеді:

1) өзгеріс пен сабақтастық;
2) себеп пен салдар;
3) дәлел;
4) ұқсастық пен айырмашылық;
5) маңыздылық;
6) интерпретация.

Осыған байланысты мен де өз сабақтарымда оқушылардың терең тарихи ойлауын қалыптастыру үшін тарихи концептілерге сүйенемін.

Мысалы: Қазақстан тарихы бойынша 7-сыныпта өткізілген сабағымды алайық

Тақырып: «XVIII ғасырдағы халық ауыз әдебиеті»

Тарихи концепт: Дәлел

«Ақпараттық органайзер» әдісі

Жыраулардың қоғамда көтерген мәселелері	Тарихи деректер түрлері
Шығармаларындағы ортақ ойлар	Тарихи дереккөз ретіндегі құндылығы
Шежіренің қазақ қоғамындағы маңызы	
Музыкалық шығармалар мен айтыстың тарихи дереккөзі ретіндегі құндылығын бағалаңыз	

Бұл жерде оқушылар берілген тақырып бойынша негізгі идеяларды дәлелдер келтіре отырып анықтайды.

Қазақстан тарихы 8сынып.

Тақырып: «Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы шайқастарына қатысуы»

Зерттеу сұрағы: Қандай қазақстандық Ұлы Отан соғысының батырлары халық есінде сақталды?

Тарихи концепт**:** Маңыздылық

<table>
<tr><td colspan="2">
https://yandex.kz/images/</td></tr>
<tr><td colspan="2">Б. Момышұлының үлгі тұтарлық қасиеттерін сипаттаңыздар</td></tr>
<tr><td>Батырлық қасиеті (ерлік істері)</td><td>Тұлғалық қасиеті (жеке)</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="2">Қазіргі таңда жасөспірімдер
Б. Момышұлының қандай қасиеттерін үлгі тұтуы тиіс деп ойлайсыздар</td></tr>
<tr><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td colspan="2">Екінші дүниежүзілік соғыс тарихындағы Б. Момышұлының ерлік істеріне баға беріңіздер</td></tr>
<tr><td colspan="2"></td></tr>
</table>

Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында білім алушыларға концептуалды білім беру олардың тарихи санасын қалыптастырып, олардың кез-келген тақырыпта тарихи ойлауына ықпал етеді.Әрине, оқушылардың тарихи ойлау дағдыларын бірден қалыптастыру оңай емес.Ол үшін ең алдымен мұғалімнің теориялық білімі, оны практикада ұштастыра алатындай дағдысы болу керек. Оқушылармен бірге тиімді нәтижеге жету үшін мұғалім төмендегідей мәселелерді есте ұстауы қажет деп санаймын:

1.Сабақ барысында оқушылардың жадында ұзақ сақталып қалу үшін берілген ақпараттарды қайта өңдеу.

2.Тарихи концептілер арқылы оқыту үшін, қажетті деректер, ресурстар тиімді таңдап алынуы қажет.Сонымен қатар бірлескен оқу ортасын құру маңызды.

3. Берілген материалдарды меңгерту үшін педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдану.

Қорыта келгенде, бүгінгі күні қазіргі заман ағымына сай жаңаша оқыту — сапалы білім берудің кепілі екеніне көз жеткіздік.Сондықтан жай ғана кәсіби міндеттерді жауапкершілік-пен орындағаннан гөрі көбірек күш-жігерді талап ететін сапалы әрі табысты білім беруге еркеше көңіл бөлуіміз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Ержанова А.С., Сыдыкова А.К., Туребаева А.Е. Концепт ұғымының теориялық негіздері // Молодой ученый, 2015.

2.Иргалиев С.С Концептуалды білім беру арқылы тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру. Чита: Издательство Молодой ученый,2017

3.Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған

«Қазақстан тарихы», «Дүние жүзі» тарихы пәндерінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

4.Ділманов Б.Қ., Зейнулла А.З, Кенбаева Н.А, Уайсова С., Тұтқышбаева Г.Ж.- Концептуалды білім беру арқылы оқушылардың тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру: әдістемелік нұсқаулық Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2018.

ТАРИХ ПӘНІНДЕ ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кариева Гульнур Болатовна
Қандыағаш қалалық №4 жалпы білім беретін орта мектебі

Әлемдегі барлық ұлт өкілдерінің өздеріне тән ұлттық санасы болады. Ол не үшін қажет деген сұрақ туындаса... Оның мәні ұлт атаулы халықтардың тарих сахнасынан жойылып кету қаупінің алдын алуда деп санаймын. Өйткені ұлттық санасы мен білігі жоқ адам кез – келген көш легіне ілесіп өзінің кім екенін, қайдан шыққанын ұмытары хақ. Осылайша қазіргі уақытта да жойылып бара жатқан ұлттар аз емес.

Қазіргі таңда қоғамымызда ұлттық сананы қалыптастырудың маңызы өте зор.Ұлттық сананы жас буын ұрпақтың бойында дұрыс қалыптастырудың өзі күрделі мәселе.Себебі ұлттық сананың өзегі – тарих ақиқатында, ұлттың тарихи жәдігерлерінде, тарихи - мәдени құндылықтарында жатқанын білеміз.Тиісінше тарихи сананың негізінде тұтастай ұлттық сана қалыптасатыны анық. Сондықтан тарих пәнінде ұлт құндылықтарын дәріптей отыра, оқушының бойында еліне, елінің тұтастай мәдениетіне, тарихына деген сүйіспеншілік, құрмет сезімін қалыптастыруға болады.

Кез – келген халықтың ұлттық санасының қалыптасуына белгілі бір жағдайлар, факторлар әсер етеді. Мәселен, халықтың әлеуметтік – экономикалық жағдайы, географиялық, этникалық ортасы, этномәдениетінің қалыптасуы, отбасы, білім беру т.б. Қиын да үлкен жауапкершілікті талап ететін бұл жолда, мектептің, ұстаздың, ата – ананың, қоғамның, ақпарат көздерінің орны ерекше.

Өткен заманға көз жүгіртсек көптеген ұлттардың ұлттық қасиеттері мен құндылықтарын күшпен жою саясаттарының жүргізілгендігін байқаймыз. Бұл құрықтың бір шеті қазақ жұртына да тимей өптеді. Жерінің кеңдігі, елінің кең пейілділігі талай халықтарды қызықтырып, арам ойларын жүзеге асыруға себеп болды. Отарлаушы мемлекеттер отарларын өз иеліктеріне толықтай айналдыру мақсатында олардың мәдениетін, тілін, дәстүрін, ұлттық ерекшеліктерін жоюға тырысқан. XVIII ғасырда Ресей империясының, кейін XX ғасырда кеңес одағының отарына айналған қазақ жұртының жағдайы өте қиын болды. Өзінің шынайы болмысымен еркіндікті, шынайылықты, ержүректілікті сүйетін,шыққан тегін ұмытпақ түгілі зор мақтан тұтатын қазақ ұлтына бұл тарихи кезеңдер үлкен соққы болып тиді.

Отарлық езгі, ұлт ретінде шеттету, тарихи жерінен ығыстыру, ұлттық құндылықтарына қол сұғу, тарихын бұрмалау сынды түрлі арандатушылықтарға тап болған қазақ халқының ұлттық болмысы мен тұтастығын сақтап қалуының өзі оңай болмады. Кезінде қаншама мемлекеттермен иық теңестіріп, талайын аузына қаратқан қайтпас қайсарлығымен ерекшеленетін қазақ хандығының мұрагерлеріне бұл үлкен сын еді.Қазақ халқы бала тәрбиесіне үлкен ден қойып, соның ішінде ұлттың рухын әркез жоғары бағалайтын болған. Ал империя тарапынан үнемі төмендету, бұғаулау, көндіру,бой көтерсе басып – жаншу саясатына кезіккен халықтың рухы жоғары болуы мүмкін емес еді. Кеңес өкіметі де аты өзгергенімен түп негізгі қазақ ұлтына деген теріс империялық саясаты сақталып, одан әрі өрши түсті.Осы тарихи ауыр кезеңдерде ұлт мүддесін қорған шыққан ұлт зиялыларымыз Алихан, Ахмет, Міржақыптардың еңбектері ерен еді.

Қиын – қыстау замандарын бастан өткеріп, тәуелсіздікке қол жеткізген тұста әлеуметтік – экономикалық, саяси реформалар, жаңартулар қажет болды. Сонымен қатар ұлт діңгегі – ұлттық сананы жаңғырту, қалпына келтіре отырып, одан әрі дамыту жолдары қарастырыла бастады.Себебі ұлттық сана – сезімнің дұрыс қалыптасуы, ұлттық құндылықтардың дәріптелуі, ұлттық мәдениеті мен тілін, тарихын құрметтеу сынды қасиеттерді дамыту ұлттың өмір сүруінің негізгі қайнар көзі болып табылатыны анық.Осы мәселелерді оңтайлы шешу мақсатында мемлекет тарапынан түрлі бағдарламалар қабылдана бастады.Бұл «Рухани жаңғыру», «Мәңгілік ел» т.б. Бұндағы қарастырылған ұлтымыздың 7 құндылығының өзі қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін көрсете отырып, ұлт құндылықтарын дәріптеу, насихаттау, жас ұрпақтың бойына дарыту еді. Осы керемет құндылықтарды әр сабақта насихаттай отырып, жете түсіндіре отырып біз оқушыларымыздың бойындағы ұлттық сана сезімін дамыта түсетіндігіміз рас.

Қазіргі түрлі ақпаратқа толы қоғамда жас буын ұрпақтың санасына дұрыс тарихи ақиқатқа негізделген ұлттық сананы, құндылықтарды сіңіруіміз қажет.Осы кезекте баста атап өткен жеті құндылығымыз ойға оралады. Сондықтан ұлтымыздың өміршеңдігін сақтау үшін ұлттық - сана сезім, ұлттық құндылықтарды, ұлт тұтастығын, ұлттың мәдениеті мен тілін тағы да басқа ұлт мүддесін сақтайтын қасиеттерді оқушыларға дарытып, одан әрі дамыта түсуіміз қажет. Ұлттық сананы қалыптастырып, ұлт құндылықтарын сақтап қалу қазіргі жаһандану дәуіріндегі басты міндеттердің бірі екенін ұмытпайық.

Әдебиеттер тізімі.

1.Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында.-Алматы:Атамұра, 2003.

2.Тайжанов А.Тәуелсіздік және ұлттың рухани болмысы мен санасы//Егемен Қазақстан, 2017-17желтоқсан

3.Қарасаев Ғ., Дүйсен С.,Еңсенов Қ.Қазақстан тарихы - әлемдік деңгейдегі тарих//Егемен Қазақстан, 2018-12 желтоқсан.

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ АТА-АНАНЫҢ РӨЛІ

Каримбаева Айгерим Махсутовна
Ақтөбе қаласы, №6 «Орман ертегі» бөбекжай-балабақшасы

Баланың шыр етіп өмірге келуі-зор қуаныш. Өйткені, бала өмірдің сәні, отбасының шаттығы, Аллахтың берген сыйы. Дана қазақ тоғыз ай құрсақта жатқан сәбиді шілдеханамен қарсы алып, тербелген тал бесікке салған. Бесік жырымен әлдилеген, алақанға салып аялаған. Тәрбиесіне жауаптылықпен қарап, бойына жақсы қасиеттер сіңіруге тырысқан.

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты — балада» деген екен. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты — тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні — өз ұрпағы.

Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз — ата-ана. Ата-ана — бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер — жанұяда тәрбие балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе

алмай, сырласа білмейтін ата — аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл-қыздармен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа. Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы балаға теріс әсер етеді. Бала алдында әке-шеше үй ішінің үлкендердің әдептілік танытқаны жөн. Мысалы, арақ пен темекінің толып жатқан зиянын біле тұра, балалардың көзінше арақ ішіп, үсті-үстіне темекі тартқандар бар. «Көрінген таудың алыстығы жоқ» дейді, ертең-ақ ұл өсіп ер жетеді, қыз өсіп бой жетеді.

«Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді халық даналығы. Бала кішкентай кезінен-ақ әр нәрсеге әуестеніп үлкендерге көмектескісі келеді. Бұған кейбір әке-шеше «жұмысымды бөгейсің, істеп жатқан ісімді бүлдіресің» деп ұрысып жіберуі мүмкін. Бұл қате түсінік. Керісінше, өзің жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызып, оның үйренуіне көмектескен орынды. Тіпті балаға берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындаулына төзімділікпен бақылау керектігін де ұмытпаған жөн. Осылай баланың бірте-бірте еңбекке деген болашағына жол ашылады. Әрі істеген ісін ұқыпты да тындырымды орындауына бағыт бересіз. Баланың жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіріп отырса, ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырмасын орындауға қарсылық білдірмейді.

Отбасында басты мәселелердің бірі – баланың тіршілік іс - әрекетін дұрыс ұйымдастыру. Ол үшін баланың күн тәртібі, жеке басына қойылған талаптар, міндеттер, үй еңбегіне араласуы, білімі, қызығушылықтары, бос уақытын дұрыс ұйымдастыруына көмектесіп ықпалын тигізу. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау — ата-ананың басты парызы.

Они отличаются повышенным уровнем тревожности, заниженной самооценкой, что тормозит их духовное, физическое и эмоциональное развитие. Они испытывают трудности в общении со сверстниками и взрослыми, в овладении элементами новой культуры.

Annotation. This article is about teaching migrant children in an inclusive environment in general education schools. The most vulnerable are migrant children, who can be attributed to the third group of children with special educational needs, since they are not always able to resist social pressure from society, have difficulty adapting to a new educational institution, face a number of communicative, psychological, language barriers. They are characterized by an increased level of anxiety, low self-esteem, which slows down their spiritual, physical and emotional development. They have difficulties in communicating with peers and adults, in mastering elements of a new culture.

Ключевые слова: инклюзивное образование, особые образовательные потребности (ООП), процесс обучения.

Одним из главных процессов, составляющих организацию учебного процесса, является процесс обучения. Это очень сложный процесс объективной действительности. В сочинениях древних и средневековых мыслителей под понятием «обучение», «процесс обучения» понимается главным образом преподавание.

Процесс обучения имеет определенную структуру и состоит из следующих элементов: цель обучения, содержание учебного материала, обучаемый (ученик), обучающий (учитель) и принципы, методы, средства, формы обучения. (Рис. 1) [1]



Рисунок 1. Структура учебного процесса.

Процесс обучения начинается с цели обучения и определяется как для учителя, так и для ученика. Учитель определяет цель учебного процесса, содержание учебного материала, структуру занятия, методы учебной деятельности, организует учебный процесс обучаемых, создавая для этого благоприятные условия и руководит процессом обучения.

Обучение учебным предметам в школе следуют принципу, согласно которому учащиеся должны «научиться учиться»; стать самостоятельными, мотивированными, заинтересованными, уверенными, ответственными и интеллектуально развитыми личностями.

В целом мировое сообщество признало инклюзивное образование как наиболее гуманное направление в поддержке обучения и социализации детей с особыми образовательными потребностями, находящихся в поиске своего места в обществе, и поэтому является одной из ведущих стратегий в мировой и отечественной образовательной политике.

Инклюзивное образование задумано как компонент парадигмы ***«доступность образования для всех и рассматривается как повод, который обеспечивает всем детям вне зависимости от их интеллектуальных или физических способностей, культурных, социальных, этнических, расовых, религиозных взглядов, равенство возможностей посещать общеобразовательную школу и обучаться со сверстниками»*** [2].

Для педагогов общего образования РК, которые в настоящие время внедряют принципы инклюзивного образования важно понять, что ученик с особыми образовательными потребностями, это не только и не столько ученик с нарушениями психофизического развития, а любой обучающийся, испытывающий трудности в обучении.

Выделяют следующие группы детей с ООП:

1 – группа: дети с нарушением психофизического развития: нарушением слуха, зрения, интеллекта, речи, опорно – двигательного аппарата, задержкой психического развития и эмоционально – волевыми расстройствами.

2 – группа: дети со специфическими трудностями в обучении, поведенческими и эмоциональными проблемами. Специфические трудности отмечаются у обучающихся с сохранными интеллектом проявляются в усвоении отдельных учебных навыков: письма, чтения или счета (дисграфия, дислексия, дискалькулия). Эти трудности носят обычно временный характер и преодолеваются при условии оказания им помощи специалиста. Поведенческие и эмоциональные трудности могут быть вследствие особых проблем развития (синдром гиперактивности и дефицита внимания, негрубые расстройства аутистического спектра и пр.) а также неблагоприятных психологических факторов (нарушения воспитания в семье, детско – родительских и внутрисемейных отношении), что приводит к различным трудностям общения со сверстниками и учителями (робость, замкнутость или же агрессивность, непослушание).

3 – группа: обучающиеся, у которых в силу социально – психологических, культурных, экономических, языковых причин возникают особые образовательные потребности. Это, дети из малообеспеченных семей, семей социального риска, а также испытывающие трудности адаптации к местному социуму (дети-мигранты, оралманы, беженцы) или плохо понимающих и неговорящих на языке обучения в школе [3].

Мы бы хотели остановится на 3-группе ООП, это дети испытывающие трудности адаптации к местному социуму (дети-мигранты, оралманы, беженцы) или плохо понимающих и неговорящих на языке обучения в школе.

Какие же проблемы испытывают дети-мигранты и с какими барьерами они сталкиваются, обучаясь в образовательной организации? В современных отечественных и зарубежных исследованиях выделен следующий ряд проблем:

1. Педагогические (трудность в принятии норм и правил образовательной организации, системы образования в целом, трудность адаптации к учебной деятельности, сложность в освоении учебного материала).
2. Психологические (трудности концентрации внимания, трудность в общении, ярко выраженная тревожность, чувствительность).
3. Социальные (нетерпимое отношение со стороны сверстников, педагогов, материальные трудности в семье, проблема адаптации к социуму, принятым в обществе правилам и нормам).
4. Культурные (незнание культурных особенностей, ценностей, норм в обществе, культурные различия, страх потери собственной культуры).
5. Языковые (незнание языка, особенностей коммуникативного поведения, принятых в обществе, правил вербального и невербального общения, коммуникативные барьеры).

Интересны исследования зарубежных ученых в данной области. Психологические аспекты адаптации мигрантов изучены в трудах Д.З.Ахметова, D.L. Sam, K. Short, M. Suarez

Orozco, J. Clabby, V. Callan. Исследования по проблемам языковой адаптации детей мигрантов проводятся Национальным центром билингвального образования Вашингтона, Центром исследования благополучия детей (г. Принстон).

На наш взгляд, для того, чтобы создать инклюзивную среду, необходимо наличие следующих педагогических условий: учет социокультурных и национально-психологических особенностей детей-мигрантов, повышение межкультурной компетентности всех субъектов образовательного процесса, формирование готовности детей мигрантов к обучению, непрерывное сотрудничество педагогов образовательного учреждения с членами семьи детей – мигрантов [4].

На уроках мы для таких учеников заранее подготавливаем задания, тестовые материалы со словарем на их родном языке, так со временем они адаптируются и перестают быть пассивными на уроке.

Для педагогов общего образования РК, которые в настоящее время внедряют принципы инклюзивного образования важно понять, что ученик с ООП, это любой обучающийся, испытывающий трудности в обучении.

Детям-мигрантам необходима поддержка со стороны взрослых и своих сверстников для их успешной социокультурной адаптации в новой среде. На наш взгляд, именно образовательная организация играет важную роль в ускорении адаптационных процессов, в повышении уровня межкультурной осведомленности детей-мигрантов, что в дальнейшем успешно влияет на их социальное и психологическое благополучие.

Необходимо помнить о том, что готовых рецептов (методик, технологий, приемов), которые могли бы использовать педагоги в конкретных ситуациях, не бывает, так как каждая личность ребенка уникальна и неповторима, каждая образовательная ситуация специфична. Педагоги и специалисты тоже отличаются друг от друга уровнем профессионализма и творческими способностями. Каждая образовательная организация должна стремиться создавать собственные подходы, методики, условия с учетом законодательной базы инклюзивного образования, материально-технических условий, профессиональных компетенций педагогов.

Литература:

1. Кузьминов Р.И. Современные стратегии и модели обучения – теоретическая основа выбора педагогом содержательных и процессуальных образовательных альтернатив// https://superinf.ru/view_helpstud.php?id=4063. Дата обращения 10.08.2022.

2. Пенин Г.Н. //Образование для всех// журнал №3. 2021. С.41-46

3. Образовательная программа курса повышения квалификации «уроки естетсвознания и географии в школе: фокусы и стратегии улучшений» руководство для слушателей // Центр педагогического мастерства/ Нур-Султан-2022. С.12-19.

4. Ахметова Д.З., Морозова И.Г. Дети – мигранты в инклюзивной среде//Методическое пособие/Казань. Познание – 2015.

МАМАНДЫҒЫМ МАҚТАНЫШЫМ

Кенжебаева Гулмира Дуйсенгалиевна
Ақтөбе облысы Шалқар қаласы«Бәйтерек» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

Мәңгілік ел болу жолында ұрпаққа тәрбие беру үшін басынан бастап өзекті мәселелерді қолға алу қажет.Дүние есігін алғаш ашқан әр сәби отбасында ата-әжесінің,әке-анасының және бауырларының махаббаты мен жылулығына бөленіп өседі.Әр отбасында берілетін тәрбие түрліше болады.Өздерінің қалыптасқан отбасылық құндылықтары арқылы тәрбиеленеді.Ал білім мен тәрбие беретін балабақшада жаңашылдық пен замануилықты ұштастыра отырып,елін сүйетін,адамгершілігі қалыптасқан ұрпақты тәрбиелеуге үлкен жауапкершілікпен қарайды.

Балабақша баланың өмірге аттаған алғашқы қадамы.Басқан алғашқы қадамынан баланың болашағы қаланады.Әрбір кішкентай ғана бүлдіршінді өмірге енді аяқ басқан сәтте көңілінің кілтін тауып,олардың тұлға болып қалыптасуына сүбелі үлес қосатын алтын ұя.Аса сабырлықты, шыдамдылықты,жылулықты қажет ететін үлкен кәсіп иелері жұмыс атқарады.Өйткені бұл мамандық иелерінің мойнына,ешнәрседен хабары жоқ,мыңдаған тарыдай ғана бүлдіршіндердің бойына білім нәрін сеуіп, тәрбие ұрығын егіп,таудай азамат,азаматша етіп шығару міндеті жүктелген.Ары қарай өмірдің өсу сатысында білім мен тәрбие ұйымдарында қалыптасқан бір ізділік жүйе арқылы өз көзқарастарын қалыптастырып, танылып,жеке тұлға ретінде қоршаған ортада өз орындарын табады.

Менің өмірдегі бақытым-жүрек қалауыммен тәрбиеші болу.Тәрбиеші болу жәй ғана мамандық емес.Ол адам бағдарын жасаушы.Алғашқы сәбилердің сыңғырлаған күлкісі,балдай тәтті сөздері,мөлдіреген көздері,бәрі-бәрі өте қызықты сәттер болады.Бала өмірдің гүлі,отбасы дәнекері,ана ғұмырының жалғасы,ең бастысы біздің қоғамымыздың алға қарай дамытушы болашағы.Сондықтанда жас ұрпақты заман талабына сай,көздің ғана емес,көңіл қуанышы етіп тәрбиелеу-басты міндет.ПедагогК.Д.Ушинскийдің егер педагогика адамды жан-жақты тәрбиелегісі келсе,оны жан-жақты білу керек деген терең мағыналы сөзін жадыма сақтай отырып,білімімді тереңдетіп,ізденуді мақсат еттім.Кішкене сәбимен сөйлесе білу де үлкен өнер.Олар бір нәрсені естігені мен көргендерін есте сақтағыш,тез қабылдағыш,мейлінше сенгіш,барынша таза,адал,көңілді,білуге,тануға құмартқыш келеді.

Менің педагогикалық ұстанымым балаларды денсаулығы мықты адам етіп қана өсірмей,сонымен қатар кең пейілді,ақылды,жауапкершілігі бар адам етіп тәрбиелеу.Көздері қарақаттай мөлдіреген балалардың менің өткізген іс-әрекеттеріме қызығушылықпен қарап отырғандарын ұқтым.

Білуге,үйренуге құштар балаларды көргенде менің шабытым артып,тағы бір арман пайда болады. Кішкентай балғын балалар,болашақ үздік шәкірттерімді қалай қалыптастырамын,отанын сүйетін адам етіп тәрбиелеуге өзіндік үлесімді қома аламын ба?-деген сұрақтар мазалап,жаңа жоспарлар құруға жол ашты. Баланың бойында имандылық, көркем қасиеттерді сіңіру басты мақсатым болды.

Тәрбиеші баланы жан тәнімен сүюі керек.Алдымен рухани қуат беруі қажет.Мейірімділік,шыдамдылық,кешіре білу,баламен тең жағдайда сырласу,оның мүмкіндіктеріне сену,ойын әрқашан құлақ қоя тыңдау тәрізді қасиеттері ғана арқылы мен өз мәртебемді көтере аламын.Балаға үнемі қолдау көрсету-менің ізгі ұстанымым.

Атақты ұлы педагог Амонашвили «Тәрбиені бұл-өзге адамның дамып жетілуін өз жауапкершілігіне алатын кәсіби адам» деп атап өткен.Біз ата-аналармен бірге балаларды тәрбиелей отыра еліміздің болашағын құрамыз.

Тәрбиеші-бала және оның ата-анасымен тіл табыса білетін,қиын ситуациялардан шыға білетін жақсы психолог болуы керек.Сонымен қатар замануи тәрбиеші балаларды

сүйеді,балаларға балабақшада психологиялық қамқорлық жасайды.Баланың ойнауына,еңбек және білім алуына жағдай туғызады.Баланың дамып жетілуіне ат салысады.

Баламен жұмыс жасау-үлкен бақыт.Себебі тек қана бала ешнәрсеге алаңдамай мейірімділікке сенеді.

Менің мамандығым әлемдегі ең қажет мамандықтардың бірі.Сондықтан мен мамандығымды мақтан тұтамын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Сауат ашу мен жазу. Оқулық. Әмірова Әмина Слямхановна
2.Бала тәрбиесі №1,№3.2011ж
3.Бала мен балабақша №1.2011ж
4.Жұмабаева М. Педагогика-Алматы, Ана тілі 1992ж

БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУДА ОҚУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТІН БЕЛСЕНДІРУ ЖӘНЕ ИНТЕНСИВТЕНДІРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Кенжебаева Рузия Казбековна
№4 Қандыағаш қалалық жалпы білім
беретін орта мектебінің педагог – психологі

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген. Бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға мүмкіндік береді. Мектепте оқыту үдерісінде дидактикалық ойындар әрі оқу, әрі ойын қызметін қатар атқарумен ерекше орын алады. Ойын – балалар әрекетінің бір түрі, оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мақсатындағы қарым-қатынастың әдісі мен құралы. Ойын әрекеті естің, ойлау мен қиялға, барлық таным үдерісіне әсерін тигізеді. Ойын – балалардың шынайы ойлап тапқан шындығына тез, еркін енуіне, өзіндік «Менін» қалыптастыруға және шығармашылыққа, белсенділікке, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді. Ойын – әрқашан білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды. Н. К. Крупская «Қандай ойын болмасын баланы бір нәрсеге үйретеді. Ең бастысы, баланы мұқияттылыққа, еңбекке, жолдасымен ынтымақты болуға үйретеді» – дейді. Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездесетін қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады деген. Н. Ф. Талызина «Алты жасарлар ойнай отырып, логикалық қабылдау арқылы оқуды және математиканы таным қызығушылығын меңгереді деген. Бұдан бірте-бірте ойыннан кейін оқу әрекеті орын алады», – деген пікір айтты. В. В. Давыдов оқушыларда танымдық проблемалық міндеттерді шештірудің жолдарын іздестіру арқылы шығармашылық тәжірибені меңгертуге болады, яғни соның нәтижесінде білім-білік, дағды дүниеге көзқарасын қалыптастыруды көздейді. Н. К. Крупская өз еңбектерінде бала өмірінде ойынның маңызының зор екенін көрсеткен. Балалар бір-бірімен ойнау арқылы қарым-қатынас жасауға, ұйымшылдыққа, еңбекке, мұқиятшылдық жағдайы ойын мазмұнына қарай шамалы уақытта ғана көрінетін дәлелдер. Психолог А.С.Выготский: «бала ойнау барысында өзінің кішкентай екеніне қарамастан оның ойлауы, іс-әрекеттері көп жағдайда ересек адам сияқты көрінеді» - дейді. Я.А.Каменский «ойынды рухани және дененің даму қозғалысы» - деді. Ойындар баланың жасына, халықтың әдет-ғұрпына сәйкес болу керектігін айтты. К.Д.Ушинский сабақ үйрету барысында ойын элементтерін орынды қолдану оқушылардың білім алу процессін жеңілдетеді – деді.

Жоғарыда айтылған мәселелерді теория және практика жүзінде ұлы педагог В.А. Сухомлинский терең және жан-жақты қарастырған. Ойын үстінде оқушылар өзі үшін жаттығулар орындап, оқумен жаттығады және ойын үстінде салыстыру арқасында тапсырмаларды орындауға тырысады, ойын оқушыларды ізденуге, жеңіске жетуге ынталандырып, бұдан оларды тез қимылдауға, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға және тапсырманы нақты орындауға әкеледі. Әрине, бұл жерде ойын ережесі сақталуы керек. Жарыс элементі ойында әрқашанда маңызды болып келеді. Жарыста балалардың белсенділігі, жеңіске жету еркіндігі жоғарлай түседі. Ойынды таңдау кезінде оқушылардың техникалық деңгейін, сапасына қарай белгілі бір жүйеде жүргізілуін есте ұстаған дұрыс. Ұлы класик педагогтар Я.А.Каменский, И.Песталоцци, А.Макаренко, Н.К.Крупская, В.А.Сухомлинский және қазақ халқының ағартушы педагогтары А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаевтар, ойынның маңызын айта келе, ойын дегеніміз – айқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты деп көрсеткен. Міне, ойын – тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиялы қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе, өмір тынысы дейді. Ойын – оқу үдерісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Ойын – оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыратын құрал.Оларға пайдаланылатын ойындар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай күрделеніп отырады. Мұғалім оларды жалықтырмай әр түрлі ойын түрлері мен сабақты қызықты өткізуі керек. Ойын әрекетінің қызықты болуын қамтамасыз ететін, баланың танымдық қызығушылығы сапаларын дамытатын басты нәрсе: білім, әрекет, қарым-қатынас. Міне, осы жағдайларды ескере отырып,ойын түрлерін төмендегідей жүйеленеді:

1. Мазмұнды бейнелі ойын: отбасы, балабақша, мектеп, аурухана, ұшқыштар, мал фермасы, құрылысшылар, мұнайшылар,теміржол,теңізшілер;
2. Қимыл-қозғалыс ойындары: «ақ серек, көк серек», «ұштыұшты», «аңшылар», «сиқырлы таяқ», «мысық пен торғайлар», «бақташы мен қозылар», «соқыр теке», мысық пен тышқан;
3. Дидактикалық ойындар: заттардың түсін анықта, қуыршақты серуенге дайында, орныңды тап, ойлан тап, түсті лото, тез ретке келтір, көршілер, аралар, дүкен, сен жалғастыр, дәл тауыпайт,т.б.
4. Құрылыс ойындары: лото, және басқа констукторларды пайдалану;
5. Рөлді-сюжетті ойындар: ертегі, әңгімелерді рөлдерге бөле отырып орындау, сахналық көрініс көрсету.

Ұлттық ойын ойнау баланың салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына деген сүйіспеншілігін арттырады және адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады. Еңбек ету барысында ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздық сезімдер сияқты қасиеттер қалыптасады. Ойын әрекеті балалардың бағалы өмірінің алғашқы күндерінен бастап-ақ маңызды зор халық жасаған мұралар сан алуан. Солардың бірі ұлт ойындары. Ойынға тек ойын деп қарамай халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қарау керек. Ұлт ойындары отбасы тәрбиесінен бастап, мектептегі жеке пәндерді оқыту барысында қосымша материал үшін, баланың сол пәнге қызығушылығын арттыру үшін пайдалануға болады. Оқушының бәрі жақсы оқығысы келеді. Оқушылардың кейбіреулері мұғалімнің түсіндірген сабағын тез ұғады, кейбіреулері керісінше. Сондықтан барлық оқушыны білімге бірдей жетелеу үшін өз мүмкіндігіне сәйкес сабақты меңгерту, тілін, ой ұшқырлығын дамыту, өзіндік пікір айтуға жағдай жасау еркін шығармашылыққа жетелейтін, пәнге қызығушылығын арттыратын әдістің бірі – грамматикалық ойынның түрлері. Ойындарға материалды таңдап алуда төмендегідей жайттарды ескеру керек:

- Ойындарды пайдалануға оқу материалы мазмұнының мүмкіндіктері.
- Білім көлемі мен сипаты, оларды меңгерудің қолайлығы.

- Ақыл-ой іс-әрекеті тәсілдерін қалыптастырудың алғышарттары. Ойынның құрамына қойылатын талаптар ойынның мақсаты, мазмұны және формасы арқылы анықталады.

Ойын дегеніміз – жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үдеріс. Ойын-төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденімпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігінің, көп білуді, сондай-ақ басқа да толып жатқан сапалылық қасиеттерді қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық, тиімді әдістердің бірі. В.А.Сухомолинскийдің сөзімен айтар болсақ, «Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дегеніміз – ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты.Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді. Ойын арқылы оқушы нені меңгереді? Оқушылар нақты қызмет тәжірибесін меңгереді. Оқушылар тек бақылаушы ғана емес, өздері қатыса отырып қиын мәселелерді өз бетінше шеше білуге үйретеді. Оқу процесінде алған білімді нақты істе қолдана білуге мүмкіндік береді. Оқушы әрекетіне негізделген оқу көлемін басқарады.Уақытты үнемдеуге үйретеді. Оқушылар үшін психологиялық жағымды.Ойын барысында шешім қабылдау оқушылардан аса жауапкершілікті талап етеді.Оқушылар үшін қауіпсіз.Кейде қарапайым оқу қызметімен салыстырғанда көп уақыт мөлшерін алады.Ойын материалдары дәстүрлі оқу материалдарымен салыстырғанда күрделірек.Кейбір ойын түрлерінде қатысушылардың саны шектеулі. Ойын нәтижесі, өз жетістіктері, әсерлері, алған білімі, дағдысы жөнінде оқушылар ата-аналарымен, өзге балалармен, мұғалімдермен көбірек әңгімелеседі, кітапханада өз бетімен іздене білуге, қажетті материалдарды іріктей білуге үйренеді. А.С.Макаренко: «Ойын – балалар өмірінде өте маңызы зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе, сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер, ең алдымен, тәрбиені ойын арқылы алады», – деп балалар ойынын жоғары бағалаған. Ойын технологиялары әлі де білім беру саласында жаңа инновация болып табылады. Педагогикалық технология ұғымы түрлі педагогикалық ойын түрлерін педагогикалық үдерісте әдістер мен тәсілдердің кең көлемді топтарын біріктіреді, оның жалпы ойындардан ерекшелігі оқытуда нақты мақсатының қойылуымен және оның оқу-танымдық бағыты сипатталған, негізі салынған педагогикалық нәтижесіне сай анықталады. Ол үшін сабаққа сыныптағы оқушының барлығын қызықтыра отырып қатыстыру қажет. Бес саусақ бірдей емес, яғни әр оқушының сабаққа қызығушылығы, дүниетанымы, дамуерекшеліктері әртүрлі. Ойынды іріктеп алуға нақтылы сабақтың мақсаты, мүмкіндіктері мен жағдайларын ескеруге ерекше назар аударған жөн. «Ойыннан басталады», – десек, баланың ойын жетілдіріп, сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттыру үшін бастауыш сынып мұғалімінің басты қолданатын тәсілі – ойын. Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері – мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатпен тыңдап, жемісті, сапалы меңгеруіне сенімді көмекші бола алады. Өйткені кіші жастағы оқушылар жас ерекшеліктеріне байланысты ойынға өте ынталы келеді. Балалар тез сергіп, тапсырмаларды тез, әрі қызығып орындайтын болады. Әр сабақтың тақырыбына сай ойындарды пайдаланып отыру оқушылардың тіл үйренуге деген қызығушылығын, ынтасы мен зейінін арттырады. Басты мақсат – ойын әрекеттері арқылы тілдік материалдарды меңгертіп, сөздік қорды молайтып, тілдесу әрекетіне жетелеу. Ойын барысында грамматикалық анықтамаларды, тілдік нормаларды игерту мүмкіндіктері мол болады. Әр сабақта ойын түрлерін орынды қолданып, оны қызықты етіп өткізу арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген ынта-ықыласын, пәнге қызығушылығын арттыруға болады. Ойын баласы сабақта зерігіп, шаршаған кезде қолданылатын ойынның бір түрі «сергіту сәті». Сабақта сергіту сәтін өткізгенде оқушының шаршағанын басу үшін ғана емес, оның тәрбиелік мәніне де назар аудару қажет. Қорыта айтқанда, кез келген ойын түрлерін сабақта ойнатқанда оқушыларда әрекет пайда

болады, дүниетанымы кеңейеді. Сөйтіп оқушы ой-өрісін ойын арқылы дамытады. Ойындар – оқушылардың сабаққа белсенділігін, қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін ұштайды. В. А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімін, өзін қоршаған дүние туралы ұштастырады. Білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты», – деген екен.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Е. Сағындықов Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Рауан, 1993.
2. Қ. Жарықбаев; С. Қалиев Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы, 2000.
3. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы, 1994.
4. Крупская Н. К. Таңдамалы педагогикалық шығармалары. – Алматы. 1973.
5. Ф. Б. Бөрібекова Н. Ж. Жанатбекова Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар – Алматы 2014ж

ОҚУШЫЛАРҒА САРАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫН БЕРУ АРҚЫЛЫ ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫ МЕН БІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кенжебаева Самал Алдабергеновна
Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66 ЖББОМ

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің барлық сатыларының алдында тұрған көкейтесті мәселелерінің бірі білім сапасын арттыру, оның әдістемесін жетілдіру жас ұрпақтың тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасау. Осыған сәйкес бүгінгі күн талабы — баланың ақыл-ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, тілін дамыту, заман талабына сай оны жүйрік етіп тәрбиелеу.

Саралап оқыту - бұл білім алуға бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әр мұғалімнің жетекшілігімен жүргізіледі. Біз қарастырып отырған саралап оқытудың теориялық негізін Л.Выготский, А.Леонтьев, Б.Ананьев, С.Рубинштейн т.б ғалымдар жасаған. Ал, бастауыш мектеп кезеңіндегі саралауға байланысты мұғалім әрекеттерін В.Давыдов, Л.Занков, Ш.Амонашвили т.б зерттеулерінде қарастырылған. Оқушылардың білім алуын басты қағидат ретінде ұстана отырып, мұғалімнің оқу-әдістемелік шеберлігін жетілдіру, оқушылардың білім алу іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру. Мектепте оқыту теориясын практикамен ұштастыра жан бітіретін мұғалімнің әдістемелік білім-білік дағдыларын іс-әрекет обьектісіне айналдыру қажет.

Сабақ өту барысында мұғалім оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын оята отырып, олардың енжар қалмай, белсенді түрде сабақты меңгеруге талпынысын ояту. Білім берушінің теория мен практиканы ұштастыра отырып берілген білімнің сапас іс-әрекеттерді баса назарда ұстауы қажет.Білімді меңгертуді іске асыру, оның орындалуын бақылау, орындау барысындағы қажеттіліктерді тиімді шешу арқылы оқушылардың білімін бағалау. Оқушылардың білімін бағалауда қателерін түзету, іс-тәжірибе түрінде дәлелдеп көрсету, түсіндіру жұмыстары баса назарда болуы қажет. Оқушылардың өтілген сабақты жете меңгеруі үшін олар сабақты түсіндіру барысында бар ынта-шынтасымен тыңдауы керек, теория мен практиканың ерекшеліктеріне баса назар аудару қажет, білім беруші оқушының жаңа сабақты меңгеруіне қызығушылықтарын оятатындай әдіс-тәсілдерді жас ерекшеліктеріне қарай таңдап алуы тиіс.

Оқушыларға саналы да сапалы білім беру үшін мұғалім оқытудың активті-интерактивті тәсілдерін, заманауи әдіс-тәсілдерді оқушының жас ерекшеліктеріне қарай таңдап ала отырып,

оны жеткізудің тиімді жолдарын жіті меңгеруі керек. Оқушылар жаңа сабақты меңгергенде танымдық-тағылымдық мәні бар дағдыларды анықтау барысында ғана өздігінен білім алуға деген нық қадаммен талпыныс жасауға итермелей алады.

Білім берушінің басты назарға алатын негізгі міндеті болып саналатын оқушының білімін арттыру мәселелеріне мыналар жатады:

Сабақтың ұйымдастыру кезеңіндегі берілетін білімнің негізгі мақсаттары мен міндеттерін айқындау. Өтілетін тақырып бойынша қандай іс-әрекеттер жасау керек, оны қалай іске асыру керек деген мәселеге қатысты іс-әрекеттерді нақтылау. Оқушылар жаңа білімді меңгеру барысында қандай бағытта жұмыс жасау қажеттіліктері анықталып, оларды іске асыратын қажетті материалдық жабдықтарды дайындау. Әрине, ол іс-әрекеттердің барлығы да оқушының жас ерекшеліктерін баса назарда ұстау қажет.

Оқушы ұсынылған көрнекіліктер негізінде жаңа тақырыпты байыппен бақылап, байқап, тапсырмаларды орындағаннан кейін меңгерілген білімді бөліп алуға болады. Ереже негізінде орындалған жаттығулардың сәйкестілік жолын, орындалу ерекшеліктерін, ереже бойынша қандай нәтиже шыққандығын айқындайды. Мұғаліммен бірге орындалған жаттығуларды егжей-тегжейлі саралап, меңгерілген теория мен практиканың сәйкестілігі нақтыланады.

Ұсынылған материалды рет-ретімен меңгеру барысында оқушылардың қызығушылығы, меңгеруі, есте сақтай отырып ары қарай алып кету қағидаттарының амал-әрекеттері белсендіріледі. Сол себепті де жаңа сабақты түсіндіру барысында оқушының қаншалықты меңгергендігі берік білімнің тетігі болып табылады. Жаңа сабақты өту кезінде ең алдымен оқушының сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру жолдары басты назарда болуы қажет. Себебі, біз қызығушылық тудыру арқылы оқушыны шығармашылық ізденіс жұмыстарына бағыттай аламыз. Мұндай көрсеткішке қол жеткізу үшін оқушылардың білім деңгейі мен жаңашылдықты қабылдау дәрежесін бақылай отырып, соған сәйкес сабақта берілетін білімнің құрылымын нақтылап аламыз, белгілі бір бағытта оқушыны тиянақтылыққа, зейін сала отырып тыңдауға және оқушының ой-түйсігіне сәйкес қарапайым тілде, нақты әрі ықшам түрде меңгеруін бақылауды негізгі ұстанымдардың бірі ретінде бекіту керек. Жаңа сабақта берілетін материал мен өтілген сабақтың мәліметтерін өзара байланыстыра отырып, миға шабу тәсілі негізінде сұрақтарды оқушылардың білім деңгейлеріне сәйкес қоя отырып, берілген білімнің есте қалу мүмкіндіктерін ұлғайту. Осы тұста, оқушыларды бір сарынды теориялық білім беру негізінде жалықтырып алмас үшін түрлі ойын түріндегі дидактикалық материалдарды орынды пайдалану арқылы оқушылардың өз бетімен шығармашылық жұмыс жасауына ынталандыру қажеттілігі айқындалады.

Қазіргі таңда, білім беру жүйесінде тесттік бақылау жұмыстары кәптеп пайдаланылуда. Бұл тесттік жүйе оқушының есте сақтау қабілетін нақты бір арнаға бағыттай отырып, біліміндегі кемшіліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушылардың әз бетінше орындайтын виртуалды тапсырмалары арқылы да олардың жеке-дара іс-әрекеттерін, тығырықтан шығу жолдарын анықтау үшін ойлау қабілетін шығармашылық белсенділіктерімен байланыстыра отырып білімін арттыру. Виртуалды тапсырмалар арқылы оқушы білімінің тек сабақ уақытымен ғана шектеліп қалмай, сабақтан тыс уақытта да қызығушылығын ояту төңірегіндегі мәселелерді көтере отырып, белгілі бір шығармашылықпен айналысуына бағыт-бағдар беру қажет. Сол арқылы біз оқушылардың қаламынан туындаған тың туындыларды көре аламыз деген үміттеміз.

Өзіндік жұмыс оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, логикалық ойлау, шығармашылық қаблеттері мен қызығушылығын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту. Мұғалім сабақта әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс-тәсілдер арқылы әткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлануына және қиялына негізделіп келеді, баланың терең жатқан ойын дамытып, қабілеті әртүрлі балалардың

ортасынан қаблеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан-жақты тану, оқушылардың шығармашылық деңгейін бақылап отыруға негізделеді. Оқушыға өзіндік жауап жұмысын жазуға итермелеу оларға өздерінің мықты тұстарын және білім алудағы ыңғайлы тәсілдерін қолдануға мүмкіндік береді. Сабақтарда оқушыларға тапсырма түрлерін таңдауды ұсыну тиімді. Егер оқушылар түсініктермен жұмыс істеп жатқан болса, оларға, мысалы, білімді өзіндік қабылдауына визуалды интерпретация, көрініс не сөз сөйлеуге сценарий жазу немесе бірқатар сұрақтарға жауап беру деген сияқты тапсырмалардың біреуін таңдауға мүмкіндік беру. Оқушылардың шағын топтарымен жұмыс істеу - бұл мұғалімдерге әрбір оқушының нақты қажеттіліктерін қанағаттандыруға және мақсатты кері байланыс беруге мүмкіндік беретін дифференциация стратегиясы.

Сабақ кезінде әртүрлі қабілетпен, дайындық деңгейімен келіп отырған оқушыларға жаңа ақпаратты меңгертіп қана қоймай, оған қоса сол ақпаратты басқа, тиімді жолмен ұсына отырып, әмірмен байланыстыруға да болады. Әрбір оқушыға кез-келген ақпараттарды тиімді түсіндіруге болады. Алайда оқушы тілін табудың ең тиімді жолы – бұл дәстүрлі әдіс-тәсілдермен қатар, жаңа тиімді әдістерді кең қолдану.

Заманауи білім беру жүйесінде жас ұрпақты білім алуға қызығушылығын оята отырып, саналы, білімді ұрпақ тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Бұл мәселені шешуде ана тілінің алар орны ерекше. Білім нәрін ана тілімен сусындандыра отырып, білім алушының пәнге деген қызығушылығын, ынта-жігерін ояту негізінде заманауи білім беру. Пән бойынша берілетін мәліметтерді шынайы әмірмен байланыстыра отырып түсіндіру, мысалдар келтіру оң нәтиже берері хақ. Бұл нәтижеге жету үшін сабақ әту барысында әрбір оқушының қызығушылығын, кәзқарасын, әзіндік ерекшеліктерін анықтап, оны дұрыс бағытта қолдана білу қажет. Қорыта айтқанда, болашақтың бәсекесіне қаблетті XXI-ғасыр шәкіртін тәрбиелеу білім беру саласының еш назарынан тыс қалған емес. Соған сай әр ұстаз - XXI ғасыр мұғаліміне сай болу үшін - ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, жан-жақты шебер, тынымсыз еңбекқор, терең қазыналы білімпаз, гуманист, белсенді патриот болғанда ғана қоғамның мықты да білікті, жоғары мәдениетті, жан-жақты дамыған, шығармашылығы жоғары деңгейлі жеке тұлғаны қалыптастырып, тәрбиелейтінімізге нық сенім білдіремін.

Қолданылған әдебиеттер:

1.Кобдикова Ж. Орта мектеп білім алудағы технологияландыру (саралап деңгейлеп оқыту) 2002 жыл

2. Қайдар Ә. Қазақ тілінің әзекті мәселелері. –Алматы: Ана тілі, 1998 ж.

3. С.Мираситов Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде.

4. Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері.Қарағанды, 2011 ж.

5. М.Рахымбаева Оқыту мен оқулықтағы сыни сұрақтардың танымдық және метанымдық рәлі. Астана, 2018 ж.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ МЕН ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кенжебекова Гулшара Адилжановна, Муратова Гүлзия Сергейқызы
Ақтөбе қаласы №31 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімдері

Мектептегі оқыту процесі сауат ашудан басталатыны белгілі. Сондықтан оның балаға ана тілін оқытып үйретуде алатын орны да ерекше. Сауат ашу жұмысының негізгі міндеті – балаға хат таныту, яғни оған оқу мен жазуды үйрету. Сонымен қатар, сауат ашу барысында оқушылардың тілі мен ой –өрісін жетілдіруге де баса назар аударылады. Соның нәтижесінде жас ұрпаққа тиісінше жалпы білім негіздерін меңгертіп, адамгершілік, патриоттық тәрбие беруге негіз қаланады. Демек, сауат ашу білім мен тәрбие алудың кілті іспеттес. Сауат ашудың негізгі мақсаты-болашақ ұрпаққа терең білім мен өнегелі тәрбие беру, сол арқылы оларды өмірге, өз Отанын, ел – жұртын шексіз сүйе білуге тәрбиелеу, білім берудің негізгі бағыттарына қойылатын негізгі талаптардың ішіндегі аса күрделісі – алты жастағы балаларды сауаттандыру мәселесі. Өйткені мектеп есігін алғаш ашқан баланы оқытудың өзіндік қиындықтары бар. Ол қиындықтар балалардың физиологиялық – психологиялық өзгешеліктеріне байланысты. Себебі сауат ашу жұмысы оқушылардың оқуға, ой еңбегіне қажет белгілі бір қабілет бейімділікті талап етеді. Жалпы сауат ашудың нәтижелі болуы даярлық кезеңінде жүргізілетін жұмыстардың мейілінше сапалы болуына байланысты. Демек, сауат ашуға даярлық жұмыстарын дұрыс ұйымдастырып, ұқыпты жүргізуге баса назар аударылады. Сауатты жазуға үйрену жұмысы грамматикаға сүйенеді. Олай болса белгілі бір жазу ережесіне негіз болатын грамматикалық құбылыстар сапалы түрде ұғындырылып, содан кейін қорытынды шығарылуы қажет. Дұрыс, сауатты жазуға үйрену үшін сөздерді дыбыс құрамына, буын жігіне ажырату жұмысы әріп қалдырып кетпеуге, әріп алмастырып алмауға бір сыпыра көмектеседі. Сөздердің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін, теріс жазылуынан мағына бұзылатынын балаларға ережені түсіндіргенде де , жаттығулар жүргізгенде де, олардың жазуларындағы қателерді түзеткенде де көрсетіп, түсіндіріп отырудың пайдасы көп. Сауат ашу кезінде оқу мен жазу жұмыстары өзара тығыз байланыста болады. Жақсы оқи алатын бала таза да сауатты жаза біледі, ал жазуды жақсы меңгерген оқушы оқуды жеңіл меңгереді. Бір сабақтың өзінде оқу қызметі мен жазу жұмысы бірін-бірі алмастырып және бірін меңгеруге екіншісінің көмегі тиіп отырады. Жазу, таза жазу, дұрыс жазу, сауатты жазу – қай тілдің болмасын басты ұстанымы. Сауатты жазудың алғышарты бастауышта қаланады. Мектеп табалдырығын аттаған балаға бірінші сыныптан бастап дұрыс сөйлету үшін сөздердің дыбыстық жағы, дұрыс айтылуы қадағаланады. Оқушының орфографиялық нормаға сай дұрыс жазуы – бастауыш сынып мұғалімінің маңдай терінің жемісі. Бастауыш сыныпта бағдарламаға сәйкес жоғарыда көрсетілген білім-білік дағдылары қалыптасқан оқушылар сауатты жазуға дағдылану барысында графикалық түрде қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне ие болады. Осы арқылы жазуын ғана емес, сөйлеуін және таным мүмкіндіктерін жетілдіре алады. Таза жазу дағдысының алғашқы бастамасы әріптің әрбір бөлігін дұрыс сызып көруі арқылы қалыптасады. Әдетте, мұғалім тарапынан оқушыға әдемі, сауатты жаздыру ғана емес, оқушының бүкшимей, басын тым төмен салбыратпай, денесін тік ұстап, өзін дұрыс игеруіне қатты көңіл бөлінеді. Оқушылар жазу ережесін сақтап отырғанда ғана дұрыс жазуға үйрене алады. Сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларына жазуға төмендегі талаптар қойылады, және бұл талаптар бастауыш мектептің барлық сыныптарында жазу жұмысының барысында орындалып отыруға тиіс: · әріпті дұрыс жазу, дәптердің көлденең сызығынан ауытқымау; · әріптердің элементтерін жазғанда ұзынды-қысқалы қылмай, тегіс, бірдей жазу; · әріптердің бірін оңға, бірін солға қисайтпай, барлық әріпті бірдей, оңға қарай сәл көлбете жазу; · әріптердің, сөздердің арасындағы қашықтықты бір қалыпты сақтап отыру, бірте-бірте жазу

қарқынын тездете түсу. · түрлі диктанттар жаздыру, әсіресе, сөздік диктантының маңызы зор. · тақырыпқа байланысты орындау шарты әртүрлі болып келген жаттығуларды орындату; Ғалымдар зерттеуі іскерлік ойындардың оқушылардың оқу үлгеріміне жақсы әсер ететін дәлелдеп отыр. Мен өз сабақтарымда іскерлік ойындарды оқытудың тиімді, үнемді, негізгі әдістерінің бірі ретінде қолданамын. Олар оқушыны қысым жасамай оқытуға мүмкіндік береді, оқушының оқиғаны терең толғаныстармен түсінуіне себепші болатынын байқадым. Алуан түрлі ребустар, сөзжұмбақтар, құпияхаттар, сөзтуымдар, логикалық есептер білім береді және оқушыларды ынталандырады. Математикада “Кім жылдам”, “Ең үздік есепші”, “Хоккей” ойындары тез санауға үйретеді. “Бағдаршам”, “Дым білмес”ойындары арқылы жол жүру ережелері қайталанады. Ал “ғарышкерлер” ойыны ғылым жетістіктерімен, “Футбол”, “Хоккей” ойындары еліміздің спорт шеберлерінің жетістіктерімен таныстырады. “Ағашты кім тез отырғызады” ойыны табиғатты күтіп ұстауға тәрбиелейді. Іскерлік ойындар ойнағанда бала нақты оқиғалардың куәгері болып еңбек етуге отбасылық өмірге, қоғамдық қатынастарға әзірленеді. Мұғалімнің алдында тұрған ең басты міндеті- оқушыларды сабаққа ынталандыра білу, сол арқылы тақырыпты білу, жете меңгеру. Ана тілі, дүниетану сабақтарын қызықты, тартымды өткізу үшін сабақтың әртүрлі әдіс- тәсілдерін орынды қолдануға тырысамын.

Жаңа технологияларды пайдалана отырып сабақта қолданылатын ойындарды мына төмендегі түрде қолданамын:

1) Оқыта үйрету ойындары. Бұл ойындарды сабақта да, сабақтын тыс шараларда да пайдалануға болады.

2) Тілдік ойындар: Ауызша сөйлеу және жазу машықтарын дамытуға арналған.

3) Драмалық, рөльдік ойындар. Қарым-қатынастарын жақсарту, ауызша сөйлеу, оқушы білімдерін әртүрлі жағдайларда қолдану машықтарын дамыту.

4) Психологиялық ойындар.

5) Грамматикалық ойындарт.б Сонымен бірге ұлттық ойын түрлерін де кезектестіре, сабақ тақырыбына байланысты пайдаланамын.

Жаңа материалдарды түсіндіру кезінде «Бәйге», «Көкпар», «Асық» секілді ойындарды ойнатамын. Қорыта келе айтарым баланың оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізілген жұмыстар осындай жұмыстар:

· Оқушылардың сауаттылығын қамтамасыз етуге, олардың сауаттылық деңгейін тексере отырып,білімдегі кемшіліктерді жоюға;

· Оқушының тіл байлығын арттыра отырып, ойлау қабілетін, байқампаздығын дамытуға.

Тіл дамыту сабағында оқушының шығармашылық даму кезіндегі қалыптасатын дағдылары:

Өз ойын-пікірін жеткізе білуге;

Ізденгіштікке ұмтылуға;

Құбылыстарды шынайы бағалай білуге;

Толық фантазиялық еркіндікке;

Орфографиялық сауаттылықты нығайту оң әсерін тигізіп, жақсы нәтиже береді деп есептеймін.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Кәдірова Іңкар Кәдірқызы
ЖОББ «Білім» мектеп-гимназиясы

Қоғамның бүгінгі басты бағыттарының бірі – білім беру үрдісін ақпараттандыру. Білім беру үрдісін ақпараттандыру – қоғамды ақпараттандырудың негізгі шарты. Өйткені, жаңа ақпараттандырылған қоғам жағдайында өмір сүріп жұмыс жасай алатын болашақ ұрпақтың даярлығы жүзеге асады. Сонымен қатар білім беру саласындағы өзекті мәселе – білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру болып отыр.

Шетел тілін жаңаша оқыту соңғы жылдары жоғары қарқынға ие болды. Ұстаздардардың сабақты жобалаудағы жауапкершілігі оқушылардың шетел тілінде нәтижелі тілдік қарым-қатынас жасауына мүмкіншіліктер туғызады. Олар аз уақытта жаңа технология жәрдемінде үлкен жетістіктерге жете алады. Оқудың дәстүрлі үрдісіне инновациялық технологияны ендіру, ұстаздарға дәстүрлі формаларды және әдістерді жетілдіруге мүмкіндік береді, сонымен қатар жаңаларды да, атап айтқанда: тренингтер, дөңгелек үстелдер, пресс-конференциялар және т.б.

Мұғалімдердің біліктілігі олардың педогогикалық қарым- қатынаста жағдаят жасауда көрінеді, онда ұстаздар да, оқушыларда да таңдау және бақылау мүмкіншілігіне ие болады. Инновация - дегеніміз тек қана жаңалық енгізу емес, сонымен қатар жаңаны дәстүрлі оқу-тәрбие үрдісінде қолдана білу.

Білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі өзекті мәселелердің қатарынан орын алуда. Шетел тілін оқытудың мақсаты субьектінің мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру десек, онда сол шетел тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану шетел тілін оқытудың мақсатынан туындап отырған қажеттілік болмақ.

Білім беру үрдісін ақпараттандыруда төмендегідей әдістемелік, педагогикалық міндеттерді шешуге болады:

Ø білім беруде көлемді ақпаратқа қол жеткізе алу; білім алуға мотивацияның жоғарылауы; өз бетінше жұмыс істеу; өзін-өзі бақылау және т. б.

Ø жеке тұлғаны жетілдіру (тұлғаның ой-өрісі, эстетикалық тәрбие, зерттеу жұмысымен шұғылдану іскерлігін дамыту, ақпараттық мәдениетін қалыптастыру және т. б.

Ø әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру (компьютерлік біліктілікті қалыптастыру, белгілі бір мамандыққа бейімдеу т. б.)

Ø оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру (білім берудің сапасы мен тиімділігін арттыру, танымдық әрекеттің мотивін қамтамасыз ету, пәнаралық байланыстарды тереңдету және т. б.

Сөз арқауы компьютерлік технологияны пайдалана отырып, шетел тілі сабағында интернет жүйесін қолдану мәселесі болмақ. Жаһанданған интернет жүйесін қолдану негізінде, тіл үйренушілердің сөз әрекетінің төрт түрінде де біліктілігін қалыптастыруға болады, жүйе материалдарын қолдану арқылы олардың оқу, жазу іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруға, сөздік қорын байытуға мүмкіндік туады. Интернет жүйесін пайдалана отырып, тілін үйренуші елдің өкілдерімен байланысқа түсе алады.

Оқушылардың шетел тілін үйренуге деген ынтасын арттыру олардың төмендегі шараларға қатысуы негізінде жасалынады: диспуттар, байқаулар, олимпиадалар және т. б.

«Интернет» деген термин ағылшынның «international net» деген сөзінен, аудармасында «халықаралық байланыс» деген ұғымды береді. Интернет жүйесі арқылы тіл үйренуші тіл өкілімен тура, тікелей байланысқа түсе алады, шетел тілі сабағында Интернетке қосылу арқылы шынайы қарым-қатынас үлгісін жасауға болады. Табиғи тілдік ортада тілді қарым-

қатынас құралы ретінде қолдана отырып, тіл үйренушілер айтылымдарға спонтанды түрде, түрлі тілдік формулаларды қолдана отырып, жылдам жауап беруге дағдыланады.

Интернет жүйесінің келесі ақпараттық қоры мен ресурстарын шетел тілі сабағында пайдалану бірден-бір тиімді болмақ:

Ø электрондық пошта (e-mail), телеконфереция, видеоконференция;

Ø жеке ақпараттарды жарыққа шығару мүмкіндігі немесе басқаша айтқанда Web серверге жеке шығару;

Ø ақпараттық каталогтар (Yahoo, InfoSeek/ UltraSmart, Galaxy) іздеу жүйесі (Altta, Vista, HotBob, Open Text), жүйе ішіндегі әңгіме(Chat).

Шетел тілі сабағында компьютермен жұмыс жасай отырып, оқушылардың психологиялық тұрғыдан да жеңілдіктерге ие болады. Атап айтқанда, оқушылардың жасаған әрбір жұмысына берілетін бағаның, олардың жасаған қатесін қайталаулар негізінде көрсете отырып, яғни жұмыс нәтижесін мақұлдап немесе белгілі бір дәрежеде қоштамай, өз пікірін білдіріп отыратын мұғалімнің тікелей қатыспауы, оқушыларға өз бетінше жұмыс жасап, өзіне сенімділік болуын қамтамасыз етеді. Бұдан мұғалімнің шетел тілі сабағындағы орнын жоққа шығару деген түсінік туындамауы керек.

Керісінше, пән мұғалімі тіл үйренушілердің жеке тұлға ретінде өз тапсырмаларын орындап, жұмыс қортындысын белгілейтін әлеуметтік-психологиялық жағдай туындата алатын, олардың жұмысына бағыт-бағдар беретін бірден-бір субъект.

Қазіргі уақытта шетел тілін оқытудың коммуникативтігі, интерактивтілігі, аутенттігі тілді үйрену үрдісінің мәдени контексте болуы үстемдікке ие болуда. Аталған ұстанымдар коммуникативтілік қабілетінің компоненті ретінде мәдениетаралық біліктілікті дамытудың алғышартын жасайды. Шетел тілін дәстүрлі оқытуда тіл үйренушілер тілдік жаттығуларды жасап, қажетті материалды жаттаумен ғана шектеледі.

Яғни, ол төмендегідей көрініске ие болады:

«сөздік қор + қажетті құрылым = тіл».

Алайда, тілдік құрылымды жаттаумен шектелу, тілді қарым- қатынас құралы ретінде меңгеруге толық мүмкіндік бермейді. Шетел тілінде тілдік қарым – қатынасқа үйрету үшін шынайы, өмірлік жағдаяттар туындату қажет. Ол оқушылардың қажетті материалды меңгеруіне және соған сәйкес мінез – құлқын қалыптастыруға жағдай жасайды. Аталған мәселені шешуде Интернет жүйесі айтарлықтай маңызға ие. Біз дәстүрлі шетел тілі сабағына сипаттама жасайық. Көп жағдайда шетел тілін оқыту үрдісінде мұғалім оқушы ойын басқарады, яғни, бағыт беру немесе жетекшілік етуден гөрі, ол басшылық қызметіне ауысады. Бұл әрекет, психологтар көрсеткендей, оқушылардың ойлау процесін тежейді. Мысалы, дөңгелек үстел, пікірталас мәселесін мұғалім өзі дайындап, жоспарды беріп, оқушыдан сөйлеу барысында тек соған сүйенуін талап етеді. Яғни, өз ойын айтуда тұлғаға еркіндік берілмейді.

Оқушы мәселені түсінбей, өзіне қажетті ақпаратты ала-алмай, мәселені шешуге шығармашылық тұрғыдан келу мүмкіншілігінен айрылып, өзінше ой қорытып, оны тұжырымдау және қызықты пікірлер айта алу қабілетіне ие бола алмайды. Ал мәселені шешуде жаңа ой, құнды пікір айту өте маңызды. Және ол міндетті түрде қортындыланып, көрініске ие болар болса, оның нәтижесі жоғары болмақ.

Қорыта айтқанда, инновациялық технологияларды сабақта қолдану - бұл оның нәтижелігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден- бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, адами қарым- қатынастарға себепкер болады. Оқытуға жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады, сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Аяпова Т.Т Әлімбекова Айдана Шет тілін оқытуда лексика –грамматикалық әдісті қолдану
2. Аяпова Т.Т. Әбен Ә.М. Шеттілдік білім берудің когнитивті - лингвомәдени әдіснамасы
3. Алипбаева Э.К. Турдалиева Э.Д. Использование видеоматериалов в обучении иностранному языку
4. Абуов Ж.А. Мушканов А.А. CLIL сабағын жоспарлау аспектісінде тілдік материалды интеграциялаудың концептуалды моделі

ЗНАЧЕНИЕ СЕНСОМОТОРНОГО РАЗВИТИЯ У ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Киымбаева Эльмира Игликовна, воспитатель
Детский сад № 2 «Бұлбұл», города Актобе

«Истоки способностей и дарований
детей на кончиках их пальцев»
В.А. Сухомлинский

Развитие системы дошкольного воспитания и обучения является приоритетным направлением Республики Казахстан и имеет огромное значение для общества, т.к. дети будущий интеллектуальный потенциал страны.

Младший дошкольный возраст – особый период для формирования и развития ребенка и самое благоприятное время для сенсомоторного воспитания, без которого невозможно нормальное формирование умственных способностей ребенка.

Значение сенсомоторного развития в дошкольном детстве трудно переоценить. Сенсорное развитие дошкольника – это развитие его восприятия и формирование его представлений о внешних свойствах предметов: их форме, цвете, величине, положении в пространстве и развитие моторной сферы. Именно этот возраст наиболее благоприятен для совершенствования деятельности органов чувств, накопления представлений об окружающем мире.

Обычно ребенок, имеющий высокий уровень развития мелкой моторики, умеет логически рассуждать, у него достаточно развиты память, внимание, связная речь. Для улучшения сенсорного развития ребенка необходимо обогащать теорию и практику дошкольного воспитания, т. е. разрабатывать и использовать наиболее эффективные средства и методы сенсорного воспитания в детском саду.

Изучив содержание и требования Типовой программы дошкольного воспитания и обучения, возрастные особенности детей, методику педагогов – новаторов, я решила уделить особое внимание сенсорно – моторному развитию, как фундаменту интеллектуального развития ребенка, который способствует:

- систематизации полученных представлений ребенка при взаимодействии с внешним миром;
- готовности к дальнейшей социализации и адаптации в социуме;
- положительному влиянию на развитие эстетического вкуса;
- развитию наблюдательности; воображения, внимания;
- усвоению сенсорных эталонов; - формированию навыков учебной деятельности;
-обогащению словарного запаса ребенка;

- формированию элементов зрительной, слуховой, моторной, образной и других видов памяти.

Реализацию выбранного направления решила осуществить, использовав обновление содержания дошкольного воспитания и обучения в развитии сенсорно-моторных навыков и умений детей через инновационную технологию «Stepbystep» и ориентирование родителей на конструктивные, партнерские взаимоотношения с воспитателями, используя практику социального партнерства.

Объектом реализации сенсорно-моторного развития становится воспитательный процесс и взаимодействие творческого потенциала педагогов и родителей в создании сенсорно-моторной познавательной среды в группе младшего дошкольного возраста. Использование разнообразных методов программы «Stepbystep» в работе по сенсорно–моторному развитию осуществляется через увлекательную организованную учебную деятельность, игры и игровые упражнения. Для этого можно обогатить развивающую среду в группе младшего дошкольного возраста, применив инновационные идеи педагогов – новаторов М. Монтессори, Е.И. Тихеева, предлагающих использовать методику через познание сущности вещей.

В результате проделанной работы, в группе были созданы сенсорно– моторные модули.

Күнделікті сабақта оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, оқушылардың әр тақырып бойынша білім мазмұнын игеруімен қатар, олардың осы тақырыптар төңірегіндегі оқулықтан тыс көзқарастарын біліп, кеңірек ойлауға жетелеп, әртүрлі сұрақтармен жетелеп, олардың еркін сөйлеуі мен ойлауына мүмкіндік жасаймын. Оқушы кез келген тақырыпты оқып өте шықпай, ол туралы тереңірек түсінуге тырысуы нәтижесінде еркін ой, ұшқыр қиял мен мән бере зерделеу дағдылары қалыптасады. Қай кезде де бала жаны жаңалыққа құмар, білмегенін білгісі келіп, белгісіз нәрсені ашуға тырысып тұратындықтан, бастауыш класс мұғалімі оқушыларының осы талпынысын дамыту үшін алдымен ойлау дағдысына ерекше мән беруі тиіс. Себебі оқушының жеке бас қасиеттерін, оның адамгершілік, белсенділік, байқампаздық, ізденімпаздық, т.б. қасиеттері қатарында терең ойлау қабілеттерін қалыптасутыруда бастауыш класс мұғалімінің, яғни шебер ұстаздың ролі зор. Осындай асыл қасиеттерді жүзеге асыратын басты тұлға – әрине, ұстаз. Сондықтан тек білімді, мықты ұстаз ғана осындай жауапты міндеттерді жүзеге асыра алады.

Сабақ сапасының кепілі- озық технология, олай болса мұғалімнің қолданған әдіс-тәсілдері білім беру ісіндегі басты фактор болып табылады. Сабаққа оқушының қызығушылығын арттыру бағытында бастауыш кластарда «Ойын арқылы оқыту» технологиясының маңызы зор [1.350]. Әлі кіші жастағы бастауыш класс оқушылары үшін ойын оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын үстінде оқушы айналадағы дүниені танып, тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттыруымен қатар, өздерінің ойлау қабілеттерін де дамытады. Педагогика жөніндегі еңбегінде М.Жұмабаев: «Ойын - бала үшін өмірлік тәжірибе. Ойын барысында бала өзін қоршаған орта туралы алған білімін пайдаланады. Ойын кезінде бала терең әсер алып, үлкен белсенділік көрсетіп, қисынды ойлау қабілеті күшейеді, ойынды баланың тілін дамыту үшін де пайдалану керек», - деп жазған еді[2]. Логикалық ойлау

қабілеті дамыған сайын оқушының дүниетанымы да кеңейе түседі, біліктілігіне де жақсы әсер етеді. Бала ойын арқылы өсіп, ойын арқылы ойын дамытады, ойын мен бала табиғаты егіз құбылыс деуге болады. Ойынның да өзіне тән түрлі ерекшеліктері бар. Оқушының логикалық ойлау дағдысын қалыптастыруда рөлдік ойындар, мазмұндық ойындар, дене қимыл ойындары сияқты түрлері оқушы зейінін, қиялын, байқау, тексеру, ойлау қабілетін қалыптастыруда ерекше маңызды болады. Ойын барысында оқушы да өзінің қасиетін байқап, өз қабілеттерін шыңдай түседі. Соның ішінде логикалық ойлау қабілеті де ерекше дамиды. Ойын әрекеті баланың зейінін, байқауын, естуін, ойлаудың, қиялын, түсінуін, т.б. бүкіл танымдық қабілетінің дамуына әсер етеді.

Оқушының логикалық ойлау дағдысын қалыптастыруда сабақтағы жаттығу жұмыстарынан өрбитін сұрақтарды талқылау, жаттығуды орындау кезіндегі ізденіс, оны іштей талдау, тиісті жауапты саралап, ықшамдап орындау, т.б. оқушы әрекеттерінің де маңызы зор. Жаттығу жұмыстарын орындау барысында көркем әдебиеттерді оқыту арқылы оқушылардың тілін дамытып, эстетикалық, адамгершілік, дүниетанымдық қасиеттерін қалыптастырамыз. Сабақ барысында қазақ ертегі, жұмбақ, өлеңдерін оқу арқылы оқушының ұлттық ойлау әлемі де толығып, ой -өрісін кеңейтуге, өз бетімен ойланып, әртүрлі құбылыстар сырына үңіліп, олардың атын атап, сөздік қорын молайтуға мүмкіндік болады.

Оқушының ойлау қабілетін оның тілі арқылы байланыста дамытуға назар аудару керек. Ана тілі оқушының ойлау қабілетін өзінің өскен ортасы, тілі, әдебиетімен байланыстырады. Ана тілінің қоғамдық-әлеуметтік мәні туралы Ж.Аймауытов: «Ана тілі - халық болып жасағаннан бергі жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін мәңгі құламайтын бәйтерегі. Жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы, жанның барлық толқындарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазынасы мол халықтың тілі», - деген еді[3]. Ана тіліндегі мақал-мәтел, ертегі, әңгімелер балаға қызықөты болып келеді. Ана тілі арқөылы кітап оқуға тәрбиелейміз. Сондықтан ойлау қабілетін дамытуда ана тілінің маңызы зор деп есептеймін.

Бастауыш сыныптарда математиканы оқыту тек математикалық білімді берумен шектелмейді, оқушылардың логикалық ойлауын дамытуда да маңызы өте зор. Математика сабағында ауызша есептеуге үйретуде арифметикалық диктант өткізіп, оны тексеруді де ауызша жүргіземін. Сол кезде қиялы жүйрік балалар оза шауып бәйге алғандай белсене араласып жатқанына талай куә болып келемін. Қорыта айтқанда, бастауыш сыныпта оқушының ойлау қабілетін дамыту ерекше маңызды істердің бірі деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бұзаубақова Қ.Ж. Инновациялық педагогика негіздері. - Алматы: Білім, 2009.-424 б.
2. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы, 1992. -155.-б.
3. Аймауытов Ж. Психология. - Алматы, 1995. – 78.-б.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Козбагарова Айтансық Бегимхановна
№6 Хромтау гимназиясы

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда белсенді әдістерді әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану–заман талабы. Тілді оқытып, үйретудің сапасын арттыру әр түрлі жағдайларға байланысты. Қазақ тілі пәні мұғалімінің негізгі міндеті -қазақ тілі сабақтарын мазмұны мен форма жағынан қызықты,

тиімді өткізу. Ұстаз үшін ең маңызды мақсат-әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Оны жүзеге асырудың бір жолы– оқушыларға білім беру, тәрбиелеу барысында кеңінен қолданылып келген, оқушылардың білім сапасын көтеруге жағдай жасайтын, сабақты тиімді ұйымдастыруға, сабақ уақытын ұтымды пайдалануға, оқушылардың сөйлеу қабілеттерін дамытуға көп көмегін тигізетін белсенді оқыту әдістерін қолдана білу.

Сонау XX ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру –үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер»- деген екен. Сондықтан қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын, қазіргі қолданып жүрген пән ерекшелігіне қарай қолдана білу-оқыту үрдісінде мақсатқа жетудің бірден – бір жолы. Өз тәжірибемде, оқыту барысында алдыма қойған мақсатым – баланы субъект ретінде оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу. Оның басты ерекшелігі – оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау, сөйлеу дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу процесінде бірлесе әрекет ету.

Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңарту өте маңызды өзгерістердің сатысында тұр. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамыту оқушылардың алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез келген орта жағдайында қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Білім берудегі 4 дағдының көздеген мақсаты әрбір тұлғаның жеке қабілеттерін ашып, өмірге бейім адамды қалыптастыру болса, соның ішінде жазылым дағдысының көтерер жүгі өте ауыр.

Жазылым дағдысы - тақырыпты аша білу, грамматикалық сауаттылық, өз ойын сын тұрғысынан дәлелдеу, қорытынды шешім шығарып, өз көзқарасын білдіру деңгейіне бағытталады. Жазылым 4 дағдының ішінде оқушының нәтиже көрсететін, мұғалімнің өнім алатын дағдысы болып табылады. Кейбір оқушылар табиғатынан шапшаң болады да, тілді игеруде сөйлеуден, тыңдаудан ерекше қабілеттілік танытады. Ал, біреулері қабілеттері бола тұра бетпе-бет сөйлесу мен тыңдауға келгенде қиындықтарға кездесіп жатады, яғни тым жай қабылдайды. Көптеген дерек көздеріне сүйенсек, жазылым дағдысы дәл осындай асықпай ойлап, баяу қимылдайтын оқушыларға лайықты дағды екендігі көрсетілген[1]. Олар әр сөйлеміне баса мән беріп, ерекше идеяларын жинақтап баяндауға тырысады және бұл істе керемет шеберлік танытады. Алайда, бұл шапшаң оқушылардың жазылымды игеріп алды деген сөз емес. Ең басты нәрсе, оқушының осы дағдыны өмірде қолдана алуы, сол қажеттілікті мұғалімнің оқушы санасына жеткізе білуі.

Жазылым - төрт дағдының бірі және ол өнімді дағдылар қатарына жатады. Яғни өнімді дағды дегеніміз – тіл құбылыстары туралы ережелерге, модельдерге сүйене отырып сөйлеу немесе жазу. Жазылым түрлері: тізім жасау, құттықтау қағазы, электрондық хат, күнделік, хабарлама, әңгімелер, эссе және т.б. Оның түрлерінің әрқайсысының өздеріне сай ерекшелігі болады. Ол жазылым түрлерінің құрылымына және мақсаты мен шешуі тиіс міндеттеріне байланысты болып келеді. Мысалы, жазу стилінің деңгейлері: ресми (ғылыми, іс қағаздар стилі) және бейресми (ауызекі сөйлеу сөздері); жазуда мәтінді немесе ақпаратты жазудың өзіндік тәртіптері ақпараттарды орналастыру реті; мәтіннің ұйымдастырылуы.

Белгілі бір жазылымды толық орындау үшін бірнеше қадамдар жасалады:

- Әуелі жазылуы көзделген нәрсені анықтап алу;
- ойынды дұрыс жеткізуді жоспарлау;
- шимай нұсқасын (өзгертілуі мүмкін жазылым түрі) жазып көру
- түзету және редакциялау (қателерді түзету және мазмұнын толықтыру)
- тексеріп шығу (сауаттылыққа тексеру және түзеу)
- дұрыс нұсқаны (екінші немес соңғы нұсқаны жазып шығу) жазу.

Әдіс-тәсілдер туралы.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың педагогикалық тұғырлары «Құндылық бағдарлы оқыту», «Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет сезімін қалыптастыру», «Дамыта оқыту»,

«Тұлғалық бағдарлы оқыту», «Әрекет бағдарлы оқыту», «Саралай және даралай оқыту», «Коммуникативтік-функционалдық бағдарлы оқыту», «Ақпараттық-коммуникациялық бағдарлы оқыту» бағытында болғандықтан, осыған сай педагогикалық әдістер мен тәсілдер жүйесі қолданылады.

«Құндылық бағдарлы оқыту», «Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет сезімін қалыптастыру», «Дамыта оқыту», «Тұлғалық бағдарлы оқыту», «Әрекет бағдарлы оқыту», «Саралай және даралай оқыту» әдістерін пайдалана отырып, оқушылардың ой-өрісін кеңейту, танымдық қабілетін арттыру мақсатында жазба жұмыстары жүргізіледі.

Бағдарлама бойынша әр бөлімнің тақырыптарына сәйкес сабақтың жазылым мақсатына сай жазба жұмысы жүргізіледі. Мысалы: Ж1. Берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру. (кейде күрделі жоспар құру деп беріледі). Осы мақсатқа сай кейде мазмұндама жаздыруға болады деген ойдамын. Жоспар құрылып, жоспар бойынша оқушы мәтінді өз сөзімен баяндап жазады.

Ж2.Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді құрастыру.Мәтіндерді құрастыруда көркемдегіш құралдарды орынды қолдану. Көркемдеуіш сөздерді қатыстырып мәтін жазу тапсырмасы беріледі.

«Анықтама бұрышы» әдісі.

Күнделік жанры: Француз жазушысы Жюль Ренар: «Күнделік – адам жанының айнасы» деген. «Күнделік-күнделікті өмірің! Әрбір адам өзіне күнде есеп беріп отырса, өмірде қателігі аз болады. Күнделік сенін сырласың, әрі досың.

Интервью жанры: көсемсөз жанры, журналистің бір не бірнеше адаммен қандай да бір өзекті мәселе төңірегінде сұхбат жүргізуі интервью барысында белгілі бір оқиғаның, құбылыстың мән-мазмұны маман әңгімелесушінің түсіндіруі, айтуы бойынша терең ашылады. Интервью жанры, негізінен, хабарламалы интервью және түсіндірмелі интервью болып екіге бөлінеді.

Әңгіме жанры: оқиғаны қара сөзбен баяндайтын шағын көркем шығарма жанры.

Ж3. Мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу тапсырылады.

«Менің қиялым» айдарында тапсырма ұсынылады. Онда оқушылар алдымен жұпқа бөлінеді. Жұптар бір-біріне арқаларын тиістіріп отырады. Бір оқушы табиғаттағы түрлі ауа райының құбылыстарын атайды, екінші оқушы соны шартты белгілермен А4 үлгідегі қағазға маркермен салады. Мысалы қыс және қар туралы айтса, қыстың шартты белгісі ретінде жұлдызшалардың (*****) суретін салады. «Топтастыру», «Вен диаграммасы» стратегиялары жазылымның 3 мақсатында қолданылады.

Ж4. Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап,тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешіліу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу,(дискуссивті эссе)

«Қазақстан халықтарының бірлігі – бейбітшілікке бастар жол» тақырыбында құрылымын сақтап, өз көзқарасын білдіріп дискуссивті ессе жазады. Эссе жазу барысында сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолданып жазады.

Ж5. Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу.

«Сөз сандық» әдісі.

«Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра» тақырыбындағы оқылым мәтініне сүйеніп, тірек сөздер мен сөз тіркестерінен «Сөз сандыққа» сөздер жинақтау. Әр оқушы өзі бір сөз және сөз тіркесін жазып салады. Барлық оқушы салып біткен соң, сөздер мен тіркестер қайта суырылып, мағынасы ашылады, синоним сөздермен алмастырылып жазылады.

Сандықтағы сөз тіркестері тақырыпқа сәйкес жинақы мәтін үлгілері жазуда қолданылады. Әр топқа әр түрін ұсынуға болады.

Жазылым әрекетінде жоғарыда аталған жаттығу жиынтығы мен мәтіндерден бөлек жазылым дағдысын дамытатын қалыптасқан әртүрлі жазба жұмыстарын жүргізуге болады. Солардың бірнешеуін атап өтейік:

Жазылым дағдысы оқылым арқылы келетіндігін жоғарыда атап өткен болатынбыз. Соған дәлел ретінде газет-журнал мақалаларымен жұмысты алуға болады. Мысалы, «Негативтен-позитивке» тапсырмасы мақаланы қайта өңдеп жазуға көмектесумен қатар, кейбір грамматикалық ұғымдарды игеруге де көмектеседі. Ол үшін жағымсыз хабар айтылған газет мақалаларын қиып ала келемін. Әр оқушыға әр түрлі мақаланы беріп, оқуды тапсырамын. Мақаланың ішінен өздеріне жағымсыз әсер тудыратын сөздерді бірінің астына бірін теріп жазғаннан соң, сол сөздерге антоним сөздерді табады. Сөйтіп, тапқан сөздерін пайдалана отырып, позитив мақала жазып шығады.

Жаңартылған бағдарламада сауаттылықты нығайту мақсатында жазылатын диктант жоқ деп ұстаздар қауымы алаңдаушылық білдіріп жатыр. Алайда, менің ойымша формативті-қалыптастырушы бағалауды өткізу кезінде диктант жазуға мүмкіндік бар. Сөздік диктант, көру диктанты, жат жазу сияқты жазба жұмыстарын әр сабақта қолдануға болады. Жазылымның 3, 6 мақсаттары жүзеге асырылатын сабақтарда, мәтінмен жұмыс барысында диктант жаздыруды оңтайлы ұйымдастыру мұғалімнің шеберлігіне байланысты жүргізіледі.

Қорыта айтқанда, оқушының жазылым дағдысын дамытуға арналған әдіс-тәсілдер жетерлік. Мен өз іс тәжірибемнен жаңа технологияларды қолданып өткізген сабақтардың, оқушының бойына білімнің нәрі болып сіңетініне және оқушының келесі сабаққа деген қызығушылығын, ізденіп, берілген тапсырмаларды ұстазбен қатынаста болып орындауларына септігін тигізетініне сенімдімін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңару жолында», « Егемен Қазақстан» газеті, 3/ III-2005. № 13

2. Бітібаева Қ., Құдайбергенова Г., Мұқашева М. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. - Өскемен, 2002. 3.Бөрібаев Б., Балапанов Е. «Жаңа ақпараттық технологиялар», Алматы, 2003.

3.Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.

4.М.Балақаев .Қазақ тілінің мәдениетінің мәселелері.

5.«Ұстаздық еңбек» газеті 2018 жыл №6

6.«Педагогика негіздері » 2011 жыл

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕП ПСИХОЛОГІНІҢ ҰБТ ТАПСЫРАТЫН ЖОҒАРЫ АЛАҢДАУШЫЛЫҒЫ БАР ОҚУШЫЛАРМЕН АЛДЫН-АЛУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Козбагарова Маншук Жанбрбаевна
№47 жалпы білім беретін орта мектебі

Мақала жоғары сынып оқушыларының емтихан тапсыру кезіндегі алаңдаушылығы мәселесіне арналған. Емтихан алаңдаушылығының төмендеуі мектеп психологының алды алу жұмыстарымен тікелей байланысты екендігі көрсетілген. Мектеп психологінің

профилактикалық жұмысының әртүрлі болуына қарамастан, жұмыста жаңа тәсілдерді табу әлі де өзекті мәселе болып табылады.

Мемлекеттік ҰБТ жүйесі жылма-жыл жетілдіріліп, бітіруші түлектердің білім деңгейін шынайы айқындау тәжірибесі жинақталып қалды. Түлектің әрі қарай жоғарғы оқу орнына түсіп білімін жалғастыру, жалғастырылмауы осы ұлттық бірыңғай тесттің қорытындысына тікелей байланысты. ҰБТ-ке қатысу оқушыдан терең білім мен білікті қажет етеді. Осы сәтте талапкерлердің өз тағдыры – өз қолында десек, онда әрбір талапкерлердің жауапкершілігі арта бастайды. Себебі, баланың алдындағы Ұлттық Бірыңғай Тестілеуден жоғарғы балл жинап, грантпен оқуға түсу мақсаты тұрады, «мақсаттың орындалуы үшін не істеу керек?» деген сұрақ туындайды. Міне, бұл үшін сынақ тапсыру барысында кездесетін әр түрлі кедергілерді жою қажет, сол кедергілердің ішіндегі ең маңыздысы психологиялық кедергі. Алайда, белгілі бір сынақтан, тексеруден шошыну немесе қорқу, қобалжу және үрей жалпы адам баласына тән қасиет. Сондықтан да оқушылар сынақ барысында көбінесе біліп тұрғанын есіне түсіре алмай қиналады. Ол оның жоғарғы ұпай жинауға міндетті түрде кедергі келтіреді.ҰБТ — оқушылар үшін ең маңызды кезең. Сондай — ақ ҰБТ-оқушылардың орта білімін жалпы бағалау көрсеткіші болып саналады. Бір ұпайдың жетпей қалуынан оқушылар мемлекеттік оқу грантынан, көп жағдайда жоғары оқу орының ақылы түрде оқуға түсу мүмкіндігінен айырылады. Оқушылар үшін келесі жылы оқуға қайта тапсыру ұғымы мүлде мойындалмайды, өздеріне қажетті ұпай санын жинай алмау – үлкен психологиялық дағдарысқа әкеліп соғады. Жалпы жыл аяғындағы ҰБТ-ға дайындық – көп жағдайда оқушы балаларды жағымсыз психологиялық соққыға әкелуде. Оқушылардың ҰБТ жағдайындағы жеке басының психологиялық күйі оларды нашар күйзеліске, стресске әкеліп соқтыруы мүмкін. Мәселен, тесті жақсы, ойдағыдай орындап, қажетті ұпайын жинаған жағдайдың өзінде, жоғарғы көрсеткіш иегерлері біраз уақытқа дейін психологиялық жағымсыз күйді бастан өткізеді. Мұның себебін балалардың қарқынды дайындалуымен байланысты болатын уақыт кестесінің қысымдығымен, жеке бастарындағы уайымдауларымен, жыл бойы бастан кешірген ҰБТ-ға деген қорқыныш, үрей сезімдерімен, алынған тестің нәтижесіне ұзақ уақытқа дейін сенбеуінен туындайтын «түсініксіз» сенімдерімен және т.б. психологиялық ерекшеліктерімен түсіндіруімізге болады. Ал нәтижелері теріске шыққан оқушылардың психологиялық күй-жағдайы мүлдем нашарлайды деуге болады. Жоғары сынып оқушыларында өзгелердің үмітін ақтамаудан қорқу туралы алаңдаушылық сезім үнемі жадында сақталады. Бұл әсіресе үлкен үміт артатын оқушыларға қатысты, мысалы алтын белгіге үміткерлер мен үздіктер. Үздік оқушылардан барлығы әрине, ең жақсы жауап күтеді, және мұндай идеяларға сәйкес келмеу қорқынышы, мазасыздық сезімін тудырады. Алдағы емтихандардан қорқу стреске физиологиялық қарсылықты төмендетеді. Алдағы емтихан туралы обсессивті ойлар оқушының физиологиялық күшін төмендететін, тұрақты стресс жағдайын тудырады және дене ол тітіркендіргіш факторлармен күресуге қабілетсіз болады. Орта мектепте мазасыздықтың типтік көріністері мынадай болуы мүмкін:

1.Жиі кездесетін аурулар ,оқушы сабаққа келмей, үйде қалады. Олар жоғары сынып оқушысында соматикалық бұзылулармен түсіндіріледі себепсіз кенеттен бас, іш ауыра бастайды.

2. Оқушының мектепке баруға құлықсыздығының пайда болуы, мектеп мотивациясы төмендеумен қатар жүреді.

3. Өз өзін жетілдіруге ұмтылу, сынып немесе үй тапсырмасын бірнеше рет қайта жазу

4. Жоғары сынып оқушысы тапсырмаларды орындамайды .

5. Тітіркену, ауызша және ауызша емес агрессивтілік.

6. Шоғырланбау және алаңдаушылық сабақ.

7. Мазасыз позициялардағы вегетативті реакциялар.

8. Білімді тексеру жағдайы оқушының мазасыздығы, бұл дезоргқа әкелед.

9. Өзінің болашағы туралы сөйлесуге деген ұмтылыстың болмауы .

10. Емтиханға дайындық кезінде жоғары еңбекқорлық , ия болмаса дайындықтан мүлдем бас тарту

Осы көрсетілген мазасыздықтың белгілері ата-аналарға, мұғалімдерге көмектесе алады, психологтар жоғары сынып оқушыларының мазасыздығының өсуіне уақытында назар аудару керек. Аға мектеп жасы, өмір сияқты балалық шақтан ересек жасқа көшу кезеңі ,жоғары сынып оқушылары алдында болашақ өмір жоспары және өзін-өзі анықтайды. Бұл мәселені дұрыс шешпеу қорқынышы алаңдаушылықты тудырады. Бұл психологиялық жағдай дүниетанымның қалыптасуымен, өзін-өзі танудың өсуімен бірге жүреді, оның ішкі әлемін ашу, эмоциялардың әмбебаптығы, өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылыс. Барлық осы жағдайларда алаңдаушылық бір уақытта назар аударуға көмектеседі Сондықтан, болдырмау үшін жоғары сынып оқушысының қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіретін шамадан тыс алаңдаушылық алдын алу жұмыстарына ерекше назар аударыңыз. Жалпы білім беретін мектепте профилактикалық жұмыс бірқатар кәсіби дайындалған мамандармен жүргізіледі, мысалы мұғалім, сынып жетекшісі, мектеп оқушысы ретінде психолог, әлеуметтік педагог. Біздің жұмысымызда біз мектеп психологының қызметін алдын-алу ерекшеліктерін қарастырамыз. Мектеп психологының қызметі келесі негізгі нормативтік-құқықтық құжаттарымен реттеледі: халықаралық және федералды деңгейдегі нормативтік құжаттар және нормативтік құжаттар білім беру психологының жұмысын реттейтін құжаттар. Мектеп психологы мұғалімдердің көмегіне сүйене отырып, бірқатар негізгі алдын алу іс-шараларын жүзеге асырады:

* балаларды тексеруге қатысады және мұғаліммен бірге баланың дамуы байланысты жеке оқу бағдарламасын белгілейді;

* балаларда психологиялық жүктемелер мен бұзылулардың алдын алу жұмыстарын жүргізеді;

* жағдайлардағы қолайлы психологиялық климатты құру бойынша жұмысты жүзеге асырады;

* оқушыларды, педагогтарды, ата-аналарды қызықтыратын сұрақтар бойынша кеңесбереді;

* алдын алу бойынша іс-шаралар өткізеді педагогикалық ұжымның жүктемесі,

* тәрбие жұмысы жоспарының балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігіне талдау жүргізеді.

Осы іс-шараларды жүзеге асыру үшін мектепте профилактикалық жұмыстың ең танымал түрлері қолданылады: дәрістер, аналитикалық сауалнама, талқылау сауалнама нәтижелері, рөлдік ойындар, дөңгелек үстелдер, пікірталас клубтары, тренингтер. Ұмтылыс - жоғары сынып оқушысының емтихан тапсыруға және ақтауға олардың үміттері, ата-аналар мен мұғалімдердің үміттері эмоционалды күтумен бірге жүреді, бұл мазасыздықтың пайда болуына әкеледі, стресс, болашаққа сенімсіздік. Жаңа форманың ерекшелігіне сүйене отырып, жоғары сынып оқушыларының емтихан алаңдаушылығымен алдын-алу жұмыстарын сәтті жүргізу үшін емтихан тапсыру кезінде сіз ұсыныстар жасай алады.

1. Жоғары сынып оқушысының өзін-өзі бағалауын нығайту үшін мұғалім оқушының артықшылықтарын атап өтіп, сәтсіздікке қолдау көрсете алады.

2. Орта мектеп оқушысы емтихан тәртібін егжей-тегжейлі көрсетуі керек, сондықтан мұғалім оның ерекшеліктерін егжей-тегжейлі түсіндіру қажет өту.

3. Мұғалім біртіндеп енгізілуі керек оқыту құрылымы тесттік технологиялар.

4. Мұғалім күш салуы керек, ата-аналарды жоғары сынып оқушысын дайындауға көмек пен қолдау көрсетуге тарту емтиханға.

5. Жоғары сынып оқушыларын уақытты бағдарлауға үйрету оларды емтиханға дұрыс таратуға көмектеседі.

Алынған дағдылар жоғары сынып оқушыларына емтиханға жақсы дайындалуға көмектеседі және оған сенімді болыңыз. Емтихан алаңдаушылығының алдын-алу жұмысында мектеп психологы дайындық функциясын орындайды. Бұл жұмыста психологтың міндеттері оқуға арналған тренингтерді қамтиды психологиялық қиындықтар, әртүрлі психологиялық әдістемелер негізінде тестілеу және сауалнама жүргізу. Мектеп психологы жоғары сынып оқушыларының емтихан алаңдаушылығымен "Біз біргеміз" тренингі, "мәселеңізді тастаңыз" жаттығулары және т. б. мүмкіндіктерді өзінің алдын алу жұмысында қолданады.

Жоғарыдағыларды қорыта келе, оқушылардың әлеуметтік-психологиялық қиын және қауіпті жағдайларын ескере отырып, оларға мамандар тарапына арнайы іс-шаралар және мектептерде «Оқушыларды ҰБТ-ға психологиялық дайындау» жұмысы міндетті түрде ұйымдастырылуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Белова М. Мнение успешного учителя. Еще раз о плюсах и минусах ЕНТ. //Учитель Казахстана №27-29, 11 апреля 2020г., стр.5

Все о ЕНТ.// Звезда Прииртышья №42, 13 апреля 2006г., стр.5

«Қызықты психология» журналы 2021 жыл №5.

О.Д.Дайырбеков, Б.Е.Алтынбеков, Б.К.Торғауытов, У.И.Кенесариев, Т.С.Хайдарова Аурудың алдын алу және сақтандыру бойынша орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Шымкент. “Ғасыр-Ш”, 2005 жыл. ISBN 9965-752-06-0.

Орысша — қазақша — ағылшынша педагогикалық — психологиялық сөздік Амантурлин Ш. Б., Амантурлина Г. А. — Алматы : [б. ж.],— 272 б.

Жоғары мектепте психологиялық білім беруді жетілдірудің ғылыми-теориялық негіздері : / Бапаева М.Қ. — Алматы : Б.ж., 2001. — 31 б. — Б.ж.

Психология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі: Студенттер мен оқытушыларға, мектеп мұғалімдеріне арналған / Жарықбаев Қ, Әбдірахманов А. — Алматы : Мектеп, 1976. — 84 б.

Стресстің адам өміріндегі рөлі: / Кумарова А. // Студент и лидерство: программа профессионального роста и карьеры (18-19 мая 2017г.). — 2017. — 184
Источник: https://www.tarbie.kz/32320

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕП ПСИХОЛОГІНІҢ ҰБТ ТАПСЫРАТЫН ЖОҒАРЫ АЛАҢДАУШЫЛЫҒЫ БАР ОҚУШЫЛАРМЕН АЛДЫН-АЛУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Козбагарова Маншук Жанбрбаевна
№47 жалпы білім беретін орта мектебі

Мақала жоғары сынып оқушыларының емтихан тапсыру кезіндегі алаңдаушылығы мәселесіне арналған. Емтихан алаңдаушылығының төмендеуі мектеп психологының алдын алу жұмыстарымен тікелей байланысты екендігі көрсетілген. Мектеп психологінің профилактикалық жұмысының әртүрлі болуына қарамастан, жұмыста жаңа тәсілдерді табу әлі де өзекті мәселе болып табылады.

Мемлекеттік ҰБТ жүйесі жылма-жыл жетілдіріліп, бітіруші түлектердің білім деңгейін шынайы айқындау тәжірибесі жинақталып қалды. Түлектің әрі қарай жоғарғы оқу орнына түсіп білімін жалғастыру, жалғастырылмауы осы ұлттық бірыңғай тесттің қорытындысына тікелей байланысты. ҰБТ-ке қатысу оқушыдан терең білім мен білікті қажет етеді. Осы сәтте

талапкерлердің өз тағдыры – өз қолында десек, онда әрбір талапкерлердің жауапкершілігі арта бастайды. Себебі, баланың алдындағы Ұлттық Бірыңғай Тестілеуден жоғарғы балл жинап, грантпен оқуға түсу мақсаты тұрады, «мақсаттың орындалуы үшін не істеу керек?» деген сұрақ туындайды. Міне, бұл үшін сынақ тапсыру барысында кездесетін әр түрлі кедергілерді жою қажет, сол кедергілердің ішіндегі ең маңыздысы психологиялық кедергі. Алайда, белгілі бір сынақтан, тексеруден шошыну немесе қорқу, қобалжу және үрей жалпы адам баласына тән қасиет. Сондықтан да оқушылар сынақ барысында көбінесе біліп тұрғанын есіне түсіре алмай қиналады. Ол оның жоғарғы ұпай жинауға міндетті түрде кедергі келтіреді.ҰБТ — оқушылар үшін ең маңызды кезең. Сондай — ақ ҰБТ-оқушылардың орта білімін жалпы бағалау көрсеткіші болып саналады. Бір ұпайдың жетпей қалуынан оқушылар мемлекеттік оқу грантынан, көп жағдайда жоғары оқу орының ақылы түрде оқуға түсу мүмкіндігінен айырылады. Оқушылар үшін келесі жылы оқуға қайта тапсыру ұғымы мүлде мойындалмайды, өздеріне қажетті ұпай санын жинай алмау – үлкен психологиялық дағдарысқа әкеліп соғады. Жалпы жыл аяғындағы ҰБТ-ға дайындық – көп жағдайда оқушы балаларды жағымсыз психологиялық соққыға әкелуде. Оқушылардың ҰБТ жағдайындағы жеке басының психологиялық күйі оларды нашар күйзеліске, стресске әкеліп соқтыруы мүмкін. Мәселен, тесті жақсы, ойдағыдай орындап, қажетті ұпайын жинаған жағдайдың өзінде, жоғарғы көрсеткіш иегерлері біраз уақытқа дейін психологиялық жағымсыз күйді бастан өткізеді. Мұның себебін балалардың қарқынды дайындалуымен байланысты болатын уақыт кестесінің қысымдығымен, жеке бастарындағы уайымдауларымен, жыл бойы бастан кешірген ҰБТ-ға деген қорқыныш, үрей сезімдерімен, алынған тестің нәтижесіне ұзақ уақытқа дейін сенбеуінен туындайтын «түсініксіз» сенімдерімен және т.б. психологиялық ерекшеліктерімен түсіндіруімізге болады. Ал нәтижелері теріске шыққан оқушылардың психологиялық күй-жағдайы мүлдем нашарлайды деуге болады. Жоғары сынып оқушыларында өзгелердің үмітін ақтамаудан қорқу туралы алаңдаушылық сезім үнемі жадында сақталады. Бұл әсіресе үлкен үміт артатын оқушыларға қатысты, мысалы алтын белгіге үміткерлер мен үздіктер. Үздік оқушылардан барлығы әрине, ең жақсы жауап күтеді, және мұндай идеяларға сәйкес келмеу қорқынышы, мазасыздық сезімін тудырады. Алдағы емтихандардан қорқу стреске физиологиялық қарсылықты төмендетеді. Алдағы емтихан туралы обсессивті ойлар оқушының физиологиялық күшін төмендететін, тұрақты стресс жағдайын тудырады және дене ол тітіркендіргіш факторлармен күресуге қабілетсіз болады. Орта мектепте мазасыздықтың типтік көріністері мынадай болуы мүмкін:

1.Жиі кездесетін аурулар ,оқушы сабаққа келмей, үйде қалады. Олар жоғары сынып оқушысында соматикалық бұзылулармен түсіндіріледі себепсіз кенеттен бас, іш ауыра бастайды.

2. Оқушының мектепке баруға құлықсыздығының пайда болуы, мектеп мотивациясы төмендеумен қатар жүреді.

3. Өз өзін жетілдіруге ұмтылу, сынып немесе үй тапсырмасын бірнеше рет қайта жазу

4. Жоғары сынып оқушысы тапсырмаларды орындамайды .

5. Тітіркену, ауызша және ауызша емес агрессивтілік.

6. Шоғырланбау және алаңдаушылық сабақ.

7. Мазасыз позициялардағы вегетативті реакциялар.

8. Білімді тексеру жағдайы оқушының мазасыздығы, бұл дезоргқа әкелед.

9. Өзінің болашағы туралы сөйлесуге деген ұмтылыстың болмауы .

10. Емтиханға дайындық кезінде жоғары еңбекқорлық , ия болмаса дайындықтан мүлдем бас тарту

Осы көрсетілген мазасыздықтың белгілері ата-аналарға, мұғалімдерге көмектесе алады, психологтар жоғары сынып оқушыларының мазасыздығының өсуіне уақытында назар аудару керек. Аға мектеп жасы, өмір сияқты балалық шақтан ересек жасқа көшу кезеңі ,жоғары сынып

оқушылары алдында болашақ өмір жоспары және өзін-өзі анықтайды. Бұл мәселені дұрыс шешпеу қорқынышы алаңдаушылықты тудырады. Бұл психологиялық жағдай дүниетанымның қалыптасуымен, өзін-өзі танудың өсуімен бірге жүреді, оның ішкі әлемін ашу, эмоциялардың әмбебаптығы, өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылыс. Барлық осы жағдайларда алаңдаушылық бір уақытта назар аударуға көмектеседі Сондықтан, болдырмау үшін жоғары сынып оқушысының қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіретін шамадан тыс алаңдаушылық алдын алу жұмыстарына ерекше назар аударыңыз. Жалпы білім беретін мектепте профилактикалық жұмыс бірқатар кәсіби дайындалған мамандармен жүргізіледі, мысалы мұғалім, сынып жетекшісі, мектеп оқушысы ретінде психолог, әлеуметтік педагог. Біздің жұмысымызда біз мектеп психологының қызметін алдын-алу ерекшеліктерін қарастырамыз. Мектеп психологының қызметі келесі негізгі нормативтік-құқықтық құжаттарымен реттеледі: халықаралық және федералды деңгейдегі нормативтік құжаттар және нормативтік құжаттар білім беру психологының жұмысын реттейтін құжаттар. Мектеп психологы мұғалімдердің көмегіне сүйене отырып, бірқатар негізгі алдын алу іс-шараларын жүзеге асырады:

* балаларды тексеруге қатысады және мұғаліммен бірге баланың дамуы байланысты жеке оқу бағдарламасын белгілейді;

* балаларда психологиялық жүктемелер мен бұзылулардың алдын алу жұмыстарын жүргізеді;

* жағдайлардағы қолайлы психологиялық климатты құру бойынша жұмысты жүзеге асырады;

* оқушыларды, педагогтарды, ата-аналарды қызықтыратын сұрақтар бойынша кеңес береді;

* алдын алу бойынша іс-шаралар өткізеді педагогикалық ұжымның жүктемесі,

* тәрбие жұмысы жоспарының балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігіне талдау жүргізеді.

Осы іс-шараларды жүзеге асыру үшін мектепте профилактикалық жұмыстың ең танымал түрлері қолданылады: дәрістер, аналитикалық сауалнама, талқылау сауалнама нәтижелері, рөлдік ойындар, дөңгелек үстелдер, пікірталас клубтары, тренингтер. Ұмтылыс - жоғары сынып оқушысының емтихан тапсыруға және ақтауға олардың үміттері, ата-аналар мен мұғалімдердің үміттері эмоционалды күтумен бірге жүреді, бұл мазасыздықтың пайда болуына әкеледі, стресс, болашаққа сенімсіздік. Жаңа форманың ерекшелігіне сүйене отырып , жоғары сынып оқушыларының емтихан алаңдаушылығымен алдын-алу жұмыстарын сәтті жүргізу үшін емтихан тапсыру кезінде сіз ұсыныстар жасай алады.

1. Жоғары сынып оқушысының өзін-өзі бағалауын нығайту үшін мұғалім оқушының артықшылықтарын атап өтіп, сәтсіздікке қолдау көрсете алады.

2. Орта мектеп оқушысы емтихан тәртібін егжей-тегжейлі көрсетуі керек, сондықтан мұғалім оның ерекшеліктерін егжей-тегжейлі түсіндіру қажет өту.

3. Мұғалім біртіндеп енгізілуі керек оқыту құрылымы тесттік технологиялар.

4. Мұғалім күш салуы керек, ата-аналарды жоғары сынып оқушысын дайындауға көмек пен қолдау көрсетуге тарту емтиханға.

5. Жоғары сынып оқушыларын уақытты бағдарлауға үйрету оларды емтиханға дұрыс таратуға көмектеседі. Алынған дағдылар жоғары сынып оқушыларына емтиханға жақсы дайындалуға көмектеседі және оған сенімді болыңыз. Емтихан алаңдаушылығының алдын-алу жұмысында мектеп психологы дайындық функциясын орындайды. Бұл жұмыста психологтың міндеттері оқуға арналған тренингтерді қамтиды психологиялық қиындықтар, әртүрлі психологиялық әдістемелер негізінде тестілеу және сауалнама жүргізу. Мектеп психологы жоғары сынып оқушыларының емтихан алаңдаушылығымен "Біз біргеміз"

тренингі, "мәселеңізді тастаңыз" жаттығулары және т. б. мүмкіндіктерді өзінің алдын алу жұмысында қолданады.

Жоғарыдағыларды қорыта келе, оқушылардың әлеуметтік-психологиялық қиын және қауіпті жағдайларын ескере отырып, оларға мамандар тарапына арнайы іс-шаралар және мектептерде «Оқушыларды ҰБТ-ға психологиялық дайындау» жұмысы міндетті түрде ұйымдастырылуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Белова М. Мнение успешного учителя. Еще раз о плюсах и минусах ЕНТ. //Учитель Казахстана №27-29, 11 апреля 2020г., стр.5

Все о ЕНТ.// Звезда Прииртышья №42, 13 апреля 2006г., стр.5

«Қызықты психология» журналы 2021 жыл №5.

О.Д.Дайырбеков, Б.Е.Алтынбеков, Б.К.Торғауытов, У.И.Кенесариев, Т.С.Хайдарова Аурудың алдын алу және сақтандыру бойынша орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Шымкент. “Ғасыр-Ш”, 2005 жыл. ISBN 9965-752-06-0.

Орысша — қазақша — ағылшынша педагогикалық — психологиялық сөздік Амантурлин Ш. Б., Амантурлина Г. А. — Алматы : [б. ж.],— 272 б.

Жоғары мектепте психологиялық білім беруді жетілдірудің ғылыми-теориялық негіздері : / Бапаева М.Қ. — Алматы : Б.ж., 2001. — 31 б. — Б.ж.

Психология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі: Студенттер мен оқытушыларға, мектеп мұғалімдеріне арналған / Жарықбаев Қ, Әбдірахманов А. — Алматы : Мектеп, 1976. — 84 б.

Стресстің адам өміріндегі рөлі: / Кумарова А. // Студент и лидерство: программа профессионального роста и карьеры (18-19 мая 2017г.). — 2017. — 184

Источник: https://www.tarbie.kz/32320

ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНІҢ МАҢЫЗЫ

Койлыбаева Э.О., Мамбетниязова Д.К.
І.Есенберлин атындағы №15 орта мектебінің бастауыш класс мұғалімдері

Қазіргі қоғам дамуының маңызды міндеттерінің бірі – мектептік білім беру аясында біліктілігі жоғары мамандарды даярлау болып табылады. Біздің қоғамның болашағы мұғалімнің кәсіби біліктілігіне және кәсіби деңгейіне тікелей байланысты.

Білім саласындағы маңызды өзгерістер болашақ мұғалімдердің кәсіптік дайындығына күрделі де нақты талаптар қойып отыр. Қазіргі қоғамда болып жатқан кең шеңбердегі өзгерістер білімді, саналы жастарды тәрбиелеуде үлкен міндет жүктері сөзсіз. Жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейдегі білім негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелерінің бірі.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге дәлелдеді. Ендігі басты міндет - осы мемлекеттің өркендеп өсуі, халықтың әлеуметтік, экономикалық жағынан кемелденуі болып табылады. Мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық өсіп - өркендеуінің түпқазығы – білім мен ғылым екені даусыз. Еліміздің болашақтағы дамуы, өсіп өркендеуі, әлемдік кеңістіктегі орны білімнің бағыт-бағдарына, оның тиімділігіне байланысты болмақ.

Ұстаз мамандығы - киелі мамандық, олай болса, мамандық таңдау барысында болашақ ұстаздық мамандығына жүрек қалауымен, өзіндік қабілеті мен биімділігіне қарай таңдаса ғана өзіне жүктеген жауапкершілік биігінен көрінері хақ.

Осы замандағы ұстаз алдындағы басты міндет XXI ғасыр- білім ғасырының есігін еркін ашып кіретін, дүниежүзілік мәдениетті танып, ұлттық төл мәдениетті қастерлей білетін, рухани жан – дүниесі бай, ой-өрісі дамыған жоғары білімді, заман талабына сай белсенді ұрпақ тәрбиелеу. Я.А.Коменскийдің «Сен ешбір жаңа нәрсе меңгермеген және өзінің біліміне ештеңе қоспаған осынау күнді немесе сағатты бақытсыз сана» деген нақылы мен Филлердің «Бойыңда білімің бар екен, одан басқаларға өз шырақтарын жағып алардай жағдай туғыз» - деген қағидалары қазіргі уақытта да маңызды болып отыр. Бүгінгі таңда білім берудің озық технологияларын меңгермейінше, сауатты әрі жан-жақты болу мүмкін емес.

Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып қалады. Сондықтан танымдылық іс-әрекеті белгілі бір дәрежеде белсендірілуі қажет. Бұл әдістемелік жүйенің басқа бөліктерінің де өзара байланысы қалпында өзгертілуін талап етеді. Мұны орындау үшін мына ұстанымдар жүзеге асуы тиіс:

1.Оқушылардың өзіндік іздену іс-әрекетінің әдістерін меңгеру талап етіледі. Өйткені бұл әдістердің күнделікті пайдаланып жүрген оқыту әдістерінен айырмашылығы бар. Яғни, жаңа жағдайдағы «оқыту әдістемесі» деп отырғанымыз: «оқушы-мұғалім» ұстанымының өзара тығыз байланыстығы. Демек, мұнда бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алудағы белсенділігіне баса назар аударылады.

2.Жаңаша оқытудың негізгі түрлері: оқытудың дербес және топтық түрлері болып табылады. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат – оқушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп беделі мен қадір-қасиет сезімін дамыту. Ал оқытудың фронталды түрі, көбінесе, бағыт беру, талқылау және түзету енгізуде ғана пайдаланылады.

3.Жаңа технологияның мақсаты бойынша «оқытуды ізгілендіру» қажет. Бұл үшін оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Бұрынғы дәстүрлі оқулықтар мұндай талапты қанағаттандыра алмайды, сондықтан оқушылардың өз бетімен білім алуына аса бейімделген жаңа типтегі оқулықтар керек-ақ.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына шараларды орындауы шарт:

1. Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін уақыт керек.

2.Оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру.

3.Әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.

4.Үйрену барысында оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдау.

5.Кейбір оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету.

6.Сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Ал, оқушыларға байланысты:

- сенімділікпен жұмыс жасау;
- бар ынтасымен оқуға берілу;
- пікірлерді таңдау, құрметтеу;
-өз пікірін ашық білдіруді талап ету қажет.

Еліміз өркениеттілікке ұмтылып отырған кезде ойыма еріксіз мына сөздер оралады: «Өркениеттіліктің басты міндеті – адамды ойлай білуге үйрету» (Эдисон). Ал ой жоқ жерде жүйелі сөйлеу жоқ. Олай болса ойлауға үйрете отырып бала тілін дамытуға жол саламыз.

Қазір сын тұрғысынан ойлау сабақтарында оқушыларды оқуға, жазуға ғана емес, ойлауға үйренуді өзіміз де үйрене бастадық. Сын тұрғысынан ойлау жобасымен екі жыл көлемінде ғана жұмыс істегеннің өзінде біраз жетістіктерге қол жете бастады.

Мұғалім – сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде. Шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын білдіріп, пікір айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Соның ішінен сабақ беруде басшылыққа алып, қолдануға ыңғайлысын келтіре кетейін.

1.Оқыту үрдісінде танып-білуге арналған материалға және оны игеруге оқушының қызығуын тудыру.

2.Оқыту үрдісі оқушының өзіне берілген тапсырманы орындау барысында орындауға қабілеті, білімі жеткендіктен оны ұжымдық талқылап, ойланып, гипотеза ұсынып, оны тексеруіне, қосымша әдебиеттермен жұмыс істеуіне негізделуі керек.

3.Оқушының тиімді даму жолдарын ашу үшін олардың әрқайсысының жеңістік жағдаятын алдын ала ескеру қажеттігі туады, яғни, оларға өз күштерімен орындай алатын тапсырмалар мен атқара алатын оқу тапсырмаларын беру керек. Сонда бала өзін жеңімпаз, қиын шыңды басып өтуші, меншікті жеңісті иеленуші ретінде сезінеді.

Міне, бұл технологияда оқушы өз топшылауын, өз пайымын еркін білдіреді, өзіндік дәлелдер келтіреді, басқалардың ой түйіндерін сынайды, өз пікірін, өз тоқтамын жасайды. Бұл әдіс шәкірттерге де, оқытушыларға да үлкен жауапкершілікті жүктейді. Оқыту әдістерін жетілдіруге, дамытуға олардың тиімділігін арттыруға көмектеседі. Сын тұрғысынан ойлау - бұл кез-келген мазмұнды сынау емес, оны зерттеу, бақылау, талдау, әртүрлі стратегиялар арқылы өзінің ойлау негіздерін сыни тұрғыда дамыту. Жаңа технологияның арқасында оқушының белсенділігі артып, жан-жақты талдауға, ойын ашық айтуға, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауға үйренеді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде бүгінгі күн талабына сай сауатты, білімді оқушылар тәрбиелеуге болады. Ол үшін мұғалім көп ізденіп, көп оқып, ізденіс үстінде болу керек. Қорыта айтқанда, педагогикалық жаңа технологиялардың барлығы жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына, өздігінен шығармашылықпен жұмыс істей білу қабілетін және біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін, нәтижелілігін қамтамасыз етуді көздейтін, берілген материалды жедел, әрі сапалы меңгертуге бағытталған.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Давыдов В.В. О понятии развивающего обучения.-Томск, 1995, 144 с
2. Выготский Л.С.Психология.-М., 2000
3. Словарь RWCT КазАЧ, 2009
4. Ташенова.А. «Сын Тұрғысынан Ойлауды Оқу мен Жазу арқылы Дамыту» Білім-Образование -2006 № 6. 3-4 бет
5. «Бастауыш сыныпта оқыту әдістемелігі» журналдары

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ – БҮГІНГІ КҮННІҢ БАСТЫ ТАЛАБЫ

Конакова Рауан Муратовна
Қандыағаш қалалық №4 жалпы білім беретін орта
Мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі

Ұстаз бен оқушы бірге жетіледі:
білім беру – жартылай оқумен тең
Ли Цзи

Білім беру мазмұны - жеке адамның біліктілігі мен жан жақты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі. «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуметін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Бұл үшін не істеуіміз керек ? Барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар.Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыстар күтіп тұр» делінген . Қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Оқыту үдерісін Білім мазмұнының жаңартылған бағыты мұғалімнің бағыттауымен оқушының өздігінен білім алуына ықпалы зор. Жаңартылған білім мазмұны белсенді оқыту арқылы әр түрлі әдіс-тәсілдердерді қолдана отырып оқушылардың барлығын сабаққа жұмылдыру, ынтасын, пәнге деген қызығушылығын ояту. Жаңартылған оқу бағдарламаларында пәннің мазмұны және мақсаттары мұғалімдер үшін бірізділігімен тиімді. Бағалаудың жетістік критерийлері де өте жақсы қамтылған. Мұғалім үшін тиімділігі оқушыны әділ бағалай алуы, мақсаттың нақтылығы, ресурстардың жеткіліктілігі. Оқушы үшін белсенді оқытудың тиімді жақтары, оның жеке, жұппен, топпен жұмыс істеуінде. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат - оқушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп беделі мен қадір-қасиет сезімін дамыту. Сындарлы ойлайтын, өз мүмкіндіктеріне сенімді; әр түрлі әлеуметтік және өндірістік проблемаларды өз бетінше шешуге қабілетті тұлғаны дайындау үшін оқытудың сапасын жетілдіру аса маңызды мәселе болып табылады. Осы мақсатта білім негіздерін өз еркімен үйренетін, іс-әрекет мақсатын, міндетін, түрін,тәсілін,жағдайын өзінше түсініп, алған білімін өмірде қолдана алатындай жағдайға оқушыны жеткізуіміз керек. Ұлтымызды дәріптейтін, рухымызды биіктетіп, ұлттық сенімімізді жігерлендіретін ұрпақтың болашағы – бізге, яғни ұстаздарға үлкен міндет. Ол үшін мұғалім кәсіби біліктілігін жаңа бағытта арттырып, білім мазмұнын жаңартып, тиісті әдіс-тәсілдерді қолданып, әдістемелік негіздерді қалыптастыруы керек. Өйткені білім әр адамға өмір бойы қажет екенін өмір тәжірибесі дәлелдеп отыр. Мұғалім – мектептегі негізгі тұлға. Себебі тәрбие және білімнің көздеген нәтижеге жетуі мұғалімнің іс-қабілетіне,шеберлігіне байланысты. Олай болса мұғалімдердің кәсіби даярлығына қойылатын талап та жоғарылауда. Алдыңғы қатарлы технологияларды пайдалану білім беруді жаңарту ісіндегі маңызды буын болып табылады. Бүгінгі күні білім сапасы үлкен мәселе болып тұрғаны шындық. Білім сапасы – мұғалімдер жұмысының көрсеткіші және мұның бәрі пәндік олимпиададан, ғылыми жоба жарыстарынан көрініс табады. Осы жерде ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың «Ең әуелі мектепке керегі –білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, керек құралдар, құралсыз іс істелмейді» деген сөзі ойға

оралады. Бұл өткен ғасырдың басында айтылғанымен, жүз жыл өтсе де бағыт – бағдар болып тұр. «Барлық жаңғырту үрдісіндегі табыстың негізгі факторларының бірі – ұлттық білім беру жүйесін жаңарту болып табылады», -деп атап көрсеткендей, жыл сайын білім беру үдерісі жаңару үстінде. Қазіргі кезде білім беру саласына жаңа көзқарас, жаңаша талап қойылып отыр.Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңінде, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық - коммуникативтік технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. «Білім берудегі ақпараттық - коммуникативтік технологиялар» ұғымы «оқытудың жаңа инновациялық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т. б, тіркестермен тығыз байланысты. Инновациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге,оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделген. Заман ағымына қарай ақпараттық технологияларды қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Кез келген сабақта электрондық оқулықты пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасаймыз .«Өсер елдің ұлы өнерлі, қызы мінезді келеді» дейді дана халқымыз. Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, алдымызда отырған өрендеріміздің болашағы XXI ғасырмен тұстас келгеніне қуаныштымыз. Өйткені, XXI ғасыр – білім ғасыры. Білімділерді аялап тербетер,баптап өсірер саналы тәрбие мен сапалы білім керек. Жаңартылған білім беру бағдарламасы - озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді. Сөзімнің соңын қорытындылай келе, бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша менің көкейге түйгенім: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ұстаздықтың ұлы жолында өзімнің бар күш жігерімді салып, еліме пайдамды тигізіп жатсам, бұл ғаламда одан артық бақыт жоқ деп ойлаймын.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІНІҢ БЕРІЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Конашова Гулзат Курбанбаевна
Сазды орта мектебі, тарих пәні мұғалімі

Қазақ елі қарыштап, дамыған алдыңғы қатарлы елдерге ілесіп отырған тұста, білім беру деңгейінің көрсеткішінің сапасы сын көтеруі тиіс. Себебі – қазақ баласы өз даласының тамырлы тарихын, жіті тануға міндетті. «Ұлын танымағаннан, тарихын білмегеннен қорық» деп халық даналығында айылғандай, бұл нақылдың астарына үңілер болсақ, жас ұрпаққа түп-тамырын таныта алмасақ, ұстаздығымызға сын емес пе? Ендеше Қазақстан тарихы сабағында оқушылардың білімін, іскерлігі мен дағдысын, шығармашылығын, кәсіби деңгейін жетілдіруде оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін қолданудың тиімділігін көрсету мақсатында біздер, педагог-кадрла, барынша іскерлігімізді танытуға мүдделіміз. Себебі қазіргі ақпараттық даму формациясы барысында оқытудың озық үлгілерін көрсету – заман талабы болып отыр. [2.47]

Мәртебелі мұғалімдердің алдындағы үлкен асу - жаһандану үрдісіндегі білім беру саласында жаңа модельдердің дүниеге келуі, білім беру үрдісінің ақпараттандырылуы, қайсыбір сала болмасын, жаңарудың, бәсекеге қабілетті болудың, барынша жасампаздық таныта білудің мәні тұр. Өз саламыз бойынша, бала бойына ата-бабасының рухани ғұмырнамасын жастайынан дарыта алмасақ, тарихын жазбай біліп, масаттана алатындай, өзге елдер алдында терең тарихымен мақтана алатындай ұрпақты тәрбиелеуіміз керек болып отыр. Осы тұрғыда, ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. Сонымен бірге, IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек.

Біздің тарихымыз – тек өткен заман туралы оқушылардың білімдерінің жиынтығы ғана емес. Ол сондай-ақ әр халықтың бүгінгі дүниедегі өзінің жағдайын айқын сезінуге және болып жатқан оқиғалар мен құбылыстарға қатынасын нақты анықтауға, олардың мәні мен бағытын жете түсінуге мүмкіндік беретін ойлау жүйесі. Тарих дегеніміз – ұлтты мақтан тұту мен патриотизмге тәрбиелейді. Сондықтан елдің саналы, белсенді азаматы болу үшін Отанымыздың тарихын жақсы білуіміз қажет. Жер шарында тарихы жоқ халық болмайды. Адамдар өмір сүрген жерде міндетті түрде тарих та бар. Өткенді білсең, осы заманды игеру оңайырақ, ал болашықты бағдарлау одан да жеңіл болмақ.

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл-парасатты, ой-өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бұл әр мұғалімнің шығармашылық ізденісі мен жаңаша еңбек етуін талап етеді.[3.112]

Жаңа сапаға ие, шығармашыл, қабілетті адамдар тәрбиелеу үшін дамыта оқыту жүйесін қолданғанды жөн санаймын. Оқыту барысында оқушының ақыл-ойын, қиялын т.б танымдық үрдістерін дамытуды көздеймін. Сондықтан да, оқыту үрдісінде оқушы оқу әркетімен шұғылданып, теориялық ойлауға икемделеді, білімді өзі меңгеруге мүмкіндік алады.

Мағжан Жұмабаев өзінің ұлағатты бір сөзінде былай деген болатын: «Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайық қылып шығару керек». Иә, Мағжан аталары айтқан даналық ойы бүгінгі күні білімді ұрпақ керек екенін айқындайды. Өйткені елдің ертеңгі тірегі – жастар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс. Қазіргі таңда ұстаздар қауымына үлкен жауапкершілік артып отыр. Бала тәрбиесі – баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсаты – заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу.Балаға айналадағы өмір шындығының әсері мол. Айналасындағы үлкендердің, өзінен ересек балалардың бір-бірімен қарым- қатынасы, көңіл-күй ерекшеліктері, жүріс-тұрысы, еңбек әрекеті – бәрі де балаға үлгі- өнеге. Бүгінгі балалар тез жетіліп келеді. Олар айналадағы болып жатқан барлық оқиғаларды білгісі келеді. Баланың тұлға болып қалыптасуына отбасының тәрбиесі аздық етеді. Бұл орайда бала тәрбиесіндегі балабақшаның орны ерекше. Себебі, балабақшаға баратын бала қоғамда өз ойын ашық айтуға үйренеді. Сонымен қатар жан- жақты жетіледі.

Баланың жасына сай сабақтар, сонымен қатар қосымша орыс тілі, тіл дамыту, айналамен таныстыру сауат ашу секілді ұйымдастырылған оқу қызметі өтеді. Ән-күй, дене тәрбиесімен айналысатын бөлме жұмыс істеп тұр. Ән, би өнеріне баулимыз. Балаларымыздың тәртібі жақсы, алғыр да зерек.

«Балалар — біздің болашағымыз» Сондықтан балаларды ерекше күтіп, тәрбиелеу керек. Әсіресе, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруіміз қажет және баланың үйде отырмай, балабақшаға барғаны жөн. Өйткені, бала сыртқа шықса, айналадағы ортаға үйренеді, мінезі тұйық болмайды, адамдармен тез араласады. Балабақша ең алдымен баланы тәртіпке, жауапкершілікке үйретеді.

Баланың ойлау қабілеттерін арттыру арқылы ұрпақты жақсылыққа тәрбиелейміз. Ата-бабаларымыз айтқандай баланың тәрбиесі бесіктен басталады, яғни тәрбиенің негізі отбасынан бастау алады. Балабақша, одан кейін мектеп адамның қоршаған ортада жеке тұлға ретінде қалыптасуына көмектеседі. Отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы тәрбиені ұштастыра отырып, әрі қарай жақсы жолға түсуіне себепкер болады деп ойлаймын. Ата-аналар таңертең бізге балаларын әкеліп, жұмысқа кетеді. Әке-шешесі аманат-тап бізге сеніп тапсырып кеткен балаларға жауапкершілікпен қарамауға бол-майды. Балалар аман, қуанып жүрсе, бізге одан артық бақыт жоқ. Оларды бір күн көрмесем сағынып қаламын.Бұл балабақша да еліміздің ертеңін сеніп тапсыратын отансүйгіш, еңбекқор ұрпақ тәрбиелеу үшін аянбай еңбек етуіміз керек.

Балабақша ұжымы барлық балабақшалар секілді келешек ұрпақтың тәрбиелі болып өсуіне қызмет етуде. Шынында да, тәрбие сәби дүниеге шыр етіп келген алғашқы сәттен басталуы керек. Адам мінезі бес жасқа дейінгі кезеңде қалыптасады деседі. Ендеше, жас сәбиді

алғашқы күннен бастап тәрбиелеу керек. Әрине, баланың тәрбиесі отбасынан басталады дегенім. Бала тәрбиесі қиын да, жауапты міндет.

Ұрпақ тәрбиесі қоғамнан тыс, оқшау тұрған емес. Ол қоғамның, заманың бағыт-бағдармен, тыныс-тіршілігімен бірге жүріп отырады. Осы орайда кез-келген бүлдіршін үшін бала тәрбиесі ата-анасына берілген тәлім-тәрбиені одан әрі жалғап, жандыратыны сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер:

1.М.М.Мұқанов, «Жас және педагогикалық психология»
(Алматы 1982ж)
2.Ү.Тұрғынтаева, «Халық даналығы-адамгерішілік тәрбие құралы. Отбасы және балабақша» (2001ж)
3.Ә.Табылдиев, «Халық педагогикасы және тәрбие» (1990ж)

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Кубайдуллина Карлыгаш Нұрлыбекқызы
Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Қарақұдық ауылы, «Еркетай»
жеке балабақшасының мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі

Білім беру жүйесінің алғашқы қадамы мектепке дейінгі ұйым, балабақша болғандықтан тәрбиешілер мен жетекшілерге жауапкершілік жүктеледі. Мәдениетті,ұқыпты,білімді ұрпақ тәрбиелеу үшін тәрбиешінің өзі тәрбиелі,білімді болу қажет.

Ойын технологиялары:дидактикалық,тәрбиелік,дамытушылық. Моторикасы мен сенсорикасын дамытатын М.Монтессори әдістемесінің элементтерін қолданудамыз. Арнайы бұрыш жасақтап балалардың қызығушылығын арттырудамыз.Балалармен жұмыс жасау – үлкен бақыт. Еш нәрсеге алаңдамай мейірімділікке сенеді.Осы сенімнің болуы-ұстаздың бақыты яғни менің бақытым.Балаға тәрбиені өзінің шамасына,жаратылысына қарай беру керек. Халықта «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме,өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақалды айта келе,бөбекжайымыздың барша педагогтары бала санасына ұлттық салт дәстүрді дәріптеуде. Жас ұрпаққа сапалы білім мен ұлағатты тәрбие беру,өміріне жолдама алуына барлық жағдай жасаудың маңызы зор.Педагог кәсіби шеберлікке жету,өз мамандығының данышпаны болу бір күнде пайда болатын дүние еместігін түсіну қажет.

Сондықтанда өскелең ұрпақтың болашағын жарқын етіп ,өміріне жолдама алуға жағдай жасағысы келсе ізденісті тоқтатпай,кәсіби шеберлік пен білім деңгейін арттыра түссе толық нәтижеге жететінін анық айтамын.Менің алдыма қойған мақсатым ; Барлық тәрбиелік істе әрбір баланы жеке тұлға деп танып біліп жан-жақты қалыптастыру Педагогтердің мектепке дейінгі білім беруде жаңа технологияларды игеру-бала тұлғаның табысты дамуының кепілі.

Стандартпен мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар айқындалған. Жаңартылған Стандарт негізінде мектепке дейінгі білім беру саласындағы ғылым мен практиканың жетістіктері, отандық және шетелдік тәжірибелер ескеріліп, «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» үш білім беру бағдарламаларының орнына Бағдарлама әзірленді.

Әдістемелік-нұсқаулық хат жаңартылған мазмұнды іске асырудың негізгі бағыттарын, мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдерін, Стандарт талаптарына сәйкес балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін жағдайлар жасауды,

мектепке дейінгі ұйымдар қызметкерлерінің қызметін ұйымдастыруды, тәрбиешілердің педагогикалық шеберліктерін арттырудың негізгі тәсілдерін қарастырады.

Аталған хат мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді және мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, әдіскерлері,педагогтары мен мамандарына, сондай-ақ ата-аналар қауымдастығы үшін әдістемелік нұсқаулық болып табылады.

Бағдарламаның мақсаты: балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне, қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларын қалыптастыру, руханиадамгершілік құндылықтарын, «Мәңгілік ел»жалпы ұлттық идеясына негізделген сәйкес жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриотизм мен төзімділікті тәрбиелеу.

Міндеттері:

– баланың өмірін қорғау және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құру;

– мектепке дейінгі білім берудің сабақтастық және үздіксіз ұстанымдарын

Қамтамасыз ету;

– балалардың дене, зияткерлік, адамгершілік, эстетикалық, коммуникативтік дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру;

– әр жас топтарында бағдарлама материалының мазмұнын игеру бойынша мониторингті ұйымдастыру;

– мектепке дейінгі ұйым мен отбасының өзара ықпалдастығы.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы:

– мектепке дейінгі жастағы балалардың денесін және психологиялық саулығын нығайтуға,оларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулуға;

– баланы тұлғалық және әлеуметтік, зияткерлік дамытуда тәрбие мен оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын қолдануға;

– балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тәрбиелік, дамытушылық, оқыту міндеттерінің бірлігін қамтамасыз етуге;

– мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін қанағаттандыруға ықпал етеді.

Бағдарлама балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» бес білім беру саласы және білім беру салаларының мазмұнын кіріктіру арқылы іске асырылады.

Технологияларды қолдану арқылы білім беру процесін интерактивті құру.

Білім беру процесін іске асырудың инновациялық тәсілі мақсатында балалардың шығармашылық және интелектуалдық қабілеттерін арттыратын, эмоционалды-күштік саласын дамытатын, баланың танымдық қабілеттерін белсендіретін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа, заманауи технологиялары мен әдістері енгізіледі.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мазмұны мектеп жасына дейінгі балаларға арналған үйретуші және дамытушы бағдарламалардан тұратын ресурстары бар интерактивтік жабдықтан тұрады.

Аталған технологиялар электронды контент ресурстары мен дидактикалық үлестірме материалдарды үйлестіреді, бұл логиканың, ойлаудың, сенсорлық қабілеттердің дамуына мүмкіндік береді.

Білім беру үрдісін технологияландыру педагогтардың балалар әрекеттерін ұйымдастыру мен мектепке дейінгі білім берудің сапасына оң әсер етеді.

Қорыта келгенде жаңартылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асырудың негізгі бағыттары ол жаңартылған Стандарт және Бағдарламадағы мектепжасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне қойылған талап-тарды жүзеге асыру болып табылады,

жаңа инновациялық технологияларды оқу және іс-әрекет барысында қолдануымыз қажет. Мұның ішінде М.Монтессори,Воскобович. Зайцевтің технологияларын пайдалануға ұсынамын.Жаңартылған технологиялардың тағы бір технологиясы ол әрине жобамен жұмыс жасау. Жалпы барлық технологияларды ойын әрекетінде пайдалануымыз керек. Мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагогі келесі талаптарға жауап беруі қажет: рухани, кәсіби, жалпы мәдени және денесін жетілдіруге ұмтылған, ішкі дүниесі бай, үйлесімді дамыған, тұлға.

Педагог Бағдарламада анықталған міндеттерді жемісті іске асыру үшін балаларды оқыту мен тәрбиелеудің барынша тиімді құралдары мен технологияларын қолдануы және игеруі қажет. Осы мақсатта ол үнемі өзінің кәсіби шеберлігін арттыруы, білімін көтерумен айналысуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1) «Жаңа технологияларды сабақта қолдану» Ұ.Төлепова «Бастауыш мектеп» №7, 2015 жыл

2) «Отбасы және балабақша» журналдары 2014 жыл, 2017 жыл

3) «Отбасы және балабақша» журналы №4, 2015 жыл

МҰҒАЛІМНІҢ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

Кубенова Кулаш Канатовна
Ақтөбе қаласы «Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ
математика пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші

Қоғамға адамның зияткерлік қабілеті, оның білімділігі, жаңа білімді жинақтау мүмкіндігі қажет. Бүгінгі таңда инновацияларды жедел игеретін, өмірдің серпінді сұраныстары мен талаптарына тез бейімделетін тұлға ғана жеңіске жетеді. Елдің даму үрдісінде адами құндылықтардың өркендеуі стратегиялық маңызды мақсат болып саналады. Қазақстандағы қазіргі білім беру жүйесінің көркеюі адам капиталының рөлін бағалауға, тең білім алу мүмкіндіктерін туғызуға, жоғары білім беру стандартына қол жеткізуге көңіл бөле отырып жүргізуді қарастырады. орта жалпы білім беру жүйесінде кәсіби білім беру реформасын жүргізу көзделіп отырғандықтан, болашақта мектепке оқушылардың жеке дара шығармашылық, креативтік, зияткерлік қабілеттерін аша алатын жаңа тұрпатты мұғалім қажет. Жаңа тұрпатты мұғалім оқу-тәрбие үрдісіне инновациялық технологияны енгізе алатын, қажетті өзгертулерді, түзетулерді жасай алатын, өз білімін толықтырып отыратын ұдайы ізденіс үстіндегі инновациялық- технологиялық іс-әрекетті меңгерген маман болуы тиіс, ал ол инновациялық ғылым мен білім арқылы болашақ мұғалімнің интеллектуалдық-технологиялық әлеуметін қалыптастыруды көздейді. Бүгінгі әлемде оқытудың инновациялық технологияларын меңгермейінше жан –жақты сауатты, іскер мұғалім- жаңа тұрпатты мұғалім болу мүмкін емес. Жаңа тұрпатты мұғалім- заманауи педагогикалық құралдардың бүкіл әлеуетін меңгерген, инновациялық технологиямен қаруланған, өзін – өзі жетілдіругк үнемі ұмтылып отыратын,рухани дамыған, шығармашыл, креативті, интеллектуалды тұлға, білікті маман.

Жаңа тұрпатты мұғалімнің шешетін міндеттері төмендегідей:Жаңаша ойлауға, таным және өзіндік ұйымдастыру әдістеріне оқыту. Оқушыны есікке дейін алып келіп, қолына кілітті беріп, сол құралды қалай падалану керек екендігін үйрету. Білім дүниесіне оқушының өзінен басқа ешкімнің де кіре алмайтындығын еске сақтау. Оқушыны өзін-өзі ұйымдастыруға үйрету,

өз бетінше өмір сүрудің нақты жолдарын көрсету:өзін-өзі тану,өзін-өзі зерттеу, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі реттеу,өзін-өзі белсендіру, өз бетінше білім алу, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру. Оқушының барлық ішкі әлеуетін ашуға және оған шығармашылықтың шыңына шығуға көмектесу.

Мұғалім оқытуының мақсаты мынадай: білім беру аймағының пәндік және негізгі мақсаттарын ескере отырып, оқу үрдісінің нақты мақсаттарын жобалау; оқу үрдісінін оқу материалдарын игеруді ұйымдастыруда міндеттер кешенін шешуге бағдарланған білім беру стандартының талаптарына сәйкес құрастыру;оқу материалдарын даярлау және іс жүзінде іске асыруға ақпараттық ортаның әлеуетін пайдалану;оқушының оқу материалын игеруінің тұлғалық-әрекеттік бағыттылығын реттеу;оқушының дамуын ұйымдастыру үшін толыққанды жағдай жасау; құзіреттілік түрінде жеке қол жеткізген нәтижелерін жағымды эмоция туғызу, қолдау көрсету және психологиялық жағымды орта құру.

«Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсіне білетін, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, еш нәрсені ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер- білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын,табиғатынан әділеттілік пен әділдікті сүйіп, жақындарына да, жат адамдарға да әділ, жұрттың бәріне өз білгенінше жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» деп Ұлы шығыс ойшылы Әбу Насыр Әл-Фараби атап көрсеткеніндей, ұстаздық шеберлік, мұғалімнің өз пәнін жетік білуі, ойын оқушыларға жете түсіндіре алуы, оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыра алуымен өлшенеді. Ұстаздық шеберліктің бөліктері мыналар: педагогикалық, әдістемелік білімдарлық, өз пәнін еркін, терең меңгеру;мұғалімнің өз мамандығына бейімділігі, педагогикалық қабілеттілігі; кәсіптік көрегендігі; - педагогикалық сүйіспеншілік пен балаларға деген сенімділігі;ұйымдастырушылық шеберлігі; инновациялық технологияларды меңгеруі;ұстаздық сезімталдығы, үлкен жауапкершілігі;педагогикалық техника; креативтілік.

Ұстаздық шеберліктің негізін мұғалімнің тұлғалық сапалары құрайды.

«Жаңа мектептегі жаңа тұрпатты мұғалім қандай болуы керек?» деген сұраққа былай жауап алуға болады Мұғалім- менің қолдаушым, қорғаным болуы қажет, Мұғалім-менің жанашырым, ол бізді жақсы көреді, Мұғалім- әділетті, адал адам, Мұғалім-мені түсінетін, маған мен бәрін түсінетіндей сөйлейді, Мұғалім – өз ісін жетік білетін, мені дұрыс жолға жетелейтін адам., Мұғалім бізге қобалжу мен қорқуға жол бермейді, Маған әртүрлі шығармашылық іс-әрекет түрлерін ұсынады, Менің іс-әрекетімді, көзқарасымды әділ бағалайды, Маған ақыл береді және ол менің ең жақын адамдарымның бірі. Ізденімпаз, Мәдениетті,Еңбекқор. Осыдан жаңа тұрпатты мұғалімнің қандай тұлға болуы керектігі айқындалады.

Жаңа тұрпаттағы мұғалім Төзімді Ой –өрісі жан-жақты Жаңашыл Техникалық сауатты Шебер Қазіргі заман талаптарына сай жаңа тұрпаттағы мұғалім - оқытудың инновациялық әдіс- тәсілдерін меңгерген, ізденімпаз, кәсіби жан-жақты жетілген, өз ісін шынайы сүйетін маман, шебер ұйымдастырушы, бағыттаушы және де жетелеуші тұлға. Демек, әрбір жаңашыл ұстаз оқу үрдісінде оқытудың түрлі жаңа озық технологияларын қолданса, білім сапасының жақсара түсетіні сөзсіз. Ең бастысы мұғалімнің өз жұмысына деген оң көзқарасын қалыптастырып, үнемі ізденісте болуы, жаңаны меңгеруге талпынуы және жан-жақты кәсіби жетілуі. “Джигсо”, “Дана үкі”, “ББҮ”, «Диалогтік оқыту», «Сын тұрғысынан ойлауға үйрету» стратегияларымен қоса, “Миға шабуыл”, “Үш қадамдық сұхбат”, “Ат пен атқосшы” әдістерін, суммативті бағалауға жету жолындағы формативті бағалаудың түрлерін, қызығушылық, белсенділік танымын арттыруда түрлі тренингтер мен топтастыру жолдарын үнемі пайдаланамын. Бұл әдістер оқушының бойында өзіндік көзқарасының, танымының деңгейін көрсетіп, одан әрі ынталандыру, көшбасшылық қабілетін дамытып, бағыттау

нәтижесінде шығармашылығын арттырып, дүниетанымын кеңейтуге көп ықпал етеді деп білемін. Жаңа тұрпатты мұғалімнің шешетін міндеттері: Жаңаша ойлауға, таным және өзіндік ұйымдастыру әдістеріне оқыту. Оқушыны есікке дейін алып келіп, қолына кілітті беріп, сол құралды қалай падалану керек екендігін үйрету. Білім дүниесіне оқушының өзінен басқа ешкімнің де кіре алмайтындығын еске сақтау. Оқушыны өзін-өзі ұйымдастыруға үйрету, өз бетінше өмір сүрудің нақты жолдарын көрсету:өзін-өзі тану,өзін-өзі зерттеу, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі белсендіру, өз бетінше білім алу, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру. Оқушының барлық ішкі әлеуетін ашуға және оған шығармашылықтың шыңына шығуға көмектесу.

Мұғалім оқытуының мақсаты : білім беру аймағының пәндік және негізгі мақсаттарын ескере отырып, оқу үрдісінің нақты мақсаттарын жобалау; оқу үрдісінін оқу материалдарын игеруді ұйымдастыруда міндеттер кешенін шешуге бағдарланған білім беру стандартының талаптарына сәйкес құрастыру;оқу материалдарын даярлау және іс жүзінде іске асыруға ақпараттық ортаның әлеуетін пайдалану;оқушының оқу материалын игеруінің тұлғалық-әрекеттік бағыттылығын реттеу;оқушының дамуын ұйымдастыру үшін толыққанды жағдай жасау;құзіреттілік түрінде жеке қол жеткізген нәтижелерін жағымды эмоция туғызу, қолдау көрсету және психологиялық жағымды орта құру. «Өнердің, білімнің кілтін тапқан ғана озады» дегендей бүгінгі таңның талабы таудай болып тұрған заманда талмай еңбек етіп, сауатты да мәдениетті, қажырлы да қайратты, ізденімпаз болсаң ғана «білекті бірді, ал білімді мыңды жығады» деген ата – бабаларымыздың ұлағатты сөзінің кемелденгенінің айқын көрінісі.Үстіміздегі ғасыр – жеке тұлғаны қалыптастыру, ізгілендіру, дамыту ғасыры. Балалар күннен –күнге қолжетімділігі артып келе жатқан анағұрлым кең коммуникациялық үдерістерге тиімді және ойдағыдай қатысуға мүмкіндік беретін сыни тұрғыдан ойлау мен зерттеу дағдыларын дамытуы керек Сондықтан сабақтарды жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен-күнге өзекті болып келеді.Басшылыққа ала отырып құрылған мақсаттарым сыни тұрғыдан ойлауды дамыту жолдарында оқушылардың астарлы мағынаны ашуда, интерпретация жасау, иллюстрация жасау, рефлексия көрсетуде өз пікірінің құндылығын байқап, сыни ойын ортада ашық білдіретін, бәсекелестікке қабілетті болып, бірлескен топтық жұмыстарда, өздігінен оқудың тәсілдерінде өзін жеке тұлға ретінде танып –біліп, біреудің бірегейі екенін көрсете біледі деп сенемін. Сол себепті мұғалім өз білім-білігін, оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруы және жаңа педагогикалық технологияны меңгеруі тиіс.Қазіргі заман талабыоқытудың жаңа технологияларын меңгеру.Оқытудың жаңа технологияларының біріақпараттық технология.Ақпараттық технологиямен оқыту білім алушыларды белсенді жағдайда қойып,оның субьектілігін қалыптастырады және шығармашылықты тудырады. Әсіресе, білім сапасын жеткілікті түрде арттыруда жаңа ақпараттық технологияларды қолданусыз, заманауи телекоммуникациялық құралдарды пайдаланусыз мүмкін емес. Озық әдістемелік технологиямен қаруланған, заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, яғни ақпараттық коммуникациялық технологияларды толықтай меңгерген оқытушы білім алушының сапалы білім алуына мүмкіндік жасайтыны анық. Оқу тәрбие үрдісінде ақпараттық технологияны пайдалану мұғалімнің мүмкіндіктерін кеңейтеді. Олай болса, ақпараттық технологияларды білім беруде үйлесімді пайдалану өзекті мәселеге айналып отырғаны даусыз. Сондықтан, бүгінгі таңда мұғалімдердің кәсіби құзырлылығы құрылымынан оқытудың ақпараттық коммуникациялық технологиялары ерекше орын алады. Ақпараттық коммуникациялық технологияны дамыту білім берудің бір бөлігі болып саналады. Бүгінде заман талабына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық,интерактивті тақта қолдану оң өзгерістер әкеліп жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс,ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда. Білім және ғылым министрлігі оқытушылардың жаңа технологияны игеруге, шығармашылық ізденуіне үлкен мүмкіндік

жасап отыр. Пән ерекшелігіне қарай математика курсын толығымен компьютерлік негізінде ауыстыруға болмайды. Мысалы: аксиома, теорема, оларды дәлелдеулер оқушылардың абстрактылық ойлау қабілетін дамыту істері бұрынғы тәсілмен жүруі тиіс. Тек кейбір тақырыптар мен тарауларды оқып үйренуде немесе қорытынды қайталау үдерісін ұйымдастыруларда компьютерлік технологияға жүгінуге болады. Математика сабағында ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:Білім алушының өз бетімен жұмысы; Аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу; Білім білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру; Шығармашылық есептер шығару; Қашықтан білім алу мүмкіндігінің болуы, Қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі; Экономикалық тиімділігі, Іс әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену; Білім алушының ойөрісін дүниетанымын кеңейте алу мүмкіндігі, Жаңа ақпараттық технология өзіндік артықшылықтарымен ерекшелінеді.Олар төмендегідей: Жобаның презентациясын жасау мен ұйымдастыру: Интернет олимпиада мен шығармашылық байқауларға қатысу; Білім сайттарына кіру. Тез арада қайтарымды байланыс болуын қамтамасыз етеді; Қажетті ақпараттық материалдарды жылдам тауып алуға мүмкіндік береді. Әрбір жеке тұлғаның, білімін, білік іскерлігін әрбір тараулар бойынша тексеруге, бағалауға болады; Функциялардың графиктерін түрлендіру тақырыбында оқушыларды қызықтырады. Геометрияда стреометрия фигураларын салуда құрылғылардың тиімділігі

Математикалық есептерді шығару мұғалімнің өз мамандығындағы білімдік деңгейін көтеруге және өрбітуге,жұмысын нақты, ұқыпты жасауға көмектеседі. Математиканың теориялық негізін есеп түрінде меңгеру оқушының ойын белсендіреді, икемділік, жылылық, тереңдік, жинақылық, жүйелік, т.б. тәрізді қажетті қасиеттерді қалыптастырады. Сонымен қатар, есептер математикалық білім, білік дағды жүйесін қалыптастырудың маңызды құралы, ал есеп шығару – оқу және кәсіптік әрекеттің жетекші түрі. Әрбір есептің өзіндік әдістемелік мақсаты да бар. Математиканы үйренумен белсенді шұғылдану, шын мәнінде, есеп шығару. Математикалық есептердің тәрбиелік мәні зор. Есеп шығару кезінде төзімділік пен табандылық қалыптасады. Есеп шығару ойлаудың ерекше математикалық стиліне тәрбиелейді. Математика сабағында оқушылардың өздігінен жұмыс істеуінің оның ақыл-ойының қалыптасуына үлкен мәні бар. Модульдеп оқытудың тиімді жақтарының бірі – оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауына көп көңіл бөлу. Оқушыларды шағын топтарға бөлу арқылы оқытудың тиімділігі – нашар оқитын оқушылар көпшіліктің көлеңкесінде қалмайды. Әрбір шағын топ оқушылары берілген тапсырмаларды ақылдаса отырып,бір-біріне түсіндіре отырып орындайды. Математикалық есептерді шығару оқушылардың шығармашылық белсенділігіне байланысты. Сондықтан, есеп шығарудың басты мақсаттарының бірі – оқушылардың математикалық ойлау жүйесін қазіргі өмір талабына сай қалыптастыру және дамыту, оларды тұрмыстық және практикалық мәселерді шешуге баулу, қоршаған ортаны математикалық модель тұрғысынан танып білуге үйрету, осылар арқылы оқушы мәдениетінің, дүниетанымдық көзқарасының дұрыс қалыптасуына игі ықпал жасау. Демек, мұғалім оқушылардың ойлау қызметін жандандыру арқылы оларға әр алуан алуларды, түрлендірулерді,есептеулерді орындауды, математикалық сөйлемдерді тұжырымдауды үйретумен бірге, оларды ойлап, талқылауға математикалық фактілерді салыстыруға, ортақ немесе айрықша қасиеттерді көрсетуге, дұрыс қорытынды жасауға баулуы тиіс. Математикалық ойлауды өрістету үшін оқушыларды қызықтыратын, ынтасын арттыратын есептерді қарастыруы дұрыс. Осы орайда мамандықтарына сәйкес өндірістік оқытумен бірлесе интерактивті тақтаны пайдаланып өткізілген интеграциялық сабақтарды айта кетуге болады. Есептер мазмұны әр маман иесінің мамандығына сәйкес берілген,шығарылу жолы математика заңдылықтарына бағынады,ал түп төркіні өз ұлтымыздың салт-дәстүрін насихаттауға,қазақ халқының атадан қалған асыл сөздерін өз өмірінің басты ұстанымы етіп тәрбиелеуге үйретеді. Ал осы есептер арқылы берілетін

білім мен ізгі қасиеттерді оқушы өз бойына жаңа технологиялардың көмегі арқылы оңай игере алады.

Бәсекеге қабілетті ұрпақты оқыту жолында отандық табыстарды зерделеп, ұлттық ерекшеліктерімізді ескере отырып, әлемдік жинақталған тәжірибеге сүйене отырып, оқыту мен тәрбиелеуді жаңаша ұйымдастырудың қажеттілігі артуда.

Ы.Алтынсарин атамыз айтқандай: «Мұғалімдік мамандық –бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу.

Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер –ол даналықты жүректен ұға білу болып табылады» деген сөзбен қорытындылағым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.К.Бұзаубақова . «Қазақстан мектебі» журналы, 2011 ж, №9; [24-28б]

2.Н.Ә.Назарбаев . Президент Н.Назарбаевтың International Herald Tribune басылымына берген сұхбаты. Астана -2010

3.А. Көбесов. Әл-Фарабидің мұралары. Алматы,1989,[49б].

БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ – МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ МЕН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ШАРТТАРЫНЫҢ БІРІ

Кужатова Фарида Забыховна.
Қандыағаш қалалық №4 жалпы білім беретін орта мектебі
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Әлемдік білім кеңістігіне енуде өмірге бейім, өзгеріске икемді, өзіндік ой-пікірін жеткізе алатын, сыни тұрғыдан ойлай алатын тұлға қалыптастыру заман талабы болып отыр. Әлемдік экономиканың XXI ғасырда өзгеруі ғаламдық бәсекелестік экономикалық ортаға бейімделу қажеттілігін туғызып, білім сапасын жаңа денгейге көтеріп, оның мәселелерін шешуде жаңаша ойлау тетіктерін қалыптастыру керек екенін анықтап берді. Барлық мемлекеттің стратегиялық ресурсы халқының білімдік деңгейі болғандықтан қазіргі қоғамдағы әлеуметтік экономикалық өзгерістер болашақ ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде жаңа бағыттарды қолдану, тиімді мақсаттарды қалыптастыру, білімнің түпкі нәтижесіне жетудің шешімдерін, оқытудың жаңа әдістерін, баға жүйесін түпкілікті өзгерту керек екені айқын болды. Осындай оқушыларды даярлауда олардың функционалдық сауаттылығын арттыру маңызды орын алады.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында оқу сауаттылығын дамыту жұмыстары әр сабақ сайын қарастырылуы зор нәтиже береді. Оқушылар күнделікті шығармашылықпен айналысып, өзіндік пайымдауға дағдыланады.

Қазақ тілі мен әдебиеттен оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыру жұмыстарының мақсаты: оқу сауаттылығы – оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне білуі және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өзіндік пайымдау жасауға пайдалана білуге баулу.

Міндеттері:

- мәтіндерге өз тұжырымын жасай отырып, белсенділік таныту, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алуға даярлау;
- тілдік жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсе алу даярлығын білдіретін құзыреттілікті қалыптастыру жолдарын қарастыру;

• ана тілін жетік білетін, ұлттық мәдени құндылықтарды бағалай алатын тұлға даярлау.

Пән мұғалімдері оқушылардың оқу сауаттылығын жетілдіру тәсілдерін жоспарлы түрде жүргізу тиімді. Жоспарлауды 3 бөлімнен құрастыру ыңғайлы:

І-бөлім: Сабақтарда мәтіндер бойынша оқу сауаттылығын арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар жүйесін беру.

ІІ-бөлім: Сыныптан тыс сабақтар мен пәндік үйірмелерде оқу сауаттылығын арттыру тапсырмаларын ұйымдастыру, таңдау курстарын жүргізу.

ІІІ-бөлім: оқушыларды интеллектуалды сайыстар мен олимпиадаларға қатыстыру.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында әр оқушыны дара тұлға деп танып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту жұмыстарын жүйелі жүргізу – оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың негізгі шарты болып табылады. Тіл сабақтарында мәтіндер бойынша оқу сауаттылығын арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар жүйесін беру мұғалімнен зор дайындықты қажет етеді. Сұрақтар жүйесі оқушылардың белсенді ойлауын, білімі мен білік, дағдысын қолдана білуді қамтамасыз ететіндей етіп құрылуы керек. Мысалы: «Шығарманың басты ойы неде? Шығармада не жазылғаны туралы айтуға болады? (оның мазмұны туралы). Шығарма қалай жазылғаны туралы айтуға болады? (оның стилі туралы).» сұрақтары беріледі. Сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылар рефлексия жасай отырып, мәтін мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қолданып, білімдері мен дағдыларын қоғамның белсенді өміріне араласуына бағыттайды. Келесідегідей түрдегі сұрақтар «не мақсатпен көрсетілген? Қалай қолданасың?» берілсе, оқушылар мәтін мен сұрақты қолдана отырып, логикалық байланыс жасауға дағдыланады. Немесе, «Шығарманың қай бөліктері бір-біріне қарама қайшы? Неліктен?» сұрақтары арқылы байқағыштыққа, мәтіннің әр сөзін дұрыс қолдана білуге, тұжырымдауға үйренеді. Сондай-ақ, оқу материалдарының форматы аспектісін түсінуге бағытталған шығармашылық тапсырмалар ұйымдастыру сауаттылықты арттыруға бағытталады. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында «Екі жақты түсініктеме күнделігі», «Стиктердегі сұрақтар», «Тұжырым кестесі», «Пікірлер парағы», «Үндестік парағы», «Эйлер шеңберін құрау» тәрізді тапсырмалар оқушыларды өзіндік жеке қасиеттерінің дамуын қамтамасыз етеді.[1]

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында диалогтік оқыту модулін жүйелі енгізсе, оқушылар бірлескен оқу әдістерін қолдану арқылы білімді зерттей отырып игеруді қамтамасыз етеді; бірін-бірі оқыту арқылы топтық жұмыстың тиімділігін түсініп, білімді белсенді игеруді жүзеге асырады; оқушы-оқушы, оқушы-мұғалім қарым-қатынасын дамыту тәрізді маңызды оқыту түрлерін жүзеге асырады. Бұл оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамытуда зор рөл атқарады. Себебі, сынып оқушыларының әрқайсысы оқу үдерісіне белсене қатысып, өз көзқарастарын, біліктерін ортаға салады. Бұл олардың әлеуметтік және эмоционалды тұрғыдан дамуына жағдай туғызады. [2]

Қазір білім жүйесіне білім мөлшерін жеткізу емес, оқушыларды оқытуға үйрету, әркез өзгермелі жағдайда табысты тұлға болуға бағыттау, білімді, дағдыны және шеберлікті меңгеру, оны өмірде қолдана білу. Оқыған материалды, фактілерді, құбылыстарды, оқиғаларды алған біліммен сараптай алу және өзінің көзқарасын қалыптастыру. Қысқаша, ойлаудан ой арқылы өзін тұлға ретінде көрсету. Осы мақсаттарына жету үшін мен оқушыларға өзіне сенімді болуға, қабілетін көрсетуге, топ алдында ашыла сөйлеуге, өзінің ойын дәлелдеуге жағдай жасаймын. Ұстаздың қолданатын барлық әдістері оқушылардың танушылық пен ойлау белсенділіктерін жетілдіруге, оны қорытуға итермелеуге, алған білімін байытуға, оның фунционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған болу керек. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық

тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Қоршаған әлемде және табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсіну, салыстыру, талдау, жіктеу, жүйелеу, жалпылау білік, дағдыларын меңгерту мақсаттары көзделгенде ғана оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға болады.Ол үшін күнделікті оқыту үдерісінде әрбір пәннен берілетін теориялық білімді өмірдегі жағдайлармен байланыстырып, практикалық жағына бағыттап отыру керек.

Сондықтан теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық-ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай практикалық маңызы ескерілуі тиіс. Сондай-ақ оқушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай, оның мән-мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету міндетті боп саналады. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда қатысымдық, рөлдік ойын, дара тұлғаға бағдарланған оқыту және сұрақ-жауап әдістері арқылы жүзеге асатын жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар, сұқбаттық тапсырмалар, құзыреттіліктерді қалыптастыратын тапсырмалар арқылы кешенді жүргізудің тиімділігі жоғары болады.

Барлық ұстаздардың алдында басты мәселе; қалай оқыту, қайда бағыттау, сабақтан алған білім бәсекелестікке дайын тұлғаға қалай көмектеседі, т.б. болып табылады. Оңтайлы шешімдердің бірі – оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі түрлерін енгізу, оқушыларды белсенді іс-әрекетке бағыттау үшін осы заманғы технологияларды пайдаланып, көптеген әдіс-тәсілдерді ұштастыру керек.

Биылғы наурыз Жолдауы нақты ұсыныс пен биік мақсаттар жолдауы болды. Мемлекет басшысы қоғам алдында тұрған басты мәселелерді айқындап берді. Біз өз тарапымыздан елдің келешегі үшін, қуатты, Жаңа Қазақстанды қалыптастырып, жаңғырту мақсатында жастарды сапалы білім мен ғылымға тарту жұмыстарын жалғастыра береміз. Өйткені Президент атап өткендей, «Жаңа Қазақстан дегеніміз-егемен еліміздің болашақтағы бейнесі. Біз келешегіміз кемел боларына және жарқын болашақты өз қолымызбен жасай алатынымызға сенеміз!». [3]

Пайдаланылған әдебиеттер.

1.Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 2016 жылдарға арналған ұлттық іс¬қимыл жоспары. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусым №832 Қаулысы.

2. Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Әлеуметті - экономикалық жаңғыру Қазақстан дамуының басты бағыты» Жолдауы. 2012 жыл 27 қаңтар. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011¬-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 07 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы.

3.«Жаңа Қазақстан:Жаңару мен жаңғыру жолы» Қ.К. Токаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Егеменді Қазақстан газеті.18.03.2022ж.

ХИМИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘСІЛІ

Кулдыкова Айнур Сериковна
«Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп – лицейі» КММ, Ақтөбе қаласы

«Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты елбасының Қазақстан халқына Жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойды. Ұлттық жоспардың мақсаты — Қазақстанда білім сапасын жетілдірудегі, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі атқарылатын іс-шаралардың жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз ету. Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функционалдық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Функционалдық сауаттылығы дегеніміз- адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат- жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың,елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Қоршаған әлемде және табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсіну, салыстыру, талдау, жіктеу, жүйелеу, жалпылау білік, дағдыларын меңгерту мақсаттары көзделгенде ғана оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға болады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін академиялық білім беріп қана қоймай, сын тұрғысынан ойлау, білімін күнделікті өмірде, шынайы жағдайларда пайдалана білу, проблеманы шешу, ғылыми-зерттеу дағдыларын, қарым-қатынас дағдыларын дамыту керек. Сабақтың мақсаттарына жету үшін тілдік дағдыларының төрт түрін түрлі комбинацияда оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым қолдана білу керек. Ол үшін мына мәселелерге үнемі көңіл бөлу керек: 1.Оқушыларға тапсырмаларды 6 деңгейлі Блум таксономиясы негізінде құрып, ондағы білу, түсіну, қолданудан гөрі жинақтау, талдау, бағалауға мән беру. 2.Стандарт талаптарына сай берілген тапсырмаларды орындаумен қатар оқушының өмірде қолдана алатындай тапсырмалар құрастыруға көңіл бөлу. 3.Оқушының логикалық ойлауын, сыни тұрғыдан ойын жеткізуді жүзеге асыру үшін, білім беруде сабақтың құрылымын өзгерту, яғни оқытудың белсенді стратегияларын қолдану, оқушының сабаққа деген ынтасын арттыру үшін әр10 мин сайын жағдаятты өзгертіп отыру. 4.Оқушыға тапсырма берген кезде оның алгоритмдерін алдын-ала ескерту. 5.Тапсырманы зейін қойып, орындауға және эксперименттік есептер, зертханалық шағын зерттеу жұмыстарын орындата отырып, өзінің орындаған жұмысының дұрыстығына көз жеткізу, өзін-өзі бағалауға үйрету. Осындай іс-әрекеттерді орындаған жағдайда оқушыға жоғары деңгейде білімін қалыптастыруға жол

ашылады. Пәнді интеллектуалдық және шығармашылық тұрғыда түсініп меңгертуде қазіргі таңдағы оқыту технологияларының стратегияларын пайдалану тиімді болып келеді: «Джиксо-ұжымдық оқыту» стратегиясы, «Дана үкілер» стратегиясы, «Мозаика немесе Ара ұясы» стратегиясы. Мақсаты: Жалпы мәселені жұпта,топта, ұжымда талқылау. Бұл стратегиялар мазмұнды жоғары табыспен меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін тиімді. Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды, өз бетінше ойлауға, ізденуге, нәтижеге жетуге дағдыланады.. Сондай-ақ оқушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай, оның мән-мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету міндетті боп саналады. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда қатысымдық, рөлдік ойын, дара тұлғаға бағдарланған оқыту және сұрақ-жауап әдістері арқылы жүзеге асатын жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар, сұқбаттық тапсырмалар, құзыреттіліктерді қалыптастыратын тапсырмалар арқылы кешенді жүргізудің тиімділігі жоғары болады. Мұғалім ретінде, жаңа стратегияларды химия сабағында қолдану барысында оқушының өз бетімен білім алып, алған білімді іс жүзінде дәлелдей алатын және «үндемейтін», «енжар» оқушының қызығушылығын оятып, оны «сөйлетуге» болатындығын өз тәжірибемнен байқадым. 9-сыныпта химия пәнінен СТО технологиясының әдістерін қолданып, бірнеше сабақтар өткіздім. Онда ЖИГСО, белгілер әдісі, венн диаграммасы, бес жолды өлең, топтастыру әдістерін қолдандым және жеке, топтық, рольдік ойын жұмыстар жүргізілді. Үй тапсырмасын«Кім жылдам?», «6 неге сұрақ» ойыны түрінде ұйымдастырып, қай топта сұраққа айтпаған оқушы саны көп, сол жеңіледі. Сабақты жарыс түрінде ұйымдастырып жауап бермей қалған оқушыны қалдырмай, қайта оның есебін алып, оны сол бала үшін топтың артта қалғанын түйсігіне жаймен жеткізсе, ол оқушы да басқа оқушылардан қалмай жауап беруге тырысатынын және оған топтағы басқа оқушылар міндетті түрде көмектесетініне көз жеткіздім. Сол сияқты инновациялық технологиялардың әдіс - тәсілдерін 9-11 сыныптарда да пайдаланып, жақсы нәтижелерге жетіп жүрмін. Жоғары сыныптар үшін көбіне ЖИГСО стратегиясын қолданамын. ЖИГСО стратегиясын қолдануда мәтіннің көлемі үлкен, күрделі, ғылыми тұрғыда болуы керек. Себебі, қарапайым мәтін болса, оқушылар тәжірибелі топсыз-ақ өздері оқып, тіпті жаттап алып айтып береді. Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшаңдығы мен еркіндігі, шығармашылдығы, көңіл күйдің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар сабақта төмендегідей әдіс-тәсілдерді қолдану оқушылардың сабаққа ынтасын арттыра отырып, білім сапасын жетілдіріп, функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыруға зор ықпалын тигізеді деп ойлаймын. Атап айтсам: «Жұптағы ой қозғау», «Аквариум», «Кластерлер», «Ойлан, жұптас, талқыла», «Серпілген сауал», «Еркін жазу», «Сұрақтар шеңбері», «Атаулар туралы үш сұрақ», «Ыстық орындық». Сондай-ақ сабақта ойынды ұйымдастырғанда оқушылар бір-біріне көмектесетіндей, бір-бірімен бірігетіндей жағдай жасау керек. Сонда сабақ тек білім беру қызметін ғана емес, тәрбиелеу қызметін де атқарады. Мұндай сабақтардың өтілуі нәтижесінде оқушыларда бір-бірімен сөйлесе білу мәдениеті, тәртіптілік, топқа және бір-біріне жауапкершілік сезімнің болуы, өзін және өзгені бағалай, тыңдау қасиеттері қалыптасады. Ауқымды материалдан қажетті ақпаратты тауып, шешім қабылдауға дағдыланады, сөздік қоры дамиды. Жаңа заман талаптарына сай сабақта өзгеріп, жаңарып отырса, жеткіншектерге оның әсері мен ықпалы болады . Олардың эмоциялық сезім – түйсіктеріне әсер ете білген ізденістердің пайдасы өте көп. Ақыл-парасаттан көрі сезім түйсігі ұшқыр балаларға көп жағдайда бағдарламалық тақырыптарды тосын тәсілдер арқылы түсіндіру пайдалы. Жаңа педагогикалық технологияларды енгізу – оқыту үрдісінің тиімділігін арттырып қана қоймайды, басқа да көптеген мәселелерді шешеді. Оқушы мемлекеттік стандартты ғана алып қоймайды, өз қабілетіне қарай таңдау, әрі қарай білімін дамытуға мүмкіндігі болады. Жаңа педагогикалық технологияны пайдалану

оқушылардың сабаққа деген белсенділігін, қызығушылығын, танымдық, ойлау қабілеттерін арттырудың, яғни функционалдық сауаттылықтарын дамытудың бірден-бір көзі. Сонымен, жаңа педагогикалық технологияның әдістерін тиімді пайдалану арқылы «Білімді адам» парадигмасын, «Өзін-өзі дамытатын және әрекетшіл адам» парадигмасына өзгертуге болады. Осы орайда ұлы ұстаз Абайдың: «Адам ата-анадан туғанда есті болып тумайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» деген дана сөздерінен адам табиғатының, болмысы мен танымының қалыптасуының өзі осы ізбен жүретінін байқауға болады. Егер оқу үдерісі, балаларға білім, білік, дағдыларды игерту осы ұстанымға негізделсе, нәтижелі болатыны анық деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Білім беру мекемелері қызметкерлерін ақпараттық-¬коммуникациалық технология саласы бойынша біліктілігін көтерудің ғылыми-¬әдістемелік негіздері» Алматы – 2012 ж.
2.«Биология және салауаттылық негізі » ғылыми¬әдістемелік журналы.№5 2014ж
3. «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012¬ 2016 жылдарға арналған Ұлттық жоспары. Ғылыми¬әдістемелік журнал №4 2007 ж
4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс¬қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы).

ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Кулесова Г., Мырзабаева А.Е.
№13 «Бөбек» бөбекжай- балабақшасы

Дидактикалық ойын – оның аты айтып тұрғандай, баланың ақыл – ойын дамытып, таным түсініктерді ажыратудағы әдістердің бірі. Ойын арқылы оқыту – мектеп жасына дейінгі кезеңнің, негізгі ерекшелігі. Білімді меңгеру және оны бекіту үшін, дағды мен әдет қалыптастыруда балаға қайталау және жаттығу қажет. Егер баланың ойлауы образды, эмоциялық әсерде болса, ол соғұрлым жақсы нәтиже береді, сондай – ақ білім қызғылықты әрекетпен байланысты болса, баланың іс – әрекетімен іштей қабысып жатса, ондай білімді бала дұрыс меңгереді. Бала әрбір затты ұстап, дәмін татып, сан рет байқап көреді. «Балалардың ойын әрекетін ұйымдастыруды қалай жақсартуға болады? Бұл мәселе педагогикалық үрдісте қандай орын алады?» деген сұрақтарына жауап іздеп көрелік.

Ойын әрекеті балалардың бағалы өмірінің алғашқы күнінен бастап – ақ маңызды орын алады. Алайда жақсы, дұрыс ұйымдастырылған ойын ғана тиісті, қалағаныңдай нәтиже бере алады. Әлем бала өміріне біртіндеп кіреді. Бала ең алдымен оны үйде, балабақшада не қоршап тұрғанын ұғынады. Біртіндеп өмірден алған тәжірибесі көбейеді. Мектеп жасына дейінгі балалар өзінің айналасындағы қоршаған ортамен танысуға өте құштар. Бұл баланың бірнеше сұрақтар қоюына әкеліп соғады. Яғни, балаға әлем аздап ғана сырын ашса, онда баланың білуге деген құштарлығы арта түседі.

Ойын–баланың бірінші әрекеті, сондықтан да оның мән–мағынасы ерекше. Ойын үстінде бала өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы. Сондай-ақ ойын баланың болашақ өміріне есік ашып, оның іздемпаздық, тапқырлық қабілетін оятады. Осы тұрғыда баланың байқағыштық, зерттеп-салыстыру, сезім қабілетін дамытуға, баланың заттарды белгілері бойынша тану, түйсіну қабілетін ұштап қана қоймай, сонымен қатар сөздік

қорын молайтуда дидактикалық ойындардың орны ерекше болып табылады. Ойын көп жоспарлы, күрделі педагогикалық процесс болғандықтан мектепке дейінгі жастағы балаларды оқытудағы ойындық әдіс болып табылады. Оқыту формасы балаларды жан-жақты тәрбиелеудегі негізгі құрал болып есептеледі.

Дидактикалық ойын оқытудың әдістерінде 2 жолмен қарастырылады. Ойын сабақтар және дидактикалық тапсырмалар не болмаса автодидактикалық ойындар.Өзіндік ойын әрекеті балалардың ойынға деген қызығушылығы артқан кезде ғана іске асады. Балалар ойын ойнағанды ұнатады және өз ынталарымен беріліп ойнайды. Тапсырмаларымды балалар өз беттерімен орындап және ойынды ұйымдастырып бір-біріне әділ баға беруге үйренеді.

Балабақшада жиі қолданатын дидактикалық ойын түрлері:

1.Ойыншықпен ойналатын ойындар.

2.Үстел үстінде ойналатын ойындар.

3.Сөздік ойындар

Әр топта балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты ойындар іріктеймін, сондай-ақ тапсырмалар арқылы балалардың білімін тереңдете түсемін және ойлауын, зейінін, есте сақтауын дамытуға көмектесемін.

Ойынның мазмұны бірнеше элементтен құрылады: Дидактикалық тапсырмалар, мазмұны, ережесі және ойынның орындалуы, мұнда басты элемент-дидактикалық тапсырмалар болып табылады, ал қалған элементтер осы тапсырмаға және оның орындалуына көмектеседі. Тапсырмалар әртүрлі болады (табиғат, жануарлар және өсімдіктер әлемі, адамдар, еңбек т.б.) және қарапайым математикалық ұғымдарды бекітуге байланысты.

Ойын ережелерге сүйенеді, ережелер әр баланың ойында не істеу керектігін, қалай істеу керектігін, мақсатқа жетудің жолдарын көрсетеді және ақыл-ой қабілеттерін дамытады, әсіресе, кішкентай топтағы балалар өзін-өзі ұстауға, өздерінің мінез-құлықтарын қадағалауға үйренеді. Сонымен бірге, психологиялық жағдайларын жақсартады: көңіл аударғыштығын, байқағыштығын және мейірімділікке, кішіпейілділікке үйретеді.

Көптеген дидактикалық ойындар балалардың жеке-дара ойнауына арналған (мозаика, пирамида), олар баланың дербестігін, аңғарғыштығын, өздігінен еңбек етуін жетілдіреді. Кейбір ойындар 4-6 баламен ойналады, сандық лотолар сан үйрету үшін өте қолайлы қызықты. Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні тұрақсыз болады. Оларды біркелкі жұмыс тез жалықтырады. Сондықтан олардың зейінін үнемі қажетті бағытқа аудару үшін ойын түрінде жүргізу қажет.

Өйткені, ұйымдастырылған оқу қызметінде алған білімді ойынмен тиянақтау білімнің беріктігіне негіз қалайды. Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады. Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындалады, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды. Мектеп жасына дейінгі балалар көргендерін, байқағандарын, айналасынан естігендерін ойын кезінде қолданатын байқауға болады.

Ойын айналадағы болмысты бейнелейді. Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш жігерін жұмсап, сезімін білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді.

Дидактикалық ойынды қолдану үшін үлкен педагогикалық шеберлік қажет. Ойынды таңдап алған соң, ойынның көмегімен қандай тапсырманы орындайтынын анықтаймын және ойынды өткізу үшін алдын-ала дайындаламын, сонымен қатар балаларға ойын түсінікті, анық, жас ерекшеліктеріне сай болуы тиіс. Мысалы: табу, көрсету, белгілеу естияр топқа лайықты, ал ересек балаларда салыстыру басым болады. Мінез-құлықты тәрбиелеуде ойынның рөлі маңызды болып есептеледі.Ойын арқылы оқытудың арқасында дидактикалық ойын пайда

болды. Берілген ойындарды қолдану іс-әрекеттің әсерлігін арттырып, балалардың логикалық ойлауын, математикалық қабілеттерін дамытады.

Бұл ойындарды тәрбиешінің шығармашылықпен түрлендіре отырып, балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау кезінде іс-әрекеттің мазмұнына сай пайдалануға болады. Сондықтан, бұндай ойындар ойнау балалардың ойлау, қабылдау, еліктеу қабілеті және заттардың түрін, түсін, көлемін ажырата білуін дамыта түсу үшін өте қажет. Ойын ойлай білуге баулып, сөздік қорын өсіреді, ақыл - ой қызметін қалыптастырады. Дидактикалық ойын адамгершілікке тәрбиелеудің құралы болып табылады. Дидактикалық ойынмен ұйымдастырылған сабақ балаларға көңілді жеңіл келеді. Сондықтан дидактикалық ойынды іріктеп алуға нақтылы сабақтың мақсаты, мүмкіндіктері мен жағдайларын ескертуге ерекше назар аударған жөн.

Дидактикалық ойын – балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын - айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ол балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймай, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. Педагогикада дидактикалық ойындарға былай анықтама беріледі: дидактикалық ойындар дегеніміз – балаларға белгілі – бір білім беріп, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру мақсатын көздейтін іс - әрекет. Дидактикалық ойын баланың қоршаған дүние туралы түсінігін кеңейтіп және оны бекітіп нақтылай түседі.

Бала бақылау, оқыған кітап, естіген ертегі арқылы айналасын таниды. Олардың түсінігі алғашқы кезде айқын болмайды. Тәрбиеші баланың түсінігін дидактикалық ойындар арқылы нақтылап, дамытып саналы түрде түсінуін өрістетеді. Мысалы, бір заттың түсін атаңдар? Бояудың қандай түрін білесіңдер? Үй жануарларының үшеуін атаңдар. Бала дидактикалық ойын арқылы әр затқа байланысты жаңа білімді меңгеріп, түсінігін тиянақтайды.

Дидактикалық ойынның міндеті:

1.Баланың қызығушылығын туғызу;

2. Баланың белсенділігін арттыру.

Балабақшадағы тәрбиелеу - оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс - әрекет кезіндегі тілдік қарым - қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Дидактикалық ойындарда міндетті түрде екі бала қатысатын ойындар түрін пайдаланған тиімді. Ойын арқылы оқыту үшін дидактикалық ойындар құрылған. Балаларға тапсырмалар ойын түрінде беріледі, бұл дидактикалық ойындардың негізгі ерекшеліктері. Балалар ойнау арқылы белгілі бір білім, білік, дағдыларды және ойын әрекеттерін меңгереді.

Әр дидактикалық ойынның танымдылық және тәрбиелік мазмұны болады.

Ойындардың тиімділігі көп жағдайда тәрбиешінің көңіл–күйіне де байланысты болады. Әр ойынды өткізген кезде тәрбиешіге шығармашылық қажет. Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде балалармен өткізілетін математиканың алғашқы ұғымдарын қалыптастыру іс-әрекетте ойынның мынадай түрлерін пайдалануға болады:

1) дидактикалық ойындар–логикалық ойлауын, математикалық қабілеттерін дамыту.

2) санға байланысты санамақ, жаңылтпаштар, жұмбақтар–балалардың сандарды танып білуін, тілдерін жаттықтыру, есте сақтауын, ойлау қабілеттерін дамыту.

3) математикалық сергіту сәттері–кеңістікті бағдарлау, қимыл қозғалысты дамыту. Құралда дидактикалық ойындар мазмұны, ойынды ұйымдастырудың әдіс–тәсілдері көрсетілген. Олар балалардың зейінін, есте сақтауын, байқағыштығын, көзбен мөлшерлеуін, тапқырлығын дамытуға, математикалық білімдерін, икемділіктері мен дағдыларын, заттарды

түсі, өлшемі, пішіні бойынша топтастыруға, салыстыруға, ажыратуға, кеңістік пен уақытты бағдарлауға үйрету.

Қорыта айтқанда, ойын-баланың жан серігі. Ойын сырттай қарағанда ешқандай қиындығы жоқ, оп-оңай көрінуі мүмкін. Ал іс жүзінде бала ойынға қатысу үшін басқалармен тіл табысып, өзінің ойлаған ойын іске асыру мүмкін емес. Баланың рухани жетілуі мен табиғи өсуінің, денесінің дамуы мен ой дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей тәуелді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1..Ф. Жұмабекова.«Мектепке дейінгі педагогика» .
2. Артемова Л.В. Дидактикалық ойындар. ¬– М., 1992.
3. Богуславская З.М., Смирнова Е.О. Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған дамыту ойындары. – М., 1991.

ВОЛЕЙБОЛ ОЙЫНЫ. ДОПТЫ ЖОҒАРЫДАН ЖӘНЕ ТӨМЕННЕН ҚАБЫЛДАУ

Кулмурзин Мирасбек Бахткерейұлы
№4 Қандыағаш қалалық ЖББОМ

Мұғалімнің аты-жөні	Кулмурзин М	
Күні:		
пәні:	Дене шынықтыру	
Сынып:9 Б	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Волейбол ойыны. допты жоғарыдан және төменнен қабылдау	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	9.1.3.1 Арнайы спорттық техникаларды орындау кезіндегі дағдылармен реттілікті түсіндіру және көрсете білу.	
Сабақ мақсаттары	**Барлық оқушылар орындай алады:** Волейбол спорттық ойынының техникаларын орындау кезіндегі дағдылар мен реттілікті біледі және анықтай алады; **Оқушылар көпшілігі орындай алады:** Волейбол спорттық ойынының техникаларын орындау кезіндегі дағдылар мен реттілікті біледі, анықтай алады және көрсетеді. **Кейбір оқушылар орындай алады:** Волейбол спорттық ойынының техникаларын орындау кезіндегі дағдылар мен реттілікті біледі, анықтай алады және басқа оқушыларға көрсетіп, үйрете алады.	
Құндылықтарды дарыту	Жалпыға ортақ еңбек қоғамы (Кім жылдам? әдісі, «Мерген» әдісі)	
Тілдік мақсаттар	3 тілде санау Бір-один-one	

	Екі- два –two Үш- три-three Төрт- четыре - four
Пәнаралық байланыс	Тарих, математика, ағылшын тілі, орыс тілі

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі Уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 3 минут	Оқушылармен амандасу. Түгендеу. **Психологиялық дайындық** **«Менің досым...» тренинг** 	Амандасады. -Оң жағындағы көршісін сол жағындағы көршісіне есімін атап, жақсы қасиеттерімен таныстырады.		
7 минут	Жалпы дамыту жаттығуларын орындау 1. Екі қолмен аяқтың ұшымен екі қол белде өкшемен жүру. 2. Жеңіл жүгіріске көшу. 3. Аяқты артқа, қолға жеткізе жүгіру, екі қолмен алдыда тізені биік көтеріп жүгіру. 4. Оң және сол жақ қырымен адымдап жүгіру. Екі қол белде.	Жаттығулар орындау кезіндегі қауіпсіздік ережесі: • Жаттығулар орындауға арнайы орын таңдау: • Жаттығу орындау орынының тазалығы	ҚБ: Мадақтау:  Жарайсың Жақсы Талпын	
3 минут	5. Жылдамдыққа жүгіру. Жалпы дамыту жаттығулары. **Өткенді еске түсіру.** **«Кубизм» әдісі** Кубтың 6 қырында жазылған сұрақтарға жауап беру.	**Дескриптор:** • Өткен тақырыпқа сәйкес сұрақтарға жауап береді.	ҚБ: 	кубик
Сабақтың ортасы 3 минут	**«Болжау» әдісі** Спортшылардың суреттерін көрсетіп, волейболшыларды анықтау арқылы жаңа сабаққа болжам жасау.	**Дескриптор:** • Суреттен айырмашылықты табу арқылы жаңа сабақты болжайды	ҚБ: Мадақтау: Жарайсың Жақсы Талпын	Спортшылардың суреттері

3 минут	Бүгінгі сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру. • Жалпы Волейболдың ойын әдістері туралы түсіндіру. • Қазақстандық волейболшылар туралы ақпарат беру; • Мектебімізде құрылған волейбол командалары туралы ақпарат беру; **Топқа бөлу:** 1-топ:Тұлпар 2-топ:Қыран	• Волейбол туралы жалпы мағлұмат алады:	«Жеңіс шыңы» 	Презентация Топ атаулары жазылған парақ
6 минут 3 мин	**Жұптық жұмыс.** «Мерген» әдісі Допты орнында тұрып әртүрлі тәсілдермен әріптесіне беруді дамыту А) Допты қолдың жоғарғы жағымен береді Ә) Допты саусақпен лақтырып беру **Саралау:** бұл жерде саралаудың «Бағалау» тәсілі қолданылады. Тапсырманы жоғары деңгейде орындаған оқушыларды мадақтап, қателік жіберген оқушылардың жұмыстарына түзету жүргізу. **«Кім жылдам?» әдісі** Допты қозғалыста әріптесіне беруді дамыту. А) допты секіріп қарсыласына лақтыру Ә) допты оң және сол жақпен қабылдау	**Дескриптор:** • Допты қарсыласына төменнен береді; • Допты астымен лақырып береді; **Дескриптор:** • Допты қарама-қарсы тұрып әріптесіне әр түрлі тәсілмен бере алады және қабылдай алады;	**ҚБ:** төсбелгі арқылы бағалау **ҚБ:** төсбелгі арқылы бағалау	волейбол добы
Сергіту сәті 2 минут	***Сергіту жаттығуы*** **«Ауа-райы құбылыстары» әдістері**	Дөңгеленіп тұру арқылы көрші сыныптасының арқасына ауа-райының құбылыстарын жасап көрсету.		

Сабақтың соңы 7 минут	**«Жеңіс шыңы» әдісі** Волейбол элементтері бар қозғалмалы ойын ойнату Екі жақты ойын	**Дескриптор:** • Топтар бір-бірімен жарыса, ойын ойнайды;	**Бағалау:** Медаль 1-орын 2-орын	волейбол добы
3 минут	**Кері байланыс** «Сұрақтар қобдишасы» қобдишадан оқушылар сұрақтарды таңдап алып, жауап береді. **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі қолданылады. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға қосымша ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға қосымша жетелеуші сұрақтар қойылады. **Рефлексия** Қоштасу. Бір саппен спорт залдан шығару. **Үйге тапсырма** Әлемдік волейболшылар туралы іздену.	**Дескриптор:** • Сабақтың тақырыбы бойынша берілген сұрақтарға жауап беріледі. 1. Бүгін волейбол ойнаудың қандай тәсілдерімен таныстың? 2. Ойын барысында қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет? 3. Ойынға қойылатын басты талаптар туралы не айта аласың? 4. Қазақстандық волейбол ойыншыларынан кімді білесің? 5. Мектебіміздің волейболшылары туралы қандай ақпаратпен таныссың?	ҚБ: Мадақтау: Жарайсың Жақсы	кобдиша, кеспе қағаздар Стикер Презентация

ҚОСЫМША АҚПАРАТ Саралау-оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлау? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлау?	Бағалау-оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы
Саралау барысында оқушылардың деңгейін анықтап, деңгейлері бойынша тапсырмалар бердім. Сабаққа	Оқушылар бір-біріне кері байланыс берді. «Қолмен белгі	Тапсырмаларды орындау кезінде спорттық құралдардың дұрыс орналасуына көңіл бөлу. Дене қыздыру жаттығуларының

белсенді қатысып тапсырманы дұрыс орындаған оқушыларды ауызша мадақтау арқылы бағаладым. Деңгейі жоғары оқушылармен араластырып білім деңгейлерін көтердім.	беру», «Ауызша бағалау» әдісі арқылы рефлексия жасалды.	орындалуына аса көңіл бөлу, икемділікті дамытуға септігін тигізеді. Дене қуатын үнемдеу шарттары. Дұрыс тыныс алу. Сабақтың барысында техника қауіпсіздік ережелерін сақтау
Сабақ бойынша рефлексия -Сабақ мақсаттары, оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? -Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? -Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? -Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? -Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?		Сабақ мақсаттары, оқу мақсаттары жоспар бойынша нақты қойылған. Сабақ соңында барлық оқушы оқу мақсатына қол жеткізді. Сабақ соңында саралау жүргізіліп, сабақ қорытындыланды. Кіріспе бөлім 15минут, негізгі бөлім 25 минут, қортынды 5 минут регламент сақталды. Сабақ жоспарынан ауытқулар болған жоқ
Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? _____ _____ Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? _____ _____ Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет? _____		

КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Кулмуханбетова Нургул Сериккызы
№61 ЖББОМ, көркем еңбек пәні мұғалімі

Мал жұтайды,өнер жұтамайды.
Алдамай өз өнерін сатқан қолөнерші- қазақтың әулиесі сол адам.
Абай.

Аннотация. *Бұл мақалада көркем еңбек пәнінің маңыздылығы, қолданылатын жаңа әдіс- тәсілдер қарастырылған. Мақалада көркем еңбек пәнін өткізуде көптеген жаңа технологияларды пайдаланып, оқушының жаңа материалды толық игеруі қарастырылған.*

«Көркем еңбек» пәні адамның өзін қоршаған ортамен өзара байланысы жайлы білімдерін қалыптастыруға, еңбек әрекетінің рөлін түсінуге, сондай-ақ еңбек сүйгіштікке, адамдар мен олардың еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеуге көмектеседі. «Көркем еңбек» сабағында мұғалім шеберлігіне сай түрлі материалдармен жұмыс істеу оқушылардың технологиялық ойлауын, көркем эстетикалық талғамын, шығармашылық,

фантазиясымен қол моторикасын дамытуға көзбен нақты мөлшерлеу қабілетін жетілдіруге көмектеседі.

Еңбек тәрбиесі үшін өте маңызды көркем еңбек сабағы, онда оқушылар еңбек дағдыларына үйренеді, техникалық білімді игереді. Сабақ барысында оқушылар жалпы және техникалық білімге сүйенеді. Білім еңбек сабақтарының ғылыми негізі болады, ал еңбек сабақтары мен тәрбие барысында оқушылар алған өмір тәжірбиесіне теориялық білім жүйесі арқылы түсінеді. Еңбек сабақтарының процесін жетілдіру оқушылардың еңбекке зерттеу және шығармашылық қатынасын қалыптастырады.

Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой-талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Білім беру саласындағы әр пәннің қандай орта болмасын өзінің өмірге деген көзқарасы, айтар ойы, нақты жеке тұлғаны қалыптастыруда өзіндік үлес қосары анық.

«Көркем еңбек» пәнінен оқытудың мақсаты – жеке тұлғаның қалыптасуы және өз ойын білдіруінің негізгі ретінде, рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту, шығармашылық, кеңістіктік-образдық ойлауын, көркемдік-технологиялық білімнің негізін қалыптастыру. Оқу бағдарламасының мазмұны көркемдік-шығармашылық іс-әрекеттің алуан түрін қарастырады.

Көркем еңбек сабағы арқылы оқушыны іскерлікке, ұқыптылыққа , әдемілікті сезініп қабылдауға үйретеміз. Оқушы алған теориялық білімін іс- жүзінде қолдана отырып , оны өмірімен, өзінің іс- әрекетімен байланыстыра білгенде білгенде ғана өзіне де пайдасын тигізе алады. Сабақта іске асырылатын көркемдік іс-әрекеттің түрлерін «Көркем еңбек» пәнінің мұғалімі анықтайды. Сонымен бірге міндетті түрде көркемдік іс-әрекеттің үш түрі жүзеге асырылады: конструктивті, бейнелеу, сәндік. Көркем еңбек пәнін өткізуде көптеген жаңа технологияларды пайдаланып, оқушының жаңа материалды толық игеруіне баса назар аударамыз. Бұл жаңа технологияларды негізгі үш топқа бөліп қарастыруымызға болады:

1. Ойындық технология- мәнді өмір жағдаяттарын үлгілеу және оның шешімін іздестіруге құрылады. Жетекші әдісі – ойын. Оны ұйымдастыру түрлері: іскерлік, рөлдік, оқиғалық және білімдік ойындар.

2. Коммуникавтік технология – мүмкін болған барлық ақпарларды қатыстыра отырып, оқу үрдісі оқушының өзара белсенді әрекетіне, қатынасына құрылады. Жетекші әдісі – қарым – қатынас. Оны ұйымдастыру түрлері: өзара, жұптық, топтық т.б.

3.Зерттеу технологиясы – проблемалық ізденіске, жаңалықтар ашуға құрылады. Жетекші әдісі – проблемалық оқыту әдісі. Осылармен бірге саралап, жеке дара, жеделдетіп оқыту, өза оқыту, деңгейлеп оқыту, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау т.б. технологиялар көп қолданыс табуда. Бұл технологиялардың бәріне ортақ, негізгі мақсаты – жеке тұлғаны дамыту, оқуға шығармашылық ендіру, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық, өзара әрекеттестік сипатындағы жаңа әлеуметтік қатынастың пайда болуы т.б. Оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зорОқытуда оқушының еңбек біліктері мен шығармашылық қабілетін дамыту үшін жаңа ақпараттық технологияны пайданалуға да мүмкіндіктер көбеюде. Еңбек ету үрдісін даралауда оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдау, яғни оқушының өзіндік танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға бағыттау, білім беруде жеке оқытуды дамыту көзделуі қажет.

Модульдік оқыту технологиясы. Тігін бұйымдарын молельдеу. Модульдік оқыту технологиясы-балаларға жеңілдік жасап, оқушы мен мұғалім қарым-қатынасына теңдік жағдай жасап, оқушыларды қатты қыспай, еркін сөйлеп қызықтырушы көрнекілікпен баланы баулап, алып кету. Әр пән мұғалімі жаңа технологияларды меңгеріп, пәнаралық байланыс, кірістіру сабақтарын кеңінен қолдану қажет. Себебі оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің іс-әрекетімен байланыстыра білгенде ғана өзіне де,

қоғамға да пайдасын тигізе алады. Жас өспірімдерді еңбекке тәрбиелеудің жалпы міндеттері бірнеше жеке міндеттерді орындау арқылы іске асырылады. Олар білім алушыларды еңбекке практикалық тұрғыдан даярлау. Білім алушылардың ынтасын және қабілетін дамыту еңбек тәрбиесіндегі жеке міндеттердің бірі. Еңбек тәрбиесі барлық тәрбиенің қайнар көзі. Көркем еңбек сабағында тиімді жүргізілетін жұмыстарды іріктеп, әдіс-тәсілдерді дұрыс қолдана білу оқушылардың ынтасының, қабілетінің ,шығармашылық ой өрісінің дамуына мүмкіншілік жасайды .

«Көркем еңбек» сабағы балалардың шығармашылық жігерін ашуға көмектеседі. Шеберлік деңгейінің өсуіне, әр жұмысты соңына дейі жеткізудегі шыдамдылық төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастырады. Оқушы бала орасан зор еңбегінің жетістігін көргеннен кейін сол затты қайта жасауға қызығады, және соны үйренуге талпынады. « Көркем еңбек» пәндерінің балаға берер білімі өте көп және күрделі пән ретінде қарауымыз керек. Еңбекке немқұрайлы қарау нағыз білімсіздік. Қазіргі таңда мұғалім ретінде байқайтынымыз, балалардың сабаққа ықыласы төмен. Сонда балада білім болмаса, бір кәсіптік бағытқа бағдар берілмесе, ондай бала ертең қоғамда орнын қалай табады. Бұл үлкен ойландыратын жағдай.
Еңбексіз өскен бала, ескексіз жүзген қайық деп, дана бабаларымыз бекер айтпаса керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, екінші басылым, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015 жыл.
2. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы, екінші басылым, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015 жыл.
3. «Жаңартылған білімге – жаңаша көзқарас.» Әліпбаева А.Қ.

БАЛАБАҚШАДАҒЫ ПСИХОЛОГТЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ

Б.Ж.Кулова
«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Гүлдер»бөбекжай-бақшасы МКҚК, психолог

Психолог жұмысының табысты болуы көп жағдайда оның ұжымда алатын орнына, балабақша меңгерушісімен және басқа қызметкерлермен қарым-қатынасына байланысты.

Балабақшадағы психолог – ең алдымен, баланы жақсы білетін және терең түсінетін, балалардың психикалық дамуының жалпы заңдылықтары мен жас ерекшеліктерін ғана емес, сонымен бірге осы ерекшеліктердің жеке вариацияларын да түсінетін адам. Бала психологиясының маманы ретінде ол кем дегенде жалпы алғанда ересектер психологиясына бағыт-бағдар беріп, ересектердің балаға қатысты ұстанымын түсініп, бағалауы, олардың бірлескен іс-әрекетін талдауы керек.

Мектепке дейінгі мекемедегі психологтың негізгі функциялары балалардың физикалық және психикалық денсаулығын қорғауға, олардың эмоционалдық саулығына ықпал ететін және әрбір баланың қабілеттерінің еркін және тиімді дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасаумен байланысты.Бұл функцияларды жүзеге асыру балалармен де, олардың ата-аналарымен де, балабақша қызметкерлерімен де байланысты бірқатар жұмыс түрлерін орындауды талап етеді.

Психолог жұмысының табысты болуы көп жағдайда оның ұжымда алатын орнына, балабақша меңгерушісімен және басқа қызметкерлермен қарым-қатынасына байланысты.

Ешбір жағдайда ол басшылықты ауыстыруға тырыспауы керек, оның міндеті құзыретті және мейірімді кеңесші ретінде әрекет ету, оның ұсыныстары оның жеке беделі мен мойындалған біліктілігінің арқасында жүзеге асырылады. Мұндай беделге ие болу үшін ұжымға психологиялық білім беруді жүйелі түрде жүргізіп, өз міндеттерін ойдағыдай орындау үшін психологиялық білімнің маңыздылығына әріптестердің көзін жеткізу үшін белсенділік таныту қажет.

Балабақшадағы психологтың міндеттерін екі топқа бөлуге болады.

Біріншіден, ол жалпы білім беру үдерісіне қатысуы, оны «психологизациялау» бағытында жұмыс істеуі керек. Бұл жерде балабақша қызметкерлері мен ата-аналардың психологиялық тәрбиесіне үлкен мән беріледі,оларға балалардың психологиясы, олардың жас ерекшеліктері, ересектер мен балалар арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастырудың ең жақсы тәсілдері және әртүрлі жастағы балалардың өзара қарым-қатынасы туралы білім беру, балалар ұжымдарын ұйымдастыру принциптері және т.б. Әрине, психологиялық білім беруді балалар психологиясы туралы жалпы ақпаратпен шектеп қоюға болмайды.Ол осы балабақша мен оның қызметкерлерінің өзіндік ерекшеліктерін зерделеу нәтижелеріне негізделуі, ұлттық дәстүрлер мен жергілікті жағдайларды, қызметкерлердің біліктілігін және тәрбиешілерді ескере отырып жүргізілуі керек. Тәрбиешілердің жеке жұмыс стилі, балалар мен олардың ата-аналарының өзіндік ерекшелігі.

Екінші топтағы міндеттер анағұрлым күрделі және алуан түрлі, ол балалармен жеке жұмыс жасаумен байланысты және оқу-тәрбие процесінде олардың жеке психологиялық ерекшеліктерін ескеруге көмектесуі керек. Бақылау және сәйкес диагностикалық әдістердің көмегімен психолог балабақшаның әр тобын ұзақ зерттеу барысында педагог пен балалардың және балалардың өзара қарым-қатынасының ерекшеліктерін анықтауы керек.Сонымен қатар бағалау жеке балалардың жеке психологиялық қасиеттері мен олардың психикалық даму деңгейлерін бақылау керек.Мұндай жұмыстың нәтижесі тәрбиешілер мен ата-аналарға, оның ішінде оқыту мен тәрбиелеуді саралау, кейбір жағдайларда балалармен түзету жұмыстарының әдістерін әзірлеу бойынша ұсыныстар болуы керек.

Дегенмен, психологтың медицина мен арнайы педагогиканың құзыретіне байланысты функцияларды орындай алмайтынын және орындамауы керектігін есте ұстаған жөн. Ол тек қажет болған жағдайда тиісті маманға - педиатрға, балалар психоневрологына, дефектологқа, логопедке хабарласуды ұсынады .

Бұл – екінші – міндеттер тобына баланың мектепке дайындығын анықтау және тиісті түзету жұмыстарын жүргізу сияқты психологтың маңызды қызметі де кіреді. Сонымен бірге, баланың мектепке психологиялық дайындығын қалыптастыру дәстүрлі түрде мектепке дейінгі тәрбиенің маңызды міндеттерінің бірі ретінде қарастырылғанымен, психолог бұл міндет оның өміріндегі жалғыз да, тіпті ең маңызды да емес екенін есте ұстауы керек. Кез келген жағдайда ең бастысы - баланың эмоционалдық әл-ауқатын және ең жақсы жалпы дамуын қамтамасыз етуі маңызды.

Осылайша, педагог-психолог балабақшада, ең алдымен, барлық тараптар «баланың мүддесін сақтауы» үшін қатысады.

ӨРГЕ ӨРЛЕУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ - ШӘКІРТ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Кулынтаева Калка Мухамбетжановна
Ақтөбе қаласы,№ 60 жалпы білім беретін орта мектеп

Қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаев жыр жолында:**“Өмір деген - бір жарқ-жұрқ еткен найзағай!”,**-дейді. Ия, шынымен, байқап бақсақ, өмір құдды бір найзағай іспетті емес пе?! Неге десеңіз, көзді ашып-жұмғанша өтеді де кетеді ғой! Ия,солай! Ендеше, қысқа өмірде мен не тындырдым, менің өмірімде қандай жақсы жаңалық, қандай өзгеріс болды деп бір сәт ойлап қараңызшы! Ақынның сөзінің жаны бар. Айталық,“Жарқ-жұрқ еткен найзағай”-деді. Неткен шеберлік десеңізші?! Тереңіне үңілер болсақ, адам баласының жарқ-жұрқ еткен найзағайдай жарқырап өмір сүру керектігін, жан-жағына жақсылығымен ұшқыр ұшқын сыйлап, нұрын шашып өмірде өзіндік игі істерімен із қалдыру керектігін жеткізгендей емес пе?! Ол үшін адам заман талабына сай өмір сүріп, уақыт ағымына ілесіп, жаңалыққа жаны құмартып, әлемде болып жатқан өзгерістерге көз тігіп, әлемнің өзгеруімен бірге өзі де өзгеруі тиіс.Өзгеріс адамды өрге сүйрейді.Ал, өрге өрлеудің өзектілігі - шәкірт шығармашылығында дер ем.

«Ұстазы талапты болса, шәкірті талантты болады» - деген сөздің сырын түсінуде, оның түп- тамырына қаншалықты үңілу, жету қажет болса, оның нәтижесін көру соншалықты күрделі іс. Айталық, берген білімді барынша қабылдап, жетекке еріп, еңбексүйгіштігімен, талантылығымен танылатындай «алтын басты», «асыл тасты» тамаша талапкерің болса, еңбегіңнің жанғаны емес пе!?.. Ия,солай! Тек,бір ескеретін жай: оқушының өн бойында жасырынып жатқан талантты оята білу қажет. Өйткені, оянбай қалған, шәкірт бойындағы тұншығып жатқан талант пен дарындылық бастапқыда бейне бір басылмай қалған перне секілді. Ол пернеге анда-санда болса да саусақ ұшы тиіп, одан бір дыбыс шығуы шарт емес пе?!.. Сол секілді адамзат баласы қандай да бір қырынан танылуы керек қой!. Оны нағыз ұстаз ғана дөп басып, одан құлаққа жағымды дыбыс шығара алады. Одан шыққан әсем әуен әдемі әлемге жетелейді. Әрбір баланың жүрегіне жол тауып, қызығушылық туғызып, білімді терең меңгерту үшін рөльге бар жан-тәніңмен еніп кетесің. Солай жасасаң ғана мақсатыңа жетесің. Осы мақсатты алдыма қоя отырып, дарынды оқушыларды даралауда қыруар жұмыстар жүргізудің нәтижесінде, теңіздің тамшысындай болса да өзіндік ерекшелігі бар талантты шәкірттерімді тауып, шығармашылық қабілеттерін шыңдай түскендеймін.

1. Шығармашылық жұмыс.Тәжірибе қорыту/баспа:газет,журнал/

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Жұмыс түрі	Баспа түрі	Деңгейі қала, облыс, республика	Саны
1	Нұрханқызы Нұрай	6 «Ж»	«Біз батамен көктейміз»	«Ақтөбе» газеті	Облыстық	07.10.2021 ж.
2	Абай Аида	6 «А»	«Менің сағынышым»	«Ақтөбе» газеті	Облыстық	07.10.2021 ж.

3	Ізмет Алинұр		«Үлкендердің сенімін ақтаймыз»	«Ақтөбе» газеті	Облыстық	07.10.2021 ж.
	Нұрәділ Алтай	6 «Ж»	«Ең қадірлі адамдар» өлең	«Ақтөбе» газеті	Облыстық	07.10.2021 ж.
4	Абай Аида	6 «А»	«Жақсы жандарға жалынды сәлем хат!»	«Ақтөбе» газеті	Облыстық	15.10.2021ж.
5	Нұрханқызы Нұрай	6 «Ж»	«Қарттарым - асыл қазынам!»	«Ақбөбек» газеті,	Республикалық	15.10.2021ж.
6	Ізмет Алинұр	6 «А»	«Қарттарымызды қадірлейік!»	«Ақбөбек» газеті	Республикалық	15.10.2021ж.
7	Жамұратова Жаннұр	9 «Ж»	«Ана тілім - тірегім!»	«Ақбөбек» газеті	Республикалық	15.10.2021ж.
8	Мерекеева Диана	9 «Ж»	«Тәуелсіздікті сақтау - ұрпақ еншісінде»	«Ақбөбек» газеті	Республикалық	15.10.2021ж.
9	Нұрханқызы Нұрай	6 «Ж»	Мақала	«Ақбөбек» газеті	Республикалық	15.10.2021ж.
10	Өмірбекова Нұршат	6 «Ж»	«Берекенің бастауы»	«Ақтөбе» газеті	Облыстық	04.11.2021 ж.
11	Жүсіп Дана	7 «Ж»	«Асыл қасиет»	«Ақтөбе» газеті	Облыстық	04.11.2021 ж.
12	Мақсотова Іңкәр	9 «А»	«Мектебіме» арнау» өлең	«Озық тәжірибе,жемісті жылдар»		
13	Рысқалиева Нұрай	9 «А»	«Желтоқсан-Тәуелсіздік жаршысы»	«Ақбөбек» газеті	Республикалық	19.11.2021ж.
14	Өтеулина Азэля	9 «А»	«Тәуелсіздік тұғыры тіл»	«Ақбөбек» газеті	Республикалық	19.11.2021ж.
15	Сагиева Гаухар	9 «А»	«Тәуелсіз Қазақстан»	«Ақбөбек» газеті	Республикалық	19.11.2021ж.
16	Жамұратова Жаннұр	9 «А»	«Тұңғыш Президенттің ролі»	«Ақбөбек» газеті	Республикалық	19.11.2021ж.
17	Мақсотова Іңкәр	9 «А»	«Мектебіме» арнау өлең	«Ақбөбек» газеті	Республикалық	28.01.2022ж.
18	Мақсотова Іңкәр	9 «А»	«Бабалар ізімен» өлең	«Ақтөбе» газеті	Облыстық	14.04.2022 ж.

19	**Мақсотова Іңкәр**	**9 «А»**	**«Ана деген...» өлең**	**«Ақтөбе» газеті**	**Облыстық**	**02.06.2022 ж.**
20	**Мақсотова Іңкәр**	**9 «А»**	**«Бақыт» өлеңі**	**«Ақтөбе» газеті**	**Облыстық**	**07.05.2022 ж.**
21	**Өтеулина Азэля**	**9 «А»**	**«Ақтөбе-құт мекен»**	**«Ақтөбе» газеті**	**Облыстық**	
22	**Мақсотова Іңкәр**	**9 «А»**	**«Жырлайды жүрек» жыр жинақ**		**Облыстық**	

Қазіргі заманғы білім беру жолдарын меңгеріп, жаңартудың тиімділігін түсініп, нәтижесін көріп келе жатқандықтан, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытылу жайын жаңа әдіс-тәсілдермен толықтырып, шығармашылықпен жұмыс жасау жолындамын. Осындай шеберлікті шынайы түрде тәжірибемде қолдана отырып, сабақ барысында оқушылар назарын шығармашылық арнаға бұрып, түрлі тапсырмалар беріп,оны тиянақты орындату барысында жетістіктерге қол жеткізіп келемін.Сондай өнер-білімнің биігінде жұлдыздай жарқырап жүрген дарынды шәкірттерімнің жетістіктерін жылдар бойы жинаған іс тәжірибемнің жемісі деп санаймын. Ендеше, еңбегімнің еш кетпегені ғой! Ұстаз үшін бұдан асқан бақыт жоқ шығар,сірә?!.. Ия, мен-бақыттымын! Мен-ұлағатты ұстазбын! Таудай талантты шәкірттерге ұстаз болғанымды мақтаныш етемін. Алайда, әлі де тоқтап қалар жайым жоқ. Жыл өткен сайын жаңалыққа жаным құмартып, жарқын болашаққа жол бастар жас ұрпақ тәрбиелеу ісімді еселендіре түспекпін.

Тал шыбықты жастай отырғызып, ерінбей еткен жемісті еңбектің нәтижесінде жас шыбық жайқалып өсіп, мәуелі ағашқа айналып, көлеңкесінде саялағаның секілді көз алдыңызда кереметтей көрік берер егеменді еліміздің бәсекеге қабілетті, тегеуіріні мықты тұлғаларын таныта берейік!

Пайдаланылған әдебиет:

1.М.Мақатаев.Өлеңдер жинағы.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ

Кунтаева Фаризат Ардаковна
Ақтөбе қаласы №6 Хромтау гимназиясының дене шынықтыру пәні мұғалімі

Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Қазіргі уақытта еліміздің алдында жастарға іргелі білім беру мақсаты тұр. Іргелі білім берудің міндеті- адамды ғылыми ойлауға ,болмысты тану, оны қабылдаудың әдіс-тәсілдерін білуге,өзін-өзі дамытуға ,өз бетімен білім алуға, ізденуге іштей қажеттілігін туғызу. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым –қатынас пайда болды.

Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту шеңберінде білім берудің мақсаты мен мәнінің өзгеруі «білім беру технологиясы» деп алатын жаңа ұғымның пайда болуына ықпал етті. Бұл ұғымның мәнін білім беру үдерісін өздігінше дамытатын жүйе деп түсінуге болады, онда білім алушылардың қызметі жетекші фактор болып табылып, оқыту мұғалім мен білім алушының субьектаралық өзара әрекетін қарастыратын және олардың мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін рефлексиялық баскару ретінде көрінеді.

Білім беру жүйесіндегі жаңа технологияларды пайдаланудың тиімділігі пән мұғалімінің кәсіби іс- әрекетін дұрыс ұйымдастыра алуымен байланысты. Педагогикалық іс- әрекеттің қыр-сырын әртүрлі салада қарастырған ауқымды зерттеу еңбектері баршылық. Республикамыздың білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды меңгерген жастарға деген сұраныстың артуы оқушылардың мектеп табалдырығынан бастап ақпараттық білімділігі мен қабілеттілігін жетілдіру,біліктіліктің қазіргі талаптарға сай болуы, болашақ ұрпақты біліммен қаруландыруда білім стандарттарына ,мазмұнына сай жетілдіру проблемалары көкейкесті мәселе болып отыр.

Дене мәдениетінің әлеуметтік және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін,оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес жалпы орта мектеп оқушыларының дене тәрбиесін жетілдіру үшін қажет. Мұндай маңызды әдістеме оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі пәнін оқыту үрдісінде мектеп оқушыларында дене мәдениетін қалыптастыру үдерісіне тікелей байланысты.Дене мәдениетін қалыптастыру мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуде, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық үдерістер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып ,тәжірибеге сын көзбен қарап,дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асырудың маңыздылығын артуда.

Дене тәрбиесі тұжырымдамасы мектеп оқушылары дене тәрбиесінің үдерісіне, оқушылардың қозғалыс әрекеттерін ұйымдастыратын тұтас көріністерден құралған педагогикалық құбылыстардың мәнін түсінуге деген көзқарастар жүйесін білдіреді.

Қазіргі мектептегі дене тәрбиесі мемлекеттік мақсаттарды іске асыруға және дене тәрбиесі жүйесінің мектеп буынындағы сауықтыру,білімдік және тәрбиелік міндеттерін дене шынықтырудың кешенді бағдарламасы негізінде мұғалімнің кәсіби жұмысының сапасын қамтамасыз етуші модельдері мен технологиялары , дене тәрбиесінің: оқушы-сынып оқушыларының жас топтары динамикасындағы дене тәрбиесін басқару міндеттерін шешуге бағытталған.

Олар «мектептегі дене тәрбиесі», «дене тәрбиесінің мақсаттары мен міндеттері», «ден тәрбиесі бойынша кешенді бағдарлама», «мұғалімнің кәсіби жұмысының сапасы», «дене

тәрбиесі үдерісін басқару».Осы тұжырымдаманың құрамды бөліктері жұмыстың жекелеген тарауларында логикалық қисынға сай ізбе-ізділікпен қарастырылған. Баяндалған тұжырымдама мектеп оқушыларының дене тәрбиесі тұжырымдамасына үйлесімділік пен мақсатқа ұмтылу сапасын енгізеді. Ол дене шынықтыру пәні мұғаліміне оның педагогикалық жұмысына арналған шығармашылық еркіндігін сыйлайды. Дене тәрбиесі мұғалімінің педагогикалық жұмысы кәсіби міндеттерінің көптігімен ерекшеленеді, ол міндеттерді педагог жоғары біліктілікпен орындай білуі қажет.Ол мұғалімнен педагогикалық міндеттерді (сауықтыру,білім беру,тәрбиелік) сапалы түрде шешуге бағытталған оқушылардың дене тәрбиесінде,сонымен қатар оқушылармен, жұмыстағы әріптестерімен, оқушылардың ата-аналарымен әдепті қарым-қатынас жасауда жоғары мақсаттарға қарай ұмтылыуды талап етеді. Мұғалім мектепке келген алғашқы күндерден бастап,өзінің еңбек етуге деген жоғары жауапкершілігі мен жұмыс тәртібін көрсете білуі қажет. Педагогтың тәрбиеленуші балалардың тағдыры үшін жұмыстағы,тұрмыстағы жеке мінез-құлық үлгісі мен азаматтық жауапкершілігі оқушыларды болашақ қазақстан азаматтары ретінде қалыптастыру арқылы күнделікті қамқорлыққа бөлейді. Мұғалім көп жылдар бойы мектепте жұмыс істеу кезінде кәсіби жұмысының басты бағыттарын іске асыруда- оқушыларды оқытуда,тәрбиелеу мен дамытуда адамның жан-жақты дене дамуын қамтамасыз ететін,өзінің әрбір оқушысы үшін жауапты қоғамдық қайраткерге айналады.

Қазіргі уақытта дене шынықтыру пәні мұғалімінің дайындығына қойылатын талаптар қалыптасты.Олар мұғалімнің педагогикалық жұмысының өзгешеліктері негізінде құралады және оның кәсіби міндеттерінің негізін құрайтын бағыттардан тұрады.Бірінші кезекте ол-мектептің талаптарын мұқият білу және оны заман талабына қарай жаналаудың жолдары,адам тұлғасының жарасымды дамуы туралы ілім негізінде оқушылардың дене тәрбиесін іске асыру,қазіргі педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді білу. Оқушылардың дене тәрбиесіндегі жыныстық жас ерекшеліктерін білу педагогқа дене тәрбиесінің міндеттерін сауатты түрде қоя білуге,қозғалыс біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыра білуге,қозғалыс сапаларын дамытуға, дене тәрбиесінің таңдаған бағдарламасында қарастырылған дене шынықтыру және спорт бойынша оқушыларға білім беруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар оқушылар дене тәрбиесінің алдыңғы тәжірибесін білу арқылы дене жаттығуларына құрылатын сабақтарда бұрыңғы өткен және қазіргі уақыттағы ұлы педагогтардың, бірінші кезекте П.Ф.Лесгафттың- мектеп жасындағы балалардың дене тәрбиесі теориясын ғылыми түрде негізін қалаушылардың бай мұрасына негізделген. Ұлы педагогтардың педагогикалық шығармалары терең ойларға жетелеу арқылы педагогикалық шеберліктің қалыптасуына ықпал етедеі. Педагогикалық шеберлік оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін меңгеру біліктілігі арқылы анықталады.Педагогикалық шеберліктің көрінетін жоғары сапалы түрі педагогикалық өнер болып табылады. Дене тәрбиесі мұғалімі қозғалыс саласын атап өтуді асқан шеберлікпен білуі қажет. Бұл ұзақ уақыттық өзіндік жаттығуды жеке тұрақты түрде өзін-өзі жетілдіруді, жеке спорттық формасын қолдауды қажет ететін қиын жұмыс болып табылады.

Оқушыларға дене тәрбиесінен білім беру процесінде тарихи-педагогикалық тұрғыда анықталып, мектеп оқушыларының дене мәдениетін қалыптастырудың бүгінгі жағдайы мен мүмкіндіктері айқындалып,оқу үдерісінде жаңа инновациялық технологияны қолдана отырып,сабақ құрылымын жаңадан жетілдіруге оқушылардың өз беттерінше денені шынықтырып, дене мәдениетін қалыптастыратын арнайы әдістемесін қолданылса, бүгінгі заман талабына сай дене тәрбиесі және спортқа қызығушылық артып,оқушылардың денесін шынықтырумен қатар, денсаулығы нығайып, дене бітімі жақсарады,салауатты өмір салты мен дене мәдениетін қалыптастыруға,спорттың-әлемдік бейбітшілік құралы ретінде танып білуіне қол жеткізеді.

Әдебиеттер:

1.Бальсевич.В.К.,Лубышева Л.И. Информационная культура специалиста как фактор внедрения новых технологий в практику физической культуры и спорта //Теор.и практ.физ.культуры-2001.

2.Железняк Ю.Д. Педагогические физкультурно-спортивное совершенствование ,2002

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Куптлеуова Гульжайнар Даулетовна
Ақтөбе қаласы, «Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы Орталығының» әдіскері, қосымша білім беру педагогі

Бүгінгі таңдағы Қазақстанда іске асырылып жатқан реформалар барлық оқу орындары мен әлеуметтік тәләм-тәрбие мекемелерінің тәрбие және білім беру мазмұнын жаңа сапалық тұрғыдан дамуы мен жетілуін өткір проблемаға айналдырып отыр. Өйткені дамудағы нарықтық қатынастарға еркін араласуға дайын бүгінгінің және болашақтың адамдарын тұлғалық интеллектуалдық және кәсіби сапалық жағынан әлемдік бәсекеге қабілетті етіп даярлап шығару әсіресе осы білім мен тәрбие мазмұнының сапасына тікелей байланысты.Тәлім-тәрбие қашанда қоғам дамуы мен жетілуінің аса маңызды алғышарттары. Осыған орай қазіргі Қазақстан жағдайында қысқа тарихи уақыт аралығында барлық білім беру жүйесінде оң өзгерістер іске асырылуда. Оның бірі атап айтқанда қосымша білім беруге арналған, оның негізгі субъектісі болып саналатын мектептен тыс мекемелер қызметін жаңа сапада қайтадан ұйымдастыру қолға алынуда.

Қосымша білім берудің мән-мағынасының артуы оның балалар мен жасөспірімдердің қол бос жағдайда еріктілік негізде шығармашылық және танымдық мотивациясын дамыту дербес талаптарын қанағаттандыру, өз еркіне сай мақсатты айналысуына әсіресе кәсіп таңдауына жәрдемдесу, сөйтіп өмірге бейімдеу, салауатты өмір салтына тарту, сайып келгенде бос уақытты маңызды өткізуді ұйымдастыруға қажетті жағдай жасауында. Дәстүрлі педагогика ілімі балаларға қарым-қатынас ортасы мен істің кең өрісі арқылы жасалған дамудың әлеуметтік жағдайын қандай да бір болмасын аса қызықты деген сабақтың өзімен де ауыстыру мүмкін еместігін терістемейді. Шындығында да қосымша білім беру ұйымдары білімнің адам өмірі мен қоғамдағы рөлін балаларға түсіндіру арқылы олардың білімге, өнерге, мәдениетке деген қызығушылығын, ынтасын оятып, жеке қажеттіліктерін қанағаттандырады. Бұл жағдайда жұмыс субъект, объектілер, яғни бала мен қосымша білім беру мекемесінің өзара ынтымақтастығы мен шығармашылық қарым-қатынасы арқылы іске асырылады. Мектептен тыс ұйымдағы жұмыс педагог пен оқушының ортақ іске деген әлеуетінің негізделгендіктен, бала ортақ іс-шараның тұтынушысы ғана емес, жасаушысы да болып табылады. Осындай ерекшелікке сәйкес мектептен тыс ұйымдарда (қосымша білім беру ұйымдары) жалпы білім беретін мектептерде кездесетін детерминдендірушілікке жол берілмейді. Сондықтан да қосымша білім беру ұйымдарына оқытушы педагогтерді іріктеу табиғи сипатта жүргізіледі, яғни оның балаға деген сүйіспеншілігіне, тәрбие ісіне деген ынта-ықыласына баса назар аударылады. Ендеше, мұның қосымша білім беру ұйымдарының педагогикалық әлеуметінің айтарлықтай жоғары болуы керек екендігі де аңғарылады.

Қосымша білім беру ұйымдары қызметінің басты ерекшелігі мынада:

Балалар мен жасөспірімдерді өз еркіне қояды және мұнда адамның өзін-өзі жан-жақты көрсетуіне толық мүмкіндік беріледі, сонымен қатар балалар білім алу бағытын, жүйесін, деңгейін және соңғы нәтижені өздері таңдайды. Бұл ерекшелік қосымша білім беру ұйымдарының білім беру жүйесіндегі шығармашылық қарым-қатынасты, педагог пен баланың немесе педагогпен қосымша білім беру ұйымдарының бірлескен іс-әрекетін белсенді және қарқынды жаңа педагогикалық технологиялық оқыту әдістемесін үнемі үйлестіріп отырудың қажеттілік екенін айқын көрсетеді.

Педагогпен бірлесе отырып жасаған шығармашылық тапсырмаларды шешу білім алу процесіндегі психологиялық құрылымды өзгертеді немесе екі жақтың әрекеттесуі, қарым-қатынас жасауы, барлық қатысушылардың бір-бірімен тығыз байланысты болуы әр баланың ішкі стимуляциясының оянуына әкеледі.

Балаларға қосымша білім беру мекемелерінің бағдарламасы білім беретін сонымен қатар қызметпен (іс-әрекетпен) қамтамасыз ететін және мекеменің дамуы болып екіге бөлінеді.

Қосымша білім беру ұйымдарының қазіргі даму жүйесі барлық білім беретін мекемелердегі педагогикалық үрдістің ұйымдастырылуы мен бағдарламаларының талаптарына сай келуі үшін олар белгілі бір үлгіге (стандартқа) түсуді қажет етеді. Шындығында да білім беру орындарының басты міндеті оқушыларды оқыту, үйрету болса және олар алдын-ала белгіленген нормативті (типтік оқу бағдарламасы, оқу жоспары, күнтізбелік және сабақ жоспары т.с.с.) тәртіп бойынша қанағаттандырылса, қосымша білім беру ұйымдары білімнің адам өмірі мен қоғамдағы оның рөлін балаларға түсіндіру арқылы олардың сол білімге, өнерге т.б. деген қызығушылығын, ынтасын оятып оларды жеке тапсырысын іске асыру амалдарымен қанағаттандырды. Бұл жағдайдағы педагогикалық процесс объект-субъектердің өзара ынтымақтастық пен шығармашылық қарым-қатынас принципіне, яғни тұлғалық даму педагогикасы идеясына құрылады. Қосымша білім беру ұйымдары өзі қызмет көрсететін жердегі тұрғындардың мәдени-ағарту жұмыстарындағы өзара әрекеттік сипатын ашуға да септігін тигізеді. Қосымша білім беру ұйымдарға тән өзіндік ерекшеліктер мұндағы жұмыстарға балалар мен жасөспірімдердің өз еркі және талғамы бойынша қатысуын қамтамасыз ете алады. Мұндағы педагогикалық әсерге әртүрлі кәсіп және жас деңгейіндегі адамдар тобы мүдделерінің бірлігінің қалануы мен жұмыс мазмұндарының алуан түрлілігінің, оның формаларымен түрлерінің көптігін де жатқызуға болады.

Сонымен елімізде білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістер қосымша білім берудің, оның негізгі субъектісі мектептен тыс ұйымдар қызметінің өзектілігін арттыра бермек. Өйткені қосымша білім беру ұйымдары жалпы білім беру мектептермен, басқада білім беру орындарымен бірлесе біріңғай үздіксіз білім беру жүйесін құра отырып: балалар мен жасөспірімдерді шығармашылық белсенділікке, өз бетінше білімін жетілдіруге ынталандыратын, білім мазмұнын белсенді және іскерлікпен меңгеруге үйрететін; балаға өзіндік өмірлік тәжірибесін талдап қортып, оның қалыптасқан құндылық жүйелерімен ара қатынасын ажырата білуге үйрететін; өз ісіне баға беруге, сөйтіп өз мінез-құлқын қалыптастыруға үйрететін; жаңа ғылыми білімдерді және олардың айқын тенденцияларын ажырата білуге үйрететін; баланың дамуы мен дербес сана–сезімінің даму эволюциясын ескере отырып, білім берудің барлық түрлеріндегі мазмұн сабақтастығын сақтайтын мекеме ретінде бейімделу іс-бағыттары бойынша атқаратын жұмыстардың жүйелі, үздіксіз жүргізілуін басшылыққа алады.

Қорыта айтқанда балаларға қосымша білім беру ұйымдарының басқа білім беру орындарынан айырмашылығы онда бала басқаша білім жолын басып өтеді. Мұнда балаға қосымша ақпарат беріп қана қойылмайды, ең бастысы бала шығармашылық жұмыс істеуге тартылады. Бала адамзат еңбегінің, білімінің бірін терең игереді, оған дағдыланады, өз шеберлігіне масаттанады, педагогіне сенеді. Ендігі басты міндет қосымша білім берудің

ерекшеліктерін ескере отырып қосымша білім берудің өз нәтижесі мен оны анықтаудың өз әдістемелерін жетілдіре, дамыта түсу қажет.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Е.О. Омар. Қазақстандағы мектептен тыс мерекелер: Қалыптасуы және дамуы.-Алматы: Рауан, 2003, 297 б.
2. Е.О. Омар. Қосымша білім беру ұйымдары тәрбие жұмыстарының негізі. –Түркістан: 2004, 248 б.
3. Үздіксіз тәрбиенің тұжырымдамасы.-Алматы РКБ.1998.-32 б.

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІНЕ АБАЙ ИДЕЯЛАРЫН КІРІКТІРУ

Куратаева Нурия Магауияевна
Орал қаласы, №48 жалпы білім беретін орта мектебі,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Егеменді ел мүддесі тұрғысына сай жаңа адамды қалыптастыруға жалпы бастау болар тәрбиенің көзі Абайдан табылады. Абай мұрасын оқытуда өркениетке бет бұрған қазақ тілі және әдебиеті пәні оқытушылары осы заман талабымен жаңаша пайымдап, қайта ой сарасынан өткізуді талап етеді. Абайдың адам тұлғасын қалыптастыруға негіз боларлық ғибрат сөздері ұрпақ тәрбиесіне ат салысам дегендердің тілегімен тікелей қабысып жатыр. Бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне жауаптылардың көпіртіп айтар уағыздан арылған тұста олқылықтың орнын толтырар асыл сөз бен ақыл сөз де Абайда екені анық. Абайдың тұлға қалыптастыруға қатысты айтқан сөздері – бүгінгіге де, болашаққа да бағдарлама. Олай болса, Абай ғибратын ұрпақ бойына сіңіру, оның шығармаларындағы мазмұнды оқушы өміріне азық етерлік деңгейге көтеру – өзекті мәселе. Адамның әлеуметтік белсенділігі, оның қоғамдық қатынасы күрделеніп, оның қоғамдағы әлеуметтік мәні де өзгеруде. Мұның бәрі ұрпақ тәрбиесінің мазмұны және әдісі жағынан да өзгеруін қалайды. Абай шығармаларын орта буын оқушыларына оқыту арқылы жаңа қоғамның жаңа адамына керекті қасиет қалыптастыру жолын, оны мектептегі сабақ жүйесінде іске асыру әдістемесі көрсетеді. Ал оқу — тәрбие процесінде Абай шығармаларын нәтижелі өтудің бір кепілі – мұғалімнің әдебиеттану, педагогика, психология ғылымдарын терең меңгеріп, әр сабақта ұтымды әдіс – тәсілдерді аталған негіздермен бірлікте қатар өре білуі. Оқушыларды Абай шығармаларына қызықтыру жолдарын іздеу, оларға керекті практикалық жұмыстар жүргізу, тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, жүргізген оң нәтижелерді ұстаздар қауымына ұсыну уақыт күттірмейтін іс-шараның бірі болып есептеледі. Білім мен тәрбие беруде Абай шығармаларын қолдану ұтымды әрі тиімді. Бұл өзгелерден озық дүние болмағанмен, ұлт ұрпағының білім, зияткерлік қасиет, адами рухани құндылықтар дүниесіне бағдарлану қабілеттері артып, Мәңгілік елдің жан – жақты жетілген тұлғасының өсуіне ықпалын тигізеді. Осы бағытта мектепте Абай қарасөздеріне бағытталған «Абаймен тазарады әрбір қазақ», «Абай тағылымы» тақырыптарында тәрбиелік шаралар өткізілуде. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқу бағдарламаларындағы оқу мақсатының көбі рухани жаңғыру бағдарламасының мақсаттарымен үндеседі. Мысалы, қазақ әдебиеті пәні бойынша «Шығармадағы материалдық жан рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру», «Әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу» деген оқу мақсаттарын өткен кезде, шығарманы талдай отырып, ондағы материалдық құндылық не, рухани құндылық деген не айырып, қазіргі заман тұрғысынан бағалау арқылы, соның ішінде,

рухани жаңғыру бағдарламасының құндылықтарымен сәйкес келуі – жас ұрпақтың бойындағы ұлттық сана- сезімнің дамуына әсер етіп, материалдық және рухани құндылықтарды айыра білу, бағдарлану дағдылары дами бастайды. Бұл жерде ескеретін жай – жұмыс тиімді болу үшін ол жүйелілікті, сабақтастықты сақтау керек. Сабақтағы іс – әрекеттер міндетті түрде мектеп ұжымы, ата – ана, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен байланысты жүзеге асырылуы тиіс. Осы оқу мақсаттары қазақ әдебиеті сабақтарында өтілгенмен, ұлттық «кодымыз» Абаймен әрбір тақырыпты, мақсатты байланыстыру тиімді нәтиже берері сөзсіз. Әдебиеттегі оқу мақсаттарын, тақырыптарды Абаймен байланыстырудың тиімділігі:

- Белсенді, тәуелсіз, шығармашылық ойлау жүзеге асады.
- Білім беру мен тәрбие ұштасады.
- Идеологиялық, адамгершілік құндылықтар тасымалданады.
- Сана -сезім, ұлттық категорияда ойлану қалыптаса бастайды.
- Әлеуметтену, ересек өмірге бағдарлану басталады.

Нәтижесінде:

- Моральдық – құқықтық нормалар меңгеріледі.
- Айналаға құрметпен қарау.
- Айтылым, жазылым дағдылары арқылы сауатты эссе жазу.
- Ресурстар қолдану.

Абай шығармалары жеке тұлғаның таным қабілеттері мен таным үрдістерін арнайы жасалған оқу және танымдық жайлар арқылы дамытуға, жеке тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі көрсетуін, маңыздылығын анықтауға, өзара қарым-қатынас, ойын арқылы шығармашылық қажеттіліктері мен белсенді сөздік қорын (ауызша және жазбаша) дамытуға бағытталады. Осыдан келіп мұғалімнің жұмысында және оқу үдерісінің құрылымында өзгерістер болды. Атап айтсақ, білімді толық меңгерту әдістемесінде мұғалімнің жұмысы мынадай жүйеде құрылады:

- жекелеген оқушылардың тақырып бойынша оқу материалын қабылдау ерекшеліктерін түсінуге ұмтылуы;

-оқушылардың білім-түсініктерін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұғынуы;

-кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі;

- мұғалімнің материалды қысқаша түсіндіруі;

-оқушыларға оқу материалы зерттеу жұмысы негізінде берілуі;

-оқушылардың әрбір сабақта іс-әрекетін бағалау үшін диалогтық қарым-қатынас негізінде оқушының танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру және кері байланысты ұйымдастыру.

Міне, осы бағытта қазіргі білім беру жүйесінде жеке тұлғаға бағытталған оқытудағы тәсілді енгізу болып отыр. Бұл бағдарламаның ерекшелігі топтық жұмыс жасай отырып, бала өзін еркін сезінеді, мұғалім мен оқушының арасында ынтымақтастық қарым –қатынас орнайды және оқушылардың өзінің тұлғалық маңыздылығын сезінуі, өзін көрсете білуі мен өзіне деген сенімділігі артады. Жаңартылған білім мазмұнының мұғалім мен оқушыға берері көп. Оқу мақсаттары: әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну; шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын айқындау; әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланыстыру; шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдау; көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беру; әдеби шығарманың композициясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау; көркем шығармадағы көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы өзіндік пікірін қосып, шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін

тақырыптарға шығарма) жазу; шығармадағы ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу; шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу; шығарманы мазмұндас туындылардың үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау. Оқушы әдебиет сабағында көркем шығарманы қабылдау керек. Бұл оңай үрдіс емес. Ол оқушының өзінің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асатын дүние. Қандай жақсы көркем шығарма болса да оқушы қабылдау үшін әрекет жасамаса, автордың жан күйзелісін, шалқар шабытын бойынан өткізіп, көркем суретті көз алдына елестетіп, келтіре алмаса – бәрі бос сөз. Оқушыдағы осы сезімді ояту мұғалімнің қолында, яғни, оқушыға әдеби білім беру, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін мұғалім әдебиетті оқыту барысында әдіс-тәсілдерді орнымен қолданады. Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бірақ бұл жердегі ерекше бір еске алатын мәселе өзіндік пікірде жатыр.

Мен бұл жұмысымда ұлы ақынның шығармаларын оқытудың мәні мен маңызына және оқыту барысында қолданылатын әдістемелік мәселелерге тоқталып өттім. Әдістеме, яғни бұрынғыша айтқанда оқыту методикасы ғайыптан пайда болмайды, ол озат мұғалімдердің іс-тәжірибелеріне сүйене отырып, педагогика ғылымының жетістіктерін басшылыққа ала отырып қалыптасады және өркендейді. Абай шығармаларын оқытуда кешегі кеңестік дәуірде қолданылған методикалық әдістәсілдердің бірқатары қазір тиімсіз болып отыр. Ақын лирикасы кеңестік идеологияны басшылыққа ала отырып үйретілді, оларды танытуда бір ғана мәселе, таптық тұрғыдан түсіндіру, жастардың белсенділігінен гөрі дайын материалдың мазмұны мен идеясын мұғалімнің нұсқауы бойынша қабылдату – қазіргі білімге беріліп отырған талаптарға жауап бере алмайды. Қазіргі талап – оқушы тек үйренуші ғана емес-талдаушы, аналитикалық пікірлеуші, бағалаушы және оқыған, түсінгенін тұрмыста жүзеге асырушы да болуы шарт. Олай болса, қазіргі методикада оқушыны ізденуге, ситуацияларды өзі тудырып, оны дұрыс шешуге, әрбір тақырыпқа сын көзбен қарап, өзінше баға беруге баулу, дағдыландыру қажеттігі айқын байқалуда.

Қорыта айтқанда, ұлы Абайдың шығармаларын оқушыларға үйрету барысында ең қажетті әдістемелерді пайдаланып, оларды әрбір сабақта жаңалап, жетілдіріп отыру, әрбір тақырыпты өтуде шығармашылықпен қатынас жасау бүгінгі күннің ең басты мәселесі болып табылады. Себебі жастарымыздың дүниетанымына, дүниеге көзқарасын қалыптастыруда, олардың заман дәрежесіндегі азамат болып өсуінде, биік интеллектуалдық жетілуінде, олардың бойындағы эстетикалық талғамының ұштала түсуінде ұлы Абайдың шығармалары бірден бір рухани азық болып табылады.

Көркем туындыны оқытудың ең бастысы, сол көркем туынды туралы оқушының пікіріне, ойына ерекше көңіл бөлген жөн. Бұл пәннің басқа пәндерді оқытудан өзгешелігі де, күрделілігі де осында. Көркем туындыны оқу бар да, талдау бар. Талдау оқусыз жүзеге аспайды. Оқу білім алушының өз еңбегімен, талдау оқытушының көмегімен, оның ұйымдастыруы, жобалауы, тиімді жағын ойластыруы арқылы жүзеге асады. Көркем мәтінді оқушы қалай оқып, қабылдайды, қандай ой туады, өз көзқарасын қалай жеткізеді – бұл білім алушы мен оқытушының бірлескен еңбегінің жемісі болмақ.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А.Қазақтың бас ақыны//ж.Абай,-1992 №3, 23 б.
2. Бітібаева Қ. О. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. Өскемен 2002.
3. Бітібаева Қ. О. Абай шығармаларын мектепте оқыту. Өскемен, 2005.
4. Бейсенбаева А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. Алматы. 1995.
5. Жұмабаев М.Алтын Хакім Абайға//Абай, №1, 1992, 2 б.

БАЛАНЫ КІШІ ЖАСТАН МӘДЕНИЕТТІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ НАҚТЫ ЖОЛДАРЫ

Курманова Гулшат Тулеуовна
МКҚК №17 «Шұғыла» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі

Балабақшадағы тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы. Тәрбиеші балаларды адам мәдениетінің әлеміне, күрделі және алуан түрлі қарым-қатынастардың әлеміне ертетін үлкендердің бірі. Қазіргі кезде ата-ананың сұраныс деңгейі биік. Өскелең жас ұрпақты рухани-өнегелі қасиеттерге тәрбиелеу мәселесі қазіргі заманымызда өзекті болып отыр. Балалардың білім беруде, адамгершіліктің ең құнды қасиеттерін бойына сіңіріп тәрбиелеуде, білім мекемелерінен, ұстаздардан, ата-аналардан шығармашылықты талап етеді.

Баланы жан-жақты, дені сау, үйлесімді болып өсуіне ата-анасы қаржысын аямай ден қояды. Кішкентай жастан музыка, би, шет тілдер, спорттық үйірмелерге қатыстырады. Оның барлығы, әрине заман талаптарына сай, бірақ ең бастысы рухани –өнегелі тәрбие - тәрбиенің бастамасы екендігін ешқашан ұмытпағанымыз дұрыс.

Жазушы-педагог Ж. Аймауытов: «Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі, бала айтып ұқтырғаннан гөрі, көргеніне көп еліктегіш келеді. Солай болған соң балаға не жақсы мінез болсын, іспен көрсету керек», - дейді. Осы бір ұлағатты ой астарында отбасында - ата-анасынаң мектепке дейінгі ұйымда – тәрбиешіден талап етілетін тағылым жүгі жатыр. Жер бетінде мекен еткен адамзаттың бір бұтағы — бір халықтың қандай да дара қасиетке ие болып, қандай бет-бейнесімен көрінуі — сол халықтың мектебінің бет-бейнесіне, өзіндік ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Әрине, отбасында бала ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиеленіп келіп, ол тәрбие балабақша мен бастауыш мектепте жалғасын тауып жатса, бала өте құнарлы этномәдени білім мен тағылым алары анық.

Отбасының басты қазығы, алтын тіреу діңгегі – бала. Бала - жасы кәмелетке толмаған, жан - жақты тәрбиені қажет ететін, болашағынан көп үміт күттіретін жеке тұлға. Ал, баланың жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, тәрбие берушілер ата-ана, жанұя, араласатын ортасы, жолдастары, балабақша және тәрбиеші.

Жеке баланың бойындағы ар-ұяты, ақыл-ойы, адамгершілігі, басқа адамдармен қарым-қатынасы, мәдениеттілігі жанұядан алынады. Сондықтан жанұя – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы.

Осы ұжымның әрбір мүшесі өзара сүйіспеншілікпен, береке-бірлікпен, сыйластықпен бала тәрбиесіне араласса, кәмелетке толғаннан кейін саналы, тәрбиелі жеке тұлға пайда болады. Ал, баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі, тату, берік отбасының әсері мол, себебі оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер отбасында қалыптасады. Сондықтан, отбасы өте қажетті, басқадай ешнәрсемен ауыстыруға болмайтын баспалдақ.

Ата-ана – тәрбие өнегесі, сондықтан «Ата көрген-оқ жонар, ана көрген –тон пішер» деп қазақ мақалы тегін айтылмаған. «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген аталы сөз тағы бар. Осы нақыл сөздерден-ақ, отбасының, ата-ананың бала тәрбиесіндегі ролі өте үлкен және маңызды екенін көреміз.

Бала тәрбиесі - қиын да күрделі процесс. Біз баламыздың тәрбиелі де өнегелі болып өсіп, өз қатарының алды болғанын қалаймыз. Бірақ баламызды осы мақсаттарға сай тәрбиелеу үшін үлкен еңбек, күш - жігер қажет екенін бәріміз білсек те, бала тәрбиесімен қажетті түрде айналыса бермейміз. Кейін баламыз есейген сәтте, «сен маған тартпағансың, мынаны олай істемедің, ананы былай істемедің, ештеңеге қырсызсың» деп кінәлап жатамыз. Алайда, бала неге осындай болды деп ойланып, оның осындай болуына басты себепкер өзіміз екенін мойындамаймыз.

Өнегелік тәрбие мақсаты- балалардың өмірде қажет болатын жалпы адамзат құндылықтарына, ұлттық дәстүрлер мен бастауларына тарту үшін мінез-құлық нормаларын қалыптастыру, кәсіптік этика мен абырой бағытында тәрбиелеу,мейірбандылық, қайырымдылық, адамгершілік, бауырмалдық, татулық, әдептілік, инабаттылық, кішіпейілділік, ықыластылық және гуманистік қасиеттерін дарытып тәрбиелеу.

Еліміздің көркейіп, өркениетті елдің қатарына қосылып, халықаралық деңгейге шығуы бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Шығыс ғұламасының бірі болып саналатын Жүсіп Баласағұнның дастандарында отбасы тәрбиесі көп айтылады

Мемлекеттің беріктігі, тек ел билеуші қайраткерлерге, әділ заңға, күшті әскерге ғана емес, әр отбасының беріктігіне байланысты екендігін сипаттайды. Ғұлама пікірі бойынша: отбасы беріктігі адамның болашақ жар таңдауынан басталып, өнегелі отбасын құру және осы өнегелі отбасынан ғана өнегелі ұрпақ тәрбиеленеді. Осы пікірмен бала тәрбиелеп отырған әрбір ата-ана келіседі деп ойлаймын.

Қазақстан Республикасының Конституциясында «балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың құқығы әрі парызы» деп көрсетілген. Сондықтан, өнегелі ұрпақ өсуін тілеп, ұрпақ тәрбиесін отбасынан бастап, бала алдындағы парызымызды дұрыс атқаруымыз қажет. Әр ата-анаға ақыл айтып, баласын қалай тәрбиелеу керектігін түсіндіру шарт және мақсат емес, алайда бала тәрбиелеп отырған отбасылар, әсіресе жаңа отбасын құрған жанұялар бала, болашақ ұрпақ тәрбиесіне көп мән берер деп сенемін.

Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани-өнегелі дамуы балабақшасы мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады. Әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін, өзіндік ерекше жағдайлар жасалады.

Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады, еңбекте-еңбек сүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай-ақ ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздың сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар. т. б. қалыптасады.

Мектепке дейінгі жаста балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас/ тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау/ кеңпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т. б./ Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым-қатынасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әр түрлі ұлт өкілдеріне қадір тұту және сыйлау. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады, немқұрайдылықтың пайда болуына, құрбыларына, төңіректегі үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды.

Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», — дейді. Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы — өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Мысалы: Атақты педагог Сухомлинский; «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады. Тәрбиенің негізгі мақсаты- дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаға рухани ләззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жас баланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық», деп атап көрсеткен.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы — өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер:
1. Балалар туралы ғылым Алматы 2000
2. Баланы тәрбиелеу жолдары . Алдыоңғаров Б Алматы-1982
3. Ата анаға кеңестер жинағы Семей2003ж

РАБОТА С ТЕКСТОМ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА В КОНТЕКСТЕ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Курмансейтова Гулназ Оразаевна,
Каргалинская казахская средняя школа имени М. Арына г.Актобе
учитель русского языка и литературы

Аннотация. В статье рассматривается вопрос об умении работать с текстом на уроках русского языка. Работа с текстами включает не только восприятие и воспроизведение текста, но и создание собственных высказываний. В контексте перехода среднего образования в Республике Казахстан на обновленное содержание образования основная задача обучения русскому языку - формирование навыков практического владения русским языком в соответствии с ситуацией и целями общения. Использование на уроках русского языка текста позволяет формировать у учащихся языковую, лингвистическую, коммуникативную компетентность.

Современное казахстанское общество характеризуется общественной модернизацией и включением в мировые интеграционные процессы, где ведущую роль играет образование. Преподавание языковых предметов по новым стандартам направлено на развитие у учащихся четырех видов речевой деятельности: слушание, говорение, чтение, письмо. В современном обществе особенно ощущается потребность во всесторонне грамотных людях, свободно владеющих навыками устной и письменной речи. Профессиональные, деловые контакты, межличностные взаимодействия требуют от современного человека универсальной способности к порождению множества разнообразных высказываний, как в устной, так и в письменной речи.

Как развивать речь и мышление учащихся? Как сформировать интеллектуально и творчески развитую личность, обладающую коммуникативными навыками?

Наиболее эффективной формой в данном направлении методисты считают работу с текстом на уроках русского языка как одно из условий развития творческого потенциала учащихся, пополнения их словарного запаса, улучшения качества речи. Текст – это основа создания на уроках русского языка развивающей речевой среды. Именно текст — основной компонент структуры учебника по русскому языку, именно через текст реализуются все цели обучения в их комплексе: коммуникативная, образовательная, развивающая, воспитательная

Согласно теории Л.П. Федоренко об использовании текста как основы создания на уроках речевой среды, мотивация работы с текстом заключается в вопросах к содержанию текста. На следующем этапе, ориентировании, необходимо привлечение опорных материалов (схем, памяток, планов, конспектов) для того, чтобы выполнить поисковую задачу в работе с текстом. Затем исполнение операции: анализ текстов, обобщение речеведческих навыков, синтез, моделирование, итоговое уточнение языковых понятий, оценка. На последнем этапе, самооценке, новое знание и умение включается в систему ранее познанного.

Текстоцентрический подход – необходимое условие достижения нового качества образования, главным содержанием которого является формирование у учащихся ключевых компетенций.

Наиболее результативными являются следующие формы и методы организации работы с текстом:

• комплексная работа с текстом;
• лингвостилистический анализ текста; «самодиктанты»;
• сочинение-рассуждение;
• редактирование текста;
• различные виды диктантов;
• интеллектуально-лингвистические упражнения;
• работа с текстами-миниатюрами; коммуникативные и игровые ситуации.

Очень важны критерии отбора текстов. Тексты должны быть интересными с точки зрения орфографии, отличаться стилем, типом речи, лексикой, содержать различные синтаксические конструкции.

Примерный план анализа текста любого типа речи:

1. Выразительное чтение текста.
2. Словарная работа.
3. Тема текста.
4. Идея текста.
5. Тип текста.
6. Стиль текста.
7. Выразительные средства речи и их роль.

На основе образцовых текстов можно проводить и «самодиктанты».

Ребята должны непроизвольно запоминать такие тексты, уметь легко их воспроизводить. Тексты для самодиктантов – это отрывки из произведений наших классиков, которые читаются на уроках литературы, кроме того, это тексты упражнений учебника или «мудрые мысли».

Еще более стимулируют коммуникативно-познавательную деятельность учащихся диктанты с изменением текста (творческие, свободные, восстановленные, диктанты по аналогии, диктанты с продолжением). Применение диктантов развивает логическое мышление учащихся и учит мыслительной переработке материала.

Приемы работы с текстами-миниатюрами, а также сравнение двух текстов – это путь от восприятия текста, понятия текста (через его анализ) к созданию собственного высказывания, сочинения, что важно и для развития памяти, внимания, мышления учащихся.

Поскольку в основе конкретных речевых произведений лежат общие принципы их построения, текст является моделируемой единицей речи. Различные варианты этих моделей представляют так называемые тексты-образцы речевой деятельности. Тексты-образцы должны демонстрировать единство трех важнейших признаков текста: коммуникативной (функциональной), смысловой и структурной, показывать разнообразные возможности употребления языковых единиц в речи. В качестве таких используются в первую очередь художественные (чаще всего событийного плана) и так называемые «учебные» тексты, то есть адаптированные в учебных целях художественные тексты или тексты других стилей, содержащие богатый материал для выполнения тренировочных упражнений и творческих заданий. При этом наблюдения за языковыми фактами должны быть неразрывно связаны с анализом восприятия и понимания текста. Один из вариантов исследования предполагает выяснение в первую очередь общего впечатления, настроения, определения замысла автора, затем - языковой анализ текста, включающий особенности авторского употребления языковых средств.

Анализ может проводиться в форме диалога учителя с учениками по тексту, представленному участникам диалога.

I. В начале беседы выясняется общее впечатление от прочитанного текста (после первого чтения), задаются вопросы, далее в ходе беседы анализируется механизм речевых действий автора при создании текста и формируется мотивация речевой деятельности школьников; по данной психологической модели выясняется, можно ли взять этот текст в качестве образца для создания собственного устного или письменного высказывания.

II. На следующем этапе рассматривается содержательная сторона текста, определяется его тематическая и структурная целостность.

В результате учащиеся приходят к выводу о структурной целостности текста как одного из средств реализации основной мысли автора, его замысла.

III. Последним этапом является работа, направленная на доказательство коммуникативной целостности текста, то есть выявление обусловленности и предопределенности всех языковых средств, использованных в тексте автором.

Выявление языковых средств реализации речевого замысла автора, его основной мысли - того, ради чего создается текст, лучше всего проводить с помощью анализа микро тем. При этом необходимо, во-первых, актуализировать знания школьников о микро теме, обладающей относительной законченностью, внутренними логическими и грамматическими связями; во-вторых, выявить основные средства графического оформления микро тем-абзацев (в письменной речи) и значительных пауз (в устной речи) как композиционно-стилистических средств. Затем с помощью фрагментов текста следует показать, как реализуется речевой замысел автора, какими языковыми средствами (лексическими, словообразовательными, морфологическими, синтаксическими, интонационными и другими) автор воздействует на читателя.

Все это позволяет углубить понимание текста и его главной мысли каждым читающим индивидуально. В заключение можно сделать вывод о том, насколько правильно была понята основная мысль автора. Еще раз следует подчеркнуть значимость как можно более точного подбора языковых средств для осуществления коммуникативного намерения автора, так как правильное понимание сказанного или написанного является основой успешного общения.

Список литературы

1. Грибова О. Е. Текстовая компетенция: лингвистический, психолингвистический и онтолингвистический анализ: монография. М.: АПКиППРО, 2009.

2. Жинкин Н. И. Психолингвистика: Избранные труды / составление и предисловие К. Ф. Седова. М.: Лабиринт, 2009. 288 с.

3. Пленкин Н. А. Восприятие текста учащимися // Лингвистические знания - основа умений и навыков: сборник / сост. Т. А. Злобина. М.: Просвещение, 1985.

4. Седов К. Ф. Онтопсихолингвистика: становление коммуникативной компетенции человека. М.: Лабиринт, 2008.

5. Бабина Г. В. Анализ смысловой структуры текста учащимися с тяжелыми нарушениями речи: монографический сборник: Онтогенез речевой деятельности: норма и патология / отв. ред. Л. И. Белякова. М.: Прометей, МПГУ, 2005.

6. Караулов Ю. Н. Русский язык и языковая личность. М.: Наука, 1987.

7. Смелкова З. С. Педагогическое общение: Теория и практика учебного диалога на уроках словесности. М., 1999.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Кусаинова Гаухар Амангельдиевна
КСОШ № 33

Данный доклад посвящен использованию информационных технологий в обучении русскому языку и литературе. Актуальностью данной работы является то, что в современной педагогике существует множество технологий обучения. Каждая из них имеет какие-то особенности, отличия, но все они похожи в одном: каждая технология в своей основе содержит определенную педагогическую концепцию. Именно концепция определяет направленность, структурные составляющие и предполагаемый результат педагогического процесса. Ни один выдающийся педагог не мог обойти эту проблему. Можно и нужно каждого учителя научить пользоваться педагогическим инструментарием, утверждал Я.А. Коменский, только при этом условии его работа будет высоко результативной, а место учителя самым лучшим местом под солнцем. Стремительно развивающиеся изменения в обществе и экономике требуют сегодня от человека умения быстро адаптироваться к новым условиям, находить оптимальные решения сложных вопросов, проявляя гибкость и творчество, не теряться в ситуации неопределенности, уметь налаживать эффективные коммуникации с разными людьми и при этом оставаться нравственным. Поэтому учителям необходимо овладевать информационными технологиями, с помощью которых можно реализовать новые требования.

Технология – это совокупность приемов, применяемых в каком-либо деле.

Задачей преподавателя считаю включение самого обучающихся в учебную деятельность, организацию процесса самостоятельного овладения обучающегося нового знания, применение полученных знаний в решении познавательных, учебно-практических и жизненных проблем.

Свою работу выстраиваю следующим образом:

выявляю уровень учебных возможностей обучающегося по предмету;

дальнейшую работу планирую с учетом индивидуальных особенностей.

Учет индивидуальных особенностей позволяет мне составлять задания таким образом, чтобы способствовать реализации возможностей каждого ребенка в рамках личностно-ориентированного обучения.

Дифференцированный подход к обучению приносит положительные результаты:

-уменьшается нагрузка на обучающихся;

-решается проблема неуспеваемости, потому что каждый учится так, как может, в группе улучшается психологический климат;

-становится реальностью усвоение каждым общеобразовательного минимума.

В практике своей работы я активно использую такие формы урока, как уроки-соревнования, уроки-конкурсы, урок-игра, уроки-путешествия, уроки-семинары

На уроках русского языка использую работу с опорными конспектами, даю творческие задания по их составлению, что способствует эффективному использованию опорных сигналов в учебном процессе.

Активизируя познавательную деятельность обучающихся, повышая грамотность, создаю на уроке чувство новизны, удивления, которое должно стать источником желания самостоятельно работать, решать поставленную задачу, ответить на необычный вопрос этому, в наибольшей степени способствуют разнообразные проблемные ситуации на уроке.

На своих уроках, во внеклассной работе по предметам метод проектов реализую в полной мере, позволяю ребятам создавать качественные и интересные проекты, как в групповой, так и в индивидуальной форме. Считаю, что проектная деятельность — один из лучших способов для совмещения современных информационных технологий.).

Решение правильно поставленных исследовательских задач существенным образом изменяет весь процесс обучения и резко повышает интерес к предмету.

Использование информационных технологий является одной из актуальных проблем современной методики преподавания филологических дисциплин. Считаю применение информационных технологий необходимым на уроках русского языка, литературы и мотивирую это тем, что они способствуют совершенствованию практических умений и навыков, позволяют эффективно организовать самостоятельную работу и индивидуализировать процесс обучения, повышают интерес к урокам русского языка и

На всех этапах уроков русского языка и литературы можно использовать такой инструмент исследования (в качестве источника дополнительной информации по предмету, способа самоорганизации труда и самообразования, возможности реализации личностно-ориентированного подхода в образовании), как презентации, тесты.

На уроках русского языка и литературы широко применяю компьютерные программы, разного вида презентации с использованием мультимедийного проектора.

Применение ИКТ на уроках дает следующее:

-развитие умения учиться самостоятельно;

-развитие творческого потенциала личности;

-ликвидация пробелов в знаниях и оказание помощи слабоуспевающим студентам;

-удовлетворение индивидуальных особенностей и потребностей студента.

Компьютер дает в обучении именно то, чего часто не хватает на уроках: восприятие через визуальный и кинестетический каналы. Такие мультимедиа, как слайд, презентация или видеопрезентация, завоевывают большую популярность, т.к. презентация позволяет привлечь и удерживать на более долгий срок внимание и воздействует более чем на один орган чувств.

И, наконец, на современном этапе, когда у обучающихся наблюдается потеря интереса к русскому языку, обусловленная целым рядом социально-культурных причин, и когда обогащение словаря и совершенствование речи происходит в основном на уроках русского языка и литературы, проблема формирования и развития грамотной, творческой, компетентной личности обучающегося становится важнейшей проблемой для учителя. Чтобы использование текста на уроке было максимально эффективным, он должен соответствовать определенным требованиям.

Сегодня нет такого преподавателя, который не мечтал бы о том, чтобы его общение с обучающимися было бы увлекательным, интересным, эмоциональным, а главное — тем ценным приобретением, которое бы смогли преобразовать в собственное мировосприятие и мироощущение. Использование современных технологий на уроках русского языка и литературы помогает научить обучающихся чувствовать слово и думать над ним, искать в нем истинный смысл, восхищаться всей «громадой» русского языка, выражать себя в творчестве.

Однако следует особое внимание уделить внимание тому, что при использовании современных образовательных технологий, безусловно, должно присутствовать чувство меры. Не перегрузить, не нагромождать, не навредить, — этот постулат неоспорим.

Список использованной литературы:

1.Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: Учебное пособие. – М.: Народное образование, 2004г.

2. Никишина И.В. Инновационные педагогические технологии и организация учебно-воспитательного и методического процессов в школе. Издательство «Учитель», Волгоград, 2008.

3. Тимонина, В.Ю. Диалог о роли компьютера в преподавании русского языка / В.Ю.Тимонина, Л.А.Тростенцова // Русский язык в школе. – 2006. — №4. – С.14.

НЕЙРОГИМНАСТИКА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ОҚУ ҚЫЗМЕТІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ РЕТІНДЕ

Куспанова Жанна Багиговна, Куспанова Анна Багиговна
бастауыш класс мұғалімдері

Қазіргі уақытта оқытудың тиімді жолдарын іздеу үлкен маңызға ие. Ақыл-ой белсенділігіне сүйенбестен, білім алушылардың білімді игеруін түсіну мүмкін емес. Танымдық және ақыл-ой қызметін жандандыру мәселелері педагогикада өзекті болып табылады.

Нейропсихологтар адам денесі арқылы мидың белсенділігіне әсер етуге мүмкіндік беретін денеге бағытталған жаттығулар кешенін әзірледі. Олар бұл кешенді нейрогимнастика деп атады. Нейрогимнастика жоғары психикалық функцияларды дамыту үшін қолданылады. Арнайы таңдалған жаттығулардың көмегімен дене оң және сол жақ жарты шарлардың жұмысын үйлестіреді және дене мен ақыл-ойдың өзара әрекеттесуін дамытады. Нейрогимнастика жаттығуларының әрқайсысы мидың белгілі бір аймағын қоздыруға ықпал етеді және ой мен қозғалысты біріктіру механизмін қамтиды, сонымен қатар қозғалыстар мен психофизикалық функцияларды үйлестіруді дамытуға ықпал етеді.

Кинезиология-қозғалыс арқылы мидың дамуы туралы ғылым. Физиологтардың зерттеуі бойынша мидың оң жарты шарлары – гуманитарлық, бейнелі, шығармашылық – денеге, қозғалыстарды үйлестіруге, кеңістіктік визуалды және кинестетикалық қабылдауға жауап береді. Мидың сол жақ жарты шарында – математикалық, символдық, сөйлеу, логикалық, аналитикалық – есту ақпаратын қабылдауға, мақсаттар мен бағдарламалардың құрылысына жауап береді.

Жүйелі жаттығулардың әсерінен денеде оң құрылымдық өзгерістер болады. Жүйке процестерінің күші, тепе-теңдігі, қозғалғыштығы, икемділігі жоғары деңгейде жүзеге асырылады. Жүйке жүйесінің реттеуші және үйлестіруші рөлі жетілдірілуде. Нейрогимнастика адамның қабілеттерін анықтауға және оның миының қызметінің мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Ойындар мен жаттығулар жарты шарлардың жұмысын үндестіреді, есте сақтауды жақсартады, әңгімелесушінің сөйлеу қабілетін жақсартады, тұрақты қызығушылық тудырады, назар аударады, бір әрекеттен екіншісіне тез ауысуға мүмкіндік береді, бұл сабаққа тез қосылуға ықпал етеді. Кинезиологиялық ойындар мен тапсырмалар психикалық процестердің дамуына пайдалы әсер етеді: есте сақтау, зейін, ойлау, қабылдау процестері, кеңістіктік көріністер және өзін-өзі реттеу процестері. Тұрақты сабақтар кезінде эмоционалдық фонды тұрақтандыру, ішкі әлеуетті ашу, өзін-өзі бағалау деңгейін арттыру жүзеге асады. Жаттығу оқытудың барлық түрлерін жеңілдетеді және зияткерлік процестерді оңтайландыруға, ақыл-ой қабілеттерін арттыруға тиімді әсер етеді. Нәтижесінде бала өзгерістерге жақсы бейімделеді, ақпаратты игеру және үйрену оңайырақ болады.

Моторлы(қозғалыс) нейропсихологиялық түзету келесі жаттығулар жиынтығын қамтиды:

1. Тыныс алу жаттығулары.
2. Созылу белгілері.
3. Интерполярлы байланыстарды дамытуға арналған жаттығулар: екі жарты шардың үйлесімді жұмысы үшін, мидың аналитикалық және синтетикалық белсенділігін дамыту үшін және т. б.
4. Ұсақ моториканы және көруді үйлестіруді дамытуға арналған жаттығулар.
5.Ептілікті дамытуға және қимылдарды үйлестіруге арналған жаттығулар.
6. Кеңістіктік бағдарлауды дамытуға және дене құрылымын қалыптастыруға арналған жаттығулар.

Өзара іс-қимыл неғұрлым жақсы дамыған болса, мұғалімнің тапсырмаларын орындау оңайырақ және үлгерімі соғұрлым жақсы болады.

Жаттығулардың жіктелуі

Барлық жаттығулар сенсоримоторлық дағдылардың үш түрін дамытуға бағытталған төрт топқа бөлінеді.

Бірінші топ-дененің ортаңғы сызығын кесіп өтетін жаттығулар. Олар екі аяқты, қолды, көзді бір уақытта жұмыс істетуге, яғни екі жарты шардың қызметін біріктіруге бағытталған. Оларды жүзеге асыру нәтиже береді: бала бір уақытта қозғала және ойлана алады, оқу және жазу дағдылары жақсарады, ақпаратты бүтіннен жекеге дейін және керісінше өңдей алады.

Екінші топ-энергетикалық жаттығулар. Олар ми жасушалары арасындағы жүйке процестерінің жылдамдығын қамтамасыз етеді. Эмоцияларды және өзін-өзі реттеуді жақсартады. Тұрақты сабақтар ойлауды жақсартуға, саналы оқу жылдамдығын арттыруға, зейінді жақсартуға мүмкіндік береді.

Үшінші топ-созылу жаттығулары. Олар сіңірлерді босаңсытуға және бұлшықет кернеуін жеңілдетуге бағытталған. Стрестен арылуға, зейінді шоғырландыруға көмектеседі.

Төртінші топ – позитивті ойлауды арттыруға арналған жаттығулар. Олар жүйке процестерін тұрақтандырады, нәтижесінде бала стресстік жағдайда сабырлы болуды үйренеді. Бұл жаттығулар маңызды іс-шаралар (бақылау, диктанттар, көпшілік алдында сөйлеу) алдында жүйке жүйесін басқаруға мүмкіндік береді.

Жаттығуларды біздің әрекеттеріміздің қалай жүретіні туралы ойламайтындай етіп орындау керек.

Жаттығу мысалдары

Дененің ортаңғы сызығын кесіп өтетін жаттығулар:

"Айқас қадамдар" жаттығуы. Бала тік тұрады, басы дененің ортаңғы сызығында. Оң қолды және сол аяқты бір уақытта көтеру керек, қолдың шынтағы аяқ тізесіне сәл тиіп тұру керек. Содан кейін біз қол мен аяқты бастапқы позицияға қайтарамыз, сол қол мен оң аяқты көтеріп, сол қолдың шынтағын басқа тізеге тигіземіз. Жаттығуды орындау кезінде бас орнында қалуы керек. Бір минут ішінде орындау керек.

"Қос сурет" жаттығуы. Біз әр қолымызға қарындаш алып, қағазға кез-келген нәрсені саламыз, қолдарымызды бір уақытта жылжытамыз: жоғары-төмен, бір-біріне қарама-қарсы және т. б.

Энергетикалық жаттығулар:

"Энергетикалық есінеу" жаттығуы. Бұл ретте көзді қатты жұму және жақтардың қосылыстар аймағына массаж жасау арқылы есінеуді бейнелеу. Бұл әрекеттер терең есінеу дыбысымен бірге жүруі керек. Ұзақтығы-екі минут.

"Ми түймелері" жаттығуы. Біз оң қолды кіндікке, сол қолды – төстің оң жағындағы бұғананың төменгі негізіне қойдық. Сол қолыңызбен бұғананың негізін уқалаңыз, екінші қолыңызды кіндіктен алмаңыз. Содан кейін қолды өзгертіп, әрекетті қайталаңыз.

Созылу жаттығулары:

"Үкі" жаттығуы. Сол қолыңызбен оң иықтың бұлшықеттерін ұстаңыз. Әрі қарай сол жақ иықтан артқа қарау үшін басыңызды бұрыңыз және тыныс алыңыз. Иығыңыздың түзулігін қадағалаңыз. Содан кейін иекті кеудеге түсіріп, дем алып, иықтарыңызды босаңсытыңыз. Жаттығуды екінші қолыңызбен қайталаңыз.

"Жерге қосқыш" жаттығуы. Аяғымызды екі жаққа созып тұрамыз. Біз оң аяқты оңға, ал сол аяқты алға қарай бағыттаймыз. Тыныс шығарғанда оң жақ тізені бүгеміз, тыныс алғанда түзетеміз. Жаттығу кезінде қолдар белге мықтап басылуы керек. Қайталау саны-3 рет (әр аяқ үшін).

Позитивті ойлауды арттыруға арналған жаттығулар:

"Ойлау шляпасы" жаттығуы. Үлкен және сұқ саусақпен құлағымызды сәл артқа тартамыз. Құлақтарымызға төменнен бастап жоғары қарай массаж жасаймыз. Қайталау саны кемінде 3 рет.

"Оң (позитивті) нүктелер". Біз әр қолдың саусақтарының ұштарын әр көздің ортасынан жоғары және қастар мен шаш сызығының арасындағы ортаңғы сызыққа тигіземіз. Жанасу жеңіл болуы керек (жеңіл пульсация пайда болғанша саусақтарыңызды ұстаңыз).

Бірқатар қарапайым ережелерді сақтау керек:

Жаттығулрдың орташа ұзақтығы - 5-7 минут.

Нейрогимнастиканың жүйелілігі маңызды, яғни жаттығулар күн сайын өткізілуі керек.

Жаттықтыру жұмыстарын балаға қызықты болатындай етіп өткізу керек. Мұны істеу үшін сіз мезгіл-мезгіл орынды өзгерте аласыз: үйде, көшеде және т. б.

Тапсырмаларды біртіндеп қиындата аласыз. Мысалы, жаттығулардың қарқынын арттыру.

Жаттығулардың дұрыстығын бақылау маңызды.

Бір уақытта жаттығулардың максималды санын орындауға тырысып, баланы шамадан тыс жүктеудің қажеті жоқ-5-6 жеткілікті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Трясорукова Т.П. «Развитие межполушарного взаимодействия у детей: нейродинамическая гимнастика»

Пол и Гейл Деннисон «Гимнастика мозга». Книга для учителей и родителей

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Кушекбаева Фарида Абсатовна
Ақтөбе қаласы, Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп –гимназиясы
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – білім берудің басым мақсаттарының бірі ретінде айқындалып отыр. Яғни, жаңартылған білім беру мазмұнының маңызды міндеттердің бірі – функционалды сауатты оқушыны қалыптастыру. Функционалдық сауаттылық — адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Жалпы, функционалдық сауаттылық дегеніміз не? Функционалдық сауаттылық дегеніміз — адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы.

Берілген білімді ғылыми түсінуге, нақты фактілерге сүйенуге мүмкіндік береді. Оқушы осы аталған негізгі құзыреттіліктермен қатар пәндік құзыреттіліктерді әр пәннің мазмұны арқылы меңгеруі тиіс. «Білім – бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не істесе де келістіріп істейді», – дейді ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиетінің алатын орны ерекше.

Әдебиет — оқушыға беймәлім өмірді танытатын қуатты құрал. Әдебиет арқылы біз білім алушыларға ұлттық болмысымызды, асыл қасиеттерімізді танытамыз. Өнер, ғылым бар жұртта өскелең ұрпақ тәрбиені ата-анадан да, мектептен де, араласатын ортасынан да, өздері оқып жүрген қазақ әдебиетіндегі түрлі аңыз-ертегілерден де аларына ешкім шүбә келтірмейді. Әдебиет адамға өмірді танытып қана қоймайды, ол адамды тәрбиелейді. Адамның өмірге көзқарасын қалыптастырады, мінез-құлқына ықпал етеді, күллі тіршілігіне әсер етеді.

Оқу сауаттылығы осы төрт дағды негізінде жүзеге асады: Бұл тұрғыда, балаға оқу мен жазуды үйретіп қана қоймай, мәтіннен ақпарат алу мақсатында білім алушының оқылым және жазылым дағдыларын еркін қолдана білу қабілетін, ал ақпаратты таратуда, жеткізуде тыңдалым, айтылым дағдыларын дамыту міндеті тұр. Себебі тіл арқылы жалпы адамзаттық құндылықтар бағаланады, жеке тұлға тәрбиеленеді, тілдің көмегімен баланың танымдық қабілеті дамиды.

Оқушыларды функционалдық сауаттылыққа баулуда, рухани жан-дүниесін, шығармашылық дарын көзін ашуда, оқушының танымын дамытуда жаңа технологияларды пайдалану маңызды рөл атқарады. Зерттеу әдістері, пікірталас, миға шабуыл, сыни тұрғыдан ойлау технологиясының элементтері, жұптық, топтық жұмыс түрлері, т.б әдістер оқушының шығармашылық белсенділігін арттырып қана қоймай, ойлауға, өз көзқарасын дәлелдей білуге, оқу материалын тереңірек түсінуге көмектеседі.

Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

-белсенділік;

-шығармашылық тұрғыда ойлау;

-шешім қабылдай алу;

-өз кәсібін дұрыс таңдай алу;

-өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту - бүгінгі заманның талабы. Болашақ азамат өз ұлтының асыл мұрасын сусындау арқылы туған халқының тарихымен,мәдениетімен жете танысып,білімін кеңейтеді.Қазақ әдебиетімізді терең меңгерген оқушы, қоғамның кез-келген саласында қиналмай жұмыс істеп,өзінің функционалдық сауаттылығын көрсете алады. Әдіскер – ұстаз Қ.О.Бітібаева «Мектептегі барлық пәндердің ішінен баланың жан-жүрегі, ой дүниесіне бойлай еніп, оның рухани өрісін болжай алатын бірден-бір пән әдебиет пәні» деп төл әдебиетімізге баға берген еді. Өзім сабақ беретін сыныптарда қазақ әдебиеті пәнінен функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда мынандай әдістерді қолданамын:

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың және оның оқушы бойында қалыптасқандығын анықтаудың негізгі құралы – шығармашылық бағыттағы тапсырмалар. Өз сабақтарымда мәтінді толық түсіну, мәтіннен негізгі ақпаратты анықтай білу, мәтіндік және графиктік ақпаратты интерпретациялау, мақал-мәтелдерді, афоризмдерді, шешендік сөздерді жазып алып жүруге баулу, әңгіме, мақала, күнделік, пікір жазып үйренуіне мүмкіндік туғызу сияқты оқу сауаттылығын арттыруға бағытталған тапсырмалар түрлерін пайдаланып отырамын.

«Блум жүйесі», «Қарлы кесек», «Біреуін аласың – біреуін бересің», «РАФТ», «Үш түрлі күнделік», т.б. Осы белсенді стратегиялар арқылы қазіргі жастарға тек білім беріп қана қоймай, әлеуметтік бейімделу үдерісінде алған білімдерін пайдалана білуге үйретіп келемін.

Ш. Мұртазаның «Тәуекел той» әңгімесі тақырыбын өту барысында «Біреуін аласың – біреуін бересің» әдісін пайдаландым.Бұл әдіс оқу мақсатына жетуге мүмкіндік береді.Идеясы мазмұндас екі шығарманың тақырыбын, автор идеясын, мазмұнын, көркемдік құралдарын, автордың тілдік қолданыстарын салыстырып,талдау кестесін толтырады. Әрбір оқушы кестені жеке толтырады.Кестені толтырып болған соң оқушылар сынып ішінде жүріп, өздерінің тұжырымдарын,пікірлерін бір –бірімен бөлісіп,салыстырады. Талдап болған соң оқушылар сол екі шығармаға жүргізілген салыстыру жұмыстарын ортаға салады.Барлық оқушылар оқу процесіне қатыстырылды.Оқушылар өз бетінше білім алуға дағдыланды. Бұл әдіс оқу мақсаты мен ойлау дағдысына қол жеткізуге ықпал етті.

Осы тапсырмада талдау кестесін толтыра отырып, оқушы екі мәтіннің тақырыбын,автор идеясын анықтауды үйренеді.Автордың тілдік қолданысы мен көркемдік құралдарын таба біледі.Сонымен бірге пікірлерін бір –бірімен бөлісіп,келешекте өз көзқарасын сыни тұрғыдан еркін жеткізіп,танымдық қабілет деңгейі қалыптасады. Бұл тапсырмаларды орындау арқылы оқушы өз ойын еркін жеткізуге, салыстыру жұмыстарын жүргізе білуге үйренеді. Оқушылар әдістер арқылы өз ойларын топта, ұжымда талдай біледі. Бұл тапсырма оқушылардың білімге ынтасының жоғары болуына, олардың сабақтағы белсенділігінің артуына мүмкіндік береді. Оқушылар жекелей, жұппен, топпен жаңа ақпаратпен танысып, ол туралы өзіндік пікір қалыптастырады.

«Сыни тұрғыдан оқу мен жазу» арқылы дамыту бағдарламасының дамыту жобасының идеяларын сабақ беру практикасында қолдану тиімді деп ойлаймын. Функционалдық сауаттылықты дамыту аясында әдебиет пәнінде оқушыларға мәтінмен жұмыс жүргізуде бес аспекті бойынша жұмыс жүргізсек төмендегідей біліктілікті қамтуға болады:

– көркем шығармалар идеяларын анықтау және оларды авторлардың идеялық көзқарастарымен, елдегі қоғамдық-саяси және экономикалық жағдаймен, адамзаттың ғаламдық мәселелерімен салыстыра білу білігін қалыптастыру;

– оқырмандық мәдениетті қалыптастыру, көркем шығармаларды эстетикалық тұрғыда қабылдауға тәрбиелеу;

– көркем шығармаларды елдің мәдени элементі, бейнелеу, мүсін өнерлері шығармаларының негізі ретінде біртұтас қабылдауын қамтамасыз ету;

– көркем шығармаларды талдау барысында оқушылардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру. – әдебиеттану саласындағы ғылыми зерттеулер бойынша алғашқы дағдыларын қалыптастыру.

Функционалдық сауаттылықты дамыту барысында білім алушы тықырып мәтінін өз бетімен меңгеруіне жол аша білуге жағдай жасау әр педагогтың алдындағы міндеті деп санаймын. Себебі, оқу бағдарламалары функционалдық сауаттылықты дамыту аясында білім алушының үдеріске белсенді қатысуын талап етеді. Осылайша білім алушы өзінің оқуы үшін мұғалімі қалыптасыратын ортада жауапкершілікті сезіне қабылдайды. Сондықтан әр сабақтарымда топтық, жұптық, жеке жұмыстарды үйлестіріп отыруды өзіме мақсат еткенмін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «PISA халықаралық зерттеуі» әдістемелік құрал. Астана.2013 ж.
2.«Қазақстан мұғалімі» №10.№11.№12. 2014ж.
3. «Ұстаз» №2(51) 2016ж.

ОТБАСЫНДАҒЫ БАЛА ТӘРБИЕСІ

Кушкимбаева Орынкул Сейдилдаевна
Әйтеке би ауданы, Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады.Оның ержетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер отбасында қалыптасады,сон-

дықтан да туған үйдің жылуы-оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді.

Ұлы Абай: «Бір ғана қуанышым бар ол – менің балаларым»-деген екен. Әрбір ата-ана баласының денсаулығы мықты, ең жақсы болуын, талапты болып өсуін арман етеді.

Отбасының басты қазығы, алтын тіреу діңгегі бала. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Отбасының әрбір мүшесі, өзара сөйлесіп, не болмаса ата-ананың, баланың міндетін атқару ғана емес береке-бірлік, сүйіспеншілікпен араласса, босағасы берік, шаңырағы биік отбасына айналары сөзсіз.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев халқымыздың алдында «XXI ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделген, жан-жақты мәдениетті, сауатты жеке тұлғаны тәрбиелеу керек»,-деп жауапты міндет қойып отыр. Бұл ұлтымыздың болашағы тәрбиелі ұрпақ қолында дегенді білдіреді.

«Болашақтың берік болуының тірегі – отбасы» сәби дүниеге келген сәттен бастап, баланың жан-жақты дамуына қажетті барлық тәрбие жұмыстарын жүргізуге ата-ана міндетті. Өйткені, «Ес түзелмей, ел түзелмейді» олай болса, егемен еліміздің болашағы отбасында бесіктен басталып, оқу-тәрбие орындарында есті ұрпақты тәрбиелеу ісімен шешілмек.

Отбасындағы тәлім-тәрбиенің мақсаты – баланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық процесін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу.

Көздеген мақсатқа жету үшін отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттерді шешеді:

- Баланың тілін дамытып, сөйлеу білуге меңгерту;
- Баланың білуге құштарлығын арттыру;
- Отбасында баланың өсуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, тазалықты қалыптастыру;
- Еңбексүйгіштікке баулу, тұрмыстағы, үй шаруасындағы еңбекке құлшынысын арттыру, өзіне-өзі қызмет етуге үйрету;
- Отбасы мүшелерімен тіл табысып, дұрыс қарым-қатынас жасауға, жалпы үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға үйрету;
- Әдебиетке ,өнерге, мәдениетке тәрбиелеу;
- Өтірік айтпауға,ұрлық жасамауға тәрбиелеу:
- Батылдық, батырлық,шешендік, шеберлік, төзімділік, мейірімділік, әдептілік,бауырмалдылыққа тәрбиелеу.

Міне, осы қасиеттерді бала бойына қалыптастыруымыз керек.

Ғ.Мұстафин «Балаға деген махаббатқа ешбір махаббат теңдесе алмайды. Ол өле – өлгенше суынбайтын махаббат»,-деп айтып өткен. Бала – ата-ананың игі істерін жалғастырушы болашағы. Жас шыбық иілгіш болса, жас бала да сондай жақсыға да, жаманға да бірдей бейім болады. Ата-ананың үйдегі іс-әрекеттері балаларының көз алдарында өтеді. Сондықтан жақсы мен жаман әдеттеріміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор. Тілі шыға бастасымен-ақ баланы байсалды, ұғымпаз, тіл алғыш етіп баулыған жөн, өйткені бала өмірді, ең алғаш отбасының ықпалымен таниды. Бала жүрегі – тым нәзік, әрі сезімтал, отбасы берекесі бала үшін жайлы көңіл-күйдің орнауына ықпал етіп, оның іштей тарығуына жол бермеу керек. Отбасындағы ата-ананың дұрыс қарым-қатынас жасауы баланың жалпы дамуына ғана емес, оның оқуы мен тәрбиесіне де әсер етеді. Ата-ана тарапынан балаға бақылау мен талаптарды орната отырып, баланың өзіндік мінез құлқын, тәртібін реттеуге, басқаруға мүмкіндік береді.

Ата-ана баланың материалдық және рухани қажеттерін қанағаттандырып, талап-тілегімен, пікірімен санасып отырса, олардың арасындағы қарым-қатынас сыйластыққа, сенімге негізделеді де әке-шешесін жақсы көру, құрметтеу сезімін дамыта түседі. Ата-ана баламен пікірлесуде бейпіл, бейауыз сөздерді қолданбай, дөрекілікпен жеке басын қорламай, мейірімді,табиғи жылы, ақылды сөздер айтып өнеге бола білсе, тәрбиеде табысқа жетеді. Өйткені «Жақсы сөз жан семіртеді», деген нақыл сөз бар емес пе?

«Дәулетіңнің қадірін ұлың өскенде білерсің, абыройыңның қадірін қызың өскенде білерсің» аталы сөздер қыз бен ұл тәрбиесінің қаншалықты жауапты екенін байқатады. Халқымыз қыз баланы ерекше құрметтеген. Қыз ел мен елді, ру мен руды, жүз бен жүзді достастырушы, табыстырушы дәнекер. Ал ұл баланы ел қамын ойлаушы ер азамат, батыл, өткір, еңбекқор етіп баулыған.

Сонымен мектеп, ата-ана, қоғам үшеуі бірлесе жұмыс жүргізсе ғана бала тәрбиесі ойдағыдай болады.

Елбасымыз, болашақ ұрпақты тәрбиелегенде «Жастайынан имандылық пен сауаттылық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз рухы дамыған, егеменді еліміздің дамуына өз үлесін қоса алатын, азамат өсіре аламыз», деген болатын.

Атам қазақ бала тәрбиесі жайлы былай дейді: «Баланды 5-жасқа дейін патшаңдай еркелет, 5-10жасқа дейін құлыңдай жұмса, ал 15 жастан кейін досыңдай, құрдасыңдай сыйлас» деген екен. Отбасы – қоғамның негізі. Отбасына қамқорлық республикамыздың негізгі міндеттерінің бірі. ҚР-ның Ата Заңының 27-бабында неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады деп көрсетілген. Бұдан шығатын түйін: бала тәрбиесіне ең әуелі оның ата-анасының еңбекқорлығы, ұстамдылығы, ақыл-ой, санасы әсер етпек.

Қазақстанның дамуына үлес қосатын, әлемдік өркениетке білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты азамат тәрбиелеп шығару – қоғам, мұғалімдер мен ата-аналар қауымының бүгінгі таңдағы баға жетпес міндеті. Сондықтан қоғам, ата-ана, ұстаздар болып жас ұрпаққа жан-жақты тәрбие беру тәжірибесін назарда ұстағанымыз жөн.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Ата Заңы
2. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы (2017 жылғы 31 қаңтар)
3. Ж.Қоянбаев. Отбасы және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі// Алматы. Рауан. - 1999. - 220б.
4. Н.С Жұбаназарова.Жас ерекшелік психологиясы // Оқу құралы 2012. –286 б.
5. Жанұя мен мектептегі тәрбие // № 3, 2012ж.

МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА БАСҚАТЫРҒЫШТАРДЫҢ РӨЛІ

Кузеуова Гулжазира Аманжановна
«№46 орта мектебі»КММ, математика пәні мұғалімі

Математикалық сауаттылық- әлемдегі математиканың рөлін айқындау және түсіне білу, математикалық тұжырымдарды дәлелдеп, негіздей білу болып табылады.

Сабақ барысында басқатырғыштарды қолдану оқушының қызығушылығын арттырумен қатар креативті ойлай алуын дамытады. Басқатырғыштар - нақты өмірлік мәселелерге жақын, қоршаған өмірдің түрлі аспектілерімен байланысты және өз шешімдері үшін математикалық талдауды талап ететін тапсырмалар жиыны.

Басқатырғыштардың түрлерін бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады.

1.Ауызша басқатырғыштар (логикалық жұмбақтар, есептер)

1)Бөлмеде 12 балапан, 3 қоян, 5 күшік, 2 мысық, 1 әтеш және 2 тауық болды. Осында тағы ит және оның қожайыны кірді. Бөлмеде қанша аяқ бар? (2 аяқ)

2) Егер үстел бетінің бір бұрышын кесіп алса, онда неше бұрыш қалады? (5)

3) Оқушы мектептен үйге дейінгі жолдың 5/2 бөлігін 10 минутта жүріп өтеді. Осындай жылдамдықпен неше минутта үйге жетеді?(25 мин)

4) Ағаштың алғаш отырғызылған кездегі биіктігі 75 см. Ол әр жыл сайын өзінің ұзындығының 1/5-іне өседі. 3 жылдың соңында оның биіктігі неше см болады? (120 см)

2.Құрал-жабдықтармен берілген басқатырғыштар.

а) Сіріңкемен берілген басқатырғыштар



ә) Тиындармен берілген басқатырғыштар

б) Карточкамен берілген басқатырғыштар



3. **Механикалық басқатырғыштар (жіп, құпиялы қорапша)**

4. **Баспа басқатырғыштары – белгілі бір суретпен, сызбамен берілуі мүмкін (ребус,сөзжұмбақ, суреттер)**





Шаршының торкөздерінде 1, 15, 20 сандары қойылған. Енді сен бос орындарға 2, 3, 4, 5, 6, 8 цифрларын қой. Олардың тігінен және әр жолындағы сандардың көбейтіндісі 120 болуы керек.



20		1
		15

20	6	1
3	5	8
3	4	15

5.Ойыншық басқатырғыштар

6. **Сандардан сурет құрастыр.** Төменде оқушымен жұмыс түрлерін көресіздер.

Басқатырғыштарды шешу үшін оқушылардың логикалық ойлау қабілеті дамыған болуы керек, оларды шешу барысында барлық мәліметтерді жинақтап, сараптама жасалуы қажет. Әр түрлі басқатырғыштарды шешу сыни тұрғысынан ойлауды, сұрақты дұрыс қоя білуді үйретеді. Адамның ми жүйесі басқатырғышты уақытымен шеше алмағанмен, оны

шешудің жолын іздестіріп жүреді, себебі құрастырылған басқатырғыштар аса қызығушылық тудырады. Білім алу- батылдық, оны толықтыру- даналық, ал шебер қолдана білу- өнер. Мұндай басқатырғыштарды шешу - оқушылардың зейінін, есте сақтау қабілетін, есеп шығару жылдамдығын дамытудың бірден бір жолы деп айтқым келеді. Ал математикалық сауаттылықты қалыптастыруда зейін, есте сақтау қабілеті, логикалық ойлау негізгі ерекшеліктердің бірі болатыны белгілі. Демек, алған білімді өмірде шебер қолдана білу үшін әрбір балаға сауаттылық қажет. Сондықтан жалпы білім беру саласының алдына қойылған осы мақсаттарды іске асыруда бірінші кезекте мектеп оқушыларының математикалық сауаттылығын арттыруға келіп тірелетіні мәлім. Математикалық сауаттылықты қалыптастыруда басқатырғыштарды шешудің маңызы зор. Сонымен біз мынадай қорытындыға келеміз:

1) Басқатырғыштарды 7-9 жасынан бастап шығарту керек.
2) Басқатырғыштар оқушылардың зейінін, логикалық ойлау қабілетін, есте сақтау қабілеті, есеп шығару жылдамдығын дамытады, сабаққа деген қызығушылығын арттырады.
3) Басқатырғыштарды қолдану арқылы математикалық білімдерін өмірде тиімді пайдалана алатын, дұрыс шешім қабылдайтын функционалдық сауатты тұлға тәрбиелей аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жүлдегерлік жүз есеп. 2011ж
2. Математикадан тест есептері. Жанасбаева Ұ.Б.
3. А.Қ.Әлімов. Оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану. Алматы, 2012ж
4. «Математикалық сауаттылық» талапкерлерге алынған тест тапсырмалары Алматы қаласы, 2017 жыл
5. Интернет ресурстары

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАТЕМАТИКА ПӘНІНІҢ МАҢЫЗЫ

Қазбекова Әсем Әсетқызы
№4 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі

Қазіргі таңдағы еліміздегі өзгерістер, тұрақты дамудың жаңа стратегиялық бағыттары және қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы, қарқындылығы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Білім берудің жаңа үлгісін ендіру тұлғаны дамыту үдерісі ретінде тәрбиеге басты назар аударылуда. Бұл білім жүйесін жетілдіру және оны сапалы деңгейге көтеруді алға тартады. Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім, ғылым, тәрбие қажет. Ендеше, санасына сызат түспеген періште көңіл сәбиді өмір баспалдағына жетелеп, білім мен тәрбиенің ақ желкеніне отырғызып, рухани дүниесін байытып, біліммен нәрлендіретін, әлемдік бәсекелестіктің жылдам дамуына ілесе алатындай «Мәңгілік елдің» білімді де тапқыр дара тұлғаны қалыптастыратын - ұстаз. Тәуелсіз Қазақстанның дамыған бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарында терезесін тең ететін - білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үдерісін технологияландыру мәселесі қойылып, оқытудың әр түрлі технологиялары зерттеліп, жаңартулармен мектеп өміріне енуде. Білім беруді жаңарту оқушы білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда функционалдық сауаттылығын қалыптастырады. Оқушылардың бойында өзіндік білім алу, талдау, құрастыру, қоғамдық өмірде өзін-өзі жан-

жақты таныту үшін білімін пайдалана білу дағдыларын қалыптастырады және қоғамға пайда келтіреді.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету, яғни, оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету.

Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, қызығушылығы бар адамды мектеп табалдырығынан дайындап шығарудың ең бір тиімді тәсілі ол – оқытудағы математикалық сауаттылық.

Математикалық сауаттылық дегеніміз - математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің, оқушылар дүниенің ғылыми бейнесін меңгеру. Математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну, әртүрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру, дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту, есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру, математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдану.

Математика пәнінде оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру үшін:

- теорияны білу, оны логикамен ұштастыру;
- есепті шығаруда тиімді жағын көруге баулу;
- математикалық сайыс сабақ, пәндік кештер, апталықтарды математиканың даму тарихымен байланыстыру.

Оқытудың басты мақсаты жастарға алған білімін тәжірибеде қолдана алып, қоршаған ортаға жақсы қалыптаса алуға мүмкіндік жасайтын негізгі компетенция жүйесін қалыптастыру болып табылады. Компетентті жол таба білу заманауи кезеңде әдістемелік негіз ретінде біз математика саласы бойынша жеке тұлғаны қалыптастыру жүйесінде тапсырмалар мазмұнында логикалық ойлау қабілетін дамытуды өз білімін және оның нәтижелерін, бағалай білуге негіздеуіміз қажет.

Осыған сай оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыруда PISA есептерін қолданған тиімді. PISA зерттеуіндегі математикалық тапсырмалар нақты өмірлік мәселелерге жақын, қоршаған өмірдің түрлі аспектілерімен байланысты және өз шешімдері үшін математикалық талдауды талап ететін, мектептің өмірі, қоғам, оқушының жеке өмірі, кәсіби қызметі, спорт және тағы басқалар туралы мәлімет ұсынады. Мысалы:

1-тапсырма. Жүріс



Суретте жүріп келе жатқан адамның іздері көрсетілген. Қадамының ұзындығы Р - бұл екі қатар іздің артқы жағының арасындағы айырмашылық. Адамдар үшін $\frac{n}{P} = 140$ формуласы, n және Р арасындағы жуық ара-қатынасты білдіреді. Бұнда, n = минутына жасалған қадамдар саны және Р = метрмен алынған қадам ұзындығы. 1 - сұрақ: Жүріс
Бернард өз қадамының ұзындығы, 0,80 м құрайтынын біледі. Формуланы Бернард жүрісіне қолдануға болады. Бернард жүрісінің жылдамдығын бір минут ішінде және бір сағат ішінде километрмен есептеңіз. Өз шешіміңізді көрсетіңіз.

Дұрыс жауап: Екі жағдайға да өлшем бірлігі м/мин және км/сағ болуы қажет.

- n = 140 х 0,8 = 112.
- Минутына ол 112 х 0,8 м = 89,6 м. жүреді
- Оның жылдамдығы 89,6 м/мин. құрайды.
- Осылайша, оның жылдамдығы – 5,38 немесе 5,4 км/с.
- Шешу жолы берілгеніне немесе берілмегеніне қарамастан берілген екі жауап та дұрыс (89,6 және 5,4). Цифрларды дөңгелектеу кезінде алынған қателерді қабылдауға болатынына назар аударыңыз. Мысалы, минутына 90 м және 5,3 км/сағ (89 х 60) деп қабылдауға келеді.
- 89,6; 5,4.
- 90; 5,376 км/сағ.
- 89,8; 5376 м/сағ.

2-тапсырма. Интернетте таратылмайтын чат.

Марк (Сиднейден, Австралия) және Ганс (Берлиннен, Германия) бір бірімен интернеттегі чат арқылы жиі сөйлеседі. Олар бір-бірімен сөйлесу үшін интернетке бір уақытта кірулері тиіс.

Сөйлесу үшін оңтайлы уақыт табу үшін Марк әлемдік уақыттың диаграммасын қарап, келесіні анықтады:


Гринвич 12 түн ортасы


Берлин 1.00


Сидней 10.00

1 – сұрақ: Интернетте таратылмайтын чат
Сиднейдегі кешкі сағат 19:00, Берлинде қандай уақытты көрсетеді?
Жауап: .....
Дұрыс жауап: Таңертеңгі 10 немесе 10:00.

2 – сұрақ: Интернетте таратылмайтын чат
Марк және Ганс олардың жергілікті уақыттары бойынша таңғы 9:00-ден кешкі 16:30-ға дейін сөйлесе алмайды, себебі бұл уақытта олар мектепке барулары керек. Бұнымен қатар, жергілікті уақытпен кешкі 11:00-ден таңғы 7:00-ге дейін олар ұйықтайтындықтан бір-бірімен сөйлесе алмайды.
Ганс пен Маркке сөйлесу үшін қай уақыт қолайлы? Жергілікті уақытты кестеге түсіріңіз.

Қала	**Уақыт**
Сидней	
Берлин	

Дұрыс жауап: 9 сағаттық уақыт айырмашылығын қанағаттандыратын және бұл интервалдардың бірінен алынған кез - келген уақыт немесе уақыт интервалы:

– Сидней: кешкі 16:30 – кешкі 18:00; Берлин: таңғы 7:30 – таңғы 9:00

НЕМЕСЕ

– Сидней: таңғы 7:00 – таңғы 8:00; Берлин: кешкі 10:00 – кешкі 11:00
– Сидней 17:00, Берлин 8:00.

т.б сияқты логикалық сұрақтар қоя отырып оқушыларға да өздері осындай сұрақтар дайындап келуге тапсырма беремін тапсырма орындалады бірақ оның қаншалықты дұрыс бұрыстығын сабақ үстінде оқушы өзі анықтайды. Осылай оқушылардың өздерінің ізденістерін ұйымдастырамын. Осындай бағыттағы есептерді сабақ барысында қолдану арқылы ғана біз – алған математикалық білімдерін тиімді пайдалана алатын, өмірдегі кез келген жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдайтын, өзінің математикалық сауатты екенін дәлелдей алатын функционалдық сауатты тұлға тәрбиелеп шығамыз.

Қорыта келгенде, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы орайда, математика пәнін дұрыс үйрете білу өте маңызды. Мұғалімнің сабақ өту шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастыруы, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Өз мамандығын толық меңгерген жоғары деңгейлі мұғалімнің алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абырой, яғни үмітінің ақталғаны, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені. Мұғалімнің сабағының өн бойындағы негізгі мақсаты, оның негізгі мәнін естен шығармай, әрбір сәтті тиімді пайдалана білуі өз мақсатына жеткізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н. Ә. Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 27 қаңтар 2012 жыл.
2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
3. PISA халықаралық зерттеуі. Әдістемелік құрал – Астана, ҰББСБО, 2013.
4. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы // ресми мәтін. Астана: Әділет, 2012. – 14 б.
5. Интернет қоры. bilimdiler.kz.

ҚОРҚЫТ КҮЙЛЕРІ – ТАРИХИ ТӘЛІМДІК МҰРА

Қазиева Назгүл Жеңісқызы
М.Құрманғалиева атындағы №32 мектеп- гимназиясы музыка пәні мұғалімі

Өнер – қай халықтың болмасын тарихымен бірге жасасып, біте қайнасып келе жатқан ұлы құбылысү ежелден өнер сүйген, табиғатынан әнге әуес, күйге құмар халқымыздың рухани қазынасы өте бай. Сол мұралар үніне құлақ түсhрсек ата-бабамыз басынан өткерген қилы-қилы замандар мен сан ғасырлардан шежіре боп сыр шертеді. Ән-күйлерден халқымыздың арман-ойларын, мұрат-мүддесін ұғып, елдігі мен ерлігін, қадір-қасиеті мен парасат-пайымын, бітім-болмысын танимыз.

Ықылым заманнан бері ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқанасыл мұраның бірі – аты аңызға айналған Қорқыт баба күйлері.

Халқымыздың атадан балаға тараған шежіресі бойынша, қазақ топырағында музыка өнерінің тууы Қорқыт есімімен тығыз байланысты. Халқымыз ежелден Қорқыт бабаны қобызға алғаш тіл бітіріп, оның қыл ішегіндегі жаһандағы жаратылыс атаулының үнін күй етіп сөйлеткен өнер иесі, күй атасы деп біледі. Сонымен бірге Қорқыт есімі шығыстану ғылымында да белгілі. Ол түркі тілдес халықтардың бірден-бір көне мәдениет ескерткіші – «Кітаби дәдем Қорқыт» яғни «Қорқыт ата кітабы» жырының негізгі кейіпкері әрі авторы саналады. Бұл жырлар бізге екі қолжазба түрінде жетті. Оның бірінші нұсқасы 1815 жылы Дрезден кітапханасынан табылды, ал Ватиканда сақталған екінші түрі ғылымға соңғы жылдары белгілі болды.

«Кітаби дәдем Қорқытта» ел басына қиын-қыстау күн туғанда халқын жаудан қорғап, қамал бұзған қас батырлардың ерлігі, халқына ақыл-өсиет айтып, өз заманында елге ұйытқы болған ақылгөй даналардың, дуалыауыз шешендердің өнегесі жырланады.

Қазақ музыка мәдениеті тарихында қобыз өнері ерекше орын алды. Халық оның үнінде адамды қиыншылықтан, қайғы-қасіреттен, өлімнен құтқарушы құдіретті күш бар деп сеніп, ерекше қадірлеп, қастерлеген. Бұл сенім-нанымның Қорқыттың қобызы арқылы өлімнен алысқаны туралы аңызбен сипаттас, сабақтас ұғым екендігі байқалады. Аңыз бойынша, Қорқыт қобызы күй төгіп, өмір жырын олғап тұрғанда, оған ажал батып келе алмайды. Ал Қобыз үні үзілісімен Қорқыт жүрегі де соғуын тоқтатқан екен. Бұл аңыздың мән-мазмұны қобызды киелі санаған халық ұғымына сияды. Халқымыздың көне замандардағы таным-түйсігінен туған Қорқыт туралы аңыздардың хылқымыздың рухани мұрасының бір бөлігі ретінде бағалап, қастерлеуіміз де сондықтан.

Аңыз бойынша, Қорқыт VIII-IX ғасырларда Сырдарияның жағасында өмір сүрген көрінеді. Қызылорда облысының «Қорқыт» станциясынан 5км жерде Қорқыттың моласы дейтін күмбез бар болатын, мұны жергілікті жұрт киелі орын санап, басына көп уақыт бойы шырақ жағып келген.сырдарияның тасқын суынан мүжілген Қорқыт күмбезінің өзен жақ қабырғасы қопарылып, 1952 жылы құлап қалды. 1980 жылы сол ескі зиратқа жақын жерге архитектор Б.Ыбыраев пен физик-акустик С.Исатаевтың жобасы бойынша төрт қобызды біріктіру арқылы ерекше архитектуралық келісімде құйылған ескерткіш орнатылды.

Ел аузында аңыздардың бірі Қорқыттың жаратылыс заңынан тыс, елден ерекше боп дүниеге келуі және оған Қорқыт есімінің берілуі жайында сыр шертеді.

Қорқытты туарда анасы құланның жаясына жерік болады. Жыл сайын бір рет толғатып, баланы үш жыл тоғыз күн көтереді. Бір күні нәрестенің дүниеге келер сәті жетеді. Ана толғатқан кезде күн күркіреп, найзағай жарқылдап, қатты дауыл тұрады. Жер дүниені қара түнек басып, ел жұрттың үрейін ұшырады.

Бала анасынан туа тіл қатып, сөйлей бастайды. Алғашында бұл бір жеті басты жалмауыз болар деп қорыққанжұрт оның адам нәсілі екенін көргеннен кейін ғана көңілдері жайланады. Шілдеханасына жиналғандар: «Бұл ерекше қасиетті боп өмірге келуі арқылы біздің бәрімізді қорқытты ғой, сондықтан аты Қорқыт болсын» , - деп, нәрестенің есімін Қорқыт қояды.

Қорқыт туған кезінде
Қара аспанды су алған
Қара жерді құм алған
Ол туғанда ел қорқып,
Туғаннан соң қуанған,-

деген оның өмірге келуі жайында жыр бар.

Келесі аңызда Қорқыттың қобыз аспабын ойлап табуы туралы баяндалады.
Қорқыт жасынан өте ұғымтал, құйма құлақ болып өседі. Сол кездегі аспаптардың бәрінде керемет ойнайды екен. Алайда, ол оған қанағаттанбай, адам мен жануарлардың үнін, табиғаттағы құбылыстар мен дыбыстарды жеткзетін жаңа бір аспап жасағысы келеді. Он

ойланып, тоғыз толғанады. Қарағай ағашын кесіп әкеліп, одан бір нәрсенің жобасын жасайды. Бірақ әрі қарай қалай, не істерін білмей қиналады. Күндер осылай өте береді. Бір күні шаршап отырып, көзі ілініп кетіп түс көреді. Түсіне періште енеді. Ол балаға: «Қорқыт, жасап жатқан қобызың 6 жасар нар атанның жілігіндей екен. Енді оған нар түйенің терісінен жасалған шанақ, ор текенің мүйізінен ойылған тиек, бесті айғырдың құйрығынан тартылған қыл ішек жетпей тұр. Осылар болса, аспабың сайрағалы тұр екен», деп кеңес береді. Қорқыт ұйқысынан ояна сала, осы айтылғандардың бәрін жасайды.

Қарағайдың түбінен
Қайырып алған, қобызым.
Үйеңкінің түбінен
Үйіріп алған қобызым.
Желмаяның терісін
Шанақ қылған, қобызым.
Ортекенің мүйізін
Тиек қылған, қобызым.
Бесті айғырдың құйрығын
Ішек қылған, қобызым.
Құлағыңды бұрайын,
Осы айтқаным болмаса,
Қайырып жерге ұрайын, -

деп, қобызды қолына алған кезде аспап боздап қоя беріпті. Қобыз үнін бар табиғат, ұшқан құс, ескен жел, жүгірген аң бәрі тоқтай қалып, құлақ түре тыңдапты.

Қорқыт күйлеріне терең философиялық тебіреніс, элегиялық көңіл-күй мен майда қоңыр лиризм тән. Күйші шығармаларында халқы мен елінің тағдырын, болашағын ойлап, көкірегі қарс айырыла қамығады, адамдардың қайғы-қасіретіне ортақтасып, мұң-шерін бөліседі. Өмірдің мәні, бақытты ғұмыр жайында тебіреніп ой толғайды. Күйші қобызы бірде тағдырдың қайғы-мұңын шертіп, ботадай боздайды, бірде мәңгілік өміршең сұлулық жырын төгіп, аққудай сызылып сұңқылдайды.

Қорқыт туындыларының әрқайсысының шығу тарихы туралы аңыздарымен қатар күйдің мазмұнымен, сарынымен астасып, үндесіп жататын өлеңдері де бар. Мәселен, «Ұшардың ұлуы» күйіндегі ананың:

Жалғызымнан айырылдым,
Қанатымнан айырылдым,
Ұшар, ұшар, кә,кә...-

деп баласын жоқтауы, «Тарғыл танадағы» танаың

Менің өзім қара едім,
Қарадан туған ала едім.
Туған жерім – Қазалы
Мына тау болды-ау ажалым,-

деп қиналғаны, «Әуппай» күйіндегі Қорқыттың:

Айналайын балам ай
Жас балаңа алаңдай
Аш болсаң да ойында,
Аман сақтау балаңды-ай, -

деп баласын жұбатқан анаға айтқан сөздері күй ойнағанда сарынына қосыла айтылып отырады. Бұл ежелгі өнердің ерекшелігін, синкретизм (күй, ән, жыр бірігіп келетін) белгілерін білдіретін айшықтың бірі болып табылады.

Аңыз бойынша, «Башпай» Қорқыттың өмірінің соңында шығарған ақырғы күйі екен. Қорқыт кілемін төсеп дариянықбетінде отырғанда, қарындасы Ақтамақ ағасына тамақ әкеліп

беріп тұрған екен. Күндіз-түні күй тартып, өліммен алысып әбден шаршаған күйші бірде қарындасының әкелген тамағын ішкеннен кейін бойы маужырап, көзі ілініп кетеді. Тамақ салынған дорбамен қайрақ жылан болып ілесіп келген ажал қобыздың үні шықпай тұрған кезде күйшіні шағып алады. Жыланның уы бойына жайылып, әлсіреп бара жатқан Қорқыттан Әзірейіл: «Қандай тілегің бар?» деп сұрайды. Сонда Қорқыт: «Менің өмірімде екі күнім бар. Біріншісі - өлімнен қырық жыл бойы қашқаным. Кілем жайып, Сырдың бетінде отырғанда, бірде алай-дүлей дауыл тұрған еді. Сол кезде қарындасыма башпайым тиіп кеткен болатын, екінші күнәм сол. Сол себепті мені көмгенде осы екі башпайымды ашық қалдырыңдар.» - деп, қобызын қолына алып, ең соңғы башпай күйін тартқан еді. Ағасының тірі қалмасынсезген қарындасы: «Аға,аға, алтыным» - деп жылағанда, Қорқыт: «Жылама, жаным, жылама, жылағанмен бола ма, өлімнен ешкім де қашып құтыла алмайды екен», деп жұбатып, басу айтады. Әзірейіл Қорқыттың жанын алады да, өзі айтқандай, оны жерлегенде екі башпайын ашық қалдырып, қобызын бейітінің үстіне қойыпты. Содан көп жылдар бойы Қорқыттың қобызы өзінен-өзі мұңды күй тартып, «Қорқыт,Қорқыт» деп, күңіреніп тұрыпты деседі.

Қорқыт күйлері формасы өте күрделі емес, қарапайым, қысқа сарынды шығармалар. Басқа күйлерімен салыстырғанда, «Қоңыр» және «Қорқыт» күйлері көлемдірек, формалары күрделі. Қорқыт дәстүрінің мұрагерлері атақты қобызшылар Жаппас Қаламбаев пен Дәулет Мықтыбаевтың репертуарынан алынған бұл шығармалардан орындаушылардың күй желісін байытып, өрнек-нақыш қосып, өңдегені байқалады. Әсіресе Ж.Қаламбаев орындаған «Қоңыр» күйінен оның өзіндік қолтаңбасы анық аңғарылады. Дегенмен, Қорқыттың стилі жоғалып кетпеген, қайта өңі ашылып, айқындала түскен.

Сан ғасырдан бері талай қобызшылардың, түрлі дарын иелерінің қолынан өткен Қорқыт күйлері бізге ешбір өзгеріссіз, сол қалпында жетті деу қиын. Әрбір қобызшы Қорқыт күйлеріне, өз дүниетанымына, күйшілік шеберлігіне орай бірде тың өрнектер қосып, байытып, бірде алып, елеп-екшеп отырғаны хақ.

Қазіргі кезде, дәстүр бойынша, Қорқыт күйлері саналып жүрген шығармалардың саны жиырмаға жуық.

Аты аңызға айналған күй атасы Қорқыттың мұрасын халқымыз ғасырлар бойы қадірлеп, қастерлеп, көзінің қарашығындай сақтап келеді. Соның арқасында Қорқыт күйлері біздің заманымызға жарқырай жетіп, бүгінгі бақытты ұрпағымен танысты. Бүгінде ол қобыз музыкасындағы бүтіндей бір мектепке айналды. Ұлттық музыка мұрамыздың алтын қорына асыл қазына болып қосылған Қорқыт шығармалары осылай өркенді өнеріміздің өресін тағы бір биікке көтерді. Енді, міне, нотаға түсіріліп, күйтабақтарға жазылған , қылқобызда қайта жаңғыртылған Қорқыт күйлері өзінің жаңа да жарқын ғұмырын бастап отыр. Уақыт сынына төтеп берген Қорқыт бабамыздың күйлері өткен тарихымызбен бүгінімізді, жарқын болашағымызды жалғастырып тұрған рухани дәнекер іспетті.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақ энцеклопедиясы» 5-том
2. Қазақ мәдениеті – Алматы 2005 жыл
3. «Қорқыт ата» энцеклопедиялық жинақ. Ә. Нысанбаев Алматы 1999 жыл

БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Қалиева Айсәуле Мақсотқызы
Ойыл ауданы, «Балдырған» бөбекжай бақшасының педагог-психологі

Баланың сөйлеу қабілеті мен психикалық даму деңгейін анықтап, ақыл-ой бейнесін танытатын мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу әрекеті – бүлдіршіннің болашақта жеке тұлға болып қалыптасу жолында үлкен маңызға ие. Өйткені мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап балалардың жетістікке жетіп, оң нәтиже беруіне ерте жастан жағдай жасалуы тиіс.

Қазіргі заманда мектеп жасына дейінгі балалардың басым көпшілігі телефоннан ойын ойнап, компьютерден бағдарламалар қараумен бос уақытын өткізетіні баршамызға мәлім. Бұл балалардың сөйлеу белсенділігін төмендетіп, үйлесімді сөйлеу және коммуникативті дағдыларды қалыптастыруға теріс әсер етеді. Сол себепті мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың дұрыс сөйлей білу қабілетін дамыту міндеттерін тиімді шешудің маңыздылығы күннен-күнге артып, көптеген педагогикалық зерттеулерде көрсетіліп келеді. Әр түрлі жастағы балалардың жас ерекшеліктеріне қарай монологтық және диалогтік сөйлеуді дамыту бойынша атқарылатын жұмыстардың мақсат-міндеттеріанықталып, дәстүрлі әдіс-тәсілдер мен ақпараттық технологиялардың бірлесіп үйлесім табуы – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Пікір алмасудан тұратын әрі алғашқы табиғи қатынас құралы ретінде қарастырылатын диалогтік сөйлеуқабілетіең маңызды әлеуметтік қызметтерді қамтамасыз етеді: ол балаға айналасындағы адамдармен байланыс орнатуға көмектеседі, қоғамдағы мінез-құлық әдеттерінқалыптастырады. Сондай-ақ балаларды саналы түрде өзара диалог құруға үйрету маңызды болғандықтан, сөйлеуді дамыту әдістемесінде әңгімелесу әдісі жиі қолданылады.

Балабақшада тәрбиеленіп жатқан әрбір баланың сөйлеу қабілетін дамыту мен сөздік қорын арттыруда педагогтың қызметкердің рөлі өте маңызды. Әр топтағы балалар жұмыс барысында мұғаліммен қарым-қатынас жасайды. Бағдарламаға сәйкес сабақтар мен сабақтан тыс уақытта да олардың әрекетін ұйымдастырып,бірге әңгімелеседі. Демек, мектепке дейінгі білім беру мекемесінде сөйлеу ортасының даму әлеуеті толығымен мұғалімнің сөйлеу әрекетімен тығыз байланысты.

Балабақша маманы үшін үлгілі сөйлеуді меңгеру оның кәсіби дайындығының көрсеткіші болып табылады. Ол өз балаларына беретін сөйлеу дағдыларын мінсіз меңгеруде жауапты. Балалардың ой-өрісін кеңейтіп, мінез-құлық, ерік-жігер, мінез дағдыларын қалыптастыра отырып, мұғалім балаға сөз арқылы әсер етеді. Балаларға ана тілін үйрету барысында мұғалімнің сауатты сөйлеуі баланың іс жүзінде еліктеу, үлкендерден үйрену арқылы сөздік қорын арттыруда өз септігін тигізері сөзсіз.

Атақты жазушы философ Жан-Жак Руссоның: «Бала туылғанда ақ қағаздай болып таза туады, оның үстіне шимақты қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі де солай сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді» деген сөзі осыған дәлел[1].

Диалогтік дағдыларды дамытуда маңызды орынға ие болатын ойын – балалардың негізгі іс-әрекетінің бірі.Ойын барысында бала өмірден көптеген ақпараттар алады, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады, өзіне керекті білімді меңгереді, дүниетанымы кеңейеді, күш-жігері қалыптасады. Бала ойын үстінде қандай болса, өскенде еңбекте де сондай болатынын педагог А.С.Макарнконың: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың қызметтің қандай маңызы болса, олар үшін ойынның нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскенде жұмыста да көп жағынан сондай болады. Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады» деген керемет сөзінен айтпай-ақ түсінуге болады[2]. Әсіресе балалардың белсенділігін

арттыратын рөлдік ойындар олардың өзара еркін түрдегі қарым-қатынасын, сөздік қорын, бір-бірімен шынайы байланысын дамытуда өте ыңғайлы. Мысалға, балабақшадағы ойындарына зер салсақ, кішкентай ғана болса да, қыз балалардың ас үйіндегі шай құю, тамақ дайындау, ал ер балалардың көлік айдау, асық ойнау, т.б. қимыл-қозғалысынан әртүрлі дыбыстар шығарып, ойнап жатқанын көруге болады. Міне, осының бәрі – бүлдіршіндердегі алғашқы сөздік қорының қалыптасуының бастамасы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ең жоғары жетістігі болып табылатын монологтық сөйлеу дағдысыбалалар үшін қиынға соққанымен, олардың өзіндік көзқарасы мен сөйлеу қабілетінің дәрежесін көрсете білуге мүмкіндік туғызады. Оқыту әдістемесінде бұрыннан келе жатқан монологтыарнайы даярлығы жоқ балалар көп жағдайда тиісті деңгейде меңгере алмайды. Алайда берілген суретке қарап әңгіме құрау, дайын мәтіндерді қайталау ретінде балаларға игерту үшін ойыншықтар, заттар, суреттер, т.б. көрнекі құралдар қолданылады.

Бүлдіршіндердің өзін қоршаған орта мен ондағы құбылыстарды танып білуге деген талпынысы ерте жастан басталады. Осы орайда баланың білуге құштарлығы мен шығармашылық қабілеттерін танытып, өз туындыларын ойлап табуға және оны жасауға Lego құрылыс бөлшектерінің мүмкіндігі көп екенін де айтып кетуге болады. Атап айтсақ, жобалау мен дизайнға қызығушылықты дамыту, балалардың ғылыми-техникалық шығармашылығын ынталандыру; әрқайсысының өзіне тән белгілері мен негізгі бөліктерін бөліп көрсету және олардың арасында байланыс орнату; конструкцияларды жобалау және құрастыру кезінде алған білімдерін тәжірибеде қолдану; ұсақ және жалпы моториканы, кеңістікте бағдарлауды дамыту; диалогтік және монологтық сөйлеуді дамыту, сөздік қорын молайту; балалардың жұппен, топпен жұмыс істеу, міндеттерді бөлу кезінде коммуникативті дағдыларын жетілдіру әрекеттерін үйренеді.

ЛЕГО ойыншықтары арқылы балалардың логикалық ойлау қабілетін дамытуда ерекше рөл атқарары анық. Мысалы, пішіні, түсі, көлемі бойынша таңдалған бөлшектердің тізбегін құрастыру үшін «Тізбекте» ойынын ойнатуға болады. Ал «Ойыншықтар бөлмесі» ойынында балалар жиһаз сызбалары көрсетілген нұсқаулықпен жұмыстана отырып, мұғалім әр нұсқа мен ондағы жиһаздың тізбегін талқылап, бірлесе жұмыстануға көмектеседі.

Сондай-ақ ұстаз балалардың жас ерекшеліктеріне қарай ертегі кейіпкерлерінің бейнелерін құрастырып жасау үшін балаларға ұсынады. Тапсырманы орындау кезінде кейіпкерге мінездеме беріп, ой елегінен өткізіп, оның бейнесін жасайды. Кейіпкерлердің атынан сөздер айтады. Мұғалім бүлдіршіндердің жұмысын бағыттап, қажет болған жағдайда қосымша сұрақтар қойып көмектеседі. Нәтижесінде балалардың үйренген әрбір нәрсесін тез қабылдап, қайталап көруге тырысады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды сөйлеуге үйретудің заманауи әдістемесі олардың тілдік жалпылауын, мәтіннің әрбір түрінің ерекшеліктеріне байланысты мақсаты мен құрылымын таныстыра отырып, қарапайым біліммен қамтамасыз етуге бағытталған. Балаларды берілетін ақпараттың тақырыбын толық түсініп, оның шекарасын анықтауға; қажетті материалды таңдап, мәтіннің құрылысы мен коммуникация әдістері туралы білімді игеруге; материалды дұрыс реттілікпен жүзеге асыруға; тілдік құралдардыереже мен талаптарға сай пайдалануға; сөйлемді арнайы және ерікті түрде құруға үйрету керек.

Қорыта айтқанда, баланың жан-жағын танып, оны зерттеп үйретететінзаманауи әдіс-тәсілдер балабақшаның табалдырығын аттаған күннен бастап, оның тұлғалық, психикалық және физикалық қасиеттерін дамытуға бағытталып, баланың зейінін ашып, қоршаған ортадағы заттарды бір-бірімен салыстыру, талдау, жіктеу, ұқсастыру, ара-жігін ажырату дағдыларын жетілдіруге негіз болады. Оларға ауызша айтқаннан гөрі көзімен көріп, қолымен ұстап көрген заттары әлдеқайда есінде қалады. Әрбір жасаған қадамдары олар үшін жаңа әлемдей көрініп, қуаныш сыйлары анық.

Кішкентай балалардың ұсақ бөлшектерден ғажайып дүниелер жасап үйрену кезінде сөдік қорын дамытып қана қоймай, оларды шыдамдылыққа, табандылыққа, еңбекқорлыққа, талғампаздыққа тәрбиелейді. Өзгелердің ойымен санасып, бірлесе жұмыстануға баулиды. Болашақта алдына қойылған мақсатқа жету үшін белсенді болуға ықпал етеді.

«Ұрпақ – ұлттың жалғасы, елінің ертеңі» деп санаған әрбір тұлға балалардың болашағына жанашырлық танытып, саналы тәрбие мен сапалы білімге ден қойып, заман талабына сай балалармен ерте жастан жұмыстануы өте маңызды. Сондықтан баланың жеткен әрбір жетістігіне қуанып, алға жігерлендіре түсетін керемет мүмкіндіктерді тиімді қолдану – әрбір педагог қызметкердің еңбегінің жемісі!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Нақыл сөздер\ https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=13875 (электронды ресурс)

2. Бала өмірінде ойынның...\\ https://melimde.com/bala-omirinde-ojinni-maizi-zor-eresek-adam-shin-ebekti-jmisti.html (электронды ресурс)

3. Алексеева М.М. Яшина В.И. Речевое развитие дошкольников. - М.: Академия, 2000. - 159 с.

4. Лямина Г. Учимся говорить и общаться // Дошкольное воспитание. - 2006. - №4. - С. 105-112.

5. Швайко Г.С. Игры и упражнения для развития речи / Под ред. В.В. Гербовой. - М.: Просвещение, 2000.

6. Шаяхметова.А «Балалардың тілін дамыту да мақал-мәтелдердің маңызы». // Бала мен балабақша. Республикалық педагогикалық журнал, № 11, 2011. 8-9 бб.

7. **Сагиев Г.Ч. Мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту // Мектепке дейінгі білім.** - 2014. - №3. -Б. 10-11.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ ТИІМДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Қалиева Зарина Нұрлыбекқызы
Қандыағаш қалалық № 4 ЖББОМ

Әрбір мемлекет қоғамында мүмкіндігі шектеулі балалар өмір сүріп, білім алып, тәрбиеленуде. Олар белгілі бір ортаға, қоғамға тәуелді. Мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығын қадағалау дәрігерлердің қызметі болса, тәрбиеленуі ата-аналар құзырында, ал білім беру мен тәрбиені қатар ұйымдастыру педагог-психологтардың міндеті. Қазіргі таңда инклюзивті білім беру кеңінен қолданылуы етек алып келеді. Мектептегі үлгермеушіліктің негізгі себебі мектептегі білім беру жүйесінің баланың интеллектуалдық жүйесіне сәйкес келмеуі. Ал біз болсақ, білім беру бағдарламаларын күрделендіру үстіндеміз. Баланың меңгеру деңгейін, оның жас ерекшелігін назарға алмай, бір жағынан баланың жаңа бағдарламамен оқуы қиынға соғатынын түсіне отырып, оны беделді мектепке, мықты мұғалімге беруге тырысамыз. Қазіргі уақытта арнаулы білім берудегі нақты прогресске бірнеше факторлар: мүгедек оқушыларға қатысты үміттің аздығы, инклюзивті білім беруге мектептердің дайын еместігі кедергі келтіруде. Арнаулы білім беруді кез келген білім беру реформаларының

бағдарламаларына енгізу, жоспарлау кезінде мүгедек балалардың нақты мүмкіндіктерін ескеру, білім сапасын жақсарту және оны алуға қол жеткізуді қамтамасыз ету, арнаулы заңдарды әзірлеу, ерекше білім алу қажеттіліктері бар адамдардың санаттарының құқықтарын қамтамасыз ету осының барлығы жағдайды едәуір өзгертіп, барлық адамдардың білім идеяларын іске асыру үшін алғышарттар жасап, үйден оқыту мәселесін қатаң қадағалау қолға алынып отыр.

Инклюзивті білім беру жүйесін дамытуда «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенция аясында инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық жоспарын жасап, сапалы білім алуды қамтамасыз ету үшін қоғамдық институттардың тәжірибесін ескере отырып, мүмкіндігі шектеулі жандарды үздіксіз оқытудың тұжырымдамасын жасау аса қажет болмақ.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың үйде білім алуын қамтамасыз ету, жай және арнайы мектептерде оқуға мүмкіндігі жоқ балаларды қашықтықтан оқытуға жағдай жасау мемлекеттің басты мақсаттарының бірі болып табылады. Осыған орай мәселелерді шешу жолында әр мұғалім бағдарламаға сай шағын электронды оқулықтар дайындап, үлгерімі төмен және мүмкіндігі шектеулі оқушылармен жеке жұмыс түрлерін жүргізгені жөн. Әр оқушының үлгермеу себебін анықтап, мүгедек баланың диагнозына қарай жұмыс жүргізсе, оқушының білімге деген құлшынысы артып, өзіндік дарындылығы айқындалады деп ойлаймын. Жаңаша білім берудің негізгі тәжірибелік міндеттерін шешуде мектептегі жаңалықтармен дамуды, қолданылған әрекеттер мен құралдардың тиімділігін диагностикалау негізінде анықтауға болады. Осыған байланысты педагогтар өз қызметінің объектісіне әлеуметтік психологиялық және педагогикалық мінездеме беріп, танып, білумен зерттеу әдістерін меңгерулері керек. Дидактикалық ойындар арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың ойлау қабілетін дамытумызға болады.

«Біркелкі пішіндерді сана»

Мақсаты: Пішіндерді танып, топтастыра білуге үйрету. Ойлау қабілетін, қол қимылын жаттықтыру.

Көрнекілік: Геометриялық пішіндер суреттері бар, таратпа суреттер. (15 дана).

Барысы: Әр балаға пішіндер суреттері бар, суреттер таратылып беріледі. Суреттерден біркелкі пішіндерді санап атау керек.

«**Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр»**

Мақсаты: Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету. Бос торларды сәйкес пішіндермен толтырту.

Көрнекілік: Әр балаға жеткілікті таратпа суреттер.

Барысы: Балаларға суреттер таратылып беріледі. Суреттердегі бос торларды сәйкес пішіндермен толтырады.

1-жаттығу . «Бетперделер». Смайликтер

Мақсаты: топта достық қарым-қатынас орнату,жағымды эмоционалды жағдай туғызу

Әрбір сабақты көңіл-күйді анықтаудан бастаймыз.Ол үшін сендерге түрлі бетперде дайындадым. Мұнда : түрлі бетперделерді оқушылар өздері таңдап, неге таңдағанын айтады.

2-жаттығу «Мейірімді есім»

Мақсаты-эмпатияны дамыту, жағымды эмоционалды фон қалыптастыру.

Әр бала оң жағында тұрған көршісін мейірімді түрде атайды.Ал көршісі алғыс айтып,сосын жаттығу кері сол жақ көршіге орындалады.

3-жаттығу. «Атомдар мен молекулалар»

Мақсаты: қысымды түсіру, топты біріктіру.Сонымен қатар. Осы жаттығу арқылы балалардың өзара қарым-қатынасын анықтауға болады.

Оқушылар бөлмеде еркін жүреді.Психолог: «Сендер әрқайсысың атомсыңдар, енді жалғыз жүріп іштерің пысып кетті, енді екі-екіден, сосын үш-үштен бірігесіңдер. (Оқушылар санына қарай ойын жалғастырылады.)

5-жаттығу «Көңіл-күйімізді жаттықтыру»

Мақсаты: оқушылардың эмоционалдық көңіл-күйін жаттықтыру

Қазір біз 2 жұптан шығып берілген тапсырмадағы сөйлемді оқып,асты сызылған сөзді көңіл-күйімізбен көрсетеміз:

1. Аю байқамай кірпіні басып кетіп, аяғына тікен кіріп кеткен. Кірпі өзін кінәлі сезінеді, ал аю қатты ашуланып тұр.
2. Күшік ата-анасынсыз қыдырып, еркін жүргеніне қуануда, ал ата-анасы қатты алаңдаулы.
3. Мысықтың баласы тамақты бірінші рет ішіп тұр, ол оған ұнамай, жүрегі айныды, ал тотықұс оған мүлдем тамақ бермегендіктен ренжіп отыр.
4. Екі кірпі орманда келе жатып, біреудің түсіп қалған сағатын көрді.

Алдымен олар тықылдан қорқып кетіп, кейін қызығып, жақындап барып қарағысы келеді.

Инклюзивті оқыту – мүмкіндігі шектеулі балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы балаларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ.

Инклюзивті оқыту – мүмкіндігі шектеулі балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы балаларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ.

Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білімге тең қол жеткізуін қамтамасыз ететін үдеріс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің № 1118 Жарлығы «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» - Астана, 2010 .- 7 желтоқсан.
1. ҚР-ның білім туралы Заңы, 2008 ж Мектептегі психология, №3 2010.
2. Әлеуметтік педагогика, №3, 2011.
3. Ә.Ермағамбет «Психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы», Дефектология, 2008, №4.
4. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жүргізілетін түзету және дамыту жаттығулары» әдістемелік құрал, Шымкент., 2012.
5. Л.В.Артемова «Дидактикалық ойындар», М., 1992.

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА GOOGLE FORMS НТЕРФЕЙСІМЕН ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫ ӨТКІЗУ

Қалитова Жұлдыз Кентайқызы
Ақтөбе қаласындағы М.Құрманғалиева атындағы
№32 мектеп-гимназияның информатика пәнінің мұғалімі

Жалпы орта мектепте жүргізілетін бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ), тоқсандық жиынтық бағалауда (ТЖБ) берілетін тапсырмаларға назар аударып көрейік. Тапсырмалар тест түрінде, қысқа жауапты, ұзақ жауапты болуы, сәйкестендіру түрінде және т.б. болуы мүмкін. Ал бұл типтегі тапсырмаларды Google Forms ортасында жасау толықтай мүмкін.

Енді Google Forms интерфейсінде информатика пәнінен 11-сыныпқа арналған БЖБ және ТЖБ қалай жасауға болатынына тоқталып кетейік:

1. Google сервистерінің ішінен Google Дискті тауып ашып аламыз (1-сурет).

1-сурет



2-сурет



3-сурет

2. Ашылған беттен **Создать** (Құру) батырмасын басамыз. Ашылған құжаттар тізімінен **Google формы** командасын таңдаймыз (2-сурет). Қосымша бағыттаушы стрелканы басқан кезде форма бізге екі түрлі форма жасауды ұсынады. 1. **Бос форма құру**; 2. **Шаблонды пайдалану.**

Google формада 15-ке жуық дайын шаблондар бар. Осы дайын шаблондар арқылы жұмыс жасауға да болады. Сонымен бірге, әрбір пайдаланушы немесе мұғалім өз формасын құруына да болады. Енді өз формамызды құру әдістемесіне тоқталайық:

3. Бос форманы құру командасын берген кезде бізде автоматты түрде жаңа бет (вкладка) ашылады. Жаңа форманың атауы үнсіздік келісім бойынша **Новая форма** түрінде көрінеді (3-сурет).

4. Жұмыс формаға атау беруден басталады. Біздің жағдайымызда, Форманың атауын жұмыс ТЖБ-ға байланысты болғандықтан «ТЖБ. 11-сынып. Информатика» деп өзгертеміз. Ал сипаттамасына (описание) жұмыстың мақсаты мен тапсырманың түрлеріне түсініктеме беріп кетуге болады. Ештеңе жазбаса да болады.

5. Алдымен форманың типін өзімізге қажетті типке ауыстырып аламыз. Ол үшін батырмасын басамыз. Ашылған терезеден **Тесты** бөлімін таңдап аламыз. Осы жерде **тесты** батырмасын белсенді етеміз. Ол үшін Тест батырмасын бір рет шертеміз. Көрінген терезедегі баптауларды 4-суреттегі баптаулар сияқты өңдейміз. **Сохранить** батырмасын басамыз.

6. 1-сұраққа оқушының аты-жөнін енгізуді сұраймыз және бұл сұраққа берілген жауап балл берілмейді. Ескере кететін жайт, берілетін жауаптар 11 түрлі типтегі жауапты қабылдайды. Мен оның 6-ын сіздерге көрсететін боламын (5-сурет). Аты-жөнін жазуға

арналған мәтіндік жауапқа **Текст** (строка) типін таңдап аламыз. Себебі, аты-жөнін толық жазу үшін бір қатар жеткілікті.

7. 2-сұраққа оқушының сыныбы және литерін сұрайтын сұрақ қоямыз. Бақылау жұмыстары өздерінің бағытына сәйкес жаратылыстану-техникалық немесе гуманитарлық бағыт бойынша барлық 11-сыныптарға беруге жарайды. Бірақ жауаптарды іріктеу кезінде оқушылар араласып кетпес үшін литерін алдын ала жазып қоямыз. Бұл сұраққа **Раскрывающийся список** типін таңдап аламыз. Тізімнің нұсқаларына 11 «А»-сынып, 11 «Ә»-сынып, 11 «Б»-сынып, 11 «В»-сынып қажеттілікке қарай осы тізімді жазып шығамыз (6-сурет). Келесі сұрақтар пән бойынша тапсырмаларды беруге болады. Мысалы, 1 жауапты, немесе көп жауапты тест түрінде таңдауға болады. Ол үшін 5-суреттегі сәйкесінше **Один из список** немесе **Несколько из список** деп таңдап аламыз. Бір ерекшелігі енді бұл таңдалған типтерге біз дұрыс жауабын белгілеуіміз және осы дұрыс жауап үшін қанша балл берілетінін жазуымыз керек.



6-сурет

8. Ол үшін

батырмасын басамыз. Сұрақтағы нұсқалардың ішінен дұрыс нұсқаны таңдаймыз. Және сұрақтың жоғары оң жақ бөлігінде тұрған шкалаға берілетін баллды жазамыз. Осыдан кейін **Готово** командасын береміз.

9. Келесі сұраққа ұзақ мәтіндік жауап жазу керек болсын. Ол үшін сұрақты жазамыз және жауаптың типіне 3-суреттегі **текст (абзац)** командасын таңдап аламыз. Нәтижесінде тек ұзақ мәтінді сөздерді қабылдай алады. Алдыңғы сұрақтар сияқты бұл сұраққа да берілетін баллды белгілейміз.

10. Келесі тапсырмаға қандайда бір құжатты немесе суретті жүктеу 3-суреттегі **Загрузка файлов** командасын таңдап аламыз. Файлға қойылатын талаптарды енгіземіз. Файл шектелген максималды саны 1, 5 және 10 болып біреуін таңдаймыз. Ал файлдың көлемінің максималды мөлшерін 10Мб тан 1 Гб дейін қолжетімді болып табылады.

11. Дайын болған форманы **Отправить** батырмасы арқылы жібере аламыз. Интерфейс бізге бірнеше тәсіл ұсынады. Осы жерден Сілтеме бөлімін таңдап **Копировать** командасын береміз (7-сурет).



12. Біз жіберген сілтеме арқылы барлық оқушы кіріп, тапсырмаларды орындай алады. Ал біз нәтижесін форма ішінде **Ответы (**Жауаптар**)** бөлімінде көре аламыз (8-сурет).

(7-сурет)



8-сурет

13. Осы бөлімде тапсырмаларға жауап берген барлық қатысушылардың орташа статистикасын диаграмма түрінде көру үшін 8-суреттегі **Сводка** батырмасын басамыз.

14. Жеке сұрақтар бойынша мәліметтерді көру үшін **Вопрос** бөлімінен қатысушылардың жеке сұрақтарға жауап бергендігін көруге, салыстыруға болады.

15. Әр қатысушының жауаптарын көру үшін **Отдельный пользователь** батырмасын басамыз. 8-суреттегі «<1 из 11>» осы жерде пайдаланушылардың нөмірі арқылы жауаптарын көріп тексере аламыз. Сонымен қатар формада берілген автоматты баллдарды өзгертіп толықтырып бағалай аламыз.

16. **Принимать ответы** батырмасы арқылы формаға жауаптарды қабылдау қолжетімділігін беруге немесе тоқтатып қоюға болады. Барлық нәтижені бірден принтерге басып шығарып алуға да болады.

17. Осы нәтижелерді бір кестеге түсіріп алу үшін 8-суреттегі батырмасын басып барлық жауаптарды Excel кестеге түсіріп Дискіге сақтап қоюға болады. Осымен жұмыс аяқталады.

Қорытындылай келе, бұл бақылау жұмыстарын жүргізудің белгілі бір дәрежедегі автоматтандырылған сипаты, жаңартылған деңгейі деп қарастыруға болады. Бұл жұмыстарды тек информатика пәні мұғалімдері ғана емес, сондай-ақ барлық адамдар пайдалануынаболады. Демек, педагог-мамандардың цифрлық білімдік ресурстарды қолдану бойынша әдістемелік дайындығын инновациялық негізде жетілдіру арқылы информатиканы оқыту әдістемесі пәнінің мазмұнын байыту информатика мұғалімінің әдістемелік дайындығын көтеруге игі әсер етері сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы.

2. Интернет психологиясы: / Патрисия Уоллейс / - Оқулық. (қазақша аудармасы).- Cambridge University Press, 2016ж-392 б.

3. Как работать с Google Диском»: GoogleDisk анықтамалық орталық материалы, //https://support.google.com/drive/answer/2424384?hl=ru.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ІЗДЕНУШІЛІК, ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

Қалыбаева Гүлнәр Құлманқызы, Калиева Мариям Махановна
№10 жалпы білім беретін орта мектебі

Абай Құнанбаевтың жетінші қара сөзіндегі « Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біріншісі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Екіншісі – көрсем, білсем деп, ер жетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, «ол неге өйтеді?», « бұл неге бүйтеді?» деп көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді», – деген ой тұжырым оқушының биік танымдық қабілет, тұрмыс-тіршіліктің сырын ұғуға талпыныс баланың ерте

жасынан туындайды екен. Сондықтан оқушыны ізденушілік, зерттеушілікке баулу бастауыш сыныптан басталуы тиіс. Өйткені бастауыш сынып оқушысының түрлі сөздіктер мен қызықты әдебиеттерді іздеп табуға, оқып танысуға деген құштарлығы басым болады. Баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады.

”Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз” демекші, бүгінгі бала – ертеңгі азамат. Сондықтан қазіргі мектептің басты мақсаты – баланың табиғи күштері мен мүмкіншіліктерінің ашылуына қолайлы жағдай жасау. Білім беру мазмұнын жаңарту, үздіксіз білім беру жүйесін дамыту – бүгінгі күннің басты талабы. Білім негізі бастауыштан басталатыны белгілі.

Бастауыш сыныпта мұғалім оқушының зерттеушілік дағдысын дамыту барысында әртүрлі әдістерді қолданады. Пән мазмұнына байланысты зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Білім, ақпарат дайын күйінде берілмейді, оқушы үнемі ізденеді, сондықтан да зерттеушілік жұмыс оның күнделікті іс-әрекетіне айналады

Бастауыш сынып оқушысы не нәрсені болса да білуге құмар, қолымен ұстап, көзбен көргенді ұнатады. Зейіндері тұрақсыз болғандықтан бір сарынды оқудан тез жалығады.

Маған айтшы – мен ұмытып қаламын,
Маған көрсетші – менің есімде қалады,
Өзіме істетші –мен сонда түсінемін. Конфуций (қытай философы)
Уильям Глассер (американдық психолог) зерттеулері бойынша оқушы:

- 10% оқығанынан,
- 20% естігенінен,
- 30% көргенінен,
- 50% көріп, естігенінен,
- 70% басқалармен бірге талқылағанынан,
- 80% өзі сезінгенінен,
- 95% басқа біреуге үйреткенінен қабылдайды екен.

Оқушының ізденушілік қасиетін қалыптастыру оқытудың түрлі формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады. Солардың ішіндегі ең тиімдісі **(ізденушілік)** – оқушының ғылыми қоғамын ұйымдастыру. Биік танымдық қабілет, тұрмыс-тіршіліктің сырын ұғуға талпыныс баланың ерте жасынан туындайды екен. Сондықтан ізденушілікке баулу бастауыш сыныптан басталуы керек. Ендеше мектепте оқушыны ізденіс жұмысына қатыстыра отырып ғылыми мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттін ашуларын көмектесуіміз қажет. Оған қол жеткізетін тиімді ізденіс жұмыс түрінің бірі – оқушылардың ғылыми қоғамын ұйымдастыру.

Бақылау, талдау, эксперимент сияқты әдістерді қолдану арқылы оқушылар мәліметтерді жинақтап, талдап, тұжырым жасауды үйренеді. Бұл пәннің мазмұнында тәжірибе жасау, зерттеу жұмысын жүргізу, саламандық жұмыс түрлері басым болады. Сабақта бақылау, эксперимент әдістерін қолдана отырып, зерттеу жұмысының қағидаларын игереді. Экологиялық проблемалармен танысу, табиғатта болатын өзгерістер мен құбылыстардың сырын білуге деген қызығушылығын оятады. *Мен зерттеушімін, Тірі табиғат, Заттар және олардың қасиеттері, Жер және ғарыш, Табиғат физикасы* сияқты оқу бөлімдерін зерделеу барысында оқушылар қарапайым да қызықты тәжірибелер жүргізіп, табиғат құбылыстарының даму үдерістерін сипаттап, болжап, түсіндіреді. Осындай тәжірибе түрлері зерттеу қызметінің бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу, іздеу белсенділігі-баланың жаратылысына тән табиғи құбылыс. Зерттеушілік әдісін қолдану қажеттілігі оқушының білім алу процесінде қоршаған ортасына қызығушылығымен, сүйіспеншілікпен қарауымен түсіндіріледі.Оқушының өз бетінше зерттеу жүргізуі оның жеке талабын қанағаттандыруға, көкейінде жүрген сұрақтарға жауап табуға

үлкен ықпал етеді. Одан басқа зерттеу жүргізу интеллектуалдық және шығармашылық қабілеті мен ойлау, зерттеу білігінің дамуына мүмкіндік туғызады. Оқушы өз бетінше зерттеу жүргізу арқылы қоршаған ортасын тани алады, жаңа білімді дайын күйінде емес, өзі үшін жаңа білім ашады.

Зерттеушілік оқыту- баланың қоршаған ортасын өз бетінше танып білуге деген табиғи ынтасы негізінде құралған оқытудың негізгі тәсілі.

Зерттеу түрлері:

1) теориялық 2) фантастикалық 3) эксперимент

Теориялық– мәселелердің маңыздылығын, оның ерекшеліктерін, осы тақырып бойынша әртүрлі көзқарастарды сипаттау, сондай-ақ оның бүгінгі таңдағы шешілу жолдары.

Фантастикалық- өмірде болмайтын құбылыстар мен заттар жөнінде.

Эксперименттік – өзіндік байқаулар мен эксперименттерді жүргізуді талап етеді.Балалар үшін ең қызықты эксперимент-нақты заттарға және олардың қасиеттеріне жасалған тәжірибелер.Оқушыларға әр түрлі тақырыпты беруге болады .Тәжірибе зерттеу мәселелер мәнісін түсіндіретін немесе оны шешуге мүмкіндік беретін ғылыми әдістерді пайдалануды болжайды. Зерттеу жұмыстарының бұл кезеңі маңызды болып табылады, бұл кезеңде жоба авторы өзінің шығармашылық мүмкіндігін көрсете алады. Бұл кезеңде эксперименттер,байқау, сауалнама, әңгімелесу, сұрақ қою, интервью алу т.б. зерттеу әдістері пайдаланылады. Ғылыми зерттеуді жүргізу кезінде дұрыс ақпарат алу үшін бір емес, бірнеше әдістер жиынтығы қолданылады.

Бастауыш сыныпта зерттеу әрекетінің дағдылары біртіндеп қалыптасады. Әртүрлі әдістер мен формаларды қолдану зерттеу жүргізудің қағидаларын үйретеді. Мысалы, сабақ барысында қоршаған ортаны қорғау туралы мәселені талдайтын болсақ, мұғалім оқушыларды шағын топтарға бөледі, бірінші топ табиғатқа, қоршаған ортаға зиян келтіретін адамдардың әрекетін анықтайтын болса, екінші топ табиғатты сақтауға, аялауға әрекет етеді. Екі топты салыстыру негізінде ұжымдық зерттеу жұмысы жүргізіледі. Оқушыны зерттеу жұмысына қатыстыру үшін алдымен, оны қызықтыра отырып, зерттеу талабын қалыптастыру қажет. Яғни, оқушы ақпаратты ала білуге, оны басқаларға хабарлай білуге талпынуы тиіс. Ол мектепте оқып жүргенде-ақ қоғам мүшесі екенін сезініп, өз бетінше шешім қабылдауға, ақпараттар алуға, оны басқаларға жеткізе білуге, әдебиеттермен жұмыс істей білуге, талдауға қатысуға, басқаларды тыңдауға үйренуі қажет.

Педагогикалық тәжірибеде оқушылардың зертеушілік дағдыларын дамытудың әртүрлі әдістері қалыптасқан. Солардың бірі - жоба әдісін айтуға болады. Жоба жазу оқушының аналитикалық ойлау қабілетін дамытады, шешім қабылдай алу іскерлігін қалыптастырады. Оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес өзінің кәсіби бағдарын айқындауға көмектеседі.

Жоба әдісінде мына міндеттер жүзеге асады:

- Оқушылардың танымдық іскерліктері мен дағдыларын дамыту;
- Ақпараттық кеңістікте бағдар ала білу;
- Өз бетінше жоспар құра білу;
- Ғылымның түрлі салаларынан білімді біріктіре білу;
- Сын тұрғысынан ойлау қабілеті.

Келесі әдістердің бірі — саяхат. Саяхат сабағы көбіне Жаратылыстану пәнінде жүргізіледі. Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін, табиғатта болатын әр түрлі құбылыстардың өзгерістерін анықтау барысында «Күздің белгілері», «Күз мезгіліндегі өзгерістер», «Жыл мезгілдері» т.б тақырыптарда саяхат өткізуге болады. Оқушылар тақырып барысында ақпарат ресурстарын жинау арқылы белгілі бір сұрақтарға жауаптар табады. Бақылау нәтижелерін қағаз бетіне түсіреді. Оқытуды ұйымдастырудың бұл формасы ұжымдық қарым-қатынасты

дамытады. Саяхат сабағының нәтижесі оқушылардың шығармашылық жұмыстарында жалғасын табады.

Қорыта айтқанда, зерттеушілік іс-әрекет арқылы оқушылардың ғылыми дүниетанымы дамиды. Ғылыми дүниетаным тек теориялық білім алу арқылы емес, сонымен қоса, дәйекті дәлелдер және зерттеушілік іс-әрекет нәтижесінде қалыптасады. Оқушылар өздігінен жүргізген зерттеушілік іс — әрекет нәтижесінде нақты шындыққа көз жеткізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Әлімқұлова А.Б. Бастауыш сынып оқушыларының жобалық-зерттеу әрекетін ұйымдастыру [Мәтін]: Республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал /… Әлімқұлова А.Б. // Бастауыш мектеп: ҚР МАжБКМ- Алматы, 2014- №7-8- Б.6- ISSN 0207-5474

Мырзалинова А. Бастауыш білім беруде кіші жастағы мектеп оқушыларымен жобалық-зерттеушілік қызметті ұйымдастыру [Текст] / А. Мырзалинова, Долдинас Акышева Б. // Бастауыш мектеп- 2012- №11-12-12б.

ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ПІШІНДЕР

Қамысбаева Саржан Сақыпқызы
Ырғыз ауданы Құмтоғай ауылы «Еркетай» бөбекжай бақшасы» МКҚК, тәрбиеші

Білім беру саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Математика негіздері

Тақырыбы: «Геометриялық пішіндер»

Мақсаты: Дөңгелек , төртбұрыш, үшбұрыш геометриялық пішіндерді атайды және ажырата алады.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, ойын технологиясы, АКТ технологиясы, ашық сұрақ, бала үні, салыстыру,бақылау,саралау.

Күтілетін нәтиже:

Түсінеді: командада жұмыс жасауды.

Қолдана алады: пішіндерден құрастыра алды.

Ресурстар: суреттер, оқу ортасының жабдықтары,

Шаттық шеңбері:

Бас, иық, тізе,аяқ
Тізе, аяқ
Бас,иық,тізе, аяқ
Тізе,аяқ
Көз,ауыз,мұрын және құлақ

Бас,иық,тізе, аяқ

Тізе,аяқ

Балалар біз қандай пішіндерді білеміз?

-шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш

«Миға шабуыл» әдісі: түрлі ойыншықтар көрсету арқылы қандай пішінге ұқсайтынын айту.

Балаларды шеңберге тұрғызып, ойыншықтар көрсету . Балалар бір –бірімен ақпарат алмасады.

Балалардың жауаптарын тыңдау.

ПЖО: «Қандай пішін?» шарты: балалар геометриялық пішіндерді атап, ұқсас заттарды таба алады және түстерін ажырата алады.

-Айналадағы заттар қандай пішінге ұқсайды?

-Түстерін атау

Топқа бөлу. Пішіндер арқылы (4 К моделі) бала үнін ескере отырып (үш түрлі геометриялық фигураларды суреттерін алу арқылы бөлемін)

ҚО: «Сиқырлы суреттер»

4К моделі — бала командада жұмыс істейді, сыни ойлайды, коммуникативті дағды қалыптасады.

1-топ: «Ойыншықтар» Пішіндерден (картон) бейне құрастырады, аттарын атайды

- Мұнара, мәшине, күшік қандай пішіндерден тұрады?

2 -топ: «Түрлі түсті қолшатыр»

Мақсаты: қолшатыр бөліктерін пішіні мен көлемі, түсіне сәйкес топтастыра алады. Топтар телефон әдісі арқылы жұмыстарын қорғайды

Сергіту сәті:

Бойды сергек тік ұста
Емін - еркін тыныста
Оң қолыңды соз алға
Үшбұрыш сыз ауада
Сол қол босқа тұрмасын
Шеңбер жасап тынбасын

ЕО: «Пішіндер әлемі» Түрлі ресурстармен ойын (таяқшалар,дьенеш блоктары, конструктор т.б

Кері байланыс:
-Балалар, бүгінгі ашық оқу қызметінде немен таныстыңыздар?
-Сендерге топпен жұмыс жасаған ұнадыма?
-Пішіндерден қандай бейне құрастырдыңдар?
Балаларды мадақтау.

МЕН МАМАНДЫҒЫММЕН МАҚТАНАМЫН

Қанатова Мейрамгүл Жаңабергенқызы
Ақтөбе облысы Шалқар қаласы«Бәйтерек»
бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

Мәңгілік ел болып қалыптасу жолында ұрпаққа берілетін тәрбие елбасымыздан бастап ойландыратын өзекті мәселелердің бірі. Отбасында берілетін тәрбие әр отбасында түрліше, өздерінің қалыптасқан отбасылық құндылықтары арқылы тәрбиеленеді. Ал білім мен тәрбие беретін орындарда жаңашылдық пен заманауилықты ұштастыра отырып,ел ертеңін тәрбиелеуге үлкен жауапкершілік танытылады.

Біздің мамандығымыз-бұл біздің өмір жолымыз. Біздің балабақша-бұл бөлек әлем.Балабақша бізге балада бар ең нәзік-бала жан дүниесін сезінуге, аялауға, бағалауға үйретеді. Балабақша баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуында ерекше орын алатын саты. Балабақша баланың өмірге аттаған алғашқы қадамы.Басқан алғашқы қадамынан бастап баланың болашағы қаланады. Қазіргі заман талабына сай өнерлі,шығармашылыққа сай, жан-жақты дамыған,өздерінің жағымды жақтарын көрсете білетін, өз ойларын ашық айтатын ұрпақ тәрбиелей отырып, мәңгілік ел болып қалыптасудың алғашқы қадамдарының бірі деп білемін. Отбасында еркелеп,өз дегенін орындататын ерке балалар да жетерлік. Бірақ балаларға бірдей тәрбие беріп,біріңғай тәртіпке баулитын орта-тағыда балабақша.

Салыстырмалы түрде сөйлейтін болсақ,кімнің пікірімен бөліссекте бақшаға барған бала мен бақшаға бармаған баланың айырмашылығы жер мен көктей. Қай жағынан болмасын-адамдармен қарым-қатынас жасағанда дасөйлеу мәнерлерінде де, өз ойларын жеткізе білуде айырмашылықтарды байқап жатамыз. Сондықтан да бақша тек балаға бас көз болып қарайтын,осы еңбектері үшін мемлекеттен жалақы алатын адамдардың жұмыс орны деп қарауға болмайды. Керісінше, бақша менің балама білмегенді үйретіп, жақсыны беріп, жаманнан жирендіретін,білімді де білікті мамандардың ордасы деп білуі керек. Сонымен бірге балаларын өздерінен де асқан жауапкершілікпен бала тәрбиесіне мән беретін сенімді тұлғалардың мекені деп те баға беретіндей дәрежеге жеткізуіміз керек.

Тәрбиеші балаларға білім беру үшін баланың іс-әрекетін ойын арқылы ойлау дағдыларын,таным белсенділігін арттырып,көзделген мақсатқа жеткізуші. Қиын мен жеңілі,

қызығы мен қуанышы мол болған еңбек жолындағы педагогикалық ұстанымым-үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр баланың бойынан жақсылық тауып,бұлақтан көзін ашу арқылы биік мақсаттарға жетелеу.

Балабақша тек бүлдіршіндердің келіп-кететін мекені ғана болмай,бақшаға достарымды көремін, үйде еш ойнамайтын қызық ойындар ойнаймын, ешкім білмейтін,тек тәрбиеші ғана білетін қызықты ертегілерді тыңдаймын, әндер үйренемін деп қызығып келетін шуақты мекеніне айналуы керек. Ал бала жүрегінде осындай орын алып балабақшаға демалыс күндері де жүректері алып ұшып тұратын деңгейге дейін жеткізетін ол әрине балалардың бағбаны тәрбиешілер болып саналады. Бір тәрбиеші бірнеше баланың өміріне жауапты болғандықтан, ешқандай атүстілік танытпау керек,әрине жылдамдық пен кеңжүректілік қажет ететін мамандық болған соң тәрбиеші болу кез-келген адамның қолынан келе бермейді. Өмірге келген әрбір бүлдіршіннен ел азаматтарын тәрбиелеп шығару үшін қай кезде де қажет,ешқашан керектігі мен қажеттілігі жойылмайтын тұрақты мамандық деп білемін.Балабақшада дұрыс-тәлім тәрбие бере алсақ, ол ертең мектепке барып саналы түрде сапалы білім алуға тырысады.Соның нәтижесінде елін сүйген азамат болып шығады. Біз тәрбиешілер,түрлі болашақ маман иелерін тәрбиелеп жатырмыз десек артық болмас.Болашақ заңгерлерді-әділдікке үйрету, дәрігерлерді-жауапкершілікке баулу,мейірімділікке үйрету, құрлысшыларды нақтылыққа тәрбиелеу-барлығы тәрбиешінің қолында. Сондықтан да өз бойымызда әділдік те,мейірімділікте, жауапкершілікте болу шат.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады,ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан алдымызға келген әрбір бүлдіршінге балабақшадан бастап тәлім-тәрбие беріп, ұлтжандылыққа тәрбиелейік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Отбасы және балабақша №5.2010ж
2.Ұлттық тәрбие №1.2011ж
3.Бала мен балабақша. Юрова. С. Н
4.Бала тәрбиесі №1, №2.2011ж

МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Қанбаева Назерке Марқабайқызы,
Ақтөбе қаласы № 18 орта мектебінің математика пәні мұғалімі

Математика бүкіл ғылымдардың ішінде айрықша қадір-құрметке бөленген; мұның бірден бір себебі оның қағидаларының абсалют ақиқаттығы мен даусыздығында жатыр.
А. Энштейн

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы.

Математикалық сауаттылық дегеніміз – математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің, оқушылар дүниенің ғылыми бейнесін меңгеру.

Ой-өрісі кең тұлғаны қалыптастыруда жаратылыстану пәндерінің орны ерекше. Қазіргі кезде математика пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық ойлау қабілеті мен шығармашылық тұрғыдағы жұмысын дамытуда өз бетімен жұмыс жасаулары және логикалық тапсырмаларды орындаудың маңызы зор.

Бүгінгі күнде математика пәнін сапалы оқыту ізденістері – пән мұғалімін толғандырып отырған келелі мәселелердің бірі. Сыни тұрғыдан ойлау барысында, бала өз заманының озық өнегесін санасына сіңіреді, функционалдық сауаттылығы артады, басқаның пікірін тыңдауға дағдыланады және өзі де пікір айтуға үйренеді.

Математика пәнін оқуда сыни тұрғыдан ойлау технологиясының тиімділігі. Математиканы оқытудың мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологияларды тиімді пайдалану қажет. Математика сабағында оқушылар өз бетінше білу дағдыларын дамыту баға жетпес құндылықтарының бірі. Жаттығуларды өз бетінше тексеріп, қорытынды жасай білетін тұлға қалыптастыру мақсатында жаңа технологиялар әдістерін кеңінен қолдану қажет. Математика сабағында сыни тұрғыдан ойлау технологиясының әр түрлі стратегияларын қолдана отырып, өз бетінше жұмыс істеу факторы – есептерді шығара білу болып табылады.

Шапшаңдылық дағдыларын ұйымдастыра отырып, оқушылардың құзыреттілігін арттыру арқылы шығармашылықтарын дамыту. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда, оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға, тез арада шешім қабылдауға көмектесетін бірден бір тиімді технология. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын пайдаланатын әр ұстаз өз педагогикалық қызметінде оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасқа деген көзқарасының мүлдем өзгергенін байқайды. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойынды еркін және зерттей талпындырып тұжырым жасау.

Ой қозғай отырып оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап естіген-білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп білмегенін өзі реттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп тұжырым жасауға шығармашылық жұмыс жасау.

Математика сабағында бағдарлама материалын сапалы меңгерту үшін оқыту мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы арқылы және топтық жұмыс түрлерін, деңгейлік тапсырмаларды орындату, тірек сызбаларды, ойын түрлерін қолданып, логикалық және эксперименттік мазмұнды есептер шығарта отырып, оқушыларды бір-бірімен пікірлесе білуге, ойларын нақты, ашық жеткізе білуге , тұжырымдарын жасауға үйрету. Жарыс сабағы барысында оқушылардың пәнге қызығушылығы мен ойлау қабілеті артатыны байқалды. Бұл ойын түрін сабағыма пайдаланудағы мақсатым – оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, пәнге қызығушылығын арттыру.

Әрбір оқушының және бүкіл сыныптың оқу материалын меңгеру деңгейін анықтау үшін білімін жазбаша тексеру тәсілдерінің бірі семантикалық картамен жұмыс. Семантикалық картамен жұмысты жаңа сабақты бекіту мақсатында ұйымдастырылған тиімді деп ойлаймын. Семантикалық карта көмегімен анықтамаларды, ережелерді, қасиеттерді тұжырымдау, сондай-ақ есеп шығару барысында қолдану іскерліктерін қалыптастырады. Мектепте жаңа буын оқулықтары бойынша математикадан сабақ беріп келемін. Оқулықтағы тапсырмалар деңгейлік тапсырмалар болып бөлінген.

Мұндағы I деңгей тапсырмалары: меңгерілген білімді үлгі бойынша пайдалана білу, II деңгей меңгерілген білімді өзгертілген жағдайда қолдана білу, III деңгей шығармашылық, яғни математика оқулығындағы әр түрлі сұрақтар, есептер, оқушылардың логикалық ойлау,

шығармашылықпен ойлауын дамытатын, әр түрлі әдіс-тәсілдермен меңгертуге көмектеседі, яғни жеңілден күрделіге қарай тапсырмалар реттілікпен сақталып берілген.

Қазіргі ғылым мен техниканың даму кезінле алдымыздағы шәкірттің жан-жақты білімді, ой-өрісі кең болып шығуына ықпал ететін мұғалім екені түсінікті. Сабақта шығарылатын есептер оқушының ойлау қабілетін математика тілін дамытып, шығармашылықпен жұмыс істеуге негізделе құрылған. Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту үшін оқушылардың сапалы есептерді өз бетінше шығаруына көп көңіл бөлу қажет. Деңгейлік есептер оқушының логикалық ойлау қасиетін шыңдайды және пәнге деген қызығушылығын арттырады. «Қазіргі заманғы жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет»,- деп атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үдерісіне оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Педагогтің шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өткізуі – бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін мұғалімнің алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады.

10-14 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПСИХОФИЗИКАЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қаңтарова Жанаргүл Әмірханқызы
«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ
«№4 Алға орта мектебі» КММ

Жасөспірімдік жас (10-11 жастан бастап 13-14 жасқа дейінгі кезең) дағдарысты болып саналады, себебі баланың дамуы мен өмірінің барлық жақтарын қозғайтын сапалық тұрғыда күрт өзгерістер болады. Бала ағзасында салмақты физиологиялық өзгерістер жүреді:

- Ағзаның жыныстық функциясына жауап беретін жаңа гормондар түзіле бастайды; жыныстық жетілу процесі іске қосылады.;
- Жаңа гормондардың әсерімен жасөспірімнің жүрек-қан тамыр жүйесінде салмақты өзгерістер жүреді: күретамыр және көктамыр қысымының деңгейлері, жүрек соғысының ырғағы өзгереді;
- Гормондардың әсері иммундық жүйенің әлсіреуіне әкеледі, соның салдарынан жасөспірімдер түрлі созылмалы аурулардың пайда болуына бейім болады;
- Өзінің сырт келбетіне деген қызығушылық күрт өседі. Физикалық «Меннің» жаңа бейнесі қалыптасады.

Ата-ана бұдан қандай қорытынды шығаруы тиіс? Олардың міндеті – жасөспірімге ағзаның өсу процесінен туындаған физиологиялық өзгерістерді жеңуге көмектесу.

Мыналарды қадағалау қажет:

– жасөспірімнің дұрыс тамақтануын;

– күн тәртібін сақтауын (ұйқы тәулігіне 10 сағаттан кем емес);

– таза ауада көбірек уақыт өткізуін;

– ұдайы физикалық жаттығулар жасауын және спортпен шұғылдана бастауын (егер бұрын шұғылданбаса).

Есіңізде болсын: ешқандай жағдайда жасөспірімнің сыртқы келбетіне қатысты уайымдары туралы әңгімеден қашуға болмайды. Дене сұлулығы, физикалық тартымдылық

(немесе керісінше, ұсқынсыздық, сүйкімсіздік) туралы әңгімелер – есейіп келе жатқан баланың жүрегіне ең қысқа жол.

Оны тыныштандыру, жарқын көзқарас қалыптастыру үшін уақыт пен сенімді сөздер табыңыз. Сіздің айтқан сөздеріңіз оның өзін-өзін бағалауын – жаман да, жақсы да бағалауын арттыруы мүмкін. Кейде ересектердің ойланбай айтылған сөзі, өмір бойы ұмытылмайды және ересек адамның өзіне, қарсы жыныспен қарым-қатынастағы өз үміттеріне қарым-қатынасты айқындайды.

Баланың жүйке жүйесі ең қатты өзгерістерге ұшырайды: гормоналдық және физиологиялық өзгерістердің әсерімен оның эмоционалдық және мінез-құлық реакциялары өзгереді.

* Ұстамсыздық пен ашушаңдық күрт артады.

* Қобалжушылық, агрессивтілік, жұмысқа қабілеттің төмендеуі туындайды.

* Тіл алмау, дөрекілік, жанжалшылдық, ерескетерге себепсіз қарсы шығу байқалады.

* Мұғалімдерге қатысты жағымсыз сезімдер, өзім тәуелсізбін деп батырсыну пайда болады.

* Өз құқықтарын сақтай отырып, жасөспірім өз өмірінің көптеген салаларын ата-ананың бақылауынан қорғайды және олармен жиі жанжалдасады.

* Эмоционалдық тұрақсыздық көңіл-күйдің күрт ауытқуына (экзальтациядан депрессияға дейін) әкеп соғады.

Жасөспірімнің мінез-құлқы кейде күтпеген сипат алады – қысқа мерзім ішінде ол мүлде қарама-қайшы реакциялар білдіруі мүмкін:

* Мақсаткерлік пен қайсарлыққа албырттық қосылады;

* Арынды әрекетке ұмтылу апатияға ұласуы мүмкін, қандай да бір әрекет етуге талпынысы мен қалауы болмайды;

* Өзіне тым жоғары сенімділік, шағымды қабылдамаушылығы өзіне сенімсіздікке және қамкөңілдікке ауысады;

* Мінез-құлқындағы жүгенсіздік кейде ұялшақтыққа алмасады;

* Романтикалық көңіл күйдің циниззмен, есепқорлықпен шектесуі жиі кездеседі;

* Нәзіктік, жылылық балаға жат қатыгездіктен көрінеді;

* Қарым-қатынасқа деген қажеттілік оңаша қалғысы келумен алмасады.

Айналадағылардың бірінің (ең алдымен ата-ананың, мұғалімдердің) жасөспірімнің намысына тиюге тырысуы кезінде аса қатты эмоционалдық реакциялар туындайды.

Эмоционалдық тұрақсыздықтың шыңы ер балаларда 11-13 жасқа, қыз балаларда - 13-15 жасқа келеді.

Бұрын сондай сүйкімді әрі тілалғыш балақай болған жасөспірімнің осы өзгерістеріне жауап қатуда ата-аналар жіберетін басты қателіктер:

1) Баланы өз билігімен «басып тастауға» ұмтылу және кез келген дербестікке тыйым салу (тіл алмағаны, ата-ананың өтініштері мен айтқан ақылдарын орындамағаны үшін жазалау жүйесін күшейту).

2) Жасөспірімнің ата-анасымен сөйлескісі келмегеніне жауап ретінде «Сен маған ештеңе айтпайсың, мен де сенімен сөйлеспеймін!» принципі бойынша «үндемес ойнау» тактикасын таңдау.

3) Ата-ана тәрбиелік ықпалдардан өз-өзінен шеттеуі арқылы және «Неғұрлым ертерек дербестік алса, соғұрлым жақсы болады!» деген ұранмен баланың ержету процесін бетімен жіберіп, тым жеңілтектік таныту және «жақсы болып кетерге» үміттену.

Баламен тығыз байланыс – кез келген жастағы тәрбиенің басты құралы.

Сауатты тәрбие шаралары:

- кәмелетке толмағандар ортасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуды;

- жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алуды;

- отбасылық құндылықтарды ілгерілетуді және нығайтуды қамтамасыз етеді.

Жасөспіріммен нәтижелі байланысты қалай орнатуға болады? Жасөспіріммен тиімді қарым-қатынасқа мысал келтірейін.

Дұрыс ұстанымда болыңыз.

Жасөспірім сіздің кез келген кеңесіңізді немесе бұйрығыңызды сөзсіз қабылдайды және оны дереу орындауға кіріседі деп күтпеңіз. Алдын ала ол көнгіштік пен тілалғыштық танытады деп күтсеңіз, және ол керісінше болып шықса, стресс аласыз.

Қажетсіз проблемалар мен жанжалдарға бармас үшін, өз үміттеріңізді балаңыздың мүмкіндіктерімен өлшеп алыңыз.

Өзіңіздің жасөспірімдік өткеніңізге көз салыңыз – сіздің естеліктеріңіз балаңызды, оның әрекеттерін, уайымдарын түсінуде жақсы көмекші болуы мүмкін.

- Жасөспірім баласын жақсы түсіну үшін ата-анаға өзінің жасөспірімдік жылдарын еске түсірген пайдалы. Өздеріңіз 11-15 жаста қандай болдыңыздар? Өз ата-анаңыздан – балаларыңыздың әжелері мен аталарынан – естеліктерді қайта еске алуға көмектесуін өтініңіз.

- Сіздің ұлыңызға немесе қызыңызға ескі фотосуреттерді ақтарып, сол кезде сізде болған проблемалар туралы ашық сөйлесу, сіздің сол кездегі уайымдарыңызды түсіну өте қызықты болады. Осыдан кейін жасөспірім, сізді өзге, күтпеген қырыңыздан тануы мүмкін – және сіздер қарым-қатынаста жаңа, сенімге құралған деңгейге жете аласыздар.

12-13 жастан бастап «Мен» концеациясы мықтап қалыптасады. «Менің пікірім», «Менің ойым», «Менің затым», «Мен өзім білемін» деген сөздерді көп жағдайда іс-әрекет, мінез-құлықпен көрсетеді.

Бұл жастағы балаларға дауыс көтеріп ақыл айтқаннан гөрі , ақылдасып шешейік, сен қалай ойлайсың? Саған сенемін, бізге сенуіңе болады деген сөздерді қолданған дұрыс. Жасөспірімдік кезеңде орын алған жағдайдың барлығы түпкі санада сақталады. Сол себепті айтқан сөзіңіздің, іс-әрекетіңіздің, әзіл-қалжыңыздың өзін жасөспірім жүрегіне жара салмайтындай саналы түрде жеткізілгені жақсы.

Ұсыныс: оқушыларға қиын соғатын пәндерді анықтап, оқушылардың білім алудағы жалпы қиындықтарын шешуге бірлесе отырып жол табу. Сонымен қатар мектептегі оқу-тәрбие жұмысында мына ұсыныстарды басшылыққа алуға шақырамын.

1) Мектептегі оқушылардың оқу мотивациясын ояту үшін сабақ кезінде оқушылармен кері байланыс жүргізіп отыру. Әр пән мұғалімі өз сабағында оқушылардан рухани құндылық, жалпы олар үшін ең қымбат не екенін сұрау және олардың жауаптарына түсініктеме беруін өтіну, егер де оқушы ең қымбат отбасым, оқуым т.б құндылықтарды атаса, оны міндетті түрде Отанға деген құрмет, сүйіспеншілік, патриотизм құндылықтарымен ойын толықтырып отыру. Осы арқылы баланың бойында ең алдымен Отанды сүю, бір-бірін құрметтеу, мемлекеттің мүлкіне зиян келтірмеу секілді түсініктерін қалыптастыра білуге шақыру.

2) Оқушыларға көбірек әдеби кітаптарды оқып, дұрыс сөйлеу, мәдениетті қарым-қатынас жасай білуді рухани азық кітаптан алатынымызды үнемі ескерту. Ол үшін оқушыдан соңғы оқыған әдеби кітабын сұрап, егер оқымаған болса, жақсы кітаптардың тізімін өзіңіз дайындау. Негізі кітап оқу балаға ата-анасының үлгі болуымен үйретіледі. Сол үшін ата-аналар жиналысында ата-аналарға осыны тапсыру.

3) Жалпы мектеп оқушыларына алдымен тәрбие беріліп, содан соң әр пән бойынша тиісті білім берілуін қолға алу. Ол үшін класс жетекшілермен бірге әр пән мұғалімі өз сабағында алдымен оқушылардың тәртібіне, тәрбиесіне, адамгершілік нормаларын қатаң қадағалап, осыдан кейін пәндік сауаттылықты арттыруды көздеуі қажет деген ойдамын.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жутикова Н.В. Учителю о практике психологической помощи. – М., 1988

2. Венгер Л.А. и др. Воспитание сенсорной культуры ребенка /Л.А.Венгер, Э.П.Пилюгина, Н.Б.Венгер. – М., 1988

ҚАЗІРГІ МЕКТЕПТЕГІ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІ

Қарағұлова Ләззат Итемгенқызы
Ақтөбе қаласы, КММ «Қызылжар орта мектебі», бастауыш сынып мұғалімі

Қазіргі мектептегі мұғалімнің кәсіби шеберлігі алған білімнің көптігінен емес, сол білімді педагогикалық іс-тәжірибеде қолдана алуымен маңызды. Мұғалімнің басты мақсаты тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттеліп, сараланған білім беру үлгісінің басыңқы бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің өркениетіне негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру. Мұғалімінің шығармашылық іс-әрекетінің үлгілері балаларды олардың іс-әрекеттерінің жаңа нысандарына тарту үшін қызмет ете алады. Мысалы, мұғалім үстелде отырып, талдың суретін салып отыр. Бірнеше бала жанында отырып, мұқият бақылап отыр. Мұғалім өзінің суретін аяқтап, орнынан тұрып, басқа іс-әрекетпен айналысып отырған балалардың істері қалай болып жатқанын көру үшін бөлменің басқа жағына қарай кетеді. Орнына оралғанда, ол бір нәрсе салып отырған оқушылар оның орнында отырғанын байқайды. «Енді менің талыма қараңыз», – деп мақтана сөйлейді оқушы. Қағазда қимадағы тал салынған. Бұл жерде еліктеу элементі орын алып тұр. Қандай да бір мысалды бақылауға қабілеті бар бала тек еліктеуге ғана қабілетті емес, жеке идеяларды да туындатуға немесе басқа терминологияны қолдану арқылы өзінің керемет идеяларын өндіріп шығаруға қабілетті болады екен. Еліктеудің айрықша қасиеті «сілкитін» не болмаса шегіндірілген тежелуге ықпал етуде. Басқа сөзбен айтқанда, мысалды бақылау қандай да бір тәсілмен жеке идеяларды шығаруға немесе осы мысалмен ұсынылған іс-әрекеттерді әрі қарай өрбітіп алып кетуге ынталандырады. Дәл осы нәрсе біздің оқиғада орын алды, мұғалімнің талдың суретін қалай салатынын мұқият бақылап отырған бала талды өзгертуде өз интерпретациясын ұсынды.

Тәжірибе көрсеткендей, мұғалімдердің көпшілігі құм, саз және т.с.с. материалдарды қашанда пайдалана бермейді, сондай-ақ сурет салып немесе музыкалық аспаптарда ойнай бермейді. Олар қойылған міндетті балалар алып шыға алмайды деп қауіптенуі де мүмкін. Екіншіден, олар өздерін қашанда осы іс-әрекеттен сенімді сезінеді. Мұның барлығы мұғалімге сыныпта шынайы шығармашылық атмосфера мен энтузиазмды құруға кедергі етеді. Барабанның қандай да бір дыбысын шығару үшін нағыз музыкант болу қажет емес, ал қызықты суретті салу үшін суретшінің дарынына ие болу міндетті емес екені айдан анық көрініп тұр. Балаларды мұғалімнің іс-әрекетінің өзі баурап алады. Олар оның істегенін қайталап, еліктеуге тырысады. Егер осындай түрдегі өзара әрекет белгіленетін болса, мұғалім мен оның оқушылары өзара шығармашылық бастауларда нағыз серіктес бола алады.

Мұғалімнің шығармашылық іс-әрекетін ынталандыратын тағы бір маңызды құраушы ол ұялшақ балаларға сол немесе басқа белсенділікке қатысуға түрткі болуы болып табылады. Мұндай балалар мысал көрсетуді қатты керек етеді. Мұғалімдер қандай да бір белсенділікті бастап, тіпті ұялшақ балалардың өзі оған қатысқанын көргенде, балаларды толық дербестікте қалдырып, ойыннан білдірмей шығып кете алады.

Сондай-ақ балалардың сұрақтарын тыңдап, оларға жауап беріп үйрену керек. Балалар сұрақты оған өздері жауап беруге талпынатын сәтте қоятыны белгілі. Сондықтан, мұғалім

сұрақ қойған балаға оған сұрағына жауабын өзі табуына мүмкіндік бере отырып, жауап беруді кідірте тұрғаны дұрыс.

Дарынды балалардың шығармашылық қасиетін дамытуға талпынған мұғалім оларды ойынға араластыру арқылы осы үшін ең қажетті әдістер мен керекті материалдарды өзі жақсы түсініп алуы тиіс. Оқудың ойын нысандары балаларда сараптама жасау ниетін тудырады. Балалардың шығармашылық мінез-құлқына балалар құрметпен қарайтын ересектер де зор ықпал етеді. Сондықтан, ересек адамдардың балалардың шығармашылық өнімділігіне қалай ықпал етуін жақсы түсініп алғаны өте маңызды. Балалардың шығармашылық бастамасы барысында бағалаулардан алшақ болып, олардың іс-әрекетіне қарым-қатынасы бойынша күрделі баптауға жол бермеу керек. Бұл оларды күйзелістік жағдайға ұшыратпайды. Балалар ойын кезінде құрылған белгілі бір қолайлы жағдайларда ойлау икемділігін және өз ойын әзірлеп, нақтылай алу қабілетін дамыта алады. Іс-әрекетке іштен ынталандыратын ойындарда балалардың шығармашылық қабілеттіліктерін дамыту үшін зор әлеует жатыр.

Білім алушылармен жұмыс жасауда тұлғаға бағытталған тәсіл де қазіргі мектеп мұғалімінің кәсіби шеберлігін дәлелдей түседі. Мектептегі тұлғаға бағытталған білім оқушының дамуы мен өз бетімен дамуына, жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын және қабілеттерін ескере отырып, оның тұлға болып қалыптасуына бағдарланған.

Мұндай оқыту әр оқушыға оның өз бейімділіктері мен қызығушылықтарын, мүмкіндіктері мен қабілеттерін, құндылықты бағыттары мен субъективтік тәжірибесін ескере отырып, өз танымында, оқу қызметінде өзін танытуға жағдай жасайды.

Тұлғаға бағытталған тәрбие – бұл жалпыадамзаттық құндылықтар негізіндегі жеке қасиеттерді дамыту және өз бетімен даму.

Тұлғалық тәсіл – бұл белсенді тәлім-тәрбиелік ортаны қалыптастыру және даму мен өз бетімен дамудағы жеке тұлғаның ерекшелігін ескеруді қарастыратын психологиялық-педагогикалық ғылымның маңызды қағидасы. Ол мұғалімнен ықпалдасты жеке тұлға қасиеттерін, тұлғаның бағыттылығы мен оқушының тәрбиелеуге көзқарасын білуді талап етеді.

Жіктеу тәсілі тәрбиелеуде мұғалімнің тәрбиелік міндеттерді оқушылардың жасына, жынысына, оқығандығына және тәрбиелілігіне қарай жүзеге асыруын жобалайды. Жіктеу тұлғаның қасиеттерін, оның қызығушылықтарын, бейімділіктерін, сана-сезімі мен әлеуметтік кемелдену деңгейін зерттеуге бағытталған.

Жеке тәсіл әр нақты тұлғаның өзіндік ерекшелігімен анықталады: ықпалдасты қасиеттердің, нышандардың, дарындардың, қабілеттердің, мінездің күшті жақтарының, темперамент түрінің, өзін-өзі басқарудың, мінез-құлық пен қызметтің, өзіне қатынасының үйлесімімен.

Қорыта келгенде, кәсіби, шығармашыл шебер ұстаз оқытудың жаңа технологияларын өмірге енгізуге дайын, оқу-тәрбие ісіне жанашырлық танытатын, қоғамның ең озық бөлігінің бірі. Оқу-тәрбие үрдісінің мазмұнына және ұйымдастырылуына комплексті тұрғыда қарайтын, зерттеушілік ыңғайға бейім, теория мен практика іс-әрекетін біріктіре білетін, өмірлік құндылық қағидалары адамгершілік, ізгілік, еңбекқорлық, парасатты мінез құлық қасиеттерді бойына сіңірген ұстаз.

Шығармашылық әлеуеті дамыған мұғалім өз кәсібін жете меңгеріп қана қоймай, өзін-өзі жан-жақты дамытуға қол жеткізеді. Нәтижесінде мұғалім кәсіби құзыреттілікке қол жеткізеді. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі- бүгінгі ғасыр талабына сай белгілі бір нәтижеге бағытталған білім берудің негізі болмақ.

Бүгінгі заман талабы- жан-жақты дамыған, өзіндік «мені» қалыптасқан «тұлға» тәрбиелеу. Оқушы «тұлға» болып қалыптасуы үшін оның бойында түрлі жағдаяттағы проблеманы анықтауға, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарды

өз бетімен табуға, талдауға логикалық операцияларды қолдана отырып дәлелдеуге жалпы алғанда жеке адамның құзыреттіліктері қалыптасуы қажет.

Осындай биік нәтижеге қол жеткізуді – кәсіби шеберлігі жоғары мұғалім ғана жүзеге асырмақ.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту. – Алматы, 2005.
2. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары. Алматы 2007 ж.
3. Тоғымбаева А.Ә. Педагогтың кәсіби құзырлылық моделі. «12 жылдық білім»журналы 2006 №3.
4. Алимова Қ. «Дамыта оқыту» мәселесінің педагогикада зерттелу жайы
5. Бастауыш мектеп №4 2009 ж.
6. Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық Алматы 2007

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ТЕАТР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Қарасартова Динара Сермағанбетқызы
№26 «Үміт» бөбекжай-балабақшасы

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында мектепке дейінгі тәрбие саласы мамандарының алдында жан-жақты дамыған, сауатты, саналы, өзіндік орыны бар үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін азаматты тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Бүлдіршіндердің білімді,білікті, саналы болуында ойынның алатын орны ерекше. Ойын-баланың өмірді танудағы алғашқы қадамы. Ойынның түрлері көп,қазақ тілін үйретуде театрландырылған ойындардың маңызы зор. Театрлық іс-әрекетте ертегілерді пайдалана отырып баланың ой-өрісін дамыту,сонымен бірге тыңдай білуге, есте сақтау, түсіну, рөлге бөліп, қазақша әдемі сөйлей білу мәнерін арттырамыз. Балаларға театр,әртістік өнер,сахналау, қойылым, сахна туралы түсінік беріп қызығушылығын оятамыз. Көріністерді өзара сөйлесу дағдыларын дамыта отырып, бүлдіршіндердің тілді меңгеруіне деген сүйіспеншілікті арттырамыз.Балалар тілін дамытуда, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырылған қойылымдар ерекше рөл атқарады. Балалар кейіпкерлерді ойнай отырып, олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын береді және ойын арқылы тілдерін дамыта отырып, адамгершілік жақсы қасиеттері қалыптасады. Сондықтан да, театр қойылымдары балабақша тәрбиеленушілері үшін маңызын еш уақытта жоймақ емес.Мақсаты: Театрландырылған қойылымдар арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамыту, байланыстырып сөйлеулерін қалыптастыру, өмірлік оң көзқарастарын тәрбиелеу. Міндеттері: театрландырылған қойылымдар арқылы балалар тілін дамыту;сөздік қорларын байыту;ауызша сөйлегенде дыбыстарды анық айтуға үйрету;кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу;байланыстырып сөйлеуге дағдыландыра отырып, шығарма барысын, мазмұнын ұғынуға, рөлдерді түсініп ойнауға үйрету; Жұмыстың нәтижесі:Жұмысты жүйелі жүргізу негізінде төмендегі нәтижелерге қол жеткізіледі:балалар тілі дамиды;сөздік қорлары толығады;байланыстырып сөйлеуге дағдыланады;дұрыс дыбыстау, мәнерлеп сөйлеу дағдылары қалыптасады;театр өнеріне деген қызығушылықтары артады. Театр әр балаға қуаныш, ұмытылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуімен қиялын дамытады. Қазақ өнер жұлдыздарының бірі Ш. Айманов «Театр- адамдарды туыстыратын шығармашылық отбасы,

сахна өнері- тіл жетпес құдыретті өмір шындығын білу, яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес» деген сенімде болған. Мектепке дейінгі жасөспірім баланы тәрбиелеумен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде сахна \театр\ ерекше рөл атқарады. Сахналандырылған ойындар желілі рөлдік ойындардан тек желілі ғана емес, сондай-ақ ойнау іс әрекетінің сипатымен ерекшеленетіні айқындалған. Сахналандырылған ойындар-ойын қойылымдары болып саналады, өйткені олар әдеби шығармалар түрінде белгілі бір мазмұнға ие, сондықтан балалар кейіпкерлерді ойнайды. Онда нағыз театр өнеріндегідей айшықты құралдар көмегімен- дауыс ырғағы, бет әлпетінің өзгеруі, қол қимылдары, дене бітімінің жағдайы мен жүріс-тұрысы арқылы нақты бейнелер қалыптасады. Мектепке ересек жастағы балалардың өзі театр ойындарын өз бетінше ойнамайды. Олардың қызығушылығын, тәрбиешінің ұсынысы бойынша және басқаруымен болатын сахналау ойындары арттырады. Егер де сәбилер тобынан бастап, балалар тәрбиешінің көмегімен халық әндерімен кішігірім тақпақтарды, жұбату өлеңдерді, кіші сахна көрністерін ойнаса,ортаңғы тобында театрдың ойыншықтарын пайдалана отырып, мұны одан әрі жалғастырса, онда ересектер тобында театр іс әрекеті өз бетінше болуы мүмкін. Нағыз театрдың өзінен көрген, сондай-ақ өздері қойған сахналық ойындар балалардың ой өрісін-кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, спетакль туралы ата-аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелелейді. Бұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеуге, өзі алған әсерін монолог түрінде сөйлеп жеткізуге себебін тигізеді. Ертегілер дүниесіне сапар шегу балалардың қиялдау, елестету, тіпті өздерін ойдан шығару қабілетін дамытады. Әдебиеттің ең озық үлгілерінің адамгершілік рухында тәрбие алған балалар өздері шығарған ертегілермен әңгімелерінде өздерін әділетті көрсетіп, әлсіздермен жәбірленгендерді қорғап жауыздарды жазалауға тырысады. Театрландырылған ойындар ойын – қойылымдары болып саналады, бұл жерде балаларға арналған көркемдік шығармаларды сахналық қойылымдарға айналдырып, оларды кейіпкер ретінде қатыстырудың маңызы зор. Баланы сахнада кейіпкер ретінде ойната отырып, оның жеке тұлғасын жан-жақты дамыту.Оның бойында әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген құштарлықты ояту. Бүлдіршіндер сахнада шағын рөлдерде ойнау арқылы байланыстыра сөйлеуге, әдемі киініп, жинақы жүруге, үлкендермен және өзге де балалармен тіл табыса білуге үйренеді. Жетілген диалог балалардың өз пікірін жеткізе білуге жетелейді. Ойын барысында ойын ситуациясына бейімделу, алғашқы да жекелеген элементерді, кейінен рөлді толығымен ойнау арқылы баланың ой-өрісі,қиялы дамиды. Рөлді ойнау арқылы өз кейіпкерін алдына елестетіп қана қоймай, бала оның әрекеттерін, сезімдерін сезінеді. Осындай эмоциялық күйлер баланы бұрын байқамаған өмір көріністеріне таң қалдырып,өз сезімін мимика, ым-ишара, тағы басқа көріністер арқылы біреуге үйретеді.Театрландырылған ойындар балалардың ой-өрісін кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, спектакль туралы ата-аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелейді. Бұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеуге өзі алған әсерін монолог түрінде сөйлеп жеткізуге септігін тигізеді.

Театрлық ойынға қатысушы даярлық тобының балалары кейіпкерлердің мінезін, жүріс-тұрысын, әдеттерін айнытпай салып көрерменге иланымды етіп ойнауы үшін, талмай жаттығулар жасау керек. Сахналық өнерге баулыған балалар жаттаған сөзінің мағынасына сәйкес, күйінікті-сүйінікті сезімдеріне сәйкес тебірене мәнерлеп айта білуге үйренеді. Соның нәтижесінде олардың шығармашылық қабілеттері оянды. Бейнелеу, көркем әдебиет, тіл дамыту сабақтарын байланыстырып өткізгенде, әр сабақтың соңы әрқашанда дерлік ертегі сюжетімен байланысты қойылымдармен аяқталып отырды. Сонымен қатар, балалардың сөздік қоры толықтырылды, сөйтіп олардың белсенділігі артады, сабақтар мен сауық кештері еркін де қызықты түрде өтетін болады. Балалар өздерін еркін де бос ұстап, сабаққа ынталана, құштарланып қатысып отыруға мүмкіндіктер туады. Осындай жұмыстар атқарылған топтардағы балалардың басқа топқа қарағанда ерекшелігі өз беттерімен ойнаған дербес іс-әрекетінде де театр ойындарының түрлерін жиірек қолданатын болды. Осылайша

ұйымдастырылған жұмыс театрландырылған ойынның, шығармашылықтың әр алуан түрлерінде баланың өзін-өзі мүмкіндіктерін іске асыруына, құрдастарының тобында өзін-өзі бекітуге жағдай жасайтын болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1.Неменова Т .«Развитие творческих проявлений детей в процессе театрализовнных игр» Дошкольное воспитание» №1.1989.

2. Қазақ тілін үйретуде көркем және халықауыз әдебиетін қолдану тәсілі. «Отбасы және балабақша»,2006ж

3.ҚР«Білім туралы» заңы.2007 жыл, 27 шілде Астана

4.Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. 2009 жыл

5.Әдістемелік құрал.Алматы 2015 ж. Ф.М. Қоңыратбаев

6. Қалиев Р.А., Нұржанова Ә.С. «Қазақ халық ертегісі», Астана қ, «Sana Media», 2015 ж.

ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Касымова Баршагул Жолдасбаевна
«Қарашоқат ЖОББМ» КММ

Бүгінгі білім беру жүйесінің ерекшелігі - білім алушының қандай да бір іс-әрекетке құзіреттілігін дамыту, арттыру, қалыптастыру. Біз оқушының білімін, біліктілігін, дағдысын бағалаудан оның құзыреттілік қасиетінің қалыптасуын бағалауымыз керек, қазір оқушылардың білімділігі ғана басты рөлде емес, басты рөлде оқушының құзыреттілігін, оның жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынасу, өзін-өзі дамыту, өзіндік білімін көтеру сияқты мақсаттар қойылған. Сол себептен оқытуға деген көзқарас өзгеріп отыр, оқыту нәтижесін бағалауда да жаңа бағытқа ие болуда.

Сабақта күнделікті жүзеге асатын, білім мен дағдыны меңгеру деңгейін анықтайтын бағалау – қалыптастырушы бағалау. Қалыптастырушы бағалау дегеніміз – оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, білім алушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін үздіксіз жүргізілетін бағалау түрі.Қалыптастырушы бағалау білім беру процессінде оқушы мен мұғалімнің арасындағы өзара тығыз байланысты жүзеге асырады. Сонымен қатар, оқушыларға жаңа материалды меңгеруде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындағанын білуге және оқытудағы мақсаттар мен міндеттерді орындауға мүмкіндік туғызады. Бағалаудың бұл түрінің қалыптастырушы болып аталатындығы - бағаның нақты бір оқушыға, оның білім мазмұнын меңгерудегі кемшіліктерін анықтауға және өзіндік орнын барынша тиімді толықтыруға бағытталғаны.

Қалыптастырушы бағалау технологиясын қолдану педагог пен баланың арасындағы кері байланыс, бұл – оқушының білім деңгейінің көтерілуіне ықпал етеді. Мұғалім оқушының қандай да бір оқу мақсатына қол жеткізетінін айқындай алады. Қалыптастырушы бағалау сабақ үстінде үнемі жүргізіледі. Қалыптастырушы бағалау күнделікті, әр сабақта, ауызша, жазбаша, жоба қорғау түрінде қолданылады. Бағалау барысында біз үнемі оқушыны емес оның жұмысын бағалап жатқанымызды есте ұстауымыз қажет, демек жұмысты тексеру барысында оның кемшіліктерін емес оң тұстарына көбірек мән беруіміз қажет. Оқыту нәтижесінде оқушылардың нені білетініне және түсінетініне көз жеткізу үшін әр түрлі мәліметтерге терең талдау жүргізу процесі болып табылады. Қалыптастырушы бағалаудың мақсаты оқыту барысында мұғалім мен оқушы қызметіне жөндеулер енгізу болып табылады.

Жөндеулер мұғалім мен оқушы бірлесе оқытуды жақсарту үшін ендіріледі. Қалыптастырушы бағалау мұғалімге оқушының оқу мақсаттарына жету процесін бақылауға, оқу процесіне өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді, ал оқушыға – өзінің білімі үшін жауапты екенін сезінуге итермелейді.

Қалыптастырушы бағалаудың ерекшеліктері:оқушының күнделікті білім сапасы, білім алудағы олқылықтарды күнделікті түзеу, оқушының қиындық тудыратын сұрақтарын анықтау және оны жою, оқушының бағалаудан алған жағымсыз әсерінің азаюы, психологиялық жайлы ортаның болуы, бағалаудың әділдігі, анықтылығы және ашықтығы, өзін-өзі бағалау дағдылары.

Мұғалімнің іс-әрекетіндегі қалыптастырушы бағалау үдерісі мынадай кезеңдерді жүзеге -- асыруды талап етеді:

- қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру және жоспарлау;
- қалыптастырушы бағалау әдістерін таңдау;
- қалыптастырушы бағалау нәтижелерін талдау;
- кері байланыс беру;

Қалыптастырушы бағалаудың мақсаттары:

-оқу материалын меңгергендігі жөнінде объективті ақпарат алу,

- білім алушының кемшіліктерін дер кезінде анықтау,
- мұғалім - оқушы арасында кері байланысты орнату.

Қалыптастырушы бағалаудың міндеттері:

- оқу мақсаттарын, бағалау критерийлерін анықтау, білім алушыларға ұсыну;
- білім алушының қай деңгейге жеткенін дәлелдеуге көмектесетін бірлескен (коллаборативті) оқытуға арналған орта құру;

-білім алушыларды дамытуға жағдай жасайтын сындарлы (конструктивті) кері байланысты қамтамасыз ету;

-білім алушыларды бірін-бірі бірлесе оқытудың сапалы көзі ретінде қатыстыру;

Күтілетін нәтиже

- Оқушының пәнге деген қызығушылығы артады
- Оқушы өзін -өзі дұрыс бағалауды үйренеді.
- Мұғалім мен оқушы арасында сенім мен сыйластық орнайды.
- Оқушылардың үлгерімін бақылап отыруға мүмкіндік береді.
- Өзінің білім нәтижесін болжау және жетістіктерді түсіну үшін бағалау критерийлерін біледі және түсінеді.
- Оқу нәтижесін дәлелдеу үшін білім алудың бірнеше түрлерін қолданып әр түрлі ойшылдардың әрекеттерін және қабілеттіліктерін қолданады.
- Рефлексияда қатысу, өзін және өзінің сыныптастарын бағалай алады.
- Нақты мәселелерді шешу үшін, әр түрлі көз қарастарды білдіруде және сыни ойлауда білімдерін қолданады.

Қалыптастырушы бағалау білім алушылардың оқу әрекеттері нәтижелерін ұғынуға бірден-бір мүмкіндік жасайды. Бұл олардың өз оқуын «құрушылар» ретінде жағдай жасауына мүмкіндік береді, алған нәтижелеріне деген жауапкершілігін арттырады. Жеке жұмыс кезінде қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру үшін мұғалім білім алушылардың әрекеттерін жүйелі қадағалап және аралық нәтижелерді тіркеп отыруы қажет. Нәтижелерді тіркеу кезінде білім алушылар жұмысының жақсы жағына да, нашар тұсына да назар аударып отырған дұрыс. Жеке жұмыс нәтижелерін талқылауды тікелей білім алушылармен бірге жүргізуді есте сақтау қажет. Сондай-ақ, білім алушылардың өз ойын айтуына мүмкіндік беру маңызды болып табылады. Жұмысты әрі қарай жоспарлау кезінде білім алушылардың мүмкіндіктерін, қажеттіліктерін ескерген дұрыс.

Жұптық жұмыс қалыптастырушы бағалаудың тиімді формаларының бірі болып табылады. Жұптық жұмыста жалпы мұғалім, жұптар бір-бірін және жұп ішінде бірін-бірі бағалауынша болады. Мұндай өзара қарым-қатынас кезінде білім алушылардың дайындық деңгейін қарамастан өзара көмегі, рефлексиясы өзін-өзі реттеуі белсенді байқала бастайды. Жұптық жұмыста қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру, жоспарлау кезінде білім алушылар тапсырманы орындау, оның нәтижесіне бірдей жауапкершілікпен қарау қажет екенін түсінуі керек. Сондықтан оларды өз әрекетімен келісуге, өзара әрекеттесуге, пікір алмасуға, сындарлы (конструктивті) кері байланыс беруге үйрету маңызды.

Жаңартылған білім беру мазмұны – сапалы білім

Қожабек М.Ш., Есенбаева Б.Е.,
Қаныш Сәтбаев атындағ орта мектеп-лицейінің б астауыш класс мұғалімдері

Мақалада жаңартылған білім беру мазмұнына көшу сатысы басталып,оқушыларды кең ауқымды дағдыларға үйретуге, функционалдық сауаттылықтарын арттыруға,адами құндылықтарын дамытуға көңіл бөлініп, заманауи технологияларды қолдануға көшу процесінде мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру туралы баяндалған.

Обновленный в статье, начинается стадия перехода к содержанию образования,обучение навыкам широкий круг учащихся, повышению функциональной грамотности,на развитие человеческих ценностей большое внимание уделяет повышению профессионального мастерства учителя в процессе перехода на применение современных технологий, изложенных в об.

Updated in the article, the stage of transition to the content of education,skills training, a wide range of students , functional literacy,on the development of human values, pays great attention to improvement of professional skill of the teacher in the transition to the use of modern technologies described in vol.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде 2017-2018оқу жылынан бастап жаңартылған білім беру мазмұнына көшу сатысы басталып, оқушыларды кең ауқымды дағдыларға үйретуге, функционалдық сауаттылықтарын арттыруға, адами құндылықтарын дамытуға көңіл бөліне бастады.

Білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы–бастауыш саты. Келешекте арнаулы мамандықтарға талпынудың іргетасы да осы бастауыштан басталмақ. Жас бүлдіршіндердің ой-қиялын біліммен нұрландыратын, дуниетанымын кеңейтетін–ұстаз шеберлігі.

Алға қойылған мақсат – 12 жылдық білім беруге көшу сатысында жалпы білім беру мектептерінде даму деңгейі әртүрлі балаларды оқыту жолында мұғалімнің кәсіби, құзырлық, шығармашылық деңгейін көтеруге көмек көрсету, тәжірибемен бөлісу болып табылады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – оқушыларды сындарлы оқытуға үйрету, әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту. Тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуына, еліміздің дамуына, жеріміздің көркеюіне өз үлестерін қосып жүрген белді азаматтардың барлығы да ауыл мектептерінен білім алып, ауылда тәрбиеленгендер. Қоғамның дамуына байланысты ауылдарымыз да күннен-күнге жаңарып, жақсарып жатыр. Соның бірі – ауыл мектептерінің жағдайы. Ғылым мен

технологияның дамыған заманында білім беру саласы да қарқынды дамуда. Қазіргі таңда ауыл мектептері жаңа технология құралдарымен жабдықталып, ұстаздар білім берудің жаңа әдіс-тәсілдері бойынша білімдерін жетілдіру үстінде. Ендеше заманына қарай амалы, демекші бұрыңғы кездегідей қарапайым дәстүрлі сабақтың мәні де сәні де кеткен уақыт. «Білімді ұрпақ – болашақтың кепілі»,-деп дана халқымыз айтқандай, бүгінгідей ел болашағы – жас буынды заманына сай лайықты жеке тұлға ретінде қалыптастыру ісі мемлекетіміз үшін маңызды болса, мұғалімдер қауымына артылар жүк ауыр екені баршаға мәлім. Қоғамның дамуындағы ең маңызды мәселе білім беру жүйесі. Қазіргі таңдағы негізгі мақсат – жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, ой-тұлғасы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны яғни еліміздің патриотын қалыптастыру.

Оқып үйрену мен тәрбие ісінде оқу орындарының жаппай заманауи технологияларды қолдануға көшу процесінде мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру - қоғамның басты мәселесі. Мұғалімдердің кәсіби даму үдерісін дамыту барысында мектептің даму жоспарында желілік қоғамдастық, тәлімгерлік инновациялық, интерактивті әдістерді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру, интернет жүйесімен байланысты жандандыру, жаңа ақпаратты технологияны меңгеру, жан-жақты ұстаздар қауымымен пікір алмасу қарастырылған.

Ал мұғалім үнемі ізденіп, білім қорымен өзінің іс- тәжірибесін таратып, өзгенің жаңалығын үйреніп отырса, оның сабақтары да қызықты, бала үшін тиімді болмақ. Ал бұл жағдай бүгінгі күні ауыл мектептері аталатын шалғайдағы ауылдар үшін де тиімді.

Кәсіби тұрғыда жаңа сатыға қадам басып, білім жүйесіне енген жаңалықтың қыр –сырын зерттей бастаған сәтімде арнайы курсқа баруым бағдарлама туралы туындаған сұрақтарымның жауабын табуға берілген мүмкіндік секілді көрінді.

Әр күн жаңалықтарға толы болып, курс тыңдаушылары жаңартылған білім беру бағдарламасы, АКТ әлеуеті жайлы пікір алмасып және ауыл мектептерінің жоғары сапалы білім беруді қолжетімді ету үшін ақпараттық-білімдік ресурстарының қазіргі жағдайын талдадық.

Курс тыңдаушылары арасында өткізілген түрлі тақырыптардағы коучингтер, ықшамсабақтар бұған дейін өз жұмысын өзі жеке атқарып жүрген әріптестердің арасында ынтымақтастық орнап, ұстаздардың көзқарасы өзгеріп жаңа инновациялық мүмкіндіктерді пайдалануға талпынысы басым болды.

Заман талабына сай жабдықталған әр ұстаздардың осы талапқа сай жұмыстануға бетбұрыстары айқын көрініс тауып жатыр. Бүгінгі мұғалімнің еңбегі, тынымсыз ізденуді, үздіксіз кәсіби дамуды талап етеді. Қоғамның сұранысына лайықты ақпараттық - коммуникативтік технологияларды меңгерген мұғалім болып, өз бетінше білім алып, шешім қабылдай алатын, болашаққа жан-жақты көзқарасы бар, ой-өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты тұлғаны қалыптастыруда.

XXI ғасыр жедел өзгеріп жатқан заманға бейімделуге мүмкіндік беретін түбегейлі өзгерістер енгізуді, өз кәсіби шығармашылығымызды шыңдауды талап етеді. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім жеке тұлғаны тек қана жаңа тұрпатты педагог қалыптастырады. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен,топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты,шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) курс барысында ұғындық. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттары зерделей отыра тапсырмаларды ықшамсабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік.

Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір –бірімен тығыз байланысты. Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс –тәсілдермен оқытып, ой –өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Зерттеулік білік пен дағдылар адамға тек ғылыми жұмыспен айналысқанда ғана емес, сонымен бірге оның басқа да қызмет аясында қажет. Шығармашыл - зерттеушілік ізденіс кез-келген кәсіптің ажырамас бөлігі болып табылуда. Баланы зерттеушілік іс-әрекетке дайындау, зерттеулік ізденістің біліктері мен дағдыларына үйрету қазіргі кезде білім берудің маңызды міндеті болып отыр.

Елбасымыз Н.А. Назарбаев «Дамыған,бәсекеге қабілетті мемлекет болу үшін, біз жоғары білімді ұлт болуымыз керек» дей келе, өскелең ұрпақтың функционалдық сауаттылығына аса назар аударуды талап етіп отыр.К.Ушинский: «Мұғалім - өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанда, оның мұғалімдігі де жойылады», - деген екен. Бүгінгі күн- білім беру мазмұнына, оқушы мен педагог тұлғасына және қызметіне деген көзқарастардың түбегейлі өзгеріске бет бұрып отырған кезең. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев өз сөзінде: «Біз қазір «білім-ғылым-инновация» атты үштік үстемдік құратын жоғары индустриялық әлемге қарай бағыт алып барамыз», - деген еді. Қазақстанның әлемдік үрдістерге кіруі, дамыған елдердің стандарттарына деген ұмтылысы білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге өту қажеттілігін арттыруда. Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің функционалдық сауаттылығы – қазіргі білім берудегі жаңа және нақты жағдайға икемделу дегенді білдіреді.

Осыған орай, қазіргі кезде білім беру жүйесінде жасалып жатқан реформалар барлық деңгейлердегі білім мазмұнын жаңартуға және өсуден тұрақты даму кезеңіне өтуге бағытталған. Білім беру әдісі өзгереді, білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болады. Жаңартылған Бағдарлама жаңашыл ой тудырды. Себебі әр жаңашылдық, біріншіден, стандартты іске асыруда мұғалімнен кәсібилік, екіншіден, одан әрі сапалы нәтиже алу мақсатында жігерлі іс-әрекеттерді талап етеді. Білім беру мазмұнын жаңартудағы мұғалімнің атқаратын маңызды рөлін ескере отырып, педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша жұмыстар атқарылды.

Білім мазмұнын жаңғырту – сапалы білім, жарқын болашаққа негізделген.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек.

Қазақстан 2050 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.
Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына XXI ғасырда

өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

«Білімдіден не пайда, білгенін көпке айтпаса, үйреткеннен не пайда , қайырымы қайтпаса» деген екен А.Байтұрсынов. Сондықтан үнемі кәсіби біліктілігін артып, жаңашылдыққа ұмтылған педагог қана шығармашылықпен, зор қуатпен еңбектенеді. Себебі, әлем таныған елде рухани бай және интеллектуалды тұлғалар мекендеу қажет.

«Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу»,-деген Әл-Фарабидің сөзіне жүгінетін болсақ, ел ертеңі білімді ұрпақпен ғана өлшенбек.

Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы — заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Аталған білім беру бағдарламасы туралы түсінгенім мен ұғынғаным мол.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы- 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»,17.01.2014 ж.

2. «Білім технологиялары» № 3, 2016 ж.

3. «Жаңартылған білім беру мазмұны аясында критериалды бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру» 2017ж

4. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы (екінші басылым) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015

5. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы Астана 2016

6. Мұғалімге арналған нұсқаулық (екінші басылым) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015

«БАЛАБАҚШАДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ»

Қонақбайқызы Динара
МКҚК "Болашақ" бөбекжай – балабақшасы

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіру стратегиясы» жолдауында «Білім беру реформасы-Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетуі педагогикалық үрдістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап ететіндігін көрсетеді. Бала - біздің болашағымыз. Сол себепті, балабақшадағы тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі деп білеміз. Бұл үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сол үшін, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты: баланың жеке басының қалыптасу.

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагог ұжымдары жаңа технологияларды қолданып қарқынды түрде жұмыс жасауда. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтарының негізгі міндеті – балалармен жұмысты ұйымдастырудың әдістері мен формаларын, жеке тұлғаны дамыту мақсатына оңтайлы сәйкес келетін инновациялық педагогикалық технологияларды таңдау.

Соңғы жылдары жиі пайдаланылып келе жатқан жаңа ұғымдардың бірі – инновация. Елімізде «Инновация» ұғымына тұңғыш рет зерттеуші Н. Нұрахметов анықтама берді. Зерттеушінің пікірінше: «Инновация дегеніміз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және оларды таратуға қатысты қызметі». Инновация білімнің мазмұнында, әдістемесінде, технологиясында, оқу үдерісін ұйымдастыру барысында айқындалады. Инновацияны «жаңашыл», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық», ал инновациялық үрдісті «жаңа әдістеме құралы» деп қарауға болады. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Қазіргі таңда оқу үдерісіне «жаппай» енгізіліп жатқан инновациялық технологиялар баршылық. Әрине, инновация көкейкесті мәселелердің тоғысында пайда болып, оқу үдерісіндегі әдістемелерге жаңаша тұрғыдан қарап, оны үздіксіз жаңғыртуға бағытталады.

"Технология"терминінің өзі нені білдіретінін еске түсірейік. «Технология» бұл кез-келген бизнесте, шеберлікте, өнерде қолданылатын әдістердің жиынтығы (түсіндірме сөздік). «Педагогикалық технология» бұл формалардың, әдістердің, әдістердің, оқыту әдістерінің, оқу құралдарының арнайы жиынтығы мен орналасуын анықтайтын психологиялық - педагогикалық көзқарастардың жиынтығы; бұл педагогикалық процестің ұйымдастырушылық-әдістемелік құралы (Б.Т.Лихачев).

«Инновациялық технологиялар» – оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан жаңа міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында баланың дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды»

Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи педагогикалық технологиялар мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік стандарттарын іске асыруға бағытталған.

Бүгінгі таңда жүзден астам білім беру технологиялары бар.

Қазіргі білім беру технологияларының қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- Дамыта оқыту технологиясы
- ТРИЗ технологиясы
- Ойын арқылы оқыту технологиясы
- Зайцев технологиясы
- Тәй-тәй технологиясы
- Монтессори технологиясы
- Луллия шеңбері әдісі

Дамыта оқыту технологиясы. Негізін салушылармен зерттеушілер: В. Давыдов, В. Занков, В. Эльконин, П. Эрдниев

Мақсаты: Баланың жалпы жан дүниесін, және оның сезіміне әсер етіп логикалық ойлауын дамыту. Сөздік қоры мен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Дамыта оқытуда тәрбиешінің басты міндеті оқу материалдарын балаға дайын күйінде емес, баламен бірлесіп, жалпы іс - әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойған міндеттерді түсіндіру сөздік қоры мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу. Дамыта оқыту технологиясының балабақша жағдайында қолдануға болатын тиымды әдістері:

- **Ой толғаныс.**
- **Ассоциация.**
- **Салыстыру.**
- **Раунд – Робин.**
- **Топтау әдісі.**

ТРИЗ – өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы **.** Негізін салушы - Генрих Альтшуллер. Оның технологиясының басты идеясы техникалық жүйелер белгілі бір

заңдармен туындап, дамиды: бұл заңдарды тануға болады және өнертапқыштық тапсырмаларды шешу үшін қолдануға болады. Қазіргі таңда Г.С.Альтшуллердің ТРИЗ технологиясы мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін, тапқырлығын, шығармашылық елестетуін, диалектикалық ойлау қабілеттерін арттырып ,батыл шешім қабылдауға үйрету үшін мектепке дейінгі ұйымдарда табысты қолданады.

Триз технологиясының мақсаты:

✓ ТРИЗ технологиясы-балаларды өнертапқыштыққа үйретіп, ойлау қабілетін дамытады

✓ ТРИЗ технологиясы бір нәрсені бірнеше бағытта қолдану

✓ Ойындар мен тапсырмаларды пайдалана отырып,ұжымдық әрекет қарым-қатынас жасай білуге үйрету,топтық әрекеттерді қалыптастыру, дағдыландыру

Міндеттері:

- Бала мүмкіндігін ескеріп, заман талабына сай білім беру;
- -Триз элементтерін пайдаланып, шығармашылық қаблетінің ашылуына мүмкіндік туғызу;
- -Балалардың көркемдік шығармашылығын дамыта отыра әр баланың психологиялық ерекшіліктерін танып білу.
- Тризшылардың ұраны«Барлығын айтуға болады»
- Әдістері:
- -Сөйлемнен әңгіме құрастыру;
- -Үйренген сөзден сөйлем құрау;
- -Сызба бойынша еркін әңгімелеу;
- -Ойлау қабілеттерін арттыру;
- -Ойын толық айтып жеткізе білу;
- -Балалардың шығармашылық қиялын дамыту;
- -Сұрақ жауап;

Триз бағдарламасын нақты іске асыру үшін балаға ойын, тақырып таңдауда еркіндік беру керек. Сол кезде ғана ол заттардың құрылысымен танысып қарама-қайшылықтарын түсінеді,түйіткілдерін шешуге үйренеді. Мектепке дейінгі баланың қарама- қайшылықтарды шешіп үйренуі –шығармашылық ойлаудың кілті болып табылады. Балалармен жұмыстың негізгі әрекеті педагогикалық ізденіс. Педагог балаларға дайын білімді бермейді. Сол білімге жету тәсілдерін көрсетіп, өз еңбектерімен жетуге тәрбиелейді.

ТРИЗ-дің өзге әдістерден, теориялардан ерекшелігі- бұл жеке әдістердің, әрекеттердің, машықтардың жиынтығы емес, бұл көптеген амалдарды шешу, соның ішінде педагогикалық, жаңа идеяларды тауып әдіс құру талпынысы.

Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты: дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі: ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді.Ойын — балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі.

Зайцев технологиясы- негізін қалаған: Н. А. Зайцев
Мақсаты: Оқыту мен санауды қатар үйрете отырып, балалардың дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Баланың білімді барлық сезім мүшелерімен қабылдауын қамтамасыз ету.

Тәй-тәй технологиясы. Негізін қалаған: Джорж Сорос
Мақсаты: Балалардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту.

Монтессори технологиясы. Негізін қалаған: М. Монтессори.
Мақсаты: Балалардың қоршаған әлемге қызығушылығын туғызу және оны зерттеуге ұмтылдыру. Сауалдар қою және оларға жауап іздеп табу.

«Луллия шеңбері» Мектепке дейінгі баланың тілін дамыту әрқашанда өзекті мәселе болып табылады. Қазіргі таңда баланың тілін дамыту процесін түзетудің көптеген әдістері бар. Ең тиімді және қызықты да, қолжетімді баланың іс-әрекеті бұл – ойын. Ойын мен Луллия шеңберінің екі жақты байланысы бар:

1. Бала ойын барысында белсенділік танытады және тілі дамиды;
2. Ойын барысында ойынның өзі тілінің дамуы барысында күрделене түседі.

Дамыта оқытудың нәтижелі болуы тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы жаңаша қарым-қатынас арқылы ғана өз жемісін береді. Бүгінгі күн бәсекелестік пен жоғары технологияның, ғылым мен білімнің заманы.

Сондықтан оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану әрбір ұстаздың міндеті.

Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға.

Пайдаланылған әдебиет:

1.Б.Бөрібаев, Е.Балапанов «Жаңа ақпараттық технологиялар».- Алматы,2001.
2.«Мектеп жасына дейінгі педагогика» кітабы
3.К.Ю. Белая «Инновационная деятельность в ДОУ» әдістемелік құралы. М. 2005ж.
4."Мектепке дейінгі тәрбие" журналы
5.«Бала мен балабақша» журналы
6.Педагогика: Учеб. пособие для студ. пед. вузов и пед. колледжей / Под ред. П.И. Пидкасистого. - М.: Пед. о-во России, 2000. - 640 с.

ТАРИХ ПӘНІН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қоңыратбаева Бақытқүл Ермекбайқызы
М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

XXI ғасыр – қатаң бәсеке ғасыры. Заман талабына сай оқыту мен тәрбиенің соңғы түрлерін жедел меңгеріп,кәсіби шеберлікті ұштап отыру ұстаздың басты парызы. Еліміздің білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Қазақстан Республикасының «Білім заңында» «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтармен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу,білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген.Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының ұстаздарының негізгі мақсаты – қоғам дамуының қазіргі кезеңіне сай жастардың саналы ойлауын қалыптастыру, шығармашыл, өз мамандығын дұрыс таңдаған, ой – өрісі жоғары жеке тұлға дайындау.Қазіргі заман ағымына байланысты оқушылардың білімге қызығуын арттыру үшін мұғалімдерге жаңа талаптар қойылуда.Сол себепті оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, тәжірибеге енгізілуде. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқыту мен тәрбиелеуге тың әдіс-тәсілдер енгізілді. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келеді. Кез-келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық,

психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді. Сондықтан оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын педагогтар ғана бүгінгі қоғамның мүддесі мен әр баланың үрдісінен шыға алады. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, жеке тұлғаны тек қана педагог қалыптастыра алады.Қазіргі кезеңде білім берудің сапасын жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік. Өйткені, Білім жүйесінің әр күні көптеген ғылыми жаңалықтарға, терең әлеуметтік өзгерістерге толы. Бұрын оқу үрдісінде мұғалім басты роль атқарған болса, қазір оқушының белсенділік көрсететін кезі туды. Сабақ мұғалімнің емес, оқушының іс-әрекетімен бағаланады. Қазіргі заманда нені оқыту емес, қалай оқыту маңыздырақ болып отыр. Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық.

Жалпы, тарих күрделі ғылым. Ол бүкіл тұтас ел тарихы. Бұл ғылымды әркімнің қабылдауы деңгейі әртүрлі. Білім алушылардың бірі тез қабылдаса, бірі ақырындап, тіпті енді біреуіне өте ауырға соғуы мүмкін.

Сол себептен, мен педагогикалық оқу үрдісіндегі технологиялардың басым бөлігін сабақ барысында қолдануды жөн көремін. Неге? Себебі, жоғырада айтылды, яғни білім алушының қабылдау деңгейінде.

І.Деңгейлік оқытудың ерекшелігі – оқушылардың сабақ барысында бірнеше деңгейде жұмыс жасай алатындығында. Деңгейлік тапсырмалар ауқымы өте кең. Оқулықтағы жаттығулар – өтілген ережелер бойынша қайталау, пысықтау, бекіту жұмыстарын арналған тілдік, грамматикалық жұмыстар жүйесі.Деңгейлік тапсырмалар құрамында мәтіндер , сөзжұмбақтар, қызықты грамматика, тесттік сұрақтар, іскерлік ойындар мен тренингтер жүйесін қамтиды. Оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беру арқылы сан түрлі жұмыс жүргізіледі. Оқушының алған білімін жүзеге асыралатыны тексеріледі. Өз бетімен жұмыс орындауға бейімділігі бақылауға алынады. Қорытындысында деңгейлік тапсырмалар арқылы жұмыс жасаудың тиімділігі байқалады. Оқушының белсенділігі мен іскерлігі артып, шығармашылыққа ұмтылады. Деңгейлік оқыту барысында біліктілікке жетеді.Бірінші деңгей тапсырмаларды білімнің мимималдық шегі, мемлекеттік стандарт талабына сәйкес бағдарлама мөлшерінен аспайтын, оқушының жас ерекшелігіне сай болады.Екінші деңгей тапсырмалары түрленіп, күрделене түседі. Оқушы өз бетімен керегінше қызмет етеді. Оқу мотивтерді қанағаттанарлық дәрежеде. Ықыласы жоғары. Оқушының сөйлеуі, хабарды түсінуі, қабылдауы, жазба жұмыстарын орындау көрсеткіштері міндетті деңгейден әлде қайда жоғары болады.Үшінші деңгей дарынды, іздемпаз, қабілеті жоғары, талапты балаларға арналады. Оқушыларға мұғалім тек тақырыбын ғана береді, оқушының өз мақсатын қояды, әдістерін іздейді, нәтижеге жетеді. **Деңгейлеп оқытудың ерекшелігі:**

1.Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып білім алуына жағдай жасап, мүмкіндік береді.

2.Деңгейлеп оқыту әртүрлі категориялардағы балаларға бірдей зейін аударып ,олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

3.Деңгейлеп -саралап оқыту құрылымында білім игерудің негізгі үш деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (минималды базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей.

Базалық деңгей – мемлекеттік стандар бойынша анықталған ең төменгі шек. Сондықтан оны әрбір оқушы меңгеруі тиіс. Бұл деңгей оқушыға өзінің қызығушылығы мен қабілетін ескере отырып, уақытымен күшін дұрыс пайдалануына мүмкіндік береді.

4.Оқушының жеке тәжірибесіне негізделген оқыту технологиясы тиімді де нәтижелі болу үшін:жеке тұлға ерекшеліктеріне;психикалық даму ерекшеліктеріне (есте сақтау,

қабілетінің ерекшелігіне, ойлау, қабылдау, зейін еркшелігіне, өзінің эмоциясын басқара білуіне); оқушының білімімен іс-әрекетіне көңіл бөлу керек.

II. Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, топтастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.

Сыни ойлау- өзіндік ойлау. Сыни ойлау – сұрақ қоюдан және шешімін талап ететін проблемаларды айқындаудан басталады. Оқушы өзі сұрақ қойып, шешімін өзі айқындайды. Сыни ойлау- әлеуметтік ойлау, бірлесе оқыту идеясы. Мақсаты: Барлық жастағы оқушыларға кез – келген мазмұнға сын тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға, саналы шешім қабылдауға сабақтарға үйрету.

Сыни ойлау сабағының құрылымдық формуласы 3 кезеңнен тұрады:

I.Қызығушылығын ояту(«көпір жасау», ой қозғау) – Эвокация – қызу оқу жұмысымен шұғылдануға қызығушылықтың оянуы. Бұл кезеңде мұғалім бұрынғы білетін білімдерін жаңа материалмен ұштастыруға жағдай жасайды.

II.Мағынаны таныту (мағынаны ажырату) – Реализация– оқып жатқан тақырыптардың қажетін түсінеді.

III. Ой-толғаныс (рефлексия, жаңа білім құрастырылады)- Рефлексия – тұжырымға келу, қорытындылау, жаңа білімді бекіту. Бұл бағдарламаның қорытынды үшінші кезеңінде үйренгенін саралап, салмақтап ой елегінен өткізеді, білімді бекітеді. Оқушылар осы кезеңде өз шығармашылықтарын көрсете алады. Өзіне және сыныптастарына сын көзбен қарайды. Өздерін бағалайды.

III. Ғылыми-техникалық прогрестің қарыштап дамуы мен қоғамның ақпараттануы оқу-тәрбие процесінде оқушының өзіндік таным қызметін атқара білу әдіс-тәсілдерін меңгеруін,өзгермелі ситуация жағдайында шапшаң бағдарлай білу, компьютер тәрізді таным құралдарын пайдалана білуін талап етеді

Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен «XXI ғасыр –ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Қазақстан Республикасында ғылыми техникалық прогрестің негізгі белгісі - қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезең енді. Қоғамды ақпараттандыру экономиканың, ғылымның, мәдениеттің дамуының негізгі шарттарының бірі. Осы мәселені шешудегі басты роль мектепке жүктеледі. Қазіргі таңда әлеуметтік жағынан қорғанған адам ол технология ауысуына әне нарық талабына сай терең білімді,әрі жан-жақты адам. Оқу әдістерін жетілдіру тікелей білім беру жүйесінде тұтастай ақпарат технологиясын дамытуға үлесін қосты. Жалпы педагогика,әдістемелер және компьютердің түйісуінде жаңа бағыт оқытудың ақпараттық технологиялары дүниеге келді.Оқу арқылы ақпараттың 10%, тыңдау көрнекі құралдар арқылы 20% ұштастырылса,40-50% оқыту процесінде оқушы белсенділігін арттыратын мүмкіндіктер жасалса, білімнің 70% есте сақталады екен. Нағыз өмір шындығымен ұштастырылған ақпараттың бала ойында қалу дәрежесі 90 %. Олай болса мәліметті есте сақтау қолданылатын әдіс-тәсілге байланысты.Сол әдіс-тәсілдің бірі әр сабақта компьютерді пайдалану.

Қорытынды. Сөз соңында, құзыреттілік дегеніміз не? Құзыреттілік дегеніміз менің түсінігімде, жан-жақтылық. Яғни ұстаздыңда, оқушыныңда жан-жақты, заман талабына сай білімге ұмтылуы. Осы модульдерді тиімді пайдалану арқылы құзыретті мұғалім өз тәжірибесін жетілдіре түспек. Құзыретті мұғалімнің міндеті оқушының жеке тұлғалық ерекшелігіне мән беру. Құзырлы білім беруде ұстанатын факторы оқушының өздігінен білімнің мәнін меңгеруі және бағалай білуі. Бағдарлама нәтижесінде - тәуелсіз, ғылымға қызығушылығы оянған, білім алуға бейім, сенімді, жауапты, сын тұрғысынан ойлай алатын, өзгелермен еркін тіл табысатын, сандық технологияларда құзыреттілігін көрсететін оқушылар дайындалады. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп Абай атамыз айтқандай, біздің міндетіміз – жеке тұлғаның өзіне,қоғамға қажетті қабілеттерін қалыптастыру, дамыту

және өз бетімен білім алуына, өзін – өзі дамытуға қолайлы жағдай жасау.Сондықтан да әрбір оқытушы сапалы білім мен саналы тәрбие берудің тиімді жолдарын талмай ізденуі қажет. «Не ексең, соны орасың» дегендей, саналы ұрпақ қалыптастыру өз қолымызда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. С.Әлкен. Жаңа технологиялар арқылы шығармашылыққа баулу. «Қазақстан тарихы» 2006 ж
2. Р. Қ. Қарсыбаева. Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту технологиясының ерекшелігі..
3. «ҚР Білім туралы» Заңы.

ФОРМИРОВАНИЕ ЦЕННОСТЕЙ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРЫ

Қоразова Ғазиза Ерболатқызы
Общеобразовательная средняя школа №65, город Актобе

Важнейшая цель современного образования и одна из приоритетных задач общества и государства – воспитание нравственного, ответственного, инициативного и компетентного гражданина. Отметим, что первым в этом ряду стоит определение «нравственный». В этой связи процесс образования должен пониматься не только как процесс усвоения системы знаний, умений и компетенций, но и как процесс развития личности, принятия духовно-нравственных, социальных, семейных и других ценностей. Поэтому воспитание в школе не должно быть оторвано от процесса образования, усвоения знаний, умений и навыков, а, напротив, должно быть органично включено в него.

Важной идеей, лежащей в основе образования, является идея гуманизации образования, то есть обращение его к человеку, установление связей между всеми науками и человеком, стремление интегрировать в какой-то степени все школьные предметы именно этим «очеловечиванием», общими над предметными и меж предметными целями и компетенциями. Становление мировоззренческой позиции происходит на основе формирования системы ценностей. «Восстановление разрушенной ценностной вертикали – действительно актуальная задача, без решения которой трудно добиться успеха во всех без исключения сферах жизни.

Сегодня задача ценностной ориентации личности, если и реализуется школой, то во внеурочной, внеклассной, внешкольной работе или в рамках каких-либо факультативов и курсов. Но урок – основная форма организации образовательного процесса, и ученик посещает порядка 12000 уроков за все школьные годы, поэтому неразумно не использовать урок для реализации этой цели. Роль уроков русского языка и литературы в формировании мировоззренческой позиции учащихся особенно велика. Поиск и утверждение определенной системы целей и ценностей образования очень затруднителен. «Искать методические рекомендации по формированию ценностей бесполезно: их нет. Каждому учителю необходимо изучать теорию ценностей, выстроить и осмыслить свою шкалу ценностей, заниматься самообразованием в этом направлении».

Уроки литературы являются обязательными, преподаются на протяжении всех учебных лет, в программных произведениях, изучаемых в школе, заложен огромный воспитательный потенциал, но уровень нравственности и духовности в современном мире вызывает если не страх, то, по крайней мере, тревогу.

Почему же, имея в арсенале такое мощное средство, как русская классическая литература, учителя-словесники, даже опытные профессионалы, владеющие технологиями,

оказываются бессильными в решении задачи воспитания талантливого читателя, любящего книгу, думающего, рассуждающего, самостоятельно мыслящего? К сожалению, в последнее время телевидение, интернет всё более укрепляют свои позиции в деле «воспитания» личности, формирования системы ценностей подростков и молодёжи.

Анализ ситуации, наблюдения, посещение уроков, проведённое анкетирование, опросы, методы ранжирования, «недописанного тезиса» позволили выявить противоречия:

- литература призвана способствовать формированию нравственной личности, приобщать к общечеловеческим и национально-культурным ценностям, воплощенным в художественных произведениях, но интерес к книге катастрофически падает, классическая литература воспринимается большинством школьников как нечто оторванное от реальности, не имеющее отношения к жизни;

- уроки литературы являются обязательными, изучение художественных произведений осуществляется в рамках школьной программы, но учащиеся в лучшем случае читают произведения с целью получения хорошей оценки и большинство из них не возвращается к классике уже никогда. Более того, у них вообще не формируется «вкус» к хорошей книге, и чтение воспринимается ими как развлечение, что и объясняет выбор книг для чтения (триллеры, детективы, любовные романы);

Считается, что самый страшный враг уроков литературы - формализм в преподавании предмета, стремление «дать ученикам хорошие знания по предмету», уже сформулированные истины, которые они должны запомнить. При таком подходе ученики за сюжетами, образами, за композицией и стилистическими особенностями не видят реальные явления жизни, не находят связи с современностью, не испытывают личной заинтересованности.

Ценности – это некие **лично и добровольно** осознанные или неосознанно **выбранные** нравственные аксиомы, идеалы, признаваемее культурным сообществом, которые исповедуют и которыми руководствуются в своих поступках, действиях, оценках, решениях. Ключевыми здесь являются слова «лично», «добровольно», «выбранные», т. е. эти ценности должны быть личностно значимыми, осознанными и добровольно выбранными. Их формирование должно происходить не «извне», а «изнутри».

Ценностно-ориентационная деятельность направлена на рациональное осмысление общечеловеческих и социальных ценностей мира, на осознание личностной причастности к миру во всех его проявлениях, поднимающая школьника на уровень субъекта формируемых отношений. Субъект осознает не только сами по себе вещи, их свойства и отношения, но и их значимость для себя. Именно это определяет различие познавательной и оценочной деятельности. Человеку для его сознательной и свободной деятельности нужно представление о ценностях, которые направляли бы его поведение. Так складывается ценностно-ориентационная деятельность человеческого сознания, вырабатывающая представления о "социально полезном", идеальном, должном, о том, к чему следует стремиться и чего следует избегать. Сущность ценностно-ориентационной деятельности учащихся состоит в целенаправленном осмыслении и оценке ими социального значения тех или иных явлений, процессов и объектов окружающей действительности и формировании в этой связи их личностных смыслов. Ценностно-ориентационная деятельность – это работа души, сердца и разума в их единстве. Основными объектами, к которым у учащихся должно быть сформировано адекватное отношение, являются общество, коллектив, человек как высшая ценность, природа, наука учение, искусство и т. п. Каждый из этих объектов осмысления и оценивания в конкретном преломлении дает массу новых действительных ценностей например: мир, дружба, семья, мать, отец, Родина, здоровье, труд, индивидуальность. Внутренней формой ценностно-ориентационной деятельности является ненаблюдаемая оценочная деятельность. Что касается внешних организационных форм, то они бесконечно многообразны – начиная с традиционных классных часов и заканчивая оригинальными

формами, которые являются результатом совместного творчества педагогов и воспитанников. Специфика ценностно-ориентационной деятельности предопределена самой ее сущностью, а также тем, что она не наблюдаема. Именно ее скрытость от внешнего наблюдения представляет особую сложность для управления ею. Кроме того, она так же, как игра, общение и общественная деятельность, не имеет предметного результата, а воспитательный результат (есть он или нет) очень трудно зафиксировать в данный конкретный момент, разве только по внешним эмоциональным реакциям и высказываниям воспитанников. Известно, что общественные ценности автоматически не становятся личностными: человек подчас принимает за ценность то, что в действительности таковой не является, и не видит ценности там, где она есть. Задача школы в том и состоит, чтобы научить подрастающее поколение отбирать ценности, которые показали себя важными для общества.

Одна из проблем современной школы – в бессмысленности для учеников сообщаемых им знаний, так как смысл может быть только личностным, а большинство школьных знаний обезличенно-нормативные. Поэтому важно каждому учителю найти такой способ преподавания своего предмета, чтобы его изучение осознавалось как личностно важное, значимое.

Учитель должен ставить перед учеником не только конкретную учебную задачу, но и проблему жизни, приобщая к сложному искусству «думать о жизни», оснащая детей привычкой и умением размышлять о жизни как таковой. Если читатель (ребенок, подросток, юноша) внутренне ощутил свою причастность к художественному тексту и разговор о произведении стал разговором о жизни, о нем самом, о проблемах, личностно значимых для него. Здесь важно обращаться к жизненному опыту старшеклассников, актуализировать знания из других областей науки. Поэтому изучение художественной литературы предполагает обобщения широкого мировоззренческого плана, выходящие далеко за рамки конкретного произведения. Этот уровень анализа требует от учителя широкой эрудиции, осведомленности в вопросах эстетики, этики, истории и философии.

Заболоцкий писал свои замечательные философские стихи о природе и человеке под воздействием идей Вернадского, сказал в одном из интервью, что «XXI век должен быть гуманитарным, а иначе…конец всему». А как же определить гуманитарность, если не сформированной шкалой ценностей, где самыми значимыми становятся гуманистические: добро, милосердие, любовь к своей семье, к Родине, долг и ответственность… Необходимо объединить все предметы одной общей гуманистической идеей: «Мы изучаем не предметы, мы постигаем мир, в котором мы живем. И только определив место человека ,а значит, и свое в этом мире, обозначив для себя важнейшие ценности, мы можем жить достойно и осмысленно».

Используемая литература:

1.Государственная программа развития образования и науки РК на 2020-2025 годы [Электронный ресурс] www.zakon.kz/5002441 -utverzhdena-gosudarstvennaya-programma.html

2.Караковский В.А. Стать человеком. Общечеловеческие ценности - основа целостного учебно-воспитательного процесса [Электронный ресурс] mognovse. ru>wbv-v-a-karakovskiy-chelovekom

3.Интернет-портал. —http://www.rg.ru/2012/06/21/obrstandart-dok.html,

4.Турсунов Б.Ж. Нравственно-духовное просвещение/Б.Ж.Турсунов, Д.Н.Нурахметов, И.Е.Ергалиев, Н.М.Иргибаева, Алматы. "Фараби-фонд".

БАЛА ҚАЛАЙ ҚЫРСЫҚ БОЛАДЫ?

Қоқымбаева Индира Болатқызы
“№54 негізгі мектебі” КММ

ҚЫРСЫҚ БАЛА деген ұғым қазіргі біздің қоғамдағы ең маңызды және жиі талқыланатын тақырып шығар деп ойлаймын. Өйткені бізде мынадай түсініктерде бізде қалыптасқан «Қырсықтық туа бітеді» деп жатады. Қырсықтықты біз не істейміз?Біреуге жамап қойғанды жақсы көреміз. «Әкесіне тартқан қырсық,анасына тартқан қырсық,нағашыларына тартқан қырсық» деген секілді қырсықтықты біреуге жамап қойғанды ұнатамыз.

Бірақ шындығына келетін болсақ, ҚЫРСЫҚТЫҚ туа бітетін қасиет емес, яғни әкесі қырсық болды екен деп баласы қырсық болады,анасы қырсық болды екен деп баласы қырсық болды деген ұғым негізінен дұрыс емес. Яғни ҚЫРСЫҚТЫҚ ол ген арқылы өтетін нәрсе қасиет деп айта алмаймыз. Жалпы алғанда кезде бала тәрбиесінде педагогикада ҚЫРСЫҚТЫҚ деген ұғым жоқ. ҚЫРСЫҚ БАЛА деген ұғым жоқ. Осының себебін түсінгілеріңіз келсе, Жалпы алған кезде біздің қырсықтық деп айтып жүрген ұғымдарымыздың көбісі біздің баланы дұрыс түсінбеуден туындайтын нәрселер деп айтсақ болады.

Нақты мысалмен келтіретін болсам: «Балалар 2 жасына жақындаған кезде, оларда өте бір маңызды сезім пайда болады. Қандай сезімМЕН деген сезім.» яғни бала 2 жасына жақындаған кезде «Мен Өзім істеймін» деген нәрсе пайда болады. Мысалы: бұрын анасы тамақ жегізген кезде, тыныш қана тамағын жеп отыратын бала 2 жасқа жақындап,2 жасқа толған кезде, Не дейді; «ЖОҚ енді өзім жеймін» дейді. Қасыққа жармасып,өзі жегісі келеді деген секілді. Осылай өзінің айтқанынан қайтпай, «ӨЗІМ жеймін,ӨЗІМ істеймін ,ӨЗІМ киінемін,жарықты МЕН өсіремін» деген секілді барлық нәрсеге ұмтылған кезде, біздің ата-аналар НЕ дейді – Өзі айтқаннан қайтпайтын,өз дегенін істетпей қоймайтын , «НЕ деген ҚЫРСЫҚТЫҚ бала» деп шекесінен тарс еткізіп этикетканы жапсырып қоя салады. Негізі бұл жағдайда баланың ешқандай кінәсі жоқ деп айта алмыз. Керісінше бұл жағдайда ата-ананың білімінің сәл жетспеушілігі. Бұл жас кезеңінде балалардың жас ерекшілігіне сай бұл әрекеттердің қалыпты екенін білмеуінде. Бұл жастағы бала өзі істегісі келеді,бұл өзі істеу деген нәрсе бала үшін,баланың дамуы үшін өте үлкен мотивация болып табылады. Дәл осы жағдай бала кейінген кезде де болады. Бұрын сіз тып-тыныш киіндіріп жүрген бала –Өзім киінемін дейді. Тағы да біз НЕ істейміз ҚЫРСЫҚ деп этикеткасын жапсырып қоямыз. Бұл жерде де бала өзі киіну керек. Киініп үйрену керек. Егер балада бұл сезім болмаса,бала өзі жаңа нәрселерді үйрену деген мотивациясы болмайды. Яғни тамақты әлі сол анасының қолынан ішіп жүре береді. Әлі сол анасының киіндіргені бойынша жүре берединеген секілді. -Сіз айтасыз –дұрыс кимейді, кешігіп киеді, бір киімді 10 минут киеді, жұмысқа кешігеміз,сабаққа кешігеміз деп айтуыңыз мүмкін. Ол сіздің мәселеңіз. Яғни сіз киімді 15 минут-20 минут ерте бастаңыз,бірақ баланың өзі киіне алуына мүмкіндік жасаңыз.

Бұның барлығы баланының даму процесі. Бірақ осы 2 жаста «МЕН»деген сезімінің ояну балада өзі тамақ ішуге деген ұмтылыс пайда болады. Өзі киінуге деген ұмтылыс пайда болады, бұл жерде ата-ананың істеу керек нәрсе «Баланың даму процесіне кедергі келтірмеу керек» керісінше баланың дамуына жағдай жасау керек. Балаға кішкентай кезінен бұл мүмкіндіктерді бермейміз. Өзіміз тықпалап тамақ береміз, өзіміз қинап киіндіреміз деген секілді. Одан кейін 3-4 жсқа келіп,әлі аяқ киімін кие алмай тұрса, әлі тамақты дұрыс жеи алмай тұрса,балаға ренжиміз тағыда . «4-ке келді әлі тамақты іше алмйды, 5-ке келді аяқ киімін әле кие алмайды» деген секілді. Бала өзі тамақ ішемін деген кезде, оның өзінің тамақ ішуіне мүмкіндік беру керек. Сіз айтасыз: -Төгеді ғой,шашады ғой бүлдіреді ғой деген секілді.

Құрметті ата-аналар ол сіздің мәселеңіз болып табылады. Бұған негізінен өзіміз кінәліміз. Ол 2 жасында бұл нәрселерді үйренгісі келді,сол үйренгісі келген нәрсені бүлдіреді,шашады деген секілді, киіндіру барысында кешігемін деген секілді өзімізді ойлау арқылы оның даму процесіне кедергі келтірдік Ол жерде баланың мәселесі емес, ол жерде алдын ала ұйымдастыру керексіз. Яғни алдына жапқыш, жан-жаққа бір нәрселерді төсеу секілді жағдай жасауды сіз қарастыруыңыз керек. бала жасына сай ол кезде тамақ ішуді үйрену керек. өзі ішу керек.Ол кезде бала өзі қасық ұстап,қасықты көтеруді,аузын тауып,аузына тамақты салуды үйренеді. Бұның барлығы баланың даму кезеңі болып табылады. Негізенен ең бастысы бала өзі бір нәрсе істей алудың ләззатын сезінеді.

Жалпы алғанда өзіміз бір нәрсеге өз күшімізбен қол жеткізген кезде, керемет бір ләззат сезінеміз. Міне дәл сол секілді бала да осы керемет ләззатты сезінетін болады. Сондықтан құрметті ата-аналар! Бұл жағдай бала қырсықты,өз айтқанынан қайтпайды -деген секілді баланы кінәлағаннан гөрі керісінше біз баланың барлық жағдайында дамуына мүмкіндік беруіміз керекпіз. Сондықтан біздің ҚЫРСЫҚТЫҚ деп қарастырып жүрген мәселелер бір бөлігі негізінен ол ҚЫРСЫҚТЫҚ емес, ол жайғана баланың даму процесі,бала ол кезеңде даму керек. Сол дамуына кедергі келтіретін болсаңыз, онда сол қырсықтық деп атап жүрген әрекеттерді байқайсыз. Мысалы: жалпы баланың даму процестері бала бірнәрсе дамып үйрену керек,сіз барасызда оның алдына кедергі қойып тастайсыз- «Жоқ, мен жегіземін,мен киіндіремін» деген секілді. Енді бала бірақ даму керек,ол соны қалап тұр, ол өзі тамақ ішу керек,өзі киіну керек,өзі бір нәрсе істеп көру керек секілді даму керек.Сіз оған кедергі келтірген кезде бала өзінің қарсылығын көрсетеді. Яғни жылайды,жер тепкілеп айқайлайды. Ыдысты шашып,сындыруы мүмкін. Өзінің қарсылығын көрсетеді. Осы қарсылықты көрсеткен кезде, біз оны БАЛА ҚЫРСЫҚ дейміз. Бұл жердегі қате ата-ананың қойып отырған кедергісі болып табылады.

Құрметті ата-аналар біз балаларымыз қырсық болмасын десек, балалардың даму процесіне кедергі келтірмеуіміз керекпіз. Олардың өз бетімен емінеркін дами алуына мүмкіндік жасауымыз керек. Міне сол кезде жаңағы ҚЫРСЫҚТЫҚ деген нәрсенің азаюына өзінің септігін тигізеді. Әрине ҚЫРСЫҚТЫҚТЫҢ екі жағы бар. Біздің ҚЫРСЫҚТЫҚ деп атап жүрген біріншісі баланың даму процесіне кедергі келтірмеу болып табылады.

ҚАЗІРГІ ЖАҺАНДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ ЖАҢАША ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Қосжанова С.Ж., Копанова Ж.Ш.
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері
Ақтөбе қаласы № 10 ЖББОМ

Барша ағартушы қауым алдында «оқу–тәрбие үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру,шығармашылық қабілеттерін дамыту» мәселелері енгізіліп отыр. Осы мақсатты жүзеге асыруда мұғалімдер кәсіби шеберлігі мен шығармашылық ізденісін дамытуға аса мән беру қажет.

Әр мұғалімнің өзіндік келбеті,өз оқушысы,өзіндік ерекше тәрбие амалдары болуға тиіс.Білім беру мен тәрбиелеу процесін жоғары сапалық көрсеткіштерге жеткізу үшін мұғалімдер оқушылармен шығармашылық жұмыс жүргізуінің оңтайлы тәсілдерін ұйымдастыру қажет.Осы тұрғыда өз практикамызда жиі қолданылатын Қ.Бітібаеваның «Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемемесі мен технологиясы» бойынша жүргізілген **пәнаралық байланысқа негізделген шағын шығарма түрлері арқылы тіл дамыту** жұмыстарын ұсынбақпыз.

«Пәнаралық байланысқа негізделген шағын шығарма түрлері арқылы тіл дамыту жұмыстары»

Шығарма жаздыру-дәстүрлі оқытуда да,тәжірибеде де ежелден келе жатқан әдіс.Оқытуды технологияландыру кезеңі оның тың жолдарын,ұтымды әдістемесін талап етеді.

Пәнаралық байланысқа негізделген шағын шығарма түрлері арқылы тіл дамыту жұмыстары-сол тың жолдардың бірі.

• **Шығарма-мүсіндеме**

• Біріншісі-көркем туынды авторын не кейіпкерлерін көз алдыға келтіре отырып,ой-қиял ,сезім қабылдау арқылы жазылады.

• Екіншісі-қалам иелеріне салынған,нақты мүсіндер негізінде жазу.

• **Шығарма-кескіндеме**

• 1. Қаламгер портреті негізінде жазу.

• 2.Өз қиялы,болжауының негізінде, өздері оқыған автор шығармаларынан алған әсері бойынша кескінін сөзбен салу.

• Нақтылық,сөзді орнында пайдалана білу мақсат етіледі. Мұғалім қазақ тілінде өтіп жатқан тақырып негізінде тірек ұғымындағы сөздерді,тілдік материалдарды ұсынады.

6-класта жүргізілген қазақ тілінен «Сын есім,жасалу жолдары» мен қазақ әдебиетінен“Қобыланды”, “Алпамыс батыр жырын қайталау”тақырыбында пәнаралық байланысқа негізделген сабақта төмендегідей тапсырмалар берілді:

1.Үйден сын есімдерден алған білімдеріңді еске түсіріп,оқып келіңдер.

2.Қалауларың бойынша “Қобыланды”, “Алпамыс батыр”жырларынан сын есімдер тауып,белгілеп келіңдер.

3.Таңдауларың бойынша екі батырдың біріне кескіндеме жазыңдар.

Көмек-нұсқау

-жырдағы батырлардың келбетін негізге алыңдар;

-өз қиялдарыңа,болжамдарыңа,көз алдарыңа келтірулеріңе сүйеніңдер;

-шығарма қысқа,бірақ мағыналы болсын;

-сын есімдерді пайдалануға болады:жалпақ,қалың,келбетті т.б.

Оқушылар ұсынылған сын есімдерді дұрыс пайдалана білді.Жырды жақсы түсінгендерін,кескіндемені өз қиял,ой болжамдары арқылы жаза білді.Сын есімдердің жырдағы орнын дәлелдеуге еңбектенді.

Оқушы шығармасынан үзінді: «Алпамыс-мығым денелі,қалың қабықты,жалпақ жауырынды,бұлшық еттері ойнаған келебетті жігіт. Үстіндегі сауыты ,қолындағы найзасы қалмақтарды шошытады.»

Шығарма-сезім

Шығарма-сезім жаңа тақырыпты игертудің кіріспе жұмысы ретінде жазылады,оқушылардың сезімі,жан дүниесі, ой өрісін бағалауды бірінші кезекке қояды. Шығарма-сезім жаздыру төрт кезеңнен тұрады:

І кезең-тыңдау-қабылдау-ойлау-жазу;

ІІ кезең-ортаға салу-пікірлесу-саралау;

ІІІ кезең-мәнерлеп оқу-мәтінмен жұмыс-пікір алмасу;

ІҮкезең-қайта үңілу-сын көзбен қарау-пайдалану-толықтыру

Қазақ тілінен «Сөз таптарын қайталау»тақырыбын қазақ әдебиетінен М.Әуезов “Біржан сал Абай аулында” шығармасымен байланыстырыла өткізілді. Бұл жұмыс білімді қайталау,жинақтау кезеңдерінде жүргізіледі.

Берілген тапсырма:

1.Сөз таптарын қайталау. 2.Шығарманы оқып,бір сөйлемді сөз табына талдаңдар.

3.Мына тақырыптардың біріне шығарма-сезім жазыңдар:

-Біржанның әні және Мен -Жас өнерпаздар әні және Мен -Әйгерім әні және Мен

Көмек-нұсқау

- Шығарма-сезімдеріңе қалаған тақырыптарыңды қойыңдар.Оны үзіндіден алуға болады.

-Өз сезімің,өз пікіріңе ерекше көңіл бөле отырып жазыңдар;

-Қай сөз табын мол пайдаландыңдар? Соны саралап,өздеріңнің жұмыстарыңа өздерің талдау жасаңдар.

Жұмыстың нәтижелігі оқушылар жазған шығармаларынан байқалды.

Оқушы шығармасынан үзінді: «Сұлу да әдімі Әйгерім ән салып отыр.Оның үні «бейіс үніндей»тек Абайды ғана емес,Біржанды да таң қалдырды.Мен сылдырап аққан тау бұлағына ,көлде жүзген аққу үніне тап болғандай,бір сәт өзімді-өзім ұмыттым.Жүрегім дірілдеп,өн бойымды өзім түсініп болмайтын бір күш билеп алды»

Пайдаланған әдебиеттер:

-Қ.Бітібаева «Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемемесі мен технологиясы»

-Қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік журналдары

-Ғаламтор материалдары.

ДАРЫНДЫ БІЛІМАЛУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДА АРАЛАС ОҚЫТУ ФОРМАТЫНДАҒЫ ОҚУ ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУ

Қуанышева Альбина Нұрланқызы
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік Университетінің магистрі,
№78 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясының химия пәні мұғалімі

Қазіргі білім берудің ерекшелігі-ақпараттық қоғам жағдайында білім алушылардың мақсаттарын ескере отырып, оқытудың жаңа әдістері, формалары мен құралдары жағдайында білім беру мазмұнын жүзеге асыра алатын оқытушының жаңа имиджіне қоғамның бұрыннан қалыптасқан көзқарасы. Пандемия кезеңінде қашықтықтан оқытудан анықталған кемшіліктер оны негізгі білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың басты нысаны ретінде пайдалануға мүмкіндік бермейтінін көрсетті. Цифрлық трансформация жағдайында білім беру процесін ұйымдастырудың неғұрлым перспективалы нысаны ретінде онлайн және дәстүрлі оқыту форматтарының ауысуына негізделген аралас оқыту форматы қарастырылады. Осыған сәйкес, елімізде 2021-2022 оқу жылында жоғарғы оқу орындарында оқу үдерісі жаппай аралас оқыту форматында жүзеге асқан болатын. Аталмыш мақалада білім беру мекемесіндегі аралас оқыту процесі және оны педагог пен «Химия» білім бағдарламасы білімалушыларының бірлескен қызметінде іске асыру, оңтайлы оқыту технологиялары мен оқыту әдістері, оқу жетістіктері эксперименттік жұмыс барысында тексерілген тәжірибелер нәтижесі негізінде көрсетіледі. Атап айтқанда дәріс - онлайн, студенттің өзіндік жұмысы, студенттің оқытушымен өзіндік жұмыстары – қашықтықтан, ал практикалық және лабораториялық сабақтар – дәстүрлі форматта оқу үдерісін оңтайлы жүзеге асыру, нәтиже көрсеткіштері сараланған.

Аралас оқыту үлгілерін таңдау мен жіктеудің қолданыстағы тәсілдеріне талдау жүргізілген. Әртүрлі деңгейде жүзеге асырылуы мүмкін аралас оқыту үлгілерінің типологиясына автордың көзқарасы дәлелденген: оқу жоспары, пән, бөлім немесе тақырып (пән аясында), сынып, сабақтан тыс оқыту технологиясы. Аралас оқытудың ұйымдастырушылық-дидактикалық модельдерінің ұсынылған типологиясының шетелдік және отандық басылымдарда ұсынылған басқа типологиялармен және жеке модельдермен байланысы көрсетілген.

Соңғы кезге дейін ғылыми және білім беру орталарында, шетелдік және отандық ғалымдар білім берудің қолданыстағы үлгілерін жаңаларымен кеңінен ауыстыру мәселесі белсенді түрде талқыланды, мәселен, дәстүрлі оқытуды заманауи цифрлық технологияларды пайдалануға негізделген қашықтан оқытумен ауыстыру. Дегенмен, «мәжбүрлеп қашықтықтан оқыту» кезеңі (2020-2021 жж.) бұл тапсырманың теріс жақтарын да айқындап берді. Қашықтықтан оқыту аясында шектеулі сапа деңгейін қамтамасыз ете отырып, білім беру міндеттерінің шектеулі санын ғана шешуге болатындығы белгілі болды. Мұндай көзқарастар соңғы айларда әлемдік, отандық және салалық көшбасшылардың, сондай-ақ көптеген ғалымдар мен практиктердің сөздерінде айтылды [1]. 2018 жылы Н.В. Ломоносованың "аралас оқыту жағдайында электрондық білім беру ресурстарын пайдалануда білім беру процесіне қатысушылардың қажеттілігі мен қызығушылығының болуы эмпирикалық әдіспен расталды" [2].

Аралас оқыту қашықтықтан оқытудан тек білім беру процесіндегі онлайн және күндізгі оқытудың үлестік қатынасымен ғана ерекшеленбейді, оның басты айырмашылығы – бір жағынан оқу процесінің күндізгі және электрондық компоненттерінің өзара әрекеттесу және кезектесу тәсілдерін анықтайтын айқын ұйымдастырушылық дидактикалық компоненттің болуы, екінші жағынан-аралас оқытудың интеграцияланған білім беру ортасында оқу процесін жоспарлайтын және ұйымдастыратын және студенттердің оқу қызметін педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыратын мұғалім қызметінің ерекше сипаты [3]. Егер қашықтықтан оқыту білім беруде цифрлық технологияларды қолдануға, білім алушыларды техникалық жарақтандыруға, электрондық білім беру контентін әзірлеуге және жеткізуге байланысты мәселелерді басым шешуді талап етсе, онда аралас оқыту шеңберінде технологиялық және педагогикалық аспектілерді ұштастыру, педагогикалық тәсіл мен оқу процесінің құрылымын өзгерту орталық мәнге ие болады [4].

Жаңа ғасырдың басынан бастап пайда болған шетелдік және отандық жарияланымдардың көпшілігінде аралас оқыту (ағылшын. blended learning) оқытудың белгілі бір түрі ретінде анықталады ("мақсатты, Ұйымдастырылған, студенттер мен оқытушылардың өзара әрекеттесуінің интерактивті процесі" немесе екі негізгі компонентті біріктіретін "көп арналы оқыту" [5, 207-бет]:

1) дәстүрлі (аудиториялық, күндізгі, жергілікті байланыс) оқыту;

2) электрондық оқыту (онлайн оқыту, электрондық онлайн ресурстар, желілік оқыту, қашықтықтан оқыту технологиялары, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – АКТ сияқты түрлі көздерде нақтыланатын) [5-8].

Оқу процесін ұйымдастырудың басқа формаларына қатысты оның артықшылықтарын сипаттайтын аралас оқытудың негізгі дидактикалық ерекшеліктеріне мыналар жатады:

- оқытудың дәстүрлі және электрондық формаларының дидактикалық мүмкіндіктерін интеграциялау, олардың артықшылықтарын оңтайлы үйлестіру;

- қандай да бір нұсқаларда, білім берудің барлық деңгейлерінде, кез келген бейіндер, мамандықтар, даярлау бағыттары үшін пайдалану мүмкіндігі, мәселен, «Химия» білім беру бағдарламасы бойынша лабораториялық жұмыстарды білімалушылар қолмен арнайы зертханаларда жүргізуіне мүмкіндік береді;

- білім беру процесін дербестендіру және даралау үшін мүмкіндіктерді елеулі арттыру;

- студенттердің жеке жұмысының оқу процесінің құрылымында үстемдік ету, бұл оқу дербестігін дамытуға және өмірдің келесі кезеңдерінде өздігінен білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді;

- "оқу іс-шараларының түрлі интерактивті түрлерін"кеңінен қолдану, [2, с.10], бұл білім алушының позициясын (оқыту объектісінен – оның субъектісіне) өзгертуге, оң оқу мотивациясын және "интеграцияланған оқу тәжірибесін" қалыптастыруды жандандыруға мүмкіндік береді [9].

Сонымен, қолдануға ыңғайлы аралас оқыту модельдерінің біршама санын көрсетуге болады, дегенмен пайдаланушылардың әртүрлі санаттары үшін әртүрлі типологиялар ыңғайлы болатынын ескеру қажет:

1) оқу жоспарының деңгейі (бүкіл оқу орны деңгейіндегі білім беру бағдарламасы немесе дайындықтың жеке бағыты, мамандық);

2) оқу пәнінің деңгейі (пән, модуль, пәнаралық курс, факультатив немесе т. б.),

3) оқу пәні шеңберіндегі бөлімнің немесе тақырыптың деңгейі;

4) оқу сабағының деңгейі (жеке немесе қосарланған);

5) оқу сабақтарын ұйымдастырудың сыныптық сабақтарына немесе дәрістік-семинарлық түріне бағынышты оқыту технологиясының деңгейі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Блинов В.И., Есенина Е.Ю., Сергеев И.С. Модели смешанного обучения: организационно-дидактическая типология //Высшее образование в России. 2021. DOI: 10.31992/0869-3617-2021-30-5-44-64

2. Андреева Н.В. Педагогика эффективного смешанного обучения // Современная зарубежная психология. 2020. Т. 9. №3. С. 8–20. DOI: https://doi.org/10.17759/jmfp.2020090301

3. Garrison D.R. E-Learning in the 21st century: A framework for research and practice. 2nd edition. New York, London : Routledge, 2011. 166 p.

4. Фалько К.И. Роль облачных сервисов в реализации смешанного онлайн и очного обучения в многопрофильном вузе // Вестник Пермского национального исследовательского политехнического университета. Проблемы языкознания и педагогики. 2020. №1. С. 146– 156. DOI: 10.15593/2224-9389/2020.1.13

5. Гвоздева А.В. Теоретико-дидактические основы смешанного обучения в вузе // Учёные записки. Электронный научный журнал Курского государственного университета. 2020. №4 (56). С. 207–213. URL: http://scientificnotes.ru/#new-number?id=172 (дата обращения: 05.04.2021).

6. Краснов С.В., Калмыкова С.В., Краснова С.А. Смешанное обучение в эпоху цифровой трансформации // Проблемы современного образования. 2020. №1. С. 89–101. DOI: 10.31862/2218-8711-2020-1-89-101

7. Малова Н.В. Экспресс-опрос в смешанной модели обучения: задачи, методы и средства проведения // Азимут научных исследований: педагогика и психология. 2020. Т.

8. №4 (33). С. 174–176. DOI: https://doi.org/10.26140/ anip-2020-0904-0036 17. Фандей В.А. Смешанное обучение: современное состояние и классификация моделей смешанного обучения // Информатизация образования и науки. 2016. №4. С. 115–125.

9. Staker H., Horn M.B. Classifying K-12 Blended Learning, 2012. 22 p. URL: http://www.christenseninstitute.org/wp-content/uploads/2013/04/ Classifying-K-12-blended-learning.pdf (дата обращения: 05.04.2021).

КІМ АҚЫЛДЫ? (М.ТӨРЕЖАНОВ).

Құрметжанова Ақсамал Айтқұлоразқызы
Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы №4 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебінің мектепалды даярлық сынып тәрбиешісі

Білім беру саласы: Қатынас.
Бөлімі: Сөйлеуді дамыту.
Тақырыбы: Кім ақылды? (М.Төрежанов).
Мақсаты: Сөздерде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды:сөздерді буынға бөледі, сұрақтарға тиянақты жауап береді;
Түсінеді:әңгіме мазмұнын түсінеді, достарымен бірігіп ойнаған кезде оларды ренжітіп алмауды;
Қолданады:сөйлемнің сызбасын сызады.
Қолданылатын көрнекі құралдары: Жұмыс дәптері,АКТ құралдары, қима қағаздар, бейнежазба,тақырыпқа байланысты суреттер.
Сөздік жұмыс: Достық.
ҰОҚ барысы:
1. Ұйымдастыру кезеңі
– Балалар, орнымыздан тұрып, бір-бірімізге жақсы көзқарас білдірейік.
Анаға – өмір сыйлағаны үшін,
Әкеге – қорған болғаны үшін,
Далаға – гүлдері мен көк шалғыны үшін,
Досқа – құшағы мен иығы үшін,
Алғыс айтамыз!
2. Негізгі кезең
Бейнежазба «Достық»
Ал қазір мен сендерге «Кім ақылды?» әңгімесін оқып беремін.
Кім ақылды?
Ерден мен Еркебұлан жұптарын жазбай, жап-жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде қолдан жасалған көпірдің үстінде біріне-бірі қарсы келіп, түйісіп қалды. Ерден:
– Мен саған жол бермеймін! – деп, қасқайып, безеріп тұрып алды.
Ал Еркебұлан:
– Мен саған бола ерегескім де, ойынды да бұзғым келмейді, сен өте бер, – деді де, оған жол берді.
«Пирамида тарихы» әдісі әңгіме сұрақ



Педагог әңгіме мазмұнын балалардан сұрақ қою арқылы сұрайды.
– Балалар, сендерге әңгіме ұнадыма?
– Әңгіме кімдер туралы?
– Екі бала не істеп жүр еді?
– Олар неге таласты?
– Екі балаланың қайсысы ақылды екен?
– Неге ақылды, қай іс әрекетіне қарап ақылды екенін білдіңдер?
«Дос», «ақыл», «балалар» деген сөздерді буынға бөліңдерші.

Жеке жұмыс.

Сергіту сәті
«Айна» әдісі
Күлім қағып қолымды,
Қошеметпен соғайық.
Қарап тұрған көршіме,
Қолымды мен бұлғайын.
Жылы шырай жүзбенен,
Маңдайыңнан сипайын.
Жылы – жылы жүзбенен,
Жүрегімді сыйлайын!

Топтық жұмыс.

1 топ.Сіздер ақылдылық, достық жайлы мақалдың сызбасын сызасыздар.
Досы көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды.

2 топ.Өлең шумақтары бойынша мнематехника құрастыру.
Достар бірге жүреміз,
Бірге ойнаймыз,күлеміз.
Бірге балық аулаймыз
Міне,біздер қандаймыз!

3 топ. «Көрсет және әңгімеле» әдісі бойынша суреттердегі балалардың іс – әрекетінің дұрыс – бұрыстығын анықтау.

«Біз де» зейіндік ойыны.

1. Мен базарға бардым... «Біз де!»
2. Алма сатып алдым ... «Біз де!»
3. Алманы өзім жеп қойдым...
4. Мен қонаққа бардым ... «Біз де!»
5. Қонақта отырып жыладым...
6. Мен досыммен ойнадым ... «Біз де!»
7. Ойыншығын тартып алдым ...

Қорытындылау.
«9 сұрақ – иә-жоқ деген жауап» әдісі
1.Бүгінгі тақырыбымыз «достық» туралы ма?
2. Әңгіме екі дос туралы ма?
3. Әңгімедегі Ерден жол берді ма?
4.Таныстың бәрі дос па?
5.Алыстағы адам досың бола ма?
6.Сабақты жақсы оқитын бала ғана ақылды ма?

7.Кластағы балалар барлығы дос па?
8.Мен сендермен доспын ба?
9.Бүгінгі сабақ ұнады ма?
«Йә» деген оқушылар «Жоқ» деген оқушылар

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Несипбаева Ляззат Аскаровна
Ақтөбе қаласы, КММ «Қызылжар орта мектебі»
бастауыш сынып мұғалімі

Дәстүрлі оқытудың мазмұны рөлдерді қатаң бөлумен сипатталады: мұғалім – сарапшы, оқушы – білімді пассивті қабылдаушы. Мұндай оқыту түрі проблемаларды, мазмұнды ашық талқылауға септігін тигізбейді,себебі оқушылар оқыту процесіне толықтай тартылмайды, алдарына мақсат қоймай, оқу процесіне бақылау жасамайды. Оларда таңдау жоқ, қателік жасауға, одан сабақ алуға да мүмкіндіктері аз. Мұғалімге мұндай тәуелділік танымдық ойлау дағдыларының дамуын бұзады. Нәтижесінде, атқарушылық қызметке қабілетті жеке тұлға-адам қалыптасады.

Жаңа пәндерді фрагменттік енгізу және ескі білім беру мазмұнына салу оқу процесінің күрделенуіне әкеліп соқтырады. Оның нәтижесінде білім беру мазмұнын түбегейлі өзгерту қажеттілігі туындады. Жеделдетілген жаһандану қызметкерлерге қойылатын талаптарға әсер етеді және осыған байланысты мамандық алу үшін қажетті білім мен дағдыға да ықпал етеді. Сәйкесінше, табысты өзара байланыс үшін жаңа заманғы әлемде мектеп оқушыларына ескі дағдыдан айырмашылығы бар жаңа дағдылар талап етіледі.

Білім беру бағдарламасын жаңарту шеңберінде сабақтарда жиі қолданылатын қызмет түрлері:

ойындық;
- зерттеу;
- жобалық;
- рефлексті;
- бағалау;
- шығармашылық;
- тәжірибелік.

Қажет қызмет түрлері:
- топтық;
- жұптық;
- жеке;

• фронталды.

Мұғалімдерге әр түрлі педагогикалық технологияларды көптеп қолдану керек, мысалы, проблемалық, жобалық, дамыта оқыту технологиялары.

Көптеген дамыған елдерде мұғалімдер мен оқушыларға қойылатын күтілетін нәтижелер нақты белгіленеді – білім беру бағдарламаларына тиісті жолдама құжат жасақталады. Бұл әдіс Қазақстанның барлық мектептеріне арналып күтілетін нәтижелерді анықтау үшін қолданылды. Оқушылардың білуі және меңгеруі қажеттілігін анықтау нақтылығы еліміз бойынша тұрақты жоғары күтілетін нәтижелерді қамтамасыз етуге, сондай-ақ мұғалімдерге білім беру бағдарламасын тиімді іске асыру процесін жеңілдетуге көмектеседі.

Ең күрделі материалдың өзі кішкентай балаларға егер дұрыс ұйымдастырылған болса түсінікті болады

Бастауыш сыныптарда критерийлік бағалау

Жаңартылған бағдарламада оқушылардың өздері үшін бағалау процесін объективті және құрылымды ету үшін критерийлік бағалау пайдаланылады. Мұндай бағалау кезінде оқушының үлгерімділігін бағалау алдын ала анықталған бағалау критерийлерінің жиынтығына сәйкес бағаланады. Ол нормативтік бағалаудан ерекшеленеді, себебі онда оқушының үлгерімділігі бағаланатын топқа қатысты анықталады.

Бағалау әдістері

Формативті бағалау күнделікті сабақ беру және оқыту процесінің ажырамас бөлігі болып табылады, үздіксіз жүргізіледі, оқытуды өлшеу үшін және сабақты жоспарлау үшін көмек ретінде қолданылады. Мұндай бағалау түрі оқушылар мен мұғалімдер арасындағы кері байланысты қамтамасыз етіп, балл мен баға қоймай оқу процесін уақытылы үйлестіруге мүмкіндік береді.

Суммативті бағалау мұғалімдер мен оқушыларға оқу бағдарламаларының бөлімдері/ өтпелі тақырыптарын және балл, баға қою арқылы белгілі бір оқу кезеңін аяқтаған кезде оқушылардың үлгерімділігі туралы ақпаратты ұсыну үшін жүргізіледі.

Формативті және суммативті бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Алайда, бағалау әдістері олардың мазмұны мен түріне байланысты ерекшеленуі мүмкін. Мұғалімдер бағалау нәтижелерін оқушыларға кері байланысты ұсыну және оқу процесі кезінде ата-аналарды хабардар ету үшін пайдаланады.

Оқытудың мақсаттарына қол жеткізу деңгейін анықтау үшін бағалау критерийлері жасақталады, олар Б. Блумның таксономиясына сәйкес ойлау дағдыларының деңгейлері бойынша бөлінеді.

Бағалауға арналған тапсырмалар барлық үйренушілер үшін тең мүмкіндікті ұсынуы керек

Критерийлік бағалау мұғалімнің сыныптағы жұмысын қолдауға бағытталған және оның қызметіне оңтайлы түрде ықпал ету үшін арналған. Қорытындылары мұғалімге өзінің сабақ беру рефлексиясын (кері байланысты) жүргізуге мүмкіндік беріп, әрі қарайғы жұмысын жоспарлауға көмегін тигізеді.

Қоғам жаңғыртылған сайын соғұрлым оның мәдениетінің жаңаруында білім беру үлкен рөлді атқарады. Сондықтан, білім беру процесін жаңарту нақты мақсатқа ие – жаңа заманғы жағдайларға бейімделген зиятты, физикалық және рухани дамыған азаматты қалыптастыру; тез өзгеретін әлемде табысты қамтамасыз ететін білімді алуда оның қажеттілігін қанағаттандыру; еліміздің экономикалық әлеуеті үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Хасанова И.М., Жумагелдина Г.Е. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер.
2. Шенделеева Л.В., Комарова Т.Б. Эффективные методы обучения на уроках русского языка в рамках обновления содержания образования.
3. Нукубаева К.Н., Кудайбергенова Ж.К. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы білім беру нәтижелеріне қойылатын жаңа талаптар.
4. Скрипко Т.Н. Применение современных образовательных технологии на уроках в начальной школе.
5. Төлегенова Қ.С., Сулейменова Г.С. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқушылардың танымдық қызығушылығын және білім сапасын арттыру.
6. Жунусова К.С. Бастауыш сыныптарда оқытудың жаңа технологиясын сабақта тиімді қолдану.

БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМЫТУ ТУРАЛЫ ТҰЖЫРЫМДАР

Лаубай Ұлғанай Қанжарбекқызы
№41 “Назерке” бөбекжай - балабақшасы

Қазақ халқы бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Бала қамын ерте жастан бастап ойлау, бала тәрбиесіне аса мән беру білімді және тәрбиелі ұрпақты қалыптастырады. Қазақ халқының бала тәрбиесіне ерекше мән бергендігі талантты жандардың көптеп қалыптасуына жол ашса керек-ті. Қазіргі жаһандану қарқыны үдеген уақытта бала тәрбиесіне қатысты ұлттық ұстанымдардың осалдау болып тұрғаны да шындық. Ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлының «Баланы ұлша тәрбиелесең – ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең – құл болмақшы»,-деген даналығы да бар. Ата-бабаларымыз өскелең ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, ұлттың болашағы ретінде бағалаған.

Бала тәрбиесіне ерте жастан мән беру арқылы тұлғалану процесі қарқынды жүреді. Сондықтан да, халқымыз еңбексүйгіштік, қиыншылыққа төзе білу, ел намысын қорғау, ата тегін білу, сөзді қастерлеу, тапқырлық пен алғырлық, салт-дәстүрді бұзбау, жасы үлкенді сыйлау, кішілерге қамқорлық көрсету сынды құндылықтарды бала бойыне ерте жастан сіңірді.

ХХ ғасырдың басында ұлт зиялылары Н.Құлжанова, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынұлы және Ж.Аймауытұлы еңбектерінде баланы ерте дамыту мәселелері мен жеке тұлға тәрбиесіне қатысты терең ғылыми ой-пайымдаулар айтылады. Нәзипа Құлжанова ұлттық педагогиканың, оның ішінде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту саласының дамуына сүбелі үлес қосқан көрнекті педагог. Н.Құлжанованың 1928 жылы Орынбордан басылып шыққан «Мектептен бұрынғы тәрбие» еңбегінде баланы ерте жастан тәрбиелеу жолдары, баланың жан-жақты жетілуі, анық сөйлеуі, қабілетін, бейімділігін ашу туралы жазылған. Н.Құлжанованың осы еңбегіне арнайы қалам тербеген А.Байтұрсынұлы бала табиғаты туралы былай дейді: «Бала табиғаты нені сүйеді? Бала табиғатының сүйетіні: жүру, жүгіру, ойнай жүре бір нәрсені шұқынып істеген болу. Баланың ойыны қайсы, «жұмысы» қайсы, айыруға болмайды. Ойын үстінде сөйлеседі, таласады, тартысады: ойын үстіндегі өнерлері ойынынан ойын шығарады, неше түрлі ойыншықтар жасайды. Бала тәрбиесіндегі негізгі мақсат – баланың бетін жасынан түзеп, дұрыс білім, жақсы әдет, көркем мінез, таза қылық үйрету». Баланың өз бетімен құмарынан шығып ойнауына жағдай жасау керек. Таласып-тартысса оны көркем мінезбен жеңдіруге әуестендіру қажет. Ұлт ұстазы айтқан «дұрыс білім, жақсы әдет,

көркем мінез, таза қылық үйрету» ата-ананың бейнесінен бастау алады. Бала ата-анасының болмысын, бейнесін қайталайды.

Педагог Н.Құлжанованың «Бала өне бойы еркін ұнатқан нәрселерін шұқылап отырып, бұрап сындырып, мүшелеп әбден танып, қайта салыстырып, соны өзі жасамақ. Һәм жасайды да. Бұл-баланың тағы бір артықша қасиеті, зерттеп тану құмарлығы. Бұл – жан-жақты жайнаған дүниені танып, өзі де жасауға кірісу үшін жаратылыстың көкірегіне әуелден құйған құмарлығы, бұл қасиетін танымайтын надандар «Тиме!», «Сындырасың», «Шықпа жығыласың», «Таста, бүлдіресің», «Үстіңді былғайды», «Әрі жүр, басымды ауыртпа!» деп зарлаумен баланың алайын деп отырған қанша білімін тағы да тамырын қияды»- деген пайымдарының тағылымдық мағынасы зор. Балаға қойылатын орынсыз шектеулер баланың табиғи дамуын тежейді. Жалтақ, қорқақ қасиеттерге жетелейді. Нәзипа Құлжанова одан әрі «Мектеп жасына толмаған бала не үйренеді?.... Әрине, бала балабақшасыз да, мектепсіз де өсіп адам болады ғой. Бірақ балабақшаның тәрбиесін көрмеген бала көп білімнен, көп жақсы әдеттерден құр қалады. Кейде сол білімдерге өмір бойы жете алмайды. Мектепке дейін бала оқымайды деу – зор қате. Мектептен бұрын үйренген білімдері кейін мектепте оқып білгендерінен көп артық мағыналы болады »- деген қорытындылар жасайды.

Ал, «Халқыма деп іс қылдым» деген еңбегінде мектепке дейінгі балалардың жас ерекшелігіне, бала тәрбиесінің ішінде, жан тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінген. Үш жасар баланың танымдық әрекеттерінің тынымсыздығын сипаттай отырып, «... үш жасардың мінезі, сөзінің түбі жоқ. Айтқанды тыңдауға тынымсыз, сөзбен жағалас жүреді. Нәрсенің бәрін білгісі келеді. Тапқан заттарының бәрін ойын қылады. Ойын оның тіршілігі. Төңіректегі нәрседен өзіне қызықты ғана көзіне түсіп, ықылас тартады»-дейді. Баланы ерте дамытуда жас ерекшелігіне, ойынның атқаратын рөліне назар аудару керектігін тұжырымдайды. Ойын баланың тіршілігі деген тұжырымның үлкен мәні бар. Ойын арқылы бала көптеген адами қасиеттерді өне бойында қалыптастырады.

Мағжан Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде: «Мұхамбет пайғамбар: «Сөзді әрбір адамның ақылына қарай сөйле»-депті. Сол айтқандай, балаға тәрбиені өзінің шамасына, жаратылысына қарай беру керек. Жас бала жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күнде қатып қалмақ.Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзеймін десең, сындырып аласың. «Баланы – бастан» деген сөздің мәнісі осы»,-деп атап көрсетеді. Осы айтылған ойлардың астарында қаншама мағына жатыр. Қазіргі таңда, жаһанданудың қарқыны үдеген уақытта, ата-аналардың жұмыс басты болып, бала тәрбиесімен қарқынды айналысуына шамасы келмеген уақытта әрбір ата-ананың есінде болар даналық. Демек, балаға тәрбиені жаратылысына сай беру керек. М.Жұмабаев баланың қиялының, ойлауының дамуында ойынның атқаратын рөліне ерекше мән берген. Баланың ойлауы туралы: «Адам ойлау арқасында ғана заттармен көріністердің аралығындағы байламды белгілеп, оларды бар қылған себептерін табады. Келешекте оларға ие болатынын ойлап шығарады, келешекті болжай алады. Қысқасы, ойлай білетін адам шын мағынасымен адам», -деген. Баланы ерте жастан дамытуда жан мен дененің дұрыс қалыптасу жолдарының ұлттық негіздерін ғылыми тұрғыда тұжырымдайды. Сонымен қатар, М.Жұмабаевтың ғылыми тұжырымдарында баланы ерте жастан батырлыққа, батылдыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу жолдарын ұсынады. «Педагогика» еңбегінде: «Баланы қорқытпай ер қылып өсіру үшін оның денесін һәм жанын сау, берік қылып тәрбие қылу керек. Алдымен баланы ешбір уақытта қорқытпау керек»- деп, баланы қорқыту, үркіту арқылы тәрбиелемей мейірімділікпен, төзімділікпен, әсемдікпен тәрбиелеу жолдарын ұсынады. Мағжан Жұмабаев ертегінің баланың қиялына қанат бітіріп, ойлауға, сөйлеуге әсерінің зор екендігін жаза келіп, «Жан тұрмысы өркендеу үшін, яғни ойы, ақылы кеңейіп, құлқы түзеліп, тілі баю үшін жас балаға ертегі тым қымбат нәрсе. Бала ертегіні жан-тәнімен тыңдайды»-деп ой түйіндейді.

Сонымен, қазақ халқы ата-әже, әке-ана институттары арқылы бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, баланың дұрыс жетілуіне қамқорлық жасаған. Осы бір өзекті мәселе ғасырлардан ғасырларға жалғасты. Тек қана бодандық бұғауында болған уақытта ұлттық тәрбиеге сызат түсті. Халқының жанын түсінген зиялылар баланы ерте жастан дамыту мәселелеріне ерекше назар аудара бастады. XX ғасырдың басындағы Ұлт зиялыларының ғылыми зерттеулерінде ерте дамыту арқылы баланың жеке тұлға болып қалыптасатындығы айқын дәлелденді. Олардың баланы ерте дамыту туралы зерттеу қорытындылары бүгінгі уақытта да өзекті. Ерте дамыту деп баланың туғаннан бастап мектепке барғанға дейінгі дамуын айтамыз.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 27 мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында берген тапсырмасын іске асыру мақсатында 2021 жылғы 15 наурыздағы ҚР Үкіметінің №137 қаулысымен «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту» моделі бекітілді. Модельдің 25-тармағында «Тәрбиелеу мен дамыту ерте балалық шақтан басталады, бұл ғылыми тұжырымдармен дәлелденген. Балаларды тәрбиелеуде отбасындағы жайлы жағдай, ата-аналардың моральдық қасиеттері зор маңызға ие. Сондықтан, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру қажет»-деп атап көрсетіледі. Сонымен қатар, 26-тармақта «Бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгерту ойын нысанында іске асуға тиіс. Ойын – баланың негізгі әрекеті және дамытудың негізгі құралы»-деп тұжырымдалған.

Баланы ерте дамыту жеке тұлғаны қалыптастырады. Кемел адам өзінің айналасына, қоғамға, одан қалды күллі адамзатқа ізгілік әкелуші. Ұлттың болашағы – тәрбиелі әрі білімді жастар. Әл-Фараби ғұлама жазып кеткендей: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың – қас жауы»

Қолданылған әдебиеттер:

1. Н. Құлжанова Шығармалары: (мақалар. очерктер, педагогикалық ой-пайымдар, аудармалар) – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС., 2014.-384 б.
2. Н. Құлжанова Халқыма деп іс қылдым.-Алматы: Рауан, 1996.-268 б.
3. М. Жұмабаев Шығармалары 2-том: Алматы: Жазушы.2013.-376 б.
4. “Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту” моделі

ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Лекерова Асылгул Асылхановна
Басқұдық жалпы орта білім беретін мектебі
мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі

Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. XXI ғасыр - білімділер ғасыры болмақ. Жаңа кезеңге бет бұру оңай емес. Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр.

«Білім берудегі ақпараттық технология» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б., тіркестермен тығыз байланысты. Білім мен ғылымды өз

дәрежесінде меңгерген елдер ғана әлемдік дамудың алдында, озық көштің алда ұстар тұсында тұрады десек, қазіргі кезеңде еліміздегі білім саласында жүріп жатқан реформаларға байланысты білім беру жүйесі терең құрылымдық өзгерістермен сипатталады [3, 53б].

Қазіргі ғылыми-техникалық өрлеу ғасырында жоғарғы деңгейде сапалы білім беру мәселесі – ең негізгі мәселелердің бірі. Бұл бағытта балаларға жоғары деңгейде білім беретін, еңбекке баулитын, талабын оятып, қозғау салатын орын – мектеп. Ақпараттық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудан негізгі құрал компьютер болып табылады. Компьютер – білім беру ісіндегі бұрын шешімін таппай келген жаңа, тың дидактикалық мүмкіндіктерді шешуге мүмкіндік беретін зор құрал. Бірақ әлі күнге дейін біз осы зор құралдың шексіз мүмкіндіктерінің оннан бірін де пайдалана алмай отырмыз. Себеп не? Басты себеп – мұғалімнің ақпараттық коммуникациялық құзырлылығы мен ақпараттық мәдениетінің қалыптаспауына немесе төмендігінде.

Ақпараттық технология – объектінің, процестің немесе құбылыстың күйі туралы жаңа ақпарат алу үшін мәліметтерді жинау, өңдеу, жеткізу тәсілдері мен құралдарының жиынтығын пайдаланатын процесс, ақпаратты өңдеу үшін пайдаланылатын технологиялық элементтердің, құрылғылардың немесе әдістердің жиынтығы.

Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны. Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты [3, 55б].

Қазіргі таңда оқушы - ақпаратпен қаруланған, жан-жақты дамыған тұлға. Оның білімдік қабілеттерін дамыту үшін біздер, жан-жақты қаруланған болуымыз керек. Сол себептен жаңа технологияларды енгізу арқылы, оқу процесінің деңгейі көтеріледі, қазіргі заман талабына сай дамыған тұлға тәрбиеленеді. Мұғалім жұмысын жаңа ақпараттық технологиялар негізінде ұйымдастыру әлеуметті-белсенді, бәсекелесуге барынша қабілетті, құзыретті түрде жетілген, дербес тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі кездегі жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның білім беру мекемелеріндегі жеткіншек ұрпақтарды оқыту мен тәрбиелеу олардың бойында жеке тұлғалық қасиеттерінің жан-жақты қалыптасуымен тығыз байланысты. Бұл мәселе дүниежүзілік қауымдастықта әлеуметтік-экономикалық, мәдени және рухани дамудың басты факторы ретінде жариялануда.

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Жалпы оқытудың мақсаты – оқушыны дамыту. Осы мақсатқа сәйкес жас және педагогикалық психологиясында, сондай-ақ оқыту теориясында негізгі орын алған мәселе – дамыта отырып оқытуды зерттейтін бағыт. Білім беру үрдісін ақпараттандыру және жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлату бүгінгі күннің басты талабы болып саналады [2, 143б].

XXI ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр: компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, интерактивті құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру.

Ақпараттық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, Интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Ақпараттық технологиялардың келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Жедел дамып отырған ғылыми –техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды [1, 89б] .

Ақпараттық технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің рөлі тәуелді болады. Тұтас дүние қалыптастыру мен қоғамдастықтар, жеке адам мен бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың өмір сүруі үшін жаңа жағдайларды қамтамасыз етуде ақпараттық технологиялар маңызды рөл атқарады.

Ақпараттық технологияны пайдалану жөніндегі қызметтің мақсаты:

- ✓ үйренушінің шығармашылық әлеуетін дамыту;
- ✓ коммуникативтік әрекеттерге қабілетті болуды дамыту;
- ✓ сараптамалық-зерттеу қызметі дағдыларын дамыту;
- ✓ оқу қызметі мәдениетін дамыту;
- ✓ оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерін қарқындандыру, оның тиімділігі мен сапасын арттыру;
- ✓ қазіргі қоғамның ақпараттануымен байланысты пайда болатын әлеуметтік тапсырысты өткізу [4,159б].

XXI ғасыр информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептейміз.

Оқушының білімін көтерудің ең бастысы – пәнге деген қызығушылығын арттыру. Қызығушылықты тудырудың тәсілдері көп. Олар: түрлі дидактикалық ойындар, сайыстар, жарыстар, кештер, үйірмелер, олимпиадалар [2, 117 б].

Сабақтың ойын түрінде өткізілуі сынып оқушыларының жалпы көңіл-күйлерінің көтерілуін, яғни белсендіктерін және пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға ықпал етеді. Ақпараттық технологиямен оқыту барысында оқушылардың дайындық деңгейін анықтау, келесі деңгейге өткізу сияқты жұмыстарды мұғалім орнына компьютердің басқару мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, оқушылардың дайындық деңгейлерін компьютер анықтап, егер оқушы білімі қанағаттандырса келесі тапсырмаға өтуге рұқсат береді, яғни мұнда оқытуды тікелей компьютер басқарады. Ақпараттық технология негізінде оқушы ақпараттық кеңістіктен өз бетімен білім алып, өзін-өзі дамыта алады. Компьютер жұмысының тиімділігін құрайтын бір бөлік ол – ғаламтор желісінің қызметін пайдалану. Ғаламтор желісінде көп мұғалімге де, оқушыға да қажет көптеген сайттар бар. Қашықтықтан ұйымдастырылған әр түрлі байқаулар мен олимпиадаларға қатысу балалардың дүниетанымын кеңейтіп, оқуға деген қызығушылығын арттыра түседі. Біріншіден, ғаламторда қажетті материалдарды іздеп табуға, сондай- ақ түрлі пәндерді оқыту бойынша сабақтардың толық кешендері; екіншіден – компьютер уақытты үнемдеуге және көрнекілік материалдарды тиімді пайдалануға да болады [3, 14 б] .

Оқу - тәрбиелеу үрдісіне ғылым негіздерін тереңірек оқытуға, оқушылардың танымдарын кеңейтуге, түрлі бағдарламаларды меңгеруге бағытталған үйірмелер,

факультатив пен курстар енгізу компьютерлік техниканы тиімді қолдану жағдайының бірі болып табылады.

Ақпараттық технология - педагогтің мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол мұғалімді алмастыра алмайды. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек. Оқыту бағдарламасының тек сыртқы емес, ішкі тиімділігіне көп көңіл бөлген жөн. Компьютердің сызбалық мүмкіндігінің молдығы дәрістік сабақтарды бояулы суреттермен, сызбалармен, кестелермен байыта түсуге жол ашады, оларды есеп шарттарына да пайдалануға болады [1, 110 б].

Қорыта келгенде XXI ғасыр компьютерлік ақпараттар заманы. Жер бетінде болып жатқан жаңалықтар мен өзгерістер туралы спутник арқылы, интернет арқылы күн сайын, сағат сайын мағлұмат алып отырған жас жеткіншектерді басқа нәрсемен таңдандыру жаңа сабақты айтып, тыңдата білу мұғалімге оңай емес. Жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін ақпараттық технологияларды пайдаланудың маңызы зор. Ақпараттық технологияның негізгі мақсаты - оқушыны қазіргі қоғам сұранысына сай өзінің өмірлік іс әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдалана алатындай жан-жақты дара тұлға тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бұзаубақова К.Ж. «Жаңа педагогикалық технология». – «Алматы» баспасы: – 2004ж. -356 бет
2. Бұзаубақова К.Ж. «Жаңа педагогикалық технология тренингі». – «Алматы» баспасы: – 2005ж. -194бет
3. «Мектеп» ғылыми – әдістемелік, педагогикалық журнал, №10, 2011ж, -214 бет
4. Өстеміров К., Айтпаева А. «Қазіргі білім беру технологиялары». – «Алматы» баспасы: – 2006ж. -286бет

«АТА-АНАЛАРДЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ»

Нұрмашева Лиза Қалабайқызы
«Ақтөбе облысының білім басқармасы Шалқар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы»МКҚК

Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, өмір бойы қалыптасқан күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланады да балабақшамен тығыз байланыс арқылы одан әрі жалғасады. Педагог ғалымдарының тұжырымына сүйенсек, тұлғаны қалыптасу нәтижелілігі, ең алдымен отбасындағы өнеге байланысты. Отбасындағы ересектердің мінез-құлқына, әдебіне, іс-әректіне қарап өсіп,тәрбие көрген баланың да қандай екенін тану қиын емес.

- Мектепке дейінгі ұйымдардың отбасы арасындағы өзара ықпалдастығы мына төмендегідей негізгі бағыттарға көңіл бөледі:
- педагогикалық және психологиялық сауаттылықты жетілдіру:
- іс-әрекеттің түрлі формалары
- балалардың шығармашылық әрекетін дамыту:

- қалыптасу мен дамыту мәселелері бойынша тәжірибе алмасу:
- әлеуметтік дамытушы орта қалыптастыруға көмек көрсету:

Осындай негізгі бағыттырды іске асыру үшін мектепке дейінгі мекемелермен отбасының арасында тығыз байланыс қажет. Осы бағыттағы тәлім-тәрбие сабақтаса, ұштаса жүргізілгенде ғана көздеген мақсат нәтижелі болмақ.

Бала тәрбиесіне тек балабақша,мектеп қоршаған орта ғана емес,сонымен қатар отбасы мүшелерінің бәрінің тигізер әсері мол. Жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарын ата-аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата-аналар заман талабына сай өзекті мәселелерді,отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыпты өздері ұсына алады. Сондай-ақ, оларға ұсыныс, тіректермен санаса отырып, ата-аналарға арналған әңгімелер мен лекциялар, кеңестер мен сұрақ-жауап кештері, тәрбие жұмысын алмасу жөніндегі концеренциялар,ата-аналарды педагогикалық әдебиеттермен таныстыру әдіс–тәсілдері қарастырылады. Отбасы — бұл баланың өмір сүру ортасы яғни, қамқорлықтың тұрақты көзі.

Тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орта

Осы орайда бала білім нәрімен сусындайтын алтын ұясының алатын орны бөлек. Біріншіден, бала уақытынының көп бөлігін балабақшада өткізеді, тәрбиешілерінен, ұстаздарынан дәріс үйренеді. Демек, отбасы мен балабақша арасындағы қарым-қатынастың алар ролінің қаншалықты маңызды екенін осыған қарап топшылауға болады. Балабақша ұжымы ата-аналарды ұйымдастырып, балаларды балабақшадағы өмірінің тәрбиесіне белсене қатысуларына арналған іс-шаралар жии өткізіп тұрамыз. Оған сауықтыру кештері, ертеңгіліктер,тренингтар, сауалнамалар жатады. Осындай отырыстар арқылы ата-аналар бір-бірімен жақынырақ танысып, ортақ өзекті мәселелерді бірге шешуге тырысады. Бұл дегеніңіз, ата-ананың қоғам алдындағы жауапкершілігі артады. Балабақша мен отбасы, ата–анамен бала арасындағы достық, бауырмалдық қарым-қатынастардың қалыптасуына игі ықпалын туғызады. Мектепке дейінгі мекемеде өткізіліп жатқан спорттық жарыстар салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу мен қатар ата мен бала арасындағы сүйіспеншілікті, ынтымақтастықтың да нығаюына септігін тигізеді.

Қарап тұрсаңыз, отбасы мен балабақша бір-бірінен бөлек алып қарауға келмейтін егіз ұғым секілді. Ол — саналы ұрпақ тәрбиелеуде зор жетістікке жеткізетін берік одақ. Осы екі

одақ бірлесіп, ынтымақтасқанда ғана күрмеуі қиын талай мәселелердің түйіні шешілетіні анық. Балабақшада балалармен, ата-аналармен ынтымақтаса жұмыс істеу нәтижелігінің диагностикалық зерттеу графигін құрып, ата-ананың балабақшаға деген көзқарасын қалыптастырдық. Ата-ананың қатысуымен «Әкем, шешем және мен», «Отбасы алтын діңгек», сонымен бірге ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерге ата-аналар қатыстырылды. Ондағы мақсат, жаңа технологияларды ата-аналарға бағыттау, әдіс-тәсілдерді түсіндіру, жақсы нәтижені көрсету барысында жетістіктеріне қол жеткізу. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» — дегендей, бала тәрбиелеуде осындай міндеттерді іске асырушылар балабақша мен отбасы. Осы екі арнада жүргізілген тәлім-тәрбие сабақтаса ұштаса жүргізілгенде ғана мектепке дейінгі жастағы балалардың отбасыларымен бірге отырып, жұмыс жасау оның ішінде отбасы бұрышын құрып, олармен жеке-жеке жұмыс жүргізу өз нәтижесін береді.

Отбасында ата-аналарға педагогикалық білім беру өте қажет, себебі, ата-ана бала тәрбиесінің мақсат-міндеттерін айқын түсінбей, бала тәрбиесінің жолдарымен амалдарын ойдағыдай іске асыра алмайды. Осы тұрғыда балабақшамыз отбасымен сабақтастықты орнату бағытында ата-аналарды оқу–тәрбие үрдісінің мазмұны мен әдістемесімен таныстыру, ата-аналармен педагогикалық-психологиялық ағарту жұмысын ұйымдастыру, ата-аналарды бірлескен әрекетке тарту сияқты негізгі жұмыс мазмұнының қызметтеріне сүйене отырып, өзара әрекет байланысының міндеттерін жүзеге асырады. Ол:
— ата-аналарды белсенді педагогикалық ұстанымдарын қалыптастыру
— ата-аналарды педагогикалық білім мен білік дағдыларымен қаруландыру
— бала тәрбиесіне ата-аналарды белсенді қалыптастыру.

Міне, біздер — тәрбиешілер,ата-аналар, қоғамдық ұйымдар, бала тәрбиесіне,оның келешегіне зор жауапкершілікпен қарап,тәрбие жұмысының тиімді әдіс-тәсілдерінің ынтымақтаса жүзеге асырсақ, жұмыр жер тағдырын,еліміздің болашағын күні ертең бүгінгі балабақша ұландарына сеніммен тапсыруға болады. Біздің мақсатымыз-заман талабына сай жаңашыл, шығармашыл, мәдениетті, жан-жақты сауатты жеке тұлға тәрбиелеу.

Қолданылған әдебиет

1 Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері 2017
2. «Бала тәрбиесі» журналы, 2009ж.
3. «Қазақстандағы мектепке дейінгі білім», 2012ж.
4. «Отбасы және балабақша» №5 (141) қыркүйек-қазан 2017ж.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІС- ТӘСІЛДЕР

Лияшов Кайрат Кайырзаманович,
Темір ауданы Теректі мектеп-балабақшасы

Танымның бар тамашасы – кітапта,
оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа.
Абай

Қазақ әдебиеті пәні - адамзатты тәрбиелеуші, адам баласын ізгілікке жетелеуші күш. Көркем шығарманың құдіреті оқушысына ең жақын адамдар бере алмайтын дүниені береді. Яғни, сезім тәрбиесін, достықтың ережесін көп адам көркем әдебиеттен үйренеді, адамдар қарым-қатынасындағы шынайылықты танып, жасандылықтан жиренеді, рухы биік кейіпкерден рух алып, сол кейіпкердей парасат, ақыл иесі болуға ынталанады, елжанды болып тәрбиеленеді.

Ғалымдардың айтуынша, 8-сыныптан бастап білім алушылардың 60 пайызының өз бетімен жазып-оқуға деген ынтасы жоғалады екен. Көркем шығарманы оқымау - қазақ әдебиетін оқытудағы басты мәселелердің бірі. Бұл олқылықты болдырмау үшін, алдымен, қазақ әдебиетін оқыту барысында оқушылардың көркем мәтінді сүйсініп, әрі түсініп оқып, оқырмандық мәдениетін қалыптастыруымыз қажет. Ендеше, көркем әдеби шығарманы оқушыларға оқытудың қандай тиімді тәсілдері бар деген сұрақ туындайды. Осы орайда әрбір мұғалім оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін терең талдаудан өткізіп, тақырыпты ашатын әрі оқу мақсатына жетудің тиімді әдісті таңдауы тиіс.

Бүгінгі таңда көркем шығарманы оқытуда СТО, АКТ, диалогтық оқыту, жобалап оқыту, сатылай кешенді талдау қатарлы түрлі әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігі өте зор. Тәжірибемде СТО әдісінің «Джиксо», «INSERT», «Әдебиет үйірмесі», «Бас кейіпкер әдісі», «Соңғы сөйлемді мен айтамын», «Кейіпкерге хат», «Авторға хат», «Тұжырымдамалық кестені», т.б. әдістерін жиі қолданамыз.

Сонымен бірге шығарманың үзінділерімен жұмыс жасау, көркем шығарманың заманауилығы мен жаңашылдығына баға беру, бөлшектен тұтасқа, тұтастан бөлшекке, сыни шолу жазу мақсаттарына тіптен тиімді.

Көркем шығарманы оқыту барысында мәтін мазмұнын меңгертіп қана қоймай, автор көтерген басты идеяға оқушылардың назарын аудару қажет деп ойлаймын. Шығарманың

идеясымен қоса тарихи маңызы, әдеби құндылығы, философиялық тереңдігі ашылуы тиіс. Оқушы қазақ әдебиетінде шығарманың мазмұнын меңгеріп, тәрбиелік мәнін де бойына сіңіріп, ізгілікпен рухтанып, шығармадан сабақ алуы керек.

Психолог Искра Даунистің тәсілі "сүйікті кейіпкер хаты" деп те аталады. Бала таңертең оянғанда бөлмесіне оның сүйікті ертегі кейіпкері (мысалы Кенжекей) хат қалдырғанын көреді. Хатта Кенжекей балаға сыйлығы бар екені және оны қай жерге жасырып қойғаны жазылған. Бала расымен сыйлықты тауып алады және келесі күні де хат тауып алады. Бірақ бұл жолғысы сәл ұзақтау. Кенжекей өзінің қызық оқиғаларын, бала өміріндегі маңызды нәрселерді жазады. Күн сайын хат ұзарып, күрделене түседі. Осылайша хатты оқу арқылы баланың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға болады- екен.

Көркем шығарманы оқытуда сабақта АКТ-ны қолдану өте маңызды, өйткені ол оқушылардың білім деңгейін, пәнге деген қызығушылығын арттырады. Мысалы, **Kahoot қосымшасы**, **Wardwall** веб сервисі/ойын/, **Quizizz** қосымшасы, **Lerning apps** сервисінде түрлі ойындар, **Plickers , Thinglink** сайтымен ақын-жазушылардың өмірімен де таныстырып, **Google формада** Абай Құнанбайұлының шығармаларын, қара сөздерін, Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», О.Бөкей «Атау кере», М.Әуезов «Абай жолы», т.б., төменгі сыныптарда «Қобыланды батыр», «Батыр Баян», «Қыз Жібек», т.б. осы сияқты көлемді шығармалардың негізгі мазмұнын меңгертуге арналған сұрақтарды, тестерді құруға, кейіпкерлер бейнесін талдауға мүмкіндік береді. Уақытты тиімді пайдалануға, сонымен қатар жаңа тақырыпты тереңдете түсу үшін бұл қосымшаларды кең көлемде қолдануға болады. Сыныпта оқушылар сұрақтарды талқылап, жауаптарын смартфон, компьютер немесе планшет арқылы жолдайды. Әрбір оқушының сұраққа қалай жауап беріп отырғанын, сондай-ақ барлық сынып оқушыларының үлгерім диаграммасын, жеке оқушының өз нәтижесін арнайы кестеден бақылауына мүмкіндік береді. Бұл шығарма мәтініне қарай сұрақтар құрастыру оқушының ойлау қабілетін дамытып қана коймай, сабаққа деген ынтасы мен талпынысын арттыруға көмектеседі. Өзара бәсекелестік туындап, жарысып, жоғары ұпай жинауға мақсат қояды. Әсіресе, көлемді шығармаларды толық оқуға, әдеби мазмұнды меңгеруге, негізгі оқиғаларды есте сақтауға тырысады.

Тағы да бір, ресми деректерге сүйенсек, мектеп жасындағы білім алушылардың 40% әдеби мәтінді түсінуге қиналатындығы дәлелденген. Жалпы, барлық зерттеушілердің болжамы бойынша, адамдардың сауаттылық деңгейінің төмендеуі оларға дұрыс білім беріп, тиянақты оқытпаудан, оқырман болуға үйретпеуден болған көрінеді[1]. Олай болса, «Кітап дегеніміз — алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік-деп, Ғ. Мүсірепов айтқандай, әр оқушының көркем шығарманы өздігінен оқуын ынталандыруда сыныптан тыс уақытты да пайдалану керек. Оқушыларға өздері оқыған көркем шығармаларын есте сақтағандай, оқырман күнделігін жүргізуге дағдыландыру қажет. **«Менің оқыған кітаптарым»** деп қойын дәптер бастап, күнделік жүргізіп отырса, оқырмандық сауаттылығы қалыптасатыны аян.

Шығарманың аты:_____

Авторы:_____

Негізгі сюжеті:_____

Маған ұнағаны:_____

Менің ойым: _____

Байлардың 88%-ы бір күнінің кемінде жарты сағатын кітап оқуға арнайды екен. Мысалы, Ең бай адам саналатын Билл Гейтс жылына 50 кітап оқиды, Герман Греф те сол. Уоррен Баффет әр күнінің 5-6 сағатын кітапқа бөледі. Илон Маск зымыран құрастыруға деген ниетінің кітап оқудан пайда болғанын айтқан. әдебиеттерді таңдайды. Өзін дамыту үшін сапалы әдебиеттерді оқиды. Балаларды да сол жолмен жүруге үйретейік!

Тұрақты кітап оқу қажеттілігінің 7 себебі:

- *Жадыны және ойлауды дамытады;*
- *Қиялдау және шығармашылық қабілеттерді дамытады;*
- *Адамдармен қарым-қатынас жасауға көмектеседі және әдемі сөйлеу дағдыларын дамытады;*
- *Сөздік қорды байытады және жалпы сауаттылық деңгейін арттырады;*
- *Талдауға, сарапқа салуға үйретеді;*
- *Қоршаған ортаны, әлемді және өзін тануға көмектеседі;*
- *Мектептегі және ересек өмірдегі табыстылықтың негізі.*

Сабақ уақытында ғана көркем шығарманы оқып, құндылығын сезіну мүмкін емес. Ал өздігінен оқуға қазіргі бала құлшынып тұрған жоқ. Міне, осындай мәселенің шешімін табу үшін оқушының көркем шығарманы оқуға деген шынайы махаббатын ояту қажет. Ол жол, бізге, мұғалімдерге, көп ізденуді, талмай еңбектенуді қажет етеді. Туған әдебиетіміздің бай қазынасын игеріп, ана тілін терең меңгерген оқушы ғана кез келген салада, ортада өзін ұстап, жоғары деңгейге жете алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР БҒМ «Ақпараттық талдау орталығы» АҚ. PISA-2015 Халықаралық зерттеуінің негізгі нәтижелері. Ұлттық есеп. Астана, 2017 жыл.
2. Қазақ әдебиеті. Жалпыға білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық / Б.Қапалбек, А.Омарова, Г.Закиряева, Г.Абнасырова, Алматы: Атамұра, 2018.
3. Негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ В ДО

Лухменева Галина Петровна,
воспитатель, 1 категории.
ТОО «Bekzat&Co» ДО №42 «Айналайын»

В нашем обществе на протяжении последних десятилетий не ослабевает внимание к проблемам экологического образования подрастающего поколения. Это обуславливает те позитивные изменения, которые наметились в экологическом образовании: рамки экологического воспитания расширились через ознакомление детей с природой; сложилась определённая система целенаправленного обеспечения детей знаниями, необходимыми для воспитания экологической культуры, формирования осознанного поведения в окружающей природной среде и привития практических природоохранных навыков. В условиях экологического кризиса экологическое образование приобретает приоритетное значение.

Экологические проблемы в нашем городе Актобе, Актюбинской области актуальны, как и в любом регионе нашей страны (грязь и мусор на улицах, вырубка деревьев в лесу, загрязнение близлежащих водоёмов). Это нарушает экологическую безопасность населения города и близлежащего природного окружения. Поэтому в нашем детском саду на протяжении пяти лет экологическое воспитание дошкольников считается приоритетным направлением работы. Кем бы ни стал ребёнок в будущем, он должен хорошо понимать свою роль в

окружающем мире, осознавать последствия своих действий, иметь представление о законах природы.

Приступая к работе по экологическому воспитанию дошкольников, мы поставили перед собой цель:сохранение и укрепление здоровья детей, как физического, так и психического, воспитание гуманного отношения к миру, формирование у детей начал экологической культуры.

Для работы с детьми по экологии в нашем детском саду оборудованы уголки природы и центры исследовательской деятельности в каждой возрастной группе.

Я работаю с детьми, начиная со средней группы.

Важной задачей на данном возрастном этапе является формирование, понимание детьми специфики живого объекта. На данном этапе становления личности ведущими в интеллектуальном развитии ребёнка являются конкретный образ предмета, действия с ним, сопровождаемые словом, поэтому нужно сосредотачиваться, прежде всего, на сенсорном развитии детей.

Поэтому я, использую различные ситуации, накапливаю и расширяю его. Камни, песок, глина, вода присутствуют в группе. Дети изучают их свойства, играют с ними, проявляют творческие качества, развивают воображение, а также мелкую моторику рук.

Одним из эффективных и наиболее интересных для детей средством экологического воспитания является дидактические игры с природным материалом. Игры доставляют детям много радости, и содействует их всестороннему развитию. В процессе игр мы формируем знания об окружающем мире, воспитываем познавательные интересы, любовь к природе, бережное и заботливое отношение к ней.

Технология экологического воспитания детей среднего дошкольного возраста построена на использовании персонажей широко известных народных сказок.

Формы и методы работы с детьми средней группы разнообразны: это циклы наблюдений за растениями в уголке природы и на участке, ведение различных календарей, занятия (простые и комплексные), целевые прогулки, экскурсии, игровые обучающие ситуации с использованием игрушек и литературных персонажей. этом возрасте идет становление произвольного поведения. Интенсивно развиваются разные формы мышления, быстро накапливаются представления об окружающем мире.

Процесс воспитания экологической культуры включает в себя разные виды деятельности детей, их частую смену и различные формы совмещения с игрой и творчеством. Воспитатель является носителем экологической культуры, поэтому я знакомлю детей со способами общения с природой, формирую умение наблюдать окружающий мир природы и вещей, устанавливать элементарные связи и зависимости, учу испытывать радость от осознанного взаимодействия с живыми существами, которые находятся рядом, воспитываю потребность созидания, творчества.

В воспитании экологической культуры большую роль играет сенсорный опыт детей, и я использую самые различные ситуации, продолжаю его накапливать и расширять – уточняю с дошкольниками форму, цвет, размеры, запах, характер поверхности и др. особенности объектов природы.

Все эти знания дети получают на занятиях по исследовательской деятельности.

Дети старшей группы уже больше знают о природе.

Имеют

первоначальные навыки ухода за живыми существами. Сенсорный опыт и образные представления ребенка этого возраста шире и глубже чем у 4 летнего. На данном этапе у детей на занятиях формируются обобщенные представления о временах года, домашних животных.

Я использую разные технологии эколого-педагогической работы с детьми старшего возраста: праздники и развлечения экологического содержания – одна из наиболее

эффективных форм работы, так как совмещает в себе большое разнообразие видов детской деятельности и имеет наибольшее воздействие на эмоциональную сферу ребёнка. Познавательная и речевая деятельность – важная составляющая экологического воспитания, ведь именно знания позволяют правильно сформировать экологическую картину мира ребёнка.

Большое значение для детей подготовительной группы имеют занятия углублённо-познавательного и обобщающего типа.

На таких занятиях дети приобретают первые навыки учебной деятельности, учатся сравнивать, анализировать, строить умозаключения, делать выводы.

Один из путей повышения эффективности экологического воспитания состоит в использовании разнообразных форм и методов работы:

- экологические занятия;
- экологические экскурсии;
- экологический кружок;
- экологические конкурсы:
- КВН, викторины;- экологические акции;
- обсуждение и проигрывание ситуаций;
- экспериментальные лаборатории;
- ведение календарей природы;
- экологические выставки и экспозиции
;- краеведческие центры;
- экологические праздники;
-(дидактические, имитационные, игры - моделирование - экосистем; соревновательные, игры – путешествия).

В нашем садике проводятся экологические акции с детьми.

Данные акции помогают понять детям, как можно сохранить и приумножить природу родного края.

Работа по экологическому воспитанию идет в неразрывной связи с краеведением, воспитанием любви к природе родного края.

Еще одной традицией детского сада стала посадка деревьев на «Аллее выпускников».

В рамках краеведения и преемственности со школой дети старших и подготовительных групп посещают краеведческий музей. Экскурсовод рассказывает детям об истории нашего города – Актобе. После краеведческого музея дети посещают памятник Защитникам Отечества ВОВ – Вечный огонь.

Еще одной «самой красивой» традицией нашего детского сада стали снежные постройки. Воспитатели вместе с детьми и их родителями делают разные постройки из снега.

Все данные мероприятия, проводимые по экологическому воспитанию в системе мною и педагогами нашего ДО перспективная, наиважнейшая задача, в ходе которой дети учатся наблюдать за предметами и явлениями живой и неживой природы, учатся с любовью относиться к природе своей Родины Казахстан, и я надеюсь, будут в будущем по-хозяйски, а значит, бережно распоряжаться её богатствами.

Используемая литература:

1. Алябьева Е.А Природа, Сказки и игры для детей. М -: Сфера. 2012г
2. А.Зверев Экология. Наблюдаем и изучаем. М – Оникс – Лит. 2012г
3. Васильева И Познаем окружающий мир. Листья и плоды. Дидактический материал. М – Стрекоза. 2011г
4. Воронкевич О.А Добро пожаловать в экологию. Демонстрационные картины. М: Детство – Пресс.

5. Григорьева О.А, Весна. Лето. Демонстрационный материал.
6. Журавлева Л.С Солнечная тропинка. Занятия по экологии и ознакомлению с окружающим. М – Мозаика – Синтез. 2014г
7. Кравченко И.В Прогулки в детском саду. Младшая и средняя группы. Москва. Машиностроение. 2915г.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ В НАЧЛЬНО ШКОЛЕ

Ляхова М.В.
Учитель начальных классов
КГУ «Средняя школа №26» г. Актобе

Кто-то из «мудрых» сказал, что народ, который думает на один год вперёд - выращивает хлеб. Народ, который думает на 10 лет вперёд - выращивает сад. Народ, который думает на 100 лет вперёд - выращивает молодое поколение. Ученые отмечают, что в наше быстро меняющееся время, с которым связывают стремительный рост информации, высокими темпами происходит увеличение объёма знаний человека в структуре мышления. Мыслительный процесс начинается тогда, когда возникает задача или проблема, у которой нет готового способа решения. Если есть стремление что-то понять, в чём-то разобраться, то здесь тоже речь идёт о мышлении. Как повысить мотивацию к обучению у современных школьников? Как вовлечь учеников в образовательный процесс? Как научить учиться? Эти вопросы ежедневно задает себе каждый учитель. Понятно, что решить данные проблемы, опираясь только на традиционную классно-урочную систему нельзя. Пришло время изменить подход к обучению, в центре которого должен стоять не учитель, а сам ученик. Только грамотное использование различных способов обучения позволит создать условия, которые будут побуждать самих школьников к получению знаний. Работая с детьми младшего школьного возраста, я находилась в поиске таких методов и приёмов работы, которые бы совершенствовали мыслительные способности учащихся и позволили бы мыслить более продуктивно. Но можно ли научиться мыслить более эффективно? Как и другие качества ума, мышление можно развивать. Развивать мышление – значит развивать умение думать.

Среди многих меня очень заинтересовала **«Технология развития критического мышления» (ТРКМ)**. Цель данной технологии - развитие мыслительных навыков учащихся, необходимых не только в учебе, но и в обычной жизни. Суть ТРКМ очень точно передана в китайской пословице: «Скажи мне – я забуду, покажи мне – я запомню, вовлеки меня – я пойму».

I. Фаза вызова.

Задачи этой фазы:

1) Постановка целей урока.

2) Активизация познавательной деятельности учащихся.

Вспомним, что мы усваиваем лучше всего? Обычно это информация по той теме, о которой мы уже что-то знаем. Если предоставить *возможность учащемуся проанализировать то, что он уже знает об изучаемой теме, это создаст дополнительный стимул для формулировки им собственных целей-мотивов*.

В процессе реализации фазы вызова:

Учащиеся:

-могут высказывать свою точку зрения по поводу изучаемой темы;
-фиксируют высказывания на доске или листах;
-работают индивидуально и в малых группах.
Учитель:
-стимулирует учащихся к вспоминанию того, что они уже знают по изучаемой теме;
-способствует бесконфликтному обмену мнениями в группах, фиксации и систематизации информации, полученной от школьников;
-просит высказывать предположения или прогноз по незнакомой заявленной теме.

В случае успешной реализации фазы вызова в классе возникает мощный стимул для работы на следующем этапе – этапе получения новой информации.

II. Фаза осмысления содержания. (Смысловая стадия)

Чаще всего знакомство с новой информацией происходит в процессе ее изложения учителем, гораздо реже – в процессе чтения или просмотра материалов на видео или через компьютерные обучающие программы. При практически исключается возможность её осмысления. Главной задачей этой фазы в ТРКМ является отслеживание своего понимания при работе с изучаемым материалом. Постановка целей в процессе знакомства с новой информацией осуществляется при ее наложении на уже имеющиеся знания.

III. Фаза рефлексии. Это тщательное взвешивание, оценка и выбор. В процессе рефлексии та информация, которая была новой, становится присвоенной, превращается в собственное знание. Она становится основной целью деятельности учащихся и учителя.

I. Стадия вызова

«Кластер»
«Загадка»
«Мозговой штурм»
«Отсроченная догадка»
«Таблица «толстых» и «тонких» вопросов»
«Театрализация»
«Да – нетка»
«Интеллектуальная разминка (опрос) или тест»
«Дискуссия»
«Перепутанные логические цепочки»
«Проблемный вопрос»

«Кластер» .Информация, касающаяся какого – либо понятия, явления, события, описанного в тексте, систематизируется в виде кластеров (гроздьев). В центре находится ключевое понятие. Последующие ассоциации обучающиеся логически связывают с ключевым понятием. В результате получается подобие опорного конспекта по изучаемой теме.

«Загадка» .Тема урока зашифрована в виде загадки или загадки-описания.

«Мозговой штурм». Ученики могут высказывать любое мнение, которое поможет найти выход из затруднительной ситуации. Все выдвинутые предложения фиксируются без какой бы то ни было оценки, а далее сортируются по степени выполнимости и ожидаемой эффективности. Непригодные отбрасываются, перспективные берутся на вооружение.

«Отсроченная догадка». Дети высказывают предположения по заявленной теме урока. Но все же вопрос остаётся открытым почти до конца урока. в конце урока на него дети должны самостоятельно дать ответ.

«Таблица «толстых» и «тонких» вопросов». В левой части –простые («тонкие») вопросы, в правой – вопросы, требующие более сложного, развернутого ответа.

«Театрализация». Заранее подготовленные учащиеся показывают инсценировку, связанную напрямую с темой урока.

«Да – нет ». Учитель зачитает утверждения, связанные с темой урока, учащиеся записывают ответы в виде : «да» или «нет».

«Интеллектуальная разминка (опрос) или тест». Очень похож на предыдущий приём. Дети должны дать очень краткий ответ.

«Дискуссия». Это обсуждение вопроса по заданной теме.

II. Стадия осмысления

«Зигзаг»

«Инсерт или «Чтение с пометами»

«Дерево предсказаний»

«Круги по воде»

«Чтение с остановками»

«Таблица «толстых» и «тонких» вопросов»

Метод «Думательных шляп»

«Кластер»

«Двухчастный дневник»

«Бортовой журнал»

«Зигзаг». Организуется работа: в парах или небольших группах над одной и той же проблемой, в процессе которой выдвигаются новые идеи. Эти идеи и мнения обсуждаются, дискутируются. Цель- систематизация большого по объему материала. Для этого предстоит сначала разбить текст на смысловые отрывки для взаимообучения. Количество отрывков должно совпадать с количеством членов групп. Например, если текст разбит на 5 смысловых отрывков, то в группах (назовем их условно рабочими) - 5 человек. Группе выдаются тексты различного содержания. Каждый учащийся работает со своим текстом: выделяя главное, либо составляет опорный конспект, либо использует одну из графических форм (например "кластер"). По окончании работы учащиеся переходят в другие группы - группы экспертов.

Новые группы составляются так, чтобы в каждой оказались «специалисты» по одной теме. В процессе обмена результатами своей работы, составляется общая презентационная схема рассказа по теме. Решается вопрос о том, кто будет проводить итоговую презентацию. Затем учащиеся пересаживаются в свои первоначальные группы. Вернувшись в свою рабочую группу, эксперт знакомит других членов группы со своей темой, пользуясь общей презентационной схемой. В группе происходит обмен информацией всех участников рабочей группы. Таким образом, в каждой рабочей группе, благодаря работе экспертов, складывается общее представление по изучаемой теме. Следующим этапом станет презентация сведений по отдельным темам, которую проводит один из экспертов, другие вносят дополнения, отвечают на вопросы. Таким образом, идет "второе слушание" темы. Итогом урока может стать исследовательское или творческое задание по изученной теме.

«Инсерт» или «Чтение с пометами» (авторы Воган и Эстес). При изучении информации, связанной с новыми идеями учитель просит каждого из участников (пару и группу) сделать индивидуальную таблицу пометок (маркировочную).

Маркировочная таблица

" V "	" + "	" - "	" ? "	" ! "

Үшінші ұтымды әдіс-тәсілдерді игеру,балаларды тәрбиелеу,оқыту мен дамыту,білім бееру үрдісін ұйымдастыруда педагогтардың әдістемелік дайындығын көтеру,тәжірибе алмасу,педгогикалық озық тәжірибені насихаттау.

Әдістемелік жұмыстың өз алдына нақтыланған формалары,әдіс-тәсілдері бар.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру үрдісін нәтижелі ұйымдастыру басты міндеттердің бір,ал жалпы педагогикалық қызмет әдістемелік жұмыспен тікелей байланысты.
Барлық әдістемелік жұмыс формасыпедагог қызметкерлердің кәсіби дайындық деңгейін, теориялық білімін,тәжірибесін,еңбек тілін,санатын ескере отырып ұйымдастырылады. Біздің алдымыздағы мәселе балабақшадағы дәстүрлі әдістемелік жұмысты инновациялық бағытта жаңарту,педагог мамандардың,тәрбиешілердің педагогикалық кәсіби құзыреттілігін жетілдіру.

Балабақшада әдістемелік жұмыстардың мазмұнын,формасын,тәсілін,құрылымын жаңарту үрдісі тәрбие мен білім беру жүйесінде құрылған мақсат-міндеттерге сай алынады. Әдістемелік жұмыстар жұмыстар жүйесінде педагогтардың кәсіби шеберлігі,өзін-өзі дамытуға дайынндығы,шығармашылықтары бірдей деңгейді құрамайды.Осы орайда педагогтарды үш деңгейде қарастырамын:

Төмендегі деңгейдегі педагогтармен жүргізілетін әдістемелік жұмыстар: педагогикалық қызметке оң көзқарас қалыптастыру,теориялық таным-білім бағытында болады.

Орта деңгейдегі педагогтармен жүргізілетін әдістемелік жұмыстың негізгі бағыты-қарым-қатынас жасау,диалог,педагогикалық техниканы қолдану,өз дербестік сипатын тану.

Жоғарғы деңгейдегі педагогтармен жүргізілетін әдістемелік жұмыстар олардың педагогикалық қызметіндегі шығармашылық құнды бағыттарды ынталандыру,дербестік әдістемелік жүйе жасауға бағдарлау мақсаттарын көздейді.

Балабақшадағы әдістемелік жұмыстар тәрбиеші-педагогтардың шығармашылық, әдістемелік, зерттеушілік қасиеттерін дамытуға зор әсерін тигізетіні сөзсіз.Ұжымдағы тәрбиеші-педагогтардың білім сапасының жақсаруы, оқу-білім беретін ұжымның дамуы, оның ішіндегі тәрбиешілердің білім сапасының көлеміне байланысты.

Жоғарыда аталған жұмыстарды түйіндей келе,мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің әдістемелік жұмысы жаңаша көзқарас,тың ізденіс,қажырлы еңбек арқылы ұйымдастырылса ғана өз нәтижесін береді.

Тәжірибе өз алдына дамиды,өзгереді,жаңаша бетбұрыстар орын алады.Инновациялық әдіс-тәсілдерді іздестіріп,тәжірибеге енгізу арқылы оның тиімділігін айқындауға болады.Инновациялық тәжірибе-заман талабы.Заман талабына сай болу-біздің міндетіміз.

Жаңа заман, жаңа көзқарас әр ғасырға тән нәрсе, жаңа нәрсені зерттеп, ұждағатты түрде айқындап алға қарай даму үстінде жұмыс істеуді жалғастыра беретініміз сөзсіз.

Сөз соңымда айтарым, осылайша әр-түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, білім сапасын арттыру, бүлдіршіндерге сапалы тәрбие бере отырып, жан-жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеу- әрбір педагогтың міндеті.Әр тәрбиешінің педагогикалық әдісін шыңдау, олардың алысқа самғап ұшуына қолын ұшын беру, шығармашылық қабілетімен білімін, іскерлігін арттыру, тәжірибесін шыңдау, үздік мамандармен біздер, яғни әдіскерлерге байланысты.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қ. Сарбасова.Инновациялық педагогикалық технологиялар. Алматы, «Атлас баспасы-2001», 2006.- 176 бет.

2. С.Б. Бабаев, Ж.Қ. Оңалбек .Жалпы педагогика. Алматы, «NURPESS», 2011. -228 бет.

3.Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал №6, 2018 Балабақша меігерушісі мен әдіскері.

БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ – БҮГІНГІ КҮННІҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ

Мамбетова Алтын Талгатовна
Ақтөбе қаласы, №12 «Інжүгүл» б/б тәрбиешісі

Білім-қоғамды әлеуметтік-мәдени, ғылыми үрдіспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық. Болашақтың бүгінгіден нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамы алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүиесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. Жаңа ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады.

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы. Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі-әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар-шығармашылық, жоғары интелектілік, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың тұжырымдамасы баланы жанжақты дамытумен бірге жеке және жас ерекшелігіне қарай қоғамдағы өзгерістерге бейім даму мүмкіндігін айқындауды қарастырады.

Жеке тұлғаға бағдарланған оқыту проблемалы бағыттағы шығармашылық сипатқа ие бола отырып жаңа білімді іздену арқылы тәжірибеде қолдана білуге ықпал етеді, мұндағы басты міндет-баланың жалпы және өзіне ғана тән қабілеттерінің даму мүмкіндігі мен білім, білік, дағдыларын қалыптастыру және қолдану.Осы нақты бағыттарда жұмыс жасай отырып, біз білім беру жүйесінің жаңа мазмұнға ие болуына қол жеткізбекпіз, яғни қазіргі мектеп бәсекеге қабілетті және құзыретті тұлғаны қалыптастыру мен дамыту үшін оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру ордасы болуы қажет. Бір сөзбен айтқанда біз білім беру жүйесін әлемдік деңгейге көтеруіміз керек.

Әлемдік елдерден көріп отырғандай, педагог мамандарға жоғары деңгейдегі моральдық және біліктілік талаптары қойылып отыр. Педагог мамандар заман ағымына қарай күрделене түсетін кәсіби міндеттерді шеше алатын және соған сай әрекет ете алуы керек. Өйткені балабақша - үйрететін орта, оның жүрегі - тәрбиеші.

Ізденімпаз тәрбиешінің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның Ұйымдастырылған оқу қызметін түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация педагог – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті.

Жаңа формация педагог табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы педагогтерге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Қазақстанда білім мекмелерін сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сыңдарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, басекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Ал құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады.

Қорыта айтқанда, Отанымыздың алдыңғы қатарлы дамыған елдер қатарына қосылуы оның азаматтарының тұлғалық- кәсіби әлеуетінен тәуелді екенін естен шығармау керек. Ал оны даярлайтын педагог. Осыған сәйкес жаңа форматтағы қазіргі педагог білім беру жүйесінде білім беру философиясы мен әдіснамасының жаңаруы, білім беру мазмұнын құру әдістерінің өзгеруін, білім беру жүйесінде жетілдірілген үлгілердің жасалуын, білім беруді басқарудың тәсілдерін меңгеріп қана қоймай, өзі де белсенді түрде оларды жобалай алуы керек. Ел болашағы - жастарды білімді, жан – жақты, шығармашыл тұлға етіп қалыптастыру үшін оқыту мен оқуда жаңа әдістерді тәжірибеге батыл енгізу қажет, ал әрбір құзіретті педагог өз идеясын жүзеге асыруда ізденуге ерінбеу керек.

Балабақша - еліміздің халыққа білім беру жүйесінің күрделі тармағының алғашқы сатысы. Еліміздің жарқын болашағы, балабақша болашағы - тәрбиешілердің ізденісінде, балаларға деген сүйіспеншілігінде, кәсіптік деңгейіне байланысты екендігінде.

Шындығында тәрбиешінің алдында балаларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір баланы тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл тәрбиеші керек.

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ АУЫЗША СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУДІҢ КЕЙБІРТИІМДІ ЖОЛДАРЫ.

Марданова Ш.Ж.
М.Дулатұлы атындағы №63 жалпы білім беретін орта мектеп-лицейі
ағылшын тілі пәні мұғалімі

Ағылшын тілі — әлемдегі тілдер арасынан көркемдігі мен бейнелілігі, тазалығы мен сөздік құрамының молдығы жөнінен дамыған тілдердің бірі. Ауызша сөйлеу адам арасындағы қарым- қатынасты атқарады. Ағылшын тілінде сөйлеуді үйрету үшін қолданылатын оқыту әдісінің мазмұны оқушының тілдік қарым-қатынаста жинаған білімінің, қалыптасқан дағдысының, игерген шеберлігінің жиынтығына байланысты. Сөйлеуге үйрету монолог және диалог түрінде жүзеге асырылады. Монолог және диалог түрінде сөйлеу іскерлігі, біліктілігі қарым-қатынас әрекетінің, ақпараттық, регулятивтік, әдептік және сезімдік-бақылау сияқты атқаратын қызметіне байланысты анықталады.

Шетел тілі сабағында ойын, сұрақ-жауап, өлең сөздерін толықтыру, суретке қарап мәтін құру, карточкаларды қолдану арқылы ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыруға болады.

Ағылшын тілі сабағында оқушылардың тілін дамыту, білім-білік дағдыларын қалыптастыру, сөйлеуге деген қызығушылығын, белсенділігін арттыру мақсатында қолданылатын әдістерге төмендегілерді жатқызуға болады:

1. Ауызша әдіс — теория және фактіге негізделген білімді қалыптастыруда, үй тапсырмасын және жаңа сабақты пысықтауда, ережелерді қайталауда пайдаланылады.
2. Көрнекі әдіс — бақылау қабілетін дамыту, оқылатын мәселеге ықыласын көтеру және оқу материалының мазмұнын көрнекілік арқылы түсіндіруде қолданылады.
3. Практикалық әдіс — практикалық іскерлікпен әдетті дамыту үшін және тақырып мазмұнына сәйкес практикалық жұмыстарды жүргізу үшін түсіндірілген материалды оқушылардың қаншалықты меңгергенін бақылау үшін пайдаланылады.
4. Ойын әдісі — оқушының сабаққа деген қызығушылығын оятып, белсенділіктерін арттыра түседі, сонымен қатар оқушылардың сөйлеу-білік дағдыларын қалыптастырады.

Аталған әдістерді пайдалана отырып, түрлі тапсырмалар мен жаттығуларды, теориялық мәселелер мен қағидаларды оқушыға меңгерту тиімді болып табылады.

Ауызша сөйлеуге үйретудің, біріншіден, белгілі бір көлемде диалогты түрде және монологты түрде сөйлеудің арасында айтарлықтай формасы жағынан да, мазмұны жағынан да қандай да бір байланыстың болуы; екіншіден, оқушының өзіне тиісті пәнді жетік меңгеруімен; үшіншіден, қандай да бір мәтін материалдары мен ауызша сөйлеуде едәуір байланысты болуы. Оқудың бірінші кезеңінде іштей оқуға көңіл бөлу керек. Сонымен қатар оқушылардың ағылшын тілінде ауызекі сөйлеу қабілеттерін дамыту бағытында түрлі іс-әрекет ұйымдастыруға болады. Шетел тілі пәні бойынша оқушы ереже мен ұғымдар анықтамасын тек жаттап алғаннан гөрі, оларды іс жүзінде саналы түрде қолдана алуы қажет. Түрлі тапсырмалар мен жаттығулар арқылы теориялық білімді шыңдауға болады.

Келесі жаттығу түрі сөйлеуге үйрету. Диалогты сөйлеуде оқушылар сұрақ-жауап, өтініш

айту, нұсқау беру және тағы басқа жұмыстары ретінде қарапайым іс-әрекеттерді жасай алуы тиіс. Балалар бөлік элементтерден жаңа, тұтас жағдай құрай алуы керек. Оқушылар жалпы арнаулы сұрақтарды қоя алуы, әр түрлі сұрақтарға жауап бере алуы, өтініш, бір нәрсемен келісетінін немесе келіспейтіндігін білдіре алуы керек. Оқушылардың сөйлеу қарқынын өсіру қажет және әр оқушы сөйлегенде екі репликадан айтуы тиіс. Қазіргі кезеңде пән мұғалімдерінің кеңінен қолданып жүрген тілдік жаттығуларының біріне «Warming up» жаттығуы жатады.

«Warming up» жаттығуы. «Do you know?»

Тілдік жаттығудың мақсаты — сабаққа деген бетбұрыс туғызу. Тілдік жаттығу барысындағы мұғалімнің жылы дауысы, сұрақтардың алдын ала ойластырылып тапсырмалардың дұрыс жоспарлануы мұғалім мен оқушының арасындағы жақсы қарым-қатынас туғызып, алдағы сабақтың нәтижесін жоғарлата түседі. Әдетте оқып болғаннан соң түсінікайтылады және жаттығулар жасалады. Сөйлей алудың әдістерімен қорытындыланады. Әңгімелесу балалардың логикалық ойлауын, тілдің қалыптасуына, қорытынды жасауға көмектеседі. Оқушылардың ағылшынша сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін сөйлеудің дұрыс үлгісін көрсету керек. Оқушының сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін: сөзді, сөз тіркестерін дұрыс айтуға үйрету, мәтінді, өлең сөздерді айтқанда дауыстың анық болуын қадағалау, сұрақтарға жауап беру, дұрыс сөйлеуге үйрету, сұраққоя білу мен әңгімені бастау, жалғастыру, аяқтай білу қабілетін қалыптастыру сияқты жұмыстар қатар жүргізіледі.

Сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін, оқыған үзінділері бойынша негізгі кейіпкерлерге сипаттама беру, роман, эсселердің тақырыбын, идеясын талқылау, пікірсайыс, дебат барысында өз ойын әдебитілде еркін жеткізе білуге дағдыландыру басты мақсатболып табылады.

Соңғы кезде көп қолданылып келе жатқан жұмыс түрінің бірі — «Brainstroming» әдісі, яғни суреттеліп берілген белгілерді қолдану арқылы біртұтас әңгіме құрастыру, оны әңгімелеп айту болып табылады. «Brainstorming».

Бұл әдісті ағылшын тілі сабағында қолдануға болады:

- Describe the way something is said: whisper, cry, shout, yell, mumble,
- Think of as many things as you can that are
- How many methods of travel can you think of?
- What if you were caught in an avalanche?

Қазіргі кезде ағылшын тілін меңгеруде (есту, тыңдау, оқу арқылы) оқу фильмдерін көру, үнтаспалар тыңдау және тағы басқа мүмкіншіліктері өте көп. Шетел мамандарының сөйлеуімен жазылғанүнтаспалар, бейнефильмдер көптеп саналады. Тыңдау қабілетін үнтаспа көмегімен дамыту үшін арнайы бейнежаттығулар мен аудиомәтіндер қажет. Осы орайда мәтінді тыңдау, оқып отырудың мәні зор. Тыңдауға үйренуді сөйлеумен бетпе-бет отырып тыңдаудан бастаған жөн. Аудиториялық сабақтарда оқытушының сөйлеуі, бейнефильмді көрсете отырып, оқытушының оқуы оқушы үшін үлкен өнеге, үлгі болады. Ауызша сөйлеуге үйрету шетел тілім оқытудың ең қиын аспектісі болып саналатындықтан, ең негізгі мақсат — естігенін түсіне білуге үйрету. Түсінуді тексерудің ең басты бөліктерін — сурет арқылы, екіншіден — жазбаша жауап беру арқылы жүргізуге болады.

Сурет арқылы үйрету кезінде қажетті суретті таңдау — алдымен айтылған фразаға, диалогқа, мәтінге, әңгімеге, одан соң тыңдалған материалмен суреттегі айырмашылықты табуға байланысты болады.

Сонымен бірге сынып ішінде ойнайтын ойындар мен іс-әрекеттер арқылы да тіл дамытуға болады Мысалы, ойынды сабақ үстінде жаңа сөздерді қайталау үшін, өтілген жаңа сабақты еске түсіру үшін қолданған жөн. Ойындар оқушылардың танымын кеңейтіп, білім мен білік шеберліктерінің жан-жақты қалыптасуына, дамуына, тілдікматериалдарды жақсы

біліп, сөз іскерліктерін меңгеруіне көп көмектеседі. Ойындар оқушылардың танымын, ақыл-ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді. Ойынды сабақтың әр кезеңдерінде, тақырыбына қарай мұғалім өзі таңдап алып, қолданып отырады. Сынып ішінде мынадай ойындарды ойнауға болады: What's in the bag? Aroundthe world, Order Race, Question race, Bingo, Go fish т.б.

Ауызша сөзді түсіну адамның естіген сөздерінің мағынасына талдау жасап, аяқталған ойды білдіруіне, ойша жинақтау қабілетіне байланысты болады.

Ағылшын тілі пәні мұғалімдері қазіргі кезде ағылшын тілін оқыту сапасын жақсарту мақсатында тіл үйретуде әлемдік озық тәжірибелерді, жаңа технологиялар мен әдістерді барынша қолдануда.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. -Астана: ҚР БжҒМ, - 5-б.

2. Жұмаева Э.С. Ағылшын тілін оқытудағы жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі. - Қызылорда: Санат, 2012. – 20-24-б.

3. Қойшығұлова Л. Ағылшын тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану // Ағылшын тілін оқыту әдістемелігі. - 2014.- № 1. - 44, 45-б.

4. Бақытов А., Жұманова Р. Шетел тілін үйренуде тілдескіш оқу құралдарының тиімділігі // Мектептегі шет тілі. - 2011. - № 4. -23–25-б.

5. Бакишева Л.Б. Шетел тілі сабағында ойын технологиясын қолдану Мектептегі шет тілі– Иностранный язык в школе. -2011. -№ 4. - 7, 8-б.

ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ

Масабаева Райгүл Габбасқызы
Ақтөбе облысы, Алға қаласы, №4 Алға орта мектебі

«Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойды. Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анық көрсетілген. Қазақстан оқушылары TIMSS, PISA, PIRLS халықаралық салыстырмалы зерттеулеріне қатысуда.

Функционалдық сауаттылық-адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы.

Функционалдық сауаттылық-тұлғаның пәндік білім, білік, дағдыларын әлеуметтік-қоғамдық ортада кез келген жағдаятқа сәйкес еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі

Функционалдық сауаттылықтың бірнеше түрін анықтауға болады :

1) оқу және жазу сауаттылығы;

2) математикалық сауаттылық;
3) жаратылыстану-ғылыми сауаттылық;
4) компьютерлік сауаттылық;
5) заң және құқық мәселесіндегі сауаттылық және т.б

Функционалдық сауаттылық

Сауаттылық мазмұны	Құзыреттілік
Компьютерлік сауаттылық	-компьютерде ақпарат іздеу; - компьютерде жұмыс істеу; - компьютерде түрлі бағдарламалар жасау
Ақпараттық сауаттылық	- іздеп табу, іріктеу; - талдау, өңдеу, жалпылау; - тұжырымдау, есте сақтау, жағдаятқа қарай қолдану
Коммуникативтік сауаттылық	- өзіне қарата білу; - пікірталасқа қатыса білу, өз пікірін дәлелдей білу; - басқаны тыңдай және түсіне білу -сұрақ қоя білу және нақты, толық жауап бере білу

География сабақтарында функцияналдық сауаттылықты арттыруға арналған тапсырмаларыма келер болсам:

9-сыныпқа «Еңбек ресурстарының сандық және сапалық құрамы» тағырыбы бойынша жаңа сабақты бекітуге арналған тапсырма:

1.Сызбада жұмыс күшінің құрамын көрсетіңдер:



Біріншіден жұмыс күшіне кіретін, кіре алмайтын адамдар туралы ақпарат қарайды
Екіншіден сызбаны толтыру арқылы жұмыс күшіне талдау жасайды;
Үшіншіден жұмыс күшіне кіретін және кірмейтін тобын анықтайды. Оқушылар жұмыс жасап жүрген адамдарды күнделікті көріп жүргені анық, яғни бұл сабаққа дейін білетін білімін ортаға салады.

7-сыныпқа «Дүниежүзі халықтарының діни құрамы» тақырыбы бойынша жаңа сабақты бекітуге, қорытындылауға арналған тапсырма

2. Жабық тест арқылы елдерді діни сенімдері бойынша сәйкестендіріп, дәптерлеріне жазады.

1.Грекия	а) буддизм
2.Египет	б) ислам
3.Мексика	в) католиктік
4.Таиланд	г) православиялық
5.Жапония	д) синтоизм

6.Израиль е) иудаизм
7.Үндістан ж) конфуцизм
8.Қытай з) индуизм

Оқушылар елдер мен олардың діни ұстанымдарын сәйкестендіре отырып, елдерді діни сенімдері бойынша ажыратады.

3. «Ойлан тап» әдісі арқылы оқушылар жұптасып орындайды.



«Әлем діндері» картасын пайдаланып, дүние жүзі діндерінің қайсысы әлемдік дінге , қайсысы ұлттық дінге жататынын кестеде анықтап, картадан аталған аймақтарды ажыратып көрсетеді.

1 топ. Христиан, конфуциандық
2 топ. Ислам, иудаизм
3 топ. Буддизм, индуизм,синтоизм



Баяндаманы қорытындылай келе кез-келген адам үнемі іздену үстінде болу керек. Білім алуға құштар болса ғана өсу болады. Осыны оқушыларға дәлелдеу арқылы естеріне салу біздің міндетіміз. Ол үшін мұғалім өз ісінің шебері болу керек, шебер болу үшін мамандығын сүю маңызды, алдындағы оқушыларды пәніне қызықтыра білсе болғаны шәкірттеріміздің функцианалдық сауаттылығы жоғары болатыны анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2012 ж. 27.01.). – Астана, 2012.
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары /Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 ж. 25.06 №832 Қаулысымен бекітілген. – Астана, 2012.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы /Қазақстан Республикасы Президентінің 2010ж.07.12. №1118 Жарлығымен бекітілген. – Астана, 2010.
4. Бірмағанбетова Ә. Географиялық атаулар сыры. Астана, 2009.

КӨРКЕМ ЕҢБЕК, ТЕХНОЛОГИЯ ПӘНДЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Матаева Бакыт Зулхарнаевна
«Ғ.Ақтаев атындағы № 6 мектеп-гимназиясы» КММ

Еңбек - адамды қалыптастырушы фактор.

Білім беру саласындағы әр пәннің қандай орта болмасын өзінің өмірге деген көзқарасы, айтар ойы, нақты жеке тұлғаны қалыптастыруда өзіндік үлес қосары анық. Технология атты жаңа интегративті білім саласын меңгеру оқушылардың жалпы білім мен дағдыны меңгеруіне мүмкіндік береді, интеллектуалдық ,тұлғалық , этикалық дамуын, өзіндік , кісіптік айқындалуын , қазіргі әлеуметтік –экономикалық жағдайға бейімделуін қамтамасыз етеді. Қазіргі қоғамның жаһандану үдерісінде адамзаттың ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерімен жаңа еңбек салаларының қалыптасып дамуына ықпал етуде. Ол адам еңбегінің икемді, қолайлы және тиімді орындалуына мүмкіндіктер жасап келеді. Соның бірі, өндіріс пен қызымет көрсету салаларында заманауи материалдардың пайда болуы, инновациялық даму болып табылады. Осы заманауи инновациялық технологиялар барлық қоғамның инфрақұрылымдарына үйлесімді енгізілуі негізінде тұрпайы еңбек түрлері еңбек нарығында жойылып, жаңа еңбек түрлерінің қалыптасуына ықпал етіп келеді. Соның салдарынан қазіргі еңбек нарығында жаңа мамандықтар пайда болып, олардың еңбек мазмұны да жиі өзгерістерге ұшыратып келеді. Осыған куә болытын үлгілерге өндірістердегі автоматтандырылған қондырғылармен өнімді жасау, сол сияқты қызмет көрсету салаларында кішігірім құралдар мен аппараттардың кеңінен қолданылып, маманның еңбек опеациялын жеңілдетуге үлкен көмегі тиіп келеді. Бұл үлгілердегі құрал-жабдықтар қазіргі өндірісте, қызмет көрсету саласында және тұрмыста да кең орын алып келе жатқаны белгілі. Адамды қоғамдағы орны еңбегімен анықталады. Демек, адамды адам еткен – еңбек. Қазіргі таңда ғылым мен білім өркендеген заманда өнердің түрлері де көбейіп ,тармақталып жатыр .Солардың бірі – көркем еңбек пәні.

Мектеп жасындағы оқушыларды еңбекке баулу қашанда кезек күттірмейтін міндет екені айдан анық. Абай атамыз өзінің қара сөзінде айтқандай. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдамай өз өнерін сатқан қолөнерші- қазақтың әулиесі сол адам. Қазіргі көркем еңбек сабағының кілтті сөзі ол еңбек. Бұл сабақта балаға қарапайым «Еңбек құралдары мен өсімдік өсіру мен күтіп баптауды» үйрететін болса, бүгінгі таңда ғылым мен техниканың қарыштап дамыған заманы. Ғылым мен озық ойлы технологияның заманы. Қазақ елі еңбекті ерекше бағалап құрметтеген. Еңбексіз өскен бала, ескексіз жүзген қайық деп, дана бабаларымыз бекер айтпаса керек.

Еңбек ер атандырады,
Еңбектің наны тәтті,
Жалқаудың жаны тәтті.
Еңбек етсең ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.
Еңбек сөзі қасиетті сөз.

Адамзаттың Ұлы жаратылыстан дәл бүгінге дейінгі кәсібі еңбек болып келеді. Демек, адамды адам еткен – еңбек. Еңбек - адамның тұрмыс-тіршілігінің және дамуының тірегі. Қазақтың ойшылы, ақын Абай Құнанбаев «Егер мал керек болса, қолөнер үйренбек керек, мал жұтайды,өнер жұтамайды» Орыс жазушысы Лев Толстой «Еңбектен басқа еш нәрсе адамның мерейін асырмайды» деп жазды. Сонымен қатар сенімділік - бұл барлық сапа талаптарына сай болуы. Үнемділік –өндіру шығынының төмен болуы.

Қолайлылығы –бұйымның жеңіл икемді болуы.

Тартымдылығы- сыртқа көрінісінің ерекшелігі сияқты талаптарын үйретеді.

Сабақтары балалардың шығармашылық жігерін ашуға шеберлік деңгейінің шыңдал уына, әр жұмыста жетістікке жету жолын үйренумен қатар жасауға болады екен ғой деп толықтырады. Бұл сабақтардан шығармашылық жұмысқа кірісе отырып,бұрын қасиетсіз тастанды нәрселерден әдемілік пен әсемдікті сезінеді және өзі жасап көруге үйренеді. Әлемдегі қызықты мәліметтерді де біле отырады, шеберлікке үйретеді, шыңдайды.Өмірге еңбекке қажетті материалдардың қадір-қасиетін танып біледі.

Физика, химия, экономика сынды негізгі пәндермен байланысты. Білім берудегі әдіс-тәсілдерді пайдалана оытырып, балаларға көп критерийлер беру арықлы сауал тасталады.

«Технология.Көркем еңбек» пәндерінің балаға берер білімі өте көп және күрделі пән ретінде қарауымыз керек. Еңбекке немқұрайлы қарау нағыз білімсіздік. Қазіргі таңда мұғалім ретінде байқайтынымыз,балалардың сабаққа ықыласы төмен.Сонда балада білім болмаса,бір кәсіптік бағытқа бағдар берілмесе,ондай бала ертең қоғамда орнын қалай табады. Бұл үлкен ойландыратын жағдай.

«Көркем еңбек» пәнін оқытуда –еңбек етудің алғышаттарын үйрену арқылы оқушыға берілетін тәлім -тәрбие үрдісін жетілдіру, жас ұрпақты қоғамдық өмірге , отбасындағы қызметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыру.

«Көркем еңбек» пәнінен оқытудың мақсаты – жеке тұлғаның қалыптасуы және өз ойын білдіруінің негізгі ретінде, рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту, шығармашылық, кеңістіктік-образдық ойлауын, көркемдік-технологиялық білімнің негізін қалыптастыру. Оқу бағдарламасының мазмұны көркемдік-шығармашылық іс-әрекеттің алуан түрін қарастырады.

«Көркем еңбек» сабағы балалардың шығармашылық жігерін ашуға көмектеседі. Шеберлік деңгейінің өсуіне, әр жұмысты соңына дейі жеткізудегі шыдамдылық төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастырады. Оқушы бала орасан зор еңбегінің жетістігін көргеннен кейін сол затты қайта жасауға қызығады, және соны үйренуге талпынады. «Көркем еңбек» пәндерінің балаға берер білімі өте көп және күрделі пән ретінде қарауымыз керек. Еңбекке немқұрайлы қарау нағыз білімсіздік. Қазіргі таңда мұғалім ретінде байқайтынымыз, балалардың сабаққа ықыласы төмен. Сонда балада білім болмаса, бір кәсіптік бағытқа бағдар берілмесе, ондай бала ертең қоғамда орнын қалай табады. Бұл үлкен ойландыратын жағдай.

Көркем еңбек сабағы арқылы оқушыны іскерлікке, ұқыптылыққа , әдемілікті сезініп қабылдауға үйретеміз. Оқушы алған теориялық білімін іс- жүзінде қолдана отырып , оны өмірімен, өзінің іс- әрекетімен байланыстыра білгенде білгенде ғана өзіне де пайдасын тигізе алады. Сабақта іске асырылатын көркемдік іс-әрекеттің түрлерін «Көркем еңбек» пәнінің мұғалімі анықтайды. Сонымен бірге міндетті түрде көркемдік іс-әрекеттің үш түрі жүзеге асырылады: конструктивті, бейнелеу, сәндік. Көркем еңбек пәнін өткізуде көптеген жаңа технологияларды пайдаланып, оқушының жаңа материалды толық игеруіне баса назар аударамыз. Бұл жаңа технологияларды негізгі үш топқа бөліп қарастыруымызға болады:

1. Ойындық технология- мәнді өмір жағдаяттарын үлгілеу және оның шешімін іздестіруге құрылады. Жетекші әдісі – ойын. Оны ұйымдастыру түрлері: іскерлік, рөлдік, оқиғалық және білімдік ойындар.

2. Коммуникавтік технология – мүмкін болған барлық ақпарларды қатыстыра отырып, оқу үрдісі оқушының өзара белсенді әрекетіне, қатынасына құрылады. Жетекші әдісі – қарым – қатынас. Оны ұйымдастыру түрлері: өзара, жұптық, топтық т.б.

3. Зерттеу технологиясы – проблемалық ізденіске, жаңалықтар ашуға құрылады. Жетекші әдісі – проблемалық оқыту әдісі.

Осылармен бірге саралап, жеке дара, жеделдетіп оқыту, өза оқыту, деңгейлеп оқыту, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау т.б. технологиялар көп қолданыс табуда. Бұл технологиялардың бәріне ортақ, негізгі мақсаты – жеке тұлғаны дамыту, оқуға шығармашылық ендіру, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық, өзара әрекеттестік сипатындағы жаңа әлеуметтік қатынастың пайда болуы т.б. Оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуальдық, кәсіби, рухани, азаматтық жене де басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқытуда оқушының еңбек біліктері мен шығармашылық қабілетін дамыту үшін жаңа ақпараттық технологияны пайданалуға да мүмкіндіктер көбеюде. Еңбек ету үрдісін даралауда оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдау, яғни оқушының өзіндік танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға бағыттау, білім беруде жеке оқытуды дамыту көзделуі қажет.

Модульдік оқыту технологиясы. Тігін бұйымдарын молельдеу. Модульдік оқыту технологиясы-балаларға жеңілдік жасап, оқушы мен мұғалім қарым-қатынасына теңдік жағдай жасап, оқушыларды қатты қыспай, еркін сөйлеп қызықтырушы көрнекілікпен баланы баулап, алып кету. Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызыметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыруды міндеттейді. Бұған жету үшін басқаруды дамытуға бағытталған жаңа модельдерді көп қолданған жөн. Әр пән мұғалімі жаңа технологияларды меңгеріп, пәнаралық байланыс, кірістіру сабақтарын кеңінен қолдану қажет. Себебі оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің іс-әрекетімен байланыстыра білгенде ғана өзіне де, қоғамға да пайдасын тигізе алады. Жас өспірімдерді еңбекке тәрбиелеудің жалпы міндеттері бірнеше жеке міндеттерді орындау арқылы іске асырылады. Олар білім алушыларды еңбекке практикалық тұрғыдан даярлау. Білім алушылардың ынтасын және қабілетін дамыту еңбек тәрбиесіндегі жеке міндеттердің бірі. Еңбек тәрбиесі барлық тәрбиенің қайнар көзі.

Еңбексіз өскен бала, ескексіз жүзген қайық деп, дана бабаларымыз бекер айтпаса керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

«Технология мектепте» әдістемелік журналдар.
Мұғалімге арналған нұсқаулық /үшінші деңгей/ Әдістемелік құрал Астана 2015
Т .Ш. Оралбекова .Технология, көркем еңбек оқулықтары.
«Жаңартылған білімге –жаңаша көзқарас» Әліпбаева А.Қ және т.б.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА – БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ НЕГІЗІ

Матаева Жанар Махамбетияровна
М.Құрманғалиева атындағы №32 мектеп-гимназияның
директор орынбасары және бастауыш сынып мұғалімі

Білім мазмұнын жаңарту – білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі. Қазіргі заман талаптарына сәйкес қазіргі мектеп «білімді тұлға», яғни білім, білік пен дағдылары қалыптасқан жеке тұлғаны дайындаумен ғана шектеле қоймай, «өмірдің өзгерістеріне дайын болатын», белсенді және шығармашыл ойлайтын, интеллектуалды және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны дайындауы тиіс. Бұл деген мектептегі білім берудегі жаңа моделінің құрылымы әдеттегі дәстүрлі «Мектепте нені оқу керек?» емес, «Мектепте не үшін оқу керек?» деген мәтін аясында өрістелуі тиіс.

Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі- мұғалімнің кәсіби шеберлігі. Солай бола тұра «кәсіби шебер» түсінігіне пәндік, дидактикалық, әдістемелік, психология-педагогикалық білім мен дағды ғана емес, педогогтің жеке тұлғалық потенциалы, кәсіби құндылықтары да жатады. ҚР-ның педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға арналған үш айлық курс бағдарламалары, білім беру жүйесінде педагогтар алдына жаңа міндеттер қойып, оларға үн тастады десек те болады. Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек»,-деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы.

Жаңартылған білім беруді енгізу кезінде білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесі қолданылады. Критериалды бағалау жүйесі бұрыңғы дәстүрлі бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалау болып ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалау- білім алушыларға жаңа материалды меңгеру кезеңінде тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағанын және оқыту мақсаттарына қол жеткізгенін түсінуге мүмкіндік беретін бағалау. Жиынтық бағалау- оқу тоқсанының соңында оқу бағдарламасының бөлімдерін оқып аяқтағаннан кейін білім алушылардың меңгерген білімі мен қалыптасқан дағдылары деңгейін айқындайтын бағалау. Критериалды бағалау мұғалімдер мен оқушылар және ата-аналарға да өте тиімді бағалау түрі, өйткені мұғалім үшін — сапалы нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға, өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға, оқушылар үшін — табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге, өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсіп, түсінбегенін түзетуге мүмкіндік алады, сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге, ата-аналар үшін — оның оқуындағы табыстылықты бақылауға, оқуына қолдау көрсету үшін бағыт алуына мүмкіндік туғызады.

Ұстаздарымыз біліктілікті арттыру курстарына өту арқылы жаңартылған бағдарлама бойынша мазмұн мен жүйелілікті, білім беру бағдарламасын іске асыруға көмектесетін тиісті педагогикалық тәсілдерді қолдана алатын жетістіктерге қол жеткізді.

№32 мектеп-гимназия-сапалы білімімен, нәтижелі жұмыстарымен, озық тәжірибелерімен облыстағы алдыңғы қатардағы мектептердің бірі.Жаңа мазмұнды білім беру бағдарламасымен мектебіміз 2016 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Білімді оқушыларымыз халықаралық, республикалық,облыстық білім сайыстарында,пәндік олимпиадаларда бас жүлде, I,II,III орындарға ие болып жеңістерге жетуде.Барлық мұғалімдер жаңа мазмұнды білім беру бағдарламасы бойынша курстан өтіп,сертификат алды.Мұғалімдер әр оқу жылы сайын ұзақ мерзімді жоспар жасап,орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарларын құрады. Әрбір оқушының білім деңгейін анықтау мақсатында қалыптастырушы бағалаулар алып, кері байланыстар жүргізеді. Оқушылардың әр пән бойынша қызықты тапсырмаларды орындау арқылы оқуға қызығушылықтары артып, түрлі ресурстарды қолдана отырып, белсенділігін арттырады.Сонымен қатар оқушылардан бөлім бойынша жиынтық бағалаулар алынып, оның балдары есептеліп, электронды журналға уақытында қойылады.Ата-аналар балаларының бағасын электронды журнал арқылы көріп, танысады. Мұғалімдер рубрика жасап, жұмыстарының соңына комментарий жазып, ата-аналарына балаларының жеткен жетістігі мен кемшіліктері бойынша ұсыныстар беріледі.

Әр сыныптан алынатын тоқсандық жиынтық бағалау жоспары құрылып, мектеп директорының мөрі басылған жоспар негізінде негізгі пәндерден тоқсандық жиынтық бағалау мектеп әкімшілігінің бақылауымен алынып отырады.Соңынан модерация жүргізіліп, хаттамасы толтырылады.

Бастауыш сынып мұғалімдерімен семинар өткізу сәтінен

Тәжірибе алмасу

Білім мазмұнын жаңарту аясында әзірленген оқу бағдарламалары оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өтуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып тексеріліп отыратын спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы моделіне негізделгендіктен оқу үдерісінің алға ілгерілеуі айқын көрінуі үшін, оқу мақсаттары өзара тоғысқан бөліктер мен бағыттарға біріктірілген. Айталық, қарапайымнан күрделіге қарай шиыршық бойымен өрлей түскені жай эссе жазудан әңгіме тіпті повесть жаза алатындай дағдыға ие болып, тілдік құзыреттіліктері шыңдала түседі. Мұғалімдердің пайдаланатын оқыту әдісі оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін маңызды. Осы орайда жаңа бағдарламаны меңгеру барысында ерекше есте қалған мына әдіс-тәсілдер сабақтың тиімді өтуіне, оқушы бойында қажетті 4 дағдыны (тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым) қалыптастыруға ықпал ететіні сөзсіз.

Қорытындылай келе, болашақ өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуда жаңа мазмұнды білім берудің нәтижесі зор болып, тәрбиеленіп жатқан балаларымыздың өмірге деген бейімділіктері арта түсуіне ықпалы зор дегім келеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Валиева М. Мектеп қызметін басқару, бақылау жолдары. Алматы,2010
2.Есімбекова Б.О. Білім сапасын басқару. Алматы,2011
3.Жаңа мазмұнды білім беру бағдарламасы.Астана,2014

«КӨРКЕМ ЕҢБЕК» ПӘНІН ОҚЫТУ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Матигулов Бауржан Кеңесұлы
Мұғалжар ауданы, Құмжарған негізгі орта мектебі

Адамды қоғамдағы орны еңбегімен анықталады. Демек, адамды адам еткен – еңбек. Қазіргі таңда ғылым мен білім өркендеген заманда өнердің түрлері де көбейіп ,тармақталып жатыр .Солардың бірі – көркем еңбек пәні.

Мектеп жасындағы оқушыларды еңбекке баулу қашанда кезек күттірмейтін міндет екені айдан анық. Абай атамыз өзінің қара сөзінде айтқандай. Мал жұтайды,өнер жұтамайды.Алдамай өз өнерін сатқан қолөнерші- қазақтың әулиесі сол адам.

Қазіргі көркем еңбек сабағының кілтті сөзі ол еңбек. Бұл сабақта балаға қарапайым «Еңбек құралдары мен өсімдік өсіру мен күтіп баптауды» үйрететін болса, бүгінгі таңда ғылым мен техниканың қарыштап дамыған заманы. Ғылым мен озық ойлы технологияның заманы. Адамзат баласының ақыл ойының дамыған заманында «Еңбек» сабағы «Технология.Көркем еңбек» болып өзгеруде .

Қазақ елі еңбекті ерекше бағалап құметтеген. Мысалға: Жалқаудың жаны тәтті, Еңбектін наны тәтті деген сияқты мақал мәтелдерінен, және тағы басқа қанатты сөздерінен байқауға болады.

«Көркем еңбек» сабағы балалардың шығармашылық жігерін ашуға көмектеседі. Шеберлік деңгейінің өсуіне, әр жұмысты соңына дейі жеткізудегі шыдамдылық төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастырады. Оқушы бала орасан зор еңбегінің жетістігін көргеннен кейін сол затты қайта жасауға қызығады, және соны үйренуге талпынады.

«Көркем еңбек» пәндерінің балаға берер білімі өте көп және күрделі пән ретінде қарауымыз керек. Еңбекке немқұрайлы қарау нағыз білімсіздік. Қазіргі таңда мұғалім ретінде

байқайтынымыз, балалардың сабаққа ықыласы төмен. Сонда балада білім болмаса, бір кәсіптік бағытқа бағдар берілмесе, ондай бала ертең қоғамда орнын қалай табады. Бұл үлкен ойландыратын жағдай. Еңбексіз өскен бала, ескексіз жүзген қайық деп, дана бабаларымыз бекер айтпаса керек.

«***Көркем еңбек» пәнінің маңыздылығы:*** шынайы болмысты эстетикалық қабылдауды және еңбекқорлыққа тәрбиелеуді, адамның қоршаған әлеммен өзара байланысы жайлы білімді қалыптастырудың бірден-бір құралы болып табылады.

«Көркем еңбек» пәні елестету мен бақылау қабілетін, кеңістіктік және және көру елесі қабілетін қамтамасыз ететін, әртүрлі шығармашылық әрекет барысында, көркем-технологиялық білімдерді, қабілеттер және дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.Түрлі материалдармен жұмыс істеу оқушылардың технологиялық ойлауын, көркем-эстетикалық талғамын, шығармашылық, есте сақтау қабілеттерін, кеңістіктік қиялын, фантазиясы мен қол моторикасын дамытуға, көзбен нақты мөлшерлеу қабілетін жетілдіруге мүмкіндік береді.

«Көркем еңбек» пәні оқу бағдарламасының мақсаты-жеке тұлғаның қалыптасуы және өз ойын білдіруінің негізі ретінде, рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту, шығармашылық, кеңістіктік - образдық ойлауын, көркем-технологиялық білімнің негізін қалыптастыру.

«Көркем еңбек» пәнінің міндеттері:

1) әртүрлі кіріктіру іс-әрекеттері арқылы, пәндік білімдерді, дығдыларды және қабілеттерді дамыту;

2) ұлттық және әлемдік материалдық мәдениет пен өнер шығармаларымен таныстыру арқылы құндылық бағыттарын қалыптастыру;

3) оқушылардың визуалды және эстетикалық қабылдауын, сыни ойлауын дамытуға, терминдер мен түсініктерді меңгеріп өнердің түрлері мен жанрлары туралы білімді қолдану;

4) бақылау, жүргізу және көрсетілім жасау арқылы зерттеу дағдыларын дамыту;

5) әртүрлі материалдар мен құралдарды қолдану арқылы шығармашылықпен жұмыс жасау дағдыларын меңгеру;

6) өзін-өзі бағалауды жоғарлату және жағымды көзқарасты қалыптастыру;

7) коммуникацияның бір тілі ретінде ұлттық және әлемдік мәдениет мұраларының мағынасын, сонымен қатар, көркем еңбектің рөлін түсіну;

8) өз жұмысын жасау үшін, әртүрлі ақпарат түрлерін (іздеу, жинау, сұрыптау) бағдарлау қабілетін дамытуға ықпал жасайтын,әртүрлі танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық және адамгершілік сипаттағы міндеттерді өздігінен шешу тәжірибелерін қалыптастыру;

9) ұжымдық, топтық және жеке жұмыстарды орындау процесінде қолдың моторикасын, сенсорикалық, қиялдауы мен шығармашылығын, елестетуін және қабылдауын дамыту.

Оқу процесінде оқушылар:

1) ұлттық және әлемдік мәдениет шығармаларын,олар арқылы берілген идеялар мен құндылықтарды зерделейді және талдайды;

2) шығармашылық жұмысты жасау үшін материалдар мен құралдарды өз бетімен және сенімді қолданады, материал қасиеті мен жұмыс нәтижесінің ерекшелігі арасындағы байланысты түсіндіреді;

3) өз идеясын түсіндіреді және тұжырымдайды, сонымен қатар, бұйымды жақсарту үшін конструктивті шешім қабылдауды ұсынады;

4) жазық және көлемді шығармашылық жұмыстарды жасау үшін, әртүрлі іс-әрекет түрлерінен жинақтаған білімі мен дағдысын қолданады;

5) әртүрлі ресурстарды пайдаланып, оның ішінде АКТ-ны қолдана отырып, танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық және адамгершілік сипаттағы міндеттерге байланысты шешімдерді өздігінен қабылдау;

6) қажетті құралдар және материалдарды айқындап және тауып, өзінің әрекетін ұйымдастырады;

7) өзінің және басқалардың жұмыс нәтижелерін салыстырады және бағалайды;

8) әртүрлі материалдар мен құралдарды қолданудағы техникалық қауіпсіздік ережесін сақтаудың маңыздылығын түсінеді және сезінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Кемпірқосақтың түсі қандай» Каменская
2. Бейнелеу өнері және еңбек журналы № 5 2020ж
3. Жас суретшіге көмек Х.Сарбағысов

ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Матигулова Гульсара Бактыбергеновна
Кумжарганская основная средняя школа

На сегодняшний день перед учителями встают такие вопросы: Должным ли образом школы подготавливают молодых людей к трудностям взрослой жизни? Эффективны ли данные методы преподавания?Получается, что современная школа не уделяет достаточного внимания формированию у школьников умений критически оценивать и отбирать нужную информацию, решать проблемы, думать над поставленной задачей, адекватно воспринимать жизненно важные сведения. «В нашей школе пытаются впихнуть в головы учеников как можно больше знаний, совершенно не заботясь о том, пригодятся ли они в будущем. Между тем, 90% полученной в классе информации забывается уже через год-два. Но можно учить по-другому, когда главное - заинтересовать ребенка в предмете, научить его учиться». (Комментарий эксперта Н. Ковалевой по поводу результатов PISA)[1]Реформа системы среднего образования требует сегодня создания нового образа учителя. Современный учитель должен владеть методологическими и теоретическими основами педагогического процесса. Может свободно ориентироваться в научно-информационном потоке современных инновационных педагогических технологий, альтернативных и вариативных программах. Использует в работе методику исследовательского обучения. Применяет на практике современные технологии, которые позволяют сделать учебу для школьников наиболее привлекательной и значимой. Чтобы решить эти проблемы, возникает необходимость введения в современную школу технологии развития функциональной грамотности.

Функциональная грамотность – это способность к активному участию людей в социальной, культурной, политической и экономической деятельности, обучение на протяжении всей жизни. Это так же «способность человека вступать в отношения с внешней средой и максимально быстро адаптироваться и функционировать в ней».[2]Если элементарной грамотностью являются способности личности читать, понимать, составлять простые короткие тексты и осуществлять простейшие арифметические действия, то к функциональной грамотности относится такой уровень знаний, умений и навыков, который обеспечивает нормальное функционирование личности в системе социальных отношений, считающийся минимально необходимым для осуществления жизнедеятельности личности в конкретной культурной среде.Таким образом, одной из основных задач современного

образования становится формирование функционально грамотной личности, человека, который свободно ориентируется в окружающем мире и действует в соответствии с общественными нормами, потребностями и интересами.Основные признаки функционально грамотной личности: это человек самостоятельный, стремящийся к новым знаниям и умеющий жить среди людей, обладающий определёнными качествами, ключевыми компетенциями.

Компонентами функциональной грамотности являются:

- знание сведений, правил, принципов;
- усвоение общих понятий и умений, составляющих познавательную основу решения стандартных задач в различных сферах жизнедеятельности;
- умение адаптироваться к изменяющемуся миру, разрешать конфликты;
- умение работать с информацией, вести деловую переписку;
- применять правила личной безопасности в жизни;
- готовность ориентироваться в ценностях и нормах современного мира;
- умение принимать особенности жизни для удовлетворения своих жизненных запросов;
- стремление повышать уровень образования на основе осознанного выбора.

Для развития функциональной грамотности современного школьника учитель ставит перед собой такие учебные задачи:

Повысить интерес учащихся к чтению, сделать чтение привлекательным. Формировать читательские умения и навыки. Формировать навыки самостоятельной работы. Обогатить словарный запас. Формировать умение выражать собственную точку зрения.

Воспитательными задачами являются:

Развивать духовно-нравственный мир посредством чтения книги. Формировать гражданскую ответственность, национальное самосознание и казахстанский патриотизм путем знакомства с лучшими образцами художественной литературы. Организовывать досуг обучающихся чтением книг.

Развивающие задачи:

Развивать творческое мышление и воображение.

2) Развивать у школьников полиязычие через чтение произведений на трех языках.

Какие стратегии обучения нужны для развития функциональной грамотности учащихся?

Каждому учителю сегодня необходимо научиться проектировать урок с использованием стратегий активного обучения.

Активное обучение – это организация и ведение учебного процесса, направленная на активизацию учебно-познавательной деятельности обучающихся посредством комплексного использования как педагогических (дидактических), так и организационно-управленческих средств.

При активном обучении учащиеся используют свое мышление для того, чтобы рассмотреть новые идеи, решить поставленные задачи и применить их на практике. Это самостоятельная творческая выработка решений, повышенная степень мотивации и эмоциональности обучаемых.

Чтобы быть активным участником учебного процесса, у учащегося должны происходить мыслительные процессы на высоком уровне (анализ, синтез и оценивание). В активном обучении используются задания, при выполнении которых учащийся действительно должен задумываться.

Для того чтобы обеспечить формирование функциональной грамотности школьников, учителям необходимо применять специальные активные, развивающие образовательные технологии, такие как:

– проблемно-диалогическая технология освоения новых знаний, позволяющая формировать организационные, интеллектуальные и другие умения, в том числе умение самостоятельно осуществлять деятельность учения;

– технология формирования правильной читательской деятельности, создающая условия для развития важнейших коммуникативных умений;

– технология проектной деятельности, обеспечивающая условия для формирования организационных, интеллектуальных, коммуникативных и оценочных умений;

– технология развития критического мышления, которая развивает у учащихся способности анализировать информацию с позиции логики и личностно-психологического подхода с тем, чтобы применять полученные результаты, как к стандартным, так и к нестандартным ситуациям, вопросам, проблемам;

– обучение на основе «учебных ситуаций», образовательная задача которых состоит в организации условий, провоцирующих действия учащихся;

– уровневая дифференциация обучения, использование которой вносит определённые изменения в стиль взаимодействия учителя с учениками (ученик – это партнёр, имеющий право на принятие решений, главная же задача и обязанность учителя - помочь ребёнку принять и выполнить принятое им решение);

– информационные и коммуникационные технологии, использование которых позволяет формировать основу таких важнейших интеллектуальных умений, как сравнение и обобщение, анализ и синтез.

Выделяют так же разные виды функциональной грамотности: компьютерная, информационная, правовая, коммуникативная, языковая, бытовая и др.

Действия педагога в обновленном образовательном процессе состоят в следующем. Учитель ставит перед учениками проблемы и предлагает способы их решения, выводит учащихся на моделирование способа решения учебного противоречия. Он организует перенос или преобразование общих способов действия, которые осваиваются учениками в рамках одного учебного предмета, в другие учебно-предметные области. Он преобразует учебную деятельность из пространства учебной дискуссии в пространство учебного позиционирования. Выводит ученика в позицию учителя, т. е. строит отношения между учащимися из разных позиций, изменяет отношения между ними. Учитель создает такие учебные ситуации, которые учат школьников принимать разные точки зрения, прежде всего высказанные авторами учебников и учебных хрестоматий; строит ситуации, позволяющие проявлять учащимся инициативу, высказывать свое мнение и отношение, участвовать в совместной деятельности, работать в условиях альтернативы и выбора.

Смысл действий педагога – организация учебной деятельности, учебного взаимодействия и учебной дискуссии, пространства учебного позиционирования для самостоятельного выхода учеников на постановку учебной задачи и поиска обобщенных способов ее решения, на развитие учебной инициативы и самостоятельности учащегося.

Современный мир стремительно меняется, в жизнь людей постоянно врываются новые технологии, людям приходится ежедневно делать выбор. Чтобы преуспеть в этом мире, нужно стать «новым» человеком, широко образованным и компетентным в своей сфере, владеющим новыми технологиями, казахским, русским и иностранным языками, умеющим решать научные и бытовые проблемы, владеющим критическим мышлением и функциональным чтением. В условиях обновления содержания среднего образования, приоритетным является повышение профессиональной компетентности учителя, стремление учителей идти в ногу со временем, а выпускникам школ получить прочные знания и применять их в практической деятельности.

Список использованной литературы:
1. Русский язык и литература Журнал 2018г № 6
2. Методика преподавания русского языка 1978г

КЕРІ БАЙЛАНЫС ПЕН РЕФЛЕКСИЯНЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ.

МАХАМБЕТОВА КАЗИЗА ТЛЕУБЕРГЕНОВНА
№77 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕП.
ГЕОГРАФИЯ ПӘНІ МҰҒАЛІМІ

Болашақтың бүгіннен де нұрлы болуына ықпал етіп,адамзат қоғамын алға апаратын құдертті күш тек білімде ғана.Тәуелсіз елімізде жаңаша мазмұнда білім берудің басты мақсаты жан-жақты дамыған,бәсекеге қабілетті ,өмір сүруге бейім,терең ойы бар,адамгершілігі жоғары жеке тұлғаны тәрбиелеу.Осы орайда,оқушыға білім мазмұнын терең игертудің тиімді жолдарын іздестіріп,шығармашылыққа жетелейтін ,қазіргі заман талабына сай ғылыми әдістемелік біліммен қаруланған ,білікті маман,шебер мұғалім оқыту мен оқуды жетілдіру үшін оқушылардың рефлексивті іс - әрекетінің тиімділігі туралы тәжірибе алмасу арқылы тиімді ұйымдастырылған кері байланыс пен рефлексияны өз тәжірибелеріне енгізе білу керек.

Кері байланыс оқушының оқыту үрдісі қалай өткені және қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой пікірін тыңдауға негізделеді.Кері байланыс сабақтың соңында ғана емес, сабақ барысында оқушылардың өз бетімен орындайтын тапсырмаларының соңында жүргізіліп отыруы керек.

Рефлексия мақсаты еске түсіру,өзінің сабақ бойындағы іс- әрекетіне баға беру,талдау және мәселелердің шешу жолдарын іздестіру.Мұғалім оқушының кез келген кері бпйланыс парағын оқи отырып, жұмысының сәтсіз шыққан тұсын және сәтті шыққан қадамын ,ендігі іс -әрекетін қалай жақсартуға болатынын алдын ала біледі.Сонымен қатар кері байланыс парағы арқылы оқушының үніне құлақ түріп,оқу мен оқытудағы кездесетін кедергілерді айқындап,келесі оқытуға бұдан да жақсырақ дайындалуына түрткі болады.Рефлексия сөзі латын тілінен аударғанда reflexio- кейінге айналым мағынасын білдіреді. Бұл терминді Джон Локи 17 ғасырда енгізген. «Рефлексия-адамның өз істерінің мәнін түсініп, оны ойлану барысында өзіне- өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі. Иә, бұл қасиет бойымызда бұрыннан бар деуге болады. Күнде кешкілік бүгінгі ісімізді, айтқан сөзімізді ойша шолып, есеп беріп, ертеңімізге жоспар құрып аламыз. Демек, “рефлексия” деп ат қойып, айдар тақпағанымыз болмаса, бұл әрекет қанымызда бар нәрсе. Бірақ соны қағазға түсіру немесе жүйелі күнделікті түрлендіріп, осы атпен сабақта қолдану болмағаны ақиқат. Осы бағдарлама бойынша білімді дайын күйінде беруден гөрі оқушыны өзі қорытынды жасауға ықпал ету және кері байланыс есебінде түрлі әдістермен рефлексия жасату тиімді екеніне көзіміз жетті. Кері байланыс жүргізу бір күннің іс-әрекеті емес, оған көп уақыт, ізденіс қажет.Кері байланыс пен рефлексияны күнделікті сабағымыздажәне мұғалімдер мен өткіілген семинарларда пайдаланып,нәтижесін көрудеміз.Қалалық семинарда«Рефлексия –сабақ бөлігінің кезеңі» тақырыбында коучинг өткіздім. Мұғалімдерге сабақтағы рефлексия жайлы,оның түрлері ,әдістері жайлы мәліметтер алуға жағдай жасалып, түсіндірілді.



Кері байланыс пен рефлексия туралы түсіндіру сәтінен

Мұғалімдерге сабақтағы рефлексия жайлы,оның түрлері ,әдістері жайлы мәліметтер алуға жағдай жасалып, арт продукты және кітапша арқылы бүгінгісеминар туралы

рефлексияжүргізілді.

Рефлексия кезеңінен

Арт продукты арқылы әр түрлі түр шығарып, өз ойларын ортаға салды,семинардан алған әсерлерімен бөлісті,семинардың ұйымдастырылуы, тақырыптардың сәйкестігі , бір - бірімен сабақтаса отырып, «жоғары» дәрежеде деген пікір білдірілді.

Мұғалім рефлексия арқылы алынған нәтиженің «дұрыс» немесе «бұрыс»болғанын дәлелдеп,қолданылған әдіс тәсілдердің тиімді не тиімсіз болғанын анықтып,орындалған іс әрекетін зерделейді. Ол үшін ,мұғалім кері байланыс жасауға оқушыларын дағдыландырып алу қажет.Сонда ғана бұл оң нәтиже береді.Оқушылардың ой өрісінің дамуы оқу үдерісі кезінде болады,ол оқушының өз бетімен толықтыруы мен өзін өзі дамтуды қамтиды.Оқушы білім алудың мақсатын саналы түрде түсінсе ғана белсенді бола алады. Қолайлы оқу үшін адамдарға кері байланыс пен мадақтау қажет, сондықтан кері байланыс жүргізілуі тиіс.Ашық сауалдар,оқыту міндеттерімен алмасу сияқты әдістер оқушылардың өз біліміне белсенді

қатысу қабілетіне әсер етеді. Оқушылар жұппен деғөз беттерінше де өз білім деңгейлерін бағалауға және оған жеткенін түсінуге мүмкіндіктері бар.

Рефлексияны әр түрлі әдіс-тәсілдермен сабақтың әр кезеңінде: тақырыптың соңында, сабақ бөлімдерінен кейін және тарау соңында жүзеге асыруға болады. Кері байланысты түрліше өткізуге болады: топтық рефлексия түрінде, әңгімелесу түрінде т.б. Кері байланысты ауызша, жазбаша және графикалық түрде де жүргізуге болады.

Қорыта айтқанда,кері байланыс пен рефлексия көп қырлы ,кіріккен әрекет.Бұл әрекеттер оқушының психикалық әрекетінің өзгеруіне ықпал етсе,ал мұғалімнің кәсіби әрекетін жоғары шығармашылық деңгейде жүргізуіне көмегін тигізеді.Дұрыс жасалған кері байланыс пен рефлексия оқушыға да, мұғалімге де алдағы жұмысында жақсы нәтижеге жетуге жол ашып,шығармашылық қабілетін дамытып, білім сапасын жақсартады.

Әдебиеттер тізімі:

1. А.Әлімов «Кері байланыс (рефлексия)» туралы. 23.11.2015ж
2. «Білімді ел » республикалық журналы 16.07.2020
3. Интернет материалдары

ШЕШЕНДІК ӨНЕР –ӨНЕРДІҢ ЕҢ АСЫЛЫ

Махамбетова Нұргүл Жақсылыққызы
Педагог-зерттеуші,қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі
«Құнан» мектеп-лицейі

Жас ұрпаққа берілетін тәлім- тәрбиенің бастау бұлағы – халықтық педагогика, ал сол халықтық педагогиканың басты құралы – сөз өнері .Олай болса, өскелең ұрпақты халық ауыз әдебиетінің қайнар бұлағынан сусындата білген, сөз өнеріне баулыған халқымыздың дәстүрі өз жалғасын табуы тиіс.Сөз өнерінің биік шыңы- ол шешендік.Шешендік -біліктілік пен білімнен, терең түйсік пен үлкен сезімнен, ұшқыр қиялдан, өткір ой мен тер төгуден,зерделіліктен тұрады.Қазақ халқының тарихында шешендік өнер жас ұрпақты тәрбиелейтін мектеп іспетті болған. Би-шешендеріміз кейінгі ұрпақты ел ұйытқысы боларлықтай азамат болуын мақсат ете отырып, жастарды сөз өнеріне баулыған. Ал бүгінгі күн жағдайында оқушының тілін ұстарту, тілін дамыту жұмыстарын төменгі сыныптан бастап үйрету, шешендік сөз әлеміне жетектеп, баулу- мұғалімнің міндеті.Мұғалім мен оқушы арасындағы іс-әрекеттің 90% жуығы тіл, сөз арқылы жүзеге асады десек, оқушының білім деңгейінің жоғарылауы, тәрбие ісінің нәтижелі болуы- бәрі-бәрі мұғалімнің шешендігіне, тіл байлығына, тіл мәдениетіне тікелей байланысты болмақ.Сондықтан әр ұстаз сөзге шешен,қарым –қатынаста мәдениетті болуы керек.Бүгінгі ұстаздардың шешендік өнерді қажет ету себебі неде? Шешендік өнер педагогқа өз сөзін дәл, нақты, қисынды да дәлелді етіп құруға көмектеседі .Әрі оқушылармен шығармашылық әріптестік негізінде ұдайы пікірталас ұйымдастыру арқылы сабақты қызықты көрініске айналдырып, берілетін мағлұмат көлемін әлдеқайда көбейтуге мүмкіндік туғызады. Шешендік өнер мұғалімге небір қиын деген сыныптармен байланыс жасауға, қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.Нәтижесінде бұрын сұхбаттасу мүмкін болмаған оқушылармен жақсы тіл табысуға мүмкіндік туады. Үшіншіден, қарым-қатынас негізінде мұғалімнің өзін сөз арқылы айқындау құбылысы жатады, сөз арқылы ол оқытады, оған оқушыны көндіреді, талас туғызады, оқушының санасына сыйымды ғажайып көркем бейнелер туғызады. Шешендік өнер – ауызша сөздің,

оның эстетикалық қызметі мен көркемдік әдістер жүйесіндегі ерекшеліктерін қарастыратын ғылым, ал мұндай әдістер әдетте педагог жай ғана ойын жеткізумен шектелмей, өзімен сұхбаттасушы оқушыны әлдебір ой – әрекетке итермелеуге қол жеткізгісі келген жағдайда тиімді. Демек, ол мақсатқа жету үшін өз сөзің де белгілі бір әдіспен құру қажеттігі туады. Міне, шешендік өнер осыған себін тигізеді.

Шешендік өнер оқу процесі барысында туындайтын көптеген «Неліктен?» деген сауалға жауап береді, оның кейбіреуі мыналар:

- Неліктен білімді, өз ісін сүйетін мұғалім оқушылар тарапынан түсінбеушілікке тап болады, ал оның сабақтары шын мәнінде қызықты мереке болудың орнына ауыр сынға айналады?

- Неліктен ,мұғалім қызықты нәрселер туралы айтып жатса да,оны ешкім айқайсыз тыңдамайды? Мұндай жағдай тумауы үщін не істеуі керек?

Оқу барысында пайда болатын жағдайларға байланысты туындайтын «қалай?» деген сұрақ та ұстаздарды жиі мазалайды.

- Егер сабақ жүріп жатса, демек,балалардың көңілі далада болып,сабақтың бітуін ғана аңсап отырса, оқушылардың назарын маңызды нәрсеге қалай аударуға болады?

- Кімнің әрекеті сыныппен қарым-қатынасты қиындатып, тіпті мүмкін болмайтын жағдайда жеткізерін қалай білесіз?

- Кейде мұғалім бір-екі ауыз қарапайым сөзбен балаларды зейін қойып тыңдауға, ойлануға көндіріп сындарлы іске жұмылдырады. Ол сөздердің құпиясы неде? Қандай жағдайда қандай сөздің қажет екенін қалай білуге болады?

Қай сөздің балаларға көбірек әсер ететінін қалай анықтаймыз? Қара дүрсін құрғақ ақылдың қалай құтылуға болады?Әрбір сыныптың өз «кілтін» қалай табуға болады?

- Шулап отырған сыныпты бір ауыз сөз айтпастан қалай тәртіпке шақыруға болады?

- Өзінің және оқушының сөйлеген кездегі мақамдық (дикциялық) кемшіліктерін қалай жоюға болады?

Сіз мектепте қанша жыл жұмыс істесеңіз де, педагогтік жоғары оқу орнында қанша жыл білім алсаңыз да, ерте ме, кеш пе тек табан астында айтылған ұтқыр сөз ғана жағдайды түзей алатын сәттерге кез келесіз.

Талап деңгейі жоғары,кейде жасына қарамай, ерте дамыған оқушылар мұғалімді сөздік сайысқа шақырып,құрбыларының алдында салмағын арттырып, беделін көтеруге тырысатыны жиі кездеседі. Мұндай сәтте шешендік әдістер мен заңдылықтарды жақсы меңгерген ұстаз ғана дұрыс жол тауып, өзінің бет қаратпас қарсыласын жанашыр әріптесіне айналдыра алады. Ал риторикадан хабары жоқ мұғалімге сабақ бойы «қарсыласының» жоспарланған шабуылы қашан басталар екен деген сауық ой маза бермесі анық. Мұндай мазасыздықтан келер пайда жоқ екені белгілі – одан сабақ барысы бұзылып, ойының бөлінері сөзсіз. Мұндай жағдайда шәкіртпен шығармашылық бірлестік туралы айтудың өзі артық болар еді.

«Сөздің мәнін айқындатындар, сонда сендер адамзатты адасушылықтың тең жартысынан құтқарасыңдар»,- деп жария салған Р.Декарт. Дидактикалық риторика дамуының әр сатысындағы ең қажетті нәрсе болғанға ұқсайды, ол - сөздердің мағынасын айқындау және оларды ойды іске асыруға кедергі жасамай, қайта оның барынша дәл әрі дұрыс жеткізілуіне ықпал етуін қадағалау болғаны анық.

Шешендік өнер – ойынды барынша дәл жеткізіп,дәл түсіну мүмкіндігі, ал бұл педагогтар қауымы үшін, әсіресе, оқушылармен ортақ тіл табысуда қиындыққа кездесетіндер үшін ауадай қажет нәрсе.

Қазіргі ұстаздар оқушыларды көркем шығармалар оқуға үйретулері керек.Әр көркем шығармадан оқушы ең әдемі сөз оралымдарын,нақыл сөздерді, мақал -мәтелдерді жинақтап.

жаттап отырса ,сөз байлығы мол болмақ. Ал сөз байлығы мол оқушы шешен сөйлей біледі.Сондықтан оқушыларды шешен сөйлеу білуге үйрету- ең бірінші міндетіміз.

Әдебиеттер тізімі:
1.Адамбаев Б. Қазақтың шешендік өнері.-Алматы,1994 ж
2.Сыздықова Р.Сөз сазы(сөзді дұрыс айту нормалары).-Алматы,1983ж
3.Негимов С. Шешендік өнер.-Алматы,1997ж
4.Уәлиев Н.Сөз мәдениеті.-Алматы,1991 ж

МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІПТІК ҚАБІЛЕТІНІҢ ШЫНДАЛУЫ

Махамбетова Жаннур Казиевна
Нажимова Фарида Кайнарбаевна
№ 10 жалпы білім беретін орта мектеп

«Мұғалімдік –мамандықтың ұлысы!
Мұғалімдік – жаңа заман жаршысы.»
Ж.Айтқұлов

Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуы нарық қатынасының дамуымен,қалыптасуымен сипатталады.Негізгі мақсат – қоғам дамуының қазіргі кезеңіне сай жастардың саналы ойлауын қалыптастыру,шығармашыл,өз мамандығын дұрыс таңдаған,ой-өрісі жоғары жеке тұлға дайындау.Бұл жұмысты нақтылаудағы негізгі міндет-болашақ маман студенттердің кәсіптік,коммуникативтік,педагогикалық шығармашылығын,педагогикалық қызметке сүйіспеншілігін,қызығушылығын арттыру болып табылады.

Осының негізінде болашақ маман студентке қоғамның әлеуметтік,экономикалық,мәдени дамуындағы адамның шешуші рөлін ұғындырып,қоғам және тұлғаның мүддесі үшін қоғамның өндіріс,ғылыми-техникалық прогресс,оқытудың жаңа типтік технологиясы,білім берудің жаңа үлгісі,мектептегі білімді реформалау сияқты жаңа қатынастарды жадына сақтауға бейімдеу керек.Демек,қоғамның дамып өркендеуі,оның әлеуметтік-мәдени этностық ерекшеліктерін толық меңгеріп,өзгерістер жаңалықтар,ұғымдар туралы болып жатқан барлық мәселелерге мән бере отырып,салауатты өмір салтын құруда,білім беру саласындағы инновациялық үрдістің жаңа құбылыс ерекшеліктерін меңгеруде, қоғамымыздың ізгілендіруде мұғалімдерге, олардың кәсіптік сапаларына,білімділігі,ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қабілеттілігі,мәдениеті,парасаттылығы, т.б. қасиеттеріне байланысты екендігін,мұғалімдік мамандықтың жан-жақты білімді,шынайы сезімтал болуды,шәкірттеріне шексіз сүйіспеншілікті беруді талап ететінін,еңбегінің нәтижесі әр күн сайын балаларға қуаныш әкелгенде ғана жемісті болатынын ұғындыру.

Соңғы жылдары басты назар мұғалім жұмысындағы шығармашылық мәселесіне ауыса келе,коммуникативті қабілеттерде мұғалімде де,оқушыда да дамыту мәселелері жөнінде көптеген зерттеулер жүргізіліп,педагогикалық шеберлік,педагогикалық әдеп,педагогикалық этика мен парасаттылық, жеке тұлғалық құндылық пен сенім мәселелерін жетілдіруге қатысты көптеген ұсыныстар берілді.педагогикалық іс-әрекет, эстетикалық сапа, адамгершілік негізі, саяси түсінігі, құқықтық мәселелер, физиологиялық ерекшеліктері,зерттеушілік, зияткерлік дамуы, рухани мәдениеті, әдіснамалық негізі мен іәсіби білімділігі, педагогикалық қарым-қатынас мәдениетіне баса назар аударылып келеді.

Қоғам-адам- тәрбие – педагогтың кісиби құзыреттілігі мен шығармашылық дамуының қазіргі заманауи білім берудегі жетекші идеясы ретінде қарастырылуда.Болашақ және заманауи педагог – қоғам дамуының деңгейіне ілесіп, жаңашылдықпен жасампаз әдістерді қолдана отырып, әлеуметтік парызға жауап беруді көздейтін, ғылымға, жаңалыққа сергек , өз ісіне гуманистік сезіммен қарайтын педагогикалық күрделі құбылыстардың барысын идеялық , адамгершілік тұрғыдан шеше алатын, сыни ойлау дағдысын дамыта алатын және ата-аналармен,ұжыммен,педагогикалық ынтымақтастық орнатуға бейімділігі бар, шығармашылықпен еңбектенетін маман болуы тиіс.Сонымен қатар,Қазақстан Республикасының білім беру туралы заңында педагогика қызметкерлері білім алушылар алған білімнің мемлекеттік стандарттан төмен болмауына күш салуға, оқушылардың өзіндік шығармашылық қабілеттерінің көрінуі мен дамуы үшін жағдай жасауға міндетті деп атап көрсетілгені белгілі.Бұл міндеттерді шешу – қазіргі педагогикалық зерттеулер нәтижелері көрсетіп отырғандай жаңартылған әдістемелік жүйесінің оқыту процесінде іске асуы үшін оны ғылыми негізде жүргізудің, технологияландырудың, гуманитарландырудың ,демократияландырудың қажет екеніндігін көрсетеді. Себебі, дәстүрлі оқыту үрдісінің нәтижесінде білім заңы мен білім беру стандарттары, білім мазмұны талап етіп отырғандай, әрбір білім алушының мемлекеттік стандарттан төмендемей білім алуын, олардың құқықтарын қамтамасыз етпей қадағалау мүмкін емес.

Педагогикалық қызметке дайын болу – үлкен сүйіспеншілік пен педагогикалық қызығушылықты қажет етеді. Педагогикалық қызызығушылық - эмоционалды-танымдық, мамандығына деген белсенді қатынасы - оқушылармен жұыс істеуге оң ықпалын тигізетін аңызды фактор болып табылады. Кәсіптік шығармашылық- педагогикалық қызығудың негізгі көрсеткіштері болып санлса, балаға деген сүйіспеншілік, олардың ата-анасына деген жағымды көзқарастан байқалады.

Педагогикалық бағыттылық – мұғалімдік мамандықты меңгерудің басты буыны , яғни мамандық таңдаудағы маңызды мақсаты болып есептеледі.

Педагогикалық бағыттылық- педагогикалық мамандыққа деген құндылық қатынас ретінде түсіндіріледі. Яғни:

Өз мамандығына деген сенім;

Педагогикалық-кәсіптік қызығудың нақтылануы мен талаптылығы;

Мұғалімдік қызметке іштей даяр болуы;

Басқа мамандықтармен салыстыра отырып, өзінің күш жігеріне, қабілетіне менімді болу.

Педагогикалық қабілеттілік - оқушы тұлғасын болжау, оқушы іс-әрекетін ұйымдастыру, оқушылармен дұрыс қарым-қатынас орнату, өз іс-әрекетінің нәтижесі мен оқу-тәрбие процесін зерттеу.

Тұлғалық қабілеттілік - балаға деген жақындық, өзін- өзі басқару, сергек бола білу, өмірге қызығушылықпен қарай білу.

Дидактикалық шешендік қабілет - оқытатын пәнді жетік меңгеру, оны оқушыға түсінікті етіп баяндай білу.

Ұйымдастырушылық-коммуникативті қабілет- оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға ынтасы, көңілі, қабілетті болу, оқушы жан дүниесіне ене білу, яғни перцептивті, коммуникативті, оқушылардың еріктік қасиетін қозғай алу қаблеті .

Қазіргі кездің мұғаліміне маңызды қабілеттілікті келесіден көруге болады:

- Оқу-тәрбие процесін шығармашылықпен ұйымдастыра білу қабілеті;
- Оқушыны түсіне білуі;
- Оқушының өз энтузиазымын дамытып, қызығушылығын арттыру;
- Оқушымен бірлесіп жұмыс жүргізу;
- Ұйымдастырушылық қабілетін дамыту;

- Оқу материалдарын эмоционалды тұрғыда түсіндіре білу;
- Оқушының есте сақтау қабілетін дамыту.

Құрылымдық дағдылар: оқу-тәрбие процесін жоспарлай білу, оқушыларға тұлғааралық қарым-қатынас бағытын көрсету, жағдайға байланысты оқушы жұмысын, іскерлігін болжай алу, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының құрылымын дұрыс таңдай білу және оған қатысты материалдарды жинақтау.

Ұйымдастырушылық қабілет- сабақ кезіндегі оқушының іс-әрекетін ұйымдастырумен, іс-әркет міндеті мен мақсатын айқындауымен, оқушылардың ұжымдық бірлігін қалыптастырумен, сынып белсенділерін ынталандырумен, сынып ішіндегі өзін-өзі басқару іс-әрекетін ұйымдастырумен, ата-аналармен бірлескен қарым-қатынас орнатуымен және қоғамдық ұйымдармен тығыз қарым-қатынас жасай алу қабілетімен түсіндіріледі.

Коммуникативті қабілеттілік- бұл оқушылар мен ата-аналармен, әріптестерімен конструктивті, жағымды қарым-қатынас орнату болып табылады.

Қорыта айтқанда - мұғалімнің кәсіптік қабілетінің шындалуы- өз мамандығына және оқушыларға деген сүйіспеншіліктен басталып, педагогикалық парасаттылықпен жалғасатын кәсіби құзыреттілік белгісі болып табылады. .

Пайдаланылған ақпарат көздері

1. «12 жылдық білім» журналы №4,2006жыл
2. https://stud.kz/referat/show/65432
3. https://www.zharar.com/kz/zhospar/849-mugalim.html

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Маханова Баян Аманбаевна
Ақтөбе қаласы. "Ақтөбе орта мектебі"КММ

«Біз өзіміздің болашағымызды және балаларымыздың болашағын қандай күйде көргіміз келеді, осыны айқындап алатын уақыт жетті» дегені мәлім Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2030 жылға арналған стратегиялық баяндамасында. Осы тұрғыда үкіметіміз білім беру мекемелеріне тәуелсіз мемлекетіміздің өркениетке жету жолындағы талабына тұғыр боларлықтай ұрпақ оқыту, тәрбиелеу ісін жаңа сапалық өзгерістер деңгейіне көтеруді талап етіп отыр.

Мектеп құрылымында болып жатқан өзгерістер, білім беру мақсаттарының алмасуы, оның дамытушылық сипаттарының бекітімді, жаңа форматты оқытуға көшу сияқты мәселелері мұғалімдерден шығармашылықты, жұмыстың жоғары сапасын және кәсібилікті талап етеді.

«Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін - білім» деп М. Әуезов атап көрсеткеніндей, егемен елдің келешегі кемел білім мен ұлағатты тәрбиеге байланысты.

Баланың бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның әрі қарай дамуына бағыт-бағдар беру қажеттілігін әр мұғалім осыдан-ақ түсінуі керек. Ол үшін дарынды оқушымен жұмыстың әлеуметтік қажеттілігін сезінуі, нәтижелі әдіс-тәсілдерді талмай ізденуі, жоғары нәтижелерге жетуге ұмтылуы, ата-анасымен тығыз байланыс орнатуы, оқушымен жиі қарым-қатынаста болуы сияқты талаптарды орындайды. Ж. Руссо баланың өз бетінше білім-танымдық, шығармашылық әрекет идеясына үлкен мән берді. Руссо дидактикасында оқыту үрдісінде ең бірінші орынға танымдық қабілеттілікті, белсенділік пен өзбеттілік ұстанымдарның маңыздылығына көңіл бөлді. Міржақып Дулатов қазақ арасында

көбіне көзге түспей, түссе де еленбей жүрген ғылым-білімге, өнерге зерек, дарынды балаларды оқытып тәрбиелеудің мәні жайында сөз ете келіп, дарындылықтың кейбір психологиялық астарына үңіледі. Ол «Туысында қанша зеректік болса да – ғылымсыз, тәрбиесіз кемеліне жетпейді. Кімде-кім өзінің табиғатында не нәрсеге шеберлік барын сезіп, өз жолына түссе ғана, көзге айнытпай сала білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі, оқығанда көріп тұрғандай боласың...» деп түйіндейді.

Дарынды балаларды анықтау үшін бастауыш сыныптан бастап зерттеу жұмыстары жүйелі жүруі керек. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған оқушылардың оқуға деген құштарлығы қазіргі таңда өте жоғары. Оған ата-анасының мән бере жасаған дайындығы, үлкендердің қуанышты көзқарасы, мектептің беделі, жаңа киімдер мен әдемі оқулықтар баланың қызығуын арттырып, білім алуға жетелейтіні сөзсіз. Осы орайда бастауыш сынып мұғалімдері шеберлігімен, жаңа әдіс-тәсілді сабақтарымен, ұшқыр ойлы ойындарымен оқушы зейінін жаулап алып, білуге деген құштарлықтарын шыңдай түсуі қажет. Бірінші сынып оқушыларының барлығы дерлік мектепалды даярлықтан өтіп келгендіктен, оқу қиынға соға қоймайды. Әріптерді тез танып, әдемі жазып кетеді. Білікті ұстаз оқушының жас ерекшелігіне сай оқу жүгін анықтап, шығармашылық жұмыстармен толықтырып отырады. Ізденіспен жасалған әр сабақта оқушы мұғалім әрекетіне ілесіп, нәтижелі жетістікке жетіп отыратының байқамай да қалады. Мұғалімнің атқарған еңбегінің жемісі осында. Қазіргі заманға сай оқытудың жаңа технологияларын оқып-үйреніп, күнделікті сабақтарда шығармашылықпен пайдаланып отырса, нәтижесін берері сөзсіз. Білім сапасы мен деңгейін анқтап, салыстырмалы мониторингтер жасап отыру оқушы қабілетін зерттеуге көп көмегін тигізеді. Қабілет – іс –әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай нәтижелі етіп орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті. Дегенмен, табиғат оны бәріне бірдей етіп бөлмей, біреуге көптеу, біреуге аздау, ал үшіншілеріне мүлдем жарытпай тарататыны да анық. Қазірге дейін ғылым мен тәжірибеде дарындылық туралы екі түрлі көзқарас бар. Біреулері кез келген бала дарынды, тек уақытында нақты қабілетін анықтап, дамыту керек дейді. Ал қарсы көзқарастағылардың айтуынша, дарындылық – өте сирек құбылыс, жалпы адамдардың өте аз тобына ғана тән. Сондықтан дарынды балаларды іздеу алтын түйірін іздегенмен бірдей. Біз дарынды деп белгілі бір қабілеті көпшіліктің орташа қабілетінен ерекшеленетінін айтып жүрміз. Өмір сүретін орта, берілетін тәрбие осы ерекшеліктің одан әрі дамуына көмектеседі. Қолайлы ақуал, тамаша кәсіби ұстаздық ерекше қабілетті оқушыны дарынға айналдыра алады. Бастауыш сыныпта жазуының әдемі, сауатты, оқығанын, көргенін жүйелі түрде баяндауы, өлеңдерді жатқа айтуы, табиғат көріністері мен жыл мезгілдеріне шағын әңгіме жаза білуімен оқушы дарындылығын анықтау жеткіліксіз. Осы орайда мектеп психологінің көмегі қажет. Ресей психологтері дарындылық жайлы төменгідей анықтама береді: «Дарындылық – психиканың жүйелі, өмір бойы дамитын қасиеті. Ол басқа адамдармен салыстырғанда іс-әрекеттің бір немесе бірнеше түрінде адамдарың ең жоғары нәтижеге жету мүмкіндігін анықтайды».

Мектеп психологі оқушының жеке бас даму картасын толтырып, психодиагностикалық зерттеу жүргізеді. Нәтижесінде дарынды оқушыны анықтап, оқушының қабілеті қай бағытта, қосымша жұмыс түрлері және дамыту әдіс-тәсілдерін айқындауға болады. Тереңдетілген қосымша бағдарлама жасалынады. Білікті ұстаз дарынды оқушының өздігімен жұмыс істеуіне, шығармашылық ізденістеріне қажетті кеңестер береді. Дарындылықты дамытуда оқытудың әртүрлі жаңа технологияларын тиімді пайдалануы керек. Оқу үрдісінде дарынды оқушының қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру мақсатында мына жұмыстар сүбелі орын алары сөзсіз.

1. Шығармашылық жұмыстар.
2. Сайыстарға қатысу.
3. Мектепішілік олимпиадада ұту.

4. Тест тапсырмаларын орындау.

5. «Дарын» орталығы ұйымдастырған конкурстарға қатысу.

Ата-анасымен тұрақты байланыс жасап, педагогикалық-психологиялық кеңестер беріліп отырады. Бастауыш сыныпты аяқтаған соң орта буын мұғалімдері қатыстырылып қабілетті, дарынды оқушымен жұмыс нәтижелері, болашақтағы бағыт-бағдар туралы нұсқаулар жасалады. Орта буынға барған соң педагогикалық кеңесте пәндік үйлесімділік тақырыбы қорытылады, сонда дарынды балалармен жұмыс нәтижесі де тыңдалады. [2, 20 б.]

Оқушы орта және жоғары буынға барғанда дарынды оқушымен жұмыс өз жалғасын табады. Мектептің педагогикалық – психологиялық зертханасы оқушы тұлғасын қалыптастыру және дамыту барысындағы жұмысын жетілдіріп, оқушы – мұғалім – ата-ана арасындағы қарым-қатынас сарапталады, оқушының білім сапасы мен тәрбиелілігінің мониторингілері салыстырылады, сабақтардың рейтингісі анықталады. Мұғалімдердің тиімді педагогикалық технологияларды игеру диагностикасы жасалады.

Оқушының өз бетімен жұмыс істеу дағдысы – жүйелі жұмыстардың қорытындысы, жеке тұлғаның қалыптасуының бастауы. Ал оқушының шығармашылық қабілеттерін арттыра отырып, оқу материалдарын өздері игере алуға мүмкіндік туғызудың шешуші факторы – оқытудың жаңа әдістемелік жүйелерін құру болып табылады.

Жас өркеннің бойындағы табиғат берер ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның ары қарай дамуына бағыт-бағдар бере білу ерекше қиын да қызықты іс. Алайда, әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны сол бағытта жетелеу – ұстаз парызы. Баланы заман талабына қарай көрегендікпен икемдеп, өз заманының озық өнегесін санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Астана. Ана тілі, 2007. 28 ақпан.

2. С. Қалиұлы. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Алматы. 2003.

2. Ж. Әбикеев. Педагогика тарихы. Алматы. 2006 ж

ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.

Маханова Гулжанат Гадилшеевна
«Шарбану Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясы»

Музыка өнері -адам баласының заманнан заманға ұластырып келе жатқан өшпес өнер. Бүгінгі таңда ұрпақтың музыкалық, эстетикалық білімін барынша көтеру-кезек күттірмейтін маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені бұл-жастарды заман талабына сай имандылық, инабаттылық және жалпы мәдениеттілік рухында тәрбиелеудің негізгі жолы болып табылады. Осы орайда жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінен, оның ішінде музыка пәнінің оқытушыларынан шығармашылық ізденісті, кәсіби білікті талап етеді. Мектеп оқушыларына эстетикалық тәрбие беруде,сонымен қатар олардың музыкалық қабілеттерін арттыруда ән айту мен оны ұйымдастыру жұмыстарын дұрыс жолға қоя білу аса маңызды. Әрбір музыкалық шығарманың өзіндік тақырыбы, мазмұны және идеясы болады. Музыканың композитор қолданған көркемдік, мәнерлік құралдарын орындаушылар түгел ашып,

тыңдаушыға шығарма бойындағы үлкен ойды, сезімді жеткізе білгенде ғана музыка өзінің тәрбиелік мәнін жүзеге асыра алады.

Мектепте эстетикалық тәрбие берудің басты міндеті- оқушыларды музыканы дұрыс таңдап, түсінуге және оны әсерлі орындай білуге баулу. Мектептегі барлық пәндер сияқты, музыка сабағы да оқушыларды азаматтық рухта тәрбиелеп, олардың дүниетанымын дамытып, ой-өрісін кеңейтуді, сонымен қатар музыка саласында білімін жетілдіруді мақсат етеді. Алайда музыка жәй сабақ емес, өнер сабағы болғандықтан, оның өзіндік ерекшеліктері және атқаратын міндеттері бар. Бұл міндеттерді шешу барысында республикада оқу және тәрбие жүйесін жаңа сапаға көтеру, сол арқылы ұлттық музыкалық тәрбиенің барлық мүмкіндіктерін сарқа жаңа тәрбие жүйесіне қызмет етуге жұмылдыру мәселесі қолға алынуда.

Музыка сабағының алдындағы басты міндет- оқушыларға музыканың құдіретті күшін таныту. Музыка өнерінің шексіздігін, кең өрістігін, оның сиқырлы үнін, сырлы сазын, әсемдік, әдемілік әлемінің ғажайып сырын ұғыну. Оқушыларға ұлттық музыкалық тәрбиенің міндеттерін жүзеге асыру үшін музыкалық шығарманы орындап қана қоймай, оны терең сезіммен, саналы түрде қабылдай біліп тыңдауға үйрету керек.

Музыка сабағының барлық жүйелері бір-бірімен тақырыптық желі боцынша тығыз байланыста болып келетіні белгілі. Осыған байланысты оқытушы әркез сабақтың негізгі тақырыбынан ауытқымай, қайта оны тереңдете, өрбіте түсуді мақсат етеді. Түрлі ой салу,бағыт беру,іздендіру,көрнекі құралдарды пайдалану сияқты, балалардың ынтасын арттырып,қызықтыратын тиімді әдістерді көп қолданып, ол оқушылардың санамен жұмыс істеу дағдысын дамытады. Сонда олар зерек, ойшыл, аңғарымпаз болады. Бұл олардың басқа сабақтарды да жақсы үлгеруіне себін тигізеді.

Қазіргі кезеңде мектептің алдына қойылып отырған ең басты талап – рухани бай жан – жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып отыр.

Музыка- эстетикалық тәрбиенің маңызды бір бөлігі бола отырып, жеке тұлғаның ақыл-ойы мен дене бітімін жетілдіріп, жан-жақты өмір тәжірибесін кеңейтуге, қызығушылық, біліктілігін, және ойлау қабілетін дамытуға, шығармашылық іскерлікке тәрбиелеуге мумкіндік туғызады, оқушыларды халықтық музыкаға баулиды. Халық музыкасы, фольклорға құрметпен қарау, оны сүю, ұлттық салт – дәстүрлерді қастерлеу баланың жас кезінен басталуы керек. Егер ұлттық нәрі бар дүние баланың жүрегінен орын алса және оны өмірдің мәні деп қабылдаса, онда ол өз халқының, туған жерінің нағыз азаматы болады деп айтуға болады.

Азамзат ұрпағының жинақталған мәдени байлығын ұлттық байлықпен ұштастыру, оның озық үлгілерімен байланыстыру – жеке тұлға қалыптастырудың бірден -бір жолы болып табылады.

Қазір айтылып жүрген технология талаптары білім мен тәрбиені жеке тұлғаға қарай бағыттау ісі болып отыр. Оқушының «Мен» деген менталитетін қалыптастыру, өзін-өзі тану, өмірден өз орнын таба білуге баулу мәселелерінің музыка пәнінде маңызы ерекше.

Оқу мен тәрбиені жүйелі түрде біріңғай ұштастырып, дәстүрден тыс формалар арқылы оқушының өз ойын дамыта отырып, оның рухани адамгершілік сезімінің жетілуіне қызмет ету әр мұғалімнің парызы. Сондықтан сабақты жаңа формаларда өткізуге себеп болған бірнеше факторларды айтуға болады. Олар:-жаңа бағдарламалар мен оқулықтарының шығуы.

-Бағдарламаның ұлттық өнер, салт-дәстүрмен тығыз ұштасуы.

-Әр сынып сайын жүйелі түрде дамуы;

-Музыка сабағының басқа да пәндермен қатарласа отырып, маңызы мен деңгейінің жоғарылауы.

Біздің тәрбиеміздің мақсаты -оқушының Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби интелектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне жағдай жасау.

«Бала мейлі жақсы, мейлі жаман іс болсын, әйтеуір бірдене істеу керек. Ештеңемен айналыспаған адамның жан дүниесі жөнді жетілмейді». Баланың өз бетімен дербес жұмыс жасауын үйретіп, өз бетімен аспапта ойнауын, түрлі шаралар қолданып, мадақтап отырған жөн.

Әр түрлі тапсырмалар қоль қоя отырып балалар шығармашылығының кезеңдерін қалыптастыру өте маңызды. Жағдай тудырушы материалдар даярлап шығармашылыққа икемдеуіміз керек.

Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін, біздің міндетіміз оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерді ашып, орындаушылық қабілетін ұштап, эстетикалық тәрбиені бойына сіңіру болып табылады.

Ұстаз -бір елдің болашағы үшін қызмет жасайтын киелі мамандық иесі. Ізденімпаз, жаңашыл мұғалімнің шығармашылығындағы ерекшелік, оның сабақты түрлендіріп өткізіп, оқушының жүрегінен жол таба білуінде. Балаларды сыйлап, олармен санасу, шәкіртті жеке адам деп тану арқылы, ішкі мінез-құлық иірімдерін түсіну аврқылы сапалы білімге қол жеткізу.

Шәкірттерді айқын мақсаткерлікке, шыншылдыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеудің ұшан-теңіз мүмкіндігі мұғалімнің қолында тұр. Өз ойынша қазақ ұстаздарының бүгінгі таңдағы ең жауапты міндеті баба бойындағы асыл қасиеттерді шәкірттеріне дарытуға күш салу.

Ертеңгі болашағымыз жас ұрпақты саналы, білімді етіп, тәрбиелеу зор міндет пен жауапкершілікті жүктейді.

Қолданған әдебиеттер:

«Білім беру жүйесін жаңғырту- адами капиталдың сапалы өсуінің басты бағыты» тақырыбындағы өткізілген тамыз кеңесінің материалдары.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ

Махатқызы Назерке
Жарқамыс орта мектебі

«Болашақта еңбек етіп өмір сүретіндер- бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелген міндет ауыр».

Н.Ә.Назарбаев.

XXI – ғасыр білімділер ғасыры, ақпараттар ғасыры, дамудың шапшаң түрі, жаңа технологиялар ғасыры. Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші - білім деңгейімен өлшенеді. Болашақтың бүгінгіден нұрлы болуына ықпал ететін күш тек білімде ғана.

Заман ағымына қарай күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Кез-келген сабақта электрондық оқулықты пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін, комуникативтік дағдыларын

қалыптасуда, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылық пен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Мұғалімнің педагогикалық тәжірибе сөзін түрліше түсінеміз. Кең мағынада педагогикалық тәжірибе - мұғалімнің шеберлігінің жоғары деңгейі, тұрақты педагогикалық нәтиже беретін оқыту және тәрбие тәжірибесі. Мұғалімнің тәжірибесінде жаңалық болмауы мүмкін, әдістерді табысты түрде қолданып, басқа мұғалімдерге үлгі болып, озат тәжірибесі басқа мектептерге таратылады. Сондықтан, бірінші кезекте осы тәжірибені талдап, баға беріп, тарату керек. Өз тәжірибеме келетін болсам шәкірттерімнің коммуникативті дағдыларын қалыптастыруда, алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйрету.

Бірлескен әрекеттер - коммуникативті дағдыларды қалыптастырудың негізі. Коммуникативтік дағды жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі. Сондықтан мұғалім алдына мақсат қоя білетін, анық та дұрыс сөйлей білетін, өз ойын жарыққа еркін шығара алатын, түсіне білетін, қызығушылықпен тыңдай алатын адамды өмір жолына аттандыра білуі керек.

Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері төмендегідей:

- Сұрақ – жауап (мұғалім мен оқушылар)
- Диалог (оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы)
- Қатысым (мұғалім мен оқушылар, оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы)
- Жазылым (тақырыпқа байланысты мәтінмен жұмыс)

Бұл жұмыс түрлері коммуникативтік дағдының алашқы баспалдағы болып есептеледі. Себебі бұл жұмыс түрлерін барлық сабақта мұғалім мүмкіндігінше қолдана алады. Өз іс-тәжірибемде коммуникативтік дағдысы қалыптасқан оқушы екінші адаммен, сыныптасымен белгілі бір ақпаратты жеткізіп қана қоймай, өз ойын түсіндіре, олардың пікірін ұға, түсіне білетініне көз жеткізіп жүрмін.

Баланың коммуникативті дағдыларын қалыптастыру үшін бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек. Ол үшін әрине мектептегі барлық негізгі пәндер бойынша шығармашылық жұмыстар әр сабақта беріліп отырған жөн. сабақтарда оқушының деңгейіне байланысты қаншама әр түрлі әдіс тәсілдер пайдаландым.

«Сауат ашу» пәні арқылы оқушылар қазақ тілі мен әдеби мұрасын меңгеріп, ана тілі мен туған халқының мәдениетін құрметтеуге, оқу үдерісінде және күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарда тілдік қарым-қатынасқа еркін түсіп, өз пікірін білдіруге дағдыланады. «Сауат ашу» пәнінің мақсаты - оқу және жазу дағдылары қалыптасқан, алған білімін әртүрлі жағдаяттарға сай қолдана білетін, ойын, пікірін толық, түсінікті, жүйелі жеткізе алатын, білім алуға ынталы жеке тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау. Оқушының коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда жүйелі жұмыс істегенде ғана нәтижеге жетуге болады. Жүйелі жұмыс жасау үшін бірнеше әдіс-тәсілдер пайдаланған жөн.

«Образға ену» әдісі

Жансыз заттардың, өсімдіктердің, жануарлардың орындарында өздері қандай күй кешетіні, қандай қызмет атқаратынын сезіну. Мен-жермін (Қаламмын, гүлмін,) деген әр түрлі тақырыптарда әңгіме жазғызу. Бір оқушының әңгімесі: Мен-Табиғатпын..Айналам толған жасыл әлем. Мен әлемдегі барша жанға тіршілік сыйлаймын. Әңгіме құрастыра отырып жазу арқылы оқушылардың ой-өрісі кеңейтіліп, тілдері дамиды

«Бір минуттағы ой» әдісі

Мұғалім сабақтың тақырыбын айтады не бір сөз айтады. Оқушылар осы сөзді естігенде ойларына не түсті, соны 1 минут ішінде жазады. Сосын сол сөзді не үшін жазды түсіндіреді.

Егер оқушылар сөздерінің ішінде ерекше сөздер болса, сол сөзді не үшін жазды, бұл тақырыпқа (не айтылған сөзге қандай қатысы бар) соны айтып беруі керек.

«Галерея» әдісі оқушылардың ұжымда бірін - бірі сыйлау арқылы басқалардың ой ұшқырлығын байқауға, өз ойын қосып отыруға мүмкіндік береді. Сондай ақ, - қатысымдық дағдыға сай диалог барысында басқа адамның сөзін есті және тыңдай білуін, диалогке /сұхбатқа қатысуға дайын болуын, әркімнің өз көзқарасы мен пікірі болатынын түсінуін, өз пікірін айқын да дұрыс және толық жеткізе білуін қалыптастырады Сауат ашу пәнінде оқушылардың қызыға орындайтын әдістердің бірі

«Диалог-ертегі» әдісі

Мұғалім не оқушы ойдан шығарып, кез- келген бір әңгіме-ертегіні бастап кетеді. Ал қалған оқушылар басталған әңгіме-ертегіні бір-бір сөйлемнен ары қарай жалғастырады.

«Қиялымдағы мәтіндер» әдісі

Бұл әдісте әр оқушыларға түрлі суреттері бар төрт текше беріледі. Оқушылар текшелерді тастау арқылы өздеріне түскен суреттерге байланысты әңгіме құрастырады.

«Бес жолды өлең» әдісі

Өздеріңізге мәлім бұл әдістің де бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойларын дамытып, сөздік қорларын жүйелеуде нақты нәтиже беретін әдістедің бірі.

1. Зат есім. Кім? Не?
2. Сын есім. Қандай? Қай?
3. Етістік. Не істеді? Не қылды? Қайтті?
4. Төрт сөзден тұратын мағыналы сөйлем.
5. Мәндес сөз.

«Биопоэма» әдісі

Бұл әдіс арқылы сабақта қорытындылауға болады немесе көршісі туралы не жазғысы келетініне байланысты өзгертіп отыруға болады. Тапсырманы топта талдай отырып орындайды.

1. Аты.\ Жылқы\
2. Үш-төрт етістік.\кісінейді, жүгіреді,құлындайды\
3. Басқалармен қарым қатынасы \адамның досы\
4. Үш-төрт ұнатқан заты \шөп, су,\
5. Ол қорықпайтын екі-үш зат \ит, мысық, адам\
6. Мекенжайы.\атқора\

Мен өзімнің сабақтарымда оқушыларға шығармашылық жұмыстарды көбірек беремін және сол арқылы сабаққа деген қызығушылық, ынталарын арттырамын. «Сұрақты ұстап ал», «Он сұрақ», «Болжау», «Шеңбердегі диалог» сияқты тиімді тәсілдерді жиі пайдаланам. Олар өз кезегінде оқушының сөздік қорын молайтып, ойланып жауап беруге мүмкіндік береді сөзжұмбақ құрастыру т.б. үздіксіз, тиянақты жаңа әдіс-тәсілдерді қолданып отырғанда ғана мынадай нәтижелерге қол жеткізуге болады.

- Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады.
- Оқушы тілдің әр саласы бойынша қажетті білімді жан-жақты меңгереді.
- Ауызша және жазба жұмыстарын сауатты орындап,өз бетінше жұмыс істеуге қалыптасады

Сабақтың қызықты да тартымды болуына, таңдалып алынған әдіс-тәсілдңрдің оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай болуы деп ойлаймын.

Сонымен қатар оқушылардың бірін-бірі бағалауы сенімділіктерін арттыруға септігін тигізеді. Сабақ үдерісінде оқушылардың топта, жұпта, үштікте жұмыс істеуі - өз ойларын негіздей отырып, дәлелмен нақтылауға үйретеді.

Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Бұлар оқушының жеке қасиетін аша отырып, оқушының танымдық күшін қалыптастыру және білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасайды. Ұстаз болу үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау.

Г.Галилей: «Адамды бірнәрсені қайталауға үйреткеннен гөрі, оған жаңалық ашуға көмектескен жөн» - дегендей әр мұғалім осы бағытта жұмыс істегенде ғана, ойлау мен шығармашылық қабілеті қалыптасқан, құзырлы тұлға қалыптастыра алады деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. 12 жылдық білім беру №3,2015
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық 41 бет
3. Білім жаңалықтар №4 ,2012
4. Қазақстан мектебі №4,2012
5. Білім кілті №11,20.

«ТІЛ МҮКІСТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛДЕРІН ДАМЫТУДА АТА-АНАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ»

Махашова Жансая Танатаровна
Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы (түзетім) балабақшасы

Ұрпақ тәрбиесі туралы Н.Ә.Назарбаев өз кезегінде «Қазіргі заман талабына сай, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен ұлттық психология қалыптасқан, имандылық әдебі парасаты бар ұрпақ тәрбиелеу, өсіру, білім таңдау отбасының, балабақшаның, барша елдің, халықтың міндеті» деген болатын.

Қазақстан Республикасы Конституциясында мектеп жасына дейінгі баланы толыққанды тәрбиелеу отбасы мен балабақшаның тығыз ынтымақтастығы кезінде ғана мүмкін болады делінген. Ата-аналардың балаларға тәрбие беру міндеті Қазақстан Республикасының Конституциясында, ал балалардың отбасындағы құқығы-бала құқықтары туралы конвенцияда белгіленген.

Отбасы- барлығының басы, жан-жақты дамуының негізі болатын тәрбие ошағы. Отбасының балаға тәрбие берушілік қызметінің мақсаты-баланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық дамуын ескере отырып жарасымды жетілген ұрпақ тәрбиелеу. «Баланы жастан» деген даналық сөздің мағынасы өте терең. Есейіп кеткен соң баланың теріс мінезін, қалыптасқан қате көзқарасына өмір туралы кері ойын өзгерту өте қиын. Осы кезде «Баламыздың тәрбиесін бастамас бұрын өзіміздің мінез-құлқымызды, өмірге көзқарасыңызды ой елегінен өткізіп бақыладық па?» деген сауал туады. Ұлы педагог

А.С. Макаренко «Балалардың алдында беделді болуды қаламайтын ата-ана жоқ. Бірақ, қай бағытта өнеге беріп, өсіріп келе жатқанын ойламастан, бала санасына рухани өктемдік жасап тәрбиелейтін ата-ана баршылық. Бұл беделді болудың қандай жолы ? Мұндай жолмен келген адал баланың санасы жетілгенде өздігінен жойылады » деген. Отбасындағы ата-ана мен баланың қарым-қатынас нәтижесінде адамгершілік, эстетикалық, дене тәрбиесінің алғашқы үлгілері қалыптасатыны біздер, педагогтарға мәлім. Ал, ата–ана баланың алғашқы тәрбиешілері. Сол үшін әрбір тәрбие беруші маман ата-аналармен қарым- қатынас жасауда түрлі тәсілдерді, қазіргі жаңа заманауи технологияларды пайдалана отырып ата-ананың

қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс атқарса, ата-ананың балабақшаға, тәрбиеші мамандарға деген көзқарасы өзгереді.

Әсіресе, тіл мүкістігі бар балалардың тәрбиесінде ата-ана мен тәрбиешінің, ата -ана мен тіл түзету маманы, психологтің тығыз байланыста болуы шарт. Тәрбиешілердің практикасында ата-аналармен және көпшілікпен бірігіп жұмыс істеудің әртүрлі формалары қалыптасып, жемісті түрде қолданылып отырғанын бәріміз білеміз. Отбасы тәрбиесіндегі кездесетін сәтсіздіктер ата-аналардың педагогикалық-психологиялық сауатсыздығынан және оларда тәрбие жұмысын жүргізуге қажетті тәжірибенің жоқтығынан болады. Балаларды тәрбиелеудің дұрыс жолын табу үшін ата-аналарға көмектесу-тәрбиешілер мен тіл түзету маманының міндеті. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлерін қалай ұйымдастыруға болады?

Қазіргі ата-аналардың көбінің педагогикалық білімдері немқұрайлы, оның себебі-болмашы психологиялық - педагогикалық білімнің жоқтығы және баланың әлеміне бойлауға ниеті де, өздері көбірек себеп қылатын уақыты да жоқтығы, ал бұл жағдай жалпы жұмыстың тиімділігін төмендетуге әкеліп соғады. Сондықтан, бала тілін дамытудағы сәттілік-ата-аналармен байланысты орнату болып табылады. Түзету топ тәрбиешісі мен ата - аналардың арасында белгілі жұмыс жүйесі қалыптасады. Отбасымен танысу – ата аналарының хал - ахуалы туралы мәлімет жинап, жазып қоюмен бітпеуі керек. Әр түрлі отбасылармен жұмыста бірдей әдістер қолданған дұрыс емес. Оларды ата - аналардың мәдени, білім деңгейіне, отбасы тәрбиесінің стиліне, отбасындағы өзара қарым - қатынасқа, өз баласының проблемасын түсінуге, т.б. байланысты өзгертіп отыру қажет, яғни, ата - аналардың педагогтармен өзара байланысып, ынтымақтастықта жұмыс жасау жолдарын үнемі іздестіріп отыру керек. Мысалы:
- ата - аналарды тіл кемістігі бар балаларды дәрігердің де бақылауында ұстау негіздері туралы хабардар ету;
- олардың баласының сөйлеу дамуының деңгейі, қалалық ПМПК тексеруінің қорытындысы туралы толық ақпарат беру;
- сөйлеу дамуының бұзылушылық себептерінің түрлерінен бағдар беру;
-баланың білім алу бағытын жобалау;
-алдағы түзету жұмысындағы ата-ана ролін анықтау.

Ол үшін біз, яғни, педагогтар: тіл түзету маманы және психологтар, тәрбиешілер ата–аналармен жақынырақ танысып, отбасының әлеуметтік жағдайын, отбасы мүшелерінің бала тәрбиелеудегі рөлін анықтау үшін ата – аналардың ұсыныс – пікірлерін, ойын бөлісу мақсатында сауалнамалар, анкеталық сұрақтар дайындауымызға болады.

Сонымен бірге, жыл бойғы жүргізілетін жұмыс түрлерін ата–аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді, себебі, ата-аналар заман талабына сай өзекті мәселелерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыптарды өздері ұсына алатын кездері де болады. Және ата-аналардың ұсыныс-пікірлерімен санаса отырып, оларға арналған әңгімелер мен лекциялар, ақыл-кеңестер, сұрақ-жауап кештері, тәрбие жұмысын алмасу үшін ұйымдастырылған оқу, қызметтер, тренинг-сабақтар, ата-аналарды тіл түзету жұмыстарының түрлерімен таныстыру, сонымен қатар, іс жүзінде жүргізу әдіс-тәсілдері қарастырылады. Мұхтар Әуезов айтқандай : «Қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар. Ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек». Өмірлік тәжірибеден ұлы жазушымыздың сөзінің құдіреттілігін байқауға болады. Отбасы мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы байланысты күшейтіп, белгілі бір бағытты жұмыс жүргізу, ұйымдастырылатын мерекелік іс-шараларға, ата- аналарға және топ жиналыстарына ата-аналарды тартудың қажеттілігі: балаларда іс-әрекетті таңдаудың үлкен мүмкіндігі болады, балалар маңызды жетістіктерге жете алады; балалар еліктейді; ересектер тәрбиешінің жұмысымен жақын танысып, араласа алады және оны бағалай біледі.

Түзету топтардағы түзету - тәрбие жұмыстарының сәттілігі қатаң және алдын-ала ойластырылған жүйемен анықталады. Ал, бұл дегенің барлық оқу процесін және балалардың бүкіл іс-әрекеттерін түзету.

Жалпы түзету топ тәрбиешісі, логопедтің ата-аналармен өзара сабақтастығын, серіктестігін арттыру үшін, мынадай жұмыс түрлерін өткізу жоспарға қойылған: топ ішілік ата-аналар жиналысы, бақшаішілік жалпы ата –аналар жиналысы, ата-аналармен жеке кездесу, яғни, ата-аналар үшін ашық есік күнін белгілеу және өткізу, ата-аналарға тәрбиешілер тарапынан педагогикалық және психолог тарапынан психологиялық кеңес беру, психологиялық тренинг-ойындарға қатыстыру, мерекелік кештерге шақыру, ата-аналарды отбасылық жарыстарға қатыстырып, ата–аналармен «Толағай» спорттық сайысын өткізу белгіленді. Шығармашылық тұрғыдан алғанда «Шебер қолдар» қолөнер сайысын өткізу арқылы да біраз құнды мағлұматтар алуға, өнерлерін ортаға салуға болады. «Анаммен өткен бір күнім» және «Әкеммен өткен бір күнім» немесе «Бұқаралық ақпарат көзіне - жоқ дейміз» акциясын өткізуге ата-ана мен баланың қатысуын талап ету. Үйге тапсырма беру, мнемотехниканы ойлап тауып, суреттеп келуді тапсыру, орындалуын талап ету. Ата-аналар жиналысы кезінде, оларға бетке, тілге массаж жасау түрлерін көрсету.

Артикулияциялық жаттығулар жасату (Ата – анамен бірге):

Баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беру мәселелерінде отбасы мен балабақша ұжымының бірлескен өзара тығыз байланыста болуы қажет деп жоғарыда айтылғандай, балабақшада білім жүйесінің негізгі мақсаты-тұлғаны оқыту, психологиялық тәрбиелеу, жеке, мәдениетті тұлға ретінде дамыту болса, бұл мақсаттар өзара тығыз байланыста болғанда ғана нәтижелі болады. Баланы өмірге дайындау үшін, олардың тілдерін дамытудың маңызы ерекше. Сол себепті, ата-ана да тіл түзету топ педагогі жұмыстарынан хабардар болуы, жүргізілетін жұмыс түрлерін сол ата -анаға да қолдану шарт. Мысалы: «Саяхатқа шыққан тіл» ата-аналармен тілге жаттығу жасау (тыныс алу және дауыс элементтерімен жүргізіледі).

«Ата-анамен өткен бір күнім» анасымен немесе әкесімен бала бір күн бірге жүріп, ата-анасының іс-әрекетін саралап, көргенін, естігенін, күн ұзағына атқарған әрекеттерін баяндап берулері қажет. Немесе теледидар, радио, компьютерсіз бір күнді ата-ана мен бала өткізіп, сол әрекеттерін балабақшада баяндап беру.

«Үйге тапсырма» -мнемотехника құрастыр.

Мнемотехника-мектепке дейінгі мекемелерде көптеп қолданылатын жұмыс түрі.

Балаға ерте жастан дағды мен икемдерін қалыптастыру үшін оқу тәрбие процесінде, өлең, тақпақтарды жаттатуда өте тиімді әдіс. Өлеңнің әр сөзіне немесе сөз тіркесіне сурет салынады. Осылайша, өлеңнің барлық жолы сызбалармен беріледі.

-Ата аналармен байланыс-жеке және топтық жұмыс түрлерінде жүзеге асады. Тіл түзету маманымен жұмыс түрін қарастырсақ, логопед ата-аналарға жекелеп, белгіленген әр біріне арнайы күндерге белгілеп, массаж жасап көрсетеді. Бала психологиясының дұрыс қалыптасуында ата-ананың да, тәрбиеші-ұстаздың да атқаратын рөлі зор.

Сондықтан да, отбасы мен балабақша ынтымақтастығының өсіп келе жатқан болашақ ұрпақ өміріне тигізетін әсері өте зор. «Ұстаз-бағбан, бала-гүл» деген қағида әр балбақша маманының ұстанымы деп білемін.

Баланың тілінің дамуы танымдық процестегі қоршаған ортаны тану нәтижесінде болады, ал, бұл дегенің педогогикалық ұжымның ата - ананың, баланың бірлесіп атқарған іс - әрекетінің нәтижесі деп білеміз.

Міне, осы іс-әрекеттерді жоспарлап, іс жүзінде өткізудегі біздің мақсатымыз–заман талабына сай шыншыл, жаңашыл, шығармашыл, адамгершілік рухы жоғары, мәдениетті, жан-жақты сауатты, тілдері дамыған жеке тұлға тәрбиелеу. Қорытындылай келе, мынадай қанатты, әрбір адам ойланып жүретін сөздермен аяқтағым келеді.

Туылғаннан ана мейіріміне қанып өскен баланың өмірге бейімделуі жоғары болады!

«Баланы өз күшіне сендіріп үйрету керек. Қолыңнан түк келмейді - дей берсең бала жасқаншақ, жасық болып қалады. Осыдан сақтану керек» - деп, Мағжан Жұмабаев айтқан болса...

А.С.Макаренко «Ата-ана махаббаты-жанұяның балаға әсерінің басты себебі» десе...

Ал, Жүсіп Баласағұн:

Балам білім жолын қусын десеңіз,
Бесігінде-ақ, ілім шоғын көсеңіз
Білім үйрет сәбиіңе сарыла,
Уыздай ұйыт,сүттей сіңір қанына- деп. Мұхтар Омарханұлы Әуезов «Тәрбие-тал бесіктен басталады» деген.

Қолданылған әдебиеттер:

Француз қайраткері «Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субъективтік позицияны қалыптастыру. Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай- ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, басекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Жалпы алғанда «құзырлылық» ұғымы жайлы ғалым К.Құдайбергенова «Құзырлылық ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылықтың латын тілінен аудармасы «сомпетенс» белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді. Бұл жайлы Б.Тұрғанбаева «... өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар деп атаймыз» деп анықтаса, Ресей ғалымы Н.Кузьминаның көзқарасы бойынша, «Құзырлылық дегеніміз - педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлығы». Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Балаларды заманауи әдіс –тәсілдермен оқытып, ой –өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Аталмыш бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Бала өзінің балабақша қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған.

Тәрбиешілерге үлкен жауапкершілік міндеттелді. Балалардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, тәрбиешілер тынымсыз еңбектену керек.

ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ ЛИЧНОСТИ НА УРОКАХ ИСТОРИИ И ПРАВА

Молдахметова Альбина Жаксугуловна
КГУ «Общеобразовательная средняя школа-гимназия №11 г. Актобе

Во все времена педагога волновала проблема, как сделать так, чтобы всем было интересно на уроке, чтобы все были вовлечены в учебный процесс, чтобы не осталось ни одного равнодушного.

Как с помощью истории развить личность ученика, его творческое мышление, умение анализировать прошлое и настоящее, делать собственные выводы и иметь на все собственную точку зрения?

Современное общество ставит перед школой задачу подготовки активных выпускников способных:

- ориентироваться в меняющейся жизненной ситуации;
- самостоятельно критически мыслить;
- видеть возникающие проблемы и искать пути рационального их решения.

Сегодня определен обязательный минимум содержания обществоведческого образования выпускников школы. Учителям известен перечень основных дидактических единиц. Постепенно складываются представления о том, что делать на уроках, чему обучать. Однако по-прежнему учителей и методистов волнует вопрос, как преподавать и обучать, как учить и учиться. Основные методические инновации связаны с применением информационно-образовательной среды обучения позволяющих взаимодействовать или находиться в режиме беседы, диалога с чем-либо (например, компьютером) или кем-либо (например, человеком).

Информационно-образовательная среда – способствует повышению обучения и организации познавательной деятельности. Его суть состоит в такой организации учебного процесса, при которой практически все обучающиеся оказываются вовлеченными в процесс познания, они имеют возможность понимать и рефлексировать по поводу того, что знают и думают. В результате создаются условия, при которых ученик чувствует свою успешность, свою интеллектуальную состоятельность, что делает продуктивным сам процесс обучения.

Одной из форм информационно-образовательной среды является интерактивное обучение – это освоение учеником опыта (стихийное или специально организованное), основанное на взаимодействии с областью осваиваемого опыта, с тренером, друг с другом. Для того чтобы без потерь интегрировать его приемы в рамки классно-урочной системы (связанной с жесткостью учебного расписания, сменой уроков, кабинетов и пр.), необходимо использовать самые разнообразные интерактивные способы взаимодействия с аудиторией.

Варианты взаимодействия с аудиторией можно разделить на невербальные и вербальные.

К невербальным относятся:

-акустические: интонация (громкость, тембр, темп речи);

-тактильные: расстояние (далекое – близкое, по-разному действующее на интенсивность контакта), прикосновения (одобряющие, успокаивающие, гасящие агрессивность).

Среди вербальных приемов интерактивного обучения психологи выделяют: -умение задавать открытые вопросы (т.е. такие, которые заранее ориентированы не на единый – «правильный» - ответ, а на высказывание различных точек зрения по проблеме);-выбор учителем собственной позиции не как определяющей, а как нейтральной.

Таким образом, интерактивное обучение позволяет: развивать коммуникативные умения и навыки, приучать работать в команде, Интерактивное обучение благодаря смене форм деятельности способствует, в известной мере, и релаксации, снятию нервной нагрузки.

Ниже перечислены некоторые «условные» правила, которые полезно учесть, приступая к организации интерактивного обучения на уроках обществознания в старших классах:

1. В работу должны быть вовлечены в той или иной мере все ученики.
2. Надо позаботиться о психологической подготовке учеников. Полезны разминки, постоянные поощрение учеников за активное участие в работе.
3. Количество учащихся не должно быть не много (не более 25). Помещение должно быть подготовлено с таким расчетом, чтобы всем участникам интерактива было легко пересаживаться для работы в больших и малых группах.
4. Вопросы процедуры и регламента надо обсудить в самом начале занятия и постараться не нарушать их. Например, важно договориться о том, что все участники будут терпимы к любой высказываемой точке зрения.
5. Деление участников на группы лучше построить на основе добровольности.

В процессе интерактивного обучения можно применять различные формы урока, но наиболее результативными являются семинары, лабораторные и практические работы. Оптимальным способом организации такого урока является пространство тренинга.

Применение информационно-образовательной среды требует большой подготовки как самого учителя, так и подготовки учащихся, их готовности сотрудничать, подчиняться правилам, предложенным учителем. В любом методе присутствуют как положительные, так и отрицательные моменты, которые должны быть учтены учителем.

Литература:

1. Андреев, А.А. Педагогика высшей школы: Новый курс: Учеб. пособие. -- М.: МЭСИ, 2002. 264 с.

2. Андреев А.А. Некоторые проблемы педагогики в современных информационно-образовательных средах // Инновации в образовании. 2004. № 6. С. 98 - 113.

3. Беренфелъд Б.С, Бутягиида К.Л. Инновационные учебные продукты нового поколения с использованием средств ИКТ (уроки недавнего прошлого и взгляд в будущее) // Вопросы образования. 2005. № 3.

4. Е.И.Горбунова, С.Л.Лобачев, А.А.Малых, А.В.Манцивода/Подход к стандартизации в информационно-образовательной среде открытого образования/ Иркутск, Москва

5. Ильченко О.А. Организационно-педагогические условия сетевого обучения. - М., 2002.

«ПУТИ СОЗДАНИЯ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО КОМФОРТА В ГРУППЕ»

Молдаязова Дина Тонаштаковна
Детский сад № 27 «Айголек», воспитатель

Детство - время, когда закладываются основы **эмоционального и психологического благополучия у дошкольника**. Именно **обеспечение эмоционального и психологического благополучия** ребенка и является одной из основополагающих задач дошкольного воспитания в ДОУ. Ведь комфортность психологического и **эмоционального** самочувствия дошкольника является показателем эффективной **работы** детского сада и составляет основу психологического здоровья дошкольника.

Для ребенка нет ничего важнее психологического и **эмоционального благополучия** - без него не сложится нормальная личность.

Поэтому одной из важных задач мы считаем организацию пространства в **группе**, которое бы способствовало рациональному и **комфортному** пребыванию ребенка в **группе детского сада**. Организация пространственной среды в нашей **группе** направлена на удовлетворение трех основных потребностей: потребность в общении, в движении, в познании. Такая среда соответствует возрастным и **психологическим** особенностям воспитанников.

Пространство **группы имеет** зоны:

1)«Спокойная» зона, где предполагается организация спокойных видов деятельности: настольные игры, рассматривание книг, картинок, организация творческой деятельности, предоставляется возможность уединения.

2)«Активная», связанна с активным движением, конструированием игровых построек, организацией сюжетно-ролевых, подвижных и других **групповых игр**.

3)«Рабочая»-для организации непосредственной образовательной деятельности.

Сегодня я хотела бы подробно остановиться на содержании «спокойной» зоны нашей **группы.** Используя атрибуты как: мягкий коврик, журналы, подушки и варежки-мирилки, дети могут в любом уголке нашей группы отделиться от общей **группы и** комфортно **помечтать**, посекретничать и главное- побыть в одиночестве..

Мягкие наушники, чтобы побыть в тишине.

Фотоальбом с семейными фотографиями. Ребята его могут полистать, отыскать в нем свою мамочку, посмотреть на нее и, например, рассказать ей свой секрет. С помощью игрушечного телефона ребенок может совершать воображаемые звонки маме или папе, сказать, что он их очень любит и ждет.

Еще одной составляющей «спокойной» зоны являются дидактические игры, содержание которых направлено на работу с **психо-эмоциональными состояниями детей**:

"шнуровки", «Собери бусы из прищепок», игры с камушками и цветными клубочками. Эти игры способствуют снижению **психоэмоционального** и мышечного напряжения, развитию мелкой моторики. Если ребенок расшалился, или испытывает негативные чувства, можно предложить ему сматывать нитки в клубок, это поможет ему успокоится.

Массажные мячи - «ежики». Катая мячик в ладошках разными способами, наши дети снимают напряжение, успокаиваются.

Зеркало эмоций-если у ребёнка плохое настроение, можно предложить ему сесть перед зеркалом, в уголке уединения, посмотреть на себя внимательно и улыбнуться. Настроение обязательно улучшится.

«Стаканчики-кричалки», «ведро для гнева»-дети в них выкрикивают или выдувают свои обиды и злость.

«Агрессивный коврик» дает детям представление о том, какие они колючие, когда злятся. Нужно потопать по коврику и злость пройдет.

Ежедневно возникают ситуации, когда кому – то делают больше замечаний, кого – то чаще хвалят и т. п. Это может **создавать у детей ощущение**, что воспитатель относится к ним неодинаково. Для поддержания уверенности ребенка в том, что воспитатель относится к нему так же справедливо и доброжелательно, как и ко всем остальным, мы ввели в жизнь **группы некоторые традиции**.

Одна из них-это отмечать дни рождения детей. Мы подготовили единый сценарий, который одинаково воспроизводится при чествовании каждого именинника, что подчеркивает значимость каждого ребенка и укрепляют дружеские отношения детей в нашей **группе**.

Еще одна традиция – «Круг хороших воспоминаний». Ежедневно во второй половине дня мы предлагает всем детям сесть в круг, где мы коротко рассказываем что-нибудь хорошее о каждом ребенке. Самое главное, что каждый ребенок услышит о себе что - то положительное и новое, а остальные поймут, что у всех есть какие – то достоинства.

В своей **группе** мы используем такой прием как «стул размышлений», «Почетный стул» и «вопросительный стул».

«Стул для размышлений», служит для того, чтобы, сидя на нем, ребенок мог вспомнить забытые им правила поведения. Самое главное: стул не должен быть наказанием для детей.

А чтобы стимулировать повышение самооценки, уверенности в себе, снятие тревожности у наших детей есть «Почетный стул».

Наши воспитанники задают очень много вопросов, зачастую мы просто не успеваем ответить на все. В связи с этим у нас набирает обороты очень хороший прием «Вопросительный стул», на котором наклеен знак вопроса, ребенок садится на этот стул, показывая, что возник вопрос, наша задача обязательно уделить внимание ребенку, находящемуся на «вопросительном стуле».

Все эти методы и приемы направлены на **создание психологически комфортной атмосферы в группе**.

Уважаемые коллеги в наших руках возможность **создать** в саду такую атмосферу, в которой дети будут чувствовать себя “как дома”.

Литература:

1.С.В.Терпигорьева Практические семинары для педагогов. Психологическая компетентность воспитателей. Выпуск 2.Волгорад.Учитель 2011.с.144

2.Аралова М.А. Формирование коллектива ДОУ: психологическое сопровождение.М.сфера..2005 с.65

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Мукангалиева Гулсим Каршыгаевна
«А.Байтұрсынұлы атындағы лингвистикалық мектеп-гимназия» КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазіргі таңдағы еліміздегі өзгерістер, тұрақты дамудың жаңа стратегиялық бағыттары және қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы, қарқындылығы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Білім берудің жаңа үлгісін ендіру тұлғаны дамыту үдерісі ретінде тәрбиеге басты назар аударылуда. Қазіргі кезеңдегі басты мәселенің бірі жаңа технологиялардың дамуы кезеңінде болашақ ұрпақтың тәрбиесі мен білім алуында ұстаздардың атқаратын рөлі ерекше. Орта мектеп -білім жүйесінің ең басты буыны . Қазақстан білім беру жүйесі қазіргі таңда өзгермелі және өскелең талаптары мен қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, отандық білім саласын әлемдік білім деңгейіне жеткізуге бетбұрыс жасауда. Бұл білім жүйесін жетілдіру және оны сапалы деңгейге көтеруді алға тартады. Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім, ғылым, тәрбие қажет. Ендеше, санасына сызат түспеген періште көңіл сәбиді өмір баспалдағына жетелеп, білім мен тәрбиенің ақ желкеніне отырғызып, рухани дүниесін байытып, біліммен нәрлендіретін ,әлемдік бәсекелестіктің жылдам дамуына ілесе алатындай «Мәңгілік елдің» білімді де тапқыр дара тұлғаны қалыптастыратын -ұстаз .

Білім беруді жаңарту оқушы білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда функционалдық сауаттылығын қалыптастырады. Оқушылардың бойында өзіндік білім алу, талдау, құрастыру, қоғамдық өмірде өзін-өзі жан-жақты таныту үшін білімін пайдалана білу дағдыларын қалыптастырады және қоғамға пайда келтіреді.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:белсенділік,шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алу, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, қызығушылығы бар адамды мектеп табалдырығынан дайындап шығарудың ең бір тиімді тәсілі ол – оқытудағы математикалық сауаттылық.

Математикалық сауаттылық дегеніміз-математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің, оқушылар дүниенің ғылыми бейнесін меңгеру. - математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну,әртүрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру, дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту,есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру, математикалық білімді өмірлік жағдайда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдану.

Математика сабағындағы негізгі сауаттылыққа мыналар жатады :

1. Математика – ғылым болысынан балам ұғымдар . Сондықтан да математика барлық ғылымдардың логикалық негізі-күре тамыры ретінде қарастырылады.

2. Математика- ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады , дамытады және оны шыңдай түседі.

3. «Математикалық сауаттылық » ауызша, жазбаша қабілеттерін қалыптастыру арқылы оқушының «мтематикалық сауаттылықты » меңгеруге білу қабілетін шыңдайды.

4. Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылысты, жаңалықты дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі.

5. Математиканың болашақ тұлғаны моральдық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан қалыптастыруда да тәрбиелік мәні бар.

Біздің заманымыз ғылым мен техниканың ғарыштап дамыған кезеңі, біз ұстаздар сол заманман бірдей қадам басуға міндеттіміз, себебі біз бала тағдырына жауаптымыз. Сондықтан оқушылардың функционалдық математикалық сауаттылығын арттыру үшін мынадай жұмысын жүргізуіміз керек:

1. Сабақ берудің жаңа технологиясы негізінде құрастырылған сабақтың әр тарауы,әр тақырыбы бойынша “білу – түсіну – қолдау – тұжырымдау” деңгейлік тапсырмаларымен жүйелі жұмыс жасауды күшейту;

2. Сабақ практикалық мазмұнды есептерді, әртүрлі форматтағы тест тапсырмаларын, стандартты емес жағдайларда білімді қолдануға арналған қызықты есептер шығарту;

3. Математика пәні сабақтарында, таңдау курстарында алған білімдерін өмірмен ұштастыруға, оны практикада қолдануға, логикалық есептер шығаруға үйрету;

Тәжірбиге сәйкес оқушылардың төмендегідей есептерді шығару барысында функционалдық сауаттыллықтарын дамытып ақпараттық мәдениеттілігін қалыптасады.

№1.Бір елде 20 қала бар .Оның әрқайсысы бір-бірімен әуә байланыста жұмыс жасайды .Бұл елде неше әуе байланыс бар? Жауабы : 190

№2.Бір жылда ең көп дегенде неше жексенбі болуы мүмкін?Жауабы: 53

№3.Қанша тәсілмен бір қатарға қызыл,көк,жасыл,сары шарларды орналастыруға болады? Жауабы: 24

№4.Шахмат турниріне 7 адам қатысты. Әркім әрқайсымен бір партиядан ойнады. Барлық ойнаған партиялар саны қанша? Шешімі: 6+5+4+3+2+1 =21

№5. Дүкенде 4 әр түрлі қасық ,5 әр үрлі кесе және 3 әр түрлі тәрелке бар .Неше әдіспен 1 тәрелке,1 қасық және 1 кесені сатып алуға болады? Шешімі: 4*5*3=60

Әр түрлі есептер адам ойының дамуына жетелейтіндігі сөзсіз.

Қазіргі уақыт жаңа әдісті,шығармашылықты,ізденісті талап етеді.Мұғалімнің негізгі міндеті-оқушыларға терең де,тиянақты білім беру.

Оқушылардың математикалық сауаттылықтарын қалыптастыру мәселесі бүгінгі күні мектептеріміздің білім саласында тұрған басты мәселенің бірі болып табылады. Әр мұғалім алдымызға келген шәкірттерге олардың жеке тұлға болып қалыптасуына,жақсы тәрбие,терең білім беру үшін аянбай еңбек ету керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық әс-қимыл жоспары.

2.Логикалық есептер жинағы.

ДОКЛАД
«ПОДДЕРЖКА РЕБЕНКА ОПП НА УРОКЕ ЛИТЕРАТУРНОГО ЧТЕНИЯ»
(Из педагогического опыта)

Муканова Жанна Онайгалиевна

Урок по предмету литературное чтение 2 класс. В контексте сквозной темы «Традиции и фольклор». Тема урока «Елена Премудрая» (Русская народная сказка). Загадки.

Цель обучения отобрана на урок строго в соответствии с учебной программой:
2.1.3.1 прогнозировать конец произведения по заголовку и началу.
2.2.4. 1понимать и определять жанровые особенности произведений малых жанров устного народного творчества, сказки, рассказа, стихотворения (с помощью учителя).
2.3.2.1 писать творческие работы разных жанров по образцу – загадки сказки – или по готовым рифмовкам – считалочки/стихи (с помощью учителя).

Цель урока соответствует целям обучения:
- Знают и классифицируют жанровые особенности малого жанра устного народного творчества.
- Умеют различать концовку и начало произведения.
- Развивают знания о загадках.

Цель урока составлена в соответствии с целью обучения в формате СМАРТ конкретное, измеримое и достижимое в течении всего урока, в соответствии с уровнем мыслительных навыков Знание Понимание, Применение , которые главным образом направлены на овладение учащимися знаниями, умениями, навыками.

Цель урока учитывает возрастные, индивидуальные и особые потребности ребенка. Цели поставлены таким образом, чтобы все учащиеся могли их достичь.



Для достижения поставленной цели урока способствует грамотно подобранные активные методы обучения, которые побуждают учащихся к активной мыслительной деятельности в процессе овладения учебным материалом.

При выборе методов обучения на уроках литературного чтения важно учитывать содержание программы, специфику понятий и представлений, которые необходимо сформировать при обучении, что мной и учитывалось в первую очередь при подборе АМО, для данного урока

Каждый метод обучения целесообразно использовать на всех этапах урока, чтобы добиться успехов в процессе усвоения учебного материала на уроке литературного чтения. АМО повышают объем выполняемой работы на уроке, активизируют положительную мотивацию обучения, вовлекают всех учащихся в учебный процесс, поддерживают обучающихся с индивидуальными или особыми потребностями, способствуют повышению эффективности урока и проведению его на хорошем эстетическом и эмоциональном уровне. На уроках литературного чтения, реализуется развитие навыков речевой деятельности Слушание, Говорение, Чтение и Письмо.

Для достижения целей на уроке были использованы следующие методы обучения

Словесный метод, так как при использовании данного метода Источником получения знаний является «слово», как учителя, так и ученика. Словесный метод стимулирует активную деятельность учащихся, обеспечивает высокую культуру слуховых восприятий (слушание) и мышления (думанье), требует умений анализа и синтеза, конкретизации и противопоставления, суждения и умозаключения, развивает навыки чтения, устную и письменную речь. формирует у детей теоретические и фактические знания. Обеспечивается вербальный обмен информацией между учителем и учащимися На разных этапах данного урока применяется: рассказ учителя, беседа, диалог, воспроизведение текста, чтение произведения,

Наглядный метод-, повышает эффективность обучения, особенно для детей с более выраженным наглядно-образным мышлением, пробуждают интерес к учению, повышают работоспособность. развивать наглядно-образное мышление; способствуют развитию коммуникативных умений, совершенствованию речи, раскрывают (расширяют, уточняют) содержание темы; помогают понимать и запоминать теоретические сведения. Наглядное восприятие учебного материала очень эффективна, в связи с тем, что у детей хорошо развита зрительная память

Целью практического метода на данном уроке является формирование знаний и умений в процессе практической деятельности , где учащиеся самостоятельно приобретают знания, путем составления загадки по образцу, по памятке, В процессе работы над загадками, ученики получают такие умения: выделение самых существенных признаков предмета, сравнение его с другими, похожими, нахождение наиболее точных, выразительных словесных средства и т. п. Также реализуется развитие навыка речевой деятельности - письма.

Все АМО используемые на уроке способствуют достижению цели урока.



Предлагаю вашему вниманию задания, в котором сочетаются все три метода обучения *Задание 1 выполняют в малых группах.* *Задание 2 выполняют самостоятельно.*

В результате наблюдения за учащимися был выявлен ученик, которому требуется особые образовательные потребности ребенка, он, то есть ученик испытывает затруднения в выполнении самостоятельной работы при составлении предложений, пересказа содержания текста, о чем свидетельствует маленький словарный запас слов.

На основе анализа полученной информации был составлен план педагогической поддержки. Выполнение самостоятельной работы на уроке литературного чтения, с использованием алгоритма выполнения задания, с использованием карточек-схем, слов подсказок, пошаговых инструкций, памяток, выполнение заданий не нарушается.

В данном задании **Поддержка** ребенка заключается в выполнении доступного для него задания с использованием Памятки со словами подсказками.

Ученик беспрепятственно включается в образовательный процесс, на основе доступности задания и взаимного сотрудничества ученик-учитель.

Успех данных заданий, в том, что справляются все. Достигается цель урока. Взаимооценивают друг друга: методом смайлики, палец вверх.

Ученик, нуждающийся в поддержке, успешно преодолевает трудность, что ведет к повышению самооценки и похвалы со стороны учителя. В процессе работы над заданиями у всех учащихся формируется:

Предметная грамотность 1. Знают, что такое загадка 2. Различают фольклорные жанры. Функциональная грамотность. 1.Ученики учатся ориентироваться в тексте 2.Воспроизводят информацию 3.Работают с картинками 4.Умеют работать по памятке 5.Развивается навык совместной, самостоятельной деятельности 6.Пополняется словарный запас 7. Развивается речь 8. Развивается творческое мышление.



Подводя итог своего урока, считаю, что на данном уроке сочетание словесного, наглядного, практического методов обучения соответствует критериям оценивания, соответствует уровню мыслительных навыков, что дает нам достижение целей обучения

Задание, направленное для поддержки трудности ученику, соответствует индивидуальным потребностям.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Мукашева Кенжегул Сериккалевна
Әйтеке би ауданы, Талдысай ЖОББМ

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заманның басты талабы. Болашақ азамат өз ұлтының асыл мұрасынан сусындау арқылы туған халқының тарихымен, мәдениетімен жете танысып, білімін кеңейтеді. Туған тілінің бай қазынасын игеріп, грамматикасын терең меңгерген білім алушы қоғамның кез келген саласында қиналмай қызмет етіп, өзінің функционалды сауаттылығын көрсете алады.

«Оқу сауаттылығы» термині кең мағынада қарапайым оқу біліктілігін емес, мәліметтерді айқындай білу қабілетімен анықталады. Мектеп жасындағы балалардың тек оқу техникасын меңгеруі қазіргі таңда қабілеттілік болып есептелмейді. Оқу сауаттылығы туралы түсінік білім алушылардың әртүрлі форматтарда берілген мәтіндерді түсіне білуі, олардың мәні мен мазмұнын түсініп тұжырымдауы және білім алушылардың мектептен тыс уақыттарда, әртүрлі өмірлік жағдаяттарды шешуде оқығанын қолдана білу іс-әрекеттеріндегі қызметтерін бағалауға негізделген.

Оқу сауаттылығында мәтіннің қомақты бірліктерін қамтыған көркемсөз мәтіндерінен тұратын "тұтас мәтіндер" болып табылады. Тұтас мәтіндер өзара сабақтасқан сөйлемдерден тұрады, олар бөлімдер, тарау, кіріспе және кітаптардан топтастырылады. Мағыналы азат жолдары сатылы құрастырылған және оқырманға мәтіннің логикалық құрылымын түсінуіне көмектесетін тақырыппен, тақырыпшамен белгіленеді. Тұтас мәтіндерге сипаттау (көркем және техникалық), мазмұндау (әңгіме, есеп берулер, репортаж), түсіндіру «интерпретация), дәлелдеу (пікір, ғылыми түсініктеме не негіздеме), нұсқау беру (ережелер, жұмысты орындауға қатысты нұсқаулар) жатады.

«Дискретті мәтіндер» немесе «жадағай мәтіндер» кестелер мен сызбалар, графиктер, журналдың не кітаптың мұқабалары, карталар, диаграмма сияқты мәтіннің ақпараттық бірліктерінен тұратындықтан, басқа оқу дағдыларының әрекеттерін талап етеді.

«Аралас мәтіндер» «тұтас» және «дискретті мәтіндердің» ерекшеліктерін біріктіреді. Аралас мәтіннің вербалды және бейвербалды элементтері бір-бірін толықтырып тұратын сөз және сөзсіз көрсетілген элементтер арқылы ерекшеленеді. Бүгінгі күні көптеген ақпараттық мәтіндер презентациялық форматта (веб-парағы, толтыруға арналған түрлі кестелер, жарнамалар, мәзірлер, ақпараттық парақшалар, журналдар және т.б.) әзірленеді. «Құрамдас мәтіндер» мағына ғана емес, формат жағынан да әрқайсысы бір-біріне тәуелсіз әртүрлі /бірнеше/ мәтіндерден құрастырылады. Сонымен қатар мұндай мәтіндер өзінің мағыналық жағына байланысты және ойды толық аяқтап, мәтіннің диагностикалық мақсатын анықтайды

Білім алушылардың оқыған мәтінін қаншалықты түсінгенін немесе түсінбегенін анықтау үшін мынадай сұрақтар қоюға болады:

1. Оқыған мәтініңізді өз сөзіңізбен баяндап берсеңіз.
2. Мәтінді оқығаныңызды қалай немесе немен дәлелдер едіңіз?
3. Мәтін мазмұнын өзіңізше түсіндіріңіз.
4. Мәтінде берілген ақпараттарды жіктеп айтыңыз?
5. Қысқаша ғана бірнеше сөйлеммен негізгі ойды айтып беріңіз.
6. Мәтінде көтерілген негізгі ойдың басқа құбылыстардан, жағдаяттардан не болмаса ұғымдардан ерекшелігі неде?
7. Мәтіндегі көтерілген мәселеге қарама-қайшы не мәселе болуы мүмкін?
8. Мәтіндегі оқиғаның не құбылыстың әрі қарай өрбуін, оның себебі мен салдарын (нәтижесін) болжап айтыңыз.

Қазақ тілін функционалдық сауаттылықты дамыту бағытында оқытуда педагогиканың, дидактиканың жаңашыл идеяларын қолдану керек. Бұл ретте оқу бағдарламасы, оқулық, оқу құралдары мен оқыту формалары, оқушының білімін тексеру мен бағалаудың жаңа формалары, жаңа оқыту технологиялары, білім мазмұнын сұрыптаудағы жаңашыл әдістер т.б. мәселелер аса өзекті болып табылады.

Сабақ жоспарын әзірлеу — мұғалімнен білімділікті, педагогикалық шеберлікті қажет етеді. Сабақтың барлық кезеңдерінде мұғалімнің сабақ берушілік қана емес, басшылық, жетекшілік, қолдаушы, ынтымақшылдық болмысы айқын сезіліп тұруы тиіс. Мұғалім қазақ тілі сабақтарын «грамматикалық ережені айту», «жаттату», «талдаулар жүргізу» сияқты ғана іш пыстыратын әдістермен шектемей, оқушылардың функционалдық сауаттылығын, яғни

күнделікті өмір жағдаяттарында керек болатын білім мазмұнын теориялық және практикалық бағытта ұйымдастыруы міндетті. Сабақ үстінде оқушылардың «жеке» — «екеу» — «үшеу» — «төртеу» — бесеу немесе «топ» — «команда» — «сынып» — «жеке» түрінде жұмыс істеуін ұйымдастырып, тапсырмалардың осы желіде орындалуын қадағалауы тиіс. Қазақ тілі сабақтарының «Қызықты грамматика әлемінде», «Квест-сабақтар», «Жоба сабақтар», «Ойын сабақтар» сияқты оқу іс-әрекеттері белсенді өтетін түрлермен көбірек ұйымдастырылуы арқылы оқушылардың өз бетімен қазақ тілі меңгеру дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік мол болады. Осы айтылғандармен қатар, қазақ тілі сабақтарында оқушылардың «рефлексиялық жаттығулар» орындауына, білімін тексерудің тестілік түрін қолдануына, жаңа ақпараттық технологияларды мұғаліммен және өз бетімен қолдануына, жоба жұмыстарын түрлі формада қорғауына, өзара пікірталастар мен семинар-сабақтар ұйымдастыруына жағдайлар жасап, белсенділігін арттыру жолдары көзделеді.

«Бағытталған оқу» әдісі. Бұл әдіс – білім алушыларды мәтінді оқу барысында сұрақтар арқылы оны түсінуге бағыттайтын стратегия. Білім алушылардың мәтінді оқу үдерісін мұғалім әр мағыналы абзац сайын тоқтатып отырады.

Әдісті жүзеге асырудың тәсілдері:

1-қадам. Мұғалім әңгімені алдын ала мағыналы бөліктерге бөлу керек. Сонан соң түсінуге бағытталған әр үзінді бойынша, әр бөлікті оқығанға дейін немесе оқыған соң қойылуы мүмкін сұрақтар ойластырады.

2-қадам. Соңында оқыған мәтінін қайта қарауға және алынған білімді қолдануға ықпал ететін тапсырма беру керек. Бұл сондай-ақ үй тапсырмасы болуы мүмкін.

«Джиксо» әдісі Бұл әдіс – білім алушылардың мәтін мазмұнын түсіну барысында бірінбірі оқытуда көмектесуіне арналған жұмыс түрі. Бұл жұмыс білім алушылар мәтінді оқығанда немесе зерттеу жүргізген кезде пайдаланылады. Сондықтан мұғалімнен алдын ала нақты дайындықты талап етеді. Бұл әдіспен жұмыс жасау барысында әрбір оқушы мәтінді толық меңгереді. Мәтіннің өзі қарастырған 15 бөлігін түсіндіргенде, олар сарапшы бола алады.олардың әрқайсысы басқадан үйреніп, басқаны үйретуде белсенді рөл атқарады.

Әдісті жүзеге асырудың тәсілдері:

1-қадам. Білім алушыларды 4 не 6-дан үй топтарына бөлу.

2-қадам. Ой ашар жасаған дұрыс. Бұл оқушылардың көңілін көтереді /ой ашар оқылатын мәтінге қатысты болғаны жөн/.

3-қадам. Білім алушыларға мәтін үзінділері беріледі, олар берілген үзінділерді мұқият оқиды. Мұғалім білім алушыларды оқитын мәтінмен қамтамасыз етеді. Білім алушылар өз бөлігі бойынша жұмысты тиімді жасау үшін сараптама топтарына бөлінеді, яғни әр үстел 1-ден 4-ке дейін немесе 1-ден 6-ға дейін /білім алушы санына қарай/ нөмірленеді. Үстел нөмірлеріне сай білім алушылар да 1-ден 4-ке дейін немесе 1-ден 6-ға дейін саналады да, білім алушылар үстел нөмірі мен өз саны бойынша сараптама тобына бөлініп отырады.

4-қадам. Білім алушылар берілген мәтінді толық оқиды. Сарапшы ретінде олар мәтінді жақсылап түсініп талқылау үшін уақыт беріледі /Егер тапсырма болса оны орынду керек/. Сонан соң бірлесе отырып, мәтінді үй топтарына қалай жеткізу керектігін ойластырады. Мұғалім білім алушылардың мәтін мазмұнын айтып берумен шектелмейтіндерін, туындаған сұрақтарды талқылап, іздену арқылы шешім табу керектігін түсіндіреді. Мұғалім топтан-топқа барып бақылайды, керек болса көмек береді.

5-қадам. Үй тобына оралған соң білім алушылар өздері оқыған мәтін бөліктері бойынша жалпы талқылауды басқарады. Сонымен қатар олардың міндеттері идеяны жеткізіп қана қою емес, шешім табу үшін топқа сұрақ қою және басқаларды сұраққа тарту.

Сабақтарда оқушы сұрақ қоя білуге, әр кез сұраққа жауап іздеуге талпынады, екпінді іс-әрекетке түседі, әр түрлі идеялар мен пікірлерді сарапқа салады. Бұлардың барлығы оқушыдан үнемі тілдік қатынасқа түсіп отыруға итермелейді, оқу сауаттылығын арттырады.

Нәтижесінде, өз пікірін тұжырымдап айтатын, көпшілік ортада батыл сөйлей алатын, өзгемен еркін сөйлесім қарым-қатынасына түсетін тұлға қалыптастыра аламыз.

Сын тұрғысынан ойлау тапсырмалары арқылы оқушылар шешім қабылдауға, мәселелерді шешудің жаңа жолдарын іздестіруге тырысады, жаңа идеялар ұсынады. Оқу үдерісінде жұптық, топтық жұмыс түрлеріне, біріккен шығармашылық тапсырмалар мен жобаларды орындауға үлкен мән берілді.

Бүгінгі күні функционалдық сауатсыздықпен күресу – тіл мамандарына жүктелген міндеттің бірі. Елбасы сөзімен айтар болсақ, “білім беру тек оқытумен ғана шектелмей, оны керісінше, әлеуметтік адаптация процесіне бейімдеу қажет”. Сол себепті де білім алушылардың функционалдық оқу сауаттылығын дамыту үшін олардың мәтінді оқу және түсіну қабілетін арттыруымыз қажет, яғни білім алушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрете білуіміз керек.

Әдебиет:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы; 71

2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдістері:әдістемелік құрал/Н.А.Даулетова–Атырау: «Өрлеу» БАҰО»

3«PISA-2018/компьютерлік формат халықаралық зерттеуі құралдары»: Жинақ - «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ. Астана, 2016 – 126 бет.

4.Н.Ж.Құрман М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Қазақстан филиалы, Астана (E-mail:nessibeli_k@mail.ru)

ЕРЕКШЕ МҰҚТАЖДЫҚТАРЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕГІ КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНЕН ОҚЫТУ ӘДІСІ

Мунайтбасов Еркин Орынбасарович
Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназия

Көркем еңбек сабағы - әрбір оқушының рухани байып, дүниетанымын қалыптастыратын бірден-бір пән. Көркем еңбек пәнінің мұғалімі өзінің лауазымдық міндеттеріне сай еңбекке баулудың, тәрбилеудің әдістемесі мен бағдарламасына сәйкес балаларды оқыту жұмыстарын жүйелі жүргізіп отырады. Осы орайда, қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру әдістері көркем еңбек пәні сабағында да жүзеге асырылып отырады.

Көркем еңбек пәнін халықтық педагогикамен ұштастырудың маңызы айрықша. Оқушылардың еңбекке икемділігі мен дағдысын, оларды практикада қолдануға дайындығын қалыптастырады. Мемлекеттік білім стандарттарына сәйкес еңбекке баулудың оқу жоспары мен үйірме материалдарын құрастырарда ерекше білімді қажет ететін балалардың білім алу ерекшеліктеріне баса назар аударылып, түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Сонымен қатар, оқушыларды техникалық шығармашылыққа, халықтық , ұлттық өнерді жалғастыруға, ұтымды еңбек етуге және өнертапқыштыққа ұмтылысын дамытып отырады. Көркем еңбек пәні мұғалімінің кәсіптік бағдарлау жұмыстарын үнемі тиімділікпен жүргізіп отыруы маңызды міндет. Көркем еңбек пәні бойынша ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы

білім беретін мектептердегі оқыту үрдісінің өзіндік ерекшеліктері бар. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Қазақстан Республикасында кемтарларды әлеуметтік қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді

Инклюзивті білім беру дегеніміз – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу. Инклюзивті оқыту - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту - оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс - әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді.Инклюзивті оқыту - адамдармен қарым - қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым – қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір - біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым - қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы - құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету- орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір - бірімен қарым - қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді.

Инклюзивтік білім беру - барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата - аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу - педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Егер оқушыда мұғалімнің жекелік көмегіне қарамастан бір немесе бірнеше пән

бойынша оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтары сақталса, онда мұғалім мектептік психологиялық-педагогикалық қызметінен көмек сұрап, мүмкіндігінше қатарынан қалмау әдіс-тәсілдерін қолданады.

Ұлы орыс ғалымы, Ресей ғылыми педагогикасының негізін салушы К.Д.Ушинский «Педагогиканың кең табанымен өте жіңішке төбесі бар: бастапқы сабақ берудің дидиактикасы том-том болуы мүмкін, өз пәніңді жақсы біл және оны анық түсіндір» деген екен. Дарынды оқушыны анықтау, ерекше білімді қажет ететін оқушылардың қабілетін арттыруда белгілі бір мақсатта жұмыстар ұйымдастырылады. Ерекше білімді қажет ететін бала болса да, көркем еңбек пәні сабағын жүргізетін мұғалім шеберлігіне байланысты болашақ өз елінің еңбекқор,өнер адамы болып қалыптасуына әсер етеді.

Қорыта айтқанда, инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз.

Пайдаланған әдебеттер:

1. Мағжан Жұмабаев Педагогика 1992 ж
2 Қ.Жұмасова Психология Астана -2006 ж
3. Жарықбаев Қ. Жалпы психология, 2000
4. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы
5. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы - Астана, 2010
6.Республикалық педагогикалық –әдістемелік журнал .Әлеуметтік педагог .№4 2010ж
7.Нурманбетова У.Е. Мүмкіндіктері шектеулі балалар: интелектуалды даму кемістіктері. Қарағанды 2003ж
8.Байменова Б.С. Қазақстанда және шетелде инклюзивті білім беруді дамыту: оқу құралы / Б.С.Байменова.- Алматы: «Эверо» баспасы,2017.-148.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Муратова Алия Шинарбековна
Ажмағамбетова Жайнагүл Кәрібайқызы
Ақтөбе қаласы №27 орта мектеп-лицейі
Бастауыш сынып мұғалімдері

Жаңартылған білім беру бағдарламасының мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің

барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек..Ата-бабамыз «Оқу – инемен құдық қазғандай» демекші, жан-жақты,шығармашыл, ізденімпаз ұстаз ғана табысты болып, нәтижеге жетеді.

Жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасы аясында оқушыларымызға заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттігі бүгінгі күн талабы. Басшылыққа әдістемелік материалдардың толық ресурсы: оқу бағдарламалары, оқулықтар, күнделікті сабақ жоспарлары, мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулықтар, бағалау жөніндегі ұсынымдардың бәрі де бар.

Сауат ашу пәнінде оқушыларды оқыту мақсаты буынмен оқу, тұтас сөздерді оқу, мәнерлі мазмұндау, жатқа айту қабілеттерін қалыптастыру, сауатты жазу қабілеттеріне дағдыландыру, байланысты сөйлеуін дамыту болып табылдыКоммуникативті оқыту ұстанымы: тілдік дағдыларды дамыту. Төрт дағдыны ескере отырып Ж. Аймауытовтың «..бала әуелі тәжірибеге талпынып , нәрсемен танысып, сонан кейін сол нәрсе туралы сөйлесін, тыңдасын, жазсын, оқысын, тілге үйренсін» деген сөзін еріксіз еске түсіреді.. Сондықтан, бірінші сыныптықтарымның танымдық қызметінің оң мотивациясын қалыптастыру ерекше маңызды болып саналды және оқу процесі қарапайымнан күрделіге, жеңілден қиынға өту қағидасы бойынша құрылды.

Бастауыш сыныптағы жаңартылған білім беру бағдарламасының тағы бір ерекшелігі - бастауыш сыныптарда «Жаратылыстану» пәнінің енгізілуі. Оқушылардың қарапайым ғылыми білім деңгейін қалыптастыруға бағытталған. Зерттеуді жоспарлау, теорияны іс-тәжірибе арқылы оқып-үйреніп, оқушылардың фунцияналдық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді. Жаратылыстану,дүниетану сабақтарында оқушылардың өз бетінше ізденіп, алған білімдерін күнделікті өмірде кездесетін табиғат құбылыстарына байланыстырып зерттей білуге үйретуге негізделген.

Жаңа бағдарламада оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі де өзгерді. Критериалдық бағалау - бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Сонымен қатар, бастауыш сыныптарға арналған оқу бағдарламаларының маңызды қағидаты білім беру бағдарламасының спиральділік қағидаты болып табылады. Оқу бағдарламалары спиральді білім беру бағдарламасы (Джером Брунер) моделіне негізделген.

Оның негізінде оқушылар келесі сыныпқа ауысқанда зерделенген материалдар мен білім қайталанып отырады деген тұжырым жатыр.Спиральді білімберудің негізгіерекшелігі : әрбір қайталанып оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі. Жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады. Спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеялардан күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуғамүмкіндік береді. Бұл жаңартылған білім бағдарламасы оқушы үшін де, мұғалім үшін де тиімді бағдарлама. Брунер теориясының ажырамас бөлігі «Жаңалық ашу» және «Егер оқушыға бөліктерді бір жерге жинауға және өзін ашушы болуға рұқсат етілсе, алынатын нәтижелер шынайы» деген ұғымдар болды. (1962)

Оқытудың мұндай типінің артықшылығына төрт аспектінің арасында; біріншіден, зияткерлік мүмкіндіктердің өсуі арқылы; екіншіден, сыртқы марапаттаудан ішкі марапаттауға өту арқылы; үшіншіден, жаңалық ашу арқылы және соңғысы, жадыны дамыту үшін осындай оқытудың тиімділігі арқылы қол жеткізіледі. Басқаша айтсақ, оқушыға бағдарланған оқыту ортасында оқушыларымның сыныпқа келген кездегі бастапқы сенімдерін, білімін және өзіндік ойын негізге ала отырып, өз пайымдарын жасауға қабілетті екенін түсіндім. Егер оқу үдерісі оқушы мен оқу материалын жалғастыратын «көпір салуға» негізделсе, онда осы үдерісті

үйлестіретін әріптестерім көпірдің екі жағын да қадағалай білуі тиіс. Оқушыларымның не білетінін және нені жасай алатынын, сондай-ақ олардың қызығушылықтарын, әр оқушының нені жақсы көретінін және не істегісі келетінін түсінуге тырыстым.

Жалпы қорыта айтқанда, аталған бағдарламаға сәйкес алынған тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізгенімде, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйренетіндігіне, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын байқадым. Яғни, оқушы өз ой-пікірін ашық еркін айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді, сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады. Сондықтан басқа пәндердің де осындай оқыту формасымен оқытылса, тиімді болатындығын айтуға болады. Осы бағдарламаны меңгергенде ғана жан-жақты дамыған, болашағы айқын, бағдары анық, бәсекеге қабілетті рухани бай тұлға қалыптастыра алатынымызға сеніміміз мол.

Қорыта айтқанда, «Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу», - деген Әл-Фарабидің сөзіне жүгінетін болсақ, ел ертеңі білімді ұрпақпен ғана өлшенбек.

«ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІНЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ САПАСЫН ЖЕТІЛДІРУДЕ ӘР ТҮРЛІ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ»

Мусина Гульмира Нысановна
№4 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі

Адамға тіл, құлақ қандай керек болса... білім де сондай керек.
Ахмет Байтұрсынұлы

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім мен кәсіби дағдылар заманауи жүйенің негізгі бағдарлары ретінде аталды. «Дамыған бәсекеге қабілетті мемлекет болу үшін біз жоғары білімді ұлт болуымыз керек».

Мемлекет басшысының еліміздің ұстаздар қауымының алдына қойған міндеті – Қазақстанның бәсекеге қабілетті жас азаматтарын оқыту мен тәрбиелеу. Ал бұл оқыту әдістемесін жаңарту жағдайында мүмкін. Ең алдымен мұғалімнің санасын өзгерту, оның сабақтағы рөлі туралы түсінігін өзгерту қажет. Заманауи мұғалім – бұл энциклопедия немесе түпкі ақиқат емес, оқушыларға көмектесетін, білім іздеуде бағыт-бағдар беретін көмекші, дос.

Сабақ барысында оқушымен қарым-қатынас жасау немесе әңгімелесу режимінде, бір нәрсемен (мысалы, компьютермен) немесе біреумен (адаммен) диалогта болу қажет.
Нәтижесінде оқушы өзінің жетістігін, интеллектуалды өміршеңдігін сезінетіндей жағдай жасалады, бұл оқу процесінің өзін өнімді етеді.

Бұл әдістемелер пәнге деген танымдық қызығушылықты оятуға, оқу жұмысына проблемалық, шығармашылық сипат беруге, көп жағынан пәндердің мазмұндық жағын жаңартуға, оқу процесін дараландыруға және оқушылардың өз бетінше әрекетін дамытуға мүмкіндік береді.

Диалогтік оқыту кезінде оқушылар сыни тұрғыдан ойлауға үйренеді, күрделі мәселелерді шешу, балама пікірлерді таразылау, ойластырылған шешімдер қабылдау, талқылауға қатысу, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау. Ол үшін сабақтарда жеке,

жұптық, топтық жұмыстар, зерттеу жобалары, рөлдік ойындар, құжаттармен және әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс ұйымдастырылады. Оқушылардың бойында коммуникативті дағдылар мен дағдыларды дамыту, жұмыс істеуге үйрету қажет

Топтық жұмыс

Топтық жұмыс ретінде мектеп оқушыларының танымдық іс-әрекетінің бұл түрі сабақтың кез келген түрін ұйымдастыру процесінде тиімді және жаңа білім, білік, дағдыларды меңгеруге, оларды меңгеруге және жалпылауға, оқушыларды тәрбиелеуге қолайлы жағдай жасайды.Тарих сабағында топтық оқыту әдісін қолдану оқушылардың өздерінің шағын әлеуметтік тәжірибесін пайдаланса өте тиімді.

Сабақта мен үйлестіруші, кеңесші боламын.Тапсырмаларды орындау барысында топтардың жұмысын қадағалаймын, әр топқа кезек-кезек жақындап, жетекші сұрақтар қоямын, белгілі бір ойларды нақтылауды талап етемін, қорытындыны неғұрлым нақты тұжырымдауға кеңес беремін. Бірақ ешбір жағдайда, топқа жақындай отырып, мен түртпеуге, бұйрық бермеуге тырысамын, тек оның іздеуіне бағыттаймын.

Ойын.

Менің сабақтарымда қолданатын келесі әдіс – ойын. Ойын жағдаяттары сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолданылады. Олар оқушылардың белсенді болуын талап етеді. Мұнда тез арада сұрақтар қою керек, тарихи тұлғаның атынан жеделхат жазу керек. Бұл «Бізден қалай өмір сүріп жатқанымызды сұра», «Өзің туралы айт», «Жеделхатқа қол қою», «Мен атақты тарихи тұлғамын» сияқты ойындар. Ойындар тек білім беру мақсаттарына жетуге ғана емес, сонымен қатар сыныпта жақсы, бейресми қарым-қатынас орнатуға көмектеседі. Ойын баланы табысты жағдайға қоюға мүмкіндік береді және бұл оқу әрекетін ынталандырудың,танымдық белсенділікті дамытудың қуатты құралы. Ойын барысында кейде сыныпта көшбасшылықтың қайта бөлінуі орын алады. Егер бұрын сабақта көп нәрсені білетін және жасай алатын оқушы сыныпта жетістікке жетсе, ойында да «қиялы дамыған, көре, бақылай алатын, тезірек және дәлірек әрекет жасай алатын оқушы қалыптасады.

Синквейн мен кластерді жазу.

Тарих сабағында рефлексия, жалпылау кезеңінде Синквайн әдісін қолданамын. Синквейн – белгілі бір заңдылықпен жазылған бес жолдан тұратын өлең.

Сондай-ақ кластер мұғалімге әр оқушыдан «кері байланыс» алуға мүмкіндік береді. Бұл технологияның әдіс-тәсілдерін қолданатын сабақтар жанды және қызықты өтеді.

АКТ-ны қолданатын сабақтар

Оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру ол сабақта электронды оқулықтарды, презентацияларды, бейнероликтерді пайдалануға мүмкіндік береді

Демонстрациялық бейнероликпен сүйемелденетін жаңа материалды түсіндіру оқушылар үшін негізгі ақпарат көзі болып табылады.

Сонымен қатар, электронды оқулықты мұғалімнің әңгімесі аясында пайдалану материалды меңгеру барысында оқушылардың көрнекі қабылдауын қамтиды, бұл оқытылатын құбылыстың нақты және тұтас көрінісін құру үшін өте маңызды.

Талқылау

Өз көзқарасын логикалық, дәлелді түрде қорғай білу қабілетін дамытатын оқытудың тағы бір түрі – пікірталас. Оқушылар әртүрлі тұжырымдар жасайды, әрқайсысы өз ұстанымын дәлелдейді. Мұндай жұмыстың нәтижесінде әркім жеңіске жетеді: әркім қатысады, өзі арқылы әртүрлі көзқарасты «өтеді» және, сайып келгенде, олар адамның өмірін ешбір жағдайда алу мүмкін емес екеніне келіседі, өйткені. бұл табиғи құқық және әр адамға туғаннан бері беріледі. Мен сабақтың барлық кезеңдерінде пікірталас элементін қосуға тырысамын, өйткені өз тәжірибесіне сүйене отырып, пікірталас, өз көзқарасын қорғау өнері біздің оқушылар арасында әлі де болса нашар дамыған.

Жоғарыда аталған әдіс-тәсілдерді тәжірибеде қолдана отырып, сабақта оқушылардың танымдық іс-әрекетінің белсендірілуіне қол жеткізіп, соның нәтижесінде тарих сабағында оқушылардың сапасы мен үлгерімін арттырды.

Теориялық материалды меңгеруде қолданылатын әдістер:

Түсіндірмелер ақпарат пайымдаулар, тұжырымдар

Пайымдау себеп-салдарлық байланыстарды, ұғымдардың маңызды белгілерін анықтау үшін қолданылады.

Бұл әдістемелер сабақта логикалық диаграммалар, оқу құралдары, сызбалар, қолданбалар, мәтіндік кестелер, семантикалық жоспарлар, диаграммалар сияқты оқу құралдарын пайдаланған кезде барынша қолжетімді. Түсіндіре отырып, оқушылар жұмыс дәптерлеріне жазып алады. Олар тек зерттелетін материалды түсініп, есте сақтауы керек.

Міне, осы тәрізді әдіс-тәсілдерді білім сапасын арттыру мақсатында түрлендіре отырып қолданамын. Бұл жұмыстар оқушылармен тығыз байланыста болуға, оқушы бойындағы тмүмкіндіктерді ашуға, оқушының танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыруға, оқушы тарапынан белсенділік танытып, дербестік көрсетуіне, өзіне деген сенімділігін қалыптастыруға көмектеседі

Пайдаланған әдебиеттер

Төлеубаева Т. Тарихты оқытудағы әдістемелік технологиялар. Қазақстан тарихы. №2, 2009ж

Тұрлығұлов Т.Т. Қазақ ССР тарихын оқыту методикасы. А.1979ж

Т.Тұрлығұл, Б.Адырбек, А.Көпекбай .Қазақстан тарихы әдістемелік құралы. А,2001ж

Тұрлығұлов Т.Т. Тарих сабағын жетілдіру жолдары.А,1984ж

Шаталов В.Ф. Оқыту материалдарын белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту технологиясы.А.2001ж

БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР! БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ ҚАНДАЙ?

Мусиралина Назгул Самалыковна
Ақтөбе қаласы А.Байтұрсынұлы атындағы лингвистикалық мектеп-гимназия

Қазіргі уақытта заман талабына сай ғылым мен техниканың жетістіктерін білім беру саласында жүзеге асыру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Жаңа заманғы білім беру жүйесі жаңа міндеттерді жүктейді. Сондықтан қазіргі білім берудің жаңа ақпараттық технологияларын игермейінше, сауатты, жан-жақты, білімді маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Сонымен қатар мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Бүгінгі таңда білім ұйымдарындағы пәндерді дербес компьютер көмегімен оқыту нәтижелігін зерттеудегі ғылыми мәселелерді шешу ең басты орын алады.Мектептегі пәндерді оқыту процесінде компьютерді қолданып сабақ өткізу мұғалім мен оқушы қарым-қатынасы жүйесін, олардың іс-әрекетінің мазмұнын, құрылымын, өзгерте отырып, олардың мотивациялық эмоциональдық ортасына, сезімінің өсуіне әсер етеді.

Ғалымдар биологияны — XXI ғасыр ғылымы деп танығандықта, ол жаңа ақпараттық технологияларымен тығыз байланысты. Қазіргі кездегі білім беру жүйесінде негізгі мақсат оқушыға жеке тұлға ретінде қарап оның дамуына көп көңіл бөлуде. Бұл пәнді оқыту мұғалімге зор міндеттерді талап етеді, өйткені ол бүкіл сыныптың қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс. Міне, осы жағдайда жаңа технологиялардың көмегі зор. Оқыту үрдісін компьютерлендіру мақсатында интерактивті тақтамен жұмыс жасау тиімді. Қазіргі уақытта Қазақстанның жалпы орта білім беретін мектептерінің барлығы дерлік интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген. Интерактивті әдіс – диалогтік әдіс, нәтижесінде сабаққа қатысушылар бір-бірімен байланыса отырып, мәселелерді шешеді. Интерактивті тақта мектеп сыныптарында әр пән бойынша, соның ішінде биологиядан зертханалық сабақтарды өткізген кезде оның құрылғылары (датчиктері) қолданылады. Қарапайым тақта және компьютер проекторына қарағанда, интерактивтік тақта сабақ мазмұнын кеңінен ашуына мүмкіншілігі өте зор. Интерактивтік тақтаны пайдалану кезінде үлкен жетістікке қол жеткізу үшін, тек қана сауатты сабақ жоспарлап, керекті материалдарды дайындау керек [1].

Мен тәжірибемде оқу мен оқыту үдерісіне өзгерістер енгізу арқылы өзімнің бойыма өзгерістер енгізуге қадам жасадым. Бұл өзгерістің қаншалықты тиімді болғанын саралап, сараптайтын, өткенге ой жүгіртіп, рефлексия жасайтын да уақыт келді. Бұрыңғы дәстүрлі сабақтарды және жаңаша әдіс-тәсілдер арқылы жасалған сабақтарыммен салыстырдым, ойландым. Сабақ барысында оқушыларға жеке шығармашылықпен дербес жұмыс жасау, ашық сұрақтарға ойланып, шынайы жауап беру , топтық жұмыстарға бірлесе, белсене қатысу берілген уақытқа сәйкес тез, өнімді жұмыс жасау тапсырма орындауға үнемі дайын болу секілді табысты оқуға байланысты жеке және топтық жұмыс түрлерін ұйымдастырдым. Алғашқы сабағымды «Жасушаның құрылысы» тақырыбы бойынша түрлі әдіс - тәсілдерді қолдана отырып өттім. Әдіс- тәсілдерді уақытпен санаспай, көп қолданудың нәтижесіздігі көрінді. Келесі сабағымды жоспарлауда алғашқы сабақта жіберген қателіктерімді болдырмауға тырыстым. Оқушының сабаққа деген қызығушылығын қалай арттыра аламын? - деген сауалға жауап іздедім. Сол себепті топтық, жұптық жұмыстарға байланысты әдіс тәсілдердің тиімділігіне назар аудару қажеттігін түсіндім. Осы сабақта жұптық жұмысты орындау барысында «Желпуіш» әдісі бойынша берілген тапсырманы орындауда өзімнің тарапымнан қайылған ашық сұрақтың қажеттілігі мен маңыздылығын түсіндім. Себебі, күнделікті сабақта сабаққа деген белсенділігі төмен Аянат есімді оқушының осы жұптық тапсырма шешімін орындауда ашық сұрақтың көмегі арқылы дәлелдеп, түсіндіруі мені қуантты. Сонымен қатар, сабақта оқушылардың бір бірінің пікірін тыңдауы, бірлесе жұмыс жасауға дағдылана бастауы байқалды. Үшінші сабақты жоспарлау кезінде оқушылардан өткен сабақта алынған кері байланысты оқи отырып, мен сабақта оқушылардың сыни ойлауына ықпал ететін әдістерді қолдандым. Осы мақсатта «Көршіңе әңгімелеп бер», «Ұшқыр ойлаймын» әдістері арқылы оқушылар өз ой пікірлерін еркін айта білді. Әсіресе, Сағыныш есімді мінезі тұйық оқушының топтық жұмысқа белсенді түрде қатысып, сыни оймен өз ойын жеткізіп, баяндауы үлкен әсер қалдырды. Соңғы сабақта оқушылардың бойынан сабаққа деген аса қызығушылықтары айқын көріне бастады. Сонымен алғашқы сабағымда оқушылар арасында топтық жұмысты жүргізе отырып, түрткі, сынама, қайта бағыттау сұрақтарын бергенімде оқушылар ойының жүйелі, нақты мазмұнда болғанын байқадым. Топтық жұмыс «Мағынаны ажырыт» стратегиясы бойынша оқушылар арасында сенімді, бір-біріне деген достық көмекті қалыптастыруда, бірі үшін емес, бәрі үшін ұмтылатыны қызықты болды. Мен бұл сабақтан соң топтық жұмыстан барлық оқушылардың іс-әрекетке түсетінін байқап тапсырманы одан әрі күрделендіре отырып, берілген тапсырманың жауабын анықтау үшін, жіктеу жасату үшін, қорытындылату үшін жүргізілген «Соңғы бес минут» стратегиясы бойынша жүргіздім. Бірлескен оқу - өзара іс-әрекет жасау философиясы, ал бірлескен жұмыс соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге ықпал етуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы

болып табылады. Сабақ барысын түрлендіре отырып түрлі әдіс- тәсілдерді қолдану, әрбір іс-әрекетке рефлексия жазу, өткенге есеп беру оқушылар үшін де, мен үшін де табысты еңбек болғаны айқын. Өткізілген сабақты талқылау кезеңінде әріптестерім менен өзгерістің алғашқы баспалдағы қалыптасқанын көріп, серпіліп қалғанын айтып, «Б» есімді әріптесім алдағы уақытта барынша уақытты үнемдеп, жүйелендіруге және оқушы үнін тыңдауыма баса назар аударуым қажет деп ұсыныс білдірді. Осы орайда биология пәні бойынша, «кубизм», «топтастыру», «бес жолды өлең», «түртіп алу жүйесі», «венн диаграммасы» стратегияларын жиі пайдалануға болады.

Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін осындай тиімді әдістердің пайдасы бар. Бұл сабақтардың дәстүрлі сабақтардан өзгешелігі топтап отырып, оқушыларға жеке, жұпта, топта ойларын ортаға салып талдайды. Осы стратегияларды пайдаланып өткізген сабақтарда өз ойын анық айтып, өзін еркін ұстап, өз білімін өзі талқылауға оқушыларға мүмкіндік жасалынады. Ортаға салған ойларын мәтіндегі негізгі ойға сәйкестендіріп қағаз бетіне түсірерде де қорғайды. Әр топ қағаз бетіне түсірген сызбаларды талқылап, сөйлейтін оқушы да топ мүшелерімен бөліскен ойларын жинақтап сөйлеуге дайындалады. Бірінші кезеңде оқушылар әрі ойланып, әрі еске түсіріп, әрі жазып, өз ойларын саралап, өзге оқушылардың пікірін тыңдап, білімін кеңейте түседі. Ортамен қарым қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, топта бір тұжырымға келуге, топ алдында өз ойын қорғай білуге, айта білуге үйретеді. Оқушылардың жазған пікірі басқа оқушылардың пікірін тыңдап толықтырып, топта сызба ретінде түсіргенде ойындағы негізгі қажеттігін жазады.

Биологияны оқытуда мұғалім жан-жақты тәрбиелеудің барлық мүмкіндіктерін қолдана алады. Сонымен бірге мұғалім өз пәнінің спецификалық ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие жұмысын жүргізеді. Оған көптеген мүмкіншіліктер бар. Мысалы, биологияны оқытудағы көптеген түрлі формалар: сабақ, сабақтан тыс және сыныптан тыс жұмыстар, мектепіші және мектепаралық жұмыстар, топсеруендер, оқу-тәжірибе учаскесіндегі жұмыстар, оқушылардың жазғы экологиялық лагерде демалуымен қатар табиғаттағы құбылыстарды, тірі организмдерді зерттеу жұмыстары т.б. Әрбір ұстаз биология ілімінің терең сырын, маңызын қоғамдағы, өмірдегі және әрбір жеке адамның күнделікті қызметіндегі орнын түсіне отырып қана, жаңа жас ұрпақты тәрбиелей алады. Сондықтан биология пәнінің мұғалімін – осы білімді насихаттаушы деп есептеуге болады. Тек биология курсы пәндерін оқыту арқылы ғана, әдістерін жетілдіру нәтижесінде тереңдете дәйекті түрде адамның табиғаттағы ролін ашып көрсетіп, экологиялық мәдениеті мен сауаттылығын арттырып, өз өміріне сауаттылықпен қарауды жолға қоюға болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық
2. "Википедия" интернет энциклопедиясы.
3. http://po.singapu.ru/system_of_education/
4. http//www.virtual.tinaland.fi//

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ

Мусиров Сабит Габитович
Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Алға қаласы, №4 Алға орта мектебі

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай жас ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Аталған білім беру бағдарламасы туралы түсінгенім мен ұғынғаным мол.

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр.

Қазіргі таңда білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарынқолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін орыс тілді мектептерде оқытуға арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шыңайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапағабағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеужұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ–ны қолдану, коммуникативті қарым- қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары). Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі.

Шығармашылық – бұл адам іс-әрекетінің түрі,бұл адамның өмір шындығында өзін- өзі тануға ұмтылуы, ізденуі.Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігімен сапалы, дәлелді шешімдер кезінде қабылдай білуге үйренуі керек.Тек шығармашылық қана адамға өмірдің мәнін түсінуге, бақытын сезінуге мүмкіндік береді.Мұндай күрделі мәселені шешуде үздіксіз білім беру ісінің алғашқы сатыларының бірі болып табылатын бастауыш мектептің алатын орны ерекше, өйткені бастауыш мектеп:

1. Оқушылардың интеллектуалдық, рухани, табиғи нышандарын дамытуға өзінің қызығушылықтарымен бейімділіктерін іске қосуға жағдай жасайды.
2. Жеке адамдық сенімдерін қалыптастыруға жағдай жасайды.
3. Ұжымдық және жеке іс-әрекеттер тәсілдеріне үйретеді.

Баланың еркін шығармашылықпен ойлауына, оның барлық қабілеттерін дамытуға, өз күшіне деген сенімнің болуына жағдай жасайды. Кіші жастағы баланың оқуға, оқу арқылы қабілеттерінің дамуына көп мүмкіндіктер бар.

Ұстаз үшін ең маңызды мақсат-әр сабағын түсінікті, тиімді өткізу. Оны жүзеге асырудың бір жолы –оқушыларға білім беру, тәрбиелеу барысында кеңінен қолданылып келген, оқушылардың білім сапасын көтеруге жағдай жасайтын, сабақты тиімді ұйымдастыруға, сабақ уақытын ұтымды пайдалануға, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға көп көмегін тигізетін әдіс – диктанттарды қолдана білу.

Сондықтан диктант неғұрлым жиі алынса, оқушылардың сауаты неғұрлым табысты болады.Диктанттардың мынандай түрлерін өткізіп: сөздік, ескерту, шығармашылық, көру, сөздік терме, графикалық, есту, бақылау диктанттары. Осы диктанттардың ішіндегі ең күрделісі – шығармашылық диктант. Қазақ тілі сабағында оқушылардың шығармашылығын дамыту үшін осы

шығармашылық диктантты көп қолданып жүрсе артық болмас. Қазақ тілі сабағында оқушылардың шығармашылығын дамыту үшін осы шығармашылық диктантты көп қолданып жүрмін.

Жаңа сабақты өтпес бұрын тақырыбын проблемалық ой тудыра отырып, оқушы жаңа сабаққа ерте еніп, ұмтылып жауап іздейді, талпынады, қызығушылығы артады.Үнемі сұрақ қою жүйесімен жұмыс жасау білімді меңгерту барысында оқушы деңгейін шығармашылық сатыға көтереді. Бұл - оқушыға жан бітіріп, шығармашылық серпіліс тудырды. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру үшін қосымша әдебиеттерді, ертегілер мен жұмбақтарды, жаңылтпаштарды, мақал-мәтелдерді де бала шығармашылығы дамитындай етіп пайдаланып отыру.

Мен жаңа сабақты бастамас бұрын сабақтың тақырыбын проблемалық ой тудыра отырып хабарлаймын, оқушы жаңа сабаққа ерте еніп, ұмтылып жауап іздейді, талпынады, қызығушылығы артады. Үнемі сұрақ қою жүйесімен жұмыс жасау білімді меңгерту барысында оқушы деңгейін шығармашылық сатыға көтереді. Бұл - сабағыма жан бітіріп, шығармашылық серпіліс тудырды. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру үшін қосымша әдебиеттерді, ертегілер мен жұмбақтарды, жаңылтпаштарды, мақал- мәтелдерді де бала шығармашылығы дамитындай етіп пайдаланып отырдым.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарымды мынадай жолдармен өткіздім:

1. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
2. Сабақты түрлендіріп өткізу;
3. Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, кестелер мен сызбаларды пайдалану;
4. Интерактивті тақтамен слайдтарды тиімді қолдану;
5. Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыруда мынадай нәтижеге жеттім:

1. Өз бетімен оқуға, жұмыстануға дағдыланады.
2. Шығармашылық ізденіске жетелейді.
3. Өз ісіне деген сенім пайда болады.
4. Әр нәрсеге сын көзбен қарауға үйренеді.
5. Салыстыруға, қорытынды жасауға үйренеді.
6. Шығармашылдық белсенділік артады. Осылардың нәтижесінде дарынды, қабілетті жеке тұлға қалыптасады.

Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған.Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек, шәкірттерді бәсекеге қабілетті жеке тұлға дәрежесіне жеткізе білу әр ұстаздың міндеті. Сондықтан заман талабына сай болып жатқан өзгерістерден қауіптенбей, мақсатқа сай,нәтиже аламыз деп сенемін.

ИНФОРМАТИКА ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мухамеджанова Гульдана Уразалиевна
№4 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі

Әрбір мемлекет алдыңғы қатарға шығып, өркендей алуы үшін келер ұрпақтың білімді, сауатты болуы өте маңызды. Білім бар жерде даму да, өсу де бар. Керек десеңіз, тәуелсіз Қазақстанымызды дамыған елдермен терезесін тең ететін де осы – білім. Міне, сондықтан да мектеп қабырғасында отырып, жарқын болашаққа жол салып отырған балаларды заман талабына сай бейімдеу маңызды жайт. Осы тұста еліміздің білім беру жүйесіндегі

функционалдық сауаттылықты жүзеге асыру мәселесінің үнемі алға қойылып отыруы өте оңды деп білемін.

Жалпы, функционалды сауаттылық дегеніміз не? Бүгінде біз жиі айтып жүрген осы бір термин нені білдіреді? Түсініктірек болу үшін былай тоқталайын. Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына жасына, мамандығына қарамай ілесіп отыруы, үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Ал мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, сол арқылы алған білімін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуі, яғни мектепте алған білімін өмірдің әр түрлі сферасында қолдана алу қабілеті.

Функционалды сауаттылықтың бірнеше бағыттары бар. Атап айтар болсақ:

– Оқу және жазу сауаттылығы
– Жаратылыстану ғылымдарындағы сауаттылық
– Компьютерлік сауаттылық
– Математикалық сауаттылық
– Денсаулық сауаттылығы
– Құқықтық сауаттылық.

Осы орайда мен информатика пәніндегі функционалдық сауаттылық, әсіресе компьютерлік сауаттылық бағытына тоқталғым келіп отыр. Мұның бүгінгі күннің талабы екені айтпаса да түсінікті. Қарап тұрсақ, онлайн жұмыстар, электрондық қызметтер адам өмірінің бір бөлшегіне айналды. Қазақстандықтардың өміріне цифрландыру қарқынды енді. Базалық салалар, бизнес, қоғам түгелдей цифрланды. Банктер, почталар, мемлекеттік органдар, басқа да көптеген мекемелер өз жұмыстарын әлдеқашан электронды форматқа ауыстырды. Үйде отырып-ақ мемлекеттік қызметтерді, сервистерді пайдалану мүмкіндігі пайда болды. Бір сөзбен айтқанда цифрлық әлем біздің өмірімізге көп өзгерістер енгізді. Солай бола тұра еліміздегі көптеген азаматтар жаңа технологияны пайдалана алмайды. Үйден шықпай-ақ қажетті электрондық мемлекеттік қызметтерді онлайн алуды барлық адам бірдей меңгермеген. Тіпті ғаламтордан ақпарат алу, пошта арқылы хат жазысу секілді қарапайым дүниелер де кей адамдарға қиындық тудырады. Аталған мәселелердің шешімін табу мақсатында елімізде 2017 жылдың желтоқсанында «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бекітілген болатын. Бұл 2018-2022 жылдар кезеңіне жоспарланып, сәйкесінше еліміздің барлық аймақтарында цифрлық сауаттылыққа оқыту курстары жүрді. Мақсат – ҚР тұрғындарының өмір сапасын жақсарту. Осынау бастама информатика пәні бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қажет екендігінің тағы бір айқын дәлелі болып табылады.

Иә, заман талабына сай әрбір оқушы информатика пәні бойынша алған білімін іс жүзінде пайдалана алатындай деңгейде болу қажет. Сол деңгейге жету үшін балалардың пәнге деген қызығушылығын арттыру маңызды. Бұл тұста мұғалімнің атқаратын міндеті зор. Әрбір сабақ баланың жаңа дүниенін танып-білуіне, оқу сапасының артуына бағытталуы қажет. Ол үшін педагог компьютерлік технологияны оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін білуі шарт. Мұғалімге артта қалуға болмайды. Себебі көп нәрсе мұғалімнің құзыреттілігіне, кәсібилігіне, шығармашылық әлеуетіне байланысты. Ұстаз тек мектеп бағдарламасымен ғана шектеліп қалмай, оқушыға теориялық білімді практикалық жұмыстармен, өмірмен байланыстыра отырып үйретуі қажет.

Білім мен техниканың дамыған кезеңінде біз, ұстаздар оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін мынадай жұмыстар жүргізуіміз керек:

– Функционалдық сауаттылыққа арналған тапсырмаларды тікелей өмірлік жағдайдан алу. Мұндай тапсырмалар информатика пәнінің бағдарламасынан тыс болуы және пәндік білімнің көмегімен шешілуі тиіс. Мысалы, жоғары сынып оқушыларына «E-gov» порталынан ЭЦҚ арқылы қажетті құжаттарды алу, интернет-дүкендерден тауар түрлерінің техникалық сипаттамасын қарау, т.б.

– Тапсырмаларды оқушылардың қызығушылығын оятуға негіздеп жасау. Ол үшін арнайы сызбалар, комикстар, кестелер, диаграммалар, графиктер, бейнелер, динамикалық модельдер, суреттер т.б. пайдалануға болады. Мұның бәрі оқушыларды қызықтыруға мүмкіндік береді. Балалар фактілерді салыстыра отырып ақпарат ала бастағанда немесе өз бетінше іздене бастағанда дамытушылық білім ала алады.

– Оқушыларға компьютерлік құрылғылармен жұмыс істеу кезінде қарапайым мәтіндік құжаттар жасауды, бірнеше кескіндерді біріктіре отырып фотосурет шығаруды, қарапайым презентациялар дайындауды, белгілі бір тақырып бойынша фотосуреттер түсіріп, видео жазуды, іздеу жүйелерінде жұмыс істеп, ақпарат алмасуды, сақтауды, өңдеуді үйрете отырып, алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана алу дағдысын қалыптастыру. Мысалы, Excel бағдарламасының функциясы арқылы электронды кестелер құру, MS Word арқылы мәтін теру, Google, Яндекстің «Іздеу» («Поиск») жүйесі арқылы ақпарат алу т.б.

Байқағанымыздай информатика – практикаға бағытталған пән. Бұл – тек процестер туралы емес, оларды автоматтандыру, құру және жұмыс істеу әдістері, құралдары мен технологиялары туралы ғылым. Информатика терең зерделеуді және теориялық білімді, біліктілікті, дағдыларды іс жүзінде қолдануды көздейді. Аталған пәнді оқу кезінде цифрлық сауаттылық қалыптасады. Себебі информатика бүкіл ақпараттық қоғамды айқындап тұрған нәрсе. Информатика пәні негізінде оқушылар ақпараттық қоғамға бейімделеді, балалардың ақпараттық ойлау қабілеті дамиды, ақпараттық мәдениеті қалыптасады. Сондықтан балалар компьютер бағдарламалары туралы жай ғана түсінікке ие болып қана қоймай, онымен жұмыс істей білуі керек.

Бүгінгі таңда «XXI ғасырда нені оқыту керек және XXI ғасырға оқушыларды қалай дайындау қажет?» деген мәселе әлем бойынша маңызды болып отыр. Сәйкесінше оқушылардың алған білімді қолдана білуіне басымдық беру мәселесі де басты назарға шықты. Ендеше жас ұрпақты оқытуда функционалдық сауаттылықтың мәнін, рөлін айқындау, оны мектеп тәжірибесіне ендіру уақыт талабына сай келеді. Осы тұста мына мәселені де баса атап өткім келеді. Баланың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін ата-ана да мұғалімдерімен тығыз байланыс жасауы керек. Ата-ана баласының қабілетін дамытуға, рухани құндылықтарды қалыптастыруға, жағымсыз мінез-құлық, әдеттерден арылтуға өз тарапынан көмек беруі тиіс. Мұның нәтижесі баланың болашақ өмірінде айқын көрініс табады.

Расында білім беру жүйесі заман ағымына сәйкес жыл сайын түрлі өзгерістерге ұшырап отыр. Ондағы мақсат – өсіп келе жатқан ұрпақты жан-жақты дамыған, білімді, білікті, сауатты әрі саналы азамат ретінде етіп тәрбиелеу. Бұл мақсатқа жетуге функционалдық сауаттылық көмектеседі. «Жаттанды білім жарға жығады» демекші, егер бойдағы білім күнделікті өмірде қажетке жарамаса, онда оған жұмсаған уақыттың да зая кеткені. Әсіресе қазіргі технологияның қарыштаған заманында информатика пәнінің атқарар қызметі зор. Информатика пәніндегі функционалдық сауаттылық білік пен білімділік әлеміне барудың төте жолы. Сондықтан бұл мәселеде артта қалуға болмайды. Себебі сауатты ұрпақ – мемлекет болашағының негізі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2010.

2. Оразахынова.Н.А.Сатылай кешенді оқыту-Монография.Алматы,2013.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҚТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ БЕЙІМДЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мухамеджанова Данагул Сарсенбаевна

Ерте жастағы балабақшаға барған кезде жаңа жағдайларға бейімделуде қиындықтар, мәселелер туындайды, себебі баланың бейімделу мүмкіндіктері шектеулі болып келеді. Отбасынан «шығуға» психологиялық тұрғыдан даяр болмауы салдарынан баланың бойында «бейімделу синдромы» пайда болады.

Мектепке дейінгі шақтағы балалардың бейімделудің қиындықтарының туындауы олардың психологиялық және физиология дамуы мен кіші жастың (2-3 жас) ерекшелігінің өзара байланысынан туындайды. Бұл жастағы балалардың жүйке жүйесі мен психикасына оның денсаулығының жағдайындағы кез келген өзгерістер әсер етеді. Ерте жастағы балаларда эмоционалдық жағдай айтарлықтай тұрақсыз. Ата-анасынан уақытша айырылу және күнделікті өмір тәртібінің кезкелген өзгерістері баланың бойында қорқыныш пен негативті эмоцияларды туындату мүмкін. Егер бала ұзақ уақыт бойына стресстік жағдайда болуы невроздың дамуына және психифизиологиялық даму қарқынының бәсеңдеуіне алып келеді. Отбасында баланың мектепке дейінгі мекемеге баруға даярлығына баайланысты бейімделу кезеңінің өтуі мен оның әрі қарай дамуына тікелей байланысты. Бейімделу кезеңнің жеңілдету үшін отбасыға кәсіби көмек қажет, ол үшін әрине ата-ана балабақшаға «келу» керек. Яғни, балабақша даму және тәрбиеге қатысты туындайтын барлық сұрақтарға, мәселелерге көмек беріп, «қолжетімді» болуы керек.

Сәтті бейімделу көптеген факторларға байланысты:

- адамның денсаулығының қалпы/жағдайы;
- қарым-қатынас дағдыларының дамуы;
- жүйке жүйесінің ерекшеліктері;
- ата-ананың және балабақша педагогтарының сауатты әрекеттері.

Балабақша баланың басқа адамдармен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру және ұжымда өз орнын табудың, өзімен және басқалармен татулықта өмір сүруге үйренудің алғашқы сатысы. Бейімделу психологиялық мәселе және оны шешу үшін баланың қарым-қатынастағы қажеттіліктерін қанағаттандыруды, мектепке дейінгі мекеме мен отбасы арасында тығыз қатынасты орнатуды қамтамасыз ететін жағдайларды ұйымдастыру маңызды. Осы мәселеге қатысты шетелде жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде балабақшаға бару баланың бойында едәуір жағымсыз эмоционалдық және психологиялық өзгерістерді тудыртаның дәлелдеп, мақсатты бағытталған коррекцияны қажет етеді.

Бейімделу үдерісі – ерте жастағы бала үшін үлкен сынақ, себебі бейімделудің салдарынан пайда болған стресстік реакциялар ұзақ уақытқа баланың эмоционалдық жағдайын бұзуы мүмкін [1]. Бұл мәселені шешу үшін пайда болған жаңа тұрғылармен әрдайым ата-аналар мен мектепке дейінгі педагогтарды таныстыру керек, мәселен:

- ересек пен ерте жастағы балалардың қарым-қатынасын дамыту;
- баланың дамуында ерексек адамның жетекші ролі және т.б.

Бейімделу кезінде осы білімдерді тәжірибелік тұрғыда қолдану, бейімделу профилінің диагностикалық әдістемесі, осы мәселеге қатысты заманауи ақпараттарды талдау арқылы әлеуметтендіру жағдайында баланың қажеттіліктерінің құрылымының иерархиясын ескеріп, бейімделу кезеңнің түзету керектігіне көз жеткізеді. Аталған иерархиялық баспалдақ, міндетті түрде қатаң тәртіпте барлық мәселелерді кезекпен орындауды талап етеді, егер алғашқы тапсырма сәтті жүзеге аспаса, онда баспалдақпен жоғары көтерілу тиімді болмайды, сол себепті де тапсырмаларды кезекпен, ретпен орындау қажет екенің ескерек керек. Жоғарыда атап өткеніміздей, көбінесе бұл мәселені зерттеу көбінесе теориялық тұрғыда және ата-аналарға баланың күнделікті тәртібін балабақшаның күн тәртібіне жақсындастыру жөніндегі ұсыныстармен ғана шектеледі. Жаңа әлеуметтік жағдайға, жаңа күн тәртібіне ағзаның бейімделуі баланың қылығының өзгеруімен, ұйқының, тәбетінің бұзылуымен сипатталады.

Әлеуметтік психологтар мен педагогтар (А.И.Баркан, Г.Степанова) баланың стресстік жағдайының көріністерін анықтап көрсетті [2]. Олар келесілерде байқалуы мүмкін:

- ұйқыға бату қиындығы және мазасыз ұйқы;
- бұрын-соңды күш түсірмеген әрекеттен кейінгі шаршаушылық;
- негізсіз ренжу, жылау немесе шектен тыс агрессивтілік;
- зейін тұрақсыздығы;
- тыныш таппау, бір орында отырмау;
- баланың ересектердің рұқсат беруін күтуінен көрінетін өзіне-өзі сенімділіктің болмауы;
- қырсықтықтың көрінуі;
- саусағын соруы немесе бір нәрсені шайнауы, тамақты ажыратпай, жұта жеуі (кей жағдайда керісінше, тәбетті тұрақты бұзылысы орын алады);
- қатынастан қорқу, оңашалануға тырысып, құрдастарымен ойнаудан бас тарту (жиі жағдайда бала өзіне айналысар іс таппай топта босқа жүреді);
- дене салмағының азаюы немесе керісінше, семіздіктің симптомдарының көріне бастауы;
- алаңдаушылықтың жоғарылауы;
- бұрын-соңды байқалмаған зәрдің тоқтамауы және өзге де құбылыстар.

Сонымен, ажырау – қорқыныш – стресс – бейімделудің үзілуі – ауыру тізбегі пайда болады. Бірақ бұл әдетте балабақшаға ауыр бейімделетін балаға тән болып келеді. Бұндай бейімделу жиі жағдайда невроздарға алып соғады.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың басым бөлігі өз өмірінің негізгі бөлігін балабақшада өткізеді. Бұл жерде баланың әрекетінің аясы кеңейеді, елеулі адамдардың (ересектер мен балалардың) шеңбері ұлғаяды, жаңа әлеуметтік қатынастар меңгеріледі. Басқаша айтқанда, балабақша баланы қиын, өзгермелі және қайшылықтарға толы әлеуметтік әлемге бастайтын қажетті және маңызды саты болып табылады. Баланың қоғамға ену сапасы оның балабақшадағы бейімделу үдерісіне байланысты болады. Бейімделу белсенді үдеріс ретінде позитивті немесе негативті нәтижеге алып келеді. Сонымен сәтті бейімделудің екі негізгі белгісі:

- ішкі жайлылық (эмоционалдық қанағаттанушылық)
- мінездің сыртқы өлшемдігі (қоршаған орта жағдайларын қарапайым және нақты орындау мүмкіндігі)».

Балабақша жағдайына ерте жастағы баланың бейімделу үдерісіне көбінесе үш құрамдас бөлік әсер етеді:

1. Бейімделудің психологиялық деңгейі:
- құрдастарымен және ересектермен коммуникативті қатынас;
- үрейлену деңгейі;
- өз-өзіне қызмет көрсету бойынша қалыптасқан дағдылары;
- баланың жеке тұлғалық ерекшеліктері.

2. Бейімделудің психофизиологиялық деңгейі:
- ерте жастағы баланың психомоторлық дамуының ерекшеліктері;
- бейімделгендіктің бұзылуы.

3. Педагогтардық құзыреттілігі мен кәсібилігі [3].

Бейімделу үдерісінде педагог келесі міндеттерді шешеді.

1. Тәрбиеші оған жақын адам болу үшін баламен қарым-қатынас орнату.

Мақсат орындалғандығын анықтайтын көрсеткіш:

✓ Бала анасынан тәрбиешіге қуана барады;
✓ Тәрбиешіні көрген кезде күледі, қуанады;
✓ Тәрбиешімен сөйлескеннен кейін тынышталады;
✓ Бала тәрбиешіден көмек сұрайды.

2. Балаға жаңа жағдайға үйреніп, оған бағдарлануға көмектесу.

Мақсат орындалғандығын анықтайтын көрсеткіш:

✓ Бала бөлме орналасуы мен мақсатын біледі;

✓ Жеке пайдалануға арналған заттардың қайда екенін біледі: төсек, сүлгі, майлық, сыртқы киім және т.б.

3. Балаға жаңа өмірді тез және оңай үйренуге көмектесу.

Мақсат орындалғандығын анықтайтын көрсеткіш:

✓ Бала тәртіпке оңай бағынады;

✓ Тек ересек адамның жанында ғана емес, өздігінен ойнай отырып, жақсы көңіл-күйді сақтайды.

4. Балаға құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас орнатуға көмектесу.

Мақсат орындалғандығын анықтайтын көрсеткіш:

✓ Бала балалармен көңілді ойнайды;

✓ Тамақтану, киіну, жуыну кезінде оған бірінші қызмет көрсетілмегенге тыныш қарайды;

✓ Бала ойыншықпен тек өзі ғана емес, басқа балалардың ойнағанына тыныш қарайды [4, 5].

Тәрбиешінің мақсаты топта эмоционалды-жайлы жағдай жасау болып табылатыны белгілі. Бұл барлық кешенді және білім беру міндеттерін шешу, балалардың эмоционалдық саласын қалыптастыру және балалардың қолайлы бейімделуінің табыстылығының кепілі.

Осылайша, балаларға арналған білім беру мекемелеріндегі жаңа жағдайға бейімделу ретінде оң нәтижелерге (бейімделгендік, яғни ағзаның және психиканың барлық жағымды өзгерістерінің жиынтығы) немесе теріс нәтижелерге (стресс) әкеп соқтырады деген қорытынды жасауға болады.

Баланың жаңа жағдайларға бейімделуі – қиын және ауыр процесс. Бұл процесс баланың денесіндегі бірқатар жағымсыз өзгерістермен бірге жүріп, оның барлық деңгейіне әсер етеді. Балада осы уақытта пайда болатын стресс сәбиді уақытша басқа адамға айналдырады, оның қорғаныс кедергілерін жояды, денсаулық жағдайын қолдауға қажетті бірқатар маңызды физиологиялық реакцияларды өзгертеді. Сонымен бірге әрекетке қабілеттілігі зардап шегеді, баланың ауруларға төзімділігі төмендейді. Ал ауырған жағдайда бейімделу сәтсіздікке ұшырайды, ал сәтсіздіктен кейін ол қайтадан бейімделуге мәжбүр болады. Жоғарыда айтылған ауытқулардың бәрі баланың әдеттегі мінез-құлқында пайда болады. Бейімделудің ауырлығының өтуі үш түріге бөлінеді: жеңіл бейімделу, орташа бейімделу және ауыр бейімделу. Ауырлық дәрежесі әр түрлі факторларға байланысты (антенаталды (туыларалды), интранаталды (туылу кезінде), постнаталды (туылғаннан кейін)). Сондықтан баланың мектепке дейінгі мекемеге бейімделуі барысында ата-аналардың, педагогтардың, дәрігер-педиатрдың бірлескен күш-жігері қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Радуга. Программа и руководство для воспитателей второй мл. группы детского сада / Сост. Т.Н. Доронова. М.: П росвещ ение, 1993.

2 Урунтаева Г.А. Дошкольная психология. М.: Издательский центр «Академия», 1996.

3 Байтемирова К.Б. Әлеуметтік-психологиялық бейімделудің теориялық тұрғыда қарастырылуы // Вестник КАСУ. – 2005. - №4. – стр. 212-217 [http://www.vestnik-kafu.info/journal/4/148/]

4 Меңжанова А.К. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы: Рауан, 1992. – 263 б.

5 Авдеева Н.Н. Адаптация ребенка к дошкольному учреждению: влияние матери. // Психолог в детском саду. – 2012. – №4. – Б. 10-18.

ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ

Муханова Айжан Айжарыковна
«№1 Алға мектеп-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қалыптастырушы бағалау – сабақта күнделікті жүзеге асатын, білім мен дағдыны меңгеру деңгейін анықтайтын бағалау. Қалыптастырушы бағалау дегеніміз – оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, білім алушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін үздіксіз жүргізілетін бағалау түрі.Қалыптастырушы бағалау білім беру процессінде оқушы мен мұғалімнің арасындағы өзара тығыз байланысты жүзеге асырады. Сонымен қатар, оқушыларға жаңа материалды меңгеруде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындағанын білуге және оқытудағы мақсаттар мен міндеттерді орындауға мүмкіндік туғызады. Бағалаудың бұл түрінің қалыптастырушы болып аталатындығы - бағаның нақты бір оқушыға, оның білім мазмұнын меңгерудегі кемшіліктерін анықтауға және өзіндік орнын барынша тиімді толықтыруға бағытталғаны.

Қалыптастырушы бағалау технологиясын қолдану педагог пен баланың арасындағы кері байланыс, бұл – оқушының білім деңгейінің көтерілуіне ықпал етеді. Мұғалім оқушының қандай да бір оқу мақсатына қол жеткізетінін айқындай алады. Қалыптастырушы бағалау сабақ үстінде үнемі жүргізіледі. Қалыптастырушы бағалау күнделікті, әр сабақта, ауызша, жазбаша, жоба қорғау түрінде қолданылады. Бағалау барысында біз үнемі оқушыны емес оның жұмысын бағалап жатқанымызды есте ұстауымыз қажет, демек жұмысты тексеру барысында оның кемшіліктерін емес оң тұстарына көбірек мән беруіміз қажет. Оқыту нәтижесінде оқушылардың нені білетініне және түсінетініне көз жеткізу үшін әр түрлі мәліметтерге терең талдау жүргізу процесі болып табылады. Қалыптастырушы бағалаудың мақсаты оқыту барысында мұғалім мен оқушы қызметіне жөндеулер енгізу болып табылады. Жөндеулер мұғалім мен оқушы бірлесе оқытуды жақсарту үшін ендіріледі. Қалыптастырушы бағалау мұғалімге оқушының оқу мақсаттарына жету процесін бақылауға, оқу процесіне өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді, ал оқушыға – өзінің білімі үшін жауапты екенін сезінуге итермелейді.

Қалыптастырушы бағалаудың ерекшеліктері: Оқушының күнделікті білім сапасы, білім алудағы олқылықтарды күнделікті түзеу, оқушының қиындық тудыратын сұрақтарын анықтау және оны жою, оқушының бағалаудан алған жағымсыз әсерінің азаюы, психологиялық жайлы ортаның болуы, бағалаудың әділдігі, анықтылығы және ашықтығы, өзін-өзі бағалау дағдылары.

Қалыптастырушы бағалаудың маңызды компоненттерінің бір түрі – өзін- өзі бағалау және өзара бағалау**. Өзін-өзі бағалау** – өз қабілетіне, мүмкіндігіне, мінез-құлқына, ішкі жан-дүниесіне, басқа адамдардың ортасында өз орны тағы басқа бойынша өзіне баға беруі болып табылатын адам санасының құрамдас бөлігі. Өзін-өзі бағалау арқылы адамның мінез-құлқы реттеледі, өзіне сыни көзқараспен қарауға үйренеді. Бағалау арқылы оқушыны сенімділікке, ойлануға, шығармашылыққа тәрбиелеуге баулиды. Мұғалім бағалауынан өзін-өзі бағалауға көшу айтарлықтай қиындық тудыратын қадам және өзінің сыныптастарын бағалауда осы үдерісті жеңілдетуге мүмкіндігі бар. Сыныптастарын бағалау маңызды рөл атқарады, себебі ол ынталандыру деңгейін көтереді, оқушыларға өз тілінде сөйлеуге мүмкіндік береді, сынды қабылдауға ықпал етеді, өзіне және мұғаліммен пікірталасқа түсуіне сенімділігін арттырады, сондай-ақ мұғалімдерге үдерістен шектелуіне және жай ғана бақылауына мүмкіндік береді. Өзін – өзі бағалау – өзіне – өзі баға қою деген сөз емес, бірақ бағалау қызметімен байланысты бағалау әрекетінің бір түрі.

Өзара бағалау оқушыларға кері байланыс беруге көмектеседі, яғни бір- бірінен білім алуға және бір-біріне қолдау көрсетуге, бір-бірімен талқылауға, әңгімелесуге, түсіндіруге

және бірін бірі сынауға мүмкіндік береді. Сапалы өзара бағалау өз жұмысын бағалау сапасын жақсартуға ықпал етеді, нәтижесінде ол оқушылардың бойында өзінің алға дамуы үшін жауапкершілігін арттыруға бағытталады», делінген. Өзін өзі бағалау өзін өзі реттеуге жетелейді. Ұпайларды мектеп бағасына айналдыру шкаласы бойынша есептеп көрсетуге болады. Оқушы өзін бақылап, өзінің әрекет- тәсілдерін таңдайды, нәтижелерін өзі бағалайды, оны мұғалім жалғастырады. Осылайша бала мақсат қоя білу, күтілетін нәтижені жоспарлау, оны бағалау тәжірибесін жинақтау арқылы өзінің түйінді құзіреттіліктерін қалыптастырады. Кері байланыстың қай түрі болмасын, нені жақсы орындағанын белгілеп отыруы, қателіктер болған жағдайда мұғалім оқушының жұмысын жақсартуға байланысты нақты ұсыныстар беруі керек.

Қалыптастырушы бағалау әдістері:Дембо және Рубинштейннің «Ғажайып сызғыш» әдістемесі арқылы бағалау.Т.Дембо және С.Рубинштейн ойлап тапқан «Ғажайып сызғыш» әдісі оқушыларға өз білімдерін бағалау көмектеседі. Мысалы, математика сабағында «Жазбаша көбейту және бөлу» тақырыбы бойынша оқушылар әр сызыққа білу, түсіну деңгейіне байланысты белгі қояды. Әр бір сызық бір критерийді білдіреді. Бірінші сызық - сандарды алгоритм бойынша жазбаша дұрыс жазу. Екінші сызық – кестелік көбейту және бөлу. Үшінші сызық - көп таңбалы сандарды қосу және азайту. Келесі сызық - көбейтіндінің немесе бөліндінің мәнін табу. Барлығын дұрыс орындаған оқушы сызықтардың жоғарғы жағына белгі қойып шығады. Осылайша оқушы өзін бағалап, біліміндегі кемшіліктерді көріп, түзетуге әрекет жасайды. Бұл әдісті кез келген сабақта қолдануға болады.

«Б.Блум таксономиясы» бойынша бағалау.Б.Блум таксономиясы» бойынша бағалау Қазіргі мектеп практикасында американдық ғалым Б.Блум таксономиясын қолданылып жүр. Ол – білім және білікті меңгеру деңгейін сипаттайтын белгілер жіктеуі. Бұл таксономия оқушының танымдық және сезімдік өрісін бағалауға бағытталған. Танымдық салада оқу мақсаттары адамның білімді меңгеру және интеллектуалды білік, дағдыны игеру деңгейлерінде қарастырылады. Интеллектуалды білік және дағдыны қалыптастырумен байланысты мақсаттар: түсіну → қолдану→ талдау → жинақтау→ бағалау деп жіктеледі. Өзара бағалау оқушыларға кері байланыс беруге көмектеседі, яғни бір- бірінен білім алуға және бір-біріне қолдау көрсетуге, бір-бірімен талқылауға,әңгімелесуге, түсіндіруге және бірін бірі сынауға мүмкіндік береді. Сапалы өзара бағалау өз жұмысын бағалау сапасын жақсартуға ықпал етеді, нәтижесінде ол оқушылардың бойында өзінің алға дамуы үшін жауапкершілігін арттыруға бағытталады», делінген. Баға оқушының кемшіліктерін табу үшін емес,әрі қарай дамуына ықпал ету үшін қойылады. Баға қою бағалаудан туады және де бала келесі балаға баға қоймайды, тек бағалайды. Өзін өзі бағалау өзін өзі реттеуге жетелейді.Ұпайларды мектеп бағасына айналдыру шкаласы бойынша есептеп көрсетуге болады.

Тест түрлері.-Мини тест (Бір дұрыс жауабы болады)-Элективті тест (Оқушылар А,В,С,Д карточкаларын көтеру арқылы) Мұғалім әрбір оқушыға «А,В,С,Д» әріптері бар карточкаларды таратып шығады да олардан дұрыс жауаптарын карточкаларын көтерулері арқылы білдірсін дейді. Ұстаз міндетті түрде оқушыларға ойлануға 20 секунд беруі қажет. Ұстаз қатысушылармен жауаптардың әр түрлі нұсқаларын талқылап, оларға өздерінің таңдауларын түсіндіріп берулерін ұсынады. Олардың жауаптары оқушылардың оқытылған тақырыптың түсінгендіктері және деңгейлерін байқатады. Соған орай мұғалім тақырыпты тағы бір түсіндіру керек пе, әлде жалғастыра беру керек па соны анықтайды.

-Формативті тест (шағын топта отырып талқылау арқылы жауап беру)

Мұғалім оқушыларды ерікті түрде бірнеше топтарға бөлді. (әрбір топта 4-5 оқушыдан). Әрбір қатысушы сұрақтары бар бір бет және жауап жазуға бір бет алады. Әр кіші топтардағы қатысушыларға тесттағы сұрақтарды талқылауларына уақыт беріледі. Оқушылар талқылаудан кейін әр біреуі жеке жауап парақтарын толтырады. Әрбір оқушының ұпайлары жеке есептелінеді.

«Басбармақ»Оқушылардың басбармақтарын көрсету арқылы сіз түсіндіргенді олардың ұғу деңгейін тексеріңіз.Бас бармақ жоғарыға қарай = Мен түсінемін. Бас бармақ көлденең = Мен түсінгендеймін. Бас бармақ төмен қарай = Мен түсінбедім.

«Бағдаршам»Түсінгендікті көрсету үшін бағдаршамның түстерін көрнекі құрал ретінде пайдаланыңыз.Бағалаудың өзіндік қиындықтары да байқалып жатады. Басында балалар өздеріне жоғары баға береді. Ол жағдайда оқушыларға бағаның шын болу керектігін айта отырып, яғни шын баға өзінің қаншалықты түсінгенін көрсететінін айтып өткен жөн.

Кері байланыс әрекеті қалыптастырушы бағалаудың маңызды компоненттерінің бірі деуге болады. Кері байланыс әрекеті ауызша және жазбаша түрде жүзеге асырылады. Қателіктер болған жағдайда мұғалімге өзінің жұмысын жақсартуға байланысты нақты ұсыныс бере алады. Кері байланыс - бұл оқушының жеке жетістіктері мен білім алудағы олқылықтарды сезінуіне және өз іс-әрекетіне өзгерістер енгізуге көмектесетін, алға жылжуға бағыттайтын нақты ұсыныстар үшін алынған ақпараттар.Кері байланыс сабақтың әр кезеңінде қолданылады, мұғалімнің білім алушылармен үздіксіз өзара әрекет етуін жүзеге асыруға, нәтижесінде оқу үдерісін түзетіп , сабақты ірі қарай жоспарлауға мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы немесе оқу үішін бағалаудың дәстүрлі бағалаудан келесі артықшылықтарын атап көрсетуге болады:

-білім алушының жетістік деңгейін нақты сипаттайды;

-білімге деген ынтасын арттырады;

-білім алушының өзіне деген сенімділігі артып, жауапкершілікті сезінеді.

Оқушының өзін өзі бағалауы дамып, оны тек сабақ барысында ғана емес, кез келген өмірдегі болып жатқан қайшылықтара өзіндік бағалау жүргізе алатын тұлға қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Мұғалімдерге арналған нұсқаулық» II деңгей
2. «Мектеп үйлестірушілеріне арналған нұсқаулық»
3. А. Қ. Әлімов «Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану» Оқу құралы-Астана-2014ж.
4. Н.А. Тойбазарова «Интербелсенді оқыту технологиясы» Оқу құралы. Нұр-Сұлтан. 2019ж.
5. «Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық» Оқу-әдістемелік құрал. Астана-2017ж.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНДАҒЫ ОРНЫ.

Мұқашев Асқар Шәріпұлы
Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Ақжар селосы,
Ақжар қазақ орта мектебі.

Дүниежүзілік сақтау ұйымы сарапшыларының дерегі бойынша халық денсаулығының 50% өмір салтына, яғни адамның өз денсаулығына қалай қарайтынына байланысты делінген.

Сондықтанда салауатты өмір салтын орнықтыру осы ғасырдың барынша көңіл бөлетін жауапты парызының бірі болуы керек деп ойлаймын. Бүгінгі таңда әлеуметтік маңызы бар мәселенің бірі – бала денсаулығы болып табылады.Сонымен баланың салауатты өмірінің қалыптасуында ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарының пайдасы үлкен. Дене шынықтыру жаттығуларын ойынмен ұштастырған сәтте баланың тұрақты іс-әрекетке бейімділігінің

қалыптасуы көрінеді. Сондықтан оқушының салауатты өмір салтының қалыптасуын оның қимыл-қозғалыс әрекетінің дұрыс жолға қойылғандығымен көрінеді.Өйткені қимыл-қозғалыс жаттығулары бұлшық еттерге қан жүгіртіп, ағза қорегін арттырады. Егер оқушыда қозғалыс аз болса, онда гиподинамияға немесе қозғалыс белсенділігінің төмендеуіне әкеледі.

Сондықтан қазір мектепте салауатты өмір салтының қалыптасуындағы ұтымды құрал ретінде – асық ойындарын жиі өткіземіз. Асық ойындарының мақсаты –оқушылардың қимыл-қозғалыстарын реттеудегі пайдасын ескеру.Төмендегі кесте арқылы асық ойындарының маңыздылығын көрсетуге болады:

№	Компьютерлік ойындар	Асық ойындары
1	Баланың жүйке-жүйесін тоздырады.	Оқушының ойлау қабілетін дамытады.
2	Оқушы бойында тұйықтық пайда болады.	Адамдармен тіл табыса білуге үйренеді.
3	Қанайналымының , тыныс алу мүшелерінің , жүрек-қантамырларының жұмысын баяулатады.	Қан айналымы,тыныс алу мүшелерінің, жүрек-қан тамырларының жұмысын жақсартады.
4	Көздің көруін нашарлатады.	Көзінің қашықтықтан көруі қалыптасады.
5	Бойдың өсуіне кері әсер етеді.	Бойдың жылдам өсуіне көмектеседі.

Асық ойынын оқушыға жастайынан үйрету оның жүйке жүйесін шыңдайды, тілін дамытады, ойда сақтау қабілетін жетілдіреді,оларды дәлдікке, ұстамдылыққа, сабырлыққа тәрбиелейді. Асық ойнағанда адамның тек екі қолы емес, ойлау мүшелерінен бастап, иығы,аяғы, саусақтары барлық бұлшық еттері қимылдайды.Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттікті, батылдықты,шапшаңдылықты,тапқырлықты, табандылықты, күш-қуат молдығын,білек күшін, дененің шынығуын қажет етеді.Қазақтар спорттық жаттығуларға кішкентайынан жаттығып, жас балалар атқа шауып, секіріп, күресіп, көкпар тартып дегендей шынығып өскен. Өткен ғасырларда орыс ғалымы Н.А.Добролюбов : «Бірде-бір неміс гимнасшыларының ,грециялықтардан басқа,үлгі- өнегелері болмағандықтан, бізге мұнда қырғыз даласына келмеуі өкінішті-ақ.Мұнда олимпиялық ойын түрлері: күрес, сырыққа өрмелеу, жүгіру,т.б. гүлденіп өскен»,- деп текке мақтамаған.О бастан қазақтардың сүйікті ойындары:атпен шабу,садақ ату, қазақша күрес,жарыс, аңшылық, т.б.жақсы дамыған. Сондықтанда қазақтың ұлттық ойындарының оқушылардың салауатты өмір салтын ұстауға әсерінің мол екендігін,өз мектебімізде жинақталған тәжірибе негізінде көрсетіп отырмыз.Қазір мектепте дене шынықтыру сабақтарымен қатар қосымша үйірмелер, спорт секциялары жүргізіледі. Мектепте жүргізілетін «Асық ойыны» үйірмесінің оқушының салауатты өмір салты ұстанымына көмегінің бар екендігіне көзіміз жетіп жүр.

Үйірмеге қатысып жүрген балалар өздерін жақсы сезінеді, өздерімен бірге достарын да алып келеді,қызығушылықтары жоғары, өздері де ізденіп, асық ойындары туралы қызықты фактілермен бөлісіп отырады. Салмағы артық балалардың да қимылы ширақ. Мектеп медбикесі бұл оқушылардың салмағының төмендегенін айтты.

Асық ойынының балаларына әсері болды ма, тиімді жағы туралы үйірмеге қатысушы балалардың ата-аналарымен сөйлескенде, олардың жауаптары да қуанарлық.

15 баланың 10-ның ата-анасы үйірмеге «шақ», үлкен «айқаймен» баратын еді,қазір өздері барады десе, 7 ата-ана балаларының қазір компьютер ойынын ойнауды азайтқанын айтты.

8 ата-ана асық ойынының іні,сіңлі, апаларына да үйретіп жүргенін айтты.Олай болса, ұлттық ойындардың, оның ішінде асық ойынының салауатты өмір салтын ұстанудағы ролі үлкен деп айта аламыз.Біздің ата-бабаларымыздың тарихының жарқын беттерінен тәлім - тәрбие аларлық,үйретем деген мәселені баланы қызықтыра отырып, ынта-ықыласын тудырып барып өзіне істеткен, мәселенін шешуін өзіне таптыртқан.

Сондықтанда бүгінгі жас ұрпақ пен болашақ ұрпақтарымыз ұлттық ойындарды оқып үйрене отырып, өздерінің кім екендіктеріне барлау жасап, өздерінің ойлары мен іс-әрекеттерін денсаулығын сақтауға бағыттай алуға жастайынан дағдыланып өссе, онда олардың өмірі ұзақ та әдемі болуы сөзсіз. Сонымен, қорыта келе, дене шынықтыру пәні арқылы мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын ұстануына көмектесуі және олардың өз бетінше спортқа деген қызығушылығын оятуға, денсаулығына ұқыпты қарауға үйретуге болатыны анықталынды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Хамит Маданов Қазақ мәдениетінің тарихы. Алматы «Қаржы қаражат» баспасы 1998 жыл, 178-бет.
2. Асық ойының үйрету тәсілдері. Орал,2016 жыл.17-19 беттер.
3. Е.Сағындықов. Қазақтың ұлттық ойындары. «Атамұра» баспасы.2000 жыл,30-35 бет.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІНЕН БЛУМ ТОКСОНОМИЯСЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мұхамбеди Ырзагүл Амантайқызы
Ақтөбе облысы Құмтоғай ауылы, Құмтоғай Жалпы білім беретін орта мектебі, бастауыш сынып мұғалімі

Мемлекет басшысы Қ.К Тоқаев биылғы халыққа жолдауындағы алтыншы міндеті де осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлауды, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыруды, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалануды, инновациялық экономиканы дамытуды қарастырады [1].

Қазақстан Республикасында орта білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заманауи ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Елімізде білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды және оқушыларды ғылыми ізденушілікке шығармашылыққа тартудың жолдарын жетілдіруді талап етеді[2].

Осы орайда жаңартылған білім беру мазмұнының басты мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны ерте буыннан дайындау.

Бүгінгі таңда білім алушыға тиянақты білім беру бастауыш сынып оқытушысының алдында тұрған жауапты міндеттің бірі. Оқыту үрдісінде білім алушылардың өзіндік сенім арттыру мен білімге деген ынтасын көтерудің маңызы зор. Блум таксономиясы негізінде құрылған тапсырмалардан бүгінгі қоғам талабына сәйкес әлеуметтік бейімделуі жоғары, ұлттық құндылықтар бойына дарыған, білім мен біліктіліктерін өмірде қолдана алатын,

мәдениеттілігі жоғары сатыдағы, жан – жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру күтілетін нәтижеміз болып табылады.

Таксономия (грек тілінен taxis–орналастыру, тәртіп, реті және nomos-заң) – ақиқаттың күрделі ұйымдастырылған аймақтарын, әдетте сатылы құрылымды болып келетін (органикалық әлем, география, тіл білімі, этнография отьектілері) саралау және жүйелеу теориясы, «Токсономия ұғымын өсімдіктер классификациясын құрастырған швейцария ботанигі О.Декандоль ұсынған. Білім беру технологиялар шеңберінде 1956 жылы алғашқы педагогикалық мақсаттар таксономиясы – Блум токсономиясы жасалды.

Блум таксономиясы – американдық психолог Бенджиамин Блум ұсынған (1913-1999), таным аясындағы педагогикалық мақсаттар таксономиясы.

Бенджамин Блум – американдық оқыту әдістемесінің психологі, Блум таксономиясының авторы. Пенсильванияда Ленсфорд қаласында туылған, 1935 жылы Пенсильван университетін бакалавр және магистр деңгейлерімен бітірген, 1942 жылы Чикаго университетінде докторлық деңгейін қорғады. «Блум таксономиясы» атты кітабында өз теориясын дамытқан: адами мінездеменің өзгеруі мен бірқалыптылығы және білім беру мақсаттарын жүйелеу [3,23].

Блум таксономиясы мектеп уақытын тиімді пайдалануға және шәкірттердің нәтижелі өзін-өзі бағалауды камтамасыз етуге үміт береді. Блум таксономиясы ойлаудын 6 деңгейімен ұсыныл-ған.

«Білім» деңгейі басқа танымдық және психикалық деңгейлердің негізі болып табылады, өйткені онсыз басқалардың болуы мүмкін емес. Мысалы, егер сіз көбейту кестесімен немесе қажетті формулалармен таныс болмасаңыз, есеп шығару мүмкін емес. Егер сіз Абайдың өлеңдерімен таныс болмасаңыз, оның көркемдік ерекшеліктері мен оқырманның жүрегінде туындаған сезімдері туралы шығарманы көрсету немесе жазу мүмкін емес.

Түсіну дегеніміз – ақпаратты таныс, түсінікті күйге (пішінге) айналдыру арқылы өзіңіздің түсінігіңізді қалыптастыру. Бұл деңгейде шәкірттер ақпаратты есте сақтап қана қоймай, оны әртүрлі тәсілдермен ұсынады, бірақ оның ауқымы мен көлемін арттырмайды. Олар деректерді басқа таныс жүйеге айналдырады, есте сақталған ақпаратты басқаларға беру әдісін анықтайды, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтайды, нәтижелерді салыстырады және түсіндіреді. Мысалы, мектепте жиі қолданылатын "жұмысты (анықтамаларды, ережелерді) өз сөзіңізбен айтыңыз (түсіндіріңіз)" тапсырмасы түсіну деңгейін көрсетеді.

Түсіну деңгейін төрт топка бөлеміз:

Түсіндірме – оқушылар негізгі идеяларды анықтайды және өзара байланысын келтіреді.

Аударма – идеяларды кез-келген бекітілген жүйеден олардың мағынасын сақтай отырып, олардың әдеттегі жүйесіне немесе формасына аударады.

Мысалдар – ақпарат пен ойларды дұрыс түсіну үшін, фактілерді практикада қараңыз.

Анықтама – атаудың немесе тұжырымдаманың мағынасын білдіру үшін өз сөздеріңізді қолданыңыз және анықтама формасын білдіру үшін таныс және түсінікті сөздерді қолданыңыз.

Қолдану – кез-келген мәселені (мәселені) шешу үшін ақпаратты практикалық қолдану. Бұл деңгейде шәкірттер ұстазының көмегінсіз бейтаныс мәселені өз бетінше шешуі керек. Мұнда түпкілікті нәтиже (мысалы, мәселені шешу) ғана емес, сонымен бірге шешім табу процесі де маңызды: мәселені шешу әдісі шешімнің өзінен гөрі маңызды болуы мүмкін.

Егер "қолдану" деңгейі шешім қабылдау компоненттерінің бірлігін білдірсе, онда ***"талдау"*** деңгейі керісінше болады, бұл оның қалай қалыптасатынын түсіндіру үшін бүтін, оның компоненттеріне бөлінгенін көрсетеді. Бұл деңгейде белгілі бір нәтижелерге қол жеткізу үшін зерттеу тақырыбының (күрделі процестің немесе объектінің) әртүрлі бөлшектері қалай жұмыс істейтінін көрсету қажет. Оқушылар жауап бермес бұрын ойланып, жауаптарының

логикалық тұрғыдан мінсіз екендігіне көз жеткізуі керек. Сонымен қатар, олар қозғаушы күш (мотивация) компоненттері арасындағы байланысты анықтайды.

Жинақтау – бұл жаңа мазмұн мен тұтас ұғымдарды құру үшін жеке бөліктердің (элементтердің) шығармашылық үйлесімі.

Жинақтау шығармашылық процесті білдіреді. Мұндағы зерттеу жұмысына "қолдану" деңгейі де, жинақтау деңгейі де кіруі мүмкін. Алайда, "қолдану" жаңа тұжырымдама жасауды қажет етпейді. Бұл жаңашылдықты енгізуді және шәкірттердің жеке тәжірибесіне негізделген жаңа шешімдерді енгізуді көздейді. Жинақтау жаңа мазмұнды, құрылымдар мен модельдерді құру үшін компоненттерді қалай біріктіруге болатындығын көрсету үшін болжамдылық, кондиция және мүмкіндіктер ұғымдарын қолданады [4.45].

Бағалау – проблемалардың шешімін қабыл-дап, оны дәлелдермен айғақ-тау. Бұл деңгейде де шығармашылық әрекеттер маңызды рол атқарады.

Бұл деңгейде шәкірттер таңдау жасау және шешім қабылдау қабілеттерін көрсету үшін жауаптарында дәлдік, логикалық жүйе, дәйектілік және т.б. сияқты талаптарды қолданады.

Төменгі сыныпта **жаратылыстану** пәнін оқу арқылы оқушылардың қоршаған орта, әлем және аспан денелері туралы білімдері молайып, өзбетінше зерттеу жұмыстарын жүргізуге жағдай жасалған. Төменгі сыныпта жаратылыстану пәнін оқытудың ерекшелігі: оқушылардың қоршаған орта, әлем туралы ой-өрісін дамыту, тәжірибе жұмыстарын жасату арқылы шығармашылық ізденіс қабілетін арттыру. Жаратылыстану пәнін оқу барысында оқушылардың санасында осындай зерттеу дағдыларын қалыптасады: зерттеушілік, байқау, мәліметтерді алу және ұсыну, нәтижелерді түсіндіру.

Оқыту үдерісінде оқушылардың пәннің бөлімдеріне қарай біліммен біліктерін саналы түрде игеруі үшін әр пәннің әдістемелік қызметін пайдалануға, жобалау, зерттеу әрекеттері тәсілдерін игеру негізінде жүйелерін, әлеуметтік мәдени кеңістікте өз орнын дұрыс таба білуі үшін біліктерді меңгеруге бағыттайды. Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне берілген негізгі міндеттердің бірі.

Таксономия - белгілі бір критериялар мен ұстанымдар бойынша объектіні жүйелеу, топтастыру немесе жіктеуді айтады.

Блум таксономиясы бойынша ұйымдастыру оқушылардың дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау ететінін айта кеткен жөн. Блум таксономиясы адамның ақыл-ой қабілеттерінің құрылымы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысында белсенді әрекетке жетелейтін 6 деңгейге сәйкес тапсырмаларды құруды қажет етеді. Тапсырмалар құруда оқытудың белсенді әдістердің мәні - оқушыларды кәсіби іс-әрекетті меңгеруге бағытталады. Сабақ жоспарын Блум таксономиясына салып, бағдарламада белгіленген жеті модульді ықпалдастырудың арқасында оқушылардың не білетінін және нені жасай алатынын, сондай-ақ қызығушылықтарын түсініп, оқытудың жаңа тәсілдерін тиімді және орынды пайдаланып, оқушы бойында ішкі уәж тудырып, өз қабілеттеріне сенім арттырып, ол өз кезегінде жаңа материалды саналы түрде меңгеруіне әсер етеді деп күтілді.

Ол сабақ құрылымын алты деңгейге бөліп қарастырады. ***Олар: білу, түсіну. қолдану, талдау, жинақтау, бағалау.*** Сабақтың жалпы мақсатынан басқа әр деңгейге мақсат пен күтілетін нәтиже, сондай-ақ, әр деңгейдің тапсырмасына критерийлер мен дескрипторлар қойылады. Бұл оқушының әр деңгейде белгілі бір нәтижеге қол жеткізіп, білім деңгейін бақылап отыру үшін қажет. Мысалы, сабағын жоспарлағанда білу деңгейінде тақырыпты оқушылардың өзі анықтау мақсатында түрткі болатындай тапсырмалар, сұрақтар немесе 5 минуттық бейнероликтер көрсетуге болады.

Мысалы 2-сынып жаратылыстану сабағынан тыныс алу мүшелері тақырыбын «блум токсономия» технологиясын қолдануда оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға болады.

Сабақтың тақырыбы: «Тыныс алу мүшелері»

Бірінші деңгей – БІЛІМ

- Тыныс алу жүйесінің мүшелерін атаңдар.

Екінші деңгей – ТҮСІНУ

Суреттен ауаның адам ағзасына түсу ретін дұрыс түсіндіріңіз

а) өкпе

б) трахея

в) мұрын қуысы

г) көмей

д) мұрын-жұтқыншақ

д) бронхтар

Үшінші деңгей – қолдану



Сурет.1 Тыныс алу мүшесі

- Алған білімдерін пайдаланып, мәтінді жетіспейтін сөздермен толықтыру:

Тыныс алу жүйесі тыныс алу жолдарынан және ... тұрады. Дұрыс тыныс алғанда ауа алдымен ... ішіне енеді. Мұрын қуысы шырышты қабықпен қапталған .... Мұрын қуысынан ауа мұрын-жұтқыншақ және ауыз-жұтқыншақ арқылы ... ішіне енеді.

Төртінші деңгей – талдау

- Мұрынның, бронхтың, өкпенің адамның тыныс алуындағы маңызын дәлелдеу.

Бесінші деңгей – синтез

- Тыныс алу гигиенасы және таза ауаның адам денсаулығы үшін маңызы туралы еске түсіру.

Алтыншы деңгей – бағалау

Қорытындылай келе, Блум таксаномиясы негізіндегі тапсырмалар білім алушылардың зерттеу, іздену, қорытынды жасау іс-әрекеттеріне түрткі жасай отырып, олардың дарындық қабілеттерінің жетілуіне септігін тигізіп, таным белсенділіктерін жетілдіреді.

Блум таксономиясы бойынша сабақты ұйымдастыру оқушылардың сабақта дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау ететінін айта кеткен және. Блум таксономиясы адамның ақыл-ой қабілеттерінің құрылымы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысында белсенді әрекетке жетелейтін білім игеруге бағытталған алты қадамға сәйкес тапсырмаларды құруды қажет етеді. Блум таксономиясының деңгейлері: жинақтау, білу, түсіну, қолдану, талдау, бағалау. Блум таксономиясы бойынша сабақты өту нәтижесінде оқушылардың сабақта дайын ақпаратты қабылдамай, өздері ізденуді, қойылған мақсатқа жету үшін зерттеулер жүргізуді, табылған материалдарды талдап және салыстыруыды, ой толғап және өздерін және бір-бірін бағалауды үйренді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қазақстан халқына жолдауы «Жаңа қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» 2022 жылғы 16 наурыз

2.Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.

3.Нуриев М.А, Садықова А.Е. Бастауыш сынып оқушыларын ынталандыру арқылы танымдық белсенділігін арттыру//«Ұлттық тәрбие» Республикалық ғылыми-көпшілік журнал №4 (24) 2018.

4.Құсайынов Ғ.М. Оқытудың жаңа технологиясы: теориялық және практикалық негіздері: Әдістемелік құрал. – Астана: РҒПО «Оқулық», 2012.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДАҒЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ БҰЗЫЛЫМЫ БАР БАЛАЛАРҒА ҒЫЛЫМИ ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Мысина Дана Жұмабекқызы
Ақтөбе қалалық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы (түзетім) балабақшасы. Ақтөбе қаласы.

Мектепке дейінгі ұйымда сөйлеу тілі бұзылымы бар балалардың тілін дамытуда ауызша сөйлетуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берген маңызды. Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі – тіл дамытудың негізгі жұмыстары болып табылады.

Біз ұйымдастырылған оқу қызметінде балалармен сөздік жұмыстар жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз.

Жалпы сөйлеу тілі бұзылымы бар балалармен жұмыс жасауда ең бірінші жоқ дыбыстарды қойып, сол дыбыстарды буында, сөзде, сөйлемде машықтандыру қажет. Дыбыстармен жұмыс жасауда бала тез қабылдауы үшін әртүрлі ойындар өте маңызды. Сондай-ақ, сөйлеу тілін дамыту қызметін ұйымдастыру жұмысында ойын әрекеті ең маңызды орын алады. Логопед бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу мен жаңылтпаштар айту және құрастыру, саяхат, ойын әрекеттерін ұйымдастыру барысында балалардың сөйлеу тілдерін дамытады.

Түрлі ойындар әрекетінің және ұйымдастырылған оқу қызметінің мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Нәтижесінде бала жас ерекшелігіне сәйкес мектепке дейінгі ұйымда бағдармалық міндетті меңгереді. Ойын ұйымдастыруда логопед балалардың ойлануына бағыт бере отырып, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып, зейінін, қиялын, танымын дамытады.

Сонымен қатар ойын барысында бала үлкендермен, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасайды. Әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады. Сондықтан да, ойын-тапсырмаларды таңдауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн.

Логопедия - сөйлеу тілі кемістіктерін оның бұзылу себептерін, болдырмау жолдарын,сонымен бірге осындай кемістіктерді әртүрлі жолдармен түзетіп, жоюдың тәсілдерін зерттейтін ғылым.

Логопедия - логос(сөз) және педия тәрбиелеймін, үйретемін деген грек сөздерінің түбірінен алынған.

Логопедияның зерттеу объектісі – сөйлеу тілінің бұзылуынан зардап шеккен адам. Логопедияның негізгі мақсаты: сөйлеу тілі бұзылған адамды оқытуды, тәрбиелеуді және қайта тәрбиелеуді, сонымен бірге сөйлеу тілінің кемістіктерінен алдын- ала сақтандыру жолдарын ғылыми негізде жете зерттеу болып есептеледі. Логопедия ғылымының анықтамасына сүйене отырып, мынадай міндеттерді белгілеуге болады:

• Әртүрлі тіл кемістіктеріндегі сөйлеу тілі қызметінің дамуын зерттеу.

• Сөйлеу тілі бұзылуының таралуын, оның симтоматикалық белгілерін анықтау.

• Сөйлеу тілі бұзылған баланың сөйлеу қабілетінің өздігінен белгілі бір бағытпен дамуын, сөйлеу кемістіктерінің адамның жеке басының қалыптасуына, психикасының дамуына тигізетін ықпалын анықтау.

• Балалардың әртүрлі сөйлеу тілінің қалыптасу ерекшеліктері мен кездесетін тіл кемістіктерін зерттеу.

• Сөйлеу тілінің бұзылуының себептерін, белгілерін, құрылымын, механизімдерін анықтау.

• Сөйлеу тілінің кемістіктерін анықтайтын, ажырататын педагогикалық тәсілдерді жетілдіру, дамыту.

• Сөйлеу тілі кемістіктерін жүйелеу.

• Тіл кемістіктерінің ерекшеліктеріне байланысты қолданылатын түзету әдістері мен амалдарын жетілдіру.

• Қазақ тіліне тән дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктерін және түзету тәсілдерін анықтау.

• Сөйлеу тілі кемістіктерін алдын- ала сақтандыру тәсілдерін толық жетілдіру.

• Логопедиялық жәрдемді ұйымдастыру мәселесін жете зерттеу.

Көрсетілген міндеттерден логопедилық теориялық және практикалық бағыттылығы анықталады.

Сонымен сөйлеу тілінің дамуы мен оның бұзылуын түзету және сақтандыру логопедиялық ықпал жасау барысының негізгі бағыты болып есептеледі. Зерттеулер жалпы сөйлеу тілі кемшілігі бар балаларды коммуникативті қызметін дамытудың әсерлі жолын ұсынды (Б.М.Гриншпун, О.С.Павлова, В.И.Усольцева, Т.Б.Филичева, Т.В.Чиркина).

Логопедиялық тексеру кезінде сөйлеу тілі бұзылған балаларды зерттеудің тиімді әдістерін Т.Б.Филичева, Т.В.Чиркина, Г.А.Каше көрсетті.

Нейрологиялық әдістерде мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі бұзылған балаларды оқытудың жолдарын қарастыруда (Н.К.Корсакова, Н.К.Микадзе, И.Ф.Марковская, Э.Т.Симерниукая, Л.СЦветкова және т.б.).А.М.Матюшкин және оның ізбасарлары сөйлеу тілі бұзылған балалардың бұл функцияларын дамытудың сұрақтарын белгіледі:

1.Танымдық–жеке танымдық, зерттеушілік, рефлексивтік, регуляторлық.

2. Коммуникативтік қызметтің эмоциялық тұрақталуы. Арнайы әдебиеттерде талдау жасалып, жалпы сөйлеу тілі кемістігі бар балаларды оқыту мәселесі барлық елде толық қарастырылған жоқ (О.С.Трибова, Л.Т.Соловьева, Н.К.Усолцева, С.Т.Федосеева).

Әлеуметтік–коммуникативті жұмыс келесідей тапсырмаларды көрсетті:

1. Әлеуметтік қарым–қатынасты және танымдық сұрақтар және әр түрлі мәселелік оқыту арқылы жаттықтыру.

2. Танымдық сұрақтар көмегі арқылы балалардың мәселелер тудыру арқылы қабілетін дамыту. Қорытынды сабақ арқылы сөйлеу тілі ойындары «Есіңде сақта және жауап бер»,«Қуыршақ»,

«Сұрақтың жауабын тап», «Моншақ» (бұл ойын бірінен соң бірін жалғастыру арқылы жауап береді). Сөйлеу тілі бұзылуының көпшілігін алдын ала ескертуге болады. Ол үшін баланың жалпы тірлігінің және сөйлеу тілінің тәртібін, әртүрлі сырқаттардың асқындырмауын, оның сөйлеу тілінің дамуына қамқорлық жасауын, сөйлеу тілінің бұзылуына әкеліп соғатындай шамадан артық салмақ салмауын қадағалайды. Логопедтің тіл кемістігінен алдын ала сақтандыру шараларын ұйымдастырудың да зор маңызы бар. Бұнда мектептегі және мектеп жасына дейінгі мекемелердегі тәрбиешілер мен педагогтар үлкен роль атқарады. Сөйлеу процесі адам баласына ғана тән, өте күрделі жоғарғы психикалық қабілет және ол шартты рефлекс заңдарына байланысты. Сөйлеу қабілеті сөйлеу аппараттарын іске қосатын орталық және шеткі күрделі жүйке жүйелері арқылы іске асады. Сөйлеу аппараты орталық жүйке жүйесінің әр бөлігіне әр деңгейде орналасқан, бірақ барлығы жиылып бір іске жұмылған өз алдына дербес қабілетті жүйе болып табылады.

–сөйлеген кезде өкпеге ауаны жай кездегімен салыстырғанда 4 рет көп жұтады;

–ауыз арқылы дем алады;

–сөйлеген кезде дем алу процесіне диафрагма да қатысады.

Көбінесе сөйлеу тілінің бұзылуы мектеп жасына дейінгі кезеңде пайда болады. Бұл бір жағынан сөйлеу тілінің және сөйлеу тілінің механизмі қалыптасуы әлі толық аяқталмағандықтан болады. Сондықтан сөйлеу тілінің дертке шалдығуына сыртқы күштердің қандайынан болса да қолайсыз себебі жеткілікті. Бұл кезеңде дислалия, тұтықпа, сөйлеу тілі дамуының кешеуілдеуі өте жиі байқалуы мүмкін.

Сөйлеу қабілеті сөйлеу аппараттарын іске қосатын орталық және шеткі күрделі жүйке жүйесінің әр бөлігінде әр деңгейде орналасқан, бірақ барлығы жиылып бір іске жұмылғаны өз алдына дербес қабілетті жүйе болып саналады. Сонымен барлық тіл кемістіктерін, оларды туғызатын себептерге байланысты екі топқа бөлуге болады.

а) табиғи тіл кемістіктері (органикалық);

б) функционалды тіл кемістіктері. Табиғи тіл кемістіктері зақымды жайылпайтындығына байланысты:

а) тілдің табиғи бұзылуы орталықтан пайда болуы

б)тілдің табиғи бұзылуы шеткеріден пайда болуы деп бөлінеді.

Біріншісіне, бас ми қабығында орналасқан тіл механизмдерінің орталық тарауларының табиғи бұзылуының нәтижесінде пайда болған кемістік жатады. Тілдің табиғи бұзылуының орталықтан пайда болуына алалия, афазия, сонымен бірге тіл мүкістіктерінің кейбір түрлері жатады. Жалпы тіл кемістігі-есту қабілеті мен ой өрісі әдеттегідей дамыған балалардың дыбыстық, мағыналық жағына қатысты сөйлеуі. Сөйлеу тіліндегі дыбыстардың айтылуына дұрыс қалыптаспаған таңдай құрылысы да зиян тигізеді. Көбіне жас аналар нәрестеге емізік беруге құмар. Дұрысы, емізікке үйретпеген жөн. Себебі, емізікті жиі емгеннен сәбидің таңдайы тереңдеп кетуі әбден мүмкін. Таңдай тереңдесе, артикуляциялық қозғалысы нашарлайды. Соның салдарынан әріптер дұрыс дыбысталмайды. - Ата-аналардың көпшілігі баласының тілі дұрыс шығып, шықпағанына, даму ерекшеліктеріне жете мән бермейді. Баланың былдырлап сөйлегеніне мәз болып, соны қызық көретіндер де жетерлік. Олар мұны еркелік деп түсінеді. Кейбір ата-аналар 3-4 жастағы баланың тілі түсініксіз болса, «мүлде сөйлей алмайтын жағдайда емес қой, мектепке барғанша, әйтеуір сөйлер» деп бейжай қарайды. Мұндай түсінік мүлде дұрыс емес. 1 жасар бала кем дегенде 10 сөз айтуға тиіс. 2 жаста сөздік қоры 300-ге жуықтайды. Ал 3 жасар сәби күрделі сөйлем құрауға қабілетті болады. Сондықтан кез келген ата-ана бала 1 жасқа толысымен, онымен көбірек сөйлесуі керек. Онда да баланың былдырына еріп, соның «тілімен» емес, түсінікті тілде сөйлеуге үйретуі тиіс.

Сөйлеу тілінде кемістігі бар балалармен дер кезінде мамандар түзету жұмыстарын жүргізуі қажет. Баланың сөйлеу тілін жетілдіруде саусақтарды жаттықтыра отырып бас

миының жұмыс істеу қабілетіне күшті ықпал етеміз. Сондай-ақ қолдың жазуға икемділігін арттырамыз.
Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету жұмыстарына кіріспес бұрын, оның жеке тұлғалық белгілерін міндетті түрде білу қажет. Кейбір балалардың сөйлеу тілінің бұзылуымен қатар, нервті-психология саласында да психологиялық ауытқушылықтар болатына да назар аудару қажет. Сол себепті де балалармен күнделікті жұмыста әр баланыңжеке қабілетін ескере отырып, жалпы және арнайы моторикасын дамыту үшін ойындар мен тапсырмалар беріп отыру қажет.

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЕ

Н.П. Карпова
КГУ «Пригородная средняя школа» г. Актобе

Значение физической культуры в школьный период жизни человека заключается в создании фундамента для всестороннего физического развития, укрепления здоровья, формирования разнообразных двигательных умений и навыков. В настоящее время, в системе физкультурного образования, выделяются три основных направления современного урока по учебному предмету «Физическая культура» – оздоровительное, тренировочное и образовательное. Хотелось бы обратить внимание именно на оздоровительное направление, потому что, это самая проблемная сфера в школе на данный момент. Составители научных концепций и учебных программ зачастую «забывают» о психофизиологических возможностях детей по приёму и переработке информации, о возрастно-половых особенностях их развития, естественных социальных потребностях. Интенсивные учебные нагрузки на неокрепший детский организм неблагоприятно сказываются на состоянии здоровья школьников. Недостаток двигательной активности и чрезмерные учебные нагрузки часто приводят к срыву базовых биологических функций.

Всё это свидетельствует о том, что система образования в нынешнем её виде превратилась в мощный патогенный фактор различных заболеваний школьников. Сейчас перед обществом остро стоит серьёзная проблема укрепления и сохранения здоровья подрастающего поколения. Полноценное развитие детей школьного возраста без активных физкультурных занятий практически недостижимо. Выявлено, что дефицит двигательной активности серьезно ухудшает здоровье растущего организма человека, ослабляет его защитные силы, не обеспечивает полноценное физическое развитие [2]. И в этой ситуации, казалось бы, физическая культура должна стать приоритетом в школе. Но, по моему мнению, пока это далеко не так. Начнём по порядку, с первых шагов ребёнка в школе. Родители приводят детей в школу, и их беспокойство вызывает только тот факт, что он недостаточно умеет писать, считать, читать, не уверены, что он сможет отвечать у доски и т.п. Но ни у одного из них не вызывает беспокойства то, что их ребёнок не имеет навыков простейших физических действий. Никто не задаст вопрос, сколько раз мой ребёнок должен уметь подтянуться, отжаться, поднять туловище из положения лежа перед поступлением в школу. Первые же занятия показывают то, что многие абсолютно не умеют выполнить элементарного: наклон вперёд, приседание, простые прыжковые или беговые упражнения. Реальность показывает, что дети приходят в школу в большинстве физически неподготовленными, а некоторые уже в этом возрасте, не испытывающими потребности в двигательной активности. Почему так происходит? Мы, конечно, можем сейчас все дружно возложить вину на детские сады. Хотя

доля правды в этом будет. Ведь в дошкольных учреждениях недостаточно внимания уделяется при работе с родителями важности развития физических качеств детей. Но не только в этом проблема. В средствах массовой информации также не освещаются проблемы физического развития дошкольника. Этот вопрос вообще не поднимается. Как следствие, родители на этом не заостряют внимания и не видят необходимости развивать физические качества своего ребёнка. Но не стоит снимать ответственности и с самих школ, где при поступлении в школу на эту проблему не обращают внимания. Посмотрели, грубо говоря: буквы знает, читает, пишет, шнурки завязывает, на вопросы отвечает – всё, готов к школе. И даже входные тесты, присылаемые департаментом, проверяют моторику, мышление, внимание, но никак развитие физических качеств. Другими словами, централизованного мониторинга физического развития дошкольника нет. Кто-то скажет: «Ну и что?», – потом, в школе научится. Но, всё далеко не так просто. Пришёл неподготовленный физически ребёнок, а он с первых дней усаживается за парту. Идёт большая нагрузка на мышцы спины, шеи, а они не развиты. Результат – быстро развивающийся сколиоз и все примыкающие к нему заболевания. И никакие физкультминутки и напоминания о правильной посадке не предотвратят это. Среди первоклашек всегда выделяются дети, посещавшие до школы спортивные секции и танцевальные кружки. Их осанка идеальна и у них не вызывает затруднений принять правильное положение при посадке за партой на уроке. Для остальных же эта пытка, держать спину прямо, не опираться при письме на руки, не гнуть голову к столу. А тут уже и следующая угроза здоровью – близорукость. Всё это проявиться у неготовых физически к школе детей на начальной ступени обучения. При последующих медосмотрах вина ляжет на школу, на учителей-предметников и, конечно, учителей физической культуры, которые не смогли сохранить здоровье ребёнку. Но ведь это следствие не учёбы в школе, а физической неготовности ребёнка к ней. Важно в ближайшее время находить способы решения этой проблемы. Это не просто, так как требует выработки целой системы мероприятий: разработки нормативов для будущих первоклассников, тестирование при поступлении в школу, ознакомление родителей с требованиями и т.п. Сюда должны быть вовлечены и дошкольные учреждения, и школы, и учреждения дополнительного образования, и средства массовой информации (хотя бы местного значения), и медицинские работники, ведущие просветительскую деятельность в этом направлении. Важно донести значимость физического развития ребёнка до родителей. По моему мнению, стоит этот вопрос подробнее рассмотреть на заседаниях методических объединений (учителей физической культуры, начальных классов, воспитателей детских садов, руководителей образовательный учреждений).

Немаловажным является и тесное взаимодействие учителей физической культуры и медицинских работников. Пока всё взаимодействие чаще всего сводится к тому, что в листке здоровья мы можем увидеть, к какой группе здоровья относится ученик. Но это не информирует учителя об особенностях его здоровья. Да, правильно, сейчас есть понятие «врачебная тайна», диагнозы в справках кодируются. Но, что в этом случае делать мне, чтобы не навредить здоровью ребёнка. Ведь нередки случаи, когда дети теряют сознание на уроке, или у них начинается обильное кровотечение из носа, и хорошо, если всё обходится без серьёзных травм. А в последствии выясняется, что у ребёнка родовая травма шейного отдела позвоночника или гипертония, но, по словам родителей, давно ничего не случалось, они решили, что об этом можно забыть, в карточке это упоминалось давно и на момент поступления в школу, такие случаи не встречались, и не были отражены в справке о состоянии здоровья, либо справку выписывал другой педиатр, не ведущий наблюдение развития ребёнка. А при физической нагрузке это проявилось. Я считаю, что в начале учебного года учитель физической культуры должен получать подробную информацию о состоянии здоровья каждого ученика, поступившего в школу. Получать рекомендации, как работать с ними и как действовать в случаи чрезвычайной ситуации. И не от медицинской сестры, а от педиатра. На

мой взгляд, в настоящее время это очень актуально, и в то же время решаемо, так как не влечёт за собой финансовых затрат. Стоит только официально закрепить педиатра за школой и раз в год организовывать подобные собеседования.

Почему проблема здоровья детей вышла на первое место? Да, только потому, что оно продолжает ухудшаться и не потому, что дети теряют интерес к занятиям спортом, сейчас, по нашим наблюдениям, он значительно возрос. Но при этом «Физическая культура», единственный предмет в школе, способный эффективно решать проблему оздоровления учащихся, – упорно отодвигается на «вторые роли». Сейчас важно создать условия для повышения статуса физической культуры в школе, что бы она перестала быть приложением к «основным» предметам, а сама вошла в их ранг. В противном случае проблему сохранения и укрепления здоровья школьников решить не получиться. Хотелось бы, что бы каждый помнил слова, сказанные Сократом много лет назад: «Здоровье – не всё, но всё без здоровья – ничто».

Используемая литература:

1. Дорошенко, А.С. Образовательный урок / А.С. Дорошенко, К.Ю. Шуров // Физическая культура в школе. – 2005. – № 5. – С. 38.

2. https://studfiles.net/preview/2835854/page:63/

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Нагидулина Раушан Усербаевна, Бисекешева Айгул Сапаргалиевна
«А.Байтұрсынұлы атындағы лингвистикалық мектеп-гимназия» КММ,
Бастауыш сынып мұғалімдері

Бүгінгі күн талабына орай оқу-тәрбие жұмысының мазмұны, мақсаты ұлттық негізде қайта қаралып, түбегейлі жаңартылуда. Еліміздің болашағы көркейіп өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Осыдан барып жас ұрпаққа ғылыми негізде білім беру, қабілеттерін арттыру, бойларындағы іскерлік пен дарынды ашу міндеті туындайды. Білім беру жүйесіндегі оқытуды ұйымдастырудағы басты рөл - баланың туа біткен, табиғаттан алған бар қабілетін көздейтін ең қолайлы жағдайды жасай отырып, баланың жан-жақты дамып, биікке көтерілуіне көмектесетін принцип.

Қазір өркениетке ұмтылған қоғам талабына сәйкес,еліміздің дамыған елдерімен иық тіресіп тұру үшін, еліміздің болашағы мен қазіргі кезеңі білімді, зерделі, өз бетімен іс-әрекет ете алатын, қоғамнан өз орнын таба алатын шәкірттерді дайындау ұстаздың міндеті.

Мектептегі оқушы өмірінің көп бөлігі 45 минуттық сабақ кезінде өтеді. Міне, оқушы осы кезде тек қана білім алып қана қоймай шығармашылықпен зерттей білуге үйренуі керек. Білім алуда іс-әрекетке үйренген баланың бойында алған білімі ұзақ уақыт сақталады және ол жұмыс істеуге, ізденуге, таңдауға, т.б. үйренеді. Сол үшін ескі дәстүрлі сабақтан қашып, озық тәжірибелерді таңдау қажеттілігі туады.

Сондай технологиялардың бір түрі - "Ойын технологиясын қолдану арқылы оқыту". "Егеменді еліміздің тірегі - білімді ұрпақ" десек, білімнің негізі бастауышта қаланатыны бәрімізге беймәлім. Ендеше бастауыш сыныптағы әртүрлі пәндер арқылы оқушы білімін дамытып, сабақ сапасын көтеріп, түрлерін жетілдіріп, оқушының сабаққа қызығушылығын арттырып, танымдық қабілеттерін жетілдіруде ойын технологиясының алатын орны орасан зор. Балаларды оқытуда және тәрбиелеуде ойынның ролі педагогикада бұрын да, қазір де қарастырылып келеді. Ойын - бала қызығушылығына негізделген оқыту тәсілдерінің бірі. Педагогикалық ойындар технологиясы дегеніміз- педагогикалық жұмысты ойын түрінде

ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны. Ойын түріндегі жұмыстар сабақ үстіндегі қолайлы деген жағдайларда пайда болып, оқушылар қызықтырушы құрал ретінде қолданылады.

Еңбек,ойын және оқу ерте кезден-ақ адам тіршілігінің негізгі үш тірегі болып есептелген. Ол балалар үшін кәмелетке келгенше жүріп өтетін өмір сатысы. Ойын технологиясы балалардың айналасын тану қызметіндегі белсенділігі мен қызығушылығының қалыптасуына жолды кең ашатын табиғи құбылыс. Атақты педагогтар В.А.Сухомлинский, Н.К.Крупская, К.Д.Ушинский ойынның балалардың ой өрісін дамытуда, дүниетанымын қалыптастыруда практикалық маңызы зор екенін атап көрсеткен. Қазақ халқының ұлттық ойындарының педагогикадағы рөлі туралы алғашқы пікірін айтқан М.Әуезов. Ойын арқылы оқыту технологиясы бастауыш сыныптарда кеңінен қолданылады. Әр мұғалім технологияның нәтижесі дұрыс болуы үшін мынандай жағдайларды ескеруі қажет.

1. Әр ойынның тәрбиелік, білімділік, дамытушылық маңызын алдын ала жете түсініп, оның балаларға қандай нәтиже беретіндігін анықтау.

2. Ойын жүргізілетін орынның мүмкіндігі, ойын жабдықтарының эстетикалық талаптарға сай болуын алдын-ала әзірлеу.

3. Сыныптағы оқушылардың жас, психологиялық ерекшеліктеріне, білім деңгейлеріне, сөздік қорына сәйкес келуі.

4. Ойын кезіндегі қозғалыс, техникалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

5. Ойынның, сабақтағы ойын элементтерінің оқушылардың ынтасын тартып, пәнге деген қызығушылығын арттыруға бағытталуы.

Ойын - балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын - айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады.

А.С.Макаренко: "Ойын - балалар өмірінде өте маңызы зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер, ең алдымен, тәрбиені ойын арқылы алады" - деп балалар ойынын жоғары бағалаған. Адамның жас ерекшелігіне қарамай, яғни адамды балалық шағынан бастап кәрілікке жеткенше ойын қажеттілігі жетелеп отырады. Ал жас баланың ой-өрісі ойын арқылы дамиды. Ойын барысында адамгершілік қасиеттері, өмірге деген көзқарасы, қызығушылығы қалыптасады. Ойын арқылы сыныптағы ерекше оқитын оқушыларды да сабаққа нәтижелі тартуға болады. Тиімді қолданылған ойын мұғалімнің түсіндіріп отырған сабағын оқушылардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп, тапсырманы ықылыстана әрі сапалы орындайтын болады.

Ойынға қойылатын әдістемелік талаптар:

- Ойынның мақсаты нақты және керекті көрнекіліктер мен материалдары алдын ала дайындалып, оңтайлы жерге қою.
- Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібін оқушыларға әбден түсіндіру.
- Ойынға сыныптағы оқушылардың түгел қатысуын қамтамасыз ету.
- Ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеу; ойын түрлерін бағдарламаға сай іріктеп алу.
- Ойынды баланың жас ерекшелігіне қарай түрлендіріп пайдалану; қарапайым ойыннан қиын ойынға көшу.
- Міндетті түрде ойынның қорытындысын жариялау қажет.

Ұлттық ойын ойнау баланың салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына деген сүйіспеншілігін арттырады және адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады.

Дидиктикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндетті шешеді. Пәнге қызығушылығын арттыратын әдістің бірі - **грамматикалық ойынның** түрлері.

Психологиялық ойындар - көбінесе таныс емес тақырып кездескенде сұрақ қою арқылы ойналады.

Тірек сызба ойындар - бұл ойын атынан көрініп тұрғандай көбіне суреттеу, сызу, жобалау, эскиздеу болып табылады.

Логикалық ойындар - оқушылардың ой-өрісін, тіл, сөз байлығын кеңейтеді.

Ойынның бір түрі – сергіту сәті.

Сабақта сергіту сәтін өткізу барысында оқушының шаршағанын басу үшін ғана емес, оның тәрбиелік мәніне де назар аудару қажет.

Ойын арқылы оқушыны білім алуға,оқуға қызықтыра отырып, тұлғалы дамуын қалыптастыруға болады. Ойын балалардың сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі, олардың пәнге қызығушылығын оятып, ынта-ықылас қоюына баулиды және оқушылардың зейінін, ойлау қабілеттерін дамытады.

Ұлы Абайдың «Ойын ойнап, ән салмай өсер бала бола ма?» деген пікірінен бала өмірінде ойынның маңыздылығын көруге болады.

Ойынның негізгі мақсаты - баланы қызықтыра отырып, білімді берік меңгерту болса, мұғалімнің міндеті - сол ойын түрлерін пайдалана отырып, оқушыларды өздігімен жұмыс істей білуге, ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге түрлі дағды мен шеберлікті меңгертуге қол жеткізу.

«Бет орамалға лайық жамауларды табу» ойыны

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Құрал-жабдықтары: бала саны бойынша қағаздан жасалған бет орамалдардың үлгісі, әртүрлі пішіндер. Мазмұны: Балаларға бет орамалдардың үлгісін таратып беру. Алдарындағы пішіндердің ішінен әр орамалға лайық жамауды табуды ұсыну.

«Автобус» ойыны

Мақсаты: санның құрамын пысықтау.

Көрнекілік: сандық карточкалар

“Аукцион” ойыны

Ойынның мақсаты: сөздік қорларын молайту.

Сөйлеу ойыны «Не болса, сол болады». Ертегілерді ойлап тап

Кім? Не?	Қандай?	Не істейді?	Қайда?	Кіммен?
Мүйізтұмсық	қантты (тәтті)	жылынады	люстрада	шаммен
Аю	көк	қуанады	дүбіршекте	инемен
Қоян	тікенек	күледі	ойда	құндызбен
Түлкі	ыстық	ойнайды	үйде	тұманмен

Бастауыш сыныпта ойынмен ұйымдастырылған сабақ көңілді және жеңіл өтеді, уақытты үнемді пайдалануға мүмкіндік береді. Оқушылардың ойлау қабілетін арттырып,сабақта ізденуге үйретеді, шыдамдылыққа тәрбиелейді, байқағыштық қасиетін дамытады. Оқушылар ойын технологиясы арқылы оқи отырып ой-өрісін, сана-сезімін қалыптастырады, логикалық ойлау қабілеті дамиды, психикасына әсер ете отырып, еліміздің

ертеңгі тұлғасының бойында адамгершілік, ақылды, зерек, іскер, тапқыр мінездер қалыптастыруға негіз болады деп сенемін.

Әдебиеттер:

1. "Бастауыш мектептегі ойын технологиясы арқылы оқыту" Калмыкова Е.В. 2007ж.
2. Ойын технологиясының ерекшеліктері.//Интернет
3. Бастауыш мектеп, №3, 2003, А.Әбішева «Ойын элементтерін пайдаланудың педагогикалық ерекшеліктері»
4. Құзыреттілік және ойын технологиясы // С.Буланов.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИ ТҰЛҒАСЫН ТӘРБИЕЛЕУ

Надиршина Калыгул Актуриевна
Ақтөбе қаласы, "№6 "Орман ертегі" бөбекжай-балабақшасы" МКҚК

Бүгінде елімізде әлемдік білім беру кеңістігіне бағытталған жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр. Бұл процесс оқу-тәрбие үдерісінің педагогиканың теориясы мен практикасындағы елеулі өзгерістермен қатар жүреді. Жаңа буынның оқу материалдарын дайындаудың инновациялық тәсілі, олардың функциялары мен білім беру практикасында қолдану тәсілдерін өзгерту білім беруді жаңғыртудың құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Әрине, осы орайда тәрбиешілер балалардың шынайы білім алуымен қатар өмір сүруге деген ұмтылыстарының негізгі іргетасын қалаушылар болуы шарт. Бұл іргетас, әрине, мектепке дейінгі жаста қаланады.

Қазіргі кезеңде мектепке дейінгі білім беру орта білімнің бірінші деңгейіне айналды. Бірыңғай бағдарламалар, мектепке дейінгі білім берудің стандарты – мемлекеттік кепілдіктердің орындалуын қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда білім берудің мәнін жаңарту – бұл, ең алдымен, "Білім" және "Шеберлік" ұғымдарының негізгі мағынасын ашу, білім беру процестерін дұрыс талдау, білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік беретін тәсілдердің жүйелілігі және жаңа педагогикалық технологияларды пайдалана білу. Бұл жөнінде баланың жас ерекшеліктерін ескеру, баланы тұлға ретінде қалыптастыру және оны одан әрі дамыту үшін қажетті білім кешенін қамтитын мемлекеттік стандартта нақты көрсетілген. Ал бұның бәрі төмендегідей ережелерді ескерген жағдайда ғана, мектепке дейінгі білім беру кезеңінің мәні анықталады деп ойлаймын.

1. Білім берудің мәні дамушы болуы керек және баланың әлеуметтік даму мүмкіндіктерін жүзеге асыруға бағытталуы шарт;
2. Білім берудің мәні тек жүйелілік сипатта ғана емес, сонымен бірге біртұтас, жан-жақты білім болуы маңызды;
3. Білім берудің мәні көп мәдениетті қамтамасыз етуі тиіс;
4. Негізгі оқу жоспарында мектепке дейінгі білім берудің мәні мектеп жасына дейінгі баланың әр түрлі іс-әрекеттерін қамтамасыз ететін мақсаттармен, міндеттермен нақты реттелуі керек, қойылған міндеттерді шешу үшін құралдарды барабар таңдау дағдыларын, интроспекция және нәтижені болжау дағдыларын қалыптастыру керек;

5. Білім берудің мәнін жаңарту процесінде баланың денсаулығын сақтау және нығайту, оның психологиялық және физикалық дамуына жағымды жағдай жасау принциптерін ескеру қажет.[1, 225-б]

Мектеп жасына дейінгі баланың қоршаған табиғатты тануы эстетикалық және экологиялық тәрбие арқылы жүзеге асырылуы керек. Табиғаттың сұлулығын сезіндіру, түсіндіру, оны балаларға жеткізе білу мұғалімге тікелей байланысты. Балаларға табиғатты тамашалату арқылы, одан ләззат алуға, оған үңіле білуге, табиғатты тыңдай білуге үйрету қажет.

Мектепке жасына дейінгі балаларға көркемдік эстетикалық тәрбиенің өрісі кеңейіп, өз деңгейінді жүргізілуі тәрбиешілердің ұлттық психологияны, халықтық педагогиканы тиянақты меңгеруіне және өз жұмысында сапалы пайдалана білуіне тікелей байланысты [2, 38-б].

Балаларды табиғатпен таныстыру міндетіне жыл мезгілдерімен, олардың ерекшелігі, өзгеруі, жаңбыр, қар, аяз сияқты табиғи құбылыстар, жануарлар мен өсімдіктер әлемімен таныстыру кіреді.

Табиғатқа эстетикалық қатынасты қалыптастыру құралы – реттелетін қызмет. Бұл табиғаттағы экскурсия, бақылаулармен бірге сурет салу, модельдеу бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі десек қателеспейміз.

Балалар көргендерін бейнелей отырып, нақтылайды, қоршаған орта туралы түсініктерін бекітеді және осының арқасында оны белсенді және тереңірек меңгереді. Балалардың алғашқы бақылаулары жыл мезгілдері, маусымдық табиғат құбылыстары туралы түсінік беруден басталады. Бұл сабақтар эмоционалды көңіл-күй тудырады, шығармашылықтың дамуына ықпал етеді. Ол үшін табиғатқа шыққан кезде мотивацияның әртүрлі түрлері қолданылады: көркем сөз, әлемдік аспаптық музыканың үздік үлгілері.

«Өлі табиғат» бөлімінде балаларды өлі табиғаттың құбылыстары мен заттары, олардың ерекшеліктерімен, өлі табиғат көріністерінің өсімдіктер, жануарлар тіршілігіндегі маңызы, яғни, осылайша өлі табиғаттың өзара қарым-қатынасы таныстырылады және тірі табиғатпен таныстырылады. Мысалы, ұйымдастырушылық оқу іс-әрекеті кезінде су сияқты өлі табиғат объектісімен таныстырылады. Оның қасиеттері бекітіледі, балаларға оны маңызды табиғи байлық ретінде құрметтеуге тәрбиелеу; балалар судың әртүрлі агрегаттық күйлерімен және оның жануарлар мен адам өміріндегі рөлімен танысады; өзендердің сұлулығына, шық тамшыларына, жарқыраған қарға назар аударылады.

Екінші «Тірі табиғат» бөлімінде балалар үй жануарлары, жақсы білетін жануарлар, сонымен қатар жабайы аңдар, құстар, өсімдіктер әлемі, жәндіктермен таныстырылады. Балалардың тірі табиғат объектілері туралы түсініктері кеңейеді, классификация бекітіледі. Өсімдіктер мен жануарлардың әсемдігіне эстетикалық көзқарасы тәрбиеленеді, сонымен қатар өсімдіктер мен жануарлардың адам өміріндегі рөлінің маңыздылығын және бірегей, баға жетпес жануарлар дүниесін қорғау қажеттілігін ұғынады.

Мектепке дейінгі балалар көргендерінің бәрін салған суреттерімен қайта сезінгендей бейнелейді. Зат және табиғат құбылыстары туралы түсініктерін бекіту және нақтылау үшін сурет салдыру әдісі өте тиімді.

«Адам-табиғат» атты үшінші бөлімде балалардың барлық білімдері қорытындыланады. Адам қолымен жасалған әдемі өнер туындыларымен таныстырады. Мектеп жасына дейінгі балаларды көркем пейзаждармен таныстырудағы педагогтің жұмысы балалардың сенсорлық танымын ұйымдастырудан, табиғаттың эстетикалық қасиеттерін ойлаудан және олардың сұлулығынан ләззат алудан басталады. [1, 22-б]

Суретші - пейзажистер И.Левитанның «Алтын күз», И.Грабардың «Ақпан шуағы» туындыларынан, К.Петров-Водкиннің натюрморттарынан табиғаттағы әсемдік пен адам жасаған әсемдік арасындағы байланысты байқауға болады. Суретшілердің туындылары

балаларды өздерінің көркемдік іс-әрекеттеріне шабыттандырады, суретшілердің тілін түсінуге үйретеді.

Пейзаждар балаларға маусымның айқын ерекшеліктерімен ғана емес, сонымен қатар өтпелі маусымдық күйлердегі табиғатты бейнелеуді де (мысалы, күздің басы, алтын күз, кеш) ұсынылады.

Н.Курочкина: «Баланы көркем пейзаждың әсемдігін түсінуге жетелеу үшін осы жұмысқа өз жүрегіңмен сезіну, өз көзқарасыңды, сезіміңді жеткізе білу, оған әсер ететін сөздерді табу, оның жан дүниесімен сезіне білу керек. Сонда ғана сұлулыққа деген сүйіспеншілік, одан алған әсер баланың жүрегіне қонып, жүрегі мейірімге бөленіп, ойы ұшқыр болады». Балаларды экологиялық постер сияқты күрделі ұғыммен таныстыру керек: бұл не және ол не үшін қажет. Содан кейін балалармен бірге «Бізге таза ауа не үшін керек!», «Ауаға қамқор болыңыз!» тақырыптарында плакатқа суреттер салуға болады. Қойылған тапсырмаларды жүзеге асыру үшін балалар қуана қолданатын бейнелеу әрекетінің дәстүрлі емес әдістері қолданылады. Сондай-ақ, пластилинмен жұмыс жасау («Теңіз тақырыбы», «Шырша бұтағы», «Натюрморт»); мыжылған қағаз («Қайыңдар», «Зұлым желдің айлалары», «Күз»); саусақтармен сурет салу («Руэн», «Әдемі жидектер»); сызықтар арқылы сурет салу («Бәйшешекетер», «Руан бұтақтары»); теңіз парағына сурет салу («Жаңбыр – суретші») және т.б. Бұл әрекет мектеп жасына дейінгі балаларды қызықтырып, мәнерлі етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл жұмыстар балалардың дербестігін, ойлау қабілетін дамытады. Олардың бақылауы дамып, айналадағы шындық оқиғасына айқын жауап беру қабілеті, табиғат сұлулығын көре білу дағдылары қалыптастырылады.

Бейнелеу әрекеті бойынша жұмыстарды ұйымдастырудың ұжымдық тәсілі де бар. Бұл балаларға жақсы әсер етеді. Ортақ мақсатқа жетуге бағытталған күш-жігер, келісу, жауапкершілікті бөлу. Демек, бұл әрекеттер мектепке дейінгі балалардың бірлесіп жұмыс істеу қабілеттерінің қалыптасуына ықпал етеді. [3, 111-б]

Мектеп жасына дейінгі балаларға тапсырмалар дайындаған кезде әр баланың жеке ерекшеліктерін, сондай-ақ топтың жасына байланысты психофизикалық ерекшеліктерін ескеру қажет. Балалардың дербестігі мен шығармашылығын дамыту үшін балаларға таңдау еркіндігі берілуі керек. Мысалы, парақ форматтары, мәнерлеу тәсілдері, көрнекі материал. Ересек топ балаларының белгілі бір құралдармен жұмыс істеуге деген ұмтылысы айқын көрініп тұрады. Сондықтан біз балаларға таңдауда мүмкіндігінше еркіндік беріп, үлгіні ұсынбай, тек эскиздерді көрсетуіміз керек.

Экологиялық және эстетикалық мәдениетті тұлға тәрбиелеу ата-аналардың көмегінсіз жүргізілуі мүмкін емес. Мұғалім табиғат туралы балалармен бірге бақылауға, табиғатқа саяхатқа бару ережелерін сақтауға кеңес беретін әңгімелерді жиірек оқып беру керек.

Әр баланың бастаманы өз қолына алуына барынша еркіндігі болғаны жақсы. Баланың үйде қарындаштары, қағазы, бояулар болуы керек. Баланың салған суреттерін сынауға болмайды.

Ата-аналар мектепке дейінгі балалардың бейнелеу әрекеті арқылы өзін тұлға ретінде көрсететінін түсінуі маңызды.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жумабекова Ф.Н. «Обновление содержания образования дошкольных организаций через новые технологии» (С.Г.Батибаева) Ғылыми тәжірибелік конференция. – Нукус, 2019, 225-250-б

2.Отбасы және балабақша. Журнал №5, 2018ж

3.Республикалық педагогикалық журнал №9, 2019 Қыркүйек. С.К. Фофонова «Воспитание экологически и эстетически культурной личности ребёнка через изобразительную деятельность».

ГЕЙМИФИКАЦИЯ. КАК ПРЕВРАТИТЬ УРОК В ИГРУ

Нажмадинова Айман Губайдуллиновна
Средняя школа-гимназия №11 города Актобе

Игра - это искра, зажигающая
огонек пытливости и любознательности.
Сухомлинский В. А.

Одним из эффективных средств развития интереса к учебному предмету является использование на уроках игр и занимательного материала.

Игровые технологии являются составной частью педагогических технологий, одной из уникальных форм обучения, которая позволяет сделать интересными и увлекательными не только работу учащихся на творческо-поисковом уровне, но и будничные шаги по изучению учебных предметов.

Не стоит забывать, что за любой игрой стоит учебный процесс. И наша задача - направить силы ребенка на учебу, сделать серьезный труд детей занимательным и продуктивным.

Хорошая игра похожа на хорошую работу. В каждой игре есть рабочее усилие и усилие мысли. Игра помогает снять утомление и напряжение, поддерживает внимание. Увлечённые игрой, ученики легче усваивают программный материал, проявляют активность, находчивость, сообразительность, инициативу и смекалку.

* ынтасы, қызығушылығы артады;
* қиялы дамиды;
* өз әрекетінің дұрыстығын түсініп, қорғай алады.

Бастауыш сыныптағы оқушының оқу құзыретін қалыптастыру үшін әдеби оқу үйрену басымдық болып табылады. Әрине, адамның кітапқа деген қатынасы бастауыш сынып жасында қалыптасады. Осы ретте оңтайлы оқуға үйретудің біршама тиімді жолдарын атап айтуға болады:

1. Ұзақтығы емес, жаттығу жұмыстарының жиілігі маңызды.

Бірінші сынып оқушысын кітапты ұзақ уақыт бойы соңына дейін оқуға отырғызып қоюға болмайды. Біріншіден, баланы шаршатып жалықтырады, екіншіден, оның оқуға деген ынтасын жояды. Онан да 5 минуттан бірнеше бөліп оқытса, әлдеқайда тиімді. Осындай жаттығулардың тиімділігі бір сағаттық жаттығуларға қарағанда әлдеқайда жоғары.

2. Ызыңдап оқу. Ызыңдап оқу дегеніміз – бұл бір мезгілде дауыстап сыныптастарына кедергі келтірмес үшін күбірлеп, әрқайсысы өз жылдамдығымен біреуі жылдам, біреуі баяу барлық оқушылардың оқуы. Әрбір баламен 2 минуттай жұмыс жасай алады.

3. Әр сабақ сайын бес минуттық оқу. Әр сабақтағы бес минуттық оқуды қарастырып көрейік. Мысалы, Әр сабақта бес минут, әр күні 4 сабақ, аптасына 5 күн бар. Бір апталық жаттығу 100 минут көлемінде болады. Дәстүрлі әдістермен 2-3 минутты салыңыз. Жаттығу уақытынын 50 есеге артқаны көрініп тұр. Мұның бәрі де әдістемелік айласыз жүзеге асады.

4. Ұйықтар алдындағы оқу. Бұл жақсы нәтиже береді. Өйткені соңғы оқиғалар эмоционалды есте сақталып қалады, яғни адам ұйықтағанда, 8 сағат бойы сол әсерде болады.

5. Аялауыш тәртіптегі оқу (егер бала оқуды ұнатпаса). Жеткіншек бір-екі жолды оқиды және содан кейін қысқа мерзімге демалады. Балалары оқып-үйренуді қаламайтын ата-аналарға осы тренингті ұсыныс жасауға болады.

Бастауыш сынып оқушыларының ой-санасын, қабілеттерін, ынтасын, талғамын , тіл мәдениетін дамытуда көркем әдебиеттің әсері мол дей келе, оқушылардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын дамыту жолдарын анықтап, өз ісіме басшылыққа алдым.



Кітап оқу-ой-өрістің кеңеюіне, жан-жақты дамуға, ойлау қабілетін жетілдруге, шығармалардағы кейіпкерлердің мінез-құлқындағы жағымды тұстарын бойға сіңіруге көмектеседі, жалпы адамды тәрбиелейді және рухани байытады.

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Нахипбекова Еркинай Турисбековна, Избасарова Тежигул Бекхалыевна
Ұ.Құлымбетов атындағы №64 жалпы білім беретін орта мектеп

Білім берудегі цифрлық технологиялар — бұл цифрлық технологияларға негізделген заманауи білім беру ортасын ұйымдастыру тәсілі болып саналады. Цифрлық білім беру ресурстары білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологияның негізі болып табылады. Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына мүмкіндік береді. Жаңа ақпарттық технологияны, цифрлық білім беру ресурстарын сабақта пайдаланудың тиімділігі оқушылардың емін-еркін ойлануларына мүмкіндік ашады, сонымен қатар, ақыл - ойын дамытады, шығармашылық белсендігін арттырады, ұжымдық бірлесіп отырып жұмыс жасауға тәрбиелейді. Ол үшін мұғалім өткізетін сабағында оқушының сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін, жауапкершілігін арттырып, бүгінгі заманның талабына сай етіп білім беруі қажет. Бұл мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Мұғалімдер оқушылардың жеке тұлғасын толыққанды қалыптастыру үшін жағдай жасап қана қоймай, жас ұрпақты қазіргі өмірге тәрбиелеуі керек, сонымен қатар өздері де жоғары кәсіби маман, педагогикалық шеберлікке ие болуы керек. Білім алушыларда негізгі құзіреттіліктерді қалыптастыру үшін мұғалімдердің өздері осы құзіреттіліктерді біліп, осы құзыреттерге ие болуы керек, осы құзыреттерді қалыптастырудың тетіктері мен заңдылықтарын білуі керек.

Цифрлық білім беру ресурстары білім беру мазмұнын анықтайтын электрондық оқыту жүйесі компонеттерінің бірі болып табылады. Білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін, оқу үдерісінде келешек жастардың цифрлық білім беру ресурстарын белсенді қолдану, бүгінгі таңда берілген бағдарлама аясындағы педагогикалық қоғамдастықтың алдында өзекті мәселелердің бірі. Сонымен қатар, оқу және тәрбие беру процесінде біртұтас ресурс ретінде пайдаланылуы мумкін. Жалпы интернет жүйесін, электрондық көмекші құралдарды, электрондық оқулықтарды, мультимедиалық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану мектептерде ақпаратты- коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға мүмкіндік береді. Қазіргі ғылым мен техниканың қарқынды дамуы, ақпараттың үздіксіз өсуі және адам қызметінің барлық салаларында көрініс табатын білім формаларының жақсаруы, әрине, білім беру процесіне әсер етеді. Білім беруді ақпараттандыру қазіргі ақпараттық қоғамды дамытудың негізгі бағыттарының біріне айналуда. Білім беру саласына ақпараттық технологияларды белсенді енгізу оқушылардың оқуға деген оң ынтасын дамыту мәселесін шешіп қана қоймай, сонымен қатар оқу-танымдық қызметті басқарудың түбегейлі жаңа мүмкіндіктерін ашады, оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттырады және жалпы оқу процесінің тиімділігін қамтамасыз етеді.

Білім және ғылым мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық күш-қуаты өркендеуінің негізгі қозғаушы күші болып табылады. Заманауи ақпараттық құралдармен және инновациялық әдістермен жұмыс істеу оқушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аудара білуге, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелеп, үйретеді. Оқытудың инновациялық әдістері мен ақпараттық технологияларды пайдалану – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтай өзгертеді. Оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы болып табылады. Заманның қарқынды өзгеруіне байланысты білім беру саласы да жылдан-жылға барынша жылдамдықпен дамып, алға басып келеді. Осы орайда жаңадан пайда болған бағдарламалар мен көптеген білім беру ресурстарын атауға болады. Жалпы ғаламторда блім ресурстарының түрлері өте көп. Оқу үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану үшін, алдымен

цифрлық білім беру ресурстары топтамасымен танысып, ондағы өзімізге қажетті ресурсты таңдай білу керек. Жалпы цифрлық білім беру ресурстары дегеніміз – бұл міндетті түрде сандық форматта бізге ұсынылатын картографиялық материалдар, фотосуреттер, инфографикалар, бейнежазбалар мен бейнефргаменттерден үзінділер, көптеген жазба материалдары, символдық объектілер, графикалық материалдар, мәтіндік құжаттар сонымен қатар көптеген оқу процесін ұйымдастыруға қолданылатын басқа да оқу материалдары. Бүгінде цифрлық технологиялар қоғамдық өмірдің барлық салаларында қолданылады. Олардың көмегімен құжаттаманы жүргізу, көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу жүзеге асырылады, электрондық поштаны жіберу және деректер банктерімен байланыс қамтамасыз етіледі. Сандық технологиялар кең ауқымды міндеттерді орындау үшін қолданылады. Мұның бәрі оқытудың маңызды нәтижелері және сәтті кәсіби қызметтің шарты ақпараттық құзыреттілік болып табылады деп айтуға негіз береді. Заманауи ойлау стилі бар адам ақпаратты ақпараттық - коммуникациялық технологияның көмегімен ала білу, өңдей және қолдана білуі керек, яғни.ақпараттық технология туралы түсінікке ие болуы керек, сандық ресурстардың көмегімен ақпарат алмасу мүмкіндігі болуы керек. Цифрлық білім беру ресурстарына үлес қосу мақсатында компьютерлік графика пәніне арналған лабораториялық жұмыстардың жинағын және информатика саласында, сонымен бірге, білім саласын дамыту инновацияны ендіруге септігін тигізіп, оқушыларды бәсекеге қабілетті болуға қажетті керекті білімдер мен дағдылармен қамтамасыз етеді. Оқушыларға үй тапсырмасын орындауда көмектесу: – материалды жаңаша көрсету арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру; – оқушылардың өздеріне ыңғайлы кез келген уақытта өзін-өзі автоматты бақылауы; – Баяндамалар, презентациялар, рефератттар және тағы сол сияқтыларды даярлауға үшін қажетті объектілердің үлкен қоры; – Энциклопедиялық сипаттағы қосымша ақпараттарды тез арада алу мүмкіндігі; – Пәндік виртуалды ортада оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту; – Оқушының пәнді оқуын өзіне ыңғайлы темпте және материалды игеруді өзінің жеке қабылдау ерекшелігіне байланысты таңдалған деңгейде ұйымдастыруына көмектесу; – Оқушыларды заманауи ақпараттық технологияларға үйрету, АТ меңгерудегі талпыныстарын және олармен үнемі жұмыс істеуді қалыптастыру. Оқушыларға мұғалімнің қатысуынсыз өздеріне ыңайлы уақытта, өз темпінде теориялық материалдармен танысуға, лабораториялық жұмыстар мен тестік тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беретін қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру әдісін айтуға болады.

Қазіргі таңда да елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру еніп, көкейкесті мәселе ретінде күн тәртібінен түспей отырғандығы мәлім. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Мектептің білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстардың тиімділігі мен нәтижелілігі бірнеше оқу-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық мәселелердің шешімін ғылыми түрде негіздеуді талап етеді. Оларды бірнеше бағыттарға бөлуге болады:

- оқу үрдісінде ақпараттың технологияларды іске асырудың жүйелі ғылыми-әдістемелік жолын анықтау;
- оқушылардың тәжірибелік іс-әрекетінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың әдістемесін жасау;
- мұғалімдердің ақпараттық технологияларды меңгеру және оқу үрдісінде пайдалану бойынша кәсіби біліктерін жетілдіру;
- оқушыларды білім, білік, дағдыны меңгеру үшін ақпараттық технологияларды пайдалануға үйрету;

Оқу үрдісінде компьютер оқып-үйрену нысаны ретінде, сонымен бірге оқыту, тәрбиелеу, дамыту мен оқытудың мазмұнын меңгеруді диагностикалау құралы ретінде әрекет етеді. Мұның өзі ақпараттық технологияларды пайдаланудың екі бағыты бар екендігін анықтауға мүмкіндік береді. **Бірінші бағыт** тұрғысынан алып қарасақ, ақпараттық технологиялар білім, білік, дағдыны игеру үшін қажетті ресурс болып табылып, оқушылардың саналы тәрбие, сапалы білім алуына жағдай жасайды, ал **екінші бағыт** тұрғысында ақпараттық технологиялар оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру тиімділігін арттырудың қуатты құралы болып табылады. Ғылыми педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді және мектеп тәжірибесін оқып-үйрену мен талдау негізінде ақпараттық технологияларды мектептің оқу үрдісіне енгізу үшін кешенді ақпараттық білім беру жүйесін құру қажеттілігі туындады. Бұл жүйенің негізін ақпараттық технологиялар құрайды. Енді оқытудың ақпараттық технологияларының мәнін ашып көрсетейік.

1. Компьютерлік және ақпараттық сауаттылық. Компьютерлік сауаттылыққа электронды есептеуіш техникасымен жұмыс істеу білігін жатқызуға болады. Ақпараттық сауаттылың ақпаратты алудың, қайта жасаудың, жеткізудің, сақтаудың және пайдаланудың негізгі ережелерін білуді көздейді.

2. Оқу үрдісінде компьютерді пайдалану оқушылардың өзіндік жұмыстарын ақпараттық-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге де елеулі өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді, мұндай жаңашыл өзгерісті оқулықтардан бастауға болады. Мұнда дәстүрлі баспа оқулықтарымен қатар оқу үрдісінде электронды оқулықтарды пайдалану көзделеді.

Электронды оқулықтың автоматтандырылған оқу үрдісі ашық дамитын әдістемелік жүйе екендігі белгілі. Сонымен бірге электронды оқулық оқу ақпаратын тасымалдаудың жаңа құралы болып табылады. Онда оқу ақпараты толық мазмұндалып, әр түрлі қосымшалар, анықтамалық материалдар, бақылау тапсырмалары, ұсынылатын әдебиеттер тізімі және тақырыптық ресурстарға сілтемелер беріледі.

Қорытынды:

Цифрлық білім ресурсы мұғалімді алмастыра алмайды, бірақ мұғалімге қосымша материалдарды ұсынады, яғни сабақ мазмұнын ақпараттық коммуникациялық технологиялардың жаңа мультимедиялық мүмкіндіктерімен толықтыруға, оқушылардың назарын аса маңызды оқу тақырыптарына аударуға, қажет болған жағдайда оқушылардың назарын зерделенген көріністердің ерекшеліктеріне шоғырландыруға, оны көрнекі түрде көрсетуге, сабақтың мазмұнын қоғамда болып жатқан өзгерістермен, өмірлік тәжірибелермен, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарымен және т. б. құбылыстармен байланыстыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Абилхасимова, А. Е. Цифрлық білім беру ресурстарын білім беру үдерісінде қолдану / 2020.
— № 14 (304). — С. 292-295.
2. Государственная программа «Цифровой Казахстан – 2020» [Электронный ресурс] Режим доступа:
https://primeminister.kz/rupage/ view/gosudarstvennaya_programma_digital_kazahstan
3. Қадірбаева Р.І. Жаңа ақпараттық-білім технологиясын пайдаланып оқытудың ерекшеліктері //Шығармашылық іс-әрекетті дамыту арқылы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру мәселелері: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. -Шымкент-Москва, 2009.

ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБУЧЕНИЕ НА УРОКАХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Неталина Эльмира Бакытжановна
КГУ СШ № 22 г.Актобе

inclusion — включение, включающее **образование**, совместное обучение) — форма обучения, при которой каждому человеку, независимо от имеющихся физических, интеллектуальных, социальных, эмоциональных, языковых и других особенностей, предоставляется возможность учиться в общеобразовательных учреждениях.

При реализации инклюзивного образования согласно наработкам исследователей на уроках иностранного языка рекомендуется:

· формировать лексические умения в ходе выполнения упражнений, которые обеспечивают запоминание новых слов и выражений и употребление их в речи;

· использовать информационно-коммуникационные технологии, что позволяет «особенному» ребенку с удовольствием заниматься английским языком;

· создавать благоприятный психологический климат;

· использовать здоровье сберегающие технологии, адаптированную программу с учетом особенностей психофизического развития и возможностей таких детей, иллюстративного и аудиоматериала, интерактивных элементарных заданий на CD;

· формировать ситуации успеха просто необходимо на каждом уроке, чтобы ребенок с ОВЗ почувствовал радость от малого, но хорошо выполненного задания.

Всё это благоприятно влияет на процесс обучения таких детей и у них не возникает ощущения того, что его усилия напрасны.

При овладении диалогической речью в ситуациях повседневного общения ребенок с особыми образовательными потребностями учится вести элементарный диалог побудительного характера: отдавать распоряжения, предлагать сделать что-либо. Разнообразие упражнений и игр помогает ребенку легче и быстрее запомнить изучаемый материал, а это ведет к расширению лингвистического кругозора: помогает освоить элементарные лингвистические представления, доступные и необходимые для овладения устной и письменной речью на английском языке. [Брызгалова С.О. Инклюзивный подход и интегрированное образование детей с особыми образовательными потребностями, 2010,с. 14-20]

Ещё одним ярким примером внедрения инклюзивного образования в обучение иностранному языку в отечественных школах является обучение *слабовидящих детей* в рамках общеобразовательных программ.

Слабовидящий или слепой человек, как и всякий другой, развивается, накапливает жизненный опыт, готовится и приспосабливается к жизни в соответствии со своими возможностями. Многочисленные эксперименты опровергли утверждение о наличии функциональных отличий мозга человека с дефектом органов зрения от мозга нормально видящего. [Гудонис В. Интегрированное обучение детей с нарушениями зрения, 2006, с. 78 – 82]

Но все же развитие слепых и слабовидящих несколько отличается от развития людей с нормальным зрением. Периоды их развития не совпадают с периодами развития зрячих, они более длительны по времени. [Зарубина И. Н. Опыт и проблемы обучения детей с глубоким нарушением зрения в массовых школах, 2008, с. 4-13] Зная эти особенности и их причины, учителю иностранного языка необходимо создавать благоприятные условия для их правильного развития, чтобы предотвратить возможные вторичные отклонения.

Для их обучения необходима специальная система мер и специфические дидактические материалы, необходимые для изучения иностранного языка. Данный комплекс мер

подразумевает техническое оснащение образовательных учреждений и разработку специальных учебных программ для педагогов и других учеников по взаимодействию с ними. Кроме этого, необходимы специальные программы по их адаптации в общеобразовательном учреждении.

Однако, учителя, работающие с такими детьми, могут отметить, что для обучения слепых английскому языку в школе практически нет подходящих материалов или же они совсем недоступны. Поэтому, как считает российский тифлопедагог Гудонис В.П. основным доступным способом обучения слабовидящих детей является аудирование, поскольку для них восприятие на слух служит единственной возможностью получить образование и освоить иностранный язык. Конечно, обучение на слух английскому языку — задача довольно сложная, однако владение иностранным языком расширяет образовательные возможности таких людей, позволяя им стать частью глобальной образовательной среды и чувствовать себя социально адаптированными в обществе. Тем не менее, специалисты — инвалиды по зрению со знанием иностранного языка в России немногочисленны, и проблема обучения аудированию в таких условиях является исключительно актуальной.

Немаловажной задачей в условиях новых социальных требований к системе российского образования является также формирование профессиональной элиты, выявление и поддержка наиболее одаренных, талантливых детей и молодежи. Она неразрывно связана с внедрением концепции инклюзивного образования, одним из приоритетных направлений которого является выявление одаренных детей и создание условий для развития и реализации их потенциальных возможностей. Так, введение в 2007–2008 учебном году обучения иностранному языку со второго класса дало возможность выявлять наиболее одаренных и талантливых детей, в том числе к освоению ИЯ, на младшей ступени обучения.

Как считают педагоги, планируя работу с одаренными детьми, необходимо учитывать черты, характеризующие одаренного ребенка: хорошая память, высокий уровень интеллекта, развитая речь, большой словарный запас. Но также характерными для него являются неприязнь к традиционным методам обучения, стремление к лидерству, повышенные требования к себе и окружающим, стремление к совершенству во всём, а также нетерпимость. Способные, а тем более одаренные дети быстро схватывают объяснения учителя, легко овладевают материалом, коммуникативными умениями, им необходим высокий темп продвижения, сложность и оригинальность заданий, отвечающих особенностям их познавательной деятельности. К тому же не все одаренные дети испытывают интерес к изучению иностранных языков, так как его изучение требует определенных волевых усилий, навыков саморегуляции, что нередко является для этой категории детей проблемой. Привлекая таких детей к изучению иностранного языка, вовлекая их в творческую деятельность, необходимо формировать и развивать у них способность ставить перед собой задачи, намечать пути их решения, планировать и анализировать свою деятельность, то есть формировать метапредметные умения и навыки. Все это достигается путем сознательного, активного присвоения учащимися социального опыта. При этом знания, умения и навыки рассматриваются как производные от соответствующих видов целенаправленных действий, они формируются, применяются и сохраняются в тесной связи с активными действиями самих учащихся.

Эффективной работой по развитию способностей одарённых и талантливых учащихся является организация проектной деятельности. Выполняя работу над проектами по иностранному языку, они могут представлять свои творческие работы на различных фестивалях, вести блоги и общаться между собой на различных форумах, создавать буклеты и брошюры. Интересным для одаренного ребенка является его участие в мини-спектаклях, инсценировках, драматизациях на английском языке.

Главная задача педагога при работе с одарёнными детьми по изучению иностранного языка — привить ребенку вкус к серьезной работе. Необходимо, чтобы в процессе воспитания и обучения присутствовало сотворчество учителя и ученика.

Кроме работы с детьми с ОВЗ и одарёнными детьми, инклюзивное образование предполагает *работу с педагогически запущенными и трудновоспитуемыми детьми.*

Учителю, работающему с такими учениками, приходится уделять повторению гораздо больше внимания. Так же для слабоуспевающих и отстающих школьников с девиантным поведением в процессе формирования учебных умений по иностранному языку не менее важным является систематичность и последовательность в отработке каждого умения, то есть, нельзя переходить к новому, не усвоив предыдущую операцию. В формировании и развитии учебно-познавательных умении большую роль играет алгоритмизация отработки умений, то есть, точные общепринятые предписания по выполнению в определенной последовательности элементарных операций для разрешения любой из задач, принадлежащих к определенному типу деятельности. Предписание действий для детей с отклонениями в развитии и поведении, дисциплинирует их мысль, приучает к последовательному ходу рассуждений, учит строить умозаключения, делать правильные выводы.

Организация системы работы с трудновоспитуемыми и неуспевающими детьми на уроках иностранного языка строится по следующему алгоритму:

- подбор посильных индивидуальных заданий;
- разработка дополнительного материала, который бы входил в сферу интересов обучающихся;
- конкретизация, алгоритмизация учебных заданий с указанием способов работы, предупреждающих ошибки;
- совместное выполнение образцов заданий;
- предупреждение возможных трудностей в учебной деятельности и путях их совместного (с учителем) преодоления.

Рассмотрев некоторые примеры обучения иностранным языкам детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательных школах, необходимо отметить, что в нашей стране работа по организации инклюзивного обучения только начинается. На сегодняшний день существует ряд проблем, связанных с широким внедрением инклюзии не только в процесс обучения иностранным языкам, но и в образовательный процесс в целом. Однако именно эта модель обучения видится как основной инструмент, способствующий оптимизации коррекционно - развивающего направления в работе с учениками с особыми образовательными потребностями на уроках иностранного языка. Инклюзивное обучение предоставляет таким детям возможность освоить хотя бы элементарный уровень владения иностранным языком, что в свою очередь даст шанс социализироваться в современном обществе, снизить количество социально неадаптированных, «выпавших» из образовательной структуры детей и подростков.

Список использованной литературы

1. Школа, открытая для всех: пособие для учителей общеобразовательных школ, работающих с детьми-инвалидами / ТОСБС; сост. Е.Н. Брешенкова; ред. А.И. Кардашина. – Тула, 2006. – 24 с.

2. Банч Г. 10 ключевых пунктов успешной инклюзии / Г. Банч; пер. с англ. А.В. Рязановой // Аутизм и нарушения развития. – 2010. – № 3. – С. 50-56.

3. Брызгалова С. О. Инклюзивный подход и интегрированное образование детей с особыми образовательными потребностями / С. О. Брызгалова, Г. Г. Зак // Специальное образование. – 2010. – № 3. – С. 14-20.

4. Гудонис В.П. Интегрированное обучение детей с нарушениями зрения / Гудонис В., Баркаускайте М.// Дефектология. – 2006. – №3. – С. 78 - 82.

5.Зарубина И.Н. Опыт и проблемы обучения детей с глубоким нарушением зрения в массовых школах / Зарубина И. Н.// Воспитание и обучение детей с нарушениями развития. – 2008. – № 5. – С. 4-13
inform.kz https://www.inform.kz/ru/kak-razvivaetsya-inklyuzivnoe-obrazovanie-v-kazahstane_a384

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БАЙЛАНЫСТЫРЫП ЖӘНЕ ШАПШАҢ ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ногайкулова Альбина Сматуллаевна
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, №4 Қандыағаш қалалық ЖББО мектебі
Бастауыш сынып мұғалімі

Білім беру саласының алдындағы негізгі мақсат – оқушы бойында білім-білік, дағдыларға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде жылдам өзгеріп жатқан өмірге бейімді, өзін-өзі дамыта алатын, өз бетімен кез-келген мәселені адамгершілік тұрғыда шеше алатын, өзіндік ойы бар жеке тұлға қалыптастыру.

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында бастауыш сатыдағы «Әдебиеттік оқу» пәнінің негізгі міндеттерінің бірі ретінде «Оқушылардың оқу дағдыларын қалыптастыру (дауыстап оқу мен іштей оқу, дұрыс оқу, байланыстырып және шапшаң оқу, саналы оқу, мәнерлеп оқу)» екендігі аталып өтілген. Бастауыш сынып оқушыларын дұрыс оқуға үйрету үшін қойылатын талаптың бірі – байланыстырып және шапшаң оқу дағдыларын қалыптастыру.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу техникасы (мәнерлеп оқу, шапшаң оқу, дуыстап оқу, т.б.) мәселелерін отандық ғалымдар С. Рахметова, С. Желдербаева, Б. Баймұратова т.б. өз зерттеулерінде қарастырған. Сауаттылықтың негізі бастауыш сыныптарда қаланады. Бастауыш сатыдағы «Сауат ашу», «Әдебиеттік оқу» пәндерінің басты мақсаты – оқу және жазу дағдыларын калыптастыру, байланыстырып сөйлеуге үйрету, балалар әдебиетінің, озық үлгідегі шығармаларын жүйелі оқыту, оқырмандық мәдениетке баулу, оқушының әдеби сауатын ашу, рухани дүниесін байыту, көркемдік-эстетикалық, талғамын арттыру, ізгілікті-елжанды дара тұлға тәрбиелеу.

Жалпы оқу дағдыларының бір саласы – оқу техникасы. Бастауыш сынып оқушыларының жалпы ой-өрісін дамытып, оқу дағдылары мен жазу техникасын жетілдіру әдебиеттік оқу сабақтарының басты міндеттері болып табылады.

Дағды – жаттығу нәтижесінде автоматтандырылған әрекет. Дағды – қайта-қайта орындалатын практикалық әрекетке машықтандыру. Мысалы: шапшаң оқу дағдысы – жүйелі түрде жаттығу нәтижесі.

Шапшаң оқуға үйрету сауат ашудың әліппе сатысының соңына таман жүргізіле бастайды. Дұрыс оқуға төселген бала біртіндеп шапшаңдықты қосып отыруы керек. Шапшаң оқу – қалай болса, солай тез оқу деген сөз емес. Түсініп, мәнерлеп оқуды жүзеге асыра отырып оқу деген сөз. Сондықтан да оқу бағдарламасында оқушылардың, оқу шапшаңдығына, икемділігіне қойылатыи талаптың бірі: Оқушылардың 1 минутта оқу жылдамдығының сөз санымен берілуі. *Мысалы: 1-сыныпта 15-20 сөз, 2-сыныпта 25-30 сөз, 3-сыныпта 60-75 сөз, 4-сыныпта 80-90 сөз.*

Шапшаң оқудың жан-жақты білім алудағы мәні үлкен. Ол өмірдегі толып жатқан ақпараттарды дер кезінде қабылдауға мүмкіндік береді, уақыт үнемдеуге көмектеседі.

Сондықтан оқушыны шапшаң оқуға жас кезінен бастап дағдыландырған жөн. Шапшаң оқу дегеніміз – шапшаң оқуға қойылатын талаптарды сақтап оқу деген сөз.

Шапшаң оқуға қойылатын талаптар:

- Тыңдаушыға жететін ақпарттың түсінікті болуы;
- Әрбір сөз бен дыбыстың анық айтылып, құлаққа жағымды болып естілуі;
- Дауыс ырғағы – интонацияның сөйлеу мазмұнына сай болуы;
- Сөйлемдегі сөздердің дербес айтылуы;
- Сөздер аралығында кідіріс жасалмау;
- Сөйлем құрылымдарын еркін меңгеру;
- Түсініксіз сөздер мен сөз оралымдарының кездеспеуі үшін жұмыс істеу;
- Мәтін жолдарын тұтас, еркін көру және көздің алға жылжуын қадағалау.

Оқушыны дұрыс оқуға үйрету жұмысы 1-сыныпта басталып, әрбір жеке сөзді дыбыстап емес, буындап оқуға үйретіледі. І тоқсанда сөзді буындап оқып үйренген оқушы ІІ тоқсанда сөзді буынға бөлмей тұтас оқи алатын болады.

2-сыныпта сөйлемді бірден оқиды, 3-сыныпта сөйлемді сазына келтіріп дұрыс, мәнерлеп оқуға жаттығады. 3-сыныпта дұрыс оқуға үйрету үшін алдымен мұғалім әр оқушының қалай оқитынын, әрқайсысының оқу машығын жетілдіретін жұмыстарды жүйелі жүргізу керек.

Түсініп, шапшаң оқуда назар негізінен оқушының оқу жылдамдығына аударылса, түсініп оқуда мәтіннің мазмұнын қаншалықты түсінгенін және оны қалай айтып бере алатындығы ескеріледі. Оқушы оқыған мәтіннің мазмұнын түсіну үшін оқығанның мазмұнын арттыру, сұрақ беру, бір оқығанды қайта оқыту, бір оқушының мазмұндағанын басқаларына толықтыртып қорытынды шығару керек. Оқушы оқығанын түсіну үшін онда кездесетін жаңа сөздерді алдын ала түсіндіріп отыруы керек. Мұндан жұмыс оқушыға оқығанының мазмұнын жеңілірек түсінуіне көмектеседі. Оқушыларды оқу машығына үйрету мен бірге оларға білім, тәрбие беру мақсаты көзделеді. Білім мен тәрбиені оқушы тек оқығанын саналы түсінгенде ғана ала алады.

Балаларға қандайда бір біліктілікті меңгертіп, оны дағды деңгейіне жеткізу үшін белгілі бір уақыт аралығында, олармен күнде-күнде көлемі шағын жаттығулар жүргізу қажет. Біз күнделікті өмірде мынадай жәйттерді жиі естиміз: «Мына ертегіні оқы, оқып болмайынша, ойнауға бармайсың...». Баласының оқу шапшаңдығының төмен екенін біле тұра, анасы күрделі педагогикалық қате жібереді. Сондықтан үйдегі дайындық әр 5 минут сайын шағын абзацты оқып, мазмұнын айтып берумен аяқталады. 1-2 сағаттан соң тағы 5 минут оқиды. Ұйықтар алдында тағы 1 рет оқиды. Бұндай дайындық бір отырғанда бір жарым-екі сағаттан оқуға қарағанда әлдеқайда тиімді.

Оқудың екі түрі бар: дауыстап оқу, іштен оқу. Оқудың бұл екі түрі де бастауыш сыныпта қолданылып, дамытылады.

Сауат ашу кезеңінде дауыстап оқу жүзеге асырылады, өйткені балаларға іштен оқытсақ, оның оқу деңгейін тексере алмаймыз. Дауыстап оқыту арқылы оқуға енді төселіп отырған оқушылардың оқу сапасын дұрыс, яғни түсініп, мәнерлеп оқуын, оқуға шапшандығын байқауға болады.

Оқушының дұрыс оқуға қаншалықты төселгенін байқау үшін, түсінуге жеңіл материалдарды іштен оқуға беріп, оқып шыққан соң, әр түрлі әдіс-тәсілмен түсінігін байқау жұмыстарын жүргізген дұрыс. Мұғалім оқудың бұл екі түрін де іске асыру кезінде оқу сапаларына назар аударуы керек. ОҚУ сапаларына жататындар: дұрыс оқу, түсініп оқу, мәнерлеп оқу, шапшаң оқу. Мәтінді дұрыс оқу жеке сөйлемді дұрыс оқудан тұрады.

Дұрыс оқу дегеніміз 1) сөздегі әріптерді түгел оқу. Ешбір әріпті тастамай, ешқандай артық әріп қоспай оқу. 2) Сөздің дыбысталуы мен сөйлем интонациясын сақтап оқу (Аманкелді, Ботакөз, Аққүл деген сөздерді берілген морфологиялық принцип бойынша емес, Амангелді, Ботагөз, Ақгүл түрінде фонетикалық – дәстүрлік принцип негізі бойынша оқу

керек). 3) Диалогтарда оқу ерекшеліктері (рөлмен оқу, өздігінен сұрақ-жауаптарды интонациямен ерекшелеп оқу). 4) Дыбыстарды өзара шатастырмай, олардың өздеріне тән фонемалық ерекшеліктерін, артикуляциясын сақтап оқу. 5) Сөйлемдегі сөздің аражігін ашып, әрбәр сөзді бөлек-бөлек оқу. Бұл тұрңыда байланысқан сөз тіркестерін мағыналық жақтан сезініп, орын тәртібі жағынан байқап отыруға үйрету. Ондай сөз тіркестерінің синтагмалы тұтастық интонациясын сақтап сөйлеу.

Дұрыс оқу үшін оқушылар төмендегідей талаптарды орындауы керек:

1. Сөзді оқығанда әріптеп оқымай, буындап, буындарды жалғастырып оқу, ша-на-лар, то-қу.

2. Оқып тұрған сөздің алдынан не артынан, не ортасына артық дыбыс қоспай, не түсірмей оқу, ұқсас дыбыспен ауыстырмай оқу.

3. Бір дыбысты не буынды ұзақ созып, не екі рет айтпау *аа, на, ба- ла, а-на,, ба-ба-ла,* т.б.

4. Бір сөз орнына екінші бір сөзді, мағынасына сәйкес келетінін айтпау, сөйлем соңындағы сөзді, буынды жұтып қоймау.

5. Ұсақ дыбыстарды, тілі келмейтін дыбыстарды ауыстырмау.

Сауат ашу кезеңінде оқушылар бұл талаптарды орындамай, оқу кезінде көптеген қателер жібереді. Сондықтан мұғалім оқудың қалған сапаларын жүзеге асырып, оқу дағдысын жетілдіру үшін, оқу сапасыныда негізі болып табылатын дұрыс оқу түріне баса назар аудару керек.

Көркем шығарманың қай түрі болмасын, мәнеріне келтіріп, әсерлі оқу үшін ең алдымен дыбыстау мүшелерінің қызметіне, әр дыбыстың жасалуына, естілуіне, оқылуына баса назар аударып, түрлі жаттығулар жасатып отырған жөн. Оқудың, сөйлеудің мәнерлі болуы дұрыс, еркін дем алуға байланысты. Оқу процесіне ауаны керегінше жұтып, сыртқа бірден сарқып шығармай, ерікті түрде дем алып, орынды пайдалана білсек, бұл мәнерлі оқудың негізгі құралы болмақ. Қорыта айтқанда көзделген міндеттерді іске асыру үшін оқу дағдысын дұрыс қалыптастыру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. «Егеменді Қазақстан» 1999 жыл
2. Рахметова С. «Қазақ тілі әдістемесінің теориясы мен технологиясы» Алматы 2007 жыл
3. Желдербаева С. «Мәнерлеп оқу» Алматы Мектеп 1997 жыл
4. Қожахметова Х. «Мәнерлеп оқу» Алматы Мектеп 1992 жыл
5. Рахметова С., Қабатай Б. 2-4-сыныптарға арналған «Ана тілі» оқулықтары. Алматы, Атамұра 2000-2004 жыл

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Нугманова Гулжазира Демегеновна
№78 ЖОББ ММ мектеп-гимназиясының
бастауыш сынып мұғалімі

Адамгершілік тәрбиесі - адамзат қоғамын үнемі толғандырып келе жатқан күрделі мәселенің бірі. Сондықтан да адамгершілікке жеке тұлғаны тәрбиелеуде мектептің алатын орны зор. Адамның адамгершілігі-оның жоғары қасиеті. «Адамгершілік» адамның санасындағы,оның ішкі дүниесіндегі асыл қасиеттердің жиынтығы немесе биік шыңы. Адам баласында адамгершілік қасиеті қараптан-қарап туындамайтын қасиет. Ол қасиет отбасында,

ортада, мектепте, айналадағы адамдармен қарым-қатынасында қоғамдық тәрбиелермен қалыптасады. Халықта «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің»деген мақал бар. Тәрбие болмаған жерде адамгершілік болуы мүмкін емес. Адамның адамгершілік қасиеттері ең алдымен дұрыс амандаса білу,айналасындағылармен жақсы қарым-қатынаста болу,өзара сыйласу, қарапайымдылық, кішіпейілділік,салмақты да сабырлы болу,үлкенге ізетті, кішіге қамқор болу жатады. Сондай-ақ өз қолыңнан келгенше көмегіңді аямау,біреудің жақсылығын бағалау,оны қанағат тұту. Қазақта «Айналаңда досың көп болуы үшін жақсы бол,арың таза болсын» деген сөз бар. Сондай-ақ «жамандық-жамандықпен аяқталады»,-дейді. Қай жерде болса да біреуге жамандық жасасаң қашан да болса да өмірі алдыңнан шығады. Адамгершілік қасиет қоғамның тарихына байланысты қалыптасып отырады. Заман өзгеріп отырған сайын,адам да өзгереді.Бірақ әркім өскен ортасында адамгершілік қасиетін берік ұстауы тиіс.

«Көргендінің қылығы,көңіл марқайтады»,-деп қазақ халқымыз тегін айтпаған. Әр бала өзін мәдениетті ұстаса, өз ортамыздың көңілін марқайтады. Адамның бойындағы жақсы қасиеттер оның істеген қылығынан,сөйлеген сөзінен көрінеді. Ең бастысы-адамгершілікті бойға сіңіре білу. Осы мақсатта біздің С.Меңдешев атындағы жалпы білім беретін мектепте «Өзгені сыйлау үшін,әуелі өзіңді сыйлай біл», «Әдеп жолы әріден басталады»деген тақырыпта шығармашылық жұмыстар, «Көргендінің қылығы көңіл марқайтады» атты анкеталық сұрақтар, «Имандылық-инабаттылық мұраты», «Тәрбиелі-тәртіптің құлы» атты баяндамалар, «Сәлемдесе білесің бе?»,«Ар-абыройыңды жасыңнан сақта» т.с.с өнеге сағаттар өткізу арқылы жас жеткіншек бойында адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға баулудамыз.

Қазір адамдардың компьютер дәуірінде өмір сүріп жатқанын бәріміз білеміз. Бірақ рухани адамгершілік адамның бойынан толық көріне бермейді.Сондықтан да,білім берудің барлық кезеңдерінде рухани адамгершілік тағылымдарын негізге алған жөн. Сонда мінез-құлқы жетілген, саналы адам қалыптасады. Жетілген мінез-құлық үш нәрсенің: жүректің,ақылдың,қолдың келісімі. Бала өзінің жүрегін тыңдауға үйренсе, жүрегінің ғана айтқанын орындаса өмірден өз орнын таба алады деп сенемін. Мұндай тәрбие әуелі отбасында, мектепте,оқу пәндерінде,тәрбиелік іс-шараларда,ойындарда қойылымдар арқылы жүзеге асуы тиіс. Осыдан келіп адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі күші мұғалімнің үлесіне тиеді. Сабақ үстінде мұғаліммен және құрбыларымен үнемі қатынасып отыру нәтижесінде баланың адамгершілігі қалыптасып, өмір тәжірибесі байи түседі.

«Адамға ең керегі білім емес, тәрбие. Тәрбиесіз берілген білім –адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі», -деп Әл-Фараби айтқандай, педагогика ғылымының зерттейтін негізгі категориясының бірі - тәрбие. Тәрбие түрлі болады. Адамгершілік тәрбиесі балаға жападан –жалғыз әсер етпейді. Барлық тәрбие біріге келіп, адамгершілік сапаларын және адамзат құндылығын арттырады. Төменгі сынып оқушысының жеке басын қалыптастырудағы міндеттердің бірі оған адамгершілік туралы ұғымдар, түсініктер байыту болып табылады. Мұғалім балаларға сыныптан тыс оқуға түрлі тапсырмалар береді. Қол еңбегі, суретті бейнелеу, сұрақтарға жауап беру, оқыған кітаптары туралы ойларын білуге, адамгершілік көзқарасын білуге болады. Мектеп жанындағы балаларға әр пән бойынша адамгершілікке тәрбиелеу үшін зор мүмкіндіктер бар. Еңбек сабағында өздері жасайтын бұйымдар балаларға тәрбиелік ықпал жасайды. Өздері істеген жұмысын көрсетуге ұялмайтындай болып істеуге ұмтылады. Ал бейнелеу пәнінде әлемді эстетикалық тұрғыдан ұғыну қажеттілігін тудырады. Баланың адамгершілік қасиеті ересектермен, құрбыларымен қарым-қатынаста қалыптасады.Ол турасында «Менің жолдасым», «Біз мектеп ауласында ойнаймыз» деген тақырыпта әңгіме құрап, суретін бейнелесе де жеткілікті. Мектепке барған баланың негізгі әрекеті оқу болғанымен, ойын бұрынғысынша олардың өмірінде кең орын алады.

Ойнау кезінде «жолдастық ережені» білген жөн.

Жолдасыңа көмектесу.

Бар затыңды жолдастарыңмен бөлісу.
Дос жолдасың жамандық істесе оны тоқтату.
Жолдастарыңмен тату болу. Олардың ескертпелерін ала білу.
Адал ойын мен жарыс ережесі.
Жарыста арамдық жолмен алға шығуға ұмтылмау керек.
Басқалар жеңіліп қалса да табаламау
Ұтылсаң еңсеңді түсірмеу.
Әрқашан сыпайы болу. Кездескенге сәлемдес, кетерің қоштасуды ұмытпау.
Үлкенге ізетті, кішіге қамқор болу.
Ешқашан кешікпей жүру.Сертіңе тұру.
Қыңырлық жасамау.
Адамдарға немқұрайлы қарамау, топшыл болуға үйрету.

Мұғалімнің адамгершілікке тәрбиелеуінің арқасында оқушы өз бойындағы жақсы жаман қасиеттерін ажырата біледі. Өзінің қалыптасуына айналадағы ортаның әсері мол екенін, өз ойын еркін жеткізе білуге, ойлап сөйлеуге үйренеді. Бүгінгі таңда үлкендерге балалардың ынтасы мен назарын өзіне аударуға қол жеткізу оңайға түспейді. Баланың рухани-адамгершілік тағылымына кері әсер етуші факторлар: соғыс ойыншықтары, жат қылықтары бар фильмдер, бейне таспалар және компьютерлік ойындар бар. Сондықтан мектептен тыс кездегі сабақтарды ұйымдастыруда тапқырлық таныту қажет. Балаларға спорт, табиғатқа серуен, мектептен тыс кездесулер кезіндегі пікірталас, әсерлі әңгімелер, мұражайға, концертке бару, осының бәрі рухани адамгершілік тәрбие. Олар баланың шығармашылығын оятып, жан дүниесімен сезетін тамаша ойларға жетелейді. Ал одан тек жағымды қасиеттер туындайтыны белгілі. Баланың адамгершілігін, рухани жан дүниесін оятып, дүниетанымын төмендегіше іріктеп алуға болады.

1.Оларды тыңдағанда олардың көлеміне назар аудару керек.
2.Мазмұны сабақ тақырыбына сай болғаны жөн.
3.Оларды жас ерекшелігіне қарай іріктеп алған жөн.

Сабақ кезінде жағымды әуен естіліп тұратын болса, балалар сабақты жақсы игеріп әкетеді. «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар, Әннің терең мазмұнды мәні оятар.»,- деп Абай атамыз айтқандай, адам бойындағы асыл қасиеттердің қалыптасуына олардың маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айтмамбетова, Бейсенбаева. Тәрбиенің жалпы әдістері. -А., 1991.
2. Айғабылова Н. Бала мінезінің қалыптасуы және оны тәрбиелеу жолдары. -А., өнер. 1972.
3. Ахметов Ж. Балаларды мәдениеттілікке тәрбиелеу жолдары. //Қазақстан мұғалімі, 18 ақпан,1994.
4. Әбенбаев С. Оқушы жастарға эстетикалық тәрбие беруді жетілдіру. -А., 1992.
5. Әбенбаев С. Мектептегі тәрбие жұмысының әдістемесі. -А., 1999.
6. Бастауыш мектеп – Ұлттық өсиеттер мен даналық сөздер №8-9, 1999 ж.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

Нургалиева Акмамык Тулеповна
«Бадамша мектеп-бөбекжай-бақшасы» КММ

Халқы үшін қызмет ететін білімді
адамдардың қатарын көбейту арқылы
қазақ қоғамының мешеулігін жоюға болады,
сондықтан жастарды оқытып, тәрбиелеуден,
тәрбие ісінің құдіретінен артық ешнәрсе жоқ
Ыбырай Алтынсарин

Қазіргі уақытта қазіргі заманғы мектеп жағдайында оқыту әдістемесі Қазақстан Республикасында білім беру мақсаттарының өзгеруіне және білім беру мазмұнын жаңартуға байланысты күрделі кезеңді бастан кешуде. Осы жағдайлардың барлығы пәндерді оқыту әдістемесі саласында жаңа педагогикалық зерттеулерді, білім беру процесіне заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды әзірлеумен және енгізумен байланысты оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық құралдарын, нысандары мен әдістерін іздеуді талап етеді.

Оқу процесінде оқушының танымдық және шығармашылық белсенділігін жүзеге асыру үшін білім беру сапасын жақсартуға, оқу уақытын тиімді пайдалануға және үй тапсырмасын орындауға бөлінген уақытты азайту арқылы оқушылардың репродуктивті іс-әрекетінің үлесін төмендетуге мүмкіндік беретін заманауи білім беру технологиялары қолданылады. Заманауи білім беру әдістемелері білім беру үдерісінің дараландыруына, қашықтығына және вариативтілігіне, жасына және білім беру деңгейіне қарамастан білім алушылардың академиялық ұтқырлығына бағытталған. Мектепте оқу процесінде қолданылатын білім беру педагогикалық технологияларының кең спектрі ұсынылған.

Білім беру процесіне заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды енгізу мұғалімге мүмкіндік береді:

- *білімнің тереңдігі мен беріктігін пысықтау, қызметтің әртүрлі салаларында іскерліктер мен дағдыларды бекіту;*
- *технологиялық ойлауды дамыту, оқу,*
- *өзін-өзі тәрбиелеу қызметін өз бетінше жоспарлау мүмкіндігі;*
- *оқу сабақтарын ұйымдастыруда технологиялық тәртіптің талаптарын нақты ұстану әдеттерін қалыптастыру.*

Педагогикалық әдістемелердің кең спектрін қолдану педагогикалық ұжымға оқу уақытын тиімді пайдалануға және оқушылардың жоғары оқу нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Проблемалық оқыту.

Оқу іс-әрекетінде проблемалық жағдайларды құру және оларды шешу үшін оқушылардың белсенді тәуелсіз іс-әрекетін ұйымдастыру, нәтижесінде білім, қабілет, дағдылар шығармашылық игеріліп, ойлау қабілеттері дамиды

Деңгейлеп оқыту.

Мұғалім сыныптағы оқуға төмен деңгейдегі оқушыға көмектесуге және оқуға мықты оқушыға назар аударуға мүмкіндік алады, мықты білім алушыларға білім беруде тезірек және тереңірек алға жылжуға деген ұмтылысы жүзеге асырылады. Күшті студенттер өздерінің қабілеті бойынша оқу дағдылары бекітіледі, деңгейі төмен білім алушылар оқу жетістігін төмен екенін сезінуге мүмкіндік алады, оқуға деген ынталандыру деңгейі артады.

Оқытудың жобалық әдістері.

Осы әдістеме бойынша жұмыс оқушылардың жеке шығармашылық қабілеттерін дамытуға, кәсіби және әлеуметтік өзін-өзі анықтауға саналы түрде жақындауға мүмкіндік береді.

Оқытудағы зерттеу әдістері.

Бұл білім алушыларға өз білімдерін өз бетінше толықтыруға, зерттелетін мәселеге терең үңілуге және оны шешудің жолдарын ұсынуға мүмкіндік береді, бұл дүниетанымды қалыптастыруда маңызды. Бұл әр оқушының жеке даму жолын анықтау үшін маңызды.

Оқытуда белсенді әдістерді қолдану технологиясы: рөлдік, іскерлік және басқа да оқыту ойындары.

Көкжиекті кеңейту, танымдық іс-әрекетті дамыту, практикалық іс-әрекетте қажетті белгілі бір дағдылар мен дағдыларды қалыптастыру, жалпы білім беру дағдылары мен ойлау дағдыларын дамыту.

Коллаборативті оқыту (командалық, топтық жұмыс).

Ынтымақтастық ересектер мен балалардың бірлескен дамыту іс-әрекетінің идеясы ретінде түсіндіріледі, жеке тәсілдің мәні-пәннен емес, баладан пәнге бару, баланың қолындағы мүмкіндіктерден шығу, тұлғаның психологиялық-педагогикалық диагностикасын қолдану

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Білім беру мазмұнын өзгерту және олардың ресурстарын пайдалану, интеграцияланған курстарға қол жеткізу. Интернет платформаларын қолдану.

Денсаулық сақтау технологиялары.

Осы технологиялар мен әдістерді қолдану сабақ барысында әр түрлі тапсырмаларды біркелкі таратуға, ақыл-ой әрекетін физикалық минуттармен ауыстыруға, күрделі оқу материалын ұсыну уақытын анықтауға, тәуелсіз жұмыстарды жүргізуге уақыт бөлуге мүмкіндік береді, бұл оқытуда оң нәтиже береді.

«Портфолио» инновациялық бағалау жүйесі.

Әлеуметтік өзін-өзі анықтауды педагогикалық қолдау құралы ретінде оқушының жетістіктерін жеке есепке алуды қалыптастыру, тұлғаның жеке даму траекториясын анықтау.

Заманауи педагогикалық технологиялар мен жаңа әдістемелерді меңгеру - мұғалімнің әдістемелік мәдениетінің құрамдас бөлігі. Оқу процесіне жаңа технологияларды енгізу оқушының ғана емес, мұғалімнің де ұстанымы мен таныс көзқарасын өзгертеді. Н.В. Гоголь: «Басқаларды үйрен, сен де оқисың», - деп бекер айтпаған. Қазіргі уақытта Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағдарланған білім берудің жаңа жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр. Бұл процесс оқу-тәрбие процесінің педагогикалық теориясы мен практикасындағы өзгерістермен қатар жүреді. Өйткені, білім беру сапасы балалардың мектепте болуының санитарлық-гигиеналық жағдайларынан бастап, оқушылардың білімдері мен дағдыларындағы жетістіктеріне дейінгі білім беру процесінің барлық аспектілерін қамтиды.

Алайда, заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды енгізу олардың дәстүрлі оқыту әдістемесін толығымен алмастырады дегенді білдірмейді, бірақ оның ажырамас бөлігі болады. Өйткені, педагогикалық технология-бұл оқыту теориясына негізделген және жоспарланған нәтижелерді қамтамасыз ететін оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістері, әдістері, формалары жиынтығы.

Мұғалімге бірнеше жылдар бойы қалыптасқан сабақ стереотиптерін жеңу өте қиын. Оқушыға жақындауға және қателерді түзетуге, дайын жауап беруге үлкен ықылас бар. Осы проблема кездесетін және білім алушылар: оларға үйреншікті емес көруге педагогтың рөлі көмекшісі, ұйымдастырушының танымдық қызметі. Заманауи білім беру жүйесі мұғалімге көптеген инновациялық әдістемелердің ішінен «өз» тәсілін таңдауға, өз жұмыс тәжірибесіне жаңаша қарауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда заманауи сабақты сәтті өткізу үшін сіз өзіңіздің жеке ұстанымыңызды жаңаша түсініп, өзгерістердің не үшін және не үшін қажет екенін түсініп, ең алдымен өзіңізді өзгертуіңіз керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Д.Ш.Матрос, Д.М.Полев, Н.Н.Мельникова. Управление качеством образования на основе новых информационных технологий, М.,2001.
2. К.Ж. Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология. (о қулы қ) Тараз. ТарМУ,2003ж.
3. Қ. Өстеміров, А.Айтбаева, Қазіргі білім беру технологиялары, Алматы, 2006ж.
4. Педагогика жаршысы №4 2010 ж.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ БАСЫМДЫҒЫ:БАЛАЛАР ЖӘНЕ БІЛІМ»

Нұрғалиева Даража Мыктановна
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы, «Самал» бөбекжай бақшасы.

«Бала тәрбиесі-мемлекеттің маңызды міндеті» деп ұлы ғалым Платон айтқандай еліміздегі әр ұрпақтың тұлға болып қалыптасуы үшін мемлекетіміз алдарына үлкен міндет қояды.Тегі атасынан берілгенімен тілі анасынан беріледі,білім мен еңбегі қоғамнан болатынын білуіміз керек. Өсе келе,ортаға ене келе баланы қоршаған ортасы тәрбиелейді. Сәбилер пәк,таза жаратылыс болғандықтан оларға бала деп қарамай құрметтеуіміз керек, аялауымыз керек. Өз көңіл-күйіміздің ойыншығы етпеуіміз керек. Бала үлкенге қарап өседі, өскен ұясына қарайды. Балалық шақ –адам дамуындағы аса маңызды кезең, осы кезеңде салауатты, бақытты өмір қаланады.Сондықтан балалардың дамуына қолдау көрсету-қоғамның басты мақсаты.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары құрылған. Соның үшінші ұлттық басымдығы-сапалы білім деп көрсетілген. Яғни білім беру қолжетімді болу керек, оқыту үшін қолайлы ортаның болуы, білім беру сапасы артуы керек, білім беру жүйесін қаржыландыру. Балаға білім беру мен тәрбиелеу үшін инновацтялық бағдарламаларды кеңінен қолдану керек. Қазақстанның әр түкпірінде балалар балабақшамен, мектеппен қамтамасыз етілуі керек және деңгейлі білім берілуі қажет.Қазақ елінің жаңа буынын тәрбиелеу үшін алдымен оның отбасы сосын білім алар ортасы біріге жұмыс жасауы керек. Балалар-мемлекетіміздің жарқын болашағымыздың кепілі.Мемлекет басшысы биылғы жылды «Балалар жылы» деп атап,келешек ұрпақты қорғау керек екенін айтты. Жәнеде білікті, білімді, жан жақты тұлға етіп қалыптастыруға аса үлкен мән берілу керек екеін баса көрсетті.«Надан жұрттың күні қараң, келешегі тұман» деп М.Дулатов айтқандай ендігі ұрпағымызды толықтай білім, ғылыммен дамуына ықпал, жағдай жасауымыз керек. Жас ұрпақтың бойына патриоттық тәрбиені сіңіруіміз керек. Елін, жерін құрметтей білетін саналы азамат қалыптастыруымыз керек. Бұның бәріне қол жеткізуіміз үшін балағы сапалы білім, саналы тәрбие қажет. Жеке тұлғаның айналасына ізгілік қатынасын қалыптастыруда педагог ізденіп, шеберлік көрсетіп түрлі әдіс-тәсілдерді тиңмді пайдалана білу керек.Баланың ойының тазалығы, арының тазалығы оның қоршаған ортасына байланысты. Бала осы ортаны қалай қабылдаса оның әлемге ашар есігіде солай ашылмақ.Ұлы ойшыл Абай «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады, бірінші-ата-анасынан,екіншісі-ұстазынан,үшіншісі-құрбысынан» деген екен. Яғни,баланың айналасындағылармен байланысы тығыз болуы

керек. Ұлттық тәрбие отбасынан бастау алатын болғандықтан инабаттылық, мейірімділік ана сүтімен, ана тілімен орныгатыны аян.Әрбір елдің бала тәрбиелеудегі халықтық педагогикасы ғасырлар дәуірінен қалған асыл қазынасы бар.жас ұрпақ ата мұра өнегесінен күш алып қуаттанады.

Сондықтанда ұлы ойшылдар,ақындар,жазушылар еңбектерінде негізгі арқауы –өз елін, жерін, дәстүрін дәріптеген. Ғалым Б. Уахатов «Бесік жыры» ананың монологы деп өте орынды көрсеткен. Ананың әлдиімен ,өзінің туған тілінің әуенімен тұңғыш рет нәр алады. Тәрбие бастауы-бесік тәрбиесі. Дамыған елдердің тәжірибесімен бөліссекте артық болмайды. «Ел болам десең,бесігіңді түзе» демекші бала тәрбиесін бесіктен бастап, балабақшадан бастап Отан, ұлт, мемлекет, жер, дәстүр, мәдениет деген сөздерді тереңінен ұғындыруымыз қажет.Ұлттық тәрбиеге жат қылықтардан аулақ ұстауымыз керек.Бүгінгі сәби ертеңгі азамат екенін сезіндіріп, тұлға болып қалыптасуына жағдай жасалуы тиіс. Баланы жастайынан еңбекке баулып, спортпен айналысуға, өздерінің қалаған өнерімен айналысуына ықпал жасауымыз керек, ол үшін бала үшін қолжетімді болуын басты мақсат етуіміз керек. Балабақшадан бастап бала өз ойын ашық, еркін айтқызып, ортада өзін еркін ұстауға үйретуіміз керек.Тағылымды тәрбие беру бала болашағының негізгі іргетасы.Ұлы халқымыз адам болатын бала алысқа қарайды деп бекер айтпаған. Дарынды ұрпақтың алғашқы табалдырығын балабақшадан бастап қалауымыз керек, яғни баланың неге қызығатынын, нені жақсы көретінін үнемі бақылап отыруымыз керек.Кішкентай баланың өзінің қызығушылығымен жұмыс жасауымыз, және оны іске асыруына ықпал жасауымыз керек.Заман көшінен қалдырмай ұрпақ тәрбиелеу сіз бен біздің міндетіміз.Дамыта отырып оқытуда педагог пен бала арасындағы қарым-қатынас қалыптасады. Бұл жерде бала өзінің жасаған кішкентай еңбегі болсада оны әңгімелеп беруге,яғни бала өз үнін естіртуге ,салыстыруға , өз ойларынан креативті етіп жасауға мүмкіндік беруіміз керек.Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді.Қоғамымыздағы болып жатқан әлеуметтік өзгерістер еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістерді талап етіп отыр. Білім беру балабақшадан басталады десек артық емес.Білім бастауы-балабақшада.Ол үшін балабақша заманауи үрдісте жаңа технологиялармен жабдықталуы керек. Тәрбие мен білімнің егіз ұғым екенін білеміз.Егемен еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбие беру қазіргі таңда жан жақты, шығармашыл, білімді тәрбиешілердің еншісінде.Жыл сайын жаңа инновациялық әдістер шығуда.Жаңа заманға сай жаңа ұрпақ қалыптастыруымыз керек.Баланың ішкі жан дүниесіне үңіліп қарауымыз керек. Балабақша -барлық тәрбие мен білімнің баспалдағы. Ж.Аймауытов « Мұғалім істеген ісі өнімді, берекелі болуын тілесе, әуелі өз қызметін шын көңілмен жақсы көрсін» деген еді.Олай болса, өз мамандығын шексіз сүйе білген маман иесі ғана үздіксіз ізденіс пен асқан шыдамдылық,қажырлы еңбектің арқасында баланың біліміне, оның болашағына үлкен сәулесін түсіріп, бала өмірін дұрыс бағытқа бағыттары сөзсіз. Сондықтан балабақшадан бастап педагог баланы жастайынан өзін құрметтеуге, шыншылдыққа, еңбектене білуге тәрбиелеу керек.Мұнда баланың мінезі, қабілеті ерте жастан дамиды. Әр бала құрмет пен сенімге, достыққа, лайық.Ұлы ғұлама Әл Фраби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие қажет,тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы » деген.Сондықтан тәрбие мен білім қатар жүруі керек. Дұрыс тәрбие алған бала ата-анасын үнемі қуантып отырады. Балаға дұрыс тәрбие берудің бірі баланы үнемі еңбекке баулып отыру.Сонымен қатар ұлттық тәрбиеге үлкен көңіл бөлуіміз керек. Халықтық салт-дәстүр қоғамның рухани, мәдени,адамгершілік қарым-қатынастағы ең қымбат қазына. Халық үшін тәрбие-тұтас дүние.Оның басты мақсаты адам тәрбиелеу. Балаларға ұлтымыздың әдет-ғұрыптары мен дәстүрін оның сәбилік шағынан бойына сіңіріп, ойына ұялату, сол арқылы ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелеу басты мәселе болмақ. Осы орайда

халықтық педагогиканың атқарар рөлі өте зор.Мектепке дейінгі мекемелерде балаларды адамгершілікке баулу жұмыстарын зерттеген ғалымдарымыз А. Меңжанова, К.Сейсамбаевтарды атауға болады.Жәнеде осы тақырыптарда әдістемелік мақала жазғандар Р.Жұмағожина, Г.Наурызбаеваларды айтуға болады. Дәстүрдің аса әсерлі ерекшелігін көпшілікке, ортақтығын айтамыз. Әр халықтың өзіндік дістүрі, салты болатынын білеміз.Жәнеде ұрпақтан ұрпаққа мұра болып жалғаса беретінін білеміз.Тәрбиенің негізі –оның отбасы.Осы шағын әлеуметтік топ бала үшін өмір мектебі.Ата-анасы баланың өмірлік ұстазы,тәрбиешісі. Ата-анасының басты қуанышы оның баласы. А.С.Макаренко «Адамды тәрбиелеу-демек оның ертеңгі қуанышқа ие болатын келешек жолын тәрбиелеу» деген. Яғни білім мен тәрбие ұштаса отырып болашақтың негізі-тұлға қалыптастыратыны сөзсіз.

Бала деген-еліміздің ертеңі!
Өмір атты болашақтың желкені!
Тек тыныштық, бейбітшілік заман болсын,
Мәртебелі еліміз болсын, еңселі!

Қолданылған әдебиеттер:

1.«казнур» сайты
2.«Юнисеф» сайты
3.«Білім кз» сайтынан алынды.
4. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования: научный фонд и перспективы развития. – Алматы:. Ғылым, 2001

ЗАМАНАУИ ТӘРБИЕШІ ҚАНДАЙ БОЛУ КЕРЕК?

Нургалиева Жулдыз Камаладиновна
№4 Қандыағаш қалалық ЖББОМ шағын орталық тәрбиешісі

Елбасы Н.Ә.Назарбаев:-Ел келешегі жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты,-деп атап көрсеткен болатын. Мектептегі басты тұлға мұғалім мен тәрбиеші екендігі даусыз. Тіпті қазіргі технологиялар ерекше дамыған заманның өзінде білім мен тәрбие сапасын қамтамасыз етудегі тәрбиешінің рөлін еш нәрсемен ауыстыруға болмайтынын халықаралық тәжірибелер көрсетіп отыр. Демек,педагог біліктілігі-еліміздің бүкіл білім беру жүйесін алға бастырып, оны заман талабына сай етіп құрудың негізгі алғышарты, басты кепілдігі болып табылады. Білімді ұрпақты, бәсекеге қабілетті жан-жақты кемел тәрбиешілер ғана тәрбиелеп шығара алады.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты-бәсекеге қабілетті маман дайындау. Балабақша-үйрететін орта, оның жүрегі-тәрбиеші. Ізденімпаз тәрбиешінің шығармашылығындағы ерекше тұс-оның оқу қызметтерін түрлендіріп,баланың жүрегіне жол таба білуі. Тәрбиеші атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау-әр тәрбиешінің борышы. Ол өз кәсібін, барлық тәрбиеленушілерін, балабақшасын шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация тәрбиешісі-педагогикалық құралдарын меңгерген,тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған,рухани дамыған,толысқан шығармашыл тұлға құзіреті. Нарық жағдайындағы тәрбиешіге қойылатын талаптар. Бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі болуы кеек.

Тәрбиешінің мақсаты: Әр баланың болмысы мен туа біткен қасиетін айқындау және дамыту. Осы бір қасиетті байқап уақытында ашу. Сондай-ақ, онын, ашылмай жатып өшіп қалмауына жол бермеу, тәрбиешінің ерекше дарыны болып табылады.

Заманауи тәрбиеші – тәлімгер, дос, психолог және әртіс қасиеттері бір өзінің бойынан табылған адам. Тәрбиеші күні бойына бірнеше образға кіреді. Неғұрлым шынайы көрінсе, еңбегінің соғұрлым нәтижелі болары анық. Баланың шығармашылық әлеуіті, тәрбиешінің шығармашылық әлеуетіне байланысты. Сол себепті, баланың шығармашылық қиялының дамуына ерекше көңіл бөлген дұрыс**.** ***Заманауи тәрбиеші*** – ол, соңғы заманауи әдістемелерді қолдана отыры салауатты өмір салтына жетелеуші, өз ісінің маманы болып табылатын шығармашылық адам

Заманауи тәрбиешінің міндеті: өз нәтижелерін болжай алатын, дербестігі дамытатын және ортаға ой тастай білетін көпшіл, онерлі де, тапқыр тұлға калыптастыру. Әр баланын жеке мүмкіндіктерін дамытуға жағдай жасау.

Нағыз педагогты барша кезеңде де, қоғамның өзге мүшелерінен ерекшелендіріп тұратын жандүние мейірімі мен моралдық тазалығы. Ешқандай мамандықта мұндай қатаң талаптар қойылмайды. Сондықтанда, тәрбиеші – ол үлгі. Ал, тәрбиеші болу – қажымай еңбек ету. Тіпті кейде, жеке өмірді де ұмыту керек болады. Сондықтан, осындай қажырлы еңбектің жемісі, әлеуметтік өмірге қалыптаса білген балалардың алғысы.

Заманауи білім берудің ерекшілігі:

- жаңа ақпарат беру;
- заманауи технологияны меңгерту;
- іздендіру;
- өз бетімен жұмыстарды орындау;
- ой-қиялын,сынай ойлауын дамыту;
- іскерлік пен дағдыны қалыптастыру;
- қызығушылықты,ынта-ықыласты арттыру;
- топпен жұмыс істеуді үйрету және т.б.

Өз бетінше білім жетілдірудің басты бағыттары

- ✓ Кәсіби шеберлігін,пәндік біліктілігін жетілдіру;
- ✓ Өзіндік танымдық-шығармашылық қабілеттерін арттыру;
- ✓ Жалпы ой-өрісін кеңейту,жалпы білімін көтеру;
- ✓ Педагогтың біліктілігін көтеру;
- ✓ Әдістемелік тақырыппен жұмыс;
- ✓ Мәселелік семинарлар;
- ✓ Ғылыми,әдістемелік әдебиетпен жұмыс;
- ✓ Біліктілікті арттыру курстары;
- ✓ Кәсіби құзыреттіліктерін дамыту;
- ✓ Өзара ашық оқу қызметтеріне қатысу;
- ✓ Кәсіби шеберлік сайыстарға қатысу;
- ✓ Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану

Тәрбиеші жұмысы-өте күрделі жұмыс.Ол көп еңбекті ,жауапкершілікті,уақытты қажет етеді.Көрнекті гуманист-педагог Януш Корчак өзінің «Баланы қалай сүю керек»еңбегінде:

- ✓ Нағыз тәрбиеші бұғау салмайды,еркіндік береді;
- ✓ Басымдық көрсетпейді,-мақтап-мадақтайды;
- ✓ Намысына тимейді,-қалыптастырады;
- ✓ Бұйырмайды, үйретеді;
- ✓ Талап етпейді,сұрайды;
- ✓ Балалардың қиналған сәтінде олармен бірге күйзеліске түседі»деген болатын.

Тәрбиеші оқу-тарбие үрдісіндегі негізгі тұлға. Жас ұрпақ бойына тәрбиенің алғашқы негізін қалыптастыратын тәрбиеші адамгершілігі жоғары, мәдениетті, ғылым жетістіктерін дұрыс бағдарлай алатын әдебиет пен өнердің, техниканын даму жайын жақсы білетін, оны түсіндіре алатын болуы керек.

Тәрбиешінің мәдениеттілігің көрсеткіші - әдептілігі, қоғамдық орындарда өзін сыпайы, еркін, ортаға лайықты ұстай білуі, өнегелі тәртібі, сүйкімділігі, адамдармен өзара сыйластыққа, адалдыққа негізделген қарым-қатынасы. Ондай тәрбиешіні балалар жақсы көреді, сыйлайды, құрметтейді, оған жақын жүргісі келеді, оның балалар арасында беделі де зор болады.

Тәрбиешінің жеке басының үлгісі - жас ұрпак тәрбиесінде ең әсерлі әдістерінің бірі, өйткені балалар тәрбиешіге барлық жағынан еліктейді. Сол себептен де ол үнемі жинақы, таза, ұқыпты жүруге, сөйлеген сөзі мәнді, әдемі, салмақты келіп, асықпай, байыппен сөйлейді.

Тәрбиешінің білімділігі - тәрбиешінің өмірге көзқарасы табиғат пен қоғамның даму заңдарын терең түсніп, тұрақты болуы үшін ол өзінің білімін үнемі жетілдіріп отыруы қажет. Педагогтың алдынғы қатарлы білімділігі оның өз ісіне сенімімен, іс-әрекетінен, принципінен, жүргізген оқу-тәрбие жұмысының мазмұны мен әдістерінен көрініс табады.

Менің пікірімше, ***қазіргі заман жаңашыл-педагог*** – ғылыми-теориялық терең ілімімен, технологиялық сауаттылығымен, пікір айырбас ортада жанжақтылығымен жаңа әдістемелік қалыптарды жандандыра түседі.

Кәсіби мүмкіндіктерін дамыту – ол, педагогтың шығармашылық тұлғасын қалыптастыра отырып жаңадан пайда болып жатқан педогогикалық инновацияларды қабылдау мен жүйелей білуге дайындайды.

Тәрбиеші ең алдымен балаларды өте жақсы көруі керек, жұмысқа деген ынтасы мен балаға берер мейірімі, жылуы, адамгершілігі мол болуы керек. Қазірге кездегі мектепке дейінгі балабақша мекемелерінің тәрбиешісі – жоғарғы білімді, тәрбиелі, сабырлы, мейрімді, тәжірибелі, жұмысына адал, ақпаратты технологияларды меңгере білетін маман болу керек.

Тәрбиеші мамандығының қызығы мен қиындығы қатар жүреді, себебі біз әр баланың өміріне жауаптымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. В.С. Мухина. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. Алматы, 1987.
2. Ермекбаева Л.К., Нығметова Қ.Н. Баланың мектепке психологиялық дайындығын анықтау. Алматы, 2005
3. «Мектепке дейінгі тәрбие» журналы 2019 ж
4. Интернет көздері

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Нургалиева Самал Аубакирова
№4 Алға орта мектебінің әлеуметтік педагогі

Елімізде 1991 жылдан бастап әлеуметтік педагог қызметінің енгізілуі кездейсоқтық емес. Бүгінгі таңда әлеуметтік жұмыстың кәсіптік деңгейге көтерілуі-маңызды мәселе. Бұл мамандықтың болашағына, мемлекеттің әлеуметтік саясатының соның ішінде жастар саясатының өзекті проблемаларының шешілуіне - кадр қызметкерлерініңтигізер әсері мол.

Білім беру мекемелеріне әлеуметтік педагог мамандығының енгізілуі, бүгінгі таңдағы оқушылардың қоғамға, әлеуметтік ортаға бейімделуі, әлеуметтенуіндегі қиыншылықтар, оның тұлғалық қасиеттерін зерттеуге , зерттеу нәтижесінде түзету жұмыстарын жүргізуге, өмірдің қиын жағдайынан шыға білуге ықпал етуқажеттіліктерінен туындап отыр.

Әлеуметтік педагог мамандығы - бұл қол ұшын беретін, адами проблемаларын бірге шешетін, проблемаларды тиімді, дұрыс шешілу жолдарын қарастыратын сала. Болашақта әлеуметтік педагог мамандығы мұғалім мен медицина қызметкерлері секілді бұқаралық сипатқа ие болады деген ойдамын. Себебі қоғам үшін «әлеуметтік эпидемиямен» күрескеннен, «әлеуметтік аурулардың» алдыналу әлдеқайда тиімді екендігі белгілі.

Сондай-ақ,әлеуметтік педагогика ғылымының елімізде әлі қарыштап дами қоймағанын жасырғым келмейді.Бүгінде білім беру мекемелеріндегі әлеуметтік педагогтар жұмыс жүргізу барысында түрлі кедергілерге ұшырап отыр. Кедергілердің бірі - әлеуметтік педагогтардың жұмысына қажетті әдістемелік құралдырдың жетіспеушілігі . Бұл әдістемелік көмекші құрал жалпы білім беретін мекемелердегі әлеуметтік педагогтардың проблемасын зерттеу нәтижесі болып табылады. Әдістемелік құралда әлеуметтік - педагогикалық жұмыстың әдістемесі мен технологиясы, әлеуметтік педагогтың отбасымен жұмыс әдістемесі, әрбір нақты мекеме жағдайына бейімдеуге келетін сыныптың, оқушының әлеуметтік паспорты, оқушының әлеуметтік паспорты, оқушыныңотбасына мінездеме, әлеуметтік педагогтың қабырға бұрышыт.б. үлгілері берілген. Сонымен қатар әлеуметтік педагог жұмысындағы диагностикалық жұмыстарға, түрлі балалар категориясымен жұмысының негізгі бағыттарына әлеуметтік педагог пен педагог психолог бірлескен жұмыстарына, девианттық мінез-құлықты оқушылармен жүргізілетін әлеуметтік педагогтардың жұмыстарына мән берілген.

Балалар мен жасөспірімдер, олардың тәрбиешілері өмірінің қиын кезеңінде әлеуметтік педагог пен психолог мамандарынан көмек сұрайды. Өмірден түңілген, үмітін жоғалтқан, қиындықты басынан кешірген және проблеманы өздігінен шеше алмаған олар түсіністікті, тілектестікті, адамгершілік қолдауды және нақты көмекті күтеді. Қолдауға мәжбүр жандарға сөзбен де, іспен де көмектесу, олардың өзіне сенуіне, өзінің құндылықтарын қайта қарауына және кемелденуіне ықпал ету-әлеуметтік педагогтың басты міндеті болып тұр. Балалар мен жасөспірімдердің жанын түсіну және аялау –әлеуметтік педагогтың негізгі миссиясы болып табылады.

Қазіргі заман жастар мен жасөспірімдердің қоғамдағы жағдайын яғни, олардың өмір сүруі мен тұлғалық дамуына жағдайдың жеткіліксіз болуы, шектеулік, материалдық және

рухани ресурстардың жеткіліксіз болуын айтуға болады. Күнделікті өмірде жастар мен жасөспірімдер ішімдікпен, нашақорлықпен, ассоциалдық мінез-құлықпен, қылмыспен кездесуде.

Баланың жаны мен психикасына жағымсыз әсер ететін толық емес, кикілжіңді, қолайсыз отбасылар көбеюде. Осындай сәтсіз отбасыларының көбейіп кетуі салдарынан балалар мен жастар үнемі білім беру мен тәрбие саласында да мәселе тудыруы мүмкін.

Әлеуметтік жағдай көрінісінің бірі ретінде еліміздегі жартылай жетім және жетім балалар санының көбейіп отырғандығын да тілге тиек етсек болады. Бұл проблема еліміздегі барлық мектептерде бар мәселе.

Мәліметтерді талдай келе, бүгінгі таңдағы жастардың әлеуметтенуі, әлеуметтік ортаға бейімделуі күрделі процесс екендігін байқауға болады. Бұл қиындық алдымен өз болашағы үшін тұлғалық жауапкершілігін сезінуі мен тұлға ретінде өзін-өзі іске асыруы болып табылады.

Әлеуметтік қорғау – жас ұрпақтың тұлғалық дамуы мен қалыптасуына әлеуметтік факторлардың жағымсыз әсерлерін ескере отырып, ол әсерлерді жоюдың жолын іздеуге, олардың өзін-өзі анықтауына, өмірде өз орнын таба білуге бағытталған мемлекеттің мақсатты қызметі. Әлеуметтік қорғау-бұл әлеуметтік - экономикалық, құқықтық категория ғылыми әдебиеттерде ол мәселе кең мағынада қарастырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі «Педагогика және психология» А.Мектеп-2002 ж.

2. «Методика и технологии работы социального педагога» М.А. Галагузова Х.В.Мардахаев. М. Академия 2004 г.

3. «Методическая помощьсоциальному педагогу образовательного учреждения но ведению текущей дакументации» А.И.Ситиик. А.В.Мисько. М.Академия 2005 г.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІ ЖАҚТАРЫ

Нуржанова Тамара Карткожаковна
Б.Момышұлы атындағы № 62 жалпы білім беретін орта мектеп

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Қазіргі кезеңде жалпы орта мектептердегі оқу бағдарламаларын құрастыру бағыт-бағдары өзгерді. Алайда, бұлардың бәрінде мектеп

оқушыларын қайда оқитындығы ескерілмейді, олардың меңгеруі тиіс негізгі дағдылар мен қабілеттер, оқу нормасын тапсыруға арналған шарттар көрсетілген. Денені шынықтыру жаттығуларының орындалуы қозғалыс дайындығының деңгейі туралы мәлімет береді. Дегенмен, бұл бағдарламалар базалық, үлгілік сипатқа ие, сондықтан оларды әрбір педагог жергілікті жағдай мен салт-дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, өзгерте алады. Дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық процестер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып, тәжірибеге сын көзбен қарап, дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен дене мәдениетін меңгерген маман даярлаудың маңыздылығы артуда. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Елімізде бәсекеге қабілетті білім – білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр. Дамудың алдыңғы қатарындағы елдердің білім дәрежесімен теңесу – еліміздің біліми саясатының негізгі көздегені. Дамыған елу елдің қатарына енудің алғышарттарының бірі де осы сапалы да бәсекеге қабілетті білім. Сондықтан да еліміздегі мектептердегі білім берудің басты ұстанымдары мен міндеттері, әрекеттері, жолдары осы мақсатқа орай ұйымдастырылады.

Мақсатқа жетудің түрлі жолдары бар. Солардың бірі де бірегейі оқытудың жаңа технологияларын пайдалану. Осыған орай қазір еліміздегі көптеген мектептерде білім берудің жаңа жүйесі енгізіліп, әлемдік білім беру кеңістігіне бет алуда. Білімі мен ғылымы өз дәрежесінде дамыған елдер көш бастап, қашан да елдік дамудың кез келген саласында озық тұрары сөзсіз. Бізде осы көштен қалмаудың қамын жасап бағудамыз. Жалпы орта мектептердегі «Дене тәрбиесі» пәнінің мақсаты әлі күнге дейін толықтыруды қажет етеді, осыған орай оның ғылыми негізделген бағыт-бағдарын жасау қажеттілігі туындайды. Осы бағыттағы ізденістердің тиімдісі дене тәрбиесі сабағында дәстүрлі емес оқыту құралдарын қолдануды зерттеу болып табылады.
Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Дене тәрбиесін жүзеге асыру – денсаулықты нығайту, білім беру, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін шешуге арналған педагогикалық жұмыстардың бірі бола отырып, жеке тұлғаның денсаулық деңгейін арттыру, табиғи күш-қуатын нығайту, дене мүшелерін гигиеналық негіздері мен дене- қозғалыс қабілеті мүмкіндіктеріне сай, өз бетінше қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындап, өзін- өзі үнемі дамытып, көңілді де сергек жүруге баулиды. Болашақ ұрпағымыздың денсаулығының мықтылығы, салауатты өмір сүруі мектеп мұғалімінің жеке басымен оның жоғары оқу орнындағы теориялық жеке тәжірибелік дайындығының дәрежесіне тікелей байланысты. Осыған орай оқушылардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастыруға болашақ мұғалімдерді даярлау ісін кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек.

Оқушыларға дене шынықтыру сабақтарында жаңа технологияны пайдалану оқыту мен тәрбиелеудің жалпы заңдылықтарына бағынған. Сондықтан оны іске асыру барысында дене тәрбиесінің жас және жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, осы заңдылықтарды көрсететін жалпы педагогикалық ұстанымдарды басшылыққа алу қажет. Ол ұстанымдарға жататындар: жан- жақтылық, саналылық пен белсенділік, бірте-бірте жасалатын әрекет, қайталамалық, көрнекілік, жеке даралық.

Оқу үдерісінің үздіксіздігі негізгі үш қағидаларда көрініс тапқан:а) оқу-тәрбие үдерісі көп жылғы және жыл бойындағы сипатқа ие болуы тиіс;

ә) сабақ барысында әрбір келесі сабақтың әсері алдыңғы сабақтың ізінше қатпарлы әсер қалдыруы тиіс, себебі жас оқушының ағзасында алдыңғы сабақтардың әсерінен пайда болған жағымды өзгерістер беки түсуі және жетіле түсуі қажет;

б) демалыс жұмыс қабілетін қалпына келтірудің арта түсуі үшін жеткілікті болуы тиіс. Дене жүктемелерін бірте-бірте және жоғары деңгейге арттыру ұстанымы олардың көлемі мен қарқындылығының, оқушыны дайындауға қойылатын талаптардың бірте-бірте күрделенуінің үздіксіз арта түсуімен байланысты болып келеді.

Сабақтарды бір-бірте күрделендіру оқушыны дайындаудың мүмкіндіктері мен деңгейлеріне сәйкес келіп, олардың спорттық жетістіктерінің үздіксіз арта түсуін қамтамасыз етуі тиіс. Спорттық техника мен оны жаңа тұрғыда жетілдіруге үйрету әдістерінің кез-келген түрінің жағымды жақтары бар, бірақ ол жеке қалпында шапшаң әрі тиімді үйретуді толық қамтамасыз ете алмайды, сондықтан спорттық техниканы меңгеру барысында барлық әдістер бірін-бірі толықтыратын түрде қолданылады. Олар жиірек бір уақытта пайдаланылады. Дене тәрбиесі сабағында оқытудың дәстүрлі емес құралдарын қолдану барсында :

-оқушылардың дене тәрбиесін дамыту технологияларын жетілдіруге;

-дене тәрбиесі сабақтарында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге;

- дене тәрбиесі арқылы жеке тұлғаның психофизиологиясын өзгеруге;

-өзін-өзі реттеуін қалыптастыру;

- дене тәрбиесі сабақтарын пәнаралық байланыс арқылы жетілдіру;

- дене қабілетін рухани құндылықтар арқылы дамытуға қол жеткізуге болады.

Подстепный қазақ жалпы орта білім беретін мектебінде волейбол, баскетбол, футбол, дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ, спорт секциялары мен үйірмелері жұмыс істейді. Мен волейбол үйірмесін жүргіземін. Енді өзім жүргізетін волейбол үйірмесінің жұмысына толығырақ тоқталайын. Волейбол үйірмесіне оқушылар таңдау үшін әр оқу жылының аяғында 7, 8, 9 сынып оқушыларының қыздары арасында волейболдан жарыс өткіземін. Осы сайыстан соң волейбол үйірмесіне қатысатын қыздарды іріктеп аламын.Жаңа оқу жылының басында осы қыздар медициналық байқаудан өтеді. Медициналық байқаудың қорытындысы бойынша дене тәрбиесі пәніне қатысуға рұқсат алған оқушылар бірден жаттығуға кіріседі. Алғашқы сабағымда волейбол ойынының денсаулықты нығайтуға, дене бітімінің және мүсіндерінің әсем болып қалыптасуына зор ықпал ететіндігін оқушыларға ұғынықты тілмен түсіндіремін. Сондай - ақ волейбол ойынының бойдың өсуі мен мидың дамуына да зор ықпалы бар екендігін айтып, оқушыларға ойын барысында әуелі ми, содан кейін қол мен аяқ қозғалысқа келу керектігін жеткіземін.

Бұдан шығатын қорытынды, адам денсаулығын сақтаудың негізгі бағыты салауатты өмір салтын ұстауда, соның ішінде дене шынықтырумен жүйелі айналысуда жатқандығын анық байқауға болатындығы.Сол себепті мектептегі оқушының денсаулығын сақтау мен қалыптастырудың басты мақсаты тұлғаның психологиялық және дене қимыл әрекетінің мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескеріп, салауатты өмір салтын қалыптастыруға баулу және спортпен жүйелі түрде шұғылдануға дағдыландыру болып табылады.

Ал спортпен шұғылдануды тек сабақ процесінде ғана жүзеге асырып қана қоймай, сыныптан тыс мезгілде де іске асыру дене тәрбиесі пәні мұғалімінің міндеті деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Е.Уақбаев "Дене тәрбиесінің негіздері"
2. Т.Ш.Қуанышов "Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі" Алматы
3. П. Сабыров "Оқыту теориясының негіздері" Алматы
4. «Қазақстан мектебі» Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал.
5.Нығметжанова Қ.М. Нұрғазиева Н.М Бастауыш білім берудегі жаңа технологиялар. – Өскемен: Медиа-Альянс,

БІЛІМ БЕРУДЕ ТАБЫСҚА ЖЕТУДІҢ БІРДЕН БІР ЖОЛЫ – ОҚУШЫ ДАҒДЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ

Нуркасынова Сауле Мырзагуловна, Нуржанова Жанагул Кенжетаевна
Ақтөбе қаласы, І. Есенберлин атындандағы №15 орта мектебінің мұғалімдері

Қазіргі білім беру жүйесінде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген пікірді қолдайтындар көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға соңғы кезде XXI ғасыр дағдылары деп аталып жүрген кең ауқымды құзыреттіліктерді меңгеруге мүмкіндік береді. XXI ғасыр дағдылары деген ұғымның бірнеше анықтамасы бар. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламалары аясында Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) әзірлеген Құзыреттерді анықтау және іріктеу жобасының шеңберінде жасалған құрылым пайдаланылады. Бұл ретте құзырет «жай ғана білім мен дағдыдан анағұрлым күрделі. Ол белгілі бір жағдайларда психологиялық ресурстарды (оның ішінде дағдылар мен өмірлік ұстанымдарын) жұмылдыра және соған сүйене отырып, күрделі міндеттерді шеше білу қабілетін қамтиды. Мысалы, тиімді қарым-қатынас құру қабілеті жеке адамның тіл білуіне, ақпараттық технологиялар саласындағы тәжірибелік дағдыларына және оның өзгелермен қарым-қатынас жасай алуына сүйенетін құзырет болып табылады».

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу барысында оқушылардың бойында қалыптастыру қажет рухани құндылықтар мен дағдылар тізімі құрылды:

Рухани құндылықтар мен дағдылар

- шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау;
- қарым-қатынас жасау қабілеті;
- өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау;
- жауапкершілік;
- денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету;
- өмір бойы оқуға дайын болу.
- сын тұрғысынан ойлау;
- білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті;
- проблемаларды шешу қабілеті;
- ғылыми-зерттеу дағдылары;
- қарым-қатынас дағдылары (тілдік дағдыларды қоса алғанда);
- жеке және топпен жұмыс істей білу қабілеті;
- АКТ саласындағы дағдылар.

Оқу бағдарламаларында жоғарыда келтірілген құндылықтар мен дағдылар ескеріліп, пән бойынша білім деңгейі, дағдылар мен құзыреттіліктер қарастырылады. Жалпы алғанда, оқу бағдарламалары білім беру бағдарламасының негізінде әзірленеді және оқушылар нені білуі және нені істей білуі керек екендігін жан-жақты көрсететін критериалды бағалауға негізделген сынып сайын күрделеніп отыратын оқу мақсаттарын қамтиды.

«Халықаралық зерттеу барысында білім беру бағдарламалары мен бағалау оқыту үдерісінен күтілетін нәтижелерді тұжырымдауда маңызды рөл атқаратындығы анықталды». Гриффин және басқалар (2012)

Гриффин және басқа авторлар (2012) білім беру бағдарламаларын реформалау барысында білім беру саласындағы стандарттарға негізделген өзгерістер анағұрлым анық әрі айқын бола түскенін айтады. Англия, Германия, Норвегия, Сингапур және Австралия сияқты елдерде білім беру бағдарламасы құжаттамаларында мұғалімдер мен оқушылардан күтілетін нәтижелер нақты белгіленген. Қазақстанның барлық мектептерінен күтілетін нәтижелерді

белгілеу барысында да осы тәсіл пайдаланылады. Қазақстанда жүріп жатқан білім беру саласындағы өзгерістер мен білім беру бағдарламасын жаңартудың өзектілігі осында.

Оқушылардың нені білуі және істей алуы керектігін анықтаудағы мұндай нақтылық бүкіл Қазақстан бойынша барлық оқушылардан жоғары нәтиже күтілуін қамтамасыз етуге көмектеседі және мұғалімдерге білім беру бағдарламасын тиімді іске асыруға жол ашады.

Қазіргі таңдағы білім беру мазмұнының ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ:

Қазіргі білім беру мазмұнының негізгі мақсаты XXI ғасырдағы қарқынды дамып келе жатқан зияткерлік және техникалық ортада табысты болу үшін оқушылардың қажетті дағдыларын меңгертуге бағытталған. Олар қандай дағдылар? Олар оқушыларды сын тұрғысынан ойлау, бірлесіп жұмыс істеу, ақпаратты өңдеу, проблемаларды шешу сияқты анағұрлым жоғары деңгейдегі көптеген дағдыларды өз бетінше меңгеруге және зерделеуге дайындайды және ынталандырады. Осы дағдыларды жоғары дәрежеде меңгеру математика бойынша білім беру бағдарламасында проблемаларды шешу, жаратылыстану бойынша білім беру бағдарламасында бірлескен зерттеу және ғылыми зерттеу жүргізу дағдыларына баса назар аударса, белгіленген басқа пәндерде ойлау дағдыларын дамытып,оқушылардың бұрын меңгерген білімдері мен дағдыларын жетілдіруге, сонымен қатар, жаңа түсініктерді қалыптастырып, қабілеттерін дамытуға бағдарланған.

XXI ғасырдың қарқынды ілгерілеу ырғағына қатар ілесу үшін, өзара тығыз байланысты және көпмәдениетті әлемде қалыптасқан қазіргі жағдайда оқушылардың өз бетінше оқу дағдыларын дамыту аса маңызды болып табылады.

Жаңартылған білім беру мазмұнын жүзеге асыруда мұғалімдердің жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті біліктері мен дағдылары және қолданатын әдістер оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. Педагогикалық әдістемелерді жетілдірмей тұрып, оқу бағдарламасын өзгерту білім беру стандарттарына қатысты реформалау шараларының мүмкіндіктерін және нәтижелілігін төмендетеді. Білім беру бағдарламасының, оқыту тәсілдерінің және бағалаудың қалай құрылуы қажеттігінің мысалын Хименес-Алейхандренің дәлелдерді құрудың оңтайлы оқу ортасына арналған ұсынысынан көруге болады (2008, cited by Katchevich et al., 2011)

1) Оқушылар оқу үдерісіне белсене қатысады. Олар білімдерін бағалап, өздері ұсынған қорытындыларының дәлелдерін ұсынуы және бір-біріне сын тұрғысынан қарауы тиіс.

2) Мұғалімдер оқушыларға бағытталған және дәлелдерді құру мен талдауға арналған рөлдік модельдер ретінде әрекет ететін оқыту тәсілдерін қолданады.

3) Білім беру бағдарламасы проблемаларды шешудің тәсілдерін қамтуы тиіс.

4) Оқушылар мен мұғалімдер пікірлерді бағалауда білікті болуы тиіс және оқушылар тек жазбаша тестілеу бойынша ғана бағаланбауы тиіс.

5) Оқушылар өздерінің алған білімдерін қолдана алуы және білімдердің қалай алынғанын талдай білуі тиіс.

6) Оқушыларға диалогке және бірлескен оқуға қатысуға мүмкіндік беру керек.

Оқу бағдарламасындағы тағы бір ерекшелік **зерттеуге негізделген оқу.** Зерттеуге негізделген оқу әдісін кез келген пәнде қолдануға болады. Пән бойынша негізгі көзделген мәселе зерттеу болған жағдайда, мұғалім көмекшіге ауысып, басты рөлге оқушы шығады. Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқыту мен оқуға сындарлы көзқарасты қолдайды, ол оқушыларды мұғаліммен және бір-бірімен диалог жүргізуге ынталандыруды көздейді. Диалог аясын кеңейту үшін мұғалім сабақты оқушылар оны тыңдап қана қоятындай емес, нақты пән немесе тақырып туралы ойлана алатындай белсенді етіп жүргізу керек. Мұғалім Педагогиканың барлық осы аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі. Сындарлы оқыту тәсілдері білім берудің «дәстүрлі» әдістерімен салыстырғанда, оқыту кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді (Hattie, 2011). Сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың алдыңғы білімдерімен ұштастыра отырып, жаңа білім алуы туралы

тұжырымдамаға негізделеді. Бұл жерде ең маңыздысы оқушылардың алдыңғы алған дағдылары жаңа дағдыларды меңгеруге үлкен ықпалын тигізеді, ал егер ол ескерілмесе, онда білім тереңге бармай, үстірт меңгерілген таяз білім болмақ. Мұндай үстірт білім оқушыға қазіргі әлемде жетістікке жету үшін қажетті жоғарыда аталған сын тұрғысынан ойлау, рефлексия және басқа да дағдыларын, алған білімін қолдануына кері әсерін тигізеді.

Мұғалімдер өз оқушыларының қызығушылықтары туралы білімдері мен бүкіл білім беру бағдарламасын ескере отырып, орындалатын жаттығуларды өзі таңдауға ерікті.

Сыныптағы жұптық, топтық бірлескен жұмыс бөлінген таным қағидатына негізделеді (Nardi, 1992), оның ауқымында мұғалімдер бір- бірімен білімімен және түсінігімен бөлісе отырып, бірлесіп жұмыс істейді

Оқу үдерісін жандандыру үшін мұғалімдер ынталандырғыш материал ұсынып, оқу үдерісіне таңдамалы түрде араласады, осылайша оқушылардың бойында танымдық өзгерістердің орын алуына ықпал етеді. Сыныптан сыныпқа ауысқан сайын оқушылар анағұрлым жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін өз бетінше әрекет етуге үйрену керек.

Бастапқы кезеңдерде оқушылардың осыған дейін меңгерген білімін қазіргі кезде оқып жатқан көптеген жаңа түсініктерімен байланыстыру маңызды яғни функционалдық сауаттылығына неізделеді.Негізінен мұғалімнің басымдығымен өтетін кейбір сабақтарда оқушылар айтылғанды тыңдап, естігендерін қайта дыбыстау арқылы білім алады. Керісінше, сабақтар қайталауға негізделіп ұйымдастырылатын мектептерде әлеуметтік-мәдени тәсілге басымдық беріледі, сабақ барысында пікірталас пен ұжымдық дәлелдеуге барынша назар аударылады (Miller, 1987; Brown & Renshaw, 2000). Осындай сабақтарда оқушылар басқа оқушыларға тұжырымдаманы өз сөзімен түсіндіру үшін бірқатар сұрақтар мен топтық талқылауды пайдалана отырып, проблемаларды шешу үшін бірлесіп жұмыс істейді. Мұғалімдер оқушылардың берген түсініктемелеріне құрметпен қарайды және оның құнды екенін түсінеді, проблеманы шешудің осындай ерекше тәсілдері басқа оқушыларға мәселені түсінуге көмектесе алатындығын мойындайды.

Қорыта келе, оқушы дағдысын жетілдіруді жүзеге асыру арқылы оқушылар өз түсінігін кеңейте отырып, өзінің ой-пікірі үшін жауапты болуға үйренеді. Оқушылар өзіндік көзқарасы мен пайымдауын қалыптастырып, дамытуға, мұқият зерделеуге және өз ойын сенімді айта білуге қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының « Білім туралы » Заңы. Алматы 2008
2. Столяренко Л.Д. Педагогика, Ростов–на–Дону, «Феникс», 2000 г.
3. Нургалиева Г.К. Сравнительная педагогика. – Алматы: Рауан. – 1999
4. Білімдегі жаңалықтар. Ақпаратты-әдістемелік журнал. №1,2007
5. А.Скендірова және авторлық бірлестікте.
6. Жаңа формациядағы педагогтың жеке элитарлы тұлғалық үлгісімен іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктері // «Педагогика және психология» атты ғылыми-әдістемелік журнал. №1 – Алматы, 2009.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРҒА ЭССЕ ЖАЗУДЫҢ ТАЛАПТАРЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Нурлыбаева Эльеонора Сембаевна
№4 Алға орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

Эссе – бұл адамның субъективті пікірі, көзқарасы мен ойы еркін түрде жазылатын әдеби жанрдың бір түрі. Эссенің басқа жанрлардан басты айырмашылығы ой еркіндігі және көлемі жағынан қысқа болып келуі.

Эссенің шығармадан айырмашылығы. Шығарма құрылым мен жоспарға негізделген жазба жұмысы. Оны жазар уақытта автор жоспар құрады, сол бойынша тақырыпты ашуға тырысады. Демек мұнда ой тізбекті түрде жеткізіледі.

Құрылым бойынша: *Кіріспе, Негізгі бөлім, Қорытынды бөлімдердің болуы* маңызды. Одан бөлек, шығарманың көлемі ұзақ, әр бөлім кем дегенде бір-екі дәптер парағындай бет құрауы тиіс.

Эссе көбіне еркін тақырыпта жазылады және автор қандай көзқарасты, пікірді қолдап жазса да, өз еркі. Эссе жазу кезінде де белгілі бір құрылым сақталады, бірақ жоспар құрылмайды, тек логикалық тізбек: кіріспе абзац, негізгі абзац және қорытынды абзацқа ойша бөлініп тұруы керек.

Тақырыптан ауытқымау. Кез келген мақала, эссе, шығарма жазу кезінде шегініс жасаудың қажеттілігі жоқ. Яғни тақырып нақты “Көп балалы болудың артықшылықтары мен кемшіліктері” болса, сол тақырып аясында ой толғаған дұрыс.

Ойды еркін жеткізу. Ойыңызды жинақы, нақты, анық етіп жазу маңызды. Жазуыңызға да мән беріңіз: нашар жазудан емтихан тексеруші сіздің не айтқыңызды келгенін түсінбеуі мүмкін, сондықтан шимай-шатпақсыз, таза әрі түсінікті етіп жазуға тырысыңыз.

Нақты мысалдар келтіру. Эсседе сіз пікіріңізді аргументтер мен мысалдар арқылы дәлелдеуіңіз керек. Демек көп балалы болу дұрыс деп ойласаңыз, неге осы позицияны қолдайтыныңызды түсіндіріңіз.

Мұндағы аргументтер:

- Деректер мен дәйектер.
- Өмірден алынған жағдайлар, өмірлік шынайы тәжірибелер.
- Ғылыми зерттеулер.
- Ғалымдардың пікірлеріне сілтеме.

Тақырып ашылуы үшін бір эсседе кем дегенде екі нақты мысал болғаны дұрыс.

Қорытынды жазу. Міндетті түрде ойыңызды қорытындылаңыз. Соңында белгілі бір мәселе жөнінде пікіріңіз бен көзқарастарыңызды айтып келіп, оны қайткенде жүзеге асыруға болады немесе нәтижесі мен түйінін айтып өту қажет.

Эмоцияналды-экспрессивті сөздердің қолданылуы. Эсседе эмоцияналдылыққа рұқсат етіледі, көркем әдеби стильде жазылады. Алайда, жаргон, қысқарған сөздерді қолдану және ауызекі сөздерді пайдалануға тыйым салынады.

Берілген көлемді сақтау. Әдетте эссенің көлемі 200-250 сөзді құрайды. Одан аз немесе көп сөз жазу емтиханнан төмен нәтиже алып келуі мүмкін, сондықтан берілген стандарт пен форматқа сәйкес жазуға тырысу керек.

«ТЕМЫ И ЭТАПЫ ИССЛЕДОВАНИЯ УРОКА LESSON STADY- ТРАМПЛИН К УСПЕШНОМУ РАЗВИТИЮ ОБУЧАЮЩЕГОСЯ »

Нурмаганбетова Шарипа Тынашевна
СОШ № 45 города Актобе, учитель русского языка и литературы
Педагог- исследователь

В процессе обучения в современной школе можно рассматривать Lesson study как средство для развития и усовершенствования преподавания посредством концентрации внимания на обучении учащихся и определить способы использования Lesson study в качестве инструмента для совершенствования практики группы учителей. Исследование урока – как процесс улучшение качества урока (обучение и преподавание), включает планирование урока, обсуждение плана урока, исследование проведенного урока, обсуждение, проводимое после урока.

Центральное место в Lesson Study сотрудничают учителя, которые изучают в процессе обучения учеников выясняют, каким образом они могут развивать определенный подход для повышения качества обучения. Основным шагом в этом процессе является:

Выбор темы процесса исследования урока. Для этого необходимо
подумать об учениках выбранного класса и написать ожидания:
Какие качества вы бы хотели увидеть у ваших учениках через 5 лет?
Оценить их реальное положение**:** Перечислить их текущее положение и
недостатки. Сравните реальное положение с положением в вашем уме.
Какие недостатки вы бы хотели устранить прежде всего?

Тема вашего исследования:

Имеется ряд шагов в процессе Lesson Study, которые становились и утверждались с течением времени:

1. Группа Lesson Study согласует систему правил, которые обеспечивают результативность ее работы, в процессе которой все члены относятся друг к другу с уважением.

2. Группа согласует ключевую идею исследования, которая, как правило, оформлена в виде вопроса и определяет, чему учить и кого, например, «Как мы можем научить X более эффективно использовать возможности Y для того, чтобы улучшить их обучение».

3. Члены группы исследуют литературу, чтобы найти ответ, касающийся их ключевой идеи исследования и обобщают их результаты, чтобы использовать их в планировании.

4. Группа решает, какой класс и какие три «исследуемые ученика» будут в центре исследовательского урока и будут представлять группы класса с высоким, средним и низким уровнем успеваемости.

5. Группа планирует исследовательский урок, акцентируя особое внимание на предстоящем его усвоении «исследуемыми учениками»

6. Один учитель ведет исследовательский урок, в то время как другие – наблюдают и делают заметки с обращением особого внимания на трех «исследуемых учениках (A,B,C)»

7. Учителя интервьюируют нескольких учеников для выяснения их мнения об исследовательском уроке.

8. Группа обсуждает исследовательский урок сразу после его окончания. Обсуждение следует установленной структуре:

• наблюдения за обучением «исследуемых учеников» в сопоставлении с предварительными прогнозами, сделанными в процессе планирования, и установление причин произошедших различий;

• обучение класса в целом;
• ход исследовательского урока и процесс преподавания;
• постановка цели последующего исследовательского урока в соответствии и на основе установленного и изученного;
• совместное планирование группой следующего Lesson Study.

Подумайте:

Цели и задачи урока достигнуты большей частью учеников, потому что _

* Наиболее успешными учениками были_____, так как__
* Не вышли на результат_____, так как_____
* Удачными были формы организации деятельности_____.
* Самыми действенными приемами были_____
* Изменить в следующем уроке надо_____
* Единственное, что я хотел бы изменить — это …
* Моя практика могла бы быть улучшена посредством…
* Учащимся, с которыми я работаю, необходимо …
* Я бы хотел знать…

Цель LS наблюдение за обучением учащихся более детально, для того, чтобы выявить пробелы между предположениями преподавателя об усвоении материала учащимися во время урока, развивая профессиональное обучение, основанное на совместном подходе.

В этом совместном проекте коллектив учителей школы становится тем звеном «нового», «инновационного» педагогического мастерства по внедрению ЛС.

Цель проекта: Улучшить практику преподавания и воспитания в школе, через новую форму педагогического подхода Lesson study

Задачи:

1. Обеспечить условия для внедрения принципов подхода Lesson study
2. Организовать взаимодействие субъектов образования в обеспечении качества образовательных услуг.
3. Содействовать раскрытию профессионального потенциала педагогических работников школы.
4. Отследить мониторинг эффективности подхода Lesson study

Lesson study мотивирует учителей проверить свои предположения и веру, способствует ценному диалогу среди учителей, воспитывает культуру коллегиальности и профессионального развития, концентрирует учителей на учебных нуждах учащихся и способствует глубокому пониманию предмета.
Подведение итогов и научное системное осмысление результатов реализации программы на семинарах и конференциях, систематизирование накопленного опыта. Постановка новых стратегических задач развития общеобразовательной системы школы, подготовка текста новой программы развития школы.
Таким образом, Lesson study - это наиболее эффективный способ профессионального развития; способствует созданию профессионального сообщества учителей; помогает учителям сфокусироваться на том, как думают учащиеся.

Использованная литература

1.Руководство учителя. Первый (продвинутый) уровень. Курсы повышения квалификации по Программе Кембриджского Университета, 2012.www.cpm.kz
2. Пит Дадли, Lesson Study: руководство, 2011
3. «LESSON STUDY» КАК СПОСОБ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ПРАКТИКИ ОБУЧЕНИЯ

4. Лизинский В.М. Приемы и формы в учебной деятельности. – Москва, «Педагогический поиск», 2002.

ЗАМАНУИ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУЫН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІ

Нурманова Жадыра Файзоллакызы
№60 жалпы білім беретін орта мектеп

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінің ең басты міндеті-білім берудің ұлттық модуліне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жетелеу.

Жалпы білім беру саласындағы жаңа саяси ұстанымның біртіндеп іс жүзіне асуы егемен еліміздің өркендеу бейнесінің бір көрінісі. Өркениетті елдер мен тереземіз тең болуы үшін әлемдік білім аясына кіргізуді мақсат тұтқан еліміздің білім беру саясаты оқытуды демократияландыру, ізгілендіру арқылы жаңа сапалық деңгейге көтеруге көздейді. Осыған байланысты білім берудегі бірыңғайлықтан бас тартып көп нұсқалы білім алу жүйесіне бет бұрып тұрған жағдайда оқушылардың топтық ерекшелігімен қоса жеке танымдық ерекшеліктерін ескеріп, саралап оқытуды ұйымдастыру-бүгінгі мектеп өміріндегі өзекті мәселе.

Саралап оқыту әрекеті — білім алуға бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әр мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асады. Біз басшылыққа алып отырған саралай оқытудьщ жүйелік негізін Л. Вьютский, А. Леонтьев, Б. Ананьев, С. Рубинштейн т.б. ғалымдар жасаған. Ал бастауыш мектеп кезеңіндегі оқу әрекеті В. Давыдов, Л. Занков, Ш. Амонашвили, т.б. зерттеулерінде карастырылады. Саралап оқытуды ұйымдастыру арқылы бала ақыл — ой деңгейімен белсенді әрекет арқасында репродуктивті емес өнімді нәтижеге жетеді.

Оқушылардың дербес ерекшеліктерін анықтау үшін оқытушы алдымен, олардың ықылас — жігерін, еске сақтау мен ойлау қабілеттерін, ынтасын, жалпы білім деңгейін зерттеуі қажет. Бұл ерекшеліктерді айқындау үшін білімді меңгеру деңгейін анықтауға арналған тапсырмалар дайындау; оқушы біліміне диагностика жүргізу, оқушыларға сауалнама, психологиялық тәжірибе жасау, ата — аналармен әңгіме жүргізу керек. Оқушылардың жеке ерекшеліктері сабақта сұрақ беру, кіріспе әңгіме, оқыған материалды т.б. тиянақтау сатыларында ескерілуі тиіс. Мәселен, үлгерімі жақсы оқушыларға берілген сұраққа тікелей жауап беру талап етілсе, орташаларына ойланып, қажетті есептеулер жасауға, суреттерін салуға уақыт беріледі, ал улгерімдері төмендеріне нақты сұрақтың тізімі, жауап берудің жоспар үлгісі ұсынылады.

Оқушыларды топтарға бөлгенде олардың оқуға және жұмысқа деген қабілеті ескеріледі. Оқуға қабілеттік деп оқушының неғұрлым қысқа мерзім ішінде білімнің биік деңгейіне жету қабілетін түсінеміз. Бұл белгі бойынша оқуға қабілеті жоғары, орташа және төмен деп үшке бөлуге болады, Сыныпта барлық балалардың ойлау қабілеті бірдей емес. Сондықтан,сабақ кезінде әрқайсының деңгейіне қарай жұмыстың түрін таңдап, сол тақырыпты игеру көзделсе, өте пайдалы. Біз өз іс —тәжірбиемізге осыларды енгізіп, жұмыс жасап келеміз.

Біздің басты мақсатымыз — сынып оқушыларының ерекшелігін анықтау.Бұл тұрғыдан алғанда, әрбір оқушыны өз мүмкіндігіне қарай білім, дағды алатындай етіп окытқан жөн. Мысалы, қабілетті оқушылар сыныпта логикалық ойлауы жетілген, оқулықпен жұмыс істей алатын оқушылар үшін жаңа материалды түсіндіргенде проблемалық ізденіс әдісін қолданған дұрыс. Ал орташа, нашар оқушылары көп сыныпта репродуктивті әдісті қолдана отырып,

сабақты ойын, әңгімелеу түрінде өткен ұтымды. Саралап оқытудың ең басты шарты — сынып оқушылары үш топқа бөлу. Бірінші топқа мынадай оқушылар топтастырылады: қабілеті жоғары, білім, білік дағдылары қалыптасқан, өз бетімен ойлау кабілеті бар, сабаққа деген белсенділігі күшті, мұғалім көмегін қажет етпейтін топ. Бұл топта жүргізілетін жұмыстың мақсаты — оқушы бойында ғылыми бағытта ойлау қабілетін калыптастыру.

Орташа қабілетті оқушылар екінші топты құрайды. Білім, білік дағдылары әлі тұрақсыз, өзіне — өзі көп сене бермейтін, мұғалімнің белгілі мөлшерде көмек көрсетуін қажет ететін оқушылар. Мұнда алға қойылатын мақсат — білім, білік дағдыларының тұрақты болуына, өз бетімен жұмыс істеу қабілетінің дамуына ықпал ету, олардың бірінші топқа көшуіне көмектесу.

Үшінші топқа үлгерімі төмен оқушылар жатқызылады. Бұлар тұрақты назарды ұстауды, білім, білік дағдыларын қалыптастыруда мұғалімнің үлен күш жігер жұмсауын, жүйелі жұмыс жүргізуін, яғни мұғалім көмегін көп қажет ететін оқушылар.

Көмекті қажет ететін оқушылар құрамы толық болмауы тиіс. Оқушы мүмкіндігіне карай мұғалім ол оқушыны ойша басқа топқа ауыстырады. Мұндай әртүрлі топтардың барлығы туралы ешқандай тізім жасалмауы тиіс. Тек соңдай топтардың бар екендігін сабақты жоспарлағанда, үйге тапсырма бергенде ескеру қажет. Үшінші топтағы оқушылармен саралап жұмыс жүргізу үшін дайын сызба — нұсқаларды, жоспарларды, тезистерді, алгоритмді, есептердің үлгілерін т.б. пайдаланады.Үй тапсырмасын орындату — маңызды нәрсе. Үй тапсырмасын бергенде оны оңтайландыру критериіне сүйене отырьш, оқушының нақты мүмкіндігін ескерген жөн. Үй тапсырмасы нашар оқушыны жетілдіре түссе, ал қабілетті оқушы ең жоғары деңгейде дамуы тиіс. Мысалы, қабілетті оқушыға күрделі есеп берсек, әлсіз оқушыларға реферат жазу, сызу, тағы басқада ережелерді берген дұрыс.

Саралап оқыту әдісін қалданғанда, мұғалім әрбір сынып педконсилиумымен толық әрі жете таныс болуы керек. Бұл ең маңызды басты шарт. Соңда ғана оқушыларды саралап оқытуда сызба бойынша жұмысты ұйымдастыру әрі оны жүйелі жүргізу жақсы нәтиже берері даусыз.

Жаңартылған мазмұн жағдайында оқытуды саралаудың маңыздылығы артуда. Зерттеулерде ішкі және сыртқы саралау түрлері айқындалған.

Ішкі саралау кезінде оқушылар топқа бөлінбейді, оқу үрдісінде мұғалімдер оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық қолдау көрсетеді.

Сыртқы саралау кезінде гимназия, лицей кластарында білім алушы оқушылар үшін факультатив және бейіндік пәндер бойынша қосымша сабақтар ұйымдастырылып, оқушылар белгілі бір критерийлерге сай бөлінеді. Сыртқы саралау барысында **белгілі бір мақсатқа сай** түзету, жетілдіру, педагогикалық қолдау көрсету шаралары, оның ішінде дарынды балалармен жұмыс, қосымша шығармашылық тапсырмалар арқылы дамыту, мамандықты игеру немесе жоғары оқу орындарына дайындық жұмыстары жүзеге асырылады.

Диалог және қолдау көрсету: кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында жан-жақты әрі нақты көмек қажет болады, мұғалім оқушыларды ойланту үшін және бірқатар жауаптар алу үшін алдын ала дайындалған сұрақтарды қоюына болады. Бұл әдісті қолдану барысында сөзбен қолдау көрсету және ынталандыру да маңызды рөл атқарады.

Бағалау: оқушылар үнемі бағаланып отырады, осылайша педагогикалық қызмет пен саралаудың басқа да түрлері оқушылардың қажеттіліктеріне қарай үнемі түзетіліп отырылуы мүмкін. Педагогикалық қызмет табыстылықты, жақсартуды, түзетуді қажет ететін салаларды анықтайтын әмбебап үдеріс болуы керек, сонда ғана біз пәнді оқытудан оқушыны оқытуға қарай жылжи аламыз.

Жіктеу: Оқытудың болжалды міндетіне қарай топ құруда пайдалы көптеген тәсілдер бар:мүдделері ұқасас оқушылар (мысалы, қиындық деңгейі немесе қолдау деңгейі), талаптары

әртүрлі оқушылар, джигсо топтары, кәсіби дағдыларына қарай бөлінетін топтар немесе сарапшы топ, гендерлік топ, аралас гендерлік топ, ұйымшыл топ.

Саралау түрлерін тиімді қолдану әр оқушының қажеттілігін ашу мен қолдауға, оқыту процесін жетілдіруге, оқу бағдарламасының қойған мақсат, міндеттеріне жетуге және кең ауқымды дағдыларды игеруіне мүмкіндік береді.

Қорытынды

Мұғалімдерге сабақты жоспарлауда дағдыларды дамытуға негізделген саралау тапсырмаларын анықтау, саралау түрлерін алдын-ала жоспарлау мен қолдауды қажет ететін оқушыларға бағыттау үшін әдіс-тәсілдерді қолдану қиындық тудырады. Жоғарыда көрсетілген саралау түрлері осы кездескен қиындықтарды шешуге көмек бола алды.

Қалыптасқан кең ауқымды дағдылар оқушылардың өз білімдерін кез-келген жағдайға қалай бейімдеу керек екенін біліп, болашақта кездесуі мүмкін кез-келген күрделі тапсырмаларды шешуге кепіл бола алады. Ал, бұл дағдыларды дамыту оқу бағдарламаларының жүйелі түрде жүзеге асуына байланысты болмақ.

Қолданылған әдебиеттер:

Қазақстан Республикасы бастауыш білім беру бағдарламалары.Алматы, «Ы.Алтынсарин атындағы ҚБА»,2002 ж.

1. Сағындықұлы Е., Педагогика. Алматы 1999 ж.
2. Қазақстан Республикасы бастауыш білімнің мемлекеттік стандарты.Алматы,РБК.2002ж.
3. Абай.Қалың елім қазағым-Алматы, «Атамұра»,2002 ж.
4. Жақыпбекова Г. Бейімдеп оқыту арқылы ілімді толық игеру әдістемесі,Түркістан-2004 ж.

ХИМИЯ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Нурмаханова Айгул Арыновна
Кеңес Одағының батыры М.Мәметова
Атындағы Ақтөбе Жоғарғы медициналық
колледжінің оқытушысы

Қазіргі кездегі қоғамдағы қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарламалар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігінің білім беру жүйесі білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды – машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

Қазіргі заманғы сабаққа қойылатын негізгі талап – оқытылатын материалдың мазмұны өмірмен байланысты болуы, ғылыми шындықты көрсетуі және сол ғылымның қазіргі заманғы даму дәрежесіне, ал оқыту әдістері – дидактиканың ең жаңа жетістіктері дәрежесіне сәйкес болуы.

Қазіргі кезде оқыту үрдісін жоспарлаудың, қолданудың және бағалаудың жүйелі әдісі,

адамдардың техникалық ресурстардың білімді игеру жолында өзара тиімді әрекет етуінің негізі ретінде жаңа педагогикалық технологиялар түрлері көбейе түсуде. Сондықтан жаңа педагогикалық технологиялардың ішінен өз қажеттісін таңдап алу - әр мұғалім үшін жауапты да іскерлікті қажет ететін іс. Бес бағытқа бағдарланған елуге жуық технологиялар ғылыми түрде негізделген. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруда сын тұрғысынан ойлау технологиясын сабақ беру үрдісінде қолдану өте тиімді жолдардың бірі. Бұрынғы әдетке айналған оқу үрдісінде мұғалімге басымдылық роль берілсе, ал қазіргі технологияларда оқушы белсенділік көрсетуі тиіс, оқушыны оқытпайды, ол өздігінен оқып білім алуы керек. арқылы оқушы өз қажеттігін біліп, өз жолын таңдап, жетістікке жетуге мүмкіндігі бар. Ал, мұғалім әрбір оқушыны жеке қызығуын және қабілеттерін ашуға көмектеседі.

Оқушының іс - әрекеті көптеген мінез - құлық параметрлерімен (іс - әрекет сипаты, жеке интеллектуалды дамуы, сөйлеу мәдениеті, өз бетінше жұмыс істеуі, жауапкершілігі, еркімен ұсыныс жасауы, т. б) бағаланады. Әрбір оқушы басқа оқушымен салыстырылмайды, керісінше дамуына қарай өзімен - өзі салыстырылады. Оқушылардың өз нәтижелерін бағалай білуге үйренуі аса маңызды. Сонда баға оның жіберген қатесіне берілген жазалау емес, қайта жеткен жетістігіне берілген мадақтау, қызығуы мен қажетін көтермелеу құралына айналады.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының түпкі мақсаты: білімге құштар, ой өрісі еркін дамыған, ашық қоғам азаматын тәрбиелеу.

Педагогикалық теория тек қана мұғалімнің әдістемелік шеберлігімен және осы шеберлікті шыңдай түскендігімен ғана шын күшіне ие бола алады. Сондықтан оқушылардың ынтасын арттыруға арналған әдістемелік құралдардың жүйесімен амалдары әр оқытушының оларды іс жүзінде асыруын, игеруін және оған сай болатын іскерлікті керек етеді.

Мұғалім ретінде сын тұрғысынан ойлау жобасы бойынша берілген сабақты оқушының өз бетімен білім алып, алған білімді іс жүзінде дәлелдей алатын және «үндемейтін», «енжар» оқушының қызығушылығын оятып, оны «сөйлетуге» болатындығын өз тәжірибемнен байқадым. Биология пәнінен Сто технологиясының әдістерін қолданып бірнеше сабақтар өткіздім. Онда ЖИГСО, белгілер әдісі, венн диаграммасы, бес жолды өлең, топтастыру әдістерін қолдандым және жеке, топтық, рольдік ойын жұмыстар жүргізілді. Үй тапсырмасын «үндемей қалмау» ойыны түрінде ұйымдастырып, қай топта сұраққа жауап бермеген оқушы саны көп сол жеңіледі. Сабақты жарыс түрінде ұйымдастырып «үндемей» қалған баланы назардан тыс қалдырмай, қайта оның есебін алып, оны сол бала үшін топтың артта қалғанын түйсігіне жаймен жеткізсе, ол оқушы да басқа оқушылардан қалмай жауап беруге тырысатынын және оған топтағы басқа оқушылар міндетті түрде көмектесетініне көз жеткіздім. Осының нәтижесінде оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артып, білім деңгейінің артқандығын көруге болады.

Осының нәтижесінде жаңаны тез игеріп, дұрыс түсінетін, даулы мәселелерді шеше алатын, істің мағынасын терең және нақты игеріп, оны практикада жүзеге асыратын, болжам жасай алатын оқушылар қалыптасты. Сыныпта мұндай оқушылардың болуы менің жұмысыма оң әсер етті. Бұл сыныптағы оқушылардан «Шығармашылық топ» бөлініп ойлау қабілеттерін, өз пікірін қорғай алатын, шығармашылық іс - әрекеттерін көрсетті және оқушылардың сөйлеу интонациясы қалыптасты. Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшаңдығы мен еркіндігі, шығармашылдығы, көңіл күйдің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі.

Ауқымды материалдан қажетті ақпаратты тауып, шешім қабылдауға дағдыланады, сөздік қоры дамиды. Сабақ түрі жаңа заман талаптарына сай өзгеріп, жаңарып отырса, жеткіншектерге оның әсері мен ықпалы ерекше болады. Олардың эмоциялық сезім – түйсіктеріне әсер ете білген ізденістердің пайдасы өте көп. Ақыл - парасаттан көрі сезім түйсігі ұшқыр балаларға көп жағдайда бағдарламалық тақырыптарды тосын тәсілдер арқылы түсіндіру пайдалы.

Жаңа педагогикалық технологияларды енгізу – оқыту үрдісінің тиімділігін арттырып қана қоймайды, басқа да көптеген мәселелерді шешеді. Оқушы мемлекеттік стандартты ғана алып қоймайды, өз қабілетіне қарай таңдау, әрі қарай білімін дамытуға мүмкіндігі болады. Жаңа педагогикалық технологияны пайдалану оқушылардың сабаққа деген белсенділігін, қызығушылығын, танымдық, ойлау қабілеттерін арттырудың бірден - бір көзі.

Сонымен, жаңа педагогикалық технологияның әдістерін тиімді пайдалану арқылы «Білімді адам» парадигмасын, «өзін - өзі дамытатын және әрекетшіл адам» парадигмасына өзгертуге болады.

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Нурмухамбетова Жанара Муратовна
№ 4 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты –алынған терең білімнің, білік дағдыларының негізінде оқушылардың мүмкіндіктерін іске асыруға жағдай жасау, оқушының өзін-өзі дамытуға және жылдам өзгеріп отырған дүние жағдайында дұрыс адамгершілік тұрғысынан шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Сондықтан мектептегі географиялық білімнің құрылымы мен мазмұны адамзат өркениеті мен мәдениетінің деңгейіне сай болуы тиіс. Осыған байланысты мектепте географияны оқыту мынаны көздейді:

-оқушыға іргелі білім мен білікті меңгерту

-оқыту процесінде қолданбалы білік пен дағдыны қалыптастыру

Қазіргі заманға сай географияны оқытудың ғылыми дүниетанымдық міндеттері :

-географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерін зерделеу

-табиғат пен қоғам арасындағы байланыстарды түсіну

-ғаламдық,аймақтық және жергілікті процестердің мәнін түсіну

-қазіргі дүниедегі саяси экономикалық қарым –қатынастарды түсіну, болжау.

Осы міндеттерді орындап, білім беруде оқушы ізденіп, тақырыпты оқып түсініп, тақырып аясын кеңітсе, жолдастарымен ой бөліссе, өз білгенін жүйелі түрде көпшілікке жеткізсе, онда ұстаз еңбегінің нәтижелі болғаны. Бұрынғы әдетке айналған оқу үрдісінде мұғалімге басымдылық роль берілсе, қазіргі оқу үрдісінде оқушы белсенділік көрсетуі тиіс.

Сондықтан да білім беру саласындағы өзгерістер жеке тұлғаны қалыптастыруға оқу үрдісіне тиімді әдіс-тәсілдерді іздестіруге, баланың шығармашылық, рухани, дене мүмкіндіктерін дамытуға бағытталуы тиіс.

Оқушылардың танымдық іс-әрекетінің дамыту көзделетін мүдде – білімнің қоғам мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету, қарқынын үдету, қажеттілігін ұғындыру. Белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде тәжірибеде нәтижелі пайдалануы болып табылады. Яғни оқушының алған білімі өзіне қызмет етуі тиіс. Оқушы ақпаратты іс-әрекет тәсілдері мен бағалау өлшемдері қамтитын қоғамдық және жеке адам игерген ұжымдық тәжірибе тағылымдары жөнінде оқытушының беретін білімі мен шектеліп қана коймай, оны әрі қарай өз бетінше белсенді танымдық іс-әрекет нәтижесінде игеруі керек. Осыдан кейін, оқыту барысында оқушының іс-әрекетінде танымдық белсенділікті қалыптастыру талабы туындайды.

Сабаққа әр түрлі бейнелі көрнекіліктер мен логикалық сызбаларды, шартты – графикалық құралдарды қолдану-оқу үрдісінде оқушының танымдық белсенділігін, іс-

әрекетін жандандырып, өз бетімен жұмыс жасауға және оны меңгеруге төзімділігін арттырудың негізгі тәсілі болып табылады.

Оқу әрекеті-баланың дамуының басты шарты, оқыту үрдісіндегі маңызды мәселелердің бірі, оқушылардың танымдық қабілеттері мен дербестігін арттыру, өздігінен жұмыс істеуге баулу, танымдық белсенділігін арттыру құралы.

Жаңа ақпараттық технология білім берудің стратегиялық мақсаттарына қызмет етеді. Атап айтқанда проблемаларды сараптай алатын жүйелі байланысты құра білетін мейлінше жетілген шешім қабылдауға қабілетті ойлауы шығармашылық түрде қалыптасқан жеке тұлғаның интелектуалдық-психологиялық дамуын қамтамасыз ететін болуға тиіс.

Қазақстан Республикасы білім беру стандартында қоғамның қазіргі даму кезеңінен туындап отырған әлеуметтік сұранысқа орай баланың тұлға ретінде қалыптасуына,ақыл-ойын дамытуға,белсенділігін қалыптастыруға септігін тигізетін жаңа географиялық білім мазмұнын жасау және онымен үйлесімді оқытуды ұйымдастыру түрлерін анықтау қажеттілігі атап көрсетілген.

Тиімді оқытудың мақсаты білімнің мазмұнын дәл,тиянақты анықтау.

Негізігі ұғымдар мен мәселелерді,теория мен фактілерді қажеттілі мен тиімділігіне сай іріктей білу өз бетімен оқи білуге,білім алуға тәрбиелеу.

География сабақтарында білім түрлерін берудің жан-жақты жолдары бар.Қазір география пәнін жүйелі оқыту әрбір мұғалімнің алдына үлкен жауапкершілік жүктеуде. Пәнді жүйелі оқытуда білімнің бірнеше түрі қамтылды.

Геологиялық-геморфологиялық білім беру арқылы оқушылар жер қыртысының тұрақты және оның даму барысында үздіксіз өзгеріп отыратыны жөнінде көптеген деректерден теориялық ұғым алады.Геологиялық білім халық шаруашылығының түрлі салаларында кеңінен қолданылады.Осы білімнің арқасында мол кендердің қоры ашылып отыр. Ал,мектеп оқушыларына геологиялық-геморфологиялық білім географияның жаратылыстану курсында 5-ші сыныптан бастап беріледі. Мұнда оқушылар екі бағытта біріншіден,заттар мен денелердің сыртқы құрамын оқиды,екіншіден,тәжірибе жүргізіп,нәтижесін бақылайды.Оқулықтағы «Жер күн жүйесінің ғаламшары» тақырыбында бірінші бағыт бойынша жер туралы оның құрылысы туралы білім алады.Ал, «Тау жыныстары» тақырыбында пайдалы қазбалар жинақтамасымен танысады. Соларды көзбен көре отырып,ойлау қабілеті дамып,жақсы есте сақтайды.

Климатологиялық білім физикалық география курсында жер климатын оқығанда беріледі. Жер бетінің климатын,оның ерекшеліктері мектеп оқулығында оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай оқытылады. Ауа-райы құбылыстары мен күнделікті өмірде кездесеміз сондықтан,олардың климат ерекшелігі,құбылыстар мен өзгерістер туралы білу өте қажет.

Картографиялық білім оқушылар картамен жұмыс жасау кезінде беріледі.Әрбір географиялық картаның өзіндік маңызы бар. Картаны ғылыми зерттеулерде,халық шаруашылығында,әскери жұмыстарда,т.б. салада кеңінен қолданылады. Мектепте карта тек көрнекілік ғана емес,білімді нақты есте сақтау үшін қолданатын көмекші құрал деп білу қажет.

Номенклатуралық білім оқушы картамен жұмыс істегенде геогафиялық атауларды меңгеріп отырса,қалыптасады.Егер оқушы өзінің оқыған географиялық атауларының шығу тегіне тоқталып мән беретін болса,топонимикалық білім бекітіледі.

Тарихи білім Қазақстан территориясында жүргізілген зерттеулер ,жалпы дүние жүзіндегі географиялық ашылулар тақырыбын оқыған кезінде беріледі.

Экономикалық білім.Экономикалық және әлеуметтік география ұдайы екі жақты байланыста –адам қоғамы мен табиғаттың өзара әрекеттесуін зерттейді. Табиғат жағдайлары мен байлықтарына шаруашылық тұрғыдан баға береді.

Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы пәні бойынша жаңа мағлұматты,әр түрлі деректер,статистикалық мәліметтер қажет.Сондықтан,география

сабағында жаңа ақпараттарды пайдаланып,интернет жүйесі техникасына сүйене отырып жүргізу,сабақты әр түрлі тәсілдермен түрлендіру қажет.Оқушылар үшін жаңалықтар,жаңа мағлұматтар мұғалімнің әңгімелеуі арқылы ғана емес,өз бетінше жұмыс жасауы арқылы да беріледі.

Білім берудегі басты міндет география пәнін оқытуды әдістемелік жұмыстарды қамтамасыз ету, жаңа талапқа сай шеберлікті арттыру болып табылады.Оқушының қажеттілігі мен қабілетін үздіксіз дамытуда жаңа технологиялық үлгілерді оқу-тәрбие үрдісіне енгізу,соның ішінде тек оқулықпен шектелмей техникалық құралдарды :слайдфильм,диафильм,видеофильм,электронды оқулықтарды пайдалану жас ұрпақтың нәтижелі білім алуына көмектеседі. Оқушыларға берілетін барлық оқу-тәрбие жұмыстары сабақ үрдісінде жүзеге асатындықтан,мұғалімнің сабақ барысында алға қоятын негізгі мақсаты оқушыларға терең де тиянақты білім беру.Сондықтан,мұғалім жан-жақты ізденіп,қазіргі заманғы озық тәжірибелер негізінде сабағын түрлендірсе,оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Картографиялық сауаттылықтың бірінші деңгейінде оқушылар топографиялық жалпы географиялық,түрлі физикалық және экономикалық карталардың түрлерімен танысады. Ал,екінші деңгейде оқушылар тақырыптық карта және оқушыларға арналған атластаға әр түрлі шартты белгілермен және олардың картада бейнелену тәсілдерімен танысады.Бірінші және екінші деңгейде оқушыларда қарапайым картографиялық сауаттылқ қалыптасады.

География пәнінде карта бойынша географиялық координаталарды,географиялық орнын,биіктік пен тереңдік, қашықтықтарын температура қозғалысын,өзен торларының конфигурациясын, атмосфералық қысымы мен уақыт белдеулері айырмашылықтарын,елдермен олардың астаналарын анықтау, халықтың орналасуы мен тығыздығы туралы білу керек. Бұның бәрі географияны оқытуда компетенттілік тәсілді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Өйткені картаны оқи, түсіне білу, онымен жұмыс жасау географиялық компетенттіліктің негізі.

Бүгінгі таңда мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған келелі әрі жауапкершілігі мол міндеттердің бірі оқушыға тиянақты білім беру. Тиянақты білім беру дегеніміз – жаттанды емес белгілі жүйесі бар, тұрмыспен, күнделікті өмірмен тығыз байланысты оқушының ой-өрісінің дамуына көмектесетін ұғымдар жиынтығы. Осы мақсаттарды жүзеге асыруда біздер ізденімпаздықпен оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін өз тәжірибемде үздіксіз қолдана отырып жұмыс жүргізудеміз. Жұмыстың нәтижелі болуы мұғалімнің таңдап алған әдісті үздіксіз үнемі, жүйелі қолдануына және оқушының жас ерекшелігі мен білім көлемін ескеріп отыруына байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Е.Каженбаев "Географияны оқыту әдістемесі".
2."География және табиғат"2002.№1,2.,2006№1
3."Білімдегі жаңалықтар" ақпартты- әдістемелік журнал.2006№1,2
4. Кобдикова Ж.У «Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі» педагогикалық технологиясының бағалау құралы

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ МАҢЫЗЫ

Нурмухамедова Лаззат Газизовна –ағылшын тілі пәні мұғалімі
«№1 мектеп-гимназия» КММ Ақтөбе облысы Шалқар қаласы

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Заман ағысына сай технологияларды қолдану ауқымы, түрлері өзгеріп отырады. Республикада оқыту мазмұны жаңартылып, жаңа буын оқулықтарының негізінде жасалған бағдарламалар мектептің жаңа жүйеге көшуін, әрбір мұғалімнен жаңаша жұмыс істеуін, батыл шығармашылық ізденісін, оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығын арттыруды талап етеді. Ұлы неміс пегагогы А.А.Дистерверг: «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлауға үйретеді» – деген. Республикамыздың білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – қазақ мектебі түлегінің деңгейін халықаралық дәрежеге жуықтату. Ағылшын тілін оқушыларға нәтижелі үйрету үшін оны оқыту әдістемесін жетілдіру – бүгінгі күннің басты мәселесі. Сол себепті де оқыту процесінде жетістіктерге жету үшін оқушыларға ағылшын тілінің қыр-сырын ауызша сөйлеу тілін де,тіл дамыту жұмыстарын да, жазу мәдениетін де ұғындыруымыз қажет. Сондықтан оқыту технологияларын оқу мазмұнына, оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынаудың маңызы зор. Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес шығармашылық бағытта жұмыс істейтін тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Бұл, әрине, оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытуда маңызды мәселе екендігін дәлелдейді. Жалпы оқушылардың шығармашылық әрекеті ғылыми – педагогикалық проблема ретінде едәуір зерттелген.

«Бала мейлі жақсы, мейлі жаман іс болсын, әйтеуір бірдеме істеуі керек. Ештеңемен айналыспаған адамның жан дүниесі жөнді жетілмейді.»

Ж. Аймауытовтың бұл пікірі белгілі психолог А. Н. Леонтьевтің адам психологиясы тек іс - әрекет үстінде дамып отырады дейтін қағидасына жақын тұжырым деп есептейміз. Ғылыми зерттеулерге сүйенетін болсақ, оқушы шығармашылығын дамытуда «шығармашылық тапсырмалар» үлкен рөл атқарады. «Шығармашылық тапсырмалар» атауы педагогикада белгілі, екі құрамдас бөліктен тұрады.Шығармашылықты,

- біріншіден, оқушылар дербес, өз бетімен ойдан жаңаны құрастырады,жаңа өмірге, жаңа табысқа қол жеткізеді,

-екіншіден, жағдай тудырушы материалдар даярлап, шығармашылыққа икемдейтін ересек адамның қатысуы қарастырылады және ізденіс процесінің мәнділігінде. Оны жүзеге асырудың бір жолы – оқушыларға білім беру, тәрбиелеу барысында кеңінен қолданылып жүрген оқушылардың білім сапасын көтеруде жағдай жасайтын сабақты тиімді ұйымдастыруға, атап айтқанда сабақ уақытын ұтымды пайдалануға мұғалім мен оқушылардың ойлай қабілетін дамытуға көп көмегін тигізетін әдіс – ізденіс жұмыстарын тиімді қолдана білу. Шығармашылық – бұл нақты іс-әрекет барысында жүзеге асырылатын өз бастауы, өту барысы және нәтижесі болатын үрдіс.Бұл үрдіс 3 кезеңнен өтеді: дайындық, ізденіс, орындау.

Осы деңгейлерге сәйкес шығармашылық қабілеттерінің құрылымын анықтайды, өз бойынан оларды талдайды, бағыттай отырып дамытады және жетілдіреді.Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабын қанағаттандыруда ықпал етеді.Оқушылардың ізденіс және шығармашылық дағдысын дамытудың негізгі мақсаттары:

1. Баланың білім игеру кезінде ойлау қабілетін қалыптастыру.

2. Шығармашылық қабілет деңгейін анықтау.

3.Қызығушылық және шығармашылықпен таным белсенділігін арттыру.

4. Оқушы мүмкіншілігіне сай шығармашылық тапсырмаларды әдістемелік тұрғыда жүйелі түрде орындату.

5. Шығармашылық қабілетті тәрбиелеу барысында кездесетін қиындықтар мен қарама – қайшылықтарды есепке алып зерттеу.

Басты міндеттері:

1. Оқу әрекетін қалыптастыру, айналадағы дүниемен белсенді әрекеттестік, этикалық, эстетикалық қарым-қатынасқа дайындау, дара тұлғалық адамгершілік нормаларын меңгерту.

2. Оқыту барысында баланың бойындағы ізденушілік қабілетін қалыптастыруды дағдыға айналдыру.

3. Сөздік қоры мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу.

4. Оқушының сезіміне әсер етіп, логикалық ойын дамыту.

5.Жалпы оқушының жан дүниесін дамыту.

Оқу материалдарын оқушыға дайын күйінде көрсету емес, оқушымен бірлесіп, жалпы іс - әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойған міндеттерді түсіндіру, оларды шешудің тәсілдерін, жолдарын іздестіру арқылы өз іс-тәжірибесінде қалай қолданады, оқушыға бағыт-бағдар береді.Адам бойындағы дарындылықты табиғи талантпен шектеліп қалмай, табандылықпен еңбектенуге баулу. Ол үшін мұғалімге жанын аямай еңбек ету қажет. Орта буынды шығармашылық мүмкіндігі зор, шығармашылықпен тұрақты, белсенді айналасуға икемді жас деуге толық болады. Осы арада оқушыларды шығармашылыққа баулу үшін тағы бір қажеттілік – оларды психологиялық дайындықтан өткізу, яғни балалық шабытын оятып, құлшындырып, еліктіріп отырып, «сенің қолыңнан бәрі келеді екен ғой», «өзің де бәрін біліп, үйреніп аласың» деп олардың кішкентай жетістіктерін мадақтап, көтермелеп отыру керек.Шығармашылықтың негізгі сипаты жаңалық ашуға және тәсілдер табуға ұмтылу деп айтуға толық негіз бар. Шығармашылыққа, жаңа, тың нәрсе жасау тән десек, ертеден белгілі нәрсені қайталауды немесе көшіруді шығармашылық деп айтуға болмайды, бірақ бұрыннан белгілі, таныс нәрселердің өзінен қандай да бір ерекшелік табу, оны жаңаша түрде жасау, ерекше қасиеттерін табу шығармашылыққа тән құбылыс деуге болады.

Оқушылардың ізденгіштік-зерттеушілік іс-әрекетіне тән сипаттар:

- оқушының алдына ізденуді жүзеге асыру қажеттілігін тудыру керек,
- іс-әрекеттің бастапқы кезеңі – оқушылардың алдына олардың әрекет жағдайын жаңаша талдап, оны жаңаша түсінуді талап ететін оқу міндеттерін қою,
- осы міндеттерді шешуді, яғни іздену іс-әрекетін ұйымдастыру, мұнда үлгі көрсетуге болмайды, сондықтан мұғалім оқушыларды іздену іс-әрекетіне тартуы қажет.Ол үшін мұғалім екі шартты орындау керек.

1) Мұғалім өзара ізденуге басқарушы болмай, шын мәнінде қатынасушы болу керек.

2) Ол оқушылар жүргізіліп жатқан ізденуді шын мәнінде жүзеге асыру керек, оларға дұрыс шешім көрсету керек.

К. Д. Ушинский: «Еріксіз көндірумен, күштеумен алған білім дамыған ақыл тудыра қояр ма екен?» - деген. В. В. Давыдов «Жеке тұлға негізінде шығармашылық бастау жатыр, жеке тұлғаның маңызы оның жасампаздыққа мұқтаждығына және қабілеттігіне байланысты» деп есептеген. Б. Д. Эльконин шығармашылыққа мынадай анықтама береді: «Шығармашылық – бұл ерекше тұрғыдағы жасампаздық, жаңадан жасалған нәрсе, бұрынғы нәрселердің механикалық қайталануы емес, өзінің соңғылығымен, біртумалығымен ерекшеленетін болса, өзін - өзі куәландыратын, дәлелдейтін болса, онда бұл нәрсені туғызған шығармашылық акт туралы сөз қозғауға болады».Ендеше, оқыту негізгі ерікті қызығушылық жағдайда болуы керек. Оқушылардың жаңа бір нәрсені ашуы: оқушы өзін белгілі бір жаңалықтардың авторы

ретінде сезінеді, бұл оған белгілі бір пән төңірегіндегі қызығушылығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта біздің елімізде білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі - дарынды балалар мен жастарға еліміздің баға жетпес ұлттық игілігі және негізгі интеллектуалды, шығармашылық әлеуеті ретінде қарап, оларды дамытуымыз қажет.Зерттеу жұмысымен айналысу - дарынды балаларды оқытудың негізі. Онсыз баланың потенциалды қабілетін ашу, дамыту мүмкін емес. Дарынды оқушының ізденушілік қасиетін қалыптастыруға оқушылардың ғылыми қоғамына және ғылыми жоба жарысына қатыстырудың маңызы зор.Оқушылардың ізденіс және шығармашылық дағдысын дамытудан күтілетін нәтижелер:

1. оқушыларды ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді;
2. оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады;
3. жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауға, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады .

Қорыта келгенде,әлемдік өркениетке бет алған бүгінгі қазақ елінің болашағы білімді ұрпақтың қолында екенін есімізден шығармауымыз керек. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімнің инновациялық іс- әрекетінің ғылыми педагогикалық негіздерін меңгеру маңызды мәселенің бірі. Оқушылардың шығармашылығын, ізденушілігін дамытып, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін, білімге деген ынтасын арттыруда әдіс- тәсілдерді жетілдіріп, дәстүрлі емес сабақ түрлерін әдістемелік тұрғыда дұрыс ұйымдастыруда барлық күш жігерімді жұмсауға тырысамын.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыс»Алматы 2003ж.
2.Балалардың дарындылығын диагностикалау.(Әдістемелік құрал)Ү.Б.Жексенбаева.
3.«Технология коммуникативного обучения иноязычной культуре» Пассов.Е.И.
4.«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» Джинни Л.Стил, Куртис С.Мередит,
5.«Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде» М.М Жанпейісова.
6. «Дамыта оқыту технологиясы» Тұрысбаева.А.
7. «Перспективные школьные технологии». Ксензова. Г.Ю Учебно-методическое пособие. Москва, 2011г.

ОРГАНИЗАЦИЯ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ

Нурпиисова Гулнур Куанышевна
КГУ «Общеобразовательная средняя школа им. Т.Г. Шевченко»

Целью системы образования является формирование личности, способной свободно ориентироваться, самореализовываться, саморазвиваться и самостоятельно принимать правовые решения, формирование высокообразованного и культурного человека.

От того, как ученик может применить знания, насколько он компетентен в широком внешкольном контексте, зависит его будущее самоопределение. Это не только умение

добывать и применять знания, это коммуникативные навыки, навыки самоконтроля и самооценивания, развитие творческих способностей.

Проблемы развития самостоятельности мышления учащихся в процессе обучения математике являются острой, еще не разрешенной проблемой методики математики.

Учитель должен уметь проектировать образовательный процесс, направленный на максимальную индивидуализацию обучения, усиление самостоятельного творческого начала в деятельности учеников, развитие исследовательской деятельности и социальной практики, научить детей учиться.

Мое внимание к данной проблеме обьясняется тем, что она играет весомую роль не только в деле общего образования, но и в подготовке учащихся к их дальнейшей трудовой деятельности. Она необходима для любого человека независимо от того, в какой области он будет работать после окончания школы.

Опираясь на свой опыт, я думаю, самостоятельность является одним из главных качеств учащихся и важнейшим условием их обучения. Самостоятельность формирует у учащихся движение от незнания к знанию, к приобретению необходимых умений и навыков для решения познавательной задачи. Развиваются такие качества, как настойчивость, увлеченность. И чем выше у учащихся уровень самостоятельности, тем эффективнее будет протекать их учебная деятельность.

Ведущими принципами своей педагогической деятельности считаю:

- принцип научности содержания и методов учебного процесса;
- принцип творческой активности и самостоятельности учащихся;
- принцип доступности обучения;
- принцип связи обучения с жизнью.

При обучении реализую не только информационную функцию, но и развивающую. Поэтому стараюсь не просто излагать знания, но и учить школьников мыслить, искать и находить ответы на поставленные вопросы, добывать новые знания, опираюсь на уже известные.

В своей работе ставлю следующие цели:

- обучающие: добиться усвоения всеми школьниками изучаемого материала на уровне обязательных программных требований к знаниям, умениям и навыкам;
- воспитательные: воспитывать такие черты личности, как трудолюбие, силу воли, настойчивость в достижении цели, любознательность, самокритичность, самооценку;
- развивающие: научить учащихся учиться, что будет способствовать продвижению их от одного уровня к другому, сформировать качества мышления, необходимые для полноценной жизни в обществе.

Исходя из поставленных целей, я определила следующие задачи:

- сформировать общеучебные умения, которые являются необходимым условием самостоятельного приобретения знаний и овладения системой знаний;
- улучшить учебную мотивацию и развивать познавательную активность;
- научить самостоятельности, трудолюбию, творчеству.

Под самостоятельной деятельностью учащихся я понимаю все виды деятельности, где школьники работают, мыслят сами. Главное создать в классе доброжелательную атмосферу, особенно во время выполнения самостоятельных работ.

В зависимости от целей самостоятельные работы делю на:

1)обучающие;2) тренировочные;3)закрепляющие;4) повторительные;5) развивающие;
6) творческие;7) контрольные.

Обучающие самостоятельные работы. Их смысл заключается в самостоятельном выполнении школьниками данных учителем заданий в ходе обьяснения нового материала. Цель этих работ- не контроль, а обучение, поэтому отвожу им много времени на уроке.

Задания составляются репродуктивного характера, проверяю немедленно и не ставлю плохих отметок. При изложении нового материала методом беседы побуждаю самостоятельно делать выводы. Иногда привлекаю учащихся, с творческим уровнем обученности, для обьяснение нового материала. После изучения и закрепления у доски определенного блока нового материала я предлагаю учащимся небольшую самостоятельную работу воспроизводящего типа. Учащимся раздаются карточки – опорные конспекты с основными теоретическими понятиями, алгоритмом решения и подробным решением одного из заданий и предлагается самостоятельно выполнить остальные задания.

Например: Найти наибольшее и наименьшее значения функции.

Алгоритм решения:

- найти производную функции;
- найти точки, в которых производная равна нулю или не существует;
- исключить критические точки, которые не входят в данный промежуток;
- найти значение функции в оставшихся критических точках и на концах отрезка;
- выбрать наименьшее и набольшее значения.

Образец решения:

$y = x^4 - 2x^2 - 3 \quad на [0; 2]$

1. $y' = 4x^3 - 4x$
2. $y' = 0, те. \ 4x^3 - 4x = 0$

$4x(x^2 - 1) = 0$

$4x(x-1)(x+1) = 0$

$x_1 = 0, \ x_2 = 1, \ x_3 = -1$

3. $x = -1 не входит в данный промежуток$
4. $y(1) = 1^4 - 2 \cdot 1^2 - 3 = -4$

$y(0) = 0 - 2 \cdot 0 - 3 = -3$

$y(2) = 2^4 - 2 \cdot 2^2 - 3 = 16 - 8 - 3 = 5$

5. $\min\limits_{[0;2]} y(x) = y(1) = -4$

$\max\limits_{[0;2]} y(x) = y(2) = 5$

Тренировочные самостоятельные работы практикую для закрепления математических знаний, для развития навыков и умений. Как правило, почти на каждом уроке отвожу некоторую часть учебного времени для самостоятельного выполнения учащимися каких-либо тренировочных заданий. При выполнении разрешаю пользоваться учебником конспектами, таблицами и т.п. Все это создает благоприятный климат для учащихся, находящихся на репродуктивном уровне усвоения материала. Они легко включаются в работу и выполняют ее. Тренировочные задания подбираю таким образом, чтобы были доступны для выполнения всеми учащимися, задания располагаю в порядке возрастания трудности и включаю одну-две для учащихся с творческим уровнем. Часто применяю задания, аналогичное тому, которые выполняли с моей помощью. Так, например, если коллективно выведены формулы приведения для углов от 0 до 180 градусов и выявлен общий метод получения этих формул, то вывод формул для углов от 180 до 360 градусов даю самостоятельно.

Закрепляющие самостоятельные работы показывают, насколько прочно, осмысленно усвоен учебный материал. По результатам проверки заданий определяю, нужно ли еще заниматься данной темой. Для таких самостоятельных работ задания беру из сборников дидактических материалов.

Перед изучением новой темы, я должна знать, подготовлены ли школьники, есть ли у них необходимые знания, какие проблемы смогут затруднить изучения нового материала, поэтому провожу повторительные (обзорные или тематические) самостоятельные работы.

Самостоятельные работы развивающего характера я, как правило, задаю на дом. Дети готовят доклады, сообщения о великих математиках, исторические сведения, изготавливают геометрические фигуры, рисунки на координатной плоскости, составляют задачи, выпускают газеты.

Большой интерес вызывают у учащихся творческие самостоятельные работы. Учащиеся применяют свои знания в новых неожиданных ситуациях. Например, участие в школьных и районных математических олимпиадах, республиканских конкурсах «Кенгуру», «Акбота», МАН и т.д.

Контрольные работы являются необходимым условием достижения планируемых результатов обучения. Провожу контрольные срезы, проверочные работы, контрольные работы, зачеты.

Одним из важных факторов, обеспечивающих самостоятельную деятельность, является самоконтроль. Считаю, что существует прямая зависимость между уровнем самостоятельности учащихся и навыками самоконтроля. Навыки самоконтроля начинаю формировать у учащихся с 5 класса, при проверке математических диктатов по образцу. Образец может:

-подаваться в виде полного решения;

-включать только промежуточные и конечные результаты;

-состоять только из конечного результата.

Проверка может осуществляться в форме:

-взаимопроверки работ соседей по парте;

-взаимопроверки работ соседей по варианту;

-самопроверки.

Наиболее высокий процент объективных оценок на начальном этапе обучения бывает при взаимопроверке соседей по варианту. Самый низкий- соседей по парте, т.к. обмен работ в этом случае приводит к перемене вариантов.

Самостоятельная работа является важным и обязательным этапом процесса усвоения знаний. Однако ее организация вызывает большие трудности. Здесь нельзя ограничиваться фронтальными воздействиями. Самостоятельные работы организую и в групповой, и в индивидуальной форме. Организация самостоятельной деятельности на уроках математики позволяет мне добиваться результатов обученности школьников:

-учащиеся владеют обязательным минимумом содержания образования;

-обучающиеся владеют конкретными математическими знаниями, необходимыми для применения в практической деятельности, для изучения смежных дисциплин, для продолжения образования;

-научены самостоятельной работе с учебником, дополнительный и справочной литературой, таблицами, умеют выделять в материале главное;

-пишут рефераты;

-участвуют во внеклассной работе по математике;

-развиты такие качества, как познавательная активность, упорство в достижении цели, самостоятельность.

Литература:

1. “Математика в казахстанской школе” республиканский научно-методический журнал.

2. Есипов Б.П.- Самостоятельная работа учащихся на уроках, М. Учпедгиз, 1961

3. Методика преподавания математики, 1980

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Нуртазина Жанат Магзомовна
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Ақтөбе облысы Алға қаласы
«№ 1 Алға мектеп-бақшасы» КММ

Әдебиет туралы ой-пікір , көзқарастар бұрыннан да теория жүзінде зерттеліп, кеңінен айтылып жүр. Көркем шығарманы оқып, танысып, мазмұнын ғана біліп қою жеткіліксіз. Оқушыларды кітап оқуға тарту үшін өмірмен байланыстырып, тарихи жағдайлармен ұштастырып, таныстырса, сол шығарманы әрі қарай оқу үшін талпынады. Кейіпкердің жан дүниесіне енетіндей көзқарас туындатып, оқушының қызығушылығын ояту мұғалімнің шеберлігінде. Сондықтан көркем шығарманы оқи отырып, сол оқиға көз алдына келетіндей тереңірек үңілу оқушыға ой тастайды. Қазақ әдебиеті сабақтарында тек мазмұнын ғана оқытып, меңгертіп қоймай, теория жүзінде көркем шығарманы тегіне, түріне қарай талдату, әдеби троп түрлерін үйретіп, жазушының жазу стиліне қарай әдеби тұрғыдан жұмыс жасап үйренсе, оқушының шығармашылық қабілеті де артады,

«Әдебиет – өмір айнасы» деп бекер айтылмаған. Өмірде, қоғамда болып жатқан оқиғалардың барлығы көркем әдебиеттен табылады. «Кітап жазу үшін мәлімет жинап, архивтің шаңын жұтып, әуре болмаймын. Кейіпкер өмірін алыстан емес, өмірде көрген-білгенімнен, басымнан өткенінен аламын» деп Бердібек Соқпақбаев атамыз айтқандай, жазушы көркем шығарманы дүниеге әкелу үшін, өмірде болған оқиғалардың төңірегінен алады. Әдебиет сабақтарында көркем шығармаларды талдатып үйрету бастауыш сыныптардан басталғанымен, жоғары сыныпқа келген кезде, әдеби троптың түрлері: айшықтау, ажарлау, көріктеу құралдарын тереңінен үйретіп, бірақ оқушыны жалықтырып алмайтындай, түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланып, тиімді жағын қарастырып үйрете білген жөн.

Қазіргі таңда білім саласында жиі қызу талқыға салынатын сұрақтардың бірі – «Балалар қалай оқып жүр?». Әрине, бұл – қай заманда болсын күрмеуі көп мәселе. Осы тұста А.Байтұрсынұлына жүгенсек, ол кісі: «…*әр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, онан соң басқаша оқытуға тиіспіз*», - деп тұжырымдаған екен [1.142]. А.Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде де теорияны терең мысалдармен түсіндіруге тырысады. Енді әдебиет сабағын оқыту кезіндегі пайдаланып жүрген әдіс-тәсілдерге тоқтала кетсем:

РАФТ

Бұл стратегияны «кейіпкерге хат» деп алса да болады. Формасын түрлендіруге мүмкіндік бар: хат, хабарландыру, жеделхат, өтініш, бұйрық, жарнама. Оқушы жұмысқа кіріспес бұрын мәтіннің мазмұнын жетік түсінуге тырысады, ол үшін оны бірнеше қайтара оқып, ой елегінен өткізеді. Рафт оқушылардың тілін дамытады, қиялын өрбітеді, өз ойларын қағаз бетіне түсіру арқылы эссе жазуға жетелейді, ресми іс қағаздары жөнінде түсініктері қалыптаса түседі.

Жуан-жіңішке сұрақтар:

Оқушылар мәтінмен жұмыс істей отырып, мәтін мазмұны бойынша өздері тың сұрақтар құрастырады. Бұл дегеніміз, оқудың барлық әдістерін меңгеру болып табылады. Өйткені,

оқушы алдымен қатесіз, түсініп оқуға тырысады, қойған сұрағына өзі жауап беруге дайын тұрады, басқа балалардың сұрақтарын мұқият тыңдап, сұрақ құрастырудың қиын жұмыс екенін біліп, ең үздік сұрақтарға ілтипат білдіреді.

Қос жазба күнделігі

Оқушы шығарманы толық оқып шығады, оқиғаларға, кейіпкерлерге байланысты өзіндік пікірін жазады, сөздік қоры молаяды, кейіпкердің жан дүниесін түсінуге тырысады. Осындай жұмыстар арқылы ең әуелі оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады, бір-бірімен пікір алмасып, сөздік қоры молаяды, еркін сөйлеу, өз ойларын жеткізе білу дағдылары қалыптасады, оқулықпен жұмыс істеуге, бір-біріне жүйелі сұрақ қоя білуге дағдыланады. Бұл кестедегі көрсеткіштер арқылы СТО технологиясының мүмкіндіктері негізінде оқушының ой-өрісінің қаншалықты өскенін аңғаруға болады.

«Өзіңізді тексеріңіз» әдісі

Бұл мәлімет ШЫНДЫҚ па немесе ЖАЛҒАН ба?

Өтілген мәтін бойынша мысалдар келтіріледі. Мысалдарды оқу кезінде оқушылар ол келтірілген мысалдың өтілген мәтінде бар, жоғын анықтайды.

Әдебиет сабақтарында кейіпкерлер бейнесіне талдатуда проблемалық сұрақтар қою маңызды роль атқарады. Кейіпкер іс-әрекеті арқылы оқушыға түрлі сұрақтар дайындау арқылы, проблемены дәл тауып, ізденіске, пікірталасқа жетелейтін сұрақтар қою керек. Осы арқылы жан-жақты оқушының ішкі ойын қозғайтын мәселені талқылып, содан кейін барып, тура және жанама мінездеуге көшуге болады. Автордың кейіпкер іс-әрекеті, адамдармен қарым-қатынасы арқылы нені айтқысы келгенін тапқызып, типтік образ туралы да осы жерле талдатып кетуге болады.

Көркем шығармаларды жанры ұқсас шығармалармен салыстыра оқыту да әдебиетке деген құлшыныстыарттырады. Мысалы: Шерхан .Мұртазаның «Тәуекел той» әңгімесі мен Сұлтанәлі Балғабаевтың «Тойдан қайтқан қазақтар» драмасын салыстыра отырып, талдатуға болады. «Тәуекел той» әңгімесінде кейіпкердің өмірдегі шынайы бейнесін әр қазақтың басынан өтіп жатқан жағдай екенін, той десе қазақтың ішкен асын жерге қоятынын , қарызданып, қауғаланып той жасап, артынан сол қарызынан құтыла алмай жүретінін керемет сипаттап жазған. Шашылып тәуекел етіп той жасайтынын айтса, «Тойдан қайтқан қазақтар» драмасында да ел басқарған басшылардың тойдан шығып, мастықпен басқа поезға мініп кетіп, жұрттың берекетін алғандығын, саудагер мен билетсіз жолаушы арқылы бүгінгі қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың сарқыншағы әлі де бар екенін тілге тиек еткен. Осындай ұқсас шығармаларды да талдату арқылы оқушыға әдебиеттің өмірден алынатынын терең түсіндіруге болады.

Әдебиет сабақтарында қолданылатын жазылым жұмысының бірі - сыни пікір. Шығармамен танысып, жан-жақты талдап болған соң, өзіндік пікір қалыптастырып, шығармашылық жұмысқа баулу мақсатында , белгілі бір туындыға қатысты сараптамалық баға бергізіп, сын жаздыруға болады.

-Жазушының орнында болсаң қалай шығарманы дамытар едің?

- Кейіпкерді сипаттауда қаншалықты көркемдегіш тәсілді қолдана алған?

- Авторға қандай сын айтар едің? – деген сияқты сұрақтарды қамту арқылы оқушыға сыни мақала немесе шағын рецензия жаздыруға болады.

Қорыта айтқанда, оқу үрдісінде оқытудың озық технологиясын қолдану, оны түрлі әдіс – тәсілдер арқылы меңгерту - бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Сондықтан да біздің мектептің мұғалімдері үнемі ізденіс үстінде. Олар заман талабына сай, оқушылардың білімін тереңдету үшін, әдебиетке деген қызығушылығын арттыру үшін көп еңбек етуде, әр сабақта түрлі белсенді әдістерді пайдалана отырып жұмыс жасайды.

Жоғары білім деңгейін көрсету мақсатында сабақта тиімді әдістерді көбірек қолдану керек, сабақ барысында көрнекіліктер дұрыс пайдаланылса, оқушылар сабаққа

саналы және белсенді түрде қатысады, алған білімде берік болады. Сондықтан да оқушылардың білімін арттыру үшін сабақта жана әдіс – тәсілдерді кеңінен қолдана білу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қажым Жұмалиев «Әдебиет теориясы»
2. Зейнолла Қабдолов «Сөз өнері»
3. Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш»
4. Сыныпта АКТ пайдалануға арналған негізгі тәсілдердің 101 тізімі

«КНИГА И ЕЁ РОЛЬ В ЖИЗНИ СОВРЕМЕННОГО ШКОЛЬНИКА»

Нуртуякова Жаннат Агадиловна
Учитель русского языка и литературы
Алгинская школа – сад № 1

В настоящее время современные технологии все быстрее внедряются в повседневную жизнь. Развитие интернета, социальных сетей, разнообразных сайтов, пестрящих последними новостями и событиями, отобранными и тщательно отфильтрованными, полностью заменили книги. К сожалению, Казахстан перестала быть самой читающей страной. А ведь еще совсем недавно книга являлась первоисточником знаний и информации. Сейчас, чтобы узнать о том, что происходит в мире достаточно открыть страничку в интернете.

Интеллектуальное, нравственное и эмоциональное развитие школьника напрямую зависит от получаемой им информации. Отношение к чтению стремительно меняется и вовсе не в лучшую сторону. Всё чаще можно услышать такие высказывания, как: «Может ли компьютер или планшет заменить книгу?» или «Дети не хотят читать классику, да и вообще читать!» В век развития таких благ цивилизации, как компьютеры, телевидение, интернет и другие средства массовой информации всё реже можно увидеть школьника с книгой. Всё это приводит к снижению интереса детей к чтению.

Развитие грамотности ребёнка начинается еще с момента формирования в утробе матери и рождения. Ученые считают, что ребенок приобретает навыки чтения задолго до того, как учится говорить и строить осмысленные, связные предложения. В дошкольный период дети приобретают знания и навыки, которые затем служат им базой, являются для них основными в процессе обучения в школе. И лучший способ для этого, конечно, чтение. Альберт Эйнштейн говорил, чтобы сделать наших детей умнее, мы должны читать им сказки, а если мы хотим сделать их ещё умнее, нужно читать ещё больше сказок.

Научно доказано, что польза от чтения стоит наравне с пользой от спортивных упражнений, так как при чтении литературы человек упражняет весь мозг, организм задействует все механизмы, которые тренируют познавательные способности мозга. Школьник, оторвавшийся от телевизора, планшета, компьютера и взявший в руки книгу, получит не просто удовольствие от чтения. В ходе этого процесса развиваются мышление, воображение, память, обогащается словарный запас, ребёнок научится чётко и логично выражать свои мысли, принимать чужие идеи, сопереживать героям книг.

Так зачем же нужно читать современным школьникам?

Книга снижает стресс. Богатство и ритм языка успокаивают психику и избавляют организм от стресса. В условиях большой нагрузки детей в школах, а также на занятиях в кружках и секциях, школьникам нужно иметь сильный, стрессоустойчивый организм.

Чтение защищает от болезни Альцгеймера. Когда вы читаете, активность мозга увеличивается, а это благотворно сказывается на его состоянии.Чтение придает уверенности. Чтение книг делает нас более грамотными. Когда в разговоре мы демонстрируем глубокое знание того или иного предмета, то невольно ведем себя более собранно. Признание окружающими эрудиции положительно влияет на личную самооценку. Улучшает мозговую активность. При чтении мы представляем много деталей: персонажей, окружающие их предметы. Поэтому необходимо запоминать множество вещей, которые нужны для понимания книги. Вот почему чтение тренирует память и логику.

К сожалению, в настоящее время современные подростки забывают о книгах. Они уверены, что телевидение и интернет могут их легко заменить, а о пользе чтения они вовсе не думают. Они убеждены, что игра в планшете несколько часов намного интереснее и веселее, чем чтение какого-либо рассказа или повести. Но разве это правильно? Никогда компьютер или даже электронная книга в планшете не заменит ощущение книги в руках, запаха новой, только что снятой с полки магазина книги. Некоторые люди покупают книги ради этих ощущений, эстетического удовольствия. Что как не чтение любимого автора или захватывающего сюжета избавляет нас от повседневной суеты, уносит совсем в другой мир, позволяет забыть о насущных проблемах и расслабиться.

Знакомство с лучшими образцами литературы способствует улучшению понимания себя и других, расширяет представление о мире, углубляет восприятие, развивает чувство юмора, которое просто необходимо каждому человеку. Если ребенок с детства приучен читать, то это остается с ним на всю жизнь, в любых жизненных ситуациях у него всегда будет надежный и верный друг – книга, которая отвлечет от грустных мыслей, поможет совершить путешествие в удивительный мир книжных героев, подскажет ответ на мучающий вопрос, успокоит, развеселит. Авторитет книги для ребенка необычайно велик. Ей он верит беспредельно. Значение книги в жизни человека огромно. Однако педагоги и психологи констатируют, что дети, едва научившись читать в начальной школе, к седьмому – восьмому классу читают все хуже и хуже. Замедленность процесса чтения, отсутствие интереса к чтению приводит к тому, что процессы интеллектуальной деятельности тоже замедляются. Ребята медленнее прочитывают условие задачи, упражнения, забывают его суть прежде, чем начнут выполнять. Многие термины и понятия, о которых они должны иметь представление в этом возрасте, им просто неизвестны и неинтересны.

Компьютеры, телевизоры, планшеты с каждым днём сильнее и сильнее пытаются вытеснить книгу из способов развлечения и отдыха, но пока им это не удалось и хочется верить, еще долго не удастся. Книга была и остаётся тем «золотым ключиком», овладев которым, школьник получает доступ ко всем тайнам мироздания.

Таким образом, положительное отношение к книге, к процессу чтения, воспитанное в школьном возрасте, станет фундаментом успешного обучения ребенка.И книга станет добрым другом, советчиком и помощником ребенка на протяжении всей жизни.

Литература:

1. Петрова Е.В. «Интерес к чтению: как его пробудить».
2. Романичева Е.С. «Не потерять школьника как читателя».
3. Павлова Т.В. «Книга в жизни ребенка».

ЖЕКЕ ТҰЛҒА ЖӘНЕ ХИМИЯ ТІЛІ

Нұрғалиева Алтынай Жалеловна
Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қарасу негізгі мектебі

Қазіргі кезде Қазақстан педагогика ғылымында адам проблемасының даму тарихына жан-жақты зерттеулер жүргізілуде. Педагогикалық зерттеу нысанасы жеке тұлға болғандықтан оның проблемаларының қарастырылуы педагог ғылымдардың ғылыми еңбектерінде үлкен орын алады. Соңғы уақытта ғылымның назарын аударған мәселелердің бірі – шығармашылық қабілетті, білімді, өзгермелі ортаға сай бейімделгіш, рухани бай жеке тұлға бейнесін қалыптастыру. Қоғамның барлық жетістіктерімен қатар келеңсіз жағдайларының дамуы адам әрекетіне байланысты болғандықтан бұл мәселе – мейлінше көкейкесті, әрі маңызды.

Мемлекет пен адамның даму тенденциясы мен перспективасы тығыз байланысты. Соған орай өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен білім беру заман талабына сай оларда құндылық бағдарын, көзқарасын, белсенділігін, т.б. қалыптастыру үлкен рөл атқаратын, өткен уақытта және қазіргі кездегі жайын салыстырып, болашақтағы XXI ғасырдың жеке тұлға моделін жасау маңызды және өзекті мәселе. Еліміздің президенті Н.Ә.Назарбаев «... біз құрып жатқан қоғамның ең жоғары құндылығы – адам, бүкіл өзгерістердің бәрі сол үшін, соның игілігі үшін жасалып жатыр ...» демекші, барлық үрдістің басты себепшісі, жүргізушісі адам. Қоғамдық құрылысты жеделдетіп, елді өркендеткенге қажет экономикалық тұрғыдан еркін ойлау қабілеті мен өзбетінше әрекет жасай алатын, жан-жақты білімді жеке тұлғаның орны елеулі.

Қазіргі білім жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі – жеке тұлға, оның даралығын дамыту, оның табиғи дарындылығы мен қабілетін ашуға және қалыптастыруға қолайлы жағдай жасау мәселесі. Осы орайда химия тұлғаны қалыптастыруда химия тілінің рөліні ерекше.

Химиялық тілді оқытуға білгілі бір әдістемелік көзқарастар қалыптасқан.

1. **Грамматикалық мағыналық көзқарас.** Мұнда, әсіресе, оқушыларды оқытуда формулалар мен теңдеулер құруға және аз ғана мөлшерде олардың мәнін бір мезгілде заттарды алудың тәсілдері мен химиялық қасиеттерін дәлелдеу үшін химиялық символиканы қолдану мәнін ашуға көңіл бөлініп отыр.
2. **Семантикалық көзқарас.** Оқу материалын баяндаудың мынадай жолын ұсынады: химиялық символика мазмұнының барлық негізгі жақтары; семантикалық, синтаксистік және прагматикалық ашылады.
3. **Ұғымды-қызметтік.** Ол негізгі ұғымдар қалыптастыруға, оқушылардың белсенді ұғымды-теориялық қызметін дамытуға химиялық символиканы пайдалануға бағытталған.

Сондай-ақ қазіргі оқытудың негізгі функцияларын жүзеге асыруда химиялық символика мен номенклатураның дидактикалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру мұнымен ғана шектелмейді. Олар толықтай химияны оқыту үрдісінде ғана, оқушылардың жан-жақты және көп түрлі қызметінде көрінуі мүмкін. Бұл химиялық символика мен номенклатураны қолдануға көптеген әдістемелік ықпалды талап етеді, ол оқытудың рөлін күшейтеді: оқушылардың химиялық символика мен номенклатураны меңгеруінде жаңа әдістемелік негіз ретінде функционалды-қызметтік көзқарасты таңдап алынды.

Жеке тұлғаның қалыптасуына күшті әсерін тигізетін химиялық символиканың әдістемелік, эвристикалық және коммуникативтік функцияларын жүзеге асыру оқушылардың білім меңгеру деңгейін қамтамасыз етеді.

«Шынайы білім фактілерді білуден емес, оларды дұрыс қолдана білуден құралады», – дейді Г.Бокль. Бүгінгі күнгі білім беру жүйесінің негізгі бағыты оқушылардың білімі мен іскерлік дағдыларын кеңейту, олардың мәдениеттілігін арттыру, қабілеттерін, шығармашылық мүмкіндіктерін, жеке даралығын, гуманистік құндылық жүйелерін қалыптастыруды мақсатты түрде дамыту болып табылатын әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған. Туған тілінің бай қазынасын игеріп, грамматикасын терең меңгерген білім алушы қоғамның кез келген саласында қиналмай қызмет етіп, өзінің функционалды сауаттылығын көрсете алады. Себебі білім алушылардың берілген білімді игеруі мен іске асыру қабілеті, ойының дәлдігі, өмірге көзқарасының қалыптасуы, өз бетінше білім алуға дайындығы, басқа ғылым негіздерін меңгеру нәтижелері сауаттылық деңгейіне байланысты болғандықтан бүгінгі күннің мәні мен маңызы зор өзекті мәселелерінің бірі – оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері арқылы білім алушының функционалдық сауаттылығын дамыту.

Функционалдық сауаттылық – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни жасына қарамай бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына ілесуі, мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Яғни, оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан

Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Жай сауаттылық – адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндерді құру және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындауы болса, фукционалды сауаттылық – тұлғаның нақты мәдени ортада өмір сүру қызметін іске асыру үшін қажетті және әлеуметтік қатынаста ойдағыдай қызмет етуін қамтамасыз ететін білімі, ептілігі, дағдылары.

Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

-белсенділік;

-шығармашылық тұрғыда ойлау;

-шешім қабылдай алу;

-өз кәсібін дұрыс таңдай алу;

-өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін – білім. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Осы тұрғыда әр пән мұғалімдерінің оқыту әдістерін, жаңа технологияларды таңдап пайдалану және авторлық үлгілерді қолдану мүмкіндігі берілген. Отандық әдіскер ғалымдар жасақтаған «Модульдік оқыту технологиясы» (М.Жанпейісова), «Деңгейлік тапсырмалар» (Ж.Қараев), пән сабақтарына арналған «Сатылай кешенді талдау» (Н.Оразақынова) және тағы да басқа технологиялары мұғалімдердің қызығушылығын арттырып, оқу үрдістеріне кеңінен ендірілуде. Оқыту әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке айналдыру – мұғалімнің әдіскерлік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты. Деңгейлеп оқыту технологиялары баланың жеке мүмкіндігіне бағытталған. Л.Выготский, В.Давыдов, Д.Эльконин, тағы басқа ғалымдар осыны түбегейлі зерттеп, оқыту мен даму арасындағы тығыз байланысты анықтаған. Ж.Қараевтың «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» технологиясы оқушылардың жеке қабілеті мен мүмкіндіктеріне, қызығушылығына, психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім деңгейіне жетуіне жетелейді. Ұлттық жоспардағы функционалдық сауаттылықты дамытудың төрт негізгі тетігін нақтылап түсіндіре кетейін: Бірінші тетік: – оқыту методологиясы мен мазмұнын түбегейлі жаңарту. Атап айтқанда, педагогтарды даярлау мен біліктілігін арттыру, оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тағы басқа салаларда ілгерілеушілік байқалады.Екінші тетік – оқу нәтижелерін бағалау жүйесін жаңарту. Яғни, функционалдық сауаттылықты дамыту білім – түсіну – қолдану – жүйелеу және жинақтау сияқты өлшемдер бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдерін біртіндеп мектеп өміріне енгізу. Үшінші тетігі – балаларды оқыту мен тәрбиелеуге ата-аналардың белсенді қатысуы. Ата-ананың борышы бала бойына жас кезінен адами құндылықтарын дарытып, саналы өмір сүруге баулу. Ата-ана баласының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін мұғалімдерімен тығыз байланыс жасау керек. Төртінші тетік – қосымша білім беру жүйесін дамыту..

Біздің еліміздің негізгі тірегі – зияткерлік ұлт мүмкіндігі. Сондықтан да біздің балаларымыздың сапалы білім алуы маңызды. Оқушылардың мектепте алған білімін қоғамдық — әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне басымдық берілуі тиіс. Мұндай жаңа міндеттерді мұғалімнің кәсіби санасының өзгеруінсіз, кәсіби құзіреттілігінің өсуінсіз ескі психологиямен, ескі әдістермен, ескі біліктілік арттыру жүйесімен шешу мүмкін емес. Олай болса қоғам – жаңалыққа жаны құмар, жаңаша ойлайтын, өзгермелі өмірге икемделіп қана қоймай, оны жағымды жаққа өзгертуге белсенді қатысатын ұстаздарға мұқтаж.

Сапалы білім беру мақсатында тиімді әдіс-тәсілдерді ізденіспен пайдалану – ұстаз алдына қойылып отырған уақыт талабы. Ю.К.Бабанский: «Сапаны арттыру – нақты жағдайдағы кез келген шешімнің ең тиімді нұсқасын таңдау» деп атаған болатын. Өз білімінің нәтижесінде оқушы бойында сын тұғысынан ойлау, білімін шығармашылықпен пайдалана білу, зертеушілік дағдылары, АКТ дағдылары, топта және жеке жұмыс істей білуі, тілдік дағдылары, қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары қалыптасады. Мектеп бағдарламасына кіріктірілген пәндерді енгізу оқушының жалпы дамуына және тақырыпты сабақта тереңірек зерттеп, әлем туралы тұтас ұғымының қалыптасуына септігін тигізеді. Пәнаралық байланыс негізінде кіріктіре оқыту идеясы Я.А.Коменскийден басталады. Ұлы дидакт: «Бір-бірімен байланысы бар заттар, сол байланысты көрсетіле отырып оқытылуы қажет», – деген болатын. Қазіргі таңда кіріктірілген бағдарламалар оқу-тәрбие процесін технологияландырудың бірден-бір шарты болып табылады. Дамыған елдердің білім беру жүйесінде мынадай тенденциялар байқалып отыр: білім беру философиясы мен әдіснамасының жаңаруы. Қазақстан Республикасының Президенті: «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары. Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан жүктелетін міндет өте ауыр»,- деген болатын. Осы ғылым мен білімнің негізін тереңдету нәтижесінде ғана еліміз өзінің елдігін басқа елдер алдында көрсете алады.

Ел тағдыры, оның келешекте кемелді ел болуы мектептің қандай негізде құрылуына байланысты болған. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Педагогтің сабақ өту шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастыруы, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Ендеше, өз мамандығын толық меңгерген жоғары деңгейлі оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абырой, яғни үмітінің ақталғаны, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені.

ГИДРОСФЕРА

Ордабаева Жұлдыз Бақытқызы
№4 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі

Қысқа мерзімді жоспар

Бөлім:	**3 Физикалық география** **3.4 Гидросфера**
Педагогтың аты-жөні	Ж.Б.Ордабаева
Күні	
Сыныбы	9
Сабақтың тақырыбы:	Су ресурстарының экологиялық проблемалары
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	9.3.3.4 жергілікті компонетті қосымша қамту негізінде су ресурстарының экологиялық проблемаларын талдап, шешу жолдарын ұсынады
Сабақтың мақсаты (бағалау критерийлері)	**Сынып оқушылары үшін:** -Су ресурстарынан туындайтын экологиялық мәселелерді біледі.

	- Жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде су ресурстарының экологиялық проблемаларын зерделейді. - Су ресурстарының экологиялық проблемаларын шешу жолдарын ұсынады. -Су ресурстарының экологиялық проблемаларын талдайды. *ЕББҚЕ оқушы (тірек-қимыл қозғалысы зақымданған оқушы.)
Ойлау дағдыларының деңгейі	**білу,түсіну,қолдану және жоғары деңгей дағдылары**

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту. 5 мин.	**Қызығушылықты ояту үшін жұптастыру.** • Суреттердің қиындыларын біріктіріп, жұптасып бірігеді; • Әр қатарға 3 топқа бөлінеді **(Ұ)** ***Сабақтың тақырыбына шығу.*** ***"Стоп кадр" әдісі.*** Оқушылар " **Су ресурстарының экологиялық мәселелері**" туралы бейнематериалды тамашалайды."Стоп кадр " әдісін қолданып видеоны тоқтату арқылы әрі қарай әр оқушы өз ойын жеткізіп, жалғасын болжайды. Ендеше, бүгінгі сабақтың тақырыбы**: "Су ресурстарының экологиялық проблемалары."** Сабақтың оқу мақсаты: 9.3.3.4 жергілікті компонетті қосымша қамту	1. Оқушы өз жұбын табады, суреттерді біріктіреді, топтарға бөлінген әр қатарға отырады.. 1.Ойыл өзені 2. Жем өзені 3.Елек өзені *ЕББҚЕ оқушы жұптасып өз қатарына орналасады. Бейнежазбадан көрген білімдерін әрі қарай жалғастыру мақсатында мұғалім сұрақ қояды, оқушылар жалғасын болжайды. **Сұрақ:** Оқушылар бейнежазба не туралы?Бейнежазбадан не көре алдық?	**Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп,** талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.	Су ресурстарының ластануы бейнежазба https://youtu.be/HFwl-r-wRI

	негізінде су ресурстарының экологиялық проблемаларын талдап, шешу жолдарын ұсынады			
Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. 25 мин.	**(ТЖ) 1-тапсырма** Оқулықпен жұмыс.Оқулықтағы меңгерген білімдерін пайдалана отырып **"Фейшбоун "** әдісі арқылы берілген тапсырмаларға талдау жасап,шешу жолдарын ұсынады. **Фейшбоун әдісі(балық қаңқасы)**	**(ТЖ) 1-тапсырма** Оқулықтағы мәтінді оқып танысып шығады, берілген сұрақты топпен талдай отырып балық қаңқасына мәтіннің тақырыбын, проблеманың туындау себептерімен салдарын және шешу жолын ұсыну қажет. **1топ** Жергілікті жердегі су ресурстарының ластану жолы. **2топ** Арал теңізінің қасіреті. **3топ** Каспий теңізінің қазіргі ахуалы. ***ЕББҚ оқушылар үшін:** оқулықтағы мәтінмен танысып, топтағы оқушылармен біріге отырып су ресурстарының проблемаларын талдап,сипаттайды. ***ЕББҚ оқушылар үшін** Дескриптор: Жалпы - 4 балл Еліміздегі су ресурстарының экологиялық проблемаларын сипаттайды. **Дескриптор: Жалпы - 4 балл** - Жергілікті жердегі су ресурстарының экологиялық	Топтың ішінде өзара бағалау.	9 сынып оқулығы Алматы кітап баспасы,2019 . Автор: Р.Ә.Қаратабанов, А.А. Саипов. (149-153б) Балық қаңқасы, флепчарт, маркер. 

		проблемаларын анықтайды. -Экологиялық мәселелердің себептерін анықтайды. - Экологиялық мәселелердің салдарын талдайды. - Экологиялық проблемаларды шешу жолдарын ұсынады.		
7мин	**ЖЖ 2-тапсырма** **Кинометафора әдісі** арқылы оқушыларға жергілікті жердегі Жем өзенінің экологиялық проблемасы бейнеленген бейнежазба көрсетіледі.Бейнежазбадан алған білімдерін пайдалана отырып "5 минуттық эссе" әдісі бойынша өз ойларын жазады.	**ЖЖ 2-тапсырма** Жем өзенінің экологиялық проблемасын бейнежазбадан көреді; Алған білімдерін пайдалана отырып 5 минуттық эссе жазады. Эссеге критерилер: 1. «Мен» сөзімен бастау. 2.10-12 сөйлем . 3. Нақты деректер қолдану. 4. Жем өзенінің болашағына болжам жасау, шешу жолдарын ұсыну. ***ЕББҚ оқушылар үшін:** Жем өзенінің экологиялық проблемасын видеороликтен көреді, алған білімін пайдалана отырып 5 минуттық эссе жазады. ***ЕББҚ оқушылар үшін** Дескриптор: Жалпы - 3балл - Жем өзеніндегі экологиялық мәселелердің туындау себебін сипаттайды. **Дескриптор: Жалпы -3балл**	Өзін өзі бағалау.	Жем өзенінің тартылуы нағыз экологиялық апатқа әкелуі мүмкін.бейнежазба https://youtu.be/9Lnu7eL8p2s

		-Жергілікті жердегі Жем өзеніндегі экологиялық мәселелердің туындау себебін зерделейді. - Жергілікті жердегі Жем өзеніндегі экологиялық мәселелердің шешу жолдарын ұсынады.		
Сабақтың соңы Қорытынды Рефлексия 8мин	**№3 тапсырма (ЖЖ) Кескін картамен жұмыс** Еліміздегі экологиялық тұрғыдан ластанған жеті нысанды кескін картаға белгілейді. Кері байланыс: **«Ойды жалғастыр»** тәсілі бойынша:	Алған білімдеріңізді пайдаланып, жұптаса отырып Еліміздегі экологиялық тұрғыдан ластанған жеті нысанды кескін картаға белгілейді. ***ЕББҚ оқушылар үшін:** берілген тапсырма бойынша жұптаса отырып кескін картаға еліміздегі 7 негізгі экологиялық мәселелерді түсіреді. ***ЕББҚ оқушылар үшін** Дескриптор: Жалпы - 3 балл - Еліміздегі су ресустарынан туындаған экологиялық мәселелерді анықтайды. **Дескриптор: жалпы - 3 балл** - Еліміздегі су ресустарынан туындаған экологиялық мәселелерді анықтайды.	Жұптық бағалау	 Атлас карта, кескін карта.

		«Ойды жалғастыр» тәсілі бойынша		

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА САНДЫҚ БІЛІМ РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Орынбаева А.А
Ақтөбе қаласы, Мұзафар Әлімбаев атындағы
Ақтөбе қаласының №25 жалпы білім беретін орта мектебі

Оқытудың жаңа парадигмасына өтудің тетігі оқытудың тиімділігін батыл арттыру мен *жаппай* сапалы білім беруді қамтамасыз ететін педагогикалық және ақпараттық қатынастық технологияларды ұштастыру негізінде электрондық оқыту болып саналады. 2011-2020 жылдары Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының басым бағыты болып электрондық оқыту мойындалған.

Сандық білім беру ресурстары білім беру мазмұнын анықтайтын электрондық оқыту жүйесі компонеттерінің бірі болып табылады. Білім берудің жоғарғы сапасын қамтамасыз ету үшін, оқу үдерісінде өскелең ұрпақтың сандық білім ресурстарын белсенді қолдану, бүгінгі таңда берілген бағдарлама аясындағы педагогикалық қоғамдастықтың алдында өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Сандық білімдік ресурстарды педагогтар сабақ жүргізу үшін де, оқушылар оны өз беттерімен сабаққа дайындалу үшін және анықтамалық материалдар ретінде пайдалана алатын болады.

Осындай сандық технологияның дамыған уақытында болашақ ұрпаққа заман талабына сай білім беру біздің алдымыздағы басты міндетіміз.

Әрбір мұғалімнің алдына келген оқушының ойлау қабілеті әртүрлі болады, мәселен кейбірі шапшаң ойлап, жылдам жұмыс атқарса, кейбірі оқу материалын баяу қабылдайды. Мұғалімге мұндай оқушыларға тапсырманы қайта ыңғайлап қарастыруға тура келеді. Осы тұста жаңашыл мұғалімнің іс- тәжірбиесінің ерекше тұсы- оның сабақты түрлендіріп жүргізіп, оқушы жүрегінен жол таба білуі. Оны жүзеге асырудың бір жолы- заман талабына сай цифрлық технологияларды тиімді қолдану. Қазіргі таңда ұстаздарға әдістемелік тұрғыдан қолдау көрсету мақсатында түрлі білім беру платформалары (smk.edu.kz, cpm.kz, bilimland т.с.с), интернет ресурстары бар. Қашықтықтыан оқыту кезеңдері де мұғалімді көп ізденуге, соның ішінде сандық ресурстарды тиімді, белсенді түрде пайдалануға төселдірді деп те айтуға болады.

Қазақ тілі пәні сабақтары негізгі үш бөлікті құрайды. Олар: кіріспе, негізгі, қорытынды.

Кіріспе бөлімін алсақ, біз оқушы зейінін аудару, қызығушылығын оятуға бағытталған жаттығулар қарастырамыз.

Бұл кезеңде :

1. Қарастыратын тақырып бойынша үйренушілер бұрынғы білімдерін есіне түсіреді;

2.Үйренушілер белсенді әрекеттерге жұмылдырылады;

3.Үйренудің мақсаттарын айқындау арқылы үйренушілер ойлау жұмысына ынталандырылады [3].

Мен бұл ретте classtools.net, ***learningapps.org*** сайттарын пайдалануға кеңес беремін.

Сабақтың негізгі бөлімінде виртуалды тур, зертханалар, **youtube.**

Каналдары арқылы керекті бейнематериал, сонымен қатар, **powerpoint. Canva** , **movavi** бағдарламаларын пайдаланамын.



Wordwall бағдарламасы арқылы түрлі интерактивті тапсырмаларды түрлі шаблондарды қолданып құрастыруға болады. Мұндай тапсырмалар түрлі әдістер негізінде оқушы білімін анықтауға және оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыруға тиімді.





Мәтінмен жұмыс барысында көп жағдайда жаңа сөздерді меңгеріп, практикалық тұрғыда қолдануға жақсы көмегі тиетін **Quizlet** бағдарламасына жүгінуге болады себебі , сөздерді әр түрлі жаттығулар арқылы естеріне сақтап, қолдануға мүмкіндік береді

Оқушы білімін тартымлды түрде тексеру үшін **kahoot** бағдарламасын белсенді түрде пайдаланамын, бұл викториналарды орындауда бастауыш,орта,жоғары буын оқушылары

бірдей қызығушылық танытады, сабақтың барлық кезеңінде қолдануға болады



Тіл үйретудегі жалпы сандық ресурстардың мүмкіндіктері осы күнге дейін толық зерттелді деп айтуға болмайды, алайда заман алға жылжыған сайын сол мүмкіндік кеңейіп, көп жаңа жетістіктерге әкелетіні сөзсіз. Осы бағытта өз білімімді жетілдіру мақсатында 72 сағаттық GAIAMAT oniine school курсын оқып шықтым, сонымен қатар On-skills бағдарламасы бойынша «Как проводить онлайн уроки и организовывать цифровое сотрудничество»тақырыбындағы вебинарға қатысып сертификат алдым. Сандық білім ресурсы мұғалімді алмастыра алмайды, бірақ мұғалімге қосымша материалдарды ұсынады, яғни сабақ мазмұнын ақпараттық коммуникациялық технологиялардың жаңа мультимедиялық мүмкіндіктерімен толықтыруға, оқушылардың назарын аса маңызды оқу тақырыптарына аударуға, қажет болған жағдайда оқушылардың назарын зерделенген көріністердің ерекшеліктеріне шоғырландыруға, оны көрнекі түрде көрсетуге, сабақтың мазмұнын қоғамда болып жатқан өзгерістермен, өмірлік тәжірибелермен, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарымен және т. б. құбылыстармен байланыстыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиет

1.Жалпы орта білім беру мекемелеріндегі электрондық оқыту жүйесі үшін цифрлық білімдік ресурстарды дайындау стандарты (www.nci.kz)

2. https://quizlet.com/quizlette5939261

3. https://create.kahoot.it/my-library/kahoots/bab05b22-b07a-41b9-bb1b-ec816b0abb5a

4. https://learningapps.org/24855101

5. https://wordwall.net/teacher/10127552

«ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ» ПӘНІНДЕ ҰСАҚ ЖАНРЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ

Отаралина Амангүл Ғабитқызы
№4 Алға орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Ұсақ жанр дегеніміз – бір-екі сөйлем немесе бір шумақ немесе іштей сөз үйлесімділігі сақталған,бір леппен айтып шығаруға болатын, тәлім-тәрбиелік қызмет атқаратын, дербес те, сөйлем ішінде де қолданыла алатын және ел ішінде кең таралған ғибратты сөздер.Ұсақ жанрлардың авторының белгілі немесе белгісіз болуы - жанрдың тұтастығын айқындауға нұқсан келтірмейді.

Бұларға мақал-мәтелдер,жұмбақ, жаңылтпаш,аталы сөз, қанатты сөздер,ырым,тыйым, болжам сөздерді жатқызуға болады.Сондай-ақ,қазақтың бата,тілек,алғыс сөздерін де осы талапқа сәйкес келетіндерін сараптап қосуға болады.Менің жеке пікірім, аталмыш пәнімізде кездесіп жүрген басқатырғыштарды(ребус,сөзжұмбақ)тест ойындарды да қосуға болар еді.Олардағы жұмбақталған сөйлемдер тапқырлықты қажет ететін тәрбиелік-танымдық мәні бар ұсақ жанрларға сәйкес келетіндігі мені осындай ойға жетектеп отыр.

Ұсақ жанрларға жоғарыда атап өткен - мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаштарды зерттеушілеріміз ешбір қарсы жауаптарсыз қосып келе жатыр.Ұсақ жанрларға жақын болғанымен,толықтай қосуға келе қоймайтын жанр түрлері де бар.

Бата – қазақ халқында үлкендердің кішілерге дастарқан басында үй иелеріне айтылатын ақ тілек.Батаның ұсақ жанрларға қысқа яғни, ықшам түрлері жатады.

Тілек сөздер де батаның бір түрі.Тілек сөздерді үлкендер де, жасы кішілер де өз деңгейіне қарай айтады.Тілек сөздердің де ұсақ жанрларға қысқа түрлері кіреді.

Қазіргі таңда білім ордаларында ұсақ жанрларды пайдаланудың тиімділігі бастауыш сыныптарда жоғары деңгейде десек қателеспейміз.Бастауыш сынып педагогтері ұсақ жанр терминдерінің аражігін анықтап, өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыстанып оң нәтиже алып отыр.Мәселен,нақыл сөздер ұсақ жанрға жататын мақал,мәтел және аталы, қанатты сөздердің жиынтығын құрап,атауын білдіреді.Сондай-ақ, нақыл сөздерге авторы белгілі сөздер де, белгісіз сөздерде жатады. Педагогикалық тұрғыдан осы ұсақ жанр түрлеріне түсіндірме үлгілерін нақты ережеге сүйене отырып ұсынамын.

Мақал – нақыл сөздің бір түрі.Өмір құбылыстарын типтендіретін, көбінесе екі тармақтан құралып,алдыңғысында шарт не жалпы пайымдау, соңғысында қорытынды, түйінді пікір айтылатын,өте ықшам халықтық поэтикалық жанр.Авторы белгісіз.

Мәтел – негізгі ойды тура айтпай, көбінесе тұспалдап көрсететін, эмоционалдық-экспрессивтік қызмет атқаратын,ойға үстеме мағына беретін, өте ықшам жанр.Мақалдың бір бөлігі .Оның да белгілі **авторы** болмайды.

Аталы сөз – терең ой мағынасын бірер сөйлемге сыйғызып берген белгілі автордың мақал тектес ұтымды да ұтқыр сөзі.

Қанатты сөз – аталы сөздің кейбір ұтымды қайырымдарының жекелеген жағдайлардағы көрінісі.

Жаңылтпаш – тіл төселтуге арналған арнайы сөздер тізбегі.Баланы тіл мүкісінен арылтып,сөздерді шапшаң да нақпа-нақ айтқызып үйрету мақсатын көздейді.

Жұмбақ – белгілі қасиеттерін ғана меңзеу арқылы жасырылған зат, құбылыстарды шешкізу мақсатында құрылған танымдық мәні өте зор ұсақ жанр.

Ырым сөздер – алда болуы мүмкін істерге белгілі бір нанымдар салдарынан адамдардың психологиялық-эмоциялық сезім күйлерін,иланымдарын білдіретін сөздер.

Тыйым сөздер – белгілі іс-әрекеттерден тыю мақсатында ырымдармен байланыстыра айтылатын сөздер.Оның жай бұйрық сөзден айырмасы – осындай ырымдарға негізделуінде жатыр.

Болжам сөздер – алдағы құбылыс, оқиғаларды бұрынғы қалыптасқан тәжірибе негізінде жорамалдауды білдіреді.Көбінесе,ауа райы, маусымдық құбылыстарға байланысты айтылады.

Жалпы нақыл сөздер жас ұрпақты өмірге,адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеп, дүниені тануға мүмкіндік береді.Сонымен бірге өмір құбылыстарын тануда жұмбақтардың да айтарлықтай үлесі зор. Ал жаңылтпаштар болса,баланың тілін ұштайды. Біз бастауыш сынып педагогтері оқушылардың тілін ұстартып, ой-өрісін дамыту үшін ұсақ жанрлардың ішкі мәнін түсініп, сөз орайында қолдана білуді – басты назарға алып отырмыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Білімділер порталы
2. «Ұстаз тілегі» республикалық ұстаздар сайты

ЖАҢАРУ АЯСЫНДАҒЫ БАСТАУЫШТА БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҚСАТЫ – БАЛАНЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАСЫН ДАМЫТУ

Отаралина Орынгул Мухиядиновна,
Салыкбаева Кенжегуль Сагадидиновна
Ақтөбе қаласы №10 Жалпы білім беретін орта мектептің
бастауыш сынып мұғалімдері

Қазіргі таңда мұғалім тек білім көзі ғана емес, оқу-тәрбие үрдісінің белсенді қатысушысы.Мұғалім оқушыны іс-әрекетке бағыттап қана қоймай, ынталандырушы. Әрқашан алда болатын, алға ұмтылуының бастамашысы. Әрбір баланы оқу процесіне қатыстыра білуі, оны тыңдай білуі, оны өзінің көмекшісі ете білуі, өзін толғандыратын мәселеге оқушының көзімен қарауы – мұғалімнің міндеті. Жаңа заман мұғалімнен заманауи белсенді технологияларды меңгеруді және оларды сабақта белсенді пайдалануды талап етті. Қазіргі оқушы компьютерді жақсы меңгерген, технологияны түсінеді. Ал біздің міндетіміз – олардың дағдыларын дұрыс бағытқа бағыттап, білімді қалай меңгеру керектігін үйретіп, қызығушылығын ояту, шығармашылық білімге деген қызығушылықпен көздерінен нұр шашып, оқуға құштарлығын ояту.Оқушыларды дамыту оқытудың белсенді түрлерін енгізу арқылы жүзеге асырылады. Қоғам қарқынды дамып келе жатқандықтан, мұғалімнен икемділікті, жаңалықтарды қабылдауды, өзгерістерге дайын болуды талап етеді.

Оқыту әдісін таңдау оқытудың мақсаты қандай екендігімен анықталады. Бірақ, жалпы алғанда, оқыту әдісі қандай болу керектігін мұғалімнің өзі шешеді, оның берілу дәрежесі, қолжетімділігі, ғылыми сипаты сияқты ережелерге сүйенеді. Дегенмен, дұрыс таңдау жасау үшін белгілі бір факторларды ескеру қажет.

Оқыту әдістерін жіктеудің бірнеше түрі бар: оқу әрекеті бойынша, білім көздеріне қарай, дидактикалық тапсырмаларына қарай, сонымен қатар оқушылардың дербестік дәрежесіне қарай, оқушылардың танымдық әрекетін ұйымдастыру әдісіне қарай жіктеледі. Оқыту әдістерінің әртүрлілігімен және оқытудың жаңа тәсілдерін толықтыру мүмкіндігімен байланысты өзіндік тәсілдер де бар.

Оқушының іс-әрекетін педагогикалық басқару дәрежесіне қарай мұғалімнің өз бақылауындағы тәрбие жұмысының әдістері мен оқушылардың өз бетінше оқуын қадағалау әдетке айналған. Олардың оқу іс-әрекетін жанама басқару әлі де бар.Сондықтан оқыту әдістерін жіктеу мәселесі біршама күрделі және әлі түпкілікті шешімін таппағанын атап өтуге болады.

Бірақ әрбір жеке әдісті интегралды және тәуелсіз құрылым ретінде қарастыру керек. Қазіргі кезде жалпы білім беретін мектептерде ауызша, көрнекілік, практикалық оқытумен қатар дидактикалық ойындар, проблемалық әдістер, бағдарламалық және компьютерлік оқыту, қашықтықтан оқыту сияқты оқыту әдістері де қолданылады.

Көбінесе сабақ барысында белгілі бір оқушының бөгде тақырыптарға алаңдайтынын, өтілген материалды жақсы есте сақтамайтынын, өз ойын жеткізе алмайтынын байқаймыз. Бірінші сынып оқушысы мұғалімді асқан ықыласпен және қызығушылықпен тыңдайтын, материалды жақсы түсінетін және меңгеретін жағдайды қалай жасауға болады және осы жағдайда танымдық процестердің дамуы жүреді деген сұрақ туындайды. Мұғалімдер оқушылардың үйренуге қызығушылығын туғызу үшін ойын-сауық принципін және әртүрлі ойын элементтерін қолданады. Сабақта қолданылатын ең тиімді және жиі қолданылатын элементі - Ойын.

Дидактикалық ойындардың классификациясы тақырыптық принципке негізделген: ойындар тіл білімінің бөлімдеріне бөлінеді (әрқайсысында коммуникативті аспектіні пысықтауға көмектесетін ойындар бар):

1) фонетикалық-орфоэпиялық ойындар («бір фонеманы алып таста», «фонеманы ауыстыр», «қасқырды ешкіге айналдыр», «жұпты тап» т.б.)

2) лексикалық-фразеологиялық ойындар (сөзжұмбақ, лото, «үшінші – артық», «ассоциация», «мақал жина», «ойын-керіс» т.б.)

3) морфематика және сөзжасам бойынша ойындар («бір түбірден», «түбір мен ағаш», «схема бойынша сөздер» т.б.)

Ойын әрекеті сабақтың элементі ретінде оның кез келген кезеңінде – үй тапсырмасын тексеруден бастап бақылау жұмыстарын орындауға және қорытындылауға дейін пайдалануға болады.

Бірінші сынып оқушылары үшін дидактикалық ойындардың кейбір түрлерін де қолданылады. Олар ойнағанды жақсы көреді және ойынның өз нұсқаларын ойлап табуға дайын. Сөйлеуді дамыту және сөздік қорын толықтыру, осы тақырып бойынша сөздік қорын меңгеру үшін рөлдік ойындарды қолданылады, мысалы:

«Дүкенде», «Жылмезгілдері», «Мим», «Телефон», «Қаптамалар»; әріптерді оқу, есте сақтау мақсатында сөз құрастыру кезінде оқушылар белсенді түрде ойындар ойнайды: «Үшіншіартық», «Бинго», «Кім жылдам?», «Кім артық?», (... әріптерден сөздер жинайды. ,сөздерді атаңыз, суреттен әрпі бар заттарды табыңыз ... т.б.). Әрине, кез келген дидактикалық ойынды бала көріп, сезінуі үшін суреттермен, көрнекі заттар қосымша қолданылады, өйткені біз зерттеп жатқан нәрсенің бәрі олардың көпшілігі үшін жаңа.

Сөздердің дұрыс айтылуы мен қолданылуына көп көңіл бөлу керек. Осы мақсатта әр сабақты сөзді қыздырумен (немесе жатқа айту) бастаймын. Қысқа өлең жолдарын жаттаймыз. Сабақ жыл мезгіліне, кез келген мерекеге, мерей той күніне арналған өлеңмен басталады. Өлеңдерді хормен, қатар-қатар, бірінен соң бірі, ұл-қыздар, шеңберге жиналып, т.б. «Тілектер шеңбері», «Сұрақ-жауап шеңбері» бір-бірімізге сыпайы, жылы сөздер айтуға үйренеміз. Бірақ мен назар аударғым келетіні: бірінші сынып оқушылары үшін көлемі шағын өлеңдер алу керек. Сабақта көптеген қызықты тапсырмалар, ойын сәттері бар, бірақ мен оларды үнемі қайталауға, аздап қысқартуға немесе бөліктерге бөлуге тырысамын.

Кіші сынып оқушыларымен топтық жұмыста бұл бір шама қиынырақ.Әркім көзге түсіп, мұғалімнің назарын тек өзіне аударғысы келеді. Бұл жерде шынымен де кіші жастағы оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескеріп, рөлдерді бөлу арқылы ойынды түрде жұмысты ұйымдастырып, бағыттау қажет.Тиімді әдістердің бірі, менің ойымша, «жеңіл» сұрақтарды қолдану. Оны ойын түрінде жасаймын. Әр топ екі жеңіл сұрақ дайындайды, оларға хормен «ИӘ» немесе «ЖОҚ» деп жауап беру керек.Мысалы, Қар ханшайымы мейірімді кейіпкер ме? (жоқ). Айдахар зұлым ба? (иә) т.б. Осылайша топпен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады.

Оқу, сөйлеу, тыңдаумен қатар жазуға ерекше мән берілуі тиіс. Бұл төменгі сыныптарда бақылау көшірмелері, ал үлкендерде сөздік диктанттары, бір буынды және екі буынды сөздерді диктант пен жазу. Магниттік тақтаны пайдалану көп көмектеседі. Мысалы, интерактивті тақтада суреті содан кейін сөз шығады. Балалар оның кім екенін немесе не екенін есіне алады. Содан кейін олар сөзді жазып, мұғалім көріп, бағалай алатындай тақтаны жоғары көтереді (ҚҰ). Бұл әдісті түрлендіруге болады. Бұл тапсырманы орындағанда оқушыларда қателер аз болады немесе болмауы да мүмкін.

Қандай белсенді әдістерді, стратегияларды қолдансаң да, олар сабақтың мақсатына жетуге бағытталуы керек. Ол үшін мынадай міндеттерді шешу қажет: түсініп тыңдауға, сөйлеуге, оқуға және жазуға үйрету; тіл бірліктеріне тілді кқатынасты қалыптастыру. Ал бұл мәселелерді шешуде бізге белсенді оқыту әдістері көмектеседі.

Біз, жаңа формация мұғалімдері, балаларды ойлауға, қарқынды дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға үйретуіміз керек. Мұғалім енді ақпарат көзі болып табылмайды, мұғалімге репродуктивті материалды қайталап айтып, оқушыдан соны талап етудің қажеті жоқ. Олар өзі үшін үнемі шағын жаңалықтар ашуы керек. Бұл оқуға шығармашылық көзқарас. Негізгі назар алынған білімге емес, оны қолдану процесіне аударылады.

Жаңару аясындағы бастауыш білім берудің мақсаты – баланың жеке тұлғасын дамыту, оның шығармашылық қабілеттерін анықтау, дене және психикалық денсаулығын сақтау. Жеке тұлғаның оқудағы белсенділігі мәселесі психологиялық-педагогикалық ғылымда да, оқу тәжірибесінде де ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Тұлғалық қасиеттердің 70%-ға дейіні бастауыш мектепте қалыптасатыны белгілі. Және негізгі дағдылар ғана емес, мысалы: оқу, жазу, шешім қабылдау, тыңдау және сөйлеу қабілеті балаға өмірде қажет. Бұл күрделі де қайшылықты әлемге енген әр бір адамға белгілі бір ойлау қабілеті мен тұлғалық қасиеттер қажет. Талдау, салыстыру, басты нәрсені бөліп көрсету, мәселені шешу, өзін-өзі жетілдіру және адекватты өзін-өзі бағалау қабілеті, жауапкершілік, тәуелсіздік, құру және бірлесіп жұмыс істей білу. Ал мұғалімнің міндеті – оқу процесін баланың рухани күштерінің ашылуына көмектесетіндей етіп құру. Мұғалім барлығын қолжетімді түрде айтып, көрсетіп қана қоймай, оқушыны ойлауға үйрету, практикалық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру қажет

Бірақ заманауи әдістерді қолдана отырып, бұл стратегиялық білім беру мақсаттарына жетуге көмектесетін құрал ғана екенін ұмытпауымыз керек. Заманауи әдіс-тәсілдерді қолдануда көрсетуге болатын барлық «әдістерді» қолдануда мазмұннан ауытқымау керектігін

ұмытпауы керек. Керісінше, әдіс-тәсілдер арқылы оқушыны оқытуда тақырыптардың мазмұнын қызықты, ізденімпаз етуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бастауыш сынып әдістемелік-педагогикалық журналы,№8 7-бет,2014ж.
2. Назарбаев Н.Ә. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы. -Нұр-Сұлтан, 2018 //www.akorda.kz/
3. http//www.edu..ru Вернер П.Г. Применение активных методов на уроках в начальной школе.

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНА БАУЛУ

Отарбаева Жаңагүл Сәмбетқызы
Ақтөбе облысы Құмтоғай ауылы,
Құмтоғай Жалпы білім беретін орта мектебі
Бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан Республикасында орта білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заманауи ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Елімізде білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды және оқушыларды ғылыми ізденушілікке шығармашылыққа тартудың жолдарын жетілдіруді талап етеді [1].

Осы орайда жаңартылған білім беру мазмұнының басты мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны ерте буыннан дайындау.

Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға «XXI ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді.

XXI ғасырда әлемдік білім беру жүйесінің дамуындағы негізгі басымдықтарының бірі – мектеп білімін жаңарту. Ол оқушылардың неғұрлым өз бетінше білім алып, оны іс жүзінде қолдана білу қажеттілігін тәрбиелеуге бағытталған. Оқушылардың зерттеу жұмысын ұйымдастыру және жоба жұмысын жасауға мақсатты әрі жүйелі түрде бағыттау – бүгінгі күн талабы.

Жазушы Зора Нил Херстон былай дейді: «Зерттеу – әуесқойлық. Ол әлденені мақсатты түрде тергеп, тексеруге ұмтылады». «Оксфорд ағылшын тілі сөздігінде» жазылғандай: «Зерттеу дегеніміз – фактілерді анықтап, жаңа қорытындыға келу үшін материалдар мен дереккөздерді жүйелі түрде оқып, тұжырым жасау» [2, 15-17б.]. Демек, оқушылардың зерттеушілік қызметін дамыту – оқушының бұрын-соңды танып-білмеген мәліметті жүйелі түрде іздеп табу, осы қадам арқылы жаңа білім көзін ашу.

Бастауыш сынып оқушыларын ғылыми-зерттеу жұмысына баулуды ұйымдастырудың жолдары шетелдік және отандық зерттеушілер А.И.Савенков, У.Б.Жексенбаева,

М.И.Шапошникова, Н.А.Семенова, А.Б.Әлімқұлова, И.П.Подласый, С.Е.Қаңтарбай, Ж.А.Жүсіпова, Г.Д.Айтқалиева, С.Н. Жиенбаева және т.б. еңбектері негізінде талданды [2].

Жалпы білім беретін мекемелер кіші мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу қызметін педагогикалық зерттеудің теориялық талдауы жаратылыстану пәні бойынша білім беру мәселелері фрагменттік түрде зерттелгендігін көрсетеді. Жаратылыстану ғылымының аумағында кіші мектеп оқушыларының оқу және ғылыми – зерттеу жұмыстары үшін білім беру ортасын құруға және дамытуға біріңғай концепция және технология алдыңғы қатарлы озық педагогикалық тәжірибелер жетілдірілмеген.

Сапалы білім беруді жүзеге асыру мақсатында оқу-тәрбие үрдісін қалыптастыру барысында кіші мектеп оқушыларын зерттеу жұмысына үйрету бүгінгі күннің негізгі мәселесі. Өйткені, басты мақсат – жан – жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеу

Ғылым (греч. – episteme, лат- scientia)- адамның табиғат пен қоғам туралы обьективті білімін қалыптастыруға мүмкіндік беретін танымның ең жоғары пішімі, оның практикалық қызметінің бір саласы.

Ғылымның басты мақсаты – ғылым заңдарының негізінде ашылып отырған болмыс құбылыс пен процесін болжау, түсіндіру және жүйелеп мазмұндап беру [2, 5].

Ғылым дегеніміз – заттардың, құбылыстар мен процестердің ішкі болмысын, табиғатын ашып көрсететін, олардың даму заңдылықтарын, байланыстарын ашып көрсететін, олардың даму заңдылықтарын, байланыстарын ашып, даралап тұжырымдайтын шынайы ақиқат, жүйеленген, қисынға келтірілген білім және обьективті шындық [3, 9].

Зерттеушілік әдісін қолдану қажеттігі оқушының білім алу процесінде қоршаған ортасына қызығушылығымен, сүйіспеншілікпен қарауымен түсіндіріледі. Оқушының өз бетінше зерттеу жүргізуі оның жеке талабын қанағаттандырумен көкейінде жүрген сұрақтарға жауап табуға үлкен ықпал етеді. Одан басқа, өз бетінше зерттеу жүргізу интеллектуалдық және шығармашылық қабілеті мен ойлау, зерттеу білігінің дамуына мүмкіндік туғызады. Оқушы өз бетінше зерттеу жүргізу арқылы қоршаған ортасын тани алады, жаңа білімді дайын күйінде емес, өзі үшін жаңа білім ашады[3,62].

Зерттеу жұмысы жүргізу бастауыш сынып оқушыларының төмендегідей іс-әрекеттерді жасауға мүмкіндік туғызады :

- өзін қызықтырған сұрақтарға жауап іздеу;
- іздену барысында түрлі тәсілдер қолдану;
- өз пікірін, ойын ашық айту;
- өз бетімен қорытынды жасау;
- өзі үшін жаңалық ашу.
- қызығушылығын қанағаттандыру[3,90].

Демек, оқушы өз бетінше жұмыс жасауды үйреніп, зерттеушілік, шығармашылық қабіле

Төменгі сыныпта жаратылыстану пәнін оқу арқылы оқушылардың қоршаған орта, әлем және аспан денелері туралы білімдері молайып, өзбетінше зерттеу жұмыстарын жүргізуге жағдай жасалған. Төменгі сыныпта жаратылыстану пәнін оқытудың ерекшелігі: оқушылардың қоршаған орта, әлем туралы ой-өрісін дамыту, тәжірибе жұмыстарын жасату арқылы шығармашылық ізденіс қабілетін арттыру. Жаратылыстану пәнін оқу барысында оқушылардың санасында осындай зерттеу дағдыларын қалыптасады: зерттеушілік, байқау, мәліметтерді алу және ұсыну, нәтижелерді түсіндіру.

«Жаратылыстану» пәнінің мақсаты - бастауыш сынып оқушыларын әрі қарай жаратылыстану ғылымы пәндерін (биология, химия, физика) меңгеруге дайындау, күнделікті өмірде (үйде, мектепте, табиғатта) көрген, бақылаған құбылыстары мен үдерістерді түсіндіру, сипаттау үшін алған білімдерін пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру.

«Жаратылыстану» пәні оқушылардың ғылыми-зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған. Оқулық «Мен-зерттеушімін», «Өсімдіктер», «Жануарлар», «Адам», «Күш пен қозғалыс», «Жер және ғарыш», «Табиғат физикасы», «Жарық» және «Дыбыс» сияқты оқу бөлімдерін қамтиды. Әр жаңа тақырыпты толық меңгеру үшін оқулықтың бас кейіпкерлері Негеш пен Эврика көмектеседі. Негеш пен Эврика оқушыларды ғылым әлеміне бағыттап, болжам жасауға, тәжірибе немесе зерттеу жүргізуге, табиғи құбылыстарды ашуға ынталандырады. Сондай-ақ әр тарау бойынша тапсырмалар жабық тест арқылы нақтыланып, тексеріледі. «Мен-зерттеушімін» тақырыбын өткен кезде оқушыларым мектеп жылыжайына барып, төрт топқа бөлініп, әртүрлі бөлме өсімдіктерін зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ал өсімдік бөліктерімен танысқанда тұқым қалай өнетініне шағын тәжірибе жасау арқылы көз жеткізді.Ол үшін пластикалық стакан, мақта, бірнеше тұқым керек. Стаканның түбіне мақта салып, ол ылғалданатындай аздап су құйылды. Сосын мақтаның үстіне тұқымдарды қойып, бетін ауа өтетіндей тесіктері бар қақпақпен жауып, жылы жерге қойдық. Бірнеше күн бойы ол тұқымның өнуін бақылап, қорытынды жасады. Өсімдіктерге күтім жасауды жылыжайда және сыныптағы бөлме өсімдіктеріне жасау арқылы дағдыға айналдырды. «Ғарыш» тақырыбында ғарыш кемесінің орнына шарларды ұшыру арқылы тәжірибе жасады. «Күш пен қозғалыс» бөлімінде қозғалыс траекториясы деген не? деген сұраққа жауап беру үшін тағы да тәжірибе жасау арқылы қол жеткіздік.

Зерттеу жұмыстарының ерекшеліктері: - Түсіну; оқу, жобалау, зерттеу, эксперименттік, сабақтан және сыныптан тыс іс-әрекеттер барысындағы қауіпсіздікті сақтап жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады; – Білім алушылардың шығармашылық іс-әрекеттеріне бағыт береді – Зерттеу жұмысымен айналысу барысында жауапкершілік қарым қатынаста болуға тәрбиелеу, қоршаған ортаға өз ықпалының нәтижелерін болжауға үйретеді. Зерттеу әдістері:

Теориялық: Әдебиетті іздеу және зерттеу. Білім алушы кітапханамен байланыс жасайды. Зерттеу тақырыбына байланысты энциклопедиядан мәлімет қарайды..БАҚ материалдарын зерттейді. Газет жүрналдардан қарайды. Интернет желісінен іздеп қарайды. Талдау және синтез. Оқып білген материалдарын мұғалім, ата ана көмегімен талдайды. Математикалық: Зерттеп отырған заттың моделін жасайды. Тақырыпқа байланысты диаграммасын құрады өсу, кему.Зерттеу уақытын есептейді.

Практикалық: Тәжірибе жасайды. Бақылайды. Салыстырады. Нәтижесін жазады. Қорытынды шығарады

Зерттеу іс-әрекеті мынадай мүмкіндік береді :

1. Оқу-іс әрекеті сарынын күшейтеді;
2. Оқу үдерісі сапасын өзгертеді; оқу үлгерімін арттырады;
3. Білім алушылардың пәнге деген қызығушылығы артады;
4. Пәнаралық ықпалдастыру үдерісі мен білім алушылардың оқудан тыс іс-әрекетінің өзара байланысы кезінде олардың ой-өрісі кеңейеді;
5. Білімі мен дағдысын тәжірибеде қолданады; 6.Коммуникативтік білігі мен дағдылары дамиды;
7. Функционалдық сауаттылықтары артады.
8. Проблемаларды көреді; Болжам жасайды
9. Ақпаратты іздейді, онымен жұмыс жасайды. Анықтама береді. Жүйелейді
10. Өзі-әрекетінің өнімін елестете алады[4,23]

Мектеп табалдырығын жаңадан аттаған баламен қалай және қандай зерттеу жұмыстарын жүргізуге болады? Бұл жұмыс оларға не береді? Мұғалім қандай нәтижеге жете алады? деген сұрақтар туындайды. Мектептердің, ата аналардың және мұғалімдердің өздерінің кішкентай азаматтарынан күткен үміттері жоғары екені баршаға мәлім. Сондықтан қоғамдық ортада өз ойын еркін де толық жеткізе білетін, бәсекеге қабілетті және құзіретті, шығармашыл, кез-

келген іс-әрекетке жан-жақты көз қараспен қарайтын, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру басты мақсат. Баланы зерттеу жұмысына баулу мұғалімнің шыдамдылығын қажет етеді.

Мысалы: Жаратылыстану пәнінде 1 сыныпта «Табиғатты» зерттеу жұмысынан бастаса болады. Мектеп пен үйдің арасында кездесетін барлық тірі табиғаттар мен өлі табиғаттарды бақылап, оның неге өлі табиғат екенін, неге тірі табиғат екенін дәлелдеуге тапсырма беру керек. Сонда бала жол бойы бақылай отырып, сыныпта өткен теориямен байланыстырады. Ата аналарының көмегімен сол табиғат туралы қысқаша мәлімет дайындайды. Сыныптағы бөлме өсімдігін зерттеу жұмысын беруге болады.

Тапсырма

Сыныпта неше гүл бар?	Неше гүл гүлдеп тұр?	Жапырағы пішіндері қандай?	Ең ұзын жапырақ қай гүлде?	Ең кішкентай жапырақты гүл ? өлше

Сұрақтарға жауап ала отырып, бөлме өсімдігін неше жапырағы бар екенін, тамырының қаншалықты тереңдігін, иісін, тұқымын анықтайды. 1-сыныпта көру, сезу, байқау арқылы өз ойларын айтады. Сыныпта мұғалім көмегімен зерттеу нысаны туралы ақпарат біледі. Траекторияны өткенде, сыныпқа тұз бен құм апарып, білім алушыларға «осы арқылы машина траекториясын қалай көрсетуге болады?» деген сұрақ қойылады. Балалар құмды, енді бірі тұзды жайып, үстінен машина жүргізіп, жол салып ойнап көрсетеді. Ойнау барысында құм бетіне түскен ізді көрсетіп, сұраққа жауап береді. Есік алдына шығарып, өз жүрген іздерін әр түрлі өрнек жасай отырып, қызықтатып көрсету керек. Бұл олар үшін шағын ғана іс әрекет арқылы зерттеу болып табылады. Әрі баланың қызығушылығы оянады. 1-сыныпта осылай қарапайым, баланың ойлауына, жас ерекшелігіне сай әдістерді қолданған дұрыс. 2-сыныпта жаратылыстану сабағында осы жұмыстарды әрі қарай жандандырып, зертетуді бастамас бұрын білім алушылармен сұхбат жүргізу керек. Нені зерттегісі келеді?, не туралы білгісі келеді? Не мақсатпен зерттегісі келеді? деген сұрақтар төңірегінде бір тақырыпты таңдайды. Мысалы: «Сүттің пайдасы», «құрт жасау әдісі», «қымызды қалай дайындайды?», «Қарағай бүршігінің пайдасы» т.б тақырыптар төңірегінде таңдап алады. Сол тақырып төңірегінде жыл бойы жұмыс жасайды.Жаратылыстану сабағында«Заттар және олардың қасиеті» бөлімінде зерттеуді әрі қарай дамыту, функционалдық сауаттылықты арттыру мақсатында өздеріне қызықты әр түрлі заттардың қасиетін, пайдасын, құрамын зерттетуге болады.

Зерттеу жұмысы – күрделі үдеріс, бірақ ол бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік және іздену әрекеттеріне қызығушылығын туғызу қажеттігін ескеруді талап етеді. Бұл жұмыс түрі білім алушылардың логикалық ойлауын, жалпы оқу және зерттеу біліктері мен дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысының нәтижесін демонстрациялау арқылы білім алушы көпшілік алдында сөйлеуге, өз ойын ортада айтуға, алынған нәтижені дәлелдеуге үйренеді [4,121].

Пайдалынылған әдебиеттер

1.Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.

2.Жексенбаева Ү.Б., Игенбаева Б.Қ., Ниязова Г.Б. Оқушыларды зерттеушілік оқытудың технологиясы.-Астана, 2006.- 48б

3.Қаңтарбай С.Е., ЖүсіповаЖ.А. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі. Алматы: Дәуір, 2011ж.– 219б.

4. Есекешова.М. Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері: Оқу құралы // М.Есекешова. - Астана: Фолиант, 2018. - 168 бет.

БӨБЕКЖАЙ МЕН БАЛАЛАР БАҚШАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Пангереева Аягоз Булатовна
МКҚК «Гаухар» балабақшасы

«Балалық шақ - адам өміріндегі ең маңызды шағы,
болашаққа дайындығы емес, нағыз, жарқын,
қайталанбас өмір.Осы шақта қолынан кім жетектегені,
қоршаған ортадан жүрегі мен санасына не қонғанын –
осы деңгейге қарап шешуге және бүгінгі
сәби қандай адам болатыны байқалады».

В.А. Сухомлинский

Бүгінде еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді,білікті, дүниетанымы кең, сауатты ұрпақ – ұлтымыздың асыл қазынасы.

Жер жаһанда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістерді енгізуді талап етіп отыр.

Балабақша- баланың ең алғашқы білім ошағы. Білімнің бастауы – балабақшада. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналды. Мектепке дейінгі білім беру саласына өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізілуі - мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Мектепке дейінгі білім беру мекемелері де балалардың жас ерекшеліктеріне қарай бөлінеді. Балаға білімді игерту, оны практикада қолдануда көп салмақ балабақшаға түседі. Ал , бөбекжайларға бала жас жарымнан қабылданатындықтан психикалық дамуымен және физикалық деңгейі жағынан өздерінің қабілеті бойынша балабақша балаларынан айырмашылығы болады.

Бөбекжай - баланың «жаңа өмірге» деген алғашқы қадамы, себебі енді анасы күні бойы қасында болмайды және мұнда оны күткен өзі жастас балалардан, бала күтушілер мен тәрбиешілерден тұратын үлкен жаңа ұжым бар. Алғашқы кездерде тәрбиеші баланың ата анасынан балаға қол орамал, майлықтарын алып жүруді талап етеді. Қосымша ауыстыратын ішкі киімдерімен, керек жағдайда астарларында дайындаған жөн. Тәрбиеші мен тәрбиеші көмекшісіне балалардың алғашқы бейімделу кезеңіндегі әр түрлі жас ерекшеліктерімен, жеке бас ерекшеліктерін ескере отырып, ұйықтау кезіндегі, тамақтану барысындағы, гигиеналық тазалыққа үйрету кезінде қиындықтарды есепке алу керек. Әр балада бейімделу әр түрлі өтіп жатады, бірақ балалар жаңа әлеуметтік ортаға бейімделетіні айғақ, бұл өмірдің заңдылығы екені шарт. Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуда қолданылатын әдістер бөбекжай мен балабақшада екі түрлі көрініс табады.

Балалар үшін балабақшаға келу де бастапқы кезеңде қиын. Бейімделу процесін жеңілдету үшін, бұл кезеңде балаға ерекше көңіл бөлген маңызды. Балабақшада таныс емес үлкен адамдармен, балалармен танысады, мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгереді. Өкінішке орай, бөбекжайға бейімделу көбінесе қиын және ауыр өтеді. Бала тамақ ішпейді, ұйықтамайды, балалармен және үлкен адамдармен араласудан бас тартады да, қоршаған

ортаға деген қызығушылығы төмендейді, ойыншықтарды ойынға қатыстырмайды. Баланың бөбекжайға қиын бейімделу себептері: басқа адамға бұрын қалып көрмегендіктен, дәретке өзі отырып үйренбегендіктен, кейбір тағамдарды жеу дағдысы жоқ, мысалы қызылша, орамжапырақ, қатты тамақты шайнап үйренбеген. Бөбекжайға келген алғашқы күндері бала 2 сағатқа қалу керек. Көбінесе ата-аналар жұмыс тәртібін айтып, баланы күні бойы бөбекжайда қалдырады. Осының нәтижесінде күрделі және созылмалы мәселелер пайда болады. Осы жоғарыдағы аталған себептермен балабақшада күресу жеңілірек. Себебі, 3 жасар баланың дамуы мен 1,5 жастағы балалардың дамуы мен дағдыларында айырмашылық бар.

Балабақшада ата-анамен жұмыс баланы балабақшаға әкелместен бұрын басталуы қажет. Баласын тіркеу барысында ата-ана балабақша тәртібімен, баласына сол ортаға үйренуіне қандай көмек көрсету керектігінен хабардар болуы қажет. Осы орайда, ата-анамен жүргізілген түсінік жұмыстары қабырға газеттеріндегі ақпаратпен шектеліп қалмауы керек. Мейлінше топ тәрбиешісімен, медбикемен де байланыста болғаны абзал. Баланың балабақшаға барлық бейімделу уақытында психологпен балабақшаның медико - педагогикалық қызметі бақылауға алады.

Әдетте бөбекжайға жас жарымнан бастап бара бастайды. Кейбіреулері үшін үй жағдайынан басқа ортаға ауысу, таныс адамдармен, ойыншығымен қалысып келесі бір ортаға тез үйренісіп жатса, ал басқалары үшін үлкен күйзеліс. Ал, балабақшаға балалар толық үш жасты толтырып келетіндіктен оларға оқу дағдыларын үйретумен қатар, тәрбиешілердің шығармашылық бағытта жұмыстануына да мүмкіндік мол.

2-3 жастағы нәресте ойыншықпен ойнауға, басқа баламен тіл табысуға немесе түсінуге, қалағанын сұрауға, ойын жеткізуге, сезімін білдіруге қауқарсыз. Осы кезде балалардың арасында дұрыс көзқарас, достыққа негізделген берік орта қалыптастыру керек. Одан кейінгі талаптар, оқу үрдісі, жеке басына қызмет көрсету тағы басқасы толықтырылып отыратындықтан, бала ортаға тез бейімделеді.

Балабақша да, бөбекжай да – бесіктен белі шыққан бөбектің білім нәрінің дәмін татар ең алғашқы қоғамдық ошағы. Балабақшадағы баланың болашаққа еркін самғауы - дүниені танудан белең алады. Адам тәрбиелеу, оған ғылым негіздерінен мағлұмат беру, баланы өмір сүруге икемдеу, адами асыл мінездерді бойына дарыту, бір мезетте суретші, әртіс, дос және бала жанын ұғынар психолог та бола алатын мамандың иесі, ол – тәрбишілер. Біздің ұжым осы мақсаттың орындалуына қызмет етеді.

РАБОТА С ТЕКСТОМ КАК ОСНОВНОЙ СПОСОБ РАЗВИТИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ

Пангереева Лаззат Шамовна
Актюбинская областная специализированная школа-интернат для одаренных детей им. М. Кусаинова

«Читать – это еще ничего не значит: что читать и как понимать читаемое – вот в чем главное дело».
К.Д. Ушинский.

В настоящее время приоритетной целью системы общего образования является формирование функциональной грамотности, а читательская грамотность – главный показатель качества современного образования. Это способность понимать и использовать письменные тексты, размышлять над содержанием, оценивать прочитанное, читать, чтобы расширять свой кругозор и принимать участие в социальной жизни.

Как показывают тесты PISA, PIRLS, федеральные и региональные мониторинги, большой процент детей сегодня не может свободно ориентироваться в тексте. Из-за этого у них возникают проблемы в понимании текста и в учебе в целом. Задания должны быть не только привязаны к реальности, но и соответствовать возрасту детей и их когнитивным особенностям. Они должны быть системными, содержать много фактов – в том числе и тех, которые, возможно, не понадобятся ребенку для ее решения, но будут интересны в принципе.

Указанные пункты закона говорят о том, что современный учитель не должен стоять на месте в плане своего профессионального развития. Он должен постоянно повышать свой уровень, учитывая тенденции развития современного общества и системы образования: изучать, а также использовать новые технологии и методы обучения. Это необходимо в первую очередь для того, чтобы актуализировать знания, которые педагог передает своим ученикам, определить – какие знания будут наиболее востребованы именно сейчас, а какие в будущем, от чего можно отказаться в плане изучения материала. Также это необходимо, чтобы выработать правильную стратегию ведения занятий, учитывающую специфику современного ученика. Кроме того это необходимо, чтобы выработать правильную стратегию толерантного поведения, учитывающую все слои населения. Таким образом, можно сделать вывод, что современному педагогу, чтобы идти в ногу со временем, необходимо постоянно повышать уровень своей профессиональной компетентности.

Следовательно, основными результатами деятельности современных педагогических вузов и колледжей должна стать не только система знаний, умений и навыков будущего педагога, но и формирование у него набора ключевых компетенций и компетентностей, к числу которых ученые относят проектную компетентность – одну из основных компетенций в процессе формирования современного специалиста.

Рассматривая вопрос формирования проектной компетентности учителя общеобразовательной школы, необходимо остановиться на понятиях «компетенция» и «компетентность», рассмотрев их сходство и различия.

Существуют много трактований понятий «компетенция» и «компетентность», которые явились научным объектом многих отечественных и зарубежных ученых. К примеру,

компетенция определяет круг задач, обязанностей учителя, которые он должен решать, а компетентность является результатом овладения сформулированными обязанностями и итогом решенных задач.

Более того, компетенция – это совокупность знаний, умений, навыков и личностных качеств, необходимых для эффективной профессиональной деятельности. Компетентность – интериоризированные знания, умения, навыки и личностные качества, а также жизненный и профессиональный опыт, обеспечивающие эффективность профессиональной деятельности [1].

Таким образом, проектную компетентность будущего учителя следует понимать и как элемент профессиональной подготовки специалиста, которая заключается в способности и готовности к проектной деятельности и проектированию, а также внедрению методов проектов в школе.

Проектная компетентность учителя общеобразовательной школы рассматривается не только как составная часть профессиональной компетентности субъекта, обеспечивающая решение образовательных задач, но и как обязательное условие осуществления инновационной деятельности. Ученые отмечают актуальность и значимость проектной деятельности для развития образовательной практики. В частности, как подчеркивает А. Новиков «в современных формах педагогической деятельности ключевым становится проект» [2].

Для характеристики проектной компетентности особую роль играет набор личностных качеств педагога. Это: инициативность, ответственность, коммуникативность, толерантность, инновационность, умение анализировать или извлекать смысл из собранных фактов и отношений, умение критически осмысливать текущую деятельность, внутренний такт и интуиция. Определяя сущность проектной компетентности учителя, педагогическая наука отмечает разные подходы к характеристике готовности учителя к проектной деятельности. В.А. Болотов, Г.Б. Голуб и др. выделяют несколько положений, раскрывающих готовность учителя к проектной деятельности. А именно:

- в первую очередь - это результат обучения в системе высшего профессионального образования;
- приобретение и распространение опыта в системе повышения квалификации;
- использование результатов самостоятельной профессиональной деятельности;
- реализация в работе основ современных подходов в образовании [3,4].

Готовность учителя к развитию проектной деятельности, по мнению большинства учёных, входит в структуру профессиональной подготовки. Проектные умения, обеспечивающие возможность подготовки к проектной деятельности, характеризуются следующими составляющими:

- умением анализировать возникающие проблемы, ситуации;
- планировать или прогнозировать деятельность, осуществлять ее конструирование;
- создание продукта.

Взаимодействие процессов воспитания и обучения представляет собой подвижную систему, которая реализует творческое развитие личности. В процесс деятельности вовлечены все возможности участников, как физические, так и личностные, проектная деятельность реализуется через использование метода проектов [5,6].

Для формирования проектной компетентности учителя общеобразовательной школы и к внедрению инноваций в целом, современному учителю необходимы следующие два вида готовности прежде всего:

1. *профессиональная* готовность («*могут*»): способность учителя создавать и реализовывать инновацию;

2. *психологическая* готовность («*хотят*»): позитивная мотивация по отношению к инновации, инновация принята как личностно значимая ценность.

Успешная проектная деятельность, как индивидуальная так и коллективная, гарантирована, при наличий этих двух видов готовностей у учителя общеобразовательной школы.

Таким образом, необходимо определить отношение педагогов к инновационным изменениям. В целом, как и среди людей, различают инертных, пассивных, активных и успешных учителей. Инертные учителя практически не способны внедрять инновации. Тогда как пассивные учителя из-за своей скептичности тормозят внедрение любых новшеств. Активные учителя выступают тьюторами при внедрений инноваций. Успешные же учителя внедряют не только чужие инновации, но и активно разрабатывают свои [7].

Формирование проектной компетентности учителя общеобразовательной школы представляется на сегодняшний день в системе образования Казахстана наиболее значимой и ключевой в контексте трансформации социально-экономического развития общества, модернизации образовательной системы, выдвигаемых требований к качеству образования и педагогическим кадрам, государственных задач в области непрерывного профессионального развития педагогов и вызовов цифровой экономики, которая ставит конкретные требования по набору, формированию и дальнейшему развитию компетенций личности XXI века, способной обучаться в течение всей жизни, технологизировать свою жизнедеятельность, интегрироваться в новом социуме, задавать векторы профессионального и личностного роста, обуславливающих конкурентоспособность учителя и выпускника общеобразовательной школы, следовательно, всей системы образования.

Список литературы:

1. Кетриш, Е.В. Формирование проектировочной компетенции как фактора успешной профессиональной деятельности педагога в условиях внедрения инклюзивного образования. Екатеринбург: Изд-во Рос. гос. проф.-пед. ун-та, 2017. - 166 с.

2. Новиков, А.М. Основания педагогики / А.М. Новиков. Москва: Эгвес, 2010. – 208 с.

3. Болотов, В. А. Проектирование профессионального педагогического образования / В. А. Болотов, Е. И. Исаев, В. А. Слободчиков, Н. А. Щайденко // Педагогика. 1997. - № 4. - С. 66-72.

4.Голуб,Г.Б.Методпроектов-технологиякомпетентностно-ориентированного образования : метод. пособие для педагогов - руководителей проектов учащихся основной школы / Г. Б. Голуб, Е.А., Перелыгина, О.В. Чуракова, ; под ред. Е.Я. Когана. - Самара : Учебная литература : Федоров, 2006. - 176 с.

5. Каплунович, Т.А. Социально-педагогическое проектирование как инновационная деятельность учреждений последипломного педагогического образования //Тезисы научно-практической конференции. Новгород: Нов-ГУ, 1996.-С.9-11.

6. Корнилова, М.В.Диссертация «Формирование информационной культуры учителя в системе повышения квалификации» Кемерово - 2003.

7. Общая и профессиональная педагогика: Учебное пособие для студентов, обучающихся по специальности «Профессиональное обучение»: В 2-х книгах/Под ред. В.Д. Симоненко, М.В. Ретивых. Брянск: Изд-во Брянского государственного университета, 2003. - Кн.1 - 174 с.

ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН БАСТАУЫШ СЫНЫП САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Рахметова Гулсара Балымбетовна
Еңбекту жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

XXI ғасырда біздің еліміз ғаламдану және жаһандану процесіне көшуде.Осы процесті жандандырып дамытуда жас ұрпақтың білімі мен біліктілігі орасан зор роль атқарады.Жаңа заман талабына сай жаңашыл мұғалімдерге сапалы және инновациялық технологияларды меңгерту.Білім сапасын көтеруде инновациялық технологияларды дұрыс және сауатты қолдану жылдан жылға күрделі және өзекті мәселеге айналуда.Оқыту барысында озық,тиімді технологиялар тәжірибеге енгізілуде. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Біз білім-ғылым саласында бәсекеге қабілетті болмасақ,өз мақсатымызға жете алмаймыз.Барлығы мектептен басталады », -деген болатын. Ал қазақтың заңгер жазушысы Мұхтар Әуезов былай деген екен «Халық пен халықты теңеретін-білім» деп айтқандай,білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу-біздің мақсатымыз.Сондықтанда жаңа жаңалықтардан қалмай жаңалық жаршысы болуымыз керек.Бұл мақсаттарға жету үшін мұғалімнің ізденісі,жаңа тәжірибе ,жаңа технологиялар қолдану қажеттілігі туындайды. Бұл баяндамада жаңа форматтағы біліктілікті арттыру курсынан алған жеті модульді сабақ үрдісінде үйлестіре пайдаланудың кейбір жолдары, практикада қолданылуы туралы ой қозғалған. Бұл модульдерді сабақта мұғалім ұтымды пайдалана білсе, оқушының пәнге деген қызығушылығы артып, шығармашылықпен жұмыстануға үйренетіндігі, сонымен бірге оқушы мен мұғалім арасында ынтымақтастық орнап, сабақтың тиімділігі арта түсетіндігі атап көрсетілген. Қазіргі білім жүйесінің ерекшілігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру мұғалімдерден өз мінез – құлықтарын, ұстанымдарын, мүмкіндіктерін түрлендіруді талап етеді. Кембридж оқу бағдарламасының мақсаты — Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру және Кембридж университеті тәсілінің теориялық негіздерін үйрену.Басты міндеті —қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибесін жетілдіру мен бағалай білуге көмектесу, сындарлы ойлауға бағыттау. Мұғалімдік тәжірибемдегі ендігі мақсат – оқу мен оқыту процесінде түрлі кедергілерді жеңе отырып,осы алған білімімді саралап, зерделеп, одан әрі толықтырып, нәтижелі білім беруге бағытталған әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану жолдарын іздестіру.

Ал осы әдіс-тәсілдерді сабақ үдерісінде тиімді пайдалану үшін сабақ мақсаты нақты әрі қолжетімді болуы керек. Өз іс - тәжірибемде оқу мен оқытуда сан -

қырлы әдіс - тәсілдерді қолдануға болғандығын білдім. Оқытудағы жаңа әдіс тәсілддер мынадай бағыттарды қамтыды: жоспарлауда, сабақ мақсатын белгілеуде, ұйымдастыруда, бағалауда, кері байланыста көрініс тауып жатты. Бағдарлама жеті модульден тұрады: 1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер. 2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету. 3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау. 4. Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану. 5. Талантты және дарынды балаларды оқыту. 6.Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу. 7.Оқытудағы басқару және көшбасшылық. Осы 7 модуль бойынша сабақтарды қызғылықты етіп өткізу үшін үнемі оқушылардың сабақтан жақсы әсер алуына байланысты инновациялық технологияны қолдану қажет. Бағдарлама оқушыларға қалай оқу керектігін үйретіп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік ой-пікірін жеткізе білетін ынталы сенімді болуды қалыптастырады. Күнделікті сабақтарда сыныпта ынтымақтастық ахуал қалыпастыру білімге құштарлықтарын, көңіл күйлерін жақсартуына оң әсерін береді. Ынтымақтаса жұмыс істей отырып, олар бір нәтижеге жету үшін топ ережелерін сақтауды үйренеді. Өз-өздерін реттеулері мен көшбасшылыққа ұмтылулары, дарындылары айқындала бастады. Оқыту мен

оқытудағы жаңа тәсілдердің ішінде диалогтық оқыту тәсілі де тиімділігін көрсетеді. Ол ұжымдық және өзара білім алмасуға жағдай туғызады. Бұл тәсілмен оқыту топпен әңгімелесу, сұхбаттасу, "миға шабуыл" логикалық сұрақ-жауап әдістері арқылы жүзеге асады. Білім беру жүйесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу арқылы оқыту үрдісін жетілдіру, оқушының танымдық қабілетін дамыту, саналы деңгейге көтеру — бүгінгі күнгі күрделі мәселе. Білімді жеке тұлғаға бағыттау арқылы өзін-өзі таныған, ақыл-ойын жан-жақты дамытқан өзіндік "Мендік" пікірі қалыптасқан оқушы тәрбиелеу мұғалімдер алдына тың міндеттер жүктейді. Бұл модульдердің көпшілігін бұрыннан сабағымызда пайдаланып жүрсек те, тереңіне үңіліп, олардың өзіндік философиясын түсініп көрмеппіз. Әрине, бұрынғы дәстүрлі әдістерді де жоққа шығаруға болмайды, әр тәсілдің өзіндік артықшылықтары болады. Біз қолданып отырған бағдарламаның түрлі тәсілдерді жинақтағанына қарамастан , сындарлы оқыту негіздері қамтылған. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» (СТО) бағдарламасының қазіргі таңда білімді, білгенін өмірге пайдалана алатын шәкірт тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Білім берудің кешенді міндеттерін және мұғалімнің әртүрлі жағдайларда жұмыс істейтіндігін ескерсек, тиімділік деген сөзге аса мән беріп сол курста негізге алынған жеті модуль туралы қысқаша тоқталайын. 1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер.Ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтің маңызды рөлін айшықтап көрсетіп береді.Мұғалімдер,өз кезегінде ,өзінің сабақ беруіне емес,оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс.Осы мақсатта мұғалім оқыту ортасын құру керек,соның

арқасында оқушылар ақпаратты енжар қабылдамай,оқу үдерісіне белсенді қатысатын болады. Диалог бойынша оқыту Тапсырманы орындауда сыни тұрғыдан ойлануды үйренеді. Зерттеушілік әңгіме барысында бір-бірінің идеяларын талқылайды,баға береді,бірлескен түсінік қалыптасады Өз идеясын ортаға салып,басқалардың пікірін тыңдайтын болады. Топтық тапсырмаларда постірді орындауға белсене қатысатын болады. Таланты мен дарындылығын анықтауда берілген тапсырмаларды жоғары деңгейде орындай алады. Жоғарғы балл жинағандар арасында пресс-коонференция өткізгенде «көшбасшы» анықталады. 2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы –әлемнің түпкір-түпкірінен жыйылған білім берушілердің бірлескен еңбегі,ал бағдарламаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады.Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. 3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау. Болашақ ұрпақты тәрбиелеу мен білім беруде сындарлы оқыту және бағалау маңызды болып отыр.Бағалау формативтік (қалыптастырушы) және жиынтық болып екіге бөлінеді.Бағалау –одан арғы білім туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Мұғалімдер мен оқушылар өздерінің қандай мақсатқа жететіндіктерінің өлшемдерін түсіну. Осыған байланысты бағдарлама критерийлі бағалау тәсілдерін қарастырады. 4. Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану. Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану қоғамдағы өзгерісті танып білуге және оларды тез қабылдауда мол мүмкіндік береді. Жоспарланған сабақты тиімді өткізуге көмектеседі, оқушының ой өрісінің дамуына, зерттеулік жұмыстар жүргізуіне ықпал етеді. Бағдарлама соңында мұғалімдер ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сенімді және сыни тұрғыдан пайдаланушыларға айналады. 5. Талантты және дарынды балаларды оқыту. Оқушылар арасындағы «дарынды және талантты балалар деген кімдер?» деген сұрақ туындайтыны рас. «Дарындылық мазмұны әр түрлі болып келеді»деп жазады мұғалімдерге арналған нұсқаулықта Ренцулли мен Райс (1985)» дарынды және талантты балалар күрделі қабілеттердің иелері,әрі олар адам қызметінің кез келген құнды саласында өз қабілеттерін

көрсетуге бейім»деген пікір білдіреді.Талантты және дарынды оқушыларға білім беруді дамытудың инклюзивті тәсілі негізінде осындай балаларды анықтау туралы ой-пікірлер мен зерттеулер жасау. Оқушылардың қабілеттерін дер кезінде анықтай білген ұстаз болашақ талантты да тани біледі.

6.Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу. Белгілі бір шақтық кезеңге тән анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді әдетте жас ерекшеліктері деп атайды. Сондықтан педагогика және психология балалардың жас ерекшеліктеріндегі ширақтықты, өзгерімпаздықты айқындайды, тәрбиеленушінің және қоршаған ортамен жасайтын қарым-қатынастар жүйесіне тәуелді болатынын атап көрсетеді.
7.Оқытудағы басқару және көшбасшылық. Қандай жағдай болмасын, өзіңіздің өмірлік ұстанымыңызды таңдай білу, адамдық көшбасшылыққа негізделеді. Олай болса, бағдарламаның негізгі идеясы сыни тұрғыдан бағалау, өзгерту және тәжірибе мен білім саясатын қайта бағалау мұғалімдер бастамасымен барлық деңгейлерде өзгерістердің іске асырылатыны негізделеді. Мектеп жұмысының бағдарламасына балаларға көшбасшы болуға үйретететін тренингтер, рөлдік ойындар кіреді. Курста үйренген әдіс-тәсілдерді, жеті модуль бойынша алған жаңа білімімді өзімнің іс-тәжірибемде толығынан қолдандым.. Осы 7 модульді апарып сабақтарыма қолданған кезде сыныптағы көрініс, оқушылардың көзқарасымен оқу үрдісіне қатысты орын алған өзгерістерге тоқталғым келеді. 7-модулді сабағымда әр түрлі стратегияларға ықпалдастыра қолдану арқылы оқушылардың жеке, жұппен, топпен жұмыс жасауға деген белсенділігін, сабаққа көңілді қатысуын,қызығушылықтарын ояттым. Өйткені бірін-бірі оқыту арқылы ойлау қабілеттері дамиды. Әр оқушының жауабы тындалуы қажет, әр топ мәселе бойынша өз ойларын ортаға салуы маңызды. Сабақта берілген тақырыпты алдымен жеке, содан кейін жұпта, ұжымда талқылатып жұмыс жасайды. Бұл жағдайда әрбір оқушы бір сәт өзін мұғалім ретінде сезініп, оқуға деген жауапкершілігі артады. Әр топқа берілген тақырыпты жеке оқып, содан кейін өзге топқа реттік нөмірлер бойынша топталып, өз тақырыптарын түсіндіреді. Бұл есте сақтау, негізге алу, түсіндіруді арттырады, яғни жаңа ақпараттарымен бөліседі.Тақырыпты қаншалықты түсінгендерін флип чартқа түсіру арқылы жеткізеді. Рефлексия кезеңінде оқушылар алған жаңа ақпараттарды, жаңа білімді реттейді өз пікірлерін дәлелдеп айтады..

Мектептегі тәжірибе кезеңінде оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдерді қолданып көргенде өз тәжірибеме өзгеріс енді. Осы әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы қол жеткізген жетістіктерімнің бірі ретінде оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының артуына, оқушылардың өз ойларын жеткізуде едәуір төселіп, жаттығуына, өздерін көшбасшы ретінде қалыптастыруына, өзімнің оқушыға қойған әр сұрағыма, оның берген жауабының бүге-шүгесіне дейін ойлануыма оң әсер етті. 7 модулді қолдана отырып, өзімнің де көптеген қызықты идеяларымды жүзеге асыру жөнінде белсенділігім арта түсті. Қазақстанның білім беру мазмұны сөзсіз жаңа сатыға көтеріліп, алға қадам бастап келеді. Біліктілік пен шеберлігімізді ұштастырып, жас ұрпақты әлемді мойындататын рухани биікке көтеру біздердің міндетіміз. Қазіргі заман мұғалімі заман талабына

сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгергенде ғана білігі мен білімі жоғары, жетекші тұлға ретінде болатыны сөзсіз. Қорытындылай келе, жаңа әдіс-тәсілдерді сапалы қолдана алсақ, оқушыларымыз сыни ойлай алатын, білімге құштар, алған білімдерін талдап, жинақтап, практикада қолдана алатын нағыз көшбасшы тәрбиелейтіндігіміз сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 .Мұғалімдерге арналған нұсқаулық
2. Портал материалдары

3.Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы
4.К. Дайрабаев, А. Дайрабаева Педагогика негіздері

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МӘТІН ҚҰРАУ, ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУАРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Реимова Зинегүл Сырланқызы, Жупалаева Гульжан Амангелдиевна
Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы № 66 жалпы білім беретін орта мектеп

Мектептерде оқушылардың тілін дамыту айтылым және жазылым дағдылары арқылы іске асырылады. Адамдардың бір-бірімен қарым - қатынас жасап, дұрыс сөйлесіп, сөз және сөйлеу мәдениетін меңгеріп өз бойында қалыптастыратын негізгі құрал –тіл. Сөз мәдениеті дегеніміз сөздерді мағынасына сай дұрыс қолдану, сөйлеу үстінде оларды бір-бірімен қиюластырып, үндестіріп дұрыс айту, емле мен тыныс белгі ережелерін сақтап сауатты жазу, тілдің ғасырлар бойы сұрыпталып келген көркемдігі мен әсем өрнегін орнымен қолдану.

Көркем әдебиетті түйсініп, оның мән-мағынасын жете ұғынуда мәтінмен жүргізілетін ауызша жұмыстармен қатар, жазба жұмыстарының да мәні үлкен. Оқушылардың ой белсенділігін, шығармашылық қабілетін дамыту сияқты күрделі міндеттерді орындауда оларға жазбаша жұмыс орындату қажет-ақ.

«Шығармашылық дегеніміз –адамның белсенділігі мен дербес іс-әрекетінің ең жоғарғы формасы» делінген «Педагогикалық энциклопедияда.»

Шығармашылық жұмыстар түріне мазмұндама, шығарма, баяндама, реферат, аннотация, әдеби монтаж жасау кірсе, қазіргі таңда жаңа формат эссе де жазбаша жұмыс түріне енді. Мұғалім алда шығармаға арқау болатын тақырыпты өту кезінде ауызша сұрау, сұраққа жауап беру, жазбаша шағын тапсырмалар орындау, мәтінді бөлімдерге бөлу, ат қою, жоспар жасау секілді жұмыс түрлерін атқару керек. Сонда оқушы кәркем туындының мәнді тұстарына кәңіл бәліп, негізгі ойды жинақтап, өз пікірлерін айта, жаза білуге дағдыланады. Жазба жұмыстарын (шығарма, эссе) орындату – қазіргі кездегі әдебиет сабағандағы өзекті мәселе.

Білім бере отырып, жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығарабілу –әрбір ұстаздың міндеті.

Уақыт пен заман тынысына сай білім берудің жаңашыл технологияларына негізделуі еңселі ел болудың басты кепілі екені анық. Жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Ұлттық болмыс пен құндылықтары уызына қанықкан тұлға тәрбиелеу, кемел білім беру – ұстаздар үшін күн тәртібінен түспейтін мәселе. Осы тұрғыда білім сапасын арттыру мұғалім шеберлігі мен бала танымының кеңеюі, дамуының басты белгілерін: дербестігін, проблемалық ситуацияны шешу – шығармашылық таным әрекетін, диалектикалық ойлауын біріктірумен бірге, мақсатты да жүйелі жұмыс жүргізуді талап етеді.

Сапалы білім беруге ұмтылған мұғалім ғылымға негізделген жүйелі бағдарлама бойынша теориялық - практикалық іс пен еңбекке баулуды қатар алып жүреді. Осы орайда шетелдік және қазақстандық ғалым-педагогтар технологиясын қазақ тілі мен әдебиеті сабағында пайдалану ізденістері баланың шығармашылық қабілетін дамыту, ұштау мәселесінде зор рөл атқармақ. Білімді изгілендіруге арналған технологиялардың пайдасы зор. Соныңішінде, проблемалық оқытуға тоқталсақ, бұрынғыша білімді даяр күйінде бермей, оқушылардың алдына белгілі проблеманы, міндетті қойып, соны өздеріне шештіруге бағыттау. Проблемалық оқытудың негізгі ерекшелігі – баланың білетіні мен білмейтінін айқындайды, проблемалы жағдай туғызады, осыған орай, баланың ізденушілік әрекеті, ынтасы күшейе түседі.

Сын тұрғысынан ойлау арқылы да өз алдына сұрақтарға жауап іздеп, жан- жақты пікірлесіп, талдау жасап отырады. Бала қабілетін сол тақырыпқа байланысты ояту, оны ой шақыруға, ойын тұжырымдауға, қасындағы балалармен пікірлесуге, топтасуға баулу. Оқушылардың жұмысы дербес ұйымдастырылған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес олардың ойлары шыңдалып, белгілі жетістіктерге жетері сөзсіз. Педагогикалық технология осындай сапалы білім беруді қамтамасыз етеді.

В.П.Беспалько:«Педагогикалық технология - тәжірибеде іске асырылатын педагогикалық жүйенің жобасы» екендігіне тоқталған. Қазақстандық ғалым М.М.Жанпейісованың анықтамасы бойынша «Педагогикалық технологиялар – білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілетін пәндер мен әдістемелердің, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың әзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды».

«Өркениеттің мақсаты–адамды ойлауға үйрету» деп атақтығалым Т.А.Эдисон айтқандай, мектептің де, оқытылатын пәндердің де басты мақсаты - оқушылардың танымдық-шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. Осы орайда әдебиет пәнінің мүмкіндігі зор. Кез келген пәнді оқыудағы мақсатқа жету үшін мұғалім мен оқушының өзара байланыстары белгілі бір әрекет түрлері арқылы іске асырылуы керек. Ол оқыту әдістері болып табылады. Ғалымдардың анықтамасына жүгінсек, «Оқыту әдістері – бұл біліммен, танымдық тәсілдермен және практикалық әрекеттермен қамтамасыз ететін оқушылардың танымдық әрекеттерін ұйымдастыру тәсілі». Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушылардың тілін, жазу дағдысын дамытуға арналған жұмыс түрлеріне көбірек көңіл бөлінеді. Бұдан күтілетін нәтиже оқушылар бойында коммуникативтік және әртүрлі деңгейдегі мәселелерді шешу құзіреттіліктері және бірте- бірте оқушылардың өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Тіл дамыту балалардың сөздік қорын байытуға, мағынасын түсініп, сол сөздерді дәл қолдана білуге, өз ойларын, пікірлерін екінші біреуге жеке сөйлемдер арқылы, логикалық, композициялық тұтастығын сақтай отырып, жүйелі түрде әңгімелеу арқылы ауызша, жазбаша дұрыс білдіруге,яғни, «нәрсенің жайын-күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айтып беруге» үйрету жұмысын айтамыз. «Ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушыға ұғарлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады», - деп ұлы ғалым А.Байтұрсынов бала тілін дамытуда сөз үйретіп, сөздік қорын молайту мақсатында өте тиімді әдістер қолданған.

Проблемалық оқытудың мақсаты – ғылыми таным нәтижелерін,білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге бұл нәтижелерге жету жолын оқу үрдісінде меңгеру, оқушының таным дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту. Проблемалық оқыту – ойлау операциялары логикасы (талдау, қорытындылау және тағы басқа) мен оқушылардың ізденіс әрекетінің заңдылықтарын (проблемалық жағдаят, танымдық қызығушылығы, қажетсінуі және тағы басқа) ескере отырып жасалған оқу мен оқытудың бұрыннан мәлім тәсілдерін қолдану ережелерінің жаңа жүйесі. Сондықтан да бұл технология мектеп оқушыларының ойлау қабілеттерін дамытады және сенімдерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Проблемалық оқытудың негізгі ерекшелігі – оқушының білетіні мен білмейтінінің арасында қайшылықтардың пайда болуы және проблемаларды міндетті шешуге дайын тәсіл болмағандықтан, проблемалық жағдаяттың пайда болуы, осыған орай оқушының ізденушілік әрекетімен ынтасының күшейе түсуімен сипатталады.

Сондықтан проблемалық оқыту проблемалық жағдаяттың пайда болуы, проблемалық міндетті қою және оның қиыншылық мәнін жете түсіну, болжау арқылы шешім тәсілдерін табу, болжамды дәлелдеу, проблема шешімінің дұрыстығын тексеру сияқты кезеңдерден тұрады.

Сын тұрғысынан ойлау стратегияларын пайдалану оқытудың әртүрлі формаларын қолдана отырып, оқушылардың бір-бірін тыңдай білуге, өзойларын анық жеткізуге, өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруді, ізденіске баулып, естіп, көріп білгенін түйіндеп, пайдалана білуге үйретуді көздейді.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының қазіргі таңдағы талаптарға сай білімді жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында алатын орны ерекше. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасында қызығушылықтан бастап, болжам жасатып, мақсат қойып, іс қылуға сұрақ беріп, жауап алуға мазмұндық толық түсінуге жағдай жасалған.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының тиімді жақтары:

1. Оқушылардың өздігінен жан-жақты білім алуына жағдай жасалады.
2. Сабақ кезінде уақытты ұтымды пайдалану мүмкіншілігі молаяды.
3. Оқушылардың өзара пікір алмасуына мүмкіндік туғызылады.
4. Мұғалім мен оқушылар арасында ізгілік қарым-қатынастар орнайды.

«Ойталқы», «Ойға шабуыл», «Идеялар көзі», «Сыншылар» мен

«Сарапшылардың» қатысуымен шешім қабылдаудың қалыпты түрлеріне қарама-қарсы, жаңа, дара идеяларды табуды көздейтін тәсілдер қолданылуы тиіс. Сол арқылы білім алушының ойлау және сөйлесімді әрекетінің белсенделігін арттыратын және оның теориялық, шығармашылық ойлауын жетілдіруге бағытталған бұл оқыту технологиясы білім алушының сәйлеу мәдениеті шеберлігін қалыптастыруға бастау болады.

Дамыта оқыту» технологиясын қолданушы әрбір мұғалім сабақтың құрылымын, әдіснамалық негіздерін толық меңгеріп, өз іс-тәжірибесінде шығармашылықпен қолдана білуі тиіс. Бағдарлау-мотивациялық кезең - оқу міндеттерін қою кезеңі. Дәстүрлі педагогикалық үй тапсырмасын тексеру барысының орнына алынған бұл кезең іштей екі құрылымға бөлінеді. Оқушылардың білімдерін бір деңгейге алып келу. Оқушыларды жаңадан түсіндірілетін тақырыпқа логикалық бірізділікпен алып бару үшін, өткен сабақтың материалымен тығыз байланыстыра отырып жаңа тақырыпты игеруіне қажетті тірек білімдердің барлығы өзектендіріледі.

«Оқушылардың барлығын бірдей деңгейге жеткізіп алу үшін мұғалім алдын ала оқушылардың есіне түсіретін, толықтыратын, бірдей мәреге жеткізетін тетіксұрақтар мен тапсырмалар даярлайды.

1. Оқу міндеттерін айқындау. Оқушыларға мазмұндық жағынан тізбектеліп құралған сұрақтар легі арқылы мұғалім оқушылардың өздеріне ОМ анықтуға басшылық жасайды. Соның негізінде оқушылардың жаңа тақырыпқа қарай бет бұруына жағдай жасайды да, жаңа тақырыпты танып- білу мотивациясын қалайды.

Осы екі құрылым арқылы 1- кезеңде 7-8 тапсырма орындалады. Соның еңсоңғысында оқушыға сұрақ қойылады немесе тәжірибе көрсетіледі. Оқушы неге таңғалады? Өйткені оқушыға соңғы тапсырма мүлде таныс емес. Шындығында, бұл сұрақ басында туындайды. Ал мұғалім өткен және әлі өтіліп бітпеген оқу материалын шебер байланыстырып, сұрақ қою арқылы оқушылар үшін проблемалық жағдаят туғызады. Проблемалық жағдаяттар туғызу сабақтың ең күрделі де маңызды бөлшегі болып табылатындықтан, бұл сәттің айқын әтілуіне үлкен мән бере қарау керек. Өйткені басты тетік осы проблемалық жағдай туғызуда жатыр. Жаңа тақырыптың сәтті меңгерілуі осы түйінделген проблемалық жағдаяттың қалай және қандай мазмұнда жасалғандығына тікелей байланысты. Мәселен, оқушылардың білетін біліміне сүйене отырып, жетекші сұрақтар мен тапсырмалар арқылы біртіндеп тереңдей берген проблемалық жағдаят туғызу сәтін мұғалім тұтас бір көрініс ретінде оқушыларға сездіруі керек.

Бұл технологияда ұжымдық жұмыс әдісі кеңінен қолданылады: ойға шабуыл, ұйымдастыру, қызмет ойыны, еркін шығармашылық пікірталасы.

Біздің елімізде қазіргі кезде білім берудің ұлттық үрдісі қалыптасуда. Бұл кезеңнің негізгі ерекшелігі – оқытудың дәстүрлі түрінен жаңа педагогикалық технолгияларға ауысу. Бұл үдеріс жаңа білім парадигмасыныңқалыптасуына әкеледі. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қояды.

Технологияларды пайдалану нәтижесінде оқушының өздігінен оқып, түйінді мәселелерді іріктеп алғанына, өіне деген сенімділіктерінің қалыптасқандығына, оқуға деген қызығушылығының артқандығына, іскерлік дағдысының қалыптасқандығына, мақсатқа өз бетімен ұмтылғандығына көз жеткіздім. Ойлау белсенділігі, тапқырлығы, шешім қабылдау әрекетінің дамуы, шығармашылықпен айналысуға талпынысы, өзіндік ой-пікір айтуы, сұрақ қойып, сұрақтарға жауап бере алуы, мәселенің ең маңызды түйінін шешуге машықтануы, ақпаратты саралауға, жүйелеуге дағдылануы оқушы бойында қалыптасқандығын байқадым. Өзіндік ойын зерделеп , қорытынды жасап, жазба жұмысында талдау жасауды үйренді.

Білім жүйесінде жаңа педагогикалық технологиялар саны өте көп. Соның ішінен «баланы білім, ақиқат, ереже мен формулалар қоймасына айналдырмайтын, оны ойлауға үйретететін» технологияны таңдап алу мектеп пен мұғалімнің құзыретінде, кәсіби шеберлігінде.

Қазіргі таңда педагогикадағы сындарлы көзқарас пен ұстаным әрбір ұжымның заманауи білім беру моделін табысты құрылымдауына септігін тигізуде. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында өздігінен оқытуда сын тұрғысынан ойлау технологиясы тіл дамытумен қатар тұлға қалыптастыруда маңызы зор екендігі тәжірибе негізінде дәлелденуде. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы – ойлаумен ұштастыра білім алуды бағыттайтын оқыту технологиясы. Осындай технологияларды сабақта пайдаланудың өздігінен реттелетін оқудың маңызын арттыратындығына көз жеткіздім.

Пайдаланылған әдебиеттер:

«Мәдени мұра». Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2004, 11-13 бет.

Агаев А.Г. Национлогия: Проблемы конструирования

Педагогикалық сөздік. – Алматы, 1997 ж. 66-бет

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 8-том жалпы редакция басқарғанА.Ы.Ысқақов.-Алматы: Ғылым.1985-591 бет.

ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ ДОШКОЛЬНИКОВ

Решетник Гульнара Муратовна: воспитатель;
Ахметова Лайла кенжегалиевна: воспитатель.
Детский сад № 2 «Бұлбұл», город Актобе

Разностороннее развитие и воспитание дошкольника, возможно, осуществлять различными способами и средствами. Одно из них знакомство с природой. Ребенок изо дня в день соприкасается с природой, т. к. она неисчерпаемый источник духовного обогащения. Сегодня очень часто используется термин «экология». Но что же означает это слово? Экология – это наука, изучающая взаимодействие живых организмов с окружающей средой. Наука «экология» изучает все, что взаимодействует или влияет на живые организмы. Это наука, которая учит нас бережно относиться к окружающему миру, к Земле. Мир разноцветный, яркий. «Мир вокруг нас, Земля – это наш Зеленый дом». Моря и реки, леса и горы, деревни и города.… Как много в этом замечательном доме! И вместе с нами в нем живут растения и грибы, насекомые и рыбы, птицы и звери… Экологическое воспитание дошкольников – это ознакомление детей с природой, в основу которого положен экологический подход, а педагогический процесс опирается на основополагающие идеи понятия экологии.

Выдающийся педагог В. А. Сухомлинский придавал особое значение влиянию природы на нравственное развитие ребенка. По его мнению, природа лежит в основе детского мышления, чувств, творчества. Он отмечал, что сама природа не воспитывает, а активно влияет на взаимодействие с ней и чтобы ребенок научился понимать природу, чувствовать ее красоту, это качество нужно прививать с раннего детства. Формирование любви к родной природе начинается в детском саду. В дошкольном возрасте закладывается фундамент конкретных представлений и знаний о природе.

Природное окружение представляет большие возможности для разнообразной деятельности детей, для формирования экологической культуры, что влияет на развитие их нравственных, патриотических чувств и интеллектуальных способностей.

Формирование начал экологической культуры — это становление осознанно-правильного отношения непосредственно к самой природе во всём её многообразии, к людям, охраняющим и созидающим её, а также к людям, создающим на основе её богатств материальные или духовные ценности. Это также отношение к себе, как части природы, понимание ценности жизни и здоровья и их зависимости от состояния окружающей среды. Это осознание своих умений созидательно взаимодействовать с природой.

Экологическое воспитание детей предполагает:

- Воспитание гуманного отношения к природе;
- Формирование системы экологических знаний и представлений;
- Развитие эстетических чувств;
- Участие детей в посильной для них деятельности по уходу за растениями и животными.

Дети дошкольного возраста с огромным интересом смотрят на окружающий мир. И познание его начинается со знакомства с фруктами и овощами, ягодами и грибами, узнают какие травы лечебные, названия цветов и деревьев.

В течение учебного года дошкольники не только рассматривают картинки, они ухаживают за растениями в живом уголке, пробуют себя в качестве садовода – огородника (посадка лука). В воспитании экологически грамотного человека большая роль отдается дидактическим играм, сюжетно – ролевым и подвижным играм, таким как «Кто где живет?», «Цветочный магазин», «Когда это бывает?».

М.М. Марковская утверждает, что именно уголок природы детского сада помогает в воспитании любви к природе. Именно, в процессе систематическом уходе за растениями и животными у детей формируются определенные трудовые навыки, внимательное отношение к обитателям живого уголка, забота о живых существах. Использование художественной литературы в сочетании с малыми формами фольклора вызывает у детей гамму чувств – переживание, восхищение, нежность, восторг. Они рождают в детях веру в весомость и значимость слов. Чтобы помочь детям в занимательной форме выявить особенности природных явлений, сезонных изменений в природе, определить качества предмета, повадки животных, используются загадки, стихи, пословицы, поговорки, потешки. В потешках оживают все явления и силы природы: солнце, радуга, гром, дождь, ветер, времена года живут как одушевленные существа. Дети как будто сами вступают с ними в контакт.

Ребенок, попадая в этот таинственный мир, узнает тайны, чудеса, таинственные превращения, познает все тайны растительного мира, животного мира, знакомится с сезонными изменениями в природе, узнает о временах года, В процессе экологического воспитания дошкольника, также важна совместная работа с родителями. Только опираясь на семью можно решить задачи связанные с экологическим воспитанием. Дети вместе с родителями принимают активное участие в творческих конкурсах в детском саду: «Дары осени»; «Осенние причуды», «Зимушка – волшебница», «Зимняя сказка», «День Земли», «День защиты животных» и т. д. Эта совместная работа сближает детей и их родителей, дает ребенку ощущение, что он делает, что-то важное и нужное, поскольку в жизни ребенка главным примером для подражания являются все-таки родители.

Таким образом, формируется осознанно правильное отношение к объектам и явлениям природы, экологическое мышление. Развиваются умственные способности детей, которые проявляются в умении экспериментировать, анализировать, делать выводы. У детей появилось желание общаться с природой и отражать свои впечатления через различные виды деятельности.

Нравственное воспитание дошкольников посредством природы, позволяет развить альтруизм, внимательность, заботливость, взаимопомощь, терпеливость, доброту, трудолюбие, ответственность. Ребенок накапливает духовно – нравственно – ценностный опыт отношения к миру, что придает его деятельности гуманный характер.

Литература:

1. Рыжова Н.А. Экологическое образование в детском саду. [электронный ресурс], Педагогический университет Первого Сентября.

2. Марковская М.М., Уголок природы в детском саду//1989г

3. Мир природы и ребенок: методика экологического воспитания дошкольников (Под ред. Л.М. Моневцовой,П.Г. Саморуковой. – Спб.,1998.

КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІ БОЙЫНША АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Рысмағанбетова Сымбат Терекқызы
« № 33 қазақ орта жалпы білім беру мектебі» КММ

Қазіргі қоғамның жаһандану үдерісінде адамзаттың ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерімен жаңа еңбек салаларының қалыптасып дамуына ықпал етуде. Ол адам еңбегінің икемді, қолайлы және тиімді орындалуына мүмкіндіктер жасап келеді. Соның бірі, өндіріс пен қызмет көрсету салаларында замануи материалдардың пайда болуы, инновациялық технологиялардың, акпараттық-коммуникациялық технологиялардың үдемелі дамуы болып табылады.

Қазіргі еңбек нарығында жаңа мамандықтар пайда болып, олардың еңбек мазмұны да жиі өзгерістерге ұшырып келеді. Осыған куә болатын үлгілерге өндірістердегі автоматтандырылған қондырғылармен өнімді жасау, сол сияқты қызмет көрсету салаларында кішігірім құралдар мен аппараттардың кеңінен қолданылып, маманның еңбек операцияларын жеңілдетуге үлкен көмегі тиіп келеді. Бұл үлгідегі құрал-жабдықтар қазіргі өндірісте, қызмет көрсету саласында және тұрмыста да кең орын алып келе жатқаны белгілі.

«Көркем еңбек» пәнін оқытудың мақсаты – жеке тұлғаның қалыптасуы және өз ойын білдіруінің негізі ретінде, рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту, шығармашылық, кеңістіктік-образдық ойлауын, көркемдік-технологиялық білімінің негізін қалыптастыру. Оқу бағдарламасының мазмұны көркемдік-шығармашылық іс-әрекеттің алуан түрін қарастырады. Сабақта іске асырылатын көркемдік іс-әрекеттің түрлерін «Көркем еңбек» пәнінің мұғалімі анықтайды. Сонымен бірге міндетті түрде көркемдік іс-әрекеттің үш түрі жүзеге асырылады: конструктивті, бейнелеу, сәндік.

Көркем еңбек пәнін өткізуде көптеген жаңа технологияларды пайдаланып, оқушының жаңа материалды толық игеруіне баса назар аударудамыз. Көркем еңбек пәні арқылы әлемді эстетикалық және рухани түрде меңгеруге және тұлғаның өз ойын білдірудің бір тәсілі болып табылады.«Көркем еңбек» пәні оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, кеңістік-образдық ойлауын, рухани-адамгершілік құндылықтарын, қоршаған ортаны эстетикалық, эмоционалдық түрде қабылдауларын қалыптастыруға бағытталған. Түрлі өнер салалары бойынша көркем білімдер мен дағдыларды қалыптастыру, әлемнің біртұтас бейнесін қалыптастыруға, оқушылардың көркемдік қабілеттерін, кеңістікті және көру арқылы қабылдауларын, елесті, есте сақтау, зейін мен қиялды дамытуға негіз болып табылады. Көркем және басқа түрлі материалдар, құралдары мен тәсілдерін қолдану оқушылардың сенсорикасын, қолдың моторикасын және көзбен нақты мөлшерлеуін дамытады.

Инновациялық технологияларды қолдану арқылы «Көркем еңбек» пәнін оқытудың тиімділігін арттырудың ғылыми негіздерін айқындау және оны әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету.

Ертеңгі күннің бүгінгіден де гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы. Ақпараттық білімнің, адамның ортамен өзара қарым-қатынасын үйлестіру және жаңа қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері мол кезде өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамда сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді. Пәндерді оқыту әдістемесіне интернет жүйесін қосу – сапалы білімнің қайнар көзі болады. Интернет жүйесі арқылы оқыту оқушылардың өзара ақпарат алмасуын жеделдетеді, танымдық қызметін арттырады, білім алуға

қызығушылығын ұлғайтып, өз бетінше ізденуге ұмтылдырады. Оқушылардың мұндай қабілеттерін дамытатын, танымдық іс-әрекетін қалыптастыратын, әрине, мұғалім екені даусыз. Оқытудың бұл жүйелерінде мұғалім тек басшылық жасап ұйымдастырушы, бағыттаушы рөлінде болады.Ақпараттық-коммуникативтік технология жағдайындағы оқыту үдерісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпаратты болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың оқу-тәрбие үдерісіне енуі мұғалімге жаңа бағыттағы мақсаттар қояды. Олар:

• өз пәні бойынша оқу-әдістемелік электрондық құрылым жасақтау, әдістемелік пәндік Web-сайттар ашу;

• әртүрлі компьютерлік желілерді қолдану.

Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушының креативті ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру білім беру жүйесінің алдында тұрған ең негізгі мақсат болып табылады.«Ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік деген не?» деген сұраққа келесідей жауап беруге болады: «Ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік – бұл оқу, тұрмыс және кәсіби бағыттағы міндеттерді анықтауда ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеттілігі». Ақпараттық құзыреттілік:

- сыни тұрғыдан ұсынылған ақпараттар аясында дұрыс шешім қабылдауға;

- өз бетімен мақсат қоюға және оны қорғауға, мақсатқа жету үшін танымдық қызметті жоспарлауға және жүзеге асыруға;

- ақпаратты өз бетімен табуға, талдауға, іріктеу жасауға, қайта қарауға, сақтауға, түрлендіруге және тасымалдауға, мүмкіндігінше заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Көркем еңбек сабақтарында ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру, заманауи ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарын тиімді пайдалану оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал етеді. Оқушылардың ақпараттық құзыреттілігі мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда сабақ барысында әр түрлі Wordwall,Quizizz , Kahoot,Padlet оқу ресурстарын қолданамын.

Сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

оқушының жеке дара жұмысы;

• аз уақытта мол білімге қол жеткізіп, уақытты үнемдеу;

• білім, білік, дағдыларын тест арқылы бақылау;

• шығармашылық тапсырмалар орындау;

• қашықтықтан оқу мүмкіндігінің туындауы;

• қажетті ақпаратты аз уақыттың ішінде табу мүмкіндігі;

• экономикалық тиімділігі;

• іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;

• қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақпен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып үрдістерін әртүрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;

• оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейту.

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары

1. АКТ оқытудағы тақырып шеңберіндегі не қандай да уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады.

2. Оқыту жүйесінің көпдеңгейлі жетілдірілуі оқу сапасын арттырады.

3. Оқушы өз бетімен немесе өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

4. Оқушының танымдық іс-әрекеттері күшейіп, өзіндік жұмыстарды тез орындау мүмкіндіктері жетіледі.

Осындай оқыту құралдарының бірі – *цифрлық білім беру ресурстары*. Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану арқылы оқушы өзбетімен шығармашылықпен айналысуға, теориялық білімін өмірмен ұштастыруға мүмкіндік алады.

Қорыта айтқанда, заманауи ақпараттық коммуникативтік технологиялар арқылы жүзеге асырылатын оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итермелеп, нәтижесінде өздерінің кәсіби әлеуетінің қалыптасуына жол ашады. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам жағдайында, оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын инновациялық технологияларды ғана тиімді деп санауға болады. Оқушылардың заманауи ақпараттық коммуникативтік технологиялар көмегімен қалыптасатын және жүзеге асырылатын ойлау қабілеті дәстүрлі технологиялар арқылы берілетін ойлау жүйесінен өзгеше болатындықтан, тек ойлау қабілеті түсінігі ғана емес, қабылдау, есте сақтау жоғарғы деңгейде болады. .

Әдебиеттер тізімі:
1. Ұ.Жазықбаева. Жаңа адамды тек жаңашыл ұстаз тәрбиелейді. Шымкент, 2021.
2. Т.Ш.Оралбекова Технология оқулығы. Алматы, 2016.
3. Т.Ш.Оралбекова Әдістемелік құрал (технология), Алматы, 2020
4. Көркем еңбек. Білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы көркем еңбек оқу бағдарламасы. –Астана, Ы.Алтынсарин ат. Ұлттық білім беру Академиясы, 2020 – 58 б.

МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ «КӨРКЕМ ЕҢБЕК» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

- **Оқытудың тиімділігін арттыруда мультимедиалық технологияларды пайдаланудың маңызы мен мүмкіндіктері**
- Оқыту үдерісінде мультимедиалық технологияларды пайдаланудың маңызы мен мүмкіндіктерін қарастырмас бұрын «мультимедиа», «мультимедиялық технологиялар», «білім берудегі мультимедиа» және т.б. ұғымдардың анықтамаларына тоқталайық.
- ***Мультимедиа*** – компьютерлік графикамен, суреттермен, қозғалыстағы бейнеақпараттармен, анимациямен, мәтіндермен, жоғары сапалы дыбыстармен жұмыс істеуді қамтамасыз ететін интерактивті жүйе. Мультимедианың дамуы бейнетехникалық және дербес компьютерлік технологиялардың өркендеуі нәтижесінде жүзеге асуда. Мультимедиа статикалық (мәтіндік, кестелік, графиктік) және динамикалық (анимациялық, бейнелік), дыбыстық ақпараттарды талапқа сай дәрежеде ұсынуды іске асырады. Оның жалпы сипатын 1-суреттегідей бейнелей аламыз.

Сурет 1 – Мультимедианы құрайтын әртүрлі типті ақпараттар.

Мультимедиалық технологиялар – әртүрлі типті мәліметтерді дайындау, өңдеу, біріктіру, ұсыну әрекеттерін аппараттық және бағдарламалық жабдықтарды пайдалану арқылы жүзеге асыратын технологиялар (әдіс-тәсілдер) жиынтығы.

Мультимедиа технологиясын активті түрде пайдалану оқытудың компьютерлік технологияларын дамытудың болашағы бар бағыттарының бірі.

Сонымен қатар, мультимедиа технологиясын пайдаланудың жаңа бағыттарының бірі – компьютерлік желілерде телеконференциялар ұйымдастыру

- Мультимедиалық бағдарламалардың негізгі атқаратын функцияларының бірі – басқаруды қамтамасыз ету. Қажетті ақпаратқа еш кедергісіз ауысу мүмкіндігі қамтылған. Мысалы, кинофильмдерді көру барысында мультимедиалық бағдарламалар пайдаланушыға қажетсіз кино үзінділерін өткізіп жіберуді, керекті киноүзіндіні бірнеше қайтара көрсетуді жүзеге асырады.
- Осы орайда, мультимедиада қолданылатын бейнеақпарат түрлерін жіктеп көрсетуге болады:
- *Қозғалассыз бейне*
- *Мәтін*
- *Қозғалыстағы кескін немесе бейне*
- *Анимация*

Мультимедиалық технологияларды білім сапасына әсері, оқытудағы тиімділігі, қасиеттері, субъект іс-әрекетін дамыту мүмкіндігі, т.б. сипаттамалары бойынша жіктеуге болады. (1 – сызба)

Сызба 1 – Мультимедианың оқытудағы сипаттамалары бойынша жіктелуі

Мультимедиалық технологияларды белгілі бір оқыту жүйесінің мазмұны мен әдістеріне негізделген жағдайда пайдалану тиімді. Мультимедиалық технологиялар мен оқыту әдістерінің өзара байланысы біркелкі болмайды, яғни, бір мультимедиалық құрал бірнеше оқыту әдістерін қамтыса, ал керісінше, бір оқыту әдісінде бірнеше мультимедиалық технологиялар кешені пайдаланылуы мүмкін.

Мультимедиалық технологияларды тиімді пайдалану үшін оның психологиялық-педагогикалық шарттарын қатаң бақылауда ұстау керек:

а) Оқу материалдарын тұлғаның қабылдау ерекшеліктерін ескеру.

ә) Экрандық оқу материалдарының студенттер мен оқушылардың эмоциясына әсерін бақылау.

б) Оқу материалдарын пайдалану кезінде тұлғаның ойлау қабілетін аттыруға қозғау салу.

Сонымен, қорыта айтқанда, мультимедиалық технологиядарды пайдаланып оқыту, мынадай нәтижелерге:

- оқу материалын терең түсінуге;
- оқу мотивациясының артуына;
- оқуға кететін уақыттың үнемделуіне;
- алынған білімнің ұзақ уақыт есте сақталуына;
- білім беруге жұмсалатын шығынның азаюына т.б. қол жеткізуге мүмкіндік береді.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БІЛІМ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕР

Рысмамбетова Зарина Сарсембаевна
«№ 2 Хромтау гимназия» КММ

Оқытудың белсенді әдістері- бұл оқушының танымдық және шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыра отырып, мәселені шешуге бағытталған практикалық қызметін белсендіру. Белсенді оқыту қазіргі кезде ізденістердің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Оқытудың белсенді әдістері- оқу материалын игеру процесінде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға негіз болатын оқыту әдістері.

Қазақ тілі мен әдебиетін пәндерін оқытуда белсенді оқыту әдістерін қолдану арқылы оқушының өз ойын еркін дәлелдей алуына жағдай жасаумен қатар оқушыны жетістікке жетуге бағыт бағдар беру.

Белсенді әдіс-тәсілдер арқылы оқушы жүрегіне жол табу, сабақтардың әрбір сәтін қызықты, ұтымды өткізу.

Белсенділіктің 3деңгейі:

❖ Қайта жаңғырту белсенділігі- оқушының білімді түсінуге, есте сақтауға, қайта жаңғыртуға тырысуы, яғни, үлгі бойынша пайдалану тәсілдерін меңгеруі.

❖ Интерпретация белсенділігі- оқушының оқытылған материалдың мәнін түсінуге, осы ақпараттардың арасындағы байланысты түсінуге тырысуы, яғни, ақпаратты үлгі бойынша емес, өзгертілген жағдайда пайдалану тәсілдерін меңгеруі.

❖ Шығармашылық белсенділік- оқушының мәселені шешу жолдарын өз бетінше іздеуі, яғни, танымдық қызығушылығын көрсете білуі

Оқытудың белсенді әдістері белгілі бір оқу құралдарында жүзеге асырылады.

Жалпы білім беретін мектептердегі басты мәселелердің бірі АКТ-ны оқытуға енгізу болып табылады. Білім беру саласына әр түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардан қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану– басты талап. Көрнекілік әдісі және техникалық құралдарды қолдану үшін АКТ маңызы зор.

АКТ модулін, диалогтік оқытуды, саралап оқытуды, СМАРТ мақсат қоя білуге, әртүрлі ойын тәсілдерін қодана отырып сыни ойлауға үйретуді және бұл қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріндегі тиімділігін ескере отырып қолдана білу қажет. Оқытудың жаңа әдістерін қолдана отырып, жеке, жұпта, топта жұмыс істеу барысында мұғалім мен оқушының ынтымақтастығын қалыптастыру болып табылады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні сабақтары үдерісінде тілдік дағдыларды қалыптастастыруда тиімді әдістер мен жаңа технологияны пайдалануда:

· оқушының пәнге деген барынша қызығушылығын оятады;
· танымдық және шығармашылық біліктілігін қалыптастырады;
· әлеуметтік және мәдени тәрбие қалыптастырады;
· оқушыны коммуникативтік шығармашылық дағдыға баулиды;
· оқытушының уақытын үнемдейді
· қосымша қызықты мәліметтер береді.

Баланың қиялын дамытып, ойын ілгері жетілдіруде тіл сабағында сан алуан әдістерді қолданып отыру керек. Педагог үнемі өзі шығармашылық қабілетті дамыту жолдарын нұсқап отырса, онда балалар өздері де ізденіске түседі.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдау барысында мынадай жұмыстар жүзеге асырылып, отыру керек:

1. Пән сабақтарында шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды іріктеу, орындау, талдау жұмыстарын жүйелі жүргізіуіне;

2. Оқушылардың білім деңгейі мен олардың өз мүмкіндіктерін пайдалану көрсеткішін арнайы әдістемелер бойынша жүйелі түрде тексеріп отыруға;

3. Сабақтан тыс мезгілде жүргізілетін жұмыстарға – пәндік олимпиада, ғылыми конференцияға, интеллектуалдық турнирлер мен шығармашылық байқауларға дайындық жұмыстарын жыл бойы жоспарлы жүргізуге;

4. Білім беру мекемелерінде шығармашыл оқушылар үшін арнайы сыныптар мен топтар құрып, оқу бағдарламаларын жеделтетіп оқытуды ұйымдастыруға;

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні сабақтары барысында оқушылар өздерінің, бір-бірінің ой-пікірлеріне сын көзімен қарай отырып, жаңа тың идеялар туғызады. Сабақтар баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Оқушылар мұндай сабақтарда оқудың қызықты әрі жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйретететіндігін, білімнің тереңдігі әрі тиянақтылығы артатындығын түсінді. Сыни ойлауға үйретудің, АКТ, диалогтік оқытудың осындай ерекшеліктерін ескере отырып, болашақта әріптестеріме де осындай жаңа әрі қызықты идеялардың тууына мүмкіншілік беретін әдістерді өз сабақтарына енгізуге ұсыныс білдіремін.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012ж
2. Бітібаева Қ. Ғылыми жұмысқа баулу. Оқу-әдістемелік құрал, Алматы, 2012ж

МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ

С.Алжанова
педагог-психолог

«Өзінің ішкі жан сарайына көз жүгірте білетін әрбір адам –
психологияның дап-дайын тұрған курсы»
/Константин Ушинский /

Әрбір жеке адам – жаратылыстың ең қымбат сыйы,әрбір жеке тұлға – құпиясы мол жұмбақ.Сол жұмбақтың сырын ұғып, жүрек кілтін аша білу,әрбір жүректің құпиясын, сырын оқи білу мен қалаған мамандықтың ең ғажайып тылсым сыры деп білемін. Дана халқымызда «Тән ауруы жазылар, жан ауруы жазылмайды» деген сөзде үлкен мағына жатыр. Бүгінгі күнде тән ауруын дәрігердің шипасы емдесе, жан ауруын психолог маман емдей алады. Әр адамның жүрегіндегі мұңды сезіп, ойды танып, дұрыс жол сілтеп, бағыт-бағдар беру, бұл адамнан тек мамандықты ғана талап етпейді, адамға деген мейірімділік пен махаббат, ізгілік пен сүйіспеншіліктен туындайтыны сөзсіз.

Бұл жантану әлемінің негізі саналатын психолог маманының қызметі болмақ. Менің бұл мамандықты таңдауыма себеп - ғажайыпқа толы керемет ғұмырымда замандастарыма, жақындарыма, өзімнен кейінгі ізгі ұрпақтарыма,өскелең болашағыма бір-бірлеріне мейіріммен қарауға,бауырмашыл болуға,әрдайым қолынан келген көмегін аямай көрсете білуге үйрету.Осы қызметімді бастаған уақытта көптеген ағартушылық жұмыстар жүргіздім, себебі бәрі мынадай сұрақтарға жауап іздеді: психолог деген кім? Оның жұмысы қандай? Мектептерде психолог не үшін керек? Психолог пен психиатрдың айырмашылығы неде? т.б. Балаларға да, ата-аналарға да «психолог» деген сөз қорқыныш туғызды. Психолог бізге неге керек? Менде ешқандай алаңдататын мәселелер жоқ. Алғашқы кезде оқушылар психологтың міндетін, қандай жұмыс атқаратынын, оның қандай мағына беретінін түсінбеді. Бірақ, келе-келе мектепте психологтың атқаратын жұмысы қыруар екеніне, тіпті мектеп үшін өте қажет екендігін түсінді. Мектептегі психологқа қойылатын талап өте көп және орындау әр психологтың біліктілігіне, шығармашылық ізденісіне байланысты екендігіне көзім жетті. Мектепте психолог қызметін атқарғалы бері балалармен психологиялық сауықтыру, диагностикалық қызмет көрсету, түзету-дамыту сабақтарын өткізіп, кеңес беру нәтижесінде оқушылардың психологияға деген қызығушылықтары арта бастады. Психолог әрқашанда жан алып, жан беріп, білімін де білігін оқушының мінез-құлқын қалыптастыруға жұмылдырады. Бізге, психологтарға, ниет пен ыстық ықылас, сондай-ақ қарапайымдылық қажет.Осы қасиеттер әрбір психолог маманының бойынан табылу қажет деп есептеймін. Психологтың еңбегі өте күрделі, көп ізденісті талап етеді, бірақ бұл қызметтің қызығы да мол. Оқушының ішкі жан дүниесінің есігін қағып, кіріп, үңіліп, сезіне білетін, оның ішкі сезімімен санаса білетін ол әрине – психолог маманы. Адам жанын түсіне білу, оны зерттей білу, оның мәселесін шешуге дұрыс бағыт-бағдар бере білу де, үлкен өнер, зор жауапкершілікті талап етеді. Психологиялық қызмет –адам жанымен үндесу, онымен бір толқында бола білу, Тадам ойымен, жеке тұлғамен жұмыстану, мәселенің шешімін дұрыс табуға көмек беру.

Психолог болу – қызықты да қиындығы мол тамаша мамандық. Қызметтің тәтті де ащы дәмін татып, әрқашанда өз ісімнің шебері болуға ұмтыламын. Өзімнің мамандығым-мақтанышым. Психолог қиын да қызықты, жауапты жұмысты атқарып жүргендіктен, білімнің жан-жақты болуы артық етпейді. Ал психологиялық білім өз жұмысымның жемісті болуына жетелейді. Психолог әр оқушының жан-жақты және үйлесімді дамуына тікелей ықпал ететін маман болғандықтан, мектеп әкімшіліктерімен әсіресе, әлеуметтік педагогпен, дәрігермен тығыз байланыста болуымыз қажет. Сондай-ақ балаларды тек қана өмірге дайындап қана

қоймай, бүгінгі тыныш заманда, бақытты да алаңсыз өмір сүрулеріне көмектесу- бұл басты міндеттің бірі болып саналады. Жас жеткіншектердің психологиялық саулығын дамыту және сақтау да мектеп психологінің ең жауапты жұмысы. Мектептегі психолог түрлі жастағы балалардың психикалық ерекшеліктерін зерттеп және оқыту мен тәрбиелеудің ықпалы арқылы оның өзгерістерінің заңдылықтарын білумен қаруландырады. Психолог бала жанының күйзелісін зерттеу барысында: психологиялық тренингтер; матрицаларды; түрлі диагностикаларды; тесттерді; түрлі терапияларды (ойын, би терапиялары) қолдану арқылы күйзелістен шығарып алуға ұмтылады. Баланың психологиялық ерекшеліктерін толық білмейінше, оларды оқытып тәрбиелеуге болмайды. Мен мектепте балалардың психологиялық ауытқушылықтарын байқап, мүмкіндігінше дер кезінде көмек көрсетуге тырысамын. Оқушының психологиялық мүмкіндіктерін мейлінше зерттеп, соған сәйкес ұйымдастырса ғана жақсы нәтиже береді. Иә, қарап отырсақ, жас жеткіншекке психологтар жәрдемі ауадай қажет-ақ. Мысалы: біздің мектепте бір оқушының сабаққа салғырт келетіндігін байқап, бірнеше күн зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Сөйтсек, бұл оқушыны сыныптастары өздерінің қатарына қоспай шеттетеді екен, оның себебін анықтап, мектеп директоры және анасымен байланыс жасап, шешім жасалды. Қазір ол оқушымыздың көңіл күйі жақсы, сабаққа да ынтасы артты. Елбасымыздың «Күшіне сенген адам ғана мақсатына жете алады» деген даналық сөзінде терең мән-мағына жатыр десем болады. Педагог-психолог қоғамдағы тұлғаның психологиялық және әлеуметтік дамуына көңіл бөледі. Демек, педагог-психолог маманын адам баласы өмірге келгеннен оң мен солды, ақ пен қараны ажырата алғаннан бастап, келешек толыққанды азамат және тұлға болып, оның әрі қарай жетілуіне әсерін тигізеді.

Қорытындылай келе, нағыз психолог болу үшін өзгенің өміріне өзіңнің өмірің ретінде бойлай отырып, олардың жан дүниесіне кіре білу. Сезгенім- «жан сырын өзі ашсын» деп үстелдің екінші жағында қатып қалған адам психолог «оқушы – ата-ана – мектеп» деп аталатын үш тағанның беріктігіне аса жауапты міндетті ала отырып, баршасының досы, ақылшысы, рухани жетекшісі бола білуі. Әрбір жеке тұлға сенің оқымаған кітабың екен, әр парағын ашқан сайын жаңалық табасың, таңырқайсың, тамсанасың, қызығасың, қынжыласың. Осындай асқан жауапкершілікті жүк еткен психологтың атқарар қызметі мен үшін әлемдегі мамандықтар арасындағы ең біріншісі, алғашқысы, құрметтісі, қадірлісі, сыйлысы, мәртебелісі, қасиеттісі, құдіреттісі, киелісі. Болашақта өз жұмысымды одан әрі жандандырып, ата-аналарыма, әріптестеріме көмегімді тигіземін деп ойлаймын. Сөз соңында айтарым, дәрігер адам жанының арашасы болса, психолог- адам жанының жанашыры. Себебі, алдына келген әр адамның жүрегіне үңіліп, онымен бірге мұңайып, қуанса қуанып, өмірге деген құштарлығын ояту- психолог маманының басты міндеті деп санаймын.

Қызылжар орта мектебі

Пайдаланылған әдебиеттер:

Қ. Жарықбаев. Психология. Оқулық. Алматы, «Білім», 1994ж.

Алдияров Қ. Ұстаз психологиясының ерекшеліктері // Бастауыш мектеп. – 2006.

БАЛАБАҚША – БАРЛЫҚ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМНІҢ ЕҢ АЛҒАШҚЫ БАСПАЛДАҒЫ

Сагиденова Акмарал Абилхановна, тәрбиеші
Ақтөбе қаласы, «№ 6 "Орман ертегі"бөбекжай- балабақшасы» МКҚК

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы.

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістерді енгізуді талап етіп отыр.

Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек ешқашан қателеспейміз. Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім сала-сында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жа-сына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналды.

Ендеше мектепке дейінгі білім беру са-ласының басты міндеттерінің бірі – өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне за-манауи әдістерін енгізу. Әрине бұл үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде ба-лалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың заманауи инноваци-ялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Тәрбие мен білім – егіз. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Егемен еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, қазіргі заманға сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – білімді, жан-жақты тәрбиешілердің еншісінде. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр. Балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолдануға ізденеміз.

Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану үздіксіз тәрбие беру мен білім сапасын арттырады.

Жаңа заман баласы – ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау қажет.

Біздің балабақшамызда балаларға үздіксіз білім беруде барлық жағдай қарастырылған. Балабақшада балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығы өте жоғары. Осы уақытқа дейін тәрбиеші ретінде балаларға үздіксіз тәрбие мен білім беруде жаңартылған педагогикалық технологияларды кеңінен қолдануға ты-рысамын. Себебі қазіргі заман балаларының берілген ақпаратты тез қабылдауынан, есте сақтау қабілеттері жоғары дамығандығын байқауға болады.

Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілері. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі технологиялары енгізілуде. Мәселен, ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқы-тудың компьютерлік технологиясы, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан-дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиешілердің ұстанымы ауысқан: ол балаларға басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы. Мұндай оқыту баланың интеллектуалды қабілеттілігін айтарлықтай шамада анықтайды, балала-рға мінезін қалыптастыруға, байланыс тілді, логикалық ойлауды, дүниетанымды дамытуға, сыни ойлауды қалыптастыруға және жеке мүмкіндіктерді беретін дамы-тушы орта құруға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі шақ адам өміріндегі ең маңызды кезең болып келеді. Өйткені осы кезде баланың бойындағы табиғи бар дарындылық жан-жақты дами ба-стайды. Сондықтан осы шақта балалармен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әрекеттер жүйелі жүргізілсе, жұмыс соншалықты нәтижелі болады. Тәрбиелі, білімді ұрпақ балабақшадан мектепке дайын шәкірт болып шығады.

Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы іспеттес. Мұндағы тәрбие мен білім балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте жастан дамытады. Бала – болашағымыз, бала – қуанышымыз. Ендеше мектепке дейінгі үздіксіз тәрбиемен, біліммен қамту өзімнің басты мақсаттарымның бірі екенін қуана айта аламын.!

Қолданылған әдебиеттер:

1.М.М.Мұқанов, «Жас және педагогикалық психология»
(Алматы 1982ж)
2.Ү.Тұрғынтаева, «Халық даналығы-адамгерішілік тәрбие құралы. 3.Отбасы және балабақша» (2001ж)
4.Ә.Табылдиев, «Халық педагогикасы және тәрбие» (1990ж)

СЫНИ ОЙЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Сағынова Анар Калдыбаевна
№4 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі
Дене шынықтыру пәні мұғалімі

«Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе білім»
М. Әуезов

Қазіргі кезеңде білім берудің сапасын жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік. Өйткені, мектептің әр күні көптеген ғылыми жаңалықтарға, терең әлеуметтік өзгерістерге толы. Бұрын оқу үрдісінде мұғалім басты роль атқарған болса, қазір оқушының белсенділік көрсететін кезі туды. Сабақ мұғалімнің емес, оқушының іс-әрекетімен бағаланады. **Қазіргі заманда нені оқыту емес, қалай оқыту маңыздырақ болып отыр.**

Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар көптеп саналады.

Солардың бірі сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Бұл технология Советтер одағында 1973 жылдан, Қазақстанда 1997 жылдан бері таныла бастады. Басқа пәндер секілді дене тәрбиесі сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалануға да болады.

Күтілетін нәтиже - дене тәрбиесі пәніне деген қызығушылықтарының артуы, сыни ойлау қабілетінің жетілуі.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз не?

Шындалған ойлау, кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сыни көзбен қарау;

-Күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешімдер қабылдауға құштарлық;

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы мұғалімге қабілеті төмен оқушыларды белсендіруге, мотивациясы жоғары оқушыларды өз білімін қолдануға ұмтылдырады.

Аталған технологияны қолданғанда оқушыларда

- **Ойлау логикасы дамиды;**
- **Өз ойын анық, нақты, жүйелі түрде жеткізе алады;**
- **Фактыларды бағалайды,саралайды ;**
- **Өз ойы, пікірі қалыптасады;**
- **Өз позициясын қорғай алуға үйренеді.**

Енді дене шынықтыру сабақтарында қолданатын біренеше сыни ойлау технолоиясының әдістеріне тоқталайық:

1.Идеялар корзинасы

Жаңа сабақты бастаған кезде аталған тақырып бойынша оқушының не білетінін білу үшін «Идеялар корзинасы» әдісі қолданылады. Нәтижесінде білім актуальданып, мотивация пайда болады.

Мысалы: 7 -класта «Волейбол.Қабылдау техникасын үйрету» тақырыбында не білетінімізді еске түсіру үшін әр оқушы өз алдарында жатқан волейболдың добына сандар, фактілер, даталар жазады да тақырып бойынша білетіндерін еске .

Одан кейін мағынаны тану кезеңінде балалар жаңа білім алып,оны жүйелейді.Осы кезеңде түрлі тәсілдер қолдануға болады.

2. «Миға шабуыл»

Миға шабуыл әдісін 1941 жылы А.Ф.Осборн ұсынған болатын. Әуел баста жарнамалық бизнесте қолданылған бұл әдіс адамның шығармашылық ойлауына қозғау салу мақсатын көздеген еді.

Миға шабуыл — топ мүшелерінің белгілі бір тақырып бойынша белсенді жұмыс істей отырып, соған қатысты айтылған идеяларын өз ішінде талқылап, ортақ келісімге келгендерін негіздеп жазып ұсыну әрекеті. Бұләрекет жүргізуші тарапынан нақты белгіленген уақыт көлемінде орындалуы шарт.

Мысалы:

1. Баскетбол добының салмағы – 540г. волейбол добының – 280г,волейбол добы баскетбол добынан қаншаға жеңіл? (260 г ға)
2. Ер адамның сеткасының биіктігі әйел адамдікінен қаншаға биік? (243-224= 19 см)
3. Волейбол қай жылы пайда болды? (1895)
4. Пайда болғаннан кейін волейбол Россияда 28 жылдын кейін келді.Ол Россияда нешінші жылы пайда болды?(1923)
5. Волейбол алаңының көлемін атаңыз .(9*18)
6. Волейболды ойлап тапқан кім? (Уильям Морган)
7. Волейбол ережелерін анықтайтын халықаралық ұйым. (Волейболдың халықаралық федерациясы ФИВБ)

3.Ассоциация

«ФУТБОЛ» сөзіне ассоциация жасаңыз.

4.«Кластер» әдісі.

Кластер дегеніміз идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды жинақтау, тұжырымдау. Тақырыптардың байланыстары туралы сұрақтар құрастырып, оларға жауап іздейді, идеяларды жинақтайды.

Дене тәрбиесі жаттығуларының эталондық орындау тәртіптері бар. Бірақ әрбір спортшы өзінің дене күшінің мүмкіндігін, психоқимылдық қабілетін ескере отырып, өзіне ғана тән техника қолданады. Жаттығулардың техникасының өзіне тән бөлімі, бөлшегі болады. Жаттығу техникасының негізі – спортшының толық жаттығу орындаған қозғалыс суретінен тұрады. Мысалы, жүгіріп келіп ұзындыққа секіруді алсақ, ол екпіндеп жүгіру, серпін жасау, ұшу, жерге түсу секілді техника бөлшектеріне бөлінеді. Қозғалысты орындау кезінде ең керекті шешуші техника бөлшегі болады

Мысалы: «Қозғалыс техникасының сипаттамасы» тақырыбындағы сабақ барысында оқушылар қозғалыс техникасы туралы білгендерін кластер түрінде көрсете алады.



«ОБНОВЛЕННОЕ СОДЕРЖАНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ – НОВОЕ РЕШЕНИЕ»

Сазонова Елена Петровна
воспитатель высшей категории
ГККП Алгинский детский ясли- сад № 1 «Еркетай», город Алга

Сегодня образование меняет свой облик. Это связано с глобализацией мира в целом. Изменились информационные форматы и дети должны быть конкурентоспособной личностью, уметь взаимодействовать и приспосабливаться в новой среде. Республика Казахстан усовершенствовала педагогическое мастерство педагогов и обновила содержание образования в целом. ГПРО, ГОСО, типовая учебная программа перешла на 12 летнее обучение, интеграцию областей и критериальное оценивание. Содержание типовой учебной программы направлено на развитие креативности, коммуникабельности, критического мышления и умений взаимодействовать в команде (модель 4К). Ранее используемые нормативные документы не давали углубленного осмысления развития ребенка. Они направлены на поверхностное выполнение целей и задач. Результаты деятельности детей только диагностировались.

Основываясь на указанные выше нормативные документы, планирование с изменениями в smart цели, ожидаемому результату и индикаторам. Применяются точные,

конкретные, эффективные подходы обучения обновленной программы, которые предусматривают всестороннее развитие детей, развивая критическое и творческое мышление, навыки в области информационно-коммуникационных технологий, научно – исследовательских навыков, а так же готовность учиться на протяжении всей жизни.

Это дает возможность по - новому взглянуть на свои формы, методы и приемы обучения детей. Пересмотреть подходы в обучении детей. Обновленное содержание направлено на ребенка и его саморегуляцию, согласно ТУП по пяти областям. Ребенок может в полной мере раскрыть свои скрытые способности, потребности. Планирование включает не только детей с ООП, но и одаренных детей. Дифференцированный подход к обучению очень эффективен, так как включает в процесс работы детей всех уровней. Новые игровые подходы и методы наблюдения позволяют увидеть интересы каждого ребенка, понять к чему он стремится и как ему помочь раскрыть себя. Обновленное содержание планирования поможет педагогу самосовершенствовать профессиональное мастерство.

При прохождении курсов по обновленному содержанию дошкольного образования познакомилась с новыми методами и приемами обучения детей. Считаю, что эта информация даст положительную динамику развития детей в современном образовании. Научит их быть конкурентоспособной личностью, уметь взаимодействовать и приспосабливаться в новой среде. В ОУД использовать три способа игры: под руководством педагога, структурированную и свободную игры. Данные способы игры направлены для достижения целей и ожидаемого результата. Цели поставлены так, что можно увидеть потребности каждого ребенка, его интересы, независимость, любознательность. Ребенок активно раскрывает себя, умеет свободно вступать в диалог, приспосабливаться в новых условиях, может анализировать и высказывать свою точку зрения. В итоге можно увидеть, на что способны дети и какие умения и навыки они приобрели, в соответствии с возрастными особенностями и как организовать его дальнейшего обучение.

Почему они будут наиболее эффективны? Потому что дети проявят активность, интерес, будут рационально использовать диалог. Научатся прислушиваться друг к другу, помогать, критически оценивать свои возможности, работать в команде, исследовать, анализировать и делать выводы.

Взаимодействие педагога с детьми, как помощника, дает положительную динамику в развитии ребенка. Потому что в каждом ребенке увидим независимость, любознательность, лидерские качества, умение слушать и слышать, развивать скорость реакции, эмоциональный интеллект, умение добиваться цели, саморегуляцию и креативность.

Вывод таков, что обновленное содержание образования включает модель 4К и «голос ребенка», развивает его, придает уверенности в себе. Ребята готовы к восприятию чего – то нового, находя ответы на поставленные цели самостоятельно, что очень важно для подготовки ребенка к школьному обучению и дальнейшему развитию в целом.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ.

СаймаганбетовР.С.
Физика пәнінің мұғалімі
Кожахметова В.М.
Математика пәнінің мұғалімі
Ақтөбе қаласы №47ЖББОМ

Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтылық, адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Ұстаз үшін ең негізгі мақсат – әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Білімді әрі сауатты адамдар ─ бұл XXI ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші. Ал баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы, өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой-өрісінің кеңеюі мектеп қабырғасында басталады. Қазіргі мектептердегі оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа әдіс-тәсілдерден, технологиялардан құралады. Демек, баланың білімі ерекше болуы, ол білімнің нәтижелі болуы пән мұғалімінен жауапкершілікті талап етеді.

Әрбір оқушының білім деңгейін талапқа сай көтеру үшін озық әдістемелік технологиялар қажет. Сол жаңа озық әдістемелік технологиялармен қаруланған, заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, яғни жаңа әдіс- тәсілдерді толық меңгерген педагог қана білім алушының сапалы білім алуына мүмкіндік жасайды. Өз бетінше ізденімпаздықпен жұмыс істей білу, яғни оқу материалын таңдау, жаңаны қабылдау мен меңгеру, алған білімдерін іс жүзінде қолдана білу, оңтайлы әдістерді таңдап алу, белгілі бір нәтижеге жетуге ұмтылу т.б. оқушылардың шығармашылық дербестігін қалыптастырудың алғыштары болып табылады. Оқытудың инновациялық технологияларын пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру, сондай-ақ рухани жан дүниесі бай, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелеу- осы ұстанымдардан туып отырған өзекті мәселелердің бірі.

Математика және Физика сабақтарында жаңа технологияларды қолданудың тиімділігі өте зор. XXI көшбасшысы – жаңашыл, ізденімпаз, шебер ұстаз. XXI ғасыр ұстазы бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, өмірге реалистік тұрғыдан қарайтын, терең біліммен қаруланған оқушы тұлғасын сомдау үшін өзі де шеберліктің шыңынан көрінуі тиіс. Әр баланың бойындағы туғаннан пайда болған интуициясын әрі қарай дамытуға ықпал ету, оқушының табиғи қасиеттерін пәндік білім деңгейін тереңдету үшін оқытуды жоспарлы түрде ұйымдастыру, өз бетінше білім алу дағдыларының дамуына негіз салу болып табылады. Шығармашылық жұмыстар арқылы оқушыларды ойлауға жетелеп, қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілетін арттыруға, белсенділікке ынталандырады. Оқушылардың танымдық, интеллектуалдық қабілеттің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдылары қалыптастырады.

Бүгінгі заман талабына сай, әлемдік білім кеңістігі деңгейінде сапалы білім беру үшін мектеп жасындағы баланың шығармашылық қабілеттерін арттыруды қамтамасыз ету қажет. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, жан - жақты дамуына көңіл бөлу, ғылыми - зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыратын жаңа технологияларды қолдану.

“Баланың шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін ең бастысы жағдайлар жасау қажет”. Оқушының дарындылығының дамуы, қабілетінің ашылуы көбінесе

мұғалімнің кәсіби біліктілігіне, және оның тұлғалық қасиетіне байланысты екені айдан анық. Көбінесе “дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы” деген пікір қалыптасқан. Белгілі ағылшын психологы П. Торранстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін анықтады. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды. П. Торранстың зерттеулері нақ осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететін және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған. Сондықтан мұғалімдер осы зерттеулердің нәтижесін есте ұстағаны жөн. Шығармашылық - тұлғаны дамытудың ең тиімді тәсілі. Күнде өзгеріп отырған аласапыран өмірде аман қалу, биіктерге беттеу, нәтижелерге жету тек қана шығармашыл адамдардың қолынан келеді және бұл мәселені неғұрлым ерте қолға алса, соғұрлым нәтижелі болатындығы ғылымда дәлелденген. Оқушыға белгілі бір көлемдегі білім - білік, дағдыларды меңгерте отырып, жаңа педагогикалық технологияларды шебер пайдалана білу арқылы оқыту үрдісін демократияландыру және ізгілендіру, сабақтағы оқушының шығармашылық рөлін арттырып, еркіндігін қамтамасыз ету, сол арқылы оқушылардың даралық, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін, бейімділіктерін ашу және дамыту қажеттігі туындап отыр.

Жаңа адамды тек жанашыл мұғалім тәрбиелейді.

-Білім беруді технологиялық жолмен ұйымдастырудың жаңа бағыттағы оқытушының кәсіби шеберлігін шыңдауға, өз білімін көтеруге жауапкершілігін шыңдауға, өз білімін көтеруге жауапкершілік арттыру, тәжірибесін рефлексиялауға үйретеді. Әрбір жаңашыл оқытушы ақпараттық технологиялардың ғылыми-теориялық негізін меңгеріп, әрбір баламен ғылымның жаңалықтарымен ой бөлісіп, жұмысында қолдануға тырысу.

Жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие үрдісін жаңаша дамыту, яғни оның нәтижесінің жоғарғы деңгейде болуын қадағалау жаңашыл педагогтардың қолында болды. Олар педагогикаға «жаңа технология»терминін енгізді. Бұл жаңашыл педагогтардың мақсаты - оқушылардың алатын білімдерін сапалы ету, оның толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына негіз болу. Осыған орай қазірде педагогикалық технологиялар көптеп саналады.

Мысалы, атап айтар болсақ, Ынтымақтастықта оқыту технологиясы, Ш.А.Амонашвилидің «Білім беруді ізгілендіру технологиясы», П.М.Эрдниевтің»Дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясы», Л. С. Выготский, Л.В.Эльконин, В.В.Давыдовтің «Дамыта оқыту технологиясы», В.М.Монаховтың «Модульдік оқыту технологиясы», «Проблемалық оқыту технологиясы», В.Ф.Шаталовтың «Тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы», С.Н.Лысенконың «Түсіндіре басқарып оза оқыту технологиясы», «Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы», «Оқытудың компьютерлік технологиясы», Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқыту технологиясы»т. б. көптеген технологиялар енгізілді

Оқыту барысында өз сабақтарымда қолданып жүрген технологиялар ішіндегі «Сын тұрғысынан ойлау технологиясы» стратегиялары қазақ тілі және әдебиеті пәніне арнап құрастырылған десем, артық айтқаным болмас. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасында 100-ге жуық стратегиялар бар. Қазіргі кезде мен қолданып жүрген стратегиялар Венн диаграммасы, эссе, ой қозғау, инсерт, шығу парағы, кубизм , дискуссиялық өрнек, кластер, ішіне сыртына , синквин, т.б. СТО бағдарламасын қазақ тілі және әдебиет сабығында осы жүйемен өтілген сабақтарда ғана оқушылардың жазған, айтқан сөздерінде табиғатқа , елге,айналаға, өзгеге, өзіне деген азаматтық жауапкершілік үні айқын сезіліп, оқушылардың бойында ұйымдастырушылық, көсбасшылық қабілеттері қалыптаса бастады.

«Әрбір ұстаз — білікті маман, ал әрбір оқушы — ойшыл тұлға» деген қағидаларды ұстана отырып, білім беру үрдісінде кез келген ұстаз білім сапасын жақсарту мақсатында оқытудың озық технологияларын пайдаланады. Болашақ ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушылардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негізін меңгеруі-маңызды мәселелердің бірі.

Шығармашылық - бүкіл тіршілік көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Ал, бүгінгі күрделі жаңарулар тұсында балалардың шығармашылық бастамасы басты нысанасы болып отыр. Баланың шығармашылық бастамасын дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау психология мен педагогика ғылымдарында өте ертеден зерттеліп келеді. Шығармашылық ұғымы мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болған. Ежелден-ақ ойшылдарымыз Жүсіп Баласұғын, Әл-Фараби, Абайды ерекше толғандырып, өз еңбектерінде адамның жеке басын, қабілеттерін дамытуды үнемі көтеріп отырған. Педагогтар К.Д.Ушинский, Ы.Алтынсарин, А.С.Макаренконың шығармаларында шығармашылықты дамытудың жолдары қарастырылса, оқушы шығармашылығына бағыт-бағдар беруді ең алғаш мазмұнына енгізген М.Жұмабаев болатын. Психологтар мен ғалымдар Л.С.Выгодский., В.В.Давыдов, Л. В. Занков, В. А. Крутецкий, өз республикамыздағы көрнекті ғалымдар Т.Тәжібаев, М.Мұханов, Ж.М.Әбдилдин, Қ.Б.Жарықбаев, Т.С.Сабыровтың еңбектері жеке тұлғаны дамыту мәселесінің теориясы және практиканың алтын қоры деп білеміз.

Шығармашылық жөнінде жазылған еңбектерді талдай келе төмендегідей қорытындыға келуге болады. Шығармашылық - өте күрделі психологиялық процесс. Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан тек адамға ғана тән «Шығармашылық» сөзінің төркіні - шығару, ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте «Шығармашылық - қайталанбас тарихи қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет» деп түсіндіріледі. Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері кез-келген баланы шығармашылық деңгейге көтеруге болатындығын айтуда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.«Сабақтағы жалпы адамзаттық құндылықтар» Тренерге арналған нұсқаулық. Руководство для тренера. / Р.А. Мұкажанова., Г.А.Омарова, Р. Мұратханова. – Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2015.

2.Тарихи тұлғалар / Құрастырушы: Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы: Алматыкітап, 2009.

3.Мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік құрал. /-Алматы, ННПООЦ «Бөбек», 2013. – 136 б.

4. «Математика және физика » журналы №2, 2004 жыл

5. ҚР жалпы білім беретін мектептер мұғалімдерінің біліктіліктерін арттыру курстарының мұғалімдерге арналған нұсқаулығы . Астана, 2011 ж.

МЕДИ ЖОБА АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ

Саймов Саламат Мақсотұлы
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Қ.Шаңғытбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Маған жақсы мұғалім бәрінен қымбат, өйткені мұғалім мектептің жүрегі» деп Ы. Алтынсарин бабамыз айтқандай, ұстаздық ұлы жолға қадам басқан әрбір маман жақсы мұғалім, шебер ұстаз болуға талпынары анық. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға болу керек деп ойлаймын. Мен де осы бір белесті өзімнің қызметтік кәсібіме мақсат етіп қойдым. Мақсатымның жүзеге асуына алғашқы қадам ретінде педагогикалық шеберханамды қалыптастырып келемін.

Бүгінгі күні ақпараттық технологияларды меңгеру – басты заман талабы. Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз-өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда, оқушылардың заманауи технологияны сауатты қолдануына ықпал жасай отырып, көпшілік ортада өзіндік ойын айшықты тілмен жеткізе алатын функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында, өзім жұмыс жасап жатқан қасиетті қара шаңырақ Қ.Шаңғытбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде «Шаңғытбаев жаңалықтары» медиа жобасын бастаған болатынмын.

Жобаның мақсаты: Дарынды оқушылардың Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен жинаған білімдерін дамыта отырып, журналистика саласы арқылы функционалдық сауаттылықтарын арттыру.

Жобаның міндеті:

- Оқушылардың тіл байлығын дамыту;
- Оқушыларды мәдениеттілікке, сауаттылыққа баулу;
- Өзін-өзі басқаруға дағдыландыру;
- Пәнге деген қызығушылығын арттыру;
- Жан-жақты дамыған белсенді тұлға қалыптастыру.

Жобаның өзектілігі: Заман талабына сай ақпараттық коммуникациялық технологиялар мен ғаламтор арқылы әлеуметтік желілерді тиімді қолдануға үйрету.

Белгілі психолог Н.С.Лейтестің айтуынша: «Дарынды бала – бұл белгілі бір салада жетістіктері айқын көрінетін немесе сондай жетістіктер әлеуеті мол бала». «Жас тілшілер» үйірмесінің жанынан құрылған «Шаңғытбаев жаңалықтары» медиа жобасына Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен үздік оқитын, аудандық, облыстық жыр мүшайралары мен ғылыми жоба байқауларында бағын сынап жүрген дарынды оқушылар қабылданды.

«Шаңғытбаев жаңалықтар» редакциясы 11 адамнан тұрады:

«Шаңғытбаев жаңалықтары» репортажын даярлауда қолданылатын құрылғылар:

Видеоматериалды өңдеуде Movavi Video Editor бағдарламасы қолданылады. Бұл бағдарлама арқылы жүзеге асатын ерекше командалардың бірі – Хромокей. Жасыл түсті матада түсірілген тілшінің репортажына әсемдік беру мақсатында, хромокей арқылы жасыл фонның орнына Youtube желісінен жүктелген жаңалықтар студиясының футажы қойылады.

Жаңа ғасырдың жаңарған білім жүйесі әр мұғалімге жан-жақты болуды жүктейді. Қазіргі таңда ұстаздар қауымы тек өз пәнін ғана емес, жан-жақты ғылым салаларын жетік меңгерген әмбебап маман болуы қажет деп ойлаймын. Менің ең басты мақсатым – оқушыларды әдемі әрі таза сөйлеуге, публицистикалық стильді жетік меңгеруге жұмылдыру. Осы мақсатқа жету жолында ақпараттық коммуникациялық технологияға негізделген медиа жобаны қолдануым ұтымды шешім деп ойлаймын.

Қорыта келе, «Баланың ынтасын арттыру үшін оқытылатын нәрседе бір жаңалық болуы керек» деп Ж.Аймауытов айтқандай біздің әрқайсымыз жаңалыққа құштар болуымыз керек. Кез-келген елдің болашағы сол елдің жастарына тікелей байланысты. Сондықтан да, жастарға үлкен жауапкершілік пен зор сенімнің артылуы заңдылық. Еліміздің үкілеген үмітін ақтау – әрбіріміздің басты парызымыз! Ол үшін өз мамандығымызды сүйіп, кәсібімізді шын көңілмен, ыстық ықыласпен, шалқар шабытпен, жалынды жүрекпен атқаруымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ишанғалиева А.М. Құзыреттілік – білім мен мүмкіндіктің бірігуі - № 2.34б.
2. 12 жылдық білім беру бойынша мемлекеттік стандарт жобасы.
3. «Ыбырай Алтынсарин». 1– том. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы. 2003 ж. 210 б.
4. Қ. Шәдиев. «Компьютерді қолданудың педагогикалық мәселелері» - Қазақстан мектебі. №5, 2006-7б.
5. Мажитова С. С. Жаңартылған білім беру мазмұнында оқыту ерекшеліктері – Adisteme.kz педагогтарға арналған журнал. 07.02.201

ҚАШЫҚТЫҚТА ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КӨЗҚАРАС ПЕН ТӘСІЛДЕР

Сайымова Гулдана Алдановна
"№30 қазақ орта мектебі" КММ
Бастауыш класс мұғалімі, магистр

Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады.

(К.Д.Ушинский)

Қай заманда болмасын, адамзат алдында тұрған ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы – салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Осы орайда ұрпақ тәрбиесінің бір тетігі-педагог қолында екенін баршаға аян. Педагог ретінде – мұғалімнің қызметінің ғылыми-педагогикалық зерттеу сипатын таситын педагогикалық шеберлігінің жоғары деңгейі. Ендеше педагог ретінде қазіргі пандемия кезіндегі оқытушылардың алдында кездескен қиындықтарға қарамастан,

оқушылардың білім нәрімен сусындауына ықпал етіп отырған педагогтар-нағыз "Еңбек ері" десе де болады. Дегенімен, толық жетістікке жету үшін қазіргі бастауыш мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған бірнеше кедергі бар. Сол кедергілерді іздеп, жүйелей келе, мынадай тармақтар қалыптастырдық. Осы тармақтарды негізгі зерттеу нүктесі ретінде алдық. Ол бірнеше тармақтан тұрады.

1) Оқу мен оқыту әрекеттерінде әлі де дәстүрлі оқытудың жалғасуы;

2) Оқушының өз біліміне жауапкершілік алмауы, оқуға қызықпауы немесе жалған белсенділік танытуы;

3) Үдерісті жоспарлау мен бағалаудағы немқұрайлылық оқу мен оқытудағы сапасыздыққа алып келеді;

4) Ата-аналардың мектеп мәдениетіне қосатын үлесінің төмендігі;

5) Оқушы, мұғалім, ата-аналардың кітап оқу мәдениетінің төмендеуі;

6) Оқушыларға оқу әрекеттерін зерттеу үшін педагогтерге балалардың психотиптерін айқындау, эмоцияларын зерттеуге арналған психологиялық білімнің аздығы.

7) 1 сыныпқа келетін баланың (5-6 жасар балалардың) мектепке дейінгі даму бағдарламасының әлсіз қалыптасуы.

Осы кедергілерді еңсеруде не істеуіміз керек?

Қалай еңсереміз?

Ең бірінші қазіргі кезде мұғалімнің біліктілігін арттырудың түрлі курстары ұйымдастырылып жатса да, олардың пайдасы жететін мақсаттың жарты пайызынан да аспайды. Себебі, қашықтықтан оқығаннан сапаға емес, сағатқа ғана оқытылып жатыр. Әр жаңа әдісті түсіндіру "үйретуші-үйренуші" деңгейінен "жол сілтеуші-әрекет етуші " рөліне ауысып, курстардың "бетпе-бет " оқыту өте тиімді. Адамның түсінігіне, пайымына төңкеріс жасауға тырысу керек. Өйткені, ұстаз-ең бірінші адам, содан кейін барып, ұстаз. Адам өзгермей, әрекеттері де өзгермейді.

Екіншіден, қазіргі жағдайда оқушының өз біліміне жауапкершілік алмауы, оқуға қызықпауы немесе жалған белсенділік танытуы байқалады. Себебі, ақпарат көп. Оқушы ақпараттың барлығын жинақтап, түсініп, қолданып үлгермейді. Бұл адасудың, түсінбеудің, немқұрайлылықтың бастауы болып табылады. Сондықтан, дәл мақсатқа жеткізетін әдістер мен тапсырмаларды ғана оқушыларға жіберген дұрыс деп санаймыз. Мақсатқа жетіп, кері байланыс ала білген бала да өз әрекетінің жемісін көріп, қуанады. Өз-өзіне сенімділік туындайды.

Үшіншіден, ұстаздар қауымының жұмысы өте көп. Үдерісті жоспарлау мен бағалауда кейде қатардан қалып, үлгермей жататын тұстары да кездеседі. Бұл оқу мен оқытудағы сапасыздыққа алып келеді. Сондықтан, ұстаздардың негізгі жұмысы-бала оқыту болғандықтан, сол аядан аспағаны жөн сияқты.

Төртіншіден, ата-аналардың мектеп мәдениетіне қосатын үлесінің төмендігі бала тәрбиесінде олқылықтарын көрсетіп жатыр. Қазіргі ата-аналар жұмысбасты, жұмысы болмаса да әлеуметтік желілердің қызу қолданушылары болып барады. Ата-аналардың бала тәрбиесіне ықпалын күшейтудің құралы-мектеппен байланыста болуы. Ата-аналарды жиі дөңгелек үстелдер, жиналыстар, жеке және топтық тапсырмалар құру, бастамалар жасау-мектеппен байланысын берік ететіні сөзсіз.

Бесіншіден, оқушы, мұғалім, ата-аналардың кітап оқу мәдениетінің төмендеуі.

Жас ұрпақтың өскелең талабын қанағаттандыруда, рухани байлығын, жалпы ой-өрісін дамытуда, жоғары эстетикалық талап-талғамын қалыптастыруда ең үлкен де ұлы тәрбие құралы – кітап. «Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы». Осы бір аталы сөз қай ғасырда, қай заманда болмасын өз құнын жойған емес. Осынау техника дамыған заманда балалар мен жасөспірімдердің басым көпшілігі уақыттарын теледидар көруге, компьютер ойнауға, музыка тыңдауға арнайды. «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» демекші, олардың ішінен

компьютерді жоғары деңгейде үйреніп, техниканы жетік меңгеруге ынталанып жүрген қазақ жастарын көргенде қуанасың. Бірақ, кітаптың және кітап оқудың орны бөлек. Жас жеткіншектерге өз жасына сай кітап оқығандары дұрыс. Өйткені, кітап адамзат баласына білім сыйлайды.

Сонымен қатар ғалымдардың айтуынша, кітап оқу – рухани жетілуге ғана емес, тән саулығына да керемет пайдалы. Медицина ілімінде үлкен мидың жұмысы бүкіл дене организмдеріне тікелей әсер етеді. Сол үшін де биология саласында «үздіксіз қозғалыстағы клетка жасарып отырады дейтін» көзқарас бар.

Ғалымдар кітап оқу, сурет, музыка, жазушылық секілді ақыл-ой еңбегімен шұғылданатын адамдардың жүйке-жүйесінің басқа адамдардан әлдеқайда тез дамитынын және қартайған кезде де жүйке-жүйенің шаршауы, әлсіреуі және үлкен мидың қартаюы болмайтынын дәлелдеді. Түрлі шығармалардың ішіне ойша ену адамның елестету, қиялдау мүмкіндігін арттырады. Бұдан адамның физикалық және психикалық жай-күйі жақсарады», – дейді профессор Джон Стейн. Ғалым кітап оқуға ерте жастан машықтанудың пайдасы зор екенін айтады. Кітап оқуға жұмсалған алты минут уақыттың ішінде адамның күйзеліс деңгейі төрттен екіге төмендейді екен және кітап оқу музыка тыңдағаннан немесе жаяу серуендегеннен әлдеқайда пайдалырақ.

Баланы әдеби кітаптарды оқуға тарту – білімнің қайнар көзі болып табылады. Ол оның рухын сақтайды, жүрегі мен миын азықтандырады, өзін-өзі тану сезімін оятады, өз ісінің дұрыс, бұрыстығына қорытынды жасап, дәлелдей алатын, өмірдің ащысы мен тұщысынан дәм татып, өмір сүруге дайын, тірлікке бейім болуды үйретеді.

Сол себепті бастауыш сыныптан бастап кітап оқуға қызықтырудың қарапайым да тиімді жолдарын ұсынбақпын.

1. Оқушылардың кітап оқуға құмарлықтарын арттыру үшін ең алдымен мұғалім жоспар құрады. Сынып жоғарылаған сайын жоспарды күрделендіріп отырады.

2. Адамның ойын байытып, сауаттылығын арттырып, білім нәрімен сусындатар орда – кітапхана. Кітапханаға бару-тамаша қадам екенін оқушыларға үнемі айту.

4. Кітап оқуға қызықтыра түсу мақсатында оқылған шығармаларының мазмұнына сәйкес түрлі деңгейдегі пікірталастар ұйымдастырып, оқырмандар конференциясын өткізу тиімді. Оқырмандар конференциясын оқушылардың тоқсан бойы оқыған кітаптарына есеп беру ретінде әрбір тоқсан аяғында өткізуге де болады.

5. Кітап оқуға ынтасы жоқ, оқуы нашар оқушылармен жеке жұмыс жүргізу. Мұғалім және ата-ана тарапынан үнемі көмек көрсету, кітап таңдауға бағыт-бағдар беру. Үздік оқушыларды көмекке әкелу. Үнемі оқу барысын, қадағалап отыру. Сонымен қатар, оқушының ата-анасын да кітап оқуға баулу қажет.

6. Баланың жасы өскен сайын кітап мазмұнын, көлемін түрлендіру. Әр ғылым саласы, әр жанр бойынша оқуға ұсыныс жасау.

7. Оқылған кітаптардағы, газет журналдардағы ұнаған сөйлемдерді, тақырыптарды, дәйексөздерді, мақал-мәтелдерді арнайы дәптерге жазып жүру. Ол дәптерге арнайы ат қою («Сөз – өрнек», «Сөз – семсер», «Өнер алды – қызыл тіл», «Сөз маржаны», «Сен білесің бе?», «Жадыңда қалсын жақсы сөз», «Ананың сөзі – ақылдың көзі» т. б.).

8. Кітапты құр түсінбей оқудан сақтандыру. Талғап оқуға кеңес беру. Оқыған кітабына өз көзқарасын білдіре білуге үйрету. Кітап оқудағы мақсат кітаптың санында емес, мазмұнында, жүрекпен ұғынып, көңілге тоқу екенін түсіндіру.

9. Бірлесе отырып кітап оқу, оқығаны туралы ой бөлісу. Үш топқа бөліп оқушыларды бірлесе отырып топпен жұмыс істеуге баулу, жұмыс үстіндегі еркіндік, тек сөйлеушіні тыңдауға ғана емес, ойлауға жетелеу, өз ойын жеткізуге баулу. Нәтижесінде: бала шапшаң оқуға, ойын еркін айтуға дағдыланады.

Сонымен зерттеу нүктемнің басты аспектілерін талқылай келе, педагогтың жұмысы "Қара жәшіктің" ішіндегі көрінбейтін жұмыс болғанымен , қоғамдағы рөлі зор және қоғамның -қозғаушы күші. Мектепті екінші үй десек, ұстазды анамыз дейміз. Ұстаз бола білу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Алыптың да, дананың да ұстазы болған.

"…Түсінгендіктің шын белгісі-«иә» деген жауап емес, шәкірттің жүзіндегі қуаныш болып табылады "-деп Абу-ль-Фарадж ал-Исфахани айтқан екен.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Педагогика. Дәріс курсы. Алматы: «Нұрлы әлем», 2003. -368 бет.

2. Қазақстанның жаңа буын оқулықтары бойынша алдыңғы қатарлы тәжірибелер 1-4 сынып.Алматы, 2000.

МҰҒАЛІМНІҢ ҮЗДІКСІЗ ДАМУЫ ЕРТЕҢГІ ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ ӨРКЕНДЕУІ

Сакауова Роза Айдынгалиевна
«Пригород орта мектебі» КММ, география пәні мұғалімі

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050 бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында « … Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек» деп атап көрсетілген. Мектептегі оқушылардың жетістіктерін дамытатын,мектеп жұмысын алға сүйрейтін жауапты тұлға мұғалім деп келтірілді (Strong, Ward & Grant, 2011). Жаңаша оқыту- бұл мақсатты- бағытты жобалау, ұйымдастырылған оқу үрдісін жете меңгерту, ғылыми және мәдени білім негізінде жүзеге асыру басқармасы. Осы тұрғыда ұлттық білім беру жүйесін модернизациялау жағдайында шетелдік озық тәжірибелерді пайдалану мүмкіндіктерін бағалау ол дегеніміз, ұстаздардың сын тұрғыдан ойлана білуі және сабақтарының құрылымдарын осы технологияға негіздеп құра білулері қажет.

Ұлттық дәстүр мен ерекшеліктерді ескеру, білім мазмұнын жаңарту, білім беру жүйесін басқару мен ұйымдастырудың тиімділігін арттырудың жаңа жолдарын іздестіру секілді өзекті жайттар ерекше маңызға ие болып отыр. Мектеп ұстаздарының өзгерістер енгізуді басқаруда нағыз көшбасшы болуды талап етіледі. Осындай өзгерген әдістерді мектеп өміріне енгізетін де, мектепті жақсартатын да негізгі тетік – қабілетті мұғалім. Бауыржан Момышұлының сөзімен айтсақ, мұғалім «болашақтың баласын да, данасын да, ғылымын да өсіреді». Сондықтан, қазіргі қоғам болашағының данасын өсіру үшін мұғалімнің өзі де дәстүрлі сабақ беру әдістерін өзгертіп, жаңа формацияның мұғалімі болуға жан-жақты бетбұрыс жасауы керек .

Өзің ойлап табуың тамаша, ал бірақ та басқалардың біліп тапқанын бағалау қолдан жасағаннан кем түсеме екен?!»-деп ұлы ойшыл Гете айтқандай үйрену, озық тәжірибені қолдану мақсатқа жетудің жолы болмақ. Мұғалім кәсіби білікті және көшбасшы болуы қажет, оның алдында әр күн сайын іздену, еңбектену, білімін толықтыру, уақытпен үндесу талабы тұрады. Осы тұрғыда өз біліктілігін, кәсіби шеберлігін жетілдіріп тұру және үнемі ізденіс үстінде болуы қажет. Жаңа тұрпатты мұғалім үш түрлі құзыреттілікке ие болуы тиіс. Олар: әдіснамалық, жалпы мәдени, тілдік бағыттылық.

Біріншіден, педагогикалық қызметтің шығармашылыққа бағытталуы, екіншіден, зияткерлік мәдениетін, мінез-құлық, қарым-қатынас, соның ішінде педагогикалық қарым-

қатынасты игеруі, үшіншіден, қазіргі кіріктіру үдерістерін, әлемдік білім берудің даму беталысын бағдарлай алуы керек.

Ал құзырлылық деген не? Ол-терең білімділік. Оқушының құзырлылығын қалыптастыру үшін мұғалімнің өзі құзырлыққа жету керек. Құзырлыққа жету үшін ұстаз өз алдына мақсат пен міндеттер қоя білуі қажет. Қазіргі кезде мұғалімге қойылатын талап та күшті. Жаңа формация мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу ғана емес, тарихи танымдық, педагогикалық, психологиялық және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқытудың жаңа технологиясын меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады. Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады»- ол дегеніміз экономикалық тұрғыдан алға шыққан мемлеттердің Әлемді дүр сілкіндірулері.

Білім мен ғылымда үлкен жетістіктерге жетіп жүрген мемлекеттер Жапония мен Корея, Ұлыбритания сияқты мемлекеттерден қазіргі таңда Әлем елдері үйрену үстінде. Корея мемлекеті толық деңгейде электронды жүйеге көшіп ғаламат жетістіктерімен алда келе жатыр. Ендеше біз өзімізді өзгелерге тек білім арқылы ғана таныта аламыз, білім арқылы ғана мойындата аламыз. Осындай сапалы да терең білім беруде мұғалім шығармашылығының алатын орны ерекше. Мұғалім шығармашылығын дамытуда мынандай негізгі қағидаларға назар аудару керек деп санаймын:

мұғалімнің өз мамандығына, іс-әрекетіне жанымен шынайы берілуі;

оқыту мен тәрбиелеу үрдісіне қатып қалған үлгіге қарамай, өзіндік жаңалық енгізуге тырысу, сабақтарын түрлендіріп өту;

мұғалімнің өз алдында үлкен мақсаттар қойып, биік нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылу;

Өз шығармашылықтарын, білгендері мен түйгендерін басқаларға ұсына алудың, шығармашылық бағыттылықтың болуының мәні зор. Тек сонда ғана ол өз шығармаларының дамуына қол жеткізіп, өзінің кәсіп иесі ретінде ішкі сұрақтарына жауап бере алады. «Шығармашыл мұғалім» деп төмендегі іс-әрекеттерді жүзеге асыра алатын мұғалімді атауға болады деп ойлаймын. Оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері мен технологияларын оқып үйрену және оны өз жұмысында белсенді түрде қолдану. Белсенді оқу әдістерін қолдану дегеніміз: INSERT, «Алтын доп», «Әлемді шарлау», «Білім эстафетасы», «Ойдан-ой туады», «Жұптас, ойлан, бөліс» стратегияларды тиімді пайдалану және білім беру саласындағы сапалық үлесін көтеру болып табылады.

Сабақтың бірінші кезеңінде қойылған сұрақтарға белсенді түрде жауап іздеу және сабақтың мақсаты мен тақырыптарын өздеріне таптыру, оқушылардың логикалық ойлауларына белгілі бір тақырыптарға ассосациялар құра білуге қалыптастыру. Өз жұмысына диагностика жасай отырып, кемшілігін табу, оны болдырмаудың алдын алу; Өз іс-тәжірибесін жинақтау және тарату жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында семинарлар ұйымдастыру, ОНЛАЙН жүйесіндегі сабақтар беру, желілік қоғамдастық құру; Кәсіби байқаулар мен сайыстарға, түрлі деңгейдегі семинарлар мен конференцияларға қатыса отырып, шеберлігін шыңдау арқылы әр ұстаздың шығар биігі болулары керек. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, практикалық үйлестіруді шебер меңгерген психолог, педагогикалық диагностика қоя білетін іскер мұғалім қажет.

Педагогтік-психологиялық білімін күнделікті ісінде шебер пайдалана білетін, бейімділік сараптамалық қабілеттері мен идеялық ұстанымы бар, білімді де білікті мамандар қазіргі заман талабына ұстаздардың лайықты да маман ретінде ауадай қажеттілігі немесе бір сөзбен айтқанда мұғалімге деген сұраныстың артуы қажет.

Мұғалімдер өз тәжірибесінде қазіргі заманға сай әдістемені, дамыта оқытудың түрі мен формасын толық меңгеруге талпыныс жасап, сабақтарында пайдаланып тәжірибе жүзінде іске асырып сабақтарын сәтті өткізіп жүргендері де баршылық.

Ұстаз өнертапқыш, кері байланыс жасай алатын деңгейлері арқылы мұғалімнің өзіне-өзі баға беру деңгейі артып,өзін-өзі анықтап, үздіксіз өзін-өзі дамытуға деген қажеттілік туады. Ұстаздар белгілі бір нәтижеге жету үшін мынадай міндеттерді өзінің мақсаттары етіп қоя білулері қажет:

Мемлекеттік тілде шығарылған әдістемелік құралдарды шығару:

Оқыту деңгейін халықаралық деңгейге жеткізуге талпыну;

Әлемдік тәжірибеде бар интернет ресурстарды тиімді пайдалану;

PISA,TIMSS,PIRLS халықаралық бағдарламаларға сай тапсырмалар құрастыра білу,терең білімділікті қамтамасыз ету.

Үш тілді меңгеру және сабақпен тиімді ұштастыра білу;

Онлайн жүйесінде сабақ беруге қалыптасу;

Мастер класс көрсете білу шеберлігі:

Осындай биік нәтижелерге қол жеткізуді –кәсіби құзыртеттілігі жоғары мұғалім ғана жүзеге асырмақ. Біз осындай үлкен жауапкершілікті мінсіз атқаруға тиіспіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы ҚР Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсанындағы №1118 Жарлығы.

2. «PISA халықаралық зерттеулері аясында оқушылардың ғылыми — жаратылыстану функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының типтік оқу бағдарламасы, Қарағанды 2014.

3. 12 жылдық білім беру жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тұжырымдамалық тұғырлары. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 41 б

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА САРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сактаганова Перуза Куатбаевна
«№1 Алға мектеп-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Кез-келген сынып оқушылары түрлі даму ерекшеліктері мен дайындық дәрежесі, оқуға деген түрлі ынтасы мен қызығушылықтары бар, бірі-біріне ұқсамайтын дара тұлғалардан, түрлі жеке-психологиялық ерекшеліктері бар тұлғалардан тұрады. Көбінесе педагог оқуды оқушылардың дайындығы мен дамуының орташа деңгейіне сай жүргізеді.

Кейбір оқушылардың осы жас үшін икемділігі, ойлау жылдамдығы, жиынтықтау қабілеті. Тапсырмаларды шешуге шығармашылық бейіммен келуі жеткіліксіз болады, олар оқу материалын өтуде қалып қоя бастайды. Ал басқа «мықты оқушылар», педагог сабақты «орташа» деңгейлі оқушыларға бейімдеп өткізетіндігіне байланысты, өз күштерін толық пайдаланбай жұмыс істеуге мәжбүр болады, оқу тапсырмаларының жеңілдігіне үйреніп кетеді, алғашқы қиындықтар абыржуға, өз-өзіне деген сенімділіктің жоғалуына әкеледі. Аталған барлық факторлар «мықты» оқушылардың өздерін дамытуда жасанды тежеуіне, оқуға деген қызығушылықтарының жоғалуына алып келеді, ал «әлсіз» оқушылар үнемі оқудан қалып жүреді.

Бұл талаптар оқытуды жеке саралап оқуға бейімдеу қағидасы деп аталатын педагогикалық теориядан көрініс табады. Аталған міндет жалпы білім беретін мектептің бастауыш сыныптарында саралап оқытуды тиімді жүзеге асырғанда мүмкін болып,

шешімін жоспары мен бағдарламаласын бөлуге мүмкіндік береді. Саралап оқыту- бұл бір бағдарлама бойынша жұмыс, бірақ сынып-сағат жүйесі аясында қиындықтың түрлі деңгейінде әр оқушының тұлғасын дамыту мақсатында жұмыс жасайды. Саралап оқытудың басты мақсаты – бұл, оқытуды оқушының тұлғасын қалыптастыруға бағыттау, бұдан әр оқушыға ерекше назар аударылады, оның шығармашылық даралығы әр сабақта байқалады.

Бастауыш сыныптарға саралап оқытуды енгізу жұмысында, біз танымдық тапсырмаларды ретімен қиындатуды көздейтін және оқушылардың дағдылары мен қабілеттерін, білім деңгейлерін ескеріп ұсынылатын игерімді оқу тапсырмаларын оқушыларға беру мысалында жүзеге асырамыз. Алғашқы бастауыш меңгеруден берік қалыптасқан дағдыға жету жолы түрлі оқушыларда бірдей емес. Педагогтың тәрбиеші ретіндегі басты міндеті - басқаларына қарағанда ұзақтау тапсырмалары бар оқушылардың тапсырмаларын қысқарту.

Бастауыш сыныптарда түрлі деңгейлі оқыту негізінде саралап оқыту әдісін ұйымдастыру үшін біз оқушыларды топтарға бөлуге мәжбүрміз. Оқушылар бір-бірінен тапсырмаларды шешуді орындау кезінде байқалатын ойлау қабілеті сипатымен ерекшеленеді. Оқушылардың басым бөлігі мұғаліммен бірге тапсырманың мазмұнын түсінуге енді кірісе бастаған кезде, басқа, азғана топ оны қалай шешуді біліп отырады. Бір оқушылар шешімнің бірнеше тәсілін таба білуге қабілетті болса, басқаларына тапсырманы жай ғана түсініп шешу үшін айтарлықтай көмек қажет болады. Математикалық есепті шешу сабағында оқушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес келетіндей жұмысты ұйымдастыра отырып, біз бұл мәселені қалай шешеміз? Есепті шешудің келесідегідей қабілеттілік деңгейлерін анықтаймыз: төмен, орташа, жоғары және осыларды толықтай сипаттаймыз.Осы орайда Ж.Қараевтің деңгейлеп саралап оқыту технологиясын қолдану орынды. Оның сипаты төмендегідей 4 деңгейде көрсетілген:

Бірінші деңгей-«үйренушілік».(Репродуктивтік) Оқушылардың жаңа тақырыптан алған білімдерін бекіту үшін, еске түсіріп, қайталау үшін және алған білімдерін практикада қолдана білуге жаттықтырады. Берілген есептер мен тапсырмалар өмірмен, қоршаған ортамен байланыстырылған болуы керек. Мұнда оқушының қызығушылығына, таным бірлігіне назар аударылады.

Екінші деңгей-«алгоритмдік». Мұнда кері байланысқан функцияларды орындау үшін тексеру тапсырмалары, іріленген материалдарды жүйеге келтіруге, реттеуге арналған, мазмұны өзгертілген жағдайға тапсырмалар

беріледі. Сонымен қатар ұлттық негізде құрылған, көбінесе танымдық және үйренушілік мәні бар тапсырмалар, мысалы, сөзтізбектер, ребустар, ойлауға арналған тапсырмалар беріледі.

Үшінші деңгей - «эвристикалық». Бұл деңгейде оқушылар тақырып бойынша меңгерген білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ой қорытуға арналған, дағды қалыптастыратын, әртүрлі әдіс-тәсілдермен орындалатын тапсырмалар орындайды. Оқушы өзі ізденіп, материалды саналы түрде меңгеруі керек.

Төртінші деңгей-«шығармашылық», Оқушы өзіндік шығармашылық деңгейін көрсетеді. Шығармашылық тапсырмалар – оқушылардың білімділігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады. Өз бетімен талдау жасау арқылы шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге баулу.

Осылай бір деңгейден келесі деңгейге өту үшін өз білімін, білік пен дағдысын толықтырып отырады. Нәтижесінде жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындау әр оқушының мақсатына айналады.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының оқушыларға тиімділігі:

Сынып оқушыларының барлығы деңгейлік тапсырма орындауы;

Білім көрсеткішінің нақты және сапалы болуы;

Оқушының өз білімін өзі бағалап, білім деңгейін дамыта алуы

Оқушылардың оқуға ынтасы мен пәнге қызығушылығының артуы;
Оқушының іздену дағдысының, ұстамдылығының қалыптасуы;
Оқушы белсенділігінің оянуы;
Алға қойған мақсатына жетуге дағдылануы, қиындықтарды жеңуге ұмтылуы;
Оқушының өздігінен жұмыс істеуі мен жауапкершілігінің артуы;
Оқушы мен мұғалім арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынастың орнауы.
Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының мұғалімдерге тиімділігі:
Деңгейлеп-саралап оқытуда білім игерудің үш деңгейінің қарастырылуы;
Оқушылардың сабақ үстінде бірнеше деңгейде жұмыс жүргізуі;
Білім дәрежесі бірдей топтарды тексеру ісінің жеңілдеуі;
Оқушылардың жұмыстары әділ бағалануы;
Оқушы мен мұғалімнің белсенді шығармашылық қызметін дамытуы;
Дарынды оқушыларды анықтап, олармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндігінің орнауы;
Олимпиадалық, шығармашылық жұмыс жеңімпаздарының саны артуы.

Қабілеттіліктің төменгі деңгейінде есепті қабылдау үстіртін орындалады, толық түсініп болмай оқушы шешуге кірісіп кетеді, сондықтан көбіне ның шешімі ретсіз орындалған сандар дерегі болып шығады.Орта деңгелі оқушылар есепті түсінуге тырысады, талдайды, деректер мен ізделінетін шаманы анықтайды. Бірақ олардың арасындағы тұтастық байланысты орнатуға мұндай оқушылар қабілетсіз, шамалар арасындағы бірыңғай байланыс жүйесінің жоқтығынан есепті шешудің келесі қадамын табуға қиналады. Бұл желі көбірек тармақталған сайын, қате шешім шығу мүмкіндігі де көбейе береді.

Жоғары деңгейлі оқушылар ізделінетін шама мен деректер арасындағы өзара байланыстың тұтастық жүйесін анықтай алады. Бұл оларға есепті шешуді толықтай тұтас жоспарлауға мүмкіндік береді, яғни оқушы есепті шешудің түрлі тәсілдерін табу мен ең оңтайлы және барлық мүмкіндіктердің ішінен тиімдісін анықтауға қабілетті.

Есептеуде саралау әдісімен жұмыс жасауды ұйымдастыру үшін, үш деңгейде, үш нұсқада алдын-ала жасалатын жеке тапсырма-парағын дайындап алу керек. Әр оқушы үшін өзі үшін ыңғайлы қиындық деңгейін таңдау ұсынылады, сонымен қатар есепті шығаруда іздеу жұмысын саралау жүзеге асырылады.

Мұндай оқытуға бейімдеуде сабақтағы жұмысты ұйымдастыру туралы сұрақ маңызды болып табылады. тапсырмалардың нұсқалары оқушылардың мүмкіндіктеріне сай болғандықтан, тапсырманы ұсынудың баспа формасы ресімдеудің қиындығын болдырмайды. Бұл тапсырма уақытында кейбір тәрбиеленушілерге жекелей көмек көрсету мүмкіндігі қарастырылған. Қажеттілікке қарай, басқалары өздігінен жұмыс жасап жатқанда деңгейлердің біреуінің оқушыларына жетекшілік етуге және басқа деңгейдің оқушыларымен қайталатуға болады. Сабақта оқушылардың топтық жұмысын жиі ұйымдастырып тұру ұсынылады: әр топтың оқушылары тапсырманы бірге орындайды және талқылайды. Мұндай топтардың құрамы бірдей деңгейлі немесе түрлі деңгейлі болуы да мүмкін.

Бір тапсырманы шеше отырып, оны шешкеннен кейін бірден талқылауға қолайлы жағдай жасаймыз. Бұл бір жағынан педагог үшін қажетті кері байланыс болып табылады, осылайша сабақ үстінде оқушылардың жұмысты орындауы туралы жалпы түсінік алады. Екінші жағынан, кері байланыс оқушы үшін де маңызды. Ол есепті шешу барысына қандай қиындықтар мен күмәнге кездескенін біледі және өз шешімінің немесе нәтижесінің дұрыс екенідігіне немесе қателігіне көз жеткізеді. Сонымен қатар, нәтижелерді талқылау барысында және жұмыс шешімін табу жолында оқушылар өзі жұмыс жасаған деңгейден жоғары деңгейде жұмыс жасай алу мүмкіндігін көреді. Осылайша, оқушы өзіне ұсынылған деңгей аясында шектелмейді.

Күрделілік деңгейі бойынша жеке топтармен дербес парақшалар көмегімен тапсырмаларды орындау және топтық жұмыстар күнделікті сабақ барысына оңай үйлеседі, оқушылардың өз бетіменен жұмыс жасау қабілетін арттырады және өздеріне ыңғайлы күрделілік деңгейінде математикалық есептерді шешу қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл бастауыш сынып оқушыларына есепті шешуге үйретуді жетілдіріледі. Біздің пікіріміз бойынша, мұндай сараланып ұйымдастырылған танымдық бейімділікпен әлсіз оқушылармен жұмыс жасалса, сабақтан кейін қосымша дайындалу қажет емес. Осылайша, балалардың бос уақытының жетіспеушілігі мәселесін де шешеміз.

Жұмыста саралап оқытуды қолдану табысты оқытуға мүмкіндік беріп қоймай, оқушыларды тәрбиелеу мен дамытуға да (ойлауын, қиялдауын,еске сақтауын, жігерін дамыту) мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ж.А. Қараевтың «Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі» Шымкент -2007 ж
2 М. Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясын дамыту құралы ретінде» Алматы 2007ж
3.К. Умарова «Оқушыларды дамыта оқыту» «Бастауыш сыныпта оқыту журналы» №3 2006ж
4.Педагогика. Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Алматы, 2000
5.Сүлейменова Э.Д., Қадашева Қ.Қ., Ақанова Д.Х. «Арман-ПВ», 2007
6.Бархаев Б.П. Педагогическая видеотехнология: Образовательный проект / Б.П. Бархаев. – М., 1996. – 112 с.
7.Давыдов В.В. Теория развивающего обучения / В.В. Давыдов. – М., 2004.

ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДА МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Салакбаева Асель Канатовна
№78 Жалпы орта білім беретін мектеп-гимназия

Шетел тілінде оқуға үйрету сөйлеу әрекетінің басқа түрлері сияқты өзіне тән іскерлік пен дағдыларға сүйенеді. И.Л.Бимнің пікірі бойынша, іскерлік пен дағдылардың қалыптасуында жаттығулар, олардың түрлері, орындалуы, саны мен сапасы маңызды роль атқарады. Шетел тілінде оқуға үйретуде қолданылатын жаттығулар мұғалімнің оқушылармен, оқушылардың бір-бірімен жұптық, топтық, ұжымдық өзара әрекет етуіне жағдай жасай алуы керек.

Шетел тілінде оқуға үйренудің мақсаты - оқушыларды белгілі бір тақырыпқа байланысты мәтіндерді ана тіліне аудармай, мәтін мазмұнын түсінуге көмегін тигізетін таяныш элементтерін пайдалан отырып, тікелей түсінуге үйрету. Оқушылар логикалық құрылымы анық және таныс емес лексикасы бар (лексиканың мағынасын сөздіксіз түсінуге болатын немесе сөздікпен жұмыс істей алу) мәтіндерді, мысалы жеке хаттар, жастар әдебиетінен үзінділерді және күрделі емес аутенттік мәтіндердегі барлық ақпараттарды тауып оқи алуы тиіс.

Мәтіннің кез-келген түрімен (баспа түріндегі, дыбысты, бейнемәтін) жұмыс жүргізгенде негізгі 3 кезеңді атап айтуға болады. Олар: мәтіналды, мәтінмен, мәтіннен кейін жұмыс

кезеңдері. Әр кезеңнің мақсаттары мен міндеттеріне және оларға жету үшін жаттығулар мен тапсырмаларға тоқталайық.

1. Мәтін алдындағы жұмыс кезеңінің мақсаттары

- Мәтінді алғаш оқыту үшін тілдік тапсырманы анықтау және құрастыру;
- Оқушылардың бойына қажетті деңгейде мотивация тудыру;
- Мүмкіндігінше тілдік және сөздік қиындықтардың деңгейін азайту;

Жаттығулар мен тапсырмалар

1. Мәтіннің атауымен жұмыс

Мәтін атауы бойынша оқушыларға анықтауға төмендегідей тапсырмалар:

- мәтіннің тақырыбын
- тақырыпқа байланысты проблемалық сұрақтар
- негізгі сөздер мен сөз тіркестерін беруге болады.

2. Автордың атына байланысты ассоциограмма құрастыру (Ж.Верн)

- Бұл мәтінді қай жанрға жатқызуға болады?
- Сіздің ойыңызша мәтіннің басты кейіпкері кім (оның мамандығы, ұлты...)?
- Оқиға қай жерде, қашан болды деп ойлайсыз?

3. Мәтінмен жұмыс кезеңінің мақсаттары

- Әртүрлі тілдік дағдылар мен іскерліктерді қалыптастырудың дәрежелерін қадағалау;
- Талапқа сай дағдылар мен іскерлікттерді қалыптастыруды жалғастыру.

Жаттығулар мен тапсырмалар

1. Табу/ таңдау/оқып шығу/байланыстыру/қою:

- Мәтінді жеке бөліктерге бөліп оқыту;
- Берілген сұрақтарға жауап;
- Пікірдің дұрыс/бұрыстығын нақтылау.

2. Мәтіннен кейінгі жұмыс кезеңінің мақсаттары

- Ауызша және жазбаша сөйлеу іскерліктерін дамыту үшін мәтіндегі жағдаятты тілге/ сөйлеуге/ мағынаға тірек ретінде қолдану.

Жаттығулар мен тапсырмалар

1. Пікірді жоққа шығару немесе келісу
2. Мінездеме беру
3. Мәтінді бас кейіпкер атынан әңгімелеу
4. Мәтіннің соңын басқаша аяқтау
5. Мәтінге жаңа ат ойлап табу

Шет тілінде мәтіндерді оқуға үйрету арқылы тілде қарым-қатынас жасау үшін қажетті коммуникативті іскерліктерді дамыту мақсатында жоғарыда аталған жаттығулар тізбегін орындай отырып, жаттығуларды ерекше назарды оқушының белсенді әрекетіне ауыстыру қажет. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығн ояту мақсатында шетел тілін оқытудың жаңа технологияларын тиімді қолдану маңызды.

Қорыта айтқанда, мәтінмен жұмысты шетел тілі сабағында тиімді ұйымдастыру оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттырып, коммуникативтік іскерліктері мен дағдыларын қалыптастырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бим И.Л. Система упражнений для обучения на иностранном языке в средней школе.//Сб.науч.трудов НИИ – М., 1980
2. «Мектептегі шет тілі» №5/2017, 11 бет
3. Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам. – М., «Аркти-Глосса», 2012

ВЗГЛЯД НА ПРЕПОДАВАНИЕ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ В ШКОЛЕ.

Сальменов Марат Биктыбаевич
КГУ Петропавловская средняя школа

Аннотация. *В статье представлен взгляд учителя на основные проблемы преподавания русского языка и литературы сегодня и собственный опыт по преодолению выявленных проблем. Ключевые слова: низкий уровень грамотности, интеллектуальное затруднение, диагностика, низкий уровень речевой культуры. Учитель…Кто он? А так ли необходим он в условиях развитых информационно-коммуникационных технологий?*

С чего начинается учитель? Учитель начинается с ознакомления с нормативно-правовой базой, которое должно носить двусторонний характер: ученик – Конвенция о правах ребенка, и учитель – Закон об образовании, госстандарт, требования программы. С осознания проблем современного образования, которые возникли в связи с технологической перегрузкой и нехваткой именно гуманитарных дисциплин, со знания педтехнологий, основополагающих концепций, предлагающих вывести образование на новый качественный уровень, с самоопределения и нахождения своего собственного пути. Какие бы ни были технологии: ориентированные на личность, на коллектив – задача у всех одна: ориентация школы на сохранение и дальнейшее развитие индивидуальности ребёнка, его потенциальных возможностей, способностей. Эти подходы к образованию и воспитанию нашли отражение в инновационной деятельности нашей школы, целью которой является создание максимально благоприятных условий для обучения, воспитания и развития, социальной адаптации ребёнка; формирование ценностно-ориентированных установок на сохранение и укрепление здоровья и здорового образа жизни. В своей работе учитель должен создавать здоровый психологический климат посредством использования диалоговой формы общения на уроках, чередования видов познавательной деятельности, использования элементов динамических оздоровительных пауз. Важность этого подхода к организации оздоровительной деятельности на уроке отметил педагог-новатор Евгений Ильин [1]: «Школьный педагог – единство трёх ипостасей: учителя, артиста и врача. Отсутствие одной из них автоматически перечеркивает две другие. Сейчас в этой триаде ситуация акцентировала врача. Много спорят о том, как устранить перегрузку, чтобы избежать нервных срывов, апатии, утомляемости. Всерьез и на деле устранит перегрузку учитель-врач, знающий потенциал и возможности каждого (!) ученика, с которым работает. В этом сущность методики, которая окрыляет посильным и естественным, как в самой природе, ощущением успеха, движения, роста». С понимания того, что общение «учитель – ученик» должно строиться на принципиально новом уровне сотворчества, сотрудничества, содеятельности, т. е. одним словом, диалоговом уровне. Такой уровень возможен, если учитель интеллигентный, а значит понимающий, если учитель творческий. В этом нам близка точка зрения Р. И. Альбетковой [2]: «Творчество учителя состоит в оптимальном выборе из множества вариантов работы того, который прежде всего интересен самому учителю и в наибольшей степени отвечает потребностям данного конкретного класса. Только в этом случае возможен настоящий диалог, в котором каждый сможет реализовать свои способности и овладеть необходимыми для личностей умениями и навыками». Если учитель Человечный человек, «то хороший учитель-это прежде всего хороший человек, тот, от которого умнеют, облагораживаются, а не тот, у которого лишь чему-то учатся, что- то узнают» (Е. Ильин) [3]. Учитель-словесник начинается еще и с того, что не просто осознает узкоспециальные проблемы, растущие сегодня как снежный ком, при этом оставаясь в стороне и ожидая, пока не появится какая-либо концепция, позволяющая разом решить все проблемы, а принимающий активное, посильное участие в поиске решений, то есть

действующий. Можно выделить три актуальные проблемы сегодняшнего преподавания русского языка и литературы. 1. Низкий уровень грамотности. Эту проблему отмечает Евгений Ильин [4]: «Прежняя школа наплодила безъязыких грамотеев, неспособных даже в эпоху гласности отстоять свое мнение, а зачастую и сформировать его. Сегодня как никогда стало ясно, что нельзя обучать русскому языку путем искусственной выучки, то есть из рук учителя, так, чтобы это напоминало выработку какого-нибудь навыка». Давать знания – это искать ключ к нему, а не выдавать в готовом виде то, что умеем и знаем сами. Задача качественного улучшения обучения русскому языку – основное направление – формирование прочных и осознанных знаний. В своем поиске решения данной задачи мы пришли к выводу, что обучение должно основываться на естественно развивающихся потребностях ребенка. Лев Николаевич Толстой в «Общих замечаниях для учителей» писал: «Для того, чтобы ученик учился хорошо, нужно, чтобы он учился охотно; для того, чтобы он учился охотно, нужно, чтобы то, чему учат ученика, было понятным и занятным» [5]. Таким требованиям занимательности является лингвистическая сказка, которая является частым гостем наших уроков. Лингвистическая сказка – это необыкновенная история о чудесах, происходящих с жителями страны Русского языка, но лингвистическая сказка – это еще и напряженный труд, работа ума, деятельность воображения. А сильное, яркое воображение – могучий двигатель познания. Воображаемая сказка – это хлеб насущный для школьника, это настоящая потребность его полноценного, умственного развития. В основе урока с использованием лингвистической сказки – интересный текст, позволяющий дать прочные знания по русскому языку в форме, соответствующей возрастным особенностям школьника, содержащей что-то новое в интеллектуальном и эмоциональном плане. В такой увлекательной форме можно представить не только теоретические понятия, но и орфографические, и пунктуационные правила, а если после решения сказки прочитать теоретический материал учебника, то обучающиеся понимают, что достичь результата можно разными способами, что является истинным обучением. Ещё одним условием формирования прочных и осознанных знаний является интеллектуальное затруднение. Такое затруднение при объяснении и закреплении учебного материала активизирует мышление. Здесь мы применяем такую форму как лингвистическая задача. Лингвистическая задача – лучший способ мгновенно возбудить внимание и учебный интерес. К. Д. Ушинский писал: «Все в мире мы узнаем не иначе, как через сравнение, оно заставляет обучающихся думать, анализировать, делать логически правильные выводы, обобщать» [6]. Этот прием эффективен при словарной работе.При таком подходе к обучению особую важность приобретает контроль учителя за домашними заданиями обучающихся. «Нужно так организовать проверку тетрадей, чтобы каждый ученик чувствовал ежедневную ответственность за свои записи в них», – пишет в своих методических рекомендациях Т. А. Ладыженская [7] и предлагает организовать следующую работу: на одном из первых уроков раздать памятки с требованием к домашней работе. Устное домашнее задание. 1. Читаю параграф, обдумываю выделенные в тексте слова, отвечаю на вопросы параграфа. 2. Подбираю примеры и объясняю их. 3. Пытаюсь рассказать себе, что я понял и что знаю. 4. Открываю учебник и проверяю себя. Письменное домашнее задание. 1. Исправляю ошибки, допущенные ранее. 2. Привожу примеры к параграфу. 3. Выполняю упражнение.Такой подход к выполнению домашнего задания очень продуктивен, но дети, не приученные к такому объему работы с начальных классов, тяжело привыкают к таким требованиям, но это дает свой положительный результат. Итак, тщательный анализ ошибок позволяет организовать дальнейшую работу по формированию навыков и умений грамотного письма. А ежедневный контроль дисциплинирует школьников, приучает их трудиться регулярно. 2. Второй актуальной проблемой преподавания русского языка является низкий уровень речевой культуры обучающихся. «За унылой чередой разных видов грамматических разборов, списков слов для заучивания, бесконечных рамочек в учебниках и напряженного

ожидания результатов очередного диктанта не видят дети в родном языке самого главного – его удивительного богатства и красоты, того, чем может гордиться каждый, кто считает русский язык своим родным» [8]. 3. Третья актуальная проблема преподавания русского языка и литературы – низкий читательский уровень. Е. Ильин отмечает: «Сейчас, когда положение наше в общем-то отчаянное, когда нажим и стрессы внешнего мира противостоят таинственным порывам и горьким сновидениям нашего внутреннего мира, мне кажется, что родную литературу нельзя более рассматривать просто как один из учебных предметов, наряду с географией или историей. Она имеет особое значение, не укладывающееся в школьную программу. Язык и литература могут помочь нам жить в согласии с самим собой, а такая помощь нам особенно нужна. Современный мир полон людей, которые разучились жить в ладу с собой…» [9]. Литературе в решении этих проблем принадлежит особая роль, так как именно литература во многом определяет духовное, нравственное, гражданское становление личности, ее эстетическое и интеллектуальное развитие. На уроках-диспутах, уроках-конференциях обучающимся предлагаются для обсуждения, в соответствии с изучаемой темой, острые проблемы современной жизни: любовь к ближнему, истина и нравственность, душевная щедрость и внутренняя свобода, поиск смысла жизни, ложь и правда, добро и зло, моральная ответственность человека за свои поступки. Основным видом деятельности учителя является урок. Для него это не просто промежуток времени в 45 минут. Это событие и для ученика и для учителя. За этот урок учитель должен успеть сделать многое: научить, развить, поддержать, дать возможность поверить в себя, создать комфорт, дать крепкие фундаментальные знания. На каждом уроке он должен не учить, а душевно беседовать, размышлять и сообща с ребенком догадываться.

Ссылки на источники

1. Ильин Е. Н. Искусство общения. – М., 1982.
2. Альбеткова Р. И. Русская словесность. – М.: Дрофа, 2006.
3. Ильин Е. Н. Указ. соч.
4. Там же.
5. Толстой Л. Н. Общие замечания для учителя. URL: az.lib.ru/t/tolstoj_lew_nikolaewich/text_0910.shtml.
6. Ушинский К. Д. Материалы к третьему тому «Педагогической антропологии». – М., 1870.
7. Речь / Под ред. Т. А. Ладыженской. – М.: Педагогика, 1990.
8. Разумовская М. М., Львова С. И., Капинос В. И. Русский язык. 7 класс. Методические рекомендации. – М.: Дрофа, 2010.
9. Ильин Е. Н. Указ. соч.

КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРҒА ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Сальменова Асыл Айтугановна
Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Дөң ауылы.
"Дөң мектеп-гимназия" КММ бастауыш сынып мұғалімі

Қазақ халқының халықтық педагогикасын білім берумен ұштастыра білген Ы. Алтынсарин өзінің шығармалары арқылы бала тәрбиелеудегі білім беру мен тәрбиелеу мәселесін бірінші орынға қойып, оның өзекті мәселелерін шешуге тырысты. Білімнің әртүрлі бағыттары бойынша білім беретін қазақ даласындағы алғашқы мектептердің негізін қалаған ағартушы ғалым Ы.Алтынсариннің қазақ халқы үшін биік дара тұлға екені сөзсіз.

Оқушы тұлғасы мен білім сапасының дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбас кезеңі бастауыш сыныпта қалыптасады. Сондықтан да бастауыш білім берудің алғашқы басқышы болып табылады. Мектептің бастауыш сатысында оқушы дайын стандартпен жазу, оқу және есептеуді үйренеді.

Бастауыш сыныпта "Әдебиеттік оқу" пәнінің алатын орны ерекше маңызды. Әдебиеттік оқу сабағы оқушыларды сөздік шығармашылыққа, көркем шығармаларды оқуға ынталандырады, оның тәрбиесіне ықпал етіп, жеке тұлғасын қалыптастырады. Аталған сабақ барысында көркем шығармашылық және танымдық қабілеттері дамиды, сөз өнеріне үйреніп, ой-өрісі қалыптасады. Сонымен қатар кітап оқуға деген қызығушылығы артып, адамгершілік тәрбиесі молаяды, сезімдері мен ерік-жігерлері тәрбиеленеді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығының ірге тасы бастауыш мектепте қаланатынын, сонымен қатар оқушылардың оқу еңбегіне қажетті оқу іс-әрекетінің білігі мен дағдысын игеруі, оқуға үйрену, санау, теориялық ойлаудың қарапайым элементтерін, сөйлеу мәдениеті мен тәртібі, салауатты өмір салтын, жеке бас гигиенасы, отандық және әлемдік мәдениетті түсінуін қамтамасыз ететін білім мазмұны негізгі мектептің әдебиет пәнін меңгеруге база жасаудың негізі болып табылады[1, 23].

«Әдебиеттік оқу» пәнін оқыту әдістемесі негізінен оқу дағдысын қалыптастыру мен қатар оқушылардың өздігінен оқуға терең қызығушылығын арттырып, оның тұлға дамуындағы рөлін түсінуге, балалардың оқу шеңберін кеңейтуге бағытталады. Мұнда басты назар оқушылардың саналы, түсініп, мәнерлеп, шапшаң, дұрыс оқуына аударылады.

Бастауыш сыныптардағы оқу бағдарламасы көркем әдеби шығармаларды қамтыған. Әдеби шығарма, түрлі бейнелер, олардың іс-әрекеті арқылы өмірді түсінуге көмектеседі. Жазушының идеясы, көңіл-күйі шығарманың мазмұны арқылы оқушыға беріледі, сөйтіп оларда алуан түрлі сезім, ой туғызады, дүниеге көзқарасын қалыптастырады. Осы тұрғыда «Әдебиеттік оқу» пәнінде оқытылатын Ыбырай Алтынсарин әңгімелерін талдату арқылы кіші мектеп жасындағы оқушыларын тәрбиелеуде орны ерекше [2, 24].

Ы. Алтынсарин – қайталанбас тұлға, қазақ халқының тағдырына ерекше мән берген ұлы ағартушы – педагог. Ы.Алтынсарин педагогикасы мұраларының негізгі идеяларының бірі – адамның өзара қарым-қатынасы, жастарды еңбекке баулу. Өзінің барлық педагогикалық теориясында жас жеткіншектердің ұлттық тәрбиесін қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының ғасырлар бойы тәрбие саласында жиған бай тәжірибесін негізге алу қажет деген пікірді ұстанғандардың бірі. Оның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен, қазақтың мәдениетін, өнерін терең білетін, ақыл-парасаты жоғары, сөзге шешен, елге сыйлы атасы. Ыбырай бала жастан халықтық педагогикадан алған тәлім-тәрбиесін, үлгі – өнегесін, көңіліне түйгендерін оқу ағарту істері арқылы қазақ балаларының бойына сіңіре білді. Алтынсарин қазақ балаларын туғаннан дарынды, зерек деп сипаттайды. Ы. Алтынсариннің шағын әңгімелері, өлеңдері адамгершілікке, еңбекке баулиды және үлкендерді, халқының

салт-дәстүрлерін құрметтеуге, туған жерін, табиғатын сүюге тәрбиелейді. Бала жанының зергері Ы. Алтынсарин әңгімелерінің бәрі де бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне орай тілі жеңіл, мазмұны тартымды болып келеді.

Ы.Алтынсариннің шағын әңгімелері, өлеңдері балаларды адамгершілікке, еңбекке баулиды және үлкендерді, халқының салт- дәстүрлерін құрметтеуге, туған жерін, табиғатын сүюге тәрбиелейді. Бала жанының зергері Ы. Алтынсарин әңгімелерінің бәрі де бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне орай тілі жеңіл, мазмұны тартымды болып келеді. Ы.Алтынсариннің шығармаларын тәрбиелік мәні бойынша бірнеше бағытқа бөлуге болады:

- адамгершілік, мейірімділік, сабырлыққа тәрбиелеу («Бақша ағаштары», «Асыл шөп», «Жаман жолдас», «Мақта қыз бен мысық»)
- еңбекке баулу («Әке мен бала», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш»)
- туған жерге, табиғатқа сүйіспеншілік сезімін ояту («Таза бұлақ», «Жаз», «Туған өлке»)
- үлкендерді құрметтеу («Мейірімді бала», «Аурудан аяған күштірек», «Шеше мен бала»). Сонымен қатар, оның әңгімелері бала тәрбиелеу мәселесіне негізделген «Бақша ағаштары» деген шығармасы ерекше көңіл аударарлық. Бұл әңгімесінде Ыбырай жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беріп, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал деп жазды. «Баланы жас күнінен түзу тәрбие беру оның болашақ өмірі үшін қажет. Есейіп кеткен соң қисығын түзеу қиынға түсетінін айтады[3,18].

Қорыта келе, ұлы жазушымыздың балаларға арналған шығармаларында қандай тақырыпта жазса да алдымен нені мақсат етіп көрсетуге болар еді деген мәселеге тоқтайды. Жазған әңгімесін өмірде кездесетін, баланың өзі назар аударатындай заттармен, іс-әрекеттермен байланыстырып отырады. Себебі, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің зейіні тұрақты болмағандықтан, бүлдіршіндерді қызықтырып, назарын аударту педагогтің ең басты міндеттерінің бірі екенін білген қазақ елінің дарынды перзенті әңгімелерінің бәрі де бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне орай тілі жеңіл, мазмұнды, тартымды, олардың жан дүниесіне әсер етерліктей етіп берілгендігін атап көрсеткен. Ұлы ағартушымыз артына қалдырған асыл мұрасы сан мыңдаған ғасырлар өтсе де, өз маңызын жойған емес. Жас өспірімдерді өскелең мәдениетке жетелейтіндей өмір оқулығы, отаны үшін алысқан күрес құралы болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Ахметов С. Бастауыш кластарды білім берудің тиімділігін арттыру жолдары. – Алматы, 2004. - 84 б.

2 Мұратбай Т. «Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері мен олардың тәрбиелік мәні», Қазақ тілі мен әдебиеті журналы. -№3. -2017.- 27 б.

3 Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. Алматы, Жазушы, 1988ж.Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, 2003. -18 – 21 б.

ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ В ПРЕПОДАВАНИИ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА В РАМКАХ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Самойленко Инна Николаевна
Кобдинская средняя школа имени Кобыланды батыра

«Если ученик в школе не научился сам ничего творить,
то и в жизни он всегда будет только подражать, копировать»
Л.Н. Толстой

Наши дети – это люди нового поколения, нового информационного общества. И умение творить себя, свою жизнь — это очень важно! Новая «Стратегия модернизации образования» сегодня в качестве главного результата рассматривает готовность и способность молодых людей, заканчивающих школу, нести личную ответственность, как за собственное благополучие, так и благополучие общества. И, конечно же, сегодня, с укреплением независимости нашего молодого государства, обновлением сознания народа, кардинально меняются требования к системе образования, в том числе к изучению истории страны.

В настоящее время в нашей республике происходят серьезные изменения всей системы образования. Безусловно, главным вопросом профессионального образования является вопрос воспитания квалифицированных, конкурентноспособных, востребованных специалистов, которые могли бы ориентироваться в быстро меняющихся экономических и геополитических условиях времени.

Казахстанское образование переживает сейчас период подъема, крепнет, совершенствует свои формы и методы работы. Первоочередная задача всех педагогов внести свою лепту, свою частичку в деле процветания нашей нации, страны и образовательного пространства.

На современном этапе развития общества обновление содержания обучения в школах возможно лишь на путях разработки новых педагогических технологий и соответствующей подготовки профессиональных педагогов. Именно поэтому на сегодняшний день так важно внедрение инновационных технологий.

Новые информационные технологии, не заменяя традиционные методы обучения, дополняют их и создают новые возможности для развития всей системы образования. Не развитие технологий ради технологий, а использование их ради поддержания и развития интереса к знаниям и учебе, актуальная задача современного образования [1].

Эффективными формами учебной работы по внедрению в образовательный процесс инновационных процессов и формированию ключевых профессиональных компетенций будущих специалистов является применение различных активных форм и методов обучения. Это проблемная и игровая технологии, технологии коллективной и групповой деятельности, методы анализа конкретных ситуаций, метод проектов, подготовка публичных выступлений, обучение в сотрудничестве, создание проблемных ситуаций, лекция-беседа, лекция-диспут и т.д [2].

Поэтому внедрение в учебный процесс инновационных технологий является определяющей чертой современного образования. Внедрение нетрадиционных инновационных технологий позволяет решать многие проблемы развивающего, личностно-ориентированного обучения, дифференциации, гуманизации, формирования индивидуальной образовательной перспективы учащихся.

Для всех технологий характерны определенные общие признаки: осознанность деятельности преподавателя и учащихся, эффективность, мобильность, целостность, открытость, самостоятельная деятельность учащихся.

Особенностью инновационных подходов в обучении является их направленность на творческое развитие учащихся, необходимость подготовки учащихся к самостоятельной трудовой деятельности, развитии и воспитании широко образованной, культурной, творческой, инициативной личности.

В современных условиях принципиально меняется позиция учителя. При использовании новых инновационных технологий, которые направлены на необходимость мыслительной деятельности и коммуникативность, учитель выступает как учитель — режиссер,

партнёр. Ключевые компетенции формируются лишь в опыте собственной деятельности, поэтому образовательная среда должна выстраиваться таким образом, чтобы ребенок оказывался в ситуациях, способствующих их становлению, чтобы его познавательная активность мотивировала выработку личностного знания. Современные дети сильно изменились по сравнению с тем временем, когда создавалась ныне действующая система образования. В первую очередь изменилась социальная ситуация развития детей нынеш него века:

–резко возросла информированность детей;

–характерна ограниченность общения со сверстниками;

–сегодня дети более открыто выражают и отстаивают своё мнение.

В последнее время интерес школьников к учению резко упал, чему в определённой степени способствовали устаревшие формы урока. Чтобы вызвать у учащихся интерес к изучению предмета истории , я стараюсь включать детей в исследовательскую деятельность. **На уроках использую формы групповой работы обучения истории наиболее известные как «мозговой штурм», «дебаты», «ролевые и деловые игры», «круглый стол», «диспуты», «работа в группах или в парах» «дискуссии» и т.д. Эти формы эффективны в том случае, если на занятии обсуждается одна из проблем, о которой у учащихся имеются первоначальные представления, полученные ранее на занятиях [3].**

На основе новых информационных и педагогических технологий, методов и приемов обучения стало возможным изменить роль преподавателя, сделать его не только носителем знаний, но и руководителем, инициатором самостоятельной творческой работы учащегося.

Проблемный урок — это, когда преподаватель заявляет проблему и предлагает учащимся сформулировать обоснованные решения на основе источников.

Среди самых активных методов обучения весьма эффективным являются деловые игры.

Деловая игра вносит некоторое разнообразие в традиционно сложившуюся структуру учебного процесса. Деловые или ролевые игры ориентированы на поэтапное, функциональное участие каждого из учащихся в процессе занятия. Они дают возможность активного и видимого участия в процессе обучения наиболее большего количества учащихся и ориентированы на применение на практических занятиях по курсу Истории Казахстана.

Другим эффективным методом, который я применяю в своей работе, можно назвать кейс-стади или метод учебных конкретных ситуаций (УКС). Центральным понятием метода УКС является понятие ситуация, т.е. набор переменных, когда выбор какого-либо из них решающим образом влияет на конечный результат. При данном методе обучения учащийся самостоятельно принимает решения и обосновывает его. Метод кейс-стади — это метод обучения, при котором учащиеся и преподаватели участвуют в непосредственном обсуждении деловых ситуаций или задач. В целом, метод УКС позволяет:

1. Принимать верные решения в условиях неопределенности;
2. Овладеть навыками исследования ситуации;
3. Разрабатывать план действий;

4. Применять полученные теоретические знания на практике.

Этот метод способствует развитию умения анализировать ситуации, оценивать альтернативы, способствует формированию критического мышления.

Особую роль в приемах и средствах преподавания у меня на уроках занимают компьютер и Интернет. Компьютерные технологии позволяют обеспечить наилучшую, по сравнению с другими техническими средствами обучения, реализацию принципа наглядности, в большой степени способствуют укреплению знаний и умений. Кроме того, средствам мультимедиа отводится задача обеспечения эффективной поддержки игровых форм урока, активного диалога «учащийся — компьютер».

К эффективным методам обучения можно отнести исследовательский прием, который направлен на коллективную работу в группе — когда необходимо в процессе коллективного рассуждения дать анализ содержанию отрывка из первоисточника. Он ориентирован для работы в небольших группах — на семинарских занятиях. Сюда можно отнести:

a) работу учащихся с наглядными пособиями по истории Казахстана — это карты, схемы, таблицы, обзорные и тематические экскурсии по историческим музеям как работа с наглядным материалом;

b) работу учащихся с историческими документами;

Среди учащихся старших классов на уроках истории Казахстана применяю метод проектов, который способствует высокой самостоятельности учащихся. Преподавателю отводится роль координатора, он только направляет деятельность учащихся. Учащиеся исследуют выбранную тему, собирают наиболее полную информацию о ней, используя современные технические средства. Наконец, проектные технологии нацелены на исследование по определенной исторической теме. Это самостоятельная работа, требующая навыков планирования времени, умения ставить и решать задачи [4].

Все инновационные методы предполагают большую самостоятельность учащихся, их диалог с преподавателем.

Сегодня, говоря об образовании, специалисты стремятся подчеркнуть желание учитывать интересы учащихся и строить процесс обучения так, чтобы цели и задачи обучения соответствовали возможностям и желаниям и учащихся.

Нельзя упускать из виду и тот факт, что современное образование должно соответствовать международным стандартам обучения.

Основные тенденции изменения системы образования связаны с переходом на новую парадигму «обучение в течение всей жизни» [5].

Решая эти задачи, только тогда образовательная сфера нашего государства может отвечать требованиям модернизации современного общества.

Список литературы

1. Алексеева, Л. Н. Инновационные технологии как ресурс эксперимента / Л. Алексеева/ Учитель. – 2004. – № 3. – с. 28.

2. Историческое образование в Казахстане.// Материалы международной научно-практической конференции молодых ученых (21-22 декабря) — Караганда, 2004.

3. Т. А. Кожамкулов. Об изучении отечественной истории в учебных заведениях Республики Казахстан. Алматы, 2007.

4. Проектное обучение истории Казахстана. // Серия «История. Философия. Право». Алматы, 2007.

5. Проблемы изучения Отечественной истории в учебных заведениях Республики Казахстан. Образование: парадигмы системы, процессов и качества: Материалы международной научно-практической конференции. Петропавловск, 2007.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА ТАРИХ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ

Сапарбаева Гүлжайнар Жәмиқызы
№1 қазақ ЖББОМ тарих пәні мұғалімі

Қазіргі уақытта мектептегі тарихи білім беру жүйесінде үлкен өзгерістер болып жатқандығы ешкімге құпия емес: парадигма өзгеруде, жаңа басымдықтар іздестірілуде, тарихи курстардың, оқыту нысандары мен әдістері кеңейіп келеді.

Білім алушылардың жеке қызығушылығынсыз үлкен көлемдегі алуан түрлі ақпаратты талдау және өңдеу, теория мен тәжірибе мәселелерін шығармашылықпен шешу мүмкін емес. Сандар мен даталардың көптігі, орасан зор концептуалды ақпарат, тарихи тұлғалар тізбегі, ұрыс алаңдары, сәулет ескерткіштері, ең бастысы, оқушылардың мұндай көлемді материалды есте сақтау қажеттілігін дұрыс түсінбеуі және оның хронологиялық заңдылығы тарихқа деген қызығушылықтың төмендеуіне, оқушылардың ішкі мотивациясының әлсіреуі, олардың жеке мүмкіндіктеріне сұраныстың болмауы. Бұл жағдайда мұғалімнің кәсіби маман ретінде өзін-өзі дамытуы, оның жаңа тұжырымдамалық және мазмұнды тәсілдерін, одан әрі өнімді қызмет үшін жаңа педагогикалық технологияны игеруі, тарих пәнін оқыту жүйесінде өз ұстанымын таңдау қажеттілігі сөзсіз. Білім алушылардың белсенді қызығушылығынсыз пәндік (тарихи) білім деңгейін көтеру мүмкін емес. Мектептегі тарихи білім беру мазмұнының ерекшелігі, сондай-ақ сынып-сабақ жүйесінің ерекшеліктері оқытудың белсенді әдістері жүйесін іс жүзінде жүзеге асыруға әкеледі.

Оқыту әдістері – оқу процесінде оқушылар мен мұғалімнің өзара әрекеттесу формасын көрсететін әдістер мен тәсілдер жиынтығы. Оқытудың қазіргі түсінігінде оқу үрдісі оқушыларды белгілі бір біліммен, дағдымен және құндылықтармен таныстыру мақсатында мұғалім мен оқушылардың сабақ кезінде өзара әрекеттесу процесі ретінде қарастырылады.

Белсенді әдіс – бұл сабақ барысында мұғалім мен білім алушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы, ал мұндағы білім алушылар пассивті тыңдаушылар емес, сабақтың белсенді қатысушылары, білім алушыдан мұғалімге және мұғалімнен білім алушыға. Пассивті сабақта мұғалім сабақтың негізгі актері және басқарушысы болса, мұнда мұғалім мен білім алушы тең дәрежеде болады. Егер пассивті әдістер өзара әрекеттесудің автократиялық стилін білдірсе, белсенділері демократиялық стильді көбірек ұсынады. Белсенді оқыту әдістері білім алушыларды әр түрлі жағдайларда берілген мақсатқа жету үшін шешім қабылдауға мәжбүрлейтін шиеленісті жағдайды саналы түрде құруға негізделеді. Шешімдердің дамуы эмоциялармен бірге жүреді, бұл өз кезегінде интеллектуалдық резервтердің жұмылдырылуын қамтамасыз етеді, танымдық белсенділікті ынталандырады және зейінді ұзақ уақыт бойы ұстауға мүмкіндік береді. Мектепте тарих пәнін оқытудың заманауи әдістемесі мұғалімдердің жаңа әдістемелік үлгілерді, оқу сабақтарының тиімді формаларын, соның ішінде білім алушы әрекетінің әртүрлі түрлерін әзірлеуді көздейді.

Оқу іс-әрекетінің белсенді формалары келесідей жіктеледі: модельдеу (ойын әрекеті), коммуникативті диалог (пікірталас), дереккөздерді зерттеу (зерттеу қызметі).

Тәжірибе көрсеткендей, тарих пәніне деген қызығушылықты арттырудың бір жолы-білім алушыларды белсенді ұйымдастырылған оқытуға енуіне мүмкіндік беретін белсенді оқыту формаларын қолдану, онда олар өздерінің мәнін көрсетеді және тек мұғаліммен ғана емес, басқа адамдармен де қарым-қатынас жасай алады. Осыған байланысты менің кәсіби қызметімнің негізгі мақсаты – оқытудың белсенді түрлерін жүзеге асыру арқылы білім алушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыру. Мақсат келесі міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылады:

- критерий бойынша бағдарламалық материалды жүйелеу, белсенді формаларды қолдану мүмкіндігі;
- оқыту кезінде өзара байланысты белсенді тәсілдер, формалар, жаттығулар жүйесінің тұтас құрылымын жасау;
- «тарих» оқу процесіне белсенді формаларды енгізудің тиімділігін бақылау.

Тапсырмалардың мазмұнды ақпаратын жинақтау және реттеу осы тақырып бойынша белгілі бір «тарихи іргетастың» құрылуына әкеледі.

Мен өз тәжірибемде ойын әрекеттеріне негізделген тренинг сабақтарының келесі үлгілерін қолданамын:

• Қайта құру(реконструкция) ойындары (өткен немесе қазіргі уақытта орын алған ойдан шығарылған жағдайдың болуы, рөлдерді бөлу);

•Пікірталас ойындары (пікірталастың әртүрлі формаларын имитациялайтын жағдайдың болуы, пікірлер конфликтісін тудыру, өткенді бүгінгі күн тұрғысынан сарапшылардың талдауы);

• Ойын-байқаулар (тұрақты ережелердің болуы, сюжет пен рөлдердің болмауы, субъект-объектілік қатынастардың бірінші жоспары).

Тарих сабағындағы ойын – бұл өткен немесе қазіргі кездегі белгілі бір жағдай үлгіленетін, адамдар, тарихи драмаға қатысушылар «өмірге келіп», әрекет ететін сабақтың белсенді түрі.

Ойынның мақсаты – ойын күйін құру, нақты; субъектінің тарихи шындыққа эмоционалды қатынасы. Ойын нақты және қатаң ережелерге негізделген, олардың сақталуы ойын әрекетінің мазмұнын, бәсекеге қабілеттілігін және тиімділігін қамтамасыз етеді. Білім алушылар жеке, топпен немесе ұжымдық түрде қатыса алады.

Ойын баланы тарихи кейіпкерге айналдырады. Білім алушының алдында басқа тарихи уақыт пен кеңістікте өмір сүрген ересек адамның позициясын алудың өзіндік қажеттілігі туындайды. Мектеп оқушылары өз кейіпкерлерінің ойларына, сезімдеріне, тәжірибелеріне «үйрену» арқылы тарихи шындықты үлгі етеді. Олардың алған білімдері тұлғалық мәнді, эмоционалды бояуға ие болады.

Соңғы жылдары педагогикалық тәжірибеде топтық жұмысқа негізделген пікірталастар қалыптасты. Топтық жұмысты проблемалық жағдайды шешумен біріктіру біліммен, идеялармен және пікірлермен алмасу үшін ең тиімді жағдай жасайды, жан-жақты талдауды және белгілі бір тақырыпты шешудің негізделген таңдауын қамтамасыз етеді. Білім алушылар шешендік өнерді, полемика өнерін игереді, бұл олардың жеке дамуына маңызды үлес қосады.

Жалпы формада, ұйымдастыру принциптеріне, міндеттеріне және жоспарланған нәтижелерге байланысты тарихи пікірталастардың бірнеше түрін ажыратуға болады: құрылымдық (реттелетін) пікірталас, ойын модельдеу элементтерімен талқылау, жобалық пікірталас, топтық пікірталас (дебат), пікірталас –«дөңгелек үстел».

Проблемалық сабақ – сабақ оқу мәселесін пайдалануға және білім алушыларды осы мәселені шешуге белсенді қатысуға тартуға негізделеді.

Бірлесе топта жұмыс жасағанда оқушылар пікір таластырады,басқалардан үйренеді. «Сұхбат алу» әдісі. Мұнда топтағы үш оқушы бір-бірімен тақырып бойынша сұхбат құрады.Үшінші оқушы түсінгенін әңгімелейді. «Қалың және жұқа сұрақтар» әдісі. Бұл әдіс бойынша топ жұмысы барысында оқушыларға тақырып бойынша сұрақтар құру тапсырылады. Топтық жұмыс сауат ашу сабақтарында өте тиімді, себебі оқушылар өз ойларын жеткізе біледі. Топпен жұмыс жасауға арналған тапсырмалар күрделі емес және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай беріледі. Мысалы, сауат ашу сабағында элементтерден әріпті жинау,сандарды ретімен орналастыру арқылы сөздер құрастыру, әріптің баспа және жазба түрлерінің қатынасын табу, «Қатесін тап» деген сияқты тапсырмалар беріледі. Математика пәнінен «Кеңістік фигуралары», «Жазық фигуралар және олардың модельдері» тақырыбын өткен кезде жеке бөліктерден фигураны құрастыру арқылы фигуралар моделін құрастыру/мыс:пирамида,конус,тік бұрышты парллелепипед,текше.../ тапсырмасын беруге болады. «Жыл мезгілдері» тақырыбына байланысты сабақ барысында жеке бөліктерден бір жыл мезгілін құрастырып, аталған жыл мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелеу тапсырылады. Оқушылар топтарға берілген тапсырмаларды орындай отырып, тақырыпты қызығушылықпен өздері аша алады.

Топ – бұл ортақ мақсатқа жету үшін құрылған адамдар тобы. «Топтық жұмыс» термині-өзара іс-әрекет жасалып,соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге бағытталған іс-әрекеттің құрылымы.

Топтық жұмыстың мақсаты-оқыту мен оқу тәсілдері арқылы проблемаларды шешу тапсырмаларда орындау барысында оқушылар тобының бірлесіп жұмыс істеуі.

Топта жұмыс жасау үшін: Жақсы тыңдап білу. Күшті жетекшілік қасиеттер. Тиімді байланыс орнату. Міндетті тең бөлісу. Бірігіп жұмыс жасауға ұмтылу. Алға қойылған мақсаттар мен міндеттер.

Топта жұмыс жасауда кездесетін кедергілер: Шамалы қарым - қатынас. Дұрыс тыңдап білмеу .

Шамалы жетекшілік. Топқа тартылысы жоқ. Мақсатты дұрыс түсінбеу. Міндеттерді тең бөліспеу. Сәтті. Сәтсіз.

Топтық жұмыс жеке шешуге болатын тапсырмаларды емес, анағұрлым күрделі тапсырмаларды топ болып шешуді көздейді.

Топтық жұмысты ұйымдастырудың артықшылықтары:

Игеретін материалдардың көлемі мен оларды түсіну қажеттілігі артады

Жаппай оқытуға қарағанда,жаңа ұғымдарды, түсініктерді,дағдыларды қалыптастыруға аз уақыт жұмсалады.

-Оқушылардың танымдық белсенділігі мен шығармашылықпен жұмыс істеуі артады.

-Оқушылардың өзара қарым-қатынасы жақсарады.

-Өзіне сын көзбен қараушылық артады, сыныптастарымен жұмыс істеп үйренген оқушы өзінің қабілетін дұрыс бағалай біледі және жақсы бақылай алады. Өмірге қажетті дағдыларға үйренеді.

Топтық жұмысты ұйымдастырудың кемшілігі:

Топ мүшелерінің көп болуы

Үлгерімі төмен оқушылардың көптің көлеңкесінде қалып қоюы.

Бір топтың шуылының екінші топқа әсері.

Берілген уақыт ішінде тапсырманы орындай үлгермеуі

Шығармашылық жұмыс аяқсыз қалуы

Бір топ жұмысты қорғап жатса, басқа топ мүшелері өз жұмыстарын аяқтап жатумен шұғылданады.

Білім деңгейі бірдей оқушылар тобы бір топта жұмыс жасауы

Жақсы оқитын оқушылардың үлгерімі төмен оқушылардан жоғары тұруы.

Қорыта келе, топқа бөліп оқытқанда оқушылардың талпынысы артады, әр оқушы өзін жеке керекті тұлға ретінде сезінеді және өз үлесін қосуға талпынады. Бір адамның айтқанынан гөрі бірнеше адамның айтқаны есінде тез жатталады. Топтық жұмыс оқушы белсенділігін арттыруда үлкен жетістікке жеткізеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

• Д.С.Ильясова, М.К.Тасбулатова, Т.А.Оспанова. Бірінші сыныпта оқу үдерісін ұйымдастыру туралы әдістемелік ұсыныстар. Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесінен.
• Мұғалімге арналған нұсқаулық: Екінші(негізгі) деңгей /Бакиров К.А., Намысова Г.А., Аушева И.У., Шаримова А.Г., Ғабдоллақызы Б., Байкенова Б.А -3-басылым.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ БІЛІМ – ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ БАСТАПҚЫ БУЫНЫ

Сармыс Бақыт Қыдыралықызы, Нижанова Шара Жумакызы
Ақтөбе қаласы №10 Жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш сынып мұғалімдері

Мемлекет өскелең ұрпаққа білім берудің сапасын бағалауға және арттыруға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыруы тиіс. Бұл - бастауыш сыныптағы білім беру қызметін реттейтін құжаттардағы қайшылықтарды жою бөлігінде нормативтік-құқықтық базадағы өзгерістерді; мектеп жасына дейінгі балалар үшін білім берудің қолжетімділігін арттыру тәсілдері; мектепке дейінгі ұйымдарда қазіргі заманғы талаптарға сай келмейтін жағдайлар; жұмыс істейтін педагогтардың дайындық деңгейі; мектепке дейінгі білім беру жүйесін қаржыландыру тетіктерін ұйымдастыру.

Қазіргі қоғам бастауыш сыныпта оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға, базистік және ішінара оқу бағдарламаларының мазмұнын таңдау мен негіздеуге, іс-әрекеттің тиімділігіне, педагогикалық кадрларды іріктеу мен оқытуға жаңа талаптар қойып отыр.

Балаларды оқытуға деген көзқарас та өзгерді. Қазақстандағы білім беру жүйесінде бірінші орында балалардың дербестігі мен өзін-өзі қамтамасыз етуін дамыту тұр. Балалық шақ тек мектеп өміріне дайындық емес, адам дамуының маңызды кезеңі екенін ұғынды.

Бастауыш мектептегі тәрбие – бүкіл білім беру жүйесінің іргетасы, өйткені дәл осы жерде баланың болашақ дамуының сипатын анықтайтын тұлғаның негізі қаланады. Бастауыш сыныптағы тәрбиенің мақсаты – баланың жеке бас әлеуетінің мүмкіндігін барынша ашуға жағдай жасау. Функционалды сауатты тұлға – кез келген өмірлік міндеттерді (мәселелерді) шешуге қабілетті, осы үшін өмір бойы жинақталған білімдерін, дағдыларын пайдалана алатын тұлғаның дамуы үшін жағдайлар қажет. Бала өз өмірінің субъектісі болуға, оның әлеуетін көруге, өз күшіне сенуге, өз іс-әрекетінде табысты болуды үйренуге құқылы. Бұл оның балабақшадан мектепке ауысуын айтарлықтай жеңілдетеді, мектеп жағдайында оқуға деген қызығушылықты сақтайды және дамытады.

Бастауыш сыныпта білім беру жүйесін дамыту қамтамасыз етілген жағдайда ғана сапалы және серпінді жұмыс істеуге қабілетті. Ең алдымен, бастауышта оқыту сапасын арттыру моделін әзірлеу үшін нормативтік-құқықтық базаны құру қажет. Сапаны жақсарту моделі - негізгі сапа критерийлерін анықтауға, дамудың мақсатты көрсеткіштерін тұжырымдауға және білім беру сапасын арттырудың тиімді тетіктерін әзірлеуге бағытталған басқарушылық шешімдер жүйесі.

Бастауыш сыныптағы білім – үздіксіз білім беру жүйесінің бастапқы буыны. Ол баланың дені сау, дамыған тұлға болып қалыптасуын, оқуға құштарлығын оятуды, жүйелі оқуға дайындауды қамтамасыз етеді. Мектепке дейінгі тәрбие мемлекеттік және мемлекеттік емес мектепке дейінгі балалар мекемелерінде және отбасында 6-7 жасқа дейін жүзеге асырылады. 6жасар бала мектеп табалдырығын аттаған шағында білім алуға толық қабілетті болады.сол себепті де, елімізде бірінші сыныпқа 6 жастан қабылдауды жөн санап отыр.

Мектептердің жаңа оқулықтарға көшуі де қазіргі білім берудегі қайшылықтарды – оқу материалының фактілік, «білімділік» сипаты арасындағы қайшылықты, оның көлемін және оқушылардың бұл материалды игеруіндегі қиындықтарды көрсетті. «Оқыту үшін оқыту» енді өзекті болмай қалды. Заман мектепке басқа талаптар қояды. Мектеп пәндері білім берудің заманауи мәселелерін шешуі керек. Барлығын үйрету мүмкін емес десек те, түрлі ғылымның маңызды жетістіктерін оқыту мұғалімдердің қолында. Балаларға «балық емес, қармақ» беру, осы білімді меңгеруге үйрету, оқыту арқылы интеллектуалдық, коммуникативтік, шығармашылық қабілеттерін дамыту, ғылыми дүниетанымын қалыптастыру әлдеқайда маңызды.

Әдістемелердің өзгеруімен пәндерді оқытудың сипаты да өзгереді. Ең маңызды сұрақ «Қалай оқыту керек?». Сондықтан қазіргі таңда оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруға, олардың іскерліктерін, қасиеттерін, дағдыларын осы әрекет арқылы дамытуға бағытталған заманауи білім беру технологияларының өзектілігі өте жоғары. Қазіргі уақытта мектеп оқушылары негізгі білімді мектептен алады. Сабақтың ерекше белгілеріне тұрақты жұмыс тобымен (сыныппен) бекітілген кесте бойынша, қатаң шектеулі уақытта, оқытушының жетекшілігімен оқушылардың міндетті жұмысы жатады.

Қазіргі оқу-тәрбие процесінің барлық негізгі элементтері: оның мақсаттары, мазмұны, құралдары, оқытуды ұйымдастырудың әдістері мен формалары өзара әрекеттеседі. Сабақта мұғалім шығармашылықтың нормативтік принциптерін жақсы білуі тиіс.

Кез келген технология, мейлі ол өндірістік немесе педагогикалық болсын кез келген құрамдас бөліктердің бірігуімен (комбинациясымен, қосылуымен) сипатталады; логика, компоненттер тізбегі; әдістері, тәсілдері, әрекеттері.

Оқытуды ұйымдастырудың жаңа әдістері мен формаларын іздестіру арқылы оқыту әдістемесінде дәстүрлі сабаққа қарама-қарсы «заманауи сабақ» деген жаңа термин пайда болды. Педагогика ғылымының сабаққа, педагогикалық процестің тиімділігіне қойылатын талаптары үнемі өсіп, өзгеріп отырады. Мектеп тәжірибесінде дәстүрлі емес сабақтармен қатар оқытудың дәстүрлі емес технологиялары заманауи оқыту әдістерімен бірге қолданылады.

Қазіргі уақытта қоғамның өмір сүруі мен даму жағдайларының өзгеруіне байланысты оқытудың жаңа технологияларына көшу болып табылады, бұл кіші жастағы оқушыларды тәрбиелеуде жаңа тәсілдер мен әдістерді қажет етеді.

Мұғалім ақпаратты ауызекі сөз (әңгіме, лекция, түсіндіру), баспа сөз (оқулық, қосымша құралдар), көрнекі құралдар (суреттер, диаграммалар, кинофильмдер мен диафильмдер, сыныптағы және экскурсия кезіндегі табиғат объектілері), практикалық көрсету арқылы жеткізеді. Оқушылар білімді меңгерудің бірінші деңгейіне қажетті әрекеттерді орындайды – тыңдайды, қарайды, сезінеді, оқиды, бақылайды, жаңа ақпаратты бұрын үйренгенімен салыстырады және есте сақтайды.

Мұғалім сабақта түсіндірме-иллюстративті әдісті жиі қолданады. Ол адамзаттың жалпыланған және жүйеленген тәжірибесін өскелең ұрпаққа жеткізудің ең үнемді әдістерінің бірі болып табылады. Бұл әдістің тиімділігі көп жылдық тәжірибеде тексеріліп, ол барлық елдердің мектептерінде, білім берудің барлық деңгейінде берік орын алды. Түсіндірме-көрнекілік әдістің нәтижесінде алынған білім осы білімді пайдалана білу дағдысын қалыптастырады. Оқушылардың оқу дағдыларын меңгеру және сонымен бірге білімді

игерудің екінші деңгейіне жету үшін мұғалім оқушыларға берілген білімді қайталап жаңғыртуға арналған тапсырмалар жүйесі мен оқыту әдістері арқылы олардың іс-әрекетін ұйымдастырады. Мұғалім тапсырмалар береді, ал оқушылар оларды орындайды – ұқсас есептерді шығарады, үлгі бойынша азайтады және біріктіреді, жоспарлар жасайды, нұсқауларға сәйкес жұмыс істейді. Репродуктивті әдістің тиімділігін арттыру үшін дидактиктер, әдіскерлер психологтармен бірлесіп жаттығулар жүйесін, сонымен қатар өзін-өзі бақылауды (кері байланыс) қамтамасыз ететін бағдарламаланған материалдарды әзірледі. Оқушыларға нұсқау беру әдістерін жетілдіруге көп көңіл бөлінді. Оқушылардың білім көлемі ұлғайған сайын түсіндірмелі-иллюстративті әдісті репродуктивті әдіспен ұштастыра қолдану жиілігі артты. Демек, осы екі әдістің кез келген комбинациясы кезінде біріншісі екіншісінен бұрын тұрады.

Бұл әдісті жүзеге асыруда идеясын Л.Н.Ланда жасаған алгоритмдеу маңызды рөл атқарады. Оқушыларға алгоритм, яғни ережелер мен процедуралар ұсынылады, нәтижесінде оқушы объектіні (құбылысты) тануды үйренеді, оның бар екенін анықтайды және бір уақытта белгілі бір процедураны орындайды. Алгоритмді қолдану екі әдісті де қолдануды көздейді – ақпараттық-рецептивтік және репродуктивті: ол хабарланады, содан кейін оқушы оның жауабын табады.

Әдістердің екеуін де немесе біреуін жүзеге асыру құралы ретінде пайдалану бірқатар жағдайларда өте тиімді. Бірақ танымдық іс-әрекет қолданылғанда, осы әдістермен ұйымдастырылған әрекет шеңберінен шықпайды. Сипатталған әдістердің екеуі де оқушылардың білім, білік, дағдыларын байытуымен, негізгі ақыл-ой операцияларын (анализ, синтез, абстракция және т.б.) қалыптастыратындығымен ерекшеленеді, бірақ оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға кепілдік бермейді, Оларды жүйелі және мақсатты түрде қалыптастыруға мүмкіндік бермейді.. Бұл мақсатқа басқа әдістер арқылы қол жеткізіледі. Және олардың біріншісі - проблемалық мәлімдеме

Жас ұрпақ мемлекеттің стратегиялық ресурсы деуге болады. Болашақ азамат қажетті даму векторын балалық шағында алады. Қазір еліміздегі жаңа формацияның азаматтары - белсенді, тәуелсіз, іскер, мақсатты, креативті, шығармашылық, патриоттық сезімі дамыған, өз саласының нағыз мамандары. Осы қасиеттердің барлығын мектепте тәрбиелеу тым кеш, оларды бастауыш мектептен бастап дамыту керек.

Жаңа тәсіл баланың қажеттіліктеріне және оның жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Оқыту ойын барысында тапсырмаларды біртіндеп күрделендіріп отырады. Бұл балалардың жаңа білім алу процесіне қызығушылығын сақтауға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім берудің жаңа білім беру стандартының негізгі идеясы ойынның ойын-сауық түрі ретінде шығармашылыққа айналуы. Ойын барысында адами қарым-қатынас үлгілері қалыптасады, баланың мектепке психологиялық дайындығы жүзеге асады.

Осылайша, сапа критерийлері негізінде әзірленген білім беру сапасын арттыру моделі қазіргі даму бағыттары бойынша мұғалімнің қызметі мен көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейін сапалы жақсартуға мүмкіндік береді. Әзірленген және сынақтан өткен құралдарды, оның ішінде қоғамдық бағалауды пайдаланатын бақылау жүйесі сапаны бағалау моделінің бөлігі және білім беру қызметтерінің сапасын арттырудың таптырмас шарты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. .Бабаев С.Б.,Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика.Алматы,2007ж.
2. 2.Қалым Г.М.. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар // Педагогикалық альманах, 2011. – 1.

3. Білімді ел – образованная страна – Республикалық қоғамдық-саяси газет №4 30.01.2018, 13-б.
4. ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген үлестірмелі материалдар жинағы – «Педагогикалық шеберлік орталығы» 2017 ж.

БІЛІМ АЛУШЫНЫ КІТАП ОҚУҒА ҚЫЗЫҚТЫРУ ЖОЛДАРЫ. “КЕМЕҢГЕР” ОҚЫРМАН КЛУБЫНЫҢ ІС-ТӘЖІРИБЕСІНЕН.

Сарсенбаева Саулет Жамаладиновна
Ақтөбе қаласы, Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназиясы, тарих пәні мұғалімі

Бала үшін кітаптардың маңызы зор. Бала кезінен кітап оқу-адамның ойлау қабілетінің белсенділігін арттырады.Кітап ойды оятады, қиялды ұштайды, танымын тереңдетеді.Баланың кітапқа деген сүйіспеншілігін кішкентай кезден бастау қажет. Кітап- өмір бойы оқитын рухани азық. Егер балаға кітап оқуды үйреткіңіз келсе, өзіңізден бастап үлгі болыңыз, бала ата-анасының үнемі кітап оқитынын, кітап қорын жинақтайтынын, кітапқа деген сүйіспеншілігін көріп өсу керек. Сіздің кітап оқуға құштарлығыңыз балаға әсер етпей қоймайды. Жас буынды кітап оқуға қызықтыруда мұғалімнің де ықпалы болады деп айтамын. Мұғалім жас ұрпаққа сапалы білім беруші ғанае мес, адам бойындағы түрді құндылыққа баулушы бағбан да есепті. Құндылыққа баулудың бір жолы күнделікті сабағы болса, тағы бірі өз уақытын аямай, білім алушы үшін қосымша шаралар ұйымдастыру. Мен осы бағытта мектеп оқушыларымен ұйымдастырып, жүргізіп жүрген мектебіміздегі «Кемеңгер» оқырмандар клубы туралы іс-тәжірибемен бөліскім келеді. Қазір жас буынды кітап оқуға баулу, оқуға құштарлығын арттыру, рухани құндылыққа баулу өзекті мәселелердің бірі болып тұр. Осы бағытта мемлекет тарапынан ауқымды іс-шаралар қолға алынуда, соның бірі-”Оқуға құштар ұлт-оқуға құштар мектеп” жобасымен үлкен іс-шаралар тұрақты жүргізілуде. Мен мектепте мұғаліммін,кітап оқуды өте жақсы көремін, өзіме кітап оқуды кішкентайымнан үйреткен , үлгі болған Анама ризашылығым шексіз және анам кітапты өте көп оқитын, сапарға шыққанда міндетті түрде кітаптар әкелетін, үйде әкеміз,бауырларымыз бәріміз де кітап оқитынбыз, кітаптың мазмұнын бірге талдап әңгімелеп отыратынбыз.

Мектепте сабақта оқушыларға тарихи оқиғаларды түсіндіргенде сол оқиғаға қатысты тарихи романдардан үзінділер айтып бергенде оқушылардың еліте тыңдайтындарын байқаймын. Өзім сабақ беретін 9 а сынып оқушыларының оқуға құштарлығы, тарихқа, әдебиетке деген қызығушылығы маған осы сыныптың оқушыларымен бірлесіп оқырман клубын құрсақ деген ой келді, ұсынысымды оқушылар өте жылы қабылдады. Келесі мәселе оқырман клубымыздың атауын және эмблемасын таңдау болды, бұл мәселеде оқушыларым ойларының ұшқырлығын тағы көрсетті, мектебіміз дана ойшыл Әл-Фарабидің есімін иеленгендіктен , ойшылдың “Кемеңгерлік меруерті” еңбегін ескеріп,оқырман клубымызды “Кемеңгер” деп атадық, ал эмблемаға Әл-Фараби бейнесін алдық. (1-суретте клубымыздың эмблемасы көрсетілген) . Клубтың мақсаты: «Оқуға құштар мектеп- оқуға құштар ұлт» жобасын іске асыру , оқушыларды кітап оқуға баулу, әр оқыған кітаптары бойынша кездесу өткізіп, ой бөлісіп, сұхбаттасып, көркем сөйлеуге үйрену, бір-біріне жақын дос, қамқоршы болуға, көркем әдебиетке құштарлығын ояту,

Оқырман клубының алғашқы оқуға берілген кітабы М.Мағауиннің “Қазақ тарихының әліппесі” болды. Белгіленген уақыттан кейін оқырмандар жиналып, сыныптың бір оқушысы кездесудің спикері болып, сұрақтар қою арқылы әдемі сұхбат өтті. Сұхбат оқушыларға жағымды әсер қалдырды, әрі қарай жалғастыруды келісті. Келесі қандай кітапты оқуға ұсынатындарын әр оқушы жазып келіп, ұсынады, жеребе бойынша оқитын кітап таңдап алынды және таңдауға түскен кітапты ұсынған оқушы келесі кездесудің спикері болады.

1-сурет

Оқырмандар клубы мүшелері С.Мұратбековтың “Жусан иісі”, М.Әуезовтың “Көксерек” шығармасын талдап,сұхбат-отырыстар өткізді. “Мен таңдаған кейіпкер” деп әдебиет кейіпкері болып киініп келіп, “Әдеби турнир” сайысы оқушылардың үлкен қызығушылығын туғызды. Әр шығарма бойынша кездесу қызықты, танымды, мазмұнды өтіп отырды. “Көксерек” шығармасы бойынша отырысты 3-сыныптың оқушылары жүргізді. Кішкентай бүлдіршіндер кешті өте қызықты ,әсерлі ұйымдастыра білді. Клуб мүшелері қайырымдылық іс-шараларына да белсене қатысып отырды, соның бірі “Аяла” өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығына 30 кітап сыйға тартты.

Қазіргі кезде «Кемеңгер» оқырман клубының ауқымы кеңеюде, клубтың оқушы саны артты, 3,4,6,8-сынып оқушылары қосылуда. Пән мұғалімдері де клубқа мүше болып, бірге кітап оқып, кездесуге қатысып, өз үлестерін қосып, жас буынға үлгі көрсетуде.

Оқырман клубының мүшелері клубтан алған қызықты әсерлерін баспасөз беттерінде жариялап, ойларын бөлісуде, мысалы, 3-сынып оқушысы Абылайхан Рафхат “Ақтөбе” газетіне “Біз оқуға құштармыз” мақаласын жарияласа, 3-сынып оқушысы Кенжеғали Эльдана “Үздік оқырман” облыстық оқырмандар сайысына қатысып, жүлделі II орын иеленді, бұл жетістіктерге “Кемеңгер” оқырман клубының ықпалы болды деп айтуға болады.

Пайдаланған әдебиеттер

“Оқуға құштар ұлт-оқуға құштар мектеп” жобасы

Мектептегі кітапханашы, Республикалық ғылыми -әдістемелік журнал, 2015 ж
“ Кітап оқу ешқашан құндылығын жоғалтпайды” мақаласы, “EL KZ” электронды журналы, шілде, 2022 жыл

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Сарсенғалиева Гүлшат Хабиқызы
Ақтөбе қаласы М.Арын атындағы ҚҚОМ
Ағылшын тілі мұғалімі

Шетел тілі біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. Мемлекеттің халықаралық байланыстарының сапалық өзгерістері адамның практикалық және зияткерлік іс-әрекетінде шетел тілдерінің сұранысқа ие болу қажеттілігін туғызып отыр.

Ағылшын тілі – XXI ғасырдың тілі. Ағылшын тілі қазақты дүниеге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл. Еліміздің шет елдермен қарым-қатынасымыз күшейіп отырған қазіргі кезде оқушылардың шет тіліне қызығуын, білімге құштарлығын ояту, танымдық белсенділігін арттыру әрбір шетел тілі мұғалімінің міндеті.

Білім беру жүйесінде білім алушылардың білім сапасын арттыру мәселесінде ғылым мен тәжірибенің бір-бірімен өзара байланысқан, көптен қалыптасып келе жатқан қарама-қайшылықтарын шешу басты мәселелердің бірі болып табылады. Сол мәселелердің ішіндегі ең бастысы оқыту үрдісіндегі оқытудың әдістері мен формаларының мазмұнының сәйкес келмеуі. Осы орайда, әлі де жаңа инновацияның бірі болып табылатын, өте қызықты және алдынан үміт күттіретін оқыту әдісінің бір түрі-ойын арқылы оқыту әдісі. Күнделікті бір сарынды, дәстүрлі сабақпен оқушыларды қызықтыра алмайсың, керісінше жалықтырып аламыз. Ағылшын тілі сабағында білім сапасын арттыру үшін ойын технологиясын қолданамын .

Ойын ойнау арқылы оқушылар өздерін көрсете алады, өзара қарым – қатынасқа түседі, жеңіске деген ұмтылыс пайда болады. Күнде дәстүрлі сабақ өткізу арқылы, қалаған нәтижеге жетуге болмайды. Ойын арқылы ағылшын тілін үйрету барысында кездесетін қызықсыз тақырыптарды жеңіл, оңай меңгертуге болады. Ағылшын тілі сабағында ойын технологиясын пайдалану арқылы оқушы құзыреттілігі дамиды. Құзыреттілік – оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, дағдыны тәжірибеде қолдана білу, проблеманы шешу, дайындық сапасының құрылымдық сипатын анықтайтын жаңа сапа. Жаңа білім жүйесіндегі басты назар аударылатын мәселелердің бірі әр оқушының құзыреттіліктер жиынтығы білім нәтижелері ретінде игеруіне бағдарланған. Тиімді қолданылған кез келген технология білім сапасын арттыратыны ақиқат.

Ойын – балалар үшін оқу да еңбек те. Қандай ойын болмасын баланы бір нәрсеге үйретеді. Ойын балалардың достық сезімін оятып, бір-біріне қамқорлығы, ұжымдық бірлігі нығаяды. Ойын арқылы баланы жақсылыққа, қайырымдылыққа, ізгілікке , әдептілікке тәрбиелеуге болады.

Ойынның негізгі мақсаты – баланы қызықтыра отырып білімді меңгерту болса, мұғалімнің міндеті – сол ойын түрлерін пайдалана отырып, оқушыларды өздігімен жұмыс істей білуге, ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге түрлі дағды мен шеберлікті меңгертуге қол жеткізу. Тиімді қолдана білген кез келген технология білім сапасын

арттыратыны хақ. Дамыған елу мемлекеттің қатарына кіру үшін білімді ұрпақ тәрбиелейік. Себебі, Қазақстанның болашағы білімді ұрпақтың қолында.Қазіргі жастар - ертеңгі Қазақстанның болашағы.

Пайдаланылған әдебиеттер:
1. Мектептегі шет тілі журнал №1,№2, №2 2013 ж . 2018ж
2. Ағылшын тілі мектепте,колледжде, ЖОО журнал №2, 2022ж
3. Құлжанова.Н. Ойын мақсатын талдау және ойын мәні // Қазақстан мектебі. - 2009.- №1.

СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПРЕПОДАВАНИИ МАТЕМАТИКИ

Саршина Алия Махатаевна
КГУ «ОСШ имени Т.Г.Шевченко»

Каждая эпоха ставит перед собой конкретные задачи образования ,выражающие социальный заказ ,который должна выполнять школа. Новая эпоха требует новых подходов. Еще не так давно конечной целью школьного образования считалось овладение определенным уровнем знаний, умений и навыков, предписанных учебными планами и образовательными стандартами .Сегодня ситуация в корне изменилась .

Сегодня уже не вызывает сомнений, что современный школьник сильно отличается от своего сверстника десятилетней давности .И это закономерно : иным стал ритм жизни,изменились предметный и социальный мир, и даже ожидания взрослых и детей . Современные дети растут и развиваются в условиях постиндустриального информационного общества, когда все технические новшества становятся бытием подрастающего поколения .

При этом современные школьники в развитии мышления и умственных способностей совсем не опережают возраст .Более того ,они часто не в состоянии сконцентрироваться на каком –либо занятии, рассеяны; у них резко снижена фантазия ,творческая активность .Дети нацелены на получение быстрого и готового результата «нажатием одной кнопки « В связи с этим , на первый план выходит овладение оперативными интеллектуальными общеучебными умениями ,акцент делается на самообразовании и самоконтроле в процессе социализации .

Итак ,главная задача современного урока –целостное формирование личности ученика ;современный урок должен не только вооружать учащихся глубокими и основательными знаниями ,но учить их учиться ,содействовать формированию прочных мотивов учения и способствовать воспитанию умственных возможностей школьника .

Универсально эффективных или неэффективных методов не существует .Все методы обучения имеют свои сильные и слабые стороны ,и поэтому в зависимости от целей,условий ,имеющегося времени необходимо их оптимально сочетать .Вот почему ,точнее корректнее ,говорить «процесс обучения может быть активным -где обучаемый участвует как субъект собственного обучения или пассивным -где обучаемый играет только роль объекта чего-то воздействия .Качество образования складывается из качества обучения и качества воспитания .Качество обучения может быть достигнуто только в результате обеспечения эффективности на каждой ступени обучения .То есть ,весь процесс обучения строится по схеме : воспринять –осмыслить –запомнить применить-проверить .Чтобы добиться качества обучения ,необходимо последовательно пройти через все эти ступени познавательной деятельности. На своих уроках в первую очередь стараюсь развивать познавательный интерес к предмету, максимальную опору на активную мыслительную деятельность учащихся.

Главной для развития познавательного интереса являются ситуации решения познавательных задач, ситуации активного поиска, догадок, размышления, в которых необходимо разобраться самому. Начальным моментом мыслительного процесса обычно является проблемная ситуация. Мыслить человек начинает, когда у него появляется потребность что-то понять. Мышление обычно начинается с проблемы или вопроса, с удивления или недоумения, с противоречия. Для этого использую проблемные ситуации и помогаю их разрешить.

Сегодня уже никого не надо убеждать в необходимости и целесообразности внедрения информационных технологии во все сферы образовательного процесса .

Использование компьютерной техники открывает огромные возможности для педагога:

1.Повышается интерес учащегося к такому уроку .Психологи отмечают ,что современные дети информационного общества –это дети экранной динамичной информации .Информация на экране монитора ,проектора или телевизора воспринимается ими намного лучше ,чем печатная книжная информация .

2.Информационные – компьютерные технологии позволяет на качественно новом уровне реализовать принцип наглядности обучения .Анимация ,видеоизображения ,звук делают изучаемые события и явления наглядными ,а ,значит и доступными.

3.Использование ИКТ на уроке позволяет рационально использовать рабочее время учителя и учеников на уроке ,т.к учителю не потребуется писать на доске мелом , отвернувшись от класса ,развешивать иллюстрации ,менять демонстрируемый материал ;4.Урок с использованием ИКТ позволяет использовать новые разнообразные формы и виды учебной деятельности .Активизируется поисковая ,творческая и самостоятельная деятельность учащихся .

5.Компьютерная поддержка учебно-познавательной деятельности учащихся позволяет значительно повысить активность общения учителя с учениками между собой ,в связи с чем значительно увеличивается роль учителя в управлении учебно –познавательной деятельностью учащихся ,т.к ему приходится достаточно часто обговаривать с учащимися различные вопросы и проблемные ситуации ,возникающие в ходе обучения ,отвечать на разнообразные вопросы учащихся во время решения задач, количество которых при условии использования ИКТ может быть гораздо больше, чем при традиционном обучении .

6.И ,наконец самая большая ценность компьютерного сопровождения урока заключается в возможности для учащихся работать каждому в своем собственном темпе. Итак компьютер может взять на себя функцию контроля знании ,поможет сэкономить время на уроке ,богато иллюстрировать материал ,трудные для понимания моменты показать в динамике ,повторить то ,что вызвало затруднения ,дифференцировать урок в соответствии с индивидуальными особенностями .Широко использую в своей работе электронные образовательные ресурсы . Информатизация образовательного процесса –это реальность сегодняшнего дня .

Использование разнообразных форм и методов в процессе обучения способствует повышению качества обучения.

Основные формы и методы обучения ,способствующие повышению качества обучения –это : ролевые игры ,деловые игры,семинары повторительно –обобщающие уроки ,конференции ,диспуты ,диалоги ,проблемное обучение ,самостоятельная работа ,защита рефератов ,индивидуальная работа ,творческие сочинения ,доклады ,сообщения ;тестирование ,программированный контроль ,исследовательская работа и другие .Все перечисленные технологии обучения способствуют решению проблемы качество обучения .

Каждый учитель имеет на этот счет свое, совершенно твердое мнение. Для одних успех обеспечивается эффектным началом, буквально захватывающим учеников сразу с появлением учителя. Для других, наоборот, гораздо важнее подведение итогов, обсуждение достигнутого.

Для третьих – объяснение, для четвертых – опрос и т.д. Времена, когда учителя заставляли придерживаться жестких и однозначных требований по организации урока миновали. Время «готовых» уроков постепенно отходит.

Новизна современного образования требует личностного начала учителя, которое позволяет ему либо упрочить, наполняя учеников знаниями умениями и навыками, либо давать урок, развивая понимание этих знаний, умений, навыков, создавая условия для порождения их ценностей и смыслов.

И только сотрудничество учителя и ученика можно добиться определенных результатов в изучении математики .

Литература:

1.Новые педагогические и информационные технологии в системе образования .Под ред .Е.С.Полат –М:Изд центр «Академия « 2003 г

2.Штейнберг В.Э Технология проектирования образовательных систем и процессов /Школьные технологии 2000 №2/

ФОРМИРОВАНИЕ РЕЧЕВОЙ КОМПЕТЕНЦИИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Сарышева Алтынгуль Тагабергеновна
№4 Кандыагашская ГОСШ

Речь – это, прежде всего, общение, т.е. понимание людьми друг друга, диалог. Но современная методика в основном развивает монологическую речь, а умение слушать и слышать собеседника не формируется.

Коммуникация – акт общения, связь между двумя и больше индивидами, основанная на взаимопонимании, сообщение информации одним лицом другому или ряду лиц.

Коммуникативная компетенция включает знание необходимых языков, способов взаимодействия с окружающими людьми и событиями, навыки работы в группе, владение различными социальными ролями в коллективе. Ученик должен уметь представить себя, написать письмо, анкету, заявление, задать вопрос, вести дискуссию. Языковая компетенция предполагает знание самого языка, его устройства и функционирования, языковых норм, в том числе орфографических и пунктуационных.

Можно выделить следующие задачи педагога:

1. Научить работать с текстом (выделять главную мысль, вести поиск нужной информации, анализировать её, делать обобщения и выводы);

2. Формировать умение вести дискуссию, слушать и слышать собеседника, отстаивать свою точку зрения, подкрепленную аргументами;

3.Вырабатывать навыки создания новых текстов, повышать творческий потенциал учащихся, словесно-логического мышления.

К сожалению, наши учащиеся имеют серьёзные недостатки в развитии коммуникативной компетентности. Каковы причины?

- снижение уровня читательской культуры;
- снижение уровня индивидуального словарного запаса;
- низкий уровень сформированности индивидуально-личностных оснований для коммуникативной компетентности.

• Отсутствие мотивации

Языковая компетенция.

Языковая компетенция – способность учащихся употреблять слова, их формы, синтаксические структуры в соответствии с нормами литературного языка, использовать его синонимические структуры в соответствии с нормами литературного языка, использовать его синонимические средства, в конечном счёте – владение богатством языка как условие успешной речевой деятельности. Эти задачи традиционно решаются в школе путём введения новых пластов лексики, пополнения фразеологического запаса, обогащения грамматического строя речи учащихся: усваиваются морфологические нормы согласования, управления, построения предложений разных видов, речь обогащается синонимическими конструкциями

Именно языковая и коммуникативная компетенции способствуют формированию умений и навыков речевого общения. А для этого необходимо создавать на каждом уроке условия речевого общения. Речевая деятельность формируется во всех её видах – чтении, говорении, письме, аудировании. "Обучать общению, общаясь" – без этих условий нет урока.

Коммуникативная компетентность означает готовность ставить и достигать цели устной и письменной коммуникации: получать необходимую информацию, представлять и цивилизованно отстаивать свою точку зрения в диалоге и в публичном выступлении на основе признания разнообразия позиций и уважительного отношения к ценностям (религиозным, этническим, профессиональным, личностным и т.п.) других людей. программу общения, способность к самостимуляции и к взаимной стимуляции в общении.

Формирование коммуникативной компетенции – процесс длительный и достаточно сложный. Главная роль отводится урокам русского языка. Особую сложность в преподавании русского языка представляет соотнесение предметного курса и реального речевого опыта школьника, процесс приобретения знаний о языке и процесс овладения языком. Что может сделать учитель русского языка и литературы, чтобы обеспечить коммуникативную компетенцию учеников? Прежде всего, создать оптимальные условия для продвижения каждого учащегося в образовательном пространстве. Для этого и необходимо знать учебные возможности школьников каждого возраста. На уроках развития речи особое внимание уделяется коммуникативным компетенциям на основе работы с текстом.

Главным принципом формирования коммуникативной компетенции является личностная адресованность образования. Поэтому тема "Развитие речи" реализуется в первую очередь в возможности ввести учащихся в содержание данной темы различными путями в зависимости от личностно-психологических и физиологических особенностей учащихся. Пути реализации коммуникативной компетенции учащихся состоят в том, что формы, методы и приемы работы направлены на то, чтобы содержание учебного материала было источником для самостоятельного поиска решения проблемы.

Для того чтобы формирование коммуникативной компетенции было результативным, более успешным, чтобы создать оптимальные условия для продвижения каждого ученика, необходимо знать учебные возможности обучающихся данного возраста.

При определении учебных возможностей учащихся учитываются два параметра:

а) обучаемость и учебная работоспособность. (Одним из критериев определения уровня обученности являются оценки в журналах. Уровень сформированности интеллектуальных умений определяется в процессе познавательной деятельности путем наблюдения. После определения уровней сформированности данных качеств, устанавливается общий уровень обучаемости каждого ученика.

б) уровень учебной работоспособности (определяется путем наблюдения за физической работоспособностью учащихся, сформированностью положительного отношения к учению.

После определения уровней сформированности данных качеств, устанавливаются учебные возможности каждого).

Содержание, обеспечивающее формирование коммуникативной компетенции:

• Речь и речевое общение.

Речь устная и письменная, монологическая (повествование, описание, рассуждение, сочетание видов монолога) и диалогическая.

• Речевая деятельность.

Виды речевой деятельности: чтение, аудирование (слушание), говорение, письмо. Понимание информации текста, передача содержания. Изложение содержания прослушанного или прочитанного текста (подробное, сжатое, выборочное). Создание устных и письменных монологических и диалогических высказываний разной коммуникативной направленности.

• Текст.

Текст как речевое произведение. Тема, микротема. Виды переработки текста (план, конспект, аннотация). Анализ текста.

• Функциональные разновидности языка.

Стили речи, сфера употребления, стилевые жанры.

Комплексная работа с текстом в структуре современного урока становится необходимым условием для эффективного формирования знаний, умений и навыков и делает процесс обучения увлекательным.

Наиболее результативными являются следующие формы и методы организации работы с текстом:

- комплексный анализ текста;
- работа с текстом при подготовке к написанию сочинения-рассуждения;
- анализ текста при работе над типами речи;
- сопоставительный анализ текстов;
- письмо по памяти;
- лингвистический эксперимент;
- работа с «деформированным» текстом;
- составление текста по опорным словам.

Активизируют творческую активность учащихся и повышают интерес к предмету нетрадиционные формы проведения уроков: урок-дискуссия; урок-практикум; урок-исследование; урок-игра; интегрированные уроки.

Сопоставительный анализ текстов

Библиографический список

1. Божович Е.Д. Учителю о языковой компетенции школьников: психолого-педагогические аспекты языкового образования. – М.:МПСИ, 2002. – 288с.

2. Быстрова Е. А. Цели обучения русскому языку, или какую компетенцию мы формируем на уроках / Е. А. Быстрова // Русская словесность. 2003. № 1

3. Буслаев Ф.И. О преподавании отечественного языка. - Либроком, 2010.

4. Концепция модернизации российского образования на период до 2010 года: Приложение к приказу Минобразования России от 11.02.2002 №393. – М., 2002.

5. Пахнова Т.М. Русский язык. Комплексная работа с текстом: дидактические материалы/Т.М.Пахнова. – М.: Айрис-пресс, 2006. – 240с.

ЖАҢАША ҚӨЗҚАРАС-ЖАҢА ТӘСІЛДЕР

Сатаева Майра Алексеевна
Алға ауданы Үшқұдық орта мектебі

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынов: «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын»деген еді.Бүкіл елдің кемел келешегі болатын балаларды тәрбиелеу, оларға сапалы білім беру қандай қоғамның болмасын алдындағы ең негізгі міндеттердің бірегейі болмақ.Қоғам барған сайын күрделене түсуде.Баланың оқуға деген ынтасы казіргі кезде төмендеп бара жатырғаны мұғалімдерге мәлім.Сондықтан баланың білім алуға деген құштарлығын ояту үшін казіргі заманда мұғалім көп ізденіп,сабақтын тиімді өтуіне жұмыс жасауы қажет.Осы орайда әрбір мұғалім озық технологияларды терең талдаудан өткізіп,өзіне тиімдісін таңдауы керек.Ең алдымен, оқушыға оның қажеттілігі мен қызығушылығына көңіл аударуды күшейтіп, әр оқушының жеке тұлғалық қасиеттерінің барлық байлығын дамытып,оны толық ашуға мүмкін болған жағдайды құру қажет.Қазіргі таңда мұғалімдердің алдында тұрған міндет оқушыға белгілі бір жүйесін терең меңгертіп қана қоймай, оқу белсенділігін арттырып,олардың әрқайсысының шығармашылық қабілетін айтарлықтай дамыту болып табылады. «Сабақ беру-жай үйреншікті нәрсе емес,ол-жаңадан жаңаны табатын нәрсе»екен деп Ж.Аймауытов өз сөзінде айтқан екен,сондықтан оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырып,әр сабақты дұрыс ұйымдастыру мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты.Мұғалім-ұйымдастырушы,бағыттаушы, оқушы-ізденуші,белсенді болуы керек.Мұғалім үнемі ізденіс үстінде болу керек.Жаңашыл ұстаз ғана заман ағымына ілесе алады.Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру мен қалыптастыруда инновациялық технологияның алатын орны зор.Әрбір өтілетін жаңа материалды оқушының білмейтінін, оны білу керектігін және қызығушылығы мен ынтасын оятуда мүмкіндік көп шеберліктікті талап етеді.Мұғалім кез келген тақырып бойынша оқушыға бағыт-бағдар береді,белгілі бір мәселе түйінін жауабын тауып,білуге дамытады,ойлау,даму қабілетіне жол ашады.География сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында түрлі іс-шаралар арқасында оқушылардың бойынан іскерлік пен дағдыларды қалыптастыруға болатынын байқадым.Әркім өзінің жеке ойымен,өмірге көзқарасымен және ойлау қабілетімен ерекшеленеді.Мәселенің дұрыс шешімін тауып,ойын жеткізе біледі.Оқушылардың география пәніне қызығушылығын арттыру үшін әдіс-тәсілдерді түрліше пайдаланамын.Қазіргі кезде қолданып жүрген жаңа платформалар Canva,Guizizz,Kahoot,Padlet,Guizlet,Jeopardylabs.com. Өзара диалогқа түсу арқылы оқушылар еркін ойлай алады,жан-жақты ізденеді,тіл байлығы жетілділеді,топтық жұмыс жасауға үйренеді,шығармашылыққа белсенділігі арттырады,ақыл-ойы дамытылады.Бізден кәсіби шеберлікті,заман ағымына сай,қоғам дамуына сын көзбен қарай отырып ,өзіміздің іс-әрекетімізде өткенді жаңамен байланыстыруды немесе жаңадан жаңаны таба білуді талап етіп отыр.Қазіргі танда сабақта оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді қолдану-үлкен жетістік.Жаңа технологиялар арқылы оқыту барысында,қазіргі заман талабына сай бәсекеге қабілетті,кез-келген жағдайда өз ойын еркін жеткізе білетін,әсершіл,әркез шешім қабылдауға бейім ұрпақ тәрбиелуге ат салыса алатынымды сенемін.Халқымыздың рухани көсемі А.Байтұрсынұлы «Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш,қолғабыс есебінде қолдану керек» деген сөзін жадымда әрдайым сақтаймын.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІ. ТЫҢДАЛЫМ ДАҒДЫСЫ ТУРАЛЫ

Саттыкова Балауса Шингисовна
М.Әлімбаев атындағы №25 ЖББОМ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақ тілі - мемлекеттік тіл. Сондықтан да орыс тілді мектептерде жүйелі оқыту үрдісін қалыптастыру бүгінгі күннің басты талабына айналып отыр. Мемлекеттік тілді оқытудың тиімді де ыңғайлы жүйесі мен құрылымын қалыптастыру әрбір мұғалімнің шеберлігі мен шығармашылығына байланысты. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі қазақ тілі пәні мұғалімдерінің мақсаты – оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту, қарым – қатынас біліктілігін қалыптастыру, мемлекеттік тілді меңгеріп, сөйлеуіне жағдай тудыру. Бұл орайда қазақ тілін оқытудың озық технологиясын меңгеру – үлкен істің бастамасы.

Оқыту технологиясы – бұл, бір жағынан, оқу – ақпаратын дайындау, өңдеу, әдіс - тәсілдерінің жиынтығы, екінші жағынан, ұстаздың шәкіртіне оқыту үрдісінде қажетті технологиялық және ақпараттандыру құралдарын пайдалана отырып ықпал ету тәсілдері. Оқытудың мазмұны мен оқыту әдістері өзара тығыз байланыста болу керек.

Қазақ тілінің жаңа оқыту әдістері арқылы біз білім деңгейі, ой - өрісі дамыған, тіл арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін, шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелейміз.

Оқушылар оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыра отырып, еркін қарым - қатынас жасауға, сын тұрғысынан көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыланады. Қазақ тілінде берілген кез келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады.

Адамның күнделікті өмірі қарым-қатынас жасаудан тұратын белгілі. Ал қарым-қатынастың негізі – сөйлесу. Сондықтан жақсы қарым-қатынастың болуы, дұрыс сөйлесуден, нақтырақ айтсақ, адамдардың бірін бірі түсінуінен тұрады. Қай жастағы адам болсын өзі түсінбейтін ақпаратты, әуені қанша жағымды болса да сөзін түсінбеген соң әнді де тыңдай алмайды. Өзге тілдегі ақпаратты тыңдап, оны түсіне білуге үйрену – жүйелі, үздіксіз жүргізіген жағдайда ғана нәтижелі болмақ. Сондықтан қазақ тілі сабақтарында тыңдата білу, сөйлесу үшін тыңдай білу, тыңдалған ақпаратты қолдана білуге үйрету және тыңдалған ақпараттың меңгерілу нәтижесін білу үшін бақылау жолдарын қарастыру – біздің мақаламыздың басты мақсаты. Осы аталған мақсат бойынша тыңдалым әрекетін меңгерту үшін тіл үйренушілердің дайындығына қойылатын талаптар, тыңдалынатын ақпаратты таңдау, тыңдатуға арналған құрал-жабдықтар, сонымен қатар, тіл үйренушінің тыңдалған ақпаратты қабылдауы, есте сақтауына байланысты сұрақтар туындайды. Ғалым Ф. Оразбаеваның айтуы бойынша, түсіну – сөйлесім әрекетінің барлық түрлеріне тән ең басты көрсеткіш. Бір адам екінші адамның айтқанын түсінбесе, ұқпаса, онда пікірлесу мен сөйлесу жүзеге аспайды. Сөйлесім әрекетіне қатысты айту да, оқу да, жазу да, есту де, тілдесу де белгілі бір хабарланған, баяндалған ойды түсінуге негізделеді. Сондықтан «аудирование» дегенді түсіну емес, «тыңдалым» деп атайтынын, түсіну процесін осы әрекеттердің бәріне ортақ ұстаным ретінде танитынын айтады. Тіл үйретуде тыңдалым әрекетінің маңызды орны бар. Әрине сөйлесім әрекетінің төрт түрінің де өзіне тән ерекшеліктері бар. Бірақ оларды тек бірбірімен тығыз байланыста қолдану ғана белгілі бір нәтижеге жеткізетіні анық. Дегенмен, «Тыңдай білу – ұлылық», «Тыңдамаса, сөз – жетім ...», «Құйма құлақ құйып алады» деп халқымыз бекер айтпаса керек. Тыңдалым – сөйлеу әрекетінің ауызша баяндау түрі. Тыңдай отырып, өзіміздің серіктесімізден қажетті мәліметті аламыз және оның ойын, мақсатын білеміз . «Тыңдалым» – «аудирование» деген терминнің білдіретін мағынасы – «есту арқылы түсіну».

Бұл термин айтылған не техникалық аппараттарға жазылған аудиомәтіндегі сөздерді, сөйлемдерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну дегенді білдіреді. Бұл атаудың ең басты мәні адамдар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыратын тілдік бірліктерді тыңдау, есту арқылы қабылдау және ұғу .

Тыңдалымды меңгертуде «Қазақ тілі» пәні бойынша әр деңгейде тіл үйренушілердің дайындығына қойылатын талаптарды негізге алу керек . Деңгей түрлері тыңдалым әрекеті бойынша тіл үйренушілердің дайындығына қойылатын талаптар қарапайым деңгей - қысқа мәтіндерді тыңдау арқылы түсіну, таныс сөздер мен қысқа фразаларды ұғу; - Күнделікті өмірде жиі қолданылатын сұхбаттарды (өзі туралы, отбасы жайында т.б.) түсіну; Таныс тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап беру. Негізгі деңгей - Сөйлесу кезінде жеке сөз тіркестерін және өзіне қатысты жиі қолданылған сөздерді түсіну (өзі және отбасы туралы, сатып алған заттары туралы, мекенжайы, жұмыс орны жайлы т.б.); - Жай сөйлем түрінде қысқаша айтылған сөйлемдерді, хабарландыруларды түсіну. Орта деңгей - Нақты айтылған ойды, әдеби нормаға сай сөйлемдерді түсіну; - Мектепте, жұмыста, демалыста т.б. белгілі тақырыптар бойынша берілген сөйлемдерді түсіну және қолдана алу; - Сөйлеушілер өз ойларын анық және асықпай айтса, толық түсіну. Ортадан жоғары деңгей - Өзіне таныс нақты, анық айтылған мәтіндерді; жұмыста, қоғамдық орындарда ауызекі тілде айтылған ақпаратты; радио, телехабарларда берілетін жаңалықтарды түсіну; - Өзіне және кәсібіне қатысты нақты, анық айтылған хабарды, ақпаратты түсіну. Жоғары деңгей - Өзіне таныс баяндамалар мен лекцияларды түсіну; - Радиодан және теледидардан берілетін күнделікті өмірде қайталанатын ақпараттарды түсіну және бағалай білу; - Көркем фильмдердің мазмұнын түсіну; - Әртістердің сөзін түсініп, өзіндік пікір білдіру. Жетік деңгей - Логикалық жағынан дұрыс ұғылмаған, ой нақты берілмеген хабарламаларды өз бетінше түсіну; - Радио және теледидардан берілген хабарларды еркін түсіну; - Әңгіменің не жөнінде екенін білу; - Тыңдаған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға еркін жауап беру; - Мәтінде белгісіз сөздер кездессе де, оның жалпы мазмұны мен мағынасын ұғу. Жоғарыдағы кестеде берілгендей, тыңдалымға қажетті ақпарат тіл үйренушінің күнделікті өміріне байланысты болу керек екеніне көз жеткіземіз. Қарапайым деңгейден бастап жетік деңгейге дейін: жекелеген дыбыстар, буындар, сөздер, сөз тіркестерін ажыратуға арналған тапсырмалар, қысқа сұхбаттар, өмірден алынған әңгімелер, теле-радио жаңалықтары, бейнежазбалар, ән клиптері, көркем фильмдерден үзінділер, аутентикалық аудиомәтіндер – қазақ тілі сабақтарында орындалатын тапсырмалардың ажырамас бөліктері. Тыңдалымның ерекшеліктеріне тоқталмас бұрын тіл үйрету барысында мәтінді қандай мақсатта және қалай тыңдатамын деген сұраққа жауап іздейік. Тілдік қатынаста сөйлесім әрекеті түрлерінің орнын пайыздық көрсеткішпен төмендегідей берген: тыңдалым – 42%, айтылым – 32%, оқылым – 15%, жазылым – 11%. Тыңдалым барысында тіл үйренуші ақпаратты қабылдау және танып білу, түсіну, сонымен қатар, тыңдалған ақпаратты іштей өңдеу сияқты күрделі психолингвистикалық үдерістен өтеді. Сондықтан тыңдалым әрекетін меңгеруді тіл үйренушінің белсенділігі болу керек. Тыңдалымның коммуникативтік қызметінен басқа бірнеше қосымша міндеттері бар. Олар: тіл үйренушінің тілдік қарым-қатынасқа түсуін ынталандыру, оқыту үдерісін басқару, жаңа материалды меңгерту, сөйлесім әрекетінің басқа түрлерінде білім, білік дағдыларын қалыптастырудың негізі болу, тіл үйренушімен кері байланыстың және оның білімін бақылау, бағалаудың тиімді болуына ықпал ету [4]. Сөйлесім әрекетінің барлық түрлері бір-бірімен тығыз байланыста болғандықтан, тапсырмалар жүйесі де тығыз байланыста болмақ. Тыңдалым мен айтылымды бір-бірінсіз елестету мүмкін емес, өйткені ақпаратты қабылдау оның айтылуына, тіл үйренушінің өнімді еңбегі айтылған ақпаратты ұғуына байланысты. Тілдесім әрекетінің нәтижелі болуы тыңдалған ақпараттың есту каналдары арқылы меңгеріліп, ішкі сөйлеудің дамуына байланысты. Жазылым әрекетінде тапсырмалардың түріне қарай тыңдалған ақпаратты дұрыс қабылдау, талдау, жинақтау, нақтылауға байланысты тіл үйренушінің еңбегі көрінеді.

Тыңдалым әрекетін меңгерту, бақылау, бағалауда жақсы құрастырылған тест тапсырмалары, жаттығулар жүйесі, З. Күзекованың айтуы бойынша, тіл үйренушіге екі түрлі себеппен көмектесе алады: Біріншіден, аудиторияда көпшілік қауымның тіл үйренуге деген ынтасын оятады. Мотивациялық тұрғыдан тиімді оқыту нәтижесіне қол жеткізу үшін оқытушылар негізінен оң ахуал қалыптастыруға тырысады. Екіншіден, тест тіл үйренушілердің тілдік білімін жетілдіруге жетелейді, көмектеседі. Тіл үйренуші тест тапсыруға дайындалудан, оны тапсырудан кейінгі нәтижесін талқылаудан тек оның пайдасын көреді . Тыңдалымды меңгерту де, бақылау мен бағалау да арнайы жазылған аудио, видеоқұрылығылар, радио, ғаламтор және электронды оқу құралдарымен жұмыс істеуді қажет етеді. Бұл – өз алдына үлкен тақырып. Жоғарыда аталған техникалық және электрондық құралдармен жұмыс істеу тыңдалым әрекетін меңгертуде тиімділігімен қатар, тіл үйренушілердің қызығушылығы мен ынтасын, белсенділіктерін арттырады. Олармен жұмысты тек тыңдалымды ғана емес, сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін меңгертуде, қазақ тілі сабақтарының барлық кезеңдерінде және барлық аудиторияларда жүргізуге болады. Әрбір оқытушы оны өз тарапынан қажетіне, өз әдістемесіне қарай қолданады.

Әдебиеттер:

1. Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі: мақалалар, зерттеулер.-Алматы: Ан-Арыс, 2009. – 368 бет
2. Әлметова Ә. “Сөйлеу әрекет әрекеттері түрлеріне оқыту (әдістемелік құрал). – Алматы: “Арыс” баспасы, 2007.-114 бет”).
3. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С., Көпбаева Ж.С., Мазибаева Ж.О. «Қазақ тілі» пәні бойынша қазақ тілін деңгейлік оқытудың білім беру стандарты мен бағдарламасы.-Алматы:Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010.-122б.)
4. А. Сатыбаева А. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» «Фолиант» баспасы 2008 жыл.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА-БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА МАЗМҰНЫ

Сатыбалдина Задагул Тулемисовна
«Ғ. Ақтаев атындағы №6 орта мектеп-гимназия» КММ ,
«Көркем еңбек» пәнінің мұғалімі

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру - бүгінгі күннің басты талабы.

Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Жаңа, тез өзгермелі, білімді де, білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын

шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік. Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек. Жаңа заман мұғалімнен - күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек.

Соңғы жылдары педагогикалық теорияда және оқу-тәрбие үдерісінде айтарлықтай өзгерістер болып жатыр. Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі мұғалімнің кәсіби шеберлігі. Солай бола тұра «кәсіби шебер» түсінігіне пәндік, дидактикалық, әдістемелік, психология-педагогикалық білім мен дағды ғана емес, педогогтің жеке тұлғалық потенциалы, кәсіби құндылықтары да жатады. ҚР-ның педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға арналған курс бағдарламалары, білім беру жүйесінде педагогтар алдына жаңа міндеттер қойып, оларға үн тастады десек те болады. Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек»,-деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы..

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Жалпы орта білім беру жүйесіндегі «Көркем еңбек» пәнінің ерекшелігі әртүрлі өнер түрлерін зерделеу, идеяларын өнер тәсілдері арқылы көрсету, әмбебап (тұрмыстық) және арнайы (пәндік) білімдер мен икемділікті, материалдар мен нысандарды түрлендіру және көркем өңдеу дағдыларын, үй шаруашылығын жүргізу, технологиялар мен техниканы қолдану машықтарын иелену болып табылады.

«Көркем еңбек» пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап, зерттеуді және жасай білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып , сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді үйретеді. Оқу мақсаттарын зерделей келе тапсырмаларды, ықшам сабақтарды құрастыру барысында, жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі екеніне көз жеткіздім.

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесі енгізілді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен

бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау түрлері баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Критериялық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасынның бөлімдерін аяқтаған кезде оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Ал «көркем еңбек» пәні бойынша тек қалыптастырушы бағалау қолданылады.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс – тәсілдермен оқытып, ой –өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттеледі. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де әлі де көп. Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып жаңартылған білім – болашақтың кепілі екенін анық түсіндім.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012ж
2. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2016ж
3. « Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2016ж
4. Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения, 2012ж
5. «Көркем еңбек» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы 2016ж

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ

Саудабаева Динара Толеухановна
Ақтобе каласының №11 орта мектеп –гимназиясының
қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отыр. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады. Қазақстандық мұғалімдердің кәсіби даму саласындағы жаңа көзқарасы- олардың педагогикалық өміріндегі қосымша оң өзгерістер енгізуге мүмкіндік беруде.

Бағалау - оқу дәлелдері жоспарлы және жүйелі жинақталатын және де оқу сапасы туралы қорытынды қабылдау үшін қолданылатын кез келген қызметті сипаттайтын ұғым. Бұл ұғым екі аспектіні көздейді: оқуды бағалау және оқу үшін бағалау. Оқу үшін бағалауға қарағанды, оқуды бағалаудың мақсаты, керісінше, оқушы қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау болып табылады. Оқуды бағалау кезінде бір оқушының жетістіктерінің белгіленген нормаларымен немесе бірдей жастағы оқушылардың қол жеткізген деңгеймен ара-қатынасы салыстырылған соң қорытынды жасалады. Оқу үшін бағалау кезінде қолданылатын қадағалау, интерпретация және өлшемдер оқуды бағалау кезінде қолданылатын өлшемдерге ұқсас болуы мүмкін, бірақ олардан туатын қорытынды мен шешім басқа сипатта болады. Оқу үшін бағалау - бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар мен олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі. [МАН] Оқуды тиімді бағалау — білім беру мен оқытудағы ең негізгі кезең. Өйткені, ол оқыту барысында оқушыны алға ілгерлеу қадамдарын айқын жасауына және нәтижеге жетуіне ықпал ететін күш. Бүгінгі саналы ұрпақты жаңа тәсілдермен оқыта отырып, бағалау немесе өздеріне бағалату мұғалім үшін де, оқушылар үшін де жауаптылықты қажет етеді. Күнделікті сабақта білім алушылар топтық жұмыста өздерін бағалай алады. Олар әр жұмыстың өзінше критерийі барын түсіне келе, оны салыстыра отырып, шынайы бағаға талаптана алады. Бұдан мұғалім мен оқушы арасындағы байланыс нығайып, сабақтың деңгейі артады. Бағалау парақшасына зейін қоя отырып, оны қолдануға бейімделе бастайды. Әр оқушы өзін көшбасшы ретінде қатарға қоя алады. Бұл да еркіндік, бұл да жаңаға ұмтылыс.

Мұғалім алдымен сабақта нені мақсат етіп алды, оған жетудің қандай жолдары барын жүйелей отырып, жоспар құратыны анық. Оқыту үдерісінде жетістікке жету үшін оқытушы мен оқушы белгілі бір критерий арқылы білім нәтижесіне жетеді. Бағалау міне, осы тұста керек. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау модулі бойынша бірнеше қадам жасалатынын білеміз. Мысалы: қарапайым сұрақ қою, сұраққа дәл жауап беру, теориялық сілтеме жасау, теория мен практиканы байланыстыру, тапсырма (ойын еркін жеткізе білу,ойын әрі қарай дамыту), жаттығу (жазбаша түрде болса өз көзқарасыңды білдіріп көр, ойыңды өмірмен байланыстыра отырып, нақты баяндап, ойыңды түйіндеп жазып шық т.б.). Бұл көбіне жеке жұмыс жасаған кезде керек. Ал топтық жұмыста бағалау парақтарын дайындау бойынша постер дайындап, белгілі критерий арқылы жоба қорғайды. Бағалауда топ спикерінің міндеті зор болады. Әрі шынайылық басым болады. Қорғайтын жобаны топ дайындай отырып, уақыт мөлшеріне бағына отырып қорғайды. Осы тұста өзгелер өз ойларын айта отырып, жетістіктерімен бағалайды. Сыныптастарын бағалау оқушылар арасында маңызды рөл атқарады, себебі ол ынталандыру деңгейін көтереді, сынды қабылдауға ықпал етеді, өзіне және мұғаліммен пікірталасқа түсуіне сенімділігін арттырады, сондай-ақ мұғалімдерге

үдерістен шығуға мүмкіндік береді. Сондықтан «Екі жұлдыз, бір тілек» және «Мадақтау сэндвичі», тіпті кейде сабақ үрдісінде «Керемет», «Тамаша», «Ризамын саған» сияқты мадақтаулармен де бағалауды қолданамыз. Қалыптастырушы бағалау: оқыту үшін бағалау, ынталандыру, жетелеу, критерийлерді айқындау арқылы жүргізіледі, нақтылық осы «жетті» не «талпынады » деп бағаланады. Ал ішкі жиынтық бағалау: оқуды бағалау, жиынтық баға. Оқушы жұмысы ұпаймен бағаланып деңгейі салыстырылады. Бағалау ұқсастығы: мақсат айқындалады және нәтижесі шығарылады. Кері байланыс мұғалімдерге, біріншіден, оқытудағы кемшіліктерді анықтауға; екіншіден келесі сабақтар тізбесіне өзгерістерін енгізуге, яғни оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдануға; уақытты тиімді пайдануға мүмкіндік береді.

Критерийлер - оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі. Оқушы жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі төменде қарастырылған міндеттерді шешеді:

-әрбір оқушының сабақ үдерісіндегі әр кезеңіндегі дайындық деңгейін анықтау;

-білімді меңгерудің жыл аяғындағы ғана емес, күнделікті білім алудың даму динамикасын айқындауы;

-оқушының сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттыруы. Бағаға қарсы теріс көзқарастың болмауы;

-оқушы білімінің жүйеленуі, тереңдеуі, есте сақтауы. Оқушыны табандылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеуі;

-білім алу барысындағы қиындықты, қателікті, білім олқылықтарын және оның себептерін дер кезінде анықтауы;

-оқушының білім алу үдерісін қадағалап, дәл және жедел түрде сапалы білім алғаны жөнінде кері байланыс ақпаратын алуы;

-оқушының барлық жұмыс түрлерін бағалауы. (өзіндік жұмыс, ағымдағы бағалау, қорытынды бақылау, тренинг, үй жұмысы, шығармашылық т.б)

- оқушының білімін ағымдық және қорытыныды бағалау;

- баға сапасын арттыру.

Критериалды бағалау

Мұғалімдерге:

1.Сапалы нәтиже алуға бағытталған критерийлер әзірлеуге;

2.өзінің іс-әрекетін жоспарлауға және талдауға жедел түрде ақпарат алуға;

3.білім беру сапасын арттыруға;

4.оқытудың сапасын жақсартуға;

5.әоқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, жеке оқыту траекториясын құруға;

6. оқу мен құралдарды қолдануға бағалаудың үнғрлі тәсілдері;

7. оқу бағдарламасын жетілдіруге ұсыныстар енгізуге береді

Оқушыларға:

1.өзінің түсінігі мен қабілетін көрсету үшін оқытудың түрлі стильдерін және ойлау әрекетінің типтерін қолдануға;

2.өз нәтижелерін болжау арқылы табысқа жету үшін бағалау критерийлерін білуге және түсінуге;

3. өзінің және өз құрдастарының жетістіктерін бағалап, рефлексияға қатысуға;

4.шынайы міндеттерді шешу үшін өз білімдерін қолдануға, түрлі көзқарастарды білдіруге, сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. 2016 ж.

2. www.cpm.kz Педагогикалық шеберлік орталығы NIS.

3. http://www.google.kz Жаңа білім беру технологиясы мен әдіс тәсілдері
4.К.С.Құдайбергенова «Құзырлық табиғаты тұлғаның өздік дамуында»- А: «Принт АСС»
5.У.Б.Жексенбаева «Компетентностно- ориентированное образование в современной школе» - Алматы; 2009 г.
6.А.А.Жайтапова, Г.А.Рудик, Е.В.Белошниченко, А.С.Сатывалдиева «XXI ғасыр педагогикасы мектеп табалдырығында». Ақпараттық әдістемелік дайджест. Алматы, 2009 ж.
7. Кәкіжанова Г.К. Оқушылардың оқу жетістіктерін.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕР

Сафина Жадыра Рафаэльовна
«Самал» бөбекжай-бақшасы» МКҚК- ның тәрбиешісі
Қандыағаш қаласы, Мұғалжар ауданы, Ақтөбе облысы

Бүгінде егеменді елдің болашағы өскелең ұрпақтың терең білімімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты, қабілетті ұрпақ - ұлтымыздың баға жетпес байлығы. Біздің қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен елдің білім беру саласының әлемдік білім беру кеңістігіне көшуі білім беру саласына, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға өзгерістер енгізуді талап етеді. Сондықтан мектепке дейінгі білім берудің басты міндеттерінің бірі өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің заманауи әдістерін енгізу болып табылады. Әрине, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуы педагогикалық технологияларды қолдану сауаттылығына байланысты.

Қазіргі қоғамға мүлдем жаңаша ойлайтын адамдар қажет. Әр түрлі бағыттағы технологиялардың қуатты даму дәуірінде адам ойлаудың икемділігі, жаңа білімді тез игеру, қарым-қатынас, жоспарлау, шешім қабылдау және тағы басқалар сияқты қасиеттерге ие болуы керек. Қойылған міндеттерге қалай қол жеткізуге болады? Өскелең ұрпақтың білім алу үдерісіне көзқарасымызды қайта қарауымыз қажет. Атап айтқанда, білім беру технологияларын педагогикалық процеске кезең-кезеңімен енгізу.

Көптеген жылдар бойы жалғасып келе жатқан бүкіл білім беру жүйесін қайта құру процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруға жоғары талаптар қояды, осы процестің жаңа, тиімді психологиялық-педагогикалық тәсілдерін іздеуді күшейтеді. Қоғам дамуының қазіргі кезеңіндегі инновациялық процестер, ең алдымен, баланың әлеуетті қабілеттерін ашудың бастапқы кезеңі ретінде мектепке дейінгі білім беру жүйесіне әсер етеді.

Дамудың қазіргі кезеңінде білім беру процестерінде өзгерістер орын алады: мектепке дейінгі білім беру тәрбиешілерінің назарын балалардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға, эмоционалды-еріктік және қозғалыс салаларын түзетуге аудару арқылы білім беру мазмұны күрделене түседі; дәстүрлі әдістерді баланың танымдық дамуын жандандыруға бағытталған оқыту мен тәрбиелеудің белсенді әдістері алмастырады. Мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілерінің негізгі міндеті – балалармен жұмысты ұйымдастырудың әдістері мен формаларын, жеке тұлғаны дамыту мақсатына оңтайлы сәйкес келетін инновациялық педагогикалық технологияларды таңдау..

Педагогикалық технологиядағы түбегейлі маңызды аспект - бұл баланың оқу-тәрбие процесіндегі ұстанымы, ересектердің балаға деген көзқарасы. Ересек балалармен қарым-

қатынаста: "жақын емес, оның үстінде емес, бірге!». Оның мақсаты - баланың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету.

Педагогикалық технология - бұл формалардың, оқыту әдістерінің, оқу құралдарының арнайы жиынтығы мен орналасуын анықтайтын психологиялық — педагогикалық көзқарастардың жиынтығы; бұл педагогикалық процестің ұйымдастырушылық-әдістемелік құралы (Б.Т. Лихачев).

Бүгінгі таңда жүзден астам білім беру технологиялары бар. Педагогикалық технологияның негізгі талаптары (өлшемдері): тұжырымдамалық, жүйелілік,басқарушылық,тиімділік, репродуктивтілік.

Білім беру технологиясының құрылымы үш бөлімнен тұрады:

1.Тұжырымдамалық бөлім -бұл технологияның ғылыми негізі, яғни оның негізіне салынған психологиялық-педагогикалық идеялар.

2.Мазмұнды бөлім - бұл оқу материалының жалпы, нақты мақсаттары мен мазмұны.

3.Процессуалдық бөлім - балалардың оқу іс-әрекетінің формалары мен әдістерінің жиынтығы, мұғалімнің жұмысының әдістері мен формалары, материалды игеру процесін басқарудағы мұғалімнің іс-әрекеті, оқу процесінің диагностикасы. Осылайша, анық: егер белгілі бір жүйе технология рөлін талап етсе, ол жоғарыда аталған барлық талаптарға сәйкес келуі керек. Ашық білім беру кеңістігінің барлық субъектілерінің (балалар, қызметкерлер, ата-аналар) өзара іс-қимылы қазіргі заманғы білім беру технологиялары негізінде жүзеге асырылады.

Қазіргі білім беру технологияларының қатарына мыналарды жатқызуға болады:

1. Жобалау қызметінің технологиялары

Мақсаты: балаларды тұлғааралық қарым-қатынас саласына қосу арқылы әлеуметтік және жеке тәжірибені дамыту және байыту.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда жобалық технологияны белсенді қолданатын мұғалімдер бірауыздан балабақшада ұйымдастырылған тәрбиеленушілерді жақсы білуге, баланың ішкі әлеміне енуге мүмкіндік беретінін айтады.

Оқу жобаларының жіктелуі:

- "ойын" - балалар сабақтары, топтық іс-шараларға қатысу (ойындар, халық билері, драмалау, түрлі ойын-сауық түрлері);

- қоршаған табиғат пен қоғамдық өмірге байланысты мәселелерді зерттеуге бағытталған" экскурсиялық";

- "баяндау", оны әзірлеу кезінде балалар өз әсерлері мен сезімдерін ауызша, жазбаша, вокалдық көркем (сурет), музыкалық (фортепианода ойнау) нысандарында жеткізуді үйренеді;

- белгілі бір пайдалы өнімді жасауға бағытталған" конструктивті": құс үйін, гүлзарларды жасау.

2. "ТРИЗ" технологиясы

Ғалым-өнертапқыш Т.С. Альтшуллер жасаған ТРИЗ (өнертапқыштық есептерді шешу теориясы). Мұғалім баланы ойлаушы адамның позициясына қоятын дәстүрлі емес жұмыс түрлерін қолданады. Мектепке дейінгі жасқа бейімделген ТРИЗ-технология баланы " шығармашылық бәрінде!"Мектепке дейінгі жас ерекше, өйткені баланың қалыптасуы оның өмірі сияқты болады, сондықтан әр баланың шығармашылық әлеуетін ашу үшін осы кезеңді жіберіп алмау керек. Балабақшада осы технологияны қолданудың мақсаты, бір жағынан, икемділік, ұтқырлық, жүйелілік, диалектика сияқты ойлау қасиеттерін дамыту; екінші жағынан – іздеу белсенділігі, жаңалыққа ұмтылу; сөйлеу және шығармашылық қиял. Мектепке дейінгі жастағы ТРИЗ технологиясын қолданудың негізгі міндеті — балаға шығармашылық жаңалықтардың қуанышын ояту.

3. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

Қазіргі бала дамып келе жатқан әлем ата-анасы өскен әлемнен түбегейлі ерекшеленеді. Бұл үздіксіз білім берудің бірінші буыны ретінде мектепке дейінгі тәрбиеге сапалы жаңа талаптар қояды: заманауи ақпараттық технологияларды (компьютер, интерактивті тақта, планшет және т.б.) қолдана отырып білім беру.

Қоғамды ақпараттандыру мектеп жасына дейінгі педагогтардың алдына міндеттер қояды:

- жаңа технологиялар әлеміне бала үшін жол көрсетуші болу,
- компьютерлік бағдарламаларды таңдау,
- оның тұлғасының ақпараттық мәдениетінің негіздерін қалыптастыру,
- педагогтардың кәсіби деңгейін және ата-аналардың құзыреттілігін арттыру.

Бұл мәселелерді шешу ақпараттандыру контекстінде балабақша жұмысының барлық бағыттарын өзектендірмей және қайта қарастырмай мүмкін емес.

4. Ойын технологиясы

Ол оқу процесінің белгілі бір бөлігін қамтитын және жалпы мазмұнмен, сюжетпен, кейіпкермен біріктірілген тұтас білім ретінде құрылады. Ол дәйекті түрде қосылады:

- объектілердің негізгі, тән белгілерін айқындау, оларды салыстыру, салыстыру білігін қалыптастыратын ойындар мен жаттығулар ;;
- белгілі бір белгілер бойынша заттарды жалпылауға арналған ойындар тобы;
- мектеп жасына дейінгі балалар нақты құбылыстарды нақты емес құбылыстардан ажырату қабілетін дамытатын ойындар топтары;
- өзін-өзі ұстай білуге, сөзге тез жауап беруге, фонемалық естуге, тапқырлыққа және т. б. тәрбиелейтін ойындар тобы т.б. оқыту технологиялары.

Педагогикалық технологияларды балалармен жұмыс жасауда да, педагогикалық топпен және оқушылардың ата-аналарымен жұмыс жасауда да қолдануға болады. Педагогикалық технологияның маңызды сипаттамасы оның репродуктивтілігі болып табылады. Мектепке дейінгі педагогикада технологияның маңызды түрлеріне балаларды жеке-бағдарланған оқыту және оқыту технологиялары жатады. Мұндай технологиялардың жетекші қағидасы - баланың жеке ерекшеліктерін, оның дамуының жеке логикасын ескеру, тәрбие мен оқыту кезіндегі іс-әрекеттің мазмұны мен түрлеріндегі балалардың мүдделері мен қалауларын ескеру. Баланың жеке басына назар аудара отырып, педагогикалық процесті құру оның қауіпсіз өмір сүруіне, демек денсаулығына табиғи түрде ықпал етеді.

Әрбір ұстаз – жаңа технологияны жасаушы. Технология жасау шығармашылықсыз мүмкін емес. Технологиялық деңгейде жұмыс жасауды үйренген тәрбиеші үшін оның дамып келе жатқан жағдайындағы танымдық процесс әрқашан басты бағдар болады. Технологиялық тәсіл, яғни жаңа педагогикалық технологиялар мектеп жасына дейінгі баланың жетістіктеріне кепілдік береді және болашақта олардың мектепте сәтті оқуына кепілдік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алексеева Л.Н. Инновациялық технологиялар эксперимент ресурсы ретінде/ Л. Н. Алексеева / / мұғалім. - 2018. - № 3. - б. 78.

2. Дебердеева Т. Х Ақпараттық қоғам жағдайындағы білім берудің жаңа құндылықтары / Т. х. Дебердеева / / Білім берудегі инновациялар. - 2019. - № 3. – Б. 79.

3. Кваша В,П. Білім берудегі инновациялық процестерді басқару. Дис. канд. пед. ғылымдар. М., 2009. – 345с.

КРИТЕРИАЛЬНОЕ ОЦЕНИВАНИЕ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ КАК СРЕДСТВО МОТИВАЦИИ УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ И ИНДИВИДУАЛЬНОГО ПОДХОДА К УЧЕНИКУ

Свичкарь Лариса Константиновна
Учитель начальных классов Алгинской средней школы №4

«Все наши замыслы, все поиски и построения
превращаются в прах, если у ученика нежелания учиться».
В. А. Сухомлинский .

Критериальное оценивание – это процесс, основанный на сравнении учебных достижений учащихся с четко определенными, коллективно выработанными, заранее известными всем участникам образовательного процесса критериями, соответствующими целям и содержанию образования, способствующим формированию ключевых компетентностей учащихся.

Практическая значимость критериального оценивания:

- Оценивается только работа учащегося;
- Работа учащегося сравнивается с образцом (эталоном) правильно выполненной работы, который известен учащимся заранее;
- Учащемуся известен четкий алгоритм выведения оценки, по которому он сам может определить уровень своей работы и информировать родителей;
- Оценивают у учащихся только то, чему учили, так как критерий оценивания представляет конкретное выражение учебных целей.

Слово «оценивать» происходит от латинского глагола – «сидеть с». При оценивании мы сидим с учеником. Мы делаем это с ним и для него.

Принципы оценивания.

1. Цель оценивания не в определении, кто лучше, а кто хуже, а в создании условий для достижения учащимися наивысших результатов. Оценивание является неотъемлемой частью непрерывного процесса : планирование-обучение-оценивание- планирование…
2. Оцениваемый и оценивающий должны заранее знать условия и критерии оценивания, которые должны быть предельно ясными для того и другого.
3. Условия и критерии оценивания должны быть достаточно многообразны, чтобы получить наиболее объективную информацию о состоянии развития ребенка, достижении им ранее запланированного результата.
4. Важный этап процедуры оценивания: обратная связь между оценивающим и оцениваемым. Не только учитель, но и ребенок должен представлять себе то, над чем ему необходимо работать в ближайшее время.
5. Оценивая ту или иную свою способность знать, понимать или делать что-то, поступая соответствующим образом, ребенок должен всегда иметь перед собой ролевую модель.

Для того чтобы учащимся было понятно каким образом происходит оценивание, им предлагаются различного рода способы оценивания – с использованием стикеров, смайликов, сигнальных карточек и самое главное критериев. Важный момент на данном этапе, предоставить учащимся возможность оценить себя и других. Но у учащихся появляются трудности при оценивании своих одноклассников из-за того, что чаще встречается такой пример: если ты мой друг, то ты мне поставишь пять, и я тебе поставлю тоже, а если ты мне поставишь плохую отметку, тогда ты мне не друг.В этих случаях выручали критерии

разработанные учителем к уроку (или критерии совместно разработанные с учащимися и учителем): это как раз тот стандарт, который необходимо усвоить учащимся на данном этапе обучения. Что такое критерии и где их взять? Критерии – это те факты, понятия и аргументы, которые ученики должны знать, понимать, уметь воспроизводить и преобразовывать. Мотивация - это когда ребенок получает "удовольствие от самой деятельности, значимости для личности непосредственного ее результата"(Б. И. Додонов) Положительная мотивация к обучению.

Система критериального оценивания позволяет:

*каждому ученику принимать активное участие в процессе обучения;

* на занятиях ученики вовлекаются в творческий процесс ;

* все уроки - это живое общение;

*ученик из объекта обучения переходит в субъект , который делает рефлексию своей деятельности через самооценивание;

* учитель выясняет слабые стороны учащихся, делая все возможное, чтобы улучшить положение. Для чего же нужно внедрять критериальное оценивание на уроках математики?Я использую критериальное оценивание для того, чтобы: стимулировать ответственность учащихся за свои результаты; помогать учиться на своих ошибках; помогать понять, что не получается и в какой степени; помогать осознать, что важно и необходимо освоить; определять наличие тех или иных умений; фиксировать неудачи, но не наказывать за них; оценивать продвижение учащихся относительно самих себя; мотивировать учащихся на достижение успеха. В условиях критериального оценивания, я стараюсь организовать учебный процесс так, чтобы у учащихся формировалась оценка самого себя, своих достоинств и недостатков, своих действий и возможностей, т. е. самооценка. С самооценки, со способности понять, что «я это уже умею и знаю», «я этому не совсем научился», «я этого совсем не знаю», и начинается учебная самостоятельность учащегося. Поэтому считаю одной из главных задач, стоящих перед учителями, работающими в школе, - это формирование у детей умение оценивать результат своей деятельности.

Критерии оценивания устного счета

Критерии	Рубрика	Балл
Полнота ответа	Правильный, полный, самостоятельный ответ	2
	Ответ сформулирован при помощи наводящих вопросов	1
Четкое знание определений, терминов		1
Использование в ответе дополнительной информации (приведены примеры, факты для подтверждения изложенного)		1
Активность на уроке		1

Критерии оценивания решения составной задачи

Критерии оценивания	№ задания	Дескриптор	Балл
		Обучающийся	

Решает составную задачу	1	Чертит схему/составляет краткую запись условия задачи;	1
		Выбирает знак действия и записывает выражение первого действия	1
		Находит значение выражения первого действия;	1
		Выбирает знак действия и записывает выражение второго действия;	1
		Находит значение выражения второго действия;	1
		Записывает ответ задачи.	1
			6

Опыт работы по методике критериального оценивания по математике позволяет сделать вывод о том, что критериальное оценивание способствует снижению школьной тревожности ученика, формированию навыка самоанализа, самооценивания, ответственности за результат своего труда, повышает интерес к предмету , повышает качество знаний.

В заключении хочется сказать, что методика критериального оценивания является действенным средством мотивации к учебной деятельности и индивидуального подхода к ученику как на уроках математики, так и других предметах.. При внедрении данной педагогической технологии действительно каждый ребёнок-школьник сможет достигнуть определённого уровня в развитии, поскольку сама технология направлена на движение учащегося вперёд, на самореализацию ученика.

Древняя мудрость гласит:

"Можно коня повести на водопой, но заставить его напиться нельзя". Наша задача - пробудить у ребят желание "напиться" из источника знаний.

«ТАРИХ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ»

Сегизбаева Марал Кенжетаевна
№4 Қандыағаш қалалық ЖББОМ

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті тұлға дайындау.

Әр күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалып қоймай уақыт талабына сай ертеңгі болашақ жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу ұстаздарға зор жауапкершілікті жүктейді. Ол мұғалімнен үздіксіз ізденуді, өз білімін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Өйткені еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында. Мұғалімнің шеберлігі мен жетістігі – сапалы білім және жақсы тәрбие алған шәкіртінде. Оқушы шығармашылығын дамыту ісі үздіксіз жүргізіле бермек. Бұл қоғам талабына сай туындайтын қажеттілік.

Тарих сабағында негізгі құзыреттіліктерді дамыту құралдарының бірі – құзіреттілікке бағытталған тапсырмаларды пайдалану.

Төменде келтірілген әдістер балалардың ақпараттық, коммуникациялық және проблемаларды шешу құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған, оларға ақпаратты іздеу және таңдау, сыныптастарымен ашық сөйлеу, сұрақтар қою және жауап беру болып табылады.

Қазақстан тарихы сабақтарында қолданатын құзыреттілікке бағытталған тапсырмалардың түрлері.

№1 әдіс «Ақиқат – жалған»

А) Оқушылар мәтінмен жұмыс жасайды.

Б) Берілген мәтіндегі дұрыс және бұрыс сөйлемдерді тізімдейтін кестемен жұмыс.

Тапсырма: Кестедегі дұрыс тұжырымдарды белгілеңіз, таңдауыңызды түсіндіріңіз. Мысал. Берілген ақпараттардың «ақиқат не жалған» екендігін анықтап, «жалған» жауапты түсіндіріңіз.

Ақпараттар	**Ақиқат**	**Жалған**
Панфилов басқарған 314 атқыштар дивизиясы Мәскеуді ерлікпен қорғауға қатысты		
Бауыржан Момышұлы Ұлы Отан соғысы уақытында Кеңес Одағы батыры атағын алды.		
Қазақстан композиторлары 300-ден астам музыкалық шығарма: опералар, симфониялар, әскери-патриоттық әндер жазды.		
Соғыс жылдарында Ж.Қуанышбаев күріш өнімін алуда рекорд жасаған		
Опара және балет сахнасында 1944 жылы мамырда тұңғыш рет қазақ тілінде Д. Пуччинидің классикалық «Чио-Чио-Сан» және А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» опералары орындалды		

Жауап кестесі:

1	2	3	4	5	6
-					
+					

Оқушылар тұжырымдармен жұмыс жасай отырып,Ұлы отан соғысына қатысқан қазақ батырлары туралы алған білімдерін қолдануы керек. Сондықтан мәселеде оқушыларғы үндеу бар: таңдауыңызды түсіндіріңіз!

№2 әдістеме «Не артық?».

Оқушыларғы материалды меңгеру деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін қосымша ұғымды табу ұсынылады.Тапсырма пәндік және коммуникативтік құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған.

Мысал:Қазақстан тарихынан 7 сыныпқа арналған тапсырма.

Тапсырма: артық сөзді тап.

1.	Закят, харадж, тағар, асар.
2.	Бумын, Барақ, Мұқан, Истеми.
3.	Ақ Орда, Абулхаир хандығы, Ноғай Ордасы, кошпелі өзбек мемлекеті.
4.	«Бақытты болу ғылымы», «Гемма даналығы», «ән туралы үлкен кітап», «Мейірімді қаласының тұрғындарының көзқарасы туралы трактат».

Бұл тапсырма жұптық жұмыс арқылы орындалады. Осы тапсырманы орындап болған соң, оқушылар жанында отырған әрбір оқушыға жеке-жеке жұмыс алмасуға шақырылады және келесі кестені толтырады:

№3 «Тірек сөздер» әдістемесі.

Мәтіндегі түйінді сөздердің сөздігін құрастыру ұсынылады. Тапсырма мәтін мазмұнындағы негізгі, маңыздыны бөліп көрсете отырып, негізгі ұғымдардың игерілуін бақылауға мүмкіндік береді. Тапсырма ақпараттық-коммуникациялық құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

А) «Оғыз мемлекетінің құрылуы, оның территориясы» әңгімесі бойынша 3 негізгі ұғымды жазып, түсіндіріңіз.

Сырдария ауданы.	
Янгикент	
«Күлтегіннің хаттары»	

Б) «Оғыздардың тайпалық құрамы мен әлеуметтік жүйесі» әңгімесі бойынша келесі анықтамалар үшін ұғымдарды табыңыз:

1	Тұжырымдаманың белгілері:	ұғымдар
2	Оғыздардың мемлекеттік органы жылына бір рет шақырылды	
3	Оғыз мемлекетінің жоғарғы билеушісі титулы	
4	Оғыз мемлекетінің мұрагері атағы	
5	Оғыз мемлекетінің билеушісі әйелінің атағы	
6	13 ғасырдағы эпикалық шежірелік ертегі	
	Оғыз мемлекетінің қолбасшысы атағы	

С) «Саяси жағдай» әңгімесін оқу, сұрақтарға ауызша жауап беру:

Оғыздардың Киев Русымен қандай байланыстары болды? Жаңа ұғымдарды ата. Шахмалик деген кім? Неліктен Оғыз мемлекеті 11 ғасырдың басында өмір сүруін тоқтатты?

Мұғалім — ақпараттанушы емес, оқушының жеке тұлғалық және интеллектуалды дамуын жобалаушы. Ал бұл мұғалімнен ақпараттық құзырлылықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді. Компьютерді пайдалану оқушының пәндер бойынша терең танып білуіне ғана емес сондай — ақ, есептеуіш техникамен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру уақыт талабы екенін сезінуіне жағдай жасайды. Кез келген сабақтарда жаңа ақпараттық технологияны пайдалану оқушының қызығушылығын ғана тудырып қоймай, басты білім сапасының артуына әсер етеді

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгей. ІІІ басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.

2. Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы. Мектептегі тәжірибеде орындауға арналған тапсырмалар. Үшінші (базалық) деңгей. ІІІ басылым. «Назарбаев Зияткерлікмектебі» ДББҰ, 2012.

3. Лернер И.Я. Качества знаний учащихся. Какими они должны быть? М.: Знание, 1978.

4. Уман А.И. Учебные задания и процесс обучения. М., 1989.

5.Құдайбергенова Г. Құзыреттілікті қалыптастыру жолдары.

6.Бағаева И.Д. Мұғалімнің кәсібилігін анықтау
7.Қ.Р. жаңа формация мұғалімінеүздіксізбілім беру Концепциясының жобасында (Астана 2005)
8. Қазақстан мектебі №5.2006, Нұрғалиева Г. Таутаева Г. Тілеуова С. Ақпараттандыру білім беруді реформаландырудың негізгі механизмі / 262-2

БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАУ ПРОЦЕСІНДЕ ТӘРБИЕШІ МЕН ОТБАСЫНЫҢ РӨЛІ

Сеилханова Кенжегуль Усалимовна
Ақтөбе КММ"№24 лингвистикалық мектеп-гимназиясы

Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін олардың ең жақын микроқоғамдары ата-аналары мен балабақша тәрбиешілері болып табылады. Мектепке дейінгі мекемеде балалар жеке тұлға ретінде қалыптасады, олардың әлеуметтік бағыттылығы қалыптасады. Мектепке дейінгі мекеме тәрбиешісі отбасымен үнемі байланыста бола отырып, ата-аналарға бала тәрбиесіне көмектеседі. Тәрбиеші – еңбек ұжымының мүшесі, мұнда оның іскерлік және жеке қасиеттері айқын көрінеді. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі балаларды тәрбиелеуге және оларды табысты оқуға дайындауға жауапты. Біліктілігі жоғары педагогқа тән қасиеттер – педагогикалық шеберлігі, еліміздің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласуы. Мектепке дейінгі мекемеде балаларды идеялық-саяси тәрбиелеу педагогикалық ұжымға қойылатын жалпы қабылданған талаптар рухында жүзеге асырылады. Әрбір мектепке дейінгі мекемеде «Балабақшадағы тәрбие бағдарламасында» қарастырылған мәселелерді шығармашылықпен шешуге бағытталған іскерлік атмосфера құрылуы керек. Барлық атқарылатын жұмыстардың тиімділігі мен сапасы тәрбиешінің біліктілігі, қызметтік міндеттерін орындаудағы жауапкершілігі мен сапалық дәрежесіне тікелей байланысты. [1]

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде мектеп жасына дейінгі баланың интеллектуалдық дамуында белгілі бір қабілеттерді, іскерліктер мен қасиеттерді тәрбиелеудегі тәрбиешінің рөлі жан-жақты талданған. Арнайы педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерін мемлекеттің мүддесі үшін өмір сүруге шақырып, еліміздің болашақ қоғамының дамуына өздерінің зор үлесін қоса отырып, тәрбиеші еңбегінің әлеуметтік мәні ерекше атап өтілген. Үздік педагогтар өз тәжірибелерін жинақтап, ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, педагогикалық оқуларда бөліседі, баспасөзде мақалалар жариялайды. Олар өздерінің шығармашылық жұмыстарымен мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке арнайы дайындаудың теориясы мен тәжірибесін дамытуға үлес қосады.[2] Мектепке дейінгі мекеменің ұжымы шығармашылық бастаманы дамытуға және оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыруға ықпал етіп, әрбір қызметкердің адамгершілік қасиеті мен педагогикалық шеберлігін арттыруға әсер етеді. Педагог кәсіби борышын сезінуімен, өзінің жоғары мақсаты мен жауапкершілігін түсінуімен, еңбекке дұрыс көзқарасымен, шығармашылықпен, мақсаттылық пен табандылықпен, өз қызметін сыни бағалай білуімен ерекшеленеді. Бұл азаматтық принципті ұстанатын, жолдастық, талапшылдық, шыншылдық сияқты жоғары адамгершілік қасиеттерге ие жоғары мәдениетті адам. Тәрбиешінің қоғамдық істерінің ауқымы кең – мектепке дейінгі мекемедегі тапсырмалардан бастап, халық қалаулысы ретінде мемлекеттік басқаруға белсенді қатысуға құқығы бар тұлға. Тәрбиешінің педагогикалық шеберлігі көп қырлы. Ол кәсіби дайындықтан, теориялық білімдерін үнемі тереңдетуден, жұмыс тәжірибесінен тұрады. Мектепке дейінгі

мекеме мен отбасының толыққанды өзара іс-қимылын жүзеге асыру келесі шарттарда мүмкін болады[3]:

- мұғалімдердің ата-аналармен қарым-қатынасқа дайындығы;
- мұғалімдер мен ата-аналар үшін маңызды мақсаттар мен міндеттерді анықтау, соған сәйкес өзара іс-қимыл жүзеге асырылады;
- мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, осы өзара әрекеттесуді дамыту;

Ата-аналармен өзара әрекеттесу кезінде мектеп жасына дейінгі балалардың қазіргі ата-аналары олардың бала тәрбиелеудегі қызығушылығы мен белсенділігіне тікелей немесе жанама әсер ететін бірқатар әлеуметтік-психологиялық проблемаларды бастан кешіретінін ескеру қажет. Әлеуметтік-психологиялық проблемалар қазіргі заманғы ата-аналардың жеке қиындықтарымен - шаршау, психикалық және физикалық шамадан тыс жұмыс, жалғыздық сезімі, өзара түсіністіктің болмауы және т.б. күшейеді. Бұл мәселелер көптеген ата-аналардың өз балаларының тәрбиешісі рөлінде сенімсіздіктің болуы: дамуға қызығушылықтарының болмауы, мұғалімдермен байланыс орнатуға құлықсыздығы[4].

Педагогикалық ұжымның ата-аналармен өзара әрекеттесу кезіндегі басты міндеті ересектер мен балаларды біріктіретін ортақ қызықты іскерлік негізінде тұлғалық-бағдарлы қарым-қатынасқа жағдай жасау керек. Тиісінше осы мәселені шешуде отбасымен бірлесе тәрбие мәселелерін ескере отырып, өзара әрекеттесу формалары да таңдалады: ойындар, кітапханаға саяхат, көрмелер, дәстүрлі театр күні сияқты қызықты жұмыс түрлері, қызықты адамдармен кездесулер, бірлескен мерекелер, отбасылық жобаларды қорғау, оқу күнделіктерін жүргізу т.б. жұмыстар жоспарланды. Мектеп табалдырығын аттарда олар тәрбиешісімен мұңайып қоштасып, бала ата-анасымен және бастауыш сынып мұғалімімен бірге балалық шақ жолының келесі жауапты кезеңіне өтеді. Балаңыздың мектепке баруы оның өміріне көптеген өзгерістер әкеледі. Отбасы, жақын адамдар мен достардың орнына әзірге ештеңе байланыстырмаған бейтаныс адамдар тобы пайда болады. Жаңа ортаға бейімделу, сүйіспеншіліктің, қарым-қатынастың, ерік-жігердің және ортақ мүдделердің орнына – тәртіп, міндеттердің шеңбері және барлық кемшіліктер мен қателіктер үшін жауапкершілік пайда болады: орындамау, бейқамдық және т.б. Баласын мектепке дайындап жатқан ата-аналардың әрқайсысы оқуға дайын деп есептейді. Бірақ олардың әрқайсысы өз, субъективті көрсеткіштерге сүйене отырып, баланы бағалайды. Бір ата-ана үшін бұл баланың оқу, жазу және санау қабілеті; екіншісіне – ұшқыр ой, ақыл-ой мәселелерін тез шеше білу, логикалық ойлау қабілеті, үшіншісі – белгілі бір іске жұмылып, оны белгілі бір нұсқау бойынша жүргізе білу, үлкендердің барлық талаптарын орындау; төртіншіден– баланың көпшілдігі, дербестігі, моторикасының жақсы дамуы, қолмен жұмыс істеу дағдысы. Біздің топта балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі түрлері арқылы жүзеге асырылатын балаларда алдағы білімге деген оң көзқарасты қалыптастыруға бағытталған жұмыс жүргізілуде[5]:

-балалардың әртүрлі жағдаяттарды пайдалана отырып, мектеп туралы ойлауы;
-мектепке сырттай экскурсиялар;
-мектеп туралы әңгімелер
-мектеп туралы көркем әдебиет оқу;
-«мектеп» тақырыбына сурет салу;
-мектеп, оқушылар, мектеп пәндері және т.б. туралы суреттерді қарау;
-мектеп туралы фильмдер мен мультфильмдерді көру;
-«Мектеп» рөлдік ойыны.

Ойын баланың үлкендер әлемінде өзін табуына, ересектердің қарым-қатынас жүйесін өз бетінше түсінуіне мүмкіндік береді. «Мектеп» рөлдік ойынының басты ерекшелігі әлеуметтік мотив болып табылады, ойын балаға оқушының әлеуметтік рөлін қабылдауға көмектеседі, бұл болашақта оның мектеп өміріне табысты енуіне көмектеседі. Ойын шарықтау шегіне жеткенде

балаға қарым-қатынасты ойынмен алмастыру жеткіліксіз болады, соның нәтижесінде оның мәртебесін өзгерту мотиві пісіп жетіледі. Мұның жалғыз жолы – мектепке бару. Ойын барысында балалар: сөйлесу, келіссөздер жүргізу (ережелерді орындау, рөлдерді бөлу) басқару дағдыларын дамытты. Ойын арқылы бала «заттар әлемін» және «адамдар әлемін» (адамдар арасындағы қарым-қатынас нормаларын) белсенді түрде меңгереді. Мұның бәрі болашақ бірінші сынып оқушысы үшін қажет [6].

Мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата-аналарының бастауыш мектепте білім алуға дайындық деңгейін арттыру келесі міндеттерді шешу кезінде мүмкін болды:

- ата-ана мен бала қарым-қатынасын серіктестік ойын тәжірибесімен және бірлескен танымдық және зерттеушілік әрекетімен байыту;

-баланың мектепке деген эмоционалды оң көзқарасын, оқуға деген құштарлығын дамыту және нығайту;

-балалардың өзін-өзі бағалауын дамыту;

-балалардың коммуникативтік құзыреттілік деңгейін арттыру [7];

Ата-аналарды мектепке дейінгі білім беру мекемесінің дайындық тобында оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы ақпараттандыру мақсатындағы іс-шаралар:

- болашақ бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына арналған топтық жиналыстар;

- Болашақ бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына арналған ашық есік күні;

-Педагогикалық насихат («6-7 жастағы балалардың жас ерекшеліктері», «Баланың мектепке бару кезіндегі негізгі білімдері мен дағдылары», «Мектеп жасына дейінгі баланың қолын жазуға дайындау» кеңестері; «Болашақ бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына кеңес» ұсынымдары; ақпарат хаттар «Баланы мектепке дайындау»);

- «Оқуға қалай көмектесуге болады?», «Сіз мектепке түсуге дайынсыз ба?» тақырыптарында ата-аналарға сұрақ қою;

- Өлкетану, бірігіп «бала-мұғалім-ата-ана» дәптерімен жұмыс.

Қорыта келгенде, педагогтармен өзара әрекеттесу және балабақша өміріне қатысу арқылы ата-аналар өз баласымен де, жалпы педагогикалық қауымдастықпен де педагогикалық ынтымақтастықта тәжірибе жинақтайды. Тәрбиешінің саяси кемелдігі оның ел мен қоғам алдындағы бала тәрбиесінің сапасы үшін жауапкершілігін сезінуіне, педагогикалық мәселелерді шешуге шығармашылықпен қарауына, біліктілігін үнемі жетілдіріп, жұмыста әріптестерінің өсуіне ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Андреш В.А., Бубнова С.Ю., Зайцева И.А., Мектепке дейінгі білім беру мекемесі мен отбасының өзара әрекеттесу аспектілері. – С--П: Балалық шақ-Баспасөз, 2010, 10 б.
2. Белый А.Е., Болашақ бірінші сынып оқушысының ата-аналарына арналған анықтамалық «Мектептегі жетілу дегеніміз не?» өңдеген Е.А. Белый – М.: АСТ, 1919.
3. Зенина Т.Н., Балабақшадағы ата-аналар жиналысы - М., Ресейдің педагогикалық қоғамы, 2006. - 96 б.
4. Краснощекова Н.В., Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған рөлдік ойындар. Ред. 3-ші. - Ростов н / Д .: Феникс, 2008. - 251 б. – (Даму мектебі).
5. Осипова Л.Е., Балабақшаның отбасымен жұмысы. - М .: «Скрипториум баспасы 2003», 2018. - 72 б.
6. Минкин Е.М. Ойыннан білімге: Мұғалімге арналған нұсқаулық. - 2-бас., қайта қаралған. - М.: 2018
7. Нищева Н.В. Түзеу жұмыстары жүйесі.- Санкт-Петербург: 2015

ЖАҢАША БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Сейлхан қызы Ботакөз
Ақтөбе облыстық ғылыми- тәжірибелік орталығы

Қазіргі жаһандану кезеңінде үздіксіз білім беру және білім алу барлық елдерге тән өзекті мәселелер. XXI ғасырдағы бәсекелестікке қабілеттілікті дамыту білім беру жүйесі арқылы жүзеге асырылады. ЭЫДҰ-ң шешімімен экономика, ғылым, білім сабақтастығында жеке тұлға бойында кешенді құзіреттілікті дамыту басты назарда. Әлемде болып жатқан өзгерістер білім беру жүйесіне де өз ықпалын тигізді. Ел экономикасын дамыту мен білім саласындағы реформалардың бір- бірін толықтырып отыруы заңды құбылыс болып табылады. Соның бір дәлелі Білім және ғылым министрлігі жаңаша білім беру мазмұнына кезең-кезеңімен көшу жұмыстарын жүргізуде. Білім беру үдерісінде тек білім алушы ғана емес, педагогтар да өз кәсіби құзіреттілік деңгейін арттыруы тиіс. Дәстүрлі білім беру жүйесінен конструктивті (құрастырмалы) білім беру жүйесіне көшу педагогтарға үлкен жауапкершілік жүктейді. Сондықтан ұстаздар өз білімін үнемі жетілдіріп, үздіксіз ізденіс үстінде шығармашылығын шыңдап отыруы қажет. Қазіргі таңдағы оқу үдерісінде ең маңыздысы- білім алушыны өз бетімен білімді игеруіне мүмкіндік жасай отырып, сыни ойлау арқылы мәселені шеше білуге дағдыландыру. Осы мақсатқа жету үшін оқу үдерісінде Блум таксономиясының білімді игерудегі алты қадамын негізге ала отырып, сабақта білім алушының танымдық қабілеттерінің жүйелі дамуына жағдай жасаймыз.Үздіксіз білім беру жүйесі мұғалімдер тәжірибесіне өзгеріс енгізуді алға тартады. Өзгерістер жастарға XXI ғасырда табысқа жету үшін қажетті білім және дағдылар үйлесімді болуы керек. Иновацияларды енгізген кезде білім беру саласының түбегейлілік, өзектілік, айқындаушылық сипатына, бүкіл білім беру жүйесін өзгерте алатынына сеніп «Нені енгізу қажет?» деген мәселеге басымдылық берді. Соның бірі оқытуда бүкіл әлем қолданып жүрген заманауи тәсілдерді қолдануды атауға болады.Ұстаздар тәжірибесінде нені өзгертуі керек? Ұлыбританияда жүргізілген Үздіксіз кәсіби дамудың көлемді зерттеуінде Опфер мен Педдер мұғалімдердің кәсіби дамуына септігін тигізетін және білім алушыға нәтижелі оқуына ықпал ететін 6 факторды анықтады. Бастама, әріптестерімен ынтымақтастық орнату, шынайы жағдайға бара-бар әрекеттер жасау, оқудың мәнмәтіндігі, нақты сыныптағы тәжірибелік жұмыс және оқу кезеңінің ұзақтығы. Джеймс оқушы табысты білім алу үшін мұғалімнің де білімін жетілдіріп отыруы негізгі талап болып табылады деп атап көрсетті. Джеймс оқу түрлерінің 5 түрін атап көрсетті:1.Оқу білімнің сандық ұлғаюы. Нәтижесі - алынған ақпарат. 2.Оқу есте сақтау ретінде. Нәтиже- қайта өндіруге болатын көлемді ақпарат. 3.Оқу-ақпарат жинақтау. Қажет болған жағдайда қолдануға болатын дерек, дағды және әдістердің мөлшерлі жиынтығы. Осы 3 фактор білім алушылардың тек сыртқы уәжін ғана қамтиды, яғни дәстүрлі жаттанды білім болуында.Тамыры тереңге кеткен дәстүрлі ұстанымдар мұғалімнің жаңашыл идеяларды қабылдау қабілетін шектеуі мүмкін. 4.Оқу – мағынаны тану, ұғыну, оның мәнін анықтау. 5. Оқу шынайылықты өзгеше түсіну және түсіндіру. Нәтижесі –әлемді өзгеше қырынан қарастыру арқылы танып білу.

Дәстүрлі білімнен құрастырмалы білімнің артықшылықтары.

Дәстүрлі (репродуктивтік) білім	Құрастырмалы (конструктивтік) білім
Жоғары жақтан күштеу	Тұлғаның өзін көрсете білуі мен дамуы
Еркіндікке жол бермейтін тәртіп	Еркін түрде әрекеттесу
Жүйеленбеген біліктер мен дағдыларды қалыптастыру	Тәжірибе арқылы үйрену
Бұлыңғыр болашаққа дайындау	Өмірде қажетті мақсаттарға жету үшін біліктер, дағдылар, машықтарды игеру арқылы жарқын болашаққа дайындау

Сындарлы оқыту жүйесі қазіргі заманғы жұмыс күшінің ойлау дағдыларынан күтілетін үміт пен оған қойылатын талаптар қанағаттандыру деңгейін анықтау құралы ретінде қаралды. СТО тек оқушы үшін емес, жалпы қоғам үшін тиімді. Глейзер СТО дағды қалыптастыру үшін табанды күш керек, өз ойын бағалау ниетінің болуы, шыншыл, ашық, дәйекті талдау жасауға қабілетті, білімқұмар, өзінің және өзгенің пікіріне сеніммен қарау, шешім қабылдауда парасатты болу ниетін дамытуды көздейді. Диалог арқылы сын тұрғысынан ойлау зерттеу дағдыларын қалыптастыру конвергентті ойлаудан дивергентті ойлауға бағытталады. Білім, білік, дағды және машықтану тек өздігінен білім алу жүйесінде өз нәтижесін көрсетеді. Мұғалім бағыт-бағдар беруші, оқу үдерісін инновациялық технологияларды тиімді қолданып, ұйымдастырушы рөлінде ғана болады. Мұғалімдер оқушыларды жұмысқа ынталандырады және сыныпта болатын жағдайлардың бәріне белсенді қатысуға мүмкіндік береді.

Кез- келген ортада қарым-қатынас орнату, таным үрдісінде, ұжымда, өмірдің кез-келген жағдайында өзгелермен диалог құра білу. **«Оқушы- мұғалім», оқушы-оқушы»** арасында нәтижеге бағытталған әрекеттер үнемі даму және тереңдеу бағытында болады. Әрекет арқылы үйрену ықтимал, нәтижелерге жеткізетін ең тиімді жүйе. Өздігінен әрекет етіп өмір тәжірибесіне білім, білік, машықтарға үйренеді. Интербелсенді қарым-қатынас барысында өзін дербес индивид етіп толық қалыптастырады. Білім алушылар әрқашанда белсенді болып,өзіндік ой-пікір, дәлелдер,тыңдауға, өзгемен санасуға, рефлексия жасауға дағдыланады. Білім дайын күйде берілмей, білімді өзі игеріп диалогтық қарым-қатынасқа,сыни көзқарас пен шығармашылық белсенділікке негіздейді. Конструктивті білім беру өз үйренгенін, меңгергенін өмірде пайдалана білуі өмір сүруге бейімделгенінің көрінісі болып табылады.

Сабақтарда әңгіме-дебат,кумулятивті әңгіме,зерттеушілік әңгімені жиі қолдану сабақта білім алушылардың белсенділігін арттырады.

Әңгіме –дебат барысында:

1. Ой- пікірлерде үлкен алшақтық болады, әрқайсысы өз шешімін жақтайды.
2. Ресурстарды біріктіруге бағытталған талпыныс аз.
3. Бәсекелестікке бағытталған.

Кумулятивтік әңгіме барысында:

1. Қатысушылар басқалардың пікірін қабылдайды, келіседі.
2. Әңгімелесу білім алмасу мақсатында жүргізілгенімен, оған қатысушылардың өзгелер ұсынған идеяларды төзімділікпен тыңдауы.
3. Пікірлер мен идеялар қайталанады және қабылданады, бірақ бағалана бермейді.

Зерттеушілік әңгіме барысында:

1. Әркім ақылға қонымды мәлімет ұсынады.
2. Әр пікір құнды идея ретінде бағаланады.
3. Өз пікірін дәлелдеуге негізделеді. Келісімге ұмтылады.

Мерсердің пікірінше жоғары деңгейдегі зерттеушілік әңгімеге негізделген пікірталас түрі ең

Сабақта қолданылатын интербелсенді тәсілдер:

1. «Ойлан, жұптас, пікірлес»
2. Т- кестесі
3. Жигсо
4. Қос жазба күнделігі
5. РАФТ
6. INSERT немесе белгі қойып оқу
7. Үш қадамды сұхбат
8. Позиция таңдау
9. Кластер
10. Ассоциация

Осы тәсілдердің ішінде жиі қолданылып жүрген, өз нәтижесін дәлелдеген тәсілдің бірі- Қос жазба күнделігі. Бұл тәсілдің тиімділігі әсіресе ауызша сабақтарда оқушылардың білімді өздігінен игеріп, зейінін дамытып, ұғыну арқылы қабылдауын жүзеге асырады. Әсіресе, термин, тірек сөздер, жаңа ұғымдарды игеруде академиялық тілді қалыптастырады. Сонымен қатар, оқушының өз пайымдарын дәлелдеуге жетеледі.

Ойлан, жұптас, пікірлес тәсілі оқушыларға сұрақтар, тапсырмалар беріліп, оны тыңғылықты орындауға бағыт береді. Тақтаға сұрақ/ тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы өз ойын, пікірін 2-3 минут қағазға түсіреді. Содан кейін жұбымен жазғанын талқылайды, пікірлеседі. Мұғалімнің ұсынысымен жұптар өз пікірлерін сыныпта жариялайды. Бұл тәсіл оқушылардың жеке, жұпта, топта жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыра отырып, басқалардың пікірлерін тыңдауға, құрметтеуге баулиды.

Сонымен қатар, оқушыларды сабақта зеріктірмеу үшін ойын түрлерін де тиімді қолдана білу маңызды. Ойын еркіндік береді, көңіл- күйді қалыпқа түсіреді, кемелдікке және дамудың шегіне ұмтылуды қалыптастырады. Ойын ұжым құрып, оны біріктіру мүмкіндігін береді. Ойын белгісіздіктен тұрғандықтан оқушылардың қызығушылығын арттырып, миын белсендіріп, қажетті шешім қабылдауға жетелейді. Ойын өмір белсенділігін және қойылған мақсаттарды орындауда табандылықты қалыптастырады.

Әсіресе, рольдік ойындар арқылы оқушының білімді тыңғылықты ұғынуына және өзіндік пікірін қалыптастырып, үйрену деңгейін анықтауына және дамуына ықпал етеді.

Бүгінгі таңда оқушыға бағытталған білім беру жүйесі білім алушыларды шығармашылықтың өмір шығармашылығы деп аталатын жаңа түріне ынталандыру. Жак Делор білімнің басты төрт құндылықтары: өмір сүре білу, жұмыс жасай білу, басқалармен бірге өмір сүре білу, үйрене білу. Бұл мақсаттар тұлға бойындағы мынадай міндеттерді айқындайды: «тұлға білім алу ісіне өмір бойы берілу арқылы әлеуметтік- моральдық кеңістіктің жаңа энергетикасында бақытты түрде өмір сүруге міндеттеледі.

Тұлға әлеуметтену, ұйымдасу және өндірістік қатынастардың жаңа формаларында жұмыс жасай білуге, жаһандану және мәдениеттердің саналуандығы жағдайында өзге ұлттармен ынтымақты өмір сүре білуді үйренуге, өзінің өмірлік проблемаларын тиімді және рухани тұрғыдан шеше білетіндей өмір сүруді үйренуге міндеттеледі.

Өмір сүру- адамның ең басты мақсаты мен міндеті. Сондықтан білім алушы тек ғылымды ғана иемденіп қоймай, бірінші кезекте **адам** болып шығуы қажет.

Ол өз жүрегі мен жанын өмірге және басқа адамдарға айқара ашқан, дүниеге өзіндік көзқарасы бар тұлға болу керек. Адам болу дегеніміз – адамгершілік қағидалары мен құндылықтарды ұстану, өмірдің мәнін өзіңнен емес, басқадан көру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Педагогикалық шеберлік орталығы» Астана, 2016ж.

2. А.Қ. Әлімов. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану. Оқу құралы. Алматы, 2015ж.

3. С. Мерсеитова . «Оқушылардың СТО дамыту нысандары мен әдістері.» Қарағанды, 2011ж.

ВОЛЕЙБОЛ ОЙНАУДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚҚА ПАЙДАСЫ.

Сейтимбетова Лариса Какимбайқызы
Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы,
№1 Хромтау орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Адамға ең пайдалы табиғи қозғалыс пен дене мүшелерінің қимылынан жүгіру,секіру,жүру, лақтыру сияқты жаттығулардан тұратын волейбол ойының денсаулыққа пайдасы үлкен. Волейбол ойының кішкентай бала да,үлкен қария ойнай береді.Волейбол ойыны дене тәрбиесі пәні жаттығуларының бірі ретінде ең тиімді де ағзаға пайдалы. Өйткені адам әр түрлі қимылдарды түрлі қарқында,бағытта, түрлі жылдамдықпен орындай отырып, адам ағзасына, ішкі құрылыстарына әсері, пайдасы мол. Волейбол ойыны денсаулықты жақсартады,өкпенің дұрыс тыныс алуына, қимыл әрекетін тез ойлауға,ми қызметін реттеуге көмектеседі, бұлшық еттерді қатайтады.Дәрігерлер, дене шынықтыру, спорт мамандарының пікірінше, волейболдың емдеу сауықтыру мүмкіндіктері орасан.Волейбол ойыны арқылы балалар мен үлкендер қажетті дағдыларды игере отырып, өз бетінше үнемі денені шынықтырады, көңіл-күйін көтере алады. Ең бастысы адамның қимыл белсенділігі артып қана қоймай, салауатты өмір салтын ұстануға бейімделеді. Осы зерттеу жұмысымыздың мақсаты өзімде сабақ беріп жүрген дене тәрбиесі пәні сабағы және кластан тыс өткізілетін шаралар бойынша волейбол ойынының денсаулыққа пайдасын, яғни оқушылардың денсаулығын қалыптастыру және сақтау үшін қозғалыс қимылдарының әсерін көрсету.

«Волейбол» тақырыбы жылдық сағат көлемі мектеп бағдарламасында төмендегідей бөлінген:

№	кластар	Сағат саны
1	7кл	20 сағат
2	8кл	20 сағат
3	9кл	20 сағат
4	10 кл	20 сағат
5	11 кл	20 сағат

Волейбол бойынша техниканың дайындық жөніндегі материал:

№	Материалдың атауы	Сағат саны
1	Секіріп, жоғарыдан екі қолмен беру.	2
2	Төменнен қабылдау	2
3	Қақпашы тордан асырып беру	2
4	Екі жақты ойын	2
5	Допты екі қолмен төменнен қабылдау	2
6	Допты жоғары және төменнен екі қолмен қабылдау	2
7	Допты екі қолмен төменге тікелей беру	2
8	Тордан 2-3 метр қашықтықтан допты беру.	2

9	Допты екі екі қолмен астынса, үстінен қабылдау.	2
10	жүргізілетін Төменнен тура,бір бүйірден допты ойынға қосу.	2

Міне, жоғарыда көрсетілінген «Волейбол» тақырыбында өткізілетін допты лақтыру және қабылдау тәсілдері арқылы , мысалы, адам бойынан биікте ілінген тордан асыра доп лақтыру –адамның сіңірлері мен буындарын нығайтып,дене бітімін өңдеп,көзбен шамалау қасиетін дамытып, шапшаңдықты жақсартады. Сонымен қатар волейбол ойнағанда тыныс алу жүйесі жақсарады,бүкіл бұлшық ет жаттығады.

Волейбол миынды демалдырады, жүйкені тыныштандырып күш-қуат беріп, күйзелісті жояды.

Волейбол денеде артық салмақпен семіздікке жол бермейді.Спорттың денсаулыққа пайдасының үлкен екенін «Волейбол» тақырыбы бойынша өткізген сабақтарын мен мектепте спорт секциясы негізінде үйретіп жүрмін. Нәтижесі де бар. Волейбол бойынша аудандық, облыстық, жарыстарда оқушыларым жүлделі орындарға ие болып жүр. Волейбол секциясына қатысатын оқушыларым сабақты да көп жібермейді, бұрын көп ауырып сабақты көп жіберетін оқушылар саны азайды.Сабағымды өткізу барысында оқушылардың дене қуаты қасиеттерін дамыту үшін деңгейлеріне байланысты оқушылардың өз бетімен орындайтын икемділіктеріне орай тиімді тәсілдерді қолданамын.

Оқушылардың дене шынықтыру мен және спортпен айналысуға деген ынта деңгейін білу мақсатында сауалнама жүргізілді, оның динамикасының көрсеткіштері: Сауалнамаға 45 бала қатысты.

№	Сұрақ және жауаптары	Нәтижесі
1	Дене шынықтырудың міндетті сабақтарымен қатар басқа қозғалыс белсенділігі түрлерімен айналысасың ба? а) ия б) айналыспаймын.	а) ия -33 б)айналыспаймын -12
2	Дене шынықтыру пәніне көзқарасың? а) Позитивті б) жағымсыз в) немқұрайлы	а) – 36 б)-5 в) -4
3	Мектепте өтетін дене шынықтыру іс-шаралары сені қызықтыра ма? а) қызықтырады б) мүлде қызықты емес	а)-38 б)-7
4	Спорт секцияларына қатысасың ба? а)- ия б)- қатыспаймын	а) -35 б)- 10
5	Дене шынықтыру пәні бойынша сабақтарға қандай мақсатпен қатысасын? а) сабақ болғасын б) денсаулықты сақтау және дамыту в) қозғалысқа қажеттілік д) дене шынығу қабілетінің нәтижесін арттыру	а) – 7 б) -25 в) – 25 д)-13
6	Өзінің қозғалыс белсенділігінің дәрежесі қандай сенің ойынша?	а) – 7 б) -22

	а) төмен б) орташа в)жоғары	в) – 36
7	Спорт түрінің қайсысын таңдар едің? а) баскетбол б) волейбол в) жеңіл-атлетика г)үстел теннисі д)жүзу	а) -7 б) - 25 в) -8 г)-3 д) - 2

Қорытынды: жүргізілген сауалнама оқушылардың волейбол ойынына қызығушылығы бар екенін , денсаулық үшін спортпен айналысудың қажет екенін, түсінетінін көрсетті.

Сонымен, волейбол ойынының денсаулыққа пайдасы бар екендігін көрсете отырып, денсаулықты нығайту және шынықтыру, дененің дұрыс өсіп жетілуіне және ағзаның жұмыс қабілетін арттыруына әсер етуінде волейбол ойынының маңызын насихаттау қажет деп ойлаймын.

Волейбол оқушыларды дене шынықтыру және спортпен тиянақты айналысуға, белсенді демалуға тартудың күшті жолдарының бірі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. М.Т.Тұрыскелді. «Қимыл-қозғалыс ойындары» Алматы. «Атамұра – 2008 ж» 22-бет.
2. С.Тайжанов , С.Қасымбекова . Дене тәрбиесі. Алматы «Атамұра » 2008.
19-21бет.
3. http: www.,aikonuradm.ru

МЕКТЕПІШІЛІК ПӘНДІК САЙЫСТАРДЫ ТҰРАҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Сейткасымов Жакипбай Шымырович
химия және биология пәндерінің мұғалімі

Жылдар өткен сайын қоғамда адамдар арасында бәсекелестік артуда, бұл мемлекеттер арасында да бәсекелестікті тудырады. Олай болса, әр мемлекет барынша даму жағынан тысқары қалмауға тырысады. Артта қалмаудың негізгі жолы білімді ұрпақ тәрбиелеу, яғни жастарға ғылымды меңгерту. Ғылым салалары жылдан жылға дамуда, осы ғылым жетістіктерін дұрыс пайдалана білу да жан-жақты біліктілікті қажет етеді. Мемлекетті дамытатын және дамуын тұрақты ұстап қалатын біздің болашақ дарынды тұлға жастарымыз. Сол себепті, жыл сайын білім беру саласының тұралап қалмауын немесе артта қалмауын қамтамасыз ету мақсатында жыл ма жыл үкімет тарапынан әлем педагогикасының дамуы мен жетістіктері зерделеніп, озық үлгілерін білім саласына енгізуге тырысады.

Міне осыған дәлел, 20222-2023 оқу жылына Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» - әдістемелік нұсхау хаты. Бұндағы негізгі қағидаларға терең көңіл бөлгім келеді. Ол « Қазақстан үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру атты қаулысы.

Ия, ұлтын сүйетін білімді, сауатты тұлғалар тәрбиеленбейінше елдің тұрақты дамуы мүмкін емес. Сондықтан әр ұстаздың алдында жауапкершілгі мол істер күтіп тұр. Қоғамда бәсекеге қабілетті, болашақта елімізді өркендететіп дамытатын, жаһандану заманында жойылып кетуге жол бермейтін білімді, ұлтын сүйетін ұрпақ тәрбиелеу.

Бала тәрбиесінің ең үлкен жетістігі – оны еңбекке баулу. Еңбекшіл жас қана ең үздік азамат болып қалыптасады (Әзілхан Нұршайықов). Еңбекқор, ізденімпаз шәкірт қана үлкен жетістіктерге қол жеткізеді. Сондықтан балдарға ізденуге, тұрақты жұмыстануға мүмкіншілік жасаймын.

Жоғарыдағы нұсқаулықтың тағы бір қағидаларының бірі «Орта білім беруде білім алушылардың метапәндік дағдылары мен құзіреттерін қалыптастыруға және дамытуға, қызығушылықтарын анықтау арқылы ерте кәсіптік бағдар беруге баса назар аудару», «Оқуға құштар мектеп» жобаларын құру».

Олай болса, менің ұсынысым 5 сыныптан бастап мектеп ішінде барлық пәндерден сынып ішілік, сынып аралық сайыстар өткізу.

Мақсаты:

- оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру;
- пәндік біліктіліктері мен дағдыларынжетілдіру;
- зияткер білім алушыларды анықтап, іріктеу, қосымша олмипиадаларға дайындау,
- пәнге қызығушылықтарын анықтау арқылы болашақ мамандықтарына бағат-бағдар беору.

Әр пәндер бойынша сайыстар тоқсан соңына қарай өткізілсе, тапсырмалар тек сол тоқсанда өткізілген бағдарламадан алынуы тиіс. Жыл соңында әр тоқсанда ұтқан оқушылар арасында жылдық жеңімпаз анықталуы тиіс. «Жыл жеңімпазы» сайысына жыл бойына өтілген тапсырмалар берілсе. Жеңген оқушылар келесі жыл соңына дейін «Жыл жеңімпазы» ретінде арнайы мектеп тақтасына суреті ілініп, қошемет пен құрмет көрсетіліп отырса, басқа балдарға үлгі боларлығы сөзсіз.

Бұл сайыстардан ұтатын жақтарымыз:

- оқушылар әр тоқсан бойынша өткен тақырыптарды қайталап, алған білімдерін жүйелейді,

- сайыстарға алдын ала дайындық жүргізеді, пән бойынша білімдері тереңдейді,
- сайысқа түсіп шыңдалады, психиологиялық жай-күйлері тұрақталады,
- өзбетімен дайындалған оқушы жоғары жетістікке жетеді, шығармашылықтары артады,
- сайысқа түсіп жеңімпаз болуға тырысады, жігерлері артады, функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігі артады,
- білім деңгейі төмен оқушылар анықталады, тұрақты оқитын үздік оқушыларды анықтау арқылы олимпиадаларға дайындайтын оқушылар іріктеледі,
- оқушылар дұрыс түсінбеген тақырыптар анықталып, білім беру барысында ескеріліп жою қолға иалынады,
- пән мұғалімдеріне жаңа сабақты игерту жеңілдейді,
- орта буыннан бастап әр пәндерден сыныпішілік сайыстар тұрақты өтетіндіктен, ата-аналар тарапынан тек бір оқушыларды таңдап алып солармен жұмыстанасыңдар деген реніш-талаптары жойылады,
- орта буыннан бастап балдардың бойында қай пәндерді ұнататындығы және қабілет-тері анықталып сол пәндерден сыртқы олимпиадаларға жіберіледі.
- жоғары сыныптарда қызығушылықтарына қарай сыныптарды қайта топтастырып, болашақ мамандықтарына қарай іріктеуге мүмкіншілік береді.

Сайыстарда жеңіске жету арқасында өздеріне сенімдері артады, өз деңгейлерін бағалауға, ізденуге машықтанады, бәсекеге қабілетті болашақ тұлға шыңдалады.

Сайысты өткізу және ұйымдастыру барысында қойылатын талаптар:

- тапсырмалар оқу бағдарламасына сәйкес болуы,
- сайыс нәтижесін тексеру барысында ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету.
- оқушылардың білім нәтижесін зерделеп талдау, ұйымдастыру барысында кеткен қателіктерді жоюға жұмыстану.
- уақытты тиімді пайдалану мақсатында, компьютер бағдарламаларын пайдалану.

Бұл жобаны екі кезеңге бөлуге болады. Білім алушыларды бірінші орта білім беру барысында барлық пәндер бойынша тоқсандық, жылдық, жыл жеңімпазы сайыстарын өткізіп тұру. Сонда 5-9 сыныптар аралығында әр сыныптағы оқушылардың пәндерге деген қызығушылықтары анықталады, қабілетті оқушылар іріктеліп сайысқа олимпиадаларға қатыстырылады және жоғары сыныпта бірнеше параллел сыныптарды таңдау еріктеріне қарай қайта топтастырып болашақ мамандықтарын таңдауға бағыт беріледі.

Екінші кезең өз пәндеріне қызығушылығы мол шәкірттерді ҰБТ-ға дайындау жеңілдік туғызады және мамандық таңдауда қателеспейді деп ойлаймын.

Алғашқы тәжірибелердің нәтижесі химия пәнінен 8 сыныптан бастап тұрақты сайыстар өткізіліп келді. Бұнда әр сыныптан 10 оқушыдан қатыстырылып жалпы бал қосындылары арқылы жеңімпаз сынып анықталып, араларында ауыспалы «сыйлық» беріліп отырды. Мақсаты ең жоғары білікті оқушыларды анықтау және сыныптар арасында бәсе-келестік тудыру. 2-3 оқушы Астана қаласындағы медуниверситеттерге грантқа оқуға түсуі дәлел.

2021-2022 оқу жылында биология пәні бойынша 6 сыныптарда осы үрдіс жалғасын табуда, нәтижесіне байланысты, осы оқу жылында 7 сыныптар бойынша барлық негізгі піндерден осындай жыл бойына сайыстар өткізілмекші, нәтижелері жыл соңында сарапталып отырады, сөйтіп 10-11 класта жалпы қорытынды шығарылады. Нәтижесі оң болса, алдағы уақыттарда да тәжірибелердің кемшіліктері түзеу арқылы жалғаса береді деп сенем.

Адамдар тұлға болып, өзіндік жеке бас ерекшелігімен бірден дүниеге келмейді. Әрбір жеке тұлғаны қалыптастыру , тәрбиелеп жетілдіру қажет. Жеке тұлғаның ерекшелегі дегеніміз –ол оның өзіне тән мінез құлқындағы, іс әрекетіндегі, көз қарасындағы ерекшелігімен дараланuы.

Қоғамдық тұлғаларға ортақ этикалық бірыңғай талаптардың болуына қарамастан, қоршаған орта жөнінде әр адамның қалыптасқан өзіндік ой пікірінің, көзқарасының болуы және өз көзқарасын дәлелдеп айта білуі.

Біздің да алға қойған мақсатымыз еліміздің әр жас азаматтары білікті, табиғаттағы және қоғамдағы өзгерістерді зерделей білетін, оған өзіндік көзқарасы қалыптасқан, еліміздің қажеттілігіна қарай көзқарасы мен жаңа өзерістерге бейімделуге, тығырықтын білімдері арқылы дұрыс шешім шығаруға ұмтылатын жастар дайындау. Сонда ғана қоғамда алға даму, бәсекеге түсу қабілеті артады және мемлектеміз даму барысында алдыңғы қатарда болады деп сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы 01 қыркүйек 2021 жыл «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі».
2. ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы 16 наурыз 2022 жыл «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» .
3. Қазақстан мектебі журналы № 4,6 2019 ж.
4. «Әдіскер мұғалім» журналы, № 2, 2021 ж.
5. 12 жылдық білім журналы № 4, 2011 ж.
6. «Ұстаз» журналы № 3, 2020 ж.
7. Тұлғаны дамуы оны тәрбиелеу және, қалыптастыру. https://oqu-zaman.kz
8. Ұлы дала тұлғалары: Қазақтың би шешендері.
9. Б. Тұрғанбаев «Шығармашылық қабілеттерді дамыту», А, 2009 ж.
10. Е.Акитбаев «Жеке тұлғаның шығармашылық дарындылығын дамыту жолдары», 2006 ж.
11. Қ. Жүнісханов «Бәсекелестікке қабілетті тұлға тәрбиелеу», 2010 ж.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ КӨҢІЛ-КҮЙІНІҢ ДАМУЫ

.

Сейтова Гульнар Мурзалиевна
педагог – психологы,
Әбдірашова Жансая Бектілеуқызы
әлеуметтік педагог
І. Есенберлин атындағы №15 ОМ КММ

«Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды көңіл-күйінің дамуы».

К. Д. Ушинский

Қазіргі психологиялық-педогогикалық теорияда мектеп жасына дейінгі баланың жағымды эмоцияларын дамыту тек кәсіби мамандыққа ғана байланысты емес ол, тәрбиешінің жеке дербес қасиеттеріне де байланысты деп тұжырымдаған. Мектепке дейінгі ерте жас шамасындағы балаларға ерекше қарым -қатынастар талап етіледі. Олар өте мейірімді, нәзік, өте сенгіш келеді. Сондықтан бұл жас шамасындағы балдырғандарды қамқорлыққа алу , жараламай тәрбиелеу өте маңызды. Топта балаларға жақсы және жайлы болу қажет. Ерте жас

шамасындағы сәбиді тәрбиелеуде ешкім де анасын алмастыра алмайтыны туралы ұмытпау керек. Сондықтан, ұстаз - психолог оларды ананың тұлғасындай жұмыс істей білу керек. Мысалы, шығармашылық жұмыстарды сәбимен бірге анасына көрсету үшін. Ата-ананың сенімділігі арта түсіп, балаға деген анасынан басқа да сүйіспеншіліктер оятады.

Сәбидің эмоционалды көңіл-күйі саласының психологиялық диогностика әдістері өте көп. Бірақ бұл әдістердің барлығын пайдалану мүмкіншілігі бола бермейді. Біріншіден, тәрбиешілер тестлеудің нәтижелерін дұрыс түсіндіріп беру үшін жеткілікті психологиялық дайындықта болу қажет. Екіншіден, тәрбиешіге тестің нәтижелері жиі үрейлі немесе қияңқы балалардың тобы көрсеткішінде жеке балаға деген қарым – қатынаста әрекетсіздікке әкеп соғады. Диагностика нәтижесі осы жағдайда үлкен қателікке әкеліп соқтырады. Эмоционалдық көңіл-күй пайда болуын бағалауда Г. Степанова баланың іс-әрекет реакцияларын ескере отырып бес балдық шкала жасаған. Бұл шкала бойынша баланың эмоциялық күйін бағалауға болады. Мектепке дейінгі балалық шақ-денсаулықты қалыптастыру және жеке тұлғаның дамуындағы адамның өміріндегі ең маңызды кезеңі. Сонымен қатар-бұл кезде бала айналасындағы ересектерге, яғни ата-аналары мен ұстаздарға тәуелді. Келеңсіз жағдайлар, жүріс-тұрыс, әлеуметтік және эмоционалдық мәселелер зардаптылары баланың болашағына тікелей әсерін тигізеді (баланың құқығы және жеке басының қасиеті). Баланың іс-әрекетін сипаттайтын ең маңызды салалардың бірі негізінде нормалар және ережелердің меңгеруі оның әлеуметтік дамытуы болып табылады: бір жағынан, баланың заттық әлемінің қағидаларын түсінуі қажет. Екінші жағынан-адамдарға деген қарым-қатынастың ережесі. Бұл процессте баланың мінез-құлқының эмоционалды күйзеліске ұшырауы ата-аналары мен айналасындағылардың кері әсерінен тууы мүмкін. Мінез-құлық эмоционалды күйзеліске ұшырайды. Баламен аналық қатынастардың бұзушылығы, қолайсыз психологиялық ахуал тағы басқалар патологиялық факторлар негативті факторлардың бір қатарының әсерімен бірақ балада әлеуметтік-эмоционалды сәтсіздіктің белгілері қалыптасады. Орынсыз теріс эмоциялар болады, жеке организмнің дамуының процесіне кері әсер етеді. Демек, педагогтар мен психологтардың алдында осыған байланысты балаларды өмірге деген сүйіспеншілігін арттырып, қоғамда және жеке адам басындағы қайғырулар, басқа адамдардың сезімінде елең ету, оған көмекке келу, қуану және қайғыру. Өз эмоцияларын басқара білу - мектепке дейінгі жастағы балалардың ең басты жетістігі. Сондықтан эмоцияналды функция ол мектеп жасына дейінгі баланың орталық психикалық функциясы деп аталады және соған еріксіз түрде айналады. Л.С.Выготскийдің айтуынша «мектепке барғанша баланың эмоцианалды - реакциялары баланың мінез - құлығына тікелей үстемшілдік етуін жоғалтады. Сәби өз эмоцияларымен басқаруды үйренеді». Бұл, алайда, мектеп жасына дейінгі мерзімнің соңғы кезінде қызу өмірдің жеткілікті тәжірибесімен ғана ие болатындай жағдай болуы мүмкін. Ұлы педогогтардың пікірінше, м.ж.д. баланың эмоцианалды көңілінің дамыуы оның тәрбиесінің ең маңызды шарттарының бірі болып табылады. Мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалды күйзелуі болашақта жеке тұлға болып қалыптасуы үшін қауіп-қатер тудырады. Баланың ішкі эмоция көңіл-күйінің қатынасы әлеуметтік жағдайы даму үшін ықпал етеді. Міне осыған орай мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалды, әлеуметтік және адамгершілік жағынан дамуы тығыз байланысты деген ұғым қалыптасады.

Қазіргі заман педагогика ғылым тұрғысынан қарасақ сәбидің әлеументтік-эмоцианалды дамуы ол, мектеп жасына дейінгі баланың өте күрделі социолизациялық мәселесі. «Социализация» - әлеуметтік ортаға баланың бейімделуінің күрделі, көп жоспарлы процессі. Бұл мәдениеттену, адамгершілік құндылықтардың жүйелері. Мынадай негізгі мақсаттар ерекшеленеді: Мектепке дейінгі ересек жас балаларының әлеуметтік және эмоцияналды салаларының жұмыстардың мазмұнын анықтау. Балалармен жалпы дәстүрлер, адамгершілік қағидалары туралы ойластыру және өткізу.

Бала-бақшада баланың бейімделуі қалай?

Баланың бақшаға алғаш келуі ол бала организі мен психикасы үшін өте күрделі процесс. Ол шынымен жаңа кезеңге өтеді, организмнің дамуытуы үшін жаңа шарттар енгізіледі. Мамандар баланың бала-бақшаға бейімделуінің (адаптация) 3 негізгі түрлерін ерекшелейді: жеңіл, орташа және ауыры. Жеңіл бейімделуі- балабақшаға келудің алғашқы күнінен бастап баланыңи тәбеті төмендеп, балаларға ойнауға ниеті жоғалады, бірақ, бұл бастапқы 10-20 күндей болады. Ата- аналар баласының бірінші айда кенеттен ауыратынын есте сақтауға керек, бірақ, ауру зардапсыз 7-10 күннен аспайтын түрде өтеді.

Орташа ауырлау бейімделуі- балалардың эмоционалдық көңіл- күйі нормада (20-40 күндерден кейін) ұзақ мерзімнен астам келеді. Алғашқы екі ай бойы балада тілдік немесе физикалық белсенділіктің нақтылы өзгерістері байқала алады. Бұдан басқа, балаларда 30-40 күндерде салмақтың ептеген жоғалтуы байқалады. Баланың ауыр бейімделуі – (пневмония, бронхиттер, құлақтың қабынуы және т.б.) кедергілермен ағатын көп ауруларда (бала көп жылайды, анасымен ажырағысы келмейді, отыруға арналған жағдайда ұйықтайды, бұғады, мінез- құлықтағы табанды өзгерістері болады. (өсу, салмақ) физикалық көрсеткіштер де, зерделі дамыту да ауыр формасы бар балалардың бейімделулерінде балабақшаға кенет баяулайды. Егер баланың күйі 60 күннен астам бір ыңғайланбаса ата- аналар шара қолдану керек. Психологтар баланың бейімделуін жеңілдету үшін бірнеше негізгі жаттығуларды қабылдауына көңіл бөлуі керек. Баланы бақшаға баруға алдын-ала әзірлеу және үйрету (горшокпен қолдану қасықтар, шыны аяқ пайдалану, жуыну) өзіне қызмет көрсетудің дағдыларын балдырғандар сөзсіз жасайды. Сәбидің ата-аналарымен бірге алдын- ала мекьтепке дейінгі мекемеге кіріп шығуы, топ бөлмесі менжәне тәрбиешілерімен, бақшаның тәртібімен танысу керек. Балабақшаға баласын беретін ата- аналардың алдында бақша туралы тек қана жағымды сәттерді балаға айтуы, сонымен бірге баланың жанында аз уақыт қалуға мүмкіндік беруге болады. Ата- анасы баласын бақшаның аулачсында серуенге шығарып балаларды бақылатады. Балабақшада баланың машықтануы 1-2 сағаттан бастау керек, бір жұмадан кейін түскі тамақ және ұйқыға қалдыруға талаптануға болады. Ата- аналар қашан бала күні- бойы қалдыруға мүмкін болатынына көз жеткізгенде қалдырады. Сәбидің жеке басының дамуы ерте кезеңнен басталады. Баланың дамуында ықпал етуші ол бала өмірінде кездесетін жағдайлардың түгелдей дерлік бола алады. Баланың даму процесінде ересектер де үлкен ықпал етеді. Бірақ баланың дамыту ортасына беру өз ерекшелігімен көрінеді. Баланың эмоцияналды көңіл-күйін дамытуы, баланың тілін дамытуы, баланың психикалық және психологиялық дамытылуы баланың жан –жақты дамуы жанашыр адамдардың қатысуынсыз өте қиын болар еді. XXI- ғасырда телевизор, интернет реклама, т.б. Баланың дамуына әсер етпейді деу мүмкін емес. Медия – деген үлкен әлем терезесі деуге болады, мұнда ең бастысы кішкентай сәбилеріміздің осы терезеге дұрыс қарай білуге ықпал ету. Сондықтан баланың аналитикалық қабілеттілігі мен ойлау жүйесін дамыту. 1-ден 3– жасқа дейінгі баланың эмоционалды көңіл – күйінің дұрыс дамыту үшін оның жетістігін дәлелдеп, үнемі мадақтау маңызды. 3-тен 6 жастағы баланың эмоционалды көңіл-күйінің дұрыс дамуы әлеуметтік белсенділікпен де байланысты. Бұл жас шамасында балалар, әдетте сюжетті- рөлді ойындар қызықты. Ойын кезінде әртүрлі жағдайларда адамдардың қарым-қатынасын түсінуге көмектеседі. Баланың дамуы мектеп жасындағы балаларда да жалғасады. Балалардың дамытудың орталары (спорт орталықтары, арт студия) мамандандырылған орта білім болады. Баланы дамытуы үшін орталықтың әсері көп. Біріншіден, баланың өз таңдауы және сабақтан кейінгі эмоция жағдайын байқауға болады. Баланың психикасының дамуына ықпал ететін ол биологиялық және әлеуметтік факторлар. Биологиялық фактор: (жүйке жүйесінің дамытуы) адам психиканың ортақ ерекшеліктері, сонымен бірге тұқым қуалаушы жеке ерекшеліктерді бұл жерде есепке алынады.

Әлеуметтік фактор: баланы қоршаған жақындары және дұрыс тәрбие беру. Басқа балалармен ойын кезінде баланың эмоционалды портреті айқындалады. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін оқу- іс әрекетін ұйымдастыруда баланың эмоционалды көңілінің ықпалы зор. Мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалды компоненттерін есепке ауымыз қажет. Білім беру жолдары және әр түрлі іс- әрекет кезінде. Сәбидің эмоционалды көңіл-күйіне ойын ықпал етеді. Эмоционалды компоненттің функциялары адамның бағалы құндылықтарының ең маңызды шарттары. Психологтар эмоция парасатының 5 тармағын ерекшелейді:

1. Сезім, яғни ол пайда болатында сезімді ажырату (өзін-өзі тану)

2. Олар лайықты шеңберлерден шықпау үшін сезіммен қарап анықтайтын эмоциялар мен басқару.

3.Эмоционалды бақылау – бұл қабілеттілікті арттыру, тыныштық күйінде өзін келтіру.

4.Өзара арақатынасты сүйемелдеу.

5.Жас ерекшелікке байланысты мінездемелер: Мектеп жасына дейінгі кіші балалар ертегілердің кейіпкерлеріне еліктейді және қиыншылықта болысуға ниет қылады. Негізгі эмоциялар: ренжу,қуану, тынышталу, қорқу.

3-5 жаста құрдастарына құштарлық сезімі дамиды. Жаңа әзілдесу сезімі оянады, әзілдерді түсінеді және әзілдеуді жақсы көреді, өз эмоцияларын баяулатып, кез келген ым арқылы және ымдап сөйлесу эмоциялардың сыртқы белгілерін білдіреді. Негізгі эмоциялары: қайғы, ашу, қорқыныш, таңдану,қызығушылық, тыныштық, қуаныш.

5-6 жаста – мектепке баратын уақыттың жақындауын сезінеді: біреулер үрей сезімдері, ал, екіншісінде қуаныш сезімдері пайда болады. Негізгі эмоциялар: қорқыныш, ашу, ыза, қайғы, таңдану, мүдде, тыныштық, ар, жазалау, қуаныш, күндеушілік, жеркенушілік. Эмоционалды көңіл-күйдің дамытуы бағдарламада 3 бөлімнен тұрады. Мектеп жасына дейінгі баланың эмоция дамуында (театр) сахналаудың әсері. Эмоциялар, бір жағынан бала күйінің индикаторлары болып табылады, екіншіден оның танымдық процесстері және мінез-құлық, логикаларына оның ықыласы қоршаған ортаны қабылдаудағы ерекшеліктің бағытталғандығын анықтауда ықпал етеді. Эмоция психологиясы психологияның белгілі аймағы болып табылады. Қазіргі таңда психология ғылымында «эмоция» түсінігінің түрлі анықтамалары кездеседі. Осыған байланысты Э.Роштың прототивтік ағым бойынша талдаған эмоция категориясының ішкі құрлымын зерттеуін қарастырамыз. П.Витгенштейн пікіріне негізделген бұл ағым бойынша, табиғи категория прототип бойынша анықталады. Эмоция категориясы 4 өзгергіштік бойынша суреттеледі: жиілік, прототиптілік, бейкатегориялық, доминанттылық.

А.Ортони, Дж.Клор, А.Коллинз және басқалар еңбектерінде өздерінің эмоцияға тек қана валенттілігі бар психикалық күйлер жататындығын атап көрсеткен, яғни жағымды немесе, жағымсыз сияқты уайымдар, таңқалу, қызығу, сенімсіздік феномендер эмоция психологиясында қарастырылмауы керек дейді. Бірақ, арнайы зерттеулердің нәтижесі бойынша, таңқалу эмоцияға кіргізіледі.

Эмоция – адамның негізгі мотивациялық жүйесін құрайды. Себебі эмоция өз әсерімен мінез – құлықты өзгерте алады, сондықтан ол адам өмірінде маңызды роль атқарады. Сонымен қатар, эмоция интелектінің жоғары тәртібін көрсетіп, мінез – құлықтың негізгі қозғаушы күші болып табылады. Яғни эмоция субьектіге тікелей әсер етеді. Сонымен қатар, эмоция танымдық процестердің басқада бөліктеріне әсерін тигізеді. Осының әсерінен субьектінің мінез – құлқы өзгереді.

Эмоционалдық байланысқа деген қажеттілікті адамның екі жақты немесе көп жақты қарым-қатынасқа қажеттілігі негізінде түсіндіруге болады:

а) өзін басқа адамдар тарапынан қызығушылық пен ықылас білдіру құралы ретінде сезінеді;

б) айналасындағылармен ынтымақтастықта болып, олардың күйзелісі мен қуанышын бөліседі. Бұл қажеттілікті бұзушылар әртүрлі тәсілдермен әртүрлі жағдайларда жүзеге асырады.

Эмоционалдық байланысқа қажеттіліктің жүзеге асырылатын негізгі саласы балалардың өзін қоршаған адамдармен жанұядағы, ауладағы, сыныптағы, мектептегі және т.б. тұлғааралық қатынасы болып табылады.

Оңашалануға қажеттілік – бұл баланың өз-өзімен немесе ойдағы бір адаммен көп жағдайда оңашада, кейде басқа адамдар қатысуымен жүргізетін уайымдау нәтижесінде және әрқашан түсіндіріле бермейтін ішкі диалогқа деген қажеттілігі.

Әр жастағы баланың өз өмірінде орын алған мәселелердің басым көпшілігін үлкен адамдарға тәуелсіз шешу қажеттілігі орын алатындығы психологияда дәлелденген М.И. Лисина т.б. ғалымдардың зерттеулерінде бұл мәселені автономия қажеттілігі және оның түрлері деп белгілейді. Мектеп жасындағы балаларда көрініс беретін автономия сезімінің келесі түрлері анықталған:

- мінез-құлық автономиясы (кіші мектеп жасындағы балалардың жеке өзіне қатысты мәселелерді өзі дербес шешкісі келетіндігі және оған құқылылығы);
- эмоционалдық автономия (тек педагогтар мен ата-анасының дегенімен ғана емес, өз проблемаларының біршамасын тәуелсіз өзі шешуге құқылылығы және оны қажетсінуі);
- моралдық және құндылық автономиясы (өз көзқарастарының болуына құқығы мен қажеттілігі және осындай көзқарастарының шын мәнінде болуы).

Эмоционалдық автономияның баланың болашағына тигізетін үлкен теріс әсері бар. Мектеп жасындағы балалардың ата-аналары бала өмірінде болып жатқан кейбір өзгерістерді байқамаған немесе байқағысы келмеген болып көрінеді. Сондықтан олар кей кездерде қырсық мінез көрсетіп, болмашы нәрсеге ашуланып, ешкімге сырын айтпай, ұзақ уақыт түйіліп қалуы немесе басқа қырсық мінездер көрсетуге де баруы мүмкін. И.С. Конның айтуынша, осындай жағдайлар мұғалімдер мен оқушылар арасында немесе оқушылардың құрбы-құрдастары арасында орын алуы мүмкін. Бала бойындағы оңашалануға деген бейімділіктің дамуы және оны жүзеге асыру оның әлеуметтік, жеке дамуындағы маңызды көрсеткіш. Себебі айналадағыларға жол табу үшін алдымен өзіңе жол табу керек.

Әдетте ашықтық-тұйықтық тұлғалық қасиеттер ретінде қарастырылады. Бірақ мұндай көзқарас бір жақты. Ол ашықтық пен тұйықтықтың осы тұлғалық қасиет ретінде ғана көрінбейтіндігін, сонымен бірге белгілі бір жағдайларда оқушының мінез-құлқы ретінде көрінетіндігін ескермейді.

Қолданылған әдебиеттер:

Абрамова Г.С. «Возрастная психология» Академический проект -2001.

Божович Е.И. Личность и ее формирование в детском возрасте.-М.,1968.

А.Г.Хрипкова, Д.В.Колесов. "Жаманнан жирен", "Зиянды әдебиеттер және одан алдын ала сақтандыру туралы".-Алматы:Мектеп,1988..

Т.Сабыров. Балаларға ақыл-ой тәрбиесін берудің кейбір мәселелері.-Алматы,1977.

Ө.А.Уманов, В.А.Парфенов. Бала бақыты. - Алматы, 1979.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ӘҢГІМЕЛЕРІ АРҚЫЛЫ КІШІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ЕҢБЕККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ ПӘНІНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Серғазина Гүлжазира Бабатайқызы
Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Бабатай ауылы,
Бабатай негізгі орта мектебі КММ, бастауыш сынып мұғалімі

Қазіргі таңда білімнің басты мақсаты – бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыреттілігі жоғары, жаңаша ойлайтын шығармашылықты мамандар даярлау және жасампаз іс әрекетті қалыптастыру. Біз келешекте қуатты мемлекет, зиялы қоғам құрамыз десек, дәл бүгін бесікте жатқан бөбектерді, балабақшада жүрген балдырғандарды, мектеп шәкірттерін тектілікке, инабаттылыққа, имандылыққа тәрбиелеуді қазіргі уақыттың міндеті, талабы деп қарауымыз керек. Осы талап пен міндеттерді орындалудағы ең бір пәрменді құрал – оқу, тәлім – тәрбие жұмыстарында халықтық құндылықтардың алтын мұрасын пайдалану. Сондықтан бастауыш сыныптан бастап Ыбырай Алтынсариннің шығармаларын оқыту арқылы оқушыларды еңбек сүюшілікке, оқу, өнерге ұмтылушылыққа, Отанын, елін сүюшілік, талаптылық, жігерлілік, іздемпаздық, кішіпейілділік, махаббат, қайырымдылық, адамгершілік, жинақтылық т.б. жақсы мінез – құлықтарға тәрбиелей аламыз.

Ыбырай Алтынсарин – өз халқының талантты ұлы, ұлт мақтанышы. Ол қазақ халқының мәдениетін дамытуға үлкен үлес қосты, оның еңбектері мен барлық шығармашылығы тарихымыздың алтын қорына еніп, кейінгі ұрпаққа сарқылмас бай мұра қалдырды. Ол қазақ халқының жадында игі істерімен ұлы тұлға болып қалды. Мен оның шығармалары, аудармалары әр оқырманға қолжетімді болғанын, сирек мұрағаттық материалдарының жарияланғанын қалаймын, ал жас ұрпақ талантты ақын мен аудармашының жұмысын ризашылықпен зерттей отырып, оның шығармаларынан үлгі алса екен деймін. Алтынсариннің қазақ халқына білім беру тарихындағы маңызы өте зор. Біз Алтынсаринге оның алғашқы халық мұғалімі, Қазақстандағы халық мектептерінің алғашқы ұйымдастырушысы және қазақ халқының ортасынан шыққан алғашқы теоретик-педагог ретіндегі қызметі үшін құрмет көрсетеміз.

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде атасы он жасар баласын жетектеп келе жатып, ұшқан құс, жүгірген аңдар тіршілігімен таныстырады, жұмыссыз жүрген біржан жоқ екенін айтады. Бәрі де тіршілік тірегі – өмір қамын жасауда. «Сәтемір хан» әңгімесінде жеті жасында жетім қалған Сәтемір деген бала ақсақ шегірткенің үйдің төбесіне шығу үшін қаншама әрекет жасағанын көріп, өзінің жұмыссыз босқа ойнап жүргенін ақылсыз деп табады. Артынша қалаға келіп, біреудің қолында жалшылық ете жүріп оқиды. Ақырында ірі оқымысты болып шыға келеді. Адамның барлық қабілеті мен іскерлігі, таланты мен талабы тек еңбек арқылы ғана көрінетінін айтады. Ыбырай әңгімелерінің қайсысын алсаңыз да оқушысын нақты сендіретін, соған қызықтыратын шынайы көрнекілік бар. Еңбек процесі тақырыбына жазылған Ыбырай әңгімелері бірінен – бірі аса отырып, бірін-бірі қайталамайды, әр қайсысының өзіндік қызықты, тәрбиелік күшті жақтары бар. Мұны оқыған бала әрқашан пайдалы, өнегелі істерге үйренді, өнегесіз істерден жирене түседі. Әрқашан ата-анаға болысу борышты міндет деген қорытындыға келеді. Ыбырай Алтынсарин еңбек еткен адамдарды өмір тәжірибесі мол, қандай да жұмыс болса икемі бар, өздері кішіпейіл, мейірімді және ешқандай арамдық жоқ, зұлымдық істерді білмейтін, қалың бұқараның жайдары өкілі етіп көрсе- теді. Ақыл да, терең ой да, оның әр нәрсеге икемділігі де, қиын-қыстау кезінде жол тап-қырлығы да еңбектену арқылы жинақталған өмір тәжірибесінің жемісі екенін білдіре Ыбырай «Бір аллаға сыйынып, кел, балалар, оқылық, оқығанды көңілге ықылас- пен тоқылық!» – деген

өлеңінде адамзатты білім алуға үндесе, екінші жағынан, өмірдің бір қызығы тек байлықта деп ұғатын, оқу, өнер, ғылым – білімге мән бермейтін кертартпа көзқарасқа соққы береді [1.12].

Алтынсариннің төл әңгімелері қысқа да нұсқа құрылып, мазмұны жағынан ұтымды келеді. Белгілі ғалым Қажым Жұмалиев: "Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетінде көркем әңгіменің негізін салушы атасы болды. Көркем әңгімелердің композициялық құрылысын шебер етіп құруда да оның өзінше еңбегі бар" деп жазды. Әңгімелерінің негізгі тақырыбы – еңбекті сүю, қадірлеу, жақсы мінез-құлыққа бағыттау, халқын сүю, махаббат - мейірім, перзенттік парыз тағыда басқа өмірдің өзекті мәселелерін қамтиды. Жазушының бастауыш сынып оқушыларына арналған оқулықтарында "Аурудан аяған күштірек", "Асыл шөп", "|Шеше мен бала", "Таза бұлақ" тағы да басқа әңгімелері әсерлі де көркем шығармалар. **2-сыныптың қазақ тілі оқулығында** "Аурудан аяған күштірек" атты әңгімесінде баланың анаға деген махаббатын айқын көрсеткен. Аяғы сынған Сейіт деген бала, ауруы қанша батса да, анасын қиналтпау үшін қабақ шытпағандығы айтылады. "Ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көріп, анам да қиналып, жыламасын деп жатырмын", - дейді. Осы әңгімелерінен туындайтын ой – Ыбырайдың мейірімді балалары нағыз отаншыл азаматтар болатынына сенесің.

Өмірде сарқылмас мол байлық – білім екендігін айта келіп, оған қол жеткізу үшін ерінбей – жалықпай еңбектенудің керектігін түсіндіреді. Ы. Алтынсарин еңбек процесінің бала тәрбиесіндегі ерекше маңызын көре біледі. Сондықтан оның көптеген әңгімелерінің идеясы Абай айтқандай «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген қағиданың төңірегінде топтасқан. Өнерді үйрен, үйрен де жирен деп санаған халқымыз ұл қыздарының оң қолынан өнер тамған шебер болуына да мән берген. Ыбырай қазақ балалары үшін ең алғашқы мектепті ашқан ағар- тушы. Халқы үшін жар құлағы жастыққа тимей, оқу-ағарту жолында аянбай еңбек еткен Ы.Алтынсариннің ғылыми және әдеби еңбектерінің бүгінгі жастарға берер ғибраты мол асыл мұра.

Бұған қарама-қарсы еңбекті сүймейтін, ел үстінен күн көретін тоғышарларды, үстем тап өкілдердің күйректігін көрсетеді. «Бай мен жарлы баласы» әңгімесінде жастайынан шаруаға араласқан, еңбек еткен, жас болса да өмір тәжірибесін көп көрген кедей баласыҮсен көбіне тәжірибеге сүйеніп, ақыл-парасатқа салып, көшкен елдің жаңа қонысын тауып алады. Бұл әңгімеде де екі нәрсені бір-біріне қарама-қарсы қойып, салыстыра суреттеу тәсілі бар. Балалар мен жас өспірімдерді өнер-білімге шақыру, отырықшылық тұрмыстың, жер кәсібімен айналысудың пайдалы жақтарын түсіндіру, оларға еңбек етудің артықшылығын ұғындырумен қатар, Ыбырай шығармашылығының көтеретін тағы бір мәселесі – ұқыптылыққа, мейірімділікке, әдептілікке үйрету.

Ы.Алтынсарин хрестоматияға енген бірқатар әңгімелерін тарихтың ұлы жаңалық- тары мен өнер табыстарына арнайды. Өзінің хаттарының бірінде: Ғылым – тәжірибе арқылы өзіне жол ашты», – дейді [2, б. 60].

Ал Ы.Алтынсарин әңгімелерінің мазмұнын меңгергендігін тексеруде «Өрмекші торы», «Ширлинг», «Бетпе-бет», «Араның ұясы» әдістері өте қолайлы.

«Өрмекші торы» әдісі бойынша әңгіме мазмұнын тексеруде сынып оқышылары шеңбер құрып тұрады да, бір оқушы мазмұн айтуды бастайды да, шамалы айтып,қолындағы жіпті қарсысында тұрған оқушыға береді, ол ойды бірден жалғастырып кетеді, ол шамалы мазмұндайды да, қарсысындағы оқушыға жіпті береді, осылайша барлық сынып оқушылары қамтылады да, «өрмекші торы» құрылады. Көркем шығарма мазмұны бойынша сұраұтар қойылып, «өрмекші торы» кері жиналады.

Бұл әдістің тиімділігі: сынып оқышыларының барлығының білімі бақыланады, бір-бірінің ойн жалғастыруға, жүйелі сұрақ қоюға, сұраққа нақты жауап беруге үйренеді.

Ы.Алтынсарин әңгімелерін оқытып-талдау барысында шығармашылықпен жұмыс

жасап, интерактивті әдістерді кеңінен қолдануға болады. Ол әр ұстаздың шеберлігіне, тәжірибесіне, ізденімпаздығына, шығармашылығына байланысты. Әңгімемелерді талдау барысында, «Веер», «Футбол алаңы», «Балалар философиясы», «Домино», «Ұшақ» әдістерін қолданған тиімді. Ы.Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесін оқытуда тиімді әдістердің бірі «Баяндама» әдісі.

«Баяндама» әдісінің алгоритмі: Мұғалім оқушыларға мәтінді оқуға, соңынан оның мазмұнын сурет, сызба түрінде беруді ұсынады. Бұл «шпаргалканы» оқушы оң жағындағы көршісіне береді. Енді әрқайсысы өз көршісінің суреттерін не сызбаларын қолдана отырып, осы мәтін бойынша «баяндама» жасайды. «Баяндама» мазмұнын неғұрлым кең ашып, оны қорғап, ең жақсы өрнекті ұсынған оқушы жеңімпаз болады.



1-сурет. «Әке мен бала» әңгімесі. Сынық тағаға кез болу

2-сурет. «Әке мен бала» әңгімесі. Жерден шие теріп жеу

«Баяндама» әдісі арқылы оқушы көрші оқушы берген жоғарыдағы суреттер бойынша «баяндама» жазады.

Оны жазушы шағын әңгімелерде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді.

Еңбекті қадірлеу-оның шығармаларының басты тақырыбы өсиет, өнеге айта отырып, ой саларлықтай салмақ тастады. Адамның мінез-құлқын қалыптастыруда тәрбие рөлінің ерекшелігіне тоқталып, бағып-қағып бала тәрбиесіне үлкен мән беру жеміс ағашын өсіруші бағбан еңбегімен парапар. «Дүниедегі жақсы атаулы күннің нұрымен, ананың ақ сүтімен бойымызда дарып, сіңеді»-деп тұжырым жасайды. Ыбырай әңгімелерінің ішіндегі ең бір шоқтығы биік шығармасы - «бай баласы мен жарлы баласы». Қазақ қоғамындағы өмір шындығын, тап жігін аша отырып, ауыр тұрмыстың ыстық қазынасында пісіп, шығып тағдыр тауқыметін көрген кедей баласының еңбек қорлығын баяндайды. Мұғалім өз сабағында осы мәселеге көңіл қойып, үйретудегі мақсат: Асан мен Үсенге салыстырмалы мінездеме бере отырып, кедей баласының сабырлығы мен көргендігін, еңбекқор өмірге икімділігін; екіншісінің шыдамсыздығын жинақтай отырып, жазушының айтайын деген ойын, шығарманың идеялық мазмұнын айқын түсіндіру.

«Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде Ыбырай Алтынсарин еңбектенсең, талаптансаң, мақсат-мұратыңа жетерсің-дей келіп осы идеяны ашып көрсетеді. Балаға білім берудегі еңбекке баулудың рөлі өте зор деген ой тастайды. Ыбырай Алтынсарин оқушыларды еңбек арқылы тәрбиелеу, оқыту өз еңбегінің нәтижесін көруге, одан қанағат, ләззат алуға үйретеді, еңбек етіп үйренген адамға білім беру жеңілірек болады деген пікір ұсынады[3,12].

«Атымтай жомарт» әңгімесін оқып-талдауда «Кластер» әдісін қолданып, білім алушылардың байқағыштық қасиеттерін арттыруға жұмыс жасап, Атымтайға мінездеме

бергіздік. Оқушылар жай ғана мінездеме беріп қана қоймайды, сонымен қатар әр сөзін Атымтайдың іс-әрекетімен дәлелдейді.

Қорыта келе, ұлы жазушымыздың балаларға арналған шығармаларында қандай тақырыпта жазса да алдымен нені мақсат етіп көрсетуге болар еді деген мәселеге тоқтайды. Жазған әңгімесін өмірде кездесетін, баланың өзі назар аударатындай заттармен, іс-әрекеттермен байланыстырып отырады. Себебі, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің зейіні тұрақты болмағандықтан, бүлдіршіндерді қызықтырып, назарын аударту педагогтің ең басты міндеттерінің бірі екенін білген қазақ елінің дарынды перзенті әңгімелерінің бәрі де бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне орай тілі жеңіл, мазмұнды, тартымды, олардың жан дүниесіне әсер етерліктей етіп берілгендігін атап көрсеткен. Ұлы ағартушымыз артына қалдырған асыл мұрасы сан мыңдаған ғасырлар өтсе де, өз маңызын жойған емес.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Мұратбай Т. «Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері мен олардыңтәрбиелік мәні», Қазақ тілі мен әдебиеті журналы. -№3. -2017.- 27 б.

2.Жазықова М.Қ. Этнопедагогика (Оқу құралы). – Ақтөбе, 2017. -194 б.

3.Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары. –Алматы, 1991.-64 б.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ: АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАСЫМДЫЛЫҚ

Сержанова Шынар Бекетқызы
Бауыржан Момышұлы атындағы №62 жалпы білім беретін орта мектебі

Бүгінгі таңда білім беру ісінің өзекті мәселесіне айналған – инклюзивті білім беру. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытуда көптеген шешілмеген проблемалардың барын жоққа шығара алмаймыз.

Инклюзивті білім беру – барлық кемсітуішілік формасына тосқауыл қоятын, оқушының білім алудағы әртүрлі қажеттіліктері мен алуан түрлілігін есепке ала отырып, сапалы білім беруді қамтамасыз етуге бағытталған жалпы білім беруді дамытудың үздіксіз процесі. Балалардың физикалық, психикалық, зияткерлік, мәдени-этникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосуды, барлық кедергілерді жоюды, олардың сапалы білім алуы үшін әлеуметтік бейімделуін, социумге кірігуін көздейтін білім берудің түрі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы. 7-қосымшасы, 3-тарау. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қызметінің тәртібінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік-педагогикалық жіктелімі төмендегідей:

1. Есту қабілетінің зақымдалуы: нашар еститін, естімейтін және кохлеарлы импланты бар бала.
2. Көру қабілетінің зақымдалуы: нашар көретін, көрмейтін бала.
3. Тірек-қозғалыс аппаратының бұзылысы: жеке күтімді талап етпей өз бетінше жүріп-тұратындар; арнайы жүріп-тұру құралдарының және (немесе) техникалық компенсаторлық (көмекші) құралдардың көмегімен жүріп-тұратындар; бірге еріп жүретін тұлғаның көмегін талап етіп өз бетінше жүріп-тұрмайтындар.
4. Зерде зақымдалуы: жеңіл, орташа, ауыр және терең зерде зақымдалуы (жеңіл, орташа, ауыр және терең ақыл-ой кемістігі диагноздарына сәйкес келеді).
5. Психикалық дамудың тежелуі.

6. Сөйлеу тілінің дамымау түрі, формасы және деңгейі көрсетілген сөйлеу тілінің бұзылысы: фонетикалық-фонематикалық, сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, тұтығу, ринолалия, дизартрия, дисграфия, дислексия және т.б.

7. Мінез-құлықтың бұзылыстары немесе қиындықтары (гипербелсенділік және зейін тапшылығының синдромы диагнозына және басқа мінез-құлық бұзылыстарына сәйкес келеді, соның ішінде әлеуметтік-психологиялық факторларға байланысты).

8. Қарым-қатынас және әлеуметтік өзара іс-әрекеттің бұзылысы немесе қиындықтары (аутизм және аутисттік спектрдің бұзылуы диагноздарына сәйкес келеді).

Инклюзивті білім берудің негізінде – балалрға қатысты кез келген кемсітушілікті болдырмайтын, барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға ерекше жағдай тудыратын идеология жатыр.

Қазіргі таңда елімізде ерекше білімді қажет ететін балаларды жалпы білім беру үдерісіне қосу үшін мемлекеттік деңгейде қажетті жағдайларды реттейтін белгілі бір нормативтік-құқықтық база жасақталған. Соған сәйкес қалыпты және дамыған балаларды бірлесіп оқытатын мектепке дейінгі және мектеп ұйымдарында кедергісіз орта, материалдық-техникалық жабдықтау, түзету және қалпына келтіру шаралары жүзеге асырылуда.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған инклюзивті білім беру жүйесі дәстүрлі білім беру жүйесімен қатар дамығандықтан, екі білім беру моделін жасауда проблемалар мен белгілі бір қауіптер туындауда.

Қазіргі таңда әртүрлі мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін арнайы мекемелердегі мамандардың жұмыс орынының қысқартылуы байқалады. Ал жалпы білім беру ұйымдарына біртіндеп енгізілген ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім алуына дайын емес екендігін жиі көруге болады.

Қолданыстағы арнайы мекемелердің желісін қолдау және жетілдіру қажет. Мұндай мекемелер білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне әдістемелік, балалр мен олардың ата-аналарына психологиялық көмек көрсететін оқу-әдістемелік орталықтардың фунцияларын орындай алады.

ЕБҚ бар балаларға арналған жеке тәсілдеменің қазіргі заманғы үрдістері дәстүрлі тәсілдемеден ерекшеленеді. Олар баланы жалпы білім беру ортасына қосуды, қосымша білім беру құрылымдары мен қолдау қызметтерін құруды, инклюзия формаларын әртараптандыру арқылы мектеп бағдарламаларына қолжетімділікті қамтамасыз етуді, оқу жоспарының икемділігін, дидактикалық технологияларды бейімдеуді көздейді.

Инклюзивті оқыту ортасын құруда <u>мұғалімге арналған ұсынымдар:</u>

- ☐ анық және дауысын сәл көтеріп сөйлеу;
- ☐ қарапайым сөздерді қолдану;
- ☐ орындықта отырып емес, барлық оқушы көретіндей тұрып сөйлеу;
- ☐ оқушылардың назарын аудару үшін «мұқият тыңдаңыз» т.с.с сөз орамдарын қолдана отырып, олармен визуалды байланыс орнату, маңызды ақпаратты қайталау;
- ☐ хабарламаны түсінікті ету үшін сөйлеу кезінде ым-ишара мен мимиканы қолдану;
- ☐ балаларды сұрақтар қоюға тарту, егер түсініксіз нәрсе болса, балалардың барлығының дұрыс түсінгенін тексеру;
- ☐ ауызша қарым-қатынасты көрнекі суреттермен және жазбаша хабарламалармен толықтыру;
- ☐ ақпаратты нақты жеткізу үшін балаларды мимика немесе ым-ишараларды қолдануға шақыру.

<u>Сынып бөлмесінің жабдықталуы:</u>

- Сынып бөлмесі балалар еркін жүре алатындай етіп ұйымдастырылады (әсіресе қозғалыс немесе көру проблемалары болса).

▪ Кейбір балаларға жарық көбірек қажет болса, ал кейбір балалар жарыққа сезімтал болуы мүмкін екенін ескеру керек.

▪ Оқушылардың орындықтары немесе парталарын топта бірге жұмыс істей алатындай орналастыруға болады.

▪ Графиктер мен плакаттар (көрнекі құралдар) барлық балаларға жақсы көрінетін тұсқа, үлкен қаріптермен, суреттер және символдармен беріле отырып, ілінгені абзал.

Мұғалімдер сабақ жоспарлау барысында балалардың жеке қажеттіліктерін ескеруі керек. Ол ЕҚБ бар балаға арналған жеке оқу бағдарламасында көрсетілген мазмұнды назарда ұстайды.

Сынып қандай-да бір тапсырманы орындап жатқанда, мұғалім бір немесе екі баламен жеке жұмыс істей алады, олармен сабақтың белгілі бір материалын бекітеді немесе оларға тақырыпқа байланысты жеке тапсырманы орындауға көмектесу арқылы жеке қолдау көрсетуге болады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар басқа оқушылармен бірге жұпта жұмыс істей алады. Басқа оқушылар өз тапсырмаларын аяқтағаннан кейін, жұптарына қолдау көрсетіп, көмектеседі.

Мектептегі жоғары сынып оқушылары ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға көмектесуге дайын болуы мүмкін. Бұл әлеуметтік көмек курсының бір бөлігі аясында жүргізілуі мүмкін.

Волонтерлер мен оңалту орталықтарының қызметкерлері жеке қолдаудың тағы бір көзі болып табылады. Олар баланы және оның отбасын бұрыннан білетіндіктен, бала мектеп табалдырығын аттағаннан бастап өз көмектерін бере алады.

Инклюзивті білім беру – оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқытуды білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адами құндылықтарға тәрбиелей аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана,2010.

2. Мовкебаева З.А., Денисова И.А., Оралканова И.А., Жакупова Д.С. Инклюзивті білім беру. –Алматы, 2014.

3. *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. 7-қосымшасы,* 3-тарау. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қызметінің тәртібі.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Серикбаева Қарашаш Химадиновна
№2 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназия

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты,

шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары). Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Білім беру тек қана оқытумен ғана шектелмей, оны керісінше, әлеуметтік адаптация процесіне бейімдеу қажет екендігі айқын. Қазіргі тез құбылмалы (VUKA) әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуда. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

1-кесте. Функционалдық сауаттылықтың әдіс - тәсілдері

Функционалдық сауаттылығы дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы.

Функционалдық сауаттылық – оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзыреттілікке ұласу жолы. Ол оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу құзыреттіліктерінің бірлігінен құралады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығы - ең алдымен үйден, отбасынан басталады. Өйткені, ата– аналардың балаларды оқытуы және тәрбиелеуі ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықтың негізгі тетіктерінің (механизмдерінің) бірі болып көрсетілген. Отбасында әрбір грамды, ватты, минутты есептей алмайтын және де есептегісі келмейтін баланың үй шаруасына да қыры болмайды. Баланың бойына құндылықтарды қалыптастыруға, жағымсыз мінез – құлық әдеттерден арылтуға көмек беретін функционалдық сауаттылық ата – ана бойында да болуға тиіс. Ата – аналар баланың ұғынуына көмектесулері керек. Үйде жарық пен тұрмыстық приборларды дер кезінде сөндіру, токтан ажырату қажеттігін, есік

алдағы су құбырының краны арқылы тамшыдан өзен құралып қайта ағып кетіп жатқанын бала білуге тиіс. Еңбектің бағасын білген бала оның нәтижесін де жақсы бағалай біледі. Осының бәрінде аса терең ата – ананың функционалдық сауаттылығы тұр.

2-сызба. Функционалдық сауаттылықтың негізгі қағидалары

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Мысалы: өз сабақтарымда оқушыларды сабақтың тақырыптарына байланысты топтарға бөліп, ойындар арқылы топтарының аттарын тапқызып, оқушыларды қызықтыру үшін ұлттық ойындарды, ребустар, сөзжұмбақтарды пайдаланамын. Оқушылардың шығармашылығын дамыту мақсатында сурет бойынша әңгіме құрастыру, тақырып бойынша өлеңдер, «Сөз ойла, көп ойла», «Өлең шығарайық», «Бес жолды өлең» құрастыру жұмыстарын жүргіземін. Оқушылардың ізденушілік жұмыстарын дамыту мақсатында «Аквариумдағы алтын балық», «балық сүйегі» әдістерін қолданамын. Мысалы: «Әдебиеттік оқу» сабақтарында Баяндаушы – әңгіменің мазмұнын айтады. Зерттеуші – әңгімедегі негізін анықтайды. Сілтемеші – сөздіктермен жұмыс жүргізеді. Сұрақ құрастырушы – сұрақтар дайындайды. Дәнекер – өмірмен байланыстырады. Бейнелеуші кейіпкерде негізгі әңгімені суреттейді. Осындай жұмыстарды жүргізу арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырамын. Әдебиеттік оқу, дүниетану сабақтарында берілген тақырып бойынша эссе, ой толғау жазғызып отырдым. Балалар қандай қажетті мәлімет алғанын, оның өз өмірімен нендей байланысы бар екендігін талқылауға үйренді. Тақырып бойынша алған мәліметін қай кезде және қандай жағдайда пайдалануға болатындығын ортаға салып ой бөлісуге дағдыланып келеді. Болашақта әділ, еңбексүйгіш, отансүйгіш, ұлтжанды азамат болуға тырысады. Бастауыш сыныптағы әдебиеттік оқу сабағы оқушыларды әдебиет әлеміне даярлайтын, сөз өнеріне баулитын алғашқы баспалдақ. Ондағы шығармаларды тек оқытып, жаттатып, мазмұнын игертіп қана қоймай, түрлі әдіс тәсілдер арқылы олардың ой-өрісін арттыратын, қиялын, тілін дамытатын тапсырмалар беріледі. Қызығушылықты оятудың екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды, яғни, айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Ойлану мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі «Мағынаны тану». Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен

танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды.Оның өз бетімен жұмыс жасап белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады.

1. Оқушылар өз бетінше ізденуге, үйренгенін өмірде пайдалана білуге үйренді.
2. Сұрақ қойып, сұрақтарға өз бетінше жауап беруге машықтанды.
3. Тақырыпқа деген жан – жақты түсінігін аңғара отырып, ынтасын одан әрі дамытуға мүмкіндік жасады.
4. Оқушылардың шығармашылық беллсенділіктері және сын тұрғысынан ойлау әрекеттері бағаланды.

Білім алу оқушы тұрғысынан белсенді процесс болуы қажет, тек белсенді түрде жұмыс жасай отырып ол қандай да болмасын біілмді игереді. Сын тұрғысынан ойлау әрбір оқушының терең ойланып, тұжырым жасауға бағыттайды. Теорияны зерттей келе сын тұрғысынан ойлау жобасының оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы ықпалы үлкен болады деген тұжырымға болжам жасаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бастауыш сынып №10 2014ж «Сын тұрғысынан ойлау технологиясына ана тілісабақтарында пайдаланып оқушылардың шығармашылығын арттыру» Ә.Рысбаева
2. Бастауыш сынып №7 2014ж «Бүгінгі білім, ертеңгі байлық» Б.Смагулова
3. Ұстаз №1 2015ж «Қазақ тілі сабақтарында жаңа технологиялық әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың сауаттылықтарын арттыру» Батыркаирова А.С.
4. Дамыта оқыту технологиялары Б.А.Тұрғынбаева

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ТІЛДІК ҚАТЫНАСҚА ҮЙРЕТУ ЖОЛДАРЫ

Серікова Айдана Бағданбекқызы
№8 орта мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі

«Қазақстан бүкіл әлемде үш тілді пайдаланып жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар, қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» - деп Елбасымыз өз жолдауында айтып кеткендей, қазіргі заман ағылшын тілін талап етуде. Ағылшын тілі бірінші дүниежүзілік әмбебап тілі болып табылады. Еліміздің тарихында болып жатқан әлеуметтік - экономикалық, мемлекеттік зор ұлттар мен ұлыстардың бір-бірін түсінуіне халықаралық сипат алған ағылшын тілінің өзіндік рөлі зор. Қазіргі таңда мектептерде жаңартылған бағдарламабойынша ағылшын тілі 1-ші сыныптардан бастап оқытылуда. Негізінен ағылшын тілін ерте жастан оқытудың мақсаты – оқушылардың ағылшын тілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін меңгеру болып табылады. Ағылшын тілін оқыту оқушылардың коммуникативті даму біліктілігін арттырады, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді, бірден көп тілдерде сөйлеуге мүмкіндік алады. Ал әлемдік тіл ретінде бейресми түрде орныққан ағылшын тілін меңгеру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шыңдай түседі. Шет тілін оқытуда басты рөлін түсіну үшін, білім беру мекемелерінде мұғалімдерге оның негізгі әдіс-тәсілдерін, құрылымын жақсы білуі керек. Ағылшын тілін үйретуде сөйлеу мен тыңдау дағдыларын дамытуға көптеген оқулықтарда әртүрлі әдіс-тәсілдер көрсетілген. Шет тілін оқытудың тиімділігін тек қана білім алушыларға байланысты емес, оқыту стратегиясына байланысты. Стратегиялардың үйлесімімен ең жоғары тиімділікке қол жеткізуге болады. Бұл мақсатқа жету үшін ең басты

фактор мыналар: мұғалімнің білім алушыға немесе оқушыға деген педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігін жетілдіру және сабақтағы әлеуметтік-психологиялық бірлестік жағдайындағы қарым-қатынасы. Тілді үйрену сабақтарында оқушыларды тыңдау, оқу, жазу, сөйлеу дағдыларын дамыту сабақ барысында жүзеге асырылуы керек. Жазудан гөрі оқушыларды тыңдап түсінуіне, сөйлеуіне көбірек назар аударылады, өйткені балалардың басым көпшілігі есту, көру арқылы есте сақтайды. Қойылған мақсаттарға жету үшін оқушылардың сөйлеу дағдыларын жетілдіру, дамыту және сабақта ойын түрлерін қолдануы керек. Өйткені, ойын - көңіл-күй, ойлау күштерін талап ететін, ұйымдастырылған сабақ болып табылады. Оқушылардың қабілеттерін дамыту үшін өлең қолданылады. Әндердің оқушылар үшін қызығушылығы мынада: олардың не жайында айтылатында, қандай әуен түрінде орындалатындығы. Әндер оқушыларға бірдеңе жайлы хабар береді, қызықтырады, тілдік қарым-қатынаста бірінші орынды алуға итермелейді. Оқушылар шығармашылық жұмыс арқылы, белгі бір суреттерді салып және жазып, сурет бойынша сөйлейді. Бұл әдісте оқушының дағдысы қалыптасып, қызығушылығы артады. Осыдан келе сурет салу барысында ән қосымша орындалса, оқушылардың көңіл-күйлері көтеріліп, сабаққа деген ынталары, қызуғушылықтары артады. Оқушылар өлеңді үйрену барысында, дене мүшелері мен сезім мүшелерінің, ағылшын тіліндегі атауымен танысады. Бұл эстетикалық мотивация. Эстетикалық мотивация – ойлауды дамытады, көңіл-күй, ойлау, жағымды сезімдерді қалыптастырады. Бұлардың барлығы тілді үйрету үдерісінде жүзеге асады. Аталған дағдылар: айту дағдыларын жетілдіреді, дауыс ырғағы және ырғақ артикуляциясындағы нақтылықты жетілдеру мүмкіндік береді, шет тілі бойынша тілін, сөздік қорын байытады, тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым біліктілігін арттырады, монологтық, диалогтық айтылуларды қалыптастырады. Оқушылар диалог әдісін қолдана отырып талқылау, білімді бірлесіп құру, түсіну мен дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алады. Оқушылар сұрақтар қою арқылы, тақырып бойынша өз ойларын айтуға мүмкіндік алады. Өзара талқылау арқылы түрлі ойлар болады, сұхбаттасу арқылы өз ойларын дәлелдеуге тырысады. Диалогтік тәсіл оқушылардың ашылуына, ойын жеткізуіне, сөздік қорының молаюына көмектеседі. Ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтің маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне ықпал ететінін атап көрсетті. Выготский кіші жастағы балаларда когнитивті даму әрекеттері әлеуметтік қарым-қатынас үдерісінде, яғни анағұрлым қабілетті оқушылармен араласу, қоршаған ортамен өзара қарым-қатынас жасау арқылы оқушыларды ересектерше ойлау әдісіне үйрету кезінде қалыптасатын оқушы ретінде суреттейді. Сонымен қатар Выготский когнитивті дамудың, оқушылар өздерінің «Жақын арадағы даму аймағында» жұмыс істесе жақсаратындығын атап көрсеткен. Диалог барысында оқушылар нәтижеге жету үшін күш жұмсайды және Мерсер (2000) сипаттағандай білімді бірлесіп алуда және пікір алмасу барысында тең құқылы серіктестер болып табылады. Пікір алмасу оқушылармен диалог құру арқылы жүзеге асады.Диалогтің өзі сабақ өту кезінде әр түрлі әдіс арқылы жүзеге асады. Мысалы : сұрақ — жауап, рөлдік ойын, тапсырманы орындату, жұптық жұмыс, диалогтік мәтінді оқу. Аталған дағдыларды қолдана отырып, оқушының бойына сіңірген кезде ғана, оқушылар тілдік қатынасқа түсіп, еркін сөйлеуге дағдыланады.

Қазақстан халқының лингвистикалық капиталын дамыту мақсаты мемлекеттік тілге қоса еліміздегі басқа да тілдерді оқып-үйренуді міндеттейді. Бұл мақсаттың аясында қазақ жұртын мекендейтін халықтардың тілдерін дамыту міндеттелген. «Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте!» деген Қадыр Мырза Әлидің әйгілі өлеңінде лингвистикалық капиталдың негіздемесі жатыр. Өзге тілді білсең — өрге шығасың, Өз тіліңді білсең, төрге шығасың. Елдің ертеңгі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер
1) Қазақстан Республикасының Президентінің Жолдауы
2) «Айқын» газеті, жаңа басылым «Еліміздегі ағылшын тілінің рөлі»
3) Шетел тілін оқыту әдістемесі №3 2018ж

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ.

Сегіз Гүлжан Сәдуақасқызы, Мухаева Сара Галимовна
№31 қазақ орта мектебінің бастауыш класс мұғалімі

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының білім беру саясатының басым бағыттарының бірі мектептерде мектеп қоғамдастығының барлық мүшелерін «қамтитын» білім беру ортасын құруға және дамытуға мүмкіндік беретін атмосфераны қалыптастыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады. Бүгінгі таңда еліміздегі мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі білім беру жүйесінің дамуы болып табылады. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптеріне сапалы білім алуға барлығының құқықтарының теңдігі, әр адамның интеллектуалды дамуын, психофизиологиялық және жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, халықтың барлық деңгейі үшін білімге қолжетімділігі жатады. Сапалы білімнің барлығы үшін қолжетімді болу шартын қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін түрлендіру процестерінің бірі инклюзивті білім беру болып табылады.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында: «Күнделікті мәселелерді шешумен қатар, балалардың бәріне бірдей мүмкіндік туғызу үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Балаларымыз қай жерде тұрса да, қандай тілде оқыса да сапалы білім алуы керек» деп атап өтті [1]. Білім беру ортасының сапасын жетілдіру жалпы білім беретін мектептер қызметінің маңызды бағыты болып табылады. Жаңа мектеп – бұл барлығына арналған мектеп. Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында инклюзивті білім беру мәселелеріне де көп көңіл бөлінген, онда таяудағы бес жылдағы аса маңызды міндеттердің бірі «оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету» болып айқындалған *«Барлығына арналған білім»* парадигмасының құрамдас бөлігі болып табылатын инклюзивті білім беру барлық балалардың жалпы білім беретін мектепке баруына және олардың зияткерлік немесе физикалық қабілетіне, мәдени, әлеуметтік, этникалық, нәсілдік, діни қатыстылығына қарамастан құрдастарымен бірге оқытуға мүмкіндік теңдігін көздейтін тұғыр болып табылады. Демек, инклюзивті білім беру барлық оқушылардың білім алуының әртүрлі қажеттіліктерін адекватты түрде қанағаттандырудан тұратын білім беру ұйымының миссиясын кеңейтуді көздейді. Инклюзивті білім беру ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға қатысты кемсітушіліктің алдын алуға көмектеседі, олардың өз қоғамдастықтары мен жалпы қоғамның тең құқылы мүшесі болу құқығын қолдайды. Инклюзивті білім беру барлық балаларға бағытталған және барлық балалар – оқытуда түрлі қажеттіліктері бар индивидуумдар екенін мойындайтын әдістеме арқылы жүзеге асырылады. Инклюзивті білім беру әртүрлі білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған педагогикалық жүйені неғұрлым икемді етуге мүмкіндік беретін оқыту нысандары мен әдістерін іске асыруды көздейді. Инклюзивті білім беру барлық балалардың әртүрлі қажеттіліктеріне бейімделуі тұрғысынан білімге қолжетімділігін білдіреді. Қазіргі кезеңде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың құқықтарын жүзеге асыруда балалар тәрбиеленетін және оқитын білім беру ұйымдарының ата-аналарына

(заңды өкілдеріне) таңдау құқығын беру ғана емес, білім беру жүйесінің осындай білім алушыларды қабылдауға дайындығы тұрғысынан объективті мәселелер мен артықшылықтарды түсіндіру және жеке мүмкіндіктерге сәйкес олардың сапалы білім алуы үшін жағдай жасау болып табылады.

Білім беру процесінде критериалды бағалау жүйесін пайдалану бағалау жүйесін жеке пәннің нысаналы қондырғыларымен, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың әлеуметтік құзыреттерін қалыптастырумен байланыстыруға мүмкіндік беретін өлшемшарттар мен дескрипторларды пайдалану арқылы білім алушылардың жетістіктерін анықтауға және арттыруға мүмкіндік береді. Бағалауға деген жоғарыда аталған көзқарастар білім беру процесінің барлық қатысушыларымен бағалау жүйесіне білімді сәтті алу, кері байланысты орнату, бірақ одан артық емесіндей қажетті құрал ретіндегі қатынасын түсінуін қамтамасыз етуі керек.

Бағалау жүйесі білім беру процесінің сапасын анықтауға, оқудағы стратегия және тактика бойынша түбегейлі шешімдері қабылдауға, білім беру мазмұнын да, күтілетін нәтижелерді бағалау нұсқаларын да жетілдіруге мүмкіндік беретін оқу жетістіктерін өлшеу және оқу қиындықтарын диагностикалаудың негізгі құралы болып табылады. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың білімділік жетістіктерін бағалауда алған нәтижелердің және ерекше білімділік қажеттіліктері бар балаларды оқытудағы жоспарланған мақсаттардың ара-қатынасы мәнді болады.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың ерекшелігін ескеріп, бағалау жүйесін көп функционалды етіп, оны жетілдіру керек. Бағалау жүйесінің бірнеше функциясын атауға болады:

Нормативтік функция білім алушылардың бекітілген мемлекеттік стандартқа қатысты тіркеп, жеке оқушылардың мектеп сыныптарының үлгерімін, мұғалімнің дайындық деңгейі мен жұмыс сапасын қадағалайды.

Ақпараттық-диагностикалық функция білім беру процесінің барлық қатысушылары арасында баланысты, білім алушылардың, соның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балалардың да, мазмұндық және эмоционалдық рефлексиясын қамтамасыз етеді. Бағалау жүйесі білім беру процесінде, нақты сыныпта, нақты бала үшін барлығы дұрыс жүргеніне көз жеткізуге мүмкіндік береді. Бағалауға деген жоғарыда аталған көзқарастар білім беру процесінің барлық қатысушыларымен бағалау жүйесіне білімді сәтті алу, кері байланысты орнату, бірақ одан артық емесіндей қажетті құрал ретіндегі қатынасын түсінуін қамтамасыз етуі керек.

Критериалдық бағалау жүйесі келесі элементтерді құрайды:

1. Тақырыпты (сабақты) меңгеру критерийлері дәл анықталады, бұл нақты оқу нәтижелерінің тізімінде мәнін табады (білім беру бағдарламасының шеңберінде меңгеру деңгейлерін анықтаумен алынған оқу мақсаттары).
2. Тексеру жұмыстары әзірленеді – тестер, олардың негізгі тағайындауы ретінде негізгі тағайындалуы түзетуші оқу ресімдерінің қажеттілігін анықтау шығады.
3. Оқу материалы жеке үзінділерге (оқу бірліктеріне) бөлінеді, зерделеу барысында қол жеткізуге жататын нәтижелер (критерийлер) анықталады, ағымды тексеру жұмыстары құрастырылады, олар әрбір оқу бірлігін зерделеу мақсаттарына қол жеткізілгеніне көз жеткізуге мүмкіндік береді.
4. Сәйкес оқу әдістері таңдалады,білімділік тапсырмалар құрастырылады.
5. Әр тест сұрағы бойынша балама түзету.

Критериалды бағалау критерийлерге сүйенеді, яғни баға оқушылардың олардың оқу-танымдық құзыреттілігінің дамуындағы түрлі бағыттар бойынша жетістіктерін бейнелейтін құрамдастардан (критерийлерден) қалыптасады.

Критериалды бағалау – шеңберінде бағалаудың және өз бетінше бағалаудың түрлері, нұсқалары мен әдістері қолданылатын көзқарас.

Критериймен бағалауда:

- оқушы өз оқуында шынайы субъект болады;
- оқушының мектептегі алаңдаушылық деңгейі төмендейді;
- мұғалім «соңғы инстанциядағы сот» рөлінен кеңес беруші, маман, тьютор рөліне ауысады.

Осылайша, критериймен бағалау өз құрамында оқушылардың және мұғалімдердің денсаулығын сақтау әлеуетін алып жүреді.

Критериймен бағалау мұғалімге арналған түбегейлі мақсат тұтатын ережелердің бір қатарын қарастырады:

1. Баға көмегімен оқушының жеке тұлғасы емес, тек оның жұмысының ғана бағалануын.
2. Оқушының жұмысы өзге оқушылардың жұмыстарымен тікелей салыстырумен емес, эталонмен (үздік орындалған жұмыстың үлгісімен) салыстырылуын.
3. Нақты тапсырмалардың түрлі формаларының қолданысын және мұратты орындалған тапсырмалардың нақты және анық сипаттамаларының болуын.
4. Эталонның оқушыларға алдын-ала белгілі болуын.
5. Оқушы өз бетінше өзінің жеткен деңгейін және өз бағасын анықтай алатын бағаны шығарудың нақты алгоритмінің әзірленуін. Өз бетінше бағалау, сонымен қатар, оқушылардың өз жұмысына рефлексиясын да қарастырады. Рефлексия білім алушы жеке тұлғасының дамуындағы міндетті шарт, оның оқушы ретінде дамуының қажетті құрамдас болып табылады.
6. Оқушылардың өз бетінше бағалауға өтуге бет алып, бағалау үрісіне қосылуын.
7. Бағалауға тек оқытып-үйретіп отырғанды ғана салуға болады, сондықтан бағалау критерийлері – бұл оқу мақсаттарының нақты мән табуы.
8. Пән бойынша жалпы оқу мақсаттары оқушылардың нақты осы пән бойынша жетістіктерін бағалауда критерий болып табылып, оқушының жеке жұмыстарымен айқындалған нәтижелерді жинақтауға мүмкіндік береді.

Осылайша, критериалды бағалау білім алушының оқу жетістіктерін нақты анықталған, ұжымдасып әзірленген, оқу процесінің барлық қатысушыларына алдын-ала белгілі критерийлермен салыстыруға негізделген, білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін. Білім алушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін процесс ретінде дәріптеледі. Инклюзивті білім беру дене бітіміне, психикалық, интеллектуалдық, мәдени, этникалық, тілдік және өзге ерекшеліктеріне қарамастан ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру кеңістігіне енгізуді, олардың сапалы білім беруде кедергілерді жоюды және әлеуметтік ортада бейімделуін және ықпалдасуын көздейді. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар; мигранттар мен оралмандар отбасыларының, аз ұлттар балалары; қоғамға әлеуметтік бейімделуде қиындықтары бар балалар жатады.

Кеңейтілген мағынада инклюзивті білім беру дегеніміз кедергілерді жою мен ерекше білім беруге қажеттілігі бар адамдарды оқыту процесінде енгізуге бағытталған білім беру процесі және олардың сапалы білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

- Жиынтық бағалау – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі.
- Жаңартылған орта білім мазмұны бойынша білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау жүргізудің тәртібі 3-тарауына сәйкес:

- 14. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды тоқсан, бөлім (ортақ тақырып) аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру 19
- деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау нысанында педагогтер жүргізеді.
- Жиынтық бағалау үшінші тоқсаннан бастап 1-сыныптарда, бірінші тоқсаннан бастап 2-11 (12) сыныптарда жүргізіледі.
- 14-7. Үйде оқитын білім алушыларды бағалау кезінде педагог үйде оқитын білім алушылардың оқу жүктемесін және олардың оқып-зерделеген оқу материалын ескере отырып, сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды әзірлейді.
- 14-8. Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды қолданады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін есепке ала отырып, оның ішінде жеке оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізеді

Қортынды: Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқытудағы жалпы білім берумен қатар түпкілікті мақсат – әлеуметтендіру және өзін-өзі іске асыруы, тез өзгеретін әлемде өмір сүруге үйрету.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Сисенбаева Жадыра Мергенбаевна, музыка пәні мұғалімі.
Қандыағаш қалалық №4 жалпы білім беретін орта мектебі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев « Қазақстан -2050 стратегиясы : қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты » атты жолдауында «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары» Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткеншек ұрпақты функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет, - деп атап көрсетті.

Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе білім беру, ғылымды дамыту.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында : «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаға технологияларын ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісі технологияландыру мәселесін қойып отыр. Заман талабына сай білім оқу орындарында білім мазмұнын, оның құрылымдық жүйесін жақсарту білім реформасының жүзеге асуының басты шарты.

Қазақстан Республикасының білім саласындағыбүгінгі бсаты міндеттерінің бірі-жастарға терең білім беру. Ал онңы негізгі технткалық және кәсіптік білім берудің оқыту үдерімін жақсартуға жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Оқушылар терең де жүйелі білім және әдістеиелік тәсілдерді жетік меңгерегн болуы тиіс.

Пәндік оқытуда тиімді әдіс - тәсілдерді пайдалана оытырып, сабақты қызғылықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Қоғам дамыған сайын, барлық құрылым бірге дамиды. Қазіргітаңда кәсіптік және технологиялық білі беру үрдісінде кеңінен

қолданылып жүрген бірнеше тнновациялық техгологияларды атап көрсетуге болады. Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар:

. проблемалы оқыту;
. дамыта оқыту;
. деңгейлеп оқыту;
. дәстүрлі оқыту;
. модульдік оқыту;
. сұрақ- жауап ойындары;
. цифрлық білім беру ресурстары.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: - балаға ізгілік тұрғысынан қарау қарау оқыту мен тәрбиенің бірлігі ; - баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту. Жаңа ғасыр көгінде әлем кеңістегіндегі білім беру саласы да жаңа арнаға бет бұрды.

Бүгінгі ақпараттар легі тасқындаған уақыттың талғамы бөлек, - талабы өзгеше болғандықтан, заманға сай қоғам болашағы жас ұрпақты тәрбиелеу үлкен жауапкершіікті міндеттеді.Бұрынға сензурлық білім жүйесі, стандартты қайталауға арналған сабақ құрылымы ата - ананың да, баланың да, талғамынан табылмады. Бұл жалғыз біздің еліміздің емес, барлық мемлекетті толғандырады.

Қазіргі Кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып , Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда.

Оқу процесін жетілдіру,оқуышлардың қазіргі кезеңдегі технологиялық процестерді меңгеру үшін өндірістік оқытуда көптеген инновациялық әдістерді тиімді қолдана отырып кез келген оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке , ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын заманауи инновациялық техгологияны меңгеруге ұмтылуымыз керек. Қазіргі замағы білім беру жүйесінің ерекшіліктері

Мемлекеттік білім беру маласы қызметкерелерінің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі- оқытудың әдіс- тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және педагогикалық технологияны меңгеру. Қазіргі кезде бүкіл әлемде жүргізіліп жатқан ізгілендіру үрдістері қоғамның білім беру мекемелеріне қойылатын жаңа талаптарды анықтауда.

Білім -әлеуметтік, мәдени - ғылыми прогреспен қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, адам үшін де, қоғам үшін де жоғарғы құндылық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә Білім мен ғылым- даму тетігі /

Елбасының ҚР Білім және ғылым қызметкерелерінің III сьезінде сөйлеген сөзі// Егемен Қазақстан 13қазан, 2014.

2. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларлды диагностикалау.- А.2015

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ

Сисенбаева Лариса Өтесқызы
№4 Алға орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Ұлы Абайдың азаматтығы, халықшыл биік рухын жас ұрпаққа жеткізу – әр ұстаз парызы. Мен мектепте 20 жылдан бері жұмыс жасаудамын. Мұғалім жұмысындағы өзекті мәселелер; мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру. Кәсіби қиындықтарды анықтау, уақытылы көмек алу, білім сапасын көтеруге ықпал ету. Ал педагогикалық кәсіпқойлықтың негізгі көрсеткіші-сабақ және әрқайсысына мұғалім оны талдау шеберлігіне ие болуы керек. Бұл оқу нәтижесін арттырудағы ең басты қажеттілік.

Қазіргі таңда оқушыны таң қалдыру қиын. Осы тұрғыдан оқушылар мұғалімдерді қаншалықты іздейді. Мұғалім білімін шыңдап, шығармашылық ізденіс орнатып, оқушы қызығушылығын таба білсе, оған суық көзқараста емес, жылулықпен білім бере алса, онда оқушы мұғалімнен қашанда жаңашылдық күтіп, мұғалімнен өзіне деген жылулықты сезініп, әрдайым мұғалімнен білгісі келген дүниесін сұраудан жасқанбайтын еді. Ал, бұл оқу нәтижесін арттырудағы ең басты қажеттілік. Енді, пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін бірнеше нақты мысалдарды бірге қарастырып көрейік. Қазіргі кезде Алғалық шәкірттерге терең де тиянақты білім беру үшін сабақтың әр түрлі формалары мен түрлері қолданылуда.

Мектеп оқушыларының білімін жақсарту мақсатында мұғалімдер алдына қоятын аса бір маңызды талаптарының бірі – оқушылардың өз бетімен жұмыс жасап үйренуін қалыптастыруы. Мектеп оқулығында материалды жан-жақты түсіндіріп, ұқтырумен қатар, мұғалім оқушылардың кейбір мәселелерді, өз бетімен оқып, жазып, шешіп, нәтижесінде жаңаша бір мәселені біліп үйренуге жаттықтырулары керек. Демек, жаңа білім игеру мақсатында оқушылардың өз бетімен жасайтын жұмыстарына үнемі көңіл бөліп, ұйымдастырғаны жөн. Яғни, оқушыларымыздың сезімдеріне қысым жасай берсек, олар өздерінің дұрысын дауыстап айта алмайтын болады және өздерінің құқығын қорғай алмайды. Мектеп оқушыларының ата-аналарынан немесе ұстаздардан жиі естиміз. «Мына бала сабақты біліп тұрса да айтпайды. Сұрамасаң айтпайды». Міне, бұл бала да өзінің біліп тұрған нәрсесін дауыстап айтудан қорқып тұр. Оқушы дұрыс болмай қалса, мұғалім ұрсады немесе қате айтсам, басқалар күледі деген үрей бар.

Білім негізі – сабақта демекші, әрбір сабақ үлкен дайындықпен, жан-жақты жұмыс түрлерімен ұштасып жатады. Әсіресе, әр кластағы тақырыптың мазмұнына қарай, жас ерекшеліктеріне байланысты дәстүрлі емес сабақ түрлендіріп өткізу оқушылардың белсенділігін, пәнге қызығуын арттырады. Сабақ – оқу-тәрбие үрдісінің ең басты, маңызды мәселесі. Шындығында бір сабақта оқыту, еңбектену, тәрбиелеу, дамыту үрдістері қатар жүріп жатады. Егер кластағы әрбір оқушы жеке белсенді жұмыс атқара алмаса, сабақтың мәні жойылады. Оқушылардың танымдылық қабілетін арттыру мәселесінің шешімін өз бетінше табуға ұмтылуға тәрбиелеу – мұғалімнің басты міндеті. Ал, сабақтың тиімділігін арттырудың маңызды факторлары – теориялық материалды терең түсіндіре білу.

Әр оқушымен жеке жұмыс оқушылардың өз бетінше ізденуі арқылы жүзеге асады. Егер мұғалімдердің оқушылардан күткен нәтиже мен талаптары оның қабілетіне сай болмаса, ол оны істей алмай қиналуы мүмкін. Оның істей алмағанын бетіне басып, оны кінәлай беру арқылы немесе жетістікке жетсін деп оны жазалау арқылы көмектескен болмайды, керсінше, оның сағын сындырамыз. Бала күнінен тежеу көрген адамдардың өмірде өзін табуы, өзінің орнын табуы өте қиын. Сондықтан да бір сәттік шешімдерге ұмтылып, оқушылардың бүгінін ғана ойламай, жалпы өмірін ойлау керек әр ұстаз. Берілген саранандық жұмыстар көп ұйымдастырылса оң нәтиже береді. Саранандық жұмыс кезінде оқушылар дайын материалға үлгілерге қарап жазып, сызатын болса, өздік жұмыстары орындау нәтижесінде оқушы азды-

көпті жаңа нәтижеге жетеді. Кез келген сарамандық жұмыс жаңа нәтиже берген жағдайда ғана оқушылардың өз бетімен жасаған жұмыстары болып табылады.

Ал «оқушының ар-ожданына қалай әсер етеміз?» деген сұраққа келер болсақ, оның шарты сарамандық жұмыстар мен өздік жұмыстар бірін-бірі толықтырып, жалғастырып отырады. Оқушыларды білім жүйесімен ғана қаруландырып қоймай, олардың назарын, білгендерін жадында сақтай білу қабілетін, ойлауын, тіл шеберлігін, білім негізін біліп алуға құштарлығын, өмірге көзқарасын дұрыс қалыптасуын, ықыласын, төзімділігін, іскерлігін, іздемпаздығын, тағы да басқа қасиеттерін жетілдіру педагогиканың негізгі мақсаты болса, әр ұстаздың міндеті – оқушылардың білімін түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жетілдіру болып табылады. Баланың танымдық құштарлығын арттыру, олардың ойлау қабілетін дамыту негізінде ұйымдастыру керек. Оқушылардың өз бетімен орындауына берілетін әрбір тапсырма, олардың күші келетіндей түсінікті, көлемі жағынан бағдарламаға сай, мазмұны оларды қызықтырарлықтай әр түрлі болғаны жөн.

Әрбір жұмыс орындалған соң тексеріліп кері байланыс беріп тұруы қажет. Оқушыға «дауысын қандай әдемі еді» деп ілтипат жасау арқылы позитивті тәрбиенің керемет үлгісін көрсетуге болады. Оқушымен қарым-қатынаста баланың кемшіліктеріне емес, артықшылықтарына көңіл бөлу керек екенін байқау. Асып-тасып жатқан жақсылығының ішінен кемшілігін тауып алудың ұстаз шеберлігі емес екенін, керсінше, көптеген кемшіліктерінің көлеңкесінде қалып, көрінбей қалған артықшылықтарын байқап, соны суырып шығара алудың өзі ұстаздық шеберлік екенін түсіну керек. Класта және үйде өз бетімен орындалған жұмысын мұғалім көңіл бөліп тексермесе, онда оқушылар білімге деген жауапсыздық пен ұқыпсыздыққа үйренеді.

Бұл жерде де жай ғана сабақ өткізу емес, сапалы сабақ өткізу.Оқушыны тындаған болу үшін тындай салуға болмайды. Оны жан-тәнімен тындауды үйрену керек. Назар аудару керек, жай ғана жақсы көру емес, шынайы жақсы көру. Себебі оқушыны жақсы көрмейтін ұстаз жоқ шығар деп ойлаймын. Оны тыңдап жатқан кезде, оған «мен үшін ең маңызды адам сенсің» дегенді немесе «қазір мен үшін ең маңызды жұмыс сені тыңдау»дегенді сезіндіре алу қажет. Осы құндылықты ескеріп, оларды әдетке айналдырса, оқушы мен ұстаз арасында сенімді көпір орнайды. Айтылған жағдайлардың маңызды екендігі өз-өзінен түсінікті. Тәжірбие көрсеткендей, бұл бағытта аянбай тер төгіп келе жатқан педагогикалық ұжымдар жетіп түр. Сөйтіп, биік деңгейдегі білім мен тәрбиені шығармашыл, идеялық-әлеуметтік, моральдық тынысы кең, әрбір мүшесі білікті ұжым ғана жүзеге асыра алады. Бір қызығы, біз қанша шебер болып, сабақты қалай өткізіп жатсақта, бала балалығын істеуді және қателесуді тоқтатпайды. Өйткен ол – бала.

«БИОЛОГИЯ ПӘНІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ..»

Сисенова Замира Максутовна
"№ 58 жалпы білім беретін орта мектебі" КММ

Адамның өз ана тілін қанық білуімен қатар өзге бір ұлттың тілін жетік игеріп, сол ұлт азаматтарымен өзара түсінісе алатыны үлкен біліктіліктің белгісі деуге болады. Өмірде өзге бір ұлттың тілін білетін адам сол халықтың ішкі жан-дүниесін түсініп, барлық мәдени құндылықтарымен танысу орайына ие бола алады. Азаматтарымыздың қазіргі ай сайын алға қадам басып, күн сайын жаңарып, тез қарқынмен дамып бара жатқан өзгерістерге толы өмірге ойдағыдай сәйкесуі үшін қос тілді болып қана қалмай, сонымен қатар көп тілді болуы басты қажеттілікке айналуда.

Қазіргі таңда адам қызметінің барлық салаларында жаһандану үрдісі орын алғандықтан, білім беру саласында қайта қарастырулар болып жатыр. Сол себептен ақпараттық- коммуникативтік құзырлықпен қатар, полимәдениеттілік бүгінгі уақытта білім беру құзырлығының басты бағыттарының бірі ретінде анықталды. Көптілді білім беру дегеніміз - оқу үрдісі барысында екі не одан да көп тілде білім беру. Мемлекетіміздің мектеп реформасында қаралған үш тілде оқыту – қазіргі заман қажеттілігі. Осы мақсатта қазақ, орыс, ағылшын тілдері ұлтына қарамастан тең дәрежеде асырылады.

Биология пәнін ағылшын тілінде үндестіре отырып оқыту - өмірден өз орнын тандай алатын өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез - келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, өзге дамыған елдермен білім бәсекелестігіне түсе алатын, еліміздің биология саласын дамытуға үлес қоса алатын, көптілді және көпмәдениетті құзіреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыруға ықпал етеді. Мектептерде көптілді білім бере отырып тілді терең меңгерген шәкірттер білім алып шығуы тиіс. Бір жағынан мемлекеттік тілдің қызмет аясын кеңейту болса, екінші жағынан ағылшын тілін жаһандану экономикасындағы ғылыми - ақпарат алудағы желісін кеңейту болып табылады.

2019 жылдың 28 ақпанынан бастап «Ұстаз» біліктілікті арттыру орталығы ұйымдастырған ағылшын курсын 2019 жылдың 4 қазанында тәмамдап, B1 және B2 сертификаттарын алдым. Осыған байланысты биылғы 2019-2020 оқу жылынан бастап, аталған мектепте эксперимент сынып ретінде биология пәнінен 8-ші сыныптар алынды. Сабақ аптасына бір рет факультатив есебінен жүргізіледі. Жылына 34 сағатты құрайды. Факультатив тақырыбын «Biology 8» деп алдым. Астана – кітап, 2017 баспасынан шыққан Biology, Grade 8 оқулығын пайдаланамын. Аталған курстың мақсаты – оқушыларға ағылшын тілін үйрету арқылы пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Әуелгіде жұмыс жүргізу барысында өзімде бірқатар қиындықтар туындады. Бастапқыда сабақты өзге тілде өту өте қиын болып көрінді. Себебі ағылшын тілін жетік білмедік. Оқушылардың біразы тілді біліп, өз ойын еркін жеткізе алып, сөздердің айтылуын дұрыс айтса, енді біразы тілді жақсы білмейтін, дұрыс оқи алмайтын оқушылар болды. Қос тілде жазылған оқулықтардың жеткіліксіздігі және пәнді екі тілде оқыту барысында, сабақты жартылай ағылшын, жартылай қазақша жүргізілуде уақыттың жетіспеушілігі болды. Ал енді жұмысты жүргізу барысында оқушылардан мынадай жетістіктерді байқадым: биология пәніне қарағанда оқушылардың биологиялық терминдерін ағылшын тілінде өткенге қызығушылық танытатындықтары байқалды. Биологиялық терминдерді үйрету үшін көптеген дидактикалық материалдар жинастырамыз, соның негізінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, белсенділігі артты.

Сабақта жаңа ақпаратты меңгерту үшін қолданатын әдістеріме тоқталсам, жаңа сабақты үнемі фотосуреттер, бейнебаяндар, бағыттаушы сұрақтар қою арқылы ашып отырдық. Жаңа сабақтың тақырыбымен танысқан соң, сол тақырыпта кездесетін термин сөздердің ағылшын тіліндегі нұсқасымен таныстырамын және аудиожазбаны тыңдатамын. Оқушылардың қызығушылығын оятып, уақыттарын үнемдеп қана қоймай, қосымша деректерді тиімді қолдануларына мүмкіндік береді. Жаңа сабақ туралы шамалы ақпаратты өзім беріп, тақырыпшаларды үш топқа бөліп беремін. Үш топ тақырыптарды оқып, сол бойынша сұрақтар қойып бір бірімен алмасады. Сонымен қатар әр оқушы жекелей, жұппен орындайтын жұмыстар беремін.

Қорыта келгенде, өз тіліңді құрметтей отырып, өзге тілді үйрену, білім ғылымда тиімді қолдану, әрі қарай дамыту, оларды болашақ ұрпақтарымыздың меңгеруіне, ағылшын тілін жаратылыстану бағытындағы пәндерімен кіріктіре оқуына мүмкіндік жасалып, тілдер гармониясының бірлігіне жол ашылуына орасан зор жұмыс жасалып жатыр. Егемен еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан –

жақты дамыған рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан – жақты, бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыру болып отыр. Менің ойымша, жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту жаңа мағлұматтарға жол ашады. Жастар заман көшінен қалмай бірге жүре алады деп санаймын. Бүгінгідей ақпараттық технология өркендеп тұрған заманда оған толық мүмкіндік бар. Осы бір жаңашыл қадам кейін шәкірттеріміз бізге алғыс айтатындай бағдарлама болады деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:
1. Астана – кітап, 2017 . Biology, Grade 8
2. Ағылшын тілін және жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді (информатика, физика, химия, биология, жаратылыстану) кіріктіріп оқыту. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2016. – 94 б.
3. Қазақстан мектептерінің оқу үдерісінде үш тілде оқытудың бірыңғай тілдік стандартын қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулық, 2018.-32 б.

РОЛЬ КРАЕВЕДЕНИЯ В ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ

Скороходова Н.А.
Мартукская общеобразовательная средняя школа №3

Одним из важнейших направлений в работе современной школы является краеведение, основной целью работы которого является углубление и расширение знаний учащихся о природе, истории и культуре родного края, формирование духовно-нравственных качеств и патриотических чувств учащихся, формирование казахстанского патриотизма. Краеведческая деятельность учащихся способствует становлению их активными участниками творческого обновления, преобразования и развития своей малой Родины. Сегодня возрастает роль краеведения, ставшего неотъемлемым элементом регионального компонента образования, отражающим своеобразие края (географию, историю, биологию, экологию, художественную литературу и фольклор, искусство и другие), его специфические потребности и интересы. Исследование краеведения в Республике Казахстан в целом и в её регионах в частности продиктовано необходимостью воспитания у подрастающего поколения чувства гражданственности, национального самосознания, собственного достоинства, положительных качеств личности. Материалы по популяризации и пропаганде краеведческих знаний среди

обучающихся отражены во многих документах, в частности в «Концептуальных основах развития краеведения в Республике Казахстан», где говорится о том, что краеведческая работа издавна являлась составляющей учебно-воспитательного процесса в общеобразовательной школе [3]. Сегодня эта составляющая существенно расширяется и модифицируется.

В толковом словаре С.И. Ожегова написано: «Краеведение - изучение отдельных местностей страны с точки зрения их географических, культурно-исторических, экономических, этнографических особенностей». К плеяде казахстанских краеведов можно отнести таких видных деятелей как Муса Шорманов, Шокан Уалиханов, Салих Бабаджанов, Григорий Потанин, Николай Катанов, Евгений Михаэлис, Алихан Букейханов, Алексей Белослюдов, Александр Чулошников, Ахмет Байтұрсынов, Каныш Сатпаев, Алькей Маргулан, Федор Фиельструп, Ермахан Бекмаханов, Александр Затаевич,

Максим Зверев и др. На современном этапе изучение истории краеведческого движения, в том числе и в контексте архивных источников, приобретает особое значение [2].

Краеведческая работа – это система фундаментальных знаний о народе, об особенностях быта и трудовой деятельности, национальном характере, психологии, мировоззрении, культуре, а также о семье, своей родословной, о родном крае и всем, что связано с ним. Освещение роли и места известных личностей в истории края позволяет осуществить учащимся идентификацию себя с конкретными историческими деятелями. Примеры героизма земляков через персонификацию помогают воспитанию патриотизма и гражданственности учащихся.

Краеведение способно формировать культуру межнациональных отношений, воспитывать терпимость и уважение к истории, традициям, обрядам, культуре, языку наций и народностей, проживающих в рамках или за пределами своих национально-территориальных образований. Краеведение также решает и актуальную во все времена задачу: сохранение культурного и духовного наследия родного края, учит любить не только свои родные места, но и знанию о них, приучает интересоваться историей, искусством, литературой, культурой, повышать свой культурный уровень.

Положительная тенденция роста интереса к краеведению в современных образовательных учреждениях в значительной мере связана с введением в соответствии с Законом РК «Об образовании» национально-регионального компонента школьного образования [1]. Краеведение является тем элементом образования на сегодняшнем этапе, который обогащает учащихся знаниями о родном крае, воспитывает любовь к нему и способствует формированию гражданственности и толерантности. Оно раскрывает учащимся связи родного города, села с великой Родиной, помогает уяснить неразрывное единство истории, почувствовать причастность к ней каждой семьи и признать своим долгом, честью стать достойным наследником лучших традиций родного края. В основе краеведческой работы лежат поиск, дерзание, глубокий интерес к прошлому. Краеведение – одна из самых распространенных и популярных среди педагогов и обучающихся форм внеклассной работы по любому учебному предмету. Одной из форм реализации краеведческой деятельности в школе является научно-исследовательская, проектная и творческая деятельность.

Положительные стороны проектной деятельности отмечали С.Т. Шацкий, В.Н. Шульгин, М.В. Крупенин и другие педагоги. Это развитие инициативы школьников, навыков к плановой работе, умение взвешивать обстоятельства и учитывать трудности. В процессе выполнения проекта дети учатся настойчивости в достижении цели, самостоятельности. Приведем пример проектов, направленных на формирование краеведческих знаний.

Литературный проект ученицы «Топонимы Мартукского района в автобиографических произведениях Рауля Мир-Хайдарова» посвящен исследованию географических названий-топонимов Мартукского района в автобиографических текстах мартукского писателя Рауля Мир-Хайдарова. Объект исследования – автобиографическая проза Р. Мир-Хайдарова. Материалом для исследования послужили роман «Ранняя печаль», повесть «Мартук – пристань души моей» Р. Мир-Хайдарова. Цель исследования – выяснить, какова роль географических названий в произведениях писателя. В проекте мы рассмотрели понятие «топоним» в современной научной литературе, представили классификацию топонимов и их воплощение в художественных текстах Р. Мир-Хайдарова. Чаще всего у Рауля Мир-Хайдарова употребляются такие разновидности топонимов, как ойконимы и урбонимы. Все топонимы, употребленные писателем, являются реальными топонимами и связаны с определенными фактами из биографии автора, являются ярким изобразительным средством, создают образ малой Родины, Мартукского края. Формой представления проекта стал

классный час о творчестве писателя. Данный проект пропагандирует творчество писателя Мир-Хайдарова и повышает интерес к краеведческой деятельности.

75-летней годовщине победы в Великой Отечественной войне посвящен проект «Роль прессы в годы войны на примере газеты «За большевистские колхозы». Страницы прессы стали летописью массового героизма людей на передовой и в тылу. Осознать смысл событий того страшного времени ученикам помогла Мартукская районная газета «За большевистские колхозы». В годы войны газета печатала очерки, статьи, письма, приказы и сводки Информбюро. Цель исследования: определить, какую роль играла пресса, а именно газета Мартукского района «За большевистские колхозы», в годы Великой Отечественной войны. В ходе исследования ученица познакомилась с историей развития прессы, узнала, что ее роль в годы войны заключалась в поднятии боевого духа народа, что способствовало самоотверженному труду земляков-мартучан для обеспечения всех нужд фронта. Мартук дал Родине пятерых Героев Советского Союза и Социалистического Труда. Газета внесла свой вклад в дело Победы.

Качество и объем краеведческой работы школьников, увлеченность и масштабы их деятельности во многом зависят от учителя. Если учитель не относится формально, если он заинтересован, то тогда можно добиться огромных результатов. Поэтому успешные результаты школьного краеведения во многом зависят от заинтересованности самого учителя и оттого, как он сумеет заинтересовать краеведческой (поисковой) деятельностью своих учеников. Учитель должен хорошо знать свой край (область, регион), систематически его изучать и владеть знаниями краеведческой работы со школьниками. Занимаясь краеведческой работой с детьми и подростками, учитель в первую очередь повышает свой интеллектуальный уровень и более глубоко овладевает профессиональной компетенцией. Краеведение для учителя — верный путь к научно-исследовательской деятельности. Таким образом, развитие краеведения является актуальным направлением современного образования, т. к. главной его функцией является воспитание гражданственности и патриотических чувств у молодого поколения.

Литература:

1. Закон Республики Казахстан «Об образовании». Электронный ресурс: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30118747&pos=3;-106#pos=3;-106

2. Казиева А.Н. Роль краеведения в школах Казахстана. Электронный ресурс: http://articlekz.com/article/19618

3. Концептуальные основы развития краеведения в Республике Казахстан, утвержденные приказом МОН РК от 12.06.2020, № 248.

ЖАҢАША ОҚЫТУ – ЖЕТІСТІК КӨЗІ

Сқақ Лаура Әбдірахманқызы
«А.Байтұрсынұлы атындағы лингвистикалық мектеп-гимназия» КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Сөзімді Елбасының жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру туралы ой-тұжырымынан бастағанды жөн көріп тұрмын. «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу.Сол үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу...», – дейді.

Ең басты баса назар аударылған инновация – педагогикалық категория ретінде жаңғырту, жаңарту деген мағнаны білдіреді. Инновация – жаңаша ойлау. Сондықтан да бүгінгі білім беру жүйемізге ұлттық дәстүрлерімізді сақтай отырып, өз бетінше ізденіп, жаңаша ойлайтын, бүгінгі ақпараттық технологияның қыр-сырын жете меңгерген, оны тек сапалы білім алу мақсатында қолдана білетін, елінің тарихын жастайынан қызыға оқып, әдебиетімен сусындаған, ана тілінің терең қатпарлары мен бүгінгі жаңа бағыттарын және бірнеше тілді жете меңгерген дара тұлға қалыптастыру басты бағыт болып отыр.

Қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, қазақстандық білім беру кеңістігіне бағыталуда. Бұл педагогика теориясымен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді,білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым –қатынас пайда болды. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдында қойылып отырған басты міндеттердің бірі-оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру.Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, рухани-адамгершілік, азаматтық және де басқа көптеген адам келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін -өзі дамытып,оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Бүгін жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу- әрбір ұстаздың басты міндеті. Оқушының шығармашылығын үнемі ұстаз, сынып ұжымы, ата-аналар тарапынан қолдау тауып отыруы керек. Осы орайда айта кетерім, өз сыныбымның ата-аналары тарапынан үлкен көмек,қолдау болғаны. Оқушыларға беріліп отырған шығармашылық тапсырмаларды қызықты әрі талап пен талғамға сай орындатуға , интернет желісін пайдалану арқылы қосымша мәліметтер жинауға, әр түрлі жұмыстардың орындалуын қадағалауда олардың еңбегі зор деп білемін. Ата-аналар ұжымына алғысым шексіз. Шығармашылық жұмыстарды орындату , балалардың бақылау, байқау қабілеттері артып, бір заттың әр алуан белгісін аңғара білуге үйретеді. Ал, осыған сай қазір білім беру жүйесінде қарқынды өзгерістер болып жатыр. Ол өзгерістер оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды талап етеді. Заман талабына сай жұмыс жасау және оқытудың жаңа технологиясын еңгізу арқылы белгілі мақсатқа жетуді көздеймін.

Өз сабағымда оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін шығармашылық қабілеттерін дамытуда әр түрлі әдіс – тәсілдерді қолданамын. Шығармашылық жұмыстар оқушыларды ойлауға жетелеп, қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілетін арттыруға, белсенділікке , сынып көшбасшысы болуға ынталандырады. Ал менің негізгі мақсатым - дарынды, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру. Оқушылардың шығармашылығын дамытудың басты жолы- сабақ өткізу мәнерін өзгерту деп білемін. Әр сабақтың мақсат-

міндетін тиімді қолдану- мұғалім шеберлігіне байланысты.Оқушының шығармашылығын дамытуда мынадай әдіс-тәсәлдерді қолданған тиімді дегім келеді.

1. Балаларға белгілі тақырыпта әңгіме оқытып, оқушыларға өздері басқаша аяқтауға кілт боларлық сюжет ұсыну.
2. Әңгіменің, ертегінің сюжетін бастап, аяқтауды оқушыға тапсыру.
3. Ертегіні ұжым болып тыңдау.
4. Үйқас ұсынуарқылы өлең шығару.
5. Белгілі мақал негізінде әңгіме жазу. (ЭССЕ)
6. Мәтін бойынша мақал құрастыру.
7. Өтірік өлең құрастыру.
8. Мәтін бойынша сурет салу.
9. Жұмбақтар шығару.
10. Мақалалар , құттықтаулар, хаттар жазу.
11. Берілген тірек сөздер арқылы қызықты мәтін құрап, жоспар құру.
12. Ақын-жазушыларға, әңгімен кейіпкерлеріне постермен жұмыс жасау
13. Өтілген тақырыптарға қосымша мәлімет іздеу (кітаптардан, интертет желісінен)

т.т.с “Баланың шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін ең бастысы жағдайлар жасау қажет”. Оқушының дарындылығының дамуы, қабілетінің ашылуы көбінесе мұғалімнің кәсіби біліктілігне және оның тұлғалық қасиетіне байланысты екені айдан анық.

Қазіргі кезде қоғамға қажетті мамандықтар тез бейімделуді, ептілікті, шапшаңдылықты, ерекше ойлау қабілетін, қиындықтан шыға білуді , адамдармен тіл табыса білу қабілетін қажет етеді. Бұл қасиеттердің барлығы да шығармашылық жолдан басталады. Оқушылардың өзін-өзі тануға ұмтылуы , ізденуі -табиғи құбылыс. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Ал , қазіргі қоғамда ақыл-ойы кемел ,шығармашылық жағынан қабілетті, іскер және білімді тұлға даярлау әр ұстаздан талап етіліп отыр. Сондықтан да оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды білім берудегі басты бағытым деп білемін.

Қолданылған әдебиеттер:

ҚР Білім туралы Заңы. Астана. 2004 жыл.
Н.Назарбаев “Біздің халқымыз жаңа өмірге бейімделуі керек”.//”Егемен Қазақстан”. 31 мамыр. 2000 ж.
Бабаева Ю.Д. Динамическая теория одаренности. Основные современные концепции творчества и одаренности. М. 1997г.
Мектеп журналы № 04 2007 ж (6б-7б)
Мектеп журналы № 08 2007 жэ (3к-32 б)
Қазқстан мектебінде №1 2008 ж (9б-10б)

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЖАҢАША ИННОВАТОР ТӘРБИЕШІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАРДЫҢ ЖҮРГІЗІЛУІ

Смагулова Гульнара Избергеновна
«Назерке» МДҰ тәрбиешісі

«Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретіндегі мектепке дейінгі біліім беруге баса назар аударған жөн.»
Н.Назарбаев

Ересек тобынан бастап сеанс ретінде 10-12 сабақ, 25-30 сабақ арнайы әдіс-түсілдер арқылы аз топты 6-8 баламен Ойын түрінде әртүрлі мәселелі балалармен жүргізіледі. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы - қоғамның идеялық бірлігінде» дейтін еңбегіндегі мына бір тамаша ойға жүгініс жасаған дұрыс болар: «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенің мақтанышпен сезіне алатындай іс- қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің мәселелері де, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс. Әрбір адам бала кезінен Қазақстан – менің Отаным, мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн». Міне, осы сөздің өзі – тұла бойы тұнған отаншылдық тәрбие міндеттері. Қазақстандық патриотизмнің анықтамасы да осынау ойдан арна тартады. Балаларға патриоттық рух беретін, халық үшін қызмет етуге үндейтін, өз елін қорғау үшін керек десе, жанын қиюға дейін баруға болатынын іспен көрсететін және үстем таптың озбырлық ниеттерін айқын әшкерелеп, оған қарсы күрес жүргізуге шақыратын Махамбеттің қуаты күшті шағын өлеңдерінің балалар үшін маңызы ерекше. Махамбет балалар әдебиетінің өкілі емес, бірақ Махамбет өлеңдерінің бірсыпырасы балалар мен үлкендерге бірдей ортақ мұра. Абай халықтың болашақ жаңа қауымына, жасөспірімдерге арнап талай өлеңдер жазды, нақыл сөздер айтты. Жастарды өнер-білімге шақырды. Абай өз өлеңдерін еріккеннің ермегі еткісі келмей, жастарға үлгі – өнеге көрсету үшін жазатындығын алдын ала ескертіп өтеді. Білімді ұрпақ туған ұлт – халық үшін қызмет етсін дегенді басты міндет етіп қояды. Ыбырай атамыз да бар үмітін жас ұрпаққа артты. Ыбырай атамыздың соңында қалған мұрасының жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру ісіне тигізетін әсері зор. Өйткені патриотизм қашанда, қандай қоғамда да өзінің әлеуметтік мәнін, маңызын жоғалтпайтын ұғым. Отаншылдық сезім – адамға туа біткен қасиет емес. Ол адамның саналы өмірімен қабаттас қалыптасатын психологиялық, саяси -әлеуметтік құбылыс. Патриоттық сезім жалпы адам баласының еліне, жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын түйсінуін, қуаттап қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші болып табылады. Отансүйгіштікке тәрбиелеу - баланың өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімін оятып, оған адал қызмет жасауға, оны қорғауға баулу; туған ел тарихы және өз халқы мен басқа да ұлыстардың мәдени мұрасын, салттары мен дәстүрлерін қастерлеу қатынасын қалыптастыру. Патриоттық тәрбиенің маңыздылығы олардың құқықтық және әлеуметтік тұрғыдан қорғалған толық кепілдігімен азаматтардың құқықтары мен міндеттерін қамтамасыз ететін конституциялық еркіндік, экономикалық дамыған, әлеуметтік тұрақты өркениетті, демократиялық мемлекет құру бойынша болып жатқан процестер бірнеше маңызды сапалы жаңа міндеттерді жоғарылатқан жағдайда өседі. Азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие гуманизмге, қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға, Қазақстанның басқа халықтарының мәдениетін зерттеу және игеруге негізделген азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, құқықтық және полимәдениетті, қалыптасқан ұлттық өзіндік сананы, ұлт

аралық мәдени қарым-қатынасты, әлеуметтік және діни төзімділікті қалыптастыруы тиіс. Қазіргі жағдайда тәрбиеленуші-лердің құқықтық санасын, олардың балалар мен жастар ортасында құқық бұзушыларға қарсы тұруға дайындығын қалыптастыру аса маңызды мәселе. Балалар мен жастардың азаматтық патриоттық, құқықтық мәдениетінің әлеуметтік мәртебесін көтеру әрі азаматтық патриоттық, құқықтық тәрбие бойынша ғылыми негізделген саясат жүргізу; білім беру ұйымдарында азаматтық құқықтық, патриоттық тәрбие беруде мазмұны мен әдіс тәсілдер мен оқу тәрбие құрылымының өзара іс әрекеттестік негізінде деңгейін көтеру; Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге, қоғамның саяси және рухани өмірі саласындағы міндеттерді қайта жаңартуға бағытталған идеялық-тәрбие жұмыстары мемлекеттің стратегиялық бағдарымен анықталды. Еліміздің тәуелсіздік алып, егемендікке жетуі қазақ халқының және республикада тұратын басқа да халықтардың ұлттық дүние танымының өсуіне жағдай жасады. Руханилық, адамгершілік, толеранттылық базасында әлеуметтік қатынастар ұдайы өндірісінің мобилизация ресурсы ретінде таралудың көбеюі патриотизмге деген кезқарастың соңғы кездері әлеуметтік дамудың маңызды құндылығы ретінде табады. Патриоттық тәрбиені анықтайтын принциптер қатарына келесілерді жатқызуға болады:

- адамның патриоттық санасының әлеуметтік-мәдени детерминациясы;
- оның мінез-құлқының әлеуметтік құндылық жанамалылығы;
- ұрпақаралық рухани құндылық сабақтастығы;
- толеранттылық;
- әлеуметтік ұқсастылық;
- Отанын қорғауға дайындығы.

Патриоттық тәрбие - бұл азаматтарда жоғарғы патриоттық сананы қалыптастыру, Отанға деген берілгендік сезімі мен азаматтық парызын орындауға дайындығы және Отан мүдделерін қорғаудағы конституциялық міндеттері арқылы атқарушы билік жүйесінің, саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, оқу орындарымен ғылыми ұжымдар, көпжоспарлы, жүйелі орындауға болатын мақсатты және үйлестірілген қызметі.

Пайдаланылған әдебиеттер :

1.«Балабақша меңгерушісі мен әдіскері» журналы, № 4 , 2015 жыл .
2.«Бала мен балабақша» журналы, № 4 , 2012жыл
3.12 жылдық білім беру бойынша мемлекеттік стандарт жобасы.
4.«Жалпы педагогика» . 2009ж М.Жұмабаев.
5.Педагогикалық еңбектер .2008ж
6.Оқушылардың шығармашылығын дамыту» Ғылыми-әдістемелік журнал, №5 , 2009 ж
7.Тұрғанбаев Б. А. «Дамыта оқыту технологиялары» , Алматы 2000 жыл.

БАСТАУЫШТА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС—ТӘСІЛДЕРІ

Смагулова Гульдария Мажикбаевна
«Қандыағаш қаласы №3 мектеп-гимназиясы» КММ, бастауыш класс мұғалімі

Соңғы жылдарда әлемдік реформалар білім беруде де өз үлесін қосуда. Білім берудегі тиімді әдістер оқушылардың өмірге көзқарасын қалыптастырып, сүйіспеншілігін арттырады. Олардың эмоциялық сезімдері өз әлемін қалыптастырады. Барлық әлем смартфонға тәуелді болған заманда баланың ойын, сана-сезімін басқару қиындау. Әйтсе де дұрыс құрастырылған сабақ өз нәтижесін берері хақ.

Білім саласы назардан тыс қалуға болмайды. Соңғы жылдарда әлемдік реформалар білім беруде де өз үлесін қосуда. Болашағымыз – бала. Еліміздің өркендеуі үшін балаға сапалы білім берілуі тиіс. Сол мақсатты негізге ала отырып, жаңартылған білім бағдарламасы оқушының қабылдау деңгейін назарда ұстауда. Сабақ беру әдіс-тәсілдеріне де жаңалықтар енді. Ұлы педагог Ушинский айтпақшы: «Бала-балқытылған алтын». Сондықтан ертеңгі көш бастар тұлға даярлауға міндеттіміз. Оның бойына адамгершілік, жауапкершілік, адалдық секілді қабілеттерді дарыта отырып, өзіне сенімді, рухани бай тұлға жасауымыз керек. Осы орайда мұғалімге ерекше дайындалған сабақ пен түрлі әдіс-тәсілдер көмекке келеді.

Сабақ – мұғалімнің шығармашылық шеберлігіне байланысты. Еліміздегі өзгерістерден мұғалім тыс қала алмайды.

Бүгінде білім саласы нақты тәжірибе жинақтаған. Мұғалімдер өзінің, әріптестерінің тәжірибелерін зерттей отырып, іскерлігін жетілдіреді. Еліміздегі соңғы жылы пайда болған жағдай, білім беру саласына да әсерін тигізді. Осы кезде білім мамандарының инновациялық ойлау қабілеттірінің арқасында олқылықтар жойылды. Жалпы инновациялық білім прогресі пелогогикалыққ жетістіктердің арқасында дамиды.

Бастауыш сыныпта оқушылармен қашықтықтан оқыту қиыншылықтарға әкелді. Онлайн платформалармен жұмыс жасау барысында тат-ана, бала арасында кикілжіңдер пайда болды. Жаңа тақырыпты түсіне алмай бала дал болды. Әлеуметтік желіліремен де қосымша жұмыстар атқарылды.

Сабақтарда тапсырмалар жікке бөлінеді. Жеке жұмыстар, топтық, жұптық жұмыстар. Ватсап желісі арқылы жұптық, топтық жұмыстар мүмкін еместей көрінгенмен, тәжірибе барысында қиындық жеңілді.

Сабақ барысында кейс-стади технологиясы үлкен көмек береді. «Көлік түрлері» тақырыбымен танысқанда осы әдісті қолдануға болады. 1-кейс. Оқушыларға алдымен тақырыпты түсіндіре келіп, алдын-ала тапсырма беріледі. Ол үшін оқушыларды 3 адамдық шағын топтарға бөліп, көліктер туралы мәлімет жинауға тапсырма беріледі.

Оқушылар мұндай тапсырмаларды жауапкершілікпен орындайды.

2-кейс. Үй жұмысын топтар бір-біріне түсіндіреді. Мағлұматтармен алмасып, кесте жасайды. Су көлігі, жер көлігі, әуе көлігін топтарға бөліп алып, әр тапсырманы нақты, қысқа қарапайым тілмен түсіндіріп шықты.

3-кейс. Оқушылар өздерінің ақпараттарын, басқа топтардың ақпараттарын қосып, үлкен ғылыми зерттеу жұмысын құрастырады. Келесі сабақта топ мүшелері өздері танып көлік түрлерін дәл солай анықтап шықты.

4- кейс. Келесі сабақта осы ақпараттарды топ басшылары топ мүшелерімен бірге талдап, зерттеген соң, ой бөлісуге дайындалады. Әр оқушы өзге топтарды ақпараттарын талдайды. Келесі тапсырма – әр топ өз ақпаратының жағымды жағын айтқанда келесі топтар, зияндарын келтіреді. Осы тапсырманы орындағанда оқушылардың сөйлеу, өзін еркін ұстауы көрінеді, сенімділігін арттырады.

Оқушылар «Менің отбасым» тақырыбын өткенде өзіндік жұмыстар жасайды. Отбасы туралы әлеуметтік видео қарап, әрқайсысы әртүрлі мәлімет тауып, ойларын ортаға салады. Мейірім, қайырымды болу, көмектесу секілді қасиеттерді жіктеп талдайды. Оқушылар үлкен жаапкершілікпен қызыға жұмыс атқарады.ы. Бірер оқушы өз бетімен ата-анасының сретін салып келіпті. Сезімге берілген оқушылар балалық махаббатын өлең, ән жолдарымен көрсетті. Сабақ соңында оқушыларға өздерінің ыстық сезімдерін хат түрінде жазып келуін тапсыруға болады. Анасына, әкесіне, атасы мен әжесіне ішкі сезімдерін жазу. Адамға шабыт бергенде, сезімге ерік бергенде алынбайтын қамал жоқ. Уақыттың тығыздығына байланысты үй жұмысын бөліп-бөліп тыңдаға тура келеді.

«Қауіпсіздік ережелері» тақырыбында «Өмір деген не?» деген сұрақ бойынша, өз ойларын ортаға салады. Содан соң видео арқылы берілген ақпаратпен танысуға уақыт

беріледі. Видеода адам өміріне төнетін қауіптер туралы айтылған болатын. «Оның мәліметіне қарағанда, ...» деп бастап, мәліметті нақтылайды. Бұлай жұмыс жасау оқушыларға әрі қызықты, әрі танымды болды. Әр қайсысы түрлі ақпаратпен қанықты. Естерінде қалағандарын толық жеткізуге тырысады. Арасында бір-бірін түзетіп, толықтырып отырады. Алғаш онлайн дәріс басталғанда тартыншақтаған оқушылар қазір онлайн оқуда мүдірместен камерадан да қиналмастан жауап береді. Олар үшін еш ыңғайсыздық тудырмайды. Мәлімет қызықты болған сайын жанын салып дайындалады. Өз ойларын нақты, толық жеткізуге тырысады. Осы сабақта адам өмірінің бағалы екеніне баса назар аударылады. Өйткені, кейбір жайттардың адамға қауіп келтіретінін ұғынады. Сабақ соңында оқушыларға үйде қандай қауіпсіздік шараларын жасау керек? деген сұраққа жауап тауып келуді ұсынылады. Электр тогы желісі, газ, судан келетін қауіптерді, сонымен қоса, жолда жүр ережесінің маңызды екенін анықтайды. Өздері анықтаған ақпарат олар үшін үлкен жетістік еді..

Білім берудегі тиімді әдістер оқушылардың өмірге көзқарасын қалыптастырып, сүйіспеншілігін арттырады. Олардың эмоциялық сезімдері өз әлемін қалыптастырады. Сол себепті, балаға экологиялық білімін жетілдірудің басты қағидасы – олардың бойындағы адамгершілік, жауапкершілік қасиеттерін жетілдіру. Сондықтан сабақтарда жасөспірімдердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, мәліметтермен таныстыру керек.

Соңғы пандемияға байланысты қашықтықтан жүргізілген сабақтарда сонымен қоса, олардың көрнекіліктерінің ресурстарын да ескерген жөн. Мейлінше, қолмен ұстап, өз тәжірибесінде көруге мүмкіндік беруді басшылыққа алған дұрыс. Осы орайда, оқушыларға біліммен қоса, танымдық, руани білімді де сіңіру маңызды. Үй жағдайында да, топырақтың қабатын өлшеп, жануарлардың қаңқасымен танысады. Мысалы, мысық тұқымдастарды тану үшін мысықты, ит тұқымдастарды тануда итті, үй жануарларын, құстарды суреттей отырып, түсіндіру оқушының мәліметті есіне сақтауына мүмкіндік береді. Ал, ағаштардың ерекшелігін білу үшін бірнеше ағаш жапырақтарын салыстырып, олардың ерекшелігімен танысады.

Бастауышта оқыту әдестемесінде оқушылардың өз бетінше білім алуына бағыт-бағдар беріледі. Ол үшін сабақта түрлі карточкалар, видео, аудио материалдармен жұмыс жасаған тиімді. Оларды бірнеше топқа бөлуге болады.

- Күнделікті өмірден алынған тақырыптар.
- Білімін қорытуға, пысықтауға арналған материалдар.
- Оқушының кретивті ойлау қабілетін, дүниетанымын арттыруға арналған топтамалар.
- Сөйлеу тілін, сөз байлығын молайтуға рналған дидактикалық материалдар.

Бастауыш сыныпта оқытудағы «қара жәшік» ішіндегі оқытумен тығыз байланыстырамыз. Сабақ барысында негізгі факторларды назарда ұстаған дұрыс.

- Оқушыларға нақты тақырыпты тани алатындай, түсінгенін жеткізе алатындай сұрақ қойып, жауап алу;
- Оқушылармен бірге сабақ нәтижесін белгілеу;
- Критерийлерге талдау жасау;
- Оқушы өзін және сыныптасын бағалауға мүмкіндік беру.

Білім бала болашағына жасалған инвестиция. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев қазіргі мұғалімнің қоғамдағы орнын бағалай отырып: «Сіздер мен біздер тек болашақ буынды ғана емес, жаны да, тәні де таза білімді патриот азаматтар буынын тәрбиелеуге міндеттіміз» деген еді. Біздің алдымызға қойылған мақсат – заманауи ойлайтын, дарынды, талантты шәкірт тәрбиелеу. Заманың түлкі болса, тазы боп шал демекші, соңғы өзгерістер креативті ойлауға негізделді. Заманның талабына сай әрекет етуге тиіспіз. Баланы оқытуда оның таным деңгейі де ескерілуі тиіс. Кезінде Эдвард Торндайк көрсеткен «түрткі-реакция» моделі баланың мінез-құлқына қарай отырып оқытуға негізделеді. Барлық әлем смартфонға тәуелді болған заманда

баланың ойын, сана сезімін басқару қиындау. Әйтсе де дұрыс құрастырылған сабақ өз нәтижесін берері хақ. Ол үшін әр баланың темпераментіне, жас ерекшелігіне сай келетін тапсырмалар жүйесі керек. Мұғалімнің қаруы- оның білімі. Балаларымыздың болашағына даңғыл жол салуға берілген білінің маңызы зор. Пандемия жылдар бойы салынған жолымыздан тайдырса да, кәсібилігімізді шыңдай түсті. Әр мамандықтың жазылмаған қағидасы бар. Оның көзін ашсаң, шығармашылығың бұлақтай ағады. Мұғалімдіктің көзі – алдында отырған бүлдіршіндердің таным-түйсігіне жол табу. Сондықтан, алдымда отырған қаракөздердің білімді, саналы азамат болып шығуына ат салысудамын. Өйткені, балаларымыздың болашағы – ұстаздың қолында.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. - А., 1998.

1. Аймағанбетова Қ. "Бастауыш сыныптарда дүниетануды оқытудың теориялық негізі". А,2003.
2. «Бастауыш сынып » республикалық әдістемелік – педагогикалық журнал 2014.
3. "Дүниетануды оқыту әдістемесі". Аймағанбетова Қ. А.

ПРИЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ ХИМИИ

Смирнова Марина Алексеевна
средняя школа имени Кобыланды батыра

Современному человеку недостаточно быть только эрудитом, он должен уметь творчески использовать имеющиеся знания для решения новых проблем. Сегодня на первый план выходят методы и приёмы обучения, требующие активной мыслительной деятельности школьников, с помощью которых формируются умения анализировать, сравнивать, обобщать полученную информацию, умения видеть проблемы и искать пути их решения, ставить эксперимент и описывать методику его проведения. Все это помогает реализовать школьникам свои способности в обширном информационном пространстве, позволяет уйти от единообразия в обучении и в максимальной степени учитывать индивидуальные особенности детей. Учитель должен не только помочь учащимся в полной мере овладеть знаниями. Но и проявить свои способности, развить инициативу, самостоятельность и творческий потенциал т.е. формировать функциональную грамотность.

Формирование функциональной грамотности на уроке — условие развития компетентностей учащихся. Инновационные технологии в преподавании химии - это принципиально новые способы и методы взаимодействия учителей и школьников, обеспечивающие эффективное достижение результата педагогической деятельности. Применение новых модулей в образование позволяют развивать функциональную грамотность школьника.

Одной из технологий является **«Развитие критического мышления через чтение и письмо»** — современная «надпредметная» технология. Она решает следующие задачи:

образовательной мотивации: повышения интереса к процессу обучения и активного восприятия учебного материала;

культуры письма: формирования навыков написания текстов различных жанров;

информационной грамотности: развития способности к самостоятельной аналитической и оценочной работе с информацией любой сложности;

социальной компетентности: формирования коммуникативных навыков и ответственности за знание.

Также сюда можно отнести **приём «Синквейн».** Это стихотворение, представляющее собой синтез информации в лаконичной форме, что позволяет описывать суть понятия или осуществлять рефлексию на основе полученных знаний. Синквейн дает возможность подвести итог полученной информации, изложить сложные идеи, чувства и представления в нескольких словах. Синквейн может выступать в качестве средства творческого самовыражения. Синквейн может быть предложен, как индивидуальное самостоятельное задание; для работы в парах; реже как коллективное творчество. Смысл синквейна можно изобразить рисунком. Учащиеся могут составлять синквейн на уроке или дома.

Данная форма работы используется как способ синтеза материала, дает возможность усвоить важные моменты, предметы, понятия, события изученного материала; творчески переработать важные понятия темы, создает условия для раскрытия творческих способностей учащихся. Обычно синквейн используется на стадии рефлексии, хотя может быть дан и как нетрадиционная форма на стадии вызова. Как показывает опыт, синквейны могут применяться в качестве:

1) инструмента для понимания сложной информации;
2) способа оценки понятийного багажа учащихся;
3) средства развития творческой выразительности;
4) способа выражения своего отношения к событию или исторической личности.

Продолжая развивать критическое мышление и формировать естественнонаучную грамотность можно применять **прием «Толстый и тонкий вопросы»** известен и используется в следующих обучающих ситуациях:

Для организации взаимоопроса. После изучения темы учащимся предлагается сформулировать три «тонких» и три «толстых» вопроса, связанных с пройденным материалом. Затем они опрашивают друг друга, используя свои таблицы.

Для начала беседы по изучаемой теме. Если просто спросить: «Что вас интересует в данной теме?», есть вероятность, что вопросы окажутся необдуманными и скороспелыми. Если же после небольшого вступления попросить учащихся сформулировать хотя бы по одному вопросу в каждую графу, то уже можно судить об основных направлениях изучения темы, которые интересуют учащихся.

Для определения вопросов, оставшихся без ответа после изучения темы. Часто учащиеся задают вопросы, не учитывая время, которое потребуется для ответа. Учителя такие вопросы могут называть неуместными и несвоевременными. Описанный прием развивает умение оценивать уместность того или иного вопроса, хотя бы по временному параметру.

Много новых стратегий и приемов для развития естественнонаучной грамотности на уроках химии, это **прием «Шесть шляп» и «Кластер или Гроздья»**

Учащиеся читают текс параграфа и выделяют смысловые единицы тексты и оформляют графически в определенном порядке в виде грозди.

Например, при изучении тем можно использовать **стратегию ИНСЕРТ** («Условные значки») способствует формированию функциональной грамотности учащихся, умению работать с информацией, критически ее осмысливать. Использую информационно-насыщенные тексты. Обязательно учитываю, что учащиеся должны иметь обладать суммой знаний об объекте или процессе изучения.
Например, при изучении тем можно организовать работу следующим образом:

1. Учащиеся индивидуально «в столбик» записывают все, что они знают (или считают, что знают) по данной теме (самостоятельная актуализация имеющихся знаний по данной теме). Затем, в парах, обмениваются этой информацией и составляют кластер, в центре

которого находится тема занятия, а в окружающих ее «гроздьях» записаны те факты, которые детям удалось вспомнить.

2. На доске, всем классом составляется, общий кластер по данной теме. Те факты, которые вызвали споры, отмечаем знаком вопроса. Обсуждаем, какие темы для учащихся являются самыми сложными. Факты, имеющие общее основание объединяем.

3. Работу с текстом можно организовать по материалам учебника. Но лучше подготовитьнаучно-популярные тексты, которые должны соответствовать требованиям программы, возрасту учащихся. При работе с текстом дети используют следующую систему разметки.

«V» — знал, но забыл (известная информация по каким-то причинам не вошедшая в общий кластер).
«+» — никогда бы не подумал, что так бывает! (абсолютно новая информация).
«-» — противоречит моим представлениям (критически к этому отношусь).
«?» — мало информации по этому поводу, хотелось бы больше (возникшие вопросы, желание больше узнать о данном предмете).

Мне не нравиться, когда дети ставят пометки в книге. Поэтому, предлагаю им это делать на листочке, лежащем рядом с полями книги, нужно только обозначить на нем верх и низ страницы, чтобы потом можно было сопоставить пометки с текстом.

4. После прочтения школьники обсуждают результаты и составляют одну на двоих (или одну на группу) таблицу, в которую ключевыми словами вошли бы основные результаты работы.

5. Обсуждаем результаты заполнения таблицы. Возвращаемся к кластеру на доске и корректируем его.

На уроке химия **по теме: «Сера и ее соединения»** в 9 классе можно учащимся предложить следующее задание. Перечислите основные источники оксида серы(IV), как загрязнителя атмосферы и способы его улавливания.



1. Внесите в рисунок недостающие элементы.

Анализируя рисунок, ответьте на следующие вопросы:

А) Как отразится на биоценозе водоема воздействие кислотных дождей (образовавшихся с участием SO_2), выпавших на почву? (запишите уравнения реакций)

В) Каким образом могут быть устранены изменения, происшедшие в водоеме под действием попавшего туда SO_2

2. Вы директор предприятия, изображенного на рисунке. Экспертами-экологами обнаружены отклонения от нормы состава воды из близлежащего озера и установлена причина: большие выбросы SO_2 вашим предприятием.

Что вы предпримете?

– Закроете предприятие
– Усовершенствуете очистные сооружения
– Займетесь очисткой воды в озере.

Формирование функциональная грамотность – это способность человека использовать навыки чтения и письма в условиях его взаимодействия с социумом, то есть это тот уровень грамотности, который дает человеку возможность вступать в отношение с внешней средой и максимально быстро адаптироваться и функционировать с ней.

Используемая литература:

1.Особенности формирования функциональной грамотности учащихся старшей школы по предметам естественно-научного цикла. Методическое пособие. Астана.2013.

2.Новый взгляд на грамотность. По результатам международного исследования PISA-2000. -М.: Логос, 2004

3. Новые требования к содержанию и методике обучения в российской школе в контексте результатов международного исследования PISA -2000 /А.Г. Каспржак, К.Г.

ОҚУШЫНЫ ДАМЫТУДАҒЫ МАТЕМАТИКАНЫҢ ОРНЫ.

Сугирова Камила Жубанышовна
№4 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі
математика пәнінің мұғалімі

Дарындылық дегеніміз – адамдардың қабілеттерін жете жақсы дамуының жоғары сатысы, Осы қабілеттілік арқылы адамдар көптеген жақсы жетістіктерге жете алады. Дарындылық – сапалы қабілеттердің өзіндік бірлесуі: оның арқасында іс-әрекет жақсарады.

Көптеген ғылымдардың ойынша дарындылық, қабілеттілік және талант бір ұғымды білдіреді. Балалардың келешегі жөнінде ойланбайтын, балалардың қабілетті, дарынды, талантты болып, болашақ қызметтерінде үлкен жетістіктерге жетуін армандайтын ата-аналарды табу өте қиын. Бірақ сөйте тұра солардың барлығы бірдей қабілет деген не, оны қалай дамытуға болады және бұл жұмыста жанұя қандай міндет атқару керек дегенді біле бермейді. Қабілеттілік туа бола ма, жоқ әлде жүре бола ма? Олар тұқым қуалай ма, жоқ па? Қабілеттілік барлық балада бірдей дамыту мүмкін бе? Оған қалай жетуге болады? «Қабілеттілік деп – белгілі бір іс-әрекетте ең тәуір нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін адамның жеке-дара психологиялық ерекшеліктері айтылады». Қабілеттілік жалпы ақыл қабілетті және арнайы қабілет болып бөлінеді. Жалпы қабілет негізінен ойлауға қатысты болып келіп, оның аңғарғыштық, ойланғыштық, дербестік, сыншылдық, икемділік т.б. қасиеттерінен көрініп отырады. Жалпы қабілет адамның өзін ой-әрекеттерінің түрлі салаларынан көрсете білуге мүмкіндік жасайды.

Жалпы қабілеті дами білген оқушы математика, физика, биология, әдебиет сабақтарын бірдей жақсы игеріп, мектеп шеберханасы, тәжірибе алаңы, лабораториядағы түрлі еңбек тапсырмаларын да сәтті орындап отырады. Оқушыны дамытуда ежелгі замандардан бері математиканың алар орны ерекше. Математиканың ғылым мен техниканың қарқынды дамуына қосар үлесі аз болған жоқ. Математика – барлық ғылымдардың логикалық негізі, демек, математика - оқушының дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады, оны шыңдай түседі және әлемде болып жатқан жаңалықтарды дұрыс қабылдауға көмек береді. Математика сабағында оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оқушылардың шығармашылық ізденістерін, өз бетінше жұмыс істеу белсенділіктерін арттыру барысында теориялық білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға болады. Оқушылардың ойлау қабілетін дамытуда, математиканың негізін қалыптастыру, ұғындыру, түсініктерін тереңдетуде бастауыш сынып мұғалімдерінің математикалық білімдері терең

болуы керек. Математика пәнін жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі есептерді шығара білу іскерлігі , оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс – амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін , оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамутудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы.

Шығармашылық дегеніміз – адамның белсенділігі мен өз бетінше жұмыс істеуінің жоғары түрі және ол әлеуметтік қажеттілігі мен өзінің ерекшелігімен бағаланады. Ең бастысы, шығармашыл тұлғада шығармашылыққа деген тұрақты қажеттілік, тұрақты сұраныс болып, өз ісіне қанағат табу сезімі болуы қажет.

Қазіргі заман талабына сай шығармашылық қабілеттің дамуына бағытталған білім дегеніміз – жеке тұлғаның толық дамуын қамтамасыз ететін іс Шығармашылық қабілеттің дамуы әрбір балаға қажет екендігін, әр тұлғаның қоғам дамуында өз орны бар екендігін біле отырып, дарынды балалардың тек өткенге емес, болашаққа да қызығушылығымен, іс-әрекеттердің жаңа тәсілдерін көбейтуге қабілеттерімен ерекшеленетіндігін атап өту қажет. Сонымен бірге бұл жеке тұлғалық дамудың мақсаттарына да жауап береді. Баланың дарындылығын анықтаудың негізі мектептен басталады.

Мектеп балаларымен жұмыс істеу – ерекше маңызды педагогикалық проблема. Осыған байланысты дарынды балалармен жұмыс істеудің төмендегідей кезеңдерін анықтауға болады:

- Баланың жеке ерекшелігін, дарынын зерттеу;
- Балалар шығармашылық өнімдерін жариялау;
- Игерілген нәтижелерді бақылау.

Яғни осындай жұмыс істеу бағыттары арқылы бала белгілі бір шеберлікке жеткен соң, оның шығармашылық қабілеті дамиды, өзіндік идеясы туып, үлкен ізденіс пайда болады. Дарынды баланың бойындағы дамыған сана белсенділігі мен таным белсенділігі, тума қабілеті. Ол қабілет мектепте сан алуан ғылыми салалардан білім алу арқылы және ұстаздардың көмегі арқылы ашылады және дамиды.

Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы талант көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға өз әсерін тигізеді.

“Дарындылық — адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет”. Әр баланың бойында табиғат берер ерекше қабілеті, дарындылығы болады. «Бұлақ көрсең көзін аш» - дегендей, осындай баланың бойындағы дарындылық қасиетін дамыту көбіне мұғалімдердің кәсіби біліктілігіне байланысты екендігі айдан анық. Дарындылық пен қабілеттіліктің не екенін,оқушы дарындылығын анықтайтын психодиагностикалық әдістемелердің тиімділігін, нәтижелілігін білетін мұғалім ғана дарынды оқушымен нәтижелі жұмыс істей алады.

Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты — олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету- оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады. Баланың дарындылығын анықтап, олармен жұмыс жасау қалай жүзеге асырылуы керек? Ол үшін оқушының дарындылығын анықтап,дамыту үшін әр пән мұғалімі өзінің алдына мынандай мақсаттар мен міндеттерді қоюы керек.

1. Дарынды оқушының ақыл-ойының, эмоционалдық және әлеуметтік дамуы мен ерекшеліктерінің өзіндік ашылу деңгейі мен өлшемін ескеру;
2. Жан-жақты ақпараттандыру;
3. Коммуникативті бейімдеу;
4. Дарынды оқушының шығармашылық бағытының ашылуына, дамуына, қоршаған ортаға өзін-өзі жарнамалауына көмек көрсету.

Осы мақсаттар мен міндеттерді орындауда мектеп ұстаздары мынандай жұмыс түрлерін өз іс-тәжірибелерінде пайдаланса өз өнімді нәтиже алмақ.

1. Икемді және ұтқыр оқу жоспарын құру;
2. Жеке пәндерді оқытуда тәуелсіз қозғалыс жасау;
3. Дарынды оқушының өзінің жұмысын өзі жоспарлап, шешім қабылдауына ықпал ету;
4. Дарынды оқушының қызығушылығына байланысты оқу жоспарын құру;

Осындай жұмыс түрлерін ұйымдастыруда ұстаздар мынандай мәселелерге баса назар аударулары керек:

1. Пән сабақтарында шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды іріктеу, орындау, талдау жұмыстарын жүйелі жүргізуге;
2. Дарынды оқушылардың білім деңгейі мен олардың өз мүмкіндіктерін пайдалану көрсеткішін арнайы әдістемелер бойынша жүйелі түрде тексеріп отыруға;
3. Сабақтан тыс мезгілде жүргізілетін жұмыстарға - пәндік олимпиада, ғылыми конференцияға, интеллектуалдық турнирлер мен шығармашылық байқауларға дайындық жұмыстарын жыл бойы жоспарлы жүргізуге;
4. Білім беру мекемелерінде дарынды оқушылар үшін арнайы сыныптар мен топтар құрып, оқу бағдарламаларын жеделтетіп оқытуды ұйымдастыруға;

Ал енді бұл мақсаттармен міндеттердің нәтижесі дарынды оқушымен жұмыстағы өткізілетін пән олимпиада жетістіктерінен байқалатыны белгілі.

Ежелгі грек материалисі, философ Демокрит айтқандай, «Еңбек үздіксіз үйренгендіктің арқасында жеңілдей түседі». Олай болса, жас ұрпаққа үйретері мол ұстаздардың ісі өрге жүзіп, еңбектері үстем болсын.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. А.С. Макаренко. Педагогические сочинения. М., «Педагогика»,1988.
2. А.С. Макаренко. Психология труда учителя.М., «Просвещение», 1993.
3. В.И. Андреева. Педагогика творческого саморазвития. Казань. 1996.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // 2021 ж.
5. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // 2020 ж.

ПАРТНЕРСТВО ДЕТСКОГО САДА И СЕМЬИ ЧЕРЕЗ ПРОЕКТНУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ – ЗАЛОГ УСПЕШНОЙ СОЦИАЛИЗАЦИИ РЕБЕНКА

Сулейменова Айгуль Орынбаевна, воспитатель
Шимбекова Зухра Тураровна, психолог
Детский сад № 2 «Бұлбұл», город Актобе

"Собраться вместе - это начало.
Держаться вместе - это прогресс.
Работать вместе - это успех"
Генри Форд

С первых дней своей жизни ребенок окружен другими людьми, взаимодействует с ними, и в процессе этого взаимодействия получает опыт, необходимый ему в дальнейшей жизни.

Человек развивается и совершенствуется под влиянием других людей, приспосабливается к выполнению в обществе конкретных обязанностей, несет

ответственность за свое поведение, действия, поступки. Этот опыт становится неотъемлемой частью личности. Этот процесс называется социализация.

Современному обществу необходим человек с высоким творческим потенциалом, способный быстро принимать решения, конструктивно решать возникающие проблемы, гармонично взаимодействовать с окружающей средой. По мнению многих ученых (Л.А. Венгер, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, С.Л. Рубинштейн и др.), первые годы жизни – это самый важный период для развития ребенка: личностного, социального и интеллектуального.

Именно в этот период у человека формируется самосознание и закладываются представления о себе, моральные и социальные нормы, образуются устойчивые формы межличностного взаимодействия. Большое влияние на процесс социализации в дошкольном возрасте оказывают агенты социализации, то есть люди, с которыми ребенок непосредственно взаимодействует. Ими являются семья, детский сад и общество.

Семья – это родители или лица, постоянно общающиеся и заботящиеся о ребенке, сестры или братья. В детском саду наибольшее влияние на ребенка оказывает воспитатель, но и сверстники и друзья дают ребенку огромный социальный опыт. В дошкольном возрасте наибольшее влияние на воспитание и развитие ребенка, им социального опыта оказывает семья (как один из институтов социализации).

Ребенок в семье учится общению, приобретает первый социальный опыт, учится социальному ориентированию. Изучение образовательной практики показывает, что традиционно вопросам социального воспитания детей дошкольного возраста не уделяется должного внимания, часто игнорируется влияние семьи на процесс социализации ребенка-дошкольника.

Семья, как один из главных социальных институтов для социализации дошкольника, должна быть непосредственно взаимосвязана с детским садом. Очевидно, что семья и детский сад, выполняя свои особые функции, не могут заменить друг друга и должны взаимодействовать во имя полноценного развития ребенка.

Татьяна Николаевна Доронова использует термин "взаимодействие " детского сада и семьи, который предполагает совместную деятельность педагогов и родителей по воспитанию ребенка, общение, обмен мыслями, чувствами. Одной из форм взаимодействия с семьей является проектная деятельность.

Проектная деятельность - это комплексная совместная работа педагогов, детей и их родителей, в процессе которой развиваются познавательные и творческие способности дошкольников, умение использовать полученные знания в разных видах деятельности.

Цель проектной деятельности в детском саду – направить познавательную деятельность воспитанников на определенный и запланированный результат, который получается при решении той или иной теоретически или практически значимой проблемы. Процесс проектирования начинается с ориентации на актуальную проблему, исходя из запроса родителей, воспитанников, педагога.

В ходе реализации проекта происходит совместное обсуждение путей решения заявленной проблемы, выбор средств и способов, организация совместной деятельности, проведение итогового творческого дела или презентация проектов.

Успешность в реализации проектов зависит от соблюдения в практической деятельности принципа интеграции, т. е. проектная деятельность должна проходить через все виды детской деятельности, а результат обсуждаться и сравниваться с замыслом. Вовлекать детей в проектную деятельность можно со средней группы.

В среднем дошкольном возрасте используются ролево - игровые проекты, в старшем – исследовательско-творческие. Проекты в средней группе строятся на основе игры – ролевая,

игра драматизация, воображаемые игры – путешествия. По типу организации бывают педагогические и детские проекты.

Педагогические проекты планируются педагогом в соответствии с темой недели, детские от интересов ребенка. Родители активно участвуют в проектах - рисуют вместе с детьми, читают, просматривают видео по теме, создают элементы костюмов, поделки. Так же они могут предлагать свои темы проектов. Реалии современной жизни подвели нас к тому, что появился новый вид проекта – онлайн проект, целью которого было поддержать интерес родителей и детей к проектной деятельности, помочь им совместно и с пользой провести время, находясь дома во время пандемии. За это время появились такие онлайн проекты, как «Здравствуй, весна!», «Волшебный мир космоса», «Книга памяти ВОВ».

В среднем дошкольном возрасте могут пройти проекты: «В гостях у сказки», «Моя любимая игрушка», «Мой домашний питомец», « Водичка – водичка», «Путешествие в лес», «Зайка в гости к нам пришел», «Умный светофор», «Путешествие на остров дружбы».

В старшем дошкольном возрасте можно предложить следующие темы проектов: «Мой город», «Откуда хлеб пришел?», «Почему корабли не тонут?», «Волшебная радуга», «Воздух – невидимка», «Огород на подоконнике», работа над которыми позволяет родителям совместно с детьми посетить интересные места города, музеи и выставки, провести время за интересными опытами.

Совместная проектная деятельность устанавливает контакты в различном сочетании: взрослый-ребёнок, ребёнок-ребёнок, семья - ребёнок, педагог-родители, создает единое образовательно - культурное пространство дошкольного учреждения и семьи, даёт представление ребёнку о планировании собственной деятельности, возможность поставить вопрос (проблему) и определить пути решения, делает его социально-компетентным, что является залогом успешной социализации дошкольника.

Литература:

1.Агурева Т.Н. История возникновения метода проектов в педагогике//Справочник старшего воспитателя ДО, № 9 -2009

2.Арнаутова Е.П. Педагог и семья.М, изд. дом " Карапуз", 2002

3.Веракса Н.Е. Проектная деятельность дошкольников. Пособие для педагогов ДО/ Н.Е. Веракса, А.Н. Веракса.- М, Мозаика - Синтез, 2008-112с

4. Вместе с семьей: пособие по взаимодействию ДО и родителей/ Т.Н. Доронова, Е.В.Глушакова, Т.И.Гризик. М, Просвещение, 2005

ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Султангалиева Айнура Туремурзовна
Есет батыр атындағы мектеп-бақша КММ, тарих пәні мұғалімі

Ж.Аймауытов бір сөзінде былай дейді: «Сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» Сындарлы оқыту технологиясы бүгінгі таңда бірден-бір тиімді әдіс болып саналады. Мен жаңартылған бағдарлама бойынша «Қазақстан тарихы» және Құқық негіздері» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсынан тәлім алып қайттым. Бұл бағдарламада бізге қазақстанда білім беру мазмұнын жаңартудың алғышарттарын, жаңартылған жалпы білім беру бағдарламасының басымдықтарын, «Қазақстан тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша жалпы білім беру

бағдарламаларының құрылымын, «Қазақстан тарихы» және «Құқық негіздері» пәндерін оқытудағы педагогикалық тәсілдерді, «Қазақстан тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша критериялды бағалау және оқытуды жоспарлауды үйреткен болатын. Мені осы бағдарламадағы критериялды бағалау жайлы айтылған мәліметтер қатты қызықтырған болатын. Сондықтан бұл баяндамамның тақырыбын «Тарих пәнін оқытуда жаңартылған ағдарлама бойынша критериалды бағалаудың тиімділігі» деп алдым. Курстан алған білімімді мектептегі тәжірибеме қолданғанымда сабақты критери арқылы бағалау өте маңызды қадам болды. Оқушылар жаңа бағалауға қызыға қарады. Білімдерін жаңа тәсілдер арқылы бағалау оқушылардың таңғалысын тудырды. Себебі бұрын мұғалім ғана бағалап келген, енді оқушылар бір-біріне баға қоя алатындарын білгенде қызығушылықпен қарады. Оқушылар бір-бірінің жұмысына талдау жасап, оның жақсы, жаман жағын айтып, баға қою оқушылар арасындағы қарым-қатынасты нығайтты. Бағалауда оқушылар өз-өздерін критерийлер арқылы топтық, жұптық бағалау түрлерін меңгере бастады.

Критериалды бағалаудың негізгі мақсаты әр мұғалімнің бағалауды қандай мақсатта және кім үшін қалай өткізу керек екендігі туралы түсінігіне негізделеді.

Критериялды бағалау жөнінде толығырақ айта кетейін. Оқушылар арасында өзара түсіністік және ұжымдық қарым-қатынасты орнатып, оқушылардың сенімсіздіктерін жойып, мүмкіндіктерін арттыруға жол ашатын критериалды бағалау болып табылады.

Критериалды бағалау - бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериалдармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Егер балаға оның белгілі бір деңгейге жеткендігін айтса, онда бұл оған үздік нәтижеге жету үшін не істеу керектігін түсінуге көмектеспейді; бұл ретте егер баламен бірге оның жұмысында мұндай бағалауға не әкелгенін және бағалау өлшемдерін түсіндіруге талдау жасаса, онда бұл балаға өзінің нәтижесін жақсарту үшін кейін не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау төмендегідей қағидаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

· Оқыту мен бағалаудың өзара байланысы. Бағалау оқытудың ажырамас бөлігі болып табылады, ол оқу бағдарламасындағы мақсаттармен, күтілетін нәтижелерімен тікелей байланысты.

· Шынайылық, сенімділік. Бағалау дәл және сенімді ақпаратты ұсынады. Қолданылатын критерийлердің, құралдардың оқу мақсаттарына жетуге, күтілетін нәтижелерді бағалайтынына сенімділігі болады.

· Ашықтық және қолжетімділік. Бағалау түсінікті, айқын ақпараттарды ұсынады, сондай-ақ, барлық оқу үдерісіне қатысушылардың қызығушылық жауапкершіліктерін оятады.

· Үздіксіздік. Бағалау білім алушылардың оқу жетістігінің ілгерілеуін дер кезінде және жүйелі қадағалап отыруға мүмкіндік беретін үздіксіз үдеріс болып табылады.

· Дамуға бағыттау. Бағалау нәтижелері білім алушылардың, мұғалімдердің мектептің, білім беру саласының даму бағытын анықтайды және ынталандырады.

Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты:

Мектепте оқыту сапасын жоғарлату

Мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

Критериалды бағалаудың міндеттері:

Сабақтың әр бөліктеріндегі әр оқушының дайындық деңгейін анықтауға;

Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті;

Жеке оқушының даму жетістігін бақылауға;

Оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындауға;

Әртүрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне көзін жеткізуге;

Оқу бағдарламасының тиімділігін саралауға;

Сабақ үдерісі мен білімнің меңгерілуі туралы оқушы мен мұғалім және ата-ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе, оқу процесінің өзі, сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойлағаны бағаланады.

Бағалау критерилері – оқытудың мақсатын және ара қатысын белгілеуге сәйкес белгі.

А Білу және түсіну

Жекелеген сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасы мақсатына сәйкес келетін нақты фактілерді, ақпараттар және сипаттамаларды білу және жаңғырту. Алынған ақпатарры талдау, қайта жаңғырту, болжау жасау арқылы түсінгендігін көрсете білу

В Қолдану

Бұрын алған ақпараттар мен білімдерін жаңа немесе таныс емес жағдайларда және контекстерде қолдану, пайдалану. Білгенін, түсінгенін, дағдыларын сабақ барысында қолдану арқылы көрсету.

Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін білімдерін қолдануды көрсетудің жолдары: практикалық жұмыс, диаграммалармен жұмыс, кескін картада жұмыс жасай алуы, есептер шығару, жобалар, мәселені шешу және жаңа нәтижелер ойлап табу болып табылады.

С Сыни ойлау және зерттеу

Білім көзінен алған ақпараттарды талдау, синтездеу, бағалау арқылы пікірлер қалыптастыру. Жекелеген сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін ақпараттар мен нәтижелерді жинақтай алу және оларды талдай алу қабілеттілігін көрсету. Ұсынылған болжамдарды дұрыс ақпараттар жинақтау және деректерді пайдалану арқылы зерттеп, бағалап, өз бетімен қорытынды жасау. Әр сыныптар мен пәндер әлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін жасалған қорытынды жайында ой қозғау қабілеттілігін көрсету.

Д Коммуникация және рефлексия

Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәкес келетін ақпараттар, фактілер мен ойлар, пікірлерін ауызша және жазбаша ұсыну. Басқа адамдар ұсынған ақпаратты тыңдап және сәйкесінше жауап қайтара алу қабілеттілігін, басқа адамдардың көзқарасын қабылдай отырып, өз көзқарасын түсіндіру арқылы ортақ ойға келу. Айтылған ойларды, пікірлерді, оқиғаларды ой елегінен өткізу арқылы шешім қабылдау немесе ой толғаныс нәтижесінде іс-әрекет жасау.

Мұндай ма да, қаланың да жалпыға бірдей орта білім беретін мазұнның күрделілігіне сәйкес бағалау бойынша ұйымдастырылған жаңа сипаттағы оқыту үлгісін барлық типтегі мектептерге енгізу арқылы ауылдың да қаланың да жалпыға бірдей орта білім беретін мектептері мен элиталары мектептердің арасындағы айырмашылықтарды жою мәселесі шешімін табады: барлық оқушы барлық пәндерден бірінші деңгейдің тапсырмаларын толық орындап, «сынақтан өтуге міндетті» болғандықтан жүз пайыздық үлгерімге қол жеткізеді. Оқушылар жеке басының қабілетіне сәйкес бағыттағы пәндерді толық және терең меңгеріп жүйелі түрдегі берік білім алуына қолайлы жағдай туады. Дарынды оқушылар барлық пәндерден төртінші шығармашылық деңгейден көрінетін болады. Сонымен қатар, біріктірілген сыныптары бар шағын комплектілі мектептердің де өзекті мәселелері шешімін табады.

Мен өз тәжірибемдегі тарих сабағымда критериалды бағалауды қолданған екі сабақ жоспарымды ұсынып отырмын.

БАЛА-БОЛАШАҚТЫҢ ІРГЕТАСЫ

Султангалиева Нурсулу Жетписбаевна
МКҚК №8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі

Ананың жүрек еті, әкенің білек еті, адамзаттың бауыр еті саналатын баланың орны адамзаттың саналы өмірінде алар орны орасан зор. Жүректердің миуасына айналып, көңілдердің шипасына дауа болып, раушан гүлдей жұпар аңқыған сәбилердің болашақта ақылды, кемел, сөзі сенімді, мінезі келісті болуы үшін алғашқы білім баспалдағы балабақшадан басталары ақиқат. Балабақшаға барған баланың ой-өрісі кәміл болуына әсер етуші – тәрбиеші. Тәрбиешінің берген тәлімі баланың санасының жасынан сай өсуіне, қоршаған ортамен жақсы қарым-қатынас орната білуіне әсер етеді.

Білім берудің ілкі бастауы балабақша тәрбиесінен басталады десек, сәйкесінше мектепке дейінгі білім ошақтарында білімдендіру мен тәрбиелеуде жаңа білім беру технологиялары қаншалықты мән-маңызға ие болса, мектеп жасына дейінгі мекемелерде де жаңа білім беру жүйесінде қызмет жасағандары ауадай қажет. Демек, балабақшаларда оқыту, дамыту, тәрбилеуде заманауи білім беру әдіс-тәсілдерін қолдану аса ыждағаттылықты қажет етеді. Өскелең ұрпақтың саналы, сарапшыл, көзі ашық, көкірегі ояу болуына әсер ететін үдеріс болмақ.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі дамыту және тәрбие беру сатысы ордалы еліміздің орасан зор мағыналы да мәйекті, маңызды да алдыңғы қатардағы мақсаттарына айналды. Тәуелсіз еліміздің тәрбиелі баласын қалыптастыру - балабақшадағы тәрбиешілердің еншісінде. Замана өзгеріп, көш ілгері тартқан сайын білім мектепке дейінгі бала тәрбиелеу үдерісі де күрделеніп, өзгеріп, жаңалықтар көптеп егу үстінде. Балалардың тілін дамытуда, ішкі ойын жеткізе білуіне, дұрыс тамақтанып, салауатты өмір салтын сүре бастауы да осы балабақшадан басталары баршаға мәлім. Ал бала тәрбиелеу жұмысы мына ақпаратқа көміліп жатқан заманда оңайға соқпайды. Балабақшадағы тәрбиешілердің ең тәлімдісі, өз ісінің адалы болашақта мына «бір кірпіш дүниенің кетігін тауып, сен де қалануыңа» әсер еткені болмақ.

Мен – тәрбиешімін. Алдымдағы енді ғана бүр жарып келе жатқан талшыбықтың бәйтерекке айналуына әсер етуші де менмін. Тәрбиелеу мен білімді кәсіптен жоғары санау, әрине, талғамы биік, арманы асқақ тәрбиешінің борышы деп есептеймін. Тәрбиешілік етумен ана орнына ана болудың да мәні екі бөлек. Тәрбиеші балдырғанның санасынан мәңгі орын алатын алтын адам, ақ сүтіне қарыздар анаңнан кейінгі екінші анаң. Сол себептен де, баланың бойында кен түбінде сақталған алтын қазына қасиетін жақұттай жарқырату ұстаздың ұлағаттылығы. Таяқтың екі ұшы, тиынның екі беті бар тәрізді тәрбиешінің сан түрлісі болады. Әрбір тәрбиеші - ана, ал әр ана тәрбиеші бола ала ма? Ол үшін тынымсыз еңбек, көп ізденіс, биік талғам-таразысынан өтердей ақыл-парасат керек екендігі айдан анық.

Әр тәрбиеші бала бойынан болашағынан үміт күте отырып, өзі сол жолда жөн сілтеп, бар білгенін үйрету, дұрыс сөйлеп, ойын айна қатесіз айта алуына мүмкіндік жасау, оқуға шабыт қанатын жаю - ұлы тәрбиешінің қасиеті. Өмірдің сыйы етіп бұйырған әр бүлдіршін сіздің балаңыз. Сол балаңыздың сіздің алдыңызға келген уақытта білім нәрінен бір тамшы да болсын татып кетуі сіздің борышыңыз.

Менің тәрбиеші ретіндегі педагогикалық ұстанымым - әр баланың бойындағы дарынын дамыту, оларды жазалау емес, ынталандыру, бақылау емес бағыттау, үгіттеу емес – тәрбиелеу. Ал екінші анасы ретіндегі борышым – оларды құрметтей отырып, өз баламдай бауырыма басу, шексіз сүю, болашағынан үлкен үміт күту. Сонда ғана алдымдағы әрбір бала мені екінші

анасындай сезінуіне, жанына жақын тартып, қысылтаяң шақтарда сырын бүкпесіз айта алуына әсер етемін деп ойлаймын. Тәрбиеші өзіңізге берілетін әрбір күнде бала тәрбиелеу үдерісінде «уақытты тиімді өткізе алдым ба, берілген тапсырмаларды орындатып қана қоймай, олардың сол сабақты өздері меңгеруіне талпыныс жасадым ба, сабаққа белсенсіз қатысқан балаларым болды ма, олардың адамгершілік тұрғысында, рухани дамуына үлгі бола алдым ба?» - деген сауалды қоя отырып, өз-өзіңізге есеп беруден шаршамасаңыз, ісіңізге адалдығыңызды таныта түседі деп ойлаймын.

Бүгінгі таңда балабақшадағы тәрбиешілердің ұстанымдарының бастысы тәрбиелеу үдерісінде екі жақты тең қарым-қатынас. Балаларға басшылық етуден гөрі, ынтымақтастықта әрекет етуді құптап жатқан тәрбиешілерді көзіміз шалуда. Аталған әрекет баланың санасының дами түсуіне, мінезінің көркем қалыптасуына, логикалық ойлау шеберлігіне, интеллектуалды тұлға қалыптасуына, сыни тұрғыда ойлай білуге жетелейді. Мектепке дейінгі сәт бала өміріндегі орын алар ең маңызды шақ. Балалық шақта алған тәрбие, ғалымдардың зерттеуінше, өмір бақи адам санасында сыр сандықтай сақталып тұрады. Бала тілінің толық шығуы да осы балабақшадағы тындырымды жұмысқа байланысты, тілі шығуға қиналған баланың сөз бен сөзді құрауына да тәрбиеші көмектесуі керек. Сонымен қатар әрбір дыбыстың анық айтуынша, санамақты айна қатесіз ретімен айта алуы тәрбиешінің өз жұмысына қаншалық бөлгендігін айқындайды. Сол себептен де жан-жақты, заман талабына сай, замана көшіне ілесіп, ілгері жылжып салыстырмалы түрде өзге де елдердің тәрбиелеу үдерісін қарастыру да керек. Сараптап алынған тәрбиелеу жүйесін жүйелі түрде жүзеге асыру тәрбиешінің құзіреттілігін көрсетеді. Тәрбешілердің жұмысының нәтижелі болуына заманауи білім беру технологияларын, ойын технологияларын қолдануы әсер етеді.

Балабақшадағы баланы ерекше қуантатын нәрсе – ойын. Өзі қатарлы балалармен ойнау балаға жағымды атмосфера тудырады. Ойын ойнау баланың санасын сергітеді, қызықтырады, қуантады. Сондықтан да балаларға берілетін ойындардың оңай, санаға жеңіл болуы қажет. Ахмет Байтұрсынұлының «қарапайымнан күрделіге, жеңілден ауырға қарай» ұстанымын ұмытпаған жөн. Сонымен қатар қазақтың біртуар ғалымы Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» кітабында келетін тәрбиенің 4 түрін ұмыт қалдыруға болмайды. Олар: ақыл тәрбиесі, құлық тәрбиесі, дене тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі. Осы тәрбиенің төрт түрін келтіре отырып, ғалым келесідей пікір білдіреді: «Егер де адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Бала берік денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы… Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын». Десе дегендей әрекет ету тәрбиешінің шеберлігін қажет етеді.

Қазіргі ақпараттық технологияның қарыштап дамуы, балалардың да психологиясына әсер етпей қоймайды. Бала психологиясының түзу болуына осы технологиялардың түрлерін орнымен қолдану жақсы әсер етеді. Әр әдісті қолданар алдында тәрбиешінің сыни ойлауынан өтуі қажет.

Пайдаланылған әдебиет:

Жұмабаев М. Педагогика. Алматы. 1992

ГЕОГРАФИЯ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА GOOGLE КАРТАЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Султангалиева Аида Бердешовна
Унгарбаев Мейрамбек Аскарович
География пәнінің мұғалімдері
«№ 69 жалпы білім беретін орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Ақтөбе қаласы.

Google карталары бүгінгі таңдағы әлемдегі ең үздік картографиялық бағдарламалардың бірі болып табылады. Оның қызметін күн сайын ғаламшарымызда миллиондаған адамдар пайдаланып, өмірлерінің әр саласында қолдануда. Google карталарын оқу процесінде пайдалану білім алушының таным көкжиегін ғана дамытып қоймай, функционалдық сауаттылығын дамытады. Картада әлемнің барлық аймағын қамтитын өте жоғары сапалы суреттер мен ғаламшарымыздың бейнесін 3D өлшемде толыққанды көруге болады. Google Maps бағдарламасын оқу процесінде үздіксіз пайдалану білім алушының ақпаратты дайын күйінде алып қана қоймай, оны өңдеп талдауға одан әрі толықтырулар еңгізіп, оны таратуға мүмкіндік береді.

Google карталары Жер ғаламшарына еркін саяхаттауға мүмкіндік беретін бірден-бір сапалы платформа десекте болады. Бұл картаның мүмкіндіктерін қазірден өзінде түрлі нысандардың мекен-жайын, жұмыс уақытын, жолдағы кептетілістің деңгейін, бару керек нысанның маршрутын т.б. анықтауда кеңінен қолданып жүрміз. Қазіргі кезде қолданыстағы танымал Google Жер бағдарламасында жер бедерін үш өлшемде қарап, нысандарды ірі және ұсақ масштабтарда көруге болады. Сонымен қатар, Google Street View қосымша бағдарламасы әлем қалаларын аралап тамаша архитектуралық ескерткіштер мен ғимараттарын виртуалды аралауға мүмкіндік береді. Тақырыптың өзектілігі, осындай заманауи бағдарламалардың мүмкіндіктерін оқу процесінде кеңінен қолдану мен туындайтын проблемаларды анықтап, оның оқу сапасына әсерін саралау болып табылады.

4.Гималай тауы.Google Maps арқылы түсірілген сурет

Google Maps бағдарламасы арқылы көптеген оқу барысында кездесетін мәселелерді шешуге болады. Қарапайым карталарға қарағанда Google карталарының масштабы, жер бедері, бейнелерінің сапалылығы, нысандардың дәлдігі жағынан көптеген артықшылыққа ие. Сондықтан, бұл карталарды 21 ғасырдағы жаңа географиялық білім көздері деседе болады. Қазіргі таңда Google Maps-тағы жер серіктен түсірілген барлық карталар мен көшелердің суреттерінің көлемінінің өзі 21 миллион гигабайт немесе 20500 терабайттан асып барады. Бұл заманауи карталар физикалық және экономикалық географияның көптеген тақырыптарын қамтиды. Жердің даму тарихы мен географиялық қабықты болып жатқан заңдылықтарды, табиғат құбылыстары мен олардың біртұтастығын, жер бедерінің қалыптасу формаларын түсіндіруде google карталарын үлкен көмекші құралға айналдыруға болады.

5.Қазақстанның солтүстігінен оңтүстігіне дейінгі арақашықтығы.

Экономикалық география бөліміндегі маңызы зор қалалардың орналасуы, ірі өнеркәсіп кешендері, пайдалы кен орындары, барлық автомобиль және теміржол тораптары картадан табылады.

Google Жер бағдарламасының ғарыштық түсірілімі көмегімен 2008 жылы Қазақстандық кәсіпқой археолог Д.Дей Торғай геоглифтерін тауып, әлемдік деңгейдегі үлкен жаңалық ашқан еді. Содан бері НАСА ғалымдары Торғай геоглифтерін бірнеше рет ғарыштан суретке түсіріп, ғылыми мақалалар жазған болатын. Осындай жағдайлар қазақ жерінің талай сырларының әлі де болса ашылмаған күйі жатқаны, терең зерттеп зерделеуін қажет етеді.



6.Алтес музейі. Германия

Бұндай карталарды көмегімен қалалардың өсу зонасын анықтап, болашақтағы даму жоспары мен алда кездесетін антропогендік проблемаларды анықтауда да маңыздылғы зор. Google Maps қосымшаларының бірі болып табылатын Google Street View арқылы үлкен қалалардың көшелеріне панорамалық саяхаттауға болады. Соның арқасында әлемнің 35 елінің 3000 нан астам қаласының көшелерін 360 градуста көруге мүмкіндік туды. Өкінішке орай, бұл бағдарламаға Қазақстанның Астана мен Алматы қалаларынан басқалары әлі енбеген.

Әлем қалаларын саяхаттап қана қоймай Google өзінің қосымша бағдарламаларында үлкен қалалардағы танымал нысандардың ішіне еніп аралауға да болады. Көптеген музейлер, саябақтар, адамзат құндылықтары саналатын түрлі сәулет ескерткіштері, қайталанбас тамаша табиғат көріністері әлемнің біз ойлағаннан да, әлде қайда қайталанбас ғажайып екендігін танытатындай.

Google қосымшаларының ішінде бұдан басқа Күн жүйесіндегі ғаламшарларға арналған жер бедері карталарында атап өтуге болады. Марстың үш өлшемді жер бедері картасы қызыл ғаламшардың талай құпиялы қойнауын ашары сөзсіз. Осы картаның көмегімен-ақ марстағы жер бедерінің ерекшелігін, әр түрлі биіктіктегі жоталар мен тауларын, ондағы ауа райы туралы да көптеген деректер алуға болады. Қызыл ғаламшардың зерттелуі Жер ғаламшарындағы тіршіліктің шығуы мен Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың шығу себебін түсіндіруде үлкен көмек болмақ.



7.Google картасындағы нысандар. Ақтөбе қаласы

Оқушының білім алуға деген қызығушылығын арттыруда түрлі гаджеттердің көмегі көп. Оқушы ұялы телефондары арқылы оқу процесіне араласып, берілген тапсырмаларды уақытылы орындайды. Ұялы телефондарындағы Google карталары арқылы түрлі нысандардың географиялық координаталарын, күнделікті көшеде жүріп өткен маршруттарын, өзінің тұрғылықты жерінің мекен-жайын өзгелермен алмасуы, белгі бір жерге жету үшін қаншалықты уақыт кететінін, қоғамдық көліктердің жүру кестесін, велосипед тебу жолақтарын, өзі жақын жердегі дәмхана, кафе, дәріхана , дүкендер желісі, жанармай құю бекеттері т.б анықтай алады.

Қорыта келгенде, қазіргі ақпарат кеңістігінің жылдам дамуы мен тез жаңаруына білім жүйесінің ілесе алмауы мемлекеттегі барлық өндірістің дамуын тежеуге әкеліп соғады. Жаңа технологиялардың адам өмірінің саласында дендеп енуі уақытты үнемді пайдаланып, ақпаратты қолжетімді етуде. Оқу процесінде осындай жаңа технологиялы платформаларды қолдану арқылы оқушылар шынай өмірде болып жатқан түрлі жағдайларды шешуде және өзін қоғамның белсенді мүшесі ретінде сезінуінде маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Вайз Д., Малсид М. - "Google. Прорыв в духе времени" под ред.Е.М. Бузниковой. - М.: Эксмо, 2007. - 368 с.

2. Гусев В.С. - "Google: эффективный поиск информации в Интернет. Краткое руководство". - М.: Диалектика, 2005. - 240 с.

3. Джанет Лау - "Google. Прошлое, настоящее, будущее". - М.: Эксмо, 2009. - 290 с.

БОЛАШАҚ БІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗДА

Сутенова Андыз Жанатаевна
Ақтөбе қалалық білім бөлімі
МКҚК №52 «Құлагер» балабақшасының тәрбиешісі

Кез келген мемлекеттің болашағы білімді жастар. Бүгінгі жас – болашақ Қазақстанның жанды бейнесі. Бүгінгі жас – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын тұлға.Қазір алдыңғы толқын аға буынның орнын басар, ізін жалғастырар артында өсіп келе жатқан жастар екені даусыз. Еліміздің ендігі дамуы мен өркендеуі, келешегі жастарға тікелей байланысты.

Тұңғыш Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының биыл «Жастар жылын» жариялап, Жарлыққа қол қоюы еліміздің тарихында ұлт Көшбасшысы мен мемлекет тарапынан жастарды қолдауға жасалған теңдессіз қадам деп білемін.Қарап отырсаңыз, биыл тұтас бір

жыл жастарға арналып отыр. «Осы кезеңде қандай нәрсеге баса назар аударған дұрыс? Біз, жастар өзгеріске қалай дайындалуымыз керек? Мемлекет пен қоғамға пайдамыз тию үшін не істеуіміз керек?» деген сауалдарды мақсаты бар әр жас азамат өзіне қою керек.Иә, ақын, педагог М.Жұмабаев айтпақшы мына қоғам «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты» жалындаған жастарға иек артады, соларға сенеді. Еліміздің өсіп өркендеуі үшін, жас мамандардың ойының ұшқырлығы, тың идеялары өте маңызды. Қандай мамандық иесі болса да, өз істеріне жауапкершілікпен қараған адамның, жетер жетістігі де өте көп болмақ. Иә, 2019 жыл «Жастар» жылы болып бекітілді. Яғни бұл дегеніміз, жастарға деген сенімділік пен оларға қолдау көрсету. Болашағының жарқын болып, ойлаған арманын іске асырып, алдына тың жоспар қоя білген әр жас маман буынға осы жыл таптырмас мүмкіндіктердің бірі. Мен де жас маман ретінде, елімнің болашағы үшін еңбек етемін. Таңдаған мамандығымның арқасында, көп нәрсені біліп және әлі де ізденіп келемін.

Ізгілік пен ізденісті тұмар қылған мен жан-жақты білімділікті, шәкіртке деген шуақты көзқараспен қарауды, әр оқушының бойына үңілуді, олардың жан дүниесін түсінуді, мүмкіндік беруді үйреніп келемін. Үнемі шәкірттеріммен тығыз байланыста болып, олардың ойымен санасып, көкейіндегі арманын тыңдап, сол бойынша бағыт-бағдар беріп, дұрыс жол нұсқап, екінші анасы ретінде көмектескенім үшін өзімді ерекше бақытты сезінемін.

Мен – жас маманмын: соның ішінде ұстазбын! Кешегі балғын бөбектен «адам» деген жаратылысты тәрбиелеп шығудан абыройлы іс жоқ шығар тегінде. Даналықтың қайнар көзі — білім. Даналыққа жету жолы қиын да ұзақ

Ұстаз – ол көшбасшы. Жаңа қоғам мұғалімі – рухани бай, әлеуметтік жетілген, шығармашыл тұлға. Өз ісінің маманы, педагогикалық әдіс – тәсілдердің қолданудың хас шебері. Әрдайым жеке бас дамуына ұмтылатын, болып жатқан заман талабына тез бейімделе алатын жаңа қоғамның дара тұлғасы болу керек. Бүгінде жаңа өмір жолын бастаған жас мамандар арасында педагогикалық мамандықты таңдаған менің қатарластарым жыл сайын көбейіп келеді. Бұл болашаққа жасаған ой-жоспарыңды қиялдатады, көңілге қуаныш ұялатады.

Біз төл тарихын жетік білетін, бағалайтын және мақтан ететін және алған білімін әлемдік өркениетпен үндестіре білетін өскелең ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуіміз қажет. Қазіргі жастар өкінішке қарай, қандай да бір ақпаратты кітаптан емес, ғаламтор желісінен алатыны баршамызға белгілі. Егер заманауи элементтерді қолдана отырып, тарихи фильмдер түсірілсе, жаңа технологиялардың көмегімен ерекше көрмелер ұйымдастырылса, жас ұрпақтың қызығушылығы артатыны сөзсіз. Сондықтан да мен кішкене де болса Нұржау жалпы орта мектебінде аталған бағдарлама тұрғысында жұмыс жасап келемін. Өзім ағылшын тілі пәні мұғалімі болғандықтан, тұңғыш Елбасымыз әрқашан айтып жүрген үш тілділіктің жүзеге асуына бар мүмкіндігім мен күшімді жұмсаймын.

Ағартушы-педагог Мағжан Жұмабаев: «Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы» деген еді. Ал, жазуымыздың латын әліпбиіне көшуі өте дер кезінде қозғалған бастаманың бірі деп едім. Өйткені, тарихтан белгілісі, бұған дейін де қазақ халқы латын қарпін қолданды. Мен алдағы уақытта және болашақта әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетін байланыстырып, Абай бастаған әдебиет асылдарының туындыларын ағылшын тіліне аударып, оны әлемге танытқым келеді

ФИЗИКА САБАҒЫНДА PISA ТАПСЫРМАЛАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ.

Суюнгарина Айсулу Габбасовна
физика пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші
Бауыржан Момышұлы атындағы
№ 62 ЖББОМ

Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімдеу мәселелері тұр, өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік пен интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етуде.

PISA әдістемесі бойынша тестілеу мектеп оқушыларының үйреншікті емтихандары мен тесттерінен түбегейлі ерекшеленеді. Осы ауқымды зерттеу барысында мектеп бағдарламасын меңгеру деңгейі емес, жас өспірімдердің алған білімдерін тіршілік жағдайларында қолдану қабілеті бағаланады. Тестілеудің негізгі мақсаты - «Жалпыға міндетті білім алған 15 жастағы оқушы қоғамда толыққанды қызмет ету үшін қажетті білім мен машықтарды меңгерді ме?» деген сұраққа жауап беру .

Креативті ойлау дегеніміз -инновациялық -жаңа, жаңашыл, тиімді шешімдерге қол жеткізуге және жаңа білімді ерекше сипаттауға бағытталған идеяларды әзірлеу. Креативті ойлау қабілетіне пәнді білу, білімге құмарлық, өз күшіне сенімділік, мақсатқа, нәтижеге жетуді көздеу, мақсатқа жетуге ынталандыратын күш.

Физика сабағы үшін тапсырманы таңдау кезінде PISA зерттеуінің тапсырмаларын тақырыпқа сай таңдап қолдануға болады. Сонымен бірге сіз PISA зерттеуінің тапсырмалары беру арқылы пәнаралық байланысты да орнатасыз. Тапсырманы таңдап алар алдын бұрынғы зерттеуде қолданылған тапсырмаларды мұғалім мұқият зерделеп, талдауы керек. Содан соң қолданып, оның нәтижелілігін зерттеу қажет. Таңдалынған тапсырманың оқу мақсатын жүзеге асыруда тиімділігін қарастыру және бағалау критерийлерін тағайындау да мұғалімнің алдын ала жасайтын шығармашылық жұмысы.

Өзім сабақ беретін сыныптарда PISA тапсырмасын ұсынып отырамын. Мысалы:

1-тапсырма: Зат алмасу мәтіні берілді, мұқият оқып шыққанан кейін төмендегі сұраққа жауап берді .Тәулігіне 3000 ккал жұмсайтын адам, өз ағзасының энергиялық қажеттілігін толығымен қанағаттандыруы үшін тәулігіне қанша мөлшерді қабылдауы керек?

2-тапсырмада кестедегі пайымдаулар дұрыс па?

3-тапсырмада Зат алмасуда Энергияны көп жұмсайтын және Энергия жұмсамайтын органдардың тізімін жеке жеке жазып көрсетті.

4-тапсырма: алма және лимон шырынымен эксперимент жасау тапсырылды. Алманы екіге бөліп, кесілген жағымен жайпақ ыдысқа салды. Алманың бір бөлігіне лимон шырынын сығып тамызды. Біраз уақыттан кейін лимон шырынымен «қорғалған» бөлігінің ақ қалпында қалғанын, ал алманың «таза» бөлігі қарайғанын байқады.

Алманың «таза» бөлігі неліктен қарайды деген **Сұраққа жауап жазды**?

5-тапсырмада: Оқушылар тауықтың жұмыртқасымен тәжірибелерді жасап, қорытынды шығарып, себебін түсіндірді.

Тауықтың шикі жұмыртқасын суы бар жарты литрлік шыны ыдысқа салды. Жұмыртқа шыны ыдыстың түбіне түсті. Жұмыртқаны алып шығып, сол суға 2 ас қасық тұз салып жақсылап араластырды және жұмыртқаны тұз араласқан суға қайтадан салды. Жұмыртқа батпайды, судың бетінде қалықтап жүреді.

1-сурет

Тұрақты магниттерге мәтін берілді
Сұрақ 1 : Бұл қара минералдың тығыздығы неге тең?
Сұрақ 2: Жасанды магниттер жасау үшін құрамында қандай металдары бар құйма қолданылады? (темір,кобальт,никель)

Термометрлердің түрлеріне байланысты төмендегі берілген пікірлер дұрыс па?

Төменде келтірілген мүмкін пайымдаулардың әр қатарынан «Иә» немесе «Жоқ» деп айналдыра сызыңыз

Төмендегі пайымдаулар дұрыс па?	Иә немесе Жоқ
Сынап және спирт термометрлерінің көрсетуі тек бір тірек нүктеге ғана сәйкес келеді	Иә/Жоқ
Сынапты термометрмен мұқият болу керек, себебі сынап буы - улы	Иә /Жоқ
Арктиканы зерттеушілер спиртті термометрлерді таңдап алады	Иә/ Жоқ

1-кесте

Дәл осылай тақырыпқа сай келетін тапсырманы таңдай беруге болады. Риза тапсырмасын орындау барысында оқушылар зерттеу жұмыстары нәтижесінде физика сабағында алған білімдерін практикада қолдануға үйренеді;

Оқушының дүниетанымы кеңейеді, зерттеушілік, ізденушілік қасиеттері қалыптасады. Бұл оқушылар бойында креативті ойлау қабілетін дамытады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. PISA тапсырмалар жинағы
2. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық
3. PISA бағдарламасы

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ТЕСТ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ ЖОЛДАРЫ

Сыдыкова Жанар Айдаровна, Каймакбаева Гулзауре Бектилеуовна
«№60 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Шет тілі-қазіргі кезде заман талабына сай барлық мектептерде жүргізілуде. Бұл оқушы бойында ерте кезеңнен бастап ұлтаралық, мәдениетаралық бірлестікке дайындықтың қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Көптеген білім беру мекемелері үздіксіз ізденіс үстінде және олар көптеген болжам болжап болмас жағдайларға тап болып отыр. Мұндай жағдайлардың көпшілігі бәрінен бұрын білім беруді дамытудың перспективасы мен мәселелерін дұрыс болжай алмай отырған ұстаздар еңбек ететін ұжымдары көрініс табуда.

Қазіргі мектептерде жұмыс істеудің жаңа әдістері мен үлгілерін қолдану әрекеті сыныптық сабақтық жүйенің шеңберінен шықпайды. Бүгінгі білім берудің ұлттық жүйесін сақтап қалу үшін өскелең бәсекелестік жағдайда барлық оқу тәрбиелеу мекемелеріне үздіксіз дамуы мен қызметінің жоғары дәрежеге жетілдіру қажеттілігі жетіп отыр. Қазіргі қолданылып отырған білім беру жүйесінің жаңа типтерінің пайда болуы мен оны соңғы жағдайға сәйкес өзгерту, оқытудың әдісі мен амалдары, үлгілері, мазмұнының жаңаруы өз кезеңінде ғылыми идеялар психологиялық –педагогикалық теория негізінде жетілдірген практикалық шешімдерге негізделуі керек. Сонымен қатар оларды дайындауда мұның бәрі алдын ала ескертілудің қажеттілігін көрсетеді. Мұндай дайындық педагогикалық – кәсіптік білім берудің әдісі мен формасын, мазмұнындағы өзгерісті жетілдіруді талап етеді. Мұндай себептерге орай білім берудің бүгіндері қолданылып жүрген жүйесі толық дәрежеде болып мәселені шеше алмайды. Мұғалімдердің кәсіптік дайындығының белгілі бір тар шеңбердегі қызметкер қатаң бағытталуы, оқытудың ұжымдық әдістері мен тиімді технологиясының толық талдамасының болуы, диагностика мен тестті қолданудың тиімділігі, қызметкерлердің кәсіптік жағына инновациялық өзгерісті баяндауда ынталандырудың болмауы [1]. Оқушылардың білімін көтеру оқуға деген ынта жігері мен қызығушылығын арттыру әр мұғалімнің міндеті. Осы мақсатта мұғалімдер әр түрлі әдістермен тәсілдерді пайдаланып отырса, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, өздігінен ізденуіне мүмкіндік жасалады. Бұл орайда адамзат баласының өз ұрпағын оқыту мен тәрбиелеудегі ең озық, тиімді 7 әдістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тың жолдар іздеу, классикалық педагогиканың ұзақ үлгілерін жаңашылдықпен дамыту қашан да жалғаса береді. Қазіргі оқыту процесінде әртүрлі оқыту технологиялары кеңінен қолданылуда және өз тиімділігін көрсетуде. Бұл технологиялардың ерекшеліктері: Құрылымының үш бөлімнен тұруы (кіріспе, сөйлесу, қорытынды); Өзін - өзі бағалау; Топтық жұмыстарға белсенділік; Көру, есту, жазу, сөйлеу құрылыстарының қатар жүру.

Қорытынды бөлім тарауды оқытудың тұтас циклін анықтайтын рефлекциялық – бағалау кезеңі. Ол оқушылардың сөйлеу бөліміндегі танымдық қызметі барысында жағдай жасалынған дайындық деңгейін бақылауға тексеруге, бағалауға арналған. Білім деңгейін тексеру және бақылау тәсілі ретінде тестілі оқыту нәтижесінің мөлшерлік көрсеткіші болып табылады. Бұл аса маңызды. Неғұрлым оқушының білімі жан – жақты, терең болса оның оқушылары соншалықты білімді болады. Сонымен қатар оқушылардың білім деңгейі олардың өзіндік қабілетіне байланысты. Тексеру жүйесіндегі бірінші звено – білім, іскерліктерді алдын ала талдау. Тексеру нәтижелеріне сүйеніп, оқушылардың білім, іскерліктеріндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған оқу жұмыстары жүреді. 2 – бөлім: әр тақырыпты меңгеру процесін күн сайын тексеру; 3 – бөлім: жаңа материалды оқумен қатар бұрынғы оқылған материалдарды қайталау, қайта тексеру, білімді бекіту; 4 – бөлім: оқушылардың білім іскерліктерін жүйелеу, мақсаты мен бөлімі бойынша тақырыптарды мезгіл- мезгіл тексеру; 5 – бөлім: дидактикалық процестің барлық кезеңінде алынған білім, іскерліктердің қорытындыларын әр тоқсанның аяғында, оқу жылының соңында тексеру. Дұрыс құрылған тестілер көптеген талаптарды қанағаттандырып, оларды орындауға көп уақыт кетпейді, сұрақтары қысқа, нұсқа болады. Жұмысты аяқтаған соң міндетті түрде қателері талданады. Ең басты назар оқушының қатесінің себептерін білуге аударылады. Білімді тексерген кезде ең алдымен өз бетімен оқу үшін өте маңызды болып табылатын білімдегі кемшіліктер анықталады [4].

Бірінші тәсіл арқылы мұғалім баға туралы өз пікірін айтады, бірақ оған уақыт кететіндіктен, көп қолданбайды. Екінші тәсіл – бағаны, оны неліктен қойғаны жөнінде күнделікке жазу. Үшінші тәсіл – үлгерім экраннан шығару. Білім, іскерлік, дағдыларды бақылау және бағалау жұмыстары: тексеру және бағалаудың пайдасын көрсететін жағдаяттар жасау; оқушының жауапты ойланып беруіне уақыт бөлу; оқушылардың жауаптарын мұқият тыңдау, мадақтау; жауапты соңына дейін тыңдау, талдау және ескертулерді кейін жасау;

оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру (жай, темперамент, тіл кемістігі); жеке тапсырмалар беру; оқушы өзін еркін сезетін жағдай жасау: оқушының жауабын талдау, жеке тұлғасын сынамау; оқушылар бағасын көтергісі келсе, оларға тапсырманы қайта беру; жауап бергенде, тапсырманы орындағанда тірек сызбаларды қолдануға рұқсат беру; бақылау және тексеру әдістерін түрлендіріп отыру; тестілік бақылауды жиі қолдану. Сонымен баға қою білімді және шеберлікті талап етеді[5]. Баға – бала өміріндегі маңызды оқиға. Баға арқылы бала өзі туралы ойын реттеп, сыныптағы беделін нығайтады. Сондықтан мұғалім баға қоюға өте мұқият болу керек. Үлгермеушілікті болдырмау үшін оқу материалдарын түсінбеу себептерін анықтау керек. Үлгермеудің негізгі себептерінің бірі - жұмыс істеу қабілетінің, ынтаның, зейіннің жоқтығы. Екінші себеп – білімнің жүйесіздігі, жауапкершіліктің төмендігі. Үшінші себеп – материалдан мәнді белгілерді бөле алмау, негізгі мен негізгі емес мәселелерді ажырата алмау. Төртінші себеп – пәнге деген қызығушылықтың жоқтығы. Нәтижесінде оқушының зейіні, білімге деген ықыласы төмендейді. Бесінші себеп – оқушының отбасындағы қолайсыз жағдай, құрбыларымен тіл табыса алмау, оқушының оқу жұмысын атқара алмауы, «қиын» балаларға еліктеуі. Үлгермеудің басқа да себептері бар. Ең бастысы – үлгермеу себебін анықтап, жеке жұмыстың жолдарын белгілеу. Мұғалімнің, мектептің міндеті әрбір оқушының жақсы оқуына көмектесу [6].

Сонымен қатар Білім мен ғылымның, экономиканың, бизнестің, саясаттың, жалпы бәсекелестіктің қарыштап дамып отырған бүгінгідей жаһандану кезеңінде Елбасы көрегендік танытып, алдымызға үш тілді білу қажеттігін қойып отыр. Алдымыздағы өскелең ұрпақтың алдында бірнеше тіл білу міндеті тұр. Біздің мақсатымыз: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Өз ана тілін біліп, өзге тілдерді құрметтеуге, қадірлеуге үйрету. Оқушыларды ізденуге дағдыландыру.Мемлекеттік тілді білу – парыз, өзге тілдерді үйрену – құқық.

Осыдан келе, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек. Бұл оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

Әдебиеттер:

1. А.Булашбаева Жаңа технологиялар әдістері.
2. 2006ж. №6. 39–40б. Г.Бозбаева Оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімділігі.
3. А.Булашбаева Жаңа технологиялар әдістері.
4. М.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы» Алматы, 2006ж
5. Исманбетова М. Модульді оқыту.
6. №3. 30–34б. Меңжанова А.К.Педагогикалық пәндерді оқыту әдістемесі. 1996ж. 160б.
7. «First English»Susan Iannuzzi Oxford University Press
8. «Incredible English»Sarah Phillips,Michaela Morgan and Mary Slattery,Oxford University Press

АКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ НА РАЗНЫХ ЭТАПАХ УРОКОВ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ.

Табулдинова Акгуль Муратбаевна
Педагог- исследователь
СОШ № 45 города Актобе, учитель русского языка и литературы

Будущее современной цивилизации зависит не только от уровня технического прогресса и экономического роста. Оно все больше определяется человеком, готовым решать главные социально-экономические проблемы на благо и во имя человека. Именно поэтому педагогическое образование является фундаментом системы образования в целом. А это предполагает подготовку самостоятельно мыслящих учителей, способных к постановке целей и анализу педагогической ситуации, реализации и проектированию учебного процесса. Сегодня трудно переоценить роль образования в развитии человеческого капитала. Очень важно развивать имеющийся ценный капитал – человеческие ресурсы- создавать ему более цивилизованные условия.

Согласно предпосылкам обновления содержания образования главная цель - научить учиться. Учителю необходимо научить ученика мыслить, привить ему навыки практических действий. Как показывает практика, этому могут способствовать активные методы обучения.

Особенности активных методов обучения состоят в том, что в их основе заложено побуждение к практической и мыслительной деятельности, без которой нет движения вперед в овладении знаниями. Применение активных методов обучения позволит нам научить школьников не получать готовые знания, а самостоятельно искать, анализировать и формулировать информацию, которая в итоге и составит общую сумму знаний, полученных за урок, В результате сформируется общая система знаний, ребенок научится самостоятельно учиться.

Для каждого этапа урока русского языка и литературы можно применить активные методы, позволяющие эффективно решать конкретные задачи. На начальном этапе урока повысить эмоциональный настрой учащихся помогают такие методы, как «Поздоровайся глазами», «Улыбнемся друг другу», «Обмен настроением». Также можно и приемлемо прослушивание музыки и песен, соответствующих теме урока и помогающих раскрытию воспитательной цели.

Такая работа позволяет создать благоприятный настрой. Очень важным для преподавателя является включение в урок активных методов выяснения целей, ожиданий, опасений. Такие методы, как «Дерево ожиданий», «Корзина идей», «Фруктовый сад». Эта работа позволяет понять каждого обучающегося, а полученный материал в дальнейшем использовать для осуществления личностно-ориентированного подхода в работе. Обучающимся данный метод позволит более четко определиться со своими образовательными целями, озвучить свои ожидания и опасения, с тем, чтобы педагог мог их знать и учитывать в образовательном процессе. Методы заключаются в следующем. Обучающимся предлагаются заранее вырезанные из бумаги яблоки, лимоны, разноцветные листы, таблица и т.д. для определения ожидания (что хотел бы получить от урока, обучения в целом и чего опасается). Ребенок записывает и прикрепляет на определенную «поляну», «дерево» и т.д. После выполнения систематизируются сформулированные цели, пожелания, опасения и подводятся итоги.

Подвести учеников к изучению нового материала помогают методы как «Эпиграф», когда учитель читает его, а учащиеся прогнозируют тему урока. Часто используем на уроках метод «Ассоциации». Данный метод помогает обогащению словарного запаса обучающихся, их критическому мышлению

Использование метода «Подводящий диалог» развивает логическое мышление учеников. Этот метод представляет собой систему вопросов и заданий, с помощью которых учитель пошагово подводит учеников к решению проблемного вопроса.

Метод «Словесные игры»- кроссворды, ребусы, обычные загадки, которые тренируют ум, развивают языковую догадку, помогают лучше понять законы родного языка. Игра со словами – это не только развлечение, но и серьезная работа.

Игра «Волшебная лесенка». Попробуйте спуститься вниз по лесенке, заполняя каждую ступеньку именем существительным. При выполнении этого задания можете пользоваться орфографическим или толковым словарем.

Для выполнения творческих заданий эффективно применение таких приемов, как

«Кластер» (может быть использован на разных этапах урока). Смысл этого метода заключается в попытке систематизировать имеющиеся знания по той или иной проблеме и дополнить новыми.

«Инфо-угадайка». Преподаватель дает ряд вопросов для работы в группах. (Догадайтесь о теме урока. На доске слова: 1 столбик-мышь, дочь, ложь; 2 столбик – шалаш, грач, малыш). Выберите из карточек №1 нужную и прикрепите на доску, проверяем вместе. Выберите из карточек №2 нужную и прикрепите на доску, проверяем вместе. Сравните слова каждого столбика. Выберите из карточек №3 нужную и прикрепите на доску, проверяем вместе. Итог, на доске появляется группа карточек сущ, без Ь, с Ь, жен.род и муж.род.. Формулируем тему.

«Мозговой штурм». На доске записана тема урока. Остальное пространство доски разделено на секторы, пронумерованные, но пока не заполненные. Ученикам предлагается обдумать, о каких аспектах темы далее пойдет речь. По ходу работы с темой дети выделяют ключевые моменты и вписывают в секторы. Постепенно исчезают «белые пятна»; отчетливое разделение общего потока полученной информации способствует лучшему восприятию материала. После презентации возможно проведение краткого обсуждения по теме и, при наличии вопросов, преподаватель дает ответы на них.

«Творческая мастерская». Применяется на обобщающих уроках литературы. К уроку обучающиеся готовят иллюстрации на заданную тему, пишут сочинения, стихи, рассказы, подбирают пословицы. Дается задание разделиться на группы, создать и презентовать групповой проект на заданную тему. Предварительно необходимо составить план размещения принесенного на урок материала, оформления титульного листа. На работу отводится 20 – 25 минут. По истечении этого времени каждая группа или ее представитель должны презентовать свой проект. Научиться дружно, работать в группах, прислушиваться к мнению товарищей, коллективно создавать замечательные работы (картины, газеты, книги) из собранных вместе материалов - главная цель этого урока.

Также на этом этапе хорошо использовать метод "Синквейн". Метод уже довольно «избитый», но является одним из любимых у детей. Хорошо использовать на уроках русского языка при изучении словарных слов.

Завершить урок, можно, применив такие методы «Ромашка», «Мудрый совет», «Итоговый круг».

«Ромашка». Ребята записывают ответ главного вопроса уроке на «лепестки» ромашки и прикрепляют к «цветку» на доске.

«Мудрый совет». Группа пишет в конце урока «совет» одногруппникам, которые еще не совсем поняли тему урока или не изучали ее.

На этапе рефлексии можно применить следующие методы:

«Комплимент» (оценивается активность и качество работы) Обучающиеся оценивают вклад друг друга в урок и благодарят друг друга (комплимент-похвала, комплимент деловым качествам, комплимент в чувствах) и преподавателя за проведенный урок. Такой вариант

окончания урока дает возможность удовлетворения потребности в признании личностной значимости каждого.

Активные методы обучения помогают развивать мотивацию к обучению, учиться самостоятельно добывать знания, повышают интерес к предмету, позволяют активизировать процесс развития коммуникативных навыков.

Подтвердите или опровергните ту или иную точку зрения? В учебнике дается много различных критических высказываний. Сравнить их, согласиться или не согласиться, доказать свою точку зрения обучающимся предлагается в письменной работе.

Проблемные вопросы. «Кто убит на дуэли: «поэт, задумчивый мечтатель» или будущий помещик? (по образу Владимира Ленского в романе Пушкина «Евгений Онегин»).

Конкурс презентаций. Обучающиеся в дополнительных источниках (Интернет, словари, энциклопедии…) разыскивают нужную информацию. Темы обычно биографические.

Ключевые слова При изучении сложных теоретических понятий подчеркиваем в определении ключевые слова. Это прием позволяет не просто списать определение или записать под диктовку, но и осознать написанное, вдумчиво прочитать, чтобы выделить главное, существенное.

«Парный выход».Учитель вызывает к доске обучающегося. Тот подбирает себе пару, а затем записывает по памяти любое словарное слово, обозначающее предмет. Его товарищ находит подходящее к этому слову название действия и записывает рядом. Эту работу можно проводить и в парах.

При организации самостоятельной работы над новой темой важно, чтобы обучающимся было интересно проработать новый материал. Как же это можно сделать?! Конечно, при помощи активных методов! Для работы над темой урока использую методы

Список литературы

1. Активные формы преподавания литературы. Составитель Р.И. Альбеткова –М., Просвещение, 1991.

2. Звездина А.Я. Интерактивные методы как способ повышения мотивации в обучении русскому языку и литературе. – Мастер – класс, № 10, 2006.

3. Коротаева Е.В. О ситуации успеха в учебной деятельности. – Русский язык в школе и дома, 2003, № 1.

4. Лизинский В.М. Приемы и формы в учебной деятельности. – Москва, «Педагогический поиск», 2002.

5. Нетрадиционные формы организации учебных занятий. Составитель Беляева Н.В. – Калинин, 1980.

6. Ничкова Т.А. Активные формы, методы и приемы, используемые на уроках русского языка.

7.Республиканский учебно-методический журнал «Уроки русского языка и литературы в школе». № 3. 2021

КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНДА ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМГЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Талапбаева Сантай, Дуйсегалиева Акмарал
Ақтөбе қаласы, №10жалпы білім беретін орта мектебі

Қазақтың патриоттық-отансүйгіштік тәрбиесі -тереңнен тамырын тартқан, алқымыздың сан ғасырлық болмысының, дүниетаным -көзқарасының, ақыл -ойы мен салт- дәстүр мәдениетінің көрінісі. Патриотизмнің мәні – Отанға деген терең және саналы сүйіспеншілік, оған берілгендік, оның табыстары мен жетістіктерін мақтан ету сезімі, оны бұрынғыдан да құдыретті және көрікті етуге барынша ұмтылу.Кіші мектеп жасындағылардың Отанға деген сүйіспеншілігі қоршаған өмір ықпалымен қалыптасады, бірақ мұнда ата -аналар мен мұғалімдердің мақсатты ықпалы шешуші рөл атқарады. Отанға деген сүйіспеншілік сезімі балаға қамқорлық жасап, көңіл аударып еркелететін жақын адамдарға, отбасыға деген сүйіспеншілік пен үйірсектіктен туындайды.

Үлкендердің мінез – құлқынан үлгі ала отырып, оқушылар отбасында қалыптасқан ұғымдарды, сөйлеу мәнерін үйренеді. Оқушылар адамдар арасындағы қарым – қатынастардың, ерекшеліктердің сипатын жақсы түсінеді.Педагог бастауыш сынып оқушыларына ата – аналар еңбектерінің маңызы туралы әңгімелеп, олардың балаларына деген қамқорлығын көбірек атап көрсетеді. Бұл мақсатта ол әңгімеге көркем әдебиеттер пайдаланады, суреттер көрсетеді, экскурцияға шығарады.

Мектеп – баланың екінші отбасы, мұнда ол мектеп мекемесі қызметкерлерінің ықыласына, қамқорлығына, сүйіспеншілігіне бөленеді. Оқушылар ересектер еңбегіне ұқыпты қарауға, оларға көмектесуге тырысулары керек. Оқушылардың туған табиғатты сүю, оның әсемдігін сезіну қабілетін тәрбиелеу, оның байлығын сақтап, аялап, молайта беруге баулу – мұғалімнің екіншіші бір күрделі міндеті.

Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу өзара тығыз байланыста, тіпті оларды өзара тең деп те атауға болады. Ендеше тәрбие бізге ауадай қажет. Осыған орай патриоттық тәрбие мәселесі адамзат тарихының өн бойындағы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болмағандықтан, мектеп оқушыларының бойында Отанға деген сүйіспеншілігін, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз – жеке тұлғаны күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда,патриотизм мемлекет деген ұғымды жеке тұлғамен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым – қатынасты білдіреді. «*Ерлік дегеніміз*- табиғат сыйы емес, ең алдымен, өзінің ар – намысында және адамзаттың қасиетті абыройын ұятқа қалу, опасыздық пен масқара болу сезімінен қорғай отырып, адамның ең ұлы сезімін – азаматтық парызын орындау үшін, осындай адамгершілік теңдікті өзіңмен сайысқа түсе отырып тұтас ұжым өмірінің игілігіне ғана емес, оның қауіп – қатерінде бөлісіп,жауды барынша жою, жанға жанмен, қанға қанмен аяусыз кек алу жолымен жеке басыңды және отандастарды қауіпсіз етуге ұмтылу, саналы түрде қауіп- қатерге бас тігу».

«*Батылдық* – іс-әрекет есебін тәуекелдеумен үйлестіре алушылық», «*Табандылық* – батырлардың қалқаны», «*Өжеттілік, қайсарлық* – адамның тіпті мүмкін емес, деген жағдайдың өзіне абыроймен өлімге бас тігуге тәуекел етушілік, игілікті құлшыныс», «Отан дегеніміз – халық». ***Патриотизм*** – сонау ерте замандардан қалыптасып келе жатқан қасиетті сезім. Отаншылдыққа тәрбиелеу ұлттық ерлік дәстүрлерге сүйене отырып, жас өскіннің екінші жан дүниесі, ой санасы мен сезімін дамытып, қалыптастыруға бағытталуы керек.Осыларды бойға дарытпай тұрып келер ұрпақты патриоттық – отансүйгіштік тәрбиеге лайықты қалыптастырып, алтын бесік елін, кіндік кескен жерін қорғайтын және осы мақсат жолында

бар күш – жігері мен ақыл – қайрат жұмсап, отаншыл азаматтарды, яғни нағыз патриоттарды тәрбиелеп өсіру мүмкін емес. Патриотизмге тәрбиелеу үрдісінің танымдық мәнін естен шығаруға болмайды, бірақ ол әрбір буында патриоттық сана, патриоттық сезім қалыптастырудан бастау алғанда ғана тиімді болмақ.

Патриоттық сана, патриоттық сезім көрсеткіші – оқушының іс – әрекеті. Сонымен бірге іс-әрекет оның даму, қалыптасуына ықпал ететін басты фактор. Іс-әрекет барысында тыңдаушы қоршаған ортамен құндылықтарын арттыруға үлес қосады, бұл өз кезегінде патриоттық сана қалыптасып, сезім, қабілет, қасиеттерді дамуына ықпал етеді, басқаша айтқанда өз басының мүддесін ұлттық, Отан, мемлекет, халық мүддесіне ұштастырады. Жалпы патриотизм сөзі гректің ***«Отан», «ел»*** деген сөзінен шыққан. Патриоттық идея-Отаншылдық адамға туа біткен қасиет емес, ол жүре түзелетін адамның саналы өміріндегі қабаттас құбылыс. Отанға деген сезімнің шынайы қайнар көзі -туған жер табиғаты, ана тілі, салт-дәстүрі, тарихи ата-бабаларының ерлігі. Олар әр адамзат бойына намыс, ар, сүйіспеншілік ұялатады.

Бірде бір адамзат өзінен бұрынғы ата-буынның ақыл-ойын, тәрбиелік тәжірибиесін пайдаланбай өмір сүрген емес. Қай ел, қай халықтікі болмасын, озық тәжірбиені жатсынбай қабылдағаны дұрыс.Осыған орай өзге емес, өзіміздің ата-бабаларымыз, яғни батырларымыз Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Талғат Бегелдинов және тағы да басқалардың өткен ерліктері, көрсеткен қызметтері неге тұрады?! Тек солардың Отанға деген сүйіспеншіліктерін арқасында ғана қазір бейбітшілік заманда өмір сүріп жатырмыз. [1] «Бұл дүниеде біздің Отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан. Бұл туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қоғамдастықта абыройының өсуіне адал қызмет етуге парыздармыз. Ол үшін әрбір азамат еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халықтарымыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін жақсы жан – тәнімен сезіну керек»,-деген ел президентінің ғибрат сөзі патриоттық ұғымының, ел мен жердің бүтіндігін сақтау,, халықтар достығы мен бірлігі екенін нақтылай түседі.Бойымызда отансүйгіштік, ерлік, батырлық, патриоттық сезімдерді арттыру үшін өткен ата-бабаларымыздан үлгі- өнеге, тәлім-тәрбие алуымыз керек. Оларды қуана еске алып, мақтана айту -қазақ халқының әрбір перзентінің парызы. Таңның атысы, күннің батысында тек еліңді еске түсір, Отаныңды ойла, туған жеріңді жырла. Сонда ғана сен *«Кішіпейілділік* – кішілік емес, кісілік» демекші, кіші емес кісі боласың, ел қажетіне жарар нағыз азамат боласың. Сонда ғана сен бақытты боласың деген қасиеттерді жастардың бойына сіңіру – негізгі міндеттердің бірі.

Патриоттық тәрбие – тамыры терең тәрбие. Сол себепті патриоттық тәрбие тамырын кеңге жаюы тиіс. Патриоттық тәрбие – еліміздің әлеуметтік – экономикалық, саяси дамуы жаңа сапаға ие болып, тәрбие процесіне жаңаша көзқарас қажет болып отырғандықтан, қазіргі кезеңнің күрделі шарттары аясында іске асырылуда.

Мұның барлығы патриоттық тәрбиенің төмендегідей өзіндік ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді:

-өткен уақыттағысына негіз болады, олардың негізінде спортшыларды патриоттық іс-әрекетке қатыстыруға болатын оқу- тәрбие процесін түзеуге болады;

-патриоттық тәрбие өзінің мақсаты бағыттылығымен жас спортшылардың отанға деген сүйіспеншілігін арттырады;

-патриоттық тәрбиеде мақсаттар мен мазмұндардың, нысандардың және тәрбие әдістерінің үйлесімділігін қамтамасыз ететін жеке-әрекеттілік, кешендік қатынас пайдаланылады.

Мұның өзі тәрбиеленушіге біртұтас тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік беретін топтық және даралық ықпал қолдануға жағдай жасайды. Сонымен, оқушыларға патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаты – оқушының, жеке тұлғаның, әлеуметтік топтың патриоттық іс- әрекеттерін саналы түрде меңгеріп алудағы талпынысын айқындайтын саяси-моральдық, кәсіптік,

психологиялық,дене шынықтыру сияқты сапаларды қалыптастыру. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында тәрбие жүйесін жетілдіруге байланысты алдына қойған негізгі мақсаты – «елімізде патриотизм, азаматтық, ізгілік және жалпыадамзаттық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретіндегі сапалық қасиетін қалыптастыру» – деп бүгінгі XXI жаһандану ғасырында ұлттық мәдениет пен өркениетті өзара кіріктіре отырып, жеке тұлға қалыптастыру көзделіп отыр. [2] Егеменді еліміздің жарқын болашағы болар жас ұрпаққа терең, мазмұнды білім беру мен ұлтын сүйер патриот азамат етіп тәрбиелеу – бүгінгі алға қойылған басты міндет. Ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтар – бүгінгі мектеп оқушысы.

Осыған орай, бүгінгі жас ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеу, жеке тұлға талабы, қоғам қажеттілігі. Халық ауыз әдебиетінің бір саласына жататын ел қорғау, батырлық істер жайында туған халық мақалдары да халықтың бұл ой – тілегі, арман-мүддесі, патриоттық сезімі, ұлттық мақтанышы қандай екенін көрсетіп отырады. Осы тақырыптағы мақалдар, ең алдымен кімге болса да, туған жер, өсіп-өнген ел – Отанды аса қажетті, қадірлі, қымбат деп көрсетеді. Мысалы: «Ел іші- алтын бесік», «Туған жердің топырағы да ыстық», Туған жерден топырақ бұйырсын деп, отансүйгіштік сезімді дәріптеген халқымыз « Отанды қорғау – азаматтық парызың» дейді. [3] Ал «Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі», «Елін сүйген ер болар», « Ерлік білекте емес, жүректе» т.б. мақалдар өз елін жаудан қорғау үшін қасықтай қаны қалғанша, ақтық демі біткенше алысу,сөйтіп дұшпанын Отанын қорғап қалу нағыз халқын сүйген әрбір адамның міндеті болатынын танытады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1992. – 160 бет.

2.Төлеубекова Р.К. Адамгершілік тәрбиесінің негіздері. – Алматы, 1998.-25 б.

3.//Бастауыш мектеп. – 2004.- №5. – 22-23 бб. Бесбай А. Жеке тұлғаны патриотизмге, Отан сүйгіштікке тәрбиелеу / А. Бесбай // Молодой ученый. — 2015. №8. С. 29-31.

12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУГЕ КӨШУ ЖАҒДАЙЫНДА ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТІ БАСҚАРУЫ

Таласбаева Г.Н
Тоқмансай негізгі мектебі

Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық шағын жинақы мектептерде білім беру (бұдан әрі – Тұжырымдама – шағын жинақы мектептің білім беру жүйесінің мақсаты, міндеттері, ұйымдастыру ұстанымдары мен бағыттары бейнелетін негізгі құжат болып табылады.

Бұл айтылғандар болашақ мұғалімдердің ұжым жағдайында жұмыс істеуі үшін қажетті қосымша кәсіби құзіреттіліктерді меңгеруі тиіс екендігін көрсетеді. Бұл тиімді әдістерді таңдау бейімдеу және құрастыру; әр түрлі жастағы оқушылар ұжымын басқару; бір пәндік және бір тақырыптық сабақтарды жүргізу барысында сынып-комплект оқушыларының әрекетін басқару; білім алушылардың жеке білімдік траекториясын дамытуды жобалау; білім алушылардың жеке жетістіктерін мониторингтілеу үшін бақылау-бағалау процедурасының пакетін жасау; жергілікті жердегі әлеуметтік-мәдени, экономикалық үдерістерге қатыстыру қажет.

Тәжірибе болашақ мұғалімдердің қазіргі білім беру технологиялары, олардың негізгі белгілері туралы теориялық білімдерінің бар екендігін көрсетеді, мұның өзі әр технологияның өзіндік ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді. Алайда оларды ШЖМ жағдайында қолдануға бейімдеу қиындық келтіретіні сөзсіз. Демек, педагогика ғылымында және тәжірибеде белгілі технологиялардың ішінен белгілі бір жағдайға қатысты ең тиімді түрін таңдау мәселесі бірінші кезекке шығады. Әр түрлі топта – сынып-комплектіде оқыту барысында пәнішілік және пәнаралық интеграцияны іске асыруға мүмкіндік беретін, оқушылардың өз беттерінше дамуын, өзін-өзі жетілдіру дағдыларын қалыптастыратын, тұлға ретінде қалыптасуын және дамуын іске асыратын технология негізгі болып табылады.

Шағын жинақталған мектеп қызметін жетілдіру жолдары

Шағын жинақты мектептер – бұл алыс мекендерде орналасқан қазақ ауылдарының ұйытқысы, олардың әлеуметтік – мәдени дамуының өзегі. Елбасы «Ауыл – бұл халық өмірінің бейнесі, мәдениеті, дәстүр салты мен рухани өмірінің қайнар көзі. Тек ғана осы факторлар жиынтығы бізден ауыл мәселелеріне, соның ішінде оның мектебіне сергек қарауымызды талап етеді»,-деген болатын.

Шағын жинақты мектептің оқу-тәрбие қызметіндегі қиындықтар осы мектептерге, біріктірілген сыныптарға арналған арнайы оқулықтар мен оқу – әдістемелік құралдардың болмауынан туындап отыр. Біріктірілген сыныптарда мұғалім бір мезгілде екі сыныпқа қатар сабақ өткізеді. Осыған байланысты әр сыныпқа жаңа сабақты түсіндіру кезінде мұғалім сабақ уақытының белгілі бір бөлігін ғана жұмсай алады. Мұндай біріктірілген сыныптардағы сабақты ұйымдастыру кез-келген мұғалімнен, әсіресе жас мамандардан шығармашылық ізденісті, кәсіби жоғары шеберлікті талап етеді. Мұның өзі

шағын жинақты мектептің біріктірілген сыныптарында сабақ өткізуде мұғалімдерге әдістемелік көмекші болатын құралдардың қажеттілігін туындатады.

Шағын мектептерде негізінен оқитын түпкілікті ұлт өкілдері екенін ескерсек, еліміздің дамуына қажетті ұлт интелегенциясының дүние жүзілік білім деңгейіне қажетті білімге қол жеткізуі үлкен мәселе күйінде қала береді. Яғни бұл сұрақ мемлекет және қоғам болып бірге қолға алатын стратегиялық мәселе болып табылады.

Қазіргі уақытта ауылдың әлеуметтік – экономикалық дамуына біршама көңіл бөлінуде. «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен жас мамандар ауылға жұмыс істеуге бет бұруда. Олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға үкімет тарапынан материалды қаражаттар

бөлінуде. Республика деңгейінде шағын мектептерге бағытталған заңнамалық құжаттар қабылданған.

Шағын мектептердегі оқушылар санының аздығына байланысты келесідей мүмкіндіктер туады:

Әр түрлі жастағы оқушылар арасында тең қарым – қатынастар орнату;

Тілді дамытуға;

Бір оқушының табысты оқуына;

Оқытудың жалпы әдістері мен жеке оқыту әдісерін байланыстыруға.

Сонымен қатар педагогикалық оқу орындарында шағын мектептер үшін педагогикалық мамандар даярлауға көңіл бөлініп, тиімді жолдары іздестірілуде.

Педагогикалық мамандардың біліктілігін арттыруға қаржылар бөлу артуда.

Кейбір жоғары оқу орындарында On Line режім негізінде оқу орнының профессор – оқытушылар құрамымен шағын мектептер мұғалімдерінің арасында байланыстар орнатылып, оларға тәжірибелер алмасу мақсатында кеңестер беріліп, оқушыларға шебер кластар өткізіледі.

Сонымен шағын мектептердің мәселесін шешу жолдарын келесідей санаттарға жіктеуге болады:

Интернат мектептер;

Ресурсты орталықтар;

Трек мектептер;

Даму орталықтары;

Шағын мектептерге арналған классификатор жасау.

Осы айтылғандардың ішінде қазіргі таңда ең тиімді және мүмкіндігі жақсы интернат – мектептер құру. Қаладағы мектептердің материалды – техникалық базасын нығайта отырып, оның жанынан оқушылар жататын интернаттар ашып, олардың қалыпты оқуына барлық мүмкіндіктер жасалуы қажет. Осындай жағдайлар орныққан жағдайда оқушылар заманауи білім алуға жеткізеді. Ата заңымызда орта білім азаматтарға тегін берілетінін ескерсек оларды әлеуметтік тұрғыда қамтамасыз ету мемлекет есебінен іске асылуы тиіс.

Интернат – мектептер де шағын мектептер де мәселесін шешпейді. Себебі, ауылда ата – аналарымен бірге бастауыш мектеп оқушылары қалады. Осы оқушыларды белгілі бір семья негізінде біріктіре оқыту мәселесін шешу қажет.

Шағын мектептер мәселесі ауылды жерлер қаладағыдай даму жағдайында болғанда жойылуы мүмкін. Ол үшін ауылда қала сияқты дамып, олардың айырмашылығы байқалмайтындай деңгейде болу керек.

Шағын кешенді мектеп – қоғамның талаптарына сай, білім алуда оқушылардың сұранысын қанағаттандыруды қамтамасыз ететін, Үкіметіміздің мектеп туралы нормативтік құжаттарымен анықталған қызметін атқаруды жүзеге асыратын мекеме.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ МҮМКІНДІКТЕРІ

Талипова Ботагоз Сагинтаевна
Міржақып Дулатұлы атындағы №63 жалпы білім беретін орта мектеп-лицейі, бастауыш сынып мұғалімі

Бастауыш білім – үздіксіз білім берудің баспалдағы. Мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты-білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс - тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабаққа тиімді пайдалана білуі, бір сөзбен айтқанда - оқу үрдісін дамыту. Бұған Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында айтылған. «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелетіні анық» деген пікірі нақты дәлел. Бүгінгі білім беру ісінің мақсаты – тек білім, білік дағдыларын меңгерту ғана емес, өзін - өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды, алғыр, ой - өрісі кең, ақпарат көздерін өз бетімен қолдана алатын, қабілетті де талантты, жастарды тәрбиелеу. Үнемі дамып, өзгеріп отыратын баланың ішкі болмысы мен табиғатын қалыптастыруда мұғалімнің ықпалы ерекше. Жаңа технологияны жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат - мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады.

Бастауыш саты – бұл оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды, қайталанбайтын кезеңі. Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс - тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог - зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Бастауыш сынып оқушылары үшін ең жоғарғы бедел иесі-мұғалім. Оқушылар әр пәннен алатын білімдерін мұғалім арқылы қабылдайды. Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тұрақтанған қалпы бар сала- бастауыш мектеп. Әйтсе де соңғы уақыттарға дейін бастауыш мектеп балаларды оқу, жазуға, есептеуге ғана үйретететін, қоршаған орта, қарапайым дүниетанымға жалпы түсініктер беретін білім ошағы болып саналады. Қазіргі кезде бастауыш мектепте оқыту мазмұнын жаңарту жұмыстары бағдарламаға сай жүргізіліп, оқыту, тәрбиелеу, дамытудың жаңа мүмкіндіктері ашылды. Бастауыш сыныптардағы оқытудың мазмұнында оқытылатын пәндер ерекше орын алады. Оқушының оқу-танымдық әрекетін қалыптастыруды оқытудың жаңа технологияларын оқу үдерісіне еңгізудің маңызы ерекше. Білім берудің сапасын жақсарту мақсатында сын тұрғысынан ойлау технологиясын өз сабақтарымда қолданып жүрмін. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының мені қызықтырғаны баланың өзі ізденіп дәлелдеуі. Оқушы бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы оқушының еркін сөйлеуіне, пікір таластыруына, достарының ойын тыңдауға, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған бағдарлама. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз - сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойыңды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау.Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз - ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Басты мақсаты оқушыларға кез келген мазмұнға сыни

тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету. Бұл бағдарлама жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуда, ойларын еркін айтуда тез арада дұрыс шешімдер табуға ат салысатын бірден-бір тиімді бағдарлама деп есептеймін. Оқушылардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді. Сыни тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылығын ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясымен жұмыс жасау кезінде бұл сабақтар баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Сабақта сыни тұрғысынан оқыту технологиясының стратегияларын пайдалана отырып, балалардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отырдым. Әрбір әдіс оқушылардың ойлауына және қиялына негізделіп келеді. Баланың тереңде жатқан ойын дамытып, оларды сөйлеуге, дәлелдеуге үйретеді. Оқушылар сабақта қалай оқу керектігін меңгереді және дағдыланады. Яғни,өздері ой қорытады, нәтижеге жетуге ұмтылады. Мұғалім оқушыға қалай оқу керектігін үйретеді. Дәстүрлі оқыту әдісінде мұғалім білімді беруші болған болса, жаңа оқыту әдісінде мұғалім бағыттаушы болып табылады. Сабақтағы басты тұлға, басты кейіпкер- оқушы. Оқушыны өз бетімен білім алуға, ол үшін ізденуге, терең ойлауға, зерттеуге дағдыларын қалыптастыру қажет. Жаңа білімді меңгерту үшін ең тиімді әдіс сұрақ-жауап, әңгімелесу, диалог болып табылады. Менің әр сабағым диалогқа құрылды. Топтық жұмыс арқылы оқушы мен оқушы арасында, оқушы мен мұғалім арасындағы диалогты тиімді ұйымдастыру арқылы мақсатқа қол жеткізе алдым. Өз ойларын жарыса айтып, қызу пікірталас тудыра алды. Жаңа сабақты өз беттерімен тез меңгере алды. Сабақ жоспарын оқушылардың өз беттерімен меңгеруіне ыңғайлы етіп және олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып құрамын. Бұл оқушылардың жауапкершіліктерін арттырумен қатар, өзін-өзі бағалаулары үшін де тиімді болмақ. Оқушыларымыз мұғалімнің бағалауына әбден үйреніп қалған. Бағаны не үшін алды, келесі де жақсы баға алу үшін не істеу керек деген талдау жүргізілмегендіктен, оқушылар үнсіз кете беретін. Ал, жаңаша оқыту әдісінде оқушыларды бағалауға көбірек көңіл бөлуге тырыстым. Оқушының өзін-өзі бағалауын ұйымдастырдым. Себебі, бала алдымен өзіне-өзі баға беріп үйренуі керек. Алдымен «Өзін-өзі бағалау» тестін жүргіздім. Сыныптағы 20 оқушының біреуі ғана өзін-өзі жоғары бағалайтыны, өзіне сенімді екені анықталды. Оларды психологиялық тұрғыдан дайындадым. Сыныпқа көп уақытымды арнадым. Ал сабақтарда оқушылар өзін-өзі бағалауда қиналғандары байқалды. Менің қуанғаным, олар өздері туралы көп ойланды, өздерінің іс-әрекеттеріне есеп бере алды, яғни бұл жерде өзін-өзі реттеу әрекеті де көрініп жатты. Оқушылардың өздері топтық ереже құрып, оны бұзбауға әрекет еткендерінен, белсенділіктерінен, сабақтан жиі қалатын оқушының да мектепке тартылғанынан, «үнсіз» оқушының сөйлегенінен, топтағы өздерінің рөлдерін жауапкершілікпен орындағанынан көрініп жатты. Әр сабақтарымда оқушылардың қызығушылықтарын арттырудағы басты құрал болып табылатын АКТ –ны да қолдануды әр сабағымда ескердім. Білім беруді ақпараттандыру –жаңа технологияны пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асырады. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны яғни, компьютерді оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық.

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ

Тауанова Лаззат Бекмуратовна, Кулмуханова Жаркын Курметовна
Ақтөбе қаласы №31 қазақ орта мектебі
Бастауыш сынып мұғалімдері

Әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгертуге ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құружалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі. Әдебиеттік оқу сабағы-оқушының жан дүниесін, адамгершілік қасиетін, ойлау, сөйлеу, шығармашылық әрекетін дамытып, жеке тұлғаның жан-жақты қалыптасуында ерекше орын алатын пән. Әдебиетті ұлағатты адамдар «адамтану құралы» десе, әдістемелік тұрғыда зерттеуші- ғалымдар әдебиет пәнін «адам тәрбиелеу құралы» деп жатады. Әлбетте бір пікірден бір пікір өз үндесін тауып жатқандай. Үндес пікірлердің түйіні-әдебиет пәні жеке тұлғаның рухани әлемін, оның адамгершілігін, ойлауын, көңіл-күй сезімін, тілін, шығармашылық әрекет бастауларын қалыптастыруда ерекше орын алады./1,70/ Әрине, бала тілі оқу, әңгімелеу, пікірлесу арқылы дамиды. Ой дамыса ізденеді, сөйлеседі, біреуге әңгімелейді, пікір алмасады. Бүгінгі таңда мұғалімнің ең басты міндеті де дайын білімді, дағдыларды меңгертіп, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, бір тума ойлау қабілетімен ерекшеленетін, рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Сондықтан мұғалім өз жұмысын оқушының өздігінен білім алуына бағыттауы қажет. Оқытуда осы мүддеден шығатын жаңа технология түрлері көп. Жаңа оқыту технологиясының түрін әр мұғалім оқушының жас ерекшелігіне қарай таңдап қодануы керек. Жаңа технология талабы оқушы арқылы орындалатын болғандықтан, олардың шығармашылық қабілеттері мен бейімділігі анықталатын әдістемелік жолдарды пән, тақырып, тарау бойынша анықтау керек. Әдебиеттік оқу пәні бойынша оқушының шығармашылық деңгейін дамыту, білімді жүйелі меңгерту үшін «Дамыта оқыту технологиясы», «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы және «Модульдік оқыту технологиясы» тиімді екен. Бұл жаңа технологиялардағы қолданылатын әдіс-тәсілдер бір-біріне ұқсас. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуында басты роль атқарады. Жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін дамытуда сыни тұрғысынан оқу мен жазу технологиясы өз тиімділігін нақтылауда. Яғни, мұғалім оқушыларды білім жүйесімен, іскерлікпен, дағдымен қаруландырып қана қоймай, танымдық, шығармашылық қабілеттерін де дамытады. Көрнекті психолог Л. С. Выготский шығармашылық деп жаңа дүниелер жасауды түсіндірген. Ғалымның зерттеулерінде «шығармашылық» ұғымы «жаңалық», «жаңа дүние жасау», «жаңалық ашу» ұғымдарына жақын қолданылып жүр. Әдіскер –ғалым М. Р. Львов шығармашылыққа оқушылардың жазған өлеңі мен прозасы, шығарған газеттері мен журналдары, сондайақ, жеке күнделіктері мен хаттарды т.б. жатқызады. Ғалым С. Рахметова шығарманың мазмұны бойынша жүргізілетін шығармашылық жұмыстардың (шығарманың баяндау түрін өзгертіп әңгімелеу, әңгіме бірінші жақпен баяндалатын болса, оны үшінші жаққа айналдыру, әңгімедегі оқиғаға ұқсас өз жандарынан әңгіме құрастыру, т.с.с.) барлығын да баланың шығармашылық қабілетін қалыптастырудың жолдары деп көрсетеді./2,13/ Демек, шығармашылық-өздігінен жаңа дүниелер жасау, яғни бұл жерде оқушылардың өз ойынан ойлап шығарған, ешкімдікіне ұқсамайтын дүниесі, оның ойлау мүмкіндігінің жемісі және соған жеткізетін әрекеті деген мағынаны білдіреді. Әрине, өздігінен ізденіп, зерттеу жұмыстарын жүргізген, жинаған материалын талдай білген оқушының әдебиетті өнер табиғатына сай оқи білуіне, оның идеялықэстетикалық мән-мағынасын терең ойлап, тебірене қабылдауына мүмкіндіктер туатыны сөзсіз. Сонымен қатар оқушының оқырмандық, ізденімпаздық белсенділіктерін де арттырады. Оқушылардың шығармашылық бастамасын дамыту, білімді қарапайымнан күрделіге қарай жүйелі меңгерту сабақтың үш сатысында

жүргізіледі: қызығушылықты ояту сатысында айтылған сөз, істелінген әрекет бүкіл сабақтың сыр сандығын ашатын кілті десем, мағынаны тану сатысын- білімнің нағыз шыңдалар шағы дер едім, ал ой толғау сатысында нәтижені көру, яғни еңбектің жемісін тату іске асырылады. Сөзім дәлелді болу үшін әдебиеттік оқу пәнінен өткізілген сабақтарымнан үзінді ұсынамын. Төмендегі сабақтарымды сын тұрғысынан ойлау технологиясына негіздедім. Осы технология қолданылған сабақтарымда оқушыларды шығармашылық жұмыс жасауға қалай үйретіп жүргенім туралы тоқталғым келеді. 3-сынып М. Әуезов «Көксерек» 1-топ: «5 жолды өлең» стратегиясы 1. Көксерек. 2. Ашқарақ, азулы. 3. Ұрлайды, ызаланады, ұлиды. 4. Көксерек-құла түздің тағысы. 5. Көкжал. 2-топ: «Топтастыру» стратегиясы. Асыранды бөлтірік, оның мінезі. 3топ: «Семантикалық карта» стратегиясы. 4-топ: «Венн» диаграммасы Сонымен қатар әр бөлімді аяқтағаннан соң рефераттар және эссе жазу, өлең құрастыру, альбом және газет шығаруға тапсырмалар беріп отырамын. Мысалы: «Туған елім, туған жерім» атты бөлімді аяқтағаннан кейін оқушыларға өзінің туған жері туралы эссе жазу, өлең құрастыру беріледі. Оқушы шығармашылығы: Жүрегім сен деп соғады, туған елім, Бойыма қуат берген, Туған жерім. Есейіп төл перзентін ер жеткенде Жайнауың үшін аянбай төгеді терін. (Булатова Альбина) Эссе Туған ел. Мен Орал қаласының кішкентай тұрғынымын. Орал қаласы әдемі де сұлу. Бұл қалада әдемі көшелер, зәулім үйлер, кең байтақ жерлер бар. Орал қаласы Ақжайықтың жағасында орналасқан. Ағаштары көп, халықтары кең пейілді. Қазақ халқы қашанда туған жерін қадірлеген. Менелімді сүйемін. Келесі сабақта шығармашылық жұмыстар мен ізденістер, пікір алысулар бір-бірімен сабақтаса түседі. Жұмыс нәтижесі бастауыш білім сатысын аяқтағанда байқалуға тиіс деп ойлаймын. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының әдіс-тәсілдері арқылы оқушының алған білімдерін нығайтуға әбден болады. Тек әдіс-тәсілдерді тиімді, орынды пайдалану керек. Қорыта айтқанда, оқытуда жаңа технологияларды қолданудың ұстаздар және оқушылар үшін маңызы өте зор .

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тәжіғалиева З. Әдебиет сабақтарында оқушыны шығармашылыққа баулудың тиімді технологиясы. //Ғалым-ұстаз С. Шарабасов және қазақ филологиясы мәселелері. Облыстық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Орал, 2007-70 б. 2. Жаманқұл П. Қ., Муфтибекова З., Орынбаева Н. Н. Оқулықтағы көркем шығармаларды оқытудың әдіс-тәсілдері. //Әдебиеттік оқу әдістемесі. 3-сынып. Алматыкітап баспасы, 2010.-13 б. 3. Иманбекова Б. И., Жаманқұл П. Қ., Муфтибеков

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ӨСУІ

Таухабаева Индира Максотовна, Оразова Малика Нуртаевна
Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Қандыағаш қаласы
«Күншуақ» бөбекжай - бақшасы» МКҚК

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай «Дамыған елдердің тәжірибесі ұлттық гүлдену негізінен үш шешуші фактормен: ғылыми жаңалықтарды игерумен, білімнің деңгейімен және қызметкерлердің мамандандырылған кәсіби деңгейімен айқындалатынын көрсетеді. Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің әрбір азаматы әлемнің кез – келген елінде қажетке жарайтындай маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады. Бұл бүкіл әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз» деп атап айтқан. Білім берудегі жаңа заманауи технологиялар:

1. Сыни тұрғысынан ойлау.
2. Баланың жетістіктерін бағалауөлшемі.
3. Оқытудаақпараттық – коммуникациялықтехнологияларды пайдалану.
4. Дарынды балалармenжұмыстыңжаңатехнологиялары.
5. Жас ерекшеліктегіәртүрлітоптардаоқытудыңпсихологиялық – педагогикалықерекшеліктері.

Заман талабына сай XXI ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа ақпараттық сауаттылық қажет, сондықтан білім беру үшін оқыту үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалануды кеңейту педагогтардың үлкен кәсіби даярлықты және үнемі әдістемелік ізденістерді талап етеді. Қазіргі білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз ету үшін, болашаққа қарай талпынып, сеніммен нық қадам жасай отырып, өзгерістерді алдын – ала сезіп, байқап, өз бетінше тұрақты білім алуға, қазіргі заман талабына сай шығып жатқан жаңа технология түрлері арқылы білім беру саласына қадам жасау.

Білімді игеру дегеніміз – оны ұғу, есте сақтау, қолдана білу. Олай болса, оқу мен тәрбие тетігі педагог пен баланың өзара қарым – қатынасы , іскерлік ынтымақтастығы. Білім беру жүйесі қызметінің тиімділігі көрсеткіштерінің және оның бәсекеге қабілеттілігінің бірі өз білімдерін республикалық және халықаралық немесе облыстық, аудандық жарыстарға қатысып, растайтын дарынды бала оқыту нәтижелері болады.

Педагог үшін кәсіби шеберлікке жету, өз мамандығының данышпаны болу бір күнде пайда болатын дүние еместігін біз жақсы түсінуіміз керек және өмір бойы іздеушілікті, зерттеушілікті талап ететін мамандық екенін анық аңғарғанда ғана толық нәтижеге жете аламыз. Педагогтың әрбір сөзі, ісі, қимылы, аяқ алысы, жүрісі, көзқарасы психологиялық және ізгілік тұрғысынан шәкірт жүрегінен үлкен орын алады. Сондықтан әрбір ұстаз үшін оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастыруда мол білімділік, ақылдылықты, дұрыс іскерліктер мен дағдыларды қолдануды қажет етеді. Яғни:

-мамандықтың, педагогикалық ғылымның мәні, мағынасы, құндылығы және мақсатына қатынасы (өзін маман ретінде сезіну)

-білім берудің мазмұнына қатынасы (маман мәртебесін ұғыну)

-білім алушыға өз өмірінің субьектісі, білім берудің мақсаты мен құндылығы ретінде қатынасы (ізгілікті тәрбиеші болуы)

-әріптестеріне қоғамның кәсіби өкілі ретінде қатынасы (өзін қызметкер және ойлап шығарушы ретінде сезіну)

-өзін дамып келе жатқан және шығармашыл тұлға ретінде қатынасы(өзін зиялы тәрбиелеуге және сақтауға тырысу, сұхбаттасуға шығуы)

Сондай-ақ әдістемелік қызметті жаңарту- қазіргі педагогтың қалыптасатын құзыреттілігіне де тікелей байланысты.

Қазіргі педагог үрдісіндегі құзыреттілік; (интеллектуалдық, коммуникативтік, әлемдік көзқарасы, ынталандырушылық, мазмұндық, үрдістік).

Жаңа үрдістерді, педагогикалық білігі, тәжірибені білуге деген ынтасы мүмкіндігінше кәсіби педагогикалық өзін-өзі жүзеге асыру іс-әрекетінің көрінісі.

Берілген тақырыпқа мақсат, міндеттер қойылады. Мақсат қоюда ескерілетін жағдай: білім беру үрдісіне қатысушылардың басты құзыреттілігін қалыптастыру арқылы білім беру сапасын арттыруды міндетті түрде ескеру.

Бүгінгі таңдағы әдістемелік қызметтің басты міндеттері:

▪ Білім беру және әдістемелік жүйенің даму стратегиясын белгілеу;

▪ Шығармашыл тұлға ретінде педагогті дамытатын ғылыми негізделген, икемді, тарамдалған үздіксіз біліктілікті арттыру, соның ішінде әдістемелік қызметтің жүйесін жасау;

▪ Білім беруді дамыту бағдарламаларының жүзеге асырылуын әдістемелік қамтамсыз ету;

▪ Білім берудің өзекті мәселелері және оны жүзеге асырудың әдістемесі бойынша педагогтер мен басшы кадрларға ғылыми -әдістемелік көмек;

▪ Инновциялық қызметтің дамуына түрткі болу.

Әдістемелік қызметтің басты бағыттары.

1. Ақпараттық қызмет:

▪ Білім мазмұны және әдістемесі жағдайында педагогтердің теориялық негіздері мәселелері, шығармашылық қызметініңнәтижелерібойыншамәліметжүйесінқұру;

▪ Білімберудідамытудыңөзектіәселерібойыншапроблемалық – бағдарлымәліметқорынжасау;

▪ Ғылыми – әдістемелікәдебиеттерқорыбойыншакітапхананыңжұмысы.

2. Диагностика – болжауқызметі.

▪ Біліктіліктіарттыруғадегенпедагогтердің, соныңішіндебасшыкадрлардыңсұранысыныңдиагностикасы;

▪ Педагогикалықшеберлік пен білімсапасыдеңгейініңдиагностикасы;

▪ Басшының, педагогтыңақпараттыққажеттілігініңдиагностикасы.

3. Біліммазмұнынжаңартуқызметі.

▪ Білімберудіңжаңамазмұныненгізудидактикалықжәнеәдістемеліккамтамасызету;

▪ Бейіндікоқытубойыншабазистікоқужоспарынигерудеәдістемеліккөмек беру;

4. Инновациялықжәнеэксперементжүргізуқызметі.

▪ Ақпараттықбілім беру ресурстарынжасау;

▪ Білім беру үрдісінеақпараттық – телекоммуникациялықжобалардыенгізу;

▪ Қашықтықтаноқытудыұйымдастыру.

5. Біліктіліктіарттыруқызметі.

▪ Педагог кадрлардыңбіліктілігінарттырудыжоспарлаужүйесінреттеу;

▪ 12 жылдықбілімберугекөшугебайланысты педагог кадрлардықайтадаярлау;

▪ Әдістемеліккызметмамандарыныңбіліктілігінарттыру.

Педагогтердіңбіліктілігінарттыру. Әдістемелік тақырып бойынша жұмыс; семинарлар, біліктілікті арттыру курстары, дөңгелек үстелдер, жеке кеңестер, ашық сабақтар, кәсіби шеберлік байқаулары, шығармашылық жұмыстарды қорғау.

Әдістемелік құжаттар әзірлеу:

▪ Оқу жоспарлары мен бағдарламалар;

▪ Әдістемелік ұсыныстар;

▪ Әдістемелік құралдар;

▪ Емтихан материалдары;

▪ Сауалнамлар;

▪ Ережелер;

▪ Мониторингтәдістемесі.

Эксперементтікжұмыс пен ғылымизерттеулер:

▪ Ғылыми – тәжірибелікконференциялар, семинарларғақатысу;

▪ Авторлықматериалдардыәзірлеу;

▪ Ғылымижобаларғақатысу.

Жаңашылпедагогикалықтәжірбиеніжинақтаужәнетарату:

▪ Зерттеу, жинақтаунәтижелербойыншақұжаттарәзірлеу;

▪ Жаңашылжұмысбойыншатұсаукесер, білім беру үрдісінеенгізу, тарату;

▪ Шығармашылықтоптағыжұмыс;

▪ Педагогикалықшеберхана;

▪ Педагогикалықдәрістер;

Білім берудегі қазіргі өзгерістерге сай әрбір педагогтің өзінің мақсаты, міндеттері және белсенді шығармашылық іс -әрекетін ұйымдастыруға, даму болашағын анықтауға мүмкіндік туады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ж.Аймауытов «Тәрбиегежетекші», Орынбор 1924ж
2. Ш.Беркімбаева, А.Құсайынов, А.Рысбаева, М.БұлақбаеваЖоғарымектеппедагогикасы-2009ж
3. ҚазақстанРеспубликасындағыбілімберудідамытудың 2011-2020 жылдарғаарналғанмемлекеттікбағдарламасы, 2011ж
4. Б.Айтмамбетова«Жаңашылпедагогтаридеялары мен тәжірибелері», Алматы 1991ж
5. Г.Сайынқызы «Тамшысөздер мен қамшысөздар», Алматы 2005ж
6. «Білімшапағаты» қоғамдық- педагогикалықгазеті
7. «Білімтехнологиялары» журналы, 2006ж.

СЕЗІМ ТӘРБИЕСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ, ӘДІСТЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІ

Ташранова Алия Мухамбеткалиевна
«№24 «Аққу» бөбекжай – балабақшасы» МКҚК

Балалардың сезімталдық тәжірибесін ұйымдастырудың негізі - сезім тәрбиесі. Жоспарлы ұйымдастырылған кезде балалардың сезімдік қабылдауына, түйсігінің дұрыс бағытта қалыптасуына жағдай жасайды. Затты немесе құбылысты қабылдау, анықтап қарау, тексеру дағдысы бала оны не үшін қарайтынын анық түсінген жағдайда ғана нәтижелі болады. Балаларға әр түрлі заттар мен құбылыстарды дұрыс қабылдауды үйрете отырып, олардың іс - әрекетінің мәніне нақты түсінік беру керек. Оның мәнін бала тәжірибелік іс - әрекетте көрсетсе, пайдалана білсе ғана түсінікті болмақ. Егер затты анықтап қарамаса, кейін оны бейнелеу немесе құрастыру қиынға соғады. Осыған байланысты балаларды қабылдау дағдысын қалыптастыру үшін заттар мен құбылыстарды көрсетіп, суретін салғызып, құрастырып, сөздерге дыбыстық талдау жасатып, табиғаттағы еңбек үрдісінде жетілдіруге мүмкіндік беру керек.

Сонымен сезім тәрбиесі әр түрлі іс - әрекетте үзіліссіз байланыста іске асырылады. Бұл бағытта кез келген құрастыру немесе бейнелеу іс әрекеті сезім тәрбиесіне қажетті бағыт береді деп ойласа қателесеміз. Ол үшін біз ұсынған барлық іс - әрекеттің мазмұны мен бағыты ақыл ойй тәрбиесінің міндеттерінен туындауы қажет, яғни біз баланы сурет салуға үйреткенде немесе құрастырғанда, оның нәтижесін бағалағанда суретті салу, құрастыру сапасын ғана емес, қаншалықты ақыл ой мен білімін жұмсағанын ескеруіміз қажет.

Жемісті еңбек нәтижесін әр түрлі етіп ұйымдастыруға болады. Бірінші жағдайда балалар сурет салу, мүсіндеу, ұрастыру дағдыларын игереді, мұндайда жалпы даму сол бұрынғы деңгейде қалады. Екінші жағдайда сурет салу, құрастыру дағдыларымен бірге қабылдау, талдау, ойлау, қорыту дағдыларын меңгереді. Бірінші жағдайға қарағанда соңғы жағдайда балалардың іскерлік дағдылары, ойлау қабілеті кез келген іс әрекетте, көлемді шығармашылықта икемдірек болып келеді.

Сонымен ақыл - ой тәрбиесінің міндеттерінен туындаған өнімді іс - әрекет, оның мазмұны, ұйымдастырылуы, сезім тәрбесінде тиімді нәтиже береді. Балалар мазмұнды меңгерген соң әр түрлі іс - әрекетке, сурет салуға, күрделі заттрамеен құбылыстарды бейнелеуге, күрделі құрылыстарды құрастыруға талпынады. Ол заттар мен құбылыста

жөнінде білімдері, түсініктері кеңейіп, тереңдеп, жаңа білім білік дағдылары қалыптасады. Балалар бір мезгілде заттардың қасиеттерін , көлемін, пішінін, түстерін танып біле бастайды.

Кез келген іс - әрекет қарапайым таным процесін (үрдісін) - сезімді, одан бір шама күрделірек ойлауды қамтиды. Әр түрлі әрекетті ойдағыдай меңгеру сол үрдісті айтарлықтай жетілдіру мен дамытуға байланысты.

Сезім тәрбиесінің мазмұны балалардың іс - әрекетінің мазмұнымен сәйкес болу керек. Заттарды қабылдау, талдау дағдысы салыстыруға үйрету, бейнелеу, құрастыру іс - әрекетінің үрдістерімен сәйкесуі қажет. Егер сәйкестік болмаса, білімнің тиімділігі төмендеп, сурет салудағы, құрастырудағы міндеттерді шешуде белгілі бір деңгейде қиындықтар пайда болады.

Сезім тәрбиесінің мазмұнына тоқталайық. Бала күнделікті тұрмыста заттардың әр түрлі қасиеттерімен (пішіні, түстері т.с.с) кездеседі. Бала оны өздігінен түсіне алмайды, оған тәрбиешінің (ересек адамның) көмегі қажет болады. Тәрбиеші баланың сезімін тәрбиелеуге байланысты жұмыстар ұйымдастырады.

Дүниедегі заттардың әр түрлі қасиеттері негізгі пішініне (шар, шаршы, дөңгелек т.б.), негізгі түстерін (қызыл, сары т.б.) жүйеленген. Осы негізгі пішін, түстерді меңгеруде балалардың қоршаған ортаға бейімділуі, оларды сөзбен атауы көп жеңілдік әкеледі. Мысалы, затты екі түрлі жағдайда кездестірген бала өзіне белгілі пішін түрінде қабылдайды, оның ұқсастығы мен айырмашылығын белгілейді. Мынау сопақша, мынау кубикке ұқсайды т.с.с.

Тәрбиеші сезім тәрбиесінің бұл кезеңінде балаларды затпен алдын ала толық таныстырудың қажеттілігін ескеріп, өнімді іс - әрекетті жасаудың алғы шартын ұйымдастыру қажет.

Ұйымдастырылған қызмет жүргізген уақытта балалардың көзін жеткізу үшін затты алдын ала тексеріп, олардың суретті дұрыс салуына, құрастыруына жеңілдік туғызатын жағдай жасауы керек. Заттарды алдын ала тексеру - өзіндік орындаушылық әрекетіне қажетті әсерін тигізуші түйін.

Сезімдік тәрбиенің негізгі әдісі - заттардың қасиеттірн анықтау мақсаты мен оларды тексееру болып табылады. Тексеру дегеніміз - нәтижесін кейін қандай да бір қызметке пайдалану үшін арнайы ұйымдастырылған қабылдау. Тексеру процесінде балалар көлем, пішін, кеңістік қатынастарын, түсті, аддам сөзіндегі дыбыстардың, музыкалық дыбыстардың ерекшеліктерін бөліп қарауға әрі оларды бір бірінен ажырата білуге үйренеді.

Тәрбиеші сезім тәрбиесіне дайындалған кезде оқу қызметінің баланың жеке басының дамуына әсер етуін ескеруі тиіс. Оқу қызметі баланың қабылдау, ес, қиял, ойлау сияқты психикалық процестерін дамытуға байланысты міндеттерді шешуге сай ұйымдастырылуы қажет.

Қазіргі жүйеде сезім тәрбиесімен бірге дидактикалық ойындарға да арнайы уақыт бөлінеді. Мұндай саабақтарда тәрбиеші ақыл - ой, сезім тәрбиесінің міндеттерін ойын формасында қойып, оны ойынмен байланыстырады. Балалардың қабылдауы мен ұғымын дамыту үшін білімді меңгеру, дағдыны қалыптастыру сабақта емес қызықты ойын әрекетінде (жасау және табу, жұмбақ айту, шешу, сурет салу, жарыста нәтижеге жету) іске асады.

Дидактикалық материалдармен, ойыншықтармеен жасалатын жаттығулар, сондай - ақ кәдімгі ойыншықтар жиынтығы мен ұсақ заттардың таңдалған сапасы (пішіні, көлемі т.б.) әсіресе математика, тіл дамыту, айналамен таныстыру сабақтарында көбірек қамтылады.

Ақыл - ой және сезім тәрбиесінің міндеттерін тәрбиеші балалардың жас шамасы мен тәжірибесіне байланысты әртүрлі сабақта түйсікті, қабылдауды дамытуды басшылыққа алып, дидактикалық ойын немесе сезімдік жаттығуларды пайдаланады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Мухина В.С., «Сенсорное воспитание дошкольников», Дошкольное воспитание, 2017 жыл

2. М. Сәтімбекова, Ә. Әмірова, Ж. Сердалиева, «Сәбилердің сезімін тәрбиелеу», А: «Арда», 2018 жыл
3. «Бала мен балабақша» журналы, 2021 жыл, №3

БІЛІМ БЕРУДЕ ЗАМАНАУИ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Текешова Нургул Нургазиевна
«Қандыағаш қаласы №3 мектеп-гимназиясы» КММ, бастауыш класс мұғалімі

Қазір қоғам білетініміздей, күн өткен сайын қарыштап дамып, қанатын кеңге жайып келеді. Бұл бәріміз үшін өте қуантарлық жағдай. Еліміздің білім жағынан деңгейі өсіп, әлем елдерімен терезесін теңестірер жағдайға да жеттік. Бұл деп отырғанымыз, білім беру жүйесінің күннен күнге дамып, құлашын кеңге жайып келе жатыр дегенді білдіреді.

21 – ғасыр - технологияның қарыштап дамыған ғасыры. Тек білім саласында ғана емес, күнделікте өмірде де түрлі инновациялық технологиялардың қолданысқа кеңінен еніп келе жатқан уақыты десек қателеспейміз. Қазіргі күні «Цифрлы Қазақстан», «Цифрлық дәуірдегі білім» деген сөздерді жиі құлағымыз шалады.

Білім беру өте мәні зор игі іс. Ол өз кезегінде еліміздің даму деңгейін, әлем елдері алдында еліміздің мәртебесін көрсетуде маңызды. Білім беруді бірсарынды ғана жүргізу айтарлықтай нәтиже бермейді. Осы тұста білім алушылардың білімге деген ынта-ықыласын, қызығушылығын қалыптастыра білудің маңызы өте зор.

Бүгінгі күні қай жағынан болмасын дамыған, заман ағымына ілесе білетін, бәсекеге қабілетті, шығармашыл, ізденімпаз, құзыретті, жан-жақты жетілген тұлғаны қалыптастыра білу бүгінгі қоғам алдына қойып отырған келелі мәселелердің бірі. Ол үшін білім алушыларды тек білім алумен шектеп қана қоймай, өзге де қырларынан өздерін көрсете білуіне, қоғамда болып жатқан өзгерістерді жақсы жағынан қабылдай білуге үйрету керек. Сол үшін де білім беру жүйесін түрлендіру қажет. Мәселен, түрлі жаңа технологияларды енгізу арқылы немесе оқытуда жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

Қазіргі күні біз өз өмірімізді телефонсыз, компьютерсіз елестете алмаймыз. Жұмыс жасау үшін де, білім алу үшін де, тіптен бір-бірімізбен хабар алмасу үшін де осы дүниелерге жүгінеміз. Бұл да осындай жаңа технологиялардың әлдеқашан қолданысқа еніп, пайдаға асып жатқандығының көрінісі.

Білім беру жүйесін одан әрі жаңалау үшін әрі білім алушылардың білім алуға деген қызығушылығын қалыптастыру үшін айтарлықтай өзгеріс енгізу керек. Мәселен, білім беру үдерісіне мультимедиялық технологияларды енгізу аясын кеңейту өте жақсы нәтиже береді. Ендеше осы тұста мультимедиа деген не, мультимедиялық технологияларды қолданудың ерекшеліктері қандай деген сұрақтарға жауап беріп өтейік.

Мультимедиа ұғымына ғалымдар өздерінің әртүрлі анықтамаларын ұсынған. Соның бірнешеуіне тоқталып өткеніміз жөн болар. И.И.Косенконың айтынша: «Мультимедиа – әртүрлі формада ұсынылған ақпараттарды біріктіруге мүмкіндік беретін компьютердің

ақпараттық және бағдарламалық құралдар кешені». Ал И.Вернер «Мультимедиа – графика, гипермәтін, дыбыс, анимация, бейнемәліметтерді пайдалануға мүмкіндік туғызатын ақпаратты – бағдарламалық құрал» деп тұжырымдайды. Енді бір ғалымдардың ойынша Мультимедиа – әртүрлі типтегі ақпараттарды компьютердің ұсыну мүмкіндігін дамытатын және адамның мультисенсорлық табиғатына негізделген технология деп топшылайды.

Сонымен «Мультимедиа» термині – латын тілінің «multi» (көп) және «media» (орта) сөздерінің бірігуінен құралған. Мультимедиялық жүйеге арналған оқулықтарды, ғылыми еңбектерді саралай келе бұл ұғымға «ақпараттық орта» деген мағына берсек болады. Ал ақпараттық орта түсінігін белгілі бір ортада ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы ақпаратты ұсыну мен өңдеуге бағытталған арнайы ұйымдастырылған процесс ретінде қабылдай аламыз. Мультимедиа бұл:

- әртүрлі типтегі ақпараттарды өңдейтін құралдарды жасаудың және пайдаланудың тәртібін анықтайтын технология;
- әртүрлі типтегі ақпараттарды өңдеу мен ұсыну технологиясы негізінде құрылған ақпараттық ресурс;
- түрлі типті ақпараттарды өңдеу мен ұсынуға мүмкіндік беретін компьютерлік бағдарламалық жабдық.

Мультимедиялық технологиялар – әртүрлі типті мәліметтерді дайындау, өңдеу, біріктіру, ұсыну әрекеттерін ақпараттық және бағдарламалық жабдықтарды пайдалану арқылы жүзеге асыратын құралдар, әдістер мен тәсілдер жиынтығы. Мультимедиа пайдаланушыға әртүрлі типті ақпаратты біріктіріп ұсыну технологиясы. Мультимедиа технологиясы мәтін, графика және видеомультипликацияны пайдалауға мүмкіндік береді, оқу процесінде компьютердің қолданылу аясын кеңейтеді, білім алуға деген білім алушылардың ерекше қызығушылықтарын тудыруда маңызы өте зор болмақ.

Ғалымдардың зерттеулерінің нәтижелері оқытудың компьютерге негізделген анимацияланған ортада жүзеге асуы тиімділікті арттыратынын көрсеткен. Оқушылардың түсінуіне немесе қиялымен елестетуіне қиындық келтіретін ұғымдар немесе ақпараттардың презентациясын жасау кезінде осы анимацияны қолдану дұрыс шешім болып табылады [1].

Білім берудегі мультимедиа:

- Біріншіден, таным процесінің жоғарылауына септігін тигізеді;
- Екіншіден, білім беру мазмұнын интерактивті формада ұсынатын дидактикалық аппаратты-бағдарламалық құрал деуге болады.

Мультимедиялық технологияларды қолдану аясы күн өткен сайын кеңейіп келеді. Бұл еліміздің күн сайын дамудың жаңа сатысына көтеріліп келе жатқанын аңғартады. Болашақ жастардың жаңашылдығын, жаңаны жылдам игере алатындай қабілеттерінің бар екендігін көрсетеді.

Қазіргі кезде мұғалімдер мен оқытушылар білім беру барысында білім алушылардың танымдық белсенділігінің төмендеуі, өз бетінше жұмыс жасағысы келмеу, сабаққа деген ынта-ықыласының болмауы секілді мәселелелермен жиі ұшырасып жатады. Балалардың оқуға деген қызығушылығының болмауының бір себебі ретінде күнделікті сабақтардың бірсарынды ұйымдастырылуын айтуға болады. Ал бұл бірсарындылық оқушылардың қызығушылығын жоқ қылып, оқуға деген немқұрайлылыққа алып келуі мүмкін. Осындай жағдайдан шығудың бірден бір шешімі білім беруде заманауи мультимедиялық құралдарды қолдану,олар

оқушылардың танымдық деңгейін арттырып, оқушылардың назарын арттыруға мүмкіндік береді [2].

Заманауи мультимедиялық технологияларды білім беру үдерісіне енгізу өте бір өзекті мәселе. Қазіргі білім беруде алға қойылып отырған маңызды мәселелердің бірі десек болады. Мультимедиялық технологияларды білім беру үрдісіне енгізу арқылы көп нәрсеге қол жеткізуімізге болады. Оқытуда сабақта оқушыларға түрлі видеолар көрсетіп, графикалармен, суреттермен және анимациялармен жұмыс жасату сабақтың жақсы өтуіне септігін тигізеді. Мультимедиялық технологиялар сонымен қатар оқытушыларға материалдарды ерекше формада ұсынуға мүмкіндік береді. Мәселен, шеберлікпен орындалған презентация оқушылардың назарын аударып, сабаққа деген қызығушылықтарын арттыруға көмектеседі.

Мультимедиа технологиялары оқушыны дайын оқу материалының тек қана меңгерушісі емес, сонымен қоса оны құрудың, қалыптасуының, жедел қолдануының қатысушысы ретінде шығаруға мүмкіндік береді. Қазіргі бар мультимедиялық курстар мен білім берудің бағдарламалық өнімдері бүгінгі күннің өзінде сабақты жаңаша түрде құруға мүмкіндік туғызуда.

Мультимедиа технологиялары оқу әрекетін ұйымдастыру мен басқарудың мүмкіндіктерін өлшеусіз кеңейтуде және дәстүрлі оқыту шегінде табылған перспективалы әдістемелік жұмыстардың өте үлкен әлеуетін тәжірибе жүзінде нақтылауға мүмкіндік береді. Сондықтан мультимедиа технологиялары тіптен түсіндірмелі-иллюстративті әдісті қолдану жағдайында да оқушылардың ішкі белсенділігін бастамашылық етуге және ынталандыруға мүмкіндік береді.

Мультимедиялық технологияларды қолданудың тәжірибесі мынаны көрсетті:

- Оқушылардың жұмысқа деген қызығушылығы мен белсенділігі арта түскенін;
- Ойлаудың алгоритмдік стилі дамыды, тиімді шешімдерді қабылдау, вариативті әрекет ету қабілеттері қалыптасты;
- Оқытушы көптеген қиын жұмыстардан арылып, алынған мәліметтердің негізінде шығармашылық қызмет етудің мүмкіндіктері ашылды [3].

Яғни, мультимедиялық технологияларды қолдану арқылы жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болатынын аңғарамыз. Дәстүрлі әдістерді қолданудан гөрі, мультимедиялық технологияларды барынша дұрыс қолдана білу әлдеқайда жақсы нәтиже берері хақ.

Қорытындылай келе, қазіргідей дамыған уақытта мультимедиялық технологияларды білім беру үдерісіне енгізудің маңызы өте зор. Себебі мұндай технологиялардың көмегімен білім беру саласын, оқыту үрдісін айтарлықтай жақсартуға болады. Сондай-ақ мультимедиялық технологияларды оқу үрдісінде қолдану оқу ақпараттарын көрнекті етеді әрі оны оңай, тез қабылдап меңгеруге септігін тигізеді. Мультимедиялық технологияларды білім беруге енгізу ең алдымен білім алушыларды оқуға ынталандырудың ең маңызды құралы болмақ. Сондықтан да мультимедиялық технологиялар тек оқуда ғана емес, күнделікті өмірде де ажырамас негізге айналғанын айтуға болады. Жас ұрпақтың жаңа технологияларды жылдам меңгеріп, оған ерекше қызығушылық танытып, білім беруде де тиімді қолдана білуінің өзі үлкен жетістік. Қазіргі ұрпақ сандық дәуірдің перзенттері ретінде қоғам көшінен қалмай, жаңалықты жылдам қабылдап, технологияларды тиімді қолданып, білім беру саласының қарыштап дамуына үлесін қосуы тиіс. Бұл тек бір оқушыға ғана қойылар міндет емес. Кез

келген адам жеке, құзыретті, білімді тұлға ретінде білім беру жүйесін жоғары деңгейге шығаруға бір адамдай атсалысуы қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Смолянинова О.Г. Мультимедиа в образовании. Красноярск, 2003
2. Бернштейн М.С. Психология научного творчества // Вопросы психологии.1965.
3. Интернет и мультимедийные технологии (http://www.yastudent.ru/uni/10/faculty/77)

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Тектигулова Лариса Абаевна
Қандыағаш қалалық №4 жалпы білім беретін орта мектебі
көркем еңбек пәні мұғалімі

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып жатыр.

Білім беруді дамыту негізінде жалпы оқыту үрдісіне жүктеліп отырған жаңаша талап, міндеттер жоғарғы оқу орны оқытушыларына да қойылуда.

Сондықтан оқытушы іс-әрекетін жаңа талап тұрғысынан ұйымдастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Бастамашылық, жаңашылдық білім – құзіреттілік білім беру жағдайында қоғамның мәдени, әлеуметтік , экономикалық сұранысты қанағаттандыратын ,әлемдік бәсекеге төтеп бере алатын, теориялық білімін кез-келген жағдайда өз іс-тәжірибесінде пайдалана алатын жаңа нәтижеге бағытталған білім.

«Технология» ұғымы соңғы кездері педагогикалық әдебиеттегі ең көп қолданылатын ұғымдардың біріне айналды.

Технология ұғымының дидактикалық ұғымдармен байланысы сан алуан: оқытудың технологиясы, педагогикалық технология, білім беру технологиясы, тәрбие технологиясы, қарым-қатынас технологиясы, даму технологиясы, қалыптасу технологиясы, модульдік технология, топтық оқыту технологиясы және т.б.

Қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге сай оқытудың сапасын арттыру мәселесі жаңа оқыту технологияларын өз дәрежесіне сай қолдануға да тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» — деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді.

Бұл міндеттерді шешу үшін, әрбір білім беру мекемедегі ұжымының, әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

Ақпараттық технологиялардың ішіндегі мультемедиялық құралдарда сабақ кезеңдерінде пайдалану кезіндегі бұл құралдардың тиімді тұстарын атап көрсетсек, олар:

- Оқушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады;
- Тынымдық қабілетін қалыптастырады;

- Этнопедагокикалық тәрбие береді;
- Оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;
- Оқытушының уақытын үнемдейді;
- Оқулықтан тыс, қосымша мәліметтер береді;

Мектепте, жоғарғы оқу орнында сапалы оқу бағытын айқындайтын жаңа жолдардың бірі – пәндерді технология арқылы оқыту екендігі теориялық және тәжірибелік жағынан дәлелденуде.

Білім беру үдерісіндегі соңғы уақыттарда көп қолданылып,оң нәтижесін көрсеткен оқыту технологиясы туралы айтуға болады.

Технологиялардың ерекшелігі: тек білімді меңгерту емес, оқушының танымдық қабілетін және танымдық процестерді жадының алуан түрлерін есту, көру, қимыл ойлауды, ынтаны қабылдау қабілетін дамытып, оны бекіту, шығармашылық деңгейін арттыру.

Сабақтың қызықты, сапалы өтуі тікелей мұғалімнің шеберлігіне байланысты болады.

Осы орайда белгілі ғалым Ахмет Байтұрсынұлы «Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу», — деген өткен ғасырда айтылған сөздері ойға оралады.

Бір сабақтың әр кезеңдері түрлі әдістері орнымен пайдалану арқылы көп нәтижеге жетуге болады.

Оқушы санасына білімді жүйелі түрде меңгеруіне және қабілет деңгейлерін дамыту. Себебі аталмыш технология әдістері оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге, қорытындылар жасауға, жүйелі білім алуға жетелейді, өзін-өзі өзгені де бағалай білуге үйретеді.

Қорытынды:

Оқушыларға білім беруде жаңашыл технологияларын қолдану инновациялық бағытта жұмыс жасау заман ағымына сай талап етілуде.

Бүгінде қоғамның жеке тұлғалы, дамыған адамын тәрбиелейтін маманға өзінің үздіксіз шығармашылық ізденуі, оқытуда жаңа педагогикалық технологиялар мен инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгеруі, кәсіби құзырлығының жоғары деңгейде болуы қажет.

Қазіргі кезде белгілі бір білім көлемімен қамтамасыз ету жеткіліксіз.

Оқушыны білім алуға, оқуға, үйретуге көп мән берілуі тиіс.

Оқушыларды кәсіптік білім алуымен қатар шешендік шеберлігі мен баяндау жүйелілігі қалыптасқан,өз пікірін ашық білдіретін саналы ұрпақ етіп тәрбиелеу керек.

Әдебиеттер тізімі:

1.«Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030» Жолдау
2.Қазақстан Республикасының Білім Заңы
3.Қазақ ұлттық энциклопедиясы ,Алматы // -241б
4.Кәсіби даму мектебі // Алматы, Верена 2007,93-97 б.
5.Құдайбергенева К.С. Инновациялық тәжірибе орталығы- педагогикалық технология көзі. Алматы // 2001. -75б.
6.Білімдегі жаңалықтар // 2007. №4 26-28 б.

ОЙЫН БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ДАМЫТУ ҚҰРАЛЫ

Тенизбаева Асем Картанбаевна
Әйтеке би ауданы, «Балауса» МДҰ

Қазақ халқында «Баланы ойын өсіреді» деген даналық сөз бар. Өмірдің алғаш кезеңінен адам баласының тілдік қарым-қатынасы басталады. Балалар үлкендердің еркелете сөйлеген сөзіне құлақ түріп, бұрыла қарайды және тағы да не айтады деген балаларда түсінік болады, естіген сөздерін жадына сақтайды, қайталайды, көңіл бөледі. Балалардың осы алған мағұлматтарын әрі қарай дамыта отырып,жетілдіру үшін, әр түрлі ойындардың қажеттілігі ұшан теңіз бір әлем. Ойындар жәй ермек қана емес,рухани жетілуі, табиғи өсуі, дененің дамуы, ой дүниесінің өркен жаюы, білім деңгейі, сөздік қоры ойындарға тікелей тәуелді. Ойын-балалар үшін өмірмен тең. Ойын- дүниеге қарай ашылған үлкен ашық терезе. Ойын-білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты. Ойын- балалардың негізгі іс-әрекеттердің бір түрі. Ұлы педагог В.А.Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес» Белгілі педагог А.С.Макаренко «Үлкендер үшін жұмыстың маңызы қандай болса, балалар үшін ойынның маңызы сондай. Келешек қайраткерді тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады» дейді. Ойынның қандай түрі болмасын, ол балалардың ойлау, есте сақтау, белсенділік, сергектік, шапшаңдылық, икемділік, ұқыптылық деңгейлерін жоғары ұстауға үйрететіні сөзсіз. Халқымыз ойындарды тек балаларды алдандыру ғана емес ойнату ісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көз қарасының, мінез құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған. Ойындарды ойнату барысында балалардың жеке қасиеттері қалыптасады. Ойын барысында балалар дүниені тануды, өзінін күш жігерін жұмсап, сезініп білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді. Ойын-баланын ақыл –ойын ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойын жүйрік етіп тәрбиелеу. Сондықтанда баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы ойын әрекеті, яғни ойын-баланын жетекші әрекеті. Бірақ ойын балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тірбиенің құнды негізі болуы керек. Яғни оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, балалардың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау. Ендеше адамдыққа баулу жұмысының ережесі ерте бастан-балабақшадан бастап нақтылы мақсатта көздеуі шарт. Әр бір балалар өз ісімен қылығына жауапкершілікпен қарап, ұялу, кешірім сұрау сияқты әдеттерді балаларға ойындар барысында үйреткен тиімдірек. Бүгінгі күні мектепке дейінгі жастағы балалардың толық интелектуалды даму мәселесі әлі де өзекті болып отыр. Интеллектуалды толық дамыған бала жақсы оқиды, берілген материалды тез қабылдайды, өзінің күшіне сенімді. Сол себепті мектепке дейінгі білім беру мекемесінде ұйымдастырылған оқу –тәрбие үрдісінде зейін, есте сақтау, ойлау қабілеті, елестету, сөздік қорын дамытатын және жаттықтыратын жұмыстарға көп көңіл бөлу керек. Егерде бала мінезін дамыта отырып тәрбиелемесек,онда қыңыр баланың қиқарлығы арта түседі, өсе келе бұзақылыққа бейім тұрады. Тегінде баланың өмірін дұрыс ұйымдастырып, жақсыға қарай баулып, шебер басқара білуге байланысты. Сондықтан ата-аналардың да, тәрбиешінің де атқарар жауапкершілігі мол. Ол үшін ата –ана баланың әрбір іс-әрекетін қырағылықпен қадағалап, ал тәрбиеші Үнемі өз тәжірибесін молайтып, шеберлігін, біліктілігін арттырып отыру қажет. Баланың саусақтарының қимылы немесе ұсақ мотрикаңың жақсы жетіліп дамуы, ол мидың және тілдің жетілуімен тікелей байланысты. Ойында болсын басқа сәтте болсын тәрбиеші балаларға ерік беруі керек, бұл

арқылы балалар еш қашан біреудін көмегін күтпеуді үйренеді, еркіндік ол балалардың бойына батылдық, шыдамдылық, табандылыққа баулиды. Балалармен күн ара саусаққа

арналған ойындармен ойнап тұрған жөн. Бұл жөнінде ең алғаш Қытайда 9-10 ғасырларда қолөнерді, дамытуға, оның адамға пайдасы жайында кеңінен таратылды,саусақпен істейтін жұмыстарға көп мән берілген. Дидактикалық ойындар арқылы балалардың ойлау қабілеттері дамиды, қызығушылықтары артады. Ойын барысында балалар педагогпен бірлесіп ереже бойынша қызықты тапсырмалар орындап,жағымды қарым –қатынас жасауы балалардың эмоционалды көңіл күйлерін көтереді, сондықтанда дидактикалық ойынға қажетті құрал-жабдықтар, атрибуттар өте маңызды. Логикалық ойындармен ойнаған балалардың саралау, жинақтау, мағыналы ойлауды игереді.

Қорыта айтқанда балаларды дамыту мақсатында білім тереңдету,эстетикалық тағам,ойынға деген қызығушылық,ынтасы нәтижелі болады деген ойдамын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Білімді ел газеті
2. Ақтөбе ұстазы газеттері.
3. Бала мен балабақша журналы.

«ТӘРБИЕШІ БОЛУ ОҢАЙ МА?»

Тәліпова Гүлжан Шамшақызы
«Ақтөбе облысының білім басқармасы Шалқар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы»МКҚК

Бөбек деген өмірдің дастан әні,
Асуларға жетелер асқаралы.
Бәйтеректей елімнің биік шыңы,
Кіп-кішкентай балдырғаннан басталады.

Еліміздің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік-отбасы, ата-анасы болса, екінші бесік-білім беру мекемесі балабақша. Осындай қызығы мен қиындығы мол мамандықты таңдадым. Он бес жыл тәрбиеші болып жұмыс жасасам, әдіскер қызметін істегеніме, міне жетінші жыл толды. Балабақшада істеген осы азды-көпті жылдардағы өзімнің ойға түйгенім:тәрбиеші болу өте күрделі, көп ойлылықты, ұқыптылықты, біліктілікті, мейірімділікті талап ететін жұмыс. Сондай-ақ ол өз тобындағы әр сәбидің мінез-құлқын, жүріс-тұрысын бес саусақтай білкуі тиіс.Бұл үшін талпыныс керек.

Халқымыздың «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген мақал бар.Тәрбиеші болу үшін адамның ол адамның өзі тәрбиелі отбасынан шыққан болуы керек деп ойлаймын.Кейбір ата-аналар баланың көзінше ұрысады, бір-бірін балағаттайды, қалай болса солай өнегесіз сөздер айтады. Соны көрген бала болашақта қандай адам болады? Мұндай жағдайлар балабақшада да жиі кездеседі. Ондай өнегесіз сөз айтып жатқан балаға тәрбиеші қалай ықпал етуі керек? Жас өркендерді жаман қасиеттердкен қалай арылту керек? Міне, осындай сұрақтар жанын жегідей жеген, көңілі байыз таппаған тәрбиеші ғана ойға алған ісінен нәтиже шығара алады. Осы үшін мен бірінші тәрбиешінің өзі тәрбиелі болу керек деп ойлаймын. Жас кезінде аддамгершілік пен инабаттылыққа үйренген адам ержеткенде де осы қасиеттерін өз бойында сақтайды. Олай болса тәрбие негізін тәлімді тәрбиеші дайындаудан бастағанымыз жөн. Бұл орайда менің ұсынысым мынадай: педагогтік оқу орындарырының мектепке дейінгі бөліміне қабылдаған кезде әр талапкердің ұлттық дәстүрге деген құрметі мен ынта-ықыласына, мінез-

Ұлы ойшыл Уильям Уорд « Жай мұғалім – хабарлайды . Жақсы мұғалім -түсіндіреді. Керемет мұғалім –көрсетеді . Ұлы мұғалім – шабыттандырады» деген екен. Сондықтан XXI ғасыр мұғалімі жан - жақты болуы заңды деп ойлаймын. Оқыта отырып тәрбиелеу - қазіргі заман мұғалімінен талап етілетін басты мәселе. Сондықтан атақты педагог К.Д.Ушинскийдің «Оқыту- тәрбиелеудің қуатты органы,бұл органды пайдалана білмеген тәрбиеші шәкірттерге әсер етудің ең басты және қажетті құралынан айрылады » деген сөзін үнемі жадымызда сақтасақ деймін.

Пайдаланылған әдебиеттер:
1.Мұғалімге арналған нұсқаулық (үшінші деңгей);
2. «Технология мектепте» әдістемелік журнал 2014ж
3. « Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» Астана 2014ж
4.К.Дайрабаев, А.Дайрабаева Педагогика негіздері

СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ – ТӘРБИЕ БАСТАУЫ

Толыбаева Ақмерей Толыбайқызы
«Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы

Ж.Баласұғын «ақыл – ойдың көркі – тіл, тілдің көркі - сөз» дегендей тіл мәдениеті – ел мәдениеті. Сөйлеу сөзден, сөз әріптен, әріп дыбыстан шығады. Біздің ойлау қабілетіміз, мәдениетіміз, саналығымыз тіліміздің, тілден шыққан айтарымыздан көрінеді. Сөйлеу бізге жаратушымыздан келген жеті кереметтің бірі болғандықтан, адам санасының жоғарғы белгісі деп қабылдауымыз керек. Тарихымызда мәдени ошақтардың бірі тас табақтарда, көнеден келе жатқан жазбаларда, ауыздан ауызға тарлатын дастандарда сөз мәдениетінің жоғары болғанын, бірнеше ғасырларда сөздердің көркейгенін, өзгергенін байқаймыз. Оған келесі мақалдар, нақылдар, ақыл сөздер айғақ. Мысалы: «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», «Басқа бәле тілден», «Айтылған сөз атылған оқпен тең», «Ойсыз сөз опық жегізер» және т.б. Көргеніміздей тілден шыққанның бәрі ойдан шыққан дүние.

Ойымыз біздің ішкі руханиятымыз, біздің жүрегіміз. Өкінішке орай қазіргі заманынан ба, әлде сол заманның адамынан ба онысы белгісіз, сөз қадірі жоғалуда, сөйлеу мәдениетіміз тапталуда, тәрбиеміз бұзылуда, елдігіміз артта қалуда. Себеп не? Себеп адам ойсыздығында, маған бәрі болады деп жүгенсіз кетуінде, тәрбиенің қаққан қазықтай болмауында, тәртіпке адамзаттың бағынбауында болып түр. Сөз мәдениетіміз, тіліміз қанша жерден заңмен қорғалғанмен заңға немқұрайлы қарауымыз, заң бойынша жауапкершіліктің жеткілікті деңгейде қаралмауы.

Сол тілден шығар мәдениетімізді қалай көтереміз, дұрыстаймыз? Мәдениет тәрбиеден бастау алса, тәрбие отбасыдан бастау алады. Обасыдағы ата – ана баласының болашағы үшін, қоғамдағы өздерінің алар орындары үшін мәдениетті жоғары қою керек. Отбасы басында лас сөз, балағаттаулар болмауы керек. Әңгіміміз балағат сөздерден айтылмай, көкейге қонымды, көңілге ұнамды сөздер ғана айтылса, өскін ұрпақ та әдемі сөздер айтатыны хақ. Себебі адамзат өмірінде қасиетін ұғыну үшін ең әуелі тәлім-тәрбиесі, ортамен қарым қатынасы бағаланады.Сондықтан да бірінші ретте сөйлеу әдебін қалыптастыратын сөйлеу сапаларын, яғни мінсіздік, тазалық, дәлді әрі нақтылық, мәнерлілік,орнықтылық, бейнелілікті мықтап ұстану әр адамзат парызы, отан, болашақ ұрпақ алдындағы парыз. Міне осыднай тіл тәрбиесіне, сөз мәдениетіне басты фундамент қоюшылардың бірі біздер – бала – бақша тәрбиешілері. Ең алдымен мемлекеттік гимнді жатқа айтқызудан бастап мақал-мәтелдер, дастан – жырларға дейін үйретіп бала санасына ақ пен қараны, жақсы мен жаманды бөлгіздіретін, отан сүйгіштікке алғаш баулитын да біздер. Себебі баланың болашағында алғашқы ұстаздың тәрбиешінің орны ерекше. Кейбір ұжымдарда қызметкерлер бір бірімен де кереғар сөйлесііп, бала көзінше сөз мәдениетін, ұстаз этикетін жоғалтып алатындар да кездестіреміз. Әрине ең әуелі қоғам бөлшегі ретінде осындайларға тосқауыл қоясың, дегенмен кейбір қоғам орындарындағы азаматтар мен азаматшалар сын сөзді көтермей, балағат сөздер айтып. жанжалдасып шығатынын қайтерсің, шындығы сол қолыңды бір сілтеп кете бересің. Сонда бала тәрбие бастауын отбасынан алса, мынандай дөрекі әрі оспадарсыз ата аналардан

қандай жақсылық бастауын алады деп тағы ойланасың. Сондай қоғамда кездесетін жиіркенішті сөздерден, сапасы жоқ кереғар тәрбиеден ең алғашқы болып бала ұрпақты қорғайтын да біздер ұстаздар қауымы. Қазіргі таңда ұрпақ тәрбиесі отбасыға қарағанда ұстаздар қауымына мықты керек пе деп қаласың?. Неге, себебі бала үшін жанұшырып айқай салатын ата ана бар да, баласына тәрбие беріп, көркем мінезді бойына сіңіретін, сапалы тәрбие беретін ата аналар аз. Әрине көпке топырақ шашпаймыз, бірақ бала жұмсақ «губка» секілді жақсыны да жаманды да бойына тез сіңіретін әлсіз болмыс. Сөз мәдениетін нығайтқанша қанша соққы алады, ой өрісі дамығанша қанша оқу, білім алады. Жақсыны алам деп жүріп сол арада бала жамандыққа қарсы тұрар иммунитетті жоғалтып алмай ма?

Сөз соңында айтарым болашақ ұрпақтың кемел салауатты өмірі үшін салауатты денсаулықпен қатар, тәрбие бастауы болар сөз мәдениетін мықтап сақтауымыз керек. Сөзі дұрыс еместі өмір сахнасынан аластау Сіз бен біздің міндетіміз. Балаға жақсы сөйлеу, жамандықты айтқызбау, сөз мәдениетін «Отансүйгіштік», «Тәлім - тәрбие», «Адамзат борышы» деген ұғымдардан кейін қалдырмау да біздің міндет. «Еліңді түзетемін десең бесігіңді түзет» дегендей, бесікте жатқан балаға ұялы телефоннан мәнісі жоқ, тарсылдаған әуен деп, өлең деп айтуға келмейтін қажетсіз дүние қосқанша, әжелеріміз айтқан әлдиді айтсаңыз, сөздерін тыңдасаң я қазақша емес, я орысша емес әуендермен балаға тик-ток түсіруге рұқсат беріп, оның түсіргеніне мәз болып қолпаштағанша, Абайдың, Шәмшінің әндерін тыңдатсақ, алдымыздан жетістік болып шығары сөзсіз, қазақтың қазақ болып қалыптасары айқын. Ұрпағымызды сақтайық. Мәдениетіміз жоғары,елдігіміз мықты егемен ел болайық қоғам!

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ-САПАЛЫ БІЛІМНІҢ КЕПІЛІ

Төкен Ләззат Жарасқызы
Қандыағаш қалалық № 4 ЖББОМ

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой-талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

“Қазақстан-2030” стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды.

Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр

болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы.

Әр пән мұғалімдері, өзінің сабағында әр түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру ең басты мәселе. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу.

Білім беру жүйесін инновациялық технологиялармен жабдықтап, білім берудің халықаралық талаптарын меңгерудің маңызы айрықша. Танымал ғалым, педагог, философ, профессор Джон Дьюидің: «Егер біз бүгін балаларымызды кешегідегідей оқытатын болсақ, онда біз оның ертеңін ұрлаймыз» деген ойына негізделе отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастап отырмыз. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды.

Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың заманауи тиімді әдіс-тәсілдеріне жекелеп шолу жасап кетуге болады.

Құндылықты-бағдарланған тәсіл – оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғы шарттар құруды көздейді.

Тұлғалық-бағдарланған тәсіл— педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақыл ойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық, эстетикалық, шығармашылық нышандары даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

Жүйелік-әрекетті тәсіл – оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

Коммуникативтік тәсіл – бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.

Интегративтік тәсіл – оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі. Бастауыш білім беру мазмұнына ортақ тақырыптарды енгізу әр түрліп әндік салалардан білімдерді кіріктіруге және сол арқылы алынатын білімдердің функционалдығына қолжеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу тәсілі — зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.

Интербелсенді әдіс- білім алушылардың танымдық қызығушылығы мен танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған. Негізгі қағидасы-педагогикалық қарым-қатынаспен қарым- қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттарын зерделей отыра тапсырмаларды. ықшам сабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді.

Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау түрлері баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Критериялық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді.

Жиынтық бағалау оқу бағдарламасынның бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір –бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

Ертеңінен үміт күткен Мәңгілік еліміздің ұрпағы білімді, білікті болу үшін нақты жоспар, нақты қадам керек. Әр мұғалім әзірленіп жатқан жаңа мазмұнды бағдарламаны игеруі маңызды. Б.Момышұлы «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді», - дегендей, сапалы білім, саналы тәрбие берген қоғамдағы ұстаз қауымының орны ерекше екенін ұмытпай, қоғамның әр мүшесі жан-жақты қолдау көрсетуі қажет деп ойлаймыз.

«Егер саған бір балық берсе, сен бір күн тоқ жүресің, егер саған екі балық берсе, екі күн тоқ жүресін, ал егер сені балық аулауға үйретсе, сен өмір бойы тоқ боласың» деген халық даналығымен аяқтап, біз, мұғалімдер, қауымы оқушыларға өміріне азық болатындай және алған білімдерін өмірде қолдана алатындай білім беруіміз керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Оқыту мен оқудың белсенді әдістері. Астана. 2013
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Тиімді оқыту мен оқу» ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. «НЗМ» ДББҰ.ПШО. 2016
3. Сайфуллақызы Б. «Рефлексиялық біліктілік– педагогикалық шеберлікті арттырудың
4. Қажетті шарты».«Қазақстан мектебі» Желтоқсан. 2016
5. «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасы үшін әзірленген №5 оқу құралы. Алматы. 1998
6. Алимов А. «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері». Оқу құралы. Алматы. 2013
7. Алимов А. «Табысты оқыту» Оқу құралы. Алматы. 2018
8. «Рефлексия – мұғалімнің оқыту және оқу тәжірибесін жетілдіру құралы».
9. «НЗМ» ДББҰ. Астана. 2016
10. Рудик Г.А. Ой еңбегі мәдениеті немесе оқудың 101 техникасы. Оқушыларға, студенттер мен педагогтарға және оқуды өмірлік салтқа айналдырғандардың барлығына арналған оқу құралы. Қостанай. 2010 96б.

БЕЛСЕНДІЛІК НЕГІЗІ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІС

Төленияз Гүлназ Ізбасарқызы
№60 ЖББОМ математика пәні мұғалімі

ХХ1 ғасырда білім берудің мақсаттары мен міндеттері өзгерді, өйткені келешекте мәліметтердің жинақталуы -жүктеменің оқушылардың шамасынан тыс болуына әкеледі. Оқытушының міндеті білімді көбейту емес,осы білімдерін өз бетімен алуға мүмкіндік беретіндей құралмен қамтамасыз ету.

Бүгінгі таңда оқушы қаблетін қанағаттандыра алатындай білім беру үшін,оқыту үрдісінің сан алуан түрлерін қолданып отырғанымыз белгілі.Осы жаңа әдістерді қолдану кезінде педагогикалық психологиялық талаптарды біріктіре отырып,оқушының оқу материалын терең игеруіне жағдай жасау қажеттілігі көрініп тұр.

Шығармашылық дегеніміз-адамның өмір шындығында өзін өзі тануға,жаңалық ашуға,жаңа тәсілдер табуға ұмтылуы.Біздің міндетіміз оқушыға оның бойында жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету.Математикадан білім сапасын оқушылардың пәнге деген қызығушылығын ояту арқылы ғана,біз нәтижеге қол жеткізе аламыз.Қазіргі заман талабына сай білім беру үшін оқушылардың жеке қасиеттерін,қаблеттерін,белсенділіктерін арттырудың жолдарын қарастырған жөн.

Белсенділіктің қайнар көзі-ынта мен қызығушылық.Осының нәтижесінде:

1)мұғалім мен оқушы арасында тұлғааралық қатынас қалыптасады

2) сабақ барысында сыйластық пен сенімнің жоғары деңгейімен ерекшеленетін бірлескен жұмыс әдісі қалыптасады

3) оқушылардың ашық түрде пікір алысу мәдениетіне баулимыз

4) оқушылардың өз бетінше ізденісіне жағымды мотивация қалыптасады.

Демек сабақтың өн бойында,сабақтан тыс кезеңде оқушылардың іс-әрекеті басым болады.Бұл мұғалімнің әдістемелік қызметіндегі басты жетістігі және педагогикалық қызметтегі кәсіби өсуіне жоғары ықпал етеді.

Шығыста керемет даналық сөз бар:" Маған айт,мен оны ұмытамын,көрсет,мүмкін,есімде сақтармын,мені қызықтыр,мен сонда түсінемін"

.Мектептегі математика" ең қиын" пән деген пікірдің қалыптасуы пәнді оқытудың әдістемесіндегі қалыптасқан дәстүрлі жолдар негіз сияқты.Оқытудың мақсаты орындалуы үшін өзіне сенімді,үнемі ізденімпаз,нақты сұрақ қоя алатын,сұраққа ұтымды жауап бере алатын,алған білімін өмірде қолдана алатын жеке тұлға тәрбиелеуіміз керек.

Математикадан тек оқушы есеп шығару-ол математикалық іс әрекеттің басы ғана.Сабақ барысында бірлесіп жұмыс жасау,өзі білгісі келетін нәрсеге нар тәуекел ету,жазбаша және ауызша ой алмасу бүгінгі оқушының дағдысына айналуда.Қай сыныпта болсын геометрия пәніне деген алғырттық қызығушылықтары төмен екенін байқап мына мақсатты алдыма қойдым:

- қалай болғанда да тақырыптарды,теоремаларды өздері талдап,дәлелдей білуі керек

-мен сол үшін орта құруым керек

-әрине,бірінші сабақтың сұрақтары мен нұсқаулары арқылы проблеманы анықтадық.

Осындай сабақ арқылы оқушыда білгісі келу қажеттілігі туды,өз бетімен үйрену сенімділігі артты,топтарда белгілі математикалық орта пайда болды

.Оқушылар күткен ойдан шықты.

Оқушыларға өмірге қажетті есептеулер,нағыз заттарды ұстап көріп,оларды өлшеу,бағалау сұрыптау бағытындағы есептермен жұмыс жасау керек.Сонда ғана оқушыда ой талқысына салу,елестету әдеті қалыптасады,нәтижесінде енжар оқушыдан ізденушілер және мәнді іс әрекет жасайтын қоғам мүшелерін дайындауға болады.

Математиканың өзі дәл ғылым,оны меңгеру үшін еңбектену мен іздену қажет. Математикалық тұжырымдар айқын және нақты дәлелденеді,анықтамаларда артық сөз болмайды.Кез келген математикалық ұғым,тұжырымдар тұрақты және өзгермейді.

Сонымен математика мазмұнының өзі адамды шыншылдыққа, дәлдікке, еңбекқорлыққа, төзімділікке тәрбиелейді.

Геометриялық фигуралар,математикадағы симметрия,теореманы дәлелдеу жолының дәлдігі,эстетикалық тәрбие математиканың құдіретін көрсетіп, математикаға деген қызығушылық тудырады.

Дұрыс ұйымдастырылған сабақта оқушының ойы шыңдалып,белгілі бір жетістіктерге жететіні сөзсіз.Білімнің пайдаға асуы,қажетке жарауы оқушының көп ақпаратты талдай,жинақтай отырып ішінен қажеттісін алуға көмегі тиді деген сөз.

Фалестің айтуынша**:**

«Дүниедегі ең үлкен нәрсе кеңістік.
Бәрінен жүйрік –ой.
Бәрінен дана –уақыт.
Бәрінен жеңіл- басқаға ақыл айту.
Бәрінен қиыны-өзіңді өзің тану»

Қолданылған әдебиеттер

1.Мұғалімдерге арналған нұсқаулықтар
2.Білімдегі жаңалықтар.Ақпаратты әдістемелік журналдар

ЖАС ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ҚИЫНДЫҚТАР

Төлесін Айнұр Аманқызы
Психолог, педагог-модератор
Бауыржан Момышұлы атындағы №62 ЖББОМ

Білім беру саласындағы мемлекет саясатының басты міндеті-педагогикалық қызметтің барлық саласындағы жаһандық өзгерістерді қамтитын жаңғырту. Макс Планктың пікірінше, жаңғыру "жаңа идеялар дұрыс болғандықтан емес, ескі тасушылар кеткендіктен"орын алады. Мектептердің педагогикалық ұжымдары бұрынғысынша, ең алдымен тәжірибелі педагогтардан тұрады, бірақ сонымен қатар жас мамандардың айқын ағыны бар. Педагогтер категориясының жақсы жақтарына тоқталсам, үлкен тәжірибесі бар педагогтардың мықты тұсы бір сөзбен айтқанда - тәжірибе. Жас педагогтердің мықты тұстары - позитивті және шығармашыл, жаңалыққа ашық, жаңа білім парадигмаларын енгізуші.

Енді әр категорияның қиындықтарына тоқталайық.

Үлкен жұмыс өтілі бар жекелеген тәжірибелі мұғалімдердің қызметінде көбінесе авторитарлық стиль, оқытудағы қажетті өзгерістерге формальды көзқарас бар, қазіргі заманғы әлеуметтік тапсырыс кешегі күн тұрғысынан, ескірген стереотиптердің призмасы арқылы сезіледі.

Жас педагогтардың мәселелері:

- практикалық дағдылардан теориялық білімнің басым болуы;
- өз күшіндегі сенімсіздік немесе керісінше, жоғары өзін − өзі бағалау, бірақ ең бастысы-дәстүрлі мектепте білім алу тәжірибесі бар, олар өздерінің тәжірибелі әріптестері сияқты стереотиптерге толы.

Жас педагогтің алдында тұрған міндеттерді шешуді қиындататын кедергілері зерттеулер жүргізгеннен кейін анықталады. Дегенмен де педагог ретінде көп кездесетін «кедергілерді» атап айтсам, жас маманның ұстанымының сәйкес келмеуінде, сыныптан қорқу, қарым-қатынасқа түсуде қиындығы болуы, оқушылармен қақтығыста болуы, педагогикалық қателіктерден қорқуы, қарым-қатынас аясын кеңітпеуі, еліктеу, сыныпқа теріс көзқараста болуы т.б. Нәтижесінде балалармен жеке қарым-қатынас жасау эмоционалдық байлықсыз, жағымды уәждерсіз дамымайтынын байқауға болады. Жас педагог жұмысындағы қиындық бұл мәселелерді шешу жолдары нақты нұсқаулық немесе әдебиеттерде жазылып қойылмаған, оқып алып шеше беруге болады деуге келмес. Себебі, әртүрлі орта, әртүрлі жағдаят, әртүрлі тұлға екенін ескеру керекпіз. Сондықтан педагогикалық мәселелер жас педагогтің алдынан күн сайын шығуы мүмкін. Жас педагог бұндай мәселелерді жоғары оқу орнында алған біліміне сүйеніп өзі шешеді. Осыған байланысты жас педагогтің кәсіби қызметінде қиындықтар туындайды, өйткені ол педагогикалық шеберлік пен тәжірибенің және кәсіби түйсіктің жеткілікті деңгейінде емес.

Сонымен, тәжірибелі педагогтарды сабақтарға және жас әріптестерді қолдауға ынталандыру проблемасы бар екені рас. Жас мұғалімдер мен тәлімгерлердің бірлескен қызметін ұйымдастыру үшін әдістемелік әзірлемелердің жоқтығынан тәлімгерлік институтының ішінара формальды қарым-қатынасы орын алады. Барлық осы мәселелер, қарама-қайшылықтар мен проблемалар мектеп ұжымы үшін жас мұғалімдердің "мамандыққа ену" процесіне заманауи, тиімді көзқарасты жобалау үшін бастапқы нүкте болды. Жас педагогтарды кәсіби жетілдіру процесін оңтайландыру үшін кешенді тәсіл қажет,онда барлығы маңызды: қолданылатын қағидаттар, сабақтардың ойластырылған нысандары, әдістер мен технологиялар, табыс жағдайын жасау, уақтылы диагностика, мотивация деңгейін арттыру, ұжымға кіру, тәлімгермен психологиялық үйлесімділік және т. б.

Жас педагог баланың тәрбиесінде өз әрекетінің белгілі бір тәрбиелік әсері барын сезіне алмауы мүмкін. Сондықтан практикалық жағдайларда мінез-құлқын болашақ тәрбиелік мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізумен байланыстыруға қиналады. Жас педагог тәрбиелік іс-әрекеттері туралы жиі ойланбайды, кейде тым асығыс, импульсивті болуы оның жұмысында қиындықтар тудыруы мүмкін. Балалармен сенімді қарым-қатынас орнату бірден бола қоятын жағдай емес, оған жас педагог көп сынақтардан кейін ғана қол жеткізуі мүмкін. Сенімді қарым-қатынас орната алмау жағдайды қиындатады. Бұл жас педагогтің бейімделу кезеңінің маңызды проблемасы және оны шешудің қиындығы жиі кәсіби сенімсіздікке әкеледі.

Оқу жылының басында "жас маман – тәлімгер" жұбы "жас мұғалімнің әліппесі" жұмыс дәптерін пайдалану арқылы жұмысты ұйымдастырады. Жас маманның кәсіби қалыптасуының жеке траекториясын ескере отырып, зерттеу үшін, ойлауға арналған, схемалар, кластерлер, тестілер, ақпаратпен қанықкан "әдістемені" жасайды. Сабақтарда оқыту үшін қолданылатын іс-әрекет тәсілі педагогтың еңбек қызметін бастайтын біліктілігін арттыру үшін де пайдалы болуы мүмкін. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, "жас мұғалімнің әліппесі" құралымен жұмысты ұйымдастыру жас маман мен тәлімгер жұмысының табысты болуына, мамандыққа қанағаттануына жағдай жасайды және, сайып келгенде, инновациялық, шығармашылық педагогикалық қызметтің қажеттілігіне әкелуі мүмкін. Соның ішінде педагогикалық шеберлікті арттырады.

Педагогикалық шеберлік - бұл педагог тұлғасының әртүрлі қасиеттерін, оның ғылыми, техникалық, педагогикалық білімі мен іскерлігін синтездеу, оған педагогикалық құралдар жүйесі арқылы өз оқушыларын оқыту, тәрбиелеу және дамытуда ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Педагогикалық шеберлік, ең алдымен, шебер оқушыларды оқытудың тиімді тәсілдеріне сенімді, олардың жеке басының жағымды қасиеттерін тәрбиелеу, өзінің мамандығына деген құрмет, мақсатқа жету жолындағы қиындықтарды жеңуге, өзінің

педагогикалық қызметінің нәтижелері үшін жауапкершілікте болуға үйретеді. Педагогикалық шеберлік терең және жан-жақты кәсіби білім мен білік, педагогика білімі, педагогикалық психология, оқыту әдістемесі мен ұйымдастыру, оларды практикалық қызметте қолдана білу негізінде белсенді, шығармашылық педагогикалық еңбекте қалыптасады және дамиды. Ең бастысы: жас маман кәсіби шыңдарға шығу барысында объект емес, субъект болып табылады. Біздің мектепте жас мұғалімдермен жұмыс істеу ерекшелігі кәсіби тұрғыда табысты іске асырылған жас әріптестер тарапынан кәсіби қолдауды ұйымдастыру, педагог мамандығын таңдаған мектеп оқушыларын анықтау, оларға мектеп базасында педагогикалық тәжірибеден өтуге мүмкіндік беру болып табылады.

Мектеп ұжымында үздіксіз біліктілікті арттыруды ұйымдастыра отырып, біз келесі бағыттарды ұстанамыз: педагогикалық жағдайларды зерделеу және шешу үшін материалдар; - педагогтың өзіндік талдау арқылы педагогикалық қарым-қатынастың өзіндік стилін қалыптастыруына және оқушылармен өзара әрекеттестікте оңтайлы нәтижелілікті қамтамасыз ететін қарым-қатынас тәсілдерін мақсатты іздестіруге уәждейтін материалдар. Жұмыс дәптерін пайдалану жас маманға мұғалімнің жұмыс сапасына қойылатын уақыт талаптарын ескере отырып, өзінің қиындықтарына сүйене отырып, әдістемелік көмек көрсетуге мүмкіндік береді; проблемалық жағдайлардың пайда болуы туралы тәлімгерге жедел ақпарат береді; жас маманның бақылау және өзін-өзі бақылау дағдыларын, педагогикалық қызмет нәтижелері үшін жауапкершілікті дамытуға ықпал етеді; кәсіби қиындықтарды анықтауға ықпал етеді.

Педагогтің шығармашылық деңгейі қойылған мақсаттарға жету үшін өз мүмкіндіктерін пайдалану дәрежесін көрсетеді. Сондықтан да педагогикалық қызметтің шығармашылық сипаты, оның маңызды ерекшелігі болып табылады. Шығармашылықпен жұмыс істейтін педагог, сонымен қатар жаңашыл педагог өзінің педагогикалық жүйесін құрады, бірақ ол тек ең жақсы нәтиже алудың құралы болып табылады. Педагог тұлғасының шығармашылық әлеуеті өзі жинақтаған әлеуметтік тәжірибе, психологиялық-педагогикалық және пәндік білім, бірегей шешімдерді, жаңашыл нысандар мен әдістерді табуға және қолдануға мүмкіндік беретін және өзінің кәсіби функцияларын орындауды жетілдіруге мүмкіндік беретін іскерліктер мен дағдылар негізінде қалыптасады

Жас педагог кездесетін қиындықтарды жеңу үшін келесі маңызды қасиеттерді меңгеруі тиіс:

1. Кәсіби және педагогикалық білім, оларды тез еске түсіру қабілеті.
2. Ой мен ерік-жігердің белсенділігі, тұрақтылығы және шығармашылық қиялы дамыған болуы.
3. Өз біліміне, кәсіби шеберлігіне, өз ойына, қабілетіне және мүмкіндіктеріне сену және пікірдің тәуелсіздігі.
4. Ілтипатпен және жақсы бақылаумен үйлескен білім алушылық.
5. Істің мәнін тез және жан-жақты түсіну, мәселені түсіну, оны шешу жолдарын белгілеу.
6. Дамыған интуиция, кездейсоқ фактідегі қабілеті, мәселені шығармашылық шешу үшін тірек нүктесін табу құбылысы.
7. Өзін оқушылардың орнына қою, олардың рөліне кіру және осы ұстанымға сәйкес педагогикалық міндеттерді шеше білу.
8. Еңбекқорлық, қарапайымдылық, риясыз, жоғары жауапкершілік сезімі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Хмель Н.Д. Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс Алматы “Ғылым” жыл.

2.Қожамқұлова Ж. «Ұстаз беделі қалай жоғары болмақ?»

Қ.Ж. Бұзаубақова. « Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру». Алматы. Жазушы

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ЗАМАНАУИ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

Трумова Алтынгүл Лұқпанызы
«№3 Алға қазақ орта мектебі»КММ

«Жай ұстаз хабарлайды, жақсы ұстаз түсіндіреді, керемет ұстаз көрсетеді, ұлы ұстаз шабыттандырады» – деп ағылшын ағартушысы Уильям Уорд айтқандай, мақсатым – білімді шәкірт деп ұрандайтын ұстаздардың басты міндеті - жаңалықтардан қалмай, оқушыға сапалы білім мен саналы тәрбие беру, тұлғаның заман талабы мен ағымына сай қалыптасуына ықпал ету екендігін бәріміз білеміз. Сол мақсатқа жетудің жолын көздеген ұстазда: Сабақты түсінікті, қызықты етіп, мектептен шыққан оқушы бүгін алған білімін келесі сабақтарында ұмытпай айта алатындый қылып оқыту үрдісін қалай ұйымдастыруға болады? - деген сұрақтар туындайды.

Осы сұрақтарға жауапты – оқыту барысында инновациялық оқыту тәсілдері мен элементтерін қолдану, яғни оқытушының жаңа қаруы ретінде инновациялық тәсілдерді барынша пайдалану арқылы алуға болады. Инновация деген ұғым өзі жаңалықты енгізу, жаңа әдістемелер мен жаңа технология дегенді білдіреді. «Ауызша айтса ұмытамын. Көрсем, мүмкін есімде сақтаймын. Егер қатысушы болсам, мен түсінемін» деп Қытай даналығында айтылғандай, осы сөздерде инновациялық технологиямен оқытудың мәні айқындалып тұр.

Ағылшын пәнін оқыту кезінде инновациялық технологияларды қолдану мұғалім үшін маңызды, ал оқушы үшін одан да маңызды. Жаңа технологиялар оқушылардың білім сапасын арттыруға, өздігінен жұмыс істеу қабілетін оятуға көп көмегін тигізеді. Ағылшын пәнін оқытуда инновациялық технологияларды қолдану, заман ағысынан артта қалмай, өмірдің зымыраған қарқынына ілесіп отыру деген тұрғыда жаңа технологияларды қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында кеңінен пайдаланып келемін. Барлық мүмкіндік пен жаңалықтарды қазақ тілін сапалы үйрету жүйесіне енгізудің тиімді жолдарын қарастырып отыру міндетіміз болып табылады.

Оқытушы үшін ең басты назар аударатын мәселе – сабақтың әдісі. Оқыту үрдісінде сан мыңдаған әдістер бар. Оқушыларға қазақ тілін меңгертуде жақсы нәтижеге жету үшін оқытушы сабақтың түріне қарай әр түрлі әдістерді тиімді қолдану керек.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді [1,2].

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негізгі бөлігін құрайтын компьютерлік оқыту бағдарламалары тақырыпты түсіндіруге, теориялық білімді игертуге және тапсырмаларды түрлендіру мен нәтижені бағалауға байланысты түрленіп қолданылады. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе тұлғаны нәтижеге бағыттай білімдендіруде.

Ағылшын тілі сабағында электрондық оқулықтарды пайдалану оқушыларда техникалық дағдыларды қалыптастыруға қажетті мерзімді қысқартуға, жаттығу тапсырмаларының санын арттыруға мүмкіндік береді, бұл кезде білім беруді жіктеу оңайға түседі де, бала оқыту субъектісіне айналады, өйткені ол баладан белсенді басқаруды талап етеді. Дәстүрлі сабақтарға қарағанда, интернет-ресурстарды пайдаланатын сабақтың артықшылығы - мұнда

әнгімелесу, қосымша ақпаратпен өз бетімен жұмыс жасау формасын пайдалануға болады. Бұл кезде әрбір оқушы дербес режімде жұмыс жасауына болады.

Компьютер жақсы оқыту программасымен үйлескенде, аса зор қуатқа ие болып, төмендегідей мүмкіндіктер береді:

-бейнелеу мүмкіндіктері (анимация, бейнефрагмент) мен дыбысты пайдалану, бұл оқу материалының мазмұнын барынша көрнекі, түсінікті, қызықты ете түседі;

-оқушылар білімін жылдам және тиімді тестілеуді өткізу;

-балалардың өздік жұмыстарын ұйымдастыру, нұсқама, анықтама және басқаларды ұйымдастыру (осындай жағдайдың баспасөз нұсқасында қажетті ақпаратты іздеу, көптеген әдебиетті ақтару немесе қажетті әдебиетті алу үшін кітапханаға бару, т.т. қажет болар еді).

Мектепте қойылатын міндеттердің шешімін жүзеге асыруға бірыңғай тұрғыдан келу үшін, пән мұғалімі мыналарды білуі тиіс:

-олармен сабақта жұмыс жасауға қажетті дидактикалық материалдарды даярлау үшін мәтіндік, жазба және дыбыстық ақпаратты өңдеу (тапсырмалар нұсқалары, кестелер, суреттер);

-MS Power Point презентация редакторын пайдалана отырып, осы оқу материалы бойынша слайдтар жасап, презентацияны сабақта көрсету [1,3].

Оқушыны қажеттілігіне қарай даралап аламыз, олардың оқуын қолдау үшін бірінші кезекте қандай стратегияларды пайдаланатынымызды және тапсырмаларды жоспарлап алу қажет. Дарынды және талантты оқушылармен жұмыс істеу барысында олардың оқуын кеңейту үшін, бірінші кезекте қандай стратегияларды пайдаланатынымызды және тапсырмаларды деңгейлеп жоспарлап аламыз.

Деңгеймен оқытудың ерекшелігі:

1.Таланттылар өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен арылады.

2. Оқушылардың оқуға деген ынтасы артады.

3. Білім дәрежесі бірдей топтарды оқыту ісі жеңілдейді.

Оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін ағылшын тілін оқыту әдістерінің бірі – интерактивті әдістер. Интерактивті әдістер дегеніміз бірлесіп әрекет жасау дегенді білдіреді. Мұндай сабақты ұйымдастыру мұғалім мен оқушыдан үлкен белсенділікті, шығармашылықты, жауапкершілікті талап етеді.

Сабақтың басталу идеясын жүзеге асыруға арналған тапсырмалардың мақсаты - оқушылардың сабақ тақырыбына қызығушылығын ояту. Нақтылап айтсақ, «Суреттер: Не болды?», «Бұл жауап болса, онда сұрақ қандай болады?», «Артығын алып таста», «Пантомима», «20 сұрақ – иә не жоқ деген жауап» «Әуенді атаңыз – әуен тақырыппен байланысы қандай?», «Айырмашылығы неде?», «Құпияға толы зат», «...қатысты 10 сөзді атаңыз» тапсырмалары оқушыларды жылдам ойлауға жетелейді [2]..

Жаңа сабақты қорытуда, бекітуде талқылаудың орны ерекше. Талқылаудың мақсаты - оқу туралы қорытынды жасау, оқытуды біріктіру, оны келесі деңгеймен байланыстыру және олардың қалай үйренетінін анықтау. Мысалға: «Бір минут қана», «Сыныптан шығуға билет», «Жұмбақ сөздер», «Өз миыңды суретте», «Ыстық орындық» әдістері оқушыларды тек жетістікке жетелейді.

Дидактика ілімі бойынша оқыту кезіндегі интерактивті әдістерге:

- пікірсайыс әдісі;
- «Ми шабуылы»;
- «Сократ» әдісі;
- «Дөңгелек үстел» әдісі;
- іскерлік рөлдік ойындар;
- драмалау жатады.

Компьютерлер мен интерактивті тақтаны оқушылардың тілдік құзіреттілігін, шығармашылық потенциалын дамыту құралы ретінде пайдалану интеллектуалдық, эстетикалық және ақпараттық сауаттылығын арттыруға көмектеседі, ал көрнекі құрал ретінде пайдалану оқу-танымдық үрдіс тиімділігін арттырады. Ағылшын тілі сабағында ақпараттық технология арқылы берілетін білім оқу материалын жүйелі беруге, ақпаратты көруге, есте сақтауға, қатысымдық тұрғыдан меңгеруге, қазақша тілдік қатынасты игеруге мүмкіндік береді. [3].

Қазіргі білім беру жүйесіндегі ақпараттық технология негіздері Абай айтқандай, жас баланың — «жеке тұлғаның» әр нәрсені білсем, үйренсем деген ой – сезімнің, тілектің және өсудің, қанағаттандырудың, дамытудың қажетті технологиясы деп білемін. Бұл технология жан -жақты оқыту, білім алу және өмірді қолдау құралы болып табылады. Ұлт болашағы, өркениетті елдер деңгейіне жету үшін жастарды білімді, ғылымды, адамгершілікті, этиканы, өнерді меңгеруге үйретеді. Болашақта белгілі бір пәндерді оқытуда білім беру технологияларының интеграциялануы мұғалімнің жылдам дамуы үшін, өзара әрекеттестікті белсенді қолдану үшін маңызды екенін білемін.

Елбасымыз: «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» - деп, атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникативті технологияны пайдаланудың практикалық маңызы өте зор және бұл технология жылдан-жылға әрі қарай дамып, болашақта да үлкен сұранысқа ие болатындығы сөзсіз.

Қорытындылай келе, аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдарды сабақ беру барысында жас ерекшеліктеріне қарай, балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Озық тәжірибелерді пайдалана отырып сабақтың өту барысын қызықты ету үлкен жетістіктерге жетелейді. Өзімнің әр сабағымда осы озық технологияларды пайдалану жақсы нәтижелер бергенін көрудемін. Кез келген сабағымды тақырып бойынша жаңалықтармен таныстыру арқылы бастау дәстүрге айналдырдым. Қызығушылықты арттыру арқылы сабақты бастау сол сабақтың аяғына дейін қызықты өтуіне себеп. Білім беру жүйесінде инновациялық технологияларды қолдану, келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, шығармашыл, белсенді болуына жағдай жасау әрбір ұстаздың міндеті болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Р.Ж.Бахтиярова. – Пән сабақтарында АКТ-ны қолданудың тиімділігі. «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық Орталығы» АҚ филиалы БҚО бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты: Орал, 2014.

2. Saktaganova M. S., Aliyeva N. K., Aitbaeva N. K. "methods of teaching English", education, P. 43, No. 3, 2006.

3. G. Botagarina," modern challenges in teaching English", bilim, P. 70, No. 3, 2006..

СПЕЦИФИКА РАБОТЫ ПЕДАГОГА С УЧАЩИМИСЯ С АГРЕССИВНЫМИ РЕАКЦИЯМИ

Тулегенова Рузанна Степановна
Актюбинская область, г.Алга,
КГУ «Средняя школа №2 им.В.И.Пацаева»

При работе с учащимися, транслирующими агрессивные реакции, важно понимать, откуда берется детская агрессия и как с ней бороться – для того, чтобы вовремя заметить опасные признаки и не допустить по-настоящему серьезных ошибок.

В психологии термин «агрессия» трактуется по-разному. Агрессия - есть активное выражение эмоции гнева, которая проявляется через причинение ущерба человеку или предмету. Гнев – одна из основных и важнейших эмоций человека. Действия выражения гнева, (агрессия) могут быть разнообразными.

Агрессивность — устойчивая характеристика субъекта, отражающая его предрасположенность к поведению, целью которого является причинение вреда окружающему, либо подобное аффективное состояние (гнев, ярость, злость).

Агрессивные реакции у подростков волнуют психологов, педагогов, родителей. Необходимо разобраться, почему дети агрессивные и что нужно предпринять, чтобы предотвратить деструктивное поведение.

Агрессия в подростковом возрасте может проявляться в следующих видах:

- приступы сильной злости, эмоциональные срывы;
- вспышки раздражения и потеря контроля над собой;
- излишняя вспыльчивость, импульсивность.

Признаки деструктивного поведения у ребенка могут проявиться после некоторых событий произошедших в его жизни, которые вызвали сильный стресс. К факторам, повышающим риск агрессивного поведения, относятся:

- наличие предыдущих эпизодов проявления агрессии или насилия;
- переживание сексуального или физического насилия;
- рост насилия в домашней обстановке или в окружении;
- генетические факторы (унаследованные особенности поведения);
- рост количества сцен насилия в средствах массовой информации. (ТВ, кино и прочее);
- употребление наркотических веществ или алкоголя;
- наличие дома оружия;
- комбинация стрессовых семейных социально-экономических факторов (разорение, утраты, разводы, неполная семья, безработица, потеря поддержки семьи);
- повреждение головного мозга вследствие травмы.

Одним из источников агрессии у детей и подростков - это действия со стороны взрослых, проявляющиеся как жестокие наказания физические, так и вербальные оскорбления. Ребенок, привыкший к избиениям и унижениям, станет безжалостным, ему не свойственно милосердие и сострадание. Подросток будет агрессивным потому, что не научился по-другому, разумно выражать обиду или свой гнев.

Следующая причина агрессивного поведения – это желание подростков сплотиться и показать взрослому поколению, что их время прошло и настало время новых людей. Этим людям характерна дерзость, смелость, стремление к свободе, гибкость, быстрая адаптация к новым условиям, предприимчивость.

Третья причина агрессии - желание проявить себя перед лицом противоположного пола. В инстинкте заложено, что молодой человек должен привлечь, удивить девушку. В этом

случае человеку нужно помочь направить свою энергию на созидание, творчество, постараться увлечь различными видами искусства, спорта.

Еще одна причина – просмотр современных фильмов таких жанров, как боевики, триллеры. В фильмах присутствуют сцены насилия, агрессии, жестокости. Когда ребенок видит хладнокровные убийства, которые совершают герои без чувств сожаления, он и сам становится равнодушен к чужим страданиям. И, как следствие, возникает способ решения своих проблем при помощи кулаков.

Пятая причина враждебности - заниженная самооценка подростка. Многие из них равняются на лидера. Они готовы исполнять то, что им скажет вожак. Задача взрослых состоит в том, чтобы помочь ребенку развить в себе самоуважение и способность ответить нет на давление ровесников. Очень много зависит от личных характеристик и особенностей ребенка, но многое прививается в школе и дома. Важно научить молодого человека принимать верные решения.

Агрессия к старым людям может быть вызвана неосознанным страхом смерти. Пожилые люди являются напоминанием о ней. В подростковом возрасте человек хочет жить вечно, всегда быть молодым, красивым и сильным. В результате этого может возникнуть неприязнь и брезгливость к безобразной старости. Родители должны своим примером воспитать в ребенке уважение к старикам. Они могут помочь подростку осознать старость как плодотворное и замечательное время жизни.

Основными методами и приемами работы учителя с агрессивными подростками являются:

-игнорирование незначительной агрессии;

-акцентирование внимания не на личности ребенка, а на его поступках;

-контроль своих негативных эмоций;

-не усиливать напряжение ситуации;

-обсуждение поступка;

-сохранение положительной репутации подростка;

-демонстрация модели не агрессивного поведения.

Но главное условие конструктивного общения взрослого и ребенка – искренность, соответствие слов и действий.

Агрессивное поведение подростка можно предотвратить, уменьшить частоту его проявлений. Взаимоотношения с ребенком необходимо строить исходя из развивающегося чувства взрослости подростка. Благоприятными условиями для психического развития ребенка являются уважение и доверие, помощь в установлении взаимоотношений с ровесниками, в преодолении трудностей в учении и общественной его жизни.

Коррекционная работа с агрессивным подростком должна строиться как целостная осмысленная деятельность. Она должна затрагивать психологические особенности самого ребенка и условия его жизни, воспитания, обучения. Психологическая коррекция должна носить опережающий характер.

Литература:

1. Лякина Г.А. “Агрессия детей: ее причины и предупреждения”,
2. Романов А.А “Игротерапия: как преодолеть агрессивность у детей”,
3. Бахметьева Е. Л. “Организация, содержание и методы коррекционной работы с подростками девиантного поведения в школе”,

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖЫЛДАМДЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Тулегенова Гульмира Жаксылыковна
«№5 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ
Бастауыш сынып мұғалімі

Бастауыш білім беру – балалардың жалпы білім алуының бірінші сатысы. Бастауыш білім ала отырып, балалар қоршаған әлем туралы алғашқы білімді, қарым – қатынас дағдыларын және қолданбалы міндеттерді шешеді. Бұл кезеңде баланың жеке тұлғасы қалыптасып, дами бастайды. Бұл бастауыш білімнің қоғам мен ел үшін маңыздылығын көрсетеді.

Бастауыш мектепті бітірген оқушылар оқу жылдамдығын толық меңгеріп шығуы тиіс. Алайда бастауыш мектептегі төрт жыл ішінде олар тек қана оқу процесінің алғашқы қадамдарын ғана игереді. Психолог Т.Г.Егоровтың айтуынша «іштей» саналы, мәнерлі және жүрдек оқу, оқыту процесінің соңғы этаптарында ғана ұстаз ойлаған деңгейге жетеді. Сондықтан бастауыш мектеп сыныптарында балалардың оқу іскерлігі аяқталмайды, ол ұзақ дамудың тек қана алғашқы бөлімі болып табылады. Оқушы үлгеріміне әртүрлі жағдайлар әсер етеді. Соның ішінде ең күшті орын алатыны - баланың оқу жылдамдығы болып шыққан. Егер оқушы нашар оқыса, оның оқуға ынтасы өзінен - өзі төмендейді, үлгермейді. Әдетте кім тез оқыса, сол көп оқиды, көп оқыса, көп біледі. Оқу техникасы артқан сайын, есте сақтау қабілеті де, ақыл - ой еңбегіне ынталығы да арта түседі. Мәтінді әрі жылдам, әрі дұрыс, әрі мазмұнды түсіне оқи білу - үлкен еңбектің жемісі. Оқушы үлгерімінің негізгі факторы - оқу жылдамдығы болғандықтан мен бұл мәселені өзекті тақырып етіп алдым.

Мәнерлеп оқу – қандай мәтінді болмасын дұрыс, сөздерді бұзбай, сөз қалдырмай, сөз аяғын жеп қоймай, әрбір сөзді дұрыс, анық оқу. Мәнерлеп оқуды үйретуде паузалардың орындалуына мән беру керек. Мысалы: тыныс белгілеріне байланысты және тыныс белгісіне байланыссыз паузалар да болады. Мәнерлеп оқуға үйретудегі тағы бір нәрсе – оқу қарқынының бір қалыпты болуы. Егер тез, жылдам оқыса, түсініксіз, әрі құлаққа жағымсыз естіледі.

Оқушыларды мәнерлеп оқуға даярлау үшін алдымен сөйлеу техникасына жаттықтыру, дыбыстау мүшелерінің қызметін дұрыс түсіндіру керек.

Сөйлеу техникасын жете меңгерген ұстаз өз шәкіртінің де дұрыс сөйлеуіне ерекше назар аударады, тілдік дыбыстарын анық та ашық айтуға үйретеді.

Жаттығулар:

Демді ішке тарту (3 сек) Демді шығарғанда дауыстап асықпай 1- ден 5- ке дейін санау. Бұл жаттығуды сабақта демалу жаттығуы ретінде қолдана отырып, сөзді дұрыс айтуға дағдыландыруға болады.

Мына мәтінді алдымен іштей оқып алыңдар. Тыныс алу ережесін сақтай отырып, дауыстап, әр сөзді анық оқыңдар деген сияқты тапсырмалар бере отырып көркем оқуға жаттықтыру.

Мәнерлеп оқуда дауыстың маңызын оқушыға түсіндіру қажет.Дауыс сөйлеуші адамның сөзін, өзіндік үнін, көңіл-күйін,тыңдаушыға бағыттап отырады.

Оқушыларға берілетін жаттығу тапсырмалар:

Мына шумақты буындап оқы, буынды созып дауыста

Мына шумақты буындап жазып, екпін түсір, дауыстап оқы.

Мына өлеңді әр түрлі дауыс қарқынымен: орташа, жай және тез оқып көр

Берілген мақал- мәтелдерді жатқа айт

Жатқа жаңылтпаш айт

Бұл жаттығулар тіл дыбыстарының артикулясын меңгертуде де маңызы зор. Сабақта өлең айту, жаңылтпаш айту, жұмбақтар шешу сияқты тапсырмаларды орындатқыза отырып қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту дағдылары қалыптасады.

Жаттығу тапсырмалары:

Мына жаңылтпашты алдымен жай оқып біртіндеп дауысты тездетіп үш қайтара оқы.

Есет атам ет асатар, Анау Арал қай арал,

Ет асатса, бес асатар. Қайыңды арал, талды арал.

Мына жаңылтпаштарды тез оқығанда қай дыбыс өзгеріп кетеді, сөз мағынасы өзгеруіне мән бер.

Шілікті шаптым,

Жілікті астым.

Шілікті шақтым,

Жілікті жақтым.

Сөйлеу тілі ойлаудың нәтижесі болғандықтан, бала түсініп, дұрыс оқығанда ғана әңгімелеу дәрежесіне көтеріледі.Әңгіме айту мен шығарманы мәнерлеп оқу бір- бірімен тығыз байланысты.Әрине, оқушы бірден өзі оқып, өзі әңгімелесе, түсінбейтін сөз, сөйлемдері көп.

Сол себепті мұғалім мына нәрселерді ескеруі керек:

1.Тақырыпты алдын ала талдап жүйелеп алу

Тақырыптағы сөз, сөз тіркестері, тұрақты тіркес, мақал- мәтел, синоним т.б. сөздерді баланың ұғымына жақын баламасымен түсіндіру

Сабақ сайын баланың сөздік қорына жаңа сөз, таулар ендіріп, оны күнделікті сөйлеу тіліне қосып сөйлеуге баулу.

Балалардың алдында өлең шумақтарын, мақал- мәтелдерді, тіпті шағын әңгімелерді сөзбе-сөз жатқа айтып беру

5 Мұғалім үстелінде мұқабасы түрлі түсті журнал, кітапшалар жатуы керек.Үзіліс кезінде балалар оны көріп танысады.

Шағын әңгімеден бастап, көлемді повесть, романнан берілген үзінділердің ең қажетті жерлеріне назар аудара отырып, ықшамдай әңгімелеу де мұғалімнен шеберлікті қажет етеді..

Қандай әдіс- тәсілдерді қолданасақ та баланы жүйелі сөйлеуге, айтпақ ойын жеткізе білуге, көркем шығарманы оқуға құлшынысы бар, функционалды сауаттылыққа баулу-мұғалімнің басты міндеті.

Қолданылған әдебиеттер:

1.Ақшолақов Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту. Алматы, «Мектеп»

2.Бозжанова К. Бастауыш мектепте оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыру.Алматы, «Мектеп»

3.Қожахметова Х Мәнерлеп оқу

4.Интернет ресурстары

« МАТЕМАТИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ»

Тулемесов Ермек Калбекович
Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы
Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебі
Математика пәнінің мұғалімі

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүиесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. Білім – қоғамды әлеуметтік-мәдени, ғылыми үрдіспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық. Болашақтың бүгінгіден нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамы алға апаратын күш тек білімде ғана.

Жаңа ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Қазіргі кезеңде жалпы білімнің міндеті – баланың жалпылама дамуын қамтамасыз ету ғана емес, ең бастысы, оларды жастай өз қабілеті мен қызығуына қарай белгілі бір мамандыққа арнайы әзірлей білу.

Қазіргі заман – ғылым мен техниканың өркендеген, математика ғылымының өте жан – жақты тараған кезеңі. Ал, әрбір ұстаздың басты міндеті – жас ұрпаққа жан-жақты білім бере отырып, оқушының бойындағы қабілетін ашу арқылы, өмірге деген көзқарасын қалыптастыру. Математика пәніне қызығушылығын арттыру арқылы, логикалық ойлау қабілетін дамыту. Барлық бала бірдей математикалық қабілетке ие бола алмайды. Сондықтан, оқушыларға топтасып есеп шығаруға жағдай жасап, оқушыларды өздерін – өздеріне немесе өзара бағалату әдістерін қолдану керек. Жаңа технологияларды пайдалана отырып, интерактивті тақта арқылы оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беру. Ал, жақсы нәтиже көрсету үшін, оның сапасын бастауыш сыныптан қолға алуымыз қажет. «Білім негізі – бастауышта» қаланатынын әр уақытта жадымызда ұстап, негізгі бақылауды бастауыштан бастау керек. Математикалық білім берудің сапасын арттырудың бір жолы бастауыш пен орта буын арасындағы сабақтастықты нығайту. Сабақтастықты нығайтудың тиімді жолдарының бірі – теория мен тәжірибені ұштастыру; іс – тәжірибе алмасу. Бастауыш мектеп – баланы оқуға үйрету мен тәрбиелеу, оның тұлға ретінде өзін-өзі ашуға, жалпы дамуының қалыптасуына жағдай жасайтын негізгі саты. Бастауыш сыныпты бітірген оқушылардың орта мектептегі оқу-тәрбие процесіне бейімделіп кетуін қамтамасыз ету сабақтастықты нығайтудың негізгі міндеті болып табылады.

Математиканы үйренумен белсенді шұғылдану, шын мәнінде есеп шығару. Оқушының математика пәнін игерудегі негізгі қызметі: математикалық формулалар мен ережелерді жатқа білу, оларды есептер шығаруда қолдана білу, күнделікті үй тапсырмаларын орындап отыруы. Оқушының үй тапсырмаларын орындап отыруы – олардың есеп шығара білу дағдысын жақсартады. Математика сабағында мұғалім теориялық ілімдерді меңгертуді практикалық әдіс-тәсілдермен ұштастыра отырып, тез, ұтымды есептеулерге жаттықтырады. Математикалық есептердің тәрбиелік мәні зор. Есеп шығару кезінде төзімділік пен табандылық қалыптасады.

Оқушыларға математика білімінің қыр-сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау, кез-келген ортада өзін еркін ұстауға, Қазақстан Республикасының азаматы деген атқа лайық болатындай етіп тәрбиелеу – біздің міндетіміз болмақ. Осы орайда оқушылардың білім деңгейін арттыру – маңызды іс. Бұл мәселе көптеген жылдар бойы қарастырылып келе жатыр. Математиканың қиындығына, күрделілігіне қарамастан, болашақ ұрпақты осы пәнге

қызықтыру, білім деңгейін көтеру біз үшін орасан зор жауапкершілікті қажет ететін оқыту әдісі болуы тиіс.

Оқушының білім деңгейін көтеру дегеніміз – оқушыны жан-жақты тәрбиелеп, ғылым негіздерінен берік білім беру, болашақ қоғамға пайдалы қызмет ететін азамат етіп шығару. Оқушының бойындағы білімін ары қарай тереңдетіп, жетілдіре түсу.

Оқушының білім деңгейін көтерудегі мұғалімнің іс-әрекеті деген не?- деген сұраққа жауап іздеп көрейік.

Оқушылардың білім деңгейін арттырудағы мұғалімнің іс-әрекеті дегеніміз – оқушының білімін жетілдірудегі, түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған процессті айтамыз. Яғни мұғалімнің сабақ үстінде оқушыға білім беру мақсатымен жүргізілетін жұмыс түрлері.

Математиканы оқыту үрдісінде есепті шығара білу шеберлігін қалыптастыру, жетілдіру және дамытудың шешуші бағыттарына тоқталайық.

1. Есеп шығаруға үйрету – математиканы оқытудағы ең қиын әрі күрделі мәселелердің бірі. Бұл балалардың шама-шарқына, психологиялық жас ерекшелігіне сәйкес салыстыру, жан-жақты талдау жасау, қарама-қарсы қою. Жалпылау, түрлендіру, зерттеу, әр алуан категорияларға біріктіру, қорытындылау, абстрактциялау сияқты түрліше меңгеруіне байланысты бірдей дәрежеде орындала бермейді.

2. Балалардың топтық, өзіндік ерекшеліктері қабілет деңгейлерінің әр түрлілігіне байланысты, олардың бәрінен де бір тарақтың жүзінен шыққандай есепті шығара білуге біркелкі үйренеді деуге болмайды.

3. Есеп шығаруға үйрету алғашқы сабақтардың өзінде-ақ басталып, сынып ілгерілген сайын бірте-бірте сәйкес шеберлік те қалыптаса бастайды.

Ауызша есептеуге үйрету бастауыш сыныптан басталатыны бәрімізге мәлім. Ол уақыт үнемдеу тұрғысынан тиімді. Бір ғана мысалдың нәтижесін бірнеше тәсілмен есептегенде берілетін түсіндірмелер, аралық нәтижелердің қалай шығатыны, ақтық нәтижеде не болатыны ауызша айтылады да, оларды жазуға уақыт жұмсалмайды. Оған қоса қай тәсілді қолдану оқушының өз еркінде болғанымен, олардың барынша тиімдісін іріктеп алуды үйретуге де мүмкіндік мол.

Математика сабағында ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Сабақта оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін есеп шығарғанда орындайтын амалдарды ойша шешіп алуды дағдыландырған жөн.

Оқушылардың сабақта өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін математика кабинеттерінде дидактикалық материалды, үлестірмелі материалдар, баспа негіздегі дәптерлер, тағы басқа оқу құралдары жинастырылуы қажет. Дегенмен оқушыларға оқулықпен жұмыс істеуді үйретудің орны ерекше. Барлық ғылыми-техникалық білімнің көзі – кітапқа, оның ішінде оқулыққа оқушылардың сүйіспеншілігі мен құрметін арттыру, олармен өздігінен жұмыс істеуді үйрету мұғалімнің басты міндетінің бірі. Әр сынып оқулықтары қажетіне орай орындалуға тиісті жаттығулармен, есептермен, практикалық тапсырмалармен, суреттермен қамтамассыз етілген. Өздігінен жұмыс істеуді оқушылардың сабақ үстіндегі қызметіне енгізу сабақтың құрылымына да, элементтеріне де әсерін тигізеді.

Балалардың сабақта өз бетімен орындаған жұмысы сыныпта қандай формада болса да ескерілуі тиіс. Мұғалім тапсырманың орындалуын қарап шығуға уақыт бөлуі және өз бағасын айтып, жақсы жұмыстарды атап көрсетіп, қатесін табуға көмектесуі тиіс.

Мектеп оқушыларының өз бетінше жұмыстарын ұйымдастырудың басты формасы – жұмыстарды орындау, ептілік, іскерлік, шеберлік дағдысын дамыту. Бұл үшін төмендегідей тиісті талаптарды орындауға тура келеді:

1. Өз бетінше істелетін кез-келген жұмыстың нақты мақсаты болу керек. Әрбір оқушы жұмыстың орындалу тәртібін жетік білу керек.

2. Өз бетінше жұмыс оқушылардың бойындағы танымдық қабілетін, шығармашылық ойлау жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

3. Жұмыстың мазмұны оқушының қызығуын, талпынысын оята білуі тиіс. Яғни оның тілегі жұмыстың соңына дейін бәсендемейтіндей болуы керек.

4. Өз бетінше жұмысты оқушылар еңбек дағдылары мен әдістерін жетік игеріп түсетіндей етіп ұйымдастыру қажет.

Сондықтан сабақта көзбен көру, дыбыс органымен айту, қолмен жазу, тағы басқа сезім мүшелерінің белсенді қатысуы тиіс. Көрнекілікті қолдану оқушылардың білім сапасын арттырады, көрнекі құралды пайдалана отырып, мұғалімнің жетегімен, оқушылар өздігінен оңай қорытындылар жасай алады.

Көрнекі құралдар арқылы балалар амалдың идеясын да түсінетін болады, мысалы, тәрелкедегі сүтті жалап жатқан екі мысыққа үшінші бір мысық жүгіріп келе жатқанын көргенде, бала барлығы неше мысық деген сұрауға жауап беру үшін, 2+1 керек деген ой келеді.

Көрнекілік математика сабағында білім көзі ретінде қолданылған, ол елеулі мәселеде берілетін білімдерді нақтылау мақсатында көрнекі құралдар да түрлі тәсілдермен қолданылады.

Оқушылар сабақта, ойын үстінде, ойлау, өлшеу, есептеу, табу, зерттеу жұмыстарымен шұғылданады. Оларды ұштап, жетілдіріп отыру мұғалімнің міндеті деп білеміз. Бастауыш сыныптарда математика пәнін оқытуда баланың ой-өрісін дамытып, бағдарламада өтілген негізгі материалдарды практикада қолдана білуіне, оқушылардың сабаққа деген ынта-ықыласын арттыруына, өткен материалды өз мәнінде толық игеруіне мүмкіндік жасайтын тәсілдердің ішінде дидактикалық ойынның мәні зор. Сабақта өтілген метериалға сәйкес дұрыс жүргізілген дидактикалық ойындар оқушылардың сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттырып, тақырыпты дұрыс меңгеруіне ықпал тигізеді.

Математика – ұлы ғылым, адам ақылының ең бір асыл қабілеттерінің тамаша жемісі. Шәкірттерді білім нәрімен сусындататын, өмірдің асулары мен шыңдарына қажымай-талмай шығуына алғашқы жол нұсқаушысы – ұстазы.

НЕКОТОРЫЕ ФАКТОРЫ, ОПРЕДЕЛЯЮЩИЕ УСПЕШНОСТЬ РАБОТЫ ПРИ ОБУЧЕНИИ НАВЫКАМ АУДИРОВАНИЯ

Тулепов Бауржан Бахитжанович
КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА №65», г. АКТОБЕ

Аннотация: В статье освещается один из главных компонентов обучения – аудирование, как одного из элементов обучения на уроках иностранного языка, с помощью которого учащиеся повышают навыки понимания и применения звуковых, языковых явлений при общении. Особое внимание уделено характеристике некоторых эффективных методов преподавания английского языка в школе. Осуществление этой идеи невозможно без разработки и внедрения соответствующих технологий обучения. Достичь этого можно за счет инновационного подхода, создавая интерактивную среду. В работе рассматриваются некоторые особенности применения интерактивных методов обучения на занятиях по английскому языку, приводятся их примеры и анализируются способы их проведения.

Ключевые слова: английский язык, коммуникация, современные методы, речевая деятельность, мультимедийные средства, аудирование.

В последнее время обучение общению на английском языке, является главной задачей. В наши дни английский язык считается международным, владение которым необходимо для получения хорошего образования, возможности путешествовать и работать в других странах, дает возможность понять особенности других культур, способствует повышению профессионального рейтинга человека, открывает для него большие перспективы самореализации во многих странах мира.

Знание английского языка предполагает овладение всеми видами речевой деятельности: говорением, чтением, аудированием и письмом. Можно сказать, что формирование речевых умений является главной задачей в обучении языку, ведь от уровня подготовки зависит эффективность участия обучающегося в разговорной речи. Самое сложное и важное в изучении иностранного языка – навык понимания речи. Знание грамматики и богатый словарный запас также играют свою роль. Также важно уметь применить эти знания на практике в изложении своих мыслей. Умение слушать и слышать также является существенным моментом. В последнее время наибольшее внимание уделяется обучению аудированию, т. к. свободное владение языком предполагает и свободное понимание на слух английской речи. Овладение устной речью начинается с навыков аудирования. Слушая иноязычную речь обучающийся овладевает звуковой стороной языка, его интонационными свойствами. Данная речевая деятельность помогает человеку услышать и понять говорящего, получить необходимую информацию, ответить на вопросы собеседника, а также выдать нужную информацию, что в свою очередь является говорением, вот поэтому аудирование является важным звеном в процессе обучения языку. Речь учителя на уроках и ответы обучающихся уже включают этот вид речевой деятельности. Основным фактором при обучении аудированию является мотивация. Для создания мотивации к изучению иностранного языка важным является правильный выбор аудиотекстов. Одним из эффективных средств создания мотивации к изучению иностранного языка являются тексты, посвящённые молодёжным проблемам.

Использование следующих методических рекомендации, позволяет обучающимся развить навыки аудирования: начать развитие навыков аудирования на материале монологической речи, используемые тексты на аудирование должны быть небольшого объема, а по отобранным материалам должны отражать проблемы, затрагивающие интересы учащихся. **Для улучшения эффективности обучения аудированию при использовании ТСО, а также непосредственной речи учителя, должны использоваться опоры и ориентиры, необходимо заинтересовать учащихся к самостоятельному прослушиванию аудиоматериалов в лингафонном кабинете, а также в свободное время.** На школьной стадии обучения, большой процент должны составлять подготовительные упражнения, которые постепенно уменьшаются и затем отводиться большой процент упражнений на аудирование речевым упражнениям. Эти упражнения выполняются в начальной стадии обучения аудированию на материалах определенного связного текста. При дальнейшем использовании аудиоматериалов проявляются такие сложные умения как: разделение высказывания на смысловые группы: определение основной мысли на уровне смысловых отрывков: определенная ясность предмета высказывания и наконец понимание главной мысли сообщения. Регулярное прослушивание записей является одной из важнейших составляющих обучения процессу аудирования. Главной задачей учителя при осуществлении коммуникативной задачи - это оказывать обучаемым речевую поддержку, которая заключается в конкретизации общения и обеспечении учеников необходимым лексико-грамматическим материалом и навыками использования их в речи, а также умение управлять речевым общением. Сегодня имеется большой выбор доступных средств для аудирования, среди которых аудиозаписи, аудиокниги, песни на английском языке, фильмы, радиопередачи, телеканалы и разные интересные программы в интернете. Восприятие на слух английской

речи — это навык, который можно и нужно развивать. Итак, предлагается вам несколько советов, которые помогут справиться со сложностями при понимании на слух. В начале вам нужно выбрать **документальные фильмы для понимания речи, потому что темп речи небыстрый,** диктор произносит литературную речь, сохраняя абсолютно все окончания и не пропускает никаких слов. Затем рекомендуется смотреть художественные фильмы с субтитрами. Это поможет не только развивать навыки аудирования, но и выучить много новых слов. Для изучения языка постоянно требуется практика. Старайтесь, как можно больше разговаривать на языке, постоянно слушать аудиозаписи, песни, фильмы, мультфильмы, которые были бы полезными и интересными для учащихся. У новичков всегда появляются волнения перед общением, это страх сделать ошибку. Не ошибается тот, кто ничего не делает, поэтому позволяйте себе делать ошибки.

Таким образом, обучение аудированию это достаточно интересный, насыщенный, воспитательный и познавательный процесс, в случае правильной мотивации обучающегося. Владение этим навыком обеспечивает успех коммуникации, который заключается в умении говорить на английском языке и понимать английскую речь. Помимо своей основной цели, аудирование развивает память, мышление, воображение и восприятие, то есть способствует всестороннему развитию личности.

Список используемой литературы

1. Рогова Г.В. методика обучения английскому языку. На английском языке.- Л., 1985
2. Н.О Черниховская Speaking English: Как заговорить по-английский. -ООО”ЭКСМО” 2011г.
3. Колкер Я. М., Устинова Е. С., Еналиева Т. Н. Практическая методика обучения иностранному языку. — М.: Академия, 2001. 4. Соловова Е. Н. Методика обучения иностранным языкам: Базовый курс лекций: Пособие для студентов педагогических вузов и учителей. — М.: Просвещение,2003.
5. Гапочка, И. К. Обучение аудированию: учебное пособие – М.: УДН, 1980.
6. Н.А.Бонк, Г.А.Котий Учебник английского языка в 2-х частях. Москва ГИС.2007г.
7.Витин Ж. Л. Современные методы преподавания и изучения иностранных языков. — Санкт Петербург: КАРО, 1997.

КЕРІ БАЙЛАНЫС ОРНАТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Тулеубаева Алтынгул Амиржановна
№6 Хромтау гимназиясы, бастауыш сынып мұғалімі

Болашақтың бүгіннен де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімде ғана. Қай ел болсын, өсіп-өркендеуі, әлемде өзіндік орнын алуы сол мемлекеттің біліміне, білім сапасына байланысты екенін тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев ерекше айтуы да сондықтан. Қазақстан Республикасының білім берудегі басты мақсаты -жан-жақты дамыған, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-толғамы бар, адамгершілігі жоғары, бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелеу. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін оқушыға білім мазмұнын терең игертудің тиімді жолдарын іздестіріп, шығармашылыққа жетелейтін қазіргі заман талабына сай ғылыми-әдістемелік біліммен қаруланған, білікті маман, шебер мұғалім дайындау қажет. (1,37-б) Ал жаңа формация мұғалімі-оқыту технологиясының жүйесімен

оқушыларды өмірге дағдыландыру құзырлығын айқындау бағытындағы әдіс-тәсілдерді жетік меңгерген тұлға. Жаңа формация мұғалімі болып білімімізді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың деңгейлік бағдарламалар бойынша курстан өттік. Осы курс бағдарламасы негізінде жеті модулді сабақта қалай ықпалдастырып пайдалану жолдарын және о қушылармен кері байланыс жүргізе отырып, сабақтың өтілу барысына талдау жасауды үйрендік.

Кері байланыс оқушының оқыту үрдісі қалай өткені және қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой – пікірін тыңдауға негізделеді. Кері байланыс сабақтың соңында ғана емес, сабақ барысында оқушылардың өз бетімен орындайтын тапсырмаларының соңында жүргізіліп отыруы керек. Рефлексия мақсаты – еске түсіру, өзінің сабақ бойындағы іс-әрекетіне баға беру, талдау және мәселелердің шешу жолдарын іздестіру. Мұғалім оқушының кез келген кері байланыс парағын оқи отырып, жұмысының сәтсіз шыққан тұсын және сәтті шыққан қадамын, ендігі іс-әрекетін қалай жақсартуға болатынын алдын-ала біледі. (1,37-б) Сонымен қатар кері байланыс парағы арқылы оқушының үніне құлақ түріп, оқу мен оқытудағы кездесетін кедергілерді айқындап, келесі оқытуға бұдан да жақсырақ дайындалуына түрткі болады.

Рефлексия сөзі латын тілінен аударғанда reflexio- кейінге айналым мағынасын білдіреді. Бұл терминді Джон Локи 17 ғасырдаенгізген. «Рефлексия- адамның өз істерінің мәнін түсініп, оны ойлану барысында өзіне- өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі.

Иә, бұл қасиет бойымызда бұрыннан бар деуге болады. Күнде кешкілік бүгінгі ісімізді, айтқан сөзімізді ойша шолып, есеп беріп, ертеңімізге жоспар құрып аламыз. Демек, "рефлексия" деп ат қойып, айдар тақпағанымыз болмаса, бұл әрекет қанымызда бар нәрсе. Бірақ соны қағазға түсіру немесе жүйелі күнделікті түрлендіріп, осы атпен сабақта қолдану болмағаны ақиқат. Осы бағдарлама бойынша білімді дайын күйінде беруден гөрі оқушыны өзі қорытынды жасауға ықпал ету және кері байланыс есебінде түрлі әдістермен рефлексия жасату тиімді екеніне көзіміз жетті. Кері байланыс жүргізу бір күннің іс-әрекеті емес, оған көп уақыт, ізденіс қажет. Мұғалім рефлексия арқылы алынған нәтиженің «дұрыс» не «бұрыс» болғанын дәлелдеп, қолданылған әдіс-тәсілдерінің тиімді не тиімсіз болғанын анықтап, орындалған іс- әрекетін зерделейді. Ең алдымен, мұғалім кері байланыс жасауға оқушыларын дағдыландырып алу қажет. Сонда ғана бұл оң нәтиж өз бетімен толықтыруы мен өзін-өзі дамытуды қамтиды. Оқушы білім алудың мақсатын саналы түрде түсінсе береді. Оқушылардың ой- өрісінің дамуы оқу үрдісі кезінде болады, ол оқушыны ғана белсенді бола алады. Қолайлы оқу үшін адамдарға кері байланыс пен мадақтау қажет, сондықтан кері байланыс жүргізілуі тиіс. Ашық сауалдар, оқыту міндеттерімен алмасу сияқты әдістер оқушылардың өз біліміне белсенді қатысу қабілетіне әсер етеді. Оқушылар жұппен де, өз беттерімен де өз білім деңгейлерін бағалауға және оған жеткенін түсінуге мүмкіндіктер бар.(1,36 б)

Рефлексияны әр түрлі әдіс-тәсілдермен сабақтың әр кезеңінде: тақырыптың соңында, сабақ бөлімдерінен кейін және тарау соңында жүзеге асыруға болады. Кері байланысты түрліше өткізуге болады: топтық рефлексия түрінде, әңгімелесу түрінде т.б. Кері байланысты ауызша және жазбаша да жүргізуге болады.

Сабақтағы кері байланыстың үш түрі бар.

1. Көңіл-күймен эмоциялық жағдайды анықтауға арналған кері байланыс. Көңіл-күйді білдіретін әр түрлі суреттер смайликтер және бояу түстерімен анықтау. Мысалы: «Ауарайы», «Бағдаршам», «Алма ағашы». Мысалы «Алма ағашы» әдісінде оқушыларға сабақ басында түрлі-түсті алма беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек. Жасыл түсті алма – мен бүгін бәрін жақсы орындадым, сондықтан көңіл-күйім көтеріңкі, қызыл түсті алма - мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл-күйім жоқ дегенді білдіреді. «Бір сөзбен» әдісі

барысында оқушылар берілген сөздердің ішінен бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтын үш сөзді таңдайды. (қуаныш, немқұрайлылық, шабыт, зерігу, сенімсіздік, сенімділік,рахаттану,алаңдау)

2. Сабақтағы іс-әрекетке байланысты кері байланыс. Мысалы: «Табыс сатысы» әдісінде кәдімгі сатының суреті беріледі. 1-ші баспалдағы Мен..... БІЛЕМІН, 2-ші баспалдағы Мен ..... ТҮСІНЕМІН, 3-ші баспалдағы Мен ..... ЖАСАЙ АЛАМЫН.

«Таңдау» әдісінде бес пікір жазылған парақ беріледі.

1.Мен сабақ *қызықты, қызықсыз* болды деп ойлаймын.

2. Мен сабақта: көп нәрсені, *үйрендім, үйренгенім аз* болды.

3. Мен басқаларды *мұқият зейінсіз* тыңдадым.

4. Мен пікір сайыстарға *жиі сирек* қатыстым.

5.Мен сабақтағы өз жетістіктеріме *ризамын риза емеспін*.

Оқушылар өздерінің сабаққа қатысу деңгейі мен ынтасын білдіретін сөздердің астын сызады.

3. Оқу материалының мазмұнына берілетін кері байланыс. Бұрын мен білмеуші едім. Енді мен білемін деген сияқты ой-пікірлерін білдіру боп табылады. Мысалы: «Плюс, Минус, Қызықты». «Плюс»-оң әсер еткен фактілерді, алған білімдері жайлы жазады. «Минус»-қолымнан келмей жатыр немесе түсініксіз болып тұр деген ойларын жазады.

«Қызықты» - деген бағанға өздеріне не қызықты болды соны жазады немесе не жайында көбірек білгісі келетінін жазады.

«Аяқталмаған сөйлемдер» әдісінде:

Мен бүгін білдім....

Мен бүгін сезіндім..

Мен келесі сабақта білгім келеді.....-деген сөйлемдерді аяқтап жазады.

«Мадақтау сэндвичі» 1-бөлік- не ұнады? 2-бөлік не нәрсені жақсарту керек?

3-бөлік- маған ұнады, бірақ келесі жолы .. . Мұнда оқушылар сабақ соңындағы іс-әрекетіне баға береді. «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» рефлексиясында оқушылар екі ұнаған фактор мен бір ұсынысын білдіреді.

Топтық кері байланыс сұрақтары:

1.Жұмыс барысында топтағы қарым-қатынас тапсырманың орындалуына қалай әсер етті?

- Жұмыстың тиімділігін одан әрі арттыруға көмектесті;
- Жұмыстың жақсы жүруіне кедергі болды;
- Біздің қарым-қатынасымыз тапсырманы нақты орындауға мүмкіндік бермеді;

2.Топтағы қарым-қатынас әсіресе қай дәрежеде көбірек іске асты?

- Ақпарат алмасуда;
- Өзара қарым- қатынаста;
- Осы дәрежелердің бәрінде іске асты;

3.Жұмыс барысында қарым-қатынас жасаудың қай стилі басым болды?

- Бір адамға бағытталған стиль
- Тапсырманы орындауға бағытталған стиль.

4. Топтағы орындау барысында топта ауызбіршілік сақталды ма?

- Топта ауызбіршілікпен серіктестік қарым-қатынас сақталды;
- Топтағы бірлік, ауызбіршіліктің бұзылғаны байқалды;

Негізінен рефлексия адамның үш қасиетін: өз бетімен білім алуын, шешім қабылдай білуін, бақталастыққа түсе білуін қалыптастырады. Өйткені бұл -XXI ғасырдың талабы. Сонымен қатар кері байланыс арқылы оқушылар өз-өзіне есеп беріп, өз-өзін реттеуге дағдыланады. Оқушылар ойлауға, сөйлеуге, өзін-өзі дамытуға еркін қол жеткізе алады. Кері байланыс жасауға сабақтың белгілі бір уақытын бөліп, олардың ой-пікірлерін шыдамдылық

танытып тыңдау қажет. Кері байланыс жасау арқылы бұрынғы сабақтарда енжар отыратын оқушының себебін анықтап, олардың белсенділігін арттыруға жол іздеуге болады. Кері байланыс оқушы үшін – өз жетістіктері мен қателіктері туралы ойлану, алға жылжу үшін ұсынба алу; мұғалім үшін өз қызметіне қажетті өзгерістер енгізу мақсатында алынатын ақпарат (2,22 -б)

Кері байланысты жасағанда мына жайттарды есте ұстаған жөн: кері байланысты жұмысымызды жақсартудың ең тиімді нысаны ретінде сабырлылық таныту, кері байланыстың субъективті болатынын ескеру, кері байланыс жасалған істі бағалау емес, не жасалу керектігін көрсету. Сонымен бірге кері байланыс оқумен оқытудың қалай жүріп жатқандығын, оның сапасын анықтауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келгенде, рефлексия- көп қырлы, кіріккен әрекет. Бұл әрекет оқушының психикалық қызметінің өзгеруіне ықпал етсе, ал мұғалімнің кәсіби әрекетін жоғары шығармашылық деңгейде жүргізуіне көмегін тигізеді. Рефлексия, яғни кері байланыс-нәтижелі білімнің жоғары көрсеткіші екенін бүгінгі күндегі оқушылардың жеткен жетістіктері арқылы толық сеніммен айта аламыз. Бүгінгі таңда күнделікті сабақтарымызда рефлексия жасауды дағдыға айналдырып келеміз. Рефлексия арқылы оқушының қажеттіліктерін біліп, оларды жинақылыққа тәрбиелеуге болатынын түсіндік. Сабақтағы оқушының ой-пікірін, көңіл-күйін біліп қана қоймай, сабақ мазмұнын қай деңгейде меңгергенін анықтауға болады.

Сонымен, кері байланыстың тиімділігіне тоқталар болсақ:

Оқушылар үшін:

1-ден, рефлексия-оқушыны өз-өзіне есеп беруге баулиды;

2-ден, рефлексия арқылы оқушының қажеттілігін біле аламыз;

3-ден, рефлексия арқылы оқушының өзіндік көзқарасы қалыптасады;

4-ден, рефлексия арқылы білім беру барысының сапасын жақсартуға болады және рефлексияның нәтижесінде оқушының сыни көзқарасы қалыптасады, өз-өзіне баға бере алады.

Мұғалімдер үшін тиімді жағы:

1-ден,оқытудағы кем тұстарын анықтайды;

2-ден, келесі сабақтың жоспарына өзгерістер енгізуге, түзетуге яғни оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін таңдауға мүмкіндік береді;

3-ден, уақытты үнемді пайдалануға мүмкіндіктер береді.(3.15-б)

Кері байланыстан күтілетін нәтижелер:

-мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жақсарады;

-оқушы өзінің мықты, осал тұсын анықтайды және алға жылжуға ықпал етеді;

-оқушы тек бағалауды ғана емес, өз жұмысынан хабардар бола отырып, оқуға қызығушылығын арттырады;

-мұғалім мен оқушы кері байланысына қарай өз жұмыстарын ұйымдастыруға бағытталады;

Сондықтан да кері байланыстың тиімділігі арқылы оқыту мен оқу сапасын жақсартуға болады деп ойлаймыз.

Пайданылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші басылым-2012жыл

2. «Оқытудың нәтижелерін бағалаудың әдістемесі» - Зулкашева Ш.М. Орал 2013

3.«Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» журналы №8-9 2015 жыл

STEM ТЕХНОЛОГИЯСЫ АЯСЫНДА МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН МАТЕМАТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ДАМЫТУ

Тулеуова Гульдана Муратовна
Ақтөбе қаласы, "№6 "Орман ертегі" бөбекжай-балабақшасы" МКҚК

Заманауи балабақша – балалардың көп уақытын өткізетін екінші үйі. Онда бала ұжымда қарым-қатынас жасау арқылы өмір сүреді, дамиды, әлемді біледі. Ата-аналар балабақшаға балаларды әкелгенде, топ пен балабақша өміріне, ертеңгіліктерге қатысқанда қарайтын басқа әлем деп атауға болады. Бұл әлемнің өзіндік талаптары мен ережелері бар.

Сондықтан тәрбиешілер жаңа нәрселерге ашық болуы және жаңалықтардан қорықпауы керек. Өйткені, әркімнің жеке өсу кеңістігі бар, тек оны байқап, бақылап, қажетіне қарай бағыттауы керек: сіз тәрбиеші ретінде өзіңізден бір бөлікті беруіңіз керек және одан сіз жүз есе көп қайтарасыз. Ең бастысы, әрбір ұстаз балалардан «жоғарыда», «орнында» емес, «олармен бірге» болу үшін өзінің тәрбиедегі рөлі мен орнын сезінуі керек. Осындай жұмыстардың нәтижесі айтарлықтай болатынын тәжірибе көрсетіп жүр.

Мектеп жасына дейінгі балалардың білім беруде дамуының барлық кезеңдерінде математикалық даму мәселесі ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады, өйткені балалардың логикалық ойлауын дамыту жеке тұлғаның психикалық дамуының қажетті шарты болып табылады. Бұл мәселенің маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес, баланың интеллектінің дамуының негіздері, дәлірек айтқанда, 4 жастан 7 жасқа дейін, оның кейінгі оқу іс-әрекетінде табысты дамуы үшін негізгі білім қорын құрайды.

Педагогикалық жұмыс тәжірибесі көрсеткендей, мектеп жасына дейінгі балаларда математикалық дамудың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруда бірқатар негізгі қиындықтар бар. Олар:

- санау дағдыларын меңгерудегі қиындықтар;
- балалардың көрші сандар арасында жүруі қиын;
-олар нақты жазықтықтан абстрактіліге өте алмайды;
- графикалық формалардың тұрақсыздығы;
- балаларға арифметикалық есептерді түсіну және шешу қиын;
- оқу тапсырмасын дұрыс түсінбеу немесе интеллектуалдық енжарлық.[1, 68-б]

Кіші мектепке дейінгі жаста баланың жеке басының және оның барлық қабілеттерінің дамуы сабаққа қарағанда ойында әлдеқайда табысты дамиды.

Даму - бұл әрқашан сапалы жаңа нәрсенің пайда болуы: әлемге және басқа адамдарға деген көзқарас, қабілеттер, тілектер, қызығушылықтар мен әрекет мотивациялары. Бұл әрқашан баланың өзі бір нәрсені ойлап тапқанда, бірдеңе жасағанда, өзі бір нәрсеге ұмтылғанда балалардың бастамасы мен дербестігінде көрінеді. Оқыту ойыны – бұл дидактикалық материалы бар кез келген әрекет және сабақтағы ойын техникасы емес, балалардың нақты, толық және мазмұнды әрекеті. Оның өзіндік мотивтері мен әрекет ету әдістері бар.

Мектеп жасына дейінгі балаларда қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру бойынша оқу іс-әрекетін тиімді жүзеге асыру оқу процесін ұйымдастыру кезінде әртүрлі білім беру бағыттарының интеграциясымен байланысты мета-пәндік ортаны құруды қамтамасыз ете алатын инновациялық технологияларды қолданбай мүмкін емес. Осындай технологиялардың бірі – STEM технологиясы.

«Математикалық даму» білім беру модулінің STEM технологиясын оқу үдерісінде қолдану балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, математикалық даму мәселелерін келесі бағыттар бойынша кешенді түрде шешуге мүмкіндік береді: көлемі, пішіні, кеңістігі, уақыт, мөлшер және санау. Сондай-ақ балаларда сенсорлық тәжірибені, түс

тәжірибесін қалыптастыру және логикалық операцияларды дамыту, оның ішінде - жіктеу, талдау, салыстыру, жалпылау, синтездеу, қатарлау. .[1, 96-б]

Модульмен жұмыс балалар табысының көрсеткіштерін ескере отырып, ересектер мен балалар арасындағы оқушыға бағытталған өзара әрекеттестік принципіне негізделген.

STEM білім берудің жетекші құрамдас бөлігі эксперименталды инженерлік қызмет болып табылады. Ойын түрінде балалар санауды, өлшеуді, салыстыруды үйренеді, қарым-қатынас дағдыларын игереді. Бұл оларға қажетті математикалық, филологиялық және инженерлік дағдыларды алуға көмектеседі. Таныс объектілердегі балалар өздері үшін жаңа және белгісіз қасиеттерді анықтайды. Қызықты ойын түріндегі кездейсоқ әрекеттер қиял мен шығармашылықты дамытады.

Модуль мазмұны күрделілігімен сипатталады. Ол арифметикалық, геометриялық, логикалық дамытуға арналған ойындар мен нұсқаулықтарды біріктіреді. Оған үстелдік оқу ойындары, сенсорлық дамуға арналған нұсқаулықтар, геометриялық денелер мен фигуралардың жиынтықтары, математика бойынша демонстрациялар мен үлестірме материалдар, логикалық басқатырғыштар, сұрыптауыштар, кірістіру жақтаулары мен көлемді кірістірулер, абакус, математикалық конструкторлар, шілтер және т.б.

Дамытатын ойындар STEM білім беру математикалық модулі – бұл, ең алдымен, шығармашылық ойын. Мұндай ойындармен жұмыс жасауда балаларға көбірек дербестік беру керек. Тапсырмаларды орындау кезінде бала қателесуі мүмкін, сондықтан оларды өз бетімен табуға мүмкіндік берген дұрыс. Қажет болған жағдайда тәрбиеші қатені түзетуге көмектесе алады. Кез келген ойынды балаға мүмкін болатын тапсырмалардан бастау керек.

Бірінші ойын ретінде «Өрнекті бүктеуді» таңдауға болады. Бұл ойын балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін, зейінін, көрнекі-тиімді ойлауын, ойын әрекетін дамытуға бағытталған. Бала алдымен ұсынылған үлгіні талдауы керек; өзгерістерді белгілеу; қандай бөліктерді алу керектігін анықтау; оларды үлгіге қалай қосу керектігін тап.

Ойын балалардың талдау және жинақтау қабілетін дамытады. Сіз ойында тапсырмалардың түрлі нұсқаларын пайдалана аласыз - үлгілерді салу. Бұл графикалық дағдыларды дамытатын күрделірек жұмыс түрі. Үлгіні салу оны бүктегеннен гөрі көп уақытты алады, сондықтан көшіруге арналған тапсырмалар саны аз болуы керек. [2, 178-б]

Шығармашылық элементтермен қанықкан жұмыстың тағы бір түрі - жаңа үлгілерді құрастыру. Бұл үлгі әдемі, симметриялы болуы керек, сыртқы түрі бойынша нысанды еске түсіреді.

«Өрнекті бүкте» ойынының бірнеше топтамасының болуы балалар арасында жарыс іс-әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Қатысушылардың оңтайлы саны: 3-5 адам.

Шілтермен (шеңбер, шаршы, үшбұрыш) «КЕМПІРҚОСАҚ ӨРМЕКШІ» оқу ойыны.

Ойын жақтау кірістірулері мен шілтерді біріктіреді. Балаларға түстің, өлшемнің, пішіннің және кеңістіктегі орналасудың сенсорлық стандарттарын меңгеруге арналған. Рамкалық кірістірулерді салыстыру және сұрыптау арқылы бала өлшемді («үлкен», «кіші», «ең үлкен», «ең кішкентай», «орташа» және т. жазықтықтағы және кеңістіктегі фигуралар, өйткені байлау 3D форматында модель жасауды қамтиды (барлық бөлшектерді бір жағында біріктіретін сымда ұсталатын мұнара).

Ойынның бөлшектерін санау материалы ретінде пайдалану алғашқы ондық ішінде реттік және сандық санаудың дамуына ықпал етеді.

Фигураларды контур бойымен байлау, сызу және көлеңкелеу ұсақ моториканы жақсартады және баланың қолын жазуға дайындайды.

Әртүрлі (үшбұрыш, шеңбер, шаршы) фигуралары бар бірнеше планшеттерді пайдалану ойын мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтеді: бұл заттардың бір-біріне қатысты кеңістіктік орналасуын меңгеруге көмектеседі (үлкен көк шаршы ортаңғы қызыл сақина арасында орналасқан). және кішкентай көк үшбұрыш), балаларда заттарды бірнеше белгілерге (түсі,

өлшемі, пішіні) жіктеу, үлгілерді анықтау және осы негізде сериялық қатарды аяқтау қабілетін дамытады. [2, 198-б]

«ТҮС ДИАГОНАЛЫМЕН МӨЛДІР» сүйектерінің әртүрлі жинақтары; ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ «ДОҒА, СЕКТОР», «Мұхит», «ОРМАН» т.б.. Жиынтық кеңістіктік бағдарларын дамытады, бөлік пен бүтін арасындағы байланыстарды орнатуға көмектеседі. Текшелерді бояудың әртүрлі нұсқаларына байланысты екі өлшемді және үш өлшемді кеңістікте әртүрлі өрнектер мен құрылымдарды салуға арналған.

Сипатталған ойындар әртүрлі танымдық процестерді дамытады: зейін, көрнекі есте сақтау, кеңістіктік қиял; біріктіру, өз іс-әрекетінің нәтижесін болжау қабілетін ынталандыру.

Балаларымыздың ертеңгі күні табысты болуы үшін бүгін нені және қалай оқыту – қазіргі білім берудің басты идеологиясы. Өз бетінше білім алу дағдыларын өмір бойына сіңіру, әр түрлі деңгейде өзара әрекеттесуге үйрету, өз бетінше және сыни тұрғыдан ойлауды дамыту – осы және басқа да көптеген принциптер қазіргі білім беру технологияларын дамыту стратегиясын құрайды.

Өз ойымды орыстың белгілі актері Алексей Семенович Яковлевтің сөзімен аяқтағым келеді: «Жаңа идеялар арманда туады. Арманның орындалуына жету - адам өмірінің ең үлкен мәні.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.. Кузнецова В.А. Мектеп жасына дейінгі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау Педагогикалық шеберлік: VI Халықаралық материалдар. ғылыми. конф. (Мәскеу, маусым 2016). -М: Буки-Веди, 2018. — с. 59-98. - URL: https://moluch.ru/conf/ped/archive/151/8262/

2. 12 жылдық білім беруге көшу кезінде мектепалды даярлық балаларын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу: әдістемелік ұсынымдар. - Астана, 2013. - 150-250-б.

«РОЛЬ ФОРМАТИВНОГО ОЦЕНИВАНИЯ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ»

Тумышева Замира Тансыкбаевна
КГУ «Средняя общеобразовательная школа - лицей №23», г. Актобе
Тумышева Набира Тансыкбаевна
КГУ «Хромтауская гимназия №2», г. Хромтау

Оценивание учащихся - основной фактор в образовательном процессе. С переходом на обновленное содержание образования цель и сам процесс оценивания изменились, так как оказывается влияние новых социальных условий, процесса обновления образовательных структур. Организация любой учебно-познавательной деятельности не обходится без оценивания. Оценивание - это процесс контроля качества образования, а оценка - результат этого процесса.

Впервые об оценивании как факторе повышения эффективности обучения и каким оно должно быть заговорили в 1999 году. Работа Группы реформы оценивания (Assessment Reform Group), занимавшихся этим, опиралась на труды П.Блэка и Д.Уильяма, в которых отмечалось, что улучшение обучения зависит от пяти ключевых условий:

- ✓ эффективной обратной связи от учителя к ученикам;
- ✓ активного включения учеников в процесс собственного учения;
- ✓ учета в преподавании результатов, полученных при оценивании;
- ✓ понимание того, как от оценивания зависит мотивация и самооценка учеников;

- ✓ способности учеников к самооцениванию.

Система оценивания является эффективным инструментом измерения достижений учащихся, а также повышения качества образования. Само оценивание есть отражение процесса взаимодействия между государством и школой, учителем и учеником, школой и родителями. Система оценивания должна соответствовать целям и задачам образовательного процесса, только в этом случае она станет эффективным механизмом повышения его качеств.

Сегодня «математическое образование выдвигает в качестве приоритетной проблемы: формирование критического и творческого мышления, характеризующегося умением работать с информацией, размышлять, сопоставлять разные точки зрения, и аргументированно доказывать свое собственное мнение, опираясь на знание фактов, законов, закономерностей науки» [1].

Современный учитель - это тот, кто учит самому учению. Учит планировать будущее действие, ставить цель и искать способы ее достижения. В этом случае обучающемуся важно ориентироваться в уровне освоения, уровне продвижения в развитии.

Традиционный способ обучения показывает, что полезная информация поступает слишком поздно, и не имея перспективы для учеников не может действенно повлиять на их учебу. Существует разрыв между тем, что дал учитель и тем, чему обучились ученики.

В настоящее время нужен такой подход к оцениванию достижений учащихся, который бы позволил устранить негативные моменты в обучении, повысил мотивацию учащихся к учебе. Наиболее подходящим механизмом, который соответствует требованиям современного общества, который учитывает индивидуальные способности учащихся и их возрастные особенности является формативное оценивание, которое также называют оцениванием для обучения.

Формативное оценивание – это целенаправленный непрерывный процесс наблюдения за учением ученика. Существует два вида формативного оценивания: формальная техника оценивания - это диктант, мини тест, задания открытого типа с развернутым решением, творческие задания. И неформальная техника оценивания, к которой относятся: наблюдение, сигнальные карточки, таблица ЗХУ. Целью формативного оценивания является корректировка деятельности учителя и учащихся в процессе обучения для улучшения результатов обучения.

Оценивание осуществляется на всех этапах урока, то есть на протяжении всей учебы. Учащийся определяет свои пробелы и вместе с учителем работает над их устранением. Зная критерии оценивания, ученик может проводить самооценивание, а также участвовать во взаимной оценке. Формативное оценивание помогает учителю отслеживать процесс продвижения учащихся и корректировать учебный процесс на ранних этапах. Используясь ежедневно в повседневной практике формативное оценивание применяется в приемлемой форме для учащихся и учителя. Самым главным в процессе выполнения заданий является правильная постановка цели обучения, а также разработанные критерии оценивания к ним. Используя их, ученики могут научиться объективно оценивать качество своей работы, совершенствовать её и добиваться ожидаемого результата. Желательно критерии успеха составлять совместно с учащимися, так как при этом у них вырабатывается положительное отношение и ответственность к оцениванию. Систематичность выполнения этих действий способствует пониманию над чем необходимо работать, чтобы достигнуть поставленной цели. Критерии оценивания для учеников должны быть доступны в течение выполнения задания. Эта информация помогает учащемуся определить «достиг» ли он цели обучения или нет.

В процессе работы учитель может использовать различные методы и средства оценивания того, как учащиеся формулируют, анализируют, обобщают информацию, и на основании этого делать выводы и вносить корректировки в свое преподавание.

При составлении критериев оценивания учителям помогают учебные планы, где содержатся рекомендуемые виды деятельности по целям обучения для определенного

предмета и класса. Наряду с этим, руководством в работе над оцениванием могут быть «Рекомендации по формативному оцениванию», «Критерии успеха в достижении цели обучения». Все цели обучения направлены на оценивание прогресса учащихся по следующим ключевым навыкам: знание и понимание; применение; критическое мышление; анализ; синтез; оценка; рефлексия; исследовательские навыки; математическая грамотность; техника и приемы. Для оценивания достижений учащихся по математике применяем четыре критерия, приведенные в таблице.

Название критерия	Краткое описание содержания критерия
Знание и понимание	Учащийся демонстрирует знание и понимание изученного материала, способен применять полученные знания в стандартных и измененных ситуациях
Исследование закономерностей	Учащийся исследует какую-либо задачу, применяя математические методы, находит закономерности, описывает с помощью языка математики взаимосвязь между ними.
Передача информации на математическом языке	Учащийся способен передавать информацию, используя, соответствующую научную терминологию, условные обозначения
Размышления в математике	Учащийся размышляет о правильности и рациональности выбранного метода решения

К сожалению, на уроке невозможно охватить всех учащихся и разностороннее формативное оценивание учащихся на каждом этапе урока позволяет учителю увидеть работу каждого и оценить её. Главную роль в этом играет правильно разработанная цель обучения, которая определяет процесс урока, методы и средства обучения и оценивания. Обучение через оценивание способствует своевременному отслеживанию, анализу и оцениванию успешности каждого ученика.

Для того чтобы использовать такую форму оценивания, нужна систематичность применения, регулярная оценка своих действий и действий учащихся, прогнозировать дальнейшие шаги.

Литература:

1. Интегрированная модель критериального оценивания. Методические рекомендации. Автономная организация образования «Назарбаев Интеллектуальные школы». Департамент оценки качества образования. Астана - 2015 г.
2. Шакиров Р.Х. и др. Формативное оценивание на уроках математики. Практическое пособие для учителя. Бишкек, 2012.- 76с.
3. pandia.ru

МЕКТЕП ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ РУХАНИ- АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ.

Тугатарова Римма Болатовна
№36 «Балақай» бөбекжай балабақшасы

Қазіргі кездегі педагогика адамгершілік тәрбиені бала өмірінің алғашқы жылынан бастап моральдық сананы, адамгершілік сезімдер мен әдеттерді, адамгершілік мінез-құлықты қалыптастырудың мақсатқа бағытталған белсенді процесі ретінде қарастырады. Адамгершілік қасиеттің өзекті мәселесі-қайырымдылық, достық. Халық ұғымында жақсылық пен жамандық, достық пен қастандық адамгершілік қасиеттің екі түрлі белгісі ретінде, егіздің сыңарындай салыстыра суреттеледі. Елге қайырымды, бойында бар қасиетін халыққа жақсылық жасауға арнаған адамды “Ел қамын жеген ер” деп дәріптеген. “Жақсының жаттығы жоқ”, “Жақсы ай мен күндей, әлемге бірдей”, ”Жақсы туса елдің көрк”, “Жақсы келді дегенше, жарық келді десеңші, жақсылықтың уытын алып келді десеңші”-деген мақал-мәтелдер жақсы адамның көпшіл, халық қамын ойлайтын абзал азамат екенін дәлелдейді.

Болашақ ұрпақ тәрбиесі – ата-бабамыздан келе жатқан рухани мұралардың бірі. Себебі, артта қалған іс қандай болса, ұрпағымыздың болашағы сондай. Сондықтан бала тәрбиесі, әсіресе бүгінгі күнде, балабақшалар саны көбейіп, халықтың экономикалық жағдайы көтеріліп келе жатқан кезде, өте өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Қазақтың белгілі ақыны Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты кітабында: «Жалпы педагогика екі нәрсе жайынан сөйлейді: 1/ дене тәрбиесі, 2/ жан тәрбиесі жайына»-деген. Сондықтан бұл тақырыптың өзектілігі, ол – баланың алдағы уақытта үлкен әріппен жазылатын Адам болып шығуы үшін «Жан тәрбиесінің» өте қажеттілігі туралы. «Жан тәрбиесінің» бір көрінісі – адамгершілік тәрбиесі туралы болмақ.

Ақын-ағамыз Мағжан Жұмабаев: «бала бір нәрсеге ұмтылса, сол нәрсеге баланың денесі, жаны, ақылы, сезімі, қайраты – бәрі бірге жұмсалады.»-дейді. Балалық шақта балабақшада алған баланың әсері, оның алдағы уақытта адамгершілігі мол азамат болып қалыптасуының негізгі тұтқасы болмақ. Ал, балабақшаға бала тәрбиелеймін деп келген адам бала бойына адамгершілік қасиет ұрығын себе алмаса, ол бала тәрбиелеп, яғни ұрпақ тәрбиелеп жетістікке жетпейді, әсіресе, Қазақстанда тұрған соң, қазақ болып туған соң, өзіміздің туған баламыз қандай болып өскенін қалар едік. Ендеше барлық балаларға да сондай көзқараспен қарауға міндеттіміз. «Адамгершілік» дегеніміз - өзі адалдық жолға құрбан бола білетін адамның қасиеті. Егер де біз бойында адамгершілік қасиеті бар адам тәрбиелесек, ол адам өмір кемесінен өз орнын тауып, өзгеге де өнеге болары хақ.

Балабақшаларда адамгершілік тақырыбын әр тәрбиеші күнделікті жұмысында жоспарлап, алдына белгілі мақсат қойып, жүзеге асырып орындап отырса, біздің қоғамның келешек ұрпағы рухани бай, адамгершілігі мол өз елінің нағыз азаматы болып шығуына барлық кепілі бар.

Жалпы, қай тәрбиенің түрі болса да отбасынан бастау алатыны белгілі. Сол сияқты адамгершілік тәрбие де отбасынан қалыптасып, одан әрі дамытылуы қажет.

Адамгершілік тәрбиенің міндеттері:

- Мектепке дейінгі жастағы балаларды үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас, кеңпейілділік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және Отанға, жерге, туған елге деген дұрыс көзқарасын тәрбиелеу;
- Барлық халыққа туысқандық сезімін қалыптастыру;
- Балаларды дүние жүзі халықтарына құрметпен қарауға үйрету;
- Балалардың әр түрлі ұлт адамдарына сыйластықтарын тәрбиелеу. Сөйтіп, олармен бейбіт қатарлы өмір сүруге дайындау.

Осы міндеттердің барлығының өзара әрекеттестігін жүзеге асыра отырып, педагог баланың сезім өрісіне әсер етеді, адамгершілік мінез-құлық дәстүрлеріне тәрбиелейді.

Ересек тобының оқу-тәрбие процессінде халық педагогикасы материалдарын тиімді пайдалануды, қамтамасыз ететін шарттарды анықтау біздің зерттеу проблемамызды айқындауға және «іс-әрекетте тәрбиелеу принципін қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік тәрбие беру» деп таңдап алуымызға негіз болды.

Зерттеу нысаны- мектеп жасына дейінгі балаларды (5-6жас) адамгершілікке тәрбиелеу мәселесі.

Зерттеу пәні – іс-әрекетте тәрбиелеу арқылы бала санасында адамгершілік сезімінің қарапайым негіздері.

Зерттеу мақсаты – еңбекте, ойын кезінде, сабақта тәрбиелеу негізінде балаларды адамгершілікке тәрбиелеу жүйесін қалыптастыру.

Зерттеудің болжамы- егер мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбие комплексті түрде жүзеге асса, онда әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін, өзіндік ерекше жағдайлар жасайды. Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады; еңбекте- еңбек сүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, ұйымшылдық, жауапкершілік сезім; сабақта- идеялық бағытталудың бастамалары, қоғамдық өмірдегі құбылыстар, патриоттық сезімі сияқты қасиеттерін көре білуі қажет.

Зерттеу міндеттері:

- Мектепке дейінгі балаларды үлкендермен саналы қарым-қатынас-тарын (тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау, кең пейілділік, қарапайымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау, және т.б)қалыптастыру.
- Бірлестікке тәрбиелеу мүмкіндіктерін ашып көрсету.
- Мектеп алды балалардың өзара ұжымдық қарым- қатынасынтарының қалыптасуын негіздеу.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері қоғам, табиғат және ой дамуының жалпы заңдылықтары; бұқара халықтың материалдық және мінез-құлық мәдениетті сақтауы, бала тәрбиесіндегі адамгершіліктің маңызы туралы ілімі; жеке тұлға таным туралы ілімдер, педагогикалық, психологиялық зерттеулер болып табылады.

Зерттеу көздері- зерттеу проблемасы бойынша педагогтар мен психологтардың еңбектері; педагогикалық ғылыми жетістіктер мен озық педагогикалық тәжірибелерді мектепке дейінгі ұйымдар практикасына ендіру мәселесіне байланысты дербес зерттеу жұмысы; тәрбие мен оқыту үрдісінің кешені.

Зерттеу әдістері:

- Педагогикалық, психологиялық әдебиеттерді тақырып бойынша теориялық талдау;
- Мектепке дейінгі мекемелердің оқу-әдістемелік кешенін талдау;
- Балабақша құжаттарын, тәрбиешінің жұмыстарын талдау;
- Алдыңғы қатарлы тәжірибені оқып-үйрену және жинақтап қорыту.

Ұлы ойшыл Абай адамның өсіп, жетілуіндегі тәрбиенің рөліне ерекше тоқтала келе, өзінің 19 қара сөзінде “Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып, естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарында болады. Естіген нәрсені сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді”-деп ақыл- естің тәрбиенің жемісі арқылы жетілетінін ғылыми тұрғыда дәлелдеп береді.

Түйіп айтқанда, президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде»- дейтін еңбегінде орын алған мына бір тамаша ойға жүгініс жасаған дұрыс болар: «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің мәселелері де, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс. Әрбір адам бала кезінен Қазақстан – менің Отаным, мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін

жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн». Міне, осы сөздің өзі – тұла бойы тұнған отаншылдық тәрбие міндеттері. Қазақстандық адамгершіліктің, патриотизмнің анықтамасы осындай ойдан туындайды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Абайдың психологиялық-педагогикалық көзқарасы және қазіргі ауыл мектебі. Қ. Тәлімұлы.
2. Ұлағат. Г. Шатапова, Д. Серікбаева.
3. Әдептілік қағидалар. Н. Шакузадаұлы, Ж. Ерғалиева.
4. Педагогика. М. Жұмабаев.
5. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. Алматы 1995 жыл

Өзін- өзі тану журналы 2005 ж.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙ – ӨРІСІН ДАМЫТУДАҒЫ МАТЕМАТИКАНЫҢ РӨЛІ

Турабаева Айнур Айдуллаевна
Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қалалық № 2 жалпы білім беретін орта мектебі

Математиканы оқыту арқылы мәселені талдай білуге, нақтылауға, ұғымдарды анықтауға, ой қорытулар жасауға, дәлелдеуге тағы басқа іс – жүзінде қадам сайын логикалық білім беріледі. Математиканың өмірмен байланысы анық. Миды жаттықтыру үшін адамға математиканы үйрену, есеп шығару, математиканың бүкіл заңдарын басқа ғылымдарды оқығанда пайдаланады. Біздің өміріміздегінің бәрі бір – бірімен тығыз байланысты. Тіршілік құбылыстарын бір – бірінен бөліп зерттеуге болмайды.

Математиканың басқа ғылымдармен байланысын анықтайық. Оның химиямен, физикамен, биологиямен, информатикамен тығыз байлыныстылығында дау жоқ. Ал тарихпен ше? Тарих толығымен даталардан және оған сәйкес оқиғалардан тұрады. Оларды есте сақтау үшін ойлау қабілеті немесе оқиғалардың логикалық тізбегін қадағалай білу қажет. Географиямен байланысына келсек, қалалардың ара қашықтығын анықтағанда масштаб, қолда бар карталар есепке алынады, қарапайым математикалық есептеулер арқылы қажетті деректерді алуға болады.

«Ойнай білетін адам-ойлай да біледі» демекші, ерте заманнан адамдар өз балаларының дамуына назар аударып, оларды ойын мен қызықты есептер арқылы ақылды адам етіп тәрбиелеуге тырысқан. Есепті шешудің ұтымды, жеңіл жолдарын табуға балалардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға ықпал ету, математикаға деген қызығушылығын тудыратынын өмірде көрсетіп отыр.Есептердің шарттары мен талаптарының сурет, кесте, өлең, жұмбақ, логикалық түрде берілуі қандай да бір әдістермен шешуге талпындыратыны байқалады. Логикалық ойлауды логикалық және қызықты математикалық есептердің көмегімен жүргізу керек. Логика дегеніміз спортшыға да, бишіге де, жазушыға да керек. Өз атыңды, сезіміңді логикалық тұрғыда жеткізе білу де үлкен өнер.

Математикалық білім алудың басты шарты – математикалық мәдениеттіліктің деңгейін көтеру болып табылады. Математика ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады, шыңдай түседі. Американдық педагог – математик Д.Пойа былай деген: «Математиканы білу деген не? Бұл есептерді шығара білу, онда стандарттық есептерді ғана емес ойлаудың еркіндігін, сананың салауаттылығын, өз болмысты, тапқырлықты керек ететін есептерді шығару».

Есеп шығару кезінде жалпылауға үйрету, ойлауды, жадыны дамытады, жалпылама ассоциация қалыптасады. Шапшаң есептеу әдіс-тәсілдерін қолдану тапқырлыққа, зеректікке, логикалық ойлай білуге, амалдарды және күнделікті өмірде кездесетін әр адамға қажет қарапайым есептеулерді тез және тиімді жолдармен орындауға үйретіп, ауызша, шапшаң есептеу дағдыға айналып, есептеу жұмысын оңайлатады. Оқушыларға дайын өнімді қабылдайтын емес, өз бетімен ізденетін, дербес іс-әрекет жасай алатын тұлға ретінде қарау,яғни Конфуцийдің «Естігенімді-ұмытамын, көргенімді есте сақтаймын, өз істегенімді меңгеремін» дегені- өз ұстанымым.

Біздің заманымыз ғылым мен техниканың қарқынды дамуымен ерекшеленеді. Сондықтан әрбір мектеп оқушысының алдында тұрған міндеті – қазіргі заманғы математикалық логиканың негізін түсіне білу, логикалық есептерді шеше білу. Математикалық логиканы білмейінше, оны ойдағыдай меңгеру қиын. Өйткені бүгінгі күні ғылым мен техниканың қарыштап дамуы ол адамның ойлау қабілетінің ең ірі жетістіктері болып табылуда.

Әр баланың мақсаты - өзінің білім деңгейін көтеру, сабаққа деген қызығушылығын арттыру, іздену. Осы мақсатты іске асыру барысындағы міндетім сол тақырыпты игерумен қатар, кең ауқымды есептерді шешуді зерттеу, ойлау қабілетімді машықтау.

Бұны іске асырудың бір жолы қызықтыратын тапсырмалар таңдай білу.

Әрбір сабақ жоспарын дайындауда арнайы формуланы қолдануға келмейтін әрқайсысына өзінше талдау жасауды қажет ететін есептерді логикалық есептерді, «Қызықты математика» тапсырмаларын дайындаймын.

«Қызықты математика» деген термин орыстың «занимательная математика» деген сөзден шыққан.

Қызықты (занимательный)- «сананы оятатын, ықылас, зейін тудыратын, үйіріп әкететін» деген мағынаны білдіреді

Қызықты математиканың мынадай жанрлары болады:бас қатыру есебі, кроссворд, математикалық викторина, сұйықтарды құю есептері, сиқырлы шаршы, сан ребустары, математикалық фокус, сіріңке немесе ши есептері, қалжың есеп, көне есеп, өлең есеп, судоку, т. б.

Сонымен қатар кейбір логикалық ойлау қабілетіне берілген стандарттық емес дамытушылық есептер шығаруға уақыт тапшыл екені әр мұғалімге белгілі. Бұл тапсырмаларды әрдайым сабақ уақытында және тыс уақытта өз беттерінше орындауға ұсынуға болатын, логикалық ой-өрісін кеңейтуді көздейтін дамыту есептерінде ұсынуға болады.

Дамыту есептері

1. 0,1,2,3,4 цифрларынан бірдей қайталанбайтын барлық мүмкін бес таңбалы сандарды жазыңдар.Алынған ең үлкен және ең кіші сандардың айырмасы неге тең?
2. 999...9+22..2 есепте
   100рет 100рет
3. 1-ден 100-ге дейінгі барлық натурал сандардың көбейтіндісі неше нөлмен аяқталады?
4. 999...9+22 есепте
   100рет
5. 3*3*3...3*11
   100рет
6. 999...9:9 есепте
   100рет
7. 666...6*22 есепте
   100рет

Ойлау есептер шығармашылық қабілетін дамыта түседі. Тапсырманы орындау барысында оқушылар өз бетімен ізденеді, еске сақтауын кеңейтеді, байқағыштығын қалыптастырады. Оқушының өзіндік пікір айтып, оны қорғай білуіне мүмкіндік жасалады. Теориялық білімдерін кеңейтіп, оны тәжірибеде қолданылуына ықпал етеді.Сондай ақ интеллектуалдық деңгейін көтереді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нагибин Ф.Ф. идр. «Математическая шкатулка»- М.: «Просвещение», 1988. 29,68,35 б
2. Қ. Нұрсұлтанов, Қ. Нақышбекова «Жүлдегерлік жүз есеп» 56, 66, 68б
3. Алгорифм журналы .№2,2005ж, №1,2007ж; №1-3,2014ж
4. Математика және физика журналы №1.2007 ж.
5. Я. И Перельман « Қызықты алгебра »
6. А.Е. Әбілқасымова, С.А. Джанабердиева «Қызықты математика» Алматы «Мектеп» 2007 3,5-9б

ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ ЕСТЕСТВЕННО-НАУЧНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ГЕОГРАФИИ

Туралиева Айна Хамитовна
Жайсанская общеобразовательная средняя школа

Одним их основных направлений модернизации системы образования является обучение учащихся самостоятельно добывать и анализировать, структурировать и эффективно использовать информацию для максимальной самореализации и полезного участия в жизни общества. Обществу необходим человек функционально грамотный, умеющий работать на результат, способный к определенным, социально значимым достижениям. Естественно научная грамотность не просто один из видов функциональной грамотности, это умение ориентироваться в окружающем мире, понимать явления окружающего мира и умение использовать ресурсы на благо человечества. Рассмотрим, какие вызовы готовит нам мир изменчивости и неопределенности, как учитель может помочь школьнику подготовиться к жизни в этом мире, а также какие типы заданий целесообразно использовать на уроках географии с целью формирования функциональной грамотности.

Зачем нужна функциональная грамотность? Многим может показаться, что эта компетенция появилась в образовательной программе «банальным образом», вслед за мировым мониторингом PISA. На самом же деле процессы куда более глобальны и объясняются происходящими во всем мире изменениями. И чтобы жить в этой сложной и быстрой реальности, сегодняшним школьникам потребуются новые навыки, знания и умения.

Мы не можем предсказать, какие профессии будут нужны в будущем, какие профессиональные и прикладные навыки потребуются сегодняшним школьникам для построения успешного пути своего развития. Но для укрепления их позиции в будущем мире нестабильности мы однозначно можем и должны обучить их функциональной грамотности. Под функциональной грамотностью понимается «способность использовать ЗУН, приобретенные в школе для решения широкого диапазона жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, а также в межличностном общении и социальных отношениях».

Одним из видов функциональной грамотности, которую будут оценивать в РК в рамках МОДО, это естественнонаучная грамотность (физика, химия, биология, география). Под

естественнонаучной грамотностью понимается способность использовать естественнонаучные знания, выявлять проблемы и делать обоснованные выводы, необходимые для понимания окружающего мира и тех изменений, которые вносит в него деятельность человека, также для принятия соответствующих решений. Естественно научно грамотный человек стремится участвовать в аргументированном обсуждении проблем, относящихся к естественным наукам и технологиям, что требует от него следующих компетенций:1) научно объяснять явления, 2)оценивать и планировать научные исследования, 3)научно интерпретировать данные и доказательства.

Задача формирования естественно-научной грамотности и достижения образовательных результатов, предъявляет определенные требования к содержанию учебной деятельности на уроке и необходимым компетенциям учителя. Для обеспечения эффективности формирования естественнонаучной грамотности школьников педагогам необходимо применять методы и приемы активного обучения, которые побуждают учащихся к активной мыслительной и практической деятельности в процессе овладения учебным материалом.

У школьников к сожалению не сформированы важные умения: осуществлять поиск информации по ключевым словам, анализировать процессы проведения исследований,составлять прогнозы на основе имеющихся данных, интерпретировать научные данные и данные исследований, лежащих в основе доказательств и выводов, интерпретировать графическую информацию.

Трудности вызывают задания практического содержания, данные, в которых представлены в нестандартной форме, требующие проведения анализа, интерпретацию данных. Для того чтобы естественнонаучную грамотность успешно сформировать нужно так организовать учебный процесс, чтобы учащиеся осознавали его ход и активно в нем участвовали. Но не всякая деятельность на уроке интересует учащихся: привлекают ребят поиск, исследования. Как же достигнуть этих показателей?

Одним из способов реализации компетентностного подхода и путей формирования функциональной грамотности учащихся является составление и использование заданий в формате PISA. Специфика этих задач заключается во многом в том, что условия и вопросы заданы, как самостоятельные, и на первый взгляд не связаны друг с другом. Связать условия и вопросы -задача ученика.

Активные стратегии обучения играют значимую роль в повышении качества «естественнонаучной грамотности» школьников. Активные методы обучения - это методы, которые побуждают учащихся к активной мыслительной и практической деятельности в процессе овладения учебным материалом.

Это проблемное обучение - такая форма, в которой процесс познания учащихся приближается к поисковой, исследовательской деятельности. Анализ конкретных ситуаций - один из наиболее эффективных и распространенных методов организации активной познавательной деятельности обучающихся. Например: при изучении темы «Погода и метеорологические элементы» в 7 классе я предложила учащимся небольшую информацию в форме сказки: «Жил был султан, и всегда ему было холодно на земле. И однажды султан решил: «Заберусь-ка я на гору и погреюсь». Ползет султан по горе - холодно, но вот поднимусь повыше и согреюсь, думает он, ведь чем ближе к Солнцу, тем должно быть теплее. Так он думал, полз, пока не замерз». У детей возникает мысль- противоречие: как же так, если чем ближе к солнцу, то должно быть теплее, то почему же замерз султан? В результате диалога в форме дискуссии, дети самостоятельно формулируют проблему в форме проблемного вопроса: «Так ли это, чем ближе к солнцу, тем теплее?». Также можно использовать методы «Карусель», « Корзина идей», «Кластер», прием «Да- нет», «Исследование в форме наблюдения» и т.д.

Это некоторые примеры обучения, которое предполагает использование системы методов, направленной на самостоятельное овладение учащимися знаниями и умениями в процессе активной мыслительной и практической деятельности, что, безусловно, ведет к повышению естественнонаучной грамотности.

Использованная литература

1. Ковалева Г.С., Пентина А.Ю. Методические рекомендации по формированию естественнонаучной грамотности. Москва, 2021

2. Ковалева Г.С., Пентина А.Ю. Естественно-научная грамотность. Сборник эталонных заданий. Выпуск -2:учебное пособие. Москва; Санкт-Петербург «Просвещение», 2022.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИКТ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Туремуратова Гульнара Марауновна
Пригородная СШ

Русский язык является важнейшей частью национальной культуры русского народа. Как учебная дисциплина он имеет первостепенное значение, так как является не только предметом изучения, но и важнейшим средством познания других наук, средством интеллектуального, духовного, эстетического развития учащихся.

Обучение русскому языку и литературе, используя современные информационные технологии, позволяет реализовать принципы личностно ориентированного обучения. Информационно - коммуникационные технологии (ИКТ) – обобщающее понятие, описывающее различные устройства, механизмы, способы, алгоритмы обработки информации. ИКТ оказывают влияние на все сферы жизнедеятельности человека, и особенно на обучение. ИКТ в образовательном процессе – это средство для увеличения производительности труда преподавателей и учащихся, рациональный способ повышения эффективности и интенсификации обучения и самообучения.

Использование новых информационных технологий в обучении позволяет рассматривать школьника, а не учителя, как центральную фигуру образовательного процесса, что ведет к изменению стиля взаимоотношений между его субъектами. Учитель перестает быть основным источником информации, он организует самостоятельную деятельность учащихся, управляет ею, корректирует образовательный и воспитательный процесс, принимая на себя функции помощника, наставника или равноправного партнёра, в зависимости от решаемых задач. Его основная роль состоит теперь в постановке целей обучения, организации условий, необходимых для успешного решения образовательных задач, своевременном мониторинге полученных результатов, корректировке и предупреждении возможных пробелов. Это позволяет в условиях традиционной системы образования развивать индивидуальные способности учащихся, органично использовать новейшие педагогические технологии.

С помощью технологий можно решать такие педагогические задачи, как: обучение в сотрудничестве, взаимообучение; активизация познавательной деятельности, повышение мотивации к образованию и самообразованию; осуществление дифференцированного, индивидуализированного, личностно ориентированного подхода; разрешать проблемы разноуровневого и группового обучения, задействовать все каналы восприятия информации, прививать любовь к предмету, создать атмосферу психологического комфорта.

Использование ИКТ на уроках русского языка и литературы позволяет разнообразить формы работы, деятельность учащихся, активизировать внимание, повышает творческий потенциал личности. Электронные учебники, видеолекции, виртуальные экскурсии, программы-репетиторы, справочники, энциклопедии, уроки в электронном виде и методические разработки к ним – сейчас существует довольно широкий интерактивный мир возможностей для успешного образовательного процесса. Построение опорных схем, алгоритмов, таблиц в презентации позволяет экономить время, более эстетично оформлять материал, а использование при этом интерактивных возможностей создаёт эффект непосредственного влияния ребят на содержание слайдов, что является дополнительным стимулом к работе. Задания с последующей проверкой активизируют внимание, формируют орфографическую зоркость, служат для отработки правописных и грамматических навыков учащихся. Использование кроссвордов, иллюстраций, рисунков, различных занимательных заданий, тестов воспитывают интерес к уроку, делают процесс обучения более увлекательным

Задачи, стоящие перед учителем - словесником при применении информационных технологий, во многом отличаются от целей и задач других учителей-предметников. Задачи эти предполагают работу с текстом, с художественным словом, с книгой. Учителю русского языка необходимо сформировать коммуникативные компетенции, связанные с овладением прочными орфографическими и пунктуационными умениями и навыками, обогащением словарного запаса учащихся. Бесспорным помощником в решении этих задач являются ИКТ.

Использование ИКТ в учебном процессе позволяет:

- усилить образовательные эффекты;
- повысить качество усвоения материала;
- построить индивидуальные образовательные траектории учащихся;
- осуществить дифференцированный подход к учащимся с разным уровнем готовности к обучению;
- организовать одновременно детей, обладающих различными способностями и возможностям;
- наполнить уроки новым содержанием;
- развивать творческий подход к окружающему миру, любознательность учащихся;
- формировать элементы информационной культуры;
- прививать навыки рациональной работы с компьютерными программами;
- поддерживать самостоятельность в освоении компьютерных технологий;

В работе возможно использование готовых программных продуктов («Энциклопедия русской литературы», «Большая энциклопедия Кирилла и Мефодия»), Интернет-ресурсы, текстовые материалы, тесты, тренажеры, презентации учебного материала, разработанные для уроков.

Создание проектов, презентаций, работа в программе Microsoft Publisher требуют от учителя творческого подхода, применения исследовательских методов, владения компьютерными технологиями (открытки, буклеты, книжки-малышки, коллажи)

Дидактический материал, представленный в компьютерном варианте, решает несколько задач:

- повышает производительность труда учителя и учащихся на уроке;
- увеличивает объем использования наглядности на уроке;
- экономит время учителя при подготовке к уроку.

Необычайно интересна работа с использованием программы Power Point. Она приводит к целому ряду положительных эффектов:

- обогащает урок эмоциональной окрашенностью;
- психологически облегчает процесс усвоения;

- возбуждает живой интерес к предмету познания; · расширяет общий кругозор учащихся;
- повышает производительность труда учителя и учащихся на уроке.

Много дополнительного материала можно найти через Интернет, что выручает тогда, когда учащиеся не могут найти нужные произведения в библиотеках или просто им легче слушать, чем читать.

Электронные словари и энциклопедии позволяют мобильно получить дополнительные знания и использовать их на уроке.

Также к положительному эффекту приводит работа с различными обучающими программами. («Репетитор», «Фраза», тренажёры, позволяющие развивать конкретные способности учащихся: внимание, память, мышление).

Работа с интерактивной доской раскрывает дополнительные возможности: показ презентаций на большом экране, возможность ученикам самим создавать работы и т.д.

Использование компьютерных технологий возможно на различных этапах урока.На этапе актуализации знаний эффективны блиц-опросы, экспресс-задания, викторины, тесты, задания для самостоятельной работы с последующим воспроизведением правильного ответа.

На этапе активизации знаний, подготовки к восприятию нового материала можно предложить проблемные вопросы и задания, которые в сочетании с наглядностью и занимательностью, вносимыми ИКТ, под силу не только ребятам с высоким уровнем обученности. Лингвистические игры «Четвёртый лишний», «Эстафета», «Собери… (слово, предложение, фразеологизм, высказывание и т.д.)», кроссворды, ребусы, шарады, созданные с помощью компьютерных программ, повышают мотивацию ребят, настраивают на активную познавательную деятельность.

На этапе изучения нового материала возможно использование ИКТ как объекта обучения или рабочего инструмента при исследовании лингвистического материала, в этом нам помогают демонстрационно-энциклопедические программы, электронные учебники, ЦОР, ЭОР, интерактивные презентации. Благодаря возможности сочетания в рамках одной программы текста, графики, звука, анимации, видеоизображения, репродуктивный и иллюстрационный методы переходят на качественно более высокий уровень.

На этапе закрепления нового материала и рефлексии можно организовать выполнение всех известных типов упражнений: вставка орфограмм, постановка знаков препинания, редактирование текстов, задания творческого характера. Для отработки навыков правописания используются разнообразные обучающие программы типа «Репетитор», «Фраза», тренажёры, позволяющие развивать конкретные способности учащихся: внимание, память, мышление.

Особенно эффективно использование компьютера для тренинга и контроля за усвоением знаний и формированием навыков учащихся. Такой контроль можно осуществлять и с помощью тестирования, и с применением различных игровых программ («Кто хочет стать миллионером (отличником знаний)?», «Поле чудес»)

Методика преподавания русского языка с использованием компьютера как технического средства обучения позволяет интенсифицировать образовательный процесс: повысить темп урока; увеличить долю самостоятельной работы учащихся; организовать самообучение и взаимообучение; проверить усвоение теоретических знаний у всех учащихся за короткий промежуток времени; углубить степень отработки практических умений и навыков; вести дифференцированную работу с каждым учеником; выявить пробелы в его грамотности; выработать умение составлять схемы, алгоритмы.

Чтобы грамотно писать, недостаточно простого знания орфографических и пунктуационных правил. Главное – выработать «автоматизированную грамотность», которая должна стать буквально подсознательным навыком. Именно в этом компьютер нам помогает:

в процессе работы учащихся с электронными образовательными ресурсами, резко повышающей их мотивацию, направленной на результативность и нацеленной на успех, появляются подобные навыки и умения. Ученик, увлеченно работающий за компьютером, не боится заданий возрастающей сложности, выполняет гораздо больший объем работы, своевременно корректируя допущенные ошибки.

К достоинствам компьютерной поддержки как одного из видов использования новых информационных технологий в обучении можно отнести следующие: возможность конструирования компьютерного материала для конкретного урока; возможность сочетания разных программных средств; а также побуждающий аспект активизации деятельности учащихся.

Например, использование информационных технологий на уроках русского языка и литературы в 5 классах. При проведении компьютерных уроков используются материалы Единой цифровой коллекции образовательных ресурсов и Федерального центра образовательных электронных ресурсов. При проведении таких уроков преследуются следующие цели: а) формирование умений работать с информацией, развитие коммуникативных способностей; б) формирование исследовательских умений; в) закрепление материала, изученного на уроках (главная цель), контроль. Конечно, это невозможно использовать на каждом уроке. Использование презентационных и мультимедийных презентаций, представляющих собой интерактивное объединение на цифровой основе текста, графики, звука, видео и анимации, существенно повышают наглядность и доступность учебного материала.

Важнейшим направлением использования информационных технологий в учебном и воспитательном процессе является проектная деятельность учащихся. Выполнение детских работ в виде презентации, газет, докладов с помощью компьютерных программ новая форма заданий, которая позволяет формировать и развивать навыки самообразования школьников, соответствует методике научного познания, обеспечивает усвоение знания не на репродуктивном, а на творческом уровне.

Используя информационные технологий на своих уроках, я решаю не только задачу подготовки учащегося, умеющего применять информационные технологии в своей деятельности, и также задачи развивающего обучения, специальные практические задачи, обозначенные в программе и стандартах по русскому языку и литературе.

Список литературы:

1. Греков В.Ф. и др. Пособие для занятий по русскому языку. - М.: Просвещение, 2008. - С. 110.

2. Занков Л. В. Наглядность и активизация учащихся в обучении. - М, 2000. – С. 92.

3. Денисевич Г.В. Урок русского языка и методика его проведения. - Курск, 2006. - С. 187.

4. Мингзов Э. Г. Гносеологические основы принципа наглядности обучения.- Л, 2005. - С. 291.

БАСТАУЫШ КЛАСТАРДА ӘДЕБИЕТТІК ОҚУДЫ ЖАҢАША ОҚЫТУ

Туменбаева Ару
Ақтөбе қаласы №61жалпы білім беретін
орта мектептің бастауыш класс мұғалімі, педагог-зерттеуші

Қазіргі таңда білім алушылардың әдебиет сабағында жаңартылған біліммен оқытудың маңызы өте зор. Оқушылардың бойында білім –білік, дағдыларға қол жеткізу ғана емес, осы бейімдердің негізінде жылдамдықпен интерактивті заманауи өзгеріп жатқан өмірге икемді болып келуі назарға алынуда. Алдағы қойылып отырған міндет- өзін-өзі дамыта алатын, өз бетімен кез-келген мәселені адамгершілік тұрғыдан шеше алатын, өзіндік ойы қалыптасқан тұлғаға бағытталады. Қазақстан Республикасының білім беру заңнамасында үздіксіз білім беру жүйесі жаңаша талаптар мен қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, Отандық білім жүйесінің жаңару талаптарымен қойылып отыр. Сабақты интернет – коммуникация құралы арқылы қашықтан оқыту серверлерін Facebook Live, Instagram Live қолданып өткізудің мәні өте зор. Сабақтың тақырыбы «Қазына иесі кім? Ғажайып бақ » атты ертегі ұсынылып, оқу мақсаты 4.3.3.1- шығармашылық жұмысын презентация түрінде жұмыстанады. Халық ауыз әдебиетінің бірі- ертегі жанрының ерекшелігімен танысып, оның сюжетін ұғынуға үйренеді. Сөз өнерінің әдемі кестелері арқылы оқушының сөздік қорын байытып, мәнді , мағыналы сөйлеуге жаттығады. Оқушыларды адалдыққа, өз ойын дәлелді, анық жеткізе білуге тәрбиелейді. Бағалау критерийлері сурет бойынша мәтін құрастыруға, ертегінің түрін дұрыс ажырата білуге, мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Сабақтың басталуын артқыға шегініс жасай отырып, алдыңғы білімді бекітуде «Тақырыптық сөзжұмбақ» әдісі арқылы ой түйіндеп, тұжырымдай біледі. Жаңа тақырып «Қазына иесі кім?» деген атпен беріліп, жаңа сабақтың не туралы екенін болжау мақсатында бейнежазба көрсетіліп, «Екі ассоциация» ойынын ойната отырып, қадамдары көрсетіліп, тақтада екі баған сызылып, екі суреттен ілініп отырады. Бағанға тақырыпқа қатысты кез- келген сөздер жазылады. Осы екі жақтағы сөзді байланыстырып, ерекше бір ассоциация ойлап жазулары керек. Білім алушылардан «қазына» сөзін қалай түсінетінін сұрай отырып, өмірдегі қымбат нәрсе не болуы мүмкін?, неліктен бұлай деп ойлайсың ?- деген жауаптарын тыңдау, толықтыру, түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Screencast-O-Matic https://screencast-o-matic.com. жасау арқылы оқу жазбалары таратылады. Оқулықпен жұмыс жасау кезінде «Суретті әңгімеле» әдісі арқылы сөзжұмбақ, сөздер мен суреттер арқылы жұмыс жасай отырып, оқушылардың қаншалықты ақпаратты меңгергенін байқауға болады. Атап айтқанда, суреттердің мазмұны бойынша әңгіме құрай отырып, оқиғаның шешімін ойлап табуы арқылы оқушылардың ойын шығармашылықпен өрілуіне жұмыстанса, өзі құраған оқиғаның шешімін табуы арқылы бейнелі, көркем ойды беруге, оның қаншалықты нанымды шығуына назар аударылады. «Бинго» әдісі арқылы арнайы айналатын құрылғысы бар құрал орнатылып, соның ішінен мәтін мазмұнына байланысты сұрақтар алып шығады. Сұрақтарға жауап беруде, адал достық, достардың басына қандай іс түссе де, мойымай бірге қиындықты бөлісуі арқылы көрініс табады. Болжау стратегиясы арқылы алтынға байланысты даудың қалай шешілетінін білім алушылар өз ойларын дамытуымен көрінеді. «Менің сөзім» әдісі арқылы жастарға қуаныш сыйлауы арқылы өткен өмірі үшін емес, ұрпақтар жалғасы өріс алып жатқанын көруге болады. Қосымша сөздікпен жұмыс жүргізу арқылы сөздердің мән-мағынасын түсіндіруден көруге болады. Салыстыр арқылы шығарма кестесі бойынша екі мәтінді салыстыру сұралды. Кейіпкерлері, Оқиғаның басталуы туралы кеспе қағаздар бойынша жұмыстанады. Оқиғадағы мәселенің шешімін табуы кестені толтырылуымен беріледі. Қорытындысында шығармашылық жұмыс жүргізіліп, «егер, сен тауып алсаң, «не істер едің?»-деп сұрау немесе ой ұшқырлығына қозғау салынады. Сабақ барысында қалыптастырушы бағалау әдісін жүргізу

арқылы оқушылар ынталанса, 12 сөз әдісі арқылы сөздік қорлары молайып, өзара бағалау әдісі арқылы бірін- бірі толықтырады. Су бұрқақ әдісі арқылы сабақты қаншалықты ақпараттануын көрсек, мадақтау сөздерімен де «жарайсың, талпындың» арқылы қалай белсене араласқандығы ескеріліп айтылып кетті. Жеке жұмыстар орындау кезінде дәптермен жұмыс, дәптердің жағдайы қосымша қаралып өтті. Бекіту үшін тест алу, өзіндік жұмыс жүргізу кезінде қаншалықты ақпаратты меңгертуге бағытталады. Оқушылар сурет бойынша мәтін құрастыруды, ертегінің түрін ажырата білуді, мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді, екі мәтінді салыстыра білуді үйренді. Әдебиет сабағында сандық сауаттылықпен жұмыс жасауға, «Адам қалай ұшуға үйренді» , «Бізде алысқа ұшамыз» атты тақырыпта оқыту формаларын түрлендіріп өткізуге ықпал жасайды. 4.2.1.2. шығарманы іштей көз жүгіртіп (түртіп алып) сұрақтар қоя отырып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып оқу(талдау жасап оқу) сын тұрғысынан бағалап оқу; 4.3.1.1. оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып жоспар құру , өлең, эссе жазуға дағдыландырады. Осы тақырыптарды түрлендіруде видеосабақтар түсіру , интернет платформаларымен жұмыс, онлайн сабақтарды жүйелі жүргізуге бағытталады. Жоспар құрып, өзгелерге сұрақтар қоя алады. Негізгі идеясын аша алады. Мәңгілік елдің Отаншылдық сезімін оятып, ұқыптылыққа, төзімділікке баулыса, сонымен қатар тілдік ұштұғырлылық жүзеге асырылып, үш тілде сөздік беріледі. Қашықтан оқыту Periscope серверін пайдаланып, топқа бөлініп атауы «Атом» деп аталды.Өзін- өзі тексеруге сынақ сервисі «Kubbu» арқылы алдыңғы білімді бекітуге тест алынады. Платформа арқылы «Байқоңыр» атты бейнежазбаны көрсету үшін, оқушыларға миға шабуыл әдісімен сұрақ қойылып, жауаптар алынады. Оқушылардың ойын ұшқырлап, алған білімін қарапайымнан күрделіге жетелейтін сұрақтар қоя білуге, әдіс – тәсілдер арқылы тиімділігін арттыруда оқушыларды әрекетке жетелеп, олардың осы бір тақырып бойынша сұрақ қоя білу дағдысын қалыптастыруға болады. Джигсо әдісі арқылы оқушылардан тақырыпшалар бөлініп, жеке , жұптық, топтық жұмыстар беріліп, оқушылар ғарышқа ұшудың маңызын, ғарыштағы өмір туралы айтылады. Кесте жасалып, соған сәйкес жауаптар берілді.Бұл оқушылардың сабақты өз бетімен оқыту үшін тапсырмалар беру арқылы, білім алушылардың әмбебаптық қызметін тиімді үйлестіру болып табылады. Компьютердегі карточкамен жұмыс жасалып, керекті сөзді оқып, кестемен жұмыс жасалды. Дәптермен жұмыс жасалып, «Ғарыш әлемі» немесе «Аспанға саяхат» атты өлең немесе эссе жазу арқылы өз ойын шығарашылықпен өре біледі. Білім алушылардың бақылауын жазбаша эссе немесе өлең түрінде алу сыни ойлаудың құралын қолдану арқылы да жүзеге асады. Ой толғауда қызығушылықты ояту сатысында топтастыру жұмысын жүргізе отырып, ұқсастық пен айырмашылық туралы айта отырып, осыны «Венн» диаграммасына салып, көрсетіп берді. Өлеңдегі «Тек ұшу үшін жаралған , адамдар қандай бақытты» -деген жолдардан көруге болады. Заман талабына сай, өзінің жұмыс орнын жасақтап, шексіз шығармашылықпен жұмыстануға бағыттап отырамыз. Қорытындылай келе, оқушылардың сабақта қызығушылығын арттыратын ақпаратты қабылдауы, түсінуі тез болуын көрсететін, белгілі бір диагностикалық мүмкіндіктер мол болуын қарайтын, жаңашыл сабақ арқылы сындарлы оқуды міндеттейтініміз анық. Сабақты жаңартылған мазмұнмен беруде, оқушылар бойында өз- өзіне сенімділікпен қазіргі таңдағы әлемдік мәдениетте өз орнын ойып алар әмбебап маман болатынына сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Р. Оқу – ағарту министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу- тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат Нұр- Сұлтан -2022
2. Әдебиеттік оқу 4 класс Муфтибекова З Атамұра -2019

3. «Жаңашыл технологиялармен оқыту» Тұрғынбаев Т Алматы -2020ж

ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тұрарбекова Маншүк Тұрарбекқызы
Ақтөбе қаласысы №6 "Орман ертегі"бөбекжай-балабақшасы

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты — балада» деген екен. Кез келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын бақыт деген құдіретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты — тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні — өз ұрпағы. Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата - ана алдында нәзік те қиын, қыр - сыры мол үлкен қоғамдық міндет тұрады.

Ол — бала тәрбиесі. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз — ата - ана. Бала үшін үй ішінен, ата - анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер — жанұяда тәрбие балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді халық даналығы. Бала кішкентай кезінен - ақ әр нәрсеге әуестеніп үлкендерге көмектескісі келеді. Бұған кейбір әке - шеше «жұмысымды бөгейсің, істеп жатқан ісімді бүлдіресің» деп ұрысып жіберуі мүмкін. Бұл қате түсінік. Керісінше, өзің жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызып, оның үйренуіне көмектескен орынды. Тіпті балаға берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындалуына төзімділікпен бақылау керектігін де ұмытпаған жөн. Өстіп баланың бірте - бірте еңбекке деген болашағына жол ашылады. Әрі істеген ісін ұқыпты да тындырымды орындауына бағыт бересіз. Баланың жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіріп отырса, ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырмасын орындауға қарсылық білдірмейді. Орынсыз ұрысу, зеку, сұрақтарына дөрекі, келте жауап беру немесе әділ талап қоя алмау ата - ананың беделін түсіреді.

Ата — ана — бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез - құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата — аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл - қыздармен үй шаруасында жүріп - ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа. Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы балаға теріс әсер етеді. Бала алдында әке - шеше үй ішінің үлкендердің әдептілік танытқаны жөн. Мысалы, арақ пен темекінің толып жатқан зиянын біле тұра, балалардың көзінше арақ ішіп, үсті - үстіне темекі тартқандар бар. «Көрінген таудың алыстығы жоқ» дейді, ертең - ақ ұл өсіп ер жетеді, қыз өсіп бой жетеді.

Сонда арақ пен темекінің зиянын қалай ұқтырамыз. Негізінен жанұяның шырқы бұзылған, ата - анасы маскүнемдікке салынған немесе жарамдық жағынан азғынданған ортада бала, жасөспірім қашанғы жиреніште көрініс, ондағы айқай - шу мен дау - жанжалға, ұрыс - керіске шыдап жүре бермек. Басқа өмір аңсайды немесе теріс тәрбиеге тез бой алдырып үлгереді, егер осы теріс жолға мүлде бет бұрып кетсе, онда бәйтеректің бір бұтағы қисық өсті дей беріңіз. Бақытсыз қыз, бұзақы ұл осыдан шығады. Сонда негізгі кінәні кімнен іздейміз?! Бұзақылықтың басы бос жүруден басталады. Кейде сабақты жиі қалдыруға әр түрлі

сылтауларды үлкендердің өзі үйретіп отырады. Бұл жағдайда балаға өтірік айтуды үйретіп отырған аңғармай да қалуы мүмкін. Жас шыбықты қалай исең, солай өседі ғой. Иә, «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің» демекші ата - ана тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдырады.

Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау — ата - ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала — әр жанұяның бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік. Шәкәрім атамыздың « Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан үстем болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күнінен бастап тәрбиелейді» дегеніндей, құнды қасиеттерге не рухани адамды қалыптастыру - шынында да оның туған кезінен басталса керек. Ал адамның адам болып қалыптасуында ата - анамен қатар тәрбиеші мен мұғалімнің де рөлі бар.

Қарапайым мысалға жүгінсек, мектепке келген кезінде сондай сүйкімді, тілалғыш, жүрегі таза, сезімі пәк жас бүлдіршін орта немесе жоғары буынға келгенде неге өзгеріп сала береді? Сондықтан мына бала қандай еді, қалай өзгеріп кетті? Мынадай жаман әдеттерді қайдан үйреніп ала қойды? Неге озбырлық жасуға бейім болып алды?- деген сияқты сауалдар алдыңнан кесе - көлденеңдейді. Әрине, оның себептерін жан - жақтан іздеуге болады. Ата - анасын жүрген ортасын қосқанда оның тәрбиесіне мұғалімнен басқа бірнеше адамның қатысы бар. Балаға жүрек жылуы қашан да қажет және ол ешқашан артық болмайды. Ата - анасынан көрмеген сүйіспеншілікті мұғалімнен көрген бала менің ата - анам да осындай болса, деп армандауы мүмкін. Мұғалімін тек жақсы қырынан таныған оқушы үшін оның айтқаны анық, дегені дәл болып көрінеді. Баласын қалай жақсы көретінін дұрыс білдіру кез келген ата - ананың қолынан келе бермейді.

Біреу жақсы киіндіріп қояды, біреу тамағы тоқ болса болды деп, қалтасына ақшасын салып бергеніне мәз. Біреулері өте қатал, айтқанын орындатады. Бала қорыққаннан уақытша тыңдайды, бірақ ата - анасының уысынан шыққан соң өзін - өзі ұстай алмайтын жағдайға жетеді. Мұғалім оқушыға материалдық жағдай жасағанмен, оның өміріне азық болар ең қымбат асыл қасиеттер: адамзаттық құндылықтармен, біліммен қамтамасыз етіп, қаруландырады. Алтын бесік - отбасы болса, алтын ұя - мектеп. Иә, олардың алтынға балануы неліктен? Екеуі де қасиетті, әрі қастерлі. Өйткені, отбасы Адамды дүниеге әкеліп, қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп жатса, мектеп арқылы мен білімі адамзаттық құндылықтармен толысқан, жан - жақты жетілген, өз бетімен өмір сүруге бейім, қоршаған ортамен тікелей байланысқа шыға алатын, толыққанды Адам етіп тәрбиелеп шығарады. Осы екі ортаның да мақсаты - ортақ, міндет - біреу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Дүкенбаева Г Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу Алматы,1992

2.Нысанбаева Ә. Ой.Ақыл.Адамгершілік.Алматы,1994.

«САБАҚТАН ТЫС УАҚЫТТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ.»

Турсынбекова Б.А
№42 мектеп КММ, музыка пәнінің мұғалімі

Қай кезеңде болмасын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру қоғам алдындағы ең жауапты, маңызды іс. Мемлекетімізде жас ұрпақтың жан-жақты дамуымен бірге тәрбиесіне де ерекше назар аударылуда. Ұрпақ тәрбиесі – баршаның ісі. «Егер сен алдыңа бір жылдық мақсат қойсаң егін ек, бірнеше жылға мақсат қойсаң – ағаш отырғыз, ғасырларға мақсат қойсаң – ұрпақ тәрбиесімен айналыс», – дейді халық даналығы.

Елдің елдігін сақтап, көркейтетін, басқа елдермен терезесін тең етіп өркендетіп сондай-ақ болашағын айқындап беретін жастайынан алынған тәрбие. Тәрбие тек сабақ берумен ғана шектелмейді, ол сабақтан тыс уақытта да жалғаса береді және тереңдетіле жүргізіледі. Дұрыс тәрбие – балаға өмір бойы азық. «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын», – дейді қазақтың біртуар ақыны Абай. Бұл – өмір шындығынан алынған данышпандық сөз. Баланы тәрбиелеу үздіксіз процесс, ол оның бос уақытында да жүзеге асырылады. Адам өмірінде бос уақыттың ролі ерекше. Ол демалу, тыныңу үшін емес, рухани қажетін өтеуге, ойлау қабілетінің жетілуіне,жалпы жан-жақты болуына арналады.. Балалар ұйымы, ата-аналар, бүкіл жұртшылық балалардың бос уақытын өміріне пайдалы тәрбиелік мәні болатындай етіп өткізулеріне көмектесулері керек, ол оңай мәселе емес екендігі анық, себебі оқушының бос уақытын ұйымдастыру тәсілдері сан қилы. Балалардың жеке басының қасиетін дамытуда отбасы, мектеп, қосымша білім беру мекемелері мектептен тыс уақытта жүргізілетін іс-шараларды кіріктіре ұйымдастыру арқылы дамыған жеке тұлғаны қалыптастыра алады. Балаларға қосымша білім берудің құндылығы сол, жасөспірімдерге өз-өздерін кәсіби бағдарлауда көмектеседі, қоғамға бейімделу дағдыларын дамыта алады, және бос уақытты толыққанды ұйымдастыру мүмкіндігін алады. Қосымша білім – тәрбие үрдісін ізгілендірудің негізгі мақсаттарын оқушыларға даралап ықпал ету арқылы іске асыра алады. Қосымша білімнің бір саласы – ол музыкалық мектеп. Музыкалық мектепте білім беру жүйесі кәсіби музыкалық білім беруге, рухани адамгершілік мәдениетін жетілдіруге, эстетикалық тәрбие беруге және оқушының бос уақытын тиімді пайдалануға бағытталған. Ол үшін мектепте мынадай мақсаттарды алдыға қоямыз:

1.Жеке тұлғаның жоғары адамгершілік қасиеттерін дамыта тәрбиелеу;

2.Музыкалық кәсіби білім беру;

3.Шығармашылыққа жағдай жасау;

4.Дарынды балалардың мүмкіндігін ашу;

Азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу;

Оқушының бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру.

Олардың мұндай қабілеттерді өз бойына жинақтауына мамандық аспабы, хор, вокал, сольфеджио, ұлт-аспаптар оркестрі, қазақ музыкалық әдебиет, орыс-шет ел музыкалық әдебиеті, т.б. пәндер арқылы жүзеге асырамыз. Белгілі ақын, зерттеуші Мағжан Жұмабаев: «Тәрбие – кең мағынасымен алғанда, балаға тиісті азық беріп, сол баланың дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз» – деген. Тәрбиедегі ең басты ережелер – балаға керекті кезде назар аудара білу, оған деген махаббатты қай жаста да көрсете білу, оның көзқарастарын ерекшеліктерін түсіне білу және уақытты тиімді пайдаланудың маңыздылығын түсіну. Ал уақытты тиімді пайдалану дегеніміз – жақсылыққа ұмтылу. Адам өміріндегі ең қымбаты – ол «уақыт». Бос уақытты тиімді өткізу бала тұлғасының қалыптасуына үлкен ықпалын тигізеді.

Баланы тәрбиелеу үздіксіз процесс, ол оның бос уақытында да жүзеге асырылады. Адам өмірінде бос уақыттың рөлі өте ерекше. Ол демалу, тынығу үшін емес, рухани қажетін өтеуге, ойлау қабілетінің жетілуіне, жалпы жан - жақты болуына арналады. Әр адам бос уақытын өзінше бір нәрсеге арнайды. Бірақ, бос уақытты ұтымды етіп өткізу әлдеқайда тиімді. Бос уақытты пайдалана отырып, қоғам, ұжым, отбасы оқушылардың демалысын тиімді етіп ұйымдастырылуына күш жұмсауы қажет. Дұрыс тиімді ұйымдастырылған бос уақыт - олардың рухани өмірін, көзқарасын толықтырылуын қамтамасыз етеді. Баланың бос уақытын оның өз қалауымен өткізуге атсалысу, оған аса мән беру - қазіргі таңның басты мақсаты саналуы тиіс. Сонымен қатар, қазіргі кезеңде бос уақытты әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыру мәселесі әлемдегі барлық ғылымдардың назарын аударып отыр, өйткені қоғамымыздағы әлеуметтік - экономикалық, саяси және мәдени өзгерістер тұлға санасына да жаңаша көзқарас қалыптасуын қамтамасыз етуде.

Оқушының бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оған дұрыс бағыт беріп отыру-барша қауымның ортақ ісі. Оқушы жан-жақты болып өсу тек қана оның мектепте өткізген уақытымен шектелмейді. Бүгінгі таңда жаңа білімді адамды қалыптастыру барысында мектептің қызметі күннен-күнге ұлғая түсуде. Сондай қызметтерінің бірі- сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстар. Оқушылармен сабақтан тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстары сабақтан тыс немесе сыныптан тыс жұмыс деп аталады. Бұл мұғалім сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие жұмысын толықтыра және тереңдете отырып, ең алдымен балалардың таланттары мен қабілеттерін неғұрлым толық ашудың, олардың бір нәрсеге қызығушылығы мен ынтасын оятудың құралы ретінде қызмет атқарады, ол оқушылардың бос уақытын ұйымдастырудың және олардың адамгершілік мінез құлыққа жаттығуын ұйымдастырудың формасы болып табылады.

Балалар ұйымы, ата-аналар, бүкіл жұртшылық балалардың бос уақытын өміріне пайдалы тәрбиелік мәні болатындай етіп өткізулеріне көмектесулері керек. Оқушылардын бос уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру оңай мәселе емес екенін де ұмытпауымыз керек.

Сонымен, оқушылардың бос уақытын пайдалану үшін, ең алдымен олардың қандай пайдалы іспен шұғылдануды ұнататынын, қабілетін зерттеп біліп, сыныптан тыс жұмыс жоспарын жасағанда ескеру керек. Бұл ретте біз сөз еткен зерттеу шеңберін кеңейтіп, сан қилы тәсілдер түрін жетілдіріп, нәтижелілігін арттыру үшін аянбай еңбек ете білу керек. Жеке тұлғаның қалыптасып дамуы үздіксіз сипатта болатыны бізге мәлім. Оның жүзеге асуы тек сабақ жүйесінде ғана емес, сабақтан тыс жүргізілетін әртүрлі тәрбиелік әрекеттермен ұштасады. Ол әдетте сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс болып бөлінеді.

Сыныптан тыс тәрбие жұмыс – тұлғаның әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз етуде оған жағдай туғызатын мұғалімдердің басшылығымен ұйымдастырылған және сабақтың мақсатымен өзара байланысты болып келетін тәрбие жұмысының дербес түрі. Ол әртүрлі тәрбие әрекеттерінің жиынтығы ретінде балаға кең көлемде тәрбиелік ықпал ете алады.

Пайдалынған әдебиеттер:

1 Бастауыш сынып №5 2011ж
2 Бастауыш сынып оқыту әдістемесі №6 2013ж
3Оқыту- тәрбиелеу технологиясы №5 2010ж

ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Тұяқова Әлия Шынтасқызы
№ 75 жалпы білім беретін орта мектептің физика пәні мұғалімі

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – нәтижелі білім беру, білім сапасын арттыру және рухани дүниесі бай жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру.

Бүгінгі ақпараттандыру заманында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту білім берудің ең жоғарғы мақсаттарының бірі болып отыр.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша қабылдаған ұлттық жоспардың мақсаты Қазақстан білім сапасын жетілдірудегі, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі атқарылатын іс-шаралардың жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз ету.

Қазіргі кезде физика пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық ойлау қабілеті мен шығармашылық тұрғыдағы жұмысын дамытуда өз бетімен жұмыс жасаулары және логикалық тапсырмаларды орындаудың маңызы зор.

Бүгінгі күнде физика пәнін сапалы оқыту ізденістері пән мұғалімін толғандырып отырған келелі мәселелердің бірі. Осы орайда кез-келген педагогикалық жаңа технология оқушылардың сабақ барысындағы белсенділігін арттыруға тікелей әсер етуі керек, оқушы білімді дайын күйінде мұғалім түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжрибесіне сүйену арқылы танымдық шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әр түрлі өнімдер жасауы арқылы алуға тиіс. Нәтижесінде оқушының дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасады. Теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық-ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай практикалық маңызы ескерілуі тиіс. Сыни тұрғыдан ойлау барысында, бала өз заманының озық өнегесін санасына сіңіреді, функционалдық сауаттылығы артады, басқаның пікірін тыңдауға дағдыланады және өзі де пікір айтуға үйренеді.

Физика сабағында бағдарлама материалын сапалы меңгерту үшін оқыту мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы арқылы және топтық жұмыс түрлерін, деңгейлік тапсырмаларды орындату, тірек сызбаларды, ойын түрлерін қолданып, логикалық және эксперименттік мазмұнды есептер шығарта отырып, оқушыларды бір-бірімен пікірлесе білуге, ойларын нақты, ашық жеткізе білуге, тұжырымдарын жасауға үйрету.

Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту үшін оқушылардың сапалы есептерді өз бетінше шығаруына көп көңіл бөлінуі. Сапалы есептер оқушының логикалық ойлау қасиетін шыңдайды және пәнге деген қызығушылығын арттырады. Сабақта әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың ой-өрісін дамытуға, есептер шығару кезінде қызығушылығын арттыруға, теориялық білімдерін практикада қолдана білуге үйретеді.

Сапалы есептер шығару барысында оқушылар қажетті көлемдегі білімді игеріп қана қоймастан, өз бетінше шешім қабылдауға және болашақта мамандық таңдауына ынталандырылады. Сабақта сапалы есептер шығару арқылы алған білімдерін оқушылар күнделікті өмірмен байланыстырып отырады, өйткені оқушы ойлауға да ойлануға да қабілетті.

Физикалық білімді жедел қабылдату мен меңгерту әр алуан көрнекі және техникалық құралдарды (модельдерді, кестелерді, тірек сызбаларды, суреттерді, жаңа технологияларды) тиімді пайдалану арқылы іске асады.

Жаңа технологияның басты мақсаты – өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Ақпараттық қатынастық технология құралдарын оқу, тәрбие үдерісіне қолдану әдістері сан алуан:

- Оқушыға берілетін білімнің сапасы артады;
- Оқушымен жүргізілетін жұмыстың дәлдігі артады;
- АКТ-ны пайдаланғанда мұғалімнің атқаратын қызметі жеңілдейді.

Физика – эксперименттік ғылым болғандықтан, онда теорияны практикамен ұштастыру мақсатында кейбір тақырыптардан кейін зертханалық жұмыстар өткізіледі.

Қазіргі таңда мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты – білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу материалын қаншалықты деңгейде меңгергенін бақылаудың сан түрлі жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабақта тиімді пайдалана білу. «Білімнен қымбат нәрсе жоқ. Көңілде жатса баспай тот», - дегендей оқушылар алған сапалы білімдерін, тәрбиесін, бойға дарыған өнерлерін үнемі жаңғыртып, жетілдіріп оны ғылыми жетістіктермен толықтырып отыруы тиіс.

Қорыта айтқанда, функционалдық сауаттылықты жүзеге асырудың басты міндеті – оқушылардың теориялық білімдерін практикалық тұрғыда қолдануымен қатар тәуелсіз еліміздің келешегіне үлкен жауапкершілікпен қарауға үлестерін қосу болып табылады. Осы ретте, жаратылыстану бағытындағы пәндерін дұрыс жүргізе білудің маңызы зор.

STEM – ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІСТЕМЕСІ

Уайсова Зинегуль Закиржановна
математика пәні мұғалімі,
Жубатова Жазира Жайлаубаевна
химия пәні мұғалімі,
«№48 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ Ақтөбе қаласы

Білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде STEM білім беру маңызды және өзекті мәселе болып отыр және оған ерекше назар аударуды талап етеді.

Ғылым, математика, технологиялар және инженерия сияқты басты академиялық салаларда бір мезгілде даму керек, оларды STEM (science, technology, engineering and mathematics) деген бір сөзбен біріктіріп атауға болады.

STEM білім беру, бұл - инженерлік шығармашылық пен математика, математика мен информатика, жаратылыстану ғылымдары мен технологиялардың кіріктірілуі негізінде жоба және пәнаралық амалдарды байланыстыратын жаңаша ойлау және жаңа технологияларға бағытталған ғылымдардың бірігуі. Ол оқушының сыни тұрғыдан ойлау, ғылыми-техникалық білімді күнделікті өмірде пайдалану, белсенді қарым-қатынас құру және командамен жұмыс жасау, техникалық пәндерге қызығушылықты арттыру, жобаларға креативті және жаңашыл көзқарас, оқу мен карьераның ұштасуына мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, бүгінгі таңда, орта білім беру жүйесінің маңызды мазмұндарының бірі оқушылардың ғылыми-зерттеу және жобалық қызметіне жағдай жасау, жаратылыстану, физика-математика және техникалық ғылымдарды оқып үйрену, оқушылардың шығармашылық есептік ойлау қабілетін қалыптастыруға, ғылыми-зерттеу бастамаларына, инженерлік және технологиялық перспективаларына өздерінің ынталануларын көрсетуге ықпал ету керек.

STEM білім беру оқушыларды оқытуға, практикалық дағдысын қалыптастыруға, олардың мектеп қабырғасындағы жұмыстарын одан әрі жалғастыруға, шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыруға үлкен мүмкіндік болып табылады. Сабақта оқушылар өз бетінше прототиптерді жасайды, өнімдерді қазіргі заманғы материалдар мен жабдықтарды пайдалана отырып керек нәрсенің моделін құруға және тәжірибе мен тәсілдерді біріктіріп қолдану арқылы әртүрлі материалдардан олардың қасиеттерін ескере отырып ең жақсы өнімді шығаруға болады.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту - STEM-ді оқытудың тағы бір үлгісі болып табылады. Сын тұрғысынан ойлау дербес объективті көзқараста бар жағдайды білу, барлығын белгілі фактілермен қарастыру, өз бетінше талдау, қолда бар деректер арқылы мақсатқа жету, өзінше шешімдерді қабылдауды көздейді. Бұл жалпы ғылым мен қазіргі заманғы ғылымның көптеген жаңашылдығын жаңа көзқараспен, шынайылықпен және үлкен жауапкершілікпен зерттеуді талап етеді. Сыни тұрғыдан ойлайтын жасөспірім неғұрлым тиімді және ұтымды мүмкіндіктерді қолдана алады.

STEM білім берудің тағы бір артықшылығы – бұл проблемалық оқытуды қолдану. Бұл тәсіл жаратылыстану ғылымдарын оқытуда, сондай-ақ STEM әдістерін іске асыруда, проблемалық жағдайларды шешуде, дұрыс жауаптарды табуда, жоспарланған шешімдерге кедергілерді еңсере отырып, ең жақсы түрде жүзеге асыру мүмкіндігі болып табылады. Мысалы, қоршаған ортаға зиян тигізбейтін үй үлгісінде табиғи жарықты басқару жүйесі жұмыс істемеуі мүмкін, бұл мәселені анықтау, себебін табу үшін оны шешудің қадамдарын жасау керек, математиканы, физиканы, химияны қолдану арқылы шешу үшін табиғи материалдардың сипаттамаларын білу керек.

Интеграцияланған бағдарламаларды жүзеге асыру үшін, мысалы, элективті инжиниринг және робототехника, биотехнология немесе нанотехнология, сондай-ақ әртүрлі бағыттағы топтар мен секциялар қосымша білім беруде қолдана алады. Бірақ орта білім беру стандарттарының шеңберінде, сонымен қатар STEM оқытуды енгізу үшін жаратылыстану циклінің субъектілерін біріктіруге болады. Мектептерде STEM оқытудың қандай мүмкіндіктері бар?

Біріншіден, онда химия, биология және физика тұрғысынан су қасиеттерін зерттеу үшін сабақтар екі немесе одан да көп болып табылады, ал сол сабақтарды біріктіріп, сол тақырып бойынша пәндерді біріктіріп бір сабақ жасаса, физикалық қасиеттері және өмір тіршілігіндегі судың рөлі тақырыптарын біріктіру арқылы оқушының басқа ғылыми жобалармен айналысуға бос уақытын қалдырамыз. Тағы бір мысал адам қаңқасы құрылымын зерттегенде графикалық редакторларды пайдалану немесе физика және биология, жарық және фотосинтез қасиеттерін зерттеу интеграцияланған сабақ биология және информатикаға кірістіріле жүзеге асырылады.

Екіншіден, STEM бағдарламаларын іске асыру оқушылардың бірнеше пән туралы білімін және бірнеше пән мұғалімдерінің кеңестерін қолдана отырып, мысалы, математика, физика бойынша білімдерін қажет ететін ұшқышсыз әуе көлігінің үлгісін жасау арқылы оқушылардың жобаларын құру мүмкіндігі болады.

Қазіргі кезде технологияларды әзірлеу мен пайдалануға интерактивті әдістер мен практикалық тәсілдерді қолдана отырып оқыту өзекті болып отыр.

-STEM пәндерді емес, тақырыптарды зерттеуге қатысты оқытудың кешенді тәсілін қолдайды. Ол жаратылыстану ғылымдарын техникалық, инженерлік, математикалық, сондай-ақ шығармашылық пәндерге біріктіруге негізделген пәнаралық, жобалық тәсілдерді біріктіреді. STEM-білім беру негізінен жазбаша дереккөздерге сүйене отырып, жоғарыда аталған пәндерді өз бетінше және абстрактылы оқытуды болдырмау мақсатында оқу жоспарын толық трансформациялауды ұсынады.

-STEM-білім беру оқытуға практикалық тәсіл төңірегінде құрылады. Әр сабақ балаларға инновациялық өнімдерді жобалауға, жасауға және дамытуға үйретеді. Олар белгілі бір жоба

бойынша жұмыс істеуді үйренеді және нәтижесінде өз қолдарымен нақты өнімнің прототипін жасайды.

-STEM-білім беру балалардың өмірде кездесетін қиындықтарын жеңу үшін қажетті сыни ойлау мен проблемаларды шешу дағдыларын дамытады.

-STEM-білім берудің негізгі мақсаттарының бірі-баланың өз мүмкіндіктеріне сенімін қалыптастыру. STEM-білім беру аясында бұл идеяны іс жүзінде жүзеге асыру моральдық қанағаттануды қамтамасыз етеді және баланың өзін-өзі бағалауын арттырады.

-STEM-білім беру топтық жұмысқа ықпал етеді. Бұл білім алушыларға бірге жұмыс істеуге, өз идеяларын еркін білдіруге, талқылауға, өз ұстанымдарын негіздеуге және бірге белгілі бір тұжырымдарға келуге мүмкіндік береді.

7-14 жас аралығындағы оқушыларға арналған STEM бағдарламалары олардың тұрақты сабақтарына қызығушылықтарын арттырады. Мысалы, физика сабағында Жердің кернеуін өтеді, тақтаға формулалар арқылы түсіндіріледі, STEM оқушылары парашют, ұшақтар құрастырады, оларды ұшырып жұмыс істейді, ұшу жылдамдығын формулаға қойып математикалық есептеулер жүргізеді, солай өз білімдерін нығайта алады.

STEM – бұл академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамаларды нақты өмірде зерттелетін интеграцияланған оқыту әдісі. Осы көзқарастың мақсаты – жаһандық экономикадағы STEM сауаттылығын және бәсекеге қабілеттілігін дамытуға жәрдемдесетін мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасындағы тұрақты байланыстарды құру болып табылады. STEM білім берудің басты ұраны – өзің жаса болып табылады. Оқушыларда функционалдық сауаттылық, кіріктірілген дағдылар, қиял, өзіне деген сенімділік дамиды. Балалар үлкендердің көмегімен шынайы ғылыми мәселені шешеді.

Қазіргі заманауи мұғалім балаларды оқыта отырып, мектеп қабырғасында алған білімдері өзгермелі әлемге бейімделе алуына көмектесетініне сенімді болуы керек. Себебі ертеңгі күнгі жұмыс орны шығармашылық пен инновацияны талап етеді. Демек, STEM білім беру балаларға мәселені шешу, өзара қарым-қатынас жасау, шығармашылық амал-тәсілдерді қолдану мен сыни тұрғысында ойлау сияқты XXI ғасырдың жасампаз дағдыларын меңгеруге көмектеседі. Бұл дағдылар барлық оқу кезеңінде кез келген пәннен үлгеру үшін қажет болады.

Әдебиеттер:

1. STEM білімді енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы.Алтынсарина атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017.- 160 б.
2. Г.Ахметова, А.Мурзалинова. «Преимущества и перспективы STEM-образования» \\ «Білімді ел – Образованная страна» №41 (102) 07.11.2017
3. Г.Ногайбаева, С.Жумажанова. «Развитие STEM-образования в мире и Казахстане» \\ «Білімді ел – Образованная страна» №20 (57), 25.10.2016

ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПЕН КӨШБАСШЫЛЫҚҚА ШЫҢДАУ

Узакбаева Гулнур Сериковна
«№50 орта мектебі»КММ

«Мұғалімнің айналысатыны – үнемі қозғалып,
өзгеріп, өсіп – өркендейтін тірі адам болғандықтан,
біркелкі әдістен табан алмай шектеліп қалуға болмайды…
Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес,
ол – үнемі жаңадан жаңа табатын өнер».
Ж.Аймауытов

Көшбасшылықтың тиімді құралы ретінде «Оян, қазақ!» өлеңінің идеясын, сараптау мен талдаудың қадамдар сабақтастығын жоспарлауда қолдануға ұсыныс жасағым келеді!

Бүгінде қазақ байтағын індеттей жайлаған бойкүйездік, самарқаулық, жалқаулық, еріншектік - қысқасы ұлтымызды ұлық істерден кері тартып отырған барша кесапаттардан бас тартуға шақырған, содан арылуға үндеген Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» өлеңі бүкіл қазақ мектептерінің мұғалімдеріне білім саласындағы өзгерістерге бет бұрғызар үндеуге айналғаны бәрімізге аян. Осы үндеуді бүкіл қазақ мектептерінің мұғалімдеріне білім саласындағы өзгеріске бет бұрғызар үндеуге айналдыруға атсалысуға шақыра отырып, мектепте күнделікті сабақты оқушылар «Мұғалім айтқан соң жасап отырмын!» деген ойдан аулақ етіп, оның ойын, санасын, іс-қимылын өз өзінөзі реттеуден бастаған жөн деп санаймын.

Көшбасшылық - ұстаз бен шәкірт арасындағы сенімге негізделген қарымқатынас тетігі десек, бізге түсініксіз болып келген өзге дүние өзіміздің төл дүниеміз екенін, Міржақып Дулатовтың «Оян,қазақ!» өлеңінен жақсы түсіндік. Ол кісінің үні қажеттіліктен туындап отырғанын, ондағы көздеген мақсат кенжелеп қалған білім ошақтарына өзгеріс енгізу, күнделікті сабақтың мақсатын құруда кездесетін кедергіні анықтап, бір сарындылық, мақсатсыз іс -әрекеттерден арылудың жолына түрткі болуды көздеу еді.

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», -деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы білімдар адамдар заманының, қоғамның дамуына, өзгеруіне өз үлесін қосуы тиіс. Қазіргі таңда оқитын пән қаншалықты жаңа, бағалы болса да, мұғалімнің шеберлігі жоғары болмаса, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білімі күткен нәтиже бермейді. Оқушының адам ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі де осы - баланы оқыта отырып, ой еркіндігінің белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастырып, өз бетінше шешім қабылдауға баулу стратегиясын қолдану.



М.Жұмабаевтің 1922 жылы жарық көрген «Педагогика» деген еңбегінде

«Теңдессіз мұғалімнің төрт қағидасын» төмендегіше суреттеп бергені баршамызға мәлім:

-Пәннің картинкасын толық көре білуі.

-Оқушыларды өзіңмен тең көруі.

-Оқушыны тыңдау, сезінуі.

-Үздіксіз ізденісі.

Ұсынысым: А.Байтұрсынов «Адамның қолынан жаралған дүниенің бәрі - өнер» деген. Демек мұғалім бейнесінің оқушы алдындағы тұлғасы көшбасшы болу. Осы көшбасшылықты ұстану үшін мұғалімге мына сызбаны ұсыну.

Тыңдаушылар білімді дәріс берушіден емес, «Азаматтық қоғамдастықта» бір-бірінен тез үйреніп, түсінетіндігі белгілі. Бұл күнделікті тұрмыста көрініс тауып отыр. «Азаматтық қоғамдастықта» белсенділік артады, оқушы өзін тәрбиелей отырып, оның сөйлеу, тыңдау мәдениеті қалыптасады, істеген әрекетіне талдау жасай алады, сыни тұрғыдан ойланып, қорытынды жасай алады. Бұл сындарлы оқытуға негізделген сабақтарда кездесетін құбылыс. Оқытудың осындай түрінде қағиданы ұстанып, түрлі тәсілдер қолданғанда оқушылар өте маңызды рөл атқарады: олар құрбықұрдастарымен әлеуметтік байланыста «Азаматтық қоғамдастық» құру арқылы белсенді түрде бір біріне сенім артып, білім жинақтай отырып, осыдан барып оқушылар өз білімдері мен ұстанымдарын қалыптастырады, сұрақтар қою арқылы білімін толықтырады, белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік ала алады. Осы тұста мұғалім қызметінің маңыздылығы, оқушылардың тақырыпты мақсатқа сай қабылдау ерекшеліктерін, түсінігін жетілдіру немесе жақсарту арқылы олармен жұмыс жүргізу қажеттіліктерін ұғынып, сондай-ақ кейбір тақырыпты өзіне оңтайлы тәсілдермен меңгертуде, әсіресе үйге берілген тапсырмалардыөз бетінше орындап, өз түйсігіне сенім артуы арқылы, өмірге деген көзқарасын өзгертіп, шешім қабылдауға ой санасын дамыту, іс-әрекетін бағалауда керібайланыс алу, ары қарай оқумен оқытуға дұрыс бағыт бағдар беру міне осы маңызды болмақ.

Әдебиеттер тізімі.

1. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері педагогтерініңбіліктілігін арттыру курстарының Бағдарламасы, «НЗМ» ДББҰ, 2014

2. Тренерлерге арналған нұсқаулық, «НЗМ» ДББҰ, 2016
3. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогикакадрларының кәсіби даму бағдарламасы. «НЗМ» ДББҰ, 2016
4. ҚР «Білім туралы» Заңы Алматы 2007ж

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ – ЖАһАНДЫҚ ӨЗГЕРІСКЕ ІЛЕСУ ТАЛАБЫ.

Умирзакова Жансезим Бакытжановна
Ақтөбе қаласы, КММ «Қызылжар орта мектебі»
Бастауыш сынып мұғалімі

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнын жаңарту, критериалды бағалау жүйесін енгізу, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолданудың тиімділігін арттыру.

Жаңартылған оқу бағдарламасы - әлемдік стандартқа сай білім беру, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу, табысты өмір сүру дағдыларын қалыптастыру, тәжірибелік дағдыларды дамыту, функционалдық сауаттылықты арттыру, мұғалімнің кәсіби шеберлігін жетілдіру сынды мүдделерді іске асырудың негізгі тетігі.

Білім мазмұнын жаңарту–білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдіс - тәсілдерін жаңашыл талап биігінен қайта қарастыру болып табылады. Адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігі қалптасқан тұлғаның зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын жасау -жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі болмақ. Білім ордаларының алдында қазіргі жаһандану дәуірінің талаптарына сай білім мен білік дағдылары қалыптасқан, өмірлік жағдаяттар мен өзгерістерге дайын болып, ұтқыр шешім қабылдауға икемді, креативті, шығармашыл, интеллектуалды, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны дайындау міндеті қойылған. Білім мазмұнын тиімді меңгерту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. Білім беру жүйесі мен мәселесі қоғам мүддесі талаптарына жауап бере білуі керек.

Білім беру жүйесі мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады. Бүгінгі таңдағы озық экономика креативті, сыни ойлау қабіліті қалыптасқан жеке тұлғаны қажет ететіні мәлім.

Осы тұста жаңартылған оқу бағдарламасының заманауи талапқа сай білім берудегі ерекшелігіне шолу жасасақ: Білім алушылардың сапалы, дәйекті білімді өмірлік жағдаяттарда қолдану дағдылары қалыптасады. Теориялық ілімін практикада еркін қолдана білу мүмкіндігіне ие болады. Оқушылар ақпарат көздерінен өздігінен білім алып, талдау, саралау, іздену дағдыларына икемделеді.

Жаңартылған білім мазмұнының тағы бір назар аударар ерекшелігі - критериалды бағалау жүйесі. Білім алушылардың үлгерімі белгілі бір белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшеніп, бағаланады. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау тәсілдері негізінде бағаланады.

Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты орнатып, оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді.

Жаңартылған оқу бағдарламасына спиральділік қағидаты енгізілген. Деңгей жоғарылаған сайын тақырыптың күрделілігі арта түседі.

Бұл оқу бағдарламасы оқушының білу және түсіну, білімді қолдану, ақпарат іздеу, өңдеу және талдау, топ ішіндегі ынтымақтастық және жеке жұмыс, тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым, зерттеу жүргізу, функционалдық сауаттылық, тұжырымдама жасау, рефлексия сынды дағдыларын қалыптастырудағы тиімділігімен ерекшеленуде.

Бағалау – оқытудың негізгі тәсілі. Игерген білімнің нақтылығын көрсететін және ынталандырушы әдіс. Бағалаудың мақсаты - жай баға қою емес, баланың өзін – өзі бағалауға үйрету, бағалауды үйрену, сыни тұрғыдан ойлаудың меңгергенін ойлай отырып өздерінің ойлау деңгейлерін көрсете алады. Қажетті деңгейге калай жету керектігін анықтау үшін оқушыны үнемі іздендіріп, жан-жақты білім мен зерделі болуға және қиын сәттерден шыға білуге ұмтылдыру керек. Бағалау – бұл оқушылардың білім көрсеткішін, деңгейін нақтылайтын әдіс қана емес, сондай-ақ оқушының ынтасын, пәнге деген қызығушылығын, өзін-өзі реттеуі сияқты дағдыларды қалыптастырушы тәрбиелік әдіс-тәсіл. Бағалау – оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, оқушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда, оның үлгерімінің нәтижелі болуына ықпал ететін фактор. Оқушы білімін бағалауда немқұрайлылыққа салынуға болмайды. Бағалау оқушылардың кемшіліктерін табу үшін емес әрі қарай дамуына ықпал ету үшін қойылады. Әр ұстаз сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасының әдістері мен стратегиясын алғашқы кездері өзі бағаласа, ал келесі сатыларда оқушыларды өзін-өзі бағалауда немесе өзара бағалауға үйрете білу керек. Мұндай жағдайларда бағалаудың критерийлерін жетік меңгерту қажет. Сонда ғана оқушылар өз беттерімен бірін-бірі немесе өзін-өзі бағалай алады. Өзін-өзі бағалау – бұл адамның өз бетімен, мақсатты жүйелі жүргізетін жұмыс. Соның нәтижесінде әлеуметтік бағалау қасиеттері дамып, қалыптасады, кемшіліктері жойылады. Өзін-өзі бағалау деген өзіне-өзі сену, өзін қай деңгейде тұратынын біледі. Өзіне баға беруде үлкен мән жатыр, жеке адамның мүмкіндігіне сәйкес баға беру дамуға алғашқы қадамы болып табылады. Әр оқушыда жігер, ынта болу шарт. Олар алдын ала қандай іс-әрекетте, қандай баға алатындарын білген жағдайда, олардың бойында белсенділік арта түседі. Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек»,-деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы. [5] Сондықтан да сыныпта әр сабаққа әр түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру ең басты мәселе.

Критериалды бағалау – белгіленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру үдерісі.

Критериалды бағалау жүйесін енгізудің мақсаты оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін бағалау критерийлері негізінде білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығына білім алушылардың оқу нәтижесі туралы нақты ақпарат алу болып табылады.

- Білім беру қызметінің сапасын арттыруға жағдай жасайтын объективті және анық бағалау жүйесін іске асыру;

- Халықаралық тәсілдер мен стандарттарға сәйкес сапалы және бірыңғай бағалау механизмін қалыптастыру;

- Бағалау әрекетіндегі мұғалімдердің құзыреттілігін арттыру;

- Өз бетінше білім алу дағдыларын дамыту үшін жағдай жасау және білім алушылардың өз оқуына деген жауапкершілігін арттыру;

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты жетілдіру;

-Білім алушылардың күтілетін нәтижелерге, соның ішінде жоғары деңгей дағдыларына (талдау, жинақтау, бағалау) жетуін бағалауға мүмкіндік беретін тапсырмалар үлгілерінің қорын құру;

-Объективті, үздіксіз және нақты:

- білім алушыларға олардың оқуының сапасы туралы;
- мұғалімдерге білім алушылардың ілгерілеуі туралы;
- ата-аналарға оқу нәтижелерінің жетістік деңгейі туралы;

басқару органдарына ұсынылған білім беру қызметінің сапасы туралы ақпаратты беру;

Жаңартылған білім мазмұнының басты мақсаты да осы мұғалімдердің қойған мақсаттары мен жасаған дескрипторларына қарай оның қандай кәсіби деңгейде екенін нақтылау. Өзіне керек дүниелерді ізденуге қолайлы жағдай жасау болмақ. Мұғалім сабақты ұйымдастырудың алдында теориялық әрі практикалық біліммен қаруланған болуы қажет. Себебі сабақта ұйымдастырылған іс-әрекеттер үнемі сіз жоспарлағандай жүзеге аса бермейді. Осындай уақытта мұғалім кәсіби білікті, жетелеуші, бағыт-бағдар беруші, көшбасшы тұлғаға айналуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымы оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың жүйесін енгізу тұжырымдамасы

2.«Мұғалімдерге арналған нұсқаулық», II деңгей

3.«Мектеп үйлестірушілеріне арналған нұсқаулық»

4. Әлімов А., Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері.– Алматы, 2013. - 448 б;

МЕТОДЫ ОРГАНИЗАЦИИ ВСЕСТОРОННЕЙ ПРОВЕРКИ ДОМАШНИХ ЗАДАНИЙ

Умралина Алтыншаш Тамрадовна,
учитель начальных классов
Общеобразовательная средняя школа № 60 г. Актобе

Домашняя работа является одной из форм организации обучения в школе и имеет контролирующее, обучающее и воспитывающее значение. Работая дома, ученики не только закрепляют полученные на уроке знания, совершенствуют умения и навыки, но и приобретают навыки самостоятельной работы, воспитывают в себе организованность, трудолюбие, аккуратность, ответственность за порученное дело.

Эффективность домашней работы в процессе обучения во многом зависит от того, как учитель организует и направляет деятельность учащихся, связанную с выполнением домашних заданий. Характер выполнения домашних заданий существенно зависит от способов и приемов их проверки.

При выполнении домашней работы учащиеся начальных классов нередко прибегают к помощи родителей. Зачастую задачи и примеры, выполненные ребенком на черновике,

проверяются старшими, ошибки исправляются без какого-либо анализа, работа чисто и аккуратно переписывается в тетрадь.

Если учитель при проверке домашнего задания требует от учеников воспроизвести то, что написано у них в тетрадях, или оценивает их работу при проверке тетрадей, то эта оценка часто не соответствует ни знаниям, ни затраченному труду ученика.

Следствием такой методики проверки обычно является то, что ученик не может справиться с самостоятельной работой в классе даже в том случае, если она аналогична домашней, не умеет думать и рассуждать, не уверен в своих силах. Поэтому учителю не следует ограничиваться только проверкой домашней работы после уроков или простым воспроизведением выполненных учащимися домашних заданий во время фронтальной проверки, а необходимо использовать различные способы и приемы, активизирующие деятельность учащихся и позволяющие установить, самостоятельно ли дети выполнили данную работу.

Проверка домашней работы должна стать органической частью урока, т.е. служить либо подготовкой к изучению нового материала, либо закреплению ранее изученных вопросов. При этом нужно учитывать, что просто выйти к доске и рассказать правило или написать сделанный пример для ученика довольно скучное занятие. Поэтому в наши дни учителя пришли к инновационным методам проверки, среди которых:

1. Постановка неожиданных вопросов, которые представляют собой сформулированные иначе, чем задание после параграфа вопросы. Если ученики внимательно выполняли домашние упражнения, они без труда ответят на них.
2. Рецензирование устного ответа – ученики слушают ответ своего одноклассника и представляют устную рецензию на него, в которой отмечают недостатки и достоинства ответа, дополняют его.
3. Диктант по домашнему заданию. Учитель может подготовить на уроке языка выборочный, графический или диктант по орфограммам. Материал для него берется из домашнего упражнения.
4. Краткий письменный ответ. Вопрос, заданный учителем, звучит предельно конкретно, так, чтобы ответ на него можно было выразить в двух словах. Такие задания закрепляют знания и обращают внимание учеников на основные моменты в заданном параграфе. Письменный ответ способствует тому, что выученная теория отложится в памяти на длительное время.
5. Проверка при помощи компьютерных технологий. Упражнение, пример или задача проецируется на экране, при этом цветным шрифтом выделены самые сложные моменты. Ученики сверяют свои записи с изображением на экране и исправляют ошибки, если они имеются.

Гармоничное сочетание разных методов и форм подачи и проверки домашнего задания влияют на формирование самостоятельности учеников, повышения уровня их мотивации к обучению. Важнейшая задача учителя – сформировать у учащихся положительное отношение к учению при выполнении домашнего задания.

Систематическая работа учителя по оспользованию различных приемов проверки домашних заданий поможет сформировать у учащихся самостоятельность и умение анализировать свою деятельность.

Использованная литература:

1. Н.Б. Истомина. Активизация учащихся на уроках математики в начальных классах. Москва «Просвещение», 1985г.
2. https://paidagogos.com/formyi-i-metodyi-organizatsii-vsestoron.html

ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Ургеншбаевв Назымгуль Максатовна
воспитатель ДО №42 «Айналайын»
ТОО «Bekzat & CO»
города Актобе

Дерево, трава, цветок и птица
Не всегда умеют защититься.
Если будут уничтожены они,
На планете мы останемся одни.
(В. Берестов)

Природа - неиссякаемый источник духовного обогащения. Дети постоянно в той или иной форме соприкасаются с природой. Их привлекают зеленые луга и леса, степи, яркие цветы, бабочки, жуки, птицы, звери, падающие хлопья снега, ручейки и лужицы. Бесконечно разнообразный мир природы пробуждает у детей живой интерес, любознательность, побуждает их к игре, трудовой и художественной деятельности.

Однако далеко не все может быть правильно понято детьми при самостоятельном общении с природой, далеко не всегда при этом формируется правильное отношение к растениям и животным. Ввести ребенка в мир природы, сформировать реалистические представления и знания о её объектах и явлениях, воспитать способность видеть красоту родной природы, любовь, бережное и заботливое отношение к ней - важнейшая задача экологического воспитания в дошкольном учреждении.

Главная цель экологического воспитания - формирование начал экологической культуры: правильного отношения ребенка к природе, его окружающей, к себе и людям как к части природы, к вещам и материалам природного происхождения, которыми он пользуется. В ГОССТ достижения в общении с природой сформулированы следующим образом: «Ребенок проявляет любознательность, задает вопросы взрослым и сверстникам, интересуется причинно-следственными связями, пытается самостоятельно придумывать объяснения явлениям природы... склонен наблюдать, экспериментировать. Обладает начальными знаниями о себе, природном и социальном мире... Обладает элементарными представлениями из области живой природы, естествознания». Под эти формулировки и развертывается система экологического воспитания.

Для решения задач экологического воспитания большая роль отводится чтению природоведческой литературы. Чтение — это окошко, через которое дети видят и познают мир и самих себя. Уже в дошкольном детстве ребёнок чутко реагирует на поэтическое слово. Оно усиливает впечатление от непосредственных наблюдений, развивает воображение и стимулирует мыслительную деятельность.

Поэтические образы природы надолго сохраняются в памяти ребёнка, а вызванные ими чувства способствуют воспитанию бережного отношения к родной природе, к родному краю, к своим близким. Книги воспитывают в детях умение видеть красоту природы, чувство любви и бережное отношение, учат выделять закономерности природных явлений. Замечено, что дети удивительно внимательно реагируют на явление природы: закапал ли дождик, пошел ли первый снежок, показалась ли первая весенняя травка. Эта чуткость не проходит мимо сознания маленького человека, затрагивает его. Поэтому, очевидно и детские писатели, зная эту особенность своего читателя, немало произведений - посвящают явлениям природы, жизни животных и растений.

Гуманное отношение к природе возникает в процессе осознания того, что окружающий мир неповторим, уникален, нуждается в нашей заботе и закрепляется в процессе практической деятельности и помогает нам в этом незаменимые произведения - рассказы, стихи, сказки. Книги учат добру, ответственности, причастности человека ко всему, что его окружает.

Сухомлинский в своей книге «Сердце отдаю детям» писал о том, что «...прежде чем открыть книгу, прочитать по слогам первое слово» необходимо прочитать« страницы самой чудесной книги в мире - книги природы». Он считал, что природа мозга ребенка требует, чтобы его ум воспитывался у источника мысли, среди наглядных образов, и прежде всего - среди природы. «Ребенок мыслит образами», - писал он. Это значит, что, слушая рассказ взрослого об экологическом кризисе, он рисует все происходящее в своем представлении. Чем ярче в его представлении эти картины, тем глубже он осмысливает происходящее, правильность или неправильность происходящего.

Итак, на основе знаний, которые дети получают через чтение произведений детской художественной литературы, могут быть заложены начальные формы осознанно правильного отношения к природе; интерес к ее познанию; сочувствие ко всему живому; умение видеть красоту природы и ценить ее.

Человеческая деятельность в последние годы наносит всё больший ущерб природе – это и загрязнение, и чрезмерное нерациональное расходование её ресурсов.

Деятельность человека в природе должна быть разумной: охраняющей и созидающей. Это отношение к природе нужно воспитывать у детей с ранних лет. Именно с ранних лет человек начинает познавать красоту, разнообразие природы.

Основы характера, жизненная позиция ребёнка закладываются в семье. И чтобы объяснять детям, как беречь природу, чтобы привить им какие-то природоведческие навыки, очень важен личный пример родителей! Их бережное, любовное, заботливое отношение к природе.

Красота родной природы раскрывает красоту человеческого труда, рождает желание сделать свой край ещё прекраснее. Поэтому так важно показать детям как человек оберегает и умножает природные богатства, сколько труда вкладывает, чтобы радовали всех леса и озёра, поля и реки.

В воспитании у ребёнка бережного отношения к природе нет и не может быть мелочей. Сорванный просто так цветок, пойманная из любопытства бабочка, растоптанный жучок – всё это при безразличном отношении со стороны взрослых может привести к крайне нежелательным последствиям.

Любовь детей к природе начинается с осмысления её ценностей. Поэтому прежде всего нужно показать познавательную и эстетическую ценность природы. Благодаря этому со временем и разовьётся бережное, ответственное отношение к окружающей природной среде. Пожелание вам воспитывать у детей чувство сострадания, учите видеть красоту окружающего мира, и это не пройдёт даром. Если ребенок будет бережно относится ко всему - ваше воспитание не пройдёт даром. Они будут внимательны не только к окружающему миру, но и к вам взрослым.

В конце сообщения хочется предложить стихотворение В. Орлова.

«Живой букварь»

Нас в любое время года
Учит мудрая природа
Учит по календарю
По живому букварю
Птицы учат пению
Паучок терпению

Учит нас пчелиный рой
Дисциплине трудовой
Обучает жить в труде
И по справедливости
Учит пас правдивости
Учит снег нас чистоте
Учит солнце доброте
У природы круглый год
Обучатся нужно
Нас деревья всех пород.

Использованная литература.

1. ГОССТ- № 604 - 2018 г. "Дошкольное воспитание и обучение".
2.Занимательные беседы с дошкольниками. Методическое пособие. Кокшетау "Келешек 2030".
3. Журналы «Отбасы және балабақша» с 2000 – 2007год.
4. Воронкевич О.А. "Добро пожаловать в экологию" - современная технология экологического образования дошкольников. Дошкольная педагогика. 2006 г. №3
5. Богданец Т. Экологические знания - первое представление о мире. Дошкольное воспитание, 2003, №12.

ПРИМЕНЕНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ИНФОРМАЦИОННЫХ И КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРЕПОДАВАНИИ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Урынбаева Р.С.
КГУ СОШ № 5 г. Актобе

В современном мире одной из основных задач образования является не просто дать учащимся определенный объем знаний, указать источник, в котором можно найти необходимый теоретический материал, а научить их учиться, добывать знания самостоятельно, использовать уже имеющиеся знания в нестандартной ситуации, накапливать и систематизировать их. И задача учителя сегодня - подготовить новое поколение к жизни с учетом новых современных информационных реалий.

«Образование, которое включает в себя обретение навыка учиться…готовит обучающихся к тому, чтобы вести продолжительную интеллектуальную беседу с миром и, тем самым, не останавливаться в своем интеллектуальном росте». Эти слова Ч.Темпла как нельзя лучше отражают сегодняшнюю реальность: современный учитель должен обладать интеллектуальными способностями, умением ориентироваться в потоке информации, владеть информационно-коммуникационными технологиями, уметь сочетать как традиционные, так и современные методы.

Применение информационных технологий в преподавании русского языка и литературы-это не дань моде, а необходимость, так как позволяет эффективнее организовывать работу на уроке, индивидуализировать, дифференцировать процесс обучения, способствует совершенствованию практических умений и навыков, повышает интерес к урокам словесности (что является одной из целей урока) и активизирует познавательную

деятельность учащихся. На сегодняшний день преподавателями накоплен большой опыт использования ИКТ на уроках и во внеурочной деятельности, и этим опытом педагоги охотно делятся на страницах своих сайтов, поэтому нередко в своей работе я использую готовые презентации, дифференцированные задания, материалы, взятые из Интернета. Но учитель - исследователь, творец, его уроки индивидуальны, особенны, поэтому вместе со своими учениками я часто готовлю свои мультимедийные учебные презентации , тем самым повышая информационную насыщенность урока, дополняя и углубляя содержание учебников.

В основе задач, стоящих перед учителем-словесником, лежит работа с текстом, со словом, словом художественным. Дать прочные знания, сформировать определенные умения и навыки, объяснить литературоведческие и лингвистические термины возможно, если правильно использовать ИКТ на уроках словесности.

Где же и как можно использовать компьютерные технологии в обучении русскому языку и литературе? Во-первых, при изложении нового материала (демонстрационно-энциклопедические программы, программы создания презентаций), во-вторых, на этапе закрепления изученного материала (программы-тренажеры), в-третьих, при контроле и проверке изученного (программы для тестирования и контроля), в-четвертых, при самостоятельной работе учащихся (программы-репетиторы, электронные энциклопедии, развивающие программы). Все это позволяет использовать интерактивные таблицы, нетрадиционные задания, демонстрировать flash-ролики.

В настоящее время программы, ориентированные на использование ИКТ, подразделяют на 3 группы:

1) информационно-обучающие программы - это презентации, созданные на основе фактического материала урока;

2) тестирующие программы, программы, используемые на уроках контроля: разноуровневые тесты, самостоятельные работы, дифференцированные задания;

3) презентации-это удобная форма представления информации, так как дает возможность самостоятельно отобрать учебный материал, исходя из особенностей темы, уровня подготовленности класса, и долго удерживать внимание ребенка. Из трех групп программ, ориентированных на использование ИКТ, я чаще всего работаю с презентациями (особенно на уроке литературы),иллюстрируя тот или иной материал, на уроках русского языка в презентации отражаю понятия, схемы, алгоритм применения правил. Создание презентаций, групповая, проектная деятельность с использованием ИКТ повышает информационную грамотность учащихся, формирует исследовательские навыки и способствует созданию «ситуации успеха» на уроке. Мои ученики с удовольствием составляют презентации по русскому языку и литературе, разрабатывают викторины, составляют шуточные задания, загадки, ребусы, шарады. Такая работа развивает у ребят интерес к предмету, желание знать больше, использовать дополнительную литературу, пробуждает желание учиться.

Итак, развитие информационной компетентности педагога , использование ИКТ на уроках и во внеурочной деятельности является одним из условий внедрения в практику образовательного учреждения современных технологий и способствует всестороннему развитию как педагогов, так и учащихся, организуя процесс обучения на более высоком методическом уровне, повышая качество образования.

Литература

1.Беляков Е.В. Понятие информационно-коммуникационных технологий и их роль в образовательном процессе //Литература в школе. – 2008.-№ 3.- С. 28-31.

2. Мочалова Н.А. Использование компьютера на уроках русского языка и литературы // Русский язык в школе. – 2007.- № 4.-С. 15-17.

3. Поташник М.М. Требования к современному уроку. –М.: Центр педагогического образования, 2008 г.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Урынбасарова Акалтын Хайруллиновна
Узакбаева Сапаргуль Буркитбаевна
«№49 «Думан» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

Көркем шығармаларды тыңдауға бала сәби кезінен-ақ құмартып, қызығады. Қысқа ертегі, өлең оқып берсе, тез жаттап алады. Жаттау арқылы оның тілі жетіледі. Әдеби кейіпкерлердің жақсы ісіне сүйсінеді, жаманынан жиренеді. Сәбилерде жақсы және жаман іс-әрекет жөнінде түсінік пайда болады. Сөйлеу тілі жетіле түседі. Ал тілінің дамуы- баланың бойында қабылдау, есті білу сияқты психологиялық процестердің бірте-бірте қалыптасуына негіз болады.

Мектеп жасына дейінгі балаларға оқып беретін шығармалар, негізінен, үш салаға бөлінеді:

1) ауыз әдебиеті нұсқалары;

2) классик жазушылардың шығармалары;

3) қазақ жазушыларының шығармалары.

Осы саладағы шығармалар тәрбиешіге арналған бағдарламалық материалда нақты жүйеге бөліп берілген.

Әдеби шығармаларды оқу мен сабақты жоспарлауда мына жағдайларды өте мұқият ескеру керек:

1. Әрбір шығарманы оқып берерде баланың жас ерекшелігі, осыған

байланысты тәрбие жұмысының мақсаты мұқият ескерілуі шарт.

Шығарманың лайықтысын ғана алу керек. Мысалы, кіші топтарда (2-3 жасар балалар) алғаш рет балабақшаға келді делік. Олардың көпшілігі әлі дұрыс сөйлей алмайды, балабақшада болатын жайттармен, ойыншықтармен әлі таныс емес. Сондықтан алғашқы үш-төрт айда тәрбие жұмысының бәрі, оның ішінде әдеби шығарманы оқып, тыңдату, көбінесе ойын түрінде өтіледі. Ол үшін ойынға негіз боларлық, суретті (суреті өте күрделі болмасын) шығармалар керек. Көлемді шығарманың лайықты бөлімінен кейбір үзінді ғана алынады.

2. Жоспарда қандай шығарма оқылуы керек, оған байланысты бақылау жұмысы, суреттер, ойындар нақты көрсетіледі. Әрбір ойынның мақсаты белгіленеді (білімін бекіту немесе сөздің дыбыстық жағын дұрыс айтуға жаттықтыру сияқты).

3.Оқылатын шығарма тәрбие жұмысының әр саласын қамтитын

болсын. Мысалы: жануарлар, жыл мезгілдері, еңбек, мерекелер туралы және тазалыққа, ұқыптылыққа, әдептілікке баулитын шығармалар.

4. Кіші тобында (2-3 жас) тәрбиеші шығарманы мәнерлеп жатқа айтып беруі керек. Бұл тұста тәрбиеші балаларды түгел бақылап отыратын болады. Тәрбиешінің шығарманы жатқа айтып беруі балаларға қызықты болады, оларды жалықтырмайды. Өйткені бала тәрбиешіні тыңдай отырып, әр сөзді дұрыс айтуға тырысады. Сәбилерге тақпақты арнайы жаттату қиын. Сондықтан тәрбиеші өзі жатқа айта отырып, шығарманың қажетті шумағын ойын ретінде қайталау кезінде біртіндеп өзіне ілесіп айтуға үйретеді.

5.Көркем шығарманы оқығанда шығарманың мазмұнына лайықты суреттерді пайдаланған жөн. Өйткені бұл жастағы балалар өз беттерімен оқи алмайды. Ал шығарманың мазмұнын сурет арқылы жылдам түсінеді. Бала кейде кітаптың бетін ашып отырып, суреттің астына жазылған өлең жолдарын дәл тауып, өз бетімен оқып отырғандай әңгімелеп береді. Сондықтан тәрбиеші қажетті шығарманы оқудан бұрын, суретті көрсету арқылы (сәбилер үшін) әңгімелеседі. Соңынан шығарманы оқып береді. Ересек балаларға шығармаға байланысты қажетті суретті шығарма оқылған соң берген дұрыс. Өйткені шығарманы оқудан бұрын сурет көрсетілсе, балалардың бар ынтасы сол суретке ауады да, тәрбиеші оқығанда зейін қойматын болады.

Оқылған шығарманы әңгімелеп айтуға үйрету сабағының үлгі жоспарын төмендегіше құруға болады:

1.Тәрбиешінің кіріспе әңгімесі.

2.Тәрбиешінің әңгімені оқып беруі.

3.Оқылған әңгіме, ертегі мазмұнын көмекші сұрақтар қоя отырып айтқызу.

4. Шығарманы қайталап оқу, шығарма мазмұнын балаларға айтқызу.

Мұндайда қысқа әңгіме, ертегі мазмұнын бір балаға, көлемді шығармалардың мазмұнын бірнеше балаға айтқызуға болады. Егер әр алуан жастағы балалар аралас болса, алдымен ересек, естияр балалар әңгімелеп айтады, сәбилер тыңдап отырады.

Әдеби шығармаларды оқып, тыңдату (ересек топта), әңгімелеп беру, әңгімелету, жаттату сияқты сабақ түрлері экскурсия, бақылау, санау, музыка, бейнелеу өнері сабақтарымен байланыстыра жүргізілгені жөн. Бұл сабақтар бірінің мазмұнын бірі толықтырып отырса, тіпті жақсы.

Ендеше баланы мектепке даярлау мәселесінде әдеби шығармалармен таныстыру ерекше орынға ие екенін ескеру қажет.

Бағдарламаға сай мұндай жұмыс баланың жас ерекшелігіне қарай, сабақ мақсатына сәйкес берілетін білім-дағдылар (пән аралық байланысты ескере) бір-бірімен байланыстыра өтіледі. Осылай оқыта отырып тәрбиелеу, тәрбиелей отырып оқыту принципі баланы өзіне қойылған сұрақты түсінікті, оған дұрыс, толық жауап беруге, өзі басқаға сұрақ қойып, жауап алуға, үйрету міндеті іске асады. Осы білім-дағдыларды меңгерте отырып, тәрбиеші баланы айналасындағы адамдармен амандасу, әдепті сөйлесу, алғыс айту, жылы шырайлылық білдіру сияқты мінез-құлық әдептеріне үйретеді. Мысалы, Ә. Дүйсенбиевтің «Не деу керек?» деген өлеңінен үзінді оқығанда тәрбиеші мына мақсаттарды көздейді: өлең түріндегі шығарманы тыңдай білуге, жатқа айтуға үйрету; «рахмет», «кешіріңіз», тағы басқа ізеттілікті аңғартатын сөздерді айтуға дағдыландыру, осы сөздерді күнделікті қолдана білуге баулу, тағы басқа. Ал Қ. Мырзалиевтің «Ойыншықтар» өлеңін ересек балалар тобында оқығанда тыңдай білуге үйрету, өлеңде аталған ойыншық жануарлар туралы сұрақтар қойып, олар туралы білімдерін жетілдіру қажет.

Балабақшаға бармас бұрын да бала әр алуан білім-дағдыларды меңгереді. Бірақ көрген-білгені жайлы айтып беріп, салыстыра алмайды. Ал бала білімін жетілдіру, оқуға әзірлену – балабақша тәрбиешісінің жұмысы.

Мектеп жасына дейінгі баланың дүниетанымын, ой өрісін кеңейтіп, сөздік қорын байыту, эстетикалық талғамын арттырып, адамгершілікке баулу ісінде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше.

Әрине, мектеп жасына дейінгі сәбилердің әдеби шығармаларды оқи алмайтыны мәлім. Олар әдеби шығармаларды тәрбиешінің мәнерлеп оқып беруі бойынша ғана сөз сырын санасына ұялатады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 Ахтанов К. «Тіл білімнің негіздері» Алматы: Мектеп 1978

2 Байтұрсынов А. «Тіл тағылымы» Алматы: Ана тілі
3 Балакаев М, Жанпейісова Е, Томанов М «Қазақ тілінің стилистикасы» Алматы: Мектеп 1974
4 «Мектепке дейінгі ұйымда тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы» Әділет басқармасы 2016ж

БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ.

Утегалиева Салтанат Амангалиевна
Қандыағаш қалалық № 4 ЖББОМ, Ағылшын тілі пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасында Білім берудің дамытуына арналған мемлекеттік бағдарламасында еліміздегі барлық оқушыларды сапалы біліммен қамтамасыз ету мақсаты алға қойылған. Бұл бағдарламада Отандық білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігіне ендіру үшін педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне басты назар аударылған.

Елбасының Қазақстан халқына арнаған жыл сайынғы Жолдауларында Қазақстандық оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, алған білімдерін күнделікті өмірде пайдалана алуларына айрықша көңіл бөлінген. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын жетілдіру өз кезегінде мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруды қажет етеді. Қазіргі таңда мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру – білім жетілдіру курстарының басты міндеттерінің біріне айналуда.

Қазақстан Республикасындағы болып жатқан әлеуметтік-экономикалық түрленулер еліміздің экономикасының елеулі өсуін қамтамасыз етті және әлемдік қауымдастыққа ықпалдасуға мүмкіндік туғызып отыр. Білім беру жүйесіндегі жаңғыртулар мен оның нәтижелері білім беруді дамытудағы қазақстанның стратегиялық бағыттарының өміршеңдігін көрсетуде.

Қазіргі кезеңде адамзат өркениетінің сақталуы мен қоғам дамуының деңгейі еліміздің экономикалық қуаттылығының, ұлттық қауіпсіздігінің кепілі - білім беру жүйесінің, адамдық ресурстардың рөлі және маңызы артуда. Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер білімге де әсер етеді. Жаңа тарихи кезеңнің сұранысы мен экономикалық дамудың қажетсінуіне сәйкес білім жан-жақты, терең тұғырлы болуы тиіс.

Н.Ә.Назарбаев қазақстан халқына жолдауында XXI ғасырдағы білімді дамыған ел болу үшін біз келешекте жоғары технологиялық, ғылыми ауқымды өндірістер үшін кең көлемде, жаңаша ойлайтын мамандарды қалыптастыруға тиіс екенімізді, сондықтан, инновациялық экономиканы құру үшін заманауи білім беру жүйесі мен менеджерді даярлаудың қажеттілігін айтты.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - деп қарастырады [1].

Қоғамның қарқынды дамуы ғылым мен білім деңгейінің дамуына тәуелді. Президент Н.Ә.Назарбаев «Біз білім беруді жаңғыртуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз. Өмір бойы білім алу, әрбір қазақстандықтың кредосына айналуы тиіс. Біз... білім берудің мазмұнын толық

жаңартпақ ниеттеміз» - деп білім берудің сапасын арттыруда білім беретін мекемелердің инновациялық қызметке көшуін қалыптастыруға баса назар аударды.

Өркениетті елдер арасындағы бәсекелестік білім деңгейімен анықталатындығы шындық. Еліміздің педагогикалық қауымдастығының алдында Қазақстан Республикасында білім беруді бәсекеге қабілетті, заманауи ету: мақсатты жаңарту және оларды жүзеге асыру яғни, білім берудің мазмұндық процессуальдық аспектілерін қайта қарау міндеті тұр.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты ел болашағы үшін маңызды құжат болып табылатын кезекті Жолдауында білім беру жүйесі мен ғылым салаларын дамытудың жаңа міндеттері алға қойып отыр. Елбасымыз елімізді әлемдік деңгейдегі білім орталығына айналдыру туралы биік мақсат қойып, мемлекетімізде ғылымның дамуына ерекше көңіл бөлуде, «Жаңа технологиялық толқын жалына жармасып, теңдессіз инновациялар жасау барлық елдің қолынан келе бермейді. Біз осыны түсінуге тиіспіз. Сондықтан біз өте шынайы, барынша прагматикалық стратегия құрғанымыз жөн. Біз шығыны көп емес зерттеулер мен әзірлемелерге ден қоюға тиіспіз», – деген сөзі баршамызды ойландыруы тиіс және аса жауапкершілікпен жүзеге асыру қажет деп түсінеміз .

Қазақстан Республикасында сапалы білім берудің стратегиялық міндеттерін жүзеге асыруда педагогтардың кәсіби құзіреттілігін дамыту негізгі шешуші рөл атқарады. Білім беру жүйесінде білім берудің ұлттық үлгісіне өту арқылы білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізетін, әлемдік педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамытатын кәсіби құзіретті ұстаз. Н.Ә.Назарбаевтың «Ғасырлар мақсаты – саяси экономикалық және рухани дағдарысты жеңіп шыға алатын, ізгіленген XXI ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделген, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру», - деген тұжырым сөзіне сәйкес білім беру жүйесінде кәсіби жетілген, білімдер мен білік дағдыларды құзырлылық ұстанымдарының талаптарына сәйкес өздері меңгеретін және осы арқылы ойлау жүйесін, шығармашылығын, рефлексиялық машығын дамытатын құзіретті ұстаз болуы тиіс.

Педагогтардың кәсіби құзіреттілігі мәселесі үнемі зерттеуші ғалымдар назарында. XIX ғасырдың 70-90 жылдары Н.В.Кузьминаның, А.К.Маркованың, М.Ж.Жадринаның және т.б. зерттеулерінде құзіреттілікті мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетінде кәсібилікті анықтайтын басты компонент және педагогикалық үрдісті басқаруда жаңа мақсат ретінде қарастырады. Құзіреттілік пен құзырлық мәселесі жайында жұмыстарға талдау қазіргі кезде «құзырлықтың» және «құзіреттілік» ұғымдарының нақты бір мағыналы түсініктері жоқ екені байқалады. Зерттеушілер құзырлық пен құзіреттіліктің 40-қа жуық түрлерін атайды. Құзіреттілік анықталады:

- ұстаздың мамандықты оқушы тұлғасының қалыптасу құралына айналдыру қабілеті (И.В.Кузьмина);
- білім, білік, дағды және оларды іс-әрекетте, қарым-қатынаста, дамуда (өзіндік дамуда) жүзеге асырудың жолдары мен тәсілдері (Л.М.Митина);
- кәсібіліктің тұлғалық құрамы (Т.Ю.Базаров);
- маманды даярлау сапасының өлшемі мен нәтижесі (А.Г.Бермус, И.А.Зимняя);
- білім мазмұны жаңаруының тәжірибеде байқалуы (В.В.Краевский);
- оқытушының педагогикалық мәдениетінің базалық құрамы (Т.Е.Исаева);
- білімдік стандарттарды құрылымдауға жаңаша келіс (А.В.Хуторской).

А.В.Хуторской құзіреттілік – бұл «алдын-ала тапсырылған әлеуметтік қажетсіну (қалып) <...>. Құзіреттіліктер тек біліммен немесе тек білікпен шектелмейді. Олар тәжірибедегі білім мен әрекеттің арасында болатын қарым-қатынастар ортасы болып табылады» - деп көрсетеді [4].

Осы бағыттағы ізденістерді қарастыра отырып, жалпы білім беретін орта мектепте мұғалімнің кәсіби- тұлғалық құзіреттілігі мәселесінің мазмұны жаңа талаптарды қамтитынын

көруге болады. Теле-радиоқатынастар, интернет жағдайында мұғалім ақпарттың басты көзі бола алмайды. Мұғалім бұрынғыша тілді жақсы меңгеруі тиіс (дәлдігімен, суреттеушілігімен, ішкі ойды түсінуімен жіне т.б.), бірақ тьюторлық кеңінен таралуда, яғни оқушыға оқу үрдісінде қоса әсер ету. Білім берудің жобалық – құзіреттілік үлгісі жағдайында мұғалім іс-әрекеті «оқыту-оқу». өзара көмектесіп әрекет жасау нәтижесі» болады. бұл қатынас <...> оқыту үрдісінің жағдай ғана емес, оның нәтижесі де болады» - дейді Ю.В.Сенько.

Мұғалім жоғары деңгейдегі маман болуымен қатар мынандай талаптарға сәйкес іс-әрекет жасауға міндетті: білім беру мазмұнының нұсқалығын сақтау; оқушылардың жеке білімдік аймағын жобалай білу; келешек кәсіби іс-әрекетіне сәйкес ортада білім алуын жалғастыру үшін қажетті құзіреттерді қалыптастыру; білім беру үрдісіне интербелсенді, әрекеттілік құзіреттерді енгізуге даярлығы, қабілетті меңгеруі, жобалау – зерттеушілік және коммуникативті әдістермен жұмыс істеуі.

ЮНЕСКО-ның мәліметтері бойынша шешуші құзіреттіліктерге жататындар: әлеуметтік, мәдениаралық, коммуникативтілік, бұйрықтық, адамның өмір бойы оқу қабілеті. Бұл құзіреттер мұғалім мамандығына тікелей қатысты. Ю.В.Сенько «Ұстаздың кәсіби құзіреттілігіне үш блокты: жалпы мәдени, арнайы («өз» пәні аймағында) және басым – психологиялық – педагогикалықты» жатқызады.

Қ.Құдайбергенова «Құзырды әртүрлі кенеттен болған ситуацияларда мәселелерді шешу үшін қажетті білімді немесе әрекетті көрсете білу қабілеті, білім мен өмірлік ситуация арасындағы байланысты орнату мүмкіндігі ретінде, ал құзырлылықты адамның өзіндік деңгейіне, даралық қасиеттеріне тікелей байланысты тұлғалық, теориялық, практикалық өлшеу дәрежесі жоғары деңгейде кіріктірілген құрылым ретінде қарастыру ұсынылады» деп түсіндіреді.

Т.Г.Браже «Құзырлық – тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті» - деген анықтама береді.

А.К.Маркова «Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетті жоғары деңгейде жүргізуін, педагоикалық қатынасын, оқушылардың оқуы мен тәрбиелігінде жақсы нәтежеге жетуін және мұғалім тұлғасының жүзеге асуын кәсіби құзіретті еңбегі деп атайды .

Ш.Т.Таубаева мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетке даярлығы мен кәсіби өзін-өзі дамыту технологиясын ұсынуын кәсіби құзіреттілігінің фундаменті деп есептейді.

Сонымен, құзіреттілік деп мұғалімнің қабілеті, тәжірибесі, даярлығы, еңбегі айтылады. Әртүрлі түсініктерді салыстырып, талдаудың негізінде педагогикалық құзіреттілік түсінігі және құзіреттер – тұлғадан күтілетін қасиеттер мен оларға қойылатын талаптар – мұғалімнің заманауи білім беру жүйесі дамуына сәйкес, тұлғалық, адамгершілік, психикалық, когнитивтік, әдістемелік және мәдени сипатын көрсететін кәсіби құзіреттілікті меңгеруін педагогикалық құзіреттілігі деп есептеуге болады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім» заңы.
2. Н.Ә.Назарбаев. «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам». //Егеменді Қазақстан. 10.07.2012.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ».
4. Хуторской А.В. Современная дидактика. Учебное пособие. 2-е изд. – М.: Высшая школа, 2007. – 639 с.

ДОПОЛНЕННАЯ РЕАЛЬНОСТЬ В ОБРАЗОВАНИИ

Утегенова Венера Кожахметовна,
учитель информатики,
магистр педагогических наук
Средняя общеобразовательная школа №53 г.Актобе

Современному человеку свойственно стремление к постоянному развитию и саморазвитию, неотъемлемой частью его жизни является образование в течение всей жизни.

Необходимо отметить, что современная система образования построена таким образом, что в процессе обучения теоретические знания преобладают над практическими. Вместе с тем известно, что знания, полученные практическим путем, усваиваются обучающимися лучше и сохраняются на более длительный период, в отличие от знаний, полученных только теоретически. Кроме того, в некоторых образовательных организациях реализация проведения практических занятий может быть затруднена или невозможна: например, отсутствуют необходимые химические реактивы или минеральные/горные породы для демонстрации их учащимся.



Рис.1 Занимательная химия в AR

Таким образом, ситуация в сфере образования, касающаяся практических занятий, обуславливает актуальность применения новых информационных технологий в сфере образования. Одними из перспективных направлений развития инновационных образовательных технологий является применение технологии дополненной реальности в процессе обучения.

Технология дополненной реальности (AR) позволяет с помощью устройств захвата изображения в реальном времени распознавать специальные метки (маркеры), а также их положение в пространстве, с последующим внедрением мнимых объектов в реальное пространство. В качестве таких устройств могут использоваться камеры смартфонов, планшетов или специальные очки дополненной реальности.[1]

Дополненная реальность (AR) — это технология, которая относится к виртуальному интерфейсу, который улучшает или добавляет информацию в реальный мир. AR показывает физическую среду реального мира и визуализацию компьютерных цифровых изображений, которые меняют восприятие реальности. Отображаемая реальность может быть в изображениях, 3D-объектах, видео, тексте и звуке.

Основной идеей использования дополненной реальности является расширение возможностей взаимодействия человека с окружающей средой. Для системы образования

дополненная реальность перспективна в плане применения этой технологии как инновационного средства обучения.

В настоящее время методика обучения в школе основана на программе, где уроки больше объясняются с помощью белой доски, книг, фото и других материалов. Минусом этого способа является то, что школьник может только слушать и пытаться усвоить учебный материал. К сожалению, степень развития у учеников различается, кто-то быстро схватывает материал, а кому-то может быть сложно. За счет применения технологии дополненной реальности, например, обучение в начальных классах превращается в веселое занятие, где дети смогут сыграть в игру, применяя маркер, ввиде алфавита, после, когда этот же маркер виден камере, монитор отображает алфавит и включается видео и аудио, они помогут создать интерактивное обучение и сделать обучение более полезным.

Преподавание и обучение с дополненной реальностью очень интерактивны и помогают учителям активно участвовать в процессе. Учащимся нравится наблюдать за преобразованием 2D-изображений в интерактивные 3D-модели на цифровых экранах. Учителя, с другой стороны, выигрывают от сосредоточенного погружения учеников.[2]

Определение сегодняшних учащихся как поколения Z и/или цифрового поколения и их характеристик требует, чтобы учителя следили за развитием технологий и использовали наиболее подходящие технологические инструменты в учебной среде.

Ниже приведены приложения дополненной реальности для образования, которые можно найти в Google Play Market [3].

BBC Civilisations AR. Это приложение даёт пользователям возможность полюбоваться различными историческими артефактами, рассмотреть их с разных сторон и изменить масштаб. При первом запуске приложения доступно удобное руководство, которое ознакомит пользователя с египетской мумией, её историей и даже позволяет заглянуть внутрь с помощью функции рентгеновских лучей. BBC Civilisations AR содержит более 30 исторических реликвий, которые можно осмотреть, исследовать и запечатлеть на фото. Приложение отлично подойдет тем, кто увлекается историей или хочет заглянуть в музеи будущего.

Google Переводчик не является строго AR-приложением, но одна из его AR-функций делает его невероятно удобным для перевода текста. Речь идет о режиме камеры. Просто сделав снимок текста на иностранном языке, пользователь может увидеть его перевод в реальном времени.

Физика – Формулы 2019. Физика. Формулы – это справочник терминов, формул и таблиц по школьной программе за 7-11 класс. В справочнике можн найти теорию, термины и формулы.

Стереометрия AR — сечения в AR & 3D. Стереометрия AR объяснит, как строить сечения для профильного ЕГЭ по математике.

Приложение дает возможность:

- ✅ Исследовать фигуру в дополненной реальности и в 3D.
- ✅ Проследить построение сечений по шагам в AR & 3D.
- ✅ Найти подробное и понятное объяснение каждого этапа построения.
- ✅ Рассмотреть фигуру со всех сторон на каждом шаге решения задачи.

Распространение доступной технологии дополненной реальности повлияет на подавляющее большинство населения в различных областях, от образования и работы до развлечений и досуга. Ознакомление учащихся с этой технологией в системе образования поможет им подготовиться к продуктивному использованию ее за пределами школы. Как и все новые инструменты, требуется время и усилия, чтобы научиться правильно их использовать и использовать. Но после освоения ученик и учитель могут открыть двери к новым возможностям и возможностям в цифровую эпоху.

Список литературы:

1. Курзаева Л.В., Масленникова О.Е., Белобородов Е.И., Копылова Н.А. «К вопросу о применении технологии виртуальной и дополненной реальности в образовании», Современные проблемы науки и образования. – 2017. – № 6
2. Izwan Nurli Mat Bistaman «The Use of Augmented Reality Technology for Primary School Education», Journal of Physics: Conference Series 2019
3. https://play.google.com/store/games?hl=ru&gl=US – сайт Google Play Market.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ОҚУ – АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Утегулова Құндиз Кажимовна, Амантаева Гүлжанат Мұхтарқызы
№10 Жалпы білім беретін орта мектебі

Бастауыш жалпы білім берудің федералды мемлекеттік білім беру стандартында мұғалім білім алушыларда "Оқу қабілеті мен өз қызметін ұйымдастыру қабілеті-оқу іс-әрекетінде мақсаттарды қабылдау, сақтау және ұстану, өз қызметін жоспарлау, бақылау және бағалау, мұғаліммен және құрдастарымен өзара әрекеттесу" негіздерін қалыптастыруы керек екендігі атап өтілді оқу үрдісінде" [1]. Қазіргі кезеңде бастауыш мектепте оқытудың тиімділігі мәселесі бұрынғыдан да өткір және осыған байланысты өзекті мәселелерді шешу қазіргі мұғалімнің императивті міндетіне айналуда. Атап айтқанда, бұл жоғарыда аталған мақсатқа қол жеткізуге қатысты "Оқу қабілетінің негізін және өз қызметін ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру". Демек, қазіргі бастауыш мектепте тиімді оқытуды қалыптастыру және ұйымдастыру мәселелеріне баса назар аудару өте маңызды. Қазіргі бастауыш мектепте оқытудың негізгі мәселелерінің бірі-мұғалімнің еркіндік пен мәжбүрлеу арасындағы тепе-теңдікті сақтай білуі. Бір жағынан, бастауыш жалпы білім берудің федералды мемлекеттік стандарты өзінің қызметін ұйымдастыруда қабілетті дамыту мақсаттарының бірін қояды, басқаша айтқанда, оның оқу іс-әрекетін еркін басқарудың тәуелсіздігін дамытады, ал екінші жағынан, "Нормалар мен талаптардың жиынтығы" бола отырып, ол өзі үшін осы бостандықты шектеуші ретінде әрекет етеді. қатаң- құқықтық табиғат. Оқу қабілеті мен өз іс-әрекетін ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру кіші оқушының тәуелсіз іс-әрекетінде ғана мүмкін болатындығы айқын болады. Сонымен қатар, кез – келген стандарт, оның анықтамасы бойынша, білім беру процесінің барлық қатысушылары орындауға міндетті және сол арқылы олардың іс-әрекет бостандығын әдейі шектейтін белгілі бір талаптардың жиынтығы болып табылады. Қазіргі бастауыш мектепте оқытудың аталған мәселесінен келесі – оқытудың мақсаттары мен әдістері арасындағы қайшылық туындайды. Априоридегі кез-келген оқыту оқушылардың шектеулерімен, мәжбүрлеуімен және салыстырмалы түрде айтқанда зорлық-зомбылығымен байланысты екеніне назар аудару керек. Екінші жағынан, оқу іс-әрекетін ұйымдастырудағы бақыланбайтын тәуелсіздік және тұтастай алғанда оқушының еркіндігі оның тиімділігі мен тиімділігін төмендетуге ғана ықпал ете алмайды. Алайда, егер біз бастауыш сынып оқушыларының оқу үлгерімін қалыптастыру туралы айтатын болсақ, онда мәжбүрлеу, шектеу арқылы оқытудың мұндай моделі орынды болар еді. Егер оқу Тәуелсіздігін қалыптастыру қажет болса, біз іс жүзінде оқытудың мақсаты мен әдістері арасында корреляцияның болмауын байқаймыз. Егер мақсат бұлыңғыр болса, онда ортаны құрал ретінде елестету мүмкін емес. Сонымен қатар, мұғалім өзінің тілектерін қоршаған ортаның рұқсат ету мүмкіндіктерімен өлшеп, қол жетпейтін мақсаттар қоймауы керек, тек қабілеттеріне, әлеуметтік мәртебесіне, жеке басының ауқымына сәйкес келуі керек. Басқаша айтқанда, жанама басқару дегеніміз – тиісті білім беру ортасын құру арқылы басқару. Сонымен қатар,

мұғалім оқушыларды тікелей емес, тікелей нұсқаулар немесе нұсқаулар бере отырып басқарады, бірақ қоршаған ортаны дұрыс құрастырады және реттейді, оларға осы ортада тәуелсіз қызмет етуге мүмкіндік береді. Зерттеу осы қарама-қайшылықтарды шешу үшін белсенді білім беру ортасын құру қажет деп айтуға мүмкіндік береді. Бастауыш мектеп жасындағы балаларды негізгі әмбебап оқу іс-әрекеттерін белсенді және тәуелсіз жүзеге асыруға ынталандыратын орта, онда балалар нені және қалай үйренетініне нақты әсер ете алады. Білім беру ортасының қазіргі нұсқасында бұл өкілеттіктер толығымен мұғалімнің бақылауында. Сондықтан бастауыш мектепте оқытудың тиімділігі мен тиімділігі оған байланысты. Бұл дегеніміз, мұғалім Белсенді білім беру ортасын педагогикалық құрал ретінде дұрыс басқаруы керек, оның жаңа кәсіби ұстанымы мен жаңа құзыреттерін қалыптастыруы керек.

Біздің мектептің білім алушыларын бақылау, олармен қарым-қатынас олардың бейімделудің осы кезеңінде өте шатасып жатқандығын, қандай талаптарды орындау қажет екенін түсіне алмайтындығын көрсетеді, өйткені оларға түсініксіз сөздер мен терминдер бар ақпараттың үлкен ағымы түседі. Бұл өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне әкеледі, ситуациялық алаңдаушылық деңгейі артады, оқу қиындықтары бар балалар саны артып, кейіннен олардың сапалық әлеуетін жоғалтады. Сондай-ақ, мұғалімнің ескертулеріне сәйкес келмейтін мінез-құлық реакцияларының белгілері бар, құрдастарымен қарым-қатынас бұзылады. Осы қиын кезеңде білім алушыларға көмек көрсету бесінші сынып оқушыларымен жұмысқа кірісетін мұғалімдердің тұрақты дайындық жұмысына байланысты. Ол үшін мұғалімдер оқушының отбасы және баланың психологиялық ерекшеліктері туралы түсініктері болуы керек.

Соңғы жылдар ішінде біздің мектепте бастауыш сынып мұғалімдері мен пән мұғалімдерінің консилиумдарында, ӘБ отырыстарында бағдарламалардан өтуде, заманауи технологияларды пайдалануда, оқыту әдістері мен нысандарын таңдауда өзара іс-қимылды қамтамасыз ету мақсатында сабақтастық мәселесі талқылануда.

Балалар мен денсаулық сақтау компонентінің ауыртпалықсыз бейімделуі үшін, атап айтқанда, балаларды бастауыш мектептен негізгі мектепке ауыстыру үшін біздің ұжымның мұғалімдері жыл сайын түзетулерге ұшырайтын сабақтастық мәселелерін шешу бойынша іс-шаралар жоспары мен бағдарламасын жасады.

Біздің "табысты бесінші сынып оқушысы" бағдарламамыз: бастауыш білім беру → Негізгі білім беру принципі бойынша құрылған.

Қазақстанда әрбір азамат өмір бойы оқыту нәтижелерін сертификаттау түрінде тану үшін формальды оқыту шеңберінде (Мектеп, колледж, ЖОО) жаңа білім, білік және дағды алу мүмкіндігіне ие болады. Сонымен қатар, білім, білік және дағдыларды ресми мекемелердің қабырғасынан тыс жерлерде де алуға болады: әртүрлі үйірмелерде, білім беру орталықтарында, секцияларда, Интернетте, күнделікті өмірде және т.б. бірақ, өкінішке орай, адамның жеке өмірлік тәжірибесі бар және ең құнды болып табылатын практикалық дағдылары ресми құжатсыз жұмысқа орналасу кезінде танылмайды. Білім алушы білім беру ұйымында өз уақыты мен қаржылық мүмкіндіктеріне зиян келтіре отырып, пәндерді қайта оқып-үйренуге мәжбүр болады. Өкінішке орай, ресми және бейресми білім берудің қиылысында жаңа білім мен дағдыларды алу мен бар білімдерді есепке алу арасындағы сабақтастық жиі болмайды.

Өмір бойы алынған оқыту нәтижелерінің сапалы валидациясы үшін бейресми және ақпараттық білім беру нәтижелерін тану (қайта есептеу) тетігі (жүйесі) құрылуы тиіс.

- Оқыту нәтижелері формальды білім берудің: ТжКБ, ЖОО-лар, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейлерін ғана тануға тиіс.

- Бейресми білім беру қорытындылары бойынша оқыту нәтижелерін тану үшін басқа құжаттармен қатар қосымшада зерделенген пәндерді және кредиттер санын көрсете отырып, алдыңғы деңгейдегі білім туралы құжат ұсынылуы тиіс.

- Оқытылған пәндер және алдыңғы оқу кезеңінде алынған кредиттер формальды білім берудің кейінгі ұйымдарында оқу кезінде ескерілуі тиіс. Бұл есеп білім алушыға оқыған пәндерін қайталамауға, оқу кезеңі мен қаржылық шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді.

- Егер адам өзінің Ббны растайтын құжаттары болмаса, бірақ бейресми немесе ақпараттық оқыту нәтижесінде алынған белгілі бір теориялық білімі, құзыреттері мен практикалық дағдылары болса, арнайы комиссия үміткерде бар ББД деңгейін анықтау үшін бағалау рәсімін жүргізеді.

- Комиссия шешім шығарады, онда академиялық кредитке ауыса отырып, оқу нәтижелерін толық немесе ішінара таниды не бас тарту туралы хабарлайды.

- Оқу нәтижелерін ішінара тану кезінде комиссия академиялық кредиттерді қосымша игеруді және қорытынды бақылау тапсыруды ұсынады.

- Бейресми білім беруді оқытудың танылған нәтижелері ТжКБ, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша өтініш берушіні оқытудың жеке траекториясына енгізіледі.

Оқуды өмір бойы сәтті жүзеге асыру үшін құжаттар жасалуы керек:

1. Өмір бойы оқыту тұжырымдамасы.
2. Өмір бойы оқытудың ұлттық стратегиясы.
3. Тұжырымдаманың әрбір кезеңін іске асыруға арналған іс-шаралар жоспары.
4. Өмір бойы оқытуды қаржылық қамтамасыз ету жүйесі.
5. Бейресми білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау қағидалары.
6. Өмір бойы оқытуды іске асыру үшін білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту туралы ереже.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Акишева А.К., Кенжегулова А. С. өмір бойы оқытудың өзекті мәселелері // эксперименттік білім берудің халықаралық журналы. – 2020. – № 2. – Б. 25-29;
2. Беспалько В. П. педагогикалық технологияның құрамдас бөліктері. – М.: Педагогика, 1989. – 192 б.
3. Вальчук Е. В. бастауыш және орта мектептің сабақтастығы. – Саранск, 2006.
4. Гафурова И. М. педагогикалық кеңес. Сабақтастық мәселесі оқушылардың бастауыш мектептен негізгі мектепке ауысуы. – Алматы: РАДиАЛ, 2003. – 48 б.
5. Цукерман Г. А. бастауыш мектептен орта мектепке психолог ретінде көшу-психология мәселелері. – 2001. – № 5. – 25 б.

ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Утениязова Майра Талгатбековна
Ақтөбе қаласы, Қ.Сәтбаев атындағы орта-мектеп лицейінің бастауыш класс мұғалімі

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны

меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Қазіргі уақытта барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс – тәсілдермен оқытып, ой – өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі — оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Зерттеуінде оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен:

-дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үрдісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілін арттырады.

-қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі;

-оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет;

-саралап деңгейлеп оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады.

-ақпараттық бағдарламалап оқыту -оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру;

-иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда «адам-қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады;

-ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде «бала –субъект», «бала-объект» тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер «оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады;

Ал жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады .Әртүрлі оқыту технологияларын, оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үрдісінің нәтижесін көретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбіне жаңашыл, инновациялық болып табылады.

Инновациялық процестерді ендіру үш өзара байланысты күштер анықталады: енгізілген технологияның ерекшеліктерімен; жаңашылдардың инновациялық әлеуетімен; жаңалықты енгізу жолдарымен.Инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Заманауи қоғамның зиялы азаматына білім беру - сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеу. Білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас

байланыста болады. Заманауи мектептердің мақсаты - жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлғаланып, дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін жасау. Өз білімінің нәтижесінде оқушы бойында сын тұрғысынан ойлау, білімін шығармашылықпен пайдалана білу, зерттеушілік дағдылары, АКТ дағдылары, топта және жеке жұмыс істей білуі, тілдік дағдылары, қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары қалыптасады. Мектеп бағдарламасына кіріктірілген пәндерді енгізу оқушының жалпы дамуына және тақырыпты сабақта тереңірек зерттеп, әлем туралы тұтас ұғымының қалыптасуына септігін тигізеді. Білім беру мазмұны білім салалары бойынша анықталған күтілетін нәтижеге негізделеді. Күтілетін нәтижелер оқушы жұмысы мен оның жетістігін бағалауға мүмкіндік береді, әр оқушының жеке даму траекториясының дамуын нақтылауға жағдай туғызады. Сонымен қатар білім, білік дағдыларының дамытуға уәжін арттырады. Оқу үдерісінің сапасын жақсартады. Сол себепті, оқыту нәтижесін мониторинг жасаудың жаңа формасы енгізіледі, яғни критериалды бағалау жүйесі. Оқыту мақсаттарына жетуде жетістік критерийлерін құрастыру және қолдану – бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу - танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі. Ең бастысы – оқу үрдісінің өзі, жетістік критерийлері арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді. Бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны белгілі болады. Білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу - танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім үрдісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критерийлермен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстырылады.

Мектептегі білім беру мазмұны академиялық пәндер, зерттеу және сыныптан тыс әрекет, қосымша білім беру негізінде жүргізіледі. Идеяның мазмұны – оқушыларды рухани-адамгершілік тұрғыдан, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, толеранттылық пен ұлтаралық жағдайда қарым-қатынас жасай алуға үйрету болып табылады. Бұл жаңартылған мазмұндағы бағдарламаның негізгі қағидаты - коммуникативтік тәсіл арқылы оқушының тіл туралы, ұлттық және жаһандық мәдениеттің маңызы туралы түсінігін кеңейте отырып, қазақ тілін табысты үйрету. Бүгінгі таңда білім беру саласына түбегейлі өзгерістің қажеттілігін ескерсек, реформаның басында тілдік пәндердің тұру себебін бағдарламада көрсетілген мына жолдармен түсіндіре аламыз: «...Әрбір оқушы үшін тіл – негізгі білім құралы. Оқушылардың тілдік қарым-қатынасы өздері өмір сүріп отырған және білім алатын орта арқылы жүзеге асады. Тілді жетік меңгеру ұлттық құндылықтарды түсінетін, әлемдік деңгейде жаңа өзгерістерге бейім, жаңашыл жеке тұлға қалыптастыруға ықпал етеді». Осы орайда, ғалым - жиһанкез Шоқан Уалихановтың «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» деген екен. Олай болса, тәуелсіз еліміздің үшінші жаңғыру дәуірінде бүгінгі ұрпақтың өмір сүруі үшін қажетті білім дағдыларымен және қасиеттермен қаруландыру - мұғалімдер үшін ынталандырушы күш болып табылады. Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері 10 бөлімнен тұратын жаңа құрылымы болып табылады:

1. Пәннің маңыздылығы;
2. Пән бойынша оқу бағдарламасының мақсаты;
3. Үштілділік саясатты іске асыру;
4. Оқыту үдерісіне ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
5. Пәнді оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер;
6. Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет;
7. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі;
8. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;
9. Оқу нәтижелерін бағалау жолдары;
10. Оқудың мазмұны, ұйымдастырылуы мен бірізділігі.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс – тәсілдермен оқытып, ой –өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», - деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді.

Қорыта айтатын болсақ: Әр уақытта бала білімін алға қоюшы ұстаз үлкен көрсеткішке қол жеткізу жолында талмай талаптанып, шаршамай еңбектенеді. Сол кезде ғана еліміз көкке шарықтап, басқа елге елді танытады. Елді өсіретін де, елді өшіретін де – білім. Сондықтан қолда бар амалдарды тиімді пайдалана білу сіз бен біздің үлесімізде. Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін жаңаша оқытатын жаңа көзқарасты ұстаз болайық.

Әдебиеттер

1. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. — //Қазақстан мектебі, №4, 2006.
2. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004
3. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. — //Қазақстан мектебі, №4, 2008
4. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.:Өркен, 2007
5. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008
6.А.К.Маркова. Кәсіби құзыреттіліктің даму деңгейі//2009
7.Г.К. Селевко. Педагогикалық технологияларды меңгеру факторы//2009

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СЕЗІМ ТӘРБИЕСІ

Утенова Жанаргул Нурлановна
«№24 «Аққу» бөбекжай – балабақшасы» МКҚК

Педагогикада мектепке дейінгі әсіресе сәбилік жаста ерекше назар аударатын тәрбие түрі – сезім тәрбиесі. Сезім тәрбиесі әр түрлі: ақыл-ой, эстетикалық, елжандылық, дене, адамгершілілік т.б.тәрбие түрлерімен қоса және тұлғаның дамуына негіз болады. Соған байланысты сезім тәрбиесін мектепке дейінгі педагогиканың құрамды бір бөлігі деп айтуға болады.

Сезім тәрбиесі алдымен қоршаған ортадағы болмысты қабылдау мен түйсікке негізделеді. Айналадағы қоршаған ортаны, заттар мен құбылыстарды көру, есту қабылдау арқылы өзіндік үрдістер: ес, қиял, ойлау пайда болады. Бір нәрсені еске түсіру үшін алдымен оны көру не есту керек. Бұрынғы тәжірибедегі алған әсерлері бұл үрдісте жаңа мазмұнды көрінеді. Бұған дейін қабылданған фактілерді сөздің көмегімен қорытындылайды.

Адамның ақыл-ойының дамуына қабылдау мәнді рөл атқарады, әр түрлі іс-әрекетте әрқилы тәжірибелік істердің реттеушісі болады.

Көркемдік шығармада сезімдік үрдістердің рөлі зор. Мысалы: музыкалық шығармаларды музыкалық есту қабілетінсіз, бейнелеуді нәзік түстерді қабылдаусыз, поэзияны жетілген тіл сезімінсіз түсіну мүмкін емес.

Психикалық дамуда сезім үрдісінің рөлін бағалай отырып, белгілі бір білім мен дағдыны меңгеруде баланың жеке қабілетін ескеру өте маңызды. Ақыл-ой және дене еңбегінің барлық түрлерінде, баланы болашақта қоғамдық іс-әрекетке даярлауда, оның сезімдік қабілетін дамыту қажет, яғни түстерді, пішіндерді, дыбыстарды дәл және дұрыс айыра білуге үйрету, қоршаған ортадағы құбылыстардың өзіндік қасиетттерін дұрыс қабылдату қажет.

Сәбилік шақта айналадағы қоршаған ортаның үдемелі дамуы өте маңызды мәнге ие болады. Дәл осы шақта баланың психикалық дамуының негізі қаланады.

Даярлық тобында балабақшаға баратын жолды, көшеде жүру ережелерін, жақын арадағы дүкен, дәріхана, байланыс бөлімінің қайла екенін білу қажет. Сағатты, күнтізбені пайдалана білуі, үлкендер еңбегі, еңбек құралдары жөніндегі ұғымдары кеңейтіледі.

Балабақшасындағы сезім тәрбиесі ақыл-ой тәрбиесінің негізі болып табылады, ол баланың сезімдік тәрбиесінің дамуын және баюын қамтамасыз етеді, заттардың қасиеті мен сапасы туралы түсінігін қалыптастырады. Сезім тәрбиесі-түйсік пен қабылдаудың дұрыс бағытта дамуы. Дүниені тану – түйсінуден, қабылдаудан басталады. Түйсігі мен қабылдауы мол адамның қоршаған дүние жайлы көзқарасы кең, жан-жақты келеді.

Сезім тәрбиесі-ақыл-ой дамуының негізі және эстетикалық тәрбиенің құрамдас бөлігі.

Сезім тәрбиесі баланың көру, есту, тату, сипау, дәм, иіс сезімдерін тәрбиелейді. Осы алтауы бізді сыртқы ортамен таныстырады. Яғни олардың түсі, түрі, дәмі, иісі және басқа сындарын адам жанына осы алты сезім береді.

Сырттқы сезім адамның жан тұрмысы үшін аса қымбат болғандықтан, баланың бұл сезімдерін аса жақсы тәрбиелеу керек. Біріншіден, бұл сезімдердің сау және берік болуына, екінші сол сезімдердің өткір, терең, дұрыс болуына жағдай жасау керек.

Көру. Көру құралы-көз. Көз ұясы деп аталатын шұңқырдың арт жағына мидан көру жүйкелері келіп бұтақтанады. Бір көрініс көру жүйкелеріне әсер береді. Жүйкелер бұл әсерді миға алып барып, миды оятады. Мидан әсерді жан қабыл алып, жанда көру әсерленуі болады. Таза көру әсерленулері екеу: жарық әсерленуі және түс әсерленулері. Бұлардан басқа тағы екі әсерлену бар, олар-заттың қозғалысы мен қашықтық (кеңістік, көлем, аумақтық) әсерленулері.

Баланың көру сезімі бірте-бірте көп тәжірибелер арқылы ғана ұлғаяды. Бастапқы кезде баланың көзі тіпті көрмейді деуге болады. Жаңа туған баланың көзіне жақындатып бір затты алып барсаң, бала кірпігін де қақпайды. Баланың ұзақ кірпік қақпауы-көрмегендіктен.

Бала ең алдымен жарықты көреді, шамға қарайды. Шамды қозғағанда, шамның ізімен көзін жүргізеді. Бірақ баланың екі көзбен бір жерге қарауы тез болмайды. Баланың бір көзі бір затқа қарағанда, екіншісі екінші затқа қарайды. Екі айдан асқанда ғана бала екі көзімен бір жерге қарай алады. Және бала бастапқы кезде көзін билеп, бір затқа қарай алмайды. 3 айдан аса бала бақылап, қарауға үйрене бастайды. Бұл уақытта бала заттардың түсі мен түрін айыра бастайды. Үш жасқа шейін бала түстерді төмендегідей тәртіппен айырып үйренеді: сары, қызыл, ақ, қара, жасыл, көк.

Есту сезімі. Есту сезімінің құралы – құлақ. Есту әсері екі топқа бөлінеді: шу және дыбыс. Әр түрлі, тәртіпсіз шыққан дыбыс жиынтығы – шу, ал енді белгілі бір тәртіппен шыққан түрлі дыбыс жиынтығы – дыбыс деп аталады. Сезім тәрбиесі заттың түрін, көлемін, зат пен заттың арасындағы арақашықтықтың қатынасын, түстерді ажырата, музыканыы түсіну қабілетін, ана тілінің дыбыстық сипаттарын саралай білуге үйретуді көздейді.

Сезім мәдениеті – баланың түйсігі мен қабылдауының даму дәрежесі. 3 жасқа дейінгі балаға түйсік өте мөте қажет. Бұл жаста баланың түйсік, қабылдау, түсінік қасиееттері қалыптасады. Сезім үрдістерінің дамымай қалуы мектеп жасына дейінгі баланың даму кенжелігі ретінде көрініс тауып, біілім негіздерін меңгеруге кедергі жасайды.

Сезім үрдістерінің дамуы мектепке дейінгі жаста үдемелі сипат алады, сондықтан да ол мектепке дейінгі педагогиканың даму тарихында басты мәселелердің бірі болып қарастырылып келеді. Сезім тәрбиесі мәселесімен Я.К. Коменский, О.Декроли,

И.Г.Песталоци, М.Монтессори, Ф.Фребель т.б сияқты атақты ғалымдар айналысқан. Баланың дамыту мен тәрбиелеуде сезім тәжірибесінің рөліне ең алғаш баға берген Я.А.Коменский «Аналар мектебі» еңбегінде сөзбен тәрбиелеуді іс әрекетпен тәрбиелеуге қарсы қоя отырып, сыртқы дүние құбылыстарын барлық сезім мүшелерінің қатысуы арқылы қабылдауға мән берген.

Ф.Фребель «Сыйлықтар» атты еңбегінде заттың түрін, түсін, қлемін т.б сапаларын қабылдау ерекшеліктерін танытуды көздеген. М.Монтессори сезім тәрбиесінің жүйесін жасаған. Дидактикалық жүйенің алдына қойған мақсаты түрлі – түсті бояу ерекшеліктерін, пішін мен көлемді балалардың ажырата білуін жетілдіру еді.

Е.И.Тихеев сезім мүшелерінің жетілдіру жұмысын бала тілінің дамуымен, қоршаған заттар дүниесін таныстырумен байланыстырды. Сезім тәрбиесінің негізгі әдісі ретінде «серуендерді», «дидактикалық ойындарды» ұсынды. Баланың сезім үрдістерінің дамуына мүмкіндік тудыратын іс - әрекеттің тиімді түрлері - көркем сурет салу, саздан, пластилиннен мүсіндер жасау, салынған суреттерді, өрнектерді қиып, желімдеу, педагогикалық басшылықпен ұйымдастырған бірлескен дидактикалық ойындар.

Қазіргі кезде, тәжірибе көрсеткендей, мектепке дейінгі педагогика саласында сезім тәрбиесі Монтессори мен Декроли және басқалардың педагогикасына сүйене отырып, соның негізінде сезім тәрбиесі проблемасын шешілу қарастырылуда.

Қолданылған әдебиеттер:

М. Сәтімбекова, Ә. Әмірова, Ж. Сердалиева, «Сәбилердің сезімін тәрбиелеу», А: «Арда», 2018 жыл
«Бала мен балабақша» журналы, 2020 жыл, №1
Ustaz tilegi, «Мектеп жасына дейінгі балалардың сезім тәрбиесі»

РАЗВИТИЕ ЛИЧНОСТИ ДОШКОЛЬНИКА АКТИВНЫМИ МЕТОДАМИ ОБУЧЕНИЯ

Утенова Лаура Агарисовна,
воспитатель ДО №42 «Айналайын»
ТОО «Bekzat&Co»
города Актобе

В последнее время многие педагоги отмечают равнодушие детей дошкольного и младшего школьного возраста к знаниям, отсутствие мотивации учиться, а также низкий уровень развития познавательных интересов.

Особенно актуальной становится проблема внедрения в воспитательно-образовательный процесс более эффективных форм, моделей и технологий для активизации обучения.

Среди современных инноваций в дошкольном образовании можно выделить несколько технологий, которые направлены на полноценное развитие личности ребёнка, на формирование деятельностного подхода.

Одной из них является технология АМО (активных методов обучения). Данная технология представляет собой упорядоченную совокупность, систему методов, обеспечивающих активность и разнообразие мыслительной и практической деятельности обучающихся на протяжении всего образовательного процесса.

В технологии АМО выделяют две основные составляющие – структуру и содержание. По структуре, в соответствии с технологией, все образовательные процессы делятся на логически связанные этапы:

1. Мотивационно-побудительный этап

АМО начала образовательного мероприятия

Инициация (приветствие, знакомство)

Вхождение или погружение в тему (определение целей ОУД) Определение ожиданий

Организационно – поисковый этап

АМО выяснение целей, ожиданий и опасений, АМО презентации учебного материала, АМО релаксации

Закрепление изученного материала (повторение пройденного, обсуждение домашнего задания)

Интерактивная лекция (передача и объяснение педагогом новой информации)

Проработка содержания темы (групповая работа над темой занятия)

2. Рефлексивно - корригирующий этап

АМО релаксации

Эмоциональная разрядка (разминка)

Подведение итогов (рефлексия).

Объём и содержание этапа определяется темой и целями образовательного мероприятия. Каждый этап несёт свою функциональную нагрузку, имеет свои цели и задачи, и помимо этого вносит вклад в достижение общих целей образовательного мероприятия. Будучи логически связанными и взаимно дополняя друг друга, этапы образовательного процесса обеспечивают целостность и системность всего образовательного процесса, придают законченный вид организованной учебной деятельности. На каждом этапе образовательного процесса используются свои активные методы, позволяющие решать конкретные задачи этого этапа.

Образовательный процесс воспитанники с удовольствием начинают с приветствия, за счёт чего создаётся позитивная атмосфера в группе, настрой на образовательную деятельность. Для этого мы используем методы «Любознательная Айсулу», «Фруктовая корзина», «Привет!», «Подари улыбку другу», «Добрые пожелания» и др. Плавный переход к основному содержанию организованной учебной деятельности происходит на этапе определения целей ОУД. Для дошкольников это очень важный момент, так как определение целей позволяет понять каждому ребёнку, каких результатов он может достигнуть к концу ОУД и сосредоточиться на той деятельности, которая приводит к запланированным результатам.

Следует отметить, что осмысление своей деятельности достаточно трудный шаг для дошкольника, который проходит легко и непринуждённо с использованием активных методов «Угадай-ка!», «Путаница», «Что лишнее?», созданием проблемных ситуаций. Так, например, воспитатель предлагает детям ситуацию: «Представьте, что мы с вами очутились в далеком прошлом, где нет ни электричества, ни водопровода, ни газовых плит. А мы очень проголодались. Что нам делать?». Дети начинают предлагать свои решения данной проблемы и обсуждать ответы сверстников. В результате возникает дискуссия. Воспитатель не вмешивается в данный процесс, но внимательно выслушивает все ответы детей, анализирует их и в конце подводит воспитанников к правильному решению проблемы. Именно дискуссии со сверстниками, проговаривание или обсуждение ответов на заданную тему активизирует мыслительную деятельность дошкольников и формирует речь, воображение, мышление и умение взаимодействовать в коллективе.

Учитывая то, что каждый метод должен соответствовать целям этапа, целям и теме ОУД, часто мы разрабатываем авторские активные методы или адаптируем уже имеющиеся АМО

под цели, задачи ОУД и особенности наших воспитанников. Ценным помощником в подготовке и проведении организованной учебной деятельности является обширная «Копилочка активных методов обучения», созданная педагогами детского сада. Её содержание позволит педагогу шагать в ногу со временем, учитывать новые требования к работе, а воспитанникам не скучать в процессе обучения. Организуя различные мероприятия для родителей (родительские собрания, консультации, гостиные, праздники и развлечения), мы используем технологию АМО с целью вовлечения и активного участия семьи в педагогическом процессе. Таким образом, установление доверительных отношений с родителями плавно ведет к совместному исследованию и формированию гармонически развитой личности ребенка.

Исходя из вышеизложенного, с помощью активных методов обучения у детей дошкольного возраста можно сформировать: важную способность осуществлять совместную проектную и исследовательскую деятельность, умение отстаивать свою позицию, принимать на себя ответственность за других, обосновывать собственное мнение и толерантно относиться к чужому, а также полезный навык работать в команде.

Литература

1. Активные формы и методы обучения, Минск, Наука, 1993. 2. Веракса Н. Е., Веракса А. Н. Проектная деятельность дошкольников. Пособие для педагогов дошкольных учреждений. – М. : Мозаика-Синтез, 2008

3. Вербицкий А. А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход. — М.: Высшая школа

4. Выготский Л. С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка // Вопросы психологии. -1966

5. Леонтьев А. Н. Дискуссия о проблемах деятельности // Деятельностный подход в психологии: проблемы и перспективы. — М., 1990

КОЛЛЕКТИВНЫЕ СПОСОБЫ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА

Утесинова А.Н.
учитель русского языка и литературы
Кызылжарской ОСШ Мартукского района

Мысль А.С. Макаренко о том, что «коллектив является воспитателем личности», помогла в выборе темы статьи, т.е. речь пойдет о коллективных способах обучения с целью развития речевой деятельности учащихся.

Групповая, парная, индивидуальная формы организации уроков являются традиционными. Дидактическая же основа коллективного способа обучения - сотрудничество. Работа организуется в парах сменного состава, позволяет обеспечить взаимообучение и взаимоконтроль обучаемых.

Более подробно этот метод рассмотрен в трудах педагога-дидакта В.К. Дьяченко. По его мнению, коллективный способ обучения помогает реализовать задачи развития творческих способностей, обучения и воспитания каждого учащегося в коллективе, ответственности за знание и поведение каждого. На коллективных учебных занятиях в разноуровневых группах у учащихся развиваются навыки самоорганизации, самоуправления, самоконтроля, самооценки и взаимооценки.

Особенно привлекают такие принципы коллективных способов обучения, как: завершённость, ориентированная на результат, непрерывная передача знаний; сотрудничество и взаимопомощь. На уроках русского языка данные результаты можно увидеть в работе с текстом. Обратимся к некоторым приёмам.

Работа с «деформированным» текстом: чтение, поиск стилистических ошибок, запись текста в исправленном виде, дополнение текста причастными и деепричастными оборотами, определениями, дополнениями и др.

Работа по вопросникам. Вопросник – это перечень вопросов, относящихся к тексту, к разделу, к определенной теме. С помощью вопросника можно повторить содержание пройденного материала. Рядом с вопросом указываем страницу, на которой находится ответ или упражнение, которое нужно выполнить.

Таким образом, с помощью вопросника можно быстро и качественно повторить и систематизировать содержание изученного материала. Эта работа значительно активизирует познавательную деятельность учащихся.

Взаимные диктанты в парах сменного состава. Предварительно нужно заготовить необходимое количество текстов на карточках. Алгоритм работы:

1.Один ученик из пары читает текст по предложениям, другой пишет (без предварительного чтения текста в целом).

2.Другой ученик (т.е. тот, кто перед этим писал) читает, а первый, прежде диктовавший, пишет.

3.Потом каждый берёт тетрадь своего соседа (партнера) и, не глядя в карточку, проверяет написанный им диктант.

4.Открывают карточки и проверяют вторично (но уже вместе) сначала один диктант, а потом второй.

5.Ученик, допустивший ошибки, под контролем диктовавшего делает устный разбор ошибок.

6.Каждый в своей тетради записывает разбор своих ошибок.

7.Учащиеся снова берут тетради друг друга и ещё раз все просматривают, и ставят свои подписи.

Когда совместная работа пары заканчивается, её участники находят новых партнеров и обмениваются карточками. Новенькому диктуется тот текст, который диктующий сам перед этим писал. Таким образом, над диктантом каждый ученик работает дважды.

Итак, коллективный способ обучения всесторонне подходит для работы в классе, так как позволяет не просто дифференцировать, но и индивидуализировать процесс обучения по объему материала и темпам работы для каждого ученика. Развитие интереса и активности учащихся связано и с самой формой подачи материала. Совмещение объема и темпа предоставления материала у учеников создает чувство успешной деятельности каждого ученика.

Для наибольшего успеха при применении коллективной работы можно придерживаться следующих правил:

-необходимо разобрать с детьми, как сидеть за партой, чтобы смотреть на партнёра, как положить учебник, чтобы по нему было удобно работать, как соглашаться, как возражать, когда споры необходимы, когда не допустимы, как помогать, как просить о помощи;

-детей соединять в пары с учётом их личных склонностей, самому “слабому” ученику нужен не столько сильный, сколько терпеливый и доброжелательный партнер. Развитые дети долго не могут сидеть со «слабыми», им нужен равный партнёр или даже более сильный;

-разбор ошибок учащихся при совместной работе обязателен, так как при разборе анализируется ход взаимодействия;

-при оценке работы пары подчёркивать человеческие достоинства: дружелюбие, вежливость, приветливость. Оценивать всегда лишь общую работу в паре;

-перед началом работы повторять правило из памятки «Как работать в парах», которая всегда лежит на партах.

Можно сделать вывод, что при коллективных способах у каждого ребенка появляется возможность осуществить индивидуальную траекторию развития: обучающиеся реализуют разные цели, различными способами и средствами; одновременно сочетаются все четыре организационные формы обучения: индивидуальная, парная, групповая и коллективная.

Использованная литература:

1.В.К. Дьяченко «Новая дидактика» - М.: Народное образование – 2001 г.

2.Ривин А.Г. Коллективный способ обучения (КСО) https://shkola30.livejournal.com/193648.html

БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Утеулина Бибинур Туребаевна.
Ақтөбе қаласы. №78 мектеп-гимназия мұғалімі

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» Н.Ә.Назарбаев

«Инновация» термині ғылымға XIX ғасырда енді. XX ғасырдың екінші жартысында инновация әлеуметтік өзгерістердің жалпы үрдістерінің сатысы ретінде қаралып, оның негізігі элементтері атап көрсетілді: «жаңашылдық», «жаңашыл», «бағалаушылар». Үрдістің сындарлы, өзгермелі мерзімін қандай да бір жаңа енгізілмелерге сәйкес «бағалаушылардың» іс-әрекетіндегі өзгерістер айқындайды.

Мақсаты– оқу үрдісінің өнімділігін арттыру. Инновациялық технологияны қолдану: оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру, дамыту кезеңдері арқылы іске асады. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар, оқушыны оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады.

Жаңашылдық – нағыз құрал, ал инновация осы құралды меңгеру үрдісі. Сауатты түрде таңдап алынған жаңашылдық барынша мүмкін дәрежеде жаңа енгізілімнің табысқа жетуіне кепілдеме беруі тиіс. Инновациялық үрдіс деп жаңалықты жасау, меңгеру, пайдалану және тарату бойынша жүргізілетін кешенді іс-әрекетті айтады. Бүгінгі жағдайда жаңа ғылыми, тәжірибелік білімді жасау және оларды меңгеру мен іске асыруды инновациялық тұрғыдан қарастыруға болады. Педагогикалық технология оқу үрдісімен, яғни мұғалім мен оқушының іс-әрекетімен, оның құрылысымен, құралдармен, әдістері және түрлерімен түбегейлі байланысқан. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнен асқан шеберлікті, арнайы дайындық пен ізденісті, сауаттыдықты қажет етеді. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар оқушыны оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Бұл жаңа технологиялар шығармашыл қабілеттің дамуына жағдай туғызады.

Ұстаздың өзі – ізденуші. Сонда ғана өзі қызыққан ұстаз сабағын басқаларға да қызықты жеткізе алады деп ойлаймын. Әрбір сабақта озық технологияларды пайдаланып өткізу әрине жақсы нәтижелер береді. Ұстаз

әркез ізденуші бола білсе, өзі үшін білім жинақтайды, оқушы үшін сабақты қызықты ете алады. Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бір шарты оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті.

«Халық пен халықты теңестіретін — білім» — деп қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтқандай, білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу — біздің мақсатымыз. Сондықтанда жаңа жаңалықтардан қалмай жаңалық жаршысы болуымыз керек. Бұл мақсаттарға жету үшін мұғалімнің ізденісі, жаңа тәжірибе, жаңа технологиялар қолдану қажеттілігі туындайды. Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту — таным әрекетін ұйымдастырудың ұтымды формасы.

Қазіргі танда біздің Республикада білім берудің жаңа жүйесі дайындалып, әлемдік білім беру кеңістігінде енуге батыл қадамдар жасалынуда. Білім берудің мазмұны жаңарып, оларды технологиялық-педагогикалық тұрғыдан жетілдіру қажеттігі туындауда. Білім беру деңгейіндегі озық технологияларды пайдаланудың мақсатүйрете жүріп, үйрену. Білім беру саласында озық технологиялардың енуі мұғалімнің ойлану стилін, оқтыуәдістемесін өзгертеді. Менің тарих пәнін оқытуда озық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты – оқушыларға білім беру процесінде көмектесу. Оған: оқыту бағдарламалары, оқытуда қолдануға арналған электрондық оқулықтар, тексеру бағдарламалары мен тестік, өзіндік жұмыстар ерекше орын алады.

өзекті мәселелерінің бірі.

Әрбір педагогтің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: инновация туралы білімі; инновацияны жан-жақты меңгеру; инновациялық іс-әрекет диагностикасын меңгеру; инновацияны тәжірибеге ендіру жұмыстары; инновацияны практикада дұрыс қолдану.

Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже — жаңалыққа бет бұрудың кілті.

Сондай-ақ, оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасына мұғалімдердің өзіне ыңғайлы нұсқаны қолдануына мүмкіндік береді. Сонымен қатар білім сапасының алдында шығармашылық бағытта жұмыс істейтін тың жаңалықтар ашатын ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлғаны дамыту міндеті тұр.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім бру өте қажет» деп, Ел басы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үдерісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Педагогтың міндеті – рухы мықты, жан дүниесі бай, жан – жақты жетілген жеке тұлғаны қалыптастыру. Жас ұрпақтың дарыны мен талантын ашу, шығар-машылық ойлау қабілетін жетілдіру, олардың өзіне деген сенімін нығайту, болашаққа деген көзқарасына мән беру,бір сөзбен айтқанда өмірде өз жолын өзі таңдауына түрткі болу – ұстаздар қауымының бүгінгі таңдағы абыройлы борышы.

Жақсы педагог-оқытушы - қазіргі таңда қоғам үшін аса қымбат қазына болып есептелмек. Бәсекеге қабілетті Қазақстан, бәсекеге қабілетті қазақстанның қарышты экономикасы десек те, жақсы экономикадан демеу алатын, қуатты әлеуметтік мемлекеттің қабілетті халқы үшін де ең қажеттісі – білімділік.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Ә., Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына. /Еуразия университеті студенттері алдында оқылған дәріс / Н.Ә. Назарбаев//Егемен Қазақстан.- 2006.- 27 мамыр
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Астана, 2007
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауы, 2012 ж., желтоқсан
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2010 жылғы 7 желтоқсан

ХИМИЯ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Утеуова Ляйла Хамитовна
Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы
Қарақұдық негізгі орта мектебінің химия пәні мұғалімі

Шығармашыл мұғалім ғана шығармашыл оқушыларды тәрбиелеп шығарады, жеке тұлғалы ұстаз ғана жеке тұлғаны қалыптастырады.

Мәселе нені оқытуда емес,қалай оқытуда...

Шығыс даналығы

I. Функционалдық сауаттылықтың теориялық негіздері.

1. Функционалдық сауаттылықты дамыту бағыты.
2. Функционалдық сауаттылықты дамытуға негізделген танымдық процестің міндеттері.

II. Практикалық негіздер.

Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – ұстаз болғандықтан, ал сол ұстаз заман талабына сай болуы үшін - әрқашан ізденуді, білімдерін жетілдіруді, жан-жақты, білікті болуды талап етеді.

Мақсаты: Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың жолдарын анықтау.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз не?

Функционалдық сауаттылық дегеніміз-адамдардың әлеуметтік , мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына , жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы.

Жай сауаттылық- адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндерді құру және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындауы.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде , кез келген жағдайда тиімді

пайдалана білуін қамтамасыз ету.Егер осы шарттар орындалғанда оқушының функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

Оқушылардың фукционалдық сауаттылық мазмұны келесі мағынада сипатталады.

- оқу, жазу сауаттылығынан;
- жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан;
- математикалық сауаттылығынан;
- компьютерлік сауаттылықтан;
- денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан;
- құқықтық сауаттылығынан.

Білім беру-танымдық құзіреттілікті қалыптастыру критерийі ретінде химияны оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға арналған әртүрлі типтегі тапсырмалар, сонымен қатар күрделі контекстік тапсырмалар (PISA) ұсынылады.

Белгілі бір мәселені шешу үшін оқушы:

- Жағдайды талдау негізінде мәселені тұжырымдаңыз.
- Көрсетілген есептің көп тапсырмасының белгісіздігінің шекаралық шарттарын белгілеңіз.
- Мәселені шешу үшін қажетті ресурстарды (білімді) таңдау (атауы).
- Мәселені шешудің тиімді жолдары мен құралдарын таңдау.
- Таңдауыңызды негіздеңіз. Таңдалған іс-әрекет әдістерінің тиімділігі мен мақсаттылығын дәлелдеу.

Оқушылардың пән мазмұнынан оқшау қалыптасатын әртүрлі жағдайларға, мәселелерге, құбылыстарға қатысты бағалау, түсіндіру, қорытынды жасау, болжау жасау қабілеттері қалыптасады. Әртүрлі пәндік салалардағы білім оңай жаңартылады және нақты мәселелерді шешу үшін пайдаланылады.

Мен өз сабақтарымды өту барысында, қмж құрастыруда оқушының функционалдық деңгейін дамытатын әртүрлі тапсырмалар алып сабақты ұйымдастырамын. Бұл тапсырмаларды оқушылар өте жоғары қызығушылықпен орындайды.

№1 тапсырма.Фтор, хлор, бром,иод галогендерге жатады.Осы галогендердің біреуі сутекпен қосылғанда балқытқыш қышқыл түзіледі.Сұрақ:Ол қандай галоген ?

Галогендер	Жауабы
1.Фтор	Иә/жоқ
2.Хлор	Иә/жоқ
3.Бром	Иә/жоқ
4.Иод	Иә/жоқ

Жауап:№1 иә.Дәлелдеме:Фтор галоген HF балқытқыш қышқыл деп аталады.

№2 тапсырма.Көмір ауады жанғанда оттекті қосылыстар түзетіні белгілі.Сұрақ:Егер оттек жеткіліксіз мөлшерде болғанда қандай қосылыс тұзеді?

№	Ол қандай оксид?	Жауабы
1	CO_2 көмірқышқыл газы	Иә/жоқ
2	H_2CO_3көмір қышқылы	Иә/жоқ
3	CO көмірқышқыл газы	Иә/жоқ

Дұрыс жауап:№3 ия

№3 тапсырма.Химиялық элемент азоттың маңызды қосылыстарының бірі – аммиак.Аммиак тұншықтырғыш иісті, тыныс жолдарын тітіркендіреді, тыныс алуды қолдамайтын газ.Ербол кішкентай інісімен кино көріп отырды.Кинода ер адам банк тонау

үшін күзеттегі адамды ерітіндіге батырылған шүберекпен мұрнын басып тез ақ есінен тандырды.Сұрақ:Ненің әсерінен болды?

№	Жауап	жауабы
1	Ауа жіберілмей мұрнын ұстап тұрды	Иә/жоқ
2	Мүсәтір спирті тыныс жолын бітеп тастайды	Иә/жоқ
3	Аммиак тыныс алуды қолдамайды	Иә/жоқ

Дұрыс жауап:№2,2 ия

Дәлелдемелер: Себебі екеуі де тыныс жолын бірден бітейді.Мүсәтір спиртінің құрамында аммиак болғандықтан.

Қорыта келгенде, сабақтың оқу мақсатына, ойлау дағдыларының деңгейіне сәйкес жоспарланған тиімді деп таңдалған әдіс-тәсілдермен берілген топтық, жұптық, жеке формадағы тапсырмалар белсенді оқу ортасының қалыптасуына, өз бетінше білім алу дағдыларын дамытуға бағытталуы тиіс. Бұған оқуды барынша белсенді, күрделі, қызықты, маңызды ету арқылы қол жеткізуге болады. Жеке және топпен бірлесе жұмыс істеу қабілеті, сын тұрғысынан ойлау дағдылары, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, өмірлік жағдаяттарда оң шешім қабылдау, адамзаттық құндылықтарға баулу - жаңартылған білім мазмұнының соның ішінде функционалдық сауаттылықты дамыту тиімді тұсы екенін атап айтқым келеді. Демек, «функционалдық сауаттылық» табысты оқытуың мәні – мұғалімдердің бойында XXI ғасырда өмірдің барлық саласында табысты болуы үшін қажетті кең ауқымды дағдыларды дарыту болып табылады. Оқушы кез келген ауызша және жазбаша мәтіндерді түсініп оқып, сын тұрғысынан қолдануға, басқалармен әртүрлі тақырып төңірегінде мазмұнды әңгіме жүргізіп, мәтін құра білуге белсенді оқыту мен оқу үдерісінде дағдыланады. Демек, білім мазмұнының жаңартылған шеңберінде функционалдық сауаттылығын дамыту технологиясы негізінде қысқа мерзімді жоспарды тиімді әзірлеудің табыстылығы оқу бағдарламасының талаптарын орындауға және оқу үлгеріміне оң әсер етеді. Жалпы мақаламды қорытындылай келе, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру және сыни ойлау жүйесін қалыптастыру технологиясы бұл мұғалімнің жан-жақты дамуы.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ:

1. Абдулаева О.А. UE тапсырмаларының педагогикалық потенциалы. / Оқу – әдістемелік құрал / СП АППО, 2010;
2. Акулова О.В. Писарева С.А., Пискунова Е.В. Студенттердің құзыреттілігін бағалауға арналған ситуациялық тапсырмаларды құрастыру: Мұғалімдерге арналған UMP. СП: КАРО, 2008 ж.
3. Демидова Н.З. Оқушылардың психикалық дербестігін дамыту құралы ретінде оқу міндеттерін рефлексиялық талдау. /SP, 2005./
4. Ермоленко В.А. Оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту: теориялық аспект // «Альманах кеңістігі және уақыт» электронды ғылыми басылымы, 2015 ж.

БАЛАБАҚШАДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Үкібаева Ақшолпан Берікқызы, тәрбиеші
Ақтөбе қаласы, «№6 «Орман ертегі» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

Жан-жақты физикалық жетілген және денсаулығы жақсы баланы өсіріп тәрбиелеу әрбір ата-ана мен балабақшаның міндеті. Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты-ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Бала болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу. Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл-ойы айқын, өз-өзіне сенімді, жан- жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан, бала организімінің қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру – ең басты міндетіміз. Қазіргі кездегі елімізде жүргізіліп жатқан білім саясаты әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға бағдарланған. Әлемдік білім кеңістігінен жалпы білім берудің басымдылық мақсаты – өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін, өз жолын дұрыс таңдай білетін, оң шешім қабылдай алатын тұлға даярлау. Қай кезеңде болмасын білім мен тәрбие егіз ұғым екендігін ескерсек, отбасынан бастау алған бала тәрбиесі мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарында жалғасын тауып, болашаққа қадам басары анық. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарындағы бүлдіршіндер тәрбиесін жан — жақты жетілдірудің жолдарын айқындап, бала денсаулығын сақтаудың жолдарын қарастыру заман талабынан туындап отырған жағдайлардың бірі. Мектепке дейінгі білімде баға жетпес гигиеналық тәрбиенің тәжірибесі мол болғанымен, қазіргі заманға сай баланың денсаулығының нашарлап, әлеуметтік жағдай баланың дұрыс өмір сүру бейнесін қалыптастыруда жаңа қарым — қатынасты меңзейді. Ұлттық денсаулық сақтау ұйымында баланың салауатты өмір салтына тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Баланың салауатты өмір салтын құру баланың тек психологиялық жеке — дара ерекшеліктері ғана емес, оны қоршаған ортасы мен жанұясы қолдап отыру қажет.

Қазақстандағы салауатты өмір салтын дамытудың бастамасы мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың денсаулығын сақтаудың аса қажет екендігін көрсетеді. Балабақша жұмысына денсаулық сақтау технологияларын енгізу қажетті заман талабынан туындайды. Осыған орай жұмыстың объектісі – мектепке дейінгі жаста баланың денсаулығын қорғау болып саналады.

Жұмыстың мақсаты — мектепке дейінгі ұйымда баланың денсаулығын сақтаудың, салауатты өмір салтын ұйымдастыру мен бала денсаулығын шыңдаудың мүмкіндіктерін қарастыру болып табылады.

Міндеттер: мектепке дейінгі ұйымда денсаулық сақтау технологиясын қолдану мүмкіндіктерін анықтау;

денсаулық сақтау технологиясына сипаттама бере отырып, мектепке дейінгі ұйымда денсаулық сақтау технологиясын пайдалану әдістемесін ұсыну; білім берудің жаңа технологияларын қолдану (денсаулық сақтау, ақпараттық) ғылыми — әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету, оларды іске асыру механизмдерін жетілдіру; балалардың денсаулығын сақтау мақсатында инновациялық бағыттағы материалдық — техникалық база қалыптастыру.

Күтілетін нәтижесі:

Мектепке дейінгі мекемедегі балалардың дені сау, психологиялық және интелектуалдық тұрғыда жан — жақты қалыптасқан, бастауышқа дайын болған мекеме түлегі.

Тәрбиешінің балалармен жұмыс жүргізуіндегі денсаулық сақтау технологиялары баланың денсаулығын сақтау және нығайту, дене жаттығуларын жасауға қызығушылықтарын арттыру, қимылдық іскерліктерін жақсартуда мектепке дейінгі мекемеде денсаулық сақтау технологияларының түрлері:
Балабақшада оқу — тәрбие жұмыстарын заман талабына сай жүргізу, баланың денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу медициналық және педагогикалық қызметкерлердің бірлескен нәтижелі еңбектеріне байланысты. Осындай мәселені шешу барысында біздің анықтағанымыз, баланың денсаулығын нығайтуда және аурудың алдын — алуда тек қана баланың қимыл белсенділіктерін көтеру өте аз, сонымен қатар шынықтыру шараларын жүйелі өткізу керек. Ол үшін педагог дәстүрлі жұмыстарға дәстүрден тыс жұмыс түрлерінің жүйесін тудыруы жөн.
Мысалы, жалаң аяқ жүру табан мен буындарды бекіту әдісі болып табылғандықтан барлық жаттығуларды жалаң аяқ ұйымдастырған өте ұтымды болады. Ертеңгілік жаттығуда әртүрлі формаларды қолдану:

Тыныс алу жаттығулары

Жалпақтабандылықтың алдын — алу жаттығулары

Сымбатты түзету жаттығулары

Созылу(стретчинг) жаттығалары

Йога жаттығулары

Көзге арналған жаттығулар

Таңертеңгі жаттығудан кейін тыныс алу немесе тұзды жолмен жүру өте тиімді. Сонымен қатар дене тәрбие сабақтарында дәстүрден тыс құрал — жабдықтарды қолданған жөн.

Баланың дені сау, салмақты, дене дамуы мықты, тәбеті жақсы, ұйқысы толыққанды болып өсуі үшін күн тәртібін қатаң сақтау қажет. Бұл балаға балалық шақтан бастап ағзасын кез — келген ауруға қарсы тұруына маңызды.

Себебі ағзада барлық өмірлік әрекеттер белгілі бір тәртіппен жүріп отырады. Жүрек ырғақты жұмыс жасайды, жиырылуы — босауы, тыныс алу, дем алумен — дем шығару кезектеседі, асқазандағы аста белгілі уақытта қорытылып отырады. Жалпы табиғатта барлық жағдайлар белгілі реттілікпен жүреді: жыл мезгілдерінің, күн мен түн ауысуы…

Міне, сондықтан мектепке дейінгі мекемелерде күн тәртібі сақталуға қатаң көңіл бөлінген. Шынықтыру – сауықтырудың да тәртібі болған жағдайда ғана баланың ағзасына тиімді болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1.Иманалиев Ш.И., Балалар мен жасөспірімдердің гигиенасы: Оқу қуралы. Алматы: Ғылым, 2008ж

2.А.Исаев «Если хочешь быть здоров» Алматы 2018 ж

3. Ребенок в детском саду журнал №5 2010г

4.Денсаулық журнал № 5 2016 ж

Жаңартылған білім беру жүйесінің ерекшеліктері

Үкібаева Ақнұр Алпамысқызы. Аманиязова Жазира Мұратқызы
Пригород орта мектебі

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігімен байланыстыру арқылы сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі – мемлекеттік тіл, қарым – қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – ғаламдық кеңістікті тану тілін оқытуда жаңашылдықтарды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – заман талабы болып отыр.

Оқытудың әдіс-тәсілдері өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңартылып, жаңаша ой-пікір пайда болды. Осыған байланысты мұғалімдер алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Барлық дамыған елдер өзінің бірегей жоғары сапалы білім беру жүйесіне ие. Негізгі мектеп үшін барлық мектептердегі оқыту стандарттарын Назарбаев Зияткерлік мектептерінің деңгейіне дейін жақсарту қажет. Жоғарғы мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеріп шығулары тиіс. Оқытудың нәтижесі сын тұрғысынан ойлау, өздігінен зерттеу және ақпаратты терең талдау дағдыларын меңгеруге тиіс. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ – ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалды бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: бөлім бойынша жиынтық бағалау (ББЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТБЖБ). Баланың жан – жақты ізденуіне ынталандырады. Критериалды бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы – баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үнемі жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының

бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі.

Білім мазмұнын жаңарту не үшін қажет?

Елімізде білім беру саясаты мен тәжірибеге ықпал ететін келесі маңызды салаларда айтарлықтай өзгерістер орын алды:

-экономика; -адамдардың өзін өзі басқаруы; -қарым-қатынас көлемі және жылдамдығы; -еңбек нарығының құрылымы; -шекарамыздың ашықтығы; -еліміздің азаматтарына ашылған мүмкіндіктер кеңістігі; -оқыту мен үйретудің анағұрлым нәтижелі тәсілдерінің анықталуы.

Білім беру жүйесіне өзгеріс енгізуге қажетті факторларды айтатын болсам, ол:

-әлем стандартына сай білім беру;

-бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу;

-табысты өмір сүру дағдаларын қалыптастыру;

-әлем азаматын тәрбиелеу;

-тәжірибелік дағдыларды дамыту;

-функционалдық сауаттылықты арттыру;

-мұғалімнің кәсіби шеберлігін жетілдіру.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы мақсаты мен міндеттерін айқындады. Айта кететін болсам, бағдарламаның мақсаты:

-бастауыш сынып пәндері бойынша білім беру бағдарламасын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

Қазіргі жаһандану заманында XXI ғасырдың азаматтарының бойында қандай білік, дағды қалыптасу керек? сұрағы негізгі мәселеге айналып отыр. Ал оны қалыптастыратын бірден-бір жауапты адам – бастауыш сынып мұғалімі. Бастауыш сынып мұғалімдерінің көтерер жүгі жеңіл емес. Өйткені мектепке келген жас бүлдіршіннің бойында ең алғаш білік, дағдаларды қалыптастырушы осы бастауыш сынып мұғалімдері. Бұл кезекте жаңартылған білім мазмұнының бағдарламасының ерекшеліктерін жете түсініп, меңгерген бастауыш сынып мұғалімі болашаққа бағдарланған оқушыны қалыптастырады деп ойлаймын.

Жаңартылған білім бағдарламасының ең бірінші ерекшелігі пән мазмұнының спиральды берілуі. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған білім беру бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Брунердің жұмысына негізделген спиральді білім беру бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

- оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды, мұнда тақырыптар әртүрлі деңгейде қайталанады, кейде бір тоқсан аясында, кейде әр тоқсан сайын;
- әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі, мұнда тақырыптар әрбір келесі деңгейде алдыңғыға қарағанда анағұрлым күрделі әрі тереңдетіліп оқылуы тиіс;
- жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады, мұнда деңгей жоғарылаған сайын, тақырыптың күрделілігі артып отыруы керек.

Қорыта айтқанда, жаңартылған білім беру бағдарламасының мәні, оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін шынайы өмірлік қажеттіліктерге асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті

дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012ж
2. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2016ж
3. « Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2016ж
4. Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения, 2012ж

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ, ӨЗ БЕТІНШЕ ЖҰМЫС ЖАСАУҒА ДАҒДЫЛАНДЫРУ.

ҮМБЕТОВА НҮРГҮЛ ТӘҢІРБЕРГЕНҚЫЗЫ
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ №25 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕП

Білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі – оқу ақпараттық технологияларды пайдалану.Оқушылардың білімін арттыру үшін сабақта жаңа технологияларды қолдана білу керек. Оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланысты.Басты талап-сабақтың сапасын арттыра отырып сабақ түрлері мен әдістерін танымдылық,білімділік деңгейге жеткізу.

Қазақ тілі сабағында әдістерді тиімді пайдалану арқылы оқушылардың білімге деген қызығушылықтарын арттыру, терең ойлау қабілетінің белсенділігін қалыптастыру, оқытудың жаңа технологиясы арқылы жүзеге асып келеді. Сонымен бірге қазақ тілі пән мұғалімдері «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы: «Ой шақыру», «Сұрақ қою», «Кубизм», «Кластер», «Түртіп алу», «Бес жолды өлең» стратегияларын сабақты өткізу барысында тиімді пайдаланады.

Сын тұрғысынан ойлау мен жазу бағдарламасын сабақтарында қолдану,оқушыға үйрету емес,оқушының үйренуіне көмектесу негізінде іске асырылады.Бұл жүйе оқытуды жаңаша ұйымдастырудың негізгі міндеттерін жүзеге асырады.Ұжымдық іс-әрекет білім игеруде ортақ қарым-қатынас құралына айналады.Білім алу мұғалім көмегімен оқушылардың білім деңгейіне қарап сараланады.

Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту,өз бетінше жұмыс жасауға дағдыландыру барысында инновациялық технологияның бір түрі педагогика ғылымының докторы,профессор Ж.Қаратаевтың деңгейлеп оқыту технологиясын қолдануға болады.Деңгейлік тапсырмаларды жүргізудегі негізгі мақсат- баланың қабілетін ашу, шығармашылығын шыңдау, іздендіру,пәнге қызығушылығын арттыру.Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттерді қарастырайық.

1.Оқушылардың өздігінен білімін толықтыра, жетілдіре отырып,жаңа білім алуы.

2.Оқушылардың бір-бірімен білім алмасуына дағдылануы.

3.Берілген білімді пысықтау.

4.Оқушының білімін тексеру,бақылау.

5.Шығармашылық қабілетін арттыру.

Деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушылардың тілін дамытып, сөздік қорын молайтуға мүмкіндік бар.Деңгейлеп оқытудың ерекшелігі: оқушылардың сабақ үрдісінде бірнеше деңгейде жұмыс жүргізе алатындығында. Деңгейлеп тапсырмалар арқылы мұғалім оқушының нені білетінін,нені меңгергенін, нені меңгермегенін біледі, соның нәтижесінді оқушыларда намыс оты оянып,басқалардан қалып қоймауды ойлап өз мүмкіндігіне қарай дайындық жасайды, әрі тырысады. Деңгейлік тапсырмалар дегеніміз- балаға шамадан тыс жүктеме беру, керісінше оқушының біліміне, мүмкіндігіне,сұранысы мен қабілетіне сәйкес дайындалған сатылы жұмыстар жүйесі.Деңгейлік әдістің маңыздылығы-оқушының шығармашылықпен белсенді жұмыс істеуін дамытады,әр оқушыны өздігінен үйренуге баулиды, өткен грамматикалық,лексикалық тақырыптарды жүйелі игеруге дағдыландырады,ой еңбегімен айналысуға жетелейді,яғни оқу-танымдық құзыреттілігі қалыптасады.

Бұл технология бойынша оқушылардың білімді өздігінен саналы түрде меңгеруіне ерекше мән берілген.Оқу іс-әрекетінің негізгі түрі оқушылардың өздігінен орындайтын жұмысы болып табылады.

Қазіргі кезде жаңа технологияның бірі визуалды компоненттер қолдану түрі. Бұл технологияның ерекшелігі оқушыны сурет бойынша сөйлету. Бұл технология оқушылардың есте сақтау қабілетін арттырады.Қазіргі кезде инновациялық технологияның бірі: ақпараттық технологияны қолдану болып саналады.Сабақта интерактивті тақтаға орындалатын жаттығулар да сауатты жазуға үйретеді.

Сабақта сипаттау,түсіндіру, талдау, әңгімелеу, жұптық жұмыс, «Кім жылдам» ойыны, сергіту жаттығулар жүргізілді. Әр сабақта әртүрлі инновациялық технологиялардың элементтерін қолдану арқылы оқушылардың тілге деген қызығушылықтары артып келе жатқаны білінеді.

Қазақ тілін меңгертуде айтылым,тілдесім,жазылым,сөйлесім әрекеттерін меңгерту өте маңызды.Ол оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптастырады,сөздік қорын молайту арқылы оқушыларды тілді меңгеруге жағдай жасайды.

Диалогтық оқыту модулі-қазақ тілі сабағында қолданылатын модульдердің тиімдісі. Бұл модуль мұғалімдер мен оқушылардың арасындағы қарым-қатынасты нығайту,сөйлеуі,сауатты жазуға,сыни тұрғыдан ойлауға және мәдениетті сөйлеуге үйретеді.

Выготскийдің оқыту моделі оқушы диалог құру нәтижесінде білім алады деп жорамалдайды. Сондықтан, оқушының білім деңгейін дамытуға әлеуметтік қолдау көрсетуде мұғалімнің рөлі ерекше. Оқушылардың көбірек білетін басқа адамдармен, әрине, бұл рөлдерде сыныптастары мен мұғалімдері болуы мүмкін ,диалог жүргізу мүмкіндігі болған жағдайда, оқыту жеңіл болмақ.Талданатын иедялар оқушы түсінігінің нақты бөлігі болмағанымен,ЖАДА аясында қарастырылғандықтан оқыту табысты болмақ.(нұсқаулық 98-бет)

- ✓ Диалогтық сөйлеуде қабылдаушы баяндаушының айтқан ойын, көзқарасын бірден түсінуі қажет.
- ✓ Қабылдаушы бірден аяқ асты жауап беруі тиіс.
- ✓ Сөйлеу барысында қабылдаушы тыңдалым мен айтылым әрекетін бір-бірімен сабақтастыра меңгеру керек.

Монологтық сөйлеу барысында қабылдаушы баяндаушының айтқан ойын, көзқарасын саналы түрде ұғынып, оны логикалық жүйелікпен айтуы керек. Монолог арқылы оқушылардың мынадай іскерліктері қалыптасады:

- ✓ Белгілі бір тақырыпқа өз көзқарасын білдіреді

- ✓ Белгілі бір тақырып бойынша ақпарат береді
- ✓ Сөз тіркесі мен сөйлем құрай білу дағдылары қалыптасады
- ✓ Сөйлеу тілін байытады
- ✓ Сөздік қорын байытады
- ✓ Нақты,дәл,анық жауап беруге үйретеді
- ✓ Әдеби тіл нормасында сөйлеуге дағдыландырады

Топтық жұмыс оқушылардың сүйікті жұмыс түрлерінің бірі болып табылады.Бұл жерде «неге?» деген сұрақ туындайды.Себебі,оқушылар үшін ең маңыздысы – қателік жіберіп алмау деген қорқыныш сезімін жеңу,өзіне деген сенімділіктің пайда болуы.Топтық жұмыстың нәтижесінде оқушылар берілген материалды жақсы меңгереді.Олардың шығармашылық қабілетін дамытуға септігін тигізеді,сонымен қатар топтық жұмыс сабақты қызықты етіп өткізуге көмектеседі. Топқа бөлуде түрлі суреттер , зат есімнің жалғаулары, смайликтер,санамақтар,АКТ т.б. пайдаланылады.Балалардың қызығушылығы осы үдерісте көтеріледі.

АКТ оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп,мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал болып отыр (нұсқаулық 11-бет). Қазіргі заман оқытуының талабына сай сабақ компьютерлік технологияларды қолдану,презентация,слайдтар арқылы баяндаудан басталады.Сабақ барысы слайдтар арқылы оқушыларға көрсетіліп тұрады.

Оқу үрдісінде компьютер оқып-үйрену нысаны ретінде,сонымен бірге оқыту, тәрбиелеу ,дамыту мен оқытудың мазмұнын меңгеруді диагностикалау құралы ретінде әрекет етеді.Мұның өзі ақпараттық технологияларды пайдаланудың екі бағыты бар екендігін анықтауға мүмкіндік береді.

Бірінші бағыт тұрғысынан алып қарасақ, ақпараттық технологиялар білім, білік,дағдыны игеру үшін қажетті ресурс болып табылып,оқушылардың саналы тәрбие, сапалы білім алуына жағдай жасайды.

Екінші бағыт тұрғысында ақпараттық технологиялар оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру тиімділігін арттырудың қуатты құралы болып табылады.

Қорыта келе,қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында жаңа технология әдісін қолданудың жалпыға білім беретін мектептерде тиімділігі жоғары.Дәстүрлі әдістемеге тән нәрселер өзін-өзі оқыту, өзін-өзі дамытумен ғана шектеліп, өзара бір-бірімен тәжірибе алмаса алмайды, басқа топтармен топтасуға келмейді,тек бір жақты бағытты қалыптастырады. Ал,жаңа технологияны оқытудың мақсаты әр оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына жақсы жағдай туғызуды ұйымдастырады.Мұғалім сабақтарында жаңа технологияны қолданудың өзі инновациялық шығармашылықты қамтиды. Сабақтың өзгеше немесе өте қызықты болуына әкелетін әдіс-тәсілдер деп жаңа технологиялық әдістерді айтуға болады.Сондықтан, жаңа технологиялық әдіспен сабақ берудің қазіргі заман талабына сай ,жүйелі де сапалы білім беруге,жан-жақты дамыған шығармашылық тұлға қалыптастыруда маңызы аса жоғары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қараев Ж.А, Кобдикова Ж.У. Актуальные проблемы модернизации педагогической системы на основе технологического подхода. А:2005.34б.

2.Мұғалімге арналған нұсқаулық.Екінші (негізгі) деңгей.

3.Бақзыбаева Н. Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру. –А:Қазақ тілі , №4,2007.

4.Қуанышбаева А. Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану.А: Қазақ тілі: Әдістеме.Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, №2,2004.

УЧЕБНЫЕ ПРОЕКТЫ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ НАВЫКОВ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Хабибуллина Рушания Якуповна
КГУ «Средняя школа – гимназия №9» учитель начальных классов

Современные образовательные технологии - это поле для творческой деятельности любого преподавателя. Личный интерес обучающегося – это решающий фактор процесса образования. Одной из главных задач считаю, является повышение педагогического мастерства учителя путём освоения современных образовательных технологий обучения и воспитания.

Таким образом, разработка проекта – это путь к саморазвитию личности через осознание собственных потребностей, через самореализацию в предметной деятельности. Среди современных педагогических технологий в последние годы проектная деятельность учащихся приобретает все большую популярность, т.к. она:

- личностно - ориентирована;
- характеризуется возрастанием интереса и вовлеченности в работу по мере ее выполнения;
- позволяет реализовывать педагогические цели на всех этапах;
- позволяет учиться на собственном опыте, на реализации конкретного дела;
- приносит удовлетворение ученикам, видящим продукт собственного труда.

Практическая основа технологии учебных проектов:

- индивидуальные и коллективные проекты во внеурочной деятельности;
- уроки в режиме проектного обучения;
- опытно-экспериментальная работа.

Интернет является одним из самых удобных современных способов поиска и передачи информации. Ресурсы Сети я использую как для поиска дополнительного материала к урокам и презентациям, так и для самообразования и повышения своей квалификации.

Сегодня остро стоит вопрос об организации учебного процесса, направленного на развитие творческих способностей личности и навыков исследовательской деятельности. Технология проектного обучения широко используется мной в работе с детьми. Люблю, когда дети с большим интересом берутся за выполнение исследовательского проекта, когда у них горят глаза.

Проектная деятельность позволяет мне не только совершенствовать коммуникативную компетенцию обучающихся, но также расширить содержательную основу обучения.

Использование технологии проектного обучения повышает общее интеллектуальное развитие, также способствует развитию таких качеств личности, как самостоятельность, целеустремленность, ответственность, инициативность, настойчивость, толерантность.

В настоящее время процесс обучения всё больше связывают с деятельностным подходом к освоению детьми новых знаний. Одной из разновидностей такого подхода является проектная деятельность.

В основе этого метода лежит развитие познавательных навыков учащихся, умений самостоятельно конструировать свои знания, ориентироваться в информационном пространстве, развитие критического и творческого мышления, умение увидеть, сформулировать и решить проблему.

Это справедливо и по отношению к учащимся начальных классов. Конечно, возраст накладывает естественные ограничения на организацию проектной деятельности в начальной школе, однако мы начинаем вовлекать младших школьников в проектную деятельность с первого класса.

В проектной деятельности младших школьников выделяются следующие этапы учебной деятельности:

- *мотивационный* (учитель заявляет общий замысел, создаёт положительный мотивационный настрой; ученики обсуждают, предлагают свои идеи);

- *планирующий – подготовительный* (определяются тема и цели проекта, формулируются задачи, вырабатывается план действий, устанавливаются критерии оценки результата и процесса, согласовываются способы совместной деятельности сначала с максимальной помощью учителя, позднее с нарастанием ученической самостоятельности);

- *информационно-операционный* (ученики собирают материал, работают с литературой и другими источниками, непосредственно выполняют проект; учитель наблюдает, координирует, поддерживает, сам является информационным источником);

- *рефлексивно-оценочный* (ученики представляют проекты, участвуют в коллективном обсуждении и содержательной оценке результатов и процесса работы, осуществляют устную или письменную самооценку, учитель выступает участником коллективной оценочной деятельности).

При таком построении проектной деятельности учащиеся оказываются в различных жизненных ситуациях, сталкиваются с затруднениями, преодолевают их как интуитивно, так и посредством новых знаний, которые нужно самостоятельно добывать для достижения поставленной цели.

Исследовательская работа позволяет перевести ученика из слушателя в активного участника процесса обучения. Исследовательское поведение – один из важнейших источников получения ребенком представлений о мире. Исследовать, открыть, изучить – значит сделать шаг в неопознанный мир. Дети по природе своей исследователи и с большим интересом участвуют в различных исследовательских делах. Успех исследования во многом зависит от его организации. Очень важно научить детей наблюдать, сравнивать, задавать вопросы и выработать желание найти ответы. А, значит, нужно читать дополнительную литературу, учиться ставить эксперименты, обсуждать результаты, прислушиваться к чужому мнению. При проведении исследований дети учатся мыслить, делать выводы.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Хамадинова Алтынай Маратовна
«М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі»

Баяндамада қазақ тілі сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың өз тәжірибемдегі қолданылып жүрген жаңа тәсілдер мен әдістер туралы айтылған. Мұнда оқушылардың сөйлесім әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім) меңгерту жолдары; алған білімдерін өмірде қолдана алуға үйрету тәсілдері; мемлекеттік тілде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасауға дағдылануы; әлеуметтік талаптарға сай келу үшін ақпараттық технологиялардың қолдануы; өз-өзіне сыни қарау, өз-өзін бағалау, өзгелерді бағалау дағдыларын дамыту арқылы өзгермелі өмірге бейімделуіне үйренуіне жасалған әдіс-тәсілдерім туралы тәжірибемнен ұсынып отырмын.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз не? Функционалдық сауаттылық дегеніміз - адамдардың әлеуметтік , мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына , жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Осыған орай, Ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықтың **төрт** негізгі механизмін бөліп көрсетеді.

Оның **бірінші механизмі** - оқыту әдіснамасы мен мазмұнын түбегейлі жаңарту / МЖБС - мемлекеттік стандарт/ . Ол үшін мұғалім оқушының бойына әлеуметтік ортаға бейімделуіне, алған білімін практикалық жағдайда тиімді пайдалана алатындай негізгі құзыреттіліктерді сіңіруі керек.

Ұлттық жоспарда көрсетілген функционалдық сауаттылықтың **екінші механизмі** - оқу нәтижелерінің бағалау жүйесін өзгерту. /Қазіргі біз қолданып отырған жүйеде 5, 4 және 3 деген бағаларды не үшін қоюға болатыны нақты анықталмаған / Бағалау жүйесі функционалдық сауаттылықта сырттай бағалау және іштей бағалау болып бөлінеді. Іштей бағалау - оқу пәні бойынша оқыту сапасын диагностикалау. Ал сырттай бағалау - әрбір деңгейді аяқтау бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің нәтижелері /ҰБТ,ОЖСБ-ВОУД/. Сондай-ақ халықаралық зерттеулерге қатысуы . Білім алушылардың өзін-өзі бағалауы өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі жетілдіру үшін жеке жетістіктерін бағалау арқылы жүзеге асырылады. Критериялық бағалау жүйесі енгізілетін болады.

Функционалдық сауаттылықтың **үшінші механизмі** - ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету.Ата-ананың борышы бала бойына жас кезінен адами құндылықтарын дарытып, саналы өмір сүруге баулу. Ата-ана баласының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін мұғалімдермен тығыз байланыс жасау керек. Ата-ана баласының ерекше қасиетін тану, түсініп қол үшін беру, олардың қабілетін дамыту, бойына рухани құндылықтарды қалыптастыру, жағымсыз мінез-құлық, әдеттерден арылтуға көмек беруі керек. Ата-ананың бойында да фукционалдық сауаттылық болуы тиіс. Бұл үшін мемлекет жаңа әдістемені әзірлеуге кірісті. Осы әдістеменің негізінде ата-аналарға арналған семинарлар мен тренингтер өткізіледі. Аталған жұмысқа Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) және азаматтық қауымдастықтың басқа да секторлары белсенді тартылады.

Төртінші механизм - қосымша білім беру жүйесін дамыту. Ұлттық жоспарда оқушылар сарайы,музыка мектептері,жас техниктер мен натура-листер станциялары жұмыстарын түбегейлі өзгерту қарастырылған. Қазақстанның тарихында алғаш рет аталған ұйымдардың

материалдық техникалық базасы жаңартылатын болады.Оқытудың жаңа технологиялары мен интерактивтік, инновациялық формалары енгізілетін болады. Олар: балалар интерактивті парктері (ғылыми қалалар), технопарктер, балалар мұражайлары, ғылыми үйірмелер және т.б. Мұндай оқыту жүйесі баланың санасына әлеуметтік тұрмысына, төңіректегі әлемге терең көзбен қарап үйреніп, жолығатын қиын мәселелерді оңай шешетін болады. Бұрынғыдай мектептен шыққан соң бала үйренген білімін ұмытып қалмайды, қайта өмірде пайдаланатын болады.

Баяндамамның соңында қазақ тілі пәнінен оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесіне мынандай тұжырымдарманы ұсынуға болады:

1.Оқушыларға бірінші сабақтан бастап сөйлесім әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім) меңгерте білу;

2. Оқушылардың алған білімдерін өмірде, кез-келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолдана алуға үйрету;

3.Мемлекеттік тілде ауызша,жазбаша қарым-қатынас жасау;

4.Әлеуметтік талаптарға сай келу үшін оқушыны ақпараттық технологияларды қолдану және проблемалардың шешімін таба алуға үйрету;

5. Оқушыларды өзгермелі өмірге бейімделуге үйрету ;

6. Оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытуы;

7.Оқушылардың әлеуметтік-мәдени дағдыларын дамытуы ;

8. Қазақ халқының салт –дәстүрі, мәдениеті, тарихын түсіну және құрметтеуге баулу;

Республикамыздың білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне тек сөйлесу тілі, мемлекеттік тіл деген ұғымда ғана қалдырмай, ғылым тіліне дейін жеткізу болып отыр. Қазіргі заман талабы – өз елінің нағыз патриоттарын тәрбиелеу заманы, өз тілін, өз Отанын жанымен сүйе білетін азамат тәрбиелеу – әр ұстаздың міндеті.

«ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫСТА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»

Хасенова Айасыл Сериковна
Жадырасынова Салтанат Манарбековна
№60 ЖББОМ Педагог-психолог

Ерекше білім берудің мақсаты: барлық оқушыларға қоғамда толыққанды өмір сүру, топқа, жергілікті қауымдастыққа белсенді қатысу, сол арқылы қауымдастықтың мүшелері ретінде бір-біріне өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету болып келеді.

Білім берудің бұл түрінде мүмкіндігі шектеулі баланың өз-өзіне сенімі артады, өзіне қолдау бар екенін сезінеді, баланың өзін-өзі бағалай білуіне, қоршаған ортасына сүйіспеншілікпен қарауына, өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне жол ашады, осы сенімділіктерін дамыта түсуде психологтың рөлі зор.

Ата-анасы да баласының дамуы мен тәрбиесіне белсене қатысып, жеткіншек алдында жауапкершіліктері артады. Психолог ата-анамен тікелей байланыста болып, баланың білім алуына үлес қосады.

Психологиялық қолдаудың мазмұны мен құрылымы көбінесе диагнозға, ақауға, баланың компенсаторлық мүмкіндіктеріне, «оның проксимальды даму аймағына», жеке тұлғаға бағытталған тәсілге байланысты. Мамандар балаларды жеке тексереді, оларды сабақ барысында, еркін іс-әрекетте бақылайды.

Мүмкіндігі шектеулі баланы сүйемелдеудің ең оңтайлы әдісін таңдау үшін баланың осы уақыт кезеңіндегі мүмкіндіктерін егжей-тегжейлі зерттеу қажет. Білім беру жүйесінде жұмыс істейтін психолог айналадағы адамдарға шыдамды, мейірімді, жанашыр, тапқыр, әріптестерінің пікірін тыңдай білуі керек, сонымен бірге негізгі білімге, әртүрлі әдістер мен диагностикаға ие болуы керек.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыста психологтың жұмыс жасаудағы ерекшелігі:

1. Мектеп жағдайына тез бейімделуге қажет әлеуметтік- адамгершілік жағымды мінез-құлық қалыптастыру
2. Оқуға қызығушылығын дамыту
3. Жеке тұлғалық ерекшеліктерін дамыту (оқу белсенділігі, өз бетімен жұмыс істеу т.б.) арқылы оқудағы қиындықтарды жою
4. Жалпы интеллектуалдық біліктілігін жас ерекшелігіне қарай дамыту (салыстыру, қарым-қатынас, практикалық топ, ойлау т.б.)
5. Жалпы даму деңгейін көтеру және жеке дамуындағы ауытқушылықты түзету.
6. Өз жасына сәйкес баланың жалпы дамуын және біліктілігін дағдыларын нығайту үшін жағымды әлеуметтік орта қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- Оқудағы негізгі қиындықтары жойылады;
- Әлеуметтік – адамгершілік қасиеттері дамиды, жағымды мінез – құлық қалыптасады;
- Өзіне деген сенімділігі артады.

Ерекше білімді қажет ететін балаларға танымдық іс-әрекетін ойын арқылы дамытудың артықшылықтары:

1. Қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға бейімдеуде мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелей отырып, рухани-адамгершілік құндылықтарының негізі қаланады;
2. Психологиялық-педагогикалық танымдық ойын-тапсырмалар арқылы баланың қызығушылықтары артады;
3. Өз ойы мен сезімін еркін білдіруге, шешуі қиын шиеленісті жағдайдың дұрыс жолын табуға әдеттенеді;
4. Танымдық іс-әрекет процестері дамиды;
5. Баланың жан-жақты білім мен тәрбиені қатар меңгеруге жағдай жасалады;
6. Баланың ішкі жан дүниесін анықтауға себепші болады;
7. Мектепте оқуға психологиялық қызығушылығы артады;
8. Баланың сана-сезімі дамуына себепші болады.

Тиімді жақтары:

1. Ересектермен өзара тұлғалық қарым-қатынас орната білуі;
2. Педагог пен бала арасында рухани шынайы қарым-қатынас орнауы;
3. Мүмкіндігі шектеулі баланың жеке психологиялық ерекшеліктері анықталады және сипатталады;
4. Бала ойын ашық еркін ерікті түрде айтуы, тілдік қарым-қатынастың дамуы;
5. Баланың сана-сезімі дамуына себепші болады.
6. Баламен жеке тұлға ретінде сөздік қарам-қатынас орнатылады;
7. Ата-аналардың балалар тәрбиесіне деген көзқарасы жоғарылайды, педагогке деген сенім-сезімдері жақсарады;

Ерекше білімді қажет ететін балаларға білім беру мемлекетіміздің алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі, оларды қоғамдық өмірге дайындау, әлеуметтік бейімдеу, жан-жақты дамуларына көмек көрсету, әлеуметтік өмір шеңберде тең құқылы тіршілік ете алуларына жағдай жасау.

Қазіргі кезде елімізде, мектептерде ерекше білімді қажет ететін балалардың білім деңгейін көтеріп, өмірге қажетті білім білік дағдысын, тәртібін қалыптастыруға байланысты түрлі шаралар жасалуда.

Балалармен жұмыс жүргізу барысында жоғарыда аталған танымдық ойын түрлерін өз жұмысында қолданып, ойын арқылы бала сенім-сезімдерін, танымдық іс-әрекеттерін дамытудағы нәтижелерім бала бойынан көрініп, оң нәтиже танытып келеді.

Болашақ ұрпақ бойына адами құндылықтарды сіңіріп, тәрбие өлшемдеріне сыйластық ниетпен қарауға, осы арқылы педагогикалық инновациялар мен жаңа технологияларды игерген үйлесімді болашақ тұлғаны қалыптастыруға міндеттіміз.

Ерекше білім беру кеңістігіндегі педагог-психолог қызметінің жетекші бағыты перспективалық жоспарлау болып табылады. Барлық жұмыс жылдық жоспарға, зерттеу бағдарламаларына, аралық мониторингтерге, оқушылармен түзету-дамыту жұмыстарына сәйкес жүзеге асырылады.

Бірақ осы бағыттардан ең маныздысы ол ата-анамен жұмыс. Оларға «ерекше» балаларды білім беру ортасына балалармен тең қосу «ерекше» балалар үшін пайдалы екендігі туралы ақпарат беру маңызды, ал бірлескен оқытудың басты оң факторы төзімділікті дамыту болып табылады. Егер Біз мектепке дейінгі мекеме туралы айтатын болсақ, онда балалар бір-біріне оңай бейімделеді, тез үйренеді. Толеранттылықты кешенді қалыптастыру (мұғалімдер мен ата-аналар тарапынан) балалар арасындағы табысты қарым-қатынасты қалыптастырады.

Психологиялық қолдаудың мазмұны мен құрылымы көбінесе диагнозға, ақауға, баланың компенсаторлық мүмкіндіктеріне, «оның проксимальды даму аймағына», жеке тұлғаға бағытталған тәсілге байланысты. Мүмкіндігі шектеулі баланы сүйемелдеудің ең оңтайлы әдісін таңдау үшін баланың осы уақыт кезеңіндегі мүмкіндіктерін егжей-тегжейлі зерттеу қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Жайтапова А. А.. Мектеп табалдырығында 21-ші ғасырдың педагогикасы.Алматы. 2009.

2 .Грозная Н. Инклюзивті білім беруді дамыту: халықаралық тәжірибе. 2004 / / ресурсқа жүгіну 29.12.2006.

3. Инклюзивті мектепке барар жолда. Пособие для учителей. USAID, 2007 8. Жауап: Интеграцияланған (инклюзивті) білім: генезис және енгізу мәселелері / / Әлеуметтік педагогика. - 2010. - № 1.

4. Білім берудің Практикалық психологиясы: оқу.пособие для студ. психол. Фак. Университеттер / Р. В. Овчарова. – 3-ші басылым., стер. - М.: "Академия" баспа орталығы, 2007. – 448 б.

5. Романов П. В., Ярская-Смирнова Е. Р. Саясат инвалидности: Қазіргі Ресейде мүгедектердің әлеуметтік азаматтығы. - Саратов: "ғылыми кітап" баспасы, 2006.

РАБОТА СО СЛАБОУСПЕВАЮЩИМИ УЧЕНИКАМИ

Цукур Галина Анатольевна, Нурмуканова Гульжаухар Жакыповна
Общеобразовательная средняя школа-гимназия №2,
учителя начальных классов

Одной из главных проблем, которую приходится решать педагогам наших школ, — это работа со слабоуспевающими учащимися. Слабоуспевающими принято считать учащихся,

которые имеют слабые умственные способности и слабые учебные умения и навыки, низкий уровень памяти или те, у которых отсутствуют действенные мотивы учения. Чтобы данная категория учащихся не перешла в разряд неуспевающих, необходима систематизированная работа со слабоуспевающими учащимися.

Чтобы предотвратить неуспеваемость, надо своевременно выявлять образовавшиеся пробелы в знаниях, умениях и навыках учащихся и организовать своевременную ликвидацию пробелов. Нужно систематически обучать учащихся общеучебным умениям и навыкам, и организовать учебный процесс так, чтобы вызвать и развить у учащихся стойкий познавательный интерес к учению.

Для закрепления материала необходимо более длительное время и больший объём решаемых задач. Чтобы повысить работоспособность у учащихся необходимо: разнообразить виды деятельности, проветривать кабинет, проводить физминутки.

Целью работы со слабоуспевающими детьми признается не только восполнение пробелов в их учебной подготовке, но одновременно и развитие их познавательной самостоятельности. Допускается временное снижение требований к таким школьникам, что позволит им постепенно наверстать упущенное. Осуществляется нейтрализация причин неуспеваемости (устранение отрицательно действующих обстоятельств и усиление положительных моментов). Создание особых условий опроса для слабоуспевающих учеников. Рекомендуется давать им больше времени для обдумывания ответа у доски, помогать излагать содержание урока, используя план, схемы, плакаты. Необходима дифференциация и домашней работы учащихся.

Формы работы учителя со слабоуспевающими с использованием индивидуально-дифференцированного подхода:

1.Создание положительного эмоционального настроя на работу всех учеников в ходе урока.

- Применение знаний, позволяющих ученику самому выбирать тип, вид и форму материала (словесную, графическую, условно-символическую).
- Использование творческих заданий.
- Стимулирование учеников к выбору и самостоятельному использованию различных способов выполнения заданий.

2. Оценка (поощрение) при опросе на уроке не только правильного ответа ученика, но и анализ того, как ученик рассуждал, какой способ использовал, почему ошибся и в чём. Обсуждение с детьми в конце урока не только того, что «мы узнали», но и того, что понравилось (не понравилось) и почему, что бы хотелось выполнить еще раз, а что сделать по-другому.

В своей практике мы часто используем **различные виды дидактического материала:** учебные тексты; карточки –помогайки, алгоритмы, карточки-тренажеры; карточки с выбором ответа; карточки-конспекты; карточки с образцом решения; задания разрабатываются по тематике, по уровню сложности, по цели использования на основе дифференцированного и индивидуального подхода с учетом ведущего типа учебной деятельности учащегося (познавательная, коммуникативная, творческая).

Следует применять многократное повторение изучаемого материала в разных формах (устно, тестирование, в парах, по карточкам, таблицам, релейное повторение, комментированное управление, интерактивное включение и т.д.)

Рекомендуем использовать такие виды деятельности, как: диспуты и дискуссии, проектная деятельность, групповая работа, работа в парах, творческие задания, ролевые игры.

Примеры из опыта работы:

- Индивидуально-дифференцированный подход в обучении

- Создание ситуации успеха – творческие работы детей, участие в конкурсах, олимпиадах, акциях
- Работа в парах, группах, ролевые игры
- Практическая направленность уроков
- Тесная взаимосвязь с родителями

На каждом уроке мы ведём анализ ошибок, допускаемых учениками. Учеников делим на группы по проблеме пробелов знаний. Проводим индивидуальную работу на уроках и во внеурочное время, осуществляется индивидуально-личностный подход к коррекции знаний учащихся. Индивидуальная работа с учащимися – это постоянное внимание каждому из них на уроке, во время опроса, в процессе изложения и закрепления материала, а также при объяснении домашнего задания.

После проведения формативных работ, СОР, СОЧ проводим анализ ошибок. Ученикам даются типичные задания для отработки навыков умений и знаний по допущенным ошибкам. Ведётся индивидуальная работа. Каждое выполненное задание проверяется, предлагается ученикам решить задания такого же типа. Ежедневно задания усложняются. Для детей со слабым вниманием и непониманием до конца нового материала, подбираются особые типы заданий. С ними приходиться прорабатывать новый материал по схемам, таблицам, опираясь на алгоритм по оформлению заданий, по образцу. Тестирование, проводимое на уроках, позволяет осуществить глубокий контроль знаний, помогает выявить пробелы, порождаемые излишне трудными учебными задачами, для выполнения которых слабому ученику необходима помощь учителя. Учителю для успешной работы с каждым учеником необходимо знать его домашние условия для учебной работы, пробелы в знаниях и их причины, учитывать его интерес к предмету, взаимоотношение с классным коллективом и непосредственно с учителем.

Заключение: Какие бы инновационные методы и технологии не внедрялись в образовательный процесс, слабоуспевающие ученики есть и всегда будут в любом классе. Поэтому, надо постараться создать ситуацию успеха на уроке (атмосфера доверия,

обращение по имени, доброжелательный визуальный контакт, постоянно проявление интереса к ученику, сопереживание ему). Стараться сделать ситуацию успеха достижимой, выбирая такие задания, при выполнении которых ученики чаще добиваются успехов, чем неудач.

Список литературы:

1. Выготский Л.С. Педагогическая психология-М., 1996 г.
2. Еропкина А. «Большое внимания слабоуспевающим ученикам» // Начальная школа, 1985 г. № 9 –с.22.
3. Зинченко С.Н. «Почему детям бывает трудно учиться» - К., 1990 г.- с.107.
4. Коросель И. «Работа со слабоуспевающими учащими» // Завуч.-2000г., № 3-с.101.
5. Кумарина Г. «Компенсирующее обученик» // Начальная школа- 1995 г., № 3 –с.72.
6. Подласый И.П. Педагогика начальной школы – М.: Владос.,2000г.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Чанчарова Бағдагүл Бекмұратқызы
МКҚК "Шұғыла" бөбекжай бақшасының
"Құлыншақ" ерте жас тобының тәрбиешісі

Аңдатпа. *Бұл мақалада мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогтарды даярлауда инновациялық технологияларды қолдану туралы баяндалған. Сонымен қатар қазіргі таңдағы инновациялық технологиялардың түрлері баяндалған.*

Қазіргі таңда мектепке дейінгі орындарда инновациялық технологияны ендіруге көптеп күш жұмсалады. Сол себепті мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың негізгі міндеті: әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау,жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу,жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау. Мектепке дейінгі білім беру орындарында, педагогикалық технологиялар мектепке дейінгі білім беру стандартын жүзеге асыруға бағытталған.

Педагогикалық технологияда ең маңызды жағы білім беру мен тәрбие жүйесінде ересектер мен балалардың қарым-қатынасы болып табылады. Қарым-қатынас жасауда үлкендер жағынан балаға мынадай жағдай туғызу қажет: «Бала біздің болашағымыз, қоғамыздың азаматы». Оның мақсаты: Баланы жеке тұлға етіп қалыптастыру. Қазіргі таңдағы білім беру технологиясының қатарына мыналар кіреді:

Оқыту технологиялары

1.Денсаулық сақтау технологиясы

2. Жоба іс-шығармашылық технологиясы

3.Қатынастық ақпарат технологиясы.

4.Ойын технологиясы

5. Тәй-тәй технологиясы

6. М.Монтессори әдіс-тәсілдері

Ал технологиялық білім дегеніміз-білім, біліктілік, интелектуалдық кәсіптік әдіс - тәсілдерді қолдану. Жаңа технология бойынша білімді үнемі бүгінгі жас ұрпақ тәрбиеленушілерге меңгертіп отырсақ, балалардың жаңаша көзқарас үрдісі дамиды.

Білім берудің алғашқы деңгейі балабақшадан басталады.Біз күнделікті оқу қызметтерін Тәй-тәй технологиясының элементтерін пайдалана отырып,орталықтарға бөліп ұйымдастырамыз,бұл технологияның тиімділігі балалардың қай салаға жақын екендігі айқындалып,ата-анамен байланыс нығаяды.Сонымен қатар түрлендіріп қойылым ойындарын көптеп қолданамыз,бұл ойынның мақсаты бала белгілі –бір бейнені орындай отырып,өзіне деген сенімділік пайда болады.Баланың жан-жақты дамуында дамытушы ортаның маңызы зор. Қазіргі таңда бөбекжайымызда Монтессори технологиясына көптеп көңіл бөлініп,әрбір топта арнайы ойын бұрыштары бар. Монтессори технологиясын қолдану арқылы балалардың қол маторикасын дамытып,өз беттерінше жұмыстар атқарып,қиыншылықтарды жеңе білуге,еркін ойлауға тәрбиелейміз. М. Монтессори жүйесінің ең басты принципі: әрбір бала жеке жоспар бойынша арнайы дайындалған ортада жеке өз бетінше дамиды, жетіледі, ал негізгі ұраны: «Мен өзім жасауыма көмектес». Ересек адамның атқаратын қызметі; әрбір балаға жеке даму жолын тауып беріп, олардың табиғи қабілеттерін ашу; М. Монтессоридің жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі: ересектер дамитын орта, дидактикалық құралдар.

Денсаулық сақтау технологиясы.

Денсаулық сақтау технологиясының мақсаты: Баланың денсаулығын нығайтуға, білім дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары, баланың денсаулығы мен оның дене бітімінің қалыптасуына үлкен үлес қосады. Қазіргі кезде баланың денсаулығын сақтау және нығайту үшін көптеген іс – шаралар түрлері қолданылады.

Денсаулық сақтау педагогикалық технологиясын мына төмендегілермен тығыз байланыста болады:

- Мектепке дейінгі мекемелермен.
- Ондағы балалардың күнделікті қатынасуы
- Тәрбиешілердің жұмыс бағдарламасы.
- Мектепке дейінгі ұйымдардағы іс-шаралар.
- Педагогтың кәсібі құзіреттілігі.
- Балалардың денсаулық көрсетілімі.

Денсаулық технологиялардың бірнеше түрлері бар: медико – профилактикалық, шынықтыру – сауықтыру, педагогтардын денсаулығын сақтау, ата – аналарға валеологиялық білім беру, бөбекжайдағы денсаулық сақтау технологиялары.

I.Медико – профилактикалық технологиясы

- мектепке дейінгі балалардың денсаулық мониторингі;
- дұрыс тамақтануды ұйымдастыру және бақылау;
- балалардың физикалық дамуы;
- бөбекжайдағы профилактикалық шаралар ұйымдастыру;
- СанПин талаптарын орындау;
- МдҰ-ғы денсаулық ортасын ұйымдастыру.

II. Шынықтыру – сауықтыру технологиясы

- физикалық қасиеттері мен қозғалыс белсенділігінің дамуы;
- мектепке дейінгілердің дене шынықтыру мәдениетінің қалыптасуы;
- демалу, кинезиологиялық гимнастикалар;
- массаж;
- майтабан профилактикасы мен дене келбетінің дұрыс қалыптасуы;
- денсаулығын күту.

III. Педагогтардың денсаулық сақтау технологиясы

Медбике педагогтарға жұмыста қолданылатын түрлі массаждар, гимнастикалық туралы айтып өтіп, көрсетеді.

IV. Ата – аналарға валеологиялық білім беру

Бала тәрбиесі отбасынан басталады. Егер үйде күн тәртібі дұрыс ұйымдастырылса, ата – аналар бала денсаулығына көңіл бөлсе, әрине баланың физикалық дамуына әсер етеді. Сондықтан ата – аналармен келесі жұмыс түрлері қолданылады: әңгіме, ақыл – кеңес беру, практикумдар, «дөңгелек үстелдер» т.б.

Кез-келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық психологиялық, педагогикалық шеберлікті,бала дүниетанымын терең танып,ұғына білуді мақсат етеді. Жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану және оны ұйымдастыруға ақпарат құралдары да,талапқа сай болу қажет.

Қазіргі таңда ешбір жас ұрпақ білімсіз болып қалмауы тиіс.Міне,жаңа технологияның тиімділігі баланың жан-жақты құзіреттілігін дамытып,білімді ұрпақ тәрбиелейді.Әрбір технологияның өзіндік ерекшелігі бар.Бала толыққанды жетіліп,ата-анамен байланыс күшейеді.Жаңа технологиялар бала бойына білімге әуестік, білім құмарлыққа баулуы тиіс.Білім беру үрдсіндегі алға қойылған басты мақсат баланың білім беру мазмұнын толықтырып, жаңаша көзқараста,жаңа технология бағытында жұмыс жүргізіп, баланың өмірін жаңаша ортада,жаңа бағытпен ұйымдастыру. Бала құзіреттілігінің белсенді дамуы

балабақшадан бастау алады. Бұл бастаманың негізгі міндеті балаларды заман талабына сай,әлемді шынайы қабылдауға дайындау.Болашақта балалар өз жолында кездескен қиыншылықтарды жеңуге,шешім қабылдауы тиіс.Ендеше баланың ойлау қабілетін жан-жақты дамыту мен шығармашылық ізденіс дағдыларын үйренейік,үйретейік.Өйткені оқыту технологиясы педагогикалық үрдістің сапасын жетілдіруді талап етеді. Жалпы инновациялық технологияны меңгеруде педагогтардың жан – жақтылығы және білімі қажет.

Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы тәрбиеленуші тек қана тыңдаушы орындаушы болып келсе, ал қазіргі өздігінен білім іздейтін, өзіндік пікірі бар жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда:өсім,реформалар,даму» тақырыбындағы 2015 жылғы 30 қарашадағы Жолдауы.
2. Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2020 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасы,2014ж.
3. *«Дошкольный мир»* - Республиканский журнал - №5 (6) – (14-18л) – 2016 г.

ЖАҢА ӘДІС – ТӘСІЛДЕРДІ ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Чукберова Әсемхан Темірханқызы
№ 31 қазақ орта мектебі ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

М. Жұмабаевтың: “Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізге құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, сау, берік, һәм жанымызға жақын қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай – ақ серттесуге болады. Сондай негізге құра алмасақ - келешегіміз күңгірт” деген ойлары бұл мәселенің қаншалықты маңызды екенін танытады.

Ойлары келешек үшін мектеп, ұстаз, шәкірт мәселесінің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

Қазіргі мектептердің қаншалықты маңызды, тұрақты міндеті жеткіншек ұрпаққа ғылым негіздерінен терең де тиянақты білім беру, оларды практикада қолданудың дағдылары мен бірлігін дамыту, материалдық дүниетанымды қалыптастыру, адамзаттың қоғамдық - тарихи тәжірибесін меңгертуге бағытталады.

Қазіргі кезеңде білім берудегі негізгі мақсат жан – жақты білімді, өмір сүруге бейім, іскер, өзіндік ой толғамы бар, адамгершілігі жоғары, ұлтжанды, барынша қабілетті жанды қалыптастыру.

Мектеп оқу жоспарына сұрыпталып енгізілген ғылымдардың ішінде тіл пәндерінің алатын орны ерекше.Адамның бір – бірімен қарым –қатынасқа түсіп, пікір алмасуы, өзара ұғынысуы тіл арқылы іске асады. Қоғамдағы экономикалық өзгерістер мен жаңалықтар, ғылым мен мәдениет салаларындағы табыстар мен жетістіктер, өсу – өркендеулердің бәрі де халыққа тіл арқылы ұрпақтан – ұрпаққа беріліп отырады.

Мектептегі бүкіл оқу – тәрбие жұмыстары оқушылардың логикалық ойын, дүние танымын дамытуды көздейді. Оқушылардың ой- өрісін, көзқарастары мен сенімін, интеллектісін қалыптастыруға мектепте оқытылатын пән атаулының бәрінің де қатысы бар. Бірақ солардың ішінде ана тілі, шет тілі, орыс тілі яғни тіл сабағының алатын орны ерекше.

Білім берудің негізгі сатысында ағылшын тілі пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері үш топқа біріктіріледі. Білім беру мақсаты ағылшын тілінің ғылыми негізі туралы түсінік бере отырып, шет тілінде терең білім алуына мүмкіндік жасау. Тілдік бөлшектердің мағынасын алу, қызметін үйрету, тілдік нормаларды ұғындыру негізінде сауатты ойлап, жазуды, сөйлеуді жолға қою.

Ағылшын тілін оқыту кезінде кез келген бір әдістемені қолдану әртүрлі шарттарға байланысты болып келеді және осы шарттардың ішінде аса маңызды роль атқаратын - оқыту мақсаты болып келеді. Ұлы Абай атамыз: «Шәкірттерің жақсы оқу үшін, оның оқуға деген ынтасы және қызығушылығы зор болу керек», - деген. Оқушының қызығушылығын арттыру үшін тек оқулықпен шектелмей әр түрлі әдіс – тәсілдерді қолдану керек және ол әдіс – тәсілдер тиісті талаптарға сай болуы қажет.

- Оқушы өзін – өзі еркін сезіну;
- оның эмоциялары, сезімдері оның қажеттіліктерімен байланысты болу, өз физиологиялық, интеллектуалдық, психологиялық ерекшеліктеріне байланысты өз бетімен жұмыс істей алуына көмектесу;
- оқушыны оқу процесінің басты тұлғасы ретінде белсенді етіп, басқа оқушылармен тығыз байланыстыру;
- жұмыс түрлерін жеке, жұппен, топпен және тағы басқа жұмыс түрлерін қолдану.

Оқыту әдістерін қолданарда салыстыра сипаттау аса маңызды, себебі әр әдістің өз артықшылығымен кемшіліктері болады оларды толық білмей отырып таңдау мен қолдану қиынға соғады. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс – тәсілдерді қолдана отырып, сабақты қызықты әрі тартымды етіп өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты ссс екені баршамызға мәлім. Мұғалім әр кезеңде әр түрлі роль атқарады, ол – көмекші, бақылаушы, нұсқаушы, жұмыстың барлық кезеңінде мұғалім оқушылардың іс – әрекеттерін қолдап, мадақтай келе , олардың ынтасын көтерген жағдайда ғана нақты нәтижеге жетуге болады. Осындай мақсаттар мен міндеттерді алға қоя отырып, біздің көздер нысанамыз:

1. Ізденіс үстіндегі жеке тұлғаның дамуына мүмкіндік туғызу.
2. Оқушыларды шығармашылықпен қаруландыру, өздігінен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

Осы мақсаттарды айқындай келе, қазіргі кезде жалпы білім беру саласында түрлі әдіс – тәсілдерді игеру, жаңа инновациялық ізденістерге қол жеткізу қажет.

В.Г. Белинский " Ең ескі идеяға жаңалық байланыстырып, өзгеше сипат беріп жаңалық ашуға болады", - дегендей белгілі әдіс – тәсілдерді оқу үрдісінде түрлендіріп, оқушы деңгейіне сай етіп қолдануды үрдіске айналдырып отыру қажет.

М.Әуезов былай деген екен « Халық пен халықты теңеретін білім» деп айтқандай, білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу – біздің мақсатымыз. Бұл мақсаттарға жету үшін мұғалім ізденімпаз, жаңа тәжірибе жинақтаушы, жаңа технологияларды қолданушы, жаңалық жаршысы болу қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Р.Ш. Буржакова “Оқушылардың қарым –қатынас қабілетін дамыту” 2005.
2. Ф.Ш.Оразбаева- Тілдік қатынас: Теориясы және әдістемесі.Алматы: 2000.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ

Шакенова Жанна Калиаскаровна
№ 36 «Балақай» бөбекжай-балабақшасы

Бүгінгі таңда елімізде білім беру мазмұны жаңа бағытқа бет бұрып отыр. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде: «Біз қазір «білім – ғылым – инновация» атты үштік үстемдік құратын постиндустриялық әлемге қарай бағыт алып барамыз» деген болатын. Ендеше, еліміздің әлемдік үрдістерге енуі білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге өту қажеттілігін арттыруда екені сөзсіз.

Біздің өміріміздің кез – келген саласындағы сапалы өзгерістер, әсіресе білім беру саласындағы өзгерістер мұғалімнің оқыту үрдісіндегі алатын орны мен рөліне жаңаша көзқарасын қалыптастырусыз жүзеге асуы мүмкін емес. Дана халқымыз «Ой өзгермей, адам өзгермейді» дегендей, орта білім беру мазмұнын жаңарту бағытында енгізіліп отырған жаңа мақсаттар мен міндеттерді, жаңа технологияларды, құзіреттілікке бағытталған бағалаудың жаңа формаларын алдымен мұғалімнің өзі жан – жақты игермейінше, сапалы білімге қол жеткізе алмаймыз. Сондықтан кез – келген педогог оқыту үрдісін бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыз етудегі өзгерістерді, педагогикалық қызметтің мақсаттары мен әдіс – тәсілдері бағытындағы тың өзгерістерді қабылдауға, игеруге, ізденуге дайын болуы қажет.

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізігі мақсаты – білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда ел Президенті Н.Ә.Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекег қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.ЕлбасымызН.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандық жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ « атты Жолдауында еліміз дамуының барлық Стратегиялық бағыттарын жүзеге асыратын міндеттер қойылды.Республика болашағына бағдар беретін бұл жолдауда «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар» - деген.

Қазіргі кезеңде Республиканың білім беру жүйесінің ең басты міндеті қазақ мектебі мен мектеп жасына дейінгі балалардың білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жуықтау.Бала – болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп,

Ынта – ықыласын, дұрыс бағыттауды, қабілет қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбиемен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс – тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді.

Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде.Инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан – жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Оқу қызметінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану балалардың білімге деген қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін дамытады, қоршаған ортаны танымдық зерттеу барысында дидактикалық мақсаттар іс жүзінде асырылады.

Қазіргі заманда алға қойылып отырған маңызды мәселелердің бірі – жан – жақты дамыған өнегелі, рухани ізденісі иол жас ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін не істеу керек? Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымдары мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық процесті ұйымдастыруда жаңашыл тәсілдерді пайдалану;

-Білім беру мазмұнын, оның деңгейі мен сапасын іріктеуге қойылатын талаптарды реттеп;

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары мен мектепалды даярлық топтарының қызметін баланың денсаулығы мен физикалық дамуын сақтауды бағдарлап;

-Баланың дамуының әрбір жас кезеңінде әлеуметтік ахуалды іске асыру үшін жағдайларды қамтамасыз етіп;

-Баланың жас кезеңдері сабақтастығы негізінде біріңғай білім беру кеңістігі сақталып;

-Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымдары және бастауыш мектеп арасында сабақтас байланыс реттеліп;

-Отбасы әлеуетін және мектеп жасына дейінгі тұлғаның толық қанды дамуына мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының дамыту ортасының психологиялық – педагогикалық негізін пайдаланып;

-Әлеуметтік – мәдени міндеттер шешу – мектеп жасына дейінгі балаларға білім берудің жаңа үлгісін қалыптастыруда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары, отбасы, әлеуметтік орта бірігіп;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәжірибесіне инклюзивті білім беруді қамтамасыз етілуде. Қазақстан мемлекетінің ертеңгі болашағы бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты. Сондықтан да, қазіргі кезде болып жатқан тарихи –әлеуметтік өзгерістер жас ұрпақтың жан –жақты дамуына, тәрбиеленуіне жаңаша көзқараспен қарауды қажет етеді.

Қазақстан жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. «Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану - заман талабы болып отыр. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы.

Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Жаңа, тез өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік. Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек. Жаңа заман мұғалімнен күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек.

Сөзімді қортындылай келе; жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді тәрбиешілер мен мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп

Үнді халқының тарихи тұлғасы Махтама Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастағалы отырмыз. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (12.08.2016ж№499);
2. Қ.РПрезиденті Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына жолдауы 2017 жылғы 31 қаңтар

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Шалабаева Карлыгаш Юлдашовна
Ақтөбе қаласы №5 ЖББОМ, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Тіл - мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл - халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін -ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз - қазақ тілі.

Тіл - тәуелсіздіктің айғағы. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тілсіз - тәуелсіздік, егемендіксіз-тіл болмақ емес. Тіл - тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп жарияланды. Бізге тек осы ұстанымды жүзеге асыруға бар күш-жігерді аямай, еңбек ету ғана қалды. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – біз, яғни, қазақ жастары. Демек, біздің міндетіміз - қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ.

Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс – шаралар ұйымдастырылуда. Нәтижелері де аз емес. Алайда жастар арасында, кейбір мекемелерде қазақ тілінің жайы ақсап тұр. Соны көріп жүрегің қан жылайды. Бір жағынан, әлі күнге дейін орыс тілінің ырқынан шыға алмай жүргендігімізден болар. Расында, қазақ халқының басында талай қиын нәубет, зұлматтың, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Еліміз жетпіс жылдай Кеңес Одағының қарамағында болды. Ата – анамыз орыс тілін ұлықтады. Қазақ халқы өзінің тілін, ділін, тіпті салт-дәстүрін ұмытардай халге жетті. Дегенмен «сабақты ине сәтімен» деген. Еліміз сан ғасыр аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізді. Тіліміздің түп тамырымен жойылып кетпегеніне шүкіршілік етуіміз керек тәрізді. Сондай ауыр сәттерде, сын сағаттарда атамекен қонысын тастап босқан халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы - ана сүтімен санасына дарыған ана тілі ғана.Мағжан Жұмабаевтың тілінде айтсақ:

«Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың…
Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!».

Бірақ, жоғарыда айтып кеткендей, қанша жылдан бері атқарушы билігіміз тіл туралы саясатты жүзеге асырып келе жатса да, қазақ тілінің дамуы әлі де болса кешеуілдеп тұр. Ақын Мұхтар Шаханов былай деген еді:

«Қай кезде де туған тілің туған анаң секілді.
Бабалардың арманы бар мына қызыл гүлдерде,
Олар елін, тілін қорғап жанын қиған бұл жерде ».

Расымен де ата – бабамыз елін, жерін, тілін, дінін жаудан өле – өлгенше қорғап өтті емес пе? Осыған бас ауыртатын ұлт жанашырларының саны қазіргі кезде некен саяқ. Себебі, көшеде бір қателіктер көріп жатсақ, үйреншікті нәрседей, бейқам жүре береміз.

Ана тілі – ананың ақ сүтімен әр қазақ баласының бойына сіңген тіл емеспе еді. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз. Әр адамның азаматтық қасиеті – өз халқын, өзінің атамекенін қалай сүюімен, өз ана тілін қалай білуімен өлшенбек. Әркімнің тілге деген құрметін өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрметінен білуге болады. Өз ана тілін ұмытқан адам – өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.

Осыны қазақ жастары түсінсе екен деймін.Алайда осыны ескермей орыс тілінде шүлдірлеп, қазақ тіліндегі әнді тыңдауды қор санап жүрген қазақ жастары қаншама. Кейбір мекемелерге барсаң орыс тілінде сауатты жазылған сөз қазақ тілінде мүлдем ұйқассыз аударылып, есіктерінде ілініп тұрады.

Мұны көргендердің бірі езу тартып күліп, енді бірі оған мән бермейді де. Біздің қоғамның басты кемшілігі осы болар, бәлкім. Бұған жауап ретінде ақын Оразақын Асқардың мына бір өлең жолдарын алар едім:

«Ана тілінде ата-баба сыры бар,
Аудармадан түпнұсқадай кім ұғар.
Өсе келе құстың тілін білсең де,
Ана тілсіз оның қандай құны бар».

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», – дейді Қадыр ақын. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса екен дейді.

Өзгенің құлы емес өз еліміздің ұл-қызы болайық, өзгенің емес, өз еліміздің тілін ұлықтап, мәртебесін асырайық!

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Шалжанова Айсұлу Нұрлыбекқызы
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Темірбек Жүргенов ауылы
Т.Жүргенов атындағы жалпы білім беретін орта мектеп

Жаңа әдіс-тәсілдерді жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат-мүлдесіне байланысты,өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады.

Оқушы тұлғасының дамуына, қабілетінің артуына жаңа әдіс-тәсілдердің айтарлықтай ықпал жасайтыны сөзсіз және бұл қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің дамуындағы елеулі бағыт. Оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады:

1. Балаларға белгілі тақырыпта әңгіме оқып, оқушыларға басқаша аяқтауға кілт боларлық сюжет ұсыну;
2. Әңгіменің, ертегінің сюжетін бастап беру, аяқтауды оқушыларға тапсыру;
3. Ертегіні ұжым болып тыңдау;
4. Ұнатқан кейіпкерлеріне мінездеме беру;
5. Қиялдау арқылы сурет салғызу, рөлмен ойнату;

6. Арнайы тақырыпта пікірталас тудыру.

Сондықтан да болар қазіргі кезде біздің ұстаздар да осы жаңа әдіс-тәсіл элементтерін өздерінің тәжірибелерінде пайдаланып жүр.

Тізбектелген сабақтар топтамасына енгізілетін жаңа әдіс – тәсілдер:

«Автор орындығы», «Бірге ойлаймыз», «Телефон» ойыны,Тренинг «Өзіңді ғана емес,өзгені де таны» «Кім тапқыр», « Инсерт» ,«Венн диаграммасы», «Он сұрақ», «Маған көрсет», «Кім жылдам?», «Сиқырлысандар»,«Константинополь», «Менің бағытым»ойыны, «Детальдарын қосу», «Айналмалы доп», «Ұжымдық сурет », « Кубизм » ,«Ойлан тап», «Үш қадамдық сұхбат», «Миға шабуыл» әдісі, «Әліпби желісі», «Интервью» әдісі , «Сәйкесін тап»

Саны бар атаулар

Сыныбымдағы әр оқушының пән бойынша ізденімпаздық деңгейлері анықтаймын. Сонымен қатар пәнге қабілеттілігі, қызығушылығы анықталады. Шығармашылық әр оқушының жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін, танымдық іс-әрекеттері мен дағдыларының дәрежесін көрсетіп береді.

Төмендегі белсенді әдіс –тәсілдерді өз сабағымда қолданып келемін.

Психологиялық дайындық және ширату жаттығулары.

Мақсаты:Оқушылардың көңіл-күйлерін көтеру, назарын сабаққа аудару,топтарға бөлу жұмыстарына қолдану; сыныпта қолайлы психологиялық ықпал туғызу.

Сәлемдесу

Жылы – жылы жүзбенен,
Маңдайынан сипайын
Жылы – жылы сөзбенен,
Жүрегімді сыйлайын.
Ыстық алақанаммен,
Қолыңды бір қысайын
Амандасып өзіңмен,
Құшағыма қысайын.

Әрбір ісің-тірлік,тірек,адамдық,
Әрбір сөзің- шындық,бірлік,адалдық.
Әрбір адам-туысым,досым,жұрағат,
Әрбір сабақ-үйрену,ұғу,ұлағат.
Күн мен сені сүйемін.
Саған басымды иемін,
Жылу бер, шуақ бер.
Мейірімді қуат бер

Ширату жаттығулары.

Мақсаты: Тыңдау дағдыларын дамыту, сондай-ақ оқушыларды қатыстыру арқылы барлығын теңестіру, жағымды ахуал қалыптастыру.

«Гүлмен тілек» (сергіту және топқа біріктіру)

Оқушылар арнайы дайындалып келген гүлді алақандарына салып тұрып, бір-біріне тілек тілейді және гүлдің астына жазылған сөздер бойынша топқа біріктіріледі.

“Ара” жаттығуы

Оқушылар шеңбер құрып тұрады, қолды бір рет шапалақтаған кезде көздерін жұмып аралар сияқты ызылдап жүреді, екі рет қол шапалақтаған кезде шеңбер жасауға тырысады. Көзді ашуға болады дегенде ғана ашады.

«Көбелек» жаттығуы»

Таңертең көбелек оянды, тартылды,
Қанаттарын бұлғады, терең тыныс алды,
Азғана айналып, барлығына күліп,
Қайта гүліне оралды.

«Жеңілден-ауырға»

Түсті қағаздар үлестіріледі. Есімдерін қағаздың сыртына жазады (қатысушыларға көрініп тұру керек).қатысушылар шеңбер жасап тұрады да есімін атап, өзінің сүйікті тағамын қосып атайды. Мысалы: Гүлмира-манты, келесі кісі өз есімімен тамағын атап,алдыңғы кісінің есімімен тамағын қосып айтады. Гүлмира-манты, Бағдагүл-асқабақ, т.с.с..

«Кемедегі адамдар» (топқа бөлуге)

Қатысушылар саппен тұрады,ойын бастаушы команда береді:

Капитан (саппен жүру)

Маяк (екі адам қол ұстасу)

Судағы адам (екі адам ортасына бір адамды алып тұрады)

Түскі ас. (төрт адамнан бірігеді)

Шлёпка (5 адам тізбектеліп тұрады)`

«Саяхатқа шығу» (топқа бөлуге)

Ойын бастаушы: Өзін «Лидермін» деп есептейтін 5 кісі ортаға шықсын деп айтады. Ола «Рюкзак» таңдайды, «Рюкзак»-«палатка» таңдайды, «палатка»-«От жағушыны» таңдайды, -«От жағушы»- тамақ пісірушіні таңдайды.

«Өлең жолдары» (топқа бөлуге)

Оқушылар шеңбер жасап тұрады. Бірнеше өлеңнің тақырыбы, шумағы бөлек- бөлек қима қағаздарға жзылған, үлестіріледі. Бірінші өлеңнің 6

тақырыбы аталады. Одан соң шумағы әр жолы ретімен оқылып, құрылып шығу керек.

Мысалы: «ҚЫС»(1)

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,(2)

Соқыр, мылқау, танымас, тірі жанды.(3)

Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,(4)

Басқан жері сықырлап келіп қалды..(5) осылай,5 адамнан топ құралады.

«Стақандағы таяқша» әдісі.»(топқа бөлу)

Оқушылар шеңбер жасап тұрады, алдын ала таяқшаларға1-4ке дкейінгі нөмірлер мен оқушылардың аттары жапсырылып, стақанға салынып тұрады. Ұсынылған таяқшаларды оқушылар бір-бірден суырады және сандарына қарай оқушылар төрт топқа топтасады. Мысалы: Гүлнұр-1, Мейрамгүл-1, Айдос -1, Руслан-1, т.с.с.

Оқытуда пайдалануға тиімді әдіс-тәсілдер:
«Жүк журналы» әдісі

1-қадам: Сабақ

2-қадамТақырып бойынша болжамды «Жүк журналының сол жағына жазу»

Болжам	Жаңа ақпарат
Тақырып бойынша бұрыннан не білемін? Бұл туралы не білуім керек?	Бұл туралы енді не білдім? Қандай маңызды сәттерді мен енді анықтадым?

3-қадам Жұмыс жұбын құру

4-қадам Ақпаратты тыңдау барысында жұптың біреуі «Болжам» бөлімімен жұмыс жасап «+» таңбасын болжамның дұрыс-бұрыстығына қарай қойып отырады, ал екіншісі тек жаңа ақпарат жазады. Оқушылар жеке жұмыс жасайды.

5-қадам:

«Жүк журналының» екі жағын салыстыру, ақпартты қосу, жазғандарын сыныппен талдауға дайындық

«Біреуі үйде, үшеуі қонақта» әдісі

1-қадам

Сабақтың тақыпыбы мен мақсатын ашу

2-қадам Төрт адамнан «үй» тобына бөлу. Әр оп 1,2,3,4 деген өз нөмірлерін алады

3-қадам

Әрқайсына тапсырма үлестіріледі

4-қадам топ ішінде әр оқушыға нөмір беріледі (1,2,3,4)

5-қадам

Үй тобында мәселе талқыланады

6-қадам Белгілі бір уақыттан кейін топтағы оқушылар орнынан тұрады 1 нөмірлер көрші топқа, 2-нөмірлер 3-топқа, 3-нөмірлер 4-топқа, 4-нөмірлер 1-топқа жиналады.

7-қадам

«қонақтар сұрақ қояды» сосын өз топтарына қайтады.

8-қадам

1,2,3-нөмірлер үй тобына келіп , кезек—кезек қонақта не үйреніп келгендерін айтады.

9-қадам: Топ жұмыстарын өзара салыстырады

«Қатесін тап»

1. Жұпқа бөлініңіздер.
2. 3 ұйғарым жазыңыз, оның біреуі “жалған” болып табылады.
3. Өз ұйғарымдарыңызды басқа жұпқа беріңіздер.
4. Екінші жұп ұйғарымды оқиды және үш жауаптың қайсысы дұрыс еместігін талқылайды.

Қорыта айтқанда, «еліміздің болашағы-білімді ұрпақ қолында» десек, олардың дұрыс ой түйіп, өздігінен ой қабылдай білуге үйренуі үшін өз пікірлерін, көзқарастарын ашық айтуға, нәтижеге жету үшін жұмыстана білуге үйрету қажет. Бұл тұрғыда осы жаңаша тиімді әдіс-тәсілдер көмек ететіні сөзсіз.

Мен осы әдістемеде көрсетілгендей, үнемі әр сабағымды бастар алдында психологиялық жаттығулармен бастау арқылы олардың көңіл-күйлерін сабаққа сай көтеріп, бір-біріне тілектерін арнату арқылы оларды адамгершілік құндылықтар мен сыйластыққа үйреттім. Алғашында олар бір-біріне сөйлеуге ұялатын, немес «осы дұрыс емес болып қала ма?»-деп қысылыстары болатын. Қазір еркін және ойларын тез жинақы түрде жеткізе алады. Ал, топқа бөлінгенде бұрын әр кім өз досымен бөлінгісі келетін, өкпелейтін, қазір әділ түрде өздері топ құрауға ынталады.шаттық шеңберін тек сабақ басталғанда ғана емес, сабақтың ортасында да немесе тақырыпқа сай іріктеп алып та өткіземін. Бұл арқылы олар қоршаған ортаның құндылығын түсінуге, сезімталдыққа үйреніп келеді, оқушылардың әсерленгіш, қиялдағыш болуына да үлесі зор.

Жаңартылған оқу бағдарламасы талаптарына сай пайдаланатын әдістер де сан алуан. Оларды өз сабағыма ыңғайлап, іріктеп пайдалану арқылы мен сынып ұжымын бірігіп жұмыстануға, топта бір-бірін түзетуге және талқылауға, жұпта өзін және бірін-бірі бағалауға үйренді. Кері байланыс арқылы мен өткізген сабағым оқушылар үшін қаншалықты түсінікті болды, оқу мақсаттары орындалды ма, оқушы қай жерде қиналды, қай жерді тағы толықтыру керек деген сауалдарға жауап аламын. Ал, дидактикалық ойындар менің өз тәжірибемде бастауыш сыныптар үшін сабақтың ажырамас бір бөлшегіне айналды. Ойындарды іріктеп алу арқылы мен біріншіден, оқушылардың сабақта зерікпеуін және қызығушылықтарын арттырсам, екіншіден, сабақты бекітуде оларды ойната отырып бір-бірін түзеуге, толықтыруға, талдау жасауға үйреттім.

Қандай әдіс-тәсілдерді пайдалансақ та оқушының белсенділігін, мақ-сатқа ұмтылуын, ақпаратты өзі іздеп табуын, шапшаңдығы мен еркін-дігін , шығармашылдығын , көңіл-күйінің көтеріңкі болуын қамтамасыз етуіміз басты назарда болуы тиіс. Оқушылардың шығармашылығын, танымдық белсенділігін арттыруда оқушының өз бетімен

ізденіп, шығармашылық ой-өрісін арттыруда шы-ғармашылық сабақтарды өткізудің алатын маңызы ерекше.

Кітапшамда топтастырылған дидактикалық материалдарды күнделікті және ашық сабақтарымда түрлендіріп қолданып отырамын.Сондықтан әріптестеріме де көмегі тиері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық.
2. Сағымбекова Г.«Ойыннан- оқуға». Бастауыш мектеп №3-2002ж.
3. Төленова Ү. «Ойын- тәрбие құралы». Бастауыш мектеп №10- 2000ж.
4. Жұмабаева Ә. Е. «Сауат ашу» оқыту әдістемесі.
5. Жақыпова Г.Ш.» Математика: Мұғалімге арналған нұсқаулық»

ҚАЗІРГІ САБАҚ БЕРУДЕГІ ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Шалжанова Шолпан Нұрлыбекқызы
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Т.Жүргенов ауылы
Мағжан Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін орта мектептің
Бастауыш сынып мұғалімі

Ұстаз алдындағы басты мақсат – сапалы білім мен саналы тәрбие беру, тұлғаның заман талабы мен ағымына сай қалыптасуына ықпал ету екендігін бәріміз білеміз. Ал осы мақсатқа жету үшін сабақты қалай пайдалы, қызықты етіп өткізуге болады? Мектептен шыққан оқушы бүгін алған білімнің пайдасы, жаңалығы туралы айта алатын дәрежеде оқыту үрдісін қалай ұйымдастыруға болады? Оқушы болашақ маман ретінде бүгінгі күн талабына сәйкес болып, жаңа кәсіби міндеттерді шешуге дайын болу үшін не істеу керек? Осы сұрақтарды шешудің бір жолы – оқытуда инновацияны қолдану, яғни мұғалімнің жаңа қаруы ретінде инновациялық әдіс–тәсілдерді кеңінен пайдалану. Инновация дегеніміздің өзі жаңалықты енгізу, жаңалық әкелу, жаңа әдістеме мен жаңа технология. Қытай даналығына сүйенсек: «Ауызша айтылғанды ұмытамын. Көрсетсең, мүмкін есімде сақтармын. Қатысушы болсам, мен түсінемін» делінген. Осы сөздерден инновациялық оқытудың мәні өз көрінісін табады. оқытуда инновацияны қолдану, яғни мұғалімнің жаңа қаруы ретінде инновациялық әдіс–тәсілдерді кеңінен пайдалану. Инновация дегеніміздің өзі жаңалықты енгізу, жаңалық әкелу, жаңа әдістеме мен жаңа технология.

Қазіргі заманғы оқыту технологияларына келесі талаптар қойылады:

-оқыту мақсатының нақты қойылуымен, оның ғылыми негізделуі, оқу іс-әрекетінің нәтижесінің жоғары сапалы болуы;

-оқу материалын толық қабылдау мүмкіндігінің болуы;

-оқу процесінде қарым-қатынастың еркін болуы;

- оны үнемі жетілдіріп, толықтырып отыру мүмкіндігінің болуы.

Жаңа технологияның принциптері- оқытуды ізгілендіру, өздігінен білім алып, ізденіс арқылы дамитын, өзіндік дұрыс шешім қабылдай алатын, өмірге бейім жеке тұлғаны қалыптастыру. Жаңа оқыту технологиясы арқылы оқушы қандай да болмасын ақпаратты өздігінше игеріп, өз өміріне жарата алатын әмбебап тәсілдерді үйрену керек. Технологиялық жүйелілікті сақтай отырып, қазіргі сабаққа қойылатын талаптарды қатаң ескерген мұғалім, оқушылар шығармашылығын арттырып, білім бәсекелестігіне дұрыс бағыт – бағдар бере алады.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», — деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс. Мұғалім үнемі ізденіс үстінде болу керек. Жаңашыл ұстаз ғана заман ағымына ілесе алады. Жақсы ұстаз ғана оқыта алады. Қазіргі заманғы мұғалімнің басты мақсаты- оқушыны терең білім алу мен сапалы ойлауды дамытуға жетелеу болып есептеледі. Бұл міндеттерді шешу үшін мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге жол ашады . Бұл баланың ой өрісін кеңейтіп қана қоймайды, білім деңгейін көтеруге үлкен үлесін қосады. Сабақ беруде мұғалім оқушылардың жас ерекшелігін негізге алуы керек. Тапсырмаларды да меңгере алатындай, сұрақтарға дұрыс жауап іздей алатындай етіп қою керек. Сол кезде сабақ күтілген нәтижеге қол жеткізеді.

1. Мұғалім оқыту кезінде билік жүргізу әдісінен арылуы керек.
2. Оқыту үрдісі кезінде сабақтағы басты тұлға білім беретін мұғалім емес, осы білімді қызыға қабылдауға дайын оқушы болуы тиіс.
3. Балалардың оқуға деген ынтасын күшейту керек
4. Өз дербестігін, белсенділігін дамыту қажет.
5. Оқу, дамыту жұмысын ұтымды жүргізу үшін баланың табиғи талабын, қасиетін дер кезінде айқындау керек.

Осы қағидалар негізінде сабақты жүргізу - оқушының өзін-өзі дамытуына, өз біліміндегі олқылықтарды өзі тауып , өз сұрағына өзі жауап іздеп жан –жақты білім алуына көмектеседі. Бірлескен топ жұмысында оқушылар бір-бірімен ой бөлісіп, бір-бірімен тәжірибе алмасып, алынған ақпаратты топ болып түсініп,талдап , синтездейді, салыстырып болжамдар жасай отырып ортақ шешімге келеді. Оқыту мен оқудың жаңаша әдіс-тәсілдерін ойдағыдай меңгерген мұғалім шәкіртін білім алуға қызықтыра алады және жеке іздеуге дағдыландырады. Нәтижесінде оқушы еркін, өзіндік дәлелдемелерін анық жеткізе білетін сенімді, сыни ой-пікірі мен көзқарастары дамыған болып қалыптасады . Топтық жұмыс арқылы ой қозғай отырып, өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін топ ішінде талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау екені мәлім.

Ұлы Абайдың «Адамның қасиеті үш-ақ нәрсе: нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек» демекші, шәкірттің алдына бару үшін жеткілікті білімің болу керек, сол тәжірибеңді ұғындыру үшін тиімді тәсілдерді қолдана білу және ұстаз мамандығын таңдаған соң, этикалық әрі моральдік құндылықтарды ұстану қажет. Аталған мұғалімнің үш көмекшісі сапалы әрі табысты білім беруіне жол ашады. Оқушы білімді дайын күйінде мұғалім түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық «жаңалық» ашуы, шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әр түрлі өнімдер жасауы тиіс. Нәтижесінде оқушының дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасуы керек. Оқытудың маңызды факторы оқушының тақырыптың мәнін өз бетімен меңгеруін түсінуі мен бағалай алуы болып табылады. Осындай нәтижеге жету үшін мен өз сыныбымда топтық және жұптық жұмыс түрлерін көп пайдаланамын. Мұндай тәсіл оқу үдерісіне оқушының өзінің де қатысуын талап етеді. Осылайша оқушы да өзінің оқуы үшін жауапты болады. Оқушылар жұпта немесе топтарда жұмыс жасағанда, олар «мұғалім-оқушы» сұхбаты түріндегі өзара іс-қимылға қарағанда, мейілінше «симметриялы» болып табылатын өзара іс-қимылға «оқушы-оқушы» қатынасына түсе отырып, негізделген дәлелдерді әзірлеуде және қадағаланатын оқиғаларды сипаттауда түрлі мүмкіндіктерге ие болады. Қазіргі заманауи мектептерге білімді дайын күйінде беруші емес, алдын ала тыңғылықты жоспарланған оқу қызметін ұйымдастырушы қажет екені барлығымызға белгілі. Ал ұйымдастырушы болу үшін бізге топтық жұмыс көмектеседі.

Топтық жұмыс оқушылардың сүйікті жұмыс түрлерінің бірі болып табылады. Бұл жерде «неге?» деген сұрақ туындайды. Себебі, оқушылар үшін ең маңыздысы – қателік жіберіп алмау деген қорқыныш сезімін жеңу, өзіне деген сенімділіктің пайда болуы. Топтық жұмыстың нәтижесінде оқушылар берілген материалды жақсы меңгереді. Олардың шығармашылық қабілетін дамытуға септігін тигізеді, сонымен қатар топтық жұмыс сабақты қызықты етіп өткізуге көмектеседі.

Бастауыш сынып оқушыларына сабақта топтық жұмыс жүргізу тартымды болып табылады. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, топтық жұмысты алғаш ұйымдастыру сәтсіз болуы мүмкін: артық шу, баяу жұмыс жасау, оқушылардың бірігіп жұмыс жасай алмауы және т.б. Бірақ уақыт өте келе оқушылар топтық жұмыс жасауға біртіндеп үйрене бастайды. Сонымен қатар топтық жұмыс оқытуды өз бетінше ұйымдастыру түрі болып табылады. Өткізген сабақтарымда аталған жұмыс түрлерін қолдана отырып, бұл технологияның инновациялық оқытудың бір түрі болып табылатынына көзім жетті. Зерттеу жұмыстары нәтижесінде оқушылар өз бетінше білімді меңгереді.

Топтық жұмысты оқушылардың мектеп табылдырығын аттағанынан бастап қолданудамын: бірінші сыныпта негізінен оқушылар тұрақты шағын топтарда жұмыс жасайды. Себебі, оларда сыныптастарымен қарым-қатынас жасау дағдысы қалыптаспаған, топта жұмыс жасауға бірден бейімделе алмайды. Топпен жұмыс жасауға арналған тапсырмалар күрделі емес және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай беріледі. Мысалы, сауат ашу сабағында элементтерден әріпті жинау, әріптің баспа және жазба түрлерінің қатынасын табу, «Қатесін тап» деген сияқты тапсырмалар беріледі. Математика пәнінен «Көпбұрыш» тақырыбын өткен кезде жеке бөліктерден фигураны жинау тапсырмасын беруге болады. «Жыл мезгілдері» тақырыбына байланысты сабақ барысында жеке бөліктерден бір жыл мезгілін құрастырып, аталған жыл мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелеу тапсырылады. Оқушылар топтарға берілген тапсырмаларды орындай отырып, тақырыпты өздері аша алады. Сонымен қатар тест тапсырмаларын орындау кезінде де топтық жұмысты қолдануға болады. Мысалы, әр оқушыға тест тапсырмалары таратылады, алдымен әрбір оқушы тапсырманы жеке орындайды. Уақыт аяқталған соң, оқушылар топта орындаған жұмыстарын салыстырады, айырмашылықты анықтайды, өз пікірлерінің дұрыстығын дәлелдейді. Келесі этапта мұғалімнің берген дұрыс жауаптарымен салыстырады да, қай бөлімнің жеткіліксіз меңгерілгені анықталады.

Оқушыларды топтарға бөлу кезінде түрлі әдістерді қолдануға болады: суреттер, сандар, түстер, туған күндері, есімдерінің әріптері, мозайкалар, фигуралар, тақырыпқа байланысты терминдер, қағаз қиындылары, ән, ұқсас ерекшеліктері, жағымды сөздер бойынша бөлу және т.б. тәсілдер.

Оқушыларды топқа бөле отырып, тренинг де өткізуге болады. Мысалы, суреттер арқылы топқа бөле отырып, «Амандасу» тренингін өткізуге болады:

- «Күн» бейнеленсе, жақсы ықыласпен тілек айтамыз;
- «Жүрек» бейнеленсе, бір-бірімізбен құшақтасамыз;
- «Қол» бейнеленсе, қолымызды қысып амандасамыз;
- «Күлкі» бейнеленсе, бір-бірімізге күлімдеп қараймыз.

Сөйлемдегі сөздерді қайталау арқылы да топқа бөлуге болады. Мысалы, «Мен өте керемет адаммын».

Топтық, жұптық жұмыста оқушыларға берілетін тапсырма бір сарынды емес, әр түрлі сипатта болуы керек. Топтық және жұптық жұмыс жеке шешуге болатын тапсырмаларды емес, неғұрлым күрделі тапсырмаларды шешуді көздейді. Өз тәжірибемде дәстүрлі сабақтарымды салыстырып кететін болсам, оқушылардың қызығушылығы төмен болатын. Ал топтық жұмыста оқушылардың қызығушылығы артып, бірігіп жұмыс жасай біледі.

Бүгінгі күні әлем кеңістігіне еніп қоғамға лайықты ұрпақ тәрбиелеу міндеті қойылып тұрған уақытта оқушыларға әдебиет пәнін оқытуда көп қиындықтар кездеседі. Оқушылар сабақ кезеңіндегі тапсырмамен шектеліп, қосымша әдебиеттерді оқымайды. Өз бетімен ізденіп көркем әдебиетті оқитын оқушылар бірден бір. Бұл қиындықтарға мыналар жатады:

- оқушылардың оқулықтағы мәтінмен шектелуі;
- шығарманың түпнұсқасын оқымауы;
- қосымша көркем әдебиеті оқымауы;
- өз бетімен шығарманы талдай алмауы;
- өз бетімен ізденушілік қабілет танытпауы;

Мен осы қиындықтарды жою мақсатында топтық жұмысты ұйымдастырдым. Топтық жұмыс оқушылар арасында әлеуметтік өзара қарым-қатынасты, тиімді араласу және проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде оқушыларды өздерінің оқуларына белсенді қатысуға итермелейді. Оқушыларды алынған ақпаратты ойластыруға және талқылауға өзгелердің пікірлерін түсінуге немесе теріске шығаруға ынталандырған жағдайда топтық жұмыс тиімді болады. Мерсердің (2005) тұжырымдамасы бойынша құрдастар тобындағы өзара қарым-қатынас оқуда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Бір-біріне сұрақтар қоя біледі. Ең бастысы топта оқушы оқшауланып оқымайды. Топта бірлескен жұмыс, бір-бірін қолдау, топтық рух мадақталады. Топпен жұмыс жасағанда, тыңдау, келіспеушілікті құрметпен білдіру қабілеттеріне назар аударылады. Нәтижесінде өз ойы бар оқуға қабілетті тұлға қалыптасады. Топтық жұмысты ұйымдастырудың алдында сыныптағы оқушылардың белсенділік қызметін ұйымдастыру мақсатында топ ережесін жасау арқылы тәртіп талабын жасап алдым. Ережені оқушылардың өздеріне құрғыздым. Оқушылар ережеге мынадай тәртіп талабын жазды:

- уақытты тиімді пайдалану;
- сабаққа түгел, ұйымшылдыпен қатысу;
- бір-бірінің пікірін тыңдау;
- бірін-бірі сыйлау;
- берілген тапсырманы нақты орындау;
- бірігіп, белсенді жұмыс жасау;

Әр топта жұмыс жасаған оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы, олардың өзгергені көп кешікпей көрінді. Тұйық оқушылар ашыла бастады. Қабілетті оқушылардың ізденіп, әдеби шығармаларды оқуға көп көмегін тигізді. Үлгерімі төмен Анель, Дильназ сынды оқушылар қысылмай ойларын ашық айтатын болды. Сабақта шығарма мәтінін меңгертуде, шығарманы оқыту қиындығын шешуге ЖИКСО әдісінің көмегі көп болды. Оқушыларға оқулықтағы мәтінді парақтарға жазып жеке-жеке таратып оқыттым. Әуелі жеке, содан соң жұппен оқыттым. Басында оқушылар өз беттерімен жеке оқуға мойынсұнбай, оқығысы келмеді. Соңында топтағы қызу талқыны көріп, өздеріне берілген бөлімді сұраған кезде, оқымауға болмайтынын түсінді. Осы жерде топтық жұмыста ынтымақтастықта белсенді жұмыс жүргізді. Ынтымақтастық оқу – өзара іс-әрекет жасау философиясы, ал бірлескен жұмыс соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге ықпал етуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы болып табылады. Оқушылар өздеріне берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарап, басқа топ мүшелеріне түсіндіру үшін суреттер салды, сахналық көрініс қойды. Түрлі

дәлелдер келтіре отырып, өмірмен салыстырды. Бір-біріне сұрақтар дайындап, өз беттерімен сұрақтарға жауап берді. Топта оқушылардың ойлау қабілетін, сөйлеу тілін дамыту мақсатында Б.Блумның сұрақ қою өлшемін жиі пайдаландым. Олар жеңілден ауырға, қарапайымнан терең ойлауға жетелейді. Осындай сұрақтар қойылған кезде, көшбасшылыққа бейім, озат оқушылар Шыңғыс, Наргиз, Ахмет, Әміре топтың басқа мүшелерімен ынтымақтастықта қарым-қатынас орнатып, шығармашылықпен жұмыс жасады. Олардың күннен-күнге қосымша мәліметтер әкеліп, әдебиеттерден мысалдар келтіріп өмірмен байланыстырды. Әдеби шығармаларды өз беттерімен оқуға бет бұрды. Көркем шығармадан алған білімдерін сабақта қолданып, жаңа ақпараттарды саралап, қорытындылап беретін болды. Топтық жұмыстың тағы бір тиімділігі – топ ішінде шығарманы жан-жақты талдауға көмектеседі.

Шығарманы жан-жақты талдау үшін топтарға мынадай тапсырмалар беруге болады:

- I топ шығарманың мазмұнын айтады;
- II топ шығарманың сәтті жағын айтады;
- III топ шығарма бойынша шығармашылықпен жұмыс жасайды;
- IV топ шығармаға байланысты сезімдерін тұжырымдайды;

Топта оқушылардың сөздік қорын дамыту барысында топ мүшелері сөздіктерді жиі пайдаланады. Сабақта топтық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы оқушылардың сабаққа белсенділігі, қызығушылығы артқанын байқадым. Оқушыларымның көркем әдебиетті оқи бастағанына көз жеткіздім.

- қойылған сұрақтарға нақты дәлелді жауап беру үшін өз бетінше ізденді, дағдыланды;
- мәтінді оқи отырып түсініксіз сөздер тізбегін жасап, тұрақты тіркесті анықтады;
- мәтін бойынша жоспар құрды;
- мәтін кейіпкерлерінен бөлінетін эпизодтарынан оқиға суретін салды;
- кейіпкерлерді сөзбен суреттеді.

Сабақты топтастырып өткізу оқытуда жаңа нәтижеге қол жеткізеді

1.Топтық, жұптық жұмысты пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі.

2.Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады.

3.Олардың әрқайсысының деңгейін анықтауға болады.

4.Оқушылардың көбін бағалауға мүмкіндік туады.

5.Оқушыларды ізденіске баулып, жұппен, топпен жұмыс жасауға үйретеді.

6.Оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады.

7.Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауда, өзіне деген сенімін қалыптастырады.

Топпен жұмыс жасау дағдылары кейін есейген кезде де қажет болады деп есептеймін. Себебі күнделікті өмірде біз көбіне топпен жұмыс жасаймыз.Өз пікірлерін, көзқарастарын және басқалардың ойларын дәлелдей біледі. Сондықтан мен топтық жұмыс өте маңызды деп шешіп, өзімді де, оқушыларды да өзгертудемін деп ойлаймын. Топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға ықпал ету, қызығушылығын арттыру жолдарын қарастыру, дағдыларын қалыптастыру – менің негізгі көздеген мақсатым болып отыр. Себебі, топпен жұмыс жасау барысында, оқушылар сыныптастарымен бірге әрекет етіп, бірін-бірі түсіндіріп жетілдіріп отырады.

Оқушының белсенділігі мен танымдық іс-әрекеті арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытуда қолданылатын топпен және жұппен жұмыс жасау кезінде оқушы өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеп, не қателігін мойындауға, қателігін көрсете білуге, пікірлесе отырып; шешім қабылдауға үйретуді жөн көрдім. Сол арқылы оқушыларда өз білімін бағалау және бақылау, өзін-өзі реттеу дағдысы меңгеріледі. Жаттанды емес терең ой елегінен өткізіп, жаңалықты өзі ашқан түрде игереді.

Қорытындылай келе, топтық жұмыс оқыту процесін байыта түседі, оқушылардың белсенділігін жетілдіреді, қызығушылықтарын арттырады деп есептеймін. Өйткені, оқушылар топтық жұмыс кезінде ашылады деп айта аламын. Сол сияқты топтың да жалпы пікірін білу маңызды. Себебі, ол бірнеше оқушының пікірлерінен пайда болады. Кішкентай бүлдіршіндер топтық жұмыс арқылы бір-бірімен тез тіл табысып, мектепке деген қызығушылықтары арта түседі. Бір-бірімен ақылдасып, пікір алмасып, араласып үйренеді. Өздерін еркін ұстап, бір-бірін бағалай біледі. Тіпті сөздік қорлары дамып; қолданысқа мынадай сөздер де енеді: «Сен келісесің бе…?», «Сен қарсы емессің бе..?», «Қалай ойлайсың..?» және т.б. Нарықтық экономиканың сұраныстарын қанағаттандыруға және экономиканың дамуына сай жеке тұлға ретінде қалыптастыру үшін мұғалімдер жұптық, топтық жұмыстарды пайдаланып, оны одан әрі заман талабына сай жетілдіруі қажет. Осылай оқушылардың білім жетістіктерінің деңгейін көтеруге болады деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б.Жакенова, Қ.Тәмпішева, Л.Мақсатова. Менеджмент негіздері. Астана 2011ж.4.http://kzgov.docdat.com/docs/1203/index-155294.html?page=56.Ресурс
2._L3W1D1_Шағын топтарда жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулық
3. Білім берудегі менеджмент. №3, 2015ж
4.Ж.Б. Қоянбаев, Р. М. Қоянбаев. Педагогика. – Алматы, 2002.

АКТИВНЫЕ ФОРМЫ РАБОТЫ НА УРОКЕ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Шалимова Валентина Владимировна
педагог-исследователь
КГУ «Средняя школа №26», город Актобе

Главная задача современной школы — открытие способностей каждого ученика, воспитание личности, готовой к жизни в высокотехнологичном, конкурентном мире. Школа должна подготовить выпускника, обладающего необходимым набором современных знаний, умений и навыков, помогающих ему уверенно чувствовать себя в самостоятельной жизни. Урок - это такая организационная форма обучения, при которой. Учитель в течение точно установленного времени руководит коллективной познавательной и иной деятельностью постоянной группы учащихся (класса) с учетом особенностей каждого из них, используя средства и методы работы, создающие благоприятные условия для того, чтобы все ученики овладевали основами изучаемого предмета Посредственно в ходе занятия, а также для воспитания и развития познавательных способностей и духовных сил школьников.

(А.А.Бударный).

В образовании каждый урок складывается из определенных элементов (звеньев, этапов), которые характеризуются различными видами деятельности учителя и учащихся в соответствии со структурой процесса усвоения знаний, умений и навыков. Эти элементы могут выступать в различных сочетаниях, определяя, таким образом, структуру урока, под которой следует понимать состав элементов, их определенную последовательность и взаимосвязи между ними. Она, может быть, простой и довольно сложной, что зависит от содержания учебного материала, от дидактической цели (или целей) урока, возрастных особенностей учащихся и особенностей класса как коллектива. Многообразие структур уроков предполагает разнообразие и их типов и форм.

Поэтому образование в **начальной** школе строится на принципах системно-деятельностного подхода:

Принцип деятельности.

Принцип непрерывности.

Принцип целостного представления о мире.

Принцип минимакса.

Принцип психологической комфортности.

Принцип вариативности.

Принцип творчества.

Ф.Оразбаева еңбегінде: «Оқылым – графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, сауатты, дұрыс, мәнерлеп, ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу» -деген анықтама берілген. Оқылым дағдысы арқылы оқушылар мәтінді және оның мазмұны мен мақсатын, тілін түсінуге, негізгі ойды анықтауға және мәтіннің құрылымдық бөліктерін, мәтіннің стилі мен типін анықтауды, оқылған мәтіннегізінде сұрақ құрастыруды, әртүрлі деректерден қосымша ақпаратты айқындауды және мәтіндерге салыстырмалы сараптама жасауды меңгереді.Оқылым қабылдаушы дағдылар қатарына жатады. Яғни, оқылым дағдысы мәтінді жазу, айтуда гөрі, оған жауап қайтару немесе мақсатқа сай әрекет етуді білдіреді. Қарапайым тілмен айтқанда жазба тілдегі мәтінді түсіну. Ол үшін біз мәтін тілін сөздер деңгейінде, сөйлем деңгейінде және тұтастай мәтін деңгейінде түсіне алуымыз қажет.

Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын арттыруда тиімді әдіс тәсілдер қолдану барысында оқыту техникасы туралы ғылым, сондықтан, оқыту ғылыми түрінде жүзеге асуы керек, яғни мұғалім қалай оқыту, неге олай оқыту керек деген түсінік болуы тиіс. Оқытудың тиімді стратегиясы арқылы қалай оқыту керек деген ғылыми тұжырымдамамен тығыз байланысты, яғни қандай үдерістер арқылы, қандай әдістер арқылы, қандай оқыту құралдары арқылы, оқытуды қалай ұйымдастыру керек, қандай факторларды ескеру қажет деген сұрақтарға жауап іздейді. Сонымен, тәжірибелер мен зерттеулер нәтижесі бізге білім мазмұны мен оқыту әдістерін жаңалау керек екендігін көрсетті.

Қазіргі кезде оқытудың тиімді стратегияларына ерекше назар аударуда. Оқытудың тиімді стратегиялары тілдің коммуникативтік қызметін ескере отырып, оны коммуникативтік танымдық жағынан меңгертуді көздейді.

Әдіс шынайы жағдайда баланы қадағалау мен оны бар болмысымен қабылдауға

негізделген.Баланы өзін өзі тәрбиелеуге, өз бетімен оқуға және өзін өзі дамытуға бағыттау.

Бастауыш мектепте оқушы игеруі тиіс оқырмандық біліктер:

-мазмұнын түсіну, ақпаратты таба білу;
-мәтіннің жалпы мағынасын түсіну;
-мәтіннің тақырыбын анықтай білу;
-автордың ойын түсіну, негізгі идеясын анықтау;
-мағыналық бөліктердің жалғасымдылығын түсіну;
-тілдік құралдарды көру;
-«Жолдар арасында» оқу білігі;
-өзінің мәтінін құрастыра білу;
-шығарманың жанрын анықтай алу;
-оқылған шығарманы мазмұны бойынша пікір алысу, әңгімелесу.

Оқушының оқу дағдысын қалыптастырда бірнеше мақсаттар ұсынылған. Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау мақсаты арқылы оқушы тек мәтін мазмұнын меңгеріп қана қоймай, сол мәтінді жазу арқылы автордың нені көздегенін, кімдерге арнағанын, автордың сол мәселеге байланысты қандай көзқараста екенін, оқырманға жеткізу үшін қолданған тілдік бірліктерін саралап, сараптама жасау дағдысын қалыптастырады.

Оқылым дағдысының әр мақсаты «шиыршық» принципі негізінде жеңілден күрделіге қарай ұсынылады. Мысалы: Қазақ тілі пәнінде мәтінтану (оқылым/тыңдалым) мен мәтінтудыру (айтылым/жазылым) – қатар жүретін үдеріс. Барлық дағдыларда мәтін ұғымы қолданылады. «Мәтін – аяқталған толық мазмұнды білдіретін қарым-қатынастың, әсер етудің ерекше бірлігі. Ол – хабарды сақтаушы және жеткізуші болып саналады». Оқылым дағдысын арттыруда мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау мақсаты көп ізденісті қажет етеді. Ұсынылған мәтіндерді оқи отырып, оқушылар екі мәтінге салыстырмалы талдау жасайды: мәтіндердің формасы мен түріне, стилі мен жанрына, мақсаты мен мазмұнына, аудиториясына, тіліне сараптама жасайды.

Оқылымды, мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау мақсатын жақсарту ол жадағай оқудан тұрмайды. Оны жақсартудың жүйеленген әдіс-тәсілдері бар. «Оқылым – оқушының оқу сауаттылығын қалыптастырудың құрамдас бөлігі» болғандықтан, мәтінге талдау жасамас бұрын оқудың тиімді жолдарын анықтау маңызды.Солардың ішінде Оқылым стратегияларын қолдана оқу – оқу сапасын арттыратын тәсіл. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасауда Оқылым стратегиясының тиімдісін анықтап, қолдану арқылы мәтін талдауға кететін уақытты үнемдеге, нәтижеге жетуге, білім сапасының артуына ықпал етеді. Оқылымның қандай стратегиялары бар? Бірге қарастырайық:

Оқылымның стратегиялары:

Шолып оқу: мәтін тақырыпшасын, бөлімдер аттарын, абзац сандарын шолу.

✓ Болжап оқу: мәтіннің құрылымдық бөліктерін жекелеп оқып, ары қарай не болатынын, автор ойын болжау.

✓ Көз жүгіртіп оқу: мәтіннің мазмұны мен құрылымын жылдам, жалпылай көз жүгіртіп оқу.

✓ Зерттеп оқу: мәтіннің мазмұны мен құрылымдық бөліктерін шолып оқуға қарағанда күрделі оқу түрі. Зерттеп оқу оқушыдан назарын шоғырландырып оқуды талап етеді. Оқылым мәтінінің астарлы ойын, автор көзқарасын, мәтіндегі көтерілген мәселені, факті мен көзқарасты зерделеп ажырату зерттеп оқудың ерекшелігі болып табылады.

✓ Детальді түрде оқу: әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Мысалы,келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе-сөз оқимыз.

✓ Түсініп оқу стратегиясы: мәтіннің мазмұнын, автордың айтпақ болған ойын, мәтіндіжазудағы мақсатын түсіну үшін әр ақпаратты ұғынып оқу.

✓ Талдап оқу стратегиясы арқылы стилі мен жанрын, кімдерге арнап жазылғанын

талдап оқу.

✓ Астын сызып оқу немесе белгілеп оқу стратегиясы арқылы мәтіннің тілін, автордыңоқырманмен байланысын анықтау.

✓ Комментарий жасап оқу стратегиясы арқылы автордың айтпақ болған ойын, мәтінніңкімдерге арналғандығын анықтау, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну.

✓ Рөлге бөліп оқу стратегиясы арқылы мәтін ойын рөлге кіріп оқу арқылы саралау.

Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасамас бұрын ұсынылған мәтінді Оқылым стратегияларының тиімдісін қолданып оқуға бағыттау керек. Себебі, мәтінге талдау жасамас бұрын оқырман оқудың тиімді тәсілін меңгеріп, содан кейін ғана сол тәсілдерді сараптама жасауда ұтымды пайдалануға дағдылану тиіс. Осыған орай оқылым дағдысын жақсартудың технологиясын пән мұғалімдері жетік білуіміз керек. Себебі оқылым барлық дағдылардың негізі болып табылады. Ал оқылым стратегияларын тиімді қолдануға бағыттай отырып, оқушылардың мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау дағдысының сапасы арттыруға болады.

Мұғалдімдік қызметтегі міндетім - оқушыларды өмірге бейімдеу.Қазіргі таңда оқушылардың айтылым, оқылым, тыңдалым, жазылым дағдылары дұрыс қалыптасып, дамымаған. Сол себептен меноқу үдерісінде бұл мәселеге көп көңіл бөлемін.

Мектептегі тәжірибемде тақырыптарды меңгертуде сыни тұрғыдан ойлауға үйретудің ассоциация, ЖИГСО, Венн диаграммасы, Екі жақты күнделік, Синквейн, Түртіп алу, Кластер, Соңғы сөзді мен айтамын, Еркін жазу, Автор орындығы әдістерін пайдаланамын. Сондай-ақ өзара пікір алысу, талдау, талқылау туғызу үшін сабақтарымда көбінесе жұптық жұмысты ұйымдастырамынжәне жұпқа бөлуді әр сабағымда тақырыпқа сай түрлендіруге тырысамын. Яғни, оқушылар тақырып бойынша берілген тапсырмаларды өздері түсініп оқып, мазмұнын талдау үшін жұптар өзара сұрақ қойып, сөздерінің ерекшелігі, ақындардың прозамен байланысы, сөздердің тәрбиелік жақтары туралымәселелер талқыланады. Одан әрі оқушылар екі жақты күнделік толтыру кезінде талдаған мақалдарды өз пікірлерімен салыстыра отырып талдатамын. Бұл әдістің тиімділігі оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін одан әрі шыңдайды. Пәнді оқытудағы «Стикердегі диалог» немесе «Жұбын табу» әдісінде оқушыларға сұрақ және жауап жазылған стикерлер таратылады. Бұл әдістер бастауыш буыннан ауысқан орта буын оқушыларын тиімді қолдануға қолайлы деп ойлаймын.

Мен осы жұмыстарды орындау барысында көптеген нәтижеге қол жеткіздім, ең бастылары: оқушылардың сөйлеу қабілеттері жетілді; ойларын жүйелеуге, ашық айтуға үйренді; өз беттерінше әртүрлі шешімдер қабылдауда жауапкершіліктері мен көшбасшылық қабілеттері артты; шығармашылық қабілеттері дамыды.

Жоғарыдағы көрсетілген әдіс-тәсілдерді пайдалану барысында оқушылар бойында төмендегідей нәтижелерді көре білдік: жеке және жұптасып жұмыстануға дағдылану, өздеріне деген сенімнің артуы, заттарды салыстыра отырып, одан қорытынды шығара білу, шығармашылық белсенділіктерінің артуы, бір-біріне көмектесе отырып, қамқорлық сезімдерінің қалыптасуы, ең бастысы өзінің туған жеріне деген сүйіспеншіліктің, патриоттық сезімнің болуы.Сабақтарымның қорытынды бөлімдерінде әрдайым шағын ой толғау жазуды ұсынып отырдым, яғни эссенің екі түрі бар: 5-минуттық эссе, 10-минуттық эссе, «шығу парағы» және де ұзағыраққа созылған және көп еңбек сіңіруді қажет ететін шығарма болып табылады. Менің қолданғаным 5-минуттық эссе болатын. Жазба тапсырманың бұл түрі әдетте сабақтың соңында оқылған тақырып бойынша өз білімдерін қорытуға көмектесу үшін қолданылады. Мұғалім үшін – бұл кері байланыс алу үшін мүмкіндік деп білемін. Акындарға, кейіпкерлерге хат жазды, ондағы мақсат-ақындардың тәрбиелік жақтарын ашық айту болды. Оқушылар өз ойларын еркін көсіліп жазды. Ал ой

толғауларын өзгелермен бөлісу үшін оқушыларды автор орындығына отырып оқуға шақырдым. Бұл ретте дарынды және талантты оқушылардың жазу шеберліктерін, ой еркіндігін аңғаруға мүмкіндік туды. Бұл әдістің оқушылардың бойына өзін еркін ұстау, топ алдында ұялмау, сонымен қатар көшбасшылық секілді қабілеттерін шыңдауға тиімді екенін байқадым.

Жаңартылған білім мазмұнын жүйелі ендіруде, интеграция мен ғаламдастыру қатар жүріп келе жатқан бүгінгі таңда оқушылардың білім берудің сапасы мен деңгейін жан-жақты білікті, құзіретті, оқыту мен тәрбиенің жаңа технологиясын қолдана білетін ұстаздардың ғана қолынан келеді. Сол үшін ертеңгі болашағымыз бен болашақ жастарымыздың білімін ойлай отыра, олардың бойында барынша оқу сауаттылығын дамыту мақсатында біз сапалы білім беруіміз қажет.

Әдебиеттер

1.Әлметова Ә. “Сөйлеу әрекет әрекеттері түрлеріне оқыту (әдістемелік құрал). – Алматы: “Арыс”баспасы, 2007.-114 бет”).

2. Оқу үрдісін жобалауда педагогикалық технологияны іске асырудың дидактикалық шарттары//Алматы: Б.Ж. 2015-30б. К 74.58

3. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту (СТОД технологиясы жайлы және бірнешесабақтардың үлгісі). //Бастауыш мектеп 2003 - №6 10-13 б.

4. Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі: мақалалар, зерттеулер.-Алматы: Ан-Арыс, 2009. – 368 бет.

5. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С., Көпбаева Ж.С., Мазибаева Ж.О. «Қазақ тілі» пәні бойынша қазақ тілін деңгейлік оқытудың білім беру стандарты мен бағдарламасы.-Алматы:Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010.-122б.).

6. Самұратова Т. Жаңа педагогикалық технологияларды қолдану. // Бастауыш мектеп 2005 - № 10 Б. 6-8.

ОБУЧЕНИЕ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Ягофарова Ольга Шарибжановна
Актюбинская область Алгинский район Акайская средняя школа
учитель начальных классов

В течении семнадцати лет я работаю учителем начальных классов. За этот период этого времени я постоянно нахожусь в творческом поиске, а именно ищу новые методы работы с учащимися. Но также я отчетливо понимала,что процесс обучения не стоит на месте и в свою очередь требует усовершенствования, а именно новизны. И эта новизна должна дышать всем новым, интересным, чтобы заинтересовать учащихся , чтобы приходя на занятия у них гороели глаза,было желание работать. А самое главное , чтобы я сама работала с чем-то новым, вдохновляющим на новые открытия и творческие поиски.

В июне 2017 года я прошла «Курсы повышения квалификации по образовательной обновленной программе по предметам начальных классов».Основным принципом данной программы было соглашение практической деятельности с достоверными результатами научных исследований.Ожидаемые результаты данной Программы заключались в том,чтобы ученики научились тому как учиться,и в результате могли стать независимыми,самомотивированными,увлеченными, уверенными, ответственными

учениками с развитым критическим мышлением,умеющими свободно общатся на русском, казахском и английском языках и проявляющими компетентность в цифровых технологиях.

Данные курсы были очень продуктивными на котором мы постоянно работали в группах, разрабатывали какие-то свои идеи, планы ,принимали общие решения, словом мы были одним целым. Также при прохождении данных курсов я углубила знания о методах «критического мышления»,так как по данной технологии я работала,но на уроках применяла лишь ее элементы. Но после прохождения данных курсов я уже смело внедрила методы данной технологии в свою практическую деятельность.Теперь на уроках наблюдается творческая атмосфера сотрудничества,были установлены доверительные отношения между учащимися и учителем. Учащиеся научились более открыто выражать свои мнения, смело давать оценку своему товарищу, а самое главное на уроке наблюдалось атмосфера сотрудничества учителя и учащихся. Первое полугодие применялось формативное оценивание, где учащиеся оценивались смайликами, стикерами и звездочками.Что заметила у учащихся выработался дух соперничества, они старались как можно больше углубится в работу и выполнить ее. Мои коллеги также были заинтересованы данной программой обучения,постоянно интересовались новыми методами обучения, а также принимали активное участие в моей практической деятельности. Могу с уверенностью сказать, что моя практическая деятельность стала намного обширней и интересней,так как я глубже усвоила новые подходы и методы в обучении. Я готова продолжить обучение по обновленной программе обучения, будучи уверенной в том , что оно благотворно скажется на моих педагогических способностях.

Особую благодарность хочется выразить организаторам Центра Педагогического Мастерства города Актобе.

Работая с учащимися я смело внедряла , те приемы и методы ,которым научилась сама на пройденных курсах.Сразу хочу отметить, что не сразу все получалось,так как нужно было подвести учащихся к теме урока путем наводящих вопросов. В процессе работы , определенные методы стали постоянным спутником на уроках. Сразу хочу отметить, что методы я подбирала соответствущие развитию и способностям учащегося, ну а постепенно уже внедряла все последующие. В своей педагогической деятельности основной упор я делаю на диалоговое обучение. Диалоговое обучение позволяет процесс общения не только учитель-ученик, но и ученик –ученик, т.е. происходит обмен мнениями,впечатлениями,эмоциями,где учащиеся как друг с другом так и с учителем делятся своими мыслями,фантазией,а именно выражают свое мнение открыто.

Главные ответы на которые я ответила после прохождения данных курсов, по вопросу что имеет ученик и учитель в обновленной среде обучения и преподавания ?

- Организации своей деятельности;
- Душевности и чуткости;
- Ощущению свободы и счастья бытия;
- Самореализации, сохранению ценностей;
- Пониманию себя и пониманию других;
- Умению мыслить;
- Формированию и отстаиванию собственной точки зрения;
- Грамотному, осмысленному чтению;
- Умению усилить человеческое в человеке;
- Партнерским отношениям;
- Стремлению быть профессионалом;
- Умению сотрудничать;
- Гибкости мышления;
- Умению слушать;

-Мобильности;

Когда в центре учебной среды стоит ученик, учителя из "распределителей" знаний превращаются в "оранжировщиков и дирижеров", которые создают ученикам возможности для обретения этих знаний. Они также становятся демонстраторами - на собственном примере

- любознательной, находящейся в постоянном поиске мысли. Моделирование ситуаций, стимулирующих учащихся на высказывание своей точки зрения, на взаимодействие с другими, принятие чужой точки зрения в одном случае, умение аргументирование отстоять свое мнение в другом построено на знании процессов мышления и способствует не только качественному усвоению материала и его критическому осмыслению, но и развитию социальных навыков. Например, при проведении таких форм работы, как "мозговой штурм", "инсерт", "чтение с остановками" , «ассоциации», «ЗХУ»,обязательными условиями являются:

-доброжелательность;

-некритичность;

-соблюдение регламента высказывания идей;

-принятие и запись всех идей;

-высказывание своего мнения каждым;

Это способствует раскрепощению, учащиеся преодолевают свои комплексы и постепенно учатся высказывать свое мнение, что дает даже некоторый психотерапевтический эффект. Достоинство обновленной программы обучения по моему мнению, это то ,что учащиеся добывают информацию самостоятельно. Но учитель в тоже время является наставником и координатором в океане знаний, где главный пассажир это ученик. И моя задача как педагога и наставника приложить все усилия, чтобы этот корабль благополучно плыл в нужном направлении .

Обновленное содержание образования имеет богатые возможности для индивидуализации обучения. А формируя индивидуальность , учитель использует на уроках различные педагогические средства. Где каждый учащийся объективно оценивает свою точку зрения оказывающие воздействие как на отдельные сферы личности и компоненты этих сфер, так и на целостную индивидуальность. Организация работы предполагает чередование учебно- познавательной деятельности учащихся с совместной работой с учителем, но на определенных ее этапах , так как критическое мышление направлено на большинство самостоятельную работу в парах , иногда в группах.

Используемая литература:

1.Журнал « Начальная школа Казахстана» № 3,2018 год

2.Журнал « Русский язык в школах и Вузах Казахстана» №5, 2019 год

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ СОВРЕМЕННЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТНОГО ТИПА

Янченко А.В.,
заместитель директора по учебно- воспитательной работе
Агапий М.В. ,учитель начальных классов
КГУ «Средняя школа – гимназия №9»

Специфика современного мира состоит в том, что он меняется более быстрыми темпами, чем это было даже 10 лет назад. На данном этапе развития общества каждые десять лет объём информации в мире удваивается. Поэтому знания, полученные детьми в школе, через некоторое время устаревают и нуждаются в коррекции, а результаты обучения в виде умения учиться становятся сегодня всё более востребованными. Наше время – время перемен. Сейчас Казахстану нужны люди, способные принимать нестандартные решения, умеющие критически и творчески мыслить. Новые требования к образовательным результатам задают новые целевые ориентиры. Для достижения результатов требуется новый педагогический инструментарий.

ГОСО определяет системно-деятельностный подход как основу обучения младших школьников, в связи с этим целью обучения становится не передача определенных знаний, а создание условий для максимального развития индивидуальности ребенка, его способностей, склонностей, интересов. Соответственно вычленяются проблемы, которые ученик должен научиться решать, и учебный материал группируется вокруг этих проблем. Меняется и роль учителя: из "транслятора" информации он превращается в организатора деятельности ученика. Соответственно и ученик не просто сидит, слушает и воспроизводит полученную информацию на уроке, а становится активным участником по приобретению и освоению этой информации. Ученик должен стать субъектом деятельности. В концепции ГОСО осуществляется "перенос акцента с изучения основ наук на обеспечение развития универсальных учебных действий на материале основ наук". Концепцией ГОСО фиксированного содержания образования не предусмотрено, ученик формирует его сам в процессе учения, и учитель должен идти от потребностей ученика в той или иной информации, а не к ученику: "Возьми мои знания!". Учитель должен строить урок так, чтобы он учил решать проблемы.

Системно-деятельностный подход, лежащий в основе ГОСО, призван обеспечить:

1.Формирование готовности к саморазвитию и непрерывному образованию.
2. Проектирование и конструирование социальной среды развития.
3. Активную учебно-познавательную деятельность
4. Построение образовательного процесса с учётом индивидуальных особенностей.

Деятельностный подход к обучению предполагает:

• наличие у детей познавательного мотива (желания узнать, открыть, научиться) и конкретной учебной цели (понимания того, что именно нужно выяснить, освоить);
• выполнение учениками определённых действий для приобретения недостающих знаний;
• выявление и освоение учащимися способа действия, позволяющего осознанно применять приобретённые знания;

• формирование у школьников умения контролировать свои действия как после их завершения, так и по ходу;

• включение содержания обучения в контекст решения значимых жизненных задач.

Системно-деятельностный подход подразумевает использование в начальной школе следующих технологий:

- развитие критического мышления;

- проектная и исследовательская деятельность;
- педагогическая мастерская;
- игровые технологии;
- ориентированно-личностное обучение;
- здоровьесберегающие технологии;
- педагогика сотрудничества.

В своей практике я и мои коллеги активно используем технологию развития критического мышления. Более подробно остановлюсь на данной технологии. ТРКМ – это целостная система разнообразных приёмов, которая формирует навыки работы с информацией и направлена на то, чтобы сначала заинтересовать ученика (пробудить в нём исследовательскую, творческую активность), затем предоставить ему условия для осмысления материала и, наконец, помочь ему обобщить приобретённые знания. Основа технологии – трёхфазовая структура урока: вызов, осмысление, рефлексия. Часть приемов в данной технологии традиционные; часть приемов использовали в своей работе, только называли их иначе; часть приемов совершенно новые и интересные. Приведем примеры приемов и стратегий, которые я и мои коллеги наиболее эффективно и часто используются в урочной и внеурочной деятельности:

1. Разбивка на кластеры.
2. Скрайбинг
3. Маркированная таблица «Знаю, хочу узнать, узнал».
4. Пятиминутное эссе.
5. Метод шести шляп.
6. Инсерт – чтение с пометками.
7. «Тонкие» и «Толстые» вопросы.

Все эти приемы направлены на более эффективное усвоение информации учащимися в урочной и внеурочной деятельности. Основной результат системно-деятельностного подхода – развитие личности ребенка на основе развития универсальных учебных действий:

Личностных – действия, направленные на самоопределение личности, осмысление и нравственное оценивание своей и чужой деятельности, ориентацию в социальных ролях и межличностных отношениях.

Регулятивных, обеспечивающих организацию деятельности (целеполагание, планирование, прогнозирование, контроль, коррекция, оценка).

Познавательных, направленных на познание мира и решение проблем (поиск, отбор и структурирование информации, построение устного или письменного речевого высказывания, анализ, синтез, классификация, сравнение, выдвижение гипотез, доказательство, установление причинно-следственных связей, постановка проблем, выбор оптимального решения проблемы).

Коммуникативных, направленных на понимание других людей, умение эффективно взаимодействовать с ними (активное слушание, восприятие и передача информации в различных формах, распределение работы в группе, самопрезентация).

Таким образом, в условиях современной школы необходимо создавать систему обучения, которая, используя лучшие традиции мировой педагогической теории и практики; учитывает индивидуальные особенности обучающихся и обеспечивает организацию учебной деятельности с четко заданной целью и гарантируемым результатом. Правильный выбор современных образовательных технологий с учетом предъявляемых к ним требований и внедрению их в практику школы позволит успешно решать сегодня основную дидактическую задачу школы в условиях введения ГОСО нового поколения − учить всех обучающихся, добиваясь планируемых результатов обучения, обеспечивать формирование личности школьника.

Список литературы.

1. Власова Т.А. “Развитие критического мышления на уроках истории в старших классах”. // “Преподавание истории и обществознания в школе” - 2005 № 3.

2.Долженко Ю.А. “Методическое сопровождение личностно-ориентированного образования”. Б., 2003г.

3.Заир-Бек С.И., Муштавинская И.В. “Развитие критического мышления на уроке”. М., “Просвещение”, 2004г.

4.Ковалева Л.В. Технология развития критического мышления./Л.В.Ковалева. - Горно-Алтайск: ИПКРОРА, 2005.

5.Мельникова Е.Л. “Проблемный урок, или как открывать знания с учениками”. Пособие для учителей. М., 2002г.

6.Селевко Г.К. “Современные образовательные технологии”. М., 1998г.

7.standart.edu.ru

ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА МҰҒАЛІМНІҢ РӨЛІ

Абдуллина Айгерім Әлімбетқызы
Ақтөбе қаласы, №38 қазақ орта мектебі, информатика пәні мұғалімі

Біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңі - ақпараттық кезеңге толықтай көшіп келеді, бұл кезең, компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар мұғалім қызметінің барлық саласына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр.

Қазіргі кезде білім кеңістігін заманға сай ақпараттық технологияларсыз елестету мүмкін емес. Білімді ақпараттандыру күрделі де көп қырлы үдеріс болып табылады, оның сәтті жүзеге асуы білім мекемелерін компьютерлендіруге ғана емес, білім беруді ақпараттандыруды қамтамасыз ету әдістемесіне, ғылым мен тәжірибенің өзара байланысына да тәуелді.

Бұл ғалымдар мен педагогтардың, психологтар мен әдіскерлердің, бағдарламашылар мен ақпараттық - коммуникативтік технологиялар саласы мамандарының күш - жігерін жан - жақты жұмылдыру уақытының келгенін көрсетеді. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың (АКТ) қоғамның барлық саласына белсенді түрде енуі білім беру жүйесін де шет қалдырмады. Адамдарды ақпараттық қоғам өміріне даярлау үшін, осы жаңа қоғамның технологияларын үйрету қажет.

Мектепте компьютер мен АКТ-нің пайда болуы білім берудің негізгі субъектілері – *мұғалім* мен *оқушы* арасындағы қарым-қатынастың өзгеруіне әкелді. Оқушы біршама еркіндікке ие болды, яғни ол қажетті ақпараттық кеңістік шеңберінде қала отырып, әзірленген ережелер шегінде ақпаратпен алмасудың бастамашысы бола бастады.

Педагогикалық әрекеттің көп бөлігін өзіне міндеттеп алған интерактивті педагогикалық құралдарды пайдаланатын компьютерлік оқыту технологиясының таралуына орай, мамандар арасында мұғалімнің рөлі мен міндеттерінің ықтимал өзгерісі туралы пікірталас болып жатады. Сабақ барысында мұғалім, оқушылар алдында баяндаушы рөлінде емес, кеңесші немесе нұсқаушы кейпіне енеді. [1]

Компьютерлік *оқыту бағдарламалары* «әңгімелесу» диалог режімінде тағы бір – *«компьютер-оқушы»* жүйесін қалыптастырды. Оқушының интерактивті режімде ұзақ уақыт бойы мұғалімінің қатысуынсыз компьютермен тікелей қарым-қатынас жасау арқылы оқуы – бұл оқытудың жаңа түрі болып табылады. Жақсы оқытушы бағдарламалар белгілі бір

шектеулеріне қарамастан оқушыға дербес қарым-қатынасты қамтамасыз еткенімен, адами қарым-қатынасты ауыстыра алмайды.

Оқушыға білім алудың көптеген бағыттарын ұсынатын гипермәтіндік технологиялардың пайда болуы, оқытуда компьютерді қолданудың жаңа кезеңі болып саналады. Осыған орай оқушының танымдық әрекетінің беталысынан, білім алуды өздігінен басқаруға ауысуы байқалады.

Қазіргі информатика мұғалімі өз пәнін үйретіп қана қоймай, АКТ-ні пәндік сабақтарға енгізіп, пән мұғалімдеріне сабаққа дайындалу кезінде компьютерлік техниканы пайдалануына көмек беруі тиіс. Компьютерлік сыныпта өтетін сабақтар ашық-жарқын, қызықты және есте қаларлықтай болып өтеді. Бірқатар мамандардың айтуынша, ақпараттық технологиялар сабақтың тиімділігін арттырып, оқушылардың білімін бақылауға мүмкіндік береді. [2]

Ақпараттық технологиялар білім беруді адамзаттан алшақтатады деген үрейдің іс жүзінде жаны жоқ, керісінше, компьютерлік сыныпта сабақ өткізген мұғалімдер оқушылардың компьютермен жұмыс істеуге құмар екендігіне, талап етілген нәтижені алған кезде қандай қуаныш сезімінде болатындығына көз жеткізді, мұндағы басты қиындық сабақты уақытылы аяқтау болып табылады. Техника мұғалімдердің орнын басады деген теріс түсінік негізсіз, қайта ақпараттық технологиялар мұғалімдердей бола алмайды да, олардың талантын, шығармашылық қабілеттерін бағалай алмайды.

Оқушының компьютерде жұмыс істеуі кезінде басты рөлді мұғалім атқарады, себебі оның білімі де, тәжірибесі де мол, енді ол оқу үрдісінің – ұйымдастырушысы, кеңесшісі, сарапшысы. Мұғалім оқу және қарым-қатынас ортасын ұйымдастыру ережелерін ойлап табады. Әйтсе де енді ақпаратпен алмасуда бастамашы жалғыз мұғалім ғана емес: оқу жағдайына байланысты, ол оқу бағдарламасына әдістемелік амалдарды, қарым-қатынас түрлерін өзгерте алады. Оның басты міндеті, білім алудың жайлы ортасын қалыптастыру болып табылады.

Компьютерлік технологиялар мұғалім мен оқушы арасындағы диалог режиміне сәйкес қарым-қатынас пен ынтымақтастықтың жаңа амалдарын құрайды. Компьютер мен педагогикалық бағдарламалық құралдар бұрыннан қалыптасқан қызметтерді (тренаж, мәтіндік бақылау және т.б.) өзіне міндеттеп, мұғалімге неғұрлым шығармашылық, оқыту, тәрбиелеу және дамытудың нағыз адами міндеттерін қалдыра отырып, мұғалімге жұмыс стилін жетілдіруге көмек береді. Пікір-талас жүргізу, пайымдауды мадақтау, пәнді қолдау, оқушыларға алуан түрлі материалдарды түсіндіру кезінде қажетті бөлшектеу деңгейін таңдай білу сияқты оқу-тәрбиелік үрдістің маңызды компоненттерінде мұғалім әлі де (мүмкін өмір бойы) компьютерден әлдеқайда күштірек болады. Компьютер, мұғалімнің оқушымен және оның ата-анасымен жеке сұхбаттасуын ауыстыра алмайтынын айтпағанда.

«Барлық пікірлер бір ғана басты тезиске келіп тіреледі: мұғалімнің рөлі компьютерлік оқыту кезінде де сақталады, компьютердің рөлі қай кезде де мұғалім мен оқушының сенімді әрі жақын көмекшісі ретінде ғана болып қалады» [3], басқа да оқыту құралдары сияқты әдістемелік құрал болып есептеледі.

Қорыта айтқанда, компьютерлік оқыту үрдісінде басты рөлді информатика мұғалімі атқарады, сол себепті ол жаңа жетістіктер туралы тұрақты ақпаратқа, тәжірибемен алмасуға, оқытудың материалдық базасын жақсартуға әрдайым мұқтаж болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі Павлодар Мемлекеттік Педагогикалық Институты, Информатиканы оқыту әдістемесі:Оқу құралы. І-бөлім/ Т.Қ.Қойбағарова, Р.А. Ельтинова - 2013. - 195 бет.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана: 2010ж.

3. Лапчик М.П. и др. Методика преподавания информатики: Учеб. пособие для студ. пед. вузов / М.П.Лапчик, И.Г.Семакин, Е.К.Хеннер; Под общей ред. М.П. Лапчика. – М.: Издательский центр «Академия», 2001. – 624 с.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ КЛАСС БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ МЕН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МОДЕЛІ

Абубакирова Жанат Болатовна
Ақтөбе қаласы №55 мектеп-гимназиясының бастауыш класс мұғалімі

Функционалдық сауаттылық оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзыреттілікке ұласу жолы. Ол оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу құзыреттіліктерінің бірлігінен құралады.

Мен өз тәжірибемде оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге, ауызекі сөйлеуге үйрету үшін әр түрлі әдістерді жүйелі түрде қолданып жүрмін:

1. Өз ойын айту; 2. Дыбыстарды тіркестіріп сөз жасаңдар; 3. Түсіп қалған буынды табу;
4. Тиісті сөздерді тауып, сөйлемді аяқтау; 5. Берілген сөздерден сөз құрастыру;
6. Сөздердің мағынасын табу; 7. Сөздерді сәйкестендіру; 8. Орны ауысқан сөздерден сөйлем құрап жазу; 9. Сөйлемдерден мәтін құрастыру; 10. Берілген мақалдардың сыңарын табу. Мысалы, *«Өз ойын айту»* әдісін 1 сыныпта «Үй жануарлары», «Аңдар» атты тақырыптарды өткенде қолданған тиімді екенін аңғаруға болады. Мұғалім оқушыларға оқулықтағы тапсырмада берілген сұрақтар бойынша сұрақ қояды, оқушылар оған өз қалауы бойынша жауап бере алады. Әр жауап сайын, жануарлардың суреттерін құрастырады. Мысалы: Мынау не? (Мұғалімнің қолында немесе тақтада бір аңның немесе үй жануарының суреті болуы керек). Мынау піл ме? (Мұғалім бір суретті көрсетеді)

Осы бөлімнің соңында оқушылардың:

- аңдарды атай алу (аю, арыстан, кірпі, түлкі, керік, піл, қасқыр, қоян);
- үй жануарларын атай алу (қой, ешкі, сиыр, жылқы, түйе);
- бұл не? сұрағына жауап беретін сөздерді атай алу (аңдар, үй жануарлары, ауладағы гүлдер, ағаштар);
- Мынау піл ме? сияқты сұрақтарға жауап бере алу (Иә, мынау піл. Жоқ, піл емес);
- аңдардың жануарлардың санын, түсін айта алу (1-10 сандар), атай алу;
- аулада не бар екенін айта алу (Аулада ағаштар, гүлдер бар);
- аулада не істейтінін айта алу (Мен аулада ойнаймын. Мен аулада сурет саламын);
- қандай сурет салатынын (Мен ағаш саламын) айта алудағылары қалыптасуы қажет.

Осы жерде *«Қолдау» әдісін* пайдаланған тиімді.

- сөйлесу үлгісі бойынша өз суреті туралы сөйлей алады;
- тыңдаған сандарды дұрыс қайталайды;
- сөз тіркестер, сөйлемдер құрастырады.

Қазақ тілі сабағында мәтінмен жұмыс үлкен рөл атқарады, сондықтан мен сабағымымда оқушыларға мынадай тапсырмалар ұсынамын:

1. Мәтіннен тіректі сөздерді тауып алу. 2. Мәтінмен жұмыс істеп болған соң, оқушыларға қайта сол мәтін таратылады, бірақ ол мәтінде грамматикалық және басқа да қателер болады. Оқушылар сол мәтіннен қателерді табу керек (осындай жұмыс арқылы біз оқушылардыңқаншалықты мәтінді мұқият оқиды екенін байқаймыз).

3. Мәтін арқылы постер жасайды. Оқушыларға постерлердің бірнеше түрлерін дайындауға үйреттім (кесте, сызбалар, ағаш т.б.). Оқушылар кейін постерді қорғау үшін жоспар құрады (жоспар арқылы біз оқушылардың мәтінді қаншалықты түсінгенін, ойдың, тақырыптың ашылуын байқаймыз).

«Еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақ тағдыры ұстаздың қолында» деп елбасымыз атап айтқандай, оқушылардың талантын ашу – менің күн тәртібімдегі өзекті мәселелердің бірі.

Бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін сабағымда белсенді оқыту, диалогтік оқыту, сыни тұрғыдан ойлау стратегиясы сатылай кешенді талдау, мән беріп оқыту технологиясын қолданып келемін.

Белсенді оқытуда қысқа әңгіме, ойын түрлері, сөздік ойыны т. б. атауға болады. Өзім беретін 1, 2, 3 - сыныптарда мән беріп оқыту технологиясы бойынша оқушылардың оқу, тыңдау, айту, жазу дағдыларын дамытудамын. Көбінесе топтық жұмыс жасап, достық қарым - қатынасты нығайта отырып, ұлттық бірліктің жарасымына жол ашамын.

Сонымен бірге оқушылардың теориялық білімдерін дамыту мақсатында Н. Оразақынованың «Сатылай кешенді талдау» технологиясының тиімді жақтарын айтқым келеді.

1. Оқушыларға теориялық білім береді.
2. Тілін дамытады.
3. Ұлттық құндылықтарды бағалай білуге, құрметтеуге үйретеді.
4. Ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастырады.
5. Оқушының оқуға, білуге деген ынта - ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді.

1-сыныпта қазақ тілінің төл дыбыстарын өткен кезде сауаттылықтарын дамыту мақсатында жүргізуге болатын жұмыстар:

«Ә» дыбысын өту барысында беруге болатын тапсырма үлгісі. Мұндағы, оқушылар Ә дыбысын өткенде суретте берілгендерді («ә» әрпін, сол әріптен басталатын суретті сөздер) бояу арқылы есте сақтауы бір деңгейге артпақ. Сонымен қатар, *фонетикалық жаттығуды* пайдалануға да болады. Ән, ән, ән, Ән әлемі, Сән әлемі, Әлия әдемі, Әсия әдемі. «Ә» дыбысын бекітуде қолдануға болатын жұмыс түрі ретінде «Әліппе» атты тақпақты жаттау ұсынылады (3-сурет).

«Ғ» дыбысымен 1-ші сыныпта жүргізуге болатын жұмыстың бір түрі



«Балықшы» ойын арқылы білімдерін бекіту. Суреттердегі балықтардың артында сұрақтар жазылады, оқушылар дауыстап оқиды, тыңдайды.

1. Арыстан үлкен бе? (Иә, арыстан үлкен)
2. Қоян үлкен бе? (Жоқ, қоян кішкентай)
3. Кірпі кішкентай ма? (Иә, кірпі кішкентай)
4. Піл кішкентай ма? (Жоқ, піл үлкен)
5. 2 кірпі + 1 түлкі – неше аң болады?

Ал, балалар, ойын ойнауды ұнатасыңдар ма? Қазір біз қармақпен балық аулаймыз.

Ортақ Отанымыз – Қазақстанның одан әрі Мәңгілік Ел болып өркендеуі үшін, жан – жақты дамуы үшін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту арқасында талай асулардан абыроймен өтеміз деп және мұғалімдер тек қана адал салиқалы еңбек етіп, функционалдық сауаттылығы бар тұлға тәрбиелеп шығарымыз деген ойдамын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1.Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. ҚР Үкіметінің № 832 қаулысы. 2012 жылғы 25 маусым, Астана, Үкімет Үйі.

2. ҚР Білім беру жүйесін 2025 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы.

3.Н.Ж.Құрман, Г. Есенова Коммуникативтік жаттығуларды қолдану әдістемесі. – Ақтөбе, 2010.

4.М.Мұқанов Жас және педагогикалық психология. Алматы, 1981. – 111-113 бет.

5. Н. Құрман Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. – Астана, 2008.

6. Н. Құрман Жаңа технология жүйесіндегі қазақ тілі сабақтары. – Астана, 2008.

7. А.Қ.Рауандина. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі. - Алматы, 2010.

ОРЫС СЫНЫБЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ МҮМКІНДІГІ МОЛ

Алдиярова Ақтілек Құлымбетқызы
Ақтөбе қаласы «№18 орта мектебі» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияларды қолданудың тиімділігі өте зор. XXI көшбасшысы – жаңашыл, ізденімпаз, шебер ұстаз. XXI ғасыр ұстазы бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, өмірге реалистік тұрғыдан қарайтын, терең біліммен қаруланған оқушы тұлғасын сомдау үшін өзі де шеберліктің шыңынан көрінуі тиіс.Қазіргі таңда оқу үрдісінде қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда сан-алуан жаңа әдіс-тәсілдері мен технологиялар сапалы білім беруде үлкен рөл атқарады. Атап айтатын болсақ, «Сын тұрғысынан ойлау», М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы», Қ.Бітібаеваның «Логикалық модельмен оқыту технологиясы», Н.Оразханова «Сатылай кешенді талдау», Ақпараттық технология сабақ барысында оқушыларға сапалы және терең білім беруде атқаратын қызметі орасан зор.

Сонымен қатар оқушылар қызметін белсендіру негізінде педагогикалық технологиялар: *ойын технологиясы, проблемалық оқыту технологиясы, коммуникативтік байланыс технологиясының* да маңызы өте күрделі. Коммуникативтік байланыс технологиясы- сабаққа іскерлік бағдар береді. Сабақтың практикалық жағына бағытталады. Сөйлеу жаттығулары арқылы лексика мен грамматикалық ұғымдар кең көлемде бір қалыпты және тез мөлшерде жинақталады. Коммуникативтік оқыту қарым-қатынас жағдайларын құруға мүмкіндік береді:

1. Қызығушылығын коммуникативтік арттыру, коммуникативтік мотивация;
2. Дұрыс бағытта сөйлеу;
3. Өзара қатынастың қалыптасуы;
4. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы

Ақпараттық технологияны қолдану мұғалім үшін тиімді.

• Оқушының білімін қысқа уақытта бағалай алады
• Білім сапасын арттыра алады
• Оқушының білімін кез келген уақытта бағалай алады

Ал, ақпараттық технологияны қолдану оқушыға не береді?

• Оқу материалдарын жиі қайталау мүмкіндігі өсумен қатар шығармашылық шеберлігінің артуына жағдай туғызады Оқуға деген қызығушылығын арттырады. Оқушыларға тақырып шеңберінде немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады.

• Көрнекті түрде тапсырмаларды орындай алады
• Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға көмектеседі
• Уақытты үнемдейді
• Қайталау мүмкіндігін кеңейтеді
• Орындаған жұмыстарының қателерін бірден көруге мүмкіншілік тудырады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарын ақпараттық инновациялық технологиялар арқылы өткізе отырып, интербелсенді тақтамен жұмыс жасуға машықтыруға болады. Әр түрлі презентацияларды, видео материалдарды көру және қолда бар материалдармен өздері сабақтарды құрастыра алады. Компьютермен жеке дара жұмыс жасау барысында, деңгейлік тапсырмаларды орындау жұмыстары тиімді жүргізіледі. Өз білімдерін тексеру мақсатында электронды тестпен жұмыс жасау, электронды оқулықтармен жұмыс жасуға машықтандыру. Шығармашылық, іздену жұмыстарында интернет, сайттардан қажет деректерді тауып, пайдалануға үйретуге болады

Тақырып туралы ой-толғаныс – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді. Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған *“Бес жолды өлең”, “Венн диаграммасы”, “Еркін жазу”, “Семантикалық карта”* сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады. Өз ойларын жазуды ұсынады Ойларын қорытып, оны қағаз бетіне түсіреді.Ойларын қорытуға бағыттайды. Өз тұжырымдамасын жасайды

Сабақта оқушыға білім дайын күйінде беріле салмау керек. Мұғалім шеберлігі арқылы баланың білімді игеруге қызығушылығын ояту қажет. Ал ол сұрақ әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланың алдына жан-жақты мақсат қойып, іске асыруына жол көрсетеді. Сабақтың мақсаты: а) қызығушылықты ояту – сұрақ қою; б) мағынаны ажырату – жауаптар іздеу, мәселені зерттеу; в) ой толғаныс – ойлау процесінің ең жоғарғы сатысында мәселені талқылау, яғни үш фазада сабақты бөліп өту, оқыту мен оқу процесін осындай үш сатыда ұйымдастыру. Мен өз сабақтарымда, көбінесе қазақ тілі пәнінде стратегияларды оқу бағдарламасына сәйкес бірізді жүйелі түрде қолданып келемін. Сабақта қолданып жүрген әдістерім мынадай: I – қызығушылықты ояту фазасында ой қозғау (шақыру). II – мағынаны ажыратуда түртіп алу жүйесі, 5 жолды өлең. III ой толғаныс фазасында Венн диаграммасы, еркін жазу т.б. стратегиялар арқылы баланың дамуына, оның бойындағы жеке қабілеттердің ашылуына, шығармашылықпен ізденуіне жол саламыз. СТО бағдарламасына қатысудың нәтижесінде сабақта жеткен нәтижелерім:

1. Сабағымда сабақтың жаңа құрылымы пайда болды. Сабақтың жоспары: 1. Психологиялық дайындық. 2. Ой ашар. 3. Үй тапсырмасын тексеру. 4. Жаңа сабақ. I. Қызығушылықты ояту. а) Ой қозғау. ә) Өзіндік жұмыс. б) Түртіп алу ─ + ? v (INSERT) II. Мағынаны тану сатысы. 1. Топпен жұмыс. 2. Бес жолды өлең. III. Ой толғаныс сатысы. 1. Венн диаграммасы. 2. Бағалау. 3. Үйге тапсырма. 2. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту сабақтарының негізінде менің сабағымда оқушылар арасында:

- бір-бірінің пікірін тыңдау, сыйлауға ынтымақты қарым-қатынастың негізі қаланды;
- өзін жеке дара тұлға ретінде тануға жол ашуға;
- бір-біріне құрметпен қарауға;
- өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға;
- өзін-өзі, бірін-бірі бағалауға;
- мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыруға;
- достарының ойын тыңдай отырып, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге көмектесуге;
- белсенді шығармашылықты ойлауға негіз қаланды.

Ал енді сатылай кешенді талдауға келетін болсақ

Тақырыбы1. Жанрлық түрі 2. Авторы 3. Оқиға орны 4. Кейіпкерлері:а) іс-әрекеті, кәсібі; ә) мінездеме; б) портреті.

Композициялық құрылымы:

I. Оқиғаның басталуы II. Оқиғаның дамуы III. Оқиғаның шиеленісуіIV. Оқиғаның шарықтау шегі V. Оқиғаның аяқталуы

7. Әдеби – теориялық ұғымдармен жұмыс

а) Әңгіменің юморлық тұсын баяндау. ә) Диалогты тауып оқу.

8. Пәнаралық байланыс:

а) Табу сөздер; ә) Дисфемизм сөздер.

9. Әңгіменің түйіні, тәрбиелік мәні.
Мұғалім нені білуі керек:
- Жаңа технология көмегімен шешілетін мәселені;
- Сабақта қолданатын әдіс-тәсілдерді;
- Жаңа технологияны қолдану арқылы алынатын нәтижені;
Мұғалім не істеуі керек:
- Әртүрлі типтегі сабақтарды өткізу;
- Жаңа технологияда пайдаланатын жекелеген әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- Өткізген сабақтарға талдау жасау.
Жаңа технологиялар мынадай мүмкіндік береді:
- Оқушыны өз қабілетіне,болашағына сенуіне;
- Оқушыны ынталандыруға;
- Оқушы мен оқытушының ынтымақтастық қарым-қатынасына;
- Оқушының өз білімін бағалай білуіне;
- Баға әділдігіне;
- Білім көрсетудің әділ сайысына бағыттауға.

Қорыта айтқанда, СТО бағдарламасының әдістері арқылы оқушылардың ой- пікірі, көзқарасы, дүниетанымы қалыптасады.Оқушылардың белсенділігі артып, келесі сабақты асыға күтеді. Олардың қазақ әдебиетті оқуға деген қызығушылығы мен қажеттілігі қалыптасады.Өз пікірін айта алатын, өз көзқарасын дәлелдей алатын, ұлтын сүйетін оқушы ертеңгі өмірдің ағымына да төтеп бере алатын азамат болатынына мен кәміл сенемін.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектептерінде» әдістемелік журнал - №3, 2019ж.
2. «Ұстаз» ғылыми-әдістемелік журнал - №2(31), 2018ж

МАТЕМАТИКА ПӘНІ САБАҚТАРЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Амангосова Эльмира Сагнадиновна
Ақтөбе қаласы №61 Жалпы білім беретін орта мектеп
Математика пәні мұғалімі

Қазақстан білім беру жүйесі қазіргі таңда өзгермелі және өскелең талаптары мен қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, отандық білім саласын әлемдік білім деңгейіне жеткізуге бетбұрыс жасауда. Бұл білім жүйесін жетілдіру және оны сапалы деңгейге көтеруді алға тартады. Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім, ғылым, тәрбие қажет. Ендеше, санасына сызат түспеген періште көңіл сәбиді өмір баспалдағына жетелеп, білім мен тәрбиенің ақ желкеніне отырғызып, рухани дүниесін байытып, біліммен нәрлендіретін ,әлемдік бәсекелестіктің жылдам дамуына ілесе алатындай «Мәңгілік елдің» білімді де тапқыр дара тұлғаны қалыптастыратын -ұстаз . Тәуелсіз Қазақстанның дамыған бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарында терезесін тең ететін - білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үдерісін технологияландыру мәселесі қойылып, оқытудың әр түрлі технологиялары зерттеліп, жаңартулармен мектеп өміріне енуде.

Математика сабағындағы негізгі сауаттылыққа мыналар жатады :

1. Математика – ғылым болмысынан балама ұғымдар. Сондықтан да математика барлық ғылымдардың логикалық негізі – күре тамыры ретінде қарастырылады;

2. Математика, ең алдымен, оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шыңдай түседі;

3. «Математикалық сауаттылық» ауызша, жазбаша қабілеттерін қалыптастыру арқылы оқушының «математикалық сауаттылықты» меңгере білу қабілетін шыңдайды;

4. Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылысты, жаңалықты дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі;

5. Математиканың болашақ тұлғаны моральдық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан қалыптастыруда да тәрбиелік мәні бар.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін:

- теорияны білу , оны логикамен ұштастыру
- есепті шығаруда тиімді жағын көруге баулу
- математикалық сайыс сабақ, пән кеші, апталықтарды математиканың даму тарихымен байланыстыру,
- Ақпараттық оқыту технологиясынан математика сабақтарында интерактивтік тақтаны қолдану. Интерактивті тақта арқылы оқушылар жаңа материалдарды арнаулы бағдарламалар көмегімен мүмкіндігінше меңгерумен қатар функциональдық сауаттылығы да артады.

Қазіргі таңдағы ақпараттандырылған заманда сабақта интерактивті тақтаны тиімді пайдалана отырып, оқушының білім сапасын шығармашылық негізінде арттыру - өмір талабы. Ол үшін мұғалім тиімді интерактивті әдістер арқылы проблемалық ситуациялар туғызып, оқушылардың топтық жұмысының нәтижесінде олардың өз бетімен тақырыпты түсінуге қолайлы жағдай туғызады, танымдық қызметін басқарып, ілгері жетелеп отырады. Соңында оқушылар өздері қорытындысын шығарып, практикалық жұмыстармен бекітеді.

Жаңа технологияның тиімді әдіс- тәсілдерін ұрпақтың бойына сіңірте білу - ұстаздардың басты міндеті. Жаңа технологияның тиімділігі сол,

Оқушы:

- *мақсат қоюға үйренеді;*
- *есте сақтау қабілеттері дамиды;*
- *басқалармен бірігіп жұмыс жасайды;*
- *кітаппен жұмыс жасауға үйренеді;*
- *қатарынан қалмауға тырысады;*
- *дарынды оқушылар өз қабілеттерін одан әрі бекіте түседі;*
- *әлсіздер оқуға ниет білдіріп, өзіне деген сенімсіздіктен арылады.*
- *күшті сыныптарда оқуға деген ынта артады.*
- *білім дәрежесі бірдей сыныптарда оқу жеңілдейді*
- *өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады*

Мұғалім:

- *жүйелі тапсырма беруге ұмтылады;*
- *оқушыны жан-жақты танып біледі;*
- *қарым қатынас орнатады;*
- *оқушылардың өзара әрекеттесуіне жол ашады;*
- *оларға шығармашылық еркіндік беріледі.*

Біздің заманымыз ғылым мен техниканың ғарыштап дамыған кезеңі, біз ұстаздар сол заманмен бірдей қадам басуға міндеттіміз, себебі біз адам тағдырына, бала тағдырына жауаптымыз . Сондықтан оқушылардың функционалдық математикалық сауаттылығын арттыру үшін мынадай жұмысын жүргізуіміз керек:

1. Сабақ берудің жаңа технологиясы негізінде құрастырылған сабақтың әр тарауы, әр тақырыбы бойынша "білу – түсіну – қолдану – тұжырымдау" деңгейлік тапсырмаларымен жүйелі жұмыс жасауды күшейту;

2. Сабақта практикалық мазмұнды есептерді, әртүрлі форматтағы тест тапсырмаларын, стандартты емес жағдайларда білімді қолдануға арналған қызықты есептер шығарту;

3. Математика пәні сабақтарында, таңдау курстарында алған білімдерін өмірмен ұштастыруға, оны практикада қолдануға, логикалық есептер шығаруға үйрету;

4. Халықаралық зерттеулер мен Ұлттық емтихандардың нәтижелері бойынша мектепте оқушылармен мақсатты түрде жұмыс істеу;

5. Мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған белсенді оқыту стратегияларын пайдалануды үйрену.

5 -6 сыныптарға бергендіктен оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру мақсатында логикалық есептер мен ойын түрлерін көбірек пайдаланамын. Жалпы, математика сабағында қолданылатын ойын түрлері оқушылардың математикалық ұғымдарын кеңейтіп, ойлау қабілеттерін арттырып, есептеу дағдыларын шыңдай түсетіні белгілі. Әр баланың тапқырлығын арттырып, қызығушылығын туғызады, теориялық материалдарды меңгеруге және оны практикада қолдануға машықтандыруға себебін тигізеді, әрі оларды сергітеді, оқуға ынтасын, белсенділігін арттырады. Сонымен қатар, әдеттегі бірсарынды сабаққа үндемей отыратын оқушылар ойын кезінде өте белсенді болатын кездер жиі кездеседі.Өйткені ойын кезінде олар тең құқыққа ғана қолы жетіп қоймай, басқаларды өзіне қарататын мүмкіндікке ие болады. Олардың әрекеттері еркін және батыл болып, ойлаудың тереңдігін көрсете бастайды да,білімді меңгеру белгілі әрекет үстінде жүзеге асады. Мысалы, Қараңғы бөлмеде майшам мен керосин лампасы бар. Бірінші не жағасыз?(шырпы) немесе Ахметтің анасының 3 баласы бар. Егер олардың үлкенінің аты – Қыркүйек, ортаншысының аты – Қазан болса, кенжесінің аты кім болғаны? (Ахмет)

Оқу бағдарламасында жекелеген тақырыптар ретінде логикалық сұрақтар қарастырылмайды, дегенмен оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда логикалық есеп-жаттығулардың алатын орны ерекше.
Бірінші дөңгелекте алғашқы санды ең кішісін алсақ (16) қалғандары ап+1=ап :2*3 формуласымен алынады. Осы ереже екінші дөңгелекте де сақталады. в1=40 ,вп+1=вп:2*3 в =3а-1 қарама қарсы сандар

2. Әрбір үшбұрыштың ортасында орналасқан сан астыңғы екі санды өзара көбейтіп, үшбұрыш төбесіндегі санға бөлсек ізделінді сан шығады (45).

3. Әрбір жатық бойында орналасқан үш санның шеткі екеуінің цифрларының қосындысы ортаңғы санды береді.

1+9+8+4 =23 3+0+3+2=8

5+3+1+0+1=10, ізделінді сан онға тең.

4.берілген үлгіге сәйкес нұсқа

Өтініш------- кезекті демалыс

Кепілхат------?(құнды заттар алғаны үшін)

5.кестеде жүк машинасының бір аптадағы жолы көрсетілген.Осы кестеге сәйкес диаграмманы көрсет

Мектеп асханасында шаршы пішіндес үстелге айнала әр жақтан бір-бірден 4 оқушы отыра алады. Мектеп кешені дәл осындай 4 үстелді бір қатарға қойып, ұзын үстел құрады.()

Ескерту: 1үстелге 4 оқушы отырады

Сұрақ 1: Мектеп асханасы

Осы ұзын үстелді айнала қанша оқушы отыра алады?

Жауабы: ------- оқушы

Сұрақ 2: Мектеп асханасы

Мектеп асханасының еденіне өлшемі 20х20 см болатын 1500 дана плитка төселген. Асхана еденінің ауданы қанша?

Жұмысыңызды көрсетіңіз.

Жауабы: ----------

Сұрақ 3: Мектеп асханасы

Бір мезгілде 50 оқушы тамақтану үшін асханаға осындай ұзын үстелден неше қатар үстел қою қажет ?

Жауабы: Қатарлар саны: ----------

т.б сияқты логикалық сұрақтар қоя отырып оқушыларға да өздері осындай сұрақтар дайындап келуге тапсырма беремін тапсырма орындалады бірақ оның қаншалықты дұрыс бұрыстығын сабақ үстінде оқушы өзі анықтайды. Осылай оқушылардың өздерінің ізденістерін ұйымдастырамын.

Осындай бағыттағы есептерді сабақ барысында қолдану арқылы ғана біз – алған математикалық білімдерін тиімді пайдалана алатын, өмірдегі кез келген жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдайтын, өзінің математикалық сауатты екенін дәлелдей алатын функционалдық сауатты тұлға тәрбиелеп шығамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы // ресми мәтін. Астана: Әділет, 2012. – 14 б.

2.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы / Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығы // ресми мәтін. – Астана, 2012.

3.А.Қ.Әлімов. Оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану. Алматы, 2012ж

6. Интернет қоры. bilimdiler.kz.

4.Кенеш Ә.С. Әбілқасымова. Математиканы оқытудың теориясы. Алматы 1998 Журнал «Математика Қазақстан мектебінде» Алматы 2014.

ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Атаева Гулсимслу Сейтказиевна
КГУ СШ «№18 средняя школа»
учитель русского языка и литературы

Основополагающим требованием общества к современной школе является формирование личности, которая умела бы самостоятельно творчески решать научные, производственные, общественные задачи, критически мыслить, уметь пользоваться информацией, вырабатывать и защищать свою точку зрения, свои убеждения, систематически и непрерывно пополнять и обновлять свои знания путем самообразования, совершенствовать умения, творчески применять их в действительности. Т. е. современное образование нацелено на развитие функциональной грамотности обучающихся, при которой знания из разряда теоретических должны стать прикладными и использоваться в повседневной жизни. Реформа образования с переходом на 12-летнее обучение и повышение квалификации учителей по кембриджской Программе уровневых курсов тоже направлены на формирование

функциональной грамотности. Не секрет, что уроки русского языка и литературы не являются для многих любимыми. Но задача учителя состоит в том, чтобы нелюбимый учениками предмет сделать интересным, нужным и востребованным. Во время посткурсовой практики я расспрашивала своих учеников, как изменилось их отношение к предмету после введения новых подходов в обучение и преподавание. Трое интервьюеров смело ответили, что у них появился интерес к предмету, захотелось работать в группе, что перестали бояться высказывать свое мнение, научились самооценивать и взаимооценивать работу свою и одноклассников, появилась ответственность перед товарищами, теперь, работая в паре или группе, не отсидишься и не спрячешься за спины, потому что важен каждый голос, каждая идея. Интеграция семи модулей Программы в практику обучения помогает отобрать материал, продумать стратегии, подготовить задания, необходимые для развития функциональной грамотности.

Формирование навыков функциональной грамотности начинается с самостоятельного определения учениками темы и цели урока. Важно лишь создать необходимые условия для этого: комфортный психологический настрой, правильно сформулированный проблемный вопрос или ситуация, способность услышать каждого. Стратегии «*Мозговой штурм», «Моя идея», «Ромашка Блума», «Кроссворд», «Четвертый лишний», «Горячий стул», «Магический квадрат»* направлены на активизацию мыслительной деятельности учеников, позволяют им сразу включиться в работу, помогают работать с информацией и отбирать ее. Развивать функциональную грамотность можно на любом этапе урока, при изучении любой темы по русскому языку или литературе. Так, например, при изучении моими пятиклассниками темы «*Предложения с прямой речью. Диалог*» мы составляли диалоги на темы «В магазине», «В библиотеке», «В автобусе», «На рынке» и разыгрывали эти мини-сценки. Важно было не только правильно составить и употребить вежливые формы обращения, записать правильно, соблюдая знаки препинания, реплики и предложения с прямой речью, но и проявить актерские способности при исполнении. Стратегия «Драма» успешно работает и на уроках русской литературы. Так при чтении наизусть басен И. А. Крылова ученики пятых классов разыгрывали мини-спектакль. Открытием для одноклассников стало умение некоторых ребят вживаться в роль, через интонацию, мимику и жесты показать характеры героев. Различные мини-сочинения, эссе, зарисовки помогают ученикам точно отбирать материал, развивают их устную и письменную речь, творческие способности. На стадии Вызова важно отобрать материал таким образом, чтобы через решение лингвистической задачи, ученик мог пополнить свои практические навыки. Опираясь на жизненный и знаниевый опыт обучающихся, предлагаю сравнить, сопоставить, проанализировать ту информацию, которая дается в учебнике, найти самостоятельно в других источниках материал по заданной теме, используя ИКТ, высказать свое мнение, доказать свою точку зрения. Для учеников, имеющих языковой или психологический барьер использую разговорные карточки. Так, например, при защите флипчарта *«Однородные и неоднородные определения»* восьмиклассникам были предложены формулировки начала ответов:

«Определение — это второстепенный член предложения, который…»,

«Однородные определения имеют следующие признаки…»,

«Запятые при однородных определениях ставятся в случаях…».

Такие карточки помогают быстрее сформулировать ответ, учат ученика определенным формулам ответа. Кто-то скажет, что это ответ по шаблону, согласна. Но! Ученик, слабо успевающий, имеющий языковой или психологический барьер, быстрее адаптируется, учится преодолевать эти трудности, хоть и со шпаргалкой. Отсюда уверенность и ситуация успеха. Когда обучающийся выходит за рамки своей Зоны ближайшего развития (термин Л. Выготского), знания и навыки, приобретенные во время индивидуальной, парной и групповой работы, становятся его неотъемлемой частью. Учителю нужно лишь помочь ученику сделать

этот шаг, направить его в нужную сторону. Задания типа «*Составь вопрос и задай другому», «Шесть почему», «Верно-неверно», «Инсерт», «Знаю-Хочу знать-Узнал»* работают на формирование умений критически отбирать информацию, наблюдать, анализировать и синтезировать ее, что способствует развитию критического мышления учеников. Так, например задание «Установи соответствие» при изучении тем раздела «Лексика» необходимо найти соответствия между 1) синонимами и фразеологическими оборотами; 2)фразеологизмами и антонимами. Учерта на куличках. За тридевять земель. Рукой подать. Носом ткнуться. Слова для справок: далеко, близко, рядом. Умение наблюдать, классифицировать, анализировать и синтезировать — основополагающие методы работы с любым текстом, лексическим материалом. Решая практические задачи, ученик применяет знакомые ему формулы решения, отсеивает ненужную информацию, формирует умение логически выстраивать свой ответ, соотносит известное с неизвестным или со своим жизненным опытом, учится высказывать и доказывать свое мнение. Часто предлагаю своим ученикам вопросы такого плана: «Почему Мцыри можно назвать романтическим героем?», «Что объединяет и делает разными Алеко и Мцыри?», «Представь, что Мцыри добрался до своих родных мест. Что, по-твоему, он будет делать?». Полюбились ученикам и некоторые стратегии, такие как: «*Фишбоун*» (когда требуется найти причинно-следственные связи), «*Ассоциации», «Карусель*» (когда работы друг друга анализируются и дополняются необходимой информацией, или материал объемный, так что приходится его делить по группам), «*Допиши предложение», «Независимое расследование*» (например, когда необходимо сопоставить имеющиеся лексические значения слов с бытующими в разговорной речи: почему образовалось слово «мазелин», «прихватизация», «зряплата» и т. д.). Дифференцированные задания, разработанные с учетом учебных потребностей и возрастных особенностей — одна из составляющих функциональной грамотности и залог успеха на уроках.

Литература:

1. **Бирибаева Н. Ж.** Пути практической реализации «Национального плана на 2020–2025 годы по развитию фунrциональной грамотности школьников// Уроки русского языка и литературы в школе. – № 6–2020.
2. **Хасеинова В. А.** О подготовке педагогов к формированию функциональной грамотности и компетентности учащихся на уроках русского языка и литературы // Открытая школа. — № 2–2018.

ПРИЕМЫ И МЕТОДЫ ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Бақтыбергенова Гүлжахан Бақтыбергенқызы
Общеобразовательная средняя школа № 61
Учитель русского языка и литературы

Одной из первостепенных задач в рамках реализации плана действий по развитию функциональной грамотности школьников становится задача анализа текущей ситуации. Наиболее известными международными оценочными исследованиями занимается Международная программа оценки учебных достижений 15-летних учащихся (Program for lnternational Student Assessment - PISA), проводимая под эгидой Организации экономического сотрудничества и развития (ОЭСР). В последние годы введены новые формы контроля:

«Читательская грамотность» (5, 7, 9 классы), ВПР (5-11 классы), устный экзамен по русскому языку в 9-ом классе.

Наша современная школа нацелена на развитие функциональной грамотности обучающихся и на подготовку к успешному прохождению всех видов контроля.

Функциональная грамотность – понятие метапредметное и формируется практически на всех занятиях как гуманитарного, эстетического, так и естественно-математического циклов. На уроках русского языка и литературы мы работаем над несколькими основными видами функциональной грамотности, а именно: коммуникативной, информационной и деятельностной.

При формировании коммуникативной грамотности мы учим школьников самостоятельно выражать свои мысли в устной и письменной речи, создавать различные тексты: сочинения-рассуждения, изложения, сообщения, доклады, рефераты, рецензии, публичные выступления и т. д. Также создавать проекты, выполнять интеллектуально-лингвистические упражнения; участвовать в игровых ситуациях, выстраивать диалоги.Для этого используются различные формы работы на уроках: индивидуальная, работа в группах, минигруппах.

Эти методы, виды и формы работы на уроках способствуют формированию умений вступать в контакт с любым собеседником и поддерживать общение, соблюдая нормы и правила, слушать собеседника, стимулировать собеседника к продолжению общения, изменять при необходимости речевое поведение.

Для учителей русского языка особенно актуальной является подготовка обучающихся к ГИА в 9-ых, 11-ых классах, которая включает экзаменационные сочинения разных видов (сочинение-рассуждение на лингвистическую тему, сочинение-рассуждение на понимание смысла фрагмента текста, сочинение-рассуждение по данному определению; итоговое сочинение-рассуждение на основе произведений художественной литературы и сочинение-рассуждение в формате ЕГЭ).

При написании сочинения возникают определенные трудности. Одним из действенных методов подготовки к созданию собственного текста, по-нашему мнению, является редактирование чужого сочинения. При этом применяем групповой метод работы обучающихся. Группы работают над сочинениями, написанными одноклассниками. Сначала ребята оценивают текст по установленным разработчиками КИМов критериям. Например, наличие тезиса, двух аргументов, вывода, использование примеров из художественной литературы или исходного текста. Это трудоёмкая, кропотливая работа, требующая умения анализировать текст. Также обучающиеся проверяют грамотность написания сочинения по четырём критериям: орфографические, пунктуационные, грамматические и речевые ошибки. Эта работа позволяет обучающимся избежать многих недочётов, ошибок в собственных сочинениях. Кроме того, в группе оттачивается умение вести диалог, слушать собеседника и вырабатывать общую точку зрения.

Важной составляющей функциональной грамотности является *информационная грамотность.* Поток информации в нашем мире огромен и разнообразен (учебники, справочная литература, Интернет), но не всегда полезен. Задача педагога – научить школьников выбирать важное и нужное для решения конкретной задачи или проблемы как на уроке, так и в жизни. Поиск информации в различных источниках, её извлечение, переработка, систематизация и представление – все это формирует функционально грамотную личность.

Наиболее эффективным методом работы в этом направлении считаем создание учебных ситуаций, связанных с актуальными на данный момент темами: «Экология планеты», «Круг чтения современных подростков» и т.д. На таких уроках можно использовать примеры из реальной жизни, а для составления учебных заданий – тексты разных стилей и функционального назначения. Например, объявление, реклама, инструкция, библиография и

т.д. На основе этих материалов можно создавать задания разных видов: от тестов и кроссвордов до веб-квестов.

Основополагающим требованием общества к современной школе является применение системно-деятельностного подхода в обучении. Знания из разряда теоретических должны стать прикладными и использоваться в повседневной жизни. Эти качества достигаются путем сознательного, активного присвоения обучающимися социального опыта. При этом знания, умения и навыки формируются, применяются и сохраняются в тесной связи с активными действиями самих школьников.

Формированию навыков деятельностной грамотности способствует, прежде всего, создание необходимых условий, таких как комфортный психологический настрой, правильно сформулированный проблемный вопрос, способность услышать друг друга. Для стимулирования практической деятельности обучающихся используются следующие активные формы обучения: *«Мозговой штурм», «Моя идея», «Ромашка Блума», «Кроссворд», «Четвертый лишний», «Магический квадрат»*. Они позволяют школьникам сразу включиться в работу на любом этапе урока.

При разработке оценивания креативности/креативного мышления мы опирались на модель Б. Лукаса, в которой выделены отдельные компоненты креативности. В структуру креативности, представленную в этой модели, внесе-



[12] См.: *Lucas B., Claxton G., Spencer E.* Progression in Student Creativity in School: First Steps Towards New Forms of Formative Assessments // OECD Education Working Papers. — Paris: OECD Publishing, 2013. — № 86.
[13] *Facione P.* Critical Thinking: What It Is and Why It Counts. — 2003.

Хорошо известный всем учителям метод «Мозговой штурм» мы часто используем при подготовке к экзаменационным сочинениям, особенно к итоговому сочинению в 11 классе. Итоговое сочинение невозможно написать, если ученики не поймут, что тема сочинения, тезис (основная мысль) и примеры из произведений художественной литературы (аргументы) неразрывно связаны между собой. Раскроем любую тему, если четко выстроим эту цепочку – вот что должны понять ученики.

На уроке предлагаем от пяти до десяти тем, называем конкретные, уже изученные произведения. Ребята должны быстро выстроить логическую цепь и вспомнить эпизоды из художественных произведений, подтверждающие тезис, ими же сформулированный. Сначала предлагаем темы простые, представляющие вопрос: *«Согласны ли вы с мнением М. Булгакова: «Тот, кто любит, должен разделять участь того, кого он любит?», «Могут ли доброта и злоба сочетаться в одном человеке?», «Всегда ли зло совершается намеренно?»* и др. Затем – темы, представляющие цитаты: *Как Вы понимаете высказывание римского философа Сенеки: «Трудно привести к добру нравоучением, легко примером»?* или *Согласны ли вы с утверждением, что «злых людей нет на свете, есть только люди несчастливые»?*

Сформулировать тезис по данным темам легче: нужно просто дать полный ответ на вопрос или согласиться / не согласиться с автором цитаты, объяснив, как ты эту цитату понимаешь. Каждая группа работает по своему направлению («Добро и зло», «Гордость и смирение»,«Надежда и отчаяние» и др.)

Используя опыт учителей нашего округа, предлагаем на уроках индивидуальную (может быть парная и групповая) работу, домашние задания с использованием Интернета (на уроке могут быть подручные мобильные телефоны) по схемам: объясните понятия «добро-

зло», «гордость-«смирение» и др; приведите цитаты великих людей, произведения; составьте темы по данному направлению; напишите вступление, заключение по данной теме и т. п.

Результатом такого «мозгового штурма» станет умение быстро ориентироваться в выборе темы на экзамене, навык написания тезиса и безошибочного подбора примеров к сочинению.

Русский язык является одним из ведущих предметов гуманитарного цикла в системе школьного образования. Основная задача педагога – обеспечить обучающимся получение качественного образования с учетом их потребностей и особенностей, обеспечить формирование функционально грамотной личности.

Последовательная и кропотливая работа в этом направлении ведёт к тому, что у обучающихся появляется интерес к предмету, работе в группах. У ребят исчезает страх публичного выступления, они открыто начинают высказывать свое мнение, формулируют свою точку зрения. Вся эта работа ведёт к формированию функциональной грамотности у наших обучающихся.

Список литературы

1. Ермоленко, В. А., Перченок, Р. Л., Черноглазкин, С. Ю. Дидактические основы функциональной грамотности в современных условиях: Пособие для работников системы образования [Текст] / – М. : ИТОП РАО,1999. – 228 с.

2. Логвина, И. А. К вопросу о формировании навыков функционального чтения//Международная научно-практическая конференция «Чтение детей и взрослых: книга и развитие личности». – Санкт-Петербург, 2011.

3.Материалы сайта Курс «Развитие навыков функционального чтения» https://sites.google.com/site/kursusfunctreading

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Дабылова Айманкул Аныковна
Ақтөбе қаласы «№18 орта мектебі» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазір жаңа технологияларды меңгеру үшін ең басты қажетті құрал – білім.

«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-16 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары» атты құжатында «*...тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады*» деп атап көрсетілген. Аталған құжатта мектеп оқушыларының фунционалдық сауаттылығын дамытудың 4 түрлі механизмі қарастырылған. Біріншіден, білім берудің мазмұны мен әдіснамасын түбегейлі жаңарту, екіншіден, оқу нәтижелерін бағалау жүйесін өзгерті, үшіншіден, қосымша білім беру жүйесін дамыту, төртіншіден, оқыту мен тәрбиелеу үдерісіне ата-аналардың барынша белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында анықталған, басты мақсаттардың бірі – жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын

қалыптастыру, тез өзгеретін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады.

Қазіргі заман талабына сай *жан-жақты, зерделі, дарынды, талантты* адамдарды қалыптастыруда білім беру мәселесі, оның оқыту жүйесін үйлестіре алу міндеті туындап, жаңа талаптар қойылуда .Соған орай ұстаздардың алдында тұрған міндет: табысты және әрекетке дайын қабілетті, әлеуметтік рөлін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Жалпы құзіреттіліктің сипатына беделді пікір айтуға мүмкіндік беретін білімді игеру деген түсіндірме берілген.Тұлға құзіреттілігін дамыту – ұстаздың құзіретті тәсілдерді меңгертуі, білім беру мазмұнын жетілдіру. Ол үшін баланы субъект ретінде қарап, оқу ісіне өзінше

қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу керек. Оның бастысы – оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушының оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу, әрекет ету. Мақсатқа жету оқушының өзі арқылы іске асады. Мұғалім – бағыт беруші, ұйымдастырушы. Осы мақсатта мен өз сабағымды Блум таксаномиясы негізінде құрастырамын. Себебі Блум таксаномиясы бір ізбен реттелген мақсаттар жүйесі арқылы оқушылардың білім деңгейлерін, шығармашылық деңгейге жетуді ұсынады.

Мақсаттар жүйесі	Оқушылардың когнитивтік іс - әрекеті
Білу	Оқушы меңгеретін және берілетін білім негіздері
Түсіну	Оқушы білімді қабылдайды, түсінеді, түсіндіреді.
Қолдану	Алған білімді қолданады
Талдау	Білімді жай қабылдамайды, талдайды, саралайды, салыстырады
Жинақтау	Алған білімнен жаңа өнім жасап шығарады.
Бағалау(сыни өзіндік пікір)	Өз пікірін білдіреді, сынайды, жоққа шығарады, не мақұлдамайды.

Осы сызбаға сала отырып, оқушыларға мынадай үлгіде тапсырма беріледі

Біліктілігі	Оқушы іс-әрекеті
Білу	Зат есім дегеніміз не?
Түсіну	Жұмбақты оқып шешуін тап. Шешуіне қатысты екі сөйлем құра. Сызбаға зат есім жайлы білгенінді жаз
Қолдану	Ребусты шешіп, шешуіндегі сөзге әңгіме құра
Талдау	Мәтінді көшіріп жаз. Зат есімді тап, жалқы, жалпы зат есімдерді ажырат.
Жинақтау	Артық сөзді тап.Кітап, дәптер,қайшы, қалам
Бағалау(сыни өзіндік пікір)	Шағын эссе жаз

Оқушылардың шығармашылығын дамыту мақсатында бес жолды өлең, сурет бойынша әңгіме құрастыру, тақырып төңірегінде өлеңдер құрастыру жұмыстарын жүргіземін.

Мысалы, «Өлең шығарайық»

Жеріміз ....

..... қазақпыз

Еркіндік ....

..... жырлаймыз.

Бұл жұмыстардың соңында свот талдау жүргізіп, қорытынды жасаймын.

Оқушылардың ғылыми ізденушілік жұмыстарын дамыту мақсатында *«балық сүйегі», «өрмекші», «әдебиет үйірмесі»* әдістерін қолданамын.

Мысалы: «Әдебиет үйірмесі». Баяндаушы-әңгімені мазмұндайды. Зерттеуші- әңгімедегі негізгіні анықтайды. Сілтемеші- сөздіктермен жұмыс жүргізеді. Сұрақ құрастырушы-сұрақтар даярлайды. Дәнекер- өмірмен байланыстырады. Бейнелеуші-әңгімедегі негізгі кейіпкерді суреттейді.Мысал: «Балық сүйегі». Тақырыбы: «Өнер білім бар жұрттар»

Ы. Алтынсарин. Оқу тапсырмасы

Білу. Ы. Алтынсарин туралы не білетініңді балық сүйегіне жаз. Өлеңді мәнерлеп оқып шық.

Түсіну. Сарай не арба сөздеріне сипаттаманы балық сүйегіне жаз.

Қолдану. Кәзіргі уақыттағы көлік түрлерін балық сүйегіне жаз.

Талдау. Айшылық алыс жерлер, көзді ашып жұмғанша сөйлем құра.

Жинақтау. Өнер, білім жайлы мақал жаз.

Бағалау. Өлеңді қазіргі өмірмен салыстыр, дәлелде.

Осындай жұмыстарды жүргізу арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттырамын.

Оқушыға дайын білім мен идеяларды ұсыну емес, оқушылардың өздерінің білім мен идеялар құруға, яғни, сындарлы оқыта отыра функционалдық сауаттырығын арттыруға болады.Осы орайда В.А.Сухомлинский «*Баланы білім, ақиқат, ереже мен формулалар қоймасына ойландырып қоймас үшін оны ойланту керек*» деп айтқан сөздерін негізге ала отыра, заман талабына сай жаңа заман оқушысының функционалдық сауттылығы жоғары болуы тиіс деп ойлаймын. Ал оқушының функционалдық сауаттылық деңгейін арттыруда баланы ойлантуымыз маңызды болып табылады. Яғни, оқушы мектеп қабырғасында алған білімдерін өмірде қолдана білсе ғана ол табысты бола алады. Ол үшін баланың алған білімінің дұрыс бағалануы басты назарда болуы тиіс. Мұғалім сабақ жоспарын құру барысында қай бала қалай бағаланатыны туралы жеке қарап, алдын ала бағалау шкалаларынқарастырып, болжам жасай отыра, оны жоспарына енгізіп, барлық сабақ үрдісін бағалау қажеттігін ескерген жөн. Оқушы өзін-өзі талдау, өзіне-өзі баға беру мен рефлексия жасау тәжірибесін үйренуі, оқу үдерісі ғана емес, бағалау үдерісінің де белсенді қатысушысы болуы керек.Оқушының функционалдық сауаттылығын арттырудағы, сындарлы ойлантудағы келесі маңыздыларының бірі – кері байланыс деп есептейміз. Оқушының оқу үрдісінде алған білімдерін келешекте қолдану үшін оқушының қандай деңгейде екендігін, яғни өзінің біліміне өзі сындарлы баға беруге көмектесіп қана қоймай, өз проблемасымен жеке қалмай,қолдау арқылы шешімін табуда маңызды. Кері байланыс үдерісінде оқушылардың жауабын мадақтау және жеке мақсатты көрсеткіштерді белгілеуді көздейтін бағалау. Ол оқушыларды өздерінің жұмысына қатысты айтылған пікірлер жайында ойландырып, оларды келешекте жетілдіру мүмкіндіктерін табуға ынталандырады. Сондықтан да астарлы бағалай отыра,сыни ойлай білу және өзіндік жұмыс істей білу қабілеттілігі мұғалімнің жаңа идеяларды тудыруға, сабақ үдерісін одан әрі дамытуда маңызы зор болып табылады.Сондықтан бүгінгі оқушының функционалдық сауаттылығын арттыруда жаңа формациядағы мұғалім бойында төмендегі кәсіби құзыреттілігі болса мақсатымызға бірге жетпекпіз, ол:

- оқушыларға қамқорлық көрсете білетін, оған ықпал жасай алатын және өз бетінше шешім қабылдауда бағыт-бағдар беретін;
- әрбір оқушының пәнді түсінуді қалай құрылымдау қажеттігін ойластыра білетінін сезінетін, осы көзқарастар тұрғысынан білімі мен тәжірибесін қалыптастыратын;
- оқушының білім беру бағдарламасы деңгейлері бойынша ілгері жылжуын өрістету мақсатында мазмұнға сәйкес кері байланыс орната алатын кәсіби білімі мен түсінігі бар;

- оқытудың мақсаты мен сабақтың нәтижелі де табысты өту өлшемдерін, өзі мен оқушыларының бұл өлшемдерге қандай дәрежеде сәйкес келетіндігін білетін;

- оқушылардың игерген білімі мен оқушылар мойындаған «Біз қайда бара жатырмыз?», «Қандай іс-әрекет жасау керек?», «Одан әрі не істеу керек?» деген сияқты табыстылық өлшемдері арасындағы алшақтықты жою үшін не істеу керек екенін білетін;

- бастапқы идеядан өзге идеяларды өрістете байланыстыратын және сол идеяларды оқушылардың өздері құрастырып, жандандыра алатындай етіп жинақтап, толықтырып, тереңдетіп бере алатын мұғалімдер. Бұл құзыреттіліктер деңгейлік бағдарламада көрсетілген.

Белгілі педагог К.Ушинскийдің «*Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, іздеуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады*» - деген пікірін негізге ала отыра мұғалім әрдайым кәсіби дамуына назар аудару қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлтық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы).

2. ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.- Астана, 2020.

3. Оразахынова Н., Кенжебаева Г. М. - «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары»

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Ергалиев Асылбек Беккалиевич
Ақтөбе қаласы «№18 орта мектебі» КММнің дене шынықтыру пәні мұғалімі

Әлемдегі барлық елдер мен халықтардың өзара байланысы мен тәуелділігінің өсіп, тереңдей түсуіне байланысты Қазақстан Республикасында білім беру жүйесінің дамуын әлемдік білім кеңістігінің даму процестері мен тенденцияларынан бөліп қарауға болмайды. Мектептегі білім беру жүйесіндегі әлемдік тенденциялардың негізгі бағыты - дәстүрлі репродуктивті оқыту әдісінен білім берудің жаңа сындарлы құзыреттілік моделіне көшу. Ол мектеп оқушыларының танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауының дамуын қамтамасыз етуге арналған, яғни тұлғаның өзі - білімді, шығармашыл, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мен дамытуға бағытталған.12 жылдық білім беруге көшу - уақыт талабы болып отырған объективті қажеттілік. Әлемдік білім кеңістігінде белгілі бір халықаралық стандарт қалыптасты.Бүгінгі таңда адамның негізгі функционалдық қасиеттері - бастамашылық, шығармашылықпен ойлау және стандартты емес шешімдерді таба білу, кәсіби жолды таңдау қабілеті және өмір бойы оқуға деген дайындық. Барлық осы функционалдық дағдылар мектеп жағдайында дамыған. Білім беру стандарты жаратылыстану білімі мазмұнының жалпы мәдениетін, қоршаған ортадағы адекватты мінез-құлқын, өз денсаулығы мен айналасындағылардың денсаулығын сақтай отырып қалыптастыру үшін маңызды мазмұнды таңдау арқылы анықтайды. Табиғи орта, яғни экологиялық, гигиеналық және генетикалық сауаттылыққа тәрбиелеудің негізін құрайды. Бастауыш мектеп стандарттарының мазмұнына әлемнің қазіргі жаратылыстану көрінісі, қазіргі заманғы теориялардың, идеялардың ғылыми дүниетанымды қалыптастырудағы рөлі туралы мәліметтер кіреді. Стандарт ережелерін іске асырудың негізгі тәсілі - бұл белсенділік және практикалық-бағдарланған тәсілдер,

оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру және дамыту. «Функционалдық сауаттылық» термині қашан пайда болды? «Функционалдық сауаттылық» термині 1957 жылы ЮНЕСКО-да «сауаттылық» және «минималды сауаттылық» ұғымдарымен қатар енгізілген. Сауаттылық пен минималды сауаттылықты қалай анықтауға болады? Сауат ашу дегеніміз - оқу, жазу, санау және құжаттармен жұмыс істеу дағдыларына жатады. Минималды сауаттылық дегеніміз - қарапайым хабарламаларды оқып, жаза білу. Функционалдық сауаттылық дегеніміз не? Функционалды сауаттылық дегеніміз - адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсуі және оған тезірек бейімделіп, жұмыс істеуі. Адамның қарапайым қысқа мәтіндерді оқу, түсіну, құрастыру және қарапайым арифметикалық амалдарды орындау қабілеттілігі сияқты қарапайым сауаттылықтан айырмашылығы, функционалдық сауаттылық дегеніміз - адамның қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін білім, білік және дағдылардың атомдық деңгейі. Белгілі бір мәдени ортада адамның өмір сүруіне қажетті минимум болып саналатын әлеуметтік қатынастар жүйесі. Функционалды сауатты адам - бұл әлемге бағдарланған және әлеуметтік құндылықтарға, үміттер мен мүдделерге сәйкес әрекет ететін адам. Функционалды сауатты адамның негізгі белгілері: бұл адамдар арасында өмір сүруді білетін және белгілі бір қасиеттерге, негізгі құзыреттерге ие тәуелсіз адам. Функционалды оқу және жазу сауаттылығы дегеніміз оқушының мәтіннен ақпарат алу үшін оқу және жазу дағдыларын еркін қолдана білуін, яғни оны түсіну және түрлендіру үшін және осындай ақпаратты нақты қарым-қатынаста беру кезіндегі оқушының қабілеті. Функционалдық сауаттылық «адам өмірінің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешуде мектепте алған білімін пайдалану мүмкіндігі» деп түсініледі. Дәстүрлі түрде мектепте білім берудің мақсаттары түлек игеруге тиісті білім, білік және дағдылар жиынтығымен анықталды. Бүгінгі күні бұл тәсіл қоғамға (кәсіптік білім беру мекемелері, өндіріс, отбасы) болашақ өмірге қосылуға дайын, өмірлік және кәсіби мәселелерін іс жүзінде шеше алатын түлектерге мұқтаж жеткіліксіз болып шығады. Бүгінгі күні басты міндет - проблемалық ситуацияға тап болған кезде оны шешудің бірнеше әдісін таба алатын, өз шешімін дәлелдейтін рационалды жолды таңдай алатындай деңгейдегі түлек дайындау. Бұл көбіне алынған «құзыреттілік» ұғымы қолданылатын кейбір қосымша сапаларға байланысты. Мектеп оқушыларының дене тәрбиесі процесі өмірдің, танымның, қарым-қатынастың, өзара түсіністік пен өзін-өзі көрсетудің нақты мектебі бола алады. Тұлғаның рухани негізіне сүйене отырып, балаларда ішкі көзқарасқа, өзін-өзі бағалауға және өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысты дамыту қажет. Дене шынықтыру саласындағы құзыреттілікке негізделген тәсіл оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал ете отырып, қазіргі заманғы сабақтың осы және басқа міндеттерін жүзеге асыруға көмектеседі. Қалыптасқан құзыреттіліктер: Денсаулыққа деген құрметті қарым-қатынасты тәрбиелеу, жеке дене шынықтыру сабағында еңбекке қабілеттілікті арттыруға, аурулардың алдын алуға бағытталған дағдылар мен дағдыларды игеру. Жарақат кезінде алғашқы көмек. Физикалық дамудың және дайындықтың жеке сипаттамаларын анықтау. Салауатты өмір салтының маңыздылығын түсіну, дене шынықтыру әдістері арқылы зиянды әдеттерден сақтану жайлы оқушыларға түсіндіріп отыру керек. Мектеп оқушыларының дене тәрбиесіне құзыреттілік әдісін енгізу студенттерде қалыптасады:

- тұрақты басшылықсыз жұмыс істей білу, жауапкершілікті сезіну өз бастамасы;
- бастамашылықты басқалардан мұны істеу керек пе деп сұрамай көрсету мүмкіндігі;
- проблемаларды байқауға және оларды шешу жолдарын іздеуге дайын болу;
- жаңа жағдайларды талдай білу және ондағы бар білімді қолдана білу;
- басқалармен тіл табыса білу қабілеті;
- өз білімдері бойынша жаңа білімді алуға дайындық (олардың тәжірибесі мен басқалардың пікірлерін ескере отырып);
- жоғары деңгейдегі спортшылардан жаңа нәрселерді үйрену мүмкіндігі.

Дене шынықтыру сабағында келесі құзыреттіліктер қолданылады. Негізгі құзыреттіліктер - бұл тұрақты басшылықсыз өз бетінше жұмыс істей білу (бұл дене шынықтыру сабағында, шаңғымен сырғанау, қашықтыққа жүгіру, жүзу кезінде көрінуі мүмкін). Жауапкершілікті өз бастамасы бойынша қабылдау мүмкіндігі (стандартты емес жағдайларда командалық спорт түрлерінде команда лидері рөлін алу, әсіресе команда ұтылып жатқанда). Жалпы пәндік дағдылар: бұларға дене жаттығуларын дұрыс орындау (жүзу, жүгіру, шаңғы тебу, түрлі спорттық ойындар ойнау) жатады.

Қолданбалы пәндік дағдылар: бұл мектептен тыс уақытта жаттығу жасау мүмкіндігі. Мысалы - мектепті бітіргеннен кейін, әскери қызметте, лагерьлерде, түрлі жарыстарда, адам өміріне қауіп төндіретін экстремалды жағдайларда қызмет ету. Өмірлік дағдылар - салауатты өмір салтын физикалық жаттығулар жасау арқылы, стандартты емес жағдайларда қажет, мысалы: су тосқауылынан өту (жүзбелі қондырғылар болмаған кезде), зардап шеккенге алғашқы медициналық көмек көрсету және т.б. Мұның бәрін дене шынықтыру саласындағы функционалдық сауаттылық деп атауға болады. Дене шынықтыру сабағында функционалдық сауаттылықты қалай дамытуға болады? Өйткені, біздің пән мектеп бағдарламасындағы басқа пәндерден түбегейлі ерекшеленеді. Дене шынықтыру сабағының басты міндеті - сабақ барысында балалардың максималды дене белсенділігін қамтамасыз ету. Бірақ сонымен бірге теориялық ақпаратты да ұмытпауымыз керек. Әр сабақтан оқушылар тек дағдыларды емес, білімді пайдалануы керек. Әр мұғалім сабақ барысында сабақ тақырыбы бойынша түсініктеме береді. Бұл: спорт туралы тарихи ақпарат, жарыс ережелері, жаттығуды орындау техникасы, болуы мүмкін қателіктердің мысалдары және оларды болдырмау т.с.с. Бірақ мұның бәрін балаларға айтып қана қоймай, олардың осы білімді игеруін тексеру қажет. Бұны қалай істейді? Ең қарапайым нәрсе – араласу. Сабақ соңында сауалнама. Үй тапсырмасын кесте толтыру, тақырып бойынша хабарлама дайындау, реферат жазу түрінде тест түрінде ұсынуға болады. Бұған сіз шығармашылықпен қарай аласыз. Балалармен әр түрлі онлайн байқауларға, олимпиадаларға қатысу мені келесі идеяға жетелейді: сіз оқушылардың білімін сынып та және үй жұмысы түрінде тексеру үшін осындай сипаттағы тапсырмаларды қолдана аласыз. Бұл сұрақтар, тесттер жазылған карточкалар болуы мүмкін. Тапсырмалар шығармашылық сипатта болуы керек: ребустар, сөзжұмбақтар, жұмбақтар, басқатырғыштар, жауап таңдау мүмкіндігі бар тапсырмалар, сонымен қатар оқушының өзі жауап жазатын ашық тапсырмалар және т.б.Мұндай тапсырмалар ойлау процестерін белсендіреді, есте сақтауды жаттықтырады, талдау, салыстыру және логикалық ойлау қабілеттерін дамытады. Мектеп оқушыларының дене тәрбиесі процесі өмірдің, танымның, қарым-қатынастың, өзара түсіністік пен өзін-өзі көрсетудің нақты мектебі бола алады. Тұлғаның рухани негізіне сүйене отырып, балаларда ішкі көзқарасқа, өзін-өзі бағалауға және өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысты дамыту қажет. Қазақстандық білім беру жүйесін модернизациялау дене тәрбиесін түбегейлі қайта құруды қажет етеді. Қазіргі кезде дене шынықтыру мұғалімінің қызметі келесі міндеттерді шешуге негізделген:

• дене мәдениеті және өмірлік маңызды моторикалар мен дағдылар туралы білім жүйесін қалыптастыру;

• оқушылардың жеке моторлық қабілеттерін дамыту және оқушылардың дене дайындығы деңгейінің жоғарылауы;

• тұлғаны физикалық жетілдіру үшін құндылық бағдарларын тәрбиелеу;

• тұрақты жаттығулар мен таңдалған спорт түріне қажеттілікті қалыптастыру;

• адамгершілік және ерік қасиеттерін тәрбиелеу;

• тұлғааралық қарым-қатынас тәжірибесін дамыту. Оқушыларды нақты білім, білік және дағдылармен қаруландыру үдерісі әр сабақта интеллектуалды және ерік қасиеттерін дамытуға және жаңа танымдық қызығушылықтарды, дұрыс көзқарастарды, сайып келгенде, жеткілікті түрде дәйекті қалыптастыруға оң әсер ететін етіп бағытталуы керек. Қозғалыс белсенділігі

саласындағы мықты сенім. Осы мақсаттар үшін қатысушылардың ойлауын табандылықпен жандандыру, олардың орындалатын іс-әрекеттердің мәнін түсінуіне қол жеткізу, тәуелсіздіктің көрінуіне жағдай жасау, өз жұмысына, жалпы мінезқұлыққа жеке жауап беру және оқыту қажет олардың эмоцияларын басқару болып табылады.

Әдебиеттер:

1.Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс - қимыл жоспары;

2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлтық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы);

3.ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.- Астана, 2020ж;

4.Оразахынова Н., Кенжебаева Г. М. - «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. - Б. 42-47

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНДЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Жаксылыкова Эльмира Абдижалиевна
Ақтөбе қаласы «№18 орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Білім беру саласының алдындағы негізгі мақсат – оқушы бойында білім-білік, дағдыларға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде жылдам өзгеріп жатқан өмірге бейімді, өзін-өзі дамыта алатын, өз бетімен кез-келген мәселені адамгершілік тұрғыда шеше алатын, өзіндік ойы бар жеке тұлға қалыптастыру. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі қазіргі таңда өзгермелі және өскелең талаптар мен қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, отандық білім жүйесі әлемдік білім кеңістігіне бетбұрыс жасауда.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен өмірге келген функционалдық сауаттылықтың мақсаты–оқушылардың білімдерін өмірде тиімді қолдануға үйрету. Сонымен қатар,ол орта білім жүйесінің парадигмасын түбегейлі өзгертудің негізі болып табылады.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жалпы білім беретін мектептерде зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған ел азаматын қалыптастыру, оның өзгермелі әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру деп айқын көрсетілген .

Бұл–дәстүрлі мектеп моделінен рационалды модельге, әрі қарай феноменальді модельге «үш адым» ілгері аттау дегенді білдіреді. Осы мақсатқа қол жеткізу арқылы Қазақстан оқыту деңгейі мен сапасы жағынан жетекші елдер тобына қосылады деп күтіледі. Бұл жолда атқарылатын сан жұмыстың бағдары төмендегідей:

- *оқушылардың тұлғалық қабілеттерінің дамуындағы функционалдық;*
- *сауаттылықтың мәні мен маңызын оқыту үдерісін де саралай түсу;*
- *Қазақ тілі пәнін оқыту үдерісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын мәдениет танымдық, коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық, оқу-танымдық құзыреттіліктер негізінде дамыту әдістемесін басшылыққа алу;*

- қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыратын басты ұстанымдарды анықтау;

- оқушылардың қазақ тілінен функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға ұсынылған әдістемелік жүйелердің тиімділігін практикада сабақтың нәтижелері арқылы дәйектеу.

Қазақстан Республикасының орта білім беру саласындағы басым бағыттарын әлемдік білім беруді дамыту үдерістері мен сәйкестендірілуі мақсатында оқушылардың функционалдық сауаттылығын (ОФС) дамыту өзекті мәселе ретінде күн тәртібіне қойылып отыр. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың теориялық негіздері оқушылардың қазақ тілін меңгеруі барысында жүйелі ойлауын дамытып, мектепте алған білімінің өмірдің қай саласында да тірек болуын қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік жүйе жасауға және қолдануға мүмкіндік береді.

Қазақ тілін оқыту барысында қалыптастырылуы тиіс деп күтілетін «функционалдық сауаттылықтың» белгілерін төмендегі модельден көруге болады .

Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда жаңа оқыту технологияларын қолдану

Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері дегенде, ең алдымен, оқушылар меңгеруі тиіс деп танылған қазақ тілінен берілетін білім мазмұны, қазақ тілін ана тілі ретінде оқуы арқылы оқушылардың тілдің кумулятивтік қызметін меңгеруі арқылы өзін-өзі тануы, тілдік санасы жетіліп, тілдік тұлға ретінде қалыптасуына игі ықпал ететін педагогикалық заңдылықтар қарастырылады.

Қазақ тілін функционалдық сауаттылықты дамыту бағытында.

Оқытуда педагогиканың, дидактиканың жаңашыл идеяларын қолдану керек. Бұл ретте оқу бағдарламасы, оқулық, оқу құралдары мен оқыту формалары, оқушының білімін тексерумен бағалаудың жаңа формалары, жаңа оқыту технологиялары, білім мазмұнын сұрыптаудағы жаңашыл әдістер т.б. мәселелер аса өзекті болып табылады.

Олар: электрондық пошта, чат, форум, веб-конференция т.б.

Интерннеттен тікелей алынатын мәліметтер немесе интернет ресурстар– қазақ тілін түрлі бағытта, түрлі салаға үйрету үшін мол әрі құнды мәліметтер бере алады, соның негізінде заманға сай оқу материалдарын жүйелеуге бастау көзі ретінде сенімді тірек болады.

Қазақ тілі сабақтарының мақсаты – оқушылардың сөздік қорын дамыту, оқу техникасын қалыптастыру, дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету, сөйлем құрылысын меңгерту, қазақ тіліне тән дыбыстарын айтып, сөз ішінен ажырата білуге үйрету. Біз үшін ең басты мәселе-оқыту әдісін дұрыс таңдау. Себебі, жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Біздің іс-тәжірибемізде қолданып жүрген тиімді жаңа технологиялардың бірі.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы. Себебі, бұл технология жоғарыда айтылып кеткен жұмыс түрлерін іске асыруға өте тиімді. Осы технологияны қолданудағы басты мақсатымыз – оқушылардың ауызекі сөйлеу дағдыларын дамытып, өтетін тақырып мазмұнын тереңінен ашып,өздері ой қорытындысын жасай алуға дағдыландыру, шығармашылыққа баулу.

Осы технологияның әр түрлі стратегиялары білім беру жүйесінде нәтижеге жеткізетіндігін байқадық. Сонымен қатар, сынып оқушыларының тілге деген қызығушылықтары мен шығармашылық қабілеттерін әрі қарай дамытуға көп көмегін тигізді. Сабақ барысының ең басты кезеңдердің бірі.

«Қызығушылықты ояту». Бұл кезеңнің мақсаттары:

- оқушы өзінде қалыптасқан білімі мен түсініктерін өзектендіру;

- оқылатын тақырыпқа танымдық қызығушылықты ояту;
- оқушының белсенділігін ояту

«Мағынаны ажырату». Мағынаны тану кезеңінде білімге сүйене отырып, бұрын және сабақ барысында не үйренгенін салыстырады.

-қарастырған тақырыптың мәнін толық түсіну және өзіне қойылған мақсатты іске асыру үшін жаңа тақырыпты талдайды, қажеттісін іріктеп алады.

- өзіне қойған сұрақтарға мағыналы жауап алғандарын бағалайды.

«Ой толғау». Бұл кезеңнің мақсаты:

- қабылданған жаңа және ескі түсініктердің ара қатынасын ашу.
- оқылған материалды талдау және қорытындылау.
- тақырыпты мұнан әрі меңгеру бағытын анықтау.
- Алған білімдері нөмір мен байланыстырады, қорытынды нәтиже шығарады, өз бетімен жаңа идеяларды ойластырады.

Өз тәжірибемде оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге, ауызекі сөйлеуге үйрету үшін әдістерді жүйелі түрде қолданып жүрмін. Интербелсенді оқыту әдістерін пайдалану кезінде тиянақты білім, қиялдау мен шығармашылық, тез тіл табысу, белсенді өмірлік көзқарас, командалық рух, жеке, дербестік құндылық, өз пікірін білдіру, еркіндік, іс - әрекетке ерекше назар аудару, өзара сыйластық дағдылары дамытса, ойын түрлері; жеке және жұптық, топтық жұмыстар; оқушылардың өз бетінше іс - әрекеттері; Нақты жағдайлар, олардың нәтижесін жасау; Сұрақтар қоюда ынталандыру (СТО - ға үйрету); оқыту мәселелері; “Ыстық орындық” әдісі. Берілген тапсырмаға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру керек, себебі, орындық ыстық. “Автор орындығы” оқушының өзі жазған шығарма, эссесін оқытқанда отырғызып оқытуға болады. «Миға шабуыл» стратегиясы, «9 - ромб» әдісі, «Детальдарын қосу» әдісі. Бұл әдістер оқушылардың функционалдық сауттылығын қалыптастыруда өте тиімді.

«Функционалдық сауаттылық» белгілі бір кезеңге сай субьектінің алған білімі мен білігі негізінде сауатты іс-әрекет ете алуы деген мағынаны білдіреді. Функционалдық сауаттылық – тілдік тұлғаның әлеуметтік-қоғамдық ортада сөйлесім әрекетінің түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім) өзінің мақсатына қарай еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі.

«*Бақыт жолы тек білімнен табылар»* - деп Ахмет Игүнеки айтқандай, ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлырақ болуына ықпал ететін адамзат қоғамын алға апаратын құдірет күші тек – білімде. Қай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы-оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, дамуына тікелей байланысты.

Әдебиеттер:

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымда
2. Қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту / Р. Л. Даулеткалиева.
3. Қазақстан Республикасында білім берудің 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2020ж.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ САБАҚТАРЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МӘТІН АРҚЫЛЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Жанкабылова Айгуль Калмырзаевна
Ақтөбе қаласы М. Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Өмірлік міндеттерді шешу үшін алған білімді қолдана алу дағдысы, яғни өмірдегі барлық мәселелердің шешімін табудың бірден-бір жолы –функционалдық сауаттылық. Бұл – өмірмен тығыз байланысты, бүкіл өмірдегі мәселелерді қарастыратын пән. Ол өмір бойы білім алуына ықпал етеді, яғни, бүгінгі қарқынды дамып жатқан қоғамда заман ағымына қарай ілесе отырып, меңгерген білімді өмір тәжірибесінде қолдана алуы мен жетілдіріп отыруына септігін тигізеді. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Халықаралық деңгейдегі зерттеулерде функционалдық сауаттылық 3 бағытта қарастырылады. 1)оқу сауаттылығы, 2) математикалық сауаттылық, 3) жаратылыстану бағытындағы сауаттылық.

Оқу-адамның зияткерлік мәдениетінің көрсеткіші. Оқу арқылы адам жетіледі, жаңа нәрселерді үйренеді, ақыл-ойы дамиды. Бұл үрдіс адамның өмірінің соңына дейін жалғасады.

Мәтін мазмұнының әртүрлілігі оқушының жеке қабілеттерін қалыптастырады. Оқу сауаттылығы мәтіндерді меңгеруге негізделген.

Қазақ тілі пәнінде негізгі оқыту нысаны – мәтінмен жұмыс. Күнделікті сабақта мақсатқа сай оқытуда жаттығулардың мәтін түрінде берілуі және осы мәтінмен жұмыс барысында орындалатын жұмыстардың сараланып жүйеленуі қажет. Осыған орай мұғалім әр сабағында мәтінмен жүйелі жұмыс жүргізгенде және оқушының оқу дағдысын қалыптастырғанда ғана нақты нәтижеге қол жеткізе алады.

Мәтінмен жұмыс жасауда: мәтіннен негізгі, қосымша, детальді ақпаратты анықтау, оған тақырып таңдап,мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру, хаттың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу; коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізу; ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру сияқты жұмыс түрлері жасалады. Осы аталған жұмыстарды күнделікті сабақ барысында қалай қолданатынымызға тоқталатын болсақ, 5-сыныптың қазақ тілі сабағында «Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер. Лексика» тарауы бойынша «Тұсау кесер» тақырыбында төмендегідей мәтінмен жұмысжасалды.

1-тапсырма. Берілген сурет нені білдіреді? Екі сәйкестікті анықта.

2-тапсырма. Ретімен орналастыр.

Отбасылық дәстүрді ретімен орналастыр.

1.Тілашар 2.Шілдехана 3.Сүндет той 4.Тұсау кесер 5.Балаға ат қою 6.Бесік той

7.Ашамайға отырғызу. 8.Тоқымқағар 9. Туған күн

3-тапсырма. «Баланың аяғына не себепті ала жіп байланады? Қара, қызыл, көк жіп неге байланбайды?» деген сұраққа жауап бер.

4-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

Егер баланың тұсауы кесілмесе не болады деп ойлайсыз? Өз болжамыңды білдір.

«Мәдениет: тіл және қарым-қатынас.Фонетика» бөлімі бойынша «Сөйлеу мәдениеті» тақырыбындағы мәтінмен жұмыс түрлеріне арналған тапсырмалар

1-тапсырма. Телефонмен сөйлесу әдебі туралы білетінімізді ортаға салайық.

2-тапсырма. Қазіргітаңда өзін телефонсыз өмірді елестету қиын. Сол жан серігіңізге айналған құрылғыны қолдану тәртібін білесіз бе? Телефонды қолға алып, сандарды теріп, қоңырау шалуды еңбектеген баладан бастап бәрі біледі. Ал әрі қарай қолдануда қандай әдептерді сақтау керек? Өз ойыңды қасыңдағы досыңа білдір.

https://www.youtube.com/watch?v=syOKZ3LHvT8 сілтеме арқылы өтіп, телефонмен сөйлесу әдебімен танысып ойыңды толықтыр.

3-тапсырма. Телефонмен сөйлесу әдебіне байланысты нұсқаулық құрастыр.

Қорытындылай келе, оқылым барысында оқушы өзінің сыни талдау дағдыларын дамыту және жетілдіру үшін мәтінмен жұмыс істеудің әртүрлі кезеңдерінде белсенді оқылымды қолданады. Белсенді оқылымды олар мәтінді игеру үшін, оқығанын терең түсіну үшін және сыни талдау дағдыларын жетілдіру үшін пайдалана алады. Оқылым кезінде мәтіннен негізгі, қосымша, детальді ақпараттарды анықтау, маңызды ақпараттарды қажет емес бөліктерінен қалай ажырату керектігін, бейтаныс сөздердің мәнін түсіну үшін сөздіктермен жұмыс жүргізіледі. Мәтінге ат қою немесе мәтін тақырыбын мақал-мәтелдермен алмастыру, сөздердің синоним, омоним, антонимін табу, мәтін түрі мен стилін, көркемдегіш құралдарды табу, шешендік сөз оралымдарын анықтау сияқты жұмыс түрлері жүзеге асырылады.

Әдебиеттер:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.- Астана: 2012.

2. «Оқытудың интер белсенді әдістері» Асхат Әлімов Астана, 2014

3. Мұғалімге арналған нұсқаулық, II деңгей: 2012. –58 б.

ОРЫС ТІЛІ САБАҒЫНДА ТІЛ ДАМЫТУ ЖҰМЫСТАРЫ

Жапакова Бубек Демешовна
Қ.Жұбанов атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің
орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

«Тілі дамымаған адамның ойы да дамымайды» деген халқымыз. Тіл дамыту жұмысы – күрделі де шығармашыл жұмыс. Тілін дамыту ең бірінші кезекте баланың өмірден туатын қажеттілікті, өз сұранысын айтуға талпынуынан туады. Тіл байлығынның мол болуы бір жағынан балада жаңа құбылыс, көрініс, ұғымдар мен түсініктердің көбеюіне, ал екінші жағынан, тілді жан-жақты меңгеруіне байланысты. Тілдің жақсы дамуының құралы тілдік қор болып табылады.

Тіл дамыту жұмыстарын жүргізу барысында мынадай қиындықтар кездеседі: Сөздік қоры тапшы бала сөйлегенде көңілінде сайрап тұрған ойын дәл білдіруге қажетті сөз таба алмай, сасқалақтап қиналып қалады. Баланың сөздік қоры біршама мол болғанымен, ол актив

емес пассив болып есептеледі, яғни бала көптеген сөзді біліп, ұғына тұра, оны дер кезінде пайдаланып, үнемі қажетіне жарата алмайды.

Тіл дамытудағы кездескен кедергілерді жоюда, ең алдымен мектеп логопедімен бірлесе отырып, дыбысты дұрыс айтпайтын оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіп, дыбыстық жаттығуларды жүйелі орындатып отыру қажет.
Оқу басталған күннен бастап жүргізілген тіл дамыту жұмыстарының түрлері – мәтін құрату, мәтінді сөйлемге, сөзді буынға, дыбысқа талдату арқылы жүргізіп отыру. Жаңа дыбыс пен оның таңбасын таныстырған кезде сабақты тіл дамытуға бағыттап жүргізіп отыру. Сөйлем құрату - оқушыларды дұрыс та нақты сөйлеуге дағдыландырудың ең тиімді жолы. Оқушылардың ақыл-ойын, санасын дамыта отырып өздігінен жұмыс істей білуіне ерекше көңіл бөлу.

Ақыл – ойдың дамуымен тікелей байланысты. Қазіргі балалар дұрыс тыңдап, түсінігін айтып беруге шорқақ. Қысқа әңгіме құрастыру олар үшін қиындық туғызады. Ал тіл дегеніміз – адам баласына берілген ең үлкен байлық. Ал оны басқа байлықтар сияқты көбейтіп, не байқаусызда жоғалтып алуға болады. Ондықтан сөзге деген сүйіспеншілік, оның сұлулығын түсіне білуге деген құрмет пен қажеттілікті оята білу керек.

Тіл дамытудың тиімді құралдарының бірі – жаңылтпаш, жұмбақ айтқызып, оның шешімін табу. Себебі бұлар баланың дүниетанымын, түсінігін, болжағыштығын, ұғымын кеңейтуде және тілін ұстартып, ойын дамытуда маңызды рөл атқарады. Баланың тілін шыңдай түсіп, асықпай, жатық еркін сөйлеуіне көмектеседі. Жаңылтпаштар балаға затты аңғаруға, ой-өрісін дамытуға игі әсерін тигізеді. Балаға жаңылтпаш үйретіп, оны айтқызу сөзді дұрыс сөйлеуге әдеттендіреді, кейбір тілі келмейтін дыбыстарды анық айтуға жаттығады. Жұмбақтарда аталған нәрсенің сипат белгілеріне қарап, балалар олардың шешімін табады. Оқушыларды тез ойлауға, шапшаң жауап беруге, тапқырлыққа үйретеді. Қолданатын жұмбақты оңайынан бастап, бірте-бірте күрделендіріп отыру қажет. Мақал-мәтелдер көбірек үйретіліп, тілдерін дамытудың негізгі тәсілі ретінде ұстану. Нәтижесінде баланың тілі, ойлау қабілеті дамиды. Мақал-мәтелдер балаларға ой салумен қатар, оларды көркем және образды сөйлеуге жаттықтырады, сөз байлығын, сөздік қорын дамыта түседі, сөйлеу мәдениетін дамытады.

Оқушылардың ой-қиялын дамытып, эстетикалық сезімдерін ұштай түсетін шығармалардың бірі – ертегілер. Ертегілердің қай түрі болмасын баланың ой-өрісін, тілін, дүниетанымын дамытады, сөз байлығын арттырып , сөздік қорын кеңейте түседі. Сөз – тілдің негізгі өлшемі. Тіл дамытудың басқа түрлері сияқты сөздік жұмысы оқу-тәрбие жұмысының барлық саласында жүргізіледі. Балалар сөзді ұғу арқылы сөйлеу үстінде тілін дамытады. Сөздік жұмысы оқушының ойын дамытумен тығыз байланысты.

Ойы шашыраңқы балалармен айтар ойын тәртіппен, жүйелі сөйлеуге үйрету жұмыстарын сабақта, сабақтан тыс уақытта жүргіземін. Оқушыларды ойды білдіруге көмегі жоқ, артық сөздерді қолданбай, таза сөйлеуге дағдыландыруда жұмыстар жүргізіп жатырамын. Оқушының сөйлегенде асығып-аптықпай немесе тым жайбарақаттыққа салынбай, байсалды сөйлеп үйрену, өзін дұрыс ұстау мәдениетіне де жаттықтыру жұмыстарын жүргіземін. Сонымен қатар әңгімелеу барысында сұрақ қоя білу, өзіне қойылған сұраққа тиянақты жауап қайтара алуға дағдыландыруға да көңіл бөліп отырамын. Оқушыларға көпшілік алдында сөйлей білуге үйрету қажет. Сынып алдында тыңдаушыларға қарап ойын асықпай-саспай, қысылмай айтып беру шеберлігіне үйрету де тілдерін жетілдіріп, ой ұшқырлығын дамытады, көпшілік алдында өзін ұстай алуға дағдыланатынына көзім жетті.

Сөйлеу және ойлау қабілеттерін арттыуда бастауышта ең алдымен көрнекі құралдарды тиімді пайдала білу көмегін тигізеді. Балалармен жұмыс істей отырып, қажетті құралдарды тиімді пайдалану арқылы үлкен жетістіктерге жетуге болатынын байқадым. Мәтінді оқуда, әңгімелеп беруде, суретке қарай отырып, тілдік сөйлеу құрылысын дамытуға, ойлау

қабілеттерін арттыруға дидактикалық құралдарды пайдаланудың маңызы зор. Оқушының сөйлеу тілін дамытуда ата-аналардың да көмегі зор. Сондықтан баласымен сөйлесуде ата-аналардың тіл шеберлігінің болуы, бала тіліне үлкен ілтипатпен қараулары аса маңызды.

Қорыта айтқанда, «Сөз – ойдың айнасы» деп Ғабиден Мұстафин айтқандай, тіл дамыту сабақтарын шығармашылықпен жүргізіп, тілден сырлы сазды табайық. Оқушыны тұлға ретінде қалыптастыруда тілді дамытып оқытуды өне бойы өмірлік серік етіп алғанымыз жөн.

«ОБЕСПЕЧЕНИЕ КАЧЕСТВЕННОГО РОСТА ЭФФЕКТИВНОСТИ ПРОЦЕССОВ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ УЧАЩИХСЯ С ПОМОЩЬЮ ИННОВАЦИЙ»

Жиенгалиев Кайрат Есетович
Педагог-эксперт
КГУ СШГ № 9 г.Актобе

Новые технологии делают спорт более интересным.
Настолько, что иногда в существование инноваций сложно поверить.

Инновация в области физической культуры – это внесённое нововведение, которое обеспечивает качественный рост эффективности процессов, которые востребованы в области физической культуры и спорта.

Актуальность. Основа повышения эффективности обязательного физического развития детей заключается в использовании различных инновационных технологий, которые позволяют сделать свободный выбор занимающимися физической активностью, её виды, формы, показатели нагрузки и лично приемлемого уровня планируемых результатов при обязательном выполнении определенных образовательных стандартов. Научно-технологическая суть инноваций в физическом воспитании заключается в приоритетной направленности содержания педагогического процесса в общеобразовательной школе на усвоении занимающимися интеллектуальных, нравственных, поведенческих, мобилизационных, двигательных, коммуникативных, здоровье-сберегающих и здоровье-формирующих ценностей физической культуры опираясь на различные научные открытия, достижения и инновации мировой культуры спортивной подготовки.

Только положительное отношение к обучению, может обеспечить полноценное усвоение учебного материала. На формирование заинтересованности на занятия физической культурой, направлены инновационные технологии, а также виды проблемно-развивающего обучения; поиск и применение оптимального сочетания разных методов, форм индивидуальной, коллективной и групповой работы с учётом возрастных особенностей школьников и так далее.

Согласно высказыванию исследователя А. Н. Леонтьева, «интересный учебный предмет – это учебный предмет, который стал «сферой целей» учащегося в связи, с тем или иным, побуждающим его мотивом» [22].

Уроки, которые построены правильно, способствуют росту интереса к занятиям, воспитывают у школьников волевые качества, навыки преодоления трудностей. Маленькая и неинтересная занятость учащихся, низкая требовательность учителя – приводят к скуке, вызывают недисциплинированность, плохую посещаемость уроков. При этом, формирование и развитие интереса к занятиям не должны быть самоцелью.

Интересный урок, несёт радость учащимся, но следует помнить, что нужно увлекать, а не развлекать, необходим поиск путей и средств для повышения подобной увлечённости занимающихся [31].

Перед учителями физической культуры стоит задача обеспечить высокий уровень активности учащихся на занятиях, разнообразить методы и средства проведения урока, используя, для развития физических качеств, разнообразные и частично меняющиеся, от урока к уроку, упражнения.

В Казахстане с внедрением обновленного содержания программы у учителей по физической культуре поиск нестандартных подходов для повышения заинтересованности и мотивации учащихся не то что приветствуется, а необходим и является частью его деятельности.

Учителю дается на каждую четверть определенное количество целей обучения которую должен достигнуть класс . Программа составлена так что в ней нет ограничений в выборе средств и методов для достижения цели обучения. Цель не привязана к конкретному вида спорта. Учитель исходя из: материально-технической базы, количественного состава класса, сам корректирует количество часов на каждую цель обучения.

Физическая культура и спорт, в равной степени, как и здравоохранение, образование, культура – это важнейшие стратегические ресурсы развития полноценного и здорового общества и отдельного человека. Которые не только зависят от социальной системы, но и сами активно воздействуют на различные стороны и сферы общественной жизни – политику, экономику, культуру и др. Отсутствие у подрастающего поколения, молодежи культуры ведения здорового образа жизни, их общая некомпетентность в вопросах оздоровления средствами физической культуры. И наряду с этим осознание частью общества значимости двигательной активности в процессе жизнедеятельности человека приводит к противоречию, которое требует разрешения.

Данная некомпетентность и отсутствие в целом культуры ведение здорового образа жизни привели к тому, что объективная духовно-нравственная и социально-экономическая эффективность физической культуры и спорта во многом остается пока мало востребованной из-за субъективной недооценки ее в жизни отдельного человека, а также общества в целом.

К сожалению, мы сегодня живем в такое время, когда среди молодежи имеют широкое распространение пагубные привычки, приводящие к разрушению личности самого человека, такие как наркотики, алкоголь и др. Но человек способен отказаться от всего разрушительного во благо самого себя. Если обратит свое внимание на то, что гораздо важнее - прежде всего собственное здоровье. И для нас – современных молодых людей - в этом случае просто необходим спорт.

Наш век - век информационных технологий. Благодаря техническому прогрессу было автоматизировано множество процессов, которые раньше делал человек вручную. В жизни современного человека появился компьютер, разнообразные мобильные гаджеты, и это значительно упростило жизнь, в то же время снизило двигательную активность. Даже общение стало виртуальным, мои сверстники часами просиживают за компьютерами, они целиком и полностью живут в Интернете: там виртуальная любовь, дружба и даже эмоции – выражаются смайликами. Современную молодежь все реже встретишь на улицах города: туда они выходят, только чтобы перемещаться из одной точки в другую, все это передвижение чаще на машинах. К этому еще добавляется стресс, плохая экология, нестабильная политическая обстановка, кризисы. Плохое питание, фасфуды приводит к ожирению. Все это привело к ослаблению организма, снижению работоспособности и социальной активности людей. Английский путешественник и натуралист Чарльз Дарвин заметил: "Умирает только хилое и слабое, здоровое и сильное всегда выходит победителем в борьбе за существование".

Эти слова как никогда актуальны ив наше время. Для большинства моих сверстников спорт нужен для того, чтобы восполнить нехватку в движении и физических нагрузках. Для этого нужно: заняться спортом, который воспитывает волю, дисциплинирует, способствует укреплению иммунитета всего организма.

Обеспечение логической взаимосвязи эффективных инновационных организационно – методических форм физического воспитания учащихся школ.

Подъем массовости занятий физической культуры среди учащихся. Соревнование могут быть хорошей рекламой активного отдыха, прекрасного средства для физической подготовленности и здоровья людей. Эти мероприятия развивают чувство солидарности, товарищества, дисциплины, уважения к соблюдению правил, что, несомненно, оказывает влияние на качество жизни .

Результатом работы, приведу данные на базе школы в которой на данный момент работаю. Для того что бы результат был более правдивый я взял данные НОБД (научно образовательный банк данных) который ежегодно обновляется. Сделав выборку: учебный год, количество учащихся школы

1-11классов, количество посещающих внутри школьные спортивные секции и кружки, внешкольные спортивные кружки и секции

Учебный год	Количество учащихся школы	Количество посещающих внутри школьные спортивные секции и кружки	Количество посещающих внешкольные спортивные кружки и секции
2021-2022	2045	727	591

В этой связи привлечение к активным занятиям физической культурой и спортом учащихся должно строиться с учетом следующих основных принципов:
- поддержка преподавательских коллективов школ, детских спортивных школ, способных обеспечить непрерывный, качественный и эффективный процесс привлечения учащихся к активным занятиям популярными видами спорта.

Только положительные эмоции, бодрость духа, положительные результаты от выполненного труда смогут оторвать нынешнее поколение от монитора компьютера, наркотиков и малоподвижного образа жизни.

Формы работы, используемые для привлечения учащихся к занятиям физической культуры

- Урок физической культуры;
- Мероприятия в режиме учебного дня школы (физкультурные минутки во время уроков, гимнастика до учебных занятий, подвижные игры на переменах);
- Акции по пропаганде здорового образа жизни;
- Спортивно - массовые праздники;
- Соревнования по различным видам спорта;
- Туристические походы, экскурсии;
- «Дни здоровья» и открытых дверей
- Спортивные викторины;
- Устные журналы спортивной направленности;
- Теоретические занятия, беседы, лекции, консультации;
- Спартакиады;
- Массовые пробеги и заплывы;
- Походы выходного дня;

• Наглядная агитация (стенды, плакаты, таблица рекордов школы).

Вывод

Опираясь на выше указанное и личный опыт работы (малокомплектной, основной и передовой гимназии города), результат зависит от компетенции педагога, его желания достичь поставленной цели.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНІҢ МАҢЫЗЫ

Жуманова Шынар Сайхоловна
Ақтөбе қаласы М. Мақатаев атындағы 73 ЖББОМ-нің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Мектепте мемлекеттік тілді оқытудың түпкі нәтижесі ретінде қатысымдық, ақпараттық және проблемалардың шешімін табу құзіреттіліктерін қалыптастыруға қол жеткізудің басты тетігі – білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Өйткені функционалдық сауаттылық оқушының белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауына пайдалы білім, білік, дағдылардың бірлігінен құралады.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қазақ тілін оқытудың тұлғалық-әрекеттік бағдарын күшейту нәтижесінде жүзеге асады. Өйткені сауаттылыққа оқушы өз әрекетінің иесі - Субъект дәрежесіне көтерілгенде толық қол жеткізеді. Орыс тілінде білім беретін мектептерде қазақ тілінің оқыту сапасын көтерудің басты шарты ретінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру алынған жағдайда олар әрекеттік бағыт ұстанымына, оқушылардың коммуникативтік құзіреттерінің қалыптасуы ұстанымына, аутентикалық тұрғыдан оқыту ұстанымына, интерактивтік оқыту ұстанымына негізделуі қажет. Сонда ғана функционалдық сауаттылық оқушының қазақ тілін әлеуметтік сұранымға сай қолдану мүмкіндіктерін арттырады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында пән мұғалімі оқушының назарын аудару үшін сабақ кезінде әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді ұйымдастыра білуі қажет. Сонымен қатар, *түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы т.б.* алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланып мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді. Орта буын оқушыларының арнайы ереже дәптерлері, альбомдар, сөздіктері, канспектілері, хронологиялық кестелері болуға тиіс. Сонымен бірге, шығармашылық дәптері бөлек болғаны дұрыс. Оған оқушы өздеріне ұнаған мақал-мәтелдерді, афоризмдерді, шешендік сөздерді де жазып алып жүруге баулу керек. Осы ретте, шығармашылыққа жақын кейбір оқушылар сол дәптерге әңгіме, мақала, күнделік, пікір жазып үйренуіне мүмкіндік туады.

Тіл мәселесі, әсіресе, небір бұлыңғыр күндерді, тар жол, тайғақ кешулерді бастан өткерген қазақ тілінің мәселесі қашан да өткір әрі өзекті болмақ.

Жалпы функциональдық сауаттылық деген ұғымды таратып айтар болсақ, адамдардың (жеке тұлғаның) әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы. Яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыруы. Сонымен, функциональдық сауаттылық адамның мамандығына, жасына қарамастан үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Мұндағы басшылыққа алынатын функциональдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік, т.б. Яғни, жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады

Осыған орай Ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықтың төмендегідей негізгі механизімдерін бөліп көрсетеді. Ұлттық жоспардың жоғарыда аталған мақсат, міндеттерін жүзеге асыруда төмендегідей тетіктері (механизмдері) нақтыланып, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін білім беру жүйесінде басшылыққа алынады. Олар:

• білім беру мазмұны (ұлттық стандарттар, оқу бағдарламалары); • оқыту нысандары мен *әдістері;*

• *білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі;*

•*мектептен тыс, қосымша білім беру бағдарламалары;*

• *мектепті басқару моделі (қоғамдық-мемлекеттік нысан, мектептердің оқу жоспарын реттеудегі дербестігінің жоғары деңгейі);*

• *барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы;*

• *ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі белсенді рөлі*

Оның <u>*алғашқысы*</u> - оқыту методологиясы мен мазмұнын түбегейлі жаңарту. Яғни, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жалпы білім беретін орта мектептің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын (МЖБС) жаңартудан бастау алуға тиіс. Ол үшін мұғалім білім алушының бойына алған білімін практикалық жағдайда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана алатындай негізгі құзыреттіліктерді сіңіруі керек. Олар: басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті); ақпараттық (өз бетінше ақпараттар көздері арқылы үнемі білімін көтеріп отыруы, сол арқылы танымдық қабілетін ұштау); коммуникативтік (үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын (шет) ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау); әлеуметтік (қоғамда, өзі өмір сүрген ортада іс-әрекет жасай алу қабілеті); тұлғалық (өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға қажетті білім, білік, дағдыларды игеру, болашақ өзі таңдаған кәсібін өзі анықтау, оның қиыншылығы мен күрделілігіне төзімді болу); азаматтық (қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті, ділі, тілін терең меңгеріп, Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолындағы азаматтық парызын түсінуі); технологиялық (әр азамат өз мамндығына қарай ақпараттық технологияларды, сандық технологияны, білім беру технологияларын сауатты пайдалануы). Білім алушы осы аталған негізгі құзыреттіліктермен қатар пәндік құзыреттіліктерді (әр пәннің мазмұны арқылы) меңгеруі тиіс.

Функционалдық сауаттылықты жүзеге асырудың <u>*екінші тетігі*</u> (ехманизмі) - оқыту нысандары мен әдістері. Тәуелсіз қазақ елінің оқулықтарының мазмұны ұлттық құндылықтарды басшылыққа ала отырып жазылып, оны оқыту мен жүзеге асырудың жаңа әдістері, яғни интербелсенді әдістер арқылы жүзеге асуы тиіс.

Ұлттық жоспарда көрсетілген функциональдық сауаттылықтың <u>*үшінші тетігі*</u> (механизімі) - оқу нәтижелерінің бағалау жүйесін өзгерту. Яғни бағалау жүйесі функциональдық сауаттылықта сырттай бағалау және іштей бағалау болып бөлінеді. Іштей бағалау - оқу пәні бойынша оқыту сапасын диагностикалау және мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты өлшеміне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Ал сырттай бағалау - әрбір деңгейді

аяқтау бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің нәтижелеріне сәйкес (ҰБТ, ОЖСБ және т.б.), сондай-ақ халқаралық зерттеулерге (TIMSS, PISA және PIRLS) қатысуы арқылы жүзеге асырылады. Нақтырақ айтар болсақ, сыртқы бағалау белгілі бір мамандық иелеріне қатысты болса, іштей бағалау көбіне білім алушыларға қатысты. Біздің тәжірибемізде, осы аталған білім алушының бағалау жүйесі ұлттық төл технологиямыз «Сатылай кешенді талдауда» қолданылып келеді. Бұл жоғарыдағы аталған басқарушылық, ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметтік, тұлғалық, азаматтық, пәндік құзыреттіліктерді білім алушы бойына дарытады.

Ал функциональдық сауаттылықтың *төртінші тетігіне* (механизміне) тоқталар болсақ, оған қосымша біліммен және мектептен тыс сабақтармен қамтуды жатқызады.

Қосымша білім беру және мектептен тыс сабақтарда осы қағидаларды басшылыққа ала отырып, бағдарламалар түзіп, қосымша әдебиеттер ұсынатын болсақ, онда функциональдық сауаттылықтың төртінші механизмі өз дәрежесінде жүзеге асады

Ұлттық жоспарды жүзеге асырудың *бесінші тетігі* (механизмі) -мектепті басқару моделі (қоғамдық-мемлекеттік нысан, мектептердің оқу жоспарын реттеудегі дербестігінің жоғары деңгейі). Осы мектептердің басқару жүйесі, оқу бағдарламалары, оларда оқытылатын пәндердің оқулықтары, онда оқитын оқушылардың білім сайыстары бір-бірінен ерекшеленіп, бүгінгі қоғам талап етіп отырған үрдістен шығуы тиіс.

Алтыншы тетігі (механизмі) - барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы.Бұл мәселедегі жүзеге асырылатын жұмыс - мектеп пен жоғары оқу орындары, түрлі ғылыми зерттеу орталықтары мақсатты түрде келісімшартқа отырып, мектеп оқушыларының мамандық таңдауда, ғылыми жұмыстар, жобалар жасауда әріптестік қарым-қатынас орнатып отыру екі жаққа да тиімді болмақ.

Функциональдық сауаттылықтың *жетінші механизімі* - ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету. Ата-ананың бала тәрбиелеуде функциональдық сауаттылығын көтеру мектеп мұғалімдерімен олардың тығыз байланыс жасап, екі жақты әріптестік әрекетінің негізінде қалыптасады.

Қорыта келе, функционалдық сауаттылық мәселесінің алаш арыстарының да ой-тұжырымдарынан қағыс қалмағандығын жұртшылық назарына ұсыну болды. Сондықтан да функционалдық сауаттылыққа байланысты атқарылар іс-шараларда алаш арыстарының ұлт болашағы, оның ұлтжанды азамат тәрбиелеудегі педагогикалық көзқарастары үнемі басшылыққа алуынуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.

2. Ж.Аймауытов. Бес томдық шығармалар жинағы. IY том. Алматы, Ғылым, 1998ж - 437 бет.

3.http://www.lemonde.fr/education/article/2013/12/03/classement-pisa-cinqexemples-de-questionsposees-en-mathematiques_3524501_1473685.html

БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ТӘСІЛДЕРІ

Жухин Марат Адилханович
Хромтау ауданы, "Акжар орта мектебы" КММ
Биология пән мұғалімі

Функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Бұл деңгей өмірдің әртүрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді.

Сондықтан қоғамдағы өмірлік пен практикалық іс-әрекеттердің дағдылары мен әлеуметтік іс-тәжірибені меңгеру үшін оқушылардың білім алу барысында негізгі және пәндік құзыреттіліктері қалыптасуы тиіс.

Биология – XXI ғасыр ғылымы. Сондықтан да ол жаңа ақпараттық технологиялармен тығыз байланысты. Қазіргі кездегі білім беру жүйесіндегі негізгі мақсат психикалық дамуы тежелген (ПДТ) оқушыға жеке тұлға ретінде қарап оның дамуына көп көңіл бөлуде. Бұл пәнді оқыту мұғалімнен зор міндеттерді талап етеді, өйткені ол бүкіл сыныптың қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс.

Мектептегі биология пәнінің бастауыш білім беру сатысындағы дүниетану пәні негізінде құралады. Бұл пән бойынша оқушыларға *еліміздің табиғаты, табиғи байлығы, экономикасы, ғылымы мен мәдениеті, этика, әдеп, эстетика, адам-адам, адам қоғам, адам табиғат арасындағы қарым қатынас* түрлері жайында ғылыми саламандық ұғымдар беріледі. Пәнді оқып үйрену барысында оқушылар дүниенің үш құрамдас бөлігі: *адам, қоғам, табиғат саласынан* білім алады. Биология, химия, география пәндерінің бастама негіздері қаланып, соның ішінде қоршаған дүние заттары, құбылыстары, табиғат экология туралы ғылыми түсінік қалыптасады.

Биология -бұл орта буында алғаш қосылатын пән. Сондықтан орта буында өсімдік құрылысы өсімдік жайындағы білім берудің алғашқы баспалдағымен танысады.Осы пәнді оқытуда жаңа технологиялардың тиімді әдісін алып жетілдіру барысында есте сақтауға негізделген ақыл ойын дамытатын оқуға көшу, мұғалім мен оқушының тең субьектіге түсіп, ынтымақтастықта болуын қажет етеді.

Биология пәнін оқытуда қазіргі кезде қойылатын талаптары мынандай:

Оқыту мен оқуда АКТ пайдалану;

Жаңа форматтағы әдіс-тәсілдерді сабақта қолдану;

Негізгі білімділік ұғымдарды терең меңгерту;

Оқытудың жаңа технологиясын пайдаланып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру;

Топтық негізде іздене білу дағдыларын қалыптастыру;

Тақырыптық зерттеу жүргізу;

Ойлау, есте сақтау қабілеттерін, өз ойын қорытуға дағдыландыру;

Оқушының өз бетімен жұмыс жасау қабілетін жетілдіру, дамыту;

Шығармашылық тапсырмалар орындату арқылы қабілеттерін арттыру.

Сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру.

Тәжірибе жүзінде білім, біліктілік дағдыларын қалыптастыру;

Жаңа терминдер мен сөздіктермен жұмыс жасауға дағдыландыру;

Жаңа технологияларды сабақта пайдалану;

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай білім беру.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің оқу – тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Сонымен қатар мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа көптеген адами қабілеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді.

Мұғалім оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын меңгері, оны пайдалану арқылы өзінің материалдық базасын толықтырып, әрі уақытты үнемдейді.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегияларын пайдалануда оқушылардың ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыруға жол ашады. Оқушы жүрегіне жол тауып, оның білімге деген құштарлығын арттырып, өзін-өзі тәрбиелеуін ғылыми деңгейде ұйымдастыру үшін, әр оқушының дара ерекшеліктерін ескере білім алуға қабілетін зерттей отырып, тұлғалық негізінің ашылуына жол ашатын ұстаз.
Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан жобасымен танысып, оның стратегияларын өз тәжірбиелеріңізде қолданудан өзіңіздің біліктілігіңздің арта түскендігін аңғарасыз. Биология пәні бойынша, «өсімдіктердің көбею мүшелері», «гүлдің құрылысы» атты тақырыптардағысабақтарда осы технологиялардың тиімді әдістерін қолдануға болады. Сонымен қатар сабақтарда *«кубизм», «топтастыру», «бес жолды өлең», «түртіп алу жүйесі», «венн диаграммасы»* стратегияларын жиі пайдалануға болады. Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін осындай тиімді әдістердің пайдасы бар. Бұл сабақтардың дәстүрлі сабақтардан өзгешелігі топтап отырып, оқушыларға жеке, жұпта, топта ойларын ортаға салып талдайды. Осы стратегияларды пайдаланып өткізген сабақтарда өз ойын анық айтып, өзін еркін ұстап, өз білімін өзі талқылауға оқушыларға мүмкіндік жасалынады.

Ортаға салған ойларын мәтіндегі негізгі ойға сәйкестендіріп қағаз бетіне түсірерде де қорғайды. Әр топ қағаз бетіне түсірген сызбаларды талқылап жатқада сөйлейтін оқушы да топ мүшелерінің оргуметтерін жинақтап сөйлеуге дайындалады. Бірінші кезеңде оқушылар әрі ойланып, әрі еске түсіріп, әрі жазып, өз ойларын саралап, өзге оқушылардың пікірін тыңдап, білімін кеңейте түседі. Ортамен қарым қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, топта бір тұжырымға келуге, топ алдында өз ойын қорғай білуге, айта білуге үйретеді. Оқушылардың жазған пікірі басқа оқушылардың пікірін тыңдап толықтырып, топта сызба ретінде түсіргенде ойындағы негізгі қажеттігін жазады.

Білім саласындағы міндеттерді жүзеге асыру үшін, мектеп ұжымында әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерді сабақтарында енгізіп отырады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқыту мен тәрбиелеуге тың әдіс-тәсілдер енгізілді. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келеді. Кез-келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді.

Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Осы себептерге байланысты психикасы дамуы тежелген (ПДТ) балалардың оқу үлгерімі төмен болады. Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі жеті – сегіз жастан анық байқалады. Оның негізгі белгілері: сабаққа белсенділігі байқалмайды, берілген тапсырмаларды үлкендердің көмегінсіз дұрыс орындай алмайды, сыныптастарымен аз араласады, өз ойын ашық айта алмайды, оқу мен жазу, есептеулерде көп қателер жібереді, тез шаршағыш, зейіні тұрақсыз болады өз өзін төмен бағалауы; қоршаған ортаға сенбеушілікпен қарауы; өз күшіне деген сенімсіздігі.

Психикалық дамуы тежелген балаларды оқыту барысында әдістемелік нұсқауларды дұрыс және жоғары деңгейде ұйымдастырып, төмендегі жұмыс түрлеріне көңіл бөлу керек:

– оқыту кезінде әр баламен жеке жұмыс жүргізу;

♦ *Түрліше әдіс, тәсілдермен қажудың алдын алу, яғни, ақыл – ой мен тәжірибелік жұмыстарды алмастырып отыру;*

♦ *Қызықты және әсемделген дидактикалық заттарды дайындау, көрнекіліктің түрліше әдіс тәсілдерін қолдану;*

♦ *Баланың білім алу іскерлігін барынша белсенді етіп, олардың сөйлеуін дамытатын және оқу іскерлігіне қажетті дағдыны қалыптастыру әдістерін қолдану;*

♦ *Дайындық (оқу бағдарламаның нақты бір бөлігін меңгеруге) жұмыстарын жүргізу және қоршаған орта жайлы білімдерін кеңейтуді қамтамасыз ету;*

♦ *Оқуда және оқудан тыс кездерде баланың барлық іскерлігінің түрін дер кезінде, қажетті жағдайға сәйкес үздіксіз түзетілуіне көңіл аудару.*

Сондықтан психикалық дамуы тежелген оқушының рухани өсуіне, функционалдық сауаттылығын дамытуға жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын педагогтар ғана бүгінгі қоғамның мүддесі мен әр баланың үрдісінен шыға алады. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, жеке тұлғаны тек қана педагог қалыптастыра алады.

Психикасының дамуы тежелген балалар әр уақытта нәтижеге жету үшін бақылаудан тыс қалмауы қажет. Сонымен бірге әр баланың физиологиялық, психологиялық жас ерекшеліктерін ескеріп отыру қажет. Психикалық дамуы тежелген балалардың ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып, балаларды мүмкіндіктеріне қарай дамыту, оларға сеніммен қарап, жеке тұлға ретінде өмірге бейімдеу, оқытудың тиімді тәсілдерін іздестіру, пәнге қызығушылығын, функционалдық сауттылығын арттыру мақсатында түрлі жұмыстар атқарылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Е.Имангалиев Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары, 2018ж

2. Е.Очкур,Р.Жумабаева «Биология» әдістемелік нұсқау, Алматы, мектеп, 2016

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ҚҰЗЫРЛЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ МАҢЫЗЫ

Жұбатов Асет Дарханұлы
Ақтөбе қаласы «№31 қазақ орта мектебі» КММнің
дене шынықтыру пәні мұғалімі

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мақсаты негізге алынып отыр.
Жай сауаттылық - адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндерді құру және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындауы. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым - қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым - қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның

әлеуметтік қарым - қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Егер осы шарттар бастауыш сыныпта орындалғанда оқушының функционалдық сауаттылығы қалыптасады. Оқушылардың функционалдық дағдылары мектеп қабырғасында қалыптасады. Қазіргі тез өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық – оқушының әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай - ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор болып табылады.

Функционалдық сауаттылығы дегеніміз – білім алушылардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету, қалыптастыру, меңгерту. Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзіреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Осыған орай алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даярлықты білдіретін құзыреттіліктерді қалыптастыру үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды буыны болып саналатын жалпы білім беретін орта мектептердегі әрбір пәнді оқытудың да басым бағыттарының бірі болып табылады. Функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Бұл деңгей өмірдің әртүрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді. Сондықтан, қоғамдағы өмірлік пен практикалық іс - әрекеттердің дағдылары мен әлеуметтік іс - тәжірибені меңгеру үшін оқушылардың білім алу барысында негізгі және пәндік құзыреттіліктері қалыптасуы тиіс.

Функционалдық сауаттылыққа бейімделу, оның қалыптаса бастауы бастауыш мектептен бастау алады. Қазірде олар оқитын пән оқулықтарының мазмұны көбіне алғашқы сауаттылықтан басталып, әрмен қарай дамып, жүйелене түседі. Ол үшін функционалдық сауаттылыққа жататын білімдер мен біліктердің, әсіресе, жиі қолданылатын іс - әрекет түрлерінің өзара тәуелділігін, бірімен бірінің үндестігін оқулықтардағы мазмұнының мәтінімен байланыстыру қажет. Сонымен қоса білім беру деңгейлеріндегі оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша біртұтас әдістемелік жүйенің жасалу ын талап етеді. Ол білім берудің мақсатынан бастап оқытудың түпкі нәтижесі не дейінгі аралықтағы компоненттердің бірлігі арқылы жүзеге асуы тиіс. Сондықтан мақсатқа қол жеткізудің басты құралы саналатын білім мазмұнын білім беру деңгейлерінде оқушының функционалдық сауаттылығына негіз деп құру тиімді болмақ. функционалдық сауаттылықты

қалыптастыру қазіргі таңда оқыту жүйесіне қойылып отырған әлеуметтік сұраныс талаптарымен сай келу үшін бастауыш сыныптардан бастап оқушылардың коммуникативтік, ақпараттық және проблемалардың шешімін табу және тағы басқадай негізгі құзіреттіліктеріне бағытталып жүргізілгенде ғана оң нәтижелерге қол жеткізуге және де функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қазіргі таңда оқыту жүйесіне қойылып отырған әлеуметтік сұраныс талаптарымен сай келу үшін бастауыш сыныптардан бастап оқушының оқу, жазу сауаттылығын, жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығын, математикалық сауаттылығын, компьютерлік сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған арнайы жұмыс арқылы оң нәтижелерге қол жеткізуге болады.
«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» - деген екен Жүсіпбек Аймауытов. Сондықтан қазіргі таңда оқушыларға саналы тәрбие мен сапалы білім беру ісін жаңа талап тұрғысы нан өзгертіп, оқыту тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруға міндеттіміз. Елбасымыз Н. Назарбаев: «Қазіргі заман мұғалімі – рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін - өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін жауапты» деген.
Олай болса, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін әр сабағымызда біз тек оқулық шеңберіндегі білімді үйретумен шектеліп қана қоймай, кең түрде әр баланың талабына, деңгейіне сай жұмыстарды саралап, ынғайластыруымыз керек. Тұлға құзіреттілігін дамыту үшін, яғни бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруда жаңа инновациялық әдіс – тәсілдердің ең тиімдісін пайдалану жоғарғы нәтиже береді. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын аттыру үшін мұғалім шебер болуы керек. Ол баланы қалай оқыту, оның сабаққа деген ынтасын қалай ашуға болады деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жасауы тиіс. Жалпы адам баласы есту, көру, ұстап көру, сезу және иіскеу арқылы есте сақтайды. Кейбір оқушылар жазбашаға, кейбірі ауызшаға қабілетті болып келеді. Интербелсенді оқыту барысында оқушылар өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға және онымен санасуға үйренеді.

Бұдан күтілетін нәтиже:

- Мағынаны ажырата алады;
- Топпен жұмыс істеу құзіреті артады;
- Көшбасшылық анықталады;
- Білім, білік, дағды деңгейі көтеріледі;
- Өз ойын айтуға төселеді;
- Функционалдық сауаттылығы артады.

Қорыта келе, оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы ретте, бастауыш сыныпта сабақты дұрыс жүргізе білудің маңызы зор. Педагогтың шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. ***«Қыран - түлегіне қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз - шәкіртіне талмайтын талап сыйлайды»***,- деген даналық сөзіндей, ұстаз қай кезде де мектептің жүрегі, қоғамның тірегі. Қоғам тұлғаны қаншылықты жетілдірсе, жетілген тұлға қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады. Сондықтан тұлғаны қалыптастыруда «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» ұранын ұстансақ артық болмас, өйткені болашақ тізгінін ұстайтын ұрпақтың функционалды сауатты болуын біз назарда ұстауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. 2018 ж.

2. www.cpm.kz Педагогикалық шеберлік орталығы NIS.
3. http://www.google.kz Жаңа білім беру технологиясы мен әдіс тәсілдері
4. К.С.Құдайбергенова «Құзырлық табиғаты тұлғаның өздік дамуында»- А: «Принт АСС»

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА МАТЕМАТИКА ПӘНІНДЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ

Изтлеуова Шнар Базарбаевна
Ақтөбе қаласы «№33 қазақ орта жалпы білім беру мектебі» КММ-нің
бастауыш класс мұғалімі

Бастауыш сыныптардағы математикалық сауаттылық оқыту материалының мазмұны кіші жастағы оқушылардың математикалық дайындығына, *білім, білік және дағдылар* деңгейіне қойылатын талаптардың өзгеруімен байланысты дәстүрлі модельге елеулі түзетулер енгізген жаңа мектеп бағдарламасымен анықталады. Ал *функционалдық сауаттылық* пәндік сауаттылыққа қарағанда кіші ұғым, немесе оның саласы болып есептелінеді. Осыған орай функционалдық математикалық сауаттылық дегеніміз - пәнде игерген білімді іс-әрекетте, тұрмыс- тіршілікте қолдана білуі. Оқушыда функционалдық математикалық сауаттылық қалыптастыру үшін ең алдымен пәндік сауаттылық қалыптасуы керек. Математиканы оқыту мен математика пәнінен сауаттылықты қалыптастырудың негізгі мақсаттарына тоқталайық: 1) Математика –барлық ғылымдардың логикалық негізі – күре тамыры ретінде қарастырылады;

2) Математика, ең алдымен, оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шыңдай түседі;

3) «Математикалық сауаттылық» (ауызша және жазбаша) қабілетін қалыптастыру арқылы оқушының «математикалық сауаттылықты» меңгере білу қабілетінің болуы;

4) Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылыстарды, жаңалықтарды дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі.

Бастауыш сыныптардағы математика пәні 1000000-ға дейінгі натурал сандар және нөл санының арифметикасы, негізгі шамалар, геометриялық фигуралар туралы *білім, білік, дағдылары* қалыптасады. Сонымен қоса жазықтықта заттарды орналастыру, уақытты мөлшерлеу, өлшемдерді анықтау, көлемді ұғыну, арақашықтықты межелеу, жоғары, төмен, қасында, маңында, артында, алдында тілдік ұғымдарды меңгертіп, қолдана білу дағдысына. Математиканың базистік негізін игеру арқылы көрнекі-бейнелі, логикалық және абстрактты ойлауды қалыптасады. Тұлғаның зейін, қабылдау, есте сақтау, ойлау, сонымен қатар математикалық тілінде сөйлеу, психомоторика тәрізді функциональдық қасиеттері дамиды. Бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық қызметін дамыта отырып, жоспарлау, жоспар бойынша әртүрлі іс-әрекеттер жасау, оның ішінде ойлау қызметін талдау, зерттеу, жалпылау, модельдеу және т.б., өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалауды жүргізу білікгі қалыптасады. Математикалық білім мен білік, есептеу, өлшеу, график құру дағдысы қалыптасады. Стандартты емес және логикалық, экономикалық сипаттағы тапсырмалар негізінде жобалау қызметі және өмірлік жағдайларды шешу, тұрмыс тіршілікке қажет экономикалық тұрғыда есептеу, «пайдалы, пайдасыз» ұғымы туралы түсініктері қалыптасады. Сонымен қоса тұлғалық қасиеттері жауапкершілік, белсенділік, мақсатқа талпынушылық, жауапкершілік қасиеттері мен нақты әрекет ету білігі қалыптасады. Математика пәні негізінде қаланған білім, білік, дағды күнделікті тұрмыс тіршілікте функционалды қолдануға тәрбиелейді.

Математикалық сауаттылықтың мақсаты бүгінгі күн талабына сай, жанжақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, тұрақты қызығушылығы бар, алған білімді іс- әрекетте еркін қолдану дағдысы қалыптасқан тұлға. Математика білім мазмұнының ең алғашқы бастамасы бастауыш буында жүзеге асатыны белгілі. Себебі, бастауыш буында жоғары сыныптарда оқылатын бүкіл пәннің іргетасы қаланып қана қоймайды, сонымен қатар білім алуға талпынушылық, яғни балалардың оқу әрекеті, танымдық белсенділік, жеке бастың адами қасиеттерінің негізі осы кезеңде қаланады. Математика дүниетанымды қалыптастыруда, математикалық модельдеу идеяларын ұсынады, математикалық сауаттылық жалпы функционалдық сауаттылықты меңгеруде математикалық білім мен біліктіліктің алар орны ерекше. Математикалық сауаттылық математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің оқушылардың дүниенің ғылыми бейнесін меңгерудегі басты құралы ретінде ерекше көңіл бөлу қажет. Математикалық сауаттылық оқушылардың математикалық текстi оқуына, жазуына және қайта айтып беруіне, жазылғандар мен айтылғандарды түсіне білуіне ең төмен талап ретінде қарау қажет. Сонымен математикалық біліктіліктердің негізгі құрамдас, толыққанды тіршілік жасауға қажеттілік ретінде оны арнай, бағдарлы түрде дамытып, қалыптастыру керек. Математикалық сауаттылық дұрыс сөйлеу қабілетін математика сабақтарында оқушылардың келесі қабілеттері мен бейімділіктерін шыңдай түсуді меңзейді:

1) Тақырыптағы, текстегі басты ойды бөліп көрсете білу және оған жоспар құра білуге;

2) Материалды қисынды, мағыналық топтай, талдай білуге;

3) Математикалық терминологияларды түсіне, қолдана және негіздей білуде;

4) Ұғымдардың, түсініктердің өзге ұғымдар жүйесіндегі орнын және түсініктер иерархиясы тұрғысында білуде;

5) Аузыша және жазбаша математикалық сауатты сөйлеуді меңгеру, математикалық символдар мен белгілеулерді дұрыс қолдана білуге.

Математикалық сауаттылықтың дамуы оқушының жалпы сөйлеу мәдениетін дамытып, қазіргі қоғамда тұлғаның ұтымды сөйлеу коммуникацияларын қалыптастырады. Осыған қоса, көп жылғы іс-тәжірибе көрсеткендей, математикалық білімнің меңгерілуі мен үйретілуі, оқытылуы дәрежесі жоғары болған сайын, оның бастауыш сыныптағы оқушылардың бойында адамгершілік қасиетті қалыптастырады.

Математикалық сауаттылықты қалыптастырудың бастауыш сынып оқушылары үшін *сыныптан тыс жұмыстар* арқылы олардың қызығушылықтарымен пәндік, функционалдық сауаттылығын дамытуға болады. Мысалы: математикалық үйірмелерде сабақтан тыс уақытта тек математикалық сауатты оқу мен жазуға, ұғымдарды дұрыс қолданып дұрыс ажыратуға көңіл бөліп, тұрмыс тіршілікке қажет экономикалық есептерді шығаруға жаттықтыруда маңызы зор. Математика пәнін игеру барысында оқушыларды математика ұғымдарын оқумен бірге өзінің ойын жеткізе білуге, оқыған математикалық ұғымдарды дұрыс тани біліп, қолдана алуға баулудың маңызды айрықша екендігі белгілі. Математикалық ұғымдарды біліп қана қоймай, оның қолдану ерекшеліктерін ұғуға, оларды іс- тәжірибеде қолдана алуға үйрету қажеттігі туындайды. Математикалық ұғымдарды оқытуда, келесі мәселелерге көңіл бөлу қажет: а) математиканы, қарапайым ұғымдарды мектепте оқытуда теориялық жақтарын таныстырумен бірге, іс- тәжірибеде қолдана алу бағытында жұмыс жүргізу; ә) математикалық ұғымдарды үйретуді олардың жас ерекшеліктеріне байланысты күнделендіріп, алған білімді тұрмыс- тіршілікте қолдана білуге үйрету; б) математикалық ұғымдарды қалыптастыруды сабақта, сыныптан тыс жұмыстарда жүргізу. Мысалы: оқушылар нумерацияны оқып үйренгенде меңгеруі тиіс, қолдануа білуі тиіс: - біріншіден, санағанда әрбір сан алдыңғы санмен бірліктен, сондай-ақ сан мен бірліктен, қалай жасалатынын игеру мен қолдана білуі; - екіншіден, әрбір сан қалай аталады және ол баспа және жазба цифрмен қалай белгіленетінін, сан мен заттың сәйкестігін білу; - үшіншіден, әр сан санағанда тікелей өзінің алдында тұрған

5. Если бы я был учителем русского языка, я бы …..

Рефлексия осуществляется на разных этапах урока. На завершающем этапе можно спросить: Какие трудности встретились, Что нового узнали на уроке? Как эти знания можно использовать в жизни? **(приём «Фантазёр»).**

Большое значение для раскрытия творческого потенциала ученика, формирования функциональной грамотности имеют и нетрадиционные формы домашнего задания, которые призваны, с одной стороны, закреплять знания, умения и навыки, полученные на уроке, а с другой стороны, позволяют ребёнку проявить самостоятельность, самому найти решение нестандартного вопроса, задания. Типы домашнего задания:

- творческая работа
- лингвистическое исследование текста
- подготовка иллюстраций к литературным произведениям
- рисование обложек к литературным произведениям
- художественное чтение
- инсценировка художественного произведения
- создание самостоятельных литературных произведений различных жанров
- продолжение неоконченных произведений
- наблюдение за природой

- составление вопросника к зачету по теме
- составление конспекта, опорных таблиц
- письмо по памяти. Такие домашние задания помогают избегать однообразия в обучении. Ребёнок может почувствовать себя и в роли автора, иллюстратора, педагога.

Инновационные технологии делают урок интересным, ярким; помогают учителю увлечь ребят своим предметом, создают на уроке ситуацию успеха для ученика. Хочется отметить, что важно не в готовом виде давать знания, а добывать их совместно. А я учусь вместе с детьми, учусь у детей, и, возможно порой это живое взаимодействие интереснее и дороже стройных университетских лекций.

Используемая литература

1. Лихачёв Д.С. Письма о добром и прекрасном. СПб.: Азбука, 2018.- С. 89.
2. Халперн, Д. Психология критического мышления / Д. Халперн. – СПб., 2000. – (Сер. «Мастера психологии»).
3. Якиманская И.С. Разработка технологий личностно ориентированного обучения// Вопросы психологии. – 1995. - №2. – С. 24-25.

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АҚПАРАТТЫ ҚҰЗЫРЛЫЛЫҚ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Керимбаева Нургуль Жумажановна
Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы
Бозой жалпы орта білім беретін мектебі
математика пәні мұғалімі

Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес,
ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер.
Жүсіпбек Аймауытов

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – нәтижелі білім беру, білім сапасын арттыру және рухани дүниесі бай жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру.

Бүгінгі ақпараттандыру заманында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту білім берудің ең жоғарғы мақсаттарының бірі болып отыр.

Жалпы функционалдық сауаттылық деген ұғымды таратып айтар болсақ, адамдардың (жеке тұлғаның) әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы. Яғни, бүгінгі жаһандану дәуіріндегі жаңа ағымға қарай ілесіп отыруы. Сонымен, функционалдық сауаттылық адамның мамандығына, жасына қарамастан үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: *белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік*, т.б. Яғни, жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман

ағымына, ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы.

Математикалық сауаттылық дегеніміз – математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің, оқушылар дүниенің ғылыми бейнесін меңгеру.

Ой-өрісі кең тұлғаны қалыптастыруда жаратылыстану пәндерінің орны ерекше. Қазіргі кезде математика пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық ойлау қабілеті мен шығармашылық тұрғыдағы жұмысын дамытуда өз бетімен жұмыс жасаулары және логикалық тапсырмаларды орындаудың маңызы зор.

Бүгінгі күнде математика пәнін сапалы оқыту ізденістері – пән мұғалімін толғандырып отырған келелі мәселелердің бірі. Сыни тұрғыдан ойлау барысында, бала өз заманының озық өнегесін санасына сіңіреді, функционалдық сауаттылығы артады, басқаның пікірін тыңдауға дағдыланады және өзі де пікір айтуға үйренеді.

Бүгінгі күні мектептегі оқу пәндерінің ішіндегі ең күрделісі әрі қиындығы мол деп саналатын пәндердің бірі – математика.

Заман талабына сай білім беру — бұл оқушыларды адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени дамудың жоғарғы деңгейі мен білімін қамтамассыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз үрдісі десек, оның тиімділігі мен сапасын арттыру мұғалімнен оқу процесінің ғылыми теорияға негізделген және оқушының қабілетімен бейіміне негізделген оқытудың таңдамалы, белсенді, қарқынды әдістеріне көшуді талап етеді.

Ондағы негізгі мақсат оқушының барлығын және әр біреуін жақсы оқыту болып табылады. Білім беру жүйесінің негізгі бөлшегі — оқушы, оқушылар тобы, топ, білім беру ордасы болса білім сапасы баспалдақтардың әр бір буынына байланысты біз білім беру сапасын жақсартудың жолдарын анықтауға тырысамыз.

Оқушыларға математикалық жүйелі білім беру, олардың өздерінің алған білімдерін өмірде қолдана білуге және арнайы дамытуға тәрбиелейтін – мұғалім. Мұғалімнің бүкіл өмір жолы жақсылық пен адамгершілікке, өнегелі рухани борышқа толы.

Мұғалімдердің мақсаты — оқытудың барлық компоненттерін пайдалана отырып, оқушыға жалпы орта білім деңгейінде терең білім беру. Әрбір оқушыны жан-жақты білімді етіп тәрбиелеу — әр мұғалімнің негізгі міндеті.

Қазіргі заман — математика ғылымының өте жан-жақты тараған кезеңі. Математиканы оқытудың мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологиялар ауадай қажет.

Қазіргі ақпараттық технологияның озық жетістіктерін математика сабағында қолдану арқылы танымдылық іс-әрекеттерін ұйымдастыра отырып оқушылардың құзіреттілігін дамытуға болады.

Жаңа технологиялар мұғалімнің жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Ақпаратты оқыту технологиясының бүгінгі күні интрактивті тақта ерекше орын алып отыр. Оқушы интерактивті тақтамен жаңа материалдарды арнаулы программамен мүмкіндігінше пайдалана алады. Ондағы мақсат — оқушының өзінше ойлау қабілетін арттыру және қәзіргі заманғы интерактивті тақтамен жұмыс істеуге үйрету. Жаңа технологиялар оқушының шығармашылық белсенділігімен өзіндік танымдық қызметін ұйымдастырушы болады.

Математиканы оқытудағы негізгі талап — оқушыға есептер шығара білу жолдары мен тәсілдерін үйрету. Интерактивті тақтамен сабақ берген кезде мұғалім, шәкірт және интерактивті тақтамен қарым-қатынас жүргізіледі. Мұнда компьютер ойына үрдістер арқылы қозғау салып, шәкірттердің құзіретілігін дамытуға әсер етеді. Ең алдымен оқушының ойлау қабілеті мен білімін арттыруға үйретемін. Сонан соң оқушы кейінгі және бүгінгі өмірді салыстырмалы түрде тани білуге тырысады.

Математика сабағында оқушылар өз бетінше жұмыс жасай дағыдыларын дамыту, баға жетпес құндылықтардың бірі. Жаттығуларды өз бетінше тексеріп, қорытынды жасай білетін

тұлға қалыптастыру мақсатында жаңа технологиялар әдістерін кеңінен қолдану қажет деп білемін. Математика сабағында сыни тұрғыдан әр түрлі стратегияларды, жаңа ақпараттық технологияларды, (интерактивті тақтаны) қолдана отырып, өз бетінше жұмыс істеу факторы — есептерді шығара білу, шапшаңдылық, шеберлік дағыларын ұйымдастыра отырып, оқушылардың құзыреттілігін арттыру арқылы шығармашылықтарын дамыту.

Білім беруді ақпараттандыру –бұл ақпараттық-коммуникациялық технологияның құралдарын білім беру саласына қолданудың методологиялық және тәжірибелік құндылықтарын зерттеп, оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық және педагогикалық мақсаттарына бағыттап қамтамасыз ету процесі. Білім беруді ақпараттандыру процесі жағдайында жеке тұлғаның интеллектуальдық, қоғамдық, экономикалық, коммуникациялық және ақпараттық сияқты іс-әрекеттерін түрлі салаларға қолдану арқылы құзырлықтарын қалыптастыру негізгі талаптардың біріне айналады. Енді мен ақпараттық-коммуникациялық құзырлық дегеніміз не? Деген сауалға жан-жақты тоқталайын. «Құзырлылық» ұғымы латын тілінен «compentia» аударғанда «жасай алу» деген мағынаны білдіреді.

Ақпараттық құзырлылық – бұл оқу, тұрмыс және кәсіби бағыттағы міндеттерді шешуде ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Әдебиеттерде «ақпараттық құзырлық», «компьютерлік құзырлық» терминдері жиі кездеседі.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияның жеделдетіп дамуына байланысты «ақпараттық-коммуникациялық құзырлылық» деген терминді қолдану тиімді. Ақпараттық-коммуникациялық құзырлылық – бұл адамдардың кез келген проблема мен міндеттерді компьютермен, ақпараттық құрылғылармен және телекоммуникациямен шешу қабілеті. Кез келген білім беру ордаларының басты мақсаты: жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың алғы шарты ретінде оқушыларды сараптап оқыту арқылы шығармашылық қабілетін дамыту. Осы мақсаттарға жету үшін әрбір пән мұғалімдері жоғары білімді және ғылыми ізденіспен үздіксіз шұғылдануы керек. Білім беру-оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз процесі. Қазіргі кездегі білім берудегі мақсат жан-жақты, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой талғамы бар, қабылетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Оқушылардың дүниетанымын кеңейту, істеген ісіне тұжырым жасап, қорытындыға келу, ойлау саналарын жетілдіріп, өз алған білімдерін іс жүзімен ұштастыра алуға жол ашу.

Қорыта айтқанда, XXI ғасырда оқушылардың жанын рухани жағынан азықтандыратын, қызығушылығын арттыратын ақпараттық техникалық құралдар екені бәрімізге белгілі. Сондықтан, ұстаз алдындағы ортақ міндет – заман ағымына ілесе алатын жаңа тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Соның бір жолы – сабақ кезінде ақпараттық технологияны тиімді пайдалану. Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертенгі жарқын болашақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2020.

2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы // ресми мәтін. Астана: Әділет, 2012. – 14 б.

3.Журнал «Математика Қазақстан мектебінде» Алматы 2018.

БАСТАУЫШ КЛАСС БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ҚҰЗЫРЛЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Көшболаева Балнұр Ермұханқызы
М.Дулатұлы атындағы №63 жалпы білім беретін мектеп-лицейі, педагог психолог

Сауаттылық ұғымы – дәстүрлі түрде жеке тұлғаның грамматикалық нормаларға сай оқу, мен жазу дағдыларын игеру дәрежесі. Ұлттың мінез - құлқына сай – бірден - бір базалық көрсеткіштер мен әлеуметтік - мәдени дамуының бет - бейнесі болып табылады. Қазіргі кезеңде «функционалдық сауаттылық» ұғымы мағынасы жанжақты зерттеліп, қоғам дамуын тежеуші сауатсыздықты жою мағынасында ғана емес, ұғымдық мағынасы іс- әрекеттің нәтижесі тұрғысында сауатсыздықты жою механизімдері мен тәсілдерін іздеу мәселесі ретінде де қарастырылады. Қазіргі ақпараттанған жаңа қоғамда функционалдық сауаттылық барлық қоғамдық деңгейлердің әрекет нәтижесінің жетістік түйіні болмақ. Жаңа сипатта «функционалдық сауаттылық» мағыналық тұрғыда кеңейіп, мәдениеттілік атрибуты дәрежесіне дейін көтерілді. Бастауыш мектеп оқушысында оқу - әрекеті арқылы қалыптасатын сауаттылық оқу әрекетінен тыс жағдайда қалыптасуы мүмкін емес. Сондықтан бастауыш мектепте кез - келген пәнге оқытудың мақсатты функциясы оқушыда өздігінен әрекет ету білігін қалыптастыру болып табылады. Бастауыш сынып оқушысы мектепке келгенде оқуға, мұғалімменен ынтымақтасуға талпынысы мол болады. Ал келесі деңгейде мұғалімнің басшылығымен шағын топтарда оқу ынтымақтастығын ұйымдастыруымен өздігінен әрекет етуі күшейеді. Ал келесі деңгейде ең жоғарғы шектік мөлшерде өздігінен оқу әрекетін орындауға, құрдастарымен және білімін толықтыру бағытында мұғалімдермен әрекет құруға, жеке оқу белсенділігінің арту қабілеті байқалады. Соңғы деңгейде оқушы мұғалім позициясын игереді. Н.Г.Калашникова «Идеал мектеп оқушысының портретін» қалыптастыру үшін оқушыда келесі қарым - қатынас сферасы қалыптасуы керек деп атап өтті: – оқушысы тұлғасының мотивациялық - бағалау сферасы; – рухани - көркем- бейнелік сферасы; – қарым - қатынас сферасы арқылы; – білімді игеру әрекеті сферасы. Кіші мектеп оқушысы тұлғасының мотивациялық - бағалау сферасын қалыптастыруда бастауыш мектеп оқушысында білім алумен қатар білім мазмұнын игеру, оқыту процесіне, білімін жетілдіруге, оқыту барысында ынтымақтасуға мотивтер пайда болады. Қоршаған дүние құбылыстары мен тіршілік ортасы туралы түсініктер пайда болып, көркем бейнелеу арқылы арқылы өз қарым- қатынасын білдіру (қуану, көмек көрсету, әрекеттену, құрметтеу, өзін - өзі бағалау) тәжірибесі пайда болады. Оқушы өз - өзіне, Отанына, басқа адамдарға, қоршаған әлемге, еңбекке, оның ішінде оқу - еңбегіне жағымды қарым - қатынас орната алады. Сонымен қоса денсаулықтың құнын түсінеді, салауатты өмір сүру салтын мен өмір қауіпсіздігін сақтау керектігін түсінеді. Өз әректін сынау, пікірі мен әрекетін өмір жағдайларға байланысты өзгерту, сараптауға рефлексиялық қабілеттерін игереді. Өзін - өзі тануға, өзі туралы жеткілікті дәрежеде мағұлматар бере алады. Көркем шығарма кейіпкерлерін өз қиялындағы идеал бейнеге қосып алады. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдайды. Көркем шығарма мазмұны талдай отырып, шығарма мазмұны бойынша өмірлік жағдаяттардың шешу жолдарын біледі. Шығармадағы оқиғаға байланысты өз көзқарасын білдіре алады. Мәтінді талдау кезінде автор сөзін дәлел ретінде келтіре алады. Кейіпкердің шығармалардағы іс-әрекетіне сәйкес кейіпкерлерге мінездеме бере алады. Ғылыми-танымдық және публистикалық мәтіндерден өзіне қажетті мәліметті табуды және оны берілген үлгіге (кестеге, сызбаға т.б.) Сай өңдеп, жүйелеуді. Көркем шығармада суреттелген оқиға, кейіпкерлер іс-әрекеті мен қарым қатынасының нақты өмірмен байланысын көрсетуді. Мәтін туралы ауызша және жазбаша пікір білдіруді. Әдеби кейіпкерге, туысқандарына, достарына хат, құттықтау жазуды. Көркем

шығармадан алған әсерін жазбаша түрде (8-10 сөйлем) орындауды. Ауызша, жазбаша сөйлеуде мақал-мәтелдерді орынды қолдануды. Сөйлегенде, жазғанда көркем сөз, шешендік сөз үлгілерін қолдануды. Тақырыбы бір-біріне үндес шығармалардың кейіпкерлерін, оқиғаларын салыстыруды. Көркем шығармада суреттелген оқиға, кейіпкерлер іс-әрекеті мен қарымқатынасының нақты өмірмен байланысын көрсетуді. Қарым - қатынас сферасы Бастауыш сынып оқушысының мұғаліммен, сыныптастарымен, басқа балалармен ынтымақтасуға жеке белсендік танытуы. Адамдармен диолог құруды әңгімелесудің ерекше формасы ретінде қалыпты мінез - құлық танытуды қажет етіп, диалог мақсатын ұғынуы. Мектепте оқу еңбегін, қоғамдық тәртіпті сақтау, табиғатқа қатынасты, даулы жағдайды мәдениетті шеше білу қарым- қатынас нормаларын игеруі. Әңгімелеу жағдайына бағдары бар: әңгімелесуші сөзін тыңдай алады, әңгімелесушінің коммуникативті еміренуін түсіне алады, әңгімелесуде өзгенің реакциясын бағалай алады, сөзін дұрыс құра біледі, қажетінше өзгертіп, түзете алады. Әртүрлі топтардың әрекетіне (ұйымдастырады, орындайды, сынайды, топтың позициясы жақтап сөйлейді, бақылай) кірісе алады, ым- ишыра, белгіні диалогке түскенде, сабақ барысындағы пікірталаста көрсете біледі. Кебір жағдайларды анықтау үшін сұрақ қоя алады, тыңдай, түсіне, өз түсінгенін тексере алады.

Жоғарыдағы ойларды түйіндей келе бастауыш білім беру сатысы қарапайым функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған. Осыған орай бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда олардың жастық ерекшеліктеріне мән берілуі керек. ***Бірінші сынып оқушысының ерекшелігі.*** Алғаш мектеп табалдырығын аттап, бірінші сыныпқа қабылдану – бала өміріне күрт өзгеріс әкелетін кезең. Мектепке дейінгі жастағы балаларға тән бейқамдылық пен ойынға шектеу қойылып, жаңа талаптар мен міндеттер жүктеледі: ендігі уақытта бала күнделікті ұйқысынан ерте тұрып, мектепке бару, күн тәртібіне, мектеп өмірінің нормалары мен ережелеріне бағыну, мұғалімнің талабын орындау, сабақта оқу материалдарымен жұмыс істеу, бар күш-жігерін салып еңбек ету, үй тапсырмасын тиянақты орындау, т.с.с. толып жатқан талаптарға бағынуы тиіс. Осы кезеңде 1-сыныпқа келген баланың дүниетанымы күннен күнге артып, ойлау қабілетінің мүмкіндігі ашыла түседі, эмоционалдық сезімдері (қуану, ренжу және т.б.), қарым-қатынас шеңбері өзгереді. Соның өзі кішкентай оқушыға мектеп өмірінің қиындығын жеңуге, жаңа міндеттерді орындауға көмектеседі. Сол себепті де кез келген ата-ана 1-сынып оқушысы атанған баласының «ішкі позициясын» қолдаудың маңызын түсіне және қолдай білуі тиіс. Олар өз балаларының мектеп өміріне үйренісіп кетуіне ықпал етіп, сабақтағы табысы мен сәтсіздігіне шын көңілімен, шыдамдылықпен төзе біліп, ыждағаттылығы мен ынтасын міндетті түрде мадақтап, эмоционалдық тұрғыдан көмек беріп отырса, соның өзі баланың білімнің маңыздылығын сезінуіне, өзін-өзі бағалауына және өзіне сенімділікпен қарауына көмектеседі. ***Екінші сынып оқушысының ерекшелігі.*** Оқушы 2-сыныпқа «көп білетін» бала ретінде келеді. Ол үшін өз құрдастарымен, сондай-ақ үлкен адамдармен жаңа қарым-қатынас орнату кезеңі аяқталады. Бұл уақытта бала жүйелі оқуға бейімделеді, оқу, жазу, санау біліктіліктері мен дағдылары қалыптасады, күн тәртібіне төселіп, мектептің ережелерін орындауға машықтанады. Өзін-өзі бағалауда 2-сынып оқушылары мен 1-сынып оқушылары арасында елеулі айырмашылық бар. 1-сынып оқушылары өзін-өзі жоғары деңгейде бағалайды. 2-сынып оқушыларының көпшілігінде оқу іс-әрекетіне деген өзіндік бағалауы күрт төмендеп кетеді. Ал 3-сыныпта өзін-өзі бағалау деңгейі қайтадан көтеріледі. Бұл құбылыс «екінші сынып феномені» деген атау алған. 2-сынып оқушыларында өзіндік бағалаудың төмендеуі өзіне сын көзбен қарауының және өзінің оқудағы сапалық нәтижесін бағдарлау мүмкіндігінің өсуімен байланысты. Бірақ өзінің еңбек нәтижесін бағалау мүмкіндігі әлі де болса шектеулі. Осыдан келіп өзіне деген сенімсіздігі, өзін-өзі төмен бағалауы пайда болады. ***Үшінші сынып оқушысының ерекшелігі***.Кіші жастағы мектеп оқушысының өмірінде 3-сынып өзгеріс әкелетін кезең болып табылады. Көптеген мұғалімдер «Үшінші сыныптан бастап оқушылар

оқуға саналы түрде қарай бастайды, сонымен қатар білімге деген қызығушылығы жоғары болады» деген пікірде болады. Мұның барлығы осы кезеңде баланың жалпы және интеллектуалдық дамуында орын алатын жаңа түзілімдермен байланысты. Ойлаудың жаңа мүмкіндіктері басқа да танымдық үдерістерді: қабылдау, зейін, жадыны одан әрі дамыту үшін негіз болады. 3-сынып оқушыларының интеллектуалдық дамуындағы осы түзілімдерді шығармашылық, дамытушылық жұмыстарда белсенді қолдану оң нәтижелер беретінін ұстаздар естерінде ұстағаны дұрыс. ***Төртінші сынып оқушысының ерекшелігі.*** Оқудың төртінші жылы бастауыш сыныптың оқушысы үшін мектеп өміріндегі бірінші кезең аяқталады. 4-сынып оқушылары – бұл бастауыш мектептің түлектері. Бұл – баланың төрт жыл бойы қол жеткізген білім, білік, дағдыларының қорытындысын шығаратын, психикалық, физиологиялық дамуының деңгейін анықтайтын жауапты кезең. Сондықтан да бұған ата-аналар мен мұғалімдер, ең алдымен, 4-сынып бітіруші бала келесі деңгейге көшкенде күрделі сабақтарды алып кете ала ма, жоқ па, қажетті білім, білік, дағдылар жиынтығымен қаруланды ма және оларды әрі қарайғы өмірінде қолдана ала ма, т.с.с. мәселелерге назар аударып, жыл бойы қадағалап, үлкен дайындықпен, жауапкершілікпен келуі тиіс. Ол үшін әр баланың өзіндік ерекшеліктері мен мүмкіншіліктері, қабілеттері мен дүниеге өзіндік көзқарастары, яғни әркімнің тек өзіне ғана тән дара ерекшелігі немесе өзіндік мәнері (стилі) болатынын да естен шығармаған жөн. Көп жылғы зерттеулер көрсеткендей, 4-сыныпты аяқтаған оқушылардың көпшілігінде оқу әрекетін орындаудағы өзіндік жеке стилі қалыптасады. Бұл бала үй жұмысына дайындалған кезде немесе сабақ үстінде, т.б. жағдайларда байқалады. Мысалы, бір бала сабаққа дайындау жұмысын мектептен келісімен бастаса, ал басқа бала демалғанды (әртүрлі ұзақтықтағы) қажет етеді. Біреу жұмысқа тез әрі жеңіл кіріссе, екіншілері дайындық кезеңді керек етеді. Бір бала үй жұмысын орындауды күрделі оқу пәндерінен бастаса, ал басқа бала жеңіл пәндерден бастайды. Сондай-ақ материалдарды графикалық бейнелерге (суреттер, кестелер және т.б.) сүйене отырып меңгеретін немесе, керісінше, ауызша түсіндіруді қажет ететін балалар да бар. Оқу жұмысын орындаудың жалпы айырмашылығы балалардың жеке-типологиялық ерекшеліктеріне, олардың жұмыс істеу қабілеттеріне, танымдық даму өзгешелігіне, ақпаратты қабылдауына және оны қайта өңдеуіне, әртүрлі оқу пәндеріне деген қызығушылықтың бірдей еместігіне және т.б. байланысты. Оқу жұмысының жеке стилі оқу тапсырмаларын орындаудың жалпы тәсілінде ғана емес, оқушылардың әртүрлі оқу білігі мен дағдысын қолдануда да көрініс табады. Оқу жұмысының нәтижелі тәсілдерін меңгеру оқушыда оқу біліктілігі қалыптасқандығын білдіреді: яғни ол ұсынылып отырған білімді сапалы игеруге қабілетті және қажет болған жағдайда өздігінен меңгеруге дайын. Бастауыш мектепті тәмамдаған оқушының келесі сыныптарда, яғни негізгі орта білім беру деңгейінде оқуын жалғастыру барысында жоғары жетістіктерге жетуі үшін жалпы қандай білік-дағдылар қалыптасуы тиіс? Мысал ретінде солардың ішінен кейбіреулерін атап көрсетейік: – мұғалімді тыңдау; – мәлімдемеден басты ойды бөлу; – мәтін мазмұнын байланыстырып айтып беру; – мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру; – мәтінге сұрақтар қою; – алған ақпараттар негізінде қорытынды жасау; – өз ойын жазбаша білдіру; – қосымша ақпараттар көздерін қолдану, анықтамалық әдебиеттерді пайдалану (сөздіктер, энциклопедиялар және т.б.); – өз жұмысының нәтижесін дәл бағалау. Осы білік-дағдылардың көпшілігі ойлау қабілеттеріне сүйенеді: заттың, құбылыстың, т.б. жалпы және дара сипатын салыстыру және таба білу; бастыны айырып көрсету, маңыздыны болмашыдан айыру, логикалық қорытынды мен тұжырымдама жасай алу біліктері, т.с.с. 4-сыныптың көптеген оқушыларында оқуға деген қызығушылықтың дифференциясы байқалып, оқу пәндеріне деген әртүрлі көзқарас пайда болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ұстаздық шығармашылық Б.А. Тұрғынбаева Алматы, 2007 ж.

2. Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту Б.А. Тұрғынбаева Алматы, 1999 ж.
3. Бастауыш білім журналы № 3, 2017 ж.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Кушикбаева Алтынгул Елдизеровна
Ақтөбе қаласы «№33 қазақ орта жалпы білім беру мектебі» КММ-нің бастауыш класс мұғалімі

Дәстүрлі педагогикада бастауыш мектеп деңгейінің міндеті - оқушының *санау, жазу, оқу* білігін қалыптастыру болып есептелінді. Ал оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған оқыту – сол мақсат пен бірге оқыту процесі оқушының таңдалған жағдайда өмір сүру, мақсат қоюшылық, қызығушылығына орай өз өміріне қатысты маңызды сұрақтарды қоя білу, шешу, өмірлік нормалар мен ұстанымдарды талғаммен қолдану, түрлі жағдаяттарды шеше білу, мақсатқа жету тәжірибесін жинақтау, өз көзқарасын дәлелдермен білдіру, адами іс – әрекетті таңдауды жүзеге асыруға үйрету.

Жоғарыдағы ойды түйіндей келе бастауыш сынып оқушыларының қарапайым функционалдық сауаттылық дағдыларын білім саласы бойынша қалыптасуы: «Тіл мен әдебиет» білім саласы Білім берудегі сауаттылық мәселесі, біріншіден, нақты бір елдегі халықтың әлеуметтік жағдайына, екіншіден, мемлекеттің экономикалық дамуына, үшіншіден, елдегі мәдени ахуалға тәуелді болатындығы айқын. Бүгінгі өркениеттің даму деңгейі білімділік пен сауаттылық ұғымдарының мазмұны мен оны түсінудің сара жолдарын іздестіруді қажет етіп отыр. Ғылыми еңбектерде сауаттылық ұғымының белгілі бір деңгейде ана тілінің грамматикалық нормаларына сай оқу, дұрыс жаза алу дағдыларын игеруі екені байқалады. Әйтсе де адамның өмір сүруіне қажетті деп танылып, меңгеруге ұсынылған бастауыш мектеп деңгейіндегі белгілі бір білім, білік пен дағдылардың жиынтығы (оқу, жазу, санау, сурет салу және т.б.) ретіндегі тілдік сауаттылық қазіргі кездегі әлеуметтік сұраным талаптарымен сәйкес келе бермейді. Сауаттылық мазмұнының нақты мазмұны дара тұлғаның дамуына қойылатын қоғамдық талаптарға байланысты құбылмалы сипатқа ие болады. Ол қарапайым оқу, жазу, санау біліктіліктерінен бастап адамның әлеуметтік үдерістерге саналы түрде қатысуына мүмкіндік беретін, қоғамдық қажеттігі айқын кешенді білімдер мен біліктерден құралатын функционалдық сауаттылықты меңгеруді де қамтиды. Яғни, «функционалдық сауаттылық» белгілі бір кезеңге сай субъектінің алған білімі мен білігі негізінде сауатты ісәрекет ете алуы деген мағынаны білдіреді. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету деген сипатта ұғынылады. Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады. Сауаттылық ұғымы оны білім берудің әрекеттік аспектісімен бірлікте алғанда ғана кеңейе түседі. Функционалдық сауаттылық –тілдік тұлғаның әлеуметтік –қоғамдық ортада сөйлесім әрекетінің түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім) өзінің мақсатына қарай еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі. Сұхбаттық тапсырмалар диалогтан тұрады. Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда диалогты таңдауымыздың себебі ол күнделікті өмірде қолданылатын ауызша сөйлеу тілінің ең көп тараған және тілдік

қатынастың табиғи түрі. Диалогтың жағдаяттылығы, алдында және артындағы айтылған жалпы ойға байланыстылығы, алдын ала дайындықсыз іске асатын сөйлесім әрекетінің түрі екені ескерілді. Диалогтік сөйлеуге үйретуде дайындық жаттығулары мен шартты сөйлеу жаттығулары ұсынылады. Мұнда күнделікті өмірде жиі кездесетін жағдаяттар алынады. Оқушыларға дайын үлгілерді кезекпен бірнеше мәрте оқытып, диалогтің сөздерін қайталатып, рөлге бөліп оқытылады. Мысалы:

- Сен бүгін театрға барасың ба?
- Жоқ, бара алмаймын.
- Неге?
- Ауылдан апам келеді. Сол кісіні күтіп алуға автобекетке барамыз.
- Кіммен барасың?
- Мен, бауырым мен қарындасым, әкем –төртеуіміз.
- Анаң ше?
- Ол үйде апама дастархан жайып, ас мәзірін даярлайды.
-Жарайды, жақсы.

Оқушыларды тек жауап беруге, яғни, мәліметті хабарлауға ғана үйретпей, қарсы сұрақ қоюға, қайталап сұрауға да үйрету аса маңызды. Диалогтің осындай түрлері де ұсынылды. Диалогтік тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың диалогтік сөйлеудегі қарапайым дағдылары қалыптасып, сұрақ беру, өтініш айту, таңдану, бұйыруды қолдану, бір-бірімен әңгімелесе білу, мәліметтерді нақтылап сұрау, тыңдап отырып қайта сұрақ беру, келіспеушілік, толықтыру, тілдік материал көлемінде өзара пікір алыса білу дағдылары дамып, диалогтік тілді үйретуде соңғы нәтиже болып табылатын әңгімелесе білу біліктіліктері жетіледі. «Мұражайға саяхат» тақырыбында мынадай тапсырма орындалды. Тапсырманың мақсаты: оқушылардың көне дүниелермен танысу, білу, құштарлану құзыреттілігін қалыптастыру. Көрген-білгендерін тиянақты түрде мазмұндап жеткізу. Оқыту әдісі: сұрақ-жауап, қатысым әдістері. Көрген экспонат, мұралардың ішінен қажеттісін екшеп бөліп алып, сол туралы ақпарат беру біліктерін қалыптастыру көзделді. Тапсырма:

1. Қазақстанның мұражайлары жайында ақпараттар іздеп табу.
2. Ақпаратты жазбаша түрде дайындау.
3. Сынып алдында ақпараттың мазмұнын баяндау.

Нәтиже: *өздеріне қажетті ақпаратты іздеп, табуға жаттығады. Әңгімелеу, жазу, жұмыста жұмыс істеу дағдылары дамиды.* Жұмыс кезінде коммуникативтік, мәселелердің шешімін табу құзыреттіліктері тапсырмаларын орындау ұсынылды. Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыруда қатысымдық әдіс функционалдық сөйлеудің грамматикалық жағы мен лексикалық бірліктерді меңгертудің негізі ретінде алынды. Қатысым әдісі бойынша оқушыларды бірінші сабақтан бастап сөйлесім әрекетіне баулу, тілді үйретуді күнделікті өмрде жүзеге асыру, сабақты практикалық жағынан жан-жақты қамтамасыз ету ескерілді. Өйткені кез-келген тақырыптағы тілдесім үдерісі сөйлеу, жазу, оқу, тыңдау әрекеттері арқылы іске асады. Бұл қатысымдық бағытта дайындалған тапсырмалардың мәні оқушыларды ана тілінде қарым-қатынас үдерісіне дайындау, сыныпта қарым-қатынас жасауға жағдай тудыру болып табылады. Қатысымдық әдіс ұсынылған тапсырмалардың бәріне ортақ, әсіресе жағдаяттық, рөлдік ойын, сұхбаттық тапсырмаларда басым болады. Осы әдістің функционалдық сауаттылықпен байланысы жағдаяттық, сұхбаттық тапсырмалардағы тілдесімде ерекше басымдылыққа ие болады. Рөлдік ойын әдісінде 7-12 жастағы балалар қарым-қатынасқа тез түседі де, кез-келген рөлді ынтамен орындайды. Рөлдік ойындар оқушыға өзін танытуға, жолдастарының пікірімен санасуға, дұрыс сөйлеу қабілетін жетілдіруге, жан-жақты білімін көрсетуге мүмкіндік береді. Бастауыш сыныптың соңында оқушылар меңгеруі қажет: Мәтіндегі тірек сөздерді табуды және олармен мәтін құрауды; сөз таптарын ажырату, талдау және оларды топтастыру, өзара салыстыруды;

жіктеу есімдіктерін табуды және оларды септеуді; мәтіннен қаратпа және қыстырма сөздерді табуды; жай сөйлемге синтаксистік талдау жасауды; өз ойларын еркін жеткізуді, сөйлемдерді дұрыс құрастыруды; берілген мәтінге жоспар құруды; қоршаған орта мен мақсатқа сәйкес орынды сөйлей білуді; диктант (көлемі 65- 75 сөз), мәтін бойынша мазмұндама (мәтін көлемі 150-200 сөз), көлемі 50-60 сөзден тұратын шығарма (сипаттама, баяндама, пайымдау) жазуды; бастауыш сыныпта оқытылған пәндер бойынша жүйелі білімінің болуынан; алынған ақпаратты талдай, өңдей, жинақтай және қолдана білуінен; шығармашылықпен жұмыс істеу әдістерін меңгеруінен көрінуі қажет; өз ана тілін жетік білуі және құрметтеуінен. «Әдебиеттік оқу» пәні Мәтінді дұрыс, мәнерлеп және шапшаң оқуды меңгеруі, шығарма авторының көзқарасын түсіну, мәтінді оқырман ретінде қабылдауға тәрбиеленеді, көркем-шығармашылық қабілеттері дамиды. Сөз өнеріне деген қызығушылық, тілдік эстетикалық талғамы қалыптасады. Сөйлеу әрекетінің түрлері жетіліп, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық пен руханиадамгершілікке тәрбиеленеді. Мәтінді оқу сапасы дұрыс, түсініп, шапшаң, мәнерлеп дағдысы қалыптасады. Ауыз әдебиетінің жанрлары, отандық және әлемдік балалар әдебиетінің озық үлгілерімен танысады. Ақын-жазушылардың балаларға арналған шығармалары туралы, басты тақырыбы, басты кейіпкерлері және негізгі мазмұны жайлы түсінік қалыптасады. Мәтінді талдап, жанрлық сипаты туралы түсінік қалыптасады. Шығарма сюжеті ізімен немесе еркін тақырыпта әртүрлі әдеби шығармашылық жұмыс түрлері: *өлеңді мәнерлеп оқу, әңгіме құрастыру, мәтінді сахналау, мәтін бойынша сурет салу, мақала жазу, шағын үзіндіге сценарий жазу* т.б. орындау машықтары қалыптасады. 2-4-сыныптарда әдеби функционалдық сауаттылығы «Ауыз әдебиеті үлгілері», «Жазба балалар әдебиеті үлгілері», «Әдеби-теориялық білім», «Мәтінмен жұмыс», «Оқу дағдысы», әдеби тілде еркін сөйлеу бағытында қалыптасады. Сонымен қоса оқырмандық мәдениеті, кітапханада жұмыс істей алу, кітап дүкендерінде қажет кітапты таңдай алу дағдысы, ана тілінде ауызша және жазбаша дұрыс сөйлеу, мәнерлеп оқу, білім сайыстарына қатысу, өз ойын анық нақты баяндау білігі мен функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарлама;

2.Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, http://adilet.zan.kz/rus

3.Қазақстан Республикасы Білім Және Ғылым Министрлігі Ы. Алтынсарин Атындағы Ұлттық Білім Беру Академиясы «Назарбаев Зияткерлік Мектептері» Дербес Білім Беру Ұйымы Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы, Астана 2016ж

ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Лаукенова Оркен Дуйсенкызы
Общеобразовательная средняя школа № 61
Учитель русского языка и литературы

Основополагающим требованием общества к современной школе является формирование личности, которая умела бы самостоятельно творчески решать научные, производственные, общественные задачи, критически мыслить, уметь пользоваться информацией, вырабатывать и защищать свою точку зрения, свои убеждения, систематически и непрерывно пополнять и обновлять свои знания путем самообразования, совершенствовать умения, творчески применять их в действительности. Т. е. современное образование нацелено на развитие функциональной грамотности обучающихся, при которой знания из разряда теоретических должны стать прикладными и использоваться в повседневной жизни. Реформа образования с переходом на 12-летнее обучение и повышение квалификации учителей по кембриджской Программе уровневых курсов тоже направлены на формирование функциональной грамотности. Не секрет, что уроки русского языка и литературы не являются для многих любимыми. Но задача учителя состоит в том, чтобы нелюбимый учениками предмет сделать интересным, нужным и востребованным. Во время посткурсовой практики я расспрашивала своих учеников, как изменилось их отношение к предмету после введения новых подходов в обучение и преподавание. Трое интервьюеров смело ответили, что у них появился интерес к предмету, захотелось работать в группе, что перестали бояться высказывать свое мнение, научились самооценивать и взаимооценивать работу свою и одноклассников, появилась ответственность перед товарищами, теперь, работая в паре или группе, не отсидишься и не спрячешься за спины, потому что важен каждый голос, каждая идея. Интеграция семи модулей Программы в практику обучения помогает отобрать материал, продумать стратегии, подготовить задания, необходимые для развития функциональной грамотности.

Формирование навыков функциональной грамотности начинается с самостоятельного определения учениками темы и цели урока. Важно лишь создать необходимые условия для этого: комфортный психологический настрой, правильно сформулированный проблемный вопрос или ситуация, способность услышать каждого. Стратегии «Мозговой штурм», «Моя идея», «Ромашка Блума», «Кроссворд», «Четвертый лишний», «Горячий стул», «Магический квадрат» направлены на активизацию мыслительной деятельности учеников, позволяют им сразу включиться в работу, помогают работать с информацией и отбирать ее. Развивать функциональную грамотность можно на любом этапе урока, при изучении любой темы по русскому языку или литературе. Так, например, при изучении моими пятиклассниками темы «Предложения с прямой речью. Диалог» мы составляли диалоги на темы «В магазине», «В библиотеке», «В автобусе», «На рынке» и разыгрывали эти мини-сценки. Важно было не только правильно составить и употребить вежливые формы обращения, записать правильно, соблюдая знаки препинания, реплики и предложения с прямой речью, но и проявить актерские способности при исполнении. Стратегия «Драма» успешно работает и на уроках русской литературы. Так при чтении наизусть басен И. А. Крылова ученики пятых классов разыгрывали мини-спектакль. Открытием для одноклассников стало умение некоторых ребят вживаться в роль, через интонацию, мимику и жесты показать характеры героев. Различные мини-сочинения, эссе, зарисовки помогают ученикам точно отбирать материал, развивают их

устную и письменную речь, творческие способности. На стадии Вызова важно отобрать материал таким образом, чтобы через решение лингвистической задачи, ученик мог пополнить свои практические навыки. Опираясь на жизненный и знаниевый опыт обучающихся, предлагаю сравнить, сопоставить, проанализировать ту информацию, которая дается в учебнике, найти самостоятельно в других источниках материал по заданной теме, используя ИКТ, высказать свое мнение, доказать свою точку зрения. Для учеников, имеющих языковой или психологический барьер использую разговорные карточки. Так, например, при защите флипчарта «Однородные и неоднородные определения» восьмиклассникам были предложены формулировки начала ответов: «Определение — это второстепенный член предложения, который…», «Однородные определения имеют следующие признаки…», «Запятые при однородных определениях ставятся в случаях…». Такие карточки помогают быстрее сформулировать ответ, учат ученика определенным формулам ответа. Кто-то скажет, что это ответ по шаблону, согласна. Но! Ученик, слабо успевающий, имеющий языковой или психологический барьер, быстрее адаптируется, учится преодолевать эти трудности, хоть и со шпаргалкой. Отсюда уверенность и ситуация успеха. Когда обучающийся выходит за рамки своей Зоны ближайшего развития (термин Л. Выготского), знания и навыки, приобретенные во время индивидуальной, парной и групповой работы, становятся его неотъемлемой частью. Учителю нужно лишь помочь ученику сделать этот шаг, направить его в нужную сторону. Задания типа «Составь вопрос и задай другому», «Шесть почему», «Верно-неверно», «Инсерт», «Знаю-Хочу знать-Узнал» работают на формирование умений критически отбирать информацию, наблюдать, анализировать и синтезировать ее, что способствует развитию критического мышления учеников. Так, например задание «Установи соответствие» при изучении тем раздела «Лексика» необходимо найти соответствия между 1) синонимами и фразеологическими оборотами; 2)фразеологизмами и антонимами. Учерта на куличках. За тридевять земель. Рукой подать. Носом ткнуться. Слова для справок: далеко, близко, рядом. Умение наблюдать, классифицировать, анализировать и синтезировать — основополагающие методы работы с любым текстом, лексическим материалом. Решая практические задачи, ученик применяет знакомые ему формулы решения, отсеивает ненужную информацию, формирует умение логически выстраивать свой ответ, соотносит известное с неизвестным или со своим жизненным опытом, учится высказывать и доказывать свое мнение. Часто предлагаю своим ученикам вопросы такого плана: «Почему Мцыри можно назвать романтическим героем?», «Что объединяет и делает разными Алеко и Мцыри?», «Представь, что Мцыри добрался до своих родных мест. Что, по-твоему, он будет делать?». Полюбились ученикам и некоторые стратегии, такие как: «Фишбоун» (когда требуется найти причинно-следственные связи), «Ассоциации», «Карусель» (когда работы друг друга анализируются и дополняются необходимой информацией, или материал объемный, так что приходится его делить по группам), «Допиши предложение», «Независимое расследование» (например, когда необходимо сопоставить имеющиеся лексические значения слов с бытующими в разговорной речи: почему образовалось слово «мазелин», «прихватизация», «зряплата» и т. д.). Дифференцированные задания, разработанные с учетом учебных потребностей и возрастных особенностей — одна из составляющих функциональной грамотности и залог успеха на уроках. Большую помощь в работе по формированию функциональной грамотности на уроках оказывает ИКТ: ведь без презентаций, флипчартов, поиска дополнительной информации из других источников немыслим современный урок. На стадии Рефлексии часто использую стратегии «Мне сегодня на уроке…», «Трехминутное эссе», «Чемодан. Мясорубка. Корзина», «Мои достижения». Эти небольшие высказывания помогают ученикам быстро оценить себя, отметить свой вклад во

время урока, заставляют еще раз критически проанализировать, что важного он сегодня узнал, а что необходимо повторить.

Литература:

1.Бирибаева Н. Ж. Пути практической реализации «Национального плана на 2012–2016 годы по развитию фунгциональной грамотности школьников// Уроки русского языка и литературы в школе. – № 6–2013.

2.**Хасеинова В. А.** О подготовке педагогов к формированию функциональной грамотности и компетентности учащихся на уроках русского языка и литературы // Открытая школа. — № 2–2014.

3.**Руководство для учителя, Третий (базовый уровень).** University of CAMBRIDGE. Faculty of Education, с.133–134. Assessment Reform Group (2002 a). Assessment for Learning: 10 Principles [Оценивание для обучения: 10 принципов].

4.**University of Cambridge Faculty of Education**. Основные термины.

КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІ САБАҚТАРЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Матеуова Зейнегул Жаксыгалиевна
Ақтөбе қаласы №61 Жалпы білім беретін орта мектеп
Көркем еңбек пәні мұғалімі

Бүгінгі таңдағы құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық әр адамның әлеуметтік, мәдени, экономикалық және саяси жұмыстарға белсенді қатысуына, сондай-ақ алған білімдерін үнемі жетілдіріп отыруларына ықпал ететін маңызды базалық факторлардың біріне айналуда. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің ролі зор. Соның ішінде көркем еңбек сабағының орны ерекше. Осыған орай, өнерді жан жақты меңгеріп қана қоймай, практика жүзінде өмірге қажетті бейімделулермен қатар ұлттық мәдениетті көтеретін, ұлттық әдет-ғұрыпты, намысты, имандылық пен ізгілікті, жат іс-әрекеттерге сын көзбен қарай алатын оқушы дайындауда осы пәннің маңызы да ерекше. Балалар жаңа ойларға, идеяларға шығармашыл болып, күтпеген жерден пайда болған мәселелерді шеше біліп, ақпараттарды саралай білулері керек.

Мысалы, 5 сыныптармен тоқыма жіптермен жұмыс жасаудамыз.Мұны жасау үшін ең алдымен, жасайтын бұйымының эскизін сызып алады, оған тоқыма жіптерді түстеріне қарай қайшымен қию арқылы пва клеймен желімдейді.Суреттің контурлары анық, нақты көрінуі үшін тоқыма жіпті қимай желімдейді.Мысалы: суреттер карандаш, гуашпен салынады.Ал, біз тоқыма жіпті кесу арқылы, суретімізді тоқыма жіппен емес жүнді пайдалану арқылы салынған сияқты етіп көрсетуді мақсат еттік.Оқушылар осы арқылы:

Нені білді және нені меңгерді?	Үйренгенін өмірде қалай қолдана алады?
• Тоқыма жіппен жұмыс жасауды үйренді • Тоқыма жіп туралы білімдерін толықтырды • Тоқыма жіптің түрлерімен танысты	• Тоқыма жіппен мынадай заттар жасауға болады: балаларға киімдер, шарф, бас киім, сотка салатын чехол, сумка, пенал, носки, шәлі, картина т.б жасауға болады.

• Пва клеймен жұмыс жасауды меңгерді • Эскиз суретін сала алды	• Сонымен қатар, гобилен, кілем, алаша тоқыма жіптер арқылы жасалады.

Аптасына бір рет, 8 «А» сыныбымен «Шебер қолдар» атты үйірме өтеді.Бұл үйірмеде оқушылар өздеріне ұнаған және қызығушылығын тудырған бұйымдар жасайды, әрине жоспарға сай.Бұл үйірмеде 8 «А» сыныбының қыздары өздеріне белдемше тіккісі келді.Бастапқыда тіге алмаймыз деген сияқты ойлары болды.Сол күдіктерін жою мақсатында өзімнің тіккен белдемшемді көрсеттім, сол арқылы олардың қызығушылығын арттырдым.Бұдан шыққан қорытынды: оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін жасайтын бұйымның немесе заттың өзін көрсету керек.Яғни , оқушылар оны көзбен көріп, қолмен ұстау арқылы қызығушылығы артады деп түйіндедім.Матамен жұмыс жасадық, оқушылар сол арқылы:

Нені білді және нені меңгерді?	
▪ Матаның шығу тарихымен танысты ▪ Таза жүнді ұршықпен иіріп, өрмек көмегімен мата тоқылатынын білді ▪ Мата түрлерімен танысып, оны ажырата алды ▪ Мата мен жіптің үйлесімділігінің маңызын түсінді. ▪ Матамен жұмыс жасады ▪ Өлшем түрлерін меңгерді	
Неден қиналды?	**Үйренгенін өмірде қалай қолдана алады?**
▪ Сантиметрмен жұмыс жасауда ▪ Эскизін мата бетіне түсіруде	▪ Мата түрлерін ажырата алады.Мысалы; пальто мен юбканың маталары әр түрлі болады. ▪ Түстердің үйлесімділігін түсінді. ▪ Үйге перде т.б заттар таңдағанда қандай мата таңдау керек екендігін біледі ▪ Ыңғайлы ауа өткізгіш киімдерді матасына қарай таңдай алады. ▪ Киімдер тіге алады ▪ Құрақ көрпе, жастық, өмірге қажетті затарды тіге алады.

Сабақ барысында тақырыпқа сай, әр түрлі материалдармен жұмыс жасаймыз.Олар: бисер, тоқыма жіптер, қағаз, жіп, кестелеу, фетр матасы, батик техникасы, пластилинмен жұмыс және т.б. Бисермен фаза, гулдер, салфетка салғыш, күнделікті өмірде алқа, білезік жасауға болады.Соның ішінде, жұқа киіз фетр матасына тоқталғым келеді.Фетр матасымен жұмыс жасауда оқушылар:

Нені білді және нені меңгерді?
Фетрдің шығу тарихымен танысты Оның түрлеріне қарай, қандай заттар жасауға болатындығын білді және оны жасау барысын меңгерді Фетр түрлерін ажырата алды.

Ыстық клеймен жұмыс жасай алды Фетрдан көптеген бұйымдар жасады Қауіпсіздік техникасын сақтады
Неден қиналды? / **Үйренгенін өмірде қалай қолдана алады?**
Эскизін салуда қиналды Ыстық клеймен жұмыс жасауда техникалық қауіпсіздік ережесін сақтауда аздаған қиындықтар болды Фетр матамен ойыншықтар жасауға болады.Балаларға ойыншықтарды сатып алғанша, қолдан жасап беру арқылы қауіпсіз ойыншықтармен қамтамасыз ете аламыз. Гүлдер жасауға болады.Бұл гүлдер суға салса батпайтын,уақыт өтсе де, солмайды. Сумкалар, портмане, ойыншықтар, алқа, шашбау, жилет, салфетка салғыш, жана жылдық ойыншықтар т.б заттар жасауға болады және сыйлыққа беруге болады. «Жүректен жүрекке» тілек айту әдісінде жүрекше тігіп, оны сабақта қолдану сабаққа тиімді болар еді.

Қорытындылай келе, өзіме SWOT талдау жасасам:

S (strength)-күшті жақтары:	**W (weakness)- әлсіз жақтары**
1 жарым жыл ішінде оқушыларымның аудандық, республикалық, халықаралық байқаулардан бас жүлде, жүлделі 1, 2, 3 орын жеңімпаздары болуы Өзім осындай оқушыларды дайындағыным үшін диплом және алғыс хаттармен марапатталып отырдым.	Сабақта барлық оқушылар теориядан бұрын практикалық жұмыс жасағысы келеді.Теориясыз ешқандай практикалық жұмыс жасалмайтындығын түсіндірдім Сабаққа барлық оқушылар құрал-жабдықтарын түгел алып келмейді.Оны жою мақсатында сынып жетекшілермен және ата-анамен тығыз қарым –қатынаста болдым.
O (opportunity)- мүмкіндіктері	**T (threat)- қауіп**
Тәжірибелі ұстаздардың сабақтарына қатысу, мектепішілік өткізілген үлгілі сабақтарға қатысып, өз тәжірибемді жетілдіру. Семинар, конференцияларға қатысу	Кәсіби құзыреттіліктерін арттыру деңгейінің төмендігі Қысқа мерзімді жоспарлауда саралау тапсырмаларын енгізбеу

Әдебиеттер:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы
2. Е.Имангалиев. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары «Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы». № 9 (69) 2012 жыл.
3. http://www.google.kz Жаңа білім беру технологиясы мен әдіс тәсілдері
4. «Технология мектепте» әдістемелік журнал 2018ж

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Мукатова Мира Енсегеновна
Ақтөбе қаласы "Хиуаз Доспанова атындағы №14орта мектеп"КММ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Заман талабына сай зерделі, дарынды, шығармашыл, қоғамға лайық жан-жақты тұлғаларды дайындау – XXI ғасыр үлесіндегі игі істердің бірі де, бірегейі. Табысты, әрекетке дайын қабілетті, әлеуметтік рөлін сезінетін құзырлы тұлғаларды қалыптастыруда білім беру мәселесі, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре білу ісінде ұстаздарға жаңа талаптар қойып отыр.

Бүгінгі мектеп қабырғасында білім алып отырған оқушы тек белгіленген пән бойынша жалпы теориялық мағлұмат қана алып отырған жоқ. Ол өзінің болашағына өмірлік серік боларлық, кәсіп көзіне бағыт аларлық білімді де қоса алып отыр. Жаңартылған білім мазмұны бойынша білім алып отырған оқушыны өмірге заманауи көзқараспен қарап, сыни тұрғыда ойлай білетін, алған теориялық білімін практика жүзінде өмірлік қолданысқа енгізе алатын тұлға деп тануымыз керек.

Мектеп оқушыларының функциялық сауаттылығын дамыту процесі мазмұндық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтиды. Ұлттық жоспар Қазақстан Республикасындағы білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары ретінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту іс-қимылдарының мақсаттылығын, біртұтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз етуге арналған

Мұғалім сабаққа дайындықты нақты тақырыпты ашу үшін сабаққа түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы мақсат-міндеттерін ашады, мысалы өз сабағымда **«Миға шабуыл»** әдісін қолданамын, ол - жаңа сабақ бастар алдында осы әдіс бойынша сұрақ қою арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашуға болады. Мысалы:

1.Құрастырылған суретте не бейнеленген?

2.Бейнеленген адамдар туралы не айтуға болады?

3.Әншілер туралы ақпаратты қайдан аламыз? - деген сұрақтар арқылы оқушылардың жаңа сабаққа қызығушылығы артады.

«**Стопкадр**» әдісі арқылы оқушыларға мәтінді оқып, стоп деген нұсқауды естігенде тоқтап оқыған бөлігін айтып беру тапсырылады. Мәтін бойынша келесі сұрақтарға жауап береді.

1. Мәтін кім жайында?

2. Әміре әнді қайда айтты? - деген сқрақтар арқылы өз ойларын оқылым мен айтылым дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Маңызды, күшті, мүмкіндік» белсенді әдісін қолданғанда дереккөздерден жинаған материалдарын кестеге толтырады. Кестедегі мәліметтер оқушылардың тапқан ақпараттарына

қарай ауысып отырады. Оқушылар мәтін мазмұны бойынша топта кестені толтыру үшін өзара ақылдасып жазады.

Оқиға	Маңызды	Күшті	Мүмкіндік
Парижде шырқаған әндері Әміренің дауысы			

Кері байланыс жасауда «**Кубик**» әдісін қолданамын, әр жағына әр түрлі сұрақ жазылған жеңіл кубикті оқушыларға лақтырамын қағып алған оқушыдан өзіне қарап тұрған жағындағы сұрақ бойынша кері байланыс алып отырамын.

«***Бір қалам, бір қағаз***» әдісін пайдалану арқылы оқушылар сабақ бойынша түсінгендерін жазады. Бұл әдістің тиімділігі оқушы алған білімін жинақтап, саралай білуге дағдыланады.

Қазақ тілі мен әдебиеттік оқу сабақтарында бұл стратегияларды ұйымдастырғанда оқушылар бір-біріне көмектесетіндей, бір-бірімен бірігіп, ынтымақтасатындай болуына мүмкіндік жасауға жұмыс жасаймын,сонда сабақ бір жақты білім беру қызметін ғана емес, тәрбиелеу қызметін де атқарады. Сабақ барысында оқушылар бойында бір-бірімен сөйлесе білу мәдениеті, топта бірлесе жұмыс істей білу, жауапкершілік, ынтымақтастық, бір-бірінің жауаптарын тыңдай білу, сыйластық қасиеттері қалыптасады.

Жоғарыдағы айтылған мәселелерді жалпылай келе оқыту түрлері, сабақта білім алу, жүйелі ойлау осының барлығы функционалдық сауаттылықтар болып табылады, нағыз білім саналы түрде қабылдап, түсініп, оны орнымен қолдану болып табылады.

Қорыта келе, функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Сапалық сипаты тұрғысынаналғанда функционалдық сауаттылықты жеке адамды дамытудың тетігі деп түсінуіміз керек.

Оқу бағдарламасына сәйкес 5 - сыныптың қазақ тілі пәнінен «Адамның сырт келбеті мен мінезі» бөліміндегі «Күш атасы» тақырыбы бойынша оқушылардың функционалдық дағдыларын қалыптастыру көзделді. Сабақ негізіндегі оқу мақсаттары тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау, оқылым мен тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу. Оқушылар сабақ нәтижесінде Қажымұқан Мұнайтпасұлы- «Қазақ даласының батыры» дүниежүзі чемпионы, Қажымұқан Мұңайтпасұлының өмірімен танысады, бөлімдерінің мазмұнын игереді, алған білімдерін бекітеді. Осы нәтижеге жету көзделеді. Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін бірнеше суреттер беріледі. Иллюстрацияда қандай сәт бейнеленгенін түсіндіреді. Осы иллюстрация арқылы оқушы жаңа сабақты тануға ұмтылады. Яғни, танымдық қабілеті дамиды. *«Стикердегі диалог*» әдісі бойынша оқылым жұмысын оқып, топ мүшелері мәтін бойынша сұрақтар жазып, тақтаға іледі. Бұл әдістің оқушыға тиімділігі өз пікірлерін ашық айтып, өзара шынайы сұхбат жүргізетін, рухани жағынан дамыған жеке тұлға ретінде дамуына ықпал жасауы болып табылады.

«Карточкадағы терминдер» әдісі арқылы Қажымұқанның ізін жалғап жүрген қандай спортшыларымыз бар? Өмірмен байланыстырып жазу тапсырылады. Термин сөздерді негізге алып, еліміздегі танымал спортшылардың еңбегін, жерлес балуандар жайлы немесе спортпен шұғылданып жүрген сыныптас достарының жеңістері туралы жазады.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға арналған тапсырманы келесідей тұжырымдауға болады:

Сіз «Жасыл ел» конференциясына қатысқалы отырсыз. Балаларға экологияға қатысты қандай бес маңызды нәрсені үйрету керектігін айтыңыз. Идеялардың бірін таңдап, оны дамытыңыз.

«Шығармашылық», «шығармашылық көзқарас», «шығармашылық тұлға», «шығармашылық жетістік», «шығармашылықпен ойлау», «шығармашылықтың көрінісі» - қазіргі қоғамдағы бұл ұғымдар кәсіби шеберліктің көрсеткіштері болып табылады. Өйткені, біз дарындылықтың, таланттың, данышпандықтың атрибуты деп дәл шығармашылықты, креативті және шығармашылық қабілетті айтамыз.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың ең үлкен мүмкіндіктері, әрине, жобалық жұмыстарда Оқушылар өз жұмыстарының нәтижелерін постер, есеп беру, альбом, қабырға газеті, ауызша журнал, коллаж, презентация, тіпті қолөнер түрінде ұсына алады.

8-сыныптағы ең сүйікті тапсырмалардың бірі Сенің ойынша ұл бала және қыз бала қандай болу керек? Диаграмманы толтырып, пікірінді дәлелдеу.

Оқу сауаттылығы - бұл функционалдық сауаттылықтың бір бағыты және менің ойымша, негізгі бағыт. Оқушы қандай тапсырма алса да, оған ең алдымен тапсырманы ОҚУ керек.

Оқыту процесінде мұғалім мәтінмен жұмыс кезінде оқушылардың проблемаларына жиі тап болады. Қазақ тілінде айтпағанда, орыс тіліндегі мәтінмен жұмыс кезінде қиындықтар туындайды.

Мәтіннен нақты ақпаратты табуға бағытталған ең кең таралған тапсырмалардың бірі - әртүрлі тәсілдермен тұжырымдалатын «Дұрыс-Бұрыс» тапсырмалар.

Мәтінге сәйкес дұрыс жауапты белгілеңіз.

Мәтінді оқып, мәтінде ЕМЕС, мәлімдемелерді таңдаңыз.

Мәтінді оқып, фактінің қайсысы мәтінде көрсетілмегенін анықтаңыз.

Функционалды оқуды қалыптастыруға арналған мәтіндердің айрықша ерекшеліктеріне мыналар жатады:

суреттер, кестелер, кесте түрінде берілген ақпарат ...

тұтас және жадағай ақпарат.

Сызба түрінде берілген ақпарат көптеген оқушыларға қиындық туғызады, сондықтан менің ойымша, оны тапсырма түрі сияқты жиі қолдану керек.

Фильмдерде ұл бала мен қыз баланың талғамы әртүрлі. Сызбаны қарап, қораптағы сөз тіркестерін пайдаланып, оған түсініктеме беріңіз.

Мен мұны көргенде таңқаламын ...

Маған қызықты көрінеді ...

Оған сену қиын ...

Мен келісемін ...

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға арналған тапсырмаларды қолдана отырып, мұғалім оқушылардың ынтасын арттыруға көмектеседі, ой-өрісін кеңейтеді, шығармашылық қабілеттерін дамытады, қазіргі әлем құндылықтарын іске асыруға көмектеседі - осының бәрі жеке тұлғаның үйлесімді дамуы үшін қажет және одан әрі қоғаммен өзара әрекеттесу

міндетттерін шешумен байланысты қызымет үдерісінде пайдаланады.

Сонымен қатар, әрбір ұстаз алдында үлкен жүк – тұлғаның бейімділігін, қажеттілігін қанағаттандыруды, қызығушылығын ескере отырып, функционалдық сауаттылыққа қол жеткізуді қамтамасыз етіп, жан-жақты дамыған, алған білімдерін өмірмен байланыстыра алатын тұлғаны тәрбиелеп оқыту міндеті тұрғанын түсінгеніміз жөн.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы:АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.

2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет.38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).
3. Журнал «Мектеп» № 11(6 бет)
4.https://bilimsite.kz/ulagatty_sozder/10949-bilim-turaly-ulagatty-sozder.html
5.https://www.kaznu.kz/kz/21962/news/one/20951/

ЖАҢАША ӘДІСТЕР НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ КЛАСС БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Мухамбетова Роза Максотовна
Ақтөбе қаласы «№18 орта мектебі» КММ бастауыш класс мұғалімі

Тұлға құзіреттілігін дамыту үшін, яғни, бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруда жаңа инновациялық әдіс – тәсілдердің ең тиімдісін пайдалану жоғарғы нәтиже береді деген қағидамен,өзім оқып, үйреніп, тәжірибеде пайдаланып келе жатқан сын тұрғысынан ойлау технологиясының маңызы зор деген тұжырымға келдім.

Диалогтық интербелсенді оқыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру .Осы мақсатта төмендегідей әдіс – тәсілдерді қолдануға болады.

- Екі таяқша әдісі
- Төрт сөйлем әдісі
- Тұжырым кестесі
- Эйлер шеңбері

Мысал ретінде 3 сынып оқулығынан үш автордың ұқсас мәтіні алынады.Мақсаты мәтіндегі кейіпкерлерді табу, іс – әрекетін талдау, іс – әрекеттің нәтижесін шығару. Үш мәтіннің негізгі түйінді ойын табу.

Оқу процесінде қолданылған интербелсенді әдістерді қолдану кезіндегі оқушының іс-әрекеті критериалды бағаланып, рефлексия жүргізілсе онда біздің де алдымызда отырған оқушының да жұмысы, даму деңгейі бірден көрінеді және олардың функционалды сауатты болып дамитындығы сөзсіз.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субьектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мақсаты негізге алынып отыр.

Жай сауаттылық- адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндерді құру және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындауы. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады.

Бастауыш сынып оқушылардың фукционалдық сауаттылық мазмұны келесі мағынада сипатталады:

оқу, жазу сауаттылығынан;

- жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан;
- математикалық сауаттылығынан;
- компьютерлік сауаттылықтан;

– денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан;
– құқықтық сауаттылығынан.

Өз сабағымды Блум таксаномиясы негізінде және «Дамыта оқыту» технологиясының элементтерін пайдалана отырып құрастыру үлгісін назарларыңызға ұсынғалы отырмын. Себебі, Блум таксаномиясы бір ізбен реттелген мақсаттар жүйесі арқылы оқушылардың білім деңгейлерін, шығармашылық деңгейге жетуді ұсынады.

Тақырыбы: «Өнер білім бар жұрттар» Ы. Алтынсарин
«Балық сүйегі»

Біліктілігі	**Оқу тапсырмасы**
Білу	Ы. Алтынсарин туралы не білетініңді балық сүйегіне жаз. Өленді мәнерлеп оқып шық.
Түсіну	Сарай не арба сөздеріне сипаттаманы балық сүйегіне жаз.
Қолдану	Кәзіргі уақыттағы көлік түрлерін балық сүйегіне жаз.
Талдау	Айшылық алыс жерлер, көзді ашып жұмғанша сөйлем құра
Жинақтау	Өнер, білім жайлы мақал жаз
Бағалау	Өленді кәзіргі өмірмен салыстыр, дәлелде.

С. Торайғыров «Туған еліме»

Біліктілігі	**Оқушы іс-әрекеті**
Білу	Зат есім дегеніміз не?
Түсіну	Жұмбақты оқып шешуін тап. Шешуіне қатысты екі сөйлем құра. Сызбаға зат есім жайлы білгенінді жаз
Қолдану	Ребусты шешіп, шешуіндегі сөзге әңгіме құра
Талдау	Мәтінді көшіріп жаз. Зат есімді тап, жалқы, жалпы зат есімдерді ажырат.
Жинақтауы	Артық сөзді тап.Кітап, дәптер,қайшы, сотка
Бағалауы	Шағын эссе жаз Сенің атын кім? Сенің сүйікті жануарын бар ма? Ол үшін не істей алатындығынды ойландың ба? Жануарларды қорғауға сенің тигізер үлесің қандай?

Осылай шығармашылық ойлау нәтижесінде жаңалық ашылады, тұлғаның дамуы жеделдейді. Олардың ой- өрісі, ізденімпаздығы, шығармашылық қабілеттері дамиды. Әсіресе, оқушылардың белсенділігі артады.

Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы т.б. *алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек*. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланып мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді.

Сондықтан әр түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеден сынап қараудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік рухани, азаматтық және басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдсін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қорыта келе, оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Нәтиже: сөздік қоры молаяды, ізденімпаздыққа үйренеді, ойлау қабілеті артады, ойын еркін айтады, белсенділігі артады, шығармашыл жұмыс істейді, қиялы ұшталады, тапқырлыққа үйренеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарлама;

2.Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, http://adilet.zan.kz/rus

3.Қазақстан Республикасы Білім Және Ғылым Министрлігі Ы. Алтынсарин Атындағы Ұлттық Білім Беру Академиясы «Назарбаев Зияткерлік Мектептері» Дербес Білім Беру Ұйымы Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы, Астана 2016ж

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДАҒЫ ЛОГИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ РОЛІ

Мұқанбет Сәнболған Алтайқызы
Ақтөбе қаласы «№18 орта мектебі» КММ математика пәні мұғалімі

Қазақстанға болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім, ғылым, тәрбие қажет. Ендеше, санасына сызат түспеген періште көңіл сәбиді өмір баспалдағына жетелеп, білім мен тәрбиенің ақ желкеніне отырғызып, рухани дүниесін байытып, біліммен нәрлендіретін ,әлемдік бәсекелестіктің жылдам дамуына ілесе алатындай «Мәңгілік елдің» білімді де тапқыр дара тұлғаны қалыптастыратын -ұстаз . Тәуелсіз Қазақстанның дамыған бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарында терезесін тең ететін - білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үдерісін технологияландыру мәселесі қойылып, оқытудың әр түрлі технологиялары зерттеліп, жаңартулармен мектеп өміріне енуде.

Математика сабағындағы негізгі сауаттылыққа мыналар жатады :

1. Математика – ғылым болмысынан балама ұғымдар. Сондықтан да математика барлық ғылымдардың логикалық негізі – күре тамыры ретінде қарастырылады;

2. Математика, ең алдымен, оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шыңдай түседі;

3. «Математикалық сауаттылық» ауызша, жазбаша қабілеттерін қалыптастыру арқылы оқушының «математикалық сауаттылықты» меңгере білу қабілетін шыңдайды;

4. Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылысты, жаңалықты дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі;

5. Математиканың болашақ тұлғаны моральдық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан қалыптастыруда да тәрбиелік мәні бар.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін:

- теорияны білу , оны логикамен ұштастыру
- есепті шығаруда тиімді жағын көруге баулу
- математикалық сайыс сабақ, пән кеші, апталықтарды математиканың даму тарихымен байланыстыру,
- Ақпараттық оқыту технологиясынан математика сабақтарында интерактивтік тақтаны қолдану. Интерактивті тақта арқылы оқушылар жаңа материалдарды арнаулы бағдарламалар көмегімен мүмкіндігінше меңгерумен қатар функциональдық сауаттылығы да артады.

Жаңа технологияның тиімді әдіс- тәсілдерін ұрпақтың бойына сіңірте білу - ұстаздардың басты міндеті. Жаңа технологияның тиімділігі сол,

Оқушы:

- *мақсат қоюға үйренеді;*
- *есте сақтау қабілеттері дамиды;*
- *басқалармен бірігіп жұмыс жасайды;*
- *кітаппен жұмыс жасауға үйренеді;*
- *қатарынан қалмауға тырысады;*
- *дарынды оқушылар өз қабілеттерін одан әрі бекіте түседі;*
- *әлсіздер оқуға ниет білдіріп, өзіне деген сенімсіздіктен арылады.*
- *күшті сыныптарда оқуға деген ынта артады.*
- *білім дәрежесі бірдей сыныптарда оқу жеңілдейді*
- *өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады*

Мұғалім:

- *жүйелі тапсырма беруге ұмтылады;*
- *оқушыны жан-жақты танып біледі;*
- *қарым қатынас орнатады;*
- *оқушылардың өзара әрекеттесуіне жол ашады;*
- *оларға шығармашылық еркіндік беріледі.*

Біздің заманымыз ғылым мен техниканың ғарыштап дамыған кезеңі, біз ұстаздар сол заманмен бірдей қадам басуға міндеттіміз, себебі біз адам тағдырына, бала тағдырына жауаптымыз . Сондықтан оқушылардың функционалдық математикалық сауаттылығын арттыру үшін мынадай жұмысын жүргізуіміз керек:

6. Сабақ берудің жаңа технологиясы негізінде құрастырылған сабақтың әр тарауы, әр тақырыбы бойынша "білу – түсіну – қолдану – тұжырымдау" деңгейлік тапсырмаларымен жүйелі жұмыс жасауды күшейту;

7. Сабақта практикалық мазмұнды есептерді, әртүрлі форматтағы тест тапсырмаларын, стандартты емес жағдайларда білімді қолдануға арналған қызықты есептер шығарту;

8. Математика пәні сабақтарында, таңдау курстарында алған білімдерін өмірмен ұштастыруға, оны практикада қолдануға, логикалық есептер шығаруға үйрету;

9. Халықаралық зерттеулер мен Ұлттық емтихандардың нәтижелері бойынша мектепте оқушылармен мақсатты түрде жұмыс істеу;

10. Мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған белсенді оқыту стратегияларын пайдалануды үйрену.

5 -6 сыныптарға бергендіктен оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру мақсатында логикалық есептер мен ойын түрлерін көбірек пайдаланамын. Жалпы, математика сабағында қолданылатын ойын түрлері оқушылардың математикалық ұғымдарын кеңейтіп, ойлау қабілеттерін арттырып, есептеу дағдыларын шыңдай түсетіні белгілі. Әр баланың

тапқырлығын арттырып, қызығушылығын туғызады, теориялық материалдарды меңгеруге және оны практикада қолдануға машықтандыруға себебін тигізеді, әрі оларды сергітеді, оқуға ынтасын, белсенділігін арттырады. Сонымен қатар, әдеттегі бірсарынды сабаққа үндемей отыратын оқушылар ойын кезінде өте белсенді болатын кездер жиі кездеседі.Өйткені ойын кезінде олар тең құқыққа ғана қолы жетіп қоймай, басқаларды өзіне қарататын мүмкіндікке ие болады. Олардың әрекеттері еркін және батыл болып, ойлаудың тереңдігін көрсете бастайды да,білімді меңгеру белгілі әрекет үстінде жүзеге асады. Мысалы, Қараңғы бөлмеде майшам мен керосин лампасы бар. Бірінші не жағасыз?(шырпы) немесе Ахметтің анасының 3 баласы бар. Егер олардың үлкенінің аты – Қыркүйек, ортаншысының аты – Қазан болса, кенжесінің аты кім болғаны? (Ахмет)

Оқу бағдарламасында жекелеген тақырыптар ретінде логикалық сұрақтар қарастырылмайды, дегенмен оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда логикалық есеп-жаттығулардың алатын орны ерекше. Бірінші дөңгелекте алғашқы санды ең кішісін алсақ (16) қалғандары ап+1=ап :2*3 формуласымен алынады. Осы ереже екінші дөңгелекте де сақталады. в1=40 ,вп+1=вп:2*3 в = 3а-1 қарама қарсы сандар

2. Әрбір үшбұрыштың ортасында орналасқан сан астыңғы екі санды өзара көбейтіп, үшбұрыш төбесіндегі санға бөлсек ізделінді сан шығады (45).

3. Әрбір жатық бойында орналасқан үш санның шеткі екеуінің цифрларының қосындысы ортаңғы санды береді.

1+9+8+4 =23 3+0+3+2=8

5+3+1+0+1=10, ізделінді сан онға тең.

4.берілген үлгіге сәйкес нұсқа

Өтініш------- кезекті демалыс

Кепілхат------?(құнды заттар алғаны үшін)

5.кестеде жүк машинасының бір аптадағы жолы көрсетілген.Осы кестеге сәйкес диаграмманы көрсет

Мектеп асханасында шаршы пішіндес үстелге айнала әр жақтан бір-бірден 4 оқушы отыра алады. Мектеп кешені дәл осындай 4 үстелді бір қатарға қойып, ұзын үстел құрады.()

Ескерту: 1үстелге 4 оқушы отырады

Сұрақ 1: Мектеп асханасы

Осы ұзын үстелді айнала қанша оқушы отыра алады?

Жауабы: ------- оқушы

Сұрақ 2: Мектеп асханасы

Мектеп асханасының еденіне өлшемі 20х20 см болатын 1500 дана плитка төселген. Асхана еденінің ауданы қанша?

Жұмысыңызды көрсетіңіз.

Жауабы: ----------

т.б сияқты логикалық сұрақтар қоя отырып оқушыларға да өздері осындай сұрақтар дайындап келуге тапсырма беремін тапсырма орындалады бірақ оның қаншалықты дұрыс бұрыстығын сабақ үстінде оқушы өзі анықтайды. Осылай оқушылардың өздерінің ізденістерін ұйымдастырамын.

Осындай бағыттағы есептерді сабақ барысында қолдану арқылы ғана біз – алған математикалық білімдерін тиімді пайдалана алатын, өмірдегі кез келген жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдайтын, өзінің математикалық сауатты екенін дәлелдей алатын функционалдық сауатты тұлға тәрбиелеп шығамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы // ресми мәтін. Астана: Әділет, 2012. – 14 б.

2.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы / Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығы // ресми мәтін. – Астана, 2012.

3.А.Қ.Әлімов. Оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану. Алматы, 2012ж

6. Интернет қоры. bilimdiler.kz.

4.Кенеш Ә.С. Әбілқасымова. Математиканы оқытудың теориясы. Алматы 1998 Журнал «Математика Қазақстан мектебінде» Алматы 2014.

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мұқашева Нұргүл Ахметқалиқызы
Ақтөбе қаласы «№37 орта мектебі» КММ-нің
Математика пәнінің мұғалімі

Бүгінгі күнде математика пәнін сапалы оқыту ізденістері – пән мұғалімін толғандырып отырған келелі мәселелердің бірі. Сыни тұрғыдан ойлау барысында, бала өз заманының озық өнегесін санасына сіңіреді, функционалдық сауаттылығы артады, басқаның пікірін тыңдауға дағдыланады және өзі де пікір айтуға үйренеді.

Математика пәнін оқуда сыни тұрғыдан ойлау технологиясының тиімділігі. Математиканы оқытудың мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологияларды тиімді пайдалану қажет. Математика сабағында оқушылар өз бетінше білу дағдыларын дамыту баға жетпес құндылықтарының бірі. Жаттығуларды өз бетінше тексеріп, қорытынды жасай білетін тұлға қалыптастыру мақсатында жаңа технологиялар әдістерін кеңінен қолдану қажет. Математика сабағында сыни тұрғыдан ойлау технологиясының әр түрлі стратегияларын қолдана отырып, өз бетінше жұмыс істеу факторы – есептерді шығара білу.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы.

Математикалық сауаттылық дегеніміз – математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің, оқушылар дүниенің ғылыми бейнесін меңгеру.

Ой -өрісі кең тұлғаны қалыптастыруда жаратылыстану пәндерінің орны ерекше. Қазіргі кезде математика пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық ойлау қабілеті мен шығармашылық тұрғыдағы жұмысын дамытуда өз бетімен жұмыс жасаулары және логикалық тапсырмаларды орындаудың маңызы зор.

Шапшаңдылық дағдыларын ұйымдастыра отырып, оқушылардың құзыреттілігін арттыру арқылы шығармашылықтарын дамыту. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда, оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға, тез арада шешім қабылдауға көмектесетін бірден бір тиімді технология. Сыни тұрғыдан ойлау

технологиясын пайдаланатын әр ұстаз өз педагогикалық қызметінде оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасқа деген көзқарасының мүлдем өзгергенін байқайды. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойынды еркін және зерттей талпындырып тұжырым жасау.

Ой қозғай отырып оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап естіген-білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп білмегенін өзі реттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп тұжырым жасауға шығармашылық жұмыс жасау.

Өзім сабақ беретін 5-7 сыныптарда менің жұмыс тәжірибемнің мақсаты: математика сабағында бағдарлама материалын сапалы меңгерту үшін оқыту мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы арқылы және топтық жұмыс түрлерін, деңгейлік тапсырмаларды орындату, тірек сызбаларды, ойын түрлерін қолданып, логикалық және эксперименттік мазмұнды есептер шығарта отырып, оқушыларды бір-бірімен пікірлесе білуге, ойларын нақты, ашық жеткізе білуге , тұжырымдарын жасауға үйрету. Оқушылардың өткен материалды қаншалықты меңгергендігін білу үшін бір тарауды толық өткеннен кейін қайталау сабағы есебінде 5 сыныпта өткізген жарыс сабағыма тоқталайын.

Әрбір оқушының және бүкіл сыныптың оқу материалын меңгеру деңгейін анықтау үшін білімін жазбаша тексеру тәсілдерінің бірі семантикалық картамен жұмыс. Семантикалық картамен жұмысты жаңа сабақты бекіту мақсатында ұйымдастырылған тиімді деп ойлаймын. Семантикалық карта көмегімен анықтамаларды, ережелерді, қасиеттерді тұжырымдау, сондай-ақ есеп шығару барысында қолдану іскерліктерін қалыптастырады. Мектепте жаңа буын оқулықтары бойынша математикадан сабақ беріп келемін. Оқулықтағы тапсырмалар деңгейлік тапсырмалар болып бөлінген .

Мұндағы I деңгей тапсырмалары: меңгерілген білімді үлгі бойынша пайдалана білу, II деңгей меңгерілген білімді өзгертілген жағдайда қолдана білу, III деңгей шығармашылық, яғни математика оқулығындағы әр түрлі сұрақтар, есептер, оқушылардың логикалық ойлау, шығармашылықпен ойлауын дамытатын, әр түрлі әдіс-тәсілдермен меңгертуге көмектеседі, яғни жеңілден күрделіге қарай тапсырмалар реттілікпен сақталып берілген.

Қазіргі ғылым мен техниканың даму кезінле алдымыздағы шәкірттің жан-жақты білімді, ой-өрісі кең болып шығуына ықпал ететін мұғалім екені түсінікті. Сабақта шығарылатын есептер оқушының ойлау қабілетін математика тілін дамытып, шығармашылықпен жұмыс істеуге негізделе құрылған. Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту үшін оқушылардың сапалы есептерді өз бетінше шығаруына көп көңіл бөлемін. Деңгейлік есептер оқушының логикалық ойлау қасиетін шыңдайды және пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Жарыс сабағы барысында оқушылардың пәнге қызығушылығы мен ойлау қабілеті артатыны байқалды. Бұл ойын түрін сабағыма пайдаланудағы мақсатым – оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, пәнге қызығушылығын арттыру.

«Математикалық-лото» ойынында түрлі кеспе қағаздарға есептер дайындаймын. Кеспе қағаздардың артына сурет салынады. Жауаптарын дұрыс орналастыратын болса, кеспе қағаздағы сурет дұрыс шығады. Ал, суреттің дұрыс құрастырылуы балалар қызығушылығын арттыра түсері анық. 7 сынып геометрия сабағында «Математикалық-лото» ойынын сынып оқушыларын екі топқа бөліп беруге де болады. «Математикалық-лото» ойының мынандай түрде де жүргізуге болады. Мұнда геометриялық фигуралардың аттары жазылып, тақтаға ілінеді. Оқушылар осы фигуралардың аудандарының формулаларын дұрыс тауып қоюлары керек. Логикалық ойындарды сергіту сәті ретінде қолданамын.

Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші мұғалімдеріміз оқушыларды жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Педагогтің шеберлігі, яғни, шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өткізуі – бұл заман

талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абыройдың үлкені, әрбір мұғалім осыған ұмтылса алға қойған мақсаттың шын орындалғаны болып саналады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
3. «Математика және физика » журналы №4, 2018 жыл
4. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2020 ж.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДА МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ

Мырзабекқызы Жанар
Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы №5мектеп -лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазіргі таңда қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңа көзқарастар мен жаңаша әдістерді қажет ететіні мәлім. Бұл ретте грамматиканы игертуге, сөйлеуге, жазуға үйретіп, оқуға машықтандыруға байланысты алға қойылған бағдарламалық талаптарды бір-бірінен бөле қарастыруға болмайды. Түпкі мақсат оқушылардың өз ойларын тұжырымды да тұшымды етіп айтып, сауатты да сындарлы етіп жазып жеткізе алатындай болуына қол жеткізу десек, мұның, ең алдымен, олардың сөздік қорын үнемі молайтып, тілдік түйсік-талғамын жетілдіре беруге байланысты екенін бір сәт те естен шығармаған жөн.

XXI ғасырда оқушылардың білім сапасын тексеруде *тест* тиімді тәсіл ретінде қарастырылады. Соған қарамастан, тесттік бақылауда оқушылардың шығармашылық қабілетін бағалай алмаймыз. Өйткені тест – фактілік білім, яғни шектеулі білім. Фактілік білімді оқушының өмірде қолдана алмайтындығына көз жеткіздік. Осының салдарынан білім берудің маңызды міндеттерінің бірі – оқушыны әлеуметтік бейімдеу, әлеуметтенуге қалыпты жағдай жасау екендігін, сонымен қатар, әлеуметтенудің алғышарты – сауаттылық болып табылатындығын түсіндік .

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда маңызды әдіс тәсілдер мен тапсырмаларды анықтау үшін мектеп мұғалімдерінен сауалнама алынды. Сауалнамаға қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері қатысты. Сауалнама барысында мұғалімдер келесі сауалдарға жауап берді:

1)Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту үшін қандай жұмыс түрлерін жасауға болады?

2)Мәтінмен жұмыс жасауда өзіңіз пайдаланатын және маңызды деп есептейтін әдіс-тәсілдерді атаңыз.

Қазір оқушыларға білім беріп қана қоймау керек, сол сияқты оларға әлеуметтік бейімделу барысында меңгерген білімдерін қолдана алуға үйрету керек дейтін болсақ, сауалнама нәтижесінен оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту үшін мектепте педагогтердің көптеген әдіс-тәсілдерді қолданатындығын анықтадым. Яғни, пән мұғалімдері сабақтарда белсенді оқыту, диалогтік оқыту, сын тұрғысынан ойлау технологиясының «Жұптағы ой

қозғау», «Ойлан, жұптас, бөліс». «ДЖИГСО» сияқты стратегиялары мен Блум таксономиясы, сатылай кешенді талдау, мән беріп оқыту технологиясын қолданады. Белсенді оқытуда қысқа әңгіме, ойын түрлері, сөздік ойыны сияқты жұмыстарды атауға болады. Сонымен қатар, оқушылардың теориялық білімдерін дамыту мақсатында Н.Оразақынованың **«Сатылай кешенді талдау»** технологиясын да атап өтуге болады. Сабақта оқу сауаттылығында қарастырылған мәтінді толық түсінуге қол жеткізу керек. Бұл мәтіннен танысу, оны түсіну: тақырыпты, идеяны көрсету, мәтінге тақырып қою, түйінді сөздер мен сөз тіркестерін табу. Бұл ретте оқушылар артық мәліметті алып тастап, негізгі, қажеттіні таңдауды үйренеді. Бұл тапсырманы орындау үшін әртүрлі тәсілдерді пайдалануға болады. Мысалы, «**Төртіншісі артық**» ойыны. Оқушыларға 4 сөзден немесе сөз тіркесінен тұратын тапсырма беріледі, олардың үшеуі мағынасы жағынан бір-біріне жақын. Содан кейін жалпы мағынасын білдіретін тезис құруды немесе мәтіннен басты ой жазылған сөйлемді табуды; мәтіннің түрін және сөйлеу стилін анықтауды, сонымен қатар өз жауабын негіздеуді, мәтіннің белгілі бір түріне, стиліне жататындығын мысал-белгілер негізінде дәлелдеуді ұсынуға болады. Осының бәрі оқу сауаттылығының дамуына ықпал етеді.

Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырып, одан әрі дамыту үшін тиімді әдіс-тәсілдерді анықтау мақсатында оқушылармен де зерттеу жұмысын жүргіздім. Оқушылардың оқу сауаттылығын интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы іске асыру жоспарланғандықтан, ҚМЖ жасау барысында жас ерекшеліктері мен пән бойынша деңгейлері ескеріліп, тапсырмалар дайындалды, әдіс-тәсілдер таңдап алынды. Сол сияқты, күтілетін нәтижелер белгілі болды: С деңгейлі оқушы – берілген ақпараттың мазмұнын игереді, жеңіл сұрақтар құрастырып, жауап береді. В деңгейлі оқушы – ақпараттың мазмұнын игереді, оңай және қиын сұрақтар құрастырып қана қоймай, жауап та береді, мәтіннен алған жаңа мәліметті сұрыптайды, қолданады, рефлексия жасайды. А деңгейлі оқушы - ақпараттың мазмұнын игереді, оңай және қиын сұрақтар құрастырады, жауап береді, мәтіннен алған жаңа мәліметті сұрыптайды, қолданады, ақпараттағы негізгі ойды өмірмен байланыстырады, рефлексия жасап, ойды қорытындылайды.

Сабақтар бойынша қорытынды жасай келе, мәтінмен жұмыс жасаудағы тиімді әдіс-тәсілдер:

Мәтін мазмұнымен танысуда	Мәтінді талдау кезінде	Мәтінді қорытуда
Класстер	«Топтық жоба қорғау»	«Фишбоун»
«Болжамды оқу»	«Жуан-жіңішке сұрақтар»	«Егер ..., онда..., өйткені...»
«Инсерт»	«Ішке-сыртқы сызық»	Эссе
«Тірек жазба»	«Аквариум»	«Қарлы кесек»

Оқу сауаттылығына қатысты тапсырмаларды дұрыс орындау үшін теориялық білімнің де болуы шарт. Мысалы, берілген мәтін және оған ұсынылған сұраққа назар аударайық.

Мәтінге назар қойып оқыңыз және берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

Құмырсқа – дүние жүзіндегі аса көп тараған жәндіктің бірі. Қазақ «құмырсқа сияқты қажырлы», «құмырсқа сияқты қаптаған», «құмырсқа сияқты бейнетқор» деген пікірлерді тек айтпаған. Бұл жәндіктің біз назар аударматын қызық жақтары көп. Оны ғалымдар зерделеп, бұқара халыққа айтыпжүр.

Құмырсқаларды зерттейтін ғылым – «мирмекология» аталады. Осы мирмеколог мамандардың құмырсқа сияқты дамылсыз еңбектеніп, қайнаған тұрмыс-тіршілікті зерттеуінің нәтижесінде бізге олар жөнінде көптеген қызықты ақпараттар анық болды. Дүние жүзіндегі ең құрметті мирмекологтердің бірі Эдвард Уилсонның есебі негізінде бүгін

жер жүзінде 10 квадрилион, яғни онның 15 дәрежесіндей құмырсқа бар екен. Кісі басына шаққанда бір кісіге миллион құмырсқадан келеді, ал жалпы үлесі барша адамның үлесіндей.

1-сұрақ: Өзіңіз үшін қандай ерекше қызықты мәлімет алдыңыз. Жауабыңызды бір сөйлеммен жазыңыз.

2-сұрақ: «Құмырсқадай құжынаған» тіркесінің мағынасына сәйкес болмайтын қатарды көрсетіңіз.

A)Көп, қаптап кетті B)Нөпір болды, ығы-жығы

C)Қаптан кетті, құжынады D)Қайратты, еңбекшіл E)Қайнаған, қалың

3-сұрақ: Мәтіннің стилі қандай?

A)Ауызекі сөйлеу стилі B)Публицистикалық стиль

C)Ресми іс-қағаздар стилі D)Ғылыми стиль E)Көркем әдебиет стилі

Бұл мысалдан көріп отырғанымыздай, осы сияқты сұрақтарға жауап беру үшін оқушының фразеологизм мен стиль туралы теориялық түсінігі болу керек дейтін болсақ, бір топ сұрақтар оқушының логикалық ойлау қабілетін тексеруге бағытталады. Келесі мәтінге назар аударайық:

Қызықты ақпарат: Күн көзінің түсуінен синтезделгіш Д дәруменінің көлемі келесі мәселелерге байланысты: сәуле толқынының ұзындығы мен терінің алғашқы пигменттігінде. Күннің астында таңғы уақытта немесе күн ұясына қонарда жүрудің пайдасы мол, сол сияқты, тері неғұрлым қара торы болса, күннің көзінің әсерінен Д дәрумені соғұрлым аз өндіріледі.

Д дәрумені кальций мен фосфор минералдарын сіңіруді ретке келтіреді. А дәрумені кальций және фосформен қосылып, ағзаны суықтанудан, көз және тері ауруларынан сақтайды. Соған қарамастан, бұл ағзаны осы дәруменмен байыту үшін қатты қызған күннің астында жата беру керек дегенді білдірмейді. Ағзада Д дәруменінің керекті мөлшерін бір деңгейде сақтап тұру үшін маусым, шілде, тамыз айларында аптасына 2-3 рет 5-15 минут қол мен бетті күнге қыздырып алудың өзі жетеді.

1-сұрақ:Маусым, шілде, тамыз кезінде неше уақыт күнге қыздырыну керек?

A) Аптаның үштен бір бөлігін, бір сағаттың төрттен бір бөлігін

B) Апта бойы, бір сағат толық

C) Аптаның екіден бір бөлігін, бір сағаттың үштен бір бөлігін

D) Аптаның бестен бір бөлігін, бір сағаттың үштен бір бөлігін

E) Аптаның төрттен бір бөлігін, бір сағаттың екіден бір бөлігін

Мысал ретінде жағдаяттық тапсырмалар арқылы функционалдық сауаттылықты қалыптастыру бойынша жұмыстарға мысал келтірейін:

«Байқоңыр» жер жүзіндегі тұңғыш ең ірі ғарыш айлағы. Халықтар арасында ерекше мәнге иеосы айлақ жөнінде келесі қызық мәліметтерді көп кісі біле бермейді: 1)1995 жылдан бастап Байқоңыр – Ресей Федерациясының құрамындағы федералдық маңызы зор қала; 2) Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Кеңестік ракеталардың сырын сақтау үшін ғарыштық айлақ орналасатын орынның екі сызбасын жасалды; 3) Жасалған шарт негізінде Байқоңырды жалға беру уақыты 2050 жылы біткеді; 4) Қазақ жерінде 1950 жылы ғарыш алаңын салу жұмысы басталған кезде болуы мүмкін қарсыластарды алдау мақсатында Қарағанды облысының Байқоңыр ауылында ағаштан тағы бір ғарыш айлағы тұрғызылды; 5) Жер шарын бірінші рет айналып шыққан «Восток-1» кемесінің ұшу уақыты – 108 минут; 6) 2001 жылы Талғат Мұсабаев американдық турист Денис Титомен бірге (әлемдік біріншілік) ғарышқа ұшты; 7)Байқоңыр қаласының осыған дейін «Ленинск» деген атауы болған. Берілген тапсырманы орындауға кіріспестен бұрын, оқушы тапсырмаларды орындауға арналған ұсыныстармен мұқият танысу керек.

Тапсырмаларды орындау барысында берілетін ұсынымдар:

1-тапсырма
1)Мәтінге баса назар аударып оқып шығып, тақырыбы туралы ойланыңыз.
2)Кіріспе бөлімдегі «тұңғыш ең ірі» сияқты сөздер тіркесіне көңіл аударыңыз.
2-тапсырма
1)Мәтіндегі сан есімге байланысты ақпараттарға көңіл бөліңіз.
2)Әлемдік біріншілік жөніндегі ақпаратқа назар аударыңыз.
3)Реттік номірін жазыңыз.
3-тапсырма
1)Мәтіндегі 2-нші және 5-інші ақпараттарды тағы бір оқыңыз.
2)2-нші және 4-інші мәліметтердегі шағын тақырыптарды анықтаңыз.
3)Жауапты бір сөйлеммен өз сөзіңізбен жазыңыз.

Қорыта келгенде, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы ретте, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін заман талабына сай оқыта білудің маңызы зор. Педагогтің шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі – бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейді сабақ беретін мұғалімнің алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абыройдың үлкені, әрбір мұғалім осыған ұмтылса, ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені.

Әдебиеттер:
1.https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000832
2.«Қазақстан мұғалімі» газеті, 31 наурыз. 2017 жыл
3. «Қазақстан мектебі» журналы, № 9, Алматы, 2018 жыл
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Ұлттық тестілеу орталығы. Сұрақ кітапшасы. 31540-нұсқа; Астана, 2017 жыл
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. «Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК «TIMSS және PISA халықаралық зерттеулерге оқушыларды дайындауға арналған тапсырмалар жинағы», Астана: 2016 жыл

МУЗЫКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Наурызбаева Кенжегул Нурлыбайевна
Алға қаласы Алға мектеп-гимназиясы
музыка пән мұғалімі

...Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтері белсенді қатысуына, сондай – ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуда, - делінген мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарында.

.....Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші.

.....Шығыстың ұлы ойшылы Әл – Фарабидің *«Ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет. Өйткені ұстаз жұрт айтқандай, тамшысымен тас тесетін*

бейнебір су тәрізді» деген теңеулері бүгінгі күнде де өз мәнін жойған жоқ.Ұстаз алдында тұрған міндет өте үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Музыка сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын қолдану өте тиімді. «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» - шыңдалған ойлау. Оқушы өз ойын сын тұрғысынан ойлап, дәлелдейді. Ой – өрісін кеңейтеді, еркін ойлай отырып, өз ізденісімен қызығушылық танытып, шығармашылық қабілеттері ұшталады. Сабақтың қызығушылықты ояту кезеңінде «Музыка туралы не білесіңдер?» деп ой тастау арқылы оқушыны жан – жақты ойлануға, ізденуге, өз ойларын ашық айтуға жетелейміз. Сыныпта тәртіп, сыйластық, ұйымшылдық салтанат құрып, оқушылар тақырып бойынша ең негізгіні түсініп, топта «Мысал» бойынша кластерге өз ойларын түсіреді.

Спикер жауабы тыңдалады.

Сабақтың «Мағынаны тану» кезеңінде өткен материалмен байланыстыра отырып, оқушылардың жаңа материалды өздігінен меңгерулері жүзеге асады. Мұғалім мысал жанры, оның өзіндік ерекшелігі туралы, әдеби – теориялық ұғымнан бағдар беріп, толықтыра кетеді. Яғни, мысалда ойдың ашық, айқын берілмейтіні, меңзеумен, астармен берілетіні, мысқыл, әжуә, сын, кекесін т.б. оның негізгі көркемдік тәсілі екендігін оқушыларға әңгімелеу, баяндау әдісімен жеткізген дұрыс. Мысалдарды оқу, талдау барысында бұл түсініктерге қайта оралып, осы ұғымдарды өздеріне түйіндетіп отыру, талдау белсенділіктерін арттырады.

Қазіргі таңдағы ақпараттандырылған заманда сабақта интерактивті тақтаны тиімді пайдалана отырып, оқушының білім сапасын шығармашылық негізінде арттыру - өмір талабы. Ол үшін мұғалім тиімді интерактивті әдістер арқылы проблемалық ситуациялар туғызып, оқушылардың топтық жұмысының нәтижесінде олардың өз бетімен тақырыпты түсінуге қолайлы жағдай туғызады, танымдық қызметін басқарып, ілгері жетелеп отырады. Соңында оқушылар өздері қорытындысын шығарып, практикалық жұмыстармен бекітеді.

Жаңа технологияның тиімді әдіс- тәсілдерін ұрпақтың бойына сіңірте білу - ұстаздардың басты міндеті. Жаңа технологияның тиімділігі сол,

оқушы:

- мақсат қоюға үйренеді;
- есте сақтау қабілеттері дамиды;
- басқалармен бірігіп жұмыс жасайды;
- кітаппен жұмыс жасауға үйренеді;
- қатарынан қалмауға тырысады;
- дарынды оқушылар өз қабілеттерін одан әрі бекіте түседі;
- әлсіздер оқуға ниет білдіріп, өзіне деген сенімсіздіктен арылады.
- күшті сыныптарда оқуға деген ынта артады.
- білім дәрежесі бірдей сыныптарда оқу жеңілдейді
- өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады

Мұғалім:

- жүйелі тапсырма беруге ұмтылады;
- оқушыны жан-жақты танып біледі;
- қарым қатынас орнатады;
- оқушылардың өзара әрекеттесуіне жол ашады;
- оларға шығармашылық еркіндік беріледі.

Біздің заманымыз ғылым мен техниканың ғарыштап дамыған кезеңі, біз ұстаздар сол заманмен бірдей қадам басуға міндеттіміз, себебі біз адам тағдырына, бала тағдырына жауаптымыз . Сондықтан оқушылардың функционалдық математикалық сауаттылығын арттыру үшін мынадай жұмысын жүргізуіміз керек:

1. Сабақ берудің жаңа технологиясы негізінде құрастырылған сабақтың әр тарауы, әр тақырыбы бойынша “білу – түсіну – қолдану – тұжырымдау” деңгейлік тапсырмаларымен жүйелі жұмыс жасауды күшейту;
2. Сабақта практикалық мазмұнды есептерді, әртүрлі форматтағы тест тапсырмаларын, стандартты емес жағдайларда білімді қолдануға арналған қызықты есептер шығарту;
3. Математика пәні сабақтарында, таңдау курстарында алған білімдерін өмірмен ұштастыруға, оны практикада қолдануға, логикалық есептер шығаруға үйрету;
4. Халықаралық зерттеулер мен Ұлттық емтихандардың нәтижелері бойынша мектепте оқушылармен мақсатты түрде жұмыс істеу;
5. Мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған белсенді оқыту стратегияларын пайдалануды үйрену.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету, яғни, оқушылардың **мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына** үйрету.

Тұлғаның ең басты функциялық сапалары:

- белсенділік,
- шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға бейімделуі,
- кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмірлік білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Ал бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуда..

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жағдайы. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру - жаңаша педагогикалық теория мен практиканың өзекті мәселесі болып тұр. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту - оқу тәрбие процесіне ықпал етудегі өмір талабы. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары, олардың танымдық қабілеттері мен өзіндік іс - әрекеттерді дамыту педагог, психолог, әдіскерлер және мұғалімдердің міндеті. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту - мәселені шешуде, оқу сапасының артуына, технологияларды ұтымды қолдануға көмек беретін негіз болып табылады
Жаңа технологияның тиімді әдіс- тәсілдерін ұрпақтың бойына сіңірте білу ұстаздардың басты міндеті.

Жаңа технологияның тиімділігі сол,

Оқушы:

- мақсат қоюға үйренеді;

• есте сақтау қабілеттері дамиды;
• басқалармен бірігіп жұмыс жасайды;
• кітаппен жұмыс жасауға үйренеді;
• қатарынан қалмауға тырысады;
• дарынды оқушылар өз қабілеттерін одан әрі бекіте түседі;
• әлсіздер оқуға ниет білдіріп, өзіне деген сенімсіздіктен арылады.
• күшті сыныптарда оқуға деген ынта артады.
• білім дәрежесі бірдей сыныптарда оқу жеңілдейді
• өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады

Мұғалім:
- жүйелі тапсырма беруге ұмтылады;
- оқушыны жан-жақты танып біледі;
- қарым қатынас орнатады;
- оқушылардың өзара әрекеттесуіне жол ашады;
- оларға шығармашылық еркіндік беріледі.

Елдің ертеңі білімнің тереңдігі мен өлшенеді демекші. Үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді үздіксіз дамытуды талап етеді. Сондықтан білім беру саласының басты мақсаты оқушыларды өзгермелі өмірде қорықпай, еркін өмір сүруге, білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеге, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, аналитикалық ойлау қабілеттерін дамыту және олардың шынайы өмірде дара тұлға етіп қалыптасуына ықпал ету. «*Шәкірт – нығырлай беретін ыдыс емес, керісінше тұтандыруды талап ететін шырақ*» демекші оқушылардың жеке шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және оларды шынайы өмірдегі дара тұлға етіп дайындау - мектептің басты мақсаттарының бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
2. «Музыканы оқыту әдістемесі» Алматы, «Рауан» 2018ж
3. Музыкалық сөздігі, Алматы 2018ж.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

Омарқұлова Айнагул Тілектесқызы
Ақтөбе облысы Шалқар қаласы"№7 ЖОББМ"-нің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасының орта білім беру саласындағы басым бағыттарын әлемдік білім беруді дамыту үдерістерімен сәйкестендіру мақсатында оқушылардың функционалдық сауаттылығын (ОФС) дамыту өзекті мәселе ретінде күн тәртібіне қойылып отыр.

Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың теориялық негіздері оқушылардың қазақ тілін меңгеруі барысында жүйелі ойлауын дамытып,

мектепте алған білімінің өмірдің қай саласында да тірек болуын қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік жүйе жасауға және қолдануға мүмкіндік береді.

Функционалдық сауаттылыққа қол жеткізген оқушы дегеніміз мектепте білім алуы барысында өмірдің қалыпты жағдайларында кездесетін түрлі жағдаяттардың шешімдерін таба алатын қабілетке ие болған, негізінен, қолданбалы білімін жүзеге асыра алатын деңгейдегі білім иесі болып табылады. Жинақтай алғанда, функционалдық сауаттылық оқушының жеке тұлғасының әлеуметтенуіне игі ықпал ететін басты тірек болып табылады.

Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың теориялық негіздері жүйесінің моделі төменде көрсетілді (2-сызба).

2-сызба. Қазақ тілінен функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың теориялық негіздері

Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың теориялық негіздеріне психология және педагогика ілімдері, жеке тұлғаны қалыптастыру мен дамытуға бағдарланған жаңа оқыту технологиялары, қазақ тілінің функционалдық грамматикасы, мектепте қазақ тілін оқытуды ұйымдастыру тәсілдері, мектеп оқушыларының білімін құзыреттілік негізде бағалау жүйесі алынып отыр.

Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың психологиялық негіздері. Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту — олардың психологиялық қырынан даму мәселесін де қарастыруды қажет етеді.

Оқушы тіл туралы алған білімін интериоризациялауы тиіс. Бұл жерде қазақ тілін функционалдық мақсатта оқыту маңызды рөл атқарады. Әрине, оқушылар тілдің грамматикалық ережелерін есте сақтап, жатқа қайталап айта алады. Осы тілдік құбылыстар туралы білімін коммуникативтік мақсатта еркін пайдалану қабілеті болмайды, кейбір кездері тілдің грамматикасын игермеген оқушы сабақтан тыс кездерде сол тілде жақсы сөйлей алуы мүмкін.

Қазақ тілін оқыту сабақтарында тілді жылдам және сапалы игеру үшін міндетті шынайы түрдегі қарым-қатынастар жағдаяттары ұйымдастырылуы керек. Мұндай сөйлеу тілдік жағдаяттары арқылы оқушылар қазақ тілін саналы түрде меңгере алады.

Тілдің саналы түрде игерілуі баланың танымдық қабілеті мен таным күштерінің бірігуі арқылы іске асып отырады. *Баланың дамуға бейім таным күштерін* байқаған мұғалім арнайы жұмыс арқылы оны ұштай түсуі тиіс. Мұғалім оқушының қазақ тілінде төселе сөйлеуін, сауатты жазуын қамтамасыз ету барысында міндетті түрде оның танымдық қабілеттерінің де дамуын да ескеріп отырғаны жөн.

Әрине, даму барысы оның физиологиялық даму мүмкіндіктерімен үйлесе келуін де қажет етеді. Мұғалім оқу-танымдық процестің жетекшісі мен ұйымдастырушысы ретінде оқушының биологиялық және әлеуметтік дамуын үйлестіріп отыруды баса назарда ұстайды. Жасөспірім кезінде баланың танымдық қызметі ерекше белсенділікпен өтеді [1].

Абайдың 7-қара сөзінде айтылған танымдық қызығушылық енді мектепте және орта сыныптарда түрлі салаларды меңгере бастауымен арта түседі. Осы ретте оқушының қазақ тіліндегі коммуникативтік құзыреттілігінің оны белгілі бір шынайы ситуацияларға түсіре отырып, төселдірілуіндегі даму процесі туралы айтып өту керек [2].

Осы кезеңдегі оқушының қабылдауы, зейіні, қиялдауы туралы мәліметтер алуы қиын болғанымен, ес пен жады, сөйлеу мен ойлау сияқты таным процестерін тану мүмкіндіктері мол.

М.Мұқанов білім мағынасының бәрі де ақпараттан тұратынын атап көрсетеді. Сондықтан да ақпараттың шығатын көзі, келетін мекенжайы болады. Ақпарат шығатын жерінен келетін мекенжайына канал байланыстары радио, телеграф немесе хабар адамның рецепторларына берілсе, онда шетке және ортаға тебетін нервтер арқылы жіберіледі. Нысандардан рецепторлар арқылы адамға келген ақпарат оның басында сан алуан өзгерістерге ұшырап, белгілі жүйеге келтіріледі де, осының нәтижесінде келген хабарлар әр түрлі білім дәрежесіне айналады [3].

Оқушының білім алу және танымдық үдерісі төмендегі суретте көрсетілгендей реттеліп отырады.

М.Мұқанов таным үдерісінің элементтерін мыналар деп көрсетеді: қабылдау; зейін; ес пен жады. М.Мұқанов жеткіншектердің таным үдерістерін былайша сипаттайды. Күнделікте оқу материалын ұғыну қабылдаудан басталады. Қабылдау тек бірдеме қарау, не соны тыңдау ғана емес, баста бар бейнелермен объектілерді салыстырып түсіну [3].

Сондықтан қабылдау оқу үдерісінде ойлануды талап етеді. Қабылдау дегеніміз — мағлұматтарды тұтастығымен бейнелу. Егер қамтылатын материал қызықты болса, онда оқушылар осыған ғана көңіл бөліп, қиын материалдарды оқығысы келмейтіндігі кездеседі. Нәтижесінде, жеткіншек материалды тұтас қабылдай алмай, ақпараттың қандай да бір кесіндісі сияқты етіп, есінде сақтай алмауы мүмкін.

Жеткіншектің зейіні сабаққа қалыптасса, онда ол назарын бір нысаннан екінші нысанға аударып отыруға толық мүмкіндігі бар. Жеткіншектің жады мен есі едәуір дамыған және де білім мазмұнын мағынасына қарай есінде қалдыруды ұнатады. Сонымен қатар ол естігенін көпке дейін есінде сақтап, қажет мезгілде есіне жақсы түсіре алады.

Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері. Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері дегенде, ең алдымен, оқушылар меңгеруі тиіс деп танылған қазақ тілінен берілетін білім мазмұны, қазақ тілін ана тілі ретінде оқуы арқылы оқушылардың тілдің кумулятивтік қызметін меңгеруі арқылы өзін-өзі тануы, тілдік санасы жетіліп, тілдік тұлға ретінде қалыптасуына игі ықпал ететін педагогикалық заңдылықтар қарастырылады.

Қазақ тілінің функционалдық-коммуникативтік грамматикасы — оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың негізі. Қазақ тілі жүйесінен білім алу, қазақша тіл мәдениетін қалыптастыру, қазақша тіл және сөйлеу сауаттылығын қалыптастыру және дамыту арқылы қазақша *тілдік тұлға қалыптастыру* қазақ тілін оқыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың басты мақсаты болып танылады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда қазақ тілінің функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан меңгертілуі басты орында болуы керек. Қазіргі қазақ мектептеріндегі қазақ тілі әлі де болса, формалдық грамматика логикасы негізінде оқытылып келеді. Оның салдары — меңгертілетін таза грамматикалық ережелер мен сабақта, сабақтан тыс орындалатын жаттығулардағы тілдік талдаулардың оқушылардың күнделікті өмірінде қажетін атқара алмауына әкеліп отыр.

Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік бағдарда оқытуда «тілден — тілдік форма мен тілдің функциясына» және «тілдің функциясынан тілге» қарай жүру логикасы ұсталынады. Тіл жүйесіндегі тіл бірліктерінің қызметі — өзінен жоғары тұрған тіл бірлігін құруға қатысуы, сөйтіп адам сөйлеуінде барлық тіл бірліктерінің қызметінің көрініс табуы тілдің функционалдық ерекшелігі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.А.Назарбаев. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты. // Ана тілі газеті. № 5, 2-8 ақпан, 2012 ж.

2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.

3. Ж.Аймауытов. Бес томдық шығармалар жинағы. IY том. Алматы, Ғылым, 1998ж - 437 бет.

4. Ж.Аймауытов. Бес томдық шығармалар жинағы. Y том. Алматы, Ғылым, 1999ж - 301 бет.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Орынбасар Элнара Ардаққызы
Ақтөбе қаласы «№18 орта мектебі» КММ бастауыш класс мұғалімі

Білім саласында жаңа ғасырдың алға қойып отырған міндеттері мен уақыт талабы өте жоғары. Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыру-білім беру үдерісінің ең маңызды негізінің бірі. Функционалдық сауаттылықты дамыту, ең алдымен, оқушылардың құзіреттілік біліктерін, алған білімдерін шынайы өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдана білу қабілеттерін өрістету, кеңейту болып табылады. Оның негізі-нәтижелі де сапалы білім беру.

Функционалдық сауаттылығы дамыған оқушы-ойлау, оқу, жазу, санау бірліктері қалыптасқан, грамматикалық тұрғыда таза, қатесіз жазып, ойын жүйелі жеткізе алатын, сондай-ақ дұрыс есептеп, бағдарлай білетін оқушы. Ондай оқушы салауатты деңгейде, сауатты іс-әрекетімен танылады. Олай болса мұғалім алдында жеке тұлға ретінде жан-жақты дамып, болашақта еліміздің әлеуметтік, мәдени саяси және экономикалық салаларында еңбек ететін ертеңнің тұлғасын бүгіннен қалыптастыру міндеті тұр. Оның меңгерілген білімді сауатты қолдана алу дағдыларын дамыту бастауы-бастауыш сынып мұғалімінің еншісінде.

Функционалдық сауаттылық мазмұны: оқу және жазудағы сауаттылық, денсаулық мәселесіндегі сауаттылық, жаратылыстану ғылымындағы сауаттылық, компьютерлік сауаттылық, қаржылық сауаттылық, математикалық сауаттылық. Бастауыш сынып мұғалімдері үшін маңыздысы: оқу және жазудағы сауаттылық.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың басты тетігі - балаларды оқыту мен тәрбиелеуге ата-аналардың белсенді қатысуы. Осылардың бәрі – тұлғаның кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтауына мүмкіндік береді. Оқушылардың бойында шығармашылық және инновациялық қызметке деген қажеттілікті қалыптастыруға ықпал етеді .

Өмірге әлеуметтік бейімделуі барысында оқушының белсенділігі, шығармашылық тұрғыда жан-жақты ойлай алуы, шешімді тез қабылдай алуы, өзіндік ізденсі мен алған білімін қолдана білу құзіреттілігін дамытудың бастамасы оқу сауаттылығы, яғни, мәтінмен жұмыс жасау, ақпаратты қорытып,зерттеу зерделеу жұмыстарын жүргізуге үйрену барысында жүзеге асады.Осындай жағдайда бастауыш сынып оқушысының ақпаратты жақсы меңгеріп, жүйелеп, өз пікірін қорытып айта білуі мен берік білім көздерін меңгеруі үшін мәтінді талдау, мәтіндегі тұжырымды ойлар мен сөйлемдердің табиғатын анық түсінуі де аса маңызды болып отыр. Себебі, оқушыларымыздың ғаламторға бағынышты болып, көркем әдеби кітаптарды оқымауы, сөйлеуде сөздік қорларының аздығына әкеп отыр. Бұл алаңдайтын жағдай.

Белгілі педагог М.Жұмабаев «*Бір сабақтан бала күшті әсер алуы үшін баланың сол сабаққа құмары болуы шарт. Баланы құмар қылу үшін мұғалім өзі құмар болуы керек»* -дейді. «Сонымен бірге бала бір затпен танысқанда, сыртқы сезімдердің көбі қатынасса, ол зат ұмытылмайды. Мысалы, бір заттың түрін де көрсет, дыбысы да қатынасса, ол зат ұмытылмайды. Бір затты ұстатып та көр, иіскет, дәмін татқыз сипат, суретін салғыз, қызықтыр, баланың жаратылысының өзі осыны тілейді. Бала өзінің естіген нәрсесін көргісі келеді, көрген нәрсесін ұстағысы келеді. Ұстаған нәрсесінің дәмін татқысы келеді. Осы жолды ұстағанда баланың білімі берік болады» деген пікір айтады. Осы орайда, функционалдық сауаттылықты арттыруға арналған тапсырмаларды жиі орындату, жеке тұлғаның білімді сауатты әрі шығармашыл болып шығуына жетелейді.

Қазіргі бастауыш сынып оқушысы үшін, әріптерді толық үйреніп, сауатты ашылған соң, мәтінмен жұмыс дағдыларының дамуы өте маңызды. Қазір оқушылардың буыны, сандық ұрпақ деп аталатындықтан, визуалды қабылдау коды басым екені анық.

Ең әуелі бастауыш сынып оқушыларының қандай іске икемділігін бойында қандай қабілеті бар екенін анықтап алып, оқушыларды зерттеп, оны әрі қарай ұштауға жол ашу. Оқушылардың дұрыс қатесіз оқуын қалыптастыру керек.

Осы орайда, оқылым бөлігінің негізгі құрылымын анықтайтын ең басты көрсеткіш – мәтін. Мәтін қызықты, өзекті, күнделікті өмірге сай, шынайы және адамның эмоционалды-психологиялық күйіне кереғар әсер етпейтін болғаны жөн.

Оқушылар үшін дайындалған оқу мәтіндері көркем-әдеби, ғылыми, публицистикалық мәтіндерді қамту керек. Оқушылар оларменжұмыс істеуді, мәтінмен қарапайым әрекеттерді, соның ішінде мәтінде жазылған мағыналарды талдау мен түсіндіруді үйренуі керек. Оқу сауаттылығы дегеніміздің өзі – қарапайым тілмен айтқанда бала өзі оқып отырған ақпаратты толықтай қабылдай біліп, ішінен негізгісін түсініп ала білуі.

Осы орайда «Оқылым мәтіндері бойынша тест тапсырмалары» (оқу сауаттылығы) бойынша әдістемелік көмекші құрал жасауды жоспарладым. Мақсаты: Оқып отырған мәтінді толықтай түсініп қабылдай біліп, ішінен негізгісін түсініп ала білу қабілетін арттыру.

Міндеттері:

- *Мәтінмен жұмыс жасай білуге дағдыландыру.*
- *Мәтінге сұрақ қоя білуге үйрету.*
- *Берілген жоғары-төмен дәрежелі сұрақтарға жауап беру.*
- *Мәтіннен негізгі идеяны таба білу.*

- *Мәтінге сүйеніп диалог құрастыра білуге дағдыландыру.*
- *Мәтіннен түсінгеніне сүйеніп, ой қорыта білуге дағдыландыру.*

Әр мәтіннен соң, тест түрінде тапсырмалар дайындадым. Тапсырмалар мәтіннің жеңілдігімен, күрделілігіне байланысты құрастырылды. Себебі, әдебиеттік оқу мен қазақ тілі пәндерінен жиынтық бағалау кезінде оқушылардың мәтінмен жұмыс кезінде қиналатыны байқалды.

Әдістемелік көмекші құралды жасау кезінде ең бірінші «жеңілден күрделіге» принцпін ұстандым. Мәтіндерді оқушы оқығанда мәтіндегі сөйлемдердің оқушының қабылдауына жеңіл болатындай етіп іріктеп алдым. Болашақта нәтижесін көремін деген үміттемін.

Сонымен қатар әр сабақта, оқу сауаттылығын арттыру мақсатында тапсырмалардың мынадай түрлері қолданылады: бұл-ми қозғау жаттығулары; ойлау сәті; психикалық механизмдерді жаттықтыру; көңілді үзіліс; логикалық тапсырмалар.

«Баспалдақтан түсу». Бұнда берілген әріптерден, бір әріп ала отырып, (немесе қоса отырып) жаңа сөз жасау:

Шатақ-атақ-тақ-ақ. Шолақ-олақ-лақ-ақ т.б сөздер.

«Диалог-ертегі». Шарты: Мұғалім не оқушы ойдан шығарып, кез-келген бір әңгіме ертегіні бастап кетеді. Ал, қалған оқушылар басталған әңгіме-ертегіні бір-бір сөйлемнен ары-қарай жалғастырады. Мысалы, былай бастайды: «Ертеде бір байдың ерке ұлы болыпты.....» .1-оқушы: «Сол ұлы орманда көбелек қуып жүріп адасып кетіпті....» 2-оқушы: «Бір кезде алдынан бір үй кезігеді» -міне осылай жалғаса береді. Ең соңғы оқушы ертегіні ұшқыр шешіммен аяқтауы тиіс.Бұл оқушыға жауапкершілік көп түседі.

«Үштілділік. Жұмбақтар құрастыру» арқылы оқушылардың ой-өрісі дамиды. Яғни, шара бойынша ең әуелі жұмбақты шешіп, жауабы үш тілде айтылады. Кейін жұмбақ жауабына байланысты мақал-мәтелдер құрастырады. Мысалы: Жұқа тақтай бөлшегі. Ұзындықтың өлшемі. (Сызғыш-линейка-ruler) *«Тез құра,сөйлеме».* Қолдарына әріптерді таратып, сол әріптерден сөйлемей жылдам жұмбақ жауабын құрау қажет.

Аяғы біреу,қолы жоқ. Шиыр-шиыр жолы көп.

Өзі сөйлей білмейді, Салған ізі сөйлейді. (Қалам)

Әр тапсырманың өзіндік қызметі мен нәтижесі оқушының қабілетін қалыптастыра отырып, дамытуға үлес қосары сөзсіз. Сондықтан олардың нәтижесі ерекше көңіл бөлемін:

-Оқушылардың пайдалы эмоциялық негізі қалыптасады, танымдық мүмкіндіктерін дамытуға көмектеседі.

-Есте сақтау қабілетін дамытып, зейінін тұрақтандырады. Қызығушылығын арттырып, байқағыштыққа баулиды.

-Ізденімпаз болуға, тың шешім қабылдай білуге дағдыланады. Өзіне деген сенімділік қасиетін арттырады.

-Баланың қозғалыс икемін дамытады және бір мезетте бірнеше тапсырманы орындауға үйретеді.

-Ми жұмысы және көру жүйесі жақсарады. Шығармашылық жұмыстардың көрсеткіштері артады,

Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас түбегейлі өзгерісті талап етеді. Оқу сауаттылықты меңгерген оқушы білімді өз бетімен игере отырып, өз болжамдарына күмәнмен, сыни тұрғыдан қарап жаңалық аша алады. Әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, ізденіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігі ұлғаяды. Достарына өз ойын еркін жеткізіп, байланыс жасайды. Белсенді түрде жан-жақты білім жинақтайды. Осының бәріне бастауыш сынып мұғалімі көшбасшылық етіп, бағыт-бағдар беріп жетелеп отырады. Бастауыш сынып оқушысы оқу үдерісіне мұғаліммен бірге араласып отырады. Тіпті өзінің және сыныптас достарының білімін бағалауда да өз үлесін қоса алатындай дәрежеге жетеді.

Білім беру-мұғалімнің тұлғасы, бағыттаушы рөл атқаратын шығармашылық үдеріс. Осыдан шығатыны, қазіргі таңдағы түсінік бойынша функционалдық сауаттылық маңыздылығын, біз оқу сауаттылығында көрсетілген нәтижесінен көре аламыз. Оқушылар тек сауаттылықты арттырып қана қоймай сонымен қатар әр түрлі өмірлік міндеттерді шешу үшін алған дағдылар мен білімді пайдалану қабілетін қоса шынықтыра алады.

Әдебиеттер:

1. «Түрлі деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру» әдістемелік журнал.«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ. Астана.2016.
2.«Педагогика мәселелері» журнал.Алматы қ. №6 .2020.

ФУНКЦИОНАЛЬНАЯ ГРАМОТНОСТЬ НА УРОКАХ ИСТОРИИ И ОСНОВЫ ПРАВА

Расмагамбетова Елена Борисовна
КГУ"Акжарская средняя школа"
Актюбинская область Хромтауский район
Учитель Истории и Основы права

В условиях модернизации образования роль истории , имеющей множество смежных с другими дисциплинами областей исследования, возрастает и обеспечивает разработку эффективных путей и средств решения жизненно важных для людей задач и проблем. Одним из инструментов достижения этой цели может быть обучение, предполагающее систему заданий и направленное не на получение суммы усвоенной информации, а на формирование способности человека (в данном случае учащегося) действовать в различных проблемных (нестандартных ситуациях).

Великий педагог XIX века К.Д. Ушинский говорил: «Нельзя человека научить на всю жизнь, его надо научить учиться всю жизнь!» И это возможно, если формировать и развивать функциональную грамотность школьника.

Под функциональной грамотностью понимают результат овладения учащимися системой предметных ключевых компетенций, позволяющих эффективно применять усвоенные знания в практической ситуации, способность вступать в отношения с внешней средой и максимально быстро адаптироваться и функционировать в ней. В отличие от простого понятия грамотности как способности личности к чтению, составлению простых коротких текстов и осуществлению элементарных арифметических действий, функциональная грамотность представляет собой базовый уровень знаний, умений и навыков, определяющий нормальную жизнедеятельность личности при взаимодействии с четырьмя основополагающими сферами общества (экономической, социальной, политической и духовной).

Поскольку формирование функциональной грамотности занимает одну из главных ниш педагогической деятельности, его реализация проходит в рамках самых разных учебных дисциплин. Значимое место среди прочих предметов занимают дисциплины гуманитарного цикла, в том числе история.

Но одной из главных проблем истории как предмета является то, что она менее всего практико-ориентирована. В истории нельзя, как в математике, привязать знание или умение к повседневной жизни, как в химии или физике, провести эксперимент. Сложно объяснить ученику, ЗАЧЕМ ЭТО надо изучать (например, огораживания в Англии), ПОЧЕМУ ЭТО надо

знать (например, даты). Ученику, который всерьез занимается информатикой, физикой, биологией, математикой или, напротив, не интересуется ничем, история подчас кажется легким и ненужным предметом, предметом, где нет ничего, кроме хронологии событий. Современный ученик – прагматик и рационалист. Ему нужна сильная мотивация (стимул) на уроке. Стимул, который бы его увлек, заинтересовал, шокировал, поставил в тупик, удивил. Такие стимулы более удачны даже не на предметном, а на межпредметном и метапредметном уровне. Сочетание информации по истории, географии, социологии, литературе, биологии, математике дает возможность рассмотреть то или иное историческое событие с разных (иногда неожиданных) позиций, позволяет использовать личностный фактор.

Из собственного опыта использования заданий на уроках истории можно привести следующие примеры:

Задание по теме: «Древняя Русь. Главные торговые пути и города», 10 класс.

Стимул: «Неизвестный европейский путешественник XIX в. заинтересовался древней историей России, изучил некоторые источники о торговых путях Древней Руси, составил описание наиболее известного пути «из варяг в греки», собрал нескольких единомышленников и отправился дорогой восточных славян. Однако путешествие в скором времени зашло в тупик, т.к. многие географические названия не были путешественниками найдены. Многократно читали они записи организатора путешествия, но не могли понять, в чем дело. Пришлось обращаться горе-путешественникам к русским историкам.

Задачная формулировка: Вы, выступая сегодня в роли русских историков, должны помочь европейским путешественникам. Используя предложенные источники, ученики должны были выполнить следующие задания: составить карту - схему пути «из варяг в греки»; соотнести древние географические названия и современные; исправить ошибки, допущенные европейскими путешественниками; написать письмо путешественникам с указанием допущенных ими ошибок.

Текст источника: раздаточный материал. Выдержка из описания, которое сделал европейский путешественник, отрывок из «Повести временных лет» и карты, которыми и воспользовался путешественник для составления своего описания».

Бланк для выполнения задания - работа выполняется в раздаточном материале.

Работа выполнялась в группах. Задание заинтересовало ребят. Использование групповой формы работы способствует развитию навыков взаимообучения, происходит диалоговое обучение, дети учатся обсуждать, рассуждать, высказывать свою точку зрения. Самым сложным оказалось задание составить карту-схему (требовалась способность соединить знания и умения по географии и истории). Здесь формировалась естественнонаучная и читательская грамотность: учащиеся находили и извлекали информацию, интегрировали и интерпретировали (информацию), обобщали, размышляли и оценивали содержания текста, использовали контекстные знания, чтобы привести пример, соответствующий категории, описанной в тексте.

Средства формирования функциональной грамотности на уроках истории:

•пересказы (мифов, биографий, рассказов и т.д.) - предоставление учащемуся возможности, монологически грамотно изъясняя свои мысли, «примерить на себя» те или иные исторические сюжеты и образы, что позволяет «очеловечить» события, расширить их воспитательный диапазон, создавая тем самым соответствующую эмоциональную среду для усвоения базовых ценностей;

•познавательные игры, викторины, уроки-дебаты, которые развивают навыки сотрудничества, индивидуальной работы и умение выступать с собственной точкой зрения в дискуссиях;

•исторические диктанты и эссе с их последующей коррекцией со стороны учителя, что формирует письменную грамотность учащихся;

•изучение исторических и правовых документов, их подробный анализ, что позволяет учащимся высказать своё собственное мнение по проблеме, опираясь на этические ценности, которые выработало человечество за всю свою историю;

•чтение вариативных источников, что позволяет учащимся отказаться от однозначных и прямолинейных суждений, пристально присматриваться к текстам и авторским позициям. Таким образом, учащиеся делают этический выбор, с одной стороны примеряя на себя исторические роли, а с другой - входя в круг тех, кто эти роли оценивает.

•исследовательские работы в форме презентаций, рефератов, социологических опросов, проектов (учащиеся используют информацию, полученную в беседах с родственниками, с ветеранами войны и труда, из справочной литературы, обогащая себя новыми знаниями, очередной раз убеждаясь в том, какими нравственными качествами должен обладать человек, чтобы его имя не забывали).

Таким образом, учебный предмет «История» обладает широчайшими возможностями для использования их в целях формирования функциональной грамотности учащихся. Необходимо регулярно заострять внимание учащихся на духовно-нравственных аспектах тех или иных исторических событий, учить школьников анализировать и синтезировать информацию, проводить аналогии с сегодняшним днём. Воспитание высоконравственного человека, способного адекватно адаптироваться в современной социальной среде – сложнейшая задача, но она вполне достижима, если за её реализацию возьмутся профессиональные педагоги, способные воздействовать на личность с разных сторон.

Список используемой литературы

1.Абдулаев Э.Н. Деятельностный подход в преподавании истории в рамках требований нового стандарта // Преподавание истории в школе - 2017. - №1. - С.3-7

2.Гребнев И.В. Методическая компетентность преподавателя: формирование и способы оценки // Педагогика. - 2014. - №1. - С.69-74

3.Иоффе А.Н. Структура современного урока истории и обществознания как основа организации деятельности учащихся // Преподавание истории в школе - 2017. - №1. - С. 7-13.

4.Лемина Г.Л., Сабирова А.Х. История. Обществознание. 8-11 классы: современные технологии на уроках и внеклассных занятиях. - М.: Учитель, 2020. - 124 с.

ХИМИЯ ПӘНІ САБАҚТАРЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Рахманкулова Гульмира Сакеновна
Ақтөбе қаласы М. Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі
Химия пәнінің мұғалімі

Функционалды сауатты адам – қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ақуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет етеді. Осы тұрғыда функционалды сауатты адамның негізгі белгілерін тұжырымдауға болады: қоғамдық ортада өмір сүре білетін, тіл табыса білетін, белгілі бір сапалық қасиеттері бар, негізгі және пәндік құзыреттіліктерді меңгерген адам болып саналады . Функционалдық сауатты тұлғаның дамуын қамтамасыз етуде жаратылыстану пәндерінің мұғалімдері жетекші рөл атқаратынын атап өткен жөн. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық пайдалану қабілеті. жаратылыстану-ғылыми білім, проблемаларды анықтау, негізделген қоршаған әлемді және сол өзгерістерді түсіну үшін қажетті қорытындылар,оған адамның ісәрекетін енгізетін және қабылдау үшін тиісті шешімдер. Жаратылыстану ғылымынан сауатты болу үшін білім алушы келесі

құзыреттіліктерге ие болу қажет: құбылыстарды ғылыми түсіндіру, бағалау және ғылыми зерттеулерді жоспарлау, деректерді ғылыми түсіндіру және дәлелдемелер келтіру. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық 6 деңгейі бар. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық деңгейлері: 6 деңгейге жеткен оқушылар төмендегі қабілеттіліктерге ие:¬ - жаратылыстану-ғылыми білімді пайдалана отырып өмірлік жағдайлардағы ғылымның заңдылықтарын анықтау, түсіндіру және қолдану, әр түрлі қиын қолдана алу; - әр түрлі көздерден ақпарат пен түсініктемелерді байланыстыру және оларды әртүрлі шешімдерді негіздеу үшін қолдана алу. Олар анық және тұрақтыинтеллектуалдық білім қалыптасуының жоғары деңгейін көрсетеді мысалы, дәлелдеу және негіздеу, сондай-ақ шешімдерді негіздеу үшін өз білімін пайдалануға дайын болу, белгісіз ғылыми және техникалық жағдайларда қабылданады.Әлеуметтік-экономикалық және жаһандық контексте қабылданған жағдайларда өз білімін ұсыныстарда немесе шешімдерді дәлелдеу үшін пайдалана алады. 5 деңгейге жеткен оқушылар:¬ - өмірде көптеген күрделі табиғи-ғылыми аспектілерді анықтау; - тиісті ғылыми негіздемелерді салыстыру, іріктеу және бағалау өмірлік жағдайларда шешім қабылдауға арналған дәлелдер келтіру; - жеке білім мен сын тұрғысынан байланыс орнату, жағдайларды талдау; 4 деңгейге жеткен оқушылар:¬ - жеке құбылыстар айқын көрінетін түрлі жағдайлар мен проблемаларды тиімді талдау және олардан ғылымның немесе технологияның рөлі туралы қорытынды жасауды қажет етеді; - әр түрлі білімге негізделген түсініктемелерді таңдау немесе жалпылау және осы түсініктемелерді тікелей байланыстыру; -жаратылыстану ғылымдары және негіздемелерін қолдана отырып өз іс-әрекеттерін бағалау және өз шешімдері туралы хабарлауды. 3 деңгейге жеткен оқушылар:¬ - нақты тұжырымдалған жағдайларда ғылыми мәселелерді анықтау, құбылыстарды түсіндіру үшін қажетті фактілер мен білімді таңдау; - қарапайым модельдерді немесе зерттеу стратегияларын қолдану; - жаратылыстанудың әртүрлі бөлімдерінен жаратылыстану ұғымдарын түсіндіру және тікелей пайдалану; - фактілерді қолдана отырып, қысқа мәлімдемелер жасауды. 2 деңгейге жеткен оқушылар:¬ - ғылыми білім негізде ситуациялық жағдайларда мүмкін болатын түсініктемелер беру, қарапайым зерттеулер негізінде қорытынды жасау; - зерттеулер тікелей байланыс орнату және нәтижелерді сөзбе-сөз түсіндіру. 1 деңгейге жеткен оқушылар:¬ - тек таныстарда қолдануға болатын шектеулі білім жағдайларда. Қолда бар деректерден ғана анық түсіндірулер бере алады.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Рухани-адамгершілік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт. Білім алушылардың рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе.

Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Химия пәні сабақтарында рухани-адамгершілік тәрбие беруде ғылыми жаңалықтардың ашылулары маңызды роль атқарады. Химия ғылымын тағдырлары алуан түрлі тұлғалар құрған – ең әуелі алхимиктер, кейіннен дәрігерлер, ақыр соңында химиктер.

Химия пәнінен жаңа тақырыптарды және үй тапсырмаларын бекіту кезінде оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту үшін, теория жүзінде алған білімді практикада қолдана білу үшін функционалдық тапсырмаларды қолданудың маңызы зор. Себебі функционалдық сауаттылық тапсырмалары сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытады, ғылыми жаратылыстану сауаттылығын қалыптастырады, алған білімін өмірде қолдана білуге бағыт-бағдар береді.Осы тұста химия пәнінің мұғалімі

ретінде өз тәжірибеммен бөліскім келеді. Химия пәнін оқытуда оқушылардың ғылыми – жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыру мақсатында сабақ барысында білім алушыларға мынандай тапсырмалар берілген болатын: Лимон шырыны мен алма (9-сынып, «Металдардың жалпы сипаттамасы»). Назгүл алма және лимон шырынымен эксперимент жасамақ болды. Ол алманы екіге бөліп, кесілген жағымен жайпақ ыдысқа салды.

Алманың бір бөлігіне лимон шырынын сығып тамызды. Біраз уақыттан кейін лимон шырынымен «қорғалған» бөлігінің ақ қалпында қалғанын, ал алманың «таза» бөлігі қарайғанын байқады. Алманың «таза» бөлігі неліктен қарайды? Бұл тапсырмада оқушылар лимон шырынының алмамен әрекеттесуін таба отырып, алманы сақтау жолын біледі, таза бөлігінің қараюында алма құрамында темірдің болуымен түсіндіреді. Күнделікті өмірде қолдана алады. Кремний қышқылы (9-сынып, «Кремний және оның қосылыстары»). Кремний хлориді (IV) SiCI4 – түссіз, ұшқыш сұйықтық. Ақ түтін пайда болуы үшін, бұл сұйықтық бар ыдысты ашу жеткілікті. Булану барысында кремний хлориді (IV) ауадағы ылғалмен әрекеттеседі: SiCI4 + 4H2O = H4SiO4 + 4HCI. Бұл реакцияның нәтижесінде кремний қышқылының (H4SiO4) қатты бөлшектерінен тұратын түтін пайда болады. Сұрақ: Бұл түтінді қайда пайдалануға болады? **Орындалған тапсырмада оқушылар кремний түтінің өзге улы түтіннен қорғаныш перде жасау үшін қолданылатының және әртүрлі адсорбенттерді, су және газ қоспаларын сорғыштар ретінде қолданыла алатынын біледі. Мен 1 курс білім алушыларына химия сабағында «Күкірттің қосылыстары» тақырыбын өткенде пайдаланған қызықты тапсырманы мысал ретінде ұсынғым келеді. Бұл тақырыпты білім алушыларға таныстыру барысында және білім алушылардың жаратылыстану сауаттылығын арттыру мақсатында, сондай-ақ тақырып қызықты және есте қалатындай болуы үшін төмендегі тапсырманы пайдаландым.** «Сен білесің бе?».Бұл элемент ерте заманнан бері адамға белгілі болған. Біздің жыл санауымыздан 900 жыл бұрын Гомердің «Одессей» атты шығармасында осы элементтің аластаушы және түссіздендіруші қасиеті туралы айтылады. Ол ауадағы ауру тудыратын микроағзаларды өлтіреді, паразит жәндіктерді жояды. Алайда бұл элемент аурудан адамды ғана емес, өсімдіктерді де қорғаған. Онымен өсімдіктерде зиянкестер пайда болған жағдайда ыстаған, ал ұнтақтарын өсімдіктің жапырақтарына сепкен.

Ол үшін ұнтақты сабынды сумен араластырып, өсімдікке бүріккен. Білесің бе, бұл қай элемент туралы айтылған? №1 тапсырма «Баға беру» әдісі: (жеке жұмыс)

А) S + сабын → _____

Б) S + O_2 → _____

Бұл тапсырмада білімалушылардың білу және түсіну деңгейлері қалыптасты. Осы тапсырманы орындау барысында күнделікті өмірде қайда, қалай қолдану керектігін білді. Мысалы, медицинада, тұрмыста жертөлені және қоймаларды аластау үшін, оқ-дәрі және сіріңке өндірістерінде қолданылатындығын анықтайды.

Осы тапсырманы орындау үшін «Баға беру» әдісі қолданылып жеке жұмыс орындау барысында көз жеткізді. Сабақ тақырыбы мен оқу мақсаттары анықталғаннан кейін, тақырып бойынша үш тілде сөздікпен жұмыс жасалынды. Сабақ ортасында: Мәтінмен жұмыс «Әрекет» жаттығуы арқылы жұптық жұмыс орындалды. Әр жұп екі сұрақтан дайындап, басқа жұптарға қойды. Топтық жұмыста «Венн диаграммасы» әдісін қолдандық. І-топ: Күкірт диоксидінің қасиеттері, формуласы, ерекшелігі, ІІ-топ: Күкірт триоксидінің қасиеттері, формуласы, ерекшелігі, ІІІ-топ: H_2S-нің қасиеттері, формуласы, ерекшелігі.

Әр топ бір-бірін «Қол шапалақтау» әдісі арқылы бағалады. ҚБ тапсырмалары орындалды. Сонымен қатар дәстүрлі тапсырмаларды сабақ тақырыбына сай жаратылыстану ғылыми сауаттылығы (ЖҒС) тапсырмаларына айналдырып сабақта пайдалану білім алушылардың қолдану, талдау деңгейлерін қалыптастырады. Мысалы,

карбон қышқылдары тақырыбында дәстүрлі тапсырманы ЖҒС тапсырмасына қалай айналдырғанымды көрсеткім келеді.

Дәстүрлі & ЖҒС. Сірке қышқылы сүйекке әсер еткенде кальциймен әрекеттеседі, нәтижесінде…

А. Сүйектер күшейтіледі;

В. Сүйектер жұмсақ болады;

С. Сүйектер бұзылады;

Д. Сүйектер өзгеріссіз қалады. «Резеңке жұмыртқалар мен сүйектер». Сүйектердегі кальций оларды қатты және күшті етеді. Жас ұлғайған сайын сіз кальцийді толтырғаннан гөрі тезірек азайтып алуыңыз мүмкін. Егер сүйектеріңізден тым көп кальций жоғалса, олар сынғыш болып кетеді.

Сіз кальций жоғалған кезде сүйектермен не болатынын тәжірибе арқылы тексере аласыз. Бұл тәжірибені жүргізу үшін сізге қажет: қатты қайнатылған тауық жұмыртқасы, тауық сүйегі, 2 кесе, сірке суы. Жұмыртқа мен сүйекті әртүрлі стаканға салыңыз да, оларды сірке суымен толтырыңыз. 4 күннен кейін жұмыртқа мен сүйекті алып, ағын сумен ақырын шайыңыз. Тәжірибені сипаттаңыз және қорытынды жасаңыз. Жаңа білім алу үрдісі білімалушыларды шығармашылықпен жұмыс жасауға итермелейді.

Бүгінгі өскелең ұрпақтың үлкен өмірге білек сыбанып, белсене араласа алатын қабілетін көтеріп, танып білу заман талабы. “Адам қоғамдық, мемлекеттік барша мүдделері үшін және бүкіл адамзат үшін пайдалырақ болса, соғұрлым кемелдене түседі” деген Д.И. Менделеев. Олай болса, сапалы білім табысты оқуға қол жеткізу басты талап екендігін ескере отырып, бүгінгі таңда оқушыларымызға білім берілуімен маңызды емес, маңыздысы – білім беру сапасын көтеру және олардың білімі терең, ойы ұшқыр, функционалдық сауаттылығы жоғары адам болып қалыптасуына ықпал жасау біздің міндетіміз деп ойлаймын.

Және де Абай Құнанбаевтың “Бұлақ көрсең көзін аш” деген ұлағатты сөзді негізге ала отырып, бар мүмкіндікті пайдаланып, өзіміз тәрбиелеп жатқан білімалушыларымыздың рухани-адамгершілік қабілеттерін, сауаттылықтарын дамытуды парызымыз деп санаймын.

Әдебиеттер:

1.Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары /Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 ж. 25.06 №832 Қаулысымен бекітілген. – Астана, 2012.

2.http://www.lemonde.fr/education/article/2013/12/03/classement-pisa-cinqexemples-de-questionsposees-en-mathematiques_3524501_1473685.html

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ САБАҚТАРЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Садуова Гүлнаш Әбдіжәлелқызы
Ақтөбе қаласы №73 ЖББОМ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Функционалдық сауаттылық қазақ тілінің функционалды сипатын зерделеу арқылы қалыптасады. Ұлттық білім беру парадигмасы, оның басты ұстанымдары бәсекеге қабілетті білімді де білікті ұрпақты тәрбиелеу болып табылады. Ол өз халқының баға жетпес байлығы ана тілін жетік білетін, ұлттық мәдени құндылықтарды бағалай алатын, тілдің таным және қатынас құралы ретіндегі ғажайып мүмкіншілігін пайдалана білетін тұлға қалыптастыру деген сөз.

Сонымен, функционалдық сауаттылық адамның мамандығына, жасына қарамастан үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: *белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік, т.б.* Осыған сәйкес алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен кез келген тілдік жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсе алу даярлығын білдіретін құзыреттілікті қалыптастыру — үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды буыны болып саналатын жалпы білім беретін орта мектептердегі қазақ тілі пәнін оқытудың басым бағыттарының бірі. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту — бүгінгі заманның талабы. Соның ішінде оқу сауаттылығы- оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі. Яғни, оқу сауаттылығының негізі — мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады. Қазақ тілі сабақтары тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларының ерекшеліктері арқылы іске асады.Сондықтан күнделікті сабақты дағдылар ерекшелігін ескеріп құру, оқу сауаттылығын арттыруда маңызды роль атқарады. Соның ішінде оқылым дағдыларының ерекшеліктері оқу сауаттылығын арттырудың бірден бір жолы. Оқылымның мынадай ішкі дағдыларын әр сабақ барысында қолдануға болады.

1. Мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу — мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу.

2. Нақты ақпараттарды табу үшін оқу — мәтін ішіндегі ақпараттарды тауып алу үшін оқу, яғни ол үшін тұтас мәтінді түсініп оқу, мазмұнын білу маңызды емес. Мысалы, мәтіннен қажет пайыздық көрсеткіштерді, жылдарды немесе қажетті сөздерді тауып алу.

3. Детальді түрде оқу- әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе-сөз оқимыз.

4. Сөз мағынасын контексттен ажырату — мәтін ішіндегі таныс емес сөздің мағынасын болжау үшін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемге назар аудару.

5. Мәтін құрылымын түсіну — мәтін құрылымының ұйымдастырылуын түсіну. Мысалы, кіріспе бөлім, негізгі бөлім, қорытынды бөлім.

6. Болжай білу — оқылым тапсырмасы алдында қолданылатын тәсіл. Оқушылар мәтінді оқымас бұрын оның мазмұны мен көтеретін мәселесі жөнінде ойланып, талқылап көреді. Ол үшін олар мәтін тақырыбына, оған берілген суретке қарап болжай отырып, сол тақырыпта өз білімдерін қолданады. Бұл тәсіл мәтінді оңай түсінуге көмектеседі.

7. Мәтін түрлерін ажырата білу — әр мәтіннің өзіндік ерекшелігін, ұйымдастырылуын, стилін ажырата білу. Мәтін түрлері: хат, мақала, жарнама, әңгімелер, поэма, құттықтау қағазы, ақпараттық брошюра, үнпарақ, хабарландыру, т.б.
Бұл дағдыларды іске асыру үшін құрылатын тапсырмалардың да өз реті болуы тиіс. Мысалы, оқылымға арналған тапсырмалар құрылымы төмендегідей:

Оқылым алдындағы тапсырма: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған жаттығулар, сөздерді алдын-ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою. *Оқылым барысындағы тапсырма*: әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар (сұрақтар). Алғашқы жаттығулар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі жаттығулар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс.*Оқылымнан кейінгі тапсырма*: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Мысалы, бір оқиғаны сипаттап беру немесе оқиғаға баға беру. Сонымен қатар сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай жасалуы керек.
Мысал ретінде қазақ тілі екінші тіл ретінде оқытылатын келесі сабаққа құрылған оқылым тапсырмаларына назар аударайық. Сабақтың мақсаты *көркем шығармаларды оқу, кейіпкерлердің бейнесін ашу*. Оқылым алды тапсырмасында болжай білу тәсілі қолданылды. Оқушылар мәтінді оқымас бұрын оның мазмұны мен көтеретін мәселесі жөнінде ойланып, талқылап көреді. Ол үшін олар мәтін тақырыбына, берілген сөз тіркестеріне назар аударады, яғни өз білімдерін қолданады. Бұл тәсіл мәтінді оңай түсінуге көмектеседі. Ал сөз мағынасын контекстен ажырату тәсілі арқылы — мәтін ішіндегі таныс емес сөздің мағынасын түсіну үшін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемге назар аударады.
Оқылым алдындағы тапсырма. Оқушылар әңгіме атауына қарап, мәтіннің не туралы екенін болжайды. Қанат Әбілқайырдың «Атасының баласы» әңгімесінен үзінді беріледі. (оқушылар: ауыл туралы, тұңғыш немере, т.б. сөздерді айтады) Мұғалім дауыстап оқиды, оқушыларға қиын сөздердің мағынасын түсіну үшін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемге назар аудартады.(маңғаздана қолын ұсынды, атасының қитығына тие берді,біреу қара саннан шымшып алғандай шоршып түсті, ауыздарының суы құрып,әңгіме-дүкен құру сияқты сөздердің мағынасын түсінеді). Оқушылар оқылым барысындағы тапсырмалар Мәтіннің мазмұны мен жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу тәсілі арқылы сұрақтарға жауап беріп, басты тірек сөздерді табады. Нақты ақпараттарды табу үшін оқу тәсілі арқылы дұрыс жауабы бар сөйлемді табады. Мазмұн бойынша сұрақтар: Мәтіндегі кейіпкерлерді атаңыз. Мұқыш неше жаста? Мұқышқа атасы не үйреткен? Мұқыштың нағашылары қайда тұрады? Нағашылары Мұқышқа не сыйлады?
2. Мәтін мазмұнындағы басты идеяны көрсететін тірек сөздерді табыңыз:
A. Атасы, әжесі, көкесі
B. Атасының баласы, бата, нағашылардың сыйлығы
C. Отбасы, атасының баласы, өмір
D. Мұқыш, ақсақалдар, кәмпиттер
3. Дұрыс жауабы бар сөйлемді көрсетіңіз:
A. Мұқыш өзі аңдып отырған үш -төрт кәмпитті дастарханнан алып, төргі бөлмеге қарай зып берді.
B. Мұқыш өзі аңдып отырған 3–4 кәмпитті дастарханнан алып, төргі бөлмеден шығып кетті.
C.Мұқыш өзі аңдып отырған 3–4 кәмпитті дастарханнан алғысы келді де, төргі бөлмеге өтіп кетті.
D.Мұқыш өзі аңдып отырған 3–4 кәмпитті дастарханнан алып, төргі бөлмені аралады.
4. Мәтіннен мына сөздердің синонимін табыңыз:
қарт- өмір – үнемі –
Оқылымнан кейінгі тапсырмалар:
Тапсырмалар мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары ретінде құрастырылды. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай етіп ұйымдастырылды. Сонымен қатар сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге

мүмкіндік бере алады. Оқушылар жұптарға бөлінеді. (Мұғалім сөздік қоры аздау оқушы мен сөздік қоры молдау оқушыны жұптастырады. Жұпта сұрақтарды өзара талдайды). Мұқыштың атасы қандай адам? Атасына ақсақалдардың сөзі қалай әсер етті? Мұқыштың дастарханнан 3–4 кәмпитті алып кеткенін қалай бағалайсың? Бұл әдепсіздік пе, әлде еркелік пе? Шығармадан қандай ұлттық құндылықтарды көре алдың? Сондықтан қазақ тілі сабағында оқылым дағдыларын дамыту үшін тапсырмаларды жүйелі құрастырудың маңызы зор. Оқылым дағдыларының ерекшеліктерін меңгеру –оқушылардың оқу сауаттылығын арттырады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Оқушылардың оқу сауаттылығы. Оқу құралы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Педагогикалық өлшеулер орталығы».
2. http://group-global.org/kk/publication/15595-shetel-tilin-okytuda-okylym-reketin-uyretu-zholdaryРайкул Диуанова, «Шетел тілін оқытуда оқылым әрекетіне үйрету жолдары».

ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ ЧЕРЕЗ ИГРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

Салменова Бибигуль Амантаевна
Город Актобе школа-лицей” Құнан”
учитель русского языка и литературы

Современный образовательный процесс направлен на развитие функциональной грамотности обучающихся, что является сегодня необходимым условием становления творческой, деятельной, конкурентоспособной личности. Под функциональной грамотностью понимается уровень образованности, который характеризуется способностью решать стандартные жизненные задачи в различных сферах жизнедеятельности на основе преимущественно прикладных знаний.

Только функционально грамотная личность способна к самореализации, то есть способна применять все полученные и приобретаемые в течение жизни практические умения и навыки для решения максимально широкого охвата жизненных задач в различных сферах деятельности. Термин «функциональная грамотность» отражает общеучебную компетенцию, которая на современном этапе обеспечивается за счет внедрения государственного стандарта всех уровней образования.

Отличительным качеством современного процесса обучения является его нацеленность на достижение личностных, метапредметных и предметных результатов в их неразрывности, целостности, единстве. Но жизненно важными результатами становятся метапредметные, включающие освоенные обучающимися межпредметные понятия и универсальные учебные действия (регулятивные, познавательные, коммуникативные), способность их использования в учебной, познавательной и социальной практике, самостоятельность планирования и осуществления учебной деятельности и организации учебного сотрудничества с педагогами и сверстниками.

Метапредметный подход предполагает такое изменение предметного обучения, при котором знания преподносят не как сведения для запоминания, знания должны стать средством обучения действиям с целью осмысленного использования на практике. На уроках,

включающих метапредметные связи, ценится, прежде всего, действие, позволяющее мыслить более свободно, в совместной деятельности – минимум репродукции и максимум творчества и сотворчества.

Добиться перечисленных результатов поможет учителю использование современных инновационных технологий, которые позволят обучающимся саморазвиваться, самосовершенствоваться, самореализоваться путём осмысленного и деятельного присвоения нового социального опыта.

В своей педагогической практике мы активно применяем следующие инновационные технологии: технологии проектно-исследовательской деятельности, технологии развивающего обучения, информационно-коммуникационные технологии, технологии проблемного обучения, технологии использования в обучении игровых методов.

Подробно хотим остановится на технологии использования в обучении игровых методов или игровых технологиях. Самая открытая, естественная форма погружения человека в реальность или воображаемую действительность с целью её изучения, проявления собственного «Я», творчества, самостоятельности, самореализации – это игра. Действительно, игра раскрывает ребёнку новые, неизвестные грани изучаемого предмета, всегда вызывает повышенный интерес, активизирует, побуждает к действию. Целью обращения к игре на уроке является приобретение конкретных практических умений, перевод имеющихся знаний в полезный для жизни опыт.

Формирование навыков функциональной грамотности с учетом требований учебной программы начинается с самостоятельного целеполагания обучающимися. Ход познания – от детей. Учителю лишь необходимо побудить ученика к действию, создать условия для этого: комфортный психологический настрой, проблемная ситуация или задания игрового характера. Разгадывание кроссворда, чайнворда, игра *«Третий лишний», «Мозговой штурм», игра «Найди пару», «Кто больше»* в начале урока направлены на активизацию познавательной деятельности обучающихся, помогают ускорить процесс целеполагания, позволяют им быстро включиться в работу. Деятельность обучающихся носит преобразующий характер: наблюдают, сравнивают, группируют, выясняют закономерности, делают выводы.

Например, игра «Третий лишний». Задача игры: необходимо найти слово, не соответствующее определенному правилу, части речи, смыслу и т. д. Ситцевый, горошек, замочек (лишнее – ситцевый, так как имя прилагательное). Петушок, камышовый, гребешок (лишнее – камышовый, так как имя прилагательное). Учащиеся находят лишнее слово по принадлежности к части речи (имени прилагательному, акцентировав своё внимание на изучаемой части речи), затем учитель предлагает сопоставить, проанализировать правописание всех предложенных слов. Ребята вспоминают изученную орфограмму «Правописание гласных о, е после шипящих в суффиксах имен существительных», при этом делают вывод о сходстве правописания имен существительных с именами прилагательными. Цель сформулирована – научиться определять условия выбора гласной о или е после шипящих и ц в суффиксах прилагательных.

Игровая цель – универсальный приём-игра, направленный на активизацию умственной деятельности обучающихся на уроке. Позволяет вставить в игровую задачу большое число примеров или заданий, относящихся к различным жизненным ситуациям. Например, молодой человек устроился на работу в редакцию газеты. Ему поручили отвечать за выпуск очередного номера. А в тексте имеются ошибки, – найдите и исправьте их. Ведь, как вы понимаете, обязательным условием для хорошего редактора является знание русского языка.

Функциональную грамотность обучающихся можно развивать при изучении любой темы по русскому языку и литературе. Например, при изучении темы «Предложения с прямой речью» можно предложить школьникам составить и разыграть мини-диалоги в разных речевых ситуациях: «В автобусе», «В аптеке», «В библиотеке», «В магазине», «В музее».

Затем получившиеся диалоги нужно правильно оформить на письме, соблюдая знаки препинания в предложениях с прямой речью, употребляя вежливые обращения, вежливые приветствия. Но главным фактором здесь будет включение каждого ученика в те роли, с которыми им предстоит столкнуться в различных жизненных ситуациях. Разнообразные мини-сочинения, эссе, репортаж, интервью, путевые заметки, юмористические рассказы, словесные зарисовки, лингвистические сказки помогают обучающимся точно, правильно отбирать материал, развивают их устную и письменную речь, обогащают их словарный запас, активно развивают творческие способности.

Игра «По опорным словам». Это игра творческого характера. Написать сочинение миниатюру по опорным словосочетаниям, добиваясь смысловой законченности и выразительности, формы некоторых слов можно изменить. Другой вариант: учитель предлагает глаголы, используя которые, обучающиеся, должны составить небольшой рассказ на опре-деленную тему (например, «Театр»): Играть, исполнять, репетировать, выступать, гримировать, выходить, слушать, аплодировать, освещать, оформлять.

Обучение русскому языку предполагает не только освоение грамотной письменной речи, но и правильной устной речи. Недаром отметил Д.И. Писарев, что «неправильное употребление слов ведёт за собой ошибки в области мысли и потом в практике жизни». В качестве примера приведу игровые задания, направленные на отработку орфоэпических норм. Например, игра «Пригласи на обед». Задача: огласить меню обеда, на который вы хотите пригласить родственников, друзей. В меню даны слова: тефтели, камбала, торты, щавель, гренки, пирожки с творогом, сливовый или грушевый компот и т. д. По тому же принципу можно провести игры «Пригласи в гости», «Пригласи в кафе». Подводя итоги, к ребятам можно обратиться с вопросом: «В какой жизненной ситуации, в каких новых условиях вам может пригодиться изучаемый сегодня на уроке материал?» После чего происходит самоанализ своих действий, при котором дети (персонально или в парах) стараются найти ответ на предложенный вопрос, а потом поочередно объясняют, что изучаемая тема имеет для них конкретную практическую значимость.

На уроках литературы для организации разносторонней деятельности обучающихся при формировании функциональной грамотности используем такие формы, как урок-суд, урок-КВН, урок-театр, урок-концерт, урок-диспут и другие. К примеру, урок-суд над Раскольниковым или урок-суд над Печориным. Уроки проходят в форме ролевой игры-суда, включают элементы театрализации. Исполняя роли, обучающиеся проявляют актерское мастерство, вживаются в определенный образ, глубже раскрывают характеры и поступки героев, приобретают новый опыт общения в предлагаемой ситуации. Когда обучающийся на уроке чувствует себя естественно, свободно, всегда находится в действии, в сотрудничестве, неотъемлемой его частью становится практический языковой опыт общения, приобретенный им во время игровых форм работы. Нужно лишь помочь ребенку сделать правильный шаг.

Как гласит древняя мудрость: «Скажи мне, и я забуду. Покажи мне, – я смогу запомнить. Позволь мне это сделать самому, и это станет моим навсегда». Игровые технологии – путь на самоутверждение, самопознание, самореализацию.

Литература

1. Галян С.В. Метапредметный подход в обучении школьников. Методические рекомендации. – Москва, 2014. – С. 5–12.

2. Пташкина В.Н., К.Е. Виноградова. Игровые технологии на уроках русского языка. – Волгоград: Учитель, 2009. – С. 5 – 14.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Сексенбаева Лаура Мейірханқызы
Ақтөбе облысы Шалқар қаласы."№ 8 ЖОББМ" КММ бастауыш класс мұғалімі

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр.Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары).Осыған байланысты елімізде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары бекітілген.Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, білім берудің (бірінші кезекте жалпы білім беруді) көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі. Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуда.Аталған міндет Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елдердің қатарына кіруі процесінде де маңызды болып табылады. Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Функционалдық сауаттылық – оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзыреттілікке ұласу жолы. Ол оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу құзыреттіліктерінің бірлігінен құралады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығы ең алдымен үйден, отбасынан басталады. Өйткені, ата – аналардың балаларды оқытуы және тәрбиелеуі ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықтың негізгі тетіктерінің (механизмдерінің) бірі болып

көрсетілген. Отбасында әрбір грамды, ватты, минутты есептей алмайтын және де есептегісі келмейтін баланың үй шаруасына да қыры болмайды. Баланың бойына рухани құндылықтарды қалыптастыруға, жағымсыз мінез – құлық әдеттерден арылтуға көмек беретін функционалдық сауаттылық ата – ана бойында да болуға тиіс. Ата – аналар баланың ұғынуына көмектесулері керек. Үйде жарық пен тұрмыстық приборларды дер кезінде сөндіру, токтан ажырату қажеттігін, есік алдағы су құбырының краны арқылы тамшыдан өзен құралып қайта ағып кетіп жатқанын бала білуге тиіс. Еңбектің бағасын білген бала оның нәтижесін де жақсы бағалай біледі. Осының бәрінде аса терең ата – ананың функционалдық сауаттылығы тұр.

Егер осы аталған шарттар бастауыш сыныпта орындалғанда оқушының функционалдық сауаттылығы қалыптасады Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда білім берудің алатын орны ерекше. Осы ретте, оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін танытуда, оларға идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық т.б. тәрбие беруде, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыруда көркем әдебиетті қуатты құралдардың бірі ретінде пайдалану – бастауыш сынып пәнінің басты мақсаты болып есептелсе, *тіліміздің өзіндік қалыптасқан нормаларын, жалпы айтқанда грамматикасын үйрету* – қазақ тілінің басты міндеті болып танылады. Мысалы: өз сабақтарымда оқушыларды сабақтың тақырыптарына байланысты топтарға бөліп, ойындар арқылы топтарының аттарын тапқызып, оқушыларды қызықтыру үшін ұлттық ойындарды, ребустар, сөзжұмбақтарды пайдаланамын. Оқушылардың шығармашылығын дамыту мақсатында сурет бойынша әңгіме құрастыру, тақырып бойынша өлеңдер, *«Сөз ойла, көп ойла», «Өлең шығарайық», «Бес жолды өлең»* құрастыру жұмыстарын жүргіземін. Оқушылардың ізденушілік жұмыстарын дамыту мақсатында *«Аквариумдағы алтын балық», «балық сүйегі»* әдістерін қолданамын. ***Мысалы: «Әдебиеттік оқу»*** сабақтарында Баяндаушы – әңгіменің мазмұнын айтады. Зерттеуші – әңгімедегі негізгіні анықтайды. Сілтемеші – сөздіктермен жұмыс жүргізеді. Сұрақ құрастырушы – сұрақтар дайындайды. Дәнекер – өмірмен байланыстырады. Бейнелеуші – әңгімедегі негізгі кейіпкерді суреттейді. Осындай жұмыстарды жүргізу арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырамын. Әдебиеттік оқу, дүниетану сабақтарында берілген тақырып бойынша эссе, ой толғау жазғызып отырдым. Балалар қандай қажетті мәлімет алғанын, оның өз өмірімен нендей байланысы бар екендігін талқылауға үйренді. Тақырып бойынша алған мәліметін қай кезде және қандай жағдайда пайдалануға болатындығын ортаға салып ой бөлісуге дағдыланып келеді. Болашақта әділ, еңбексүйгіш, отансүйгіш, ұлтжанды азамат болуға тырысады. Олар жас та болса, оқыған шығармалары арқылы өмірдің кей асу белестерінің қиындығымен таныса алады, пікір таласуға да жаттығады. Пікір таласа алу, өз пікірін орынды айтып, дәлелдей білу – адамның басты құндылықтарының бірі болғандықтан, шәкірттерімді осы құндылықтарды берік ұстауға үйретіп келемін.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті – мұғалім баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және де баланың өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Олай болса шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін әр сабағымызда біз тек оқулық шеңберіндегі білімді үйретумен шектеліп қана қоймай, кең түрде әр баланың талабына, деңгейіне сай жұмыстарды саралап, ыңғайластыруымыз керек. Тұлға құзіреттілігін дамыту үшін, яғни бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруда жаңа инновациялық әдіс – тәсілдердің ең тиімдісін пайдалану жоғарғы нәтиже береді деген қағидамен, өзім оқып, үйреніп, тәжірибеде пайдаланып келе жатқан сын тұрғысынан ойлау технологиясының

маңызы зор деген тұжырымға келдім. Сыни тұрғысынан ойлау әдіс-тәсілдері арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылақтарын дамытуда оқушылардың өздігімен білім алуына, білімді іздеуге, құрастыра алуына қол жеткізуге болады. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі. Қызығушылықты ояту. Үйрену процесі бұрынғы білетінімен жаңа білімді ұштастырудан тұрады.Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да сабақта қарастырғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды ояту ми қыртысына тітіркендіргіш арқылы жүзеге асады. Қызығушылықты оятудың екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды, яғни, айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Ойлану мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі «Мағынаны тану». Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды.Оның өз бетімен жұмыс жасап белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады.Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауға көмектесетін оқу стратегиялары бар. Тақырып бойынша «Ой толғаныс» бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарау, баға беру назардан тыс қалып жатады. Дәл осы кезеңде үйренуші не үйренгенін саралап, салмақтап оны қандай жағдайда қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді. Сол білім арқылы өзінің өзгергенін сезінеді, өзіне өзгеше сенім, тәрбиелік, даналыққа бастау алады. СТО бағдарламасының философиясын терең түсініп, әдістерін тиімді пайдаланған кездегі жеткен жетістіктерім:

1.Мәселенің ең негізгі түйінін табуға дағдыланды;

2. Оқушылар өз бетінше ізденуге, үйренгенін өмірде пайдалана білуге үйренді;

3. Сұрақ қойып, сұрақтарға өз бетінше жауап беруге машықтанды;

4. Тақырыпқа деген жан – жақты түсінігін аңғара отырып, ынтасын одан әрі дамытуға мүмкіндік жасады;

5. Оқушылардың шығармашылық белсенділіктері және сын тұрғысынан ойлау әрекеттері бағаланды;

6. Сын тұрғысынан ойлай отырып, өзіндік белсенділіктің болуы да білімге құлшынысты,жаңалықты ашуға, ізденуге, қиындыққа төзуге үйретеді.

Сонымен сын тұрғысынан ойлау әрбір оқушының терең ойланып, тұжырым жасауға бағыттайды. Өмірде ең керекті білік пен дағды – қоғамда қарым – қатынас құра білу, басқа адамдармен тіл табысу екендігін ескере отырып, әр сабақта оқушы оқытудың басқа да қатысушыларымен (оқушылар мен ұстаздар) араласып коммуникативтік қарым – қатынас процесінің белсенді мүшесіне айналады, әрі ұжымда, қоғамда, әлеуметте қалайша өзара байланыс құру мәселесі төңірегінде ойланады.Теорияны зерттей келе сын тұрғысынан ойлау жобасының оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы ықпалы үлкен болады деген тұжырымға келдім.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Бастауыш сынып №10 2018ж «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын ана тілісабақтарында пайдаланып оқушылардың шығармашылығын арттыру»Ә.Рысбаева

2. Бастауыш сынып №7 2019ж «Бүгінгі білім, ертеңгі байлық» Б.Смагулова

3. Ұстаз №1 2018ж «Қазақ тілі сабақтарында жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерарқылы оқушылардың сауаттылықтарын арттыру» Батыркаирова А.С

4. Дамыта оқыту технологиялары. Б.А.Тұрғынбаева

ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРНОГО ЧТЕНИЯ

Скидан Елена Петровна
КГУ"Акжарская средняя школа"
Актюбинская область Хромтауский район
Учитель начальных классов

Функциональная грамотность - способность человека вступать в отношения с внешней средой и максимально быстро адаптироваться и функционировать в ней.

Как же включить в осмысленную, продуктивную, мотивированную деятельность всех учащихся класса? Как сформировать «функционально грамотную личность»? Для выращивания функционально грамотной личности ведущую роль играют не столько предметные результаты, сколько личностные и метапредметные, что полностью соответствует новому стандарту.

Приемы, представленные в данном докладе, способствуют формированию функциональной грамотности младших школьников, позволяют учителю повысить мотивацию учащихся, создать обстановку творческого поиска, активизации мыслительной деятельности.

Формирование грамотного письма - одна из самых сложных задач. Но именно она обозначена как важнейшая программная установка при формировании функционально грамотной личности.

Прием «Ошибкоопасное место» для формирования грамотного письма. Все «ошибкоопасные места», включая незнакомые орфограммы, выделяются на письме зеленым цветом. Так ребенок учится видеть орфограмму. Формой организации деятельности учащихся могут быть соревнования. «Выдели больше знакомых орфограмм» или «Кто увидит в тексте все орфограммы по теме урока?».

Прием «Лови ошибку». Дети стараются найти и исправить намеренно допущенные в тексте ошибки. На уроках русского языка в первом и втором классах хорошо использовать персонажей сказок, которые ошиблись, выполняя задание. С огромным удовольствием ребята выступают экспертами, примеряют на себя роль учителя, особенно, если ошибки исправлять красными чернилами. (*Приложение*). А вот в третьем и четвёртом классах этот приём я часто использую в викторинах, КВНах, например, в конкурсе капитанов. (*Приложение*).

Прием «Яркое пятно» - прием, повышающий познавательный интерес к изучаемой теме и активизирующий мыслительную деятельность ребенка. Удивление активизирует мыслительную деятельность ребенка. Прием лучше использовать в начале урока, это позволяет сохранить внимание к теме на протяжении всего урока. Например, урок чтения в 4 классе по рассказу М.Зощенко «Ёлка» может начаться с музыкальной композиции «Новый год» С.Лазарев.

«Метод кейсов». В основе метода проблемная ситуация. В чем же отличие кейс-метода от приема проблемной ситуации? Во-первых, ситуация взята из жизни или приближенна к реальной. Во-вторых, варианты решения проблемы предлагает учитель. Задача детей: выбрать наилучший и аргументировать свой выбор. В-третьих, данный метод создает ситуацию успеха.

Пример фрагмента урока с использованием кейс-метода.

- Ребята, вы любите участвовать в конкурсах, а сегодня я предлагаю вам стать членами жюри конкурса сочинений «Удивительные кошки» и выбрать победителя в номинациях:

«Лучший рассказчик», «Талантливый художник», «Мастер убеждения». В анализе работ вам поможет памятка «Типы текстов» и критерии оценивания творческих работ.

Приемы «Своя опора», «Ключевые слова», которые научат ребенка работать с информацией. Учащиеся самостоятельно составляют опорный конспект или схему на этапе закрепления знаний. Такие опорные конспекты могут служить материалом для организации групповой работы, где выявляются их плюсы и минусы, корректируются недостатки. Приём «Ключевые слова» можно использовать как для индивидуальной, так и для групповой работы, например, по темам: «Имя существительное», «Имя прилагательное», «Глагол» и др.

«Чтение наоборот», «Перемешанные буквы», «Вверх ногами», «Чтение с половинками слов» «Чтение с решёткой», «Сплошной текст», «Текст с наложением», «Текст с картинками», «Шторка», «Нет порядка» и др.

Приёмы «Чтение с остановками» и «Своя опора».

Сейчас, вам предлагается поработать в группах.

Задание 1: Прочитать рассказ-быль «Косточка» Л.Н.Толстого, составить схему к рассказу. (*Приложение*)

1. Зачем мать пересчитала сливы? Почему сказала отцу о том, что одной не хватает?
2. Как поступил отец Вани?
3. Чем мальчик выдал себя?
4. Почему Ваня заплакал?
5. Прочитайте то место в рассказе, которое вызвало у вас эмоциональный отклик.
6. Какие эмоции и чувства вы испытали?

Задание 2: Обозначьте цифрами правильный порядок развития событий в рассказе.

Соблазн_____1
Стыд_____4
Проступок_____2
Отцовский урок____3

Задание 3: Какие признаки доказывают, что мы прочитали рассказ?

Задание 4: Вспомните другие поучительные рассказы. Оцените свою работу в группах.

Рассмотренные приемы и методы меняют отношение учеников к предмету и создают среду, способствующую формированию их учебных и социальных компетенций. Однако, знание приемов педагогической техники учителем не будет иметь должного эффекта, если приемы не будут использоваться в системе.

ЛИТЕРАТУРА

1.Акатова, Т.И. Языковая функциональная грамотность и языковая культура студентов: [Текст] — Психолого-педагогический аспект: Монография. - М., 2006 - 237 с

2.Алексеев, Н.Г. Концепция развития исследовательской деятельности учащихся [Текст] / Н.Г. Алексеев, А.В. Леонтович, А.С. Обухов, Л.Ф. Фомина // Исследовательская работа школьников. – №1. – С. 24 – 33

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Суииндикова Айсауле Кенесбаевна
Ақтөбе қаласы «№18 орта мектебі» КММ биология пәні мұғалімі

Келешек елдің тұтқасын ұстайтын бүгінгі жас ұрпаққа білім мен тәлім-тәрбие беру ұстаз алдындағы ең ауыр міндеттің бірі. Бүгінгі жаңа ғасырдың жаңашыл шәкірттерін тәрбиелеуде, мұғалім үздіксіз ізденіп, кез-келген тосын сұраққа жауап бере алатын, кез-келген ситуациядан шыға алатын, білімді болу қажет. «*Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғада ғана мұғалім.Оқуды, ізденуді,еңбектенуді тоқтатса оның мұғалімділігі де жойылады»* деген қағидасын ұлы педагог К.Д.Ушинский айтқан болатын. Білім беруді жаңарту оқушы білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда функционалдық сауаттылығын қалыптастырады. Оқушылардың бойында өзіндік білім алу, талдау, құрастыру, қоғамдық өмірде өзін-өзі жан-жақты таныту үшін білімін көрсете алуы. Соның ішінде биология пәні ерекше және өзекті маңызға ие, ол оқушылардың бойында табиғат құбылыстары мен заңдылықтары туралы ұғым қалыптастырады, функционалдық сауаттылықтарын дамыту негізінде сыни ойлау қабілеттерін дамытады.Яғни, сауатты деген сөздің түпкі мағынасы оқу, жазу, санау біліктіліктері қалыптасқан, грамматикалық тұрғыда таза, қатесіз жаза, сөйлей, оқи алатын, сондай-ақ дұрыс есептей білетін адам сауатты ретінде танылады. Ал «функционалдық сауаттылық» белгілі бір кезеңге сай субьектінің алған білімі Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жаза білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығы игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету деген сипатта ұғынылады.

Біз қазіргі қашықтықтан оқыту жүйесі кезінде әртүрлі платформаларды пайдаланудамыз, атап айсам Meet, Zoom, Google Classrom платформасында сабақ жүргізіп отырмыз. Оқушы биология пәнінен өзіндік жұмысты дербес компьютердің, ноутбуктың, ұялы телефонның көмегімен ұйымдастыра алады. Оқушылардың өзіндік жұмыстарының көлемін көбейту оқу үрдісін ақпараттық технологиялардың арқасында нығайтуға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта, ақпараттық технология қарқынды дамып келеді, олар педагогикалық кеңістікте терең еніп, білім беруде кеңінен қолданылады. Видео сабақтар – қазіргі заманғы педагогикалық әдістердің заманауи түрі. Бұл әдістің оқушылардың да, ұстаздардың да білім алу жолында алатын орны ерекше. Осы қажеттілікті толықтыру мақсатында *«Төңкерілген сабақ»* әдісін биология пәнінде қолдануға болады. Бұл білім алушының үйде мұғалімнің алдын-ала жасалған видеосы арқылы жаңа материалды өз бетімен оқып-үйреніп, қашықтан мұғалімнің көмегімен биология пәні бойынша зерттеу жұмыстарын, тапсырмаларын ұйымдастыру процесін жасауға болады. Яғни, үйде – білу түсіну, қашықтан – білімді қолдану көрсету. Мұғалім бұл әдісінде балаларға теориялық материалдан тұратын бейне материалдарды жасайды және оларды электрондық пошта, әлеуметтік желілер, Google Classrom арқылы оқушыға жібереді. Көбінесе Microsoft Power Piont таныстырылымдарын қолданып сабақ жасаған қолайлы.Оқушылардың үй тапсырмасы – бейнежазбаны көріп, жаңа материалмен таныс болу, ұғыну. Шәкірттер сабаққа келгенде, олар теориялық материалмен танысып, практикалық тапсырмаларды мұғалімнің көмегімен шешуге дайын болады. Мұғалім «Төңкерілген сабақ» әдісін қолдану арқылы мұғалім оқушыларға өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландырумен қатар, әрқашан да оқып-білім алуға ұмтылуға

бағыт-бағдар беріп отырады. Видео сабақтардың оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыратынына онлайн-сауалнама арқылы көз жеткіздік.

Күрделі материал оқушыларға есте сақтауға қиындық туғызады. Осындай жағдайда мұғалімнің де, баланың да осы тақырыпқа қосымша уақыт бөлуіне тура келеді. Видео сабақтың білім алушыға тигізер көмегі – тақырыпты меңгере алмай қалғандығы жайлы мұғалімге айтып отырмай-ақ өз бетімен жұмыс істеп, өзіне ыңғайлы уақытта видео сабақты қосып көре алады. Ал, мұғалім – осы видео сабақты бір рет қана дайындап қойып, қайта-қайта түсіндіріп отыруға кететін уақытын үнемдейді. «Төңкерілген сабақ» әдісінің ерекшеліктері: қашықтан оқушыларға, өткен материалды ноутбук немесе ұялы телефон арқылы жетік меңгеруге септігін тигізеді; қабылдау қабілеті баяу оқушыларға осы бейнежазбаны бірнеше рет қарап, қайталап, өз білімін керекті деңгейге жеткізіп алуға көп әсерін тигізеді; қашықтан сабақ өту үрдісінде материалды толық түсінбей қалған жағдайда үйде, көлікте, жалпы интернет желісіне қосылу мүмкіндігі бар жердің бар лығында өз қалауынша қосып көре алады. Сонымен қатар сабақта оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында сабақты бекіту,қайталау кезінде Kahoot, Quizizz ойындарын ойнатып отырамын.

8 сыныптағы «Сезім мүшелері және оның маңызы» тақырыбында мынадай сұрақтар қоюға болады.

1.Терезеге қарап, күннің жарқырап атқанын көрдім.Қандай ақпарат аласың?
2.Біз таудағы су ағынының дыбысын естідік. Біз қандай ақпарат алдық?
3.Ас үйде қайнап жатқан сүт тасып кетті, сен оны қалай байқадың?
4.Егер біз қолымызды отқа жақындатсақ, онда қандай ақпарат аламыз?
5.Мерекелік торт пісірілді. Оның дәмінің тәтті екендігін қалай байқайды?

Сыни сұрақтар:

Сіздің жай көзбен салыстырғанда денешынықтыру жаттығуларын жасау барысында әдеттегіден тыс жиі тыныс алуыңыздың себебі неде?

Қандай себептерге байланысты балалар мен егде адамдарға тұмауға қарсы егу жасауға кеңес береді? Себебін түсіндіріңіз.

Тест тапсырмаларын беру арқылы да оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға болады. Мысалы: Егер, адамдар немесе жануарлар бактериялар арқылы берілетін жұқпалы аурулармен ауырған болса, әдетте жазылғаннан кейін ауруды туғызатын бактериялар бұл аурудың ағзада жүруін болдырмайды. Бұл құбылыстың себебі неде? А) Ағза ауруға себеп болатын барлық бактерияларды жояды. В) Ағза бактериялардың көбеюін болдырмайтын антидене өндіреді. С) Қанның қызыл түйіршіктері сол аурудың себебі болатын бактерияларды жояды. Д) Қанның қызыл түйіршіктері бактерияларды жойып, ағзадан шығарады.

7-сыныпта өткізілген сабағым «Ашық тұқымды өсімдіктер». Осы сабақты өткізу барысын төмендегідей тапсырмалар беру арқылы білімдерін тексердім.№1 тапсырма. Ашық тұқымды өсімдіктер бойынша Ия/Жоқ жауаптары арқылы көрсет.

1. Ашық тұқымдылар тұқымынан көбейеді, бірақ жеміс түзбейді Ия/жоқ
2. Ашық тұқымды өсімдіктер негізінен сүректі болып келеді Ия/жоқ
3. «Сүрек» деген - ағаш діңінің (сабағының) су өткізгіш бөлігі. Ия/жоқ
4. Ашық тұқымдылардың гүлі жоқ. Ия/жоқ
5. «Қылқан жапырақты» дейтін себебі жапырақтары ине тәрізді жіңішке. Ия/жоқ
6. Секвояның биіктігі 110-112 м. Ия/жоқ

Бағалауы: «5» - 9, «4» - 7, «3» - 5, «2» - 4 кем болса

№ 2 тапсырма. Есеп №1.

Жатаған шыршаның биіктігі 10 метр, өмір сүру ұзақтығы 300 жыл, сонда ол бір жылда қандай биіктікке өседі?Әр оқушы өзі есептеп шығаруға болады. 300ж /10м = 30см
№ 4 тапсырма.Танымдық сұрақтар. 1. Неліктен санаторилер қылқан жапырақты ормандардың ортасына салынады?Жауабы: бұл өсімдіктер ауаға микробтады өлтіретін фитонцид бөлгендіктен ауасы шипалы болады.
2. Екі үйлі өсімдік деп неге айтамыз? Жауабы: аналық бүрінің бір өсімдікте, аталық бүрінің екінші өсімдікте болуын айтамыз
3. Неліктен ашық тұқымды деп аталады? Жауабы: тұқымдары тұқымқабыршақтың қойнауында қорғанышшыз, бүрде ашық болып жетілетіндіктен.

Функционалдық сауаттылықтың белсенді стратегиялар арқылы оқытудың тиімділігі:
Мұғалім үшін: Әрбір оқушының өзгешелігін ескере отыра жеке білім алу траекториясын құру.*Оқушы үшін:* Өз білімін жете түсіну,өмірде қолдану,өз жұмысын бағалай білуі.
Ата-ана үшін: Баланың білім алуындағы өсу деңгейін қадағалауы.
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы
2. Н. Ә. Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы / Н.Ә. Назарбаев // Егемен Қазақстан. – 2012. – 28 қаңтар

РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ С ПРИМЕНЕНИЕМ СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ТЕХНОЛОГИЙ

Суйналина Гульмира Жайлаубаевна
Актюбинская область город Шалкар
Учитель начальных классов КГУ "Школы- лицея №5"

Функциональная грамотность рассматривается, как способность использовать все приобретаемые знания, умения и навыки для решения максимально широкого диапазона жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, общения и социальных отношений.

Основы функциональной грамотности закладываются в начальной школе. Перед учителем начальной школы стоят колоссальные задачи: развить ребёнка. Развить мышление, речь, память и внимание, фантазию и воображение, пространственное восприятие. Очень важно развить коммуникативные способности, способность общаться, контролировать эмоции, управлять своим поведением.

Решая эти задачи, педагог как пазлы собирает картинку, получает в результате функционально развитую личность.

Для того чтобы обеспечить формирование функциональной грамотности младших школьников нам учителям необходимо применять специальные активные, развивающие и образовательные технологии.

На сегодняшний день главными функциональными качествами личности являются инициативность, способность творчески мыслить и находить нестандартные решения, умение выбирать профессиональный путь, готовность обучаться в течение всей жизни. Все данные функциональные навыки формируются в условиях школы.

Что можно рекомендовать для развития функциональной грамотности, какие приемы само и взаимообучения?

1 направление: задания на функциональную грамотность, а точнее их разработка

Заданий на функциональную грамотность в учебнике просто нет. Поэтому их разработка ложится на плечи учителя. Конечно, можно адаптировать тексты заданий ПИЗА. Но, честно говоря, их использование на предметном уроке затруднено. Поэтому лучше такие задания проводить либо в качестве разминки, либо на классных часах. Тем более, что многие тексты социальны, интересны и поучительны. Поэтому разработку классных часов с использованием заданий на функциональную грамотность – творческих задач, считаю перспективным направлением.

2 направление: взаимообучение + социализация. Ученики уже привыкли к комментариям учителя и если в начальной школе это действует как поощрение, то в среднем и старшем звене оценивание учителем, особенно творческих, развивающих заданий не несет ценности для ребенка, и не способствует его развитию. Здесь помогает оценивание по критериям работы на основе взаимооценивания.

Для того чтобы обеспечить формирование функциональной грамотности школьников нам учителям необходимо применять специальные активные, развивающие образовательные технологии, такие как:

- проблемно-диалогическая технология освоения новых знаний, позволяющая формировать организационные, интеллектуальные и другие умения, в том числе умение самостоятельно осуществлять деятельность учения;
- технология формирования типа правильной читательской деятельности, создающая условия для развития важнейших коммуникативных умений;
- технология проектной деятельности, обеспечивающая условия для формирования организационных, интеллектуальных, коммуникативных и оценочных умений (подготовка различных плакатов, памяток, моделей, организация и проведение выставок, викторин, конкурсов, спектаклей, мини-исследований, предусматривающих обязательную презентацию полученных результатов, и др.);
- обучение на основе «учебных ситуаций», образовательная задача которых состоит в организации условий, провоцирующих детское действие;
- уровневая дифференциация обучения, использование которой вносит определённые изменения в стиль взаимодействия учителя с учениками (ученик – это партнёр, имеющий право на принятие решений, например, о содержании своего образования, уровне его усвоения и т. д.), главная же задача и обязанность учителя – помочь ребёнку принять и выполнить принятое им решение;
- информационные и коммуникационные технологии, использование которых позволяет формировать основу таких важнейших интеллектуальных умений, как сравнение и обобщение, анализ и синтез.

Развитию осознанности чтения необходимо уделять самое пристальное внимание, особенно на первой ступени образования. Осознанное чтение является основой саморазвития личности – грамотно читающий человек понимает текст, размышляет над его содержанием, легко излагает свои мысли, свободно общается. Недостатки чтения обусловливают и недостатки интеллектуального развития, что вполне объяснимо. Осознанное чтение создает базу не только для успешности на уроках русского языка и литературы, но и является гарантией успеха в любой предметной области, основой развития ключевых компетентностей.

Все методы, используемые педагогом, должны быть направлены на развитие познавательной, мыслительной активности, которая в свою очередь направлена на отработку, обогащение знаний каждого учащегося, развитие его функциональной грамотности.

Уроки в начальной школе предлагают большие возможности для развития функциональной грамотности учащихся. На своих уроках я добиваюсь полного **понимания текста**, что предусматривается в грамотности чтения. Это знакомство с текстом, его осмысливание. Пример. Фрагмент урока грамоты в 1 классе по обновленной программе по теме «Сказка о волшебной птице» *Прогноз. Учитель прикрепляет к доске рисунок птицы.*

– О чем пойдет речь в тексте?

- Какая это птица?

- Предположите, что он произодет дальше.

Чтение по частям, с остановками.

-Где живет волшебная птица?

-Какие у нее были перья?

-Почему эту птицу прозвали волшебной?

- Какой человек может получить ответ от волшебной птицы?

Затем можно предложить детям выборочное чтение, найти в тексте предложение, в котором заключена главная мысль автора или по вопросу находить информацию в тексте, давать оценку героям. Все это способствует развитию грамотности чтения.

Функциональная грамотность становится фактором, содействующим развитию способностей младших школьников творчески мыслить и находить стандартные решения, уметь выбирать путь, использовать информационно-коммуникационные технологии в различных сферах жизнедеятельности, а также обучению на протяжении всей жизни.

Таким образом, формированию функциональной грамотности у детей младшего школьного возраста, возможно реализовать на уроках в начальной школе. Она должна быть направлена на совершенствование умений, использующихся в различных жизненных ситуациях. Такое обучение ориентированное на ученика, она дает возможность ученику раскрыться как личности, стать полноправным участником процесса, а не пассивным слушателем.

Использованная литература:

1. Национальный план действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2012-2016 годы. [Электронный ресурс]

2. Кобдикова Ж.У. Развитие функциональной грамотности школьников / Ж.У. Кобдикова // Казакстан мектебі. – 2017. - №11. – С. 36-40.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ӘДІСТЕРІ

Суйналина Ляззат Жайлаубаевна
Ақтөбе қаласы Әлкей Марғұлан атындағы №71 орта мектебінің ағылшын тілі пән мұғалімі

Қазақстан Үкіметтің 25 маусым 2012 жылы №832 қаулысымен бекітілген «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары» қабылданды. Ұлттық жоспардың мақсаты–Қазақстан Республикасындағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау болып белгіленген болатын.

Мектепте ағылшын тілін оқытудың түпкі нәтижесі ретінде қатысымдық, ақпараттық және проблемалардың шешімін табу құзіреттіліктерін қалыптастыруға қол жеткізудің басты

тетігі – оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Өйткені функционалдық сауаттылық оқушының белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауына пайдалы білім, білік, дағдылардың бірігуінен құралады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру ағылшын тілін оқытудың тұлғалық-әрекеттік бағдарын күшейту нәтижесінде жүзеге асады. Өйткені сауаттылыққа оқушы өз әрекетінің иесі – субъект дәрежесіне көтерілгенде толық қол жеткізеді.

Ағылшын тілі сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда мұғалім оқушының назарын аудару үшін сабақ кезінде әртүрлі *тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық* байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді ұйымдастыра білуі қажет. Сонымен қатар, түрлі *көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы* т.б. алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдалана білген мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді.

Коммуникативтік сөйлеу әрекетінің қай түрі болса да лексикалық-грамматикалық дайындық деңгейіне сүйенеді. Белсенді сөйлеу әрекетін ұйымдастыруда ауызекі сөйлесу мен мәтін бойынша жұмыс негізгі құрал болып табылады. Сонымен қатар, ақпараттық оқу құралдары (компьютер, аудио-визуалды құралдар) бойынша да оқушылар белсенді коммуникацияға түсе алады. Ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыруда сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуын, сөйлем құрастыруды, тұрақты сөз тіркестерін қолдануды, сұрақ қоюдың барлық түрлерін үйрену тиімді. Оқушылардың сөйлеу дағдылары ауызекі сөйлеу жүйесінен, сұраққа қысқа да толық жауап қарастыра алуынан, оқығандарын ауызша да, жазбаша да мазмұндап беретіндей дағды-машықтарынан, шығарма, хат жазу дағдыларынан құралады. Ағылшын тілін оқытуда ең алдымен тәжірибелік мақсат қойылады, оған оқушылардың сөздік қорларын байыту, сауатты жазуға үйрету, сөйлесуге, көргендерін, естігендерін әңгімелеп беруге үйрету қажет. Ал бұл іс-әрекеттерді сауатты да дұрыс жүзеге асыру үшін грамматикалық жұмыс жүргізілуі керек.

Интерактивті тақтамен презентацияны бірге қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ерекше арттырады. Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

- *лексиканы оқып үйретеді;*
- *сөйлеу ырғағын;*
- *диалог, монолог және рөлдік ойындарды;*
- *хат жазуға үйретеді;*
- *грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі.*

Базалық деңгейге сәйкес оқыту мазмұнына қарапайым коммуникативтік біліктілікті, қажетті жағдайда ауызша және жазбаша (**сөз, тыңдап түсіну, оқу, жазу**) өзара мәдени қарым-қатынас процессінде қолдана алу қабілеттілігі мен дайындығын қалыптасады.Осы мақсатқа сай оқыту міндеттері **екі үлкен бағыт** бойынша белгіленеді.

Танымдық бағыт бойынша:

- Оқушының лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру;
- Тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсіндіру:(қазіргі уақыт талабына сай шетел тілінің пән ретінде қажеттілігі күннен-күнге артып отыр.Ол қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және жалпы мәдени алға басуында қозғаушы фактор болуда.)
- Оқушының тілін дамыту, тілдік шығармашылық қабілеттерін жетілдіру;

• Сөз мәдениетін таныту;
• Оқушылардың логикалық ойлауының бірізді болуын қалыптастыру;
Коммуникативтік, практикалық бағыт бойынша:
• Оқушыларға тіл нормаларын меңгерту;
• Тілдік сауаттылығын арттыру;
• Оқушылардың тілдік - эстетикалық талғамдарын қалыптастыру;
• Шығармашылық қабілеттерін дамыту;
• Қарым-қатынас талаптарына сай іскерліктерде қолдана білу;
• Пікірталас түрлеріне сай сөз қолдану біліктілігін қалыптастыру;

Бұл міндеттердің жүзеге асырылуы тілдік білімнің (мұның қай - қайсысы да тіл арқылы баланың логикалық ойлауын дамытуға, қарым-қатынастық дағдыларын жетілдіруге, сөз әрекетінің түрлеріне) қатынасты машықтануына әсерін тигізеді.

Мен өз сабақтарымда алдымен топқа бөліп,ой қозғап, жаңа тақырыпқа қызықтырып бағыттаймын.Тақырыптың ең құнды мәселелерін анықтауға ұсынамын,салыстыруға,ойларын сыни тұрғыда ойлана отырып жазуды ұсынуға,қорытынды жасай алуға ,сабаққа кері байланыс ұсынуға үйретемін.Ал,мұндай сабақта оқушы топта жұмыс жасауға бейімделеді,мәтінмен өздері танысады,менің пайдаланған жаңа әдіс-тәсілдерім арқылы жаңа сабақты меңгереді,ой қорытып қағаз бетіне түсіреді,ой толғайды,диалогқа түседі,пікір алмасады,сыни ойланып сұрақтарға жауап береді.Яғни,сыни ойлау ақпарат алудан басталып,қаралатын мәселеге байланысты шешім қабылдаудан аяқталады.Сыни тұрғыда ойлауға қалыптасқан оқушының функционалды сауаттылығы да дамып,өзіне анық мақсат пен міндет артады,және өзіне деген сенімділігі пайда болады.Нәтижесінде неғұрлым дамытылған оқушының жеке тұлғасы қалыптасады.

«Кемпірқосақ» ойыны. Бір минут ішінде түстері әртүрлі бес түсті затты ретімен тез айтып шығуға тапсырма береді. Мысалы: қарбыз (қызыл), лимон (сары), аспан (көк), жапырақ (жасыл), топырақ (қоңыр). Кімде-кім түске сәйкес заттың атын таппай қалса, ойыннан шығады

«Еске түсіру» ойыны. Қатар отырған оқушылар бір-біріне теріс қарап отырады да, парталасының аты кім, көзінің түсі қандай, киімі қандай, аяқ киімі қандай, егер қыз бала болса юбкасының түсі қандай, құлағында сырғасы бар ма, осы сияқты белгілерді айтып шығады. Бұл ойын балалардың бір-бірін жақсы тануға, қарым-қатынасын реттеуге көмектеседі. Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.

Жаңартылған білім бағдарламасының мазмұндық ерекшеліктері оқытудан күтілетін нәтижелерге оңтайлы қол жеткізуге мүмкіндік беретін стратегияларды, әдіс-тәсілдерді жетік білуді және таңдап қолдануды талап етеді.

“ Ыстық орындық” әдісі. Берілген тапсырмаға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру керек, себебі, орындық ыстық. **“Автор орындығы”** оқушының өзі жазған шығарма, эссесін оқытқанда отырғызып оқытуға болады. Бұл әдістер үй тапсырмасын сұрауда, өткен сабақты бекітуде тиімді.

«Миға шабуыл» стратегиясы. (Мұғалімдермен жұмыс) Тақырыпқа байланысты идеяларды көбірек жазыңыз.

Уақыт аяқталғанда кезектесіп өз идеяларыңызды оқисыз, идея қайталанбау керек. Қайталанған идеяларды сызып тастап отырыңыз. Мысалы: “оқушылар мектепті тастамас үшін не істеу керек?”

“3 таяқша” әдісі(мұғалімдермен жұмыс). Берілген тақырыпқа байланысты 1 сұрақ 1 жауап 1 идея әр топ даярлап, көпшілікке салады. Мысалы: “деңгейлі оқыту туралы”

«Бинго» ойыны(Мұғалімдермен жұмыс). Лотоға түскен сандарға байланысты сұрақтар беру. Мысалы: 16 — сұрақ. Семинарға не үшін келдіңіз?Алдымен мұғалімдерге жауап бергізіп, соңынан дайын жауапты ашу, салыстыру.«Әдіс алмасу үшін.»

6.«Өзіңізді тексеріңіз» әдісі. Бұл мәлімет ШЫНДЫҚ па немесе ЖАЛҒАН ба? Өтілген мәтін бойынша мысалдар келтіріледі. Мысалдарды оқу кезінде оқушылар ол келтірілген мысалдың өтілген мәтінде бар, жоғын анықтайды.

«Детектив» әдісі

Ұйымдастыру: топпен жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың сыни ойлау, көшбасшылық дағдыларын дамыту.

Сипаттамасы: Оқушылар екі топқа біріктіріледі. Екі топқа да шытырман оқиғалы мәтін шағын бөліктерге бөлініп, қима қағаздарға жазылып беріледі. Олар 15 минут ішінде осы мәтіндегі шытырман оқиғаның шешімін табуы тиіс. Әр топ өз шешімдерін айтады. Қандай тәсілмен анықтағандары талқыланып, ақпараттармен жұмыс істеу туралы ой бөліседі.

«Коллаж әңгіме» әдісі

Ұйымдастыру: топпен жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың сыни ойлау және коммуникативтік дағдыларын дамыту.

Сипаттамасы: оқушыларға түрлі-түсті суреттері бар журналдар беріледі. Олар журналдардан қиып алып алған суреттерін флипчартқа жабыстырып, әңгіме құрастырады.

Оқытудың мұндай типінің артықшылығына **төрт** аспектінің арасында; *біріншіден,* зияткерлік мүмкіндіктердің өсуі арқылы; *екіншіден,* сыртқы марапаттаудан ішкі марапаттауға өту арқылы; *үшіншіден,* жаңалық ашу арқылы және *соңғысы,* жадыны дамыту үшін осындай оқытудың тиімділігі арқылы қол жеткізіледі.

Қортындылай келе,ағылшын тілі сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын игерген оқушылардың білімдері мен біліктері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді; іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз ететіндігін айтқым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.«ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдаламасы» 2020ж.

2.Тұрғынбаева. Б. А .Ұстаздық шығармашылық. Алматы. 2017ж

3.М.Жұмабаев, Педагогика, – Алматы, 1992.

4.Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М., 1991.

5.. Оразбаева Ф.Ш., Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2000.

6. Мектеп ұстаздары әлемі» педагогикалық журналы №6 (4)2015 ж

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ МЕКТЕПТІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ

Сулейменова Акгуль Сапаровна
Ақтөбе қаласы Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназиясы
мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негізгі бағыттары оқыту әдістерін жетілдіру және білім сапасын арттыру міндеттері көрсетілген. Алайда оқу тәрбие процесінде кең орын алған формализмнің нәтижесінде көптеген оқу орындарында оқу сапасының төмендеп кеткендігі көрінеді.

Сондықтан да оқыту әдістерін дамыту бүгінгі күннің басты талабы болып отыр. Білім беру қызметкерлері жұмысының сапасын арттыру, әр пәнді оқытуды ғылыми тұрғыда жетілдіру, соның нәтижесінде оқушылардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру және олардың талабын, жеке жұмыс істеу қабілеттілігін нығайту үшін тек қана оқу жоспарларын жетілдіріп қоймай, сонымен қатар оқыту әдістерін жетілдіру болып табылады.

Педагогиканың дидактика бөлімінде оқыту әдістерін жетілдіру мәселесіне көп көңіл бөлінеді. Оқулықтарда оқыту әдістерінің топтары, олардың жіктелуі туралы әр түрлі пікірлерілерді кездестіруге болады.

Оқыту әдістері туралы анықтамаларға тоқталып өтейік:

Оқыту әдістері дегеніміз-оқытушы мен оқушылардың жұмыс істеуі әдісі, оның арқасында білім, іскерлік дағды қалыптасып, оқушылардың дүние танымдылығы мен қабілеттілігі артады.

Оқыту әдістері дегеніміз-мұғалім мен оқушылардың өзара әрекетінің барысында білім алу жолдары.

Оқыту әдістері дегеніміз-мұғалім мен оқушылардың өзара әркетінің негізінде білім, тәрбие және таным процесінін жетілдіру.

Дегенмен осындай анықтамалардың көптігіне қарамастан олардың арасында принциптік қарама-қайшылық жоқ.

Ғылыми педагогикалық әдебиеттерде оқыту әдістерінің басқа да анықтамалары кездеседі. Бұл әдебиеттерде оқыту әдістері оқытушының оқушыларға оқу материалынан білім беру тәсілдерінің жиынтығы немесе оқытудың құралдары ретінде, сонымен қатар, оқыту әдісі мұғалімнің оқу (материалынан білім беру тәсілдерінің жиынтығы немесе оқыту әдісі мұғалімнің оқу) материалдарын оқушыға жеткізу тұрғысында ғана қарастырылған. Мұндай анықтамалар оқыту әдістерінің сипаттамасын толық бере алмайды.

Сондықтан оқу процесі барысында мұғалім мен оқушылардың өзара қарым-қатынасын білген дұрыс. Дидактика теориясында оқыту процесінің мәні мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас екі жақтылық негізінде қарастырылады. Дәлірек айтқанда, қарым-қатынасын білген дұрыс. Дидактика теориясында оқыту процесінің мәні мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас «субъекті»- «объекті» түрінде болды.

Ал, соңғы оқыту әдісіне берілген анықтамада мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас көрсетілмейді. Сондықтан оқыту әдісінің «субъективті»-субъективтілік» ішкі заңдылық негізі ашылмаған. Бұл жағдайда оқыту процесі барысында оқушы пассивті позицияда қалады. Ал, оқушының оқыту процесінде белсенді ролі болу үшін мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас субъектілік негізінде құрылуы керек.

Сонымен қазіргі педагогикада оқыту әдісі оқушылардың білімді меңгеру және олардың дамуы мен тәрбиесіне бағытталған оқушы және мұғалім арасындағы бірлесіп жүргізілетін іс-әрекеттің субъектілік қарым-қатынас құралдары ретінде анықталды.

2.Менеджмент және басқару

Оқутушы оқыту әдістерінің жіктелуіне түрлі жол таба білуі керек. Ғылыми әдебиеттерінде жіктелудің жиырмадан астам түрі бар.

Осылардың ішіндегі ең кең тарағаны – И.Т.Огородников, Н.А.Сорокин, Ю.К.Бабанский, Р.Г.Лемберг, т.б. ұсынған оқыту әдісінің жүйеленуі. Олар оқыту әдістерін үш топқа бөлген.

Оқыту әдістері:

Ауызша	**Көрнекілік**	**Практикалық**
-Әңгіме	-Суретпен сипаттау	-Лабораториялық жұмыстар
-Әңгіме кеңес	-Демонстрация	-Практикалық жұмыстар
-Лекция		
-Кітаппен жұмыс		

Педагогикалық менеджменттің өзіне тән ерекшеліктері бар, өйткені ол адамдардың шығармашылық әрекеттерімен байланысты. Білім беру процесін басқаруда педагогикалық менеджментті білім беруді тиімді басқарудың теориясы, әдістемесі, технологиясы деп түсінуге болады.Жалпы менеджмент адамдарды, әлеуметтік процестерді басқару өнері мен ғылым жиынтығы ретінде қарастырылады, адамдардың интеллектісін, еңбегін, мотивацияларын пайдалану арқылы басшының алдына қойған мақсаттарына жете алуын айтады. Осы анықтамаға сүйенсек, әр оқытушы өзінің қарамағындағы білім алушының оқу-таным үдерісінің менеджері болып табылады, ал ұйым басшысы–оқу орнының тұтас оқу-тәрбие үдерісінің менеджері.

Педагогикалық менеджменттің өзіне ғана тән заңдылықтарының бірі-менеджер

еңбегінің пәні, өнімі, құрамы және нәтижесінің ерекшелігі. Білім беру үдерісінде менеджердің еңбегінің пәні - басқарылатын нысанның (субъектің) іс-әрекеті, еңбек өнімі-ақпарат, еңбек құралы - тіл, сөз, сөйлеу, еңбек нәтижесі - білім алушылардың білім, тәрбие, даму деңгейлері. Оқу орнының педагогикалық жүйесі бірнеше жүйенің жиынтығы, олардың әр қайсысы күрделі құрылым: оқу, тәрбие, материалдық-техникалық, ақпараттық қамтамасыз ету, өзін-өзі басқару, әкімшілік басқару. Оқу орны жүйесінің тиімділігі жүйенің құрамды бөліктерінің бір бағытта жұмыс істеуіне, бір бағыттағы іс-әрекеттеріне байланысты. Осыған орай менеджментте ұйымның ішкі ортасы деген түсінік бар. Ұйымның ішкі ортасы – мақсаттарға тиімді жету үшін құрылған бөлімдер. Білім беру ұйымының ішкі ортасын әкімшілік, оқытушылар, білім алушылар, қаржылық бөлім, техникалық қызметкерлер, кітапхана, т.б. құрайды. Педагогикалық менеджменттің бір ерекшелігі: басқаруға ішкі ортаның әр құрылымы, яғни, басқару субъектері қатысады: топ жетекшісі, бөлім меңгерушісі, тәрбиеші, өз сабағының иесі, ұйымдастырушысы -оқытушы. Бұл ерекшелік жалпы білім беру мекемесін басқару мазмұнына, нәтижесіне маңызды ықпал етеді. Менеджмент ғылымында басқарушылық еңбек функцияларының бірнеше классификациялары бар. Белгілі бір мақсатқа жету үшін қолданылатын негізгі функциялары: жоспарлау, ұйымдастыру, мотивация және бақылау. Бұл функциялар коммуникация және шешім қабылдау үдерістерімен біріктіріледі. Аталған менеджмент функциялары барлық салаларда қолданылады. Әр функцияларға тоқталсақ:

· жоспарлаусаясат пен мақсаттардыанықтау, оларғажетужолдарынсипаттайды;

· ұйымдастыру - еңбектібіріктіружәнебөлу, міндеттерді, жауапкершіліктібөлу, құрылымдытаңдау;

· мотивация (ынталандыру) – жұмысшылардымақсаттарғажетуге қозғау;

· бақылау-нәтижелердітексеру, сандық көрсеткіштерді, сапаны тексеру, ауытқуларды жою бойынша шешімдер қабылдау.

Менеджментте стратегиялық және ағымдағы жоспарлау түрлерін анықтайды. Стратегиялық жоспарлау білім беру ұйымының түріне, негізгі миссиясына, оның ішкі және

сыртқы ортасына байланысты. Ағымдағы жоспарлау стратегиялық жоспар негізінде құрылады.

Оқу орнының стратегиялық құжаттары - білім беру жоспарлары, бағдарламалары, әр құрылымның жылдық жұмыс жоспарлары. Оқу орны жұмысының тиімділігі жоспарлауға байланысты.

Оқушылардың таным белсенділігі деңгейіне сай құру. Дидактикалық әдісті ұстаған педагогтар И.Я.Лернер мен М.Н.Скаткин оқыту әдісінің бес түрін ұсынады:

Оқыту әдістері:

1.Түсіндіру әдісі: сипаттау әдісі, әңгіме, лекция, көрсету. Оқулықпен жұмыс істеу, жазба жаттығулар.

2. Қайталау әдісі: жаттығу әңгіме, өз сөзімен қайта айту

3. Проблемалық баяндау әдісі: оқытушының дәлелді түрде баяндауы

экскурсия, демонстрация

4. Ізденіс әдісі: эвристикалық әңгіме байқау, жоспар жасау

5. Зерттеу әдісі: тәжірибе, байқау, класпен жұмыс, құжаттармен жұмыс, сурет салу.

Бұл жүйеде оқушылардың таным белсенділігінің деңгейіне негіз болады. Оқыту әдісінің өзі, кей жағдайларда, оқушылардың белсенділігін көтеріп, сабақты көркемдік арқылы түсіндіруде жай тыңдаудан бастап, зерттеу әдісі кезіндегі жеке ізденіске алып келеді. Екінші жағынан, бұл әдіс оқушының жеке бейнесін, оның белсенділігінің қалыптасуын көрсетеді.

3. Менеджменттік жүйелер

Теория мен практикада оқыту әдісінің 200-ден астам түрлері бар. Бұлардың ішіндегі негізгі әдістер профессор Р.Г.Лембергтің «Оқыту әдістері» деген кітабында айтылған. Ол оқыту әдістерінің танымға барар жолдағы бір-бірімен сабақтастығын айта келіп, олардың ішкі дидактикалық бірлігі мен жеке ерекшеліктерінің байланысын көрсетеді.

Демек, оқыту құралдарына кең тұрғыдан алғанда мыналар жатады: оқу кітаптары (оқулықтар, сөздіктер, анықтамалар, әр пәннің тапсырмалар жинағы, программалық көмекші құралдар-көрнекілік құралдары) таблицалар, сызбалар, схемалар, географиялық және тарихи пәннің карталары, муляждар, модельдер мен оқытуға арналған суреттер\, -арнайы жабдықтар, \лингофондық кабинеттер, лабароториялық жұмыстар мен тәжірибелер жасауға болатын жабдықтары бар физика, химия кабинеттері\; техникалық құралда\ киноаппараттар, телевизорлар, магнитафондар, операторлық машиналары, программаланған радиоқондырғылар, видиомагнитафондар және т.б.

Кітаппен жүргізілетін жұмыстар.

Мектеп тәржірибесінен белгілі болғандай, кітаппен жұмыстың барлық түрінің ішінен ең басты орынды оқулықпен жұмыс алады. Мектеп тәжірибесінде болсын немесе теориялық әдебиеттерде болсын, оқулықпен жұмыстың әдісі жеткілікті түрде жасалмаған. Мамандығын жақсы білетін мұғалімдер оқулықпен жұмыстың бір бөлігін сабақ үстінде өткізуге тырысады. Алайда, оқулықпен жұмысты оқушылар тікелей мұғалімнің басшылығымен орындайды. Олар текспен жұмыстың тәсілін үйренетін болады, ең бастысы, негізгі ойларды бөліп алады, оқыған материалды қандай дәрежеде түсінді, жаңа материалды бұрыннан білгендерімен байланыстыра білу, оқу барысында жоспар жасау, конспекті жазу, ой тұжырымын ажырата білу, ережелерді анықтай алу, терминдерді жіктеу т.б. Көптеген мұғалімдер үй жұмысын бірінші орынға қояды, оқулықты тек үйге тапсырма ретінде пайдаланады. Бұл оқушыларды өз бетінше ойлауға баулитыны ақиқат.

Кітаппен жұмыс істеу әдісі мұғалімнің зеректігін және аса бір жылдам ой сезімін туғызатын басшылық іс-әрекет қимылын және бейімділігін талап етеді. Бұл әдістің тиімділігі, оның оқушыларға білім берерлік маңызы, тәсілдің алуан түрлілігі, кітап бойынша берілетін тапсырмалардың жинақтылығы мен ғылымилығы мұғалімнің тәжірибесі мен шеберлігіне тікелей байланысты.

Лабороториялық жұмыстар әдісі.

Тәжірибеде дәлелденгендей, лабороториялық жұмыстар оқыту әдісіне қойылатын талаптарды қанағаттандыра алады. Оқушы жұмыстың бұл тәсілі арқылы айнала өмір шыңдығын және айналадағы құбылыстарды, олардың арасындағы өзара байланысты, көпшілік жағдайда, олардың арасындағы ішкі тартысты, байланысты, ұқсастықты түсінеді және бұл әдіс онымен жұмыс істеуге үйретеді.

Лабораториялық жұмыс барысында оқушылар тек басымен ойлап қана қоймай тікелей қолымен де жұмыс істейді. Демек, лабораториялық әдіс тек оқыту процесіне ғана емес, тәрбие жұмысында да ойдағыдай нәтиже береді. Ең бастысы, ол танымдық сапаны арттыру құралының қызметін атқарады. Сонымен бірге, ақыл-ой, дене тәрбиесі танымдық әсер береді, сыртқы қабылдауды күшейтеді. Дұрыс ұйымдастырылған лабораториялық жұмыстар оқушыларды өз бетінше топшылауға, өзінше дұрыс қорытындылауға баулиды. Лабораториялық жұмыстың тағы бір ерекшелігі оқушылар тек тыңдап қоймай, өздерін «тыңдатады» және олар бақылу жүргізуге үйренеді, ой қорытындысын жасай алады. Оқушылар жұмыстың немесе сабақтың техникалық мазмұнын түсінеді. Техникалық құралдармен жұмыс істеу тәсілін анықтайды.

Лабораториялық жұмыстың білім берерлік әдет пен дағдыға үйретерлік ауқымы үлкен. Ол орындалатын істің немесе өтілетін сабақтың мақсаты мен міндетін, құралын, бақылау жасау жолдарын тек жан-жақты түсіндіріп қоюмен бітпейді. Әдістің ең басты ерекшелігі ол техникамен жұмыс істеуге дағдыландырады, оқудың мамандандыруға көмегін арттырады және оқушыларды аналитикалық-синтез принциптерімен жұмыс тәсіліне баулиды.

Бұл әдісті бағалағанда, оның ғылыми таным тәсілдермен, байланысын арнайы талдап жатудың қажеті жоқ. Есеп шығару ойлау процесін жандандыруға, оған тиісті операцияларды қажетсінуге, ақыл ой қуатын үнемдеуге жағдай жасайды. Есептің шартын дұрыс түсіне білсе, ойлау актісінің мінсіздігін дәлелдейтін қосымша түсініктер мен ұғымдар өзінше пайда болады.

Ойлау операциясы, талдау, салыстыру, негіздеу, дәлелдеу, қорыту барлық пән сабақтарының құрамынан кездеседі.

Қорыта келе, білім беруменеджерлерінің маңызды функцияларын атап айтқан болсақ, олар:

· жобалау - жоспарлау функциясы;
· ақпараттық - сараптамалық;
· мақсатты - мотивациялық;
· ұйымдастыру - орындаушылық;
· бақылаужәнебағалау;
· коррекциялау функциясы.

Білім беру менеджментінің аталған функциялары орындалған жағдайда білім беру мекемесінің білім беру еңбегінің тиімділігі артып, нәтижесі көрінеді.

Әдебиеттер тізімі

1.*Шипилина Л.А.* Методология и методы психолого-педагогических исследований: Учеб. пособие для магистрантов и аспирантов по направлению «Педагогика». — Омск: Изд-во ОмГПУ, 2004. — С.

2.*Белгібаева Г.Қ., Мағзұмова Н.Қ.* Мектепішілік басқарудың педагогикалық жүйесінің ерекшеліктері // Білім әлемінде. — 2012. — № 6. — 34–37-б.

3.*Новиков Д.А.* Теория управления организационными системами. — М.: МПСИ, 2005. — С.584

ФИЗИКА ПӘНІНЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ДАМЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Сұңқашова Назира Қайратқызы
Ақтөбе қаласы «№18 орта мектебі» КММ
физика пәні мұғалімі

Қазіргі XXI ғасырда ғылым мен технология жетік дамыған. Табиғат құбылыстары және оның заңдары осы күнге дейін адам баласын ойландырып, толғандырып, анықталмаған, сыры ашылмаған дүниелерге ақиқаттың түбіне бар сана-сезімімен, білімді де тәжірибелі ақыл-ой парасаттылығымен жетуі әрқашанда үлкен жетістік болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстан тек білім жүйесінде де жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Ақпараттық технологияларды және компьютерлік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді. Жаңа ақпараттық технологияларды білім жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы негізгі қозғаушы күші адам, сол себепті білімнің негізгі принциптері іске асырылуы тиіс. Оқыту процесінде қолданылатын жаңа әдістердің бірі қашықтан оқыту әдісі болып табылады. Қазіргі уақыттағы бүкіл әлемде у шығып тұрған эпидемиялық төтенше жағдайға байланысты қашықтан оқыту мәселесіне көшуге тура келді. Мұғалім мен оқушы енді алшақ отырып, яғни қашықтан жұмыс жасап отыр. Қашықтан оқыту – ақпараттық құралдар және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу формасы. Қашықтан оқытуда екі компонент бар: оқытуды басқару және өз бетімен білім алу. Қашықтан оқыту технологиясы – оқу үрдісі кезінде білім алушылар мен мұғалімдер арасында интерактивті өзара іс-әрекетте оқытылып, материалдың негізгі көлемін оқып үйренушілерге жеткізуді қамтамасыз ететін, оқылған материалдарды меңгеру бойынша, сонымен бірге оқу үрдісі барысындағы оқып үйренушілердің өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін ақпараттық технология. Қашықтан оқыту – компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқытудың құралдары мен түрлері, білім беру үрдісінде үздік дәстүрлі және инновациялық әдістер қолданылатын білімді қабылдау түрі болып табылады. Қашықтан оқыту – білім алушы мен педагог қызметкерінің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту. Қашықтан оқыту технологиясын қолдана отырып білім берудің мақсаты: сапалы білім беру қызметін алуда азаматтардың мүмкіндіктерін кеңейту; олардың білім қажеттіліктерін тұрғылықты жеріне, әлеуметтік жағдайына, жасына, денсаулығына және өмірдің тағы басқа себептеріне қарамастан қамтамасыз ету. Еліміздегі 3 миллионнан астам оқушының тиісті білім алуын қамтамасыз ету оңай шаруа емес. Бұған дейін ұстаздың қарсы алдында отырып сабақ алған бала алғаш рет компьютер мен смартфонға үңілмек. Ал қашықтан оқытуға “Balapan” (қазақ тілінде) мен “Еларна” (орыс тілінде) телеарнасы да атсалысып жатыр. Өз тәжірибемнен айта кететін болсам, маған қашықтықтан оқыту ұнады. Себебі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдану білімдерімді тереңдеттім. Физика пәні 7-сыныптарда алғаш рет өтіп жатқандықтан, оқушыларға әрбір сабақ түсінікті, әрі қызықты болу үшін ZOOM платформасымен онлайн сабаққа шығып жүрмін және оқушыларға шағын сабақтарды түсіндіріп Whatsapp желісі арқылы жіберіп отырдым. Сонымен қатар оқушыларда үнемі кері байланыс жасап отырды. Осы тұста айта кететін жағдай, оқушылар үй жағдайындағы қол жетімді құралдармен кері байланыстарын жасады. Қашықтықтан білім беру кезінде оқушыларға сабақ қызықты, әрі түсінікті болу үшін әр түрлі бағдарламаларды қолданып, қазыргі жаңа инновациялық технологиялық технологияларды қолданған жөн. Біз мұғалімдер жаңа бағдарламаларды меңгеруіміз керек болады, міне осындай қиыншылықтар бар. Біз мұндай қиыншылықтан қалай шыға аламыз? Немесе қалай

тиімді жүзеге асырамыз? Біз үйден интернет арқылы оқушыларға ресурстар мен тапсырмалар беріп, оның орындалуын бақылауды автоматтандыра аламыз. Біз қашықтықтан оқыту дегенді сырттай оқытумен шатастырмауымыз керек, және бұл үй жұмысы секілді күнделікті және үздіксіз процеске айнала алады. 2020 жыл бүкіл әлемді жайлаған пандемияға байланысты білім берудің барлық саласы онлайн форматқа ауысты. Әрине, онлайн оқытудың кемшіліктері көп болғанмен, артықшылықтары да баршылық. Дүние жүзі бойынша онлайн оқытудың жаңа технологиялары дамып келеді. Білім алу үшін ешқандай шектеу жоқ! Тіпті түрлері жетіп артылады. «Фантазия білімнен маңыздырақ. Өйткені білімнің шегі бар», - деп Альберт Эйнштейн айтып кеткендей сабақты қызықты, оңай өткізу үшін мұғалімге қажетті онлайн-құралдарға мысал келтірейін: 1. Zoom – видеоконференцияға арналған қосымша. Мұндағы трансляцияға 100 адамға дейін қосыла алады. Білім және ғылым министрлігі бұл қосымшаны білім беру жүйесіне енгізіп жатыр. Zoom артықшылығы – тұрақты байланысты қамтамасыз етеді, жылдам жұмыс істейді, компьютер мен смартфонның жедел жадына күш салмайды, конференция қатысушылары өз экранын трансляциялап, демонстрация жасау үшін арнайы тақтаны пайдалана алады. Кемшілігі – топтық конференцияларды тек 40 минут тегін жүргізуге болады. Уақытын создыру үшін ақы төлеу керек. Дегенмен тегін 40 минуттық конференцияны қайта бастап уақытты созуға болады. 2. Learningapps Мұғалімдер оқушыға тесттің әртүрлі вариантарын ұсына алады. Тесттің 25-ке жуық түрі бар. Сәйкестендіру тесті, «Миллион кімге бұйырады?», «кластарға жіктеу», «көп дұрыс жауабы бар тест», «ат жарыс», т.б. ойын элементтері кірістірілген. Бұл ресурстардың барлығына ортақ артықшылықтары мен кемшілік тұстарын атап өтейік: + Математикаға бейімділігі (формуланы, графикті, т.б. кірістіруге болады); + Интерфейсінің түсінікті және пайдалануға ыңғайлы болуы; – Кейбір ресурстың ағылшын тілінде болуы; – Үздіксіз интернеттің болуын қажет етеді. Әрине, интернеттегі ресурстардың барлығына ортақ кемшілігі – оқу материалының қазақ тіліндегі нұсқаларының жеткіліксіздігі. Мұнда қазақ мектептерінде оқытылатын үш тілдегі оқулықтардың электронды нұсқалары, дидактикалық материалдар мен ресурстар қоры, мақалалар, форум, сол сияқты онлайн мектеп жүйесі қарастырылған. Онлайн мектеп жүйесінде мұғалім өзі курстар салып, оқушыларға түрлі тесттер дайындап, оқу жетістіктерін бақылап отыра алады. 3. Quizizz сандың құралы – тек баланың білім деңгейін тексеру үшін ғана қолданылмайды, балаларды тез жалықтырып жіберетін тестті ойын түрінде өткізетін өте ыңғайлы бағдарлама болып табылады. Ойынға қытасу үшін смартфон (немесе компьютер) мен интернет керек. Ал тестті өтілген тақырыптар, баланың деңгейі бойынша оқытушы өзі құрастырады. Ойын барысында тыңдаушылар оқытушы жіберген код (пароль) арқылы жүйеге кіреді. Шектеулі уақыты бар әр сұрақтарға жауап береді. Әр өтілген сұрақ сайын дұрыс жауап берген қатысушы алдыңғы қатарға ауысып отырады. Ең көп қате жіберген бала, әрине, тізім соңында қалады. Сандық бағдарлама баланың интеллектуалды ойлау қабілетін арттырады. Ойынды бірнеше рет қайталау нәтижесінде формулалар жатталып, қиын сұрақтар есте қалады. Бұл ойын тіпті сабақ кезінде бәсең жұмыс істейтін баланың өзін қызықтырып жібереді. 4. Simpoll бағдардамасы мұғалімге үлкен тигізе алады. Мұнда алдын ала мұғалім тестті дайындап, сілтемені оқушыларға жібереді. Оқушылар тесттен өткеннен кейін әр оқушының оқу үлгерімі пайыз түрінде шығып тұрады. Мұғалімнің уақытын үнемдеудің ең бір бағдарламалардың бірі болып табылады. Видеоны монтаждау кез келген адамның қолынан келеді. Ұялы телефонмен не арнайы камерамен түсірілген бейнежазбаны өңдеу, қию, титр жазу, әуенмен әрлеу аса қиын іс емес. Тек талпыныс пен аздаған еңбек болса жеткілікті. Сонымен бірге компьютерде видео монтаждауға арналған бағдарлама болса, іс бітті деген сөз. Қандай видео монтаждау бағдарламалары бар? Мен қолданатын бағдарламалар: 5. Movavi video editor — бірнеше уақыттан бері сыннан өтіп, шынында пайдалы екеніне көпшілік көзі жеткен бағдарлама. Windows 7, 8 және 10 қолданушылары оны тегін жүктей алады. Бағдарлама видео монтаждау ісіне жаңадан кіріскендерге де аса қиындық туғызбайды, тілі түсінікті. 6. Kinemaster – ұялы

телефоннан видео монтаждауға арналған бағдарлама Қорыта келе, оқушылардың бірнеше ақпарат көздерінен өзекті ақпаратты таңдауға дағдыландыру қажет деген оймен, біз математика пәні мұғалімдерін жаңашылдыққа және үнемі ізденіске, сабақ барысында бір ғана кітаппен шектелмеуге шақырамыз. Қорыта айтқанда, қашықтықтан оқыту қазіргі заман талабы болса, оны ұйымдастыруда ең бастысы электрондық материалдар, қашықтан оқытудың дидактикалық жасалымы, педагог-үйлестірушілерді дайындау болып табылады. Бұл біліктілігі жоғары, зияткерлік және кәсіби деңгейі дамыған, халықаралық дәрежедегі бәсекеге төзімді қоғам құруға зор көмегін тигізеді. Қашықтықтан оқыту технологиясының артықшылықтары: Заман талабына сай ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар мен құралдарды қолдану; - Интерактивті әрекеттесу формалары; - Сапалы білім алу; - Уақытты үнемдеу; - Ыңғайлы уақытта оқу; - Территориялық шектеулер жоқ; - Денсаулық күйі бойынша шектеулер жоқ. Бұл оқыту технологиясы білім берудің ортасында тұратын оқыту жүйесін құру мүмкіндігін береді. Бұл жүйеде мұғалім оқушының жұмыстарын, жеке қызығушылықтары мен сұраныстарын ескереді. Білім беру жүйесінің ортасында оқушы тұратынын ескерсек, оқыту жүйесі тұтасымен өзгереді. Мұғалім оқушыға арналған өзіндік жұмыстарды, тәрбиеге қатысты жұмыстарды ұйымдастырумен шұғылданады. Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдануда мұғалімнің рөлі арта түседі және өзгереді. Қашықтықтықтан оқыту технологиясы – оқушы дайындау мен олардың біліктілігін әрі қарай тереңдете арттыру бағытындағы осы заманның ең әсерлі де тиімді жүйесі болып табылады және болашақта алатын орны орасан екені даусыз.

Қолданылған әдебиеттер жинағы

1. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы:АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.

2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет.38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).

3. Журнал «Мектеп» № 11(6 бет) 4. Журнал «Информатика негіздері» № 1 – 2010 ж (11-14

4.https://bilimsite.kz/ulagatty_sozder/10949-bilim-turaly-ulagatty-sozder.html

5.https://www.kaznu.kz/kz/21962/news/one/20951/

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Тарғынұлы Дулат
Ақтөбе қаласы "Ақтөбе орта мектебі" КММ Математика пәні мұғалімі

Бүгінгі күнде математика пәнін сапалы оқыту ізденістері – пән мұғалімін толғандырып отырған келелі мәселелердің бірі. Сыни тұрғыдан ойлау барысында, бала өз заманының озық өнегесін санасына сіңіреді, функционалдық сауаттылығы артады, басқаның пікірін тыңдауға дағдыланады және өзі де пікір айтуға үйренеді.

Математика пәнін оқуда сыни тұрғыдан ойлау технологиясының тиімділігі. Математиканы оқытудың мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологияларды тиімді пайдалану қажет. Математика сабағында оқушылар өз бетінше білу дағдыларын дамыту баға жетпес құндылықтарының бірі. Жаттығуларды өз бетінше тексеріп, қорытынды жасай білетін

тұлға қалыптастыру мақсатында жаңа технологиялар әдістерін кеңінен қолдану қажет. Математика сабағында сыни тұрғыдан ойлау технологиясының әр түрлі стратегияларын қолдана отырып, өз бетінше жұмыс істеу факторы – есептерді шығара білу.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы.

Математикалық сауаттылық дегеніміз – математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің, оқушылар дүниенің ғылыми бейнесін меңгеру.

Ой -өрісі кең тұлғаны қалыптастыруда жаратылыстану пәндерінің орны ерекше. Қазіргі кезде математика пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық ойлау қабілеті мен шығармашылық тұрғыдағы жұмысын дамытуда өз бетімен жұмыс жасаулары және логикалық тапсырмаларды орындаудың маңызы зор.

Шапшаңдылық дағдыларын ұйымдастыра отырып, оқушылардың құзыреттілігін арттыру арқылы шығармашылықтарын дамыту. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда, оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға, тез арада шешім қабылдауға көмектесетін бірден бір тиімді технология. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын пайдаланатын әр ұстаз өз педагогикалық қызметінде оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасқа деген көзқарасының мүлдем өзгергенін байқайды. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойынды еркін және зерттей талпындырып тұжырым жасау.

Ой қозғай отырып оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап естіген-білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп білмегенін өзі реттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп тұжырым жасауға шығармашылық жұмыс жасау.

Өзім сабақ беретін 5-6 сыныптарда менің жұмыс тәжірибемнің мақсаты: математика сабағында бағдарлама материалын сапалы меңгерту үшін оқыту мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы арқылы және топтық жұмыс түрлерін, деңгейлік тапсырмаларды орындату, тірек сызбаларды, ойын түрлерін қолданып, логикалық және эксперименттік мазмұнды есептер шығарта отырып, оқушыларды бір-бірімен пікірлесе білуге, ойларын нақты, ашық жеткізе білуге , тұжырымдарын жасауға үйрету. Оқушылардың өткен материалды қаншалықты меңгергендігін білу үшін бір тарауды толық өткеннен кейін қайталау сабағы есебінде 5 сыныпта өткізген жарыс сабағыма тоқталайын.

Жарыс сабағы барысында оқушылардың пәнге қызығушылығы мен ойлау қабілеті артатыны байқалды. Бұл ойын түрін сабағыма пайдаланудағы мақсатым – оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, пәнге қызығушылығын арттыру.

«Математикалық-лото» ойынында түрлі кеспе қағаздарға есептер дайындаймын. Кеспе қағаздардың артына сурет салынады. Жауаптарын дұрыс орналастыратын болса, кеспе қағаздағы сурет дұрыс шығады. Ал, суреттің дұрыс құрастырылуы балалар қызығушылығын арттыра түсері анық. 7 сынып геометрия сабағында «Математикалық-лото» ойынын сынып оқушыларын екі топқа бөліп беруге де болады. «Математикалық-лото» ойының мынандай түрде де жүргізуге болады. Мұнда геометриялық фигуралардың аттары жазылып, тақтаға ілінеді. Оқушылар осы фигуралардың аудандарының формулаларын дұрыс тауып қоюлары керек. Логикалық ойындарды сергіту сәті ретінде қолданамын.

Әрбір оқушының және бүкіл сыныптың оқу материалын меңгеру деңгейін анықтау үшін білімін жазбаша тексеру тәсілдерінің бірі семантикалық картамен жұмыс. Семантикалық картамен жұмысты жаңа сабақты бекіту мақсатында ұйымдастырылған тиімді деп ойлаймын. Семантикалық карта көмегімен анықтамаларды, ережелерді, қасиеттерді тұжырымдау,

сондай-ақ есеп шығару барысында қолдану іскерліктерін қалыптастырады. Мектепте жаңа буын оқулықтары бойынша математикадан сабақ беріп келемін. Оқулықтағы тапсырмалар деңгейлік тапсырмалар болып бөлінген .

Мұндағы I деңгей тапсырмалары: меңгерілген білімді үлгі бойынша пайдалана білу, II деңгей меңгерілген білімді өзгертілген жағдайда қолдана білу, III деңгей шығармашылық, яғни математика оқулығындағы әр түрлі сұрақтар, есептер, оқушылардың логикалық ойлау, шығармашылықпен ойлауын дамытатын, әр түрлі әдіс-тәсілдермен меңгертуге көмектеседі, яғни жеңілден күрделіге қарай тапсырмалар реттілікпен сақталып берілген.

Қазіргі ғылым мен техниканың даму кезінле алдымыздағы шәкірттің жан-жақты білімді, ой-өрісі кең болып шығуына ықпал ететін мұғалім екені түсінікті. Сабақта шығарылатын есептер оқушының ойлау қабілетін математика тілін дамытып, шығармашылықпен жұмыс істеуге негізделе құрылған. Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту үшін оқушылардың сапалы есептерді өз бетінше шығаруына көп көңіл бөлемін. Деңгейлік есептер оқушының логикалық ойлау қасиетін шыңдайды және пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші мұғалімдеріміз оқушыларды жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Педагогтің шеберлігі, яғни, шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өткізуі – бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абыройдың үлкені, әрбір мұғалім осыған ұмтылса алға қойған мақсаттың шын орындалғаны...

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
3. «Математика және физика » журналы №4, 2018 жыл
4. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2020 ж.

ИНФОРМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫНЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУ

Токбергенова Лаура Абжаппаровна
Ақтөбе қаласы №51 мектеп-гимназиясының
Информатика пәнінің мұғалімі

Соңғы кезде компьютерлік сауаттылық негізін қалайтын информатика пәнін қай сыныптан бастап оқытылуы қажеттілігі туралы түрлі пікірлер туындауда. Осының негізінде оқытуды төменгі сыныпқа көшіру тиімділігі практика жүзінде дәлелденген. Ал психологтардың айтуы бойынша, баланың негізгі логикалық ойлауы 5-11 жаста қалыптасады екен. Сондықтан балаларды ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындау үшін бастауыш сыныптан-ақ оларды логикалық ойлауға, талдау жасай білуге, ақпараттық технологиялардың

негізіне, ақпараттық сауаттылық пен мәдениетке тәрбиелеу қажет. Информатика пәнін бастауыш сыныпта 12 жылдық білім стандарты жобасында және 11 жылдық білім беру жүйесінде вариативтік компонент ретінде енгізу қажет. Бастауыш мектепте информатиканы оқыту келесі мақсаттарға жетуге бағытталған: - ақпараттық мәдениеттілігін, сауаттылығын, алгоритмдік ойлауын қалыптастыру; - интеллектуалды тұлғалық және эмоциялық - жігерлік сапаларын, қабылдау түрлерін және есте сақтауын дамыту; - оқушыны азаматтыққа және дүниетанығыштыққа тәрбиелеу. Сондай-ақ негізгі білім бағдарламасы мазмұнының міндетті минимумы «Логика және алгоритм бағыты» және де «Компьютер және ақпараттық технологиялар бағыты» деген мазмұндық бағытта берілген. Осы минимумға орай қазіргі кездегі информатика пәнін оқытудың әдістерінің күн сайын жаңарып отыруына қарамастан бастауыш сыныптарда информатика курсын оқытудың мақсатын төмендегідей түрде сараптауға болады:

- компьютерлік сауат ашудың бастау негізі; - ойды логикалық түрде дамыту; - алгоритмдік білімді жетілдіру мен мақсатты шешудегі жүйелілік; - компьютерді үйренудің оңай жолдарын іздеу. Жоғары сыныпта информатиканы оқыту жеке бағдарламамен жүзеге асуда. Ал бастауышта бұл жеке пән ретінде ғана емес, басқа негізгі пәндерді қолдаушы пән ретінде жүргені тиімді. Өйткені, компьютерді үйрену кезіндегі мәтін теру, қате түзету, сурет салу, есептің немесе әрекеттің алгоритмін құру сияқты практикалық жұмыстар мен тапсырмалар қазақ тілі, орыс тілі, бейнелеу және математика пәндерімен сабақтасады. 1) «Информатика» пәнін игеруде балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудағы пәннің мақсаты мен міндетін, қажеттілігін түсіндіру керек. Мысалы: Енді бізді қоршаған тамаша әлемге қарап, жан-жағымызға зер салайық. Айналамыздағы түрлі заттарға назар аударайық: гүлдер жайқалады, құстар сайрайды, күн шығып тұр, жаңбыр жауып тұр, ыстық жаз өтіп, күз келеді де, ол қарлы қысқа ұласады. Біз ақпаратты гүлдің иісін сезу, сіркіреп жауған жаңбыр тамшысының тырсылын есту, күннің шыққанын көру сияқты әрекеттер арқылы аламыз. Оны кітап оқу, теледидар көру арқылы алу мүмкіндігіміз бар. Ал теледидардан көрген ертегіңді досыңа айтып беретін болсаң, онда сен досыңа ақпарат бересің. Ертегіні бейнемагнитофонға жазу арқылы бұл ақпаратты сақтай аласың. Ақпараттық қоғам жағдайында сендер оны ғаламтор арқылы алуларыңа және электрондық пошта арқылы алыстағы туыстарыңа хат жазуларыңа болады. Сондықтан осы айтылғандардың барлығын біз біртіндеп үйренуіміз керек. Ақпараттық қоғам жағдайында кез келген адам ақпарат көздерімен жұмыс жасай білуді, оны сақтауды, өңдеуді және дұрыс қолдана білу сияқты әрекеттерді үйрену арқылы ақпараттық мәдениетін қалыптастыра алады. Ақпарат – бұл қоршаған орта туралы мәлімет болса, ал ақпараттық мәдениет – бұл ақпарат көздерін (анықтамалармен, сөздіктермен, энциклопедиямен, ұшақ кестелерімен және теледидар бағдарламаларымен) қолдана білуді үйрену. Ақпараттық мәдениет - бұл дұрыс сөйлей білу, теледидарды орынды көре білу, компьютермен жұмыс тәртібін игеру және достарыңмен жақсы қарым-қатынаста болу сияқты әрекеттерді қамтиды. Тапсырмалар: 1.Компьютердің қайда қолданылатынын әңгімелеп бер. Суреттерді боя. 2.Компьютермен не істеуге болады? а) сурет салу ә) ойнау б) есептеу в) ақпаратты сақтау және тарату. 3.Оқушылармен талқылай отырып, суреттерді боя. Ал көктем айында құстардың көңілді сайрауынан және сіркіреген жауын тамшыларынан көктемнің келе жатқанын байқаймыз. Бұлардан көктемнің жақындағаны туралы дыбыстық

ақпарат аламыз. Егер сендер сызықтардың экранда көлденеңнен немесе ұзыннан орналасуын қаласаңдар, онда Shift пернесін басып тұру керек. Өз беттеріңмен жұмыс жасап көріңдер.

1-кесте – Информатика пәнін оқытудың барысында компьютерлік сауаттылық көрсеткіштері

Білуі тиіс	Білуі тиіс	Білуі тиіс
- Компьютерде жұмыс жасағанда, санитарлықгигиеналық талаптарды	- информатика кабинетінде компьютермен жұмыс барысында денсаулықтарын сақтап, техника қауіпсіздік ережесін қадағалауды	- Мемлекеттік ақпараттық сақтану жүйелерін
компьютердің қосымша, яғни перифериялық құрылғыларын және олардың функцияларын	ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың қосымша бөліктері мен олардың функцияларын	ақпараттық және телекоммуникациялық жүйелердің қосымша бөліктері мен олардың функцияларын
MS Windows стандартты ортасын - MS Office элементарлық негіздерін	негізгі қолданбалы бағдарламалар және жүйелік бағдарламалар: офистік бағдарламалар, корпоративті ақпараттық жүйелер, мультимедиа, интернет	кең таралған қолданбалы және жүйелік бағдарламалар: жобалау жүйелері, ғылыми бағдарламалық жасақтама, геоинформациялық жүйелер
ақпараттық жүйелердің қолданылу орны: ролі және функцияларын	ақпараттық жүйелердің мазмұны, құрамын	ақпараттық жүйелердің деңгейлерін
ақпараттық технологияның ролі мен функцияларын	- ақпараттық технологияның мазмұны және құрамын	ақпараттық технологияның деңгейлерін
Интернеттің элементарлық негіздері - веб-сайт, электрондық пошта, веб-форум, веб-чат, электрондық дүкен	- Ethernet, Extranet, Intranet және Internet желілік жүйелері - Google, Yandex, Yahoo, Aport ақпараттықіздеу жүйелері - e-Learning дистанттық оқыту - бейнеконференциялық байланыс - интерактивті технология - электрондық сауда	WWW – World Wide Web дүниежүзілік ақпараттық портал - компьютер көмегімен өлшеу және есептеу технологияларының принциптері - компьютер мониторингі - интеллектуалды машиналар мен роботтар - электрондық үкімет
алгоритмдер мен бағдарламалар	- моделдеу, құрастыру, жобалау және басқару бағдарламалары	- компьютерді басқару нысандары мен жүйелерінің негіздері
Интернет желісінен қосылу - мәтіндік, графикалық ақпараттарды құру, сақтау -	Интернет желісінен қажетті ақпараттық ресурстарды іздеу және табу - инновациялық	- қажетті ақпараттық ресурстар кітапханасын дүниежүзілік ақпараттық портал - Интернет желісі

аудио және бейне ақпараттарды көрсету	технологиялар білімін қолдана білу - құжаттарды талдау және топтау	арқылы жіберу - графикалық бағдарламалар Photoshop, Corel Draw, Adobe Illustrator - AutoCAD БҚ

Осылайша оқушыларда компьютерлік сауаттылық дами түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Елеупаева Ж. Қазіргі мектептерде оқушылардың шығармашылық дарындылығын дамытудың педагогикалық шарттары / Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферати. Түркістан, 2018. -25б.
2. Сейсенбаева Ж., Орманбекова Л. Дарынды балалармен жұмыс // http://new.kaznpu.kz/docs/tarbie/darindi_balalar.doc
3. Жексенбаева Ү. Балалар дарындылығын диагностикалау. – Алматы, 2020ж.
4. Сауырбаева С. Информатика пәнінен дарынды оқушыларды оқытудың әдістері // 2019ж. наурыз-сәуір, №2, 21-б.

БАСТАУЫШ КЛАСС БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ҚҰЗЫРЛЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕР

Токсанбаева Қаракөз Құдайбергенқызы
Актобе қаласы М.Дулатұлы атындағы №63ЖББОМЛ-нің Бастауыш класс
Директордың бастауыш кластар жөніндегі орынбасары
Кадиева Гулсая Серикбаевна
"54 негізгі мектебі" КММ-нің оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
бастауыш сынып мұғалімі

Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін оның теориялық-әдіснамалық негіздері анықталуы керектігі белгілі. Ол теориялық-әдіснамалық негіздер алға қойылып отырған келелі мәселенің бастау көздерін танытады. Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда мынадай мәселелердің басы ашық болуы тиіс:

- бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын жүйе ретінде танысақ, онда ол жүйенің құраушы бөлшектерін анықтау керек;
- бастауыш мектепте оқылатын әрбір жеке пән бойынша еліміздегі және осы бағытта қарастырылған шетелдік тәжірибені талдап-тану керек;
- бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы қалыптасуының межелерін, белгілері мен шарттарын айқын анықтап алу керек. Негізінде, берілген мәселе бойынша осы кезге дейін жарық көрген әдебиеттерді талдау барысында, көп ретте, «функционалдық сауаттылық», «функционалдық сауатты тұлға», «негізгі құзыреттер», «жалпыбілімдік біліктер» сияқты ұғымдардың көбірек талдауға түсірілетіні байқалады. Негізінде, «функционалдық сауаттылық» термині өзінің 1957 жылы ЮНЕСКО енізген уақытынан бастап «сауаттылық» және «минималды сауаттылық» ұғымдарымен қатар қолданысқа түсіп келеді. Осылардың әрқайсысына жеке-жеке түсініктеме беріп тоқталып кету жөн болмақ.

1) Сауаттылық дегеніміз – оқу, жазу, санау және құжаттармен жұмыс жасай алу дағдылары.

2) Минималды сауаттылық дегеніміз – қарапайым хабарламаларды оқу және жазу дағдылары.

3) Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адам өзінің оқу және жазу дағдыларын әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауда қолдана білу қабілеті, яғни, адамға өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін және сол ортаға барынша тез әрі жайлылықпен бейімделуіне жағдай туғыза алатын сауаттылық деңгейі. Бұл деңгейде адам мәтіндерден өзіне қажетті ақпаратты, мәлім іріктеп алуы үшін және сондай ақпаратты басқаларға жеткізе алуы үшін қажетті болатын қабілеттер қалыптасады. Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субьектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарымқатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. «Функционалдық сауаттылық» ұғымына қатысты мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын (ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы), Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, пәндік сауаттылық, функционалды сауаттылық, оқытудың түпкі нәтижесі ретінде оқушылардың игерген құзіреттіліктеріне байланысты ғалымдар, В.В. Давыдов, А.А. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, В.А. Болотов, О.Е.Лебедев, И.А. Зимняя, А.К. Маркова, С.Г. Молчанов, Г.К. Селевко, В.В. Сериков, В.А. Сластенин, А.В. Хуторской, М.Ж.Жадрина, С.Д.Мұқанова, И.И.Бим, Ф.Ш.Оразбаева, Е.И.Пассов, В.Л.Ляховицкий, Н.Сауранбаев, С.Кеңесбаев, С.Жиенбаев, Т.Ахметов, Ғ.Бегалиев, А.Айдаров, Ж.Д.Адамбаева, Б.Б.Құлмағамбетова, К.Ы.Сариева, М.М.Артықова, жүргізілген зерттеулерді қарастыра келе, бүгінгі таңда отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде «функционалдық сауаттылық» ұғымын қолдануда бірізділік жоқ екені байқалды. Білім берудегі сауаттылық мәселесі, біріншіден, нақты бір елдегі халықтың әлеуметтік жағдайына, екіншіден, мемлекеттің экономикалық дамуына, үшіншіден, елдегі мәдени ахуалға тәуелді болатындығы айқын. Бүгінгі өркениеттің даму деңгейі білімділік пен сауаттылық ұғымдарының мазмұны мен оны түсінудің сара жолдарын іздестіруді қажет етіп отыр. Ғылыми еңбектерде сауаттылық ұғымының белгілі бір деңгейде ана тілінің грамматикалық нормаларына сай оқу, дұрыс жаза алу дағдыларын игеру екені байқалады. Әйтсе де адамның өмір сүруіне қажетті деп танылып, меңгеруге ұсынылған бастауыш мектеп деңгейіндегі белгілі бір білім, білік пен дағдылардың жиынтығы (оқу, жазу, санау, сурет салу және т.б.) ретіндегі тілдік сауаттылық қазіргі кездегі әлеуметтік сұраным талаптарымен сәйкес келе бермейді. Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады. Өйткені функционалдық сауаттылыққа адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Бұл орайда білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады. Ендеше, мемлекеттік тілді оқытуда білімнің түпкі нәтижесі деп саналатын құзыреттіліктердің біртұтас бірлігі ретіндегі функционалдық сауаттылықтың мәнін, рөлін айқындаудың, оны мектеп тәжірибесіне ендірудің уақыт талабымен толық сай келуі де зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей

түседі. Функционалдық сауаттылық оқушылардың сыртқы ортамен қарымқатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзыреттілікке ұласу жолы. Ол оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу құзыреттіліктерінің бірлігінен құралады. Оқушылардың функционалдық сауаттылық мазмұны келесі құзыреттіліктерден көрінеді: – оқу, жазу сауаттылығынан; – жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан; – математикалық сауаттылығынан; – компьютерлік сауаттылықтан; – денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан; – құқықтық сауаттылығынан.

Оқу міндеттерін орындауда қолдану шегін, шешу тәсілі мен шарттарын нақтылай алады:
1. Мемлекеттік стандартта көрсетілген талаптардан төмен емес деңгейде таныс өмірлік жағдаяттарды өздігінен тапсырмалық тұрғыда орындайды.

2. Сыныптастарымен бірге жаңа шарттардың белгілі тәсілдердегі өзгерісі мен ерекшелігін анықтай алады.

3. Өздігінен немесе өзімен жастылармен қолданылатын тапсырмалар іріктейді, тапсырманы орындау тәсілдерін түсінеді, игерген, игермеген білім шегін кіші жастағылармен анықтай алады.

4. Шапшаң, мәнерлеп, дұрыс оқи алады, оқыту барысындағы графикалық тілді қолданады, кесте, сызба, модельдермен жұмыс істей алады.

5. Қолданыс жағдайында пайда болған, іс - әрекет нәтижесіне жету үшін, кедергілерді жеңу бағытында, шешуге қатысты мәліметтер мен туындаған сұрақтарды жинақтайды, тіркейді.

Қоғам бастауыш сынып мұғалімі алдына кіші мектеп оқушысы тұлғасын дамытуды қамтамасыз ету шартын қояды. Ондай міндеттерді шешудің құралы болып оқу әрекеті жатады. Оқушының функционалдық сауаттылық пен әлеуметтік құзіреттіліктің қарапайым дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыруда бастауыш білім беру сатысының мақсат пен міндеттерінің басымдығын анықтау шарты - осы жастық кезеңнің психологиялық даму заңдылығын есепке алынуы, қойылған мақсаттың қол жетімді болуын қамтамасыз етеді. Осыған орай бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда олардың жастық ерекшеліктеріне мән берілуі керек.

Қорыта келе, бастауыш мектептегі оқыту үдерісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда жоғарыда аталған ұстанымдардың қай-қайсысының да қызметі ерекше. Себебі, бұл ұстанымдардың негізінде ұйымдастырылған оқыту үдерісі оқушылардың берілген білімді жүйелі, терең, берік, сабақтастықта және біртұтастықта, ғылыми білімдер жүйесін практикамен байланыста, жеңілден ауырға, қарапайымнан күрделіге, нақтыдан белгісізге қарай жүретін бағытта белсенді түрде әрі қызығушылықпен меңгеруін қамтамасыз ете алады. Сондықтан да біз осы мақалада бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктерін қарастыру барысында оларды тығыз байланыста, оқытудың мақсат-міндеттері мен мазмұнына тәуелділікте жүзеге асырудың маңыздылығын баса көрсеткіміз келді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ұстаздық шығармашылық Б.А. Тұрғынбаева Алматы, 2007 ж.
2. Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту Б.А. Тұрғынбаева Алматы, 1999 ж.
3. Математикадан қызықты тапсырмалар Ш.Х. Құрманалина, С.Ш. Сәрсенбаева, Р.Қ. Өміртаева
4. Бастауыш білім журналы № 3, 2017 ж.
5. Математиканы оқытудағы методикалық көмек М. Сәтімбаева
6. Бастауыш сыныпта оқыту журналы № 1, 2, 2018 ж.

«МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ»

Тулемесова Улмекен Казекеновна
Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы
Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебі
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Еліміз егемендік алғаннан бері қазақ тілін оқыту, оның әдістемесін жетілдіру мәселесі күн тәртібінен түспей келеді. Еліміздің осындай мақсат-ұстанымдарына қарай «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды. Мемлекеттік бағдарламаның басты мақсаты – Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың маңызды факторы ретінде саналатын мемлекеттік тілді балабақша, мектеп, жоғары оқу орындарында, мемлекеттік қызмет пен қоғамдық- саяси, әлеуметтік кәсіпкерлік саласында батыл қолданысқа енгізіп, қазақстандықтардың өмірлік қажеттілігіне айнал-дыру. Осы құжатта «Бағдарламаның бірінші бағытын іске асыру арқылы Қазақстанның барша азаматтарының мемлекеттік тілді меңгеру жүйесін құру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру көзделеді.

Соңғы кездері қазақ тілін оқыту мәселесіне қатысты ғылыми әдебиеттерде, бұқаралық ақпарат құралдарында «қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту», «қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту» және «қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту» деген мәселелер көтеріліп жүр. Қазақ тілін ана тілі ретінде оқытуды жетілдіруді де естен шығармағанымыз жөн. Өйткені бұл өте маңызды да күрделі мәселелердің бірі.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – заман талабы. Тәуелсіз Қазақстанның ел басқарушысы Нұрсұлтан Әбішұлының кезекті Жолдауында қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, дамыту және жетілдіру мәселелері сөз болғаны баршамызға мәлім. Сондай-ақ, Елбасы: «Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз. Сонымен қатар, әбден орныққан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару мәселесін біржола шешу қажет.» дегенді шегелеп тұрып тапсырған еді. Сондықтан ұстаздардың тәжірибесінде мынадай мәселе тууы мүмкін: оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуда қолданып жүрген әдіс-тәсілдердің заман талабына сай болмауы. Осы проблеманы шешу үшін тиімді жолдарды қарастыру қажет.

Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары:

- түсіндіру әдісі – бұл әдіске ауызша баяндау - түсіндіру, әңгіме, сұрақ-жауап, дәріс түрлері жатады.
- кітаппен жұмыс істеу әдісі – мұғалімнің түсіндіргенін кітаптан қарау - анықтама, түсініктер, жоспар, конспект, тезис, газет, журнал, сөздік, т.б.жұмыстар.
- көрнекілік әдіс – экскурсия, таблица, сурет, схема, карточка пай-далану т.б.
- техникалық құралмен жұмыс істеу әдісінің бірі - демонстрациялық әдіс – экран бейнесі арқылы диафильм, кино, фрагмент, т.б, техникалық құ-ралмен жұмыс істеу.
- жаттығу әдісі – ауызша, жазбаша және суретпен жұмыс, тақтамен жұмыс, өз-бетінше жұмыс, қайталау, пысықтау кезінде ұлттық ойын элеметтерін пайдалану жұмысы.
- сөздік әдісі мектептің барлық сатыларында қолданылып, әңгіменің сипаты, көлемі, ұзақтығы өзгереді.

Түсіндіру – жеке ұғым, құбылыстарды, құралдар, көрнекі құралдардың жұмыс істеу әдіс-тәсілдерін ауызша баяндау. Мысалы, қазақ тілі сабағында жаңа мәтінді өтер алдында оқушыларға жаңа сөздердің мағынасы түсіндіріледі. Мұғалім оқушыларға таныс емес құралдарды немесе басқа көрнекі құралдарды сабаққа алып келіп, жаңа материалды

түсіндірмес бұрын оларды оқушыларға түсіндіреді.Сондықтан да, түсіндіру әдісі қазақ тілін үйренуде маңызды болып саналады.

Тілді оқытуда үйренуші мен үйретушінің арасында бір-бірімен көзбе-көз кездесу, ауызба-ауыз тілдесу, яғни, тікелей қатынас болмаса, сөйлесім әрекеті де іске аспайды. Оқушылардың жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, оқушының тілдік қорын дамыту, іс жүзінде ауызша сөйлей білуге үйрету.

Оқыту әдістерінің басты қызметі - оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру.

Оқыту құралдары - білім алу, іскерлікті жасау көзі. Олар: көрнекі құралдар, оқулықтар, дидактикалық материалдар, техникалық оқыту құралдары, оқу кабинеттері, нақты объектілер, өндіріс, құрылыс.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытудың мақсаты – коммуникативтік, тілдік, мәдени-танымдық біліктілігі дамыған дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу. Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың пікір айту, ауызша, жазбаша сауатты сөйлеу, қоғамның өзге өкілдерімен дұрыс қарым-қатынас жасау, яғни әрбір адамға керекті коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру мәселелерін шешуге міндеттіміз. Тілді мазмұнсыз, мағынасыз меңгеру мүмкін емес. Тіл арқылы қазақ халқының тарихы, әдебиеті, мәдениеті, ұлттық салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, болмысы танылады

Тілді оқытып, үйретудің сапасын арттыру әр түрлі жағдайларға байланысты. Орыс топтарында оқытылатын қазақ тілі пәнінің түпкі мақсаты – оқушыларға қазақ тілін меңгерту, ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттыру, қазақ тілінде сөйлеп, жаза білетін дәрежеге жеткізу, қазақ халқының әдет-ғұрпын, тарихын танып талаптандыру, тілін құрметтеуге тәрбиелеу, сонымен қатар Отанды, табиғатты, айналадағы құбылысты, тыныс – тіршілігімен жан-жақты терең таныстыру.

Қазақ тілі — әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл. Сондай-ақ, ол дүние жүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдің, мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында тұр.

Біздің мақсатымыз өзге ұлт өкілдерін қазақ қылып шығару емес, оларға мемлекеттік тілді түсініп, әдет-ғұрпымызды сыйлап, алған білімдерін іс-жүзінде іске асыра білуге тәрбиелеу. Үйренушіге жалаң сөздермен сөз тіркестерімен жаттанды сөйлеуге қалыптастырмай, үйренген сөздерін сөйлеуде, әңгімелескенде дұрыс қолдана білуге жаттықтыру.

Сөз соңындағы айтарым, қазақ тілі – дәстүрлі, тұрақты, қатаң тілдік нормасы бар, стильдік тармақтары сараланған, жалпы халықтық тілден ұлттық деңгейге көтерілген тіл.

XXI ғасыр – қарыштап дамыған білім ғасыры. Бүгінгі жастардың өмірдің өзінен үйренері көп-ақ. Сондықтан олар мұғалімге, оның өткізген әрбір сабағына сыни көзбен қарайды. Оларды таңдандыру, қызықтыру үшін әрбір сабақ жаңалық болуы керек. Ол мұғалімнің көп ізденісін қажет етеді. Осы орайда, С.Көбеевтің «Әрине алғырлық та, тапқырлық та,ептілік те, икемділік те, табандылық та қажет. Бұлар оқытушының беделді болуының құралы болуға тиіс. Халық оқытушыны өзінің шын досы, ақыл айтар данасы, қараңғы да сәуле шашар шам-шырағы деп білу керек. Мұның үшін оқытушы ең алдымен өз оқушыларының алдында беделді болуы қажет. Оның бір негізгі шарты – оқытушының өз дәрежесін жақсы меңгерген адам болуы былай тұрсын, оның сабаққа жақсы дайындалуы керек», – деген ұстанымдары қазіргі ұстаздардың бейнесін де көрсететіп отырғаны анық.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДАҒЫ ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ

Тұманбай Бақытқүл Сахиқызы
Ақтөбе қаласы «№33 қазақ орта жалпы білім беру мектебі» КММ-нің бастауыш класс мұғалімі

Қазіргі кезеңде «функционалдық сауаттылық» ұғымы мағынасы жанжақты зерттеліп, қоғам дамуын тежеуші сауатсыздықты жою мағынасында ғана емес, ұғымдық мағынасы іс-әрекеттің нәтижесі тұрғысында сауатсыздықты жою механизімдері мен тәсілдерін іздеу мәселесі ретінде де қарастырылады. Қазіргі ақпараттанған жаңа қоғамда функционалдық сауаттылық барлық қоғамдық деңгейлердің әрекет нәтижесінің жетістік түйіні болмақ. Жаңа сипатта «*функционалдық сауаттылық*» мағыналық тұрғыда кеңейіп, мәдениеттілік атрибуты дәрежесіне дейін көтерілді. Функционалдық сауаттылық ұғымы ғылыми - техникалық талаптар мен әлеуметтік прогресс нәтижесінде пайда болып, мағыналық тұрғыда әмбебап сипатта ғана емес, мәдени – тарихи сипатта да қолданылады. Себебі Кеңестік кезеңнің алғашқы 10 жылдығында азаттың оқи білуі, жаза білуі, арифметикалық төрт амалды білуі қызметтік әрекетті игеріп кетудің негізгі көрсеткіші болды. Қазіргі кезеңде сауаттылық ұғымының ауқымы кеңейіп, оның көрсеткіштері түрліше сипатталады. И.А.Мещеряков функционалдық сауаттылық - (ағылшын тілінде functional literacy) - дағды мен білімді қамтамасыз ететін жеке тұлғаны дамытуға, жаңа білім алу мен мәдениет жетістіктерін игеруге бағытталған білім нәтижесі, жаңа техниканы қолдануды игеру, кәсіби міндеттерді жетік меңгеру, жанұялық өмірдегі сәтті үйлесімділік құра білу, өмірлік түрлі жағдаяттарды шеше алу деп анықтама берді. Бастауыш білім беру деңгейінде өздік ерекшелігіне сай біртұтас орта білім беру жүйесінде оқу әрекетінің негізгі білігін игертуді қамтамасыз ету маңызды шарты болып табылады. Бастауыш сынып оқушысы орындайтын оқу әрекеті мен басқа (ойын, спорттық, бейнелеу, еңбек) әрекеттер кешені тұлғлық дамуында басты роль атқарады. Мектеп оқушысында пайда болған субъективтілік қасиеттерінің көрсеткіштері оның функционалдық сауаттылығын қалыптасуының көрсеткіші болып табылады. Бастауыш мектеп оқушысында оқу - әрекеті арқылы қалыптасатын сауаттылық оқу әрекетінен тыс жағдайда қалыптасуы мүмкін емес. Сондықтан бастауыш мектепте кез - келген пәнге оқытудың мақсатты функциясы оқушыда өздігінен әрекет ету білігін қалыптастыру болып табылады. Бастауыш сынып оқушысы мектепке келгенде оқуға, мұғалімменен ынтымақтасуға талпынысы мол болады. Ал келесі деңгейде мұғалімнің басшылығымен шағын топтарда оқу ынтымақтастығын ұйымдастыруымен өздігінен әрекет етуі күшейеді. Ал келесі деңгейде ең жоғарғы шектік мөлшерде өздігінен оқу әрекетін орындауға, құрдастарымен және білімін толықтыру бағытында мұғалімдермен әрекет құруға, жеке оқу белсенділігінің арту қабілеті байқалады. Соңғы деңгейде оқушы мұғалім позициясын игереді. Н.Г.Калашникова «*Идеал мектеп оқушысының портретін*» қалыптастыру үшін оқушыда келесі қарым - қатынас сферасы қалыптасуы керек деп атап өтті:

– оқушысы тұлғасының мотивациялық
- бағалау сферасы;
– рухани - көркем- бейнелік сферасы;
– қарым - қатынас сферасы арқылы;
– білімді игеру әрекеті сферасы. Кіші мектеп оқушысы тұлғасының мотивациялық - бағалау сферасын қалыптастыруда бастауыш мектеп оқушысында білім алумен қатар білім мазмұнын игеру, оқыту процесіне, білімін жетілдіруге, оқыту барысында ынтымақтасуға мотивтер пайда болады. Қоршаған дүние құбылыстары мен тіршілік ортасы туралы түсініктер пайда болып, көркем бейнелеу арқылы арқылы өз қарым- қатынасын білдіру (қуану, көмек

көрсету, әрекеттену, құрметтеу, өзін - өзі бағалау) тәжірибесі пайда болады. Оқушы өз - өзіне, Отанына, басқа адамдарға, қоршаған әлемге, еңбекке, оның ішінде оқу - еңбегіне жағымды қарым - қатынас орната алады. Сонымен қоса денсаулықтың құнын түсінеді, салауатты өмір сүру салтын мен өмір қауіпсіздігін сақтау керектігін түсінеді. Өз әректін сынау, пікірі мен әрекетін өмір жағдайларға байланысты өзгерту, сараптауға рефлексиялық қабілеттерін игереді. Өзін - өзі тануға, өзі туралы жеткілікті дәрежеде мағұлматар бере алады. Сонымен қоса өзін-өзі бағалауы дифференциациялық және рефлексивті сипатта болады. Рухани - көркем бейнелік сферасы қалыптасқанда оқушы өзге адамдар мен өз табиғаты мен ішкі әлемі, көркем шығарма туралы пайымдай алады. Шығарма мазмұнының өрбіуін, кейіпкерлердің жан дүниесін, мінез - құлқындағы өзгерісті, табиғат құбылыстарын түсініп қабылдайды. Адам сөзінің әсерін, әдеби шығарманың тілін ұғына отырып, сипаттай алады. Мұғаліммен басшылығымен әдеби шығармалардағы адам қарымқатынасының эмоционалды - эстетикалық мәнін түсіне отырып, шығарманың рухани мәнін қабылдайды. Көркем шығарма кейіпкерлерін өз қиялындағы идеал бейнеге қосып алады. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдайды. Көркем шығарма мазмұны талдай отырып, шығарма мазмұны бойынша өмірлік жағдаяттардың шешу жолдарын біледі. Шығармадағы оқиғаға байланысты өз көзқарасын білдіре алады. Мәтінді талдау кезінде автор сөзін дәлел ретінде келтіре алады. Кейіпкердің шығармалардағы іс-әрекетіне сәйкес кейіпкерлерге мінездеме бере алады. Ғылыми-танымдық және публистикалық мәтіндерден өзіне қажетті мәліметті табуды және оны берілген үлгіге (кестеге, сызбаға т.б.) Сай өңдеп, жүйелеуді. Көркем шығармада суреттелген оқиға, кейіпкерлер іс-әрекеті мен қарым қатынасының нақты өмірмен байланысын көрсетуді. Мәтін туралы ауызша және жазбаша пікір білдіруді. Әдеби кейіпкерге, туысқандарына, достарына хат, құттықтау жазуды. Көркем шығармадан алған әсерін жазбаша түрде (8-10 сөйлем) орындауды. Ауызша, жазбаша сөйлеуде мақал-мәтелдерді орынды қолдануды. Сөйлегенде, жазғанда көркем сөз, шешендік сөз үлгілерін қолдануды. Тақырыбы бір-біріне үндес шығармалардың кейіпкерлерін, оқиғаларын салыстыруды. Көркем шығармада суреттелген оқиға, кейіпкерлер іс-әрекеті мен қарымқатынасының нақты өмірмен байланысын көрсетуді. Қарым - қатынас сферасы Бастауыш сынып оқушысының мұғаліммен, сыныптастарымен, басқа балалармен ынтымақтасуға жеке белсендік танытуы. Адамдармен диолог құруды әңгімелесудің ерекше формасы ретінде қалыпты мінез - құлық танытуды қажет етіп, диалог мақсатын ұғынуы. Мектепте оқу еңбегін, қоғамдық тәртіпті сақтау, табиғатқа қатынасты, даулы жағдайды мәдениетті шеше білу қарым- қатынас нормаларын игеруі. Әңгімелеу жағдайына бағдары бар: әңгімелесуші сөзін тыңдай алады, әңгімелесушінің коммуникативті еміренуін түсіне алады, әңгімелесуде өзгенің реакциясын бағалай алады, сөзін дұрыс құра біледі, қажетінше өзгертіп, түзете алады. Әртүрлі топтардың әрекетіне (ұйымдастырады, орындайды, сынайды, топтың позициясы жақтап сөйлейді, бақылай) кірісе алады, ым- ишыра, белгіні диалогке түскенде, сабақ барысындағы пікірталаста көрсете біледі. Кебір жағдайларды анықтау үшін сұрақ қоя алады, тыңдай, түсіне, өз түсінгенін тексере алады. Автор шығармасын сынай алады, автордың негізгі ойын, идеясын түсініп, өзге шығармалармен ұқсастығын анықтайды, ойды өрбітеді, қарамақайшылықты анықтайды, кемшіліктерді көреді. Сыныптастарымен шағын топтардың жұмыстарын сараптай алады. Хат, құттықтау, хабарландыру жаза алады. Біріккен іс- әрекетте өзі үшін, өзге үшін жауапкершілік алады. Білімді игеру әрекеті сферасы арқылы Оқушы өзін - өзі реттеу мен өз іс – әрекетін ұйымдастыру тәсілдерін меңгерген, оқу әрекеті тек өзіне қатысты екенін түсінеді, өзін- өзі ұйымдастыру қабілеті келесі функционалдық әрекетінде байқалады:

1. Дене жаттығуларын жұмыс қабілетін жақсарту, зейінін шоғырландыру, ой – еңбегі арқылы, сөз, дене шаршауын басуда қолдану.

2. Әңгімеге тарта алады, әңгімені көзқарасымен, ым - ишрасымен, сұрақтарымен қолдай алады.

3. Өз жұмыс орнын, уақытын ұйымдастыра алады.

4. Оқу- әрекетінде белсенділік танытады, өздігінен пікір, байлам жасайды, түсінбеген тақырыптарды анықтауға талпынады, оқу әрекетінің құралдары мен тәсілдерін біледі, қажет болған жағдайда көмек сұрай алады.

5. Есте сақтаудың рационалды тәсілдерін біледі. Оқудың мұғалім анықтаған мақсаттарын түсінеді, өз бетімен мақсат келесі жұмыстарда анықталады: 1. Мұғалімнің басшылығы, сыныптастарымен бірге оқу жағдаятын талдай алады, өз мүмкіндіктерін бағалау мен ондағы мәселелерді көре алады. 2. Біліміндегі кемшіліктерді өздігінен түсінеді, жаңа міндеттерді шеше алады. 3. Сыныптастарымен бірге сызбаға қажетті сұрақты, жетімсіз немесе қажет амалдың мақсат міндетін түсінеді, өздігінен оқу тапсырмасы мақсатын анықтай алады. 4. Мұғалім басшылығымен әртүрлі оқу мақсаттарының ара- қатынасын топтық жұмыста анықтайды, талдайды. Оқу мақсатына жету үшін, оқу міндетін шешу үшін іс - әрекет ұйымдастыра алады: 1. Ойластыра отырып, міндеттерді шешу үшін өздігінен бірнеше әрекет түрін жоспарлайды. 2. Бір мақсатты шешуде әртүрлі жоспарды салыстырады, таңдау жасай алады. 3. Оқу міндетін шешу үшін ең тиімді құралды таңдай алады. 4. Үлкендердің көмегімен уақытқа тапсырманы бағдарлай алды. Оқу міндеттерін орындауда қолдану шегін, шешу тәсілі мен шарттарын нақтылай алады: 1. Мемлекеттік стандартта көрсетілген талаптардан төмен емес деңгейде таныс өмірлік жағдаяттарды өздігінен тапсырмалық тұрғыда орындайды. 2. Сыныптастарымен бірге жаңа шарттардың белгілі тәсілдердегі өзгерісі мен ерекшелігін анықтай алады. 3. Өздігінен немесе өзімен жастылармен қолданылатын тапсырмалар іріктейді, тапсырманы орындау тәсілдерін түсінеді, игерген, игермеген білім шегін кіші жастағылармен анықтай алады. 4. Шапшаң, мәнерлеп, дұрыс оқи алады, оқыту барысындағы графикалық тілді қолданады, кесте, сызба, модельдермен жұмыс істей алады. 5. Қолданыс жағдайында пайда болған, іс - әрекет нәтижесіне жету үшін, кедергілерді жеңу бағытында, шешуге қатысты мәліметтер мен туындаған сұрақтарды жинақтайды, тіркейді. 6. Заттарды сөзбен, ғылыми тұрғыда, бейнелік тұрғыда сипаттай алады, шынайы түрде бір - бірне байланысы мен қатынасын түсінеді.

Жоғарыдағы ойларды түйіндей келе, бастауыш білім беру сатысы қарапайым функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған. Бастауыш саты кіші мектеп жасындағы оқушының функционалдық сауаттылық пен әлеуметтік құзіреттіліктің қарапайым дағдылары мен қабілеттерін қалыптастырудың негізін салады. Осыған орай қарапайым сауаттылық оқу мен санаудың ауызша және жазбаша тілін, әлеуметтік әрекеттерді (адамдармен қарым-қатынасқа түсу дағдысы, біріккен әрекетті жүзеге асыру, қоғамның талаптарына сай өзін - өзі ұстау) дағдылары қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарлама;

2.Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, http://adilet.zan.kz/rus

3.Қазақстан Республикасы Білім Және Ғылым Министрлігі Ы. Алтынсарин Атындағы Ұлттық Білім Беру Академиясы «Назарбаев Зияткерлік Мектептері» Дербес Білім Беру Ұйымы Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы, Астана 2016ж

БИОЛОГИЯ ПӘНІ САБАҚТАРЫНДА ЕБҚ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Усенова Клара Мирзабековна
Ақтөбе қаласы №61 Жалпы білім беретін орта мектеп
Биология пәні мұғалімі

Функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Бұл деңгей өмірдің әртүрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді.
Сондықтан қоғамдағы өмірлік пен практикалық іс-әрекеттердің дағдылары мен әлеуметтік іс-тәжірибені меңгеру үшін оқушылардың білім алу барысында негізгі және пәндік құзыреттіліктері қалыптасуы тиіс.
Биология – XXI ғасыр ғылымы. Сондықтан да ол жаңа ақпараттық технологиялармен тығыз байланысты. Қазіргі кездегі білім беру жүйесіндегі негізгі мақсат ерекше білімді қажет ететін (ЕБҚ) оқушыға жеке тұлға ретінде қарап оның дамуына көп көңіл бөлуде. Бұл пәнді оқыту мұғалімнен зор міндеттерді талап етеді, өйткені ол бүкіл сыныптың қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс.

Мектептегі биология пәнінің бастауыш білім беру сатысындағы дүниетану пәні негізінде құралады. Бұл пән бойынша оқушыларға еліміздің табиғаты, табиғи байлығы, экономикасы, ғылымы мен мәдениеті, этика, әдеп, эстетика, адам-адам, адам қоғам, адам табиғат арасындағы қарым қатынас түрлері жайында ғылыми сарамандық ұғымдар беріледі. Пәнді оқып үйрену барысында оқушылар дүниенің үш құрамдас бөлігі: *адам, қоғам, табиғат* саласынан білім алады. Биология, химия, география пәндерінің бастама негіздері қаланып, соның ішінде қоршаған дүние заттары, құбылыстары, табиғат экология туралы ғылыми түсінік қалыптасады.

Биология -бұл орта буында алғаш қосылатын пән. Сондықтан орта буында өсімдік құрылысы өсімдік жайындағы білім берудің алғашқы баспалдағымен танысады.Осы пәнді оқытуда жаңа технологиялардың тиімді әдісін алып жетілдіру барысында есте сақтауға негізделген ақыл ойын дамытатын оқуға көшу, мұғалім мен оқушының тең субьектіге түсіп, ынтымақтастықта болуын қажет етеді.
Биология пәнін оқытуда қазіргі кезде қойылатын **талаптары мынандай:**
Оқыту мен оқуда АКТ пайдалану;
Жаңа форматтағы әдіс-тәсілдерді сабақта қолдану;
Негізгі білімділік ұғымдарды терең меңгерту;
Оқытудың жаңа технологиясын пайдаланып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру;
Топтық негізде іздене білу дағдыларын қалыптастыру;
Тақырыптық зерттеу жүргізу;
Ойлау, есте сақтау қабілеттерін, өз ойын қорытуға дағдыландыру;
Оқушының өз бетімен жұмыс жасау қабілетін жетілдіру, дамыту;
Шығармашылық тапсырмалар орындату арқылы қабілеттерін арттыру.
Сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру.
Тәжірибе жүзінде білім, біліктілік дағдыларын қалыптастыру;
Жаңа терминдер мен сөздіктермен жұмыс жасауға дағдыландыру;
Жаңа технологияларды сабақта пайдалану;
Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай білім беру.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің оқу – тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына

көмектеседі. Сонымен қатар мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа көптеген адами қабілеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді.
Мұғалім оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын меңгері, оны пайдалану арқылы өзінің материалдық базасын толықтырып, әрі уақытты үнемдейді.
Сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегияларын пайдалануда оқушылардың ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыруға жол ашады. Оқушы жүрегіне жол тауып, оның білімге деген құштарлығын арттырып, өзін-өзі тәрбиелеуін ғылыми деңгейде ұйымдастыру үшін, әр оқушының дара ерекшеліктерін ескере білім алуға қабілетін зерттей отырып, тұлғалық негізінің ашылуына жол ашатын ұстаз.
Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан жобасымен танысып, оның стратегияларын өз тәжірбиелеріңізде қолданудан өзіңіздің біліктілігіңздің арта түскендігін аңғарасыз. Биология пәні бойынша, «өсімдіктердің көбею мүшелері», «гүлдің құрылысы» атты тақырыптардағы сабақтарда осы технологиялардың тиімді әдістерін қолдануға болады. Сонымен қатар сабақтарда «*кубизм», «топтастыру», «бес жолды өлең», «түртіп алу жүйесі», «венн диаграммасы»* стратегияларын жиі пайдалануға болады.
Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін осындай тиімді әдістердің пайдасы бар. Бұл сабақтардың дәстүрлі сабақтардан өзгешелігі топтап отырып, оқушыларға жеке, жұпта, топта ойларын ортаға салып талдайды. Осы стратегияларды пайдаланып өткізген сабақтарда өз ойын анық айтып, өзін еркін ұстап, өз білімін өзі талқылауға оқушыларға мүмкіндік жасалынады.
Ортаға салған ойларын мәтіндегі негізгі ойға сәйкестендіріп қағаз бетіне түсірерде де қорғайды. Әр топ қағаз бетіне түсірген сызбаларды талқылап жатқада сөйлейтін оқушы да топ мүшелерінің оргументтерін жинақтап сөйлеуге дайындалады. Бірінші кезеңде оқушылар әрі ойланып, әрі еске түсіріп, әрі жазып, өз ойларын саралап, өзге оқушылардың пікірін тыңдап, білімін кеңейте түседі. Ортамен қарым қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, топта бір тұжырымға келуге, топ алдында өз ойын қорғай білуге, айта білуге үйретеді. Оқушылардың жазған пікірі басқа оқушылардың пікірін тыңдап толықтырып, топта сызба ретінде түсіргенде ойындағы негізгі қажеттігін жазады.

Білім саласындағы міндеттерді жүзеге асыру үшін, мектеп ұжымында әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерді сабақтарында енгізіп отырады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқыту мен тәрбиелеуге тың әдіс-тәсілдер енгізілді. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келеді. Кез-келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді.
Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Осы себептерге байланысты психикасы дамуы тежелген (ЕБҚ) балалардың оқу үлгерімі төмен болады. Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі жеті – сегіз жастан анық байқалады. Оның негізгі белгілері: сабаққа белсенділігі байқалмайды, берілген тапсырмаларды үлкендердің көмегінсіз дұрыс орындай алмайды, сыныптастарымен аз араласады, өз ойын ашық айта алмайды, оқу мен жазу, есептеулерде көп қателер жібереді, тез шаршағыш, зейіні тұрақсыз болады өз өзін төмен бағалауы; қоршаған ортаға сенбеушілікпен қарауы; өз күшіне деген сенімсіздігі.
ЕБҚ балаларды оқыту барысында әдістемелік нұсқауларды дұрыс және жоғары деңгейде ұйымдастырып, төмендегі жұмыс түрлеріне көңіл бөлу керек:

– оқыту кезінде әр баламен жеке жұмыс жүргізу;
♦ Түрліше әдіс, тәсілдермен қажудың алдын алу, яғни, ақыл – ой мен тәжірибелік жұмыстарды алмастырып отыру;
♦ Қызықты және әсемделген дидактикалық заттарды дайындау, көрнекіліктің түрліше әдіс тәсілдерін қолдану;
♦ Баланың білім алу іскерлігін барынша белсенді етіп, олардың сөйлеуін дамытатын және оқу іскерлігіне қажетті дағдыны қалыптастыру әдістерін қолдану;
♦ Дайындық (оқу бағдарламаның нақты бір бөлігін меңгеруге) жұмыстарын жүргізу және қоршаған орта жайлы білімдерін кеңейтуді қамтамасыз ету;
♦ Оқуда және оқудан тыс кездерде баланың барлық іскерлігінің түрін дер кезінде, қажетті жағдайға сәйкес үздіксіз түзетілуіне көңіл аудару.

Сондықтан психикалық дамуы тежелген оқушының рухани өсуіне, функционалдық сауаттылығын дамытуға жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын педагогтар ғана бүгінгі қоғамның мүддесі мен әр баланың үрдісінен шыға алады. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, жеке тұлғаны тек қана педагог қалыптастыра алады.

Олар әр уақытта нәтижеге жету үшін бақылаудан тыс қалмауы қажет. Сонымен бірге әр баланың физиологиялық, психологиялық жас ерекшеліктерін ескеріп отыру қажет. Олардың ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып, балаларды мүмкіндіктеріне қарай дамыту, оларға сеніммен қарап, жеке тұлға ретінде өмірге бейімдеу, оқытудың тиімді тәсілдерін іздестіру, пәнге қызығушылығын, функционалдық сауттылығын арттыру мақсатында түрлі жұмыстар атқарылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Е.Имангалиев Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары, 2016ж
2.Е.Очкур,Р.Жумабаева «Биология» әдістемелік нұсқау, Алматы, мектеп, 2017ж

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Утегенова Гаухар Урынбасаровна
Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, №7 Хромтау мектеп-гимназиясы
ағылшын тілі пәні мұғалімі

Білім алушылардың функционалдық сауаттылық құзыреттілігін қалыптастыруда олардың назарын аудару үшін сабақ үдерісінде әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді ұйымдастыра білуі қажет. Сонымен қатар, қазіргі білім беру жүйесіндегі оқытудың белсенді тәсілдерін түрлендіре қолдану арқылы сапалы білімге қол жеткізе алады. Атап айтар болсақ, оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастыруда «Кезбе тілші», «Ашық микрафон», «ТВшоу» әдістерін пайдалансақ, ал олардың сыни ойлау дағдыларын жетілдіруде «Көшпелі бекет», «Ойлан, жұптас, бөліс!», «Авторға хат», «Эссе немесе еркін жазу», «Болжам кестесі», «Балық қаңқасы», «Кубизм» т.б. әдістерді қолдануға болады. Сонымен қатар «Автор орындығы», «Қарлы кесек», «Серпілген сауал», т.б. әдістерді қолдану арқылы оқушылардың өзіндік ойлау, өзіндік көзқарасы мен танымдық қабілетін қалыптастыру, өзіндік шешім

қабылдап, ой-түйін жасай білуге дағдылану, сыни ойлауға үйретуді жүзеге асыруға болады. Сондай-ақ, оқытудың бұл әдіс-тәсілдері арқылы оқушылардың өз бетінше жұмыс жасау әрекеті де қалыптасады. Өзіне деген сенімі артып, өзіндік іс-әрекетін бағалай алуға үйренеді. Білім беру мазмұнын жаңарту оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі емес әдістері мен түрлерін, сондай-ақ түрлі пәндерді кіріктіріп оқыту сабақтарын қолдануды талап етеді. Сол себепті де білім берудің жаңа технологиялары пайда болуда, олардың бірі – CLIL пәндік-тілдік кіріктіріп оқыту технологиясы. CLIL технологиялары шет тілін басқа пәндерді оқытуда оқудың қажетті құрал ретінде қарастырады. Яғни тілді үйрену кез келген пән саласы арқылы жүргізіледі, демек CLIL шет тілі сабағы емес, шет тілінде өтетін пән сабағы. Ұсынылып отырған мақала мақсаты – CLIL технологиясы негізінде жаратылыстану-математика бағытындағы (информатика, физика, химия, биология, жаратылыстану) пәндер мен ағылшын тілін кіріктіріп оқыту әдістемесін әзірлеу. Алайда, кез-келген жағдайда, барлық кіріктірілген сабақтардың типі ортақ болады. бұл сабақтар:

– оқу бағдарламасымен қарастырылған ұғымдарды, жаңа фактілерді оқушылардың меңгеруі бойынша жұмысты ұйымдастыруға бағытталған жаңа білім қалыптастыру;

– оқу бағдарламасына сәйкес оқушылардың бойында нақты біліктер мен дағдыларының қалыптастыруға бағытталған біліктер және дағдыларға үйрету;

– білімді тәжірибеде қолдана білу;

– оқу тоқсанының, жылының аяғында немесе бағдарламаның ірі тақырыптарын зерделеу барысында білімді тереңірек меңгеруге, қорытындылаудың және жүйелеудің жоғары деңгейіне бағытталған білімді қайталау, жүйелеу және жинақтау, біліктерді бекіту;

– білім, білік және дағдыларды кешенді, ауызша және жазбаша бақылауды жүзеге асыратын білімдер және біліктерді бақылау және тексеру сабақтарын іріктеу. Алайда кіріктіріп оқытудың мәні оқытуды ұйымдастырудың түрлерін дұрыс және педагогикаға негізделген таңдауға байланысты болады, ол білімдік, дамытушылық, тәрбиелік мүмкіндіктердің әрқайсысын терең және жан-жақты талдаумен қамтамасыз етеді. Басқаша айтқанда, кіріктірілген сабақтың келесідей заңдылықтарын қатаң сақтау қажет:

– сабақтың барлық кезеңі автордың түпкі ойына бағынышты;

– сабақ негізгі оймен (сабақтың өзегі) біріктіріледі;

– сабақ біртұтастықтан тұрады, сабақтың кезеңдері

– бұл тұтастың үзінділері немесе кезеңдері;

– сабақтың кезеңдері мен компоненттері логикалық-құрылымдылық тәуелділікте болады;

– сабақ үшін іріктеліп алынған дидактикалық материал сабақтың түпкі ойына сәйкес келеді.

9-класта «The Earth. The environmental problems» сабағымды биология, информатика пәндерімен кіріктіре өттім. EDMODO платформасындағы оқушылардың үй тапсырмаларының нәтижесі бойынша оқушылар білімдерінің динамикасын қарастырдым. Интербелсенді тақтада берілген сөздер бойынша қоршаған ортаның ластануы мен оны шешу жолдарына байланысты MINDMAP жасаттым: waste, green, zone, rubbish, take measures, litter, distruction, harmful substances, purifying system, recycling, gases, electric cars, forest fires, filters, chemicals.

Ал жаңа сабақты бекіту кезеңінде оқушылар ойларын жапырақтарға жазып ағашқа апарып жапсырды. 1. We mustn’t drop the litter 2. We mustn’t throw away the rubbish 3. We mustn’t cut the trees 4. We mustn’t leave campfire 5. We must recycle paper, tins, food and glass 6. We must sort our rubbish 7. We must always turn off water 8. We should put fibers on the chimneys of factories and plants 9. We should recycle used materials 10. We should plant more trees 11. We should stop nuclear tests 12. We should save energy.

Сонымен ойымды қорыта келе, білім беру жүйесін әлемдік деңгейге көтеру үшін жасалып жатқан әрбір бастама жарқын болашаққа бастаған игі бастама деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. — Астана: ҚР БжҒМ, — 5-б.

2.*Жұмаева Э.С.* Ағылшын тілін оқытудағы жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі. —Қызылорда: Санат, 2018. — 20–24-б.

3.*Қойшығұлова Л.* Ағылшын тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану // Ағылшын тілін оқыту әдістемелігі. —2019. — № 1. — 44, 45-б.

ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шляшева Алия Биржановна
Хромтау ауданы, "Акжар орта мектебы" КММ
Тарих пән мұғалімі

Қазіргі таңда жас ұрпаққа XXI ғасыр деңгейінде жан-жақты білім беру күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе болып отыр. Соның бірі оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту болып табылады. Тарих – мектептегі оқу пәні ретінде жалпы негізгі білім беретін барлық гуманитарлық және қоғамтанушылық курстардың негізін құрайды. Тарих ұлттық өзіндік сана-сезімді және адамгершілік-этикалық нормаларды қалыптастыра отырып, оқытудың дүниетанымдық негізін қалыптастырады. Тарихтың басқа пәндермен өзара байланысы талдау, жинақтау сияқты ортақ логикалық таным әдістерін қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, гуманитарлық циклдағы пәндермен байланысы картамен, мәтінмен жұмыс істеу, оқиғалар мен құбылыстардың ерекшеліктерін айқындау сияқты ортақ әдіс-тәсілдері негізінде іске асады. Тарихи білім берудің басты мақсаты мен міндеттері мынадай:

- оқушылардың адамзат қоғамының ежелгі заманынан бүгінгі күнге дейінгі даму тарихынан жүйелі білім негіздерін қалыптастыру;
- бүкіл адамзат жасаған құндылықтарды, мәдени тарихи тәжірибенің негізін оқытып, меңгерту;
- оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру, оларға адамзат жинаған әлеуметтік рухани, адамгершілік тәжірибесін меңгерту;
- оқушыларды өз халқы мен басқа халықтардың мәдениеті мен тарихын, бүкіл адамзаттың мәдени мұрасын сақтауға тәрбиелеу;
- оқушылардың бойында Қазақстандық патриотизм мен азаматтық сезімді қалыптастыру;
- эстетикалық, экономикалық тәрбие беру, діннің тарихтағы қызметін дұрыс түсіне білуге тәрбиелеу.

Осы міндеттер мен мақсаттарды орындау үшін қазіргі педагогиканың жаңалықтарын, оқу әдістемелік тәсілдің тиімді жолдарын таңдау, үздіксіз ізденіс пен білім сапасын жақсарту қажет. Тарихқа деген қызығушылығын арттыру үшін сапалы білім берудің тиімді жолдарын таңдау, тарихи және мәдени мұралармен таныстыру, қосымша элементтерді пайдалану мен тарихи деректерді оқып үйренуге дағдыландыру, баяндама, рефераттар, хабарлама жасату, өз бетінше оқып білім алып шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау сияқты жаңа

педагогикалық технологиялар мен инновациялық бағыттарды, әдістер мен тәсілдерді енгізу және т.б.

Оқушыларымның пән бойынша функционалдық сауаттылықтарын ашу сабақта тиімді болатын әртүрлі жаңа әдіс тәсілдерді қолданамын. Түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, сапалы білім, саналы тәрбие беруде сабақтың тиімді түрлерін қолданып келемін. Сабақтарымды блум таксономиясы негізінде құра отырып, жеті модульдің ықпалдасуына, оқушылар арасында тиісті психологиялық ахуалдың болуына, оқушылардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы мен дамуына ерекше назар аударамын. Өзім бұл тұста өзімді бағыттаушы көшбасшы ретінде сезінемін.

Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін және ізденушілік қабілеттерін дамыту мақсатында сабақ барысында СТОү және ОмОЖТ модульдерін сабақтың А,В,С кезеңдерінде қолдандым. Мысалы, сабақтың А кезеңінде үй жұмысын тексерген кезде *«Ыстық орындық», «Серпілген сауал», «Сұрақты ұстап ал»* стратегияларын қолдандым. Бұл стратегияларды қолданған кезде маған сынып ішінде зерттеушілік әңгімені жүргізу мүмкіндігі туындады. Өзім де оқушыларым да, жоғары және төмен деңгейдегі сұрақтарды орынды қолдануға үйрендік. Сабақта тілдік қарым-қатынас жұптық, топтық, ұжымдық жолмен жүзеге асырылды. Себебі бұл сабақ тақырыбының мәнін оқушылар диалог жүргізу негізінде меңгеріп, олардың тақырыпты түсінулеріне өз септігін тигізеді.

Оқушыларды топта жұмыс істеуге, бірлесіп жұмыс істеуге дағдыландыру және тақырыпты бірлесіп түсінуге жағдай жасау мақсатында мен сабақтарымда *«ЖИГСО», «Зигзаг», «Инсерт»* стратегияларын сабақтың кезеңінде қолданылды. Бұл стратегияларды қолданған кезде сынып ішіндегі талантты және дарынды оқушылардың жұмысы көрінді. Себебі бұл оқушылар сыныптастарына тақырыпты меңгеруге көмектесті. Дарынды және талантты балаларды оқыту үшін деңгейлі тапсырмалар (тест, «жоғары және төмен деңгейдегі сұрақтарды құрастыру»), эксперт тобын құрастыру, топты ұйымдастыру және басқару қарастырылған.

Сабақтардағы тапсырмаларды жоспарлаған кезде оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай оқытуды ескердім, осыған орай сабақтың С кезеңінде сабақта кері байланысты жасаған кезде оқушыларға «Досыңа смс жаз», «Табыстар баспалдығы», «Сұрақтары бар қорап» тапсырмалары ұсынылды.

Жоспарда оқу мен оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану модулін барлық сабақтарымда да сабақтың А кезеңінде тақырыпты ашқан кезде мысалы, *«Миға шабуыл», «Кластер», «Анаграмманы шешу»* тапсырмаларын берген кезде қолдандым. Соңғы сабағымда оқушылар тақырыпқа сай жұмбақтарды шешкен кезде интербелсенді тақтаға жұмбақтардың жауаптарын жазды.

Оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау модулін тиімді қолдана білдім. Сабақтың әр кезеңінде оқыту үшін бағалаудың *«Бағдаршам», «Бас бармақ», «Шапалақ», «Екі жұлдыз, бір тілек»* т.б. пайдалана отырып, оқушылардың тақырыпты қалай меңгергендіктерін анықтауға мүмкіндік берді. Критериалдық бағалау да сабақтарымда көрініс тапты.

Сабақтар барысында басқару және көшбасшылық модулін қолданған кезде талантты және дарынды оқушылардың топ жұмысын басқаруда, кейбір тапсырмаларды орындаған кезде бастаманы өз қолдарына алғандығы байқалды.

"…Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұлпарды есекке айналдырып құртып тынады" (Плутарх). Міне, ұстаз осындай келеңсіздікке жол бермеуі керек.

1. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту

Еш нәрсеге бейімділігі жоқ, қабілетсіз бала болмайтыны педагогикада дәлелденген. Мысалы, төрт жасар балалар көп сұрақ қояды және «қайда», «не», «кім», «неге», «қашан» сияқты көптеген сұрақтар пайдаланады. Олар бес сөзден тұратын сөйлемді пайдалана

алады және олардың 1500 сөзден тұратын сөздік қоры бар. Бес жасар балалар бағыныңқы бөліктері бар алты сөзден сөйлем құрай алады және 2000 сөз пайдаланады. Бірінші сынып оқушылары 6000 сөзге дейін пайдаланады, ал ересектер 25 000 сөз пайдаланады және 50 000 сөз біледі.

Жалпы шәкірт бойына білім нәрін сіңіруде ең бастысы оқушының жас ерекшеліктерін ескеру қажет. Топтық жұмыс немесе диалог барысында оқушының жас ерекшелігін ескере отырып жұмыстану – бұл мұғалімнің жан-жақты ойластырылған шеберлігін қажет етеді.

2. Білім берудегі басқару және көшбасшылық

Осы заманғы кез келген оқыту технологиясы оқу процесін ұйымдастыру кезеңінде технологияның бар мүмкіндіктерін үнемі шығармашылықпен пайдалану қажеттілігіне көңіл аударуда. Оқыту технологиясын оқыту процесін ұйымдастыру, басқару және бақылау деп түсіну керек. Алайда, әр мұғалімнің оң нәтижеге қол жеткізудегі мақсаты – заман талабына сай білімді, білікті, дүниетанымы кең, шығармашылық қабілеті дамыған жеке тұлға қалыптастыра алуы қажет.

Мақсат негізіндегі міндеттері:

- жас ұрпақтың қабілеті мен талантын ашу;
- шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру;
- өз алдына мақсат қою арқылы оны жүзеге асыра білу;
- өз әрекетінің нәтижелерін бағалай білуі.

Мұғалімнің көшбасшылық қабілеті ең бірінші сабаққа даярлықтан басталады, яғни, өтілетін сабақтың жоспарын құру, оны өткізу әдістемесі болып табылады.

Менің ойымша, болашақта тізбектелген сабақтар топтамасының орта мерзімді жоспарын құрастырған кезде сынып ішіндегі оқу үлгерімі А деңгейіндегі оқушылармен жұмыс істеуге баса назар аудару қажет.

Сондай-ақ интерактивті тақта мүмкіндіктерін пайдалана отырып өткізген сабақтар мұғалімнің оқу процесінде уақытын үнемдей отырып, оқушыларға көптеген ақпараттарды беруге көмектеседі. Интербелсенді тақтаның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Ол үшін мұғалім өткізетін сабағының түрін дұрыс таңдап, шығармашылық деңгейге жеткізетіндей технологияларды қолдану арқылы сабақты қызықты өткізуі керек. (флипчарт қорларынан үзінді көрсету)

Сабақ жоспарын құрғанда интербелсенді тақтаның төмендегідей мүмкіндіктерін қолданамын:

* сандықша
* тікесінен қозғалу
* сиқырлы өшіргіш
* сиқырлы лупа
* флипчарттарға, презентацияларға, файлдарға, бейнетаспа және дыбыстарға сітемелер қою
* флипчарттар жазу
* берілген материалды терең бекіту мақсатында сабақта Activote құралын пайдаланамын.

Сабақтарды интербелсенді тақтаның мүмкіндіктерін пайдалана отырып түрлендіріп өткізген сабақтар арқасында мен көп жетістіктерге жеттім. Ең бастысы – оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артты. 5-7 сынып оқушылар мектепішілік, интернет олимпиадаларға белсене қатысып, сертификаттар иеленді. "Тылсымға толы Сарыарқа" бағдарламасына қызығушылық танытып, мектепішілік жобалар байқауына қатысты. Сондай-ақ сыныптардың білім сапасының көтерілуіне септігін тигізді.

Қорыта айтқанда, тарих сабағында өзім қолданып жүрген интерактивті оқыту технологиясы -білім берудің болашақ көкжиегін кеңейтетініне сенімім зор демекпін.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.«ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдаламасы» 2020ж.

2.Тұрғынбаева. Б. А .Ұстаздық шығармашылық. Алматы. 2017ж

«МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТАБИҒАТПЕН ТАНЫСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ»

Макатова Гульсум Абусаматовна, Казахова Аслима Максатовна
мектепалды даярлық топ тәрбиешілері
Ақтөбе қаласы, №52 «Құлагер» балабақшасы

Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды табиғатпен таныстыру жұмысы көбінесе серуен арқылы жүзеге асырылады. Серуен ұзақ уақытқа созылатын табиғат құбылыстары туралы түсініктердің жинақталуына мүмкіндік береді. Тәрбиеші балаларды жыл мезгілдері бойынша күнделікті өзгерістермен (күннің ұзақтығы, ауа-райы, өсімдіктер мен жануарлар өміріндегі, адамдар еңбегі мен киімдеріндегі өзгерістерді т.б.) таныстырады, түрлі табиғи материалдармен (құммен,сазбен, сумен, мұзбен, жапырақтармен т.б.) ойындар ұйымдастырады. Балаларда сезгіштік тәжірибе жинақталады, білуге деген құштарлық, байқағыштық пайда болады. Серуен балаларға табиғатпен қарым-қатынаста қуаныш пен қанағаттану сезімін сыйлайды, оның сұлулығын сезінуіне көмектеседі.

Серуендер кезіндегі табиғаттың маусымдық өзгерістерін бақылауды өткізуде бағдарлама менжергілікті жер жағдайлары ескеріледі және алдын - ала жасалған жоспар бойынша таныстырылады.

Күнделікті өткізілетін серуендердің маңызы зор, атап айтатын болсақ:

- бала ағзасын шынықтырудың ең бастапқы және ең оңайға түсетін құралы болып табылады.

Серуенге шыққанда балалармен көбіне қимылды ойындар ойналатындықтан олар көп қозғалыста болады. Балалардың көп қозғалыста болуы оларда зат алмасу, қан айналым процестерінің дұрыс жұмыс жасауына көмектеседі және қимыл шеберлігі мен дағдысы қалыптасады;

- баланың ақыл-ой тәрбиесіне де әсер етеді. Аулада немесе көшеде болған кезде олар айналадан көптеген жаңа нәрсені (үлкендердің еңбегін, көліктер қозғалысын, көшеде жүру тәртібін, жыл мезгілдерінің ерекшеліктерімен танысу және т.б.) көреді және біледі;

- балаларда еңбек әрекетінің қалыптаса түсуіне де әсерін тигізеді. Гүлдерді отырғызу, суару, жерді қопсыту, құстарға жем шашу және т.б. әрекеттер балаларда еңбек әрекетін ғана емес, сонымен бірге табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятады;

- көркем әдебиетпен жұмыс жасау, өлеңдер жаттау, санамақтар айту, ойналатын түрлі ойындардың сөздерін жатқа, хормен айту т.б. жұмыстар арқылы балалардың сөйлеу тілін дамытуға мүмкіндік береді.

Серуеннің уақыты мен оның өткізілуіне қойылатын өзіндік талаптары бар:

- балабақшаның күн тәртібі бойынша күндізгі серуен оқу әрекетінен кейін, ал кешкі серуен күннің

II жартысында ұйымдастырылады;

- серуен кезінде (қимылды-қозғалыс ойындарын, бақылау, еңбекке баулу, көркем әдебиетпен жұмыс т.б.) ұйымдастыруға болады, бірақ ең бастысы – ойын болып табылады;
- қимылды ойынның түрі, ұзақтығы жыл мезгілдеріне байланысты таңдалынып алынады;
- серуен кезіндегі дидактикалық ойындар жүгіруден кейін тыныңу ретінде қолданылады;
- серуен кезіндегі тәрбиешінің балалармен бірге ойнауы үнемі болуы керек;
- серуенге шығар алдында балалардың жиі ойналатын ойындарына келісім жасалса, бұл балалардың қызығушылығын арттырады;
- балалармен ойналатын ойынды дұрыс ұйымдастыру және үнемі түрлендіріп отыру маңызды болып табылады;
- серуенге бөлінген уақыт қатаң сақталынуы тиіс;
- балаларды жан-жақты дамыту және әр түрлі әрекеттерді ұйымдастыру үшін педагогикалық және гигиеналық талаптарға сай жабдықталған, жоспарланған аула болуы керек;
- серуен кезінде баланың бос отырып қалмауын, көңілсіз болмауын, тоңып немесе ыстықта қалып қоймауын қадағалау керек.

Балаларды табиғатпен таныстырудағы ауқымды, күрделі әрі ерекше жұмыстардың бірі – экскурсия. Олар мектепке дейінгі ұйымнан тыс өткізіледі. Экскурсия - балалардың табиғижағдайларда (орманда, көгалда, бақшада, су қоймасында т.б.) табиғатпен танысатын оқу әрекеті. Жылдың әр түрлі маусымында белгілі бір орынға экскурсия жасаған дұрыс. Бұл балалардың табиғаттағы болып жатқан маусымдық өзгерістерді бақылауын оңайлатуға көмектеседі. Экскурсияға дайындалғанда, тәрбиеші экскурсия жасайтын жерге алдын-ала барып танысады. Мұнда ол бағдарлама талабына сай нені көрсетуге болады, жинап алынған әр түрлі заттар үшін өзімен бірге нені алу керек, бақылауды қалай ұйымдастырады, балаларға қандай сұрақтар мен тапсырмалар береді, қандай ойындар ойналады, қайда демалу керек деген мәселелерді алдын-ала ойластырады, жоспарлайды және шешеді. Балаларға қайда баратынын, нені бақылайтынын, өсімдіктер мен

жануарды жинау және алып жүру үшін өзімен бірге нені алу керектігін, қалай киіну керектігін күні бұрын хабарлайды. Тәрбиеші экскурсияға алдын-ала дайындық жұмыстарын жүргізеді. Балалар экскурсия топта өтпейтін оқу іс-әрекеті екенін білгені дұрыс, сондықтан экскурсияда тәртіптілік пен ұқыптылық маңызды болып саналады. Экскурсияға дайындық кезінде тәрбиеші мыналарды ескеруі керек:

- көшеде жүру қауіпсіздік ережелерін балалардың естеріне түсіру;
- балалардың киетін киімдеріне назар аудару (балалар киімі ыңғайлы, ауа-райына сәйкес болуышарт);
- балалардың экскурсия кезінде жинаған табиғи материалдарына арналған құрал-жабдықтарды дайындау және оған балаларды тарту (бұл балалардың алда тұрған экскурсияға деген арттырады).

Экскурсияның барлық құрал-жабдықтары белгілі бір орында тұруы керек. Қандай материал жинайтынын, соған байланысты қандай құралдар алатынын тәрбиеші экскурсиядан бұрын ұқыптылықпен ойластыруы керек. Егер тәрбиеші ауыл шаруашылық экскурсиясын ұйымдастыратын болса, егістікте (тұқым себу немесе егін орағы кезінде), жайылымда (шөп шабу, мал өрісі), бақ пен бақшада, фермаларда, ботаникалық бақта, жылыжайларда және т.б. өткізуі мүмкін. Мұндай орындарға жасалған экскурсиялар адамдар әрекетінің табиғатқа әсер етуін, өсімдіктерді қалай өсіріп жатқанын өз көзімен көруіне мүмкіндік береді және ең бастысы адамдардың еңбегімен танысады. Ауыл шаруашылық экскурсияларының көптүрлілігі балалардың адамдар еңбегін де, табиғатты да бақылауына мүмкіндік береді. Адамдар қалай және қандай машинамен, қандай мақсатпен жасап жатқанын, адамдардың еңбекке деген қарым-қатынасын, еңбектерінің нәтижесін балаларға көрсету аса маңызды. Ауыл шаруашылық нысандарына экскурсия жасау балалардың бақылауға деген

қызығушылықтарын ояту үшін алдын-ала әңгімелесуден басталады. Экскурсия барысында ересектердің көмегімен кейбір әрекеттерді орындауына мүмкіндік болса, бұл одан әрі маңызды бола түседі. Ауыл шаруашылық экскурсияларына дайындық кезінде тәрбиеші нысанмен танысады,экскурсия өткізуге рұқсат алады, нысанда болу уақытымен, балаларды еңбекке қатысуы туралы келіседі, жұмысшылармен әңгіме өткізудің мазмұнын анықтайды. Экскурсиядан алынған білім оқу ісәрекетінде, ойында, табиғат бұрышы үшін экскурсиядан әкелінгендерді бақылауда кеңейтіледі және бекітіледі. Тәрбиеші экскурсиядан келген бойда жинап әкелінген заттарды бірден табиғат бұрышына орналастыру (гүл болса құмыраға салу немесе отырғызу, жануарлар болса аквариумге, террариумге немесе баққа жіберу т.б.) жұмыстарын жүргізеді. Экскурсиядан кейін 2-3 күн өткен соң тәрбиеші табиғи материалдарды пайдалана отырып, сурет салу, мүсіндеу, дидактикалық ойындар өткізеді, көркем шығармалар оқиды және балалардың экскурсиядан көргендері бойынша әңгімелерін тыңдайды.

Табиғат бұрышы - мектепке дейінгі балаларды табиғатпен көрнекті және әрекетті түрде таныстырудың ең қажетті жағдайларының бірі болып табылады. Экскурсияларда немесе бөлмедегі оқу іс-әрекеті кезіндегі бақылау ұзақ болмайды. Ал, тірі табиғат бұрышында балалар күн ұзаққа жануарлар

мен өсімдіктерге жақын барып, оларды қарай алады, ұзақ уақыт бақылау жасайды. Балалардың табиғат туралы нақтылы білімі молаяды. Табиғат нысандарымен танысқан кезде олардың бақылағыштығы, табиғатқа деген қызығушылығы арта түседі. Табиғат бұрышы мекендеушілерін күтіп -баптаған кезде еңбекке бейімделу, еңбек сүйгіштік, табиғатқа деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сияқты сапалы қасиеттері қалыптаса түседі.

Әрбір мектепке дейінгі ұйымның жыл мезгілінің барлық уақыттарында ойындар мен серуендер өткізуге арналған жер учаскесі болады. Жер учаскесінде топтық алаңшалар, жалпы дене шынықтыру алаңы, бау-бақша алаңы, шаруашылық алаңы және көгалдандыру алаңы болады. Дұрыс ұйымдастырылған және жақсы көгалдандырылған учаске - балалар бақшаларындағы оқу-тәрбие міндеттерін іске асырудағы ең қажетті база болып табылады. Жер учаскесінде еңбекті ұйымдастыру жұмыстың түріне, балалардың жасына және жыл мезгілдеріне байланысты. Жер учаскесіндегі

жұмысты топтағы барлық балалармен немесе шағын топпен жүргізуге болады. Ересек топтан бастап балаларды жер учаскесіндегі гүлзарларға кезекшілікке қоюға болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Веретенникова С.А., «Мектеп жасына дейінгі балаларды табиғатпен таныстыру»
2. Саморукова П.Г., «Методика ознакомления с природой в детском саду»
3. Рыжова Н.А. «Экологическое образование в детском саду». М.: Карапуз-Дидактика, 2004

«БАЛАБАҚША – БАҚЫТ БАСПАЛДАҒЫ»

Серікбек Зәуреш Серікбекқызы, Мейрамбай Ақнұр
МКҚК №52 «Құлагер», балабақшасының тәрбиешілері

Еліміздің өркендеуі мен гүлденуі-болашақ ұрпақ қолында. Бүгінгі күннің айдарындағы басты мәселе бала тәрбиесі. Бала тәрбиесі тәрбие жұмыстарында ғана емес, тәлім, таныс үрдістерінде жүзеге асады. Тәрбие мен білім өмір жолындағы үзіліссіз процесс.Егемен еліміздің ертеңіне өз үлесімізді қосқымыз келсе, балабақшадан бастау алып, бала бойына танымдық қабілет дарыту міндетіміз.Қай ғасырда болсын ұлт өнерін өркендетуші сапалы,

салауатты, парасатты ұрпақ тәрбиелеу-қоғам алдында әрбір тәрбиеші ұстаздың басты міндеті болып саналады.

Адам бойында ең тамаша қасиеттер балалық шағынан қалыптасады. Ұрпағым өнегелі, жақсы азамат болып өсіп жетілсін десек, ең алдымен бесігінді түзе – деген ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың сөзі тегін емес. Тірбиенің әліппесі баланың белі бесіктен шықпай жатып ана сүтімен сіңіріліп, ұлттық өнегенің ең асыл, ең нәрлі қасиеттері сол сәби шақтарынан-ақ үлгі етіп тартыла басталуы керек.Балалабақшада берілген тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы әрі жан – жақты тәрбиемен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын.

Балабақша – білім мен ортаға биімделудің тірегі, бастамасы десек, ал тәрбиеші – сол балабақшаның жүрегі, яғни олардың қолында баланың тағдыры тұрады. Біздің мамандығымыздың қыры да, сыры да сол – күн сайын көз алдымызда өсіп, дамып келе жатқан жас ұрпақпен жұмыс істеу. Өмірге келген әрбір нәресте отбасында ата-анасынан бастап барлық туған туыстардың махаббаты мен жылулық шапағатына бөленіп өседі.Әр отбасында тәлім – тәрбие алып 2 жасқа толғанда ата-аналар жүректерінің бір-бөлшегін сеніп толықтай бір күнге балабақша әкеліп тапсырады.Сол орайда ананың орнына ана бола білетін ол-балабақша тәрбиешісі. Балабақша баланың өмірге аттаған алғашқы қадамы. Басқан алғашқы қадамынан баланың болашағы қаланады. Әрбір кішкентай ғана бүлдіршінді өмірге енді аяқ басқан сәтте көңілінің кілтін тауып, олардың тұлға болып қалыптасуына сүбелі үлес қосатын алтын ұя. Аса сабырлықты, шыдамдылықты, жылулықты қажет ететін үлкен кәсіп иелері жұмыс атқарады. Өйткені бұл мамандық иелерінің мойнына, ешнәрседен хабары жоқ, мыңдаған тарыдай ғана бүлдіршіндердің бойына білім нәрін сеуіп, тәрбие ұрығын егіп, таудай азамат етіп шығару міндеті жүктелген.

Отбасында еркелеп, өз дегенін, қалауын орындатып қоятын ерке балалар да жоқ емес. Бір үйдің кенжесі, бірі тұла бойы тұңғышы. Бірақ, балаларға бірдей тәрбие беріп, бірыңғай тәртіпке баулитын орта-тағы да балабақша.

Бақшадағы оқу қызметері бес сала бойынша іске асып барлығы ойын түрінде балалар бойына білім нәрін сусындатады. Тілін дамытып ортаға биімдеп қарым-қатынасқа икемдейді, Қарапаайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру арқылы оң мен солын,ұзын қысқа үлкен кішісін ажыратуға,жапсыру, мүсіндеу,суретсалу арқылы шығармашылығы дамып, түрлі ойындар арқылы әлеуметтік ортаға бейімдейді, қоршаған ортада табиғат құбылыстарымен жақынырақ танысады. Өздері түрлі рөлдерді сомдай отырып, салмақтауды үйренеді, сонымен бірге шынығып, салауатты өмір салтын ұстап өсуі жолында да берілетін осы балабақша жұмысының еңбегі ұшан теңіз. Тәрбиеші балаларға білім беру үшін баланың іс-әрекеті ойын арқылы ойлау дағдыларын, таным белсенділігін арттырып, көздеген мақсатқа жеткізуші. Қиыны мен жеңілі, қызығы мен қуанышы мол болған еңбек жолындағы педагогикалық ұстанымым -үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр баланың бойынан жақсылық тауып, бұлақтың көзін ашу арқылы биік мақсаттарға жетелеу. Бақшаны-бала бағбандарының мекені деп тани отырып, балабақшаны-болашақтың қақпасына деп білуіміз керек.

Болашақтың қақпасы-әрбір бақша табалдырығын аттаған бүлдіршіндердің қадамдарында ертеңге деген нық сенім, жүректерінде патриоттық сезімдері жалындаған ұлт ұрпағын тәрбиелейтін білім мен тәрбие беретін алтын қақпа болуы тиіс. Қазіргі заман талабына сай өнерлі, шығармашылыққа бай, жан-жақты дамыған, өздерінің жағымды жақтарын көрсете білетін, өз ойларын ашық айтатын ұрпақ тәрбиелей отырып, мәңгілік ел болып қалыптасудың алғашқы қадамдары деп білемін. Салыстырмалы түрде сөйлейтін болсақ, кімнің пікірімен бөліссек те бақшаға барған баламен, бақшаға бармаған баланың арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Қай жағынан болмасын –адамдармен қарым-қатынас жасағанда да, сөйлеу мәнерлерінде де, өз ойларын жеткізе білуде де тағысын сол сияқты көптеген құбылыстарда да айырмашылықты байқап жатамыз. Ата-ана балаларын

балабақшаға берместен бұрын «ол жерде балам не үйреніп шығады, тәрбиеші қандай болады екен?»- деген сұрақтар мазалайтыны түсінікті. Сондықтан да бақша-тек балаға бас көз болып қарайтын, осы еңбектері үшін мемлекеттен жалақы алатын адамдардың жұмыс орны деп қарамау керек. Керісінше, бақша менің балама білмегенді үйретіп, жақсыны беріп, жаманнан жирендіретін, білімді де білікті мамандардың ордасы деп білуі керек. Сонымен бірге балаларын өздерінен де асқан жауапкершілікпен бала тәрбиесіне мән беретін –сенімді.

Қазіргі заманда әр отбасында дүниеге келген сәбиді, өсіп жатқан буынды өзінің ана тілімен сөйлету-ұлттық қасиетіміздің дамуының бірден бір жолы. Мектепке дейінгі тәрбие саласында ұлттық тәрбиенің негізгі міндеттерінің бірі-халқымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерін ана тілінде түрлендіріп, сол арқылы баланың тілін дамыту. Әрбір бөбектің өз ана тілінде тілі шығып, осы тілде ойлау қабілетінің дамуы-ұлттық мінез-құлықтың қалыптасу жолы. Ана тілінің қадір-қасиетін жастайынан түсініп өскен баланың жақсылыққа жаны құмар, таза, пәк, инабатты, биязы болып өсетініне өмір тәжірибесі куә.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан, алдымызға келген әр бір бүлдіршінге балабақшадан бастап тәлім-тәрбие беріп ұлтжандылыққа тәрбиелейік. Балабақша бақыттың ең бірінші баспалдағы, баланың болашағы.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Жумагалеева Гулдана Аскаровна
Хромтау ауданы, Көктау ауылы, «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы

“Дұрыс жолға қойылған дене шынықтыру ойындары оқу-білім алуға бөгет емес, қайта бойды сергітіп, ойыңа жәрдем ететін нәрсе”.

Ғабит Мүсірепов

Қазіргі кезде қоғамның өміріндегі түбірлі өзгерістерге байланысты білім жүйесінде оның мазмұны мен оқыту технологиясында да өзгерістер болып жатыр.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың еліміздің халқына жолдауында рухани байлықтың, денсаулықтың қажеттілігін айтқанындай, жас ұрпақтың бойына тазалық пен сергектікті, салауатты өмір құндылықтарын енгізу − біздің міндетіміз. Сондықтан бала денсаулығын нығайтып, психологиялық сақтандыруды жүзеге асыру және оның насихаттау шараларын белсендірек жүргізу балабақшадан басталғаны абзал.

Мақсаты: Балалар денсаулық сақтауға және нығайтуға арналған іс-шараларды жүзеге асыру. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің жұмыс белсенділіктерін сақтау. Салауатты өмір салты туралы біліммен дағдыны қалыптастыру. Алған білімдерін күнделікті пайдалана білуге үйрету.

Денсаулық болу үшін төрт бірдей шарт қажет:

1 шарт: Еңбек

2 шарт: Жүйелі тамақтану

3 шарт: Салмақтың тұрақтылығы

4 шарт: Шынығу

Жеке тұлғаның дамуы үшін мектепке дейінгі кезең ең қолайлы кезеңі болып саналады, себебі оқу-тәрбие үрдісін салауаттандыру мақсатын жүзеге асыруда, балалардың жеке психологиялық, физиологиялық денсаулықтарын сақтауды ескеру аса маңызды.

Мықты денсаулықтың, дененің дұрыс жетілуінің, жоғары жұмыс қабілетінің негізі нақ осы мектеп жасына дейінгі балалық шақта қаланады, қозғалыс қызметінің қалыптасуы, сондай-ақ дене қасиеттерінің бастапқы тәрбиесі де осы жылдарда өтеді.

Дені сау бала тіпті қарап отыра алмайды. Бірақ, бала не істеуді, қалай істеуді білмейді. Сондықтан ол ересек адамдардан өнеге алады. Баланы өз күшіне сендіріп үйрету керек. “Қолыңнан түк келмейді” дей берсең, бала жасқаншақ, жасық болып қалады. Бала еш уақытта іссіз отыра алмайтын болғандықтан оған ылғи пайдалы іс беріп отыру керек. Пайдалы іспен айналысқан бала өз бетімен жат қылықтарға әдеттенбейді.

Қимыл-қозғалысын дамытып, қозғалмалы ойындар ойнатып, күн тәртібінде көрсетілген серуен, ойын, тамақ, оқу іс-әрекет, ұйқы кезеңдерін мүлтіксіз орындау керек.

Сонымен қатар бала тамағының жақсы болуы, құндылығының артуы міндеттердің бірі болып есептеледі. Бала ағзасының таза әрі денсаулығының жақсы болуы тамақтануға, күнделікті қолданатын тамақ құрамында қажетті дәрумендердің көп болуына, тамақ түрлеріне байланысты. Бала ағзасы өскен сайын өз қажетінше дәрумендер алуы қажет.

Балаларымыздың дені сау болып өссін десек, біз бала тәрбиесінде серуенге аса мән беруіміз керек. Таза ауадағы серуен баланың денсаулығын жақсартып, денесін шынықтырады. Даладағы серуен баланың ширақ қимылдап, жан-жақты дамуына көмектеседі. Жаз айларында барлық сауықтыру шараларын далада таза ауада өткізген жөн. Баланы жылдың қандай ауа райы болсын серуенге шығарған абзал. Ауладағы құрал-жабдықтар, ойын әрекетіне арналған ойыншықтар баланың жасына сай болуы керек.Дені сау ішкі жан дүниесі сау адам − бақытты адам, ол өзін өте жақсы сезінеді, өзін-өзі одан әрі жетілдіруге, дамыта түсуге тырысады, жан дүниесінің сұлулығын аша біледі.

Біздің балабақшада кез-келген іс-шаралар ата-аналардың қатысуымен жүзеге асады. Мектеп жасына дейінгі балалар өздерінің іс-әрекеттеріне ата-аналарының қатысқанын ұнатады. Ойын − баланың еңбегі, сондықтан өз еңбегінің жемісіне ата-аналарының қатысып, бірге бөліскені бала үшін үлкен қуаныш. Сонымен қатар жазғы сауықтыру кезеңдегі ұйымдастырылған серуен, саяхаттарға бірге барып, өз көмектерін береді.

Әрбір ата-ана өз баласының денсаулығы мықты, қайратты азамат болып өсуін қалайды. Сондықтан мектеп жасына дейінгі бала денсаулықтарын нығайтып, психологиялық сақтандыруды жүзеге асыруда балабақша мен отбасы бірлесіп жұмыстану қажет.

Күтілетін нәтиже:

-Балалардың дене сымбаты сақталады

-Денсаулық ең басты құндылық екенін түсінеді

-Баланың бағдарламаны игеру деңгейі өседі

-Көңіл-күйлері көтеріліп, қызығушылық қабілеттері артады

-Санасында өмірге деген құлшыныс, өзгені сыйлау сияқты адамгершілік қасиеттері дамиды

-Үлкендер және өз қатарындағы құрбылармен іскерліктері шыңдалады

-«Өз денсаулығым өз қолымда» түсінігі қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:
1.Бала тәрбиесі 2014жыл
2.Отбасы және балабақша 2010жыл

БАЛАБАҚШАДАҒЫ МУЗЫКА САБАҒЫ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

Конысбаева Кулай Алмуратовна
Хромтау ауданы, Көктау ауылы, «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы

Балабақшадағы музыка сабағының теориялық маңызы мен балалардың шығармашылығын дамытудың маңызы зор. Басқа сабақтардан айырмашылығы – балалар жүрегінен ерекше орын алатындығы. Олар мектепке дейінгі тәрбие мен білімді жан-жақты алып, өзінше зерттеу жасай отырып, көркемдік-эстетикалықталғамдарын қалыптастырады. Теледидар мен ұялы телефон арқылы әр түрлі әуендерді естиді. Балабақшадағы музыка сабағы – оларға өз қабілеттерін шыңдауға зор мүмкіндік береді. Мысалы, музыка мұғалімінің назарына әдемі дауысы бар, ырғақты жақсы сезінетін бүлдіршіндер бірден түседі. Оларға ата-аналарының келісімі арқылы кішкентай кездерінен бастап вокалмен шұғылдануына болады. Сондай-ақ, топтық сабақтарда балалар музыкаға ілесіп, әннің ырғағына сай эмоцияларын көрсетіп, билеп, қол шапалақтап, көңілді отырады. Ертеңгіліктерде хормен ән айтып, алғашқы сахналарында өз өнерлерін көрсетеді. Дарынды, талантты балалар суырылып, көрермен көзайымына айналары сөзсіз. Тұйық, көп сөйлемейтін жуас балалар да ән айту арқылы басқа балардан қалыспай, бірте-бірте ашылады.

Жалпы, музыка сабағының балаларға берері өте көп. Шығармашылықтарын дамыту арқылы әрбір баланың болашағына зор мүмкіндіктер ашылуы мүмкін. Оларды қызықтыру үшін әр түрлі әдістер арқылы сабақтарды түрлендіріп өткізуге болады. Орындаушылық қабілеттері төмен балаларға музыканы қабылдауда ерекше назар аудару керек. Музыкаға деген сүйіспеншіліктің дамуы барысында, олардың «өнер» әлеміне деген қадамдары басталады. Әдемі, әсерлі музыканы тыңдап, би билеп, сурет салып немесе тағы да басқа қырлары ашылуы мүмкін. Музыка әлеміне бойлау арқылы олардың адамгершілік қасиеттері, ұйымшылдықтары артады, эстетикалық талғамы қалыптасады. Даму ерекшеліктеріне

байланысты дикциясы нашар және тұтығатын балаларға ән айту өте пайдалы. Сонымен қатар, тыңдау арқылы ұлттық әндер мен күйлерді ажырату мүмкіндігі дамиды.

Музыка – адам өмірінің барлық кезеңдерінде кездеседі. Бесік жырынан бастау алатын ұлттық музыкамыздың өзі де балаларға үлкен қазақы тәрбие береді. Сондықтан, балабақшадағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту арқылы – оларды болашақта жақсы адам болуға тәрбиелейтініміз сөзсіз.

Музыкалық тәрбие әдістері педагогтың баланы жалпы музыкалық-эстетикалық дамытуға бағытталған қимылдары ретінде анықталады. Ол әдістер ересек адам мен бала арасындағы белсенді іс-қимылға негізделіп құрылады. Бұл күрделі педагогикалық процессінде балалардың өз қажеттерін, ынта-талабы мен тәжірибесін ескере отырып, қызметін ұйымдастырушы үлкендер жетекші рөл атқарады. Бұл әдістер музыкаға эстетикалық көзқарасты, эмоциялық әсер алғыштықты, музыка қабылдағыштықты, оны бағалай білуді, бейнелі орындауды жетілдіруге бағытталған. Осының бәрі мектеп жасына дейінгі баланың жасына қарай өзгеріп отыратын жалпы музыкашылдығының әр түрлі сәттерінде кездеседі. Сонысына қарай тәрбие әдістерінің де өзгеріп отыруы тиіс.

Тәрбие әдістері алуан түрлі болып келеді: сендіру, үйрету, жаттықтыру. Олар нақты оқу міндеттеріне, музыкалық қызметтің әр түрінің сипатына, жағдайына т.б. байланысты. Өзімнің балабақшамда осы музыка арқылы балалардың өз Отанын сүйетін азаматтар болып өсуіне үлкен мән беремін. Күнделікті ұйымдастырылған оқу қызметі қызықты болып өту үшін, ұлттық аспаптар мен керекті құжаттарды пайдаланып отырамын. Мысалы: балаларды рөлдерге бөліп, музыкалық шығармаларды сахналауға үйретемін.

Музыкалық сабақтар оқу және шығармашылық тапсырмаларды орындауға арналған. Балалар орындау дағыдаларын игере бастайды және өздерінің құпиясыз әуендерін шығара бастайды, ал түрлі билерді орындағанда түрлі би қимылдарын, музыкалық ойын кейіпкерлерінің өздерінше беруге талпынады. Баланың жеке басын жан-жақты дамыту эстетикалық тәрбиенің адамгершілік, ақыл-ой, дене тәрбиесімен өзара тығыз байланысу арқасында қамтамасыз етеді. Музыкалық оқу қызметінде таным мен ақыл-ой іс-әрекеттері де жетіледі. Балалардың музыкалық іс-әрекетке деген ынтасын бір қалыпты ұстау үшін құралдардың құрамын жаңартып отыру қажет. Бұл балалардың белсенділігін арттыра отырып, музыкалық іс-әрекетін түрлендіруге мүмкіндік береді. Нәтижесінде олардың өзіндік іс-әрекеттерінің деңгейі өсіп, музыкалық қабілеттері дамиды, музыка туралы білімі кеңейеді. Балабақшадағы музыкалық іс-әрекет балаларға белгілі бір білімді түсіндіреді, қажетті іскерлікті, дағдыны меңгереді, музыкалық әсерлерін жинақтайды. Бұл музыкалық оқу іс-әрекеттер мерекелердің және көңіл көтерудің дұрыс ұйымдастырылуының, сондай-ақ, тәрбиешілер балалардың өзіндік музыкалық іс-әрекетін басқаруының арқасында жүзеге асырылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды ән айтуға үйреткенде алдымен әр баланың дауыс диапазонын анықтап алу керек және балалардың көпшілігі өзінің дауысын еркін меңгеруі үшін оны жүйелі түрде жетілдіре түсуге ұмтылу керек. Балалардың ересектердің тым дауыстап ән айтуына еліктемей, әнді қиналмай айтып, еркін сөйлеуін үнемі қадағалап, ата-аналарға балалар жанында айқайлап ән айтып, қатты дауыспен сөйлеудің зияндылығын түсіндіріп, балалардың суық және дымқыл ауа райы жағдайында көшеде өлең айтуына рұқсат етпеулерін ескерткен жөн. Осы тұрғыдан алғанда, музыкалық тәлім-тәрбиеге байланысты педагогикалық және қоғамдық іс-әрекеттің түрлі жақтарын қарастыруы оның зерттеу мақсаты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Музыкалық тәрбие беру әдістері.Алматы .1995жыл
2.Музыка әлемінде №2-3 2010жыл

ТІЛ КЕМІСТІГІ БАР БАЛАНЫҢ ТІЛІН ТҮЗЕТУДЕГІ ҰСАҚ ҚОЛ МОТОРИКАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Сартаева Айман Алдабергеновна
Хромтау ауданы, Көктау ауылы, «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы

В.А.Сухомлинский «балалардың қабілеттері мен дарындылығының бұлағы – олардың саусақ ұшында. Неғұрлым бала қолының қозғалысында ширақтылық болса, соғұрлым қолының еңбек қаруымен өзара іс-қимылы жіңішкерек болады, бала ақыл-ойының шығармашылық сұрапылдығы көрнекті болады. Ал бала қолында шеберлік көбірек болса, бала ақылды болады...» деп жазған.

Мектепке дейінгі кезеңде баланың сөйлеу тілі қалыптасады. Бұл кезеңде ағзаның барлық бөліктері және жүйелері қарқынды дамып, баланың қалыпты дене және ой дамуына қажетті қозғалыстағы таным іскерлігі қалыптасады. Соңғы кезде балалар арасында сөйлеу тілінің бұзылуы жиі кездесетін құбылысқа айналып барады. Сөйлеу тілі бұзылған баланың белсенді қозғалуына жетіспеушіліктер, соның ішінде саусақтың ұсақ моторикаларында ауытқушылықтар байқалады.

Мектепке дейінгі кезеңде қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл-қозғалыстарын дамыту жұмыстары маңызды болып табылады. Адамның бас миындағы тілдің моторлы орталықтары жақын орналасқан. Сондықтан ұсақ қол моторикасын дамыта отырып, адамның ішкі ағзасына ықпал етеміз. Баланың сөйлеу тілін жетілдіруде саусақтарды жаттықтыра отырып бас миының жұмыс істеу қабілетіне күшті ықпал етеміз.

Балалардың тіл дамуы саусақтың қозғалуына байланысты, баланың жасына сай болу керек, баланың тіл дамуы жіңішке қол арқылы дамиды. Ұсақ қол моторикасы баланың дамуына, оқуына өте маңызды.Мектепке дейінгі мекемеде, жазу емес, жазуға дайындықтың маңызы зор. Қол моторикасын арттыруға арналған ойындар мен жаттығулар баланың тілінің дамуына да әсерін тигізеді. Тіл дамыту жұмысы қол арқылы жүру тиіс.

Саусақ жаттығулары қарапайымнан күрделіге қарай ойысады. Егер оларды жинақтасақ: қолға арналған гимнастика, саусақ гимнастикасы, саусақ ойындары мен жаттығулары, массаждар. Саусақ гимнастикасын күн сайын 3-5 минуттан жеке және топпен өткізуге болады. Егер бала қимылдарды өз бетімен орындауға қиналса, онда ол жаттығуды жеке сабаққа қалдырып, пысықтауға болады. Жаттығу нәтижесінде бала саусақ қимылдарын өз бетімен және жеңіл орындайды. Ойын қимылдары әрдайым қызықты да тартымды болуы шарт, баланы мезі қылмауы керек.

Баланың ақыл-ойын, танымдығын саусақтар арқылы дамытуға болатындығын біздің ата-бабаларымыз білген. Қазақтың фольклорында, салт-дәстүрінде бекер саусақ ойындарға көп көңіл бөлінбеген. Кең таралған «Қуыр-қуыр-қуырмаш» - деген санау өлеңі.

Саусақтарын шынықтыру арқылы баланың тек қимылын ғана арттырмай, оның ой қабілеттігін, қиял, ес процестерін де дамытуға болады. Оларды тақпақ, жаңылтпаш, жұмбақтармен бірге жүргізген жағдайда баланың қызығушылығы, сөйлеу процестері дамиды.

Саусақ ойындарын ойнатарда алдымен балаларға үй жануарларына қалай көмектесетіндігі, олар қай жерде тұратындығы туралы айтып беру керек. Содан кейін, үй жануарларды қол арқылы көрсетуге болады.

Кез келген тапсырманы оның қызығушылығын тудыратын ойын түрінде ұсынған дұрыс, және туындайтын жағымды эмоционалдық жағдай жұмыс жасау қабілетінің жақсаруына, психикалық тонусының жоғарлауына әсерін тигізеді. Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған әрбір сабақты қолдың білезігі мен саусақтарына өзіндік массаж жасаудың бөлшектерінен бастау керек. Массаж пассивті гимнастиканың түрі болып табылады. Оның

ықпалымен тері рецепторлары мен бұлшық еттерінде бас ми қыртысына жететін импульстер пайда болады.

Өзіндік массаж қолдың білезіктерін босату, сипалаумен басталып, аяқталады:

-қол білезігінің сыртқы жағына өзіндік массаж

-алақанға өзіндік массаж

-қол саусақтарына өзіндік массаж

Бір сабақта 5-6 жаттығу орындалуы қажет. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту бойыша жаттығулардың барлық кешенің шартты түрде үш құрылымға бөлуге болады:

1. Саусақтарға гимнастика. Саусақтарға арналған ойындар – бұл саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау. Жаттығулар әртүрлі деңгейде жүргізілуі мүмкін: еліктеуі, сөздік нұсқауы бойынша.

2. Әртүрлі заттарды пайдалану арқылы қолдың білезіктері мен саусақтарына арналған жаттығулар ұсынылады:

- Пирамида, мозаика, матрешка құрастыру.
- Қағазға түйме, жіп,замок әртүрлі ұзындықта жапсыру жұмысы.
- Тиындарды іріктеу.
- Жарманы жинау.
- Сіріңкемен жұмыс.
- Қағазбен жұмыс.
- Бау байлау.
- Жуан жіппен түйіншек жасау.
- Құммен, сумен ойнау.
- Саусағына жұқа сымды орау (жүзік немесе орам жасалады)
- Бұрандалы шегені, гайканы бұрау.
- Конструктор, кубиктер ойнау.
- Ауада сурет салу.
- Қолөнері.

Саусақтармен ойнау ата-аналарға балаларын қуантуға, сонымен қатар, сөйлеуі мен ұсақ моторикасын дамытуға мүмкіндік береді. Осындай ойынның нәтижесінде бала әртүрлі сенсорлық әсерлер алады. Мұндай ойындар балалармен, ересектермен мейірімді өзара қарым-қатынасты қалыптастырады. Ұсақ мотриканы дамыту жұмыстарын ерте сәбилік шақтан бастаған дұрыс. Омыраудағы баланың өзіне саусақтағы бас миымен байланысқан активті нүктелеріне әсер ете отырып массаж жасау керек. Ерте жаста және мектепке дейінгі кіші жаста қарапайым жаттығуларды жасауда өлеңмен, тақпақпен ұйқастырылған жаттығуларды пайдалану ұсынылады. Сонымен қатар өзіне -өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру: тиегін өзі салып, өзі ағыту, бауын байлау, т.б. Ал ересек топтағы балалар үшін ұсақ мотриканы дамыту және қолдың икемділігін арттыруға арналған жаттығулар мектепке дайындықтың яғни, жазу, сызуға үйренудің маңыздысы болып саналады.

Сонымен қатар жалпы тіл кемістігі бар баланың психологиялық процестері төмен болады. Таным процесстерін белсендіру-тіл кемістігі бар баланы психологиялық турғыдан түзету және дамыту жұмыстарының негізі. Ең алдымен тіл кемістігі бар балалар ортаға бейім болмайды, ортада өзін оқшау ұстағанды қалайды, тұйық, жасқаншақ немесе ашуланшақ болады, себебі сөзін жеткізе алмағанына ызаланады. Баланы ортаға бейімдемей онымен жұмыс жасау мүмкін емес. Сондықтан ортаға бейімдеу мен қарым- қатынас жұмыстары және таным процестері басты назарда. Тіл кемістігі бар балалардың мүмкіндіктерін жүзеге асыруда қолданылатын түрлі әдістер баланың физиологиялық ерекшелігін ескере отырып құрылған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Тіл кемістігі бар балалардың белсенді, толыққанды дамуына

құммен жұмыс өте қажет. Бұл материалды қандай пішінге келтірем десеңізде ол оңай көндіге кететін зат. Құм – керемет психотерапиялық материал. Құм терапиясын 3 жастан бастап әр жастағы тіл кемістігі бар балалармен өткізуге болады.

Педагогтар мен балалар психологының мақсаты:ата – аналарға ұсақ мотериканы дамыту ойындарының маңыздылығын ұғындыру. Баланы қызықтыруда және жаңа хабарларды игеруіне көмектесуде үйретуді ойынмен алмастыру, алға қойған мақсатына жетуін, тапсырманы орындауда қиындыққа кездессе мойымауына үйрете отырып, аз мөлшердегі жетістіктерін де бағалап, мадақтап қоюды да ұмытпауы керек.

Пайдалнылған әдебиеттер:

1.Мектепке дейінгі педагогика 2010жыл
2.Бала тәрбиесі 2011жыл

БАЛАЛАРДЫ КІТАП ОҚУҒА БАУЛУ

Сарсенгалиева Акмарал Сагинтаевна
Мұғалжар ауданы, Қаз ССР 30 жылдығы атындағы НОМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Бүгіндегі жастарға оқу міндет,
Тек қана оқуменен өнер білмек...
Жалғыз ғана оқуменен теңелмейсің,
Алты ауыз азғын болсаң қоян жүрек.
Сұлтанмахмұт Торайғыров

Оқушыларға сапалы білім беру, біліммен қоса тәрбие де беру кез келген ұстаздың басты міндеті. Өз мамандығына сүйіспеншілікпен қарайтын әр мұғалім тек ғана білім беріп қоймай, олардың ой өрісін дамыту үшін барын салады.

Бала кітап оқу арқылы уақытын тиімді пайдаланып ғана қоймай, адамгершілік, кішіпейілділік, қайырымдылық, шындық, адалдық, үлкендерді құрметтей білу сияқты асыл қасиеттерді бойына сіңіреді. Балалар кітапты көбірек оқу үшін олардың кітапқа махаббатын ашуымыз керек. Иә, қазіргі балалардың қызығушылығы компьютерлік ойындар мен смартфондарға байланған заманда оларды кітапқа қызықтыру оңай шаруа емес. Дегенмен, балаларға кітап әлемін сыйлауға қашан да бізге мүмкіндік бар. Бұл шаруаны бастау үшін ең алдымен ата-аналармен жұмыс жасағанымыз абзал. Балалар 1 жасқа толар толмастан бастап қазіргі ата-аналар қолына телефон ұстатады. Біз бұның орнын кітап ұстатумен алмастырсақ болады. Бала кітапқа бола уана қоймасы түсінікті жағдай. Бірақ, біз баланы жұбатамыз деп смартфон ұстатқан сайын жағдайды күрделендіреміз. Сол себепті, біз тәрбиені бала кішкентай кезінен-ақ бастауымыз қажет.

«Асыл арна» телеарнасының директоры, айтыскер-ақын Мұхаммеджан Тазабек «Баланды тәрбиелеп әуре болма, балаң бәрібір өзіне ұқсайды, алдымен өзіңді тәрбиеле» деген сөзді жиі айтады. Шынымен, ата-анасының күнде телефонға телміргенін көрген бала да телефонға қызықпай қайда барады?! Алдымен біз өзімізбен жұмыс жасап, өзіміз газет-журналдарды оқысақ, бала да бізден үлгі алатын еді.

Иә, кез келген кітапқа бала қызыға бермейді. Балаларға қандай материалдар қызық болатынын біз де ойластырып, оларға ұсынатын болсақ мақсатымызға біраз жақындаймыз. Мысалы, көбісі білетін «Айгөлек», «Балдырған», «Мөлдір бұлақ», «Ақ желкен» журналдарын

алып, оқып отырса, баланың білімі мен танымы талабына сай болады. Бұл журналдардардың безендірілуі, ішіндегі қызықты ақпараттары баланың құлшынысын арттырады деп санаймын.

Немістің ұлы ақыны Гете: «Көкірегі ашық адам оқи білуді үйренудің қаншалықты қиын екенін біледі, мен бұған сексен жыл өмірімді арнадым, бірақ әлі кітап оқуды толық үйрендім деп айта алмаймын» деген екен. Балаға кітап оқуды үйретудің алғы шарттары:

1. Кітаптың құдіретін ұғындыру. Оны жыртпауға, тік отырып оқуға үйрету. Авторының кім, не жайында, қай жылы, қайдан шыққаны туралы білуі шарт.

2. Кітапты түсінбей құр оқудан сақтандыру керек, талғап оқуға, оған көзқарасын білдіре алуға, қысқаша фабула жазуға үйрету. Фабула - баяндалатын оқиғалар желісінің қысқаша мазмұны.

3. Оқыған кітабының ішінде түсінбеген сөзді не мақал - мәтелдерді, не дәйек сөздерді теріп жазып алуға арнайы дәптер аштыру керек.

Кез келген баланың үлкен арманы, қиялы болады. Ұл балалар өскенде қымбат көлікпен жүргісі келеді, қыз бала бағалы киімдерді киіп, сұлу болып жүргісі келеді. Міне, осы балалардың арманы арқылы біз оларды кітап оқуға шақыра аламыз. Балаларға «Сен болашақта қымбат көлік жүргізгің келе ме? Ол үшін сен білімді болуың керек. Ал, білім ол – кітапта. Білімді болсаң, табысы жақсы жұмыс істейсің, табысын жоғары болса қымбат көлік алуға жағдайын болады» деп оларға мотивация беру арқылы кітап оқуға деген сүйіспеншілігін арттырамыз.

Бала уақытының тағы біраз бөлігі мектепте өтеді. Ал, мектепте балалар кітап оқитын орын – кітапхана. Кітапхана арқылы көптеген іс-шаралар, сайыстар жүргізіп, жеңімпаздарға сыйлықтар ұсынсақ балалар кітап оқуды бастайды. Мысалы, әр аптада бір кітап оқу үшін, кітапхана бір аптаны «Балалық шаққа саяхат» деп атайды. Осы апта бойы балалар Бердібек Соқпақбаевтың осы бір кітабын оқиды. Апта аяқталғанда осы кітап желісі бойынша тест өткізіп, болмаса викторина сияқты сайыс ұйымдастырып, жеңімпаздарды сыйлықтармен қуантамыз. Балалар жалықпас үшін сайыстың құрылымын өзгертіп тұрса болады. Осы аптада тест болса келесі апта ауызша өткізілуі керек.

Балаларды кітап оқуға шақырумен барлығымыз ұмтылуымыз қажет. Бұл тек кітапханашы мен мұғалімнің жұмысы емес. Ол ата-ананы, сынып жетекшіні де толғандыруы керек. Ұлы тұлғамыз Абайдың да осы дәрежеге жетуіне ансы Ұлжан мен әжесі Зеренің тигізген әсері мол. Абайға күн сайын анасы мен әжесінің ертегі, түрлі әңгімелер айтып беруі сияқты қазіргі әжелер мен аналар да балаларына кітап оқып берсе нұр үстіне нұр болар еді. Тіпті, уақытымыз жоқ деген күннің өзінде бала ұйықтар алдында 10-15 минут қысқа ертегі немесе әңгімені дауыстап оқып берсеңіз және бұл күнделікті қайталанса бала көргенін қайталайды ғой. Кейін оған да іні-қарындастарына кітап оқып беруді ұсыныңыз. Оқып болған соң бірге сол ертегіні талқылап, өз ойларын білдіретін болса оны тереңінен түсініп, есінде қалатын болады. Міне, осылайша барлығымыз жұмыла ат салысайық. Балалардың рухани байлығын, мәдениетін дамыту өз қолымызда.

Сөзімді қортындылайтын болсам, танымал академик те, ғалым да, қаншама басшылар да мектептегі ұстаздан білім алып шығады. Алдымызда отырған кез келген оқушы болашақта еліміздің атын шығарар тұлға болуы мүмкін. Оқушыларымыздың болашақта биік белестерге шығуына біз де үлес қоса аламыз. Осы орайда, ұстаз ретінде біздің міндетіміз балаларды кітап оқуға, білімге деген талпыныстарын ояту.

Әдебиеттер тізімі:

1. М.Кесебаев «Жылдам оқу» кітабы;
2. Ә.Исламбек «Оқырман әліпбиі» кітабы;
3. С.Торайғыров шығармалар жинағы;

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАҒА БЕЙІМДЕУ.

Килашева Жанна Жумабаевна,
жаратылыстану ғылымы магистрі
Ақтөбе қаласы «№5 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Функционалдық сауаттылық – жеке тұлғаның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесе отырып, меңгерген білімді тұрмыс тіршілікте қолдана алуы мен жетілдіре отыруы. Сонда, функционалдық сауаттылық ұғымына келесі анықтаманы беруге болады: адамның мамандығына, жасына қарамастан меңгерген білімді сауатты қолдана алуы мен үнемі білімін жетілдіріп отыру процесі.Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік, т.б. Яғни, жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның өзгермелі әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Оқушылардың қарапайым кеңістікте орналасуы да олардың өзін-өзі реттеуіне, өзіндік қасиеттерді қалыптастыруына біршама әсер етеді. Бір-бірімен қатар отырған оқушыларға қарағанда, қарама-қарсы отырған оқушылардың арасында байланыс біршама тиянақты орнайды. Топтық жұмыстың ерекшеліктері: біріншіден, оқушы өтілген сабақ материалын түсінбесе, мұғалімге тура сұрақ бағыттай алмайды. Ал топтық жұмыс әрекеті барысында оқушы түсінбеген тақырып төңірегінде бір-бірімен ақылдасу мүмкіндігіне ие, сондай-ақ, игермеген тақырыбын мұғалімнен сұрайды; екіншіден, айналадағы болып жатқан мәселелерді өздігінен анықтайды; үшіншіден, әрбір топ мүшесі топтың нәтижеге жетуі білім бағдарламасындағы тапсырмалардың орындауынан ғана емес, өздігінен жаңа білім мен дағдыларды керек ететіндігін түсінеді; төртіншіден, оқушылар өз көзқарастарын тұрақтандырады, ұсынады және дәлелдей алады; бесіншіден, оқушылар топтық жұмыс әрекетінде жинаған білім, біліктерінің тиімді қолдану мүмкіндігін түсінеді; алтыншыдан, оқушылар өзара және мұғаліммен пікірлесу арқылы қарым-қатынастық дағдыны қалыптастырады; жетіншіден, оқушылардың серіктестік сезімі мен өзара ынтымақтастық байланысы мен шығармашылық дағдылары дамиды

Мұғалім білім алушының бойына алған білімін практикалық жағдайда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана алатындай негізгі құзыреттіліктерді сіңіруі керек. Олар:

- басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті);
- ақпараттық (өз бетінше ақпарат көздері арқылы үнемі білімін көтеріп отыруы, сол арқылы танымдық қабілетін ұштау);
- әлеуметтік (қоғамда, өзі өмір сүрген ортада іс-әрекет жасай алу қабілеті);
- тұлғалық

Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Оның ұлттық сана-сезімін, өзіндік, дүниетанымын, азаматтық ұстанымын, рухани құндылықтарын қалыптастыруға негіз болатын аса бай құндылықтың бірі функционалдық сауаттылық болып табылады. Мысалы: 8-сыныпта «Жасушадағы бейорганикалық заттар» тақырыбын «ДЖИГСО» әдісі бойынша былай өткізуге болады: оқушыларды стикерлер түсіне (номер жазылған) қарай жанұялық топтарға бөліп, бірінші

кезеңде тақтадағы «жасуша» сөзіне ассоциациялық карта толтырып, қызығушылығын оятып, жаңа тақырыппен танысуды (оқулық, видео, слайд, т.б) сұраймын. Екінші кезеңде номерлері бойынша жаңадан эксперт топтар құрылады, әрбір топқа тапсырма беріледі, олар мәтіннің бірдей бөліктерін талдайды, постер құрастырады (1-топ: Жасушаның химиялық құрамы, 2-топ: Жасушаның тіршілік әрекетіндегі судың маңызы, 3-топ: Жасушадағы химиялық элементтер, 4-топ: Минералды тұздардың маңызы). Осыдан соң жанұялық топтарға қайта оралып, білімдерін ортаға салып, ақпарат алмасады. Үшінші кезеңде тиімді әдістердің бірі – «конструктивті кесте» ұсынамын, оқушылар химиялық элементтерді тиісті орынға орналастырады, бұл әдіс арқылы талдау жасауға, бір-бірін тексеруге болады.

«Кубизм» әдісі тақырыпты жан-жақты қамтуға мүмкіндік туғызады. Кубиктің қырлары бойынша жұмыс шарттары таңдалып тапсырманы ауызша жүргізуге болады

(1-суретте, 2-салыстыр, 3-зертте, 4-қолдан, 5-дәлелде, 6-талда).

Бұл әдісті 7-сыныпта жануарлар дүниесі, 6-сыныпта өсімдіктер дүниесімен танысуда, т.б сабақ ортасында қолдану тиімді. Кубикті иіру арқылы әрбір топ кезектесіп, тапсырмаға ауызша жауап береді. Мысалы: Буынаяқтылар типі, Шаянтәрізділер класы, өзен шаянымен танысуда:

- 1-ші шарт бойынша суреттейді (дене құрылысы, тіршілік ортасы),
- 2-ші: буылтық құрттармен немесе шаянның басқа түрімен салыстырады,
- 3-ші: зерттеу арқылы ерекшелігі,
- 4-ші: қолданылуы, яғни маңызы айтылып,
- 5-ші: дәлелдеуде тіршілік қасиеттеріне тоқталып,

6-шы: мінез-құлқын талдайды.

Топқа бөлініп жұмыс жасауда балалар арасында тәжірибе жинақталады,өз беттерімен білім алуына мүмкіндік туады, ізденуге құлшынады, әрқайсысы өз ойларымен еркін бөліседі. Ал топтық жұмыс маған өз оқушыларымды жан -жақты ашуға, әрқайсысының тұлғасын көруге, олардың мінез құлықтарының ерекшеліктерін байқауға көмектесті. Соның нәтижесінде оқушылардың бір біріне жолдастық , достық қарым қатынастары арта түсті.Бір біріне ынта жігермен көмектесуге,үйретуге бейім болды,үйрете жүріп өздері де үйренді. Ұйымдастырушылық қабілеттері де арта түсті.Сабақ соңында өткізілетін «Жүректен жүрекке» әдісі оқушыларға өте ұнайды. Өздері жүрекжарды тілектер айтуға асығып, тіпті лебіздерінің мазмұнды, мәнді болуына назар аударады, осы тұрғыдан да көп ізденеді.

Сондықтан бүгінгі өскелең ұрпақтың үлкен өмірге білек сыбанып, белсене араласа алатын қабілетін көтеріп, танып білу заман талабы. Олай болса оқушы бойына адамгершіліктің асыл қасиетін сіңіру, сапалы білім беріп, оның болашағын, жеке басын сыйлау біздің бірінші міндетіміз.

Әдебиеттер тізімі

.Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2012 ж. 27.01.). – Астана, 2012.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары /Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 ж. 25.06 №832 Қаулысымен бекітілген. – Астана, 2012. – 19б.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы /Қазақстан Республикасы Президентінің 2010ж.07.12. №1118 Жарлығымен бекітілген. – Астана, 2010. – 52 б.

Қазақстан мектебі, №2, 2000

bilimdiler.kz/ustaz/7597-syni-trydan-oylau-modul-br-sabata.html
Выготский Л.С. Педагогическая психология. Москва, 1997 ж. 123 бет.
Тренерге арналған нұсқаулық,Үшінші (негізгі) деңгей (2012) www.cpm. kz2.
ҚР жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы (2012), www.cpm. Kz

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ СТРАТЕГИИ, МЕТОДЫ И МЕТОДИКИ ОБУЧЕНИЯ ОДАРЕННЫХ ДЕТЕЙ НА УРОКАХ ИСТОРИИ.

А.Н. Консбаева- учитель истории
КГУ «Средняя школа №3», город Актобе

Благо зависит от соблюдения двух условий -
правильно установленной конечной цели,
и отыскания нужных средств, ведущих к ней.
Аристотель

На всем протяжении развития педагогики за сменой исторических эпох следовала смена различных типов педагогов: античный педон; средневековый педагог-догмат, строго следующий канонам схоластики; более свободный разумом педагог эпохи Возрождения; нравоучительный и немного наивный педагог-просветитель... И многие, многие другие типы учителей, приходящих и уходящих вместе с очередной эпохой. Наступил XXI век и новое тысячелетие, а с ними - и новое время.

Сейчас стало очень актуальным подведение итогов. Но, как считаю я, гораздо важнее задуматься именно о будущем, о новом веке и нас в нем. Ведь я преподаватель, а представителям нашей профессии свойственно видеть близкую и далекую перспективу. К тому же учитель, занимаясь воспитанием и образованием детей, работает практически на будущее. А чтобы создавать будущее, нужно самому быть человеком новой формации, человеком, видящим себя и свою профессию через десятки лет. Работа учителя с детьми теперь основывается на принципах гуманизма, уважения к личности ребенка. В моем представлении учитель новой формации - это, прежде всего друг по отношению к детям, их помощник, советчик и союзник. Не человек, дающий готовые истины, а искатель, странник, всегда находящийся в пути. Этот поиск должен быть присущ как молодому, так и опытному учителю. Если учитель хочет быть нужным в современном мире, ему не следует бояться изменить свою точку зрения даже после десятилетней работы.

Мир шагнул в новое тысячелетие. Несмотря на новые современные технологии, на всеобщую компьютеризацию, во главе всего по - прежнему стоит человек. Как учитель истории на своих уроках я всегда ставлю цель: увидеть, разглядеть, не оставить без внимания все самое лучшее, что в нем есть, и дать импульс к самосовершенствованию через развитие творчества.

Любому обществу нужны одарённые люди, и задача общества состоит в том, чтобы рассмотреть и развить способности всех его представителей. К большому сожалению, далеко не каждый человек способен развивать свои способности. Очень многое зависит и от семьи, и от школы.

Задача семьи состоит в том, чтобы вовремя увидеть, разглядеть способности ребёнка, задача же школы – поддержать ребёнка и развить его способности, подготовить почву для того, чтобы эти способности были реализованы. Именно в школе должны закладываться

основы развития думающей, самостоятельной, творческой личности. Жажда открытия, стремление проникнуть в самые сокровенные тайны бытия рождаются на школьной скамье. Каждый из учителей сталкивался с такими учениками, которых не удовлетворяет работа со школьным учебником, им не интересна работа на уроке, они читают словари и энциклопедии, изучают специальную литературу, ищут ответы на свои вопросы в различных областях знаний. Поэтому так важно именно в школе выявить всех, кто интересуется различными областями науки и техники, помочь претворить в жизнь их планы и мечты, вывести школьников на дорогу поиска в науке и жизни.

Одарённость - это системное, развивающееся в течение жизни качество психики, которое определяет возможность достижения человеком более высоких (необычных, незаурядных) результатов в одном или нескольких видах деятельности по сравнению с другими людьми.

Одарённый ребенок - это ребенок, который выделяется яркими, очевидными, иногда выдающимися достижениями (или имеет внутренние предпосылки для таких достижений) в том или ином виде деятельности.

Признаки одаренности - это те особенности одаренного ребенка, которые проявляются в его реальной деятельности и могут быть оценены на уровне наблюдения за характером омочь наиболее полно раскрыть свои способности.

Мотивационный аспект поведения одаренного ребенка может быть охарактеризован следующими признаками:

1. Повышенная, избирательная чувствительность к определенным сторонам предметной действительности либо к определенным формам собственной активности, сопровождающаяся, как правило, переживанием чувства удовольствия.

2. Ярко выраженный интерес к тем или иным занятиям или сферам деятельности, чрезвычайно высокая увлеченность каким-либо предметом. Наличие столь интенсивной склонности к определенному виду деятельности имеет своим следствием поразительное упорство и трудолюбие.

3. Повышенная познавательная потребность, которая проявляется в ненасытной любознательности, а также готовности по собственной инициативе выходить за пределы исходных требований деятельности.

4. Предпочтение парадоксальной, противоречивой и неопределенной информации, неприятие стандартных, типичных заданий и готовых ответов.

5. Высокая критичность к результатам собственного труда, склонность ставить сверхтрудные цели, стремление к совершенству.

Одаренному ученику, в отличие от сверстников, присущи умение видеть сущность проблемы, прекрасное запоминание материала, любознательность, независимость суждений и другие качества. Это заставляет педагогов склоняться к мысли, что одаренные дети, обучаясь в традиционном темпе, попросту теряют время, нерационально его используя.

Именно ускорение темпов обучения, по мнению ученых, позволяет одаренному ребенку оптимизировать скорость собственного обучения, что благотворно сказывается на общем интеллектуально-творческом развитии. Стратегия ускорения позволяет значительно повысить темп изучения учебного материала всем классом одновременно и «перескакивание» одаренного ребенка через класс (несколько классов) в обычной школе.

Интенсификация — стратегия разработки содержания образования, которая предполагает увеличение объема, или, как говорят специалисты, повышение интенсивности обучения. Такой подход позволяет одаренному ребенку обучаться с большей скоростью, но не следует его слишком «ускорять», время, высвобождаемое за счет более быстрого обучения, можно обогатить другими занятиями. Например, увеличить объем изучаемого материала по традиционным предметам.

Индивидуализация обучения является одним из основных вариантов качественного изменения содержания образования одаренных. Все чаще получает распространение положение о необходимости учитывать в образовательно-воспитательных системах неповторимость каждого индивида.

Обучение мышлению. Эта стратегия предполагает целенаправленное развитие интеллектуально-творческих способностей ребенка и имеет непосредственное отношение к проблеме обучения одаренных детей. Она рассматривается как важная составляющая диагностики и коррекции интеллектуально-творческих способностей в общеобразовательной школе.

Все это помогает детям осознать самих себя, увидеть сходство и различия с другими детьми, познать и развить свои способности.

Демократичный стиль общения. Коллегиальный, демократичный стиль общения с ребенком создает именно те условия, которые необходимы для развития творческих способностей.

Поддерживать и развивать самостоятельность ребенка. Самостоятельно думать, принимать решения, отвечать за их последствия — основные черты творческого поведения. Без этого нет и не может быть творческой личности.

Ставить ребенка в ситуацию, в которой учитель сам чувствует себя одаренным. У каждого взрослого есть область знаний или вид деятельности, в которой он хорошо осведомлен. Это важно для того, чтобы ребенок видел, чувствовал настоящую, искреннюю увлеченность родителей, учителей.

Стимулировать формулирование учащимися нестандартных вопросов. Всем известно: дети — большие специалисты по части задавания вопросов, в том числе таких вопросов, которые часто раздражают взрослых и приводят их в тупик. Одаренный ребенок и это делает одаренно, его вопросы еще более неожиданны, порой странны, смелы, а может быть, даже парадоксальны. Взрослым не только не следует бояться таких вопросов, но, напротив, следует всячески стимулировать этот процесс, поскольку детский вопрос — свидетельство интереса ребенка, когда нестандартный вопрос есть не что иное, как свидетельство нетрадиционного взгляда на мир.

Основная задача учителя при этом состоит в том, чтобы помочь каждому обучающемуся ставить перед собой посильные задачи, отвечающие его интересам, и овладевать исследовательскими навыками, необходимыми для решения этих задач.

Во всех случаях, когда происходит развитие способностей ребенка, их реализация, оно в значительной мере становится возможным лишь благодаря самовоспитанию. Выявление одаренных детей необходимо связывать с задачами их обучения и воспитания, а также с оказанием им психологической помощи и поддержки.

Формы работы с одаренными учащимися

- групповые занятия по параллелям классов с сильными учащимися;
- факультативы;
- кружки по интересам;
- конкурсы;
- интеллектуальные марафоны;
- консультирование обучающихся в заочных школах при ВУЗах;
- участие в олимпиадах;
- работа с индивидуальным планом;

Особое значение для современной школы приобретают вопросы ***обучения талантливых и одаренных детей***. Сегодня проблема обучения таких детей напрямую связана с новыми условиями и требованиями быстро меняющегося мира, породившего идею

целенаправленного образования людей, имеющих ярко выраженные способности в той или иной области деятельности.

У одарённых детей особенно проявляется потребность в исследовательской и поисковой активности, которая позволяет обучающимся погрузиться в творческий процесс самообучения. Это воспитывает в них жажду знаний, стремление к открытиям, к достижениям в области искусства или спорта, к активному умственному труду и самопознанию.

В своей работе я всегда уделяла внимание таким детям. К примеру, на своем уроке по теме «Экономика - основа общественных отношений» группа способных учащихся получила задание взять интервью по теме. Эта работа требовала от детей более высокого уровня подготовленности. Дети хорошо взаимодействовали между собой в группе и с интересом выполняли предложенное задание. Тем самым они оправдали мои ожидания и подтвердили мысль о том, что работа с одаренными детьми на уроках необходима.

Список литературы:

1.Анастази А. Психологическое тестирование: В 2 кн. Пер с англ./Под ред. К.М.Гуревича, В.И.Лубовского, - М., 2005 г.

2. Белова Е.С. Одаренность малыша: раскрыть, понять, поддержать.- М.: Московский психолого-социальный институт: Флинта, 2004.- 144с.

3.Богоявленская Д. Б. Исследование творчества и одаренности в традициях процессуально-деятельностной парадигмы // Основные концепции творчества и одаренности. – М.: Молодая гвардия, 2004 – С. 328 – 348.

4.Бурменской Г.В., Слуцкий В.М. Одаренные дети. Пер.с англ. - Прогресс, 2004г.

5.Елисеева Е.В. Проблемы одаренных детей и пути их разрешения в рамках социально-педагогической деятельности. Тезисы II-ой городской научно-практической конференции молодых ученых и студентов учреждений высшего и среднего образования городского подчинения "Научно-практическая деятельность молодых ученых и студентов в рамках программы модернизации образования."(23-24 апреля 2003г.)

6.Иванова И.С. ст. в сборнике научных трудов Северо-Кавказского государственного технического университета.Серия «Гуманитарные науки» №2 (14), 2005.

7.Лейтес Н. С. О признаках детской одаренности // Вопросы психологии. – 2003. – №4. – С. 13 – 19.

8. Лосева А. Работа психолога с родителями одаренных детей дошкольного возраста // Прикладная психология, 1998.- №1.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК НЕГІЗДЕРІ

Жаппарова Лаура Кыдыргалиевна
ШЖҚ «Кеңес одағының батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК оқытушысы

Педагогикалық шеберлік – ұстазға қойылатын талаппен тығыз байланысты. Осы орайда К.Д.Ушинский педагогикалық шеберліктің маңыздылығын былайша түйіндейді: «Педагогика теориясын қаншама жетік білгенмен, педагогикалық әдептің қыр-сырын меңгермейінше, бұған оның қолы жетпейді» десе, Ю.П.Азаров өз еңбегінде: «Мен шеберліктің формуласын қайта-қайта айта беруге дайынмын, оның мәні: технология, қарым-қатынас, тұлға сияқты үштікте» дейді.

Педагогикалық шеберлік – тек қана мұғалімнің жалпы, жан-жақты және әдістемелік сауаттылығы ғана емес, ол – әр сөзді оқушыларға жеткізе білу, олардың толық қабыл алуы. Ұстаздық шеберлік мына бейнеде көрініс табуы қажет:

1. Мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық нанымды, моральды бойына сіңірген адам екендігін.
2. Пәнді жетік білген, ойын толық жеткізетін және оқушылардың бойында әдеп, әдет, дағды сияқты моральдық нормаларды сіңіре білгендігі.
3. Оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін меңгерген, білгенін қызықты да, тартымды өткізе алатын, педагогикалық әдеп пен талантын ұштастырған адам ғана шеберлікке ие болады. Педагогикалық шеберлікте «педагогикалық техникаға» аса зор мән беріледі. Мұғалім әр сөзін дұрыс сөйлеп, нық айтуы тиіс, оның жүріс-тұрысы, қозғалысы, отырып-тұруы оқушыларға ерсі болмайтындай дәрежеде болуы керек.

Педагогикалық шеберліктің негізі – балалардың өз еркімен дамуына жол ашу, оқу-тәрбие үдерісінде оқушылармен, педагогикалық ынтымақтастықтар жұмыс атқарудың формаларын, әдістерін дамыту, шәкіртке деген қамқорлық пен сүйіспеншілікті арттыру педагогикалық шеберліктерінің басты сипаты болып табылады.

Бұл саланы зерттеуші ғалымдардың пікірінше, педагогикалық шеберлік мынадай жүйелерге бөлінеді: педагогикалық іс-әрекеттегі гуманистік бағыттылығы; педагогикалық кәсіби білгірлігі; педагогикалық іс-әрекетке бейімділігі; педагогикалық техникасы.

Бұл аталған педагогикалық шеберлік жүйелері бір-бірімен тығыз байланыста жүзеге асады.

Педагогикалық іс-әрекеттегі гуманистік бағыттылық тәрбиешілердің, мұғалімдердің балаларға адамгершіліктік-изгіліктік қарым-қатынас орнату жағынан жетіле түсуін қажет етеді. Гуманистік бағыттылық жүйесі – педагогтардың балалармен ынтымақтастық, демократиялық бағыттағы ізгілік-адамгершілік, сүйіспеншілік қарым-қатынас орнату стратегиясы мен тактикасының болуын қажет етеді.

Педагогикалық кәсіби білгірлігінің өзектілігі — педагогикалық шеберліктің фундаменттік негізі болып табылуында. Мұғалімнің кәсіптік білгірлігі – біріншіден, өзі оқытатын пәнін терең негізде білуге сүйенсе, екіншіден, сол пәнді оқып, тани білетін оқушыларға арналады. Кәсіптік білім теориялық, технологиялық, әдістемелік жағынан астасады. Оны әр педагог өз тәжірибесіне сәйкес бейімдейді, ғылыми білімі негізінде заңдылықтарын көре біледі.

Педагогикалық іс-әрекетке бейімділік–шеберлік жүйелерінің тағы бір маңызды түрі. Бұл дегеніміз – бір затқа, объектіге, іс-әрекетке адамның сезімдік талғамының арта түсуі соған деген құлшынысын, жетекші бейімділікті атауға болады:

- коммуникативке бейімділік;
- кәсіби көрегенділік, байқағыштық, қырағылық;
- жеке бас динамизмі – эмоциялық тұрақтылықты байқата білу, ішкі әсер ету сезімін, ерікке әсер ету сезімін байқату, логикалық көз жеткізу;
- эмоциялық тұрақтылық — өзін-өзі меңгеру, өз бейімділігін реттеп басқара білу. Жағдаяттардан жол табу, шешім қабылдау.
- позитивтік ұстаным: оқушыларды келешекке деген жарқын сеніммен бағдарлап тәрбиелеу.

Педагогикалық шеберлік жүйелерінің тағы бір түрі — педагогикалық техника. Бұл дегеніміз – педагогтық іс әрекетті ұйымдастыра білу білігі. Ол екі білім түрін сабақтастырады: біріншісі — педагогтың өзін-өзі басқара білуі болса, екіншісі — педагогтық міндетті жүзеге асыру үшін өзара әсер ете білуді меңгеру.

Жаңа тұрпатты мұғалімнің педагогикалық шығармашылық критерийлері:

- жан-жақты және терең білімінің болуы, оларды сыни тұрғыдан қайта жасақтау және түсіну;
- педагогикалық қызметке теориялық және әдіснамалық жағдайларды ауыстыру білігі;
- өз бетінше білім алу, өзін-өзі жетілдіруге қабілеттілік;
- жаңа әдістерді, формаларды, әдістер мен тәсілдерді жасақтау;
- іс-әрекет жүйесінің диалектикалығы, вариативтілігі, өзгермелілігі;
- жаңа жағдайларда өзінде бар тәжірибені оңтайлы пайдалана білу;
- өзіндік қызметін және нәтижелерін рефлексивті бағалауға қабілеттілік;
- педагог тұлғасының өзіндік қайталанбас бейнесі негізінде кәсіби қызметтегі жеке стильді қалыптастыру;
- «нұсқалар веерін» көре білу білігі;
- интуиция білімінің негізінде импровизацияға қабілеттілік.

Педагогикалық шеберлік мұғалім тұлғасын сан қилы етіп қалыптастыратын кәсіби іс-әрекетінің жан-жақтылығымен байланысты десек, онда анықтайтын өлшемдердің биіктігі — іс-әрекеттінің тәрбиелілігі мен көзқарасының өзгеруі болып табылады. Өйткені сапалы нәтижеге жетуде қоғамның ақпарат көлемі өскен сайын, білім беру мазмұнын жаңарту, оқытудың оңтайлы тәсілімен білім беру, әлемдік білім кеңістігіндегі тың ашылымдарды иегеру және оны тәжірибеге тиімді енгізу бүгінгі күннің басты міндеті екендігі баршамызға мәлім.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

Изжанова Алтын Кенжебаевна
ШЖҚ «Кеңес одағының батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК оқытушысы

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің ақылдығы.
Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,
Ұстаз болу – адамның асылдығы,

Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, мейірімділікті қажет ететін мамандық бұл – ұстаздық мамандық.

«Болашақта еңбек етіп өмір сүретіндер - бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелер міндет ауыр. Ұлттық бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте оның білім деңгейімен анықталады»,- деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге бейімдеп, жан-жақты біліммен қаруланған жеке тұлғаны қалыптастыру керек. Ол нағыз ұстаздың ғана қолынан келеді. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол - өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Осы іске деген қызығушылық пен сүйіспеншілік ұстазды небір қиын әрекеттерге жетелейді, іске батыл кірісуге септігін тигізеді. Нәтижесінде бір емес, бірнеше жас жүрекке мәңгі ұстаз болып қалады. Ұстаздың осыншама қадір-қасиет,

құрметке бөленуі өзін қоршаған орта мен әрбір шәкіртіне асқан сезімталдықпен, жауапкершілікпен қарым-қатынас жасауында. Өйткені оның қарапайым да сыпайы киім киісі, мәдениетті сөзі, әдепті жүріс-тұрысы, жинақы іс-әрекеті, білімі шәкіртке де, ата-анаға да, жұртшылыққа да өнеге. Мұғалімге тән ең бірінші қасиет – баланы құрметтеу. Оның ар-ожданын, намысын, тұлғасын жасына қарамай силау, құрмет тұту. Бұл мұғалімнің терең дүниетанымы мен үлкен жүрегінен келіп шығады. Қазіргі таңда Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқудағы жаңа тәсілдерге байланысты болып отыр: білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, мұғалім мен оқушылар арасында жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Жаңа тәсілдерді меңгеру мұғалімнің кәсіби шеберлік, адамгершілік, рухани, білімді де білікті адам қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Осыған орай XXI ғасырдың нағыз ұстазы қандай болуы қажет? – деген сұрақ туындайды.

Білім берудің әлеуметтік технологиясы бір күнде пайда бола қойған жоқ: адамдар оны уақыт өте келе дамытып, жетілдіріп, ежелден пайдаланып келе жатыр. Сонда мынадай сұрақ туындайды: баяғыдан бері адамзат пайдаланып келе жатқан жүйе неге бүгінгі күні қанағаттандырмайды? XX ғасырдың екінші жартысында қоғам жаңа жағдайға тап болды: басқару және ақпарат құрылымдарында, ғылымда үлкен өзгерістер, жаңа бет бұрыстар орын алды. Сондықтан білім беруге де осындай өзгерістер енгізу қажет болды, яғни «адами ресурстарды» игеру және жеке адамның интеллектуалдығын көтеру керек.

Әрине, бұл XXI ғасырдың қойған талабы. Осы талапқа сай адамның барлық шығармашылық мүмкіндіктерін пайдаландыратын жаңа технологиялардың бірі «Сындарлы оқыту» бағдарламасы.

Қазіргі инновациялық технологиялар – білім сапасын арттырудың кепілі. Оны өз дәрежесінде пайдалану – оқушыны шығармашылыққа төселдіруге ықпалы өте зор. Оқытудың тиімділігін арттыру үшін өз сабақтарымда жаңа технологияларды қолданамын. Жаңа технологиялардың ерекшелігі – оның оқушыға жан - жақты ықпал етуі. Яғни тек білімді немесе оқу бағдарламасын меңгертіп қоймай, жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін арттыруға, өзін - өзі өзектендіруге, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға, өз бетімен білім алуға, ізденуге деген ықыласы мен іскерлігін, оқу - танымдық ынтасын жетілдіруге, әрі жеке тұлғаны жан – жақты дамытуға жетелейді. Әр мұғалім өз сабағының – көшбасшысы. Көшті қалай бастап алып жүрем десе де өз еркі. Ал көшті дұрыс бағыттай білу оның шеберлігіне байланысты.

Сыни тұрғысынан ойлау (СТО) - сынау емес, шыңдалған ойлау. Бұл модуль бірнеше стратегиялармен жұмыс істеу арқылы жүзеге асырылады.

Бұл әдісті қолдану арқылы мынандай нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- оқушыларды ойландыруға
- өз ойларын ашық айтуға
- пікір таластыруға (дебат)
- дұрыс сөйлей білуге
- өз бетімен ізденіп, жұмыс істеуге
- шығармашылығын дамытуға

Сыни тұрғыдан ойлау модулі бойынша сабақ үш сатыға бөлінеді:

I. Қызығушылығын ояту.

II. Мағынаны тану.

III. Ой толғанысы.

I. Қызығушылықты ояту - сатысында бүгінгі қарастырғалы тұрған мәселе туралы оқушы не біледі, не айта алады, бұрыннан білетінін еске түсіру, ой қозғап, әсер ету кезеңі болады.

Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер арқылы оқытуда оқушылар бұрынғыдай тек тыңдап және көшіріп қана қоймай, белсенді әрекеттер атқарады. Белсенді әрекеттерге ойлау,

оқу, сөйлеу, талқылау, жазу, пікірлесу, пікір таластыру жатады. Жаңа технология арқылы бала білім алу мен қатар өз бетінше шешім қабылдауға дағдыланады. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер арқылы оқытуда білім дайын күйінде берілмейді, ол тек белсенді әрекеттер арқылы ғана игеріледі, яғни оқушылармен өзара қоян - қолтық қарым - қатынаста болып, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру.

II. Мағынаны тану - сатысында нақты тақырыпты мұғалім сұрақ – жауап арқылы, өз беттерімен ойларын айтуға, тапсырмалар орындауға бағыттайды.

Бұл кезеңде оқушы жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс жасайды, тапсырмалар орындайды. Сонымен қатар олар идеяны жеткізіп қана қоймай, шешімін табу үшін топқа сұрақ қояды және басқаларды сұраққа тартады.

III. Ой толғанысы - сатысында оқушы не үйренгенін қорытып, саралап, оны түсіндіру арқылы білім жинақтайды. Осы кезеңде оқушы не үйренгенін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда қалай қолдану керектігін үйренеді. Мысалы, бұл жерде балалар эссе жазады. Өз ойларын қағаз бетіне түсіріп, түйгендерін анықтайды. Бұл модульдің нәтижесі көп. Атап айтар болсам, ой – пікірін ашық, еркін айтады, бір - бірінің сабақ барысында қателіктерін айтып, жақсы қасиеттерін үйренеді, бір - біріне талап, өтініш, тілектерін білдіре алады. Сондықтан ең басты мақсат - оқу тәрбие үрдісінде бір - бірінен үйренетін ұжымдық оқытуды, яғни топпен, жұппен жұмыс жасауды ұйымдастыру. Мұғалім бала бойындағы туа біткен түрлі қасиеттерді дәл байқап, оның сапалық ерекшеліктеріне баға беріп, ары қарай өз бетінше дамыта түсуіне жағдай туғызуы керек, көмектесуі қажет. Бұл үшін, әрине ұстаздың өзі де өзгеруі тиіс. Осылайша оқытудың жаңа мазмұнын жасауға бетбұрысты әрбір мұғалім өзінен бастағаны жөн. Мұғалім шәкіртке білім, білік, дағды беріп қана қоймай, ақыл - ойы мен қабілетінің дамуына көңіл бөліп, «оқи алуға үйрету керек». Мұғалім оқытуға кіріспес бұрын оқушылардың мінездерін зерттеп, білімдерін тексеруі тиіс. Мұғалім әр баланың білім дәрежесі қаншалықты екенін саралап алғаннан кейін, оның алға жылжуына ықпал етуге міндетті. Сындарлы оқыту бағдарламасының өн бойында мұғалім мен кез-келген оқушы арасындағы тығыз байланыс көрсетілген. Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Қазіргі заман ағымы болашақ ұрпақтың ой -өрісінің шыңдалуын, жеке тұлға ретінде қалыптасуын талап етуде. Осы орайда ұлы педагог Ушинскийдің «Бала балқытылған алтын», -деген қанатты сөзі еске түседі.

Егеменді еліміздің алғы шарттары өркениетті елдер қатарына көтерілуі керек болса, өркениетке жету үшін жан – жақты дамыған, рухани бай тұлғаны өсіру керек. Жас ұрпақтың бойындағы қабілетін көру, оны жетілдіру ізденгіштік қасиетін дамыту мұғалімнің сабақ берудегі ізденушілік, шеберлік қабілеттеріне байланысты. Қазіргі болып жатқан саяси – экономикалық, мәдени - әлеуметтік өзгерістер халыққа білім беру жүйесінің барлық буындарында білім беру ісін жаңа сатыға көтеруді талап етіп отыр. Осыған орай жаңа кезеңдегі озық педагогикалық және әдістемелік идеяларды ой елегінен өткізіп, бүгінгі заман талабына сай, жаңа жағдайларды қолдану ерекше маңызға ие болып отыр. Ж.Аймауытов ағамыз «сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер»-деген, яғни оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіруге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға негізделуі қажет. Бүгінгі жастардың талабы мен рухани талғамы жоғары. Республикамызда тұлға әлеуетін дамытуға, ойын еркін жеткізуге, инновациялық жобаларды жүзеге асыруға, креативтілікті арттыруға барлық жағдай жасалған. XXI ғасыр технологиялық мәдениет, ақпараттық қоғам дәуірі болып табылады. Оқу үдерісінде компьютерлік технологияларды қолдану, жоба құру, бейне, графикалық дизайн, анимация мен құрылымдық анықтау – жаңа әдістің пайда болуына, оны ұйымдастыру түріне әкеледі. Қазіргі дамыған қоғам деңгейінде еліміздің ертеңі үшін шығармашылық қабілеті дамыған әлеуметтік белсенділігі жоғары тұлғаларды тәрбиелеп

шығару қажеттілік деп санасақ, оның негізі информатика пәнін оқытуда жатыр. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жобалар құру мен жаңалықтар ашуға ынталандырып, нәтижесінде өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашу қажет.

Білімді ұрпақ – ел болашағы. Оқушы күшпен қуатты да, шабыт пен дарынды да ұстаздан алады. Сондықтан бүгінгі таңда ақпараттық жаңашыл технологиялармен қаруланған педагог өскелең ұрпақтың толық қанды білім алуына, ізгілік қасиеттерді бойына сіңіруге, ұлтжанды, тәрбиелі жеке тұлға болып қалыптасуына үлкен септігін тигізері сөзсіз.

ЕСТЕСТВЕННО-НАУЧНАЯ И ЧИТАТЕЛЬСКАЯ ГРАМОТНОСТЬ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ

Даухаренова Назира Эргасеновна
КГУобщеобразовательная школа №59

В методике преподавания биологии предыдущих десятилетий был накоплен достаточно большой опыт по использованию работы с текстами учебников, а также с другими источниками дополнительных сведений по биологии, взятых из книг, журналов и газет. Учителя и учащиеся делились своими знаниями, новыми сведениями на уроках биологии, вовлекая школьников в обсуждение ранее не знакомого материала. Особое значение использованию книг по биологии уделялось на внеклассных занятиях при постановке опытов и проведении наблюдений за биологическими объектами Важнейшая компетентность личности школьника – умение учиться, образование нацелено на развитие функциональной грамотности, когда теоретические знания должны использоваться в повседневной жизни.Читательская грамотность – способность человека понимать и использовать письменные тексты, размышлять о них и заниматься чтением для того, чтобы достигать своих целей, расширять свои знания и возможности, участвовать в социальной жизни. Задания по функциональной грамотности не должны занимать большую часть урока, но могут использоваться на разных его этапах.При проведении урока учитель должен использовать задания на развитие не только предметных знаний, но метапредметных (когнитивные, коммуникативные, регулятивные).

Формирование читательской и естественнонаучной грамотности предполагает использование текстов различного естественнонаучного содержания.УУД смыслового чтения – умения максимально точно и полно понимать содержание текста, практически осмысливать извлечённую информацию,соотносить её с имеющимися знаниями, интерпретировать, оценивать и применять при выполнении предложенных заданий с использованием учебных, учебно-познавательных текстов по биологии и другим дисциплинам. работа с текстом на уроках биологии мотивирует учащихся к познавательной деятельности, успеху, создаёт атмосферу сотрудничества и сотворчества, что позволяет развивать умение учиться, самостоятельное управление через осмысленное чтение своим собственным развитием.

Стратегии смыслового чтения:

- работа с текстом: поиск информации и понимание прочитанного;
-работа с текстом: преобразование информации и её интерпретация;
-работа с текстом: оценка информации;
-приобретение социального и жизненного опыта через обогащение новыми знаниями.

Основные умения смыслового чтения:

-Вычленять информацию, заданную в тексте в явном виде.
-Определять из текста значение терминов.

-Сопоставлять информацию из разных частей текста.
-Устанавливать в тексте последовательность действий.
-Выделять главную мысль отдельных частей текста.
-Делать выводы на основе информации из текста.
-Преобразовывать информацию из текста в графическую и наоборот.
-Группировать или классифицировать информацию из текста.-Выделять ненужную информацию.

Әрбір ұстаздың мақсаты - сабақ сапасын көтеру, түрлерін жетілдіру, сабаққа оқушының қызығушылығын арттыру. Сондай - ақ бүгінгі таңда елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, сабақтарда озық технологияларды қолданудамыз. Сондай технологияның бір түрі - «Ойын арқылы оқыту» технологиясы..«Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ» десек, білімнің негізі

бастауышта қаланатыны белгілі. Бастауыш сыныптағы әртүрлі пәндер оқушы білімін дамытып, танымдық қабілетін сомдауға үлкен үлес қосады. Балаларды оқытуда және тәрбиелеуде ойынның ролі педагогикада бұрын да, қазір де қарастырылып келеді.

Алдыңғы қатарлы педагогтардың бәрі де ойынды нағыз керекті және маңызды іс - әрекет деп түсінеді. Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын – айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. А. С. Мокаренко: «Ойын - балалар өмірінде өте маңызы зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе, сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер, ең алдымен, тәрбиені ойын арқылы алады,» - деп балалар ойынын жоғары бағалаған. Тиімді қолданылған ойын мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады. Сабақта және сабақтан тыс уақытта қолданылатын ойындарды төмендегідей топтастыруға болады. Әрбір ойынның бала үшін білімділік мақсаты ғана емес, тәрбиелік, танымдық мақсаты зор.

Ойынға қойылатын әдістемелік талаптар:

- Ойынның мақсаты нақты және керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып, оңтайлы жерге қою.
- Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібін оқушыларға әбден түсіндіру.
- Ойынға сыныптағы оқушылардың түгел қатысуын қамтамасыз ету.
- Ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеу.
- Ойын түрлерін бағдарламаға сай іріктеп алу.
- Ойынды баланың жас ерекшелігіне қарай түрлендіріп пайдалану.
- Қарапайым ойыннан қиын ойынға көшу.
- Міндетті түрде ойынның қорытындысын жариялау қажет.

Ұлттық ойын ойнау баланың салт - дәстүріне, әдет - ғұрпына деген сүйіспеншілігін арттырады және адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады. Мәселен, ұнамды әдеттер - өзара қарым - қатынастар, адамгершілік сезімдері дамиды. Еңбек ету барысында ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздық сезімдер сияқты қасиеттер қалыптасады. Оқушының бәрі жақсы оқығысы келеді. Бірақ олардың ақыл - ой қабілеті бағдарламадағы берілген материалды ұғуға бірдей емес. Оқушылардың кейбіреулері мұғалімнің түсіндірген сабағын тез ұғады, кейбіреулері керісінше. Сондықтан барлық оқушыны білімге бірдей жетелеу үшін өз мүмкіндігіне сәйкес сабақты меңгерту, тілін, ой ұшқырлығын дамыту, өзіндік пікір айтуға жағдай жасау еркін шығармашылыққа жетелейтін, пәнге қызығушылығын арттыратын әдістің бірі - грамматикалық ойынның түрлері.

Грамматикалық ойындар арқылы сабақтарда оқушылар әртүрлі жағдайды түсінеді, оны шешу жолдарын қарастырады. Жақсы ойынға бала бар ынтасымен беріліп, оны білуге, меңгеруге талпынып, алуан түрлі дағды, мәліметтерді алып, шеберліктерін шыңдайды. Мен өз сабағымда грамматикалық ойын түрлерін жиі пайдаланамын. Сабақта оқушылардың алған білімдерін одан әрі дамыту, тереңдету, олардың ізденімпаздығын арттыру, ой - өрісін кеңейту, шығармашылық қабілетін дамыту, оқуға белсенділігін арттыру мақсатын көздеймін. Қазақ тілі пәнінің фонетика, лексика, морфология, синтаксис салаларын оқытқанда тақырыпқа орай әртүрлі әдіс - тәсілдермен, шеберлікпен грамматикалық ойындарды енгізуге болады.

Морфология саласы бойынша.

«Ойлан тап»ойыны.

1. Біріккен сөздің бірінші түбірі тағам сөзімен синонимдес, екінші түбірі – тағам ыдыстың аты. Ол қай сөз? Асқазан

2. Бір сөз сын есім мен зат есімнен бірігіп келіп, бір аңның атын білдіреді? Ақбөкен

3. Республикамыздағы қандай қала, өзен аттары біріккен сөз түрінде айтылады? Жетісу, Талдықорған

«Ойна да ойлан»ойыны.

1. адамның туыстық атауларын білдіретін зат есімдерді жаз.

2. қолмен ұстауға, көзбен көруге болатын зат есімдерді жаз.

«Кім тез тауып, оқи алады?» ойыны.

Мына сөйлемдерде сөздердің орын тәртібі ауысып жазылған. Оны тиісті тәртібіне келтіріп, кім тез тауып оқи алады?

Абай жайында баяндама біз өмірбаяны тыңдадық.

«Ұйқасын тап ойыны» Өзінше ноян, Қорқақ кім?.. қоян."Бата алмас түлкі, Үсті тікен.. кірпі «жалғасын тап ойыны»

Атаңның баласы болма,

/адамның баласы бол/

Сондай - ақ, меңгерілген тақырыпты иә болмаса, жаңа сөзді бекіту мақсатында әуенмен ауаға жазу арқылы да байланыстыра аламыз. Түрлі би қимылдары арқылы да сергіту сәтін жандандыруға болады. Мысалы:«Шөжелерім», «Әйгөлөк». «Қаражорға» Бастауыш сынып оқушыларын ойната отырып, ойландырып, балаға тәрбиелік мәні зор ойындар арқылы дамытуға болады. Бұл кезде жақсы оқушы дамып, нашар оқушы қалып қоймайды. Жақсы оқушы мүмкіндігіне дейін дамып, нашар оқитын оқушы өз мүмкіндігінше іс - шараларға араласып, өз үлесін қосып отырады.

Қорыта айтқанда, кез - келген ойын түрлерін сабақта ойнатқанда оқушыларда әрекет пайда болады, дүниетанымы кеңейеді. Сөйтіп оқушы ой - өрісін ойын арқылы дамытады. Соңғы нәтижеде ойнай отырып, білім көрсеткішіне өз үлесін қосады. Артта қалған, жасық мектептен қорқатын, оқуға енжер, күшпен оқитын оқушы болмайды. Керісінше, баланың өмірі, қоршаған ортаны танып білу, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады.

Ойындар - оқушылардың сабаққа белсенділігін, қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін ұштайды.

В. А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл - ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімін, өзін қоршаған дүние туралы ұштастырады. Білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты»,- деген екен. Ендеше, сыныпта және сыныптан тыс уақытта ойын технологиясын пайдаланудың нәтижесі қандай?

Олай болса жас бүлдіршіндерді оқытуда

Оқы да біл,

Ойын - еңбек.

Ойна да күл,

Ойын - оқу,- деп сөзімді аяқтағым келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. А. Ысқақов. «Қазіргі қазақ тілі». «Ана тілі»: 1991ж

2. С. Исаев «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты». – Алматы: 1997ж

3. журнал «Педагогика жаршысы»№4 2010,№3 2010ж,

4.журнал 12 жылдық білім №4, 2006ж

5. журнал «Қазақ тілі мен әдебиеті»№2, 2005,№11, 2007,№1, 10 2008,№4, 9 - 2009ж

«ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН МАҢЫЗЫ»

Смагулова Майра Бекетаевна
М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп

«Балаға күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген құштарлығын ояту ең маңызды мақсат».
(К.Д.Ушинский)

Тарих - халықтың зердесі, ол содан қуат алады, ол содан әлеуметтік шығармашылыққа, жарқын болашаққа бастайтын шабыт алады», - деп Отанмыздың тарихын оқытудың маңыздылығы атап көрсетіп, мемлекеттік саясаттың тарихи сананы қалыптастырудағы негізгі басымдықтары айқындады. Тарихи сананы қалыптастыру міндетін жүзеге асыру үшін мектепке дейінгі, мектептегі және жоғарғы оқу орындарындағы білім беру жүйесі, бұқаралық ақпарат құралдары, мәдениет мекемелері, қоғамда тарихқа ден қою, тарихқа деген құрмет пен тағзым, тарихты түйсіну ахуалын туғызуы тиіс болды. Осындай игі шараның аясында Қазақстан тарихы пәні тек қане мектеп қабырғасында ғана емес, барлық жоғары жоғарғы оқу орындарындағы барлық мамандық студенттеріне міндетті пән ретінде оқытылып, мемлекеттік емтихан ретінде қабылдануда.

Тарих пәнінің оның ішінде Қазақстан тарихының мектепте 5 сыныптан бастап 11 сыныпқа дейін оқытылып, 11 сыныптың мектеп бітіру емтиханындағы негізгі пәндердің бірі және Ұлттық біріңғай тестілеуге де негізгі пән ретінде енгені де белгілі. Тарих пәні сонымен қатар адамзат дамуының барлық сатысындағы әлемдік тарихты да қамтитыны белгілі. Ал, осындай өте үлкен тарихи кезеңіндегі сан қилы оқиғаларды тек қане дәріс, немесе мұғалімнің жетектеуімен оқушы санасында ұзақ уақытқа қалдыра алмайсың. Немесе, қазіргідей мектептен тыс уақытта да оқушының қолы жетер ақпараттық технологияның дамыған заманында жасөспірімдердің пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін, ұстаз да өз пәнін жетік білетін, АКТ–ны меңгерген, кез-келген жайттардан шығар жолды оңай таба білетін, функционалды сауаттылығы мен құзіреттілігі жан-жақты дамыған болуы қажет. Оқушы тарапынан қойылатын сауалдар өте көп, солардың жауаптарын қанағаттанарлықтай етіп беру де қажет немесе сол сауалдардың жауабын бірлесе талдау отырып табуларына мүмкіндік беру.

Дәстүрлі сабақтардан бөлек заманауи оқыту технологияларының да басты назар аударатыны да диалогтық оқыту әдістері болып отыр. Диалогтық оқыту арқылы оқушының қызығушылығын арттыру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, өзгелер алдында қысылмай, ойын ашық білдіруге, аудиторияны өзіне баурап алу қабілеттерін қалыптастырудың маңызы өте зор. Себебі, жаңартылған білім мазмұнының

Әрине бұл жерде оқушының жас деңгейі, сыныптың қабылдау деңгейі, жалпы ахуалы, тақырыптың мазмұны мен ауқымы, ондағы фактілер мен деректердің күрделілігін де ескеру қажет. Оқушыларды неғұрлым төменгі сынып кезеңінде ойларын жүйелеуге дағдыландырсаң соғұрлым олардың жоғары сынып деңгейіне жеткенде ойларын бүкпесіз білдіру, өзгемен тез қарым - қатынас жасау дағдылары, кез-келген ортада өздерін ұстау мәдениеті де дами түседі.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық саласы технологияларын меңгермейінше сауатты жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі — тек біліммен қаруланып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, оның дүниежүзілік білім

кеңістігіне енуі бүкіл оқу әдістемелік жүйеге, мұғалімдер алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр. Бұдан шығатыны, XXI ғасырдың алғашқы жылдарының бірі — «Білім — бүкіл өміріңе» қағидасынан «Білім — бүкіл өмір бойына» қағидасына өте алатын білім жүйесінің ұйымдық құрылымдарын іздеу болып табылады. Қазіргі білім беру ісінің шарттарының бірі болып оқушының өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуына үйретіп, олардың өз оқу бағыттарын өзінің таңдай білуі деп есептеледі.

Білім саласына еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан – жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал казіргі заманның оқушысы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне үлкен мән береміз. Өйткені, оқытудың әр түрлі технологиялары зерттелініп, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп мектеп өміріне енуде. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал білім беру әдістемелері арасында өздігінен білім алуға негізделген тәсіл кең тараған. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Осыған орай оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда оқытудың жаңа технологияларын жетік меңгеріп қана жетуге болады.

Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді. Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы». – Алматы: Қазақстан, 1995. – 32 б.

2. «Мұғалімге арналған нұсқаулық». - 2012ж.

3. Қ.Сарбасова Инновациялық педагогикалық технологиялар. 2006 ж С.Әлкен. Жаңа технологиялар арқылы шығармашылыққа баулу.

4. Р. Қ. Қарсыбаева. Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту технологиясының ерекшелігі.

5. Мұғалімге арналған нұсқаулық 3 деңгей, 2 басылым, 2014 — жыл

ИНФОРМАТИКА ПӘНІН МЕКТЕПТЕ ТЕРЕҢДЕТІП ОҚЫТУ

Тулегенова Гульнур Бисембаевна
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Ембі қаласы,
№3 Ембі қалалық ЖББОМ КММ информатика пәні мұғалімі

Білім беруді дамыту тұжырымдамасында нәтижеге бағытталған білімге тек мұғалімнің кәсіби біліктілігі арқылы жетуге болатындығы айрықша айтылған. Яғни оқушыларға жаңашыл ұстаз керек. Қазіргі қоғамдағы педагог білім мен ақпаратты тасымалдаушы ғана емес, бәсекеге қабілетті, Еліміздің білім жүйесін әлемдік деңгейге көтеруге ат салысатын, білім мен іс-әрекетін ұйымдастыру шеберлігінің жоғары деңгейіне ие маман болуы қажет. Осы мәселе бойынша мұғалімдердің алдында ауқымды міндеттер тұр.

Еліміздің көркеюі, білімді азаматтардың биік шыңына қол жетуіне бағыт беретін ұстаз еңбегі үлкен роль атқарады деп ойлаймын.

Мектептегі информатика пәнін тереңдетіп оқыту қазіргі таңда үлкен мәселе. Болашақ IT мамандарын даярлау басты мақсатқа айналуда.

Бұл мақсаттың басты міндеті – білім нәтижесінің мемлекет, қоғам мен тұлғаның сұранысына сай келуіне тығыз байланысты. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жағдайында жергілікті қоғамның сұранысы, оқушы сұранысы мен мемлекеттің өзгермелі тапсырысын талдау арқылы білімнің жаңа жоспарланған нәтижелерін анықтауға мүмкіндік береді.

Осы сұраныстарды орындау мақсатында ерте жастан информатика пәнін оқыту. Жас ерекшеліктеріне сай құрылған мектеп бағдарламасының спиральді жүйесі келешек ұрпақтың білімінің толығуына, жан-жақты болуына шынайы әлем жағдайында тәрбиеленуіне көп септігін тигізеді. Сонымен қатар осы өзгерістерді іске асыру жолында жалпы педагогтар қауымының психологиялық – педагогикалық жаңаруы көзделеді. Оқушылардың информатика пәніне деген қызығушылығы жоғары, бастауыш сыныптарда информатика пәнін жеңіл және тез меңгеруде. Сондықтан балаларды ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындау үшін бастауыш сыныптан-ақ оларды логикалық ойлауға, талдау жасай білуге, ақпараттық технологиялардың негізіне, ақпараттық сауаттылық пен мәдениеттілікке тәрбиелеу қажет.Ал негізгі және жоғары буын оқушылары программалау тілдерін меңгеріп, болашақ программист мамандықтарына дағдалануда. Білім мазмұнын жаңартудағы бұл үрдіс барша педагог қауымға, сондай-ақ ата-анаға да үлкен жауапкершілік жүктейді.

Информатика пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі – бұл түлектің әрекеттегі сапалық жеке қабілеттері. Ол түлектің келесі мүмкіндіктері мен біліктіліктерін қамтиды: жоғары кәсіби деңгейде өз бетімен ақпаратты іздеу, жинау, талдау, көрсету, тасымалдау, объектілер мен үрдістерді, соның ішінде өз жеке әрекеттерін және ұжымның жұмысын модельдеу және жобалау.

Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда келесі жағдайлар жасалуы тиіс:

- информатика пәні мұғалімдерін тек өз лауазымдық міндеттерін атқаруы, қосымша курстар ұйымдастыру;
- жаңа техникалық құрылғылармен қамтамасыз ету;
- жаңа білім беру платформаларында жұмыс жасауға тегін мүмкіндік беру;
- оқу үрдісінде жаңа программалық жабдықтарды пайдалану;
- ғылыми және оқу ақпараттарын алу көздерін барынша кеңейту.

Осы мақсатта келесі әдістерді қолдану шарт:

- өз мамандығы бойынша жоғары деңгейде теориялық және практикалық білім алу;
- ақпараттық коммуникациялық технологияны теориялық және практикалық меңгеру;
- түрлі бағыттағы программалық жабдықтарды меңгеру;
- оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдаланудың тиімділігін игерту, оны өз тәжірибесінде қолдану;
- ақпараттық коммуникациялық технологияның жаңа мүмкіндіктерін ескере отырып, оқыту әдіснамасын өзгерту, ақпараттық коммуникациялық технологияны сабақтарда, ғылыми-зерттеулерде, оқушылардың өзіндік жұмыстарында қолдану;
- оқу және зерттеу әрекеттерінде локальді және әлемдік ақпараттық желілердің телекоммуникациялары мен ресурстарын құру және пайдалану;
- коммуникативті әрекетті теориялық және практикалық игеру;
- тереңдетілген тілдік дайындық;
- ұжымдық әрекеттерді модельдеуде ақпараттық коммуникациялық технологияны, жаңа құралдарды пайдалану, т.с.с.

Жаңа ғасырдың мұғалімі оқушыға тек бағыттаушы рөлін атқарады деген ұстанымды басшылыққа ала отырып, оқушыны тек тыңдап, бағыт-бағдар беріп, ынталадырып, жігерлендіріп жаңа ой туындауға ат салысу қажет.

Ұстаз сабақ барысында білімді бақылау үшін түрлі кері байланыс формаларын қолданады. Қазіргі таңда оқушыға өз ойын, жобасын көрсете білуге түрлі жаңа ақпараттық технологиялар көмекке келуде.

Соңғы кезде зерттеушілер, оқытушылар дербес компьютерге әртүрлі процестерді модельдеу құралы ретінде назар аудара бастады. Компьютер көмегімен физикалық құбылыстарды, химиялық реакцияларды, өндірістік, медициналық немесе экономикалық процестерді басқаруды т.б. модельдеуге болады.

Жаңа уақыт жаңа шарттар және жаңа мәселелер қояды. Олардың ішінде әлдеқайда маңыздысы педагогтар мен оқушылар үшін білім ресурстарымен қамтамасыз ету және оқу материалын өз бетімен өңдеуге тиімді жағдайлар туғызу болып табылады. Осыған сәйкес Интернет-технологиялардың маңызы зор. Бұл технологияны қолдану өз бетімен білім алу тиімділігін әлдеқайда арттырады. Оқушы Интернет және электронды почта арқылы тапсырмалар мен әдістемелік нұсқаулар алатын жағдайда қашықтан оқыту маңыздылығы артуда. Бұл бірінші кезекте, цифрлық (электронды) түрде жазылған ақпаратпен жұмыс істеуде қажетті мәліметті автоматты түрде табу мүмкіндігінің болуына байланысты. Электронды түрге көптеген әлемге белгілі энциклопедиялар мен сөздіктер аударылған, көптеген электронды оқулықтар мен кітаптар бар. Оқушы Интернет және электронды почта арқылы тапсырмалар мен әдістемелік нұсқаулар алатын жағдайда қашықтан оқыту маңыздылығы артуда.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны (АКТ) оқу-тәрбие процесіне ендіруде келесі жұмыстарды жүргізуге болады:

- оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктері мен алғышарттарын зерттеу;
- электрондық-әдістемелік жүйе, электрондық оқулықтар, оқыту бағдарламаларын жасақтау, сынақтан өткізу және оқу-тәрбие процесіне енгізу;
- электрондық, аудио- және видеоматериалдардың банкін (қорын) толықтыру.

Оқушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың қабілеттеріне қарай жұмыстандырған жөн. АКТ пайдалану арқылы дәстүрлі кластық-сабақтық жүйеден басқа жобалау жұмыстарын да ұйымдастыруға болады.

Информатика жас ғылым болғандықтан даму үстінде, оны мектепте оқыту мазмұны да әлі қалыптасу үстінде.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында 12 жылдық жалпы орта білім беру Тұжырымдамасының жобасы [1 ,б 2]
2. «Мектеп информатикасы: іс – тәжірибе, проблемалар және келешегі», Халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдар жинағы. 19 – 21 қазан 2005 жыл. Алматы, 2005 ж. [56, 58 б]
3. «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері». Оқу құралы.А.Әлімов. Алматы, [2013-448 бет.]

«БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН АРТТЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ТИІМДІ СЕРВЕРЛЕР»

Д.М.Джолдасбаева

«№45 ЖББОМ» КММ-сі, Ақтөбе қаласы

Елбасымыз айтқандай 2017 жылы 31 қаңтарда «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауындағы ең маңызды басымдықтарының бірі экономиканы технологиялық жаңғыртуды жеделдету болып табылады: «Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек», деген болатын. Қазіргі қиын сәтте сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда мұғалімнің атқарар рөлі орасан. Өйткені елімізде кең етек жайған пандемияға байланысты мұғалімнің сабақ беру жағдайы қашықтықтан оқыту форматына көшті.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында елімізде төтенше жағдай енгізген болатын. Осыған байланысты еліміздегі барлық мектеп оқушылары қашықтықтан оқи бастады. Алдымен «қашықтықтан оқыту» деген ұғымға тоқталатын болсам, қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар:

- онлайн (синхрондық),
- оффлайн (асинхрондық)
- кең таралған үшінші түрі вебинар.

Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз - интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренингтер өткізу формасы.

Қалыптасқан жағдайға байланысты мұғалімнің атқарар міндеті өзгеріске ұшырады. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүгі жүктеледі: ол қысқа мерзімді оқу жоспарын дайындап, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен астастырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді. Бұл ретте қашықтықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді. Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін педагог оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт.Қазіргі заманда оқу үдерісін ақпараттық коммуникациялық технологиясыз елестету қиын. Сол мақсатта АКТ құралдарын пайдаланудың тиімді жақтарын қарастыруымыз қажет.

Кәзіргі таңда кең қолданып жүрген Web сайттарымыздың ішінде:

1.Kahoot

2.RealTimeBoard
3.LearningApps.org
4.Prezi
5.Jamboard
6.Padlet
7.Online Test Pad
8.Classroom
9.Google Диск
10. Zoom

Қашықтықтан оқытудың артықшылықтары:

- ыңғайлы уақытта, ыңғайлы жерде айналысу мүмкіндігі;
- компьютерде жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру;
- уақытты үнемдеу;
- өз қарқынында оқу мүмкіндігі.

Бұл жүйе әлем елдерінде жақсы дамыған. Соның ішінде алдыңғы орында Ұлыбритания, АҚШ елдері тұрғанын айтуға болады. Карантин жарияланғалы қашықтықтан оқыту жүйесінің мектеп оқушыларына арналған бірнеше форматы да ұсынылған болатын. Олардың ішінде күнделікті жалпы білім беретін мектептер үшін және арнайы оқушыларға арналған телесабақтар, интернет арқылы оқу жүйесін таңдау, цифрлық білім беру ресурстары мен электронды почтаны пайдалану арқылы кері байланыс орнату негізінде оқыту түрлері бар.

Бүгінде тек Bilimland электронды оқыту жүйесі ғана емес, оқушылардың Kundelik.kz онлайн-мониторинг құралы, Daryn.Online жаңа ғасырдың жаңа форматта білім беретін платформасы, GoogleClassroom оқытуды басқару жүйесі, Microsoft Teams жүйелері арқылы оқушылардың білім алуларына жағдай жасалынған. Әр жүйенің өзіндік талаптары, ерекшеліктері бар. Мәселен, Google Classroom платформасы оқуға арналған Google-дің пайдалы қызметтерін біріктіреді. Платформада өз сабақтарыңызды, курстарыңызды құруға, қажетті оқу материалдарын студенттермен бөлісуге, оларға тапсырмалар ұсынуға, оқушылардың тапсырмаларын бағалауға және олардың үлгерімін бақылауға және студенттермен қарым-қатынасты ұйымдастыруға болады. Ал Daryn.Online арқылы еліміздегі білікті ұстаздардан білім алуға мүмкіндік жасалған. Сондықтан оқимын деген жандарға қашанда жол ашық, мүмкіндіктер көп. Тағы да бір жоғары мүмкіндіктерге ие интернет бағдарламалардың бірі – Kahoot. Kahoot – мобильді құрылғыларда дұрыс жауабы бар онлайн викторина құруға мүмкіндік беретін сервис. Сервисті пайдалану алгоритмі:

- Фото және видео қосу мүмкіндігіне ие сауалнама (тест) құру;
- Виртуалды кабинеттің номерін (жүйе генерациялайды) беру;
- Проектор арқылы тапсырманы экранға көрсету;
- Оқушылар мобильді құрылғылар арқылы виртуалды кабинетке кіреді;
- Мобильді құрылғыларда тапсырмалар көрінеді және оқушылар орындайды;
- Жалпы экранда оқушылардың жауаптарын көрсету. Тез әрі дұрыс жауап берген оқушы жеңімпаз;
- Оқушылар дұрыс жауапқа сәйкесінше балл алады.

Викторинаны жүргізу барысында оқушылар арасында байқау ұйымдастыруға болады.

Сервис арқылы құрылған бір викторинаға жалпы саны 30-ға дейін оқушы қатыса алады. Веб сервис оқушының әр тақырып бойынша білімін бекітуге, тексеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қашықтан оқыту мақсатында да қолдануға болады. Құрылған тестті әлеуметтік желілер арқылы немесе электорнды пошта арқылы сілтемесін жіберіп, басқа әріптестермен бөлісуге болады.

Қорыта келгенде, сабақты компьютерлік технологияның мүмкіндіктерін әр оқытушы ұтымды пайдалана білсе, білім сапасы қажетті деңгейге артады деп ойлаймын. Орыстың ұлы педагогтарының бірі К.Д.Ушинский заман талабына сай, әрбір ұстаз өз білімі мен біліктілігін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды күнделікті білім беру барысында қолданса, өткізілетін сабақтың тиімді, қонымды болатындығын айтқан болатын. Сондықтан жаңа форматтағы қашықтықтан оқыту жүйесі тек ұстаздар қауымы үшін ғана емес, ата-аналар мен оқушыларға да пайдасы бар. Еліміздің алдағы уақытта өркениетті мемлекеттер қатарынан көрінуі, білімді әрі білгір ұрпақты тәрбиелеу заман талабына сай білім алудан, жаңашылдықтан бастау алатынын айтқымыз келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1.Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы:АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.

2.Инновациялық технологияның бір элементі ретіндегі қашықтықтан оқыту технологиясы //«Өзін-өзі тану» танымдық журнал / №2-3, 2020, 14-17 беттер//

3. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет.38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).

4. Журнал «Информатика негіздері» № 1 – 2010 ж (11-14 б)

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА РЕФЛЕКСИЯ ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Абишева Майра Елубаиевна
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы,
Қарашатау ЖОББ мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Қазіргі білім беру тұжырымдамасының басым мақсаты өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі дамытуға дайын тұлғаны дамыту болып отыр. Осыған орай мектептің міндеттерінің бірі-баланың өз іс-әрекетін мотивацияның көзі және оқу қабілеті, танымдық қызығушылықтары мен оқуға дайындығы ретінде рефлексивті бақылау қабілетін қалыптастыру. Оқушының толыққанды оқу тәуелсіздігі мен жауапкершілігіне қол жеткізу бірқатар шарттар орындалған жағдайда ғана мүмкін болады. Жалпы дағдылар мен іс-әрекет әдістерінің қалыптасуының жоғары деңгейін атап өтсек; негізгі пәндік білім, дағдылар мен дағдылардың міндетті минималды мазмұнын игеру, дамыған рефлексия.

Енді сабақтағы рефлексия ерекшеліктеріне тоқталайық.

Рефлексия сөзі латын тілінен кірген reflexio - кейінге айналым мағынасын білдіреді. Бұл терминді Джон Локи 17 ғасырда берген. «Рефлексия – адамның өз істерінің мәнін түсіну, олар туралы ойлану барысында өзіне өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі немесе өзі әрекет барысында басшылыққа алған ережелер мен кестелерді мойындауы не жоққа шығаруы». Рефлексия мақсаты – еске түсіру, өзінің сабақ бойындағы іс-әрекетіне баға беру, талдау және мәселелердің шешу жолдарын іздестіру. Кері байланыс жүргізу бір күннің іс-әрекеті емес, оған көп уақыт, ізденіс қажет. Мұғалім рефлексия арқылы алынған нәтиженің «дұрыс» не «бұрыс» болғанын дәлелдеп, қолданылған әдіс-тәсілдерінің тиімді не тиімсіз болғанын анықтап, орындалған іс- әрекетін зерделейді. Ең алдымен, мұғалім кері байланыс жасауға оқушыларын дағдыландырып алу қажет. Сонда ғана бұл оң нәтиже

береді. Оқушылардың ой-өрісінің дамуы оқу үрдісі кезінде болады, ол оқушының өз бетімен толықтыруы мен өзін-өзі дамытуды қамтиды. Оқушы білім алудың мақсатын саналы түрде түсінсе ғана белсенді бола алады. Қолайлы оқу үшін адамдарға кері байланыс пен мадақтау қажет, сондықтан кері байланыс жүргізілуі тиіс. Ашық сауалдар, оқыту міндеттерімен алмасуы сияқты әдістер оқушылардың өз біліміне белсенді қатысу қабілетіне әсер етеді. Оқушылар жұппен де, өз беттерімен де өз білім деңгейлерін бағалауға және оған жеткенін түсінуге мүмкіндіктер бар.

Оқушыларды рефлексия жасауға үйретуде мәселенің психологиялық жағына мән беру тиімді. Рефлексияның оқушыға тиімділігі: рефлексия – оқушыны өз – өзіне есеп беруге баулиды, рефлексия арқылы оқушының қажеттілігін біле аламыз, оқушының өзіндік көзқарасы қалыптасады, рефлексия арқылы білім беру барысының сапасын жақсартуға болады, оқушының сыни көзқарасы қалыптасады, өз – өзіне баға бере алады, білім алуға деген қызығушылығы жоғарылайды.

Рефлексияның мұғалім үшін тиімділігі: сыни ойлауға жетелейді, өзіндік сын қалыптасады, шығармашылыққа деген ынтасы артады, ақпаратпен күнделікті жұмыс, әр оқушыға көңіл бөле алады, пәндік білім сапасы артады.

Рефлексияны әр түрлі әдіс-тәсілдермен сабақтың әр кезеңінде: тақырыптың соңында, сабақ бөлімдерінен кейін және тарау соңында жүзеге асыруға болады. Кері байланысты түрліше өткізуге болады: топтық рефлексия түрінде, әңгімелесу түрінде т.б. Кері байланысты ауызша және жазбаша да жүргізуге болады.

Рефлексия түрлерінің келесі жіктелуіне тоқталсақ; көңіл-күй мен эмоционалды күй көрінісі; Оқу материалы мазмұнының рефлексиясы; қызмет рефлексиясы. Рефлексияның бұл түрлері жеке және ұжымдық (топтық) нысандарда да жүргізілуі мүмкін. Рефлексияның бір немесе басқа түрін таңдағанда сабақтың мақсатын, оқу материалының мазмұны мен қиындықтарын, сабақтың түрін, оқыту әдістерін, оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет.

1.Оқу материалдарының мазмұнының рефлексиясы.

Оны мұғалім оқушылар өткен материалдың мазмұнын қалай түсінгенін анықтау үшін қолданады.

1 Аяқталмаған сөйлем тәсілі (тезис):

got acquainted with….

During today’s lesson we have

Found out……

Аяқталмаған фразалар сабақ тақырыбына да байланысты болуы мүмкін.

- Alexander Bell was a man …
- A dictionary is a book…

1.Сабақ мақсатына жету рефлексиясы.

Сабақ мақсаты тақтаға жазылып, сабақ соңында талқыланады.

Understand the information…

know how to give arguments…

Now I <

can say my opinion on…

Etc.

3. Think wane (синквейн) 5 жолдық

• Бірінші жол- тақырып атауы;
• Екінші жол – тақырыпты екі сөзбен сипаттау,– белгі немесе сын есіммен;
• Үшінші жол - осы тақырыптағы іс-әрекетті үш сөзбен сипаттау, етістікпен;
• Төртінші жол – төрт сөзден тұратын фраза, тақырыпқа қатысты;
• Бесіншіжол– синоним, тақырыптыашатын.

Бұлжұмыстүріндеәрокушыөзойын, алғанәсерінбілдіреді.
Мысалы: Michael Jackson
Handsome ,talented
Sings, dances, loves
King of pop music
A famous star.
II. Көңіл-күй және эмоционалдық жағдайдың рефлексиясы;
Төменде бірнеше тәсілдер көрсетілген.

1.Тәсіл «Пейзажкөңіл күй айнасы» әр оқушы табиғат пейзажы бар сурет таратылады. Мұғалім оқушыларға суретте өзі қалаған жерді көрсетіп, ағылшынша бірнеше сөйлеммен түс індіруді ұсынады2. Оқушыларда екі карточка: көк және қызыл. Мұғалім сабақ басында және аяғында қалаған карточкасын көрсетуді сұрайды, бұдан оқушының көңіл күйінің өзгерген, ө згермегенін білуге болады.

2.Тәсіл «Телеграмма».

Сабақ соңында 10-15 сөзден тұратын ағылшын сабағы туралы ата-аналарына телеграмма жазу ұсынылады. 2-3 минут телеграмма құруға беріледі, содан соң барлығы өз телеграммаларын оқып жалпы қорытынды жасалады..

3. Тәсіл «Өзіме хат» жазу дағдысын дамытуға септігін тигізіп, оқушының өзіндік талдау жасауына ықпал етеді. Сабақта не өткені туралы өз-өзіне хат жазу тапсырылады, оқушы жазбаша түрде талдау жасайды.

4. «Рыбья кость». Проблемалық мәселелерді шешу
A fishbone ProblemsSolution

5. «Диаграмма» Сабақтағы материалды қалай түсінгенін тексеруге арналған.

6.Тәсіл «Уақыт шкаласы» мәтіндегі хронологиялық даталарды есте сақтау үшін қолданылады,Уильям Шекспир туралы мәтін.1564 1577 1582 1583/85 1616
was his father’s marriage daughter, twins was born fortune were born died

7. Бақылай-бағалау рефлексиясы. Оқушылардың бірін-
бірі, өзін өзі бағалауға негізделген, бұл тәсілдің мақсаты өзін және құрбыларын әділ бағалауға үйрету.

Біздің мамандығымыз жаңа ойларды, тәсілдерді үнемі қажет етіп отырады. Сондықтан рефлексия жаңа заманға сай талапкерді қалыптастырып, қабілеттерін дамытатын жол-дың бірі. Бала ойлауға, сөйлеуге , өзін-өзі дамытуға еркін қол жеткізе алады.

Қорытынды:

Сонымен рефлексия – көп қырлы, кіріккен әрекет. Бұл әрекет психологиялық тұрғыда адамның психикалық қызметінің өзгеруіне ықпал етсе, педагогикада мұғалімнің кәсіби әрекетін жоғары шығармашылық деңгейде жүргізуіне негіз болады.

Мұғалім оны оқыту үрдісінде, қолданған әдіс- тәсілдерінің барысында және іс-әрекетінің нәтижесінде байқатуы мүмкін. Оқу барысында оқушы оны бойына сіңіреді. Егер оқушыда жақсы мінез - құлық болса, ол онда өзінің оқудағы жетістігін тұрақты ұстап тұра алады және өзін - өзі жетілдіреді. Рефлексия білім мазмұнын жаңарту аясында оқушылардың критериалды бағалау жүйесіндегі маңызды қадамдардың бірі болып табылатын оқушы мен мұғалімнің рефлексиялық әрекетін ұйымдастыруға көмектеседі. Біздің мамандығымыз жаңа ойларды, тәсілдерді үнемі қажет етіп отырады.

Сондықтан рефлексия жаңа заманға сай талапкерді қалыптастырып, қабілеттерін дам ытатын жолдың бірі. Бала ойлауға, сөйлеуге, өзін өзі дамытуға еркін қол жеткізе алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.«Ағылшын тілі бастауышта» республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журналы.

2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші басылым – 2012 жыл

3. «Дизайн ойлау» – оқыту мен білім берудегі жаңа әдіс. Жамелов Б. А. мақала.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТЫҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Азирбаева Ақтоты Аманбайқызы
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы,
Қарашатау ЖОББ мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Білім-біліктілікке жеткізер баспалдақ,
ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы»
А.Байтұрсынов

Еліміздегі білім беру жүйесінің басты мақсаты- қазіргі таңдағы білім беру мазмұнын жаңарту арқылы еліміздің орнықты дамуын қамтамасыз ете отырып, дамыған елдердің көшіне ілесу. Сондықтан білім берудің қазіргі заман талаптарын орындай отырып, жаңа технологиялармен, білім берудегі басқа да үдерістермен мұғалімдерді таныстыру-біліктілікті арттыру курстарының маңызды міндеттерінің бірі деп есептеймін.

«Баланы тәрбиелеу-тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз. Қалса өзің, асса барлық адам баласын әділ жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, қысқасы адамзат дүниесінің керек бір мүшесі бола алатын төрт жағы түгел кісі етіп шығару»,-деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, кез келген пәннің басты міндеті-әр баланы тұлға деп танып, қабілетін ашып, бойында бар біліміне ғана емес, табиғи мүмкіндігіне ерекше мән бере отырып, өздігінен білім алуға тәрбиелеу.

Білім жүйесі-қоғам дамуымен бірге дамып үнемі өзгеріп отырады. Мұғалімнің ішкі жан дүниесі де жаңаша, сондықтан болашақ ұрпақтан да зор үміт күтілуде.

Білім берудің негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін талап етеді.

Қазіргі таңда білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осы орайда, ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үемі жаңартып отыру және жаңа технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдану мінтеттелді. Білім берудің жаңа жүйесі жасалып, еліміз әлем кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагоика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты. Баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесін рухани тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде. Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған лайықты білім беру жүзеге асып келеді.

Қандай заман болса да, жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін, алдағы өмір жолын болжай алатын тұлға тәрбиелеу-ұстаздың қолында. Қазіргі заманға сай, заманауи қоғамның зиялы азаматын білім беру жолында, жаңаша ойлай алатын, рухты мықты, өз білімін қоғамның дамуына жұмсай алатын адам тәрбиелеу.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енгізген білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпақтың сана- сезімін, ойлау қабілетін арттыратын тың бағдарлама.

Жаңартылған білім беру жүйесі құзіреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама екендігіне көз жеткізуге болады.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу, функционалдық сауаттылығын арттыруды талап етеді.

XXI ғасыр-білімді, белсенді, денсаулығы мықты азаматтардың өсіп өнуіне ықпал етеді. Республикамыздың «Білім беру» заңына сәйкес, әр баланың жеке қабілетіне қарай дамуы, дарындылығын дамыту сияқты мәселелер енгізіліп отыр. «Оқу –инемен құдық қазғандай» демекші, мұғалім мен оқушының арасындағы қарым-қатынаста ынтымақтастық орнаған кезде, оқушы өзінің бойындағы дарынын ашады, ал мұғалім өз еңбегінің жемісін оқушының бойынан көре алады.

Бүгінгі бала-ертеңгі жаңа әлем. Оқушының дамуына ықпал жасайтын ата-ана және мұғалім ынтымақтастығы өте қажет. Қазіргі уақыт талабына сай, технология әдістерін үйретуші, бағыт-бағдар беруші-мұғалім.

Осыған орай, әр пән мұғалімдерінің оқыту әдістерін, жаңа технологияларды таңдап пайдалану және авторлық үлгілерді қолдану мүмкіндігі берілген. Оқушылармен жүргізілетін жұмыс жүйесі жаңа мазмұндағы оқу бағдарламасы, оқу жоспары, кретериалды бағалау басшылығы мен үлестірмелі материалдарға негіделеді. Әр мұғалімі тиімді оқыту мен оқыту тәсілдерімен таныса отырып, өзінің педагогикалық қызметіне белсенді оқу қағидаттарын енгізеді.

Білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын жетілдіруде тілді дамытудың маңызы зор. Әр ұрпақ өз ойын нақты, терең мағыналы, көркем, шешен сойлей білетін, терең ойлай алатын саналы ұрпақ болып қалыптасуына зор үлес қосатын мұғалімдердің еңбегі ерекше деп айтуға болады...

Қорытындылай келе, «Білім беруді дамытудың негізгі бағыттарын» саралай келе заман талабына сай, білім берудің талаптарына аса мән бере отырып, саналы да, білімді ұрпақ қалыптастыру. Білім берудегі жаңашыл әдіс-тәсілдерді ізгілендіру.

Тәуелсіз ел тірегі-білімді ұрпақ, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған бірінші мәселе-білім беру, ғылымды дамыту. Бүгінгі таңда, білім ордасы-мектеп, ал мектептің міндеті-өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей білетін және оны жалпыадамзаттық деңгейдегі құндылықтармен ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу.

Әдебиеттер тізімі

1.«Қазақ тілі мен әдебиет» журналы,2018 жыл.
2.«Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» 2011
3.«Ғаламтор көздері»

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМ САПАСЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒДАРЫ

Биртаева Салтанат Кангелдыевна
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы,
Қарашатау ЖОББ мектебінің математика пәнінің мұғалімі

Бүгіндегі жастарға оқу міндет,
Тек қана оқуменен өнер білмек...
Жалғыз ғана оқуменен теңелмейсің,
Алты ауыз азғын болсаң қоян жүрек.
Сұлтанмахмұт Торайғыров

Оқушыларға сапалы білім беру кез келген ұстаздың басты міндеті. Өз мамандығына сүйіспеншілікпен қарайтын әр мұғалім білім беру әдістерін жаңартып тұруға, заманауи білім беруге ұмтылады. Әрі бұл оқушыларды да жалықтырмай, олардың оқуға деген талпынысын арттырады.

Қазақ тілінің түсіндерме сөздігінде: «фукционалды ұғымы бір нәрсенің құрылысы, құрамынан емес, қызметінен болатын, соның әрекетіне байланысты болады» – деп сипаттама беріледі. Бұдан «функция» категориясы белгілі бір заттың атқаратын қызметіне немесе іс-әрекетіне қатысты айтылатыны танылады. Мысалы: ақпарат құралдарының функциясы – халыққа ақпарат тарату. Ал «функция» ұғымы адамға қатысты айтылғанда, оның іс-әрекетіне байланысты қарастырылады. Жоғарыда сауаттылық адамның білімділігіне қатысты ұғым екені нақтыланды. Яғни, «функционалдық сауаттылық» белгілі бір кезеңге сай субьектінің алған білімі мен білігі негізінде сауатты іс-әрекет ете алуы деген мағынаны білдіреді.

Демек, біз білім сапасын жетілдіруде функционалды сауаттылықты басшылыққа алатын болсақ, толықтай әрекет арқылы жүзеге асырамыз. Оқушыларға алған білімдерін сауатты түрде іс-әрекетпен жеткізе алуына әсер етуіміз қажет. Сонымен қатар, оқушылар бізден үлгі алатындықтан, өз біліктілігімізді тәжірибеде сауатты қолдануға тиіспіз.

PISA зерттеулері бойынша көш басында тұрған елдердің (Австралия, Финляндия, Жапония, Жаңа Зеландия, Италия, Оңтүстік Корея және т.б.) нәтижесі көрсеткендей, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға мынадай факторлар әсер етеді:

1) білім беру мазмұны (ұлттық стандарттар, оқу бағдарламалары);
2) оқыту нысандары мен әдістері;
3) білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі;
4) мектептен тыс, қосымша білім беру бағдарламалары;
5) мектепті басқару моделі (қоғамдық-мемлекеттік нысан, мектептердің оқу жоспарын реттеудегі дербестігінің жоғары деңгейі);
6) барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы;
7) ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі белсенді рөлі.

Қазіргі тәжірибеде математика сабағында тестілеу әдісін қолдану тиімді, пайдалы, әрі нақты педагогикалық өлшемнің бірі болып тұр. Тест әдісін қолдану білім сапасын бақылауға, дамытуға, ұйымдастыруға, болжауға, тәрбиелеуге көп көмегін тигізуде. Бұл әдіс арқылы мұғалім артық уақытсыз оқушылардың білім дәрежесін тез тексеруге мүмкіндік алады. Тест әдісін қолдану оқушының білім деңгейін көрсете отырып, мұғалімнің жұмысының нәтижесін де көрсетеді. Оқушылар да өз білім деңгейлерін көре алады, өздеріне – өзі бақылау жасай алады. Ата – аналар да өз балаларының білімін бақылау мүмкіндігіне қол жеткізеді.

Тестілеудің ерекшеліктері:

1. Оқушы өзін – өзі бақылайды, бағалайды.
2. Сапалық көрсеткіштерде жақсы нәтижегежеткізеді.
3. Нәтижесі тікелей белгілі болады.
4. Барлық оқушыға бірдей талап қойылады.
5. Оқушылардың білім дәрежесі әділ бағаланады,әрі оқытушының өз пікірінше ғана бағалауына жол берілмейді.
6. Оқушылардың білім деңгейін білу үшін оқылғанматериал тегіс қамтылады.

Бұл тест түрлерін әр сабақта үнемі ауыстырып қолданып отырса, жоғары нәтижеге қол жеткізуге болады.

Сөзімді қортындылайтын болсам, танымал академик те, ғалым да, қаншама басшылар да мектептегі ұстаздан білім алып шығады. Алдымызда отырған кез келген оқушы болашақта еліміздің атын шығарар тұлға болуы мүмкін. Оқушыларымыздың болашақта биік белестерге шығуына біз де үлес қоса аламыз. Осы орайда, ұстаз ретінде біздің міндетіміз жаңаға қарай ұмтылу, заманауи тұрғыда білім беруде бар күшімізді салу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі
2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы).
2. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы.
3.Оразахынова Н., Кенжебаева Г. М. - «Оқушылардың функциональдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. - Б. 42-47

ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРДІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Кыдырбаева Самал Лайкановна
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы,
Қарашатау ЖОББ мектебінің технология пәнінің мұғалімі

Қазақ халқы талғампаз халық. Ұрпағына қалдырған бай мұрасы-тұнған ғибрат өнеге, ұрпақ жалғастығын байланыстырып тұрған халықтың өміршең тәжірибесіне толы. Әр халықтың ұлт екенін дәлелдейтін үш арнасы бар: сөз өнері, қол өнері, саз өнері

Атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық қолөнерімізді өткен ғасырда жоғалтып ала жаздап, егеменді ел болғалы өз мәдениетімізді, дәстүрімізді қайта жандандырып, қазақ қолөнері қайтадан ел арнасына, білім ордасына бірте-бірте тамаша үлгілерімен еніп, оқушыларға жан-жақты білім мен тәрбие беруге, жаңаша еңбек етуге талпындырып отыр. Қазақ халқының қолөнері көне заман тарихымен бірге дамып, біте қайнасып келе жатқан бай қазына. Сан алуан түрлі қолөнер бұйымдары әсемдігі, өрнегі тұрмысқа сән берумен адамдарға рухани ләззат берген. Көз салып, байыптап қараған адамға бұйымдардағы түрлң түстң ою-өрнек адамзат дүниесінің табиғатпен біте қайнасып, сонау заманнан келе жатқан қарым-қатынасын, көңіл күйін, жан дүниесіндегі тылсым күштердің бірлігін аңғаруға болады. Қолөнер шеберлері табиғат сұлулығын өнер туындыларына арқау еткен.

Қазақтың сіндік қолөнері халықтық мәдениетіміздің құрамдас бөлігі. Шебер қолынан шыққан қолөнер туындыларын халықтың өміріне, тұрмысына бөліп қарау мүмкін емес. Бұл заттар ел тұрмысынан сән беріп, адамдарға рухани ляззат әкелген. Өнер арқылы адам өмірді көреді, байқаған заттардың жайларн ұға, қорыта білуге үйренеді. Қазақ халқы қолөнер түрлері балаларға үйрету негізінде олардың еңбек сүйгіштікке тәрбиелейді, еңбек етуге

дағдыланады. Балалар қолөнер бұйымдарын жасауды үйрене отырып, еңбекте шыңдалып, күн көріс қажетін, еңбек етудің мәнін түсінеді. «Еңбек» ұғымында «жұмыс» және «кәсіп» түсінеді. Қолөнер туындылары жазба мәдениеті болмай тұрған кезеңде-ақ пайда болғандықтан қазақ халқының балаларын еңбекке баулып қана қоймай ақыл-ойын өсіруге, адамгершілікке, әдемілік пен сұлулыққа тәрбиелеудің де басты құралы болған.

Өнер туындылырының бет-бедеріне ширатыла түскен ғажайыпөрнектер өзгеше бір тілмен ақтарыла сыр шерткендей. Қолөнер дүниежүзінің әр халқына тән қазынасы, ғасырлар мұрасы. Қазақ қолөнерінің түрі, сапасы, өрнегі, бояуының өмірге келуі көшпелі халық өмірімен тығыз байланысты.

Күнделікті тұрмыс тіршіліктегі сан алуан қажеттіліктен қолөнер туындылары пайда болып, жетіліп, өңделіп отырған. Атап айтқанда, көшіп қонуға ыңғайлы, тұтынуға икемді, сапалы болуы анық бояулы өрнегімен үндестігін тапқан. Қолөнер тұтыну сапасына қарай бірнеше салаларға бөлінген. Олар: іскерлік матамен жіп ісмері, киізші –киіз басушы, пішуші, тігуші, ою оюшы. Өрімшілік, тоқымашылық, алаша, кілем, жалпы бұйым, киім тоқушы. Есу, өру, ысу, ұршық иіру, яғни жіп жұмыстары. Қолөнер әйел мен ер адамға ортақ болған. Айырмасы тек шикізат атымен өңделуіне байланысты. Ер адамға арналғандары үйші, киіз салушы. Ұста-ағаш өңдеуші, өрнек, әр салушы. Етікші- аяқ киім пішуші, тігуші. Зергер-металдан бұйым жасаушы. Өрімші-былғары бұйымдарын жасаушы.

Атам қазақ бала тәрбиесіне, өмір тіршілігінің ертеңгі келешігіне ерекше мән берген. Ұл бала: таспа тіліп, өрім өре білуі, шаш алып, мал сойып оны мүшелей білуі қажет. Ал қыз бала: ине сабақтап, ұршық ұстап, жіп иіріп, арқау құрып, қап тоқуды үйреткен. Халықтың дамуы, жетілу тарихында небір он саусағынан өнер тамған ісмер адамдар болды.

Сәндік- қолданбалы өнер арқылы оқушылардың шығармашылық қаблеттерін дамыту, ұлттық сана сезімін,еліне деген сүйіспеншілігі мен мақтанышын қалыптастыруда ерекше орын алады. Ою-өрнек арқылы халқымыз өз тыныс-тіршілігін, мәдениетін, өнерін, мәдени құндылықтарын, жоғары деңгейде дамыған тұрмыстық қажеттіліктерді ұрпаққа жеткізіп, дамытып отырды.

Келешек ұрпақ мақсаты-осы киелі өнерді әрі қарай дамыта отырып, көздің қарашығындай сақтауы керек. Оқушылрадың мынандай қасиеттер қалыптасуы қажет:

1.Өзінің ұлттық мәдени тарихына үңілуге қызығушылығын арттыру.

2.Ата-баба кәсібінің өнерін дұрыс меңгеру үшін этнографиялық ерекшілігін білуге ынталандыру.

3.Ана тілі арқылы ғана қолөнерінің атауларынан түсініктеме алу.

4. Халық шеберлерінің жасаған бұйымдары арқылы ата-баба өмірімен таныс болу, ұлттық өнерге деген құрметтеу сезімін ояту.

5.Ұлттық психологиямызға тән халқымыздың мәдениетін көтеруге дәнекер болуға баулу.

Сондықтан адамзат тарихындағы ең асыл мұраларын қолдан шығарып алмай, білім саласындағы осы «ақтаңдақтардың» бетін ашып, көне мәдениетімізге тереңірек үңіліп, өткен уақыттың рухани мұрасынсаралау, талдау қажеттігі туып отыр. Демек, халықтың ой-тілегі жас ұрпақты қолөнерге тәрбиелеу деген ұғым. Осы мақсатпен мен өзім де көркем еңбек пәнінің мұғалімі ретінде қыз балаларға: кесте тігу, құрақ құрау, киізден бұйым жасау, жүн тұту, жіп иіру, киім тігуді үйретемін, көрмелер ұйымдастырамын, сабақтан тыс ұлттық қолөнерге байланысты сайыстар өткіземін. Қазақта қыз баланың тәрбиесі бірінші орынға қойылған. «Өмірінің жалғасы» деп, қыз баланы үй ұйтқысы деп, үй ұстауға, отбасы тіршілігіне баулыған.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Марғұлан Ә. Қазақ халқының сәндік қолданбалы қолөнері – Алматы, «өнер» 1986.

2. К.Жұмабаева С Сәндік-қолданбалы өнер арқылы оқушылырдың шығармашылық қаблетін дамыту «Мектептегі технология» 2016
3. Ж.Байбулова Ұлттық қолөнердің тәрбиелік мәні «Мектептегі технология» 2014

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАРИХ САБАҒЫНДА ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ІСТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.

Махамбетиярова Жайнагүл Орынғалиевна
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы
Қарашатау жалпы орта білім беретін мектебінің
тарих пәнінің мұғалімі

Қазіргі заман ағымына өмір талабына егеменді еліміздің болашағы тірегі-бүгінгі ұрпақ. Қай елдің болмасын ерекшелігін, сол мемлекеттің ғылым-білімнің мәдениетінің дамуы – халықтың өзгешелігін таныту үшін маңызды. Мектепте болашақ ұрпақ қандай білім алып,тәрбиеленсе еліміздің болашағы сондай болмақ.Тәуелсіз мемлекетімізге терең білімді, іздемпаз, өз бетімен шешім қабылдай алатын, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұсынатын жеке тұлға қажет. Демек, мектептегі оқу үрдісі оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуы қажет. Сол себептен негізгі мақсат сындарлы оқыту негізінде оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу ерекшеліктерін дамыту.Оқушыларға білімнің қыр-сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау, кез-келген ортада өзін еркін ұстауға ,Қазақстан Республикасының азаматы деген атқа лайық болатындай етіп тәрбиелеу- біздің міндетіміз болмақ. Осы орайда оқушылардың білім деңгейін арттыру маңызды іс. Өзіндік жұмыс -тәрбиелеу мен оқыту процесінің міндетті құрамдас бөлігі болып табылады. Білім сапасын көтеру, оқу әдісін жандандыру мақсат болып отырған казіргі кезенде өздік жұмыс оқушылардың белсеңділігін арттыруға, шығармашылық қабілетін арттыруға, жетілдіруге көмектеседі. Оқушылардың ой-өрісін, қиялын дамытады.

Эмоция туғызуға бұрын алған білімдерін еске түсіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, өздік жұмыс оқушының баспасөз материалдарын өзінше ізденіп оқуға, сол арқылы танымын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Жауапкершілікке дағдыландырады. Өзіндік жұмыс оқушының сабақта алған білімін кеңейте түседі.

Еңбектену барысында ой-өрісі, сезімдері тереңдейді, шыдамды, еңбексүйгіш болуға үйренеді.

Өз бетінше жұмыс әр сабақта проблемалық сұрақтарды қолданған орынды. Психологтардың пікірінше, бұл құбылыс ойлау ерекшелігіне байланысты пайда болған. Оқушыларға проблемалы міндет қойып,соны өздеріне шешкізген дұрыс.

Нәтижесінде, оқу үрдісінде –оқушының алған білімі мен дағдыларын күнделікті өмірде теориялық және тәжірбиелік мәселелерді шешу үшін қолдана алу мүмкіндігі арқылы жүзеге асады.Оқушы бойында пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру арқылы өзін-өзі дамытуға, алған білімдерін өмірде қолдана алуына, өзінің іс-әрекетін ой елегінен өткізуге жағдай жасайды. Оқушының пәннен алған білімдерін өмірде қолдана білуі қиыншылықтан шыға білуінің бірден бір жолы.Мұндай бейімделулерде тарих сабақтарынан айқын көруге болады.Ең басты-мақсат –оқушыға білімді өздігінен игеру амалдары мен тәсілдерін үйретіп, оның өзіндік дүниетанымын қалыптастыруына жағдай жасау, бағыт-бағдар беру.Кембридж тәсілінің жеті модуль ішінен «Сыни тұрғыдан ойлау», «Диалогті оқыту» тәсілдерін қолдану тиімді. Бұл жаңа тәсіл оқушылардың ойын ашық, еркін айтуға, белсенділігін арттыруға, бір-бірінің пікірін тыңдай білуге өте қолайлы.Сабақтың іс-әрекет кезінде оқушылар орындаған

тапсырмаларды өзара тексеру кезінде, бір-бірімен ақылдасып, постер жасаған кезде , өмірмен байланысты сұрақтарға жауап беру кезінде оқушы мен оқушы, оқушымен мұғалім арасында диалог орнатылады. Нәтижесінде, оқушылар тақырып бойынша өз ойларын, өз идеяларын дәлелдей алады. Мысалы, «Тың игеру » деген тақырыптағы сабақта әр жұп өздерінің тақырыптарының маңыздылығын бір-біріне дәлелдегенде, түрлі аргументтер келтіргенде әңгіме-дебатты қолданған дұрыс. Жоғары дәрежелі сұрақтар арқылы оқушылар ақпаратты кеңейтуге және талдауға тиіс болады.Сабақ үдерісіне өзгеріс енгізу, жеті модульді барынша тиімді ықпалдастыру, оқушылар арасында белсенді қарым-қатынас орнатуға болады. Сыни тұрғыдан ойлау элементтерін пайдаланғанда сабақтардың қызықты, ұжымда бірлесіп жұмыс істеуге үйренетініне,білімнің терең тиянақты болатындығы оқушының белсенділіктерін арттырып, өз бетінше білім алуға дағдыландырады. Өз бетінше жұмыс істеуге дағдыланған оқушы кездескен қиындықтарды жеңе алады, өз ісіне тыңғылықты болады, алға қойған мақсатына жетеді. Топпен, жұппен жұмыс істегенде олар өзара пікірлесіп, топқа берілген сұрақтарға тынымсыз іздене отырып, әр оқушы өз ойын еркін айтуға, оны дәлелдеуге үйренеді.

Өз бетінше жұмыстың негізгі міндеттері:

Оқушыларды дербестікке үйрету,

Оқушылардың алған білімі саналы әрі берік болады,

Оқуға қажет біліктер мен дағдылар қалыптасады,

Оқушылардың таным, ақыл –ой қабілеттері дамиды.

Оқу ынтасын арттырады.

Оқушыға өз бетімен жұмыс істеп дағды беру ұзақ, жүйелі жүргізілетін жұмыстардың нәтижесінде қалыптасады.Оқушылар сабақта өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін пән кабинеттерінде дидактикалық материалды, үлестірмелі материалдар,баспа негіздегі дәптерлер, тағы басқа оқу құралдары жинастырылуы қажет.Дегенмен оқушыларға оқулықпен жұмыс істеудің орны ерекше . Барлық ғылыми-техникалық білімнің көзі-кітапқа, оның ішінде оқулыққа оқушылардың сүйіспеншілігі мен құрметін арттыру, олармен өздігінен жұмыс істеуді үйрету мұғалімнің басты міндетінің бірі.

Әр сынып оқулықтары қажетіне орай орындалуға тиісті тапсырмалармен, суреттермен қамтамасыз етілген.Өз бетінше жұмыс істеуді оқушылардың сабақ үстіндегі қызметіне енгізу сабақтың құрылымына да, элементтеріне де әсерін тигізеді. Мектеп оқушыларының өз бетінше жұмыстарын ұйымдастырудың басты формасы-жұмыстарды орындау, ептілік, іскерлік, шеберлік дағдысын дамыту.

Бұл үшін төмендегідей тиісті талаптарды орындауға тура келеді:

Өз бетінше істелетін кез-келген жұмыстың нақты мақсаты болу керек.

Әрбір оқушы жұмыстың орындалу тәртібін жетік білу керек.

Өз бетінше жұмыс оқушылардың бойындағы танымдық қабілетін, шығармашылық ойлау жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жұмыстың мазмұны оқушының қызығуын, талпынысын оята білуі тиіс.

Өз бетінше жұмысты оқушылар еңбек дағдыларымен әдістерін жетік игеріп түсетіндей етіп ұйымдастыру қажет.

Өз бетінше жұмыс істеу қабілеттерін дамыту үшін сабақтарда проблемалық сұрақтар қойып, өз бетінше жұмыс түрлерін ұйымдастыру қажет.өз бетінше жұмыс арқылы оқушыларда мынадай қасиеттер қалыптасады.

Қорытындылай келе:

Оқушылармен жүргізілетін өзбетінше жұмыс теория практикамен, оқытуды өмірмен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Оқушылармен жүргізілетін өзбетінше жұмыс білім, білік және дағдыларын қалыптастыруға игі әсер етіп, жүйеге келтіріп, сабақтың сапасы мен тиімділігін арттырады.

Әдебиеттер тізімі:
1. Қазақстан тарихы. Әдістемелік журнал №3,2021
2.Қазақстан тарихы. Әдістемелік журнал №11,2020
3. Ғаламтор.Ustaz/kz сайты.

ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ӘУЕЗОВ

Уликпанова Камка Кенесовна
№48 ЖББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

«Толстойды оқымай орысты, Бальзакты оқымай французды,
Әуезовты оқымай қазақты білдім деу сондай қиын»
академик Зейнолла Қабдолов

Қазақтың маңдайына біткен атақты ұлы жазушыларының бірі, қоғам қайраткері Мұхтар Әуезов – әлем таныған ұлы тұлға. Ол қазақ өркениетінің жаңа болмысын ашқан жазушы. Мұхтардың әдебиетке деген сүйіспеншілігі, қаламының ұшқырлығы бала кезден бастау алған. Бүгінде Абай дегенде –Әуезов, Әуезов дегенде – Абай болып көз алдымызға елестеудің өзі бүкпесіз шындық. Себебі әлем әдебиетінде ойып тұрып орын алатын ұлы романдардың бірі Әуезовтың «Абай жолы».

Қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтың артына қалдырған әдеби мұрасы да жетерлік. Ол 20 жасында өзінің тұңғыш көлемді туындысы «Еңлік-Кебекті» жазып шыққан. Ол 1917 жылы алғаш сахнаға қойылып, содан әлі күнге дейін драматургия саласынан түспей келе жатқан ауқымды еңбек. Одан бөлек, түрлі тақырыптарда жазылған шығармалары да жетерлік. Әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік, әйел басындағы ауыр тағдыр сынды озық ойлы тақырыптарға жазылған шығармалары Әуезовтың қайталанбас мұрасы. Сондай-ақ Мұхтардың атын көпшілікке таныс еткен ол «Абай» журналы.

Әуезов шығармалары туралы сөз қозғағанда оның орны бөлек туындыларының бірі «Абай жолы» романы. *«Қазақ жазушыларынан, әрине Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы Абайдан»* деп сыр шерткен Әуезовтың бұл сөзі оның «Абай жолын» жазуға деген себебінің бірі. Алайды, бұл роман оңай дүниеге келген жоқ. Абайды танып білу үшін қаншама мұрағатты ақтарып, іздене білді. Кейін жарық көрген роман үшін қудаланған Мұхтар еш мойымай, шыңға шықты. Соның нәтижесінде «Абай жолы» роман эпопеясы «XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі» деген жоғары құрметке ие болды. 30 жылға жуық жазылған еңбегі үшін Мұхтар Әуезовке 1959 жылы Лениндік сыйлықтың лауреаты атағын берді.

Әуезов өмірінің басым бөлігі жазушылық жолға арналды. Оның небір туындылары бүгінде өзге тілге аударылып, әлем таныған Әуезов болып қалыптасты. Ең өкініштісі қазақ зиялыларына тағылған айыпқа ілініп, абақтыға жабылуы. Дегенмен, кейін «Ашық хаты» арқылы жазасы жеңілденіп, босап шықты.

Қазақтың ұлы ғұлама ғалымы, қоғам қайраткерінің есімі қашанда ел есінде мәңгі сақталмақ. Оның туындылары келешек ұрпаққа мұра болып қалған бағалы еңбек. Ал қазақ жазушысының аты әлемге әйгілі болып, ұлт мәртебесінің асқақтауы біз үшін үлкен абырой әрі баға жетпес байлық.

О ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ ВОЛЕЙБОЛУ

Б.С. Медетов
СШ №28 г. Актобе
учитель физической культуры

При обучении волейболу в школе у учителя возникает масса проблем. Это и дефицит урочного времени, отводимого на волейбол, и разрыв между прохождением материала в разных классах, и недостаточное количество мячей (особенно сейчас), др.

Для достижения высокого методического уровня организации учебного процесса необходимо опираться на знание психологии каждого ученика, достижение индивидуальной осознанной активности у занимающихся.

Дети приходят на урок с огромным желанием играть в волейбол, но зачастую в силу вышназванных причин игра не идет. А задача учителя - за ограниченное время поставить игру. Для этого необходимо до занимающихся донести понимание механизма выполнения двигательных действий, т.е. ученик должен в уме спроектировать двигательный процесс и лишь потом его реализовать. Если ученика приобщить к такой культуре освоения двигательных действий, то навыки его будут прочными. Самые ценные знания - те, что достигнуты самостоятельно. Они имеют высокую помехоустойчивость; в этом случае меньше сказывается разрыв между последним занятием младшего и первым занятием старшего пограничного класса.

Были подготовлены карточки с проблемными заданиями. Например,при обучении передаче мяча двумя руками сверху первый набрасывал мяч, требуя, чтобы второй готовился к приему («кисти ко лбу , дистальные фаланги касаются лба»). Следующее действие - встречное движение кистей к мячу.

Не следует форсировать события. Важна последовательность освоения элементов техники, иначе планируемый результат обучения достигают с трудом или вообще не достигают.

Сначала нужно добиться понимания того, что тот или иной элемент техники должен быть усвоен прочно, чтобы им можно было умело пользоваться в игре. Например, дети в школе , пытаясь выполнить передачу сверху, совсем не сгибают руки в логтях и не держат кисти «ковшом» по размерам мяча (часто мяч проваливается), а прямыми руками в игре передачу из глубины площадки к сетке не выполнишь. Всю текущую информацию в процессе обучения и учебных игр необходимо доводить до занимающихся постоянно.

Важным является момент встречи кистей с мячом. В настоящее время моторно одаренных детей немного, поэтому учитель должен оказать школьнику помощь-подсказку («мяча нет», «мяч есть!»), вселить уверенность в собственных силах («мячом управляешь ты, а не он тобой!»). Встречное движение надо начинать с ног, руки начинают движение, когда расстояние до мяча равно по длине рычагу предплечья.

Используя данный подход в обучении и добившись хороших результатов, я пришел к выводу что волейбоу нужно учить в школе не путем увеличения количества различных интересных упражнении, а через качественное усвоение и воспитание чувства ответственности перед командой за каждый выполненный элемент.

Овладев технкой выполнения передачи на месте на основе согласованных движений, понимания их механизма и чувства ритма, проведя контроль припомощи тестирующих упражнений, можно переходить к обучению передаче в движении. Главное не сами упражнения, которых множество и которые всем известны, а технология с ее перспективой использования переда в игре. Приведем такой пример.

Двое учащихся распологаются на площадке вдоль боковых линий в зонах 5 и 1 лицом к сетке, а еще двое - в зонах 4 и 2 лицом к первым игрокам. Мяч у игрока зоны 1, он его подбрасывает и делает передачу игроку зоны 2, стоящему в 1 м от сетки, а игрок зоны 2 сгибает ноги, образует кистями «ковш», дистальные фаланги указательных пальцев кладет на лоб; стопы играков зон 2 и 1 направлены навстречу друг другу. Игрок зоны 2 делает передачу над собой, руки в локтях полностью не разгибает, в конце в движение рук как бы затухает. Игрок зоны 1 перемешается в зону 2,сгибает ноги, кисти подносит ко лбу и выполняет передачу через сеику в зону 5. Игрок зоны 5 в момент готовности игрока зоны 1 сгибает ноги и наблюдает за мячом и игроком. Важно , чтобы учащиеся понимали: волейбол - это защита своей площадки от падения на нее мяча. Поэтому до передачи мяча всегда нужно сгибать ноги и наблюдать за передающим игроком (с прямых ног перемещаться рационально). Здесь на лицо межпредметные связи с психологией, куда входит понятие внимания, и с физикой, поскольку необходимо учитывать скорость летящего мяча, чтобы успеть подготовиться к его примеру. Сделав в обучении акцент на культуру ощущений, усилий занимающихся , можно в школе научить детей играть в волейбол на три касания мяча. На пробных уроках учащиеся нашей школы решают вопросы управления учебным процессом, а не просто судят учебную игру. В старших классах ребятам дают задание: играть на три касания, подавать надежно (особенно в связи с новыми правилами определения победителя партии),прием держать (пас в зону 3, а передачу на нападающий удар - в зону 4 или 2). На действия соперников реагировать своевременно, заранеепринимая ту или иную стартовую стойку. Играть до свистка. По ходу игры сообщаем необходимую информацию. Для объективности оценки используем информативные игровые показатели (к ведению протокола привлекаются освобожденные от занятий ученики). Цели и задачи обучения другим элементам техники формируется по аналогии с приведенными примерами.Успешно овладения данной технологией достигается за счет научной организации труда и активной исполнительской роли самих занимающихся. Переход обучения на рельсы психолого-педагогических закономерностей процесса познания значительно сокращает сроки овладения элементами техники волейбола. Результаты работы по обучению элементам техники определяют с помощью упражнений-тестов , а самой игры в волейбол-простейшим техническим протоколом , где указан процент полезных действий каждого игрока.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАҢАШЫЛ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Жумагазина Жансауле Максотовна
Ақтөбе қаласы №57 ЖББОМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген.

Бұл міндеттерді шешу үшін әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәрбиеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Сондықтан да, әр мұғалім өз әрекетінде қажетті өзгерістерді, әр түрлі тәжірибелер жөніндегі мағлұматтарды, жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қабылдап, дұрыс пайдалана білуі керек.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы барысында орта білім берудің жүйелі реформалануы қоғамдық тұрғыдан үлкен маңызға ие. Білім беруді реформалауды жүзеге асырудың және бір маңызды сипатты қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін технологияландырудың қажеттігінен тауып отыр.

Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мектеп өміріне енгізіліп отыр.

Ал, жаңа педагогикалық технологиялар оқушының шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады.

Жаңа технологияны қолдану төмендегідей кезеңдер арқылы іске асады.

I кезең-оқып үйрену

II кезең- меңгеру

III кезең-өмірге ендіру

IV кезең-дамыту

Әдебиетті оқыту әдістемесі пәнінің мақсаты әдебиеттің сөз өнері әрі ғылым ретіндегі ерекшеліктеріне сүйене отырып, оны халқымыздың көркем тарихы, «өмір оқулығы» дәрежесінде оқып-үйрету. Бұл пән сонымен бірге әдебиетті өмірмен байланыстыра оқыту арқылы көркем шығармадан тәлім алуға, шәкірттердің оқырмандық қызығушылығын қалыптастыруға жол сала отырып, олардың әдеби қабілетін дамытуды көздейді.

Мектепте әдебиеттен білім беру мақсаттары:

1. Әдебиеттің ғасырлар бойы жасаған өнердің бір түрі екендігі, өнер болғанда сөз өнері екендігі туралы ұғымдарын қалыптастыру, әдебиет пәнінің өзіндік ерекшелігі де сол өнер пәні болғандығы әдебиеттің сөз, тіл өнері екендігі туралы білімдерін қалыптастыру.
2. Әдебиеттің өзіндік заңдылықтары, ерекшеліктері жайында білім бере отырып, оның басқа өнер түрлерінен айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету.
3. Әдебиеттің өзіндік табиғатын даралай, саралай отырып, ондағы дәстүр мен жаңашылдық, жалғаспалық әдеби кезеңдер, оның адамзат тарихымен тығыз байланысы жайлы білімдерін қалыптастыру.
4. Өз пікірі, эстетикалық талғамы бар сауатты мәдениетті оқырман дайындау. Ауызша да, жазбаша да еркін, шешен, көркем сөйлеуге, жаза білуге үйрету.
5. Көркем туындыны оқи отырып, эстетикалық талғамдарын байыта отырып, оны әдеби тұрғыдан сауатты талдай білуге дағдыландыру.

6. Туған әдебиеттің өзіндік ерекшелігі, оның адамзат әдебиеті мен мәдениетіндегі орны туралы ұғымдарын толықтыру, жетілдіру.

7. Әдебиеттану ғылымы, сыны, оның мақсаты, міндеті, әдебиеттегі білім берудегі маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.

8. Тәрбиешілік мақсат. Эстетикалық сезімдерін, талғамдарын тәрбиелеу. Адамгершілікке, имандылыққа, ізгілікке, адамдық жақсы қасиеттерге баулу. Туған халқының тілі, оның әдебиетіне деген ұлттық сезімдерін тәрбиелей отырып, бүкіл адамзат қауымының тілі, әдебиетіне деген қызығушылығына әсер ету.

Әдебиетті оқыту әдістемесінің мақсаты – қазақ әдебиеті пәнінен берілетін білімді ғылыми-теориялық жағынан қаруландыру. Оқушының шығарманы оқуы, қабылдауы – көркемдік танудың екі жағы. Бұл – әдебиетті оқытудағы басты нәрсе. Оқыту үрдісінде (процесінде) шығарманың ерекшелігіне, сабақ мақсатына қарай әдістер таңдалады. Қазақ әдебиеті әдістемесінде зерттелген әдістер ұтымды пайдаланып, мектеп тәжірибесінде жинақталды. Әдеби зерттеу негізі жүйеленді.

Жаңа технология мен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғы шарттар қажет: оқу үрдісін интенсивтенттіруді жаппай қолға алу; оқушылардың сабақтастылығын болдырмау шараларын кешенді қарастыру. Оның ғылыми - әдістемелік, оқыту-әдістемелік ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау, жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу, пәндік білім стандарттарымен жете танысу, білімді деңгейлеп беру тенологиясын игеру арқылы оқушыларға білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игеруге қол жеткізу, оқыту үрдісін ізгілендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу, өйткені оқыту-тәрбиенің негізі.

Сондықтан оқыту да қоғамдық құбылысқа жатады. Оқытуды екі түрлі мағынада қарауға болады. Біріншісі - мектепте және жоғары оқу орындарында апта айтқанда экологиия пәнін оқыту. Екінші - өмірде оқыту, өмірге үйрету. Тәрбиелеу, оқыту егіз ұғым.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту; әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту; барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу; оқу үрдісін оқушының сезінуі.

Жас ұрпаққа білім-тәрбие беретін бала жанының – мұғалімдер қандай болуы керек және олардың еңбегі қалай өлшену керек дегенді ой елегінен өткізіп көрелік.

Біріншіден, мұғалімнің ары таза, адал, әдепті, инабатты, сыпайы, парасатты, байсалды, ұстамды, төзімді, кешірімді болуы ләзім.

Екіншіден, мұғалімнің ой-өрісі кең, жан-жақты білімді, өз мамандығына сай, оны сүйетін, өз ойын оқушы-шәкірттеріне анық, тұжырымды, дәл айтып түсіндіре білуі шарт.

Үшіншіден, мұғалім өз оқушыларына беделді, ұжым арасында сыйлы болуы тиіс. Әрдайым оқушылармен әдептілік қарым-қатынаста болғаны жөн.

Төртіншіден, мұғалім теорияны өмірмен байланыстырып, ғылым мен тәжірибені әрдайым өзі беретін күнделікті сабағына кеңінен пайдалану қажет.

Бесіншіден, мұғалім үнемі өз бетімен оқып, педагогика, әдістеме жаңалықтарымен танысып, өзінің ой-өрісін кеңейтіп, білімін толықтырып отыру керек.

Осы қағидаларды әрбір мұғалім тұрақты ұсынып отырса, мұғалімнің күш –қуаты, көңіл күйі әрдайым жоғары болады да сабақ беру сапасы арта түседі, еңбегі жанады. Ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты, шығармашылық еңбек екендігін еске алсақ, олардың жемісті, әсерлі жұмыс істеуі үшін үкімет тарапынан үнемі оқулықтармен, көрнекті дидактикалық, техникалық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілуі тиіс.

Педагогикалық технологияны қолдану білімді сапалы түрлендіруге, жаңашыл жобаларға ірге болуға нақты негіз болып, әрбір мектепке өзіндік тұлғасын табуға, әрбір мұғалімге өзіндік әдістемелік жүйесін құруға себептігін тигізеді.

Оқытудың нәтижелі болуы оны ұйымдастыру әдістеріне және бастамашылдыққа жаңа педагогикалық инновациялық әдістемелікке байланысты. Өйткені, XXI ғасырдағы технологиялардың соншалық жылдам қарқынды дамуы адамзат өмірінде болып көрмеген шапшаңдықты талап етеді.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Джанесова Бакытгуль Валерьевна
Ақтөбе құрылыс-монтаж колледжі, арнайы пән оқытушысы

Бүгінгі таңда елімізде білім беру мазмұны жаңа бағытқа бет бұрды. Тәуелсіз елдің негізгі тірегі - білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы енді туды.

Елбасы Н.Назарбаев өз сөзінде: «Біз қазір «білім-ғылым-инновация» атты үштік үстемдік құратын постиндустриялық әлемге қарай бағыт алып барамыз», - деген болатын. Ендеше, еліміздің әлемдік үрдістерге енуі білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге өту қажеттілігін арттыруда екені түсінікті.

Мемлекет болашағының кепілі- жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі. Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», -деген.

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты- білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда ел Президенті Н.Ә.Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Ал, дамудың негізі білім мен ғылымға келіп тіреледі. Сондықтан да, әлемдегі дамыған елдер сияқты Тәуелсіз елімізде білім жүйесі сапасын жетілдіру ең негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Осыған орай, білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында ұстаздың кәсіби шеберлік көрсеткіштерінің бірі - жалпы педагогикалық, ғылыми- теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгерудің маңызы зор.

Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы - озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты-білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі — оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік

әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

«Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э.Раджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация- нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Майлс «Инновация — арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», — дейді.

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз — білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынады. Н.Нұрахметов «Инновация» білімнің мазмұнында, әдістемеде, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке — дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке — дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын).

Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады.

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты – оқу орындарының білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады.

Қорыта келе, мен мақаламды ақын Міржақып Дулатовтың «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз – оқу» деген сөздерімен аяқтағым келіп отыр. XXI ғасыр – ғылым ғасыры. Мақсатты білім беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1.«Жаңартылған білім беру мазмұны аясында критериалды бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру», 2017ж.

2. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы Астана, 2016ж.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІН АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Бердибаева Роза Маликовна
Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Дөң мектеп-гимназиясы КММ бастауыш сынып мұғалімі

Таным үрдісінде ойлаудың түрлі тәсілдері пайдаланылады (анализ, синтез, дедукция, индукция, абстрактіліктен нақтылыққа көтерілуі және т.б.). Оқу арқылы балаға қоғам өзінің ғасырлар бойына жинаған асыл мұрасын, дағды тәжірибесін береді. Демек, оқыту - таным үрдісі. Өйткені, онда ілгері қарай қозғалыс болады, оқушы білмеуден білуге қарай жүріп

отырады. Оқытудағы міндет – оқушыны табиғат, қоғам және адам дамуының жалпы және негізгі заңдарымен қаруландыру . Таным арқылы заттар мен құбылыстардың басты белгілері, ұқсастықтары мен айырмашылықтары жайындағы бейнелі қабылдау нәтижесінде ұғым туады. Таным өмірлік қызмет барысында іске асады.

Таным процесі мұғалімнің басқарушылық, әрі бағыттаушылық рөлімен, ынтымақтастық байланыста бірлескен қызметінде іске асырылады. Ғалым педагог Л.Занков: «Оқыту оқушылардың жалпы рухани дамуын қамтамасыз етуі қажет» десе, көрнекті психолог Л.Выготский: «Жақсы оқыту деп, баланың дамуынан ілгері жүретін, оны жетекке алатын оқытуды айтады» деп тұжырымдайды және оқу баланың өзіндік танымдық белсенділігі екенін анықтайды [1,15].

Білім беру және оқыту теориясының әдіснамалық негізі - таным теориясы, оқушы тұлғасын жан - жақты және үйлесімді қалыптастыру туралы ілім болып табылады. Бұл теория білім беру және оқытуды арнайы ұйымдастырылатын іс - әрекет ретінде қарастырады. Білім беру және оқыту теориясының оқушыларды оқыту мәселесіндегі талаптарының бірі танымдық белсенділік.

Танымдық белсенділік дегеніміз – оқушының оқуға, білімге деген ынта ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі [2,34]. Мысалы: мұғалімнің баяндап тұрған материалын түсіну үшін, оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейтіп толықтыру үшін, өздігінен кітап оқуы, бақылау, тәжірибе жасау, жазу, сызу сияқты жұмыстар істеуі керек. Өйткені өтілген материалды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес.
Бұл талаптың орындалуы оқушылардың оқу материалын түсінуге, өткенді жаңамен байланыстыруға, негізгісі мен қосымшасын анықтауға, алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға, өз пікірлерінде оларға сүйенуге ұмтылысынан көрінеді. Білімді саналы меңгеру өз бетімен жаңа білім алуға мүмкіндік беретін ақыл - ой еңбегінің өзіндік тәсілдерін игермейінше іске аспайды.Оқушылардың белсенділік танымдық іс-әрекетінің көздейтін мүддесі - білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету қажеттігі негізінде дамиды. Белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана білуі болып табылады. Осыдан келіп, оқыту барысында оқушының іс - әрекетінде танымдық белсенділікті қалыптастыру талабы туындайды [3,11]. «Танымдық белсенділік» термині «таным» және «белсенділік» ұғымдарының бірлігімен түсіндіріледі. Сол себепті осы екі терминнің нақты анықтамаларына тоқталған жөн.

«Таным» ұғымы философиялық категория. Танымның алғашқы баспалдағы сезімдік қабылдау негізінде жүргізіледі. Ол айналадағы материалдықтың адам санасында бейнеленуі.

Төменгі сыныпта жаратылыстану пәнін оқу арқылы оқушылардың қоршаған орта, әлем және аспан денелері туралы білімдері молайып, өзбетінше зерттеу жұмыстарын жүргізуге жағдай жасалған. Төменгі сыныпта жаратылыстану пәнін оқытудың ерекшелігі: оқушылардың қоршаған орта, әлем туралы ой-өрісін дамыту, тәжірибе жұмыстарын жасату арқылы шығармашылық ізденіс қабілетін арттыру. Жаратылыстану пәнін оқу барысында оқушылардың санасында осындай зерттеу дағдыларын қалыптасады: зерттеушілік, байқау, мәліметтерді алу және ұсыну, нәтижелерді түсіндіру.

Оқыту үдерісінде оқушылардың пәннің бөлімдеріне қарай біліммен біліктерін саналы түрде игеруі үшін әр пәннің әдістемелік қызметін пайдалануға, жобалау, зерттеу әрекеттері тәсілдерін игеру негізінде жүйелерін, әлеуметтік мәдени кеңістікте өз орнын дұрыс таба білуі үшін біліктерді меңгеруге бағыттайды. Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне берілген негізгі міндеттердің бірі.

Оқытудың мәні оқушылардың саналы ойлау, өзбетінше ізденістері мен мәліметтерді жүйелі меңгерту болуы керек деп оқу жүйесіне жаңа міндеттер қойылған еді. Бұл жоспардың

барысында қазіргі таңда барлық бастауыш сыныптар білім алудың жаңа жүйесінде оқытылады. Жаңа оқу бағдарламасының маңызы – оқушылардың дұрыс ойлау жүйесін дамыту. Білім алушы өзінің сабақ барысында алған білім нәрін, жалпы тұрмыста, күнделікті өмірде қолдана білу қажет. Яғни, бұл бағдарлама күнделікті өмірмен сабақты байланыстырады [4,45].

Жаратылыстану пәні бойынша сабақ берудің әдістемелік негізін салған орыс ғалымы А.Я. Герд «адам баласы білімді тек қана оқып емес, оны бақылау,салыстыру,тәжірбие арқылы игереді,сол себепті жаратылыстануда осы әдістер ең маңыздысы болып табылады» деген екен. Осы әдістерге жеке тоқталайық:

Бақылау әдісі:

1. бұл шәкірттерге қоршаған әлемнен нақты және бейнелі идеялар мен тұжырымдамаларды қалыптастыруға мүмкіндік береді, соның негізінде шығармашылық ойлау қызметі, кіші мектеп оқушыларының дамуы жүзеге асырылады.

2. ол табиғи құбылыстардың үздіксіз өзгеруі мен дамуын, табиғатта болып жатқан құбылыстардың өзара байланысы мен заңдылығын, әлемнің бірлігін қамтамасыз етеді.

3. бұл назардың тұрақтылығын арттырады, шығармашылық, танымдық қабілеттерін арттырады, оқушылардың байқау қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Сабақтарда бақылауды сауатты ұйымдастыру және жүйелі түрде дұрыс пайдалану қабілеті ұстаздың дағдыларына байланысты. Егер сіз сабақта бақылау әдісін қолдансаңыз, келесі жүйені қолданыңыз:

- Бақылау үшін оқу материалдарын іріктеңіз;
- Шәкірттерді бақылауға дайындаңыз;
- Сабақты бақылау үшін қажетті негізгі ұғымдарды қалыптастырыңыз;
- Бақылау мақсатын нақты қоя білу.
- Күнделікті бақылау үшін тапсырмаларды жасаңыз және балаларға тапсырмалар беріңіз;
- Қажетті жабдықтарды дайындаңыз;
- Бақылау нәтижелерін жазып, жалпылаңыз.

Бақылау әдісі оқиғаның уақытына сәйкес орындалады және бірнеше кезеңге бөлінеді:

- Оқытушының басшылығымен бақылау(көп аса 1-ші сыныпта өткізіледі, қоршаған табиғатты көруге әлі үйренбеген, олар әлі де өзгерістерін түзете алмайды)
- Жүйелі қысқа мерзімді уақытша бақылау(ұстаз шәкіртке бір сәтте, серуендеу кезінде немесе табиғатты бақылауға нұсқау береді)
- Ұзақ мерзімді бақылау (мысалы, өсу, өну, көбею, тұқым, жеміс беру, белгілі бір өсімдіктердің құрап қалуы). Көктем, жаз, күз, қыс айларындағы өзгерістер сияқты т.б.
- Зерттеу қызметімен байланысты бақылау. Белгілі бір тақырып бойынша оқушының қызығушылығына сәйкес бақылау жүргізу, зерттеу соңында жобаны дайындау және оны қорғау. Қазіргі таңда оны жобалау әдісі деп атайды.

Оқушылардың танымдық қабілеттерін жақсарту үшін жаратылыстану сабақтарында қолданылатын негізгі әдістердің бірі – **салыстыру**. Бір кездері К.Д.Ушинский «салыстыру – бұл әр тұжырымдаманың және әр ойдың негізі» деді. Мысалы: біз қылқан жапырақты және жапырақты ағаштарда салыстыратын бірінші нәрсе – жалпы белгілерді, тамырларды, бұтақтарды, жапырақтарды салыстыру. Негізгі айырмашылық жапырақтарда жатыр. Біз қылқан жапырақтардың жапырақтары қылқан жапырақты ағаштардың пішініне ие деген қорытындыға келеміз. Салыстырудағы маңызды қадам – оқушылардың пәннің маңызды ерекшеліктерін ажырата білу қабілеті.

Қазіргі уақытта анықтамалық схемаларды салыстыру түрі кеңінен қолданылады. Мысал: *«Венн диаграммасы».* Мұнда кез-келген екі объект салыстырылады, олардың ұқсастығы орталық фигураға жазылады, айырмашылықтары салыстырылады.

Мысалы: Үй жануарлары мен жабайы жануарларды салыстыру.



Сурет 1.Венн диаграммасы үлгісі

Оқушылардың танымдық қабілеттерін жақсарту үшін жаратылыстану сабақтарында қолданылатын негізгі әдістердің бірі – **тәжірибе.** Шәкіртті табиғат объектісінің табиғатымен, табиғи құбылыстардың мәнімен таныстыру қажет болған кезде эксперименттер жүргізу өте маңызды. Жаратылыстану сабақтарында жүргізілген эксперименттер сыныптағы кейбір табиғи құбылыстарды қолмен көбейтуге мүмкіндік береді. Минералдардың қасиеттерін, суды сүзгілеу арқылы тазартуды, топырақтың табиғатын, тұқымның өнуін бақылауды және т.б. білу үшін эксперименттер жүргізу қажет.

Мұғалім тәжірибеге келесі дайындық жұмыстарын жүргізеді:

- Практикаға керек құралдарды дайындайды;
- Практикаға керек материалдарды таңдайды;
- Мұғалімдер оқу күні басталғанға дейін барлық тәжірибеден өтеді;
- Шәкірттерді қауіпсіздік ережелерімен таныстырады, практика кезінде өзін қалай ұстау керектігін ескертеді;
- Практиканың мақсаттары мен міндеттері туралы ақпарат береді;
- Эксперимент мәселесін шешетін сұрақтарды тақтаға алдын-ала жазады.

Егер тәжірбие отпен, қышқылмен жүргізілсе немесе балаға оны орындау қиын болса, мұғалім өз бетінше тәжірибе жасайды. Мұғалім бұл жағдайда қажетті жабдықты әр бала эксперименттің барысын көре алатындай етіп эксперимент жүргізу үшін арнайы тұғырға қояды.

Ауқымды практика кезінде қатысушылар шәкірттерге практикаға қажетті жабдықтар мен заттарды таратады. Шәкірт ұстазының жетекшілігімен эксперименттер жүргізеді, соңында шәкірт нәтижелерді талдайды және тиісті қорытынды жасайды. Тәжірибиені немесе жаппай эксперименттерді көрсету кезінде асықпау қажет, бәрін мұқият тексеріп, шәкіртке табиғи құбылыстарды көбейту кезінде дәйектілікті түсіндірген жөн. Сұрақтарға жауап алу, қорытынды жасау және әңгіме жүргізу қажет.

Жаратылыстану сабақтарында шәкірттердің танымдық қабілеттерін арттырудың бұл әдістері шәкірттердің шығармашылық қабілеттерін шындайды. Оқушылардың көкжиегін кеңейтудің, танымдық қабілеттерін қалыптастырудың және шығармашылық қабілеттерін

дамытудың осы әдістерін жүзеге асыру үшін мен «сыни ойлау» стратегияларын және «дамытушылық оқыту», «топтық оқыту» әдістерінің тиімділігін қолданамын және сабақ барысында осы әдістер мен стратегияларды жиі қолданамын.

Қазіргі кезде оқушының оқу әрекетінің жемісті, нәтижелі болуына, танымдық белсенділігі мен ізденімпаздығын ынталандыруға септігін тигізетін өз бетіндік оқу үрдісін ұйымдастырудың түрлі әдістерін, тәсілдері мен нысандарын іздестіру – аса маңызды міндет болып есептеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Алпысбева Н.С., Шатырбаева Г.Ж. Оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытуда дидактикалық құралдардың алатын орны// «Педагогика ғылымдары» сериясы, №1(45), 2015ж.

2. Жақыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе. Алматы: 2007,-230.

3. Тоғайбаева А.К., Есенгулова М.Н., Жалпы педагогика негіздері. Әдістемелік нұсқау – Ақтөбе 2018.

4. Шаяхметова М.Н. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын арттыру жолдары// ПМУ Хабаршысы Педагогическая серия. 2015. №1

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА ПЕДАГОГТІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Досжанова Венера Есенгелдиевна,
М. Мақатаев атындағы №73 ЖББОМ-нің математика пәнінің мұғалімі

Бүгінгі күні білім беру жүйесі түбегейлі жаңаша ойлауға негізделген жаңа білім мазмұнына қадам басты.

Жаңартылған білім беру мазмұны білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталып, оқушылардың білімі мен білігін тәжірибеде жаңа жағдайда қолдана білу қабілеттерін дамытуды көздейді.

Жаңартылған білім беру мазмұнының талаптарына сай оқыту процесінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі, білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Оқу ортасында оқушылардың функционалдық сауаттылығын, өздігінен іздену, зерттеу, сыни талдау және бағалау дағдыларын дамыту, яғни «білетін адамнан» «шығармашылықпен ойлауға, әрекет етуге, өзін-өзі дамытуға қабылетті адамға» көшуді іске асыру негізгі мақсат ретінде қойылады.

Жаңа мазмұндағы білім берудің ерекшелігі нәтижелерге бағытталған сындарлы оқыту моделін қалыптастыруға негізделген.

Сындарлы оқыту тәсілдері білім берудің «дәстүрлі» әдістерімен салыстырғанда, оқыту кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Демек, сындарлы оқыту тәсілдері арқылы оқушылар оқу процесінде белсенді әрекетке түседі және осы уақытқа дейін жинақтаған алдыңғы білімдерін ұштастырып, жаңа білімді игереді. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқушылардың бойында қарқынды дамыған, ақпараттық қоғамда өмірге қажетті XXI ғасырдың кең ауқымды дағдыларын дамытуға басты назар аударылған. Кең ауқымды дағдылар оқушыларға оқудағы, өмірдегі проблемаларды шешуге мүмкіндік туғызады.

Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар XXI ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды.

Балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде қарап, шығармашылық қызығушылықтары негізінде білімге құндылық бағдарын қалыптастыра отырып, танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруды және жан-жақты дамыған, шығармашыл тұлға қалыптастыруды көздеген жаңа білім беру парадигмасы мұғалімдерге жаңа талаптар қойып отыр.

Жаңартылған білім беру мазмұнында әр мұғалімнің оқу процесін белсенді қызметке айналдырып, оқушыларға оқу-танымдық қызметінде жаңа мәліметтер мен идеяларды өз беттерімен, тәуелсіз меңгеріп, танымдық «жаңалық» ашу, шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде түрлі өнімдер жасауға, алған мәліметтері пайдалы болатындай ойлануына мүмкіндік туғызуы аса маңызды болып табылады.

Білім саласында инновациялық өзгерістерге әкеліп, оқытудың негізі ретінде тұлғалық дамуды қарастырады, өйткені динамика мен өзгерістерге толы ақпараттық дәуір экономикасы адамның білімді әрі білікті тұлғасына тәуелді. Бүгінгі қоғам сұраныстары оқушылардан келесідей құзырлықтарды талап етеді:

- ақпараттың ішінен өзіне қажеттісін таңдап, оны пайдалану;
- проблемаларды шешу және шешім қабылдау;
- өзіндік пікір, идеялар, тұжырым, түсінік келтіру, оларды дәлелдей және қорғай білу;
- әлеуметтік ортада ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас құра білу, бірлесе жұмыс жасай білу;
- өмірге деген көзқарасын, ұстанатын сенімдерін, қажеттіліктерін, құндылықтарын жалпы адами құндылықтармен байланыстыру;
- өздігімен үйрене білу, өз білімін әрқашан да дамытып отыру.

Оқудың тиімділігін, оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін инновациялық стратегиялардың маңызы зор.

Инновациялық үдеріс – білім мазмұнын қалыптастыру, дамыту бойынша және жаңасын ұйымдастыру бойынша кешенді қызмет. Инновациялардың маңыздылығы олардың динамикалығымен және белсенділігімен анықталады.

Қазіргі уақыт – инновациялар, жаңашылдықтар және жаңалықтар уақыты екенін ескере отырып, оқу үдерісінде оқытудың инновациялық стратегияларын қолдану қажеттілігі туындайды және оқыту үдерісі мен стратегиялар осыған сай болуы тиіс. Оқытудың инновациялық үдерістеріне баулу, стратегияларды үнемі қолдану оқушылардың ойлауын жаңашылдықтарға ашық етуге, озық жұмыс істеуге баулуға мүмкіндік береді, себебі бұл қасиеттер инновациялық оқытудың ерекшеліктері болып табылады.

Оқытудың инновациялық стратегиялары – бұл «мұғалім–оқушы» әрекеттестігінің жаңа тәсілдерінен тұратын стратегиялар, оқу материалын меңгеру барысындағы іс-тәжірибелік қызметтегі белгілі жаңашылдық.

Инновациялық стратегиялар оқу мақсаттарын, материалдың мазмұнын, оқыту қағидаттарын іс-тәжірибелік тұрғыдан іске асыруда жүзеге асыру механизмі. Оқытудың инновациялық стратегиялары оқушылардың шығармашылық және инновациялық қызмет тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Инновациялық стратегиялардың мақсаты – тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты.

Қорыта келгенде, жаңартылған білім беру мазмұны ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік

дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру болып табылады. Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында оқытуда инновациялық стратегияларды қолдану барысында оқушылар қажетті ақпараттарды өз бетінше табады, мәселелерді анықтап және олардың шешу жолдарын іздейді, алынған білімдерді сын тұрғысынан талдай біледі.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.- Астана: Ақорда.- 12 сәуір 2017 жыл;
2. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары.- Астана: Ақорда, 2010;
3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.- №205, 1 наурыз 2016 жыл;
4. Әлімов А., Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері.– Алматы, 2013. - 448 б;
5. Нағымжанова Қ.М., Инновациялық технологияның құрылымы.– А:Өркен, 2007

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА ПЕДАГОГТЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.

Жуманова Умитай Сарсенбаевна,
Т. Жармағамбетов атындағы орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі.

Бүгінгі таңда талпынысқа толы XXI ғасыр талабына сай жаңашыл ұстаздың бірімін. Біздің көз алдымызда жанарлары жәудіреп, білсем екен, үйренсем екен деп шәкірттеріміз отырады. Біз осындай қарқынды дамып жатқан заманда дәстүрлі білім берумен шектеліп қала алмаймыз. Елбасымыздың жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін, заман талабына сай білім қажет». Жаңа білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Осы тұрғыда әр пән мұғалімдерінің оқыту әдістерін, жаңа технологияларды таңдап пайдалану және авторлық үлгілерді қолдану мүмкіндігі берілген. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Осындай жаңа технологияларды қолдана отырып, сабақ беру мені қуанышқа бөлейді.

Ал, енді жаңартылған бағдарлама бойынша білім беруге келсем, жаңартылған оқу жоспарлары, тілдік дағдылар, педагогикалық әдіс-тәсілдер және белсенді оқыту техникалары мұғалімді шабыттандырып, одан сайын қанаттандыратыны анық. Білім сапасына қойылатын жаңа талаптар білім мазмұнын игеруде мұғалімнің оқушымен қатар тұруын қажет етеді. Оқушылар білімін критериалдық бағалау оқыту мен білім беруге деген әртүрлі тәсілдемелерді пайдалануға, оқушылардың оқу жетістіктерінің мониторингісін уақтылы жүргізуге, мұғалімге сабақты қажетті мазмұнмен толтыруға мүмкіндік береді, оқушылардың оқуға деген уәждерін арттырады, оқытудың заманауи әдістерін біріктіреді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзіреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім беру бағдарламасын

тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс–тәсілдері: белсенді оқу, бірлескен оқу, модельдеу, саралау, т.б.Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым–қатынасқа түсу, жеке, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықпен қолдана білу. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі: спиральді қағидатпен берілуі. Әрине, жаңашылдық болғаннан кейін қиындықсыз болмайды. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі.«Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім», – деп бекер айтылмаған. Бала оқыту жүйесінде мұғалімдерге үлкен міндет жүктелетіні айдай анық. Сол міндетті абыроймен атқару үшін күні-түні іздену, әлемдегі озық әдіс-тәсілдерді барынша мектеп өміріне ендіру – ұстаздар үшін парыз. Сонда ғана елбасымыз айтқандай озық және бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін құра аламыз деп ойлаймын.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы – педагогтердің кәсіби дамуына кең мүмкіндіктер ашады. Компьютерлендіру процесінде әлемдік білім кеңістігіне ену қажеттілігі, технологияның күн сайын үздіксіз дамып, өзгермелі ақпарат заманында өмір сүру – күрделі дайындықты талап етеді.

«Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды айрықша жаңашылдыққа бастайтын нақты жоспар. Осы тұрғыда жалпы білім беру жүйесін ізгілендіруде бағдарлама аясында өскелең ұрпаққа рухани -адамгершілік тәрбие беру өзекті мәселе ретінде қарастырылады.Осы орайда, Қазақстанның білім беру жүйесі білім мазмұнының жаңартылған форматтағы бағдарламасымен жұмыс жүргізе алатын, өзіндік тұжырымы қалыптасқан, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген кәсіби педагогикалық құрамды жасақтап шығаруда.

Критериалды бағалау екіге бөлінеді: қалыптастырушы және жиынтық.Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып табылады, тоқсан барысында мұғалім тарапынан жүйелі өткізіліп отырады. Күнделікті тәжірибеде білім алушылардың ілгерлеуін, меңгеру деңгейін өлшеу үшін қалыптастырушы бағалаудың түрлі әдістерін қолдануға болады: «Екі жұлдыз, бір ұсыныс», «Бағдаршам», «Бес минуттық эссе», викториналар, сұрақтар т,б. Жиынтық бағалау белгілі бір кезеңде оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтауға, тіркеуге мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламасының мазмұны, педагогикалық тәсілдер және бағалау тәсілдері бір мақсатқа жұмылдырылуы тиіс.

-оқушы белсенді қызмет атқарады, не істейтінін біледі

-ата-анамен, ұжыммен тығыз байланыс болады

-педагогикалық әдіс-тәсілдер өзгереді.

Ұстаз үнемі алдына жаңа мақсат- міндеттер қойып, жаңаша жұмыс істеуге, шығармашылық еңбегімен оқыту әдістерін жаңа аранаға бұрып, өмір талабы мен білім алушы талғамына, сұранысына бейімдеп отыру және білімін жетілдіріп отыруға тиіс. Өйткені, білім мазмұны, оқыту үрдісі үнемі жаңартуды талап етуде. Ұстаздарға«Интернет» жүйесін меңгеру қажеттігі туындайды.Әр сабағым арасында ақпараттық құралдар арқылы студенттердің өз бетінше ізденіп білім алуына бетбұрыс жасауды қолға ала бастадым .Өзінің студентін өз бетінше білім алуға үйретпеген мұғалім қазір түпкі нәтижеге қол жеткізе алмайды деген ойдамын.

Содықтан , осы мамандықты таңдағаннан кейін ұрпақ алдындағы міндетімізді зор жауапкершілікпен атқару басты борышымыз.

«Қыран түлегі – қайырылмас қанат сыйлайды, Ұстаз түлегі – алға бастырар талап сыйлайды», ендеше ұстаздық жауапкершілікті үнемі есте сақтағанымыз абзал.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ

Каукаева Мадинахан Дуйсинбаевна
Қызылжар жалпы орта білім беретін метебі

Ойын - балалардың шынайы ойлап тапқан шындығына тез, еркін енуіне, өзіндік «Менің»қалыптастыруға және шығармашылыққа, белсенділікке, өзін - өзі дамытуға мүмкіндік береді.

Ойын - әрқашан білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды. Бастауыш сыныптарда ойын технологиясын пайдалану.

Қазіргі өркениетке ұмтылған қоғам талабына сәйкес, Қазақстан Республикасының дамыған елдерімен иық тіресіп тұру үшін, еліміздің болашағы мен қазіргі кезеңі үшін білімді, зерделі, өз бетімен іс - әрекет ете алатын, қоғамнан өз орнын таба алатын шәкірттерді дайындау ұстаздың міндеті.

Мектептегі оқушы өмірінің көп бөлігі 45 минуттық сабақ кезінде өтеді. Міне, осы кезде оқушы тек білім алып қана қоймай шығармашылықпен зерттей білуге үйренуі керек. Білімді алуда іс - әрекетке үйренген баланың бойында алған білімі ұзақ уақыт сақталады және ол жұмыс істеуге, ізденуге, таңдауға, т. б. үйренеді. Сол үшін ескі дәстүрлі сабақтан қашып, ең озық, тәжірибеден өткен технологиялардың бірінің тиімділігін сәйкес таңдау қажеттілігі туады. Біркелкі сабақ оқушыны зерігу мен жайбарақаттылыққа алып келеді. Ал зерігу болған жерде шығармашылыққа жол жоқ. Мен сол себепті «Ойын технологиясын қолдану арқылы бастауыш мектептің қазақ тілі сабақтарында ауызекі сөйлеу дағдысын дамыту» деп өзімнің проблемалық тақырыбыма сүйенемін.

Әрбір ұстаздың мақсаты - сабақ сапасын көтеру, түрлерін жетілдіру, сабаққа оқушының қызығушылығын арттыру. Сондай - ақ бүгінгі таңда елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, сабақтарда озық технологияларды қолданудамыз. Сондай технологияның бір түрі - «Ойын арқылы оқыту» технологиясы..«Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ» десек, білімнің негізі бастауышта қаланатыны белгілі. Бастауыш сыныптағы әртүрлі пәндер оқушы білімін дамытып, танымдық қабілетін сомдауға үлкен үлес қосады. Балаларды оқытуда және тәрбиелеуде ойынның ролі педагогикада бұрын да, қазір де қарастырылып келеді. Алдыңғы қатарлы педагогтардың бәрі де ойынды нағыз керекті және маңызды іс - әрекет деп түсінеді.

Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын – айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. А. С. Мокаренко: «Ойын - балалар өмірінде өте маңызы зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе, сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер, ең алдымен, тәрбиені ойын арқылы алады,»- деп балалар ойынын жоғары бағалаған. Тиімді қолданылған ойын мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады.

Сабақта және сабақтан тыс уақытта қолданылатын ойындарды төмендегідей топтастыруға болады. Әрбір ойынның бала үшін білімділік мақсаты ғана емес, тәрбиелік, танымдық мақсаты зор.

Ойынға қойылатын әдістемелік талаптар:

- Ойынның мақсаты нақты және керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып, оңтайлы жерге қою.
- Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібін оқушыларға әбден түсіндіру.
- Ойынға сыныптағы оқушылардың түгел қатысуын қамтамасыз ету.
- Ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеу.
- Ойын түрлерін бағдарламаға сай іріктеп алу.
- Ойынды баланың жас ерекшелігіне қарай түрлендіріп пайдалану.
- Қарапайым ойыннан қиын ойынға көшу.
- Міндетті түрде ойынның қорытындысын жариялау қажет.

Ұлттық ойын ойнау баланың салт - дәстүріне, әдет - ғұрпына деген сүйіспеншілігін арттырады және адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады. Мәселен, ұнамды әдеттер - өзара қарым - қатынастар, адамгершілік сезімдері дамиды. Еңбек ету барысында ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздық сезімдер сияқты қасиеттер қалыптасады. Оқушының бәрі жақсы оқығысы келеді. Бірақ олардың ақыл - ой қабілеті бағдарламадағы берілген материалды ұғуға бірдей емес. Оқушылардың кейбіреулері мұғалімнің түсіндірген сабағын тез ұғады, кейбіреулері керісінше. Сондықтан барлық оқушыны білімге бірдей жетелеу үшін өз мүмкіндігіне сәйкес сабақты меңгерту, тілін, ой ұшқырлығын дамыту, өзіндік пікір айтуға жағдай жасау еркін шығармашылыққа жетелейтін, пәнге қызығушылығын арттыратын әдістің бірі - грамматикалық ойынның түрлері.

Грамматикалық ойындар арқылы сабақтарда оқушылар әртүрлі жағдайды түсінеді, оны шешу жолдарын қарастырады. Жақсы ойынға бала бар ынтасымен беріліп, оны білуге, меңгеруге талпынып, алуан түрлі дағды, мәліметтерді алып, шеберліктерін шыңдайды. Мен өз сабағымда грамматикалық ойын түрлерін жиі пайдаланамын. Сабақта оқушылардың алған білімдерін одан әрі дамыту, тереңдету, олардың ізденімпаздығын арттыру, ой - өрісін кеңейту, шығармашылық қабілетін дамыту, оқуға белсенділігін арттыру мақсатын көздеймін. Қазақ тілі пәнінің фонетика, лексика, морфология, синтаксис салаларын оқытқанда тақырыпқа орай әртүрлі әдіс - тәсілдермен, шеберлікпен грамматикалық ойындарды енгізуге болады.

Морфология саласы бойынша.

«Ойлан тап»ойыны.

1. Біріккен сөздің бірінші түбірі тағам сөзімен синонимдес, екінші түбірі – тағам ыдыстың аты. Ол қай сөз? Асқазан
2. Бір сөз сын есім мен зат есімнен бірігіп келіп, бір аңның атын білдіреді? Ақбөкен
3. Республикамыздағы қандай қала, өзен аттары біріккен сөз түрінде айтылады? Жетісу, Талдықорған

«Ойна да ойлан»ойыны.

1. адамның туыстық атауларын білдіретін зат есімдерді жаз.
2. қолмен ұстауға, көзбен көруге болатын зат есімдерді жаз.

«Кім тез тауып, оқи алады?» ойыны.

Мына сөйлемдерде сөздердің орын тәртібі ауысып жазылған. Оны тиісті тәртібіне келтіріп, кім тез тауып оқи алады?

Абай жайында баяндама біз өмірбаяны тыңдадық.

«Ұйқасын тап ойыны» Өзінше ноян, Қорқақ кім?.. қоян."Бата алмас түлкі, Үсті тікен.. кірпі «жалғасын тап ойыны»

Атаңның баласы болма

/адамның баласы бол/

Сондай - ақ, меңгерілген тақырыпты иә болмаса, жаңа сөзді бекіту мақсатында әуенмен ауаға жазу арқылы да байланыстыра аламыз. Түрлі би қимылдары арқылы да сергіту сәтін жандандыруға болады. Мысалы:«Шөжелерім», «Әйгөлөк». «Қаражорға» Бастауыш сынып оқушыларын ойната отырып, ойландырып, балаға тәрбиелік мәні зор

ойындар арқылы дамытуға болады. Бұл кезде жақсы оқушы дамып, нашар оқушы қалып қоймайды. Жақсы оқушы мүмкіндігіне дейін дамып, нашар оқитын оқушы өз мүмкіндігінше іс - шараларға араласып, өз үлесін қосып отырады.

Қорыта айтқанда, кез - келген ойын түрлерін сабақта ойнатқанда оқушыларда әрекет пайда болады, дүниетанымы кеңейеді. Сөйтіп оқушы ой - өрісін ойын арқылы дамытады. Соңғы нәтижеде ойнай отырып, білім көрсеткішіне өз үлесін қосады. Артта қалған, жасық мектептен қорқатын, оқуға енжер, күшпен оқитын оқушы болмайды. Керісінше, баланың өмірі, қоршаған ортаны танып білу, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады.

Ойындар - оқушылардың сабаққа белсенділігін, қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін ұштайды.

В. А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл - ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімін, өзін қоршаған дүние туралы ұштастырады. Білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты»,- деген екен. Ендеше, сыныпта және сыныптан тыс уақытта ойын технологиясын пайдаланудың нәтижесі қандай?

Олай болса жас бүлдіршіндерді оқытуда
Оқы да біл,
Ойын - еңбек.
Ойна да күл,
Ойын - оқу,- деп сөзімді аяқтағым келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. А. Ысқақов. «Қазіргі қазақ тілі». «Ана тілі»: 1991ж
2. С. Исаев «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты». – Алматы: 1997ж
3. журнал «Педагогика жаршысы»№4 2010,№3 2010ж,
4. журнал 12 жылдық білім №4, 2006ж
5 журнал «Қазақ тілі мен әдебиеті»№2, 2005,№11, 2007,№1, 10 2008,№4, 9 - 2009ж

ҚАЗІРГІ ТАҢДА АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Байтакова Зияш Тлековна

Адамға тілсіз өмір сүру мүмкін емес. Тіл- қарым-қатынас негізі болып табылады.

Өз ойымызды , сөзімізді, сезімімізді, қалауымызды білдіру үшін тіл қажет. Әлемде көптеген тілдер бар. Француз ғылым академиясының мәліметі бойынша, қазіргі таңда 3000 ға тарта тіл бар. Барлық тілдер отбасына бөлінеді. Ірі тіл отбасы Үнді- Еуропалық тілдер болып табылады.Ағылшын тілі Ұлыбритания , Америка Құрама Штаттары, Жаңа Зеландия , Аустралия және басқа елдерде ана тілі болып табылады. Одан басқа көптеген елдерде ресми тілі болып саналады.

«Бір тіл білген-бір адам, екі тіл білген –екі адам» деп халық даналығы бекер айтпаған.

Бүгінгідей жаһандану заманында көп тіл білетін адамның қоғамдағы алар орны да ерекше. Меніңше қазір тіл үйренудің ешқандай зияны болмас еді, керісінше пайдасы үшан-теңіз деп ойлаймын. Әлемде ағылшын тілі кең- тараған тіл екендігі мәлім.Ағылшын тілі-әлемдік тіл. Әр елдегі адамдар бір-бірімен қалай сөйлесе алады? Адамдар ұлтына қарамастан әлемдік тілдердің көмегімен бір –бірін түсініп, ақпарат алмаса алады. Осындай тілдердің ішінде ағылшын тілі бірінші орында тұр. Біздің елде де ағылшын сөздерін компьютер жүйесінде,спортта, кинематографта, жарнама қызметінде кездестіреміз. Сонымен қоса

ағылшын тілін барлық іс-қағаздарына қосымша қосса, тіл үйрену оңайырақ болар еді... Әрине туған тіліңді білуге міндеттісің! Ғабит Мүсірепов:

« Тілін білмеген-түбін білмейді», « Тіл – ұлттың жаны»- деген. Шыңғыс Айтматов: «Халықтың тіліне қиянат жасау- оның жүрегін жаралау»-деп жазған, сол себепті өз тілімізді мақтан тұтып, өзге тілді құрметтеуді әдетке айналдыру қажет.Себебі: басқа мемлекеттің алдында өз еліңнің дәрежесінің биік екенін мойындату мақсатында, мәртебесін көтеру мақсатында , шетел тілін жетік меңгеру артық етпейді. Ағылшын тілі қазіргі уақытта әлемдік деңгейге көтеріліп,әлемдік қапрым-қатынастың негізі болып саналадды. Ағылшын тілі бірінші дүниежүзілік әмбебап тілі болып табылады. Әлемдегі көптеген елдер ағылшын тілінде сөйлейді. Бұл тіл қазіргі заманда жаһандық тіл болғандықтан , оның біздің елімдегі алар орны- болашақтағы маңызы зор болары сөзсіз.

Бір шаңырақты көтеру үшін бір діңгек және жан жағынан уықтар қадалып, оның беріктігін қамтамасыз етеді. Біздің алтын діңгегіміз , тұғырымыз –қазақ тілі, ал жан жағынан өзге тілдер мемлекеттік тілді қолдап, уық секілді қадалады. Осы мақсатта халықаралық қатынас тілі болып жүрген ағылшын тілін үйренуге жастарымызды жатпай- тұрмай баулуымыз керек. Ағылшын тілін үйренгеннен біз еш уақытта мәңгүрттенбейміз. Және де қазақ тіліне ана тілімізге ешқандай кедергі жасамайды. Себебі: ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес.Ағылшын тілін білу- әлемдік деңгейде өз орнын ойып тұрып,ала бастаған біздің ел үшін маңызды және қажет. Көптілділікті білу еліміздің біліктілігі мен сауаттылық деңгейін әлемге танытып, көптеген алпауыт мемлекеттермен тереземізді теңестіруге жетелейтін көп мүмкіндік.

Айта кетсек бүгіндері әлем тілдері арасында көш бастап тұрған 10 тіл. Дүниежүзінде 129 млн адам француз тілінде сөйлейді. Бұл тілде Франция , Бельгия, Канада, Руанду, Камерун, Гаити мемлекеттері тілдеседі. Және де 159 млн адам Малай тілінде Малайзия және Индонезия елдерінің азаматтары сөйлеседі. Ал 191 млн адам Португал тілінде сөйлесе, 211 млн адам Бенгал тілінде сөйлейді. Әлемдегі ең көне тілдердің бірі болған Араб тілінде 246 млн адам сөйлейді. Дүниежүзінде 277 млн адам орыс тілінде сөйлейді. Испан тілінде 392 млн адам сөйлесе, Испания, Оңтүстік және Орталық Америка , Куба , Мексика елдері үшін ана тілі рөлін атқарады. Үндістан мемлекетінің ресми тілі- хинди. Елде хинди мен ағылшын тілдері қатар жүреді. Дегенмен , ағылшын тілі әдемдік тіл болғандықтан, осы тілде сөйлеушілердің саны басым.

Дүниежүзінде ағылшын тілін 508 млн адам сөйлейді. Және де жылына 400 млн адам ағылшын тілін үйренеді.Қазіргі уақытта ағылшын тілінде АҚШ, Австралия, Англия, Канада, Зимбабва, Оңтүстік Африка т.б елдер де сөйлоееседі. Қытай тілінде бүніл дүниежүзінің 7/1 бөлігі сөйлейді.

Бүгінде ағылшын тілі бүкіл әлемде танымал болып отыр. Барлық қолданыстағы тілдердің ішінде ағылшын тілі ең дұрыс нұсқа болып табылады.Ағылшын тілін оқып, білгендер басқа елдермен тығыз байланыс жасай алады. Ағылшын тілінің Қазақстандағы рөлінің арта түсуі , қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін іске асыру мәселесін маңызды ете түсуде. Ағылшын тілін үйренудің ешқандай зияны жоқ, кекрісінше пайдасы ұшан теңіз және қажеттілік.

Қазіргі таңда көптеген ата-аналар ағылшын тілінің маңыздылығын түсініп, балаларға үйретудің тиімді жолдарын табуға тырысады.Ағылшын тілі баланың психикалық қабілетін, логикалық және абстрактілі ойлауын дамытуға көмектеседі және болашақта үлкен мүмкіндіктер ашады. Ағылшын тілін білу оқушыларға оның білім шекарасын кеңейтуге, шетелдік көздерден қажетті ақпаратты табуға көмектеседі. Ғалымдар шетел тілін меңгерген балалардың өзімен жасты тілді меңгермеген балаларға қарағанда ақылдырақ және мұқият екенін дәлелдеді.Қазіргі таңда білімді адамға бірнеше шетел тілін білу керек, себебі білім,ғылым,спорт, экономика, бизнес тек бір елдің шеңберінде ғана емес. Ал, ағылшын тілін

білмей әр түрлі елдердің халықтары арасындағы ынтымақтастық мүмкін емес. Ағылшын тілін білу- әлемдік деңгейде өтетін түрлі іс- шараларға және маңызы бар халықаралық спорттық сайыстарға , оның үстіне Олимпиадаларға қатысуға мол мүмкіндік беретіні құба құп.

Ағылшын тілі –байланыс тілі. Ағылшын тілі қазіргі заман талабына сай, кең ауқымды қолданылатын тілдердің бірегейі. Ағылшын тілі-байланыс тілі. Сонымен қоса ағылшын тілі жаһандық тіл болғандықтан халықаралық тілді білу өте маңызды.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН АРТТЫРУ

Нұрымбетова Гүлжайна Кенжетайқызы
М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі

Танымдық белсенділік дегеніміз – оқушының оқуға, білімге деген ынта – ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы: мұғалімнің баяндап тұрған материалын түсіну үшін, оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейтіп толықтыру үшін, өздігінен кітап оқуы, бақылау, тәжірибе жасау, жазу, сызу сияқты жұмыстар істеуі керек. Өйткені өтілген материалды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес.Танымдық әрекеттің негізінде оқушыларда танымдық белсенділік қалыптасады. Сабақ барысында оқушының бойында танымдық белсенділік пайда болса, оқушылардың ақыл – ой қабілеттерінің мынадай элементтері дамиды: зеректілік, байқағыштық, ойлау және сөйлеу дербестігі т.б. Оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту және қалыптастыру мәселесіне зерттеушілер, педагогтардың, әдіскерлердің көптеген еңбектері арналған. Мектептің ғасырлар бойғы даму тарихында алдыңғы қатарлы педагогикалық ой өкілдерінің танымдық әрекетке қатысты, әсіресе, танымдық белсенділікті дамыту идеяларын зерттеу және талдау негізінде төрт бағытты бөліп көрсетуге болады. География ғылымы өте қызықты да күрделі. Осы пәнге қызықтыру арқылы, оқушыға географияның күрделі құбылыстары мен заңдылықтарын ұғындырып, сапалы білім беру мұғалімнен үлкен шеберлікті, оған қоса ғылым мен техника жаңалықтарын, яғни, жаңа педагогикалық технологияларды әр сабағында тиімді қолдануды талап етеді. Олай болса, XXI ғасыр-ақпараттық технология ғасыры десек, бұл география ғылымына да қатысты. Ендеше география пәнінің мұғалімі да басқалар сияқты информатикадан хабары болуы қажет. Олай болмаған жағдайда, мына ақпарат ғасырында, ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда әлемдік даму көшінен шығарашылықпен білім алуы керек. Ол үшін бүгінгі таңда қолданып жүрген мультимедиялық электронды оқулықтардың алатын орны ерекше деп айтуға болады. Электронды оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты: оқыту үрдісін үздіксіз және толық деңгейде бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту. Оның құраушы элементтері мұғалім, оқушы, дидактикалық материалдар мен дербес компьютер. Осы элементтердің барлығы да бір біріне өзара әсер ететін ақпараттар ағынымен байланысқан.География пәнінің ұраны: «Мың рет естігенше, бір рет көр» деп есептесек, бұл оқулық арқылы Қазақстанның, Дүние жүзінің табиғат жағдайындағы құбылыстар мен заңдылықтарды, түрлі процестерді өз көздерімен көріп таныса алады. Сонымен бірге интерактив арқылы оқушының шығармашылығын дамытып, іскерлікке, өздігінен білім алуға баулимыз. Интерактив тақтасы арқылы электронды оқулықта ғалымдар саяхатшылар өмірі, географиялық атаулар мен терминдер өмірі, анықтама сөздіктер, түрлі карталардың барлығын пайдаланады. Ақпаратты оқыту технологиясына сонымен бірге, теледидар арқылы бейнекөріністер көрсетіп отыру оқыту үдерісіне жатады.

Ақпараттық технологиялар:

1. Түрлі анықтамалық ақпараттар алады;
2. Оқушылардың өздігінен білім алуы;
3. Пәнге қызығушылығының артуы;
4. Білім алудың шығармашылық сипаты;
5. Терең білім алуы;
6. Алған білімін, өзін тексереді;
7. Табиғи құбылыс туралы бейне көрініс тамашаланады;
8. Көрнекілік, сурет, сызбалар компьютермен іске асырылады;
9. Білім-білік дағдылары қалыптасады;
10. Дидактикалық материалды қолдану тиімділігі артады;
11. Тесттік тапсырмалар орындайды;
12. Деңгейлік тапсырмалар орындайды;
13. Ойлау қабілетін дамытады;
14. Саламандық тапсырмалар орындалады;

Оқушылардың өз бетімен жүргізілетін жұмыстарының бірнеше түрлерін сабақ барысында әр кезеңінде ұйымдастырамын. Олар мыналар:

1. ***Оқулықпен жұмыс істеу***— әсіресе жоғарғы сынып оқушыларымен жүргізілетін негізгі жұмыс түрі. Оқушылар статистикалық материалдарды, кесте, сызба-нұсқаларды талдау арқылы оқулықтағы білімдерін кеңейтіп, негізгі білімдерін жүйелейді.(көбіне бұл жұмысты жаңа сабақты түсіндіру кезеңінде пайдаланған тиімді.)
2. ***Атласпен, картамен жұмыс істеу:*** география пәнінде атласпен, картамен жұмыс барлық сыныптарда жүйелі жүргізілуі тиіс. Географиялық нысандарды ажырату, олардың ерекшеліктерін, жату бағыттарын, орналасуын тек карта арқылы түсіндіруге болады. Сондай-ақ өнеркәсіп орталықтарын, олардың мамандану салаларын карта арқылы білуге болады. Сондықтан да бұл жұмысты да жүйеге келтіру керек деп есептеймін. Атласпен картамен жұмыс жасай алмайтын оқушы география пәнін меңгермеген оқушы деп санаймын.
3. ***Кескін картамен жұмыс:*** бұл жұмысты 6-шы сыныптан бастап үйрете беру керек . Себебі 7 сыныптағы материктер картасын кескін картаға салу кезінде оқушылар қатты қиналады. Ал бастапқы курсты оқу барысында оқушыларға түрлі-түсті бояу арқылы жер бедерінің азғантай бөліктерін салғыза отырып, олардың биіктіктерді ажырату, ойпаттардың, қырат-үстірттердің, таулардың бояуларын қалыптастыру дағдыларын дамытуға болады. Сондай-ақ өзен- көлдерді картаға түсіру дағдылары дамиды.
4. ***Географиялық есептер шығару, жаттығулар орындау:*** геогафияның бастапқы курсында географиялық есептер шығару арқылы оқушылардың қисынды ойлау дағдыларын дамытып, пәнаралық байланысты қалыптастыруға мүмкіндік болады. Мысалы қысым мен температура арасындағы байланысқа арналған есептер, географиялық градус торы арқылы жер бетіндегі қашықтықты анықтауға арналған есептер құрастыруға болады. т.с.с.

5 Географиялық сөздік, анықтамалық материалдармен жұмыс. Оқулықтардың соңында географиялық терминдер мен ұғымдардың түсіндірме сөздігімен жұмыс жүргізіп отыру керек. Сондай-ақ онда кездеспейтін ұғымдарды күнделікті жұмыс дәптерлерінің соңындағы бірнеше бетке жазып отыруды тапсырып отыру керек. Бұл жұмыстың жүйелі жүргізілуін қадағалап отыру қажет, себебі ол- оқушылардың есте сақтау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

6.Кестелерді толтыру. Кесте толтыру арқылы оқушылардың салыстыру,нақтылау, ойлау қабілеттері дамытады.

7.График, профиль, диаграммалар сызу: 6-шы сыныптан бастап температура графигін салу, бағандық диаграмма арқылы жылдық жауын-шашынның айлар бойынша таралуын сыздырту- оқушыларды төзімділікке, ыждаһаттылыққа тәрбиелейді. Сондай-ақ 9- шы

сыныпта статистикалық материалдарды пайдалана отырып, шеңберлік диаграмма сызу арқылы білім, білік дағдыларын дамытуға мүмкіндік болады.

Қорыта келгенде, ақпараттық технологиялар арқылы оқыту: білім берудің интенсивті, автоматты үдерісін, ойын түрін пайдалануға (іскерлік, бақылаушы) оқушының жеке қабілетін есепке алуға, білім алу үрдісі түбегейлі өрнектеп, оқушының өздігінен білім алуға, пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады, танымын кеңейтеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауы, 2017 жылғы 31 қаңтар.
2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы және 24.11.2015 жылы енгізілген өзгерістері мен толықтырулары туралы.
3. География және табиғат №5 2006 жыл 61бет
4. География және табиғат №1 2012 жыл 17бет
5. Информационные технологии в образовании. К.П Викторов 2006г.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Кенжебаева Куляш Кожаниязовна
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы №2 Қандыағаш қалалық ЖББОМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің ілімін негізге ала отырып,оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеу – біздің мақсатымыз. Олай болса, Әлемдік білім кеңістігінен орын алу үшін міндетті түрде саналы, жан-жақты дамыған ұрпақты тәрбиелеу -ұстаз міндеті. «Мұғалім-мектептің жүрегі»деп халқының болашағы үшін білімнің даңғыл жолын салған Ы.Алтынсарин атамыз бекерден-бекер айтпаған. Әрине, әрбір мұғалім өзін мектептің жүрегімін деп есептеп,мектептің жанын кіргізердей дәрежеде болуы тиіс. Әрбір ұстаз өз ісіне аса жауапкершілікпен ден қоя отырып, құзырлы мұғалім ретінде шәкірт жүрегіне білім нәрін себе білуі тиіс.

Бүгінгі таңдағы мектеп алдындағы басты міндет- қазақ тілі мен әдебиеті сабағында жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді,сын тұрғысынан ойлау технологиясын басшылыққа ала отырып,оқушылардың оқу мен жазуын, тіл мәдениетін дамытып,сыни тұрғыдан ойлауға жағдай жасау,жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады,сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды зманауи әдіс-тәсілдермен оқытып,ой-өрісі кең ,саналы,еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Сондықтан сындарлы оқыту туралы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім –біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Мұғалім қызметіндегі маңызды дүние-жекелеген оқушылардың тақырыпты қабылдау ерекшеліктерін, оқушылардың түсінігін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұғынуы,сондай-ақ кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсіну. Оқушы жүрегінен жол табам деген әрбір ұстаз «оқыту мазмұны мен әдіс икемділігінің маңызды қағидаттарын» естен шығармағаны

жөн. Қазіргі таңда мұғалім заманауи технологиялардың әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру,тиімді оқытуда олардың ізденуін, танымын қалыптастыруға мол мүмкіндік ашады. Оқытудың әдіс-тәсілдерін таңдап алу тиімді оқытуда табысқа жетуге негіз болады әрі сабақтың сапасын барынша арттыруға мүмкіндік береді Оқушыларға терең білім беру үшін мұғалім әдістердің тақырыпқа,оқу мақсатына сай ,оқу материалын тиімді меңгертуге ықпал тиігізетіндей түрін таңдау керек және әрбір әдістердің қолдану жолын өзі жақсы білуі керек деген ойдамын. Өзімнің осы бағыттағы тәжірибемде оқыту әдістерінің тиімділерін іріктеп, жиі пайдалануым өз нәтижесін беруде.Әр уақытта мен баланың білімге деген қызығушылығын арттыратын жүйелі іс-әрекеттер ұйымдастыруға айырықша көңіл бөліп, шығармашылық ізденісте жүремін. Әлем елдері мемлекетінің тәжірибесінде оқушының қандай да болмасын ақпаратты өздігінше игеріп,өз өміріне жарата алатын әмбебап тәсілдерді үйренуі бірлескен топтық жұмыс болып саналады. Бұл бірлескен топтық жұмыс менің де қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда өз тәжірибемнен түспейтін әдіс-тәсіл болып табылады. Қазірдің өзінде сыныптағы оқушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда келтіретіндігін көрсететін дәлелдер жеткілікті. Олар: оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді; басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын оқушылардың түсінулеріне ықпал етеді; оқушылардың өз идеяларын дәлелдеуіне көмектеседі; мұғалімдерге оқушыларды оқыту барысында олардың оқушылары қандай деңгейде екендігін түсінуге көмектеседі;

Әрине, топтардағы бірлесу топтың жекелеген мүшелерінің қабілеті мен іске қосқан үлесі құрметтелетін,ескерілетін,билік пен жауапкершілік топ мүшелері арасында бөлінетін, ұжымдасу арқылы бітімге, келісімге қол жеткізуге негізделетін оқыту мен оқу тәсілінің маңызы ерекше. Олай болса, өз тәжірибемде қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда оқушылардың белгілі бір жетістікке жетуіне ықпал еткен тиімді әдіс-тәсілдердің бірнешеуіне тоқталып өтсем деймін. **«Ертегі құрастыру» әдісі бойынша** бастаушы тақырып бойынша ертегінің бірінші сөйлемін айтады. Қалғандары бір-бір сөйлемнен өздері қалауынша ертегінің сюжетін құрастырады. Қатысушылардың қиял жүйріктігі, тіл байлығына қарай түрлі ертегі құрастырылып шығады. **«Тірек мәтін» әдісінде** мұғалім жеке оқушыға, жұпқа немесе топқа тақырып бойынша бірнеше сұрақ беріледі. Олар жазба түрінде жауап жазады. Жауап бере отырып, оқушылар осылай өтілген тақырыптарға тірек конспектісін жасайды. **«Конверт – сұрақ»** әдісі бойынша 2-3 сұрақ жазып, конвертке салады (оқу мақсатына қарай). Әрбір оқушыға бірнеше конверт дайындалып беріледі. Оқушы стикерде атын және жауабын жазады; екі минут өткен соң конверт келесі оқушыға беріледі, осылай бұл 2-3 сұраққа барлығы жауап бергенше жүре береді. Стикерлерді жинап, бірнеше жауапты мұғалім дауыстап оқиды (аттарын атамастан); сынып белгілі бір сұрақтың қаншалықты дұрыс болғанын талқылайды. **«Ойлан, жұптас, пікірлес» әдісі бойынша** оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін,олар берілген сұрақ/тапсырма бойынша ойланып,кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен пікірлеседі,жауап береді. **Ашық микрофон» әдісі** бойынша оқушылар жылдам әрі тұжырымды ойлауға дағдыланады.Құнды ой-пікірін жинақтап, ашық айтады Оқушылар қолдарына микрофон ұстап, өткен сабаққа байланысты немесе үй жұмысына байланысты сұрақ қояды, екінші оқушы жауап береді. **«ПОПС формуласы»** бойынша берілген тақырып туралы ой-пікірлерін білдіреді. Бірінші сөйлем: «Менің ойымша,....» .Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...» .Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын....» Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...». **«Кинометафора» әдісі бойынша** оқушының ой-өрісі, ойлау қабілеті дамиды.Берілген тақырып бойынша (бір мәселе бойынша) бейне сюжеттен үзінді көрсету арқылы баланың көзқарасын, ой-пікірлерін білуге болады. **«Үштік» әдісі бойынша** оқушылар ойына келген жауаптар немесе идеяларды барынша көп жазып, кейін өз идеяларымен бөліседі.

Оқушылардың есте сақтау қабілеті (мұқият тыңдалым) сақталады. Өз ойын ашық айта алады. Оқушылардың оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым дағдылары қалыптасады. Сынып бойынша тапсырманы оқиды. Оқушылар бірнеше жұптан бөлінеді:бірінші оқушы оқиды немесе айтады, екінші оқушы тыңдайды, үшінші оқушы түртіп алады, кейін өз пікірін айтады. **«Төрт сөйлем»** тәсілі арқылы оқушылар тақырып туралы өз пікірлерін білдіреді: *Пікір.* Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікірлерін бір сөйлеммен айтады немесе жазады. *Дәлел.* Пікірлерін бір сөйлеммен дәлелдейді. *Мысалы.* Пікірлерін өмірмен байланыстырып, мысалдар келтіреді. *Қорытынды*. *Тақырып* бойынша қорытынды шығарады. Осындай әдіс-тәсілдермен жүргізілген жұмыстан кейін оқушылардан не өзгеріс байқадым? Оқушылардың ойлау деңгейі, сөздік қорлары молайды. Топпен жұмыс істеуде нақты тапсырмалар беру арқылы позиялық шығармаларды оқытудағы кейбір қиындықтарды болдырмауға көмектесетіндігін көрдім.Қорыта келгенде, қазіргі кезде жиі қолданылып жүрген әдіс-тәсілдер ойлауды дамыту, қабілетті қалыптастыруға, шығармашылықтарын жетілдіруге бағытталған әдіс-тәсілдер. Осы түрлі әдіс-тәсілдерді сабағымда қолдану барысында оқушыларымның сабаққа деген қызығушылықтары артып,өз ойларымен бөлісуге, факті, дәлелдер келтіруге, оны қорғай білуге үйренді. Егер де жаңа әдіс-тәсілдерді сабақта өз дәрежесінде ұйымдастыра білсек, өз нәтижесін береді деп ойлаймын.

Сонау XX ғасырдың басында Ж.Аймауытов: «Сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол-жаңадан жаңаны табатын өнер»-, деген екен. Сондықтан қазіргі таңда педагогика жаңалықтарын,қазіргі қолданып жүрген әрбір пән ерекшеліктеріне қарай қолдана білу-оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы демекпін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014

2.А.Әлімов. «Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану» Алматы, 2017

3.Ақылдың кені (Ұлағатты сөздер) Алматы, 2018

4. 249 әдіс-тәсіл (жинағы)

«ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ИСТОРИИ»

Токмурзина Айгул Кулантаевна
учитель истории СОШ № 5 г. Актобе

Добрый день! Уважаемые участники августовского совещания!

Современное общество предъявляет к образовательной сфере новые требования, связанные с изменением государственного и социального заказа на образовательные услуги. Помимо этого, образование испытывает влияние, связанное с мощным нарастанием знаний человечества. Да и обществу сегодня нужны способные люди.

Каждый ребенок имеет свой набор врожденных задатков, которые при благоприятных условиях развиваются в способности. Нет ни к чему не способных детей. Как показывает практика, способности могут быть развиты, но могут быть преждевременно, угаснуть, или деформироваться.

Сложная задача у педагога: необходимо не только увидеть в ребенке задатки, но и создать условия и мотивацию для их всестороннего развития. В этих условиях очень важно формировать у подрастающего поколения способность к творческому поведению. Перед

современной школой стоит задача формирования творческой, разносторонне развитой личности. Творчество немыслимо без познавательной активности. Я рассматриваю организацию исследовательской деятельности учащихся как одно из важных условий развития познавательной активности. Главное отличие детей, способных принимать участие в исследовательской работе, - наличие у них потребности узнавать новое. Как говорил Иммануил Кант немецкий философ и один из центральных мыслителей эпохи просвещения.

«Не мыслям надо учить, а учить мыслить»

Что такое исследовательская деятельность?

– это вид деятельности, для которой характерно самостоятельное творчество, в ходе которого вырабатывается собственная концепция понимаемой проблемы.

- реализует творческий потенциал учащихся.
- обеспечивает выход на формирование ключевых компетентностей ученика.

Что же понимать под исследованием?

Одной из устоявшихся является концепция учебно- исследовательской деятельности учащихся как новой педагогической технологий. Она формирует инструментальные навыки и умения логического и творческого мышления, необходимых в решении исследовательских задач. Умения видеть проблему задавать вопросы выдвигать гипотезы давать определенные понятия классифицировать наблюдения проводить эксперимент делать выводы и умозаключения структуировать материал работать с текстом

Исследовательская деятельность на уроке истории.

- знание – не сумма информации, а комплекс умений, позволяющих действовать в неопределенных, проблемных ситуациях.
- проблемный подход к освоению учебного материала
- активизация самостоятельной учебной деятельности, направленной на решение познавательных проблем учебных задач.

Виды умений учащихся

- учебно-организационные, умение планировать деятельность рационально выполнять задания, давать самооценку.
- учебно-информационные умение работать с книгой, словарем, библиографией.
- речевые умение отвечать на вопросы, пересказывать текст связано излагать вопрос рецензировать.
- учебно-интеллектуальные умение мотивировать деятельность логический осмысливать информацию, решать задачи обобщать и делать выводы, умение самоконтроля.

Учитель, применяя исследования в образовательном процессе, может преследовать разные цели: как получение новой информации, так и обобщение приобретенных ранее учениками знаний и умений. Учитель на своих уроках показывает различные противоречия, которые необходимо обучающимся разрешить с помощью ранее изученной информации и новых знаний. В образовательном процессе ученики имеют острую необходимость в систематизации, обобщении и классификации информации для разрешения учебной проблемы. Иногда полученные результаты не согласуются с имеющимися уже у учащихся знаниями, тогда они активно включаются в поиск теоретического объяснения возникшего противоречия. Организация подобной деятельности на уроках, активизирует и стимулирует познавательную активность школьников

При создании уроков с элементами исследовательской деятельности повышается профессиональный рост учителя, углубляя его знания и расширяя кругозор, как в предметной области, так и в педагогике. Такая технология даёт возможность раскрыть потенциал учеников и узнать их с другой стороны.

Таким образом, рассмотрев понятие и сущность исследовательской деятельности с различных точек зрения, можно сделать вывод о том, что это необходимое средство

формирования у учащихся мышления, познания, научного мировоззрения, самостоятельности.

Применение метода исследований на занятиях требует от учителя больших временных затрат для подготовки к уроку, а в связи с массовостью образования и высокой учебной нагрузкой достаточно трудно, но плоды труда приносят хорошие результаты. Это проявляется в успешном участии детей в олимпиадах и научно-практических конференциях,

Цель педагога – научить школьников постигать окружающую действительность самостоятельно, уметь её адаптировать для себя, творчески использовать с пользой для себя полученные знания. В этом и заключается важность использования исследовательской деятельности в образовательном пространстве и создании творческих работ

В ходе исследовательской деятельности, учащиеся учатся:

- ставить цель, выдвигать гипотезу
- использовать методы эмпирического исследования:

анализирование, обобщение, наблюдение, сравнение;

- использовать разные источники для получения информации;
- обрабатывать собранный материал;
- делать умозаключения, представлять итоги своей работы.

Организация исследовательской деятельности является одной из приоритетных задач развития познавательной деятельности обучающихся в процессе образовании. Работа по развитию интеллектуальных умений и навыков в школе осуществляется, главным образом, на уроках. Этому способствует использование и внедрение современных интерактивных педагогических технологий в процесс обучения.

Несмотря на это, внеурочная деятельность так же является благоприятной почвой для развития познавательной активности обучающихся путем приобщения их к методам исследования.

Исследовательская деятельность школьников помогает решать задачи не развивающего образования:

- увеличивает значимость и ценность знаний, повышает культуру речи, совершенствует навыки учёбы;
- становление личности обучающегося, формирование критического мышления;
- обогащает социальный опыт: учит преодолевать сложности и трудности в обучении, принимать успехи и неудачи, поднимает самооценку, расширяет контакты с другими учениками, а при использовании интернета – учит взаимодействовать с учителями и учеными».

Поэтому, одной приоритетной целью, стоящей перед современной школой, является подготовка юного исследователя, владеющего методами работы с информацией и творческого решения проблемных задач, готового к самообразованию и самосовершенствованию.

Современный учащийся как творческая, социально активная личность может формироваться только в процессе поисково-исследовательской работы, которая совмещается с образовательным процессом.

В процессе изучения истории решается ряд задач:

Обучающих:

-Дать обучающимся представление об основах исследовательской деятельности;

-Научить школьников грамотно выбирать тему исследования, ставить задачи, решение которых необходимо в процессе достижения цели, разрабатывать стратегию и тактику выполнения работы;

-Научить школьников работать с различными источниками информации;

-Познакомить детей с разнообразными формами представления полученных данных, правильным оформлением итогов своей работы.

Развивающих:

-Расширить кругозор детей;

-Сформировать у учащихся способность к анализу и корректировке своей исследовательской деятельности;

Воспитательных:

-Воспитать чувство ответственности за конечный результат своего труда; -Совершенствовать навыки работы в коллективе,

-Формировать положительную самооценку подростка в конкретной практической деятельности,

-Дать учащимся опыт публичного выступления и презентации своих результатов, умения отвечать на вопросы по теме,

В заключение хочу, сказать воспитание всесторонне развитой творческой личности обучающего является, одним из приоритетов современного образования. Использование исследовательского метода дает возможность для ученика к самосовершенствованию и саморазвитию. Данный подход на уроках помогает не только развивать основные навыки и универсальные действия, но и с интересом преподавать учебный материал.

МИР ФАНТАЗИЙ

Байтасова Диана Битимбаевна
Жаңажол орта мектебінің орыс тілі және орыс әдебиет пәнінің мұғалімі

Раздел долгосрочного плана		Раздел 7. Мир фантазий
Школа		
Дата		
Класс: 5 «А»		Количество отсутствующих:12 Количество присутствующих:0
Уроки №	Тема урока	Б.Заходер «Моя Вообразилия»
Цели обучения, которые достигаются на данном уроке (ссылка на учебную программу)		С3 Понимание содержания художественных произведений Ч2 Определение стилей и типов речи Г1 Высказывать составлять предложения П2 Использовать глаголы с зависимыми словами в нужных формах
Цели урока		**Все учащиеся смогут:** определяет стиль текста; определяет жанр текста; выписывает ключевые слова правильно соотносит слова с их значениями
Критерии оценивания		**Учащийся достигает цели, если:** • определяет стиль текста; • определяет жанр текста; • выписывает ключевые слова • правильно соотносит слова с их значениями • Соблюдает тайм-менеджмент

	• Использует слова и словосочетания при устном выступлении
Дифференциация	Дифференцированное домашнее задание
Привитие ценностей	Воспитывать у учащихся любовь к чтению художественных произведений, знакомство с творчеством Б.Заходера.
Межпредметные связи	Связь с казахским языком ,англииским языком , художественный труд.
Языковые цели	Раздел «Мир фантазий» опирается на обучение языковым навыкам, развитым в начальных классах и предыдущих разделах. Этот раздел представляет непрерывное обучение языковым навыкам.
Навыки использования ИКТ	Использование ИКТ для просмотра видеоматериала и слайдов, поиска информации.
Предварительные знания	Этот раздел продолжает опираться на знания, понимание и языковые навыки, которые учащиеся развили в начальных классах и в первых двух четвертях 5 класса. Учащиеся смогут определить главную и второстепенную информацию при прослушивании текста, выясняя значения незнакомых слов, привести обоснованные аргументы по данной теме.

Ход урока

Запланированные этапы урока	**Запланированная деятельность на уроке**	**Ресурсы**
Начало урока 1-урока 2мин 4мин	**Эмоциональный настрой**. **(К)** Подарите улыбки друг другу. Улыбнитесь друг другу, себе. Приятного вам учебного дня! Учитель приветствует учащихся на двух языках: казахском, русском. **Игра «Фантастические гипотезы»** «Представьте себе, что было бы, если бы пошел конфетный дождь?» - … солнце было синим? - … снег падал летом? - … кошки умели разговаривать? - … крокодилы умели летать? - … в море жили медведи? - … у человека было шесть ног? - … на деревьях росли булочки? - … все деревья были шоколадными?	
6 мин 9 мин	– Сегодня мы с вами отправимся в необычную страну, как вы думаете, как она называется? – Вы никогда не были в этой стране, правда? Придумал эту замечательную страну замечательный детский поэт и писатель Борис Владимирович Заходер. Вот его портрет. Он	**Мультфильм Видео Винни-Пух.**

14мин	прожил долгую жизнь – 82 года. Борис Владимирович Заходер родился в 1918 году в молдавском городе Кагул, детство провел в Москве. **Задание 1** **1 группа** **(Г) Стратегия «Силуэт на стене».** Внутри персонажа написать, что знают о Б.В.Заходере -, снаружи написать интересующий вопрос. *Назовите стиль текста?* **2 группа** **Г) Стратегия « Свободный микрофон»**	**Слайд Б.В.Заходер**
19 мин	Расскажите о писателе другую информацию, используя содержания текста. *Назовите стиль текста?* – Все любят фантазировать, воображать? Тогда вперёд, в Вообразилию.	
23мин	**Просмотр видеоролика** https://www.youtube.com/watch?v=DeW0SbZgrug	
28мин	**Моя Вообразилия** ***Назвать ключевые слова из стихотворения*** ***Назовите слова из карточки информатора***	
30мин	**Взаимооценивание по ключам ответов** **Ключевые слова:** Вообразилия, летают, мраморные статуи, салочки, кудесник, фантазия, приключения. Словарная работа *Настурция* - однолетнее садовое растение *Статуя* - скульптурное изображение человека или животного *Салочки* - общее название детской игры *Кудесник* – волшебник.	
35мин	**Задание 2** **Работа (П)** **Выпишите из стихотворения глаголы которые отвечают на вопросы Что делает?Что делают?** *Назовите жанр текста?* **Критерии оценивания** • определяет стиль текста; • определяет жанр текста; • выписывает ключевые слова правильно соотносит слова с их значениями в настоящем времени.	

	Задание 3 **(И)работа** Составьте свою Вообразилию. Объясните свой рисунок, используя рисунки :Моя Вообразилия…. **Критерии оценивания** • Соблюдает тайм-менеджмент • Использует слова и словосочетания при устном выступлении.	
Конец урока **5мин.**	**Рефлексия** - Ребята, пора возвращаться из страны Вообразилии в обычный мир. Вам понравилась наша Вообразилия? Прикрепите к нашей Вообразилии человечков. На человечках напишите понравилось ли вам путешествие. **Домашнее задание:** 1.Составьте фантастический рассказ. 2. Напишите мини-сочинение на тему «Моя вообразилия» (50-70слов). 3. Составьте синквейн «Моя Вообразилия».	

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІН АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Бердибаева Роза Маликовна
Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Дөң мектеп-гимназиясы
КММ бастауыш сынып мұғалімі

Таным үрдісінде ойлаудың түрлі тәсілдері пайдаланылады (анализ, синтез, дедукция, индукция, абстрактіліктен нақтылыққа көтерілуі және т.б.). Оқу арқылы балаға қоғам өзінің ғасырлар бойына жинаған асыл мұрасын, дағды тәжірибесін береді. Демек, оқыту - таным үрдісі. Өйткені, онда ілгері қарай қозғалыс болады, оқушы білмеуден білуге қарай жүріп отырады. Оқытудағы міндет – оқушыны табиғат, қоғам және адам дамуының жалпы және негізгі заңдарымен қаруландыру . Таным арқылы заттар мен құбылыстардың басты белгілері, ұқсастықтары мен айырмашылықтары жайындағы бейнелі қабылдау нәтижесінде ұғым туады. Таным өмірлік қызмет барысында іске асады.

Таным процесі мұғалімнің басқарушылық, әрі бағыттаушылық рөлімен, ынтымақтастық байланыста бірлескен қызметінде іске асырылады. Ғалым педагог Л.Занков: «Оқыту оқушылардың жалпы рухани дамуын қамтамасыз етуі қажет» десе, көрнекті психолог Л.Выготский: «Жақсы оқыту деп, баланың дамуынан ілгері жүретін, оны жетекке алатын

оқытуды айтады» деп тұжырымдайды және оқу баланың өзіндік танымдық белсенділігі екенін анықтайды [1,15].

Білім беру және оқыту теориясының әдіснамалық негізі - таным теориясы, оқушы тұлғасын жан - жақты және үйлесімді қалыптастыру туралы ілім болып табылады. Бұл теория білім беру және оқытуды арнайы ұйымдастырылатын іс - әрекет ретінде қарастырады. Білім беру және оқыту теориясының оқушыларды оқыту мәселесіндегі талаптарының бірі танымдық белсенділік.

Танымдық белсенділік дегеніміз – оқушының оқуға, білімге деген ынта ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі [2,34]. Мысалы: мұғалімнің баяндап тұрған материалын түсіну үшін, оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейтіп толықтыру үшін, өздігінен кітап оқуы, бақылау, тәжірибе жасау, жазу, сызу сияқты жұмыстар істеуі керек. Өйткені өтілген материалды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес.
Бұл талаптың орындалуы оқушылардың оқу материалын түсінуге, өткенді жаңамен байланыстыруға, негізгісі мен қосымшасын анықтауға, алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға, өз пікірлерінде оларға сүйенуге ұмтылысынан көрінеді. Білімді саналы меңгеру өз бетімен жаңа білім алуға мүмкіндік беретін ақыл - ой еңбегінің өзіндік тәсілдерін игермейінше іске аспайды.Оқушылардың белсенділік танымдық іс-әрекетінің көздейтін мүддесі - білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету қажеттігі негізінде дамиды. Белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана білуі болып табылады. Осыдан келіп, оқыту барысында оқушының іс - әрекетінде танымдық белсенділікті қалыптастыру талабы туындайды [3,11]. «Танымдық белсенділік» термині «таным» және «белсенділік» ұғымдарының бірлігімен түсіндіріледі. Сол себепті осы екі терминнің нақты анықтамаларына тоқталған жөн.

«Таным» ұғымы философиялық категория. Танымның алғашқы баспалдағы сезімдік қабылдау негізінде жүргізіледі. Ол айналадағы материалдықтың адам санасында бейнеленуі.

Төменгі сыныпта жаратылыстану пәнін оқу арқылы оқушылардың қоршаған орта, әлем және аспан денелері туралы білімдері молайып, өзбетінше зерттеу жұмыстарын жүргізуге жағдай жасалған. Төменгі сыныпта жаратылыстану пәнін оқытудың ерекшелігі: оқушылардың қоршаған орта, әлем туралы ой-өрісін дамыту, тәжірибе жұмыстарын жасату арқылы шығармашылық ізденіс қабілетін арттыру. Жаратылыстану пәнін оқу барысында оқушылардың санасында осындай зерттеу дағдыларын қалыптасады: зерттеушілік, байқау, мәліметтерді алу және ұсыну, нәтижелерді түсіндіру.

Оқыту үдерісінде оқушылардың пәннің бөлімдеріне қарай біліммен біліктерін саналы түрде игеруі үшін әр пәннің әдістемелік қызметін пайдалануға, жобалау, зерттеу әрекеттері тәсілдерін игеру негізінде жүйелерін, әлеуметтік мәдени кеңістікте өз орнын дұрыс таба білуі үшін біліктерді меңгеруге бағыттайды. Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне берілген негізгі міндеттердің бірі.

Оқытудың мәні оқушылардың саналы ойлау, өзбетінше ізденістері мен мәліметтерді жүйелі меңгерту болуы керек деп оқу жүйесіне жаңа міндеттер қойылған еді. Бұл жоспардың барысында қазіргі таңда барлық бастауыш сыныптар білім алудың жаңа жүйесінде оқытылады. Жаңа оқу бағдарламасының маңызы – оқушылардың дұрыс ойлау жүйесін дамыту. Білім алушы өзінің сабақ барысында алған білім нәрін, жалпы тұрмыста, күнделікті өмірде қолдана білу қажет. Яғни, бұл бағдарлама күнделікті өмірмен сабақты байланыстырады [4,45].

Жаратылыстану пәні бойынша сабақ берудің әдістемелік негізін салған орыс ғалымы А.Я. Герд «адам баласы білімді тек қана оқып емес, оны бақылау,салыстыру,тәжірбие арқылы

игереді,сол себепті жаратылыстануда осы әдістер ең маңыздысы болып табылады» деген екен. Осы әдістерге жеке тоқталайық:

Бақылау әдісі:

4. бұл шәкірттерге қоршаған әлемнен нақты және бейнелі идеялар мен тұжырымдамаларды қалыптастыруға мүмкіндік береді, соның негізінде шығармашылық ойлау қызметі, кіші мектеп оқушыларының дамуы жүзеге асырылады.

5. ол табиғи құбылыстардың үздіксіз өзгеруі мен дамуын, табиғатта болып жатқан құбылыстардың өзара байланысы мен заңдылығын, әлемнің бірлігін қамтамасыз етеді.

6. бұл назардың тұрақтылығын арттырады, шығармашылық, танымдық қабілеттерін арттырады, оқушылардың байқау қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Сабақтарда бақылауды сауатты ұйымдастыру және жүйелі түрде дұрыс пайдалану қабілеті ұстаздың дағдыларына байланысты. Егер сіз сабақта бақылау әдісін қолдансаңыз, келесі жүйені қолданыңыз:

- Бақылау үшін оқу материалдарын іріктеңіз;
- Шәкірттерді бақылауға дайындаңыз;
- Сабақты бақылау үшін қажетті негізгі ұғымдарды қалыптастырыңыз;
- Бақылау мақсатын нақты қоя білу.
- Күнделікті бақылау үшін тапсырмаларды жасаңыз және балаларға тапсырмалар беріңіз;
- Қажетті жабдықтарды дайындаңыз;
- Бақылау нәтижелерін жазып, жалпылаңыз.

Бақылау әдісі оқиғаның уақытына сәйкес орындалады және бірнеше кезеңге бөлінеді:

- Оқытушының басшылығымен бақылау(көп аса 1-ші сыныпта өткізіледі, қоршаған табиғатты көруге әлі үйренбеген, олар әлі де өзгерістерін түзете алмайды)
- Жүйелі қысқа мерзімді уақытша бақылау(ұстаз шәкіртке бір сәтте, серуендеу кезінде немесе табиғатты бақылауға нұсқау береді)
- Ұзақ мерзімді бақылау (мысалы, өсу, өну, көбею, тұқым, жеміс беру, белгілі бір өсімдіктердің құрап қалуы). Көктем, жаз, күз, қыс айларындағы өзгерістер сияқты т.б.
- Зерттеу қызметімен байланысты бақылау. Белгілі бір тақырып бойынша оқушының қызығушылығына сәйкес бақылау жүргізу, зерттеу соңында жобаны дайындау және оны қорғау. Қазіргі таңда оны жобалау әдісі деп атайды.

Оқушылардың танымдық қабілеттерін жақсарту үшін жаратылыстану сабақтарында қолданылатын негізгі әдістердің бірі – **салыстыру**. Бір кездері К.Д.Ушинский «салыстыру – бұл әр тұжырымдаманың және әр ойдың негізі» деді. Мысалы: біз қылқан жапырақты және жапырақты ағаштарда салыстыратын бірінші нәрсе – жалпы белгілерді, тамырларды, бұтақтарды, жапырақтарды салыстыру. Негізгі айырмашылық жапырақтарда жатыр. Біз қылқан жапырақтардың жапырақтары қылқан жапырақты ағаштардың пішініне ие деген қорытындыға келеміз. Салыстырудағы маңызды қадам – оқушылардың пәннің маңызды ерекшеліктерін ажырата білу қабілеті.

Қазіргі уақытта анықтамалық схемаларды салыстыру түрі кеңінен қолданылады. Мысал: *«Венн диаграммасы».* Мұнда кез-келген екі объект салыстырылады, олардың ұқсастығы орталық фигураға жазылады, айырмашылықтары салыстырылады.

Мысалы: Үй жануарлары мен жабайы жануарларды салыстыру.



Сурет 1.Венн диаграммасы үлгісі

Оқушылардың танымдық қабілеттерін жақсарту үшін жаратылыстану сабақтарында қолданылатын негізгі әдістердің бірі – **тәжірибе.** Шәкіртті табиғат объектісінің табиғатымен, табиғи құбылыстардың мәнімен таныстыру қажет болған кезде эксперименттер жүргізу өте маңызды. Жаратылыстану сабақтарында жүргізілген эксперименттер сыныптағы кейбір табиғи құбылыстарды қолмен көбейтуге мүмкіндік береді. Минералдардың қасиеттерін, суды сүзгілеу арқылы тазартуды, топырақтың табиғатын, тұқымның өнуін бақылауды және т.б. білу үшін эксперименттер жүргізу қажет.

Мұғалім тәжірибеге келесі дайындық жұмыстарын жүргізеді:

- Практикаға керек құралдарды дайындайды;
- Практикаға керек материалдарды таңдайды;
- Мұғалімдер оқу күні басталғанға дейін барлық тәжірибеден өтеді;
- Шәкірттерді қауіпсіздік ережелерімен таныстырады, практика кезінде өзін қалай ұстау керектігін ескертеді;
- Практиканың мақсаттары мен міндеттері туралы ақпарат береді;
- Эксперимент мәселесін шешетін сұрақтарды тақтаға алдын-ала жазады.

Егер тәжірбие отпен, қышқылмен жүргізілсе немесе балаға оны орындау қиын болса, мұғалім өз бетінше тәжірибе жасайды. Мұғалім бұл жағдайда қажетті жабдықты әр бала экспериментің барысын көре алатындай етіп эксперимент жүргізу үшін арнайы тұғырға қояды.

Ауқымды практика кезінде қатысушылар шәкірттерге практикаға қажетті жабдықтар мен заттарды таратады. Шәкірт ұстазының жетекшілігімен эксперименттер жүргізеді, соңында шәкірт нәтижелерді талдайды және тиісті қорытынды жасайды. Тәжірибиені немесе жаппай эксперименттерді көрсету кезінде асықпау қажет, бәрін мұқият тексеріп, шәкіртке табиғи құбылыстарды көбейту кезінде дәйектілікті түсіндірген жөн. Сұрақтарға жауап алу, қорытынды жасау және әңгіме жүргізу қажет.

Жаратылыстану сабақтарында шәкірттердің танымдық қабілеттерін арттырудың бұл әдістері шәкірттердің шығармашылық қабілеттерін шындайды. Оқушылардың көкжиегін кеңейтудің, танымдық қабілеттерін қалыптастырудың және шығармашылық қабілеттерін дамытудың осы әдістерін жүзеге асыру үшін мен «сыни ойлау» стратегияларын және «дамытушылық оқыту», «топтық оқыту» әдістерінің тиімділігін қолданамын және сабақ барысында осы әдістер мен стратегияларды жиі қолданамын.

Қазіргі кезде оқушының оқу әрекетінің жемісті, нәтижелі болуына, танымдық белсенділігі мен ізденімпаздығын ынталандыруға септігін тигізетін өз бетіндік оқу үрдісін

ұйымдастырудың түрлі әдістерін, тәсілдері мен нысандарын іздестіру – аса маңызды міндет болып есептеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер

5. Алпысбева Н.С., Шатырбаева Г.Ж. Оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытуда дидактикалық құралдардың алатын орны// «Педагогика ғылымдары» сериясы, №1(45), 2015ж.

6. Жақыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе. Алматы: 2007,-230.

7. Тоғайбаева А.К., Есенгулова М.Н., Жалпы педагогика негіздері. Әдістемелік нұсқау – Ақтөбе 2018.

8. Шаяхметова М.Н. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын арттыру жолдары// ПМУ Хабаршысы Педагогическая серия. 2015. №1

ФОРМИРОВАНИЕ УЧЕБНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ И ПРОЕКТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ.

Оксана Станиславна Марченко
Актюбинская область, Мартукский район
Вознесеновская общеобразовательная средняя школа

В современном образовательном пространстве все большое внимание уделяется переходу к системе обучения, которая позволила бы обеспечить познавательную активность учащихся. Очень важно не просто давать школьнику информацию, а формировать его исследовательскую и проектную деятельность. Организации образования осуществляют переход к обновленному содержанию общего среднего образования. На смену когнитивным технологиям обучения и воспитания приходит личностно-ориентированная модель совершенствования и развития индивида в процессе познания.

Одной из задач общего среднего образования является «обеспечение последовательности в развитии навыков проектной и исследовательской деятельности обучающихся, это представляет один из основных принципов организации образовательного процесса в организациях образования». Основной смысл данного обновления заключается в создании условий для решения стратегической цели развития казахстанского образования, повышения качества, достижения новых образовательных результатов. Для качественного обновления содержания образования необходимо четко определить основные составляющие современных результатов образования.

Под образовательными результатами понимается расширение личностных ресурсов, которые позволяют учащемуся творчески подходить к решению любых встающих перед ним задач, контролировать свои действия на основе собственных мыслей и ценностей.

К результатам относятся:

— научные знания и представления о природе, обществе, человеке, информационных системах;

— навыки исследовательской и практической деятельности;

— коммуникативные и информационные умения;

— способность к творческому решению учебных и практических задач; — умения анализировать окружающую действительность .

Необходимый уровень личностного развития, может быть достигнут в условиях соответствующего обучения к концу старшего школьного возраста. Поэтому стандарты обновленного содержания образования строятся на методах самостоятельного исследовательского поиска. Д. Пойа указывал на необходимость включения детей в исследование и подчеркивал, что «время от времени необходимо давать учащимся более глубокие задачи с богатым фоном, заслуживающие дальнейшей разработки, а также задачи, дающие возможность войти во вкус научной работы» . Данный подход к организации исследования обусловлен возникновением современного видения процесса обучения, при котором учащийся является не объектом, воспринимающим готовые знания, а исследователем, то есть человеком, самостоятельно ставящим вопросы, разрешающим противоречия. При выборе методов обучения и воспитания в современной общеобразовательной школе педагог должен считаться с особенностями и возможностями школьников.

Отличительной чертой современного образования становятся обеспеченность и доступность качественным образованием людей с ограниченными возможностями]. Необходимо опираться на увеличение деятельностных форм обучения, предполагающих приоритетное развитие творческой и поисковой активности учащихся. Сегодня сделан акцент на общее интеллектуальное развитие, поощрение креативности и самостоятельности. Данное утверждение является эффективным видом творческой деятельности, позволяющим каждому школьнику выявить и актуализировать свои таланты, дарования.

Исследовательская деятельность – один и главных компонентов образовательного процесса. Основная цель исследовательского обучения – формирование у учащегося способностей самостоятельно, творчески осваивать и перестраивать новые способы деятельности в любой сфере человеческой культуры . Следует отметить, что главная особенность исследовательского обучения – активизировать учебную работу школьников, придавая ей креативный, поисковый характер. Для этого необходимо передать учащимся инициативу в организации своей познавательной деятельности. Соответственно изменяется позиция педагога с «подготовки ребенка к исследовательской деятельности» на «обучение в условиях исследовательской деятельности» .

В профессиональной деятельности педагогов общеобразовательных школ все большее распространение приобретает исследовательская деятельность учащихся, как образовательная технология, направленная на приобщение ученика к активным формам получения знаний, самообучению и саморазвитию. Исследовательская практика учителя основана на овладении детьми исследовательскими умениями и навыками. В основе ключевых умений лежат ведущие элементы педагогического исследования проектов: определение предмета исследования, целей и задач, выдвижение гипотезы, разработка и проведение эксперимента, обработка результатов исследования. Современный подход к реализации потенциала исследовательской деятельности учащихся должен строиться на принципах личностно-ориентированного обучения.

В современной психологии исследовательская деятельность рассматривается как особый вид интеллектуально-творческой деятельности, определяемый функционированием механизмов поисковой активности и исследовательским поведением. В качестве механизма поисковой активности у человека выступает мышление. В процессе активной учебной деятельности ученик получает результаты своих исследований с помощью содержательных абстракций, обобщений и теоретических понятий. Именно исследовательский подход в обучении направлен на развитие таких универсальных способностей и компетенций учащихся . Очень важно создавать необходимые условия для реализации возрастной потребности в творческой поисковой активности. На обновленном этапе содержания образования учителя могут целенаправленно формировать мышление, развивать критическое мышление учащихся

и учить их включаться в самостоятельное решение задач. Это создает условия для развития творческой личности, ее самоопределения и самореализации.

Обновленные учебные программы по общеобразовательным предметам разработаны с учетом исследовательских навыков и определяют уровень не только знаний, но и компетенций обучающихся. Обобщая исследования ученых, передовой педагогический опыт и собственные разработки, учитель выстраивает определенную схему формирования исследовательских умений по вышесказанным направлениям. Учитель общеобразовательной школы при реализации исследовательского подхода формирует исследовательские навыки и умения школьников, что требует создания специальных психолого-педагогических условий в процессе учебно-исследовательской деятельности. Достижение цели обеспечивается решением задач, которые ставит учитель. Таким образом, обновление содержания образования ориентирует на достижение не только предметных результатов, но и на формирование личности учащихся, овладение ими универсальными способами учебной деятельности, обеспечивающими успешность в познавательной деятельности на всех этапах дальнейшего образования.

Исследовательская практика школьника – это не просто один из методов обучения, это путь формирования особого стиля учебной деятельности. Исследовательская деятельность учащихся играет огромную роль в обновленных образовательных программах. Это исключительно планомерная, познавательная творческая деятельность учащихся, по своей структуре соответствующая научной деятельности, характеризующаяся целенаправленностью, активностью и предметностью. Итогом научно-практической работы является формирование познавательных мотивов, исследовательских умений, новых для учащихся знаний. Исследовательскую деятельность учащихся необходимо строить поэтапно. На всех этапах исследования мы должны понимать, что основной ожидаемый результат – развитие творческих способностей, приобретение школьником новых знаний, умений, навыков исследовательского поведения и обработки полученного материала.

Анализ и обобщение приведенных выше определений учебно-исследовательской деятельности позволяют рассматривать ее как деятельность учащихся, которая организуется педагогом с использованием разнообразных форм обучения и дидактических средств. Все это направлено на выявление закономерных связей и отношений теоретически анализируемых или экспериментально наблюдаемых фактов, явлений, процессов.

Список литературы:

1. Государственный общеобязательный стандарт общего среднего образования. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 604.

2.Сергеева Л.А. Развитие исследовательской деятельности младших школьников в процессе решения открытых практико-ориентированных заданий // Герценовские чтения. Начальное образование. 2017, т.8, №2. – С. 35-40.

3.Таубаева Ш. Исследовательская культура учителя. — Алматы: Алем, 2000. – 370 с.

4. Владимирова Н.Ю. Теплых Е.А. Исследовательская компетентность как основной компонент профессионализма педагога // Инновационные педагогические технологии: материалы IV Междунар. науч. конф. – Казань: Бук, 2016. – С. 191-195.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ

Жумашева Ж.С.
ИП «Ахметова А» №4 «Көктем» б/б,
қазақ тілі мұғалімі

«Ойын- баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады,ойынсыз ақыл- ойдың қалыптасуы мүмкін емес».
В.А. Сухомлинский.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің барлық сатыларының алдында тұрған көкейтесті мәселелерінің бірі- білім сапасын арттыру, оның әдістемесін жетілдіру жас ұрпақтың тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасау, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру.

Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін үйрету Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартындағы «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» , «Әлеумет» білім беру салалары аясында көзделеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің» 26 тармағында: «Бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгерту ойын нысанында іске асуға тиіс. Ойын – баланың негізгі әрекеті және дамытудың негізгі құралы »- деп атап көрсетілген. Осыған орай мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін үйретуде ойын арқылы оқытуға ерекше мән берілуі керек.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың *«Ана тіліне қамқорлық ең алдымен сол тілде сөйлейтін халыққа жүктеледі»* демекші, тіл мамандарының парызы — балабақшадағы өзге ұлт балаларына мемлекеттік тілді меңгерту.

Заман талабына сай әр мұғалім өз сабағын жаңаша ұйымдастырып, шығармашылық ізденіспен өткізеді. Осы мақсат пен міндеттерді негізге ала отырып, өзге ұлт балаларына қазақ тілін үйретуде ойын технологияларын тиімді пайдаланудың маңызы зор. Себебі, дүниеге келген әр баланың алғашқы әрекеті – ойын .

Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: *«Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?»* деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады.

Ойын — балалар үшін қоршаған ортаны танып білудің ең жеңіл де ұтымды тәсілі. Жас баланың өмірді танып, еңбекке деген қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойын – балаларға ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық тәрбие беруімен қатар, олардың тілді үйренуге деген қызығушылығын арттырады, сенімін оятады. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп отырып, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз, өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз - барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы.

Ойын – балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, өмірге ең қажет қасиеттерге тәрбиелейді, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. Ойын арқылы баланың бойына адамдық қасиеттерімен қатар білімге, өнерге құштарлығы қалыптасады. Осыған орай, оқу - тәрбие жұмысы орыс тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі ұйымда қазақ тілінде ауызекі сөйлеу тілін ойын технологиялары арқылы қалыптастыруды мақсат еттім.

Ойын технологиялары арқылы балалардың тілдерін дамытуда мынадай мақсаттар көзделеді:

- байланыстырып сөйлеу мәдениетін жетілдіру;
- құрастыра сөйлеуге;
- сөздік қорын молайту;
- фонематикалық есту қабілетін дамыту.

Міндеттері:

- Ойынға, білімге деген белсенділіктерін арттыру.
- Ойын арқылы танымдық іс-әрекеттерін дамыту.
- Сөйлеу,ойлау ,есте сақтау және шығармашылық қабілеттерін ойын арқылы жетілдіру.

Балалардың сөздік қорын, тілін дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Ойынның түрлері өте көп. Мектепке дейінгі балаларды осындай тәсілмен оқытуды жүзеге асыру үшін, әзірленетін ойындық білім беру технологиясы анық белгіленген және қадамдық сипатталған жүйесі бар әр түрлі ойындар болуы қажет.

Ойын технологиясының басты мақсаты — мектепке дейінгі және балалардың даму деңгейін толыққанды мотивациялық негізін қалыптастыру үшін, дағдылар мен қызмет шарттарына байланысты жұмыс істеу.

Оның міндеттері:

1. Білім мен дағдыны меңгерудегі қажеттілікті түсінуде, баланың жеке белсенділігінің жоғары деңгейге жетуі.
2. Баланың белсенділігі мен қызметінің нәтижелілігін арттыратын құралдары таңдау.

Баланың мінез – құлқы дұрыс қалыптасуына, эстетикалық сезімдерінің күннен – күнге жетіле түсуіне әсер ететін бұл ойындарды өз тәжірибемде бес топқа бөлініп пайдалануды көздедім. Олар:

I. Қазақша сөз формаларын бекітетін сөздік ойындар.

II. Қазақ тіліне тән ә,ө,ү,ұ,қ,ң,ғ,і,h дыбыстардың дұрыс айтуға арналған фонетикалық ойындары.

III. Сөйлесу, әңгімелесу арқылы ұйымдастырылған дамытушы ойындар.

IV. Ұлттық ойындар негізіне құралған қимыл-қозғалыс ойындары.

V. Ұлттық тәрбие негізінде ұйымдастырылған сюжетті – рөлдік ойындар.

I. Сөздік ойындар – бұлар мазмұны қарапайым, орындалу уақыты мөлшерлі ойын түрі. Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі- тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді.Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз.

II. Фонетикалық ойындар - арнаулы қазақ тілі құралдарының қатарында ерекше орын берілетін ойын түрлері. Қазақ тіліне тән ә,ө,ү,ұ,қ,ң,ғ,і,h дыбыстардың дұрыс айтуға арналған дидактикалық ойын. Ол дегеніміз - дыбыстық жаттығулар, аударма сөздіктер, сөзұйқастар, жұмбақ, жаңылтпаштар, санамақтар, саусақ ойындары. Мысалы: «Қай дыбысты естідің?», «Әріптердің үйін тап», «Сурет арқылы санамақты құра», «Моншақ» т.б.

III.Дидактикалық ойындар- балалардың ақыл-ойын дамытып, қызығушылығын арттыру құралы. Ойын барысында балалар педагогтің бала түсінетіндей етіп қойған сұрағына жауап береді, бір – бірімен өзара сөйлесе білуге бейімделеді. Олар: «Рәміздерді құра және сипатта», «Сиқырлы пішіндер»,«Гүлді құра және сипатта»,«Орманда және үйде», «Ыдыстарды толтырайық» т.б.

IV. Қимыл-қозғалыс ойындары- балалардың дене бітімінің қозғалыс белсенділігі дағдылары мен іскерліктерінің қалыптасуының даму құралы. Балалардың жас ерекшелігіне байланысты ҰОӘ-інде қазақ ұлттық ойындармен таныстыра отырып мемлекеттік тілге қызығушылығын арттыру, балалардың ойлау, елестету, есту, сезу қабылеттерін дамыта отырып, шапшандыққа, ептілікке, ауызбіршілекке тәрбиелеу мақсатына негізделіп, тілдік қатынасқа түседі.Олар: «Мұрын, мұрын», «Орамал тастамақ»,«Тапшы кімнің даусы?», «Әріп таңда»,«Хан талапай», «Теңге алу» т.б.

V. Сюжетті-рөлді ойындар- балалардың ой-қиялын,сөздік қорын,тілін дамыту құралы. Ұлттық тәрбие негізінде ұйымдастырылған сюжетті – ролдік ойындары көбінесе өткен материалдарды бекіту сабақтары үстінде қосымша ұлттық тәрбие беру мақсатында қолданылады.Оларға жататын ойындар: «Үй тігу», «Наурыз көже асайық», «Қуыршақтың тұсауын кесейік», «Төл қайыру», «Қонақты қарсы алайық», «Ұлттық киім дүкені» т.б.

Ойын технологиясының балалар үшін пайдасы өте зор. Сондықтан да ойын-тапсырмаларды таңдауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн. Дұрыс таңдалған ойын- тапсырмалар балалардың ҰОҚ-іне қызығушылығын оятады, әр баланың танымдық сезім қабілеті, сөздік қоры дамып, тіл байлықтары артады.

Ойын ұйымдастыруда педагог өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады. Пассивті балаларды оқшаулауды қажет етпейді. Ойын технологиясы арқылы балаларда өзіне деген сенімділік пайда болады. Ойын барысында бала үлкендермен, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасайды. Әр бала өз жетістігіне қуанады.

Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді,таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, өнерге, шығармашылыққа деген қызығушылықтары артады, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді.

Қорытындай келе, ойын баланың физиологиясын ғана дамытпай, сонымен қатар тілін дамытуда үлкен рөл атқарады. Ойынның әрбір түрінің өзіндік мақсат-міндеті, бағыты болады. Міне, сондықтан да оқу-тәрбие үрдісінде әр түрлі ойындар арқылы баланы жан-жақты дамыту ісіне ерекше көңіл бөлемін. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін сөздік қорларын дамыту ісінде жаңа сөздерді меңгерту, үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру педагогтің басты міндеті болып саналады. Сондықтан әріптестеріме : «Балапан ұядан не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп халық айтқандай бала тәрбиесіне атүсті қарамай, міндеттерімізді абыройлы да қайсарлықпен атқарайық дегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бала мен балабақша Алматы, 2013№6
2. Орыс кластарында қазақ тілін тиімді оқыту жолдары Алматы ,2000
3. Қазақ тілі (дидактикалық материалдар)Алматыкітап2010ж. Ж.Қ.Балтабаева.
4. Касаткина Е. И. Игровые технологии в образовательном процессе ДОУ. //Управление ДОУ. — 2012. — №5.

«ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»

Кулбасова Аманкул Мереевна
Ақтөбе қаласы, М.Дулатұлы атындағы №63 жалпы білім беретін орта мектеп – лицейі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, музыка пәнінің мұғалімі

.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуына байланысты елімізде оқу-тәрбие жүйесінің барлық саласын қайта түлету процесі жүріп жатқаны мәлім. Қазіргі білім, ғылым мен мәдениетті жаһандандыру процесі кезінде әр ұлт өз мемлекетінің рухани мәдени құндылықтарын сақтай отырып, әлемдік өркениетке кірігуі заңды құбылыс.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Қазіргі мектептердің – біріншіден: ресурстарын әрі қарай дамытатын адам тәрбиелеу, орта білім жүйесін одан әрі дамытып жұмылдыру міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдары, әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтармен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практика, жаңа қарым қатынас жасаулары қажет:» - деп атап көрсетілуі мұғалім іс-әрекетіне жаңа бағыт сілтейді.

Қазақ халқының "Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады" деген аталы сөзі бар. Олай болса, оқушы жастарымыздың білімді, саналы болып шығуы үшін мектеп пен мұғалімдер ұжымына үлкен міндет жүктелері анық. Білім мен тәрбие беру - қиын да қастерлі еңбек. Бұл жолда мұғалімдер талмай, тынымсыз еңбектеніп, шығармашылық ізденуді, үйренуді асыл мұратына, биік парызына айналдырғанда ғана жете алатыны сөзсіз. Шебер мұғалімдер ғана зеректік пен зерделікті сомдап рухани құндылықтарды, өз мамандығын терең меңгеріп, тәрбие жұмысын ұйымдастыруға қабілетті, мәдениетті, өнегелі, заман талабын қанағаттандыра алатын жағдайда ғана халқының сеніміне ие болып "ұстаз - мұғалім" дәрежесіне көтеріле алады.

Мұғалім қызметінің табысты болуы, оның оқу және тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттерін жете түсінуге байланысты. Мұғалім оқушыларға саналы тәрбие жан-жақты білім береді, олардың көзқарасын қалыптастырады, дүниетанымын дамытады, еңбек пен қоғамға деген сүйіспеншілігі мен ынтасын тәрбиелейді. Мұғалім оқушылардың жылдан-жылға өсіп отыратын талаптарын, қанағаттандырып отыру үшін, өмірде болып жатқан түрлі құбылыстарға жаңалықтарға, өзгерістерге құлақ асып, өмірмен бірге аяғын алып жүретін адам болуға тиіс. Сондықтан мұғалім жоғарғы оқу орнынан алған білім көлемімен шектеліп қалуға болмайды.

Мұғалімнің кәсіби мамандығына қойылатын негізгі талаптар:

- қоғамның алдыңғы қатарлы идеяларын игеру;
- жан-жақты білімдарлық өмірдің әртүрлі саласынан хабардар болу;
- педагогикалық байланысты пәндерден - психологияны, анатомия, мектеп гигиенасын, мектеп тану пәнін жақсы білу керек.
- оқытатын пәнін, соған байланысты ғылымдарды, олардың жетістіктерін, ағымын жақсы білу керек.
- жұмысына шығармашылық көзқарас;
- баланы жете білу, олардың жан дүниесін түсіну, педагогикалық сенім, оптимизм;
- педагогтік техниканы меңгеру, қисынды, мәнерлі сөйлеу;
- педагогтік әдептілік тактіні меңгеру:
- балаға деген сүйіспеншілік пен әділдік.

Қазіргі кезде жалпы білім беретін мектептердің оқулықтарының мазмұны қазақ халқының өмір тәжірибесіне, әдет-ғұрыптарына, салт-дәстүрлеріне, рухани қазынасына, саяси әлеуметті, экономикалық ерекшеліктеріне ыңғайланып жасалуда. Бұны біз ұрпағымыздың бойына ұлттық құндылықтарымызды, қасиеттерімізді сіңіруді қажеттілігінен туындаған жағдай деп түсінуіміз керек. Яғни, ұрпағымызға ұлттық тарбие беру қажет. М.Жұмабаев бұл мәселе жөнінде былай деп ой түйеді: «Әрбір ұлттың балаға тәрбие беру туралы ескіден келе жатқан жеке- жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп қолданып келе жатқан жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ ұл тәрбиесімен таныс болуға тиісті. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет атқаратын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті»

Тәрбие ісі адамзаттың бүкіл даму тарихымен қатар жүріп келеді. Тәрбие-бір ұрпақтың өмір сүру тәжірибесін екінші ұрпаққа жалғастырушы үрдіс. Бүгінгі заман талабы- еліміздегі болып жатқан саяси экономикалық , ғылыми-техникалық , мәдени өзгерістерге байланысты жас өспірімдердің тәрбиесіне жаңа тұрғыда қарауды талап етіп отыр.Қазіргі кездегі тәрбиенің басты мақсаты ұлттық сана-сезімі оянған ,мәдениетті , рухани ойлау дәрежесі биік , шығармашылықпен қызмет атқара алатын , қоршаған табиғи ортаға , әлеуметтік ортаға икемдеу, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру болып табылады.

Тәрбиенің негізгі міндеті –қоғамның қажетті талаптарының әрбір баланың борыш, намыс, ождан, қадір-қасиет сияқты биік адамгершілік стимулдарына айналдыру.

Мектептегі оқушыларға беретін тәрбие саласының бірі-эстетикалық тәрбие. Эстетикалық тәрбие өнер құралдары арқылы ,яғни музыкада-дыбыс арқылы жасалынған көркем бейнелер негізінде оқушының дүниетанымын арттырып, өмірдің шындығы мен әсемдікті сезіну қабілетін дамытады. Музыкалық тәрбиенің негізгі мәні , мақсаты сапалық жағынан жеке адамның жан дүниесінің үйлесіп қалыптасуын және рухани байлығын дамыту болып табылады.

Музыка өзінің көркемдігі және нәзіктігімен адам жанын баурап, олардың ақыл-ой, сана-сезімінің кеңейіп, жақсы міңез-құлықтарының қалыптасуына әсерін тигізеді. Білім беру саласында оқушылардың эстетикалық , этикалық және адамгершілік нормаларын меңгерту міндетін жүзеге асыруда музыка пәнінің орны ерекше.

Музыкалық тәрбие дегеніміз- музыкалық өнердің ықпалы арқылы баланың жеке басын қалыптастыру – музыкалық ынтасын, қажеттерін, қабылетін, музыкаға эстетикалық көзқарасын қалыптастыру деген сөз. Музыка тәрбиесі жастарға өнер құндылықтарын үйрете отырып, олардың бойына адамгершілік эстетикалық мәдениетті, көркемдік талғамды, шығармашылық қабілетті дамытады.Өскелен ұрпаққа музыкалық тәрбие беруде ,бала бойына рухани байлықты дамытудың аса маңызды саласы –музыкалық өнер .Соның ішіндегі бастауыш мектеп оқушыларының бастапқы музыкалық мәдениетін қалыптастыру, оны басқару музыкалық –педагогикалық ғылымның өзекті мәселесі.

Тәрбиенің аса маңызды құрамы -өнер. Соның ішінде өте кең, сан ұғымды қамтитын-музыка өнерін айтамыз. Музыка адамзаттың рухани азығы, жан серігі, тілмен айтқызып жеткізе алмайтын ұшқыр қиялы, нәзік сезімі.

Жалпы музыкалық білім беру, музыка өнері арқылы мектеп оқушыларына музыкалық тәрбие берудің педагогикалық шарттарын ғылыми-педагогикаық тұрғыдан негіздеп, ғылыми әдістемелік жағынан қамтамасыз ету қажет. Музыка өнері арқылы оқушылардың музыкалық білім берудегі мол мүмкіндіктерді және оларды мектептердің оқу-тәрбие үрдісінде толықпайдаланбауы; музыка арқылы оқушылардың жалпы музыкалық мәдениетін қалыптастырудың ғылыми –педагогикалық негізін жасау қажеттілігі педагогика ғылымында бұл мәселенің белгілі деңгейде зерттелмеуі; музыка арқылы оқушылардың жалпы музыкалық мәдениетін қалыптастыруды тиімді әдістемелермен қамтамасыз ету мен оның іс-тәжірибе жүзінде іске асырылмауы арасындағы қарама-қайшылықтар айқын байқалады.

Музыкалық тәрбие негізінен жалпы білім беретін мектепте сыныптық- сабақ жүйесі бойынша іске асады. Оқушыға музыкалық тәрбие беруде оқытудың принциптерін және әдіс-тәсілдері, соңғы технологияларды шебер қолдану ең қажет нәрсе болып табылады. Сонымен қатар сабақты дидактикалық ойындар,өзіндік жұмыс , ой қозғау, нота сауатын үйрету, музыка тыңдату , музыка ырғағына сай әр түрлі қимылдар жасату, музыка жанрын ажырата білу басты міндеттер болып табылады.

Музыка сабағында оқушыларды музыкалық мәдениетке тәрбиелеу мәселесін қарастыру өзекті, әрі осы уақытқа дейін арнайы қарастырылып жатқан тың мәселелердіңбірі.

Жалпы музыкалық білім беру арқылы мектеп оқушыларынын музыкалық мәдениетін тәрбиелеу үрдісі тиімді болуы мүмкін, егерде, мектеп оқушыларын музыкалық мәдениетке тәрбиелеудің ғылыми –педагогикалық және әдістемелік негіздері анықталса- оқу тәрбие үрдісінде мектеп оқушыларын музыка өнері арқылы музыкалық мәдениеттілігін қалыптастырудың музыкалық-педагогикалық шарттары белгіленсе, оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастырудың мазмұны құрылып, тәжірибелік-педагогикалық тексерістен өткізіп, ғылыми -әдістемелік ұсыныстар берілсе, сонда ғана мектеп оқушыларының музыкалық мәдениеттілікке қалыптастырудың нәтижелілігі арта түседі.

Тәрбие қоғамдық үрдіс, қоғам мен жеке тұлғаның ара-қатынасын қамтамасыз ететін басты жүйе. Оның негізгі өлшемі өмірге қажетті тұлғаның жағымды қасиеттерін дамыту болып табылады.Оқушылардың сапалы тәртібі мен байымды мінезін және сенімін тәрбиелеу мұғалімнің ақсатқа бағытталған іс-әрекетіне байланысты.

Әр ұлт өз ұрпағына ұлттық тәрбие беру арқылы ғана ұлттық болмысын, беинесін сақтап дамыта алатыны белгілі. Ал, ұлттық тәрбиенің қайнар көзі фольклорымызда екені даусыз. Себебі дәстүрлі мәдениетіміздің ұмыт бола бастаған қай түрін, қай саласын болсада сол фольклорымыздан тауып, ажырата аламыз. Біз бұл жерде ұлттық тәрбинің көздерін музыкалық фольклордан қарастырмақпыз. Әл- Фараби бабамыз музыканың адам психологисына әсері жөнінде- « Музыка денені шынықтыратын гимнастика тәріздес, ол адамның жанын жетілдіреді. Алдымен лаззатқа бөлейді, одан соң құмарлықты ойатады, қиалға жетелейді» - деп пікір айтқан. Халқамыздың бірнеше ғасырлар көлемінде жинақталып қалыптасқан бай музыкалық фольклоры бар.

Атап айтар болсақ: тарихи әуендер, эпикалақ жырлар, тұрмыс салт жырлары, лирикалық әндер т.б міне осы фольклорымызбен- ақ ұлттық болмысымызды қалыптастыратын тәлім-тәрбие беріп отырған тарихи шындық.

Егемен елімізде табандылықпен жүзеге асырылып жатқан, әлемдегі елулікті қатарына кіру саясаты қоғам өміріні ішінде, білім беру саласына күн тәртібіне қойылыа отырған күрделі мәселелерді бірі – жаңа тұрпаттағы, жаңа ұстаздар даярау, білім беру қызметіне жаңаша көзқараспен қарау, қолжеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып салалау, жастарды шығармашылықпотенциялын дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Мұғалімге жаңа технологиянын ғылыми негізде меңгерту және терең білімді, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу. Музыканы үйрету, есту, тыңдау, шығармашылық іс-әрекет барысында оқушының ой толғанысы жанданып, жігерленеді, ой-қиялы өседі.

Музыкалық тәрбие – жеке тұлғаның ақыл-ойы мен дене бітімін жетілдіріп, жан-жақты өмір тәжірибесін кеңейтуге, қызығушылық, біліктілігін және ойлау қабілетін дамытуға, шығармашылық іскерлікке тәрбиелеуге мүмкіндік туғызады, оқушыларды ұлттық тәрбиеге баулиды.

Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. "Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне қолғабыс, сүйеніш есебінде қолдануы керек",- деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына

сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді.

Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпы толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну- өмір талабы.

БАЛАНЫ ЕРТЕ ЖАСТАН ДАМЫТУ БАҒДАРЛАРЫ

Ержан Гүлжанат Аманжолқызы
Педагог-сарапшы, тәрбиеші
№35 "Балбұлақ" балабақшасы МКҚК

Бәрін үйретуге болады, бәрін үйренуге болады
Джон Хатти

21 ғасырдың негізгі құндылықтары – интеллект, креативтілік, әлеуметтік дағдыларды жетілдіру және өмір бойы даму болып табылады. Технологияның дамуы, жаһандану қоғамды белсенді түрде өзгертуде. Сағат сайын өзгеріп отыратын жаңа қоғамның ағынына ілесу, еніп кету ұшін адам үнемі өзгерістерге бейім болып қалыптасуы керек. Бүгінгі күнгі жаңартылған оқу үрдісі білім алуға «жағдай жасау», «бағыт – бағдар беру», «ұйымдастыру» сияқты ұғымдардан құралады және білімді бала бойына ерте жастан сіңіруқажеттігін айқын суреттейді. Сонымен қатар баланы бірінші орынға шығаруды талап етеді. Сол себепті мектепке дейінгі білдім беру мен тәрбьие процесінде жаңашылдық енгізе отырып, балабақша қабырғасынан бала бойына әлеуметтік дағдыларды қалыптастырып, сыни ойлай білу, басқа адамдармен ынтымақтастықта, қарым-қатынас жасай алу, мәселелерді шешуде өз ойын ұсына білу қабілеттерін дамыту. Мектепке дейінгі ұйым – тәрбиеші - бала – ата-ана төрттігін құра отырып, тұтас бала бейнесін қалыптастыру маңызды. Қазіргі бәсекеге қабілетті баланың бойында төрт түрлі дағды қалыптасқан болуы қажет. Олар – сыни ойлай алу, командада еркін жұмыс жасау, және кез келген ортаға оңай бейімделе алу, қарым-қатынасқа еркін түсу, шығармашыл, креативті ойлай алу дағдылары. Бұл дағдыларды қалай дамыта аламыз?

1.4К моделін кіріктіру. Ұйымдастылырған оқу қызметінің мақсатына сай күтілетін нәтижеге бағытталған тапсырмаларды орындатуға тиімді. Тапсырмалар сыни ойлауға, креативтілікке, ұжымдық жұмысқа, коммуникацияға бағытталып құрылады немесе түрлендіріледі.

2. Ойын арқылы оқыту. Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі белсенді қызметі ойын. Олар ойын арқылы берілген ақпаратты жақсы қабылдайды және естеріне сақтайды. Ынтымақтастық ортасын педагогпен жүргізілген ойын, құрылымдалған ойын, еркін ойын барысында қалыптастырады. Педагогпен бірлескен ойын бала бойындағы қорқынышты сейілтеді, бірлескен оқу ортасы құрылады. Педагогпен бала арасындағы қарым-қатынас жақсарады. Құрылымдалған ойын мен еркін ойын барысында бала ең алдымен жауапкершілікті сезінеді, себебі бұл ойын қызметтерінде педагог баланы бағыттап және бьақылап қана отырады.

3. Бала үніне құлақ асу. Бала үнемі өзін тыңдағанды, оған көңіл бөлгенді ұнатады. Бқл бала үшін маңызды. Оқыту барысында бала пікірін білу, үніне құлақ асу арқылы оның сенімділігін арттырамыз және білім алуға деген белсенділігін арттырамыз.

4. Бақылау. Саралау. Бағалау жүргізу. Баланың білім алу барысындағы іс-әрекетін бақылау әрі қарайғы дамуына мүмкіндік береді. Баланы бақылау арқылы жаңаша қабілеттерін байқауға болады. Бақылауды түрлі әдіспен жүргізе аламыз. Әрбір тәрбиеленуші бақылау барысында қабілетін, белсенділігін, мүмкіндігін, жас ерекшелігін ескере отырып саралай аламыз. Мектепке дейінгі ойын және еңбек іс - әрекет арасындағы ауысулар едәуір келісім шартты болып келеді, өйткені балада бір іс - әрекет түрі байқаусыз жайлап екінші түріне немесе керісінше ауысып отырады. Егер тәрбиелеуші баланың қарым – қатынасында және еңбегінде қандай да бір жеке даралық сапаның жеткіліксіздігін аңғарса, онда ең алдымен баланың ойынын ұйымдастыруда сәйкес сапалардың пайда болуы мен қалыптасуына көңіл бөлу керек. Егер баланың оқуында, қарым – қатынасында және еңбегінде кейбір жеке даралық сапалар байқалса, онда осы сапаларды басқара отырып едәуір күрделі жағдайында жаңа сапаларды құрудың дамуын жоғарылататын ойындарды ұйымдастыруға болады. Олар - өзін - өзі бағалау, талап ету деңгейі тасқа жетудің қажеттілігі, дербестігі, бастамашылдығын (ынталы бастауы) мойындауға ұмтылысын т. б. Жас кезең – сензитивті кезеңінің бастамасы осы жеке адамнық сапалардың маңызды кешенінің қалыптасуы. Айнала қоршаған адамдармен өздерін салыстыруы көптеген балаларда 3 жасар шамасында нақты бір өзіндік бағалау пайда болады. Ол дұрыс қалыптасса (өте жиі кездесетін жағдайлар, мысалы: баланы асыра мақтау немесе сөгу). баланың психикалық дамуына пайдалы болады. Ал өзіндік бағалауы «жоғары» балалар керісінше, өз мүмкіншіліктерін асырып онша күш салмайды. Баланың өзіндік бағалауының дұрыс қалыптасуына 1,5 жастан бастап көңіл бөлу керек. 5 жасқа келгенде қимыл-қозғалысының нақты дамуына байланысты, жүру,жүгіру, секіру, қабырғадан өрмелеу, еңбектеу, шаңғы, шана, велосипед тебуді үйренеді. Үлкендермен еркін қарым-қатынас жасауына байланысты баланың грамматикалық сөздік өоры молайып, тәрбиешінің айтқан сөздерін жақсы түсініп, оған өзінің түсінігі бойынша жауап береді. Осы кезде тәрбиешінің тапсырмасын және қарапайым еңьек әрекеттерін де орындайды. Үлкендердің басшылығымен көптеген әдет-дағдыларды меңгеру де бала психикасының дамуына көп ықпалын тигізеді. Ертегі дәне әңгімедегі кейіпкерлерге өзінше баға беріп, талдау жасайды, соның нәтидесінде қиял, ойлау, есте сақтауының дамығандығын байқаймыз. Бала ұжыммен бірігіп, ойнап, еңбек әрекеттерінің нәтижесінде өзінің жасаған жұмысына эмоциялық баға беріп, эстетикалық талғамы артады.Бала 6 жасқа келгенде ерекше қарқынмен дамып, дене бітімі күрделенеді,Барлық органдарының жұмыс істеу қабілеті артады, оқу әрекетін орындағанда да, қағаз-қарындашпен де еркін әрекет ете алатын болады. 6 жасқа келгенде сөздің тура және жанама мағынасын түсінеді. Бұл жаста ойынның мазмұны күрделеніп, өмірдегі барлық шындықты бейнелеуді көздейді. Баладың жүйке жүйесінің күшті немесе әлсіздігін өмірдегі мынадай көрсеткіштер дәлелдейді.Балада болып жатқан өзгерістерге тиісінше мән беруге тырысыңыз:

1. баламен болған авторитарлық қарым-қатынас стилін гипер-қамқорлыққа, серіктестік қарым - қатынасқа ауыстырыңыз;
2. балаға дербестікті (ақылға қонымды шектерде) беріңіз;
3. эмоциялар мен агрессивтіліктің өршуіне қатысты ақыл танытыңыз;
4. бала агрессиясын ол қажет етпегендей етіп кейінге қалдыруға немесе елемей, жалған жасыруғанемесе бір нәрсеге ауыстыруға тырыспаңыз және оны талқылап көріңіз

Баланың белсенді және пассивтік сөздік қорының арасында алшақтық байқалады, сондықтан тәрбиеші жаңа сөзді біртіндеп меңгеруді қамтамасыз етеді.Балаларды ертегілер, шағын фольклор, қазақ балалар жазушылары, классик-жазушылардың жекелеген шығармаларымен таныстырады.Ертегі, әңгіме, тақпақты мұқият, алаңдамай тыңдай білуге, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге тәрбиелеу. Балаларды таныс тақпақтарды, қысқа өлеңдерді асықпай, анық қайталап айтуға ынталандыру.Көркем сөзді тұтастай қабылдаудың бастапқы формасын қалыптастыру: эмоционалды ықыластылық,

балалар әдебиеті шығармаларының мазмұны мен бейнелерін түсіну.Балаларды ертегінің, қысқа әңгімелер мазмұнының өрбуін, шығармаларда көптеген қатысушы тұлғалармен жаңа кейіпкерлердің пайда болуын, олардың қарым-қатынасын қадағалай білуге үйрету, драмалық оқиғалардағы кейіпкерлерге жанашырлық танытып, таныс кейіпкерлер ұшырасқанда қуануға баулу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі дайындық №5 2015ж С Бакбергенова
2. Балабақша №8 2016ж «Бала білімі даярлықта» Е. Айтолқынов
3. Әлеуметтік желі https://www.google.ru/url